У 2017
382к

Пернебай
Дүйсенбин



ШЕРКЕШНАМА

Құрметті ағайын! Қадірменді туыс!
Аялы ала, қарындас! Ардақты аға, інілер!
Бұл үлкен еңбегімді алып еліміздің
әр қиырын құтты қоныс еткен туыстарға,
бауырларға, тағдыр толқынымен тарыдай
шашылып кеткен алыс, жақын шетелдерді
мекен еткен ағайындарға, іргесі бөлек,
туыстығы мығым, мызғымас бірлікті ту
еткен, рұын айтып бөлінбей, тұбірін айтып,
тұған халқының кез келген ұрпағымен
тамырлас, қандас бір бөлшегі сезінетін
рухты азаматтарға арнаймын.
Босағаларыңыз бақытты, шаңырақтарыңыз
шаттықты, өмір жолдарыңыз гүлді, жүрек-
теріңіз жырлы, сезімдеріңіз сырлы, аспандары-
ңыз нұрлы болсын!

Үзгі тілекпен Тернебай.

2015 жыл

ПЕРНЕБАЙ ДҮЙСЕНБИН

ШЕРКЕШНАМА



АЛМАТЫ
«Литера-М» баспасы
2015

Дүйсенбин Пернебай
Д 87 Шеркешнама. - Алматы: ЖШС "Литера-М", 2015. - 1200 бет.

ISBN 978-601-80456-7-7

ҚАДІРМЕНДІ АҒАЙЫН!



Сіздерге ұсынылып отырған бұл деректік, тарихи, шежірелік, танымдық, әдеби үлкен еңбек «Шеркешнама»– жазушы інім Пернебай Дүйсенбиннің жеті жылдан астам үздіксіз еңбек етіп, төккен терінің жемісі. Бұл азамат бұдан да бұрын осы салада қалам тербеп, сонау 1797 жылдан бастап тарих, тағдыр толқынымен Батыс өлкеден Орталық, Оңтүстік Қазақстанға еріксіз қоныс аударған Кіші жүздің тама, жағалбайлы, шеркеш, т.б. тайпалары туралы «Үркердей болып көшкен жұрт...» атты үлкен, қомақты еңбегін дүниеге келтіріп, көп көңілінен шыққан еді. Енді оның соңғы үлкен еңбегі «Шеркешнама» кітабын дайындау үшін де сан мыңдаған шақырым жолдарды артқа тастап, қажымай-талмай, еліміздің түкпір-түкпірін, бір шеті Ресейге дейін аралады. Ел есіндегі естеліктер мен деректі әңгімелерді, сарғайған қолжазбаларды, көне тартқан шежірелерді жинады. Сандаған кітаптарды, баспалық дерек көздерін ақтарды. Сол жинақталған деректерді, шежірелерді топтастырып қосым, қойыс, дербіс, жауғашты, шумақ, қылышкестеннің алғашқы нұсқаларын 6 бөлек бюллетень газет етіп, ел талқысына салды. Сөйтіп, бірнеше рет сүзгіден өткен шежірелік кесте өз назарларыңызға өзге материалдармен қоса ұсынылып отыр. Кітап аса бай тарихи, деректік, танымдық дүниелермен толықтырылған. Бұл орайда, автор өз еңбегінде жеке-дара шеркеш тайпасын ерекшелеп алмай, оның ұлы қазақ халқының құрамдас, ажырамас тағдырлас бөлшегі екендігін есінен бір елі шығармай, онымен тығыз байланысты алып қарайды. Нөсер жауыннан соң өсімдік жапырағына ілініп, тұрып қалатын кіп-кішкентай мөлдір тамшыдан айнала дүниенің кіп-кішкене келбеті мұлтіксіз көрініп тұратыны сияқты, шеркеш тайпасының тағдыр-талайынан, келбетінен қазақ халқының болмыс-бітімі, тағдыры, тарихы да көрініп, олар бір-бірімен үндесіп, үйлесіп жатқандығын айқын көреміз. Сөз жоқ, бұл кітап өз халқын, ұлтын қастерлейтін, оның қасиетті дәстүрі мен әдет- ғұрпын, тектілігін қадір тұтатын шеркеш ұрпақтарының әрбір азаматына қымбат болатындығына нық сенемін.

Сондай-ақ бұл еңбекте сонау XVIII ғасырлың аяғынан бастап тағдыр толқынымен Батыс өлкеден қоныс аударған шеркеш ұрпақтары жайлы көптеген деректер кітап құрылымына сәтті кіріктіріліп, біртұтас бірлікте қарастырылған. Негізінен, шеркеш қауымы да өзге туыстас, тамырлас ағайындар сияқты түрлі замандардың екпіні мен толқынының теперіші мен тепкісін, қызығы мен шыжығын көп көрді.

Олардың арасынан талай ауызын айға білеген арыстандай ұлдар туды, айтулы қыздар дүниеге келді. Олардың арасынан көрнекті қоғам қайраткерлері Мақаш Бекмұхамедов, Тарыбай Шәукенбаев, Әбдіразақ Елібаев, Асфендияр Кенжин, Бәкен Серікбаев, даңқты ғалымдар, академиктер Салық Зиманов, Ісмет Кеңесбаев, өнер тарландары Нұрсұлу Тапалова, Меруерт Өтекешова, Тимур Бекмәмбетов, ақын – жазушылар Әбу Сәрсенбаев, Ғабдол Сланов, Тайыр Жароков, Қайрат Жұмағалиев, Кеңес Одағының Батырлары Мәншүк Мәметова, Ерденбек Ниетқалиев, Темір Масин, көптеген Еңбек Ерлері шықты.

Тарих қазанында сан мәрте қайнауға түскен осы қауымның арғы-бергі тарихынан, айтулы азаматтары өмірінен тартымды сыр шертетін осынау үлкен еңбектің ұрпақтарымызға ұсынар ұлағаты мол.

Бұл кітаптың аты «Шеркешнама» болғанмен, тар, шектеулі рухани кеңістікте арналған томаға-тұйық өмір кешетін дүние емес екендігіне назар аударған жөн. Өзге ағайындар да, тумалар да мұнан өздерін қызықтыратын қажетті көптеген мәліметтерді, тарихи қызғылықты деректерді молынан табады.

Кітапта түрлі дерек көздерінен жинақталған қызықты мәліметтер, ұлттық танымға байланысты дүниелер, өзге де авторлардың еңбектерінен алынған, мазмұнды, тартымды үзінділер, түрлі-түсті деректі фотосуреттер еңбектің жалпы мазмұнын барынша байытып тұр.

Қадірменді қауым! «Шеркешнама» атын иеленіп, халқымыздың тағдыр- талайы, шежіресі, тарихы, ұлағатты ұрпағы, рухани келбеті, мазмұнды естеліктері, алуан сырлы әңгімелері қамтылған үлкен еңбек Сіздерге жол тартып бара жатыр. Босағаларыңызға бақ, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!

Ізгі тілекпен – Асанәлі ӘШІМОВ,
ҚСРО және ҚР Халық әртісі,
ҚСРО және ҚКСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5қаз)

© Дүйсенбин Пернебай
© ЖШС "Литера-М"

ISBN 978-601-80456-7-7

КІТАП ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛДЫ?

Бұл үлкен еңбекті дайындауға 8 жарым жылдай уақыт жұмсалды. Ең алдымен Шеркеш ұрпақтарына арналып, 30 мың дана қазақ тілінде, 10 мың дана орыс тілінде жарнама, шежіре жинау шарты жер-жерге жіберілді. Содан түскен мәліметтер, шежірелер ел-елді, жер-жерді аралап жинаған шежірелер, деректер негізінде Қосым, Қойыс, Дербіс, Жауғашты, Шумақ, Қылышкестен аталары бойынша алты топтамадан тұратын қалың бюллетеньдер халыққа поштамен таратылды. Ал Қылышкестен әулеті тәжірибе ретінде толықтырылып, түзетіліп, екінші мәрте шығарылды. Жауғашты, Шумақ, Дербіс блок тараулары халық сұранысы бойынша толық жетпегендіктен қосымша қайтадан басылды. Сөйтіп, барлығы 5000 данадай шежірелік бюллетеньдер ағайындар тұратын барлық аймақтарға таратылды. Осылардың негізінде барлығы 2200-дей түзетілген, толықтырылған шежірелік деректер, хаттар келіп түсті. 300-ден астам шежірелік дерек факспен жіберілді. 150-дейі электронды поштамен келді. Осы негізде шежірелік бөлім 4 мәрте сүзгіден өткізіліп дайындалды. Бір-біріне кереғар келетін, біріне бірі қайшы шығатын деректерді үйлестіру, бір ізге түсірудің қиыншылығы аса көп болғанын ерекше айту керек. Ал басқа қыруар шаруалар - қолжазбалар, суреттер, өмірбаяндар, орыс, қазақ тіліндегі архивтік деректер, т.б. материалдар түрлі көздерден жинақталды, қорытылды, өңделді. Ал 2014 жылы сәуір-қараша айларында Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарын толыққа дерлік аралап шыққан кезде шежірелік деректер молынан толықтырылды. Сонымен бірге ағайындарға 20 мың дана жарнама жіберілді. Сол негізде мыңнан аса қосымша деректер жиналып, алғаш дайындалған шежіреге Эксель бағдарламасы бойынша толықтырулар енгізілді. Бұл өте көп уақыт алғандығын қаперлеріңізге саламыз.























АҒАЙЫНДАРҒА АРНАУ СӨЗ

Кітапты ашпас бұрын оқылып, танысуға арналған арнайы бөлім

Қадірменді ағайын, туыс, аға, іні, апа, қарындастар!

Сегіз жарым жылдан астам уақыт бойы дайындалған үлкен еңбек сан алуан қиындықтарды, көптеген кедергілерді артқа тастап, Сіздерге қарай жол тартып барады. Оларды санамалап жатуды бұл жерде қажет деп таппадым. Ауқымды істі атқару, көп жағдайда, қаржы мәселесімен ұштасып жататындығы – ащы ақиқат. Десек те кітапты дайындаудың негізгі салмағын көтерген азамат, кәсіпкер іниміз Әмір Тәжіаяқұлы Ысмағұлов екендігін ерекше атап өткен жөн.

Қай кезде де біткен іске сыншы көп. Бұл - өмір заңы. Десек те іс-әрекетіміздің басты бағдары Шеркеш тайпасының шежірелік деректерін бір жүйеге келтіру, толықтыру болғандықтан осы төңіректе сөз қозғағанды жөн көрдік.

1. 30 мың дана қазақ, 10 мың дана орыс тілінде жарияланған жарнамалар ел-елге, жер-жерге таратылды.
2. Сергек сезімді азаматтар тарапынан жедел үн қатып, үлкен іске үлес қосқандар мол болды.
3. Кей азаматтар тек өз әулетінің ғана емес, өзге де әулеттердің шежірелік деректерін жинақтауға белсене атсалысты. Олардың ішінде біраз азаматтар 20-30 ретке дейін хабарласып, хат-хабар, деректерді жолдап отырды. Оларға үлкен алғыс айтамыз. Белсенділік танытқан азаматтарымыздың суреттері кітап соңында жарияланып отыр.
4. Шежірелік, т.б. деректерді жинақтап жолдауға апа-қарындастарымыз, қыздарымыз да көп көмегін тигізгенін ерекше атап өткен жөн. Әр әулет шежіресінің соңында шежіре берген, дерек берген, толықтыру берген азаматтардың аты-жөндері беріліп отыр.
5. Осы іске қызу атсалысып жүрген біраз ағайындар: «Жарнамаларыңызды тараттық. Ойын-той, садақаларда, құдайыларда бас қосқанда жарнамалап айттық. Біраз ағайындар енжар, самарқау қарады. Өтініштерімізді, үгітімізді салқын қабылдады. Бар колға түскендерін жіберіп отырмыз. Барына қанағат қылыңыз. Мәліметтерін жіберсе жіберер. Өздері білсін», - деген сипатта хат жолдап, хабарласып жатты.

Міне, ертең кітап колға тигенде: «Біздер неге жоқпыз?!» - деп байбалам салатындар да осы қатардан табылатындығы даусыз.

6. «Құшаққа сыймасты құшаққа алған» аса ауқымды тірлік мінсіз шығады деп айту ағаттық болар еді. Қандай жағдайларда қателіктер кетеді.? Енді соған тоқталайық.

1) Түсініп оқуға қиын, түсініксіз, бағыттаушы стрелкалар көрсетілмеген немесе айқын емес шежірелік кестелер;

2) Сөзбен жазылған шежірелерде аралық мәліметтерді тастап кетіп, жүйесі бұзылған деректер;

3) Ұрпақтар желісін жазғанда атасы қайсы, әкесі қайсы, баласы қайсы, немересі қайсы екені нақтыланбай жіберіле салған шалағай шежірелер;

4) Бір әулеттің өкілдерінің бір-бірімен қабыспайтын, қарама-қайшылықтары бар шежірелерінің жолығуы;

5) Үш-төрт буынмен ғана шектелетін толыққанды емес шежірелер;

6) Ертеректе тағдыр толқынымен өзге өлке, аймақтарға қоныс аударып кеткен ағайындардың шежірелік желілерінің үзіліп қалу салдарлары;

7) «Менің атам, әкем солай дейтін еді...» дейтін ауызекі деректердің негізінің тым солқылдақтығы;

8) Талдап оқуға қиын қолжазбалардың жиі кездесуі, әріптерінің түсініксіздігі;

9) Жіберілген хаттарында толық адресін мекен-жайын жазбайтын, осы заманның ең үздік байланыс технологиясы – телефон, ұялы телефон нөмірлерін жазбайтын хат иелері жиі жолықты. Бұл жағдайда хат иесімен байланыс орнатудың аса қиын болуы тудыратын кедергілер;

10) Кей реттерде түсініксіз мәселелерді анықтау үшін жіберген хаттарға жауап бермейтін хат иелерінің енжар, салғырттығы;

11) Көптеген деректер факспен келіп түсті. Өкінішке орай, біразының иелері не аты-жөнін, не мекен-жайын, не телефонын жазбады. Жіберілген факстер, көбіне, мекемелерден жіберіледі. Қайыра сұраған жағдайда, кім жібергені белгісіз болып қалады;

12) Шежірелік нұсқалардың аралық буындарының жоқтығы жиі жолықты. Мысалы, Шеркештен өзіне дейінгі аралық 8-10 буын төңірегіндегі шежірелер де жетерлік;

13) Өзінен бастап әкесін, атасын ғана білетін ұрпақтар да бар болып шықты;

14) Жоғарғы бастау буындарын, аталарын дұдәмал, болжау түрінде білетіндер, долбарлайтындар қатары да бірталай;

15) Міне, осылардың барлығын үйлестіру, жоғын табу, байланыстыру орасан төзімділік пен жанқиярлық күшті талап етті. Бұл жағдайда жол табуға осы заманғы компьютерлер бағдарламасындағы «Найти – іздеп табу» кілтін іске қосудың пайдасы мол болды. Бастауы үзілген шолақ шежіредегі белгілі бір адамның ғана атын тауып, тиісті буынмен жалғастыру үшін ол аттың жазылу нұсқасының бірнеше түрі арқылы алты топтамадан тұратын 50-90 беттік шежірелерді нешеме мәрте сүзе карау аса көп уақытты қажет етті. Мысалы: Мұханбетжан – Мұхамбеджан – Мұқанбетжан, немесе Бақтияр – Бахтияр, әйтпесе Бақытжан – Бағытжан, Мақсұт – Махсұт – Мақсот, Смағұл - Ысмағұл, Ыспан-Сман-Спан, т.б.;

16) Жалпы Шеркеш екендігін білгенмен, қай аталыққа жататындағын білмейтін де ұрпақтар бар болып шықты;

17) Шеркештің қай аталығына жататынын білгенмен қай әулетінен тарайтынын білмейтіндер кездесті. Десек те

мұндай жағдайларда көзқарақты қариялардың қалдырған шежірелері, белгілі бір ата, әулет шежіресімен айналысып жүрген азаматтардың деректерінен тамырлық жалғасын тауып жатқандығы пайда берді. Яғни үзілген жерлері үзілді жасалған шежірелерден түп-тамырын тауып жатты;

18) Әрлі-берлі сүзе қарағанда байланысар тамыр, ілгешек табылмағандар «Арғы аталары айқындалмаған ұрпақтар желісі» бөліміне топтастырылды;

19) Жалпы адамзат баласының өсіп-өнуі, ұрпақ жалғасының орта буын жасы, яғни генеалогиялық жас көрсеткіші 28,7 жыл болып саналады. Мысалы, баба-ата - әке – бала аралығы үш буын. Арифметикалық есеп бойынша 28.7 х 3 = 86,1 жас, Қарапайым тілмен түсіндіргенде, яғни дөңгелектей айтқанда, баба 86 жасқа келгенде бабаның баласы 59 жаста, оның баласы 28-де, оның баласы дүниеге келеді. Әрине, бұл ойды түсінікті етіп жеткізудің тәмсілдік тәсілі. Қарапайым өмірде бір ұрпақ алғашқы перзентін 20 жасында, екінші біреу 40 жасында әкелуі мүмкін.

7. Міне, осы Сіздерге ұсынылып отырған шежірелік нұсқалар жоғарыда айтылып отырған сан алуан жағдайлардың негізінде дүниеге келіп отыр.Енді осыншама жыл тер төккен еңбегімізді Сіздерге шын ықыласпен ұсынып отырмыз.

Босағаларыңызға бақ, береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!

Ескерту: Мына мәселе каперлеріңізде жүрсін. Осы кітапты алып, танысқан азаматтардың талайы: «Қап, біз қалып қойыппыз! Біздің ұрпақтарымыз, балаларымыз, немерелеріміз түспепті! Мына тұста қателік кетіпті!» -деген өкініштердің айтылуы сөзсіз. Сондықтан мен **2017 жылы** тек қана шежірелік деректерді барынша толық қамтитын **классикалық үлгідегі шежірелік альбом** шығаруды жоспарлап отырмын. Менің компьютерімде барлық шежірелік деректер нұсқасы сақталған. Егер кітапқа деген нақты сұраныс 500 данадан кем болмаған жағдайда баспадан шығарылады. Осы кітап менің жеке интеллектуалдық меншігім болғандықтан жоспарланған альбом шықпайынша көшіріп басуға, кітапша етіп шығаруға, интернетке енгізілуге еш рұқсат етілмейді. Себебі бұл кітапта әлі де жолығатын қателіктер, қарама-қайшылықтар толық жойылып, шежірелік деректер толықтырылып, шыңдала түсуі шарт. **Ал осы шартты орындамағандар авторлық құқықты бұзушылық болып табылатындығын қатаң ескертемін.**

Шежірлік альбомды шығару тек **арнайы тапсырыс берген азаматтардың сұраныстарына орай** шығарылып, пошта арқылы немесе өзгедей жолдармен адрестеліп жіберіледі. Тапсырыстар хат арқылы, электронды пошта арқылы қабылданады. **Толық адрес, пошта индексі, телефондардың барлық түрі қамтылуы керек.**

КІТАПТЫҢ ІЗГІЛІКТІ БАҒДАРШАМЫ

- Өз халқымыздың рухани болмысын ұғынуға ұмтылыс.
- Өткен өміріміздің тарихының әр алуан болмысын білу.
- Ұмытыла бастаған ата-баба шежіресін бүгінгі ұрпаққа, кейінгі ұрпаққа мирас ету. Тексіздік, жетесіздік дертінен аулақ болуға үндеу.
- Өз руыңның, тайпаңның тарихы ұлы халқыңның, қазақ ұлтының тағдырынан, тарихынан ажыратып қарауға болмайтын кішігірім бөлшегі екендігін ұғындыру.
- Әр ру, әр тайпа тарихынан ұлттық үрдіс, нышанмен безбенделген үлкен тарихтың рухани кірпіштері қаланатындығын түсіну.
- Аруақты ата-бабаларымыздың елі үшін, жері үшін арпалысқан күрестерінің деректі әңгімелеріне қанығу.
- Белгілі ру ұрпағы болып қана қоймай, ұлттың ұлы тұлғаларына айналған ардаларды ардақ тұта білу, мақтаныш ету сезімін ұштау.
- От ауызды, орақ тілді шешен, билердің ұлағатты ойларын зерделеу, олардың орамды ойлары мен айшықты пікірлерін санаға сіңіру.
- Азаматтарымыздың туыстық сезімдерін тамырластыратын ата-баба, ата-тек шежіресін біліп қана қоймай, олардың бойында оны ұрпағына үлгі етіп отыратын сергек сезімдерді ұштауға ұмтылу.
- Ел тарихының, тағдырының кішігірім бастау көзі болып табылатын естеліктерді зерделей білу.
- Отарлық, империялық, кеңестік идеологияның ұлтсыздандыру саясатының заңды жалғасы болып табылатын рухсыздандыру, одан туындайтын тайпасыздандыру, русыздандыру үрдісіне қарсы мыңдаған жыл бойы туыстықты, қандастықты арқау етіп, ұлттық тұтастығын сақтаған халықтық ұстын-бағдарды, өміршең салт-дәстүрді қорғаныш тетігі ете білуге баулу.
- Қазақтың ұлттық ұстыны, тірегі болып саналатын дәстүрі мен ғұрпын, әдеп этикасын, жол-жоралғысын, ізгілік ілімін ту етіп ұстану. Жаһандану дәуірінің алапат толқынының қаһарлы қарқынына жұтылып, ұлтсыздықтың қамытын кимеудің бірден-бір ықпалды, қорғаныш тетіктерінің бірі бола білу.
- Ұлттық деңгейге, биікке көтерілген қайраткерлерді үлгі тұту. Сондай-ақ ел арасынан шыққан әр алуан өнер иелерінің туындыларымен таныстыру, сусындату.
- Ел арасынан шыққан айтқыштардың, ділмарлардың, тапқырлардың сөздерімен, езутартарларымен таныстыру.
- Ұлттық құндылықтарды тәрк етіп, «жүгенсіз еркіндік» дәстүріне бой алдырған батыстық үлгілердің үстемдігіне қарсы тұрар рухани күш-қуат белсенділігін арттырып, оның қорғаныш тетіктерінің таттанбауына ұмтылу.

ҰЛЫ ТАРИХШЫ РАШИД-АД-ДИН

(1247-1318)

Моңғол-түркілердің көнеден жеткен салт-дәстүрі бойынша, олар өздерінің ата-тегін, ру шежіресін есте сақтауға айрықша мән беріп отырады. Олар балаларына өзге жұрт сияқты тәрбие беру үшін тілі шығысымен-ақ құлағына ру туралы, ру шежіресі туралы аңыз әңгімелерді құйып қояды. Бұл дәстүрден олар бұрын да, қазір де қылдай ауытқыған емес. (Рашид-ад-дин. Сборник летописей. I том. Вторая книга. М.-Л. 1952. 29-стр.)

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ РУ ШЕЖІРЕСІ ТУРАЛЫ



Қазақстан осы ғасырдың бас кезіне дейін тарих көшінің табиғи даму жолында қалыптасқан құндылықтары мен біте қайнасқан тұтастығын сақтай білген дәстүрлі көшпелі қоғам еді.

Көшпелілер қоғамының негізі және оның мүшелері болған. Тайпа, ру, олардың барлық мүшелері бір-бірімен қандас туыстар болып, олардың барша әрекет-тірліктері тұтасып жатқан. Рас, олар бір-біріне ұқсамаған, алайда біртұтас жанұяның бөлінбес мүшелері ретінде қабылданған.

Ол кезде бір жанұядағы бірнеше адам біртұтас жаралым деп есептелген. Олар өзара тығыз байланыста болғанымен, әркім өзіндік күш-қуатымен, психологиясымен, парасат-пайымымен тірлік құрған.

Жанұяның бұл сияқты классикалық үлгісі тарихи жаралымның табиғи негізін құраған, одан әрі — **қауым, ру, тайпа, тайпалар одағы, жүз,** ең соңында **қазақ халқы** болып, табиғи қоғамдастыққа ұласып отырған.

Сондықтан да өзінің негізгі өзегі патриархалдық жанұя болып табылатын бұл сияқты кез-келген қауымдастықтың дәстүрді тұғыр еткен өзіндік жан-жүрегі, біртұтас әлеуметтік-шаруашылық және парасат-бітімдері болған.

Ол заманда дәстүр атаулы мифтер мен ауызша поэзиялық туындылар арқылы, парасат-пайым мен шаруашылық үлгілерінің сабақтастығы арқылы және әдет-ғұрыптар мен ырым-жоралар арқылы жалғасып отырған.

Ең бастысы, жанұяның бір мүшесі болып табылатын жеке адам ешуақытта жалқы жаралым, қайталанбас тұлға ретінде қабылданбаған. Ол бар болғаны біртұтас қауымдастықтың, яғни жанұяның, рудың, тайпаның, жүздің немесе халықтың бір мүшесі деп есептелген.

Көшпелілер қоғамының өзіне тән жағдайында қазақ халқы өзін орнықтыру үшін өз ішінде ғажайып тірек қалыптастыра білген. Сол тірегі, міне, он ғасыр бойы біртұтастығына кепіл болып келеді. Мемлекеттік құрсаудың болған-болмағанына қарамастан қазақ халқының біртұтас тарихи туынды ретінде сақталып қалуына да сол тірек себепші. Бұл жерде әңгіме әрбір қазақтың жеті аталық зердесі туралы болып отыр. Сахараның қазағы үшін шыққан тегін білу айдын төсіндегі теңізшінің қолындағы компас сияқты. Осы қасиет қазақ халқының маңдайына жазылған тарихи, географиялық, шаруашылық, саяси, экономикалық, мәдени ахуалына бірден-бір сай келіп отырған.

Ру шежіресін білу – сахара төсінде көшіп-қонған қазақтар үшін өмірлік қажеттілік. Қазақ халқының ру-тайпалық, жүздік-қауымдастық біртұтас ғажайып бітімі ғасырлар бойы бүкіл қазақ – бір атаның ұрпағы, бір тамырдың бұтағы деген ұстаным бойынша өсіп-өркендеп отырған. Міне, европалық канондар бойынша бір-бірінен шалғай жатқан үш жүздік бөліктердің бастары бірікпеуге тиіс болғанымен, халық санасының біртұтастығын осындай қасиеттер қалыптастырған. Мұндай біртұтастық тек қана рулық жүйе арқылы жүзеге асқан.

Қазақтың бір тамырдан өсіп-өнген тектік тұтастығының сыр-себебі де осында. Көшпелі қазақтың өз шыққан тегін және рулық байланыстарын міндетті түрде білуі шарт. Бұл бүкіл ұлттың әрбір мүшесі үшін моральдық-этикалық қағидаға айналған. Мұның бәрі – біздің тарихымыздың ежелден бергі қасиеттері. Сондықтан да жеті аталық ұстаным қазақ халқының этнобиологиялық, этно-мәдени, жалпы рухани тұтастығын табиғи түрде қамтамасыз етіп отырған. Жеті атасын білу арқылы әркім көрші рулармен байланысын тарата отырып, одан әрі исі қазақтың біте қайнасқан туыстастығына көзі жеткен. Көзі жеткен соң ұлт тұтастығының қамқоры болып отырған.

Нұрсұлтан Назарбаев,
Тарих толқынында. 33-35-бб.
"Атамұра", 1999 ж.

АРНАУ СӨЗ

Құрметті ағайындар! Қадірменді туыстар!

Міне, жеті жыл беделінде істелген ауқымды жұмыс аяқталып, Сіздерге жол тартып бара жатыр. Осы еңбегіміз-де тағдыр толқынымен сонау Батыс өлкеден қоныс аударып, Орталық, Оңтүстік Қазақстан, тағы да басқа өңірлерге қоныс аударған Кіші жүз бірлестігінің Шеркеш, сондай-ақ Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қызылорда,т.б. облыстарда, аймақтарда қоныстанған Шеркеш әулеттерінің, ата-тегінің кестелік шежіресі, тарихи деректер, танымдық әңгімелер, естеліктер, ел есінде ерек істерімен қалған тұлғалар, әр салада айтулы еңбек еткен азаматтардың өмірбаяндары енгізілген. Қазақ халқының рухани өмірінде айтулы із қалдырған өнер, әдебиет, т.б. салалардың көрнекті өкілдері туралы әңгіме бір төбе.

Кітап мазмұнын арттыратын шешендік сөздер, аңыз әңгімелер, қазақы әңгімелер, қысқа қайырым ұтырлы әңгімелер де өз оқырмандарын бей-жай қалдырмайды деп ойлаймыз.

Кең байтақ өлкемізді қоныс еткен қазақ халқы басынан небір ауыр кезеңдерді өткізіп, тағдыры қыл үстінде тұрса да өзінің ұлттық ұстынын, рухани келбетін жоғалтпады. «Еншіміз бөлінбеген қазақпыз» деп бірін-бірі туыс тұтты, жақын тартты. Өзге ұлттарға қарағанда қыз алысып, қыз берісудің жеті аталық үрдісін қатаң ұстанып келе жатқан қазақ дәстүрі – халқымыздың бір де болса бірегей асыл салты. Ал қазіргі кездегі деректеріміз бойынша көптеген рулар 13-15 аталық буынға жетсе де, сол қасиетті дәстүр сабақтастығын әлі жалғастырып келе жатқандығы қуантады. Оны осы кітаптағы кестелік шежіреден айқын аңғаруға болады. **Жаңа ру атын алудың көне дәстүр-салтының тетігі бүгінгі күн ырғағымен үйлеспегендіктен де, өмірімізге, қазіргі рухани ұстанымызға кірікпей тұр.** Мүмкін, осы «Сәтсіздік сәті» ұрпақтар үшін пайдалы да шығар. Жеті аталық шекараға дейін қапысыз істейтін туыстық үрдістің шектеусіз жалғаса беруі бүгінгі алмағайып, аласапыран заманда, рухани келеңсіздік көріністері үдеп тұрған шақта, жат діндердің кеуде қағып, ұлттың рухани өзегіне жегі құрт болып түсуге өңмендеп тұрған шағында пайдалы болады деп ойлаймыз.

«Жеті атасын білген жан, жеті жұрттың қамын жер», «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген ұлт ұлағаттарының астарында қаншама салмақты ой жатқанын зерделі азаматтарымыздың барынша бағамдай алатындығына толық сенеміз.

ШЕЖІРЕ НЕМЕСЕ КІТАП ТУРАЛЫ АЗ-КЕМ ОЙТОЛҒАУ

Замана толқыны қандай бағытқа ауған сәтте де халық ішінен шыққан зерделі жандар, ойшылдар біз осы қайдан шықтық, кімбіз, арғы ата-тегіміз кім, т.б. сандаған сұрақтарға үнемі жауап іздеп отырғандығы анық. Жазу-сызу мәдениеті кенже кездің өзінде әр ұрпақтың зердесі жүйрік, көзі қарақты жандары жеке атаның немесе тайпаның ғана емес, белгілі рулардың шежіресін, тарихын, олардың ел тарихында тұлға болып, көрнекті болған аяулы азаматтарының аты мен істеген істерін кейінгі буынға қастерлеп жеткізіп отырған. Сондықтан да шежірені жүйе-жүйе етіп, жіліктеп айтып бере алатын азаматтарды ел арасында қастер тұтып, қатты бағалаған. Оларды өткен тарих пен бүгінгі күннің арасын жалғастырушы алтын көпір деп есептеген. Зерделі шежірешілер бәленше бәленшеден туды деген бірыңғай ғана жалаң деректерді тілге тиек етпеген. Олар елдің өткен тарихы мен хикаясын, сол дәуірлердің алуан сырлы, тартысқа толы, қайшылыққа толы оқиғаларын майын тамыза әңгімелеп, елге тұтқа болған, халық үшін тер төккен азаматтары, батырлары, қысылшаң, қиын шақта жол тапқан көсемдері мен қалың жұртты аузына қаратқан шешендері мен билері туралы шежіре шерте білген. Шежірешілер өздерінің бүкіл болмысымен, қызметімен жалпы халықтың бейберекет шашылып, бет-бетімен күн кешіп жүрген тобырлар емес, кіндік қаны бір топыраққа тамып, арғы атасы, арғы тегі бір бастаудан бұлақ болып басталып, соңы арналы өзенге ұласып, алып дарияға айналғандығын ұғындырар тәрбие мектебінің көшбасшысы болғанын, қалың көпке ұғындырар ұлағатты ұстаздар екенін де еске ұстаған жан.

Шежіре жүргізу дәстүрі барлық халықтарға тән қасиет. Ертедегі Египет, Греция, Моңғолия, Қытай т.б. көптеген елдерде бұл дәстүр ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқандығын атап айтқан жөн. Атақты орыс жылнамашыларының деректерін пайдаланған, осы елдің аса көрнекті тарихшылары Соловьев, Ключевский, Карамзин, т.б. Россияның сан томдық тарихтарын жазып шығуына үлкен септігін тигізгені шындық. Моңғолдың құпия шежіресі, қытай шежірешілерінің еңбектері де сол өткен дәуірлердің тарихнамасы іспетті. Біздің қазақтарда да көптеген ғалымдардың, зерттеушілердің, тарихшылардың соңғы жылдары шежірелік деректерге шындап ден қоя бастағаны ақиқат. Әрине, таза шежірелік деректер негізінде белгілі бір ұлттың тарихын жазып шығу еш мүмкін емес. Дегенмен де шежірелік деректердің ауқымды ғылым саласы – халық тарихының бір саласы екендігі дәлелдеуді қажет етпейді.

Соңғы жылдары түрлі баспалардан алуан сипатты қазақ шежірелері көптеп жарық көре бастады. Қазақ зиялылары М.Тынышбаев, М.Көпеев, С.Толыбеков, Ш.Құдайбердиев т.б. азаматтардың кітаптары қолға тиді. Сондай-ақ түп атамыз түркі халықтарының шығу тегі, шежіресі іспетті Құрбанғали Халидтың «Тауарих Хамса», Әбілғазы Бahадүрдің «Түрік шежіресі» атты кітаптары жарыққа шықты. Қалың оқушы қауымның сүйікті басылымы «Ана тілі» газеті де ел арасындағы сан алуан шежірелердің – қазақ шежірелерінің басын қосып, салыстыра отырып, белгілі бір жүйеге түсіруге үлкен талпыныс жасады.Қалай дегенмен де, бұл шежірелердің басым көпшілігінде жазылған немесе баяндалған деректерінің бір-біріне қарама-қайшы шығып жататындарына еш таңдануға болмайды. Себебі ерте кезде халқымыздың жүйелі жазу-сызу өнерінің болмауы салдарынан нақты деректердің, ең қажетті айғақтардың уақыт өте келе көмескі тартуына әкеліп соқтыратындығы айдан анық еді. Бірден бірге берілген деректердің кей тұстарда көмескі тартып, кей тұстарда бұрмаланауы табиғи нәрсе. Сондықтан да ата тарату бағытын ұстаған шежірелердің жоғары буындарында бірталай жаңсақтықтардың жолығуы, түрлі шежірелердегі деректердің бір-бірімен қабыспай, алшақтанып жататындығы бар. Тіпті белгілі бір рулардың төменгі буындарының өзінде жиі-жиі кереғарлықтар жолығып жатады. Мұндай жағдайда әр шежіреші өз нұсқасын барынша жан сала қорғап, дәлелдеп жатуға тырысатындығы және ақиқат.

Егемен ел болып, ұлтымыздың рухани түлеуінің баспалдақтарына қадам басқан халқымыздың алдағы уақытта өткенін біліп, өшкенін жандырып, танымы мен зердесіне ұлттық қасиеттің қасиетті дәнін себеріне сеніміміз мол.

Қазір баспалардан жекелеген рулардың шежірелері жарық көре бастады. Осының барлығын санасы бұйығып, рухы тұншығып, өткеннің бәріне дерлік топырақ шашып, жетесі жеміріліп, жүдеу өскен ұрпақтың өздерін өздеріне таныстыру мақсатында істеліп жатқан ізгі талпыныстар деп бағалауымыз керек. Ғасырлық сұрыптаудан өткен **«Жеті атасын білмеген жетесіз»** деген ұлағатты мақалдың өзі бабаларымыздың ұрпақтың зерде тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетіндігін

ерекше көрсетсе керек. Қазақ халқының жеті атаға дейін қыз алыспайтын ғажайып моральдық бағдарын әлем халықтарының кез келгенінің алдында ардақ тұтар асыл қасиетіміз деп бағалағанымыз жөн. Көшпелі өмір тіршілігі, басқа түскен салмақ пен ауыртпалықты бір көтерісіп, бірге бөліскен туыстық қасиеттің алтын арқауы ұлтымыздың бірлігі үшін ұлы қызмет атқарғанын айтсақ артық емес.

Жеті атаға толған соң ертедегі дәстүр бойынша ел зиялылары, бетке ұстарлары жиылып, боз биені құрбандыққа шалып, қыз алысуға баталасатын дәстүр де далалық моральдың тектілігін танытса керек. Мысалы, қазақтарда жаңа ру атауын иеленуді **он үшінші атадан** барып бастайтын дәстүр ертеден бар. Алайда қазіргі кезде оңтүстік өңірге орналасқан кей рулар 15-16 атаға кетіп қалса да, осы күнге шейін қыз алысып жүрген жоқ. Әрине, қазіргі таңда жеті аталық дәстүрді тұрақты қағидаға айналдырған қандастарымызға жеті атадан асып кеттік, енді қыз алыса беріңдер деп төтеден кеңес беру де онша келісімді емес.

Десек те бұрынғы кезде ру шежіресін білудің халқымыз үшін өмірлік және рухани қажеттіліктен туғандығы ақиқат және әркімнің әулетін, руын, өзінің жеті атасын білуі міндетті саналып, сол бойынша жекелеген адамдардың кісілік келбетін айғақтайтын рухани өлшем болғандығы даусыз ақиқат. Көптеген шежірелік әңгімелерде шешесінің соңынан кеткен не жаугершілік, аласапырандарда адасып қалған ұрпақтарды ел жақсылары, ел тұтқасын ұстаған зиялылар олардың соңынан барып, іздеп тауып, ынғайы келгенінше, бар күштерін салып, өз орталарына әкеліп, аталастарымен табыстырып отыратын оқиғалар жиі жолығады. Біздің осы кітабымыздан да осы іспетті хикаялармен жолығасыздар. Әлгі халқымыздың осы асыл қасиетінің «Еншісі бөлінбеген қазақпыз» деп айтылатын қанатты сөзінен айқын көрініс табуының астарында терең ой жатыр. Байтақ дала төсін мекен еткен халықтың көші-қоны, аралас-құраласы, қыз алысып, қыз беріскен құдандалық дәстүрі, нағашылық, жиендік қатынастары, «жүз жылдық күйеу, мың жылдық құда» дәстүрлері, т.б. салттары ұлттық біртұтастықтың, туыстық, қандастықтың мүлтіксіз әрекет жасайтын тетіктері болғандығы еш дау тудырмайды.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен оның өткен-кеткен тарихының терең білгірі, зерттеушісі, айтулы ғалым Әкселеу Сейдімбек қазақтың **далалық ауызша тарихнамасы** (ДАТ) туралы ой толғап, оны халықтың тарихи танымының елеулі бір арнасы деп ерекше атап көрсетеді. қазақтың шежірешілдігін, тарихшылдығын қанымызға сіңген ұлттық ұлы қасиет деп бағалайды.

«Шежірешілдік көшпелі қоғамдағы әрбір қазақ үшін теңізшінің қолындағы компас сияқты қажеттілік болған. Сары даланы өмір сахнасы етіп, ат үстінде айшылық жерге сапар шегетін қазақтың жолшыбай ұшыраскан адаммен туысындай шұрқырасып табысып, жолшыбай кездескен ауылға өз үйіндей еркінсіп түсуі, ең алдымен сол далада тіршілік құрудың кепілі болған. Сондықтан да бұл далада адам жатсынбау, бауырмал болу – көшпелі өмір салтының бұлжымас заңына, бұзылмас әдет-ғұрпына айналған. Мұндай әдет-ғұрыпсыз осынау байтақ даланы игеріп, тіршілік құру мүмкін емес еді. Мұның сыртында, жаңағы жапан түзде кездейсоқ ұшырасып, шұрқырап табысатын адамы, шынында да, сүйек-шатыс болып шығатыны рас. «Қарға тамырлы қазақ» дейтін тұрақты сөз тіркесінің мәні сонда», - деп айтқан толғамды пікірінде халқымыздың бүкіл адами, азаматтық, тарихи болмысы жатқандығын ұғынасыз. Алайда тағдыр теперішін көп көрген халқымыздың осы берік, асыл дәстүрін орыс патшалары жүргізген отаршылдық саясаты, кейінгі жаңа өкіметтің әсіре идеологиялық саясатты басты ұстаным етіп, жүргізген зымияндық тірліктері ұлттық ұстынымыздың, рухани діңгегіміздің іргетасын шайқалтып кеткендігі – ашы шындық. Жасыратыны жоқ, тәуелсіздігімізбен бірге босаға аттап келген еркіндік бұйығы тартқан, қасаң қалыпқа түскен саналарға серпін берді. Тұншыққан тарихтың сарғайған, көмескі тарта бастаған беттеріне жан кіргізді. Өзге ұлттың ұлыларын ұлықтап, өз асылдарын күстаналаған, дәлірек айтқанда, күстаналатқан тарихтан бой тартып, көз бен көңілді, сана мен сезімді тұмшалаған идеологиялық тұманнан енді арыла бастадық.

Сіздерге ұсынылып отырған **Шеркешнама»** атты үлкен кітап та осы «тұманды санадан» аршылған тәуелсіздік жылдарында қолға алынып, аяқталып, өздеріңізге ұсынылып отыр. Кеңестік дәуірде бұл бағытта жазылған кітапты шығару қиялдағы шаруа еді. Сөз жоқ, бұл кітап өз халқын, ұлтын қастерлейтін, оның қасиетті дәстүрі мен әдет-ғұрпын, тектілігін қадір тұтатын ағайындарға қымбат болатындығына нық сенемін.

ӨЗІМБІЛЕРМЕНДІКТІҢ «БАЛАЛЫҚ»

АУРУЫНАН САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ШЕЖІРЕШІЛДІК ДӘСТҮР

Сөз жоқ, тарих – белгілі бір халықтың ғұмырнамалық өмірбаяны. Ал шежіре белгілі әулеттің, рудың, тайпаның ататектік жылнамасы, дәлірек айтқанда, генеалогиялық, яғни үрім-бұтақтың таралу, өсу, өркендеу кестесі.

Шежіре тарқату – ұлтымыздың ұлағатты дәстүрлерінің бірі. Қазақ арасында шежірені ауызша айту дәстүрі ертеден қалыптасқан. Айтылған шежірені жазба түрінде қалдыру жүйелі болмады. Ертеректе Ш.Уәлихановтың, М.Шормановтың, М.Ж.Көпеевтің, Ш.Құдайбердіұлының, т.б. шежірелері жарық көрді. Белгілі қазақ инженері М.Тынышбайұлы көптеген шежірелерді біршама жүйеге келтіріп, үш жүздің арнайы шежірелік кестесін жасады. Ал жалпы халық арасында айналымда жүрген шежірелердің бастау нұсқасы Нұқ пайғамбардан бастап, арадағы басқа пайғамбар, сахабалардан ұрпақтар таратып, Алашқа әкеліп тірейді де, одан Жайылханды, сол тұқымнан тараған Әбілқайырдан қазақтың түп аталары деп Ақарыс, Жанарыс, Бекарыстарды тудырады.

Бір қызығы, осы күнге дейін ел арасындағы қолжазба шежіреде де, баспалардан басылып шыққан кітаптарда да, түрлі басылымдарда да қазақ шежіресінің бастауын бізге ислам дінімен бірге келген қожалар шежіресіне апарып тірейтін, ғылыми негізі жоқ қисындар алға тартылады. Ал жоғарыдағы Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс есімдерінің орнын Байшора, Жаншора, Қарашоралар алмастыратын жайлар бар. Кейде ол аздай Қаракелімбет, Сарыкелімбет, Аққелімбет атаулары да әлгі жоғарыдағылардың орнын алмастырып жатады.

Ал арабтардың VII ғасырдан бастап түркі тайпаларын өз діндеріне кіргізу үшін жүргізген күресі нәтижесінде олар мұсылман дінін қабылдады. Осының салқыны шежірелерімізге тигені бесенеден белгілі. Ақсопы, Ақтансопы, Қыдырқожа, Сәдірқожа, Қарақожа сияқты есімдердің қазақ шежірелерінде бой көрсетуі де осы тұста. Сондықтан да шежіре бастауында тұратын, кең қолданыстағы **Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс** атауларын **тек шартты ұғым, жиынтық бейне** деп қарау керек-ақ. Осы орайда қазақ тарихын зерделей тексеріп жүрген белгілі әдебиетші, тарихшы, зерттеуші, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қойшығара Салғариннің «Қазақтың қилы тарихы» еңбегіндегі мына төмендегі ойлары сан тарам пікірлердің ағынын бір арнаға тоғыстыратындай:

«Шежірешілердің қазақтың үш жүзін таратуда мұндай

әр түрлілікке баруы, меніңше, олардың білместігі не әдейі шатастыруы емес, қайта, керісінше, сол кезеңдегі әлеуметтік-қоғамдық жағдайдан хабар беруі. Қазақ хандығы күшейіп, көшпелі өмір салтының қажеттілігіне байланысты әкімшілік-территориялық тұрғыдан үш жүзге бөлінгенде әр жүздің құрамына енген ру-тайпалардың бірлігін, тұтастығын сақтап қалу мақсатында тер төккен, елдің өмірін көрген дана карттары ертеңгі күннің де қамын ойлап, кейінгі ұрпақ бір-бірін бөтенсіп, өзара жауығып жүрмес үшін, олардың ата-бабасын, яғни әлгі қазақ хандығын құраған ру-тайпалардың түпкі шығу тегін бір жерден шығарып, бәрін бір кісіден өсіп-өнген ұрпақ етіп көрсетіп, бұрынғы шежіре бастауын әдейі өзгертіп отырған секілді». (159-бет). Ал дер кезінде қағазға түсіп, хатталмаған дерек көздері ауызша берілгенде түрлі шатасуларға, жаңылысуларға ұрынады. Оны кез келген қазақ шежірелерінен көруге болады. Мысалы, осы орайда белгілі сазгер, зерттеуші, жазушы Илья Жақановтың «Қарабура» жинағында тамалар шежіресіне байланысты айтқан пікірлері өте салмақты да тұшымды әрі тұжырымды.

«Біздің шежіре бір жүйеге, бір қалыпқа түспеген, көп сыры ұмыт болған, кезеңі мен кезеңі, дәуірі мен дәуірі әбден араласып, тіпті жетінші... екінші аталары өзінен кейінгі жетінші... не он екінші толқынмен жасты боп жүреді. Оны Мұхамеджан Тынышбаев жасаған және кейінгі басқа да шежірелерден көруге болады. Әлбетте, оған олар кінәлі емес, оған кінәлі-шежіре жүйесін жалғастыра дамытып жасатпаған, оны қасақана бұзған, сөйтіп көп жайды, көп тарихты ғайып қылған бодандық бұғаудан басталған, кеше ғана күйреген советтік қоғамның мәңгілік империяның өмір сүруін көздеген зардабы толы қасіретті саясаты еді. Сонау Атырау, Маңғыстау, Орал, Орынбор, Ақтөбе, Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Жезқазған, кейбір облыстарда үркердей боп шашырап жүрген тамалардың қолда бар шежіресі бір-бірінен алшақ, бір-біріне ұқсамайтын, былыққан, бүлінген дүние". Ол өзінің бұл пікірін Қарабура мен оның әйелі Батимаға байланысты жалғастырады. Олардан туған Бегім сұлу екендігін айта келіп, былай дейді:

"Әлдары белгісіз. Біздің шежіреміз дәл осы жерден бұзылады, үзіледі. Қарабурадан төрт ғасыр кейін туған Нәрік батыр мен екі орта мүлгіген үнсіз бос кеңістік. Бұл анық. Қарабура – он бірінші ғасырдың адамы, Нәрік – он төртінші, он бесінші ғасырдың адамы».

Міне, осы тұста Илья ағамыздың айтқан пікірінің дәлелді әрі орнықты екендігіне көз жеткіземіз. Әдетте ғылымда, дүние жүзі бойынша генеалогиялық буын яғни аталық буын 28,7 жас болып есептеледі. Бұл - әбден дәлелденген және сараланған ақиқат. Сонда әр аталық буынды орта есеппен 28-30 жас деп есептегенде, жеті аталық буын 190-210 жыл көлемін қамтиды. Міне, осы қағидаға сүйене отырып, шежіре басындағы ру атын иеленген тұлғадан соңғы туған ұрпаққа дейінгі араның жас өлшемін жобалап шығарып алуға болады. Бұл туралы үлкен жазушымыз, академик Сәбит Мұқановтың «Халық мұрасы» атты еңбегіндегі мына пікірін келтірсек, біраз жайдың басын ашуға мұрындық болады деп ойлаймыз.

«Шежіре соншалық көп болғанмен, өрісі соншалық кең болмайды. Мысалы. Нұртаза маған: «Сенің әкең – Мұқан, оның әкесі Шүкей, оның әкесі – Бектемір, ол Байбарақтан, Байбарақ – Сырымбеттен, Сырымбет-Қосайдан, Қосай-Отарбайдан, ол – Шимойыннан, Шимойын-Сибаннан, ол Керейден туған» деп сегізінші атамнан мені қазақтың ең көне руының бірі Керейге апарып тірей салады.

Мұндай шежіренің бергі жағы дұрыс болғанмен, арғы ескілікті жағы жаңылыс сияқты. Өйткені Керей тарихта соңғы мыңжылдықтың аржағынан мәлім. «Ашамайлы», «Абақ» болып бөлінетін Керей мың жылдан астам (мүмкін одан да көп болар) жасаған өмірінде, егер жүз жылда орта есеппен үш ата жасайды деп мөлшерлесек, кемінде отыз ата болып бұтақталады. Абақ негізінде, Қытай мен Моңғолияда, Ашамайлы - Совет Одағында. Октябрь революциясына дейінгі әкімшілікте 50 болыстан астам ел болған. Бұл Нұртаза айтатын есептен әлдеқайда көп.

Керей жайлы осылай болса, оның бергі бұтағы Сибан көне кездегі Италияның белгілі саяхатшысы Плано Карпинидің (1182-1252) Орта Азия көшпелілері жайында жазған еңбегінде аталады. Сонда бір ғасырда үш ата жасайды деп жорамалдасақ, тарихта мәлім кезінен бастағанда, Сибан мен менің арам 20-22 атаға созылады. Одан арғы сибандар қайда?

Ауызша айтылатын шежірелердің бәрі осындай. Қандай шежіреші қазақ болмасын (хат танымайтындары) жеті атасына дейін жақсы біледі де, одан арғысын бұлдыратып жібереді». (23-24 бб.).

Академик жазушы әрі ғалым айтқан осы пікірді қазақ рулары мен тайпаларының кез келгеніне қатысты айтуға болады.

Сондықтан да кейбір азаматтарымыздың өзімбілермендікке салына өзеуреп, «менікі ғана дұрыс, өзгенікі бұрыс» деп келетін «балалық» қасарыспа «ауруға» бой алдыруларын оңды іс деп есептемейміз. Арғы тайпа атауы мен бергі дәуірдегі ру атын иеленген тұлғалы азаматтың арасындағы ұмытылған немесе үзік-үзік буындармен жалғасқан аталар сабақтастығын жеке дара, мызғымайтын ақиқат деп қарауға еш болмайды. Сөз жоқ, соңғы ғасырларда жазбаша хатталған соңғы буындар сабақтастығының өзі дер кезінде айқындалып отырмаса, олардан да талай жаңылыс кететіндігін біз өз тәжірибеміздің көріп отырмыз.

Сондықтан да Шеркешнама» кітабының шежірелік кесте бөлігін дайындағанда ел қолындағы нұсқаларды жинақтап, **қайта-қайта бастырып,** ел талқысына қайта-қайта, қайыра ұсынуымыздың өзі сол бұрынғы қателіктерден іргені аулақ салу ниетінен туындаған еді. Осыған байланысты оқырман қауымға ескертер жай ірі тайпа атын иеленген есім мен ру атын иеленген тұлғаның аралық буындары көптеген шежірелерден жинақталып, қорытылып беріліп отыр. Сол жазбаларда аты-жөндері жиректеу көрінгендерін, үйлескендерін негізге алдық. Сондықтан да оқырмандарымыздың ұлтымыздың айтулы, зерделі ұлдары Сәбит Мұқанов, Илья Жақанов, Қойшығара Салғарин, Ақселеу Сейдімбек секілді азаматтарымыздың пікірлерінің дәйектілігіне ынта қойғаны жөн деп ойлаймыз.

ШЕЖІРЕЛІК КЕСТЕ ТУРАЛЫ

«Шеркешнама» кітабының ауқымды бөлігі шежірелік кестеге бөлінген. Бүгінгі ұрпақ үшін, болашақ ұрпақ үшін пайдалы шежірелік кесте жеті атасын білмеген жетесіздіктен арашалайтын бірден-бір құрал деп толық сеніммен айта аламыз. Осы кітапқа енгізілген Қосым, Қойыс, Дербіс, Жауғашты, Шумақ, Қылышкестен әулеттерінің рудың соңғы ақтық нұсқасын қалыптастыру үшін, өздеріңізге мәлім, аса ауқымды жұмыс атқарылды. Алдымен 30 мың дана қазақ, 10 мың дана көлемінде орыс тілінде ағайындарға таратылған жарнамада болашақта танымдық, шежірелік, деректік кітаптың дайындалатыны, онда кітаптың қандай құрылым, қандай мазмұнда шығарылатындығы жария етілді. Ел ішіндегі зерделі, көне шежірелерді қадір тұтатын азаматтарға үндеу тасталды. Бұл хабар Қазақстаннан тыс Өзбекстан, Қырғызстандағы, Ресейдегі ағайындарға да жіберілді. Көптеген қиыншылықтармен бетпе-бет келе отырып, ел-елден, жер-жерден мәліметтер, деректер жиналды. Ынталы азаматтар тек өз әулетінің ғана емес, өзге іргелес әулеттердің де

шежірелерін жіберді. Сан мыңдаған шақырымдарды артқа тастай отырып, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қызылорда өңірлерінде Астрахань облыстарын ауыл-ауылдарды, жер-жерлерді аралап, Оңтүстік, Орталық Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Көкшетау, Атырау, Қырғызстан, т.б. өңірлерге ат ізін салдық. 36 беттік Қосым, 52 беттік Қойыс, 36 бетттік Дербіс, 32 беттік Жауғашты, 32 беттік Шумақ, алдымен тәжірибе есебінде 20 беттік Қылышкестен, екінші рет толықтырылған 32 беттік 500-1000 дана нұсқасы халыққа пошта арқылы таратылды. Бұл еңбек ағайындар арасында үлкен серпіліс тудырды. Осы негізде дайындалған, түзетілген, өзгеріс енгізілген нұсқаларды кітапқа дайындау қолға алынды. Осы кітаптың дайындалуына орай алдын-ала хабарландыру есебінде 10 мың даналық үндеухат көптеген сұрақтарға жауап жарияланған жарнама барлық өңірлерге жіберілді.

Түзетулерді кестеге түсіру барысында алдан мүлдем күтпеген тосын қиыншылықтар кездесті. Олар бір атадан тараған шежірелік деректердің бір-біріне қарама-қайшылықтары, кейде бірін-бірі жоққа шығаратын тұстарының барлығы ойға алған жұмыстың барынша кешеуілдетті. Сан жүздеген азаматтармен хат-хабар, телефон арқылы байланысып, түзетулер, нақтылаулыар жүргізілді. Көптеген азаматтар өз хаттарында, хабарламаларында біраз ағайындардың бұл іске енжар қараған немқұрайдылықтарын ашына жазды. Біздің Мақсат –шындыққа барынша жақын нұсқа жасау. Менің – ең басты мақсат-мүддем, әр баспадан асығыс-үсігіс, әркімдерден ала салып, еш тексерместен, сараптап, салыстырулардан өткізбестен шығара салған, шыға салысымен дау-дамай,

артық әңгіме, наразылық, өкпе тудырып жатқан кітаптардың кебін кимеу болды.

Десек те шежірелік кестелердің алғашқы нұсқасы жіберілген ауыл-аймақтардан жартымды хат-хабардың,түзетулердің түспеуі салдарынан кемістіктер кетіп жатса – онда кінә салмағы сол ағайындардың өздерінде немесе шежірелік бюллетеньдерді алып, туыстарға, ағайындарға таратпай жатқан ағайындардың жауапсыздығы мен енжарлығында. Мен тиеселі міндетімді адал орындап шықтым деп ойлаймын.

ШЕЖІРЕЛІК КЕСТЕ ҚАЛАЙ ОҚЫЛАДЫ?

Бұл кестені шартты түрде «Көлбей жатқан бәйтерек бейнелі шежіре» деп атауға болар еді. Бұл тәсіл оқылуға оңтайлы, бір беттен шежіре бастауында тұрған ру атын иеленген түп бабадан ең соңғы туған ұрпаққа дейінгі суретті яғни буындарды көруге болатындығымен құнды. Әр атадан шыққан нұсқама сызық бағытымен оңға да, солға да оқып, соңғы және түп бабаға дейін оп-оңай анықтап шығуға болады. Ал сөзбен жазылып, термелеп жазылатын сөздік шежірелерде қайдан бастау алып, қайда баратынын табу біршама қиын әрі күрделі екендігі тәжірибеден көрініп жүр. Бұл тәсілге қарағанда барынша ыңғайлы, көрінетін, тік түсіріліп оқылатын кестелі шежіренің де біршама қолайсыздықтары бар және оның сыйымдылық деңгейі өте аз.

Бір сөзбен айтқанда, Сіздерге ұсынылып отырған шежірені «мөлдір шежіре» деп атауға толық негіз бар.

КІТАПТАҒЫ СЫЗБАЛЫҚ КЕСТЕНІ ОҚУ ТӘРТІБІ



Түсініктеме: АСҚАРДЫҢ балалары АРТЫҚ пен НҰРЛАН, ал ЕРЖАН, ЕРЛАН, ҚАНАТ, АЙБАТ Асқардың немерелері. ЕСЕТ - АСҚАРДЫҢ шөбересі.

АЛАШ ҚАЗАҚ



АЛАШ. ҚАЗАҚ. ЖҮЗ

АЙ-АТА МЕН АЙ-АПА. Жер бетінде ең алғаш жаралған адам Ай-ата мен Ай-апа екен. Бұл екеуі жер жаралған кезде лай су болып ағып жүріпті. Күндердің бір күнінде тау шатқалынан Тәңірі жаратқан қалыпқа лай су толыпты. Қалыпқа толған лай суды тоғыз ай, тоғыз күн бойы күннің нұры қыздырып, желдің лебі кептіріпті. Сол мезгілде қалыптағы лайға жан кіріп, Ай-ата мен Ай-апа орнынан тұрыпты. Содан Ай-ата мен Ай-апа қосылып, олардан өрбіген ұрпақ рулы елге ұласыпты дейді.

Ай-ата мен Ай-апа топырақтан жаралғандықтан, содан бері өлген адам жер қойнына көміліп, қайтадан топыраққа айналатын болыпты. Әрбір дүниеге келген адам шыр етіп туғанда, жаралған жерінің топырағы бұрқ ете қалады екен. Кейін бұйырған ғұмырын жасап, дүние салғанда, қай жердің топырағынан жаралса, сол жерге көмілу нәсіп болмақ. Қазақтың өлген адам туралы «топырақ тартты», «топырақ бұйырды» дейтіні, сөйтіп мәйіт үстіне бір шымшым топырақ салатыны сондықтан. Ал дүниеге келетін нәрестенің ана құрсағында тоғыз ай, тоғыз күн қақталған соң ғана бойларына жан кіргендіктен еді дейді.

АЛАША, АЛАШ, ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЖҮЗ

Қазақтардың пайда болуы Сыр бойына ноғайлардың қоныстана бастаған кезінен басталады. Ноғайлар мен орыстар бұрын бір-бірімен жауығып жүреді екен. Бірде орыс жағынан елшілері ноғайларға бейбіт мақсатпен келіпті. Елшіліктің құрамында орыс кінәздері жіберген 30 жауынгер мен олардың әйелдері де болса керек. Мұның мәнісі, орыс кінәздері өтініш етіпті.: «Егер татар (ноғай) ханы да өз жағынан 30 жауынгерді әйелдерімен шығарып, екі жақтың өзара араласқан жауынгерлерін шекараға қоныстандырса, олардан жартылай орыс, жартылай татар тайпасы құралар еді, сөйтіп, екі елдің арасындағы жауығушылық тыйылар еді». Бұл ұсыныс татар ханына өте ұнайды да, келісімін береді. Тек 30 жауынгердің орнына 30 құлды жанұяларымен бірге жібереді. Құлдардың ішінде ақыл-қайратымен көзге түскен Алаша және Алаш есімді ағайынды екі жігіт болыпты. Содан татар құлдары мен орыс жауынгерлері межелі жерге келе жатып, жолда бір қоналқаға тоқтағанда, Алаша мен Алаш: «Түнде орыстар ұйықтап жатқанда қырып тастайық», - деп жолдастарын үгіттейді. Жолдастары келісім береді де, түнде ұйқыдағы орыстарды құлдар оп-оңай қырып салады. Сөйтіп, олар өз алдарына бөлек тайпаға айналады. Алашаны – хан, Алашты – би етіп сайлайды. Бұл екеуінен басқа, қара қылды қақ жарған бір әділ қазы болады екен. Оны әділдігіне бола тайпаластары: « Біздің қазымыз қазы-ақ қой» деп мадақтайтын болса керек. Содан жүре келе тайпаластары оны «Қазақ» деп атайтын болыпты. Қазақтың беделінің зорлығы соншалық, бара-бара бүкіл тайпа «қазақ» деп аталып, өздерінің ханы Алашаның есімін ұранға шығарыпты. Кешікпей-ақ қазақ тайпасы өсіп-өркендеп, 3 ордалы елге айналады. Олардың біріншісі - Ұлы жүз, екіншісі – Орта жүз, үшіншісі – Кіші жүз деп аталады...

АЛАШТЫҢ ЕНШІ БӨЛУІ

Қазақтың қария сөзінің айтуында, Алаштан – Ақарыс, Жанарыс,Бекарыс деп аталатын үш ұл болған. Иісі қазақ осы үшеуінен өрбіген. Алаш қартайған шағында үш ұлын шақырып алып, қолындағы дәулетін балаларына енші етіп бөліп бермекші болады. Ол үшін бүкіл мал-мүлкін тең етіп төртке бөледі де, соның үш бөлігін үш ұлына береді. Қалған төртінші бөлікті тағы да үшке бөліп, үш ұлының еншісіне қосымша үлестіреді. Балалары мұның мәнісін сұрайды. Сонда Алаш отырып, өсиет сөз айтады: «Алғашқы бөліктер әрқайсыңның өз еншілерің. Ал соңғы берілген қосымша бөлік «бөлінбеген енші» деп аталады. Оның иесі – үйлеріне келетін құдайы қонақ атаулы. Сондықтан бұдан былай жолаушылап жүрген адам босаға аттаса, оның төсек-тамағы мойындарында болады. Себебі әрқайсында сол жолаушының бөлінбеген еншісі бар деп біліңдер. Жолаушы қонақ әрбір үйдегі өзінің бөлінбеген еншісіне лайық сый-құрмет көрмесе, сол үйдің иесі ата салтын сақтамаған, аманатын ақтамаған адам ретінде атташапан айыбын тартатын болсын! Бұл сияқты жөн-жоба мен жол-жоралғының мәнісі – көш-конды тіршілік тірегі еткен ел-жұрт бір-біріне қарайлас болса ғана алаңсыз өмір сүре алады дегенге саяды. Өйткені бүгін сенің үйіңе бір жолаушы қонақ болса, ертең сен басқа біреудің үйіне қонақ боласың. Мұндайда, ел-жұртты тек бөлінбеген енші ғана жарастыра алады. Сондықтан бөлінбеген енші исі қазаққа мәңгілік мұра болсын!».



Алаштың осы өсиетін « мен қазақпын» дейтіндер күні бүгінге дейін сақтап келеді. Қазақтың ең даланы еркін кезіп, әр үйді өз үйіндей жайлайтыны осыдан болса керек.

АЛАША ХАН ҺӘМ ОНЫҢ БАЛАСЫ ЖОШЫ ХАН ТҰРҒЫСЫНДА ҚАЗАҚ АРАСЫНДА БАР СӨЗ

Алаша ханды жасында алапес болған соң өзіне жүз кісі нөкер беріп, шаһардан қуып жіберген екен, «алапес жазылғанша мұнда келме» деп. Неше жерді аралап, аяғында қазақ жеріне келген екен. Оны мұнда бек құрмет көрсетіп, қонақ қылыпты. Содан кейін қазақ арасында тұрып қала беріпті. Бірақ қазақтар ол ақылды ер болған соң, өзін жақсы көріп, хан қойыпты. Алаша хан өзі мықты, ер хан болыпты. Оның уақытында қазақ айналасындағы жауларының бәрін жалғыз атын айтса, дірілдеп қорқатын етіп жеңісіпті. Қазақ ханының ерлігі, күштілігінің даңқы алысқа кетіпті. Мұны Алаша ханның әкесі Бұхар ханы да естіді. Әкесі баласының мұндай болғанына қуаныш қылып, көруге құштар болып, мынау деген жігіттен жүз жігіт жібереді, «барып Алаша ханды тауып, Бұхарға шақырып кел» деп. Онан-мұнан сұрап, Алаша ханды іздеп жүріп, ақырында тауып, әкесінің хатын беріпті. Бұл хатта әкесі өзінің сағынғанын айтып, кел деп шақырған екен. Алаша хан барамын деп айтса да, жүре қоймайды. Өзін іздеп келген жүз жігіт Алашаның құрмет қылғанына бек шат болып жата береді. Ақырында мүлде сонда тұрып қалады. Ол кезде Бұхар ханы бұлардан ешбір хабар таппай, тағы бір жүз жігіт іздеуге жібереді. Бұлар да келіп, іздеп тауып шақырып еді, Алаша хан онда да бармай қалды. Келген екінші жүз кісі де мұнда тұрып қала береді. Үшінші жіберген жүз жігіт те сонда қалған екен. Алаша хан өлгеннен кейін қазақ үшке бөлінді, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз болып. Бұрын келген жүз жігіт Ұлы жүз аталған. Онан соң келгені Орта жүз аталған, онан соңғы келгені Кіші жүз аталған.

Суретте: Кітап авторы Пернебай Дүйсенбин мен жергілікті зерттеуші Берген Қожамұратов Алаша хан кесенесі алдында.

АЛАШТЫҢ ҮШ ЖҮЗІ

Есте жоқ ескі заманда Сыр бойында отыз екі баулы (рулы) елді билеген Қызыларыстан атты хан болса керек. Күндердің бір күнінде Қызыларыстанның жорықта олжа болған әйелінен ерекше бір ұл бала туады. Баланың тұла бойы алапес болса керек. Қызыларыстан хан баласының алапес болып туғанын жаман ырымға балап, Бетпақтың шөліне апарып тастайды (аңыздың келесі бір нұсқасында Сырдың суына ағызып жібереді). Тағдыр жазып, алапас балаға перзенттен зарығып жүрген бір пақыр тап болып, асырап алады. Бала ақылына қайраты сай жігіт болып ержетеді. Төңірегіне даңқы жайылып, Алаша атанады.

Алашаның даңқы Қызыларыстанға да жетеді. Содан хан өзінің қараша биі Қотанмен ақылдасқан екен (аңыздың кейбір нұсқасында Майқы бидің де аты аталады). Қотан би: «Нағыз ер болса, елге қорған, жұртқа пана болар, ордаға шақырайық», - деп, Үйсін деген үлкен ұлының жанына жүз жігіт қосып аттандырады. Үйсін Алашаны іздеп тауып, таныс-біліс болған соң, сонда қалып қояды. Келесі жылы Қотан би Ақжол (Болат деп те айтылады) деген баласының жанына жүз жігіт қосып аттандырған екен, олар да Алашаның жанында қалып қояды. Қотан би үшінші жылы Алшын деген кіші ұлының жанына жүз жігіт қосып аттандырса, олар да қайтпапты.

Сөйтіп Алашаға келіп қосылған үш жүз жігіт үлкен күшке айналып, төңірегіне ықпалын жүргізіп, өсіп-өнеді. Алаша хан болып, қарауындағы ел Алаш жұрты атанады. Алаш жұрты өсіп-өне келе Үйсін бастаған жүз жігіттің әулеттері – Ұлы жүз, Ақжол бастаған жүз жігіттің әулеттері - Орта жүз, Алшын бастаған жүз жігіттің әулеттері – Кіші жүз болып белгіленеді. Қазақ арасында күні бүгінге дейін айтылатын «Алаш – Алаш болғанда, ала тай ат болғанда, таңбасыз тай, енсіз қой болғанда, Алаша хан болғанда» деп басталатын қария сөз сол заманнан жетсе керек.

АЛАШТЫҢ ҮШ ҰЛЫСЫ

Ерте заманда отыз неше елді билеген Қызыларыстан деген хан болады. Ханның өз айналасында бес жүз түтін төленгіті болыпты. Ол өзінің төленгіті мен жасақтарын бастап соғыс-жорықтарға барып, ырғын олжа, көптеген тұтқындар алып отырған екен.

Бір жорықта Қызыларыстан ханға асқан сұлу бір қыз тұтқын болыпты. Сонсоң бұл қызды хан әйел етіп алыпты. Кейін бұл әйел жүкті

болып, бір ұл табады. Әлгі ұлдың тұла бойы түгел ала болады. Мұны жамандыққа жорып, қалай жоғалтуды ақылдасқанда ханның бәйбішесі: «Бұл баланы суға тастаңдар», - дейді. Бәйбішенің айтқаны бойынша баланы

Сырдарияның суына апарып, тастап жіберіпті. Мұны балық аулап жүрген бір кедей қария көріп, ұстап алады да, бағып бала қылады.

Сонымен, ала бала ержетіп, асқан ақылды әрі батыр жігіт болыпты. Ала бала ел ішінде «Алаш» деп аталып, атағы жайылады. Мұны хан естіп, ордаға әкелдірмек болады. Бірақ ханның қасындағы Майқы деген адам: «Бұл баланы ордаға әкелмей, қасына жүз жігіт беріп, өз еркіне жіберу керек», - деп кеңес береді. Хан бұған мақұл болады. Бұған алғашында Үйсін деген жігіт жүз жігітпен барып қосылады. Келесі жолы Болат деген жігіт бастап барып тағы қосылады. Үшінші жолы Алшын бастаған жүз жігіт және барып қосылады. Сонымен олар жорықтар жасап, төңірегіндегі елдерді бағындырады.

Кейін бұлар бас қосып жиын ашып, Алашты ақ киізге отырғызып, хан көтеріпті. Сонан барып әлгі ала бала «Алаш хан» аталыпты. Үш жүз жігіттен қазақтың үш жүзі тарапты. Яғни Үйсін бастаған жүз жігіт – Ұлы жүз, Болат бастаған жүз жігіт – Орта жүз, Алшын бастаған жүз жігіт – Кіші жүз болыпты. Сондықтан да қазақтар: «Атамыз - Алаш, атымыз – қазақ, үш жүздің ұрпағымыз», - дейді.

ӘЗ – ЖӘНІБЕКТІҢ ҮШ ҰЛЫСЫ

Әз-Жәнібек хандық құрған кезінде бас бектікке Байқұтанды, бас батырлыққа Болантайды таңдапты дейді. Сонан соң қол астындағы ру-тайпалардың бектері мен батырларын жинап, елді үш ұлысқа бөледі де, ол ұлыстарын Аққелімбет, Сарықелімбет, Қаракелімбет деп атайды. Әрбір ұлысқа хан өкілі есепті **датқасын**, уәзір есепті **тұтқасын,** қорған болар **даруғасын**, мөр иесі **басқағын** және би есепті **ноқта ағасын** белгілейді.

Аққелімбет ұлысының датқасы үйсіннен, тұтқасы шапыраштыдан, даруғасы дулаттан, басқағы қаңлыдан, ноқта ағасы жалайырдан белгіленеді де, бұл ұлысты Ұлы жүз деп атайды.

Сарықелімбет ұлысының датқасы арғыннан, тұтқасы найманнан, даруғасы керейден, басқағы қыпшақтан, ноқта ағасы тарақтыдан белгіленеді де, бұл ұлысты Орта жүз деп атайды.

Қаракелімбет ұлысының датқасы алшыннан, тұтқасы жаппастан, даруғасы адайдан, басқағы тамадан, ноқта ағасы табыннан белгіленеді де, бұл ұлысты Кіші жүз деп атайды.

Аққелімбет ұлысына Балқаштың оңтүстігінен бастап, Жетісу, Нарынқол, Арыс, Сырдария алабын бөледі. Сарықелімбет ұлысына Байкөл мен Арқадан бастан Аралға дейінгі алапты бөледі. Ал Қаракелімбет ұлысына Арал, Қызыр (Каспий), Қара теңіздің алабын бөледі.

Әз-Жәнібектің осынау шешіміне ел-жұрт риза болып, бірлік-пәтуа үшін құрбандыққа шалынған боз биенің қанына бармақ батырысып, елдің игі жақсылары көңіл жарастырып отырғанда, сол игі жақсылардың бірі; «Уа, Жәнібек, елдің қамын, жердің жайын тамыршыдай тап басып, халықтың қамын ойлаған ниетіңді дүйім жұрт құп көріп отыр. Жақсы істің қайыры халқына бұйырсын. Енді осындай шешімге нендей себеп түрткі болды, соны айтшы?» - деп сұрапты. Сонда Әз-Жәнібек: «Қыздан тарайтын Ақбай, Жанбай, Бекбай ұрпағы бас біріктіріп, киіз туырлықты қазақ атандық. Сол үш арыстың аты атаусыз, жері иесіз, ұрпағы тексіз болмасын деген ниет қой», - деп жауап қайырған екен.

Содан былай Аққелімбет ұлысы – Ұлы жүз – Ақарыс, Сарықелімбет ұлысы – Орта жүз – Жанарыс, Қаракелімбет ұлысы – Кіші жүз – Бекарыс деп аталып еді дейді.

P.S: Түрлі шежіре деректерінде Жанарыс пен Бекарыс атаулары алмасып келе беретінін естеріңізге саламыз. **П.Д.**

МЕН – ҚАЗАҚПЫН

Мен–қазақпын мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

Мен– қазақпын, ажалсыз анамын мен,
Құрсағыма сыйдырам даланы мен.
Пәк сәбимін бесікте уілдеген,
Дәуірлермен құрдаспын,данамын мен.

Мен- жігітпін, айқасқа, сынға асықпын,
Жүрегі бар кеудемде шын ғашықтың.
Жанартаудай жойқынмын жұлқынғанда,
Шарықтасам, қыран боп шыңға шықтым.

Мен – қара көз сұлумын, сайтан қызбын,
Сайрай қалсам, тілімнен бал тамыздым.
Сүйер болсам өмірдей өле сүйдім,
Қас батырмен қайрасқам балтам жүзін.

Жұбан МОЛДАҒАЛИЕВ.

ҚАЗАҚТАР ТУРАЛЫ

Қазақ – меймандос халық, ол ең жақсы төсенішін қонағының астына төсейді, асының дәмдісін соның аузына тосады. Олар ерекше ақкөңіл, жігерлі де сергек, адал жандар.

А. И. ЛЕВШИН.

Қазақтар сондай сүйкімді, сондай байырғы әрі қарапайым, мен оларды көргенде не болғанымды білмей кетемін.

Т. Г. ШЕВЧЕНКО.

... Қазақтар өте қонақжай, өзі аш қалса да соңғы фунт етін қонаққа ұсынады.

И. А. КАСТАНЬЕ.

Қырғыз ...(қазақтар) – күшті де ержүрек халық... Олар танымайтын адамдарға да кішіпейіл, қонақты ренжітуді үлкен ұятсыздық деп біледі.

И. ГАНВЕЙ.

Қазақтар - пысық, қайнап жатқан өмірге құштар халық, олар ойын-сауыққа құмар: киімде ашық бояулыны, тұрмыста той-мерекені сүйеді.

Г. Н. ПОТАНИН.

Көне заманда бұл халық білімді болған...ислам дінін қабылдағаннан кейін жоғалтып алған. Олардың өзге белгілермен берілетін, Оңтүстік Сібір, Обь өзені мен Енисей аралығында табылған таңбаларға (Орхон-Енисей жазуы) өте ұқсас жазуы да болыпты. Қырғыз (қазақ) тілі – түрік тілдерінің ішіндегі өте тазасы.

Француз профессоры А. ЖАРРИ.
1832 жыл.

Бұлар – дөрекілеу болғанымен, өте қонақжай, кеңпейілді, шыншыл, көршілерінің арам ниетін бойына жұқтыра қоймаған халық.

Ағылшын капитаны А.КОННОЛИ.
1843 жыл.

Өткен өмірдегі батырлық туралы мына ақынның жырын бақташылардың ықылас қоя тыңдағаны соншалық, тіпті кезінде Гомер де мұндай ілтипатқа бөленбеген шығар. Қазақ ақынының өз халқына ықпалы Гомердің гректерге ықпалынан мысқалдай кем емес. Бастапқыда таулар мен далалардың сұлулығы, қазақтың сәйгүліктері туралы жырланғанда, тыңдаушылар үнсіз-ақ отырған-ды, ал даңқты айқастар туралы жырлай бастағанында, олардың жүздері өзгеріп сала берді. Тіпті кейбірі орындарынан атып тұрып, айбалталарына жармасты... Міне, сауаты жоқ дала жырауының өз бауырластарының жан-дүниесін баурап алар күші осындай. Оның шабытты өлеңдерін мен ұзақ тыңдадым.

Ағылшын суретшісі Т. АТКИНСОН.
1860 жыл.

Қырғыздар өте шыншыл, қайырымды әрі қонақжай халық.

Американ журналисі Я.А.МАК-ГАХАН.

Жайық өзені мен Каспий, Арал теңіздерінің және Сырдария мен Ертіс өзендерінің аралығында жатқан ұланғайыр дала – қазақтардың мекені. Қазақтар әр нәрсеге өте икемді әрі кеңпейіл халық. Олар өздерін қайсақ деп атайды. Бұл олардың ұғымында қайсар, ержүрек деген сөз... Қазақтар өздерінің ата-бабалары емін-еркін көшіп-қонып жүрген даласын жанымен сүйеді. Олар ұшы-қиырсыз даласын ешнәрсеге де теңгермейді. Иә, дала шынында да ғажап! Келте ұмырлы жазда толып, толықсып қалуға тырысатындай көк біткен күн жылысымен-ақ қаулап өседі.

Қазақтардың жер жадын жаңылыспай білетін ерекше қасиеті бар және олар бір көрген мекенін ешқашан ұмытпайды. Бейсауат жолаушыға белгі-бедерсіз мынау даланың барлық тұсы бірдей болып көрінеді, ал қазақтардың қай-қайсысы болмасын соқыр түннің өзінде қай жерде келе жатқанын жаңылыспай анықтай алады. Олар, әрине, әр кезде жұлдызға қарап бағдар жасамайды. Қазақтарға бұл өлкенің әрбір бұтасы, әрбір тасы таныс. Олар бір жерді сәл ғана өзгешелігіне қарап анықтай алады. Ал еуропалық жан арнайы прибордың

көмегінсіз анықтай алмас еді. Сонымен бірге кез келген қазақ көз ұшында бұлдырап көрінген аттың түсін бірден таниды және де дүрбімен қарағанның өзінде бұлдыр көрінетін арбаның жақындап не алыстап бара жатқанын анықтауға шебер. Мен қазақтардың көрегендігіне талай рет тан қалдым.

Швед ғалымы, саяхатшысы СВЕН ГЕДИН.
1897 жыл.

Орскіден әрі қарай көшпенді қырғыздардың (қазақтардың. П.Д.) даласы басталады, бұл – сол жердің өзіндік бояуы мен ерекшеліктерін жырға қосып айтатын олардың Отаны. Тек осы шексіз-шетсіз далада ғана қырғыз өзін бақытты да еркін сезінеді; оның қыста қарлы боранына, жазда аптап ыстығына шыдар дүние жүзінде қырғыздардан төзімді халық жоқ.

Швед саяхатшысы Г. МОЗЕР.
1885 жыл.

Қазақтар ержүрек әрі еркіндікті сүйетін халық, бірақ өзге де көшпелілер сияқты елгезектеу. Олар достарына аққөңіл де қонақжай, жолаушыға қайырымды, алайда жауларына аяушылықты білмейді. Оларға табиғат шешендік пен әзілмысқыл сезімін молынан сыйлаған. Балаларын шексіз сүйеді, ұлға үлкенді құрметтеу, әкеге әкелік борышты сезіне білу тән.

Ағылшын инженері ДЖОН УОРДЕЛЛ.
1909 жыл.

Қырғыздар (қазақтар П.Д.) басқа азиялық халықтардан гөрі балаға тән мінезді, барлық жақсылық пен кемшілікті бойына сіңірген табиғат-ананың ұлдары іспеттес. Қырғыздарды жақын біле түскен сайын, оларды сүймеу, тіпті құрмет тұтпау мүмкін емес. Орта Азияда болған, өмір сүргендердің бәрінің де пікірі қырғыздар өзге тайпалардан осы табиғи тазалығымен ерекше көзге түседі деген тұжырымға саяды..

АҚШ дипломаты Ю.СКАЙЛЕР.
1867 жыл

ҚАЗАҚТАР

Бір фриц маған: «Бізге қарсы қайсар солдаттар соғысты – оларды ешқандай ок тоқтата алмады, олар тура бізге қарай жүгірді. Кейіннен маған бұлардың қазақтар екенін айтты. Мен бұрын мұндай халық бар екенін білмеуші едім...» деді. Фрицтер көп нәрсені білмеген. Оларға Россияның үлкен ел екенін айтқан, бірақ бұл елді үлкен жүректі адамдар мекен ететінін айтпаған. Тамылжыған ыстық пен ызғарлы суыққа көндіккен Шығыс даласын ежелден бері ержүрек ел мекен етеді. Ақын-жыраулар Қазақстанның қаһармандары, даңқты батырлары туралы ескі әңгімелерді жыр қылады.

Батырға бәрінен туған елі, жері қымбат. Тарғын батыр алты кез семсерімен: «Тек намысты қорғаймын», - деп, бір өзі жаудың жеті мың қолына қарсы ұрысқа шыққан. Сол Тарғынның бейнесі Москваны қорғаған жиырма сегіз батырды жігерлендіріп, жауға қарсы ұмтылдырған жоқ па!

...Ленинградтағы қорғаушы қазақ Д.Көкбалин шабуылға шықты. Снарядтың сынығы тиіп, винтовкасы қирады. Ол сасқан жоқ, гранатамен жауға ұмтылды. Қазақтар кең далада атпен жүруге дағдыланған. Бірақ керек болса, олар жер бауырлап еңбектей де біледі, жүгіре де біледі, өрмелеп тауға шыға да біледі, батпақтардан да кешіп өтеді, оларды ешнәрсе тоқтата алмайды!

Еліне шын берілгендік соғыс өртінде сыналады. От ішінде шабан жанып кетеді, ал болат шыңдала түседі.

Қазақтар орыстармен бірге жауға қарсы соғысуда. Біз бәріміз бірге қайғырамыз, бірге соғысамыз, жеңістің атқан таңына бірге қуанамыз!

Илья ЭРЕНБУРГ.
«Красная Звезда», 1942 жыл.



Мен сонау 1958- 1960 жылдары Байқадамдағы орта мектепте мұғалім болып істедім. Сол бір жылдарда мен қазақтардың табиғи болмысын терең танымдым десем еш қателеспеймін. Олардың күлгенде көмекейі көрінетін ақжарқын мейірбан, мейіліншe қонақжай, дарқан пейілді жандар екендігіне көзім әбден жетті. Сол нұрлы шақтарды кейде еске алғанда, тұла бойымды билеп ала жөнелетін сағыныш сезімдерімді айтуға тіл жетпейді. Мен осы күні де өзімді қазақтың төл перзентіндей сезінетінімді жасыра алмаймын. Сондықтан да менің қазақ оқығандары арасында достарым жетерлік. Олар да мені өзіміздің Герекең деп атайтыны сүйсінтеді.

ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

***

ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ ЖҮЗ АТАЛУЫ

Қазақ арасына кеңінен тараған аңыздың бірі Қызыларыстан деген ханның бәйбішесінен бала болмай, ат көтіне салып келген бір қызға аяқ салады. Одан туған бала сауысқанның аласындай болып ала туады. Содан ішітар бәйбіше ханды азғырып, бала мен шешесін құртуға көндіреді.

Содан хан қырық жігітке бұйырыпты:

-Мына баланы да, тапқан шешесін де Сырдариядан әрі өткізіп қоя беріңдер, өлсе өлсін, өлмесе өз бетімен қаңғып, күнін көрсін! Айналып келгенде, бұл жұртты мына қатын мен бала да көрмесін, сендер де көрмеңдер! – депті.

Бұлар Сыр суынан өтіп, Алатау, Қаратау алабына келіп, жан сақтап, күнелтіпті. Бала өз асын өзі алып ішерлік болған соң, ешкіммен ісі жоқ болып, бетімен қаңғып кетіпті... Дәл он екі жасында Майқы бидің баласы Үйсінге әлгі бала кез болып, бір ауыз тіл қатады.

Майқының баласы Үйсін әкесіне болған жайды баян етеді. Майқы би баланы көруге барады.

Сонда бала Майқыға:

- Ассалаумағалейкум, хан біткеннің қазығы, бұқара жұрттың азығы! – деп сәлем беріпті. Майқы би:

-Әлейкумассалам, әмсе аман бол! Болайын деп тұрған ұл екенсің! Қолына алып, қайырып салушының жоғынан тұр екенсің! Кел, балам, қасыма мін! – деп, арбасына мінгізіп, үйіне алып келіп, той жасайды. Содан Майқы би әлгі баланың қасына ұлы Үйсінді бас қылып, қасына жүз жігіт қосып береді. Ол бұл баланың тегін емес, текті бала екенін болжайды.

Олар Ұлытау, Кішітау деген жерлерді қоныстанып, ел болады, үйлі-баранды болады. Өрістері кеңейеді. Өз баласының атақ-даңқын естіген Қызыларыстан Қотанұлы Майқы биге кісі салады. Баламды өзіме қайтарсын дейді. Жүз жігіт қосып Қотанұлы Болатты, оның соңынан Қоғамұлы Алшынды нөкерлерімен жібереді. Бірақ бұлардың барлығы да қайтпай, сол алапес баланың қарамағында қала береді. Олар ақыр соңында данагөй карт Майқы бидің ақылына құлақ асады.

Енді ел болғанымызды, жұрт болғанымызды жұрт көзіне түсірелік деп, баяғы ала баланы алашаға салып, Ұлытаудың басына алашамен көтеріп шығарып, хан сайлайды. Оған Алаша хан деп ат қойды.

ҮШ АРЫС АНАСЫНЫҢ ЖЕРІК АСЫ

Қазақтың үш жүзі тарайтын үш ұлды табарында анасы үш нәрсеге жерік болыпты дейді. Ұлы жүз – Ақарысты көтергенде малға жерік болыпты. Орта жүз – Жанарысты көтергенде балға жерік болыпты. Кіші жүз – Бекарысты көтергенде бөрінің бауырына жерік болыпты.

ҮШ ЖҮЗ ЖІГІТТІҢ ҰРПАҒЫ

Ханның баласы алапес болып ауырса керек. Алайда хан алапес баласын елден бөлектемей, қолында ұстай беріпті. Сонда былайғы жұрт: «Қара халықтан алапес болса, оны ел-жұрттан бөлектейді, бұл дәстүрді ханның сақтамайтыны қалай?» - десіпті. Хан бұл сөзге құлақ асып, алапес баласының жанына жүз кісі қосады да бөлек жібередіі. Алапес бала бөлек кетерінде шешесімен қоштасуға келген екен, шешесі де жүз кісі қосып беріпті. Мұнан соң алапес бала әжесімен қоштасуға келсе, әжесі де жүз кісі қосып беріпті. Міне, осы үш жүз кісіден исі қазақ халқы құралса керек.

Ақселеу СЕЙДІМБЕК,
"Қазақтың ауыза тарихы".
"Фолиант" баспасы. Алматы. 2007 жыл.

ҚЫДЫРДЫҢ БАТАСЫ

Қыдырқожа бай өз ұлдарын әр уақытта шаруаларының ыңғайына қарай бағыттап, жиі жұмсап отырады екен.

Бір жылы үлкен ұлы Шеркешті өзге балаларымен бірге Қызылжар жәрмеңкесіне жібереді. Алдарына төрт түлік малдардың семіз, жарамдыларын айдап, жинаған жүн, терілерін арба, түйеге арттырып, тіршілікке қажетті керек-жарақтарды, азық-түліктерді, шекер, тұз, май, шай, т.б. алып келуге жұмсайды. Олар жолға ұбап-шұбап шығып, жол ортасына келгенде, жол ортадан әрі ұзағанда, қарапайым әрі жұпыны киген, ақ сақалы алдын жапқан, сұр есек мінген бір қарт адам ілеседі.

Ұзақ жолда кешкі қоналқаға тоқтап, түйедегі жүктерін түсіріп, өгіздерін арбадан ағытып, жолда түнеуге жайланады.

Кешкі ас-суларын ішуге отырғанда бұлардан шеттеу орынға жайғасқан қарияны керуенбасы болып келе жатқан Шеркеш кешкі асқа, дастарқанға шақырады.

Қария рақметін айтып, ала қоржынынан ас-суын алып, өзі жеке –дара бөлек ішеді. Қарияның оғаштау қылығына таңданған бұлар кешкі тамаққа отырады. Таң қылаң бере керуеншілер жүктерін артып жолға шығады. Әлгі қарт та бұларға ілеседі.

Олар межелі мезгілде базар маңына кештетіп жетеді. Ертеңгі күнге дайындықтарын жасап, кешкі астарын ішіп, малға қарауыл, күзеттерін қойып тынығуға кіріседі. Ал қария болса бұлардан шеттеу жерге жайғасады. Шеркештің ойына күдік ұялап, күзеттегі жігіттерге сыбырлап: "Абай болыңдар, мына шалдың біздің соңымыздан қалмай ілесуінен қауіптенейін дедім. Кім біледі, қарақшы ұрылардың біздің соңымызға салып қойған жансызы ма?! " – деп іш күдігін жасырмайды.

Таңертең базар ашылысымен Шеркештің інілері, жігіттері іске кіріседі. Қайнаған базардың әр тұсынан сауда бәсін қыздырған саудагерлер, бақалшылар, көпестер, алыпсатарлар даладан келгендермен саудаласып жатады. Шеркеш қасындағы інілерінің бірін ілестіріп, әр дүкенге кіріп, алған заттарын қоржын, қапқа тықпалап, арба маңына жинақтап, жолға дайындалады.

Шеркеш бастаған топ жолға шығып, базардан ұзайды. Бірқауым жер жүрген соң арттарына қараса, баяғы қарт кісі сұр есегімен керуеннің артында тағы да келе жатыр екен. Базарға барып келе жатқан дейін десе, есекке артқан дәнеңесі жоқ, сол баяғы ала қоржыны ғана. Шеркештің күдігі бұрынғыдан да ұлғаяды. Жолға тоқтап, тынығар алдында сақтық шараларын бұрынғыдан да күшейтеді. Өзі де түн ұйқысын төрт бөліп, сергек ұйықтайды.

Түн тыныш, мамыражай қалыпта өтеді. Ешқандай ұры-қары да жоқ, бар дүние-мүлкі, мал-жаны дін аман. Әлгі қарт та бұлардан оқшау жерге демалып, есегін ерттеп жатады.

Бәрі жолға шығады. Қарт тағы ілеседі. Ұзақ, күре жолға қосылар бұрма, қиғаш соқпақтың тұсына келгенде қарт сәл аялдай беріп, бар керуенге бас-көз болып жүрген Шеркешке:

-Әй, жас жігіт, бері келіп кет. Жол айырылар сәт келді, - дейді. Ат басын бұрып, көлігінен түскен Шеркеш қартқа қол беріп амандасады. Қасындағы інісі де атынан түсіп, қарттың қолын алады.

Сонда Шеркеш:

-Ата, сіз бізге жұмбақ болып келесіз. Сізді бұрын көріп-білген емеспіз. Шақырған дәмімізге келмедіңіз әрі әңгімелесуге ыңғай білдіре қоймадыңыз, - дейді.

Сонда қарттың жүзі шырайланып, күміс сақалы күнге шағылып:

-Балам, оның өзіндік себебі бар. Мен Қыдыр атамын. Сендерді бақылап, сырттарыңнан қорған болып жүрмін. Алақаныңды жай, бата берейін , - дейді. Шеркеш тосын әңгімеге сәл-пәл тосылып қалып, қол жаяды. Қасындағы інісі де қол жаяды.

-Өмірің өрісті болады, ұрпағың келісті болады. Ырыздық-несібең ешкімнен кем болмайды. Қазаныңнан ас кетпесін, қонағыңның алдынан бас кетпесін. Мал сойсаң,, алғашқы кесімін өзің же, отбасың жесін. Келген қонағыңды, ағайыныңды ақжарма көңілмен жарылқа. Артылса көрші-қолаңына, кедей-кепшікке бер. Одан қазаның ортайып, ажарыңнан әр тайып қалмайды. Әумин! – деп Қыдыр ата бата берген екен.

Төлек ЕСМАҒАНБЕТОВ,
Берқайыр БАЙМҰРАТОВ,
деректері негізінде қорытылды.

«АЛАШ» АТАУЫ ТУРАЛЫ

...Сонымен қорыта келгенде айтарымыз, «алаш» этнонимінің тарихы қазақтың ежелгі тарихы тәрізді едәуір күрделі эволюциялық жолдардан өтті. Бұл этноним туралы тұжырымдағанда мынадай қорытындыларды оқырманға ұсынамыз: біріншіден, «Алаш» - ежелгі түркі сөзі. Алғашқы кезде ол шағындау орда немесе баспана деген ұғымды аңғартатын еді. Осыған байланысты ол кейде «аласа», «төменірек» деген мағынада да қолданылды. Сондықтан Түркі қағанынан кейінгі әскери ұлыс басшыларына Алаш есімі берілген жағдай да орын алған. Мұндай дәстүр кейініректе XIV-XVI ғасырларда да жалғасын тапты. Бұл ханнан кейінгі Кіші ұлысты билеуші дегенді білдірсе керек.

Екіншіден, Алаш есімді тарихи тұлға кезінде XIII ғасырда Түргеш қағанатын немесе ұлысын басқарған. Қытай жеріне дейін әйгілі болған, сондықтан да оның есімі ежелгі қытай жылнамаларында қалған, қағаннан соң аталатын мәртебелі әскери дәрежелердің бірі «шор» лауазымын иемденген. Бұл есім оған әрі елге «қамқоршы, «баспана» болғандықтан да берілсе керек. Өйткені «Алаш» атауы жоғарыда айтқанымыздай, М.Қашқари сөздігінде үлкен отаудан аласалау «баспана, кепе» дегенді аңғартады. Біртіндеп Алаш шор басқаратын Түргеш ұлысын сондықтан да қытайлықтар түркі жерін өздерінің территориялық жүйесіне икемдеп, бөлшектеген кезде «Алаш ұлысы» деп ресми түрде атаған еді. Алайда Түргеш ұлысының тарих сахнасынан кетуіне байланысты оның Алаш атауы да, оны басқарған Алаш шор атты тарихи тұлға есімі де біртіндеп ұмыт болды. Дегенмен «Алаш» атауы түркілер санасында сақталып, жаңа заманда басқаша мағынаға ие бола бастады: үшіншіден, Моңғол ұлыстары ыдырай бастаған тұста XIV-XV ғасырлар тоғысында Дешті Қыпшақ даласын Алаш баһадүр атты тарихи тұлға биледі. Ол Әбілқайырдың ықпалды замандасы еді. Алаш баһадүр, әсіресе кезінде Орда Ежен ұлысына, яғни Ақ Ордаға қараған түркі тайпаларына қадірлі болса керек. Бұлар, әрине, Әбілқайырды уақытша, амалсыз билеген аймақтың тайпалары еді. Сондықтан да ханның өзі де осы Алаш баһадүрмен әрқашан санасуға мәжбүр болды. Болашақ қазақ даласында есімі елгі әйгілі осы тұлға қазақты құраған негізгі түркі тайпаларына беделді болып, оның есімі жауынгерлік ұранға айналды деп ойлаймыз. Қазақтың XIV-XV ғасырлардағы бабасының Алаш аталуы да осыдан болса керек. Сондықтан да Арқа төсіндегі Алаша хан мазары осы тарихи тұлғаның басына орнатылған деуге негіз бар.

Төртіншіден, Моңғол ұлыстары ыдырар тұста, жаңа әлеуметтік және территориялық бөліністер басталғанда, Алаш ұлысына кіретін түркі тайпалары әскери тұрғыдан мыңдықтарға бөлінді, міне, осыған байланысты « үш сан Алаш мыңы» деген ұғым пайда болды. «Маджму ат-таварих «дерегінде 92 тайпа тізімінде алғашқы жетілікке кіретін үш тайпа – жалайыр, қоңырат, алшын осы «үш сан Алаш мыңын» құраған тәрізді. Мұны Қ.Жалайыр бабамыз өзінің еңбегінде келтірген; бесіншіден, осы «үш сан Алаш мыңы» болашақ қазақ халқының қалыптасуына этникалық, әлеуметтік және саяси алғышарт, негіз қалады. Алтыншыдан, қазақ халқының түркілік даму кезеңінде «Алаш» атауы да тарихи өзгерістерге ұшырады. Ол «Алаш» - «үш сан Алаш мыңы» - «алты сан Алаш» тәрізді сатылардан өтті. Байқауымызша, алғаш түрік тіліндегі «Алаш», яғни, «баспана, кепе» деген мағына берген және ұмытылған түркі сөзін, кейініректе біртіндеп «аласа» деген ұғым ауыстырған. Ал моңғол және қалмақ тілдеріндегі «Алаша» мүлде басқа – «кісі өлтіруші» деген ұғымды беретін біздің тілге бөтен сөз. Сондықтан да кейінгісін алғашқысымен шатастырмағанымыз жөн. Қалмақтар жаугершілік кезінде Ахмет ханға осындай атау бергенін атап көрсеттік. Яғни «Алаш» ұғымын түсіндірген кезде, онымен қабаттастыра қалмақ тіліндегі «Алаш» атауын да түсіндіруге тырысушылық дұрыс бола қоймады. Оның үстіне тарихымызда түркі тіліндегі «Алашты» моңғол-қалмақ тіліндегі «Алашамен» салыстыра қолдануға ешбір қажеттілік те, негіз де жоқ деп ойлаймыз. «Алаша», яғни ұнамсыз тұрғыда «қаңішер» атанған кейінгі тарихи қайраткер тұтас ұлысқа ұран болған деудің өзі де ешбір қисынға келмейді. Жалпы қазақтың жауынгерлік ұраны «Алаша» емес, «Алаш»!

Сонымен, осылардың бәрін қорыта келгенде, мынаған тоқталамыз. «Алаш» этнонимі ежелгі түрік сөзі, кейінірек жеке тарихи тұлғаның атына айналып, ұлыс аты да осыдан шыққан.

Қазақты құраған ірі алты түркі ұлыстарының атауы да осыдан бастау алады. Олар -жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ. Бұлардың ішіндегі «үлкені Қ.Жалайыри бабамыз айтқандай – жалайыр. Тағы бір ескертетін нәрсе, бұларды VI-VIII ғғ. қыпшақ, тоғыз-оғыз, басмыл, қарлұқ, түргеш, отыз-оғыз тайпалық бірлестіктерімен шатастырмағанымыз жөн. Осы түркі ұлыстары арасында тек Түргеш ұлысының ғана Алаш атауына ие болғанын ұмытуға болмас. Ал «Алты сан Алаш» атауы XV ғасырға дейін тарих сахнасына шыға қойған жоқ еді, өз өзінің алдындағы «үш сан Алаш мыңы» атты атаудың толықтырылған жалғасы.

Х.М.Ғабжалилов, Т.О.Омарбеков, Б.Б. Кәрібаев
Қазақстан тарихы.
«Алаш» тарихи-зерттеу орталығы.53-54-беттер.

ҚАЗАҚТЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ (бірінші аңыз)

Шыңғыс қағанның жүз қатыны бар еді. Қатындарын бір-бір әтек еркек бағыпты. Қағаннан басқа еркек кіндікті мәндарына жолай алмапты. Алайда ең жас тоқалына біреу келіп түнейтін секілденеді. Кімнің ашына болып жүргені беймағұлым. Сақауылдар бұл сұмдықты қағанға баяндайды. Ол: «Тоқалыма келген ердің арқасына білдірмей белгі салып жіберіңдер», - дейді.

Шыңғыс қаған ертеңінде барлық еркектерді шешіндіріп тексерсе, бояу із ұлының арқасына жағылыпты. Қаған баласын өлтіруге обалсынап, тірі жан баспайтын бетпақ далаға апарып, қаңғытып жіберіпті.

Бір күні бала ұйықтап жатып, ояна келсе, қасында бір сұлу күлімдеп тұр екен. Сұлу: «Сіз неліктен жапан далала жалғыз жүрсіз?» - дейді. Төре: «Мен әкемнің алдында жүзіқара болып, жазада жүрген адаммын. Ал, сіз бекзат, қайдан жүрсіз?» - дейді.. Сұлу: « Мен көктен түскен перизатпын. Сіздің мехнат шегіп жүргеніңізге жаным бек ашып, етегіңізден ұстап, жамағатыңыз болуға тәуекел еттім», - дейді.

Бұл екеуі осылайша отасып, дәурен сүріп, ұрпақ сүйеді. Сол әулеттен қазақ ұлты тараған. Қазақ баласы төбесін көктен (Тәңірден) жасырып, тақия киіп жүретіндігі – Тәңірі тұқымдас екендігінің анық белгісі-міс.

ҚАЗАҚТЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ
(екінші аңыз)

Бір күні Шыңғыс хан ең жас тоқалымен көңіл қосқысы келеді. Сонда тоқалы: «Өткен түнде келіп қонған едіңіз ғой?» - депті. «Жоқ!» - дейді абдыраған хан. Бөгде біреу төсекті иемденсе керек. Қаһарлы хан: «Ол, антұрған, бүгін келсе арқасына жақ» деп, тоқалының қолына қара бояу ұстатыпты.

Хан азанда келіп сыр тартса, әлдекім түнде тағы да жамағатының мазасын алған көрінеді. Шыңғыс хан ордадағы шынжыр балақ, шұбар төс бектерден бастап, шеріктеріне дейін шешіндіріп іздесе де күнәкар табылмапты. Бірге туған аталас ақсүйектерді тексеріп жіберсе, бояу өзінің кенже ұлының арқасына жағылған екен. Хан: «Күнәкардың шапанының кеудесін қақыратып тіліп, ғауырын кесіп, өкшесін шауып, жан жұымайтын жапан далаға апарып тастаңдар», - деп жарлық етіпті.

Жендеттер көз жасы көл болған міскіннің ғаурының үрпін кесіп, өкшесінің терісін сыдырып, шапанының кеудесін қақ тіліп, иенге тастап кете береді.

Арада көптеген жылдар өткеннен кейін хан: «Баламның өлі-тірісін біліп келіңдер» деп он екі руының үш өкілін сапарға шығарыпты. Ол үшеуі келсе, бала әлдеқашан үйленген, аман-есен екен.

«Көк Тәңірден жаралған әкем көріп қояды деп, бәйбішемнің басын ақ матамен бүркеп тастаймын», - депті ол. Және де: «Үшеуің елге қайтсаң, хан әкем бізді құртады»,- деп оларды жібермей, сол жерге мекендетіпті. Осылайша адамдар көшіп келе беріп, он екі руға толыпты. Бұл – он екі керей, қазақтың негізгі тайпасы. Артынан наймандардан үш рет елші жіберсе, олар да елге қайтпапты. Бұлардан қазақтың тоғыз рулы найман тайпасы шығыпты.

Қазақтың қара шапан киетіні қараңғы түнде арқасына күйе жағылғандықтан. Шапанның алды айқара ашық болатыны пышақпен тілінген. (моңғол шапанының алды бітеу, түймелері оң жақ қолтықтан төмен. Аудармашы). Май өкшесіне пышақ тигізгендіктен темір нәлілі биік өкшелі саптама етік киетін болыпты. Ұлдарын тегіс сүндейтін жосын содан қалыптасқан дейді.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАЙДАН ШЫҚҚАНЫ ТУРАСЫНАН БҰРЫНҒЫДАН ҚАЛҒАН СӨЗ
(аңыз)

Ноғайдың Батый деген ханы Россияда жүргенде өзінің Алаша деген бір атақты әскер басшысын бас қылып, күншығыс жаққа, ноғайларға, белгісіз жаңа жайды барып қарап, біліп келіңдер деп жүз жігіт жіберіпті. Бұл жіберген жігіттер іздеп барған жағын барып көрсе, бұл жақ кең, бай һәм жүріп-тұруға бостандық, ыңғайлы екен.

Бұл келген жігіттерді бұл жайда бұрыннан орнығып тұрған халықтар қуанысып күтіп алыпты. Қашан бұлардан олар біздің қол астымызға қарап, алым төлеңдер деп сұрағанда көп қарсыласпастан айтқандарына ықтияр болыпты. Жігіттер бұлардың мұнысы жаққан соң Батыйға қарамастан өз алдына хан болмаққа ойланыпты. Батый өзіне қараған халықты реттеп жөндеймін деп әуре болып жүріп, жіберген жігіттерін ойламастан ұмытып кетіпті. Бір жыл өткеннен кейін жіберген жігіттері есіне түсіп, бұл жақтағы жайдың мәнісін біліп кел деп һәм бұрынғы жіберген жүз жігіттен хабар біліп кел деп тағы да бір жүз жігіт жіберіпті.

Бұл соңғы келген жүз жігіт бұл бөтен жайды көп уақытқа шейін іздеп жүріп, бұл жайдағы тұрғын адамдардың көрсетуі бойынша, ақырында бұрынғы келген жүз жігіттің тұрған орнын тауып алыпты. Әуелгі жүз жігіт бұларды Батыйға қайтып барма, бәріміз бірігіп, бұл жақтағы халықты қараталық деп көндіріп алыпты.

Батый бұлардың қайтқанын күтпестен тағы да жүз



жігіт жіберіпті. Бұлар да қайтпастан тұрып қалыпты.

Бұл қосылған үш жүз батыр дем алмастан соғысып, өздерінің халқын көбейтпекке жиһат қылыпты. Батыйдың тұрған ордасы алыс болған соң мұндағы халық бөлек-бөлек , ала һәм момын болған себепті соғыстан адамдарға қаратып алуға ыңғай болған еді. Бұлар өздерінің күшіне сеніп, бөлек хан болуға ойланып, халықты көбірек соғысып қаратып алып уа бұл қаратқан халықты бір жерге жинап, һәм өздері де бұларға бірігіп, бір халық болмаққа ойланған еді.

Біраз уақытта соғысушы адамдар һәм бұларға қараған халықтар бір жерге жиналып, қосылып, бір халық болған еді.

Бұл келген жігіттер өздері оларға бас болып, қасындағы елді шауып, керуендерді талап ала беріпті. Ноғайлардың бұл ханының жауынгер адамдарынан маңайындағы халықтар мал-басынан қатты қорқады екен. Әр елден қылмысты болып қашып келген қашқындар бұларға келіп тығылған екен. Бұл ханға қараған адамдар өздерін қазақ деп атайды, яғни бос жүрген еркін ерлер деген сөз болады. Әуелгі жүз жігітті бастап келген басшының құрметі үшін, қазақтарды алаштың жұрты деп атақ қылыпты. Ақырында алаштың жұрты көбейген соң үшке бөлініпті. Әуелгі жүздің тұқымы оңтүстікке қарай көшіп кетіп «Ұлы жүз» атаныпты. Екінші жүздің тұқымы тұрған орнында қалып, «Орта жүз» атаныпты. Соңғы жүздің тұқымы күнбатысқа қарай кетіп, «Кіші жүз» атаныпты.

ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНЕ КӨЗҚАРАС

... Қорыта келгенде айтарымыз, қазақ қоғамында біршама ұзақ мерзімде орын алған жүздік құрылым біздің этникалық тарихымызға тән өзіндік ерекшелік болып табылады. Саяси-әкімшілік жағынан қазақтарды жіктей тұрса да, бұл жүйе қазақ халқының біртұтас ұлт болып ұйысуына, үлкен аймақты сақтап қалуға өзіндік жағымды үлесін қосты, бұл бөліктер бытыраңқы көшпелі тайпаларды өзара жақындасуға, бірігуге, туыстасуға баулыды. Сондықтан да жүздік құрылым тұсындағы қазақ тарихына түсініспікпен қарағанымыз жөн. Сөзімізді белгілі мамандар С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтановтың сөзімен төмендегідей аяқтауға болады деп ойлаймыз: "Четырехвековое существование жузовой структуры оказало столь сильное воздействие на этническое самосознание казахского народа, что и сейчас не только сохраняется в памяти каждой казахской семьи, но и влияет на повседневную жизнь казахов. Несомненно, однако, что в недалеком будущем определяющая роль останется только за общенациональной идентификацией, а клановые и жузовые привязки постепенно станут достоянием исторического прошлого."Олай болса, қазақ жүздерінің тарихын шынайы баяндау, оны жас ұрпаққа дұрыс түсіндіру бүгінгі зерттеушілердің басты міндеттерінің бірі болса керек.

Сонымен Қазақ жүздерінің қалыптасуы туралы жоғарыда айтылғандарды қорытындылар болсақ, мынадай тұжырымдар жасар едік:

1.Жүздік бірлестіктер бұрынғы Ордалық, яғни ұлыстық басқару жүйесінің жаңа этно-саяси ахуал жағдайында күрделі өзгеріске ұшыраған жаңа әкімшілік үлгілері. Бұл көптеген ру-тайпаларды біріктірген қазақ халқының қалыптасуынан және оның ішкі, сыртқы саяси жағдайға сәйкес туындаған этно-әкімшілік, саяси проблемаларынан еріксіз туындаған мемлекеттік жүйе.

2. Сондықтан да «жүз» терминінің мағынасын ұғынғанда «бөлшек», «жақ» деп түсіндіретін ұғымнан бас тартуға негіз

жоқ деп ойлаймыз. Әрбір қазақ жүзі тұтас халықтың «ұлы», «орта», «кіші» бейнесін, түрін, яғни жүзін көрсетті. Бұлар тұтас этностың бөліктері еді.

3.Жүздер бұрынғы Ордалар тәрізді қазақ рулары мен тайпаларының басты-басты үш көшу аудандарында, орталықтарда топтасып өмірге келді. Бұл көшпелі шаруашылық жағдайында әбден табиғи нәрсе еді. Алайда жүздердің құрылуына экономикалық-шаруашылықтың факторлардан гөрі XVI ғ. соңындағы – XVII ғасыр басындағы ішкі-сыртқы саяси, тіптен әскери-соғыстық факторлар басым әсер етті. Бұл қазақтың тәуелсіз ел болуы мен болмауы туралы мәселе шешілген кезең еді. Жаңа әкімшілік жүйе этнос ретінде қазақ халқы қалыптасып үлгерген мерзімде орын алғандықтан халқымызды іштен ажыратушы, ірітуші емес, қайта ел ретінде ұйыстырушы, топтастырушы рөл атқарды. Бұл процестің қазақ тағдырында прогресті ықпалын да мойындауымыз керек.

4. Қазақты құраған рулар мен тайпалар сандаған ғасырлардан бері нақты көшу аудандарында шоғырлана көшіп жүргендіктен, шаруашылықтық-территориялық мүдделер ортақ болғандықтан жоғарыдан қазақ хандары жасаған жүздік басқару құрылымын түсіністікпен қабылдады және алғашқы күндерден бастап-ақ өздерін осы жүздік құрылымның табиғи заңды мүшелері ретінде сезінді.

5. Жүздік басқару құрылымы Есімханның ел басқаруының алғашқы жылдарында, 1598-1606 жылдары, орнықты деп айтуға негіз бар. Бұл жаңа жүйенің негізгі қағидалары бұрынғы ұлыстық (Ордалық) басқару ережелерін жаңа этно-саяси ахуалға икемдеп негіздеген «Есімханның ескі жолында» көрініс тапты. Есімхан реформасының «ескі жол» аталуы да сондықтан.

6. Жүздердің қазақ қоғамында орныгуына байланысты алыпқашты, нақты тарихи деректерге негізделмеген, шын мәнінде тарихымызды бұрмалайтын әртүрлі көкарастар мен болжамдарды қайта-қайта баяндауды қойып, нақты дәлелдермен тарихымыздың осындай күрделі мәселелерін байыптап, орнықты жазатын уақыт болды. Ежелгі және орта ғасырлардағы тарихымыздың өзіндік ерекшеліктері, мәселелері қашанға дейін топшылаулар мен бұрынғылардың әртүрлі қисындарын сипаттауға құрылмақ. Бүгінгі зерттеушілеріміз осыны түсінулері керек. Тарих жалтақтау кезеңінен өтіп кетті.

Х.М.Ғабжалилов, Т.О.Омарбеков, Б.Б. Кәрібаев.
Қазақстан тарихы.
«Алаш» тарихи-зерттеу орталығы
95-97-беттер.

"ҚАЗАҚ" АТАУЫНЫҢ ШЫҒУ ТӨРКІНІ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕР ШОҒЫРЫ

Қадірменді оқырман қауым!

Он екі ата Байұлының іргелі тайпаларының бірі Шеркеш те қанатын кең жайған әлеуетті ұлтымыздың, қазақ халқының құрамдас бөлігінің бірі екендігі ақиқат.



Тарихи тамыры сандаған ғасырларға желі тартқан халқымыздың шығу тегі, "қазақ" атануының себептері көптеген ғалымдарды, ұлт тағдырына, тарихына бей-жай қарай алмайтын адамдарды көптен толғандырып келе жатқандығы мәлім.

Алайда баспасөз, баспа бетінде жарияланған болжам мен жорамалдар легі мол болғанмен, ғылыми тұрғыдан кесімді, қорытынды байлам толық жасалды деп айта алмаймыз. Сондықтан да біз сөз етіп отыған Шеркеш тайпасының да рудан, тайпадан құралған қазақ халқының бір құрамдас бөлігі болып табылатындығын қаперге алып, соның бастауында тұрған «Қазақ» атауының шығу тегі туралы пікірлердің, ойлардың қысқаша қорытылған нұсқасын назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік. Бұл "Шеркешнама" кітабының жеке тайпалық тар аяда қалмай, өрісті, өміршең болуына септігін тигізері сөзсіз.

Ендігі сөзді ғалымдар мен осы тақырыпқа баспа бетінде қалам тартқан азаматтардың сан алуан пікірлерін барынша тұжырымдап, ықшамдап, қысқаша мазмұндап беріп отырмыз.

Мақала авторларының сөзі, тұжырымды ойы, олардың үнемі тырнақшаға алынып отыратындығын ескеріңіздер. Яғни жұлдызшадан төменгі мәтін есімі қарайтылып көрсетілген автордың төлтума пікірі, тұжырымы.

1. Ақынжанов М.

Ұлы тарихшы Геродот Шырақ деген сақ тайпасының жігіті туралы сүйсіне жазады. Ол өз еліне төніп келе жатқан жаудың алдынан шығады. Сөйтіп олармен әбден аяусыз жараланған, қан-жоса болған күйде жолығады. Ол қаскөй жаумен «шын дос» болып, оларды алдап, елсіз, сусыз жерге апарады. Олар қырғынға ұшырайды. Шырақ жардан құлап, өзін-өзі мерт етеді. Бұл өз Отанын, елін, жерін сүюдің нағыз үлгісін, **қас** үлгісін көрсете білген.

Жалпы, ерте кезден-ақ сақ жігіттері, жұрты қай кезден де ерліктің, жауынгерліктің ерен үлгісін көрсетумен даңқы шыққан.

Қазақта «қас» деген «нағыз»деген сөздің пара-пар баламасы.

***

«Сонда **қассақ** дегеніміз **нағыз сақ** болады, ақырында қассақтан **қазақ** есімі шыққаны расталады.

«**Қазақ**» деген сөз біздің заманымыздың IX-X ғасырларында халық аты болып, XIV-XV ғасырларда мемлекет аты болып орнықты».

"Қазақ әдебиеті"газеті. 1959 жыл. 27 қараша.

2.Арын М.

Автор "қазақ" сөзінің төркінін Шыңғысхан жорықтарының тұсынан іздегенді жақсы көреді.

Моңғолдардың ең сүйікті жауынгерлік садақтарын «зевцах» деп атаған. Бертінірек бұл сөз жалпылама қару мағынасында қолданылып, қазақ тіліндегі "жасақ" деген әскери топтың атауына айналған тәрізді. Жалпы Шыңғысхан жорығы кезінде қазақтар көп қарсыласа қоймағандықтан қантөгіс аз болғанға ұқсайды. Сөйтіп олар Шыңғысхан жорығына **қосақталып** кете берген сияқты. «Әскери жорық кезінде де қат-қабат жұмыстарды- мал бағу, азық-түлік және әскери жорықтарға қажетті шараларды дайындау, т.б. шаруалар осы қосақтарға міндеттелген секілді.

***

Менің ойымша, өздері ерікті түрде қосылғандарды **"қосақтар"** деп атаған. Өзбек ағайындардың мықтап соғысқаны тарихтан белгілі. Ал енді орыстардың "казак" деп аталатын бөлшегі де Шыңғысханға өз еркімен келіп қосылғандар шығар. "Қазақ" пен "казак" сөзінің сәйкестігі тегіннен – тегін емес. Кавказда "касок" дегендер бар. "Казак" деген "вольный" дегенді білдіреді деп те айтып жүр. Меніңше, мұнда қисын бар. Бұл Шыңғысханға өз еркімен қосылды деген мағынаға барынша жақын. "Өз бетінше өмір сүріп жүр " дегенді білдірмейді.

Бүгінгі таңға дейін моңғол әскерінде **"хесак"** деген әскери термин пайдаланылып келеді. Бұл жайдан-жай емес. Шыңғысханның кезінде пайда болған термин Керей мен Жәнібек бүгінгі "қазақ" деген халықты бөліп алған кезде бізге таңыла салған. Олай дейтінім – халық өзіне өзі ат қоймайды. Бір халықты басқа бір халық атайды. Міне, сондықтан мұны бізге моңғолдар таңып кеткен ат деуге әбден негіз бар. Шоқанның "қазақ" сөзінің түбірін тегінде әскери – фукционалдық мағына жағынан іздеген жөн шығар деген болжамы бар екен. Әрі қарай дамытып айтпаған. Дегенмен, осының өзінде үлкен мағына жатыр емес пе?».

«Бес анық» (тәрбие туралы толғамдар)
Алматы, 1996. 33-46 – беттер.

Әбдірахманов А.

Автор "Қазақ" сөзінің төркінін "каз" және "оғ"(ок) деген екі бөліктен құралған деп есептейді.

Мұндағы "оғ" (ок) сөзі көне түркі тілдерінде ру, тайпа мағынасында қолданылған. Оғыз тайпасы – тарихтағы ең көне тайпалардың бірі. Осындағы "ыз" – көне түркі тіліндегі көптік жалғауы.

"Қазақ" сөзі бір кезде еркін жүрген немесе еркіндікті аңсап, елінен бөлініп шыққан, жаугершілікпен, батырлықпен күн көретін әлеуметтік топтарды бейнелеген.

Ол Ресейдің оңтүстік шығысында, Кавказда, Орта Азияда, Қазақстанның батыс аймағында кең таралған атау сөз болған.

***

"Сөйтіп, алғашқы шығуы жағынан "қазақ" этнонимі "каз-оғ" (ок кас – тайпалары) деген сөздермен байланысты болған, осы этнонимді орыс жылнамалары "касог" деп дұрыс жазған. Ал кейінгі дәуірлерде бұл этнонимнің алғашқы мағынасы ұмытылып, "еркін, батыл, елінен бөлінген, кезбе жалғыз", т.б. деген мағыналарға ие болып, әлеуметтік термин ретінде қолданылып, XVI ғасырда қазақтар этникалық жағынан біртұтас ел болып қалыптасқанда, халық атына айналған" .

"Қазақ" сөзінің шығу төркіні,
Қазақ әдебиеті. 1968 жыл, 3 ақпан.

Әділгереев Х.

Автор "қазақ" аталған халықтың біздің дәуірімізге дейінгі II ғасыр мен біздің дәуіріміздегі XII ғасыр аралығында құрылғандығына, яғни он төрт ғасырға созылған экономикалық және саяси процестер барысында қалыптасқандығын атап көрсетеді.

Осы кезең аралығында, яғни б.д. дейінгі II ғасырдан бастап Жетісуда көптеген тайпалардың одағынан құралған Үйсін мемлекеті пайда болған. Сөйтіп олар Арал – Каспий алабындағы тайпалардың біріккен мемлекеті құрамына осы атаумен енген – ді. Яғни IX-XII ғасырларда жоғарыда аталған аймақта Үйсін мемлекеті қыпшақтармен бірігіп, үш бөліктен тұратын, яғни үш жүзден тұратын мемлекеттің негізі салынады.

Сол кездегі орыс князьдары Қырым, Қазақ, Алтын Орда халықтарының хандарымен жүргізілген хат алмасуларынан мәлім болғанындай, яғни XV ғасырда ақсүйек әскери қолбасшылардан бөлек қарапайым жауынгерлерді қазақтар дейтіндігі айқындалған.

***

"Сонымен, Алтын Орданың ыдырауынан кейін және қазақ халқының өз тәуелсіздігі үшін күресі мен үш жүздің бір орталықты мемлекетке бірігуі тұсында "қазақ" деген сөз ақсүйек топтардың жауынгерлері – ұландар мен мырзаларға карама – қарсы мағынада, қарапайым жауынгер деген ұғымда пайдаланылған. Шындығында да, Қазақ хандығын осы кезеңдегі бірлік үшін күресінде қатардағы қарапайым көшпелілерді ру – тайпаның әскери көсемдері, батырлары бастаған болатын. Осы жауынгерлер қазақ халқының сол кезеңіндегі тарихында негізгі саяси және әскери күші болды.

Сонымен "қазақ" сөзінің мағынасына біздің халықтың көшпелі өмір тұрмысы қалай сыйып кетсе, тәуелсіздік пен бірігу үшін күресіндегі әскери құрылысы солай өз бейнесін тапқан болатын. Соған байланысты біздің оңтүстіктегі отырықшы көршілеріміз, ал кейін оларға ілескен басқа да халықтар бізді қазақ деп атай бастаған екен, бұл кейін ұлтымыздың өзіндік атауына айналып кеткен болар".

Қазақ халқының қалыптасу тарихына орай. "Қазақ ССР Ғылым академиясының жаршысы". 1951.№1. 92-94-беттер.

Байжолов Ә.

Автор сөз тарихын анықтағанда, бірыңғай сөздің шығу төркініне емес, тілге тиек етілетін негіз лингвистикалық нысан болу керектігін алға тартады. Мысалы, "көк" деген қазақ сөзі моңғолдың осы мәндес "сеңгір" деген сөзімен бірігіп "көксеңгір" сөзі пайда болған. Тап сол сияқты "қазақ" сөзінің де осы жолмен пайда болуын тілге тиек етеді.

***

«Яғни "қазақ" сөзі де мағыналас, дәрежелес екі бөлектен, өзара туыстас екі тайпалық одақ атының бірігуінен пайда болуы әбден мүмкін. Дәлірек айтқанда, "қаз" – ертедегі "ғұз" деген сөзден шығып, мәндес "сақ" сөзімен біріккен ("ғұзсақ"). Өйткені "ғұз-құман"(қыпшақ), "ғұз-татар", т.б күрделі атаулар ерте кезде "түркі" сөзімен синонимдес жұмсалған. ...

Бұл пікірді тіл фактілері тұрғысынан да дәлелдеуге болады. Қатаң "қ" мен ұяң "ғ" дыбыстарының алмаса жұмсалуы көне, жаңа түркі тілдеріне бірдей тән. Мысалы, оғыз тобына жататын әзірбайжан, түркімен тілдеріне қатаң дыбыстар ұяңдап кетеді: ғөз – көз, гелді – келді, т.б. "Қаз" бен "ғұз" бір – ақ атау дегенді, а, - у (- ұ –о) дауыстыларының тектестігін де еске аламыз. Олардың тіл дамуының негізінде өзара сәйкестеніп жұмсалуы заңды. Мысалы, өзбекше – **она**, қазақша – **ана, ене**, қырғызша - **эне**, татарша - **әни**...

Сонымен, "**ғұз-сақ**" сөзінен туындаған "қазсақ" атауы дыбыстық ықпал заңына сәйкес келе-келе **"қазаққа"** айналып кеткен деп ойлаймыз».

Халқымыздың аты қалай қалыптасқан? «Қазақ әдебиеті». 1967. 20 қаңтар.

Бәдірленов Р.

Автор "қазақ" атауының әр елдердің жазу-сызудағы дағдыларына сәйкес жоғарыдағы атаудың түрлі сипатта, яғни аса, қаса, хаса, хасақ, хайсаң, қасақ, кәсек, гасуг, хасаг, хасық, т.б. жазылғандығын тілге тиек етеді. Сөйтіп түрлі авторлардың, оның ішінде араб саяхатшысы және жазушысы Мұхаммед Әл-Ауфти кітабынан (1228 жыл), парсы тілінде жазылған "Худуд Ә-Әлем" кітабынан, шығыс ақыны Фердаусидің "Шаһнама" эпопеясында, араб Масхудидің,т.б. түрік ғалымы У.Тоған, араб ғалымы Әл-Куфи, Византия императоры К.Порфиродный, т.б. шығармаларында "қазақ" сөзінің кездесетіндігін тілге тиек етеді. Сөйтіп ол кей ғалымдардың "қазақ" атауының пайда болуын XIV-XV ғасырға әкеліп тірейтін пікірлерін жоққа шығарып, ол атаудың дүниеге келуін IX-X ғасырларға апарады. Өзінің осы мақаласында автор өз ойын былай тұжырымдайды.

***

«Ислам дінін уағыздаушы кейбір молдалар қазақтың арғы тегін арабқа жақындатқысы келіп, "қазақ" сөзін араб тіліндегі "қази-ақ" «әділ билік айтушы), "қазы-ақ" немесе "каза-хақ" (дін жолында күресуші) дегеннен, ал "алаш" деген сөз Әнес деген сахабаның атынан шықты –мыс дейді. Әрине, бұл ғылымға жанаспайтын ой-жорамал. Мұндайларды есепке алмағанда, "қазақ" атауы туралы айтылып келе жатқан жорамал мен жорулардың, тұспал мен пайымдаулардың жалпы саны жиырмадан асады. Көптеген зерттеушілер "қазақ" деген сөздің әлеуметтік мағынасына "ержүрек еріктілер", "еркін адамдар", "ен далада еркін көшіп-қонып жүрген халық" дегендерді жатқызады. Бұл көшпелі қазақ өміріне де үйлеседі.

"Қазақ" атауының төркіні туралы. «Ленин туы». 1990.№ 13,15,16 наурыз.

Бекжанұбірі О.

Автор "қазақ" сөзінің тегі туралы зерттеушілердің пікір-пайымдарының екі топқа бөлінетіндігіне тоқталады. Ол әзірбайжан ғалымы Мерәлі Сеидовтің "қазақ" сөзінің түпкі мәнін болжаған пікірін келтіреді. Ғалым "каз" сөзінің мағынасы "биіктік"екенін дәлелдеген.

Біздің қазақ тілінде шыңның баламасы ретінде "құз" сөзі екі мағынада қолданылатыны белгілі. Бірі таудың адам аяғы баса алмайтын шыңы да, екіншісі терең, тұңғиық шыңырау мағынасында.

Яғни автор "каз-ақ"сөзі биіктікте тұрушы мәнін беретіндігін, сөйтіп "құз" сөзінің бірінші мағынасын алға тартады.

Автор екі тайпа бірлестіктерінің аты болған **оғыз** бен **сақ** терминдерінің жалпы халық болып аталуын қос сөздердің бірігуі арқылы жасалуы тұрғысынан зерделеуге ден қояды. Бұл орайда ол ғұлама ғалым Ә.Марғұлан пікіріндегі терең толғамды ойды қолдайды.

Ол сөз соңында былай деп ой тұжырымдайды:

***

«Сөзіміздің соңын жинақтай, түйіндей келе, "**қазақ**" этнонимі "каз" (оғыз сөзінің варианты) тайпалары бірлестігі атауы мен "**сақ**" тайпалар бірлестігі атауының қос сөз болып, жалпылық ұғымды білдіруі себебінен шыққан дейміз. Біздің қазіргі мақсатымыз этимология принципі бойынша "**қазақ**" сөзінің компоненттерін анықтау болды. Сонымен "қазақ" сөзінің екі компонентінің мағыналарын ашуды мақсат етпедік. Бұл тақырыпты терең, жүйелі зерттеуді қажет ететін күрделі мәселе екендігін, екі жүз жыл бойы шешуінің табылмай келе жатқанынан-ақ білуге болады. Ғылым шешпейтін құпия жоқ. Әр уақытта шындықтың жүзі жарқын болады. Сондықтан "**қазақ**" этнонимінің де алдағы күндерде шешуін табатыны сөзсіз».

"Қазақ"атауы қалай шыққан. "Ана тілі". 1994ж.24 сәуір.

Бернштам А.

Автор бірінші дәуірде ғұн дәуірі мен түркі тілді тайпалардың шығуы "қазақ"этнонимінің шығуына алғышарт жасағанын, қоғамдағы феодалдық қатынастың дамуы қазақ халықтығының жасалуына жағдай тудырғанын атап көрсетеді. "Қазақ" термині жинақтық, жалпыхалықтық мағынада кездейсоқ түрде қолданыла бастаған.

Үшінші дәуірде қазақ халқының құрылу процесі және жалпыхалықтық бірігу болған жоқ. Қазақтардың қайсы бір бөлігі Моңғол мемлекеті құрамында болғандығына оқырман назарын аударады.

Ғалым "қазақтың" төл дәуірі XV ғасырдың екінші жартысынан басталғандығын тілге тиек ете келіп, шығыстанушы академик В.В. Бартольдтың: "Қырда қалған өзбектерге "қазақ" деген ат берілді. "Қазақ" – түркі сөзі – "каз"деген сөз, яғни ауыспалы мағынасында "құс сияқты еркін адам" дегенді білдіреді, ал бұл мағына келе-келе өз мемлекетінен бөлінген адамның, өз өмірін ерекше жағдайда өткізуге мәжбүр болған тайпа мен рудың атауына айналады. "Қазақтарға" тақ үшін күресте жеңіліске ұшыраған, қиын кезде серік болған кісілермен қашып құтылған адам хан болды, ал өз ханына риза болмаған, өз бақытын басқа жерден іздеп, оның қарауынан кеткендер қазақтар деп аталды".

Автор өз зерттеуінде қазақпен байланысты үш этнонимді , яғни "казахия" жұртын, "касп" руын, "хазар" этнонимін негізге алып, қорытынды пікірге келген.

***

«Сөйтіп, қорыта келгенде, "қазақ" атауы тайпа ретінде ілгерідегі **касп** және **сақ** тайпа аттарымен

байланысып жатыр. Ал Жошы ұлысының бір бөлегі болған көшпелілердің байырғы тайпалық атауы "қазақ" сөзі XIV-XV ғасырлардағы жағдайда бөліне, жарыла көшкен "еркіндіктегілердің" , "кезбелердің" синонимiне айналды».

"Қазақ" сөзінің этимологиясы және қазақ халқының этногенезі мәселесі. "Қазақстан мектебі". 1967. №6.81-85-беттер.

Жанұзақов Т.

Автор "қазақ" этнонимінің пайда болуы, сондай-ақ халықтың пайда болуы, қалыптасу, атының шығуы бір кезде, бір уақытта болмайтындығын ерекше атап көрсетеді. Зерттеуші автор өз мақаласында белгілі зерттеуші Л.И. Лавровтың, түркітанушылар А. Вамбери, А.Н. Самойлович, В.В. Вельяминов-Зернов, Ш.Уәлиханов, В.В.Бартольдтың, т.б. еңбектеріндегі пікірлерге өзіндік баға бере келіп, қазақ оқымыстылары мен ғалымдарының "қазақ" сөзінің пайда болуы туралы пікірлеріндегі алшақтықтарға назар аударады.

Сөйтіп, төмендегіше қорытынды жасайды:

***

«1. Касоги (касаги), касаг сөздері этнотермин ретінде Солтүстік Кавказда тарихи деректер бойынша VIII ғ. бастап, ал Кавказдағы түркі тайпалар құрамында VI ғ. бастап жалпы есім және этнотермин ретінде кездескен. Осетиндер кабардиндіктерді **касаг** десе, свандар адыгтарды **кашаг** деп атаған екен.Кейіннен X-XI ғасырларды да осы "қазақ" сөзі түркі тайпалары арасында кеңінен тараған. Қыпшақтар, ноғайлардың ішінде де қазақтар болған. Осы сөздердің варианты "қазақ" сөзі кейіннен қазақ халқының аты боп қалыптасқан.

2. Қазақ этнотермині екі компоненттен тұрады. Оның бірінші компоненті – **каз**, екінші компоненті – **ақ**. Ал каз сөзі көне кас (кас) тайпасының атымен ұқсас, соның варианты болуы да ықтмал.

3. Этнонимнің бірінші сыңары **каз** (кас) "нағыз батыл кісілер, ержүректілер" , "еркін тәуелсіз, батыл адамдар" деген мағынаға ие болса, екінші сыңары **ақ** көптік жалғаудың көне көрсеткіші боп саналады. Сонда қазақ деген этникалық атаудың толық мағынасы "кең далада еркін көшіп-қонып жүретін батыл адамдар, ержүрек еркін кісілер" деген қорытынды пікірге жүгінеміз».

"Қазақ" деген сөз қайдан шыққан. "Жұлдыз" . 1983. №3. 194-198- беттер.

Ибрагимов С.

Автор өз мақаласында "қазақ" сөзінің түп-төркінін зерттеушілердің басым бөлігі "еркін, бос, қашқын, баспанасыз"дегенді білдіретіндігіне назар аударады. Алғашында бұл сөз халықтың атына айналмас бұрын жағымсыз мағынада қолданылған әлеуметтік термин екендігіне назар аудартады. Сөйтіп сонау көне дәуірден бергі заманға дейінгі аралықта "қазақ" сөзін талдаған авторлардың тұжырымдарына өз пікірін білдіре келіп, қорытынды жасайды.

XVI ғасырдың бірінші ширегінде "қазақ" пен "өзбек" термині әлі жеке-дара этникалық, яғни халықтың атауын әлі иеленбегенін алға тарта келіп, былай деп жазады:

***

«Біздің тұжырымдауымызша, "қазақ" этнонимі өзінің "кезбе" немесе "еркін" деген бастапқы кездегі мағынасын сақтай келе, көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан тұтас бір халықтың өзгеше тұрмысын бейнелеп қалған. Осыған қатысты Қасым ханның 1513 жылы Сұлтан-Сеид ханмен кездескен кезінде айтқан сөзі көңіл бөлерлік: "Қазақтар - дала тұрғыны. Бізде қымбат, сирек кездесетін заттар жоқ. Біздің бар байлығымыз- жылқылар, олардың еті мен терісі бізге азық пен киім; олардың сүтінен артық нәрсе дүниеде жоқ; біздің жерімізде не бақша, не ғимарат жоқ, бірақ жайылып жатқан малды сырттан тамашалап тұрғанға не жетсін". (40). Ең қызығы, қазақтарға қарсы жорығында, олардың өмір-тұрмысын сипаттай келе, Шейбани хан да Рузбеханға осы секілді ойды айтса керек (41).»

Тағы бір мәрте "қазақ" термині жайында. Қазақ ССР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтының еңбектері. 1960.66-71-беттер.

Ибраев М.

Автор өз еңбегінде "қазақ" атының шығу төркінін бергі XV-XVI ғасыр аясынан іздеуді мүлдем жоққа шығарады.

Грек ғалымы, дүние жүзінің картасын ең алғаш жасаған Эратосфеннің ғылыми ойларының қойнауынан қарастырған жөн дейді. Әрине, Эратосфеннің картасы сақталмаған, бірақ оның барлық мәліметтері көне грек ғалымы Страбонның еңбектерінен көрініс тапқан. Оның картасында Таяу Шығыс пен Орта Азияны мекен еткен халықтар, тайпалар дәл көрсетілген. Сондағы Сарыарқа бөлігі Қазақия мемлекеті дәл көрсетілген деген пікірін алға тартады.

Қазіргі таңда Қазақ мемлекетінің бастауын 1456 жылдан, яғни Керей мен Жәнібек сұлтандардың Ақ Ордадан, Әбілқайыр ханның қол астынан 50 мыңдай түтінді бөліп алып, Шу өзенінің бойына қоныстануынан басталуына түбегейлі қарсы шығып, өз көзқарасын былайша тұжырымдайды.

«Біздің ойымызша, "қазақ" сөзі қазақ халқы бірыңғай халық болып қалыптасудан мың жарым – екі мың жыл бұрын пайда болған. Сондықтан оны XV ғасырдан ізден қажеті жоқ. Және оны ешбір уақытта да таба алмайсыздар. «Қазақ» сөзінің шығу төркінін әр ғалым әр саққа жүгіртіп жүр. Біреулері "каздай-ақ" , біреулері "хас сақ" , яғни "анық сақ" деген сөздерден туындататын ынғайы бар. Бұл -тарихқа мүлде қиянат көзқарас. Себебі "хас" сөзі VII-XI ғасырларда Шығыс Түркі қағанатында үстемдік жүргізген тарихта белгілі Хазар мемлекетінің негізгі руының атынан шыққан. Бұл мемлекеттің құрамында қыпшақтармен қатар, сақ тайпалары да болған. Ендеше, әртүрлі дәуірлерде әртүрлі аталып келген "қазақ" сөзінің төркіні хас (хазар) және сақ тайпаларының аттарының біріккен, қосарланған түрінен туған кәдімгі этимология екені байқалатын сияқты».

Қазақтың шығу тегі. "Семей туы", 1990 ж. 8 қыркүйек.

Кенжебаев Б.

Автор Октябрь революциясынан бұрын "қазақ" сөзінің шығуы туралы екі түрлі жорамал болғандығын баян етеді. Алғашқысы бұрын түрік нәсілді рулар соғыста өлсек, қаза болсақ, шейітпіз. «Қаза ақ! Қаза ақ!»–дейді екен. Яғни бұл ұран сөз бір өлім -хақ, ақиқат, өлсек ақ өліммен көз жұмамыз деген ұғымды береді. Бұл ұран сөз кейін жауға қарсы біріккен рулардың, халықтың есіміне айналған.

Ал келесі жорамал бойынша "қазақ" сөзі "қашақ" деген сөзден шыққан деген пікірді автор үзілді-кесілді жоққа шығарып, ешбір халық өз атына осындай рухты төмендететін атауды иеленбес еді деп тұжырымдайды. Ол М.Ақынжановтың "қазақ" "қас сақ" деген екі сөзден құралған пікірін қызу қолдайды.

Ол өз мақаласының соңында пікірін тиянақтау үшін екі түрлі дәлел келтірген.

***

"Осы орайда Қытай мемлекетіне Үйсін мемлекетінен бір уәкілдік барады. Солар өздерін қытай патшасына "Біз қассақпыз", –деп таныстырады, яғни сол уақытта-ақ үйсіндердің бірқатары "қассақ" деп аталған..."

Тағы бір айта кететін жай, өзіміз талай естігенбіз, революцияның алғашқы жылдарында қырғыздар қазақты "қасақ" дер еді. Қырғыз ауыз әдебиетінде баяғы жоңғар шыпқыншылығына байланысты "Қасақ қайың сауғанда, қырғыз Гиссарға кірген" деген мәтел сөз де бар».

"Қазақ әдебиеті". 1966. 23 қыркүйек.

Қабышұлы И

Автор "хасағ" деген сөз сонау ғасырдағы жазылған моңғол әдебиеті мен тарихи шежірелерінде кездесетіндігіне тоқталады. Олардың "хасағ" деген атпен көшіп жүргендерді "қасағхатр" деп атағандығын атап көрсетіп, бұлардың осы күнгі қазақтар екендігіне нық сенім білдіреді. Мысалы, «Хасағ терген» деген сөз моңғол шежірелерінде жиі жолығады екен. Бұл сөзде осы күнгі тілге аударсақ, "қазақ арба" деген сөз шығады. Сол кезеңде өмір сүрген қазақтардың бақуатты, әлді байлары бірнеше бурага, атанға, өгіздерге арба жеккен. Үлкен жайдақ арбаның үстіне бар әбзелімен жасандырылған киіз үй тігілген. Осы көрініс көрнекті қазақ ғалымы, этнограф Ақселеу Сейдімбектің кеңесімен А.Әшімовтің "Қозы Көрпеш – Баян сұлу" фильмінде көркем көрініс тапқан. Сол қазақ арбаны қазақтың найман, керей рулары кеңінен пайдаланған.

Сөйтіп XIII ғасырда моңғолдар қазақтарды батысқа қарай ығыстырғанда, қазақ арбалары оларға мұра болып қалған деп қорытады. Сонымен бірге моңғолдардан бөлек ертеден қазақпен көршілес қырғыздар да "қасағ" деп атап келгені белгілі. Осы секілді деректерді алға тартқан автор былай деп ой қорытады:

***

«Жоғарыдағы деректерді қорыта келгенде, "қазақ" сөзінің төркіні "кассақ" – "дараланған сақтар" немесе "нағыз сақтар" деген сөзден туындайды, ал бұл оның ежелгі көршілері қырғыз, моңғолдар қойған атау болуы әбден ықтимал.

Бұл атау арыдан аталғанымен, әдебиетте оныншы ғасырдан бастап белгілі болды. Ал қазақтарды көршілері дұрыс атап, шежірелеріне "кассақ" деп жазып келді. Ол сөз төркіні аздаған өзгеріспен бүгінгі бізге жетіп, жалпыға бірдей "қазақ" болып кетті. Бұл пікірді айтқанда, қазақ, моңғол шежірелерімен ғана шектелмей, басқадай көне

шежіре деректеріне, көптеген ғалымдар пікіріне сүйендік. Бірақ біздің бұл ойымыз "қазақ" деген сөз төркіні туралы ең соңғы пікір емес екенін де еске салғымыз келеді».

"Қазақ" сөзінің төркіні туралы. "Ана тілі". 1991ж. 5 қыркүйек.

Қайдаров Ә., Қойшыбаев Е.

Авторлар қазақ сөзінің мазмұнын ашу үшін оған лингвистикалық, яғни тілдік мазмұнын ашуды мақсат еткен. Фонетикалық, яғни дыбыстық заңдылықтарды ескере отырып, "қазақ" сөзінің құрылымын төмендегіше бейнелеген.

Аз-һаз-хаз-каз+сақ

каз+сақ – каз(а) – ақ- қазақ

Авторлар қазақ этнонимінің екінші құрамды бөлігі сақ екендігіне еш күмән келтірмейді.

Қазақ тілінде жиі жолығатын тарихи мәліметтер, түсініктер, ұғымдар қазақ халқының құрамындағы жекелеген тайпалар мен рулардың арғы тегі ежелгі сақтармен байланысатынын тұжырымдай келіп, былай деп ой түйеді:

***

«Мысалы, қазақтың ауызекі сөзінде ертеректе болған бір оқиғаны айтар мезгілді "**әлімсақтан** бері" деген сөз жиі қолданылады. Мұндағы айтылған сөздің өзі сақтардың әлімдермен тайпалық одақ құрған тарихи кезеңін білдіріп тұр.

Мұндағы Әлім руы Кіші жүз құрамына кіріп, "әлім - жаныс" деген үлкен этникалық тобын құрайды».

"Қазақ" этнонимінің лингвистикалық түсіндірмесіне орай. ҚССР ҒА жаршысы. 1971 ж. № 2, 47-51 –беттер.

Қоңыратбаев Ә.

Автор "қырғыз", "хазар", "тағазақ", "касоғ" деген сөздер VIII-IX ғасырларда атала бастағанын атап көрсетеді. 772 жылы әл-Фараби ұйғырларды "тағазақ"(тоғыз ұғыз) дегенін, 974 жылы Ібін-Қаукал Святослав патша хазарлармен бірге "касоғы" деген елді жеңгенін айтып, осы жоғарыдағы ерекшеленіп көрсетілген екі сөздің Қазақ елі атымен байланысы барлығын атап көрсетеді. Ә.Қоңыратбаев осы мақаласында өзбек-қырғыз ұлысының ыдырап, қазақ елінің тарихи тұрғыдан алғаш қалыптасқан кезеңі 1465 жылды емес, 1504 жыл деп тосын тұжырым жасаған.

Ол "қазақ" сөзінің басқадай аңыздан, діннен, шетел тілінен емес, этникалық-тайпалық атаулардан туу тиіс деп пікір білдірген.

Ғалым сонымен бірге "Қозы Көрпеш- Баян сұлу" жырындағы бас кейіпкердің "Қозы" деген аты қой атынан емес, "ұғыз" деген тайпа атауынан туғандығын дәлелдейді.

Сөйтіп, "қазақ" сөзінің түбірі де "ұғызсақ" дейтін екі түрлі кезеңдегі тайпа аттарының бірігуінен туған деп пікір айтқан.

***

«Осы тайпалар, жоғарыда айтқандай, VII-XI ғасырларда тоғыз ұғыз, Сыр бойында ұғыз-қыпшақ ұлысында көрінеді.

Осылардың ішінен ескі "сақ" атын сақтағаны тек қыпшақтар болған. Әбілғазы айтқандай, ол сөз "құпшақ" (батыр) деген сөзден немесе ағаш қуысында туған бала дегеннен емес, "құба сақ"(бидай өнді сақ) дегеннен туса керек. Бешене сақ деген де болған (кең мандайлы деген мағынада).

Қырғыз сол 9 тайпаның бірі, оның аты "Қыр ұғыздары" дегеннен туса керек. Кейде ғылымдағы жорамал ерттеулі аттай. 1504 жылы өзбек (ұғыз) ұлысы бөлінгенде, Жәнібек ханға ерген тайпалар, әсіресе қыпшақтар, өздерін бергі ұғыздардан айыру үшін: "Біздер кешегі ұғыз ғана емеспіз, қазақ даласын ертеден мекендеген баяғы сақ, массагет, үйсіндерміз, сондықтан біз өзімізді "ұғыз сақ"деп атаймыз", - деген. Бұл жаңа саяси бірлік үшін өте қажет болған. Жәнібек "ұғыз" дегенді одақ аты деп біледі. Бірақ сол одақ атынан түгелдей безбейді. "Қазақ" ("ұғыз – сақ ") сөзі осылай туған».

"Қазақ" деген сөз қайдан шыққан? "Ленин жолы" газеті. 1967 жыл. 7 қыркүйек.

Құнанбаев А.

Ұлы ақын қазақ халқын маңғұлдан (моңғол) шыққан деген ой айтады. Бұл жерде ақын : "Біздің қазақтың маңғұлдан шыққақтығы бізге ұят емес, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз қалмақтығымыз ұят",- деп өзінің ағартушылық көзқарасын айғақтап кетеді.

Ақын аңыздық сипаттағы әңгімені тілге тиек етіп, есте жоқ ескі заманда маңғұлдан татар деген халық бөлінгенін айтып, оларды қытайлардың "татан" деп жазғанын мысалға алады да: "Асылы - түбі қазақтың сол татар. Осы күнде де қазақтың төре нәсілдері өзін біз татармыз деп айтысады", - деп жазады. Ақын өткен – кеткен ауызекі тарихтан сөз қозғап, ой – пікірін төмендегіше тұжырымдаған:

***

«Әмір Темір нәсілінен Құмар Шаих баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесіменен бір туысқан екі бауыры болған. Үлкені Ташкентке хан болып, кішісі қазақты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінен Жүніс ханның балалары болған. Сол қазақты билегенінің аты Ахмет екен. Сол өз уақытында аттанысқа жарлық қазақтан үш жүз әскер шығарып, үш жүзбасыға билетіпті. Әр жүздің халқы өз ынтымағыменен бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың "Үш жүздің баласы" дейтұғыны сол.

Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай; "Мынау бір алашы болды ғой", - депті, жан алушы болды дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атаныпты. "Бабырнамада" солай жазылған. Сонан соң хан: "Бұл атты қалмақ қорыққаннан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта "Алашы! Алашы!"- деп ұран-сүрең салыңыз", – деп бұйырып, бұларға айғай салғанда, көп жаның айғайымен: "Алаш! Алаш! " деп кетіпті. Сондықтан "Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылман едік",- деп, Алаш ұранды қазақ атанған себебі сол екен».

Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы. "Абай" журналы. 1994 ж.№ 12. 42-46- беттер.

Құрбанғали Х.

Автор бағзы біреулердің "қазақ" атауын "қашақ" деген сөзден алынғанын жоққа шығарады. Ол сөйтіп түріктерде "қазақ" сөзі күллі халық немесе ертедегі тайпа атауы, ноғай тілінде бойдақ, жеке басты адамды айтатын деректерін келтіреді. Екінші мысалында, "қазақ" атауы "қайсақ" сөзінен өзгерген түрі деп қарайтындардың бар екендігін атап көрсетіп,"қайсақ" сөзінің моңғол-қалмақ тілінде мемлекеттің шекарасын күзетуші мағынасында айтылатындығын, қытайлардың қайсақ, хаса, хайсау, хасақ деп атағандығын еске салады.

Келесі бір деректерде "қазақ"сөзі "казлахтан" шыққандығын алға тартады. Автор төртінші дерегінде "қазақ" "хузаға" тайпасынан шығуы мүмкін деген болжам айтады. Ол аталған екі тайпаның арабтарға тән екендігін, ертедегі Сәйл-әл-Арим дейтін жойқын топан суынан қашып, бет-бетімен ыдыраң көшкендіктен солардың бір тобы түркілерге еріксіз қосылып, содан қазақ шыққан болар деп топшылайды.

Соңғы алтыншы дерегінде тарихшы Халид мына төмендегі болжамын ұсынады:

***

"Қазақ"-"каз-ақтан" шыққан. Айтушылар бұларды татар-моңғолдан, хандары Шыңғыс тұқымынан болған деседі. Алғаш мұсылман болған Береке хан, екіншісі – жеті жүзінші һижрада Ғазан хан да иман келтіріп, дінге кірген. Содан осы екеуінен әр уәләяттарда мұсылман хандары болған. Осы әулеттерден атақтысы Өзбек хан еді. Мұның кезінде моңғолдардан да көп адам дінге кірген. Өзбек өлген соң, ұлы Жәнібек хан исламға енген көшпенділерді үшке бөліп, Ұлы жүзге Үйсінді датқа қойып, Жалайыр атты кісіні оған наиб-орынбасар етті. Орта жүзге Арғынды бекке сайлап, Найманды оған көмекші етті. Кіші жүзге Алшынды би қойып, Жаппасты оған көмекшілікке тағайындады. Билікті өздеріне тапсырып, тек жылына екі рет хан алдында есеп беріп, отыруға шақырған. Олар әмірді қабыл алып, Еділ,Жайық, Есіл, Нұра, Жем, Арал орталарында көшіп-қонып жүріп, хан жарлығына сәйкес бітірген істерін, ахуалдарын айтып, есебін тапсырып тұрды. Хан жанындағы ғұлама, қазыларына осы істегендерді қалай, дұрыс па деп сауалдағанда, шешімдерің дұрыс деп тапқан. Хан ғажаптанып: "Бұлар кітап оқымаса, мәселе қарап отырмаса, тек ақылға жүгініп, осынша іс тындырып жатыр ма?", - дегенде, ғұламалар да мақұлдап: "Істегендері ғажап екен", - деген. "Бұларға ешқандай муфтидің керегі жоқ, өздері қаз-ақ екен деп", сонан "қазақ" келіп шыққан дейді. "Ақ" сөзін қосу – қазақ әдетінде бар. Мысалы, біреуді мақтаса, кісі-ақ, жақсы-ақ, адам-ақ, т.б. дседі. Бұл пікірге қарағанда, қазақ үш жүзге шамамен 700-800 хижрада бөлінгендігі байқалады».

"Қазақ" атауы қайдан шыққан? "Зерде", 1990 .№10. 17-18 – беттер.

Марғұлан Ә.

Автор Орыс хан ұрпақтарының (Жәнібек, Керей, Бұрындық, Қасым хан) хан атынан шығарылған жарлықтарының ұйғыр қарпымен қыпшақ-қазақ тілінде шығарылып отырғандығын, оны Ш.Уәлихановтың зерттеуінше, ондағы кездесетін көне сөздердің көбіне қазақ тілінде сақталғандығы туралы дерек келтіреді. Ал Қасым хан осы жазумен қазақтың заң жобасын жасап, оны "Жаргу"(Йаргу) деп атаған. "Қара қылды қақ жару" деп тұрақты сөз тіркесіне әрі қанатты сөзге айналған бұл ереже халыққа өте ұнап, "Қасым ханның қасқа жолы" атанғандығына тоқталады. "Қазақ жолы" атанған бұл жолға, яғни шариғат жолына қарсы шықты деп Шейбани Самарқан мен Бұқараның ишандарын жиып: "Қазақты мүсін тасқа

табынатын кәпір деп атаңдар, оларға ғазауат ашып, атып өлтіруге болады", - деген бәтуа шығартқаны туралы дәлелді келтірген.

Ғұлама ғалым "Бұқар қонағының жазбалары" атты кітаптың авторы Рузбихан өз кітабын жаңадан көшіріп жазғаны, "қазақ" сөзін бұзып, араб сөзімен "ғазан" деп жазған. Бұл сөз арабша "бұзақы", "ел талағыш"деген мағына береді. Бұдан Рузбиханның қазақтың қас дұшпаны Шайбанидің сойылын соққандығын болжауға болады.

Осы орайда ғалым орыс тарихшысы А.С. Семеновтің Әбілқайырдан бөлініп, Шу бойына қоныс аударған өзбек-қазақтардың сол өңірдегі дулаттармен қосылып, "қазақ" атанған пікірін келтіреді.

Осыған орай Әлкей Марғұлан мына төмендегідей тұжырым жасайды:

***

«Тегінде "қазақ" бұл кезде шыққан сөз емес, ол қазақ халқының ойында көп ғасыр бойы айтылып келе жатқан сөз. Халық оған көп заман этникалық мән бермей, көбінесе ұлы тайпалардың атымен жүруге ерекше мән берген (үйсін, қаңлы, дулат, қоңырат, қыпшақ, алшын, арғын, керей, найман, жалайыр, уақ-меркіт, үңгіт, қарлұқ, жағмауыт, (жағма), шекті. Олар тек қытай әскері басып алуға келгенде бірлесіп, "қазақ" ұранын шығаратын.

"Қазақ" сөзінің көп заман ішінде этнос болмауына себеп әрбір тайпаның феодал дәуірінде ұлы әкімшілікке бағынуынан. Олар көп заман моңғол үкіметіне, Алтын Ордаға, Шағатай ұлысына, Темір мемлекетіне қарады. Дегенмен, Қазақстанның көп тайпалары өздерін көп заман бұрын "казакпыз" деп келген...

Қазақтың ерте кезде болуының бір куәлігі – XII-XV ғасырларда "Қазақ шығып кету", "Қазақ бол" деген бір ұғым болған.Үкімет орталығынан қуғын көрген тегіндер, сұлтандар, билер Ордадан қырға қашып, "қазақ болып" жүретін. Ең ерте кезде (IX-Xғғ.) Ордадан қашып шыққан Алаша хан – сондай сұлтанның бірі. Сондықтан "қазақ болып" "қырда еркін" жүретін сахараны Уәлиханов "тыныс алатын орын" деп атаған.

Рамстедт: "Хазар', "қазақ"сөзінің түбірі - "каз", "кас" негізінен шығуы анық, моңғол тілінде сақталған "қасағ-терген" – алыптардың күймесі – соның бір дәлелі" , - дейді.

Мұндағы ой түйетін нәрсе - "қазақ" сөзінің этимологиялық мағынасы. Вамбериден бастап "каз" (казак) сөзін - "блуждать", "бродить", "скитаться" деп келген (Вамбери, Паве де Куртеиль, Фалев, Немет, т.б.). Венгер ғалымы Гомбоц Вамбери мен Паве де Куриеильге сүйеніп, "қазақ", "хазар" көшпелі тайпа деген, сөз негізі "каз" – көшу, қыдыру деген. Алайда тарихи дәуірлерде қолданған "қазақ" сөзінің тура мазмұнын бұл анықтау шешіп бере алмайды. Бір өзгеше анықтау – Рамстедтың "алыптар күймесі" деуі "қазақ"(касағ) сөзін ол "батыр", "алып" түрінде алады. Осыған орай, "Шайбанинамеде" - "қазақ" өте қадірлі сөз, мықты күшті, шабытты көрсетеді.Европа тілінде ондай ұғымды "рыцарь" деп атайды. (40). Сібір халықтары айтатын "қазақ" сөзінің мағынасы да осыған тіпті жақын, мықты, берік, алып күш дейтінді мегзейді.

Демек, "қазақ" сөзінің түбірі "каз" – тұру , тік тұру, мықты, берік тұру. Кішкене балалардың жүруге ұмтылып, аяғы шығып келе жатқанда, қазақтар "каз, каз," "каз тұр" деп, тікесінен тік тұрғызады ."Каз"-ға қосып айтатын "ақ"сөзі – күшейтетін жалғау. (Нақтырақ айтқанда, жалғау емес, жұрнақ. Себебі жалғау сөз тудырмайды, байланыстырады. Жұрнақ тудырады, түрлендіреді. **П.Д**.) "Қазақ" – мықты ,алып, жойқын, берік деген сөз. Сібір халықтарында осылай сақталған.

"Тамғалы тас" жазуы.
Орта ғасырда тасқа бедерленген белгілер.
"Жұлдыз"журналы. 1984 жыл. №7. 141-146-беттер.

Оразбаева А., Әбенов Е.

Авторлар "Қазақстан" атауы алғаш рет XVI ғасырдың бірінші жартысында Зейнадин Васифидің "Ғажайып оқиғалар" шығармасында этнографиялық ұғымда қолданылғанын алға тартады. Яғни "касог", "қасах", "кассақ" сөздерінің ішінара эволюциялық өзгерістерге ұшырауы нәтижесінде "казак" атауы жоғарыда көрсетілген мерзімнен арырақ ішінара қолданыста болғанын жоққа шығармайды.

Осы тұста қазақ халқының сүйегін құрап, этникалық жағынан топтастырып отырған басты рулардың тарихы ежелден-ақ бері қарай желі тартатынына оқырман назарын ерекше аударады.

Бұл авторлар көне түрік тілінде "қызыл" оңтүстікті, "қара" солтүстікті, "ақ" батысты, "көк" шығысты білдіретіндігін атап көрсете келіп, "Ақ Орда", "Көк Орда" терминдерінің шығу төркінін бағамдайды.

Осы тақырыпқа қалам тартқанда сонау 439 жылы Алтайда пайда болған "ашин", яғни "асып келгендердің" уақыт өте келе, Кіші жүз тайпаларының бастауы болғандығына назар аударады.

Авторлар өз ойларын қорыта келіп, төмендегідей болжамды назарға ұсынады.

***

«Ежелгі түркілер дүние бөліктерін түс-бояулармен бейнелеген деп көрсетіп өткенбіз. Біздің ойымызша, "көк" – шығысты, "ақ" – батысты білдіретін болғандықтан, Түркі қағанаты екіге бөлінгеннен кейін қағанаттың шығыс бөлігінің Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк сияқты билеушілеріне арналған ескерткіштерге тікелей қатысты **"көк түркілер" – шығыстағы түркілер** дегенді білдіреді.

Өз кезегінде, "қазақ" этнониміндегі "кас" түбірі "нағыз", "шынайы" ұғымында қолданылатындықтан, оған "ақ", "ақтар" , яғни "батыстықтар" яки "батыстағылар" деген тенеу жалғанған кезде, "кас-ақ" немесе "қазақ" ("нағыз батыстықтар") этимологиясы пайда болатын тәрізді.

Бұл, әрине, авторлардың – туған халқының тарих-тағдыры үшін алаң перзенттің, ізденіс үстіндегі жас адамның өз болжам-байламы ғана...»

Қазақ қайдан шыққан?
"Алматы ақшамы " газеті, 1992 ж. 31 қаңтар.

Сараев Ә.

Автор кейбір ғалымдардың қосылмас сөздерді қосақтап, "қазақ" сөзін қолдан жасаушылық әдістеріне түбегейлі қарсы шығады. Ол осы "қазақ" сөзі төңірегінде сөз қозғаған ғалымдардың түйінді пікірлеріне шолу жасап, толғамды, сындарлы ойларын ортаға тастайды.

Өзіне дейін "қазақ" атының пайда болуына байланысты жарияланған зерттеулерді, жарияланбаған сын көзінен өткізе отырып, былай деп ой тұжырады.

***

1.«Біздіңше "қазақ" атауын **кас-пи, кас-ки** тайпаларына негіз болған **кас** түбірінен іздеген жөн. Олай деуіміздің себебі, жаңа дәуір басындағы, ерте орта ғасырдағы ең сенімді деген деректемелерде "қазақ" сөзі "**кас**" түбірімен нық берік жазылған. Оларды тағы да еске сала кетудің артықтығы болмас: касак , пандкасак, касасак (Топырақ қала жазулары, III ғ.), Саккасах (IV ғ. Бируни), касогдиане (Епифани, VIIIғ.) **Касахия** (Багрянородный, X ғ.), **касог** (орыс жылнамалары, Хғ.) **касаг** ("Сырлы қазына, XIII ғ.). Бұл деректер "қазақ" сөзінде **кас** түбірі тиянақты болғанына сендірмей қоймайды». Сөйтіп "кас" түбірін бастау нұска етіп алған жазушы өз ойын әрі қарай дамытады.

Бұл жерде автор ұлы ғалым Әлкей Марғұланның көне түрік тілінде төрт құбыланы түстер арқылы бейнелегенін тілге тиек етеді. Сөйтіп, "ақ" сөзінің батысты бейнелейтін мағынасына сүйеніп, оның "батыс тараптың жұрты" дегенді білдіретіндігін айта келіп, сюнну, сақ жұрттарының қағанаттың орталығына қарағанда осы күнгі Орта Азия мен Қазақстан аймағын мекендеген тайпалардың үнемі батыс тарапта болып келетіндігіне назар аударта келіп, төмендегідей қорытынды жасайды.

***

2.«Ал енді қа-сақ атауына қайтып оралалық. Жоғарыда оның **кас-хи, кас-пи, кас** түбірлерінен қалай шыққанын дәлелдегенбіз. Олардың Каспий теңізінің арғы бетінен келгенін көңілге күпті қылудың қажеті жоқ. Себебі Орталық Азия қолайсыз болған кездерде не қытай экспансиясы тыныштық кетірген кезде сюннулар (гун, хунну) батысқа лап беріп, ұзап кетіп, кері оралып отырған. Академик Н.Марр кас-пилерді өз ортасынан ұзап шығып кеткен сюнну (гун) тайпасына жатқызған. Чехословак академигі Б.Грозный : "**Кас-хи** – Каспий теңізінің батысында тұратын ұзын тайпасы. **Кас-хи** – сөзінің түбірі **кас, каз, касак; кас** сөзінің түп төркіні де осыдан" , - деп ашып жазған еді. Ендеше, касак сөзіндегі сақ бөлшегінің шығу, қалыптасу заңдылығы түсінікті десек, бастапқы **қа** түбірі нені білдіреді? Алғаш Накипаф атай (Бичурин) айтып, кейін Марғұланның мақұлдауынша, сюннунардың (гундардың) түпкі аталары **Ка, Ха** деген кісі болған. Сюннулар өздерінің шығу тегін осы атақты бабаларының атына апарып тіреп отырған. Олай болса, **ка-сақ** (қа-зақ) **Қа** бабаның ұрпағы. **Қа** бабаның сақ атанған ұрпағы деген сөз».

Қазақ атауының ізімен.
«Жалын» альманағы. 1990ж. №5.91-95-беттер.

Сеидов М.

Әзірбайжандық ғалым соңғы 200 жылдық мерзім ішінде "қазақ" атауының айналасында болып жатқан пікірталастарға тоқтала келіп, зерттеушілердің бұл сөздің мағынасына көңілді көп бөлгеніне тоқталады. Ол Энгельстің алғашқы мағынасынан гөрі соңғы кезеңде пайда болған:

"Тайпалардың өзіне тиісті территориясы және аты болған" деген тұжырымын өз зерттеуінің лейтмотивы етіп алған.

Ол 1245 жылы жарық көрген қыпшақ-араб сөздігінде, өзбек ақыны Әлішер Науаиде, ғалым Шейх Сүлеймен Бұхари сипаттауларында "қазақ" атауы "әуре-сарсаң","Отанынан" қуылған, "жұртсыз", "кезбе", "жасақ", т.б. мағыналарда қолданғандығына тоқталады.

Атақты тарихшы Мұхаммед Хайдар да дала тұрғындарының өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Керей мен Жәнібек ханның қолтығына барып паналағандарын да еске салып өтеді.

Ғалым жетпісінші жылдарға дейін түрлі зерттеушілердің, яғни П. Бутков, В.Радлов, А.Самойлович, П.Фалеев, И.Веселовский, А.Чулошников, Н.Марр, С.Ибрагимов, А.Бернштам, т.б. пікірлеріне қысқаша тоқталып келеді де, Г.Ф. Благованың: "қазақ" сөзінің... қиын жағдайлардың, мұқтаждықтардың салдарынан өз тайпасынан бөлінген, мал-мүлкінен айырылған және әуре-сарсаңға түскен" деген пікірін қолдайды. Сонымен бірге орыс ғалымы "қазақ"сөзі алғашқы кезде "жеңіл қаруланған", "азат аттылар" дегенді білдіретіндігін айтып, мұндай сарбаздардың қазақтар болғандығын атап көрсетеді. Жоғарыдағы мағынада берілген анықтамалар, яғни "қазақ", сондай-ақ "газок" сөздері екі мағынада да орыс тіліне ауысқан деп жазады.

Ал орыс тіліне "казак" деген сөздің енуі сол халықтың қазақтармен, қыпшақтармен әрі шекаралас, әрі әр сипаттағы тарихи қарым-қатынастармен байланысты екендігіне шүбә келтірмейді.

Бұдан соң автор "қазақ" сөзінің шығу тегіне, яғни этимологиясына және дыбысталуына фонетикалық талдау жасайды. Бұл орайда автор осы сөз бойынша ғылыми айналыстағы деректерге кеңінен талдау жасап, өз пікірін тиянақтап отырған. Ол "қазақ" атының шығуын олардың ескі діни сенімі, нанымы тұрғысынан өз ойын тиянақтауға ықылас қояды.

***

«От, ошақ, тауға деген наным-сенім түркі тілдес халықтарды үнемі бір-бірімен байланысты болғандығы еске алынады. Өйткені отты берген, ошақты жаратқан – **тау мен тас** деген сенім бар. Демек, не себепті газ-гастардың беймәлім ұлы бабалары өздері биік, жоғары – газ, гас сияқты атты таңдап алғандығын байқауға болады. **Газ, гас** – биік, жоғары (тау),**ару-тос** – түп-негіз, **тос-тау** – түп-негіз, бастау алатын тау деп саналады. Осыған байланысты тайпа, тайпалар одағы **газ-ды** өзінің ата-бабасы (тегі) деп есептейді. Және де өзінің ұлы бабасы, түп-тегі (ару-тосы) деп таныған **газ, гасты** өзіне ат (есім) етіп алады.

"Қазақ" сөзінің екінші элементі - "ақ". Бұл сөзді екі мағынада түсінуге болады. Біріншісі: түркі тілдес тайпалар одағының халықтарының көпшілігінің атында кездесетін **аг (Ғыпч-аг, Бачан-аг, Печен-ег, Ург-аг, Галт-аг, Бар-аг,** т.б.) элементі көптікті немесе жер-су атауын білдіреді. Сонда **газ-аг** биікте, жоғарыда (тауда) мекен еткен мағынаны білдіреді...

Сөзіміздің соңында қазаққа байланысты бір мәселені де анықтай кетелік. Авторлар **гасаг, газагты гасоктан** бөле жарып қарамайды. Дегенмен, фонетикалық жақтан айырмашылығы бар бұл сөздердің мағыналарының арасында да өзгешелік бар. **"Газаг" – тың мағынасы анықталды. "Газог" "газ"** және **"ог"** элементтерінен құралған. "Ог" – тың көне түркі тілдерінде "әулет", "бірлік" деген мағынасы да бар. **"Ог"** - пен келетін этнонимдері оғыздардан да кездестіреміз. Оғыздарда екі тармақтың бірі "Учог", басқасы "Бозаг" деп аталады. **"Гасог"**, яғни биікке тән әулет,**бірлік, жоғары, үшкір оқты** дегенді білдіреді. **Гасог, газог, газаг** сөздері биіктікке байланысты тайпалар одағы, халық аты. **Газок, гасаг** – қазақтардың ата-бабаларының эфсаналық дүние-танымы, ойлауымен тығыз байланысты сөз атауы.

"Қазақ" сөзінің түп-тамыры жайында
"Білім және еңбек" журналы, 1985ж.
№ 2.№3. 28-31-беттер

Тоқтаров Р.

Автор өз мақаласында қазақтардың шығу тегі туралы өзіне дейін айтылған болжамдарды сегіз топқа бөліп қарайды.

Сөйтіп сол келтірілген дәлелдердің басым көпшілігіне ортақ бір буын **сақ пен зақ** бар екендігіне тоқталады. Ол М.Ақынжановтың **қассақ** деп ұсынған болжамына барынша қарсы шығып, ауызекі тілде қолданылатын "хас", "кай", "қап" сықылды шолақ буындардың жалғасуы ақылға сыймайды деп есептеп,"хас" сөзі қазақтың төл сөзі емес деп тұжырады. "Сақ"деген көне тілде "бұғы" деген ұғымды білдіреді дейді.

Ол сақтардың тәңірі, күймелердің маңдайына тағып жүретін нышандық белгісі болған деп есептейді. Мысалы, қырғыз халқында бұғы руы әлі күнге бар. Якуттар өздерін "саха" деп атайды. Үлкен бұғы бұланды "Сохатый" деп аталуы тектен- тек емес дейді.

Автор біздің дәуірдің, яғни 1-ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдары осы күнгі Қазақстан орналасқан аймақта тіл айтып жеткізгісіз қуаңшылық болған. Арал, Каспий теңіздері табиғи арнасынан екі есе төмен түскен. Содан бірыңғай малмен айналысатын көшпелі жұрт бұл апаттан жан сауғалап, Сібірге, Сахалинге дейін үркін көше бастайды.

Осы тұста "сақ" деген халықтың басым бөлігі құрып кеткен. Бесінші-жетінші ғасырларда сол бос жатқан аймаққа Алтай түріктері қоныс аударған және ғалымдар айтып жүргендей, олардың аты түрік емес дейді де, ол ұғым "жауынгер", "жаулаушы" деген ұғымға жақын келеді деген болжамды ұсынады.

Автор Окладников пен Запорожская деген орыс ғалымдарының "Байкал көлінің петроглифтері" деген кітабында жартастарға салынған суреттерде көне түркі белгілері жолығатынын, олардың ішінде аққу мен бұғының, кейде мүйіз бен қанаттың айқыш крест түрінде түсетін бейнелері бар. Бұлар, жазушының ойынша, тектен-тек емес. Бұлар - сол кезде өмір сүрген халықтардың табынатын тотемдік белгілері. Европалықтардың ұғымында "құпия зет" деген бар. Оның бойында тылсым, құпия, қалтарыс жатады. "Қазақ" сөзіндегі "Құпия зет,"яғни "з" дыбысы да сондай. Осы дыбыс құлаққа жағымды, өзге дыбыстарды байлап, тұрақты етіп қойғандай.

Міне, осындай ой-тұжырымдарын алға тартқан автор төмендегідей қорытынды жасайды:

***

«Сақтарға келіп қосылған түркі тайпаларының ортақ тотемі – аққу болған. Қазақтың текемет-сырмақтарындағы ою-өрнектерге жіті қарағанда адам одан бұғының мүйізі мен аққудың мойнын оп-оңай ажыратып алар еді. Онда аққудың мойны ғана емес, қанаты да бар. Бұғыдан мүйіз ғана қалған. Өзге дене, мойын, қанат – бәрі аққудікі. Яғни сақтарға келіп қосылған тайпалардың тотемі: есімі – аққу, бір сөзбен айтқанда, **кулар** болған. **Қу + сақ = қусақтар.** Алтай тілінде **аққу куу** болып ұзақ айтылады. Қазақ деген есім аққу мен бұғының қосындысынан, екі тотемнің жымдасып бірігуінен, екі халықтың бауырласуынан шыққан.

Енді осы сөзіміздің поэтикалық дәлеліне көшейік.

Қазақта "Аққуды атпайды" деген сөз бар. Аққу – оның тотемі, тәңірі (кейінгі уақытқа дейін ежелгі тотемі өзгермеген "құрықандықтар" атты тайпалар болған) . Аққу ол тайпаларды өзін кербез, тәкаппар ұстауға тәрбиелеген. Қазақ сұлу әйелді "аққудың көгілдіріндей" дейді. Орыста "грациозна, как лебедь" деген тіркес жоқ. Қазақ қарт кісінің сақалын ешқашан ақша қарға, ақ шағалаға, ақ шекерге, өзге ешбір ақ нәрсеге теңемей, аққуға теңейді. **"Сақалы аппақ қудай"**дейді. Біреудің қорыққанын көрсе де, **"аппақ қудай болып кетті"** дейді.

Көп сөз – көмір. Қоспасыз ұсынуға тырысып отырған шындық құсы мен қиелі төліміздің алғашқы нұсқасы осындай. Ал "қусақты" қалайша жігін білдірмей "қазаққа" айналғандығы – уақыт атты тәңірдің шеберлігі. Құпия зеттің құпиясы – екі тотемді байлап, біздің уақытқа шейін жоғалтпай алып келгендігі.

Тағы да "қазақ" сөзінің қайдан шыққаны туралы.
"Қазақ әдебиеті" газеті. 1974 жыл,8 ақпан.

Толыбеков С.



Автор кейбір зерттеушілердің "казак" деген халық аты "касок" деген Кавказ елінен шыққа керек деген ойына, сондай-ақ көне дәуірде, қоғамның төменгі сатысында тұрған елдің тотемі, яғни табынатын нәрселер түрлі аңдар, құстар болғанына назар аударады.

Осы орайда кейбіреулердің "қазақ" атанғаны оның тотемі құс болған дегенге автор түбегейлі қарсы шығады. Қазақ аққуды киe тұтқан, бірақ оған табынбаған.

Сонау XIV-XV ғасырлардан бастау алып, "қазақ" атының халыққа айналу процесі барысында өмір сүрген адамдардан тараған рулардың шежіресінің тарихтан алыс кетпейтіндігіне оқырмандар назарын аударады.

Ол былай деп жазады: «XIV ғасырдың соңында Тоқтамыс ханға бағынған "он сан ноғай" елінде 360 отау "қазақ" атаулы топтың болғанын көреміз.

Бұл кезде "қазақ" деген – топ аты, жаңа сөз, ондай атаулы халық әлі болмаған болса, оған сәйкес "отау" да жаңа "қазақ" деген сөзге тән сөз-ау дейміз" ,-деп жазады. Міне, үлкен үйге яғни Ноғайлы секілді үлкен елдің отауы

болып, өз алдына шаңырақ көтерген елдің "қазақ" атты халық атануын автор осы кезеңге сәйкестендіреді.

Қазақ елі қашаннан көшпелі жұрт атанған. Ол үнемі мал жайымен болатын көші-қон тірлікті тұрмысының үнемі қозғалысты талап ететіндігі белгілі. Осы орайда автор археолог С.А. Плетнева мен тарихшы – этнограф А.В. Гадлонның еңбектерінде тарихи, әлеуметтік жағдайларға байланысты хазарлардың толық көшпелі елге айналғанын, сол "хазар" деген сөздің "хаз" түбірі ескі түрік тілінен шыққаны айтылған.

Автор өз талдауында Абайдың жазбаларына да сүйеніп, арабтар көшпелі мал бағушыларды "Хибай", "Хұзағи" деп атайтын пікірлерін негізге ала отырып, өз ойын былайша сабақтайды:

***

«Қорыта айтқанда, тарихи жағынан болсын, сөз мағынасы болсын, күнкөріс-тіршілік жағынан болсын, арабтың "хұзағиы", түріктің "қазы" біріне бірінің қайшылығы жоқ мазмұндас сөздер халқымыздың "қазақ" атануына негіз болғандығы күмәнсіз деп білеміз. Себебі әрбір елеулі сөздің жаны – оның мағынасы».

"Қазақ" деген халық атауының шығуы. Қазақ шежіресі. Алматы, 1992. 42-53-беттер.

Шахматов В.

Автор "қазақ" атауының шығу тегін қоғамдағы феодалдық қатынастардың пайда болуы мен дамуына байланыстырады. Осы кезеңде жүрген қоғамдық жіктелу барысында негізгі көпшіліктен барлыққа дерлік болмысы, табиғаты, тірлігі бөлек ақсүйектер тобы бөлініп шығады екен.

Оған дәлел - халықтар арасынан бөлініп жіктеліп шыққан франк, сакс, русь секілді ақсүйектер тобы. Сондай-ақ ертедегі оғыздардан, төлестерден, қырғыздардан және басқа тайпалардан бөлініп шығып, түркі тілді ағайындар оларға басшылық ететін, ерекше әлеуметтік топ "түркілер" пайда болған. Сондай-ақ Орталық Қазақстанда туыстас тілдер тайпаларынан бөлініп шыққан ақсүйектер тобы "қыпшақтар" деген атауға ие болды да, кейінірек осы бірлестікте жүрген тайпалардың этникалық атауына айналғанын дәлелдейді.

Ал Батыс Қазақстандағы тайпалардың әскери жасақтары, хан әскеріндегі өзбектер, Оңтүстік, Жетісуды қоныс еткен түркі тілдес тайпалардың әлгінгідей жауынгер, жасақшы топтары "қазақ" атауын иеленген.

XV ғасырдағы орыс деректерінде "қазақ" сөзі осы мағынада қолданылған. Оған дәлел ретінде автор төмендегідей тарихи деректерді келтіреді:

***

«1474 жылы Қырым ханы Меңлігерей орыс патшасы Иван III-ке былай деп жазады: "Мен және менің ұландарым да, князьдарым да, қазақтарым да сенің еліңмен жауласпайды".

1471 жылы Новгородқа қарсы жорықта Қасымның сұлтаны Данияр да өзінің "қазақтарымен" қатысқан.

Никон жылнамасында, моңғолдар 1223 жылғы Ресейге қарсы шапқыншылығында, қыпшақтар мен оңтүстік орыс князьдарына соққы берместен бұрын, "қазақтарды" талқандаған деп келтірілген. 1397 мен 1410 жж. Литваға қоныс аударған Қырым татарларының бір бөлігі "казак" есімімен аталған. Бұған дәлелді біз халық эпосынан табамыз. Мысалы, көне қазақ поэмаларының бірінде хикая кейіпкері Шора батыр Қырымда қалуға бас тартып, қазақ болып Қазанға қарай ат басын бұрған деседі. "Қазақ" термині IX-X ғғ. пайда болса керек».

Қазақ халқының этногенезі мәселесіне орай. Қазақ ССР Ғылым академиясының Жаршысы. Тарих сериясы. 1950ж. №94.ж. 97-98-беттер

"Хасақ" дейді...

Бала кезімде естігенім есімде. Біздің Мыңбұлаққа көршілес Күркүреу су бойындағы қырғыздарға бара қалсақ:

-Иә, хассақ бала, - деп қарсы алар еді.

Кейін-кейін жол түсіп, Моңғолияға барғанымызда:

-Хассақтар келді! – деп құшақтасты.

Ал біздің тарихшылар, оқымыстылар әлі күнге дейін "қазақ" деген сөздің төркінін дөп басып айта алмай, әр саққа жүгіртеді.

Ау, сонда бізді бір заманда "сақтар", "сақ" дегені рас қой. Ал енді "хас" деген мағынасы "нағыз", "анық", "шын" дегенге саяды. "Сақ"сөзімен біріксе – хас+ сақ!

Мына бізбен ежелден аралас-құралас қырғыздар, моңғолдағы дүрбіт, ұрыңқай, халха, ойрат, бұйрат, маңғыттар бізді "хассақ" десе, солар өтірік айтпайтын шығар.

Ақиқатын бір Алла біледі. Әйтсе де, ежелгі көршілер бекер сөйлемес.

Сондықтан аузы түкті казақтармен шатаса бермей, хассақ болған абзал шығар.

Бір кем дүние.

Шерхан МҰРТАЗА. Бір кем дүние. «Жазушы» баспасы. 2008 жыл. 163-бет.

«ҚАЗАҚ» ТЕРМИНІ ТУРАЛЫ

Зерттеушілер екі жүз жылға жуық уақыт бойы «қазақ» терминінің шығуын түсіндіруге және оның семантикасын ашуға әрекет жасап келеді. Айтылған көзқарастар ауқымы өте кең, мейлінше иланымды ғылыми болжамдардан қиыннан қиыстырылып шығарылған этимологияларға дейін бар. Алайда **қазақ** сөзін түсіндіретін түпкілікті пікірді, тегінде, әзірше ешкім айта алған жоқ.

Қазақстанның өз тәуелсіздігін алуына байланысты соңғы уақытта жалпы қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне және атап айтқанда, **қазақ** терминіне де ден қоюы едәуір арта түсті. Ғылыми басылымдар мен газет-журналдардың беттерінде қазақ терминіне әйтеуір бір қатысы бар жарияланымдар пайда болды. Бірен-сарандарында ғана болмаса, оларда баяндалған пікірлер өткен кездерде айтылған көзқарастарға негізделген.

Қазақ атауының шығу тегі туралы мәселені шешкен кезде зерттеушілердің едәуір бөлігі тайпа атауына терминологиялық сәйкестікті іздестіру жолына түсті. Алдын ала атап өткен жөн, бұл әдістемелік тәсіл, зерттеушілік практиканың көрсетіп отырғанындай, салғастырылатын ұғымдардың жақындық дәрежесі туралы негұрлым айқын тұжырымдар жасау үшін әлі де көп жеткіліксіз. **Қазақ** сөзіне үндес терминдерді ғалымдардың Қазақстан аумағынан едәуір алыс жерлерден тапқаны аз кездеспейді. Бұл орайда олардың этникалық байланыстарының тереңдігін көрсете алатын тарихи-мәдени сипаттағы жүйелі сәйкестіктерді анықтау қажетінен айналып өтілді.

Тарихнамада қабылданған ұқсастыру жөнінде мынадай негізгі болжамдар бар. Н.М.Карамзин мен А.Вамбериді ң ізімен зерттеушілер көбінесе Византия императоры Константин Багрянородныйдың (X ғасырдың орта шені) Кавказдың солтүстік-батысында жатқан «Казахия елі» деп айтқан мәліметтерін келтіреді. Айтылуының үндестігі негізінде авторлар «Казахия» терминінде қазақ этнонимі көрініс тапқан деп санайды. Сөйтіп осы негізде қазақ халқы X ғасырдан бастап белгілі болған деген тұжырым жасалады. «Казахия» деп оқудың дұрыстығына қатысты біз түзету жасауға тиіспіз, ол мынадай: түпнұсқада (грекше) екінші сөзде «дзета» (з) емес, қайта «сигма» (с) берілген. Демек елдің атауы Касахия деп оқылуға тиіс. Константин Багрянородныйдың хабарын түсіндіре келіп, В.Минорский Касахия деп қасоғтар айтылып отырғанын әбден айқын көрсеткен. Казахия және қазақ халқы атауын ұқсастыру тарихшылардың қосымша материалдар, атап айтқанда, мұсылмандар дүниесінің жазбаша деректемелерінен алынған материалдар тарту мүмкіндігін кеңейтті. Мәселен, араб тарихшысы әрі географы әл-Масудидің (Хғ.) «Китаб ат-танбих ва-ль-ишраф» деген шығармасында Кубань өзені ауданындағы кавказ халықтары мен тайпаларының атаулары арасында қашақ этникалық қауымы - әл қасакия атап өтіледі. Көрнекті неміс шығыстанушысы И.Маркварт бұл екі терминнің бір ғана этнос-касогтардың атауын беретіндігін көрсетті. Кім жазғаны белгісіз, парсы тілді «Худуд әл-алам» деген географиялық еңбектің (Хғ.) алондар өлкесі туралы хабарлары да қарастырылып отырған тақырып аясына жатады, онда Қара теңіз жағалауында орналасқан Касаг қаласы, әдебиетте жазылып жүргеніндей, этникалық қауым емес, нақты қала туралы деректер келтіріледі. Касогтар туралы орыс жылнамаларында да айтылады. «Повесть временных лет» шығармасында Кубань өзенінің оңтүстігінде орыс княздары Святослав (965ж.) пен Мстиславтың (1022ж.) қасогтармен жүргізген соғыстары туралы ақпарат бар. **Касог** термині бірінші рет VIII ғасырдың аяғы - IX ғасырдың басында монах Епифанийдің шығармасында ауызға алынады. Бұл ақпардан **касах, касахия, касак, кашак, касог** атаулары алдынғы орта ғасырлардағы белгілі бір шағын кавказ тайпасын (немесе тайпалар бірлестігін) білдірудің әр алуан түрлері болып табылады деген тұжырым шығады. Кавказтанушылар касогтарды (ертедегі грузин ескерткіштерінде қашаг түрінде белгілі) Киші Азияның хетто-несит дәуіріндегі каска/кашка этнонимімен көптен бері жақындастырып жүр. Осыдан касогтардың қазақтарға қозғалысы туралы көзқарас қаншалықты ақталған және дәлелденген деген сұрақ туады. **Қазақ** этнонимінің касог, қасахия (казахия?) атауымен байланысы туралы пікір – мейлінше декларативтік сипаттағы пікір, олардың арасында ешқандай тарихи сәйкестік болмаса да, ол пікір сөздердің үндестігінен туындайтын болжамға негізделген. Касогтар автохтондық кавказ тілдерінің біреуінде сөйлейтін абхаз-адыгей тобының ерекше кіші тобына кірген. Тілі, шыққан тегі, тұрмыс жағдайы және дене тұрпатының ерекшеліктері жағынан олардың қазақтардан және олардың түркі тілдес ата-бабаларынан айырмашылығы күшті. Касогтардың этникалық бөліну процестері және соларға байланысты Кавказдан орта ғасырлар дәуірінде

Қазақстан аумағына қонуі байқалған жоқ. Қасоғтардың көршілері Балқанға барып қоныс теуіп, оған қазіргі Болгария атағын берген ертедегі түркі тілдес бұлғарлардың тарихи аренада атқарған сияқты рөл оларға берілмеді. **Сондықтан қасоғтардың қазақтармен байланысы туралы пікір ешқандай сын көтермейді.**

Әдебиетте **қазақ** сөзін араб тарихшысы Ибн Асам әл-Куфи айтады-мыс деген З.В.Тоғанға сілтеме жасайтын көзқарас та бар. Біз ден қойып отырған термин Арран мен Дағыстанда хазарларға қарсы соғыс жүргізген араб қолбасшысы Марванға арналған «Китаб әл-фунух» тарихи шығармасында (IX ғасырдың аяғы – X ғасырдың басы) айтылады. Енбектің түпнұсқасында былай деп жазылған: «736 жылы Марван Қасақ (қазақ емес, -ред.) деп аталатын жерде қыстап шықты. Кура өзенінен өтіп, Шаки қаласына беттеді». Контекстен әл-Куфидің туындысында қазақ термині болмағаны, үлкен Кавказдың таулы ауданында, Әзірбайжанның батысында орналасқан Қасақ деген жердің аталатыны көрінеді. **Қасақ** және **қазақ** терминдерін VIII ғасырдағы хронологиялық проблемаларға байланысты ғана емес, сонымен бірге бір-бірінен алшақ жатқан тарихи, географиялық және шаруашылық-мәдени өлшемдер кешені бойынша да салыстыруға болмайды.

Фин алтайшысы Г.И.Рамстедке барып тірелетін тағы бір пайымдауды көрсете кетуге болады, ол қазақ терминін моңғолдың «хасаг-терген» деген сөз тіркесінен шығарады. «Қасиетті жылнамада» (XIII ғ.) айтылатын бұл қоссөзді ұғым арбаны білдірген. Иранист А.А. Семенов қолдаған бұл көзқарастың ешқандай дәлелі жоқ. Оның иланымды болмайтын себебі – синхрондық тұрғыдан алғанда да, тарихи перспективасы тұрғысынан алғанда да «хасаг-терген» термині Қазақстанды мекендеген түркі тілділер арасында арбаның атауы ретінде көрінбе таппаған.

Енисейден табылған VIII ғасырдағы ертедегі түрік ескерткішінен В.В.Радлов «казғақым оғлым» (менің асыраған ұлдарым) деген тіркесті оқыған. Сыртқы ұқсастығы жағынан ғана емес, сонымен қатар «қазғақ» және «қазақ» терминдері мәндерінің жақындығы негізінде В.П.Юдин бұл сөздерді салыстыруға болады деген. Зерттеушінің пікірінше, «казғақым» ұғымындағы «ғ» дыбысының VII-VIII ғасырларда түріктердің ауызекі сөзінде қолданылуы әбден мүмкін, ал кейініректе түсіп қалып, бұл сөздің қазақ түріне не болуы ықтимал. Ол «казғақ» түріндегі «қазақ» терминін кейіннен этникалық мағынаға ие болғандығын саяси мәні жағынан алып қараған. Бұл көзқарас түркі тілдерінің тарихи фонетикасының заңдылықтарымен үйлеспейтіндігі себепті ол бұдан кейін мамандар тобынан қолдау таппады.

Сонымен бірге нарративтік деректемелердің басқа материалдары негізінде Қазақстан аумағы шегінде шоғырланған бірнеше салыстырулар жасалды. Олардың бірі үш қарлұқ тайпасының «хасақтар» (хаски) деп оқылуы жөнінде И.Маркварт айтқан пікір болып табылады, зерттеушілер соңғыларын қазақтармен салыстырды. Бірқатар авторлар қазіргі кезде де осы көзқарасты ұстанғанымен, оны дәлелденген деп санауға болмайды.Тоғыз қарлұқ тайпасының атауларын XIII ғасырдағы парсы тілдес әдебиетші Ауфидің «Джавами әл-хикаят ва лавами ар-риваят» антологиясының көрінеу бұрмаланған мәтіні бойынша, Маркварт ұсынғандай, оқу алдын ала, сындарлы емес сипатта болды. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда мекендеген қарлұқ конфедерациясы туралы қарастырылып отырған мәліметтер IX-X ғасырларға жатады. Неғұрлым ертеректегі жазбаша ескерткіштерден, атап айтқанда, әл-Марвазидің арабша географиялық енбегінен алынған материалдарға В.Минорскийдің текстологиялық және салыстырмалы-тарихи талдау жолымен қарлұқтардың тайпалық құрамы жөніндегі контекстің оқылуына елеулі түзетулер енгізді. Бұл ретте, «хасақтардың» орнына «баскиль» деген негізделген конъюнктура енгізілді.

Араб саяхатшысы Әбу Дулафтың шығармасында «казлақ» түрінде «қазақ» этнонимі айтылады деген пікірді көрінеу негізсіз деп санау керек. Әбу Дулаф X ғасырдың орта шенінде Қазақстан аумағы арқылы батысынан шығысына қарай Қытайға жол жүріп өткен. Түркі тайпаларына арналған «Рисалада» баяндалған саяхат туралы естеліктерін орыс тіліне Н.Н.Пантусов аударды. Аударма мәтінінде «хазлақ» деген этникалық атау айтылған, ол исламдық «қазлақ» үшін прототипке айналып, сонан соң бейне бір «қазақ» түрін алған. Сонымен бірге Н.Н.Пантусовтың «харлұқ» деудің орнына «хазлақ» сөзін дұрыс оқымағанын көрсете кету қажет, қарлұқ атауының жазылуы орта ғасырлардағы араб әдебиетінде солай берілген. Сол арқылы қарлұқтар мен қазақтар арасына теңдік белгісі қойылған, бұл біліктілік емес.

Фирдоусидің (935-1020) «Шахнамасында» қазақ халқы және қазақ хандары туралы айтылғаны жөнінде А.Левшиннің пайымдауы негізінде кейбір ғалымдар қазақ халқының құрылуын X ғасырға жатқызады. Солай бола тұрса да, ғылыми әдебиетте шығыстанушылар парсы авторының тарихи дастанында «қазақ» термині туралы ешқандай ақпарат жоқ екенін талай рет көрсетті. Бұл түсініспеушілікті түсіндіруге болады және оған қайран қалуға болмайды, өйткені А.Левшин өз білімі қаншалықты мол болғанымен, қазақтар мен олардың ортасының тарихшысы, алайда ол пасры және араб тілдерін білмеген.

Сонымен ұсынылатын болжамдардың көп жағдайларында салыстыруға келмейтін атаулар салыстырылады. Сонан соң, этнонимдер нақты-тарихи көзқарастардың бүкіл жиынтығында емес, қайта оқшау алып қарастырылды. Соның ішінде этникалық процестердің өзі – этностағы уақыт жағынан өзгерістер ескерілмеді. Әдетте, деректемелерде этнонимнің пайда болуы халықтың құрылу уақытымен сәйкес келе бермейді (қырғыз этнонимі мен қырғыз халқын, түркімен этнонимі мен түркімен халқын, русьтер мен орыстарды және т.б. салыстырыңыз). Зерттеу жұмыстарында этноним мен этностың нақты-тарихи жағдайлардағы арақатынасы проблемаларын талдап шешу қажеттігін түсіну әсте де барлық уақытта бірдей бола бермейді. Ал белгілі бір этноним этностың (тайпаның, тайпалар одағының , халықтың, ұлттың) әр түрлі жай-күйін білдіре алады. Мәселен, бәз-баяғы бір этноним (қыпшақ) жағдайында III ғасырдан XIII ғасырға дейін қыпшақ этносы этникалық дамудың әр түрлі бес жағдайында – Ішкі Азиядағы тайпадан Қазақстан аумағында қыпшақ халқы қалыптасуының аяқталу кезеңіне дейінгі жағдайда болды. XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығы қыпшақ халқының белгіленіп қалған құрылу процесін үзіп тастады. Моңғолдарға дейінгі кезеңнен айырмашылығы, одан кейін қыпшақ қоғамындағы тарихи процестің дамуы олардың өзінің этникалық қалыптасуы бойынша жүрмей, олардың бөлшектенуі, ең алдымен қазақ халқының сондай-ақ толып жатқан өзге де түрік тілдес халықтардың құрылуына қатысу арнасына түсті. Бұл кезеңде қыпшақтар этникалық дамудың енді басқа бір таксономикалық деңгейінде болды. Сөйтіп қыпшақтардың тарихи құрылған этникалық қауымдары қыпшақтардың белгілі бір этнонимі жағдайындағы серпінділігі мен өзгеруі кезінде қалыптасты. Бір этнонимді басқалармен салыстыру жай ғана декларациялауды емес, қайта асқан дәл зерттеулер жүргізуді сөзсіз қажет етеді.

«Қазақ» сөзінің өзі қыпшақтар мекендейтін аймақта пайда болған деп санауға барлық негіздер бар. Бірқатар түркологтардың пікірі бойынша, «қазақ» терминінің бастапқы таралған жері Шығыс Дешті Қыпшақпен байланысты болған. Қыпшақ тіліне тән осы фонетикалық ресімделуінде «қазақ» сөзінің пайда болуын А.Н. Самойлович уақыты жағынан ерте дегенде XI ғасырға жатқызған. Жазбаша әдебиетте «қазақ» термині 1245 жылы мәмлүктік Египет мемлекетінің қыпшақтары ортасында жасалған араб-қыпшақ сөздігінде жазбаша деректемелер ішінде бірінші рет қолданылған деп саналып жүр. Онда «қазақ» сөзіне «еркін, кезбе» деген мән беріледі.

Бұл семантика «қазақ» терминіне әлеуметтік мағына берілген және өз руынан, тайпасынан, мемлекетінен бөлініп шығып, тіршілік құралдарын соғыс істеріне қатысу арқылы тапқан индивидтерді, адамдарды білдірген деп санауға мүмкіндік берді және ол қазақшыландыру институтымен байланыстырылды. «Қазақ» ұғымының пайда болуы уақыты жағынан XIII ғасырдан неғұрлым ертерек кезге жатады деп санауға да болады, алайда жазбаша ескерткіштерде хронологияны нақтылайтын ешқандай да тікелей деректер жоқ. Айта кетелік, бұл жөнінде жанама мәліметтер бар.

Қазаққа айналу институт ретінде ауқымды, сатылы сипатта болды. Ол түркі тайпалары арасында да, араб Шығысының (су, лұқ), Шығыс Еуропаның (норвег викингілері), Русь (бродниктер) және т.б. қоғамдарында да орын алды. Және де әрбір жағдайда осы әлеуметтік құбылыстың мәні бірдей болғанымен, терминологиялық өзіндік ерекшілігі байқалып отырды.

Қазаққа айналу институтының сипаттамасы мен жұмыс істеу уақытын сипаттау үшін X ғасырдағы араб географы Ибн әл-Факихтің шығармасында мейлінше қызықты мәліметтер бар, бұл шығармасында ол оғыз ханзадасы Балқық ибн Жабғудың мынадай мазмұндағы әңгімесін келтіреді: «Менің аталарымның бірі, дейді Балқық, сол кезде патша болған әкесіне ашуланып, одан бөлініп кетіпті. Ол өзіне келгендерді, жасақтарды және талап-тонауды ұнататын басқа да адамдарды серік етіп алыпты. Ол елдің шығыс жағына бет алып, адамдарға шабуыл жасап, өзінің және өз серіктерінің жолында кездескендерін қолға түсірген. Бәрінен де IX ғасырға жататын қазаққа айналудың осы, тегінде, классикалық суреттеуінде Ибн-әл-Факих «қазақ» терминінің синонимі ретінде арабтың «су лұқ» сөзін алса керек. «Салака» деген атпен әрекет жасайтындар бәдәуилерде тайпада өзіне орын таба алмаған, сондықтан топтар құрып, талап-тонау арқылы бақытын іздеуге аттанған кедей және алғыр адамдарды білдірген. Терминдегі айырмашылықтарына қарамастан, екі түрлі көшпелі

қоғамдардағы қазаққа айналу институтының мазмұны жағынан сәйкес келуі айқын аңғарылады.

Балқық ибн Жабғу ханзаданың суреттелген әңгімесі, сірә, Сырдариядағы оғыз билеушілері жабғуларының тарихи арқау, орта есеппен алғандағы көрсеткіштер бойынша, IX ғасыр деп белгіленетін оқиғалармен байланысты болса керек. Өкінішке қарай, Ибн әл-Факих арабтың «су лұқ» терминінің оғыз синонимін келтірмейді. Айта кетейік, оғыздарда мұндай ұғым сол кездің өзінде-ақ қыпшақтар ортасы қабылдап алған «қазақ» термині болуы мүмкін. Мұндай сілтеме оғыздар мен қыпшақтардың сан ғасырларға созылған аса тығыз этникалық-саяси және этникалық-мәдени өзара байланыстарының, сайып келгенде, генетикалық, тілдік, әлеуметтік және шаруашылық-мәдени жақындығын қалыптастырған объективті мән-жайларынан ғана туындамайды, сонымен қатар ол жазбаша деректемелердің қосымша материалдарына да негізделген. Мәселен, XIII ғасырда хорасан түрікмендері арасында антропоним құрамында «қазақ» термині ұшырасады. «Данишкеде-Маккұл у Манкұл» кітапханасы қолжазбасы бірінің **колофондағы белгіде былай** деп айқын қолтаңбамен жазылған: «Бұл қолжазбаны Біләл ибн Жабрайыл бин Мұхаммед Әли ат-Туркмани әл-Қазақи сатып алған, хижраның 660 жылы» (яғни біздің заманымыздағы 1262 ж.). Бұл тікелей жеке есімдегі әл-қазақи сөзін, сірә, этникалық тегін (түркіменнің) көрсететін басқа нисбамен қосарластырыла ұштастырылған нисба ретінде қабылдаған жөн. **Әл-қазақ** терминінің **түркімен** этнонимімен ұштастырылуы бұл ұғымның әдеттегідей әлеуметтік сипаты болмай, қайта этникалық сарыны болған деп санауға мүмкіндік береді.

Қарастырылып отырған есімнің өзінде, З.В. Тоғанның пікірінше, хорасан түрікмендері қоғамындағы қыпшақ қазақтарының өкілі айтылып отыр. Одан кейінгі уақытта Рашид ад-Дин Раб-и-Рашидидің хорезм-хорасан жазбасына жататын «Вақф-наме» деген жазбаша құжатында сөзсіз этникалық сипаты бар «қазахлу», «қазахлар» атауының кездесуіне қарағанда, бұл аймақта қазақтар айтарлықтай топ болған. Ол кезде «қазақ» түрі қыпшақтардың тіл нормаларына сәйкес келсе, түркімен-оғыз ортасына «қазақ» деп жазылған терминнің заңды болғаны атап өтерлік.

Баяндалған материал IX-X ғасырларда Шығыс-Дешті Қыпшақ қыпшақтарының қоғамында «қазақ» атауымен әлеуметтік, ал XI-XII ғасырларда этникалық-әлеуметтік топтардың болғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Алайда бұдан моңғолдардан бұрынғы уақытта қазақ этносының қалыптасуы туралы, оның бер жағында қазақ халқының құрылуы туралы тұжырым жасамаған жөн. Оның бер жағында басқасы да айқын XI-XII ғасырларда қыпшақ тайпаларының топтасуы қазақ қауымдастығы қалыптасуының маңызды кезеңі болды. XI-XII ғасырларда Қыпшақ хандығында этникалық процестердің даму барысында қазақ халқының этникалық ұйытқысы қалыптасады.

Моңғолдардың жаулап алуы қыпшақ тайпаларының едәуір топтарын Дешті Қыпшақ шегінен бытыратып жіберді. Қыпшақтардың орын ауыстыруы қазақ терминінің орын алуына және оның әмбебап мәнге ие болуына себепші болды. **«Қазақ»** сөзі тұтас алғанда алуан түрлі еріктілерді айту үшін қолданылды. Ол кезде этникалық және мемлекеттік кедергілерге қарамай қазаққа айналып, қазақ бола берді. Мұсылман деректемелерінде түрік халықтарында қазаққа айналу – қазақлық институтының кең таралғаны атап өтілген. XIV ғасырдың басында байырғы дәстүрлер жаңғыру барысында қыпшақ тайпасы ұйытқы болған жергілікті этникалық негізде алғашқы ірі мемлекет Ақ Орда құрылды. Ақ Орда этникалық құрамы жағынан қазақ халқы болса да, оның атауы деректемелерде кейінірек жазылып, анықталды. Дәлірек айтқанда, XV ғасырдың екінші жартысында қазақ халқы құрылғаннан соң, халықтың этногенез процесінің күрделі ерекшелігінің бірі болып табылатын «қазақ» атауы этникалық маңызға ие болды.

Қазақстан тарихы. 2-том. Алматы. «Атамұра». 2010
303-308-бб.

«ҚАЗАҚ» ЭТНОНИМІ ТУРАЛЫ

...XVI ғасырдың бірінші жартысындағы еңбектерде қазақ сөзінің этникалық мәнде қолданылуы қалыпты жағдай болса, «қазақстан» терминінің кездесуі көңіл аударарлық.

Парсы тілінде – астон, -естон жұрнақтары тек қана ру, тайпа, халық атауларының соңына жалғанады да, олардың мекен-жайын, аймағын білдіріп, жаңа сөз құрайды. Бұл жерде жаңа сөз – Қазақстан, этникалық мәндегі қазақ сөзіне парсы жұрнағының қосылуы арқылы пайда болып, жаңа ұғымды білдіріп тұр, яғни қазақ халқының территориясын көрсетіп тұр.

Осылайша, біз «қазақ» сөзінің шығуы мен түп-төркіні , мәні мен мағынасы жөнінде ойымызды аяқтай келе, төмендегідей қорытындылар жасаймыз.

Біріншіден, «қазақ» сөзі – зерттеушілердің бәрі дерлік мойындап отырғанындай, көне түрік сөзі, түрік тілдес тайпалардың ортасында қолданыста болып, өз руынан, елінен, мемлекетінен бөлініп кетіп немесе қашып кетіп, өз бетінше ешкімге бағынбай, дербес, еркін, азат жүрген адамды, адамдарды білдірген. Алғашқы кездегі «қазақ» сөзі тек әлеуметтік мәнде ғана ерте түрік дәуірінен X ғасырға дейін қолданылған.

Екіншіден, X-XIII ғасырларға дейінгі аралықта «қазақ» сөзі өзінің негізгі мағынасын сақтаса да, мәні аздаған өзгерістерге ұшырайды. Осы кезеңде «қазақ» сөзінің әлеуметтік-этникалық мәнге ауыса бастағанын байқаймыз.

Үшіншіден, XIII ғасырдан XV ғасырдың ортасына дейін моңғолдар жаулап алған аймақтарда билік үшін болған саяси күрестердің әсері бұл сөзге де тиіп, қазақ сөзі – уақытша саяси- әлеуметтік мәнге ие болады.

Төртіншіден, Қазақ хандығының құрылуы кезеңінде, яғни Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен «көшпелі өзбектер» қауымдастығының бір бөлігі одан бөлініп кетіп, он шақты жылдан соң олардың Дешті Қыпшаққа қайта келгеніне дейінгі аралықта қазақ сөзі – саяси-этникалық мәнде қолданылады да, соған сәйкес «өзбек-қазақ» атауы пайда болады.

Бесіншіден, Қазақ хандығының Дешті Қыпшақтың басым бөлігінде билігінің орнығуына байланысты, ондағы барлық тайпалар ортақ этникалық атаумен – қазақ атауымен атала бастайды. Біз бұл атауды таза этникалық мән дей отыра, қазақ сөзін этноним деп ұғынамыз.

Міне, XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының құрылуымен қатар этникалық мәнге ие болған **қазақ** сөзі күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтпай, еліміздің байырғы, негізгі, басты, мемлекет құраушы халқының атауы ретінде қолданылып келе жатыр.

Х.М.Ғабжалилов, Т.О.Омарбеков, Б.Б. Кәрібаев
Қазақстан тарихы.
«Алаш» тарихи-зерттеу орталығы
96-бет.

ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНЕ КӨЗҚАРАС

... Қорыта келгенде айтарымыз, қазақ қоғамында біршама ұзақ мерзімде орын алған жүздік құрылым біздің этникалық тарихымызға тән өзіндік ерекшелік болып табылады. Саяси-әкімшілік жағынан қазақтарды жіктей тұрса да, бұл жүйе қазақ халқының біртұтас ұлт болып ұйысуына, үлкен аймақты сақтап қалуға өзіндік жағымды үлесін қосты, бұл бөліктер бытыранқы көшпелі тайпаларды өзара жақындасуға, бірігуге, туыстасуға баулыды. Сондықтан да жүздік құрылым тұсындағы қазақ тарихына түсіністікпен қарағанымыз жөн. Сөзімізді белгілі мамандар С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтановтың сөзімен төмендегідей аяқтауға болады деп ойлаймыз: "Четерехвековое существование жузовой структуры оказало столь сильное воздействие на этническое самосознание казахского народа, что и сейчас не только сохраняется в памяти каждой казахской семьи, но и влияет на повседневную жизнь казахов. Несомненно, однако, что в недалеком будущем определяющая роль останется только за общенациональной идентификацией, а клановые и жузовые привязки постепенно станут достоянием исторического прошлого."Олай болса, қазақ жүздерінің тарихын шынайы баяндау, оны жас ұрпаққа дұрыс түсіндіру бүгінгі зерттеушілердің басты міндеттерінің бірі болса керек.

Сонымен Қазақ жүздерінің қалыптасуы туралы жоғарыда айтылғандарды қорытындылар болсақ, мынадай тұжырымдар жасар едік:

1.Жүздік бірлестіктер бұрынғы Ордалық, яғни ұлыстық басқару жүйесінің жаңа этно-саяси ахуал жағдайында күрделі өзгеріске ұшыраған жаңа әкімшілік үлгілері. Бұл көптеген ру-тайпаларды біріктірген қазақ халқының қалыптасуынан және оның ішкі, сыртқы саяси жағдайға сәйкес туындаған этно-әкімшілік, саяси проблемаларынан еріксіз туындаған мемлекеттік жүйе.

2. Сондықтан да «жүз» терминінің мағынасын ұғынғанда «бөлшек», «жақ» деп түсіндіретін ұғымнан бас тартуға негіз жоқ деп ойлаймыз. Әрбір қазақ жүзі тұтас халықтың «ұлы», «орта», «кіші» бейнесін, түрін, яғни жүзін көрсетті. Бұлар тұтас этностың бөліктері еді.

3.Жүздер бұрынғы Ордалар тәрізді қазақ рулары мен тайпаларының басты-басты үш көшу аудандарында, орталықтарда топтасып өмірге келді. Бұл көшпелі шаруашылық жағдайында әбден табиғи нәрсе еді. Алайда жүздердің құрылуына экономикалық-шаруашылықтық факторлардан гөрі XVI ғ. соңындағы – XVII ғасыр басындағы ішкі-сыртқы саяси, тіптен әскери-соғыстық факторлар басым әсер етті. Бұл қазақтың тәуелсіз ел болуы мен болмауы туралы мәселе шешілген кезең еді. Жаңа әкімшілік жүйе этнос ретінде қазақ халқы қалыптасып үлгерген мерзімде орын алғандықтан халқымызды іштен ажыратушы, ірітуші емес, қайта ел ретінде ұйыстырушы,

топтастыруды рөл атқарды. Бұл процестің қазақ тағдырында прогресті ықпалын да мойындауымыз керек.

4. Қазақты құраған рулар мен тайпалар сандаған ғасырлардан бері нақты көшу аудандарында шоғырлана көшіп жүргендіктен, шаруашылықтық-территориялық мүдделер ортақ болғандықтан жоғарыдан қазақ хандары жасаған жүздік басқару құрылымын түсіністікпен қабылдады және алғашқы күндерден бастап-ақ өздерін осы жүздік құрылымның табиғи заңды мүшелері ретінде сезінді.

5. Жүздік басқару құрылым Есімханның ел басқаруының алғашқы жылдарында 1598-1606 жылдары орнықты деп айтуға негіз бар. Бұл жаңа жүйенің негізгі қағидалары бұрынғы ұлыстық (Ордалық) басқару ережелерін жаңа этно-саяси ахуалға икемдеп негізделген «Есімханның ескі жолында» көрініс тапты. Есімхан реформасының «ескі жол» аталуы да сондықтан.

6. Жүздердің қазақ қоғамында орныгуына байланысты алыпқашты, нақты тарихи деректерге негізделмеген, шын мәнінде тарихымызды бұрмалайтын әртүрлі көкастар мен болжамдарды қайта-қайта баяндауды қойып, нақты дәлелдермен тарихымыздың осындай күрделі мәселелерін байыптап, орнықты жазатын уақыт болды. Ежелгі және орта ғасырлардағы тарихымыздың өзіндік ерекшеліктері, мәселелері қашанға дейін топшылаулар мен бұрынғылардың әртүрлі қисындарын сипаттауға құрылмақ. Бүгінгі зерттеушілеріміз осыны түсінулері керек. Тарих жалтақтау кезеңінен өтіп кетті.

Х.М.Ғабжалилов, Т.О.Омарбеков, Б.Б. Кәрібаев.
Қазақстан тарихы.
«Алаш» тарихи-зерттеу орталығы
95-97-беттер.

ЖҮЗ ТУРАЛЫ

Жүз – тарихи-әлеуметтік категория. Ол байтақ қазақ сахарасында ғасырлар бойы қалыптаскан көшпелі шаруашылықтың жер ыңғайына қарай орналасуына байланысты экономикалық мұқтаждықтан туған. Әрбір тайпалық одақ қыс қонысын, жаз жайлауын көшпелі тіршіліктің өзіндік ерекшелігіне орай құрған. Екінші фактор, ел қорғау, отан қорғау, жер қорғау мүддесінен туындаған. Үшіншіден, жеті атаға дейін қан араластырмай, тұқым тазалығын сақтау арқылы этностың генетикалық қорын аман алып қалуға бағыттаған. Бұл болса белгілі бір географиялық шеңберде белгілі бір ортада ортақ бүкіл халықтық бақылауға алынған. Үш жүз бола отырып, қазақ елінің тәуелсіздігін, қазақ жерінің тұтастығын қорғаған. Ортақ тіл, діл, атамекен халықтық бірлікке, мүдде бірлігіне қызмет еткен.

«Жүз» туралы сөз болғанда тағы бір еске алар жай – ол мемлекеттік функцияны да орындаған. Жүз ішінде дау-дамай, көш-қон маршруты, рулар арасындағы қарым-қатынас регионалдық дәрежеде шешілген. Жүзаралық проблемалар – жер, қоныс, ел қорғау, қазақ жерінің тұтастығы, әскери жасақ, ортақ қолбасшы, хандар сайлауы т.б. ел, халық дәрежесіндегі проблемалар келісіліп отырған. Сонымен бірге үш жүз көрші мемлекеттермен қарым-қатынасты бірігіп, ұлттық биіктіктен барлай шешкен.

Сондықтан қазақ халқындағы жүз мәселесі, әлдебір дүмбілез атқамінерлер айтып жүргендей, «жүзшілдік», «жүзшіл» деген ұғымнан ада жай. Жалпы, қазақ этносы – біртұтас этнос. Қазақ атаулы елін – руын сұрағаны болмаса, ешқашан жүзге бөліп көрмеген, бір-біріне атам қазақтың, бір қазақтың баласы деп қараған.

Жүз қашан пайда болды? Бұл -өз алдына мәселе, В.В.Вельяминов-Зернов, А.К.Красовский, С.А. Аманжолов, Х.М.Әділгереев, Н.Г. Аполова, Е.Бекмаханов, С. Толыбеков сияқты ғалымдар жүргізген талас әлі толастаған емес... Кеңес заманында шежіре ескінің қалдығы есебінде танылды, оның дамуына тосқауыл қойылды. Алайда ғасырлар бойы қалыптасып келген шежірелік дәстүр бір сәт толастағанмен, халық шежіреге деген ықыласын тоқтатқан емес. Қазақ шежіресін жасауға Шоқан, Абай, Шәкәрім, М.Сералин, М.Тынышбаев, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, И.Наушабаев, С.Толыбеков, С.Мұқанов, т.б. қазақтың ірілері мен пірлері атсалысқаны – осы пікірдің дәлелі. Сонымен бірге А.И.Левшин, В.В. Радлов, В.И.Даль, Н.Я. Бичурин, И.И.Рычков, т.б. шығыстанушылардың еңбегінің орны да ерекше.

Қазақ шежірелерінің тағы бір қайнары шығыс деректері – мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих –и Рашиди», Әбілғазы Баһадүр хан шежіресі. Қорытып айтсақ, қазақ халқының шежірелік салты ғасырлар қойнауында кетеді. Тәуелсіздік туына орай шежіре жазам деушілер қаптады де кетті. Алайда, осы науқаншылық кезінде сыр берген жайлар баршылық.

Ең алдымен регионалдық, тайпалық, жүздік көзқарас алдыңғы позицияға шығып, жеке рудың, тайпаның, жүздің мүддесіне ыңғайлап шежіре жазу – ұлт шежіресінің тәртібі мен әдістемесіне нұқсан келтіргені мәлім. Екіншіден, шындық өрескел бұрмаланады. Шыққан шежірелерде методологиялық бірізділік жоқ. Үшіншіден, жеке адамның, әрине, қалталының тапсырмасымен шыққан шежірелерде тарихи принцип аяққа басылуда. Төртіншіден, онан-мұнан құрастырылған шежірелерге «толықтыру» енгізіліп, «жер астынан» табылған жалған кіз-кітап шежірелер пайда болды.

Бұл күнде олардың көбінің өтірігі шығып жатыр. Тіпті ұлы Бұқар жыраудың шығармалары «қолды» болып, өз аталарын енгізген өлең жолдары пайда болуда. Қолдан жасалған, түзетулер енгізілген жасанды шежірелер жыл сайын көбейіп барады. Мұндай шежірелер ғылыми экспертизадан өткізілген емес.Сондықтан мұндай шежіресымақтардың ғылыми құнсыздығы былай тұрсын – тарихқа қиянат, халқымыз алдында ұят жай.

Академик Манаш ҚОЗЫБАЕВ.
АрғынбаевХ.,Мұқанов М., Востров В.
«Қазақ шежіресі хақында». «Атамұра». 2000. 9-11-беттер.

ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

ҰЛЫ ЖҮЗ-ҮЙСІН

Жалайыр: андас, мырза, қарашапан, орақ, ақбұйым, қалпе, сұпытай, (Шуманақ бұтағы) арықтаным, байшегір, балғалы, күшік (Сырманақ бұтағы) сиыршы немесе байкөбен (Бірманақ бұтағы).

Барлығы іргелі 12 ру

Ескерту: Жалайыр тайпасының бұдан басқа екі-үш түрлі нұсқасы бар.

Сарыүйсін: жаңабай, құттымбет (Қалша бұтағы),
қайқы, сопы (Жақып бұтағы).

Барлығы іргелі 4 ру

Қаңлы: тоғызбай, онбай, еңке, қаспан, қараманас (Қара қаңлы бұтағы), миялы немесе миям, омыртқа, әлсейіт, ақбарақ, ешкілі немесе сұлтаным, шоқпарлы (Сары қаңлы бұтағы) ақылқожа, түрке, ерзен, тоқай, танта, телқожа, құйысқансыз, бозым, тоғанбай, бака, бадырақ, қара, оразымбет, шанышқылы (Қатаған).

Барлығы іргелі 25 ру

Ескерту: мұндағы қаңлы тайпасы құрамындағы шанышқылыны жеке дара тайпа есебінде қарастыратын нұсқалар да бар. Яғни шанышқылыдан саңырау, дарқан, бектау, жойсын, бағыс рулары таратылады.

Дулат : ботбай, шымыр, сиқым, жаныс.

Барлығы іргелі 4 ру

Албан: шоған, досалы, қожбанбет, жарты, айт, бозым, қыстық (Сары бұтағы), жолболды, молболды, құртқа, мамай, қалқаман, жарман (Шыбыл бұтағы), шажа, алжан, құрман, тоқан, баба, жәнібек, қаракісі, сарықыз.

Барлығы іргелі 21 ру

Суан: елтынды, жылгелді (Байтүгел бұтағы), мұрат, тұрлымбет, бердіке, баубек, орыс (Тоқарыстан бұтағы), ханбағыс, досбағыс, есбағыс (Бағыс суан бұтағы).

Барлығы іргелі 10 ру

Шапырашты: екей, еміл-ескожа (Малдыыстық бұтағы), асыл, шыбыл (Желдіыстық бұтағы), айкым (Құлдыыстық бұтағы).

Барлығы іргелі 5 ру

Ошақты: байлы, тасжүрек, аталық, қоңыр.

Барлығы іргелі 4 ру

Ысты: ойық, тілік, сызық.

Барлығы іргелі 3 ру

Сіргелі немесе Ойсыл: батыр, құлшығаш, қарабатыр, айтбозым, үштаңбалы, жайдақ, елібай, жаңабай, қаракөңірдек, аккөңірдек, шалдар, ақсирақ, қарасирақ, тутаңбалы, қайшылы, төрттаңбалы, жанай, бөдене.

Барлығы іргелі 18 ру

Шақшам: баймұрат, бекмұрат, санмұрат.

Барлығы іргелі 3 ру

ОРТА ЖҮЗ-АРҒЫН

Арғын: қуандық, сүйіндік, бегендік, шегендік, қаракесек (Бес мейрам бұтағы) атығай, қарауыл, қанжығалы, тобықты, әйтей, бәйімбет, жанай (Жеті момын бұтағы), саржетім, шақшақ (Кіші немесе Тоқал арғын бұтағы) шұбыртпалы, қамбар, жалықпас (Қаракесек бұтағы).

Барлығы іргелі 17 ру

Найман: қаракерей, матай, төртуыл, салыр (Төрт төлегетай бұтағы), көкжарлы- - бақа, бура – бақанас, саржомарт (Үш ергенекті бұтағы), балталы, бағаналы (Теріс таңбалы бұтағы).

Барлығы іргелі 6 ру

Қоңырат: жаманбай, аманбай, санғыл (Көтенші бұтағы), байлар, жандар, аққой, оразгелді, тоқболат, қаракөсе (Көктіңұлы бұтағы), жетімдер, божбан, құлшығаш.

Барлығы іргелі 12 ру

Керей: жәнтекей, жәдік, жастабан, шұбарайғыр, шеруші, ителі, итемген, молқы, меркіт, сарыбас, қарабас, көнсадақ (Абақ керей бұтағы), көтебе, сибан, тарышы, апбас, хансадақ, балта, балға (Ашамайлы керей бұтағы).

Барлығы іргелі 19 ру

Уақ: шоға, сарман, еренші, сіргелі, сарыбағыс, тоқтамыс, әлімбет, байназар (Ермен уақ бұтағы), бүйдалы, жансары, баржақсы, шәйкөз (Жусан немесе Ергенекті бұтағы).

Барлығы іргелі 12 ру

Тарақты: қыдыр, жәші, әлі, сары, әйтей, қосанақ, қарашие-көгедей, келіс- әлеуке, алакөз, шәуке, апай, тоқтауыл.

Барлығы іргелі 12 ру

КІШІ ЖҮЗ – АЛШЫН

Алты ата Әлім

Шекті: шыңғыс, өріс, баубек, мәку-калу

(Жаманақ) **Барлығы іргелі 4 ру**

Төртқара: ораз, оразгелді, жаншүкір, қараш

(Қарамашақ) **Барлығы іргелі 4 ру.**

Қарасақал: бақберді, бұла (Айнық бұтағы), пұсырман, шәңгір (Тегінболат)

Барлығы іргелі 4 ру

Қаракесек: есіл, тобыл

(Ұланақ) **Барлығы іргелі 2 ру**

Кете: жәлімбет, жәрімбет (Қаракете немесе Ожырай бұтағы) тұрсынбай, қараш (Аққете бұтағы), сары, томпақ (Шөмен кете бұтағы)

Барлығы іргелі 6 ру

Шөмекей: тоқа, көнек, аспан, бозғыл (Төрт шөмен бұтағы)

Барлығы іргелі 4 ру

ОН ЕКІ АТА БАЙҰЛЫ

Адай: құдайке, келімберді

Барлығы іргелі 2 ру

Алаша: ақберлі, тоқберлі,

Барлығы іргелі 2 ру

Байбақты: байжиен-тоқсоба, батақ.

Барлығы іргелі 2 ру

Беріш: есенқұл, қаратоқай, жайық, жаңбыршы, себек, бегіс, есен, құлкеш

Барлығы іргелі 8 ру

Қызылқұрт: елқұтты, байқұтты, жантелі, шора

Барлығы іргелі 4 ру

Таз: абай, қабай.

Барлығы іргелі 2 ру

Есентемір: көн, тағашы.

Барлығы іргелі 2 ру

Масқар: құттықадам, масақ

Барлығы іргелі 2 ру

Ысық: ақсары, сарыбай.

Барлығы іргелі 2 ру

Шеркеш: қосым, қойыс, дербіс (Қаракемпір), жауғашты, шумақ, қылышкестен

Барлығы іргелі 6 ру

Ескерту: **"Шеркешнама"** кітабында дербіс бұтағы жеке талданады.

Тана: шаңқан, біртоғаш

Барлығы іргелі 2 ру

Жаппас (алтын): жансары, дәнсары, өңгіт.

Барлығы іргелі 3 ру

Алтын: мәметек, ораз, алсай, бұйра

Барлығы іргелі 4 ру

ЖЕТІРУ

Телеу: әжіахмет, самат, керейіл

Барлығы іргелі 3 ру

Рамадан: балғалы, шөмішті

Барлығы іргелі 2 ру

Тама: әліп, жөгі

Барлығы іргелі 2 ру

Табын: ағым-көсеулі, бозым-шөмішті, тоғым-тарақты.

Барлығы іргелі 3 ру

Кердері: смайыл, шағыр

Барлығы іргелі 2 ру

Керейт: еспембет, коспанбет-доспанбет

Барлығы іргелі 2 ру

Жағалбайлы: лез, мырза

Барлығы іргелі 2 ру

ЖҮЗДЕН ТЫС ТАЙПАЛАР

Төре: Ұлы жүз төрелері (Абылай, Әбілмәмбет хан ұрпақтары),

Орта жүз төрелері (Әбілмәмбет, Абылай, Сәмеке хандардың, Барақ, Көшек сұлтандардың, Шайбан тұқымы Көшім мен Тоқтамыс ұрпақтары)

Кіші жүз төрелері (Әбілқайыр, Қайып, Сәмеке хан ұрпақтары)

Барлығы іргелі 3 ру

Төленгіт: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз төленгіттері

Барлығы іргелі 3 ру

Қожа: қорасан, қырықсадақ, аққорған, диуана, баксайыс, ақ қожа , сейіт қожа, түркімен қожа, қылышты қожа.

Барлығы іргелі 10 ру

Сунақ: қайғақ, бессары, аташ, қалмырза, токпан, сиық

Барлығы іргелі 6 ру

Жүзден тыс рулар:

Ноғай (ноғай-қазақ), қырғыз, құрама, қараша, қорасан, қырғызалы, баршылық, барлас, дүрмен, көлеген, қалпақ, қият, моғалтай, ноғайлы.

Барлығы іргелі 14 ру

Сонымен қазақ тайпа-руларын жинақтап, пайымдағанда Ұлы жүзде-**11 тайпа**, Орта жүзде – **7 тайпа**, Кіші жүзде- **25 тайпа**, жүзден тыс – **4 тайпа**, барлығы **47 тайпа** болады екен.

Ал іргелі аталық руларды жинақтап, қорытыланғанда **Ұлы жүзде - 109 аталық ру, Орта жүзде 87 аталық ру, Кіші жүзде – 77 аталық ру, жүзден тыс 36 аталық ру, барлығы 309 іргелі аталық ру болады екен.**

Әкселеу Сейдімбек.
«Қазақтың ауызша тарихы»
монографиясы негізінде қорытылды.

ҚАЗАҚ ЭТНОҚҰРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ

Жеке адам - әке мен шешесінің ғана перзенті емес, сонымен бірге белгілі этностың мүшесі және де сол этностың әрі қарай бөлшектенбейтін ең төменгі құрылымдық шегі.

Жанұя - жеке отбасы, үй іші бір шаңырақ астындағы жандар, яғни әке-шеше, бала, немере, келін бірлестігі.

Әулет - қазақ этноқұрылым сатысындағы жанұядан гөрі іріленген сатысы. Жеті атаға жетпейтін ұрпақтар желісі, яғни бір атадан өрбіген бірнеше жанұя.

Аталастар - ұрпақ сабақтастығы ұзарып, түпкі атадан өрбіген үрім-бұтақтың қанат жаюы, яғни қандас-туыстас бірнеше әулет бірлестігі. Қазақ дәстүрінде жеті атаға толғаннан кейін қыз алысу қағидасы басшылыққа алынады.

Ру - аталастардан гөрі іріленген этноқұрылымдық саты, яғни қандас-туыстығы әртекті бірнеше аталас әулеттердің әлеуметтік-саяси бірлестігі.

Ескерту: Ағайын арасы жеті атаға толған соң енші алып, жеке ру атын алып шығатын дәстүр туралы қазақ этнограф, тарихшы ғалымдары арасында екі түрлі пікір қалыптасқан. Бірі жеті атадан соң енші бөлісіп, ру атын иеленеді десе, екінші тобы он үш атадан соң барып, ру атын иеленеді деген тұжырымды қуаттайды. Бұл жайында алдағы тарауда жарияланып отырған пікірлерде танысасыздар.

Тайпа - қазақ этноқұрылымының рудан гөрі іріленген сатысы, яғни бірнеше аталық рулардан құралған әлеуметтік топ яғни рулар бірлестігі.

Жүз - қазақ этноқұрылымының ең ірі әлеуметтік саяси және әкімшілік- аумақтық жаралымы, құрылымы яғни бірнеше тайпа бірлестігі.

Қазақ халқы- жүздік және жүзден тыс этноқұрылым аясындағы "Мен қазақпын" дейтін барша адамдардың қауымдастығын, жиынтығын білдіреді.

***

Қазақ хандығы жасақталу барысында ұлттық-мемлекеттік негізді бекемдеу үшін ру-тайпалық құрылым жаңаша жүйеленді. Осыған орай, ел ішіндегі әлеуметтік қатынастарды реттеу жүйесі қалыптастырылды. Дәстүрлі қазақ қоғамында әрбір әулеттің, атаның, рудың, жүздің өз нокта ағасы, өз аға баласы, өз қара шаңырақ иесі болған. Төмендегі деректерге көз салыңыздар:

ҰЛЫ ЖҮЗ
Ноқта ағасы – Жалайыр.
Аға балалары – Ошақты.
Қара шаңырақ иесі – Албан.

ОРТА ЖҮЗ
Ноқта ағасы – Тарақты.
Аға балалары – Арғын.
Қара шаңырақ иесі – Қыпшақ.

КІШІ ЖҮЗ
Ноқта ағасы – Табын.
Аға балалары - Әлім (қаракесек).
Қара шаңырақ иесі – Шөмекей.

КАЗАХИ

Казахи (самоназв. – казах) – народ, проживают в основном в Республике Казахстан и соседних странах (Российской Федерации, Монголии, Китае, Кыргызстана, Узбекистане, Афганистане, Туркменистане, Таджикистане). Верующие – мусулмане – сунниты.

Происхождение казахов связано с древним ираноязычным населением Средней Азии и Казахстане и кочевыми тюркоязычными племенами – гуннами, жуан-жуаниями, теле, тюргешами, азгешами и др. Тюргеши и родственные им азгеши (по-тюрк. азкиши) проникли, по данным арабских авторов раннего средневековья, в горы Кавказа и расселились рядом с абхазами.

Ведущую роль в их образовании сыграли кипчакско-кимакские племена. В 9-10вв. кимакские ханы, захватив земли кипчаков, образовали Кимакский каганат. В этот же период происходит захват кипчаками куманских и печенежских земель. Куманские племена сиру-калпеев, боро и др. переселяются в Восточную Европу, занимая в т.ч. степи Северного Кавказа.

В 10 в. происходит вытеснение из Приуралья огузских племен, которые были вынуждены перекочевать в места кочевья печенегов и куманов. Смешение огузских (или узских) племен с куманами и печенегами привело к образованию в южнорусских степях тюркоязычных племен – берендеев, черных клобуков и торков, сыгравших большую военно-политическую роль в истории древнерусского государства. Некоторая часть этих племен в начале позднего Средневековья известна под именами черкасов, бурчевичей и др.

***

ЭТНОГЕНЕЗ И ЭТНИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Род (берены) вероятно был многочислен и влиятелен, потому что имя его иногда распространилось на всех печенегов, даже когда уцелевшая часть этого народа находилась уже в Венгрии: в 1334г. угорский король послал Ярополку в помощь от себя «берендичев 30 тысяч» (Ипат, личность, 316, по цитате г. Житецкого). Летописные коункун , коусы и могут быть тождественны с костями кый и кобый (ковый, коуй) у нынешних шорцев и сагайцев. Кость кобый держится ныне на р. Кобур не от этой ли реки имя кабаров, хозарского племени, которое, по Константину Багрянородному, вследствие междуусобий оставило Хозарию и присоединилось к мадьярам; имя этих кабаров удержалось в названии местности Кабарда и в имени (кабардинцы) той части аборигенов западного Кавказа, которая получила от тюрков свою аристократию (княжеские фамилии), некоторые обычаи и склонности, а также много тюркских слов в свое наречие. Можно подозревать, что и самое имя черкесов принесено к подножиям Кавказа союзом тюрских родов того же имени, в состав которого входили кабар, кобый и коюс: в числе делений рода Малой орды черкес или серкеш есть (по Казанцеву, как будет приведено ниже) ветвь куюс. Город Боруч времен печенегов и торков, между Днепром и Сулою, напоминает своим именем род Малой орды бирюч (берш, берч). Что касается позднейшего общего для осевших в южной Руси печенегов, торков и пр. летописного названия черные клобуки, соответствующего тюркским кара-калпакам, то может быть и правы те ученые, которые производят кара-калпаков от печенегов, отличавшихся (по заверению Вамбери, согласно венгерским летописцам и арабским писателям) высоким ростом и бородатостью, подобно нынешним кара-калпакам.

Николай АРИСТОВ.
222-стр.

ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІ. ЭТНИКАЛЫҚ АУМАҚ

Кез келген этноәлеуметтік организмнің (ЭӘО) өз аумағы шегінде экономикалық байланыстардың белгілі бір қауымдастығы болады. Қазақ халқы мен оның этникалық аумағының құрылу, қалыптасу дәуіріндегі белгілі бір шаруашылық-мәдени үлгі (ШМҮ), этносаяси процестер негізінде қалыптасқан ірі этноаумақтық тайпалар бірлестіктері (немесе одақтары) – жүздер этноәлеуметтік организмнің жоғары санаттарының бірі болды. Қазақтар тарихындағы мұндай бірлестіктер – Ұлы жүз, Орта Жүз және Кіші жүз.

Жүздер халқының негізгі кәсібі Еуразия далаларында ерте заманның өзінде-ақ қалыптасқан өзінше бір шаруашылық-мәдени үлгі – көшпелі мал шаруашылығы болды. Ал егер этносаяси процестер жайында айтар болсақ, олар Қазақстан аумағындағы мемлекеттік құрылымдардың тарихымен, бірін бірі ауыстырумен байланысты, ол жөнінде алдыңғы тарауларда жеткілікті дәрежеде айтылды.

Жүздердің пайда болу себептері туралы әдебиет көп, бірақ олардың ең ертеректе айтылуы XVII ғасырдың аяғына жатады. Жүздердің тарихымен көптеген зерттеушілер айналысты және айналысып келеді, ал бұл мәселе жөніндегі пікірлер әр түрлі. Мысалы, С.А. Аманжолов ертедегі қазақ жері үш жүзге моңғолдарға дейінгі кезеңде – X-XII ғасырларда бөлінді деп санайды. Н.А.Аристов бұл процесті жоңғар шапқыншылығы дәуірінде жатқызды. Ш.Ш.Уәлиханов қазақтардың «үш жүзге» бөлінуі «...өздері көшіп жүретін жерлерде өз құқықтарын қамтамасыз ету үшін одақтар құрған...» «аласапыран кезге» (Алтын Орданың ыдырау кезеңіне. – ред.) байланыстырады.

Ш.Ш.Уәлихановтың жүздер пайда болуының себептері, уақыты туралы пікірі шындыққа мейлінше жақын, оған кейінгі тарихшылардың көзқарастары да жақындайды. В.В.Бартольд жүздерінің пайда болу себебін қоршаған табиғатқа байланысты көшпелі мал шаруашылығын жүргізу жағдайларының айырмашылығында деп біледі. Осындай аудандардың бірі –Жетісу мен Сырдарияның орта ағысы, екіншісі – Сарысу өзені мен Сырдарияның төменгі ағысы, үшіншісі – қазіргі Батыс Қазақстан аумағы болатын. В.В.Бартольдтің пікірінше, жүздердің құрылыуына да осылайша оқшаулану себеп болған.

В.В.Бартольдтің пікірін М.Вяткин қолдап және одан әрі дамытып, географиялық фактормен қоса саяси процестер де зор рөл атқарғанын айтты. «Жекелеген ордалардың ерекше саяси одақтар ретінде қалыптасуын...» М.Вяткин XVI ғасырдың аяғына жатқызады.

«Бізде, - деп жазады Т.Сұлтанов, - жүздердің қашан және қалай құрылғаны туралы нақты мәліметтер жоқ. Шығыстың азын-аулақ деректемелерінде қазақтар туралы еш нәрсе айтылмайды». Бұдан кейін Т. Сұлтанов XVI ғасырдың екінші жартысына қазақ қоғамы ұйымдасуының бір нысаны екінші нысанымен – Ұлыс жүйесінің жүздермен біртіндеп ауысуы орын алған деп жорамалдайды.

«Жүз» терминінің шығу тегі туралы нақты пікір және қазақ жүздерінің пайда болу уақытын анықтаудағы үйлесімді келісім осы кезге дейін болмай отыр.Қазақстан тарихының осы күрделі де маңызды проблемаларын ашу мен шешу бөлігі, міне, осында жатқан болуы мүмкін. Көптеген зерттеушілер қазақ «жүзін» арабтың «джуз» - бір нәрсенің «басты бөлігі», «тармақ» деген сөзімен сәйкестіндіреді. Алайда араб деректемелерінде тайпалар одақтары (бірлестіктері) аумақтарының бір бөлігі ретіндегі жүздер туралы ешқандай мәліметтер жоқ. Олар орта ғасырлардың аса ыждағатты тарихшылары Рашид ад-Дин (XIII-XIV ғғ.) мен Фазлаллах ибн Рузбиханидың (XV-XVIғғ.) шығармаларынан да табылмайды.

Махмұд бен Уәлидің 1634-1641 жылдарда жазылған шығармасында Шайбани хан өлгеннен кейін оның ұлы Баһадұр «осы ел мен ұлысқа басшылық ете бастады» делінген. Және одан әрі: «...ол қыстауы мен жайлауы үшін Ақ Орданы таңдап алды, ол әрі Иуз-Орда ретінде де белгілі», - дейді.

В.П.Юдин Йуз-Орданы қазіргі қазақтардың «жүз-ордасына» теліп, бұл арада ертеде «йуз» терминінің болғаны туралы айтылуы мүмкін, бірақ оны жүздер уақытымен ешбір байланыстыруға болмайды дейді.

«Йуз-орда» - «жүз орда» қоғамның ұйымдық құрылысын көрсететініне және өткен кездерге мұқият шолу жасау оның түп-тамыры Еуразия далалары кеңістігіндегі ертедегі мемлекеттердің құрылысында жатқанын анықтауға мүмкіндік беретіні күмәнсіз. Б.з.б. III ғасырдың аяғы – б.з. II ғасырдың басында күш-қуаты кемеліне келген Ғұн державасы екі бөлікке – шығыс және батыс бөліктеріне бөлінген 24 тайпаның одағынан құралған. Әрбір тайпаның өз жері болған. Ең маңыздысы істер жалпы көсемді де сайлайтын жалпы ғұн кеңесінде шешілген. Ғұн әскерін ондықтарға, жүздіктерге, мыңдықтарға бөлу сол кездің өзінде-ақ қалыптасқан.

Мемлекетті екі бөлікке бөлуді ғұн әскерлері құрылысының ондық есебімен бөліну жүйесін жуан-жуан тайпаларының қуатты одағы ,ертедегі түрік қағанаты қабылдаған. Батыс түрік елінің толис-тардуш, екі қанаты жүйесі моңғол қоғамы ұйымының негізіне алынған Шыңғысхан өз империясының, соның ішінде жаулап

алынған жерлердің де әскери жүйесінің негізіне аумақтық және рулық тұрмыс негізін қалады: шаңырақтардан жүздер, мыңдар, он мыңдар құралды. Моңғолдардың ескі ғұрпы бойынша әскер үш бөлікке: орталық – кәль, сол қанат немесе сол жақ қол (шығыс жағы) – зюнгар, оң қанат немесе оң жақ қол (батыс жағы) – бәрунгар бөліктеріне бөлінген.

Боғыршыны оң жақ қолдың (батыс жағының) билеушісі қызметіне тағайындаған кезде Шыңғысханның төменде келтіріліп отырған «... түменбасы бол да, осы батыс жағын алтын тауларға (яғни Алтайға дейін) басқар» деген сөздеріндегі «түменбасы» (он мыңдық әскер корпусының командирі) сөзіне назар аударыңыздар. Мұқалиды ол сол жақ қолдың (шығыс жағынан) түменбасы етіп тағайындаған.

Бұл арада «түменбасы» деген сөзді Шыңғысхан оның сөзбе-сөз мәнінде емес (қанатқа бірнеше корпус енген), қайта әскери-аумақтық шен мағынасында қолданған.

Мұндай әскери мағынадағы әкімшілік-аумақтық бөлініс Алтын Орда ыдырағаннан кейін де сақталған және қазақ халқының этногенезі мен құрылуы кезеңінде де сақталғаны күмәнсіз. Кезінде Ақ Орданың Жошы ұрпақтарының сол қанаты болғанын айтудың өзі жеткілікті. Баһадұр кезінде ол Иуз-Ордаға сәйкес келеді – бұрынғы ондық жүйе сақталады.

Сонымен Алтын Орданың ыдырауы мен жаңа этноәлеуметтік организмнің құрылуы кезеңіндегі әскери-аумақтық құрылымдардың шамамен алынған схемасы мынадай болған (кеми беретін рет бойынша): Орда – қанат (жақ) – йуз-жүз (жүздің – қанаттың әлдебір бөлігі мағынасында). Уақыт өте келе моңғолдардың үшке бөлінген әскери-аумақтық ұйымының орнын этноаумақтық құрылымдар басып, оларда экономикалық-географиялық және этносаяси факторлар ұйымдастыру негізіне айналады, бұл Иуз-Орда мысалынан көрінеді. Жүзге бөліну принципі кейінгі мемлекеттік құрылымдар мен Қазақ хандығының негізіне алынған.

К.А.Пищулина Ақ Орда мен Моғолстан кезеңінде (XIV ғасырдың екінші жартысы – XV ғасырдың бірінші жартысы) сол мемлекеттер тайпаларының этникалық тұрақтануы орын алды және «Қазақстан халқы этникалық жағынан барған сайын біртекті, көпшілігі түрік тектес болды...» деп жазады.

Қазақстан халқының XIII ғасырда моңғолдардың шапқыншылығы үзген этносаяси және шаруашылық-мәдени даму дәстүрлері қайта жанданып, екі қазақ жүзінің (Ұлы (Жетісу және Моғолстанның басты бөлігі) және Орта (Орталық Қазақстан және Оңтүстік Қазақстанның кейбір аудандары) жүздерінің қалыптасу орталықтарына айналды. Бұған үшінші орталық – Кіші жүз қалыптасқан Батыс Қазақстанды да қосу керек.

Алтын Орда ыдырағаннан кейін Маңғыт ұлысы едәуір салмаққа ие болды, ол Едігенің мұрагерлері кезінде (XV – XVI ғғ.) бұл ордада ноғайлар санының өсуі себепті Ноғай Ордасы деп атала бастады, оның осындай салмақ алуы маңғыттардың, моңғол тайпаларының біржол түріктенуіне әкеп соқты. Ноғай Ордасына түрік тайпалары: қыпшақтар, қаңлылар, қоңыраттар, керейіттер, наймандар, арғындар және басқалар, яғни қазақ халқының құрамына кірген тайпалар ұйытқы болды. Қазақтар мен ноғайлар тілдерінің жақындығы емес, материалдық және рухани мәдениеті де туыстастырады. Бұл этностардың жері де шектес болатын: «... Хвалын теңізі мен Астрахан арасында қазақ ордалары және Жайықтың басынан Еділге қарай үлкен ноғайлар орналасқан. Ноғай Ордасындағы XVI ғасырдың екінші жартысындағы өзара қырқыстар Ноғай Ордасының ыдырауына, олардың бір бөлігінің Кавказға (Кіші Ноғай Ордасы немесе Қизи ұлысы) көшіп кетуіне әкеп соқты, ал Жайық өзенінде қалған ноғайлар (бұрын 1563 жылы бекзада Жүсіптің балалары өлтірген сұлтан Ысмайылдың қол астындағылар) қазақ халқының құрамына және оның этноаумақтық бөлігі – Кіші жүзге кірді.

Қазақтардың рубасыларының сөздерінен жазып алынған әскери қызмет атқарған адамдардың хабарларын деректі деректемелер тобына жатқызып, оларды өткен ғасырларға (мәселен, XVI-XVII ғасырларға) аударуға болады, өйткені көшпелі қоғамның рулық-тайпалық құрылымы тіпті өзгерген түрінде де өздерінің негізгі сипаттамаларын сақтап қалады, ал олардың сыртқы көрінісі – рулық схеманың негізгі таксономикалық деңгейлері өзгермейтін қасиеті болады.

Әскери қызмет атқаратын адамдар Т. Петров пен И.Куниццинің Қалмақ даласына барған кезінде көргендері туралы «сұрап алынған сөзінде»: «... қазір Қалмақ жерінде қазақтардың Үлкен ордасы мен Қырғыз ордасының бодандықта екенін және оларға құлақ асатынан көрдік...». Бұл хабар 1616 жылы айтылған және қазақтардың Үлкен (Ұлы) ордасы туралы ең ертеректегі айтылған сөз болып табылады.

Егер Үлкен орда болса, оның антиподы – Кіші орда өзінен-өзі сұранып тұрады. Тарихта мұндай мысалдар болған – Ноғай Ордасы ыдыраған кезде екі: Жайық өзенінде – Үлкен, ал Солтүстік Кавказға кеткендерден Кіші ноғайлар (Кіші Ноғай Ордасы немесе басшысының атымен Қази ұлысы) құралғанын-ақ еске алайық.

1731 жылдың аяғында қазақтардың бодандығы туралы келіссөз жүргізу үшін Кіші жүзге келген тілмаш М.Тевкелев Бокенбай батырдың айтуынан: «... Қырғыз-қайсақ ордасы үш бөліктен, атап айтқанда: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүзден (Үлкен орда, Орта орда, Кіші орда) тұрады» деп жазып алған.

Орынбор экспедициясының (1734) бастығы И.Кирилловтың хабарында қазақ жүздері туралы жалпы түсінік бар.

XVIII ғасырдың аяғындағы құжаттарда қазақ жүздері туралы мейлінше толық түсініктер бар, оларды негұрлым ертеректегі ғасырлар туралы айтқанда келтіруге болады, өйткені қазақтардың этникалық жерінің қалыптасуы – ұзаққа созылған процесс және ол алдыңғы ғасырлар ішінде жүріп жатты.Тайпалар шекараларының тоғысқан жерлерінде әлдебір өзгерістер болуы мүмкін, бірақ жүздердің аймақтары, олардың сипаты сақталып қалды, өйткені жүздер, жинақтап алғанда, қазақ халқының біртұтас аумағы болып табылатын, салыстырмалы болса да, тұрақты этноаумақтық құрылым.

Қазақстан тарихы. 2-том.
Алматы. «Атамұра» 2010.
308-311-беттер.

Ұлы жүз тайпалары:

Тайпа, ру аты	Ұраны	Таңбасы
Қаңлы	Бәйтерек	Шылбыр, көсеу
Қатаған (Шанышқылы)	Айырылмас	Қолтаңба
Жалайыр	Қабылан	Тарақ
Сіргелі (Ойсыл)	Тоғанас	Сірге, Құрай
Шақшам	Майемген	Жебе
Сарыүйсін	Байтоқ	Абақ, ашамай
Шапырашты	Қарасай	Ай, тұмар
Ысты	Жауатар	Көсеу, шылбыр
Ошақты	Бақтияр	Тұмар
Албан	Райымбек	Абақ
Суан	Байсуан	Дөңгелек
Дулат	Бақтияр	Дөңгелек, Абақ

Орта жүз тайпалары:

Тайпа, ру аты	Ұраны	Таңбасы
Арғын	Ақжол	Көз
Қыпшақ	Ойбас	Қосөліп
Найман	Жалбағай, Қаптағай	Үшкіл, шөміш
Қоңырат	Алатау, Мұлқаман	Босаға
Керей	Ошыбай, Қарақожа	Ашамай, абақ
Уақ	Жаубасар, Бармақ	Бақан, ашамай
Тарақты	Жауқашар	Тарақ

Кіші жүз тайпалары

Бұлар үш атадан тұрады

1.Әлімұлы 2.Байұлы 3. Жетіру

Әлімұлының таралуы

Тайпа, ру аты	Ұраны	Таңбасы
Кете	Майлыбай	Ілгек
Қаракесек	Ақпан	Нәлі, босаға
Шөмекей	Дейт	Тостаған
Қарасақал	Алдажар	Балға
Төртқара	Айыртау	Балға, ашамай
Шекті	Бақтыбай	Тостаған, бұрыш

Байұлының таралуы:

Тайпа, ру аты	Ұраны	Таңбасы
Шеркеш	Шағырай	Бақан
Ысық	Бәйтерек	Дөңгелек
Масқар	Қаратай	Бұрыш
Алаша	Байбарақ	Шылбыр
Тана	Тана	Әліп, көсеу
Байбақты	Дәуқара	Балға
Қызылқұрт	Жиенбай	Қос әліп
Таз	Төремұрат	Қамшы
Беріш	Ағатай	Тостаған, тұмар
Адай	Бекет, Тегелен	Садақ
Есентемір	Алдоңғар	Бақан
Алтын-Жаппас	Баймұрат	Түйемойын

Жетірудың таралуы:

Тайпа, ру аты	Ұраны	Таңбасы
Төлеу	Ханзада, Тұлпар	Балға, шылбыр
Рамадан	Дулат, Қайғылым	Шөміш
Тама	Қарабура	Қос әліп, тарақ
Кердері	Қожахмет	Тостаған
Керейіт	Ақсақал, Айтым	Шылбыр, қылыш
Табын	Сөрке, Тостаған	Тарақ, көсеу
Жағалбайлы	Малатау	Балға

Жүзге кірмейтін қазақ рулары:

Тайпа, ру аты	Ұраны
Қожа	Қожа Ахмет
Қорасан	Шайбани
Бақсайыс (Төре)	Абылай
Төре	Абылай, Саңқай
Сунақ	Әбілғазы (Сунақ ата)
Көлеген	Ұршатай
Төленгіт	Орақ
Қараша	Қарашық
Қатаған	Қатаған
Дүрмен-Барлас	Темір
Баршылық	Бахадүр
Маңғытай	Қаратау
Моғалтай	Қайрақты
Қоңырат (Байсын)	Алпамыс
Қыпшақ	Қобыланды
Тарақты	Ақжол
Ноғайлы	Айдархан
Алтай-Қарпық	Алтай
Қалпақ	Қарақат
Қырғызәлі	Шолпан Ата

АНДА

Шәкәрім Құдайберді:

Қазақтың **құда – анда, құдандалы** деген сөздері бабаларымыздың осы **қандас – қарындас** деген сөзінен шыққан.

* * *

Андаласқан Алаштың ұлдары түркілер бірін – бірі танымаса да, білектерін қос пышақпен (қос қанжармен), алдымен өз қанжарымен өз білегін, сосын бірінің білегін бірі тіліп, білектерін айқастырып сүтке яки қымызға тамызып ішіп, бауырмалдық антын беретін болған. Оны **анда** дейді.

Андалық бауырмалдық антын ант қабылдаған алаштың ұлдары ой бірлігі, іс бірлігі, тіл бірлігі қағидасын ұстанып, бірін – бірі сатпай, бір ана, бір атаның баласынан да жақын болып, талай жорықтарды бастарынан кешіріп, өз өрістерін кеңейтіп, өз елін әрқашан қастерлеп өткен.

* * *

Андалық бірлік дегеніміз – қан бірлігі, жан бірлігі, рух бірлігі. Мұны Алаштық қағиданың үш бірлігінің таңбасы дейміз.

Төменде белгілі этнограф Қалдыбай Әбеновтің зерттеулері нәтижесінде қалпына келтірілген таңба белгілердің үлгісімен танысыңыздар.



1. Алаштың таңбасы
2. Алаш дарағы
3. Қазақ дарағы
4. Қазақтың бірлік таңбасы (Үш бірлік қағидасы үш жүздің ынтымағының белгісі)

КІШІ ЖҮЗ



А Л Ш Ы Н

Кіші жүз ру – тайпаларын жинақтап «Алшын» деп атау шежіре сөзінде жиі ұшырасады. Ауызекі шежіре сөзінің түпті текке қатысты дерегі, әдетте, көп нұсқалы (көп вариантты) болып келеді. Мұндай шежіре деректерінің ең жиі қайталанатын, яғни ел ішіне ең кең тараған нұсқасын негізге алудан басқа амал жоқ. Шежіре дерегі қаншалықты көп нұсқалы болса да, сол көп нұсқалардың бәрінің түпкі идеясы бір жерден шығып жатады. Ол – ұлтты ұйыстыруға бағытталған ұлы бірлік идеясы. Сондай идеяның айқын бір айғағы – исі Кіші жүз ру-тайпаларын бір ғана Алшыннан өрбітетін шежіре дерегі.

Ел ішінде кең тараған шежірелік баян бойынша Кіші жүз Жанарыстан (Бекарыс деп те атайды) – Ордаш, одан – Мөңке, одан – Шаншар, одан – Тұлпар, одан – Тоқпан, одан – Алау, одан – Алшын туады Алшыннан – Нәдірқожа, Қыдырқожа, Сәдірқожа туыпты мыс.

Алшынның бірінші баласы Нәдірқожадан – Қаракесек туады. Сол Қаракесектен өрбіген ұрпақ ішінде тайпа дәрежесіне көтерілгендері: шекті (жаманақ), төртқара (қарамашақ), қарасақал (айнық, тегінболат), қаракесек (ұланақ), кете (бозаншар, тойқожа, түменқожа), шөмекей. Бұл алтауын жинақтап, «Әлімұлы» дейді.

Алшынның екінші баласы Қыдырқожаға мал көп біткен адам екен, сонысына орай былайғы жұрт оны «Бай» деп атап, одан өрбіген ұрпағын да «Байұлы» деп кеткен. Сол Қыдырқожадан – Сұлтансиық, Қыдырсиық, Бақтысиық туған. Сұлтансиықтан - Байбақты, Алаша, Масқар, Тана, Қызылқұрт туады. Қыдырсиықтан – Ысық, Жаппас, Беріш, Таз, Есентемір, Шеркеш туады. Осыларға қыздан туған Адай қосылса, «Он екі ата – Байұлы» болады.

Алшынның үшінші баласы Сәдірқожадан – Арғымақ, одан – Телеу, Рамадан, Табын, Тама, Кердері, Керейт, Жағалбайлы туған. Бұл жетеуін жинақтап «Жетіру» деп атайды.

Міне, «Алта ата Әлім», «Он екі ата Байұлы», «Жеті ата Жетіру» дейтіні осылар.

Ел ішінде кең тараған келесі бір шежіре дерегінде сәл өзгешелік бар. Онда Кіші жүз Жанарыстан – Ордаш, одан – Мөңке би туып еді деп келеді де, Мөңкеден – Арғымақ пен Алау туған дейді. Арғымақтан – жеті ата Жетіруды өрбітеді. Алаудан – Алшын, одан – Қыдыуар тентек туған дейді. Қыдырдан – Қыдырқожа, Қадырқожа туады. Қыдырқожадан – он екі ата байұлын өрбітсе, Қадырқожадан – байсары, әлім, шөмен бұтақтары таратылады.

***

АЛШЫН. 1. Кіші жүз руларының жиынтық атауы – алшын. Шежіре дерегінде Кіші жүз Бекарыс – Ордаш – Мөңке – Шаншар – Тоқпан – Тұлпар – Алау – Алшын болып таратылады.

2. Орта жүз арғын ішінде он екі ата атығай руының бір атасы бағыстың әйтімбет әулетіне ертеден сіңісіп кеткен Кіші жүздің алшындары бар. Шежіре дерегі бойынша бағыс ішіндегі алшындар өздерін байұлынан өрбіген Малтабар, Жапақ аталарынан бері қарай таратады. Жапақтан – Жазық, одан – Күсеміс, Төлеміс, Ханты болып өрбіген.

Атығай-бағыс ішіндегі алшындар Абылай ханның төңірегінде болып, XVII-XIX ғасырларда Қызылағаш деген жерді қоныс еткен.

***

АЛШЫН- Қарағанды облысының Шет ауданындағы тау және сол тау бөктеріндегі қыстау. Шерубай, Нұра өзені мен Бұғылы таулары аралығындағы қыстау - ру атынан қойылған атау. Алшын тауының биіктігі 700 метрдей.

Қостанай облысының Денисов ауданында да Алшын (Алшановка) деп аталатын елді мекен бар. Бұл жерде күні бүгінге дейін Кіші жүз руларының адамдары тұрады.

Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында Алшын деп аталатын қыстау бар. Алшынсай – Ақтөбе облысындағы құмды алқап. Жем өзенінің бойында Байғанин ауданында. Ұзындығы 20 км, ені 3-5 км.

«Алшын руының сайы» мәніндегі атау.

ҮШ СИЫҚ. Алшын деген жалпы атаумен белгілі Кіші жүз рулары өз ішінде он екі ата Байұлы, алты ата Әлім, Жетіру болып бөлінеді. Осылардың Он екі ата Байұлына (кейбір шежіре деректерінде одан да көп) ұйытқы болған шеркеш, шенеш, ысық, масқар, алаша, тана, асқар-байбақты, әлке-қызылқұрт деп аталатын сегіз рулы шежіре деректері «Үш сиық» деп атайды. Ол үш сиықты өз ішінде сұлтансиық, қыдырсиық, бақсиық деп таратады.

Байұлының құрамындағы мұнан басқа беріш, есентемір, таз, алтын, жаппас, адай рулары үш сиыққа кіргізілмейді. Яғни үш сиыққа жатпайтын бұл рулар Байұлының құрамына Қазақ хандығы ел болып ұйыса бастаған кезде қосылған болу керек.

***

Кеңес өкіметі жүргізген 1923 жылғы халық санағының және сол кездегі Өзбекстанды аудандастырудың материалдары бойынша Өзбекстандағы Орта-Зарабшан округінің Кермине, Хатыршы, Нарпай аудандарында, Бұхара округінің Багауетдин ауданында, Самарқанд округінің Ақдария ауданында, Қоқанд округінің Бағдат ауданында, Қашқадария округінің Қассан ауданында Алшын деп аталған шаруашылық бірлестіктері болған.

Ақселеу СЕЙДІМБЕК.
«Қазақтың ауызша тарихы»

БАТЫС ӨЛКЕМІЗДІҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ

Ежелгі жазба деректері не дейді?

Елі мен жерін мақтаныш етпейтін адам кемде-кем. Қазақтың даласы ұлан байтақ әрі қойнауы қазына байлыққа толы деген сөз жиі айтылады. Осы сөздерді естіген сайын мәртебеміз өсіп қалады. Бұл- заңды құбылыс. Кейінгі кезде ежелден келе жатқан ата қонысымызға байланысты әр қалай бұра тартқан сөздерді, орынсыз топшылауларды естіп жүрміз. Тарих маманы ретінде ежелгі жазба деректерге сүйене отырып, осындай аса маңызды мәселеге байланысты кейбір нақты ойларымызды ортаға салсақ дейміз.

Мен - орта ғасырдағы, тіпті одан арғы кездердегі араб және парсы жазба деректерін біршама зерттеген адаммын. Зер сала қарап отыратын болсақ, қазіргі батыс өлкелеріміздің IX-XII ғасырлардағы саяси этникалық және сол жерлерді қоныс еткен тайпалар жөнінде аса құнды мағлұматтар өте көп кездеседі. Қазіргі жағдайда соларды ой елегінен өткізіп, пайымдап қоюдың еш артықшылығы жоқ.

VIII ғасырда, IX ғасырдың басында бүгіндегі Сырдария өңірі мен Арал алқаптарында өзіміз тарихтан жақсы білетін пешенег тайпалары өмір сүрген. Содан бері арада қаншама уақыт өтсе дағы мұндай мағлұматтар жеткізіп отырған жазбалар шынында да керемет қой. Осы пешенегтер IX ғасырдың ортасынан былай қарай оғыз, кимек және қарлұқ тайпалары одағымен арада болған шайқаста жеңіліске ұшырады. Жеңістің аты жеңіс, оғыздар Сырдария бойлары мен Арал өңірлерін мекендеген пешенегтердің жеріп басып алып, шекарасын сонау батыстағы Жайық өзеніне дейін ұлғайтады. Осы жаугершіліктің салдарынан пешенегтер батыс солтүстікке қарай жер ауып, Ембі (Жем) мен Еділ өзендерінің аралығын қоныс етуге мәжбүр болады.

Сол заман тарихшыларының жазбаларына одан ары үңіле түссек, Әл Бакри "Хұдұл әл-алам" атты еңбек қалдырған белгісіз ғалым, Гардизи Әл- Марвазилер әңгіме етіп отырған дәуірді зерттей келіп, пешенегтердің солтүстігі мен шығысында қыпшақтар мен оғыздар қоныстанса, оңтүстік батысы мен оңтүстігінде хазарлар, ал батысында славяндар шекаралас жатқан деп атап көрсетеді.

Араб және парсы географтары мен тарихшыларының жазбаларын оқып отырсаңыз, "осы халықтардың бәрі пешенегтерге жан-жақты шабуыл жасап, жаулап алып, құлдыққа сатуға алып кетіп отырған" деген сөздерге кездесесіз. Ал IX ғасырдың екінші жартысында қыпшақтар мен пешенегтер Оңтүстік Орал мен Арал алқаптарының арасында қатар көшіп-қонып жүрсе, оғыздар мен кимек тайпалары қоныстас отырған.

Осындай көшіп-қонып жүргенімен ара-тұра кантөгістер де болып тұрған. IX ғасырдың аяғында оғыздар мен хазарлардың тайпалық одағы пешенегтерді аяусыз қырып, Еділ мен Жайықтың арасын басып алады. Бұл жаугершіліктің салдарынан пешенегтер тайпасының басым көпшілігі Оңтүстік Шығыс Еуропа мен Кіші Азияға жер ауып кетсе, өз қоныстарында қалғандары оғыздар мен қыпшақ-кимек тайпаларының құрамына енуге мәжбүр болады.

X ғасырдың басында қыпшақ, кимек және оғыз байларының қоныстары, негізінен, Орал, Арал және Каспий далаларында жатқан. Олардың сол замандағы қоныстары мен шекараларын араб географтарының орта ғасырға дейін жасаған карталарынан айқын көруге болады. Мысалы, әл-Истахридің X ғасырда жасаған Дүниежүзілік картасында кимектер Арал теңізінің /Бұхайрат ал-хворизм/ солтүстігі мен батыс солтүстігінде тіршілік кешкен. Ибн хаукалдың картографиялық мәліметтерінде X ғасыр оғыздардың қонысы Каспий теңізінің /Бахр ал-Хазар/ шығыс солтүстігі мен Арал теңізінің солтүстігі. Әл Истрахидің қазақ даласының батыс өңірлерінде өмір сүрген халықтар мен тайпалар туралы жазған кітабында әр түрлі деректермен қатар түркі этностары жайлы келтірген этнолингвистикалық мәліметтері өте құнды. Ол «түркілерді алсақ, олар тоғыз-оғыз, қырғыз, кимек, оғыз және қарұлқтар , бұлардың тілі ортақ, бірін-бірі жақсы түсінеді деп жазады. Хазарлар да пешенегтер сияқты түркі тілдес тайпаларға жатады.



Тиянақты көңіл бөліп зерттей білсек, тарихтың қилы-қилы қатпарларында жатқан деректер көп. X ғасыр шамасында Каспий теңізінің солтүстік-батыс жағалауы мен Маңғыстау аумағы /Сиях-кух/ хазар қоғамдарының иелігіне көшеді. Бұл жерлерден Еділ мен Хорезм арасындағы маңызды сауда жолы өтетін еді. Бұл жол Шығыс Еуропа мен Орта Азия мемлекеттерін жалғастырып, Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия жерінен өтетін халықаралық сауда мен елшіліктің арнасы Жібек жолымен байланыстыратын керуен жолы болатын.

Байқап қарасаңыздар, біз зер салып отырған дәуір қазіргі қазақ жерінің аймақтарында өткен тарихи оқиғалардың едәуір бөлігін қамтып, көне түркі қоғамының саяси әлеуметтік даму барысын, одан IX ғасырдағы кимек, оғыз және қарлұқ мемлекеттердің құрылу барысын айқындайды.

IX ғасыр тарихшысы әрі географы әл - Якубидің еңбектері де тарихи этнографиялық деректерге өте бай. Оның аса білімділігі мен мағлұматтардың барынша дәлдігін атап айту орынды. Ол: «Түркістан мен түркілер бірнеше мемлекет /мамалық/ пен халыққа, оның ішінде қарақұлық тоғыз-оғыз, кимек және ойыз болып бөлінеді, әр тайпаның жеке мемлекеті бар»,- деп жазады.

Оңтүстік Оралда қыпшақтар башқұрт тайпаларымен шекаралас отырған.Башқұрттардың сол өлкеде өмір сүріп, Багиад өзенінің бойын қоныс еткеніне /бәлкім қазіргі Явоид өзені шығар/ X ғасырдағы араб саяхатшысы Ибн Фадлан куәлік етсе, оның шығысын қыпшақтардың қоныс еткенін парсы тарихшысы Гардизи /XI ғ/ жазып кеткен. Олардың мәдениеті мен тілдерінің ұқсас болып кетуі осы қоян-қолтық қарым-қатынастан қалған. Аңыз әңгімелерде башқұрттың батыс тайпаларының қыпшақтардан енші ала отырып, моңғол шапқыншылығынан көп бұрын Орал өңірін қоныстанып кеткені айтылады.

Кимектер мен оғыз тайпаларының қыстаулары мен жайлауларының Ембі, Жайық өзендерінің аралығында болғандығын әл-Масудидің /X ғ./ еңбектерінен кездестіреміз. Кимектер мен қыпшақтардың, оғыздардың шекаралас, этникалық-мәдени қарым -қатынаста болуы олардың рухани өмір-тіршілігінде елеулі із қалдырды. "Худуд ал-алам" еңбегінің деректеріне жүгінсек, кимектердің "Ануар аз-кыфчаг" өлкесі тұрғындарының әдеп-ғұрпы оғыздармен сәйкес болған.

Аты-жөні белгісіз бір араб географы жасаған "Әлемнің дөңгелек картасына" жүгінсек, кимектердің қонысы Каспий даласының солтүстік шығыс бөлігінде, Жайық және Ембі өзендерінің аралығында, Арал теңізінің солтүстігінен оңтүстік Ораға дейінгі жерлерді алып жатқан деп айтуға болады. Картада мұның соңғысы кимектердің солтүстік батыс аймағындағы жеке жота түрінде бейнелеген. Кимектердің шекарасын картада былайша белгілеу кимектердің бұл аймаққа X ғасырда қоныстанғанын көрсетеді.

XII ғасырда өмір кешкен араб-испан ғалымы әл-Ыдырыстың географиялық еңбегінде IX-X ғасырлардағы қазақ даласының батыс аймақтары жайлы деректер көп кездеседі. Оның деректерінің құндылығы сонда, бізге жетпей қалған еңбектерге сүйеніп жазылған. Мысалы, кимек елі туралы жазғанда қазақ даласының шығысында туған Жанақ ибн Қаған әл-Кимектің /X немесе XI/ ғасыр кітабындағы деректерді пайдаланған. Есімі көрсетіп тұрғандай, ол кимек қағанының тұлегі болуы керек. Әл-Ыдырыстың еңбегінде сөздер өз алдына оның "Сурд алард" /Жер әлпеті/ деп аталатын географиялық картасының маңызы зор. Онда қазақ елінің жері мен халқы жан-жақты көрсетілген. Каспийдің солтүстігі /Бахр әл-Хазар/ мен Арал теңізі /Бұхайрат әл-хваризм/ аралығында Асқасия тауы орналасқан. Тау солтүстіктен оңтүстікке қарай көлбей созылып, аздап шығысқа бейімделе бейнеленген. Бұл таудан бірнеше өзен ағып шығып жатыр. Солардың ішінен Каспий - Хазар теңізіне барып құйып жатқан Еділ өзеніне баса назар аудару қажет. Осыған қарап отырып Асқасияны Орал таулары деп шамалауға болады. Ибн Саид /XIII ғ./ пен Әбу-л Фид/ XIV ғ./ осы Асқасияның тауының бөктері мен оның оңтүстігінде құмандар өмір сүрген деп көрсетеді.

Қазір жазба ескерткіштердегі жаңа деректерге сүйене отырып және тарихинамалық, текстологиялық сарап жасау арқылы құмандар мен қыпшақтар бір тайпа деген жорамалды қойып, құмандардың қыпшақ этносына туыс, бірақ өзіндік ерекшелігі бар этнос деп қарауға мүмкіндік туып отыр. "Сурет ал-ард" картасында Асқасияның шығыс-оңтүстігінен шамалы жерде Таугура тауы бейнеленген. Бұл жерде құмандардың астанасы Куманияның хан ордасы орналасқан. Таугура дегеніміз қазіргі карта кестесі бойынша Мұғалжар тауларына сәйкес келеді. Орта ғасырлық еңбектердегі деректерге қарағанда Таугура Мұғалжар тауы құмандардың негізгі қонысы болып есептеледі. Демек, олар Арал даласының солтүстігінен оңтүстік Орал тауларына дейінгі аралықта тіршілік еткен. Құмандардың оңтүстігінде оғыздар /әл-Ыдырыстың "Кіші картасында"/ кимектер де, ал батысында-



пешенегтер, солтүстік батысында бұлғарлар, солтүстік-шығысында қыпшақтар шектесіп жатыр. Енді осы көне жазба деректер мен географиялық карталарды сарапқа сала отырып, құмандар Азия және Қара теңіз далаларында көшіп келуден көп бұрын кимек-қыпшақ тайпалық одағының батыс шеткі тармағы болып саналса, көне орыс жылнамаларында құмандар XI ғасырдың орта шенінен половец ретінде көріне бастағанын айтуға болады.

XI ғасырдың басында қыпшақтардың белсенді күресі нәтижесінде кимек-қыпшақ тайпаларының бұған дейін қоныс етіп келген жерлеріндегі барлық әскери және саяси күш қыпшақтардың қолына көшті. Әл-Ыдырыстың 1192 жылы құрастырған "Кіші картасында" қыпшақ даласы /Сахара ал - кыфчак/ деген атау көрсетілген. Бұл этникалық жер атауы Каспий және Арал теңіздерінің аралығын алып жатыр. Қыпшақтардың бұл жерлерді оғыз тайпаларының батысында, Арал өңірі мен Сырдарияның оң сағасында орналасқан. Осы картаға жүгінсек, оғыз тайпаларын Сырдария мен Арал төңірегіндегі жерлерінен қыпшақтардың әлі де ығыстырмаған кезі болса керек. Бұл өлкедегі этнографиялық өзгерістердің XI ғасырдың соңында ғана болғаны мәлім. Демек, әл-Ыдырыстың қыпшақтар туралы мәліметтері XI ғасырдың басындағы жағдайлар болуы мүмкін.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ 347569

XI ғасырдың екінші жартысында қыпшақ әскери тайпасының басшылары Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы, сондай-ақ Арал мен Каспий далаларындағы оғыздарды ығыстырып шығарды. Аралдың батысы мен Каспийдің солтүстігіндегі далаларда қалған оғыздар қыпшақ хандарының билігіне көшті. Қыпшақтар оңтүстікте Хорезмнің терістік шекарасына дейін жетті. Сөйтіп, олар Ертістен Еділге дейінгі кең байтақ жерге ие болды. М.Қашқари өз жазбаларында: "Еділ – қыпшақтардың жеріндегі өзен аты", – деп көрсетеді. XI ғасырдың орта шенінде қыпшақ тайпалары Еділдің арғы жағасына қарай жылжиды. М. Қашқаридің картасында қыпшақтардың Еділдің батысында қоныстануы белгіленген.

Қалай дегенде де ары-бері желдей ұйытқыған жұрт. XII ғасырда қыпшақтар өздерінің бұрынғы жерлеріне қайта қоныстанған. Сол кезде қыпшақтардың бөлігінде болған оғыздар Орал мен Еділдің төменгі сағасында, Сақин қаласына жиналып отырған. Сақин мен Хорезмнің арасында Маңғыстау бекінісі тұрды. XII ғасырдың отызыншы жылдарына дейін Маңғыстау аймағы селжүктер хандығындағы тәуелсіз иелік болып келсе, бұдан кейін Хорезм шахының билігіне көшеді.

Қыпшақтардың қыстауы Сырдың төменгі сағасында Ембі, Орал және Арал, Каспий теңіздерінің төңірегінде болған. Ал жаз жайлауы батыстағы өзенді өңірлерге, тау және тау бөктеріне, дәлірек айтқанда оңтүстік Орал тауларына дейін шығатын. Қыпшақтардың осы тіршілігін араб географы әл-Омар: «Қыпшақ хандарының қыстауы Сарайда, ал жайлаулары баяғы Тұран патшаларының жайлауларындай Орал тауларының өңірінде болған»,-деп жазды.

Осы айтылған жайларды түйіндейтін болсақ, бүгінгі Қазақстанның батысындағы жерлер өзіміздің ата қонысымыз, ежелгі мекеніміз екен. Оған дауласуға ешкімнің хақысы жоқ екен.

Болат КӨМЕКОВ,
ҚР ҒА академигі,
тарих ғылымдарының докторы.

КІШІ ЖҮЗ ТАЙПАЛАРЫ МЕН РУЛАРЫ

Алшын – Кіші жүз руларының атасы. сондықтан да бірқатар тарихи деректерде Кіші жүзді кейде Алшын деп атайды. Жазба шежірелік деректерге қарағанда, Алшын есімді адам басқарған бір бөлек тайпаның ежелгі мекені бүкіл түркі тайпалары сияқты осы күнгі Алтай өлкесі деседі.

Содан X ғасырда Алшын тайпасы қыпшақтармен бірге батысқа қарай ығыса-ығыса, сонау Мысырға (Египетке) дейін барған. Алшын ұрпағы Мысыр билеушілеріне қызмет етіп, мәмлүктер әулетінің (Бейбарыс сұлтанның) үстемдігін орнатуда айтарлықтай рөл атқарған. X ғасырда Алшын тұқымы Қырымға көшіп келеді де (Қырым жерінде «алшын» атауының кездесе беруі Кіші жүз тайпаларының бұл жерде із қалдырғанының айғағы), XII-XIII ғасырларда Еділ – Жайық алабына ойысып, Ноғай Ордасының негізін қаласқан. Алшын бүкіл ұрпағымен қазақ халқының негізгі құрамының бірі болып, ұлтымыздың қалыптасуына, қазақ елінің батыс өңірін игеруде, қорғауда маңызды орын алды. Сондықтан болар, Мұрат ақын Жаскелеңмен айтысында Кіші жүз туралы:

Алаш – Алаш болғалы,
Алаштан ұран бергелі,
Ала шұбар ту байлап,
Алашқа атқа мінгені.
Алшын – елдің атасы,
Шолпан еді анасы, - деп толғайды.

Профессор Сәрсен Аманжолов «алшын» атауын ежелгі қытай деректеріндегі және орхон жазуындағы ру аты Ашинмен байланыстырады. Бұл да Алшын ұрпағының о бастан Алтай жақтан батысқа қарай ығысқанының айғағы іспеттес. Келесі жерде VII ғасырда Каспий теңізі жағасында Хазар қағанатының болғаны, оны Ашин әулетінің басқарып отырғаны жазылады. Халық арасында, түрлі баспа беттерінде Кіші жүздің бастау тарауының бірнеше нұсқалары жолығады.

Біраз шежірелік нұсқаларда Жанарыс пен Бекарыс бірде Орта жүз, бірде Кіші жүздің түпкі атасы болып, орны ауысып келе береді. Көпшілік нұсқаларда Бекарыс Кіші жүздің бастауында тұрғандықтан осы қалыптасқан нұсқаны негізге алдық.

Сол нұсқа бойынша Бекарыс - Ордаш – Мөнке – Шаншар – Тұлпар – Токпан – Алау – Алшын (Құдияр) туады. Осы Құдиярдан Қайырбай мен Қыдырбай туады. Қайырбайдың жанама аты Қаракесек, ал Қыдырбайдың жанама аты Байұлы.

Осындағы Қайырбайдан Байсары (Кете), Әлім, Шөмен туады.

Ал Қыдырбайдан Қыдырсиық, Бақсиық, Сұлтансиық, Таз, Алтын, Жаппас, Адай, Беріш, Есентемір туады.

Қыдырсиықтан Шеркеш, Шенеш, Бақсиықтан Ысық, Сұлтансиықтан Әлке, Асқар, Маскар, Алаша, Тана туады. Жоғарыдағы Токпаннан Алаумен бірге туған Арғымақтан Жетірудің Тама, Табын, Рамадан, Телеу, Жағалбайлы, Кердері, Керейт таратылады.

P.S: Оқырмандарымызға ескертер мәселе - бұл ауызекі шежіренің бір ғана нұсқасы. Түрлі дерек көздерінде жарияланған еңбектерде, баспадан шыққан кітаптарда бір-біріне қарама-қарсы шығатын нұсқалар көп. Сол себептен де бұл берілген нұсқаны үзілді-кесілді дұрыс деп айта алмаймыз.

М.Тынышбаевтың зерттеулері бойынша «1725-26 жылдардағы жоңғар шапқыншылығы кезінде ұлт-азаттық қозғалысты өрістету, барлық күшті бір арнаға жинақтау және жауға жедел соққы беру жөнінен алшындардың және олардың ханы Әбілқайырдың орны жеке бір төбе» деп бағаланған.

Адаи – Он екі ата Байұлының саны жағынан ең үлкен руы. Арғы тегі кезінде Каспий теңізінің шығыс жағалауын мекендеген ежелгі Дай (Дах) тайпалары болуы мүмкін. Байұлының басқа ұлдары сияқты кейінірек Алтай өңірінен көшіп келуі де мүмкін. Адайдың Келімберді және Құдайке деген екі ұлынан балықшы, жеменей, құнанорыс, ақпан (ақтабан), тобыш (Табыш), мұңал, тәзіке, қосай болып, сегіз арыс адай тарайды. Ата мекені Маңғыстау өңірі, бүгінде бүкіл Батыс Қазақстанда, еліміздің оңтүстік аймақтарында қоныстанған.

Мұңал руынан шыққан, бірақ аруағына бүкіл адай, Кіші жүз бас иетін Бекет әулие адайлардың ұранына айналған. Әр кезеңде бұл рудан Абыл, Есір, Өскенбай, Мұрат сынды арқалы күйшілер шыққан.

Адай тайпасынан қасиетті әулие, халық пірі Бекет Мырзағұлұлы, Доспамбет би, Қармыс, Атақозы, Темір, Балуаннияз, Қосай батыр, Сүйінқара батыр, Өміртай батыр, Досан сынды қол бастаған батырлар. Ақтан жырау, Қашаған жырау, Мұрын жырау, Нұрым ақын, Сәттіғұл сынды ақындар, Тарақұлы Абыл, Балбике күйші, Есжанұлы Ерғали, Айшуақұлы Есір, Бақтығалиұлы Құлшар, Тоғаниязұлы Арал, Есбай, Өскенбай, Өскенбаев Мұрат, Мәсәлімов Ғибатолла, Ғабдиев Рысбай, Ескалиев Әзидолла секілді күйшілер, сазгерлер, қоғам қайраткерлері Мыңбаев Жалау, Төлеев Амангелді, осы заманның данқты ақын-жазушылары Кекілбаев Әбіш, Сараев Әнес, Оңғарсынова Фаризалар шыққан.

Алаша – Он екі ата Байұлының белді руларының бірі. Алашаның Барамық және Айтеміс дейтін ұлдарынан – Тоқбас, Ағалақ, Шағалақ, Құбылай, Ақберді және Тоқберлі-Айтымбет ұрпақтары тарап, одан әрі өрбіген. Ата мекені Ілбішін, Бөкей Ордасы және Қызылқұм болғанымен, бүгінде Алаша ұрпақтары Жайықтың екі жағын бойлай, Қалдығайты, Жақсыбай өзендері алабында, Тұздыкөл, Қоскөл, Итмұрын көлдерінің төңірегін, Ойыл, Қиыл өзендерінің Сағалақ бөлігінде, Нарын құмында қоныстанған.

Арғы аталары, ата қонысы туралы әр түрлі тарихи деректер баршылық. Н.Аристов Алашаны Саян – Алтайды мекендеген ежелгі динлин тайпасымен қатысы бар деп топшылайды, онда Алаша деген жер аты әлі сақталған. Шежіре беттерінде бұл руды алты алаштың атасы боп есептелетін Алаша хан есімімен байланыстырады. Алаша атты ру түркімендерде, қырым татарларында құрамында да бар. Бұл деректердің барлығы да Алаша руының ең ежелгі рулардың бірі екенін дәлелдейді.

Алаша тайпасынан Байтоқ жырау, ақындар Ғұбайдолла Ахметұлы, Жұмырбай ақын, Көбей ақын, Құдайбердіұлы Құдайқұл батыр, Байбарақ батыр, Исатай көтерілісіне белсенді қатысқан Қошетер батыр шыққан.. Алашорда үкіметінің әскери комиссары болған генерал-майор Сарығожин Сабыр аға сұлтан, Ресей империясының құрметті азаматы болған. Соналы болысында елу орындық мектеп ашқан Сарығожин Мұхаммеджан, Құрманғазы ұстаз тұтқан Ұзақ Мырзабайұлы күйші, атақты әнші Құрманғалиев Ғарифолла, Құрманғазы күйлерін халыққа жеткізуші, атақты күйші Жантілеуов Қали, қайталанбас суретші Ғұмаров Сәкен, көрнекті әдебиетші ғалым, академик Қажым Жұмалиев, көрнекті журналист Шалахметов Ғаділбек, академик Елешов Рақымжан, қоғам қайраткері, экономист Ертілесова Жанат, жазушы Аманшин Беркайыр, ақын Досжан Темірбайұлы шықты.

Байбақты – Он екі ата Байұлының аскақ та батыр руларының бірі. Байбақты бабаның Ботан, Жанбақты, Тынбақты, Айтымбет, Қара, Тоқсаба сынды ұлдары болған.

Атамекені, негізінен, Бөкей Ордасы, Нарын құмы, Жайықтың оң жағы, бүгінде Атырау облысының барлық аудандарында қоныстанған.

Бар өмірін халқының намысын таптатпау, ұлтының азаттығы, жұртының елдігі мен тұтастығы, азаматтың ірілігі үшін күреске жұмсап, сол қасиетті жолда қаза болған батыр, би Сырым Датұлы – осы рудың бел баласы, сыйнатын аруағы, бүкіл қазақ халқының қасиет тұтатын ардақты ұлы.

Байбақты тайпасынан Дәукара батыр, қоғам қайраткері Исаев Ораз, атақты жазушы Хамза Есенжанов, Қадыр Мырза-Әли, Жұбан Молдағалиевтар шықты.Кеңес Одағының Батыры, Ресей Батыры, 2000 жылы Шешенстанда қаза болған Қайырболат Майданов та осы аталықтан шыққан.

Беріш – Он екі ата Байұлының белді руларының бірі. Ұрпағы Байбақты, Байсейіт «жеті баулы Беріш» болып атанды.Беріш түгелдей кезінде Гурьев уезі мен Бөкей Ордасын мекендеген.

Бөкейліктердің дені– беріштер. Бұл күнде беріштер бүкіл Атырау облысына қоныстанған.

Беріштің арғы тегін, атауының шығу тізін зерттеушілер баршылық. М.Тынышбаев оның бір ұшын Сібірдегі Беріш өзенінен, сол маңдағы Беріш көлден, Азау (Азов) теңізіндегі Бюрич аралынан көргендей болады. Бұл аталған жерлер түркі жұртының, қалың қыпшақ қонысының бір шеті. Алшын, оның ішінде Беріш қыпшақтың бір сыныгы екеніне дау жоқ. Сонау Мысырды 17 жыл билеген Бейбарыс сұлтанды (1225-1277) «Қыпшақтардың Берж әулетінен шықты» дейді араб жазушысы әл-Айни. «Беріш» этнонимін өзбектер арасынан, сақалар (якуттар) арасынан да кездестіруге болады.

Беріш тайпасынан даңқты батырлар Тайманов Исатай, Өтемісов Махамбет, аты ұранға шыққан Ағатай батыр, Құлбарақ батыр,Итемген батыр, Саржала батыр, Жапарберді батыр, Пыштанай батыр,Алдар би Есет, Айтуар билер, атақты Мөнкеұлы Мұрат, Шөрекұлы Ығылман, Сұраубай сынды ақындар, айтулы күйшілер Қариұлы Боғда, Дауылұлы Баламайсан, қоғам қайраткерлері Сужиков Мұхамбеткали, Атамбаев Өтешқали, Камалиденов Закаш, Қарашев Ғұмар, жазушы, зерттеушілер Қоркытов Берік, Еркебаев Сайымжан, ғалым, қоғам қайраткері Халел Досмұхамедов, Кеңес Одағының Батыры Нысанбаев Борандар шыққан.

Есентемір – Он екі ата Байұлы руларының бірі. Көн (Тағыберлі) және Тағашы (Таксұпы) болып, екі үлкен атаға бөлінеді.

Кезінде Жайықтың екі жағын ала, әсіресе Ақмешіт атырабында қоныстанған. Есентемір ұрпақтары бүгінде Атырау облысының барлық аудандарында тұрады.

Есентемір тайпасынан Сырым ұстаз тұтқан атақты Бөкен би, Байбарақ әулие, Көктаубай батыр, күйші әрі сазгер Балұстаұлы Есбай, төкпе ақын Досжан Қожбанұлы, Кеңес Одағының Батыры Мұса Баймұханов, көрнекті жазушы Құлкенов Мереке, ақын, шежіреші Неталиев Мақсұт, мұнай тенізінің маршалы атанған Өтебаев Сафи, Өтесінов Рахметтер шыққан.

Жағалбайлы – Жетіру тайпасы құрамындағы ру. Мырза және Лез деген аталарға бөлінеді. Кезінде жағалбайлы қатар жатқан Атырау, Орал, Ақтөбе және Қостанай облыстарында мекендеген, бүгінде осы өңірлерде тұрады. Шежіреде бұл рудың бастауы Жағал және Байлы батырлары десе, тарихи басылымдарда «хэла» - «ала» мағынасына меңзейді. Қытайдың 6-7- ғасырдағы жазбаларында «Хэлда мемлекеті (Ала Орда) Солтүстік теңізге (Байкал көліне) жақын тұратын ел, жылқыларының бәрі ала, жағал, елдің аты да содан шыққан деген дерек бар. Зерттеушілер одан әрі жағалбай (ала аттылар) халқы қыпшақтардың ұлы көшіне ілесіп, батыска қарай ойыса көшкенін баяндайды.

Жағалбайлы тайпасынан атақты "Қыз Жібек" дастанының басты кейіпкері Базарбайұлы Төлеген дүниеге келген. Кезінде жарты патша атанған Дербісәлі Беркімбайұлы, Естекбай батыр, ұлы композитор Шәмші Қалдаяқов, сазгер, атақты дирижер Алдаберген Мырзабеков, белгілі ақын жазушылар Дикан Әбілев, Дулат Шалқарбаев, Мейірбек Ақынбек, Бейбіт Қойшыбаев, журналист, казак мультипикация өнеріне үлес қосып жүрген Керімбек Ниязбаев, айтысқер ақын Алдабергенов Қасымхан, шежіреші Жақсылықов Мырзабай шыққан. Төребай деген ақын атақты Сара Тастанбекқызымен айтысқан. Оңтүстік өлкеден шыққан Оразбай би есімі елге мәлім. Сондай-ақ қоғам қайраткерлері Шәйкенов Нағашыбай, Садуақасов Жанайдар, Әділов Дінше, генералдар Жұмабаев Кеншілік, Атшабаров Нағашыбай, Кеңес Одағының Батыры Есжанов Естайлар Жағалбайлы әулеттерінің ұрпақтары.

Жаппас-Алтын –Он екі ата Байұлының құрамындағы ру. Шежіреде Жаппастың әкесі Еркожаның Алтын деген қызы ұзатылған жерінен төрт ұлымен қайтып келіп, туысы Жаппаспен бірге қоныстас болады. Содан бұлардың ұрпақтары Жаппас-Алтын болып бірігіп кеткен көрінеді. Кейде екеуі екі ру ел болып саналады.

Жаппас-Алтын кезінде қазіргі Атырау, Орал (Бөкей Ордасы), Ақтөбе, Қостанай, Торғай облыстарының жерін мекендеген, ұрпақтары қазірде, негізінен, осы өңірлерде тұрады.

Алтын –Жаппас тайпасынан Алтыбай би, Жанғабыл батыр, Мырқы қажы, көрнекті мемлекет қайраткерлері Нұрмағанбетов Садық, Тасмағанбетов Иманғали, сазгер күйші Досмекейұлы Байжұма, атақты әртіс Майқанова Сәбира, айтулы режиссер Мәмбетов Әзірбайжан, көрнекті ғалымдар Шурин Хамит, Қыпшақбайұлы Иса, филолог, көрнекті әдебиетші Базарбаев Мүсілімдер шыққан.

Кердері – Жетіру құрамындағы басты рулардың бірі. Кердері бабаның Жабағы, Смайыл (Құлтай), Бердімбет, Жанбас сынды ұлдары болған. Кезінде Арал теңізінің батыс жағын мекендеген, бүгінде, негізінен, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарында, ара-тұра Атырау облысында тұрады. Кердерінің шығу тарихы шежіреде Арал теңізі алабында болған ғұн тайпаларының (кидариттердің) тағдырымен байланыстырылады; тіпті сөз астарында кезінде Арал теңізі – Кердері теңізі деп те аталған жорамал да бар. Қаракалпақтардың Мүйтен тайпасы мен осы Кіші жүз тайпасының қалыптасуында бүгінгі Кердерінің маңызы зор болған сияқты. Жоңғар шапқыншылығы кезінде олардың атамекенінен солтүстік-батысқа қарай көтеріле көшкен ізі байқалады. Қытай жазбаларында б.з.б. II ғасырда жойқын жаугершілік нәтижесінде бір көне тайпаның Әмудария алқабына көшіп барғаны, оларды Еуропа тарихшыларының кидарит-ғұндар деп атағаны келтіріледі. Кердері теңізінің және оның жағасында осы тайпа аттас бір-екі қаланың болғанын алға тартады.

Кердері тайпасынан атақты ақын Кердері Әбубәкір Шоқанұлы, атақты "Алтынай" күйінің авторы Алтынай, Бас муфти Әбсаттар Дербісалиев дерегінде орта ғасырдағы үлкен дәрігер Абдәл-Ғафур әл-Кердери, мұсылман ғұламасы Мұхаммед әл-Кердери осы тайпадан шыққан.

Керейіт – Жетіру құрамындағы белді рулардың бірі. Керейіт – Бозаншар және Аксақал деген үлкен екі атаға бөлінеді.

Керейіт тайпасы, негізінен, Сырдария және Арал теңізі алабын мекендеген. Бүгінде олар Кіші жүз тайпалары қоныстанған барлық аймақтарда тұрады. Керейіт елінің тарихы көне жазба ескерткіштерде 7- ғасырдан белгілі: Олардың Онон, Керулен, Арғұн өзендерінің алабын жайлағаны айтылады және Қадырғали би Қосымұлы Жалаиридің де, Әбілғазы ханның да сол елді Керейіт деп атағанына да көңіл аударуға болады. Дәуірлеп тұрған Шыңғыс ханнан ығысқан керейіттер батыска көшіп, қазіргі Орта жүз ішіне еніп (Керей болып өзгеріп), одан әрі жылжып қазіргі мекендеген жерлеріне дейін тараған.

Сонымен бірге ығысқан керейіттерге моңғолдармен келген осы тайпа жауынгерлері қосылып, бір бөлігі өзбектің, келесі тобы қырғыздың, тағы бір тобы Кіші жүздің құрамына сіңген деген тұжырым қалыптасқан.

Керейт тайпасынан Жәдік би, оның баласы үш жүздің Бас пірі, қасиеті мол Мүсірәлі әулие туған. Кейіннен ол Софы Әзиз атанған.

Әбілқайыр ханның бас батыры Тайлақ батыр, Меңлі батыр, Манақ батыр, әйгілі Нысанбай жырау, атсейіс Қоқыбай, Көбдік би, Мырзабай ахун, белгілі фольклоршы ғалым Мардан Байділдаев шыққан.

Кете – алты ата Әлім құрамындағы беделді рулардың бірі. Шежіреде Кете – Аккете, Қаракете, Тоққожа және Тегенболат болып тарайды.

Кете кезінде Сағыз және Ойыл өзендерінің бойын жайлаған, қазір Атырау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарына тараған. Кете туралы алғашқы мәліметтер XII ғасырдың бас кезіндегі тарихи жазбаларда кездеседі. Олар қарақытайларға (кидандарға) тәуелді он сегіз тайпаның ішінде болып, Қарахан әулетіне қарсы жорыққа қатысқаны айтылады. Одан кейінгі кезеңде Найман бектеріне қосылған, Шыңғыс хан әскерлеріне еріп, Кіші жүз жеріне дейін келген, осы аймақта тұрақты қоныстанып қалған деген пікірлер бар.

Кете (Байсары) тайпасынан атақты ақындар Шораяқұлы Омар, Ебескі батырдың "Үш бөрі" атанған ұлдары Құттығай батыр, Алтай батыр, Жұлдыз батырлар, Әжібай би, Сармырза би, қоғам қайраткері, елші Аманғалиев Ибрагим, дүлдүл әнші, Халық Қаһарманы Бағланова Роза шыққан.

Қаракесек – атанған атаның шын аты Ұланақ. Әлімнің әкесі Қаракесек (Қайырбай) бауырына басқан Әлімнің баласы – Ұланақ. Атасының атымен шаңырақта қалған немересі болғандықтан Қаракесек атанып кетеді. Алты ата Әлім құрамына кіретін белді рулардың бірі. Бұл ру туралы жарық көрген басылымдарда нақты дерек жоқ. М. Тынышбаев Қаракесекті Әлімнің құрамына біріктіреді. Қаракесек бүгінде Атырау, Қызылорда облысының барлық аудандарында тұрады.

Қаракесек (Ұланақ) тайпасынан аты ұранға айналған Ақпан әулие, Қобыланды батырдың туған жиені Жақау батыр, Ақтан батыр, күйші, ақын, жырау Сыдық Мұрат, Қарасақал – алты ата Әлім құрамындағы рулардың бірі. Қарасақалдан – Сарбас, Пұсырман және Шіңгір аталары тарайды.

Кезінде Қарасақал ұрпақтары Сырдария алабындағы Ақсеңгір мен Көксеңгір өзендерінің бойын мекендеген, бүгінде сол атамекендерінде, оған қоса Торғай және Атырау облыстарына тараған.

Қарасақал (Айнық) тайпасынан атақты шешен, шежіреші, ақын Ерімбет Көлдейбекұлы, қазақ жастарының көшбасшысы болған Мұратбаев Ғанилар шыққан.

Қызылқұрт – Он екі ата Байұлының бір руы, белді атасы. Сұлтансиықтан Қызылқұрт, одан Соба, Елғұлы,Байғұты, Жантелі, Шора, Емірей, Олжашы және Ерші сынды аталар тараған.

Кезінде Қызылқұрт Батыс Қазақстан және Астрахань өңірін (негізінен Еділ сағасын) мекендеген. Бүгінде бүкіл Батыс Қазақстан өңіріне түгел тараған. Бүкіл қазақ халқының мақтанышы күй атасы Құрманғазы осы Қызылқұрт руының ұлы, аруақты перзенті. Сондай-ақ айтулы ақын қыз Білек шыққан.

Маскар - Он екі ата Байұлының бір руы, Сұлтансиықтың екінші баласы. Шежіре дерегі бойынша Маскар бабадан Құттықадам және Масақ сынды екі ата тараған.

Маскарлар Батыс Қазақстан өңірін мекенден келеді, ал одан әрірек шежірелерге үңілсек, онда Батыс Моңғолиядағы түркі текгес хотон жұртына енетін жеті атаның бірі Маскар аталатындағы назарға ілігеді. Масақтан тараған Қырықсадақ атасы қарақалпақтың Кәндеклі руында, өзбектерде және өзіміздің Шанышқылының Балық атасының құрамында кездеседі.

Бабас ақын, Тіней батыр, Дөнен батыр, Қоске әулие, аса көрнекті қоғам қайраткері Меңдешев Сейітқали, Халық Қаһарманы, ұшқыш қыз Хиуаз Доспанова, көрнекті ақын Нәбибуллин Жаңғали, белгілі әнші Таудаева Сәуле, көрнекті математик Темірғалиев Нұрлан, қоғам қайраткерлері Бақауов Хафиз, Ниязов Сабайлар шықты.

Ноғай – қазақ – Кіші жүздің негізін қалыптастырған он екі ата Байұлының, алты ата Әлімнің немесе Жетіру тайпаларының құрамына кірмесе де. Батыс Қазақстан өңіріндегі ежелгі қазақ тайпаларының бірі. Академик В. Бартольдке жүгінсек, онда ол: «Слово «ногай» как народное название сначала встречается только в русских источниках; в восточных источниках ноган называются мангытами, по имени одной из народностей монгольского происхождения. В 16 в. центром ногаев была местность по нижнему течению Яика или Урала» , - дейді. Ноғайлар, тек В.Бартольд көрсеткен жерде ғана емес, сонымен бірге тарихи деректерге қарағанда Жем,Сағыз, Ойыл өзендері бойында да көшіп жүргені байқалады. Осы ноғайлар арасында Нембойлық (Жембойлық) руының ұшырасуы және Сағыздың саласы Ноғайлы болып аталуы осыған дәлел. Жалпы, шежіре, жыр-толғауларға көз жүгіртсек, қазағымыз халық болып қалыптасқанға дейінгі дәуірде қазақ пен ноғайдың тірлігі мен бірлігі егіз бір ел, бір халық болған деген тұжырым ойға орала береді. «Тегінде ноғай-қазақ түбіміз бір, Алтай, Ертіс, Жайықты қылған дүбір...» делінуі тегін емес. Сондықтан да болар, қазақтың арқалы да азулы Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Сыпыра жырауларының , бабамыз Асан Қайғының, Жиреніше шешеннің кейде ноғайлы елі атынан сөйлеп отыруында үлкен негіз болса керек. Бұрын ноғайлының туындылары есептелген «Ер Төстік», «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Орақ-Мамай» т.б. жырлар - қазақ әдебиетінің төл туындылары. «Он сан ноғай Орманбет би заманында Қарабай мен Сарыбай деген бай болыпты» деген жолдарды тіпті өзіміздің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырынан да кездестіреміз. Асылы, осы жырлардың түп негізі ноғайлы дәуірінде туып, кейін қазақ заманында жаңарып қайта жырланған, тарихтың белгілі бір кезеңінде Ноғайлы деп аталған туысқан түркі елдерінің ортақ мұрасы. Бұл ой шумақтарын «Ноғайдан қазақ бөлініп, Үш жүз болып тараған» деген шежіремен тамамдағанымыз дұрыс болар. Кезінде Ноғай Ордасының астанасы болған – Сарайшық (Жайық бойында Атырауға іргелес) туралы деректерді жоғарыда бергенбіз. Ру туралы мағлұмат беру үшін Шәкерім Құдайбердіұлының 1911 ж. Орынборда шыққан «Шежіре» атты еңбегіне жүгінсек, Еділ-Жайық ноғайларының Мансұр,Орақ, Мамай, Қарасай, Ормамбет, Тоғыз, Идешек, Идесан, Жанбайлық, Қараша аталары бар. Ол Қарашадан – Шерін, Барын, Арғын, Қыпшақ руларын тараған. Қырым ноғайлары – Арғын, Қоңырат, Қыпшақ, Алшын, Қаңлы, Алаш, Тама, Керейіт, Бозоғлы, Оңғар найман, Қартқожақ, Көшен және Тоқсаба руларына бөлінеді (1865); Астрахань және Еділ сағасындағы ноғайлар өздерін Қасболат пен Қасайдың ұрпағымыз дейді, олар – Ас, Төбет, Найман, Жағалбайлы, Маңғыт, Ергенекті, Керейіт руларына бөлінеді.

Қорыта айтатынымыз, Ноғай – қазақ (Ноғайты) руы сонау Ноғайлы ұлысы заманында қоян-қолтық боп сініскен кеткен қос елдің түбі тамырлас тайпасы.

Рамадан – Шежіре дерегі бойынша Рамадан Балғалы және Шөмішті болып бөлінеді де, олардан Алатай, Мұсақ, Байқұтан, Ақбөрі және Қарабөрік тараған.

Атамекені – Ақтөбе, Қызылорда және Шымкент облыстарының атырабы, Атырау өңірі, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарына да тараған. Жалпы ғылыми әдебиетте Жетіру Тәуке ханның кезінде қалыптасқан деген пікір бар, дегенмен бұл тайпа тарихи шежірелерге одан бұрынырақ енген сынай білдіреді. 647-668 жылдарын қамтитын шежірелерде Жетірудің негізгі аталары, соның ішінде Рамадан туралы да аталып өтеді. Әуелі Сір, кейін Қыпшақ аталып, бірте-бірте батысқа ығыса отырып, Алтайдан Атырауға дейінгі апайтөс аймақты жайлаған түркі тайпаларының ішінен де Жетіру атауларын кездестіреміз. Алтайдың оңтүстік-батысы мен Сарыарқаны мекендеген тайпалар арасында Сйеянтон (Жетіру) атауы да жазылады.

Атақты Жиреніше шешен, Алдар Көсе рамадан тайпасынан шыққан.

Табын – Шежіре бойынша Табыннан - Жаманкерей, Бозым, Бегім, Шөмішті, Табын сынды аталардың ұрпақтары тараған.

Атамекендері – Батыс Қазақстан облыстары мен Үстірт өңірі. Осы румен атаулас, таңбалас рулар башқұрт арасында, Ұлы және Орта жүздер арасында да кездеседі.

Табын тайпасынан Бұқарбай батыр, Бөкенбай батыр, Тіленші батыр, Жоламан батыр, Кеңес Одағының Батыры, Шығыстың қос жұлдызының бірі Әлия Молдағұлова, атақты әртіс Қапан Бадыров, атақты сазгер, әнші Хасанғалиев Ескендір, айтулы ақындар Күлеев Бернияз, Жиенбаев Сағи, Айбергенов Төлеген, Оспанов Сейфолла, Дәрібаев Қанапия, Жанаев Нұрхан, жазушы Елубаев Смағұл, Тәшенов Жұмабай, қоғам қайраткері Көшеков Оңайбай, Мусин Аслан шыққан.

Таз – Шежіре деректері бойынша Таздың Абдал, Жастабан және Шарға сынды ұлдары болған.

Моңғолдың «Құпия шежіресі» бойынша Енисей өзенінің бір саласының атауы Таз, осы өңірдегі орман халқының бір атасы – Тас, Таз. Гоби шөлін мекендеген моңғол руларының бірі – Таз. Бүгінде Кіші жүз мекені өңірлеріне түгел тараған. Бүкіл қазаққа танымал Төремұрат, Өтен, Нарынбай батырлар, Дәден би, Қашқынбай мен Бала Ораз, Шолақұлы Қоспақ ақын, Құлмамбет, Жиенқұл, Қашқынбай ақын-жыраулар, Дәден би, қоғам қайраткерлері Шырдабаев Баймолда, Шырдабаев Равильдер шыққан.

Тама – Шежіре бойынша Таманың аталарын таратудың бірнеше жолдары бар. Тама Жөгі,Әліп деген екі атаға бөлінеді.

Ежелден Қыпшақ жерін, Оңтүстік Орал өңірін, Жайық алабын мекендеген. Шора батыр бастаған Тама ұрпағы кезінде Дешті Қыпшақтағы, Қазан хандығы мен Ноғай Ордасындағы іргелі елдің бірі болды. Рашид ад-Дин өзінің жылнамасында Шыңғысханға шағын Тама халқының бірнеше рет қарсы көтерілгенін, сол үшін қаптаған моңғол оларды аяусыз жазалағаны туралы дерек келтіреді. Тама атты ру башқұрттардың, ноғайлардың және қырғыздардың да құрамында кездеседі.

Тама тайпасынан Қарабура әулие, Шора батыр, атақты Көкі батыр, Есет батыр, Есеттің қызы Ботагөз батыр, ұлы сазгерлер Ықылас Дүкенұлы, Сүгір Әлиев, Ақбике күйші, Көшмағанбетов Боранқұл күйші, атақты Тіней бақсы, Өмірбай шешен, әрі сазгер, әрі жазушы, зерттеуші Ілия Жақанов, ақындар Хамит Ерғалиев, Балабек Шопанұлы, Досжан Қожбанұлы, Бұралқы Құдайбергенов, Маралтай Райымбеков, әрі ақын, әрі сазгер Тынышбай Рахимов, әншілер Дудар Әбілда, Амангелді Сембин, Сәуле Жанпейісова, қазақтың тұңғыш органшысы Ғабит Несіпбаев, жазушы әрі кинорежиссер Сатыбалды Нарымбетов, жазушылар Берік Шаханов, Кәрібай Ахметбеков, Төлеген Тоқбергенов, Төлепберген Тобағалиев, суретші Зейнеп Түсіпова, көрнекті ғалымдар, академик Әлия Бейсенова, профессорлар Өскенбай Аяпов, Әбдрахман Омбаев, Төлеутай Несіпбаев, қоғам қайраткерлері Мұхамбетқасым Шәкенов, Санақ Әбеуов, Аманбек Мұқашев, алғашқы қазақ теңгесінің авторларының бірі, көрнекті зерттеуші, тарихшы Ғабжәлелов Хайролла шыққан.

Тана – Танадан Шаңқан мен Біртоғаш тарайды. Мекені – Батыс Қазақстан облыстарының жері.

Тана тайпасынан атақты Малайсары батыр, Бортоғашұлы Жиенбет жырау, Мырзалыұлы Сүгір жырау, атақты күйші Мәмен, белгілі орыс филологы Владимир Дальдың "Бекей мен Мәулена" ғашықтық повесінің кейіпкері Бекен, аты аңызға айналған Қалақ мерген, Азияның түйе палуаны атанған Жетпіс, аса көрнекті қоғам қайраткері Жанша Досмұхамбетов, күйші әрі сазгер Шәміл Әбілтаев, айтулы, белгілі жазушы Есламғалиев Мұхадестер шыққан.

Телеу - Шежіре бойынша Телеуден Әжіахмет, Самат және Керейіл туады.

Мекені Сырдария, Жем және Жайық бойы, Борсық құмы, Торғай өңірі. Ауызекі шежіремізде Жетіру тайпасы ағалы-інілі Арғымақ пен Алаудан бастау алады да, Арғымақтан Телеу туып, осы атаның үлкені есептелген екен дейді. Жетірудің Тәуке хан кезінде тоқтасқан қауымдастыққа айналғанға дейінгі тарихына көз жүгіртсек, онда Телеу атауын сонау Алтай төңірегінен ұшырастырамыз. VI ғасырда Телеуді Қара теңіз бен Солтүстік Кавказ өңірінен кездестіреміз.

Бұл ретте Телеу шежіреде Кіші жүз үлкендерінің бірі Арғымақтың бел баласы, Жетірудағы қалған рулардың ағасы ретінде сипатталады.

Телеу тайпасынан атақты Тайлақ батыр, Кенесары қосынында ту ұстаған Толысбай батыр, Мәті билер шыққан.

Төртқара (Қарамашақ) – Шежіре бойынша Төртқарадан – Қараш, Оразгелді, Ораз және Жаншүкір болып төртеу туған. Жалпы Әлім атаның, оның ішінде осы Төртқараның жеке дара, әдейі тарататын бір бұтағы бар, ол – Төртқара – Қараш – Тоқбан – Сейітқұл – Жалаңтөс батыр – Бәйбек - Әйтеке би. Бұлар алты Алаштың ішіндегі бір қасиетті ұлдары, асылдың сыныры, бас иетін аруақтары іспеттес тұлғалар. Қонысы Қызылорда, Батыс Қазақстан облыстары.

Төртқара (Қарамашақ) тайпасынан киелі әулеттің атасы Ораз, атақты Ақша би, Бұхараны билеген Сейітқұл, аты аңызға айналған Әйтеке би Байбекұлы, Сейітқұлұлы Жалаңтөс батыр, белгілі Дәулет бақсы, Тоқтаболатұлы Мырза күйші, сазгер Дүйсекеев Кенес, айтулы ақын Шаңғытбаев Қуандықтар шыққан.

Шекті (Жаманақ) - Әлім балаларының үлкені. Әлім өлгенде мың үй тігіп, ас беретін баласы осы – Жаманақ. Аты ертеден белгілі, ұрпағы жайылған ата. Балалары Шыңғыс, Өріс, Баубек, Бөлек.

Негізінен, Ақтөбе, Қызылорда облыстарында қоныс тепкен. Шектінің құрамында Найманның, Арғынның (әсіресе Қаракесектің) руларымен аттас аталар бар.

Шекті (Жаманақ) тайпасынан Сары жырау, Сағындық жырау, атақты Жетес би, әрі шешен, әрі би Мырзағұл, Жанқожа батыр, Бақтыбай батыр,әрі батыр, әрі би Сартай, "Қыз Жібек" жырының бас кейіпкері Жібек ару, Нұртуған жырау, Тілеу би, мыңжылдықты болжаған Мөңке би, Көтібар батыр, Есет батыр, атақты ғалым Жұбанов Құдайберген, академик, композитор Жұбанов Ахмет, мемлекет қайраткерлері Караманов Ұзақбай, Тәжин Марат, Көшербаев Қырымбек, Саржанов Құлайберген, атақты жазушылар Нұрпейісов Әбдіжәміл, Ахтанов Тахауи, Шүкіров Зейнолла, Марқабаев Әбдул-Хамит, Қаназов Молдаахмет, Әбдірашев Жараскан, Сариев Шөмішбай, белгілі ғалым Дәрімбетов Батырхан, әншілер Ералиева Мәдина, Ойнарова Науат, күйшілер Ахмедияров Қаршығабай, Басығараев Бақыт, «Тамашаның» тарланы Сұлтанбаев Құлайбергендер шыққан.

"Қыз Жібектегі" Бекежан батыр да Шектінің Шыңғысынан тарайды.

Шеркеш, Шеркес – Кейде Байұлының ішіндегі ағасы не үлкенінің баласы делінеді, яғни Байұлының ішіндегі үлкен ру саналады. Шежірені сөйлетсек, онда Шеркештің аталарын таратудың бірнеше жолдары келтірілген.

Кейбір деректерде Қойыс, Шумақ, Жауқашты. Қылышкестен, Қосым болып бес арыс Шеркеш, енді бірінде – Қойыс, Құлакаска, Қаракемпір, Шумақ, Жауқашты. Қылышкестен, Жатай, Қосым болып сегіз арыс Шеркеш деп сипатталады. Атамекені - Еділдің сағасынан шығысқа қарай Тайсойған құмына, Ойыл, Сағыз және Жем өзендерінің төменгі жағынан аңғарларына дейінгі аймақ. Жалпы тарихи деректерде бұл ру туралы мәлімет аздау.

Деректердің бірінде – X ғасырда Кавказда черкестер атты тайпа барын және олардың косог (қазақ) екені айтылады. Атақты Ноғай хан заманында Кавказдан черкестерді шақырып алған. Сол черкестер өздерін «казакпыз» деген. Біздің Шеркешті осы дерекке байланыстыруға бола ма? Мейлі, оның алғашқы аты косог, черкес болсын дейік, бірақ оның атамекені Кавказ деп қалай айта аламыз. Бұған Н.А.Аристов жауап береді. Ол: «Можно подозревать, что и самое имя черкесов принесено к подножиям Кавказа союзом тюркских родов того же имени», - дейді. Қазірдің өзінде Обьтың саласы Қатын өзенінің бір тармағы Черкиш (Шеркиш) аталатын дерекке жүгінсек, Шеркештің этнонимін, Алшынның басқа аталары сияқты Алтай өңіріне қарай сүйрейді.Осы рас болса, онда кезіндегі Ұлы қоныс аудару заманында бұл ру да батысқа қарай көше отырып, Кавказдың терiскейіне дейін жеткен және сол маңдағы тайпаға (елге) өз атын қабылдатқан болды, яғни шеркеш-черкес жұртының тегіне қатысты ауыс-түйістер шеркештен (бастауы) – черкеске (қостауы) қарай бағытталғанын көреміз. Ру атауының мағынасына үнілсек, онда түріктердің саркаш деген сөзі – батыл, өз дегенін істейтін адам: сергек, қырағы адам.

Шеркеш тайпасынан атақты Байбақты әулие, Асау би, Қыздарбай би, Малақан би, Тұрлан батыр, Жанабай батыр, Алақай батыр, Тұрманбет би, Қаражігіт би, Қуыс би, Қыздарбай би, Сары Ата әулие, Макаш Шолтырұлы, көрнекті қоғам қайраткерлері Танашев Уәлитхан, Бәкен Серікбаев, Аспандияр Кенжин, Имашев Саттар, Елібаев Әбдіразақ, Шәукенбаев Тарыбай, Дүйсенов Есен, Ескалиев Нәжімеден, Алдамжаров Ғазиз, Жөкеев Төлеген, Кенес Одағының Батырлары Мәметова Мәншүк, Ниетқалиев Ерденбек, Масин Темір, «Даңқ» орденін үш дәрежесін иеленген батырлар Әліпов Ғиззат, Еркінов Шүкір, атақты ғалым, академиктер Кеңесбаев Ісмет, Зиманов Салық, атақты мерген Халықов Ескайыр, өнер жұлдыздары Әшімов Асанәлі, Өтекешева Меруерт, Бекмәмбетов Тимур, Тәжібаев Амангелді, қазақтың тұңғыш балеринасы Тапалова Нұрсұлу, балерина Талпакова Гүлжан, күйші Соқыр Есжан, Назарұлы Жалғас, ақын, жазушылар Өмір ақын Шыршығұлұлы, Сәрсенбаев Әбу, Жароков Тайыр, Сланов Ғабдол, Санбаев Сәтімжан, Тілегенов Досы,белгілі күйші, шертпе күй шебері Аскаров Генерал, қазақтың тұңғыш шахматшы қызы , гроссмейстер Мүсілімова Аида, әлемдік деңгейдегі гимнасшы Юсупова Әлиялар шыққан.

Шөмекей – алты ата Әліммен бірге туған Шөмен ұрпағы. Шежіре бойынша Шөмекей – Көнек, Тока, Аспан (Асбан) және Бозғыл болып төрт атаға бөлінеді.

Атамекені – Ырғыз, Сырдария сағасы, Қарақалпақстан жері. Арал және Каспий теңіздерінің аралығындағы аймақ. Жайық бойы. Шөмекей атауы ежелгі қытай, монғол деректерінде жиі кездесіп отырады. ал батысқа қарай ауысақ, сонау Днестр жағалауындағы тағауздар арасында комрат, қыпчақ, қарлық атауларымен бірге чимекюді де табасыз. Моңғол тілінде «чумуге» - жемістің сүйегі, дәні; бұл мағына осы ру атауына қонымдысы, себебі бірнеше рудың басын қосып, олардың тұқасы, дәні саналатын ежелгі көне Шөмекей (Шөмен) тайпасына сипаттас.

Шөмекей тайпасынан аруақты аты ұранға шыққан Сырым әулие, Бақа би, Сармырза би, Қарадос би, Қожеке би, Пышан батыр, Арыстанбай батыр, Қыстаубай батыр, Сыр сүлейлерінің актангері Балқы Базар жырау, Сүгірбайұлы Жаманкара күйші, аса көрнекті қоғам қайраткерлері Жүргенов Темірбек, Құлымбетов Ұзақбай шыққан.

Ысық – Шежіре шумақтарында Ақсары мен Сарыбай туады. Атаконысы – Атырау маңы, Жайықтың төменгі ағысының екі жағын бойлай жатқан аймақ. Қабыланбай батыр, Жылқыны, Жантолы ақындар осы Ысық ұрпақтары.

Ысық тайпасынан атақты Онай әулие, Қаратау би, Кенес Одағының Батыры Қайырғали Смағұлов, аты аңызға айналған батыр, талай тарихи шығармаларға арқау болған Қожахметұлы Құныскерей, көрнекті жазушы, академик Кабдолов Зейнолла, көрнекті этнограф Кейікін Жәрдем, мемлекет қайраткерлері Құбашев Сағидолла, Балғынбаев Нұрландар шыққан.

Алшындар арасындағы ноғай-казақтар төре, төленгіт, қожалар арасынан шыққан көрнекті тұлғалар да жетерлік.

Қазақстанның Батыс аймағындағы Кіші жүздермен тағдыры тамырлас, рухы туыстас, төсекте басы, төскейде малы қосылған өңірде жүзге кірмейтін өзге тайпалардан гөрі дүлдүл шешендер, батырлар, абыздар, алаш жұртының ардақты тұлғалары мен азаматтары көп шыққандығы белгілі.

Олардың қатарында Асан Қайғы, Сүйініштұлы Қазтуған, Доспамбет жырау, Шалкиіз Тіленштұлы жырау, дауылпаз ақын Жарылғасұлы Шернияз, Азаматқызы Алмажан, Мұхамедияруллы Акмолла, Құлжабайұлы Марабай, Бөкеев Шәңгерей секілді ақын-жыраулар. Шығаев Дәулеткерей, Нұрпейісова Дина, Оразалы Сейтек, Айшуақұлы Жантөре, Әбілғазыұлы Арынғазы, Қалқаұлы Түркеш, Байсалыұлы Әлікей секілді күйшілер, данқты дирижер Қажығалиев Шамғон, мемлекет және қоғам қайраткерлері Құлманов Бақтыгерей, Ниязов Батырқайыр, Шомбалов Мәжит, Ықсанов Мұстахим, ғалымдар Маданов Хамит, Мәмеков Қажығалилар шыққан.

Берік ҚОРҚЫТОВ,
Ақылбек ҚАЛМҰРАТҰЛЫ,
Пернебай ДҮЙСЕНБИН.

СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ
(Қатаған ақынмен айтысынан үзінді)

Орал тауға бір қонып,
Төмендей қанат сермейін...
Кіші жүзге жетейін,
Елімнің қандай екенін,
Түсінген шығар көкейің.
Өлерің ақыр өлген соң,
Құлақты салып тыңдап тұр,
Төбеңнен тесіп өтейін!
Төніп тұрған көк тұман,
Кіші жүздің баласы,
Соған барып қосылған.
Еділ-Жайық екі су,
Сырдарияның саласы.
Ноғайлы, Тама былайғы,
Арасында сол жердің,
Кіші жүздің баласы.
Сұлтансық, Бақсық,
Хан қызы екен анасы,
Бәрі батыр баласы,
Қанына кеуіп көрген жоқ,
Найзасының сағасы,
Он екі ата Байұлы,
Жеті аталы Жетіру,
Әлім менен Шөмекей,
Халқымның екі жағасы.

* * *

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген...
Жұбан Молдағалиев.

БАЙҰЛЫ

Он екі ата Байұлы – қазақ халқының құрамындағы тайпа бірлестігі. Байұлы этнонимі Түркі қағандығының кезінен бергі деректерде жиі кездеседі. Орхон-Енисей жазбаларында Байырку, ал Тан империясының жылнамаларында Байегу

делінеді. Байұлы алғашында Теле бірлестігінің құрамында болған. Түркі қағандығы оларды бағындырған соң, әуелі Бірінші Шығыс Түркі қағандығының, кейін Бірінші Түркі қағандығының құрамына енеді. Қытай деректері олардың Канганьхэ өзенінің бойын мекендегенін айта келіп, «бәрі де ауқатты, 60 мың адамы бар, 10 000 әскер шығара алады» деп жазады. Билеушілерін елтебер деп атаған. 647-648 жылдары Байұлын елтебер Цюйлиши билеткі. Канганьхэ өзенінің қазіргі атауы әлі анықталмаған, шамасы Селенганың жоғарғы ағары болуы керек. Екінші Шығыс Түркі қағандығының табан жұрты болған қыпшақтар, иметер, оғыздар қазақ даласына ойысып, қайтадан бас құран, жаңа бірлестіктерін қалыптастырады. Бұл кезде байырқу –баегулердің оғыз бірлестігіне енгендері Байауыт аталады. Қыпшақ байауыттар, негізінен, Ырғыз өзенінің маңына табан тіреп, Елбөрі қыпшақ тайпалық бірлестігін құрады. Орыс жылнамасындағы ильбури қыпшақтары – осылар. Жалал - әд-Диннің үзенгілес жолдасы, хорезмшахтар тарихын жазған Несеви әйгілі Теркен-хатунды осы байаут қыпшақтарының қызы еді дейді. Түркі қағандығы кезінде әлімдер құрамында болған тоғыз ата Байұлы тайпасының бірігу-ыдырау процестерінің салдарынан олардың қаншасының қазақ тонырағына табан тірегенін, қаншасының басқа жұрттың арасына шашылып кеткенін анықтау қиын. Дегенмен, байырғы байырқу- баегулердің негізгі бөлігі Қазақстанның батыс аймағын мекендеп, Ноғайлы тұсында Алшын бірлестігінің құрамында болған. Ал Ноғай ордасы ыдыраған кезде Алшын, Алтыауыл, Жембойлық ноғайлының басты жұртының бірі тамалармен бірге Қазақ хандығының құрамына енген. Байұлы жайлы деректер XVIII ғасырдың 1-жартысынан бастап орыс әкімшілігінің құжаттарында жиі ұшыраса бастады. Ол 12 ата Байұлы (қайсібір тізімдерде 13 ата) деп көрсетіледі. Байұлы құрамына шеркеш, ысық, есентемір, байбақты, беріш, адай, алтын-жаппас, тана, алаша, масқар, таз, қызылқұрт рулары енеді. Бұл рулардың әркайсысының өзіндік тарихы бар.

«Батыс Қазақстан» энциклопедиясы.
Алматы, «Арыс» баспасы,
2002 жыл.
172-бет

КІШІ ЖҮЗ

Кіші жүз – қазақ халқының этникалық құрамына енген рулар мен тайпалар одағы. Қазақ жүздерінің қай кезде, қандай жағдайда құрылғаны жайындағы деректер нақты емес. 1619 жылы орыс құжатында: «Көзкөргендердің айтуынша, бүгінде қалмаққа қазақтың Үлкен Ордасы (Ұлы жүз), Қырғыз Ордасы да бағынышты, екеуінен де қалмақтың күші басым» делінген. (Материалы по истории русско-монгольских отношений, 1607-1636, сб. документов, М., 1959, 53-б). Соған қарағанда, Кіші жүз Ұлы жүзден бөлек билік құрған. XVII ғасырдағы сызба карталарда да қазақ ордалары (жүз) белгіленген. Батыс Қазақстаннан, яғни Кіші жүздің халқы саяси әрі экономикалық жағынан Еділ бойындағы хандықтармен, орыс мемлекетімен, әсіресе Алтын Орда, Дешті Қыпшақ кезеңінде етене араласты. Шежіре деректерге қарағанда, Кіші жүздің ежелгі атауы – Алшын Әлімұлы, Байұлы және Жетіру тайпалар бірлестігінің жалпы атауы. Шығыс зерттеушісі Н.А.Аристовтың зерттеуіне сүйенсек, Кіші жүздің Алшын, т.б. көптеген тайпалары түріктердің Батыс диліндермен (Дулу, Думат) араласуынан қалыптасқан (Живая старина в. 3-4 в., СПб, 1896, 426-427-б.).

Бұл пікірді Г.Е. Грум- Гржимайло, В.В. Бартольд та құптайды. Мәселен, Кердері тайпасының атауы Хорезм аймағындағы түріктермен шектес «Кердері» деген жер атауымен үндес. П.И.Лерх, Н.И.Веселовский, С.П.Толстовтар да Кердері ғұндардың мекені болғанын дәлелдейді. X ғасырда Арал теңізі де Кердері аталған. Кіші жүздің құрамындағы ежелгі тайпалардың бірі – Адай. Геродот пен Страбонның жазбасына қарағанда б.з.б. II ғасырда Каспий теңізінің жағалауында дайлар мекендеген, ал олардың атауы оғыздардың «ада» (арал), «адай»(аралдықтар) деген сөзінен шыққан. Дайлар туралы алғашқы деректі Дарий патшаның Накширустем жазбасынан ұшыратамыз. Онда б.з.д. VI-IV ғасырларды Яксарттың (Сырдария) төменгі ағысында тарадари немесе парадари сақтар мекендеген, олардың одағына дахтар енгені жазылған. Қазақ шежіресіне, т.с.с. жазба деректеріне қарағанда, Кіші жүз құрамына енген тайпалар үш одаққа бөлінген: Байұлы (адай, алаша, байбақты, беріш, алтын-жаппас, масқар, таз, есентемір, шеркеш, тана, қызылқұрт, ысық); Әлімұлы (қарасақал, қаракесек, кете, шөмекей, шекті, төртқара); Жетіру (кердері, керейіт, табын, тама, жағалбайлы, тілеу, (көп деректерде телеу П.Д.) рамадан. Бұл тайпалардың құрылуы көшпелі халықтың мал жайылымына, ішкі ру тартыстарына да байланысты болған. Мәселен, Жетіру Тәуке ханның кеңесімен біріккен. Кіші жүздің құрамындағы ру-тайпалар туралы алғашқы дерек 1748ж. А.И.Тевкелевтің (Кутлу Мұхаммед Мамашев) жазбасында айтылады. Қазақ хандығының XVI-XVII ғасырдағы тарихы түгелдей айқын емес. Ноғай ордасындағы билеуші топтардың өзара қырқысын пайдаланып, Ақназар (Хақназар) ноғайдың біраз мырзаларын өз жағына қаратып, Жайықтың сол жағалауына дейінгі жерді қосып алды. Бұл жайында 1557ж. ноғай мырзасы Сымаил (Исмаил) IV Иванға: «Інілерім менен бөлініп, Жайықтың арғы бетінде қалып, қазақ ханына қосылды» деп жазған. Сөйтіп, Кіші жүз жеріндегі Ноғай Ордасының біраз бөлігі қазақ хандығына қараған. XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырда Кіші жүз қазіргі Батыс Қазақстанның жерін мекендеді. Оның жазғы жайлауы Үстірт жазығында, Ор,Жайық, Елек, Жем, Темір өзенінің сағаларына, Мұғалжар тауына орналасса, қыстауы Ырғыз өзені мен Сырдариянның төменгі ағысында, Арал теңізінен батысқа қарай, Маңғыстау түбегінде, Атырау ойпатында, Нарын құмында болды. Қазақ хандықтарының XVIII ғасырдың алғашқы жылдарындағы ішкі саяси өміріне тән нәрсе – ортақ мәселелерді шешу үшін үш жүздің басын қосатын жиналыстар еді. Үш жүздің өкілдері жыл сайын мәслихат құру үшін Сайрам маңындағы Мәртөбе жотасына жиналып отырған. Мұнда қай жерді қыстап, қай жерді жайлау керектігі, тыныштықты қалай сақтап, сыртқы жаулардан қалай қорғану керектігі талқыланған. Қазақ пен жоңғар билеушілерінің арасындағы жүз жылға созылған соғыс кезеңінде де осындай мәслихаттар өткен. Кіші жүз хандығында оңтүстік- батыстан Жайық қазақ-орыстары қолдаған Еділ қалмақтары, солтүстіктен Сібір қазақ-орыстары, Жайық сыртындағы жерлеріне башқұрттар жиі-жиі шабуыл жасады. Орыс мемлекетімен Кіші жүз хандығының сауда әрі дипломатиялық, қарым-қатынастары Қазан (1552) және Астрахань (1556) хандығы құлап, Жайық пен Еділ аралығындағы Ноғай ордасы саяси протекторатқа айналғаннан кейін кеңінен жүргізілді. 1717 жылы қазақ хандары Тәуке, Қайып, Әбілқайырдың Ресейге қосылу үшін жасаған әрекеті ескерусіз қалды. 1723 жылы Жоңғар шабуылы қазақ даласын үлкен апатқа ұшыратып, бұл кезең «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» аталды. Басқыншылардың шабуылына төтеп бере алмай Кіші жүздің рулары Сауранды айналып өтіп, Хиуа мен Бұхараға беттеді. Бірақ мұнда да тұрақтай алмай, Жайыққа қарай ығысты. А.И.Левшин: «Кіші Орда өзінің бұрынғы шекарасы болған Жем өзеніне жетіп, онымен де тоқтамай, өзеннің оң жағасына өтті. Жайыққа дейін жетті,»- деп жазды. Жоңғар хандығымен күрестің барысында Кіші жүз бен Орта жүз жеке-жеке иеліктерге бөлініп кетті. Ықпалды хан деп саналғанмен Әбілқайырдың билігі Кіші жүзге түгелдей жүрмеді. Мұнда оған қоса Қайыптың (Хиуа ханы) баласы Батыр сұлтан, Әбілқайырдың баласы Нұралы сұлтан өз алдына ел биледі. 1731 жылы 19 ақпанда патшайым Анна Ивановна Кіші жүздің Ресейдің қол астына ерікті түрде қабылданғаны туралы грамотаға қол қойды. XVIII-XX ғасырларда Кіші жүз қазақ-орыстарын билеуші топтар арасында қиян-кескі қақтығыстар, билік үшін айқастар басталды. Бұл өлкенің тұрғындары Е.И.Пугачев бастаған шаруалар соғысына белсене қатысты. Кіші жүз қазақтарының Ресей қол астына алынғанынан жарты ғасыр өткенде, ұлт-азаттық қозғалысы басталды. 1783-97 жылдары Сырым Датұлы бастаған шаруалар көтерілісінің шығу себебі – жер мәселесінің шиеленісуі, патша үкіметінің қазақтарға Жайық пен Еділ аралығына өтуге тыйым салуы, ру басыларының құқықларына қысым жасауы, хандардың, сұлтандардың, Жайық қазақ-орыс әскерінің және патша әкімшілігінің халықты ашықтан-ашық тонап, озбырлық жасауы болды. Кіші жүз қазақтарының 14 жылға созылған қозғалысы сәтсіздікке ұшырады. Бұл күрес қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиға болды. Кіші жүз қазақтарының бірсыпырасы Еділ мен Жайық аралығының төменгі ойпатына көшіп, 1801 жылы Бөкей ордасын (Ішкі Бөкей ордасы) құрды. 1812 жылы мұнда 7500 түтін, ал И.Казанцевтің дерегі бойынша, 1820 жылы 10234 түтін, яғни 102350 адам мекен еткен. 1889 жылы санақ бойынша Бөкей ордасында 236937 адам, ал Орал (қаз.Батыс Қазақстан) облысында 412001 адам тұрған. XIX ғасырдың 2 - жартысынан бастап Бөкей хандығында қара халыққа экономикалық қысым күшейді. Жергілікті билеушілердің және патша әкімшілігінің қысымы ұлт-азаттық көтерілісін тудырды. 1868 жылы Кіші жүз әкімшілігі Орынбор генералдық-губернаторлығына бағынатын Орал облысына қарады. Облыс Орал уезі, Ілбішін уезі, Гурьев уезі, Темір уезі болып, 4 әкімшілікке бөлінді. 1874 жылы бұған Маңғыстау приставы қосылды.

Батыс Қазақстан энциклопедиясы.
Алматы, «Арыс» баспасы, 2002 жыл.
330-бет.

КІШІ ЖҮЗ РУЛАРЫНЫҢ ҚОНЫСТАРЫ

Қоныс – кең ұғымды аталы сөз. Елім, жерім, отаным деп айтылатын қасиетті ірі сөздер- осы қоныс деген сөздің үлкен мағыналы баламасы. Кіндік қаны тамып, туып-өскен, үрім-бұтағы жайылған жерді халық еліміз, ата қонысымыз немесе ата жұртымыз дейді. Ауыл жаңа қоныска қонғанда не жаңадан үй салып, үй алғанда бірін-бірі: «Қоныс құтты болсын!» деп құттықтап, құшақ жайып көрісіп, мал сойып, қазан көтеріп, мәре-сәре болып жатады. Бұл сөз бүгінде де сол

бәз- баяғы қалпында айтылып келеді. Адам кәмелетке жетіп, паспорт алғанда, басқа өлкеде жүрсе де туған жер деген графаға өзінің шырылдап түскен, кіндік қаны тамған жерін жазады. Туған жерін, өлкесін мақтанып етпейтін адам болмайды. Сол туған жер үшін жауға аттанып, мерт те болады. Алысқа бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысындағы көп ұлтты совет халқының тарихта теңдесі жоқ ерлік жеңісі Отан үшін, атамекен үшін жан қиюдың өшпес, өнегелі үлгісі болып табылады. Адам баласына туған жердің, ата қоныстың қандай ыстық болатыны ертеден-ақ айтылып, жырланып келеді. Туған жерге арналып айтылатын ән қанша, тартылатын күй қанша, шертілетін шежіре қанша, жазылған тарих қанша! Оған дәлел ретінде 15-ғасырда Еділ бойында туып өскен Қазтуған жыраудың:

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Аққала ордам қонған жұрт.
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт.
Анамыз біздің - Бозтуған,
Келіншек болып түскен жұрт.
Қарғадай мынау Қазтуған,
Батыр болып туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт.
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт.
Салп-салпыншақ анау үш өзен,
Сауалы менің ордам қонған жер.
Жабағылы жас тайлақ,
Жардай атан болған жер.
Жатып қалған бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер.
Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Жары менен сайы тең.
Ботташығы бұзаудай
Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған.
Шырмауығы шөккен түйе таптырмас
Балығы көлге жылқы жаптырмас... – деп жырлауы куә. «Алыс сапар шеккенде, сағындырған ауылым», - деп, күні бүгін де әндетіп жүрміз.

Енді айтқалы отырған әңгімемізге көшіп, Кіші жүз деп аталатын рулардың Октябрь революциясына дейін мекендеген қоныстарына келейік. Алты аталы Әлім тұтасымен Темір, Ырғыз, Қазалы уездерін мекендеген, аздап Гурьев уезінде де болған.

Жетіруға келсек кердері - Орал уезін, тама – Орал, Ақтөбе, Атбасар, Түркістан уездерін, табын – Орал мен Ақтөбе уездерін, жағалбайлы – Қостанай мен Атбасар уездерін, рамадан – Шымкент уезін, керейт Ақмешіт уезін, телеу – Ташкент уезін мекендеген, аз- кем Әулиеата төңірегінде және Ілбішін уезінде болған тама, табын рулары аздап Бөкейлікте де болған.

Он екі ата Байұлына келсек, шеркеш – Гурьев уезі мен Бөкейлікті, ысық – Гурьев, Ілбішін, Темір уездерін мекендеген. Бөкейлікте де аздап ысықтар болған. Тана – Ілбішін, Темір, Ақмешіт уездері мен Бөкейлікті қоныстанған. Байбақты, қызылқұрт, маскар, алаша рулары түгелдей Ілбішін уезі (казіргі Ақжайық ауданы) мен Бөкейлікті мекендеген. Алаша руы аздап Қызылқұмда да болған. Адай – Маңғыстау уезін тұтасымен және Темір, Шағадам, Гурьев уездерін мекендеген. Бөкейлікте те аздап адайлар болған. Беріш- түгелдей Гурьев уезі мен Бөкейлікті мекендеген. Бөкейліктегі рулардың ең көбі беріштер, таз – Гурьев уезін, жаппас – Ақмешіт уезін, аздап Бөкейлікті де қоныстанған. Есентемір – Гурьев пен Ақмешіт уездерін мекендеген. Бөкейлікте де аздап таз бен есентемір болған.

Берік ҚОРҚЫТОВ.

КІШІ ЖҮЗ ҚАЛАЙ ЕРІКСІЗ ҚОНЫС АУДАРДЫ ?

Көне тарихымызға көз жүгіртсек, XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында Қазақстан саяси жағынан ыдыраған елге айналды. Қазақ тарихында 1680-1718 жылдары билік құрған Тәуке хан байтақ жатқан қазақ елін біртұтас мемлекетке айналдыруға үлкен ұмтылыс жасағанмен, оның күресі де айтулы нәтиже бере қоймады. Жүздер арасындағы саяси, шаруашылық байланыстар өте әлсіреді, феодалдық тартыстар күшейе түсті. Бұл жағдайды жіті бақылап отыратын сыртқы жаулар бөлшектенген мемлекетке қарсы шабуылдарды ойластыра бастады. Әсіресе XVII ғасырдың басында Жоңғария қазақ жеріне ашық түрде көз аларта бастады.

1710 жылы Қаракұмда үш жүз өкілдері бас қосып, жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастыру жөніндегі алқалы жиын өткізді. Содан соң қазақтардың біріккен күштері өз жауларына қарсы айтарлықтай соққылар берді. Алайда бұл жеңістер де баянды болған жоқ, себебі әр жүзді өз алдына дербес билеген хандар арасында ауызбірлік болмады. Осындай алауыздықты ұтымды пайдаланған жоңғарлар 1723 жылы қазақтарға қарсы алапат соғыс бастап, оларды аяусыз қырғынға ұшыратты. Тарихқа "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" деген қасіретті атпен енген бұл зұлматты нәубетте халқымыз орасан шығынға ұшырады. Қазақстанның оңтүстік-шығысынан тиген жаудан үріккен әрі қатты қыстан күйзеліп шыққан ел тоз-тоз болып, Сырдария өзенінің арғы бетіне өтті. Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтарының үлкен тобы Шыршықтан әрі асты. Ал қалған үлкен тобы оңтүстіктегі Алқакөл құмы маңынан Бұқар мен Самарқанға қарай дүмей көшті. Ал Кіші жүз қазақтары көне Сауран қаласының солтүстік батысынан айналып, осы күнгі Қызылорда облысының Шиелі тұсынан өтіп, Хиуаны бетке алды. Сондықтан да бұл алапат қырғын Кіші жүз қазақтары арасында «Сауран айналған» деген атпен аталған. Кіші жүз қазақтарының басына туған зобалаң, сүрғіншілік мұнымен тоқтап қалған жоқ. Орта Азия алабынан жайлы қоныс таба алмаған қалың қазақ Бұхар мен Хиуа хандарының талауына түсті. Олар үркіншілікпен қоныс аударған жұртты жаппай шеңгелді уысында, құлдықта ұстағысы келді. Олармен жан алысып, жан берісіп шайқасқан Кіші жүз түркімен жері арқылы, үлкен бір тобы Арал теңізін солтүстіктен айнала отырып, Жем, Жайық, Елек, Ор, Ойыл өзендерінің алқабына қарай ойысты. Осы жоңғар шапқыншылығының ең ауыр таксіретін Кіші жүздің Әлім, Он екі ата Байұлы тайпалары тартты. Қазақ Совет энциклопедиясында бұл туралы былай деген: "Ш.Уәлихановтың жазуы бойынша, бұл қазақ халқының өміріндегі сұмдық ауыр кезең болды: жоңғарлар, Еділ бойының қалмақтары, Жайық казак-орыстары мен башқұрттар тұс-тұстан қазақ ұлыстарын талқандап, малын айдап әкетті, жанұяларын (семьяларын) тұтқынға алды, қыстың суығы, жұт пен аштық күйзелісті күшейте түсті." (ҚСӘ.1-том.220-бет). 1728-1729 жылы қайта ес жиып, етек жапқан біріккен қазақ жасақтары жоңғарларға Бұлантыда, Аңыракайда күйрете соққы берді.

Міне, осынау тағдырлы сәтте ел бастаған тұлғалар жоңғарлардан, қалмақтардан желкеге үнемі төніп тұратын қанды қылыштан құтылудың жолын сан ғасыр бойы іргелес ел болып келе жатқан Ресеймен одақтасудан көре бастады. 1726 және 1730 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырдың бүкіл жүз старшындарының атынан Ресейге қосылу туралы жасаған өтініші 1731 жылы қанағаттандырылғаны белгілі. Бұл жағдай Ресейдің түпкі мүдделеріне сай келді. XVI ғасырда 5,5 миллион шаршы шақырым (километр) жерді иеленіп, үлкен елге айналған Ресей орыс патшасы I Пётрдың билігі тұсында тіптен күшейді. 1721 жылы орыс мемлекеті Ресей (Россия) империясы болып жарияланды. Ал XIX ғасырдың соңында Ресей (Россия) монархиялық империясының жер көлемі 22,4 миллион шаршы шақырымға (километрге), халқының саны 128,2 миллионға жеткен-еді. Осының ішінде Орта Азия өлкесіне 5 миллионы тиеселі болса, Қазақстанға тиеселісі 2,7 миллион еді.

Сол 1731 жылы бодандық қамытын киген Кіші жүз жерлерінде Ресей өкіметі кәнігі тәсілмен қамалдар мен бекіністерді салуға кірісті. 1734 жылы Орынбор қаласы салына бастады. Соның ізінше Яицкий Городок, Кулагин, Топелев, Баксаев секілді 14 бекініс салынды. Бағзы заманнан бірде қалмақ, бірде башқұрт, бірде қазақ иеленіп, кең өріс, мол жайлау болған Еділ мен Жайық арасындағы шұрайлы алапты Ресей толық иеленіп алды. Мысалы, С.Әсіптің "Қазақ қасіреті" кітабында Мәскеу мен Петерборда (Петербург) тұратын князьдар Юсупов пен Безбородько сол маңнан 300 мың десятина жер алып, оны көпестерге жалға беріп қойғандығы жөнінде дерек келтірілді. Олар қазақтың өз бидайын өзіне қуырып беріп, жерге мал жайылғаны үшін, өзеннен өткені үшін, суаттан мал суарғаны үшін түлік басы салық салып, ойларына келгенін істеп бақты. Сол 1734 жылы Ресей Жайық өзенін шекара етіп белгілеп, өз территориясын ресми түрде заңдастырып алды. Бұл жағдай көшпелі мал шаруашылығын негізгі кәсібі еткен Кіші жүз қазақтарына үлкен соққы болып тиді. Патша әкімшілігі шығарған тәртіпке бағынбай, Жайықтың оң жағалауына өткен қазақтардың алды жер аударылып, соңы айдалып жатты. Соған қарамастан кең өріс, шүйгін жайлауға бауыр басқан қазақтар патша өкіметінің бұл аяр саясатына да, қорқытқанына да мойынсынбай, Жайықтың оң жағалауына өтіп кете берді. Ақырында патша өкіметі 1747 жылы 11 мамырда Еділ мен Жайық арасын жыл сайын күзде өртеу туралы Жарлық шығарды. Шұрайлы жайылымдық жерлерінен айырылған халық үлкен күйзеліске ұшырады. Халқының мұңы мен қасіретін жүрегіне құйып өскен беріш руының берені атанған, халқымыздың қырғи тілді қыран ақыны Мұрат Мөңкеұлының:

Еділді келіп алғаны,
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны,
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны,

Ойланғысы болғаны.

Қоныстың бар ма қалғаны?!-

деген күпіренісі сол кездің ащы шындығынан туған еді. Осындай езгі мен қыспақтың көбейіс түсуі, жер мәселесінің шиеленісе түсуі, қазақтың ру басыларының құқықтарының аяқасты етілуі, жергілікті билеуші топ өкілдерінің қаранайым халыққа түрлі салықтарды көбейтуі, Жайықтың оң жағалауына отуге салынған тыйымның барлығы халықтың ыза-кегін қайнатты, әр аймақтарда халық толқуын тудырды. Сондықтан да сол кезеңде Ресейдің Еділ-Жайық аймағында Емельян Пугачев бастаған 1773-1775 жылдардағы көтеріліске Кіші жүз қазақтары белсене қатысты. Әсіресе Орынбор қаласын қоршаған кезде тама, табын, жағалбайлы, беріш, шеркеш руларының жауынгерлік қосындары бұл көтерілісте аса белсенділік көрсеткен. 1773 жылы 7 қазанда Орынбор әкімшілігінің мәлімдемесінде, оған 2 мыңнан аса қазақ қатысқаны баяндалған. Оның бір айғақты дәлелін мына төмендегі жайдан көруге болады. Қазақ қосындарын бастап, Пугачевке белсенді қолдау көрсеткен М.Шығаев пен Д.Карабаев екеуі де көтеріліс жеңілген соң қолға түседі. Сол 1775 жылдың 10 қаңтарында Мәскеудің Болотная алаңында Пугачевпен бірге көтерілісті белсенді қолдаушылар М.Шығаев, Панфилов, Подуров, Торнов төртеуі дарға асылды. Ал Д.Карабаев болса, ұзақ мерзімді каторгаға айдалды.

Орыс империясы қол астына қаратылған бодан халықты езудің сан алуан айласын одан әрі жалғастыра берді.

1782-1783 жылдың қысында Жайықтың сыртына өткен қазақтардың 4 мыңнан астам жылқысын Орал казак әскерлері зорлықпен айдап кетуі ел арасында әбден шегіне жеткен наразылықты одан әрі күшейте түсті. Осыған наразы болған тама руының старшындары Қадыр мен Садыр, сондай-ақ жағалбайлы руының Тасболат пен Есболат деген старшындары, шеркеш руының старшыны Дулат та бірнеше рет өз қарамағындағы адамдармен бірнеше рет патша бекіністеріне шабуыл жасауға белсене қатысады. Осындай толқуларды басу үшін, бас көтерген старшындарды жазалау үшін Орынбор комендапты Ладвиженский С.Харитонов деген сотникті жұмсаған. Орыстар қазақ ауылдарына жіберген отрядтарға көбіне қазақ-орыстардан басқа башқұрттарды да қарсы пайдаланған. Мысалы, 1785 жылы 17 ақпан күні Елек бойына аттандырылған генерал-майор Смирнов бастаған отряд құрамында 237 қазақ-орыс, 2432 башқұрт жасақтары болған. Бұл жерде де патша өкіметінің өкілдері тілі туыс, діні бір, қандас ұлттар өкілдерін үлкен олжа, сыймен дәмелендіріп, олардың арасында алауыздық отын жағудың небір айлалы тәсілдерін шебер қолдана білген.

Осындай қыспақтың сан алуан түрлерін бастан кешкен халықтың да шыдамы әбден таусылады. Сөйтіп 1785 жылдың басында Кіші жүздің Он екі ата Байұлы тайпасының байбақты руынан шыққан старшыны Сырым Датов бастаған көтеріліс бұрқ ете қалды. Сол кездегі Кіші жүз билеушісі Нұралы хан мен Айшуақ сұлтан осы көтеріліс қанат жаймай тұрғанда, алдын алып, басу үшін Орынборға шапқыншы жібереді. Ол жақ жоғарғы патша ағзамға хабарлап үлгереді. Бұл екі ортада Сырым 500 жігітпен өзінің ізіне түскен Смирнов, Колпаков, Пономаревтардың әскерлерінің ту сыртынан соққы беріп, Антоновск бекінісіне шабуыл жасайды, Сахарная қорғаныс шебіне тұтқиылдан шабуыл жасап, оларды біраз шығынға ұшыратады. Алайда артынша 1785 жылы 24 наурызда майор Назаров бастаған жазалаушы отряд Каршинск мен Сахарная қорғаныстары аралығында көшіп-қонып жүрген бейбіт ауылдарды шауып, қырғынға ұшыратты, оларды тонап, өздерінің жырткыштық бет-бейнесін анық көрсетті. Бұл тосын жайт былайғы көтеріліске қатыспай, қолдамай, ілеспей, бейтарап жүрген халыққа ауыр әсер етті. Осы қанқасап оқиғадан соң олардың старшындары мен билерінің алды Сырым бастаған көтеріліске өз еріктерімен және серіктерімен қосылды.

Бұл кезде Кіші жүз ханы Нұралының беделі де құлдырай бастаған. Осы жағдайда патша әкімшілігі ханның ықпалынан тыс бой көтерген старшындар мен билермен, рубасылармен байланысып, олардың пікірлерімен санасуға мәжбүр болды. 1787 жылы жазда старшындар съезі өтті. Оған Сырым да қатысты. Осы қызу өткен алқалы жиында Сырым бастаған топ хандық өкіметті жоюды ұсынды, ал өзге тобы хандық өкіметті сақтау керектігін қолдай отырып, Нұралыны тақтан тайдыруды талап етті. Соның артынша көтерілісшілер хан ордасына шабуыл жасады. 1786 жылы II Екатерина патша Нұралыны хандық тақтан шеттеуге қол қойды. Осыдан кейін патша келісімімен Орынбор генерал-губернаторы Игельстром Кіші жүзде хандықты жою жөнінде белгілі қадамдарға барып, бір Кіші жүздің өзін үш бөліп, сайланбалы әрі ірі көлемді жалақы алатын Бас старшын дәрежесін енгізуге ұмтылды. Алайда бұл реформалық қадам билік тұтқасында жүрген қазақтардың тарапынан қолдауға ие болмады.

1790 жылы тамызда Нұралы хан Уфа қаласында қайтыс болған соң, Кіші жүздің билер алқасы оның орнына Есім сұлтанды отырғызды. Бірақ бұл ханды патша үкіметі мойындаған жоқ. 1791 жылы тамызда өктемшіл патша билігі қазақ рубасыларының, билерінің, жалпы халықтың ұнатпайтын адамы Ералы сұлтанды "тізенің күшімен, мылтықтың ұшымен" Ор қорғаны маңында хан қылып бекітті. Бұл тағайындау көпшіліктің наразылығын тудырды. Бұл жайға мүлдем қарсы болған Сырым батыр бұрынғыдай патша әскерімен болып жүрген кішігірім қақтығыстардан бас тартып, 1792 жылы анық соғыс қимылдарына көшті. Мұның өзі патша өкіметін қатты састырды. Көтеріліс дүмпуі бүкіл Кіші жүзді қамтыды. Бұл туралы көрнекті орыс тарихшысы М.П.Вяткин "Сырым батыр" монографиясында былай деп жазады.

"...1785 жылдың жазғытұрымынан бастап Сырым қозғалысының сипаты жүз арасындағы ішкі күреске айналады, мұнымен қатар бұл күрес патша әкімшілігінің озбырлығына, зорлығына қарсы жүргізілген күрес болып отырды. Қозғалыс Нұралы ханға қарсы және Нұралы тұқымынан шыққан сұлтандарға қарсы бағытталады. Бұл қозғалыста Сырым батыр күннен күнге үлкенірек роль атқара бастайды. Қозғалыстың қаншалықты етек алғандығы туралы хан тобына қарсы күреске қатынасқан руларға қарап топшылауға болады. Қаружарақты күресте Сырымды белсене қолтықтағандар байбақты, шекті, табын, шеркеш, таз руларының қазақтары. Бұл рулардың көбі Нұралының басқаруында болған".

В.П.Вяткин, «Сырым батыр».Алматы,1951. ҚМБ,208-209-бб.

Сырым Датов бастаған көтерілісшілер қанша ержүрек, жауынгерлер болса да от пен оқ төгетін отты қаруларымен, зеңбіректерімен мықтап қаруланған, қатаң тәртіпке үйретілген, басқыншылық психологиясымен әбден уланған орыс әскеріне төтеп бере алмады. Әсіресе Елек қорғанына жасаған шабуылы Сырым үшін аса сәтті болмады. Бұдан кейін ол партизандық соғыс тәсіліне көшіп, орыс-қазақ әскеріне, ханға қарсы бірнеше сәтті жорықтар жасады. Бұл орайда Сырым және оның жаужүрек сарбаздары әрдайым халық қолдауына ие болып отырды. 1794 жылы Ералы хан қайтыс болды. Патша үкіметі Кіші жүздің ханы етіп Нұралы ханның баласы Есімді сайлады. Жас хан іске кірісісімен-ақ көтерілісшілерді басуға бар күш-жігерін жұмсады. Патша үкіметіне барынша арқа сүйеген Есім хан көтеріліске белсене қатысып, көп тер төккен сарбаздардың бір тобын өкіметке ұстап берді. Ол Сырымды қолға түсірудің бар тәсілін ойластырды. Есім ханның көтеріліске қатысушыларға қарсы жасаған қанқүйлы қимылдары Сырым тобын шешуші әрекеттерге итермеледі. 1797 жылы ерте көктемде Сырым батырдың жақтастарының бір тобы түн ішінде Есім ордасына тұтқиылдан шабуыл жасап, ханды өлтіріп, ауылын аяусыз талқандады. Сөз жоқ, бұл оқиға жергілікті билеушілер арасында да, патша өкіметін де қатты абыржытты. Қазақтардың билеуші топтарының басым көпшілігі Сырым көтерілісшілерінің бұл жолғы әрекетіне бірденен қарсы шықты. Олардың арасында Есім ханға бұрыннан да іш тартып, оның саясатын қолдайтындар жеткілікті еді. Сырым көтерілісін бұрыннан қолдап жүрген рубасылары, старшындар, билеуші тап өкілдері батырмен ірге ажыратысты. Мысалы, ханды өлтірген көтерілісшілерді жою үшін үлкен әскери күшті бастап шыққан Орал казақтарының атаманы Донскийдің жазалаушы отрядының жорығына Кіші жүздің байбақты, алаша, беріш, тама, адай, т.б. рулардың билері мен старшындары да қатысты.

Осы бір әрі күрделі, әрі ауыр кезеңде патша үкіметі көтерілістің әсерін әлсірету үшін саяси-әскери дағдарыстан құтылудың жолын қарастырды. Билеуші үкімет хан сайламай, хан кеңесін құрды. Осы кеңестің басшылығына Айшуақ сұлтан, мүшелігіне үлкен рулардың беделді деген алты старшыны және патша әкімшілігінің өкілі мүфти Құсайынов сайланды. Мұның басты мақсаты Сырым бастаған халық көтерілісін басып-жаншу болды.

Сол 1797 жылдың тамызында хан кеңесі өтіп жатқан жерге Сырым батыр 7 мыңға жуық адамын бастап келеді. Ол осы кеңеске келіп, өзінің 14 жылға созылған күресін тоқтататындығын мәлімдейді. Оның басты себебі етіп халықтың қатты күйзелгендігін алға тартады. Осы орайда сол кездегі ауыр жағдай туралы Сырым көтерілісі тарихын жете зерттеген тарихшы Вяткин өз сөбегінде мына төмендегідей жайды келтіреді.

"1795-1796 жылдың қысында Кіші жүз қазақтары экстенсивті көшпелі шаруашылықтың тұрақты серігі болып жүретін стихиялық апат-жұтқа ұшырады. Жұт жүздеген ауылдарды күйзелтіп кетті. Малдың қырылуынан кейін ашаршылық келді. Патша өкімет орындарына бұл апат туралы баяндаған Есім ханның хатшысы Г.Фаткуллин: .... "кейбір адамдарда жылқы да, қой да, түйе де қалмады... Ал кедейлерде тігерге тұяқ қалмады... Әбден күйзелгені соншалық, жас балалардың көбі аштықтан өліп қалды",-деп жазды. (108-бет).

Міне, осындай жайларды өз көзімен көріп, көңіліне түйген әрі ұзақ жылғы күрестен қажыған халқының жағдайы, көтерілісшілер қатарында ұйымшылдықтың қожырай бастауы, билік тұтқасын ұстаған билер мен старшындардың екі жүзді саясат ұстанып, көп тұстарда сұлтандармен ауыз жаласып кетуі секілді келеңсіз тірліктері, ең соңында нақты мақсаттарына жете алмауы-бәрі жиылып, оны осындай шешімге алып келеді.

Міне, сол Сырым көтерілісіне белсенді қатысқан тұлғалардың бірі, өз кезіндегі айтулы би, әрі шешен, әрі мерген шеркеш руының Қосым-Шора, Жақсыбөрі аталығынан шыққан Қаражігіт Төлебайұлы еді. Оның ауылы орыстар соққан Елек қамалынан біршама қашық жерде Елек өзенінің оңтүстік жағалауында орналасқан болатын. Бір-бірімен іргелес, туыстас отырған үш ауылдың барлығы көп жылдар бойы сол Қаражігіт бидің ықпалындағы ауылдар еді. Негізі Қаражігіт би бастаған үш ауылдың 1792 жылға дейінгі қонысы Ойыл өзенінің анғарында болатын. Кейініректеу көтеріліс басталған тұста оның үш ауылы орыс отрядының шапқыншылығына ұшырап, зардап шегеді, жақын ағайындарының бірі жазықсыз оққа ұшады, біраз малдарын жазалаушы отряд айдап кетеді. Содан кейін бұл үш ауыл Елек өзеніне жақын маңға қарай қоныс аударады. Бірақ бұл манда да тыныштық болмады. Сол Елек қамалы үшін болған шайқаста Қаражігіт би де Сырым жағында шайқасып, көп тер төгеді. Осы ұрыста ол ағайындары Атығайдан, Дөненнен, жас батыр Қарамергеннен, Төбел мергеннен айырылады. Көтерілісшілерді жазалау үшін шыққан Донскийдың қаһарынан қатты сескенген және көтерілісшілерді ұстап беру үшін жансыз болып жүрген Байқадам дегеннің іс-әрекетінен хабардар болған Қаражігіт шұғыл түрде Сырымға астыртын жолығып, өзге өңірге қоныс аудармакка бекінгенін мәлімдеп, алдынан өтеді. Себебі бұдан бұрынғы Ойыл маңында болған қанды оқиғадан жүрегі шайлығып қалған үш ауылдың баскөтерерлері Қаражігіт бидің Електегі қантөгістен кейін қоныс аударуға көндірген болатын. Сөйтіп Қаражігіт би Төлебайұлы бастаған үш үлкен ауыл 1797 жылы сәуірдің басында, Есім хан өлтірілісімен дүрк көтеріліп көшіп кетеді. Содан үш айдан аса көшіп отырып, бір мыңдай шақырымды артқа тастап осы күнгі Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы Сарыкеңгір өзені маңындағы Қотырбұлакка, Орта жүз ағайындардың ортасына келіп қоныстанады. Қаражігіт бидің үш ауылының құрамында шеркештің Қосым ұрпағының Жақсыбөрі, Жаубөрі аталығынан тараған Құлтума, Құрман, Жолберлі, Мәлібек ұрпақтары болды. Бірақ бұл жердің қатал ауа райы, жер құнарының аздығы көшіп келгендердің көңілінен шыға қоймады. Аракідік Орта жүз ағайындармен арада бой көтеріп қалатын жер дауы да жаңа қоныс тепкен жұртқа қолайлы болған жоқ.

1801 жылы жаз ортасында Қаражігіт би аз күн ауырып дүние салады. Елтұтқа болып отырған Қаражігіттің қазасы үш ауыл болып ұйысып отырған шеркештерге ауыр соққы болып тиеді. Билік тізгінін алған Қаражігіт бидің үлкен ұлы Байғұлының тұсында Жаубөріден тараған Жолберлі мен Мәлібек аталықтары қоңыр күзде төменгі Шуға, Құлтума, Құрман аталықтары жоғарғы Шуға қоныс аударады. Содан бастап іргесі ажыраған ағайындардың жаз жайлауы да біржола бөлектенеді. Алғашқылары Жетіқоңырды, соңғылары Арқа жеріндегі Сарысу өзенінің оңтүстік бетін, Көктас маңын жаз жайлау етеді.

Қаражігіт би қайтыс болған соң оны Сарыкеңгір өзенінің батысындағы Қотырбұлақ маңындағы көне қорымның оңтүстік-шығыс бетіне жерлейді. Ұрпақтары Ұлытау тауына барып, жалқын жасыл түсті сұпытас таңдап әкеліп, басына Шеркеш руының бақан таңбасын әдемілеп қашап салып, белгі орнатады. 2003 жылы күзде шежіре қария, республикалық басылым беттерінде тарихи-шежірелік сөбектер жариялап жүрген зерделі ағамыз жаңаарқалық Берген Қожамұратов ағай мен осы жолдардың авторы барып, Қаражігіт баба басына тәует етіп қайттық. Осы зиратты табуға атсалысып жүрген белгілі астаналық ақын, зерттеуші көп ізденген Ахметов Қуаныштың да көмегі болмай қалған жоқ. Сондай-ақ Арқа өңіріне аты мәлім ғұлама молда Әубәкірдің қолжазба деректері де ізденісіміздің жемісті болуына септігін тигізді. Шеркеш руының бақан таңбасы барынша айқын бедерленген сұпы тастың көне қорым ортасында жеке дара, оқшау тұрғындығы ізденісіміздің сәтті аяқталуына әкелді. Алғашқы көшті бастаған шеркештерден соң іле-шала Жемей би бастаған таманың жөгі рулары, жағалбайлының Айтуар шешен бастаған Біліс пен Ормантай рулары Ырғыз бойынан Арқадағы Сарысу өзенінің жағасына келіп қоныс тепті. Адайдың Келімбердісінен тарайтын Тобыш әулетінің белді тұлғаларының бірі Қосшы батыр бастаған біраз ауылдары осы күнгі Өзбекстанның Бұкара облысына қарасты Тамды аймағына барып табан тірейді.

Бұл алғашқы көштен соң Кіші жүзде біраз уақыт тыныштық орнайды. XIX ғасырдың жиырмасыншы жылдары да Кіші жүз өңірінде патша мен хандық билікке қарсы бой көтерулер өте жиі болып тұрады. Бұл толқулар талай жылдардан бері мазасыз, ауыр күй кешкен халыққа ауыр соққы болып тиді. Сондықтан да олардың атамекендерінен ауа көшіп, өзге өңірлерге үрке көшіп қоныс аударуы заңды да. Бұл орайда белгілі жазушы Рахымжан Отарбаевтың 1990 жылғы «Парасат» журналының 11-санында жарияланған «Махамбет пен Баймағанбет өлімі» деген көлемді мақаласында келтірген деректері бірталай шындықтың бетін ашып береді. Ол былай деп жазады: "Шежіренің растығына АВПР-дағы " (Архив внешней политики России) сарғыш тартқан іс-қағаздарды ақтарғанда да көз жеткіздік. Мәскеудегі бұл архивте халқымыздың тарихына қатысты талай көзайым құнды дүниенің жатқанын айта кеткен жөн.

Бәзбір тарихшыларымыз бен әдебиетшілеріміз Батыс өлкені мекендеген тама, шеркеш, жағалбайлы руларының Арқа, Жетісу өңіріне ауа көшуін кейде қисынсыз болжамға сайып, дәлелден жатады. Сөз соңында осы жайтқа да тоқтала кеткен дұрыс болар.

1. Сырым Датов көтерілісі жеңіліске ұшыраған соң, 1797 жылы шеркеш Қаражігіт би Төлебайұлы бастаған үш ауыл Арқаға қоныс аударған. **(Бірінші көш.)**

2. Арынғазы көтерілісінен кейін 1821 жылы тама Жұбан мырза бастаған топ қазіргі Оңтүстікке үдере көшкен. **(Екінші көш.)**

3. Көтібар көтерілісі басылған соң 1825 жылы тама Арап деген жігітке ерген көп ауыл қазіргі Шымкент, Жамбыл облыстарының жеріне келген. **(Үшінші көш))**

4. Исатай, Махамбет көтерілісі сәтсіздікке ұшыраған соң 1839 жылы Бекей, Қондыкбай бастаған жағалбайлылар қазіргі Қостанай, Жезқазған облысының бос жатқан жерін жайлады. **(Төртінші көш.)**

Міне, Жайық өңірінің Самар, Бұкар бетін атакұлдік еткен бұл рулардың туған жерден жыраққа қоныс аударуының осындай төрт түрлі себебі бар."

Енді бұл мәселемен талай жылдардан бері ерінбей-жалықпай айналысып жүрген тарихшы ғалым Марат Сәбитұлы Мұқанов «Этническая территория казахов в XVIII начале XIX веков» деген ғылыми еңбегінде осы мәселеге тоқталып өтеді. Ой-пікірдің нақтылығы үшін мына үзіндіні орыс тілінде келтірейік: «К концу XVIII в. относятся интересные материалы о расселении казахских племен. В своих сведениях «О киргиз-кайсаках (казахах-М.М.), разделяемых обыкновенно на Большую, Среднюю и Меньшую орды» Оренбургский генерал-губернатор Г.Волконский сообщает о числе семейств, отделений (под которыми надо понимать роды-М.М), местах кочевок казахских племен в трех жузах. Сведения Г.Волконского были собраны среди родоуправителей, знавших подвластных им улусы». Кітаптың 12-бетінде басталған әңгіме 14-бетінде одан әрі жалғасын былай табады: "Меньшая орда (Младший жуз) представлена более подробно в сведениях Г.Волконского, что объясняется непосредственным подчинением казахов этого жуза Оренбургскому генерал-губернатору.

Свои сведения Г.Волконский начинает с того, что 6000 семей различных родов Младшего жуза, покинув своих соплеменников, ушли к казахам Среднего жуза на реки Чу, Сарысу, в верховья Есиля".

Көп жылдардан бері көз майын тауысып, архивтерді ақтарып осы салада талмай ізденіп жүрген шымкенттік зерттеуші, журналист Момбек Амангелдиев "Уақыт" газетінде жарияланған «Кіші жүз қалай ауды?» деген көлемді мақаласында жоғарыда айтылған дерек көздерін одан әрі тереңдете түседі. Шеркештің үш ауылын бастап келген Төлебайұлы Қаражігіт туралы айтып келіп, ол оның орыс әскерлерінен көп қиянат көріп, Елек өзені бойынан ауа көшіп, Ұлытаудың шығыс жағына қоныс аударғанын нақтылай түседі. Бұдан кейінгі көштер 1821 жылы Арынғазы, 1825 жылғы Көтібар көтерілістерінен кейін болған. Хан тұқымдары мен орыс әскерлерінен зәбір көрген Жетірудың рамадан руы Жайық пен Ырғыз арасынан тұтастай ауа көшіп, Сыр бойына, Ташкент маңына орныгады. Мәті би бастаған тобы осы күнгі Қазығұрт маңына, Келес бойына қоныс аударады.

Исатай, Махамбет бастаған көтеріліс жеңіліске ұшыраған соң жағалбайлылар Қостанай, Жезқазған өңіріне шұбырады. Адайдың Шоға тобы Жызаққа, Жетірудың телеулері, Сыр бойына, Әулиеата маңына, кетелер Сыр бойына табан тірейді.

Бесінші көш Жанқожа батырдың көтерілісі аяусыз басылған соң Әлім тайпасына қарасты шекті руларының үлкен тобы Өзбекстанға, Ферғанаға ауа көшті Қоқан хандығын орыстар басып алған соң Түркіменстанға қарай өтіп кетті. Бесінші көш көмпеске кезеңі болды. Адайдың Күрпі аталығының Адас деген атақты байы ел-жұртымен, қалың малымен Ауғанстан асты. Сол Адайдың Кетенің көп әулеттері Ауғанстаннан тыс Иранға, Түркияға өтіп кетті.

Кейінгі жылдары елге оралып жаткандар да көбіне осы аталықтың ұрпақтары.

Жиырма жылға жуық өмірін шежіре жинауға арнаған, Қазақстанның 3000-нан астам ауылын аралап, "Сіргелі шежіресі" т.б. бірнеше танымдық, тарихи кітаптар шығарған азамат Момбек Әбдіәкімұлы Кіші жүз тайпаларының қоныс аударуын нақты архивтік деректерді негізге ала отырып, олардың ата қоныстан ауа көшуін жеті кезеңге бөліп қарайды. Соның алтыншы кезеңі туралы былай деп жазады:

Алтыншы көш (Ұлы жұт жылдары) – коллективтендіру кезінде болды. Мұнда аса зардап шеккен тағы да тама мен жағалбайлы, шеркеш алшындар. Оларды енді Сарысу өзенінің бойынан бері Қаратау етегіне қарай зорлықпен көшірді. Сөйтіп олар Жамбылдың Байқадам, (Сарысу П.Д.) Шымкенттің Созақ аудандарына келді. Іле-шала

аштық басталып, онсыз да ауғанды елдің тағы да тоз-тозы шықты.

Жетінші көш. Бұл "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан" кейінгі қазақ халқының басына түскен, ең сұмдық, ең сойқан көш еді. 1723 жылы қалың қазақ жұрты сыртқы қаскөй жаудың қылышы мен найзасынан қырылса, 1931-1932 жылы халыққа келген намыт-нәубет "Қамқор" болған жаңа өкіметтің көрсоқыр саясатынан болған еді. Қазақ халқының ұлы перзенті Тұрар Рысқұлов 1933 жылдың 9 наурызында И.Сталинге жазған хатында сонау Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданынан еріксіз қоныс аударған сол қасіретті көштің бір ғана Сарысу ауданына қатысты жүрегінді қан жылататын жолдарын оқысаң, төбе құйқаң шымырлайды. "Сарысу ауданындағы 7000 қожалықтан тек 500-дей қожалық қалған, өзгелері Әулиеатаға және басқа аудандарға көшіп кеткен, ал бірсыпырасы тіпті Қырғызстанға ауып барған. Қараша айында осы ауданнан әлденеше жүздеген қазақ тайлы-таяғы қалмай шұбырып, ұзақ жолға шыққан. Осы жол үстінде олардың біразы қаза тапқан. Қаңтардың екінші бескүндігінде ғана 24 адамның сүйегі табылған. Жолда оларға қарулы қарақшылар шабуыл жасаған. Шарасы қалмаған әйелдер балаларын суға лақтырған. 5-6 қаңтарда Әулиеатаның шайханаларында үсіп өлген 20 баланың сүйектері жинап алынған және сол мерзім аралығында 84 ересек адам аштан өлген".

2003 жылы шыққан "Шежірелі Сарысу" кітабында 1933 жылдың көктемінде Саудакент төңірегіне Сарысу көшпенділерінің үштен бір ғана жеткендігі, Арқа, Шу төрінен ашаршылықта ауа көшкен 36 мыңдай адамның 24 мыңдайы аштық құрбаны болып, аман қалғандары Түркістан, Әулиеата, Шымкент қалаларынан асып, Өзбекстанға, Қырғызстанға, Түркіменстанға асқандары туралы ащы дерек келтірілген. Бұлардың барлығы да сонау 1797, 1821, 1825, 1839 жылы Батыстан қоныс аударған Кіші жүздің шеркеш, тама, жағалбайлы ұрпақтары болатын.

Әрине, бұл тақырыптың алдағы уақытта да кеңірек әңгімелерге арқау болары сөзсіз. «...Міне, Кіші жүз руларының басқа жаққа қоныс аудару оқиғалары осындай себептерден еді. Олардың ешқайсысы ата-мекендерін өз еріктерімен тастаған жоқ. Тек жан сауғалап, жолшыбай сан қырғынға ұшырап, шет елдерге ауып кеткен қазақтардың орнын өз жеріне кім толтырады? Сол елдерде қазақтың тек Кіші жүзі ғана емес, басқа жүздерінің де өкілдері баршылық. **Әйтсе де қазақ ішінде ең көп сергелдеңге түскен Кіші жүз рулары екені айқын.** Бұған қоса Өзбекстанға ертеректе қоныс аударған кейбір рулардың аталары-өзбек халқына сіңіп, өз ұлтын мәңгіге жоғалтып алғандығы да тарихи шындық. Бұл жайында көп уақыттан бері ешқандай баспасозде жазылмай келді. Қай саладан болса да тарихи шындықты енді айта бастадық емес пе ?!

Алайда осынау қияметі мен қасіреті, қим-қиғаш зобалаң мен әр түрлі нәубетті мол көріп, жаулармен көп тірескен жауынгер Кіші жүз халқының аянышты да батыр тағдырын халық әділ бағалап, оған «Кіші жүзге найза беріп жауға қой!,»-деп батыл мінездік баға берді. Ал оны қайтаратын бізде дауа жоқ. Әйтеуір сондай қасірет қазақ басына енді келмесін», - деп ой түйіндеген зерттеушінің пікірінің салмақты екендігіне қол соғасыз. Иә, бұл ізгі тілектің оңынан оралуына қай қазақ ықыласты емес дейсің.

Пернебай Дүйсенбин

ӨТКЕН КҮННЕН БІР ДЕРЕК

1920 жылы 17 тамызда РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі Қырғыз Республикасы туралы Декрет жобасын қарап мақұлдады. 26 тамызда Бүкілодақтық Атқару комитеті мен РКФСР Халкомсовы В.И.Ленин мен М.И.Калинин қол қойған РКФСР құрамында астанасы Орынбор етіп, "Қырғыз-Қазақ Кеңестік Социалистік Автономиялық Республикасын құру туралы" декрет қабылданды. Осы декрет негізінде бұрын Түркістан АКСР-ның құрамына жататын Жетісу, Сырдария облыстарының едәуір бөлігі Қазақ АКСР-нің құрамына енгізілді. Ал олардың толықтай республика құрамына толық енуі 1924 жылы 27 қазанда КСРО ОК-нің қаулысымен бекітіліп, толық заңдастырылды. Қазақстанның бұрынғы астанасы Орынбордың губерниясымен қоса РКФСР құрамына енуіне байланысты Қазақ АКСР-ының жаңа астанасы Қызылорда (Ақмешіт) болды. Сол 1920 жылға дейін осы күнгі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданы аймағына болашақ Сарысу ауданының негізін құраған ірілі-уақты 12 болыс ел болған. 1921 жылғы Ақмола уездік атқару комитетінің көктем айларында шыққан қаулылары бойынша осы он екі ұсақ болыс ірілендіріліп, олардан жеті болыс ұйымдастырылды. Соның бірі Шу болысы еді.

Бұл болыс Қарақыз болысының бір бөлігі мен бұрынғы Көктас болысының қосылуы негізінде ірілендірілген. Бұған Жағалбайлы мен Он екі ата Байұлының шеркеш ұрпақтары кірген болатын. Жағалбайлы ұрпақтары Кенжебайсамай, Қаракөл, Түгіскен, Қамысмола, Сөрті өңірлерін жаз жайлау етсе, Шу өзені бойындағы Кентарал, Қызыларал, Куарал, Ақтөбе, Қамқалы алабын қыстау еткен.

Ал шеркештер Көктас, Ақжар, Қызылжайма, Қызылжарды жайлау етсе, Шу бойында Отыншы, Шортанды, Сызған, Саржан тұмаларын қыстаған. Бұл болыс Қарақыз болысымен шекаралас болды. Шу болысы ревкомының алғашқы төрағасына Байсейіт Жұманов тағайындалған. Мүшелері болып Тәжібай Елібаев, Бейсен Көшенов, хатшысы болып Сәрсен Бейсеновтер қызмет атқарған. 28.05.1921 ж.

Жиырмасыншы жылдардың басында Шу мен Сарысу аралығындағы көші-қон жолы бірге, тыныс-тіршілігі біте қайнасқан көшпелі Кіші жүз рулары тама, жағалбайлы, шеркештер және Орта жүздің тарақты рулары отырықшылыққа ден қойған арғынның Нұрбай және Алсай әулеттері арасында жиі-жиі туындап отыратын дау-дамай, барымта мен жер дауы өте жиілеп кетеді. Осы қақтығыстардың салдарынан бірнеше кісі өлімі де болған. Арқа жерін тұрғылықты мекен еткен әрі әлді алсай, нұрбай руларының Кіші жүз руларына және тарақтыларға тізе батырып, үстемдік таныта беруі Ақмола уездік басшылығын қатты алаңдатады.

1924 жылғы 1 тамызда Ақмола уездік атқару комитетінде үзаққа созылған қызу пікір-таластан соң нұрбай, алсай рулары іргелес Сарыарқа болысына,тарақты руы Асан Қайғы болысына қосылып, Сарысу болысында тек тама, жағалбайлы, шеркештер қалдырылады. Бірақ бұл тартыс мұнымен тоқтап қалмайды. 1925 жылдың аяғында Қазақ АКСР-ының астанасы Орынбордағы республикалық атқару комитетінің әкімшілік комиссиясына Кіші жүз және Орта жүздің тарақты рулары өкілдерінің арызы түседі. Арыздың негізгі мазмұны өздерін Сырдария губерниясының Әулиеата уезіне көшіру турасында болады.

1924 жылы Сораң болысын құрайтын тарақты руларының 140-тай шаңырағы Әулиеата уезіне қоныс аударып, барған жерінде, Тарақты болысын құрады. Солармен қатар бұрынғы Мұңлы, Қосағалы, Сарыкөл, Шонай болыстарынан Әулиеата уезіне қоныс аударғандар Тама болысын құрады. Бірақ соңғылар отырықшы тірлікке көне алмай, Ақмола уезінің шекарасына қайтып оралады.

1925 жылы 10 наурызда осы тосын жағдайға байланысты Әулиеата уезінің өкілі келіп, өкілетті орындармен және ел ағаларымен келіссөз жүргізеді. Сонда олар бұрынғы Шу мен Сарысу аралығында көшіп-қонып жүретін жерлері, жайылым, өрістері, суаттары сақталатын болса, Сырдария губерниясына тіркелуге келісетіндіктерін айтқан.

Ақмола губерниялық әкімшілік өкілдері мен Сырдария губерниялық әкімшілік өкілдері арасындағы Кіші жүздің тама, жағалбайлы, шеркеш және тарақты руларының тағдыры туралы тартыс сырдариялықтардың пайдасына шешіледі.

1925 жылы 27 қарашада Қазақ АКСР Орталық атқару комитетінің секретариаты мынадай қаулы қабылдады:

1. Сарысу болысының 1,2,3,4, бұрынғы Тама болысының 1, 2, 3, 4-ауылдары Сырдария губерниясының Шымкент уезінің құрамына есепке тұрсын.

Сарысу болысының 7, бұрынғы Тарақты болысының 1, 2, 3-ауылдары Сырдария губерниясының Әулиеата уезінің құрамына есепке тұрсын.

2. Сырдария губерниялық атқару комитетіне бұл болыстар үшін жаңа болыстық жүйе тағайындалсын.

3. Осы аты аталған ауылдарға Ақмола уезінің де тұрғындарымен қатар Сарысу өзеніне дейінгі барлық жайылымдарды жалпы негізде пайдалануға ұлықсат етілсін.

Осы қаулы негізінде 4 болыс Сарысу болысы болып біріктірілді. Кейін осы Сарысу болысы негізінде Сарысу ауданы құрылды.

ШЕРКЕШ



ШЕРКЕШ» СӨЗІНІҢ ТҮП МАЗМҰНЫНА ЗЕР САЛСАҚ...

Шерали /Шергали иран. шир. [1). лев; 2) смелый, храбрый, мужественный +

гали, али 1) высший, высокий, высочайший, верховный; собирательное значение. смелый, храбрый, лев Али].

Шерикбай др.-тюрк. **шерк** [воин, боец]; см. **Шерубай**.

Шермухамбет /Шермамбет иран. [шер лев + **Мухаммед**]

Шерубай [др.-тюрк. **шери**, алт, **черу** войско, армия, уйг., узб **шарик** воин, полководец+**бай**; имя, данное ребенку, рожденному во время военного похода].

Шерхан иран.+ каз.[смелый, храбрый, мужественный хан, как лев].

«Қазақ есімдері» кітабынан.
385-386-беттер.

О КАЗАХСКОМ ЭТНОНИМЕ ШЕРКЕС

С незапамятных времен у казахов существовал устный способ передачи из поколения в поколение сведений о своем происхождении. Это родословная (шежире), которая дошла и до наших дней. Подвергнутая значительным изменениям при устной передаче, она часто искажала действительное положение вещей. Ф.Энгельс писал "... родословная рода уходила так далеко в глубь времен, что его члены не могли уже доказать действительно существовавшего между ними родства, кроме немногочисленных случаев, когда имелись более поздние общие предки". Это обязывает исследователя критически относиться к материалам родословной.

По мнению многих известных исследователей, первоначальной родиной тюрских племен являлся Алтай и степи Монголии. Академик А.А.Куников писал: "Алтай, первоначальное гнездо тюркских племен, стал высылать орду за ордой на Западную Азию и Черноморье". Это высказывание не отрицается другими не менее известными исследователями Н.А.Аристов, в частности писал: "Вообще, состав Малой орды весьма пестрый, ибо в нее, видимо, вошли многие части разных тюркских племен, закинутые судьбою из Монголии и с Востока степи на Запад".

Отсюда следует, что названия казахских родов и племен уходят корнями в язык тех мест, где эти роды и племена обитали в древние времена, т.е. в степи Монголии и вокруг Алтая.

Проследим историю образования некоторых из них.

Шеркес. В исторических записях о племени Шеркес имеются очень скудные и вдобавок противоречивые сведения, что не дает возможности выявить определенно его происхождение. Один из источников указывает, что в X в. черкесы Кавказа назывались косогами [24]. В другом источнике читаем: "Во время знаменитого Ногай-хана были вызваны черкесы из Кавказа и они расположились около города Рыльск, сами себя назвали казахами". Однако другие исторические сведения противоречат вышеприведенным.

Наблюдая элементы тюркских языков в речи аборигенов западной части Кавказа (в частности, Кабарды), Н.А. Аристов приходит к следующему предположению: "Можно подозревать что и самое имя черкесов принесено к подножиям Кавказа союзами тюркских родов того же имени". Судя по этому, в союзе тюркских родов или племен издавна существовал род под названием черкес. Это подтверждают некоторые географические названия на территориях, некогда населенных тюркскими племенами. Например, правый приток реки Катунь, впадающей в Обь, называется Черкиш.

Киргизы, ранее проживавшие по рекам Енисей, Обь, Иртыш, к берегам реки Урал и далее к Западу пришли раньше, а не после XVI в., как это предполагали ученые в начале XX в. Ссылаясь на данные Абилгазы и в особенности Рубрукс, по которым в горах Кавказа живут киргизы, аланы, и акасы (абкасы). И.Е. Фишер сделал следующий вывод: "... и ясно видно, что у него (у Рубрукса. – А.Н.) под именем Кергиз разумеются Черкесы. Литер "к" имеет особливый жребий, что она у иностранных народов променяется в сиповатый голос. Так, монголы китайскую столицу Пекин называют Печеин; Несторианский (catholicus)... назывался Чателик..." Такое соответствие звуков присуще не только монгольским, но тюркским языкам. Об этом С.Е. Малов писал: "Из фактов языка упомяну чередование "к" и "ч" (например, чім/кім кто)".

Приведенные факты говорят в пользу того, что черкеш и киргиз – имена одного и того же племени.

Однако есть аргументы, отвергающие эти факты. Во-первых, вышеприведенное географическое название по "Заметкам" Н.А. Аристова не позволяет отождествить киргиз и черкес; во-вторых, родословная казахов гласит: шеркес и керкеш родственые, последние остались около страны китайцев. Хотя это – легенда, но нам кажется, в ней есть доля правды, ибо сходные названия родов и племен черкесов на Кавказе и племен шеркесов в составе Младшего жуза казахского народа мы встречаем среди других тюркских народов. Например, саргаччі – название рода в бывшем третьем Жехсогонском наслеге.

Таким образом, большинство приведенных фактов подтверждают, что среди тюрских племен, кроме киргизов, существовало самостоятельное племя, называемое шеркес.

Этноним шеркес можно было бы связать с высшеприведенным названием реки Черкиш. Но обратимся к значению данного слова. В языке османских турков: саркаш 1) смелый, самовольный: 2) бунтарь. По В.В. Радлову, слово заимствовано из персидского языка. К удивлению, в якутском языке: чаргас 1) смелый, резвый: 2) настороженный. У башкир: сэркэш – драчун.

Название реки и этноним, по видимому, связаны с указанными значениями. В казахском языке есть слово **шәлкес**, подходящее и по звуковому составу, и по значению к слову шеркес, с разницей соответствия звуков р-л, присущей тюркским языкам. (шәлкес, тентек – драчун, озорник. П.Д.)

Все это и многие другие нельзя считать случайным совпадением. Ибо "языковое единство тюркских народов и их родство между собой - реальность".

А.Нурмаганбетов,
Тюркская ономастика.
Алма-Ата.1984. 94-96-стр.

РАБСТВО И РАБСКОЕ БРАТСТВО

То, что Бейбарс был продан в рабство, является непреложным фактом. Но факт того, кто его пленил, вызывает необходимость уточнения.

Пленение Бейбарса было, скорее всего, связано с монгольским нашествием во главе с Батыем, когда в 1236 – 37 гг. им было завоевано все степное пространство от Каспийского до Азовского морей, а местное население, состоящеее из кипчаков и других родов-племен, вынуждено было мигрировать в Венгрию, Болгарию и другие страны. На этом основании и строились многие предположения относительно пленения Бейбарса. Считалось, что его захватили монголы, а затем продали в рабство.

Но этому предположению противоречит другой факт: монголы стали практиковать работорговлю значительно позже, чем в указанный период. Но до установления гегемонизма полного покорения стран и народов, с которыми воевали монголы, они как правило, либо уничтожали плененных, либо использовали при штурмах городов или гнали впереди себя на противника, применяя их, как смертников, "живой щит". В основе этой тактики лежала стратегическая мысль: продавая пленных, монголы бы умножали ряды своих противников, это живая сила, в конце концов, была бы направлена снова против них. Поэтому было рациональнее и выгоднее истреблять мужское население, чем получать прибыль от торговли пленными, тем более, что эту прибыль с лихвой возмещала военная добыча.



С этим фактом сообразуется и достоверный источник, а именно - сообщение историка ибн-Шаддада, записанное из уст сподвижника, земляка и сострадальца Бейбарса эмира Байсары. Ибн-Шаддат писал: "Эмир Байсары и султан Бейбарс родились примерно в 1225 году в Кипчакии. Во времена монгольского нашествия родственники Бейбарса обратились к хану болгар Анару и попросили его переправить их через Судак и дать убежище у подножья гор. Хан Анар согласился, но вероломно нарушил свое обещание, внезапно напав и убив одних, а других захватив в плен".

"Среди плененных был я и Бейбарс, - приводит слова Байсары ибн-Шаддат, - Бейбарсу было тогда примерно 14 лет. Пленных отправили на рынок рабов в Сиуас. Здесь я невольно расстался с ним, а затем встретился уже на невольничьем рынке Хан ибн-Кылыш в г. Халабе. Его

хозяин, эмир Айтегин аль-Бундуктари был заточен в темнице, а Бейбарс достался в собственность султана".

Историческим фактом является и то, что из-за изъяна в глазу (у Бейбарса было бельмо в глазу) он был продан всего за 800 дирхемов. По ценам тогдашнего рынка это было очень низкая цена. Купивший Бейбарса Айтегин Бундуктари, как явствует из его имени, был тюрком (имя Айтегин означает буквально - "Луны потомок"). Бундуктари – его должностной титул - происходит от слова бундук (оружие для отстрела птиц типа пращи). Айтегин был не просто "бундуконосцем" султана, а управляющим "бундучными делами" во дворце. Его-то и следует считать не просто хозяином раба Бейбарса, а его первым покровителем. Скорее всего, сам Айтегин был из бывших рабов, получивших затем свободу, должность, жалованье. Это подтверждается не только тюркским именем Айтегина, но и тем, что впоследствии Бейбарс к своим различным титульным именам присовокупил имя аль-Бундуктари, а это значит, что он относился к Айтегину как к родственнику, приемному отцу, спасителю. Ведь до Айтегина Бейбарс был куплен другим человеком по имени аль-Имад ад-Диаг, который отказался от покупки, опять-таки, из-за бельма в глазу и перепродал Бейбарса. Поэтому имя его не имело для Бейбарса никакого значения и сохранилось оно в истории

лишь по какой-то случайности.

Дальнейшая судьба Бейбарса, его стремительный взлет от рабства к господству могут показаться фантастическими, если не учитывать социально-политическую обстановку в Египте того времени, не видеть предпосылок возможностей такой карьеры.

Действительно, как мог обездоленный невольник, обычный рыночный товар, существо с вырванными корнями, полагаясь лишь на собственные силы, в одиночку, поменять цепи и кандалы раба на трон султана? Удачным стечением обстоятельств и выдающимися качествами личности данный феномен не объяснить...

Одним из немаловажных условий возвышения Бейбарса был уже существовавший переход мамлюков от полного рабства к частичному господству, т.е. отдельные выдающиеся представители "государственных рабов", получив наделы, свободу, имущество за особые заслуги, стали формировать новый класс феодалов, которые сами становились рабовладельцами, скупали вновь прибывших рабов, преимущественно своих родственников. Эти новоявленные сеньоры в буквальном смысле переставали быть рабами.

В этой связи сочтем уместным попытку этимологии термина "мамлюк" тем более, что ни в одном из источников о них, происхождение и содержание этого слова не объяснены, в лучшем случае дается лишь его смысл: мамлюки – это рабы. И все.

Наиболее вероятным вариантом этого слова, на наш взгляд, является тюрко-арабское словосочетание: **мал+мулик**, где **мал**, по тюркски, обозначат скот, **мулик**, по –арабски, - имущество. Скот у тюрков имеет и другое значение, а именно – стоимость, ибо он выступал эквивалентом других товаров, заменял функции денег. Тогда получается, что содержание этого слова несет следующие значения: малмулик – это "имущество, продаваемое, как скот", "имущество, имеющее стоимость", "стоимостное имущество", "скотообразное имущество" и т.п.

Отождествление раба со скотом – классическая формула эпохи рабства, поэтому реалистичность этой этимологии налицо. С точки зрения лингвистики тоже все в порядке: согласные "л" и "м" в стыке словосочетания, в качестве конвергентов слились, совпали в одной фонеме "м".

Таким образом, первоначальный вариант **мал мулик** претерпел эволюцию: малмулик – мамулик – мамелюк – мамлюк и т.п.

В этой этимологии нет ничего удивительного, т.к. за многовековую историю общения туранцев и арабов происходил неизбежный взаимный перелив словарных фондов, поэтому многие арабские слова были освоены, усвоены и присвоены тюрками так же, как тюркские лексемы - арабами. В данном случае, светские слова **мулик**, **малик (мелик)** и др. Так же, как и религиозная терминология, вжились в тюркский язык и использовались уже наравне с первозданными тюркскими словами. А это уже значит, что название "мамлюк" было внедрено в обиход тюрками, а точнее, - огузами-сельджукидами, а еще конкретнее, - династией аюбидов, т.к., начиная еще со времен Салахаддина, именно аюбиды являются "авторами" создания, формирования и совершенствования института мамлюкства.

Раскодирование слова "мамлюк" подкрепляется и тем историческим фактом, что до его возникновения арабами использовалось другое – гулям (гулиам, кулиам и т.п.), а это значит, что сочинять новый словесный эквивалент особой необходимости для арабов не было. Но самое удивительное в том, что в слове "гулям" опять- таки улавливается "тюрский след"! Дело в том, что этимон "гул" ("кул") в гортанно-придыхательной форме обозначает древнетюркское слово "раб!" А компонент слова "гулиам", находящийся в постпозиции, (т.е."иам"), похоже, выражает аффикс принадлежности в значении приятжательного местоимения "мой". Похоже, и здесь, внедряя термин гулям, арабы использовали тюркское выражение кулым (гулим, кулим, гулиам) - "раб мой"...

Рабов, хотя и чернокожих , арабы называли **абд, зиндж** (самыми первыми зинджами были суданцы), и эти обозначения могли перейти и на белокожих рабов, но, однако, этого не произошло, скорее всего, по причине появления тюркских аналогов слова "раб" и охотного заимствования арабами тюркских слов и формирования тюркизмов в арабском языке.

...Другим фактором стремительного взлета рабов к вершинам господства было то, что Египет того времени представлял собой державу, процветающую благодаря интенсивной торговле и высокоразвитому земледелию, а представители этих самых многочисленных классов не желали заниматься воинским делом, были неспособны защитить себя, поэтому появление профессиональных ратников в лице мамлюков, стоящих на интересах государства, классов, граждан, веры и собственности было воспринято всеми как дар небесный. Хотя все производители и слои общества, как и во всяком государстве, несли на себе тяжелое бремя налогов, львиная доля которых предназначалась для содержания касты мамлюков, но тем не менее, история почти не свидетельствует о восстаниях и бунтах народных масс в мамлюкском государстве того времени. Поэтому-то султаны и эмиры были заинтересованы в покупке огромного количество рабов, приспособленных к воинским делам, подготовленных к ним.

А наиболее выдающимся "живым товаром" были тюрки. Например, об этом писал ибн-Хаукаль: "Самые прекрасные, самые дорогие рабы – это прибывающие из тюркских народов. Цена тюркских рабов – самая дорогая. Я собственными глазами видел, как за одного тюрка-раба было уплачено 5000 динаров". Даже рабы-огланы (юноши), с детства обученные и приспособленные к верховой езде, стрельбе, изготовлению оружия и снаряжения, были ценнее, чем рабы из земледельцев, торговцев, моряков. Поэтому воинское сословие мамлюков формировалось в подавляющем большинстве из тюрков, многие из которых обретя свободу, приобретя имущество и богатство за свои воинские заслуги, поднявшись на вершины власти, уже по сложившейся традиции, сами скупали новых рабов-тюрков и сколачивали из них свой клан.

Вновь привезенные рабы быстро узнавали эту сложившуюся практику, с нетерпением ждали часа своей продажи, ибо она приносила им относительную свободу, возможность быстро проявить себя и совершить переход в сословие феодалов или найти поддержку в лице опекунов. "В Египете они попадали к **своим землякам**, - писал Гумилев, - кипчакам, **черкесам**, туркменам, только проданным раньше и успевшим устроиться".

В этой связи отметим и выделим отождествление Гумилевым кипчаков с черкесами и, само собой разумеется, туркменами (огузами). Вряд ли столь искушенный этнолог и историк назвал бы земляками кавказцев и степняков, в случае, если бы под черкесами имелась в виду кавказская народность, относимая многими историками к адыгейской группе племен.

В этой связи выяснении вопроса об отношении кавказских черкесов и тюркского племени черкеш (шеркеш, шеркес), входящего ныне в состав казахского, башкирского, татарского и некоторых кавказских народов, имеет принципиальное значение, т.к. без этого невозможно определить, кем являлись мамлюки-черкесы, правившие в Египете после отпрысков мамлюков-бершев: Бейбарса, Калауна, ан-Насыра, Хасана и др.

Значительный вклад в решение этого вопроса внес еще М.Тынышпаев. Опираясь на исторические сведения и топонимику, он однозначено связывает черкесов с тюрками, а более конкретно, - с союзом племен Алшын, образовавшим казахский Младший жуз. Действительно, если взять во внимание древнюю топонимику, то прародиной многих родов-племен, вошедших затем в состав казахского, киргизского, узбекского, татарского, туркменского, башкирского, кумыкского, карачаевского, балкарского, ногайского, каракалпакского, турецкого и других народов, являлся Алтай. Надо полагать, что если на Алтае мы

встречаем древние топонимы, которые соответствуют наименованиям родов Берш, Кете, Алтын, Чомекей, Кердери и другим, то и приток Катуни Черкиш, упомянутый Тынышпаевым, тоже есть ни что иное, как древнее место обитания черкесов (черкешов). Путь продвижения черкесов с востока на запад, точно так же, как и путь бершев, географически зафиксирован очень четко Шерегеш (Кемеровская обл.) – Чаркесар (Ферганская долина, Узбекистан) – Черкасское, Черкесовский (Саратовская обл.) – Сердеж (Кировская обл.) – Сергач (Горьковская обл.) – Черкассы, Новочеркасск (Украина) – Чепкесс (Карачева – Черкесская АО, Ставрополье) – Шеркеш (город на территории современной Турции). А сколько еще топонимов было переименовано, стерто из памяти и географических карт!

Все эти топонимы, взятые более системно, чем у Тынышпаева, лингвистически более широко, диалектически более мобильно, говорят об однозначном феномене: черкешы – древнее племя тюрков, проделавшее свой длительный и далекий путь от Алтая до Египта и Турции вместе с другими племенами тюрков – бершами, туркменами, кыныками, каиками и др. Как никакой другой, этноним "черкеш" соответствует своему имени. В переводе с тюркского черкеш - словосочетание из двух частей: чер – кеш, где чер (жер, шер, кир и.т.п.) переводится как земля, а слово кеш, как императивная форма глагола, одновременно являющейся существительным, выражает повелительную форму глагола в значении "обойди" и одновременно существительное в значении "проходец" . Таким образом, слово "черкеш" переводится двояко: 1."Землю обойди" (буквальный перевод); 2. "Землепроходец" (смысловой). Скорее всего, этот этноним был вначале антропонимом, именем-пожеланием, данным родооснователю этого действительно перепатетического (многоходящего) племени...

В историческом плане черкешы также неотделимы от тюрков: косогов, берендеев, тюрков, черных клобуков, бершев. Так, Карамзин, говоря о "косогах" , писал, что они "суть черкесы, коих страна в X веке именовалась Касахиею (курсив наш – Б.К.); осетинцы и теперь называют их касахами".

В другом месте он же, описывая события начала XII века, в период правления Мономаха, констатировал:" ... Владимир выгнал из России берендеев, печенегов и торков, новых пришельцев: утесняемые половцами и разбитые ими близ Дона, они искали убежища в окрестностях Переяславля, но любя грабеж, не могли кочевать там спокойно. Однако ж многие из них остались на Днепре, были известны под общим именем черных клобуков или черкесов, и служили россиянам.

Примечателен и тот летописный факт, утверждавший, что "торки, берендеи назывались черкесами и казаки тоже". Этот отрывок совершенно верно был исправлен Тынышпаевым следующим образом. "берендеи и торки назывались казаками, черкесы тоже".

Что следует из этих показаний? Кем являлись черкесы в этой плеяде этнонимов? Чтобы ответить на эти вопросы, необходимо понять существо тех или иных" "причеркесских" этнонимов. Прежде всего, о знакомых нам печенегах... Мы уже писали, что печенеги - племя, которое, особенно после кипчакских набегов, распалось, даже не на две, как полагал Тынышпаев, а на несколько частей. Наиболее известны из них каракалпаки и черные клобуки, (калька тюркского самоназвания каракалпак). Каракалпаки после разгрома подались на восток, где ныне и проживают, а черные клобуки, тоже после разгрома печенегов, стали составлять воинские подразделения русских князей. Малоизвестны истории другие осколки печенегов... Следы некоторых из них надо искать в Европе, Малой Азии, на Балканах, так как именно туда бежала первая партия печенегов, разбитая еще узами, гузами (торками), т.е. другими племенами огузов. Об этих событиях имеет историческая литература (см. работы В.Г.Васильевского и Д.А. Расовского).

Но более всего нас интересует часть печенегов, которая влилась в состав кипчаков. В таблице кипчакской коалиции приведенной нами ранее, мы находим племя Караборикти (Караборклу, Караборкили), оно относится к тем же печенегам, т.к. последние, колпаки (непременно черные), носили летом, а зимой у них на головах носились черные шапки-ушанки (кара борик). Черный цвет головных уборов печенегов - форменная воинская одежда, по которой можно безошибочно отличать "своих"и "чужих" во время боев, маршей, парадов и т.п.

Енді 70-жылдары жарық көрген бір еңбек туралы ойымызды ортаға салмас бұрын, терістік Кавказдағы, дәлірегі қазіргі Қарашай-Черкес автономиялық облыс топырағындағы тарихи этникалық жағдайдың басы ашық тұстарын естеріңізге сала кетейік. Терістік Кавказдағы зерттеуші Дж.Коков, Л.Г. Лапатинский, И.Х. Калмыков сияқты ғалымдар ондағы халықтарды нәсілдік-этникалық жағынан үш топқа бөледі. Қарашай, балқарлардың арғы тегін қыпшаққа жатқызады, абазиндерді абхазға жақындастырады да, черкес, қабарда, адыгейлерді Кавказдың ежелгі тұрғындары деп, адыг этникалық тобына қосады. Тарихшылар черкестерді адыг деп біледі де, адығтан жеке бөліп қарамайды. "Черкес, қабарда, адыгей бір тамырдан – адығтардан тарайды. Бұл – аталмыш халықтардың өз тарихи түсінігі",- деп түйеді.. (Древ. и середнев. история Карачаево-Черкессии, 174-б.) Ал адығтарды Багрянародный айтқан зихтардан өрбітеді. Ал черкестерді арғы түбі зихтан тарайтын адыг дей отырып, біресе керкеттерге, біресе касахтарға таңатындар да жоқ емес. Зих та, каркет те, касах та бір кезде көрші-сыбай қатар өмір сүрген халықтар. Сонда черкестердің бәріне қатысты болуы ақылға сыймайды да, күдікті молайта түседі.

Енді тақырыбымызға аса қатысты Е.П. Алексееваның 1971 жылы жарық көрген "Древняя и средневековая история Карачаево-Черкессии" атты көп жылдық зерттеу еңбегіне назар аударалық.Ғалым Багрянародныйдың "Касахиядан жоғарырақ Кавказ тауы бар" деген пікіріне сүйеніп, Қазақияны Қобанға орта тұстан келіп құятын Лаба өзенінің (Үлкен Лаба, Кіші Лаба) бойына орналастырады. Осы топырақта жүргізілген археологиялық жұмыстардың нәтижесіне сүйеніп, зерттеуші Қазақия топырағын таза түркі халқы мекендегенін ашып берді. Бұл орайда, әсіресе Хумара қалашығы қолға мол дерек ұсатты.

"Хумара қалашығын түркі тілді халық мекендеген", – деп батыл тұжырымдады ғалым (143-б.)

Алексеева қарашай-черкес топырағындағы түркі мәдениеті жәдігерлігін үш кезеңге бөлді: 1). IV-VII ғ. түркі жұртының белгілері. 2)IX-X ғ. түркі мәдениетінің белгілері. 3) XI ғ. екінші жартысында Дон қаласына қыпшақтар қоныс аударғаннан кейінгі белгілер.

Автор бірінші кезеңді Батыс Түркі қағанатының жаугершілік жорықтарымен байланыстырады. 567-571 жылдар аралығында терістік Кавказды түркілер күшпен бағындырды. Әсіресе Дизабул Естемидің немересі, қара Шорынның балалары Түріксанф бұл жорықтарда айрықша табандылық көрсетті. Бірақ ол қағанаттағы ішкі бүліктерге байланысты елге қайтып оралуға мәжбүр болды. Алайда, терістік Кавказ түркілердің қарамағында көпке дейін қала берді. Нақты археологиялық деректерге сүйенген бұл ғылыми тұжырыммен келіспеске лаж жоқ. Түріксанф ордаға оралғанмен, әскердің бөлегі сол жерде қалған сыңайлы. Кейін бұл топыраққа түркілер біртіндеп қоныс аудара бастаған. Ал IV ғасырдың екінші жартысында терістік Кавказ Түркі қағанатының Византиямен сауда-саттық жолына айналғаны және мәлім. 568 жылы Түркі қағанатына Византия елшісі Земарх келіп қайтқаннан кейін бұрынғы Иран арқылы өтетін Жібек жолы енді терістік Кавказ арқылы Алания, Қазақия жерімен өтетін болды. Қазақия түркі элементтерімен осы кезде молыға түссе керек. В.Д. Филиции (Некторые сведения о средневековых генуэзских поселениях в Крыму и Кубанской области. 23- б.) қазақта да, черкесте де бірдей аталатын сом ақша өлшемінің Италияның "сонм", "сомм" ақшасынан шыққанын айтады. Бұл сөздің ұзақ жылдар Италияның қоластында болған Византия арқылы түркілерге енуі онша таңқаларлық жайт емес. Бірақ сом сөзінің кімнен кімге ауысқанын әлі де анықтай түскеннің артықтығы жоқ.

Е.П. Алексеева терістік Кавказдағы түркі мәдениетінің екінші кезеңін IX-X ғасыр деп таңбалап, бешенектерінің батысқа жылысуымен ойластырады. Бұл тұстағы тілге тиек етуге татырлық ірі жәдігерлік деп Қазақияның орталығы Хумара қалашығының тас қорғанының ішкі қабырғасына жазылған жазуларды айтады. А.М. Щербакова бешенек қарыптарымен жазылған Батыс Түркі қағанатының көне тас жазуы деп тапқан. Осы тұстағы түркі нышанының екінші бір парасы-балбал тас мүсіндер. "Терістік Кавказда бұрын мұндай ескерткіштер болған емес. В.А.Кузнецованың пікіріншe: "Олар түстік Сібірде кездесетін VII-IX ғасырдағы түркі балбалдарына ұқсас",-деп жазады ғалым (102-б.). Ал бешенектердің Сыр бойынан кеткен Қаңлы бірлестінің құрамдас жұрты екені Федоров-Давыдов, Толстов еңбектерінде дәлелденген. Олар 897 жылы Жем-Сағыз бойында оғыз-қыпшақ бірлестігінен ойсырап жеңілгеннен кейін батысқа жылжыған да, Қасиетті Қаңлы бірлестігі тұсында аяқ-табағы аралас ағайын қазақтарға келіп бас сауғалап, ешбір қиындықсыз сіңісіп кеткен. Ал үшінші кезең қыпшақ дәуіріндегі жәдігерліктердің ғылымда талассыз басы ашық. XI ғасырдың екінші жартысында Дон даласына ауған қыпшақтар Қазақияға келіп орнығып, өз алдына этникалық топ құраған. «XI ғасырда, - деп жазады Е.П. Алексеева, – қыпшақтардың мықты-мықты хандары болған. XII ғасырдың жетпісінші жылдарында орыс даласының түскейіндегі қыпшақтардың басын біріктірген-Кончак хан. Кубань, Зеленчуков өзендерінің жоғарғы ағысына орналасқан қыпшақтар сол кезде өмір сүрген феодалдық бірлестіктің құрамына енуі ғажап емес». (147-б.)

Сондай-ақ жаңа дәуірдің бірінші ғасырында қастар Еділ-Жайық арқылы Әму мен Сырдың бойына келгенде, бұрынғы Сакасен өлкесін қастардың жергілікті топтары алып қойып еді. Олар Қастал қаласы мен соның төңірегін мекен етті. Әзірбайжанға араб шабуылы 642 жылы басталды. Ол шамадан көп ұзамай Қасая қаласы Қазақ атана бастады. Әзірбайжан ғалымы Зия Буниятов (Азербайжан в VII-IX в.в.) деген еңбегінде осы ғасырлар аралығында Каспийдың батыс тарапында Қасалмен бірге Шиз, Джида қалаларының да «Қазақ» аталғанынан мәлімет береді, бірақ автор бұл өзгерістердің мәнін түсіндірмейді.

Түрік әскерлерімен ілесіп барған қазақтардың әскері болуы ғажап емес. Қалай дегенмен де әуелі түркі қағанаты жорықтарынан кейін араб шапқыншылығы түркі тайпаларының Кавказ тарапына қоныс аударуына мұрындық болды. Әзірбайжанды сыбыр, сыбан түріктері, кейін хазарлар толықтырғаны мәлім. Сондай-ақ Орта Азиядағы табар түркілерінің, Харақ әулеттерінің Әзірбайжан топырағына ауысып, Табасаран хандығын құрғаны, сондай-ақ массақтардың Масхат хандығы да теңіздің арғы бетіне көшіп кеткені білеміз. Ал қыпшақтардың Дон қаласына қоныс аударуымен Әзірбайжандағы түркі нәсілі тіпті молыға түсті. Белгілі Кончак ханның немере ағасы Сырчан бұрынғы Касал, кейінгі Қазақ (әлі де Қазақ аталады) қаласын өзіне астана еткені белгілі. Кейін осы топырақта жалайыр әулеті құрылып, ұзақ жылдар үстемдік етті. Ол әулеттің негізін салған Хасан Бұзырық еді.

Бұларды тізіп айтып отырған себебіміз, қазақ тарихы бүгінгі Қазақстанның аумағымен шектелмегенін, Саймақтың "Сары өзені" дегеніміз Қытайдағы Хуанхэ өзені болса, қырық таңбалы Қырым мен он таңбалы рұм да бабаларымыз үшін өз топырағы болғанын, олардың тарихи санасы – қазіргі ұрпақтың түсінігінен кеңірек болғанын ескe салу.

Сонымен түркі дәуірінде терістік Кавказға қоныс аударып, Қобан өзенінің жоғарғы ағысына орын тепкен қазақтар XIII ғасырға дейін өз тұтастығын сақтаған. Сол дәуірлерде олардың жайлаған топырағы Қазақия атанған да, сол феодалдық бірлестіктің құрамында болған балқар, сувар, черкестердің басын құраған билеуші күшті тайпаның

есімімен – қазақ атауымен көрші жұрттарға белгілі болған. XIII ғасырдың орта шеніне дейін Қазақияның бірлігі бұзылмаған.

***

Ерте орта ғасырдың басында-ақ терістік Кавказда тарих бетіне қалқып шығып, малын бағып, ұл-қызын өсіріп, түтінін түтеткен. Қазақияның бірлігі бұзылып, ырысы шайқалуына не себеп болды? Әрине, моңғол шапқыншылығы екені бесенеден белгілі. Орыс жылнамашысы Никон төмендегідей хабар жеткізді: "Кавказды асып келіп, оңтүстік Ресейге соқтыққан Шыңғыс баскыншылары бұдан бұрын қазақтарды шапты"(Русские летописи. II. 465-б.). Бұл 1223 жылы моңғол шапқыншылығына қарсы орыстар мен қыпшақтар тізе қосқан Қалқы бойындағы сәтсіз соғыстың аз-ақ алдында болған оқиға еді. Ол жылдары Сүбедей мен Жебе бастаған моңғолдың барлау мақсатымен жүрген шолғыншы әскерінен қазақтар да, қыпшақтар да, орыстар да женілгенмен, әлі біржола тізе бүккен жоқ-ты. Дон даласындағы қыпшақтарды бағындыру 1237 жылдан басталып, 1241-42 жылдары аяқталды. Осы кездерден басталып, Дон даласы барлық тарихи деректемелерде Дешті Қыпшақ аталды. Терістік Кавказдың Алтын Орда қарамағына енуі осы жылдарға жатады. Демек, Қазақияның ыдырауы XIII ғ. 40 жылдары деп шамаласақ, шындықтың ауылынан онша алыс кетпейміз.

Сүйтіп Қазақияның іргесі сөгілді. "Балапан басына, тұрымтай тұсына" заман туды. Сырт жұрт, көрші елдерге «Қазақ» есімімен мәлім болған бірлестік жеке-жеке тайпаларға ыдырай бастады. Осы кезде тарих бетіне черкес атауы қалқып шықты. Жоғарыда баяндалған еңбегінде ғалым Минорский казақтардың құрамындағы черкестерді ежелгі заманнан дерхас деп атайтын, ол парсыша – төрт қас деген сөз еді дейді. Барлық тарихи қисындар Қазақия бірлестігінде черкестердің болғандығын, алмағайып заман, қысталаң кезеңде олардың бөлініп шығып, өз алдына отау тіккенін аңғартады. Алтын Орда дәуірін зерттеуші ғалым В.Л. Егоров былай дейді: "Жазба деректерге қарағанда, гректер мекендеген Қара теңіз жағалауында шиеленіскен жағдай тіпті XIV ғасырға дейін өзгермеді. Тамань жартыаралы мен Кубань өзенін жайлаған черкестер XIII ғасырда бағынып үлгерсе (Алтын Ордаға - Ә.С.), қазіргі Туапсеге дейінгі Қара теңіз жағалауындағы ақ черкестер XIV ғасырға дейін бағынбады" . (Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV в.в. 55-56 б.б.) Демек, Қазақия жұрты Алтын Ордаға бағынған Қобан өзені бойындағылары болып, Алтын Ордаға бағынбаған Қара теңіз жағалауындағы ақ черкестер боп екіге бөлінген.

1253 жылы Моңғолияға саяхаттап шыққан Рубрук те черкестерді осы Қара теңіз жағалауында ұшырастырған. Жалпы черкес деген халық бар екенін тарихқа жария еткен Плано Карпини мен осы Рубрук. Оларды Қара теңіз жағалауына орналастырып черкас, черкис, черкез деп жазды. Бұл черкес халқын өз атымен тұңғыш аталуы әрі алғаш хатқа түсуі еді. Бұдан былайғы тарих оларды тек осы атпен ғана таныды. Араб, парсы, Батыс Еуропа, моңғол авторлары серкесут, сергесут деп атаса, орыс жылнамалары "черкас" деп жазатын болды. Осы пікірлерді жинақтай келіп, Е.П. Алексеева: "XIII ғасырдың аяғы, XIV ғасырдың басында **черкес** термині әдебиетке біржола енді"деп қорытты. (Алексеева, 182-б.)...

Енді қазақты черкес деп танып келген тарихшыларға бір сауал. XIII ғ.бастап бұрынғы қасақтар енді черкес атанса, орны қанырап бос қалған қазақ атауы тарих бетінен біржола өшуі керек емес пе? Жоқ, олай болмады. Керісінше, жазба деректерде қазақ есімі молая түсті. Орыс жылнамашылары черкестер туралы да, қазақтар туралы да тынбай жазды. Сонда бұл қалай? Екі атауды да черкестердің бір өзі иемденген бе? Оның үстіне черкестерді Қара теңіз, терістік Кавказға байланысты оқиғалар тұсында ғана еске алып, Пятигорск черкестері деп ен-таңбалап жазса, қазақтар туралы айтқанда енді география мүлде өзгерді. Олар бірде Қырымнан, Азовтан, Литвадан, бірде Қазаннан, Әндіжаннан, Хорезмнен табылды. Қазақ атауы көбейіп, күшеймесе, әсте азайып өшпеді. Сөйтіп тарихтың өзі-ақ терістік Кавказдағы Қазақия жұрты таза черкес қауымы деген ұғымды жоққа шығарды.Дұрысында бұл екі халықты бір шаңырақ астынан өрбіген ел деп, дәлірегі – черкестер XIII ғ. аласапыранында қазақтан енші алып бөлініп шыққан жұрт деп қараған шындыққа жанасымды болатын еді. Дәлірегі – XIII ғ. аласапыранында Қазақия құрамындағы – дерқастар, яки төрт ру өз алдына бөлініп шығып, ақ черкес деген атпен дербес шаңырақ көтерген.

Ал енді черкестерден ірге айырғаннан кейін аты жойылуы былай тұрсын, керісінше дақпырты ұлғая түскен халқымыз жөнінде тарихта не дерек бар екен, соған үңілелік.XIII ғасырдың екінші жартысында Карпини, Рубруктар черкесті черкес, черкис, черкез деп жазып жатқанда, яғни 1240 жылы хатқа түскен моңғолдың "Сырлы қазынасында" қазақ есімі қасақ күйінде ұшырасса. 1245 жылы дүниеге келген қыпшақ-араб сөздігі қазақ атауына кең түрде түсінік бергенін жоғарыда баяндағанбыз. Сөздікті жасауға Дешті Қыпшақтың қыпшақтары араласқаны мәлім. Ендеше қыпшақтар қазақтарды жақсы білген.

1282-83 жылдары Ахмат деген Хорезм топырағынан шыққан біреу Курск баскағының рұқсатымен орыстармен сауда жасау үшін Рыльск маңынан қалашық салған. Ол тарихта Ахматовка селосы атында. "Өздерін қазақ атайтын черкестер Ахматовка селосына келіп тоқтады",- деп көрсеткен Карамзин (4- том. Сілтеме-163). Бұдан аңғаратынымыз: Ахматовка селосына келіп тоқтағандар өздерін қазақпыз деген, ал Карамзин оқушыға түсінікті болсын деген ниетпен өз жанынан "черкестер" деп анықтама берген. Жалпы Карамзиннің черные клоубоклиарды черкес деп жазғанына қарағанда, көшпелілер жөнінде көп нәрсені шатастырған сыңайы бар.

Вильяминов-Зернов жинаған мәліметте "1356 жылы қазақтар Мауренахрға шабуыл жасады" деген дерек бар. (М.Ақынжанов. 37-б.) Осы автордың айтуынша: "Мұсылман әлемінде" деген газеттің 1911 жылғы 22 июльдегі 14-санында 1397 жылы Қырымнан Литваға ауып барған татарлар өздерін қазақпыз дегені туралы мәлімет келтіріледі. (37-б). "1481 жылы .- деп жазады Карамзин, - Алтын Орданың соңғы ханы Ахметке шейбандық Ибақ хан бір мың қазағымен шабуыл жасады, ал ноғай мырзалары Мұса, Жаңбыршы 15 мың қазағымен шабуыл жасап, Ахметті өлтірді". (38- б.). 1481 жылы Қырым ханы Менділгерей орыс патшасы III Иванға жолдаған бір хатында патшаның көңілін аулау үшін: "Мен өзімнің ұландарыммен де, казақтарыммен де сенің еліңе жорыққа шыкпаймын", деген. (37-б.) 1499 жылы татар қазақтары мен Азов қазақтары Козельск маңындағы Олешино селосын басып алған. (Карамзин 6 – том. Сілтеме 495-б). XV-XVI ғасырда Қазан, Қырым және өзге татарлар казақ атанған және өздерін де казакпыз деген (Вильяминов Зернов. Зерттеулер, 1-бөлім, 74-б.).

Қазақ есімінің Қырым мен Қазан арасына бұлайша кең жайылуының себебі, олардың Алтын Орда әскери жасағына тартылуымен тығыз байланысты еді. Сонымен бірге қазақ атының кең жайылып кетуіне Дон даласын мекендеген қыпшақтардың да септігі аз болмады. 1185 жылғы бір оқиға туралы Лаврентьев жылнамасында мынандай дерек бар: "Они де (половцы) казаше рекуще: - Пойдете по свою братью, аль мы идем по свою братью к вам" (Лаврентьев жылнамасы. 378- б. Б.А.Рыбаков "Слово о полку Игореве" и его современники" .180- б.). "Они же (половцы) казаше рекуще – "қыпшақтар казақша тіл қатты" деген сөз. Әдетте сөзді қатты бұзып жазатын жылнамашылар казақшаны "казаше" деп дәл түсірген. Соған қарағанда казакша сөйлеу, казакша тіл кату деген ол тұста құлаққа біршама сіңісті ұғым болған сияқты. Осыған орай Карамзин арқылы жеткен мына бір мәліметті де есте ұстаған жөн. Оңтүстік орыс даласына моңғолдар келгенге дейін "торктер мен берендейлер өздерін черкеспіз, казакпыз" деп атаған (Карамзин, 5-том, 391-б). Бұл – черкеспіз, казакпыз – кейбір тарихшылар пайымдағандай айырмасы жоқ бір ұғым емес, керісінше қазақ, черкес тайпаларының сжелден көрші, сыбай бірге өмір сүріп келе жатқанын, бұрыннан ағайын халық екенін білдіретін егіз қатар ұғым. Моңғол шапқыншылығына дейін-ақ торк пен берендейлер өздерін казакпыз десе, 1185 жылы қыпшақтар казакша сөйлеген болса, ендеше моңғол шапқыншылығына дейін-ақ қыпшақтар өздерін қазақ қауымына қоса бастаған. Қазақ атауы әуелі қыпшақтарға, сосын біртіндеп сол төніректегі түрік тайпаларына жайылған да, XIV ғасырда Қырым, Азов, Қазан шеңберіндегі қалың жұрт қазақ атана бастаған. Бұдан кейінгі дәуірдегі халқымыздың тарихы біршама белгілі. Ол Алтын Ордадан енші алып бөлінгенде, өз есімін бірге ала шыққан.

***

Ерте орта ғасырда терістік Кавказда өмірге келген Қазақия мен Қазақстан, Орта Азия топырақтарының ішек-қарыны араласып жатқанына дәлел шаш етектен. Соның бір куәсі – жер-су аттары. Қазақия жұрты ұзақ жылдар мекен еткен Қобан бойынан төмендегідей жер аттарын молынан ұшырастыруға болады: Қызғыш, Байталшапқан, Домбай даласы, Лаба, Лабас, Ұзын көл. Орпа, Қоба басы, Сәкен, Үзбо, Атбасы, Қаражұрт, Қаратұз. Құтым, Ырғыз, Қопа. Енді осы жер-су аттарының бірді-екісіне тоқтала кетелік.

Бір анық байқалатыны - жер-су аттарының денін қазақтар бұрынғы отандарынан өздерімен бірге ала барғандығы. Мәселен, терістік Кавказдағы Қобан өзені Амудариянын ерте орта ғасырдағы сағасы Қобадиан атымен аталса, Қодар өзені сақтардың Қардар, Қардаранқас камалдарының жаңғырығы. Сол сияқты Архыз өзені атының

шығуы қызық. Алексееваның айтуынша, осы өзен күні кешеге дейін Ырғыз атаның келінті. "Ыр" абазин тілінде жыра, сай, яғни таудан жырып аққан су деген ұғым екен. Ырғыздың қалай Арқыз атаның кеткенін өздерінің де таңы бар.

Терістік Кавказ, Қобан бойымен қазақ топырағының арасында тек топонимикалық байланыс қана емес, нәсілдік-этникалық та қарым-қатынастың ізі көрер көзге сайран жатыр. Мәселен, абазиндердің арасында шақарауыл тайпасы бар. Ал оның I ғасырда Страбон Сыр мен Әмудария арлығына орналастырған сақарауыл (немесе сақаравака) сақтардың жұрнағы екені дау туғызбаса керек. X ғасыр тарихшысы Масудидің: «Қазақтар мата тоқиды, она тала деп атайды, тала матасы дабики сортынан әлдеқайда нәзік те тозімді деп көрсеткені бар емес пе еді? Саяхатшы дабикидің астарында мата сорты ғана емес, дербики (дербік) тайпасының аты жатқанын ескермеген. Дербіктер де Сыр бойы сақтарының бір тармағы. Осы тайпалар терістік Кавказға қазақтармен бірге барған сынайлы.

Кіші жүз ішіндегі шеркеш руының қазақ арасынан табылуы да біраз жайдан хабар беретіндей. Олар XIII ғасырда Қазақия қазақ, черкес боп екіге бөлінгенде, қазақтармен бірге ілесе келген сынайлы.Қазақ шеркештерінің ұраны – Шағырай, ал Мироиский черкестеді чахаркас деп жіктегені белгілі, ендеше шағырай да, шахар да бір-бірінен алыс ұғымдар емес. Керек десеңіз Қарашай – Черкессиядағы абазиндердің арасында әлі күнге дейін шегірей руы бар, оның шағырайдан айырмашылығы шамалы. Ал қазақ шеркештерінің шумақ тармағы әлі күнге дейін өздерін керкес атайды. **(Дәлірегі келкес.П.Д.)** Жоғарыда Ш.Б. Ногмовтың черкестерді ежелгі керкеттерден таратқаны жөнінде мәлімет келтіргенбіз. Керкет пен керкес бір сөз. Сонымен бірге шеркештердің арасындағы сақау тармағы да тым қазақшаланып кеткен баяғы Сыр бойындағы сақарул сақтарының, кейін Кавказға барғанда абазиндерге қосылып шақараул аталған этникалық топтың жұрнағы емес пе деген ой келеді. Ақырында черкестердің ең әргі бабаларының есімі қазақ топырағынан табылуын тегіннен-тегін дей аламыз ба? Мұның бәрі терістік Кавказдағы Қазақия мен қазақ даласы арасында жай ғана аралас емес, терең тамырлы туысқандық байланыс болғанына көз жеткізбей қоймайды.

ӘНЕС САРАЙ,
жазушы-тарихшы.

Очерки политической истории народов Северного Кавказа в XVI – XX вв.

Будаев Н.М.

VIII
Происхождение этнонима «черкес»

М.Г.Волкова пишет: «Возникновение термина **«черкес»**, этническая природа которого указывается с тюркской средой, было связано с определенными политическими событиями XIII столетия. В монгольской хронике «Сокровенное сказание» он зафиксирован в форме саркас(ут), сэркэс (ут). Впоследствии имя черкес появляется во всех исторических источниках: в середине XIII в. – в арабских, персидских и западноевропейских сочинениях; с конца XIII в. в русских летописях, «История Армении» уже в XIIIв., в перечне кавказских народов фиксируется имя черкесы» (М.Г.Волкова «Этнонимы и племенные названия Северного Кавказа», М., 1974, с.21,23.)

В русских летописях этноним **черкассы** связан только **с тюркскими племенами** служивших в удельных княжествах. Они более известны под именем: «черные клобуки», «берендеи», «ковуи». Позже термин «черкассы» закрепился как один из этнонимов запорожских казаков. Следует отметить, что первичное ядро этого народа составили летописные «черные клобуки».

По мнению Н.М. Карамзина, Н.И.Березина, П.П.Иванова, И.А. Самческого «черные клобуки» называются «черкесами». Следовательно, этот этноним употреблялся в качестве общего названия для средневековых печенежско-огузских племен: торков, узов, печенегов, черных клобуков, берендеев, ковуев и половцев. Проф. Н.А. Аристов писал: «*Можно подозревать, что и сам этноним «черкес» принесено к подножиям Кавказа союзом тюркских родов*». На наш взгляд, этноним «черкес» довольно древнего происхождения, ареал его распространения довольно широк от Алтая до Дуная, где вообще не проживали адыгские народы. Древность и глубокую связь этнонима «черкес» с тюркскими народами подтверждают выдержки из трудов известных ученых К.Я.Грота и Д.Иловайского.

К.Я. Грот считал, что «*... хазары и авары принадлежали к тому же черкесскому племени, и что это племя в соединении с уграми действовало в южной России и на Дунае..*»

Д.Иловайский также отмечает, что «*... по разным признакам «каширы» или «казиры»* (козары - Н.Б.) *были одно из черкесских племен, или черкесский народ хазар*».

Что касается появления этнонима «черкес», «джаркас», «шеркес» в персидских и арабских источниках связано с мамлюками. **Новые исследования показали, что адыгские народы не имеют отношения к мамлюкам Египта и Сирии.** В свое четырехсотлетнее правление, мамлюки оставили множество письменных документов. Это в первую очередь арабо-мамлюкские словари, которые выпускались в XII, XIII, XIV, XV и XVI вв., кроме того, был издан трактат о военном искусстве и множество поэтических произведений. Мамлюки наладили тесные дипломатические отношения с ханами Золотой Орды, обменивались посольствами ит.д. Особо стоит отметить, что по приказу последнего мамлюкского султана Кансухгури «Шахнамэ» была переведена на тюркский язык мамлюков. Язык, на котором написаны эти произведения, наиболее близок к языку карачаево-балкарцев, кумыков и ногайцев. Более того все известные имена мамлюков в большинстве тюркские или арабские, и сами средневековые арабы их считали тюрками.

Н.Ф.Бламберг еще в 1834 году писал: «*Черкесы..., которых европейцы называют неправильно, сами себя именуют адыга, или адыхе*».

Этнограф Л.Я. Люлье в свое время ометил: «*Не знаю почему, но мы привыкли все племена, населяющие северную покатость Кавказских гор, называть черкесами*».

Это отмечал и Г.Ю.Кларпот: «*Черкес – татарского происхождения и составлено из слов «чер» - дорога и «кесмек» - отрезать*».

Суммируя эти факты, совершенно очевидно, что в этногенезе кабардинцев приняло участие тюркское племя черкесов (западные казахи), которые впоследствии и стали феодалами кабардинцев.

Об этом писал Т. Лапинский:

«*В этом кратком обзоре истории черкесов я хочу опровергнуть заблуждение, которое в ходу во всей Европе. Совершенно неправильно, когда народы Кавказа абазы (адыги), также, как дагестанские племена, обозначаются именем черкесов. Не существует больше черкесского народа; остатки его на Кавказе сами не называют себя больше так и исчезают все больше день за днем. С гораздо большим правом можно назвать всех казаков России, за исключением запорожцев Кубани, черкесами, так как они потомки этих старых разбойников и среди них сохранился черкесский дух*»

«*Эти черкесы образуют еще теперь особое племя Эзден-Тлако и женятся только между собой; поэтому татарская раса сохранилась еще почти чистой среди них*» (с.101).

Вот как описывает Лапинский внешность черкесского князя и его сына, с которыми он был лично знаком:

«*Дородный с серебряной бородой, он был одним из красивейших старцев, которых я видел когда-либо. Черты лица его имели явный отпечаток степенного татарина, и среди 1000 абазов (адыгов) его можно было мгновенно распознать как чужеземца, также как и его сына Карабатыр Ибрагима, который по внешнему виду был копией своего отца... Свита также состояла почти исключительно из турок, татар и нескольких черкесских уорков*» (с.289).

Особых симпатий у Лапинского к татарам и черкесам не наблюдается, к примеру:

«*Сефер-пашу и весь татарско-черкесский сброд, который, к несчастью страны, бесчинствовал и интриговал от имени Порты, отправить в Турцию*» (с.251).

Т.Лапинский считал черкесов безоговорочно тюркским племенем, растворившимся в адыгской среде и дурно на нее влияющим.

Теофил Лапинский долгое время прожил среди адыгов, но черкесов считал тюркским инородным племенем, растворившимся в адыгской среде:

«*Я различаю всегда черкесов, на которых в Абхазии (Адыгее) смотрят как на непрошенных гостей, и адыгов, которые являются владельцами страны и образуют основную массу населения*». (Ук. Р. с.163, 100, 205.)

Важно отметить одну деталь; в определенный период, достаточно рано, на карте Константина Багрянородного в X в. побережья Черного и Азовского моря обозначена как **«Касахия»**. Там в это время жили печенеги и половцы, а на

картах XV в. Черкесия находилась между Доном и Астраханью. Существует связь между этонимами *казак-черкасс, казах-шеркес.*

Факты подтверждающие наше предположение обнаруживаются в Казахстане, где часть казахов Младшего жуза и алабугские татары, и ныне называют себя черкесами. Убедительное подтверждение этому мы обнаружили в «Родословной тюрков, киргизов, казахов и ханских династий» автор Шакарим Кудайберди-улу. Он пишет: «***шеркесы входят в Младший жуз казахского народа***». (ук. раб. с. 68). Более точные сведения мы обнаружили в работе известного историка акад. В.В.Радлова: «***шеркес - подразделение казак-киргизов Малой орды, племени алачин***». (ук. раб. ст. 75, 113, 287). Этот факт был также отмечен Т.Лапинским в XVIII веке, генетическую связь черкесов с казахским народом:

«*Черкесами называется племя в средней орде киргизов, которое во время своего кочевья зимой обычно располагается на восточном берегу Каспийского моря*» (ук.р. с.72). В XVIII веке казахов часто называли киргизами. К сказанному следует добавить цитату из А. М. Байрамкулова: «*Древние черкесы были одним из самых больших тюрко-аланских племен. Верность сказанного подтверждается большим количеством новых материалов.* ***Это этноним Черкесли в Туркменистане, древнее киргизское племя черкас, крымско-татарское собственное имя Черкас, ногайское Таучеркес***». В алтайском героическом эпосе встречается имя «Алтын-Чаркас».

В истории Золотой Орды известен случай когда одним из претендентов на ханский престол был царевич, чингизид Хаджи-Черкес. Как известно на престол могли претендовать только чингизиды. (В.В. Похлебкин «Татары и Русь», М., с.22, 2001г.)

У. Байрамуков: «На наш взгляд, адыгоязычного черкесского этноса не было никогда, нет его и сейчас. Если имеется в виду население, живущее в КЧР и пишущиеся сейчас «черкесами», то исторические документальные источники утверждают, что беглые кабардинцы, часть беленеевцев и абазин нашедшие приют на Кубани, названы этим этническим термином после установления Советской власти в 20-30 гг. Об этом пишет проф. В.Б.Виноградов «Каких-то 150-200 лет назад, говоря словами историка XIX в.: «*Под именем «черкесы» скрывается немало племен, которые носят самые различные названия, в большинстве своем выселились в Турцию после покорения Кавказа*», далее: «*... в период Всесоюзной переписи 1926 года и в ближайшие последующие годы народ под именем «черкес» не зафиксирован, хотя существовали и «Адыгская» и Черкесская» автономные области. И только в начале 1930х-гг. некоторые представители адыгской интеллигенции стали определять свою национальность историческим термином «черкес», а спустя каких-то 10 лет, на кануне ВОВ, 80% адыгских обитателей ЧАО в составе Ставропольского края называли себя черкесами*» (В.Б.Виноградов «Средняя Кубань: земляки и соседи» Армавир, 1995, С.118).

Г.Д.Чеснокова: «*В начале 20 века «черкесами» стало называться все адыгское население... из переселившихся за Кубань на Карачаевскую территорию в 1820-1840-х годах беглых кабардинцев*» (Г.Д.Чеснокова «Региональное кавказоведение и тюркология: традиция и современность, Карачаевск, 1998г, с.173)

И.Х.Калмыков: «*За годы Советской власти различные адыгские этнические группы в Карачаево-Черкесии сложились в самостоятельную «черкескую» народность, имеющую свой язык... Современная «черкеская» народность сформировалась в XX*» (И.Х.Калмыков «Черкесы», Черкеск, 1974, с.27-31).

ЧЕРКАСЫ И ЧЕРКЕСЫ

Птолемей говорит, что по всему побережью Азовского моря живут яциги и аланорси, т.е. алано-руссы. На средней Кубани (Вардане) он отмечает город Черкасу (Сер-асу), т.е. главу или столицу азов, от которого произошло и название народа Черкасов. Черкасы впервые упоминаются в начале II в по Р.Х. (рождение Христа) Они принимали участие в войне римской империи Траяна с армянским и парфянским царем Парфамазисон. В 107 году Траян в Малой Армении в г. Сате принимал предводителя черкасов Анквиала с большим торжеством и отпустил его с богатыми дарами. Анквиал, как правитель Черкасс, был известен и при приемнике Траяна Адриане.

(История о Донском войске. А.Попов. Изд. 1914 г, стр. 60. История Попова о черкасах составлена по цитатам римских историков I и II вв. по Р.Х)

Из книги Е.Н. Савельева "Древняя история казачества", Москва "Вече", 2007 г. Стр. 81.

"Из казацких общин, отстоявших свою независимость, на юге России остались лишь одни кубанские Черкасы.

Они плотней придвинулись к горам из неприступных ущелий с геройской отвагой в течение веков. Отражали сильного неприятеля, а иногда на легких ладьях выносились на море и громили берега Крыма и Турции и подобно своим запорожским собратьям в начале XVI в. Сделались страшными для всего мусульманского мира на Азовском и Черном морях. Все усилия турок не могли сломить это гордое племя. Для защиты от нападении черкас они построили на Кубани укрепления и содержали сильные сторожевые посты. Но несмотря на это, черкасы пробирались даже на Дон и нередко появлялись под Азов. Как и другие казацкие общины, черкасы удержали до XVII и даже до XVIII вв свою древнюю греческую веру и свой природный славяно-русский язык.

(Дела Крымские, кн 2, 361. Донесение посла Мамонова, 1502г.

Дела Турецкие, №1, листы 123-135 Донесение посла Голохвостова 1521г. стр. 213. (Савельев Е.П.).

Кубанские черкасы погибли, древнее их пепелище заняли черкесы, народ смешанного типа, происшедший от метисации многих (более 30) разнородных племен, исповедывавших языческую, магометанскую и христанскую веру. Язык черкасов также имеет много говоров и наречий, резко различающихся между собой. В состав этого народа в достаточной степени вошел и элемент славянский, собственно древнечеркасский, казацкий, что ясно сказывается как в антропологической строении головы и всего тела жителей многих аулов, так и во внешнем облике, в темно и даже светлорусых волосах на голове и усах, серых глазах, в улыбке, звуках говора и прочее. Но только язык и свою древнюю веру эти метисы в течение многих веков уже потеряли. Стр. 214 (Савельев Е.П.).

Историки последних трех столетий (до 1920г.) всегда смешивали названия **черкесы и черкасы,** по созвучии этих слов. Даже смешивают и теперь, но того не замечают, что название народа "черкасы", жившего по средней и нижней Кубани, очень древнее, известное еще в I и II вв. Но Р.Х. Это коренное имя народа, кличка же "черкесы" – бранное, данное уже впоследствии этому народу персами и греками, и турками – **серкеш** и означающее "головорезы".

Этой клички даже современные черкесские племена не признают и считают ее для себя обидной. Черкесы на своих наречиях себя называют то адыгэ, то идыге, ыдыгэ и прочее, т.е. островитянами. Осетины же, по старой привычке, черкесию до сих пор называют "казакией", и они не ошибаются, потому что казаки-черкасы есть древнейшие поселенцы этой местности. Днепровские черкасы – запорожцы недаром в течение последних трех веков стремились переселиться с Днепра на Кубань, на старую родину своих предков, где была их древняя столица "Черкаса", отмеченная еще во II в по Р.Х. географом Птолеемеем.

(там же) стр.25

Стр.23. Осетинцы и ныне именуют черкесов казахами.

Е.П.САВЕЛЬЕВ,
«Древняя история казачества»,
Москва, «Вече»,2007г. 215-стр.

***

Оставался у казаков в употреблении и тюркский язык, который начал уходить из обихода не больше чем 150-200 лет назад.Хара Даван в книге «Чингисхан» пишет, что грамоты казакам неоднократно писались по-татарски.

***

Есть еще один очаг казачьей речи, совершенно обособленный от других говоров и сохранившийся лишь на Тереке в Гребенских станицах. Русский человек речь местных казаков понимает с трудом.

***

Казачья речь несет на себе отчетливо печать всех крупных перемен, выпавших на долю наших предков. Причин различия их говоров не удастся понять без изучения условий, в которых они появились, то есть вне казаьей истории средних веков. Приходится их еще раз, хотя бы вкратце, обозначить казачий народ как единое целое сложился из трех народностей торков – касаков (черных клобук, черкасов), меото-казаров и некоторой примеси жителей подонской страны Касак Аланов – танаитов. В течение нескольких веков племена, говорящие на трех различных наречиях (туранском у торков, славянском у меото-казаров и германском у танаитов), тесно общались на просторах нашего степного края, часто в границах одного и

того же государства (Алания, Хозария, Тмутаракань). Срока этого общения были весьма и весьма продолжительны, они измеряются целым тысячелетием. В эти эпохи сожительства все три полукочевых народа усиленно заимствовали друг от друга культурные навыки, черты быта, религиозные воззрения, создавали комплекс той особенной степной культуры, однородность которой видна в археологических памятниках.

***

Казаки – особый народ, происшедший из смешения и долгого совместного сожительства на определенной территории славяно-русов с тюрко-казахами.

Смешение казахов со славяно-русами подонскими и приазовскими (Казакии) привело к образованию особой бродницкой народности, которая получила в системе Золотой Орды государственное, военно-служилое положение и значение казачества. Эта народность усвоила название казаков как этническое.

***

«Смешение казахов (черкасов) кавказских с киргизами повело к образованию особой киргизо-казацкой народности, особого народного организма» - утверждает Быкодоров в своем историческом труде «История Казачества».

***

Смешение казахов (черкасов) с Кавказа и тюркских народностей (печенегов, торков, половцев) с русами в Поднепровье привело к образованию особой народностей - поднепровских черкасов, из которых главным образом, и образовалось запорожское Войско, этнически слившееся большей своей частью с украинским народом, передавшим свое название, особый характер и бытовые особенности поднепровской части населения Украины.

Первоначальная история запорожских казаков связана с черными клобуками и с теми казаками, которые несли службу в северочерноморских колониях Генуи: Боспоро (Керчь), Солдайя (Судак), Люпико (Алупка), Кафа (Феодосия), Матрега (Тамань), Джалите (Ялта) – или пополняли дружины крымских ханов. В рядах тех и других заметную роль играли ближайшие потомки торков и берендеев, известных летописцу как «все Черные Клобуки, еже зовутся Черкасы». Земли, расположенные между Южным Бугом и Днепром, долгое время были в распоряжении запорожских казаков и их предков. До XI века, когда Запорожье стало принадлежать татарам только формально, казакам приходилось давать своих воинов в ханские отряды. Хан Менгли-Гирей в договоре 1471 года с московским великим князем указывает: «Мне, Менгли-Гирею, твоей земли и тех князей, которые на тебя смотрят, не воевать, ни моим уланам, ни моим казакам».

Валерий НИКИТИН,
Казачество. Нация или сословие.
Москва, «Яуза», 2007 год.
56-57, 66-67-стр.

МӘМЛҰКТЕР ТУРАСЫНДА ЖӘНЕ ШЕРКЕШ МӘМЛҰКТЕРІ

Мәмлүк тақырыбын қамтыған энциклопедиялық еңбектердің ішінде 1967 жылы Аднбергте Босвордтың (C.E.Bosworth) шығарған «Ислам мелекеттері» (The Islamic Dynasties) /48/ атты еңбегінің бірқатар толқытырулармен 1969 жылы Қайырда араб тілінде жарық көрген аудармасының авторы Ахмад ас-Саид өзінің алдында жарық көрген ағылшын, орыс және түрік тілдеріндегі нұсқаларын салыстырып және одан бергі уақытта мұсылман әлемінде орын алған өзгерістерді ескере отырып, өзінің зерттеуіндегі ислам мемлекеттерінің санын 208-ге жеткізеді. Бұл еңбек те, жоғарыда аталған С.Лэн-Пульдің энциклопедиясы сияқты мұсылман мемлекеттерінің саяси тарихын баяндаумен шектеледі.

Мұсылман мемлекеттерінің тарихына қатысты, бүгінгі күнге белгілі, аталған екі энциклопедиялық еңбектерді салыстырудың нәтижесінде С. Лэн-Пуль негізін бастап кеткен, ислам мемлекеттері тарихының энциклопедиясына айналған бұл еңбектің ішінде араб нұсқасы қазіргі уақытта ең толығы болып есептеледі. Алайда, оның да бірқатар кемшіліктері бар. Бұл еңбек жарыққа шығуынан бері едәуір уақыт өтуіне байланысты мұсылман әлемінде орын алған көптеген өзгерістер енбей қалған. Соның ішінде, КСРО құрамында болған, кейін тәуелсіздігін алған түркі (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзірбайжан және т.б.) мемлекеттерінің тарихы үстірт берілген.

Мәмлүк кезеңінің архитектурасына арналған зерттеулердің қатарынан 1971 жылы Қайырда жарық көрген Саад Маһирдің «Масаджид миср уа аулиауһа ас-салихун» (Мысыр мешіттері мен оның әулиелері), атты көлемді зерттеуі ислам тарихындағы алғашқы екі мешіттің, яғни Меккедегі «Масджид әл-харам» (Әл-Харам мешіті) және Мединедегі (Әл-Масджид аш-шариф ан-набауи» (Қасиетті пайғамбар мешіті) тарихынан бастап, VII-XX ғғ. аралығында Мысыр жерінде салынған барлық мешіт, медресе, күмбез, мұнара, суфилер үйі және т.б. сол сияқты діни бағытта салынған барлық архитектуралық ескерткіштердің салынуы мен тарихы туралы негізгі мағлұматтар береді. Бұл 5 томдық еңбектің жартысына жуығы, яғни екі жарым томы мәмлүк кезеңінің архитектуралық ескерткіштеріне арналуы – мәмлүк кезеңінің мұсылман діни архитектура саласындағы қосқан аса зор үлесін көрсетеді. Автор мәмлүк кезеңінде салынған діни ғимараттардың өзіндік ерекшеліктері мен жетістіктерін баса көрсете отырып, мәмлүк архитектурасында кеңінен пайдаланылған « қошқар мүйіз» өрнегінің қыпшақ мәдениетіне қатысты екенін және оның негізі мен шығу тегін ашуға тырыспайды. Бұл салада қазіргі кезге дейін арнайы зерттеудің болмауының салдарынан туған бұл кемшілік мәмлүк архитектурасын зерттеуде жалпы араб және Батыс Еуропалық ғылымға тән қасиет болып қалып отыр.

Мәмлүк мемлекетінің тарихын зерттеу саласында Саид Абд әл-Фаттах Ашурдың 1963 және 1976 жылдары Қайырда жарыққа шыққан «Аз-Заһир Бейбарс» (Сұлтан аз-Заһир Байбарыс) және «Әл-аср әл-мамлуки фи миср уа ашшам» (Мысыр мен Шам еліндегі мәмлүк кезеңі), атты еңбектерінің ғылыми маңыздылығы өте жоғары. Бірінші зерттеуі Мәмлүк мемлекетінің негізін салған тарихи тұлға сұлтан аз-Заһир Байбарыстың өмірбаяны мен ішкі және сыртқы саясатын ашуға, артынан қалдырған ескерткіштерін сипаттаумен қоса, оның өмір сүрген заманы, моральдық-психологиялық жағдайларына ғылыми тұрғыдан талдау жасауға тырысады. Алайда, бұл еңбек сұлтан Байбарыстың Дешті-Қыпшақпен орнаткан байланыстары туралы тек үстірт мағлұмат берумен шектеледі. Екінші зерттеу мәмлүк кезеңіндегі Мысыр мен Шам еліндегі саяси, әскери, экономикалық, әлеуметтік, өнеркәсіптік-шаруашылық және т.б. салаларын ашуға арналған.

Мәмлүктердің соғыс және атқамінерлік өнері туралы зерттеулердің ішінде Абд әл-Азиз Махмуд Абд ад-Даймның 1983 жылы Қайырда жарық көрген «Әл-Хийал фи хуруб даулат әл-мамалик» (Мәмлүк мемлекетінің соғыстардағы айлалары), атты еңбегі мәмлүк жауынгерінің әскери дайындығы, қару-жарағын дұрыс пайдалануы, соғыс өнерін менгеруімен қоса, қан майданда жаумен бетпе-бет кездескендегі тактикалық және психологиялық дайындығы туралы мағлұматтарды қамтыған. Бұл салада пайдаланылған арнайы жазба деректері - әскери дайындық жасаудың арнайы оқу құралдарының негізінде Мәмлүк мемлекетінде мәмлүк жауынгерінің әскери дайындығының жоғары деңгейде болғанын көрсетуге бағытталған. Алайда, автор мәмлүктердің соғыс және атқамінерлік өнерлерінің көшпелі-түркі түптамыры туралы мәселе қозғамайды.

1991 жылы жарық көрген «Муарриху миср әл-исламийа уа масадир ат-тарих әл-мисри» (Мысырдың ислам кезеңіндегі тарихшылары және Мысыр тарихының дерек көздері) атты еңбегі ислам тарихындағы аты әйгілі мысыр тарихшылары мен олардың шығармалары туралы мағлұматтарды қамтиды. Оның авторы Мухаммед Абдалла Анан өз зерттеуінде Мысырдың орта ғасыр авторларынан Мәмлүк мемлекеті мен Дешті-Қыпшақтың байланыстары туралы хабарлайтын бірқатар авторларын да келтіреді. Ол барлық орта ғасыр тарихшыларын негізінен екі топқа бөліп қарастырады: 1-топ – Фатимилер кезеңіне дейін; 2-топ – Мәмлүк кезеңі және қазіргі заманға дейін деп ажыратады. Бұл еңбектің пайдалы жақтары көп. Алайда, сонымен бірге, мәмлүк кезеңіне жататын атақты тарихшылардың бірқатары автордың назарынан тыс қалдырылғанын да айта кеткен жөн.

Сұлтан Байбарыстың тақырыбына мысыр зерттеушісі Мухаммед Джамаль ад-Дин Сурурдың 1993 жылы Қайырда жарық көрген «Даулат аз-захир бейбарс ми миср» (Аз-Заһир Байбарыстың Мысырдағы мемлекеті), атты еңбегі араб жазба деректерінің негізінде мәмлүктердің тарихи сахнаға шығуы, биліктің мәмлүктердің қолына көшуі, мәмлүк мемлекетін орнатудағы сұлтан Байбарыстың рөлі мен оның жүргізген ішкі және сыртқы саясаты, мемлекеттің құрылымы мен жүйесі, мәдениет пен ғылым саласындағы жетістіктерін ашып көрсетеді. Бұл зерттеуде мәмлүктердің Дешті-Қыпшақпен байланыстары үстірт қарастырылып, оның тек саяси жағы ғана баяндалады.

1995 жылы Қайырда шыққан Қасим Абду Қасим және Али ас-Саид Алидың «Әл-Айубийун уа әл-мамалик. Ат-Тарих ас-сийаси уа әл-аскари» (Айубилер және мәмлүктер. Әскери және саяси тарихы), атты еңбегі негізгі екі бөлімнен құралған. Оның бірінші бөлімі толығымен Салах ад-Дин әл-Айубидің тарихына арналса, екінші бөлімі - өтпелі кезең,

сұлтан Байбарыс және Мәмлүк мемлекеті негізінің салынуы, сұлтан Қалауын және оның ұрпақтары, крестшілерге қарсы соғыстары, Шеркеш мәмлүктері мемлекетінің тарихын қамтыған бұл зерттеуде мәмлүктердің Дешті-Қыпшақпен байланыстары қарастырылмаған.

Мәмлүк мемлекетінің бастапқы кезеңінде орын алған мәмлүк әскерінің моңғолдарға қарсы алғашқы әрі жеңісті ұрысының әлемдік тарихтағы зор маңызы болған Айн-Джалут шайқасына арналған Мухаммад Фатха аш-Шаирдың «Миср қаһирату-л-муғул фи айн -джалут» (Айн-Джалут шайқасындағы Мысыр моңғолдардың қаһары). атты зерттеуі 1995 жылы жарияланады. Бұл шайқас және оның нәтижесімен тығыз байланысты кейінгі көптеген тарихи маңыздылығы бар тарихи оқиғалардың бастылары туралы айтар болсақ, біріншіден, ешқашан жеңіліс көрмеген моңғол әскерлері мәмлүктерден тұңғыш рет күйрей жеңілуінің нәтижесінде мәмлүктердің және бүкіл мұсылман әлемінде рухани көтерілуіне үлкен әсері болды. Екіншіден, бұл шайқаста әмір Байбарыс ерекше ерлігімен көзге түсіп, шайқастың жеңіспен аяқталуына септігін тигізеді. Үшіншіден, Қайырға қайтар жолында сұлтан Құтұз өлтірілін, сұлтан тағына Байбарыстың отыруымен Мысыр Мәмлүк мемлекетінің тарихында жаңа кезең басталады. Алайда, автор өз еңбегінде жеңіске жетудегі әмір Байбарыс пен мәмлүк жауынгерлерінің тарихи рөліне аса мән бөлмей, жеңіс сұлтан Құтұз бен мысыр халқының арқасында ғана болды деген шолақ тұжырымнан аса алмайды.

1995 жылы Қайырда жарық көрген Ануар Закламанның «Әл-Мамалик фи миср» (Мысырдағы мәмлүктер) атты 21 тараудан тұратын еңбегі араб әлемінде мәмлүктердің алғашқы пайда болу кезеңінен басталып, оның Осман империясы тұсындағы кезеңін және Мысыр жеріне қарсы Бонапарт Наполеон бастаған XVIII ғ. аяғындағы француз жаулаушылығы кезеңін қамтиды. Автор негізінен Мәмлүк мемлекетінің Батыс Еуропалық крести жорықтары мен Шығыстан келген моңғол шапқыншылығы туралы, шет елдермен, христиан мемлекеттерінің ішінде Португалия, Кипр, Армения, сондай-ақ түркілер мен түрікмендер, Осман империясы сияқты мұсылман мемлекеттерімен саяси қарым-қатынастарын ашуға тырысады. Соңғы тараулары мәмлүк мемлекеті кезіндегі мәдениет, өнер, әдебиет салаларының дамуы мен әлеуметтік және экономикалық өмірден мағлұмат береді. Бұл зерттеу, негізінен, жалпы мәмлүк кезеңіне қысқаша шолу ретінде жазылған.

***

Осы жерде айта кететін бір жәйт, ол – араб және Мысыр тарихшылары көшпелі түркі халықтары мен моңғол, ойраттарды түп-тамыры бір этнос деп есептеп, оларға қатысты «қыпшақ», «татар», «моңғол» сөздерін бірінің орнына бірін пайдалана берген. Неке құруда да жоғарыда аталғандар өзара қыз алыса берген. Ал жергілікті арабтар және парсылармен мәмлүктердің неке құруы өте сирек жағдайларда, тіпті жоқтың қасы болғанын тарихи деректер растайды. Мәмлүктердің «қан араластырмау» принципін берік ұстауы – қыпшақ, түркі және моңғол халықтарының шығу тегі жағынан жақын туыстығының бір екендігін дәлелдей түседі.

Мәмлүктердің тегіне қатысты қарастыратын тағы бір басы шешілмеген өзекті мәселе бар. XIX-XX ғ. батыс және араб зерттеушілерінің пікірінше, Мәмлүк мемлекетінің тағына **1382 жылы келген сұлтан Барқұқтан бастап «шеркеш» тегінен мәмлүк сұлтандарының тарихы басталады.** Бұл мәмлүктерді тегі жағынан алдында билікте болған түркі-қыпшақ тегінен бөліп, жеке этнос ретінде қарастырылып отырған кезеңнен анағұрлым кейін Кавказда пайда болған «черкестерге» жатқызып, оларды түркі-қыпшақ тегіне жат этнос ретінде қарастыруы- ғылыми тұрғыдан түбегейлі қате пікір. Батыс зерттеушілері шеркеш мәмлүктерінің шыққан тегінің тарихы мен шежіресін білмеуден және оған жете мән бермеуден туған қателік болса керек. Бұған бірнеше дәлел келтірейік. Біріншіден, «шеркеш» мәмлүктері неке құруда өздерінің алдындағы қыпшақ мәмлүктері сияқты тек өз тегінен басқамен «қан араластырмау» принципін берік ұстап. бұрынғы салт-дәстүрі бойынша қыпшақ-моңғол тегінен ғана қыз алғаны белгілі. Екіншіден, шеркеш сұлтандары да қыпшақ сұлтандары орнатқан Дешті-Қыпшақпен байланысты үзбей, керісінше оны нығайтуға тырысып, Дешті хандарына жолдаған хаттарында: «Біз және сендер – бірміз!» /103/ деп өздерінің алдындағы қыпшақ сұлтандарының айтқанын қуаттап отырған. Мұның өзі олардың тікелей көшпелі түркі-қыпшақ елінің өкілдері екенін дәлелдей түседі. Сонымен қоса, мәмлүк мемлекетінің алғашқы шеркеш сұлтаны Барқұқтың Ирак жеріндегі Жалайыр мемлекетімен достығын нығайту мақсатында оның сұлтаны Ахмад ибн Уайс- әл Жалаиридің қызына үйлену арқылы саяси құдалық байланыс орнатуы – жоғарыда айтқанымыздың тағы бір дәлелі бола алады. Бұл саяси некенің нәтижесінде Әмір Темірдің Таяу Шығысқа жасаған жорығына қарсы тұру мақсатында Ирак Жалайыр мемлекеті мен Мысыр Мәмлүк мемлекеті арасында әскери-саяси одақтың құрылғаны тарихтан белгілі. Бұл орайда, қорыта айтарымыз – XIV ғасырдың аяғында Мәмлүк мемлекетінің билігіне келген «шеркеш» сұлтандарының түркі-қыпшақ тегіне жататыны туралы орта ғасыр араб жазба дерек көздерінде дәлелдерді көптеп табуға болады. Осы жерде, батыс зерттеушілерінің басты назарға алып отырған «кауказдық черкестердің» жеке этнос ретінде әлдекайда кейін белгілі болғанын айта кету керек. Сондай-ақ, «черкестер» тілдік жағынан қыпшақ тобына жатпайтыны белгілі болса, ал мәмлүк заманындағы «шеркештер» қыпшақ тілінде сөйлегені тарихи деректерден белгілі.

Сонымен екі тараптың, яғни Дешті мен мәмлүктердің өзара қыз алысып, құдаласуына негізгі түрткі – екі тараптың этникалық тегі жағынан өзара туыстық сезімдерін сезінуі өз себебін тигізген басты фактор туралы дерек келтірген орынды болар. Бұл туралы араб жазба деректері: «Өзара бірлігінің негізінде, барлық замандарда да біріне-бірі тірек болып, соғыста жауларын жеңген. Алла сөзін жоғары ұстау үшін қәпірлерге қасиетті джихад соғысына бірге аттануға негіз берген күштің негізі – осы туыскандық байланыста жатыр», -дейді. Қыз аларда, екі жақтың да назары басты саяси іске бағытталып, бір-біріне қалымсыз төлеуі формальдыққа жақын болды. Саяси құдалықты жүзеге асыру, оның нәтижелі атқарылуын жеңілдету үшін сұлтанның жіберген елшілерін ақшамен қаржыландыруды Қыпшақ елінің саудагерлеріне міндеттеп, келін ханзаданы Мысырға аттандырады.Араб деректері бойынша, Мысыр жеріндегі келін аттандыру мен үйлену тойлары, ислам кезеңіндегі тарихқа белгілі, ең үлкен той-думандармен бәсекелесе алатындығын хабарлайды /104/.

ЭТНИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ, ӘДЕТ-ҒҰРЫПТЫҚ, САЛТ-ДӘСТҮРЛІК, ТІЛДІК ЖӘНЕ АНТРОПОНИМДІК ОРТАҚТЫҚТАРЫ

Этникалық байланыстар және шеркеш мәмлүктерінің тегіне қатысты жаңа ғылыми тұжырым.

Түркі және қыпшақ этнонимдерінің тегі мен заты бір екендігін қазіргі заманғы зерттеулер жоққа шығармайды. Орта ғасыр араб жазба деректерінде ол туралы көптеген деректер сақталған және көп жағдайларда екеуі бірінің орнына екіншісі синоним ретінде қатар қолданыла береді. Екеуінің арасындағы негізгі айырмашылықты тұрмыстық салттық жағынан қарастырып, қыпшақ атаулы түркілердің көшпелі болуынан екендігінде деп білген. Орта ғасыр араб авторларының пайымдауынша, көшпенді түркілерді қыпшақтар немесе көшпелі түркілер, ал отырықшыл бөлігін түркілер немесе түріктер деп ажыратқан. Олардың олай деуіне негізгі түрткі болған себеп Дешті-Қыпшақты арабтар «Сахра әл-Қибшақ», яғни Қыпшақ даласы бұл көшпенділер мекені деген. Сонымен қатар, орта ғасырдағы арабтар түркі халықтарының ішінде тек көшпенділерін ғана жауынгер санаған. Яғни қыпшақ атауы түркілердің санасында көшпенді жауынгер деген ұғымды берік қалыптастырғанын аңғартады.

Сондай-ақ араб жазба деректерінде және оларды негізге алынып жазылған қазіргі заман араб зерттеулерінде «ат-татар», «ат-түрк», «әл-муғул» атауларының бәрі – этникалық жағынан өзара туыс бір халықтың атауы екенін жоққа шығармайды. Нақтырақ айтсақ, XIII-XIV ғасырлар аралығында түркі және моңғол этностарының көшпелі малшылық өмірге негізделген тұрмысы мен салт-дәстүрлерінің ортақтығымен қоса, олардың этникалық, мәдени, тілдік және рухани жағынан бір екендігін орта ғасыр авторлары анық байқаса керек. Оның тағы бір дәлелі ретінде «Әл-Бахария» мәмлүктерінің тамырында ағып жатқан түрік қыпшақ қаны екенін олардың сұлтандары өздерінің сөздерінде: «Біз және татарлар бір текпіз, бір-бірімізден бас тартпаймыз».- дейді.

Қарастырылып отырған кезеңді сипаттайтын араб, парсы, орыс және басқа да орта ғасыр деректерінің барлығы моңғол мен татарлар бір халық екендігін бір ауыздан мақұлдайды.

Сондай-ақ, қыпшақ және қалмақтардың да қазіргі Қазақстан жеріне Моңғолия жерінен келгендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Қазіргі уақытта бірқатар зерттеуші ғалымдар қыпшақтар мен татарлар туыстық жағынан өте жақын, арғы тегі бір екендігі туралы батыл пікірлер айтып жүр. Оны дәлелдейтін деректер баршылық. Соның бір дәлелі ретінде Мысыр жерінде билік құрған қыпшақ мәмлүктері мен Дешті-Қыпшақты билеген Шыңғыс хан ұрпақтары, яғни тегі «моңғол» деп аталған хандары арасындағы қарым-қатынастарды қарастырайық.

Қыпшақ даласынан келген түрік-моңғол қанына жататын Мысыр әскеріндегі мәмлүктер жеткілікті рөл атқарды. Олардың арасында аса беделді топтар, билеуші әулеттер құрылып, билікті тек өз тегі арасында тағырлар бойына мұрагерлік еткені белгілі. Сұлтан аз-Захир Байбарыс қыпшақ тегінен шыққаны және оның екі баласы да тегі қыпшақ болғаны туралы араб деректері бір ауыздан мақұлдайды.

Байбарыстан кейін билікке келген сұлтан Қалауын және оның ұрпақтары да қыпшақ тегінен шыққандығы туралы айтады.

Мәмлүк мемлекетіндегі әскердің үштен бірінде қолбасшылық еткен аса беделді мәмлүк әмірі Қосынның қыпшақ болғаны белгілі.

Қыпшақтардың Мысыр жеріне көптеп келуінің негізгі себептері ретінде сол замандардағы құл саудасының бұл өңірде кеңінен етек алуы және Мысыр сұлтандары мен әмірлерінің Дешті-Қыпшақтан әкелінген құлдарды сатып алуға құштарлықтары ерекше болған. Мысыр сұлтаны әскеріндегі мәмлүктердің саны, кейбір араб деректерінде мыңдап есептелген. Мысалы, сұлтан Қалауынның билігі кезінде оның мәмлүктерінің саны он екі мың, ал оның баласы Ан-Насир мәмлүктерді сатып алуда әкесінен қалыспай, әмір кезінің өзінде оның әскерінде он екі мың мәмлүк болғаны туралы дерек бар. Араб жазба деректері мәмлүктердің құл базарындағы бағасы жөнінде түрлі мағлұматтар береді. Сұлтан Ан-Насир ибн Қалауын бес жыл ішінде мәмлүктерді сатып алуға төрт миллион жеті жүз мың алтын ақша жұмсады деген дерек бар.

Мысыр әскеріндегі қызметінде мәмлүк жауынгердің мансабы көтеріліп, әмір дәрежесіне жеткен кезінде оған жүз мәмлүк берілу кеңінен қалыптасқан. Араб деректері мәмлүк әмірі Сырғатмыштың сегіз жүз мәмлүгі болғанын хабарлайды. Сөйтіп сұлтан мен әмірдің беделі мен ықпалы өскен сайын мәмлүктерідің саны да артып отырған. Мысалы, әмір Елбұғаның үш мыңнан аса мәмлүгі болған.

Мәмлүктер мемлекеттің әскери күш пен қорғаныс қамалы қызметін атқарса, «әл-джауари» құлдары рақаттық өмір мен ләззат алуға ғана арналған. Олардың саны билік етуші мәмлүк сұлтандарына этникалық жағынан жақындағы жоқ жай адамдардың үйінде жүздеп есептелген. Мысырдағы Саид ауданында тұратын беделді бір арабтың үйінде ғана төрт жүз жария құлы болса, онда сұлтан сарайында олардың саны қанша есе артық болғанын аңғару қиын болмас.

Қыпшақ мәмлүктерінің Мысыр жерінде күрт көбеюінің тағы бір себебін Әмин әл-Холи былай түсіндіреді. Мысырда әскери билігі мен ықпалы күшейген Мәмлүк Қыпшақ елінен өзінің ағайындары мен туысқандарын шақыртып, оларды жоғары қызметтерге тағайындаған. Кейде беделді бір мәмлүк әмірінің шақыруымен Қыпшақ елінен оннан жүзге дейін жақындары келген. Олардың арасында біразы Қайырда тұрақтап қалып, ал біразы еліне қайтып кеткені туралы араб дерек көздерінен мағлұматтарды келтіреді.

Мысал үшін төмендегідей деректерді келтірейік. Сұлтан Ан-Насирдің алдында әскери қызметі көтерілген әмір Елбұғаның әкесі бұл жайында хабар естігеннен кейін, Ордадан Мысырға көшіп келеді. Онымен бірге Истадемір және Қаракөз деген екі ұлы болды. Сұлтан оларды әскери қызметке тағайындайды.

Мәмлүк әмірі Таздың әкесі Шеркеш Түркі елінен ағасымен бірге Мысырға келеді. Әмір оларды қарсы алып, үлкен сый-құрмет көрсетеді. Олар мұсылмандықты қабылдап, сүндетке отырады.

Сонымен қатар, Берке хан мен Құлағудың арасындағы қарым-қатынас бұзылуына байланысты Құлағудың Иранға жасаған жорығына қатысқан Дешті-Қыпшақ әскерлеріне Берке хан бұл жорықтан елге қайтуын, ал ондай мүмкіндік болмаған жағдайда Мысыр жағына өтіп кетуін талап етіп хат жазады. Соның нәтижесінде Мысыр жеріне қыпшақ жауынгерлері жүздеп, топ-тобымен келіп жатты. Оларды сұлтан үлкен құрметпен қарсы алып, ұлы ислам дағуатын айтып, қымбатты сыйлықтар, аттар және ақша мен мүліктер тарту етіп, өзінің «әл-Бахария» әскери жасағына орналастырады. Сондай-ақ олардың арасынан басшыларын белгілеп, бәрін әмірлік лауазымдарға тағайындайды. Келгендердің бәрі ислам дінін қабылдайды. Сұлтанның бұл шаралары жайындағы хабар Қыпшақ еліне жеткен. Соның нәтижесінде Қыпшақ елінен Мысырға олар жамағат-жамағат болып келе бастайды. Сұлтан өз тарапынан оларды жылы қарсы алып, Мысыр жерінде олардың көбеюіне барлық жағдайларды жасап отырады.

Жоғарыда келтірілген деректер Мысырға мәмлүктердің Қыпшақ елінен келгені туралы хабарлардың аз бөлігі ғана. Орта ғасыр араб жазба дерек көздерінде Мысыр жеріне мәмлүктердің тек құлдық жолмен емес, азат қыпшақтардың да өз еріктерімен көптен келуі туралы ақпараттар баршылық.

Мысыр жеріне келген қыпшақ мәмлүктері өздерімен бірге төл мәдениеті мен салт-дәстүрлерін ала келеді. Сөйтіп олар жергілікті өмірдің барлық жақтарына өз әсерін тигізуі сөзсіз болады. Қыпшақ елінен келген мәмлүктердің Мысыр жерінде өздері ғана тұратын, шоғырланған тұрақты мекендері болады. Ондағы үйлердің саны соншалықты көп болады және олар тұратын аудандар ел арасында «Орда» деп аталып кеткен . Мәмлүктер Мысыр халқымен араласпай, олардан оқшауланып тұрған.

Сонымен бірге, Мәмлүк мемлекетінде түркі-қыпшақ мәмлүгін кез келген адамға сатып алуға тыйым салынғаны туралы жазба деректер бар. Олардың хабарлауынша, сұлтан қызметіндегі әмірлердің біріне «әл-хаджиб» лауазымы беріліп, оның құзырына түркі-қыпшақ мәмлүктерін сату немесе сатып алуда жоғарыда айтылған заңның орындалуын бақылауды тапсырады. Егер түркі мәмлүгі біреудің үйінен табылған жағдайда, оларды сатуға мәжбүрлеген. Ал егер ол адам осындай ісін екінші рет қайталаса, оны сұлтанның алдына сүйреп әкеліп, базарға бүкіл мәмлүктерін шығарып, арзан бағамен сатқызған.

Мәмлүк мемлекетінің тарихында билік еткен шеркеш сұлтандары кезеңін батысеуропалық, орыс және одан кейін араб зерттеушілері қателесіп, оларды өзінің алдындағы кезеңде билік еткен қыпшақ сұлтандарынан этникалық жағынан бөліп, «қауказдық черкестер» деп қарастыруы негізсіз екенін жоғарыда айттық. Мәмлүк мемлекетіндегі мәмлүктердің тарихын мұқият зерттесе, олардың арасында этникалық, мәдени, тілдік және антропонимдік тұрғыдан айтарлықтай айырмашылықтың жоқтығы анғарылады. Керісінше, қыпшақ және шеркеш мәмлүктерінің арасында этникалық, тілдік, мәдени және антропонимдік тұрғыдан ортақтықтардың көп екенін айқын көруге болады. Қыпшақтардың түркі тілдес екендігі белгілі жәйт. Олардан кейін билікке келген шеркештердің қыпшақтардан тілдік жағынан айырмашылығы туралы орта ғасыр араб жазба деректері ештеме хабарламайды. Батыс зерттеушілерінің шеркештерді, негізінен, Қауказ өңірінен келген халық дегенді басшылыққа алуы, оларды қазіргі заманда белгілі Солтүстік Кавказ өңіріндегі Қарашай-Черкес ауданында тұратын черкестермен шатастыруына негізгі себеп болса керек. Қазіргі Қауказ черкестері Қауказдың абхаз-адыгей тілдер тобына жататын кабардин-черкес тілінде сөйлейтін болғандықтан тілдік жағынан еш қиындық келмейді. Себебі аталған черкес тілі түркі тілдеріне жатпайтынын басшылыққа алатын болсақ, онда олардың Мәмлүк шеркештерінен тілдік жағынан да, тектік жағынан да қашық болып шығады. Оның үстіне Мәмлүк шеркештерінің антропонимдерінің барлығы дерлік түркілік екеніне де жете назар аударған жөн. Олардың есімдерінде жиі кездесетін түркі есімдерінің «бай», «бек» және «тай» сөздерінің қосылуы арқылы жасалуы да олардың қыпшақ-түркі тегіне жататынын аңғартады. Мысал ретінде, тек «бай» және «бек» сөздерімен қосарланып жасалған, шеркеш мәмлүктерінің кезінде билік еткен бірнеше сұлтандардың есімін келтірейік - Барысбай, Қайтбай, Тұманбай, сондай-ақ шеркеш Мәмлүк әмірлері – Қонқабай, Таныбай, Қаныбай, Өзбек, әмір Жәнібек және т.б. Сонымен бірге, шеркеш мәмлүктері есімдерінің ішінен антропонимдік тұрғыдан тағы бірнешеуін мысал ретінде келтіру орынды. Олар сұлтандар – Шақмақ, Жамболат, әмірлер – Сұңқар, Ақсұңқар, Қарасұңқар, Байбарыс ад-Дауадар, Қосын, Алмас, Санжар, Қортық, Қашмас, Ақбұға, Теңізбұға. Мәмлүк мемлекетіндегі шеркештердің түркі есімдерінің тізімін әлі де жалғастыра беруге болар еді. Бұл турасында орта ғасыр араб жазба дерек көздерінде мағлұматтар көп.

Шеркеш мәмлүктерінің тегі түркі-қыпшақ екенін дәлелдей түсетін тағы бір жайтты қарастырайық. Жоғарыда айтылғандай, қыпшақ мәмлүктері тек өз тегінің өкіліне үйленгенін ескерсек, шеркеш мәмлүктерінің бірінші сұлтаны Барқұқ Ирақ Жалайыр мемлекетінің сұлтаны Уайс әл-Жалаиридің қызына үйленгені белгілі. Осы тұрғыдан алғанда да, мәмлүктер өз тегіне көшпелі түркілерді, олардың ішінде қыпшақ, моңғол, ойрат, жалайыр сияқты көшпелі мәдениеттің өкілдерін ғана жатқызғаны айқын көрінеді. Ал қазіргі Қауказ черкес халқының көшпелі қыпшақ немесе түркі-моңғол мәдениетінің өкілі болғаны туралы еш дерек жоқ.

Шеркеш мәмлүктерінің түркі-қыпшақ тегіне тиеселігі хақындағы тағы бір дәлелі ретінде – шеркеш сұлтандарының билікке келуімен Мәмлүк мемлекетінің ішкі де, сыртқы да саясатындағы бағытының өзгермеуін айтуға болады. Шеркеш сұлтандарының Байбарыс салып кеткен заңдарын сақтап, мемлекеттік және әскери құрылымды өзгертпей, ал сыртқы саясатта Дешті-Қыпшақпен байырғы байланыстарын үзбеуін айтуға болады. Ал кез келген мемлекетте билікке

келген жаңа әулет өзінің алдында билік еткен әулеттің мемлекеттік құрылымы мен заңдарын өзінше өзгертуге көп күш салатыны туралы тарихтан белгілі.

Қыпшақтар мен шеркештердің мәдени саладағы ортақтығын айқын көрсететін тағы бір дәйек ретінде олардың, яғни шеркеш мәмлүктерінің қыпшақ мәдениетіне тікелей қатысты «қошқар мүйіз» өрнегін өздерінің төл мәдени белгісі ретінде архитектуралық ғимараттарында кеңінен пайдалануын айтуға тұрарлық. Бұл шеркештер өздерінің рухани-мәдени жағынан кімге жақын санағандығының дәлелі бола алады.

Мәмлүктердің этникалық тегін анықтауға арналған зерттеулердің нәтижесінде төмендегідей қорытынды жасауға болады. Біріншіден, қыпшақ мәмлүктері өзінің этникалық тегі жағынан қазақ халқымен бір. Оған орта ғасыр араб жазба деректерінде келтірілген көптеген деректер дәлел бола алады. Екіншіден, шеркеш мәмлүктерінің этникалық, тілдік, рухани-мәдени, антропонимдік, салт-дәстүрлік, әдет-ғұрыптық ерекшеліктерін хабарлайтын орта ғасыр араб жазба дерек көздерінде келтірілген көптеген деректерді зерттеудің нәтижесінде олардың, яғни шеркеш мәмлүктерінің қыпшақтармен этникалық бірлігі дәлелденді. Сонымен, мәмлүк заманындағы шеркештерді қазіргі қазақ халқының құрамындағы Кіші жүзге жататын, еліміздің батыс өңірлерін ертеден мекен шеркеш руымен тікелей байланыстыруға негіз бар деп қорытуға болады.

Мәдени байланыстары

Мәмлүк мемлекетіндегі қыпшақтар мен Дешті-Қыпшақ арасындағы көптеген байланыстардың ішінде мәдени байланыстардың да аса маңызы болғандығы туралы орта ғасыр араб жазба деректері молынан хабарлайды. Екі мемлекет арасында екі ғасырға жуық болған қоян-қолтық қарым-қатынастар мәдени байланыстардың да өзара ықпалы мен әсері күшті болуына әкелді. Соның нәтижесінде дүниеге келген өзара мәдени байыту мен мәдени синтез сияқты едәуір күрделі әрі маңызды процестер жүзеге асты. Бұл тақырыпты толық ашу үшін арнайы терең зерттеулер жүргізуді қажет етеді. Дегенмен, осы зерттеудің аясында Мәмлүк мемлекетінің Дешті-Қыпшақ арасындағы сан алуан саладағы өмірдің барлық жақтарын қамтыған байланыстарды нысаналы түрде ашып көрсету болғандықтан, екі мемлекет арасындағы мәдени байланыстардың кейбір жақтарына ғана тоқталып өтеміз.

Ніл мен Еділ арасында қарым-қатынас орнаған кезде Сарай қаласы өмірінің екінші онжылдығына енді аяқ басқан жас қалалардың қатарында болса, ал Қайыр – негізі қаланғанына үш жүз жылдан асқан, мәдениеті мен өркениеті тұрақталған қала еді.

Қайырмен тікелей байланыс орнатқан Сарай хандары өз тараптарынан ғылым мен білімге, мәдениет пен әдебиетке деген аса зор қызығушылық пен құштарлық танытып, хан сарайларында Ислам тарихы мен әдебиетінің көрнекті өкілдері болып танылған ғалымдар мен әдебиетшілердің болуына үлкен көңіл бөліп отырды. Бұл жөнінде Ибн Арабшаһ: «Сол замандарда, яғни Берке хан мен одан кейін билікке келген Өзбек хан және Жәнібек ханның кезінде Сарай қаласы әміршіміз Кутуб ад-Дин әл-Аллама ар-Рази, Шейх Саад ад-Дин ат-Тафтазани, Шейх Джалал ад-Дин Шариф әл-Хаджабийа сынды ханафийа және шафийа мазхабтарының құрметтілері, олардан кейін әміршіміз Хафиз ад-Дин әл-Базази және Ахмад әл-Ходженди сынды ғалымдар, әдебиетшілер және ақыл-кені иелерінің жиналған мекені болды», - дейді.

Қарастырып отырған кезеңде Сарай қаласының Орталық Азиядағы Бұхара, Самарқан сияқты ірі қалаларына мәдени ықпалының зор болуы – оның мұсылман әлеміндегі дін мен ғылым, мәдениет пен әдебиеттің Мысыр сынды орталығымен одақтық әрі достық қарым-қатынасының мықты болуында жатса керек. 1332 жылы Сарайдан қайтқан мысыр елшілігі сұлтанға арналған сыйлықтармен қоса арнайы жолданған хатында: «Джамиат әл-усул фи ахадис ар-расул» (Пайғамбар хадистері негіздерінің жинағы) кітабын, «Китаб шарах ас-сунна» (Сүннетті түсіндіру кітабы), атақты ғалым Ар-Риуанидің фиқһ ғылымына арналған «Әл-Бахр» (Теңіз) және т.б. кітаптарды жіберуді сұрауы бойынша, олар Сарайға жеткізіледі.

Екі мемлекет арасындағы мәдени байланыстардың қаншалықты мықты болғандығын жоғарыдағы бір мысалдың өзі анық көрсетіп тұр. Бұл байланыс олардың арасындағы діни, саяси және әлеуметтік байланыстарымен қатар жүріп, екеуінің ортақ мүдделерінен шығып отырды.

Сарай қаласының мәдени өмірінің тарихындағы екі аймақтың мәдениет саласындағы ынтымақтастығын айқын көрсететін мысалдар өте көп. Бұған Қыпшақ елінде немесе оның сыртында сол елдің хандарының атына арнап жазылған көптеген шығармаларды жатқызуға болады. Ғалымдар мен әдебиетшілер шығармаларын өзіне қамқоршы мен қорғаушы болған билеушілердің атына арнауы мұсылман әлемінде дәстүр болып, берік қалыптасқан.

Сондай-ақ, екі мемлекет ғалымдарының жиі кездесіп, осы салада кеңестер ұйымдастырып тұруы, сондай-ақ олардың біразы бір мемлекеттен екіншісіне көшіп келіп, онда тұрақтануының нәтижесінде мәдениет пен ғылым саласындағы бірлескен жігерлі әрекеттері үлкен жемістер берді.

Әмин әл-Холи деректерге негізделе отырып, ол былай дейді: «Сарай мен Қайыр арасындағы ғалымдар мен әдебитешілердің саяхаттары бір-біріне үзілмей ағылып жатты. Келгендердің біразы жаңа мекенде қалып, орнығып жатуының нәтижесінде екеуі біріккен бір ғылыми отанға айналды. Мысыр жеріне Қыпшақ елінен келгендердің арасында аты шыққан атақтылары да көп болды.

Олардың бірнешеуінің есімдерін келтірсек, олар төмендегідей:

1. Махмуд ибн Кутлушах ас-Сарайи (775 хиджра жылы, яғни 1373 жылы қайтыс болған) Сарайдан Шам еліне келіп, сонда біраз уақыт тұрып, жергілікті халықтың арасында үлкен құрметке ие болуы оған ғылыми жағынан өте пайдалы болады. Содан кейін ол бір топ жамағатпен бірге Қайырға келеді. Онда әмір Сырғатмыш медресесінде оқиды. Ол музыкалы аспаптар өнерінің және «усул», «мақул», «мантиқ» сияқты дін негіздері, ақыл кені және логика ғылымдары негіздері мамандығын терең игеріп, сол саланың білгірі болған.
2. Қырым қадиының баласы Дайа ибн Саадулла ибн Мухаммад әл-Қырыми (778 хиджра жылы, яғни 1376 жылы қайтыс болған) Қайырға келіп, «Әл-Мадраса әл-байбарсийада», яғни Байбарыс медресесінде шейх атанып, сонда «аш-шафийа» мазхабы бойынша сабақ береді. Сондай-ақ, ол «Мадрасат ас-сұлтан әл-ашраф» медресесінде дәріс берумен айналысады. Сұлтан Әл-Ашраф оған «шейх аш-шуйх», яғни «ең үлкен шейх» деген атақ береді. Шейх әл-Қырыми ислам діні ілімдерінде өте зерек болған. Ол «шафийа» және «ханафийа» мазхабтарын бірдей ұстанған және ол жөнінде өзі: «Негізім - әл- ханафи, ал әл-шафи – тармағым», - деген екен. Сонымен қоса, ол «Бәлға» ілімінің, яғни исламның шешендік өнерінің шебері де болған. Оның қолынан шейх Ас-Саад ат-Тафтазани білім алған. Ол ешқашан да қажымайтын іскер болып, сабақты түсіндіргенде кітапқа қарамайтын деген деректер бар.
3. Рукн ад-Дин әл-Қырыми Ахмад ибн Мухаммад (783 хиджра жылы, яғни 1381 жылы қайтыс болған) Қырымда туып өскен. Өз елінің ғылыми ортасында жоғары атаққа ие болып, отыз жыл бойы билікті орындарда қызмет етеді. Кейін Қайырға келіп, Мысырдың әділет үйінде кеңесші болып жұмыс істейді және «Әл-Азһар» ислам университетінде білімін тереңдетеді.
4. Ол ұзақ жылдар сабақ берумен айналысады және имам Әл-Бухаридың «Сахих әл Бухари» деп аталатын хадистер жинағына түсініктемелер мен ғылыми трактаттар жазады.

Ніл мен Еділ арасындағы ғалымдардың қоян-қолтық байланыстарында орны ерекше. Сарай мен Қайырдың да ғылыми орталарына қатысы бірдей болған Махмуд ибн Абдалла Абу ас-Санайи ас-Сарайи, кейін есімін әл Қаһири лақабына өзгерткен (801 хиджра жылы, яғни 1398 жылы қайтыс болған) көрнекті тұлға болған. Орта ғасыр араб жазба деректеріне сүйенсек, ол үш тілді - араб, парсы және түркі тілдерін өте жақсы білген.

Екі астана арасындағы тығыз байланыс пен өзара шырмалған байланыстардың нәтижесінде Сарай мен оның аймағында ғылым мен мәдениеттің деңгейі өте жоғары болды. Екі ел үшін де Қайыр мен Сарай бір ғылыми отан ретінде қабылданды.

Мысырдан Қыпшақ еліне барғандардың ішіне атақты тарихшы Әл-Айни да болды.

Екі өңірдің мәдени өмірінің арасындағы байланыстардың нығаюына мәмлүктер және «уафидун», яғни Қыпшақ елінен Мысырға құлдық емес жолмен, өз еріктерімен келгендер өте көп күш-жігер жұмсады. Олардың көбі әскери қызметте немесе мәдени мансаптар мен мемлекеттік жоғары лауазым иелері әрі жауынгер болумен қатар, ғылымда өз іздерін қалдырды. Олардың бірі - әмір Арғун сұлтан Қалауынның жеке жасағының мәмлүгі болған. Сұлтан оның талабын көріп, оған ғылым оқуды бұйырады. Сосын ол фиқһ ілімінде үлкен жетістікке қол жеткізеді.. Имам Абу Ханифа мазхабын терең әрі толық білген

ғалымдар қатарына көтеріледі. Нәтижесінде ол ислам діні ғылымдары бойынша кеңестер беріп, фатуа шығаратын дәрежеге дейін өседі.

Қыпшақ елінен келгендердің арасында мұсылман мәдениетіне қызмет істеп, оны дамытуға атсалысып, қомақты үлес қосқандардың саны өте көп болды. Олар өз заманында мұсылман әлемінің мәдени орталығы есептелетін Мысыр мен өздерінің төл отаны – Дешті-Қыпшақ арасындағы мәдени өмірді бір-бірімен байланыстырушы қызметін атқарды.

«Қошқар мүйіз» өрнегі

Мәмлүк кезеңінің архитектурасында кеңінен кездесетін «қошқар мүйіз» өрнегін қыпшақтың мәдени әсерінің қатарына жатқызуға болады. Қазақтың төл өрнегі есептелетін, әсіресе халқымыз көшпелі өмір кешкен замандардан бастап киіз үйді және басқа да тұрмыстық заттарды безендіруде, текемет, сырмақ жасауда, киім тігуде кеңінен пайдаланылып келген «қошқар мүйіз» өрнегін Мысыр жеріндегі мәмлүктер билік еткен замандығы салынған ғимараттардың бойынан көптеп кездестіруге болады.

Мысыр жері құрылыстың алуан түрлеріне бай болуына және ерте замандардан бері ғимарат тұрғызу мен архитектура саласында едәуір жетістіктері болғанына қарамастан, қыпшақ мәмлүктері бұл салада да өзінің әсерін тигізді. Ол туралы көптеген архитектуралық деректі дәлелдер жеткілікті мөлшерде бүгінгі күнге дейін сақталған. Алайда қазіргі заманғы араб зерттеушілері бұл салада арнайы зерттеулер жүргізбеген және де олардың үй құру дәстүрі жергілікті халыққа көп әсерін тигізбеді деп есептейді.

Бұл тарауда осы туралы бірнеше деректерді қарастырайық. Дешті-Қыпшақ пен мәмлүктердің байланыстарын зерттеген Әмин әл-Холидің келтірген дерегі бойынша, сұлтан шатырының оң жағына айқасқан ағаштары мен есіктерін орнатып, оның ішіне сұлтан үшін бастырма жасалынатын. Бұл үй олардың жылжымалы «әл-қаракалардан (яғни керегелерден. Автор) құралған үйлерінің құрылысына сәйкес келетін жылжымалы мешіттеріне өте ұқсас болады. Бұл үйлері олардың Дешті-Қыпшақтағы көшпелі өміріне өте ыңғайлы болды. Алайда тастан үй салу мен архитектура өнері өте дамыған Мысыр жерінде оның қажеттілігі болмай қалады. Әрине, ерте замандардан бері тастан үй салу дәстүрі қалыптасып қалған Мысыр жерінде киіз үйлердің аса қажеттілігі болмаса да, қыпшақ Мәмлүктері ата дәстүрін сақтап, киіз үйлерді пайдаланудан бас тартпағаны жоғарыдағы келтірілген мысалдан анық көрінеді.

Мысыр жерінде ең алғашқы тәуелсіз Мәмлүк мемлекетінің (868-905 жж.) негізін салған түркі мәмлүгі Ахмад ибн Тулунның Қайыр қаласында салдырған мешіті тұңғыш Мәмлүк архитектурасының ескерткіші есептеледі. Сонымен қоса, ол тек өз заманының ғана емес, бүгінгі күні де ең үлкен мешіттер қатарына жатады. Ислам дәуіріндегі Мысырдың архитектуралық жағынан гүлдену кезеңі сұлтан Байбарыстың билікке келуімен басталады. Оның Қайыр қаласында салдырған «әл Мадраса аз-Захария» (Аз-Захир медресесі») медресесінен бүгінгі күнге тек кішкентай бөлігі ғана сақталып қалған. Өз заманында ең ғажайып мешіттердің бір есептелген «Джамйат аз-Захир Байбарс» мешіті өзінің тарихында басынан не бір оқиғаларды кешіріп, өте нашар, жартылай қираған халде біздің заманымызға дейін жеткен. Қазір ол қайта жөнделуден өткізілу үстінде.

Сұлтан Байбарыстың көрсеткен өнегесімен одан кейінгі Мәмлүк сұлтандары мен әмірлері діни архитектура саласына үлкен көңіл бөліп, мешіт, медреселер, сопыларға, жетімдерге, кәрияларға, мүсәпір-жолушыларға арналған үйлер, кітапханалар, қайырымдылық мекемелерін көптеп салдыруды дәстүр еткен. Олардың көбісін «Алла жолына» деп уақфқа, яғни мұсылмандарға қайырымдылық үшін тегін мұрагерлік еткен.

Мәмлүктердің діни архитектура саласындағы жетістіктерінің ауқымын көрсететін дерек келтірер болсақ, сұлтан Байбарыска дейінгі алты ғасырдан астам уақыт ішінде Қайыр қаласында барлығы он шақты мешіт-медреселер салынса, мәмлүктердің екі жарым ғасырлық билігі кезінде тек Қайыр қаласында ғана 136 мешіт салынып, олардың көбісі өзінің үлкендігі және әсемдігімен қоса, өзінің архитектуралық жағынан салыну тәсілдерімен де талай заманның архитекторларын таң қалдырған. Мәмлүк мемлекеті кезінде салынған мешіт, медреселер өздерінің саны мен әсемдігі жағынан ғана емес, сонымен қоса мұсылман архитектурасына енгізген көптеген жаңалықтары мен безендірудің жаңа әдістері бүгінгі күні де кеңінен пайдаланылып жүр. Мысыр ғалымы доктор Айман Фуад Саидтың «Ат-Татаурр әл-имрани ли мадинат әл-қаһири мунзу иншатиха уа хатта әл-ән» (Қайыр қаласының негізі салғаннан бастап бүгінге дейінгі архитектуралық дамуы) атты кітабына жүгінсек, Қайыр қаласының негізі 973 жылы Фатимилер әулеті кезінде салынса, ал оның архитектуралық гүлденуі Мәмлүк мемлекетінің билік еткен кезеңіне сәйкес келеді. Бүгінгі таңдағы мұсылман әлеміндегі ең көне ең үлкен университет есептелетін «Әл-Азһардың» негізі 970 жылы Фатимилер әулетінің билігі кезінде қатардағы жай мешіт ретінде салынып, онда аздаған шәкірттерге тек «шииттік» бағытта ғана дәріс беріліп келсе, мәмлүктердің билігі кезінде, нақтырақ айтсақ, сұлтан Байбарыстың билігінен бастап Исламның төрт – ханафийа, шафийа, ханбалийа және маликийа мазхабтарын бірдей оқытатын діни орталыққа айналдырды. Кейінгі уақытта мәмлүктер оны діни және рухани жағынан гүлдендіріп қана қоймай, архитектуралық жағынан көңейтіп әрі көркейтуге үлкен үлес қосып, медреселер мен мұнаралар салады. Атап айтсақ, Мәмлүк әмірі Ақбұға медресесі «әл-мадраса әл- ақбуғауийа), Мәмлүк әмірі Тайбарыс медресесі (әл-мадраса ат-тайбарсийа), мамлүк әмірі Қоңқабай медресесі (әл-мадраса әл-қунқабайиа), Мәмлүк сұлтаны Қайтбай салдырған мұнара мен қақпа, Мәмлүк сұлтаны Қансуһ әл-Ғури салдырған екі басты мұнара сияқты зәулім құрылыстар мәмлүктердің ортағасырлық ислам тарихындағы күш-қуатының рәміздік көрінісі болып, қазіргі уақытқа дейін Қайыр қаласының қақ ортасында тұр. Мұны өз көзімен көрген кез келген қазақ ұрпағы мәмлүк бабаларының құдіреті мен даналығына сүйсінерліктей таң қаларлық халге түсері сөзсіз.

Исламның діни архитектурасын терең зерттеген мысыр ғалымы доктор Саад Маһир өзінің «Масаджид миср уа аулиауһа ас –салихун» (Мысыр мешіттері және оның тура жолдағы әулиелері) атты бес томдық өте көлемді зерттеуінің үш томын Мәмлүк архитектурасына арнауы да осы кезеңнің ерекше екенін аңғартады. Зерттеуші өз еңбегінде мешіт салуда өзіндік ерекшелігі бай мәмлүк стилінің, әсіресе түркі шеркеш мәмлүктерінің ерекше стилінің қалыптасуын көрсетеді.Бұл стиль кейінгі және қазіргі заманғы мешіт салу архитектурасында кең қолдау тапқан. Осы жерде Мысыр Араб Республикасының Алматы қаласында салып берген «Нұр Мүбарак» университетінің мешіті біз жоғарыда сөз қылған «шеркеш» мәмлүк стилінде салынғандығын айта кету орынды.

Аталмыш автор қазіргі уақытта мұсылман архитектурасы өнірінде берік қалыптасқан және мешіт салуда оның ажырамас бөлігі ретінде кеңінен қолданыс тапқан, азан шақыратын мұнараның негізгі екі түрін ажыратады. Олардың біріншісі – «осман стиліндегі мұнара» (жоғарғы бөлігі ұшталған қалам тәрізді). Бұл стильдің шығу тарихына келсек, ол Византия империясының жерін жаулап алған Селжук және Осман түріктері сол жерде өздеріне дейін салынған христиан шіркеулерінің архитектурасын түрлендіріп, оны біраз өзгертуінің нәтижесінде пайда болғандығы тарихтан белгілі. Екіншісі – «Мәмлүк мұнарасы», оның ішінде «шеркеш стиліндегі Мәмлүк мұнарасы» өзінің архитектуралық әдісі мен ою-өрнектік, эстетикалық-көркемдігі жағынан бұрын болмаған, мүлде ерекше.

«Шеркеш Мәмлүк стилі» өз заманында кеңінен пайдаланған және ол басқа стильдерден ерекше өзгешеленеді. Барлық мұсылмандар үшін киелі Меккедегі «Масджид әл-Харам» (Харам мешіті) мен «Масджид ан-набауи аш-шариф» (Қасиетті Пайғамбар мешіті) мешіттерінің кейінгі салынған мұнаралары «шеркеш Мәмлүк стилінде» салынғанын айта кету керек. Сондай-ақ жоғарыда аталған Мединедегі Пайғамбар мешітінде Мәмлүк сұлтаны Қайтбайдың салдырған күмбезі, мұнарасы мен михрабы да «шеркеш стилінде» салынған және олар бүгінгі күнге дейін сақталған. Әсіресе назар аударарлық жайт – михрабтың безендірілуінде «қошқар мүйіз» өрнегінің кеңінен пайдаланғаны.

Қазақтың сонау ерте заманнан бері киіз үй мен тұрмыстық заттарында, сырмақ-текеметтері мен киім-кешектерін әшекейлеу үшін кеңінен пайдаланған және бүгінгі күнге дейін пайдаланып жүрген «қошқар мүйіз» өрнегі Мәмлүк заманының діни архитектурасының ажырамас бөлігіне айналған. Таяу Шығыс пен Мысыр еліне түркі-қыпшақ мәмлүктері өздерімен бірге әкелген көшпелі қыпшақ мәдениетінің белгілері жергілікті отырықшыл мәдениетке ғасырлар бойы қарым-қатынас жасаудың нәтижесінде үлкен ықпалын тигізгені анық. Онымен біте қайнасудың нәтижесінде бай мұсылман араб өркениеті дүниеге келеді. Алайда, бұл тақырыпты қарастырған кейінгі араб зерттеушілерінің ғылыми-зерттеулерінде орын алып келе жатқан үлкен кемшілік бар, ол – араб мұсылман мәдениетінің ажырамастай бөлігі ретінде сіңіп кеткен «қошқар мүйіз» өрнегінің қайдан, қашан және кіммен келгенін назарларына алмай, оны төл арабтың өрнегі ретінде

қарастырып келеді. «Қошқар мүйіз» өрнегінің шығу тегі мен мұсылман мәдениетіне ену жолдарының зерттелмеуі – түркі – қыпшақ көшпелі өркениетінің мұсылман синкретикалық өркениетінің дамуына қосқан үлесін айқындаудағы маңызды мәселелердің қатарында болып және мәмлүк тарихындағы әлі зерттелмеген тың тақырыптардың бірі ретінде зерттеушілердің назарынан тыс қалып отыр.

Мәмлүк билігі кезінде Мысыр мен Шам елінде және Мәмлүк мемлекетінің билігі болған басқа да аумақтарды – Хиджаз еліндегі (қазіргі Сауд Арабиясы) киелі Мекке мен Медина қалаларында, Құдыста (Иерусалим), Шам елінде (қазіргі Сирия, Иордания, Ливан, Палестина, Израильдің бір бөлігі) жаңа діни құрылыстарды кеңінен жүргізіп, жаңа мешіт, медреселер салумен қатар бұрын салынған, бірақ әбден тозығы жеткен діни, мәдени және әскери саладағы ғимараттарды қайта жөндеуден өткізіп тұрған. Қазіргі уақытта, жоғарыда аталған елдердің аумағында Мәмлүк заманының архитектуралық ескерткіштерін көптен кездестіруге болады.

Қыпшақтың дәстүрлі киіз үйі Мысыр жерінде кең қолданыс таба алмады деуге болмайды. Мәмлүк мемлекетінің кезінде архитектура саласы өте күшті қарқынмен дамып, оның өзіндік ерекшеліктеріне назар аударсақ, Мысыр архитектурасының қыпшақ үй салу өнері әсерінің нәтижесінде басқаша бейне тапқанын аңғару қиын емес. Бұл әсер тастан соғылған зәулім сарайлар мен ғимараттарда киіз үйлерді безендіруде қолданылып келген «қошқар мүйіз» өрнегінің кеңінен орын алғанын айтуға болады. Ертедегі сонау сақ заманынан бергі қазақтың төл өрнегі халықтың бейнелеу өнері мен мәдениетіндегі өзіндік ерекшелігі есептелетін, қазіргі әлемдік ғылыми терминологияда «хайуан стилі» деген атауға ие болған, ал төл тілімізде «қошқар мүйіз» өрнегі деп аталатын ою-өрнектер Мәмлүк архитектурасының өзіндік ерекшелігі болып табылады. Мәмлүк кезеңінде Мысыр мен Сирия жерлерінде, Құдыс, Мекке, Мединеде салынған барлық архитектуралық ескерткішетерде қыпшақ мәмлүктері осы «қошқар мүйіз» өрнегі арқылы өз мәдениетінің таңбаларын қалдырып отырғанға ұқсайды. Тасқа қашалған мұндай өрнектердің баламасы қазақ жерінде де бар. Бұл сала біршама зерттелгеніне қарамастан, қазіргі уақытқа дейін қазақ өрнегі мен Мәмлүк өрнегінің арасындағы өзара байланыстары бірлікте қарастырылмаған. Қорыта айтсақ, ислам тарихында өзіндік ерекшелігі бар, мұсылман діни архитектурасындағы Мәмлүк кезеңі мен «Мәмлүк стилі»- өзінің арнайы зерттеуін таппаған тың тақырыптардың бірі.

Тағамдары

Мәмлүктердің тағамдары туралы орта ғасыр араб жазба дерек көздерінде келтірілген мағлұматтарды зерттеу барысында олардың жергілікті мысыр және сол өңірдегі басқа да араб елдерінің тағамдарынан көп өзгеше екендігі айқын көрінеді. Керісінше, оларды қазақтың ұлттық тағамдарымен салыстыру барысында екеуінің арасында көптеген ортақтықтар табылды. Мысалы, мәмлүктердің арасында жылқы етін жеу кеңінен тараған. Мәмлүктердің той-думан сияқты немесе басқа да бас қосуларын айтпағанда әдеттегі дәстүрлі тамағы ретінде жылқы жиі сойылғаны туралы деректер көп. Мысыр және араб елдерінде бұрын болмаған бұл дәстүр қыпшақ мәмлүктерінің өздерімен бірге алып келгені анық. Оны араб жазба деректері келтірген мағлұматтар дәлелдейді. Мәселен, Мәмлүк әмірі Бештектің дастарқаны үшін күн сайын елу қой, көптеген қаздар мен тауықтардан бөлек бір жылқы сойылып отырған. Мәмлүктер жылқыны тек күнделікті дастарқаны үшін ғана емес, сондай-ақ үлкен ресми тойларында көптен сойған. Әсіресе үйлену тойларында сиыр мен қойдан басқа елу жылқы сойылған, сұлтанның жаңа сарайының ашылуына байланысты шақырылған тойға жиырма жылқы сойылды. Бұл тағамды салу үшін «Елбұға табағы» тәрізді өздерінің табақтары болған.

Мәмлүктердің кезінде кең етек алған бұл дәстүр көшпелі түркілердің арасында ерте уақыттардан бері кеңінен тараған тарихи деректерден белгілі. Бүгінгі уақытта бұл дәстүр түркі халықтарының ішінде қазақ халқында сақталып қана қоймай, кеңінен таралған ұлттық дәстүр екені белгілі. Қорыта айтсақ, бұл дәстүрдің негізінде қыпшақ мәмлүктері мен қазіргі қазақ халқының арасындағы тікелей байланыстың бар екенін анық аңғаруға болады.

Сусындары

Сұлтан Байбарыстың билікке келген уақыттан бастап Мысырдағы мәмлүктердің арасында қымыз ішу дәстүрі кеңінен етек алғаны туралы араб жазба дерек көздерінде ақпараттар көп кездеседі. Қымыз ішу рәсіміне арнайы шақырылған той-думандар мықты орнығады. Орта ғасырдың атақты тарихшысы Ибн Батута өз шығармасында бұл сусынның мәмлүктер арасында кеңінен тарағандығын растайды және қымыз биесүтінен жасалатын сусын деп сипаттайды.

Ибн Иастың шығармасында, қымыз ішу Мысыр мемлекетінде мәмлүктердің дәстүрлі әдеттерінің біріне айналып, хиджра жыл санағы бойынша 79-жылы сұлтанның шығарған бұйрығымен әр сәрсенбі күні барлық Мәмлүк әмірлері сұлтан қамалының жанындағы аланға жиналып, келгендердің барлығы өздерінің мәртебесіне сәйкес орындарын алып, қымыз ішулері керек болған дейді.

Орта ғасыр тарихшысы Гардизидің хабарлауы бойынша, қимақтар бастапқы кезде жеті тайпадан құралған және «жазғы уақытта олар тілдерінде «қымыз» деп аталатын биенің сүтімен коректенген.

Қымыз, Гардизи бойынша, арабша жазылуында «кмз» және бірқатар басқа ертеректе жазылған деректерде «қмиз» түрінде берілген. Ол біздің заманымыздың 1 мыңжылдығының аяқ кезінде жататын әдеби және ауызекі текстерде кеңінен белгілі болған түркі халқының сусыны екендігі еш күмән келтірмейді. Сондай-ақ бұл термин қыпшақтардың тұрмысымен таныс болған Вильгельм де Рубрук, Плано Карпини және Марко Поло сияқты батысеуропалық саяхатшыларының деректерінде де келтірілген.

Бүгінгі күні бұл сөздің мағынасын білмейтін және қымызды ішіп көрмеген қазақ жоқ десек қателеспейміз. Қымыз қазіргі уақытқа дейін қазақ халқының ең маңызды сусын тағамдарының бірі екені мәлім.

Сондай-ақ қазіргі Мысырда қуырылған етті «шауарма» деп атайды. Ал, Мысыр елінің тілдік ерекшеліктерін ескере отырып жасалған араб-орыс сөздігінде (авторы Баранов) бұл тағам «кауарма» түрінде берілген. Кейбір фонемаларды өзгертіп айтатын өзіндік ерекшелігі бар мысыр диалектісі тұрғысынан бұл сөз де өзгеріске ұшырауы әбден ықтимал, себебі екеуінің мағынасы бір, ал айырмашылығы бастапқы бір дыбыстық фонемада ғана. Төл араб тілінде мұндай түбірлі басқа сөз мүлдем кездеспейді.

Аталған сөздікте кездесетін «қауын» қыпшақ сөзі қазақ тіліндегі «қауын» мағынасын береді. Ал «буза» сөзі «сыраның бір түрі» деген мағынаға ие және ол қазіргі уақытқа дейін қазақтардың даярлап жүрген бозасымен тікелей байланысы бар екені күмән тудырмайды. Бірақ бұл сөздер қазіргі уақытта Мысырда қолданылмайды, яғни архаизмдер қатарына кеткен.

Жоғарыда қарастырылған мәселелер болашақта өзінің арнайы зерттеуін күтіп тұрған қыпшақ мәдениетінің араб мәдениетіне тарихи әсері шеңберінде қарастырылуы тиіс.

Тілдік байланыстары

Мысырда билік құрған мәмлүктер өзара ана тілдерінде, яғни қыпшақ тілінде сөйлескендері туралы хабарлайтын деректер көп. Мәмлүк сұлтандары мен әмірлері араб тілін білуіне қарамастан, өз тілдерінде сөйлегенді қалаған. Оның үстіне, Мысыр еліндегі қыпшақ мәмлүктер жергілікті араб халқынан оқшау тұруы да олардың бір-бірімен өз тілдерінде қатынас жасауына қолайлы жағдай туғызған болу керек. Мұндай құбылысты араб зерттеушілері, мәмлүктердің өз ана тілі мен салт-дәстүрлеріне беріктігі мен оларды жоғары құрметтеуінде деп түсіндірулерінің негізі бар.

Орта ғасыр араб жазба дерек көздерінде, Мәмлүк сұлтандары Дешті-Қыпшақ хандарымен хаттарды екі тілде – араб және қыпшақ тілдерінде жазысқаны туралы ақпараттар кеңінен сақталған.

Сонымен қоса, мәмлүк кезеңінде Мысырда және басқа да араб елдерінде қыпшақ тіліне деген қызығушылық аса жоғары болғаны туралы деректер бар. Соның нәтижесінде мәмлүк кезеңінде бірқатар араб-қыпшақ сөздіктері жарық көрді. Және мәмлүк сұлтаны сарайына жақындатылған немесе жоғары мансапқа ие болған жергілікті арабтар міндетті түрде қыпшақ тілін жетік меңгерген.

Мәмлүктердің Дешті-Қыпшақпен тілдік байланыстары туралы бірталай деректер бар болуына қарамастан, бұл сала зерттеушілер тарапынан өзінің арнайы зерттеуін таппаған.

Мәмлүк кезеңіндегі қыпшақ тілінің кең қолданыста болуының әсерінен Мысырда оның ықпалы өте күшті болғанын араб тіліне енген түркизмдердің сақталуынан байқауға болады. Мысалы араб тіліндегі түркизмдердің бірқатарын мысал ретінде қарастырып өтейік, олар:

Есім сөздер; найзақ - найза, симсер – көрсетуші, делдал; бош – бос; хазуқ – қазық; сарай – сарай , патша үйі; сундық – сандық; балта-балта; курайк немесе курек – күрек; кубри – көпір; буйа – бояу; тахта- тақтай; йатақ – төсек,

жататын жер: ламға – таңба, пошта маркасы; буз- мұз: булат – болат: атш- ату, атысу: балки- бәлкім, мүмкін: байрак – байрақ, ту: буза- боза, сыра: унбашы – онбасы, капрал: йүзбаши – жүзбасы, капитан:

Сондай-ақ, хош – қош келдіңіз, кіріңіз, барра – бар, кет, сыртта, тыста.

Зат есімнен зат есім тудыратын – шы (және оның фонетикалық варианттары – чы, -ши, -жи, - джи) жалғауының (дәлірек айтқанда **жұрнағының**. Себебі жалғау сөз бен сөзді байланыстырады. Ал жұрнақ сөз тудырады. П.Д.) көмегімен сөз жасау тәсілдері сақталған. Мысалы: қасаб – қант қамысы, касабджи (касабчи) – қант қамысынан сусын даярлаушы: луман – айдау, луманджи - айдауға жіберілген адам, каторжник; самак – балық, самакджи – балықшы; йасакджи – жасап қонсулдық күзетші; маслах – пайда, мүдде, маслахджи - өз пайдасын ойлаушы, эгоист; балта-балта, балтаджи – балташы, соткар: микуа – үтік, микуаджи – үтікші, үтіктейтін адам:

Қайыр қаласындағы кей аудандардың атаулары:

Булак - Қайырдың бір ауданы; Демирдаш (Теміртас) – Қайырдың бір ауданы, метро стансысы; Қаракуш (Қарақұс) – Қайырдағы сұлтан Байбарыстың үлкен мешіті тұрған алан; Урман (Орман) – Қайырдың орталық ауданындағы үлкен парк; Әл-Узбакийа – Мәмлүк әмірі Өзбектің иелігінде болған Қайырдың ортасындағы аудан.

Мәмлүктердің қыпшақ-түркі антропонимдері

Араб- мұсылман әлемінде, әсіресе Мысыр мен Таяу Шығыс аймағында ғасырлар бойына билік еткен түркілердің, атап айтсақ көшпелі түркі халқы өкілдерінің араб жазба деректерінде сақталған аттарын олардың тегін анықтауда ғылыми дерек ретінде пайдалануда бұл зерттеу бірінші әрекет болып табылады.

Араб тілінің түркі тілінен фонетикалық дыбысталу және грамматикалық өзгешеліктеріне сәйкес түркі аттарын арабша дыбысталуында біраз ерекшіліктері бар. Тақырыбымызға тікелей қатысы бар бірнешеуін қарастырып өтейік, олар:

1. Араб тілінде «ай» дыбыстық дифтонгі жіңішке дыбыстары басым сөздерде «ей» немесе «эй» түрінде дыбысталады. Мысалы, жазылуында «байт» (үй) сөзі – айтылуында «бейт» немесе «бәйт» болып өзгереді; жазылуында «Зайнаб» (әйел аты) сөзі – «Зейнаб» болып айтылады: жазылуында «хайр» (жақсы, жақсылық) сөзі – «хейр» немесе «хәйр» болып дыбысталады.

Осы себепті арабша жазылуында – «Байбарс» болса, ал айтылуында «Бейбарс» болуы заңды құбылыс.

Бұл дифтонг араб тіліндегі жуан дифтонгілерден кейін қалай жазылса, солай өзгеріссіз айтылады. Мысалы, жазылуында «Тайбарс», айтылуында да «Тайбарс» болады.

2. Араб тілінде, егер сөздің құрамында созылыңқы дыбыс болмаса, екпін бірінші буынға түседі. Ал қазақ тілінде екпін сөздің соңғы буынына түсуі – заңдылық. Сол себепті әр тілдің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес, бір есімнің түрлі тілдерде басқаша, біраз өзгерістермен айтылуы -табиғи құбылыс. Осы орайда, араб және басқа деректерінде кездескен бірнеше мысалын келтіріп, олардың қазақ тіліндегі айтылуымен салыстырып көрейік. Сұлтан Байбарыстың аты бір жерде «Бейбарс», басқа жерде «Байбарс» болып, әр түрлі қолданып, бұл мәселеде бірізділікке келе алмай жүр. Қазақ әдебиеттеріндегі Шыңғыс ханның есімі, орыс деректерінде - «Чингизхан» болса, араб тілінде « «Джинкизхан» болып, бір адамның аты әр тілде өзінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкес әр түрлі айтылуы тұрғысынан келгенде, «арабтандырып», «европаландырып», «орыстандырып» жіберген төл қазақ аттары мен атауларын қазақша айтуымыз керек сияқты.

Араб жазба деректерінде түркі есімдері көптен келтірілген. Әсіресе XIII-XVI ғ. Мысыр мен Таяу Шығыс елдері аралығында саяси билік басында тұрған түркі-қыпшақ мәмлүктерінің есімдері олардың этникалық тегін көрсететін дәлелдердің бірі бола алады. Бұл есімдері пайда болу уақыты мен мекеніне, ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне сәйкес бірнеше топқа бөліп қарастырамыз, олар:

3. «Тегін» немесе «тек» сөзінің адам атына жалғанып келуі, мысалы: Алып-Тегін, Күл-тегін, Мүңке-Тегін, Мәмлүк әмірі Беш-Тек және т.б.

4. Түркі есімдерінде кеңінен тараған «бек» сөзімен жалғанып келуі, мысалы: Мәмлүк сұлтаны Изз ад-Дин Айбек. Мәмлүк әмірлері - Өзбек, Жәнібек, Қайырбек, Ешбек, Күшбек.

5. Түркі тілдерінің ішінде, әсіресе қазақ есімдерінде аса кең тараған «бай» сөзімен келетін адам есімдеріне, ол алдынан да, соңынан да жалғанып, қолданыла береді. Қыпшақ мәмлүктерінің есімдерінде де тура осы құбылыс айқын көрініс тапқан. Мысалы: мәмлүк сұлтандары Руки ад-Дин аз Заһир Байбарыс, Әл-Музаффар Рунк Ад-Дин Байбарыс әл Джашникир (Екінші), Әл-Ашраф Сайф ад-Дин Барысбай, Аз-Заһир Сайф ад-Дин Балбай, Әл-Ашраф Сайф ад-Дин Қайтбай, Әли-Адил Сайф ал-Дин Тұманбай және Мәмлүк әмірлері – Байбарыс ад-Дауадар әл-Мансури, Байбарыс әл-Хаййати, Қоңқабай, Қаныбай, Таныбай, Толыбай.

6. «Тай» сөзінің адам есіміне жалғанып келуі, мысалы: Мәмлүк әмірлері Фарим ад-Дин Ақтай, Моғолтай, Тайбарыс, Тайбұға және т.б.

7. «Бұқа», немесе «бұға» сөзінің кісі атының алдынан немесе соңынан жалғанып келуі. Мысалы: Мәмлүк сұлтаны Аз-Заһир Темурбұқа, Мәмлүк әмірлері Күтбұқа, Есенбұқа, Ақбұқа (бұл есім Ақбұға түрінде де кездеседі), Елбұқа (Елбұға) және т.б.

8. Ешқандай жалғаусыз келетін кісі аттары:

сұлтан ас-Саид Наср ал-Дин Беркехан (Алтын Орда ханы Берке ханның қызынан туған Байбарыстың ұлы);

сұлтан Әл-Адил Бадр ад-Дин Сыламыш ибн Байбарыс (екінші ұлы); сұлтан Әл-Мансур Сайф ад-Дин Қалауын;

сұлтан Әл-Мансур Хисам ад-Дин Лашын;

сұлтан Әл-Ашраф Алаа ад-Дин Күшүк;

сұлтан Аз-Заһир Сайф ад-Дин-Барқұқ;

сұлтан Аз-Заһир Сайф ад-Дин Шақмақ;

сұлтан Аз-Заһир Сайф ад-Дин Хошкадам;

сұлтан Аз-Заһир Қансух әл-Ғури;

сұлтан Әл-Ашраф Жанболат.

9. Темір атының жеке және басқа сөздермен қосылып келуі:

әмір Тастемір, әмір Әзтемір, әмір Теміртас.

«Темір» және «Тас» сөздері көне түркі және араб деректерінде «Демир» және «Таш» формасында кездеседі.

Қазіргі Қайыр қаласының бір ауданы «Демирташ» деп аталады.

10. Қазіргі қазақ тілінде мағынасы айқын Мәмлүк әмірлерінің есімдері:

Сұңқар, Ақсұңқар, Қарасұңқар, Санжар, Алмас, Сырғатмыш, Қашмас, Қорықмас, Қортық, Қосын және т.б. Бұлардың ішінде Сұңқар, Санжар, Алмас сияқты аттар бүгінгі қазақтың арасында кеңінен тараған.

11. «Ай» сөзімен қосылып жасалған кісі аттары: сұлтан Айбек, әмір Айдоғды, әмір Айтегін және т.б.

Жоғарыда келтірілген түркі есімдерін топтастыруда ескеретін бір ерекшілік, ол – «бай», «бек» және «тай» сөздерімен қосарланып жасалған есімдерде олар сөздің басында да, аяғында да бірдей қолданыла беруі, мысалы. Байбарыс, Барысбай, Бектемір, Темірбек, Айбек, Тайбарыс, Ақтай және т.б.

Мәмлүк билігі кезеңінде түркі тілдерінде кең қолданыста болған жоғарыда келтірілген заңдылық қазіргі қазақ тілінің тілдік нормаларына толық сәйкес келеді. Оның үстіне қазіргі қазақ есімдерінің арасында «бай», «бек», «тай» сөздерімен бірге келетін адам есімдерінің көп тарағандығы – қазақ және мәмлүктер арасында тікелей антропонимдік байланыстарды дәлелдей түседі.

Руки ад-Дин аз Заһир Байбарыс әл-Бундукдари ас-Салихи ан-Наджми ат-Турки.

Араб жазба деректерінде келтірілген түркі-қыпшақ мәмлүктерінің есімдері, олардың шығу тегін айқын көрсететін және бүгінгі таңда қай халықтың өкілі екендігін дәлелдейтін дерек ретінде қарастырылуы керек. Сонымен қоса, сол кездегі мәмлүктердің арасындағы қыпшақ пен моңғолдардың экономикалық тегі жағынан бір екенін айқын көрсететін деректерді қарастырсақ, олар төмендегідей:

1. «Тек өз тегін ғана қабылдау» принципін қатаң сақтаған мәмлүктердің қатарына түркі-қыпшақтармен бірдей моңғол мен ойрат тайпалары өкілдерінің кеңінен кездесуі – олардың этникалық бірлігін аңғартады.

2. Этникалық тегі бөтен араб немесе парсылармен қыз алыспаған түркі-қыпшақ мәмлүктері моңғол және ойрат тайпаларымен кеңінен қыз алысу - өздерін бір этнос деп қабылдауын көрсетеді.

3. Мәмлүктердің арасында кеңінен белгілі – жылқы сойып жеу, қымыз ішу сияқты көптеген ортақтықтардың болуы – мәмлүктердің қатарындағы қыпшақ пен моңғолдардың дәстүрлі тұрмыстық жағынан бірлігін көрсетеді.

4. Түркі, қыпшақ, моңғол халықтарының өкілдерінен құралған мәмлүктер араб елінде тұрып, араб тілін білуіне қарамастан, өзара қатынас жасау құралы ретінде қыпшақ тілін пайдалануы – олардың тілдік бірлігін көрсететін дәлел.

Сонымен қоса, құлдық жолдан басқа да жолдармен келгендер болған. Қыпшақ елінде тынышсыздық жайлаған жылдары Мысырға өз еркімен көшіп келген жамағаттары да көп болған. Сол заманның жазба деректерінің хабарлауынша, 1262-1263 жылдар аралығында бір жарым мыңнан астам

қыпшақ жауынгері бала-шағаларымен бірге Мысырға көшіп келген. 1264 жылы олардың ізімен тағы соншама жауынгер келген. Бұл жауынгер жамағаттар Мәмлүк жасақтарының қатарына қосылып, оларға «Әл-Уафидийа», яғни «Сырттан келгендер» деген лақап берілген.

Сұлтан Байбарыс Қыпшақ елінен келгендерді құшағын жая қарсы алып, Қайыр қаласының қасынан арнайы қалашық салдырып, оларды сонда қоныстандырып, араларынан басшыларын тағайындап, оларды өзінің «Әл-Бахарийа» және басқа да мәмлүк жасақтарының қатарына қосады.

Мысырды мәмлүктермен үзбей қамтамасыз ету мақсатында сұлтан Байбарыс оларды алудың негізгі көзі есептелетін Қыпшақ елімен және оларды Мысырға дейін жеткізу үшін жолында өтетін Византия империясы және Рүм Селжүк түрік мемлекеттерімен келісімшарттар жасасады. Олардың ішінде, Қыпшақ еліндегі Алтын Орда мемлекетінің астанасы Сарай қаласы түркі, шеркеш, маджар және алан ақ құлдарын сатудың орталығы болып есептелді. Сұлтан Байбарыс сол елдің ханы Берке-ханмен және мәмлүктерді жеткізу жолының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Византия императоры Михаил VIII Балилугуспен Византия аумағындағы Қара теңіз бен Жерорта теңізін қосатын теңіз жолдары арқылы мәмлүктер тиелген Мысырдың екі кемесіне жылына бір мәрте барып-қайтуға келісім жасасады. Сонымен бірге, сұлтан Байбарыс Кіші Азиядағы ақ құл сататын базарлардан Мәмлүктерді көптен сатып алып, оларды Мысырға жеткізуді жеңілдету үшін Селжүк сұлтаны Изз ад-Дин Киікауызбен келісімге келеді.

Әскеріндегі мәмлүктерінің санын одан әрі көбейтуді көздеп, сұлтан Байбарыс бұдан басқа жаңа жолдар іздестіреді. Олардың бірі – Қыпшақ елінен алынған мәмлүктерді Анадол арқылы Кіші Азияның оңтүстік және оңтүстік-батыс порттарына құрлықпен жеткізу болса, ал екіншісі – Қыпшақ елінен теңіз арқылы Мысырдың теңіз порттары Думият пен Александрияға дейін жеткізілетін болған.

Сұлтан Байбарыс әскерінің құрамын тек мәмлүктердің есебінен ғана едәуір көбейтуді көздейді және олардан қосымша жаңа әскери жасақтар құрайды. Оларды өз алдына негізгі үш әскери топқа бөледі, олар:

1. «Әл-Мамалик ас сұлтанийа» - сұлтанның мәмлүктер тобы. Бұл топ негізгі екі жасақтан құралып, оның бірі бұрынғы сұлтандардың мәмлүктерін қамтыды. Оны «Әл-Қараниса» немесе «Әл-Қаранис» деп атаған. Екіншісі – «Әл-Хасыкийа» немесе «Әл-Адхас» мәмлүктер жасағы. Соңғысы – сұлтанның әлі тақка отырмай тұрған кезіндегі мәмлүктері. Оларға тәрбие беріп, әскери жаттықтырудан өткізгеннен кейін оларды құлдықтан босатып, азаттық беруі себепті олар әрдайым сұлтанның жанында болады. Бұл топтағылар жастайынан бастап сұлтанның қызметінде болуы себепті сұлтанның басқа мәмлүктеріне қарағанда ерекше жоғары мәртебеге ие болады. Бұл үш топтың да мәмлүктері сұлтан тұратын қамалда орналастырылуы себепті, оларды «Мамалик Ат-Тибақ», деп атаған. Тарихшы Әл-Қалқашанди «тибақ» сөзінің мағынасын «әскери мектеп» деп көрсетеді.

Сұлтан мәмлүктерінің әлеуметтік жағынан шариғат заңы бойынша басқалармен тең болуына қарамастан, шын мәнінде олардың беделі мен ықпалы басқа мәмлүктерге қарағанда жоғары болды. Сұлтан бұл мәмлүктердің өзіне жақындығы себепті, оларға үлкен «икта» сыйлап, сол жерлерге әмір етіп тағайындап отырған.

2. «Джунуд әл-халака» тобы мәмлүктердің балаларынан құралып, әскери-соғыс өнерін толық меңгерген аса күшті жасақ болды. Сондай-ақ олар «Аулад ан-нас», яғни «Халық ұлдары» деген атпен де белгілі болған. Олар тақтағы сұлтан ауысқан жағдайда да өзгермейтін. Мәмлүк әскеріндегі жүйелі, ең тұрақты жасақтар болып есептелген және соғыс кезінде әскердің негізгі тірегі болатын орталық әскери топты құраған. Ал бейбіт кезде олардың әрқайсысы қолөнершілер және ғылым мен әдеби шеберліктің иелері болған.

МЫСЫР МӘМЛҮК МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТҮРКІ-ҚЫПШАҚ СҰЛТАНДАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

1250-1390 жылдар (648-794 хиджра жылдары)

№	Билікке келген жылы		Сұлтандардың толық аты-жөні
	Қазіргі жыл санақ бойынша	Хиджра жыл санағы бойынша	
1	1250	648	Әл-Муизз изз ад-Дин Айбек Ат-Туркмани
2	1257	655	Әл-Мансур Нур ад-Дин Али
3	1259	657	Әл-Музаффар Сайф ад-Дин Кутуз
4	1260	658	Аз-Захир Руки ад-Дин Байбарыс Әл-Бундукдари
5	1277	676	Ас-Саид Насир ад-Дин Берке хан ибн Байбарыс (Байбарыстың үлкен ұлы)
6	1279	678	Әл-Адил Бадр ад-Дин Сламыш ибн Байбарыс (Байбарыстың екінші ұлы)
7	1279	678	Әл-Мансур Сайф ад-Дин Қалауын
8	1290	689	Әл-Ашраф Салах ад-Дин Халиль ибн Қалауын
9	1293	693	Ан-Насир Насир ад-Дин Мухаммад ибн Қалауын
10	1294	694	Әл-Адил Зайн ад-Дин Кетбұға
11	1297	696	Әл-Мансур Хисам ад-Дин Ладжин (Лашын)
12	1299	698	Ан-Насир Насир ад-Дин Мухаммад (екінші рет)
13	1309	708	Әл-Музаффар Рукн ад-Дин Байбарыс (Екінші) әл-Джашинкир
14	1310	709	Ан-Насир Насир Дин Мухаммад (үшінші рет)
15	1341	741	Әл-Мансур Сайф ад-Дин Абу Бакр
16	1341	742	Әл-Ашраф Ала ад-Дин Куджук (Күшук)
17	1342	742	Ан-Насир Шихаб ад-Дин Ахмад
18	1342	743	Ан-Насир Имад ад-Дин Исмаил

19	1345	746	Әл-Кәмил Сайф ад-Дин Шабан (Бірінші)
20	1346	747	Әл-Музаффар Сайф ад-Дин Хаджи (Бірінші)
21	1347	748	Ан-Насир Насир ад-Дин Хасан
22	1351	752	Ас-Салих Салах ад-Дин Салих
23	1354	755	Ан-Насир Насир ад-Дин Хасан (екінші рет)
24	1361	762	Әл-Мансур Салах ад-Дин Мухаммад
25	1363	764	Әл-Ашраф Насир ад-Дин Шабан (Екінші)
26	1377	778	Әл-Мансур Ала ад-Дин Али
27	1381	783	Ас-Салих Салах ад-Дин Хаджи (Екінші)
28	1382	784	Аз-Заһир Сайф ад-Дин Барқұқ (түркі-шеркеш сұлтандарының біріншісі)
29	1389-1390	791-792	Әл-Мансур Насир ад-Дин Хаджи (Екінші) (екінші рет) (түркі-қыпшақ сұлтаны)

МЫСЫР МӘМЛҰК МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТҮРКІ-ШЕРКЕШ СҰЛТАНДАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

1382-1517 жылдар (784-923 хиджра жылдары)

№	Билікке келген жылы		Сұлтандардың толық аты-жөні
	Қазіргі жыл санақ бойынша	Хиджра жыл санағы бойынша	
1	1382	784	Аз-Заһир Сайф ад-Дин Барқұқ (екінші рет) (түркі-шеркеш сұлтаны)
2	1389-1390	791-792	Әл-Мансур Насир ад-Дин Хаджи (Екінші) (түркі-қыпшақ сұлтаны)
3	1399	801	Ан-Насир Насир ад-Дин Фарадж ибн Барқұқ
4	1405	808	Әл-Мансур Изз ад-Дин Абд әл-Азиз ибн Барқұқ
5	1406	809	Ан-Насир Насир ад-Дин Фарадж (екінші рет)
6	1412	815	Әл-Адил әл Мустаин Биллә Абу әл-Фадл әл Аббас (Аббас әулетінің халифасы)
7	1412	815	Әл-Муаййд Сайф ад-Дин Шейх
8	1421	824	Әл-Музаффар Шихаб ад-Дин Ахмад ибн әл-Муаййд Шейх
9	1421	824	А-Заһир Сайф ад-Дин Татар
10	1421	824	Ас-Салих Насир ад-Дин Мухаммад ибн Татар
11	1422	825	Әл-Ашраф Сайф ад-Дин Барысбай
12	1438	842	Әл-Азиз Джамаль ад-Дин Йусуф ибн Барысбай
13	1438	842	Аз-Заһир Сайф ад-Дин Чакмак
14	1453	857	Әл-Мансур Фхр ад-Дин Усман ибн Чакмақ
15	1453	857	Әл-Ашраф Сайф ад-Дин Инал
16	1461	865	Әл-Муаййд Шихаб ад-Дин Ахмад ибн Инал
17	1461	865	Аз-Заһир Сайф ад-Дин Хошқадам
18	1467	872	Аз-Заһир Сайф ад-Дин Балбай
19	1467	872	Аз-Заһир Темир-Буға
20	1468	872	Әл-Ашраф Сайф ад-Дин Қайтбай
21	1496	901	Ан-Насир Насир ад-Дин Мухаммад ибн Қайтбай
22	1498	904	Аз-Заһир Қансуһ
23	1500	905	Әл-Ашраф Джанболат
24	1501	906	Әл-Адил Сайф ад-Дин Тұманбай
25	1501	906	Әл-Ашраф Қансуп әл-Ғури
26	1516-1517	922-923	Әл-Ашраф Тұманбай

ҚАЗАҚ ШЕРКЕШ ҰЛЫСЫ ЖАЙЛЫ БІР-ЖАР СӨЗ



- Біздің шаруашылықтың тұсында ескі қорым бар. Үлкен кісілер ол жерде қасиетті адам жатыр дейді. Бұл жөнінде көп әңгімені әкем айтып берер, - деп Қайырбек бізді Базартөбе ауылына жолдады.

«...Әлі есімде соғыс кезі. 1943 жыл. Үйіміз Қадыркүл ауылында тұратын. Анам «Ленин жолы» колхозында сауыншы болып жұмыс істейтін еді. Мен сол кезде 6-7 жасар баламын, безгек (малярия) болып ауырдым. Анам мені ауылдың қасындағы бейітке түнетті. Көп жатпаған секілдімін, көзім ілініп кетіпті. Қадыркүл жақтан аспанмен таласатын ақбоз атқа мінген ақ шапанды, ұзын бойлы кісі тура бейіт басында түнеп жатқан маған қарай шауып келіп қалды. «Ойбай, басты!» деп мен атып тұрдым. Әлгі аттылы қасымнан Атырау бағытына, қырға қарай шаңдатып өтті де кетті. Мен: «Әне кетті!»- деп айқайлап жібердім. Анам да оянып, білгенінше Құран сүрелерін оқыды. Содан соң мен безгектен құлан-таза айықтым», - деп еске алды Саясат ақсақал.

Ол зират атауын үлкен кісілерде ұмытқан. Кейде «Орақ әулие» деп те атайды. Қай ру, қайсы ел екендігін білмейді. Анамның айтуында, соғыстан бұрын «Осы зиратқа топалаң болып ауырған малды түнетсе, сауығып кетеді»,- дейді екен. Бейіт басынан кейде көк от көрінеді дейді.

Соғыс кезінде, аштық кезінде кейбір кісілер бейіт басындағы құлпы тастарды сындырып, қол диірмен жасап алған көрінеді.

Осыдан 20-30 жыл бұрын бір қыз бала аудан орталығынан келе жатып, атаның зираты маңындағы аялдамадан түсіп, жол жиегіне демалып отырыпты. Сөйтіп, білместікпен зират басындағы құлпытас сынығын әкеліп, құйрығының астына салған екен. Сол жерде мал жайып жүрген апай: «Айналайын-ай, бұл әулиенің құлпытасы еді ғой! «Бисмиллаһ» деп орнына апарып қой!» - дейді. Қыз орнынан атып тұрып, құлпытасты орнына қойған. Бірақ кейін аяғын баса алмай, ақсаңдап қалыпты.

Қадыркүл ауылының тұрғындары тісі ауырса, әулие қабырының маңынан жусанның бір түйірін алып, тісін шұқиды. Тіс ауырғаны бірден басылатынына олар имандай сенеді.

- Бірде Оралдан құдам келді. Дастарқан басында тамақ алмай, көңілсіз отырды. Себебін сұрасам, тісі ауырып отыр екен. «Ертең, бұйырса сіздің тісіңізді жазамын, осы жерде әулие атам бар»,- дедім. Ертесіне таң атысымен атаның басына апардым. Ол ақтығын (арнайы шүберек) байлап, жусанын алып, тісін шұқығанда, ауырғаны бірден басылды! Кейін сол құдам Оралдан: «Әулие атаның басына белгі орнату керек қой»,- деген сәлем айтып жіберіпті. Ойға ой түсіп балаларыммен ақылдасып, қазіргі белгіні орнаттық, - дейді Саясат Сәлімұлы.

Бір түп жусан

- Кішкентайымнан осы жерде өстім. Бұл зиратты жергілікті халық «Орақ әулие» дейді. Бейіт атауының қалай шыққаны белгісіз. Бұл жер негізінен, Байұлының алаша және тана руларының мекені, шеркеш руынан адамдар аз. Осы күнге дейін бұл зиратты ешқандай ру меншіктемей отырғанына қарағанда, шеркеш руының ұраны болған Шағырай батырдың бейіті болуы әбден мүмкін,- деп бастады әңгімесін Атамекен ауылының тұрғыны Жәнібек Әбілпейісов.

«...Естігенімнің бірін айтсам, бөтен ауылдың бір қызы тісі жиі ауырады екен, Орақ әуленің басына арнайы келіпті. Ақтық шүберегін байлап, бір түп жусанды түбімен алып, бір талымен тісін емдеп, қалғанын «керек болар» деп сөмкесіне салыпты. Ауылына келген соң түнде шошып, бірнеше күн ұйықтай алмайды. Бір емшіге тас аштырса: «Бір қасиетті адамның затын алған екенсің, орнына апарып таста, әйтпесе, ұйықтатпайды»,- депті. Сол кезде әулиенің басынан алған бір түп жусан есіне түсіп, кері әкеліп тастағаннан кейін ұйқысы түзелген екен»

Осы мақала авторлары 2014 жылы 8 қыркүйек күні Базартөбе ауылдық округінде орналасқан, жергілікті халық «Орақ әулие» деп атап кеткен бейіт басына арнайы іздеп барды. Көне қорымда он шақты жерлеу орны бар екен.

Қорымның батыс бетінде ұзындығы 9 метр, ені 5 метр, топырақ үйіндісінің биіктігі 1,5-1,6 метр болатын бейіт орны табылды. Бейіт басында көптеген құлпытас сынықтары шашылып жатыр екен. Солардың ішіндегі ірі көлемді құлпытас бөлшегі біздің назарымызды ерекше аударды. Құлпытас сынықтарын құрастырып көргенімізде, ескіше араб әрпінде: «Шағырай Ж... баласы Жоламан» деген жазу көрінеді. Басында тік төртбұрышты болған тас. Уақыт өте келе желмен, күнмен, түрлі қозғалысқа түсіп, шет-шеті кетілген, жемірілген тастың жоғарғы оң жақ бұрышы опырыла сынған. «Шағырай» деген жазудан соң арабтың «жим» деген әрпінің жартылай фрагменті қалған. Шежірелік дерек бойынша Шағырайдың әкесі-Жәдік. Осы арада Шағырай мен оның баласы Жоламан жерленгендігі еш дау тудырмайды. Жалпы батыс өлкеде құлпытас жасап, араб әріптерін қашайтын бәдізші шеберлер таңбалардың орналасу тәртібін,өрнегін өздерінің машықтарына қарай түрлендіріп, өздерінше орналастыратындығымен ерекшеленеді. 20 жылдан астам құлпытастардағы эпиграфиялық мәтіндерді оқудың хас шебері болып алған жаңаөзендік Абай Қалиев ініміз осы тастағы жазулардың транскрипциясын жете талдап, мәтіндік деректі айқындап берді.

2000 жылы Алматыдан шыққан марқұм Әбу Атшыбайұлы «Шеркеш шежіресі» кітабының 226 бетінде былай деп жазыпты: «Есімі ұранға айналған Шағырай батыр бабамыз орта бойлы, шымыр денелі, еш нәрседен кенбейтін

те батыл және жөн-жосықты жақсы білетін парасатты адам болған. Соғыста алысқан жауын жеңіп келіп, үйінде шешінгенде үстінен денесіне өтпеген садақтың оғы саулдап түседі екен, оққағар аруақты болған. Екі жауырынының ортасында көк жалы бар екені шежіре деректерде кездеседі».

Ал ел аузында сақталып, қағаз бетіне түскен мына жыр шумақтарына назар салған артықтық қылмайды.

Шағырайдың ала аты,
Қолтығында қанаты.
Шағырай жауға шапқанда,
Шығады екен қанаты.
Тоғыз аршын бойы бар,
Кескекті ердің сойы нар.
Ер еді ерен арыстан,
Жауымен небір алысқан,- деген жыр жолдары ел аузында сақталған. Халық арасында танымал болған Ыбырай ахун Құлбайұлының «Алтынды орда қонған жер» кітабынан мынадай жолдарды кезіктірдік:

Ысық пенен шеркеште,
Қатарынан ерте өсті,
Ұл-қыздары ерке өсті.
Шеркештегі Шағырай
Барса жаудың аты өшті.

«Дана» журналының бас редакторы Қазбек Қабжанов Құттымұратұлы мені «...Таңбамды салып, мөрімді бастым» еңбегімен деген аса қызықты архивтік деректермен таныстырды. Біраз мәселелердің мәнін ашуға көп септігін тигізді. Сол журналдан үзінді келтірейік:

Орынбор әскери губернаторы Григорий Волконскийге 1811 жылдың 1 қыркүйегінде Кіші жүздің Байұлы тармағының бас адамдарынан жазылған хат. Мұнда қаза тапқан Жантөре хан Айшуақұлының орнынан Бөкей Нұралыұлын сайлауды ұсынған сұлтан, старшын, би, тархан және басқа да қазақтардың қолы қойылған. «Сұлтан Бөкей Нұралыұлының мінезі жайлы, парасатты, екі беттегі (Жайық өзенінің) бізге тең қызмет етеді, оның әділ билігі арқасында Ордада тыныштық пен бейбітшілік орнайды деп иманыш артып, мөріміз бен таңбамызды саламыз» деген мәтіннен кейін Байұлының шеркеш руының сұлтаны мен старшындары мөрі мен таңбаларын басқан.

Осы тізімде шеркештердің ел билеген басты-басты 16 адамының қолдары қойылып, мөрлері, таңбалары басылған. Сол тізімнің ішінде: «Шағырай Жәдіқұлы таңбамды салдым деген жазу тұр. Сондай-ақ осы қатардан белгілі Мақаш Шолтырұлының арғы атасы Бекмәмбет Тұрмәмбетұлының, Қосым би Марқабайұлының, Лапық Байшеркешұлының, т.б. аты-жөндерін көруге болады.осының өзінен-ақ Шағырай Жәдіқұлының тарихи тұлға екендігі айқын танылады. Бұл орайда осы «Шеркешнама» кітабын дайындап, тоғыз жылдан бері тынымсыз еңбектеніп жүрген жазушы Пернебай Дүйсенбиннің сұхбатына назар аударайық.

Сұрақ: Шеркеш тайпасының ұранына айналған Шағырай бабамыздың бейіті табылды деген әңгіме естідік. Одан не хабарыңыз бар?

Жауап: Ол рас. Бұрыннан да Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданының Базаршолан, Базартөбе аралығында зираты бар деген еміс-еміс хабар естітінбіз. Соны Орал қаласында тұратын бауырымыз, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, зерделі азамат Саламат Темірғалиев үздіксіз ізденіп жүріп тапты. Ал жиырма жылдан астам бойы бейіт басындағы құлыптастардағы эпиграфикалық жазуларды оқумен айналысатын жаңаөзендік Абай Қалиев күнге үгіліп, желге мүжіліп, жартылай сынған құлыптастағы көмескі тартқан жазудың транскрипциясын оқып, **Шағырай** мен оның баласы **Жоламанның** атын талдап берді. Менің өзім сол Саламат Өтеғұлұлын ертіп алып, атаның басына арнайы барып, танысып қайттым.

Сол жерде Шағырайдан бұрын жерленген, жергілікті халық **Орақ әулие** атандырып кеткен кісінің де құлаған күмбездерінің орны айқын бедерленіп жатыр. Шағырай мен Орақтың қатар жатуы тектен-тек емес. Себебі біздегі дерек бойынша (интернетті қараңыз) менің 2007 жылы Оңтүстік, Орталық Қазақстанды мекен еткен шеркештер туралы жарық көрген «Үркердей болып көшкен жұрт...» кітабымның 333-бетінде Қосымның Шорасының Құрманынан тарайтын Досым әулетінің Қайып деген ұлынан Орақ пен Балықбай туатыны, сонда Орақ батырдың 90 үйлі тобырды ашаршылықта асырағандығы айтылған. Бұл дерек зерделі Әубәкір молда Шалұлының қолжазбасынан алынған. Үнемі жаугершілікте ел қамында жүрген Орақ үйленбей өткен. Ал бауыры Балықбайдың сегізінші, тоғызыншы буындағы ұрпақтары Оңтүстік Қазақстан өңірінде тұрады. Орақ Қайыпұлы шамамен 1720-1780 жылдары өмір сүрген деп болжанады. Ал Шағырай батыр адайдың ұранына айналған Бекетпен (1750-1813) замандас. Ал Шағырайдың Орақ батырды пір тұтып, дүниеден озар алдында батыр туысының қасына жерлеуді тапсыруы кәміл шындық деп ойлаймыз. Осы күні де сол аймақтағы ағайындар Орақты әулие тұтып, басына түнеп жүргеніне көзіміз жетті. Сол маңда тұратын көзі тірі Саясат Сәлімұлының естелік әңгімесінде көне зират маңына топалаң болған малды, безгекпен ауырғандарды түнетсе, тіпті тістері қатты ауырған жандар да барып, мағында өскен жусанды тісіне басса жазылатынын айтады. Оның өзі де денесін жара басып ауырғанда, әке-шешесі сонда түнеткен соң құлантаза жазылғанын тебірене еске алады. Соған орай, ол кісі балаларына айтып, басына «Орақ әулие» деп темірден белгі орнатыпты.

Шағырай ата зиратын табуға бағыт-бағдар берген, *көмек* көрсеткен Хамит Айтасұлына (Бисен ауылы), Саясат Сәлімұлына, Қайырбек Саясатұлына, ауылдық паром қызметкері Базарбай ағаға (Базартөбе ауылы), Жәнібек Әбілпейісовке (Атамекен ауылы), Орынбор мұрағатынан алынған деректермен көмектескен «DANAkaz» журналына мақала авторлары көп көп алғыс айтады. Ата-баба тарихын ұмытпай, батырларымыз бен билерімізді құрметтеп жүрейік, ағайын!

Саламат ТЕМІРҒАЛИЕВ, Абай ҚАЛИЕВ.

«ШАҒЫРАЙ» ЕСІМІНІҢ ҰРАНҒА ШЫҒУЫ



Ертеректе бір үш жүзге сауын айтылған аты аймаққа танымал байға ас береді. Сол аста үлкен олжа тігілген бәйге болатын болады. Әр тараптан келген небір дүлдүл жүйріктер келіп, кермеге байланып, бәйгеге дайындалады. Содан Жем бойынан келген бір жігіт те, баптаған жүйрігінің бағын сынағысы келеді. Қосылатын бәйге аттарға бас-көз болып жүрген адамға келіп, атын қосуға көпілдік алады. Сонда ұзын кермеге қаздай боп тізілген бәйге аттарды сүзе қарап келе жатқан ұзын бойлы, қақпақ жауырын, қалың қасты, қыран көзді, үстіне желбегей жамылған көк түсті жеңіл шапаны бар, басында елтірі бөркі бар адамға жас жігіттің көзі еріксіз түседі. Әр аттың тұсына аял жасап, зерлей қарап келе жатқан адам, неге екені белгісіз, жас жігіттің көзіне жылы ұшырайды. Қасында сенер сенімді серігі жоқ, жалғызсырап тұрған жігіт әлгі кісіге ықыластана сәлем береді.

-Мен шеркештің жігіті едім, аға! Ауылым алыс, жер шалғай жерден келдім. Нар тәуекелмен келіп, ат қосқалы отырмын. Назарыңыздан байқап тұрмын, атбегі секілдісіз. Қосқалы тұрған атыма баға берсеңіз, - дейді.

Әлгі кісі жас жігіт нұсқаған атқа аз-кем зер салып, біршама кідіріп, аялдап тұрады. Жауап ала алмаған жігіт аз-кем қабаржып, тосылып қалады. Атбегі сияқтанған кісі әрі қарай аттарды шола қарап, кете барады.

Жас жігіт өз атының маңынан ұзап шыға алмай, айналсоқтап жүреді. Бар назары аттарды қарап жүрген адамда болады. Әлгі кісі кермеге байланған аттарды көріп біткен соң кері бұрылады да, мұның қасына келіп, жылы жүзбен күлімсіреп сөйлейді.

-Інім, мен сенің туыс ағаңмын. Түйсігім алдамаса, атың сәйгүлікке шыққалы тұр. Тек бір шартым бар. Шұбар көгің қарақшы, көмбеге жақындағанда: «Шағырай! Шағырай!» - деп ұрандай шап. Топ алдынан өткенде атқа қамшы сілтеме. «Шағырайлаған!» даусыңның өзі-ақ қамшыдан бетер болар. Шеркеш бабамыздың рухы қолдасын! - деп ақырын жымиып, жас жігіттің арқасынан қағыпты да, қалың топтың ішіне сіңіп кетіпті.

Сонымен аттар алысқа айдалып кетеді. Гулескен жұрт алдын-ала болжам айтып, сырттан тон пішісіп жатады. Қалың топтың ортасында шұбар көк ат мінген жас жігіт те кетіп бара жатады. Боз төбеге жиналған жұрт аттар ұзаған соң палуандар күресін тамашаласа, бір тобы шетте айтысып жатқан ақындарды қызықтайды.

Межелі мерзім өткенде алыстан жеке дара шандатқан қара көрінеді. Елдің бәрі көмбеге қарай лап қояды. Батуға бет алған күннің сәулесіне бүйірі шағылған шұбар аттың жеке - дара сұлбасы көзге түседі. Үстіндегі жас жігіттің кешкі ауаны, айналаны жаңғырықтыра айқайлап, «Шағырай, Шағырай!» - деп мәреден өтеді.

Ел гу-гу етеді.

-Ойпырым-ай! Шұбаркөгің қай ауылдан?

-Әй, кім жаратты екен өзі?!

-Жарықтықтың иілген садақтай мойыны келісті-ақ екен!

-Пай,пай, аяқ тастасы қандай жануардың! Тұяғынан бораған шаңы он аттың шапқанындай ғой.

Елдің таңданысты шыққан үнінен соң өзге аттардың қарасы көріне бастады.

Әлгі бала:

-Шағырай аға! Шағырай аға! – деп тобылғы сапты шолақ камшысын көкке бұлғап, қуанышын жасыра алмай бар даусымен айқайлап, топ алдынан ойқастап, әрлі-берлі өтеді. Бірақ топ арасынан ешкім шыға қоймайды.

-Әй, мына баланың Шағырайы кім?!

-Шағырайы несі?

-Іздеген Шағырайы қайда мұның? – десіп, елдер аң-таң қалысады. Сонда біреу тұрып:

-Осы әлгі Шеркеш ағайындар арасында соңғы кезде аты шығып жүрген Шағырай деген батыры бар еді. Сол болмаса игі еді, - дейді дүдәмалау үнмен. Келесі біреу:

-Болса болар. Мына баладан жөн сұрайық та? Өзінің иегіне тебіндеп түбіт сақал да шықпапты ғой, - десіп қалды.

-Өзінің қорықпай жеке-дара жүргені несі. Көп ішінде небір көксоққандар бар емес пе. Бәйгеден алар олжасын жалғыз өзі алып қайтпақ па сонда?!

Сол кезде астына торы айғыр мінген, қою қасты, ат жақты келген қара сұр кісі бәйге аттың тізгінінен алып, көпке қарап айқайлайды. Бала оның үстінен таныс түйе жүн шекпенді, басынан елтірі бөрікті көреді.

Ол іштей таңқалады.

-Шағырай Шеркештің маңдайына біткен, бағы таймаған батыры. Мына бала Шағырай батырдың бауыры. Берер бәйгелеріңізді дайындай беріңдер.

-Батырдың өзі қайда сонда?

-Нағып көпке көрінбейді?? Гу-гу еткен жұрттың ортасынан сұрақтар қарша борады.

-Батырдың өзі анау сайдағы бұлақта қосынымен тынығып жатыр. Жорықтан қайтқан беті. Қалмақта қалған кегімізді алып, қайтқан бетіміз. Неге өзі көрінбейді деген сұрақтарыңыз жөн. Жау-жараған асынып, біреудің ұлан-асыр қуанышының үстіне келсек, ел дүрлігіп үркіп қалады. Сондықтан оң қолы етіп, Шағырай батыр осында мені жіберіп отыр, - дейді айналасына барлай қарап.

Сол жолы Шағырай батыр өз жауынгерлерімен, жолшыбай бәйгеден түскен мол олжамен Ойыл бойындағы ауылына оралып, жол айырықта қоштасады.

Осы жолы Төлебай есімді бозбала:

-Шағырай аға, «Жолы болар жігіттің, жеңгесі шығар алдынан» дегендей, мен сіз болмасаңыз осы бәйгеге үлкен сеніммен ат қосар ма едім, қоспас па едім. Аузыңыз дуалы, сөзіңіз уәлі екен. Сіз берген бата періштенің құлағына шалынған шығар. «Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас» дегендей. Сіз болмасаңыз, маған бұйырған олжаны ана анталаған қалың жұрт билетер ме еді, билетпес пе еді. Мынау үлкен олжаның тең жарасы Сіздерге бұйырсын. «Шағырай» есіміңіз енді ұзын аққан елдің үйіріне, қысқа аққан елдің қиырына кететін болды. Сіздің есіміңізді ұрандатып шапқанымда, еш қарсылық етпей, қабыл алуыңызды сұраймын. Бір-ақ өтінішім бар, тап қазір жалғызіліктімін ғой, үш-төрт жігіт қосып беріңіз, мені елге жеткізіп салуға қол ұшын берсін, - дейді. Шағырай батыр жас жігіттің есті сөзіне шын риза болып, айтқан тілегін орындаған екен.

Бәйге шұбар көктің егесінің есімі Төлебай екен. Сол Төлебай еліне келген соң болған жайды айтқанда, елінде танданбаған жан қалмайды. Сол күннен бастап Шағырай есімі, Шағырайдың көрегендігі қалың Шеркеш қауымына кеңінен таралып, есімі ұранға айналып кетіпті дейді.

Ал Төлебайдың "Көктұйғын" атанған шұбар көгі талай аста шашасына шаң жұқтырмай, қалың Шеркеш еліне мол олжа салыпты.

Халық аңызында Шағырай есімінің ұранға шығуы осылай басталған дейді.

Пернебай ДҮЙСЕНБИН.

ШЕРКЕШТЕРДІҢ ҚОЙЫС ӘУЛЕТІ ТУРАЛЫ

Халқымыздың көне жұмысын біраз зерттегендердің бірі алғашқы қазақ темір жол инженерлерінің сапынан Мұхамеджан Тынышбаев екен. Және сол кісі: «Сонау Геродот заманында (Бұл ғайса пайғамбар тумастан бұрынғы V ғасыр ішінде) осы күнгі Днепр өзенінің төменгі ағысы тұсында ализон (немесе алазон) деген тайпаның өмір сүргенін айта келе, оны аумай-төкпей бүгінгі өзіміздің алшындарға ұқсататыны да сол алшындардың ішінде шеркеш, беріш деген тумаларының өздерін "қазақпыз" деп айтатынын еске салады. Сөйтіп Мұқаң сол айтып отырған алазонның бүгінгі алшындармен бір халық екенін айтып, олардың бұдан 7 мың жыл бұрын шамасында сонау Алтай беттен бірге көшуін, солай қарай қоныс аударғанын сөз етеді.

Сонымен қатар ертеде шеркештердің "қылыш" деген бір бөлек аулы болғанын келтіреді. Шынында Кіші жүздегі шеркеш руында "қылыш" атты тайпаның әлі күнге бар екендігі рас.

Бір ауыз әңгіме бар. Шамамен IX ғасырдың соңы мен X ғасырдың басында Терістік Кавказын шеркештер (черкестер емес) мекендепті. Олардың басшысы Әріп дейтін адам болса керек. Осы Әріптің жалғыз жігіт болған жалғыз баласы Мәншүк деген сұлуға ғашық болып, онымен кездесіп тұрады. Бірақ қызға қызығушылар көп екен. Бұл жағдай Әріптің баласы мен тағы бір үміткердің ең соңында қарулы жекпе-жегіне әкеліп соғыпты. Әріптің ұлы ауыр жарақат алып, содан көз жұмыпты.

Қара жамылған Мәншүк сүйген жігітінің жас қабырының басында күнбе-күн жаяу келіп, жылап-сықтап, ұзақ отырып кетеді екен. Оның күңіренген зарын осы төңіректегі адамдар мен жан-жануарлардың бәрі қабырғалары қайыса тыңдап, аяныш білдіріпті. Бүкіл Кавказ таулары күңірене бас иіпті. Қыздың көз жасынан жер қойнауындағы су екеш су да ашып, шипалық қасиетке ие болыпты.

Бестау (Пятигорек) маңын мекендеген осы қазақ шеркештерін баяғы Ноғай ханның тұсында, яғни 1282-1285 жылдар шамасында моңғолдардың Ресейдегі Курск князьдігін басқарып отырған баскағы (яки басшысы) бірге тұруға шақырып, көшіп келген шеркештерді бүкіл ауыл ошағымен Ахметовка слободасына (Қазіргі Курск облысының Рыльск қаласының маңы) әкеліп қоныстандырыпты.

Шеркештер сол кеткеннен Днепрден өтіп, Украина жеріне табан тірейді. Кейін ол отырған жері үлкен қала басып, Черкасск атаныпты. Бүгінде ол үлкен өндіріс ошағына айналған облыс орталығы және шеркештер атағындағы осындай қалалар бұл жақта біреу емес – екеу.

Дәл осы секілді тілге тиек болатын жайт орыс, грузин жазушысы Анна Антоновская "Ұлы Моурави" атты алты томдық романында да баяндалған. XII ғасырда Грузия өз алдына дербес бірнеше ұсақ князьдіктерден тұрды.

Солардың бірі князь Лауарсаб тұсында Картли өлкесі екіжүзді саясат жүргізіп, іргедегі Иран, Түркия елдеріне бірдей бағынышты болды. Парсы әміршісі Аббас-Шах осыны пайдаланып Картиді көршілес жаткан Қазақияға айдап салып, соғысқа итермеледі. Тыныш, өз жайымен отырған қазақтар соның кесірінен елінен қуылып, көршілігі Әзірбайжан жеріне ығысты.

Бүгінгі таңдағы Әзірбайжандағы ірі өнеркәсіпті Қазақ қаласы мен оның төңірегі бұдан тура 700 жыл бұрын босып барған сол қандастарымыздан қалған бір белгі секілді. Романдағы көпшілік кейіпкерлердің аты-жөні, әдет-ғұрыптары көзімізге ып-ыстық болып басылды. Тағы бір мысал келтіріп көрейік.

Ертеде өткен оқымысты бабаларымыздың бірі, өз заманының озық ойлы қайраткері әрі ержүрек қолбасшы, Ұлы Моғол мемлекетінің негізін қалаушы Захар ад-дин Мұхаммед "Бабыр", "Бабырнама" кітабының хижраның 902 жылғы оқиғасы» деген тарауында (1496-1497) сөз арасында шеркеш найзасын еске алады. Мағда сұлтан Әбді әл-Кәрімнің атына шеркеш найзасын сұғып алды. Ат сол сәтте құлап түсті, деп келтіріпті. Сөз болып отырған қос шашақты қысқа сапты бұл найза қолма-қол ұрыста қашқан жауды өкшелей қуғанда пайдалануға өте ыңғайлы болған. Жаудың ту сыртынан қарыштай лақтырып, садақтың жебесіндей, қадалтып отырған. Кіші жүздің бірқатар жерінде оны әлі күнге еске алып, "шыжым", "шыжым найза" деп айтып отыратын.

XVIII ғасырдағы түрік жазба ескерткіштерінің ішінен Әбілғазы баһадұр ханның қалдырған "Шежире-и-түрке" (Түрік шежіресі) ерекше орын алды. 1663 жылы жазылған бұл кітаптың VIII бабында Үгедей (Үкідай) қағанның Қытайға жүрмек болғаны айтылады. (Әбілғазы, Түрік шежіресі, Алматы, «Ана тілі», 1992 ж. 114- бет). Бұдан кейінгісі белгілісі қаған бұл жорықтан үлкен жеңіспен оралып, содан соң Батуды сол жеңіс қызуымен орыс, болғар және шеркеш жеріне жұмсайтыны мәлім.

Соңғы кезде Қазақстан археологтары республиканың батыс аймағынан осыған дейін белгісіз болып келген бірнеше орнықты ежелгі мекендер мен ескі қалалардың орындарын тауып алғандары жөнінде мәлімдеме жасап үлгерді. Мұрат ақынның "Үш қиян" дастанындағы:

Ақтөбе мен Қорғаншы,
Асан Қайғы бабаның
Қызыл тастан үй салдырып,
Он жыл тұтас отырып,
Әңгіме құрып кеткен жер, –

деген шумақтағы Қорғаншы бүгінгі Қызылқоға ауданының бір кездері ысық, шеркеш рулары жайлаған ата қоныстары еді.

Мұнайшы ғалым, геолог Жұмағалиев Таумыш осы қаланың орнын жан-жақты зерттеп көру жөн деп облыстық газет бетінде мәселе көтергеніне біраз уақыт болды. Қаржының тапшылығынан әлі шешілмей жатыр. Табылған ескі бұйымдар жұрт қолында кетуде.

XV ғасырда Асан Қайғы атамыз сол кирап бұзылған қаланың орнына қызылтастан үй салдырып, осы жерді жырында көрсеткендей, он жыл бойы мекен етпеді ме екен деген ой келеді. Себебі Асан бабамыздың желмаямен Тайсойған құмын әрлі-берлі кесіп өтіп, оны: "Қақпақты қара қазан" деуі, мына іргеде жатқан жіңішке өзен суын көріп: "Ойыл көздің жасы екен",– деп бағалауы мезгіл жөнінен осы тұс сол уақыт шамасына келіңкірейді.

Айдаладағы Тайсойғанның бір бүйірегінде жатқан Қорғаншының орыс пен моңғолдардан да басқа сол кезде тағы кімнен қорғануы мүмкін. Қазақтың зиялыларының бірі жоғарыда аталған Мұхамеджан Тынышбаев Кіші жүзге қарайтын тайпалардың басын біріктіріп, "Алшын" деп атайды да, оның алғашқы шығу тегі тіпті Ғайса пайғамбар тумастан бұрынғы көне дәуірден басталады деп көрсетеді.

Жоғарыдағы келтірілген алшындардың кішігірім топтары, соның ішінде шеркештер де Қырым жерінен, татарлар мен башқұрт, ноғайлар арасында кездесіп қалады. Шеркеш этнонимі Алшынның басқа аталары сияқты Алтай өңіріне қарай сүйрейді. Ол рас болса, онда кезіндегі Ұлы қоныс аудару заманында бұл ру батысқа қарай көше отырып, Кавказдың терiскейіне дейін жеткен және сол мандағы тайпаға (елге) өз атын қабылдаткан болды», – деп көрсетеді. ("Атырау" энциклопедиясы. Алматы, «Атамұра». 2000ж. 69-70-бет).

Бұл сөзде үлкен негіз бар. Жағрафиялық картаға қарап отырып, сол алшындардың бір кездері Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік шығыс бойында, терістік Алтай жерінде көшіп-қонып жүргенін байқау қиын емес.

Мысалы, Сібір жақтағы Чулыма өзенінің бір тарауы Беріш деп аталса, оның әр жағында Беріш көлі жатыр. Сол мандағы Қатын өзенінің бір тармағы Шеркеш деп аталады. Осы өңірде сондай-ақ Үлкен және Кіші Кете өзендері де бар.

Тарихи жазбалардан ұлттар, ұлыстардың Еуропаға бағытталған Ұлы көші біздің жыл санауымыздың IV ғасырының ішінде-ақ басталғанын баян етуі және оның мың жылға созылғаны шындыққа келеді. Мысалы, алшындар сонау XVI ғасырға дейін бірнеше түрік руларына бөлініп болып, орыстардың 1552-1554 жылдары Қазан, Астрахань қалаларын жаулап алуына байланысты олардың этникалық қозғалысының біршама баяулағанын байқау қиын емес.

Айталық, мажарлардың Орал тауларының баурайымен Есіл, Тобыл өзендерінің аралығынан Карпат бетіне үдере көшкені жөнінде деректер көп. Қоныс аударушылар бірнеше толқын боп қозғалып, олардың соңы Дунай жағалауына 895-900 жылдары жеткенімен азиялық басқа ұлттардың ұзын сонар керуені одан кейін де тоқтай қоймапты. Әсіресе ол XIII ғасырда моңғолдар шапқыншылығы тұсында және содан кейін де орасан көп болған дерлік.

Осы шамада қыпшақтың Көтен батыр бастаған 40 мың қолы өз хандарының билігіне разы болмай, Карпатқа бет түзеді. Олар қазіргі Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстары жерінің үстінен әрі асып, бірталай жергілікті халық ауылдарын ілестіре кеткені және рас. Мұны өз жазбаларында атақты жаһангер Марко Поло да көрсетті.

Тағы бір дерек- Селенге тасындағы жазу бойынша, V-VIII ғасыр аралығында қыпшақтар Орхон түріктерінің құрамында Орта Азияның ең шеткі төрінде тұрған. Кейін олар (VIII-IX ғғ.) қимақтармен араласа барғанда, ел табанының батысқа аууына куә болды.

Қимақ мемлекеті дәуірлеу тұсын басынан кешірген. Ал X ғасырда олар (қыпшақтар) Ертіс пен Алтайдан ауысып, Орталық Қазақстан мен Сыр бойындағы оғыздармен шектесіп жатты. Сөйтіп Каспий сыртын иеленді. Осы бағытымен оғыздарды ығыстырып, олар Сырдарияның төменгі және орта тұсымен Арал төңірегін, одан әрі үлкен ойпат кеңістігін мекен етіп пайдаланады. Біз мұның бәрін Кіші жүздің құрамындағы рулардың, соның ішінде шеркештердің де түрлі ішкі-сыртқы себептермен ауадай жайылып, талай рет тағдыр талқысына түскенін білдіру үшін айтып отырмыз.

1731 жылы әйел патша Анна Ивановна Кіші жүзді Ресей қарамағына алу жөніндегі грамотаға қол қойды.

Кіші жүздің сұлтаны Батыр мен Орта жүздің сұлтаны Барақ оған қарсы шықты. Бұл кезде Кіші жүздің өзі үшке бөлініп, олардың басында тиісінше Қабыл ханның баласы Батыр, Әбілқайырдың ұлы Нұралы, үшіншісінде Әбілқайырдың өзі отырды. 1740 жылы жоңғарлардың қазақ жеріне шабуылы басталды. Осы кезде Әбілқайыр Хиуаны басып алып, алдымен өзі, одан кейін баласы таққа отырды. Сол 1801 жылы алғашқы дүрмекпен екі өзен аралығына көшкендердің тобында 2759 шаңырақ шеркештер болған. Қазір олардың үрім-бұтағы Ресейдің Астрахань, Волгоград, Саратов облысына әбден араласып кетті.

Қазақ АССР-ның орталығы Орынбор болып бекітілді де, ұлтымыздың басын біріктіруде тиісінше роль атқара алмады.

Шамамен бұдан 180-200 жыл бұрын Кіші жүздің жағалбайлы, тама және шеркеш руларының 7-8 болысы өкіл ауыл-аймағымен ірге көтеріп, Сыр мен Шу өзендерінің бойын сағалап келеді де, тұрақты мекен тауып, осы жерге қалып қойды. Көктем туысымен мал жайымен жайылыс қуып, олар Аркаға кетіп, кейде Ақмоладан асып кететін мезгілі болыпты

Ата-жұрттан бөлініп, сол ортада кетіп қалғандардың ішінде шеркештің Қосым тайпасынан бөлінетін Жақсыбөрінің Құлтума бөлімінің ұрпақтары бар екен. Солардың бәрі Иген Нұрмаханов дейтін қадірлі азамат кезінде ауданның басшы орындарында жауапты қызмет атқарған, кейін Жамбыл облысындағы Сарысу ауданының «Коммунар» совхозын басқарған. Неқең сөз арасында туыстары ретінде республикаға белгілі бірнеше адамдардың аты-жөнін атайды. Олардың ішінде К.Сужиков, Ғайникен Бибатырова, Әбдіразақ Елібаев, Асанәлі Әшімов, Қали Сәрсенбаев, т.б. Әсіресе кешегі қызыл империя дүркіреп тұрған кезде қазақтардың тоз-тозы шығып, талай асыл текті жампоздарынан айырылғаны жасырын емес.

Шынында, қазақтар көресіні сонан көріп бақты. Аштық, сойканды теріс саясат. Мұның өзі ұлтымыздың генофондысының дамуына кері әсер етті. Мысалы, Серов бандасы Қарабау облысының 2,6,7,8,10,11 - ауылдарын тонап жұтатты. Бұл жерлерде, негізінен, ысық, шеркеш, есентемір т.б. рулар бар еді. Сол тұста зерттеуші ғалымдардың айтуы бойынша, Орал губерниясында 400 мың, республика бойынша 2 млн. 30 мың адам үзім нанға зар болған. 700 мыңдай қандастарымыз тіршілік үшін туған, өскен жерінен безіп, әр тұска қаңғып кеткен. Отырықшылыққа ауысу, жерді қайта бөлу, ауылды ұйымдастыру, ешбір дайындықсыз асығыс, жарыс түрінде жүрді. Оның аяғы 1931-1933 жылдардағы үлкен аштыққа әкелді.

1925 жылы дін қызметкерлерін, 1928 жылы ірі байларды тәркілеу, 1937 жылы "ұлтшылдарды" жаппай қудалау қанды қырғынмен бітті. Осы "қызыл қырғын" кезінде республикамызға танымал ғалымдарымыздың зерттеуі бойынша 119 мың адам тұтқындалып, оның 27 мыңы түрлі айыптармен атылды.

Бірақ мұның бәрі халқымыздың рухын, оның табиғи тектілік болмыс-бітімін жасытқан жоқ, оны жойып жіберe алмады.

***

Біздің қолымызда шеркештер туралы шежіренің 3-4 түрі бар. Оны әртүрлі жағдайда жүріп жинақтап, кейінгі ұрпақ үшін сақтап, бізге жеткізген осы рудың құрметті адамдары еді. Солардың бірі Нұрпейісов Базарғали Кеңес өкіметі тұсында репрессияға ұшыраған, үлкен бейнет, қайғы қасірет берсе де мойымай өткен қайратты өжет адам еді.

Екіншісінің арғы тегі де, ұрпақтарының кейінгі тіршілігі де аты кәсібі мал шаруашылығымен байланысты болған, күмбірлеген кеудесі тарихқа, өмірден көрген, естіген әңгімелерге толы Сермұқан қарт еді. Ол жүз жастан асқанша ақыл-есінен ауыспай, шешен тілімен сайрап өткен-ді.

Үшіншісі, Қойыс тайпасының Қашқыншы бөлімінен шыққан Жанас қажы баласы Мырзағали ахун Қызылқоғаны жайлаған инабатты адам болатын.

Сол секілді шеркештің Сүйініш бөлімінен шыққан Айтмағамбеттің Салығы мен Қоңырбайұлы Аманғали карт қалдырған, оның баласы Бақтығали табыс еткен түсініктемелер мен әңгімелері көңіл аударарлық.

Жоғарыдағы Мырзағали ахун жөнінде толығырақ тоқталайық. Оның әкесі Жанастың молдалығы болыпты. Меккеге қажыға шығып, сонда қайтыс болады.

Мырзағали алғашқыда ауыл молдасына оқып, Бұхара мен Хиуадағы ислам медресесін тамамдайды. Содан кейін Тайсойғанда мешіт салдырып, имам хатиб уа муддәріс дәрежесіне жетеді. 25 жыл мешіт ұстап, ахун атанады.

Кеңестер ауыл молдаларын қудалау науқанын бастағанда, Мырзакең жақын-жуық туыстарымен бір түнде қашып көшіп кетеді. Құлсарыға жете бергенде, Құныскереймен кездесіп, әрі қарай бірге жүреді. Құныскерей аты-жөнін өзгертіп, Өзбекстанда қалып қояды да, бұлар түрікпендерге өтеп, Тахтабазар, Кушқаға жетеді. Бірақ 1939 жылы шекара жабылып, бізден барғандар шетелге асып кете алмай, Мары жерінде қалып қояды.

Мырзекең осы түрікпендер арасында 1962 жылдары 92 жасында қайтыс болады. Баласы Нұриддин 1963 жылы елге оралады. Мақатта тұрады.

Шежіренің бір түрінде Қыдырсиық атамыздан Шенеш пен Шеркеш туады да. Шенештің балалары болып Қосым, Досым, ал Қосымнан – Мырзахмет, Жолымбет және Кәтеней, ал Досымнан Қылышкестен таратылса, жоғарыдағы Мырзахметтен Сатыбалды, Жанғабыл, Сары, Қоныр болып, Кәтенейден Құттыбай, Қазыбай, Мәмбет және Кенже болып одан әрі жалғасады.

Мырзағали ахун шежіресінде Қыдырсиықтан туады деп (Шенешті ауызға алмай) Қосым мен Шеркешті қатар атайды да, Қосымнан жеті баладан қалған Шора мен Мырзаны, Шеркештен Бөтік, Құлан, Жатай, Есен, Аққұбаны шығарып, одан "асырап алған" деп Құлақасқа мен Дәулеткелдіні бірде қосып, бірде қоспай қояды. Кейін Қосым қайтыс болып, біз айтып өткен Шора мен Мырза түгелдей Шеркештің тәрбиесіне көшеді делінеді.

Шеркештің бес баласының болғаны рас секілді. Себебі ескі әңгімелердің бірінде деректе ол "Бес шеркеш" болып аталады. Оның бір түрін осының сәл алдында айтып өттік. Оның тағы бір үлгісінде бес Шеркеш деп Қосым, Жауқашты, Қылышкестен, Қойыс және Шумақ айтылады. (Бұл Батыс өлкесінде кеңінен таралған үлгі).

Бірақ барлық жіктелуде Шеркештің үлкен ұлы Бітіктен – Жайық пен Қойыс туады деп көрсетілген. Бұл тұрақты сөз, дұрысы да осы сияқты. **(Бөтік деп те айтылады. П.Д.)**

Одан кейінгілер Есеннен-Жауқашты, Аққұбадан-Шумақ, Дәулеткелдіден – Қылышкестен туды дейді де, Құлақасқадан туған бала бұл жақта жоқ деп түсіндіріледі.

Осымен жалпы Шеркеш жөніндегі әңгімені бітіріп, енді оның Қойыс бөліміне түсейік. Жалпы алғанда Қойыстың үлкені Жайық, одан туған Дербіс деп аталынады. Оның ағалығы бар. Кейін атамыздың үйіндегі шешеміздің "Қаракемпір" деп халық қойған аты тарап кетіпті. Ол бір бөлек әңгімеге тұрарлық.

Тағы бір әңгімеде Дербіс бір жасқа жетер – жетпесте әкесі Жайық өліп, Қойыстың қасында өсіпті делінеді. Дербістің Қойыспын деуі содан да болуы тиіс.

Қойыстың үлкен әйелінен Сүйініш, Қашқыншы, кіші әйелдерінен Сақау мен Тоқтағұл туыпты. Бір әңгімеде Еламанды Қойыстың киімді (асырап алған) баласы деп те келтіреді. Сонымен Қойыстың балалары: Дербіс (Қаракемпір) Шүйініш, Қашқыншы, Сақау, Еламан және Тоқтағұл екен.

Оның соңғысының елден ерте бөлініп, тұрағы бөлек болған соң жалпы санатқа кірмей қалатыны сондықтан болуы тиіс.

Жұмаш НАҚБАЕВ. журналист.
Мақат кенті, Атырау облысы.

САТЫБАЛДЫ АУЫЛЫ ЖАЙЛЫ БІР СӨЗ

Баласы Мырзамбеттің Сатыбалды. Жақсылар ел алдында айтушы еді. Сатыбалды болар Шеркеш алды.

Ақ кеуде, адал шаруа малын баққан. Өтірік, ұрлығы жоқ, ақтан тілеп үйде жатқан, қайырымен бата алған, өсті мал мен басы. Таз Дәурен би айтқан үш Қосым бес Шеркешпен бірдей болды. Жиынға үй тігіп берген асы, Пақыр мен Мұқтаж, әулие бар шығар көптің бірі, оқыған әйет пен құран, дұғасы қабыл, әулие пірі, Құдайы қонақ кетпеген ауылынан, ала ауыз емес, Бұзығы жоқ қауымынан, әділ тапқыр Тұманшы. 13 жасында 12 ата Байұлыға билік айтып басшы болған, Құдайым артық жасаған сондай сенім мен аруақ қонған. Отырды Қаражігіт бар билікті соған беріп, бір сөзін екі қылмай бес Шеркеш жүрді оған еріп, Шын тілек, ақ ниет, күншілдік жоқ, кісі жоқ жүрген өсек теріп Атақ алды Бегайыс ахун деген, бай Сақи, би Кенжан бес Шеркешке, (сегіз арыс адайға Тобаниядай хан) саналған, Ондасын мен Күмісалы алтын жинап, сандық толы күміс, қағаз ақшаға кергінше жеткен қолы. Төребай мен Есенқұл, Дәрменбай қайырлы болған. Пақыр, міскін қайыры көп деп жақын қонған. Бұлар кісі еді сөзге шешен, Жаман сөз ермей өтті аман-есен. Бітім, Құбұғұл шежіре білген. Мықтыбай кожамын деп мойнына темір аса ілген. Өсер мен Аманша бай болып қажы барған. Бәйтерек, Майбалақ би болды топты жарып Мақат. Атшыбай судья болды, Қатені кешірді ретімен, тапты жолды Есалы мен Байнияз шын әулие елге мәлім, керемет бала есепші аты шыққанын біледі, алаш елдің шеті. Қалдыбек, Берен жүрді. Нұрпейіс ат қосып, Шағырай мен Лоскана ұранын жүрді жолын тосып, Асан. Өтетілеу ұстаған жүйрік атын, Зібірамен жау болды. Бұл жетпес екі қатынды. Төрешгін баласы Смағұл алып қашып, қайын Кенжан 3 есе мал төлеп, ар үшін билер шығарды атын, Адайдан тартып алды. Кенжан Айманды аямай жұмсап, ел үшін малмен жанды. Түн жүріп білмеді аткан таңды. Ешім, Шыман, Сартай, Қапу балуан болған астарда байрақ алып, Нұржігіт пен Есекен өлең айтып, әнші атанып тындады әнін халық. Қайролла мен Ықсан совет болып, мал жинаған шаруаларды бөліп, әр атаққа, аман қалды, бөлек қонып, Дәулет пен Айтжан күмбездеп там салған, Жем, Жайық, Елек, Қобда, Маңғыстауда өнері ескерткіште кейін қалды. Мақаш пен Қойшыбек ескерткіш жасаймын деп жақсыларға, Жанаш қалды, өсіп басқа ретін білетін жақсы бар ма? Жиеналы мен Орай тура шыншыл болды, бұзылмады басқа жаққа қарады, байқап оңды, солды. Қартбай емші болды, ауруға дәрі беріп, Жәми бақсы болды, зікірлі қожа, молда бәріне серік. Пенденің дүнияда не қылса да ықтияры берген құдай оған ерік, Жақсылар дегеніне жете алмай дүниядан өтті, Сұм ажал аңдып тұрған талай жақсылар қапы кетті. Қазіргі басшысы Әуелбай мен Самархан, бұларсыз өтпейді тоймен садақа, екеуіне бәрі дархан. Әуеке жұмысың көп, бір ауық өзің жатып демалды, жібер Самарханды ол да білетін барлық жайды. Амалы көп біледі ойға салып, аз көп санды екеуіне шаруа құдай деген.

Бұл кім десең Қосым шеркеш Иманов Уәли атым.

P.S: Сатыбалды туралы бұл әңгіме ақ өлең формасымен жазылған. Шежіре қарияның тілдік нұсқасын толық сақтап беріп отырмыз. Зерделеп оқыған жағдайда қарияның жазғандарын толық түсінуге болады. **П.Д.**

ҚЫЛЫШКЕСТЕН, ҚҰЛАҚАСҚА

Түрлі дерек көздерінде, әр бөлек басылымдарда, біраз азаматтардың,ағайындардың менің атыма жолдаған хаттарында **Қылыш, Кестен, Тілес** туралы бір-бірімен мүлде қабыспайтын сан алуан оқиғалы деректер көп түсті.

Өкінішке орай, шежіре деректері де бірінен-бірі тым алшақ. Ол әңгімелердегі оқиға желісінде ұрпақтар намысына тиетін тұстар да баршылық екен. Мұндағы деректердегі адам аттары мүлдем алмасып кетеді. Атасы істеген тірлікті немересі, баласы әкесінің ісін істеп жатады..Енді бір деректерде Тілес Қылыш, Кестенге аға болып баяндалады. Кей әңгімелердегі кейіпкерлердің жас айырмашылығы бір-бірінен мүлде алшақ жатыр. Мысалы, Қыран баласы Балпық шежіре бастауында тұрған Досымнан жас айырмасы жағынан өте үлкен адам болып әрекет етеді. Осы тұстарда уақыт өте келе болған оқиға шындығы мың құбылып, өткен күндерді көмескілендіріп жіберетін жайттарды айқын аңғарасың. Дегенмен де сан алуан баяндалып жатқан оқиғалардың сорабы бір-біріне аз-кем болса да жуықтап, үйлесіп келетін тұстар баршылық. Оның бәрін жариялаудың еш қажеті жоқ деп есептей келіп, осы көп әңгімелердің ішіндегі мазмұндары туысын,үндесіп, шындыққа жақын келетін нұсқасын қорытып, сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмыз. **П.Д.**

ҚЫЛЫШ, КЕСТЕН ЖӘНЕ ТІЛЕС ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Досым Қосымның туған інісі болған. Оның алғашқы бәйбішесінен екі ұл болады. Олардың үлкені Қылыш пен інісі Кестен екеуі тетелес өсіп, Досымның көз қуанышы болып өсіп келе жатады.

Бір күндері Досым ауылдың бір топ адамдарымен Жем бойында отырған Қосым ағасының ауылына қонақтап кетеді. Бұл кезде Қосымның ұлы Шораның ел арасына аты шығып, батырлығымен көзге түсіп жүрген кезі. Қосым бауыры Досымды шын жүректен қарсы алып, келген меймандарға тай сойып, ауыл-аймақты, ағайындарды шақырып, сыйлы қонақ етеді. Әсіресе Шора көптен сағынып жүрген ағасын емежарқын қуанып қарсы алады.

Арада апта өтпей Досымның ауылынан суыт хабаршы келеді. Іргелес жатқан елден қалмақтар шығып, Досымның ауылын шабады. Жаңа бой көтеріп келе жатқан Қылыш пен Тілесті зорлықпен жетіп бара жатқанда, балаларына жанталаса ара түскен әйелін қалмақтардың біреуі найзалап өлтіріп кеткен. Бұдан басқа да адамдар шығыны болған. Өріс толы жылқыларды қоса айдап әкеткен.

Осынау сұмдық хабар құлағына жеткен Қосым ауылы катты дүрлігеді. Қосымның қапсағай, алып денелі, батыр ұлы Шора сенімді жауынгер серіктерімен асығыс жолға аттанады.

Ол жолай жақын туысы Қыранның ауылына соғады. Намысқа қызған Қыран батыр жас болса да жаужүректігімен көрініп жүрген Балпық деген ұлын ертіп, Шораға бір топ жігіттерімен ілеседі.

Екі күндей суыт жүрген олар Досым ауылын шапқан қалмақтардың қонысының үстінен түседі. Қалың жыңғылды қау тоғай жанында жаңа айдалып келген жылқыларды бөліске салып, жанығып жүрген қалмақтар үстерінен сау ете қалған қазақтардан қатты сасады. Досым ауылынан суық хабар алып келген жігіт Досымның жылқысының құты болған, қаумалаған қалмақтардан үдере қашып, әр тарапқа

салып жүрген құла қаска айғырдың үйірін бірденінен танып, шырылдап қоя береді.

Шора мен Қыран бастаған қалың топ ауылға лап қояды. Бұларға қарсы екілене ұмтылған біраз қалмақты екі батыр келген бетте-ақ қағып тастайды. Жерде жүргендері байлауда тұрған аттарына қарай жүгіргенде, бүйірден киліккен топ оларды жамсатып салады.

Жас батыр Балпық өз тобымен Досым ауылының қолды болған бір топ балаларын үйді-үйден жанталаса іздейді. Қалмақтардың бала-шағалары, әйелдері әр үйдің есігін найзамен ашып жүргендерді көргенде жан-жаққа безе қашады. Сондай бір сәтте шеткі үйден:

-Шора аға, Шора аға!-деген ащы дауыс Балпықтың құлағына жетеді. Ол қасындағы жас түлектермен дыбыс шыққан жаққа қарай ағыза жөнеледі.

Киіз үйге келген бетте аттан қарғып түсіп, іште керегеге таңылып байланған топ баланы көреді. Бұрын Балпықты көрмеген балалар үрейленіп қалғанда ол: - Қорықпандар, мен сол Шораның бауырымын -деп, барлығын босатады.

Сол жолы жас бала Қыран мен Кестен қасындағылармен бірге құтқарылып, елге аман-есен оралады.

Жесір қалған Досым бір-екі жылдай қайғымен қан жұтып, көп қиналады. Қосым інісіне: «Жаныңды көп жей берме. Ана екі ұлыңды тірі жетім қылма. Сол қалмақтар ауылды шапқанда оққа ұшқан ағайыныңның әйелі жалғыз қызымен жесір отыр емес пе. Соған үйленгенің жөн. Момын жан, ұя бұзарлығы жоқ жақсы адам деп естідім»,-деп ақыл айтады. Былайғы ағайындар да аға сөзін қостайды. Содан екеуін ауыл болып қосады. Әйелдің аты Өтебике Тама руының қызы екен.

Көп ұзамай Өтебике жүкті болып, жыл өткенде ұл туады. Ауыл болып қуанып, ел болып тойлап, Досым шаңырағында келген баланың атын алдындағы ағалары Қыран мен Кестенге тілекші болсын деп, Тілес қойған екен.

Сол Тілес ұрпағы бүгінде Шеркеш-ұрпақтарының ішіндегі қабырғалы ел болып, өніп-өскен әулеттердің біріне айналып отыр.

МАМЫТ АТА АЙТҚАН КЕСТЕН ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Досым атамыз жаугершілікте 2 бала тауып алған. Біреуі Қылыш, біреуі Кестен. Соларды сауыры шетінеп, пұшпағы қанамаған әйелінің меншігіне беріпті дейді.

Кестен атамыз үш жыл соның емшегін еміп, артынан анасы ұл туыпты. Оның атын Тілес қойыпты.

Кестен атамыз 21 жаска келгенде жоңғарлар қазақ халқына тағы да шабуыл жасап жатыр деген хабар келеді. 21 жасар Кестен бала өзін асыраған Досымның зайыбына келіп:

-Анашым, Абылайхан сарбаздарын жинап жатыр. Баяғыда әкем солардың қолында өлді, әкем үшін кек алам, - депті.

Досымның бәйбішесі: «Балам, сен жассың ғой, қабырғаң әлі қатқан жоқ, тілімді алсаң жоңғарға барма», - дейді.

Сол кезде бір қария: «Бәйбіше, осы кішкентай кезде әкесі қорадағы сабанның астына бір сандық тығып қойдым, балам ержетсе, соны балама берерсіңдер, - деп еді»,- дейді.

Астында ойнақтаған жирен аты бар, қасында өздерімен құрдас 21 жігіт бар Кестен анасына келіп: - Анашым, жататын уақыт жоқ, қасымда 21 құрдасым бар. Абылай ханның сарбаздарына қосыламын, бұйыртса әкемнің де кегін аламын,-дейді.

-Тоқта, балам, әкеңнен қалған 21 жыл сақталған сандық бар. Жалғыз атпен, жалаңаш қолмен қайда барасың? - дейді.

-Маған қару-жарақтың керегі жоқ. Бір жоңғарды мерт етем де, соның жарағын жиып алсам да, маған жарайды.

-Тоқташы, балам! Баяғыда әкең бір сандыққа дүние салып кетіпті. Балам ер жетсе, соның ашындар деген екен. Сандықты ашса, ішінде тоғыз қабат сауыт, қорамсалы садақ, алмас қылыш, емен сапты найзаның үшкір ұшы бар екен.

Анасының бетінен сүйіп: «Сау бол, апам» - депті.

-Оралғайсың балам, - депті анасы.

Кестен атамыз жолға шығып, Абылай хан әскеріне өзінің 21 сарбазымен қатарға тұрыпты.

Жоңғар әскері де қарсы тұр.

-Кім бар, қазақта маған қарсы жекпе-жекке шығатын? – деп қара ат мінген, темір сауытты, түсі суық жоңғар батыры ортаға шығыпты.

Атын ойнақшытып Кестен атамыз Абылай ханға келіп: «Кезегімді маған беріңіз», – депті.

-Балам, сен тіпті жас екенсің, қастарында атақты батырларымың бар ма? – дегенде Кестен сөзге келмей ортадағы майдан даласына, атын шоқыта жөнеліпті.

Ортаға шыққанда жоңғар батыры жас сарбазға тіксе қарап: - Бала, боска мерт боласың, атыңның басын кері бұр, - деді де, көз тоқтатып: - Сен осы біреуге ұқсайсың, ертеректе саған ұқсас қазақтың бір батыры менің қолымнан мерт болып еді, - депті.

-Сол менің әкем, сол үшін кек аламын! – деп жоңғарға қарсы шапты.

Жоңғар батыры да қарсы келіп, найзасымен түйрейін десе ат үстінде сарбаз жоқ. Қарсы айналып келсе, Кестен қарсы шауып келеді, жоңғар екінші рет найзасын сілтегенде бала тағы жоқ. Кестен аттың сауырына айналып түседі екен. Кері бұрылам дегенде, жауырыннан найза қадалып ат үстінен аударылып түсті. Екі жақ әскері жым-жырт. Осы кезде жоңғар басшысы қолын көтеріп Абылайға: «Абылай хан, мына жас сарбазың бас батырымызды мерт қылды. Басқа батырларыңыз шыкса не болады, біз жеңілдік, келісімге келейік, депті.

Екі жақ келісімге келіп, жоңғарлар аттарының басын кері бұрыпты.

Жоңғар әскері тараған соң Абылай: - Маған көз алдымда жоңғар батырын жайратқан жас сарбазды шақырыңдар.

Кестен атамыз Абылай ханның алдына келеді. Абылай: « Атың кім, руың кім, қай жүзденсің?» – депті.

-Руым Шеркеш, атым Кестен, Кіші жүзденмін.

-Рақмет, жас сарбазым. Әкеңнің де кегін алдың. Жоңғарды да соғыс ашпай жеңіп бердің деп, белиндегі алтын сапты наркескенін Кестенге ұсынып:

«Бұдан былай сенің есімің Кестен емес, Қылышкескен болсын», - депті.

Бұл тек қана жоңғармен болған бір соқтығыс.

-Бұрынғы аталарымыз осылай болған еді – деп Мамыт атамыз сөзін доғарды.

Естіген әңгімені жеткізуші
Есенбек ДАЛАБАЕВ.

ҚҰЛАҚАСҚА ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Қазір Кіші жүздің Он екі ата Байұлысынан тарайтын Шеркеш тайпасын бір шежірелерде бес ата, бір шежірелерде сегіз ата деп әркалай жазып жүр. Оны жоғарыдағы әр кітапта, әр бөлек басылымдарда жарияланған Шеркештердің шежірелік деректерінен айқын көруге болады.

Біздің қолымызға түскен деректерде Құлақаскa бір жерде Шеркештен туған Байдың Құрманының баласы. Енді бір деректерде Шораның лакап аты болып жазылыпты. Ал енді белгілі қарт жазушы, үш томдық "Дүрбелең" трилогиясының авторы Дулат Шалқарбаев өзінің "Ақиықтар" деген кітабының 140-141- бетінде былай деп жазады:

"Біздің ауылда Алшын деген ру бар. Бұлардың көпшілігі бұрынғы Калинин атындағы совхозды, қазіргі Бәкен Серікбаев атындағы ауылды мекендеп, қарекет-тіршілік етеді. Бұл алшындар Жақсылық, Жолберлі, Құдайберлі, Досым, Құлтума, Аққөбек болып алты атаға бөлінеді. Осы жерде бұлар "Алшын" деген атаққа қалай не болып жүр деген сұрақ туады. Негізінде осы алшындар кіші жүздегі Он екі ата Байұлының Шеркеш деген баласынан тарайды. Шеркештің негізі батыста. Ендеше жоғарыда аталған алты ата Алшын Байұлының басқа балаларынан ерекше неге Алшын атын иемденіп жүр? Бұған жауап беру үшін Жақсылық алшынның көпті көрген, көкірегі ояу, құлағы түрік Кәрібоз Дүйсенбаев деген бір қариясының әңгімесін айта кетуді жөн көрдік.

Ол кісі сексеннен асқан шағында қайтыс болды. Өзі шежіре мен ескі әңгімені көп білетін кісі еді. Ұзақ жылдар бойы ауыл басшысы болып, ұлағатты адамдармен бірге жүрген.

Осы аудандағы алшындардың ұраны- «Құлақаскa».

Неге бұлай? Әңгіменің тууына себеп болған бірден-бір жағдай осы. Бұған жауап беру үшін Кәрекең әңгімені әріден бастады.

-Біздің түп атамыз жағалбайлыдан қыз алған. Сол шешеміз бір ұл туғаннан кейін бала көтермей қойыпты. Әлгі бала он бес жасқа толғанда шешесінен:: "Апа, басқа балалар нағашысын айтып мақтанады. Ал мен болсам күні бүгінге дейін нағашымның кім екенін білмеймін. Немене, сізде төркін жоқ пе еді? "- деп сұрап қалады. Баласының тосынан қойған сұрағына шешесі қатты қиналады да, шынын айтады. "Менде төркін, сенде нағашы бар. Бірақ олар қашықта. Сен тумай тұрғанда Сарыарқа деген жерге көшіп кеткен. Қазір Сыр бойында деп естимін."- дейді анасы. Содан кейін еті ширақ бала нағашысын іздеуге бел буады. Оған шешесі жүрегінде: "Тұлпардан қалған тұяқ еді. Жолға тастамас, жаныңды кейітпес",- деп бір құла қаска құнанды ұстатып береді. Қоржын-қолаңын бөктеріп, жолға шыққан сол бала жол-жөнекей елден сұрай-сұрай айлар жүріп, Сыр бойында

жайлап отырған нағашыларына жетеді. Нағашылары оны күрметпен қарсы алады. Нағашы атасы алыстан аңсап, іздеп келген жиенін өз баласынан кем көрмей, келесі жылы үйлендіріп, енші беріп, өз алдына бөлек ауыл етіп қондырады. Содан бастап сол шағын ауыл - "Алшын баланың ауылы" атанып кетеді. Мұны біреу біледі, біреу білмейді,- деді Кәрекен бір күпияны ашып қойғандай қуыстана сөйлеп.

Осындағы алты атаның Алшын атануы енді түсінікті болды. Ал ұранының "Құлақаска" болуын Кәрекен былай баяндаған еді.

-Біраз жыл өткеннен кейін әлгі алшын бала өзі мініп келген құла каскаңы үш жүзге жар салған бір әйгілі астың бәйгесіне қосу үшін жаратады. Шешесінің: "Тұлпардан қалған тұяқ еді,"- деген сөзі есінде болса керек. Құла каска оның үмітін ақтап, жеке дара озып келеді. Мәреден өтерде атқа шапқан бала ат иесінің есімін ұмытып қалып, көпшіліктің алдынан: "Құлақаска!" "Құлақаска!"-деп ұрандап өтеді. Құла касканың ұранға айналуы содан болса керек.

Кәрекеннің бұл сөзінің де жаны бар.

Сонымен бұрынғы Сарысу өңірін жайлап, Шуды қыстау етіп жүретін Алшын руының мәнісі бізге белгілі болды. Он екі ата Байұлының ішінде бұлардан басқа бір де біреу өз аталарына алшынды қосарламайды. Енді біздің айтпағымыз басқаша. XIX ғасырдың соңына дейін осындағы алшын, жағалбайлы бір болыс болып, екеуінің аты егіз қозыдай бір аталып келді. Алшын өз алдына болыс болып. XX ғасырдың алғашқы жылдарында ғана бөлінді. Осы алты атаға бөлінетін алшыннан әр кезеңде небір жайсаң адамдар өткен. Мәселен, Жүндібай, Отыншы, Мақан, Өлке, Төрекұл, Қарғаштардың адамгершілдікке саятын көптеген әңгімелері ел арасында ұмытылмас аңызға айналып қалған".

Шынында да ертеректе сонау ашаршылықта Жаңаарқа ауданынан Қаратау өңіріне қоныс аударған шеркештер және осыдан 200 жылдан астам бұрын Оңтүстік Қаратау өңіріне қоныстанған шеркеш қариялары біздің түп ұранымыз "Шағырай", бергі ұранымыз "Құлақаска" дейтін. Осы сөздің тектен-тек айтылмағанын жұырда Ақтөбе қаласынан хат жолдаған Қуандық Қабденұлының келтірген дерегі бізді көп ойға жетелейді. Сол хаттан сөзбе-сөз үзінді келтірейік:

«Біздер 12 ата Байұлының Құлақаска шеркештері боламыз. Біздің аталарымыздың айтулары бойынша, осыдан 250-300 жылдай бұрын Қаратау жағынан үдере көшіп келіпміз. Шора атамыз батыр болса керек. Жауда минген аты Құлақаска ат болып, ерлік көрсетіп, жауды жеңуде үлкен абыройға жетсе керек.

Содан атын білмегендер, Құлақаска атты бала ерлік көрсетті. Жеңіске сол батырдың арқасында жеттік деп, руымыздың бастау аты осылай аталған деген сөз бар. Көшті бастап келген шешеміздің көзі көрмейтін әз болған дейді.

Толыбай дейтін жерге: «Түйені шөгеріңдер, үйді тігіңдер. Бізге нағыз қоныс болатын жер екен. Шөбі шүйгін, суы тұщы әрі мол»,-деп, Жолберліден тараған төрт ұлын-Бақтыбай, Тоңаша, Әндекей, Жылкелдіні осы Толыбай сайының төрт саласына орналастырыпты».

Осы үзіндіде көп сыр бар. Көп оқиға көне тартып, зырғып өткен жылдар қойнауына біртіндеп қала берген, шындық оқиға желісі жазу-сызуға түспей, ауызша берілгендіктен көп нәрселердің ұмытылары бесенеден белгілі жай. Алайда Жолберлі аталардың ұрпақтары осы күнгі Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ, Түркістан аудандарында аса көп. Сол Ақтөбеден келген шежіредегі Тоңаша, Жылгелді. Түгелбай, Есенбай ұрпақтары осы Оңтүстік өлкеде де жетерлік.Бір қызығы мен дайындаған "Үркердей болып көшкен жұрт..." кітабындағы Жолберлі шежіресінде жоғарыда аты аталған ұрпақтардан тыс Есенбай ұрпағы Бақтыбайға шейін қамтылған, бірақ әрі қарай тарқатылмаған.

Міне, жоғарыда келтірілген аңыздық деректердің бір ұшы шындыққа ұласып жатқандығын осыдан көруге болады.

Пернебай ДҮЙСЕНБИН.

ҚЫЛЫШКЕСТЕННІҢ БАБА,

БАБАЛЫ, ТӨЛЕСІ ТУРАЛЫ

Біз шеркештің Қылыш, Кестен, Тілесі болып бөлінеміз. Тілестен Жиенбай, Жұмық, Қолпаш, Жиенбайдан Баба, Бабалы, Төлес және Нияз, Табылды, Тәни деген атты ата жөнінде нақты дерек жоқ. Баба, Бабалы, Төлес жөнінде әкем Ибраев Қыдырбайдың өз қолымен жазып бергенін басшылыққа алдым.

Өзі шежіреші, естігені де, көргені де көп, сөзге шешен, ақылды, парасатты және де елге қамқоршылығы мол азамат бола-тұғын. Репрессия кезінде жазықсыз жапа шеккен уақыттар да болған. Таза адалдығының арқасында ол зұлматтан да аман қалған. Сол себепті кейінгі ұрпағына зиян тимесін деп көптеген нәрселерді айта алмай өмірден озды. Қайтыс боларының алдында заман өзгерер, болашақта қажет болар деп, балаларына насихат етіп, шеркештің Қылышкестен әулетінің Тілес бөлімі туралы шежіре жазып беріп кеткен. Сонымен қатар, Баба, Бабалы, Төлес жөнінде тарихи әңгіме айтқан еді.

***

Тайсойған өңірінің қысы қатты болып, бір жылы (шамамен 1700 жылдардың іші болуы керек) ағайынды үшеу – Баба, Бабалы, Төлес теңіз жағалауындағы қыстаудан бүкіл елімен Жылыойға көшіп келеді. Баба атамыз аруақты адам болған. Көрген түсі дәл келеді. Бір күні таңертеңгі шайға екі інісін шақырып, түнде көрген түсін айтады. Түсіне орай, бұл жер малға жайлы болғанымен, бізге жайсыз екен. Сондықтан да осы шайды ішіп болған соң көштің басын елге, Тайсойғанға, бұруымыз қажет дейді де, балаларына көшуге әзірленіңдер деп тапсырма береді. Екі інісі қыстың ішінде асығыстық жасамайық, күн жылына көшсек қайтеді деп ұсыныс береді. Баба: «Жолымызда бірнеше өзендер бар, күн жылына олар таситын болса, елге жету көп қиындыққа келеді. Сондықтан бүгіннен қалмай көшуіміз қажет»,- дейді. Оның айтқан өзендері – Жем, Сағыз, Қайнар, Ойыл өзендері болатын. Баба атамыз өзіне қарасты елімен сол күні көшіп, біршама күннен кейін Тайсойған өңіріндегі ата қонысына аман- есен жетеді. Қонысына түнеп шыққан күні тағы түс көреді. Түсінде екі інісіне қауіп-қатер төніп тұрғанын көріп, шапқыншы жіберіп. Жылыойдан жедел көшулерін мұқият тапсырады. Бабалы атамыз ақкөңіл, қозғалысы жеңіл, шапшаң қимылдайтын кісі екен. Шапқыншы жеткенше, Бабалы інісі Төлеске: «Баба ағам бізге ренжіп кетті-ау, мен де көшемін»,- деп жиналып, елін жинастырып, елге бағыттап көшкен екен де, Төлес атамыз: «Жүре беріңіз, мен де күн жылына артқарыннан жетермін»,- деп қалып қояды. Бабалының көші Жемнен өткеннен кейін күн жылынып, өзен арнасы толып тасиды. Шапқыншы Бабалының көшін Жемнен өткеннен кейін кездестіріп, Бабаның түс көргенін, түсіне орай тез көшулерін мұқият тапсырғанын айтып жеткізеді. Осы кезде Төлес жақтан да шапқыншы келіп, елді жау шапқанын хабардар етеді.

Төлес атамыз үйленбеген жігіт екен. Қалыңдығын айттырып қойған. Төлес – ер тұлғалы, қол бастаған батыр кісі болған. Төлес үйленбесе де, екі ағасы өздерінен тараған ұрпақтарынан ұрпақ беріп, өз алдына бір рулы ел қылған. Жау шапқанында, Төлес елін ағаларының артынан жіберіп, өз әскерімен қалмақпен соғысып кеткен. Жігіттеріне кетерде: «Аман-есен оралсақ, қалыңдығыма үйленіп, Тайсойғанда үлкен той жасаймыз, ал ажал жетіп мерт болсам, сол жерге жерлерсіңдер», - деп аманат етіп тапсырған екен. Төлестің елін жау шапты деген хабар жеткен бойда Бабалы ерттеулі тұрған атқа міне салып, ініме көмектесемін деп тұра шапқан. Бірақ алдында дәмі таусылып тұрғанын білмеген. Кеше өзі көшімен өтіп кеткен Жем өзені арнасы толып тасып жатыр екен. Атымен жүзіп өтіп шығамын дегенде өзі де, аты да суға кетіп мерт болған. Жем бойында Бақашы деген ескі қорым бар. Бабалының сүйегін сол жерден тауып, сол қорымға арулап жерлеген. Ал Төлес атамыз қалмақты жеңіп, әскерімен қамысы мол көлдің жағасына келеді. Елдің шетіне жеттік қой, сауытымызды шешіп дем алайық деп, сауытын шешіп жатқан уақытта қамыстың ішінде тығылып қалған бір қалмақ улы оқпен Төлесті мерт қылған.

Төлестің сол қаза болған жеріне жерлеп, там тұрғызған. Тамы күні бүгінге дейін бар. Дегенмен, біршама ғасырлар өткендіктен бастапқы қалпы сақталмаса да негізі бар. Батырлардың дулығасына ұқсатып, шошақ там қылып салған. Мыңдаған биенің сүтімен жалын күзеп және жергілікті топыраққа қосып, тас бастырып салған. Осы аталған деректерге орай Баба ата ұрпағы көп тараған. Бабалы азын-аулақ. Ал Төлестен ұрпақ жоқ деген болатын.

ИБРАЕВ Балтабай.

ЕЛАМАНДАР ТУРАЛЫ

Ақсақалдардың айтуында Еламан ауылы аз ауыл болған деседі. Негізгі қонысы - Қызылқоға, Сағыз жерлері екен. Ал менің аталарым - бөкейлік. Астрахань жерінен. Қазіргі Астрахань облысы, Қарабайлы, Енотаев аудандарының жері.

Сағын ағаның айтуынша, еламандар Совет өкіметі кезінде 250 үйдей болған дейді. Және ол кісі еламан руын 8 арысқа бөлген: 1.Өте, 2. Тауасар, 3. Бессары, 4. Тоқа, 5. Өтес, 6. Айбас, 7. Орсақ. 8.Рысалы (Рысбай?).

Еламаннан кезінде атақты билер Қыздарбай мен Тәжіғұл шыққан. Сосын Табылды деген революционер болған екен. Еламаннан тараған Торғай деген кісінің екі ұлы болған. Бірі – Нәлі, екіншісі Кәндек. Нәлі Кіші жүзге белгілі палуан болған, ал Кәндек сол кездегі белгілі мергендердің

бірі болған екен. Сол Нәлі атамыз кезінде Бөкейге өткен көрінеді.

Жақып атамыз туралы көп айтылмайды. Ал Жақып ата балалары Ақтан мен Әділ туралы аздап белгілі.

Астраханьның Харабали ауданы жерінде Семитерное селосы бар. (Тарихта Алтын орданың Сарай-Бату қаласы орналасқан дейді). Сол Семитерное селосын қазақтар "Жігіт-Базар" деп атайды екен. Сол жерге жақын жерде шеркештің еламандары орналасқан Сайғачное деген қыстағы болып, бөлек отырған екен. Бұл күнде ол қыстақ жоқ болған. Сонда қазақ мешіті болған. Ол мешітте имам болып менің атам Жақыпұлы Әділ істеген.

Әділ атам шамамен 1850-1853 жылы туып, 1911 жылы қайтқан. Мұсылманша сауатты болған. Зираты сол Семитерное қыстағына жақын жерде. Жергілікті халық Молалы сад деп атайтын зиратта жерлеген.

Мен Астраханьдағы облыстық архивке атам Әділ туралы сұрағанда арабша оқып білетін маман жоқ деген хат келді. Ал Әділ атамен қатар туған Ақтанды бай болған дейді. Қай шамада бай болғаны белгісіз.

Әділдің екі ұлы Қали, Ізмұқан. Қали атам Жігіт-Базарда приказчик болған екен, кезінде оқуы бар, сауатты болған.

Абай ҚАЛИЕВ.
Жетібай кенті,
Маңғыстау облысы.

ӘУЛЕТІМІЗ ТУРАЛЫ

Шерубай атамыздың Абыл атты ұлы өзі бай, батыр, ержүрек адам болған. Ел Шерубайды қатарға қосып, Шерубай еткен осы Абыл атамыз деген әңгіме шежірелерде кеңінен айтады.

Әлеуметтік жағдайға байланысты 850 шаңырақ мекен еткен Тайсойғаннан Атырау облысының батысындағы Баянас, Жалпақшағыл деген жерге біздің атамыз Өте төрт ұлымен бірге қоныс аударады.

Жорамалым бойынша, 1900 жылдары әлеуметтік жағдайға байланысты көршілес Астрахань облысының Красноярск ауданына, Адыраспан деген жерді мекен еткен атамыз кіші ұлының көмек етуімен зергерлік жұмысын жалғастырады. Ал әкем Сыралы балық батағасында істеп жүргенде, орыс тілін жақсы үйреніп, көрнекті әскери қайраткер С.Буденный басқарған 11-атты Қызыл Армия қатарына өз еркімен барады.

Ресейдің оңтүстігінде Тамань түбегінің маңында Деникин мен Врангельге қарсы соғыс майданында жаралы болып, елге, яғни Астрахань облысының Красноярск ауданына оралып, НКВД-да барлаушы, 1927-1941 жылдары ауылдық кеңестің төрағасы , кейіннен балық аулау кәсібімен айналысады. 1966 жылы дүние салды. Анам Күнсұлу 1979 жылы қайтыс болды.

Құдайымберді ӨТЕУОВ
Алматы қаласы

БАЙГӨБЕК АТАМЫЗ ТУРАЛЫ

Мен Бектеміұлы Елдос 1946 жылдың ақпан айының 14 жұлдызында Гурьев облысы Теңіз ауданы, Дәшін ауылында шаруа отбасында дүниеге келіппін.

Әкем Бектемір әке-шешесінен 3-4 жасында ерте айырылған. Жас кезінде апа-ағаларының қамқорлығымен күн көріп, соңынан ер жеткен соң өз еңбегімен адам болған. Үйленіп, анамызбен екеуі 4 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірген. Балаларының бәрі де адам болып, жеке-жеке отбасын құрып отыр. Әкем Бектемір 1989 жылы 89 жасында дүние салды, ал шешем 1986 жылы 83 жасында дүниеден өтті. Шеркештің Дербіс-қаракемпірінің Байгөбек бөлігінен боламыз.

Совет өкіметі кезінде ата-тегімізге дұрыс көңіл бөлмегеніме қазір қатты өкініп жүрмін. Негізгі өз мамандығым - құрылысшы. Егерде тарих пәнінің мұғалімі ия болмаса журналист болсам, әттең, ойымды мазалап жүрген нәрселерді білген болар едім-ау деген өкініш бар.

Біздің жетінші атамыз Түркеұлы Жомарттың кіші әйелінен дүниеге келген Байгөбек атамыз, негізінде Байбек болып аталған. Бірақ та ел ішінде «Байгөбек» деп еркелетіп айтылған атпенен аталып кеткен. Себебі шешесі – Кавказ елінің қызы. Бұрынғы дәстүрде жаугершілік кезінде қолға түскен дүние-мүліктің тәуірін, тұтқындардың ажарлысын сол жорықтағы батырлар иеленетін болған. Үлкен шешеміз ажарлы кісі болған екен. Сол шешеміз ұлын алдына алып уатқанда, «гөбегім» деп, яғни қазақша «бөбегім» деп жырлайды екен деген аңыз бар.

Байбек атамыз бізге алтыншы ата болады, яғни ол кісінің өмір сүрген уақыты XVII-XVIII ғасырларға келеді. Егерде осы мезгілді негізге алсам, Әбілқайыр ханның 1693-1748 жылдары хандық еткен тұсында, қасында Кіші жүздің шеркеш руынан шыққан кеңесшісі әрі Ресей, Жоңғар, Қалмақ, Башқұрт елдерімен ортада жүрген сенімді елшісі болған Байбек деген кісі өмір сүрген. Соңынан ол бұл жұмысын Нұралы ханның кезінде де жалғастырған. Кейінен Бөкей хан билік жүргізген кезде, Кіші жүздің жерлерін картаға бөлген кезде Байбек атамыз беделінің арқасында әрі ханға көрсеткен адал қызметі үшін Астрахань уезінің Кішіаралынан бастап, Тышканбай шабындығы аралығын Қойыс шеркеш өкілдеріне бекітіп берген. Әрі бұл жерді қоныстанғандардан жер, мал салығын алмайтын етіп босатқан. Сондықтан бұл жердің адамдары, ханның салық жинаушыларына: «Біз Байбек батырдың ауылынанбыз»,- десе, оларды мазаламаған. Кейіннен бұл сөз бір елдің шеркеш руының «Байгөбек» тармағы болып танылған. Байгөбек деген есім - шешеміздің еркелетіп қойған аты. Ел сол ерке атпен атап кеткен.

Астрахань өлкесінің Кішіарал деген жерінде Байбек ауылы дейтін үлкен ауыл бар, дені -қазақтар. Сол жерде қазақтың соңғы ханы Жәнгір хан мен аруағымен ел құрметіне бөленген Сейітбаба атамыздың мүрделері жатыр.

Ізденудің арқасында Байгөбек атамыздың қорымы Құрманғазы ауданынан табылды.

Елдос БЕКТЕМІРҰЛЫ.

«АҚҰЛЕК» АТАУЫ ТУРАЛЫ
Сүйінішұлы Құмаш ұрпақтары жөнінде

Құмаштан Жәйімбет, Жолымбет, Кендәулет, Кенжебай, Көрпебай, Құдайқұл, Марқабай туады.

Ал Жәйімбеттен Қыдырбай, Меңдібай, Жарылғастар дүниеге келген. Солардың ішіндегі Қыдырбай кезінде қол бастаған батыр, көп құрметіне бөленген айтулы адам атанса кеоек. Одан екі ұл өседі, бірі Маңдай да, екіншісі Мұқат. Бұлар батыр Сырым Датұлының қарындасы Мақпалдан туады. Мақпал шешеміз келін болып түскен жаңа жерде «Ақүлек» атанып кетеді. Қыдырбай жаугершілікте мерт болып, Ақүлек жастай жесір қалады да, әменгерлік жолымен қайын інісі Меңдібаймен отасады. Ал Қыдырбайдан Маңдай мен Мұқат қалған болатын.

Сол Меңдібайдан Темірбек, Шынтай, Төлеп деп аталатын үш ұл дүниеге келген. Кейде осы екеуінен тараған бес ұлды ел ішінде «Бес Ақүлек» деп те атаған екен.

Шеркештің атын елге әйгілі жасаған азаматтардың бірі Тұрлан атамыз тек қазақ арасында ғана белгілі болып қоймай, көршілес Түркіменстан, Өзбекстан және Қарақалпақ өңіріне де аты кеңінен танымал болды. Бұл болжамымызды («Алтын да орда қонаған жер», «Арқа» баспасы, 1994ж) жинағында қарақалпақ жұртына кәдімгі танымал шежіреші әрі ақын Ыбырай ахун Құлабайұлының мына өленінен көруге болады.

Таң атқан соң күн қалған,
Күн батқан соң түн қалған,
Баста тұрмас сұм жалған.
Дүниеде жақсы болған жоқ –
Демеу молда, шеркештің
Асау менен Тұрланнан.
Бізге қалай тоқтайды,

Солардан дүние тұл қалған, - деп төгілетін жолдар аталарымыздың есімінің ол жақта да бірталай танымал екенін, халық аузынан, ел жадынан ұмыт болмағанын дәлелдейді. Атақты айтыскер ақын Бала Ораз былай деп жырлайды:

Сен тұра тұр!
Апеке, тұра тұр!
Тұрланнан жауап берейін.
Ол Тұрланның мәнісі-
Төбесі биік ер еді.
Қарсыласқан дұшпанға,
Құрулы тұрған жебе еді.
Арыстан деген бір аңды,
Күзеп алды деп еді.

Бала Ораздың баламасына сенсек, осыдан артық жүректілік, батырлық пенептілік жоқ емес пе.

Тұрланның шөбересі Нақпақұлы Орын ақсақалдың айтуынша, Тұрлан 1806 жылы Қызылқоға ауданы, Сарыкөл деген жерде туған. Жастайынан ел ішіндегі дау-дамайға, тартысқа, барымтаға араласып, әділ билік жасаған, би әрі батыр адам болған.

1838 жылы Исатай Тайманұлы қаза тапқаннан кейін Махамбеттің Тайсойған, Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз жағалауындағы елдерді аралап, тағы да күш жинап, ұлт-азаттық козғалысын қайта жандандыруға күш салғаны тарихтан белгілі. Сол кезде Тұрлан Махамбетке көмектесіп, ел тәуелсіздігі үшін сынға түскен.

Шындық үшін өз қоғамында алысып-жұлысқан Тұрлан атамыз жапқан жаламен, патшаның айдауынан қайтпай, 49 жасында (1806-1855ж.) дүние салған. Бұл да

оның қайраткер, ірі тұлға екенін білдіреді. Оны сол кездегі тәуелсіздік пен бостандық жолында құрбан болған қазақ батырларының бірі деп білген жөн.

Белгілі ақын Тайырдың атасы, Жароқтың әкесі Малтақан Бөкей, Жәңгірхан тұсында өмір сүрген. Сөзге шешендігімен, табанда жауап айтқыштығымен бүкіл Бөкей атырабына әйгілі би атаныпты.

Бір кездері бұл Малтақан,
Ел сыйлайтын аға болды.
Дұрыстыққа кір жуытпай,
Билік айтар дана болды

- деп, халық жадында ұзақ сақталып қалған.

Әбу АТШЫБАЕВ, Нұрлыбек БІРМАНОВ.

СҮЙІНІШТІҢ ЖӘДІГІ ТУРАЛЫ

Кейбір жерлерде Жәдіктің ұрпақтары өздерін Жәдік шеркешпіз деп те атайды, себебі Шағырай батыр осы атадан шыққасын болар деп ойлаймыз.

Сүйіншітің шөбересі Шеркештің ұранына айналған Шағырай атамыз қай жылдары туып, қай жылдары дүниеден өткені белгісіз. Бірақ та шамамен XVIII ғасырда өмір сүргенге ұқсайды.

Ел аузындағы аңыздарда ол адамға найза да, оқ та өтпейтін еді дейді. Расында олай болмаған болар деп ойлаймыз, бірақ та епті, айбалтамен жақсы соғысатын адам болса керек. Тумаларына ия болмаса еліне қиындық туғанда, міндетті түрде сол жерге барып, өзінің көмегін көрсететін еді дейді.

Құмаштың Маркабайынан тарайтын ұрпақтары жөнінде. Ел арасындағы зерделі карттардың айтуы бойынша, Құмаш жастайынан жеңгесіне үйленген екен. Жеңгесі (бәйбішесі) өз төркініне барғанда Андабике есімді қалмақ қызын көріп, өзінің әкесінен менің Құмашым жас қой, оған жақсы әйел болсын, өзіме сіңлі болсын деп сұрап алады.

Сол Андабике шешеміздің есімі ұрпақтарының есінде сақталып қалады. Құмаштан Андабикенің туған баласының аты Маркабай. Сол Маркабайдан Байшеркеш, Байқүсен, Қосым туады. Ал Байшеркештен Қожамбет, Айболат, Бекболат, Лапық дүниеге келген. Байқүсеннен Майлыбай туады. Қожамбет атамыз ел арасында беделді болса керек. Атақты Сырым батырмен бір заманда өмір сүрген көрінеді.

Жайықтың Бұхар бетінен Самар бетіне көшу кезінде қоныс аударған жұртты шығарып салуға Сырым да қатысқан тәрізді. Байшеркештің төрт баласының кіші ұлы Лапық Самар бетіне өтер кезде ағасы Қожамбетті тыңдамай, арғы бетке өтпеймін деп тұрып алыпты. Сонда Сырым тұрып: «Бұл шеркештер бірін-бірі тек тыңдамайды екен десем, сыйламайды да екен», - деп күлді дейді.

Сонда Қожамбет Лапыққа: «Сырымға келемеж қылғызбай, түс суға жылдам», - деп ақырған екен. Лапық атамыз содан кейін Жайықтан тез өтіп шыққан екен дейді.

.

БАЙШЕРКЕШҰЛЫ ҚОЖАМБЕТ ҰРПАҚТАРЫ

Қожамбеттің Бекбергенінің 7 баласынан тек Хаулет, Бектенше және Райдың ұрпақтары жөнінде мәлімет бар, қалған 4 баласының ұрпақтары жөнінде деректер жоқ.

Хаулет атамыздың ата қонысы қазіргі Көккамыстың батысына қарай 15 шақырым жерде орналасқан. Осы жерде кажы Жұмағали атамыз мешіт ұстаған. Қасында біздің аталарымыз жерленген үлкен қауым бар. Ағамыз Өтепқалиев Есқайраттың айтуына қарағанда, сол жерде Қожамбет атамыз да жерленген дейді.

Соған қарағанда бұл зиратта өзімнің тікелей 6 атам жерленген, олар – Шайдолла, Бірман, Бисенғали, Хаулет, Бекберген, Қожамбет.

Хаулеттің Жұмағалиынан Абдрахман.

Өз атам Бірман қазақтың әнгімелерін жақсы білетін еді. «Ер Тарғын», «Қобыланды», «Алпамыс» жырларының көп жолдарын жатқа айтатын болған.

Солтүстік Кавказдың жерінен Азов теңізіне дейін бұрыннан алшындар тұрып, қазақ хандығы болған жер бір кездерде XIV-XVI ғасырларды Кіші Ноғай елі болып та аталды. Сол жерден шыққан Ер Тарғын батырды атамыз Бірман шеркештің ұрпағы деп айтатын еді, бірақ та шыққан жеріне қарай ноғай деп аталуы да мүмкін. Ол кісі әнгімені, аталарымыздың айтуы бойынша деп бастайтын еді.

Шығу тегімізді Алтай тауынан деп бастап, бірнеше ғасыр аталарымыз Кавказ тауынан жоғарғы жағынан Азау теңізіне дейін мекендегенбіз деп айтатын. Нарын құмы бұрында біздің жеріміз емес еді, біздер бұл жерлерге екінші рет көшіп келіп тұрмыз дейтін еді.

Осы айтылған сөзді қуаттау мақсатында, Жауғашты шеркеш, Орда елінің азаматы, абыройлы, ойшыл, сөзге шешен адам Насимуллин Мұрат ағамыз қалдырған қолжазбаларында басынан кешкен бір әңгімені былай деп баяндайды. «1982 жылы Қарашай-Черкес АКСР-ның орталығында тұратын тарих ғылымдарының докторы Мұрадыұлы Мұстафа дейтін кәрі адамға экскурсияда жүріп кездесіп, қазақша сәлем бергенімде: «Ол менің арғы тегімнің қазақ екенін қайдан білдің?» - деді. «Сіз қалай қазақ боласыз?»- дегенде, біздер «Черкеш» болып аталамыз. Арғы атамыз қазақтың шеркеші, ол аталарымыз «Күн шығыстан болған ұлы жорықта Қаратау, Сыр бойынан қарт Балқан тауларына дейін келіп, осы жерде мекендеп қалған. Ал арғын, қыпшақтар аса берген. Олар қазір албан, мадияр болып аталып жүр. Біздерден Еділ-Жайық бен Сырдан келген бір бөлек шеркештер мен шеріштер қайта қоныс аударып, ата қонысына Жайық өзенінен өтіп, «Сарыдала мен Сарыарқаға қарай көшіп кеткен. Бұл шамамен XV ғасырдың басы болса керек», - деді.

Міне, ол кісінің үйінде болғанда да, басқа да үйлерде де едәуір әдет-ғұрпы мен тілдерінің Кіші жүз қазақтарына ұқсайтынын аңғардым.

Мұрадыұлы Мұстафа шеркеш руының аталарын менен әлдекайда жақсы білетініне таңқалдым. Бірақ, өкінішке орай, жазып алмадым.

Шеркеш пен Беріштердің Қап (Кавказ) тауынан келгендерін кейбір билердің жер бөлу дауынан да көруге болады.

Шеркештің Жиембет биі мен беріштің Есен биі қалмақтардан жаулап алған қоныстыбөлгенде Жиембет би: «Ей, Есен, біріміз аға, біріміз іні болып, Қап тауынан қол ұстасып келіп едік қой. Қоқанның адыра қалған жеріне бола екі тышқан болып шықылдасып не қыламыз. Тайсойған мен Бүйректі, Бекетай мен Бесқасқа, Айғырқұм мен Балтасап қайырлы қонысын болсын. Көп терегі қаулаған Теректі ағаңа қалсын», - деген екен дейді: (Малтақан бидің шежіресінен). Бұл сөзге Есен тоқтап, қалған жер шеркеш, алаша руларына қалған көрінеді.

Әр кезде халық аузынан тараған шеркеш руы жайлы әңгіме мен аңыздар өте көп. Жандәулет би:

Шеркеш, түйеге өркеш,
Қазанға қап, қамшыға сап.
Елге қорған, Қап тауында алған
Ерлік, батырлық Бекарыстан қалған», - депті.

Оны Жиембет би былай шешкен: шеркешті «Түйеге өркеш» деуі – бұл ру комына ризық етіп, өркеш жинайды. «Қазанға қап» дегені қара қазан ел дәулеті, халықтың күнелтісі мен байлығы, сыртына қап болып, соны қорғайды.

«Қамшыға сап» деуі, қолымда жүр демесең, қамшыдан күшті қару жоқ. Ерге қуат, атқа қанат. "Елге қорған" деуі ел шетіне жау келіп, қиыншылық күн туса, ерте заманнан бастап, бұл елдің ұлы-қызы жанын аяп, бұқпантайлап қалмай, ел қатарынан суырылып ерте шығып, жан аямай күрескен дегені. Қап тауында болған деуі орыс тарихшылары Н.Карамзиннің, Н.Аристовтың, М.Тынышбайұлының ғылыми еңбектерінде Кавказға байланысты болжамдарына негізделген деп айтуға болады.

Ал «Ерлік, батырлық Бекарыстан қалған» деуі ел жадына берік орныққан "Кіші жүзді найза беріп, жауға қой" деген мәтелмен астарласып жатса керек.

Уақыт өтіп, тарих дөңгелегі айналған сайын ел есінде есімі елеусіз қалып бара жатқан тұлғалар аз емес. Солардың бірі – Нарын өлкесінің азаматы, өз заманында әрі батыр, әрі би болған Бекболат Байшеркештің ұлы Бекболат болған. Жәңгір ханның он екі биінің арасындағы ең беделдісі де осы болған деседі. Көре алмаушылықпен ханды айдап салып, араздық отын жаққандарға кісілігімен, кеменгерлігімен тойтарыс бере білген. Марқұм Рахметолла Егізбаевтың жазбаларында Жәңгір хан жер бөлгенде жер үлесін таңдау жолын шеркештің батыры, биі Бекболатқа алдымен жолдайды. Сонда Бекболат атамыз көк ала үйден, яғни Шеркеш аралының жартысынан Күйгенкөлге дейінгі аралықты ата қоныс қылып алған екен. Бекболат атаның беделі арқасында алынған жер ғасырдан астам уақыт бойы ұрпақтарына құтты мекен болып келеді. Бекболат атаның өмірбаяны туралы мәлімет мардымсыз. Аруақты атаның сүйегі Аралсордың Андрей түбегіне жақын жерге жерленген.

Сол Бекболаттың ұлы саналатын Жанқұл да айтулы батыр болған.

Жанқұл батыр қалмақтың Қарақасқа атты батырымен жекпе-жекке шығып, ауыр темір тоқпақпен басынан соққанда, қалмақ өліп, атының белі үзіледі. Содан кейін Жанқұлды Бекболат атамыз ендігі жерде "Жанқұт" деп атаймыз және мен өзімнің балам болады деп, еншісін беріп, бөліп шығарады. Соғыс біткеннен кейін Аралсордың жағасынан жер алып, көп жылқысын суару үшін үлкен жарма

апанды Ақсайдың бойынан қазған. Сол апан Жанқұт апаны деп аталады. Жанқұттың немересі Ырысәлі де өте күшті адам болған. Ел аузындағы әңгімеге қарағанда, тайларды қозы сияқты сирағынан ұстап, шөкесінен түсіреді екен.

Осы Сүйініш аталығынан жаңа заманда елге танымал көптеген азаматтар шықты. Олардың қатарында Қазақ КСР Байланыс министрінің орынбасары Қарасаев Өсербай, бірқатар облыс әкімінің орынбасары болған Абдрахманов Марат, Орал қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Бірманов, Социалистік Еңбек Ері Есенәлиев Дағар, Батыс Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Батықова Мағрупа, сондай-ақ көрнекті журналист Нақпаев Жұмаш, бірқатар лауазымды қызмет атқарған Нақпаев Сәлімжан, еңбек, соғыс ардагері, данқты жауынгер көптеген жауынгерлік ордендер мен медальдар иегері Қожағалиев Орынбасар, парламент депутаты, қоғам қайраткері Аскар Қожағалиевтар және Орда аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы және әкімі болған Нұрлыбек Бірмановтар, т.б. шыққан.

Нұрлыбек БІРМАНОВ, Мұрат НАСИМУЛЛИН, Әбу АТШЫБАЕВ, Жұмаш НАҚБАЕВ, материалдары негізінде қорытылды.

ШЕРКЕШТЕР
Қойыс бөлімінің Сүйініш (Шүйініш) ауылы жөнінде немесе Ақүлек ана

Қойыстың Сүйінішінен үш ұл қалыпты. Олар Бәйімбет, Әжіке, Қомаш (Құмаш). Бірінші Бәйімбеттен Өтеп, Таңатар, Мәмбеткұл, кіші әйелінен Малтабар - барлығы төрт бала болған.

Осы жерде айта кететін бір мәселе – жалпы Сүйініш бөлімі бес аталы-балалы ауылдан тұрады. Олар: Аксирақ, Алпар, Ақүлек, Жарылғас және Қосым би балалары (немесе Шаңкөт) болып аталады. Жоғарыда аталған Бейімбеттен туған Мәмбеткұлдан Аксирақ ауылы басталады. Қалғандарын кезегі келгенде айтып отырамыз. Бәйімбеттің үлкен баласы Өтептен Рай, Құдайберген, екінші әйелінен Қадірді көрген екен. Осылардың ең үлкен алғашқы екеуі елге қайтып оралмай, Бескала бетте қалып қойыпты. Ал Қадірден Қойайдар, Бекайдар, Кенжалы, екінші әйелінен Жылқыайдар, Сапи, Бегалы, Тінәлі, Рысқұл, Есен, Есалы туады.

Бәйімбеттің екінші ұлы Таңатардан Байсары, Байжан туыпты. Бәйімбет атамыздың үшінші ұлы Мәмбеткұлдан Қарамерген, Құрман, Алмерген өрбіпті.

Енді Бәйімбеттің төртінші баласы Малтабарға келейік. Олар екеу: Дербісәлі мен Көтер.

Сүйіністің екінші баласы Әжіке жөнінде айтылатын әңгіме онша көп емес, себебі ол көп өмір сүрмепті. Одан Айымбет атты жалғыз ұл қалыпты. Ал Әжіке өлгеннен кейін әйелін інісі Қомаш алыпты.

Ал Қомаштың (Құмаштың) жеңгелей алған әйелінен Жәйімбет, Кендәулет, Кенжебай, Көрпебай туыпты. Оған қосымша Қомаштың өз әйелінің үлкенінен Жәдіке, Қарнақ, кіші әйелінен Жаңбыршы, Ұзақ дүниеге келіпті. Есігінде жүрген күнінен Марқабай туып-өсіп жетіліпті.

Жәйімбеттен Есіркеп, Жарылғас, Қыдырбай мен Меңдібай туған. Бір әңгімелерде Есіркеп ел табаны қозғалып, ауған жағдайда сол барған жағынан келмей қалыпты.

Жәйімбеттің екінші ұлы- Жарылғас. Оның төңірегіне топтасқан тума-туыстары үлкен. Сол Жарылғас ауылын құрап отыр. Одан Дәулетбай, Төлеген және Тұяқ шығады.

Жоғарыда айтып өткендей, Жәйімбеттен туған Қыдырбай мен Меңдібай қатар өсіпті. Жасы жеткеннен кейін Қыдырбай атақты Сырым батырдың (Байбақты руынан) апасы Мақпалға үйленіпті дейді. Қыдырбай ел қорғап, қол бастаған батыр екен. Бір жаугершілікте қайтыс болыпты. Мақпал анамыз сол отырған жерінде екі баласын бағып отыра беріпті. Қайнысы Меңдібай барынша жуас, шаруа адам болса керек.

Бір күні Қыдырбай өлген соң оның үйіне Жарылғас келіп аттан түсіпті. Мақпал шешеміз қайнағасын қарсы алып, қонақ етіпті. Кетерде Қыдырбайға шапан жауып, телпек кигізіп аттандырып салыпты. Мұны түсінген Жарылғас ештеңе айта алмай, кейін қайтыпты. Көп кешікпей «Аға өлсе, жеңге мұра» деген бар, ауыл үлкендері Мақпалды туған қайнысы Меңдібайға қосып, некелерін қиыпты. Шешеміз өте ақылды, парасатты, қазақ ауылының қалыптасқан әдет-ғұрпын жақсы білетін адам болыпты. Ат басын тіреп, жөн-жосық сұрап келгендерге келісімді кеңес беріп, дау-дамай әңгімелерді басып отырған. Сүйтіп ел бірлігін нығайтуға көмектескен, бітімгерлік айтқан. Ауыл ақсақалдары оның шешімін бойлай мақұлдап, қостап отырыпты.

Жүре келе шешеміздің аты шығыпты. Қайда барасың? Ақүлек шешеме! Кім айтты? Ақүлек анам айтты! Осыдан кейін-ақ Мақпал анамыздың қосалқы аты Ақүлек ауыл-аймағына кеңінен таралып кеткен.

Осыған дейін Жәйімбет ауылы боп аталып келген бұл ауыл енді Ақүлек атағына көше бастапты.

Ал «Ақүлек» аталуына не себеп болды екен? Жаугершіліктегі Қыдырбай қазасынан кейін шешеміз қайнысын күтіп, бірталай отырып қалыпты. Ақыр соңында түйе ішінде жүрген ақ үлекті қолда ұстап, Меңдібайға алғаш рет сонымен барыпты деген сөз бар. Содан бастап оның қажыр- қайратына риза болған жұрт анамыздың шын атын атамай, оны Ақүлек деп атап кетсе керек.Сол күннен бастап ол есім дүйім бір ауылдың атауына айналыпты.

Осы Ақүлек (Мақпал) анамыз Қыдырбайдан екі ұл көтеріпті. Кейін Мандайдан Асау, Жуас деген бала болыпты.

Асау Кіші жүздің атақты билерінің бірі есентемір Бөкенмен тұстас, қатар болыпты. Ел ішінде әділдігімен атағы шығыпты. Бірнеше мәрте старшиналыққа сайланыпты. 1819 жылы 27 шілдеде Кіші және Орталық ордалардың барлық бетке ұстар сұлтандары мен старшиналары, болыс-билері, басқа да жақсылары мен жайсаңдары Орынбор генерал-губернаторы П.К. Эссенге татар тілінде (араб әрпімен) өтініш хат жазып, онда Кіші жүздің ханы етіп сұлтан Арынғазыны сайлауды ұсынады және бұл мәселені өзі де қолдап, оны ұлы Мәртебелі патша ағзам Александр бірінші құзырына жеткізуді сұрағандардың ішінде біздің атамыз Мандайұлы Асаудың да қойған қолы мен мөр таңбасы бар.

(Қараңыз: Қазақ ССР тарихы туралы құжаттардан. Мәскеу-Ленинград, 1940 жыл, 4- том, 325-бет).

Ең соңында Шеркеш руының ұраны Шағырай туралы. Жазбаша тарихта халық арасында көп тараған ауызша әңгімелерде ол жөнінде көп ештеңе айтылмайды.

Бірақ Шағырайдың шын мәнінде болған адам екендігі сөзсіз шындық. Өйткені ол Сүйініш бөлімінің Ақүлек ауылынан таратылатын Қомаш атамыздың он ұлының біреуі, атап айтқанда Жәдіктен туды деп жіктеліп таратылады.

Шағырай -қазақ арасында көп кездесе бермейтін есім.

Қазақ мұнай энциклопедиясының (қазақша-орысша-ағылшын тілінде 1999 жылы Лондонда басылып шыққан) бірінші томында бүгінгі мұнай алаңдарының жер рельефтеріне тоқтала келіп, шығарушылар оңтүстік Арал маңының жазықтарын геоморфологиялық үш ауданға бөледі де, оларды Ырғыз, Шалқар және Шағырай еңістігінің деңгейі мен Арал маңы Қаракұмы деп көрсетеді. Осы Ырғыз-Шалқар ауданының батыс жақ жалғасы Шағырай еңіс деңгейі арқылы (абсолюттік биіктігі 150-200 м.) Үстіртпен жалғасады да, батысында биіктігі 1602 м. кемермен шектелетінін айтады (1 - том, 21-бет).

Сонда Шағырай атамыз бұл жаққа қалай, қашан барып жүрген? Орыстың Сібір жеріндегі ықтасынды, орман-тоғайлы шұрайлы қоныстарын еркін пайдаланып, талай өзен, көл, ұядай жылы қолтықтарына Кіші жүздің рулық аттарын тағып, көктем туа ырғалып-жырғалып, өз жұртына, ата мекеніне кейін оралғанда, жол-жөнекей аяқ суытып, адамдарын, бір сәт тыныктырып алған жер осы Ырғыз-Шалқар маңы болды ма екен?

Әлде бұл жоңғарлармен талай шайқасқан майдан даласы болып па?! Оны дөптен айту қиын. Бірақ бұл жерде Он екі аталы Байұлы ұрпақтары ат тұяқтарының ізі қалғаны шындық секілді.

Жұмаш НАҚПАЕВ,
ардагер журналист.
Мақат ауданы.

ШЕРКЕШТЕР

Жеті атасын білген ер,
Жеті жұрттың қамын жер.
Өзін ғана білген ер,
Құлағы мен жағын жер.

Дұрыс-ақ сөз! Алайда өз ата-тегін білмейтін ұрпақ жеті жұрттың қамын жемек түгіл, жеті атасын да дұрыс білмейді.

Руын білу – руды көтеру емес, кейінгі ұрпаққа өзінің тексіз емес екенін білдіру. Ата ұрпақтың, аға ұрпақтың берекелі, парасатты өмір кешкендігін көрсету.

Өмірдің көрмеймісің күйкілігін,
Кейбіреу көрсетіп жүр шикілігін.
Бөледі елді руға жершілдікпен,
Қазақтың кейбір жаман иті бүгін.

(Х.Маданов «Кіші жүздің шежіресі». Алматы, Атамұра. Қазақстан, 1994, 166- бет).

"...Жүзшілдік һәм рушылдық жер бетіндегі 10 миллион қазаққа орны толмас ауыр апат әкелуі ықтимал". "Ақиқат". 1995. №10. 73-бет.

Осы жолдардың авторы: «Біздің бала кезімізде "ұру" (!) деп жазылып, қазір "ру" аталып жүрген қазақ халқының ұлттық атрибутынан біз, дұрысын айтсақ, қашып құтыла алмаймыз, белгілі бір руға жататынымызды күпия да

ұстамаймыз. Бірақ қатал да батыл айтуымыз керек. рудың өзі емес, ... рушылдық – қазақ халқының, сайып келгенде, қоғамымыздың, оның болашағының соры. Үйқы мен үйқышылдық, ашу мен ішкіштік, жігіт пен жігітшілік, ру мен рушылдық – бірімен бірі өзара карама- қарсы нәрселер. Руды (ата-тегінді) сүй... "Мен – қазақпын! Әлемге айқай сал, ал рушылдықты жалғанның жарығына сүйреп шығар, аяусыз әшкерле, онымен күрес",- деп жазады. «Ақиқат» журналы, 1996, № 3, 92-бет.

Сөйтіп біз руды әңгіме етеміз. Бірақ рушылдыққа барғымыз келмейді. "Адам күні – адаммен" екенін білеміз. "Күс қанатымен ұшып, құйрығымен қонатыны" да бізге қаміл түсінікті. Болашақ ұрпақ тарихтан үлгі алса дейміз.

Шеркеш-Кіші жүздің үлкен ру бірлестігі Байұлының басты тайпасы. Байұлында Шеркешті аға санайды. Шеркештің кейбір ұрпақтары жыл санау басталғанда бар екен. Венгрия жерінде Шеркеш, Үлкен Шеркеш, Кіші Шеркеш атты жерлер бар көрінеді. Сібірдегі Катунь өзенінің бір саласы – Шеркес. Бұл осы тайпаның Азия-Европа жерлерінде біраз жол кешкенін аңғартады. Черкассы жері осы тайпаның атына қатысты. Черкес халқы осы тайпадан бөлінген деген болжам бар. Орыс жазушысы Карамзиннің жазғанына қарағанда, Киев-Полтава темір жолы бойында (Курск облысы) Ахматовка атты селода XIII ғасырда черкес деген ел тұрды, олар өздерін қазақпыз дейді екен. 19-ғасырдың бір карталарында "Шеркеш бөлімшесінің жерлері" деген жазулар бар. Ал 14- ғасырда шеркеш Баркөк және оның ұрпақтары Мысырды 135 жыл билеген. (Ғ.Мүсірепов "Тұтқын қыз") Және бұл, әрине, Шеркештің өзі емес, бір ұрпағы ғана. Сонда тарих тым алысқа, ұзақ жылдарға, қиын шеттерге сілтейді. Жетісу жерінде Серкеш шыңы бар (Т.Жұртбаев мақаласынан, 1993). Біздің ата-тегіміз біраз құрлықта, біраз өлкеде болғанға ұқсайды. Оны зерттеген адам жоқ. Шежіре жасалмаған. Қолдағы шежіренің ең ұзағы бізді 20 атаға (буынға) ғана апарады. Сонда 4-5 ғасыр ғана. Ал тарих сілемдері (шындығы да) ата-бабамыздың осыншалықты аз уақыт өмір сүргенін қуаттамайды.

Бірақ бізде соншалық ұзақ тарихтың жалғасып жатқан шежіресі, сүрлеуі жоқ (әрине, бұл ешкімде де жоқ). "Үлкен тарихтың жұқа кітапшасы" ғана.

Ата-бабамыз жөнінде баспасөз бетінде ештеңе жарияланбайды десек, онымыз орынсыз болар. Кітаптарда шеркеш шежіресі, аңыз әңгімелер, шешендік сөздер, т.с.с аз жазылып жүрген жоқ. Мұның ішінде азды-көпті билер сөзін негізге алады. Он екі Байұлының әр тайпасына баға берген ел әпсанасы: "Шеркешті білікке қой", - деп сыр шертеді. Сондықтан да газет-журналдар мен кітаптарда "Асау би", "Тұрлан би", "Қыздарбай шешен мен Мақаш", "Қаракемпір Есенаман шешен", "Шеркеш Иткара би","Шеркеш Байбол би", "Жамантай шешен", "Тұрлан мен Әлен хан", "Қаражігіт би", "Шеркеш Арыстанбай мен Амандық", "Асау мен Тұрлан","Шеркеш Малтахан", "Мақаш Шолтырұлы", "Бекпенбет пен Өтеміс", "Шеркеш Байсалдың құдалығы", "Тұманшы би", "Майбалақ би", "Бимырза би" т.б. с.с. жарияланымдар молырақ көрінеді.

Халық өлеңдерінен:

Сұрасаң руымды Шеркеш деймін,
Жарасқан сары атанға өркеш деймін.
Басынды қосар болсаң менімен қос,
Жанынды өле-өлгенше көлкештеймін, -

деген сияқты қара өлеңдер немесе онан гөрі нақтырақ:

Шеркештің бір тайпасы – Қылышкестен,
Әр үйден қыз өрбіген төрттен-бестен.
Солардың ортасында өзгеше едің,
Үлдашжан, шықпай қойдың ешбір естен.

("Сөз тапқанға қолқа жоқ". 14- б.) деген ғашықтық өлеңдер болып жүр.

Ел аузында, шағын жинақтарда "Жамал қыз", "Мамай мен Бағила", "Мамай Сталинградта", "Қоңырбайға", "Жараткан бұл ғаламды бір құдайым", "Әбеке, сағынғаннан..." дастандары, ұзақ өлеңдер, айтыстар, жеке ақындардың шығармалары айтылады.

Тұрманбет би, Есенаман шежіреші, Көсем батыр, Жаркын би ("Сырым батыр – ел тағдыры") есімдері аталады. Боранбай, Абдолла, Мұқан, Далабай, Шеке ақындар, Таңмағанбет, Сақып жыраулар, билер мен сөз иелері, еңбек, соғыс ардагерлері, аяулы жандар туралы материалдар қылаң беріп қалады.

Кейбір азаматтар "Шеркештен шыққан Асан Қайғы", Қазтуған... Тоқымбеттен тараған Тоқтар батырдың, Есназар батырдың, Көкіман батырдың ұрпағымыз – - деп жазады. "Ақша қар жыры" ("Атамекен"газеті. №17,1992).

Бірде туыстарымызды тезірек қамтыған Сегіз серінің:

Еділ-Жайық берекелі жер екен ғой,
Байұлы бақыт қонған ел екен ғой, -

деген жыры жарияланып жатады.

Жаңгірдің жастай кеткен бәйбішесі Жүзім Мүсірепқызынан Ескендір, Сейіткерей атты екі ұл қалады. Жәнгір хан – күйеу.

Нұржан Толқыш Қазақбай ақынды күйден жеңеді.

Мақаш Бекмұхамбетов правитель: «Қазіргі Астрахань облысының Красный Яр, Володар аудандары, тіпті Әштрахан қаласының өзі – бір кездегі қазақтың ен жайлаған жері»,- деп патшаға хат жазады. ("Ана тілі", 26,3,1992).

Мақаш Құрманғазыға ақ паспорт беріп, бостандыққа шығарады.

Ардагер журналист Тұрарбеков Зейнолла тайпа ұранының этимологиясын іздейді. Біреулер "қырғыз" – "шеркеш" сөздерінен туыстық аңғарады.

Тұрлан жолдастарын, жігіттерді Баймағанбеттен Махамбет ажалы үшін кек алуға шақырады. ("Қазақ әдебиеті, 20.9.1991)". Баспасөзде жарияланған материалдардың біркатары осылар.

Аузына арам салмаған,
Ортадан пара алмаған.
Жауғаштыда – Қазыбек,
Қаракемпір - Бәймәмбет.

Белгілі ақын Мұрат Мөңкеұлының (1843-1900) бағасы.

Қиыншылық кезінде көтеріліске көмектесуге шақырып, Исатай Тайманов шеркеш билері Бадыран, Асау, Бәймәмбет, Айбек, Дабысқа хат жазды. "Осы қағазды алған бойда өз жайсандарыңызды жинап алып, ауылдарыңызбен қоса Жайыққа қарай көшіңіз..." – деп тілек етеді. Никита Савичев "Исатай Тайманов" ("ҚӘ" газеті. 4.10.1991, "Жалын" журналы, № 1, 1989).

Тайпа жігіттеріне мұндай хатты 1839 жылы Махамбет батыр да жазады.

Азаматтар байбақты, кете, шекті, табын, таз, т.б. тайпалардың жігіттерімен қатар көтеріліске шығады. (М.П.Вяткин, «Сырым батыр»).

Есімі ұранға айналған Шағырай шағын бойлы, шымыр денелі, батыр адам екен. Бірде соғыстан қайтқан Шағырай шешінгенде, үстінен садақ жебелері төгіліп түсті. Екі жауырынының ортасында көк жалы бар екен. Бұл аңыз әңгіме ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, бізге жетті. Шағырай есімі Ресей жерінде сақталған. Шағырай су қоймасы, т.с.с.

Ата жолын қуған батырлар есімі Ұлы Отан соғысы кезінде елге жайылды. "Ловатьтан тұрып оқ атса, Еділде немісті жерге енгізген, жағасында Ржевтің күңірене дұшпанды көрге енгізген" Ескайыр Халыковтың аты майданда жер жарды. Мерген Ескайыр (1922 жылы туған) 200-ден аса немісті құртты. Атақты батырдың есімі ақын-журналистер, әскери адамдар Қ. Шәріпов, С.Сейітов, Ж. Молдағалиев, Апресян, т.б. шығармаларында кеңінен әңгіме етілген. Біз жазып отырған материалдарымызда бұдан былай тайпа атын атай бергеннен гөрі азаматтарды ғана мысалға алып отырамыз. Дін иелері, қажылар Қази Боранұлы, Меңдібай Жайлаубайұлы, Нұрахмет Райымов, жаяу қажы атанған Жұмалы, ишандар Мұқаш Жалмұхамбетұлы, Кермұхамбет Иманұлы, хазіреттер Жармұхамбет Қалманұлы, Хасан қалпе, Жаналы Жайлауұлы, Ташмұхамбет т.б. елге рухани көмек берді.

Ал мешіт ұстаған Нығымет Ермұхамбетұлы, Қауан Білмәмбетұлы, намаз оқумен ғана айналысқан Қадыр Тайшыбайұлы, Тастыбай Кенжалыұлы, Жабу Қашақұлы, Терекбай Оразбайұлы да сталиндік қанды пышаққа тап болды.

Кеңестік дәуірдегі алғашқы шәкірттер тобында Жылыой жерінде Қарабай Байтақов, Баймұқан Есенғазиев, Батырхан Қаражанов, Нәсір Нығыметов, т.б. болды.

Соғыстан бұрын осы жерде Аталық Артығалиев, Шоқан Әлекенов, Тасболат Балтаев, Сарбас Балғынбаев, Тұрған Бекболатова, Есмұқан Бекпенбетов, Қойшыбек Берекетов, Камал Ермұхамбетов, Азат Жанаев, Әубекер Жұлдызов, Ораз Иманалин, Сүлеймен Исанов, Тілеген Қасбаев, Нәсір Нығыметов, Суханқұлов, Елеуғали Табылдиев, Жұмабай Тәжіғұлов. Мұхаддас Төреханов, Қонар Үмбетов, Ақтәжі Үсенғалиев, Арал Шағыров, Қамысбай Ізтұрғанов,т.б. ұстаздық етті. Досұлы Қожағұл 1900 жылдан мұғалімдікте болған екен. Итолғанов Шоланбай мен Мәрденова Ақзер мұғалімдік жұмыстан орденге ие болды.

Журналистер, тілшілер Құралай Бейсенбаева, Тұрымтай Дүйсебаева, Жанат Нұрмаханова, Сансызбай Оразғалиев, Сабыр Өтеубергенов, Ғилымғали Сайханов, Қинаш Сарбасова, Қуаныш Сатанғұлов, Төкен Сүндетов, Жәрдем Тайыпов есімдері көпке белгілі. Ақындар Бәйен Есекенов, Амангелді Бердіғалиев халық білетін ақындар болып еді, Әбдірахман Боранқұлов, Орын Мединеев, Сабыр Өтегенов, Қанат Нұрмаханов өлеңді қойып кетті десе де болады. Лұқпан Сисекенов, Амандық Сасаев өлеңмен көзге түсіп жүр.

Лұқпанның 3-4 өлеңдер жинағы шығып қалды. Ол Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне алынды.

Ақындар жөнінде сөз еткенде, Далабай Жазықбаевқа арнайы әңгіме бағыштауымыз жөн. Он жеті жасында "Песни народных акынов" деген жинаққа өлеңі жарияланған Далабай 1920 жылы туған. Аяулы да ардақты жан ол кезде мектепте оқып жүрген еді. Өлеңдері газет бетін бермейтін. "Партизан қызы" поэмасы жарияланған. Далабай 1939 жылы КазПИ-ге түсті де, екінші курстан шығып кетті. Оқу ақылы болғандығы себепті. Жазушылардың екінші съезіне делегат болған Далабай студент болған бір жылдай уақыт ішінде "Әдебиет майданы" , "Сталин жолы" журналдарына, газеттерге біраз өлеңін жариялап тастады. Орысшадан біраз өлеңдер аударды, оның ішінде М.Ю. Лермонтовтың "Үш пальмасы" сияқты тамаша аудармасы бар. Елге келіп, Мақат, Жылыой аудандарында мұғалім болды. 1942 жылы қаңтарда соғыска аттанып, сол жылдың күзінде хабарсыз кетті. Жиналмаса да артында біраз мұра қалды. Далабай жөніндегі ән майдан окоптарында айтылды, кейін композитор Сейілхан Құсайынов Далабай туралы хорға арналған ән шығарды. О да біраз уақыт сахнадан тындармандарға тарту етілді. Далабай есімі қазір Алматыдағы Жазушылар одағы үйіндегі соғыстан оралмаған боздақтар қатарында ескерткіш тақтада тұр.

Кейін қатардағы газет қызметкері болған Бисен Сарымановтың ауыз әдебиетін жинауға үлесі ғылыми еңбектерде, жинақтарда әдейі аталады.

Мұса Ұзақбаевтың 20 жылдарда Арал қаласынан еліне жазылған өлеңі сақталған. Өзіне ескерткіш орнатылған революционер Досы Тілегеновтен де өлең калған. Көкілташта оқыған Хасан хазірет те, Әлжан Игіліков те отызыншы жылдардың репрессиясында қайғысын айтып, өлең шығарған.

Ел әдебиетшілерін қазақ поэзиясының абыздары Әбу Сәрсенбаев, Тайыр Жароков, шынында ақын да , әнші де, күйші де, жазушы Ғабдол Сланов ағаларымыз бастаушы еді. Белгілі ақын – жазушылардың өмір жолын, шығармашылығын талдау біздің міндетімізге кірмейді.

Белгілі библиограф, республикалық Пушкин қоғамының президенті Нысанбай Ізбаевтың да еңбегін айтуымыз керек.

Ғылым жолында профессор Тарыбай Шәукенбаев, ғалымдар Текей Қарамұрзиев, Мәжит Маташев, Құсекен Шәукенов, профессор Ермек Өтебаев бастаған Әбіжанов Жұмабай, Әбіжанов Рахым, Әлжанов Айтбай, Жұмабаев Жангерей, Мақашев Әбен, Мұқанов Шәрел, Нұржауов Төлеген, Оспанов Жиенқұл, Тәжіғұлов Сәнгерей, Тәжімұратов Мақсат, Сағынаев Аманжан, Телеубаев Көшен сияқты тағы басқа ғалымдардың еңбегін атап өтуге тиіспіз.

Сіңірген еңбегіне орай Қазақ Республикасының құрметті атағына ие болған көп ардагерлер бар (кітапта аталған, аталатын адамдардың аты-жөнін екінші қайталамаймыз). Жасампаз қызметте республиканың еңбек сіңірген мұнайшысы Амантұрлин Аюп, Құмар Балжанов, Беркінғали Досмұхамбетов, Рзиев Балағұл, Рзиев Аскар, еңбек сіңірген мұғалімдер Кенған Ахметова, Байдалиева Тәнім, Сағиев Мәжит, Жылқышы Ізтұрғанов, еңбек сіңірген өнертапқыш Дүйсенғали Әжіғалиев, еңбек сіңірген барлаушы Мұтиғолла Маташев, еңбек сіңірген қызметкер Сисенбек Есенғалиев, Әбілқайыр Қарабалин, еңбек сіңірген дәрігер Күләш Досмұханбетова еңбектері ұланғайыр.

Аудан жастарын басқарған Әлден Әуелбаев, Әділхан Имашев, Аманжол Кенғанов, Тимур Қадыров, Мақсот Қыстауғалиев, Болат Төреханов сияқты ардагерлер мен жастар болды.

Отан соғысына қатысқан Ханым Жексенәлиева, Мұстахима Исайынова, Райхан Ыбыраева сияқты, ақындықтан кезінде даңқы шыққан Бөпіш, Бүйрек, Жаниса, Күния, Қауыншадай қыздар болғанын да атауымыз керек.

Партия ардагерлері Шотырбай Жаналиев, Жанғожа Жұмашев, Сағынғали Исанбергенов, Балбек Исанбергенова, Шаймерден Нұржанов, Ықылас Төленов, Отаралы Шәутебаев, Қарасай Шелденов кезінде халыққа қызмет етті.

Мұқтанов Жұмағали БК (б) П XV съезіне делегат болды, В.И.Ленинді жерлеуге қатысты. Өлкеміздегі тұңғыш шоферлердің бірі еді.

Шығарма кейіпкерлері, кітаптарда есімдері ілтипатпен атанған Сәдір Әжібаев, Зияш Исақов, Байбол Қылыбаев, Демеу Лұқпанов, Мұқан Өтенов, Құлқаш Қарамұрзиев, Асаубай Хисметов, Таңбай Наушиев, Мыңбай Сәдуов, Бекболат Нарегеев, Бәтім Сартова, Төлеген Берекетов, Тынымбай Оразов, Қайыр Өтегенов, Жұмаш Накпаев, Тендік Жауыров, Әшім Уәлиев, Мұтиғолла Маташев, Хакім Бәжбенов, Ақберген Төреханов, Мәшекей Шегіреев, Саламат Жақашев, Жақсыекен Бектұрғанова, Мақсот Қылыбаев, Қарабала Мырзағалиев, Қанапия Телешев, Жаукан Сәлиев, Сәлім Хисметов, Сәнді Қадіров, Табын Өржанов. Ақмырза Тоқмырзиев, Боранша Құлбаев, Дәнеш Қондыбаев, Бисенғали Бәжіков, Әділбай Құрманов, Төлеген Құлметенов, Ығылман Мұхамбетов, Алдақов Жұмабай, Қарамұрзиев Бисен, кітап қаһармандары Аустиянов Аққали, Есен Құдайбергенов, Демеу Тілегенов, т.б. есімдері бір төбе.

Отан соғысының батырлары Бақтығали Байжұмиев, Төлеген Бисенғалиев, Қазыкен Бисәлиев, Нұрберген Дәулетов, Үрпік Қонаров, "Даңқ" орденінің иегер жауынгерлері, офицерлері Әкімқайыр Аққожиев, Айткұл Жолдыбаев, Батырхан Қаражанов, Кенжегали Құттығұлов, Нұрберді Нұрсұлтанов, Бәкір Серіков, Дүйсен Сүйесінов, Қалым Шелденов, Әлдібай Ізмағанбетовті әдейі атаймыз.

Ленин орденінің иегерлері Актөреш Бисембаев, Амандық Есенаманов, Мұқанғали Есенбаев, Таскынбай Есенбаев, Жұмағали Есенжолов, Дүйсенғали Жолжанов, Керей Закарин, Мағау Иманғазиев, Ілияс Қазиев, Қарымсақ Қойтанбаев, Нұркас Қорбанов, Смағұл Қосыбаев, Жиенғали Құсетдинов, Мағзом Машанов, Тұратай Меденов, Базарбай Мұқанов, Хамза Санбаев, Тілепқали Тобышбаев, Құби Ілиясов, Нәзен Бермағамбетов,т.б. ел мақтанышы болды. Бұлардың ішінде жұмысшы да, басшы да, мұнайшы да, мұғалім де бар.

Кезінде Бүкілодақтық Орталық, Қазақстан Орталық аткару комитеттерінің мүшелері болған Аққали Аустиязов, Әлғазы Ілиясов, КОКП, Қазақстан КП Орталық комитеттеріне мүше, кандидат болған Далапқали Бокаев, Мұса Назымов, Құлқайыр Оспанов, КСРО, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаттары болған Маржан Боранбаева, Мәдениет Есенбаева, Саташ Ысықбаева, Балғаным Досбаева – ел сеніміне шынайы ие болғандар.

Оңғадин Айтбаев, Дәуіт Артығалиев, Юсуп Ниязов, Наурызғали Бешімов, Қалыбай Баймаханов, Қожыбай Дәулетов, Сайлау Кенжегалиев., Мәлика Қадырова, Боран Қалиев, Жақұт Қалиева, Максот Қилыбаев, Есен Мерғалиев, Иса Нағымов, Болат Өтегалиев, Қуан Шәлиев, т.б. жауапты партия – кенес жұмыстарын аткарды.

Наурызғали Бешімов, Демеу Жаналиев, Мырзағұл Кенғанов, Хакім Исаков, Есен Күмісқалиев, Құлқайыр Оспанов, Миллят Сабырова, Серік Сағытжанов, Ерғожа Тауманов аудандардың бірінші басшысы болды. Ғазиз Алдамжаров, Бекен Айтжанов, Сағызбай Ақмолдиев, Орынбасар Еркінов, Нәжімеден Есқалиев, Жұмаш Өтегалиев, Сағат Тұгелбаев, т.б. облыстық Кенес , партия, кәсіподақ қызметін басқарды.

Жұмысшы-қызметкерлер арасында Құмар Балжанов, Жолдаскали Досмұхамбетов, Асанбай Хисметов, Махамбет Батырбаев,т.б. Лениндік, КСРО Мемлекеттік, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаттары бар. Біз білетін облысымыздың атақты шахматшысы Әлібек Боранбаев, әншілер Рабиға Ғалиева, Қадырбек Есенғалиев, Орын Қаратаев, Иба Рақымғалиева, спорт шебері Айгүл Сағиева, артист Сайлау Сембаев, күйшілер Озған Тәжібаев, Жедел Ысқақов сияқты біраз өнерпаздар бар.

Өлкеміз халық өнерпаздарынан (ақын, шешен, би, т.б.) да кенде болмаған.

Халық шайыры Тілеумағамбет Аманжолов, халық ақындары Сүйеу Әлиев, Шөкебай Байболұлы, Сары Білмәмбет әйелі, Мұқан Есіркепұлы, Ақбөпе Жиенбай келіні, Зейнелғабды Жұмашев, Әлжан Игілікұлы, Мекс Кенесарин, Өмір Көшекбайұлы, Әліп Мекеұлы, Қатша Нысанқызы, Боранбай Өтекұлы, Бөпіш Тайпанқызы, Абдолла Таңмағанбетұлы, Күния Тәжікызы, Дәумеген Төлеуов, Жаниса Уәз әйелі, Бүйрек Шолтанқызы, Төреғали Шөкебаев, Мысағали Шідербайұлы, Қауынша Уәзқызы.

Билер Бөлекбай Әйтеке ұрпағы, Қаражігіт Барқынұлы, Үлсары Қожырбай әйелі, Айтуар Ноқыұлы, Тәжігұл Нөсерұлы (әрі жырау), Аманжан Нұрымбетұлы, Ноқы Өрбінұлы, Махамбет Өтетілеуұлы, Тоңаша Телібайұлы, Бимырза Тұманшыұлы, Тұманшы Тілеуұлы, Асау Мандайұлы, Байбек , Қали, Есбай, Қосмағамбет.

Сөз иелері Қалмұрат Балтайұлы, Мөрлігали Бимырзаұлы (әрі шежіреші), Айтжан Дәулетұлы, Бегайыс Дүкенбайұлы, Тендібай Жайлаубайұлы, Сәду Жәркенұлы, Уәли Иманов, Есенгұл Қабақбайұлы, Қиын Қалдыбаев, (әрі шежіреші), Дүйіс Қалмырзаұлы, Амантұрлы Қожырбайұлы, Кенжан Талпақұлы (әрі жомарт), Төребай Тәшпанұлы, Жанак Төретайұлы.

Жыраулар: Таңмағамбет Ұланбекұлы – Есентұрлыұлы (энциклопедист Сақып Медетбайұлы Садықов).

Бұларға қоса батыр, балуан бір алуан.

Батырлар Жаркынбай Аққозыұлы, Сақал Бадыранұлы, Шәкі Бәйгел немересі, Жанабай Жапақұлы, Байбақты Қармысұлы, Есенжан Қобыландыұлы, Жоламан Қобыланов, Қази Нұрлыбайұлы, Қылышбек Шәбікұлы, Тұрлан Асауұлы.

Бұлардың ішінен халық Жаркынбайды, Шәкіні, Жанабайды, Байбақтыны әулие санайды, басына барып

түнейді. Балуандардан Рахымберді Айжарықұлын, Ізтұрған Дауылұлын, Құсайын Ерғазыұлын, Шортбай Сары Жарылқасынұлын, Құрманғали Кенбаевты, Орын Қарамұрзиевты, Бижан Қойшығұлұлын, Бисен Өміркұловты, Сүлеймен Тасболатұлын атауымыз жөн.

Халық өнерінде шек жоқ қой. Сыбызғыны Нәдіркүл Бәйтікұлы, өнер иелері, жомарт Ыскақ Бозтайұлы, Мұқаш Дауылұлы, жырау Жолжан Мақашұлы, сөз иесі Ерланаев. Жақсылық, жоқтаушы әйелдер Бағыт Жанаққызы, Ағилаш Шарғабаева, халық бишісі Қадырәлі Кеңесұлы (Отан соғысынан оралмаған), Бердіғали Қазиев (Отан соғысынан оралмаған), тәңдессіз әнші Мөлдір Қыздарбай әйелі, жона жасаушы Айшуақ Нуашұлы, етікші Бердібай Отарбайұлы, ағаш ұстасы Дүйсен Оңғарбаев (әрі жомарт), күйші Жолдығара Шаңдыұлы, ақын әрі балуан Асқынбай Шолтанов, домбырашы Әту Ыбырайұлы, әнші Қымбат Таубай әйелі, т.б. елге өнерін паш етті. Құлдықтан жас баланы құтқарған Түркеұлы Жәлімбет сияқты қасиетті адамдар болған. Әнші Құрақ Балшырақұлы "Қызына Кермақастың болған шырақ" . Балшырақ ұлдары түгел өнерпаз екен, олардың қызы – Социалистік Еңбек Ері мұнайшы Нәбира Шағырова. Қыз дегеннен шығады, Шеркештің бір топ әйелдері мен қыздары – Ақүлек, Зылиха (Қаракемпір), Тоқал, Қызай, Шолпан,Тоты, Күмісті ру, арыс, ата аттарына ие болған. Мысалы, "Ақүлек ауылымыз", "Тотыдан тараймыз", - дейді . Біреулерінің басына түнейді т.с.с

Ертелі – кеш халық шаруашылығын - өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын дамытуды ұйымдастыруға қатысқан адамдар баршылық. Олар қатарына ұжымдық шаруашылықты оның учаскелерін басқарған Атшыбаев Шеруенді, Беркінов Қарағұлды, Есетов Ерғалиды, Кенғанов Ажықты, Қаракүлшықов Сымғалиды, Бәшенов Жұмағалиды, Нұржігітов Хайролланы, Тәженов Тәтбайды, Есімов Елубайды, өнеркәсіпті өркендетуге үлес қосқан халық геологы Қызылбасов Бешімді, Аустниязов Дәулетті, Бешімов Ердәулетті, Ботабаев Жетпісті, Арысов Нәбиді, Есалиева Қымбатты, Қарамұрзиев Бокайды, Қашқынов Тілеуді, Құлметенов Қойланды, Өтешев Табынбайды, заң қызметінің ардагері Балмұқанов Рысқалиды қосуға болады.

Жем мұнайын игеруде алғашқы геолог Атшыбаев Беркінғалидың еңбегі теңдессіз. Алашорданың батыс бөлігінің бас интенданты болған асыл азамат 37 жылғы қанды қасапқа ілінді. Бұлардың қатарында сол кездің интеллигенттері Баетов пен Қазмұқаш Ыбырашев та қанды құрыққа түсті.

Ерекше адамдар қатарында ауа райын алдын ала болжайтын, "Бала есепші" атанған Бесбайұлы Байниязды, құмалақшы Бопылдаков Зәкәрияны, аруақты жан Жайлауұлы Сатанды, шежіреші – шешен Кенжалыұлы Есенаманды, емгер Қазбанов Таяуды, ел беделі, бай Қонысұлы Үркімбайды, Уәзұлы Қалусарыны, бала оқытқан Тегісбаев Омарды атаймыз.

Жергілікті ақынның дәл тауып айтқанындай, бүгінгі өмір де теріс кете қойған жоқ.

Кең Жылыой - салқын самал, саялым – ай!
Жемнің де басы қатты, аяғы жай.
Ұлының ұлылығы бүгінгідей,
Қызының сұлулығы баяғыдай.

Бұл сөз түгелдей біздің туыстарға да қатысты. Аяулы азаматымыз Ахмет Мәметов (1894-1937) алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі, 20-30 жылдарда Мәскеуде бірнеше кітапшалар шығарған ғұлама болса, оның бауырына басқан қызы Мәншүк (1922-1943) Кеңес Одағының Батыры атағын алған. Шығыстың қос шынарының бірі. Заңгер академик Салық Зимановтың есімі дүние жүзіне белгілі. 12 жаста Жанақ Қаракемпір Жоламан жауға аттанған.

Таңмағанбет ақынның "Көтер қыздар , бойынды" өлеңі кеңестік күншығыс қыздарының гимні болды.

Жанаш НҰРМАХАН. Атырау облысы, Жылыой ауданы, Шоқпартоғай ауылы.

БЕССАРЫ ӘУЛЕТІ ТУРАЛЫ

Аталарымыздың айтуынша, Шеркештің бір баласы Шумақ. Одан Шерубай, Тоқымбет, Жаңбыршы, Келкес, Бессары. Соның Бессары болып жүрген бөлімі бес сары бала көрінеді. Бескала, Қоңырат жақтан келген руы қожа Құлшы деген адам Шумақтың ұлы Шерубайдың Сүйіндік атты қызымен көніл жарастырып, өз еліне кетеді. Еліне барып, бес балалы болған соң дүниеден өтеді. Әйелі төркініне хабар берген соң, әкесі Шерубай атамыз қызын балаларымен бірге елге көшіріп алады. Сол бес баланың үшеуі үйленбеген. Қалған екі баласы Құдайберлі мен Қонақбай. Қонақбай шамамен 1660 жылдары дүниеге келген. Одан Бөрібай, Асантай. Төлеміс, Бөрібайдан Меңдіқұл, Ораз, Тәйтік тарайды. Ораздан Жұбатқан, Жүндібай, Қорабай. Тәйтіктен Батыр мен Қарабала туады. Меңдіқұлдың бәйбішесінен Марабай, Шорабай, Мәшікен, Үмбет, Орынбай, тоқалдыққа алған түркімен қызынан Беген мен Томан тарайды. Бегеннен Қыстаубай, Жаныпай, Тыныштық, Қыстаубайдан Жанас туған. Жанас шамамен 1810 жылдары туылған, оқыған, көзі ашық, саутты адам болған. Жәңгір хан тұсында писарь болған деп айтады.

Жанастың төрт әйелінен сегіз ұл тарайды. Бәйбішеден – Нұрсұлтан, Қодар, екінші әйелден – Боқай, Қалабай, Жәумит, үшінші әйелден – Жұғыс, Қошай, Шағыр туады. Үлкен ұлы – Нұрсұлтан 1843 жылы туған.

Ұрпақтан ұрпаққа тарап келе жатқан мынадай әңгіме әлі күнге ел аузында айтылып келе жатыр. Нұрсұлтан бойына біткенде шешесі жыланның етіне жерік болады. Қойшы балаға жасырын айтып, жылан аулатып, жерігін қандырған көрінеді. Ол – Байбақты атаның үзеңгілес жолдасы болған адам. Бір үлкен қақтығыста Нұрсұлтан ауыр жараланып, жолдастар «өлдіге» санап, елге хабарлайды. Сонда анасы: «Басы аман ба? Басы сау болса, өлмейді», - деген екен. Нұрсұлтан үш әйел алған. Үлкен әйелінен бала болмаған. Екінші әйелі Рәзиядан Төрехан, Сағытжан, Ілия атты қыз, үшінші әйелі Рахимадан Шолман деген қыз, Мұрат және Ақбөпе тарайды. Төреханнан Ақберген, Керей, Зейнелғабиден. Сағытжаннан Расбек пен Ғабдықалық, Мұраттан Ғабдолкәрім (Каримаш) мен Ғалиәскер туған.

Деректі Сағытжанқызы Нәсіп берген.
Төреханов Мұхамбетжанның архивінен алынды.
Жіберуші Сағытжанов Серіктің зайыбы Нәбила мен қызы Айнагүл.
Атырау қаласы.

АҚСИРАҚТАР ӘУЛЕТІ ТУРАЛЫ

Батыс өлкеде тұратын ағайындардың ішінде Шеркештің Қойсының бір атасы өздерін Ақсирақ шеркештерміз дейді. Қалыптасқан шежіре деректері бойынша Сүйініштен Бәймбет, Әжіке, Құмаш туады. Үлкені Бәймбеттен Өтеп, Таңатар, Малтабар, Мәмбеткүл дүниеге келген. Осы соңғы кенже ұлы жас кезінен батыр тұлғалы, ірі әрі келбет -көркі көз тартатындай болып өседі. Той-думан, ас кезінде өткізілетін жарыстарда палуандыққа түсіп, өз қарсыластарын шақ келтірмейді екен. Сөйтіп Мәмбеткүлдың есімі сырт ағайындарға кенінен мәлім болады. Оның бір ерекше қасиеті – палуандыққа түскен кезде кең балақты шалбарын тізеге дейін түріп тастап айқасады екен. Күнге шағылған аппақ сирақтары ел назарын өзіне ерекше аударады екен. Содан ол келе-келе «Ақсирақ палуан» атанған. Өкінішке орай, елдің көзі мен сұғының шалығы жас Мәмбеткүлға кесел болып жабысып, отыздың үшеуіне келгенде о дүниелік сапарға аттанады. Беріш қызы Жайнакүлден тараған Қарамерген, Құрман, Ақмерген, Көшектер әкеден жастай қалады. Қайратты ана Жайнагүл қамкорлығымен, ағайындарының қолдауымен ел қатарына ілігеді. Шетінен пысық, алғыр, өмірге икемді болады. Сөйтіп, Мәмбеткүлдан тараған ұрпақтар келе-келе «Ақсирақтар ауылы» атанған.

Ә.АТШЫБАЕВв, Т.ДӘРЕЛҰЛЫ, Ә.ӨТЕГЕНОВ деректері негізінде қорытылды.

ТОЛЫБАЙ ШЕРКЕШТЕРІ

Руымыз Он екі ата Байұлының Құлақасқа шеркеші деп аталады. Ертедегі ақтабан заманның аумалы-төкпелі аласапыранында көшіп келіп, осы Толыбайдың бойына орналасыппыз.

Арғы аталарымыздың аты Шора батыр болыпты. Біз үлкен ұрыста ерлік көрсетіп, жауды аталарымыз жеңіпті. Астындағы аты құла қасқа болса керек. Содан жұрт мына топ бастаған құла қасқа атты жігіт болмаса, жауды жеңе алмас едік, осы ерлік көрсетті.Содан сол құла қасқа атты батыр бала бастаған шағын топтап өніп-өскен ұрпақты Құлақасқа шеркеш аталғанбыз деп отыратын қариялар.

Сол топтың үлкен анасы Қаракемпір болыпты. Осыдан 200-ден сәл астам жылдай бұрын Қаратау жағынан үдере көшкен шағын ауыл Толыбайдың бойына келгенде, шешеміз: «Мына жердің иісі мұрнымды жарып барады, жері шұрайлы, суы мол, малға жайлы нағыз коныс болатын жер екен. Түйені шөгеріңдер, үйлеріңді тігіңдер», - депті.

Содан Толыбайдың төрт саласына төрт ұлын - Бақтыбайды, Тоңашаны, Әндекейді, Жылкелдіні коныстандырыпты. Бақтыбайға Ақөткелді (Кабденнің аталары), Тоңашаға Шектібайды, Жылкелдіге Молдашты, Әндекейге Сарыбалқашты коныс етіп бөліп беріпті.

Сонымен шеркештің аз ғана ауылы Толыбайды жайлап, мыңғыртып мал айдаған аталарымыз Дүйсенбайдай байлары шыққан. Оның 800-900-дей көк ала жылқысы болыпты. Қараадыр деген жерді жайлаған.

Қараадырдың үстімен, Қандысайдың бойымен, Төрттамның үстімен Ноғайөткелден өтіп, Ұзақ тамына және Өлкейікке қарай көшпенділерлің ескі жолы сайрап жатыр. Бұл жолмен байлар Сырды қыстап, жазда осы жақты жайлаған. Бұл байлардың ішінде атақты алтын руынан шыққан Қашақ бай да болған.

Ноғай өткелі деп аталатын себебі, ноғайлар көшпелі елмен бірге жүріп сауда жасаған. Елден жүн-жұрқа жинап, кант-шай және басқа да тауарлар әкеліп сатып айырбастаған. Сайдың бойы өткел бермеген. Тек қана Ақөткелден 2-3 шақырым жерде Толыбай Жантай өзенінен өтетін жерді ноғайлар біліп, өткел жасай алған. Сол себепті халық Ноғай өткелі деп атап кеткен.

Атамыз Дүйсенбайдан Сәндібай, Серікбай, Біржан деген үш ұлы болады. Сәндібай жоғарыдағы, атақты Қашақтың қарындасы Нарша деген анамызды алады. Сәндібайдың Әбен, Шалдыбай, Үбайда, Абдолла деген төрт ұлы болады. Әбен молда болған. Шалдыбай палуан болған, бірақ бұл кісілер жастай қайтыс болып кеткен. Үбайда менің әкем Қабденнің әкесі. Ол кісі де ертеректеу қайтыс болған. Сәндібайдың төртінші ұлы Абдолла Толыбайдың бойындағы Ақөткелдегі мешіттің молдасы болған. Ол туралы кейінірек. Сәндібай ақсары, ірі кісі болды. Кемпірі Нарша анамыз Қашақ байдың апасы, сәнқой, би кісі болыпты. Нарша әжеміздің омырауы толған қарсы ілгек, саусағы толған алтын жүзік, өзі сондай сұлу адам еді», –дейтін шешем Ғазиза. Алтын Қашақ апасы Наршаға келіп сәлем беріп, сыбаға әкеліп, қонақасы жеп, қарым-қатынастар жасасқан. Сонда Абдолла молданың әкесі Сәндібай, шешесі Нарша Қашақтың жиені болып келеді.

Балалары Әбен, Шалдыбай бірінен соң бірі дүние салған соң күйіктен әжеміздің белі бүкірейіп, еңкейіп қалыпты. Бұл кісілер, яғни молданың әке-шешесі Сәндібай, Нарша беріде тас мешінде жастары жетпістің үстіне шығып қайтыс болды, көзіміз көрді дейтін менің әке-шешем. Толыбай шеркештерінің ішінде дүйім жұртты аузына қаратқан Тәжмағанбет, Қайралап, Жамантай деген билері, Смағұл сияқты ақын-жыраулары, ислам дінін уағыздаушы Абдолла деген (халық оны Қарамолда деп атап кеткен) молдалары болғаан.

Толыбайдың бойындағы Ақөткелде жерде сол жергілікті шеркеш руларының діни орталығы болған мешіттің орны жатыр. Мешіт 1928-29 жылдарға дейін жұмыс жасап тұрған. Оны Абдолла Сәндібайұлы жаңа өкімет адамдары ұстап алып кеткенге дейін басқарып келген. «Ақтөбе» энциклопедиясында Абдолла мешіті туралы айтылған.

Ақөткелдегі мешітке, яғни жұма намазына Жантай жақтың Өтеген матайлары. Өлкейіктің арғы бетінен арғындар, Қайралап, Тәжмағанбет сияқты билер, Қашақ сияқты ірі байлар келіп қатысқан. Намаз оқып, уағыз тыңдаған. Мешіттің жанындағы медреседе шәкірттер тәрбиелеген. Имамы біздің аталарымыз Абдолла. Молданың кемпірі Торғын деген кісі шешектен қайтыс болыпты. Одан кейінгі алған әйелінің аты Жаңыл екен. Ол кісі Аяпберген деген ұл тапқан. Менің шешем Ғазиза сол жылы келін болып түсіпті. Әжем сонда мен 13 жаста едім дейді. Бұл сол 1925 жылдардың шамасы болса керек. Әйелі ұл тапқанына қуанған молда менің шешемді жақсы көріпті, майлыаяқ болдың, құтты келін болдың депті. Бірақ баласы Аяпберген бір жаска толмай қайтыс болып кеткен.

1928 жылы туған менің әке-шешемнің тұңғыш баласының атын молда атамыздың өзі Исламхан деп атын азан шақырып қойып, өзінің бауырына басыпты. 1929 жылдары жаңа өкімет белсенділері молда мен байларға жаудай тиіп, атамызды Қара теңіз жаққа жер аудартыпты. Сол кісімен бірге атақты алтын Әбу бақсы да болған.

Барғаннан кейін бір жылдан соң ішіне ас тұрмай ауырып, Абдолла молда қайтыс болыпты. Әбу бақсы: «Өзім қолымнан ақ жуып, арулап қолымнан жөнелттім. Теніз заңы бойынша теңіз үстінде қайткан адамды теңізге тастайды екен», - деп, Әбу бақсы хабарын айтыпты. Елге оралған соң ағасы Абдолла молданы артынан іздеп барайын деп даярланып жатқанда менің әкемнің үйіне кешке қарай бір қонақ келеді: «Жолаушы едім, үйіңізге қонып шығуға болады ма?»- деп рұқсат сұрапты. Әлгі жолаушы: «Құмалақ салатын адам едім»,- деп таныстырыпты өзін. Менің әкем: «Ертең жолаушы жүрейін деп отыр едім, соған маған құмалақ салып беріңізші», -депті. Әлгі кісі құмалағын шашып жіберіп, құмалақты екі рет жинап алып: «Апырай, ә!»-деп үшінші рет шашып жіберіп, құмалағын жинап алып: «Жолаушы, жүре алмайсың, етегіңді біреу басып тұр. Мен алдағы ауылға барып қонайын».-деп, ас-суға қарамай жүріп кетіпті дейді әкем. Түн ортасында молданың бауырына басқан бір жастағы Исламхан өнеші қырылдап ауырып, таң ата қайтыс болады. «Мен жолаушы жүре алмай қалдым. Әлгі құмалақшының айтқаны айдай келгеніне таңқалатынмын».- деп отыратын.

Қашақ байдың баласы Асанды Ақөткелдің арғы бетінде өкімет кәмпескеледі. 1929 жылдардың шамасында малдарын тәркілегенде, оған менің әкем де қатысқан екен. Қойлары тайдай, ақ ауыз қойлар екен. Қойларды құрықпен ұстадық, жүнін қырқып тайлап жөнелттік. Асанның басқа малдарын сыпырып алды. Міне, бәлшебектердің талай зобалаңын көрдік қой,-деп әкем мұңая әңгімелейтін. Абдолла молданың қайда оқығанын әкем айтпады, оны мен сұрамадым. Себебі ол кезде молда жайында әңгіме қозғауға үкімет қарсы болатын. Бірақ ол кісінің үлкен сауатты адам болғаны анық.

Қабденұлы ҚУАНДЫҚ,
Ақтөбе қаласы.

СЕКЕР СҰЛУ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Миялы селосының күншығыс жақ бетіндегі биік жалдың үстінде Секердің мазары дейтін шошақ төбелі бейіт бар. Қазір сол бейіт құлап, жер бетінен жойылып кетудің аз-ақ алдында тұр. Енді Секер дейтін кім, ол жөнінде қысқаша түсінік бере кетейін. Секер шеркештің, оның ішінде сегіз арыс жауғаштының Қара дейтін бұтағының қызы көрінеді. Әкесінің аты Байсал екен. Байсалдың екі әйелі болыпты. Оның біріншісінің аты Ақбұлыш, екіншісінің аты Ақтомпыш көрінеді. Секер Байсалдың екінші әйелі Ақтомпыштан туған сияқты. Байсал өте аукатты кісі болыпты. Оның малы Жайықтың екі бетін түгел жайлаған. Аллатағала Байсалға жалғыз перзент көрсетіп, оны да ұл қылып бермей, қыз болып жаратылады. Секер 1776 жылы Жайықтың арғы бетінде дүниеге келіп, 1801 жылы ұзатылайын деп жатқан тойының үстінде қайтыс болған. Оның өлген жері қазіргі Секер жалының маңы болса керек. Атастырылған күйеуі Жем бойынын Қосым шеркеші Ақсейіл дейтін жігіт екен. Байсал жалғыз қызым Секерді өзімнің ата қонысым сегіз арыс Жауғаштының ортасынан ұзатамын деп, 1801 жылғы шілде айында Жайықтың арғы бетінен әркайсысы 8 қанаттық 100 ақ боз үймен қазіргі Секер жалының үстіне көшіп келеді. Күміс сулы Ойыл өзенінің жағасына бірінші болып өзінің шаңырағы – 12 қанат ақ ордасын тіктіріпті. Ол кезде бұл өңір "Шеркеш жайлауы" деп аталыпты. Ақсейіл құда түсірілгеннен кейін қыздың ауылына бір-екі рет келіп, онымен жасырын кездескісі келген көрінеді. Секер тендесі жоқ сұлу қыз болыпты. Көркіне көз қарығатын перизат қыз жүгі тиеліп болғанша, ерке Ойылдың күміс суына бір сүңгіп келейінші деген оймен қасына қырмызыдай құлпырған 10 сұлуды ертіп, өзеннің қалтарыстау іріміндегі ағын суға армансыз шомылады. Судан шығып, жағадағы киімінің қасына келе бергенде, оны жардың түбінде ыстықтап жатқан камшының сабындай ақ жыланның көзі шалып қалыпты. Сол сәтте жауызынан уы шұбырған ақ жылан қаққан қазық құсап құйрығына шаншылып тұрыпты да, бар күшімен қыздың өкпе тұсына садақша атылған көрінеді. Одан қорыққан Секер шыңғырып жібереді. Секердің шыңғырған дауысын естіп, бөлектеу жерде киініп жаткан 10 қыз жалма-жан оның қасына жүгіріп келгенде, Секердің ұлпа қардай аппақ денесі қазаның түп күйесі құсап, қап-қара болып кетеді. Қыздар қасына келгесін Секер: "Маған ақ жылан атылды. Мені бұл жерге ажал айдап келген екен. Мәйітімді отауымның төріне жерлеп, бейітімді де сол жерден тұрғызып, бейітімнің төбесі отауымның керегесіне ұқсасын. Әке-шешеме соны айтыңдар" . - деп жантәслім болып кетіпті. Бұл тамыз айының іші екен. Құдайдың құдіретіне не істерсің?! Он екіде бір гүл ашылмай, жауқазындай желкілдеп тұрған 25 жастағы қыз аяқ астынан жар төсегінің ең болмаса бір түн қызығын көре алмай, қыршынынан қиылып, арманда өтеді. Байсал жалғыз қызы Секердің өлер шағында айтып кеткен сөздерінің бәрін бұлжытпай орындапты. Сол бойынша Миялы ауылынан 8 шақырымдай қашықтықтағы бір төбенің үстіне 1801 жылғы қазан айында Секердің шошақ төбелі зәулім мазары тұрғызылған екен.

Кәрім ТҰРДАҒАЛИЕВ,
Зейнеткер, шежіреші.
Миялы ауылы

ЕЛАМАН ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Есмырза жігіт болып, әйел алыпты. Атамыз Есмырзадан Тоқмырза туады. Сол Есмырза атамыз қалмақ қолынан қаза табады. Сонда Тоқмырза атамыздың әйелі екіқабат екен. Осы кезде қалмақтың әскері келіп, Тоқмырза мен Дербіс екеуі жауға қарсы кеткен. Жау күшті болып, Тоқмырза мен Дербістің елі қорқып түнде көшетін болған. Ел көшіп кетеді. Тоқмырзаның үйіндегі шешеміз толғатып,

жүртта жалғыз қалады. Көп кешікпей босанып, баласын жуып- шайып жабағына орайды. Қойдың асық жілігінен түтік жасап, баланы жерошақтағы күлге бөлеп кетеді. Сосын шешеміз көштің соңынан жалғыз түнде жаяу кетеді. Бала жерошақта қалып қояды. Шешеміз аман -есен көшке жетіп, жатып қалады. Таңертең ертемен Дербіс атамыз келеді. Ал Тоқмырза жаугершілікте қалмақтан каза болады.

Дербіс келген соң, үй жағалап жүріп кімдер бар, кімдер жоғын сұраған. Сонда Қаракемпір деген шешеміз: «Тоқмырзаның әйелі аман, сол кісінің баласы жерошаққа көмулі қалған. Ал басқалары аман»,- деп, Дербіске айтады.

Дербіс атамыз шешемізге 2 қарын қуырдақ жасатып, Тоқмырзаның баласын іздеп кетеді. Ізден жүріп қой баққан Тазша балаға кездеседі. «Кешегі жаугершілікте баламызды қалдырып кеткен едік, соны ізден келемін. Не хабар білесің?»- деп Тазша баладан сұраған екен. Сонда ол: «Ата сіздің балаңыздың хабарын білемін, тек сүйіншісін бер»,- дейді.

Сонда Дербіс ата: "Сүйіншіге атымды беремін," – депті.

Тазша бала: "Ата, тұлпарыңызды мінуге батыр емеспін, мен атыңызды алмаймын," – деді. Дербіс ата өзінің үстіндегі қару-жарағын берем десе, ол: "Әй, ата, мен батыр емеспін. Қару-жарақты алып, сауыт киіп, жауға аттанар жайым жоқ. Қару-жарақты алмаймын. "Шырағым, менде екі қарын қуырдақ бар, содан басқа ештеңе жоқ," – депті.

Ата маған екі қарын қуырдақтың бір қарын қуырдағын беріңіз. Сонда мен балаңыздың қай жерде екенін айтамын. Тазша бала бір қарын қуырдақты алған соң көңілденеді. «Сонау той жасап жатқан ауылда шал мен кемпір бар еді, солар сіздің балаңызды тауып алған. Солар той жасап жатыр».

Дербіс тойға, кемпір мен шалға келіп: «Кешегі жаугершілікте балам қалып еді, соны ізден келе жатырмын». Олар Дербістің батыр екенін көріп, баланы жасыруға жүректері дауаламайды.

Осыдан кейін Дербіс атамыз баланы алып, елге келеді. Елге келген соң, ел-жұртын жинап, ат шаптырып той жасаған. Содан соң баланың атын кім қоямыз деп Дербіс ата айқайлағанда, ешкім тіс жарып үндей қоймаған. Сонда ол: "Ендігі жерде ел аман, жұрт тыныш болсын. Баланың атын Еламан қоямын", – деп кесімді сөз айтады.

Содан бала өскен соң, көп алдында бата береді. Оны үйлендіріп, еншісін беріп, бөлек отау қылып шығарған екен.

Дерек көзін ұсынған Нәби келіні.
Ақбал РЗАҚЫЗЫ.

ШОРА ТУРАЛЫ

Мен бала кезімде үш көкемнің әңгімелерін тыңдап өстім. Өз әкемнің әкесі Дүйіс көкемді «Атты көке» деп айтатынмын, ол кісі өмір бойы атпен жүрген кісі. Екінші Дүйіспен бірге туған көкемді – Күмісқалиды «Түйелі көкем» дейтін едім. Ол кісінің түйесі көп болатын. Үшінші көкем – Ісмағанбет,ол кісі нағашым, оны «Жаяу көке» деп айтатынмын. Бұл кісі молда, тақуа кісі болатын, өмірі жаяу жүретін. Руы жаппас, тақуалығы сондай Құлсарыдан Мақаттағы қызына қонаққа келмей кетті. Осы үш көкемнен естіген әңгімелерімді жазып отырмын. Қай әңгімені қайсысы айтты деп айырмаймын.

АҢЫЗ

Шағырай, Шенеш, Шеркеш бірге туған ағайынды дейді. Шағырай батыр болыпты, үйленбеген жас жігіт кезінде жаугершілікте, соғыста елі, жері үшін құрбан болыпты. Артында тұқымы жоқ болса да, аты ұмтылмасын деп ұранымыз Шағырай болсын деп ұйғарыпты. Аталарымыз осыдан бәлен ғасыр бұрын шейіт болған Шағырай атамыздың атын, ту қылып ұстап келе жатыр.

Шенеш пен Шеркеш туралы. Шенеш жасы жетіп қайтыс боларда, Шеркешті шақырып:

«Менің бес балам саған аманат, көз болып жүр, - деп тапсырыпты.

Шенештің бес баласы именшектеу болыпты. Шеркештің балалары жас болыпты. Шеркеш бай болған көрінеді. Батыр аңқау, ер әңгүдік деген бар. Бірде Шеркештің ауылының үстімен құланның үйірі қашады. Бүкіл ел тұра кеп қуады. Сонда Шенештің бір баласына ат жетпей,желіде тұрған биені мініп кетеді. Ол ақ бие Шеркештің малының басы екен. Құланды қуып жүргенде, ақ бие зорығып өледі.

Сонда Шеркеш налып: «Әй, қырылғырлар! 10 мың жылқыдан жылқы жетпегендей-ақ биені неге мінесіңдер?!», - деп айтқан екен дейді. Содан кешікпей елдің шетіне жау келіп,елді жаудан қорғап жүргенде, Шенештің бес баласы соғыста өледі. Бұл хабарды естіп Шеркеш құса болып жатып:

- Ағамның бес баласын өзім қарғап өлтірдім, енді ағамнан тұқым қалған жоқ, - депті. Бір ай өткеннен кейін Шеркештің бәйбішесі келіп: «Тұр, басыңды көтер, ағаңнан тұқым қалды, бір келінінің аяғы ауыр екен», - депті. Содан Шеркеш төсегінен басын көтеріп, тамақ ішіп: «Басқа келіндерге ұлықсат, әменгерлікке ала берсін» - депті. Шенештің келіні босанып, егіз ұл туыпты.Біріншісінің атын Қосым, екіншісін соған ұйқастырып Досым болсын депті.

Қосым бөлек Қос болсын деп екеуіне енші беріп, бір ауыл қылып бөлек шығарыпты.

Енші берерде Қосым ата баласы деп, Шеркештің 60-тағы шалы Қосымның алтыдағы баласына сәлем беретін болсын. Бес Шеркештің ағасы Қосым болсын деп ант беріпті.

Біздің жақта Шеркештің шалдары: «О, Қосым бізге аға болады», - дейді білетіндері.

Қосымнан Мырза, Шора тарайды. Ал Досым шежіреге кірмей қалған, ол бала жаугершілікте қолды болып кеткен.

Досым жөнінде мынадай аңыз бар. Шеркеште Қылыш-Кестен дегеннің ұрпағы Балпықтың алты бірдей баласы жау қолынан мерт болады. Балпық сол кезде сексенде екен, өзі қол бастап барып, қалмақтың елін шабады. Жаудың елінде құл болып жүрген балаға кездеседі. «Аға, мені ала кет, мен қазақпын», - дейді бала. Елге алып келіп, Қылыш-Кестенге Тілекші болсын деп, атын Тілес қойыпты.

Шеркеште Қылыш-Кестен-Тілес деген бөлім бар. Сол бала Досым деп көкем айтатын. Бұл әңгімені Дүйісов Амантай ағам да көкемнен естіпті.

Қосымнан Мырза, Шора туады. Қосым баласы Шора жөніндегі естігендерім.

Шора туғанда, ақсақалдар таң қалыпты дейді. Ана құрсағына осындай ұзын бала да сыяды екен ғой», - деп. Бұл бала құрсақта екі бүктеліп емес, үш оралып жатқан ғой, аты Үшора болсын депті. Содан бері бірден бірге беріле, дыбыстық өзгеріске ұшырап, Шора болып қалыптасқанға ұқсайды.

Шора бала кезінен ұзын болыпты. Жеңгелері атын атамай Қатыңқы қара деп кеткен. Өсе келе «Кәтеке», сосын Кәтеней аталып кеткен. Атыраудағы Кәтеней-Шораның жеңгелері қойған лақап аты.

Дүйісов Досқайыр әкем айтып отыратын. Шораның (Кәтеней) ұзын болғаны сондай, шамалы атқа мінсе, аяғының ұшымен тұрғанда, астынан аты шығып кететін көрінеді. Сондықтан тек арғымақ ат мінеді екен.Бірде шамалы ат мініп,аты көтере алмай болдырып, жүре алмаған соң атты жаяу жетектеп келе жатса, алдындағы ауылдың қарауыл қарап тұрған жігіттері ауылға хабар беріпті. «Ит жетектеген бір кісі келе жатыр», - депті.

Арғымақ атқа отырғанда, аяғын үзеңгіге салғанда, екі тізесі аттың алдынан сорайып шығып тұратын көрінеді деп әкем айтып отыратын.

Шораның тағы бір аты болған. Ол – Қосамерген.Бұл батырлық аты болса керек. Шораның бойына қайраты сай, өте қайратты болған көрінеді. Шора атамыздың бойына қарай садағы да ұзын болыпты. Садағы құлаш жарым болыпты дейді. Жебесінің ұзындығы бір құлаш көрінеді. Сол жебені шіреніп атқанда, бір құлан дегенім өтірік болар, әйтеуір бір киіктен өтіп,екінші киікке тиетін көрінеді», - деп әкем айтып отыратын. Аттың үстінде шауып келе жатып,садақ атамын деп шіренгенде үзеңгісінің қайыс таралғылары жіп құсап, бырт-бырт үзіледі екен. Ал жауға жақыннан атқан жебесі бір кісіден өтіп, екінші жауды өлтіретін көрінеді. Содан Қосамерген атанып кеткен деп көп айтатын. Шора атамыз жорыққа шыққанда ылғи да жалғыз жүреді екен. Ол кезде батырлар елдің шетін аралап, Атырау, Орал, Орынбор, Сарыарқа жаққа барып, Орта жүздің батырларымен кездесіп, кейін елге қайтады екен. Сонда аксақалдар айтатын көрінеді: «Батыр,қасыңа аткосшы неге ертпейсің?!» - десе, Шора атамыз былай жауап береді екен: «Шоқпарымды көтеруге әлі келмейтін өңкей немені азыққа шығын қылып не істеймін, белімнен келетін қалмаққа өзімнің де әлім келеді».

Менің қолымда 1924 жылы жазылған шежіре бар. Оны жазып алған Ермұханбетов Нығымет, Қалмұрат, Есіркеп балуан және екі Тәжінің аузынан жазып алған. Бұл шежіре жәдитше (жаңаша) жазылған. Оны 1924 жылы Ақтөбе облысының Ойыл ауданында тұратын Жағанов Қамаржан көкеміз Досымбетов Ерғали көкеме қазақша әріппен жазып берген. Сол шежіреде Кәтенейдің дұрыс аты Шора деп бақандай болып жазулы тұр.

Бұл шежірені айтқан кісілер екі Тәжінің бірі Балмұханов Рысқали ағайдың қәрі әкесі. Екінші Тәжі атамыз Сағиев Мәжиттің қәрі әкесі. Ал Есіркеп балуанда әйел болмаған, өте зор, нән кісі болғандықтан да әйелдер келмеген дейді.

Атырауда Он екі ата Байұлыда шеркеш Қосым-Шораны Кәтеней дейді. Шораның ұрпағы Сырым көтерілісіне қатысқан. Қосым Шораның (Кәтенейдің) қыстауы Теңіз, Жем бойында болған, ал жайлауы Орал, Орынборға дейін барған. Сырым ауылымен жайлауда қанаттас болған. Көтеріліс басылған соң орыс патшасының қаһарына қалмайын деп

Қаражігіт би Төлебайұлы Сырымнан бата алып, елді аман алып қалу үшін, Сарыарқаға көшкен. Сол үш ауыл кеткенде Шора болып кеткен. Ал елде қалған Шораларды орыс патшасының жандаралдары іздеу салып, шеркеште Шора деген ру бар ма деп іздейді. Байұлының бас биелері ақылдаса келе, орысқа өз ағайынымызды қырғызбаймыз деп шеркеште Шора деген ру жоқ, олар Ауғанстанға көшіп кетті, бізде Кәтеней деген ру бар деген. Шораның жеңгелері қойған лақап аты – Кәтеней. Содан бізде солай аталып кеткен.

Сол ақылды ақсақалдардың арқасында Атырауда, Ақтауда, Астраханьда, Ақтөбеде, Орскіде, Саратовта, Орынборда, құдай көпсінбесін, жер қайысқан Шора (Кәтеней) ұрпақтары бар.

Елтай ДҮЙІСОВ, Мақат ауданы,Атырау облысы.

P.S: Шеркеш пен Шенеш туралы әңгіме желісі Атырау өңірінде бар. Арқа өңіріне қоныс аударған Шеркештер атам заманнан Шеркеш-Қосым-Шора ұрпақтарымыз дейтін. Бұл өңірде Шенеш аты мүлде беймәлім. Сондай-ақ Кәтеней туралы да әңгімелерден бейхабар.**П.Д.**

ОНАЙ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Құдайберлі атаның ұрпағы Онай бабамыз кезінде айтулы батыр болған екен. Бірде бабамыз топ жігіттерімен қалмақтың бетін қайтарып, елге қайтқанда, ауылда қалған шал-кемпірлер, келін, бала-шағалар шулап қарсы алады.

Себебі Алтытабан деген көршілес елдің алып батыры бұлар жоқта, малды алдына салып, айдап кеткенін айтады. Келген бетте асығыс ас ішіп, бір сусындап алады да, атын ауыстырып, жетегіндегі атқа жол азығын, азық-түлігін артып, бес қаруын сайланып, жолға шығады. Ағайын туыскандары қарсылық көрсетіп, райынан қайт дегеніне қарамай аттанып кетеді. Көп уақыт жол жүріп, биік жалдың үстіне шығып, айналасына көз салады. Сонда көзіне мыңғыраған мал түседі. Мал шетіндегі түтін назарға ілігеді. Жақындай келе алып денелі Алтытабанның отқа бір қойды үйітіп, қақтап жеп отырғанын көреді. Ол атпен ағындата шауып барып, Алтытабанды шоқпарымен періп өтеді. Бірақ ол мұның ұрғанына құламайды. Онай қайта шауып келіп ат үстінен үстіне секіріп мініп, мойнынан қылқындырады.

Сонда Алтытабан желкесінде отырған батырды бір қолымен іліп алып, тізесіне басады. Ақсия күліп, Онай батырды мазақ қылғандай қойдың отқа қақтаған етінен аузына тығады. Ол біраз өткенде тілге келіп:

- Менің бетіме бір пенде осы уақытқа дейін қарсы келмеген еді. Сен кімсің? – дейді.

- Онай дегенмін.

- Иә, ондай атты естуім бар.

Осы айналадағы малдан қалағаныңды ал. Жоқ қуып келген батырсың ғой. Менің қателігім ауылдың іске татыр азаматтары шетке кеткенде, малды әкеткенім. Сен маған қарсы ұмтылып, жағама жармасқанына қарағанда, жүрек жұтқан екенсің, - дейді. Осыңның өзі нағыз ерлікке татитын іс, - деп Онайдың жүректілігіне мойынсұнған екен.

Аман-есен малдарды айдап, елге оралғанда, ағайындары, туыскандары батырдың қырқын беріп жатқанға ұқсайды.

Елмұрат КЕРІМБАЕВ,
Бөген ауылы,
Ордабасы ауданы.

ЖОЛБЕРЛІЛЕР ТУРАЛЫ

Біздің Шеркештің Жолберлілерінің шығу тарихы туралы мына төмендегідей аңыз бар. Ертеде осы күнгі Орал өңірінде бір шалдың үш баласы болады. Оның екеуінде ұрпақ бар екен де, үшіншісінде ұрпақ жоқ екен. Содан әкесі қайғыдан жапа шеккен ұрпақсыз ұлына:

– Балам, құладүзді бетке ал да кете бер. Алла жолыңды оңғартсын, - дейді.

Әлгі жігіт ұзақ жол жүріп, бір ауылдың үстіне түседі. Сол жерде үлкен бәйге болып жатыр екен. Осы бәйгені жасап отырған бай:

– Кімде-кім осы жарыста озып келсе, соған өз қызымды қосамын, - дейді.

Бұл бәйгеге әлгі жолаушы жігіт те атын қосады. Жолы болып, жігіттің аты бірінші келеді. Сонда қалың елдің алдымен ағындап өтіп бара жатқан жігіт ұрандайын десе ұраны жоқ, бірақ табан асты тапқырлық жасап, атының түсін тілге тиек етіп:

– Құлақаска! Құлақаска! – деп өте шығады.

Бірақ жеме-жемге келгенде бай өз уәдесінен айнып кетеді. «ұраны жоқ, елі жоқ, соқа басты көлденең жолаушыға қызымды бермеймін», - дейді. Бұл жайдың аяға үлкен дауға айналады. өткір мінезді жігіт билікке жүгінеді.

– Мен елсіз де, жерсіз де емеспін. Елім мен жерім шалғайда. Үш ағайындымын. Бірақ ұрпақсыз болғандықтан әкемнің тілімен елден кеттім. Жаратушы жар болып, осы елге келдім, бәйгеге түсіп, жеңдім. Тағдыр менің маңдайыма осы қызды бақ етіп жазған шығар. Жағылмаған шырағым осы қыздан жануды бұйырткан болар. Сондықтан әділін шешіп беріңіз. - деп билерге жүгінеді.

Билік қылғандар жігітті жақтайды. Сөйтіп қыз жігітке бұйырады. Содан ол қалыңдығы екеуі осы Қаратау қойнауындағы Ақсүмбе, Сауыскан деген маңайға келіп орнайды. Сол Ақсүмбенің төменгі жағында алшын Борбастың мазары бар. Содан Жыныс Ата маңына Ботбай бидің баласы Марқабай келеді. Марқабайдан Тілеу туады. Тілеудің тоғыз баласы болады. Сол тоғыз баладан тарап отырмыз. Соның ішіндегі ең үлкені Мәмбеткүл, Бәйімбет, Кенесбай, Ерімбет, Нұрымбет, Шерімбет, Омар, Марқабайдың ағасы Асан. Асаннан Сарымсақ, Тоғай, Қарымсақ.

Бәйімбет 16 жасында Меккеге барып, қажы болып келген екен. Бәйімбет осы Жыныс Атаға мешіт салдырады. Соны салып жатқан кезде ағаш жетпей қалады. Сонда Бәйімбет ұстаға: «Анау әулиенің ағашын кес», - депті. Ұста ағашты кескенде, одан қан шыққан. Осыдан кейін әжінің екі баласы бірінен соң бірі қайтыс болып кетеді.

Бәйімбет әжінің Созақта Ноғайбай деген өзбек досы болады. Соған Бәйімбет былай дейді екен: «Егер мен бұрын өлсем, менің әйелімді сен ал, сен бұрын өлсең әйеліңді мен аламын». Ноғайбай ерте қайтыс болады. Оның әйелін Бәйімбет алып, одан Мырзахмет, Әжіхан деген екі бала туған. Осы күні Созақтың өзбектері Файзулланың қазақ әйелінен туғандары қазақпыз, өзбек әйелінен туғандары өзбекпіз дейді екен. Жаңағы бірінші алам деп жүрген қызын әкесі алдырмай қойған. Бірақ ол кейін өзіміздің Құлтума алшын Сейітке барып, Жұмақ деген ұл туады.

Қазіргі таңда Жүсіптің баласы Тұрлыбек пен Тұрарбек. Ісметтен Марат, одан Заңғар туады.

Алпысбек ЖӘЛЕЛҰЛЫ,
Абай ауылы,
Созақ ауданы.

ЖОЛБЕРЛІ ҰРПАҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Шеркештің бір бұтағы Жолберлі әулеті бүгінде қабырғалы ел болып, өз қатарынан елге танымал көптеген аяулы азаматтар дүниеге келді. Замана толқыны бұл әулетті де айналып өткен жоқ. 1930-1937 жылдары Мәлікайдар Күлетов, Момбек Ахметов, Жанұзақ Оразымбетов, Ерімбет Тілеуов, Шубай Ерімбетов, Сәрсенбі Мұстафаев секілді азаматтарымыз жазықсыздан жазықсыз саяси қуғын-сүргінге ұшырап, халық жауы болып ұсталып кетті. Сағынтай Күленов, ағайынды Әліп, Шаймерден Торғамбаевтар, Серік Қойшыбаев, Әбдікәрім және Мәуленбетовтар, Әбдіхалық Ембергенов, Жүніс Қарымсақов, Үдербай Мұқаев секілді т.б. аты аталмаған көптеген ұлдарымыз майдан даласында опат болды.

Мысалы, Ерімбет Тілеуов секілді айтулы азамат ұрпағы Шубай 24 жасында Алматы облысының Қаскелең ауданында халық соты болды. Ал еліміздің көрнекті заң қызметкері Ескендір Ерімбетов Алматы, Шымкент облыстарының прокуроры, РСФСР Жоғарғы сотының мүшесі болды. Ал Кәрібек Күлетов Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрі болды. Ол туралы Д.А.Қонаевтың «Өтті дәурен осылай» кітабында жылы лебіз білдірілген.

Ал көрнекті қоғам қайраткері Есен Дүйсенов ұзақ жылдар бойы Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасы болып, абыройлы қызмет етті. Сондай-ақ Мүсілім Олжабаев соғыстан майор шенінде оралып, партия, кеңес қызметінде істеді. Қарақалпақстан АССР-ында лауазымды қызмет атқарды. Қызылқұм аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болды. Сондай-ақ түрлі салаларда қызмет атқарып, ел құрметіне бөленген азаматтар қатарында Әбдіқадыр Ембергенов, Қасқабай Сәрсенбаев, Еділ Иманов, Башан Оразымбетов, Сағынтай Жұмағұлов, Садуақас Нұрымбетов, Әбіл Нұрымбетов, Жаңабай Қазыханов, Әнуарбек Сүлейменов, Әбдірайым Керімбаев, Нұржан Әлиев, Нартай Бейсенбаев, Қасымбай Жақанов, Алтынай Ибаходжаевалар бар. Гүлсім Досжанова – медицина саласының көрнекті маманы, ғылым докторы.

Қазақ тіл білімінің тарихындағы аса көрнекті тұлға, филология ғылымының докторы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Ісмет Кеңесбаевтың есімі республика ғылымының тарихына алтын әріптермен жазылып қалды.

Айтыс өнерінің ақиығы, Қазақстанның бас ақыны атанған Көпбай Омаровтың айтыскерлік өнері қазақ әдебиетінің тарихында терең із қалдырды.

Алпысбек ЖӘЛЕЛҰЛЫ,
Абай ауылы,
Созақ ауданы.

АҚКӨБЕК ӘУЛЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Жамбыл облысының Сарысу ауданына қарасты Жайылма, Байқадам, Жаңатас, Таразда және Шымкент түбіндегі Қайтпас-2 ауылында Ақкөбек атаның балалары біршама шоғырланған. Сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданының Шу ауылында, Жаңаарқа ауданында да ағайындар шашырай орналасқан. Құрман атының бел баласының бірі Ақкөбектен тараған ұрпақтар арасында аты елге жайылған адамдар аз болмаған.

Отыз екінші жылдың наубетінде Жаңаарқа жерінен қоныс аударған туыстарымыздың арасында ел-жұртына басшылық жасап, колхоз, ауыл басқарған азаматтар жетерлік. Солардың қатарында Сарысу ауданындағы Киров атындағы колхоздың төрағалары болған Күшікбасов Түсен, Жанпейісов Байділда, Күшікбасов Өміртайлардың есімін атауға болады. Ал Исаев Бөжен, Садуақасов Күземәлілер де Байқадам төңірегіндегі колхоздардың төрағалары болса, Ынтықбаев Шыныбек «Үшбас», «Өндіріс» колхоздарын басқарды. Иманбаев Төлеубек Алматы облысының Қаскелең ауданындағы «Дружба» колхозына ұзақ жылдар бойы төрағалық етті.

Жанкел Серікбаев соғысқа дейін Ленин ауылдық кеңесінің төрағасы болса, Мырзағара Ынтықбаев та алпысыншы жылдары осы ауылдық кеңестің төрағасы болған-ды. Ал Бәкен Серікбаевтың есімі, оның күрескерлік келбеті бүкіл қазақ халқына мәлім. Ол туралы Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», жазушы Дулат Шалқарбаевтың «Ақиықтар» кітабында жақсы жазылған.

Полковник Мәсәлім Хасенов деген ағамыз Қарағанды облыстық ҰҚК-ін басқарса, Сәтбек Шүленбаев та осы салада қызмет істеді. Қарағанды облысының Молодежный аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып жемісті еңбек етті. Мәжікен Момбаев сол Қарағанды облысының Шет, Нұра аудандарын ұзақ жылдар басқарды.

Абдулла Арипов ағамыз айтулы ұстаз, физика-математика ғылымдарының кандидаты болса, оның қызы Айсұлу медицина ғылымдарының докторы. Суат Бегманов деген ініміз айтулы суретші болды. Сармантай Исақ – фантастикалық жанрда қалам тартып жүрген жазушы.

Октябрь ТҮСЕНОВ,
Жайылма ауылы.

ҚҰЛТУМА ӘУЛЕТІ ЖӨНІНДЕ

Кешегі жаугершілік заманда, Кенесары хан патша өкіметіне қарсы көтерілген тұста ханның Арқа, Шу өңіріндегі Шеркеш алшындардан да қосын жинағаны белгілі. Сонда Кенесары ханның жүзбасы болған Қорлыбай батыр есімі ел есінде сақталып қалған. Құлтуманың Рысқұл тармағынан тарайтын ұрпақтары арасында әкелі-балалы Төрекұл мен Қарғаш туралы көп әңгімелер ел арасында осы уақытқа дейін аңыз етіп айтылады. Бұл кісілердің ұрпақтары қазір Жамбыл облысының Сарысу және Талас аудандарында тұрып жатыр.

1852-1913 жылдар арасында өмір сүрген Жұмағұл Байтөбетұлы айтулы бай болған кісі. Ол 1893-1894 жылдары Меккеге қажылыққа барып, мұсылмандық парызын өтеп қайтқан.

Иген НҰРМАХАНОВ,
Саудакент ауылы.

ҚҰЛТУМА МӘМБЕТҚҰЛ ӘУЛЕТІ ЖӨНІНДЕ

Әкелерімізден естіген дерек бойынша Құрман мен Құлтума бір туған. Құрман – Құлтуманың туған ағасы.

Құлтума атамыздың Мәмбетқұлының Байболатынан тараған Тілес, Өтеулі, Айшуақ ұрпақтарының жайлауы – Арқаның Қоңырқұмындағы Қожансор және Сасық, Шиелі деген жерлер. Ал қыстаулары осы күнгі Созақ ауданындағы Жуантөбе мен Тастының ортасынан өтетін Үшкөкшенің құмы екен.

Ал бабаларымыздың ішінде Айшуақ ұрпағынан тараған Көпірбай, Тілес ұрпағынан Орман, Өтеулі ұрпағы Аубай бай болған. Сол Аубайдың ұлы Ахмет болыс болса, Орманның Тобағабылы старшын болған екен. Тілестің Атанқарасынан туған Бесбай деген ұлы Кенесарының айтулы батырларының бірі болып, Батырбай – Батырбасы атанған.

АРҚА МЕН ШУДАҒЫ ҚҰРМАН, ҚҰЛТУМА

ӘУЛЕТТЕРІНІҢ ҚОНЫСТАРЫ

Шеркештің Құрман, Құлтума аталардың ұрпақтары кешегі отыз екінің жұтына дейін қыста Шу бойын, жазда Арқаны жайлаған.

Шу өңірінде Тербетбай деген жер бар. Бұл кісі Жақсылық атадан шыққан. Қабыл атаның Құрман деген баласының ұлы Тербетбай атымен аталған. Бұл күнде ол кісінің ұрпағын жалғастырушы ешкім жоқ. Сол Тербетбайдан Қызыларалдың тұмсығы арқылы Қамқалыға қарай кететін тік жол шығады. Сол Тербетбайдың шығысында белгілі революционер Бәйсейіт Әділовтың бейіті бар. Ал Қуаралдың батыс жақ тұмсығында жағалбайлының белгілі адамы Арғынбайдың Өксікбайының қыстауы бар. Тербетбай мен Тастыға дейінгі аралық шамамен жетпіс шақырымдай. Міне, осы аралықта Бетпақдаламен шендесетін арғы Шу мен орта Шуды төрт ата алшындар қыстаған. Арғы Шуда Жақсылық атаның ұрпақтары қоныстанған. Яғни Тербетбай, Ақкөл, Қылы өткелі, Қызылжайма аймағы солардың иелігінде болған.

Әлгіндегі Қылы өткелінен Отыншы тұмасы он шақырымдай жерде. Тұманың бергі жағында атақты Отыншы байдың ағаш үйі болған. Қылы өткелінен оңтүстікке қарай кететін Сүмбе жота мен орталықта Құлтума, оның кенже ұлы Кенжеғұлдың әулеттері иеленген. Құрсуат пен Тастыға дейінгі өңірді Ақкөбек, Досым, Құдайберлілер қыстаған. Бұл аймақты Бергі Шу деп атайды.

Жәйкен МҰҚАНОВ,
Жайылма ауылы.

ҚАРҚАРАЛЫ, ШЕТ ӨҢІРІНДЕГІ АЛШЫН

ҰРПАҚТАРЫ

Ертеректе Алшын ұрпақтары Арғын ішіндегі Қаракесек ішінде араласып, сіңісіп кеткен.

Ертеде, 1720 жылдар шамасында, Алшыннан Тоқатай (Кей ауызекі деректе Тоқа-Едіге батыр деп те айтады) деген батыр жігіт қазақ-қалмақ соғысында Арқада, Қаркаралы өңірінде қалыпты. Кейіниректен еліне, Орал жаққа барып, әлдебір себептермен еліне, ағайындарына өкпелеп, Арқаға қайта келіпті. Ағамды жалғыз жібермеймін деп, оның соңынан жалғыз қарындасы да ере келіпті. Қарындасы Арғынның Қаракесегі ішіндегі Шекшек руының Нұралы деген адамына тұрмысқа шығады. Қазіргі Қаркаралы өңіріндегі 11-12 ата Шекшек руын Нұралы баба ұрпақтары деп те атап, оның аруағына сиынып, тәуеп етіп жүреді. Нұралының бейіті Талды өзенінің бойында, Талды станциясы мен Қарағайлы қыстағының ортасында, Бүркітті ауылының тұсында. Шекшек ұрпақтары 1999 жылы ол кісінің басына үлкен кесене тұрғызды. Тың игеру кезінде «Қырғыз» совхозының орталығын (қазіргі Бүркітті ауылы) салғанда, Нұралы бабаның бейітін бұзып, тасын мал қара салуға тасып әкеткен екен. Бірақ ол кісілер көп кешікпей ауру болып, өмірден қайтыпты. Қазір олардан ұрпақ жоқ.

... Атамыз Тоқатай Қаркаралының оңтүстік-шығысында 40-50 шақырым жердегі Көктал өзенінің бойындағы Қаракуыс деген жерді мекендеген екен. Ол жерде сол бір тарихи кезеңдердің куәсіндай Жанқабыл өлкесі, Тілеуқабыл өлкесі деген жер аттары әлі күнге дейін бар. Сол Қаракуыс, Шымылдық тауларының етегінде Көктал өзенінің бойын аз ауыл алшындар біраз жыл мекендепті. Кейін Қаркаралының аға сұлтаны болған Жамантай тізесін батырып, алшындарды сендер енді төленгіт болыңдар деп үгіттейді. Төленгіт болу деген сөз – сұлтанға жасақ болу деген сөз. Қазір солар өз руларын ұмытып, Жамантай ханның төленгіті болғандар, өз алдына сол ру атын алып, төленгіт болып отыр. Содан аталарымыз Орынбор генерал-губернаторына жүгініп, Қаракесектің Сарым руларының жерінен жер кескізіп, карта жасатып (қойдың терісіне сызғызып мөрлетіп) алып, Қаракуыстың оңтүстік-батысына қарай, Сарымның ішіндегі Қазақпай өзенінің бойында Наршөккен, үлкен Саржол, Саржол, Кәрітүлкі, Шолаққәрітүлкі, Қотырқызылтау бойларын мекендеген. Қазір сол жерде үлкен бір совхоз алшын ата балалары тұратын ел бар. 300-400 үй шамасында «Ақшоқы» совхозы (Бұрынғы «Ақбауыр» колхозы), (Құрама) «Қызылтау» подхозы, «Талды», «Нұраталды» совхоздарында тұрады. Мен шежірелік деректерді кезінде Қожасұлы Әбдіғаппар (Дахар) деген ақсақалдан 1982 жылы жазып алып едім. Енді сол кісі таратқан шежірені келтірейін:

Кіші жүз Алшын, оның ішінде Он екі ата Байұлы деген тармақтан таратып отырушы еді. Бекарыстан Алау, одан Алшын, одан Құдияр бабаларымыз болған дейтін.

Енді кейінгі шежірелерге жүгінсек, бұдан әрі былай тарайды: Құдиярдан Қаракесек пен Қыдырбай яғни Байұлы. Одан Беріш. Беріштен Байбақты мен Байсейіт туады.

Байсейіттен Жайық. Одан Дәулет, Тыныс, Бакай, Баян, Наурыз.

Дәулеттен Дүйсен мен Тумаш туады. Тумаштан Сейіт, Жаубасар, Ерназар дүниеге келген. Ерназардан Алдар бі, одан Таймас, Мемлеке, Тілеке, Есенбай, Тоқа (Тоқатай) туған. Біздер осы Токатай ұрпактары болып келеміз.

Совет ҚАБЫЛДИН.
Қаркаралы қаласы,
Қарағанды облысы.

КӨКШЕ МАҢЫНДАҒЫ АЛШЫНДАР

Жаңаарқалық шежіреші, зерделі азамат Берген Қожамұратов Астанадағы мешітте Ахат Сағынбаев деген алшын жігітпен кездесіп, мекен-жайын алып қалыпты. Сол Арқа сапарында мен Көкшетаудың Шортанды (Шучье) ауданындағы бұрынғы Абылайхан атындағы совхозға, қазіргі Қызылағаш ауылына бардым. Біздің Жақсылық алшынның шежіресінде Бименбеттен тараған Айтуардың балаларының Атығайлар арасына, Қызылжар жаққа ертеде кеткендігі жарнама түрінде шыққан бюллетенімізде айқын көрсетілгенеді. Осы күдікті ойға тамызық болған бір жай ертеректе шежіреші ағамыз Кәрібоз Дүйсенбаев Айтуардан тараған екі бала жігіттің ел ішінде жүйрік атка байланысты бір үлкен дау туып, Орта жүз ағайындар наразылығынан Атығайдағы апаларына кеткен деген әңгіме айтылған-ды. Бір ғажабы кейін елу бес жылдан кейін жоғалып табылған Жақып, Кәдірсіз дейтін кісілер жаздырткан Жақсылық шежіресінде де осы мәлімет алдымыздан шықты. Осы бір жайды көкейге түйген мен 2003 жылдың қазанында Қызылағаш ауылына да ат басын бұрдым. Сөйтіп мән-жайды айтып, сондағы ағайындармен таныстым. Орыстанудың ең үлкен "мектебінен" өткен ағайындар ауылда бір ғана орыс басшы болғандықтан барлық балалар орыс мектебінде оқыған, барлық жиын-жиналыс орыс тілінде өткендігін жыр етіп айтты. Көнекөздер кетіп қалған. Сонда да болса алшындардың осы жерге қоныс тебуінің өзіндік тарихынан кейбірлерінің аз-кем хабары бар екен. Арғы аталарының аты-жөндерін білгенмен де, қайдан келіп, қайдан тұрғандығы жөніндегі мәліметтері тұмандылау. Газетті көрсеттім. Мұндағы алшындар туралы мәліметтердің бізде мүлдем болмағанын айтып, көне дәптердегі Айтуар балалары туралы мәліметті алдарына тостым. Бәрі таңданып жатыр. Енді екі күнгі әңгіме бойында айтылған ауыл қариялары Кеңбай Асылбекұлы мен Зейнолла Бекмұканбетұлының естеліктерін ел назарына қорытып ұсынып отырмыз. Олардың Атығай Қарауылға ұзатылған Тойбек апа туралы мәліметтері бір шыққанмен, оның күйеуінің есімдерінде бір шатыс бар. Дегенмен де Кентайдың нұсқасы шындыққа көбіректеу келеді.

Ертеректе оңтүстік жақтан екі жігіт осы Атығай Қарауылға келеді. Себебі бұл жакта олардың туған апасы Тойбек деген сол елдің айтулы Рысқұл биіне ұзатылған екен. Ал бұл жаққа келген екеуінің біреуінің аты Малтабар да, екіншісінің аты Жапақ болған. Бірақ екеуінің бұл келісі тектен-тек болмайды. Екеуі елде жүргенде үш жүзге сауын айтылған аска көршілес Орта жүз ағайындардың жаратып отырған сәйгүлік атын алып кеткен. Тентек әрі ұрма мінезді біреуі атқа барады. Сонда күзетші аттанғанда, оны алып соғып, тілін кесіп алады. Сонда үлкені кішісінен: "Не істеп келдің?" – дейді. "Сөйлемейтін етіп келдім", - депті екіншісі. "Ойбай-ау, одан да оны өлтіріп жіберу керек еді ғой", - депті...

Содан бұл жайды естіген әкесі екі ұлын Атығай Қарауылға асығыс аттандырады.

- Мен осындағы Орта жүздің ел жақсыларымен сыйласып отырған адаммын. Көршілік татулығымызға көленке түсірдіңдер. Ант аттаған жақсы емес.

Ел тыныштығы бұзылды. Мынау абыр-дабыр, айқай-шу басылғанша екеуін де елден кетіңдер. Анау Атығайдағы Тойбек апаларына барып паналай тұрыңдар, - деп түн қараңғысында елден асырып жібереді.

Малтабар мен Жапақ Рысқұл жездесінікіне келеді. Ол балдыздарын жақсы қарсы алады. Көп ұзамай екеуінің соңынан туыстары келіп, оларды алып кетпекші болады. Апасы мен жездесі мол сый жасап, түйе артып беріп, кері аттандырады. Жолаушылар ұзап кеткеннен кейін көңіліне күдік алған апасы Тойбек өз інілерінің тосын келген сырын өз күйеуіне тұңғыш рет жайып салады. Сонда болған жайдың шын болмысын толық ұққан жездесі туған інісі Монтай батырға ат шаптырады.

– Анау екі балдызымды кері қайыр. Ылғи дау-шары таусылмайтын Орта жүздің намыской жігіттері аз ауыл алшынға ылғи қысастық жасап келгені аз емес. Тілі кесілген жігіттің құны жоқ дейсің бе?! – деп Монтай батырды бір топ жігіттермен кеткендердің соңынан аттандырады...

Дарқан пейілді Рысқұл содан екі балдызын жібермей үйлендіріп, мынау тұрған Сынтас пен Қызылағаш бойынан жер кесіп береді. Осы күні сол Малтабар мен Жапақтың кіндігінен тараған елу-алпыстай шаңырақ алшындар осы өңірді құт қоныс қылып отыр, - деді.

Иә, Кеңбай қария мен Зейнолла ағамыздың айтқан әңгімелері адамды еріксіз алуан ойларға жетелейді. ұлан-байтақ даланың әр бұрышында тағдыр толқынымен тарыдай шашылып кеткен кіндіктес бауырларымыз қаншама десеңізші. Міне, сонау көгілдір Көкшенің солтүстік-батыс етегінде екі ұрпақтан тамыр тартқан Он екі ата Байұлының Шеркеш атасынан тараған Жақсылық бабамыздың ұрпақтары да, Бурабай баурайына тақау жерде Көкше өңірінде өмірдің бұйыртқан несібесін теріп жеп жатыр.

Пернебай ДҮЙСЕНБИН.

ДЕРЕКТЕР



БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ РУЛАР

1748 жылы Әбілқайыр ханды Барақ сұлтан өлтіргеннен кейін 1749 жылы оның ұлы Нұралы хан тағына отырды. Нұралы 1785 жылға дейін, бұдан соң інісі Ералы (1791-1794), сонан соң баласы Есім (1795-1797), ақырында Нұралының інісі Айшуақ (1797-1805) хан болды. Бірақ қартайып қалған Айшуақ елге қадірлі болмады. Оның тұсында Ордада берекесіздік үдей түсті. Өзінің хан ордасын билеуге шамасы келмейтініне көз жеткізген ол ақырында Жайықтың арғы бетіне қарай ығысты. Айшуақ Орынбор шекаралық комиссияның қолдауымен хан болып сайланған болатын. Ал Әбілқайыр тұқымында хан тағына отыруға одан басқа екі үміткер бар еді. Олар Нұралының балалары – Қаратай мен Бөкей болатын.

Хан жанында хан кеңесі құрылып, оны төрағалығына Бөкей тағайындалған-ды. Кіші Орданың ханы болу өзіне бұйырмайтындығын білген соң ол өз ықпалындағы қазақтарды Жайықтың оң жағалауына – ішкі бетке өтуге үгіттей бастады. Сонымен қатар Ресей императоры Павел 1-ден Жайық пен Еділ аралығындағы бос жатқан аймаққа көшіп баруға рұқсат сұрады. 1801 жылы Бөкейдің бұл тілегі қанағаттандырылды.

Бөкеймен бірге Жайықтың батыс бетіне, негізінен, Байұлы руларынан 5000 шаңырақ қоныс аударды, ұзамай тағы да 1265 үй көшіп келді. Бұдан басқа Орта Азиядан көшіп келушілер де толастамайды. Сөйтіп 1803 жылы мұндағы қазақтар саны 7500 шаңыраққа жетті. 1828 жылы орыс үкіметі "қолайлы қоныс тапшы" дегенді желеу етіп, бұдан былай қоныстанушы қырғыздардың көшіп келуіне тыйым салды. Сөйтіп, Ішкі Орданың шекарасы белгіленіп, Бөкей оны өз қарамағындағы елінің қалауынша пайдалануына мүмкіндік алды.

1812 жылға дейін Каспий жағалауында көшіп жүрген Бөкей жай сұлтан болатын, тек сол жылы ғана оған хан атағы берілді. Бөкейдің хан тағына көтерілуін зерттеуші ғалым Я.В.Ханьков былайша суреттейді: "Рәсім 1812 жылдың 7 шілдесінде болды. Орал қаласының сыртындағы шоқ тоғайға ("Хан тоғайы") әскер қойылып, дайындық жасалған соң князь Волконский мен Бөкей әдейі әзірленген орынға келіп отырды. Орал әскери губернаторы жиналған қырғыздарға (қазақтарға) Бөкейді хан көтеру жайлы аса мәртебелі шешімді жариялады, одан кейін хан дәрежесіне бекіту туралы Жоғары мәртебелі грамоталар орыс және татар тілдерінде оқылды да, Бөкейді хан көтеру және Құран ұстап, ант беру рәсімі басталды. Рәсім аяқталысымен 12 дүркін зеңбірек атылып, үш мәрте мылтық оғы жарқылымен музыка ойналды. Жаңа ханға құрмет ретінде, бұлғын ішек пен бұлғын бөрік кигізіліп, есімі жазылған жоғары дәрежелі грамота тапсырылды..."

Сөйтіп, Еділ-Жайық арасында Бөкей хандығы немесе Ішкі Бөкей ордасы құрылды. Бөкей 1815 жылы қайтыс болды. Денесі Каспий теңізі жағалауындағы қазіргі Красноядр ауданы, Кішкене Арал селосы маңына жерленді.Оның артында қалған үш ұлы Жәңгір, Әділ және Меңлігерей жастау болғандықтан Орданы тоғыз жылдай Бөкейдің ағасы Шығай сұлтан биледі. 1824 жылы хан тағына Бөкейдің үлкен ұлы Жәңгір отырды. Ол өлгеннен кейін хандық құқықты паж корпусында тәрбие алған, князьдық беделге бекітілген ұлы Сақыпкерей иемденді, бірақ екі жылдан кейін ол да дүниеден озды. Жәңгірдің артында сегіз ұлы мен екі қызы қалғанына қарамастан хан тағына ешқайсысы ие бола алмады. Сонымен хандық дәреже Бөкей ордасында біржола жойылып, "Ішкі Қырғыз Ордасын басқару жөніндегі Уақытша кеңес" құрылды.

Бөкей Ордасында XIX ғасырдың ақырында 20 ру, соның 16-сы жергілікті қазақ рулары- Кіші орданың рулары болды, ал қалған 4-і Жайықтың арғы бетінен көшіп келгеннен кейін қалыптасты. Он екі ата Байұлы - беріш, шеркеш, масқар, адай, жаппас, ысық, есентемір, байбақты, алаша, тана, қызылқұрт, таз, Жетірудың үшеуі – кердері, тама, табын, Әлімұлынан – кете – Бөкей Ордасын мекендейді. Мұнда бұлардан басқа сұлтан, қожа, төленгіт, ноғай рулары болды. "Бөкей ордасының қырғыздары (қазақтары)" деген еңбегінде ғалым – зерттеуші А.Харузин сұлтан руы ақсүйектер тұқымынан құрылған деп есептейді. Мұны осы мәселемен айналысқан көптеген оқымыстылар да қуаттайды. 1862 жылы Мейер "Жайық сыртындағы Кіші Ордада сұлтандар дворяндар саналып, ешбір руға кірген жоқ", - деп жазды. Ал Гебель бұрынғы Бөкей ордасында Жәңгір хан тұсындағы руларды сөз еткенде сұлтан руы дегенді атамайды.

Қожалар сұлтандарға қарағанда ру болып ертеде қалыптасқан. Бұрынғы заманда қожалар ықпал етуі және артықшылықпен пайдалануы жағынан басқа рулардан жоғары тұрған. Қожаларды Жәңгір хан өз қамқорлығына алды. Қарауылқожа Бабажановтың шексіз билікке ие болып, елді билеп-төстеуі де содан еді.

Сұлтандар өздерін Шыңғыс ханның ұрпағымыз дейді. Ал қожалар исламды уағыздаушы қожадан шыққан. Діни қызметші Сотников қожаларды екі руға бөледі: біреулерін Мұхаммедтің Фатима деген қызына үйленген Ғазірет-Ғалидан таратады. Олар Сейіт қожалар деп аталады және өздерін "ақ әулие тұқымынанбыз" дейді. Басқалары әртүрлі ру басыларынан құралған, жай қожалар. Дегенмен олар да ақсүйектер. Бөкей ордасында 500 шаңырақ, 2750 адам қожа болған. Олар үш бөлімге бөлінеді. Мырза қожа, Төре қожа, Кедей қожа. Соңғылары ең құрметті саналады.

Ордада пайда болған тағы бір ру - төленгіттер. Бұлардың сұлтан таңбасы бар. А.Левшин оларды барлық қазақ руларынан тысқары санайды. Бірақ олар сұлтандармен бірге көшіп-қонады. Небольсин: "Төленгіттер хандар мен сұлтандардың қызметшісі болып, кейін руға айналған", - деп жазды. Бөкей ордасында төленгіттер 500 шаңырақтан аспаған. Әрдайым олар сұлтандармен бірге болған. Мәселен 1-Примор округінде сұлтандар болмаған, сондықтан да төленгіттер де болған жоқ.

Ноғай руының шығу тегі жайы егжей-тегжейлі деректер жоқ. Кейбіреулері ноғайлар Қырымнан Жайық сыртындағы далаға ағайынды төрт жігіттің бастауымен келіп, қоныстанып, қазақ қыздарына үйленген дейді. Енді біреулер хан өзінің үстемдігін нығайтпақ болып, төңірегіне түрліше адамдарды жинаған, солар бірігіп, ноғай руын құраған дейді. Кейбір ноғайлардың арасында: "Бөкей орданы құрғанға дейін де осы өңірді ноғайлар жайлаған",- деген аңыз айтылады. Мұны бекер деу қиын. Өйткені ноғайлар мұнда қалмақтардан бұрын болған.

Бөкей ордасын қарақалпақтар да мекен еткен. Ордада бұлардың 80 шаңырағы болған. Бұлар Торғын, Таловка бөліктерін қоныстанған.

К.САТҚАЕВ,
Астрахань мұражай-қорығы
тарих бөлімінің аға ғылыми қызметкері.

ЕСКІ СУРЕТКЕ ЖАҢА БІР ТҮСІНІК

Бұл суретте Қазақ ішкі ордасының (бұрынғы Бөкей ордасы) кеңесшісі Мақаш Бекмұхамбетов пен Нарын қисымының әкімі Өтешқали Атаниязов (бұл 1897 жылы ескі) 1896 жылы 14 мамырда осы кеңес бастығы В.М.Лазаревскийге саф алтыннан соғылып, ақ мақпалмен қапталған қазақ киіз үйінің макетін тапсыру рәсімі бейнеленген. Ел ішіндегі әңгімеге қарағанда 50 жыл (1846-1896) өздері үстемдік жасаған Ресей патшасы бөкейліктерді христиан дініне айналдыру жолында түрлі айла-шарғыларын үдете түседі. Мұндай сұмдықты болдырмау жолында Мақаш жертөледе аса құпиялықпен 17 кавказдық зергерге осы макетті соқтырады. Бұл туралы мен балалық шағымда сол шеберлердің бірі Әбдікадырдың өз аузынан естігенмін. Ол кейінірек біздің ауылға келіп, өмірінің соңғы 40 жылын өткізген-ді. Мұны біздің ауыл қариялары құмық дегенмен, ол лак еді. Қазір ел арасында мұның екінші нұсқасы пайда болып, бұл макетті 1836-1837 жылдардағы бөкейлік кедейлердің көтерілісінен кейін Жәңгірдің Тұрлығұлов Шәкір дегенге жасатып, 1Николай патшаға сыйға тартқан макет деп түсінушілер бар. Бұл қате пікір, бірақ макеттің екеу болуы ғажап емес. Қалай болғанда да тап осы суретте жоғарыда айтылған әңгіме бейнеленген. Кім не десе де, осы суретті тұңғыш тауып, оның түсінігін ең алғаш оқыған осы жолдардың авторының пікірі осылай. Сөйтіп Мақаш халқымызды бір сұмдықтан осылай құтқарған.

М.ЖОЛЖАНОВ.

Осы тарауда бұл пікірге Е.Бекмұхамбетовтың қарсы дәлелі басылған. 103- бетті қараңыз.

***

Жәңгір ханның кеңесшілер құрамы: шеркеш руынан Мұфат Айдаболов, ноғай-қазақтан Шомбал Ниязов, беріш руынан Балқы Құдайбергенов, байбақты руынан Құнанжан Сапақов, алаша руынан Алтай Досмұхамедов, жаппас руынан Көшатыр Монақов, ысық руынан Жантуар Әбтанов, қызылқұрт руынан Тотан Сексенбаев, адай руынан Байтақ Түменов, таз руынан Құдайшүкір Бозаев, жетірудан Кендірбай Рысбаев, кете руынан Боз Боздақов.

Б.ҚОРҚЫТОВТЫҢ
қолжазба дәптерінен.

ЖАҚСЫ ҮГІТ

Қазақ өлең, жырларының жинағы. 1908 жылы Қазандағы «Ағайынды Каримовтер» баспасынан шыққан. Ел аузынан жинап, бастырушы – ішкіордалық правитель (әкім) Мақаш Бекмұхамбетұлы. Көлемі 24 бет. Жинаққа «Күйеу таңдаған шабондоз қыз» (құрастырушы атымен берілген), «Есек пен бұлбұл» сияқты халық әдебиеті үлгілері мен шекті Мөңке би, шеркеш Түрке би, тана Нұрке билердің шешендік сөздері енген. Жыраулар поэзиясынан Шалкиіз жыраудың Есім ханға, қаратоқай беріш Есет жыраудың қартайған шағында айтқаны, «Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағаның жапанда өлейін деп жатып айтқаны» дейтін жыр, толғаулар бар.«Жақсы үгіт» - қазақтың ертедегі әдебиет нұсқауларының бағалы жинақтарының бірі.

«Атырау» энциклопедиясы.
Алматы, «Атамұра» баспасы. 2000жыл.
212-бет.

КӨКМЕШІТТЕ КІМДЕР ЖАТЫР?

Өткенді білмей, келешек жоқ демекші, мен үлкендерден естіген әңгімелерімді жинақтап жүремін. Шежіре деректерге қарағанда, Ол екі ата Байұлының үлкені Қыдырсықтан Шенеш пен Шеркеш тарапты. Шенеш жастай дүниеден өткен көрінеді. Одан туған баланы Шеркешке қос болсын деп есімін Қосым қояды. Ол жасында Шеркештің тәрбиесінде болған. Қазір Қосымды бес арыс Шеркештен тараған ұрпақтар аға баласы санап, үлкеніміз деп төрге отырғызады.

Қосым. Жауғаштың. Қойыс. Шумақ. Қылышкескен болып өрбиді.

Жауғаштының 8 арысы мыналар: Батыркожа. Аманай. Құлан. Тума. Құрмас. Андағұл. Жатай. Қара.

Батыркожадан – Құдайназар мен Саназар. Құдайназардан – Бекжан. Аталық. Өтеміс. Аталықтан – Жабайы. одан Қазыбек.

Қазыбек халқына еңбегі сіңген ардақты би болғаны тарихтан мәлім. 1926 жылға дейін Қазыбек болысы. кейінірек Қазыбек ауылдық кеңесі құрылды. Миялы селосынан 5 шақырымда Қазыбек тоғайы бар. Қазыбек би 1760 жылы туып. 1824 жылы 64 жасында дүниеден озған. Мүрдесі өз есімі аталған қорымда.

Саназардан тараған ұрпақтар: Өтеген. Үсен. Қожаберген. Тоқтабай: Өтегеннен – Егізбай. Тәмтікбай. Боржық. Бижан. Сергазы. Серімбет.

Серімбеттен – Айжарық. Дегенбай. Бектұрған. Сәнеке. Қыздарбай. Сансызбай. Дүрмен. Есенбай.

Айжарықтан – Ишанберлі. Байдәулет. Ишанберліден – Налай. Налайдан - Ғалымжан. Әбу. Сағын. Әбуден – Мереке. одан Айдар. Айдардан – Бағдат. Бауыржан. Сағыннан – Кенес . одан Сәкетай. Серік. Рүстем. Байдәулеттен – Бегім. Нұрым.

Бегімнен – Медет. Мұхит. Нұрымнан – Сыралы. Бегалы. Нұралы. Кенжалы. Кенжеғали. Бегалыдан – Жеңісбек.

выделены 10 тысяч рублей (огромная по тем временам сумма) на предотвращение ветровой эрозии и сохранение флоры и фауны региона. На эти деньги Макаш организовал экспедиционное обследование края, выявлены очаги эрозии, составлена карта - все это делали приглашенные из центра специалисты, открыто специальное учреждение по борьбе с негативными проявлениями стихии, проложена по песчаномУ массиву прямая дорога, соединившая исследовательскую станцию в местечке Жиенали с селом Ганюшкино, и так далее. Сотрудники этой станции с целью закрепления песков высаживали кустарники и деревца – лох, жузгун, тал, дикие яблони, а в низинах высевали травы. Много сил уходило на то,чтобы уберечь молодые посадки от потравы и суховеев. Сегодня об этом читать и слышать удивительно: оказывается, задолго до революции наши предки в Букевской орде проводили мероприятия по охране окружающей среды. Станция Макаша в Жиенали просуществовала до 1931 года, однако дело свое, того не ведая, мой прадед передал по наследству. Я тоже 40 лет посвятил делу улучшения земель, будучи агрономом, занимался травосеянием в Мойынкумах и других прирордно-климатических зонах страны, вывел новый сорт велоснеца ситникового – «бозойский», заработал его агротехнику. А ведь это та же трава, что сеял мой прадедушка в Нарын-песках.

Кстати, беспокойство о судьбе народа не раз остро звучал и в статьях Макаша, опубликаованных в астраханских газетах в конце прошлого века. Он говорит о причинах упадка скотоводства, единственного занятия казахов, происходившего не только по причине истощения земли, но и из-за неумелого пользования ее богатствами. Нет, не в природной лени и неприспособленности видел причины бед образованный Макаш, но в кочевом образе жизни: «Движимый чувством доброжелательности к своей родине, я позволю себе усладит мое воображение мечтой, что принятие оседлости и вместе с тем устройство правильных обществ, порядка пользования землею, всевозможных способов образования молодого поколения повели бы наш народ к направлению производительной силы его на развитие торговли и промышленности. И в скором будущем орда не только поправила бы свое благосостояние, ни и вернула бы прежнее богатство с избытком и вдругом виде, более изящном и благородном»...

Встречался Макаш и с царем. Вместе с Отешкали Атаниязулы он обратился к государю с просьбой не разлучать казахский народ с исламом, не крестить его. А в дар царю был преподнесен макет казахской юрты, выполненный из чистого золота и украшенный дорогим бархатом. На следующий день гости получили сообщение, что подарком их остались весьма довольны, и пообещали выполнить просьбу о сохранении ислама.

Сохранилось немало свидетельств о дружбе моего прадеда с великим Курмангазы, с которым они были родственниками по материнской линии. Макаш высоко ценил талант последнего и всячески оберегал его от несправедливостей, чинимных соплеменниками. В книге О. Алимгереева приводится анекдотический случай. Как-то Макашу пожаловался на Курмангазы один из родичей: якобы тот, похитив из табуна лошадь темнорыжей масти, уехал на ней, и вину могут подтвердить многие свидетели. Но это Макаш ответил: «Если бы Курмангазы увел у тебя косяк, можно было бы поднимать шум, а если речь идет об одной голове паршивого жеребенка, можешь взамен взят любую понравившуюся лошадь из моего табуна».

Вот таким был Мухамеджан Бекмухамбетов, чью память свято берегут его потомки.

Еркин БЕКМУХАМЕДОВ,
доктор сельскохозяйственных наук

МАҚАШ ТУРАЛЫ АРХИВТІК ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРДЕНДЕРІ, МЕДАЛЬДАРЫ ТУРАЛЫ

Бекмұхамедовтің дворяндық атақ алуына себеп болған құжатқа назар аударарлық:

«Пресветлейший, Державнейший,
Великий Государь Император

Николай Александрович
Самодержавец Всероссийский, Государь
Всемилостивейший!

Просит ордынский советник Временного Совета по управлению Внутреннею Киргизскою Ордою, есаул Мухаммеджан Чултуров Бекмохаммедов, о чем, тому следуют пункты:

1.В 26 день 1881 года я Всемилостивейше пожалован за усердие по службе орденом Св. Владимира 4 - степени, с пожалованием этим, на основании существующих законов, приобрел право на потомственное дворянство, а потому, желая быть записанным в дворянскую родовую книгу Астраханской губернии, с предоставлением при этом подлинной грамоты на орден Св.Владимира 4 степени, двух
копий с формулярного о службе моей списка, всеподданейшие прошу. К сему.

2. Дабы повелено было сие прошение мое принять и сделать по нему надлежащее распоряжение. Поданию подлежит в Астраханское депутатское Собрание (Прошение это) на бело переписывал (личный почетный гражданин) А.И.Добронравов. 1897 года 25 сентября. Подпись есаул Мухаммед-Джан Бекмохаммедов».

Ары қарай қосымша құжатта М.Бекмұхамедовтің қызмет бабымен жоғарлағаны, әскери шені туралы, ордендермен, медальдармен марапатталуы және Ішкі Орда қазақтары атынан Императордың қабылдауында болғаны туралы айтылған.

«Есаул Мухаммеджан Чултурович Бекмохаммедов, 66 лет от роду, магометанского вероисповедения, содержания получает в год 500р. получил воспитание в бывшем Оренбургском Неплюевском кадетском корпусе, где и окончил полный курс науки.

В службу вступил 1 января 1852 г. в чине зауряд сотника переводчиком Временного Совета по управлению Внутреннею Киргизскою Ордою..

В 1854г. произведен в хорунжии. В декабре 1854г. определен управляющим Ногаевским родом, в августе 1855г. определен правителем 2-го Приморского округа.

В августе 1864г. переведен правителем 1-го Приморского округа. В 1859 г 28 сентября произведен в сотники, а 2 марта 1864 г произведен в есаулы.

По службе он переведен обратно правителем 2 –го округа (дата не указана) и далее назначен правителем 1и 2- Приморских округов – август 1868 года.

12 июля 1885г. перемщен правителем 2-го округа.

Согласно ходатайству, предложением Астраханского губернатора от 15 июня 1890г за №1875 уволен от должности в связи с «растроенным здоровьем» и далее, по предложению Губернатора г.Астрахани от 23 апреля 1894г. за №1342 назначен на должность Ордынского Советника. И последняя запись по службе – постановлением Временного Совета исполнял обязанности ответственного чиновника при председателе Совета с 31 марта по 28 апреля 1897г.»



Орден Святого Станислава



Орден Святой Анны

Ары қаражай құжатта М.Бекмұхамедовтің марапаттаулары туралы былай делінген.

«- всемилостивейше награжден орденом Святого Станислава 3-й степени. 1866 г. 20 мая;

-всемилостивейше награжден орденом Святой Анны 3-й степени, август 1868г;

- всемилостивейше пожалован за усердную службу орденом Святого Станислава 2-й степени, 3 июня 1870г;

- всемилостивейше пожалован за отличие по службе орденом святого Станислава 2-й степени с Императорскою короною, 27 июля 1873 г;

- всемилостивейше пожалован орденом Святого Владимира 4-й степени, 26 июля 1881 г;

- бронзовая медаль «За защиту Севастополя 1854-1855г.г.»

-темнобронзовая медаль «За труды по первой Всеобщей переписи населения 1897 года.».

Мақаш атаның марапатталуы туралы айта келе, мұрағаттан алынған аса қызықты құжатты келтірейік:

«Божею Милостию, Мы Александр Третий, Император и Самодержавец Всероссийский, Царь Польский, Великий князь Финляндский, и прочая, прочая, и прочая.

Нашему Есаулу, Управляющему Прикаспийскими Округами киргиз Мохамеджан Бек-Мохамедову.

Во внимание к отлично усердной и полезной службы Вашей, Всемилостивейше пожаловали Мы вас Указом в 26 день июля 1881 г . Кавалером Императорского ордена Равноапостольного князя Владимира четвертой степени. Грамоту сию во свидетельство подписать, Орденскою печатью укрепить и знаки орденские препроводить к вам Повелели Мы Капителю Российских Императорских и Царских Орденов.

Дана в Санкт-Петербурге 12 день августа 1881г.Подлинное подписали за члена Тайный Советник Теорбский, члены Давыдов и г. Ожаровский»

Тағы бір құжат:

«Штамп: М.В.Д. (Министерство внутренних дел)

Начальник Астраханской губернии, канцеляря, 9 августа 1881 г.

№3992.Астрахань

Господину Председателю Временного Совета по Управлению Внутреннею Киргизскою Ордою.

Государь Император ,по всеподданнейшему докладу г.министра внутренних дел, Всемилостивейше соизволил в 26 день июля сего года пожаловать депутатам от киргизов Внутренней Букеевской Орды следующие награды:

Ордена: Св. Владимира 4 степени, для нехристиан установленный, - управляющему Приморскими округами киргизов, есаулу Мохамеджану Бек –Мохамедову и св. Станислава 3 ст. для нехристиан установленный.(соңғы орденмен екінші рет марапатталған).

Подпись: губернатор свиты Его Величества.

Генерал-майор (подпись неразборчива)

Правитель канцелярии Н.Петров».

Әдебиеттер көздерінен Мақаш атаның патшаның қабылдауында бірнеше рет болғанын, сондай-ақ «Аткарған қызмет тізбесіндегі» жазбалардан да білуге болады.

«... В 1881 г. Во главе депутации от Орды представлялся Императору Александру III и императрице Марие Федоровне с верноподданическими поздравлениями по случаю вошествия на престол...

...Находился во главе депутации от киргизов Внутренней Орды для принесения верноподданических поздравлений Их Императорским Величествам Государю Императору и Государыне Императрице по случаю бракосочетания их Императорского Величества с 2 января по 1 февраля 1894г».

Мақаш атаның патшаның қабылдауында болғаны Р.Отарбаевтың «Екі киіз үйдің тарихы», Т.Боранғалиұлының «Петерборға барған қазақтар», Ы.Құсайынұлының «Мақаш пен Әубәкір» деген мақалаларында анық дәлелденеді...

М.Жолжановтың 1997 жылы «Атамекен» газетіне берген мақаласын толық келтіруді жөн көрдік. Мақала «Ескі суретке жаңа бір түсінік» деп аталады.

«Бұл суретте Қазақ Ішкі Ордасының (бұрынғы Бөкей Ордасы М.Ж.) кеңесшісі Мақаш Бекмұханбетов пен Нарын қисымының әкімі Өтешқали Атаниязов 1886 жылы 14 мамырда осы кеңес бастығы В.М. Лазаревскийге саф алтынан соғылып, ақ мақпалмен қапталған киіз үй макетін тапсыру рәсімі бейнеленген. Ел ішіндегі әңгімеге қарағанда, 50 жыл (1846-1896) өздері үстемдік жасаған Ресей патшасы бөкейліктерді христиан дініне көндіру жолында түрлі айла-шарғыларын үдете түседі. Мұндай сұмдықты болдырмау мақсатында, патшаның көңілін аулау үшін Мақаш жертөледе аса құпиялықпен 17 кавказдық зергерге осы макетті соқтырады. Бұл туралы мен бала кезімде осы шеберлердің бірі Әбдікадырдың аузынан естігенмін. Ол кейінірек біздің ауылға келіп, өмірінің соңғы 40 жылын өткізген-ді. Оны біздің ауыл қариялары құмық дегенмен, ол лак еді. Қазір ел арасында мұның екінші нұсқасы пайда болып, бұл макетті 1836-1837 жылдардағы бөкейлік кедейлердің көтерілісінен кейін Жәңгірдің Тұрлығұлов Шәкір дегенге жасатып, 1 Николай патшаға сыйға тартқан макет деп түсінушілер бар. Бұл қате пікір, бірақ макеттің екеу болуы да ғажап емес. Кім не десе де,

осы суретті тұңғыш тапқан осы жолдардың авторының (М.Ж.) түсініктемесі алғашқы рет беріліп тұр. Сөйтіп, Мақаш халқымызды бір сұмдықтан осылай құтқарған.

Ең маңыздысы, Мақаш ата мен Өтешқали Атаниязов қазақтарды шоқындырудан сақтап қалды, өйткені шоқандыруды Батыс аймақтан бастайтын болған. Мұның өзі атамыздың батырлығы емес пе?

Қызмет бабымен және өз елінің патриоты ретінде Мұхамеджан Шолтырұлы патшаға 8 хат жолдаған. Осы хаттар М.Кенғанов пен Ө.Әлімгереевтердің айтуы бойынша, Мәскеудегі Мемлекеттік кітапханада сақталуда. Сол хаттарда туған халқының мұң-мұқтажы туралы, ең бастысы, Волганың оң жағалауында кейбір жер қазақтарға тиесілі екендігі айтылды.

Бір хаттарда Астрахань облысының Красный Яр (Қызыл Жар), Володар аудандары, Астрахань (Хажитархан) қаласының өзі де кезінде қазақтарға қарағандығы айтылды. XV-XVII ғ.ғ. осы жерлерде – Асан Қайғы, Доспамбет, Жиембет, Сыпыра жыраулар туып өскен. Кейінде қалмақтар жерді иемденіп, содан орыстардың жаулап алуы нәтижесінде Ресей патшалығының қол астына өткен.

М.Ш.Бекмұхаммедов патша алқасына осы жерлердің қазақтардың мекені екеніне айқын дәлелдермен көздерін жеткізіп, қайтадан атажұртына бергізіреді, бірақ 1917 жылдан кейін бұл аумақтар қайтадан Ресейге еніп кетті.

Еркін БЕКМҰХАМЕДОВ,
ауылшаруашылық ғылымдарының
докторы, профессор.

P.S: Қорыта айтқанда, Мұхаметжан Шолтырұлы патша жарлығы бойынша алты орден, екі медаль және дворяндық лауазым алғандығы ақиқатталды. П.Д.

ЕСБОЛ ДАТҚА ТУРАЛЫ

Ел есінде сақталған әңгіме желісіне қарағанда, қазақтың үш жүзінің игі жақсылары, кемеңгер даналары жиылып, ел ішіндегі жаулықты тыю туралы сөз қозғап, бір ай кеңес қылыпты. Кенесары мен Наурызбай жиналған жұрттың ішінде болғанмен, ел жақсыларының береке-бірлік, ынтымақ туралы кеңесіне кірмеген екен. Бір ай кеңес құрған жұрт ынтымақ пен бірлік туралы мәмілеге келіп, тарайтын шақ туады. Кіші жүз Есбол датқа күндізгі ыстыққа ұрынбауды ойлап, салқын түсе үйлерін жығып, көшін бастап жүріп кетеді. Кенесары мен Наурызбай ертеңіне Есбол датқаның көшін қуып келіп: «Ей, Есбол датқа, үш жүздің баласы бас қосып, бір айда тарадық. Атам Абылай хан, өзім Кенесары, Наурызбай хан деп маған сәлем бермедің, жасы үлкен деп сағаң сәлем бермедік біз. Көшіңді тоқтат, бүгін бізге мейман бол, артыңнан қуып келдік», - дейді. Сонда Есбол датқа: «Е, төрелер, үш жүздің баласы бір ай жатып, жасымды бешкеш қылып мен, хандығынды бешкеш қылып, сен сәлем бермедің. (Бешкеш – бетке ұстау, арқа тұту. П.Д.)Ақ үйдің алдында беретін сәлемді көш үстінде, ат үстінде бердік. Енді Кенесары, Наурызбай ордасына барсақ, екеуара бір табақ ет береді екен деп, көшті тоқтатып, біз бара алмаспыз».

Есбол датқа Кенесары, Наурызбайдың шақыруына бармайтынын ашық айтады. Сыпатай батыр да Есбол датқа секілді Кенесары мен Наурызбайдың Алатауға келген тұсында өзінің ел туралы, жер туралы, обал мен сауап туралы ойларынан қайтпай, туғанына тартпай, тура деп білген жолынан таймай іс қылған. Кенесарының қырғызды шабуына қарсылығын да ол ашық білдірген. Кенесарының қырғызды шабуға бел бууының себебі жайында Нысанбай жырау:

Бір күндері болғанда,
Тортөбел атын ұрлатты.
Бас себебі сол болып,
Қырғызға қарай жол тартты, -

дейді. Ел есінде қалған әңгімелерде Кенесары қырғызды шабу, бүкіл қазақтың қолын бастап, Алатауды қырғыздан арылту туралы ойын Есбол датқаға айтып, оның ақылын тыңдағысы келіп, көмегінен дәме еткен. Есбол датқа бұған: «А, төрем, тасып-тасып болған екенсің ғой, енді төгілуі-ақ қалған екен ғой. Қырғыз, қазақ деген қатар жатқан ел. Сол қырғыздың атын өшіріп, жоқ қылып, үш жүзге бөліп беріп, жер-судан шығарамын дегеніңе мен ақыл қоса алмаймын. Айтарым, Байзақ пен Сыпатай қосылса, мұны қыларсың, қосылмаса мұны қыла алмассың»,– деген көрінеді.

Сыпатай батыр Алатауға келген Кенесары мен Наурызбайдың алдына алғашқы билердің бірі болып барады. Хан шатырына келген Сыпатайдың сәлемін Кенесары теріс қарап жатқан қалпы қолын артына асырып созып алған екен. Сонда Сыпатай батыр ішінен: «Мынаның менмендігі асқан екен. Мына түріне қарағанда, мұның жолы бола қоймас», - депті.

Әлиаскар БАЙҒҰТҰЛЫ

ШЕРКЕШ БИЛЕРІ ТУРАЛЫ ТІЗІМДІ ДЕРЕК

Олардың барлығы бірдей күні кешегі кертартпа қоғамның кесірлі саясатында құбыжық ретінде көрсетілгендей, ұрпақтары құғындалатындай қанаушы тапқа жатпағаны белгілі. Кейбірінің есімдері, туған, өмір сүрген кезеңдері, тарихтан алатын орны белгісіз болып келді. Көмескі тартты. Ұмытылды. Біз үшін ата-бабамыздың, елдігіміздің тарихының қаншалықты құндылығын осыдан көреміз.

Қазақтың қазақ болып қалыптасуына дала билерінің дипломатиялық, заң шығарушылық және ағартушылық зор ықпалы болды. Олардың үлкен-кішісі жоқ еді. Шежірелік деректерді нақтылай отырып, Жем-Жайық алабында өмір сүрген екі жарым ғасыр арасындағы (XVIII-XX) Байұлының үлкен бір тайпасы шеркеш билерінің де есімдерін ел назарына ұсынуды жөн көрдік.

Бұл тізімді ұсынушы азамат – құлсарылық Қанат Нұрмаханов.

Қосым әулетінен шыққандар:

Айтуар Ноқыұлы, Аманжан Нұрымбетұлы, Есенәлі Өтепұлы, Бекайыс Дүкенбайұлы, Бисалы Қойұлы, Бимырза Тұманшыұлы, Дүйіс Қарамырзаұлы, Жайжан Мақатұлы, Қалмұрат Балтайұлы, Кенжан Талпақұлы, Қаражігіт Барқынұлы, Махамбет Өтетілеуұлы, Мамақ Ерімбетұлы, Майбалақ Тотайұлы, Маябас Елтоқұлы, Мөрлігали Бимырзаұлы, Теңдібай Жайлаубайұлы, Тілеу Өтегенұлы, Төребай Құлымбетұлы, Сары Жарылқасынұлы, Сахи Арысұлы, Сәду Жәркенұлы, Уәли Иманұлы, Ұлсары – Ұлыенем, Хантөре Байтасұлы.

Қойыс және Дербіс әулетінен шыққандар:

Айбас Қыздарбайұлы, Асау Маңдайұлы, Есенаман Кенжәліұлы, Ерімбет Үсенұлы, Бадыран Досқұлыұлы, Бейімбет Жомартұлы, Бекпембет Есмәмбетұлы, Биебек Аманбайұлы, Бөлекбай Әйтекеұлы, Дәуімшар Бабалы келіні, Қали Исаұлы, Кенжеәлі Балықұлы, Қыздарбай Досқанұлы, Мақаш Шолтырұлы, Малтахан Бекетұлы, Мүсіреп Айдаболұлы, Тәжіғұл Нөсерұлы, Тұрлан Асауұлы, Тұрманбет Пұсырманұлы.

Жауғашты, Қылышкестен әулетінен шыққандар:

Атшыбай Құракұлы, Қазыбек Жабайұлы, Қуыс Табылдыұлы, Оспан Майшағырұлы.

Әрине, Қанат Нұрмаханов ұсынған билер тізімі түгел емес. Мысалы, Шумақ әулетінен деректер мүлдем түспеді. Марқұм, белгілі журналист, зерттеуші Әнуарбек Қосанов ұсынған тізімде Байсал би, Бегімбет би, Ернияз би, Есенаман би, Нақыпбай би, Түрке би, Тұрманбай би, Шағырай би есімдері бар. Ал Оңтүстік, Орталық Қазақстанға 1797 жылы Кіші жүздің алғашқы толқыны Елек өзені бойынан-үш ауылды бастап алып, қоныс аудартқан Қаражігіт би Төлебайұлы әрі шешен, әрі би, әрі мергендігімен есімі елге танылған. Сондай-ақ Ерімбет би, Қабанбай би Байғұлұлы есімдері ел есінде сақталған.

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ШАҒЫРАЙ АТАУЛАРЫ

1.Шағырай тауы – Ақмола облысындағы Салқынкөл көлінің оңтүстік- шығысындағы Жақсы ауылы маңындағы тау.

2.Шағырай мүйісі – Ақтөбе облысының Байғанин ауданындағы тау. Абсолютті биіктігі 228 метр.

3. Шағырай үстірті – Ақтөбе облысы, Шалқар ауданындағы Мұғалжар тауының оңтүстігіндегі үстірті. Ұзындығы 170 км, ені 20 км. Абсолютті биіктігі – 280 метр.

Шағырай көлі – Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Тақтакөл көлінің солтүстік шығысындағы көл.

5. Шағырай ауылы – Шығыс Қазақстан облысындағы Аягөз қаласынан батысқа қарай 102 км жерде, Көксала өзенінің бойында орналасқан.

БІР ТАҚЫРЫПҚА ЕКІ ХАТ МӘНШҮК ТУРАЛЫ ДЕРЕК

Мәметов Ахмет атамыз Саратовтың медицина институтын бітірген. Тері - венерологиялық саланың үлкен маманы болған. Әмина анамыз - Қыздар педагогикалық институтында оқытушы болған адам.

Ахмет атамыз 1937 жылы атылып кеткен. 1949 жылы ақталған. Мәншүк апамыздың соғысқа кеткендігі басты себебі - әкемді ақтам алам деу. Ахмет атамның Қанат Мәметов деген туған інісінен 4 қыз бар. Алматыда тұрады. Шолпан, Айман,Маржан, Сәуле.

Ахмет атамыз Мәншүкті асырап алған. Мәншүктің туған әкесі Женсікәлі – Жәнібектің шеркеші. Шешесі – Толша деген кісі.

Менің әкем Қаденді Ахмет атамыз 12-13 жасында байдың малын бағып жүргенде оқытамын деп, Алматыға алып

келіп, үйіне Мәншүкпен бірге жатқызып, рабфакқа оқуға түсіріп, кейіннен жатақханаға орналастырған.

Әкеміз - Орданың шеркештері. Ата-бабамыздың кіндік қаны тамған жер- Орда ауданы. 1940 жылы Гурьев облысында мұғалімдер жетіспейді деп жолдамамен Гурьев облысы, Индер қыстағына келген екен. Дәм бұйырып, берштің бір қызымен отау құрып, осы жақта қалып қойған. Әке-шешесін осында көшіріп алған.

Сізге қысқаша Мәншүк апамызбен қалай туыс екенімізді білдіргенім. Әкем Мәншүктің Нағи, Қадыр деген ағаларын Алматыда жүргенде көрдім деп отыратын.

***

Менің аты-жөнім- Мұхамедияров Масат Қаденұлы. Шеркеш руынан тараған ұрпақпыз. Әкем Қаден Атырау өңіріне белгілі еңбегі сіңген мұғалім, анам Уәлиева Жанша, руы есен беріш, ырсай бөлімі. Оған 1956 жылы 30 мамырда Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұғалімі құрметті атағы берілген. Халық ағарту саласындағы зор еңбегі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президумының Құрмет грамотасы қоса тапсырылды. Екеуі де 1916 жылы туылған, 5 бала тәрбиелеп өсірген.

Үлкені Болат 1941 жылы туылған, мұғалім. Ұрпақ жоқ. 2007 жылы қайтыс болды. Екінші Мұрат 1942 жылы туылған, зейнеткер, ұрпақтары бар. Үшінші Марат 1944 жылы туылған, зейнеткер, ұрпақтары бар.

Төртінші Шолпан 1947 жылы туылған, дәрігер, әлі еңбек етуде. Қазақстанның үздік дәрігері атағын алған, ұрпақтары бар.

Мен -кенжесімін. 1950 жылы туылғанмын. 2002 жылдан бері 1-топтағы мүгедекпін. Оған дейін мұнай айдау стансасында электр желісін жөндеуші болып жұмыс жасадым. Райхан, Нұрлан, Ерлан, Айдана, Тұрлан деген балаларым бар. Әйелім Балжан, руы маскар, құртан бөлімі.

Қойыс-Қашқыншы-Қалыке-Меніс-Нұрымбет-
Тойлыбайдан (әйелі Әруке) тараған ұрпақтың бізге белгілісі Тойлыбайдың ұрпақтарынан Дүйсенбіден – Рысқалидан-Қанаттан 3 қыз. Тұрсын қайтыс болды. 1948 жылы туылған еді. Үмсын 1952 - жылғы, Жаңылсын – 1955 жылғы. Қазір Батыс Қазақстан облысы, Сайхын стансасында тұрады, тұрмыста.

Төребайдан – Мамыттан – Ахметтен жоқ.

Қанаттан – Шолпан, Маржан, Айжан, Сәуле. Сәуле қайтыс болды. Қалғаны Алматыда тұрады. Әкем Қаденнің көзі тірісінде өз қолымен жазған өмірбаянының көшірмесін жіберіп отырмын. Ахмет пен Қанаттың тәрбиесінде болғанын, қазақтың батыр қызы Мәншүк жөнінде жазған деректерінде. оның да руы шеркеш болғанын, Ахмет атамыз асырап алғаннан кейін ағайын, туыс болғанымыз көрініп тұр. Бұл, әрине, біздер үшін өте қуанышты жағдай.

Әкемнің жеке архивінде сақталған Мәметовтердің, Мәншүктің фотоларының көшірмесін жіберіп отырмын.

Ахмет деген атамыз қазақтың алғашқы ғалым дәрігері болыпты. Ресейде, Саратов қаласынан оқу бітірген. Бір аяғын сылтып басатын кісі дейді.

Халық жауы деген жалған жаланың желеуімен ұсталып, атылып кеткен. Мәншүк соғыста жүргенде, әкеме екі рет хат жазған. Бірақ ол хаттар сақталмады. Әкем Алматыға барғанда Ахмет атамыздың әйелі Әминаға апарып берген. Әкемнің Мәншүк жөніндегі естелігі, фотолары Шолпан деген апайымда. Шеркеш руының, қойыс бөлімінің бізге қарасты аталарымыздың схемасын, басқа деректерін жіберіп отырмын.

Шежіреге немесе кітапқа пайдасы тиеді деген үміттемін.

Саушылықта болайық, рақмет.

Құрметпен Масат ҚАДЕНҰЛЫ
Атырау облысы,
Индер ауданы,
Елтай қыстағы.

ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР
"Назарбай би" кітабынан.

Осы кітапта ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атасы туралы қызықты деректер мол. 1857 жылғы дерек бойынша Алшын-Жағалбайлының белгілі старшындары көрсетілген. Оның ішінде осы күнгі Сарысу ауданында ұрпақтары өмір сүріп келе жатқан **Матай Бекенов** пен **Жүндібай Күшіковтің** ата-жөндері ерекшеленіп көрсетілген. Осы дерекпен танысу барысында талай азаматтар өзінің бабаларының аттарын жолықтырары сөзсіз.

П.Д.

Елбасы зиялы қауым өкілдерімен өткізіп келе жатқан келелі кеңестерінде осы ел бірлігі, халқымыздың тұтастану тарихы тұрғысындағы біраз тың міндеттерді де алға тартты. Еліміздің тарихын зерттеушілер қазақтың үш жүзін көбінесе жеке-жеке рулық құрылым, аумақтық бөлік ретінде ғана карастырып, оның өір-бірімен ішкі етене байланыстарына, соған қатысты тәлімді тарих нірімдеріне кейде жете мән беріп жатпайды. Ауылы аралас, қойы қоралас жүрген қарға тамырлы қазақтың ағайынға жаттығы болмаған ғой. Береке-бірліктің байрағын көтеріп, туысқандықтың туын желбіретететін мұндай жарқын мысалдар қаншама. Олар жаугершілікте бір жеңнен қол, жайбарақат тіршілікте бір жағадан бас шығарып тату-тәтті тұрмыс кешкен. Бір ғана мысал: Әбілқайыр хан, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек батырлардың ел мүддесіндегі ауыз бірлігін тарихи құжаттар дәл растаса, көрнекті жазушы, қоғам, мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаевтың бұл тарихи тағылымды терең зерттеп, ұрпақ жердесіне құйып, жеріне жеткізе айтып, жол көрсетіп жүргені үлкен ғанибет емес пе. Елім деп еңіреген ерлеріміз Малайсары, Баян батырлардың сүйегі Жетісу жерінде жатса. қазағым деп көкірегі қарс айырылған Қарасайдай қас батырдың қасиетті орыны Арқада қалған. Өзіміз білетін жәйтті айтсақ. Бурабай төңірегінде де аталас болмаса да баталас, рулас болмаса да рухтас болып, Атығай-Қарауылға ағайын, бауыр болып қосылған Қырғыз, Естек, Үйсін, **Алшын,** Қаракесек, Тарақты аталары кездеседі. Тұла бойы тұнған ғылым Тұрсекең, Тұрсынбек Кәкішев айтатын бір әңгіме бар: Есмағанбет Ысмайыловтың мүшелтойына орай академик Қажым Жұмалиев Көкшетауға топты бастап барады ғой. Содан ауылдағы бір ақсақалмен әңгімелесе қалып, еліңіз кім деп сұрайды. Алшынбыз дейді ана кісі. Е-е, бұл жақта қайдан «қаңғып» жүрсіңдер деп қалады Қажекең қапелімде. Сонда ауыл ақсақалы: "Кімнің қайда қаңғып жүргенін қайдан білейін, біз атам заманнан осында тұрамыз", - деген екен. Мұны айтып отырғанымыз, XIX ғасырдың ортасында сол кездегі Ақмола округінде екі болыс: **Тама** және **Алшын-Жағалбайлы** болыстары қалың арғынның ішінде ағайыншылықпен түтін түтеткен. Сарысу төңірегінде болған бұл аталардың ұрпақтары қазір де бар. Сол кездегі патша әкімшілігінің қысымынан бұлардың кейбіреулері оңтүстікке, Шымкент уезіне қоныс аударған. Осы болыста 1857 жылдары болған адамдардың тізімі қолымызда бар. Ата тарихын білгісі келгендер үшін бұлардың бәрін емес, тек сол Шымкент уезіне қоныс аударушылардың атын атай кетуге болады, олар:

Ауыл старшыны
Матай Бекенов
Қарамағындағылар:
Тоқберген Тайшымов
Қошқарбай Сықымбаев
Көбен Байқарин
Қарақбай Күшіков
Бейсен Аққошқаров
Сатыбалды Төлемісов
Шорымбай Бегімов
Байбұхан Әзбергенов

Ауыл старшыны
Жүндібай Күшіков
Қарамағындағылар:
Қожақұл Шалқыбаев
Құйғаяқ Мынасыпов
Сандыбай Таныбаев
Қадырбай Байбақов
Дүйсен Кенжебаев
Ташықбай Қарашин
Мелгібай Бабалин
Балғожа Балтабаев
Сұрапкел Тұтқышев
Кенжебай Естаев
Тайжан Бозбақов
Күйкентай Жайлауов
Бекен Түлкібаев
Тоқаш Әзбергенов
Есентоғай Тұраров
Бейсен Байғарин
Тоқбай Түлкібаев
Тоғай Төбетов
Жұмабай Бурабаев
Сенбі Байсауов
Саназар Бұланов
Шолақ Ертаев
Күнбай Ертаев
Таңырық Тілеуов
Отыншы Тілемісов
Алшын Айтхожин
Баян Айтхожин

Міне, бұл кісілердің де өсіп-өнген үрім-бұтақтары жаңа қоғамымыздың іргесін қаласып, ынтымақты, береке-бірлікті аманат еткен ата-баба салтымен жарқын болашаққа жаппай үлес қосып жатқаны аян. Ата-бабаларымыздың қиын-қыстау сәттерде осылайша бауыр басып, бірін-бірі паналап, бір үйдің баласындай ұйысып, жұмылса жұдырық, ашылса алақан болып тұтастануын көзімен көріп, құлағымен естігенде, міне, сонда ғана кейбір топтың мүддесін көздегіш топыраштар тоба деп, тәубесіне келер.

90-92-беттер.

* * *

Енді Қарасай батырдың айналасы туралы да әңгіме туындайды. Сөз басында **Сарысудағы Тама-Алшын-Жағалбайлы** болыстары туралы айтып кеттік. Бұлардың алған тақырыбымызға да қатысы жоқ емес. Себебі жеке-дара, томағатұйық қалған қазақ рулары жоқ, тарихи қажеттілік, ұлы мұрат жолында олар үнемі араласып, күш біріктіріп, бір-бірін толықтырып отырған. Қоныс қарау, жер-суды иелену, кең байтақ жерді игеру, тіпті мемлекеттік тұрғыда елді қоныстандыру, олардың табын айқындап, таңбасын белгілеу, жаугершілікте, басқа да жағдайларда азайып, әлсіреп қалған руларды біріктіру, ірілендіру (мысалы, Тәуке хан атымен байланысты Жстіру тобы) — өткен замандардағы ұлыстық саясаттың үлкен бір сыр-сипатын білдіреді.

Қарасайлар Обаған өнірінде жүрген деген кезеңде жаңағы тама-алшын-жағалбайлылар да қатар қонған. Бұл төңіректегі бұрнағы ғасырдағы Верхнеуральск қаласы о басында осы Кіші жүз руларына қатысты **Қырықбойдақ** деп аталған. Ал кейінгі ғасырда Сарысуда жүрген **қырықбойдақтықтар** (Теніз бөлігі) 1857 жылы 50 түтін болған. Орал қаласының ескіліктегі аты Теке (Теке Омбы жағында да бар) екенін білеміз (Теке, Текелік атауы шапыраштыларда да бар) Орта жүз иелігіне қосылған, арғы тарихы атақты Ноғайлыға сабақтасатын мұндағы кіші жүз руларының жетекшісі сұлтан полковник Қоңыркұлжа Құдаймендин (Ақмола округінің аға сұлтаны) болған, ресми құжаттарда Есімханов деп аталады.

Тортай САДУАҚАСОВ,
«Назарбай би» және туған өлке тарихы кітабы.
Астана, 2000 жыл
104-105-беттер

Шоқай Шоңкейұлы (т.ө.ж.б.) - Жәңгір ханның атақты атбегісі, сайыскерлігімен Жайық өніріне даңқы тараған.

Тегі – шеркеш. Жыл сайын Бөкей ордасында ат бәйгесін өткізіп тұрған Жәңгірдің сәйгүліктерін баптап, жарысқа жаратқан. Оның сайыскерлік өнерін кавалерия офицері А.Каллер Шоқайдың аузынан жазып алған.

А.Каллер. Киргизский способ приготовления лошадей к скачкам во Внутренней киргизской Букеевской орде. Журнал коневодства. №3. 1885.

Махамбет энциклопедиясы
479-бет.

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫ

«Қозы Көрпеш» жыры - моңғол дәуірінің алдын ала шыққан, ертедегі қыпшақ дәуірінен қалған ескі жыр. Жырдың құрылысында, мазмұнында Алтын Орда дәуірінен бері болған оқиға өте сирек кездеседі. Бұған қарағанда, «Қозы Көрпеш» жыры XI-XII ғасырларда жасаған ескі рулардың тұрмысынан туған жыр екені байқалады.

«Қозы Көрпеш» жырының ескі қыпшақ-қаңлы дәуірінен қалған жыр екені жырда кездесетін тарихи заттардан және шаруа салтынан да байқалады. Мысалы, күймелі арба міну, күмбезді кешен (жәдігер) жасау, жылқыны оңтүстік пен шөлейт арасында ауыстыра бағу. Бұл айтқандар моңғол дәуірінің алдындағы (XI-XIIғғ.) қыпшақ, қаңлы руларының салты болатын.

Тарихи жағынан қарағанда, «Қозы Көрпеш» жыры, көбінесе, осы рулар арасында айтылатын жыр. Бұл рулардың ішінде саяси-шаруашылық жағынан күшті болғаны, әсіресе қыпшақтар. Қыпшақтар ол кездегі (XI-XIIғғ.) орыс заман хаттарында (жылнамаларында) (половец) деп аталатын, олардың қонысының бір шеті Ертіс пен Қара теңіз, бір шеті Жетісу, Сырдария, Орал, Каспий аралдары болатын...

258-бет.

Жырда Қарабайдың арғы тегін түрікмен дейді. Бұл, әрине, X-XI ғасырлардағы Жетісу, Сырдария бойларындағы түрікмен-оғыз жұртымен көпшілес болғанын ишаралайды. Ал Сарыбай көбінесе Ормамбет (қыпшақ) елінен делінеді...

Нәсілін Сарыбайдың айтады екен:

«Қырық баулы Ормамбеттің біреуі»,- деп.

Жырдың Сарыбайды ноғайлы ормамбет елінінен деуі, бергі кезде «ноғайлы», «ормамбет» деген сөздер қазақтың әңгіме, жырларына салт болып кетуінен туған. Әйтпесе жырдың атына, мазмұнына, тіліне қарағанда, ноғайлы кезінде шыққан жырға ұқсамайды. «Қозы Көрпеш» ескі заманда айтылған жыр екені, жырдың ертегіше айтылатынан да байқалады:

Жасым бар жиырмада, жылым – мешін,
Өлімнің кім біледі ерте-кешін.
Айтайын бес-алты ауыз, құлағың сал,
Қозы Көрпеш Баянның әңгімесін.

Елі бар он екі ру, бірі Серкес,
Қол жасап, сары атанға бітеді өркеш,
Бес-алты ауыз айтайын, құлағың сал,
Баян мен ертеде өткен Қозы Көрпеш...

Әр кімге бір дәурен бар ерте де кеш,
Өнер, өлең сүймегеннің өмірі еш.
Қатыны Сарыбайдың ұл туыпты,
Қойыпты оның атын Қозы Көрпеш...

Оқиғаны бұл сияқты баяулатып, ертедегі түрінде өлеңмен баяндау ескі жырдың салты болатын.

Ә.МАРҒҰЛАН.
Шығармалар, 3-том.
«Алатау» баспасы.
264-265-бет.

СЕМЬДЕСЯТ ЛЕТ СПУСТЯ О «КУЛЬТУРНЫХ ЕГЕРЯХ» В МОНГОЛИИ ДОРОГА В БАЯН-УЛЬГЕЙ
(отрывок)

В конце 30-ых годов на территории Монгольской Народной Республики проживало 20 тысяч казахских поселенцев. Большинство из них были неграмотными, да и обучать их могли лишь единицы грамотных казахов. Созданием казахского национального аймака правительство Монголии, и в частности усилиями первого руководителя страны Чойболсана, открыло казахским степнякам возможность обустраивать свой национальный быт, формировать основу будущих национальных кадров региона. Это была целенаправленная политика. И какие бы мотивы не лежали в ее основе, главная ее суть состояла в том благе, которые получили покинувшие свою историческую родину люди – ощущать себя казахами, бережно храня национальный язык и традиции. В конце 1939 года правительство Монголии обратилось в Москву за помощью в учительских кадрах. Уже в начале февраля 1940 года ЦК КП (б) Казахстана в соответствии с телефонограммой из партийного центра страны принимает решение. Нижеприведенные извлечения из архива Президента Республики Казахстан хранят фамилии тех учителей, которые взяли на себя смелость и груз ответственности за организацию всеобуча монгольских казахов в почти безлюдной степи при полном отсутствии каких-либо элементарных бытовых удобств.

«Протокол №10 заседания Бюро ЦК ВКП (б). 14 мая 1940 года, пункт 15.

«О командировании учителей в МНР»

Рекомендовать:

1. Иманалина У.
2. Кордбаева Т.
3. Каиргельдина А.
4. Сауранбаева Т. для работы в качестве учителей.

Внесено на утверждение в ЦК ВКП (б)».

Все рекомендованные Казахстаном учителя прошли утверждение в Москве и были направлены в Монголию решением наркоматов просвещения и иностранных дел СССР. Из первых двенадцати посланцев самому старшему было тогда тридцать шесть лет, самой младшей – двадцать. Несмотря на молодость, все командированные в Баян –Ульгей учителя имели опыт учительской работы. Большинство являлись питомцами Казахского педагогического института в городе Алма-Ате, учителями казахского языка и литературы.

10 июля 1940 года поезд Алма-Ата- Новосибирск доставил Ораза Иманалина и моего отца в Улан–Удэ. Два дня пришлось ждать самолета в Улан-Батор. Оттуда оказия, в местечко Тулба. Там предстояло открыть начальные школы. Баяннуур, место зимовки казахов-скотоводов, получил название от живописного озера, расположенного у подножия горных алтайских хребтов. Сюда глубокой осенью казахи почтовая машина, пришла через 5-6 дней и трое суток везла их до Баян–Ульгея. Как писал в своих воспоминаниях отец, в аймаке он получил направление на работу в Баяннуур, а Ораз – спускались с жайляу зимовать. Единственным видом жилья и летом, и зимой была юрта. Вот сюда, четырежды меняя лошадей через каждые 30 км, и добрался отец (аналогичный путь сопутствовал и Иманалину Оразу, направленному в местечко Тулба).

Многое сообщают архивы Баян-Ульгейского аймака о том, как учителя из Казахстана в те далекие сороковые бескорыстно сеяли «доброе» и «разумное» среди монгольских казахов. Но еще больше знают и помнят их ученики, ныне здравствующие и живущие как в Баян -Ульгее, так и теперь в Казахстане, на своей исторической родине.

Предоставил материал
Сауранбаева Роза Тілеубердиевна.
журнал «Эксклюзив»

ШЕЖІРЕ ТУРАЛЫ



ШЕЖІРЕ ТУРАЛЫ

Жалпы алғанда «Қазақ» аталатын шежірелердің нұсқалары көп және өзара қайшылықтары да аз емес. Қазақтар бергі аталары мен арғы (түпкі) аталарын бір келкі айырады да, ортадағыларын шатастырады.

...Біздің мың жылдықтың басында жасаған тарихшы Рашид-әд-дин (1247-1318) жазған «Жамғу-ат-тауарихта» Алшын бар, оны біз Кіші жүздің бір бұтағына санаймыз. Рашид-әд-дин кезінде жүздер болмаған.

...Қазақта мұндай жазба шежіре он сегізінші ғасырға дейін болмаған. Тек бертінде араб әрпімен хат таныған қазақтар ғана шежіре жаза бастады. Бұл әсіресе он тоғызыншы ғасыр мен жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегінде басталды.

Сәбит Мұқанов.
«Халық мұрасы», 1974, 24-бет

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІНІҢ БАСТАУЫ ХАҚЫНДА

Дәстүрлі қазақ шежірешілері өз ата-тегінің бастауын сонау есте жоқ ескі, көне дәуірден бастайтыны - бағзы заманнан белгілі жайт. Бұл төңіректен сөз қозғағанда біз қазақ шежіресі хақында көп деректер жинап, соңында көп мұра қалдырған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (1858-1931) толғамды, пайымды мол пікірінің үлкен үзіндісін оқырмандарымыздың назарына ұсынғанды жөн көрдік.

«Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. «Оқуға сенген ұмытшақ» деп, оқуды керек қылмаған. Оқу мен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтұғын, құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуыменен кеудесі хат, естігені, көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан ауыз алып айтумен үлгі-өсиет қалдырған.

Біздің қазақта шежірені басқа жұрттан ақтарып, таптырып алған кім екендігін сөйлейік! Қазақ қазақ болғанда бұл қазақта қажыға ілкі бастап барған уақ Нұркен бай тоқал қатынымен барып, төрт жыл жолаушылықпен жүріп, бесінші жылда қайтып, аман-есен еліне, жұртына келген.

Сол Нұркеннен соң екінші қажыға барушы күлік Самай сопы пен Баянауылға дуан болып, ашылған кезде, ноғай Байжан хазірет екеуі болған, екеуі де сол жақта өлген.

Солардың кеткен жылы қой жылы еді. Мың сегіз жүз елу сегізінші жыл болса керек. Осы сөзді жазып отырған Мәшһүр Жүсіп дәл сол жылы туған бала. Осы күнде жетпіс жаста отыр.

Бұл қазақтан үшінші қажыға барушылар тобықты Құнанбай, айдабол Қишыл Қыстаубай, Ақмоладан, Ақкүм-Қоскопадан Шекшек қажы, Атбасардан Егізек, Жанайдар. Есіл бойындағы құлан қыпшақтан Шонтыбай, Батырқожа молда балалары, Сілеті бойындағы қыпшақтан Құрман баласы Қасен қажы. Мәмбет тоқадан ұзынсазан ұрпағы Мұхамет Салық қажы. Өр Алтайынан Алдажұман немересі Ешмұхмет қажы. Ертіс бойындағы Апайбөріден Құдияр қажы, көкшетаулық атығайдан Қожахмет қажы. Егізек Жанайдармен бірге барған Сұлтанқожа қажы, Қишыл Қыстаубаймен бірге барған Жәмекқожа, Байзолда ишан. Бұларды қалдырмай жазып жатқаным, тірі қайтып келгендерінің бір сыпырасымен ауызба-ауыз сөйлесіп, мән-жайына әбден анық болғандығымды түсіндіру үшін. Орта жүзден жиырма кісі болыпты. Кіші жүзден табандаған жүз кісі болыпты. Ішінде Нұрпейіс хазірет, Досжан халфе бар дейді.

Қазақ мұнан бұрын бүйтіп бас қосып қажыға бармаған екен. Жүз жиырма кісі болып, арасын айырмай, тізе қосып, қол ұстасып жүрген соң және өздері де көзге түсерлік әр таптың қасқа – жайсаңы болғандықтан көргендер таңырқарлық болыпты. Қазақ байғұстың салпиған тұмағының құлағын, сүйретілген тонының етегін, аңқиған аузын көрген соң қызығып, сұқтана бастайды ғой.

Ноғай өкілі мен сарт өкілі таласыпты. Ноғай өкілі бұлар маскүптік, мен де маскүп кісісімін деп. Сарт дәлелі бұлар Бұқар тіл, мен де Бұқар тіл кісісімін деу. Меке бастығын шәріп, Медине бастығын шайхы дейді екен. Екі Шәріптің шәріптері, шайхылары бас қосып, алдарына алдырып сұрапты:

- Сіздер маскүпсіздер ме, жоқ, Бұқар тілсіздер ме деп. Сонда қажы басы Құнанбай екен, ол кісі сөйлепті:

- Біз маскүп-саскүбіңді білмейміз. Бұқар тіл, сұқар тіліңді де білмейміз. Тіріміздің билігі «Алдияр» ұранды төреде, өліміздің билігі «Алла» ұранды қожада. Қазақ деген жұрт болады екен-ау деп аң-таң қалысыпты. Тарих ақтарып, шежіре қаратыпты, таба алмапты. Бір буырыл бас сөйлепті.

- Бұл тарих табылса Бағдат шәріпте Имам ағзам кітапханасы деген үй бар. Жау таламаған, ешқайда шашылып бытырамаған, табылса сонан табылады деген соң Бағдат шәріпке желмая мінгізіп, кісі жіберіпті. Бұлар өз ортасынан кіші жүз Досжан халфені жіберіпті. Барған кісілер:

-Табылды, қазақ деген жұрт Анас сахабадан өсіп-өніп өрбіген екен деп, нұсқа көшіріп алып келіпті. Сонан кейін бұл жүз жиырма кісі ортасынан расход шығарып: «қазақ тақиясы» деген тақия салдырып, ол үйді Құнанбай атына жаздырып, мұнан былай қазақтан келген қажы осында түсетұғын болсын деп, қазақтың өзінен ие болып, бір шайхы тұратын болсын деп. Сонан былай қазақ та ел-жұрт екендігін, фұсырман екендігін әйгіленген.

Бұлардың қажыға барған жылы, баяғы жұт қояннан бұрын, қаракиік жылы еді. Қишыл қажы қажыға кеткенде қатыны буаз қалып, ұл тауып, атын Мекебай қойған. Сол Мекебай тірі, елу үш жасқа аяқ басты. Баянаула, Қызылтау жып-жылтыр мұз болып, жылқы біткен Тінике, Шолақ, Сілетіге кетіп, қара мал семіз, күйлі шығып, мал мен мұзды атанды деп, сол қыс жайында екінің бірі, егіздің сынары біліп, сөйлеп отырушы еді. Бұл күнде алай-түлей, ұйқы-тұйқы аласапыран болып, бүтін естінің өзі де қалған жоқ. Жарым естілер шала-шарпы білгенінен айырылып қалды.

Құнанбай қажының қажыға барған жылы 1874 жыл. Өзінің өлгені 1888 жыл. 81 жасында, тауық жылы өлді. Бұл Мекедегі «тақия» әуел Құнанбай атына жазылған, арғын атында болғандықтан Орманшыдан барған Хасен шейх даулап алған. Онан кейін тоқал арғыннан барған Ешмұхамед даулап алған. Бұл күнде кіші жүз Досжан халфе атына жазылып қалыпты.

Мәшһүр ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ
"Қазақ шежіресі". Алматы.
"Жалын" баспасы
1993 жыл. 9-11-беттер.

Міне, әлгі қазақ арасында кеңінен таралып, көбіне ауызша, айтылып, сирек жағдайда жазбаша берілген негізгі бастау нұсқа келе-келе көп өзгерістерге ұшырағаны. Оны төменде назарларыңызға ұсынып отырған салыстырмалы кестелерден айқын байқауға болады. Жоғарыда М.Көпейұлы:

"Табылды, қазақ деген жұрт Анас сахабадан өсіп-өніп өрбіген екен деп, нұсқа көшіріп, алып келіпті", – деп сүйіншілеген хабары кейінгі дәстүрлі шежіреге бұлжымас бағдар болып қалған. Осы тұста біз үзінділерді берген уақытта сол авторлардың мәтінінде қалай жазылса, солай өзгеріссіз беріп отырмыз. Олардың қазіргі қазақ орфографиясының яғни емлелік жазу шарттарымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.

Бұл жерде біз Нұх пайғамбардан басталатын аңыздық-ертегілік шежіре нұсқасына тоқталмаймыз.

1. Әнес сахаба - Мадат, Өзбек, Үйғыр, Ғағауыз, Қашқар.
   Охастин – Түрікпен, Балқар, Қарашай, Құмық.
   Ғажат – Ноғай, Татар, Башқұрт.
   Сыбай – Алаш – Жайылхан, Сейілхан.
   Сейілхан – Қыпшақ, Хакас.
   Жайылхан – Қазақ, Сунақ, Қарақалпақ, Қырғыз.
   Қазақтан – Жұман-Әбілқайыр – Ақ Арыс (Ұлы жүз).
   Бек Арыс (Орта жүз), Жан Арыс (Кіші жүз).

Қазақ руларының шежіресі. Целиноград.
"Қаламгер", 1991 жыл. 67-бет.

2. Ансари-Мәлак-Анес-Жабал-Мағаз-Ер Супаил-Атар, Татар, Қырым, Ақшолпан, Құрай. Атардан – Естек, Башқұрт (егіз). Татардан-Ноғай.Құрайдан – Аламан, Серкеш, Шешен, Үнгіш.
Аламаннан – Сейілхан (сегіз жүйе немесе сегіз арыс),
Ақшолпаннан – Жайылхан.
Жайылхан-Майқы би, Мүйтен (бәйбішеден), Әуелке, Шақтақ (Шақшақ).
Майқыдан – Түмен. Түменнен Өзбек, Жапан.
Жапаннан – Келжек, Айырқалпақ.
Келжектен – Қырғыз. Қырғыздан Сары, Қара.
Айырқалпақ – Қазақ, Созақ.
Созақтан – Толағай, Сүйір. Толағай кейін Қарақалпақ атанған.
Қазақтан – Наурыз, Алаш. Наурыз ерте қайтыс болған
Еске сақтау үшін жыл басын "Наурыз" атандырған.
Алаш-Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс.
1874 жылы қажылыққа барған Құнанбай (Абайдың әкесі), Мырқы, Шабдан, Досжан хазіреттер 1876 жылы Меккеден алып келген бұл шежірені Табын руынан шыққан Қайықұлы Бекжан 1945 жылы өз туысы Жұбанұлы Шоңбай дегенге өлеңмен жаздыртқан. Міне, осы аңыздық шежіре кейін қолдан қолға, ауыздан ауызға беріліп, көптеген өзгерістерге ұшырағандығының төмендегі салыстырулар арқылы айқын күәсі боласыздар.
3. Әнес-Мағаз-Жәбел-Сейілден-Ақшолпан, Құрай.
Ақшолпаннан-Анар, Татар.
Анардан – Естек, Башқұрт.
Татардан – Ноғай
Құрайдан – Дүйім, Алаш.
Дүйімнен – Қараш, Қанат.
Қараштан – Түмен, Түркі.
Түменнен – Қырғыз.
Түркіден – Сарт.

Қанаттан – Тәжік, Тәшкент, Қожкент, Үйғыр (Інжір).
Алаштан – Жайылхан, Сейілхан.
Сейілхан- Түркімен (сегіз арыс).
Жайылхан – Майқы, Жиенбек, Өзбек.
Жиенбектен - Айыркалпак
Айыркалпак – Қазақ, Созақ.
Созақтан – Қарақалпақ.
Қарақалпақтан – Қалмұрат, Қабат.
Қазақ (екінші аты Қыдырхақ)
Қазақтан Төре, Қожа, Ақрахмет, Бекрахмет, Жанрахмет. Ақрахмет Ақарыс, Бекрахмет Бекарыс, Жанрахмет Жанарыс атанған.
Ақарыстан -Үйсін, Мархабат, Дулат.
Бекарыстан – Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Башан, Тиін.
Жанарыстан – Алшын, одан Алау, одан Қыдуар туған.
Қыдуардан Сәдіркожа, Қыдыркожа, Нәдіркожа, Қадыркожа, Асанкожа, Алкожа.

Кіші жүздің Беріш руынан шыққан Мұрат ақын арабтың "Гумуми ал-Қазаки уеуи" деген кітабын жазып алған. Оны белгілі қазақ перзенті, Мақаш Бекмұхаммедов әрі қарай жалғастырып жазған.

Мұрат МӨҢКЕҰЛЫ , Мақаш БЕКМҰХАМЕДОВ
шежіресі (қолжазба)

4. Ғағаша (Мәлік)–Анас – Жабал – Мағыз – Шаил –Аққурай – Аламан – Алаш -Жайылхан, Сейілхан.
Жайылханнан – Майқы би - Сыбай – Айыркалпақ.
Айыркалпақ – Қазақ, Созақ – Дулағат.
Қазақ - Әбілқайыр.
Әбілқайыр – Байшора, Жаншора, Қарашора.
Байшорадан – Ақарыс (Ұлы жүз).
Жаншорадан – Жанарыс (Орта жүз).
Қарашорадан – Бекарыс (Кіші жүз).
Бекарыстан Мөңке би, одан Арғымақ және Алау батыр.

Профессор Сергали Толыбеков.
"Қазақ шежіресі", Алматы, "Қазақстан",
1992 жыл. 61- 62- бет.

5. Әнес-Яфес-Түрік-Үрім-Қырым, Алау.
Алаудан- Алан, Сәкел.
Сәкелден – Наурых, Алаш.
Алаштан – Мағаз.
Мағаздан – Майқы.
Майқыдан – Тұмен, Жабал.
Тұменнен - Өзбек.
Жабалдан – Естек, Келмек.
Естектен – Башқұрт, Татар.
Келмектен – Сейілхан, Жайылхан.
Сейілханнан – Егдір, Шәудір, Ата, Яумыт, Күрт, Көклен, Текс, Қожалақ.
Жайылханнан – Қазақ, Қырғыз, Созақ.
Қырғыздан – Сары, Қараша. Созақтан – Мәлік – Разыхан (Қарақалпақ) – Тоғалай, Сүгір.
Қазақ - Ақарыс (Ұлы жүз), Жанарыс (Орта жүз), Бекарыс (Кіші жүз).

Хамит Табылдиев, Ақылбек
Қалмұратов,
"Кіші жүз рулары",
Алматы,
"Ердәулет-Қазақстан",
Алматы, 1994. 23-бет.

Әнес сахабадан – Молат, Охастин, Қажат, Сыбай.
Молаттан - Өзбек, Үйғыр, Тауауыз, Қашқар.
Охастиннан – Татар, Ноғай, Башқұрт.
Сыбайдан – Алаш.
Алаштан – Жайылхан, Сейілхан.
Жайылханнан – Қазақ, Қырғыз, Қарақалпақ.
Қазақтан – Жұман (Әбілхайыр).
Әбілхайырдан – Ақарыс (Ұлы жүз), Бекарыс (Орта жүз), Жанарыс – (Кіші жүз)
Жанарыстан – Алау батыр – Аламан – Алшын.
Алшыннан – Сәдіркожа, Қыдыркожа, Нәдіркожа.

Төлкенұлы Бекмағанбет.
"Кіші жүз Тама руының
шежіресі".
Шымкент, 2001. 6-бет.

Әнес сахабадан – Мадат, Охастин, Гажат, Сыбай.
Мадаттан - Өзбек, Үйғыр, Гағауыз, Қашқар.
Охастиннен – Түркімен, Балқар, Қарашай, Құмық.
Гажаттан – Ноғай, Татар, Башқұрт.
Сыбайдан – Алаш.
Алаштан – Жайылхан, Сейілхан.
Сейілханнан 8 арыс Түркімен.
Жайылханнан - Қазақ, Созақ, Ұзақ.
Қазақтан – Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс.
Созақтан – Қарақалпақ.
Ұзақтан – Қырғыз, Хақас.

Арыстан Өтеулин,
Мұхамеджан Әлімбеков,
"Қазақ шежіресі",
Алматы, "Ана тілі" баспасы,
1992 жыл. 12-бет.

Мәлік -Әнес сахаба-Жәбел-Cahel-Құрай-Аламан-Алаш.
Алаштан Сейілхан мен Жайылхан.
Жайылханнан - Өзбек, Тәжік, Құбиян.
Құбияннан – Айыркалпақ, Қырғыз.
Айыркалпақтан – Қазақ, Созақ.
Қазақтан – Майқы би.
Майқы биден – Алау батыр.
Алау батырдан – Ақарыс (Үйсін), Бекарыс (Арғын), Жанарыс (Алшын).
Созақтан – Қарақалпақ.

Әлібаев Уәлитхан.
Ресей, Астрахань облысы.
Краснояр селосы.

Әнес-Мағаз-Сәһүл-Алаш-Аламан-Жайылхан мен Сейілхан.
Сейілханнан – сегіз арыс Түрікпен.
Жайылханнан - Өзбек, Жәһан.
Жәһаннан – Қазақ, Созақ, Қырғыз, Естек.
Қазақтан Ақ арыс, Бек арыс, Жан арыс.
Жанарыстан - Әліхан – Алау – Қыдыркожа.

Оразалыұлы Өтеш.
Алматы облысы,
Есік қаласы.

Әнес-Зәбек-Мағаз-Ақыш пен Құрай.
Құрайдан-Аламан.
Аламаннан – Алаш.
Алаштан Сейілхан мен Жайылхан.
Жайылханнан Майқы.
Майқыдан Өзбек пен Жайан.
Жайаннан- Айыркалпақ пен Еркалпақ.
Еркалпақтан – Қарақалпақ.
Айыркалпақтан – Қазақ пен Созақ.
Қазақтан – Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс.
Жанарыстан – Алшын – Алау – Құдияр.

Үйтолғанов Сабытай.
Атырау облысы,
Мақат кенті.

Қадірменді оқырман! Соңғы үш деректен басқалардың барлығы мүйізі қарағайдай баспадан кітап болып шыққандығын қаперге алсақ, біздің, яғни қазақ ұлтының арғы шығу тегі аңыздық, діни-мифологиялық дерекпен астасып жатқандығын көреміз. Сонау 1876 жылы Меккеден әкелінген шежіре деректерді бірде жазба түрден ауызекіге беріліп, енді бірде сол ауызекіден жазбаға ауысқан деректерді салғастырып қарасаңыз, қаншама шатасулар, алмасулар, жамамалар, кателіктер, бірін-бірі жоққа шығаратын қарама-қайшылықтар толып жатыр демекпін. Бұл орайда осы мифтік, аңыздық шатыс деректің ең алғаш бастау алып, халық арасына таралуының ел аузымен айтылған жанама себебіне ой жүгірткен артық болмайды. Жоғарыда кітаптарынан дәйек келтірілген Х.Табылдиев пен А.Қалмұратовтардың: "Қазақ даласы Ресейге бодан болғаннан кейін, Екатерина патша тұсында, қазақтарға қалада мешіт салуға рұқсат етілмеген. Басты дәлелі қазақтар мұсылман емес. Егер Яфестің тұқымымыз, мұсылманбыз дегендер, Араб халифатынан осыны дәлелдейтін құжат әкеліңдер деген талап қойған.

Сөйтіп, Кіші жүздегі Жетірудің Табын тайпасының Досжан ишан мен Тама тайпасынан Нұрпеке халпе Меккеге барып, қазақтар Әнес сахабадан таралады деп, арабтарды сендіріп, осы мәмілені дәлелдейтін құжат әкелген. Осылайша ақ патшадан мешіт салуға рұқсат алыпты деседі". (22-бет). Тап осы жердің өзінде адам аттары туралы мәліметтердің бұрмалануы көзге ұрып тұр. М.Көпеевте келтірілген Нұрпейіс хазірет пен Досжан халфе "Нұрпеке халпе", "Дастан ишан" болып өзгеріп, кітапқа енгізілгеніне де назар аударған жөн.

Айналып келгенде, сол 1874 жылғы Құнанбай бастап барып, 1876 жылы елге оралғанда алып келген шежіре қазақ қауымы арасында әркалай жолмен, әркалай салалық мазмұнда таралғандығы ақиқат.

Кезінде "Ана тілі" газетінің бас редакторы болып, бүкіл қазақ қауымына үн тастап, қазақтың бастау шежіресін

жасауға үндеген қаламгер Жарылқап Бейсенбайұлы 1994 жылы "Қазақстан" баспасынан шығарған "Қазақ шежіресі" еңбегінде жоғарыдағы келтірілген шежірелердің жасанды, жалған екендігін ерекше атап көрсетеді.

«Қазақты арабпен туыскан етіп шығаратын бұл жалған сарынның түп төркіні кезінде ислам дінінің түрік тайпаларын өз ыңғайына икемдемек ниетімен тығыз сабақтасып жатыр. Ал, шын мәнінде, араб пен түрік тайпалары бір-бірімен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, аралары алшақ, тілі, рухани тіршілігі де бүтіндей басқа, екі түрлі нәсіл.

Араб халифаты VII ғасырдан бастап Еуразияда мекендеген түрік тайпаларын өзіне бағындырып, дініне кіргізбек болғанымен, ол жолда талай кескілескен шайқастар, сұрапыл соғыстар өткен. Тарихшылар арабтардың ислам дініне бағынғысы келмеген түрік халықтарын «кәпір», «дінсіз» деп айыптап, оларды аяусыз жаныштауға бағыттаған қанды жорықтарының үш жүз жылға дейін созылғанын айтады. Ақыр соңында қылыштың жүзі, найзаның ұшы ержүрек түрік тайпаларына да ислам дінін қабылдатып, олар арада бірнеше ғасыр өтпей-ақ өздерінің ата-бабаларын қырған басқыншылардың дініне, олардың пайғамбарларына табынатын халге жетті. Тіпті өздерін солардың ұрпағымыз деп санайтын болды. Бұл насихаттың салқыны біздің шежірелерімізге де сыналап кіріп, киялдан шығарылған ата-тек туралы әңгімелер желісі ылғи бір пайғамбарларға, сиықтарға (әулиелерге), кожалар мен сопыларға, Қыдырқожа, Сәдірқожа, Қарақожа, Аксопы, Сарысопыларға келіп тіреліп жатты.

Ал ғылыми деректерге сүйенер болсақ, ҚАЗАҚ пайғамбарлардан тараған жоқ. Ол тым көне замандардан байтақ даламызда, алып аймағымызға қоныстанған этникалық тарихы аса күрделі, байырғы тайпалық бірлестіктер қауымдасуының: сонау- Сақ, Ғұн, Үйсін мемлекеттері, Түрк, Түркеш, Қарлық дәулеттерінің, Қыпшақ ұлысы, кейінгі Алтын Орда, Көк Орда, Ноғай Ордаларының құрамына кірген түрік тілдес елдер мен жұрттардың топтасқан одағының ортақ атауы».

8-9-беттер.

Белгілі қаламгердің пікірі қазақтың көрнекті тарихшылары, жазушылары Мұхамбетжан Тынышбаевтың, Сәбит Мұқановтың, Сәрсен Аманжоловтың, Ақселеу Сейдімбектің, Қойшығара Салғариннің, т.б. толғамды, ғылыми пікірлерімен сабақтасып жататындығын атап өту ләзім.

Жоғарыдағы келтірілген деректерді салыстыра қараған зерделі, қарапайым оқырмандардың өзі Жарылқап Бейсенбайұлының кесімді пікірмен келісетіндігі сөзсіз. ҚР ҒА академигі, білімдар тарихшы Манаш Қозыбаев: "Жұртты жаңсақтыққа ұрындыратын осы сарынды қолжазбалар бұл күні баспа беттерінен жарық көріп жүргенін де қасыруға болмайды", - деп атап көрсеткенін де қаперде ұстаған жөн.

ШЕЖІРЕ

Шежіре, халық шежіресі (араб, шаджарат – бұтақ, тармақ) – халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы. Ру, тайпалардың өрбуін ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, қалыптасқан ресми шежіре мәдениетті елдердің барінде де кездеседі. Шежіренің көп томдық жинағын Россия, Германия, Англия, Франция және көптеген шығыс елдері баспадан шығарған. Қазақ шежіресі де Европа елдерінің шежіресі сияқты ең толық жинақтың бірі. Мұндай шежірелер Башқұрстанда, Өзбекстанда, Түркменстанда, Қырғызстанда, Сібір халықтарында да кездеседі. Қазақ шежіресінің қайнар көзі – көп заман бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалып отырған жинақтар. Ол белгілі бір тарихи шығарма іспетті атадан балаға ауызша, жазбаша жеткізіліп отырған. Көп заманнан бергі жазба түрге түсірілген шежірелерден қазақ ойшылдарының жақсы білгендері Рашид ад-Диннің түрік- моңғол шежіресі, Жамал Каршидың Оғыз-Қыпшақ, Қарахан шежіресі, Ұлыбектің «Шаджарат әл-атрак», «Муниз әл-ансаб фи шаджарат және салатин моғол», «Сұлтандар шежіресі» (15-ғ.), Мұхаммед Али Шабангарайдың «Маджма әл-апсаб» («Шежіре жинағы»), Молла Мырза Рахым Ташкендидің «Ансаб ассалатин» («Сұлтандар шежіресі»), Әбілғазының «Шежіре-и-түрік», «Шежіре-и тарахиме» («Шежіре жазбасы»), Қазақ хандығының тұсында көп қолданған шежірелердің бір тобы «Насабнаме Шыңғыс», «Насабнаме қазақ», «Махмуд Сұбықтегін шежіресін», «Тахаши Салатын» («Оғыз-салжүк шежіресі»), Байбарыс пен ибн Халдун жазған «Қыпшақ шежіресі», «Жаһаннаме» («Оғыз-қарахан шежіресі») т.б. Бұл шежірелерді топтап жиып отыру орта ғасырдағы атақты адамдардың дәстүріне айналған. Ш.Уәлихановтың айтуынша, ескі шежірелер Есімханның, Тәукенің, Сәмекенің, Әбілмәмбеттің ұрпақтарында сақталып келген. Ондай шежірелер Абылайда, оның балалары Уәлиде, Сұйық төреде, Әбілқайырда, оның балалары Нұралыда, Айшуақта, ұрпақтары Жәңгірханда, Дәулеткерейде болған. Абылайдың шежіресі оның ұрпақтары арқылы кейін капитан Андреевке, Н.И. Гродековтың қолына тиеді. Оның толық түрін сақтаған Ш.Уәлиханов. Әбілқайырдың шежіресі толығымен И. Тевкелевтің, П.Н. Рычковтың қолына түседі. Ондай шежірелерді орыс әрпіне түсірін жинаған кісілер А.И. Левшин, Г.С.Саблуков, Н.Аристов, А. Ягмин, Б.С. Броневский, Ф.Г. Старкин, А.С. Андре, К.Б. Красовский, Л.Мейер, В.В.Григорьев, Н.Н.Веселовский тағы басқалар. Ондай тарихи шежірелерге патша үкіметі саяси мән беріп, жергілікті орындардан жинатып отырған. Мұндай шежірелер архивте өте көп. 19- ғасырдағы шежірелерді көп жинаған ғалымдар- М. Ладыженский, Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, А.А. Диваев, Н.И. Гродеков, И.Шангин. Олардың топтаған шежірелері осы күнге дейін архивте сақтаулы.

Қазақ ойшылдары топтаған шежірілердің ең қымбаттысы – Мұхаммед Хайдар Дулатидің, Қадырғали Қосыңұлы Жалаиридің және «Көшен-Қарауыл шежіресі (18- ғ). «Жәңгірхан шежіресі» (1835), Ш.Уәлиханов жазып алған «Ұлы жүз шежіресі», Ахмет Жантөріннің шежіресі, Г.Н. Потанин жазып алған Мұса Шормануұлының шежіресі. Өтеу Бөжейұлының «Қазақ жұртының шежіресі», Қорғанбек Бірімжанұлының бастауымен жинақталған «Орта жүз және кіші жүз шежіресі» (1894). Бұл шежірені көп білетін ғалым, ақын кісілердің (Ақмолда) Торғай қаласында бір жыл отырып жасаған жинағы «Ғажайып шежіре», «Шыңғыснама», «Насиб Шыңғыс» («Шыңғыс шежіресі»), өте сирек кездесетін араб тілінде жазылған «Тальфик әл-афкар» (Орта Азияда жасаған хандар шежіресі)», Қазақты «Аққашадан» тарату үшін «Офиат әл-ислам», «Халифат тарихы», «Тафсир фи халиф», «Қарахан уа салжұқ» деген жазбаларды пайдаланған. Бұл жинаққа бірталай жазба мәліметтер, мәселен, Әбілғазы шежіресі, Ибрагим Халфиннің «Ахуал Шыңғыстан вә Ақсақтемір», Маржанидің «Мустфад әл-ахбар», т.б. еңбектері пайдаланылған.

Шежірені топтаудағы дерегі мол еңбектер Ш.Құдайбердіұлының «Қазақ шежіресі» (Орынбор, 1911), Халида Құрбанғалидың «Қазақ шежіресі», Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі», «Бұл қазақ қай кезде «Үш жүз» аталған?» Нұржан Наушабайұлының «Қазақ пен түркімен шежіресі», Сыр бойында Торғай би жинаған «Үш жүздің шежіресі» (Н.И.Гродеков жазбасында), Диканбай бидің « Ұлы жүз шежіресі» (Н.А.Аристов жазбасында).

«Насабнаме қазақ» ескі шежіре жазбаларындағы деректер толық енген. Мұнда тарихи оқиғалар 13- ғасырдан басталып, 18-ғасырдың 1-ширегіне дейін баяндалады. «Көшен-Қарауыл» шежіресін білетін кісілердің қолынан шыққан жазбада Абылай заманы негізгі ескі жазудан көшірілген.

Қазақ шежіресінде тайпа, ру, аталардың таралуымен қатар, оларға байланысты тарихи уақиғалар, елдің қоныс аударуы, бір ел мен екінші елдің қарым-қатысы, ол елдерден үздік шыққан шешендер, батырлар, жайындағы ел арасына жыр болып таралған әңгімелер қоса жазылады.

Қазақ шежіресі жинақталып бір ізге түскен жоқ.

Әлкей МАРҒҰЛАН, Байзақ ҚОЖАБЕКҰЛЫ,Албани... Ататек.Тарихи таным. Алматы, 1994 ж. 272-274 беттер.

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ХАҚЫНДА

Қазақ халқының ұлттық тарихын зерттеуде тайпалар мен рулардың шығу тегі, олардың тарихи орны ерекше рөл атқарады. Негізінен, қазақ шежіресі – аса ауқымды ұғым. Халқымызда ата шежіресі ерте кезден бар. «Жеті атасын білмеген жетесіз», «Жеті атасын білген ер, жеті рулы елдің қамын жер, жалғыз өзін білген ұл, құлағы мен жағын жер» деген аталы сөздер-соның айғағы. Ал жеті атада үлкен сыр бар. Әр ұрпақ 25 жастан десек, ол 175 жыл. Бұл болса , бір адамның жеке басының тағдыры арқылы оның құл емес екенін, ата тегін, өз ортасының белді мүшесі екенін, он алты жаста ордаға енер, жау ортасын бұзып-жарып кірер азамат екендігін байқататын фактор.

Шежіре арқылы оның тегі, ата қонысы, қауымға қосқан үлесі, оны қорғаудағы орны, меншік, адами құқы, т.б. болмысы білінетін болған. **Ру, бау, сан, тайпа, тұқым, тек, арыс, жүз, жұрт, ел, отан** сияқты халықтың барша тарихын көрсетер категориялар – айналып келгенде, шежіренің негізгі категориялары. Бұл болса тұтас этнос , халық тарихының сырын ашуға бірден-бір қажет сюжеттер.

Қазақ үш жұртынан тұрады: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Шежіре де осы үш жұрттың динамикасын көрсетіп, соның нәтижесінде барша халықтану қалыптасары даусыз...

Шежіренің қоғамдағы орны ерекше. Мұнда тарихымыздың ата тарихы екенін (патриархат дәуірінен) байқаймыз, оның үзбей даму жолында, динамикалы қозғалыстағы тоқтаусыз процесс екендігін әр буынның есіне саламыз. Шашыран жүрген ағайынға шежіре арқылы

ботенсінбей бір-бірінің танысуына болатынын, қарға тамырлы қазақ сұрай-сұрай, қарын боле шығатынына назар аударамыз.

Шежіре ендеше ұлттың руға, тайпаға, арысқа, жүзге бөлінуі үшін емес, оның тұтастығына, туыстығына ортақ тілі, ортақ діні, ортақ Отаны, елі, жұрты бар екеніне, тірлікке, бірлікке, ұлттық сананы қалыптастыруға бағышталған.

«Қазақ, Ахмет Байтұрсынов айтқандай, құтының халық». Ол өмір бойы өзін іздейді, ата-бабасын іздейді, кешегі күнін, болашағын іздейді. Шежіре әр адамның жоғын тауып береді. ата-бабасының өрлігін, ерлігін, тектігін, өз мүддесін ұлт мүддесіне қабыстырған жандар екенін көрсетеді. «Бөлінгенді бөрі жейді», жүз деп бөлінін жүргендердің «жүзі күйсін» «жүзі қара атансын», - деген Ғабит Мүсірепов атаның айтқаны тарих сабағы екенін білдіреді.

Ахмет Байтұрсынов ұлт намысы екі адамның, екі ауылдың, екі рудың намысы емес екендігін XX ғасыр басында айтқан-ды. Шежіре ұлттық шежіре болуы керек, ол әр адамның шығу тегі арқылы бүкіл қауымды, халықты таныстыру арқылы табыстыруы керек.

Академик
Манаш ҚОЗЫБАЕВ

ШЕЖІРЕ – ШЕТІН ТАРИХ
Қалыптасқан пікір

Шежіре (арабша шаджарад – бұтақ, тармақ) – халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы. Сәбит Мұқановтың анықтамасы бойынша «Шежіре» деп кімдерден кімдер туып, қалай өрбігенін баяндайтын ерте заманнан атадан балаған мирас болып келе жатқан ауызша деректерді айтады» (Халық мұрасы. А.1974.9-б).

Шежіре, шын мәнінде, рудың, тайпаның, халықтың тарихының құрамды бөлігі. Тарихи ата салты бар халықтар жеке отбасының, әулеттің, атақты қолбасшы, мемлекет қайраткерлерінің шежіресін жасауды салтқа айналдырған. Шығыста бұл салт Қытай елінде өте ерте дамыған. Онда сол мемлекетте көрші елдерде күнбе-күнгі басты оқиғалар «хроника» есебінде жазылып отырған. Осылай өз тарихының деректі негізін жасаған. Көрші Ресейде патшалардың, текті сословиелердің, жеке дворян әулеттерінің шежіресін жасау салты қалыптасқан.

Қазақ халқында ата шежіресі ерте кезден бар.

Академик Манаш ҚОЗЫБАЕВ

***

ҚАЛЫПТАСҚАН «ШЕЖІРЕ» ҰҒЫМЫ ТУРАЛЫ ТОСЫН ПІКІР, ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

Ойдың орамында, «шежіре» сөзінің мән-мағынасына, шығу төркініне тоқтала кету қажет. Ғалым-зерттеушілер арасынан «шежіре» сөзі араб тілінен енген атау деп келетін пікір орныққан. Бұл пікірдің жаңсақтығын айғақтайтын біраз кисындар бар.

Рас, араб тілінде «шәджара» деген сөз бар. Ондай сөз жеке тұрғанда «ағаш» деген мағына береді. Ал, егер « әл-нисып шәджара» деген бейнелі сөз тіркесі түрінде айтылса, онда «үрім-бұтақ» («родословное древо») деген мағына береді. Яғни жеке тұрғанда араб тіліндегі «шәджара» сөзінің қазақ тіліндегі «шежіре» сөзіне еш қатысы жоқ. (Арабско-русский словарь. Том 1. – Москва, 1970. 493-494-беттер).

Оның есесіне, байырғы түркі тілдерінен бастап, бүгінгі түркі тілдеріне дейін «шежіре» сөзінің төркінін танытатын мысалдар назар аударады.

Байырғы түркі тіліндегі «иад» сөзі бүгінгі қазақ тіліндегі «жад» сөзімен мәндес-мағыналас. Жад – есте сақталған, естелік деген мағына беретін сөз. Сондай-ақ, байырғы түркі тіліндегі «патла» сөзі де қазақтың «жадыла» сөзімен мәндес-мағыналас. Яғни «сықырла», «ақыл-есін ал», «жадын билеп ал» деген мағына береді (Древнетюркский словарь – Ленинград, 1969.222,248-беттер).

Байырғы түркі тілінде «ирда» деген сөз бар. Бұл сөз «іздеу», «ұмтылу» деген мағына береді. Сондай-ақ байырғы түркі тілінде «ирақ» деген де сөз бар. Бұл сөз де қазақтың «жырақ», «алыс» деген сөздерімен мәндес-мағыналас. Тағы да байырғы түркі тілінде «иор» деген сөз бар. Бұл сөз қазақтың «жору» деген сөздерімен мағыналас келеді.

(Древнетюркский словарь, Ленинград,1969,211,219,274 – беттер).

Енді осы мысалдардың ішінен «жад» сөзін тірек ете отырып, қалған сөздерді сол «жад» сөзімен шендестіріп көрейік:

1. Иад+ ирда. Мағынасы «жадынан ізде» дегенді білдіреді.

2.Иад+ ирақ. Бұл сөздердің қосылуы қазақ тіліндегі « жадының түкпірінде» деген мағынаға жуық.

3. Иад+ иор. Бұл сөздер қазақ тілінде «жадыңды жору» деген мағынаға сәйкес.

Мұнан әрі «И»,»Ж», «Ш» әріптерінің түркі тілдерінде өзара алмасып, құбыла қолданылатын заңдылығын ескерсек, жоғарыдағы қосынды сөздердің қазақ тіліндегі үндестік заңына бейімделген үлгілері мынадай болып шығады.

1. Жад + жрда = шет + жірде =шежіре (жадыңнан ізде).

2. Жад + жрақ = шет + жірек =шежіре (жадыңнан түкпірінде).

3. Жад + жор = шет + жір =шежіре (жадыңды жору).

Бұл үш вариант та назар аударарлық. Дегенмен, осылардың ішіндегі бірінші үлгі, үндестігі тұрғысынан да, мағынасы тұрғысынан да қазақ тіліндегі «шежіре» сөзіне жуықтау сияқты.

«Шежіре» сөзін бұлайша бажайлауды басқа да түркі тілдеріндегі айғақ- мысалдар орныктыра түседі.

Тыва (туба) тілінде «шээжилээр» тұлғасындағы сөз «жаттап алу», «жаттқа білу» деген мағына береді (Русско-тувинский словарь. – Москва, 1980,99,187,271-беттер).

Моңғол тілінде (цээжээр» сөзі «жатқа білу», жаттап алу» мағынасын береді (Қазақ-моңғол сөздігі, Баян-Өлгий, 1977, 117-бет).

Қалмақ тілінде де «чееджер даск» деген сөз «жатқа білу», «жаттап алу» мағынасында қолданылады. (Русско-калмыцкий словарь. – Москва, 1964,97 –бет).

Башқұрт тілінде «шэжэрэ» деген сөз «жатқа айту», «жадындағы сөз» деген мағына беріп, оның өзі ұрпақ сабақтастығын анықтайтын дерекке қатысты (родословие) қолданылады (Башкирско-русский словарь. – Москва, 1958, 667-бет.).

Яғни қазақ тіліндегі «жад» сөзінен туындаған «шежіре» сөзіне арабтың «шәджара» деген сөзінің ешқандай қатысы жоқ деп есептейміз.

Профессор
Ақселеу СЕЙДІМБЕК.
«Қазақтың ауызша тарихы».
24-25-беттер.

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР

- Үйсін, қаңлы, алшын, адай, беріш, қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей сияқты ру-тайпалар қазақ халқының "қазақ" атануынан көп бұрын мәлім болған.

- Этнологияда қалыптасқан үрдіс буынның арасы 20-25 жыл. Ғылыми тұрғыда,генеалогиялық үрдіс тұрғысынан нақтырақ алсақ 28,7 жыл.

- Жоғарыдағы тайпалардың тарихи деректерге іліккен кезден бері қарай есепте 80-100-150 атаға ұласар еді. Бұл дегеніңіз 1500-2000-2500 жыл аясында ғұмыр кешкен ұрпақ деген сөз. Мысалы, 80x20=1600 жыл немесе 80x25=2000 жыл.

- XXI ғасыр басына дейін түзілген қазақтың шежірелік нұсқалары әрі кеткенде 19-22 атамен, буынмен ғана шектеледі.

- Ал діни-мифологиялық деректерге сүйенген шежірелік нұсқалар 50-60, тіптен 100-150 атаға дейін ұласатындар кездеседі. Мысалы, біздің қолымызда Адам атадан басталып Шеркешке дейін 40 буын, Шеркештен бері қарай 16 буын қосылған, 56 буындық шежірелер бар. Сонда Адам Атадан бері есептегенде 56 буын x25 жас=1400 жыл. Әрине, мұндай арифметикаға негізделген шежірелер еш сын көтермейді.

- Тіпті діни-мифологиялық тұрғыдан келгенде де Адам Атаның 1400-1500 жыл бұрын "дүниеге келіп", ұрпақ таратуы еш қалыпқа да, қияға да сыймайды.

- Қай қазақ шежіресі болмасын, оның бастау нұсқаларында шежірелік шарттылық тұрады. Бұл тарихи жағдайда, тарих толғағынан, тарихи қажеттіліктен туындаған, біртұтас ұлт болып қалыптасу идеологиясын негізінде ұлы бірлікке ұмтылған талабынан туындағанын басты назарда ұстау керек.

- Қазақ хандығы жасақталу барысында, шамамен 1455-1465 жылдар беделінде әр тараптан жиналған ел-жұрттың ру-тайпалық құрылымдарының әрі жаңаша, әрі тыңнан жүйеленгеніне көз жеткізуге болады. Бұл, сөз жоқ, қазақ хандығының мемлекет ретінде нығаюы үшін, қазақ халқының ұлт ретінде ұйысуы үшін өмірлік қажеттілік еді. Себебі, Ұлы Дала судай сапырылысып, сынаптай сырғыған көшпелі ру-тайпаларды бір мүддеге жұмылдыру үшін олардың тектік-генеалогиялық және аумақтық жарасымын жаңадан бекемдеу қажет еді. Көшпелі өмір-салттығы түркі тектес ру-тайпалардың уақыт сынынан өткен тарихи тағылымы солай болатын.

- Осы жаңаша жүйелеу барысында түпкі автоэтнонимдер (дербес, өзіндік ұлттық атаулар) Алаш, Қазақ, Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс, Үйсін, Қаңлы, Арғын, Алшын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Керей, т.б. түптеп келгенде, нақты ру-тайпалар арасын жалғастыратын дәнекер атау-есімдер болып табылады.

- Қазақ шежірелерінің басым көпшілігіндегі исі қазақтың "Алаш" немесе "Қазақ" аталатын бір кісіден таратылуы

халық тұтастығын көксеуден туған ұлы шарттылық. дәлірек айтқанда, ұлы бірлік идеясы деуге болады.

- Қазақтың әріден бастау алатын ру-тайпалық атауларына нақтылы бір тарихи жеке тұлғаның есімі тұрғысында емес. халық санасына орныққан шежірелік кейіпкер ретінде караса жөн болмақ.

- Қазақ даласында ислам діні бел алғанға дейін көшпелі ру-тайпалардың мыңдаған жылдық өмір салтымен біте қайнасып кеткен, сөйтіп олардың қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруінің кепіліне айналған және салт-дәстүр түрінде орныққан өзіндік діни-философиялық берік ұстанымдары болатын. Ол-табиғатпен және табиғилық атаулымен тіл табысуын бақытты өмірдің кепілі санайтын тәнірлік дүниетаным еді. Көшпелілердің аялап-әспеттері – Ұлы табиғат, табының, сипаты – Тәнір, Көк аспан болды.

- Орта Азияда VIII- IX ғасырларды араб-парсылық ықпалдың бел алғаны және бұл аймақтағы ру-тайпалар арасында ислам дінінің біржола орнағаны белгілі. Бұл ахуал түркі текгес ру-тайпалардың рухани әлеміне тегеурінді ықпал етіп, олардың шежіре жөніндегі таным-түсініктеріне терең із түсіре бастады. Оның айғағы-қазақ шежірелерінің бастауында Адам Ата, одан Нұх пайғамбар, одан Сам, Хам, Иафет есімді үш ұлдың тұруы.

- Мысалы, Түрік – Тәнір жарылқаушы Нұхтың ұлының есімі.

- Қазақ даласына бірінші енген исламдық діни ағымдарға тұрғылықты халықтардың дәстүрлі діни нанымдары да өз кезегінде біршама ықпал етті.

- Ислам әлемінің көрнекті тұлғасы Қожа Ахмет Иассауи қазақ халқының төлтума болмысын сақтай отырып, ислам дінінің орныгуына айрықша үлес қосты. Ислам діні Қазақ хандығының нығаюына игі ықпалын тигізгені ақиқат.

- Осы жағдайда өзінің түпкі тегін исламдық тұлғалармен жалғастырып беретін шежірелік түзілімдер кез келген қазақтың мерей-мәртебе тұтатын дәстүріне айналып еді.

- Мысалы, Жанарыс, одан Қара Келімбет, одан Дайыркожа, одан Аққожа, Қаракожа, Ақтанкожа. Қаракожадан Арғын мен Найман туады.

- Бекарыстан Аламан, одан Алшын, одан Сәдіркожа, Қыдыркожа, Нәдіркожа. Сәдіркожадан Алты ата Әлім, Қыдыркожадан Он екі ата Байұлы, Нәдіркожадан жеті ата Жетіру өрбіген. Сөз жоқ, бұлар ұлттың ұлы бірлік идеясы мен діни-идеологиялық мүддеден туындаған түзілімдер.

- Қазақ шежірелерінің басым көпшілігінде әрбір жүздің жиынтық атаулары ретінде Ұлы жүзді – Үйсін, Орта жүзді – Арғын, Кіші жүзді - Алшын дейді. Осы үшеуінің әкесі Қотан дейтін де нұсқалар бар. Ал Қотан Шыңғыс ханның ұлы Үгедейдің ұлы. Яғни қазақ шежіресіне түркілік-моңғолдық ықпалдың да әсері бар.

- Қорыта айтқанда, қазақ шежірелерінде яхудилік – христиандық, арабтық-парсылық, түркілік-моңғолдық қатпарлар жиі жолығады. Мұның қазақ этносының генеалогиялық ақиқат дерегі ретінде еш қабылдаудың қисыны жоқ.

- Қазақ шежіресіндегі соңғы 19-22 атаны қамтитын алаштың-қазақтың қыртыс-қатпарға этностың тарихи-генеалогиялық құжаты ретінде ден қоюға болады. Яғни **Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі тыңнан жасақталған ру-тайпалық құрылымдар жүйесі нақтылы дерек тұрғысында шежіре мазмұнынан көрініс табады.**

- Қорыта айтқанда, шежірелік деректер өзінің мазмұндық әр алуандығына, көп нұсқалығына, тіптен қиял-ғажайыптығына қарамастан біртұтас этножаратылым идеясын, яғни ұлтты ұйыстыратын ұлы бірлік идеясынан әсте ауытқымайды.

Тезистер ғұлама ғалым, этнограф, жазушы Әкселеу Сейдімбектің "Қазақтың ауызша тарихы". монографиясы негізінде жүйеленіп қорытылды. Сондай-ақ 2010 жылғы «Атамұра» баспасынан шыққан «Қазақстан тарихы». 2000 жылғы Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востровтың «Қазақ шежіресі хақында» оның ішінде академик М.Қозыбаевтың кіріспе тарауы, «Алаш» терихи-зерттеу орталығы шығарып жатқан сериялы қазақ ру-тайпаларының тарихы, Ж.Бейсенбаевтың «Қазақ шежіресі» т.б. еңбектердегі тұжырымдар негізге алынды.

Пернебай ДҮЙСЕНБИН.



.Шеркеш тайпасының негізгі таңбасы –1- бақан.
Қосалқы таңбалары:
2. Ілгек. 3. Күн. 4. Шылбыр. 5. Жұтқыншы.

***

Шеркеш бастауы туралы түрлі шежіре кітаптарда жарияланған деректер. Дәстүрлі, қалыптасқан атаудың бұрмаланғандарының асты сызылып көрсетілді.

Ескерту: Автордың мәтіндерін еш өзгеріссіз, қалай жазылса, солай беріп отырмыз. П.Д.

1. ШЕРКЕШ

Қыдыркожаның үлкен ұлы **Қыдырсықтан** - Шенеш пен Шеркеш туған. Шенештен қалған екі бала – Қосым мен Досым Шеркештің паналап өскендіктен, кейін Шеркештің ұрпағы атанған. Шеркештен 2 бала – Аққұба, Бөтік. (Басқа бір нұсқада 3 бала: Бөтік, Бай, Ертай болып жүр).

Аққұбадан – Ескара, Шумақ, Ескарадан – Зорсары, одан сегіз арыс Жауғашты және Қыран.

Бөтіктен – Жайық, одан 5 ата Қойыс, Дербіс (Қаракемпір), Сақау, Шүйініш, Қашқыншы, Еламан.

Қосымнан – 3 бала: Қатеней, Мырзамбет, Жайымбет.

Шумақтан 5 бала: Бессары, Шерубай, Жаңбыршы, Тоқымбет, Келкес.

Жауғашты 8 ата: Батырқожа, Аманай, Қара, Құрмас, Құлан, Тума, Андағұл, Жатай.

Досымнан 3 бала: Қылыш, Кестен, Тілес.

Сонда Шеркештің ұзын саны 24 атадан тұрады.

Сонымен **5 ата Шеркеш** деп жүргеніміз: **Қойыс, Қосым, Шумақ, Жауғашты, Досым** (яғни Қылыш-Кестен деп аталады).

Тағы бір шежіреде Жауғаштының сынары Қыраннан-Балпық туған, одан: Қылыш, Кестен, Тілес туған деп қате айтылып жүр. Бұл 3 бала Досымнан туған ұрпақ ретінде айтылады.ол жөнінде аңыз да бар: ағайынды Қосым мен Досым жорықтан қайтып келе жатып, алдыңғы күнгі жаугершілікте босқан жұрттан екі ер бала тауып алады.

«Сенде ер бала жоқ қой, осы екеуін асырап ал!» - деп, Қосым өзінің інісіне кеңес береді. Солай істелінеді де, екі ағайында жігіт ойлана келе балалардың атын: бірін- Қылыш, екіншісін- Кестен қояды. Сол-ақ екен, Досымның әйелі ұл табады да оның атын Тілес (Тілектес мағынасында) деп атайды. Қылыш-Кестеннің 3 ата болатыны, міне, осыдан.

Неталиев Мақсұт.
Кіші жүз. Шежіре.
Алматы. Арыс. 2007. 29-31-беттер.

***

Қыдырсықтан – Шенеш, Шеркеш. Бұл екеуінің ұрпақтары "Шеркеш" руы атанған.

Шенеш – Қосым, Досым.

Шеркеш – Аққұба,Бөтік.

Қосым – Қатеней, Мырзамбет, Жайымбет, Мырза, Шора.

Мырзамбет – Сары, Сатыпалды, Жаңғабыл.

Мырза- Боқбасар, Дарас, Шора –Қоңыр, Бекпенбет (Бекмұқамбет) би, - Шолтыр- Мақаш (Мұхамеджан).

Досым – Тілектес (Тілес), Қылыш (киімді), Кестен (киімді),

Аққұба –Ескара, Шумақ, Бессары, Шерубай, Жаңбыршы, Тоқымбет, Келкес.

Ескара- Зорсары- Жауғашты, Қыран.

Жауғашты -- Батырқожа, Аманай, Қара, Құрмас, Құлан, Тума, Андағұл, Жатай- Абыл, Қабыл (егіз туған).

Үсенбаев Теңізбай. Алшын шежіресі.
Қызылорда. «Тұмар» 2003 ж.
71-72-беттер.

Ауызекі карттардың әңгімесі бойынша Қылыш пен Кестен екеуі ағайынды екі кісі. Асыран алған әкесі Қосымның туған інісі Досым болған.Ол ағасы Қосым екеуі екі баланы қалың жаугершілікте жұрттан тауып алған. Қосым інісіне осы екі баланы бауырына салғанын қалайды. Себебі Досымның әйелі көптен бала көтермей жүрген. Досым екі баланы үйге әкелін әйеліне бергенде, тебіренген әйел көздерінен жасы парлап, жас нәрестелерге емшегін береді.Сонда тас емшегі иіп, ағыл-тегіл сүт шыққан екен. Артынша Досымның әйелі жүкті болып, балпанақтай ұл туады. Ел жұрты қуанып, тілектес болған ауылдың ақылгөй ақсақалы азан шақырып: «Мына алдыңдағы қос өрім болып өсіп келе жатқан екі ағасына тілекші болсын, тілектес болсын!»- деп, атын Тілес қойған. Шындығында да кейіннен осы Тілес ұрпағы қанаттана өсіп, қауым елге айналады.

Ақтөбе облысының шежіреші азаматы Сәрсенбаев Алпысбай, көнекөз карт Кенжебаев Досжанның әңгімелері негізінде қорытылды. Шеркеш шежіресін жинақтаған атыраулық азамат Қыдыр Ахош пен профессор Сабыр Қазыбаевтың да қолжазбасында осы дерек кесте түрінде келтірілген.

КІШІ ЖҮЗДЕ МЫНАДАЙ РУЛАР БОЛҒАН:

Әлімұлы әулеттері: Төртқара, Шекті, Қаракесек, Қарасақал, Қаракете, Ожырай, Шөмекей.

Байұлы ұрпақтары: Адай, Таз, Ысық, яғни Сықлар, Байбақты, Шеркеш, Есентемір, Тана, Беріш, Жаппас, Алаша, Маскар, Қызылқұрт. (Алтын аталмаған.П.Д.)

Жетіру әулеттері: Табын, Кердері, Тама, Жағалбайлы, Керейт, Рамадан, Тілеу.

Қазақ руларының құрамы жөніндегі бұл мәліметтер 1823 жылы старшиналардан ауызша сұран жиналған (Ленинградтағы орталық мемлекеттік тарих архиві. Ішкі істер министрлігі. Жер бөлімі, 8-делопроизводство., №91, 1822-1823,353-355- беттер).

М.П.Вяткин,
«Сырым батыр», 1951 ж.
ҚМБ.Алматы.102-бет.

ШЕРКЕШ

Шеркеш, Серкеш, Черкес- Кіші жүз Байұлы құрамындағы тайпа. Шежіре бойынша 8 атаға бөлінеді: Құлакаска, Қояс, Шумақ, Жауқашты, Қылыш, Кескен, Жетей, Қосым. Шеркешке еншілес ру бірлестіктері: Есентемір, Ысық. Бұлардың қыстауы мен жайлауы жапсарлас болған. Оңтүстіктегі мекендеген шеркештер Қоңырат, Ұлы жүз тайпаларымен көршілес отырған. 20- ғасырдың бастапқы кезіндегі санақ бойынша Шымкент уезінде Шеркештен 158 түтін мекендеген. Қалың Шеркеш Каспий жағалауын, Жайық пен Еділ аралығын, Мыңтеке, Нарын құмын жайлады.

Байұзақ Қожабекұлы Албани.
Тарихи таным.
1. Алматы. "Ататек"баспасы,1994 ж. 275-бет.
2. ҚСЭ. 1978. 12-том. 242-б.
Р. S. Екі мәтіннің авторы бір адам.

ШЕРКЕШ
(ЧЕРКЕС)

Семей облысындағы Көкпекті өзенінің сол жақ саласы Черкес (Шеркеш) өзені деп аталады. Ұзындығы 16 км. Бұл өзен атауы да жоғарыда аталған Шеркеш тайпасының атынан қойылған болуы керек.

Шежіре бойынша Шеркеш мынадай сегіз атаға бөлінеді. Құлакаска, Қояс, Шумақ, Жауғашты, Қылыш, Кескен, Жетей, Қосым. Шеркешке еншілес ру бірлестіктері Есентемір, Ысық деп аталады. Бұлардың қыс қыстауы, жаз жайлауы жапсарлас болған. Қалың Шеркеш жұрты Каспий жағалауын, Жайық пен Еділ аралығын, Мыңтөбе, Нарын құмын жайлаған.

Дүйсен Жүнісов, Өзен-көл атаулары. «Қазақстан» баспасы. 1991 жыл. 35-36 -бет.

ШЕРКЕШ
(Серкеш)

а) Қыдырсиықтан –Шенеш, Шеркеш, Шенештен- Қосым, Қосымнан- Мырза, Шора, Мырзадан- Бекбасар, Марас, Бекбасардан- Сарт, Жәлімбет, Сырымбет, Сарттан- Нартайлақ, Ақтайлақ, Сүттайлақ, Жәлімбеттен- Айбас, Рақ, Темір. Сырымбеттен- Мәмбетбай, Тұрланбай, Олжатай, Баутерек. Марастан-Мырзамбет,Мырзакелді, Мырзамбеттен- Сатыпалды, Мамай, Сары, Қоңыр, Шорадан- Жаубөрі, Жақсыбөрі, Жаубөріден- Мәлібек, Жолберлі, Әлібек. Жақсыбөріден- Құрман, Құлтума, Құрманнан-Аққөбек, Досым, Жақсылық, Құдайберлі, Құлтумадан- Рысқұл, Сәткұл, Кенжегұл, Әліғұл.

Шеркештен-Бөтік, Бай, Ертай.

Бөтіктен- Жайық, Жайықтан – Дербіс, одан- Қоғам, Тоқтар, Базар, Жамас, Қошкар, Сатай, Сатылған, Түрке. Бұлар Қаракемпір деп аталады.

Қойыстан – Сақау, Еламан, Қашқыншы, Шүйініш, Тоқтығұл.

Сақаудан- Шолпан, Арқаршы, Қайыпқара, Азбанбет.

Байдан-Құрман, одан – Құлакаска.

Ертайдан- Қыран, Жауқашты, Шумақ.

Қыраннан- Орыс, Орман, Маман, Мән, Балпық. Балпықтан- Қылыш, Кестен, Тілес.

Жауқаштыдан – Батыр, Аманай, Құлан, Тұма, Құрмас, Андағұл, Жатай **(Нұрғали?)**

Шумақтан – Тоқымбет, Шерубай, Бессары, Жаңбыршы, Келес.

Хисмет Табылдиев, Ақылбек Қалмұратов.
Кіші жүз рулары.Алматы.«Ер-Дәулет». 1994 ж.75-бет.

***

Жанарыстың тұқымы кіші жүз алшынның үш тайпасы әлімұлы, байұлы, жетіру, мынадай тайпаларға бөлінеді. Байұлының тайпалары: адай, беріш, алшын, жаппас, есентемір, маскар, таз, байбақты, тана, шеркеш, ыссық, қызылқұрт. Әлімұлының тайпалары: әлім, шөмекей, кете, қаракесек, қарасақал, төртқара, шекті, Жетірудың (карт қазақтың) тайпалары: кердері, жағалбайлы, керейт, телеу, табын, тама, рамадан. (Алтын алшынмен алмасқан.П.Д.)

Қазақтың көне тарихы.
Алматы, «Жалын»,1993.40-бет.

***

Байұлы –Кіші жүз құрамындағы рулық бірлестік. Оны халық арасында 12 ата Байұлы деп те атайды. Шежіре деректері бойынша, Байұлы –Шеркеш, Есентемір, Таз, Ысық, Адай, Беріш, Алтын, Жаппас, Байбақты, Тана, Маскар, Алаша және Қызылқұрт руларынан тұрады. Байұлы революциядан бұрын Сырдария, Торғай, Орал облыстары мен Бөкей ордасын, Маңғыстау уезін мекендеген. (2 – том, 242-б).

Қазақ руларының шежіресі.
Целиноград. «Қаламгер», 1991.34-бет.

Шеркеш- одан: Құлакаска, Қояс, Шумақ, Жауқашты, Қылыш, Кестен, Жетей, Қосым аталары тарайды.

Арыстан Өтеулин,
Мұхамеджан Әлімбеков, Қазақ шежіресі.
Алматы, «Ана тілі» баспасы.
1992 жыл. 120-бет.

***

Серкеш (Шеркеш).

Шеркештен- Қосым, Дербіс, Қоныс (Қояс), Құлакаска, Қыран (Кескен), Қылыш, Жауқашты, Шумақ.

Қосымнан – Мырза, Шора, Мырзадан- Боқбасар, Дарас.

Дербістен – Қоғам, Тоқтар, Базар, Қошкар, Сатай, Сатылған, Түрке.

Қоястан- Сақау, Еламан, Қошқыншы, Шүйініш, Тоқтығұл.

Құлакаскадан- Қылыш,Кескен.

Қыраннан- Орыс, Орман, Маман, Мән, Балпық.

Жауқаштыдан- Батыр, Аманай, Құлан, Тума, Қара, Құрман, Айдағұл, Жетей.

Шумақтан- Тоқымбет, Шерубай, Бессары, Жаңбыршы, Келес. Серкеш, Есентемір, Ыстық еншілес.

Сәдібеков Зайыр,
Қазақ шежіресі.
Ташкент, Узбекистон. 1994 ж.113-бет.

***

Шеркеш

Шеркеш-Қыдырсиықтың баласы- он екі ата Байұлының ішіндегі ағаның, үлкенінің баласы. Сондықтан Шеркеш-Байұлы ру бірлестігіне кіретін рулардың ішіндегі үлкені болып саналады. Шеркештен- Қосым, Қойыс, Жауғашты, Шуман, Қылышкесті.

Қосымнан- Жанғабыл, Жәнілбет, Қоңыр, Сары, Қателей, Қойыстан- Қаракемпір, Сақау, Сүйініш, Ақсирақ, Еламан, Жауғаштыдан- Батырғожа, Құрмаш, Қара, Тума, Андағұл, Құлай, Амантай, Жатай. Шумақтан- Шерубай, Бессары, Жаңбыршы, Тоқымбет, Қылышкестіден-Қылыш-Кесті, Телес.

Маданов Хамит.
Кіші жүз шежіресі, Алматы,
Қазақстан. 1994 ж.35-бет.

Алшын

Алшыннан Қыдыркожа (бай), Қадыркожа (қаракесек). Ел ішінде Қыдыркожа мен Қадыркожаны «қос қожа» деп те атайды. Қыдыркожа байдан 12 ата байұлы. Олар: Беріш, Байбақты, Серкеш, Алаша, Тана, Қызылқұрт, Маскар, Есентемір, Ыссық, Таз, Алтын-Жаппас, жиені Адаймен 12 ата болады.

Толыбеков Серғали. Қазақ шежіресі.
Алматы. «Қазақстан», 1992 ж.80-бет.

***

КІШІ ЖҮЗ РУ ТАЙПАЛАРЫ ТУРАЛЫ

«Ірі ру Алшын, ал алшын екіге, яғни Қаракесек және Байұлы болып бөлінеді. Қаракесек бәрінен де ірі, алты рудан тұрады, атап айтқанда, олар: Шекті, Қаракесек, Шөмекей, Төртқара, Қаракете, Қарасақал... Қаракесекке қарағанда Байұлы орташа, 12 рудан тұрады, атап айтқанда олар: Адай, Жаппас, Алаша, Байбақты, Беріш, Маскар,

Таздар, Есентемір, Алтын, **Шықтар,** Шеркес, Тана... ».(Қызылқұрт аталмаған.П.Д.)

Жетіру, яғни жеті ру Кіші жүздегі ең шағын рулар, атап айтқанда, олар: Табын, Тама, Кердері, Керейт, Жағалбайлы, Телеу, Рамадан. Саны жағынан келесісі-Шеркеш (серкеш) руы. Мұнда оның барлық жеті бөлімшесі: құлакаска, қойыс, шұмық, жанғашты, қылышкескен, жетей, қосым бөлімшелері мекендеді. Беріш руындағы сияқты, бұл рулардың да қыстаулары Каспий теңізінің маңында және Нарын құмында орналасты.

Х.Арғынбаев, М.Мұқанов. В.Востров.
Қазақ шежіресі хақында.
Алматы. «Атамұра», 2000 жыл. 371-бет

Шежіре дерегі бойынша Бекарыстың екінші баласы Алаудан Алшын туады. Жазба деректерде Алшынды бүкіл Кіші жүздің атасы деген пікір үстемдік алып жүргенін білесіз. Ал ауызша шежіре Алшыннан жалғыз Қыдуар есімді баланы ғана туғызады. Ел аузындағы аңыз-әңгімеге қарағанда балан, жас шағында ерке, ұрыншақтау болып өскендіктен ел ішінде «Қыдуар тентек» атанып кетеді.

***

...кіші жүз аталықтары арасында қожа сөзін алғаш есімдеріне қосқан Қыдуар тентектің екі баласының үлкені Қыдырқожадан шежіре дерегі бойынша он екі бала туады. Қыдырқожаның лақап аты Байұлы көрінеді. Содан да болар, одан өсіп-өнген ұрпақты ел ішінде он екі ата Байұлы деп атайды. Олар: Беріш, Байбақты, Адай, Есентемір, Алтын, Алаша, Қызылқұрт, Тана, Таз, Жаппас, Ыстық, Серкеш, (Шеркеш,Черкес). Маскар аталмаған. П.Д.)

***

...кіші жүздегі «мықты ру алшын, ол қаракесек және байұлы болып екіге бөлінеді. Қаракесек бәрінен де мықтырақ, алты атадан құралады, атап айтқанда чеклі (шекті), қаракесек, шөмекей, төртқара, қаракете, қарасақал. 12 атадан тұратын байұлы қаракесекпен салыстырғанда орташа, оны құрайтын рулар: адай, жаппас, алаша, байбақты, беріш, маскар, таздар, есентемір, алтын, шихляр, **шеркес,** тана... Кіші жүздегі ең әлсіз ру – Жетіру, олар: табын, тама, көрдері, керейт, жағалбайлы, төлеу, рамадан».(М.Тевекелев жазбасы).

Салғарин Қойшығара.
Қазақтың қилы тарихы.
Алматы, «Жалын».1992 ж.
268-270-беттер.

***

Шеркеш-Бекарыс-Алшын-Алау-батыр-Құлияр-батыр-Қадыркожа-Байұлы-Шеркеш-
Қосым,Қойыс.Шомақ,Жауғашты.

Х.Арғынбаев,М.Мұқанов,В.Востров.
Қазақ шежіресі хақында.
Алматы, Атамұра,2000 ж.397-бет.

***

Байұлы құрамындағы Шеркеш руы «Қазакия қазақ, черкес боп екіге бөлінгенде» қазақтар құрамында қалған ел болуы мүмкін дегенді айтады. Қазақ шеркештерінің ұраны – «Шағырай». Ал черкестерде «чахаркас» деген ата кездеседі... абазиндер арасында әлі күнге дейін шегірей руы бар, сол абазиндер арасында Шакараул тайпасы бар, ол бес ата қазақ шеркештерінің Қойыстан тарайтын Сақауына үндеседі. Бұл сақаудың (Шакараулдың) I ғасырда Сыр мен Әмудария аралығын мекендеген Сакараул сақтарының жұрнағы болуы да ғажап емес деген топшылауға барады. («Қазақ атауының ізімен». «Жалын». 1990 №5).

Дегенмен, М.Тынышбайұлы еңбегіндегі «Өб өзеніне құятын Қатын өзенінің оң жақ саласы Черкиш аталады» деген дәйек бұл атаудың да түп-төркіні Алтай төңірегінен екенін байыптатқандай болады. Оның бір дәлелі – сақа (якут) жұртының құрамында да «сергеччі» деген ру барлығы. Демек, ерте кездердегі Ұлы қоныс аударулар заманында Шеркеш тайпасы да Кавказдың теріскейіне жетіп, сол маңдағы елге өз атауын қабылдатуы мүмкін. Осы ретте түрік руларының тарихын зерттеуге зор үлес қосқан Н.Аристовтың: «черкес атауының өзі Кавказ баурайына түрік руларының сол аттас қауымының атымен жеткен секілді»,- деп бұдан жүз жылдай бұрын жазып кеткені иланымға келеді. Яғни, шеркеш-черкес жұрттарының тегіне қатысты ауыс-түйістер черкестен-шеркешке емес, шеркештен-черкеске қарай бағытталғандай.

Бейсенбаев Жарылқасын.
Қазақ шежіресі. Алматы. Атамұра. 1994.79-80-беттер.

ЕСКЕРТУ: Шежірелік мәліметтерді оқыған кезде келесі бетте оны қалай оқып, қалай пайдалану жөніндегі ережелермен, нұсқаулықтармен толық танысып шығыңыздар.

Шежірелік кестені оқу үлгісі

Бұл шежірелік кесте оңнан солға қарай оқылады. Кімнен кімнің туғандығы кішкене нұсқама бағдар сызықпен белгіленген. Бұл кестені **мөлдір шежіре** деп атаймыз. Себебі бір беттегі тізбекті кестеден **әр адам өзінің жоғарыдан санағанда нешінші буында тұрғандығын** тез тауып ала алады.

Шартты түрде мысал келтірейік:

Бекарыс –Ордаш -Мөңке –Шаншар -Тұлпар- Тоқпан- Алау- Алшын- **Шеркеш-** Қосым-Шора-Жақсыбөрі- Құрман- **Жақсылық-** Рыспанбет- Тоғызақ –**Борсықбай** – Кененбай – Аманжол--

Сыздық – Убайділда- Жанай- **Жангелді**
Дүйсенбі – Пернебай- Ерлан- **Жанасыл**

Түсініктемесі, яғни оқылуы:1. Ең соңғы **Жангелді** мен **Жанасыл** деген бала Бекарыстан 23 – буында тұр
1. Жангелді мен Жанасыл Шеркештен 15- буында тұр.
2. Жангелді мен Жанасыл Жақсылық атадан 10- буында тұр.
3. Жангелді мен Жанасыл Борсықбай атадан 7-буында тұр.

Басқа түрлі жазылған шежірелердің ешқайсында мұндай **мөлдірлік** жоқ. "Асан, Асаннан Есен, Үсен, Мұрат ..." дегендей жазба шежірелердің оқылуы өте қиын және буынды анықтауда шатас көп болады.Әлгі тік түсіліріліп жазылатын кесте шежірелердің де оқылуы қиын және техникалық жағынан орындалуы күрделі.

Сондықтан да **мөлдір шежіренің** сыйымдылығы, оқылуы барлық шежіре түрлерінің ең ыңғайлысы болып есептеледі.

Әдетте бір атадан жақсы, қанаттана өрбіген ұрпақ өсе келе мәуелі бәйтерекке айналады.Былайша алып қарағанда, ру атын алған тұлғадан туғандарды, өсіп- өрбіген ұрпақтарды, яғни немере, шөбере, шөпшек, т.б. кестеге түсіргенде кестенің жалпы көрінісі **көлбей жатқан бәйтерек ағашқа** қатты ұқсайды.

Кестені оқу тәсілі

.....Аманжол –Дүйсенбі- Пернебай- Ерлан-Жанасыл

Оқылуы: Аманжолдан Дүйсенбі, Дүйсенбіден Пернебай, Пернебайдан Ерлан, Ерланнан Жанасыл туады.

Ескерту: Кейде кестені кітап бетіне техникалық жағынан сыйымды етіп орналастыруға байланысты туыстық желі сабақтастығы сынық сызықтармен де берілуі мүмкін.

Мысалы: Аманжол-Дүйсенбі -

Пернебай-Ерлан-Жанасыл

Яғни мына сынық сызықты кестенің **оқылуы сол жоғарыдағыдай**.

ҚҰРМЕТТІ АҒАЙЫНДАР, ТУЫСТАР!!

Осы шежірелік кестемен қалай жұмыс істеу ережелерімен, шарттарымен бюллетеньнің екінші бетінде толық танысасыздар!

Кестедегі туыстық желілерді байланыстыра оқу тәсілі.

Мысалы:

Жеті ата

Тек ата	*Туп ата*	*Баба*	*Ұлы ата*	*Ата*	*Әке*	*Бала*
...Борсықбай –	Кененбай-	Аманжол-	Сыздық-	Үбайділда-	Жанай-	Жангелді
			Дүйсенбі -	Пернебай –	Ерлан –	Жанасыл

Жеті пұсты

немесе әке мен немене арасындағы ұрпақтардың байланысу желісі

1.Әке	*2.Бала*	*3.Немере*	*4.Шөбере*	*5.Шөпшек*	*6.Шөбелек*	*7.Немене*
Жақсыбөрі –	Құрман –	Жақсылық –	Рыспанбет –	Тоғызақ –	Борсықбай –	Кененбай –

8.Немелтай	*9.Шөбелтай*	*10. Жүрежат*	*11.Туажат*	*12.Қаймана*
Аманжол-	Сыздық –	Үбайділда-	Жанай –	Жангелді

Жеті пұстылық желі **немелтайдан** басталып үзілетіндігіне назар салыңыз.

Оқылуы: **Жақсыбөріге** Жақсылық **немере,** Тоғызақ **шөпшек,** ал Кененбай **немене,**Аманжол**-немелтай,** Сыздық**-шөбелтай,** Үбайділда **– жүрежат,** Жанай **– туажат.** Жангелді **қаймана** болып есептеледі. Әлгі **он үшінші буында** ру аты ауысады деген көне дерек осы тұста растала түсетіндей.(қараңыз. «Қазақтың көне тарихы» Алматы, «Жалын» 1993 ж. 40-41-бет).

P. S.Соңғы кездегі кейбір белді баспасөз беттерінде **жүрежат** пен **туажат** ұғымын алмастыра беретін адасу пайда болды. **Жүрежат** ұғымында әлі үзілмеген туыстық түйсік бар. Ал **туажат** ұғымының өзі-ақ туыстық арқауының үзілді-кесілді үзілгенін айтып тұр ғой.

Пернебай Дүйсенбин.

P.S: Ертеректе көнекөз қариялар **«Жеті пұстыңды»** айтып берші деп өз балаларына немесе жақын ағайындарының балаларының ата-тек шежіресін сұрап, осы заман тілімен айтқанда, «емтихан» алып отыратын. Яғни **«пұсты»** ұғымы әке мен немене арасындағы желіні анықтайтын сөз. Сөз арасында, жаңа жолыққан жаннан: **«Ныспың кім?»** деп сұрайтын. Бұл ұғым, бүгінгі тілмен айтқанда, **«Есімің кім?»** немесе **«Атың кім?»** деген ұғымның баламасы болатын. Бұл ұғымдарды қайта жаңғыртып, ықыласты оқырмандар назарына ұсынғанды жөн көрдік.

Ол жөнінде Қытайдағы белгілі тарихшы, этнограф Н. Мыңжанидың «Қазақтың көне тарихы» еңбегінде келтірілген. Ескерту: Ертедегі дәстүр бойынша жаңа ру атын алу дәстүрі жүзеге асырылған.

ТҮП ТАМЫРЫҢ ШЕЖІРЕГЕ БАЙЛАНЫП

Жеті атасын білмеген жетесіз
Тегін білмеген тексіз

Жеті ата

7. Тек ата
6. Түп ата
5. Баба
4. Ұлы ата, арғы ата
3. Ата
2. Әке
1. Бала



Жеті пұсты

1. Әке
2. Бала
3. Немере
4. Шөбере
5. Шөпшек
6. Шөбелек (өбере)
7. Немене

---

8. Жүрежат
9. Туажат
10. Қаймана

АЛШЫН ӘУЛЕТТЕРІ



Байұлы (Қыдырбай) әулеттері



ҚОСЫМ ӘУЛЕТТЕРІ

СҰРАҚ-ЖАУАП
(Дұрыс жауап беру үлгісі)

- Сіз қай жүзсіз?
- Біз- Кіші жүзбіз.
- Кіші жүздің **қай бірлестікке** жататынын білесіз бе?
- Білемін. **Алшын** бірлестігіне.
- Ендеше біздердің барлығымыз **алшындармыз ғой**?
- Дәл солай.
- Ал сол **алшындар** қанша тайпаға бөлінеді?
- **Жиырма бес тайпаға**.
- Біз қай тайпаға жатамыз?
- Он екі ата Байұлының шеркеш тайпасына.
- Сол шеркеш қанша руға бөлінеді?
- **Алты** руға. Олар – қосым, қойыс, дербіс, жауғашты, шумақ, Қылышкестен.
- Өзіңіз қай рудансыз?
- Қосымбыз.
- Қосымның қай әулетіненсіз?
- Мырзасынанбыз.
- Оның қай аталығынан?
- Жанғабылымыз...

Ескерту: *Шежіре деректері бойынша Шенеш пен Шеркеш бір туады. Шенештен Қосым, Досым туады. Шенеш ерте дүние салған соң Шеркеш Қосым, Досымды өзіне еншілес етіп алған.*

ҚОСЫМ-ЖАНҒАБЫЛ




Шенеш
Қосым
Мырза
Марас
Мырзамбет
Мамай
Жанғабыл
Әйімбет
Бәйімбет
Құлыш
Қараш
Көшкін
Ерімбет (Жортақ)
Жәдік
Сөбек
Атығай
Меңді
Құл
Шобай
Бөлек
Шотан
Жандеу
Бабағұл
Молдабай
Сарқыт
Дүйсенбай
Сәрсенбай
Бектеміс
Тоқтамыс
Өтенияз
Өтеміс
Өтесбай
Мұқаш
Шыңғали
Қали
Ракманберді
Рымберді
Құрбансейіт
Қыдыр
Әбибулла
Аманқос
Болатбай (Поштабай)
Наурызбек
Мұқатбай
Қонысбай
Сәрсенбай
Оразай
Бұқарбай
Абат
Азат
Садақ
Ақан
Кенен
Нұрлыбек
Нұртаза
Нұрғазы
Нұрадолла
Оңғарбай
Бақытжан
Есенбай
Нұрсұлтан
Тілектес
Бақтыбай
Тынымбай
Базарбай
Сәкен
Қуаныш
Бауыржан
Ғалымжан
Қайыржан
Елемес
Орынбасар
Руслан
Асылан
Аскар
Бошан
Медет
Құлжұмыр
Сатыбалды
Жадыра
Дүйсенғали
Нәби
Шошан
Жадыра
Есмағамбет
Қосыбай
Смағұл
Темір
Құрымбай
Басар
Бағыт
Ерболат
Маратқабылан
Мұраткабылан
Саяуыш
Қосыбай
Женіс
Кеңес
Бақытжан
Мұрат
Кемел
Сатыбалды
Дүйсенғали
Бекпенбет (Бекес)
Бектұрған
Ансаған
Нұрдәулет
Алтай
Руслан
Жақсылық
Бекболат
Бекзат
Меке
Мерей
Бекнұр
Басар
Құрман
Айтбай
Есболай
Ажыр
Бағыт
Ахмет
Балтай
Қалмұрат би
Тасболат
Жолдыбай
Айтбай
Бағыт
Ахмет
Әбдірақ
Бижан
Ашықбай
Василий
Аман
Есен
Серік
Аскар
Нұрлан
Нұржан
Еркін
Ержан
Жанайдар
Асылбек
Мұханбет
Нүртыныш
Руслан
Абзал
Айбек
Нұрбек
Мәлік
Дулат
Бауыржан
Өміржан
Руслан
Нариман
Нұрлыбек
Жұмабек
Бисенбай
Құбайдолла
Орынбасар
Мереке
Камал
Әлішер
Әділбек
Әлібек
Дастан
Әлішер
Әлібек
Әлихан
Меруерт
Негина
Әнуарбек
Жәнібек
Жұлдыз
Самал
Айнұр
Жақсылық
Айсұлтан
Бексұлтан
Қосболай
Алтынбек
Байтемір
Жайлыбай
Кенжебай
Нұрғали
Тұрғали
Нияз
Жайық
Төлеген
Нұрмағанбет
Мұқанғали
Сайлаубай
Жалғас
Жансерік
Бапан
Сапақ
Аманбай
Есей
Жанқаска


Шенеш
Қосым
Мырза
Марас
Мырзамбет
Мамай
Жанғабыл
Әйімбет
Бәйімбет
Құлыш
Қараш
Көшкін
Ерімбет (Жортақ)
Жәдік
Сөбек
Атығай
Меңді
Құл
Шобай
Айтбай
Жанқасқа
Мұздыбай
Қондыбай
Дүздібай
Елепан
Жұбатыр
Оразалы
Құлбатыр
Құрман
Сырым
Нұржан
Жұмалы
Құлмағанбет
Кенеш
Дәулетбай
Әбілқайыр
Әбілда
Айжарық
Жаңабай
Қонықеш
Артықбай
Жаулыбай
Әбиболла
Нәби
Сапар
Саттар
Асқар
Сағынбай
Айдархан
Елшібек
Нәдірхан
Шонат
Қампас
Алуа
Нағипа
Ернар
Мадияр
Валерик
Бауыржан
Рақымжан
Досымжан
Нұржан
Жәнібек
Қанат
Әлинұр
Әлихан
Абдуләзиз
Нүрбек
Жауыш
Насыр
Аққалам
Аймырза
Жәкентай (Жолмырза)
Бәкен (Баймырза)
Талмырза
Балмырза
Мақпал
Гүлфара
Мейірбек
Ғалымжан
Ерлан
Жасұлан
Досжан
Әдият
Санжар
Мінәсіп
Күреген
Әсел
Сая
Бақтыгүл
Ләззат
Бақтияр
Данияр
Асхат
Қайрат
Талғат
Айзада
Әлижан
Айтуған
Айсұлтан
Башан
Бабай
Түсіп
Өзберген
Қазымбет
Қазыбек
Сәдірбек
Өтебай
Айжарық
Рақымберді
Төлепбай
Балуан
Жұмағазы
Жағал
Жұбай
Жүндібай
Сабыт
Көптілеу
Ерсайын
Қуанышқали
Тобыш
Құлмағанбет
Беркін
Өтеміс
Мейрамбай
Аманжан
Сағыныш
Есенғазы
Құрманғазы
Баймұқан
Қалмұқан
Балмұқан
Шоқпыт
Серік
Ізмұқан
Ізтуған
Қара
Сәуіржан
Өтеулі
Қалдыбек
Жұманбай
Жұмағұл
Бисалы
Жұмадүрді
Сұлтанғали
Күбірбай
Оңдаш
Жаңбырбай
Өмірғазы
Тапал
Омар
Төреғазы
Манан
Сағын
Қазы
Нұржан
Жаңабай
Жанай
Наурыз
Есмұқан
Қарағұл
Кенжегұл
Сейіт
Табынбай
Жауынбай
Нұрлан
Серік
Нүрбек
Нүрбол
Сембай
Дүйсенбай
Жексенбай
Нүрсұлтан
Нүрсәт
Әділжан
Ернұр
Тәліа
Мырзағали
Оспанғали
Молдағали
Мақаш
Шұғыла
Қуаныш
Мерске
Нұрболат
Ерболат
Бекболат
Нүрмұхаммед
Оразәлі
Айтмұхаммед
Жолжан жырау
Жасұлан
Мәди
Жеңіс
Сапақ
Бектеміс
Тоқтамыс
Қали
Өтенияз
Рақымберді
Райым
Құлбала
Қыдыр
Аманқос
Тілектес
Бақтыбай
Тынышбай
Базарбай
Сәкен


Шенеш
Қосым
Мырза
Марас
Мырзамбет
Мамай
Жанғабыл
Ерімбет
Аманбай
Таңқы
Төлеген
Қалыбек
Битоқ
Тәни
Балдыбек
Бейсен
Әнкібай
Сәнкібай
Есей
Сәрсен
Айтан
Қаныш
Ақантай
Сөбек
Аққозы
Жарқынбай
Мош
Еділбай
Жайма
Телғозы
Тойынша
Жабағы
Орынғали
Тілеуқабақ
Ізбай
Мұқан
Бөкен
Жұман
Нысанбай
Бәйтен
Кенжеғали
Балтабай
Сайлау
Жайлау
Төлеген
Еркін
Қожахмет (Қожақай)
Кеңес
Қартбай
Қуан
Қожас
Есжан
Орынбасар
Елтоқ
Битоқ
Жантоқ
Сәркен
Бұрыш
Күйіс
Таубай
Мұрат
Асылкерей
Жұмабай
Жасан
Нұрпейіс
Боранқұл
Тәжен
Мәшбай
Базарбай
Елеусін
Сәду
Садақбай
Қылышбай
Боран
Ділмұқан
Аманқұл
Бексейіт
Байтас
Шойтас
Жайтас
Тұңғатар
Таңатар
Толеп
Тұрымбай
Нұрлан
Серік
Берік
Мүкіл
Құлбай
Мүсәлі
Дәмелі
Қуан
Қадірәлі
Кенжеғали
Жантолы
Жандалы
Айтолы
Сағынғали
Бейсенғали
Кенже
Садақбай
Баян
Сыржан
Иманғали
Ерасыл
Ерік
Бекарыс
Рауан
Бекзат
Парасат
Аман
Есен
Асқар
Асқат
Ғалымжан
Ғани
Сәден
Дәурен
Қызданай
Бәйтен
Кенжеғали
Ерік
Сәндібек
Саясат
Тынымбек
Қайрат
Жұлдызбек
Роллан
Мұрат
Болатбек
Сүйеу
Талғат
Болат
Қайрат
Бекболат
Жанболат
Досболат
Ерболат
Азамат
Бекзат
Бақдәулет
Нұрдәулет
Нұрәділ
Жансейіл
Санжар
Рүстем
Азат
Әлия
Әния
Олимпиада
Мәдина
Бекзат
Мақсат
Қолғанат
Құралай
Әдемай
Венера
Азиз
Мейрам
Арман
Заманбек
Рауан
Дінмұхаммед
Ернар
Нұржан
Нұрлан
Ерлан
Түрлан
Жасұлан
Қобылан
Руслан
Нұрсұлтан
Тоты
Жасқанат
Түрарбек
Айдын
Артур
Қатық
Садық
Жатық
Қарақойшы
Әбдірахман
Рақымжан
Серік
Берік
Серік
Ернар
Ерасыл
Асылхан
Нұрасыл
Еділ
Нұрбек
Жарқын
Өтеген
Есенғали
Досқали
Хасан
Есмырза
Абдолла
Бисенғали
Бақтығұл
Жолдасқали
Амантұрлы
Асантұрлы
Аманқос
Наурызғали


Шенеш
Қосым
Мырза
Марас
Мырзамбет
Мамай
Жанғабыл — Сөбек
Аққозы
Жарқынбай
Мош
Еділбай
Жайма
Телғозы
Тойынша
Байтас
Шойтас
Жайтас
Көркембай
Хантөре
Естөре
Сұлтанғали
Жұмағали — Бітімбай
Қоқа — Сабыр
Мырзағали — Кенжеш
Дінқуат
Жанқуат
Әбдір
Бисенбай
Сыдиық
Нүрберген — Жұмахмет
Даркан
Ғабиден
Ғайниден
Халел — Ерназ
Серік
Асқар
Ақбоз
Сисенбай
Арман
Ерлан
Дастан
Базар
Молдағали
Жиде
Айгерім
Зере
Сұлтан
Омар
Амантай
Амангелді
Ораз
Рахмет (Ахас)
Жомарт
Эрик
Ілияс
Әйімбет — Рақымберді
Құлбала
Қыдыр
Аманқос
Абат
Садақ
Азат
Ақан
Кенен
Қуандық
Бақтыбай
Тынышбай
Базарбай
Сөкен
Маңғырбай
Әбді
Оңғарбек
Бөйімбет
Бақал
Шытырбай
Мамай
Шамұрат — Төребек
Қарақай
Егдірбай
Қуандық
Сисенбай
Камалладин
Орақбай
Тайыр
Амангелді
Сәрсен
Оспан
Нұрлан
Меңдібай
Рамазан
Ибадулла
Зиядулла
Нарзилла
Бақтияр
Бақтыбай
Қорабек
Төребек
Нұрлан — Самат
Қонақбай
Нұрдәулет — Ерлан
Сәбит
Руслан
Марат
Райбек
Еламан
Нұрмат
Данияр
Жанболат
Доқал
Ахмет
Мұрат
Сейдахмет
Қонбай
Манас
Ақжол
Рақат
Айбек
Айтбай
Абай
Түңғатар — Сәмбет
Санбай
Сержан
Қамбар — Мақташ
Мұқан
Жараубай
Жұмабай
Мертабан
Бекмұрат — Маским — Ислам
Төңірберген
Амангелді
Есенгелді
Абыл
Қайыр
Жақсылық
Өскінбай
Жолдасбай
Меңдібай
Серікбай
Базарбай
Нұралы
Ералы
Сәрсенбай
Арман
Ерлан
Ержан
Қазыбек
Таңатар — Темірбай — Елеусін
Зұлпықаш
Сәду
Төжен — Мәштай
Қылышбек
Сағызбай
Мүшкіл
Шоқан
Қодан
Сағызбай
Құлмахан
Әйекен
Саржан


Шенеш
Қосым
Мырза
Марас
Мырзамбет
Мамай
Жанғабыл — Сөбек
Аққозы
Жарқынбай — Жайма
Мош
Жаппейіс
Құлнияз
Ұзақбай
Қожан
Сәрсенғали
Аманияз
Ерғали
Малдыбай
Қалдыбай
Қозыбай
Есжан
Сабыр
Арал
Жаңабай
Көпжан
Алдияр
Нұрлан
Женіс
Мақсот
Сансызбай
Нүртілеу
Нұран
Камаладин
Жамаладин
Сыранадин
Нәжімедин
Занадин
Құлпейіс
Шорабай
Қыдырбай
Шубай
Нұралы
Қарабай
Көшен
Салмырза
Бурабай
Айтбай
Ержан
Қашым
Ережеп
Таубай
Бисенбай
Құрбанбай
Оразбай
Сейсенбай
Омар
Таңбай
Дауылбай
Орынбасар
Базарбай
Серікбай
Өмірбай
Ниетбай
Құралбай
Бауыржан
Ермек
Арман
Нұржігіт
Ерасыл
Құттыбай
Тазабай
Тимур
Нұрлан
Әділет
Женіс
Тілектес
Бейбарыс
Әли
Рамазан
Түгел
Асқар
Мұхтар
Қоңқаш
Күзембай
Қадим
Бекім
Түрғанбай
Үсейін
Айтбай
Қуанышбай
Бақтыбай
Жарас
Қанат
Болат
Үсенбай
Дауылбай
Бисенбай
Сиссенбай
Аязбай
Олжабай
Айдарбай
Үсен
Жамбыл
Ілияс
Сәкен
Аманжол
Асылбек
Құрманғазы
Әділғазы
Ілияс
Абай
Абидулла
Қажымұқан
Бақтияр
Әлихан
Әділхан
Шыңғыс
Бақыт
Фархад
Манас
Ержан
Алмат
Көптілеу
Сабыр
Түрақ
Қанжан
Сабау
Айтан
Түран
Есқали
Ысмайылхан
Телғозы — Наурыз
Лепес
Тойынша
Ағынтай
Можық
Күсеп
Бисен
Құрман
Үсенбай
Жексенбай
Нұржау
Есенәлі
Рысмәмбет
Рысқұл
Рысәлі
Сүйінішәлі
Нұржан
Айтжан
Мүбин
Әлдияр (Аллаяр)
Алақай
Сүйінғара
Әли
Алмағанбет
Ыбыраш
Қабибулла
Абай
Мұздыбай
Дәулет
Рашид
Ыспайылхан
Кенжетай
Бауыржан
Біржан
Балмағанбет
Қайырмағанбет
Қайролла
Әбділда
Әбілхан
Жанғали
Бақыт
Нұрболат
Қайырғали
Сапарғали
Арман
Ардақ
Жамалидин
Рамадин
Аралбай
Қуанышбай
Мұрат
Қайрат
Қанат
Жанділда
Бекмырза (Итемген)
Әбдіғали
Ерғали
Есенғали
Ысмайылхан
Азамат
Шапағат
Бейбарыс
Бекболат
Нұрболат
Әлішер
Диас
Бекжан
Байжан
Сержан
Асқар
Ардақ
Нұрсұлтан
Нұрғали
Ерғали
Панабек
Бақыт
Қожағұл


Шенеш
Қосым
Мырза
Марас
Мырзамбет
Мамай
Жанғабыл
Атығай
Бекен
Берді
Меңді
Құл
Нұралы
Маңғыбай
Мұса
Арынғазы
Есқали
Өтеп
Дендербай
Тоққожа
Есенғали
Аманқос
Қыдыралы
Кенже
Болат
Айтжан
Айтжан
Бисенқұл
Жайберген
Жаймұқан
Тілеген
Бақберген
Таңатар
Дәніш
Кенже
Темірбай
Сағынай
Аманияз
Құлнияз
Бәкен
Ақмырза
Орын
Төремұрат
Мақпал
Дүйімбай
Құрақбай
Нұрлан
Аманжан
Қайыржан
Ержан
Нұржан
Бауыржан
Дәукен
Бекбаулы
Ырысбай
Жарылқасын
Есмұқан (Ермахан)
Есенбай
Түржан
Тасқынбай
Мырзаш
Мұқанғали
Жаңылсын
Жұмабай
Табылды
Қиязбай (Шора)
Серік
Ілес
Мақаш
Қайрат
Қайырбек
Амандық
Аманжан
Амангелді
Аманқос
Борис
Берік
Саламат
Абдрахман
Дарқан
Нұрлыхан
Ырсалы
Жиеналы
Дәдібай
Төпен
Болпан
Ұзайын
Досан
Ізғали
Бәшен
Баштақ
Бағыт
Сағыт
Қарашаш
Дүйсенбек
Елемес
Сейсенбек
Мұқаш
Қадырбек
Ермұрат
Дарын
Мерей
Жоламан
Ардақ
Құрманбек
Райымбек
Нұрланбек
Абай
Ақан
Қайрат
Бекболат
Айбат
Әсет
Зиятқожа
Ахат
Сұлтан
Бекзат
Нұрқан
Ерасыл
Тоққожа
Нұрқожа
Қуанышбек
Мұса
Қанат
Жалғас
Жолдас
Талғат
Оңдас
Қайырбек
Мейірлан
Амандық
Сәбит
Әділбек
Данияр
Марат
Амангелді
Қуаныш
Болатбек
Жанат
Ерболат
Нұрлыхан
Нұрлыбек
Өмірбек
Мейрамбек
Нұрлан
Нұрхан
Нұржан
Жұлдыз
Сымбат
Айша
Айбек
Алтынбек
Исламбек
Аманжан
Амангелді
Аманқос
Дулат
Думан
Ернар
Досхан
Асқан
Дастан
Думан
Мирас
Ғани
Дидар
Дияс
Алмас
Дулат
Дәулет
Алмат
Әмір
Бекзат
Әкерке
Айгерім
Назкен
Бекзат
Тоғжан
Мейірхан
Әсемгүл
Гүлдана
Назерке
Бексұлтан
Нұрсұлтан


Шенеш
Қосым
Мырза
Марас
Мырзамбет
Мамай
Жанғабыл
Атығай
Бекен
Берді
Бекбаулы
Ырсалы
Жиеналы
Дәдібай
Төпен
Болпан
Ұзайын
Досан
Ізғали
Бағыт
Сағыт
Кеңес
Ілес
Сисен
Бисен
Қуаныш
Қуандық
Жаңабай
Жоламан
Амангелді
Амантай
Асылбек
Дархан
Жәнібек
Жомарт
Мирас
Берекет
Ақниет
Бекзат
Дарын
Батырхан
Әсет
Әлихан
Бекжан
Меңді
Өрбін
Шоқай
Оңай
Нохы
Қоржынқұл
Қонысбай
Құрман
Жұмағазы
Иманғазы
Шығырбай
Жаңбырбай
Аюбай
Сағынай
Ермек
Сәндібай
Теңелбай
Наурызбай
Айтуар
Шағыр
Беркін
Мұрын
Сарғұл
Кетен
Нәш
Қарағұл
Құрмаш
Қарабай
Қондыбай
Арал
Дүйсенбай
Сәрсенбай
Бисенбай
Көшербай
Қалдыбай
Дайраш
Мұрат
Ерболат
Қуанышқали
Мұрат
Махамбет
Исатай
Қисмет
(Қасиет)
Өтеген
Төлеген
Мейірбек
Орысбай
Орынбасар
Серік
Мейрамбек
Жексенбай
Талғат
Марат
Мұрат
Мейрамбай
Ерасыл
Дастан
Манас
Мәди
Бекзат
Бағдат
Нүрболат
Есболат
Ақболат
Жанболат
Ақжол
Абылай
Мағжан
Досжан
Қайсар
Қойшығұл
Қадірғұл
Өмірғұл
Бижан
Бисен
Мәтжан
Аманжан
Серік
Амантай
Мейіржан
Наурызбек
Қуандық
Смағұл
Құбай
Бақытжан
Мұрат
Асылан
Нүрдәулет
Нұрқанат
Ибат
Жаннұр
Айсая
Құл
Рүстем
Текебай
Сеңгірбай
Қодан
Үпек
Байгел
Шашты
Байнияз
Бернияз
Кенжалы
Мұрат
Байқадам
Иман
Аманша
Оразбай
Мыңбай
Шәутебай
Өтеген
Есбосын
Аралбай
Мыңжас
Боранқұл
Дәулеталы
Отаралы
Хабар
Ақай
Бипан
Қаржаубай
Әбдірахман
Қуаныш
Орынбасар
Жармағанбет
Құлмағанбет
Наурызғали
Нұрмұқан
Нұрғали
Жұмағали
Сарбай
Абдол
Берік
Серік
Кеңес
Халел
Нұрлыбай
Тілекжан
Ербол
Асқар
Асан
Аяулым
Қуаныш
Жалғас
Жолдас
Оңғар
Жеңіс
Сансызбай
Төлеген
Жарас
Мәулен
Дәурен
Аңсар


Шенеш
Қосым
Мырза
Марас
Мырзамбет
Мамай
Жанғабыл
Құл
Рүстем
Текебай
Сеңгірбай
Иман
Қодан
Үпек
Байгел
Шашты
Жалпақ
Сағыр
Қалабай
Қоңыр
Оңдыбай
Өмірбай
Сарбас
Жақсыбай
Ермұхамбет
Құлжан
Меңдеш
Шәкі
Тоқбай
Теңеш
Көшербай
Шамақ
Мүбәрәк
Абдолла
Байқұл
Абыл
Нығымет
Фазыл
Сағат
Мөбарақ
Уәли
Тастай
Шалабай
Тоқбай
Жұбатқан
Темір
Тышқанбай
Қарақұлшық
Жазық
Түрнияз
Кенбай
Дүмбай
Қойтанбай
Тәкір
Хасан
Бәйет
Нәйет
Нәсір
Аққали
Ыбыраш
Хамит
Хасан
Балмұқан
Қасбай
Жаманкөз
Жетібай
Сәду
Жалғас
Құрманғали
Сабаз
Хамза
Сағытжан
Асылбек
Қазыбек
Болатбек
Сәрсенбай
Жұмабай
Бейсенбай
Самат
Болат
Рашит
Қайрат
Ғалым
Жұмағали
Ысымғали
Дос
Басбай
Ығылман
Ізбасар
Молдағали
Дүйсен
Базарбай
Әнуар
Данияр
Сағындық
Нұрлыбек
Шаттандық
Бағыт
Тілеген
Шөкен
Жәпіш
Аққағаз
Майдан
Мұңал
Мәлік
Мерген
Нұғыман
Бисен
Құлжан
Калихан
Сейілхан
Мәмбет
Боранбай
Мұнайбай
Сағи
Мұхтар
Омар
Мұхамбет
Сәбит
Мағзым
Әбіш
Аяулы
Қайырмағамбет
Ерсайын
Мейірхан
Мұхамбет
Жүсіп
Әлібек
Жәнібек
Ерлан
Ерболат
Ержан
Қайыржан
Айбек
Жұмабек
Жәнібек
Қуаныш
Қайрат
Нарымбай
Ербол
Медет
Мерей
Мәди
Жарман
Құмар
Таңатар
Берген
Ерлан
Мұратбек
Марат
Бақытжан
Бауыржан
Абылай
Дәулет
Алтынбек
Ертілеу
Мәлік
Жомарт
Мақсат
Марат
Талғат
Нұрсұлтан
Мақаш
Аманкелді
Амангелді
Жауынбай
Сәрсенбай
Бейсенбай
Дүйсенбай
Арман
Асылан
Бақытқали
Қуаныш
Амандық
Қуаныш
Саламат
Наурызбек
Жандарбек
Әли
Сүлеймен
Нұрлыбек
Райымбек
Сәуіржан


Шенеш
Қосым
Мырза
Марас
Мырзамбет
Мамай
Жанғабыл — Құл
Рүстем
Текебай
Байгел — Қоңыр
Шашты
Үпік
Айжігіт
Молжігіт
Зоржігіт
Есбай
Қодан — Нияз
Көшербай — Қойтанбай — Қарымсақ
Шамақ
Орысбек
Балдай
Тас
Шора
Көшкінбай
Өмірзақ
Өтеәлі
Қожанияз
Түрым — Сейтек
Сабаз
Хамза — Ырысты
Сағытжан
Қанатбай
Сәрсенбай
Бекбосын
Байбосын
Қази
Қали
Ескали
Сарыбай
Әлжан
Түрғанбай
Қыстаубай
Беркімбай — Наурызғали
Жолыш
Бексейіт
Түрсейіт
Айжан
Сейітқали
Бекқали
Кенжебай
Қаржаубай
Бипан
Күзенбай
Биток
Құлмағамбет
Жолмағамбет
Қарағұл
Жолдас — Амандық
Мұрат
Жұмасейіт
Амантай
Наурызбек
Рамазан
Сайлаубай
Жаңабай
Сұлтан
Азамат
Ерболат
Рахмет
Құрмет
Алтынбек
Аян
Бекболат
Болатбек
Бақытжан
Ислам
Санжар
Жұмабай
Оңайбай
Абай
Гүлдана
Айдана
Жұлдыз
Жанаргүл
Мирамгүл
Амангелді
Ринат
Нұрмұқан
Куандық
Бейбіт
Мейірхан
Мерей — Мұстафа
Өтеген
Күзембай
Қасымғали
Қаражан
Көшкін
Жума
Төлеуіш
Аманғали
Арызбай
Ораш
Оразбай
Аманбай
Қыдырбай
Нұрлан
Серік
Рүстем
Садуақас
Исатай
Әлібек
Бек
Марат
Марас
Аманкелді
Жарас — Аманжол
Нұрлан
Махамбет
Тарас
Молдабай
Әтембай
Әжімбай
Айдос
Нысанәлі
Асанәлі
Айбек
Мейіржан
Айдар
Түгел
Мәлік
Марал
Мирас
Салтан
Мақсат
Абылайхан
Иса
Ілияс


Шенеш
Қосым
Мырза
Марас
Мырзамбет
Мамай
Жанғабыл
Құл
Текебай
Мыңжасар
Бөшек
Бәкей
Бекпенбет
Бекжан (Бегежан)
Жетпіс
Сарман
Шыбын
Сұлтанғали
Қалдыбай
Тәжмағамбет
Меңдіғали
Жүндібай
Бөлшекен
Боран
Қашақ
Құлбас
Дауыл
Сәрсенғали
Ерғали
Сиық
Тел
Орман
Қази
Тел
Шолтан
Түрсын
Жабу
Жетпіс
Жолжан
Самархан
Шамғон
Текшелеп салды жебені,
Байбақты батыр жол тартып
Жалғыз өзі атамыз
Хорезмге қарай жөнеді.
Көп ұзамай Байбақты,
Хиуаға келеді.
Келгесін сонда атамыз
Аруағын хан көргесін
Қасиетін Хиуа білгесін
Хиуа ханы сыйлады.
Билері мен байлары,
Ерлігі мен аруағы
Келгенде қонақ батырдың
Бар екен деп иманы,
Сонда жарлық қылады.
Ақ боз үйін тіктіріп,
Қонағасымен сыйлады.
Ордаға халық жиналды.
Сонда Хиуа сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
-Он сегіз жасар сұлуды,-
Жеңгетай болған әйелге,
-Байбақты батыр қойнына.
Апарып қызды сал деді.
Ерлігі бұның керемет,
Қасиеті оның бар деді.
Сол кездері батырдан,
Тұқымын алып қал деді.
Күн батқасын сол күні,
Жеңгетай болған келіншек
Асыға басып келеді.
Ақ боз үйдің ішінде
Жатыр екен Байбақты.
Әйел сонда сөйледі:
-Басыңды көтер батыр деп,-
Қызды әкелдім жаныңа,
Көңіліңді көтеріп,
Қасында бұның жатқын деп,
Деді дағы ол әйел
Ақбоз үйдің түндігін,
Есігін жауып кетеді.
Орындадым деп бұйрықты,
Ханға да әйел келеді.
Ақбоз үйдің ішінде,
Мақпал төсек үстінде.
Жатты қызың керіліп,
Аққудай болып көрініп.,
Етегін сонда түрініп.
Қасына батыр бармады,
Байбақты сонда жерініп.
Қарамастан Байбақты,
Сол күні жатты түнімен
Таңсәріден тұрады.
Атына мойнын бұрады,
Кершабағын ерледі.
Сонда батыр атамыз
Мініп алып атына,
Еліне тұр жүргелі.
Жеңгетай болған келіншек
Жүгіріп сонда келеді
Жұлқына сөйлеп береді:
-Батырлығың осы ма,
Еркекпісің сен өзі,
Қыздың көңілін таппапсың.
Жанында неге жатпадың,
Неге кетті шошынып?
Қасиетті сіздей батырдан
Тұқым алып қалам деп
Неше күндей бақтаным...
Байбақты батыр сол кезде
Қылышын алып қолына,
Әйелге қарай ұмтылды.
-Еркек осындай болат деп.
Осылай қылсам аруағым.
Бойыма сенің қонад деп.
Қатынды шауып тастады.

БАЙБАҚТЫ МЕН ӘЛ ҮСТІНДЕГІ ӘЙЕЛ

Сол күні таңда Байбақты
Асыл туған атамыз
Еліне қарай жол тартты.
Байбақты батыр атамның,
Мекен еткен жерлері
Айранкөл екен табаны
Қара Таздың елінде
Өтен сынды батырдан,
Ақ батасын алғаны.
Сұсынан қорқып батырдың,
Қабағы қалың жан еді,
Айбатты туған нар еді,
Маңында дұшпан болмады.
Он екі ата Байұлы
Халқының арын арлады,
Қылышын жауға қайрады.
Турашылдық әділ жолымен,
Халқының туған қамы үшін
Ортаға басты сайлады.
Байбақтыдай атаға,
Жырдан шумақ арнадым.
Аруақты атаның
Әулиелік қасиет
КеремеТІ бар еді,
Асыл сүйек жан еді.
Баршасын байқап қарасақ,
Періштелі түрі бар,
Құдіреті сол еді.
Бір күндері болғанда.
Байбақты батыр атамыз.
Бір ауылға келеді.
Сол ауылдың бір келіні,
Қайтып қалған күн еді.
Ақбоз үйді қоршалап,
Туыстар, тума ағайын
Ата –енесі, күйеуі,
Балалары мен және де
Жиналған халық қауымы.
Сол келіндІ азалап,
Жылап жатқан кез еді.
Қасиетігі осылай
Таң қаларлық ер еді.
Сол кездері Байбақты,
Ақ үйдің келді сыртынан,
Қасиетті ғажайып
Өзгеше бір жан еді.
Қолында дойыр қамшымен,
Тартып-тартып жіберді.
Аузына тістеп өкпесін
Атамыздың көзіне,
Қызыл түлкі боп көрінді
Жантәсілім еткелі,
Әл үстінде келіннің,
Жатқан уақыт кезі еді.
-Атаңа нәлет түлкі деп,
Ауыздағы өкпені,
Байбақты батыр атамыз,
Тастап кет деп ақырды.
Бір шай ішіп болмай-ақ
Ағаш үйдің ішінде,
Құлаққа келді зор дауыс:
-Келіңдер, - деп шақырды.
Отырған халық қарасы.
Манағы келін сол уақытта
Кеудесіне жан еніп,
Көтеріп алды басын-ай.
Сөйледі келін осылай:
-Қызыл түлкі өкпемді,
Суырып алып кеткенде,
Көк суға қарай жеткенде,
Әлгі түлкі сол жерде
Батырса суға өкпемді.
Бұл жалғанмен қоштасып,
Арманда болып кетем деп,
Атан-енем мен күйеуім,
Балдарым қалды , не етем деп,
Қиналып жатқан кезімде
Өкпені суға батырмай,

Салып кет деп орнына,
Айғайлады атам кеп.
Әлгі түлкі келді де
Аруағынан атамның
Қорыққаннан сол кезде
Өкпемді салды орнына-ай! -
Деп тіл қатты жас келін
Орнымнан сосын тұрдым-ай.
Қасиетті атамның,
Қабыл болған тілегі -
Алланың ол да бергені.
Жантәсілім жатқан келіннің,
Кеудесіне жан еніп,
Сонда аман қалғаны-ай.
Тілегі қабыл ер еді,
Ауырып қалып сырқаса,
Байбақты батыр келгенде,
Тілегін құдай береді.
Артық туған батырдың,
Қасиетін халық көреді.
Аруағы атамның
Әлі қалмай келеді.
Дау-дамай мен жанжалға,
Арасына ауылдың,
Арасына жаланың
Араласпас ер еді.

БАЙБАҚТЫНЫҢ ЖЫЛАНЫ

Жолаушы шығып Байбақты
Тайсойғанның құмынан
Сахара дала -шөлстан
Шөлдеп келе жатады
Сол бір кезде алдынан
Шұбар жылан шығады.
Суысын менің денем деп,
Жерде жатқан жыланды,
Атында тұрып Байбақты
Еңкейіп алды мойнынан
Мойынға салды жыланды,
Жүре берді жолынан
Тәңірдің тал түсінде
Қарайған үйге келеді,
Ат үстінен дауыстап.
Түстеніп сусын ішуге,
Кім бар бүгін бұл үйде?
Бір келін шықты үйінен.
-Атыңыздан түсіңіз деп,-
Деп ілтипат қылады.
Періштелі жан екен,
-Қонақ болып түстеніп,
Біздерге бата беріңіз.
Әйелі мен еркегі,
Түстеніп отырған кез еді.
Үйіне мұрат салғасын,
Атын байлап Байбақты,
Атамыз үйге кіреді.
Отырса батыр сусындап,
Мойнына салған жыланы,
Киімінің ішінде,
Көрінбей ешбір тұр еді.
Қанды ғой менің шөлім деп,
Байбақты батыр сол уақытта,
Жеңінен әлгі жыланды,
Іргесінен қара үйдің,
Басынан сипап жіберді.
Жөнімен жылан кетеді.
Көріп тұрып жыланды,
Шай құйған келін шошынып:
-Ойбай жылан, көтек! - деп,
Мынау бізге не етед деп,
Қатты қорқып кетеді.
Байбақты сонда сөйледі:
-Қорықпа, келін қарағым,
Келе жатып шөлменен,
Шөлдегесін жолымда,
Алдымнан шығып бір жылан,
Денем суып жүрсін деп,
Салған едім мойныма.
Шырағым, сен қорықпа!-
Деген екен атамыз.
Байбақтының аруағы
Ұрысқан дұшпан жауына
Жылан болып көзіне,
Зайыры солай көрінеген.

БАЙБАҚТЫ ӨСИЕТІ

Мен әріден жырлайын
Байбақтыны баяндап.
Сол сияқты ерімнің
Турашыл әділ болғанын
Халқыңның намысын қорғадың
Жар болғай, ата, аруағың.
Кісінің ақысын жемеген,
Жетім менен жесірді,
Жарлы менен кедейді,
Қолтығынан демеген.
Қайырлы болғай атамыз,
Аруағымен желеп-жебеген.
Адасқанға жол болған.
Болмай жүрсе жолдары,
Тарығып жүрген пендеге,
Бата берсе оң болған,
Көпшілікке нұр болған.
Халқын ертіп артына
Тайсойғанның құмынан,
Үдере көшіп Байбақты
Көшін ертіп ізіне
Қоныс басты қазіргі,
Тасқұдық деген жеріне.
Суы тұщы жағымды
Шалқыған айдын көл еді,
Сол жерге батыр келеді.
Сол мезгілде атамыз,
Тоқсанға келген кез еді.
Отырған халқы маңында
Жас нәресте дауысы
Құлағыма келген-ді.
Айтқан екен Байбақты,
Шақырып алып жан-жақты.
Байлаулы тұрған жерінде
Ақ боз атына қараса,
Тұяғымен жануар,
Қарпып жерді тұр екен,
Көріп тұрып Байбақты,
Сөйледі сонда атамыз:
-Бақилыққа кеткенде
Жататын жерім осы екен,
Деген екен халқына.
Бесін мезгіл болғанда
Нәрестенің дауысы
Шыққан екен сол уақытта.
Шақырып алды елдерін,
Қатар құрбы, теңдерін.
Сонда атамыз сөйледі:
-Кісінің қолы жағамнан
Тірлігімде алмаған,
Дұшпан көзін салмаған.
Жантәсілім боларда,
Ағаш үйді тіктіріп,
Өзі барды шешініп
Жағасына сол уақытта
Кісінің қолын тигізбей
Оң жағына қара үйдің,
Өзі жатты атамыз.
-Ит сарымас кесене,
Салсаңыз маған болад,- деп.
Құлыптас қойсаң басыма,
Көңілім менің толад деп.
Осы жер қоныс болад деп,
Жанғабыл шеркеш аулына,
Ағайын, тума, бауырға,
Өсиетін айтты атамыз
Тәңірден бұйрық болғанда,
Байбақты батыр атамыз.
Аманатын тапсырып.
Тоқсанды жасап фәниде,
Тоқсан бірге асқанда,
Дүниеден өтіп жөнелді.
Сол секілді асылдың,
Артында тұяқ қалмаған,
Байбақтыға сиынып
Пендесі барып зарлаған.
Тілек тілеп Алладан
Өсиетін орындап,
Артында қалған халқы,
Алысқа кетті атамның,
Әулиелік даңқы.
Зияраттап басына,
Жылына екі барамыз.
Қасиетті абыз атамды,
Бұл күнде еске аламыз.

Осы күнде байқасаң,
Басына келген пенденің
Қабыл қылған тілегін.
Ауырып келген пенденің,
Тәуір болған сырқаты.
Атамыздың бұл күнде,
Доссор да жатыр тұрпаты.
Жарылқаушы құдірет,
Мединада Мұхаммед,
Түркістанда Қожа Ахмет,
Хиуада палуан Ахмет,
Маңғыстауда пір Бекет,
Шеркештерде Шағырай.
Жетім менен жесірге,
Көрсеткен қызмет бірталай.
Бергейсіз, Алла, абырой,
Қысылған жерде қолдай гөр!
Қыдыр көргендер Қосай,
Асау, Барақ, Табынды,
Аруағы қолдасын.
Батырлығы белгілі,
Жан-жаққа кеткен шартарап,
Бір Алла бізді қолдап жүр.
Әлемдегі Жанқожа
Аруағыңмен қолдап жүр.
Ақтөбедегі Есеттей,
Тамадан өткен ерлерім.
Қасиетті бегілерім,
Осы тілегімді қабыл ет.
Егескен жау болмаса,
Кедейлер жүр қорғалып,
Көзінің жасы сорғалап.
Артық дәулет жимады,
Бірдей болып көппенен
Теңдікке қолы жетпеген.
Келематты ер болды,
Үстінен дұшпан өтпеген.
Ақ некесі болмаса,
Кісінің жарын сүймеген.
Байбақты батыр атаның,
Жайылды жұртқа хабары.
Доссордағы Байбақты,
Шапағаты тиген жан-жақты.
Қасиетті абыз атамыз,
Сиынып сізге жатамыз.
Қабыл болсын батамыз!
Атағың көпке жайылған,
Сырқат болған пенденіз
Басына барса жазылған.
Зияраттап басына
Жылына екі барамыз.
Байбақтыдай атаны
Бұл күнде еске аламыз.
Алты ауыз арнау жырымды
Тарту еттім өзіңе.
Ойымнан шыққан сөзімді
Арғы атам шеркеш Байұлы,
Жанғабыл Қосым ауылдан,
Тыңдалсын деп халқыма,
Аяқтаймын жырымды,
Жас ұлан ерген жалпыға.
Мұны да тыңдап қараңыз
Мен Қыдырдың баласы,
Сәрсенбай жырау балаңыз.

Сәрсенбай жырау Қыдырұлы
Жазып алған
Базарбай ҰЗАҚБАЕВ

ҚАМШЫГЕР АЛАҚАЙ

Саркөл мен Тайсойған өңіріндегі қалың жұрттың арасында небір шеберлігімен, қайталанбас өнерімен танылған тұлғалар жетерлік. Оған мысал – шеркеш руынан шыққан бес батырдың бірі аталатын Алақайдың қамшыгерлік қасиетіне тірі пенде тең келмеген екен. Саркөл өңірінде туып, атақүлдігін мәңгілік мекен еткен Алақай батыр есімі Он екі ата Байұлының ішінде аса жоғары бағаға ие. Оның қасиеттілігі сол, өзге батырларға қарағанда өте салмақты, бейсеубет әңгімесі жоқ, топырақты адам болған. Алақайды менсінбей, «кішікол батыр» деп ешкім айтпапты. Ақтөбе, Орал атырабына аты әйгіленген Алақай тұрса, жұрт жиналған жерде «Жол-Алақайдікі!» болған көрінеді.

Шеркеш – Андағұл Алақай батыр – сондай өрен, қайрат иесі болған жан.

ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ АҢЫЗ, ӘҢГІМЕЛЕРДЕН ...



Алақайдың ерекшелігі – кез келген соғысқа кіргенде қолына қамшыдан өзге қару ұстамаған. Қамшысы да соншалықты өткір болады екен. Асаудың Тұрланын патша түрмеге қамағанда араша сұрап, бірнеше рет барады. Алайда, патшаның қаһарынан қорыққан ел ақсақалдары рұқсат бермеген соң, Алақай батыр соғыс аша алмапты.

***

Батырдың қартайған шағында ел ішінде орыс пен қазақтың арасындағы кісі өліміне қатысты дау туады. Жазықсыз өлген жанды даулап барған жергілікті халыққа Завьялов деген правитель күн төлегісі келмейді. «Біз басқа-бас төлейміз, киргиздар біздің Иванды көзімізше өлтірсін»,- десе керек. Сонда топ алдында нысанада тұрған дәу қара орысқа ешкімнің дәті жетпей әрі төреден қаймығып елі Алақайға қолқа салады. Атамыз сонда қинала барып келіскен екен. Ол заманның шарты – қамшының өзегінде қайыстан өзге қорғасын немесе темір тәрізді қатты зат болмауға тиіс. Арнайы құрылған комиссия Алақайдың қамшысын қарап, еңгезердей орысты ұруға жібереді. Батыр екі рет ұрмай қайтып, үшіншісінде ғана қамшысын сілтейді. Қолын көтерген бойы комиссияның алдына қамшысын тастайды да, бұрылып жүре береді. Әлгі орыс сол күйі орнынан қозғалмағанына қарап, қоршаған қандастары шулай бастайды.

- Біздің Иван бір рет сілтеген қамшыға өлмейді.
- Ой, пәлі! Ер болсаң, осындай бол!
- Жарайсың, Иван!
- Тамаша!..

Жақын келіп қараса, қарулы қол Иванды қақ ортасынан бөліп жіберген екен. Дәу қара Иван қол тиген соң, сылқ етіп екі жағына құлап түседі. Содан екі жақ бітісіп, Жайық бойының жергілікті қазақтары көшпенді орыстарға ықпалын жүргізе бастайды. Қазақ-орыстар жергілікті қазақтардың (бұратаналар) Жайықтан мал суаруына, бағандардың астынан өтуіне тыйым салуы содан кейін сап тыйылыпты.

Атырау-Орал тасжолының бойында Махамбет селосына жетпей, Тоқтамыстан былай Таңқы дейтін станция бар. Соның тұсындағы биік дөңді ел-жұрт «Алақайдың дөңі» деп атайды. Бұл Андағұл-шеркеш Алақай батырдың есімімен және жоғарыдағы оқиғамен байланысты.

Кәсібіміз қалам ұстау болған соң ізденіс үстінде жүргенде, біздің қолымызға Ақтөбе қаласынан 2001 жылы шыққан Сырым Бақтыгерейұлының «Түлеген Ойыл өңірі» атты деректер хикаяттар кітабы түсті. Соны парақтап отырып, жоғарыдағы оқиғаның басқа бір нұсқасын таптық және ол Алақай дәуірінде болған деген тұжырым жасадық. Кітаптың «Жаналқым» атты II тарауының «Тұрдалының Қызылы» атты бөлімінде (127-128- беттер) былай делініпті: «... облыстың белгілі айтыскер ақыны, республикалық ақындар айтысында бірнеше рет жүлде алған ойылдық Нұрлыбек Қалауов былай әңгімелейді: «Көкжар жәрмеңкесінде бір орыс саудагері сатып тұрған майына қол жүгірте берген бір қазақ баласын соғып, өлтіріп алады. Қазақтар мен орыстар арасында қатты жанжал туып, ақыры екі жақ «жаңағы саудагер орысты бір ұрып өлтіретін адам табылса құны даусыз» деген тоқтамға келеді. Бірақ бір соққымен құлатуға ешкімнің тәуекелі жетпей тұрғанда сырт көзге онша қайратты көрінбейтін, сылти басатын, мұндағыларға белгісіз біреу: «Мен құлатамын»,- дейді. Айтқандайын, ат үстінде шауып келіп, қамшысын үйіре тартып кеп қалғанда орыс саудагерінің басы анадай жерге домалап түседі. Содан жаңағы жігітке құрмет көрсетіліп, ол Ойылда тұрып қалады. Кейін елдің бір аруына ғашық болып, Қызыл Тұрдалыұлынан өз атынан қызға арнап ән шығарып беруін өтінеді. Мына «Қамшыгердің әні» осылай шығарылған»..»

Осылай деп, автор ән мәтінін толық келтіреді. Әрине, оның өтірік – расын кім білген?! Десек те, атам қазақта мұндай хикаялардың көп болғаны рас. Бұған қарама – қайшы келер пікір – қазақтың бір шумақ өлең шығармағаны жоқ. Оның үстіне әлгі айтылған оқиға Алақай заманымен тұстас. Алақайдан өзге Кіші жүзде қамшыгер жан болмағанын жоғарыда келтірдік. Сондықтан С.Бақтыгерейұлы келтірген әннің мәтінін

көшіріп көрсетуді де артық болмас деп білдік. Ел аузындағы әнді ұрпақ жадына сіңіре берсек, ұлт мәдениетінің жоғалмағаны болар, сірә!? Бәлкім, ән авторы Алақай батыр болмаса да, бұл да елдің қайратты туған, қайсар ұлдарының бірі екені даусыз.

ҚАМШЫГЕРДІҢ ӘНІ

Айдынына Ойылдың қаз қонады,
Қалжың айтсам жеңшем мәз болады.
Ойнайық та күлейік жәрмеңкеде,
Жәрмеңкесі Көкжардың аз күн ғана
Қалқам-ай,
Жанарыңнан жалтаңы-ай!
Ұлы Ойылдың сазаны тайша тулар,
Көрсетпей жүр өзіңді өңшең кулар.
Алып қашып кетейін сөзіңді бер
Көп болғанда ауылың жаздай шулар.
Қалқам-ай,
Жанарыңнан жалтаңы-ай!
Шақырса да бармаймын бар қыз кел деп,
Қамшы бердім ініңе балдыз бол деп.
Сыр айтып ем жеңгеңе жолықтыр деп,
Жеңгең мені қайрап жүр жалғыз кел деп.
Қалқам-ай,
Жанарыңнан жалтаңы-ай!

ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ ЕДІЛ БАЙ

Қызылқоға өңірінің Саркөл, Тайсойған қонысында мыңғырған мал өсірген талай-талай байлар мен мырзалар өткен. Аймақта 12 мың жылқы айдаған әкелі-балалы Еділ мен Бопылдақ, бір өзі отыз мың қой өргізген Борсан, қылқұйрықтың сүлік қарасын өсірген Жәнеберген, төрт түлікті түгел айдаған Есенгелді, атақты Бегәлі байлар жайлаған. Олардан бері де талай дәулеттің иелері болған деседі. Бәрі де ауылда, қазақтың қаймағы бұзылмаған иен далада өмір сүрген. Соның ең көрнектісі – Бопылдақ бай. Оның байлығына Бұқар бетте тең келген дәулет тым сирек көрінеді.

Жауғашты-шеркеш Бопылдықтың баласы Қоржық та би болған. Бопылдықтың өз заманында қандай тұлға болғандығының куәсі – Саркөлдің Қарасорға құяр сағасында. Қарабау станциясының (Қарабау селосынан шамамен 70 км жерде) жанында тұрған күмбез тамдар, биіктігі атты кісінің бойымен таласатын құлпытастар. Бұл ескерткіштер иесінің бір кездері осынау сардаланың шынайы иесі болғандығын, сонау алыс ғасырлар қойнауынан айтып, үн қатып тұрғандай. Біздің ата-бабаларымыз өздеріне жайлы үй тұрғызбаса да, өмірден озған ата-бабаларына мазар салу мен ас беруден тартынбаған. Олардың шынайы даналығы да осында жатыр.

Халық аузында сақталған Еділдің байлығы – соның айғағы.

ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ АҢЫЗ, ӘҢГІМЕЛЕРДЕН...

Еділдің өзі бай әрі сақи жомарт адам болыпты. Кенже баласы Бопылдыққа сегіз арыс адайдың белді жері Мұнал-Жары бөлімінен қыз айттырып алып береді. Сол Еділ мен Бопылдықтың ұрпағы «Қоржық бидің Байұлының ағасы есебінде жас болса да, бас болып, жер дауын шешуде шаршы топ алдында былай деп билік құрыпты»,- деген шалдардан қалған сөз бар.

Екі кісі Сұлтансиық пен Беріштен бас қосса,
Ел қорғаған батырлығын айтар.

Екі кісі Ысықтан бас қосса,
Өз елі ішіндегі сұғанақтығын айтар.

Екі кісі Таздан бас қосса,
Жасаған саудасы, еліне тигізген пайдасын айтар.

Екі кісі Адайдан бас қосса,
Көрсеткен зорлығын, қызбалығын айтар.

Екі кісі Есентемірден бас қосса,
Елінен көрген зәбір-жапасын айтар.

Екі кісі Жаппастан бас қосса,
Қыдырқожа атамыздың атымен үлестірген ру таңбасын айтар,- деп жер дауының түйінін, әр атаның қонысына қарай байлам жасап, бата беріпті.

***

Бопылдақтың жайлау төсіне сыймай, мыңғырған жылқысы алыс-жақындағы елдің талай мырзасының «ішіне от түсірген». Өсімтал келетін тұяқты жануардың тұқымын алуға жер шеті қиындағы Әлім-Шекті Көтібар батырдың да назары ауады. Бопылдақты сүріндіруге тырысқан Көтібар бір күзде 100 жігітін атқа отырғызып: «Қарасордың жықпыл-жықпылында жатқан Бопылдақтың жылқысынан қолдарына іліккенін барымталап әкеліңдер»,- деп аттандырады.

Бопылдақ та «қара жаяу» кісі емес, оң-солынан хабар алдырып, өзінің жылқысына көз алартушылардың ішінде Көтібар батыр да бар екенін шамалайды. Сондықтан қамсыз болмайды. Қалың жылқысын әуелі бір Аллаға аманатқа тапсырып, қала берді. Қарасордың қалың да қатпарлы, суы мол сайларына сенеді екен. Сорлы сайдың арасына ендеп жайылып, кіріп кеткен жылқыны іздегенде тіс қақкан әккі жылқышылар болмаса, өзгелер төте жүріп, жол таба алмайтын көрінеді.

Бопылдақ таң намазын оқып, ертемен ауыл жанындағы биік төбеге шығып, жан-жағын шолып тұрса, Қарасор беттен жаяу шұбырған адамның легін көзі шалады. Сол бойда үйіне қайтып, балаларын оятады да:

-Байлауда тұрған құр атты құбылаға қаратып, тез шалыңдар. Ауылға көп мейман бағыттап келеді, - дейді. Байекеңнің дегені әп – сәтте орындалады.

Үздік – создық шұбырған жігіттердің ұнжырғасы түсіп кеткен. Сәлемдесуге зорға шамалары келіп, далаға төсеп қойған киіздің үстіне құлай кетеді. Бопылдақ бай да жігіттердің түр – түсін шамалап, жобалайды.

«Дәу де болса, осылар Көтібардың аламандары. Жолдары болмай, Қарасордың қалың сорына аттарын қалдырып, жүзі күйсе де амалсыз кешірім сұрап, аяққа жығылуға келіп отырғандары болар» деген ой айналдыра береді. Алайда сыр берместен оларды құрметті қонақ есебінде күтуге жабдық жасатады.

Далаға 100 жігітке дастарқан жайғызады да, астаумен табақ тартып, семіз жылқының етіне бәрін бөктіріпті. Бірақ қонақасы үстінде жігіттердің жөн-жосығын сұрамайды. Дастарқан аяқтала келгенде өз жылқышыларына 100 жарамды ат алдырып: «Қонақтар еліне жаяу кетпесін, елдігімізге сын болар»,- депті. Қонақтар әбден үзеңгіге аяқ салғанда барып;

-Көтібар батырға менен сәлем айтыңдар, -деген екен. Сонда жігіттер: «Апырмай, бұдан гөрі бізді тыр жалаңаш шешіндіріп, дүрелей сабап, жаяу айдағаны дұрыс еді. Шеркештердің еліне жердің бетімен келіп, астымен қайттық -ау»,- деп қаңтарылып қалыпты.

ӘКЕСІНЕ ЕНШІ БЕРГЕН ҰЛ

Қызылқоға өңіріндегі XIX ғасыр тарихынан елеулі орын алатын тұлғаларының ірі өкілдерінің сапында Асау мен Тұрланның да есімдері аталады. Асау Маңдайұлы 1780 жылдары туып, 1862 жылы 82 жасында дүниеден озды деген тұжырым бар. Әрине, бұл деректер болжаммен айтылған болуы мүмкін.

Асаудың руы – шеркештердің Қойыс бөлімі. Қойыс заманында бай болған, берісі бес ата шеркешке, әрісі он екі ата Байұлына билік айтқан кісі екен. Асау би есентемір Бөкен, Қаратоқай – беріш Есет, Қосым шеркеш Тұманшы билермен замандас болуы керек. Сол Асаудың бәйбішесі үйленгеннен кейін бала көтермей, әулиеден әулие қоймай түнеп жүріп. Тұрланды көріпті. Ол көлденең кісі айбынынан қаймығарлықтай әрі би, әрі батыр болып жаралады. Асаудың Тұрланнан басқа да балалары болған. Бірақ тарихта аты қалған соң солардың ішінен Тұрланның есімі көбірек аталады.

Ел билігіне жастай араласқанымен, Тұрлан Асауұлының мінезі шәлкес, тіке сөйлеп, ауыл маңынан өткен атты кісіні немесе өлең айтып бара жатқан жолаушыларды қуып жетіп, жазалап отырған екен.

Тұрлан есейе келе ел басқарған кезінде төрелермен теңдес болған.Ол әсіресе осы өңірді басқарған атақты Баймағамбет сұлтанның баласы Әленмен тіресіп қалып жүріпті. Төрелер елге теңдік бермеген соң Тұрлан Өтемістің Махамбетімен де бірер рет кездесіпті деген сөз бар.

ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ АҢЫЗ, ӘҢГІМЕЛЕРДЕН...

«Тұрлан айтыпты» деген билік сөздер біршама баршылық. Соның ішінде « Болар бала – жасынан» дегендей, Тұрланның бала кезінде айтқан бір сөзі ел есінде мықты сақталған.

Күздігүні Асаудың ауылына бір топ қонақ сау ете түседі. Қонақ келгесін үй-ішінің әбігерге түсіп қалатыны белгілі. Май сойылып, шай қойылып, жабдық жасауға кірісуі керек. Асаудың әйелі сол шаруалардың қамымен жүреді. Бірақ үй иесі келген меймандармен әңгімелесіп отырғанда, жалғыз әйел қай жағына жарылсын?!

Үйде әкесінің қасында отырған бала Тұрлан соны байқаса керек, қонақтарға естіртіп әкесіне:

-Әке, осы отырғандардың бәрі де би ме, мырза ма? Ішінде қара қалтай қазағы жоқ па еді? Жалғыз шешем не бітіреді, шай қоя ма, ет аса ма? – депті.

Сонда қонақтардың біреуі:

-Бала демесең, осы сөз дұрыс-ау, - деп, келген жігіттерден отын-суға көмектесіп, мал соятын адамды бөлек-бөлек шығарып берген екен.

***

Тұрлан жігіт болып атқа мінгесін: «Жұрт баласына енші береді екен, мен әкеме енші беремін»,- деп әкесі Асауға енші беріп бөлек шығарады. Осы хабар елге тарап, бес шеркештің беделді ақсақалдары жиылып, Тұрланды тәртіпке шақыруға Асаудың ауылына аттанады. Бұл әңгіме Асауға да жетеді. Асау ұлы Тұрланды шақырып алып:

-Ауылға елдің көп игі жақсылары келе жатыр. Олардың неге келе жатқанын біліп отырсың. Сен тентек болма, көпке топырақ шаша алмайсың. Олар сені батырам десе де, жоқ қылам десе де, «жасаймын» дегенін істеп тынады. Абзалы, қонақты жақсылап күт, қонақасысын бер, қалған билігін өзіме қалдыр, - депті.

Елдің жақсылары келіп түскесін, Тұрлан қонақасы әзірлеп, жақсылап сыйлайды. Сөзді Асаудың өзі бастайды.

-Ал, қонақтарым, қош келдіңіздер. Қандай шаруамен келгендеріңізді мен естіп – біліп отырмын. Сондықтан сіздердің бұл келгендеріңізге бек рақмет. Бірақ тілегім бар, соны бересіңдер, - дейді.

Қонақтар «мақұл» десіп, бас шұлғиды.

-Өздеріңе белгілі, мен үйленгесін көпке дейін бала көрмедім. Алладан бала тілегенде: «Әй, Құдай, маған он немесе бес бала берме, бір бала берсең де бірегей етіп бер»,- деп сұрағанмын. Жаратқан ием ол тілегімді қабыл алып, осы Тұрланжанды берді. Енді бұл бала менің өтімді алып, аузыма құйса да бейілмін. Сіздер осы құрметке «Қош» деп тыныш кетсеңіздер, менің қуанышым шексіз.

Сонда ашуға мініп келген шеркештің игі жақсылары аталы сөзге қарсы дау айта алмапты.

***

Асау есентемірдің биі Бөкенмен жиі кездесіп, шер тарқатысып тұрады екен. Сондай кездесулердің бірінде Асау би:

-Бөке, жігіттің неше жұрты бар, соны білгеніңіз бар ма? – деп сауал тастайды.

Сонда Бөкен тұрып:

-Әй, Асаужан, өзің соларды менен артық білесің. Бірақ ағаңды сынап тұрсың-ау, әуелі өзің айтшы, - дейді жіптің ұшын өзіне тастап.

-Жігіттің өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты бар. Өз жұрты – күншіл, нағашы жұрты – сыншыл, қайын жұрты – міншіл келеді деп айтады, - дейді Асау. Бұл жауапты байыппен тыңдап алған еентемір Бөкен би:

-Асау, айтуың дұрыс-ау. Бірақ бұған қоса жігітті күндемейтін, сынамайтын, мінемейтін бір жұрты бар ғой», ол – Алаштың азаматы, - депті.

***

Бірде Тұрлан ауылынан шығып кеткенде, үйіне бір жолаушы келіп түседі. Атын сыртқа тұсайды да, үйге кіргенде әлгі жолаушы өзінің көрпе-төсегін алып кіреді. Соны төрдегі кілемнің үстіне төсеп жіберіп демалады. Бұған таңыркаулы үй қожалары мейманға қонақасысын беріп, ертеніне шығарып салғанымен, мәнісін сұрамайды. Аттанар алдында мейман балалардың бірінен:

-Тұрлан қашан келеді? – деп сұрайды.

-Көп ұзамас, екі – үш күнде келіп қалар.

-Онда менен оған сәлем айт, - деп жүріп кетіпті.

Отағасы оралған соң келген кісінің түр-сипатын болжап, келген кісінің Махамбет екенін топшылайды.

Арада екі-үш күн өткен соң мейман қайта оралып, Тұрланмен кездеседі. Екі батыр түні бойы сыр айтысып, бар шерін тарқатысқан екен.

Сол кездесуден кейін Махамбет айтыпты деген ел арасында мынадай сөз бар:

-Ер-азаматтың төрт құбыласы тең болмайтын еді. Жаратқан ием бір басқа батырлықты, билікті, байлық пен балалықты бермейтін. Мен осының бәрін Тұрланның бойынан көрдім. Асылы, оның ғұмыры қысқа болар.

Дауылпаз ақынның осы сөзінің жаны болса керек, Тұрлан 49 жасында (1855 жылдардың шамасында – Н.Қ.) қайғылы қазаға ұшырады. Жасыратыны не бар, Тұрлан және оның өлімі туралы әркім әртүрлі айтып та, жазып та жүр. Бірақ оның рухы өшпейді, ел бағына туып кеткен ақиық азамат қой.

Материалды жинақтап,
дайындаған Назарбек ҚОСШИЕВ.

АЛАҚАЙ ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР

Алакай батыр туралы батыс өңірде небір аңызға бергісіз әңгімелер бар. Көзі тірісінде қамшыгер атанған Алакай, халық аңызына қарағанда, аса биік те болмаған. Бірақ оның қол күші, дене күші ерекше еді.

Сонау бодандық дәуірде орыстар Жайық бойын қатты қорып, қазақтардың атақоныс жерлерін өздерінікінен әрмен иемденіп, тұрғылықты халыққа небір зәбірді көрсетеді. Қазақтар суымызды лайлады, шабындығымызды таптады, балығымызды үркітті сияқты сылтауларды желеу етіп, олардың маяларын өртеп, малдарын айдап әкетіп, ауылдарына шабуыл жасайды. Мұның аяғы кісі өліміне ұласқан сәттер де болған.

Бір ретте бұған шыдамаған Алакай бір топ серіктерімен барып станцияның атаманына барып, оның қандастарының істеп жүрген зорлық-зомбылықтарының әбден шегінен шыққандығын, егер қоймаса еш аясу болмайтынын, үйлерін, шабынын өртеп, малын айдап, аяғы қантөгіске ұласатынын Саркаскаға батыл айтады. Алакайдың өңменінен өтіп кететін көзін кадап айтқанда, Саркасқаның жүрегі дір ете қалып, өз қарамағындағыларға бұдан былай қазақтарға тиіспеу туралы пәрмен береді. Алайда уақыт өте келе уәдені қайтадан аякасты ете бастайды.

Шартты ең бірінші болып бұзған сол атаман Саркасқаның өзі болады. Сол Саркасқаның таяғынан қазақ жігіт қапияда каза табады. Қазақтың кінәсі оның көзқұрты болып жүрген атқа таласып бермей қойғаны. Кісі өлімі болған соң іс насырға шабады. Сөйтіп екі жақ қанға қан, жанға жан деген бәтуа жасасады. Әлгі жуан орыс кергіп: «Жанға жан деп кектенсеңіздер, мені де бір-ақ ұрып өлтіресіңдер. Егер осы бір ұрғанда өлмесем, сол адамдарыңыздың қалған өмірі түрмеде өтетін болады», - деп қатаң шарт қояды.

Сонымен қазақтар жағы осы қатаң байламға келіспеске лажы қалмайды. Сөйтіп бұл үкімді орындау таңдауы Алакайға түседі.

Сөйтіп нән Сары ашық алаңға үйдей болып, жүрелеп отырады. Сол кезде өзінің сенімді «Шұнақ» атанған атақты торысына мінген Алакай алыстан құйындатып келіп:

-Уа, Шағырай! – деп шамыркана дауыстап, талай сынды серік болған дойырымен күшене сілтейді. Сол кезде нән Сары кескен теректей ошарыла құлайды. "Аруақ!" "Аруақ!" деп айқайлаған қазақтардың көздерінен жас шығып кетеді. Әуеде құс қауырсындары қалықтап ұшып жүреді. Анадай жерге ұшып кеткен бөрік ішінен қақ бөлініп түскен қаптама қорғасынмен қоса қарақұсы қақ айырылып, бет-аузын қан жуған орыстың қол-аяғы дір-дір етіп, көк көздері шыңылтыр тартып, о дүниеге аттанып бара жатады. Сөйтсе, жон арқасына құс жүні тығылған тығылған көпшік пен бөрік астына қаптама қорғасын киіпті.

Сол кезде Алакайдың жер ортасына келіп қалған шағы екен.

ТҰРЛАН МЕН АЛАҚАЙ

Тұрлан жас шағында тентек болып, албыт мінезбен өскенге ұқсайды. Ел арасында: "Тұрлан тұрған ауылды айналып өт. Оның жоқ жерден сылтау, ілік іздеп тиісетін әдеті бар. Содан босқа таяқ жеп, атыннан, абыройыңнан құр босқа айырыласың", - дейді екен.

Осы әңгіме құлағына жеткен Алакай тентек мінезді Тұрланды сабасына қалай түсіруді ойға алады да, қасына ауылдағы әнші жігітті ертіп алып, Тұрланның ауылының тұсынан өте бергенде: "Ал, бар даусыңмен шырқатып әнге сал", - дейді.

Сынықка сылтау таппай, ұрынарға қара таппай тұрған Тұрлан жарау атына қарғып мініп, ауыл сыртынан өтіп бара жатқан екеуді қуып жетеді де, жолына кесе-көлденең тұра қалған Алакайға дүрсе қоя береді.

-Қандай оңбағансыңдар! Біздің ауылдың сыртынан шаңдатып, ән салып өтетін сендер кімсіңдер?

-Ағаңмын, қарағым! Алдымен жасы үлкен кісіге жас жігіттің сәлем бергені жараспас па? – дейді Алакай.

-Қандай ағасың? Сендей ән салып, ауылымда мазақ еткен ағаның құны көк тиын,- деп қамшысын көтеруге ыңғайлана бергенде, Алакай ер қасына ілген дойырымен емес, жай ат қамшысымен жон арқадан бір тартады.

Тұрлан қолын көтерген күйі, есі ауып, аттан сылқ етіп, жерге құлап түседі.

Алакай өміріне байланысты әңгімелерде оның батырлығы, ерекше қайраты, қамшыгерлік қасиеті туралы аңызға бергісіз хикаяттар мол айтылады. Оның өзіне

тікелей шабуыл жасаған дүлей бұқаны, азбан айғырды, түрікменнің батырын, т.б. жеңгендігі жөніндегі әңгімелердің өзі Алақайдың аскан қайратты, табиғаттың ерекше сыйлаған күш-қасиеті мол жан екенін паш етеді.

Байқожаұлы Алақай батыр 1801 жылы туып, 1871 жылы дүниеден озған. Ол шеркештің Жауғаштысының Андағұл бұтағынан тараған ерекше қасиетті жан еді. 2000 жылдың бас кезінде ұрпақтары Алақай батырға еңселі кесене салып, ас берді.

АЛАҚАЙ БАТЫР ТУРАЛЫ АҢЫЗ

АЛАҚАЙ МЕН ТАТАР КӨПЕСІ

Бұл шамамен 1874 жылдың күз айлары болу керек. Көкжардағы жәрменкенің қызған шағы көрінеді. Жан-жақтан келген ауқаттылар малдарын базарға салып жатады. Бай саудагерлер, орыстың, татардың саудагер көпестері сауда қызғанда шешендер мен батырларды, палуандарды жинап жарыстыратын әдеті. Жәрменкеге Алақай батыр да келеді. Батырдың атағы Кіші жүз қазақтарына танымал болған шақ. Алақай да қоска келіп орналасады. Сауда кезінде бір татар саудагерінің қазақтың ақшасын ұтып алып жүргені құлаққа шалынады. Татар саудагері: "Үш қалаш нанды томардың үстіне қойып, кімде-кім қылышпен бір ұрып қиып түссе, 50 сом бәйге беремін»- деп, жар салып жүреді. Қалаш нан резенке сиякты, басып қайта жібергенде орнына келеді екен. Бір ұрып қия алмаған адам бір түйе, болмаса бір жылқы төлейтін көрінеді. Біраз қазақтың малын ұтып алғанға масайраған татар мәз-мәйрам.

Алақай батыр бұған шыдамай, бәсекеге қосылуды ұйғарады. Батыр татардың қасына барады. Татар батырды көргенде тығыншықтай денесіне сүйсіне қарай беріпті. Алақай: "Мен қылышты қолданып көрмеген адаммын, ұрсам қолымдағы дойырыммен ұрам және мына үш қалаштың үстіне 3 қалашты қосып қой", -депті. Татар саудагері қуанып кетеді. Мұндай ақымақ қазақты кім көрген? Небір білекті жігіттер қылышпен шауып қия алмағанда, жай ғана дойыр қамшымен және үшеу емес, алты бірдей қалашты қию қайда деп ойлайды. Сосын ол: "100 сом бәйге берейін, егер сен ұтылсаң, екі түйе немесе екі жылқы тігесің", - депті. Екеуі қол алысып, келіседі.

Жұрт сайысты тамашалайды. Батыр дойырды қолына үйіріп ұстап тұрып, "ah" деп бір соққанда, тарс етіп томарға тиеді. Қақ бөлінген алты қалаш нан екі жаққа кезек шашырап түстіпті. Сөйтіп, 100 сомнан ұтылған татар саудагері оның орнына бір үйір жылқыны санап беріпті.

***

АЛАҚАЙ МЕН НАРМАҒАНБЕТ

Көкжар жәрменкесі сапарында Алақай батыр әлім руынан шыққан Нармағанбет деген болыс туралы қызықты деректер естиді. Өйткені батыл жігіттерді қонақ етіп, соңынан бір шара қымызды ең соңынан ішкізетін көрінеді. Оны тауысып ішпеген адамның басына сол бойда шарадағы қымызды құйып, іле-шала ұрдажық жігіттеріне сабатып, ауылдарына жаяу жібереді екен. Сол Нармағанбетті Алақай жалғыз өзі тәубеге келтірмекші болады. Сұрастыра жүріп, Нармағанбеттің үйіне келеді. Күн екіндіге таяп қалған. Жаз айы. Алты қанат ақ орданың ішіне "Ассалаумағалейкүм" деп кіріп келгенде, болыс ұйықтап жатады. Бәйбішесі сабаны пісіп отырады. Бойжетіп отырған қызы инемен іс тігіп отырса керек.

Екі кештің ортасында жай жүрмейтін көзі өткір, шымыр тұлғалы кісінің пысы басты ма, іс тігіп отырған қыздың инесі қолынан түсіп кетеді. Беймезгіл уақытта тыныштықты бұзған адамды сезген Нармағанбет те ұйқысынан оянып, шара табақпен қымыз алдыртады. Алақай қолындағы дойырымен үлкен шара табақты бір ұрып, қақ бөледі. Ішіндегі қымызы төрге төгіліп қалады. Алақай далаға шығып, атына тез мінеді. Шабыспаққа бел байлайды. Мынадай қорлықты бұрын-соңды көрмеген Нармағанбет жекпе-жекке шығайын деп көтеріле бергенде, қызы әкесінің шапанының етегін басып тұрғызбайды. "Әке, қоя ғой. Мен білсем, бұл кісі жай келген жоқ. Сізді әдейі шабайын деп келді", - дейді.

Сыртта біраз тоскан Алақай ақыры ауылына бағыттайды. Жолда бір жас келіншек кездеседі. Батыр байқатпай қамшысын жерге түсіріп жіберіп: "Алып бере қойшы",- депті. Қаперінде ештеңе жоқ сұлу келіншек қамшыны әперіп жатқанда, Алақай оны көтеріп, атына мінгестіріп алады да ауылына тайып тұрады.

АЛАҚАЙДЫҢ АНАСЫ АЛҚА МЕН НАРМАҒАНБЕТ

Бірде әлімдер қапысын тауып андағұлдардың малын барымталайды. Кейін Алақай Өйлыдан әрі асып барып Нармағанбеттің жылқысын ұрлап, қарымта қайтарады. Сосын әлімдер 80 адам қол жинап, Алақайды шаппақшы болып келеді. Олар келгенде ауылда бес батыр және басқа атқамінер ерлер болманты. Әлімдер ауылдағы кемпір-шалдар мен жас балаларға тимей, тек Байғожаның кемпірі, бес батырдың анасы Алқа шешеміздің емшегін пайзаның ұшымен: "Бес батыр емген емшек қой", - деп түйрегісі келеді. Сонда бір есерсоқтың пайзасы өзінен-өзі шарт сынады. Нармағанбет Алақай батырдың анасы да тегін адам емес екенін сезіп, мазаламапты. Тек Алқаны кепілдікке ұстайды. Бір күн өтпей Алқа әжеміз түс көріп, Алақайының анасы үшін жалғыз жортып келе жатқанын сезеді. Жауғашты Қазбек бидің аруағына сиынып: "Ең болмаса таңға дейін ұста", - деп жалбарыныпты.

Айтқандай, таңға дейін Алақай Қазыбек бидің бейітінің тұсында шырқ айналып жүріпті. Таң ата анасына жетеді. Батырға анасы: "Мен сені жалғыз туып па едім?!" - деп айқай салады. Бұл анасының жалғыз өзінің күшін келмейді, мерт боласың, бесеуің кел деген ақылы екен.

Ана тыңдап өскен Алақай қайырыла шауып кетеді. Алқа шешеміз сонда Нармағанбетке: "Қарағым, қан төгісіп қайтесіңдер, сіздерге аналық сырымды айтайын. Бес баламды көтергенде де жылан етіне жерік болғанмын. Олар басы шабылып түспейінше, жауға берілмейді, бас имейді, боска әуре болма және анасы үшін аянбайды. Райыңнан сендер де қайтыңдар. Мен де балаларымды татулыққа шақырамын. Жесірлеріңді қайтарып бергіземін" ,- депті.

Содан Алқа шешеміз бес батырдың алдарынан шығып, балаларын әлімдермен бітімге келтіреді. Еліне барған соң Алқа ішіндегі алты айлық баласымен әлімнің жесірін қайтарып бергізеді. Сөйтіп, екі ағайынның арасындағы жанжал осылай бейбіт жолмен шешіліпті.

Мереке АЙЖАРЫҚОВ,
Жасқайрат ауылы

ЖАҢАБАЙ БАТЫР

Соңғы кезде егенмді ел болудың аркасында бұрынғы қазақ халқының өсіп, өркендеуіне, қилы-қилы

Жаңабай батырдың қылышы



Жанабай батырдың қылышының сол бетіндегі жазуы



Жанабай батырдың қылышының оң бетіндегі жазуы



ауыр кезеңдерден аман өтіп, өз бостандығын сақтап қалуына айта қаларлықтай үлес қосқан ұл-қыздарымыздың ерлік істерін ашық айтуымызға мүмкіндік туды.

Біздің бүгінгі әңгіме еткелі отырғанымыз қазақ халқының ел болып қалыптасуына айтарлықтай үлес қосқан, Ресей мен Жоңғар басқыншыларына тойтарыс беріп, бар өмірін «аттың жалында, атаның қомында» арыстанша алысып, жаугершілікпен өткізген Жаңабай атамыз туралы ел есіндегі шежіре әңгімелер жөнінде болмақ. Ел аузындағы қария сөздерінде қаншама әсерлеу жатса да, оның арғы түбі шынардай шындыққа тірелетіні айдан анық қағида.

Дербістің (Қаракемпірдің) Жапақ деген баласынан Жаңабай батыр дүниеге келген.

Жаңабай атамыздың өмірге келген кезеңі қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына ұшырап, «ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» деп аңызға айналған, қазақ елінің бытырай тозып, бірге туған бауырластарынан тірідей айырылып, еңірегенде етегі жаска толып, «мынау заман қай заман бағы заман, баягыдай болар ма тағы заман, қарындас пен қара орман қалғаннан соң, көздің

жасын көл ғылып ағызамын» деп зар еңіреген кезеңі болатын. Жаңабай ата өзінің ұрпақтарын ел қорғауға, батырлыққа,озара бірлікке шақырып, ел қамын жеген ұлағатты азамат болғаны туралы ел арасына кеңінен таралған шежіре деректер аз емес.

«Ақтабан шұбырындыдан» кейін де қазақ халқының басында талай қиын кезеңдер болғаны тарих зердесінен белгілі. Осындай қиын кезең ұланғайыр қазақ жерінде 1740-1747 жылдар шамасында болған. Бұндай қиын ашаршылыққа ұшыраған қазақ халқы басы ауған жаққа босып қырыла бастаған. Бұлай бола берсе қазақ халқы жойылып кете ме деп қауіптенген ел басшылары тозған елді тоқтатып, қолдарындағы барларымен бөлісіп, қолайлы қоныс іздеп тауып, халықты қәсіпкерлікке баулыған екен. Ел арасына кеңінен таралған шежіре-әңгімелерге қарағанда осындай қиын кезеңде елге басшылық етіп, халықты аман алып қалған әлімнен Әжібай батыр, беріштен Есболай, адайдан Шотан мен Есек батырлар, шеркештен Жаңабай батыр және тағы басқа зиялы азаматтар болған.

Ашаршылыққа ұшырап, бет алдына тозғындаған шеркештерді Жаңабай батыр тоқтатып, кейін қайтарып, қазіргі Жылыой аумағына дейін, шығыс жағында темір тапқан Байтақ және Атанаққа дейінгі жерге әкеліп қоныстандырған. Олардың мал шаруашылығымен қатар өзен бойына егін салып, балық аулау кәсібімен айналысуына басшылық еткен.

Ел арасына тараған әңгімелерге қарағанда, бұл аймақты бұрын әлімнің кете руы жайлаған. Жаңабай батыр олардың белгілерінің астына өз белгісін көміп, патша үкіметінен комиссия шығартып, құлық жасады деген де әңгімелер бар. Кетелер жеңілгеннен кейін екі қолын теріс жайып, теріс бата бергенде, Жаңабай батыр халқым үшін не де болса шыдаймын деп, олардың батасын қабыл алған дегенді айтады. Қалай болғанда да Жаңабай атаның шеркештерге алып берген жері шөбі шүйгін, бір-біріне жалғасып жатқан көлдері мен өзектерінде «бақасы қойдай шулаған, балығы тайдай тулаған», түгін тартса майы шығатын өте құнарлы аймақ болған.

Батыс өлке қазақтары орыс империясына бағынғаннан кейін қазақ жерінің кең байлығын тезірек немденіп, өз қалталарын қалыңдату мақсатында орыс алпауыттары қазақ жерінің ой-қырын тіміскілеп, оның кен байлығын аласұрып іздестіре бастайды. Сонымен қатар орыс патшасы жымысқы басқыншылық ниетін іске асырып, шығыс халқын түгелдей басып алу үшін қазақ жеріне жанталаса әскери бекініс сала бастайды. Осындай мақсатпен Алтықөл жағасындағы бөлек төбе басынан «Қызыл қала» қорғаныс бекінісін тұрғызады. Ел арасындағы әңгімеге қарағанда, бұл Алтықөл Каспий теңізімен жалғасып жатқан, бұл жерге кеме келетін болған.

Бұл «Қызыл қала» бекінісінің қазақ халқын бұғаулау үшін салынғанын білген. Жаңабай ата бұл бекініске тұтқиылдан шабуыл жасап, тас-талқанын шығарып, бұзған. Бекініс бұзылғаннан кейін де патша үкіметі өзінің отаршылдық саясатын іске асыру мақсатында дүркін-дүркін әскер шығарып, бұзылған бекіністі қайтадан қалпына келтіру үшін жанталаса әрекет жасайды. Жаңабай батыр олармен үздіксіз соғыс жүргізіп, патша үкіметінің арам ниетін іске асыруына жол бермейді. Бұл азаттық жолындағы соғысты кейінірек тазды Өтен, Төремұрат, Нарынбай батырлары жалғастырады. «Қызыл қа(ла» бекінісінің орнында күйдірілген қызыл тас үгінділері мен атылған бесатар мылтықтың оқтарының патрондары көптеп кездеседі.

Жаңабай батырдың жаудан қорықпайтын ерлігіне таң қалған сол кездегі замандастары: «Жан бар жерде қаза бар деген. Сен қалай жаудан қорықпайсың?»,-деп оған сұрақ қойғанда ол былай деген екен; «Мен есімді білгелі қазақтың айнала анталаған жауларымен көп соғыстым. Әрине, соғыс болған соң кісі өлімі болады. Қазақта: «Қылыш жүзінде әділдік жүрмейді» деген нақыл сөз бар. Ол соғыста қаза тапқандардың ішінде айыптылары да бар, айыпсыз нақақ кеткен бишаралар да болуы мүмкін. Осы жағдайды ойлап, бірде бір балгерге зікір салғызып, бал аштырдым. Ол балгерден соғыста менің қылышымнан қаза тапқан жазықсыздардың кінәсінен қайткенде құтыламын деп сұрадым. Сонда ол балгер: «Жаңабай, сен қазақтың жауын өлтірсең не сол қазақтың жауының қолынан қаза тапсаң құтыласың»,- деді. Содан бері еш сескенбестен қазақтың жауларына оның көп-аздығына, күшінің көптігіне қарамай қарсы шабатын болдым»,- деген екен. Ол тек қана бір жерде жүрегім сескенді деген. «Бірде бір ұзын қара жолдың бойында атпен жалғыз жолаушы келе жатыр екен. Оның қасына келіп амандасқаннан кейін, арқандағы не деп сұрадым. Ол: «Саған не керек?»,-деді. Одан арқандағы не деп үш рет сұрадым, ол бәрінде де «Саған не керек?»- деп жауап берді. Оның қиқарлығына ызаланып, жасқайын деп қылышымды сілтеп қалып едім, қылыш қате тиіп, ол бишара жазым болды. Содан кейін оны жолға апардым да дұғамды оқып, оның бетін шөппен жауып, өз бағытыма жүріп кеттім.

Келесі жолы сол жолмен келе жатып, сол бишара не болды екен деп әдейі бұрылып барып, бетін жапқан шөпті ашып қарадым. Оның тырнағы, сақал-шашы, мұрты өскен екен. Маған қарап күлімсіреген дей болды. Оны көргенде жүрегім сескенгендей болды»,-деген екен.

Жаңабай атаның әулиелік қасиеті оның тірі кезінде белгілі болған. Ертеректе Жаңабай ата ауылы тұзды көлдің жағасында отырып, ол көлден тұз дайындап, оны алыс аймақтағы жәрменке базарларға апарып сатып тіршілік еткен. Бірақ оның келіні: «Ата, ата, уәлі тұздарды орыстар тиеп жатыр». - деп дауыстайды. Бұл дауысты естіген Жаңабай батыр үйдегі сүйеулы найзасын қолына алып, белдеудегі атына міне салып, жалғыз өзі оларға қарай шаба жөнелтті. Олардың екі-үшеуін санынан түйреп, аттан құлатып, қалғандарын қуып бел асырады. Жараланған орыстарды ауылға әкеліп, олардан: «Жалғыз кісіден неге қаштыңдар, сендер көпсіңдер ғой». - деп сұрағанда олар: «Бізге көп адам болып көрінді»,- деген екен...

Жаңабай ата бейітінің қасында Тобықты деген жерде Жаңабай күбі, Жаңабай көлі деген жер аттары бар. Ертеде қазақтар өз ағайындарынан басқаларға өзіне қараған жерден шөп те, су да бермей қоритын болған. Жаңабай қайтқаннан кейін өзімен замандас бір бай адам: «Әй, Жаңабай, тірінде маңайына жолатпайтын едің, енді қайтер екенсің», - деп көп жылқысын Жаңабай көліне әкеліп жауып жібереді. Жылқылар суға қанып шыққаннан кейін оның ішіндегі байдың жанына байлайтын аты әйгілі жүйрік сәйгүлігін бір арлан қасқыр көлді шыр айнала қуып, Жаңабай бейітінің қасына әкеліп, шабын жарып тастайды. Бай да, оның жылқышылары да қасқырды тұра қуады, қасқыр жоқ болып кетеді. Сонда жылқылы бай тұрып, « Әй, Жаңабай-ай, тірінде маңайына жуытпайтын едің, өлгенде маңына жууға болмайды екен». - деген екен.

Ел арасындағы шежіре әңгімелерге қарағанда, Жаңабайдың ажалы жаудан болған. Бірде ел арасына шығарған орыс солдаттарымен соғысып, оларды қуып тастап, үйіне жақындап келгенде, ауыл маңайындағы шөп арасында жараланып қалған орыс солдатының үстіне тап болып, ол оны мылтықпен атып өлтіреді. Жаңабайдың өлімін естіртейін деп әйеліне келіп: «Жаңабай жаудан ауыр жараланып, оны теңге салып алып келе жатыр»,- дегенде, әйелі ақылды адам екен: «Жаңабайды теңге салып келе жатыр дегенше, Жаңабай өлді десейші»,- деп үйін жыға берген екен.

Жаңабай әулиенің қасиеті туралы ел арасында мынадай дерек бар. Берідеректе 1940 жылдың аяғы мен 1950 жылдың бас кезінде, оұрышғы « Каспий» колхозының қойында індет болып, қой өле береді. Малдәрігерлік шаралардан еш нәтиже шықпайды. Бірде қойлар түнде шұбырып келіп, бір бейіт басына түнейді. Бұл түні қойдан шығын болмайды. Мұны көрген қойшы келесі түні де әкеліп бейіт басна түнетеді. Бұл түні де қой өлмей, аман шығады. Бұл хабарды естіген басқа қойшылар да қойларын әкеліп бейіт басына түнетеді. Олардан да шығын болмай, малдың өлу індеті тоқталады. Осыдан кейін бұл кімнің бейіті деп сұрастыра келгенде, Жаңабай атаның зираты екені белгілі болады. Осы кезден бастап халық оның рухынан медет тілеп, басына түнейтін болады. Бұдан 65 жыл бұрын әкем сол бейітті маған көрсетіп, бұл Жаңабай деген атамыздың бейіті деп, басындағы жазуды оқыған еді. Ол кезде бейіттің тұрған жері неғұрлым терең шұңқыр болатын. Екі жағындағы төбе басына қоймай шұңқырға қойғаны, сірә, жаудың оғынан қаза тауып, атған құлаған жері болу керек. Қазірде жер бедері өзгеріп, терең шұңқыр айтарлықтай тегістелип қалыпты.

Жас кезімде біздің ауылда бұл кісінің темір сауыты болды. Ол сауытты шешелеріміз, карт әкелеріміз киіп карап, ойбай атаның аруағы кеудемді қысып бара жатыр деп шешіп тастайтын. Бала кезімде 7-8 жас шамасында ол сауытты мен киіп қарадым.

Қазіргі кезде оның ұрпағы, зейнеткер, Доссор мұнай өндірісінде тұратын Мединаұлы Орын ақсақалдың үйінде Жаңабай атаның найзасы мен қылышы бар. Оның ұзындығы 87 см, ені 3 см, салмағы 0.720 гр. Қылыш ертедегі Дамаск болатынан жасаған. Қылыш сағасының оң бетінде араб алфавитіне ұқсас жазу, ал сол бетінде Орхон - Енисей жазуына ұқсас жазылған жазу бар. Оң бетіндегі жазуды арабша білетін кісілер оқи алмады, сірә иран тілінде жазылған болу керек деген болжам айтады.

Әзірге қазақ тарихында жазуы бар қылыш кездескен жоқ. Бұл жазуы бар қылышты Жаңабай атамызға жауды жеңіп келгенде, қазақ халқының басшылары немесе жеңілген елдің басшылары сыйға тарткан болуы мүмкін деп ойлаймыз.

Жаңабай ұрпақтары оның басына күмбезді бейіт және кісі түнейтін үй тұрғызды, атаға арнап ас берін, оның рухына арналып құран оқылды. Ата атынан Он екі ата байұлына бағалы сыйлықтар берілді. Өмірінің барлық

кезеңін қазақ халқының шапқыншылықтарымен күресіне арнаған кемеңгер көсем, ержүрек батыр, көрнекті бар сәуегей әулие атамыздың рухы кейінгі ұрпақтарының жүрегінде мәңгі сақталады. Ата аруағы кейінгі ұрпақтарын елдікке, бірлікке, бір-біріне қайырымдылыққа бастай берсін дейміз.

Әбу АТШЫБАЙҰЛЫ,
Ақтау қаласы.

ТҰРЛАН ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Біз Тұрлан жайлы ой қозғамақ болған соң, әңгімені қаракемпір Алдияр дегеннің: «Тұрлан-Асаудың әйелінен туғызған менің балам»,-деп ел арасында шу көтеріп, орескел де тұрпайылық көрсеткен қылығынан бастайық. Осы орайда Алдияр бір күні Асауға сәлем бергенде: «Ассалаумағалейкүм, әзір ұлдың атасы», -депті. Сонда Асау:-«Уағалайкүмұссалам, зайғы (зая, бос кеткен) болған батасы. Іннің аузын кім көрсе де, түбі өзімдікі», -деп, іркілместен қатал жауап қайтарыпты. Алдияр дәулетіне мастанған әрі өр көкірек адам болған сияқты. Сол мінезінің салдарынан ол әлсіздік жасап, атақты да ардақты би Асауды сыйламайды. Алдиярдың бұл ісіне қатты намыстанып, шамданған Тұрлан қасына сайдауылдай жігіттерін ертіп, құдық басында жылқысын суартып тұрған Алдиярға келеді де: «Сен менің әкем болсаң, еншімді бер!»-деп, тарпа бас салып, бір үйір қысырағын жігіттеріне құдырып, айдатып әкетеді. Ақыры Тұрланның қаһарлы айбатынан үнжырғасы түскен Алдияр «әкелік беделден» жұрдай болады. Сөйтіп Тұрлан Асау бидің баласы деген таза затын сақтап, тарихта атағы әкесімен қоса айтылып, «Асау-Тұрлан» атанады.

Осы арада бір еске алатын мәселе- Асау мен Тұрланның өмір жасы туралы «Атырауда» жарияланған мақалаларында Шойман мен Беріктің жаңсақ ұғым бергендігі. Ш.Кәмеловтің «Асау 1770-1865 жылдары, Б.Қоқытовтың «Тұрлан 1807-1856 жылдары өмір сүрген» дегендері теріс ұғым.

Дұрысын қазіргі Мақат ауданы мешітінің имамы Мырзағали ахунның баласы Назар(Нұриддин) мырза атақты бабалардың құлпытастарынан оқып, өзі көшіріп алады. Құлпытастарда « Асау 1767 жылы туып, 1862 жылы, Тұрлан 1806 жылы туып, 1855 жылы қайтыс болған»-деп жазылған екен. Біз осы дұрыс деректі қаперге алу керек екендігін ескерткіміз келеді.

Халық ұғымында Тұрланға батыр, би, тентек деген мінездемелер жарыса беріледі. «Тұрлан алты жасында билік айтқан» деген соз мына жайтқа байланысты елге тарайды. Асау бидің хал-жағдайын біліп, онымен дидарласуға бірнеше игі жақсылар келеді. Олар бимен әңгіме-дүкен құрып, үйде жайғасып отырғанда, сырттан бала Тұрлан кіріп келеді де:

-Әке, мына қонақтарының бәрі де билер ме, төрелер ме? Неге бірде-бірі қозғалмайды. Тыста шешем жалғыз өзі от жағып, ас дайындап үлгере алмай жүр. Мал соятын да кісі де жоқ. Ал бұлардың жалғызілікті әйелге көмектеспей отырып алғандары қалай?!-дейді. Асау би тіс жарып ештеңе дей алмайды. Қонақтардың ішіндегі үлкен кісі «Тұрланжан дұрыс айтты. Біздердікі жөнсіздік. Тұрып көмекке барыңдар», - депті жолдастарына.

Тұрлан он жас шамасында екен. Сол тұста өзінің 7-8 жас үлкендігіне қарамастан, есентемір Бөкен би Асауға сәлемдесуге келеді. Екі би әңгіме шертеді. Асау баласы Тұрланға «Қасымызда отыр, әңгіме тыңда. Бірақ өзің сөйлеме», - дейді. Әңгіме тыңдап отырған Тұрлан бір кезде оқыстан: «Әй!» -деп ақырып жіберіп: «Мына есентемір деген ел емес екен ғой»,-деп қалады.

Асау баласына неге үйдедің дегендей сынай көрсетеді. Бөкен би: «Тұрлан қарағым! Неліктен бұлай айтты?»-деп сұрақ қояды. Сонда Тұрлан: «Сіз сияқты ардақты адамын, асыл ақсақал биін өгізге мінгізіп қойған Есентемір жөнді ел болса, сізді төрт аяғын тең басқан жорғаға мінгізіп құрметтемес педі?»-дейді. Әрине, Тұрлан бұл сөзді Бөкен бидің шешендігіне, білігіне риза болғандығынан айтады.

Бөкен би елінің абыройын сақтап қалу үшін,өгізге өзі ұнатқандықтан мініп жүргенін мойындайды. Асылында, ел ішінде Бөкеннің аяқ дауы тек қана қызыл өгіз екен дейтін аңыз сақталып келеді.

Тұрланның батыр екендігі, оның өзін ұстап, жазалауға келген қарулы қолдан қорықпай, Әленнің үстіне басып кіріп, зәре құтын қашырған айбарынан көрінсе, осы сәтте оның билік сөзі де қатарласа айтылады. Бұл жерде Беріктің «Атырау» газетінде (22.IX.1990 жыл) жарияланған «Айтуар би» деген мақаласында айтылған жаңсақ пікірді түзете кетудің реті келіп тұр. Мақалада Тұрлан өзінің ата қонысы Сарқөлде отырған Даулеткали төреге келеді де: «Төренің елі деген елді көрдің бе, жері деген жерді көрдің бе?»-деп тарсылдата қамшының астына алады, - дей тұра, Берік Тұрланның осы төл сөзін Айтуардың аузына салады. Берік Әлеке жөнінде былайша сипаттайды: «Бірнама жасақ алып аттанады. Алдымен Тұрланның жанын алып, қанын ішпей тұрып, дәм татпаймын. Тұрланды алдыма алып келіңдер»-деп әмір етіп, дастарканды түріп тастай бергенде, қару-жарағымен Тұрланның өзі кіріп келеді». Бұдан әрі Берік Әлекені састырып, қара қазақтың шалының аузына қаратады да, Тұрланның жоғарыдағы билік сөзін Айтуарға айтқызады.

Бірақ мылтық пен қылышқа сенген Әлен төренің қазақтың шалынан ақыл сұрай қоймайтыны белгілі ғой. Дұрысында Әленге қарсы сөзді Тұрланның өзі айтады. Дәл осы жайт жөнінде «Қазақстан әйелдері» журналында бұдан ширек ғасыр бұрын жарияланған мақалада былай делінген: «Бес қаруы бойында Тұрлан Әлен соқырдың үстіне кіріп келеді. Әленде зәре қалмай, сасады. Тұрлан тізесін бүкпестен: «Әлең, сен елдің қожасымысың?» - деп батыл сұрақ қойды. Әлең елдің қожасы екендігін айтады. Сонда Тұрлан: «Сен елдің қожасы болсаң, еліңді билей бер, ал жерде жұмысың болмасын. Жер халықтікі, жер менікі, сен жөніңе кет», - деп сырт айналып, үйден шыға жөнеледі». Міне, Тұрланның ерлігі мен билігі осылайша қабаттасып, ұштасып та жатады.

Осы мақалада Беріктің алмастырып айтқан тағы бір жаңсақ сөзіне түзету бере кетейік.

Берік «Тұрлан отырған жерінен атып тұрып:

-Ия, ханым, солай, атадан отыз туған сен қандайсың, атадан жалғыз туған мен қандаймын, көзіңді ашып қара, деп, қоштасқастан шығып кетеді дейді. Бір жаңалық. Берік «Баймағамбет сұлтанның бел баласы Әлеке правитель» отыз ұлдың бірі деп жазады. Біз алты қатын алған Абылай ханның отыз ұлы болған дегенді естуші едік. Ал Баймағамбетте де отыз ұлы болған дегенге нанайық па, нанбайық па?! Жарайды, бұл өз алдына бөлек әңгіме ғой. Осылай қалсын. Ал Тұрланның Әлекеге айтты деген мәндегі сөзі болған. Бірақ ол бір байсымақ шеркеш Құрман дегенге айтылған сөзі еді.

Ол сөздің айтылу жайы былай: Құрманның жылқысын оның бір өштес адамдары барымталап әкетеді. Алты ағайынды Құрман барымташылардың жылқысын айырып та, соңынан қуып барып қайтарып та аларлық қаукар жасал алмай: «Жылқымды алып бер»,- деп Тұрланға жалынады. Тұрлан барып жылқыны айдап келеді де: «Атадан алтау туған Құрман қандай, әкеден жалғыз туған Тұрлан қандай?!»-деп айқайлап айтады да, ауылға түспей, желе жортып, өз жөніне жүре береді. Міне, бұл әңгіменің жөні осы.

Тұрлан тентек атанғанда, түрліше бейбастақтық жасаған, жарасымы жоқ қылық көрсеткен кісіні сабап та отырған. Біз де соның кейбіріне тоқтайық.

Бұрын жарлылау өмір кешкен Асауға Тұрлан өмірге келгеннен кейін ғана дәулет кіре бастаған.Бірде әкесімен ренжісіп қалған Тұрлан: «Бұл дәулет саған емес, маған біткен»,- деп бүкіл малды айдап көшіп кеткен. Бірақ араға беделді адамдар түсіп әке мен баланы татуластырған деседі.

Тұрлан үйіне түсіп, өзіне берілген ақты тауысып ішпеген жолаушыны: «Сен өзің мазаны алғаның болмаса, бір тостағанды тауыса алмайтын нашар адам екенсің», - деп ұрады екен. Егер бір кісінің мінген аты сәйгүлік, ертұрманы сұлу атқа жараспай, сықын бұзып тұрса, Тұрлан әлгі ат иесін сабайды екен. Егер біреу шекпенді жадағай киіп, оған жібек белбеу буынса да, сондай үйлесімсіздік жасағаны үшін де сол кісі таяқ жейді екен. Бірде Тұрлан Көкжар (Ойыл) жәрменкесін атпен аралап жүрсе, бір жас жігіт арбаның астында тары жеп жатыр екен. Тұрлан әлгі жігіттің қасына келіп, тұрғызып алып: «Сен нешедесің?»-деп, жасын сұрапты. Жігіт: «Жиырма бестемін», - дейді.

Сонда батыр: «Әттең, дүние-ай! Менен қалған жиырма бес қайда екен десем, күйіс қайырған түйедей арбаның астында тары жеп жатыр екен ғой», -деп әлгі жігітті де сабаған көрінеді. Әрине, Тұрланның бұл секілді қызық оқиғалары аз болмаған сияқты.

Тұрлан осындай мінезіне бола «тентек» атанған кезінде Тілес тайпасының атақты биі Ермек: «Осы жұрт Тұрланды батыр, тентек би дейді. Өзім онымен сұхбаттасып, шынында қандай жан екенін білейінші»,-деп Тұрланның үйіне келіп қонады. Ертеңіне Ермек ақсақал мен Тұрлан оңаша әңгімелесіп отырғанда, сәлем беріп үйге кірген бір азамат «Сізде шаруам бар еді», - деп, Тұрланды тысқа алып шығады. Сыртқа шыққан бойда Тұрлан әлгі кісіні сабайды. Батыр үйге қайтып келген соң Ермек: «Тұрлан, әлгі азамат бір жөні түзу кісі сияқты еді ғой. Оның таяқ жегендей не жазығы болды?»-деп сұрайды. Сонда Тұрлан: «Ол сыртқа шығарып алып, менен майын мінетін ат сұрайды. Сонда мен малымды біреуге өзім ұрлап беремін бе? Үйде отырғанда неге сұрамайды? Сізбен кеңесіп отырған көңіл күйімді бұзды»,-деген екен. Міне, осындай бір ісінің өзінен-өзі сынаған Ермек би: «Тұрлан би екен», - деп әділетті баға беріпті.

Тұрлан ұсталып, Гурьев түрмесінде камалып жатқанда, себек Бегалы қасына патша жасауылдарын ертіп, Тұрлан жатқан бөлмеге кіріп келеді. Сонда тар бөлмеде ақ көйлек, дамбалмен отырған Тұрлан Бегалыға тұрып сәлемдеспек түгіл, отырған орнынан тақымын да қозғамайды. Бегалы өзін таныстыра келіп, Тұрланды кепілдікке алмақ болғанын, енді түрмеден шығарылатын айтқанда, Тұрлан сол отырған қалпында: «Мен ешкімнің қолтығына сыймайтын адаммын»-деп, келтесінен тіл қатады. Бұл сөзді естіген Бегалы үнсіз шығып кетеді. Сол Бегалы Тұрлан туралы: «Адамның көкдолы деген түрі болады деуші еді. Мына Тұрлан дәл сол көкдолы екен. Бұл ажалы таянған шақта да, ешкімге басын имей кетуге бейіл адам екен»,-депті.

Тұрлан: «Он ұлым бір төбе, жалғыз қызым Сағидам бір төбе»,-дейді екен. Сол Сағиданы шумақ Қойсары ауылына ұзатарда жиналған жұрт ысық Абат ақынға той бастау айтқызайық дегенде, Тұрлан: «Тойбастар айтса, айтсын, бірақ ауылым көшіп барады демесін», - депті. Сол бойда Абат ілешала:

Біздің ел көшпейді де, қонбайды да,
Түйені әсемдікке қомдайды да.
Өлеңім жұртшылыққа ұнап жатса,
Тұрлекем ұрыспайды, ұрмайды да, - деген екен.

Сонда батыр да райланып, тойбастар айтылыпты. Бұл сөзді марқұм Керейдің Исламғалиы айтып еді.

Сол той аяқталып, қызы ұзатылар кезде Тұрлан Сағидадан «Не тілегің бар?»-деп сұрағанда, Сағида: «Мен өзім Асау бидің батыр баласы Тұрланның жалғыз қызы бола тұрып, озса, бүкіл Байұлыны, қалса, атасы шеркешті төркін ететін шығармын деп жүр едім. Енді, міне, бір шеркештің үйінен аттанып, екінші шеркештің үйіне кіргелі отырмын. Сөйтіп төркінім де Шеркеш, қайын жұртым да Шеркеш болды ғой. Өз үйімнен шығып, өз үйіме кіргелі отырған менде енді қандай тілек болушы еді?» -деген екен. Осылайша Сағида жоғарыда айтқан сынға лайық нәсіліне тартқан жан екендігін танытыпты. Бұл сөзді 1895 жылы туған би ағамыз Нетәлінің Мұсағалиы айтып еді.

Батыр баба туралы толғаныс ойымызды түйіндеп айтқанда, атақты Асау бидің баласы Тұрлан әрі батыр, әрі би болған, ұлт салтын, ата дәстүрін берік сақтаған, ар-намысына қылау жолатпай, таза ұстаған өте инабатты адам болған демекпіз. Ардақты бабамыздың биыл оның 190 жылдығына орай еске алғанды жөн көреміз.

Сабыр ҚАЗЫБАЙҰЛЫ,
профессор.
1996 жыл.

ТҰРЛАН

Тұрлан туралы сөз болғанда алдымен ата-тегінен басталық. Бұл жерде әкем Ыбыраштың жазып кеткендеріне жүгінемін. Он екі ата Байұлының бірі- Шеркеш. Осы Шеркештен Қойыс, одан Сүйініш, одан Құмаш, одан Жиенбет, одан Қыдырбай, одан Мәндай, одан Асау, одан Тұрлан туады.

Тұрланның, әрине, суреті жоқ, ол заманда сахаралық елде суретке түсу әдеті болмаған. Ел ішінде айтылатын әңгімелерге қарағанда ұзын бойлы, жауырынды, өр, тік мінез, қайсар, сұсты, екі иығына екі кісі мінгендей тұлғалы адам болған дейді. Көзі өткір, адамға шүйіле қарағанда екі көзінен от шашырып, қарсысында тұрған адамды шыдатпай, назарымен тайдырып жібереді дейді, бірақ шырайлы , әдемі кісі болған. 16 жасында мойылдай қара мұртының екі шалғысын екі құлағының сыртынан қайырып салып қояды екен дейді. Атқа мініп келе жатқанда үзеңгідегі аяқтары жусанның басын шалып отырады дейді. Ел Тұрланды осылай сипаттайды, бірақ қонымды, нанымды сипаттама, әйтпесе Тұрлан бола ма?

Тұрланның ерлігіне, батырлығына келсек, мұның бәрі оның әділет жолындағы жіптен аттамайтын қасиетінен келіп туады. Тұрлан өздігінен ешкімге озбырлық істемеген, ал озбырлық істегендері, әлділердің әлсіздерге істеген зәбірлігін көргенде аяусыз жазалаған, қорлық-зорлық көргендердің қамқоршысы болған, зорлық көргендер алдымен Тұрланға барып, мұның шаққан, содан әділдік тапқан, атамекенді, халықтың жер-суын қызғыштай қорғаған. Оған төре Дәулеткәлиды сабап, Әлеке сұлтанның алдында жауап бергені, Айтуар бидің төрелік еткені дәлел бола алады. Бұл оқиға көпке тарап, Тұрланның аты алысқа кетеді.

***

Исатай Махамбет көтерілісінен кейін халықтан үріккен патшалы Ресей ел ішінде жасырын тыныштарды көбейтті, елге молда болып бала оқытуға, мешітте имам болып намаз оқуға келгендердің өздері тыныштық міндет атқарып, үкіметтен қосымша ақша алған. Сондайлардың бірі Батырхан Шақмарданов Тұрланның ізіне түсіп, жоғарғы ұлыққа мәлімет түсіріп отырған. Бұл жөнінде Қазақстанның орталық мемлекеттік авхивінде мынадай бір құжат бар: «1854, марта 5. Донесение муллы Б.Шагимарданова в Оренбургскую пограничную комиссию о волнениях среди казахов Чиклинского, Серкачевского и Бершевского родов... 2. Серкачева рода, Кунсова отделения Турлан Асавов, собрав к себе несколько хищников и воров, волнует некоторую часть народа, злоумышленно говоря, что он хочет откочевать и предаться Неету, пока он еще не укочевал».

Осы оқиғаларды бұл аймақтан шалғай жүрген Шоқан Уәлиханов та жақсы білген. 1985 жылы шыққан шығармалар жинағының IV томында «Сношения России с Хивой» деген еңбегінде Шоқан: «... Хива не менее прежнего старались вредить нам тайным образом, продолжая посылать в нашу степь лазутчиков и сборщиков зикета, возбуждала через них легкомысленных киргизов к фанатической вражде против русских, поддерживала мятежные замыслы Кенесары, Исета Кутибарова, Асанова и других киргизских бунтовщиков обещанием помощи в случае открытого их восстания», - деп жазады. Шоқанның мұндағы Асауов деп отырғаны Тұрлан. Өйткені XIX ғасырда Кіші жүз топырағында Тұрланнан басқа Асауов деген тарихи тұлға болған емес, болмаған да.

Міне, осыдан кейін Тұрлан ұсталып, Орынбор түрмесіне айдалып, арманынан жете алмай қапыда кетеді.

Енді Тұрлан ұрпағына келсек былай: біреулер Тұрлан екі қатын, біреулер үш қатын алған дейді, оған тандануға болмайды, өйткені ол сол заманға тән қасиет. Бәйбішесі Қаратоқай беріш Жапаберді батырдың қызы Ұлжан. Тұрланның өз жұрты да, нағашы жұрты да, қайын жұрты қаптап жатқан шынжырлы батырлар. Содан болар Тұрлан да осал болмаған. Тұрланның он ұлы болған, олар Ахмет, Бекмағамбет, Күсейін, Ербас, Изембет, Кенесары, Онайбай, Әспембет, Құттымбет, Кеңашық. Бұлардан өрген неменгай-шөберелер әзір әр тарапта өмір сүріп жатыр.

Тұрланның ел таныған атақты адам болғанын тек ел аузындағы әңгімелерден емес, дуалы ауыз ақындардың да сөздерінен айқын көреміз. Ақындар тілге тиек болар татымды тұлғалар болмаса, кез келген адамды мадақтап жүгіне бермеген.

Мұрат ақын:
-Бұл сөзді бәйіт еттім мұндағаннан,
Замана қорқушы едім қырланғаннан.
Ақыртқан асау тайдай Орал суын
Кешегі Беккожа мен Тұрланды алған , - деп жырлайды.

Бала Ораз ақын:
- Ол Тұрланның мәнісі
Төбесі биік ер еді.
Қарсы келген дұшпанға
Қарулы тұрған жебе еді.
Арыстан деген бір аңды
Күзеп алды деп еді, - деп жырлайды.

Абат ақын:
- Арғы атаң ер Қыдырбай, Мәндай еді,
Сөйлеткен тіл мен жақты таңдай еді.
Екі ағам Асау, Жуас туыс еді
Батырым Тұрлан деген қандай еді?
Ер Төке, қатарында мыңнан оздың,
Өтірік, жалған емес шыннан оздың.
Билікке қолы жетпес әркім де әуес
Ішінде жиырманың жылдам оздың.
Қалың қол қарағаштай қонды қаптай,
Айтам ба құлқатыңды сенің таппай.
Мықтысы Қаракемпірдің Бәймбет би
Оған да тек тұр дедің шаршы топта-ай,-деп жырлайды.

Орынбасар ақын:
- Хан болмас қара адамды хан десең де,
Секерсіз шай жараспас бал жесең де.
Хан, төре мәжілістен қалдырмайды
Уа, Төке, сірә кемдік бар ма сенде. - деп жырлайды.
Иса ақын:
- Халқымыз келсе шаман көнбе деді,
Елінді жеріңменен берме деді.
Ардақты Аю, Мыңбай, шеркеш Тұрлан
Патшаға қарсы қылыш сермеп еді, - деп жырлайды.

Енді осы жерде бір айтар сөз Тұрланды зерттеп білу жөнінде. Біз ел аузындағы әңгімеге кенде емеспіз, бізге ендігі керегі ресми тарихи құжаттар. Алматы архивінде аздап болса да бар екенін айттық, енді біз Орал, Орынбор архивтеріне қол жеткізуіміз керек. Өйткені Тұрлан алдымен Гурьевке әкелініп, содан Оралға апарылып, одан Орынборға айдалған ғой. Сондықтан ол

жерлерде дерек болмауы мүмкін емес. Кешегі жолы ашық, қол ұзын кең заманда мұны ескермедік, ал қазір жол тарылып, қол қысқарып қалғанда, бұл енді қиындау болады, қиындау болса да қимылдап көру керек, тарихшылардың мұны ескеріп, қолға алғаны дұрыс, өйткені Тұрлан түрен салынбай тың жатқан тақырып. Зерттеуші Ө.Әлімгереев 1997 жылы «Ақ Жайық» баспасынан «Асау Тұрлан» деген кітапшасын шығарды, бұл тек бастама ғана.

Енді Махамбет пен Тұрланның кездесуіне келейік.

Бұл Махамбеттің Исатайдан айырылып, жалғыз қалып, қуғын-сүргін көріп жүрген кезінде болған оқиға. 1846 жылдардың бас кезі. Махамбет баспана іздеп Жайықтың шығыс бетіне, Қарабау, Жем, Сағыз бойына келеді. Сол жерлерде жүргенде әрі би, әрі батыр Тұрлан деген бар деп естіп, қандай адам екен деп бір көруге, тілдесуге құмартады да бір күні кештетін Тұрланның ауылына келеді. Бірақ Тұрлан бір жаққа жолаушылап кетіп, ауылында болмаған. Балаларының біреуі үйден шығып, ат басын тіреп келген қонақты қарсы алып, аттан түсіріп, көрпе-көпшігін жайып үйге кіргізеді. Махамбет өз жастығы мен көрпесін ала кіреді де үй иесінің көрпесінің үстіне жайып жіберіп, жантайып жата кетеді. Балалар бұған таңғалады. Өйткені Тұрланның елден ерек бір кесір мінезі де болған. Ондай адамдарды балаларын жіберіп ұстатып алып: «Кімді басынып бара жатырсың?» - деп сабап жібереді екен. Тұрланның үйіне келген қонақ кімде болса жантайып жата алмаған, тік отырып, тігінен тұрып кетеді екен. Балалар соған таңғалады. Бірақ Тұрланның төріне шығып қонақ болған соң амал жоқ, тас түскен жеріне ауыр деген, балалары мал сойып, дұрыстап қонақ асын береді.

Ертеңіне Махамбет аттанарда балалардан:

- Тұрлан қашан келеді? – деп сұрайды. Балалары;

-Екі-үш күннен қалмай келіп қалар, - деп жауап береді.

Махамбет: - Тұрланға сәлем айтыңдар, сол шамада мен де қайтып соғармын, - деп аты-жөнін айтпастан жүріп кетеді.

Екі-үш күннен кейін Тұрлан келіп, балаларынан аман-саулықты біліп, кім келіп, кім кетті деп сұрайды.

Балалары;

-Әке, үйде болмадыңыз, үйде болғанда бір қонақты сабап жіберетін едіңіз, - дейді. Тұрлан:

- Я, ол қандай қонақ, не әбестік істеді? – деп сұрайды.

Балалары; - Тәрбиемізді тәрк етті, төсеген көрпеміз бен жастығымыздың үстіне өз көрпесі мен жастығын салып, аяғын шешпестен жантайып жатып алды, - дейді. Сонда Тұрлан ойланып отырып: -Осы төңіректе жүр деп еді, нағыз соның өзі болса, ол әкеңді де сабайтын кісі-ау, - депті. Махамбеттің есімін атамапты. – Кетерінде не деді? – деп қайталап сұрайды. Балалары:

- Сіз келер шамада тағы бір соғармын деп кетті, - дейді.

Тұрлан:

- Махамбет тек беріштің ғана батыры емес, халқы үшін қан жұтып, жанын пида етіп жүрген елдің батыры еді, бұған қандай сый-құрмет көрсетемін, - деп ойлап, келер-ау деген күні үйдің сыртындағы төбеге шығып, әдейі күтіп отырады. Сөзге берік Махамбет те дәл уақытында келіп, екі арыс дидарласып, құшақтасып көрісіп, Махамбет сол ауылда үш-төрт күндей қонақ болады, әңгімесін, өлеңін айтып, біраз шер тарқатады.

Махамбет аттанарда Тұрлан: - Маха, жағдайыңды білемін, бірақ қол қысқа, бала жас дегендей, ел болып соңына ерер едік, қара халықтың қанын босқа ағызып, обалына қалармыз деп тұрмын. Әзірге менің қолымнан келгені осы болды, - деп қалтасына қаржы салып, астына ат мінгізіп, үстіне шапан кигізіп аттандырады. Махамбет дән риза болып аттанады.

Содан Махамбет еліне оралғаннан кейін: «Кімде болдыңыз, кімді көрдіңіз, кімге паналадыңыз?» - деп сұрағандарға басқа ешкімді айтпай жалғыз Тұрланда болғанын айтады. Жұрт:

- Тұрлан деген басбұзар, тентек кісі деп естуші едік, одан не мархабат көрдіңіз? - деп сұрапты. Сонда Махамбет:

-Тұрлан тентек емес, есті кісі екен, ер жігітке бақыт үшеуден артық бітпеуші еді. Тұрланның бақыты төртеу екен: батыр екен, би екен, дәулетті екен әрі перзентке бай екен, артық бақыт баста көп тұрмайды, тұрғызбайды, Тұрлан да мандайға көп сыймайтын адам, ол да түбінде менің таз телпегімді киетін болар, - депті.

Махамбеттің айтқаны көріп келгендей болады, Тұрлан ақыр түбінде патшаға қарсы қол жинаймын, Есет Көтібаровқа қосыламын деп жүргенде үстінен шағым түсіп ұсталып, Орынбордың түрмесінде 49 жасында дүниеден өтеді. Ауылынан қысты күні ақпан айында 18 кісі барып, Тұрланның сүйегін алып келіп, Саркөл деген жерге, ата қонысына жерлейді. Үлкен шошақ бейіті бар, құлпытасында 1856 жылы опат болды деп жазылған. (Нақтысы 1855 жыл.П.Д.)

***

Бірде Бөкен келген күні Асаудың әйелі босанып, ұл табады.

Асау: - Бөке, жақсы келдіңіз, қол-аяғыңыздың жеңіл екенін әуелден білеміз ғой, келініңіз аман-есен жеңілденіп, балалы болдық, көптен күткен арманымыз еді, қағанағымыз қарық, сағанағымыз сарық болып жатырмыз, енді осы баланың атын сіз қойсаңыз деп отырмын, - дейді.

Бөкен қош көріп: - Е, Асау, сен әуелден елдің асылы едің, ұлың өзіңдей асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы болсын, олай болса, аты Тұрлан болсын! – деп батихасын береді.

***

Асау Тайсойған-Бүйректі жайлап отырған кезінде көршілес ысық, шеркеш руларының жиырма шақты адамы сәлемдесеміз деп келеді. Күздің күні болса керек, Асау да, әйел де жалғыз, бала да жалғыз. Асау өз кісілерімен әңгімелесіп отырғанда қонақ қамын жайлайтын басқа ешкімі болмаған, жалғыз әйел қай жағына жарылсын. Үйде отырған Тұрлан бір кезде әкесіне қарап: - Әке, осы отырғандардың бәрі де би ме, мырза ма, ішінде қара қалтай қазағы жоқ па, жалғыз шешем не бітіреді, шай қоя ма, ет аса ма, - депті.

Содан қонақтардың біреуі: - Бала демесең осы сөзі дұрыс-ау, деп іштерінен отын-су әкелетін, мал соятын жігіттер бөліпті,- дейді. Осы қонақтар кейін: - Асаудың Тұрлан деген баласы болайын деп тұрған бала екен, бала да болса аталық сөз айтты, - деп елге таратып жіберген.

***

Осы сахара бетте ысық руының адамы Алатау дегеннің асы болады , соған екі беттен көп халық жиналады. Бәйгеге қосатын аттың да есебі болмайды. Бөкейліктен Жәңгір ханның Қарақұс деген аты да келеді. Жәңгірдің өкілі атақты төре Шыман би: - Біз, бәйгені шаппай аламыз, - дегенді айтады. Хан адамы айтқан соң амал бар ма, ел көнеді. Сонда жалғыз 12 жасар Тұрлан қарсылық етіпті.

- Бұл дұрыс емес, бәйгені шаппай алатын болса, ел ала жаздай ат жаратып, балуан әзірлеп неге әуре болады, аты айтулы жүйрік болса озсын да, бәйгесін алсын, - деп тұрып алады.

Ас басқарушы адамдар, елдің бас көтерген ақсақалдары аңырысып қалады. Алдымен алыстан келіп жатқан қонақ әрі Бөкейліктен хан атынан келіп жатқан қонақ, көңілін аулау керек, бір рулы елден, әкесі Асаудың атынан келіп жатқан бала да болса Тұрланның сөзі мынау, бұл сөзді Шымен биге жеткізуге ешкімнің батылы бармайды. Мұны сезген Тұрлан Шыман биге өзі барып сөйлеседі. Шыман сөзден ұтылып, атты бәйгеге қоспақшы болады.

Содан аттар бір күн бұрын бәйгеге жіберер жерге кетеді. Ертеңіне бәйгенің шаңы көрінгенде-ақ төрелер аттың басын тартамыз деп онсыз да озып келе жатқан Қарақұсты өлтіріп алады да, бәйгеден бірінші болып шеркеш руының, оның ішінде Қаракемпір (Дербіс), оның ішінде Сатай деген аталығынан шығатын Жәндір деген кісінің Кершабақ деген аты келеді, төрелер бірдің соңында Қарақұстың басын сүйреп келіпті.

Төрелер төмен қарап, жер тырналап қалады. Бәйге берілетін кезде араға Тұрлан түсіп: - Халайық, бір тілегім бар өтінемін, аттың жүйріктігіне дауа жоқ, көзімізбен көрдік, қонақтар шаппай аламыз дегенде, менің бір ауыз сөзімді аяққа тастамай қосып еді. Аттың ажалына да, обалына да мен қалдым. Бас бәйгені қонақтарға беріңдер, өтінішім осы, сендер бермесеңдер, өз малымнан беремін, - дейді.

***

Ысық руының Алдар деген бір адамы Асаумен құрдас екен. Тұрланды көрген сайын: - Сен менің баламсың, - дей береді екен. Осы сөзді бетке ұстап, бір күні Тұрлан Алдардың үйіне келеді.

Алдар: - Тұрлан шырағым, бұрын-соңды келген жоқ едің, мына келгеніңді жақсы көріп, ішім жылып отыр, шаруаңды айта отыр, - дейді.

Тұрлан: - Рақмет, әке, шаруамды айтсам, анау қиын да емес, жеңіл де емес, бірақ келіп қалған соң айтайын. Сізді көрген сайын мені балам дегеніңіз рас болса, еншімді алайын деп келдім, - дейді.

Сөзден сүрінген Алдар амалсыз, еншің деп он байтал, бір айғыр, мінетін бір ат береді.

(С.Қазыбайұлы нұсқасында Алдар емес, Алдияр)

***

Тұрланға Қаратоқай беріш Жапаберді батырдың жалғыз қызы Ұлжанды айттырады. Тұрлан қалыңдығына ұрын келіп, бөлек отау тігіп, шымылдық құрылады, Тұрлан сол шымылдықтың ішінде отырғанда, жездемізді көреміз деп сол ауылдың қыздары, күйеу баланы көреміз деп жас келіншектер шымылдықты әлсін-әлсін ашып, Тұрланға тыным бермейді. Мұндайды бұрын көрмеген әрі шыдамаған Тұрлан келе берген бір қызды ұстап, қасында жатқан кебіспен нұқып қалады. Қыз көзі аларып, құлап түседі, бірақ тұрып кетеді.

Мұны естіген ересектеу жақтары Тұрланға келіп:

-Мынауың ұят болды ғой, қыз өліп қалса не болар еді? – дейді.

Тұрлан қысылмай: - Е, ештеңе етпес, өзіміздің ауылдың балдары екен, кебістен өлген қызды көргенім жоқ, - деп отыра береді.

Осы әңгіме есіне түскен сайын Тұрлан: - Өмірімде ойланбай жасаған қылығымнан екі рет ұятты болдым, соның бірі осы, - деп айтып отырады екен.

***

Ермек деген би Асаудың Тұрланы әрі би, әрі батыр дейді, өзім барып көрейінші деп келеді. Келсе бұдан да бұрын келіп отырған кісі бар екен. Ермек келген соң ол кісі Тұрланға қарап: - Оңаша айтар сөзім бар еді, шығып кетпейсіз бе? – дейді.

Тұрлан шығады, сол бойда шаң-шұң дауыс естіледі, Ермек те сыртқа шығады. Шықса Тұрлан әлгі кісіні қамшылап жатады. Ермек араша түсіп: - Не болып қалды? – деп сұрайды.

Тұрлан: - Өзінің ақымақтығынан таяқ жеп жатыр, оңаша шыққанда айтқаны: «Жаздай майын пайдаланатын бір ат бермейсіз бе?» - деп сұрады, «Сен ақымақ мені де ақымақ еткің келе ме әлде өз малымды өзім ұрлап беруім керек пе,.Үйде, төрде отырып, керек көлігіңді сұрамайсың ба, сеніңше мен ақ адал малымды біреуден, әлде өзімнен жасырып беруім керек пе?!» -деп сабадым, - дейді.

Ермек Тұрланды шын би екен деп ойлайды.

***

Қойыс Еламаннан шыққан би Қыздарбай мен Тұрлан құрдас екен, бірде Тұрланды қонаққа шақырады, Тұрлан келеді, шай ішіледі, ет келеді, етті орталап жеп тастайды, Қыздарбай жігіттеріне қарап:

- Мен осы малдың басын көре алмай отырмын ғой, - дейді.

Жігіттер сыртқа шығып, екі мүйізі қарағайдай серкенің басын әкеліп: Құрметті қонаққа ешкінің басын ұсынуды ұят көріп, бермей қалып едік, - дейді.

Тұрлан ешкінің басын көріп таңғалады, өйткені өмірі ешкінің етін жеп көрмеген екен.

Қыздарбай: - Тұрлан таңданба, Еламанды елге теңедім, ешкіні қойға теңедім деген осы болады, - дейді.

***

Асау баласы Тұрланмен жолаушылап келе жатып, бір қауымның жанына келгенде: - Осы қауымда әкем жатыр еді, дұға оқиық, - деп әкесінің жатқан жерін таба алмай біраз жүреді, шыдамы таусылған Тұрлан: - Керек болса әркім өз әкесін тауып алсын, - деп жүріп кетеді.

***

Бірде Тұрлан ауыл сыртындағы төбеге шығып, әңгіме құрып отырса, көрші ауылдың Жәдікбай деген салқамсоқтау жігітті ән салып, ауыл үстін шаңдатып бара жатады. Тұрлан бір баласын жіберіп, Жәдікбайды ұстатып, қол-аяғын байлап тастайды. Жәдікбай ауылына барған соң өледі, елі күн сұрап ала алмайды., Сот Тұрланды бірнеше рет шақыртады, бірақ ақыр аяғында құтылып кетеді. Содан ел ішінде « Тұрланға тыным жоқ, Жәдікбайға құн жоқ» деген әңгіме қалады.

***

Тұрланның үстінен шағым түсіп, Гурьевтің түрмесіне қамалады, мұны естіген Себек, Беріш Бегалы батыр түрме бастығына жолығып, тілдесуге лұқсат алып, Тұрланға келіп: - Келіссеңіз кепілдікке алып, босатайын деп келдім, - дейді.

Тұрлан: - Рақмет, қарағым, мен ешкімнің қамқоршы құшағына сыймайтын бірегей адаммын. Алла тағала қолдаса өзім-ақ шығармын, - деп теріс қарайды.

Бегалы жолдастарына келіп: - Тұрлан ағам көкжалдың өзі екен, бұл кісі ажалды да қасқайып қарсы алатын болар, - дейді.

***

Көкжалдың жәрмеңкесін аралап келе жатып Тұрлан арбаның астында тары жеп отырған жігітті көріп, намыстанып: - Жігітім, нешедесің? – деп сұрайды.

Жігіт: - Жиырма бестемін, - дейді.

Тұрлан: - Әттең, кешегі өзімнен қалған айқай жиырма бес қайда қалды деп іздеп жүрсем, өгіз арбаның астында талқан күйсеп жатыр екен ғой, - деп қамшымен бір тартып жіберіп, жүре беріпті.

***

Бірде тұлғасының ірілігімен «Түйе ұры» атанған адам Тұрланның түйесін алып кетіпті. Ізшілер қуып келсе, бір өзенге жақындаған түйенің ізі де, құмалағы да жоқ болып кетеді. «Түйе ұры» айласын асырып, түйенің төрт аяғын буып, иығына салып, өзеннен өтіп кеткен екен. Мұны естіген Тұрлан: - Тусаң ту, еңбегін сіңіріп алған екен, енді іздемеңдер, - дейді.

Берік ҚОРҚЫТОВ.

АЛТЫ АЛАШҚА АТЫ ШЫҚҚАН ТАҒЫ ДА ТҰРЛАН БАТЫР ТУРАЛЫ



Шеркештің бес Ақүлегінің бірі Маңдай – біздің бесінші атамыз. Дәлірек айтқанда, Маңдайдан екі бала туған, олар - Асау, Жуас.

Асау 1767 жылы туыпты. Маңдайдың үйіндегі шешміз аяғы ауыр, айы, күні жетіп отыр екен. Босанатын күні үйге табын руынан шыққан атақты Барақ батыр келіп қоныпты дейді. Айтқандай, сол күні дүниеге сәби келген. Халқымыздың дәстүрі бойынша құтты қонаққа баланың атын қойып кетіңіз деп қолқа салынса керек. Сонда батыр:

-Кімнен ат сұрап жүремін. Бұл баланың аты Асау болсын, - депті дейді. Асау Барақтың үйде қалған жас баласының аты екен.

Тағдыр деген қызық қой. Барақ батыр атын қойған сәбидің кейін өсіп, жігіт болғанда өзіне күйеу бала болатынын, өзінің бұл елге құдандалы болатынын білді дейсіз бе. Бірақ істің мәні солай бопты.

Асау - аталы сөз, дара билік айтқан, соңына мирас етіп, сахара тіршілігінің қатал заңын қалыптастырып, өнеге, өсиет қалдырған, өз заманының жоғары парасатты әділ қазысы. Тек өз ауылына ғана емес, дүйім жұрттың, өз өңірінің арлы, беделді ардагер азаматы болған адам. Үлкен де, кіші де оны қадірлеп, атын атамай, би, ата, бидің ауылы деп атап кетіпті.

Ауыл ішіндегі түрлі талас, талқы, дау-дамай, жер, су және жесір, жетім мәселесі, барымта, аманат жайы Асекеңнің алдына келіп шешілсе керек. Осыдан да болуы керек. Асау: «Біздің Тұрланға атты мен асты тап болады, маған кілең көзі жасты тап болады», - деп отырады екен.

Тұстасы есентемірден шыққан Бөкен би өзінің 7-8 жас үлкендігіне қарамастан Асауды қатты сыйлаған, қадір тұтқан, айтқан билігін, берген төрелегін үлкен ілтипатпен қабылдап отырған, оның үстіне сөз қоспаған, ара түспеген.

Осыған орай, Асаудың өзі де жасының кішілігін ескеріп, жыл сайын Бөкенге арнайы барып сәлем беріп, көрісіп жаз, күз айларында оны қонаққа шақырып, екі-үш күн қона жатқызып, ағыл-тегіл сый-сияпат көрсетуді әдетке айналдырыпты.

Асаудың ұлы Тұрлан ер жетіп, азамат болғаннан, кейін талай талас-тартысқа қатысады, ел ішінде бірбеткей адуын мінездерімен аты шыға бастайды.

Бір күні Асекең баласын шақырып алып:

-Тұрлан шырағым, енді сен жігіт болып, ел қатарына ілестің. Жолды-жолсыз қылықтарыңмен ауызға түсе бастадың. Саған айтайын дегенім, «үш қараға» тимегейсің. Өзіміздің «қара» - Қаракемпірге, ысықтың «қарасы»- Қараоразға, беріштің «қарасы» - Қаратоқайға. Өйткені Қаракемпірдің ағалығы бар. Дербіс Қойыстың үлкені еді. Ысықтың «қарасы» - Қараоразбатыр-ды, ал Беріштің «қарасы» Қаратоқай - өз қайың жұртың. Осыны ескергейсің, - депті.

Енді бір әңгімеде Тұрланның жалғыз қызы Сағиданың ұзатылуы сөз болады. Шумақ шеркеш (соның ішінде Шерубай) Қойсары жалғыз баласы Есенгелдіге өзіне лайықты жерден қалыңдық ізделп, Тұрлан ауылына құда аттандырыпты. Бірақ Қойсарыны тең көрмеген Тұрлан алғашқыда оларды қабылдамай: «Айраны құрттаған шумаққа қыз бермеймін»,- деп қайырып жіберген ғой.

Кейінірек бұл ашудан қайтып болған соң бір жиында болашақ күйеу баласы Есенгелдіні көріп, оның тұр – пішіміне, мінез-құлқына риза болса керек. Сол бойда әкесіне хабаршы жіберіп:

-Алжыған барындаршы, қыздың еншісі не болады екен, соны айтсын! – деп сұранты.

Мұны естіген Асекең:

-Балам неге тентек болады? Қыздың еншісі күйеуі емес пе? – деп жауап берген екен.

Осыдан соң батыр болашақ жұрағаттарына кісі шаптырып, құдалыққа келе берсін депті.

... Асау би ел ішінде, халық арасында қаншы сыйлы жүрсе де, өз басының уайым - қайғысы жеткілікті болған. Оның себебі көпке дейін перзенті болмапты. Алыс-жақындағы бақсы-балгерлерді, жауырыншы, құмалақшыларды алдыртқан, өзі барған. Әулиеден әулие тастамай түнеп те көріпті. Сөйтіп әбден зарығып, мойнына бұршақ салып, құдайдан бала сұрап, мінәжат етіп жүргенде түс көріпті. Түсінде бір ақ сақалды карт адам келіп, аян берген екен.

-Тұр, қайғыра берме. Көтер басыңды! Он бала аласың ба, онға татыр бір бала аласың ба? – депті ол.

Ерні кезеріп жүрген Асекең он баланы сұрайтындай жайы бар ма, жалбарына кетіпті:

-Жаратқан ием, біреу берсең де ризамын!

Міне, ғажап, 39 жасында Тұрланды көріпті. Бұл айна - қатесіз шындық. Осы арада айта кететін бір мәселе – кейбір мақалаларда Асаудың жападан жалғыз баласы осы Тұрлан екен деген баяндаулар жүреді. Бұл жетпей айтылған сөз. Өйткені одан кейін шешеміз Қоспағамбет деген ұл туды. Бірақ, өкінішке орай, одан ұрпақ қалған жоқ. Асаудың өзі Тұрланнан 7 жыл кейін, 95 жасында 1862 жылы қайтыс болды. Оның биік құлпытасына мынадай жазу бар. «Шеркеш руы, Қойыс тайпасы, Жиенбет бөлімі. Мандай баласы Асау 1862 жылы 95 жасында опат болды. Тас қойған баласы Қоспағамбет.

Иллә иллаһи илалла, мұхаммед расул алла, нәсіп ет жәннат шира орнын жарылқасын, рахматынды әй ғаним». Асекеңнің бейіті Сарыкөлдегі рулық Тұрлан қауымында.

Енді негізгі тақырыбымызға келейік.

Тұрлан 1806 жылы туыпты. Оның жігіт болып, ат жалын өзі тартып мінген кезі. Халқымыздың тарихындағы, соның ішінде біздің батыс аймақта үлкен бір саяси - экономикалық дүрбелең алдындағы тұс. Кіші жүз ханы Жәңгірдің, одан кейін аға сұлтан Баймағамбет Айшуақовтың, Орынборда отырып Жайықтың бергі бетіне қожалық еткен Әленнің қытымыр қысымы мен озбырлығы ушыға бастайтын мезгіл де осы кезең. Тұрлан осылардың бәрін зердесіне ұялатып, ауыл, аймақ көлеміндегі күштілер тарапынан болған жолсыздық, өктемдік, барымта, құн, ұрлық, хан салығы мәселелеріне би - өз әкесіне теңдік, әділдік сұрап, күн сайын келіп-кетіп жататын. Асекең айтатын «көзі жастылардың» мұң-зарына қанығ өсті. Сонымен бірге кемтарларды, жәбір- жапа шеккендерді көздеп, құн әперу, аманатты сақтау, енші бөлу мәселелеріне араласты. Біздің ауылымызда әлі күнге дейін «Жәдікбайға құн жоқ, Тұрланға тыным жоқ» деген мәтел сол баяғы калпында сақталып келеді. Оның үстіне одағай мінез, дарақы қылыққа, тоғышарлық көрініс атаулыға жиіркене қарады. Ауыл үстінен шандатып атпен шауып өткенді, тасыран мінез көрсеткенді, өрісті талап, малды үркітіп, сүргінге салғанды, құдық басында қазан-ошақ жанында дап-дұң әңгіме, шайпау сөз айтқанды, мақтаншақты, қосүрей жасағанды ұстап, қуғыншы жіберіп қайырып, найзалап отырған. Осы мінезі үшін Тұрланды тентек атаған, оның үстінен шағым еткендер де болған, түрмеге де қамалған.

Тұстастарының айтуынша, Тұрлан қайсар мінезді, батыр денелі, сұсты, айбарлы адам болған. Мұртының шалғысы екі құлағына жетіп тұрады екен дейді. Ашуланғанда, қабағы түйілгенде, қаһарланғанда мұрты тікірейіп, екі көзінен от ұшқындап кететін болыпты. Сарыжақ дейтін алты құлаш ат мінген. Ат үстінде отырғанда екі тізесі атының құлағына тиертимес болып тұрса керек.

Әкесін «алжыған» деп атауы, кейбір сәттерде оны жұртқа тастап кешіп кетіп қалатындығы да осы ерекше мінезінің көрінісі. Бірақ осы мінезіне қарамай, өз замандастарымен белсенді араласқан, олардың арасынан жарасымды дос, серік таба білген.

Атап айтқанда, Тұрлан Шолтырдың Мақашын іздеп барып танысады. Құрманғазының күйлерін тыңдап, талантына бас иеді. Махамбетпен жақсы қатынаста болған мәлім. Қызыл тілді Қыздарбаймен сөз таластырады. Арка елінен сөзден қашып келген аты мәшһүр Сегізсеріні көп уақыт ауылына паналатқан екен. Жас жағынан алғанда Тәкең олардың бірімен түйдей құрдас немесе аз ғана кіші, екіншісімен шамалы үлкендігі болғанмен, бұл достықты ол бағалап құрметтей білген. Сайып келгенде, осының бәрі елдің бірлігі мен татулығына қажет деп түсінді, үлкен мақсат жолында хан содырлығынан қаймықпай, оларға қарсы шығып, сол үшін күғын-сүргінге түсті. Қамшының сабындай қысқа өмірінің ішінде бірнеше рет Текеге шақырылып, ұсталып, абақтыда отырып та көрді, ақыр аяғында ханның жалдамалы адамдарының қолынан 49 жасында қаза тапты.

Берілегенде Кіші жүзді, әрілегенде бүкіл қазақ даласын дүр сілкіндіріп өткен Исатай – Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі әр тұстан қолдау, жанашыр тапты, тілеулестікті көбейтті дейміз. Іргелес жатқан Қызылқоға өңіріне көтеріліс дүмпуінің соқпай өтуі мүмкін бе? Әрине, мүмкін емес. Олай болса, оған соңғы хан мен оның жандайшаптарынан зорлық-зомбылықты күнбе күн көріп, естіп жүрген Тәкеннің қосылмай, одан сырт қалуы тағы мүмкін емес сияқты.

Көп әңгімелердің бірінде Махамбет Тұрлан ауылына келіп түсіп, қонақ болғаны, шапан жамылып, ат ауыстырып мініп кеткені айтылады. Ол қай уақыттың шамасы? Исатай – Махамбет көтерілісі жеңілін, көтерілісшілер 1837 жылы Жайық өзенінен бергі бетке өтіп, Тайсойған құмына келіп құлағаны бар.

Жоқ, әлде екінші бірде Махамбет Қарабау, Кермекас арқылы әлім руының Назар, Шүрен ауылдарына асып, одан Хиуаға тартқан тұсында ма екен, әйтеуір осы екі сапардың бірінде болмаса бірінде Тәкең ауылына соғып, өздері аз-кем тынығып, көлікті суытып кетуі ықтимал. Оның үстіне Қарабаудың құм бетінде, Ақша тұсында Исатайдың нағашысы Киікшінің бейіті бар-ды. Батыр жақын жерде жүрсе, осы төңірекке маңайласа-ақ оған соқпай өтпейді. Міне, осы айтылғандардың бәрі көтеріліс басшыларының Қызылқоға елімен қандай да болмасын байланыста болғанын, одан қай жағынан да қолдау тауып отырғанын көрсетеді.

Жасыратыны жоқ, Тұрланның Исатай – Махамбет көтерілісімен байланысы болды десек те, оны нақты көрінісінен дәлелдей алмай келдік. Міне, осындай оқулықты Батыс Қазақстан өлкесіне ауадай қажет және өте құнды тарихи мағлұматты деректі құжаттарды тырнақтап жинып, жариялап жүрген белгілі жазушы, зерттеуші Е.Отарбаев біршама толтырып, игілікті іс тындырып жүр. Төменде одан алған мәліметтерге тоқталып өткеніміз жөн.

«Көпшілік әдебиеттен белгілі Исатай – Махамбет көтерілісі лапылдап жанып, басылып, одан кейін қайта қоздап, лаулап барып, ұзын ырғағы он шақты жылға созылған. Кейбір тарихшылардың айтуынша, 1831 – 1833 және 1836 – 1837 жылдар аралықтарында көтеріліс үш кезеңнен өтті деуге боларлық.

Осы үш дүркіннің бірінші, екінші кезеңдерінде емес, нақ үшінші кезеңінде көтерілісшілер хан ордасын қоршап, оны тыпыр еткізбей қолда ұстап тұрды. Бұл 1837 жылдың қазан айының аяқ кезі еді. Бірақ, не керек, сәті келіп, осы тұсты пайдаланып қалмай, Исатай ат басын кейін бұрып кетті. Сондықтан хан ордасын шаппай келісімге келдің деп батырдың көптеген айтулы серіктері өкпелеп, одан бөлініп кетуге мәжбүр болды. Олардың ішінде Сегізсері Баһрамұлы, Асау Барақұлы, Асанбек Нұрқожаұлы және Тұрлан Асауұлы да бар екен, - деп көрсетеді жазушы. Оған жеткілікті дәлелі де бар.

Тағы бір жағдай анықталып отыр. 1847 жылы жердің тоңы жібісімен Аркадан бір топ жолдас-жораларымен Сегізсері жолға шығып, Махамбеттің басына дұға оқуға бері аттаныпты. Осы жерде Тұрланға жақын үзеңгілес болған Сегізсеріні таныстырып өтейік.

Сегізсері (шын аты – Мұхамед – Қанапия) Баһрамұлы 1816 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарасты Гүлтөбе – Маманай деген жерде туған. Әнші, ақын, домбыраны, палуан әрі мерген болыпты. 1835 жылы екі жақты қанауға, қоныстың тарылуына шыдамай, Батыс Сібірдегі патша әкімдеріне қарсы күреске шығуға қол жинайды. Оны ұстауға қару-жарақты жасақ шыққанын естіп, батыр досы Мадияр керей Нияз серіні ертіп, Кіші жүзге кетеді. Көтібар батыр өлген соң, шекті елінен бері асып, Жайық бойынан бір-ақ шығады. Осы жолы Тұрланмен танысып, көп мезгіл онын ауылында тұрады. Сегізсері 1854 жылы 36 жасында қайтыс болғаны белгілі.

Бұл таныстық ол екеуін ұзақ мезгілге достастырды. Тұрлан екеуі Баймағанбет сұлтанды өлтіріп, одан Махамбеттің кегін алуға сөз байласады.

Бұл уақытта Баймағамбет Петерборда жүр еді. Үстінен арыз-шағым көбейіп әрі жасы жетіп қалғанын ескеріп, патша үкіметі оны отставкаға шығаруды ойлап шақыртып алған-ды. Сөйтіп, тиісті сый-сияпатын алып болған соң 1841 жылдың сәуір айының басында жанында Бородин бастаған 20-ға тарта жасағы бар Баймағамбет елге бет алады.

Мұны естіген Махаңның қанды көйлек жолдастары қамсыз қалмай, төрт бағытқа бөлінеді. Еділ бойын Жамантай Орынборға дейін, Стерлитамақ жерін Қабыланбай, Нәдіркұл, Сәлилерториды. Жоғарғы Жайық бойын жасы 70-тен асып түскен Асау Барақұлы, Елек өзенін Сегізсері мен Тұрлан күзетеді.

Соңында қалған ел ішіндегі әртүрлі толқулардан қорыққан Баймағамбет башқұрт ауылдарының үстімен Елек өзенінен өтпекші болды. Сөйтіп Елекке де жетеді. Бұл көктем іші. Өзен мұзының көбесі сөгіліп, сең жүріп жатқан кез болатын. Өзеннен алдымен қорғаушылар өтеді де, соңғы кезекке сұлтан мен оның күймесі, басқа да алып келе жатқан жабдық – жиһаздары және төрт жолдасы қалған екен.

Бұлар мінген паром өзенінің орта шетіне жете бергенде жағада жатқан Сегізсері мен Тұрландар екі бетті жалғастырған арқанның бір шетін қиып жібереді. Паром біраз өз бетімен ығып барып, сенге соғысып, төңкеріліп түседі. Денесі ауыр Баймағамбет бірден су түбіне кетеді.

Тәкен билікке ерте араласқан адам. Кейбір әңгімелерде 12-13 жасында-ақ төрелік айтып, талқыға түсті делінеді.

Тұрлан болмысы мен мінезінің ерекшелігін баяндайтын әңгімелер көп. Енді солардың біреуіне тоқтайық.

Тәкеннің өзі кейінірек: «Өмірімде екі рет қатты ұялдым» - деп отырады екен. Соның бірі мына оқиға. Тәкен Қаратоқай беріш атақты батыр Жаппарбердінің қызы Ұлжанға үйленеді. Күйеу болып, ұрын барғанда, құда жағы жастарға арнап бөлек үй тіктіріп, ерекше салтанатпен қарсы алыпты. Ауыл у да шу. Ән салып, ойын-күлкіге мәз боп жүрген жастар. Балдыздар жағы жас күйеуді көру үшін ентелеп, ішке кіреді, сыртқа шығады. Жабықтан сығалап, кереге көзінен сықсыңдайды. Сөзбен түйреп, қуақылана күліседі. Соның ішінде, әсіресе бір қыз ерекшелене беріпті. Ол ішке кіргенімен қоймай, қайта-қайта шымылдықты ашып, оның етегін түріп, жезделерін сөзбен қағыта беріп, қылжақтап, берекені әбден кетірсе керек. Бұрын мұндайды көрмеген, ежелден ыркыл-жыркылға жаны қас Тұрлан өзін-өзі басып, шыдап-ақ бағыпты. Жоқ, қоятын емес, басылатын емес. Әлгі қыз бір рет келеді, екі рет келеді, мұнан соң тағы, тағы... Әбден мазасызданып, не істерін білмей отырған Тәкең әлгі балдызы келесі келгенде білегінен шап беріп ұстай алып, жанында жатқан кебісімен мандайынан қойып жібермесі бар ма?! Қыз талықсып, құлап түсіпті. Үйдің іші абыр-сабыр болыпты да қалыпты. Қыздың жатысы мынау. Не істеу керек? Хабар Жаппарбердіге жетіпті.

-Өзіміздің ауылдың баласы болса, ештеңе етпес. Айқай-ұйқай шығармай-ақ қойыңдар. Бір ретін болар, - депті ол.

Той тарқағанша қыз есін жиып, бәрі де өз ретімен аяқталыпты-ау.

1855 жылы күзде Тұрлан атамыз Тәкенің тұрмесінен шығып, Жайық бойымен елге қайтыпты. Жолшыбай Сарайшық маңында өзінің бір таныс татар тамырының үйіне түскен. Осы үйде хан сыбайластары у беріп, Тұрланды өлтіреді.

Атақты «Сарыарқа» толғауында Мұрат ақынның:

Бұл сөзді бәйіт еттім мұндағаннан,
Заманның қорқушы едім, қырланғаннан.
Ақырған асау тайдай Орал суы,
Кешегі Беккожа мен Тұрланды алған,– деуі осыдан.

Таныстары сүйекті аманат деп қойса керек. Қыс түсіп, Жайық суы қатысымен баласы Бекмағанбет бастаған туматуыстары бір түнде сүйекті қазып алып, қазіргі жатқан жері Сарыкөлге жерлеген. Содан бері бұл қауым Тұрлан тамы болып аталып келеді. Жанында - әкесі Асау, алдыңғы тұсында- баласы Бекмағанбет. Жалғыз қызы Сағида да осы жерден тыныш орын тапқан. Алыстан мұнартып көрініп тұратын осы биік төбенің қақ басына шығып, там босағасына сүйеніп, төнірекке қарай қалсаңыз, алыс, жақынның бәрі алақанда тұрғандай ап-анық, баяғы орналасқан қалпында жылдар, ғасырлар арасынан өткен күнді жырлап жіберетіндей елес береді. Кең далада бұзылып, мұржасына дейін құлаған ескі үйлер, аула-қора қалдықтары мен бір кезде үйрек ұшып, қаз қонған, қазір қалың қопа басқан көл табандары, ойдым-ойдым суы ашып, тіршіліктен айырылған ескі шұңғеттер, арнасы кепкен бұралаң өзек тұстары, әр жерден ұшырасып қалатын ақ сүйекті күлдік орындар, ескі мола, ауыл мен ауылды жалғастырып, қатыстырып тұрған жалғыз аяқты, көлік жолдарының сорабы, сүрлеулер көзге түседі.. Бәрі де бір кездегі қайнаған өмірді сағынып, тіршілік тынысын күтіп тұрғандай.

Тұрлан үлкен әйелі Ұлжан шешеміздің 6 ұл, 1 қыз – Сағида әпкемізді сүйіпті. Ұлдары Ахмет, Бекмағамбет, Күсейін, Ербас, Изембет, Кенесары. Ең үлкені Ахметтен – Жақия, Қабдол туған. Жақиядан – Ұмсын, Ақбөпе, Айшат, Ақшан дейтін қыздар, ал Қабдолдан ұлы Ақтай, қыздары Рабиға, Жұмақыз, Дина туыпты. Екінші баласы Бекмағамбеттен (1830-1904) жалғыз Дәулетияр, одан Берді, Сыдық, Жамал, Қалима. Екінші әйелінен – Танаубай, одан Қамаш апай. Күсейін атамыздан Мүтәйра, Мұханияр, Мағзом. Осылардың үлкенінен ешкім жоқ, ортаншысының немере-шөберелері бар. Ал Мағзомның баласы Рахметолла қазір 80 жаста. Орынбор облысының Тұзтөбе қаласында тұрады.

Ербастан – Жүсіп, Сәтбай, Саттар. Бұл күнде Жүсекеннің немерелері бар. Изембеттен біздің әкеміз Нақпа. Кенесарыдан – Бәкот, Мондабек, Сұлтанбек және Рахия апай туған.

Төкен үйіндегі кіші шешеміз Көпеннен Онайбай, Әсенбет, Құттымбет және Кеңашық туыпты. Енді олардың балаларына келсек, Әсенбеттен – Хамза, одан Аманжан. Құттымбеттен Хасан, Шәріп. Бұлардан тұқым қалған жоқ. Кеңашықтан – Мұханбетжан, Камел, Лүкпа. Қазіргі уақытта немерелері бар, әртүрлі жұмыста. Онайбайдан – Нұрмамбет, Жұмалы, Жұмағали, Имағамбет, Қали. Осының бәрін қосып айтқанда Тұрланнан 10 ұл, бір қыз болған.

Міне, Тұрлан батыр жөніндегі бұдан бұрын жарияланып жүргендерге қосымша айтайық дегеніміз әзірге осылар.

Тарихи ескі құжаттарды ақтарып-төңкеріп отырып Тұрлан атамыз бүкіл өмір бойы дерлік хан, сұлтандардың, патша адамдарының, оның ішінде шекара комиссиясы дейтіннің, Орынбордағы генерал-губернатордың бақылауында, көз алдында жүргенін, оның жүріс-тұрысы, басқан қадамы есепте болғанын көру қиын емес. Тіпті тыныштық етуге, әрбір қимылын тіркеп, жеткізіп, одан қорытынды шығару үшін арнаулы адам ұстауға дейін барғаны мәлім болып отыр.

Осы мақсат үшін ел ішінде байқаусыз көп жүретін саудагерлер, молдалар, сұраншы кезбелер көмектескен. Солардың бірі – адай руынан шыққан молда – Батырхан Шахмерденов (Шағимарданов болып жазылған) дейтін адам.

Ол көтеріліс алдында Қайыпқали Есімов пен Исатайдың қимылынан көз жазбай жүріп, Әзірбай Алдабергенов дегеннің оларды Жем өзенінің жоғары жағындағы Темір дейтін жерде кездіргенін астыртын хабарласа, Махамбет жөнінде де толық мағлұмат беріп отырған осы болатын. Сол Шахмарданов 1851 жылы бір хабарында: «Шеркеш руының Қойыс бөлімінен Асауұлы Тұрлан өз төңірегіне бірнеше баскесерлер мен ұрықарыларды топтастырып, халықтың бір бөлігін толқытып жүр, бөлініп көшіп шығып, Есетке қосылғысы келетіндерін жасырмай айтуда»,- деп мәлімдейді. (ҚР Орталық мемл. архиві. Ф.4. жазулар. 1. іс 5594. 567-569 бет).

Б.Шахмарданов 1852, 1853 жылдары да аракідік Тұрлан жөнінде асқан ыждағаттылықпен жан-жаққа хабар беріп тұрған. Ал Орынбордағы шекара комиссиясының төрағасы подполковник Оғаревке 1854 жылдың 20 сәуірінде түскен рапортында Есет Көтібаровқа арнайы хат жазылып, оның ескертілгенін айта келіп, Б.Шахмарданов осы хаттың келесі тармағында тағы да шеркеш руының Қойыс бөлімінен шыққан Асауұлы Тұрланның қол жинап, дайындалып, Есетке қосылу ниетіне шындап кіріскенін айтады және жоғарыдан алған кеңеске сәйкес Тұрлан ауылына Қарашолақ Жаманқұлов дегенді жіберіп, егер Тұрлан Есетке қосылу ойын қойса, онда оның барлық кінәсінің кешірілетіндігі ескерілді деп мәлімдейді.

Бұл Тәкеңнің қазасынан аттай бір жыл бұрын болған хабар еді. Ал осыдан аз ғана кейін сол 1854 жылы Орынбор Шекара комиссиясының төрағасының Орынбор және Самар генерал-губернаторының атына жіберген жолдамасында Батырхан Шахмарданов молдадан рапорт түскенін айтып, Тұрланның Есетке қосылу ниетінен сескенін, ол бойынша алынып жатқан шаралардың бар екендігін жұмбақтай баяндайды. Кім біледі, осы жасырын « шараның» ішінде Тәкеңнің көзін жойып, одан «оңай» құтылудың жайы баяндалуы да мүмкін. Оның анық-қанығын алдағы іздестіру жұмыстары көрсетуі ықтимал.

Ең соңында тағы бір мәлімет – Тәкеңнің Хиуадан біреулер арқылы келіп түскен хаты сол қайтыс болатын 1855 жылы Гурьев қаласындағы әскери старшинаға өз қолымен әкеліп тапсырғаны мәлім болып отыр. Одан кейін бұл хат жөнінде хабар Орынбордағы шекара комиссиясының бастығы генерал-майор Ладыженскийге жіберіліп, оның сілтемесінде Асауов Тұрлан арқылы келіп түсті деген ескертпе келтірілген. Бұл хат, не жөнінде? Оны тағы бір ретке келгенде әңгіме етерміз.

Тұрланның ерлік, батырлығы, ерен тұлғасы мен өр мінезі өз тұсында талай ақын-жыраулардың шығармаларына әсерлі өзек болып, сан алуан өлең-жыр, арнау, жоқтау, толғауларды туғызды.

Батыр бейнесі рулық, тайпалық шеңберден шығып, батыс өлкесіне, қазақ даласына бұрынғының эпостық батырларындай көркемдік тұлға болып қалыптасты.

Төкен жөнінде атақты ақындар Абыл, Нұрым, Мұрат, Қашаған, Жаскілен маржан сөз кестесін өрнектеді.

Жібектің:

Сен мықты болсаң қайда едің,
Алшаңдап жүрген Тұрланды
Ортаннан ұстап алғанда.

Мойыңа шынжыр салғанда, – деген сөзіне Бала Ораз:
Сен, тұра тұр, апа, тұра тұр,
Тұрланнан жауап берейік,
Ол Тұрланның мәнісі -
Төбесі биік ер еді.
Қарсыласқан дұшпанға
Құрулы тұрған жебе еді.
Арыстан деген бір аңды,
Күзеп бір алды деп еді, - деп жауап бергені әдебиетімізде бұрыннан бар.

Ақсары ысық Абат:
Ер Төке қатарында мыңнан оздың,
Өтірік, жалғаны жоқ шыңнан оздың.
Білікке қолы жетпес әркім де әуес,
Ішінде жиырманың жылдам оздың.
Қалың қол қара ағаштай қонды қаптай,
Айтам ба қолхатыңды сенің таппай.
Мықтысы Қаракемпірдің Бәйімбет би,
Оған да тек тұр дедің шаршы топта-ай, – деп жырлаған. Бұл ұзақ жыр болатын-ды. Тұрлан жөнінде өлең-жыр шығарған үлкен ақын-жыраулардың соңғы тобының өкілі Иса Тілепбаев (1840-1940 ж.ж.) болған. Патша әскерлерінің қолына түсіп, Текеге айдалғалы тұрған Тұрланға арнап:

Халқымыз келсе шаманқөнбе деді,
Еліңді жеріңменен берме деді.
Ардақты Аю, Мыңбай, шеркеш Тұрлан,
Патшаға қарсы қылыш сермеп едің, - деген екен.

Жаман адай Орынбасар ақынның:
Хан болмас қара адамды хан десең де,
Секерсіз шай жараспас бал жесең де.
Хан, төре мәжілістен қалдырмайды.
Уа, Төке, сірә, кемдік бар ма сенде? – деп басталатын ұзақ жыры халық арасына кең тараған. Бірақ кейде оны әр түрлі ақынға таңып, жиі өзгеріске ұшыратады.

Міне, жып-жылдам уақыттың мәңгілік екендігіне қарағанда, көзді ашып-жұмғанша, бір ғана қас-қағым сәтте өте шыққан өмір деген осы екен. Соңына алуан асыр сөз қалдырып, белгі тастап, дүниеден осылай атамыз Тұрлан да өтіпті.

Жұмаш НАҚПАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
16.01.1996 жыл. «Атырау» газеті.

САҚАЛ АТА ТУРАЛЫ АҢЫЗ ӘҢГІМЕЛЕР

Қызылқоға ауданы Сарықұмақ ауылында Он екі ата Байұлы әулеттерінің бірінде үлкен ас беріледі. Сол асты басқарып, билік құруды Асауұлы Тұрланға ұсынады.

Асқа жан-жақтан көптеген Кіші жүз рулары жиналады.

Бұрын ас беру рәсімінде әр руға өзіндік тиесілі сыбаға тартылатыны белгілі. Сол асқа руы Дербіс әулетінен Жанақ Досқұлы немересі Бадыранұлы Сақал атамыз (шын аты Бекберген) қатысыпты.

Асау Тұрлан дербістіктерге тиесілі сыбағасын жеткіліксіз берсе керек. Бұған қатты ашуланған Сақал атамыз Тұрланды өлтіремін деп әкесі Асауға ант береді.



Жиналған көпшілік басу айтып, Сақал атамызды тоқтатады. Бірақ атамыз келесі жылы дәл осы уақытта қайтып келіп, Тұрланды өлтіремін деген сертінен қайтпайды. Сол күннен бастап атамыз сақал-мұртын алмайды. Мұны естіген Тұрлан Сақал атадан қорқып, Ресей еліне қашып бой тасалайды. Бір жыл өткен соң дәл сол күні Сақал ата берген сертіне сай Тұрланды өлтіруге іздеп шығып, таба алмайды. Содан кейін ел Бекберген атамызды "Сақал" деп атап кетіпті.

Сақал атаны аруақты адам болған дейді. Адамдарды емдеген және де топалаң ауруымен ауырған малдарды емдеген.

Аруағы адамға жылан болып көрінетін болса керек.

Бір күні атамыз бір досымен қырда жатады. Досының екі сөзінің бірі боқауыз сөз болса керек. Атамыз досына: «Сен сөзіне боқтықты қосып сөйлемеші, мен ұнатпаймын», - десе керек. Сонда досы «Егер сен мені дұрыстап қорқытсаң, сонда ғана мен сені боқтамаймын», - депті.

Атамыз: «Онда сен осы жерде тұр. Мен ана қырдың басына барып, атымды байлап жатамын. Сен де сонда келерсің», - дейді. Содан біраз уақыт өткен соң досы қасына барса, атамыздың үстінде көп жылан оратылып, аузынан, құлағынан, мұрнынан кішкентай жыландар шығып жатқанын көреді. Шошып кеткен досы: «Сақалжан, тұршы. Енді сені боқтамаймын», - деп жалынады. Досының антын алып, орнынан тұрса, ешқандай жылан көрінбейді. Содан досы атамызды боқтап сөйлемейтін болыпты.

ҚЫРЫЛДАУЫҚ ДӘУІТ

Дербістің көптеген ұрпақтары, негізінен Қызылқоға ауданындағы Кіндіксай деген жерін мекен еткен. Сол жерді «Қаракемпірдің жері» деп атайды. Сол ауыл жазғы уақытта Сағыз өзенінің маңына дейін мал жаятын болса керек. Сағыз өзенінің күншығыс бетін таз, адай рулары мекендесе керек. Адай руынан шыққан Дәуіт есімді батыры ел-жұртын алып, Сағыз өзенінен өтіп, Сарыкөл маңына жайлауға шыққанда, жолда кездескен шеркеш ауылының малдарын тонап, тартып алып, әлімжеттік жасайтын болған. Дәуіт жайлауға аттанғанда, көштен бір күндік жерде екі тазы итімен алда жалғыз өзі жүріп отыратын көрінеді. Сақал атамыз 18 жасқа толған кезде қасына 10 шақты жігітті ертіп, Дәуіттің жолын тосып, Сағыз өзенінің батыс жағынан тосқауыл құрады. Сақал атаның күзеті күні Дәуіт батыр өзеннің шығыс жағынан келіп, арғы бетте жеке ат, жалаң найзамен тұрған түсі сары, көзі көк жас шамасы он сегіздегі бір атты жігітті көреді. «Кімсің? Доссың ба, әлде жаусың ба?» – депті Дәуіт батыр. Жас жігіт жауап қатпапты. «Егер жау болсаң, өткелден кездесейік», - депті Дәуіт батыр. Жас жігіт өткелге қарай барады.

Екеуі екі жақтан өзеннің ортасына барып шайқасыпты. Сол кезде Сақал атамыз найзасымен Дәуіттің тамағынан түйреп құлатып, жағаға алып шығалы. Сақал Дәуіт батырды тыржаланаш шешіндіре бастайды. Сонда жаралы Дәуіт атамызға бір өтініші барын айтады. «Мен өлгенде денеме орайтын кебін ретінде ішкі киімімді қалдыршы», - депті. Содан атамыз ойланып, іш киімімен қалдырады.

Артта келе жатқан Дәуіттің нөкерлері оның жаралы екенін көріп, батырдың әкесіне хабар береді. Сонда бай: «Егер Дәуіт бір адамнан жараланса, сол жерде қалдырыңдар. Егер көп жасақтан жараланса, маған алып келіңдер», - десе керек. Содан шабармандары Сағыз өзенінің жағасына барып қараса, бар болғаны екі аттың ізін көреді. Бірақ Дәутті аяп тастап кете алмай әкесіне: «Көп аттың ізі бар», - деп батырды алып барады.

Содан бір ай қаздың майымен емдейді. Дәуіт өзіне келеді, бірақ дауысы қырылдап шығатын болады. Әкесі Дәуіт батырдан бар шындықты айтуды талап етеді. Сонда Дәуіт болған оқиғаны жасырмай айтып береді.

-Жас батыр өткелдің арғы жағынан түсті, мен бергі жағынан түстім. Сол жерде айқасып кеттік. Түскенде жалғыз еді, шайқасқанда көп болып көрінді. Қайсысын түйрерімді білмедім. Сол кезде ол менің тамағамнан найзамен түйреп құлатты,- дейді.

Сонда әкесі: « Балам, сен жыл сайын жайлауға көшкенде шеркештен шыққан Бадыранның малдарын көп тонадың. Мен бірде ертеректе сол ауылға барғанда, Бадыранның 4 жасар баласының ойнап отырғанын көрдім. Сол балаға қарасам, төбесінде төрт қарақұс ұшып жүр екен. Сонда айтып едім: «Егер елде екі атақты батыр болса, соның бірі болады, біреу болса, соның өзі болады». Сол бала қазір 18 шамасында болуы керек. Бар Бадыраннан кешірім сұра, барымталаған малын, бәрін қайтар», - депті. Сөйтіп Дәуіт әкесінің айтқанын орындауға мәжбүр болады. Бірақ найза салған жарадан айыққа да, оның зардабы еш кетпей, зорлықшыл батыр өле-өлгенше «Қырылдауық Дәуіт» атанып кетіпті.

Төлеужан САНБАЕВ,
Атырау қаласы.

САҚАЛ БАДЫРАНҰЛЫ



Сақал Бадыранұлы 1810-1886 жылдары өмір сүрген. Әулиенің бейіті Атырау облысы, Қызылқоға ауданы,, Миялы селосының күншығыс бетінде 3 шақырым жердегі биік төбе басында орналасқан. Азан шақырып қойған аты – Бекберген екен. Туғанда жас баланың иегінде болар-болмас сақалы болыпты. Әкесі Бадыран баласының бойында үлкен қасиет барын ерте сезініпті, бірақ балаға айтпапты.

Сақал атамыз бала кезінде көрші ауылда үлкен той болыпты, осы тойға қызық көру үшін Бекберген де барыпты. Бірақ жас баланы ешқайсысы елемей, шеткақпай жасай беріпті. Бұған ренжіген Бекберген "Ит құрлы елемеді, бала деп көңіл бөлмеді", - деп үйіне кетіп қалыпты. Баласының ренжіп келгенін сезген әкесі: "Балам кімге ренжіп келдің, бірнәрсе бүлдірдің бе?" - деп сұрапты. "Жоқ, әке ештеңе бүлдіргенім жоқ", - деп баласы жатып қалыпты.

Ертесіне хабаршы келіп, ауыл-ауылды аралап, кешегі той жасаған бай үй ішімен ажал тауыпты, неден болғанын ешкім білмейді деп жауап етіпті.

Мұны естіген Бадыран баласына қарап: "Балам, сен кеше сол тойға бардым деп едің, бірақ ештеңе бүлдіргенім жоқ дегенсің, байқауымша, мынау сенің ісің, қате жасаған екенсің. Сенде үлкен қасиет бар, аруағында 41 оқ бар еді, соның біреуін жұмсаған екенсің. енді қалғанын бала-шаға, қатын-қалашқа жұмсама, ол таусылса, сенде ешқандай қасиет қалмайды. Кең бол, кешірімшіл бол ", – депті. Содан бастап Бекберген ешкімге ренжімеске, ренжісе де қатты кетпеске ант беріпті.

Кейінірек Сақал атанған Бекберген бозбала кезінен бастап жоқшылық пен жетімдікті қатар көріп өсіпті. Өзінің үлкен рулас ағалары ат әкелуге, мал суаруға соны жұмсай беріпті. Бір күні ат әкелуге жіберген Бекберген келіп болмайды. Бұған ашуланған ағалары өздері келсе, бір ойпаңдау жерде аттардың шылбырын ұстаған Бекберген шалқалап жатыр дейді. Үсті-басы толған жылан, қойнына бірі кіріп, бірі шығып жатса керек. Мұны көрген ағалары шошып кетіп, інісінің қасиеті бар екенін мойындап, ат әкелуге жұмсамайтын болыпты.

Әлім елінде болған бір үлкен асқа Байұлынан да көп адам барыпты. Байұлынан барған адамдардың жасы үлкені әрі шеркеш руының батыры деп Бадыранға сыйға ту бие береді. Елге келе жатқанда Асаудың баласы Тұрлан батыр кездесіп: "Еркек қойдың жасы үлкен, еркек тоқтының басы үлкен" деген, мен тұрғанда Бадыранға сыйлық қайда деп, жетектегі ту биені шешіп алып, жетектеп кете барыпты. Бұл оқиғаны естіген Бадыранның баласы Бекберген: "Тұрланды өлтіремін, Тұрланды өлтірмесем, өзім көпір, қатынам талақ", деп ант беріп, бір жыл сақал - мұртын қақтырмай, тырнақ, шашын алдырмай серттеп жүріпті. Мұны білген Тұрлан қоныс аударып басқа жаққа көшіп кетіпті. Осыдан бастап бұрынғы Бекберген аты ұмытылып, Сақал аты берік орын алыпты.

Рулас, жерлес екі батырдың арасындағы реніштi естіген Қосым шеркеш Тұманшы би: "Ер жігіттің елінен кеткені жеңіліп, жетімдік көргені емес пе! Тұрланның кеткеніне көп болды. Сен райыңнан қайт, сақал-шашыңды алдыртып, татуласыңдар", - депті. Сөзге тоқтаған Сақал райынан қайтып, сақал-шашын алдыртып, Тұрланның соңынан кісі жібертіп, елге көшіріп алып, екі батыр татуласыпты.

Сақал ата тірі кезінің өзінде көріпкел адам болыпты. Сақал атамен рулас Базарғали Нұрпейісовтің анасы 94 жасқа келіп қайтқан Қадірше әжеміздің аузынан айтқан мына бір сөзі көптің құлағында. Әжеміздің шешесі көп жыл бала көтермей жүріпті. Әулиелерге сиынып, Сақал атаға іздеп барып, құмалақ аштырыпты. Сонда атамыз былай деген екен: "Жасыңыз ұлғайып, арасы селдіреп кеткен екен. Алла саған 3 нәресте береді. Алғашқысы ұл бала, оның атын Селдір деп қоярсың. Екіншісі қыз бала ел-жұртына қадірлі болар, атын Қадірше деп қой. Соңынан бір ұл бала табарсың, оның атын – Қошқар деп қой депті. Кейіннен осы балалардың ұрпақтары өсіп-өніпті. Сақал ата 1886 жылы қайтыс болған.

Сақал атаның Өтеген деген баласынан Жұқа, Татар деген балалар болды, олардың ұрпақтары Ақтөбе облысының Ойыл, Шалқар аудандарында орын тепкен. Атаның Ботақара деген баласынан туған Сатыбалды Қабдығалиұлы Сарекенов Жылыой ауданының орталығы Құлсары қаласында тұрады, зейнеткер, ұл-қыздары ер жеткен.

2001 жылы осы Сатыбалды ағамыз елге келіп, Сақал атаның басына ақ тастан күмбезді бейіт тұрғызды.

Сақал атаны пір тұтатын ауыл адамдары мен ағайын-тумалары әулиенің басына түнек үйін салып, келіп-кетушілерге қызмет көрсетіп отырады.

БАДЫРАН МЕН САҚАЛ

Жайық бойының өте құнарлы табиғатына, шөбі шүйгін жерлеріне қызыққан казак-орыстар мен қалмақтар, бұлардан қалыспай башқұрттар да арандай аузын аша түскен. Жайық бойын жағалай отырған қазақ ауылдарына мезгіл-мезгіл шабуыл жасап, малдарын айдап кетіп, елге тыныштық бермеген. Патша үкіметі де оларды қолдап отырған. Соның салдарынан халық бұлардың озбырлығына шыдамай, жаппай көтеріліске шыққан. Көтеріліске жасының ұлғайғанына қарамастан Бадыран ата да қырғын шайқасқа араласып, қажырлы ерлік көрсетіп, жаудың көптеген сарбазының жанын жаһаннамға жіберген. Жас та болса әкесімен бірге бозбала Сақал да шайқасқа қатынасқан. Соғыс кезде Бадыран атаның құлағын қылыш кесіп кетіп, салбырап тұрған кезде, қасындағы жолдастары: «Бауке, құлағыңыздың қаны саулап ағып, салбырап тұр ғой», - дегенде: «Бір басқа бір құлақ та жетеді», - деп жұлып алып, «Бастан құлақ садақа» деген ұранмен лақтырып тастапты.

Ел ішіндегі аңызға қарағанда Бадыран ата бес қаруын асынып, жанын шүберекке түйіп, найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен, қорамсақтың оғымен халқын, елін, жерін сырттан келген жаулардан қорғаған батыр адам болған.

Жасынан баласы Сақалды өз халқын құрметтей білуге, ақылдылыққа, ержүректікке, жауына қаталдыққа, батырлық өнерге үйрете отырып, жақсы мен жамандықты ажырата білуге де көп көңіл бөлген. Сақал жастайынан ер жігіттің бес қаруын пайдалану тәсілдерін жетік меңгерген. Соның ішінде, әсіресе найза қаруына көп көңіл бөлген. Атпен шауып келе жатып, түйенің құмалағын жармай шаншып алуға жаттыққан. Ол үшін найзаның ұшын бір елі шамасында бунап қоятын көрінеді. Оның себебі найза терең қадалып, құмалақтың бейберекет шашылып кетпеуі үшін жасаған. Шайқаста, көбіне адамның санынан немесе тамақтан түйреп түсіретін тәсілді мүлтіксіз меңгерген екен.

Сақал атаның жас кезі болса керек. Сол замандағы Көкжар жәрмеңке базарын естігеннен кейін көруге ынтығып, сол жаққа мал айдайтын кірекештермен келісіп, солармен бірге мал айдасуға жолға шығады. Бұған жәрмеңкешілер де қатты қуанады. Бұларға екі күн өткеннен кейін жолда қарақшылар кездеседі. Бес атты адам бұларға күш көрсетеді. Олар малдың үштің бірін және жас Сақалдың астындағы атын бізге бересің дейді. Сонда Сақал қасындағы жолдасына: «Сен маған ту сыртымнан қорғаушы серік бол. Қазір оларға мал түгіл, жан қайғы етейін», - дейді. Ол қарақшыларға найзасын оңтайланып, кетіңдер дейді. Олар да ыңғайлап, қылыштарын қынаптарынан суыра бастайды. Сол кезде жас батыр шапшаң алға ұмтыла беріп, еңгезердей екі үлкенін найзамен санынан түйреп құлатады. Үшіншісі ұмтылған кезде оны санынан түйреп, атымен қоса аунатып түсіреді. Қалған екеуі жақындай алмай, жан сауғалап кері қашады. Сөйтіп базаршылар малдарын сатып, алатын заттарын алғаннан кейін, аман-есен елге келеді. Жолда кірешілер болған оқиғаны жыр етіп айтып, жас Сақалдың батылдығын және ерекше найзагерлігін ел-жұртқа, ауылының қарттарына тамсана әңгімелеп айтады. Сөйтіп бала батыр Сақалдың аты Қарабау өңіріне жайылып кеткен.

***

Бірде Сақал ауылдан ұзаңқырап, аң аулап, даланың табиғатын тамашалай серуендеп жүргенде, айдалада жалғыз атты адамға кездеседі. Ол адаммен еш амандаспайды, аты-жөнін сұраспайды. Көзі баланың астындағы жарау атына, әдемі ер-тұрманына қызығып: «Әй, бала, аттан түс те, астындағыны маған бер», - дейді. Сөйтеді де әй-шайға қарамай, найзасын оқтап алып, Сақалға қарай дүрсе қоя береді. Жас батыр да шапшаң қимылдап, найзаласқан кезде, оның қаруын кері серпе қағып жіберіп, оның кеңірдегінен найзаның ұшымен шаншып құлатады да, былай ойнап шыққан атын жетектеп кете береді. Сонда жерде аунап қалған жігіт: «Әй, кім де болсаң аты-жөніңді айтып кет»,- деп жалынышпен үн қатыпты.

Сонда: «Бадыранұлы Сақалмын», - деп қайырылмастан кете барыпты. Ал құлаған кісі көшкен ауылының көш бастаушысы екен. Кейінде келе жатқан көш айтылған жеріне келіп, көшбасшысы етіп жіберген адамның жоқтығын көріп, мазасыздана бастайды. Асау би жігіттеріне Тұрлан қайда жоғалып кетті деп іздеу салады. Жоқ қарағандар айдалада қансырап жатқан Тұрланды көріп, ауылға хабар айтады. Асау ұлының қансырап

жатқанын білгенде: «Ол итті кім түсіріп кетті екен деп сұрандар. Егер Қаракемпірлердің ішінде Сақал деген жас түлек бар деп еді, сол Сақал құлатқан болса алып келіңдер. Егер басқадан түскен болса әкелмеңдер. Ит пен құсқа жем болсын». - деп теріс айналып кетіпті. Жігіттері Сақалдан деген соң Тұрланды ауылға алып келген. Асау би жалғыз ұлын үш жыл қысыр қалған ту биенің қазысымен екі жыл емдеп, Тұрланның кеңірдегін азар деп жазған екен. Бірақ, өкінішке орай, көмей үні қырылдауық болып қалған.

Асау деген кісі ақылды, парасатты, алдағыны болжай білетін және сөзге шешен әділ би болған адам. Жалғыз баласы Тұрланның өркөкірек, тентексоқ, қызықпа болып қалыптасқан мінез-құлқына жиі ескертпе жасап, қателікке ұрынбауына қамқор болып отырған.

***

Кейіннен Сақал батырды Асау би қонаққа шақырып, Тұрланға кешірім сұратады. Сөйтіп екеуін достастырып, қол алыстырып, оған ат-шапан сыйлап, құрметтеп жіберген көрінеді. Сақал Бадыранұлы кейіннен Жайық қалмақтары мен қазақ-орыстарына қарсы жер дауында тізе қосып, бірге қимылдайды. Жайық жағалауын отарлау өктемдігіне, елдің тыныштығын қорғауда Тұрланмен бірге соғысады. Халық көтерілісінің басшысы болған Исатай Тайманов сертке тұрар шеркештің батыр – билері Бадыран, Асау, Бәймәмбет, Айбас, Дабысқа хат жазып: «Осы қағазды алған бойда өз жайсаңдарыңды жинап, ауылдарыңызбен қоса Жайыққа қарай көшіңіз», - деп тілек ете хат жазады. (Никита Савичев. «Исатай Тайманов». «ҚӘ». газеті. 04.10.1991ж. «Жалын» журналы. №1. 1989 жыл.).

Мұндай хатты кейін шеркештерге 1839 жылы Махамбет батыр да жазған. Ел арасында Кіші жүз орыстарға бодан болғаннан кейін: «Ойды орыс биледі, қырды Қойыс биледі» деген нақыл сөз де шеркештердің өз көршілері арасында беделді болғандығын көрсетеді. Қария қарттардың айтқандарын еске түсірсек, біз білетін, есімізде қалған батырлар мен билері жайлаған, өмір сүрген жерлері – Жылыой, Қызылқоға және Жайық, Жем, Қобда, Елек, Сағыз, Қайнар өзендерінің бойлары. Олардың арасынан қарсылас жауларын тітіренткен батырлар да, тілінен май тамған шешендер мен ақын-жыраулар да, көрген жаны көркімен тамсандырған, ақылы асқан кербез сұлулар да көп шыққан.

Сарекен САТЫБАЛДЫ.
Құлсары қаласы.

АТАНЫҢ ӘУЛИЕЛІГІ ТУРАЛЫ

Сақал атамыз жастайынан өте сауықшыл, тума-туыстарын аралап, серуендеп жүруді өте жақсы көрген. Аттың да көзге көріктісін, ер-тұрманның көнілге қонымдысын серуеншіге сайма-сай жасатып, ердің бес қаруымен қаруланып, ел-жұртқа Сақал аты таралып, белгілі болған.

Бірде серуендеп жүрген жігіт бір ауылға жақындап келе жатқанда, алдынан қара ит кездеседі. Оның аузында тістеген өкпені көріп, итті ізімен кейін қуа жөнеледі. Алдындағы ақбоз үйді айнала жиналған адамдарға көзі түсіп, олардың жиналуы тегін емесін аңғарған Сақал итті үйге кіргізу үшін: «Аш есікті!», - деп ақырады. Сонда ит ішке лып етіп кіре бергенде, босана алмай талмаурап қиналып жатқан жас әйел: «Уһ, Алла-ай!», - деп демін алған. Сол кезде шыр етіп жылаған жас баланың үні естіледі. Сыртта теңселіп жүрген жұрт уһ деп демалып, жеңілдеп қалады. Бұл бір атақты байдың келіні екен. Аман-есен босанып, ұлды болғанына қуанған бай батырды жібермей, сыйлы қонақ етіп, үлкен сый-сияпат жасап, сыйлап, құрметтеп аттандырған екен. Қарттардың айтуынша, қара ит болып, өкпе тістеп жүрген шайтан болған. Ол тек қана атаға ғана көрінген. Айнала қамалып тұрған адамдар итті көрмеген. Осыдан кейін атаның әулиелік атағы Кіші жүз руларына белгілі бола бастаған.

Бірде жол жүріп келе жатқанда, қара ала шұбар жылан жол бойында қырғауыл құсты аяғынан тістеп, тыпырлатып жатыр екен. Жанұшырған құс қанатын жанталаса сермеп, жалпылдап, аяғын босата алмай жатады. Сол кезде ата қамшысын сілтеп қалғанда, жылан жоқ болып кетіп, қырғауыл құс өз жайына ұшып кете берген.

Жұка деген атамыз соғыс кезінде қатты ауырып, төсек тартып жатып қалады. Жан-жағын қара ала жыландар қоршап, ысылдап, таң атқанша мазасын кетіріп, ұйқы бермегенін әңгіме етіп айтқан-ды. Кейіннен атаның аруағына сиынып, басына түнеуге барғанда, жаяу емес есекпен жақындап барып түсем дегенде, аяғымның сіңірі тартылып қалды деді. «Бұл аяқтың сіңірінің құрысып қалуы, менің атаның аруағын сыйламағандығымнан болды»,- деген еді.

«Соғыс уақытында, одан кейін де топалан індетіне ұшыраған қора-қора қойларды атаға әкеліп түнететін. Содан кейін індет сап тыйылып, малдан шығын болмайтын. Бұндай жайлардан соң атаға деген халқының сенімі арта түсті. Көптеген адамдар ауруына шипа тілеп, түнейтінді жиілеткен еді», - деген әңгімені Жұка атадан естідік.

Ертеде ауыл адамдары жаз жайлауға шығарда көш Кіндіксай өзенінен өте бере ауылдың ерлері, әйелдері мінген көліктерінен түсіп, атаның тұсынан біраз жер өткенше жаяу жүреді екен. Бірде Ботағара баласының әйелі еріншектігі ұстап, әлі алыс қой, түйеден жақындағасын түсемін дегенде, екі аяғының тізесі жазылмай, бүгіліп қалыпты. Сәрекен атам шешесін бірнеше жылдар бойы жас балаша көлікке көтеріп, мінгізіп жүргенін өз аузынан естігенмін.

Сақал ата 1810 жылы Қызылқоға өңіріндегі Миялы ауылында дүниеге келген. 1886 жылы осы туған жерінде өмірден өткен. Миялы ауылының шығысында 2 км жердегі Сақал ата қорымына жерленген. Сақал атаға 2001 жылы кесене тұрғызылып, ас берілді. Жаз мезгілінде жер-жерден келіп адамдар түнейтін болған соң, қасынан қонақтар үшін түнек үй салынды. Шырақшы адамы бар. Ол түнеуге келген адамдарға түсінік беріп, қазақы ырым қағидаларды түсіндіріп отырады.

«Сақал атаның жүріс-тұрысы өте шапшаң, орта бойлыдан жоғары, дене бітімі шымыр, екі қабағы қалың кірпікті, екі көзін жауып тұратындай бура қабақ, қабағын көтеріп қарайтын, қыр мұрынды, бет әлпеті жалпақ, көзің түсе қалса, көрер көзге сұсты көрінетін адам еді», - дегенді атаның немересі Сәрекен атам менің бала кезімде әңгіме етіп айтып отыратын еді.

Сәрекен атам 1870 жылы Қызылқоға ауданының Кіндіксай ауылында дүниеге келген. 1946 жылы 21 қаңтарда өмірден өтті. Соңғы кездегі мекеніміз – Жылыой ауданының Арыккөл өңірі. Қазіргі кезде бұл жерлер Сәрекен түбегі деп аталады. Сәрекен ата Сақал атаны өз көзімен көргені жөнінде, сол кезде өзінің де ержетіп, атаның жүріс-тұрысына, тұлпарының жал-құйрығын тарап, ер-тұрманының оймыштаған тартпа бауын үзеңгілерін тазалап, көзге көрнекті етіп жүргеніне таңыркап қарайтынмын дейді. Жасының ұлғайғанына қарамай, бұрынғы жас кезіндегіше тұлпарын көзге көрікті етіп мініп, қыдыратынын қызықтыра әңгімелеп беретін.

Көзі қарақты, ақылды, жиналған халық арасында жұртты тамсандырып, небір хикаялардың майын тамызып әңгімелейтін сөзге шебер шешен аталарымыз болған. Олар Бердалы, Жаналы, Дүйсенғалилар еді. Жаналы ата болыс болған. Жастайынан осы кісіге атқосшы болып, Дүйсенғали ата Жылыой өңірі аумағында біраз жерді аралай жүріп, көптеген ру басшыларымен кездеседі. Кездескен жерлерінде ру шежіресін жинақтап, ата тегімізді анық білу үшін шежірелік деректерді біздерге мұра етіп қалдырған еді.

САТЫБАЛДЫ Сарекен.
Құлсары қаласы.

ЖАМАНТАЙ БАТЫР

Шеркештер тайпасы, жалпы, қай кезде де жауынгер, батыр ел болған дедік. Толыбай жерін мекендеген шеркештер үшін батыр, жауынгер аталарымыздың бірі Құлақасқа әулетінен шыққан шеркеш Жамантай есімі ерекше бөлек.

Ол кісі кезінде Арал өңіріндегі имам әлім Жанқожа әскеріне қосылып, оның патша зорлығына қарсы бастаған соғыстарына қатысып, талай ерлік жасаған адам болған. Жамантай батырдың ерлік істерінің қайсыбірі Сыр бойы ақындарының жырларында кездеседі.

Сол Жанқожа батыр қозғалысына барып қосылған Жамантай атамыздың батырлығы жөнінде өз елінде де талай аңыз әңгімелер көп.

Ырғыз өңірінде Бозғыл шөмекей Алмат, Самырат деген әкелі-балалы, апамның сөзімен айтсақ, «шынжырбалақ, шұбартөс», беттеріне ешкімді қаратпаған билер болған. Алматы аса қатыгез жырткыш, кісітағылық мінезді кісі болса керек, алдына айыпты болып келген жанның аяқ-қолын байлатып, өзің ірі, өте семіз, зілдей ауыр денесімен соның үстіне шығып алып: "Салмақ ауыр ма, Алмат ауыр ма?", - деп келемежден, ана байғұстың өлгеніне қарамай, шын ракаттық сезіммен аунайды екен. Елде оған Жамантай батырдан басқа ешкім қарсы шығып, тура сөз айта алмаған.

Бірде Алмат би ауырып, төсек тартып жатып қалады. Болыс өңірінің алыс-жақын аралығындағы жақсысы мен жайсаңдары тегіс келіп, бидің көңілін сұрап жатады. Наукас созылыңқырайды, арада біраз уақыт өтеді, алайда шеркеш жұртынан келгендердің арасында Жамантай батыр болмайды. Жатып ауырған кісі келген-кеткендерді тергегіш болады ғой, көңіл сұрап кім келді, кім келмеді деген сияқты. Батыр атамыз алыс бір жорықтарға шығып кетті ме екен, әлде басқа бір өздерінің арасындағы жағдай болды ма екен, кім білсін, бидің

ауылына жуық арада қатынай қоймайды. Ол кісі Алмат биге кейін, біраз уақыт өткен соң барып келеді.

Көбіне жалғыз жүретін кісі болса керек, батыр уақыты келгенде асықпай бидің қонысына келіп тоқтайды. Алматтың орнатқан тәртібі бойынша келушілер атын ауылдың сыртында қалдырып, бидің ордасына жаяу келеді екен. Атамыз ол тәртіпті мойындамай, бидің жатқан үйінің алдына шейін келіп барып, атынан түседі. Бұндай басымдықты және кезінде көніл сұрап келе қоймаған Жамантайды жаратпаған би төсегінде теріс қарап жатып алады да, батырдың берген сәлемін алмай қояды. Сонда батыр атамыз алмас қылышын қынынан суырып алып: "Атамекен елімді тастап, кең жазира жерімді тастап келгенімде, көрсеткен сыйың осы болса, мен сенің мес қарныңды жарып-ақ тастайын", - деп, тұра ұмтылғанда, науқастың басында отырған үйдің бәйбішесі батыр мен бидің екі ортасына ұмтылып: "Әлеке -Жәмеке, Әлеке – Жәмеке," – деп,, шырылдап тұра қалады. "Би мен батырды татуластыратын бұл елде ер жоқ екен, райларыннан қайтып, қол алысындар", - деп бидің бәйбішесі екеуін бітістірген екен дейді.

ЖАМАНТАЙ БИ

Жамантай Шеркеш руынан шыққан би, басқа деректер белгісіз.

***

Шеркеш руынан Байбол деген кісінің боталы түйесін Кете руының Қарамойнақ деген адамы ұрлап алыпты. Байбол Жамантай биді ертіп, Қарамойнаққа барады. Қарамойнақ қонақтап, жайғасқан соң: - Жәмеке, жай келдіңіз бе? – деп сұрайды.

Жамантай:

-Сен, Кете, Қарамойнақ!
Бар екен екі қатының,
Біреуінің аяғы шойнақ.
Сіздің бір балаңыз
Біздің мына баланың
Түйесін алыпты ойнап,
Бар болса өзін,
Жоқ болса төлеуін бер,
Істің артын ойлап! – дейді.

Қарамойнақ Байболдың түйесінің үстіне айыбын беріп аттандырады,

***

Жамантайдың жігіттері Арыстан правительдің ағасы Ахметтің бір үйір жылқысын барымталап кетеді. Мұны естіген Арыстан: - Жамантайға айт, жылқыны қайтарсын, жазда барып аламыз, биелер құлын тастамасын, айғыр мінілмесін, - деп хабар жібереді.

Мұны естіген Жамантай: - Айғыр мінілмей, биелер құлын тастамай, керменің басында тұрсын, – деп жылқыны түгел сойып алады.

Жазда Арыстан Жамантайды шақырып алып: - Жарымаған қазақ! Айғыр мінілмей, биелер құлын тастаған жоқ па? – деп сұрайды.

Жамантай: - Оңбаған төре! Төбе тайғақ болса, мал шығып шыдамас, ал басшы жаман болса, халық төзіп шыдамас. Басымыз сен болған соң шыдамай жылқыңды алып едік, бірақ мен мұнда келгенде төрелер жылқының дауын дауламас, төрелесер деп келіп едім, - деп шығып кетеді.

Берік ҚОРҚЫТОВ.

БАСПАН БАТЫР

...Соңғы бір аптада дұшманды Тарбағатайға қарай сңкейттік.

Бөгембайдың Қабанбай мен Наурызбайдан бір ерекшелігі – дұшманның тұрағын түн қатып өзі қарап шығатындағы. Ол нелер айсыз қараңғыда, көктемнің қара нөсерлеткен жаңбырында жол тауып түсе алады. Тығырықтан шығып кете алады. Оның дұшманның ел жағынан ұрыс салып, ол жиналып болғанша жел жағына шығып, өзіне қолайлы кезеңге орналасып алатынын байқадым. Бұл да ұрысқа басшылық етудегі артықшылық, тәсілдің молдығы болатын.

Менің жанымнан Еспенбет пен Хангелдінің қалмайтыны сияқты, Бөгембайдың да көбіне желкесінде Қанжығалы Бозым мен Жанай жүреді. Ал ұрыс тәсілдерін көбіне Байұлы-ысық Бітікпен, шеркес Баспанмен, жаппас Ақбердімен, жетіру Орал батырмен, қарауыл Қанаймен, атығай Жәпекпен, Сүйіндік-Айдабол Толыбаймен ғақылдасады. Бұлардың бәрі де өздерінің ойларын ірікпей айтады, қателессе, артында реніш болмайтынын біледі. Бөкеңнің күндіз мінетін аты мен түнде мінетін аты бөлек. Түнде мінетіні – көбіне судай қара жоға. Күндіз мінетіні – аяңшыл күрең. Оны өз аузынан естімедім, жігіттері Жамбыгер күрең дседі.

Мен Бөгембаймен жиырма бір күн бірге болдым. Күз болып қалды. Мен Наурызбай қолына кеттім. Бес адам болатынбыз. Еспенбет, Хангелді, Көкбарақ, Балдан.

Бөгембай қолы мен Наурызбай қолының арасында Қабанбай қолы жатады. Оның тұрған жері Үрінкі өзенінің бойындағы Шаған оба аталатын жер болатын. Осы жерде осыдан он бес күн бұрын ғана қазақтар жағынан жүздей адам өлген жер еді. Бұл қазаққа қаза әкелген жер деп, кетіп бара жатқанда: «Осы жерде өліп қалмас па екем?» - деген ой маған сап ете түсті. «Япыр-ай, маған мұндай ой неге келді?», - деп өзіме өзім күдіктеніп қалдым.Одан өтіп, енді Наурызбай қолына бір тай шаптырым жер қалғанда, түсе беріс сайда қатты сайыс болып жатыр. Менің Қаскарыдан туған үлкен немерем Молдабай көк жорғасымен ойқастатып, ары-бері қалмақтармен шабысып жүр. Анда-санда: «Қарасай! Қарасай! Қарасай!» - деп үсті-үстіне айғайлап қояды.

P.S: Жалпы дерек бойынша, Баспан батырдан бала болмаған. Жорықтан келе жатып, қарағайлы орманнан жылап жатқан баланы тауып алып, асырап алған. Атын Қарағай Қаржау деп қойған дейді.

Шапырашты Қазыбек бек
Тауасарұлы.
«Түп-тұқияннан өзіме дейін»
«Жалын» баспасы

ТОҚТАР БАТЫР

Тоқтар батыр (т.-ө.ж.б.) – шеттен келген жаулардан елді қорғауда қол бастаған белгілі батыр. Тегі – шеркеш. Негізінен Еділ қалмақтарымен көп жылдар бойы соғысып, талай рет оларды талқандап, бетін қайтарды. Орыстардың Жайық бойын отарлау саясатына да қарсы белсене күресті, олармен Сарайшық түбінде болған ұрыстардың бірі – Сарыөзек шайқасында орыс әскерін талқандады. Бұл соғысты ел әлі күнге дейін жыр қылып айтады. Өзімен үзеңгілес шеркештің Қаржау батырымен бірігіп, Жайықтың батыс тармақтарының біріне бекініс-қамал салды. Кейін ел оны Тоқтар қаласы деп атады.

ТҮРКЕ

Түрке би Мөңке бимен замандас, билікті қатар жүргізген адам. Бірақ туған, өлген жылдары белгісіз, ел ішінде сөздері де көп сақталмаған. Түрке жөнінде әрі әкім, әрі би болған Мақаш Бекмұхамедовтің мұрағатында деректер кездесуі мүмкін. Өйткені Мақаш осы Түрке биден тарайды.

Бөрі-бөрі-бөрі болар,
Бөлтірігін ерткен дүр болар.
Қарыны ашқан күндерде
Саз балшыққа аунатып
Бірін-бірі жер болар.
Әр бөрінің баласы
Алты болар, бес болар.
Алты, бестің ішінде
Абданысы бір болар.
Абданымен жүргенде
Осалы оның кем болар.
Абданынан айырылса
Әр біреуі әр жерде
Көрінген итке жем болар.
Бірлігі кеткен адамдар
Бұралқы итпен тең болар.

Түркенің ата-тегі былай болып келеді: Шеркеш, одан Қойыс, одан Дербіс, (Дұрысы Бөрік-Жайық-Дербіс) одан Түрке, одан Тұрмамбет, одан Бекпембет (Бекмұхамед), одан Шолтыр, одан Мақаш.

Сонда Мақаш Түрке биге шөбелтай (шөпшек) болып келеді.

***

Түрке батыр да болған. Ол жөнінде ел аузында:

- Ар жағы Қойыс- Саталы
Бер жағында Түрке бар,
Әулие болған баталы.
Түркеден барып бата алған
Оң болып жұрттың сапары.
Жалауында қыдыр жүріпті
Әлистен деген қыз екен
Асыл шықты жатағы.
Дербістен Түрке туыпты
Он бес жаста бата алған.
Қылышын қанға суарған.
Жалғызды көпке теңгерген.

Жетімдерге жем берген.
Дербіс деген ауылдың
Мандайындағы бағы еді,
Ортасында алтын тағы еді, - деген сөзі бар.

Берік ҚОРҚЫТОВ.

БАҚТЫБАЙ БОЛЫСТЫҢ НАЙМАН ЕЛІНЕН АТ АЛДЫРТУЫ НЕМЕСЕ БАЛАБАТЫР

Төмендегі қызықты әңгімені көнекөз карттардың ауызша айтқандарынан ұмытпай, жадында сақтап, аңыздай етіп, айтып отыратын көкем – Елеубай Таймасұлының ауызба-ауыз әңгімесін жазып алған Жақан Жамыхайұлы.

Бақтыбай–шеркештің Қосымының Шорасының Жақсыбөрісінің Құрмасынан туған. Жақсылық әулетінен шыққан еті тірі, алғыр, пысық, өзі өмір сүрген ортасына, руына, қала берді қатар отырған басқа тайпа өкілдеріне де атақ-абыройы жоғары, ықпалы үстемдеу болса керек. Оның бірден-бір себебі, бірінші сайлауда сайланып, екінші сайлауда болыстықтан босап қалатыны басқа болыстардай емес, табаны күректей он сегіз жыл болыстық құрған аса беделді адам.

Жас та болса ерте есейіп, еліне еге болуы, руына болыс сайланып, ұзақ мерзім қызмет жасауының өзі ой-өрісі кең, басқалардан шоқтығы биік, озық ойлы болғанын көрсетеді. Ел билеп, дәулеті асқан Бақтыбай өз жылқыларына үйір етіп, екі құланды қосып бақтызады. Өзгеден бөлек ерекшелігін көрсеткісі келді ме, әлде сериктің бір түрі ма, кім білсін, құландар 5 мезгіл жылқылармен бірге еріп, бірге жусап, тұлпарша түлей берінті. Мұны естіген найман руының бір атақты байы, болысы Бақтыбайдың бұл ісін көре алмай, мұқату мақсатында мықты жігіттерін жинап: "Бақтыбайдың жылқыларының ішіндегі құланының бірін ұрлап әкеліндер, әйтпесе бірінің құйрығын кесіп әкелгендеріне бір үйір жылқы беремін",-деп уәде береді.

Екі мықты әккіс, айлакер жігіт баруға бел байлайды. Күн-түн жүріп барымташы жігіттер жусап жатқан жылқыға таянады, жылқышылар жақын маңдағы ауылға тамақтануға кеткен сынайлы. Осы сәтті пайдаланған екі ұры құланды ұстап, мойындарына бұғалық салып, жығып, құйрығын кесіп жатқанда басқа жылқылар кісінеп, айнала шауып, дүрлігіп кетеді. Аса сақ жылқышылар жылқының дүбірін естіп, дереу атқа қонып, шауып жетіп, екі ұрыны ұстап алады.

Ұрылардың аяқ-қолдарын байлап-матап. Бақтыбайдың алдына алып келеді. Бақтыбай жөн сұрайды, құтыла алмасын білген ұрылар шындығын айтады. Сонда Бақтыбай: "Екеуіне тиіспеймін, сендер бұған кінәлі емессіндер, сендерді осы іске жұмсаушы адам кінәлі. Сендер осында демалып жата беріңдер, бірақ анау байдың балаларынан басқа басы ауыратын, жанына бататын несі бар, соны айтыңдар, жасырмаңдар", - дейді. Барымташылар: "Найман болысының жақсы көретін екі тұлпар сәйгүлік аты бар, екі аттың қасына күндіз-түні бірге болатын екі жылқышы – бапкері бар", - дейді. Екеуін екі арнайы тіктірілген киіз үйде ұстап отырғанын, жақын күндерде үлкен ас болып, сонда екі аттың бәйгеге қосылатынын айтады.

Мұқият тыңдап отырған Бақтыбай орайы түскен шаруаны, ойланып жатпай-ақ, Найман болысынан кек алудың жолын іздейді. Атқа мінер мықты жігіттерін жинап, мән-жайды түсіндіріп, байдың осы екі тұлпар атын кім қолға түсіре алатынын сұрайды. Жеке үйде ерекше бағылып, мықты қарауылда тұрған аттарды алудың оңайға түспейтінін сезген жігіттердің біразы барудан бас тартады.

Бақтыбай жігіттерінің ішінде Балабатыр атанған жігіт көзге түсе қоймайды, ол әр 10-15 күн сайын жалғыз өзі ұрлыққа аттанып, бір жылқыдан әкеліп, жылқының үйіріне қосып тұрады екен, оның әкелген жылқысын қуып немесе іздеп ешкім келмейтін көрінеді, ізін қалдырмайтын айлалы, әккіс болса керек. Ұзақ жолдан енді оралған Балабатырды шақыртып, Бақтыбай болған жағдайдың барлығын баяндап береді. Балабатыр: "Тұлпарды қолға түсіру де сөз болып па, мен аттанайын бұл жолға", - деп, дайындыққа кіріседі. Бақтыбай батырының қасына қарулы жігіттерін қоскысы келеді, бірақ Балабатыр жанына ешкімді ертпей, жалғыз аттанады.

Айтқанындай-ақ, үлкен ас беріліп жатқан ауылға келсе, суырлығынан арқан өткізген қос тұлпарды жетектеген екі жігіт бәйгеге қосар мәреге қарай әкеле жатыр екен дейді. Балабатыр мініп барған көкшолақ атынан түсіп, асқа келген қонақтарға ұқсап үстіндегі шапанын желбегей жамылып, қалтасындағы өткір кездікті бір қолына жымқыра қысып, қос тұлпарды жетектеген жігіттерге таяна береді. "Ау, жігіттер, мынау байдың атақты қос тұлпары осы ма?"Ой, пәлі, тұлпар десе дегендей-ақ екен, мандайынан ырым етіп, тәу етуге бола ма? - деп ыңғайлана бастайды. Жігіттер: "Неге болмасын, болады", – дегеніңше Балабатыр шапшаң қимылмен аттың мінер жағына келіп, мандай тұсына қолын созған болып аттың үстіне ырғып мініп, арқанды өткір кездікпен осып жіберіп, тартып отырыпты. Лыпып тұрған атқа жайдақ мінген батыр ағыза жөнеледі. Мұны байқап қалған жұрт шу ете түседі. Қуғыншылар дереу атқа қонып, соңынан ілеседі.

Сәйгүлік тұлпарды міне шапқан Балабатыр ешкімге жеткізбейді. Күн батуға айналғанда бір мезет артына қараса, көз ұшында қарауытқан бір қара көрінеді, жететін түрі бар сынайлы. Таяна келе байқаса, қуғыншының астындағы мына тұлпардың екінші сынары сияқты. Қарағылық түсе қуып жеткен қуғыншы жеткен бетте қолындағы сойылды бар күшімен сілтеп қалады. Балабатыр қайырылып келіп, сойылдан шап беріп ұстай алып, өзіне қарай тарта жұлқиды да жауырынан шеңгелдеп ұстап, аттан жұлып алып, жерге тастай салады. Несінен босап қалған екінші атты жетекке алып, тарта жөнеледі. Сол кезде айдалада жаяу қалып бара жатқан қуғыншы: "Әй, жігітім, батыр болсаң мені айдалада қалдырма, бұл жердің қасқыры көп деп естуші едім, қарға-құзғынға жем қылма боска", - деп артынан айғайлапты. Сонда батыр бұрылып келіп, жігітті жайдақ атқа отырғызып, өзі қуғыншының ерін ерттеп мініп, ауылға қарай жөнеледі. Қос тұлпарды қолға түсіруге аттанып бара жатқанда жолдан шеткерірек бір ауылдың қарасын көзі шалса керек. Сол тұсқа таянғанда: "Анау жарық көрінген ауылға бар, енді сені қасқыр жемейді", - деп қуғыншыны аттан түсіріп, қоя береді.

Сонымен қос тұлпарды олжалап, аман-сау оралып келген Балабатыр Бақтыбайды риза етіпті.

Арада бір жылдай уақыт өткенде жоқ іздеген болып, Найманның әлгі байы Бақтыбай болыстың үйіне келіп түседі. Сәлемдесіп, жөн сұрасқан соң келген қонақ Бақтыбайға қарап: "Менің төрт ұлым бар, төрт ұлымның әркайсысының күші он кісілік еді, мынау тұлпардың соңына түсіп қуған қуғыншы сол төрт ұлдың ең мықтысы болатын. Қолыңа түсірген екі тұлпарды берерсің, бермессің, ол енді сенің еркіңде, мен оны жоқтап келіп отырған жоқпын. Мен сол қос тұлпарды әкеткен жігітті өз көзіммен көру үшін келіп отырмын", - деген екен.

Бақтыбай жігіттерін жұмсап, Балабатырды алдыртады. Батырдың дене бітім шағын, аса ірі емес, бірақ мығым, ержүрек, қайратты екендігі байқалып тұрады.

Жоқ іздеген найманның ірі байы Балабатырдан барлық болған жағдайды толық сұрап, біліп, батырдың қос тұлпарды қолға түсіргендегі аса шебер айласы мен көзсіз ерлігіне риза болып, басын шайқап таңыркапты. Балабатыр байға қарап: "Қуғыншы баланды жолдағы ауыл шетіне таянған соң өз атына мінгізіп қоя берейін деп келе жатыр едім, ол ауылды көрген бойда жаман қатындарға ұқсап аттандап айғай салды, соған ерегісіп аттан түсірдім де жаяу жібердім", - дейді. Найманның байы: "Шырағым, болайын деп тұр екенсің, бағың жансын, сен әлі бізге керек адамсың", - деп үстіндегі алтынмен зерленген масаты шапанын Балабатырдың иығына жауыпты.

Жақан ЖАМҚАҰЛЫ.
Саудакент ауылы, Жамбыл облысы.

БАТЫРДЫҢ ДАТЫ

Кіші жүздің он екі ата Байұлы әулетінің Шеркеш атасының Жақсыбөрісінен тарайтын Құлтума ұрпағы Қорлыбай батыр «Ақтабан шұбырындыдан» бұрын қалмақпен болған бір ұрыста небәрі он тоғыз жаста екен. Ол сол жекпе-жекте қатарынан қалмақтың үш батырының жанын жаһаннамға жібереді. Жау тобы абыржып, қас батырға қарсы шығатын адамдар сайланады. Содан қалмақтың бір мықты батыры айла жасап, найзаласар тұсқа келтірмей алыстан арқан тастап, аттан аударып алған күйі қалмақ ханының алдына апарады. Зығырданы қайнап тұрған хан масаттанып:

- Біздің үш батырдың түбіне жеткен бұл сұмды құлақ естіп, көз көрмеген азапты өліммен ажал қаптырайық. Үкім бүкіл жауынгерлер алдында орындалатын болсын. Апарып ұранқайға қамандар, - деп бұйырыпты. Жас Қорлыбай қамауда жатып, көне дәстүр бойынша өлім алдында айтылар ақырғы сөзін ойланып-толғанады.

Ертеңіне Қорлыбайды қалмақ ханы қалың әскер алдына шығарып, оны жазалауға дайындала бастады. Сол кезде Қорлыбай саңқ етіп:

- Дат, тақсыр! – дейді.

- Датың болса айт! – дейді хан елең етіп.

- Тақсыр, өлдім деп өкінбеймін. Қан майдан болған соң бірі жеңіп, бірі жеңілуі шарт екенін білемін. Екі арман, екі тілегім іште кетіп барады.

- Ол қандай арман, қандай тілек? Соңғы жағаласқан жауыммен білектің күші, найзаның ұшында кездесе алмадым. Жекпе-жектің серті бетпе-бет шайқасу емес пе. Батырыңмен айқасып жатқанда, екіншісі ту сыртымнан арқан тастап бұғалықтап, екеулеп сүйреп алдыңа әкелді. Әділетті хан болсаң, сол батырыңның екеуімен де жекпе-жекке шығар. Күші асар боса, солардың қолынан мерт

болайын. Қапияда қаза тапсам, арманда кеттім демеймін. Халқым аман болса, қазақтың бір қатынының кемерінен менің орнымды басар бір ұлдың туатынына сенемін, - дейді.

Екінші арманым – жас та болсам, бас болдым. Алты ұлымның алды алты жаска толды. Соны карт әке-шешем жалғызымның жапырағы деп ашамайға отырғызып атка мінгізбекші еді. Соның қызығын көре алмай бара жатырмын, сол-арман, - депті.

Хан аз-кем ойланып отырыпты да, ел күтпеген кесімін айтады.

- Онда бұл батырмен кеше айласын асырған калмак батыры карусыз сайыссын, - дейді. Сөтіп бұл сайыс жекпе-жекте Қорлыбай калмак батырын ат үстінен жерге аунатып кетеді. Сайыс аяктала бере, хан қасындағы уәзірдің біреуі:

- Ей, жас батыр, сен өзің он тоғызда болсан, қалайша алты балан болады? – дейді ғой. Сонда бұл:

- Мен картайған бір байдың сұрап алған жалғызы едім, қызығын көремін деп 13 жаста отау иесі етті. Міне, құдай берді, кайтесің, егіз-егізден алты ұлым болды, - дейді. Көңіліне күмән ұялаған уәзір:

- Кәне, ұлдарыңның атын айтшы, - дегенде, бұл түнімен жаттап алған Атығай, Қара, Қарауыл, Дара, Кешубай, Бошан, - дейді. Бұған да сенбеген калмак уәзірі үш реттен басынан аяғына дейін, үш рет аяғынан басына дейін айткызады. Сонда Қорлыбай сол шарттарды мүлтіксіз орындап айтып шыкканда, хан қолын сермеп:

-Мұны өлтіріп болмайды екен. Босатыңдар, - деп ажалдан алып калады.

Қорлыбай 3-4 жыл калмак қолында жүреді. Карт әке-шешесі зарыға күтеді. Сол кездегі келісім бойынша қолға түскен батырды босатып алу үшін тұткындағы бес калмакты қайтарады немесе өтеуіне жүз жылкы айдап апарып беруі керек екен. Десек те ел жақсылары батырды босатып алу үшін жылқы жинап апара коймайды. Сәті келген уақытта бес калмак тұткынын апарып, айырбас жасап, батырды елге оралтады. Бостандыкка шыккан батыр әке-шешесінің үйлен деп өліп-өшкен өтініші, тілегіне құлақ асыңқырамай бір-екі жыл қыз таңдаумен жүріп калады. Ол тағаттары таусылуға айналған әке-шешесіне:

- Ажал алдында дар арқаны мойнымда тұрғанда Алладан тілеп сұрағаным: «Егіз-егізден ұл туатын қыз таңдап жүрмін», - депті.

Осы уәж сөзбен қасына сенімді он шақты жігіт ертіп, қызды ауылдарды біраз аралайды. Зарыккан карт әке-шешесі канша дегбірі кетіп, асыға күткенімен, бұйрықты қыз жуарақта кездеспейді.

Ақыры Сыр бойында бір байдың ақылы көркіне сай, өзіне лайықты жар таңдап отырған қызы бар екенін естиді. Батыр қыздың өзінен дәмелі болып барған небір бозбалалар, мырзалар қыз көңілінен шықпай, түнілін қайтқанынан да құлағдар болады. Осы хабар жетісімен 20 жігітін ертіп, Қорлыбай батыр Сыр бойына аттанып кетеді.

Бұл ел шетіне келгенде-ақ қыздың көңілін табудың жайына қанығады. Сүйтсе қыз атасы Әлім ата ішіндегі дәулетіне сәулеті сай атақты бай екен. Алты ұлы алты ауыл қонған. Жалғыз қызы Меңсұлуды бетінен қақпай өсіріп, қалың малсыз қалағанына бар деген батағөйлі тілегі болыпты. Сол бойынша 3-4 жылдан бері осы өнірден қыз таңдауына ешбір жігіт ілікпей, бұйрықты тілек орындалмайды.

Тәуекел деп жігіттерімен келген Қорлыбай батырды бай ауылы карсы алып, үй тігіп, қонақ етеді. Алғашқы шайды үлде мен бүлдеге малынған, көргеннің көзі тоймайтын Меңсұлу қыздың өзі құйыпты. Жиырма кісіге кесесін ауыстырмай, екі-үш рет айналғанда, жігіттер біріне-бірі карап, батырға да, қызға да алма-кезек көз аударып, жымыңдаса бастайды.

Бұл тосын жайға сәл-пәл қолайсыздана бастаған қыз әрлі-берлі тықырши козғалақтап, жүресінен ауысып отыра берген сәтте байқаусызда жел шығып кетіпті. Жымыңдаған жігіттер енді ыржаң күлкіге көшеді. Батыр да бажырая карап калады. Сонда күлімсіреген қыз еш саспастан:

Абайсызда үнді жел шығып кетті,
Назарды дастарқаннан бұрып кетті,
Аты мәлім Қорлыбай батырың да,
Нөкерімен сол желді қуып кетті, -

депті.

Сонда батыр жан-жағына адырая карап:

- Осы қызды осырмак түгілі, тышып қойса да аламын, - депті.

Сөйтіп елге қайта оралып, жол-жоралғысымен, келіп сол қызды алыпты.

- Құданың құдіреті, - дейді Бөрігелді кария сөзін жалғап: - Сол Меңсұлу анамыз егіз-егізден 3 рет алты ұлды болып, артынан бір қыз туыпты, - деді.

- Ал енді осы алтауынан тараған ұрпақтардан кімдерді білесіз. Олар қайда? – деп сұрағанда Бөкең: - Оны терең талдай алмаймын. Өйткені кешегі төңкеріс заманында сол Абылайдың марапатты батыры Қорлыбай түгіл, оның немересі менің атам Қарғаштың атын атауға коркын жүрдік қой.

Қарғаштың батырлығын ел аузындағы ерлігін сізден мүшел жастан кем жас біз естідік қой! Мысалы, 1937 жылы осы ауданда Қазан төңкерісінің 20 жылдық мерекесінде аудандық НКВД атынан Қарғаштың атақты ак құйрық атының бәйгеге қосылғанын білеміз. Естуімізше, оны милициялар атақты банда Итемген төбын талқандағанда, қолға түсіріпті. Итемген – Сарысу-Созак аймағында Созак көтерілісінен кейін әрекет еткен жан.

АҢҒАЛДЫҚ

Қорлыбай батыр жалғыз келе жатса, алдынан бір жаяу жігіт кездесіп, оған сәлемдеседі.

- Батыр аға! Жолаушылап келе жатыр едім. Осынау төбенің арғы астында дәретке отырғанымда, атымнан айырылып қалдым, шылбырын сүйретіп ұстатпай кетті. Соған атыныздың бере тұрыңыз. Атымды ұстап алайын, - деді.

Батыр атын беріп, төбе басында көп уақыт күтіп отырады. Артынан келген шолғыншылар карт батырдың аңғалдығын айтып:

- Ол алдаған жау ғой! – дейді де:

- Батырға ат дайындандар. Кеткен бағытынан қуа іздейік, - дегенде батыр:

- Қайдам? Жау өтірік айтпаса, мен өтірік айтқан жокпын, - дейді.

Батырға ат дайындап, енді жауды қуамыз деп тұрғанда, жігіттің өзі келеді. Жігіттер қыспаққа алады. Ол жау шолғыншысы екенін мойындайды. Басында арам оймен батырдың тұлпарын олжалап, өзін айдалада қалдыру еді. Бірақ карыс қадам ұзап кете алмадым. Қалай бұрылсам да алдымды қалың тұман басып, қайта-қайта осы төбені айнала бердім, - депті жау шолғыншысы.

Содан әлгі шолғыншы жігіт былай депті:

- Батыр, мені сіздің аруағыңыз жіберетін емес. Менің бір тілегім бар. Мені пенде қылмай, өзініздің бір баланыз етіп ұстаңыз. Қорлыбай жас жігіт сөзін құп алып, елге келген соң кәделі мал сойып, асық жілік ұстатып, өз жұртына қоскан.

Ақмолда ЖӨКЕНОВ,
Ақтоғай ауылы,
Сарысу ауданы.

ҚОРЛЫБАЙДЫҢ ДАРАСЫ

Бір жылдары атақты жұт болып, мал тұқымы калмай, көктемнің үзілмелі уағында сырттан келген ел ағаларымен ақылдасып, мал тұқымын қайдан аламыз десіп, төбе басында отырады. Шеркеш алшын Қорлыбай батыр келген адамдарды үйге жүріңдер дейін десе, соя қоятын мал жоқ. Қыстан калған сүр боса-болмаса тағы жоқ екен. Құлан мен кнік етін талшық қылып отырған елдің жағдайы мәз емес екенін қонақтар жағы да сезіп отырады.

Бір кезде төбе басында отырған кісілерге Қорлыбайдың Дара деген ұлы сәлем беріп, оларды дәмге шақырып келеді. Сасып қалған батыр не дерін білмей, қонақтарын бастап, баласының үйіне қарай жүреді. Кіріп келсе, босағада ақ қарабас тоқтының терісі ілулі тұр екен. Сонда үйде калған жалғыз ак қарабас тоқтыны сойып, бір ұяттан құткарған ұлының жомарттығына риза болған Қорлыбай: «Дарам Дара-ак екен», - депті. Сол сөз ел ауызында канатты сөз болып сақталып калған екен.

ҚОРЛЫБАЙДЫҢ АЙТҚАНДАРЫ

Қорлыбай батыр көбіне жеңіспен оралып, елге келгенде жиылған ағайын-жұрт: – «Қалай, батыр?» – деп сұрағанда:

— Әзір жақсы,түбі бір- жаман, - дейді екен. Бұл сөз де канатты сөз болып, ел аузында сақталған.

Сол Қорлыбай 86 жасқа келгенде, Кенесары хан карт батырға қолқа салады. Әрі жер жағдайын жақсы білесіз, әрі кенесші боласыз дегеннен кейін Қорлыбай хан сөзіне илігеді. Сол қырғыз жорығына өзінің төрт ұлын алып кетеді. Өкінішке орай, сол сапардан Қорлыбай да, оның төрт баласы да қайтып оралмаған. Елде калған батырдың: «Әзір жақсы, түбі-бір жаман», - деп айтатын толғаулы сөзін еске алып, оның көреген сұңғылалылығына барынша тәнті болып отырушы еді.

***

Батыр бабамыз барлық қаруды жақсы меңгерген, әсіресе оның шебер найзагер болғандығы ескі көздер есінде жақсы сақталған. Қандай жағдай болсын, карсы шыккан жауына карсы барынша шапшаң әрекет жасап, ұмтылады екен. Өзінің бауырларына, балаларына:

— Құдай, біздің ұрпаққа ат омырауын берген, не болса да, жауыңа бұрын ұмтыл, - деп айтады екен.

Біздің Қорлыбай атаның Дарасынан тараған ұрпақтардың ішінде Алтай деген ағамыз өткен. Елден ерек алып бітімін тұлғасын, кесек мінезін көрген қариялар батыр бабамыз да осы кісідей болған шығар деп жорамал жасап отыратын.

Біздің Шеркеш алшынның Құлтума атасында шежірелік қасиетімен ерекше көзге түскен Досжан Кенжебайұлы деген қария болды. Сол кісі бір әңгімесінде Қорлыбайдың Абылай ханның сыйға берген ақ құйрық құла атынан тараған жылқылары болған. Атығай-Қарауылға ұзатылған бір қарындасына бас-көз етіп Бөрібай деген жақын туысын үй ішімен жібергенін, оның өзімен бірге енші етіп Құладан тараған Қысырақты алып кеткенін айтып, атақты Ақан серінің Құлагері сол қысырақ ұрпағы деп болжам айтқанын естідік. Оның нақтылығын бір Алла біледі. Сол батыр ұрпақтарының үрім-бұтақтары бүгінде баршылық. Тағдыр толқынымен әр жақта жүріп жатыр. Үлкен бабам Әубәкір кезінде айтулы етікші болып, Арқа жұрты ерек көретін биік өкшелі сармантай етіктер тігіп, өнірге аты мәлім болған. Ал әкем Артықбай, өз туыстары ағайынды Төлеубай, Елеубай Таймасов, Мысықбай Жамықаев, Аппаз Тұғымов, Белей Сәрсенов, Күләш Тұғымова т.б. бірге Шолақтау темір жолын салысуға белсене атсалысты.

***

Сол Қорлыбай ұрпақтарынан аты көпке мәлім, республикаға танымал заң қызметкері, көп жылдар бойы прокурор болған Жұмақ Сейітов шықты. Ел аралап көп жүрген іниміз Пернебай Дүйсенбин Отырар ауданының Темір станциясында тұратын айтулы кәсіпкер Тасбалта Нұрышевпен табысып, оның алып тұлға, кесек мінезінен Қорлыбай батырдың ұрпақтарына тұқыммен берілген ерек қасиеттерін көргенін айтып, шын ризалық сезімін білдіріп келді.

Жұмабек АРТЫҚБАЕВ,
Жаңаарық ауылы,
Сарысу ауданы.

МӘНШҮК МӘМЕТОВА

(Өмірнамалық очерк)

Ақын
Мәриям Хакімжанова



Мәншүк 1922 жылдың күзінде дүниеге келді. Оның туған жері қазіргі Батыс Қазақстан өлкесі, Орал облысы, Жәнібек ауданына қарайтын Орда поселкесінің жанындағы Жасқұс құмы деген жер.

Мәншүктің арғы атасы Мәмет сіңірі шыққан кедей болыпты. Өмір бойы кісі есігінде жүрген. Жастайынан көрген ауыр бейнет, тартқан азап оның денсаулығына залалын тигізбей қоймайды. Бері келе Мәметтің бір көзі кетсе де, соған қарай Бескұм бойындағы ел оны "Соқыр Мәмет" деп атаған.

Мәметтің Жеңіскәлі, Ахмет, Қанат деген үш ұлы болыпты. Жеңіскәлі оң қолынан өнері төгілген шебер тігінші болған. Сол заманда ерлерге қисық табан етік, әйелдерге көк сауырлап кебіс-мәсі тігеді. Бескұм бойындағы қалың ел Жеңіскәліні "етікші" деп атап кеткен.

Жеңіскәлінің әйелі Толша өте пысық, ұқыпты, таза болған кісі. Өз шаруасын берекелендіріп ұстай білген. Ескіні жуып-,жамап, жаңасын іркіп киіп, ерінің көз майы, қол өнерімен тапқан табысын шашау шығармай үнемдеп ұстаған. Толша күндіз ауылындағы ауқатты үйлердің малын сауып, арқан-жібін есіп, құртын қайната жүріп, үй ішінің кешке ішер асын ала келетін болса, түнде етікшігее керекті тарамысын есіп, балаларының кір-қоңдарын жуып та үлгеретін. "Жастайынан бала басты болса да әлекедей жаланып, атжалмандай шұлғиды, Толша келін",- дейді екен ауылдағы үлкендер.

Толша жеделдете көтеріп қатарынан төрт ұл туыпты. "Әттең бір қызым болса!"деп жүргенде барып, қыз бала көрген екен. Жаңа туған нәрестеге үй іші түгелдей қуанады. Көңілдестерін шақырып, бөбекті бесікке салады. Ағайын ішіндегі үлкені әрі сыйлысы болған Досан қария баланың атын Мәнсия деп қояды.

***

Мәмет шалдың екінші баласы жасынан ауылдағы молдалардан оқып ақ-қараны ерте таныған, Совет өкіметі алғаш орнаған күннен бастап ел арасындағы елгезек, сезімтал жастың бірі болып көзге түседі. Әрі зерек, әрі зейінді Ахмет болашақ өмірдің көркі оқу екенін дер кезінде ұғына біледі. Ауыл арасындағы жаңалықтарға белсене қатысады. Бар-жоғына қарамай жаңа дүниенің, жарығына талпынады. Білімді аңсаған сырын аға-жеңгесінен жасырмайды. Мейірімді аға, саналы жеңге Ахметтің тауын шағып, етегінен тартпақтамай, қайта тапқандарын оның жолына жұмсайды. Сөйтіп Мәнсия туғаннан кейін Ахмет Саратов қаласына оқу іздеп кете барады. Саратов университетінің дәрігерлік факультетіне түсіп оқиды. 1928 жылы Ахмет үздік деген бағамен университетті бітіріп, дәрігерлік диплом алады. Бұл совет дәуірінің алғашқы кезіндегі, алғашқы дәрігерлердің бірі. Ол кезде қазақ жастарынан шыққан жоғарғы білімі бар дәрігер жоққа тән болатын.

Ахмет Саратов қаласына қызметке орналасты. Университеттің филология факультетінде оқып жүрген Әмина Сүлейменова деген қызға үйленеді. Жалынды жас дәрігер, дарынды ақын, қабілетті журналист жас отаудың шаңырағын көтеріп, өз алдына тұрмыс құра бастайды. Сонымен қатар әдебиет майданына да белсене қатысады. Сол кездегі Қазақстаннан шығатын газет-журналдарда Ахметтің көптеген лирикалық өлеңдері жарияланады. Жаңа қосылған жас жұбайлар жазғы демалыс кезінде Ахметтің еліне келеді. Үлкендерге түк әкелмесе де балаларға қалаша тігілген бірқатар киім-кешектер әкеледі. Солардың ішінде, әсіресе Мәнсияға деген базарлықтар ерекше көз тартады. Төрт пен бестің аралығындағы Мәнсия бойына қонымды, өзіне жарасымды киімдерді киіп, әдемі қуыршақтарын көтеріп мәз-мәйрам болады. Ол бар жанымен қуанады, "Апатайлап" Әминаның маңайынан шықпайды. Әмина да кішкентай Мәнсияны қасынан қалдырмайды. Қай ауылға қонаққа барса да, өзімен бірге алып барады.

Бұл жөнінде Мәметтерге жиен Көккөзова Уасила шешей 1957 жылы мынаны айтқан еді:

-Ахмет оқуын бітіріп, алғаш рет келіншегін алып ауылына келгенде мен де барып, бірге қыдырдым. Бір күні жақын ағайындарының бірі қонаққа шақырды. Кісі көп болатын. Шай ішіп отырғанымызда Мәнсияның қолынан кесесі түсіп кетіп, ыстық шайды алдына ақтарып алмасы бар ма. Отырғандар:«Апырай, мына бала күйіп қалды-ау»,-десіп шу етті. Сонда беске толмаған Мәнсия бала болып жылаудың орнына әлгілерге қарап: «Мен бала емеспін, қызбын. Күйгенім де жоқ. Тек ыстықтап барамын»,-деп Әминаны құшақтай алды. Келесі күні көрсек, күймек түгіл қоң еттері күлдіреп қалған екен.Мәнсияның осындай қайсарлығын, бал таңдай тәтті қылықтарын Әмина сүйіспеншілікпен қызықтағаны менің есімде қалды.

Ахмет пен Әмина Саратовқа қайтарда Мәнсия: "Мен де бірге барамын",- деп қатты жылап қалады. Содан былайғы жерде Саратовтан келетін хаттардың басында Мәнсияның аты басқалардан бұрын тұратын болған.

***

Іштей жақсы көріп қалған Мәнсия, Әминаның ойынан кетпеді. "Апатайым" деген балғын үні әрқашанда оның құлағында тұрғандай болды. "Қандай ақылды, қандай бауырмал қыз десеңізші? Айтқанының екі етпейтін, ұғымталдығын қайтерсің...Қандай пысық, қандай сүйкімді... қарғадай болып адамның не ойлап тұрғанын қасқабағынан таниды. Бала болып үстіне кір жуытпайды. Шіркін, алып келіп, балалар бақшасына беріп тәрбиелер ме еді. Одан әрі қалалы жерде оқытар ма еді. Өсе келе зерделі, табанды болатын түрі бар. Нағыз тәрбиенің керек кезі осы балаға. Жақсы тәрбиеленсе, жақсы оқитын отты баланың өзі. Бірақ әке-шешесі жалғыз қызымыз деп бермейді ғой... Әйтпесе өзім-ақ оқытып берер едім",- деп ойлайтын Әмина. Болашақ педагог Мәнсияның алғырлығына қызығатын. Тәрбиесі келіссе, саналы адам болғалы тұрғанын алыстан көре білген. Қысқа қарай кішкентай қызды Әмина тіпті жиі ойлайтын болды. Кейде қолына түскен ақшасына Мәнсияға лайықты жылы киімдер де алып қойды. Кейде сол қызды өзінің сағынатынын да байқады. Бір күні Әмина Ахметке өз



ойындағысын ашып айтты. "Қысқы каникулда Етікші ағайдың үйіне барып дем аламын. Берсе Мәнсияны алып келемін. Балалар бақшасының бастығымен келістім, орналастыратын болды",-деді. Жас жұбайының мұндай бауырмал қылығына Ахмет қуанбаса ренжімеді. Бірақ өзінің қызметтен босай алмайтынын айтып қынжылды.

Әминаның бұл келуі Жаскұстағы ауылды серпілдіріп тастады. Етікшінің үй іші ерекше қуанып қарсы алысты. Апатайы әкелген жылы киімдерді киген Мәнсия қуанышын қойнына сыйғыза алмай жүгіре берді. Ол апатайынан бір елі қалмады. Апатайының мойнынан құшақтап: "Мені тағы да тастап кетесін бе?"-деп сұрайтын. Ал Әмина болса алып кетемін дегенді ашық айта алмай бөгелді...

Бір күні шай ішіп отырғанда Етікші сөз бастап;



-Қарағым, Әминаш! Сенің осы келгенің менің еңсемді бір көтеріп тастады. Қыстың боранын, жердің қарын елемей келгенің үшін үлкен алғыс айтып, батамды беремін! Қазақтың салтында келін келгенде түйенің ботасына, жылқының құлынына, тіпті болмағанда ешкінің лағына ен салдырады. Ал мен саған баламның бірін бергім келеді...

Келесі күні кішкентай Мәнсия апатайына еріп Саратовқа қарай сапар тартты.

Саратовқа келгеннен кейін Мәнсия балалар бақшасына бара бастады. Алғашқы күндері оған өте қиын болды. Бақшадағы балалардың бәрі дерлік орыс балалары. Ал Мәнсия болса ауылдан жаңа келген қазақ қызы. Ол бір ауыз орысша сөз білмейді. Керек десең ойыншықтармен қалай ойнауды, оларды қалай атауды да білмейтін. Сүйте тұрса да ол ешкімнен қорғалап, жасқаншақтамады.Бәрін де білуге, үйренуге жанын сала тырысты. Тілі келмеген сөздерді қайталап айтудан жалықпады. Білмегендерін, көрмегендерін балалардан сұрамай тәрбиешілерден, күтушілерден сұрады. Ондағысы балалар тілінің келмегенінен күліп жүре ме дегендік еді.

Көп жыл бойы тәрбиеші болып келе жатқан Мария Ивановнаға Мәнсияның ұстамды қылықтары, тапжылмайтын табандылығы, айтқанды ұмытпайтын зеректігі, тазалығы, қол өнеріне бейімділігі қатты ұнады...

Мәнсияның кейбір қызық мінездерін есіне түсіре отырып, Әмина былай дейді:

-Бір күні менің уақытым болмады да, Мәнсияны бақшадан Ахмет алып қайтты. Күн керемет суық болатын. Мәнсияның пальтосының жең ұшына тігіп қойған жылы қолғабы бар-ды. Үйге келгенде Ахмет жетектеген қолы жып-жыл да, екінші қолының саусақтары тоңғанынан қызарып, боржиып кетіпті. Мен шешіндіріп жатып:

-Ахмет! Баланың бір қолының басы домбығып кетіпті ғой, неңді көргенсің?-дедім. Ахмет қызының қасына жетіп келді де: Сонда Мәншүк жұлып алғандай:

-Апатай! Менің қолым тоңған жоқ, қолғабым ғой тоңған,-деді. Ахмет мырс етіп күлді де:-Осы қызың ылғи қыңыр сөйлейді, Әмина. Айтып тұрғанын көрдің бе? Тоңған қолы емес, қолғабы екен ғой!»-деді қызын көтеріп, қолын ұқалап тұрып.

Қолы босаған кезеңдерді пайдаланып Әмина балалар бақшасына жиі-жиі барып, ата-аналар жиналыстарына үнемі қатысты. Мәнсия тез ширап, балғын ойы өрістей бастады. Орыстың әр салаға талданатын сөздерін күн-күн сайын меңгере берді. Бірінші Май мерекесіне арналған жиында алғаш рет орыс тілінде тақпақ айтып, би билеген-ді. Қызына риза болған Әмина: «Менің сүйіктім, менің Моншағым», - деп құшақтайтын. "Моншағым" деген сөзді Мәнсия ерекше жақсы көретін.



Совет дәуіріндегі алғашқы мәдениетті семьяның бірі болған Ахмет пен Әминаға әрбір демалыс мерекелі күн болатын. Демалыс күндері олар жақсы киінетін. Жақсы кинотеатрды бос жібермейтін. Кішкентай Мәнсияларын орталарына алып, ойната жүріп, қаланың, көрнекті тарихи орындарын аралайтын. Жаз болса олардың көп уақыттары Волганың жағасында өтетін. Күнге қыздырынып, суға шомылатын. Екеулеп барып Мәнсияны малтуға үйретететін. Судың терендеу жеріне апарса да, ол қорқуды білмей, ілгері қарай ұмтылатын. Әке-шешсі жібермесе Мәнсия оларға қарап: "Қорқасыңдар ма? Қорықсаңдар неге түсесіңдер суға? Ой, үп-үлкен болып қорқақ екенсіңдер ғой, тәйірі", – деп мәз болып күлетін.

Кейде олар қайыққа отырып, Волганың күміс кеудесінде ерсілі-қарсылы серуендейтін. Қосылып ән де салатын. Мәнсия әке-шешесіне еркелеп, кішкентай алақанымен су шашып ойнайтын.

Әмина апаймен бір кеңесіп отырғанымда мынадай бір қызық жағдайды есіне түсіріп айтып бергені бар:

-Волгаға бір келгенімде Ахмет әдейі қармақтар ала келді. Көлеңкесі мол бір шоқ талдың саясында отырып екеуіміз де қармақ салдық. Судың беті тұп-тынық. Алыстан кемелердің бұрқылдаған түтіні көрініп тұрды. Бізден басқа да дем алушылар сол күні көп-ақ екен. Қанша адам көп болса да, шашау шыққан бірде-бір дыбыс жоқ. Қолдарына қармақтарын алып, суға қарап, бәрі де табынып қалыпты. Мәнсия анадай жерде гүл теріп, ұсақ тастарды жинап ойнап жүрген. Бір кезде Мәнсияның "Папа, папатай!" деген жалынышты, ащы дауысы шықты Ахмет сасқалақтап, қолындағы қармағын маған ұстата берді де, қызына қарай жүгірді. Мен аң-таң болдым. Пәрменінше жүгірген ол, баланы көтеріп бері қарай қойды да, бірденені аяғымен таптап жатты. Аздан кейін бір қолымен қызын жетектеп, екінші қолында арқанның үзігі секілді бір құлаштай жібі бар Ахмет келе жатыр. Жанжақтағы жұрт үдере қарағанына таңырқай мен де қарап қалыппын.

-Ал, Әмина! Қызыңды бір ажалдан алып қалдым,-деп құлаштай қара шұбар жыланды алдыма әкеп тастай берді. Менің құлындағы даусым құраққа шықты. Қолымдағы қармақтардың жерге қалай түсіп кеткенін де білмеймін. Маңайдағылар менің қасыма жиналып қалыпты. Басы езіліп қалса да, жыланның құйрығы жерді сабалап, тулап жатыр. Сұрастыра келсе,к уақиға былай болған екен.

Қисық ағашқа оралып тұрған жыланды көрген Мәнсия шап беріп құйрығынан ұстайды да өзіне қарай тартады. Жылан созылып ширыға түседі. Мәнсия қызық көріп екі қолдап тартқан кезде жылан басын көтеріп, айбат шегіп ысқырыпты. Сол кезде Мәнсия жыланды қоя береді де, кейін шегінеді.Ахмет баланың қасына жүгіріп барғанда, жылан: Мәнсияға жақындап қалыпты. Жан ұшырап, жеткен бетінде жыланның басын баса қалыпты аяғымен. Осы жағдайды көзімен көрген көпшілік Мәнсияның қорықпайтын батылдығына таңданған болатын.

1929 жылы Әмина университетті бітіргеннен кейін бұларды Қазақстан өкіметі қызмет бабымен Семей қаласына ауыстырды. Семейге келген соң, Ахмет өз мамандығы бойынша дәрігер, Әмина орта мектептерге орыс, қазақ әдебиетінен сабақ беретін болып орналасты. Пәтерлері округтік комсомол комитеттінің қорасында болғандықтан, сол кездегі Семейдің комсомол жастарымен бұлар тығыз байланыста болды.

Бұлардың үйіне ең жақын мектеп Радищев атындағы бастауыш орыс мектебі еді. Оқу жылы басталар алдында Мәнсияны анасы әкеліп осы мектепке жаздырған. Келген балаларды тіркеп отырған хатшы тізімге Мәметова деп жазды да:

-Атың кім?-деп сұрады Мәнсиядан.

-Атым Мәншүк Ахметовна,-деп жауап берген Мәнсия, жымиып күліп, апатайының қолын жайлап қысып қойда да:

-Сенің Моншағың деп атағаныңды сондайлық жақсы көремін. Мәнсия деген үлкен адамның аты ғой. Маған тіпті жараспайды. Мен енді қазақша Моншақ, орысша Маншук боламын деп қуанды. Шынында да солай, өзінің қалауы бойынша Мәншүк болды да кетті.

Семейге көшіп келгенде Әмина өзінің туған анасын бірге ала келді. Сүйкімді Мәншүк әжесімен тіпті достасып алды. Тіл алғыш, үй ішін шашпайтын, киімін кірлетпей ойнайтын Мәншүкті әжесі де өте жақсы көрді.

Бір күні әжесі Мәншүкті ертіп базарға барыпты. Семейдің көшесі есіліп жатқан құм болса керек. Оның үстіне сол сол күні қатты жел болып, құм боран алай-түлей бұрқырап, адамның көзін ашқызбайды. Кішкентай Мәншүк үйге келгенде мейлінше шаршап, шөлдеп келеді. Апатайы кейіп келген Мәншүкті сөйлетпек болып:

-Базардан не әкелдіңдер, Моншағым?-дегенде Мәншүк ойланбай-ақ:

-Әжемнің не әкелгенін өзі біледі. Өзімнің көтергенімше әкелгенім мынау,-деп екі ботинкасы толы құмды еденнің үстіне ақтара салыпты...

Ол күні Мәншүк күндегіден ерте оянды. Оның титтей жүрегі кеудесіне сыймай тұрғандай. Ол кішкентай сары сумкасын әлденеше рет ашып, әлденеше рет жапты. Жалғыз Мәншүк емес, әжесі де, әкесі де, апатайы да ерекше бір қуаныш құшағында. Бәрі де Мәншүкке сүйіспеншілікпен, үмітпен қарайды.

Бұлар салтанатты түрде Мәншүкті мектепке алып келді.

Қоңырау қағылды. Балалар жүгіріп класқа кіріп, парталарға орналасып жатыр. Орта жасқа келген, тәжірибелі мұғалима отыз бес баланың отты көздеріне барлай қарап тұр. Талай ойдың сабағын жүрегіне іліп жатқандай. Бүгін өзі де бір жаңа кітаптың бетін ашып отырғандай. Әр баланың мінез-құлқын, қимылын көзімен сүзіп, көкірегіне құйып алып жатқандай. Отыз бес баланың психологиясы отыз бес түрлі. Бұлардың ішінде әр ұлттың өкілі бар. Мектеп табалдырығын бірінші аттап отырған көп шәкірттің бабын табу, оларға ортақ тіл табу, бәрінің жүрегіне жол табу, бәріне де ұнайтын әдіс табу үлкен шеберлікті, тапқырлықты, төзімділікті керек ететіні анық. Адам баладан өседі. Ол бақ өсіру болмаса гүл өсіру емес. Сондықтан да бала тәрбиелеу мемлекеттік жұмыс делінген. Баланы да, ой-сананы да тек адал еңбек қана өсіреді. Әр балаға өз баласындай қамқорлық көрсету -оқытушылардың абыройлы борышы. Оқу жылы басталған сайын әр мұғалімнің ойлайтыны осы.

Мәншүк сабаққа алғыр болды. Ол сабақ үстінде не сөйлеп, не күлмейтін. Бар ынтасын сала мұғалімді тыңдайтын. Ол тыңдағандарын еш уақытта ұмытпайтын. Класта жазу жазғанда асықпай, аландамай жазатын. Сондықтан да оның дәптерлері әрі таза, әрі бүтін болатын. Ол бала болып қолына, үстіне сия жұққызбайтын. Егер де кездейсоқ бірдеңе тисе, оны мұғалімге көрсетпес үшін бар амалды қолданатын. Бұл жөнінде анасы былай дейді:

Бір күні Мәншүктің бас бармағына сия тиіпті. Содан кейін ол бармағын ақ шүберекпен байлап алады. Класта жазу жазып жатқан шәкірттерін аралап жүрген оқытушының көзі Мәншүктің қолына түседі де:

-Қолыңа не болды?- деп сұрапты. Мәншүк аздап бөгеліп барып:

-Қолыма ештеңе де болған жоқ,-депті.

-Ештеңе болмаса неге байлап қойдың?

-Сияға тие берген соң байлап қойғаным ғой,-деп жауап беріпті.

Қыстың сақылдаған сары аязы. Көше бойы тау-тау қар. Мектептен шыққан Мәншүк жаяу борасынмен жарысып үйіне қарай келе жатып, жолда жалаң аяқ, жалаң бас жылап тұрған арық қара баланы көреді. Оның мұрнынан дірдектеп қан ағып тұр. Бауырмал Мәншүк баланы аяп, жетектеген күйі үйіне алып келіпті. Әжесімен екеуі жуындырып, жұбатып, тамақтандырып отырғанда, әкесі мен апатайы келеді жұмыстан. Сұрастыра келсе, бұл бала бір жұмысшы қытайдың баласы екен. Өз анасы өліп, өгей шешесі күн көрсетпей, үйінен қуып шығыпты. Баланың сөйлеген сөзі, отырыс-тұрысы тым тәуір. Балалар үйінен орын табылғанша Мәншүктің өтінішімен осы үйде қалады. Бұлар баланы киіндіріп, тойындырып, мектепке орналастырады.



Ахмет Мәметов пен зайыбы Әмина

Адамға үйір ақылды Хон-Пен сабаққа бар ынта-жігерін сала оқиды. Аздан кейін ол қатардағы оқушының бірі болды. Оның бұл жағдайға жетуіне Мәншүктің көптеген еңбегі сіңді. Мәншүктің қайрымдылығына, қажырлылығына риза болған мұғалім мектеп қабырға газетіне мақала жазып, бала Мәншүктің суретін іліп қойды.

Енді бір сөзінде Әмина былай дейді:

-Сабақтан шықтым да, күндегіден ертерек үйге қайттым. Балалар қорада ойнап жүр екен. Мені көріп қалған Мәншүк жүгірген бойы келіп құшақтай алды да: "Апатай, біз қызық жасадық, көрші!"- деп қораның оң жағындағы сарайға қарай жетектей жөнелді. Барсам кардан апамның бейнесін аудырмай жасап қойыпты. Қолындағы құманы мен басындағы жаулығы да қалпында. Біз қызықтап тұрған кезде қасында бір жолдасы бар Ахмет те келіп кірді қораға. Бізді көрген ол, үйге бұрылмастан тура жүріп келеді. Кардан соққан бейнені көріп, олар да сүйсіне қарауда. Біздер келешекте Хон-Пеннің мүсінші болатынына шүбәланбадық.

Қыс өтті. Күн жылынды. Қиындығы мен қызығы аралас өмір ағындап өтіп жатыр. Балалардың оқуы бітті. Оқу жылын екеуі де мақтау грамотасымен аяқтады... Әмина әңгімесін жалғап: "Қазақстан денсаулық наркоматынан келген шақыру телеграммасы бізге үлкен қуаныш әкелді. Астанаға көшетін болып жинала бастадық. Хон-Пен бізден қалмайтынын айтты. Біз де сондай ақылды, өнерлі баланы тастап кетуге қимадық. Ала кететін болып отырғанымызда, оның әкесі келді. Ол жылап, еңіреп, баласының Семейде қалуын тіледі. Әкесін жақсы көретін Хон-Пен Семейдегі балалар үйіне орналасты да, біз көшіп кеттік",-дейді.

Олар Алматыға келіп орналасты. Көрікті қала, көңілді халық бірден еліктіріп әкетті. Демалыс сайын қаланың тарихи орындарын аралап, тауға шығып, ғажайып табиғат сұлулығына саяхат жасайтын болды. Ол кезде Алматы қазіргідей әрі әдемі, әрі үлкен болмайтын. Бірде-бір тас төселген көше жоқ еді. Қазіргі К.Маркс көшесінің өн бойы бықынаған қойтас болатын.Үйдей-үйдей тастардың арасымен жүретін жалғыз аяқ сүрлеу бар еді. Қазіргі М.Төлебаев атындағы көше Фонтанная, Фурманов атындағы көше Лепсинская, М.Горький атындағы көше Торговая болып аталатын. Ол кезде Алматыдағы ең үлкен үй қазіргі Офицерлер үйі болатын. Түрлі съездер мен мерекелі жиындарың бәрі де сонда өтетін.

Алматыға олар келгеннен кейін тері ауруларын емдейтін қалалық поликлиника ашылды да, Ахметті соған бас дәрігер етіп бекітті. Әмина оқу наркоматында оқулықтарды қарайтын методика бөліміне орналасты. Қазіргі №28 мектеп ол кезде жетіжылдық болатын. Мәншүк екінші кластан бастап осында оқыды. Оны оқытқан мұғалималар Софья Александровна Савина мен Зинаида Николаевна Байгуловалар қазір бар. Екеуі де ағарту жұмысына еңбек сіңірген оқытушылар, дербес пенсионерлер. Олар мектеп балаларына Мәншүк туралы естеліктерін жиі-жиі айтып береді.

***

Мәншүк күнде кешкілікте ертеңгі мектепке киетін киімдерін, пионер галстугін үтектеп, тазалап қоятын. Ертемен қолы-бетін жуып, шашын тарап, киініп кете қоятын. Бір күні пионер галстугі түнде өтектелмей қалыпты. Таңертең сол галстугін өтектеп қою үшін өтек қыздырып қойса, әжесі асығыста қолын ыстық өтекке басып алыпты.

-Бар болғыр, бір жапырақ шүберекті күнде отқа қақтамай тақсаң бірдеме бола ма,-деп ренжіп қалады.



Әжесінің даусынан шошып кеткен Мәншүк жүгіріп барып, әжесінің қолын үрлей берді. Алғашқысында шындап кейіген әжесі баланың қылығына еріп кетіп:

-Бара ғой, қарағым! Сабағыңа кешігіп қаларсың-,-деп мәндайынан сипады. Сөйтіп өзінің сүйікімді мінезімен кәрі ананың көңілін лезде тапқан еді. Бір жерде жақсы үлгі боларлықтай іс көрсе, үйге келіп, соны бұлжытпай істеуге тырысатын.

Мәншүк бірге оқыған жолдастарымен өте тату болды. Оларды үйіне жиі әкелетін. Мәншүкпен бірге оқығандар Зина Степанова, Шура Андреевская, Вероника Карякина, Камиль Бекмұхамедов, тағы-тағылар. Олар жиналып алып өлең айтатын, кітапты дауыстап оқитын, киноға бірге баратын. Қыс болса-ақ бәрі шаңғы, коньки тебуден босамайтын. Олар сондай көңілді топ болатын.

Мәншүк жасынан-ақ кесте тігуді жақсы көрді. Оның оң төрт жасында тігіп берген кестелі көйлегі Әминада әлі сақтаулы. Ең құмар ойыны дене шынықтыру болатын.

***

Мәншүк жетіжылдық мектепті бітірген соң, әкесінің кеңесімен дәрігерлік рабфакқа түсіп оқыды. Ахмет жеке адамға табынудан пайда болған 1937 жылдың құрбаны болды. Бұл қайғы Мәншүктің жас жүрегін жаралап, қабырғасын қайыстырып кетті. Әкесінің адал жанды, ақ көңіл, мейірімді, табанды қасиеттерін өз бойына сіңіруді балғын Мәншүк арман етті. Әке жолын ұстауға біржола бекінді. Рабфакты бітіргеннен кейін мединститутттың кешкі бөлімінің екінші курсынан түсіп оқыды. Күндіз қызмет істеді.

Жауһар Жұмабаева деген Әминаның туған сіңлісі барды. Қазір ол Алматыдағы екінші поликлиникада дәрігер болып жұмыс істейді. Жауһардың жолдасы Жұмабаев та Ахмет сияқты "барса келмес" сапарға кеткен. Қаншайым деген үлкен қызы Мәншүкпен шамалас болатын. Қазірде Қаншайым Қарағанды қаласында тұрады. Ол мединститутты бітіріп, кандидаттық диссертациясын қорғап алды...

***

1939 жылдары ұлы көсеміміз Лениннің қайтыс болған күнін ерекше түрде атап өтетін. Сол жылғы январьдың 21 күні барлық мектептерде, оқу орындарында комсомол жиналыстары болып, комсомол қатарына жастарды қабылдап жатты. Мәншүк те Ленин комсомолының қатарына сол күні қабылданған еді. Оның көптен бері күткен арманы орындалып, қуанышы қойнына сыймай қалғандай...

Мәншүк күнде мойнына тағып жүрген пионер галстугін алақанымен сипап, тақталап бүктей бастады. Мәншүктің бар қимылын бағып тұрған Қаншайым:

-Мұны қайтесің, қимай тұрсың ба?-деп қуақыланып күлгенде Мәшүк сәл жымиып:

-Қимай тұрғаным рас., Қаншай. Біз енді қайтып пионер болмаймыз ғой... Бұл балалық өмірдің қасиетті ескерткіші емес пе?

Әжесі мен Әмина Мәншүктің комсомол болғанына байғазымыз деп қолына сағат, үстіне жақсы костюм, аяғына қымбат туфли әкеп қойған еді. Сағатқа мынадай жазу жазылған болатын: "Әжең мен апатайынан". Сол сағат Мәншүктің өзімен бірге майданға аттанған еді. 1941 жылдың 22 июнь күні қанды жорық, қаһарлы майдан Гитлер бастаған неміс фашистері бейбіт Отанымыздың бір шетін оқпен осқылап, отпен ойрандап жатты. Адамгершілік ар-ұяттан безген тонаушылар көктемірдің күшіне табынып, жауыздықтың жалауын бетіне ұстады. Жазықсыз совет адамдардын атты, асты. Халықтың тырнақтап жинаған мүлкін тонады. Талай бөбектерді жетім қалдырды. Талай арулардың тұлымын кесіп күң етті. Талай шалдардың сақалын кесіп, құл етті. Мұндай сұмдықты көрген ер-азаматтар қасиетті жерін, туған елін фашистерден қорғау үшін майданға бір кісідей аттанды. Еңкейген кәрі , еңбектеген балаға дейін өздерін жауынгер сапындамыз деп санады. "Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!" деген ұран олардың туы болды.

Сұрапыл соғыстың қайғы-қасіретін есіткен Мәншүк майданды көп ойлайтын болды. Соғыс өнерін үйретететін түрлі үйірмелерге қатысып, алғашқы жәрдем беру әдісін үйреніп шықты. Алты айлық медсестралар дайындайтын курсты бітіріп, документін де алып алды.

1942 жылдың күзі де келді. Жау екпіні әлі де күшті. Кескілескен соғыс жүріп жатыр.

Бір күні Мәншүк: -Мен майдаған барамын, мендей қыздар сұранып кетіп жатыр,-деді.

***

Алматы қаласы, Пролетар көшесіндегі 19-шы көк шатырлы аласа ақ үйден шығып, Киров атындағы тас көшемен бір адам келе жатты. Оның шағын денесіне киген киімі денемен дене. Бет әлпетінде терең ойдың, ашулы зілдің ізі тұр. Келіскен кең мәндайының астынан көрінген қарақат көзі қараңғыда шаққан шақпақ тастың отындай жарқылдайды. Ағы аз тұнық көзі тура қарағанда ту сыртыннан өткендей. Әлденеге асыққандай адымдай басып, қатты аяңдайды. Ешбір қимылға назарын аударар емес.

Ол сол бетімен қазіргі Совет аудандық әскер бөлімінің кеңсесіне келді. Кеңсенің алды ию тірескен халық. Шарбақтың ішіне кіріп болар емес. Көпшілікті қаға-соға военкомның есігіне жетіп ашты да, кіруге рұқсат сұрады. Екі самайы қырауытқан, ашаң жүзді, қыр мұрынды әскери кісі кіріңіз деді. Кіріп келген кісінің екі беті ду етіп қызарып, жүрегі жиі соғып қоя берді. Бірақ басқаға сездірмеді. Сыпайы сәлемдесті де, қолындағы қағазын ұсынды. Ол қағазды алған бойында жүгіртіп оқып шығып:

-Сіз анада да арыз беріп пе едіңіз осы?

-Бұл менің бесінші арызым. Менімен қатар арыз бергендер кетіп те болды. Мен әлі жүрмін көше таптап. Сізден сұраймын. Ленин комсомолы атынан сұраймын, арызымды қабылдап, өзімді майданға жібере көріңіз, жолдас комиссар!?

Комиссар салмақпен: -Арызыңызды тастап кетіңіз, ретіне қарай көрерміз. Майдан сендер үшін ойыншық емес. Әсіресе майдандағы әскердің жағдайына адамның адамы-ақ зорға шыдайды. Ал тылдағы майданның өзі де қыз-келіншектерге жетіп жатыр,-деді.

Мәншүк жақындай түсіп: «Жолдас, комиссар, менің майданға барғым келеді. Сіз менің тілегімді орындай көріңіз. Майданның қандай қиындығы болса да төзетініме сөз беремін. Отанымның, Ленин комсомолының, туған республикам Қазақстанның, сіз беретін жолдаманың атына кір келтірмеймін. Оған сене көріңіз!» -деді жалынған дауыспен.

-Қай институтта оқисыз? -деді комиссар, түсін жылытып.

-Мен дәрігерлік институтта оқимын. Жақында алты айлық медсестралар дайындайтын курсты бітірдім. Қағазы, міне!

-Жарайды. Арызың қалсын. Ойланып көрерміз ретіне қарай.

Арада бірнеше күндер өтті. Военкоматтан әлі хабар жоқ. Бірақ бұл жолы ұзаққа созылмады. Ұзамай-ақ майданға аттанатын күн де жетті.

Бар керек-жарағын алып, әскери дорбасын иығына асынып болды да, әжесінің қасына келіп:

-Кәне, қоштасайық, әжежан,-деп құшағын айқара ашты. Кемсеңдеген иегі дірілдеп, жүйе-жүйесі босаған кәрі ана:

-Құлыным, еркетайым, бетіңнен жарылқасын, бағың ашылсын. Жауың жеңілсін, аман барып, сау қайт, қарағым,-деп күніреніп боздап қоя берді. Мәншүк көзіне еріксіз келіп қалған жасты жұртқа көрсеткісі келмей әжесінің кеудесін жастана иіскеп, мәндайынан, бетінен, қолынан сүйіп жатып:

-Мен келмей өліп қалма. Көзіңді өзім емдеп ашамын. Күт мені. Қош, анам!-деп үйден шыққан еді.

Мәншүк аттанарында апатайына мынадай хат жазды: "Апатай, сіз ренжімеңіз, мен майданға аттандым, Өзімнің жігер-қайратымды, адамгершілік қасиетімді Отанымa іспен көрсеткім келді. Қош , апатай, жаным! Өзіңнің Моншағың!"

***

Поезд зіркілдеп ағып келеді. Алматыдан майданға аттанған отыз жеті әйел бір вагонда. Олардың ең жасы Мәншүк. Сондықтан жолай кездескен станциялардан қайнаған су, сүт, айран сияқтыларды сол әкеліп тұрды.

Түнде поезд бір станцияға келіп тоқтады. Жұрт қалың ұйқыда. Мәншүк киімін асыға киіп, қызыл вагонның есігін ашып жіберіп секіріп жерге түсті. Жолдастары бұған таңданысып, олардан да бірер адам түсті. Мәншүк бір биіктеу дөңеске шығып, баяулатып "Елім-ай"әнін айтып, жан-жағына қарап тұр екен.

-Жеті қараңғы түнде сенің жерге түскенің не?-деп сұрады жолдастары.

-Бұл - менің туған жерім. Мынау "Қазақстан" деген станция. Менің туған ауылым осыдан қашық емес. Кеудеме сыйғанынша туған жерімнің таза ауасын жұтып алайын деп түскенім ғой,-деп жауап берді Мәншүк.

Арада бірнеше жетілер өтті. Бұлар майдан шебіне жетті. Жарылған снарядтар, түскен бомбалардың дауысын құлақтарымен естіп, будақтаған түтінін көздерімен көрді. Көк пен жердің арасын айқыш-ұйқыш оқпен сызып, отпен бояп жатқан әуе шабуылын көргенде жан шошынып, көз қарауытып кеткендей. Майданға келген бетте Мәншүк штаб писары болып қызмет істеді. Майдан өрті өрши түсуде. Өшіккен жау оңайлықпен берісе қояр емес. Өмір мен өлім айқасы жапан даланы жаңғыртып, жер-көктің арасын күңірендіріп-ақ тұр. Майданнан жараланып келген жауынгерді көргенде жас жаны удай ашып, адал жүрегі

аяныштан жарылып кете жаздағандай. Өзінің бос уақытының бәрін де жаралы жауынгерлер арасында өткізетін болды. Жаралылар Мәншүкті жанындай жақсы көрді. Тіпті оның атын атамай "қарағым, шырағым, бауырым, балам"деп атайтын.

Өжет қыз жанталасып жүріп станокты пулеметті меңгеріп те үлгерді. Сынақтан "өте жақсы" деген бағамен өтті. Пулеметтің бар тетігін өлеңдей жаттап алғандықтан тарқатып-тазартуды, қайта құрастыруды бес саусағындай білетін. Осы кезде анасына жазған бір хатында былай дейді:

"Қымбатты әпке! Мен әлі майдан жағдайын жақсы біле қойғаным жоқ. Білмесем де мұнда келгеніме сондайлық қуанамын Себебі әр адам өзінің Отанын қалай сүйетінін көрсететін жер осы. Мен пулеметчиктер дайындайтын курстан өттім. Енді майданға кіретін күн де қашық емес".

1943 жылдың көктемінен бастап Мәншүк фашистермен қорғасын арқылы тілдесетін болды. Талай рет барлаушылық жұмыс атқарды. Талай фрицтердің ажалы өз қолында екенін көзімен көрді. Ол өз пулеметін "Максим" деп атайтын. Сол ауыр "Максимін" арқалап алып, жүріп бергенде, алдына жан салмайтын. Мәншүк бірте-бірте көзге түсіп, ауызға іліне бастады. Барлық жолдастары оның таза жанды, тапқыр екеніне мейіліншe сенетін. "Шіркін, бала-ақ, жанып тұрған от дерсің. Қырағылығы қияны шолатын қырандай.. Сөйлеп кетсе, шешенін қайтерсің Ән салса, айызыңды қандырады. Шаршап-шалдығуды білмейді. Мұндай қызы бар кісі ұлым жоқ дей қоймас. Сабаз бір бөлек туған жан. Талай жорықты басынан өткізген қас батырша жаудан сасқалақтауды білмейді ғой", - дейтін.

Мәншүк қан майданның үстінде коммунистік партияға кандидат болып өтті. Ұзамай сержант атағын алды. Атқыштар батальонындағы басты тұлғаның бір болды. Мұның бәрі де Калинин майданында болған жағдай еді.

Кескілескен майданның есігі бұларға да ашылды. Барлаушылар тобы үркердей ғана шағын топ болатын. Сол топтың арасында "Максимін" арқалаған біздің Мәншүгіміз де жүрді. Балдырғандай аппақ саусақтарымен көк болатты айқара ұстап, атысқа да шықты. Балапанды шертіп көрмеген жас қыз, енді жарақты жаумен айқасты. Бірақ алдырар емес...

***

Бір күні бұлар тосқауылға шықты. Жаудың шегініп біздің өкшелей қуып бара жатқан кезіміз болатын. Майдан сағаты арпалыспен өтіп жатыр. Совет Армиясы өрттей қаулап, селдей тасқындаған кезі еді. Великие Луки қаласын жаудан тазартып, немістерді соққылап тойтаруда.

Кенет жау жақындап келіп қалды. Фашистердің дәл қарсысында Мәншүктің окобы. Әккі жау сол жерден оралмақшы бізге. Емпеңдеп келген жауға Мәншүк тіл қатпай жатыр. Басқа мергендер тыпыршуда. "Не болды екен, апыр-ау, неғып жатыр" дегендерінше болмады, Мәншүктің "Максимы" сөйлеп кетті. Төніп келген фашистер топалаң тиген қойдай өкіріп-бақырып, топырлап түсіп жатты. Қарапайым қазақ қызының қолынан қан жұтып, жер жастанған фашистердің саны жоқ. Соншалық қырылып жатса да, жау жерден шыққандай желігуде, еселенуде.

1943 жылы октябрь айында біздің әскерлер фашистердің талай-талай бекіністерін талқандап, Невель қаласына жетті. Орыстың атақты қаласының бірі Невельді фашистер екі жарым жыл билеп-төстеп, өзінің тылына айналдырып алған болатын. Осы Невель қаласы үшін болған сұрапыл соғыста Мәншүк ерекше ерлік жасайды. Ол басқа да жауынгерлермен тізе қоса отырып, өз пулеметінен оқ жаудырып, өте маңызды кезеңде немістердің шабуылын бірнеше рет тойтарады. Сөйтіп, біздің әскерлердің жолын ашады. Осындай ерлігі үшін оған бірнеше рет алғыс жарияланады.

Невель қаласынан қуылған фашистер есеңгіреген күйі есін жия алмай төрт күн жатты. Ақыры жауынгер күшін еселеп алып, қайта шабуылға шықты. Олар шабуылға шыққан сайын біздің мергендер жау таяуға келгенде орақтай орып, баудай түсіретін де. Бұл жолы да соны істеді. Немістер бекінген қыратты қызыл әскерлердің алуына көмектесуді ойлаған мергендер ерекше қимыл көрсетті. Бұған жау да түсінгендей. Оқ нөсерін боратып тұр. Осындай оқты боранның бір қалтарысында қылаң еткен жас әйелдің әскерше киінген тұлғасы мен желіберген шашы көзге түсті. Бұл біздің жас мергеніміз, шыныққан пулеметчигіміз Мәншүк еді.

Жас кеудесін, жалқын жүрегін Отаны үшін оққа төседі, қасқайып тұрып қарсылық көрсеткен қайсар қызды жау офицерінің көзі де шалып қалды. Жаралы жау жатқан жерінен басын бірнеше рет көтеріп қарады, өз көзіне өзі сенбеді. Өшпендігі бұрынғыдан да жаман қоза түсті. Осыншама қарулы күшті бет қаратпай тұрған жұдырықтай қыз екенін білгенде, ызадан жарылып кетердей болды. Адамгершіліктен безген жыртқыштар қыз тұрған жерге минометтен оқ жаудырды. Минаның жарылған дүмпуінен тоң жарылып, жер сілкініп жатты. "Максим" әлі күркілдеп қарсыласуда. Кенет "Максимының" жеке сөйлеп тұрғанын Мәншүк те байқап қалды.Серіктерінің пулеметтері су сепкендей тына қалған екен. Жалғыз қалғанын сезген мерген одан әрі шиыршық атты. Бір ғажап күш билеп кеткендей. Ұрыс ұзаққа созылды. Бірақ жау адымын Мәншүк те аштырмай тұр. Осындай жанталас кезінде "Максимы" кенеттен төңкеріліп кетті. "Максимына" ұмтыла бергенінде ыстық қан бетін жуып жүре берді. Есіл ердің, көзі қарауытып, басы айналғандай болды. Сәл есінен таңды.

Мінекей , ол дымқос жердің суық топырағын қанатын жая құшақтауда. Жаңа ғана тер құйылып тұрған бетінде енді ұйыған қан ақырын дірілдейді. Жер ызғары өткен сайын оның жаралы жаны рақаттанғандай.

Кенет Мәншүк есін жиып алды. Жарқ еткізіп отты көзін ашқанда, өзінің ауыр жаралы екенін білді. Басын көтерейін десе аспан жерге түсіп бара жатқандай. Қайта жатты. Жақыннан шыққан немістердің даусын естіді. Кенет сауығып кеткендей орнынан атып тұрып, "Максимын" қайта құрып алды. Басқыншы жау емпеңдеп келеді. Мұны көрген Мәншүк басындағы жараны байлап та үлгерген-ді.

-Отаным үшін,өмір үшін!-деп бар даусымен айқай салды. Жау жалақтап жақындай берді. Тірідей қолға түсірмек боп келген жау табанының астынан атылған оққа шыдамай шегінуге мәжбүр болды. Осы бір тұста көмекке келіп қалған қызыл қырандардың шоғыры да көрінді. Олар тұс-тұс жақтан фашистерді соққылап барады. Жаудың бетін қайтарып, жауынгер достарының жолын ашып берген батыр қыз жарық дүниеге одан әрі жайраңдай қарады. Осы кезде жанына келіп жарылған снарядтың оғы оң жақ аяғын ортан жіліктен үзіп алып кетті. Тағы да есінен таңды. Жарты дененің бәрін әкеткендей сезінді. Ол әуелі "байла,байла!"-деп айқайлады. Артынша өзінің жалғыз екені есіне түсті. Майдандос достарының жауды түре қуып бара жатқан жеңісі, үзілгелі тұрған жанды жалғап жібергендей болды. Жан-дәрмен дегенде ол орнынан тұрып, үстіндегі киімін жыртып жіберді де, аяқтың қалған тұқылын мықтап орап байлады. Содан кейін "Максимына"қайта келіп жармасты. "Максим"ақырғы рет күркілдей жөнелді. Бұтаның арасымен бүкеңдей қашқан фашистер ұшып түсті. Осы сағатта жақындап қалған біздің жауынгерлердің бір бөлегі пулемет үні шыққан жаққа бет қойған еді. Бірақ үлгермеді. Жаралы жау офицері еңбектеп кеп, Мәншүкті маңдайдан атып жібереді де, соңғы оғымен өзін жайратты.

Мәншүк жан серігі "Максимын" айқара құшақтап, көзін бір ашып, бір жұмды...

***

1944 жылдың бірінші марты күні СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша Мәншүк Мәметоваға Советтер Одағының Батыры деген ардақты атақ берілді. Бұған тек қана Қазақстан емес, бүкіл Шығыс елі болып қуанды, мақтанды. Себебі Мәншүктен бұрын Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, Тәжікстаннан бірде-бір еңбекші әйелдер арасынан шыққан батыр болған емес.

"Әңгіме Армияға жәрдем беру, оның арасында үгіт жүргізу турасында болса, әйелдер соғыс жағдайында да еңбек етіп, жұмыс істей алады.Әйелдер осының бәріне де белсеніп қатысуы керек. Қызыл Армияның қамын жейтін, ол үшін жан-тәнімен аямай қызмет қылатынын Қызыл Армиямыз көретін болсын",-деген данышпан Ленинның сөзін біздің Мәншүк іс жүзінде орындап, басқаларға өшпес үлгі қалдырды.



Мәншүктің денесі Невель қаласының дәл орталығындағы қалалық парктің қарсысына жерленген. Бұл жерде Невельді жаудан азат ету соғысында асқан ерлік көрсетіп, жанын қиған он батырдың қабыры бар. Соның екеуі қазақ. Бірі Мәншүк Мәметова, екіншісі полковник Әбілқайыр Баймолдин. Мәншүкке таяу генерал Апрелькин. Бұлардың бәрін қалалық советтің қаулысымен, Невель қаласының фашистен азат етілгеніне бес жыл толғанда, тұрғын халықтың тілегі бойынша осы жерге әкеліп қайта жерлеген.

Мәншүктің туған жері Орда поселкесіндегі пионерлер сарайының алдында "Максимімен" бірге Батыр қыздың тастан құйған үлкен ескерткіші бар. Батырдың туған совхозы қазір де Мәншүктің атымен аталады. Қызылорда қаласындағы қыздар училищесі Мәншүктің атымен аталады. Невель қаласының орталық үлкен көшесінің бірі, орта мектептің жанындағы пионер дружинасы Мәншүктің атымен аталады. Алматы қаласындағы Мәншүк оқыған 28 - мектеп пен Мәншүк тұрған көше де қазір Мәншүктің атында. Мәншүк мединститутының құрметті студенті болып мәңгілікке қабылданды. "Ер өлгенмен, ерлік өлмейді" деген осы.

***

Мәншүк Мәметованың сүйікті анасы Әмина Мәметова қазір тірі, Алматы қаласында тұрады. Партия мүшесі, филология ғылымының кандидаты, ағарту жұмысына еңбегі сіңген қайраткер, Алматыдағы педагогикалық әйелдер институтының аға оқытушысы. Жасы алпыстан асып кетсе де ұстаздық етуден жалығып көрген емес. Денсаулығының нашарлығына қарамай бар күш-қайратын, ақыл-ойын, теңіздей терең білімін жастарды тәрбиелеу жолына жұмсауда.

Көзінің ағы мен қарасындай болған Мәншүгінен айырылған Әмина апай қайғы мен қасіретке қайрандап қалған жоқ. Әкесі майданда ерлікпен өлген, шешесі ауырып, тылда өлген, сегіз жасар Кәрім деген баланы қолына алып тәрбиелейді, оқытады. Мәңгі суымайтын ана жүрегінің шұғыласы Кәрімді де аялайды, әлпештейді. Оның алдағы болашағының жарқын екенін, бар бақыты алда күтіп тұрғанын бала санасына жеткізе білген ұстаз ана өкініште қалмайды. Орта мектепті Кәрім медальмен бітіріп, КазГУ-ге түседі. Университетте бірінші үлгілі бала атанып, жоғарғы стипендия алып оқиды. Химия факультетін үздік деген бағамен бітіріп шыққан Кәрім қазір Балқаш қаласындағы геологоуправленияның химиялық лабораториясында меңгеруші болып қызмет істейді.

45 жыл бойы талмастан ұстаздық етіп, совет жастарын коммунистік рухта тәрбиелеп машықтанған аяулы апайымыз әлі де талай Мәншүктерді тәрбиелеп шығарар...

Мәриям ХАКІМЖАНОВА.
1965 жыл.

МӘНШҮК
(поэмадан үзінді)

Жеңілдім деп желікпей жау жатпады,
Қолын құрап, тобын түзеп саптады.
Жан таласпай оңай жанын кім берген,
Шабуылдап қайта неміс қаптады...

Сарбаздарым сан мыңдаған сайланды,
Сақылдады салмақ болып ойранды.
Тұмсыққа ұрып тойтармаққа шегедей,
Буырқанып белді бекем байланды.

Көрді Мәншүк, көзін тікті жан-жаққа,
Басып жылдам барды жетіп комбатқа.
-Бұйрық болмай босқа отыр біздің топ,
Әлде бүгін жұрт қатарынан қалмақ па?

-Бұл жорыққа жібермедім сені аяп,
Тынығыңдар бұл сапарда бармай-ақ.
Невель сенің ерлігіңе риза,
Бір жауынгер қызмет етер сендей-ақ.

-Тілеп тұрмын, тілегімді беріңіз,
Ойрандаған ойынымды көріңіз.
Ұл қорғаған жерді қыз да қорғайды,
Бір ананың сүтін емген теліміз.

Қорықпаңыз қолынан іс келмес деп,
Аты әйел, жауға соққы бермес деп.
Өлінің қанын, тірінің кегін аламын,
Қиюына қиын жердің жібер тек!

Басын шайқап комбат тұрды ойланып,
Қатуланған қыз жанары тұр жанып.
Жақын келіп жауырынынан қақты да,
Жүре беріп кілт бұрылды айналып.

-Ауыр жұмыс, жауапты іс, қымбаттым,
Алды-артымды сөзбен орап тіл қаттың.
Жібермесем ренжисің, қарындас,
Барғың келді қорғауына қай жақтың?

Қыз құлпырды жүзіндей боп қылыштың,
Қырланады қылауындай құрыштың.
Екі өзеннің аралығын алам деп,
Қолқа қылды қиын жерін ұрыстың.

Бұйрық алып бұрды бетін сапарға,
Кескір алмас қын түбінде жатар ма.
Ширатылып шынжырындай болаттың,
Тең арқалап тізілді ерлер қатарға.

Серті жалғыз, сенімі зор еліне,
Қайралып жан, жас жүректің кегіне.
Бетін бұрмай безереді табандап,
Анда-санда терін сүртіп жеңіне.

Жанарлары жарқылдайды шоқтай боп,
Қырланады қиядан тигіш оқтай боп.
Алдан ұшқын, арттан құйын ойнатып,
Жау келеді обатұғын оптай боп.

Жалын бүркіп, жасыл құсып төнеді,
Оқ ысқырып, ұйытқып зулап келеді.
Жер қайысқан зеңгі тобын көрсе де,
Жігерлі қыз жеңілемін демеді.

Қаршығадай көзін қадап сүзіліп,
Сескенбеді бет-әлпеті бұзылып.
Ту көтеріп тұлпар мінген батырлар,
Өтіп жатты көз алдынан тізіліп.

"Қарағым" деп қарағандай Абылай,
Қара шашын сипағандай Исатай.
"Кегіңді алмай кейін қайтпа" дегендей,
Кенесары, айбынды ер Наурызбай.

Аманкелді алдында тұр айбынды,
Құшағына қондырғандай Ай-Күнді.
Жеріңді алып, еріңді жау жеңбеген!
Атаң қазақ қашан жаудан тайынды?..

Ерге ана, елге қамқор Қаруқек,
Назым, Құртқа, Ақжүністі ел білед.
Ердің кегін ел намысын жақтаған,
Қазақ қызы қашаннан да жау жүрек.

Қанаттасып Қаншайым мен Қарлыға,
Қасында тұр, серікпіз деп арлыға.
Кезеп оғын кер садақты Бопай тұр,
Жаным деме, жан арыңа садаға!..

-Жауға еңкейсем жау қолында қаламын,
Жазылмастай еліме дақ саламын.
Қазақ қызы деген атты қаралап,
Қайда барып ару атын алатын.

Жоқ, көнбеймін, бас имеймін неміске,
Бас пулемет, кетпесін оқ теріске!
Тебірентпеймін ата-баба аруағын,
Я өлемін, я жетемін жеңіске!

Дәлдеп құрып пулеметін түйілді,
Тәуекелін сауыт қылып киінді.
-Отан үшін, бақыт үшін, ар үшін,
Шыбын жаным шүберекке түйілді!

Қыз сөзіне сүйінгендей пулемет,
Оғын төгіп, күйін тартты сол мезет.
Баудай орып бастырмады адымын,
Қыздың оғы соқты жауды төбелеп.

Долы күштің ағытты ерлер тиегін,
Гранаттар қаба түсті сүйегін.
Қансыраған қанды бастар қақшаңдап,
Қағып жатты қанды көбік легін.

Төбесінен нөсер құлап төгілді,
Жебесінен жерге жанша шөгірді.
Жер бетіне жегі болған жер сұмы,
Өз қанына қарық болып көмілді.

Әккілері аңды басты маңайын,
Өлгенімше өлім торын жаяйын.
Деп сақылдап азу тісі, атып тұр,
Оққа ұшырды батырлардың талайын.

Мерт болды қыз серігі мергендер,
Ер сүйегін құшақтады туған жер.
Селк етті де селеулерге сыбырлап,
Еңірей берді дала еркесі тентек жел.

Абайлады Мәншүк сонда жан-жағын,
Көрді өзінің жапа-жалғыз қалғанын.
Көзге жанар, көкірекке кек толып,
Қиналады қимай серік санлағын.

Көңілсіз жерде қу жая алмас құлашын,
Қанат сынса қарсы ұша алмас лашын.
Мөлдіреді қара көздің жанары,
Қамықты ару қалай ғана шыдасын...

-Егіздерім, ене сүтін еміскен,
Жайсаңдарым, жарақты жауды жеңіскен.
Алғыр қыран, ақ иығым, аяулым,
Халық үшін қанды кебін киіскен.

Тайғақ кешу тар жолдағы таңдаулым,
Қара бұлтты қақ айырған көк дауылым.
Кегіңді алмай кемеріме түспеспін,
Ашынды жан, ашылды оққа омырауым.

Қанына қан, жанына жан алармын,
Қорқыратып қолқаға қол салармын.
Шулы дария, мұзды тауға шөктіріп,
Құрбанына қойдай тізіп шалармын.

Жан жаңылып, кернеп ашу денесін,
Деді өзіне- енді кімге сенесің?!
Жауды бөге, адым алға бастырма...
Жаныштырма ұландардың денесін.

Тулап жүрек кетті қаны дуылдап,
Тұлғасынан төгілді күш туындап.
Аяғындай аяласа қоңыр жел,
Бұйра талдар мұнын қосты шуылдап.

Пулеметі жердің тоқын кеміріп,
Аңсыраған қыран құстай телміріп,
Өзегіне оғын салып оңтайлап,
Салалы саусақ сағаны тұр жеміріп.

Мұхит кезген жалғыз кеме секілді,
Сом сүйегі құрыш болып бекілді.
Мұз қабағы түксие кеп түйіліп,
Қарағанда қақ жарғандай өтінді.

Көз жанары шашыранып, шатынап,
Жіксіз тастан шыққан оттай жарқырап.
Қаймығатын емес қанды майданнан,
Көк пенен жер тұрса дағы қалтырап...

Көрді Мәншүк шынжырдайын ширады,
Соқты дауыл, кеудеге кек сыймады.
Төңгендерін түріп тастап лезде,
Қан соқтасын қара жерге сыйлады.

Жердің жүзін қара қошқыл қан басты,
Көктің жүзін қара боран шаң басты.
Алды жалын, арты аңғар көр болып,
Немістерді құшаққа алды албасты.

Көмекке күш келіп қалды жақындап,
Жан таласты шулап неміс бақылдап.
Түтін басты жер мен көктің арасын,
Сапырылысты оқ зуылдап, жарқылдап.

Қуанды қыз, өршіл жаны өрледі,
Алып жүрек аруға ерік бермеді.
Ерке жанды есіл ердің есіне,
Өлем деген сол минутте келмеді.

Көрді Мәншүк жаудың көздеп тұрғанын,
Оқ таусылған немен қорғар бір жанын...
Маңдайынан ыстық қанын ағызып,
Жолдады ажал жалғызыма жау залым.

Қыршын жаны қиянатсыз үзіліп,
Көкшілденді бет-бейнесі бұзылып.
Ана аймалап, дос қоршалап, құрбылар,
Өтіп жатты көз алдынан тізіліп.

Қара көзі жарқ етті тек танадай,
Төңкерілді ашылып бір қарамай.
Пулеметте ойнап тұрған он саусақ,
Қалды қатып бір серпуге жарамай.

Сүйеп жатты пулеметке иегін,
Алды арқалап жасыл болат сүйегін.
Асуы жоқ асқардай боп айбатты,
Тұр көмкеріп күнбатыстың жиегін.

Жібек тұлым желкесінен жайылды,
Жел аздап, желпіп ұшып қайырды.
Арсыз ажал, опасыз жау обыққан,
Қайран ерді қайратынан айырды.

Күн күрсініп, бұлт торлады аспанды,
Құм үлдеп жаба берді жас қанды.
Тәжім етіп иді басын селеулер,
Ай маңдайлы ару жерді жастанды.

Ну ормандар ойға батты жабығып,
Аза тұтты сары желек жамылып,
-Қазақ қызы құрбан болды біз үшін,
Деп күміс көл төкті жасын қамығып.

Ару қаны көтерілді аспанға,
Қызыл ту боп көрінді ол дұшпанға.
Көкті құшқан күмбезінің жұлдызын,
Ай әлдилеп, Күн күзетті аспанда.

Бітті демі, жүрегі ердің өлген жоқ,
Ар-намысын ажал мен жау жеңген жоқ.
Ер өлмейді, жасырынбақ денесі,
Жүрегі оның мәңгі жанбақ, сөнген жоқ!

Ер аруағын өте алмады жау аттап,
Тұрса дағы жан-жағына жалақтап.
Қанарынан қара жерге жал бітті,
Тербетті жел қазақ қызын мадақтап!

Мәриям ХАКІМЖАНОВА

ЖАН ҚҰРБЫ

Қара көз қазақ қызы Мәншүк батыр,
Орнатқан дұшпанына заманақыр.
Өлтірген талай жауды баудай турап,
Ерлігің естен кетпес толып жатыр.

Абырой-атағыңа намысың сай,
Отаншыл өнегеңе көңілім жай.
Керемет кешегі еткен ерлігіңді,
Ешқашан ұмытпаспыз, жан қалқатай.

Басында бір төбенің жалғыз қалдың,
Жалындап жасқанбастен ұрыс салдың.
Жан серік қолыңдағы пулеметпен,
Фашистің дәл үш жүздей жанын алдың.

Күн батты тал бойыңды қанға малып,
Дауыстар «Уралаған» жетті талып.
Аппақ ет, манардай бет, шалғандай өрт,
Қара шаш жерді жапты толқындатып.

Сынған жоқ, өлсең дағы сенің сағың,
Өшкен жоқ, өрлей түсті жастық бағың.
Еске алып, аруағыңа бас иеміз,
Жан құрбым, торқа болсын топырағың.

Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ,
1944 жыл.

ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН КӨЗ ЕДІК...



Анам жарықтық үнемі: «Әкелерің Тойлыбайдың тоғызынан тараған» - деп отырушы еді. Тойлыбай өсіп-өнген, жан-жақты әулет-ақ болса керек. Тоғыз ұлының жетеуінің аты аптаның жеті күніне сәйкес аталады да, екеуінің есімі Төребай және Қошаман деп аталады екен. Біздің арғы аталарымыз Төребайдан тарайтыны анық. Менің білетінім -Телғара атамның аты. Телғарадан Әлі мен Мамыт (Мәмет) туады. Әліден Жеңсікәлі, Мамыттан (Мәметтен) Ахмет пен Қанат туады. Жеңсікәлінің Наги, Қадер деген ұлдары және Мәнсия атты қызы болады. Ахметте бала болмады. Ағасының үйіне келіншегі Әминамен қыдыра келген сапарда Ахмет атама Мәнсия үйір болады. Әсіресе

Әминаның пейілі кішкентай қызға катты ауады. Женсігәлі атам мен Тойылша апамның ризашылығымен олар кішкене Мәнсияны бауырларына басады. Еркелетіп Мәншүк деп атап кетеді. Мәншүк сол үйде тәрбиеленеді...

Мен бұл арада Мәншүктің әкесінің орнына әке болған Ахмет атам туралы айтайын деп едім. Ахмет атам сол кездің нағыз интеллегенциясының өкілі ретінде өте оқымысты, білімді, білгір дәрігер болған адам. Замандастары оның жан-жақты, сегіз қырлы, бір сырлы жан екенін естеліктерінде жазады. Ол өзі де көптеген ғылыми жұмыстар қалдырған. Алматыда жеті бөлмелі үлкен үй-жайы болған. Ол сол үйде аурулар қабылдаған. Тері арулары институтын ашып, өзі алғашқы директоры болған.

1937 жылы ұлттың бетке ұстар игі жақсыларын «халық жауы» деп әкетіп жатқанда, ол да ұсталып, атылып кетеді.

Бұл соққы Әмина апама оңай болмайды. Ішкі сенімі Ахметтің жау емес екенін білсе де, заман ағымына қарсы келер күш қайда? Шынтуайтына келсе, Әмина апам да осал жерден шықпаған. Батыс Қазақстан өңірі тұтас білетін Сүлеймен қажының қызы еді. Оны айтып мақтан тұтатын уақыт па еді ол кез. Халық жауының әйелі деген көзтүрткіні катты көреді. Күні кеше жайраңдап сүт бетінің қаймағы болы жүрген жанға жүзін төмен салып, топқа шыға алмай қалудың қиындығын басына түскен адам ғана білер...

Содан 1944 жылы Мәншүк Мәметова батыр атағын алғанда ғана Әмина апамды бұрынғы ерлігі қайта тапқандай болады. Мәншүктің жақсы аты апамның бетіндегі шіркеуді сейілткендей еді. Ол енді сілкініп, қайта түлеп, жүзі ашылып, Мәншүктің анасы ретінде ауызға қайта алынып, көп ортасына араласа бастайды. Оған Мәншүктің майданнан жазған хаттары да себеп болады...

Егер Әмина апам бұл уақытқа дейін өмір сүріп, тарихтағы ақтандақтардың беті ашылған күнді көрсе, қазақ халқының адал ұлдарының бірі Ахмет Мәметовтың жары ретінде марқайып, көркейіп отырар еді. Бәлкім тамаша естеліктер жазар ма еді, кім білсін? Бірақ Әмина апам ол күнге жете алмай кетті.

Біздің Ахмет атамыздың, яғни халқын шексіз сүйген дәрігер Ахмет Мәметовтың туғанына 100 жыл толмақшы. 1995 жылы. атамның есімі халқына қайтып оралды. Ол 1958 жылы ақталған. Атамдардың Оралда болған кезіндегі үйіне қазір Мәншүктің мұражайы орналасқан. Ал Алматыдағы тұрған үйі қайда екен деп ойлаймын. Халқымыздың аяулы ұлдарының бірі ретінде Ахметтің есімі тарихтан өзінің орнын алады ғой деген сенімдеміз.

Ал енді Мәншүктің өз әкесі Женсікәлі атама келер болсақ, тағдырдың қатал сыны бұл ұрпақты қырына алған-ақ екен дерлік. Женсікәлі атам 29-30 жылдары астық қоймасын күзетсе керек. Сол уақытта қамбадан астық ұрланып, «соны сен шығарып бердің» деген жаламен ол ұсталып кетеді. Тойылша апам құсадан қайтыс болады. Нағи мен Қадер менің әкем – Қанаттың тәрбиесіне көшеді. Нағи соғыстың алдында, ер жеткен шағында қайтыс болады. Қадер соғыстың алдында Қызылорда педагогикалық училищесін тамамдап, Жанқала ауданының Мәштексай деген жерінде мұғалім болады. Сол жерден майданға аттанып, хабарсыз кетеді. Бұлардан ұрпақ қалмады.

Ахметтің туған інісі менің әкем – Қанат 30 жылдардың ортасында Орданың жанындағы жылқы заводында директор болды. 1935 жылы Ахмет атам елге келеді. Онда институтта директор кезі. Інісін көшіріп алғысы келетіні туралы сөз қозғайды. 1936 жылы әке-шешем алғашқы жүктерін жібереді. Бірақ 1937 жылы Ахмет атам ұсталады да, дүние асты-үстіне шыққандай болады.

Әке-шешем партия мүшесі еді. Әуелі екеуін де партиядан шығарады. Әкемді катты құғындайды. Ақыры отырып, түрменің дәмін татып келді. Одан оралған әкем соғыс басталғанда өзі сұранып майданға кетті. Ондағы ойлары «халық жауының туыстары майданға өзі сұранып барса ақталады екен» деген үміт еді. Әкем Сталинград шайқасына қатынасып, жараланып елге қайтады. Елге келісімен Орда ауданының «Жаңа жол» колхозында басқарма болды. 1951 жылға дейін қызмет істеді.

Қанаттан төрт қызбыз. Шолпан, Маржан, Айман, Сәуле. Әкем қайтыс болған соң шешем 1962 жылы Алматыға көшіп келген еді.

Айман МӘМЕТОВА,
Мәншүктің немере сіңлісі.

P.S: Мәншүктің туған анасы баспа беттерінде бірде Толша, бірде Тойынша болып жүр. Ауызша айтылғанда «йы» бөлшегі дыбыстық жұтылуға ұшыраған.

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ

МАСИН ТЕМІР

Масин Темір Жантекеұлы 1907 жылы Орал облысы, Жәнібек ауданы, Орда қыстағында малшы отбасында дүниеге келген. Ол он төрт жасында мектеп есігін ашты. 1928 жылы педагогикалық училищені тамамдап, мектепте ұстаздық етті.

Т.Жантекеұлы бұдан кейін мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің бастығы, МТС пен совхоздың саяси бөлім бастығының орынбасары болды. 1923 жылы комсомол қатарына, 1930 жылы Коммунистік партия қатарына өтті. 1941 жылы шілде айында әскер қатарына қатардағы жауынгер болып қабылданып, аз уақыттан кейін офицер болды. Взвод командирі, содан соң 250-атқыштар дивизиясына қарасты 922-атқыштар полкында рота командирі қызметін атқарды.

Қай кезеңде де белгілі жайт –ержүрек, батыл, шешімді адамдар соғыста да, еңбекте де өз қалпын жоғалтпайды. Ол үшін көп көзге түспейтін, назарға елеусіздеу ілінетін, аз-кем тірлікті атқарып жүріп-ақ елеулі тірлік жасайтын адамдар өмірде аз болса да кездеседі.

Темір Жантекеұлы соғыста да ерлік жасап қоймай, бейбіт өмірде жүріп те ерлікке татитын талай тірліктер жасаған аяулы азамат болды.

1944 жылдың 1 шілдесі болатын. Атқыштар ротасының командирі Масин Старомартьяновка деревнясының тұсынан өтетін Могилев-Минск тас жолының бойымен кері шегініп бара жатқан жаудың жолын кесіп, ұрыс салуға бұйрық алды. Өздігінен жүретін екі зеңбірек қаруының қолдауына арка сүйеген Темір Масиннің ротасы жауға тұтқиылдан тиісіп, күре жолды басып алды. Немістер сегіз рет қарсы шабуылға шығып, басты магистралды қайтып алу үшін жанталаса әрекеттенді. Бірақ таулары тасқа шағылған немістердің әрекеті нәтижесіз аяқталды. Ұрыс кезінде капитан Масиннің ротасы гитлершілердің 800 солдаты мен офицерінің көзін жойып, 74 автомашинасын, 43 мотоциклін талқандады. Осы ұрыста Масин снаряд қопарылысынан басынан ауыр соққы алса да, ротаның ұрыс қимылдарын басшылық ету тізгінін бір сәт те уысынан шығарған жоқ. Жауынгерлік тапсарманы мүлтіксіз орындаған үшін Темір Масинге 1945 жылдың 24 наурызында КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығы бойынша Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыстан соң гвардия майоры Т.Масин туған ауылына келді. Оны Тайпақ аудандық партия комитетінің хатшысы етіп сайлайды. 1947 жылдың аптап жазында егін даласында өрт болды. Халықтың қастерлі байлығына үлкен қауіп төнді. Барлық күш дала өртін ауыздықтауға жұмылдырылды. Райком хатшысы да тілсіз жаумен айқасушылардың алғы шебінен көрінді. Алапат өрт сөндірілді. Өкінішке орай, Темір Жантекеұлы осы өртте катты күйік алып, ауруханада дүние салды.

Соғыс және бейбіт еңбектің ерен батыры зор құрметпен Орал қаласына жерленді.

Ерлік ісі мәңгіге қалған Т.Масиннің атында көше, мектеп, шаруашылықтар бар.

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ

НИЕТҚАЛИЕВ ЕРДЕНБЕК



Е.Ниетқалиев 1914 жылы Орал облысы, Жәнібек ауданына қарасты Қамысты ауылында кедей-шаруаның отбасында дүниеге келген.

1936 жылы Алматы зооветеринарлық институтын ойдағыдай бітірген соң Қызылорда облысындағы арнайы мал шаруашылығы мектебінің оқу бөлімінің меңгерушісі, ауыл шаруашылығы техникумының мұғалімі, облыстық оқу бөлімінің инспекторы қызметтерін атқарады.

Ол Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап-ақ ұрысқа араласады. Кавалериялық эскадрон командирі, ержүрек офицердің ерліктері Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен, "Ерлігі үшін" медальдарымен атап өтілді.

Ерденбек Ниетқалиев басқарған эскадрон соғыстың алғашқы үш жарым жылы ішінде небір ерен ерліктер мен батырлықтар көрсетіп, сан мыңдаған шақырым жолдарды артқа салады. Жауынгерлік сапар жолы фашистердің ұясына алып келеді. Жаулар совет жауынгерлерінің тегеурінді қимылдарына шыдамай, жан аяспай айқасып, кері шегініп келе жатты. Соғыстың соңғы жылдары жау әскерлері жанталас қылып, әрбір шеп, әрбір межелі бекініс үшін ұрыс салғаны шындық еді.

1945 жылдың 31 қаңтар күні 12-гвардиялық Қызылтулы кавалерия полкы қоршауда қалып, оны бұзып

өтпек болған гитлершілерді ауыздықтау туралы тапсырма алды. Атты әскерлер немістің Рарцебур қаласынан төмен тұстан шеп құрып, жаулармен ұрыс салды. Ниетқалиевтің эскадроны Рарцебур күре жолын қорғады. Екі күн бойы гвардияшылар жаулардың жанкешті шабуылдарын ерлікпен тойтарып, ұрыс салды. Немістердің 200-ден астам офицерлері мен солдаттарының көзін жойды. Бірақ эскадрон жауынгерлері тарапынан да аз шығын болған жоқ.

Немістердің әскери басшылығы бұл бағыттан оң нәтиже шығара алмағаннан кейін өз күштерінің етек-қолдарын қайта жинап, күші азайған эскадронға қос бүйірден шабуыл жасады. Жан алысып, жан беріскен арасалмақ күштері тең емес осы шайқаста Ерденбек жарақат алды. Ауыр жарақат алғанына қарамастан эскадрон командирі ұрысқа одан әрі басшылық жасай берді.

Жауынгерлер қатары мүлдем селдіреп қалған болатын. Осы сұрапыл шайқаста Ерденбек гранатарды ұрысқа дайындауды бұйырды да, өзі станокты пулеметтің құлағынан мықтап ұстап, өршеленген жауға боратты. Осы сәтте ол екінші ауыр жарақат алды, бірақ қанға бөгіп жатса да, пулеметтен ажыраған жоқ. Ерденбек соңғы демі біткенше жаулармен шайқасып, ерлікпен қаза тапты.

Ниетқалиевтың эскадроны өздерінің жауынгерлік міндеттерін абыроймен орындады. Ұрыс даласында 400-ден астам неміс солдаттары мен офицерлерінің денесі жатты. 3 ауыр зеңбірек, 6 пулемет істен шығарылды. Немістің 80 солдаты мен 5 офицері тұтқынға алынды.

Ұрыс барысында көрсеткен асқан ерлігі мен батырлығы үшін Ерденбек Ниетқалиевқа қайтыс болғаннан кейін 1945 жылдың 24 наурызы күнгі КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Қазір батырдың есімі Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданындағы, Тараз қаласындағы жекелеген нысандарға, көшелерге берілген.

ЕР ШҮКІР

Ерлік- елге мұра, ұрпққа ұран



Алыстан оқтын-оқтын атылған зеңбіректің талмаусырап жеткен дыбысынан жақын маңдағы құрбақаның дамылсыз құркылдауынан бөтен ештеңе құлаққа шалынбайды. Орман ішін бүгін мүлгіген үнсіздік тұмшалап алған. Түндігі әлі түрілмеген түнгі әлем тыныстың кеңейтіп, кешегі өлердей шаршатқан сабылыстың ізін кеудеден аластап,өшіріп жібергендей. Таң атуы қашық емес. Шүкір отқа оранған қара жердің құйқасы шыққан күлдің иісін, өксіп жатқан жабырқау кейпін бір мезет естен шығарып, таласа өскен қарағайлар мен қайындардан аңқыған жұпарды құшарлана жұтты. «Ай-хай, шіркін, дүние-ай»,-деп ойланды ол сол жақ бүйіріне аударылып түсіп. Рақат емес пе? Осынау ғажайып бұйығы тіршіліктің шырқы сонша неге бұзылды? Осыған кімдер кінәлі? Басқаны былай қойғанда екі аяқты пенделердің бір-біріне жау болып тиісуі неліктен? Қарғыс атқан қу соғыс қашан аяқталады?! Санада тізбектелген сауалдар үсті-үстіне бастырмалатып, шіліңгір шілдедегі жұлдыздардай самсап кетті. Жауап іздеп, төңбекши бастағанда, аяқ дыбысы білінді. Рота командирі Виталий Воронов еппен басып, жауынгерлерді аралап, іріктеп оятып келеді. Үсті-бастарын түзіп, қағынып-сілкініп жатқандар әр тұстан аңдыздай қарандады.

-Ә, сержант Шүкір Еркінов, даланың ұйқысыз көкжалысың-ау! Көз шырымын алдың ба өзің?- деп ол Шүкірді сыбырлай арқасынан қақты.

-Дәл солай, жолдас капитан! Мынадай мөлдір ауалы жерде жатқан кісінің ұйқысы қанбайтын ба еді?!-деп жайдарлана күліп, атып тұрған Шүкір тік тартылып, қолын шекесіне апарып, ізет көрсетті.

-Сен өзің өзеннің, судың сырын білетін жігіт пе едің?-деп сұрады командир. Білдірмейін десе де дауысынан әлдеқалай қобалжу табы сезіліп тұр.

-Бесіктен белі шыққалы Ойыл өзеніне шомылып, ала жаздай айдынына жағалық ойнап, үйрекше сүңгіп өскен жанмын,- деп мақтанышпен жауап қатты да, кішкене кідіріп барып, таңданыспен қарсы сұрақ қойды:-Жолдас капитал, айып болмаса, оны неге сұрағаныңызды білсем екен?

-Керегі болып тұр,-деп командирге тән әдеттегі қатқыл үнін жұмсартып. Ол өзі қандай өзен? Ағысы күшті ме?

-Күшті. Біздің ел оған Ерке Ойыл деген атау берген. Бірақ көктемде тасығанда еркелікті қойып, бүкіл Тайсойған, Бүйрек өңірлерін аяқтарынан тік тұрғызады, адуын-ақ.

Айтарын айтып қалғанымен Шүкір «бұл орыс Тайсойған, Бүйректі қайдан білсін» деп ойлап, езу тартты. Қараңғыда оны Воронов байқамағаны анық.

-Жарайды! Түсінікті,-деп алды да, назарын қасына жиналған жауынгерлерге бұрды.-Қазір сіздер таң қараңғысымен қарсыластырына сездірмей Днепрден өтуге тиіссіңдер. Тапсырма аса жауапты, салмақты әрі қатерлі. Өзеннің арғы бетіне шығып, қалай да автоматтан оқ шығаруларың керек. Жаудың зәре-құты қашып, орыстар қайдан келіп қалды деп өре тұра келетіндей әбігерге салыңдар. Одан кейінгі қимылдың жалғасын бергі беттегі қаруластарыңнан күтіңдер. Ұғынықты ма? Сержант Шүкір Еркінов өзеннің құпиясын әжептәуір біледі екенсің, суға алғашқы болып, сенің қайығың түседі. Әлгі сұрақтың қойылу мәнісін түсінбей бас қатырған Шүкір оның түптөркінінің қайдан өрбігенін енді пайымдады. Тұла бойы шымыр етті. Әйтсе де шапшаң өзіне-өзі келіп:

-Құп болады, жолдас капитан!-деп саңқ етті.

-Ақырын, сержант,-деп зекіп қалды Воронов,- Немене, фашистер естісін дегенің бе, абай болмайсың ба?

-Жоқ, олай емес. Айыптымын,-деді Еркінов дауысын бәсең тартқызып.

-Ал жақсы, іске сәт! Тапсырманы орындауға кірісіңдер!-деп рота командирі өзен жақты қолымен нұсқады.

Жанына бөлімшенің төрт жауынгерін еріткен Шүкір жапырақпен бүркеулі жатқан қайықтың бірін көтеріп, ширақ басып, өзенге қарай беттеді.

Жиырма шақты қадам жүрген соң ну орманнан бастарын шығарған олар алыстан анда-санда оскылап өтетін прожектордың шақпа жарығының көзіне ілігіп қалмайық деп, жықпыл-жықпылмен бүкпақтап, Днепрдің кемеріне жетіп бір кідірді. Кәнігі барлаушы атанған Шүкір Еркінов кеше кешкісін келіп, ымырт үйірілгенше өзен арнасына түсер тұстардың жай-жапсарын барынша мұқияттап барлап, әскери бөлімшеге оралған соң сызып, қағазға түсіріп, басшыларына тәптіштей баяндап берген еді. Сол жерлерден бұйыртса, бүгін өзінің өтуіне тура келіп тұр. Жел қуалап жеткізген жал-жал толқындар жағаға шылп-шылп ұрады. Тұтасқан қою бұлт өзен аңғарын қошқылдандырып жіберген. Түнеріп тұнжыраған сиқы тым сұсты. Көз қанықтырғанша су бетінің бедері болар-болмас жылтырап жанарға шалынды. Әрідегі Днепрдің келесі батыс жақ жиегі жеткізбес қиян сықылды, қап-қара бір меңіреу тылсым. Бар пәле сол көрдей қараңғы тылсымның қойнында қонақтап жатыр. Сәтін салса кеңестік жігіттер қазір түртіп оятпақшы.

Шүкірлер қайықты жаңа тік көтеріп, жардан түсуге ыңғайлана бергенде жау прожекторы ойқастап су бетін тағы бір тінткілеп шықты. Әбүйір болғанда бұға қалған бесеу шақырайған қырсықтың жүріп өткен жолынан тыс қалды.

-Жігіттер, тездетейік!-деді Шүкір төңкерулі қайықтың алдыңғы ернеуін көтеріп жатып. -Әлгі бір көргіш шайтаны қайта тірілгенше, арғы бетке жетіп алайық!

Қысылшаң шақта бірін-бірі ымдарынан ұғынысқан топ қайықтың табаны суға жаққан бойда қырғып мінді де, ескекке Мүсілім Әлиев ие болып, құтырта есе жөнелді. Каспий теңізінің жағалауында өскен әзербайжан жігіті елгезек, сөзшең, ісіне тиянақты, берілген тапсырманы мінсіз орындауымен танылған қатардағы жауынгер. Бір айыбы-ұйқыға дегенде әлсіз, манаурай бастайды. Қайықтағы артындағы екеу-псковтық Андрей Белоглазов пен саратовтық Иван Кузнецов бөлімшеге тыңнан қосылған, әлгі сырларына бойлап қанықпаған тұйықтау жігіттер. Бірақ өздері қайсар мінезді ме қалай? Ал Шүкірдің өз жанында алда отырған қазақстандық орыс Геннадий Карнаухов оңаша қалғанда іш тартып, шатып-бұтып қазақша сөйлеуге құмар нағыз ақ көңіл, қажет десең, киіп жүрген жалғыз көйлегін шешіп беруден тайынбайтын бір мың болғыр. Шүкір талай рет барлауға бірге аттанып, епті лігіне, батылдығына сүйсінген. Онымен бірге шыққанда дұшпанның құпияларын ақтаратын тірілей «тіл» әкеліп, маңызды деректер жинап, табысты оралатын, жолы болғыш жан. Міне, бүгінде де Геннадиймен қатар иық түйістіріп, жеті түнде жау жатағына қарай қаптаған аждаһаға тура жүзіп келеді. Артта өздеріне жалғас тағы бірнеше қайық суға түсірілген секілді. Өзен үстінде қаранқұраң көбейіп, ескектің шылпылдары молайды.

Алдыңғы сержант Еркінов бастағандар Днепрдің ортасынан асатын кез баяғыда болды. Белгіленген нысана –батыс жағалау шығындап, қайда қашып кеткен? Мүсілім жанұшыра есіп,кішкене қайықпен қарасұр өзенді кесе көлденең қақ айырып,зырлап келе жатқанмен шеті тіпті көрінер емес. Жаңа Шүкір капитанға сонау қиырдағы

туған жер төсіндегі Ойыл өзені туралы лепіре мақтанып еді-ау. Ол жарықтық қанша көтермелегенмен мынау Днепрдің енімен салыстырғанда шүлдік екен ғой. Жо-жоқ, неге шүлдік? Әркімнің кіндік қаны тамған жері өзіне мысыр шаһары! Ойылын он Днепрге айырбастай алар ма, сірә?! Аман-есен елге жетіп, суына оқсатып бір шомылар дәурен туса, шіркін! Шүкірдің көзге түртсе көргісіз түн қойнауын шарықтап кеткен киялын неміс прожекторының сәулесі кілт үзді. Өзен жағасын кезген қыдырма жарық кеңес әскерлері орналасқан шығыс беттен қарсы жаққа бағытталған қайықтың біріне барып дәл қадала шаншылды. Одан кейін Днепрдің орта тұсына жетіп үлгерген екіншісіне, үшіншісіне шүйілді. Шүкір өз қайығының үстін сипай өткен жарықтың көмегімен он шақты құлаштайындай қашықтықтағы жағаның сұлбасын аңғарды. Немістердің бекінісінен құлақ жаратын ащы дабыл қағылды. Іле-шала снарядтар безілдеді. Өзен бетінің ойран-боткасы шықты. Соңдарындағы бір қайықтың қопарыла көкке ұшқанын байқаған Шүкір:

-Мүсілім, шапшаң ес! Жағаға жетіп қалдық, тез!-деп бұйыра дігерледі. Автоматты қарына ілді де, бір ескекке жармасты.

-Шаршаудан саумын. Өзім-ақ есейін, сендер жағаға секіруге дайындалыңдар,-деп Мүсілім сержанттың құлағына өңештей айқай салды. Ант атқыр, фашистер, төңіректерін әбден төпелеуді күшейтті. Жирекке енді тұяқ іліктіреміз бе деп дәмеленіп, мылтықтарын мығымдай ұстап, қарғуға ыңғайлана бергенде, қақ тұмсық тұсынан снаряд келіп түсіп, киімдерін малмандай етіп, қайық ішіне лекіте су құйды. Жарылыс толқыны бұларды теңселте кері шегіндіріп тастады. Әттең-ай!

-Қайыққа су толды!

-Котелокпен төгейік!

-Абдырмайық!

Андрей мен Иван бір-біріне қуат беріп қойып, суды ыдыстарымен көсе төгу үстінде. Геннадий қос уыспен кіріскен. Шүкірдің қолы қолына жұқпайды, бұрқытып жатыр. Мүсілім ескекті бар пәрменімен ілгері есті.

-Жігіттер!-деді Еркінов салмақтана. Үрейге ерік бермейік. Жағаға жетпей тынбаймыз. Міне, таяу...

Ысқыра жеткен снаряд бұл жолы қайықтың тұмсығын суға еңкейте тығып алды да әуелете лақтырды.

-Уа, құдай, сақтай гөр!

Екі аяғы көкке қарап қалықтай ұшқан Шүкірдің қысылшаңда тіліне үйірілгені осы еді. Мылтығын сығымдай ұстаған қолы қарысып қалған. Жоғарылап барып, қайта құлап, бірденеге соғылғанын еміс-еміс біледі. Арғы жағы бұлыңғыр. Қанша жатқаны беймәлім, есін жинағанда жағада екенін ұғынды, ойына бірден рота командирінің шегелей айтқан тапсырмасы түсті. Аруақ қолдаған шығар, автоматы жоғалмапты. Денесі зілдей, көтертпейді, жорғалап жарға зорға жақындады. Қарысқан қолын жазып, оқты төгіп-төгіп жіберді, төрт-бес домалап барып, бөтен орыннан тағы боратты. Келесі бір тұстан Шүкірге ілесе екінші біреу автоматын сөйлетті. Алақай! Сержанттың қуанышы қойнына сыймады. Жау жақтағылар қауқылдасып, ызы-қиқы болып, өзенге қарай тұс-тұстан өршелене оқ жаудырып жатыр. Бір мезетте сақылдатып пулеметтерін іске қосты. Кеңес әскерлерінің де күткені осы екен, фашистердің бет қаратпай тұрған пулемет ұяларының орналасу нүктелерін біліп алғаннан кейін зеңбірек, минометтерімен төпелеуді бастап келіп жіберді. Зыңылдаған дауыстарынан құлақ тұнады. Артиллериялық соққыға жалғаса өзен беті қайықтарға қаптап кетті. Днепрден жаппай өтуге жағдай туды. Қиян-кескі ұрыстың ара салмағы кеңес әскерлеріне қарай ауғандай. Жалпақ өзеннен аман өтіп, алға шабуылдаушылардың уралаған үндері, бозарып атып келе жатқан таң шапағы Шүкірдің жүрегіне шаттық ұялатты. Отырған орнынан сүйретіле тұрып, көпке қосылу үшін жарға өрмелей бергенде, Геннадийді көзі шалып қалды. Үсті-басы қан-қан, ақсаңдай басып келеді.

-Достым, Геннадий тірімісің?-деп Шүкір оған құшағын жая қарсы жүгірді.

-Көріп тұрсың ғой, тірімін,-де ол да ыржалақ қақты. -Өзің қалайсың ? Жаралағансың ба? Басқаларымыз қайда?

Сержант ыңғын қықаң еткізіп, білмеймін дегендей төңірегіне қарады. Содан кейін жоғалысып, қайта табысқандай беттерінен сүйісіп, арқаларынан қағысып, мәз болысты.

-Жарайсың, достым! Әйтеуір, тапсырманы орындадық-ау!-деп Шүкір қабысқан құшақты жазды.

Өзен анғары әлі аласапыран...

...Төрт жылға созылған соғыс титықтатқанмен кеңес жауынгерлері жеңістің ауылы жақындағанын сезгендей көңілдене түскендей. Көктемнің екінші айының алғашқы күндері жаймашуақтанып, балбырап тұр. Барлаушы Шүкір Еркінов қасында екі серігі бар Кушков деревнясында табан тіреген неміс әскерлері жайлы мәлімет жинап қайтуға келеді. Төмендегі деревня қырқа үстінен сырттан бақылағанда, мүлгіген тыныштық құшағына оранған. Мұнда қалың қолды дұшпан түгіл, ел жоқ па деген әсерде қалуға болады. Үрген ит дыбысы да естілмейді. Тек бірен-саран үйлердің терезелерінен білте шамның болмашы сәулелері жылтырайды. Соған қарап деревняда тірлік барына өзіңді иландырасың. Әлде кеңес әскерлері тарапынан болмай қоймайтын шабуылды күткен тұрғындар оқтан бас сауғалап, тығылатын жер ізденп босып кетті ме екен? Әйтеуір, бір түсініксіз тыныштық.

Үш барлаушы деревня іргесіне жетіп, көше-көшені көзбен шола келіп, ортадағы еңселі үйге назар тоқтатты.

-Мынау, сірә, бір мекеменің кеңсесі болуы тиіс,-деді аға сержант Шүкір Еркінов қасындағыларға. -Терезелерін көрдіңдер ме? Шамдары жарқырап тұр. Білесіңдер ме, немістердің осы тұста қандай мейрамдары бар еді? Тойлап жатқан болар.

-Ит біле ме оны, - деп Владимир Викулов алдындағы деревняға шұқшия қарауын жалғастырды.

Шүкір ойланып барып:

-Былай істейік. Сендер осы арадан тыпыр етпей күтіп, аңдысын аңдыңдар. Үшеуміз бірдей барсақ, көзге түсіп қалармыз. Нар тәуекел, жалғыз өзім барып байқайын. Ыңғайы келсе, бірен-саранын бөктеріп қайтармын. Реті соқпаса, оны да көрермін,-деген тоқтамын айтты. Серіктері бас изесті де қала берді.

Деревняның ортасына қарай бұқпақтап, бірде бауырымен жорғалап келе жатқан Шүкір әлгі белгілеп алған кеңсесіне таянғанда, тасадан тығылып тұрып, тың тыңдады. Іштегілер немісше дабыр-дұбыр сөйлесіп отыр, қарқылдай күліседі. Ара-тұра өжектесіп қалысады. Ыңылдап ән салады. Біреуінің тілі бұралып кеткен сұр мас.

«Менің де күткенім осы ғой. Жақсы болды. Сәті түсті», - деп түйді. Ішке қалай бас сұғарын білмей дағдарды. Терезеден бе? Қауіпті. Кіріп-шығып жүргендерінен аңғарғаны, есік бекітулі емес. Не де болса есіктен кіруге бекінді. Мысықша басып, оған таман таянды. Сол қолына граната, оң қолына автоматын кезіне ұстаған күйі есікті серпи ашып, ішке арыстанша атылып кіріп:

-Хенде хох!,-деп бұйырды.

Жайбарақат отырған немістердің көздері атыздай болып, не істерлерін білмей састы. Бұрылайын десе, қарсыласының қолындағы төніп тұрған ажал қаруынан қорқады. Мылтықтарының бәрі киреберісте жинаулы. Маузері бар офицерге қарай автоматының аузын бұрып еді, ол шіркінде ес қалмады. Басын изеп, тік тартылды.

Амалдары құрыған жасақ қолдарын көтерісіп, берілуге көнді.

-Артық қимыл жасасаңдар, атып тастаймын. Сыртта серіктерім жетеді,-деп қойды Шүкір көшені саусағымен көрсетіп ымдап.

-Жан керек болса дыбыстарыңды шығармай сыртқа шығыңдар,-деді де олардың қаруларын сыпыра жинап, әрірек ығыстырып тастады да, өздерін тізілтіп айдап шықты. Есіктен шығарда офицердің маузерін суырып алып қалды. Бәрін серіктері жатқан жыраға қарай топтай қуалады. Бұларды көріп алдынан шыққан екі барлаушы мынаған сенерлерін де, сенбестерін де білмей дағдарды. Қалай сенбесін, алдарында немістің жиырма төрт жауынгері мен бір офицері тірідей тұр.

-Міне, ғажап! Міне, ерлік! Мұндай да ғаламат мол олжа болады екен-ау, -деп таңданысты олар.

Бір күні Шүкір Еркінов тобы әкелген жиырма бес «тіл» тәп-тәуір мәліметті алға жайып тастады. Шүкір алынған деректерге, өз барлауында көргендеріне сүйеніп, деревняны айналып өтіп, дивизион жауынгерлері жаудың қалың жатағының үстіне дәл түсірді. Тұтқиылдан лап берген кеңестіктер басқыншылардың он пулеметін, бір жүз елудей жауынгер мен офицерлерін жойып, сексен бірін тұтқынға түсірді. Деревня фашистерден толықтай азат етілді.

Шабуыл қорытындысын шығарған дивизион командирі, майор Сытник:

-Осы жолғы төтен ерлігі, батырлығы мен тапқырлығы үшін аға сержант Еркінов Шүкір Таңатарұлы Бірінші дәрежелі «Даңқ» орденіне ұсынылады,-деп хабарлады.

-Кеңес Одағына қызмет етемін, - деген Шүкірдің дауысы саптан асқақ естілді...

Төлеген ЖАҢАБАЙҰЛЫ

ОТАН – АНА,

СЕН ҮШІН ОТҚА ТҮСЕМ
ШҮКІРДІҢ МОНОЛОГЫ

Дабыл! Дабыл!
Отаным дабыл қақты,
Қара бұлтын қайғының қалыңдатты.
Қасиетті жеріме келе жатқан,
Жендеттерден жеркенер жаным қатты.

Адыра қалсын, Отансыз бақ-талабым,
Аттанамын, еркіммен аттанамын.
Қызыл шақа сәбиді найзаға іліп,
Немістердің кешем бе таптағанын?!

Жау тұмсығын ешқашан ендірмеймін,
Өзің қазған көріңе келдің деймін.
Отан-ана!
Сен үшін отқа түсем,
Одан басқа сөзіңді мен білмеймін.

Қауызындай тарының тарыламын,
Шытынаймын, шынықдай жарыламын.
Өңменіңе жабысқан өлексенің,
Өз алдына келтірем бар ылаңын.

Қандай майдан тағатсыз асыққаным,
Ыза-кегім теңіздей тасытқаным.
Ант беремін, айқасам ата жаумен,
Тамырымда қалғанша қасық қаным!

Шыр айналды тағдыры қас-қағымда,
Бүкіл әлем қайғысы бастарында.
Освенцим, Бухенвальд түрмелері-
Қанмен ғана қаланған тас қабырға!

Бұйырамын фашистке батыл, қатаң,
Кешір елім!
Көз жұмып кетсем дағы,
Жеңіс күнін бір табан жақындатам!

Азар болса, арсыз жау жанымды алар,
Судан таза, сүттен ақ арым қалар.
Сұрқиялы сұмдықтың түрін көрген,
Сұрланады сықырлап кемерленген.

Свастика таңбасы – қара таңба,
Бұлшық етте, ойылған алақанда.
Бозторғайдай жүрегім шыр-шыр етер,
Шұбар жылан жылжыса балапанға.

Тау теңселіп, күрсінген аспан-ана,
Қанды құрбан қарттар мен жас бала да.
Екі талай кезеңде еңсем түссе
Тфу! Бетке түкір де масқарала.

Сенім ғана жаныңа жарақ екен,
Сенімсіз дүниені талақ етем.
О,Туған жер, бір уыс топырағыңды,
Өрт ішіне өзіммен ала кетем.

Жау мазасыз масадай ызындаған,
Бұзды ұйқымды
Жай күнде бұзылмаған.
Айналайын, ата су – Ақ Жайығым,
Аман болшы, Атырау, Қызылқоғам!

Өн бойымда шарлаған өлең келер,
Топырағың жанымды желеп-жебер.
Өлім деген соншалық қорқыныш па,
Құдірет жоқ тәнімді сенен бөлер.

Ұл тудым деп қуанған, қайран анам,
Отанымдай ұлы күш қайда маған?!
Қоңыр салқын төске алып Махамбетше,
Қорғау үшін қаруды сайлап алам.

Қаскей дұшпан қарулы, айлалы да,
Сонда дағы буылар байламыма.
Ерлік пенен ездіктің сынға түсер,
Кіріп кеттім ғаламат майданына.

Аманқос ЕРШУОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Республикаға еңбегі сіңген қызметкер.

ҒИЗЗАТ ӘЛІПОВ МҰХАШ
немересінің өмірдерегі



Ғиззат Әліпов 1924 жылы бұрынғы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Морской селолық кеңесінде дүниеге келген. Балалық шағы қарт Каспийдің жағасында колхозшы семьясында өткен. Жанұяда бір апасы, үш қарындасы және ұлдан жалғыз болып өскен екен. Әке – шешесі 1930 жылдарға дейін батырақ болып, одан соң өмірлерінің соңына дейін колхозда жұмыс істеген адамдар. Ғиззат 1932-33 оқу жылынан бастап жергілікті жердегі бастауыш мектепке барып, 1940 жылы жетіжылдық білім алған соң Қызылшәлідегі өз ауылы, яғни «Қызыл ту» колхозына есепші болып жұмысқа орналасады. Сұрапыл соғыстың қайнап тұрған кезі. 1942 жылдың қыркүйек айында 18 жасқа толар – толмастан Совет Армиясы қатарына шақырылады. 1943 жылдың наурызына дейін Краснохолмск әскери училищесінде оқыған. Арнайы әскери дайындықтан өткен кіші сержант Ғиззат Әліпов Старый Оскол станциясы тұсында II Украина майдан құрамындағы 13- гвардия дивизиясының атқыштар ротасының автоматшылар бөлімшесін басқарып, алғашқы рет ұрысқа қатысқан. Бұл атақты Курск иінінде болатын. Міне, осы жерде жаудың танкілерінің шабуылына тойтарыс беруге тура келді. Бұдан кейін қыркүйек айында Кременчуг, Полтава қалаларын, ал қазан айында Днепрден өтіп Украинаны азат етуге қатысқан. Осы екі ұрыста екі рет жараланып, дала госпиталінде емделіп, көп ұзамай өз бөлімшесіне қайтып оралған. Бірақ Кривой Рог қаласын азат етерде ауыр жараланып, Тбилиси қаласындағы әскери госпитальда 1944 жылдың сәуір айына дейін емделуге тура келген. Сауығып шыққаннан кейін I Белоруссия майданы, 69- армия құрамындағы 312- атқыштар дивизиясының 599- саперлер батальонына тап болады. Осы бөлімде соғыстың соңына дейін бөлімше командирі болып, соғыстағы ерліктерін көрсеткен.

1944 жылдың сәуір – мамыр айларында Буг өзенінен өтіп, шабуылға шыққан Қызыл Армияға плацдарм дайындауға тапсырма алған саперлер бөлімшесі жауып тұрған оқтың астында күн – түн демей жұмыс істеген. Суда жүзіп жүріп, ауыр әскери техника өтетін көпір салып шыққан. III дәрежелі Даңқ ордені осы жанқиярлық ерлігі үшін берілді. Ал II дәрежелі Даңқ ордені Польшаны азат ету кезінде Висла өзенінен өтіп, плацдарм жасауға қатысқаны үшін берілді. Ал I дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталғанын 22 жылдан кейін, 1967 жылдың наурыз айында ғана білген. Ол былай болған екен:

...Түн. Екі метр жердегі адамды айыра алмайтындай қараңғылық. Анда – санда жау шебінен атылған ракеталар ғана жан – жақты жап – жарық қылып жібереді. Бөлімше жер бауырлап, жаудың алдыңғы шебіндегі тікенек сымды қиып, немістер құрған миналардан тазалап, барлық бөлімдерге тылға өтетін жол салып берген. Олар кері оралғанда, немістер байқап қалып, атысуға тура келеді. Бөлімше жауынгері әрі досы Петр Поляков ауыр жараланып қалады. Досын жау қолына тастамауға бекінген Ғиззат жер бауырлай жүріп, досын арқалап, соғыс алаңынан аман – есен алып шығады. Бөлімше командованиенің алға қойған тапсырмасын абыроймен орындап шыққаны және бөлімше командирі гвардия старшинасы Ғиззат Әліповтың жеке көрсеткен ерлігі үшін оны «Даңқ» орденіне ұсынады. Жеңісті Берлин қаласында Шпеере өзенінде 1945 жылдың 9 мамырында қарсы алады. Сөйтіп 4 жылға созылған қанды қырғындағы зұлым жаудың өз ордасында талқандауға үлес қосқан қарапайым қазақтың ерлікке толы өмірі осындай. Совет Армиясы қатарында 1947 жылдың желтоқсанына дейін болып, елге аман-есен оралады. Бейбіт жылдары Оралдың агротехникумын бітіріп, әр жылдары колхоз басқармасы, зоотехник, ферма меңгерушісі, агроном болып, денсаулығына байланысты зейнеткерлікке кеткен 1978 жылға дейін ауыл шаруашылығында қызметтер істеді. Шаруашылықта істеген жылдары да ерлікке толы өмір кешті. 1974 жылдың желтоқсанындағы қарт Каспийдің буырқанған тау толқындарымен арпалыса жүріп, қарауындағы Құрманғазы атындағы қой фермасының малы мен адамдарын табиғат апатынан аман алып қалған ерлігі мен ауыл шаруашылығына сіңірген еңбегін бағалап,

ҚКСР-ының еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» атағымен марапатталады. Бұл атақтарынан басқа да «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Польшаны азат еткені үшін», «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл» медальдарымен марапатталған. Өзінен өрбіген 5 ұл, 3 қызын өсіріп, қалаған мамандықтарына қол жеткіздіріп, өз алдарына отау етіп, 1986 жылы дүниеден өтті.

Біздің республикамызда «Даңқ» орденінің толық кавалерлері болған азаматтар аса көп емес. Бұл үш дәрежелі орденді алғандар, әдетте, Кеңес Одағының Батыры атағын иеленген азаматтармен теңдес болып есептеледі.

ЖАЛҒЫЗ ТАПАНШАМЕН НЕМІСТІ ТҰТҚЫНҒА АЛҒАН

Қазақстанның Халық жазушысы Әбу Сәрсенбаевтың бұл ерлігін қалың жұртшылықтың бірі білсе, бірі білмеуі әбден мүмкін.

Ұлы Жеңістің келуіне қаламымен де, қаруымен де атсалысқан майдангер жазушының 1943-1945 жылдары майдан даласынан жазған хаттары алғаш рет «Алматы ақшамы» оқырмандарының назарына ұсынылып отыр. 70 жылға жуық ақынның жеке мұрағатында сақталып, сартап болған хаттарды редакцияға Райхан Әбуқызы әкеліп, өз қолымен тапсырды. Бұл хаттар үлкен жүректі ақынның зұлым жаумен шайқастағы ерлік істерін, ел мен жерге деген үлкен махаббатын паш етумен қатар, бұрын-соңды еш басылымда жарық көрмегендігімен де құнды.

Ол хаттардың барлығы сүйікті жары Ләзизаға арнап жазылған,

«Алматы Ақшамы»
8.05.2012 жыл.

ЭКИПАЖ КОМАНДИРІ



Мен жазғалы отырған әңгіме кейіпкері менің әкем Хамзаның туған ағасы болатын. Әңгіме түсінікті болу үшін басынан баяндайын. Менің әкемнің Таумұқан, Жолмұхан, Ермұхан деген үш ағасы, Тәжен, Мұқаш, Әбдіхалық деген үш інісі, Ақлима атты бір қарындасы болған. Әкеміз соғыс уақытында броньмен қалып, бес әскер семьясын баққан. Төрт бауыры соғысқа кетіп, тек Тәжен аман оралған. Әбдіхалық хабарсыз кеткен. Бүгінде Мұқаштың Сара есімді қызы Атырауда, Таумұқанның Гүлжан, Гүлнәр, Күләш деген немерелері Ақтөбеде, ал Хамзаның балалары біздер Ақтөбе облысының Темір ауданында тұрып жатырмыз.

Біздің айбынды Қарулы күштеріміздің мерекесі қарсаңында Қазақстанның еңбек еткен жастарына, олардың тамаша жерлесі, коммунист Ермұхан Ыдырысов туралы оның майдандасы, авиация маршалы. Кеңес Одағының Батыры Владимир Судец (1904-1981) өз естеліктерінде былай деп жазып қалдырған.

Ермұхан Ыдырысов 1909 жылы Гурьев облысы, Сібір ауылында кедейдің отбасында дүниеге келген.

Әкесі Мақаттағы мұнай кәсіпшілігінде жұмысқа барғасын, балалары да сонда барады. Оларға да бала кезінен жұмыс істеуге тура келді. Ақтөбе және Орал облыстарында байлардың малын бағып, жастайынан жалшылық өмір кешті. 1925 жылы бұл жұмысын тастап, өзінің бақытын әкесі сияқты мұнай кәсіпшілігінен тапты. Ол мұндағы кешкі мектепте оқып, хат таныды, комсомол қатарына кірді. 1930 жылы оны Орынбор жұмысшылар факультетіне жіберді. Бұл жерде екі жыл оқығаннан кейін Ермұханды партия қатарына алды.

Еліміз бұл жылдарда өзінің қорғаныс қуатын нығайта отырып, танк әскерлерін, әскери-әуе күштерін жасақтады. Партия өзінің таңдаулы перзенттерін Қызыл Армия қатарына жіберіп жатты. 1932 жылы Ермұхан Ыдырысов та авиацияға келді.

1934 жылы Орынбордағы әскери-ұшқыштар мектебін ойдағыдай бітіріп, алысқа ұшатын бомбардировщиктікке жолдама алды. Бұл жерде ол ең жақсы, озат офицерлердің қатарына қосылды. Әуе кораблі техникасын тез меңгеріп, бірнеше жылдан кейін ол звено командирі болды. 1940 жылы ақ финдерге қарсы ұрыста үздік шығып, Ыдырысов Қызыл Ту орденімен наградталды.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап ол алысқа ұшатын 21-бомбардировщиктер полкінің құрамында фашистерге қарсы ұрысқа қатысып, Оңтүстік-Батыс майдандарының әскерлеріне біздің еліміздің территориясына басып кірген фашист-басқыншыларын талқандауға көмектесті. Аға лейтенант Ыдырысовтың бомбардировщигі екі рет әскери тапсырмадан қайтып орала алмай қалған кезі болды. Екі рет жауынгерлік тапсырманы нәтижелі орындап қайтып келе жатқан жолында жанған самолетін тастап, парашютпен секіруге тура келді. Экипаж бұл ретте де жау басып алған территориядан өз бөліміне қайтып келіп қосылып, қайтадан әскери корабльдің штурвалына отырды.

1941 жылдың сентябрінде гитлершілдер Днепрден өтіп, Донбасқа қарай беттеді. Перекоп пен Сиваштың қоршап алды. Перекопта қантөгіс ұрыс жүріп жатты. Днепр өткеліне Херсон жақтан фашистердің танк дивизиясы жақындап келе жатты. Бұл сұрапыл күндерде 21- бомбардировщиктер полкы әскери әуе күштерінің 61 – жеке Армиясының құрамында Қырым территориясы арқылы ұрыс салып жүрген. Полкқа Днепр өткелі жанында жинақталған жаяу әскерлерінің үлкен тобына соққы беру міндеті жүктелді. Бомбардировщиктер тобының басқарушысы болып, жауынгерлік есебінде бірнеше ондаған нәтижелі жауынгерлік ұшулары бар тәжірибелі жауынгер Ыдырысов жіберілді. Біздің бомбардировщиктердің соққысы сол жолы дәл және сұрапыл күшті болды. Олар Днепр оқиғасына топтасқан жүздеген автомашиналарды, ондаған танктерді, жаудың көптеген жаяу әскерлерін жойып жіберіп, Каховкадағы өткелді де қиратты.

Жау зениткасының снаряды Ыдырысов самолетінің бір двигателін зақымдап, ол өз бомбардировщиктерінің жауынгерлік қатарынан шығып, бір двигательмен төмендей отырып, қайтып кетуге тырысты. Бірақ дәл осы жерде самолетке жау истребительдері тап беріп, оны жандырып жіберді. Ыдырысов адам жаны шыдамастай алау жалынға қарамастын, жанған машинасын фашист әскерлері жинақталған жерден алысырақ алып кетуге тырысты. Ал самолеттің экипажы ірі калибрлі пулеметтен жаудың шабуыл жасаушы истребительдеріне оқ атып, олардың екеуін қатардан шығарды. Тек олардан барынша ұзап ұшып кеткеннен кейін экипажға Ыдырысов отқа оранған самолеттен парашютпен секіруге бұйрық берді. Экипаж командирінің өзі әрбір минут сайын жарылып кету қаупіндегі самолетті ең соңынан тастап шықты.

Мен үшінші рет Ыдырысов экипажының фашистер басып алған территорияда атып түсірілгені туралы хабар алдым. Ал бірнеше күннен кейін Симферополь әскери госпиталының бастығы маған телефон соғып, менің атыма жазылған мынадай хатты оқып берді: «Капитан Ыдырысов жауынгерлік тапсырмасын табысты орындап шықты. Самолетке зениттік артиллерияның оғы тиіп, әуеде жанып бара жатты.

Истребительдердің шабуылын тойтара отырып, самолет экипажы жаудың екі самолетін қатардан шығарды. Содан кейін ғана олар жанған самолеттен парашютпен секіріп түсті. Истребительдерге қарсы ұрыста жараланған және жанған самолетке денесін күйік шалған капитан Ыдырысов бес тәуліктен кейін өз әскерлері орналасқан жерге аман-есен қайтып оралды.

Бұл хабарды ұрыста Ыдырысовпен бірге болған самолетіміздің экпиаждары да қуаттады.

Дәл сол күні мен капитанға жолықтым. Ол күйген қолдары мен беттерінің бәрі таңылып тасталған күйі төсекте қимылсыз жатыр екен. Соған қарамастан ол жауынгерлік тапсырманың орындалуы туралы, өз жолдастарына қалай жеткені туралы жауынгерше дәл және анық етіп айтып берді. Жерге түскеннен кейін Ыдырысов жағадағы қамыстың арасына жасырынады. Ал түн бойына жұлдыздарға бағыт ұстап Перекопқа қарай жүріп отырады. Сөйтіп оған бесінші күні келіп жетеді. Перекоптың солтүстік бөлігі фашистердің қолында еді.

Сондықтан ол мойнақты Сиваштың таяз сулары арқылы айналып өтпек болады. Түн бойы денесіндегі күйік пен жарақатты ашытқан тұзды суды көкірегінен кеше отырып, Ыдырысов Перекоп мойнағының

жағалауымен оңтүстікке таман орналасқан өз әскерлеріне келіп қосылып, сол жерде госпитальға жеткізіледі.

-Ал, қалай Ыдырысов? Енді ұшпайтын шығармыз? Сені емдеп шығарамыз да тылға жібереміз. Онда авиация мектебінде жастарды оқытатын боласың,-дедім мен.

Ал Ыдырысов болса:

-Емделіп шыққаннан кейін тағы да фашистерді соғуға шығамын,- деп жауап береді.

Ол солай етті де. Екі айдан кейін госпитальдан шығып, тағы да ұрысқа ұшып шықты. Майор Ыдырысов 1943 жылдың 21 сентябрінде кезекті жауынгерлік тапсырманы орындау үстінде қаза болды. Жауынгерлік ерліктері үшін ол Ұлы Отан соғысы орденімен наградталды.

Мен онымен бірнеше жыл авиацияда, ақ финдермен болған ұрыстарда және Ұлы Отан соғысы майдандарында бірге қызмет істедім. Ол тамаша ұшқыш, адал жолдас, үлгілі коммунист және Отанының үлкен патриоты еді. Ұлы Октябрь мен Совет өкіметі сауатсыз бақташыға үлкен мәдениетті адам, офицер –ұшқыш болып шығуға жағдай жасады. Ол Отанның бұл қамқорлығына өзінің үлкен махаббатымен жауап берді. Ел басына төнген қатерлі күндерде ол оның адал ұлы ретінде Отанының бостандығы мен тәуелсіздікті қорғау жолында өз жанын да пида етті.

Ермұқан Ыдырысовтың тамаша өмірі Отанға адал қызмет ету мен қалтқысыз берілгендіктің жарқын үлгісі болып табылады.

Материалды тапсырған
Гүлсім ХАМЗАҚЫЗЫ ҚОШАҚАНОВА.
Темір ауданы,
Ақтөбе облысы.

ЖАРҚЫН ӨМІР

Ошақбай ата-анасының ыстық бауырында балалықтың ерке дәуренін, бал қызығын емін-еркін өткізе алмады. Екі жасында әке-шешесінен жетім қалды. Нағашысы оны қолына алып, жетімдік таксіретін сездірмей мәпелеп өсірді. Бұл алты жасқа толғанда нағашысы дүниеден қайтты. Бұдан кейін Әулиеатадағы балалар үйінде тәлім-тәрбие алады. Оңы мен солын таниды. өмір мәніне ой жүгіртіп, болашағына талпынады. Он жеті жасында осындағы ФЗУ-ға қабылдады. Бұл кез Түрксиб темір жолы салынып, бүкіл елді дүрліктірген мезгіл болатын. Училищені бітірген соң жолдамамен Аягөз станциясына келіп жұмысқа орналасады. Бұл Ошақбайдың алғашқы еңбек қадамы еді.

Бір айдан кейін Әулиеатадағы техникалық мектепке оқуға жіберіледі. Одан соң қайтадан Аягөзге келіп, вагон қараушы мамандығы бойынша қызметін жалғастырады. өз құрдастарымен бірге әскери борышын өтеуге аттанады. Қолына қару ұстап, Отан қорғау ісін күн санап үйреніп машықтанғалы бір жыл сырғып өте шығады. 1939 жылдың күзінде фин соғысы басталады. Ошақбайдың ұрысқа әлденеше рет кіріп, оны жеңіспен аяқтаған кездері аз болған жоқ.

1941 жылдың 22 маусымында бұрқ еткен ұлы Отан соғысы басталып кетті. Нақ осы сәтте О.Сатыбалдиев Псков қаласы маңында болатын. Алғаш рет жаумен 3 шілде күні бетпе-бет кездесті. Қиян-кескі шайқастар көп күнге созылды. Бақайшығына дейін қаруланған гитлершіл фашистер кеңес әскерлерін кейін қарай тықсырта берді. Полк майдан шебін Старорусь, Ленинград бағытына қарай бұрып, осында қорғаныста болды.

1941 жылы бір топ жауынгер Қазан қаласында үш айлық әскери курстан өтеді. Оның ішінде О.Сатыбалдиев та бар еді. Оны бітірісімен жауынгерлер Горький қаласына келіп түседі. 1942 жылдың мартында осында 11-танк корпусы жасақталады. О.Сатыбалдиев 160-танк бригадасына Т-34 маркалы танктың аға механигі болып бекітіледі.

Көп кешікпей бригада ұрысқа шығу туралы бұйрық алады. Воронеж қаласы түбінде неміс-фашистеріне қарсы тұтқиылдан шабуыл жасау танк полкына жүктеледі. Қан төгіскен шайқастар бірнеше тәулікке созылады. Жауынгерлер бір адым кейін шегінбей, табан тіресіп шайқасады. Аға механик О.Сатыбалдиев осы шайқаста асқан ерлігімен көзге түседі. Үш рет жарақат алады. Сөйтсе де ұрыс даласын тастамайды. Сөйтіп қала жау қолынан азат етіледі.

Бұдан кейін полк Орел, Невель, Елец, Брянск қалалары маңындағы ұрыстарға қатысады. Сосын Оңтүстік майдан құрамында Запорожье, Ворошиловград қалаларын жаудан босатады. О.Сатыбалдиев бұл ұрыстарда дұшпанның бірнеше техникасын жойып, көптеген солдатын мерт етеді.



Майдангер төртінші Украина, бірінші Белорусь майдандарында болып, талай-талай ірі шайқастарды бастан кешіреді. Оқ пен оттың арасында жүріп, жауына қырғидай тиеді. Совет жері жаудан азат етіліп, ұрыстар ендігі жерде Польша жерінде жалғасады. Кеңес әскерлері Берлинге қарай бағыт түзейді. 1945 жылдың сәуір айының аяғына таман Берлин үшін бұрын-соңды болмаған айқас басталады. Бұл шайқаста Кеңес Одағының жеңісімен аяқталды. Жеңісті тойлағандардың ішінде танкист О.Сатыбалдиев те бар еді.

Ия, төрт жыл бойына темір құрсаулы танкіні меңгеріп, жауына арыстанша атылған О.Сатыбалдиевтың жүріп өткен жолында ерлікке бергісіз оқиғалар аз емес. Еліміздің әр сүйем жері үшін қаншама қан төгілмеді десеңізші. Бұл ретте Ошақбай Курск ішіндегі қырғын шайқасты әсте ұмыта алмайды.

1943 жылы қақаған қыс суығында Мечта биіктігін жау әскерлері кешке қарай басып алады. Осы биіктіктен небәрі бес-алты километр жерде тұрған орман арасындағы танк отрядына таң атқанға дейін қалайда жаудан Мечта биіктігін қайтарып алуға тапсырма беріледі. Түн ішінде танкілермен шабуыл жасалады. Бұл шабуылға неміс солдаттары төтеп бере алмай, биіктікті тастай қашуға мәжбүр болады. Жаудың қару-жарақ қоймасы жойылып, 170 солдаты тұтқынға алынады.

Осы жолғы шайқастан соң О.Сатыбалдиев «Қызыл Жұлдыз» орденімен, ал Ковель қаласын алғаны үшін екінші «Қызыл Жұлдыз» орденімен, Варшаваны алғаны үшін III дәрежелі Даңқ орденімен, Орелды алғаны үшін «Ерлігі үшін» медалімен, Берлинді алғаны үшін үшінші рет «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградталады.

Соғыстан соң туған еліне оралған О.Сатыбалдиев бейбіт еңбекке араласып, 1981 жылы құрметті еңбек демалысына шықты.

Ошекең бейбір өмірде де майдандағыдай еңбек ерлігін жасап, тамаша істер атқарды. Бойындағы күш-қабілетін Отан игілігі жолындағы күреске арнады. Күреспен өткен өмірдің қуанышты сәттері де аз болмады. Оның омырауындағы наградаларды бейбіт заманда алған медальдар толықтыра түсті. Сөйтіп Ошекеңнің орден, медальдарының ұзын саны 22-ге жетті.

Ошекең көсегесі көгерген, өркені өскен бақытты семья иесі болды. Жұбайы Шырын екеуі 11 ұл мен қызды тәрбиелеп өсіріп, солардың қуанышын көрді. Ардагер азамат, ержүрек жауынгер 1993 жылы қайтыс болды.

Баян АМАНЖОЛОВ,
Жаңатас қаласы.

БИЛЕР



ОТ АУЫЗДЫ, ОРАҚ ТІЛДІ ШЕШЕНДЕР

«Қазақ қоғамында осындай біртұтастық дарытып, ынтымақ орнықтырған ежелгі ереже қағидалардың үлгілі нұсқасы, халықтың тәртіп низамының, салт дәстүрінің жүйелі жиынтығы – атақты «Жеті Жарғы» – дана бабаларымыздың «Қасым ханның Қасқа жолы», «Есім ханның Ескі жолы» деп аталатын мемлекет басқару мен халықты билеудің қалыптасқан жосықтарын негізге ала отырып, сахараның сол заманғы тұрмыс-тірлігіне, қоғамдық, әлеуметтік ахуалын ескере отырып, келешектің қамын ойлап, жан-жақты байыпталған заңгерлік ұлы мұрасы еді».

«Ендеше сол бір жан-жақтан жау анталап, іргеден қиқу кетпей тұрған тұста күллі ұлтты түгел ұйытып, ұйымшылдыққа бастаған, рухани ізденіске мұрындық болған кімдер еді?



Сондай даналардың ішінде сол дәуірдің үш кеменгері деп танылған Әлібекұлы Төле бидің, Келдібекұлы Қазыбек бидің, Бәйбекұлы Әйтеке бидің орны бөлек. Барша қазақ баласы аттарын ардақтап, айтқандарын жаттаған осы үш бабамыздың ел алдындағы еңбегіне, халық қамын жеген қасиетті ісіне сөз жеткізіп, баға беру қиын-ақ. Халық болып бақталғанымыз, міне, бүгін егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тігіп отырғанымыз, тіпті басқасын былай қоғанда, ата-баба жерінде басымыз аман, бауырымыз бүтін жүріп жатқанымыз үшін бүгінгі ұрпақ осы аталарымыздың аруағының алдында бас иеді.

Үш данагөйдің өнегелі өмірі, ел қамын жеген адал еңбегі, топ бастаған көсемдігі, от ауызды, орақ тілді шешендігі, мүлтіксіз әділдігі жөніндегі айтар әңгіме аз емес. Олардың аузынан шыққан бітімді бата, кесімді баға, ордалы ой, бедерлі теңеу, төрт аяғы тең жорға толғаулар ғасырдан ғасырға жұрт аузында жатталып, бүгінгі күнге жетті. Осынау асыл мұра билер сөзі кім-кімді де таңдандырмай, тамсандырмай қоймайды. Билер данышпандығының бір ғана сәтін бүгінгі жиында еске түсіре кетейік...

«Иә, ағайын, бәріңіз білесіздер, олар жаңа ғана аталған қасиетті бабаларымыз Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би еді.

Үш ұлы би тарихтың дәл мұндай тарихтың тар өткелінде бірліктен қалған жұрттың тірліктен де үміті үзілетінін ашық көрсетті. Қазақ батырларына үш жүзге сауын айтқызып, халықты алқалы жиынға шақырған да сол ұлы бабаларымыз болатын.

Үш ұлы бабамыздың даналығы, даралығы, міне, осындай қысталаң шақта ерекше білінді. Олар елдің ертеңін дәл болжап, ұрпақты сақтап қалудың, туып-өскен жерді сақтап қалудың жолында асқан кемеңгерлік көрсетті.

Міне, осы сияқты бір мақсат жолында бірге күрескен XVIII ғасырда өмір сүрген үш ұлы бидің өмірінен бүгінде біз алатын тағылым толып жатыр».

«Үш ұлы бабамыз сонау бір қилы кезеңде осы Ордабасының биігіне шығып, терістіктегі Арыс пен Бөгенге, күншығыстағы Қазығұртқа, арқа жақтан мұнартқан Қаратауға қарап тұрып, ел бірлігі, халық ынтымағы туралы кезек-кезек ой толғаған екен. Осы Ордабасы биігінде киіз туырлықты қазақ атаулы ауызбірлікшіл болуға серттескен екен, Әбілқайырдай бас сардарын сайлап, ата-жауға аттандырып салған екен. Кейін айбынды Абылай хан, Қабанбай, Жәнібек, Наурызбай, Райымбек, Есет, Бөгенбайлардай талай-талай мықты білек, түкті жүрек батырлар сонда айтылған армандарға түгел жетіп, қазақ даласының төрт тарабын да басқыншы жаудан түгел арылтып алғанын білеміз».

«Осы арада тағы да ұлы бабалар даналығын еске аламыз». «Елдің бағын ашпаса, ер мұратқа жетер ме! Ерінің сағын сындырса, ел мұратқа жетер ме?! Ел тірегі – ері, ер тірегі – ел» болса, білген қауымның басынан бағы ,кетер ме?! Есті еріңді ез тұтсаң - өзіңді өзің қорларсың, есеріңді ер тұтсаң – іргеңізден жау кетпей, сойқаннан сойқан жолығып, сорларсың да зарларсың. Ел мұраты – көрешек, ер мұраты-келешек. Көрешегін күйттеген-түбі қоймас сүрінбей. Жетелі ер адаспас-бағзыдан қалған із бар ғой», - деген екен Әйтеке би Күлтөбедегі бір жиында».

«Біздің де аңсарымыз-еліміздің көсегесінің көгергені, дәулетті де сәулетті өмір сүргені. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би заманындағы басты мақсат та – дәл сол».

«Береке басы-бірлік.

Бірлігіміз берік болса, болашағымыз баянды болары даусыз.

Лайым, ынтымағымыздан айырмасын!

Толық тәуелсіздікке жетудің ұлы жолында бізді халқымыздың үш данасы, үш көсемі, қасиетті бабаларымыз – Төле бидің, Қазыбек бидің, Әйтеке бидің аруағы қолдап жүрсін!»

Н.Назарбаев. «Қазақтың ата заңдары».
Алматы «Жеті жарғы», 2001ж.
63-64-беттер.

ҚАРАЖІГІТ БИ ТӨЛЕБАЙҰЛЫ

XVIII ғасырдың отызыншы жылдары осы күнгі Атырау облысының Жем өзені маңында дүниеге келген. Он екі ата Байұлы тайпасының Шеркеш руының Қосым-Шора әулетінің Досым тармағынан шыққан Қаражігіт би Төлебайұлы 1797 жылы Шеркештің үш ауылын Сарыарқаның Ұлытау аймағына көшіріп келген. Атақоныстан ауа көшу себебі патша өкіметінің қоныстарды тартып алуы, Сырым батыр көтерілісінің жеңіліске ұшырауы негізгі себеп болды. От ауызды, орақ тілді шешен болған, қара қылды қақ жарған би Қаражігіт есімі ұрпақтан ұрпаққа аңыз болып келеді. Ол 1800 жылдардың бас кезінде Сарыкеңгір өзенінің бойындағы Қотырбұлақ деген жерде дүние салған. 2003 жылы оның ұрпақтары Қаражігіт бидің Шеркеш таңбасы айқын бедерленген құлыптасы бар бейіттің тапты. Айтулы Әубәкір молданың жазбасындағы деректері толық айқындалып, бидің немересі Қабанбайдың айтып кеткен өсиетнамасы орындалды. Төменде төрт толқын болып қоныс аударған Кіші жүздің алғашқы толқын көшін бастаған би, айтулы шешен Қаражігіттің түрлі дерек көздерінен жиналған шешендік сөздерін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

БАБАЛАР ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ ҚАРАЖІГІТ БИ ТУРАЛЫ

Қаражігіт, Қабанбай бола алмадым,
Бойына өзен судың қона алмадым... деген өлеңді 90-



нан асып қайтыс болған, көп жасап, көпті көрген ағамыз Бақтияр Нұғыманов ыңылдап айтып отырушы еді. Ата – баба тарихы туралы әңгімелегенді ұнататын, әңгіме - өлеңдерді көп білетін кісі болатын. Жаңағы өлеңді тыңдаған соң бірде: «Бұл кімнің өлеңі?» деп сұрағаным бар. «Кім білсін, кімдікі екенін. Әйтеуір ,аталарымыз Арқаға қоныс аударғаннан кейін айтылғаны ақиқат. Қаражігіт би бабамызды дүйім қазақ біледі, ал Қабанбай атамыз да өз заманында ел бірлігі үшін үлкен еңбек қылған айтулы адам», дегенді қадап айтатын. Қабанбай бабамыздың есімі Қаражігіт бимен қатар аталғанына қарағанда бұл кісі тегін болмаған-ау деп ойлаушы едім Бақтияр атамыздың әңгімесін тыңдап отырып. Ол кісі туралы нақты деректермен танысудың сәті кейінірек түсті.

Бірде «Парасат» журналынан Рақымжан Отарбаевтың «Махамбет пен Баймағанбеттің өлімі» деген тарихи мақаласын оқыдым. Онда Батыс өлкедегі Кіші жүз руларының Оңтүстік, Орталық Қазақстанға ауа көшуінің себебі ашық жазылған екен. Рақымжан Отарбаевтың Москва архивінен тапқан дерегі бойынша Сырым Датұлының көтерілісі жеңіліске ұшыраған соң, 1797 жылы шеркеш Қаражігіт би Төлебайұлы бастаған үш ауыл Арқаға қоныс аударады.

Кіші жүз Қаражігіт би Сырым Датұлымен ұйымы бір туысқан болған. Сырым Датұлының 14 жылға созылған ұлт-азаттық көтерілісіне белсене қатысқан. Жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлының зерттеуі бойынша, Сырым Датұлы 1742 жылы туған, ал Қаражігіт би Сырым Датұлынан жасы аз-кем үлкендеу. Қаражігіт би Он екі ата Байұлының шеркешінен тараған. Сырым сол атаның байбақтысынан. Шежірені қуалап келгенде Қаражігіт пен Сырым батырдың арасы туысқандық жағынан алты атаға келеді. 1797 жылы Сырым батыр орыс патшасынан оң пейілмен қараған Есімханды өлтірген соң бұдан былайғы жағдайдың қиын болатынын біліп, батыр бастаған бір топ Хиуа хандығына

кетеді, ал Қаражігіт би бастаған үш ауыл Ұлытауға қарай бет түзейді. Қаракеңгір өзенінің басына келіп, үйлерін тіккен шеркештерді бұл жақтағы Орта жүзден арғын, қыпшақ, найман рулары қарсы алады. Бұл жақтың бас көтерер игі жақсыларымен араласып, жөн сұрасқанда «руымыз шеркеш» дегенде «шеркеш пе, серкеш пе» деп қайталап сұрай берген соң «алшынбыз» депті. Сол кезден бастап күні бүгінге дейін ру сұрасқанда, жаңағы үш ауыл өздерін «алшынбыз» деп қысқа қайырады.

Кіші жүз Қаражігіт би туралы көзі қарақты, тарихтан хабары бар жандар біледі. Қаражігіт би билік құрғанда айтылған аталы сөз екен деген ұлағатты әңгімелері бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Өз әкем: «Біздің бұл жаққа келгенімізге екі ғасыр болды ғой. Үлкендердің айтқанынан менің есімде қалғаны мынандай әңгіме еді»,- деп айтып отыратын.

Ертеде барымташылар Кіші жүздің малын айдап әкетеді. Барымташылардың соңынан қумаққа әзірленіп жатқанда бір ақсақал: «Малдың ізін суытпай барғандарың дұрыс, бірақ қастарыңа мына Қаражігітті ала барыңдар», -дейді. Қуғыншылар Қаражігітті баласынып алғысы келмейді. Ақсақал оларға бала Қаражігітті еріксіз қосып жібереді.

Қуғыншылар ешқайда бұрылмай суыт жүріп отырып, барымташылардың ауылына жетеді. Ауыл адамдары сәлемдесіп, жолаушылардың аттарын байлап үйге кіргізеді. Келгендер амандасып болған соң, төрде отырған ақсақал сөз бастап, жөн сұрай бастайды. Ең соңында елеусіздеу есік жақта отырған бала жігітке көзі түсіп:

- Анау босағада отырған жарау жігіт кім? – дейді.

Сонда Қаражігіт орнынан атып тұрып:

Жарау емес қатумын,
Малымды алған адаммен,
Араз емес татумын.
Ел шетінде болмасам,
Жаудың менде несі бар?
Ат орнына тай алсам,
Даудың менде несі бар?
Тай орнына қой алсам,
Сөздің менде несі бар? – дейді.

Сонда ақсақал: «Әй, бала, сенің орның босағада емес, төрде екен»,- деп өзінің оң жағына отырғызыпты.

- Ал жігіттер, әңгіме түсінікті болды. Жаңағы айтылған сөзге тоқтасаңдар, демала беріңдер. Мен қазір келемін, - деп сыртқа шығып кетеді.

Ертеңіне малдарыңыз дайын болды деген соң, қуғыншылар малды барып көрсе, ұсақталып кетіпті. Бұған қуғыншылар реніш білдіріп: «Ең болмағанда мына ұсақ тай-тұяқты бастап жүретін төрт-бес ірісін де қоспапсыздар., бұған келіспейміз», - дейді. Сонда аталарының сынайын байқаған Қаражігіт: «Майдаланып кетті демесеңдер, саны түгел. Бұдан артық не керек сіздерге. Өз шамамызды байқайық та. Малымыздың басына басын, жасына жасын даулап аламыз деп жүргенде екі – үш жылда мына жабағың құнан, тайың бесті болмай ма?! Сөйтіп бірінің орнын бірі басар мал басатынын неге ойламаймыз», - деп, оларға басу айтыпты.

Кешеден бері қуғыншыларды қабылдап бірге болған ақсақал Ұлы жүздің атақты Төле би екен. Қаражігіт баланың айтқандарына дән риза болған Төле би сонда:

- Кіші жүздің ендігі биі сен болатын күн де алыс емес, - деп Қаражігіт балаға батасын беріпті.

Қаражігіт би туралы Иманжан Жылқыайдаровтың «Шақшақұлы Ер Жәнібек» поэмасында да :

Баласына қазақты,
Хандық құрды Абылай.
Айтулы бұлар ер еді,
Бұларға кім тең еді.
Тұсындағы билері –
Әбілмәмбет, Әйтеке,
Қаражігіт, Қазыбек,
Әлібекұлы Төле еді.
Бұлар да аскан бел еді,
Сайраған шешен тіл еді, - деп жырланады.

Қаражігіт бабамыз Арқаға бастап келген елді Орта жүз жұрты жатырқамай, бауырына тартып, қоян-қолтық араласып кетеді. Бірақ көп ұзамай би науқасқа шалдығып, қайтыс болады. Ата қонысынан үдере көшіп, Арқаға келген Кіші жүздің үш ауылы Қаражігіт би қайтқанда: «Енді жағдай не болады? Бізді енді кім басқарады?» - деп абдырып қалады. Осы тұста ауыл үлкендері «Жас та болса, бас болуға осы лайық»,- деп жасы 20-ға әлі тола қоймаған Қабанбайды елге басшы етіп сайлайды.

Қаражігіт би алты ағайынды болған. Қабанбай – бидің інісі, Байғұлдың кенже ұлы Қаражігіт бидің өзінің сегіз ұлы болған. Би інісінің ұлы Қабанбайдан кішкене кезінен үміт күтіп, үнемі қасынан қалдырмай тәрбиелеп жүреді екен. Ел тізгіні қолына тиген Қабанбай: «Біз жаз жайлауға, қыс қыстауға лайықты жер іздегеніміз жөн. Қотырбұлақтың бойына әкемізді аманат қылып қоялық. Кейін тұрақты мекен тапқан соң мәйітті сол жерге қоярмыз»,- дейді. Ел осыған бәтуаласады.

Биді жерлеген соң Қабанбай бастаған бір топ азамат Сарысудың бойын жағалап, қонысқа жайлы жер іздейді. Жаз жайлауын Сарысудың бойынан, қыс қыстауын Шу өзенінің бойынан табады. Осылайша Қабанбай үш ауылдың жаңа ортада жүдеп- жадамай, орныгып, жайлы тұрмыс кешуіне бар қажыр – қайратын аямай жұмсайды. Осылай екі өзеннің бойында қысы – жазы ұбап-шұбап көшіп жүрген шеркештер кейін осы төңірекке қоныс аударып көшіп келген Кіші жүздің тама, жағалбайлы руларына қосылады. Бұл кезең 1830 жылдардың мұғдары. 1830 жылы Ақмола құрылғанда осы уезге карасты рубасыларына билерге Ресей патшалығына қосылуға шақыртқан хат тапсырылады. 1832 жылы 9 қаңтарда Ресей патшасы бірінші Николай Қазақстанда Ақмола сыртқы округін ашу туралы бұйрық шығарады. Осы округтің құрамындағы болыстар сайланады. Алшын – Жағалбайлы болысы болып Қабанбай Байғұлов сайланады. Бұл туралы дерек мұрағаттарда сақталған. «Ақмола тарихы» деген зерттеу еңбекте де нақты жазылған. Бір болыс ел болған. алшын-жағалбайлылардың жаз жайлауы Жетіқоңырдан Сарысуға дейін, кей жылдары одан да өтіңкіреп, Орта жүз ағайындармен қоныстас болып көшіп жүрген. Қыс түссе, Шуға қарай үдере көшкен жұртқа ілесе алмағандары Жетіқоңырда қыстап қалып отырған. Нақтылап айтқанда, жаз жайлауы қазіргі Қызылжар мен Түйемойнақ станцияларының аралығында. Олай дейтініміз, дәл осы аралықта Қабанбай болыстан бастап біраз аталарымыздың бейіті жатыр.

Қабанбай атамыз 78 жасында Шу өзенін қыстап отырғанда қайтыс болады. Қайтыс боларының алдында ол былай десе керек: «Көрген түсіме қарағанда көп аялдамаспын. Әлдеқалай аманат қойған атамызды тұрақты қонысымызға әкелудің ыңғай, ығыты болмады. Алланың ақ бұйрығы келіп қалса, мені бұл жақта қалдырмай Ұлытауға апарыңдар. Қотырбұлақта жатқан Қаражігіт атамның қасына апарып қойыңдар. Ол кісі жалғыз жатпасын, серік болайын»,- дейді. Айтқанындай қыс ортасы ауа қайтыс болады. Денесін қыстай сақтап, көктем шыға мәйітті түйеге артып алып, бірнеше жігіт Қотырбұлаққа қарай сапарға шығады. Жеті-сегіз күн жүріп, Сарысу өзеніне таянғанда биіктеу жалпақ жота көрінеді. Сол жотаға жетіп демалған жолаушылар Қотырбұлаққа енді үш-төрт көштей жер қалғанын жобалайды. Таңертең ертемен тұрып, аттарын ерттеп, жүктерін артып, түйелерді тұрғызайын десе, мәйітті артқан түйе орнынан қозғалмай жата береді. Үстіне қос артқан екінші түйе жол жүруге даяр тұр. Жігіттер қанша ұрып-ұрысқанымен түйе орнынан тұрмайды. Бұл қалай болды деп мазасызданған жолаушылар енді қос артқан түйеге мәйітті айырбастайды. Бір ғажабы, жаңа ғана орнынан тұрып жүруге даяр тұрған қос артқан түйе үстіне мәйітті артқан соң орнынан тұрмай жатып алады. Осылайша бірнеше рет қайталанып, жолаушылар әбден шаршайды. Мезгіл түстен асып, кешке таяйды. Амал, айла таппаған жігіттер сол жерде ақылдаса келіп, құдайдың бұл кісіге бұйыртқан жері осы болар деп Қабанбай болысты жаңағы жотаның үстіне жерлейді. Сол маңайдың тұрғындары жаңағы жотаны «Қабанбай биігі», «Қабекең биігі» деп атайды. 2007 жылы жазушы Пернебай Дүйсенбиннің Алматы қаласынан «Үркердей болып көшкен жұрт...» деген тарихи-танымдық, деректі шежірелік әдеби туындысы жарыққа шықты. Осы кітапта бұдан екі ғасырдан артық уақыт бұрын Батыс Қазақстаннан Орталық Қазақстанға қарай үдере көшкен Кіші жүз ауылдары, Қаражігіт би, Қабанбай болыс, олардың ұрпақтары туралы көптеген деректер келтірілген. Пернебай Дүйсенбин екеуіміз 2003 жылы Сарыкеңгір ауылынан 10-15 шақырым жердегі Қаражігіт бабамыз жатқан Қотырбұлаққа бардық. Қотырбұлақта Дәулеткожа деген фермер азамат отыр екен. Ол кісі бізді қорымға алып барды. Қорымды айнала жүріп, Қаражігіт би мәңгілік ұйқыда жатқан жерді іздедік. Жер болып кеткен, бас жағына көгілдір шаршы тас қойған жер бетіне 50-60 сантиметр шығып тұрған тасты көріп, «осы шығар, бәлкім» деген жобамен тастан Кіші жүздің белгі таңбасын іздедік. Адамның түйсігі алдамайды екен, жаңағы тастан іздеген таңбамызды таптық. Шеркеш руының бақан таңбасы әлгі тасқа салыныпты. Бабамыздың жатқан жерін анықтап, рухына бағыштап құран оқыдық.

Сонау бір заманда Арқаға қоныс аударған, Орталық Қазақстанда бүгінде үлкен іргелі елге айналған үш ауыл тарихының бір парасы, міне, осындай. Сол үш ауыл жұрттан тараған ұрпақтары бүгінде Жаңаарқа ауданының Түгіскен, Ералиев, Қызылжар, Жәйрем елді мекендерінде, сондай-ақ Жамбыл облысының Сарысу ауданында, Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ, Түркістан, Арыс, т.б. аудандарына қоныстанған.

Берген ҚОЖАМҰРАТҰЛЫ.
Ералиев ауылы,
Жаңаарқа ауданы

ҚАРАЖІГІТТІҢ АРЫНЫ

Қаражігіттің аз-кем билік құрып, ел алдында абыройлы көтеріле бастаған кезі екен. Кіші жүздің өз ішінде болған

бір дауда шеркеш руымен іргелес отырған Адай руы арасында мал дауы болады. Сонда ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермей отырған адайдың Бектен деген биі шеркештерді сөйлетпей, қайта-қайта алдарын кес-кестей береді. Сонда отыздан енді асқан жас түлек Қаражігіт ортаға қамшысын шиырып тастап:

- Ей, Бектен, ағын су тасып ақса жарға ұрар, кеңіген соң кемері байыз тауып басылар. Ақылды адам ашуын сабырменен безбеңдер. Бәтуасыз дау қуар, ата жолдан безгендер. Жүйесін тауып тұрған дауды қаузай бергенше, бәтуалы бітімге келгеніміз жөн емес пе? – депті.

Сонда Бектеннің қасында ісініп-кебініп, бетіне майы шығып отырған біреуі:

- Мынау біреу қайыс қаран кім өзі? Қазанның түп күйесіндей, - депті ауыр денесін ырғай сөйлеп. Сонда Қаражігіт әлгіге жалт бұрылып:

- Әй, халайық! Дүбірлі жарысқа тоқ аттың шапқанын көрдің бе?! Шапқанын көрсең, оқ бойы оза шауып, топ алдына келгенін көрдің бе?! Қалың додаға қаншырдай жараған сұлықтай сұлу ат шаппаушы ма еді?! Мәрелі жерге ағындай келіп, топ алдынан арқырап өтпеуші ме еді?! Рас, мен қатқан қара шығармын, бірақ ел намысы үшін жарау аттай шапқан қарамын. Қарадан қапалық көргендей көп алдында таусыла сөйлейтін келелі себебің бар ма, әлде алдыңнан шығып, аяқтан шалды деген дәлелің бар ма?!

Дүниеде көмірден қара нәрсе жоқ. Бірақ ол қара екен деп безген жұртты көргем жоқ. Біле білгенге көмір қара болғанмен, жаққан оты дара болады. Ал түсі ақ болып, қылған ісі қара болса, ондай жанның оңғанын көрген жоқпын.

Көнекөздер: «Айғыр-алаң, ат-семіз» деген. Алаңы жоқ бидің бөксесі бөкпен, бұғағы батпан болады, алаңы көп бидің қабағы қатыңқы, бұғағы батыңқы болады. Көлеңкеде күн кешпей, күн астында қақталсаң, қазанның қара күйесіндей боласың. Әділетсіз бидің кеселді кесіміне ішің қара қазандай қайнап, жұлған көктей соласың, - депті.

Жас жігіттің сөзін үй іші сілтідей тынып тыңдап қалыпты. Тау суындай тасқындап сөйлеген жас бидің арынынан секем алған Бектен:

- Жә, тоқта, жігітім! Жетті енді. ұтыс сенікі. Ат-шапан айып бізден, - деп басалқы жасап, даулы малдарын түз-түгел қайтарған екен.

Шежіреші қария ***Кәрібоз Дүйсенбайұлынан*** *жазып алған – Пернебай Дүйсенбин.*

ҚАРАЖІГІТТІҢ ҚАЗЫБЕК БИДІ АСҚА ШАҚЫРУЫ

Кіші жүз елінде Қаражігіт бидің туысқандығы жағынан таяу әкесі деуге де болатын Орақ батыр деген қарт кісі қайтыс болады. Орақ батыр халқы үшін қызмет қылған кісі еді дейді. Сол кездегі ел басына түсіп жатқан неше түрлі қиын-қыстауда жетім-жесірге, кәрі-құртаңға өзінен күш кеткенше көмек беріп, тоқсан үйлі тобырды, туысты аңмен асыраған адам екен. Сол жағдайларын ескере отырып, ол кісінің өз кіндігінен бала болмағандығын да ойлап, елімен ақылдасып, ас беретін болып, соған келіңіз деп Қаражігіт би 94 жастағы Орта жүздің Қаздауысты Қазыбек биіне кісі жібереді. «Қазеке, осы асқа қатысыңыз, қатыспасаңыз халқыңыз өкпелейді», - депті.

Сонда Қазыбек би осы асқа барарын да, бармасын да білмей, сол түні дөңбекшіп, мазасызданып шығыпты. Бұл кезде Қазыбек би Сырымбет деген кіші баласының қолында екен. Сырымбет бұны біліп, Бекболатты шақыртыпты. Хабарды естіген соң, Бекболат қасына 25 кісі ертіп келіпті. Келгесін Сырымбет ағасына:

- Әкең түнімен кейіп шықты, кіші деп маған сырын айтпады, неге кейігенін сен сұрашы, - дейді.

Сонда Бекболат:

- Әке, түнімен неге мазасызданып шықтыңыз? – дейді.

- Саған оны біреу айтты ма, оны қайдан білдің? – дейді әкесі.

- Сіздің тынышыңыз кеткен соң менің де тынышым кетіп келдім,- депті Бекболат.

- Жарайды, менің тынышым кеткенін білсең, менен туған екенсің, - дейді әкесі. - Кіші жүз сауын айтып, адам жіберіп, асқа шақырып жатыр. Соған бармасам, халықтың ренжитінін айтып, Қаражігіт хат жазып жіберіпті. Барайын десем, өзім тұстастың бәрі кетті, кіммен сөйлесіп отырамын. Қаражігіт болса жас. Жас болса да, сол елдің ендігі қалған басы еді. Соны ойлап тынышым кетіп шықты, - дейді.

Сонда Бекболат:

- Көке, бізді де кісі деп, ел-жұртты билетіп жүр ғой. Қаражігіт биден артық кім керек?! Ол да елулерге келіп қалған шығар, бармағаныңыз дұрыс болмас, - деген екен.

- Сен менің барғанымды ұнатып отырсың ба?

- Мен барғаныңызды ұнатамын.

- Ұнатсаң, ендеше менің жабдығымды жаса. Сонымен Бекболат әкесінің ат-тонын сайлап, арбасын дайындап жүріп кетіпті.

Орта жүздің шекарасынан шығып, адамдар басын қосқан соң, Қазыбек бар кісілердің шамасын сұрапты. Бес жүз шамасында келе жатыр, - дейді Бекболат.

- Көп емес екен, - дейді де: - Менен туған бес бала былай шықшы, - деп шығарып алып:

- Барған жерде менің қолымды халық көп көтеруге тиіс, әркімнің әртүрлі тілегі бар ғой. Сендер дүние, мал үміт қылмаңдар. Менің өлер алдымдағы кебінім ғой, халық ырым ғып бөліп алсын, - дейді Қаз дауысты Қазыбек қарт. Сонымен бұлар Кіші жүз еліне барып, асқа қатысып, он шақты күн жатыпты. Ас тарқаған соң Қаражігіт би елден бес жүз жылқы, екі жүздей түйе т.б. жол-жоралғылар тарту етіп, Қазыбек бидің батасын алып, шығарып салыпты. Халық шекараға келіп, тарқайтын жерде Қазыбек би Бекболатқа:

- Осы малды халыққа үлестір, біреуі наразы болмасын, - депті. Бекболат малды иіріп тұрып бөліп береді. 30-40-тай қара қалғанда кенже баласы Сырымбет:

- Елдің бәрі алып жатыр, бізге дүние, мал керегі жоқ па? – депті. Сонда Қазыбек қарт Бекболатты шақырып алып:

- Мына көпшіліктің ішінде құр қалған наразысы бар ма? Тағы да бір айқайла. Құр қалып жүрмесін, - дейді. Бекболат жар салып айқайлап, тағы да он-он бес мал үлестіреді. Қалған жиырма шақты қарасын Сырымбетке бергізіп тұрып:

- Сырымбет, өлер алдындағы кебінімнен айтқанымды істемей, сен де алдың ғой. Атың да, атағың да, көлемің де өзге сынды ерек болмас, - депті әкесі Қазыбек.

Берген Қожамұратов,
Ералиев ауылы,
Жаңаарқа ауданы.

ҚАРАЖІГІТ БИ МЕН БАЛА ДОСБОЛ

Қаражігіт би бір жақтан келе жатып, қой бағып жүрген балаға кез болыпты. Сәлемдесіп болған соң ол балаға:

- Балам, атың кім? – дейді.

- Досбол, ата!

- Е, атың жақсы екен, затың да жақсы болғай. Еліңе дос болсаң, көңілің қош болады, шырағым.

- Ал, балам, дәретке отырайын деп едім, атымды ұстай тұр, - депті. Сөйтіп бала оның атын ұстап тұрса, қойы тым ұзап кетіпті. Сонда бала Қаражігітті күлімсірей аттандырып жатып:

- Дәретіңіз тым ұзақ, елді еру қылғандай екен, - депті. Қаражігіт би баланың сөзіне шек-сілесі қата күліп, желе жортып, қойын қайырып берген екен.

* * *

Бірнеше уақыттар өткенде Қаражігіт биге түлкі жөнінде айтысқан кісілер келіпті. Бір даугер: «Түлкіні інге қуып тықтым, түлкі менікі», - депті. Екінші даугер: «Індегі түлкіні күшігінен бағып отырмын», - депті. Көп кісінің ішінде бір бала:

- Бұның билігі тым оңай ғой, - депті. Сонда Қаражігіт би балаға:

- Оңай болса, айта ғой, шырағым, - депті.

- Рұқсат берсеңіз, айтайын, - депті бала.

- Еркек түзді сақтайды, әйел үйді сақтайды. Түлкіні қаздырып, басында отырыңыз. Еркек болса, қуып келгендікі. Ұрғашы болса, мына күшігінен бақтым дегендікі.

Сонда Қаражігіт биге баланың билігі ұнап кетеді.

- Сен мені бұрын көріп пе едің? – депті.

Сонда бала:

- Баяғыда қойымнан айырылып қалғанда көріп едіңіз ғой, - депті.

- Шырағым, сенің атың кім осы?

- Атым Досбол, - депті.

- Қай елсің?

- Қыпшақпын.

Сонда Қаражігіт би батасын беріп:

- Шырағым, сенің атың бұдан былай Бала би Досбол болсын, - депті. Содан бала Досбол би атанып кеткен екен.

Досжан Кенжебайұлы,
Сарысу ауданы

ОРТА ЖҮЗ БАТАСЫН БЕРЕДІ

Орта жүз қаракесек Қазыбек би, Кіші жүз алшын Қаражігіт би үш жүз бас қосып ақылдасатын бір мәселе болып, бір орынды уағда қыл деп, ел ағасы Төле бидің ауылына келіп түсіпті. Сәлемдесіп, амандасып, далада отырғанда Төле сөз бастайды.

– У, әлеумет, құс ұшса қанаты талатын, жүрсе тұяғы киетін, ит арқасы қиян қашық жерден келіп отырсыңдар, осы аттың күші қай жерінде? - дейді. Сонда біреу аттың күші алдында дейді, біреу аттың күші артында, енді біреу аттың күші алдында емес, артында емес, ортасында дейді. Төле ортасында дегенге қадала бір қарайды да:

– Аттың күші алдында да болмай, артында да болмай, ортасында болатын себебі қалай?-дейді.

– Бас-басшы, арт-қосшы, астында төрт тіреуі бар ортасы арқалық емес пе? Күш ортасында болатын себебі сол, - дейді соңғы айтушы. Тағы да Төле: - Бұрынғылар айтқан екен: "Би екеу болса, дау төртеу болады" деп. "Ел үш жаққа тартып, дау бітімі бытырамасқа төбе би атап қойса, қалай болар еді?" - дейді.

Оған қауым дұрыс дейді, бірақ төбе билікке талас болады. Ұлы жүз: «Біз боламыз, өйткені жасымыз үлкен ағамыз». Кіші жүз: «Біз боламыз, өйткені қара шаңырақка кенжелік жолымыз үлкен», - дейді. Сонда манағы аттың күші ортасында деген жігіт отырып:

– Аға төреші болмайды-алдында қаймығары жоқ, іні төреші болмайды-артында қайырылары жоқ. Айбар қылар алдында ағасы бар, қаймығарлық артында інісі бар, екі жағында да қауіпі зор, сол себепті билікті айтатын төбе билік орташы ұлға лайық, - дейді. Төле қарт сонда жігіттерден жөн сұрайды. «Аттың күші басында», - деген Ұлы жүз жігіті, «Аттың күші-артында» деген Кіші жүз алшын Қаражігіт, ал "Аттың күші-ортасында» деген Орта жүз қаракесек Қазыбек болып шығады.

Қой асығы демеңдер,
Қолыңа жақса, сақа ғой.
Жасы кіші демеңдер,
Ақылы асса, аға ғой, -

деген бұрынғылардың айтуы бар еді. Уа, жаным Қазыбек, төбе биліктің абыройын саған бердік, айтқан сөздерінің бәрі оң жоба болсын, - деп, Төле оң жағына отырғызып, батасын береді.

ТҮЙЕ ДАУЫНЫҢ БИЛІГІ



Ертеректе бір жігіт жүк артқан түйесін жетектеп келе жатады. Жолдан оған бір адам қосылып серіктеседі де, ол түйені айдасқан болып отырады. Бір кезде түйе иесі артына қайырылып қараса, әлгі ілескен жан жүк артқан түйенің арқанынан ұстап, қабаттаса жүріп келе жатады. Біраз уақыт өткен соң мінәй себеппен түйе артқа шатқаяқтап құлап мертігеді.

Түйе иесі ілескен жігіттен мертіккен түйенің құнын талап етеді. Бірақ жолаушы жігіт бет бақтырмайды. Олар өршіген даудың түйінін шешу үшін қартайып отырған Қаражігітке келіп жүгінеді.

Қаражігіт сәл-пәл ойланып отырып:

- «Қартайған бүркіт тышқаншыл болады», - деген шырақтарым. Алдыма шідер дауын келтірмеуші едім. Үміт етіп, келіп қалған екенсіңдер, қартайған шағымда беттеріңнен қақпайын. Сөйтсе, жолаушы жігіт бидің алдын кес-кестеп:

- Биеке, ен далада түйе мертікті деп жолдан ілескен маған жабылған жала үшін жауап берер жайым жоқ, - депті.

Сонда Қаражігіт:

- Жел тұрмаса, шөп басы қимылдамайды. Жолдан жолығып, ілескен екенсің, ұшынар тірлік ұрыншақ келеді, ұрма ауыз адам сүріншек келеді. Әр нәрсеге – бір себеп. Аяғың шаршап, белің салмақ болған шығар, аз тыныс алғың кеп, жүк теңдеген арқанға қолыңды салған шығарсың. Жүгі көп түйе кінәмшіл болады, содан сүрініп, мертікті болған шығар. Түйе иесінің шырылдауы тектен-тек емес. Айып сенде. Айыпсызбын десең, қолыңды түйеге асқан жерден мертіккен жерге дейін көтеріп бара ғой. Сонда айыбыңды төлемейсің, - деп даукес жігітті тоқтатқан екен.

Ескермес Жолманов,
Жаңаарқа ауданы.

ОРҒА ЖЫҒАР ҮШ МІНЕЗ

Кіші жүзде Алшын Қаражігіт бидің ауылы қыстан жұтап, малы қырылып, қатты ашығыпты. Қаражігіт бұл нәубеттен құтылар шара бар ма екен деп баласын Төле биге жіберіпті. Сонда бар жағдайды егжей-тегжейлі сұраған Төле би:

— Балам, жай тоқтадың ба? — деді.

— Бағанағы бір сөздің аяғын біліп кетсем деп, соған қарап отырмын, - дейді бала.

— Пәлі, балам, сөздің қадіріне жететұғын бала екенсің, енді саған оның мәнісін айтайын: жігіт адамға бас кесір-еріншектік, ортаншы кесір-ұйқышыл болу, кенже кесір-кежірлік. Осы үш мінез бір адамда болса, ол адам өмірінде оңбайды.

Қаражігіт би Төле бидің айтқан ақыл-кеңесіне дән риза болып, шын ықыласымен ел-жұртын еңбек етуге шақырыпты.

АЛШЫН ДАУЫ

Орта жүзден Жұлқар деген бір кісі үш түйеге тары артып, ел аралап, сауда қылып жүріп, Кіші жүзге барады. Сол елде Жұлқарға алты жігіт кездесіп:

- Уа, ақсақал, жол болсын, қай елдікісің, неғып жүрген адамсың? – деп жөн сұрайды. Жұлқар аты-жөнін айтып: «Өздерің кімсіңдер?» - дегенде, жігіттер: «Біз Әйтеке – Бәйтілес деген билердің елінікіміз» - дейді. Содан кейін жігіттер шалды айналдырып жібермей, тонауға ынғайланады. Сол уақытта шал:

- Уа, құрап жүрген шалды өлтірем деп Айдабол – Қаржасқа жем боларсыңдар! – дейді.

Бір қалтарыста жігіттер шалды өлтіреді. Жұлқар үшті-күйлі жоқ болып кеткен соң елі жоқтайды. «Бұл қолды болды, біреу өлтірді ғой! Мұның жүрген жеріндегі қалдырған сөзінен ізденіп таппасақ, басқа жол жоқ», - деп әр елге екі-екіден тыңшы жібереді. Сондай екі тыңшы Әйтеке – Бәйтілестің елін аралап жүріп, дөңде асық ойнап жүрген бір топ балаға кез болады. Балаларға қарап тұрса, бір-екі бала ойын арасында өлеңдете жүріп:

«Құрап жүрген шалды өлтірем деп, Айдабол — Қаржасқа жем боларсың», - дегенді айтып қалады. Соны есітіп, ұғып алады да, екі тыңшы естігенін еліне келіп мәлімдейді. Содан кейін Жұлқарды даулауға елден жүз кісі аттанады. Басшылары Шоң би, Айдабол би, өте би болады. Әйтеке – Бәйтілестің еліне барады. Бұлар барған соң Әйтеке – Бәйтілес елінен сөйлеске үш ақсақал шығады. Сөз басталғаннан кейін Алшынның кісілері:

- Уа, кісің нешеге келіп еді? – дейді.

- Алпыстан асып еді, аяғы жетпіске қадам басып еді, - дейді Қаржас жағы.

- Уа, кісің алпыстан асса, аяғы жетпіске қадам басса, алпыс екі тамыры суалған екен, сақал-мұрты қураған екен. Олай болса, кісің жарты кісі болған екен. Отыңның басын босатқан екен, жарты құн алып біт! – дейді.

Ол уақытта кісінің құны жүз жылқы, қара нар, қалы кілем, қалыңсыз қыз, алты қанат ақ үй, қарғылаған қара тазы, үш құл, үш күң екен. Осының жартысына бітім болады. Барған адамдар бітім жасап, елге қайтады. Жұлқардың жақын адамдары бітімге риза болмайды. «Сендер пара алған екенсіндер, болмаса біздің кісіміздің құны бұл емес еді, біз енді Абылайға барып айтамыз», - деп ханға арыз қылады. Бұл хабарды Алшын елі есітіп сасады. «Біз енді бүлінеміз, ел болудан кеттік, Абылайға тағы да тарту-таралғы керек, енді қайтеміз!» - десіп, ақылдасып жатқанда, он төрт жасар бір бала:

- Уа, сендер саспаңдар, Абылайға мен барып, жауапты мен берейін. Егер сендер барып сөзден жығылып қалсаңдар, қиын болар. Мен Абылайға істің жайы мынадай деп жауап беріп тұрсам, аяғын Абылай да аңдап басар. Маған бір жүз ділдә беріңдер, алты жолдас еріңдер, бас білетін, екеуі ат қоятын, екеуі тіл білетін болсын, - дейді. Жұрт баланың сөзін тыңдап, айтқан кісілерін ертіп, жүз ділдә беріп жөнелтеді.

Бұлар Абылайға жақындап, ел шетіне келген соң түскен ауылдарынан «Абылайдың төрт жарғыш биі бар деп еді. Алшынның дауына билік құратын кезек қайсынікі екен, білесіздер ме?" - деп сұрайды бала.

- Қаздауысты Қазыбектің реті,— дейді ел.

- Ол қандай кісі, пішін, келбеті қандай?— деп сұрайды бала.

- Қабағы түксиген, кірпігі ұзын қара кісі, қазша қаңқылдап сөйлейді,— деседі.

Сол кезде Абылайдың бір баласы өліп, хан қайғыланып жатыр екен. Хан келген кісіге басын көтермей, аяғын жимай жата береді екен. Сонда ханға Қазыбекұлы Бекболат шешен келіп: «Уа, хан, көтер басыңды!» - дегенде, Абылай басын көтермепті. Бекболат: «Дос көтерер көңілді, мал көтерер өлімді, төгілген толмайды, өшкен жанбайды, кеткен келмейді. Уа, бекем бу беліңді, көтер басыңды, төрем!» - дейді. Хан оған да басын көтермейді. Сонда Бекболат:

- Уа, төрем, құдай алғанын қайтып бермейтін, өлген кісі тіріліп қайтып келмейтін емес пе еді?! Уа, туып еді, елің сүйінді, өліп еді, жерің сүйінді. Уа, дүниеде екі ит бар еді, бірі төре ит, бірі түйе ит. Төре ит жатса тұрмайды, түйе ит қисайса түзелмейді, екі ит өзің білесің! – дейді.

- Рас айтасың, Бекболат!— деп Абылай басын көтеріп алады. Жиналған жұртқа: «Бекболат, Бекболат!» десем, күндейсіңдер, осы Бекболаттай біреуің сөйлемейсіңдер. Мен өліп кетсем қайтесіңдер? Жаса етті, сапыр қымызды! – дейді хан. Қымыз ішіп, мәжілісте отырғанда, Әйтеке – Бәйтілестің жіберген баласы қасындағы жолдастарымен ордаға кіріп келеді. Билерге қолдасып амандасып жүріп, Қаздауысты Қазыбектің қолына жүз ділдәні ұстатып кетеді.

Оны үйсін Төле би мен Алтай Құнанқара бидің көзі шалып қалады. Бала Абылайдың алдына барып отыра қалып: «Салаумалейкум, тақсыр хан! Аман бармысыз? Сізге сәлемде деді Әйтеке — Бәйтілес деген қартымыз. Мынау отырған қара сақалдың сопағы, бұның кісісін жұтқан қалың

қара қопағы. ұлы сұлтан мен емес, өлгеніңе жан беріп сөз сұрайтын, өзі набырсыз мен емес, қаңтарда қайырып салып қатырып тастайтын. Қара керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракесек Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек болғанда, бірің балға, бірің төс, бірің ғауһар, бірің күміс, бірің піш те, бірің кес!» - дейді. Сонда Қаздауысты Қазыбек:

- Балам, төрт кісінің антын өткізсең де ерік, жиырма жылқы құн берсең де ерік! – дейді. Абылай: «Әлей!» - дейді. Бала жолдастарын ертіп, ордадан шығып жүре береді.

Сол кезде Қаракерей Қабанбай батыр: «Балам, көпке жүрмессің!» - дейді.

Қанжығалы Бөгенбай батыр: «Екі жақсы қас болмас, екі жаман дос болмас, аңдысқан ауыл болмас, есептескен ел болмас» - дейді.

Шақшақұлы Жәнібек батыр отырып: «Әй, бәрекелді-ай, жетесізге некесіз жолықпаса игі еді!» - дейді...

Сонда Қаздауысты Қазыбек: «Рас айтасың, атам болды жетесіз, енем болды некесіз, өзім туып, өзім кірдім қатарға, нетесіз?» - дейді.

Үйсін Төле би: «Паралы биде иман жоқ, тура биде туған жоқ» - дейді.

Алтай Құнанғара би: «А, құдайым, аққа бастыр, қарадан сақта! Көрінбей келген қазадан сақта, жасырып алған парадан сақта, арамза туған баладан сақта!» - дейді.

Керей Тоқсан би: «Сөз сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады? Алып анадан туады, ат биеден туады, қас монтаны қарадан туады, опасыз қатыннан не ел бүлдіргіш, не жұрт күлдіргіш бала туады», - дейді.

Малай Жандос би: «Жабағы тайдан жал кетсе, қарашадан байлық кетсе, ханнан әділшілік кетсе, жер-судан береке кете ме деп қорқамын», - дейді.

Қаржас Шорман би: «Хан азарында қарашы мен қасболар, бай азарында дәулетіне мас болар, молда азарында қайыр-зекеті жоқ баймен дос болар», - дейді.

Қанай Бекболат би: «Біткен істі жетесіз туған құл бұзар, некесіз туған ұл бұзар. Құттан шыққан қу құртпай тынбас деген, елді сол бұзар», - дейді.

Алшын Қаражігіт би: «Ханның баласы өліп құты қашып отыр еді, ананың төресі өзіне тиіп құтырып отыр еді. «Құты қашқанмен ауыл үй болма, құтырғанмен жолдас болма» деген бар еді. Уа, жұртым, құдай даудан сақтасын, кезеніп тұрған жаудан сақтасын... Қазақ баласы біріңе-бірің сыйысарсың, бір сөзді өтті, кетті деп қумаңыз» - дейді.

Осымен билердің сөзі тоқтапты.

«Қазақтың би-шешендік сөздері».
Алматы . «Жеті жарғы» 2000 жыл.

ХАЛЫҚ АУЗЫНДАҒЫ ҚАЗЫБЕК БИ

Иә, Қазыбек би есімі аталса, оны көпшіліктің Келдібекұлы Қазыбек бимен шатастыратын әдеті бар. Әрине, екеуі де би, екеуі де Қазыбек аталғасын болар. Бірақ екеуінің аттас болуының өз себебі бар. Менің айтқалы отырған әңгімем Қазыбек Жабайыұлы хақында болмақ.

Шежіредей тілі сайраған,
Аузына арам салмаған.
Ортадан пара алмаған,-

деп оның ерек жаратылған әділ би екендігін атақты ақын Мұрат Мөңкеұлы жырға қосқан.

Қазыбек Жабайыұлы өле-өлгенше ол қамын ойлаған, шешімді билігін жүргізгені, халық арасында адалдығымен атын қалдырған дуалы ауызды би болған адам. «Жауға кетті Қазыбек» дегеніндей қол бастаған қас батыр да еді. Атақты Бегімбет, Қаратау, Есет, Айтуар, Өтеміс билер сияқты қоғам қайраткері де болды. Осы аталған билер сияқты Кіші жүз халқы Қазыбек биге арнап үш жүзге сауын айтып, ас бергені белгілі. Бұл құрметке қарап, оның өз елінің қадірлі де қасиетті биі болғанын білеміз.

Атыраудан педагогика саласында өзіндік орны бар педагог Фарид Ғатауовтың жазған мақаласында мынандай жолдар бар. Онда Қаз дауысты Қазыбек би Кіші жүзге ел аралап келіп, батыр, билермен жүздесіп, жауғашты руының белгілі азаматы Жабайы замандасына келіп қоныпты. Ұйықтап жатқан би таңертеңгілік сәбидің іңғалаған дауысынан оянып қалыпты.

Дастарқан басына келгеннен кейін үй иесінен бұл не жұмбақ деп сұрастырыпты. Сонда Жабайы: «Үйдегі келініңіз толғатып жүргеніне қарамай, сіздерді күтіп елі. Міне, енді сіздер келген күні кішкентайлы болдық. Құдайдың жіберген құтты қонағым деп, жақсы ырымға жорып, жолдастарыңызды, жолыңызды, жасыңызды силап, белін бекем буып, хал-қадіріңше құрметтеп, қызмет қылуда, - депті. Сол жерде жас сәбиге халық қамымен ат үстінде ұзақ жол жүріп келгеніне қарамастан би баланы қолына алып, өз атын үш қайтара: «Сенің атың Қазыбек», - деп құлағына айтыпты.

-Ей, Алла, бағыңды бергін, өз атымды бердім. Жау көрінсе, жау қасынан табылар, дау сезілсе, дау басынан табылар, батыр болсын, би болсын! - деп аузына түкіріпті.

Маңғыстау үстіртінде Жабайыұшқан тауы бар екенін көпшілік біле бермес. Таудан құлап ұшқан жалғыз кісі ол болмас. Әйтсе де «Тегін адам таз болмайды» деген. Халықтың бұл жерді «Жабайыұшқан» атауы құздан ұшып өлген Жабайы атаның тегін адам еместігін дәлелдесе керек. Біреулер бұл хақында былай дейді. Бір жылдары қатты қиыншылық болып, киіктерді аулай-аулай қалмағасын,енді текесін ауламақшы болғанда киелі теке өзіне қарсы шауып, құздан құлатып,ұшырып жіберген көрінеді. Бекет ата мешітінің (мүрдесі жатқан таудың) шырақшылары мұнда киіктердің ата тегі – кіндік жері бар дейді.

Қазыбек Жабайыұлының шешесі, яғни нағашылары хан тұқымынан болу керек деген ой айтады атыраулық Шоқан Қаржауов. Бұл кісінің айтуынша, Қазыбек бидің билік еткен жерлерінің бір шеті Атыраудан Ойыл, Көкжарға дейін барыпты. Ел -жұртымның малына жерім тар деп ханнан қол астындағы жерін кеңейтуін сұрай барғанда, жиендігіне орай хан бетін қайтармаған деседі.

Көкмешітте оқып, көпті көрген көнекөз Сансызбай қариядан (бұл кісі Жасқайрат ауылында тұрады) естігенім, атаның 11-12 жасындағы оқиға былайша өрбиді.

11-12 жасар бала Қазыбек торы тай мініп келе жатса, алдынан қолына ту ұстаған басшысы бар бір топ салт атты кездеседі. Әрине, ол кез- барымта, ұрлық, даудың уақыты. Бейтаныс адамдарға, астындағы аттарына, суыт жүрістеріне қарап, сезімтал бала бір нәрсені сезсе керек. Тайдан түсіп, басшысына қол беріп көріседі. Сол кезде қасындағылар: «Балаға бола жолда тоқтап», - деп, әрі менсінбей, әр жас баланың бұл қылығына күлсе керек. Сонда бала тайсалмай: «Көріскенге күлген көргенсіз» дейтін еді. Көріскен мен көргенсіз бе, көріскенге күлген сендер көргенсіздер ме? – депті. Жігіттер жеңіл күлкіге бола, жас баладан жасық сөз емес, ауыр да болса ащы айтылған ақсақалдың сөзіндей тура айтылған тапқыр сөзге тосылып, не дерін білмеген топ басшысы туын жерге бір ұрып, жүріп кетіпті. Содан Мыңкелді деген жерге барып, келгендегі жұмысын айта отырып, жаңағы жол бойындағы оқиғаны баяндайды. Ол кімнің баласы деп сұрайды. «Ол сіздерге тегін келіп, тоқтатып көріскен жоқ. Бірденені біліп келіп, тілге тартқан ғой. Сіз жөніңізді айтпай бері қарай жөнеп бергенсіз. Ол айтса айтқаны келетін, аруақты Қазыбек деген бала»,- депті. Оның шаруасын сол шешетіндігін айтыпты. Ақыры баланы кері іздеп келіп, айтқанда бала: «Жол болмайды, кейін қайтыңдар», - депті. Сөйтіп, олар кері қайтқан екен.

Оралбай Ақырапұлы ҒАЛЫМЖАНОВ,
Жангелдин ауылы,
Қызылқоға ауданы.

ҚАЗЫБЕК БИ ТУРАЛЫ

Қазбек би Бөкенді өз үйіне қонақ болып кетуге шақырыпты. Бірақ Бөкен түспей, ілгері қарай жүріп кетіпті. Қазыбек оны жақсылыққа жорымаған екен. Қазыбек ант берген уағы келер жылдың жазына жетпей, бас аяғы үш күн ауырып, сол жылдың қысында қайтыс болыпты. Былайғы жұрт оны қара істің киесі ұрды деп топшылаған көрінеді. Ол жылы қыс қатты болып, қатынастың қиындығынан Бөкенге хабар берілмепті. Бірақ Қазыбек өлерінде: «Қар кетіп, қабақ басы қарайысымен менің өлімімді Бөкенге әдейі барып естіртіңдер. Бөкеннің тілін алмап едім. Ол үшін Бөкеннен іштей кешірім сұрап жатырмын. Бөкен кешірер, кешірмес оны өзі білер. Бірақ Бөкен менің өлгенімді ұзын құлақтан естімей, сендердің ауыздарыңнан еститін болсын», - депті. Қар кетісімен жауғаштылар Бөкенге келіп, Қазыбектің өлімін естіртсе керек. Оны естігенде Бөкен: "Қазыбек өлді дегенше маған сегіз арыс жауғашты (Батырқожа, Құрмас, Құлан, Тума, Андағұл, Жатай, Аманай, Қара) жетім қалды десеңдерші", - деп қамығыпты, "Заманында ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген жүйрік едің, қайран, сабазым-ай! Сегіз арыс Жауғаштының мандайына сыймай кетіп, төстіктей көрге сыйып кеткенің бе?" – деп, көзіне жас іркіпті. Сәл үнсіздіктен кейін Бөкен келушілерден: "Қазыбек өлерінде не айтып кетті?" – деп сұраған көрінеді. Сонда олар: "Лақатымды қазғанда жамбастығымның астынан шәуім қазанның қақпағындай тарғыл тас шығар, сол тасты алып басыма қойыңдар" деп еді. "Айтқанындай жердің астынан тарғыл тас шығып, ол тас Қазыбектің бас жағына тікесінен емес шалқасынан тасталды", - депті. Бөкен оған назырқанып: "Ол тас қара істің белгісі еді ғой. Оны Қазыбектің жамбастығының астынан алдыртып тастауы дұрыс. Соның өзінде ол тасты жердің үстіне шығарып, бас жағына тастатпай, жердің астына қалдырып, аяқ жағына тастатуы керек еді. Бірақ ол тас Қазыбектің бас жағында тапжылмастан жата бермей, күндердің күнінде өзінен-өзі жоқ болып кетер. Қазыбек туған елінің амандығы мен туған жерінің тыныштығы үшін амалсыздан қара тасқа ант берген адам, олай ету кез-келген кісінің қолынан келмейді. Қазыбек - елі үшін басын бәйгеге тіккен мәрт кісі. Ондай адамның басында қара тас жатуға тиісті емес.Оны Қазыбектің басынан аумалы, төкпелі заманның өзі басқа жаққа алып кетер", – депті. Сол

айтқандай, Қазыбек өлгесін 150 жылдың шамасында ол тастың үстіне аспанды қақыратқан алапат найзағай түсіп, содан кейін ол тас өзінен-өзі жоқ болып кеткен көрінеді. Қазір Қазыбектің бейіті жер болып кеткен. Бірақ табы бар. Оны жергілікті тұрғындар жақсы біледі. Бүгінде Қазыбектің басында аталмыш қара тас та жоқ. Ол қайда кетті? Оның анық-қанығын бір құдайдың өзі білмесе басқа ешкім білмейді. Бірақ Қазыбектің басында 1939-1940 жылдарға дейін шәугім қазанның қақпағындай, жалтыр қара тастың жатқаны өтірік емес, рас көрінеді. Ол туралы 1999 жылы Қызылқоға ауданының қазіргі орталығы Миялы селосында тұратын 1919 жылы Қазыбек тоғай маңындағы "Қаратас" дейтін жерде туған, соғыс және еңбек ардагері Тәуенов Теңелдің аузынан бір үзік әңгіме естіп едім. Енді сол әңгімеге құлақ түріп көрейік.

ТЕҢЕЛ ҚАРТ АЙТАДЫ...

1934 жылдың жазында біздің ауыл Қазыбек тоғайының маңында отырды. Сол жылы безгек болып қатты ауырдым. Ол 15 жастағы кезім еді. Екі ай бойы безгектен құтыла алмай құр сүлдерім қалды. Сөйтіп жүргенде ауылдың бір инабатты адамы: "Сен босқа сандалмай Қазыбектің басына бар. Қазыбек -әулие адам. Оның басына безгек, кезік, ұстамалы ауруы бар адамдар түнеп, ауруынан құлантаза айығып қайтады. Бейіттің басына



түнде барма, күндіз бар. Түнде баруға жалғыз өзің қорқасың. Қазыбектің бас жағында шәугім қазанның қақпағындай қара тас жатқан шығар. Бар әкиет сол таста. Толғағы теріс келіп, босана алмай жатқан әйелдің көйлегін шешіп әкеліп, әлгі тасқа тигізіп, содан кейін ол көйлекті әйелдің үстіне қайта кигізсе, босана алмай, жаны көзіне көрініп жатқан әйелдің толғағы оңғарылып, сол бойда жеңілдене қояды. Оны жалғыз мен емес, жұрттың бәрі көріп жүр. Ол таста сондай қасиет бар. Одан шипа тапқан адамдар осы өңірде баршылық. Сенің безгегің де сол тастан кетеді. Қазыбектің үстінде далда жоқ. Оның далдасы әлдекашан құлап, жер болып кеткен. Бірақ қорымның орта шенінде айнадай жарқырап тұрған қара тасты тауып алсаң, сол тастың жатқан жері Қазыбектің бейіті. Оның бейітінде содан басқа белгі жоқ. Бар белгі сонадайдан көзге түсетін қақпақтай қара тас. Соны тауып алсаң болғаны. Тастың қасына барғасың, оған екі қолыңды тигіз де, содан кейін екі алақаныңмен үсті-басыңды сипа. Білсең дұға оқып, білмесең үш рет "біссіміллә" келтіріп, Қазыбектің аруағына шын ниеттіңмен сиын. Сосын бешпетіңді шешіп алып, тастың үстіне жаста да, оған басыңды қойып, алаңсыз ұйықта. Бірақ бас киіміңді шешпей киіп жат", – деді. Сол бойынша күн көтеріле үйден шығып, сәске түсте бейіттің басына келдім де, келген бойда ауыл адамы айтқан қақпақтай қара тасты тауып алдым. Тас әлдекашан жер болып кеткен, бірақ болар-болмас табы бар бейіттің бас жағында жатыр екен. Күннің көзіне шағылысып, жалт-жұлт етеді. Мезгіл тамыз айының орта кезі болатын. Күн ыссы. Біздің ауыл отырған Қарасу жайлауы мен бейіттің арасы 7-8 шақырымдай жер. Бейіттің басына әрі шаршап, әрі шөлдеп әрең жеттім. Келген бойда ауыл адамы айтқан ырымдарының бәрін жасап, бешпетімді тастың үстіне қойдым да, соны жастанып, бір қырымнан жата кеттім.Жатқан бойда көзімді ұйқы басты. Бір мезгілде қасыма сықпытынан адам қорқатын, бет аузы қож-қож, дәу қара кісі жетіп келіп: "Тұр, неғып жатырсың?," -деп күректей алақанымен жағыма салып келіп жіберді. Жағым сынып кете жаздады. Оянып кеттім. Түсім екен. Ояна салып жан-жағыма қарасам, адам жоқ. Күн батуға жақындап қалыпты. Әлгі жерде аузымнан су ағып, сәске түстен күн батуға дейін ұйықтаған екенмін. Кештетіп ауылға келдім. Кетерде тағы үш рет «Біссіміллә» айтып, қара тасқа алақанымды тигіздім, бойым жеңілдеп, тыңайып қалған екенмін. Ауылға сондай жағдайда келдім. Содан бері табаны күректей 65 жыл өтті. Безгекпен біржола қош айтыстым. Қазір безгек дегеннің не екенін білмеймін. Мен Қазыбектің басына 1934 жылы бардым. Сол кезде оның бас жағында жатқан шәугім қазанның қақпағындай қара тасты өз көзіммен көріп, өз қолыммен ұстадым. Содан кейін ол жерге барғаным жоқ. Қазір жұрттың аузынан сол тас жоғалып кетіпті деген сөзді мен де естіп жүрмін. Меніңше, ол тас жоғалуға тиісті емес. Ол - киелі тас. Оны орнынан қозғауға ешкімнің батылы жетпейді, мен көрген кезде ол тастың ол жерде жатқанына 150 жыл болған сияқты. Айтушылар солай дейді. Содан бері оның үстінен қанша құйын, қанша дауыл, қанша боран, қанша жауын өтпеді. Солардың бірде-біреуі оның бетін жасыра алмаған, жасыру былай тұрсын, сызат та түсіре алмапты. Ол күні кеше қойылған тас сияқты айнадай жарқырап, шалқасынан жатыр. Онымен бірге тұрғызылған Қазыбектің бейіті әлдекашан опат болыпты. Ал тастың міні құрымаған. Оның әлі талай жылдарға шыдас беретін түрі бар. Мен көрген кезде тастың кескіні сондай еді. Оны ретсіз қозғаған адамның өзі пәлеге ұшырап, басымен қайғы болады. Ол қолдан қашалып, қолдан құйылған жасанды тас емес. Құдіреттің күшімен пайда болған ерекше тас. Оны қалай жоқ қылса да, құдіреттің өзі жоқ қылған болуы керек. Бәз біреулердің аузынан ол тастың үстіне жасыл түсіп, содан жойылып кетіпті деген әңгіме айтылып жүр. Меніңше сол әңгіме қисынға келетін сияқты. Теңел қарт осылай дейді. Оның айтуына қарағанда аталмыш қарт қара тас Қазыбектің басында 1940 жылға дейін жатқан көрінеді. Міне, қара тастың хикаясы осындай. Оның астарында шындық бар. Оған қарағанда 1786 жылдардың әр жақ, бер жағында Бөкен мен Қазыбектің Әлім еліндегі дауға барғандықтары да шындықпен сәйкесетін сияқты.

Теңел ТӘУЕНОВ.

ҚАЗЫБЕК БИ

Атақты ақын Мұрат Мөңкеұлының Қазан қаласында 1908 жылы жарық көрген кітабындағы «Өлім» атты шығармасында: «Би өлмейді демеңіз, шежіредей тілі сайраған. Аузына арам салмаған, ортадан пара алмаған Жауғаштыда Қазыбек, Қаракемпір Бегімбет, Беріште Есет, Айтуар. Солардан қалған бұл дүние» - деген.

Замана тереңінен бізге көктей өтіп жеткен деректер бойынша атақты қаракемпір Бегімбет, беріш Есет, Айтуар, Өтеміс билер дүниеден өткен соң бір жыл толғанда Кіші жүз халқы үш жүзге сауын айтып, асқа шақырған. Осы құрмет Қазыбек биге де көрсетілген. Оған ел аузындағы ескі сөздер куә. Қазыбек бидің әлімнің атақты Барақ батырымен, оның әкесі Асау бимен кездескендігі шешендік сөздер қалған. Халқына еңбегі сіңген ардақты биді халқы да жадына сақтап, есімін екі жарым ғасыр қадірлеп келеді. Қызылқоға ауданының жерінде 1926 жылға дейін Қазыбек болысы, кейінірек Қазыбек ауылдық Кеңесі, сондай-ақ бүгінгі Миялы ауылы түбінде Қазыбек тоғайы әлі бар. Қазыбек би 64 жасында дүниеден өткен. Миялыдан 5 км жердегі өз есімімен аталып кеткен Қазыбек қорымына жерленген. Бидің ұрпақтары Атырау қаласында, Қызылқоға ауданында тұрады.

ҚАЗЫБЕКТІҢ БИЛІГІ

Бірде ысық руының бір тентегі барымта кезінде таз руының бір жылқышысын өлтіріп кетіпті. Содан кейін таз бен адай рулары жасақ жинап, өлген адамның кегін қайтарамыз деп келе жатқанын білген ысықтар Қазыбекке келіп, не істейміз деп ақыл сұрайды. Қазыбек: «Мен жасақ басшыларымен сөйлесейін. Сендер тыныш отырыңдар»,- деп жасақтың алдына кетеді. Жасақ басшыларына Қазыбек: Бір кісіні өлтіргенде не шығады, сендер бүкіл ауылды шапқалы келесіздер ғой. Олай істеуге болмайды. Біз өлген адамның құнын төлейік»,- дейді. Жасақ басшылары ақылдасып, құн төлеуге келісім береді.

-Сіздер 9 түйе, 90 жылқы, 90 сиыр, 9000 қой бересіздер,- деп шарт қояды.

Қазыбек төлеуге келіседі.

Келгеннен кейін ел бұл өте көп мал ғой, қалай төлейміз дегенде Қазыбек: «Төлейміз. Ысықтар, сіздерге шеркеш біздер де көмектесеміз, мен өзім 100 қой беремін»,- депті.

Барлық малды жинап алып келгенде, жасақ басшылары Қазыбекке: «Бұл өте көп құнды жинай ма екен деген сынағымыз еді. Сіз жинадыңыз, біз жартысын аламыз»,- депті. Оған Қазыбек: «Жоқ, түгел алыңдар. Елдің татулығы үшін көп емес. Енді бұдан былай барымтаны қояйық. Біз бәріміз Қыдырсиықтың ұрпағы емеспіз бе, - дейді. Осыдан кейін бұл рулардың арасында барымта тоқтаған көрінеді.

* * *

Атшыбай атамыздың алғырлығын байқаған Қазыбек оны Орынборда оқытыпты. Ол оқуды бітіргеннен кейін Орал уезінде тілмаш болып жұмыс жасапты.

Жұмыста алғырлығымен көзге түсіп, ол Көкжар болысына (қазіргі Ақтөбе облысының Ойыл ауданы) болыс

болып тағайындалыпты. Атшыбайды қарадан шыққан болыс дейді. Өйткені оның әкесі Тышқау Қазыбектің малшысы болған. Атшыбай халыққа ұнаған болыс болыпты. Өйткені ол халықтың қамын ойлаған.

Шаймардан ИБРАЙЫМОВ

АСАУ БИ

Атағы соңғы ұрпақтарына мәшһүр боп қалған Асау би – Қойыс шеркештің Сүйініш атасы, оның Ақұлек тұқымынан. Асаудан қалған шешендік сөздер баршылық. Соның бірі Қойыстың Еламанының Қоспай деген кісісі аздап дәулет біткен соң әркімнің "Қосеке-Қосеке" деген қолпаштауына семіріп, не би боларын, не бай боларын ажырата алмай жүрген кезінде Асау биге кезігеді де, қонақ етіп отырғанда:

-Асеке, рұқсат болса, сізден сұрайтын екі сұрағым бар, - депті.

Асау:

-Сұраңыз, – дейді. Сонда Қоспай:

-Би болатын адамның қандай белгісі болады? – десе керек. Асау:

-Би болатын кісінің екі көзі соқыр болады, бет пішіні қотыр болады. Өкпесі жоқ – бауыр болады, арқасы ошақтай жауыр болады, өзі ағайынға тәуір болады! – депті. Енді Қоспай:

-Бай болатын адамның қандай белгісі болады? – депті.

Асау би:

-Бай болатын адамның ұлы епті келеді, қызы көрікті келеді. Иті сақ келеді, қатыны малсақ келеді, - депті Сонда әлгі Қоспай тұрып:

- Менде осылардың белгі-жұқанасы бар ма, Асеке? – депті . Сонда Асау би:

-Жоқ, шырағым, сенде осылардан біреуі де жоқ! – деп жауап беріпті. Осыдан арада екі жыл өткесін Қоспай болыс боламын деп, бар мал-мүлкін шашып, шарға түсіп, жеңіліп қалады да, өмір бойы жарымай өтеді.

АСАУДЫҢ ТҰРЛАНЫ

Асаудың жалғыз ұлы Тұрлан қаршадайынан-ақ өркеуде, ұрыншақ, албырт, өктем болып, ешкімді сыйламай өседі. Есейгенде де осы әдетін тастамайды. Бірде ауылынан онша қашық емес жерде ән салып кетіп бара жатқан Жәдікбай деген өзі құрпылас жігітті ұстап алып, арбаға таңып қойып, сабап өлтіреді. Арты ұзақ-сонар дау-шарға айналады. Елдегі: "Жәдікбайға – күн жоқ. Тұрланға – тыным жоқ», – деген нақыл содан қалса керек.

***

Тұрланға бала кезінде Асау би:

-Ертеңдер осы ауылға астында өгізі бар бір ақсақал келуге тиіс. Соны тосып алып, құрметтеу керек! – дейді. Мұнысы есентемір руының белгілі Бөкен бий болып шығады. Бірақ ол – Бөкен өгізімен емес, жаяу келеді. Бұған таңданған Тұрлан:

-Әкем өгіз мінген шал келеді деген еді. Сіздің жаяу-жалпы келгеніңіз қалай? – деп сауал тастайды. Бөкен би тұрып:

-Иә шырағым, аяғын дұрыс бекіте алмадым ба, қайдам, тұрсам өгізім жоқ. Соны осы ел көрген шығар деп, іздеп келе жатқаным ғой, - дейді. Сонда әлгі жас бала Тұрлан тұрып:

-Ehe, атасы үш жүздің тілін байлағанда, бір өгіздің аяғына тұсау салып, байлай алмағаныңыз қалай? – деп, Бөкен биді мүдірткен екен.

***

Ел жайлауға көшкенде бір Төре қорықшылардың айтқанын тыңдамай, қорықта отырып қалады. Тұрлан оны да қамшының астына алып, күшпен көндіреді. Мұны естіген Соқыр төре деген әкім Орынбордан келіп, Тұрланды соттауға кіріседі. Ол:

-Төре тұқымына қол жұмсадың, айыптысың, жауап бересің! – деп тепсіңеді. Сонда Тұрлан:

-Хан – елге ие, қара халық – жерге ие! – деген бар. Қайсысын қалайсыз, халықты ма, жерді ме? Егер хандықты маған беріп, жерді алсаңыз, айыбымды төлеуге әзірмін! – дейді. Сол себепті де әкім-қаралар Тұрланға нақты шара қолдана алмаған деседі.

Асау би баласының қылығына ренжіп:

-Шырағым, Тұрлан, жалпы елге зиян тигізбе, еліңді ренжітпе! – деген тілімді алмадың ғой, әлі де болса айтарым бар. Шеркеште Қаракемпірге, ысықта - Қараорзаға, беріште – Қаратоқайға тиме! – деген көрінеді...

Тұрланды Үйшіктен Текеге (Гурьевтен – Оралға) айдап бар жатқанын естіп, амандасын қалу үшін соңынан Асау би қуып жетеді. Айдаушылардан рұқсат сұрап, баласына көңіліндегі сырын айтады:

-Тұрлан, шырағым, менің жасым біразға келіп қалды. Енді қайтып сені көре аламын ба, жоқ па, қоштасуға келдім. Сосын есіңде ме, ертеректе айтқан бір сөзім бар-ды. Оның мағынасын сен сұрамағасын мен де айтқан жоқ едім. Бәлкім, ерте ме, кеш пе, елге келерсің, қаперіңде жүрсін. Сол бір сөзімнің шешуін айта кетейін. Шеркеште – Қаракемпір аузы бар, айтса – билігі, жұмсаса – қайраты бар бір ауыл еді. Өзің қадірлі болсаң, бұлар арыңды арлап, айдауға бермей алып қалар еді. Тілімді алмадың, оған да ұрындың. Ал ысықта - Қараораз билігі көп болмаса да, дәулеті көп, ауызбірлігі мол, даудан да, жаудан қорықпайтан ауыл еді. Осы бүгін де бұлар сені жаудан арашалап, алып қалуға баратын ел еді, сен бұған да тидің. Шынында сен, Қараораз, Жәдікбайдың кесірінен кетіп бара жатқан жоқсың!.. Беріште Қаратоқай ұрпағы байлығы мол, ауызбірлігі күшті, дүниеге көзтарлығы жоқ, мырза ауыл еді. Егер қадірің болса, арғы шегі Петерборға дейін барып, бар байлығын беріп, басыңды сатып алуға жарайтын ел еді. Сен бұл елді де сыйлмадаңы! Қайтейін, Алланың берген мінезі шығар, маңдайыңа жазылғанды көрерсің, жолың болсын! – деп батасын беріп қала берген екен.

Тұрлан сол кеткеннен елге қайтып оралмаған. Біреулер оны: "Сахарный деген жерде ит жеп қойған", – десе, енді біреулер: "Патша саясатына қарсы шыққандықтан, Орынбор абақтысында өлтірілді" – деген пікір айтады. Осы соңғысы шындыққа саяды.

Асау бидің: "Сенің ұсталуың Жәдікбайдың кесірінен емес, әкімдердің тілін алмағандығыңнан", – деуі Тұрланның саяси жолмен тұтқындалғанын айғақтай түседі.

Тұрланның Сағира деген жалғыз қызы да сөзге шебер болған. Бірде Тұрланның үйіне төрт адам қонақ келеді. Дастарқан жайылған соң үш шыныаяқ әкеп құрады да, Сағила:

-Әке, аяғым үшеу, ал дастарқан басындағы адам алтау, шайды қайсыларына құяйын? – деп сұрайды. Сонда Тұрлан:

-Біреуің – маған, екіншісін - өзіңе, ал үшінші аяқты анау есік жақта отырған балаға құй! – дейді. – Осы үшеуден асатын ешкім де жоқ! Есік жақта отырған бала – болашақтағы үлкен би атанған, қысыр сөзді Қыздарбай екен!

***

ҚЫЗДАРБАЙ

Ол Қойыстың Еламан атасынан шыққан, жастайынан билікпен көзге түскен. Еламан руы жарлы болған деседі. "Аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін!" демекші, Қыздарбай айтқан билік қанша әділ, шындық болғанына қарамастан, байлар мен мықтылар жағы оған мән бермей: "Ой, соның әрпіл – тәрпіл айтқан қысыр сөзін қойыңызшы!" – деп жүрдім-бардым тыңдағандықтан, ол бертін келе "Қысыр сөзді Қыздарбай" атанып кеткен көрінеді.

Сонда Қыздарбай тұрып:

-Мен айтуын айтамын да, қайтуын – қайтамын-ау, бірақ буыршындар көп, бұзып кете береді, - дейді екен.

Тұрлан ешкі етін жемейді екен. Бір кезегі келіп, Қыздарбай ауылына түскен кезінде, ешкі сойып берсе, жеп кетеді. "Еламанды – елге тенеген, ешкіні қойға тенеген Қыздарбай" деген сөз содан қалған деседі...

Кіші жүз. «Арыс», 2007.Алматы. 32-36-беттер.

АСАУ БИ

Бірде Асау арнайы Бөкенді қонаққа шақырады. Үйіне келген соң он жасар жалғыз баласы Тұрланды шақырып алып:

-Ауылға Бөкен би келеді, көлігін күтіп, әңгімесін тыңда. Қолына су құйып, батасын ал. Кейде абайламай, алды-артыңды аңғармай айтып салатының бар, сол жағына сақ бол,- деп ескертіп қояды.

Айтулы уақытында Бөкен келеді. Ауылдың үлкен-кішісі анталап, қарсы алады, шай қойылып, мал сойылып, амандық-саулық сұралып жатыр.

Асау Бөкенді сөйлету үшін сабақтап сөз тартып:

-Бөке, осы келіндер бір мінез шығарып жүр. Бізді түрулі анталап, қарсы алады, шай қойылып, мал сойылып, амандық-саулық сұралып жатыр ма дейді. Бұл неткені?- деп сұрайды.

Бөкен:

- Ырысының кеткені,- дейді.

Асау:

-Үйге қонақ келіп қалды, мал соя қойыңдар десе, осы шалдар-ақ жатпайды екен, үйлерінен су шыға ма екен?- деп, ренжіп жастар мал союға ерінеді, бұл неткені ? – деп сұрайды.

Бөкен:

-Аузының кеткені,- дейді.

Асау жан - жағына қарап:

-Бөке, қонақ неше түрлі болады? – деп сұрайды.

Бөкен:

-Ұдайы қонақ, құдайы қонақ, қыдырма қонақ, қылғыма қонақ деген төрт түрлі қонақ болады. Ұдайы қонақ деп мына мен сияқты арнайы шақырылғанды айтады. Құдайы қонақ деп күтпеген жерден жолаушылап келе жатып, ат басын тірегенді айтады. Қыдырма қонақ деп, апта сайын айналып келе беретіндерді айтады. Қылғыма қонақ деп, үйдің түтінін бағып, күн сайын келетіндерді айтады дейді.

Асау:

-Бөке, қазақ қонақ қонсы дейді, соның қонағы кім, қонсысы кім? –деп сұрайды.

Бөкен:

-Қонақ деген мына мен. Мына үйге Бөкен келіпті, барып амандасалық, сәлемдесейік деп келіп отырған мыналар қонсы. – деп жанында отырғанды көрсетіп, бір күлдіріп алады.

Асау:

- Бөке, жігіттің неше жұрты бар? – деп сұрайды.

Бөкен:

Өзің қанша жұрты бар деп білесің? – деп кері сұрақ қояды. Асау: -Өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты бар. Өз жұрты күншіл, нағашы жұрты сыншыл, қайын жұрты міншіл келеді деп айтады.

Сонда Бөкен:

-Асаужан-ай, әлі де аз біледі екенсің ғой, жігіттің күндемейтін, сынамайтын, мінемейтін бір жұрты бар.Ол Алаштың азаматы ғой ,–дейді.

Асау:

-Білмейтініміз көп екен ғой,- деп айнала жұртқа қарапты.

Осы кезде әкесінің қасында әңгіме тыңдап отырған Тұрлан:

– Осындай адамды өгізге мінгізіп қойған есентемір деген ел емес екен ғой,- деп ұшып тұрып, жүгіріп шығып, әкесінің мініп жүрген атын есіктің алдына әкеліп байлайды.

Баланың қылығына риза болған Бөкен:

-Бақытты бол, - деп батасын береді.

***

Сол Тұрланның дүниеге қалай келгені туралы әңгіме былайша өріледі:

Бірде Бөкен келген күні Асаудың әйелі босанып, ұл табады.

Асау:

– Бөке, жақсы келдіңіз, қол-аяғыңыздың жеңіл екенін әуелден білеміз ғой. Келіңіз аман-есен жеңілденіп, балалы болдық. Көптен күткен арманымыз еді, қағанағымыз қарық, сағанағымыз сарық болып жатырмыз. Енді осы баланың атын сіз қойсаңыз деп отырмын, – деді.

Бөкен қош көріп:

- Е, Асау, сен әуелден елдің асылы едің, ұлың асылдың сынығы , тұлпардың тұяғы болсын, олай болса аты Тұрлан болсын, – деп батасын береді.

Асаудың ата-тегі былай келеді. Шеркеш – Қойыс- Сүйініш- Құмаш- Жиенбет – Қыдырбай – Маңдай – Асау.

Асау 1870 жылы туған. 1862 жылы қайтыс болған. Зираты атақонысы Сарықөл деген жерде. Асаудың нағашысы Байбақты, анасы Шолан деген кісінің қызы Мақпал. Қайын жұрты Табын. Барақ батырдың қызына үйленген.

Берік ҚОРҚЫТОВ,
«Атырау» газеті.

ТАЗМОЛДА ӘУЛИЕ

Атырау – Астрахань темір жолы бойындағы Афанасьев бекетінің солтүстік шығысына қарай 3-4 шақырым жерде Тазмолда бейіті деп аталатын үлкен қауым бар. Осындағы Тазмолда зиратына жергілікті халықтың түнемейтіні кемде-кем десе де болғандай, көпшілік келіп мінәжат етіп жатады. Мұның бәрі атаның аруағына деген ел құрметі болса керек.

Қазақстан халық жазушысы Әбу Сәрсенбаев Тазмолданы арғы атамыз еді, өзеннің арғы бетіндегі ауылды қазан-ошағымен бергі бетке, бергі беттегіні арғы бетке қондырған аруақты адам деп Атырауға келсе, оған ат басын бұрмай кетпейтін және ол туралы түрлі басылымдарда ілтипатпен жазып та жүрді. Тазмолда туралы облыстың белгілі қаламгері Өтепберген Әлімгерейұлы да ой қозғады.

Елдегі әңгімелер мен жоғарыда аталған қаламгерлердің жазғандарына деп қойсақ, Тазмолда әулие өткен ғасырдың басында Қызылқоға өңірінің Сарықөл деген жерінде дүниеге келген. Әулие бейітінің басындағы белгіде: "Тазмолда –Сардар баба, Байұлы, Жақау шеркеш, Бекмұқамбет бидің дәрушісі, XVIII-XIX ғасыр", - деп жазылып, одан кейін Әбу бастаған 12 адамның аттары келтірілген. Осыған сәйкес 1801 жылдары Бөкей сұлтан 500 үймен Нарын құмына көшкен кезде, Тазмолда жас болып, анасы екеуі ағайын-туыстарынан көз жазып, ата қонысында қалып қояды. Анасы өлерінде баласына: "Жасым келіп, жағдайым нашарлағасын құдай қосқан қосағым-сенің әкеңнің қасына сүйегім қалсын деп өзіңді туысқандарыңнан ажыратып алып қалғанмын. Енді мен көз жұмғасын ағайын-туыстарыңды көшкен ізімен іздеп тауып ал", - деп батасын береді.

Баласы анасын арулап қойғаннан кейін бір күні атқа қонып, Нарын құмына бағыт ұстайды. Сұрай-сұрай оларды да табады. Бірақ бұлар немере-нементай сияқты етжақын емес, иісі шеркеш болып шығады. Бұл туралы аңызда былай деп айтылады.

Бөкейдің ең сенімді билерінің бірі Тұрымбеттің Бекпенбеті өзі отырған орынның маңындағы кем дегенде бір шақырымдай жеріне ат та байлатпайды, түйе де шөгертпейді екен. Себебі мал шөпті таптап, шыбын үймелетеді, одан шуаш иісі шығады деп жолатпаса керек. Осыған орай, ауылды айнала аркан кергізіп, кедергі орнатқан.

Бірде соның бәрін бұзып- жарып бір сап атты жігіт үй жанында бидің өз аты тұратын мама ағашқа келе тізгінін тартып, атынан түседі. Ауыл сыртындағы дөң үстінде отырған қариялар бұған тіксініп қалса, төбеттердің үрмей қыңсылап жата қалғанына таңданады. Бұлар жігіттің киімі мен атына қарап, оның алыстан келе жатқанын байқайды. Ол қарттарға қымсына басын иіп, бұзық сәлем береді. Осы сәтте Бекпенбет бидің қасында отырған қарттың бірі қамшысын білемдеп:

-Атыңмен арыңдап, басымызға шығып кете жаздаған қайдағы таз едің? – деп едіреңдейді.

Жанына тіке сөйлеген шалға жолаушы жігіт көпелімде ештеңе дей алмай үнсіз қалады. Осы сәтте ақсақал әлгі сөйлеген шалдың қолындағы сегіз өрме дойырдың қарасұр жыланға айналып, иесіне ысылдап тұрғанын көреді. Мұны Бекпенбет те байқап, жылы қабақ көрсетіп:

-Балам, алыстан ат арытып келіп жатқан адамға ұқсайсың. Бағытың қалай, жөніңді айт, - дейді.

Әлгі жігіт өзінің есімі Сардар екенін, анасының өсиеті бойынша келе жатқанын түгел айтады. Ал мән-жайға әбден қанықкан әрі мұның тегін адам емес екенін ұққан Бекпенбет би:

-Біз де сен атаған Қойыс атаның ұрпағымыз. Дәм тартып, осы жаққа орын тептік. Енді іргеміз бүтін, қазығы аттан, ошағы оттан кетпеген ауылмыз. Бабың да табылар, бақытың да ашылар, бір-бірімізді аға, екіншімізді ата дейтін баламыз болып, осы ауылда қал, - дейді. Бидің сөзін қабыл алған Сардар осы ауылда тұрып қалады. Кейіннен ол елге сыйлы, халыққа қадірлі болып, Тазмолда атанады.

Бекпенбет баласы Шолтырды үйлендіріп, келіні Қамқа айы-күні жетіп отығанда би Тазмолдаға дүниеге келетін немеремнің кіндігін өзің кес деп қолқа салады. Ал Тазмолда кіндікті әйел кеседі ғой десе, би:

-Менің немерем өзің сияқты елге елеулі, халыққа қалаулы, ауызда жүретін адам болса жарайды. Сондықтан анау, мынау демей, кіндігін кес, - дейді.

Қамқаның босанатын сәті де келеді. Ал би ата тілегі бойынша Тазмолданы іздесе, ол тантырмайды. Нәрестенің іңгәлаған даусы естілгенде тантырмай жүрген Тазмолда пышағын жанып, аяқ астынан сол үйде отырыпты. Сөйтіп, атақты Мақаштың кіндігін Тазмолда әулие кесіпті. Енді бір әңгіме былай өрістейді.

Тазмолда Бөкей ханның ауылымен бірге отырады. Содан хан әулиеге ештеңе айтпастан мұны жұртқа жалғыз үй қалдырып, ауылымен түгел көшіп кетеді. Бұған намыстанған Тазмолданың әйелі оған:

-Әне, хан бізді менсінбей, бір ауыз сөз айтпастан көшіп кетті. Оның алдында сенің беделің жоқ екен. Енді не істейміз? – деп қыңқылдай береді.

Әулие бұл сөзге жауап бермейді. Бір күні Тазмолда әйеліне:

-Біз де көшеміз. Қазір көзіңді жұм, бірақ жолда ашпа! – деп бұйырады.

Әйел көзін жұмған бойда жеңіл арбаға мінгендей әсерге бөленіп, бірнеше қоңыраудың сыңғырын естиді. Әйел шыдай алмай көзін ашса, жегілген көп қоян мойындарындағы қоңырауларын сыңғырлата шауып келеді екен. Тазмолда әйеліне:

-Тәйт, көзіңді жұм! – деп зекіп тастайды.

Тазмолданың аруағы қоян болып көрінеді екен. Ал таңертең Бөкей хан тұрғанда, Тазмолданың үйін көреді. Хан Тазмолдадан барып кешірім сұрапты. Міне, Тазмолда атанып кеткен Сардар атамыз осындай қасиетті адам болыпты.

Берік ҚОРҚЫТОВ

ҚУЫС БИ

«Тарихтан айтпай шешілмес, өткен күннің жұмбағы»,- деп, «Исатай-Махамбет» дастанында Ығылман айтқандай, Қуыс атаның халқына тигізген шапағаты туралы нағыз тарихшылардай баяндай алмасақ та, өз ой-пікірімізді ертеден құлаққа сіңген тарихи ұғымдарға сүйенің сөз етпекпіз.

Тарихтан белгілі жайт Қаған-Аман арқылы Еділден өтіп, Солтүстік Кавказ даласына қоныстанған қалмақтардан босап қалған Нарын өңірін 1786-87 жылдары Жайықтың шығыс бетінен өтіп, Кіші жүздің 45 мың үйі мекен еткенін профессор Михаил Порфирьевич Вяткиннің «Сырым батыр» еңбегінен (1951ж. 246-247- беттер) оқимыз. Бұдан кейін 1801 жылдары таңы да Бөкей бастаған бірақ ел шекі бетке өтеді. Сол Бөкей, Шығай және Жәнібек хандық құрған 19-ғасырдың алғашқы ширегінде қазақтың қарапайым жұртына шұрайлы қоныс бұйырмады. Барлық сұлы-шұлы

жерді хан мен оның билері немденеді. Ал сырдаңа ығыстырылған қазақтың өз ішіндегі әлеуетті, күшті рулары жарлылау, әлсіздеу топтарына тағы да өктемдік жасап, оларға қоныстан қысым көрсетеді. Сол себепті бұл өңір елінде: «Ойды орыс билейді, қырды қойыс билейді» деген наразылық мысқыл сөз айтылып, ол мәтелге айналады.

Осындай үш жақты қыспаққа ұшыраған біздің Тілес әулеттерінің ауылдары ішкі Ордадан шығып, өздерінің бұрынғы атамекеніне қайта көшуді ойластырады. Сол мақсатпен 19-ғасырдың жиырмасыншы жылдарының бас кезінде бес-алты адам Жайықтың шығыс бетіндегі ағайыны Бабалы Жүніке ауылына жол тартады. Олар өздерінің көшіп келуіне ақыл-кеңес алмақшы болған адамы-Бабалы Ермек бидің үйіне ат маңдайын тірейді. Ертеңгілік уақытта үй сыртына келіп, хабарлас жасағанда, жолығуға шыққан жігіттен олар: «Бұл-кай ауыл?»-деп сұрайды. Жігіт тұрып: «Бұл Жүніке ауылы, -дейді де: «Өздерің кім боласыңдар?»- деп, қарсы сұрақ қояды. Сонда жолаушылардың атқосшысы іспетті балаң жігіт:

-Біз де Жүніке ауылының балаларымыз,-деп аттарынан түсе бастайды.

Бұл жолығысты киіз үйдің түрлі іргесінен көріп әрі айтылған сөздерді естіп отырған Ермек би: «Мына кісілер кім киісі, ер-тұрманы жағынан біздің жақтың адамынан гөрі арғы беттің адамдарына ұқсайды. Сол елде Табылды Сексенбайдың бір жас баласы азаматтыққа ілесіп, атқа мінді деп естуші едім. Бұлар, сірә, сол болар»,- деп өзі орнынан тұрып, шапанын жамылып, таяғына сүйеніп, тысқа шығады.

Ермек ақсақал алыстан іздеп келген ағайындарын қарсы алып, бірнеше күн сыйлы қонағы етеді. Қысымшылықтан құтылу жолында бастарына пана іздеп келген ағайындарының сөзінен олардың хал-ахуалына қанықкан Ермек би былайша түйін сөзін айтады:

-Хал –жағдайларыңның ауыр екенін түсіндім. Елге келеміз деген ниеттерің дұрыс. Келіңдер. Қоныс та жетеді. Ағайынның тұтастығына не жетсін!-дейді де, ендігі сөзін жас та болса, жолаушылардың атынан сөйлеп, басшыдай көрініп отырған балаң жігіт Иманғалиға қаратып айтады. Ермек ата Иманғалиды бірден ұнатып, іштарта сөйлеп, «Иманжан» деп атай бастайды. Сонымен Ермек:

-Иманжан қарағым, біз болсақ картайып, аттан түстік. Таяққа сүйеніп, үй бағып отырмыз. Ағайынға ақылшы болардықтай, ел басқара алатын азамат көрінбей жүр. Байқауымша, сенің түтінің түзу, жөнің дұрыс сияқты. Тезірек келіп, ел тізгінін қолыңа ал! Біздің Тілестің жігіттерді қырыққа шейін қылшылдайтын еді, қырықтан асқан соң былшылдайтын еді. Сөйтіп, сен қарыңа тартып кете қоймассың, Иманжан!-деген екен.

Осылайша ақсақал биден бата алған Ішкі Ордадағы Тілес туыстар 1828-29 жылдардағы ел көшу дүрбелеңінен біраз бұрын хан мен патшалық әскерлердің қауіп-қатерінен қаперсіздеу, тыныштау кезде Жайықтан қайта өтіп, Атырау, Тайсойған, Ойыл, Қиыл, Сағыз, Жем, Елек, Қобда мекендерін жайлап, көшіп жүріп күнелткен ағайындарға келіп қосылады.

Иманғали Ермек бимен ауылдас тұрып, Ерақанның сенімді серігіне айналады. Ермекке ұнаған Иманғали халыққа да кетәрі көрінбей, бедел ала береді. Енді бұл елдің бұрынғы аткамінер бай, мырзалары өздерінен Иманғалидың бағы асып бара жатқанына қызғаныш білдіріп, оны кекету мақсатымен әртүрлі ат қойып, айдар тағып, күндей бастайды. Сөйтіп, әуелі Иманғалидың бойы шағын, түсі сарғыштығына қарай, оны жағалтай деген құска ұқсатып, келекелеп, «Жағалтай» атайды. Иманғали бұл әбестікке онша апшымай, өз жөнімен Ерақанның қызметін тындыра береді. Одан әрі күншілдер Иманғалидың өз сырын алдырмай, терең сақтайтын мінезіне, екінші жағынан әрі етті көп жейтін тамақсаулығына қарай оған «Қуыс» деген атты таңады. Иманғали бұған да кектенбей немесе реніш сезімін сыртқа шығармай,Ерақасына ұнаған қалпында беделін сақтап жүре береді.

Одан әрі күншілден күндеске айналған қызғаншақтар енді Қуыстан құтылу, оның бұл арадан карасын жою амалын қарастырады. Сонда барлық атқамінерлердің әрі жасы кіші, әрі жағымпазы Қазантай деген: «Қуыстан құтылудың жолын мен табайын, ерікті маған беріңдер»,-дейді.Қуыс болса, ойында

ештеңе жоқ, әлгілермен бірге жол шегіп, ел аралап, шаруа тындырып жүре береді. Сондай бір кезде жолаушылар құдық басына келіп Қазантай қауғалап су тартып, астауға құйып, ат суарады. Суарып болған соң, Қазантай ат үстіндегі ағаларының жүгенінің ауыздығын салады. Сол кезде Қуыс тұрып: «Қазантай, менің де атымның ауыздығын салып жіберші»,-дейді. Ал Қазантай: «Сендей қаңғыбаска да ауыздық салатын қызметші керек болды ма?»-деп, Қуыстың атының басынан ұрып жібереді.

Осындай өрескел қылықтың Қазантайдың өз билігімен жасалмай, оның әпербақан ағаларының арам ниетінен туған іс екенін түсінген Қуыс өзі шір тұткан Ермек биге келіп, болған жағдайды айтады да, енді олармен істес болып, бірге жүре алмайтынын білдіреді. Сол себепті өзінің басқа жерге қоныс аударуына рұқсат сұран алады.

Сонымен Қуыс атамыз «Қақпақты қара қазан» атанған ұлы құм-Тайсойғанның Көпайдарлы деген шұрайлы жерінен 1820-25 жылдарда қоныс алып, осы араға Атырау-Бұланнан сонау Торыатбас, Қыземшекке дейін көшіп барып қайтуға күйі келмей, әр жерде жатаққа айнала бастаған ағайындарды жинап, соларды Тайсойған, Жалғызағаш құмдарына, одан қырға қарай Көптің шағылы, Қызылтақ, Сағындық, Мешіт шағылы, Көмірлі, Сүйір шағылы, Желжарғанға, Сағыз өзені өңіріне қоныстандырып, әрі ата жігіне қарай жерді бөліп береді. Аталған қоныстарға халық қыстау салып, отырықшылыққа бейімделеді. Қызылқұдық, Аққұдық жеріне тары егіп, еңбекші ел қыстық азығын алады. Ал Қуыстың Ысқағы болса, Сағыз бойына, Баба шағылына асқабақ, қауын, қарбыз егіп, тұрмыска мәдениет жаңалығын енгізеді.

Қуыс атаның қажыр-қайратымен бас құраған жұрт патшалық кезінде Қызылқоға болысы, 10-ауыл, ал Кеңес өкіметі тұсында Қызылқоға ауданының 9-ауылы атанып, мал мен басы тең өскен еңселі ел болғанын көзімізбен көрген едік. Әттең, Тайсойған-Сағыз өңірін жүз жылдан астам мекен еткен Тілес тайпасынан тарайтын Табылды, Нияз, Тәни, Жұмық, Қолпаш ағайындар кеңестік зобалаң зардабынан 1928-32 жылдары мінерге ат, ішерге ас таппай, есеңгіреген халде тоз-тоз болып кеткені тарихтан белгілі.

Осы арада Қуыс бидің ата-тегі мен өзінен тараған ұрпақтары жөнінде айта кетейік. Шеркештің бір тайпасы Тілестен Жиенбай.

-Жолшыбай жөн сұрайтын би таба алмағанын ба? – деп, сауал қояды Бөкен би.

-Ой, бір жаман шал «мен Бимырзамын» деп келемеж қылды, - дейді Құрмаш.

-Ия, шырағым, қателескен екенсің, мен Бимырза тұрған жерде билік айта алмаймын, сол «жаман шалға» қайтып бара гой. - депті би.

Құрмаш: «Бұл жердің билеріне не болған – біреуі отын арқалайды, екіншісі өгізге мініп қой бағады».- деген оймен атының басын кері бұрады.

Қайтып келіп, Құрмаш атынан түсіп, атамыздан кешірім сұрап, қонақ болыпты. Атамыз қонағының тілегін қабылдап, ауылдың ортасында тігілген үлкен аппақ ағаш үйге қонақтарын кіргізіпті.

Текей ҚАРАМЫРЗАҰЛЫ,
Серік ТАБЫНБАЙҰЛЫ

ҚЫЗДАРБАЙ

Он екі ата Байұлының бірі шеркештің Қойысынан, Сақау, Сүйініш, Еламан, Қашқыншы болып тарайды. Ел ішінде Қыздарбай бидің: «Еламанды елге тенедім, ешкіні қойға тенедім» деген сөзі бар. Ол сөздің мәні мынадан шыққан. Еламан ел аузына көп алына қоймайтын, ешкім елеп-ескеріп бара қоймайтын елеусіздеу жуас ауыл болыпты дседі. Бір күні осы Еламан ауылына, Қыздарбайдың үйіне күтпеген жерден есентемір Бөкен би келіп қалады. Бөкен келді деген сөз бұл ауыл ел қатарына кіріп, еленді деген сөз. Сойып тастайын десе Қыздарбайда ірі мал түгіл қой да жоқ, қысылғаннан ешкі сойып береді. Келесі ауылға барғанда дәмге емес, ниетке риза болған Бөкен:

-Қыздарбайдан бір қой жеп шықтым, - деп, үй иесінің малын сойдырмайды. Осы сөз елге тарап, Қыздарбайдың жоғарыдағы сөзі ел ішінде мақал-мәтелге айналып кетеді.

***

Асау бидің баласы Тұрлан Қыздарбайдан: - Қарадан хан туған, айырдан нар туған кім? – деп сұрайды.

Қыздарбай:

-Өзіңше, кім деп білесің? – деп қарсы сұрақ қояды.

Тұрлан:

-Менмін, - дейді,

Қыздарбай:

- Жоқ, сен емессің, менмін, - дейді.

Тұрлан:

- Қалайша? – дейді.

Қыздарбай:

- Әкем қой баққан құл емес пе,
Анам от жаққан күң емес пе.
Олай болса қарадан хан туған,
Айырдан нар туған мен емес пе?
Әкем Асаудай елге аға болса,
Анам сенің шешендей дана болса,
Мен хан емес, патша болып туар ем,
Еламанды елге тенедім,
Ешкіні қойға тенедім,

Осы айтқандарым жөн емес пе, - дегенде.Тұрлан тоқтап қалады.

***

Бірде Қыздарбай Нарын құмының күнгей бетінде отырған Мақашқа келеді. Үйге кірсе, төрде кілең қасқыр ішік жамылған маңғаздар отырады. Қыздарбай қиястықпен амандаспастан ескі алдында тұрған құманды алып, сыртқа шығып келіп, қолын жуады. Мұны әбес көрген төрдегілер күле бастайды.

Өзіне күліп отырғанын сезген Қыздарбай:

-Мақашжан, қарағым, жұмаққа не барады деп естідің? – дейді қолын жуып отырып.

Мақаш:

-Қой барады деп естідік, - дейді.

Қыздарбай:

-Олай болса ит терісін киіп төрде отырғандар қой терісінен күпі киген маған неге күледі? - дейді.

Қаражаяу адам емесін сезіп қалған Мақаш:

-Тіліңіз жүйрік, сөзіңіз мірдің оғындай, ойыңыз биік екен. Қай ауылдың адамы болдыңыз, бұрын-соңды көрмегендіктен жыға тани алмай отырмын, – деп алыс-жақындығы ауылдардың біразын айтады.

Қыздарбай:

-Атаған ауылдарыңның бірінен де емеспін, - дейді.

Мақаш ойға қалып:

-Арғы бетте Еламан шеркеште қысыр сөзді Қыздарбай деген ағамыз бар деп естуші едік, мүмкін, сол боларсыз, - дейді.

Қыздарбай:

-Болсақ болармыз, сөзімде қысырлық жоқ, бірақ ауылда қисық төс буыршындар көп, кейде солардың кесірінен бұзылып кететіні рас, - дейді.

Мақаш ұшып тұрып, қолын алып, төрдегілерге қарап:

-Сіздердің сый-сияпаттарыңыз бітті, - деп Қыздарбайды төрге әкелін отырғызады. Төрдегілер үнсіз алмай, шыға бастайды.

БЕКПЕМБЕТ БИ

Бірде Қазы би шеркеш Бекпембет биге кездесін қалып:

-Беке, осы менің не мінім бар? – деп сұрайды.

Бекпембет:

-Не мінім бар сұрауыңның өзі мін, басыңда тағы төрт мінің бар. Семізсің – жау жаулай алмайсың, бисің – дау даулай алмайсың, ақылдысың – көпке ермейсің, ашулысың – көпті ерте білмейсің. Тазеке атанбай, Қазеке атанғын келсе,осы міндеріңді жой. - дейді.

Қазы қарсы сөз айта алмапты.

***

Бекпембет Шолтыр деген баласына көңілі толмайды.

- Балам жасықтау, көрегенділігі, көргендігі сезілмейді, антұрған нағашыларына тартып кетті-ау деймін. Бұл баламнан дұрыс тұқым, мұрагер тумай қала ма деп қауіптенемін. «Алып анадан туады» дегеннің қателігі жоқ, балама келінді өзім іздеп, құда түсін алып беремін. - деп, әрі құрдасы, әрі қимас досы Құткелдіге сыр ашады. Екеуі ел ішінен болашақ келінді іздеп, сұрау салады, кімдердің үйіне қандай қыздары бар екендігін түгендейді. Алайда көреген әкенің оларға көңілі толмайды. Көрікті қыздарды көргенде Құткелді:

-Беке, «Таңдаған тазға, ақылы азға ұрынады» деген бар емес пе, осыған тоқтасақ қайтеді, - дегенде, Бекпембет: «Сабыр түбі -сары алтын» деген. Шыдай тұр,- деп алған бетінен қайта қоймайды. Сөйтіп жүргенде Жидели жайлауындағы Сәрет бидің бойжеткен қызы бар дегенді естіп, сонда келеді.

Сәреттің руы – қызылқұрт, атақты Құрманғазымен туыстас екен. Екі би бірін-бірі ертеден білсе керек. Сәрет бидің қызы сегіз қанат ақ боз үйдің іші толы қонақтарға қысылмай отырып шай құяды. Би қыздың жүріс-тұрысын, болмысы мен қимылын мұлт жібермей сынай, барлай қарап отырады.

Ертеніне бай ауылына қайтып келе жатып, жолда өз байламын айтады.

-Сәрет билің қызы маған ұнады, Құдай қаласа, іздеген келінім табылған сияқты. Алдағы сәрсенбіде бұл ауылға құда түсуге өзің қайта келесің, соған дайындал, - дейді құрдасына.

Құткелді:

-Мұныңыз тым асығыс емес пе? – дейді.

Би:

-Тегінде асыққанымыз жөн болар, бойжеткен көрікті қыздың саудасы тез жүреді, ел ішінде қолқалаушылар да бар шығар, қапы қалармыз, - дейді.

Құткелді:

-Беке, бұл балаға қалайша тоқталдың, сырыңды айтшы, - дейді.

Би:

-Оу, Құткелді, қызды өзің де көрдің емес пе. Байқаған шығарсың, болашақ келінімді былай сынадым: біріншіден, қыздың шашы ұзын, бұрымы толық екен, нағыз қарақат көз, қолаң шаштың өзі. Ондай арудың махаббаты мөлдір келеді, ерін, азаматын сыйлағыш келеді. Оның алдына түсіп, билік жарастырмайды. Екінші байқағаным, қыздың бөксесі шеңберлі, мықыны кең екен, ондай адамның құрсағы жайлы келеді, бойға біткен бала құрсақта еркін өседі және ондай әйелдің толғағы жеңіл соғады, бала тез түседі, үшінші, бір жақсы ырым еткенім – жүрісі сәнді екен, аяқ басқан дыбысын сездірмей, өкшесін жерге тигізбей, жұмсақ жүреді екен. Ондай жанның ұяңдығы, инабаттылығы басым болады. Тарпаң мінезді тасыраңдаған әйелдердің жүрісі тайдың тұяғындай жерді дүрсілдетіп басар болар. Долы қатындарды жүріп келе жатқан түрінен танисың. Қыздың тағы бір қасиеті - бөгде адамның бетіне тура қарамайды екен, демек иманжүзді, ұяты мол, аса сабырлы, ақылы терең болса керек. Байсалды жанның ішкі дүниесі бет-әлпетінен, реңінен білініп тұрмай ма? Құдайым нәсіп қылса, балам мен екеуінен бір лайықты ұрпақ артымызда қалар деген үмітім бар, - дейді.

Сонымен Құткелді барып құда түседі. Сәрет те сыршыл, сезімтал адам екен, бұл хабарды естігенде:

-Бүйтіп жүрмесең сен Бекпембет болармысың, бір хабарыңды кешіктірмей жеткізетін боларсың деп қалып едім өткенде, - деп үй ішіне естірте айтады да:

-Мақұл, бидің қолқасын қабыл алдық, - дейді.

Уағдалы күнде той өтеді, қыз ауылынан аттанарда жеңгелеріне:

- Атағым шықпайтын жерге бара жатырмын, - деп сыңсып қоштасады. Мұны Құткелді естіп қалып, бұлқан-талқан ашуланады. Бірақ сыртқа тіс жарып, сөз қозғамайды. «Бекпембет сияқты бидің келіні болып атағы

шықпай жатса, қайда барып дәуірлемек екен, мына бейшара», - деп іштей ойлайды.

Бекпембет ауылдағы той өткен соң Құтқелдіні қасына алдырып:

-Құдалыққа барғандағы әңгіменді түгел айтпаған сияқтысың. Келініміз әке босағасынан аттанарда тума-туыстарына бір ауыз сыр ашып, ештеңе демегені ме, құлағының не шалғаны бар? – деп сұрайды.

Құтқелді аңырап қалады, мына би қыздың сөзін қайдан естіп қалды екен деп таңданады. Оны айтсам, келін естіп қалып ренжімес пе екен деп тағы ойлайды, бірақ өтірік айтуға бара алмайды:

- Беке, көңіліңізге келмесін, сіз мақтағанмен бұл келін менің ойымнан шықпай тұрғаны. Әке босағасынан аттанарда: «Атағым шықпайтын жерге бара жатырмын, оны кейін өздерің білерсіздер», - деді жеңгелеріне. Ұялғаннан менің екі бетім дуылдап кетті, - дейді.

Би рақаттанып күледі де:

- Шүкір, тіл-аузымыз тасқа, бұл келін асқан ақылды би келін болады, бірақ атағы шықпайды. Бекпембет ауылы деген сөз өзгермек емес. Егер мен дүниеден өтер күн туса да, бәрібір келіннің аты шықпайды, ел «Бекпембеттің би келіні» деп айта салады. Көрдің бе, ол кезде де келіннің алдында мен тұрамын, ақылды қыз соны күнілгері зеректікпен болжаған. Ол қанша дана болғанмен, Бекпембет бидің келіні дегеннен асып, атағы шықпайды. Келіннің айтуы дұрыс , сен оған шаршама. Егер бұл қыз басқа ауылға келін болып түссе, күндердің күнінде пәленше деген би, бәйбіше айтқан екен деген сөзі елге тарап, атағы шығатыны сөзсіз, - дейді.

Бекпембет бидің айтқаны дәл келеді. Азан шақырып қойған есімі аталмай, «Бекпембет ауылындағы би бәйбіше» атанып кетеді. Осы бәйбішеден дүниеге ел аузында Мақаш атанған би келеді.

Екінші нұсқасы.

Шолтыр қайын атасының ауылында отауда қалыңдығымен кездесіп отырып: - Биекеңдей атаң бар, мендей күйеуің бар, сенің де бұл дүниеде арманың бар ма? – дейді.

Сонда қалыңдығы:

-Арманым бар, арманың не десең Биекеңдей атасы бар, сендей күйеуі бар әйелдің атағы шықпайды. Егер басқа кісіге тисем, менің де атағым шығар еді- дейді.

***

Бір кездесіп қалғанда Қазы би Бекпембет биге:

-Ассалаумағалейкум, Беке, - деп сәлем береді.

Бекпембет:

-Ә, аманбысың, Қазы би,

Шекесі жалтыр тазы би, - дейді.

Қазы:

-Ә, Беке, өзіңіз де естіген сөз ғой, ат жақсысы боз болар, ер жақсысы таз болар деген, - дейді.

Бекпембет:

-Е, шіркін-ай, жақсы боламын деп кім басын сылытар дейсің, - дейді.

***

Бекпембеттің азан шақырып қойған есімі Бекмағамбет, одан Бекмұхамед атанады. Мақаштың Бекмұхамедов деп жазылуы, содан кейін келе Бекпембет атанып, осы есімі елге жайылып кетеді.

МАЛТАҚАН

Шеркеш Малтақан би Бекболаттың Мұқашы деген байдың үйінде отырғанда байдың соғымға жіберген түйесі үйелеп өліпті деген хабар жетеді. Оған Мақаш қатты ренжіп, түні бойы бақташыларын балағаттап шығыпты. Ертеңіне шай үстінде қабағы ашылмай отырған байға Малтақан:

-Немене, мырза,
Қабағың ашылмайды ғой түннен,
Өлді деп естігелі семіз інген,
Бірі өлсе мыңы бар,
Сенікі ғой анау өрісте қаптап жүрген.
Бағатын да, өсіретін де сол малшы,
Қайсысына, сірә, сенің еңбегің сіңген.
Қой, Мұқаш,
Тағдырдың ажалы тура келсе
Кетерсің түйе түгіл, өзің мүрдем! – дейді.

***

Малтақанның Қалым деген баласы біреуге еткен еңбегі үшін алған бір қойын үйге жіберсе, Малтақан сойып жеп қойыпты.

Сонда Қалым әкесіне:

-Көрінің анау тұрған Өмірбегің,
Қыстауың жайлауым мен Темірбегің.
Мен келмей жалғыз қойды жеп қойыпсың,
Балаңнан да жақын екен кеңірдегің, - дейді.

Малтақан:

-Бәсе, көрінің анау тұрған Өмірбегім,
Қыстауым жайлауым мен Темірбегім.
Кәрілік пен жарлылық қатар келсе,
Баланнан да жақын болар кеңірдегің.
Қалым-ау, әкең – шал да, шешең- кемпір,
Әкеңде жыртылып жүр кебіс,белтір.
Екеуін асырауды қиынсынсаң,
Бізде үй жоқ, бір шыбықпен ұр да өлтір, - дейді.

Бұдан кейін Қалым әкесіне жел болып тимеген екен.

***

Малтақанның Сәпөк деген баласы ақындық пен ерлік құрып жүріп, 35-ке келгенше үйленбепті. Мұнысын жақтырмаған Малтақан баласына:

-Келгенше дәл отыз бес жасқа, балам,
Қоймадың ел кезуді, қасқа балам,
Апталап үйін көрмей тентіреуді,
Жазған ба мандайыңа Хақтағалам , - дейді.

Сәпөк әкесіне:

- Ел кездім қалмаған соң басқа шыдам,
Күйеу дер Сәпөгіңді бар ма құдаң?
Тіпті үйден, әкетайым, шықпас едім,
Сыландап тұрса шіркін бір ақ қылаң, - дейді.

Малтақан кешікпей біреуге құда түсіп, баласын үйлендіріпті.

Екінші нұсқасы.

Сәпөк ел аралап, салдық құрып, отыз беске келгенше үйленбепті.

Бір күні Сәпөк:

-Әке, әйелдің қандайын алсам жақсы болады? -- деп сұрайды.

Әкесі:

-Сыры терең, сыны кетпес, қолаң шашты торыны ал, - дейді.

-Ол болмаса?

-Тілі сараң, қолы мырза аққұбаны ал.

-Ол да болмаса ше?

-Мұңға мұқалмас, жоққа жұтамас қажымайтын қараны ал.

-Ол да болмаса?

-Түсі сары, көзі көк, былшылдаған сөзі көп, салпы етектің өзін ал.

Сонда Сәпөк:

-Әй, әке-ай, аузыңызға әйелдің бір аппағы түспей қойды-ау, - қынжылады.

Әкесі:

- Е, шырағым-ай, құр ағарғанның мәні болмас, жалтырауықтың дәні болмас, дәні болса да сәні болмас, - депті.

***

Бірде қызмет бабымен Ордаға келген Мақаш осы өңірде тілге жүйрік, сөзге шешен Малтақан деген кісі бар деп естіп, тілдескенше асық болады. Өз тілегін айтып, Малтақанды шақырып кісі жібіреді. Бұрыннан Мақаш атын естіп жүрген Малтақан келеді.

Малтақан келгенде, Мақаш төрде құс жастықты шынтақтап жатыр екен, орнынан ұшып тұрып көріседі де құшағын жазбастан:

-Малтақан аға, сізді осы өңірдегі құлағы түрік, көзі қарақты, қара сөздің шебері деп естідім. Осы орайда, өзімді таңдандырып жүрген бір-екі жайды сұрап білгім келеді. Атап айтсам, дүниеде айналайынның шегі нешеу, әбден кейігенде атаңа нәлет дейміз, осы атаңа нәлеттің түрі қандай, отырмай жатып, осы жайларды түсіндірсеңіз, - деп қолқа салады.

Малтақан:

-Е,Мақаш, бар болғаны осылардың жауабын таба алмай жүрсең, әуелгің үш, кейінгің төрт ағайында ма деп қалам. Өзің үйде бол-болма, іргеге ат байлаған доска, жақын-жаранға, кез келген құдайы қонаққа жарқырап отырып, барын базар ете білген, берген шайын шалып тастайтын қойға, қойын жетектеп мінгізіп жіберетін атқа пара-пар етіп, есте қалдыратын ақжарма, жайсаң қатыннан айналайын. Қолыңа жүген алып, жүгіріп барғанда, теріс айналып кетпей, қасқайып қарап тұратын атыңнан айналайын. Байтақ елге басшы болып тұрғанда, елге құт, әлді-халділерден таяқ жеп, тепкі көріп, алдыңа келгенде, пақыр-мүшкілге, жетім-жесірге пана болған, байдың малына, бидің ажарына қарамай, кемді теңгерген, жылағанды жұбатып, құлағанды тұрғызған, қара қылды қақ жарып, төрелігін әділ айтқан әкімнен айналайын. Ал нәлетіңе келсек, доска, жора-жолдаска, алыс жолдан арып-ашып келген құдайы қонаққа: «Үйде су жоқ, әбдіреде ас жоқ, аулада отын жоқ», - деп кіржіңдеп, аяқ-табақпен алысып, ошақ басына жоламайтын, сөйтіп өзіңді тірідей

өлтіретін қатын атаңа нәлет. Мойнына бұршақ салып, Алладан тілеп алған ұл-қызың есейіп бойжеткенде, жағың салдырап, буының босаған кезде өзі әке, өзі шеше болып көзімен атып, сөзімен шатып, ыскырып, тықсырып, төбеңе әңгір таяқ ойнатса, ұлы-қызың атаңа нәлет. Аралас-құралас болып, барыңды бөліп жеп отырған көршің сәл нәрсеге өкпелеп, сырыңды жатқа жайып, сыртыңнан ғайбаттаса, сол көршің – атаңа нәлет. Басыңа бақыт дарып, халқыңа аға атанған шағыңда біреуден қорлық көріп, қиянат шеккен пақырлар мен жаяулар алдыңа келгенде байдың малына, бидің ажарына, мырзаның сыйына қызыққан паракор әкім – атаңа нәлет, - дейді.

***

Малтақанды сөзден жеңе алмаған би-болыстар оның кедейлігін бетіне басып, ел алдында мұқату мақсатында бір күні сау етіп келе қалады. Олардың ішінде қонақты ылғи қатқан қақпышпен сыйлайтындықтан «сараң бай» атанған Түсекең де, Малтақан баласының еңбегіне алажақ тоқтысын екі жылдай бермей келе жатқан Жүнісәлі бай да болады.

Малтақан қол қусырып қарсы алып, жалғыз биесінің құлынын сойып, қонақ етеді. Жас құлынның балбырап піскен уыз еті алдарына келгенде Жүнісәлі:

-Малтақанның байлығы болмағанмен, паңдығы бар-ау, қонағын құлын етімен сыйлауын қарашы, - деп мысқылдайды.

Малтақан:

-Сәлем бере келген соң
Ақ ниетімді көрсетіп
Алдарыңа тартқаным
Жалғыз құлынның шекесі.
Бұл құлынды соярда
Бір жерден қатын күңкілдеді:
-Қақпыштан құр емес, - деп, - сандығым.
Бір жерден бала діңкілдейді:
-Байдан әкеліп соям, - деп,
Жалға алатын жандығын.
Екеуін де көндіріп
Құрмет үшін құлынның
Құрбан еттім малдығын.
Сыйламауым- тұзға кепкен қақпышпен
Болса болар паңдығым, - дейді.

Сөздің төркініне түсінген Түсекен мен Жүнісәлі кірерге жер таппай, табаққа қолдарын сала алмапты.

***

Малтақан жасы тоқсанға келгенде кәрілік пен жарлылық қатар жеңіп, көктемде ел жайлауға көшкенде, қыстауда қалып қойыпты. Жайлаудағы ағайындар халін білейін деп келгенде Малтақан:

-Бір кезде бұл Малтақан аға болды,
Достыққа кір жуытпай, билік айтар дана болды,
Жасы тоқсанға келген соң таза бойым аза болды.
Сыртқа шықсам -сырласым құлазыған мола болды.
Үйге кірсем -құрдастарым мысық пен бала болды,
Ел көшкенде жұртта қалып, есіл көңілім нала болды.
Жалғыз сиырды қасқыр жарып,
Малтақан малдан ада болды, - дейді.

Ағайындары Малтақанды көшіріп алып, алдына мал салып берген.

***

Малтақанның әкесінің есімі Бекет. Малтақан 1809 жылы туып, 1902 жылы өлген деседі. Жарық, Сәпөк, Қалым, Обаш деген төрт баласы болған. Жароктан атақты ақын Тайыр туған.

ИТҚАРА

Төре Елікей деген кісі шеркеш Иткара биге әзілдеп:

-Атыңды Иткара қойыпты, аталарыңның бір шикілігі бар емес пе? – деп сұрапты.

Сонда Иткара:

Пышағым бар жетесіз,
Туған болармын некесіз.
Өзі өлген жігіттің
Атасын сұрап нетесіз?
Арғы текті сұрассақ,
Өзіңіз де тақсыр-ау,
Талай жерге кетесіз, - деп төренің арғы атасы некесіз қыздан туғандығын аңғартқанда, Елікей үндей алмай қалады.

СӘПӨК

Сәпөк Ұлпаш деген келіншекке сырттай құмартып жүріп бір кездескенде:

-Ақ келін деген тұрмас бұлай,
Қасына Сәпекеңді жолдас қылмай,- дейді.

Ұлпаш:

-Тимеген жүген-құрық, асау аға,
Тоқтатар бұғалық бар асауға да.
Самайы, маңдайы ақ бола тұрып,
Қол созып жетпес жерге масайрама.
Мұндайда құрдас етпей, жөніңді тап,
Көрдім де ақ бас шалды еттім тоба,-деп Сәпөктің буырыл тартқан шашын әзілдейді.

Сәпөк:

-Шеркештің бір тайпасы қылыш, кестен,
Әр үйден қыз өрбіген төрттен-бестен.
Солардың ортасында өзгесі едің,
Ұлпашжан, шықпай қойдың ешбір естен, - деп көңілін білдіреді.

Ұлпаш:

-Алдымда қарсы отырған қайын ағасы,
Қайын аға, теріс жолға айдамашы.
«Той өткен соң данғыра» деген бар ғой,
Босқа енді етігіңді майламашы, - деп тойтарып тастайды.

***

Бірде Сәпөк Ұлпаштың үйіне келеді. Қазанда қайнап жатқан жылқының сүр етінің иісі мұрынды жарып барады. Ұлпаштың енесі күтпеген қонақтың келгенін жақтырмай, қазанның отын тұншықтырып басып, қымтап жауып тастайды. Күн кешке айналады, бірақ ас келмейді. Сәпөк Ұлпашқа қарап:

-Келінжан, қарын ашты, ас пісті ме,
Піспесе аударыстыр асты-үстіне.
Ертеңнен қара кешке дейін қайнап,
Ішіне ас түскірдің тас түсті ме ?
От мана жатыр еді лаулап жанып,
Ышқынып қара қазан жалын шалып,
Сылдырылса сүйек-саяқ ештеңе емес,
Қалды ғой қазы-қарта мылжаланып, -дейді .

Ұлпаш:

-Қайын аға, жуымайсың ән біткенге,
Болмай ма, қызық-думан әндеткенде.
Жаяулап қысы-жазы ел кезем деп,
Жіліктен май таусылып әл кеткен бе?
Иісін сүр мен сүттің айыра алмай
Ауыз бен мұрыныңнан дәм кеткен бе?
Күшті отқа күйіп піскен сіріндіден
Күлемін қазы-қарта дәметкенге,- дейді.

Сәпөк:

- Келінжан,тас сараңға мал бітеді,
Күй тайса жүйріктен де жал кетеді.
Ақ жүзің әшекейлеп әжім басса,
Мөлдір көз сұлудан да сән кетеді.
Өз асын өзгелерден ұрлап ішкен
Сараң байдың түбіне мал жетеді.
Әкелші қазанында сүт те болса
Шал байғұс тамақ тойса әндетеді.
Шалыңның жілігінде май бар-жоғын
Содан соң байқап көрсең нең кетеді,- дейді.

Сараң бәйбішенің кесірінен,Сәпөкті дұрыстап қонақ ете алмағанына ұялып, тотыдай сайраған Ұлпаш тоқтап қалады.

***

Малтақанның кезінде пысықсынған,епті өлең шығарып, домбыра тартатын Сәтімбек деген біреу болыпты. Сәпөктті сыртынан «қу таяқты ат еткен қаңғыбас» деп мазақ етеді екен. Соны естіген Сәпөк оны іздеп барады. Барса, Сәтімбектің жас тоқалы бірсумен қашып кетіп, әбігер болып жатқан кезі екен. Сол жылы бір жерде той болып, Сәтімбек сол тойдың төрінде жұртты аузына қаратып отырған үстіне Сәпөк кіріп келеді де оңтайы келген жері осы болар деп өлеңдете жөнеледі. Сонда Сәпөк:

-Сәтімбек, кезекті енді маған берсін,
Өлеңін Сәпекеңнің тыңдап көрсін.
Ісінген мал буына сараң мырза
Маңыма тілі майыр қайдан келсін.
«Ат еткен қу таяқты қаңғыбас» деп
Сыртымнан мысқыл атын таға берсін.
Кедей деп кемшін сөзге арланбаймын,
Мені айтып ол есінен тана берсін.
Салдақы, шайпау тілді, шәлкес мінез,
Шаңыма ілесе алмай қала берсін.
Көпшілік шын жүйрікті қостағанын
Көрсін де, іші күйіп жана берсін.
Сәтімбек, айтқыш болсаң бетіме айтшы,
Әлеумет тыңдап көріп баға берсін.
Сәтімбек, күпілдейсің елден ерек,
Өлеңге бола қалдың қайдан зерек?
Қолыңнан келмес затты беліңе байлап,
Көпке тек күлкі болып неге керек?
Теңізде қалтылдаған сен бір қайық,
Ал, сақ бол, толқын жарып кеме келед.

Қойшымен ашына бой қашып кетіп
Жоғалған тоқалыңнан бар ма дерек?
Білмейтін әйел қадірін әумесерсің,
Әуре боп жас қыз алып неме керек?
Әлеумет, әркашанда шындықты айттым,
Тұрса да мырза маған мылтық кезеп.
Неліктен үнің сенің өше қалды,
Сөйлеуші ең осындайда тілің безеп.
Бір ауыз қатем болса өзі айтсын,
Халайық, Сәтімбекке бердім кезек, - дейді.
Сәтімбек тіл қата алмайды, жұрт Сәпөкті төрге шығарады.

***

Сәпөктің қомағайлау құрдасы Сағындыққа айтқаны:
-Қолында Сағындықтың өткір бәкі,
Салады табаққа бір, ауызға екі.
Түтінін көршілердің аңдып тұрып,
Ет турау қонақ келсе есіл-дерті.

***

Сәпөктің өзін кедейсініп, қарсы алмағандарға айтқаны:
-Жасымда қыз-келіншек мін таппады,
Сұр бойдақ сүп-сүйкімді деп мақтады.
Құшсам деп қыпша белді, мөлдір көзді
Көңілім қол жетпеске асықтады.
Келгенше отыз беске үйлене алмай
Жүрекке жатсам-тұрсам ас батпады.
Төсекте Сәпекеңді дөңбекшітті,
Құшақтап ку тізесін бос жатқаны.
Кедейлік аяқ-қолды бірдей тұсап
Қарға адым қармануға аттатпады.
Сақал, мұрт қыз біткенге мазақ болып,
Қырыққа толмай жатып ақ қаптады.

***

Кештетіп келіп қалдым Қособаға,
Қаңтарып ку таяқты босағаға.
Қособа ат-тондыға тәуір деуші еді
Білмеймін жаяу шалды қош ала ма?
Шалыңа әбден қызық сонда болар
Түнесе төл қамайтын шошалаға !

***

Малтақан бидің Сәпөк, Жарок деген екі баласы болған, Сәпөктің әрі билік ,әрі ақындық өнері болған. Сөзінің көбін өленен айтқан, бірақ ақындық жолды кәсіп етпеген. Ешқандай ақынмен кездесіп, сайысқа түспеген, ал шаруа қамында болған Жароктан атақты ақын Тайыр туған.

Берік ҚОРҚЫТОВ.

ТҰРЛАН МЕН БӨКЕН БИ

Есентемір Бөкен би мен Асау бидің қоныстары қанаттас, Қарабау мен Сарыкөл деген жерлерді мекен етіп, қойы қоралас, малы аралас жатқан. Есімі елге белгілі, аузымен құс тістеген Бөкен би әрі шешен, әрі тапқыр, сөзден ешкімге есесін жібермеген жан екен. Асау би де айтулы шешен, сөз қадірін білетін, ұтырлы сөзге тоқтайтын, таза билікті жақтайтын, мырзалығы бар, қолы ашық, дастарқаны кең, мал байлығы бір өзіне жететін беделі биік адам болған. Сол Бөкен мен Асаудың көңілдері жақын, пікірлері көбіне бір жерден шығып отырған екен. Ел іші болған соң әр жерде болып тұратын ірілі-ұсақты дау-жанжалдарды екеуі бірлесіп шешіп отырған.

Ал Асаудың Тұрланы жас шағынан әңгіме, билікке жиі араласып, кей тұстарда арындап сөйлеп, аз-кем тентектігі, салқамдығы әрі батырлығы, ержүректігі де бар болып өскен. Кейде сөзден дес бермеген шешен-билерге де, қару асынған батырларға да қарсы келіп, олардың да ашуын келтіріп жүретін әнтек мінезі де бар еді.

Баласының кейбір қайсар мінезін байқаған Асау би Тұрланға айтап отырған.

-Тұрлан, сен ссентемір Бөкен биге тиме, сөзден ұтыласың. Қаракемпір Сақал батырға ұрынба, жазым жасар. Ысықта Әлтен баласына тиме, қарасы көп. Жабылып кетсе, жазым етеді, -деп ерекше ескертеді. Сөзге құлақ аса қоймайтын Тұрлан осыларға ұрынған ғой.

Бірде әкесі Асау би Бөкенмен шүйіркелесіп отырса, Тұрлан әкесіне:

-Әй, әке, өзің қай-қайдағы бір есентемірдің әңгімесін тыңдап, басыңды неге шұлғисың да отырасың?- деген екен. Сонда Бөкен:

-Тұрланжан-ай, әркім өзінің қалаған жерінен туа бере ме. Қалаған жерінен туса, сен шеркеште Қаракемпірден туар едің, ысықта Қараораздан, тазда Келдібайдан туар едің. Сен қайдағы бір Сүйіністен неге тудың ?– деген екен.

Асау би баласына:

-Бөкеңе ұрынба деп едім ғой. Бөкен сөзге шешен дария да, біз дария бетіндегі қайықпыз. Дария толқын қайда айдаса, біз солай жүреміз, - деген.

***

ТҰРЛАН МЕН САҚАЛ БАТЫР

Бірде Тұрлан Қаракемпірдегі Сақал батырға да соқтыққан.

Сақал:

-Тұрлан, сенің қаныңды ішіп өлтірем, қашан өлтіргенше тырнағымды, шашымды алмаймын, мұртымды баспаймын,- деп өштескен қалыпта орнынан тұрып кеткен.

Тұрлан айтарын айтып алса да, көп уақыт бойы сақтанып жүрсе керек.

Бір күні кешкілік бейуақытта қаннен қаперсіз, кешкі шайдың үстінде отырған Тұрланның үйіне бес қаруын түгел асынған күйде Сақал батыр кіріп келген.

Сонда Тұрлан орнынан атып тұрып Сақалға:

-Шықсаң төр мынау, кессең бас мынау,- деп еш қысылмай басын иіп, тұра қалыпты.

Сонда Сақал қаруын сыпырып тастап, найзасын лақтырып жіберіп, Тұрланмен құшақтасып көрісіп, оның мәрттігіне , тапқырлығына риза болып кеткен екен.

***

АСАУ БИ МЕН ЖАҢАБАЙ

Бірде Асау би ел ішінде бір асқа келіп қатысып отырады. Төрде отырған үлкендерге табақ тартылып, ас желініп жатса, есіктен 2-3 бала қайта-қайта қылтыңдап қарай береді. Олардың үлкендердің ет асатар сәтін күтіп жүргенін байқаған Асау би:

-Ана балалар көзі сықсыңдап. ет асатар сәтті күтіп жүр ғой, - дейді.

Сонда баланың бірі Асауға:

-Ана төрдегі табақ есік жақтағы бізге тартылса, кімнің көзі сықсыңдағанын біз де көрер едік, - деген екен.

- Бұл бала кім? – дегенде, сонда отырған бір үлкен кісі:

-Бұл ысықтың Сейтегінен шыққан Жаңабай деген жас пері,- депті. Асау би өте ірі денелі, ауыр адам болған. Анау-мынау ат көтермеген соң, қыл арқаннан үзеңгі жасап, қос өркешті түйе мінген ғой.

Ауылдан аттанарда Асау би:

-Әй, Жаңабай бала! Менің түйеге мінуіме көмектес. Анау арқан үзеңгінің арғы жағын басып тұр. Мен мініп алайын,- деген ғой. Сонда үзеңгінің арғы жағын басқан Жаңабай бала Асау үзеңгіге аяқ салып, міне бергенде, үзеңгіні жібере салған ғой. Сол мезгілде көтерілген Асаудың аяғы қайта жерге түсіп, міне алмай қалған. Сонда ол балаға:

-Ішкен-жегенің у болып, үзеңгіні баса алмадың ғой, - дегенде, Жаңабай бала биге іле-шала тіл қатып:

-Ішіп-жегеніңнің пайдасын көрдің ғой жатқан түйеге міне алмай ,- деп бала Асау биді екінші рет сөзден ұтып кеткен.

Аулына келген соң Асау би баласы Тұрланға:

-Анау ысықтың Сейтегінен шыққан Жаңабай баланы қош қылып ертіп жүр. Көзінің оты бар, сөзінің даты бар бала екен. Мені екі рет сөзден ұтып кетті,- депті.

***

ЖАҢАБАЙДЫҢ БІТІМГЕРШІЛІГІ

Бірде Бөкен би мен Асау бидің арасына қаңқу сөз кіріп, дүрдіараз болып қалған. Бір күндері аймақта үлкен жиын болып, қалың жұрт пір тұтып, сөзін тыңдататын екі би -Асау бір жерге, Бөкен екінші жерге түскен ғой.

Сонда елдің игі жақсылары мына билер екі бөлініп түскені қалай болды деп аң-таң қалады.

Мына жиынды Асаудың айтқанымен өткізсек, Бөкен көңіліне кірбің түседі. Ал ол бір көсілсе, оны тоқтата алмаймыз. Бөкеннің айтқанымен өткізсек, Асау ер-тоқымын бауырына алып тулайды. Оның баласы Тұрланды ренжітеміз, қалайда екі бидің басын біріктіріп, достастыру керек.

Осыны шешу кімнің қолынан келеді дегенде, Жаңабай:

-Мен барайын, – деген екен.

Содан Жаңабай салып ұрып Бөкен биге келіп:

-Ал, Бөкен аға, сізге бір сұрағым бар, - дейді.

-Е, айта ғой, шырағым, - дейді Бөкен.

-Бөке, май бұзылып сасыса, тұз түзейді, ал тұз бұзылса, не түзейді? – депті.

Сонда Бөкен:

-Жаңабай, шырағым, түсіндім. Асаудың жасы менен кіші ғой. Шақырып келе ғой, - дейді.

Жаңабай Асауды шақырып келіп, екі биді табыстырыпты.

Сол жиынды екі би бірлікпен өткізген екен.

Ниетәліұлы Мұсағалидың әңгімелерін қағазға түсірген Талап Мұсағалиұлы,
Мұқыр ауылы,
Қызылқоға ауданы

ҚОРЖЫН БИ

Он екі ата Байұлы ішіндегі шеркештің Қойысының белгілі адамы, атақты би Бопылдақұлы Қоржын бидің аталары өз заманында белгілі адамдар екен. Халық есінде қалған атақты «Еділ асы» осы күнгі Қызылқоға өңірінде, Қарабаудан 20 шақырым Майкөл деген жерде болған екен. Еділ өте бай адам болған. Ол өзінің кенже баласы Бопылдыққа сегіз арыс адай ішіндегі Мұнал-Жары бөлімінен тараған Сейтімбет баласы Әуетәлі-Қожырдың 3 рет «Қыдыр көрген» қызын айттырады. «Қыдыр көрген» дегеніміз оның Қыдыр ата түсіне 3 рет еніп: «Сен бақытты боласың, тек сенің қалың малыңа балама ақы төлеген адамға ғана тиерсің», - депті.

Сонда Әуетәлі – Қожыр Еділге: «Қызымның қалың малына тұрарлық балама бере алсаң, қызымды беремін», - депті. Еділ бай қыз қалыңының баламасына құмықтың шеберін жалдап, қырық кісі қонаққа арналған шай құралын жасатыпты. Ол қырық пар тасаяқ, сүт құятын сауыт, қасығы мен шай құман, самаурын жасаткызып, осылардың бәрін алтынмен аптаттырып, күміспен қаптаттырыпты. Содан қалың малға сай келетін баламаны алған Әуетәлі -Қожыр қызы Айтолының Бопылдыққа беріпті. Бір айта кететін жай, осы күміс самаурын қазіргі күнде Маңғыстау өңірінің бір музейінде сақталып тұр деген хабар бар. Бірнеше жылдан кейін Еділ бай қайтыс болып, жылдан кейін Бопылдақ бай әкесіне ас беріп, үш жүздің игі жақсыларын шақырады. 300 үй тігіледі, сойылған малда есеп болмайды. Аска Ұлы жүзден Төле би бастаған жақсылар келе алмады. Себебі бұл кезде Ұлы жүзге Қытай қаупі төніп тұрған екен. Орта жүзден аска Қаз дауысты Қазыбек би бастаған 300 адам келеді. Кіші жүздің Әйтеке би бастаған игі жақсылары Қаз дауысты Қазыбек биге 600 түйе сыйға тартқан екен. Сонда Қазыбек би кенже баласын шақыртып алып: «Мына сыйға берген түйелерді ере келген жолдастарыңа бірдей етіп үлестіріп бер. Бұл- менің үлкейгендегі халқымның маған берген жаназасы. Ештеңе өзіне алып қалма», - депті. Сол белгілі Еділ бай мен Бопылдақ батырдың ұрпағы 18 жасында Он екі ата Байұлына жер дауын дұрыс шешу жөніндегі Кеңжарда болған мәжілісте ел бірлігін сақтаудың төте жолына тайсалмай түсіп, топ жарып, сөз сөйлеп былай депті:

-Сұлтансиық пен Беріштен екі кісі келсе, ел қорғайтын батырларын айтады. Екі кісі Ысықтан келсе, өз ел ішіндегі тынымсыз тірліктерін айтар. Таздан екі кісі келсе, жасаған саудасын, еліне тигізген пайдасын айтар. Адайдан екі кісі келсе, көрсеткен зорлығын, қызбалығын айтады. Есентемірден екі кісі келсе, көрген жапасы мен зарын айтар. Екі кісі Жаппастан келсе, Қыдыркожа атамыздың атынан үлестірген таңбамызды айтар. Жетіру мен Әлімнен келгендер еккен егісін айтып, алған өнімін айтып, қолына қаламын ұстап, ағалығын айтар. Сондықтан қатынбала мен қара қазанды ойлайтын болсақ, Сұлтансиықтың бес баласы мен Берішке Нарын құмы мен Жайықтың ұзын бойын берейік. Бұлар еліміздің қалмақ жауымыздан қорғасын. Адайға Маңғыстау түбегіне Қарақұмды қосып берелік. Бұлар еліміздің, жеріміздің, Каспийімізді түрікпеннен қорғайтын болсын. Ысыққа Атырауды қалың қопасымен берелік, жыра-жықпалын пайдаланып, пысықтығымен, тынымсыз тірлігімен күнін көрсін. Тазға кең Жылыойды Атырауға дейін түгел берелік, саудасын жасап, Ысықпен екеуі бірінің керегін бірі тауып, пайда көрсін. Есентемір азғантай ауылымыз ғой, Ойыл мен Жарыпшыққанның саласын берелік, балығы мен құсын аулап кәсіп етсін. Әлім мен Жетіру еліне қол сұғуды қоялық. Өзен, бұлағы көп, таулы, егіндік жерлерін пайдалана берсін. Байұлы екеуінің жаз жайлап, жазғы маусым айларында астығын алып, тарысын ақтап, қаптауына пайдасы тиер. Жаппас ағам елі де өзі таңдап алған жерінде отыра берсін, - депті.

Сонда адайдың Абыл ақыны 73 жаста екен. Сол кісі – Байұлындағы аға баласы Шеркеш қандай жерлерді иеленуі керек? – деп сұрақ қойғанда:

-Шеркеш Атырау өңірі, Сарыкөл, Қарасор, Қарашығанақ, Қаржауды қыстап, Тайсойған мен Миялыны иеленіп, Шыңғырлауға дейін жайлауға көшетін болады, – депті.

Абыл атамыз: «Шеркеш ағамыз тұщы су, тұнық отты жайлап, семізді жеп, сұлуды сүйіп жүре берсін», - деп Қоржынның айтқан билігіне түгелдей қол қойғызып: «Әумин!», - деп бата беріпті.

Наурызбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ

МӘТЖАННЫҢ ШЕРКЕШ ТҰРЛАН БИДІҢ НЕМЕРЕСІМЕН КЕЗДЕСУІ

Мәтжан өзінің шаруаларымен қыдырып Орынборда жүргенде, болыстардың алқалы жиыны болып, оған Қазақстанның барлық жерлерінен өкілдер қатысқан екен. Осы жиынға Мәтжанның таныс жолдасы шеркеш Тұрланның биыл болыс болып сайланған немересі де келіпті. Мынадай жиынға алғашқы қатынасуы көрінеді және кеңеске келгендердің ішіндегі ең жасы да сол деген хабарды Мәтжан да естиді.

Келесі күні Мәтжанның екінші бір танысы: "Көшеден ерекше киінген жас жігіттерді көрдім. "Кімсіндер?" деп едім, біреу: "Шеркеш Тұрланның немересімін деді".- деп әңгіме қылған. Содан Мәтжан: "Апырмай, сол баланы маған ертең көрсетіңдерші".- деп, көрген адамдарына тапсырма беріпті.

Ертесі күні Мәтжан бір топ жолдас-жораларымен көшеде келе жатса, алдынан қалаға лайықтап әдемі киінген ақ көйлек, тік жағалы ұзын бешпет, аяғында қонышты қара қырым етік, үш бірдей сәнді киінген жігіт кездесіпті. Қарсы келіп, жасы үлкендерге сәлем беріп, аман-саулық сұрасқаннан кейін Мәтжан: "Осы жиынға шеркеш Тұрланның немересі келді деп естіп едім, қайсыңыз боласыз?"- деп сұрағанда: "Мен едім,аға!" – деп біреуі оқшауланып шыға келген. "Шырағым, болыстығың құтты болсын! Мен деген адайдың көп биінің бірі Мәтжан дегенмін. Бір шаруаның ретімен осы жаққа келіп едім, мына болыстардың жиынына кіргізсе, қатынасайын деп тұрмын. Сен шеркеш Тұрланның немересі болсаң, әкеңнің қазасы неден болды және сүйегі қайда қалды?" – деп төтелеп сұрақ беріпті. Шеркеш Асауұлы Тұрлан (1806-1855ж.) патша үкіметінің орынсыз озбырлығына шыдай алмай қарсы шыққандығы үшін Орынбор түрмесіне қамалып, кескіленіп өлтірілген, денесі бөлшектелген күйінде жеткізілген дейді. (Ә.Атшыбаев. "Кіші жүз шежіресі") Мәтжанның меңзеп отырғаны осы болу керек. Содан жігіт өзінен-өзі қорланып, Мәтжанға бажырайып қарап тұрып: "Мәтеке, әр адамның тағдыры, бір жұмбақ дейді" екен бұрынғылар. Ешкімге сөзден есе жібермей, соқтықпалы соқпақсыз жерде өсіп, мыңмен жалғыз алысқан әкеме еш кінә қояр жайыңыз жоқ. Мен білсем, адайдың ұрыншақ көп билерінің бірі шығарсыз және атымды Мәтжан дедіңіз. Би де болсаңыз оспадарсыз сөзді көп айтып, елеусіз қалған сөзіңіз көп болды. Дүниеге кімдер келіп, одан кімдер өтпеген. Дүниенің шәрбәт суын демі таусылғанша дәмін татпаған бұл дүниеде ешкім жоқ..

Ақылды, білгір ұлама да, жүрек жұтқан батыр да, мыңды айдап, , жүзді байлаған бай да өтеді дүние шегіне жетпей-ақ. Ақылды би болсаңыз, Байұлының ар жақ – бер жағын білетін шығарсыз. Өзіңіз айтқандай, білгір болсаңыз айтыңызшы, ар жағы Алты алашқа, қала берді, әлім, табын, адайға атағы шыққан Бабық Мыңбайдың қазасы неден болды? Оны кім еді жерлеген және мазары қайда еді? Атам Тұрлан өзі үшін туды, халқы үшін өлді. Қазасы кімнен болса да жауынан шейіт болды дей аламын. Мәтеке, мен жасымнан қалың елден жырақ, албырт өстім. Айла ашуға бой алдыртқан шақтарым болса да, ойлы сөздің шырағын жағуға бек талпынып жүрген жанмын. Мен өзім ертеден ойынды қойып, көп ойладым. Жалғыз өссем де, жүзбен алысып келемін. Сандалма сөзге ермей, өткен істің ізіне түспеген жөн. Сіз о дүниелік болған бабаларды есіркеп, халық үшін шейіт болған жандарды есіркеп не қыласыз? – деп жүре берген көрінеді.

Мәтжанның қасындағы жолдастары: "Апырым-ай, Мәтеке, мына жас жігіт қатты айтып ұялтты ғой. Ертедегі ескірген затты еске салмасаңыз қайтеді? " – дегенде Мәтжан. "Ой, шіркін, тұмай жатып мұның бәрін қайдан білді екен. Бабық Мыңбай батырдың жазымы осылардан болды-ау деген қауесет бар еді, рас болды – ау. Ертедегіні еске салмасаң, кейінгілер үлгі алмайды ғой," – деген екен Мәтжан би.

Тоқтамыс АЙДАРБЕК қарттың айтқаны.

ҚОЙЫС ӘУЛЕТТЕРІ

СҰРАҚ-ЖАУАП

(Дұрыс жауап беру үлгісі)

- Сіз қай жүзсіз?
- Біз- Кіші жүзбіз.
- Кіші жүздің **қай бірлестікке** жататынын білесіз бе?
- Білемін. **Алшын** бірлестігіне.
- Ендеше біздердің барлығымыз **алшындармыз** ғой?
- Дәл солай.
- Ал сол **алшындар** қанша тайпаға бөлінеді?
- **Жиырма бес тайпаға.**
- Біз қай тайпаға жатамыз?
- Он екі ата Байұлының шеркеш тайпасына.
- Сол шеркеш қанша руға бөлінеді?
- **Алты** руға. Олар – қосым, қойыс, дербіс, жауғашты, шумақ, қылышкестен.
- Өзіңіз қай рудансыз?
- Қойыспыз.
- Қойыстың қай әулетінсіз?
- Сүйінішіненбіз.
- Сүйіністің қай аталығынан?
- Құмашынан...

ҚОЙЫС - СҮЙІНІШ - ҚҰМАШ




Шеркеш
Бөтік
Қойыс
Сүйініш
Құмаш
Жәлімбет (Жәйілімбет)
Кеңдәулет
Құдайқұл
Қарнақ
Марқабай
Кенжебай
Көрпебай
Жарылғас
Мендібай
Қыдырбай
Дәулетбай
Тұяқ
Төлеген
Табылды
Қылыш
Жақсыбай
Қабыл
Бүркіт
Бәйге
Бекбай
Жанбай
Құлмағанбет
Бекқұлы
Шәкіман (Шоқыман)
Елеш
Құтыш
Оңаш
Ахош
Орынбасар
Қошқар
Бақыт
Қалау
Қыдыр
Төкен
Боқай
Самат
Талғат
Атажан
Әләзиз
Сәуле
Жібек
Қымбат
Сәбила
Жамал
Жібек
Сәрсен
Сейсен
Алан
Бейсенбай
Аманжан
Мәрия
Өтеп
Жұмабек
Жұмағазы
Төлеке
Нұрғазы
Досман
Қасым
Тасым
Жанай
Қожбан
Айтжан
Нұрмағанбет
Садуақас
Қыдырғазы
Есенғазы
Жанбоз
Байбоз
Алпамыс
Алдаберген
Көшкінбай
Нұрлыбай
Нұрбай
Жарас
Бердіқожа
Айтбай
Илдар
Тілеш
Аташ
Бекмағанбет
Ізмағанбет
Тобышбай
Мұқан
Оңғарбай
Әскер
Өмірхан
Темірхан
Кемелхан
Қуанышбай
Ережеп
Жүндібай
Қазихан
Оразбай
Артық
Ахмет
Ықылас
Жақсылық
Қонарбай
Дүйсенбай
Ақан
Амандық
Аманжол
Мұхамбет
Ғалымжан
Мақсат
Мұрат
Нұрсұлтан
Ілияс
Теңізбай
Бақтыбай
Асқар
Шаңды
Жүгініс
Таңатар
Сәттібек
Аманжол
Орынғали
Тондығали
Балғабай
Шыңғыс
Базарбай
Өмірбек
Әли
Мұхамбет
Сағидолла
Ербол
Ғани
Бекзат
Садуақас
Қуаныш
Мәди
Мейрамбек
Аманбек
Асылбек
Берекет
Қанат
Дәулет
Дулат
Ислам
Аманбай
Балтабай
Құбай
Шапағат
Қанағат
Қанат
Алтынбек
Алпамыс
Орынбасар
Оразхан
Әділхан
Сырлыбай
Егдірбай
Бауыржан
Әлімжан
Нұркен
Масат
Боранбай
Қалдыбай
Бауыржан
Сәрсенғали
Дінмұханбет
Абдулла
Мергенбай
Бүркітбай
Доктырбай
Базарбай
Амантұрлы
Ізберген
Бақыт
Асан
Жасан
Насан
Бекболсын
Нұржан
Жеңісбек
Бекболсын
Нұржан
Оңдасын
Олжасын
Жұмақожа
Рахат
Бекболат
Бекболат
Нұрболат
Арман
Дәулет
Данияр
Бейбіт
Тұрғанбай
Қыдырбай
Жеткізген
Бекарыс
Бейбарыс
Ақарыс
Нұртас
Мейіржан
Алдияр
Бекжан


Шеркеш
Бөтік
Қойыс
Сүйініш
Құмаш
Жәйілімбет
Жарылғас
Дәулетбай
Табылды
Кенжебай
Қойбағар
Сандыбай
Байдос
Жандос
Амандос
Досмұханбет
Құлпейіс
Қамысбай
Сүйінішбай
Құрманғали
Ерақ
Талап
Есжан
Дүйсенғали
Ибат
Бейсенғали
Ермекқали
Үмбетқали
Дәндеу
Шайдолла
Маңғы
Жұбанышбай
Нұртаза
Мұқат
Мәжит
Омарғали
Абай
Ғұмар
Ұлдай
Мұқат
Мұса
Ибраһим
Мұстақым
Рақым
Асқар
Қадым
Қуан
Бесқали
Зәкария
Сүйінішқали
Ығылман
Тілеубай
Қаби
Сираж
Қамиден
Әтиолла
Азамат
Жұмахмет
Апақай
Тәтахмет
Айтқали
Қуандық
Қибатолла
Бозша
Әжібай
Құлбай
Дұмбай
Назарбай
Тұрлан
Ерлан
Ержан
Нұрлан
Бауыржан
Нұркен
Ернұр
Сәкен
Жамбыл
Бегім
Түрікпенбай
Байкелді
(Байгөл)
Есболған
Нұрғали
Есенбай
Қабдеш
Өмірғали
Ықсанғали
Амангелді
Батырбек
Мақсот
Шапиғолла
Аманқос
Талғат
Бекболат
Бағдат
Асқар
Мұхаммедияр
Жүке
Радик
Серік
Ерболат
Тасқынбай
Ұзақбай
Мансұр
Нұрболат
Рашид
Расул
Сұлтан
Гүлмаржан
Гүлайна
Ақжүніс
Бұжыр
Әбілмәжін
Ғинаятолла
Нәбидолла
Меңдігерей
Тұрсынбек
Бейбарыс
Есенғали
Қамда
Ысмайыл
Сағынтай
Арман
Әлішер
Қанат
Нұрсұлтан
Асқар
Нұрәли
Ибраһим
Гүлбаһрам
Гауһар
Інжумаржан
Ботагөз
Гүләйқоркем
Зиза
Аманжан
Мырзаш
Мәлік
Төлеш
Жұмағали
Жалтай
Өтеу
Бақытжан
Әсет
Қуаныш
Ақсұлу
Жиенғали
Әлібек
Қалыбек
Береген
Әмірғали
Айбар
Арсен
Ортанбай
Сүйсуғали
Демеуғали
Нұрлан
Нұрлыбек
Марат
Ардақ
Асылбек
Тұрлыбек
Нұрдәулет
Асхат
Абылайхан


Шеркеш
Бөтік
Қойыс
Сүйініш
Құмаш
Жәйілімбет
Жарылғас
Меңдібай
Қыдырбай
Дәулетбай
Тұяқ
Төлеген
Табылды
Қылыш
Құлет
Жәнет
Жақсыбай
Бәйте
Қабыл
Бүркіт
Рақым
Естай
Жолдыбай
Әбдеш
Бұжыр
Байгөл
Көлбай
Құдабай
Қапеш
Нәти
Ақбөпе
Ағия
Құрмаш
Нәсу
Қуат
Айтбай
Серік
Қуаныш
Бақыт
Арман
Әлішер
Дәулет
Әділет
Ақниет
Самал
Айдана
Салтанат
Зұлкарнай
Боранқұл
Қапан
Бажақ
Рысқұл
Оңдаған
Амангелді
Жаңабай
Оразәлі
Оразғали
Ығали
Сүйеуғали
Халық
Толыбай
Қанат
Әділет
Төлеген
Қайрат
Серік
Асқар
Төремұрат
Бисұлтан
Нұрмұқан
Қорбан
Досан
Битіман
Тілеумағанбет
Қарабала
Дүйсенбай
Дүйсекен
Жамал
Боқай
Бейсенбай
Жәмекен
Тайпақ
Мәди
Еркін
Ардақ
Асқат
Абзал
Асқар
Есен
Сағызбай
Асылбек
Айбар
Абай
Нәсіпқали
Марат
Алдияр
Айгерім
Айкөркем
Аружан
Месида
Қажымұқан
Нұрлан
Қабдыманат
Ғани
Нұржан
Қасымхан
Ринат
Сұлтан
Абылайхан
Нұрсайын
Арсен
Бейбарыс
Ернар
Құрмет
Руслан
Дархан
Шамшеден
Андрей
Бөкенбай
Ержан
Тұрлан
Асылхан
Мадияр
Нұрсұлтан
Әділхан
Батырхан
Еркебұлан
Айбек
Ерлан
Женіс
Данияр
Темірхан
Аманбек
Мирас
Бекзат
Мақсот
Диас
Нұргазы
Жұмағұл
Батыр
Сары
Базарбай
Бөлеш
Бөлекбай
Досқали
Рысқали
Төребай
Талғат
Самғат
Ғанибет
Ақниет
Алдияр
Әлмұқан
Балмұқан
Аумағанбет
Әуезімбет
Ибазар
Баймағанбет
Мұхамбетәлі
Серікжан
Мұханбетқали
Мұқанбетнағы
Мұханбетжан
Жалмұқан
Мұқан
Жаймұқан
Ермұқан
Тарғын
Рақымжан
Мұғалім
Төлеген
Тілеген
Қайыржан
Төрехан
Өтепқали
Хамитжан
Мұхитжан
Абзал
Нұрхан
Жасұлан
Бислан
Темірлан
Бекзат
Азат
Арман
Азамат
Айболат
Жанболат
Тарықпас
Жүсіп
Әділ
Қали
Сәли
Төлеу
Кенжеш
Аққали
Ермек
Ертай
Кеңес
Амангелді
Есенгелді
Қалмұқан
Демеу
Серік
Берік
Нұртас
Арсен
Дәулет
Меңдіғали
Әбдіғали
Базарбай
Нұрсәуле
Анаргүл
Бисенғали
Дүйсенғали
Қаби
Роман
Руслан
Нұрлыбек
Сырлыбек
Арман
Санжар
Нұрғали
Айдана
Гүлдана
Иманғали
Рамазан
Мейрамбек


Шеркеш
Бөтік
Қойыс
Сүйініш
Құмаш
Жәйілімбет
Меңдібай
Темірбек
Әбіл
Шынтас (Шынтай)
Төлеп
Әбілда
Омар
Жақсылық
Құлбала
Хасан
Жәкеш
Жақып
Аққош
Қошан
Танат
Байділда
Нұрмағанбет
Нұртай
Досан
Ешмұқан
Зейнолла
Женіс
Нұғыман
Сұлтанғали
Үйтолған
Нұрман
Базар
Қалау
Шыңғысхан
Әділ
Жәнгір
Қайса
Орынбасар
Едіге
Сансызбай
Өтепберген
Төлеген
Азамат
Мұңал
Мақсым
Мақаш
Нұрлан
Бауыржан
Ғарифолла
Кәдір
Марал
Айту
Жайылхан
Саламат
Ғалымжан
Тұрсынбек
Бауыржан
Қайыржан
Рақымжан
Әли
Құлуәйіс
Смайыл
Шопан
Оңдыбай
Санатбай
Сансызбай
Қоржық
Шолпан
Шегілтек
Шамай
Слан
Шәбік
Бейсенғали
Қожа
Жаманқұл
Нығымет
Орақ
Жұбанияз
Есболай
Шәмпі
Ноғай
Шаған
Нұралы
Иманияз
Қисмет
Жұмабай
Қоныс
Керей
Самат
Қанат
Саламат
Азамат
Нұралы
Айбол
Арафат
Қойшыбай
Табылды
Серік
Берік
Асқар
Ерік
Еркін
Бекмұрат
Әлихан
Нұралы
Иманияз
Саркен
Халеим
Жанғали
Айтқали
Жамас
Еңсеген
Шаған
Ораз
Байжолды
Туғанғали
Меңсұлу
Қонысбай
Шафиғолла
Ералі
Жолдасқали (Жөкебай)
Сүйсуғали
Сәрсенғали
Амангелді
Сералы
Қали
Құбаш
Мақсот
Қуаныш
Токсанбай
Серік
Қанат
Мұрат
Женіс
Орынбасар
Жақсылық
Максот
Болат
Жасұлан (Қашиғолла)
Хамидолла
Төребек
Құралбек
Исламбек
Иса
Бауырбек
Болат
Қалыбек
Әлмұрат
Салтанат
Амалия
Ақтілек
Нұрбол
Ерлан
Мейірбек
Ибрагим
Рүстем
Тілеген
Ерасыл
Мағрипа
Сара
Қайрат
Мұрат
Ерболат
Жанайбек
Есенгелді
Дулат
Әнуар
Мамай
Өтен
Қожахмет
Бақытжан
Бәрмен
Қуан
Қартжан
Отар
Жұман
Қоныс
Қайрат
Сұңғат
Бекзат
Азамат
Қайсар
Нұрғиса
Ілияс
Дүйсеш
Қуаныш
Наурызбай
Дастан
Рахат
Рүстем
Досымжан
Асылжан
Данияр
Құлпейіс
Шоман
Сымақ
Тоғай
Ноғай
Шаған
Қали
Сералы
Орынбасар
Жақсылық
Иса
Баубек
Болат
Қалыбек
Әлмұрат
Жәмет
Лайық
Қонақбай
Асан


Шеркеш
Бөтік
Қойыс
Сүйініш
Құмаш
Жәлімбет
Мендібай
Шынтас (Шынтай)
Төлеп
Құдас
Телеу
Жолтай
Алдоңғар
Тілек
Сүлеймен
Өмір
Оспан би
Қарабала
Тілеуімбет
Дәулет
Боранбай
Әмен
Әбила
Барақбай
Жұмабай
Шыңғырбай
Нұрхат
Нұрболған
Қосболған
Молдағали
Жігер
Сұлупан
Амангелді
Дүмбай
Сұлтан
Жолдас
Келдібай
Сауғабай
Қанапия
Тұрғанбай
Опабай
Раушанбай
Тәжібай
Зікірбай
Қамидаш
Жапақ
Орынбай
Жайлыбай
Жақсылық
Ізбасар
Қанат
Қайрат
Нұрсейіт
Төлеген
Марат
Болат
Ләйла
Артур
Таумұрын
Шүрпі
Болғанбай
Орынбасар (Басар)
Хамитжан
Жайлау
Қалам
Айтжан
Бақтығали
Сәкен (Сағызбай)
Есен
Өтеген
Хайролла
Құрманғали
Амантай
Шурка
Рамазан
Абдулла
Қалиахмет
Айтбай
Ыбырай (Ыбыраш)
Жаңбырбай
Қаржаубай
Жарқын
Мақсот
Кәрім
Асқар
Бақыт
Нұржауған
Әсел
Төреғали
Базарғали
Айдын
Ораз
Жақсыбай
Ықсан
Нысан
Ербол
Нұрбол
Бауыржан
Әлішер
Асқар
Марат
Нұрлан
Максот
Болат
Саламат
Азамат
Жанболат
Дәурен
Дамир
Ғалиасхат
Асылан
Ақдәулет
Марат
Аққуан
Амантай
Самат
Асхат
Қайрат
Руслан
Темірғали
Мәуеш
Асылан
Жасұлан
Қуаныш
Сұлтан
Ақжол
Нұрбол
Жолдасқали
Қайырғали
Бауыржан
Ерлан
Нұрлан
Өтеген
Тұрсын
Әлихан
Бауыржан
Райымбек
Саламат
Азамат
Дулат
Өмір
Нұрлан
Абат
Мақсат
Қанат
Қайрат
Әбдікәрім
Аманат
Асқар
Асхат
Темірбек
Темірхан
Рахат
Ескендір
Бақтығали
Сәрсенғали
Нұрдәулет
Бақыт
Берекет
Арман
Азамат
Қайрат
Серік
Берік
Нұрлан
Мақсот
Болат
Артем
Ернар
Тілеп
Аққу
Айдос
Раушан
Диас
Ілияс
Райғүл
Венера
Азамат
Есмұханбет
Мұрат
Қайрат
Салтанат
Ділнас
Есет
Нұрғали
Назерке
Назым
Айнар
Ұзақбай
Қайсар
Данияр
Нұрсұлтан
Ерсұлтан
Айшолпан
Әннұр
Рақымжан (Рахман)
Мұстафа
Нұрасыл


Шеркеш
Бөтік
Қойыс
Сүйініш
Құмаш
Жәйілімбет
Меңдібай
Шынтас (Шынтай)
Қыдырбай
Төлеп
Құдас
Оспан би
Игісін
Нысанғали
Дүйсенбай
Ғабдолла
Ермек
Қашқын
Бақтияр
Аманша
Аяс
Іскендір
Нәдір
Игілік
Әлжан болыс
Айтбай
Қожыбай
Әлбет
Әжіғали
Телеу
Оразбай
Жантөре
Ержан
Аймағанбет
Айдар
Алласүгір
Айтмағанбет
Тұрсынғали
Өтемағанбет
Аязбай
Есенғали
Бекжігіт
Сергей
Серік
Шектібай
Қалдыбай
Азамат
Тәжіғұл
Мырзағали
Жұмабай
Секер
Жолтай
Кекіл
Ақберлі
Бейсенбай
Жұмақұл
Қуанғали
Алдоңғар
Тілек
Сүлеймен
Шуақбай
Сәрсенбай
Жиенбай
Елтай
Аманбай
Сырымбай
Қамбар
Ізімберген
Жолмағанбет
Шермағанбет
Қисықбас
Шәли
Шайқы
Сүгір
Ысқақ
Шағырай
Мектеп
Шәкірт
Қасым
Досжан
Тілеген
Рамазан
Есмағанбет
Мақаш
Нұрым
Бектұрлы
Әли
Нәби
Саны
Оқас
Берсүгір
Сайлау
Серік
Мұрат
Қуат
Абай
Әбсамат
Әділбай
Ербол
Әлібек
Сахи
Өтеш
Өтеғұл
Жақсығали
Қалыбай
Қайрат
Марат
Әсет
Бекзат
Өркен
Дәурен
Сағын
Берден
Қарағұл
Қуаныш
Нұрлан
Әлібек
Әсембек
Смадияр
Шыңғыс
Алмас
Әбділда
Батырбай
Таңбай
Бөкен
Ағила
Ринат
Руслан
Бекарыс
Балгерей
Сәнгерей
Жангерей
Қобыланды
Сейтек
Қайыр
Лұқпан
Ақылбек
Рақым
Зейнел
Тұрсынғали
Ізбасар
Балболсын
Мүгілсін
Гайни
Қанат
Жәнібек
Нұрбек
Олжас
Асылхан
Ерсары
Еркін
Оразбай
Қонысбай
Серікбай
Санжар
Әділбай
Жүсіпбек
Қуантай
Ерлан
Болат
Дастан
Даркан
Серікжан
Беркінжан
Сәлікжан
Нұржан
Бақытжан
Мақсот
Мәлік
Айдын
Амантай
Атырау
Абзал
Қайрат
Асқар
Асылбек
Дүйсенбай
Балтабай
Абылай
Жігер
Жеңіс
Ерболат
Бекетай
Нариман
Өміржан
Айдос
Заманбек (Діналхан)
Жеңіс
Зинаида
Назерке
Нұрайым
Мақсот
Саябек
Төлеуіш
Балтабай
Жаман
Қуанғали
Ғабдулғазиз
Азамат
Әнуар
Берік
Еркебұлан
Қажымұкан
Ермек
Төлеген
Игілік
Игілік
Арман
Әлихан
Дәурен
Қуаныш
Олжас
Хамит
Ғабит
Сәбит
Ербатыр
Райымбек
Талапкер
Нұралы
Дәурен
Аманжан
Серік
Берік
Динара
Анар
Алтынай
Жәмила
Жадыра
Нұрай
Талғат
Рүстем
Болат
Мейрамгүл
Алмира
Нұржауған
Үміт
Айнар
Түрлан
Орынжан
Жасұлан
Абзал
Асқар
Саян
Сайран
Хасанғали
Ыксанғали
Шижан
Орынбасар
Айтқали


Шеркеш
Бөтік
Қойыс
Сүйініш
Құмаш
Жәйілімбет
Қыдырбай
Мұқат
Қуантыр
Жұбатыр
Үмбет
Мандай
Асау
Жуас
Сәрсенбі
Бернияз
Дауылбай
Жаппаберді
Тұрлан
Қосмағанбет
Ешмағанбет
Бекқұл
Есенаман
Ахмет
Жақия
Қабдол
Бекмағанбет
Дәулетияр
Хүсейін
Ербас
Сәтбай
Жүсіп
Саттар
Ізімбет
Накпа
Кенесары
Бәкот
Молдабек
Сұлтанбек
Рақия
Оңайбай
Нұрмағанбет
Жұмалы
Жұмағали
Имағанбет
Қали
Әспембет
Құтымбет
Кенашық
Мұхамбетжан
Кәмел
Лұқпан
Ермек
Орын
Жұмаш
Илан
Қалқаман
Хамза
Аманжан
Ерден
Тасым
Аманжол
Тұяқ
Отарбай
Құбаш
Әмір
Сабыр
Дүйіш
Боранбай
Қайрош
Кенжегүл
Күләш
Хайролла
Есжан
Дошыман
Шойман
Жұмағазы
Ақтай
Дәулетияр
Мұтайра
Мұқаныяр
Мағзом
Сағидолла
Құбайдолла
Оразалы
Бектөре
Рысқұл
Әмина
Естөре
Зұлқарнай
Қонысбек
Жаңабай
Қуаныш
Берді
Сыдық
Танаубай
Рахметолла
Борангали
Қосымбет
Бектас
Қажымбет
Үмсын
Айша
Ақбопе
Аяжан
Қамаш
Ғалымжан
Жұмабай
Аскар
Ерлан
Ербол
Нұрсұлтан
Нұрбол
Жанболат
Нұрболат
Бауыржан
Бекзат
Мақаш
Саламат
Бекболат
Ерболат
Азамат
Санжар
Сұлтанмахмұт
Рүстем
Назар
Алмаз
Бекзат
Батыржан
Еділге (Бауыржан)
Ғалымжан
Руслан
Рафаэль
Ілияс
Ілияс
Темірлан
Болат
Мұрат
Аманқос
Сәлімжан
Қадіржан
Абылай
Жәңгір
Шыңғыс
Қасым
Әлихан
Жанайдар
Назерке
Толқынай
Жаңыл
Әмина
Самал
Ғапужан
Нұржан
Нұртай
Ертай
Нұрсұлтан
Нұрдәулет
Нұрислам
Бекарыс
Сырым
Қазыбек
Хасан
Шәріп
Ұлықпан
Құлман
Дүйсен
Елеусіз
Нұрлан
Гүлзира
Майра
Рәзия
Ержан
Алуа
Ғалымжан
Ілияс
Темірлан
Қуаныш
Салық
Қағазғали
Құрманғали
Иманғали
Ізтөлеу
Темірәлі
Меңдіғали
Батыр
Торы
Тұрлан
Бүркіт
Еділ
Аян
Ерұлан
Ержан
Еркебұлан
Қыдыркожа
Еркожа
Құрақ
Батыркожа
Тәуіркожа
Әнуарбек
Ерік
Еркан
Ербол
Еркін
Жантөре
Жандос
Жанбек
Айдар
Ербатыр
Бекарыс


Шеркеш
Ботік
Қойыс
Сүйініш
Құмаш
Кендәулет (Келдәулет)
Қондыбай
Құттыбай
Онбай
Жантуар
Жанқожа
Жаналы
Нұрғали
Өтеғали
Имангали
Мұсағали
Ракымғали
Бейсенғали
Есенгали
Құмарғали
Қабдош
Нұғман
Лұқпан
Жұмалы
Балқаш
Қайролла
Зейнолла
Нұғыман
Тінәлі
Бөрше
Қаражақ
Молдаш
Құспан
Байқожа
Құлмалы
Нұрәлі
Шоңбай
Көшкінгали
Құрманғали
Қалыбай
Жұмабай
Сары
Сұлтанғали
Дінгали
Фатима
Молдағали
Беккали (Бекес)
Амангали (Аманжан)
Мәлік
Мұрат
Бауыржан
Әлімжан
Ешенжан
Асылжан
Қошкар
Имангали
Әбу
Төрегали
Төретай
Махамбет
Баймұкан
Есмұрат
Есмұкан
Ғабит
Нұрлыбек
Нұралы
Нұрлыбай
Нұрболат
Нұржан
Нұрсұлтан
Бектен
Буырша
Қайырбай
Мұхамбет
Құдайқұл
Жәдік
Қарпық
Бигелді
Қойлыбай
Қортан
Сүгірәлі
Бисен
Әжігали
Жұмат
Төлеген
Қанат
Жарқын
Жалын
Үшқын
Акикат
Әділжан
Телжан
Бейбарыс
Табиғат
Хантөре
Дастан
Дәулет
Мәмбет
Мықтыбай
Арғазы
Сұлтан
Смайыл
Бектемір
Қатау
Жұмаш
Өтеш
Кали
Бисен
Бекеш
Нұғыман
Сейсенбай
Ныгымет
Мұхамбетші
Үмбетәлі
Зинеш
Нәсибулла
Мұса
Аманша
Қалыр
Қапез
Данияр
Тагир
Жамлелен
Ермек
Ерлемес
Шәрип
Шәкір
Арманбек
Руслан
Қазбек
Темір
Ертай
Лашық
Иманәлі
Дәулетше
Молдағали
Хайролла
Зинолла
Сүйінішкали
Шадияр
Ғафу
Ғазез
Қапез
Қабдол
Усабай
Құлуәйіс
Әділ
Ибраш
Мұрат
Сәукен
Темеш
Нәсіполла
Данияр
Арман
Саламат
Сұнғат
Шәкір
Шәкір
Жақсылық
Радик
Арлан
Арнұр
Азамат
Санат
Ислам
Рамазан
Бақтыбай
Әсет
Ергали
Қайырлы
Қайырбек
Жұмабай
Нұрлыбай
Ерболат
Нұрболат
Серік
Менжан
Асылбек
Алмабек
Ілияс
Нұржан
Арман
Алмаз
Тұрарбек
Болатбек
Қуанышбек
Мейірбек
Абай
Бектібай
Мұсахай
Бисәлі
Ғұмар
Өмар
Еркегали
Есәлі
Молдаш
Нияз
Жылубай
Сақып
Дүйсекеш
Жұмағали
Төлепкали
Төлеугали
Қуанышкали
Жүніскали
Кәтемгали
Ныгыметкали
Ахметкали
Абай
Арман
Бекболат
Нұрака
Мирас
Ғаббас
Ерболат
Бисен
Нұрболат
Нұрлан
Төкеш
Болатбек
Нұрлыбек
Нұрдәулет
Нұртілеу
Шағырай


Шеркеш
Бөтік
Қойыс
Сүйініш
Құмаш
Құдайқұл
Жәдік
Мәмбет
Шағырай
Бектібай
Жылубай
Жайылхан
Еділбай
Меңдіәлі
Жоламан
Еламан
Рахмет
Ырысмұхамме, (Сарбала)
Бекеш
Аян
Ақбас
Әйтімбет
Айтас
Сабыр
Өтебай
Олжабай
Қуанышәлі
Жұмалы
Тұрдыалы
Рысқали
Боранбай (Хайролла)
Бұйрабас
Ғұсман
Жәлел
Мәсәлім
Есберген
Смағұл
Есболай
Дәулетияр
Насыр
Пысар
Сағындық
Хамит
Қабен
Қоянбай
Жылқыбай
Қазыкен
Жолдыбай
Камал
Ғалымжан
Нұрлыбай
Қуан
Қарпық
Тәніқұл
Сағындық
Дандыбай
Ізтілеу
Ескали
Шала
Қодар
Сейт
Жолай
Ақай
Жұма
Нығымет
Ақбисен
Қауберген
Есмағанбет
Көбен
Дүйсенғали
Зұлқарнай
Нұрлыхан
Қадыржан
Сабыржан
Шияп
Жеңіс
Марқабай
Қосым би
Байшеркеш
Төлеш
Төлеген
Рахметолла
Халиолла
Бекболат
Есболат
Мерболат
Әділбай
Жұмабай
Бейсенбай
Дүйсенбай
Жамбыл
Ғариф
Садыр
Тайыр
Аурахим
Әбуғали
Әбдіғали
Асқар
Шайхымеден
Шайдолла
Игорь
Олег
Ғабдулмажит
Шәріпжан
Көлен
Паңгерей
Меңдігерей
Меңдіғали
Муфтах
Өтепәлі
Мерхан
Қадырбай
Талғат
Жеңіс
Мәлс
Тарас
Жарас
Жалғас
Болат
Асхат
Мырзабай
Есентай
Теңізбай
Қадем
Ғимыран
Сафуан
Шиямеден
Айдолла
Мадияр
Андрей
Женя (Евгений)
Алена
Асан
Даниар
Ақылбек
Уәлихан
Әлихан
Жанболат
Айболат
Назкен
Өркен
Нұрхат
Есмағұл
Сапарғали
Сұңғат
Кенжебек
Бекзат
Нұралы
Нұрғали
Абдолла
Ринат
Бағытжан
Мұрат
Асқар
Сейіткерей
Төремұрат
Бақтияр
Бақтыгерей
Дәурен
Қуаныш
Қапез
Ғани
Қали
Берік
Бауыржан
Әділжан
Базарбай
Ғазиз
Имангали
Зинеғабден
Жасқайрат
Әмір
Руслан
Асылан
Дәулеткерей
Амангелді
Бейбіт
Ерсұлтан
Асылан
Жасұлан
Артур
Райымбек
Асылхан
Жәңгірхан
Қалем
Ғимыран
Сафуан
Қалидолла
Марат
Қуанғали
Ғайнолла
Бауыржан
Бауыржан
Өмірзақ
Сырым
Сүйеніш
Асылан
Әлихан
Эмира
Ескендір
Ислам
Азамат
Нұрғелді
Жангелді
Даркан
Әділгерей
Сапар
Мұрат
Бейімбет
Альберт
Руслан
Елдос
Серік
Азамат
Нұрлан
Нұрбек
Жақан
Асылан


Шеркеш
Бөтік
Қойыс
Сүйініш
Құмаш
Құлайқұл
Қарпық
Тәнікұл
Сағындық
Маркабай
Қосым би
Байшеркеш
Еділбай
Ерболат
Тыныштық
Сүлеймен
Жаныс
Жаңғұт
Жуас
Ізбасар
Қотыраш
Мақи
Байтума
Құртыш
Кірпік
Шардақ
Шыбан
Қойбағар
Нұрке
Қобылан
Жаналы
Кенже
Сағаден
Есқан
Бекет
Шақай
Жақып
Жүсіп
Жұмағазы
Дияр
Ақбала
Сүйінәлі
Үмітәлі
Қадырәлі
Дандыбай
Жолай
Ақай
Жұма
Мұсағали
Досқали
Есмұхан
Нұрғали
Бекбатыр
Батырхан
Түсіп
Жангали
Бисек
Мұрзағали
Шәріш
Нұрыш
Нұрмұхамбет
Мұхаметқали
Ермек
Шала
Қодар
Сейт
Хибратулла
Абай
Жұмабек
Тарғын
Сүлеймен
Арман
Азат
Ғамзат
Аружан
Айя
Жапар
Меңдеш
Әли
Әди
Әмір
Мерген
Ыбырай
Зият (Заит)
Зайдолла
Кәкіш
Уап
Әдебиет
Бақытжан
Максот
Арман
Әділ
Қараша
Досмағұл
Смағұл
Қарашен
Жақсылық
Ермұхан
Әбухан
Құлбек
Байбек
Шәдібек
Бибек
Майнаш
Мәлика
Нұрлан
Әбухан
Меңдіхан
Құрмет
Мәмбет
Машһұр
Жұмабай
Қаумен
Сақып
Нақып
Хабош
Дүйсенбай
Елеусін
Елжас
Бектай
Нұрлан
Ербол
Қабиба
Тұрсын
Самат
Бақтияр
Нұрболсын
Айболсын
Бауыржан
Естай
Нұртай
Байболсын
Құбаш
Қуанышбек
Қабдол
Өмірзақ
Байзақ
Төлеп
Қуаныш
Айтқали
Сейітқали
Борангали
Батырғали
Несіпқали
Өтепқали
Өтешқали
Руслан
Ергали
Нұрғали
Данияр
Рамазан
Сағынәлі
Серік
Берік
Нұрдан
Мерғали
Рәшқали
Асантай
Саламат
Ақсар
Еламан
Әлімжан
Шамұрат
Саламат
Аманат
Елтай
Алтай
Абдолкәрім
Амангелді
Махаббат
Сәлауат
Елемес (Елеу)
Нұржан
Ижан
Бижан
Серіжан
Қадыржан
Мержан
Жаңылсын
Гүлжан
Бауыржан
Сүйінішәлі
Ниетәлі
Артықәлі
Төлеген
Жұмағали
Кенжеғали
Ғинаятолла
Ғайнолла
Амангелді
Аскар
Қадырбек
Жасұлан
Берік
Жұмат
Құмар
Мәмбет
Неғмет
Мақсот
Халелғали (Қойшекен)
Насыр
Билаш
Ғинаят
Сапар
Мәжит
Бижан
Бекзат
Қосмат
Шамұрат
Асылбек
Қайыржан
Нұрланбек
Ерлан
Құлмұханбет
Нұрмұханбет


Шеркеш
Бөтік
Қойыс
Сүйініш
Құмаш
Марқабай
Қосым би
Аягөз
Мұрат
Барпы
Шаңкөт
Пұсырман
Ақпан
Жұмағазы
Иманәлі
Күржі
Бижан
Тоқай
Боранбай
Ерғазы
Серғазы
Бижан
Елеусін
Ақжігіт
Рахман
Телеубай
Төребай
Құрманғазы
Есенғазы
Бөлекқазы
Саралжын
Тынымқазы
Дүйсенқазы
Шыңғырбай
Қыдыр
Сарыиман
Қарасай
Қазы
Қодар
Жұмабай
Таубай
Дәдем
Нәуке
Бижан
Дінсіздерге ілісіп аттандаған..

Дегенде жел атасы құйын болар,
Ескермей халық айтқан тыйымды олар,
Атаны тұтқындайды, сонда ол айтты:
"Балалар, өздеріне қиын болар".

Ол сөзге еліргендер тоқтамады,
Тұнжырап, қабақ түйіп көк қарады.
Сары Ата жаратқанға жалбарынды,
Есерлерге әйтпесе жоқ-ты амалы.
"Жүректе жасырынған хақтың Күнін,
Тас түнек бұл түрмеде таптым бүтін."
"Қиналғанда намазды ұмытпадың,
Сол үшін Тәңір саған жақ, мұңдығым."

Осылай Көктен оған аян берді:
«Пендесіне әзір менің саям",- деді.
Кірлетпей жан – сарайды сақтағанға
Аллаһ та құшағын кең жаяды енді...

Ілімнің жан-жағына тарап нұры,
Қолдады көкірегі ояу санаттыны.
Сенсеңіз намаз күші-дұғаменен,
Кетіпті кілтсіз ашып абақтыны...

Күзетші кірпік қақпай қарап тұрған,
Мұнартты төңірекке тарап тұман...
Таң түсте шығып жүре берген дейді,
Әскердің көз алдында абақтыдан...

Жоқтығын Сары Атаның кеш біледі,
Ауылға дүрбелең естіледі...
Бөлме бос, қара құлып орнында тұр,
Көрмепті күзетшінің ешбіреуі.

Сарбаздар іздеп оны жүгіріскен,
Мерейі Сары шалдың бүгін де үстем?...
Намазға жығылыпты үйге келіп,
Еш жаңға тіл қатпастан тынып іштен.

Алладан қазағына бақ сұрайды:
"Шырағын жаңа күннің жақ, шырайлы,
Діндсізге еремін деп дінін бұзбай,
Ата-баба аңсаған тапшы жайды".

Сарбаздар жетіп үйге шапқылаған,
Есігін Сары Атаның қаққылаған.
Пендесін Жаппар Алла жарылқапты
Дініне берік және пәк күнәдан.

Жанына серік қылып жаратқанын,
Ақ нұрды айналаға таратқанын
Аңыз ғып айтады елі,
Кіріп келсе
Бірнешеуі отыр деп Сары Атаның...

Әскерлер дал болысты мұны көріп,
Аққа құдай жақ болар түбі, делік.
Бәрі де бетін беріп құбылаға
Намаз оқып тұр дейді діні берік.

Қасиетін халық та сезді мықты,
Аңызға қосып оны сөз қылыпты.
НКВД тағы да тұтқындап ап,
Есігіне салады қос құлыпты.

"Әзірге тұрған кезде басың аман,
Босат мені", - деп сырын жасырмаған.
Таңертең қос күзетші ол да орнында,
Сары шал жоқ, қос құлып тұр ашылмаған.

Жанына серік етіп жаратқанын,
Тіледі елге жарқын таң атқанын.
Тергеушінің қаралып жазып қойған,
Өшірді жазуы мен парақтарын.

Тергеуші сұрақтарын қайталады,
Сары Ата қасиеті байқалады:
-Жазып бәрін, қол қой,- деп берген сәтте
Бәрі өшіп, ақ параққа айналады.

Қиналғанда қол созған пендесіне,
Санаға құйған Хақтың сәулесі ме?
Қолында Құран-Кәрім,
Жүректе Алла,
Құдайсызды келтіріп тәубесіне...

Шешіліп жұмбағының түйіндері,
Пендені заманға сай бейімдеді.
Аңыз ғып әкетіпті Сары Атаны
Көтеріп төбесіне дүйім елі.

Атағы Сары Атаның аспандады,
Өкімет қаһарынан жасқанбады.
Алладан перзентсізге перзент сұрап,
Сорлыға көмектесті қашқан бағы...

Гүлзада ШИЕТҚАЛИЕВА

ҰЛТ ПЕРЗЕНТІ НЕМЕСЕ АСПАНДИЯР КЕНЖИН ТУРАЛЫ

Аспандияр Кенжин 1887 жылы 24 қарашада Гурьев облысының Ракуша ауылында туған. Үлкен отбасында 5 бала болды. Оның әкесі Қасиий жағалауында мал бақты. Ол өз баласының өскенде оған көмекші болып, шаруашылығына қолғабыс ететіндігіне, өскенде өзі секілді бақташы, қойшы болатындығына үміт артты.

Аспандияр бала кезінде әкесіне көмекші болды, ат қолы қалт еткенде мектепке барып арабша, одан соң тез арада орыс тілін меңгеріп алды. Ол әкесіне малдың пелері келіп сөйлескенде, әкесінің орыс тілін білмегендіктен қолайсыздығын, қатты қиналатындығын талай рет байқаған болатын. Бірде Аспандияр егер оқуын одан әрі жалғастыруға әкесі рұқсат бермесе, үйден қашып кететіндігін айтады.

Ол білімге құмар, ынталы бала болып өсті. Он жасында Есбол ауылындағы қазақ-орыс мектебіне барады. Он бес жасында Орынбор қаласына оқуға аттанады. Әкесі ұлының ынталы ұмтылысын тоқтата алмасын білген соң 10 сом қарыз алып береді, өзінің ең жылы тонын кигізеді.

Орынборға дейін жолға ілестіріп жіберге адамы оны жарты жолда қалдырған соң, Аспандияр Астраханға дейін жаяу барады да, Орынборға пойызбен жетеді.

1906 жылы ол мұғалімдер семинариясын бітіріп, сабақ береді, өз білімін өзі үздіксіз жетілдіреді. Сонымен қоскабат қоғамдық жұмыстармен де айналысады.

А.Кенжин 1906 жылы Мемлекеттік Думаға хат жазады. Онда көп әйел алушылықты түп-тамырымен жойып, жап-жас қыздарды шалдарға беруді тоқтату туралы ұсыныс береді.

Аспандияр Кенжин екінші хатында жер мәселесін көтереді. Онда қазақтардың құнарлы жерлерін тартып алып жаткандығы сөз болады. Осы екі хат та Ойыл полицейлерінің қолына түседі. Сөйтіп оның соңына аңду қойылады.

1911-1917 жылдары ол Елецк қаласындағы педагогикалық курста математикадан, физикадан, географиядан сабақ береді. Әрі білімді, әрі салмақты саяси көзқарасы бар азамат өз шәкірттерінің арасынан болашақта сенімді серік болар, көзкарастары жақын азаматтардың тәрбиелеуіне күш салады.

1914 жылы Аспандияр Кенжин орны босаған география мен жаратылыстану пәнін беретін мұғалімнің орнына сабақ тапсырады. Ал 1916 жылы халық ағарту институтының емтиханынан да сүрінбей өтеді. Бұл жылдары ол Темір қаласында Земской уездің бастығы және жоғарғы бастауыш училищесінің меңгерушісі қызметтерін атқарады. 1917 жылы Ақпан революциясынан соң Елецк қаласында уақытша аткару комитеті құрылып, сондағы жергілікті тұрғындардың сұранысы бойынша соның жауапты хатшысы болып тағайындалады.

Бұл жылдары ол көптеген білікті азаматтармен танысып, бірге қызмет істейді. Бұлар оның болашақ өміріне иғі ықпалын тигізіп, жолын айқындауға жәрдемдеседі. Олардың қатарында ең бірінші кезекте "Алаш" қозғалысының негізін салушылардың бірі Әлихан Бөкейханов пен қазақтың зиялы қауымының жарқын өкілдері Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиндер болды.

"Алаш" қозғалысы осы заманғы демократиялық мемлекеттің негізін қалыптастыру мақсатында алғашқы саяси және ұйымдастыру шараларын жүзеге асыруға талпынды. "Алаш" қозғалысының тарихы біздің өткен өміріміздің ең жарқын беттерінің бірінен саналады. Замандастарымыздың, өткен өміріміздің тағдырлы беттеріне, тарихи тұлғаларына, ұлттың тарихына қызығушылығына үлкен түсініспікпен қарауымыз заңды да. XX ғасырда Россия империясына, соңынан КСРО-ға бірікқен Еуразия халқы төрт революцияның талқысын, сынағын бастан кешті.

"Алаш" жетекшілері осындай сұрапыл сынақтардан сағы сынбай өте білді. Өз халқына деген адалдықтың, ұлттық мүддеге деген ұлы сүйіспеншіліктің үлгісін көрсете білді.

XX ғасырдың басындағы айтулы қазақ зиялылары өздерінің аздығына қарамастан қоғам өміріндегі алуан құбылыстарға сын көзбен қараі білген, халықтың мақсат-мүддесін, ғасырлық арман-аңсарын айқын сезіне білген жандар болды. Олар қазақ қоғамының өзекті мәселелерін өткір сезіне білген азаматтар еді. 1917 жылы шілде айында құрылған "Алаш" қозғалысы ұлттық мүддені ту еткен алғашқы саяси партия болды.

Сол жылдың желтоқсан айында, II Бүкілқазақтың съезінде, Алаш автономиясын, Алашорда үкіметін құру туралы шешім қабылданды. «Алаш» партиясы 1917 жылғы Қазақ революциясының ұрандарын, Кеңес өкіметінің идеялары мен нақтылы іс-әрекеттерін қабылдамады.

1920-1930 жылдардың аяғында алашшылардың басым көпшілгі саяси құдалауға ұшырады. Олардың арасында Аспандияр Кенжин де болды. Ол уақытша революциялық комитеттің мектептен тыс бөлімін басқарған еді. Алаш ардақтылары сол кезде тарихи-статистикалық, экономикалық, этнографиялық және картографиялық мәліметтерін жинастырып, автономиялық шекараларын анықтау мәселелерімен тығыз айналысқан болатын. Олар мәңгілік құндылықтар рухына бас иді. Өз Отанына, халқына деген ұлы сүйіспеншілікті ардақ тұтты. Жоғары идеяларға қызмет етуді өз өмірлерінің бағдаршамы етті. Қазіргі таңда алашордалықтардың ізгілікті ұлы миссиясының мәнін бағалау оңай емес.

Тыйым салудың солақай соққысы мен құдалаудың құқайын, сталиндік репрессияның қанды қылышын бастан кешсе де, олар қазақ қоғамының мәдени дамуына, прогрестік бағыт-бағдарына жол салып берді.

А.Кенжин 1924 жылы ҚАКСР жұмысшы-шаруа инспекциясы халкомының орынбасары, өлкелік партия комитетінің мүшесі болды.

А.Кенжин Қазақстан астанасын Орынбордан Қызылордаға көшіру жөніндегі комиссияның төрағасы болды. 1926 жылы Алашордадағы қызметі үшін партия катарынан шығарылды. 1927 жылы "Казторгтың" бастығы қызметін атқарды. 1928 жылдың аяғында РКФСР Статистика халкомының орынбасары болып, үш айдай Мәскеуде жұмыс істеді.

Артынша Қазақстанға оралып, Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Халық шаруашылығы Орталық кеңесінің төрағасы болды. Осы кезде оны екінші рет партия қатарынан шығарды.

1929-1937 жылдар аралығында Алматы шұға фабрикасының директоры, "Овцеводтрестің" өлкелік кеңессінің басқарушысы, Семей ет комбинаты құрылысының басшысы, КСРО ХК Дайындау комитетінің Түркіменстандағы уәкілетті өкілі, елтірі тері дайындау одағының Орынбор облыстық кеңсе директорының орынбасары қызметтерін атқарды.

А.Кенжин жалған жаламен 1938 жылы 5 қаңтар күні ұсталып, сол жылдың 26 ақпанында Алматыда атылды. Оның әйелі Рамазанқызы Жаннет Софья, Махмұт, Бәкизат, Шәмші, Лилялармен жесір қалды.

Артынша Жаннетті де еш негізсіз айыптап, Ақмоладағы әйелдер лагеріне жіберіледі. Аспандиярдың үлкен қызы Софья белгілі қоғам қайраткері Әліби Жангелдиннің жұбайы болған. Аспандияр Кенжин 1990 жылы 30 қаңтар күні КСРО ЖК Президиумының шешімі бойынша ақталды.

Марина Қуанышева,
"Прикаспийская коммуна" газеті
7.02.2012 ж.

Тиісті толықтырулармен орыс тілінен ауарылды.

P.S: Атырау қаласындағы бір көшеге Аспандияр Кенжин есімі берілді.

ӨТКЕНДІ БІЛМЕЙ КЕЛЕШЕК ЖОҚ

Алакай батырдың немересі соғыс кезінде бір ауылды барлық қиындықтан алып шықты.

Ұлы Отан соғысының екінші жылы, яғни 1942 жылы, Кеңестер Одағының басшысы И.В.Сталиннің тікелей нұсқауымен сол кездегі Совнарком төрағасының орынбасары Анастас Микоянның басшылығымен Гурьев облысының жерінде асыл тұқымды қаракөл терісін өндірістік салада дайындайтын совхозды кеңейтілген завод көлемінде ұйымдастыру қажет болды. Бұған көңіл бөлуі себебі, «бурыл» және алтын түсті «золотое руно» деп аталып кеткен қоңыркай жылтыр түсті қаракөл терілерін шетелдерге (Америка, Франция, Англия) валютаға айырбастау үшін керек болатын. Бұл одан түскен қаржыға қуатты, соғыс қаруларын дайындауға қажеттіліктен туындаған шара еді. Осы шаруашылыққа басшылық етуге, соғыс майданына өз еркімен сұранып, аттанғалы тұрған жерінен, броньмен қалдырылып, кеңес-партия салаларында шыңдалған коммунист 27 жасар Түсекен Лұқпанұлы тағайындалды.

Осы арада, аса бір тарихи дерекке тоқтала кеткенді жөн көріп отырмын...

1930-1940 жылдары Гурьев облыстық партия комитетінде қызмет атқарған Иван Иванович Иванов деген азамат Түсекен Лұқпанұлының жұмысқа деген ынтасы мен іскерлік қырларын аса бағалаған жан еді.

Ал 1940 жылы И.И.Иванов Москвағы Орталық партия комитетіне қызметке ауысады. Сөйте тұра, ол кісі Түсекенді осы жұмысқа тағайындауға кепілдік беріп, сұрастырып, іздестіре келгенде, соғыска аттанғалы тұрғанын біліп, военкоматка арнайы телеграмма салдырып, броньмен қалуына әрекеттенген екен. Елге қатер төнген сұрапыл соғыс жылдары артта қалған елдің жайын ойлаған осындай абзал жанның Түсекен Лұқпанұлының одан кейінгі өмір жолына да көп шапағаты тиген еді.

Асыл тұқымды қаракөл қой заводын қай жерге орналастыру керектігін ақылдаса келіп әрі теміржол бойына жақын Мұқыр стансасынан басқаруды жөн көрген. Мұқыр ауылсоветіне карасты мекенде дені сау ер азамттар соғыска кетіп, ауылда кемпір-шал, бала-шаға мен кемтар адамдармен жұмыс істеуге тура келді. Арнайы орталықтан келген бірен-саран мамандар болмаса , ер-азаматтар саусақпен санарлықтай еді...

Марқұм Түсекен Лұқпанұлы Байғожаның «Бес батыры» атанған – Шегірей, Өтеп, Алакай, Жуасай, Шакпак

есімді батырлардың бел немересі болатын. Өз әкесі Өтепұлы Лұқпан және батыр аталары Тайсойған құмының етегінде орналасқан Сарыкөл жеріндегі Шегірей қауымында бақылық ұмыр кешуде.

Сол ата қонысы Сарыкөлді, өзінің балалық шағында туып- өскен мекенін 1942-1943 жылдың қысында, облыс басшыларына дәлелдей отырып, мал қыстатуға түбегейлі «Мұқыр» совхозының жеріне меншіктетіп, картаға түсіртіп, шешім қабылдаткан. Себебі Тайсойғанның, Ойыл бағытындағы «Жарылыққан» өзенінің арнасын бөгеп. Ақтөбе облысын суландыруға пайдаланған соң, шөл далаға айналған. Сарыкөлден 1928-1930 жылдар аралығында барлық ел-жұрт үдере көшеді. Көбі өңдіріске, біразы Тайпақ жаққа қоныс аударып, тек қана ескі жұрты ғана қалған болатын. Міне, осылай, жұртқа тастап кеткен көне үй, қораларға, азаған жөндеу-сылақ жұмыстарын жүргізгеннің арқасында, шаруашылық пайдасына асып, мыңдаған малды қыстатып, аман алып шығады.

Ол мезгілде трактор-машина деген жоқтың қасы, бірақ сол кездегі адамдардың жанкиярлық еңбегі мен жеңіске жетеміз деген сенімі, көптеген қиындықтан алып шыққан болатын. Біз сол кездерде 8-9 жастағы баламыз. Әкем Шанат жылқышы болатын. Директорымыздың алыска шыдамды, өте ақылды көк айғыры болды. Сол айғырды көзден таса қылмай, ерекше күтіммен бағатынбыз. Совхоз көлемін салт атпен 550-600 шақырымдай жолды жүріп өтіп, аралайтын еді Түсекен маркұм. Есімде қалғаны, әсіресе көк айғырды ерттеп әкелін бергенде, ол өзінің иесінің мойнын, қолтық тұсын иіскеп кісінеп, шұрқыран алатындығы тағ қалдырушы еді. Сосын Түсекен үзенгіге аяғын салып отыра бергенде, алдыңғы екі аяғын бүге, арткы аяғына шалқалай көтеріліп, оскырына кісінеп, шаба жөнелетін ерекше қасиеті бар еді.

Соғыстан кейінгі жылдары сол көк айғыр үйірге қосылып, үйірін қақаған қыста, тоғыз қасқырға бермегенін әкем Шанат өз көзімен көрген. Бәйгеден де облыс көлемінде ешбір атка орын бермеген желден жүйрік киелі жануар еді.

Ал директорымыз Түсекен Лұқпанұлы атка отырып, кетін бара жатканда құдды Алақай батыр атасы сияқты қаһарлы, сұсты кейіпке айналып, нұрлана түсетін. Өзі де қақпақ жауырынды, қою қабақты, өткір көзі тұңғиықтай қара өте сұлу, сымбатты азамат еді.

Соғыс жылдарында совхоз малшылары мен қызметкерлеріне арнайы орталыққа хатпен шығатын болып, еңбек жолын бастады.

Сол уақыттарда аянбай еңбек еткен мал мамандары Кенжебаев Жақсы, Сәрсенғалиев Шадыр, ферма меңгерушілері Ізтілеуов Салық, Досқалиев Сатан, Исамбердиев Мақым, Байсейітов Жолдас, Нұртазин Садық, ауылсовет төрайымы Хайрошова Кеңже, аға мамандар Оңаев Хисма, Шермұқанов Меңдеш, Иманғалиев Наурыз, жылқышылар Ескалиев Ізмұхан, Ескалиев Шапат деген, бүгінде дүниеден озған азаматтардың еңбектерін де айыптаска болмайды.

Барлық мал отарларына, мерзімді басылымдар (газет-журналдар) мен майданнан келген хаттарды атпен аралап, мезгілінде табыстауда еселі еңбек үлгісін көрсеткен Уандықова Динаш апамыздың еске алмасақ күнә болар еді. Түсекен жөнінен 2004 жылғы 11 желтоқсан күні жарық көрген Қызылқоға аудандық газетінде «Сталин білген қазақ» деген атпен жарияланған, облысымызға белгілі, танымал қаламгер, ҚР Журналистер одағының мүшесі Қажымұқан Елемесегінің түсінік мақаласына көз жүгіртсек, төмендегідей жолдарға кезігесіз. Т.Лұқпанов өз еркімен майданға сұранған. Соған қарамастан партия оны Қазақстандағы алғашқы қаракөл қойының елтірісін өндіру және шетелге сату үшін ұйымдастырылған Гурьев асыл тұқымды қой зауытына директорлық қызметке жібереді.

Бұл зауыт шетелге өнім сату үшін КСРО Сыртқы сауда байланысы министрлігінің қарамағында болады. В.И.Ленинның, И.В.Сталиннің саяси серіктерінің бірі Анастас Иванович Микоянның тікелей басшылығымен жұмыс істейді. Бұл қызметті Т. Лұқпанов 1942-1947 жылдар аралығында абыроймен атқарады. Осы жылдардағы еңбегі сол кездегі Елбасы И.В.Сталин жоғары бағалап, соғыс жүріп жатканына қарамастан ел астанасы Москва қаласына жеке қабылдауына шақырады.

Жалпы И.В. Сталиннің тылдағы еңбек майданына көп көңіл бөлгенін анықтайтын тарихи құжат «Прикаспийская коммуна» газетінің 1945 жылғы 15 қыркүйектегі №186 (3729) нөмірінде жарияланыпты. Оны А.Микоянның Т.Лұқпановка ашық хатынан көруге болады. Осы газет бетінде Т.Лұқпановты жоғарғы үкімет наградасымен «Құрмет белгісі» орденін алуымен құттықтап, еңбегін И.В.Сталиннің өзі бағалап отырғандығын баса айтқан. Өзіне және еңбек ұжымына алғыс білдіреді. Сол жылдардағы баспасөз беттерінде бүкілхалықтық староста Калининнің Т.Лұқпановка жоғары награда белгісін тағып тұрған суреті де басылып шыққан еді. Жас бала болсақ та, Түсекеннің азғантай ғана көл көмегімізді тигізгенімізді ескеріп, мен сияқты тағы да 3-4 балаларға қоймадан мата үлестіріп бергізгені күні бүгінге дейін есімде. Сол маталан шебер әже-аналарымыз бізлерге сол шақтың балан жігіттеріне лайық жейде, костюм тігіп, бір жасап қалған едік.

Міне, күні кеше 2009 жылдың 20 маусымы күні Түсекен атамыздың аяулы зайыбы, маркұм Нұрила Досжанқызының қайтыс болғанына 40 жыл толуына орай ас берілді. Аска өзінен тараған 5 ұл, 1 қызының ұрпақтары, ағайындары жиналды.

Ал сол күні кешке, Сарыкөлдегі Шегірей қауымына ұрпақтары, туысқандары, алыс шақты адам зират басына барып, дұға бағыштап, түнеп қайтты. Ал осы қауымда мәңгілік орналасқан «Бес батырдың» көшбасшысы Алақай батырға 2005 жылы облыстық көлемде ұрпақтары ас беріп, үлкен зәулім кесене тұрғызды. Бұл кесенені орнаткан, асты ұйымдастырған Алақай батыр ұрпақтары Адаев Жайлаш Ишанұлы, Тасымов Төлекен, Ақтау қаласындағы ұрпақтары Қайырбек, Еркін Лұқпановтар, атыраулық Гамзат Жайлаңұлы Адаев, Сатайұлы Қожакмет және республикаға танымал қаламгер, Қазақ Совет энциклопедиясын құрастырушылардың бірі Адаев Жолдас атындағы «Диноолім-Жолдас» фирмасында өнегелі еңбек етіп жүрген Алақай ұрпақтары атсалысты. Жайлаш Адаев-мал шаруашылығын өркендеткен абзал азамат.

P.S: Бүгінде Алақай батырдың немересі Түсекеннің туған апасы Лұқпанқызы Құндыздан тараған Сермұханов Тарас атты жиені батырдың сапалағындай әзілімен жолдастарын тілін түседі. Менің туған жиендерім Бокенбай, Ғалымжан, Алма, Света, Ғаля, Жеміс, Құбаш балалары да Алақай батыр ұрпақтары.

Ал Алақай батыр Исатай – Махамбет көтерілісінен кейін Жайық қазақ-орыстарының озбырлығына шыдамай «Сарықасқа» деп аталып кеткен атаманын жекпе-жекте өлтіріп, ел намысын таптатпаған.

Кейіннен іс насырға шабатын болған соң, 1842-1843 жылдары Жәңгірхан Сарыкөлді заңдастырып, Байғожа ұлдарына, әсіресе Алақайға беріп, жаңа қонысқа,. Сарыкөлге көшіріп, қоныс аударған екен.

Мәжит ШАПАТАҰЛЫ.

ХАЛҚЫНА ҚАЛАУЛЫ МЕЛЛЯТ

1969 жылы қантар айының аяк кезінде обкомның бірінші хатшысы М.А.Исенов шақырып, әр түрлі мәселелерді әңгімелегеннен кейін:

- Саған атқару комитетінің председателі етіп Сабырованы жіберсек қалай карайсың? – деді.

- Өзіңіз білініз. Мұқа, аупартком хатшысы Ахметкалиевтың айтуынша, пысық әйел көрінеді ғой, қарсылығым жок.– деп жауап бердім.

-Олай болса өмірбаянымен асықпай таныс, - деп «жеке істі» ұсынды. Бөлек бөлме тауып, папканың ішіндегі қағаздарды түгел оқып шықтым.

Сабырова Меллят Сабыркызы, 1927 жылы Теніз (Құрманғазы) ауданының Морское селосында туған. Әкесі Сабыр Сисембаев 1930 жылдан бастап өмірінің соңына дейін (1948) аудан совхоздарында жауапты жұмыстар атқарыпты.

Еңбек жолын 1950 жылы Алматының Абай атындағы педагогикалық институтын үздік бітіргеннен кейін орта мектепте мұғалім болып бастаған. Үш жылдан соң аудандық кеңес төрағасының орынбасары болып сайланады. «Жеке істегі» құжаттарға, мінездемелерге, сипаттамаларға қарағанда, тез өсуіне жігерлілігі, белсенділігі, сауаттылығы себеп болған сияқты.

1954 жылдан 1962 жылға дейін аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып істейді. Меллят Сабыркызының іскерлік қабілеті әсіресе осы жылдары көзге түсіңкіресе керек-ті. Көптеген оқу үйлерін тұргызып, аудандағы 45 мектепті бір сменалық оқу жүйесіне көшіріп, жасөспірімдерге білім беру сапасын жақсартқаны үшін республиканың «Үздік мұғалімі» деген атак беріледі және «Құрмет белгісі» орденімен марапатталынады.

1962 жылы Құрманғазы аудандық атқомының төрағасы болып сайланады. Бұл өңір - сол кезде Гурьев (Атырау) облысындағы күрделі шаруашылықтары да, халқы да көп , ең ірі аудан еді. Облыстағы ірі мүйізді қараның басым көпшілігі, көне казақтың елдібай тұқымды қойы осы ауданда шоғырландырылған-ды. Ауданда он балық колхозы, он мал совхозы болатын. Экономикасы мен мәдениеті тең дамыған үлкен ауданның басшысын жіберуді обкомның біғге берген жәрдемі деп түсіндім. Бұл ұсыныста ризашылықпен қарсы алуыма өзімнің әйел басшылар туралы әуелден қалыптасқан пікірім де әсерін тигізді. «Ел басқарған әйелдердің жаманы болмайды» - деген тұжырымды көпілме тұрақты қолдырған обкомның бұрынғы бірінші хатшысы, кезінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы болған Н.Д. Оңдасынов еді. Бірде Нүрекең: «Жұмысты ойсырата ақсаткан, бірлемені бұздырып, сенімді актамай, жауапты істен аластатып жіберетін не көргенің бар ма?» - деп. Мен оның кергенің жок екенін айттым да, бұл сұрақтың неден туындағы бізге

алмай аңтарылып қалдым. Оны байқаған Нұрекең: «Доссор мұнай кәсіпшілігіне директор етіп Жұмағалиева Балжанды тағайындалық десем, сенің кейбір «ағаларың» қарсы болып жүр, сол есіме түсіп, бюро мүшесі ретінде сенің пікіріңді білейін дегенім ғой»,- деп темекісін алып, күлімсіреп, созыла орнынан тұрғаны әлі көз алдымда.

Ұстазымның сол сұрағын еш уақытта да есімнен шығарған емеспін. Ал әйел кадрлардың тарапына сын айтарлықтай дәрекі дерек тапқаным да жоқ, өзімнің облыс басқарған кездерімде де кездестіргенім жоқ.

Шынында да, көпшілік жағдайда, қатардағы қазақ әйелдің лауазымын оп-оңай көтере қоймайтын. Ерлерден еңсесі анағұрлым биік, білімі де , білігі де артық әйел ғана ел билеуге, ұжым басқаруға сенім білдіретін-ді. Өткен өмірге ой жүгіртсем, еселі еңбегінің арқасында ел ішінде есімі сақталған, өшпес із қалдырған Атыраудың талай ардақты арулары есіме түседі. Олар обкомның хатшысы болған Жамал Ещанова, Үміт Ахметова, Хабира Салықова, облатком төрағасының орынбасары болған Қадиша Қабдолова, Роза Ғабділшина, Атырауда аудан басқарған, кейін өлкелік кеңес төрағасының орынбасарлығына, республикалық кәсіподақтар кеңесінің хатшылығына өсірілген Өзира Әленова, көп жылдар аупарткомның бірінші хатшысы боп істеген Ибаш Жанболатова, ұзақ жылдар облыстық оқу бөлімін басқарған Қатира Дүтбаева, обкомның бөлім меңгерушісі болған Сара Мұсағалиева, қала басқарған Гүлжан Дүсіпқалиева, ауданға басшылық еткен Мария Петрова, Ғалия Аймағамбетова, кезінде ауданға, облыстық мекемелерге басшылық еткен, қазір де жаңа заманның тосын тәртібіне икемделіп, адал еңбегінің жемісін жеп жүген Мәдина Ғабдісәлімова, Рухия Бөлекбаева, Нұржиян Абдолова, София Сейтқалиева, Людмила Свечникова...

Атырауда туып-өскен, облыстық газетте еселі еңбек еткен, құдай берген талантын талаптылығымен дамытып, өзінің көптеген көрнекті өлеңдер жинағын елге тарту еткен белгілі ақын, Парламент депутаты Фариза Оңғарсынованың өзі бір төбе емес пе! Атыраудың ерке қызы қазір тәуелсіз мемлекетіміздің, ерікті еліміздің жаршысы, қамқоршысы болды. Оны бүкіл қазақ халқы мақтан етеді, сүйеді.

1969 жылы ақпан айында Меллят СабырқызынЕмбі (Жылыой) ауаткомының төрағасы етіп уақытша тағайындадық. Келесі айда әуелі аудандық кеңеске депутат, сосын төраға боп бірауыздан сайланды. Жасыратыны жоқ, алғашқы кезде жаңа басшыға геология-барлау жұмыстарын, мұнай өндірісін, темір жол шаруашылығын, күрделі құрылыс мекемелерін толық игеріп кету оңай болған жоқ. Дегенмен Меллят Сабырқызы өзінің талапкерлігінің, жігерлілігінің, пікірлілігінің арқасында халықпен тығыз араласып, мекеме басшыларымен тіл табысып, өзіне бұрын таныс емес кәсіпорындардың құпиясына жете түсініп алды. Аз мерзімнің ішінде үнемі сол өңірде өмір сүріп келе жатқан кісідей, ел ішіне сіңіп кетті. Сондықтан да осы ауданда 14 жыл атқару комитетке басшылық етіп, құрметпен, абыроймен зейнеткерлікке шықты. Реті келгесін айта кетейін, менен кейінгі аупарткомға бірінші хатшы болған Мұсабай Сағынбаев, Беркін Ізтелеуов, Әбутай Беклиевтер де Меллят Сабырқызын зор ілтипатпен, шын ықыласпен еске алып мадақтайды да мақтан етеді. Жылыой елі оны өз қызымыз деп есептейді, ал Меллят болса : «Өмірінің сәтті күндерінің көбі Жылыойда өтіпті» - деп жазыпты «Атырау» газетіне.

Меллят Сабырқызы Кең Жылыойдың шалғайдағы шашыраңқы шаруашылығын жиі аралайтын. Түзде түнеп, автомашинада отырып ұйықтап, далада тамақтанып, жай-күй таңдамай жүре беретін. Бүгін Қаратон, Прорва, Теңіз сияқты ауасы ауыр, суы тапшы, жолы батпақ жердегі мұнайшылардың арасында жүрсе, апта аяғында Желтау, Үстірт, Қарақұм жайлаған қашықтағы малшылар ауылына кетіпті деп еститінбіз. Ел тауқыметін арқалай жүріп, отбасының ауыртпалығын да өзі көтеріпті.

Жаны да, ары да таза адал жар Сабырқызының сүйікті жұбайы марқұм Табылған жас кезінен көкірек ауруына шалдыққандықтан көп бейнет көргенін айта отырып: «Меллят болмағанда, баяғыда өліп қалатын едім ғой»,- дейтін. Құрдасымыздың бұл сөзінде шындық бар екенін өз көзімізбен көріп, куәгер болғандықтан сенгенбіз.

Табылған да аудан тұрғындарының тұрмысын жабдықтауға үлкен үлес қосқан еңбек ардагері еді. Оның еңбекқорлығы, тазалығы, ақтығы, басқа да адамгершілік қасиетті біздердің жүрегімізде мәңгі сақталмақшы. Ұлағатты ұстаз Меллят Сабырқызы- төрт бала тәрбиелеп өсірген мейірімді ана.

Меллят Сабырқызы екі мәрте Еңбек Қызыл Ту, екі рет «Құрмет белгісі» ордендерімен, ҚКСР Жоғарғы Кеңестің грамоталарымен, бірнеше медальдармен марапатталды. Қазақстанның XIII-XIV партия съездеріне делегат болып қатынасты, 24 жыл үзбестен облыстық кеңеске депутат болды және обкомның құрамына сайланды.

Саламат МҰҚАШЕВ,
Мемлекет және қоғам қайраткері.
«Атырау». 20.07.1997 ж.

ЕҢБЕК ЗЕЙНЕТІ



Сабыр Қазыбайұлы 80-ді алқымдап тастаса да, әлі де тың. Ол жас кезінен бастап өздігінен оқу арқылы білім алып, аспирантурада да оқымастан кандидаттық диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты деген атаққа ие болды. Ұлы Отан соғысына қатысып, неміс-фашист басқыншыларын өз жерінде талқандауға лайықты үлес қосты. Сондықтан да Атырау қаласының тұрғындары оны әрдайым құрмет тұтады.

Мен, Қазыбайұлы Сабыр, Атырау облысы Қызылқоға ауданының Тайсойған Сағыз өңірінде 1914 жылы өмірге келіппін. Руым Байұлы – шеркеш – Тілес – Жиенбай – Нияз... болып тараймыз. Атамыз Бай, Таңат. Таңат қажы атаның, ағайынға рақым-қайыры мол, елге сыйлы деңгейде өмір шегіп, 1922 жылы дүниеден өтті. Ол кісінің сол қадіріне орай Қазыбай, Аққали, Төреғали мырза деген балалары анау «байларды, молданы қойдай қу қамшымен» деген астан-кестен заманда тәркіленбей аман қалды.

Мен атақты ұстаз Науанов Аяпбергеннің Ордабай деген шәкіртінен 1921 жылы ойнап жүріп «оқып», жәдидше қара танып, хат жазуды үйрендім. Кермекас, Қызылқоға бастауыш мектептерінде 1925 жылға дейін аздап оқыдым. Содан кейін он жыл үзілген оқуды Гурьев педтехникумының қысқа курсында жалғастыруыма сәті түсіп, 1936 жылдан басталған оқытушылық қызметімнен әлі күнге қол үзгенім жоқ. Әуелі бастауыш класты оқыта жүріп, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп, мамандануға бет алған едім. Осы салада сонау 1939 жылдан бері мектепте, педучилищеде, пединститутта,университетте еңбек етіп келемін.

Білім алу жолым да өздігімнен оқу арқылы жүрді. Демек педучилищені де, мұғалімдер институтын, пединститут -бәрін де сырттай оқып бітірдім. Бұларға он бір жылдық еңбек демалысым жұмсалды. Одан бері ешқандай аспирантура стажерлік жеңілдік алмастан ізденуші ретінде үйден дайындалып, педагогика ғылымы кандидаттығына диссертация қорғадым. Алпысыншы жылдан қазіргі Досмұхамедов Халел атындағы Атырау университетінде аға оқытушы, доцент болып, қазақ әдебиетін оқыту методикасы пәндерін жүргізіп келіп едім. Соңғы бес жылдан бері қазақ фольклоры, әдебиет тарихы курстарын оқытуға ауыстым.

«Еңбектен қашпағандығымнан дөңбекке жолыққан жоқпын», қайта ерінбей, жалықпай еңбек етіп, зейнетке бөлендім.

Шен тағып, шекпен киетін, атқа мінетін жайлы орын іздемей, осы бір қара жаяу, қарапайым ұстаздық жұмыстың шапағатын молынан көріп келемін. Ұлы Отан соғысының 1942 жылғы қиянкескі шайқасына қатысып, ауыр жарақаттанып, мүгедек болып, 1943 жылы жазда елге оралдым. Балалар мен жастарды оқыту-тәрбиелеу жүйесінде істегенімде оқу ісі меңгерушісі, директор, кафедра меңгерушісі, факультет деканы сияқты басшылық жұмыста отыз жыл еңбек еттім. Осындай мінсіз еңбек үстінде қаламгерлікпен айналысқаныма да жарты ғасырдан асты. Ол публицистика, өлең, очерк, ғылыми мақала, монография үрдісінде кеңейіп дамыды. Оқу-тәрбие ісіндегі озат тәжірибелерді насихаттау мақсатында елуінші жылдан бастап, облыстық, республикалық педагогикалық оқуларда, ғылыми-практикалық конференцияларда баяндама жасап келдім.

Менің еңбегімді замандастарым жоғары бағалап, көптеген сый-құрметке бөлендім. «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін», «Ыбырай Алтынсарин» медальдары, Ұлы Отан соғысының 1-дәрежелі ордені, Ленин ордені, Қазақ Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасы, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мұғалімі құрметті атағы, Қазақ КСР, КСРО халық ағарту ісінің үздігі деген белгілер өңірімді өрнектеп, көңілімді көтеріп отырды. Атырау облысында менің 80 жылдық мерейтойым өткізіліп, маған «Атырау қаласының Құрметті азаматы» деген атақ берді. Осындай ел азаматтарының сый-сияпаттары жасы ұлғая түскен менің көңілімді жасартып жібергендей сезіледі.

ҚАЗЫБАЙҰЛЫ САБЫР.
«Жайық үні» газеті. 1994 жыл.

ТАНАШ ӘУЛЕТІ

Кешегі Кеңес өкіметі тұсында Қазан төңкерісіне дейін «Қазақстан халқының оқу-ағарту саласы тіптен артта қалған, білім беру орындарының өзі діни бағыттағы мектептер мен медреселер ғана болатын. XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы тарихи құжаттарға назар аударыңыз. Бірінші және Екінші теңіз жағалауы округтеріндегі қандай да бір мемлекеттік қоғамдық басқару ісінде Бекмұхамбетовтер мен Танашевтар есімі қатар және жиі аталады. Мұның өзі сол кездің өзінде сауаты жоқ адамды ел басқару ісіне еш араластырмайтынын ескерсек, үлкен жетістік емес пе?

Осы орайда азуын айға білеген Бекмұхамбетовтер есімімен қатар аталатын Танашевтар кім еді деген сұрақ туады.

Біз білетін Бекпембет бидің ел аузында есімдері қалған екі ұлы болған. Соның бірі Шолтыр болса, екіншісі Танаш. Танашевтар деп отырғанымыз осы қариядан өрбіген ұрпақ. Қазақтың ежелгі кәсібі – мал. Бірақ Танаш әу бастан балық өндірісімен айналысып, бала, немерелерінің қай-қайсысын да осы салаға мамандандырған, бәрі де ірі кәсіпкер, есімдерін Еділ бойына танытқан батаға иелері.

Ел қариялары айтуы бойынша, бірі – алты, екіншісі, - жеті дейді, бірақ қолымыздағы дерекке сүйенсек Танаштың Сидағали, Жақып, Арыстанғали, Тінім, Жүгініс, Ибрагим (Ыбыраш), Әбдірахман есімді ұлдары болған. Бәрі де уақыт талабы, қабілеттеріне сай орысша, мұсылманша оқып, білім алған. Жоғарыда айтқанымыздай, су маржанын терумен айналысқан мұзбалық балықшылар. Соған сай революцияға дейін Өтегали Ибрагимұлының Каспийдің терістік бетіндегі қазіргі Мақаш ауылы тұсында бес («Дружинский», «Қарақұл», «Полтанайский», «Михайловский», «Малодружинский»), Әбдірахман мен Салықтың, Құсайынның бір-бірден «Бережник», «Баровский» деп аталатын жеке батағалары болған. Олар өздері өндірген су маржандарын қақтап, тұздап, ыстаған күйі Ресейдің Астрахань, Сартау, басқа да Еділдің жоғары тұсындағы қала базарларына өткізіп, түскен қаражатқа ауылдастары үшін күнделікті тұрмыстарына аса қажетті қант, шай, ұн, сабын, киім, басқа да ыдыс-аяқ түрлері, мата әкелген. Жерлестері олардың орнына мал, аң терілері, басқа да өнімдерін өткізген. Мұның өзі қыр қазақтарының күнделікті сұраныстарын өтеп, тұрмыс күйлерінің жақсаруына оңды ықпалын тигізген.

Біз бұл деректерді Х.Ермұхановтың «Октябрь нұрландырған өңір», «Батыс Қазақстан энциклопедиясы», М.Тәжімұратовтың «Шәңгерей» кітаптарынан алдық. Атырау қаласында тұрып, 1996 жылы дүние салған Өмия Харескызы мен Мақаш ауылының тұрғындары Ғайнолла Ғұмаров, Сәбит Жәркеновтердің аузынан естідік. Ал Өтегалидың Алматы қаласында тұратын шөбересі Төлеген Ибрагимов « Атамыз, өз кезегінде, яғни XX ғасырдың басында Ресейдегі алғашқы өндіруші өнеркәсіптің бірі болған, бұл еңбегі үшін үкіметтің лайықты наградаларын иемденген» дегенді айтады. Осы кезде есіңізге амалсыздан Мақаш Бекмұхамедовтың 1894 жылы «Астраханские ведомости» (№4) газетінде жарық көрген «Қазақтардың тұрмысы мен мұқтаждары» атты мақаласында келтірген «қазақ жаратылысынан еңбекқор емес... Біз балықшы қазақтарды біледі және олар мұзбалық теңізші әрі шебер балық аулаушы. Олар орыс балықшыларынан озып кетпесе де, әйтеуір теңіз жұмысында солармен тең түседі деп батыл айтуға болады» деген жолдары оралады. Әрине, туған халқының адал ұлы, кеменгер тұлға мұның бәрін басқа-басқа, өз туыстарының жанкешті еңбектерін көру арқылы айтса керек.

Жоғарыда айтқанымыздай, Танаш тұқымы - оқыған, өмірдің оң-солын ертерек таныған ұрпақ. Егер XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жыл сайын Астраханьнан шығып тұрған осы аймақтың әкімшілік-басқару жүйесі, тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы мәліметтер келтіретін «Памятные книги Астраханской губерни» анықтамалық кітабын парақтасақ, Танаштың әлгі айтқан Ибрагим, Әбдірахман, Арыстанғали сынды ұлдарының Бірінші және Екінші теңіз жағалауы округтерінің әкімшілік-басқару жүйесіне белсене араласқанын, 1880-1915 жылдар аралығында округ басқарма төрағасының орынбасары, көмекшісі қызметтерін атқарғанын білер едік. Бұның өзі олардың отыз бес жылдай туған өлкелеріне, ондағы кандастары тұрмысының өркендеуі мен көркеюі, әлеуметтік жақсаруына айтарлықтай үлес қосты деген сөз.

Сайып келгенде, бұл Танаш тұқымының арғысы республика, бергісі аудан, облыс көлемінде, яғни Атырауда қазақтар арасында балық өнеркәсібін қалыптастыру мен дамытуға қосқан үлесі болса, екіншіден, зиялы қауым өкілі ретінде ел басқару, қоғамдық, мемлекеттік істерге араласты.

Осы орайда, ел алдындағы елеулі ісі әлі толық ашылып көрсетілмей, туған топырағына белгілі болса да, өскен ортасының әртүрлілігіне орай не Атырау, болмаса Батыс Қазақстан облыстары, тіпті Қазақстанның мандайына бұйырмай жүрген үш тұлға тағы бар. Олар Уәлитхан Шарафиддинұлы (Шәрапи) Танашев, Мубина Ибрагимқызы Ниязова (1895-1981) және Сабыр Ибрагимов. Ендеше бұлардың өзгелерден бөліп алар қандай ерекшеліктері бар еді?

Әуелі Уәлитхан Шарафиддинұлы Танашевке тоқтайық. Ол 1887 жылы аталған округтің үшінші старшинында балық өндіруші ірі кәсіпкер отбасында дүниеге келеді. 1899-1908 жылдары Астрахань гимназиясында оқып, 8 класын бітіреді де, 1908-1912 жылдары Қазан университетінде оқып, заң факультетін ғылым кандидаты дәрежесімен аяқтайды. 1913-1917 жылдары Қазан қаласында адвокаттық қызметте болады. Бұдан кейінгі жеті жылын Уәлитхан Шарафиддинұлы түгелдей туған еліндегі түрлі мемлекеттік, қоғамдық қызметтерге арнады және ол Уәлитхан үшін жемқиссіз емес-ті.

1917 жылы Астраханьға оралып, аз ғана уақыт өзінің сүйікті мамандығын одан әрі жалғастырады. Осында айдауда жүрген Әзербайжанның белгілі қоғам қайраткері, драматург Нариман Наримановпен танысып, онымен тығыз қарым-қатынаста болады да, бірден революциялық қозғалысқа араласып, белсенділік танытады. 1917 жылы 1-8 сәуірде Орынборда өткен Торғай облысы қазақтарының съезіне қатысып, мәжіліс төралқасы төрағасының орынбасары, 1917 жылдың 21 сәуірінде Ордада өткен Бөкей қазақтарының съезінде президиум төрағалығына сайланады. Осы құрылтайда ол съезд қаулысымен Бөкей земство управасының төрағасы, ал Бақтығерей Құлманов Бөкей ордасының комиссары болып сайланған болатын. Кейін осы өңірден Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне өкіл етіп ұсынылып, Жанша Досмұхамедов екеуі Кеңестің атқару комитетіне кіргізіледі де, артынша Бөкей ордасынан депутаттыққа өтіп, 1-11 мамыр аралығында Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысады. Жоғарыда айтқан Жанша және Жақып Ақбаевтармен бірге Петроградтағы «Шуро-и-исламдағы» Алашорда үкіметінің өкілі болады. Сол 1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен жалпы қазақ съезінде Алашорда үкіметінің министрі болып сайланды.

1918 жылдың 8 маусымында Самара қаласында құрылтай жиналысы мүшелерінің комитетінде (Комуч) ол туған елінің мүддесін қорғауға көп күш салады. Челябинскіде өткен Комуч пен Сібір үкіметінің мәжілістеріне қатысады. Жанша Досмұхамедов екеуі Комучтың дайындау жұмыстарын қатты қолға алады. Қыркүйектің 8-23 аралығында Уфадағы Бүкілресейлік уақытша үкімет - Уфа директориясы құрылған мәжіліске қатысады. Осы кезде Жанша және Халел Досмұхамедовтер, А.Бірімжанов, Ә.Ермеков, М.Тынышбаевтар қатысып, Ә.Бөкейханов төрағалық еткен Алашорданың шұғыл мәжілісіне де қатысады. Мәжілісте «Ойыл уәлаяты» таратылып, «Соғыс жағдайы және жол қатынасының нашар дамуына байланысты» Бөкей ордасы мен Ойыл уәлаяты, Маңғыстау уезі мен Торғай облысының Ақтөбе, Ырғыз уездерін басқару үшін Алашорданың Батыс бөлімі құрылған болатын. Осы кезде, яғни 1918 жылдың 18 қарашасында Омбыдағы төңкеріске орай Директория құлап, өкімет билігі адмирал Колчакқа ауысқанда, Алашорда басшылары жаңа өкіметпен келіссөз жүргізуге ниеттенді. 1919 жылдың 11 ақпанында өткен ведомствоаралық құрылым жөніндегі отырысқа Ә.Бөкейханов, А.Тұрлыбаевтармен бірге Танашев та қатысып, Колчак өкіметінің өкілдеріне бүкілресейлік Уақытша үкіметтің (Директиялық) 1918 жылғы қарашадағы қаулысына орай қазақ халқының өкілетті органы және Алашорданың бас уәкілдігі жөнінде комиссиялар құрып, олардың құқықтарын генерал-губернатордың немесе Индиядағы статс-секретарьдың құқықтарымен теңестіру жайлы мәселе қозғайды.

Осы кезеңде У.Танашев өмірінде қоғамдағы түрлі ағымдарға орай аздаған кідірістер болды. Бірақ 1919 жылы Алаш қозғалысына қатысқандарға кешірім жасалған соң қайраткерлер қатарында Қазақ АКСР-ын ұйымдастыру, сондай-ақ республикалық мемлекеттік баспасы бөлімшесін құру жұмыстарына белсене араласады. Орынбордағы қазақ әскери революциялық комитетіне мүшелікке сайланады. 1920 жылдың 25 қыркүйегінде республика Әділет халық комиссарының орынбасары қызметіне тағайындалып, бірнеше заң актілерін дайындауға қатысады. 1922 жылдың 9 қарашасынан Үлт істері жөніндегі халық комиссариаты жанындағы Қазақ АКСР өкілеттігі басшысының орынбасары, кейін федералдық комитетте, жер мәселесі жөніндегі жоғарғы бақылаудың ерекше алқасында қызмет атқарады.

У.Танашевтің бұдан былайғы өмірі не себептен екені белгісіз, түгелдей қайын жұрты – Қазан қаласында өтеді. 1924-1937 жылдар аралығында Қазанда Татар Автономиялық Кеңес Социалистік Республикалық Жоғарғы Сотында адвокат қызметінде болады. Ол 1937, 1949 жылдары екі рет репрессияға ұшырап, соңғысында 1955 жылға дейін Красноярск өлкесінде айдауда жүреді. 1957 жылы Татар АКСР-нің Жоғарғы Соты төралқасының шешімімен ол толық ақталады.

Бір өкініштісі, бізде оның Қазандағы қызметі мен өмірі, ұрпақтары туралы мәліметі жоқ.

1955 жылдан зейнеткерлікке шығып, 1968 жылы сол өзі тұратын Қазан қаласында дүние салады.

Ал 1885 жылы дүниеге келген Мүбина Танашева болса, Бірінші қазақ атты әскер полкінің дәрігері. 1917 жылы Саратов тіс дәрігерлері мектебін бітірген. Төңкеріс жылдары Бөкей губкомының мүшесі болып, жиырмасыншы жылдары Бөкей және Орал губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі, отызыншы жылдары Қызылорда қаласындағы өлкелік ауруханаңың бас дәрігері, Алматы жұқпалы тері аурулары диспансері мен Қазақ тері аурулары ғылыми-зерттеу институтын ұйымдастырушылардың бірі болған, Сарытау университетінің медицина факультетінің 1916 жылғы түлегі, 1937 жылы нәубеттің құрбаны болған Мірахмет Ниязовтың (1891-1937) жұбайы. Мүбина 1981 жылы қайтыс болған. Бірақ әзірге оның толық өмірбаяны, атқарған қызметі туралы толық мәлімет жоқ.

Ал Сабыр Ибрагимов туралы дерек тым аз. Бірақ жоғары білімді заңгер. 1920-1922 жылдары шетелге өткен. Біраз уақыт Мұстафа Шоқаймен Германияда жұмыстас, ниеттес болған. Қазақтың белгілі ақыны Бернияз Күлеевтің досы. Оның Сабырға арнаған бірнеше өлеңі бар. Соған қарағанда, осал жан болмағаны анық.

Міне, әзірге Құрманғазы ауданы топырағында туып, өңірімізге, өлкемізге белгілі болған Танаш әулеті, ұрпақтары туралы қолда бар деректер осындай. Ал оны ежелей зерттеп, жайырлы істерін халқына таныту -келешектің ісі. Бірақ олардан тараған ұрпақтар қазірде Израиль, Англия, Франция, АҚШ-та, ТМД елдерінің біраз қалаларында тұратынын білеміз.
Астана қаласында Уәлитхан Танашев атындағы көше бар.

Атырау облысының мемлекеттік мұрағаты. Мұрағат деректері – халық қазынасы. Алматы, Әсем – Систем, 2004.

ІСКЕР

Адам бола білу, адам атына лайықты болу оңай емес. Адамгершілікті, кісілікті неғұрлым терең ұсынған сайын әр адам өзіне жақсы төреші бола алады. Оған біздің кейіпкеріміздің өмірі куә. Әкесі Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан ардагер еді. 1977 жылы 53 жасында дүниеден өтті. Баланың үлкені Бижан бар-жоғы он бес жаста, бауырлары Жолжан, Бауыржан, Гүлжан, Айжан, қырық алты жаста жесір қалған анасы Жұмаштың қамқорлығында өсіп-өнді. Олар қиындықты көрді, бірақ әз ананың арқасында жетімдікті көрген жоқ. Барды бар деп, жоқты жоқ деп бағалай білді. Ең бастысы - адам болуға ұмтылды.

Бұл туралы анасының 80 жасын атап өткенде ақындықтан да құр алақан емес Бижанның:

Баяндасам бәрі жырға сыя ма,
Көкірекке бір сазды әуен құяды?!
Біз сары ауыз балапан ек, ал өзің,
Қарлығаш ең жем тасыған ұяға! - тебіренуі де шындық.

Бижан сегізінші сыныпты аяқтап, Атыраудың №101 кәсіптік-техникалық училищесін токарь, дәнекерлеуші, ағаш шебері мамандығы бойынша үздік бітірді. Жұмысқа кірісіп, анасына көмектесе бастағанда, әскер қатарына алынып, екі жыл Отан алдындағы міндетін атқарды. Армиядан кейін Қарағанды қаласындағы индустриялық- педагогикалық техникумды тамамдап, 1984 жылдан 1991 жылға дейін Ақтөбедегі арнаулы білім беретін оқу орындарында ұстаз-шебер болып қызмет етті. Кейін заң саласы бойынша жоғары білім алды. Сөйтіп, бірнеше мамандықты бойына сіңіруге ұмтылыс жасады. Әкеден ерте қалған ұл аға-інілеріне, әпке-қарындастарына көмектесу үшін күні-түні жұмыс істеп, толымды табыс тапқысы келді. Онысы зая кеткен жоқ. Өзі еңбек еткен жерлерде абыройлы, іскер, ынталы маман ретінде моральдық және материалдық марапаттауларға ие болды. Ең бастысы, қандай жұмысты да талғамай істеп, әбден ысылды, өмір көрді.

Кешегі күні қоғамда өзгеріс басталғанда жас Бижан да заман талабына орай шағын бизнеске бетбұрыс жасап, 1991 жылдан бастап үкіметтен несие алып, кәсіпкерлікпен шұғылданады. Бұл іске анасы Жұмаш та қарсы болмай, дұрыс ақыл-кеңесін берді.

Бижан Қуанышкерейұлы ұжымының негізгі жұмыстары – тұрғын үй құрылысын жүргізу. Соңғы бес-алты жылда олар бұл салада жақсы нәтижеге қол жеткізді. Тек тұрғын үй ғана емес, басқа нысандарға да қол ұшын берді. Құрылыс ісі оңайлықпен жүрмейтіні – белгілі жай. Адамдардың сеніміне кіру, олардың тапсырысын уақытында орындау аса мұқияттылықты талап етеді. Адам үшін ең ғажабы, ең қымбаттысы - өмірдің өзі. Ал сол өмірдің тірегі – жан-жақты да жігерлі еңбек болуы шарт. Адамның адал еңбегі тоқыраса, оның тіршілігінің де мән-мағынасы жойыла басталмақ. Абай: «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар», - демей ме?! Бұл – Бижанның үнемі аузынан тастамайтын сөзі, яғни тәжірибелік теориясы.

Бұл күндері Бижан Қуанышкерейұлы басшылық жасайтын «ЗапКазСтройИнвест» ЖШС облыс көлемінде, тіпті көршілес облыстарда құрылыс жұмыстарын жүргізіп, біршама беделге ие болды. Мұны серіктестік салған, күрделі жөндеуден өткізген ғимараттар иелерінің кәсіби мереке қарсаңында, басқа да уақыттарда мекемеге жолданған құттықтаулары мен алғыс хаттарынан байқауға болады. Аталмыш серіктестік құрылтайшысы Бижан Қалмағанбетовтың «Кто есть кто?» республикалық құрылысшылар энциклопедиясына енуі де біраз жайдан хабар берсе керек.

Жақында бұл ұжым тағы да үлкен алғысқа бөленді. Осы ұжымның арқасында жарты ғасырға жуық тарихы бар Сазды ауылы тұрғындары көптен бергі армандарының бірі - бірі ауыз суға қол жеткізетін болды. Екі мыңдай тұрғыны бар Сазды ауылы қалалық тіркеуге жатады. Қаладан қол созым жерде жатса да, ауыз су мәселесі жылдар бойына өз шешімін таппай келген еді. Енді село тұрғындары таза ауыз сумен қамтамасыз етіліп, ауыл сыртынан ағып жатқан ішуге жарамсыз суға тек көкөніс өсіретін болды.

Бүгінгі күндері іскер, жағдайы жақсы азаматтарымызға қайырымдылық жасау жағы жетіспейді. Қолда жағдай барда неге көмектеспеске?! Атын атап, түсін түстемей-ақ қояйық. Бижан біраз отбасыларға қол ұшын берді, қаржылай да, материалдық та көмектесті, әйтеуір мәндай тіреп келгендердің мәселесін қайтарған жоқ. Әр түрлі деңгейдегі ұлттық мүддені көздейтін шараларды өткізуге, атқаруға талай рет демеушілік жасады. Әсіресе қазақ қаламгерлері мен өнер адамдарына барлық уақытта бүйрегі бұрып тұрады. Оған басқасын айтпағанда, өмірден ерте кеткен қазақтың бард-әншісі және ақыны Табылды Досымовтың компакт-дискісін шығарып таратуы сияқты үлгілі істері дәлел.



Бижан мен ақын, бард-әнші Табылды Досымов

Бижан барлық уақытта достары туралы мәдени орталарда, зиялы қауым өкілдері бас қосқан жерлерде оң пікір айтып, тіпті сырттай таныстырып жүреді. Өйткені ол халықтың: «Айдын көлге жарасар-жағалай қамыс, қоғасы, азамат ерге жарасар – айнала жолдас, жорасы!...»– деген сөзін берік ұстаған жан. Өзіне жақын тартқан досы, танымал әнші, ақын Табылды Досымов қазасына ол қатты қайғырды. Тек дос, жолдас деп емес, барша ұлтымызға, қалың қазақ жұртына қадірлі жанның, алда әлі бергенінен берері көп шығармашылықты тұлғаның өмірден ерте кеткеніне қынжылады. Ақын-сазгер жөнінде нақты көзқарасын білдіріп, ел ішіндегі бір ерке ақынын аялап, алақанға сала алмаған кейбір шенеуніктерге ренжиді, олардың «алтыннын қолда барда, қадірі жоқ» дегендей, әділдік ауылынан алшақтап кеткеніне өкінді. Досына арнап жазған мақаласында: «Бәріміз де пендеміз ғой, бірақ солар (жергілікті шенеуніктер – А.Т.), керемет талант иесінен, өз туған жерінің қадір-қасиетін аспандатып, айдай әлемге паш еткен, сөйлесе сөз мәйегін ағызған, бәйгеге салса талай жабыларға шаң жұттырған саңлағынан көз жазып қалғанын бір сәт те болса еске алар ма екен? Әй, қайдам?!» - деп көңіл күйзелісіне түседі. Кісіні тірісінде бағалаудың, құрметтеудің қажеттігін еске салып:

О дүниеде даңғаза, дүрмегің де,
Қажет емес жайлы өмір сүргенің де.
Ақын деген жүрегі нәзік халық,
Бағалайық жер басып жүргенінде! –
деп бағалап таразылауға, байыбына баруға шақырады.

Журналист – ақын Сағындық Ниязқұлов пен Бижанның жекжаттықтары бар, сондықтан да оны жақсырақ біледі. Сол Сағындық Бижанға қаратып:

Жатырқамай ханды да, қарасын да-ай,
Жұбатасың қарт демей, баласынбай.
Жайыласың достарға дастарқан боп,
Жазира Миялының даласындай...

Жүйрік деп сөзге өзіңді тоқпылармын,
Жыр жазып, арнау өлең көп шығардым,
Жалықпай жүргеніңді жиі көрем,
Жанында жайсаңдар мен жақсылардың , -

деген екен. Шындығында да орынмен жасалған құрмет пен ізгілік жігіттің шырайын шығарады, абыройына абырой қосады. Айтса айтқандай, әрісі Алматы мен Астанадан,көршілес Орал, Атырау облыстарынан жол түсіп, Ақтөбеге келетіндердің көпшілігі Бижанды іздейді. Бижанмен хабарласады. Менің өзімді де ол бұрын атын естіген, сырттай білетін азаматтармен талай таныстырған. Қай кезде, не себепті айтылғанын кім білсін, ол жағын талдап жатпай-ақ қоялық, бірақ қазақта қалың жұрттың аузында жүрген «жауда да бір үйің болсын» деген сөз бар. Қазіргі жаһандану заманында оны өзімізден дін, діл, болмысы бөлек елдер десек, біздің Бижанның ол жақтарда да таныстары мен жолдастары жеткілікті, ол – Ресей мен Қытайдан, Башқұртстаннан ,басқа да алыс-жақын шет елдерден өзіне достар, пікірлестер тапқан азамат, олармен үнемі хабарласып тұрады.

Бірде мынадай жағдай болған. Әдеттегідей анықталған көңілмен Бижан өзіне Қытайдан бір әріптесінің келгенін, сонымен бірге болуымды сұрады. Ойда ештеңе жоқ, бардым. Барсам алдын ала келісілген аудармашы ауырып қалып келе алмапты, қытайлық азамат бұрын Қазақстанда көп болмаған, орысша да, қазақша да білмейді. Бірақ Бижан екеуі көптен таныс екен, құшақтасып жатыр, көз жанарынан кеуілдерінен бір-бірін ерекше сыйлайтындықтары көрініп тұр. Ас мәзірін алып, тапсырыс берді. Бижанның білетін бірнеше қытайша сөздері бар екен сол біраз отыруымызға жетті. Кейін кешке қарай мейрамханада адамдар да көбейді. Олардың ішінде де көпшіл Бижанның аздап ағылшынша білетін таныстары бар болып шықты, қонақты әңгімеге тартты, биледі, көңілденді, арадағы кедергі кетіп, тым жақсы отырыс болды. Әрине, адамдарды жақындастыратын алдымен – тіл. Алайда бұл отырыс шын пейіл, риясыз көңіл арқылы да өзара тіл табысуға болатындығының бір айғағы сияқты болды маған.

Әдетте өмірде атқа мінген азаматтарды сынаудың екі түрлі жолы бар. Біреуі – қолына жоғары лауазымды қызмет, ал екіншісі – мол дүние беру. Бижан болса, бұл сындардан сүрінбей өтіп келеді.

Бұл күндері Бижан өзіне жетер нәпақасы бар азамат, соған қарамастан кішіпейіл. Алайда біздің көріп, түсінгеніміз бойынша қазіргі заманның барлары мен байларының бейнесі, жүріс-тұрысы, айналасына деген көзқарасы басқаша қалыптасқан. Аз күндік дәулетке мастанған соларды көре-көре санамызда «бұлар байлықтың балалық ауруынан шыға алмай қалған екен» деген пікір орныққан. Өйткені елдік те, ерлік те, серілік те бір бойынан табылатын азаматтар аз. Ойды ойлайтын, тойын тойлайтын, бильярды мен басқасын да қоймайтын, қысқасы өз дәуірін өзінше өткізіп, үлгілі өмір сүретіндер де арамызда көп емес. Ал Бижанініміз басқаша. Ол өзгелердей шіренбейді, біреуге міндетсінбейді, мені неге білмейді деп те реніш білдірмейді. Ұстанымы: «Ұлық болсаң, кішік бол». Жүріс-тұрысы іскер адамдікі, көзінде – нұр, жүзінде – мейірім, қарапайым, қағылез, әнді де салады, әзілін де айтады – ортаның адамы. Алдыңды аршып, артыңды қымтап жүретін інілердің болғаны қандай жақсы.

Абай: «Ісің өнсін десең, ретін тап!» - дейді. Бижан көркем әдебиетті, газет-журналдарды өте көп оқиды. Сондықтан да ол зиялы қауым өкілдерімен әлеуметтік, саяси, мәдени – рухани салалардың бәрінде де еркін сөйлесіп, пікір алысып отырады. Адамдармен қарым-қатынаста көрегендік, сыпайылық, сөз саптауынан биязылық самалдай есіп тұрады. Осының өзі – кез келген адамда, әсіресе бүгінгі басшылар мен қалталыларда бола бермейтін мінез-құлық. Бижанға бұл өзі өскен ұядан, әсіресе әкеден сіңген мінез екендігі аңдалады.

Қазақтар ежелден ер-азаматтың орнын ерекше бағалаған. «Әкесіне тартыпты, азамат» деп басталатын әңгімелердің дені отағасының отбасындағы орнын айқандаған. Қанына тартпаған ұлды қалжың араластырып, шешесіне теліп қойып, әкесінің атына кір келтірмеуге тырысқан да қазақ.

Адам баласының өмір жолы бұралаңдарға толы сүрлеуден басталатыны ақиқат, аспаннан алтын түспейді. Еткен еңбегіңнің, көрген бейнетіңнің зейнеті де болады. Бижанды Ақтөбе қаласының көптеген азаматтары, сонымен бірге өзі туып-өскен Тайсойған өңірінің тұрғындары мақтан тұтатынына талай куә болғанбыз. Бижан үшін де өзінің туған жері – Қызылқоғасы әр уақытта қымбат. Сондықтан да ол: «Ауданымның ілгерілеген көшінде, туған ауыл – бәрі менің есімде» дейді. Бижан қайсы біреулердей өзін «қайран елі қазағынан» бөлектеген де, бөлінген де емес. Ол өз тілін, дінін, ділін өте жақсы құрмет тұтады. Бижан басқа бизнес өкілдеріндей емес, күнделікті газет-журналдар оқуға ерекше көңіл бөледі, бірқатарын жаздырып алады. Бұл тұрғыдан алғанда, оны бұқаралық ақпарат құралдарының бизнестегі өкілі десек болады. Кәсіпкердің тек кәсібін ғана емес, ұлттың рухани бесігін де ойлап жүргені қандай жақсы.

Бижан ежелгіміз – бір топырақтың түлектерміз. Мен мектеп бітіргенде ол алты жасар бала еккен. Бір ауданның келесі болғанымен, бұрын мен оның ата-анасын, ағайын-туысын, тіпті өзін де танымаушы едім. Бижанмен осы Ақтөбеде таныстым. Дәлірек айтсам, ол мені іздеп, тауып, өзі таныстырды. Сонан бері қарай қай жерде де, қай кезде де өзінің ұстамдылығымен, сабырлылығымен, ізеттілігімен, кәнігілігімен, қазақтың жанын ұғатын ұлжандылығымен көзге түсіп, көпті көшіріп жүрген азамат. Ол өзі жақсы көретін бір спектің үлкендерге көшкенін көрсетіп, ағалап жүреді. Кезінде Асан Қайғы кейінгі ұрпағына: «Арыңмен мақтан деп, арқаң толған адаспа, құмарға өзің болдым деп, кеш пейілге таласпа, артық үшін айбынсың, достарыңмен санаспа», - деп өсиет еткен екен. Осы дәстүр үзілмей келе жатқан жақсы ма. Бижандай өз қолдары өз ауызына жеткен, ешнеге тарықпайтындай жағдайы бар азаматтарға, ағалыққа жарау да өз қадірін білген адамға бақытқа бір болса керек. Аман жүр, әбзал азамат.

Алтай ТАЙЖАНОВ,
профессор, философия
ғылымдарының докторы.

БИІККЕ САМҒАП,БИІКТЕ ҚАЛҒАН

Халқымыздың алғашқы ағартушыларының бірі, мемлекет қайраткері, ғалым, әдебиетші Нұғыман Сәрсенұлы Манаев хақында



Ерте ме, кеш пе, әділетті іс, әбзал ағы, өмірлер хаты заманалар бұлтарысы мен қалтарысында қалғандар бейнесінің уақыт ғылымын көктей өтіп, ұрпақ санасында қайта жаңғырар тарихи сәті туары хақ. Осы тарихи сәт туды, енді қазір қоғамдық санада рухани құбылысымызда ит сілкінулер мен серпілістер қанатын жазған мезет үрдісінде жоғалтқанымызды іздеп, барымызды түгендеу – ең алдымен бүгінгі күндер мен болашақ үшін керек.

Үркектігімізден, жан – жағымызға жалтақтаудан енді – енді арылып, өткенімізді өлшемдеп, түбіміздің түптей бастағанда, тағдыр –жолымыздың бұралаң белестерінде өкінеріміздің де, опынарымыздың да аз болмағандығын білің жатырмыз.

Қазан төңкерісінен кейін тәй – тәй басып, жарқын, әділетті болашақты көздеген, алғы күндерінде қандай зауал күтіп тұрғанынан бейхабар, баз кешкен елімен, жерімен тағдырлас халқымыздың ер ұлан-серке ұлдары отыз жетінші жылдарда зар иледкен нәубеттің, қанды шеңгел кезеңдердің құрбаны боп кете барғанын қалайша тарихтың өкінтер де опынтар әділетсіздігі демессің.

Әміршілдік, өктем сыңаржақ саясаттың қарауылына іліккендердің есімі халық жадынан зорлықпен өшірілген. Өзімізді өзімізге жек көргізген мезгілдің салқыны тап кешегі Кеңестер Одағының соңғы демі үзілгенше арқамызды аяздай қарып, бойымыздан үрей арылтпай келген кесірінен есіл азаматтардың, ел намысын қорғар шын көш басшыларының қасиетін ұмыттыра жаздаған мәңгүрт халіміз арымызға сын болғаны да жасырын емес.

Есімі ұрпақ санасында ардақталуға лайық, заманынан ойы озған, қайрат – жігерімен, жүрегінің жалынымен халқына адал қызмет етіп кеткен аяулы ұлдарының бірі Нұғыман Сәрсенұлы Манаевтың (1894 – 1938) тағдыры туралы толғаныстарымызды мұндай әлкиссасыз бастамау мүмкін емес еді, өйткені ол да сол замана қияметінің өртіне шарпылып, арманы күйрегендердің бірі болатын.

Көзі шоқтай жанған балаң шәкірттің білімге деген құштарлығын Шүгірәлі мешіті жанындағы медреседе дәріс беретін ұстазы, уфалық мұғалім Зәки Батраш ә дегеннен байқап, оның болашағына зор үміт артыпты. Өз қатарластарына қарағанда бойына сіңіргені ай санап, жыл санап жұрт назарын аударып, айрықша қабілетін таныткан Нұғыман жасы он екіге толар – толмаста еліне қайтқан ұстазына еріп, Уфаға келеді. Ғалия медресесіне оқуға кіруге талап қылады. Беретін білімі ғылымның барлық саласын қамтитын әрі ағартушылық бағыттағы бұл оқу орнына қабылдану оп – оңай емес – тұғын. Алыстағы қазақ ауылынан келген алғашқы талабы сәтсіздікке ұшыраған шәкірт бала жасымайды, ұстазының демеуімен «Шығыс» баспаханасына әріп теруші, корректор болып орналасып, өз бетінше тырбанып, білім жолындағы күресін жалғастыра береді.

Қиындықтар тезіне шыңдалған таймас табандылықпен жалынды жігер көп кешіктірмей жас талапкерді үлкен өмір арнасына алып шыққан 1913 жылы Ғалия медресесіне қабылданған Нұғыман оқудан қол үзбей жүріп, Бейімбет Майлинмен бірлесіп, қазақ шәкірттеріне арналған «Садақ» журналын шығаруға қатысады. Ой – арманы асқақ, көкірегінен имандылық шырағы жарқырай жанған ізденімпаз жігіттің қазақ жастарына елінің, жерінің болашағына қызмет

етуді мұрат тұтқандарға жеткізері аз емес еді. Ол өз ұлтының әлеуметтік кемелдене түсуіне балауса кезінің өзінде-ақ халқ қадіріне айтарлықтай ықпал жасай білген. Сол бір жылдары жаңаша ойлым жаршысы болуға талпынған «Садақтың» бүгінде болжам мұрағат қорларында сақталып қалған беттерінен Манаевтың да танымы ерен, толғамы терең сөздерін табумызға болар еді-ау дейтін дәме де жоқ емес.

«Ғалиямның» түлегі, жас ұстаз Төленді ауылына (Бөкей облысы, Астрахань губерниясы) оралып, бірден көптеп жеткіншектерді оқыту, сауаттандыру қам – қарекетін жасады. Оның бұл қайырлы қадамына алғын сәлдық, өмірден түйгені мол ауыл ақсақалдары Ерғали бастаған азаматтар көмектесіп, халықтан жиналған қаражатпен мектеп үй тұрғызылды. Киіздағы Бөкей жерінің бір шұғыласында бой көтерген білім шаңырағы Нұғыманның ағартушылық қызметінің жолбасы ғана болатын. Арман мен үміт жетегіндегі шәкірттер санасына, зердесіне нұрлы сәуле құйып, оның ел келешегі жолындағы ағалігі іс осылай басталған. Бұл сол кезеңнің тағылымлығы тұрғысынан қарағанда аскан табандылықпен, парасаттылықпы талап ететін қиын да күрделі тақымет еді.



Қазан төңкерісінен соң жаңа кезеңге аяқ басқан Қазақ Республикасының қаз тұрғына, әсіресе оның ойлы, талантты ұлт зиялылары айтарлықтай үлесін қосты. Олар болашақтың бүгінмен басталатынын, жаңалық пен ізгілікті шын жанашырларының басқа ешкімнен күтуге болмайтындығын, түптің – түбінде елді ел қатарына қосатын ең алдымен халықтың өз-өзінен жарып шыққан төл өкілдері екендігін көрегендікпен болжап білді және соны мақсат, нысанға тұтып, құлшына іске кірісті.

Нұғыман Манаев өткен өмір тарихтарына ой жіберіп, біз оның дәл осы нысанның төңірегінде кең желіде түсінеміз. Ол керегесін көтерісқан кезеңдік құрылыстың бұрынғы бұратана халықтар мен ұлттарды күрт түлеңдіруге бастамаларына қуанасіз және, халқының бақуатты болашағына шексіз сенген жас жігіт жиырмасыншы жылдардың басында-ақ Астрахань реформенің жұмысына қызу араласып кетеді. Төленді болысының ағарту бөлімін, кейінен III округтің (қазіргі Атырау облысының Құрманғазы ауданы) уездік ағарту бөлімін басқарды, ағарту комитетінің төрағасы да болып, көптеген құрдас шәкірттерді қалыптасқан жүзеге асырумен заңғар мәңгай терін төгеді. Сол жылдары ол Ресей Федерациясы мен Қазақстан шекарасын белгілейтін комиссия құрамына еніп, Қиғаш өзенінің қазақ жерінде қалдырылуына тікелей ықпалын тигізеді. Бірі – бірігіне бұл – елінің төкымдай жері үшін «қылша мойным талша»деп, жанын да шүберекке түйіп ер ұланның ісі еді.

Өмірдің ыстық – суығын шаңдалу мектебінің алғашқы асуларынан абыройлы өткен Манаев бірте – бірте мемлекет қайраткері деңгейіне көтерілді. Бұдан соңғы жылдары да Бөкей, Орал губерниялықтарында сан қилы жауапты басшылық қызметтер атқарды: ағарту, үлгі – насихат бөлімдерінде жетекшілік етті, ағарту комитетінің орынбасары, газет редакторы болды. Жетісу губерниялық, Ақтөбе аймақтық комитеттерінің жауапты бірінші хатшысы боп жұмыс істеді. Ал 1929-31 жылдар аралығында ол Қазақстан өлкелік комитетінің Бюро мүшелігіне және Қазақ Республикасының үкімет мүшелігіне сайланып, Халық ағарту комиссариатын басқарды. Ағарту, идеология саласында осы жылдар ішінде жинақталған бай тәжірибесін Нұғыман Сәрсенұлы республиканың білім беру жүйесін жетілдіріп, дамытуға жұмсады. Біз білетін «Оқу жылының бесжылдық жоспары» бойынша «Еңбекші қазақ» газеті бетінде жарияланған (28 қаңтар, 1929ж.) белгілі бағдарламасы сондай ізгі ізденістердің бір жемісі еді.

Бірақ қуын, сілеп қарпыдай кезінен жырақ кеткен ақсыз аванат талай – талай қиындықты басынан кешірген. Оның бәрі ақыры денсаулығына зардабын тигізбей қоймаған. 1931 жылдың күзінде ауыр сырқатқа шалдығып, ұзақ емделгеннен кейін Нұғыман бірінші оқымы аударма жұмысымен ғана айналысады, мәскеудегі классиктері еңбектерін зерттейтін оқымы институтта аударманшылар тобына жетекшілік етеді, сонан соңғы жазады.

Іскер, білікті маман қай салада да өзінің жан-жақтылығын, көрегендігін көрсете білген. Өмірлік маңызы мәселелерді әр тұстарда ой жалпақтық, кезеңді тұрде қуи тәрбиеге шығарып, Манаев ел тұрмысын жақсарту, экономикалық жағдайларды көтеру бағытында бірқатар батыл ұсыныстарды жүртшылық талқысына тартқаны бар. Олардың бәрі де өз уақытында республикалық баспасөз беттерінде жарияланып отырған. «Советская степь», «Тілші» газеттерінен гөрі, әрине, «Еңбекші қазақ» газетінің белсенді авторларының бірі болғандығы анғарылады. «Жетісу шаруашылығын көтеру туралы ойлар» мақаласында (20,2) қазан, 1926 ж.) мал шаруашылығын көтеру , жергілікті өндіріс кәсібін өзара ұштастыра жүргізу мүддесінен толғауы тоқсан қаншама тақырыптар қамтылған десеңізші. Жалпы, сол кезеңдерде барша ізденістерінің дерлік арқауы болған – Жетісу өлкесі арқылы шығысқа қарай темір жол тарту, қазақ жастары арасынан темір жол мамандарын даярлау, Мерке мен Пішпекте ет комбинатын тұрғызу және тағы басқа осы алуандас біраз келелі мәселелер төңірегінде көтерген көкейтесті ой-пікірлері өмірдің өз талабымен үндесіп жатыр. Ол қай мақаласында да айқын ойларының сөз күйінде қалып қоймай, іс жүзіне асуына табанды түрде қозғау салып, күш-жігерін, білімін аямай, бірақ шаруаларға тікелей өз атсалысып отырған. Айталық, Түркістан – Сібір темір жолының Жетісу жері арқылы өтетін маңдаған шақырымдық белігі құрылысының жобасына байланысты ұсыныстары түгелге жуық қабылданып, соған орай нақты іс-шаралар белгіленген. Өмір құрегамыры өспеттес бұл жолдың дер мезгілінде салынып, іске қосылуына сол кездегі Жетісу губерниясы жетекшілерінің бірі Нұғыманның да үлесі, сөз жоқ, ұшан-теңіз.

Жан – жақты, білімді, зерделі, дарын – қабілеті зор Манаев іс басындағы қайраткер, рухани сағасы жетекші болып қана қойған жоқ, ол бойындағы талантының нышым мен әдебиет мұратына да бірқалама бағыттаған адам еді. Шәкәрт кезінен талпынғанын, өзінің қаламгерлік мүмкіндігінің алдымен журналистикаға, әдебиетке әлді – неші бойысқ кергенін. «Айқапта» жарияланған романының үзінділері жарияланған. «Ислам, ислам» дейтін кітабына кезінде «Қазақ» газетінде жылы лебіздер де айтылған. «Жастар арасында», «Азамат» атты шығын шежелары ауыл, мектеп сахналарында қойылып жүрілді. Нұғыманн Манаевтың бұл күндегі бірізгімыз із кесіп, көрікендерге сұрау салып жатқан «Ұлан асу» кітабы қандай дүние екендігін, әрине, түрлеп – түсіпеу қиын-ақ. Ол енді өтпіз жете танысқ алған «Шәкәрегей өлеңдері», «Қалың мал» романы туралы санаулы зерттеулерінің өзі әдебиеттану қазынасына қосылған салмақты ғылыми толғаныстар екендігіне дау жоқ. Оның зерттеушілік, ғылымдық бағы өрісі, әсіресе қазақ тілінің келелі де толғақты мәселелері орайында жазылған «Тіл жайында» деген кітабында айрықша көрінеді. 1931 жылы «Қазақстан» баспасының жарық көрген бұл басылымда автор тілге байланысты қайғрлі күндер шындығымен тікелей үндесетін талай жайларды сол кезең өзінде-ақ терең талдап, жан-жақты сарапқа алған «жалпы ұлт мәселесінде, оның ішінде ұлт мәдениетінде тіл мәселесі негізгі мәселелердің бірі болып саналады, шешімінде бірі ғана емес, бірінші болып саналады», – деп жазды ол. Немесе «...мектептерді қазақшалаудың мәселесі еріненнен шыққан ермек емес, социалды құрылыс тудырып отырған, қашсан құлымайтын жалғыз жол" деген тұжырымы ана тілімізді жойып ала жазудан, енді-енді қайтадан қалпына келтіру үшін қамдап жатқан дәл бүгінгі тіршілігімізді сол отызыншы жылдардың бас кезінің өзінде-ақ оңашайда деп басқандай емес пе!!?

Асқақ та армашыл жаны жалын ашып, ұлт мүддесі жолында әділдік пенен адалдықты ту етіп ұстаған Нұғыманды 1937 жылы өз халқының жауы атандырып, Кеңес өкіметі өктемшіл саясатының құзына итқыршылары тұрмеге сыз, тамақ қапасына апарып тықты. Қазақтың талай серке ұлдарының басын жұтқан бұл қоғбетті сапардан есіп аман оралмады, тағдыр жазмышы оны өзі шекіп сүйіп өткен тұған еліменен, жұртымен қайта қауыштырмады...

Қай қырынан алсақ та, Манаев туралы толғанбай айту мүмкін емес. Халқының бірлуар ұлы, ардақты арысы жарық дүниеде кешкен азын-аулақ өмірін елінің, ұлтының бейшарына арнады, ұрпаңы жадында ұстап, өзге алып жүрер ізгілігі қалды артында.

Жоғары суретте: Әдебиеттің Зейноллла Серікқалаев «Егемен Қазақстан», 27 қыркүйек, 1994 жыл.

ШАУКЕНБАЕВА АЗИРЕТ ТАРБАЕВНА

Родилась и выросла в Алматы.

Окончила институт иностранных языков имени Мориса Тореза в Москве. Кандидат искусствоведения, доцент. Владеет французским, английским, итальянским, родным языки -казахский, русский.

После окончания института Азирет работала переводчиком и референтом Общества дружбы и культурных связей с зарубежными странами, была стажером-исследователем и аспиранткой в институте истории искусств в Москве. С 1975 по 1987 гг. Азирет Тарбаевна работает старшим научным сотрудником научно-исследовательской лаборатории в Ленинграде, где вместе со своими коллегами

проводит социологические исследования по всей стране. В 1988 года она была приглашена старшим научным сотрудником в Севере-Западный филиал ЦЭНИИ. Институт принял участие в организации первой советско-французкой экспедиции на Чукотку.

Возглавил первую советско-французкую экспедицию на Чукотку профессор Жан Малори – писатель, известный французский ученый-полярник, директор Центра арктических исследований Франции. Организатором экспедиции, координатором совместной международной программы и членом научной группы стала Азургет Шаукенбаева.

Именно тогда возникла идея создания учебного Центра, который мог бы подготовить управленцев, знающих местные проблемы. На первом этапе, в 1991 г. В Санкт-Петербурге было создано объединение «Полярный круг». Международный учебный центр, который впервые стал готовить национальные кадры управления для регионов Севера, Сибири и Дальнего Востока России. Азургет Тарбаевна была назначена руководителем- организатором центра. С 1992 года Центр находился под патронажем Национальной административной школы Франции, в этом же году был заключен договор о долгосрочном сотрудничестве с Высшей школой общественных наук Франции. Энергия Азургет Тарбаевны была поистине феерической: она очень часто ездила в Москву, убеждала чиновников в необходимости создания подобного образовательного учреждения. Если вспомнить это кризисное и голодное время, то создание Академии казалось какой-то нереальной мечтой. Было плохо с продовольствием, помещениями, общежитиями, одеждой и т.д. Азургет Тарбаевна знала студентов поименно, помогала им одеждой, подкармливала. Помогло единение и помощь конкретных людей: мэра Парижа Жака Ширака, профессора Малори (по просьбе Азургет Тарбаевны он направлял в центр авторитетных преподавателей). Благодаря накопленному опыту центра, стало возможным создание в Санк-Петербурге Полярной академии – уникального учебного заведения, олицетворяющего международную солидарность в обеспечении будущего народов традиционных культур. В 1994 году Центр был реорганизован в учреждение высшего профессионального образования, а в феврале 1998 года Полярной академии был присвоен статус государственного высшего учебного заведения для представителей северных и приравненных к ним территорий. Вузу было предоставлено пятиэтажное здание второго учебно-лабораторного корпуса, 15-этажное общежитие, выделены средства на ремонт и техническое оснащение. Сейчас академия обладает хорошей материальной базой: двумя учебными корпусами и общежитиями, хорошо оборудованными учебными аудиториями, химической лабораторией, компьютерными классами, библиотекой и спортивными залами.

Ректором Полярной академии с момента создания неизменно избирается Азургет Шаукенбаева. Председателем Попечительского совета стал Артур Николаевич Чилингаров-легендарная личность, знаменитый полярник, Герой Советского Союза, Герой России, крупный российский ученый, автор научных работ по проблемам освоения Севера и Арктики, почетный профессор Морской академии им. С.О. Макарова, член-корреспондент Российской академии естественных наук. Трижды Академию посещал Президент Франции Жак Ширак. 5 ноября 2008 года Академия получила право открыть аспирантуру.

Основатель и первый ректор Полярной академии, до 2008 года. Имеет множество титулов и званий, среди которых – член Русского географического общества, почетный член географического общества Франции, член комиссии ПРЕГАНЕМ ЮНЕСКО, президиума международной ассоциации [Диалог культур], офицер Ордена Почетного легиона Франции (за неоценимый вклад в дело культурного сотрудничества между Францией и Россией), почетный работник высшего профессионального образования РФ, заслуженный работник Республики Тыва, почетный профессор Евразийского университета имени Льва Гумилева в Казахстане, организатор и координатор первой советско-французской экспедиции (Чукотка-90).

ПОЛЯР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ РЕКТОРЫ

(Санкт-Петербург мемлекеттік Поляр академиясының 14 жыл ректоры болған Азургет Шәукенбаева туралы)

Неге екенін қайдам, қашан кездескенше Азургет Тарыбайқызының анасы орыс немесе еврей ұлтынан шығар, сондықтан да Санкт-Петербургке сол нағашы жұртын сағалап келген болар деген ойда жүрдім. Сөйтсем қатты қателесіппін. Ата-тегін сұрай келе анықтағанымыз, қанында қоспасы жоқ таза қазақ екен және қандай тұқымнан десеңізші...

- Әкем Тарбай Шәукенбайұлы – Атыраудың адайы. **(Бұл жерде Азургет жақылыс мәліметті айтқан. Тарыбай Шәукенбаев шеркештің Қосым Сарысынан. Туған-туыстары Атырау жерінде баршылық. Кітапта олардың бірнеше естеліктері шежірелік деректері берілген. П.Д.)** Небәрі бес жасында жетім қалып, тағдыр тауқыметін тартқан. Бірақ етінің тірілігі арқасында алай-түлей заманның аранынан аман қалған. Бала күнінен-ақ зеректігі байқалған. ФЗУ-дың курсында жүргенде-ақ есеп-қисапқа жүйріктігімен танылған көрінеді. Соның арқасында отызыншы жылдардың ортасына қарай Мәскеудің Губкин атындағы мұнай институтына түскен. Кейінірек СОКП Орталық Комитеті жанындағы Жоғары партия мектебін бітірген. Бұрынғы Гурьев облысының мұнай кәсіпшілігінде инженер болып еңбек жолын бастаған ол кешікпей партиялық жұмысқа ауыстырылады. Алдымен Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде нұсқаушы, сосын бөлім меңгерушісі, одан кейін Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы болып абыройлы қызмет атқарады.

Алайда 1954 жылы оның өмірі күрт өзгеріске ұшырады. Қазақстанға бірінші басшы болып келген Леонид Ильич Брежнев Орталық Комитеттің жауапты қызметкерлерімен жеке-жеке әңгімелесу өткізеді. Кезек әкеме келгенде одан: "Қалай, Тарбай Шәукенбаевич? Менің командамда жұмыс істеуге қарсы емессің бе?"-деп сұрайды. Қарамағындағылардың бірден құлдық ұрып, бас изеуіне үйренген "үлкен кісінің" әлгі сауалына: "Мен Ленин партиясы атты бір команданы ғана білемін, басқасын білмеймін", - деген жауап естігенде, қатты шамданып шарт сынады. Мұның аяғы құдалауға ұласып, бірбеткей коммунистік қызметтен біржолата кетуімен тынады.

- Номенклатураның нойыстығына шыдамаған папам содан бастап, дүниеден өткенге дейін Алматының халық шаруашылығы институтында кафедра меңгерушісі болып, бірыңғай ғылыми-педагогтық жұмыстармен айналысты, - дейді Азургет апай. – Экономика ғылымдарының докторы дәрежесіне жетіп, бірнеше кітаптың авторы атанды. Біз, балалары, одан көп үлгі өнеге алдық. Қарапайымдылық, еңбеккорлық, әділдік, қайырымдылық сияқты адами асыл қасиеттер жарықтықтың бойында жетіп артылатын.

Ал анамыз Нәзікет нағыз Шыңғыс нәсілі. XX ғасырдың бас кезінде Санк-Петербургтің әскери-медицина академиясын тамамдаған Нұрғали Имаганбетовтың қызы. Нағашы атамыз қаршадай күнінен-ақ жақсы-жайсаңдардың назарына ілігіпті. Ел арасында мынадай әңгіме бар. Батыс Қазақстан өніріндегі атақты болыс Ержан Шолақов (белгілі журналист Тілеккабыл Боранғалиұлының жазуынша, Ержан Шолақов ұлы ағартушымыз Ыбырай Алтынсариннмен бірлесіп, кириллица әрпімен қазақтың тұңғыш әліппесін жазған. Кезінде Хиуа жорығында көрсеткен ерлігі үшін Ресейдің Георгиев орденін алған қазақ. 1900 жылы Ержанның үйінде орыстың атақты жазушысы В.Короленко болған. Бұл жөнінде қаламгер өзінің «В гостях у садовника» дейтін хикаятында жазған – авт.) ел аралап келе жатады. Желе жорткан жеңіл күймеде ойға шомып отырған болыска делбе ұстаған арбакеш алдарындағы айдау жолдың үстінде төрт-бестер шамасындағы ер баланың кесе-көлденең жатқанын жеткізеді.Бір қызығы, анау-мынауды елей қоймайтын аймақ билеушісі көлігінен түсіп, әлгі "бұзықтан" жөн сұрапты.

- Иә, балакай, бұл не жатыс?

-Жаңа әжем маған: «Өй, жерге кіргір», - деп ұрыскан. Сосын жатырмын міне, жерге кіріп кетейін деп...

Талайды көрген тарланбоз әлдебір ішкі түйсігімен келешегінен үлкен үміт күттіретін жеткіншекті таныда ма, кім білсін, үсті-басы шаннан көрінбейтін "қара домалақты" бауырына басып, басынан сипапты. Кейін өскен кезінде де оған көз қырын сала жүріпті. Қадірлі ел ағасының шарапаты тиген сол "қара домалақ" Нұрғали Ипмағамбетов өскен соң Алаштың ардақты азаматына айналғаны белгілі.

Ата-анасынан ерте айырылған Нәзікет ағасы Әнуар екеуі балалар үйінде тәрбиеленіпті. Төре тұқымынан болғандықтан бұларға да кенестік солакай саясаттың салқын ызғары тимей қалған жоқ.

Айтпақшы, Әнуар ағаны тануға тиіспіз. Жазушы Шоқан Уәлихановтың шығармаларын, Николай Гогольдың "Өлі жандарын", Проспьер Мерименің, Лев Толстойдың біраз әңгімелерін қазақшаға аударған. Ленинград облыстық газетінің редакторы болған кісі. Тіпті Мәскеуде Дінмұхамед Қонаевпен бірге оқығаны да бар. Бірақ тегін тексерген тоталитарлық жүйе жандайшаптары оқудан шығартып жіберген оны.

- Жасы он беске толар-толмастың мама Сақып дейтін (Уәлихановтардың үрім-бұтағы) дос қызы екеуі Мәскеуге қашып барып, ГИТИС –ке түседі , - деді осы арада әңгіме иесі. – Аталмыш өнер ордасынан түлеп ұшып, Алматыдағы мәдениет мекемелерінде ұзақ жылдар бойы қызмет істеді. Қазір Алматыда тұрады. Жасы тоқсанға жақындады. Ол папаммен сол Мәскеуде жерлестер кешінде танысыпты.

Тұла бойы тұңғышы болғаннан соң ба, мен туғанда әкем қатты қуанып, түнімен перзенттіхананың босағасын күзетіпті. Атымды Азургет қойған да өзі. Бұл парсы тілінде "от- жалын" деген ұғымды білдіреді екен.

- Солай ма? Есіміңізді алғаш естігенде қалай түсінеріміздің білмей қиналып едік...

- Менен кейінгі екі сіңлім де Алматыда дүниеге келді. Олар да өмірден өз орындарын тапты. Мәселен, Меруерт МГУ-дің шығыстану факультетін бітіріп, Бүкілодақтық радионың араб елдеріне хабар тарататын редакциясында диктор болды. Бүгінде Мәскеуде аман-есен жүріп жатыр. Ал Зылиха әкеміздің ізін қуып, Алматыдағы халық шаруашылығы институтында (қазір басқаша аталса керек) жұмыс жасауда, ғылым кандидаты.

- Алматыда өткен балалық шағыңыздың қайталанбас қандай сәттері есіңізде қалып қойды?

- Уақыт неткен ұшқыр. Одан бері де талай су ақты. Аяқ астынан не айтайын... Біздің мектебіміз, қазіргі "Алматы" мейманханасының орнында еді. Асқар Алатаудың баурайы, таза ауа, айналаның бәрі көкпеңкөк, көше бойын қуалай аққан мөлдір су. Алматы онда көз тоймас сұлулыққа тұнып тұратын. Ал қызыл апорттарының дәмі қандай. Әлі күнге дейін таңдайымнан кетпейді.

Орталықтағы пәтерімізде зиялы қауым өкілдері жиі бас қосатын. Атақты адамдардың талайы төріміздің табылатын. Қайсыбірін айтайын... Атақты Ермек Серкебаев, ағайынды Абдуллиндер, Шахан Мусин... Әлемге әйгілі Әлібек Дінішевті сәби кезінен білеміз. Мұса ағай қонаққа ертіп әкелетін. Енді сол күндер сағымдай бұлдырап, сағынышқа айналды...

-Бүгінде екінші отаныңызға айналған Ресейге қалай қоныс аудардыңыз?

- Оның пәлендей құпиясы жоқ. Орта мектепті ойдағыдай аяқтаған соң Мәскеудің Морис Торез атындағы шет тілдер институтының француз тілі факультетіне оқуға түстім. Ар жағы аспирантураға жалғасты. Одан кейін сондағы театр, музыка және кино институтында дәріс тыңдадым. Диссертация қорғадым. Сөйтіп жүргенде дәм тартып, Нева жағалауынан бір-ақ шықтым. Осындағы ғылыми институттарда ел қатарлы еңбек еттік. Енді, міне, академиядамыз. Жас кезімізден келгендіктен шығар, Санк-Петербургке әбден бауыр басып кеттік. Өзімізді осы аранның тумасындай сезінемін. Мен үшін ешқандай бөтендігі жоқ. Қаншама дос таптым, көздеген мақсат-мұратыма жеттім.

- Жоғары оқу орнын бітірген соң елге оралмай, осы жақта қалып қоюыңызға не себеп болды?

- Бұл- менің жанымды жабырқататын жағдай... Қазақстанға қайтуға бір емес, үш рет талпыныс жасадым. Өкінішке қарай, ешкім құшақ жая қоймады. Жоғарыда айтпадым ба, әкеміздің белгілі себептермен сергелдеңге түскенін. Мен диплом алып жатқанда, ол өз басын арашалаудың әлегімен жүрді. Соның салқыны маған да тимей қалмады. Екіншісінде республикада социологтар жеткілікті екенін сылтауратып жолатпады. Үшіншісінде, келеке қылғандай лаборанттық деңгейіндегі төменгі қызметтердің бірін ұсынды. Оған да көнер едім, пәтер алудың орындалмас арман екенін алға тартып, жолымды мүлдем кесіп тастады. Туып-өскен еліме оралмауымның көңілсіздеу тарихы, міне, осындай. Тағдыр ғой...

-Интернеттен Сіздің Франция Президенті Жак Ширакпен түскен суретіңізді көріп қалған едік. Дүниежүзілік деңгейдегі тұлғамен қалай танысып жүрсіз?

- Онымен таныстырған – жоғарыда аты аталған ғалым – Жан Малори. Ол Ширакпен бұрыннан жақсы дос екен. Жак Ширак біздің академиямызға үш рет арнайы келді. Үлкен басына қарамай студенттермен терезесі тең құрбыдай емежәркын сұхбат құрды. Олардың сан қилы сауалдарына салиқалы жауап қайтарды. Өз сөзінде ол Солтүстік халықтарының тарихы тереңге тартқан дәстүрлі мәдениетін өте жоғары бағалайтынан атап көрсетті. Өзара әңгіме кезінде Жан Ширак Чукоткадағы әйгілі "Киттер аллеясын" барып көргісі келетінен айтты. Сәтін салса, оның да бір реті келер.

Жалпы, Жак Ширак Париждің мэрі кезінен-ақ бізге оң көзімен қарады. Сондықтан ол Францияның Президенті болып сайланғанда құттықтау жеделхатын жібердік. Оған келген жауап мынау: "Ректор ханым, қымбатты дос! Сіздердің бұл құттықтауларыңызды оқып, қатты тебірендім. Поляр академиясы менің жан-дүниемді соншалықты арбап алғанын сіздер білесіздер ме. Сол себепті маған білдірген қолдауларыңызды үлкен ризашылықпен қабылдадым".

- Айтпақшы, Сіз Франциядағы ең жоғары марапат белгілерінің бірі – Құрметті Легион орденін алдыңыз ба емес пе?

- Ресей – француз қарым-қатынасын дамытуға және гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесім үшін 2002 жылдың 11 шілдесінде осы орденнің иегері атандым. Оны Франция Ресейдегі елшісі тапсырды. Сірә, Чукотка экспедициясына қатысқанымыз, Поляр академиясын құрудағы еңбегіміз ескерілсе керек.

1802 жылы Наполеон Бонапарт тағайындаған Құрметті Легион орденінің 200 жылдығы бұрнағы жылы Елисей алаңында салтанатты түрде тойланды. Аталған орденді алушылардың арасында Гете, Бальзак, Стендаль, Дюма секілді адамзат асылдарының аты-жөні кездеседі. Бағымыз жанып, сол тізімге кіргенімізді бақыт санаймыз.

- Ресейдің қандай ірі тұлғаларымен таныссыз?

- Қызмет бабындағы қилы-қилы шаруалармен Президенттің де, Премьердің де, билік басындағы басқа да биік лауазым иелерінің алдын көрдік... Араласатын адамдарым өте көп. Дегенмен, атақ-даңқтары алысқа тараған екі тұлға туралы айрықша айта кеткім келеді. Оның біріншісі Астанадағы университетке есімі берілген Лев Николаевич Гумилев те, екіншісі академик Дмитрий Сергеевич Лихачев, Еуразияшыл Гумилевпен ағалы-қарындастай араластым. Сталиндік солақай саясаттың кесірінен Қазақстанда айдауда болған күндерін жиі еске алатын. Қазақ халқының қонақжайлылығына ризашылық сезімін білдіріп отыратын. Мен оның қаншама қуғын-сүргін көргеніне қарамастан өмірге, ғылымға деген құштарлығын жоғалтпағанына қайран қалатынмын.

Ал орыс ұлтының ар-ұяты атанған Лихачев Поляр академиясын ашудың қысылтаяң сәттерінде ақыл-кеңесімен де, абырой-беделімен де дем беріп, хал-қадіріншe қамқорлық танытты.

- Шыныңызды айтыңызшы, алыстағы ел-жұртыңызды сағынасыз ба?

- О, не дегеніңіз! Атажұртын аңсамай тұра ма адам баласы. Онда менің ата-бабаларымның сүйегі жатыр. Алматыда анам тұрады. Басқа да туыстарым бар. Қазақстанның өркениетті даму жолына түскеніне қуанамын. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабдал саясатын қолдаймын. Республикадағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күн өткен сайын жақсарып келе жатқанын бұқаралық ақпарат құралдарынан естіп-біліп, ішімнен тәубе деймін. Алдынан ақ күн туа бергей!

Екі елді тел емгендіктен Қазақстан мен Ресейдің достық қарым-қатынасына сызат түспегенін қалаймын. Мемлекеттер арасындағы шекара жақын көршілердің араласқуралас болуына кедергі жасалмаса игі. Кейде Алматыға келгенімде әуежайдағы кеденшілер сөмкемді аударып-төңкеріп тексергенде, көңіліме кірбің ұялайтынын жасыра алмаймын.

Тумысына қабілетті қазақ халқының мерейі әмсе үстем болғай. Алыста жүрсем да, атамекендегі ағайындарымның амандығын біліп жүремін. Барша бауырларыма бақыт тілеймін!

***

Астанаға қайтар күні қасыма балаларымды ертіп Азургет апаймен қоштасуға бардым. Екеуміз еліміз бен жеріміз туралы тағы біраз сыр бөлістік. Ескерткішке суретке түстік. Бұрынғы-соңғының жолымен кішкентай ұлым Шерханның қолына бір дорба кәмпит ұстатты. Қалғанымыз да сый-кәдеден құралақан қалмадық. Қайда жүрсек те қазақтығымыз қалған ба...

...Қалай болып-толып тұрғанмен туған жерден жырақтағы адамның көңілінде бәрібір бір жетімдік болатын секілді көрінеді маған.

... Көзім жасаурап, көңілім толқып тұрып: "Азургет Тарыбаевна, дәл осындай қызмет ұсынса, елге қайтар ма едіңіз?"- дегенді еріксіз айтып қалдым. Құдды қолымда ұстата қоятындай билік бардай..

...Ол сәл ойланып тұрды да: "Айналайын, менің жасымда жаңа істі бастағаннан гөрі, баяғыңды баянды еткен дұрыс болар", - деп қысқа ғана қайыра салды...

... Кеудемді қимастық сезімі кернеп, Астанаға аттанып кеттім.

Талғат БАТЫРХАН, журналист.
АСТАНА-САНКТ-ПЕТЕРБУРГ-АСТАНА. 28.09.2005.
«Егемен Қазақстан» газеті.

ҒАСЫРЛАРҒА КЕТЕТІН ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ТҰЛҒА



Ғасырға жетпей өмір сүрсе де, Әкірам Сәлімұлы ғасырларға кететін ғылыми дүние, хирургиялық әдістер, парасатты шәкірттер және кемелді ұрпақ қалдырған ғалым, хирург-онколог, ұстаз және әке.

Ыдырысов Ә.С. өзі туралы көп әңгіме айтпаса да, ол кісінің жүріс-тұрысынан, айналасындағы адамдарға жасаған қамқорлығынан, ой-парасатынан, адамгершілігінен, мінезінен, бауырмашылығынан және емдеушілерге көрсеткен қызметінен қасиетті, өте терең, өнегелі, білімді адам, бақытты маман, өмірге сирек келетін тұлға екенін білуге болатын еді.

Жас кезінен қиындыққа, сұрапыл заманның дауылына төтеп беріп, шыңдалған қасиеті, өмір бойы сақтаған жауынгердей сақ, тиянақты, жауапты, шыншыл және батыл болуына әрқау болды.

Студенттік өмірі совет дәуіріндегі ең қиын, шым-шытырық кезеңге дәл келді. Ол аз болғандай, сол кездегі бай-ауқаттыларды құтын-сұрғіне салу кезеңі Әкірам Сәлімұлына кесірін тигізбей қоймады. Соған қарамай, бар жігер-күшін өзі ұнатып таңдаған дәрігер мамандығын игеруге арнады. Оқуды үздік өзінің ақылдылығымен, алғырлығымен университеттің қоғамдық жұмысына белсене араласты. Саратовтың мемлекеттік медициналық академиясының мұрағайында Әкірам Сәлімұлының қоғамдық жұмысын сипаттайтын құжаттар мен бейнесуреті әлі сақталған.

Оқуды жақсы бітіріп, біраз жылдар Қарақалпақстанда дәрігер-хирург болып жұмыс атқарған соң Қызылордаға ауысады. Білімге деген құмарлығы, мамандықтағы шеберлігі, ұйымдастыру қабілетінің барлығын көзден таса қалмай Әкірам Сәлімұлы Қызылорда облыстық ауруханасына бас дәрігер болып тағайындалды. Осы жерде өз күш-қуатын, алған білімін, кәсіби деңгейін көрсете білді.

Кенеттен басталған Ұлы Отан соғысы еліміздің әрбір азаматына үлкен сын болды. Әкірам Сәлімұлы елінің патриоты ретінде азаматтық борышын өтеуге, өзі сұранып майданға аттанды. Соғыстың қиын кезеңін халықпен бірге Әкірам Сәлімұлының жанұясы да көрді. Төрт жас баласымен қалған Мағфира апай қажымай жүріп, жасөспірімдерге білім-тәрбие беруді тоқтатпады.

Әкірам Сәлімұлы бейбітшілік өмірде үйреніп білген барлық тәжірибесін, кәсіби шеберлігін майданда да көрсете білді. Бірден жылжымалы госпитальдың хирургиялық бөлімшесін басқарады. Бейбітшілік жағдайда көп кездесетін жаралыларды ота жасап емдеудің өзінше ерекшеліктері бар болса да, білімді Ә.С. Ыдырысов еш абыржымай, хирургқа тән қасиетпен өзіне жүктелген жұмысты жақсы атқарды.

Кейіннен, 1942 жылдан соғыстың соңғы күніне дейін Украина майданына қарайтын 81-дивизияның медико-санитарлық батальонын басқарды. Онымен қатар дивизияның бас хирургы болды. Батальонның алуан түрлі жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыра жүріп, өзінің хирург екенін ұмытпай, жаралыларға операция жасап емдеуді қатар жүргізді. Жаралары асқынған жауынгерлерді емдеуде Әкірам Сәлімұлы тапқырлық көрсете білді. Жаралыларға операция жасағанда тіндерді қалпына келтіру өте күрделі жұмыс болатын. Сондықтан бұл жағдайлар хирургтан өте шеберлікті талап ететін. Соғыс даласы хирургиясынан алған тәжірибелері Әкірам Сәлімұлының бейбітшілік өмірде атқаратын ғылыми жұмыстарына көп ықпалын тигізді.

Соғыстан аман-есен елге оралған Ә.С. Ыдырысов Қызылорда облыстық ауруханасын қайта басқарды. Соғыс театрында ысылған дәрігерге бейбіт өмірдің ырғағы жеңілдеу болып көрінді. Сондықтан Әкрам Сәлімұлы бас дәрігерлік жұмыспен қатар облыс денсаулық бөлімінің бас хирургы қызметін қоса атқарды. Бұл хирургтың ұйымдастыру қабілетін одан әрі дамытуға көп септігін тигізді.

Кәсіби іскерлігі, еңбекқорлығы ғылымға деген құштарлыққа жалғасты. Практикадан қол үзбей, ойшыл, талантты дәрігер медицинаның сол кездегі ең бір қиын саласы туберкулез мәселесіне байланысты тақырыптан (1953) кандидаттық диссертация қорғады. Осы жұмыстың нәтижесінде, туберкулез сырқатына шалдыққан адамдардың іш пердесі қабынғанда қолданатын ем туралы монографиясы жарық көрді. Ол еңбек өзінің маңызын бүгінге дейін сақтап келді.

Осы жерде ғалым Ә.С.Ыдырысовтың өзіне тән қасиетіне тоқтала кетейік. Ол диссертацияны қорғау үшін ғылымның оңай жолын іздемей, жолы ашылған тақырыпты таңдамай, әлі дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының құжаттарында (ол тек 1959 жылы ғана енді) талқыланбаған, алапеске ұшыраған аурулардың сыртқы кескінін, бет-әлпетін қалпына келтіретін хирургиямен айналысты (1956ж.). Бұл ғалымның дүниежүзілік проблемаларды және алапес хирургиясының маңызын болжай білгенін көрсетеді.

Екінші жағынан, ғалымның бойындағы, жұқпалы дерттермен жұмыс істегенде кездесетін адамға жұғу мәселесі туралы қорқыныштан, ауру адамдардың өмірін арашалау және ауыр дертке көмек беру жолдарын іздеу сезімі жоғары тұрды. Бұл іс әркімнің қолынан келе бермейтін ерлік емес пе?

Медицина тарихында көптеген дәрігерлер жасаған ерліктер бар. Олар өз денсаулықтарын ғылыми ізденістердің кейбір тәжірибелерінде аямай қолданды. Олардың ерліктерін біз келешек дәрігерлерге тәлім-тәрбие бергенде кеңінен қолданамыз. Осыған байланысты профессор Ә.С. Ыдырысовтың сіңірген еңбегін хирургия пәндерімен қоса Қазақстанның медицина тарихының бағдарламасына енгізу керек. Ол келешек дәрігерлерді гуманизм мен патриотизмге тәрбиелеудің бір жолы болар еді.

Биыл жылна созылған, алапес ауруына ұшыраған-дарды жан-жақты зерттеп, хирургиялық ем қолданған жұмыстары Ә.С.Ыдырысовтың докторлық диссертациясында толық талдауда өтіп, "Хирургия лепры" деген монографиясын жазуға негіз болды. Осы еңбегі бүгінге дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Осы туралы: "Қатерлі, жұқпалы, созылмалы алапес ауруын зерттеп, оның хирургиялық өзгерістеріне көңіл бөлген дәрігерлер көп емес. Сол себепті дүние жүзінде осы бір өте қиын ауру туралы зерттеу жүргізген бізден кейінгі ағамыз, атақты ғалым, қазақ халқының мақтанышпен айтатын перзенті, профессор Әкірам Сәлімұлы Ыдырысов", – деп жазды профессор Т.С. Қасенов өз еңбегінде. (Жалпы хирургия, Алматы , 1992ж., 344-бет).

Ал совет ғалымдары Ю.В. Стручков пен В.И. Стручков өздерінің "Общая хирургия" кітабында алапес ауруының хирургиялық асқынуына, емделуіне көңіл бөлген дәрігерлер өте аз, тіпті жеткіліксіз, тек 1963 жылы Ә.С. Ыдырысов қана аталған мәселеге арнап монография жазған деп көрсетеді де, осы еңбекке жоғары баға береді.

Атақты қазақ ғалымы, микробиолог, профессор К.А. Мәкіров өз монографиясын жазғанда Ә.С. Ыдырысовтың "Алапес ауруының хирургиясы" деген еңбегіне сүйене жазғанын айта кету керек. Сонымен қатар ол еңбектің нәтижелері, қазіргі кездегі дамыған бет-жақ хирургиясында, пластикалық операциялардың түпнұсқасы ретінде орын алып жүр.

1963 жылдан бастап 20 жылдай ғұмырын дерттердің ішіндегі ең ауыр да қиын түрі қатерлі ісікті хирургиялық жолмен емдеуге арнаған Қазақстандағы онкохирургтардың бірі профессор Ә.С. Ыдырысов болғаны белгілі.

Сонымен, белгілі онкохирург, Ұлы Отан соғысының ардагері, денсаулық ісінің ұйымдастырушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері, медицина ғылымдарының докторы, профессор Ыдырысов Әкрам Сәлімұлы – совет дәуірінің, Ұлы Отан соғысының қиын-қыстағын басынан өткізген және бейбітшілік кезде дәрігер-хирург, денсаулық сақтау саласының ұйымдастырушысы болып қажымас еңбек атқарған, ал ғылымда – медицинаның ең ауыр, қауіпті және зерттеуді өте қажет ететін туберкулез, алапес және қатерлі ісікке шалдыққан аурулардың емдеу жолындағы ізденістерін қатар жүргізген, келешек ұрпаққа үлгі болатын ер тұлға ретінде есте қала береді.

АЛМАБАЕВ Ы.А
Медицина ғылымдарының докторы, профессор.

"БАС ЖАЗУШЫ"

Аға журналист Теңдік Жауырұлы

Атақты академик Зейнолла Қабдолов 1993 жылы наурызда «Атырау» газетінің 70 жылдығы туралы мақала жазып, республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне жариялатты. Бүгін сол мақаладағы мына бір жолдарды тағы еске түсірудің орайы келіп тұр.

«Жайық жағалауына бара қалсам,- делінген сол мақалада, -фотоаппараттарын кезеп, қаламдарын безеп, мазасыз журналистер (шетінен шәкірттерім) алдымнан шығады. «Басқармаға» бара қалсам, «Бас жазушы» Теңдік бастаған өңшең қағілез қаламгерлер қоршап, жібермейді: Әңгімелесеміз, сырласамыз, ақылдасамыз...»

Академик аға «Бас жазушы» деп сол кезде әзіреле айтқан ғой деп едік, бақсақ, Теңдік Жауыұлы туралы ойлансақ, сол кезде әзірекызыл ешнәрсе жоқ екен.

Дұрысында да, Атырау қаламгерлері – ақын-жазушылар, журналистер, тіліші-авторлар қалам түйістірер бірден-бір орын «Атырау» газеті болса, сол газеттің соңына бірер жыл емес, он жылдан астам уақыт нөмір сайын қолын қойып отырған, оның үстіне сонша жыл облыс журналистері өз Одағы бөлімшесінің басқарма төрағалығына сайлап қойған адам «Бас жазушы» болмағанда кім болмақ?!

Жазушы мен журналистің айырмашылығын да, туыстығын да жете білетін болдық. Жазушы – адам жанының инженері десек, журналист ағымдағы қоғамдық ой-пікірдің командирі. Бірақ екеуінің де құрал-қаруы бір.

... Сөз өнері – дертпен тең. Теңдік Жауырұлының сол дертке шалдыққанына 55 жылдан асып барады екен.

... Жиырмаға да тола қоймаған балаң жігіт еді. Гурьев педагогика училищесін үздік бітіргендердің 5 процентіне жоғары оқу орнына түсуге жолдама берілді. Соның біреуіне ие болған Теңдік Жауыров 1952 жылы ҚазМУ-ге, журналистика бөліміне оқуға түседі.

Содан бері оны журналистиканың мазмұн-мәні толғандырумен келеді. Содан бері оқу, іздену, содан бері үйрену, үйрету – содан бері күндіз-түні тынымсыз тіршілік. Өйтпесе, шын мәнінде газетші-журналист болу мүмкін емес деп үйретті оны ұстаздары. Оқыған сайын өзінің қаншалық аз білетінін бағамдау, жазған сайын газет бетіндегі өз

мақаласының «ойы» мен «қырын» көру, көбіне өзінің емес, өзгенің – бұқара өкілдерінің, тілші-авторлардың мақаласын жазу – журналист еңбегінің осы азабын Тәкең «Социалистік құрылыста» (қазіргі «Атырау») әдеби қызметкер болып, еңбек жолын бастағанда айқын көрді. Сонда да зейнетінен бейнеті көп еңбек екенін түсіне тұра, жас жігіт тек журналист-газетші болып ұялмай атанып жүру үшін бар жігер-қайратын қайрады.

Бір түйір ой қалдырсам деп далама.
Қарамадым кейде бала-шағама,
Тек шындықты айту үшін халқыма.
Самай шашым ғана емес,
Шақша басым садаға...

Осындай ойды, өмірінің «кредосына» айналдырған Теңдік Жауыров әдеби қызметкер болып істеген 4 жыл ішінде тындырымдылығымен, ерінбейтін еңбеккорлығымен, қажырлы ізденімпаздығымен көрінді. 1961 жылы Қызылқоға аудандық «Социалистік еңбек» газетіне редактор қажет болғанда, таңдаудың қарапайым тілші Теңдік Жауырұлына түсуі де тегін емес еді.

Сөйтіп, 25 жасар жас жігіт кезінен-ақ Қызылқоғада Тәкеңнің редакторлық жұмысы басталды. Егер облыстық партия комитетінде жауапты қызмет атқарған және облыс журналистеріне саяси бағыт беруші ұстаз болған жылдарды «үзілмеген стажға» қосып жіберсек, Теңдік Жауырұлы 30 жыл бойы аудандар мен облыстың «Бас жазушысы» болған екен. Оның ішінде 9 жыл Махамбет аудандық «Малды өңір» газетінде, 10 жыл «Атырау» газетінде бас редактор. Бұл журналистикадағы көп кездесе бермейтін тағдыр, сирек құбылыс.

Ол елеусіз де емес. Махамбет аудандық «Малды өңір» газетінде редактор болып жүргенде, «Құрмет белгісі» орденімен наградталды. «Аудан ақиқаты және жұмысшы- село тілшілері» атты кітап жазып, «Қазақстан» баспасынан басып шығарды. Теңдік Жауырұлының түрлі дәрежеде депутат, талай республикалық съездерге делегат болғанын атап айтар едік.

«Адамның күнделікті үйреншікті істерін қалай атқарып жүргеніне зер салыңыз. Содан оның сыр-сипаты, қасиеті жөнінде нақты тұжырым жасай аласыз...» деген екен үндінің бір философы . Сол сияқты Теңдік Жауырұлының күнделікті өміріне зер салып көріңізші. Оны тек жұмыс үстінде танисыз. Жұмыс, жұмыс... одан басқа оны алаңдатар еш нәрсе жоқтай. Сол қалпынан әлі күнге айнымай келе жатқан қажырлы азамат ол.

Жұмысқа жан-тәнімен берілген адамның бой түзеуге, тіпті таранып, сылануға уақыты болмайды. Олар ойға да келмейді. Үйдегі ішер ас, киер киім проблемалары да ұмытылып кетеді. Журналистер атаулының бәрі осылай болуы керек деу тіпті келіспес еді. Бірақ бізді Тәкең, көбіне, осындай. Оның еңбеккорлығын, газетші еңбегіне берілгендігін, қартайса да қажымас ізденімпаздығын елемеу, мойындамау мүмкін емес.

-Міне, Тәкең он шақты жылдан бері болашақ журналистерге ұстаз болып жүр. Ол қазір Атырау университетінің доценті.

Өмірдің қай саласында жүрмесін, қандай қызметтің құлағын ұстамасын – мейлі тілші, мейлі редактор немесе нұсқаушы, тіпті «құдіретті обкомның» бөлім бастығы болсын, Теңдік Жауырұлының пендешіліккке салынып, өзгеріп, әуреге түскенін байқаған адам болмас. Тәкең – қашан да бір қалыпты еңбеккор, тапсырма алса – орындағыш, міндет артылса – мазасыз, өз ісіне мұқият, адал да орнықты қызметкер болғанын біледі. Қазіргі 75 жасы да оның бұл қасиеттеріне өзгеріс енгізе алған жоқ.

Теңдік Жауырұлы- өзін шын бақытты адаммын деп есептеуге құқы бар азамат. Бұл орайда өкіметтік наградалары, қаламгерлік биік мансабы, адал жар, абзал әке деген абырой-атағы оны жан-жақтан тіреп, адами биікке көтеріп тұр. Зайыбы Рахима Әбішева атақты ұстаз, жас ұрпақты тәрбиелеуде ғана емес, Тәкеңнің белгілі қаламгер, редактор «бас жазушы» болуына да еселі үлес қосқан адам.

Қилыбай ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ,
«Атырау» газетінің
1995-2002 жылдардағы бас редакторы.
2009 жыл.

КОЛХОЗШЫДАН ХАЛЫҚ КОМИССАРЫНА ДЕЙІН

Ол кісінің еңбек жолы жайында, бастан өткерген қилы-қилы оқиғалары қақында көп жазуға болады. Бірақ бір мақалаға бәрінің басын қосу қиын және мүмкін де болмас. Күні кеше арамызда болған адамның енді үлкен шығарманың басты кейіпкеріне айналатынына дау жоқ. Кім білсін, оны да уақыт көрсете ме деген үміт бар. Бүгінгі мақсат- туғанына жүз жыл толып отырған атыраулық ардагердің есімін атап, ұмыт болып бара жатқан рухын көтеріп, жас ұрпаққа таныстырып жіберсек деген ниет.

Атырау өңірінің саңылақ перзенттерінің сапында болған Әбішұлы Шайхы 1894 жылы қыркүйек айында Теңіз округінің (Құрманғазы ауданы) Мақаш ауылында (қазіргі Морской округы) қаратабан балықшының отбасында дүниеге келген. «Болар бала бас қондырысынан байқалады» дегендей, жасынан ерекше алғырлығымен, зейінділігімен көзге түскен Шайхы білімін тереңдетіп оқуға мүмкіндігі болмаса да, ел ішіндегі жетекшілік қызметтерге ерте араласады. 1919 жылы Теңіз округының жері ақтардың әскерлерінен біржола тазартылғаннан кейін ол шаруашылық жұмыстарына белсене кірісіп кетеді. Көзін ашқаннан көрген ата кәсібі – балық аулауды ұйымдастырады. 1919-1929 жылдарда Шайхы Әбішұлы жаңадан шаңырақ көтерген мемлекеттік балық аулау базаларында теңізден балық аулау бригадирі, артынан базаның нұсқаушысы қызметін атқарады. Мақаш ауылында тұңғыш құрылған «Төңкеріс» колхозының ұйымдастырушылары сапында жүреді. 1931 жылы оны Коммунистік партия мүшелікке қабылдайды. Әрине, өз дәуірінде аталған партияның да, оған мүше болған коммунистердің де жаңадан өмірге келген қоғамды нығайту жолында табандылықпен күш-қайрат жұмсап еңбек сіңіргендерін айтқан артық болмас. Шайхы да сондай ұйымдастырушылардың қатарында уақытпен санаспай жұмыстанады. Әкесі Дәкешов Әбіш екеуі де теңізден балық аулауды ұйымдастыруда ерекше көзге түседі. Ол жайында көзімен көргендердің айтқандарын, алпысыншы жылдарда Шәкеңнің алдында отырып, сөз қылған кездерін мен жазып та алғанмын.

Шайхы колхозды өз қолымен құрса да, онда жұмыс жасай алмайды. Ол өндірістің ең шешуші нүктелерінде жүреді. 1931-1938 жылдарда Ш.Әбішев Орал-Каспий балық аулау трестінің жүзбелі зауыттарында директордың орынбасары, кейін №7 жүзбелі зауытта директор болып, барлық өндірісін дамытуға өзіндік үлесін қосады. 1939 жылы ол Қазақ КРС-ы балық аулау тресі басқарушысының орынбасарлығы қызметіне жоғарылатылады. Артынша ол трест- комиссариат (министрлік) болып қайта құрылады да Шайхы Әбішев Қазақ КСР-ы Балық өнеркәсібі халық комиссары болып тағайындалады. Сөйтіп Мақаш ауылынан шыққан «Ол кезде Үшшеркеш болыстық кеңесі аталған) қарапайым балықшы бүкіл Қазақстан көлеміндегі балық шаруашылығына басшылық жасайтын дәрежеге жетеді. Мұның алдында ол 1938 жылы елімізде жүргізілген алғашқы сайлауда Қазақ КСР-ы Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланған еді, Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық комитетінің мүшелігіне сайланады.

Шайхы Әбішұлы- бар саналы ғұмырын еліміздегі балық өндірісіне арнаған адам. 1945-1955 жылдар аралығында Балқаштағы, Аралдағы балық өндіріс трестерінде басқарушылық қызметтерде болады. Жасы алпыстан асқан шағында Арал мемлекеттік балық аулау тресіндегі басшылық қызметін тапсырып, туған жеріне қайта оралды. Бұл кезде Мақаш ауылы тұрғындарының көпшілігі Қиғаш өзені бойындағы жаңа қоныс Кудряшов селосында еді. Шайхы да өз ауылдастарының ортасына келеді. Оған республикалық дәрежедегі дербес зейнетақы тағайындалады. Бірақ жасының ұлғаюына қарамастан қоғамдық жұмыстарды атқаруға белсене қатысуымен көзге түсіп жүргенін ауылдастары әлі ұмытқан жоқ.

Кудряшов селолық кеңесі төрағасының орынбасары болып сайланған ардагер аға ауылдың әлеуметтік өмірін көтеруде ерекше жігерлілікпен іс атқаратын. Бірде мынадай оқиға болады. Селолық кеңестің кезекті сессиясында депуттатар жиналып жатады. Әдетте мұндай шақта ең бірінші болып көрінетін Шайхы ақсақал сәл кідіріп қалады. Артынша оны екі жігіт екі қолтығынан сүйемелдеп, есіктен зорға кіргізеді. (Шәкең марқұм ірі денелі, ұзын бойлы, батыр тұлғалы адам-тұғын). Қатты науқастанып, екі аяғын өзі басып жүре алмайтын жағдайдағы кісіні екі жігіт қара терге түсіп, залдағы орындыққа әрең жайғастырады. Депутаттар аң-таң болады. Сөзді Шәкең марқұм өзі бастайды. «Депутат жолдастар, көріп отырсыздар, мен қатты науқастанып қалдым. Сессияға бастан-аяқ қатысып отыра алмаспын. Сол жағдайымды айтқалы келіп, жағдайымды білдіріп шықпақ едім»,-деді.

-Шәке, мұндай жағдайыңызды білмей жатырмыз. Бекер мазалағансыз ғой. Телефонмен айта салсаңыз да болатын еді ғой,-деп кеңес төрағасы бәйек боп қалды.

-Жо-ға, шырағым, ол дұрыс емес. Бір кезде министр болған адам бізге телефонмен ғана хабарласады деп ойлап қалуларың мүмкін. Оның үстіне менің депутаттық міндетім емес пе? Сессияның ашылуында қалай да болуым керек қой,- деп ардагер аға кейінгілерге ой тастай сөйлейді. Кішіпейілділік пен жауапкершілікті сезіну қабілетін жоғалтпаған Шәкең марқұм кейінгілерге әр қимыл-қозғалысы арқылы да үлгі танытып отыратынын ауылдастары әлі күнге әңгіме қылады. Шәкең 1969 жылы Кудряшов селосында дүние салды.

Еліне сіңірген елеулі еңбегі кезінде орынды бағасын алды. Оның бірқатарын жоғарыда атадық. Шайхы Әбішев 1954 жылы Ленин орденімен наградталды. Бірнеше медальдарды өңіріне тақты. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасы берілді.

Жерлестері Шайхы Әбішұлын мәңгі естерінде сақтайды. Нұғыман Манаевтың құрдасы әрі бір ауданда бірге қызмет жасаған замандасы болған бұл кісіні де құрманғазылықтар орынды мақтан тұтады. Еділ-Жайық арасындағы балықшы ауылдан шыққан алғашқы парламент мүшесі, балық шаруашылығы комиссариатының тұңғыш тұсауын кесер комиссары болған ардагер ағаның рухы туған топырағында мәңгі жасай бермек. Кудряшов селосында бір көшеге Шайхы Әбішұлының есімі берілген, аудандық тарихи-өлкетану мұражайында ол кісіге арналған жеке бөлім бар. Оған тарихи құжаттармен бірге Шәкеңнің өзінің және әкесі Әбіштің суреттері орналастырылған.

Рахмет ИМАНҒАЛИ, Құрманғазы ауданы.

АЛЫСҚА ТАРТАР ТАРЛАН ЕДІ

Атырау топырағында туып, қара сөзбен көркем шығарма жазған алғашқы қаламгер Ғабдол Сланов еді. Сол ағамыз алпысқа жете алмай ерте аттанса да, бақи дүниеде жатып, тоқсанға келіп қалыпты. Ел болып ескеріп, еске алсақ ағамыздың аруағы бір аунап түсер тұсқа таяныппыз. Елдігімізді білдіріп, көрсетіп қалар кезеңге келіппіз.

Бала оқытқан адамды ғана ұстаз деп, ұстаз деген ұлы сөздің мән-мағынасын кейде шолақ түсінетінімз бар. Бар кітапты сүйсіне оқып, содан өміріне өнеге болатын ғибрат алсаң, сол кітаптың авторы да ұстаз екенін әрдайым ескере бермейміз. Осы тұрғыдан келсек, артына бірнеше томдық мұра қалдырған Ғабекеңді де ұстаз деп білуіміз керек.

Ғабекеңнің ұстаздығын алғаш рет 1941 жылы сезіндім. Сол жылы отыздағы жігіттің бірден аңызға айналып кеткен «Дөң асқан» романы жарыққа шығып, елді бір сілкіндіріп еді. Роман қолдан-қолға ауысып, айырылмастай асылымызға айналып кетті. Әрбір жолымен сөзі бұлақтай мөлдіреп тұрған кітаптағы өлеңдерді жаттып алып, ойын-той сауықтарда, жиындарда айтып жүрдік, әлі айтып келеміз. Сондағы Ақбөбек жайындағы аңыздар мен өлеңдер мені ақыр-аяғында осы тақырыпта пьеса жазуға алып келді. Араға жиырма жеті жыл салып, сол роман 1968 жылы қайта шыққанда оқырмандардың пышақ үстінен кескендей таласа алып жатқанынн көзіммен көрдім, соңында қалған үш данасын біреулерге берермін деп өзім алдым. Сондықтан Ғабекеңді жалғыз маған емес, оқырман қауымға,көпке ұстаз деп білемін. Мен Жазушылар одағына мүшелікке өтерде кепілдік берген үш адамның бірі осы Ғабекең болатын. Сөйтіп Ғабекең бұл тараптан да ұстаздығын танытқан. Ғабекеңнің бір қасиеті қарапайым хат жазғанда да әдебиет мәселесін қорғап, ақыл-кеңесін айтатын.

Ғабекең ұстамды да байсалды болатын. Бағзы біреулердей не жазып, не тындырып жатқанын күн бұрын айқайлап дабыра етпейтін, әдебиеттегі айтыс, талас-тартыстардан аулақ жүретін. Нүкте қойған шығармасын үндемей-түндемей Жазушылар одағына әкеліп, талқыға салдыратын, онысы көп тәлкекке түспейтін. Жақсы жазылған дүниені кім дауға салып жатады. Шығармасы баспаға кеткеннен кейін асықпай- аптықпай келесі туындысына отыратын. Осы қасиетін жастарға да үлгі етіп айтатын.

1960 жылдардың орта кезінде Ғабекең Гурьевке келіп, Мақат, Қызылқоға аудандарын аралады. Осы сапарында «Тайсойған түлектері», «Қаһарман біздің Қабекең», «Құлағы түрік, ойы жіті жұртымсың», «Жайық ағыны» атты көлемді очерктерін жазды. Олары республикалық газет-журналдарда, өзіміздің облыстық газетте жарияланды. Кейіннен бұл жазбалары таңдамалы шығармаларының алтыншы томына енді. Демек, Ғабекең жол үстінде де қаламы қолдан түспейтін, үнемі ізденіс, толғаныс бабында жүретін журналист-жазушы. Осы сөзімді дәлелдеу үшін 1968 жылы 14 маусымда Ақтөбеден жазған хатынан үзінді келтірейін... «Мен жазушылық сапарда жүрмін. Ақтөбенің Хромтауынан бастап, содан коректенетін ферросплав, хром қосындыларының химия зауыты адамдарымен таныса бастадым. Солардан көрген-білген тақырыптарым бойынша біраз жедел де жүрдек шағын нәрселерді анда-мұнда жөнелтіп, мұнайшыларға –Мақатқа асамын.... Шұбатынан ішіп, әрі ұсақ-түйек жазып, жарты айдай Мақатта аялдамақ ойым бар... Мақаттан сенің атыңа соны бір очерк, суреттемелер жіберем. Өзіңнің төрелігің біледі»,-деп жазыпты. Одан кейінгі хатында:

«...Жемінің ежелгі бір ошағында қызмет ететін адамдарын жазуға құштарлығым және күшті. Сол себепті ол жерде бірталай аялдауым ықтимал..»- деп жазыпты.

Ғабекең кезінде мадақталып, сан-салтанатқа бөленіп, шығармашылық тойын өткізіп, мәндайы жарқырап, алдынан майда жел ескен адам емес. Мұндай шараларға алдымен өзі бас болып жүретін бағзы біреулерге қаны қас болатын, аса дәріптеуді, жарнамалауды жақтырмайтын. Кезінде теледидарда, газет бетінде тілшілермен кездесіп, сұрақ алып, жауап беріп сұхбаттасқан да емес. Зорлап-зомбылап әкелмесең, өздігінен фотосуретке де түскен емес. Сондықтан оның соңында қалған суреттері де аз. Сөйтіп, Ғабекең тағдырдың ық жағында емес, ылғи жел жағында жүретін. Бұл да өмірде сирек кездесетін мінездердің бірі болар.

Ғабекең солай өмірдің жел жағында жүрсе де, аса сауықшыл болатын. Жолдас-жора, ағайын-туыс болып бас қосқан жерлерде домбыра тартып, ән салудан бас тартпайтын, өзі сұранып ән салатын. Бұл 12-13 жасында ауылдағы сауық-сайранға қатысқаннан қалыптасқан әдеті екен. Махамбет өлеңдерін, Мұрат термелерін, әсіресе « Үш қиянын» тебірене, толғана айтатын. Халық өлеңдерін көп білетін. Бір кезек:

Шығады шапқан аттың шаңы аспанға,
Жасаған, жол бере көр адасқанға.
Даланың өрлеріне жортқан аттай,

Салайын құйқылжытып «Дөң асқанға», -деп, Тайсойғанның өзгенің ортағы жоқ меншікті тума әні «Дөң асқанға» басып бір желпініп қалатын. Ғабекең кеткелі «Дөң асқанды» өзіңдей етіп айтатын адамды көрген де емеспін, естіген де емеспін. Бара-бара ұмытылмаса не қылсын!

1969 жылы 5 ақпанда жазған соңғы хатында: «...Жақында Қуат үйге телефон соғып, «Махамбетті» 15 ақпанда сахнаға шығарамыз дегенді айтты. Мені шақырғанмен бара алатын емеспін, аурумын. Жұмысым көп. «Айқай тасқа» белшеден батудамын. Жарым-жартысын «Жұлдыз» алды. Қайта басылмақ «Жанартауымды» қарап өтуім және бар. «Махамбет» текстіне ептеген түзетуді саған тапсырғанымды Қуатқа арнап айттым...»,-деп жазыпты. Бұл хаттан төсек тартып, хал үстінде жатса да қолынан қасиетті қаламы түспегенін көреміз. Неткен қайсарлық, неткен төзімділік! Арада он екі күн өткенде 17 ақпанда асыл ағамыз ақырғы сапарға аттанды. «Апырай, алысқа тартар тарланымыз Ғабекеңнің де кеткені ме!» -деп өкініп біз қалдық.

Берік ҚОРҚЫТОВ. жазушы.

P.S: Ғабдол Сланов 2011 жылы 100 жасқа толды.

ДОСЫ АҚЫН КІМ?

Патша заманында үстем таптың тізесі батып, нақақ Сібірге жер аударылған ардақты азамат Досы Тілегенов ақын еді. Айдауға кетіп бара жатып, туған елі, өскен жерімен қоштаса келе:

«Қош сау бол, мекен еткен, Атырауым,
Жөн болмас уайым шегіп қалтырауым.
Қас қылды көп Жиенбай құдай ұрып,
Бере гөр маған Алла, деннің сауын.
Бекайдар отыз үйдей өз туғаным,

Білмейді кімнің досы, кімнің жауын»,- деп өзін ұстатқан туыстарына ренішін өлең арқылы білдіреді. Оның арғы аталары кедей шаруа Бекберген, Тілеген, өз әкесі Исамағанбет, ержүрек ағасы Есмағанбеттер үстем тап өкілдерімен өштесіп, белдесіп келген.

Досы әкесі Исамағанбеттен бір жасында жетім қалады да, барлық тәрбиесі, тіршілігі ағасының арқасында жетімдікті сезбей еркін өседі. Арабша да, орысша да оқып, жаза білген. Атырау қаласындағы орысша-қазақша мектепті бітіріп, парасаттылығының арқасында үнемі ізденіп, білімін көтеріп отырады. Есмағанбеттің байлар қолынан қаза табуы Досыға қатты батады. Бірақ «жалғыздың үні шықпас» заманда үстем тап Досыға теңдік бермейді. Ол кек алу жолында қаруланып, шабуыл жасап, байлардың мазасын кетіреді. Ақырында оның бай, болыс ағайындары оны «ұры, қарақшы, патша тәртібіне көнбейтін бұзық» деп жалған приговор жасап ұстатады. Досы Сібірге жер аударылады. Үйшік, Теке, Сарытау, Үрпі қалалары арқылы Сібірде Томск губерниясынан бір-ақ шығады. Сол кезде Сібірді мекендеген қазақ еліне хат жолдайды. Хатында қандастарынан өзінің ғаріп халінен құтқаруды өтінеді. Сібірлік қазақ ағайындар Досыны кепілдікке алып, ауылдарына қыдыртып, көңілін ашады. Оны ақын «Хаттан кейін» деген өлеңінде:

Арада хат жазған соң үш күн өтті,
Пар жегіп екі-үш кісі келіп жетті.
Балтабай, Оқбай менен Ораз деген,
Жігіттер істеріне көңілім бітті,-деп суреттейді.

Жиенбайлар Досының Орынбор арқылы келетінін естіп, оның ашуын басудың амалын жасайды. Досының қараша үйін ақ боз үйге айналдырып, дүние жиһазбен толтырып, белдеуіне ат, желісіне түйе байлайды, қорасына мал салады. Досының алдынан шығып, «құлдық ұрып қарсы алады».

Елге келгесін бұрынғы әдетін тастап, Кеңес өкіметі орнағанда жаңа заманның жаршысы болып жыр толғап, қайрат көрсетеді. Елі туралы:

Көшпелі қазақ біз едік,
Мекен алған Оралдан.
Рабат жинап, қор тігіп,
Қоныс еткен Бұланның
Жалғасы едің Каспийдың,
Түрленіп шөбі нұрланған»,-деп жырлайды.

Досы елге оралғаннан кейін мұнай орталығы Доссорда тұрады. Доссор кәсіпшілігі бойынша милиция қызметкері, жұмысшы кәсіподақ комитетінің төрағасы болады. Гурьев

уездік атқару комитетінің мүшелігіне сайланады. Партия қатарына өтеді. Түрлі саяси-идеялық шаруашылық қызметтерге қатысады. Қазақ жастарын мұнай кәсібі жұмыстарына тартып, мамандық алуына көмектеседі. Кейін Социалистік Еңбек Ері болған Құдайбергенов Ыбырашты Орынбордағы жұмысшы факультетіне оқуға түсуіне құжаттар жинақтап, қаражат ұйымдастыруы Досының үлкен тәлімгерлігін көрсетеді.

Досы Гурьев уезінің съезіне барғанда 1924 жылы 19 қарашада кенет соққан аурудан қайтыс болады. Сол кездегі облыстық газет «Жұмыскер тілі» (қазіргі «Атырау») аянышты хабар жариялады. Онда патша заманында залым әкімдердің қорлығына ұшырап, нақақтан жер аударылып, бес жылдай Сібірдегі Томск губерниясында жүрді. Мұндай жұмысшы табынан шыққан жігіттеріміз сирек.Сондықтан жолдас Тілегенұлының арамыздан кеткеніне бек өкінеміз. Доссор халқы, бүкіл жұмысшылар қауымы Досыны жаңа салтпен ақ жуып, арулап жөнелтті. Оның мүрдесі ешбір бейітке апарылмай, поселке орталығында жерленген. Азамат соғысында және Қазан төңкерісінде қаза тапқан «Туысқандар зиратына» жерленді. Сол кездегі милиция бастығы Соловьев үш дүркін аспанға мылтық атып, салют береді. Бұл, әрине, ақынға қимастық пен шынайы жүректің әмірімен жасалған құрмет еді.

Досының ойлағаны қара халықтың қамы, сөйлегені әлсіз бен жалғыздың сөзі, яғни мұнайшының Махамбеті десек те артық болмаса керек. Ақын революцияға дейін шығарған «Қазақтарға» деген еңбегінде олардың көшіп-қонып жүретінін сынайды. Қазақ төңкерісінен кейін жазған 1923 жылы газетте жарияланған «Доссор бейнетқорларына», «Бірлік туын қолға ұстап» өлеңдері еңбекшілерді бірлікке, қажырлы еңбек етуге шақырады. Доссор жерінің байлығы-мұнайдың пайдасы көп екенін түсіндіреді.

Досы ақынның жастық шағы патша заманында өтіп, араб әліппесімен сауатын ашады. Әптиек, Құран, түркі тілдерін оқып «молда» деп түсінген ол Сібірге айдалып бара жатқандағы «Қоштасу» өлеңінде:

Сұрасаң менің атым –Досы молда,
Қызығы дүниенің екі қолда.
Ызғытып ағайыннан өткеннен соң,

Айдалып конвоймен түстім жолға, - дегенде 25 жаста екен. Сонда ол 11-12 жасында түркі, араб, тілдерін біліп, «молда бала» атанған болса керек. Көрген адамдардың айтуынша, Досы өңі сары сұр, көзі сұсты, қайың денелі, бойшаң, жіті қимылдайтын шапшаң, басынан сөз асырмайтын өткір, ақ көңіл, қиянатқа төзбейтін турашыл адам болғанын мына өлеңнен аңғаруға болады.

Күнде базар, жиын, той,
Жүрген жерім кеңеспен.
Ерегескен дұшпанға,
Иіліп барып сөйлескен.
Сырттай дұшпан не демес,
Ерегесіп күндескен?!
Жамандық қылған құрбыға,
Көңіл беріп шендескен.

Досының «Қоныс жайында» толғауында Каспий жағасының табиғаты сұлу, бай көркі шебер суреттеледі. Мақат тұсында Ащықұдық, Сегіз қырқасында төлді аяқтандырып, Арқаға тартқан көш жолы Тайсойған, Сағыз, Саралжан, Маңғыт, Маралдың шүйгін шөбін сипаттаса, «Өтуші едік Ойылдан қиқу салып, мал айдап»,-деп қазіргі құрып бара жатқан Ойылдың ол кезде өткел бермес арналы өзен екенін аңғартады.

«Әй, Досы», «Заман» деген өлеңінде жиырмасыншы ғасырдың заманы да, адамы да бұзылғандығын ашық айтады. Еңбекшілерді жер байлығын игеруге, жастарды оқып, білім алуға шақырады.

Досы Тілегенов жетімдік, кедейлік, зорлық, қайғы, қорлықты көп көрген. Кеңес өкіметі орнап, еркін өмір сүрген уақыты тым аз, бар білім, жігермен енді еңбек етуге кіріскенде, кенеттен дүниеден өтеді.

Біздің «ешкім де ұмытылмайды» деген салтымыз бар. Сондықтан келешек ұрпаққа Досының өлең жырларын таныстыру, мектептің оқулықтарына енгізу, т.б. парыз екенін ұмытпауымыз керек.

Сақыпжамал ХИСМЕТУЛЛИНА.
Атырау қаласы.

ҚАЙРАН АЛДЕКЕҢ!

Мен сөз еткелі отырған осы кісіні менен артық ешкім білмейтіндей көрінетұғын. Сондықтан да болар, ол туралы айтуға тиісті де өзім ғана сияқты сезінетінмін. Бірақ: «Ал, кәне, айта қояйыншы»,- деп қағаздың бетіне емінгенде, әлгі «білетіндерімнің» бәрі көпшілікке белгілі нәрселер болып шығатын.

Алдекең көпшіл болатын. Оның осы қасиетіне әркімнің бойына Аллатағала қия бермейтін сырбаз мінезі мен келісті келбеті, маңғаз қимылы жарасып, түр-тұлғасын замандастарынан ерекшелендіріп тұратын. Оның үстіне қара сөздің майын тамызып әңгіме айтушы еді. Сөзіне бөтен, бөстекі нәрсені араластырмайтын.

Аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болып тұрған кезі. Азуы алты қарыс басшының үстінен жиі-жиі арыз түсіп, қатты күйінген «бірінші» бір жиын үстінде: «Бұл елге не керек өзі?» дегенде, Алдекең аспай-саспай: «Елге көп нәрсе керек емес, сенің орның ғана болмаса», - деген екен.

Ол – ұстаз еді. Тұла бойындағы сол ұстаздық қасиетінің басымдығы соншалық, алдына күйіп-пісіп келген кісі сабасына түсіп қайтатын. Облыстық мәдениет басқармасының бастығы болып тұрған Алдекең мені облыстық драма театрының директоры етіп тағайындады. Театрдың тірлігімен жүріп, өзім де «асыра сілтеп» жіберген болармын, үстімнен арыз қардай борады.

Сондай сарсаңды күндерде «Әлібе-е-ек» деп дауысын соза телефон шалушы еді. Сосын келіп кет дейтін. Мен бір бәленің болғанын ішім сезеді. Алдын-ала «соғысқа» дайындала бастаймын. Бірақ Алдекең менің әлем-тапырық кескінімнен бар болмысымды таниды да, алдындағы ішіп отырған шайын ұсынып, әңгімені театрға еш қатысы жоқ нәрселерден бастайтын. Бірақ әңгіме ауаны менің театрда істеп жүрген кейбір қылықтарыма ұқсас болып келетін. «Ымды түсінбеген, дымды түсінбейді». Ағаның ойының желісін ұғатынмын да, бұдан былай «тыныш» жүруге тырысатынмын. Осыдан кейін Алда-ағаң ұстаз еді демей көрші!

Бірде Алдекеңді қатты ашуландырып алып едім. Сексенінші жылдардың ортасы. Мұқағали туралы жақсы пікірлердің қалыптаса қоймаған шағы. Театрдағы директорлық құқымды асыра пайдаланып жіберсем керек, драматург Оразбек Бодықовқа Мұқаң жайлы пьеса жазып беруге тапсырыс берейін. Ол кезде ондай құқыққа тек Мәдениет министрлігі ие. Орекеңнің де министрліктегі кейбір жігіттермен тіл табыса алмай жүрген тұсы. Сондықтан да болар, пьесалары театрлардың маңайынан жұрмей кеткен. Орекеңнің пьесасын министрліктегі репертуар алқасымен келіспей театрға қойып жібергеніміз сол екен, айқай-шу басталсын да кетсін. Менің үстімнен министрдің атына хат түсіп, басыма бұлт үйірілді. Абырой болғанда, спектакль сәтті шықты.

Алдекең шақырған соң барсам, өңі қуаң тартып, мазасызданып отыр екен. Министрмен мен туралы сөйлескенін, менің жағдайымның онша жетісіп тұрмағанын ескертті. Ертесіне мен шұғыл министрде болып, қойған спектаклімнің татымды дүние екенін дәлелдеп шықтым. Сонда Алдекең: «Ниетің түзу, бағытың дұрыс, бірақ жүрер жолыңда тау тұрса, соны жаныңды қинамай- ақ айналып өтпей, неге тіке тартасың?» - деп алып, әлден уақытта қолын бір сермеп: «Саған дауа жоқ, тұқымдарың солай», - дейтін жарықтық.

Өнердің төңірегі өсек –аяңнан, арыз-шағымнан кенде болмайды. Анда-санда Алдекеңе мен жайлы майда-шүйде «хабарлардың» түсіп тұратынын сезетінмін. Ондай кездерде: «Әлібе-е-ек!» дейтін әдеті бойынша: «Театр орнында ма?» - дейді даусын созып. «Орнында»,- деймін мен бұл жақтан. «Байқаңдаршы, орнынан жылжып кетіп жүрмесін»,- деуші еді, көкейіндегісін әзілге шаптырып. Айтар ескертпесін осындай әзіл-шыны аралас ойнақы орамдармен жеткізуге өте шебер еді.

Ол кісіні зейнетке шыққан соң мәдениет басқармасының қарамағына қызметке қалдырдым. Бірер жылдардан соң жаппай қысқартулар басталды. Маған бірінші болып Алдекең келді. Қолында арызы, жұмыстан босатуымды сұрапты. Әзірге өзінде төніп тұрған қауіптің жоқ екенін қанша түсіндірсем де көнбеді. «Алатын зейнетақым бар, балаларым еркетті, өлетін күнім жоқ. Жастар жұмыстан босап, мен қалып қойсам, нағыз өлім сол емес пе?» - деп рақметін айтып, қызметінен бірінші болып кетіп қалды. Осыдан кейін Алдекеңнің азаматтығына қалай шүбә келтіресің!

Сөйткен Алдекеңнің де дүниеден өткеніне жыл толыпты. Кейде кейбір кісілердің бойынан Алдекеңнің сырбаз мінезіне ұқсастықты байқасам да, ол Алдекеңнен қалған, немесе Алдекеңнен жұққан сияқты болып тұрады. Қалың қауымның арасынан Алдекеңді іздегендей аландаймын. Қазіргі қариялардың бойынан сол кісінің өнегесін аңсаймын. Мұражайдың жәдігеріндей болып қалған Алдекең – Алдаберген Сәрсенбаевтардың қатары сиреп қалды-ау! Асылдың сынықтары екен-ау солар... Сол тектілігінен ғой, ауық-ауық телефоннан «Әлібе-е-ек» дейтін дауысы естілетін сияқты болады да тұрады.

Әлібек ӘМЗЕҰЛЫ,
Жамбыл облыстық мәдениет басқармасының бастығы,
«Жас Алаш» №53, 3 мамыр, 2001 жыл.

ҚУАНДЫҚ ҚАБДЕНГЕ
(60 ЖАСТА ЖАЗЫЛҒАН ӨЛЕҢ)

Найзадай тіп-тік нар тұлға,
Алқабел атқа ер салдың.
Шып-шымыр ширақ қалпыңда,
60 жасты қарсы алдың.

Ашу қысса лаулаған,
Ақпандағы қыстайсың.
Бір қарасам аумаған
Абылайға ұқсайсың.

Атқа мінсең айқылдап,
Көрген адам мақтаған.
Бір қарасам пайымдап,
Аманкелді деп қалам.

Сөз бастаса заулайды,
Емес әзіл, базынам.
Бір қарасаң аумайды
Амантайдай қажыдан.

Өмір дәурен көштің де,
Бұйырғанын ала бер.
Ұқсамайтын ешкімге,
Қуандық боп қала бер.

Жарық болсын маңдайың,
Қабден шалдың жұлдызы.
Таусылмасын әрдайым,
Тағдыр берген дәм-тұзы.

Өзіңізді құрметтеуші
Ақансері ЕРМАҒАНБЕТ

Ақөткел туған мекенің,
Жұмағы Сізге жалғанның.
Жалғызы ең Қабден көкенің,
Бір көріп өлу болған мұң.

Ұқсайды адам сірә да,
Туған жер, өскен еліне.
Нар қамысты Нұраға,
Ұқсатам кейде сені де.

Сүйесің аға, анық шын,
Тағдырлы қазақ жұртыңды.
Жарқ ете түсер намысың,
Жазғырса жөнсіз ұлтыңды.

Нұрғиса сынды ереннің,
Етегін сүйдің еңкейіп.
Мынаусы ерсі дегеннің,
Көзінше тұрдың көркейіп.

Патшамыз елге келгенде,
Тұлпарын тарттың көлденең.
Нұраға қолын бергенде,
Құлпырып кеттің сен деген.

Өнерді сыйлау -өнеге
Қалпы деп елдің көргенді
Көтеріп тұрдың төбеге,
Аймандай Аллабергенді.

Қиялға жоқ қой бөгесін,
Болсыншы жанға жыр азық.
Қуекең көшем дегесін
Көңіл жүр ептеп құлазып.

Құба бел сырын ұғарсың,
Шаң-шұңды , шұлы қалада,
Қиялмен сонда шығарсың,
Жазира жайсаң далаға.

Жаныңа құйсын көрік – нұр,
Тұрмысың жайнап қалада.
Ансаулы шақта келіп тұр,
Ұмытпа елді, жан аға.

Ақансері ЕРМАҒАНБЕТ

Құрметті
Қабден Қуандық мырза !

Сіз адам ғұмырының алтыншы биігіне ширақ шықтыңыз. Еңселі емендей тұлға-тұрпатыңыз тұнып тұрған күш-қуат, қажыр-қайрат сияқты. Алпыс жаста атқа мініп шыққандағы айбыныңыз ел ықтандай, екпініңіз тау жыққандай. Кез келген қуыс кеуделі пенденің пешенесіне бермейтін осындай қасиет, ата-ананың аңсап көрген жалғызына тәңір-тағдырдың нұр шапағатынан болар, туған Толыбайдың торғын суы мен құнарлы топырағынан дарыған нәрден шығар.

Құрметті, Қуәке!



Сіз – халқымыздың салт-дәстүрі, тілі мен мәдениетін риясыз сүйген ұлтжанды азаматтың бірісіз.

Сонау кеңестік сірі саясат сіресіп тұрған кездің өзінде-ақ ел, жер, тіл мәселесіне келгенде жаныңыз жалаулап, ашуыңыз алаулап, талай шиыршық аттыңыз.

Н.Тілендиевтің етегінен сүйіп елжіреген кезіңіз, Жүргеновтың қасиетті есімін жақтап жағаласқан сәтіңіз, Алдабергенді иығына салып, өнерлі ұланды ұлық тұтқан ақжарма мейіріңіз, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа арғымақты көлденең тартып тұрған дала пейіліңіз, дария көңіліңізді көрдік.

Ешкімге ұқсамайтын оқыс істеріңізді ерсілікке санайтындар да бар шығар. Алайда, Сіз жүрек тіліне бағынатын, ішкі сезіміңді еш жасыра алмайтын адамсыз. Соныңызбен сіз ерекшесіз.

Құрметті Қуандық Қабден мырза!

Бүгін Сіз ақсақал жас, ардагер жас 60-қа толдыңыз. 60 жасқа арға кір жұқтырмай ағайынға, ауыл-аймаққа сыйлы қалыпта жеттіңіз. Алатаудың ақбауыр бұлтының бір шөкіміндей Аягөзіңізбен көрер қызықтарыңыз көп болсын, қадірлі, Қуеке!

Әйтеке би ауданының әкімі
М.ҒАБИДУЛЛИН. 12 мамыр, 2002 жыл.

ЖЕТПІС КЕЛДІ ДАНАДАЙ ОЙЛАНДЫРЫП

Қазақ КСР Байланыс министрінің орынбасары болып қызмет атқарған, «Халықтар достығы» орденінің иегері, «Құрметті байланысшы» Өсербай ҚАРАСАЕВ туралы мөлтек сыр.

Жарты ғасыр бойы түрлі ұлт өкілдерінің ортасында терең білімімен, жоғары біліктілігімен, мықты ұйымдастырушылық қабілетімен өзін өзгелерге мойындату, көптің құрметіне бөлену – кез-келген жанның маңдайына жазылмаған сирек бақыт. Өсербай Қарасаев - сондай бірегей адамдардың бірі. Атағы айдай әлемге әйгілі Хан ордасы, Нарын құмындағы Азғыр – Сүйіндік өңірінде өмірге келген. Бұл өлке бар қазақтың мақтанышы, Шығыс қыздарының арасынан шыққан қос батырдың бірі – Мәншүктің, дүлдүл ақын Тайыр Жароковтың (Өсербай ағаның аталас ағайыны), құдіретті күйші Сейтектің дүниеге келген жері. Күй атасы Құрманғазы мен Дина да осы өңірде өмір кешкен. Орда топырағында халқымыздың қаһарман ұлдары Исатай мен Махамбет дүниеге келген.

Сүйіндік ауылы – Жәңгір хан мектебінің шәкірті, ағартушы Бекмұхамбет Айтбаев алғашқы мектеп-мешіт ашқан жер. Ананың ақ сүтіндей ардақ тұтатын ауылынан қызмет бабымен шалғай жүрген сәттерде ол:

Жайылған жазирада киіктерің,
Туған жер, атамекен, сүйікті едің.
Қалыспай қатарымнан өмір кештім,
Қолдаушым сен болған соң биіктедім, -

деп сағыныш сезімін ақ қағазға төккен екен. Өзі туралы әңгімелеуді сұрағанымызда:

-Мен 1937 жылы осы Сүйіндік ауылдық кеңесіне қарасы Карл Маркс атындағы колхозда, Қамысбай деген жерде дүниеге келіппін. Әкем Қарасайдың колхоздың егіс бригадасын басқара жүріп, отызыншы жылдары басталған ашаршылықтан әлі де әлденіп кете қоймаған ауылдастарына орылған егіннің масағын теруге рұқсат еткені үшін «халық жауы» атанып, 3-4 ай НКВД-ның түрмесінде отырып қайтқан жылы екен. Өз қатарластарым сияқты менің де балалық шағым сұрапыл соғыстың отты жылдарына тап келді. Әкем мен нағашы ағам – анамның туған інісі Сапарғали Ресей жерінде қаза болды. Отан соғысының зардабы отбасымызға, менің бүкіл өміріме әсер етті, - деді көп сөйлемейтін байсалды азамат.

Соғыстың соңғы жылдары халықтың жанының да, тәнінің де жарақаты жазыла қоймаған, қиындау кез кеді. Оқытушылар жетіспейді, оқулықтар жоқ. Аядай ғана ауылда тек қана бастауыш мектеп болды. Сондықтан 1948-1950 жылдары оқу -білімге қанша құштар болса да, бала Өсербай оқи алмай қалды. Оның үстіне «жығылғанға жұдырық» дегендей жасы оннан он бірге қарағанда туған анасы Жаңылғанымнан айырылды. «Майдан үшін, жеңіс үшін» деп қысы-жазы бел шешпей, жанкештілікпен еңбек еткен тылдағы еңбеккерлердің бастан кешкен ауыр бейнеті жауып тұрған оқ астында, сыз окоптарда жатып, шайқасқан майдангерлерден бір кем болмаса керек. Оның анасының да өмірден мезгілсіз өтуіне тікелей кінәлі тек қана соғыс еді.

Бұғанасы қатпай жатып жетім қалған ол жанашыр туған-туыстарының қамқор құшағында өсті. Талапты жас «Сүйіндік», «Азғыр» мектептерін үздік бітіреді. Әдетте басы аман, бауыры бүтін, яғни төрт құбыласы түгел кейбір жасөспірімдер мектепті үздік бітірмек түгілі, басын дұрыс алып жүре алмай, тауға да , тасқа да ұрынып жатады. Бұл енді оның жастайынан өзіне-өзі қатал талап қоя білетіндігін, білімге құштарлығы мен қиындықтан жасқанбай, тағдыр сынына төтеп бере алатынын көрсетсе керек.

-Сапалы білім алып, саналы тірлікке ұмтылуына, ел мен жерді, туған тіл мен әдебиетті сүйіп өсуіме мен аялы мұғалімдерім Мәстура Балтабаева, Сансызбай Төлеев, Өтеміс Орынғалиев, Әбу Корчагин, Жағыпар Шәріпов, Төлепберген Ысмағұловтардың үлкен әсері тиді. Сабақ беретін пәндерін терең игерген, өз істеріне шын берілген, шәкірттеріне адал тәрбие көрсеткен нағыз ұстаз деген атқа лайық жандар еді, - дейді өз ұстаздарын толғана еске алған Өсербай ағa.

1956 жылы «Азғыр» орта мектебін бітірген бір топ жас арман қуып Алматыға келеді. Ауыл шаруашылық институтының студенті болу үшін жасаған алғашқы қадамы сәтсіз болып, конкурстан өте алмай қалғасын, байланыс техникумынан бір-ақ шығады. Бұл техникум 1930 жылы құрылған. Қазақстандағы байланыс мамандарын дайындайтын арнайы оқу орындарының бірі болатын. Оқытушылары соғыс кезінде Ленинград пен Мәскеуден келгендер еді. Сабақ тек қана орыс тілінде жүретін, оқу сапасына қатал талап қойылатын. 1956 жылы оқуға түскен 33 баланың 19-ы ғана техникумды аяқтап шыққаны осының дәлелі еді.

Оның мектептегі «мықты орысшасы» техникумда сыр беріп, орысша оқу, жауап беру бір орыс көрмей өскен жас жігітке оңайға түспейді. Алайда ол қиналмай, тіл үйренудің төте жолы – бірыңғай орыс балаларымен бірге бір бөлмеде тұру деп шешеді де, комендантпен келісіп, көшіп алады.

-Ол кездегі стипендия 20 сом болатын, ауылдан келе қоятын көмек те жоқ еді. Сондықтан ел қатарлы киіну үшін, 1956-1957 жылдары техникум ғимаратын қазандықпен жылытатын от жағушы болып істеуіме тура келді. Әрине, бұл оқу сапасына пайда тигізе қойған жоқ, осының кесірінен 1959 жылы техникумды «3» пен «4»-ке бітіріп шықтым, - дейді Өсербай ағa. Оның осы сөзінен-ақ өтірік мақтануды жаны сүймейтінін, нені болсын қаз-қалпында жасырып-жаппай айтқанды ұнататынын аңғардым.

-Оқу бітірген бойда Гурьев (қазіргі Атырау) қаласындағы қалааралық линияларды қарайтын мекемеге жолдама алдым. Мені жастығыма қарамай, бірден участок бастығының орынбасары қызметіне қойды. Гурьевте еңбек еткен төрт жылдың ішінде бар ынтаммен аянбай қызмет істегендіктен пайдалану мекемесі бастығының орынбасарына дейін жоғарыладым. Байланысқа кірген алғашқы жылдарда бұлай табысты жұмыс істеуіме менің еңбектегі алғашқы ұстазым, кезінде саяси көзқарасы үшін Коми АКСР-іне жер аударылған, жазықсыз партиядан шығарылып, қуғындалған Одақтық байланыс академиясының түлегі Владимир Иосифович Слепой деген талантты инженердің әкелік қамқорлығы мен көмегі болды десем, артық емес. Кәсіби шеберлігімді жетілдіруге игі әсер еткен осы кісімен достығым ол Одессаға, мен Алматыға көшіп кеткеннен кейін де жалғасып жатты, - дейді Өсербай ағa өткен күндерін сана сүзгісінен өткізіп.

Гурьевте табысты жұмыс істеп, үш бөлмелі пәтер алып, үйленіп, балалы-шағалы болса да, жоғары білім алсам деген арман 1963 жылдың жазында Алматыға тағы да алып келеді. Сол жылы екі нәрестесі мен жас келіншегі екеуі Тастақтан бастап, Алматының Малая станица деген аудандарында бірнеше пәтер ауыстырады. «Жыртық үйдің құдайы бар» демекші, оның облыста атқарған абыройлы қызметін ескеріп, Байланыс министрлігі қатардағы инженерлік жұмысқа алып, 1964 жылдың көктемінде бір бөлмелі пәтер бөледі. Сол жылы жас инженер Ташкенттің электротехникалық байланыс институтының Алматыдағы филиалына оқуға түседі.

Институтты бітіргеннен кейін Ө.Қарасаев көп кешікпей министрліктің жетекші бөлімінің бірі саналатын Электр байланысы Бас басқармасы бастығының орынбасары қызметіне тағайындалды.

-Министрлікте қызмет істеген 13 жыл ішінде Қазақстан байланысының негізін қалаған, осы мамандықтың корифейлері Ә.А.Елібаев, Г.А.Аракелов,В.Я. Державец сияқты кісілермен қызметтес болып, жан-жақты қолдауларын көрдім. Маман ретінде қанатымның қатайып, өсіп-жетілуіме көмектескен әріптес ағаларыма мәңгі-бақи қарыздармын, - дейді Өсербай ағa.

Қазақстанның барлық облыстарында болып, еліміздің электробайланысын дамытуға үлес қосқан майталман жігіт 1976 жылдың аяғында Павлодар өндірістік-техникалық байланыс басқармасына бастық болып тағайындалады. Дегенмен облыстық партия комитеті бұл орынға Павлодарда көптен қызмет істейтін, байланыс басқармасының бас инженерін ұсынған екен. Байланыс министрі Ә.Елібаев Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің көмегімен өз ұсынысын жүзеге асырады. «Екі ортада шыбын өледі» демекші, алғашқы айларда жергілікті басшылардың қырғиқабақ көзқарасы астында жүреді. Алайда екі оттың ортасында жүрсе де, өз міндетін мінсіз, адал атқаруға тырысады. Сол тұста ол бір өлеңінде:

Тот басып болат ақ семсер,
Қынында тұрып сынбас-ты.
Ендеше уайым не керек,
Көңілді неге мұң басты?

-деп, жігерін жанып, өз-өзін қайраған сияқты. Бәлкім, бұл бөгде орта, бөтен жерде түсіністік таппай, қиналынқырап жүргенде жазған өлеңі болар. Алайда, халқымыз «Басы қатты болса, аяғы тәтті болады» демей ме. Кейін еңбекқорлығымен өзін жергілікті басшыларға да, әріптестеріне де мойындатқан жігіт ағасы сол жылдарды былай деп еске алады:

- Өмір болған соң, қыс пен жаз алмасқандай, күнгей мен көлеңкесі, қызығы мен қиындығы аралас жүреді екен ғой. Мен қызметке кіріскен кезде Павлодар облысында «Екібастұз» отын-энергетика кешені, алып өндіріс орындары «Трактор», «Алюминий», химия зауыттары салынып жатыр еді. Сондықтан байланысқа деген тапсырыстар зор, талап қатаң болатын.

Облыстың байланыс басқармасы құрамына ірілі-уақты 19 мекеме кіретін ұжым еді. Онда алты мыңнан аса адам қызмет істейтін. Обалы не керек, жергілікті байланысшылар мені жылы қабылдап, бастамаларымды қолдап отырды. Осының арқасында Ертіс бойына судай сіңіп, алаңсыз қызмет істедім.

Павлодарда жұмыс істеген 10 жылы байланыстың қарқынды дамыған, шаруашылықты ақпарат көзімен қамтамасыз етуде үлкен абыройға ие болған кезең еді. Қалалық телефон байланысын дамытуда облыс республикада бірінші орынға көтеріліп, әрбір жүз адамға келетін телефон саны 18-ге жетті. Осы жылдарда Павлодар, Ақсу, Екібастұз қалаларында бірнеше көп қабатты АТС үйлері, Павлодардың бас поштасы, сауықтыру шипажайы, ірі тұрғын үйлер, бес ауданның орталықтарында байланыс үйлері салынды.

1976-1986 жылдары облыстық байланыс басқармасы бірнеше рет республикалық, одақтық жарыстардың жүлдегері атанды. Ұжымның қажырлы еңбегі облыста тиісті бағасын алды, көптеген байланысшылар үкімет наградаларымен марапатталды. Бірнеше дүркін облыстық кеңестің депутаты, облыстық партия комитетінің мүшесі болып сайланды.

Менің ойымша, Қазақстанның қай түкпірінде жүрсе де, студенттік шағын осы қалада өткізген жандардың бәрінің жүрек түкпірінде Алматыға деген бір ерекше сезім - сағыныш бұғып жататын сияқты. Жастық шағының қызықты жылдары өткен аялы Алматыға ол араға он жыл салып, қайтып оралды.

- Жалынды жас дәуреніміздің куәсі болған ару қала Алматының мен үшін де орны бөлек еді. 1986 жылы министрлік мені Алматыдағы «Казгипросвязь» жобалау институтының директоры жұмысына ауыстырды. Сөйтіп, жастық шақтың қызықты кезеңдерін өткізген сүйікті астанаға он жылдан соң қайта оралдым. Бұл жобалау институты маңызды мекеме болатын, оның құрамында он шақты бөлім бар еді. Ұжым байланыс ғимараттарын, АТС-тер мен түрлі-түрлі магистральды жүйелердің жобаларын жасайтын, онда сол жылдары 600-ге тарта адам жұмыс істейтін, - дейді Ө.Қарасаев сол кезең туралы еске алып.

Министрлікті С.Байжанов басқарған кезде қалалық және селолық телефон байланысын қарқынды дамытуға, телевизияны елдің шалғай аудандарына жеткізуге бағытталған үкіметтік шешімдер қабылданып, қауырт өзгерістер іске асты. Осындай кезде салалық ғылымды дамыту, ірі нысандарды жобалау Ө.Қарасаев басқаратын «Казгипросвязь» институтына жүктелді.

1990 жылы Ө.Қарасаев Байланыс министрлігіне қайта оралып, алқа мүшесі болады. Оқу істері мен кадрлар басқармасына жетекшілік етеді. 1993 жылы ол министрдің орынбасары болып тағайындалады. Бұл кезде оған байланысшылардың кәсіби деңгейін көтеру институтының мәселелері, одақтағы байланыс мамандарын дайындайтын оқу орындарымен қатынасты дамыту және Алматы энергетика институты жанында ашылған байланыс факультетінің жұмысына қамқорлық жасау жүктеледі. Мұның бәрі де үлкен жауапкершілік пен терең ізденісті керек ететін, күрделі істер екені сөзсіз.

Қазақстан Тәуелсіздігін алған жылдары көптеген салаларда түбегейлі құрылымдық өзгерістер болғаны белгілі. Ондай өзгерістер ол еңбек ететін байланыс саласын да айналып өткен жоқ. 1994 жылы «Қазақтелеком» Ұлттық компаниясы құрылғаннан кейін, оның аяғынан тік тұрып, егеменді еліміздің дамуына қажетті хабарлар жеткізу жүйелерін жасауға, халықаралық байланыс жолдарын ашып, бұл жағынан Ресейге тәуелділіктен құтылуға қолдан келген көмегін тигізді.

Соңғы 13 жыл ішінде «Қазақтелеком» компаниясының алғашқы вице-президенттерінің бірі болды, әкімшілік және кадр мәселелері жөніндегі атқарушы директор, департамент бастығы, Мамандық деңгейін көтеру орталығының Бас директоры қызметтерін атқарды. Зейнеткерлікке шыққа да, ұзақ жылғы тәжірибесі мен білімін бағалаған компания оған «Қазақтелеком» филиалдары директорлары Кеңесінің хатшысы қызметін сеніп тапсырды. «Қазақтелекомның» халықаралық деңгейге сай дамыған компаниялар қатарына қосылуына азды-көпті үлес қосты.

Ұлттық компаниямыздың тауарлы белгісін жасауға, оның әнұранын белгілеуге, жаңа талапқа сай қызмет істей алатын кадрлар дайындауға, Алматы энергетика және байланыс институтының, Мамандық деңгейін көтеру орталығының материалдық-техникалық базаларын жетілдіруге атсалысты. Қайта құру кезінде Ұлттық компанияның бөлшектенбей, ірі қоғам ретінде сақталуына республика байланысшыларының аға буын өкілдері И.В.Ульянов, Қ.Б.Базылов, В.Е.Светловтармен бірге табанды күресе білді.

Бірқатар алыс-жақын елдерде өткен телекоммуникация қызметкерлерінің әр түрлі форумдарына қатынасып, Қазақстан байланысшыларының атынан республика мүддесін қорғауға қызмет етті. Он жылдан аса уақыт ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрған Аймақтық байланыс одағына кадрларды дайындау және басқару комиссиясы құрамында болды. Бүкіл өмірін, күш-жігерін байланыс саласының дамуына арнағандықтан оның еңбегі әріптестері арасында тиісті бағаланып, «Құрметті байланысшы» атағын алды. Халықтар достығы орденімен, бірнеше медальдармен марапатталды. «Ер жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болады» демекші, Өсербай ағаның анда-санда өлең жазатынынан да хабардармыз. Шағын-шағын өлеңдерін бұрыныракта «Жас Алаш» газетінен, басқа да кейбір республикалық басылымдар бетінен көзіміз шалатын.

Жыл жылжытып, ай, күнді айналдырып,
Жетпіс келді данадай ойландырып.
Кезең осы жаныңыз жай табатын,

Артта қалып асау ой, арман, күдік, - деген екен бір әріптесіне арнаған өлеңінде. Сол «данадай ойландыратын» 70 жасқа жақындаған сайын, өткен өмірін көз алдынан өткізген Өсербай ағамыз:

-Таза да әділ өмір сүруге тырыстым. Өзім ата-ананың аялы алақаны мен мол мейірімін көре алмай, жасымнан қиындық көріп өскен соң, көмекке зәру әріптестерімнен қолдан келген жақсылығымды аяған жоқпын, әсіресе жас мамандарды барынша қолдауға тырыстым. Біреудің ала жібін аттамай, ешкімнің еңбегін жемей, адал өмір кешкеніме шүкіршілік етемін. Баяғыда Төле би: «Байлық – алақанда еритін мұз, бақыт – ұзатылған қыз, ұл- артында қалатын із»,- деген екен. Әке ретінде көңілге тоқ санап, қуанатыным - шаңырағымызда менің ісімді жалғастыратын жастардың өсіп –жетілгені. Ұлым Исатай, қыздарым Жанат,, Жәмила, Гүлмиралар өзім еңбек еткен байланыс саласында жұмыс істейді. Жұбайым Сәуле де «Қазақтелекомның» қызметкері. Қазақстан Тәуелсіздік алған қиын да күрделі кезеңде ұзақ жылғы тәжірибем мен білімімді салып, уақытпен санаспай еңбек еттім. Енді тізгінді жастарға беріп, жаным сүйген іспен айналыссам деймін, - деді бізбен қоштасарда.

Ол бір өлеңінде;
Жас келді, шенді шекпен жамылмадым,
Жанынан басшылардың табылмадым.
Біреуден жөнді-жөнсіз қолдау іздеп,
Жүгіріп жоғарыға сабылмадым,
Бергенін тіршіліктің қабылдадым... – деп толғаған екен.

Осы жыр шумағына оның бар болмысы мен өмірлік ұстанымы сыйып тұрған сияқты.

Заря ЖҰМАНОВА, 2007 жыл. «Алматы Ақшамы»
11.10.2007 жыл.

ДОМ В АЛМАТЫ, СЕРДЦЕ – В КОКШЕТАУ



Он не любит отмечать юбилеи, однако по настоянию бывших коллег и друзей в 1998 году на 60-летие приехал в Кокшетау. А десять лет спустя опять же по просьбе все той же «аудитории», к которой добавились еще и сыновья, Кенес Налаев с супругой Раушан Бахитжановой приехал в Кокшетау на очередной юбилей. Для стройного мужчины, увлекающегося большим теннисом, бильярдом, 70 лет – это, считай, не возраст. Выгядел Кенес Сагинович бодро, будто он только что не с поезда, а из спортзала.

Передо мной предстал прежний Налаев, сдержанный, но радостный от результатов работы, которые и в то время впечатляли размахом, заставляли говорить о них всю республику. В советское время в 30 лет можно было стать директором совхоза, секретарем малочисленной парторганизации, однако назначение управляющим крупнейшим трестом являлось из ряда вон выходящим.

Имя молодого главного инженера ПМК оказалось на слуху даже в Министерстве водного хозяйства. Вблизи Кустаная в 1967 году на водохранилище случилась авария, образовав трещину на плотине. Рядом – детские лагерря, дома отдыха, резиденция обкома партии. Это обстоятельство и вызвало настоящую панику. Обком пригласил специалистов из Москвы, Ленинграда, Алматы. Собрался ученый совет: что делать?

- Дошла очередь и до меня, - вспоминает Кенес Сагинович. – Ранее предлагалось залить трещину бетоном, засыпать камнем, бурить и бетонировать скважины. У меня же родилась более простая и экономичная идея. Но кто послушает вчерашнего студента, тем более все боялись взять на себя ответственность. Аварийный объект собрал до 500 рабочих, 12 экскаторов, 25 тракторов, около двухсот большегрузных машин. Тогда я встал и заявил: «Надо произвести отсыпку основания трещины, а ее залить глиной».

Его обещали посадить за решетку, если проект окажется неудачным, и назначили начальником ликвидации аварии, чтобы было с кого спросить.

В «Комсомольской правде» появилась статья «Пять суток тревог». Молодой специалист из труднейшей ситуации вышел победителем. И когда в Кокшетау создали трест водного хозяйства, его отправили туда главным инженером. Через год он уже управляющий. Трест занимался водоснабжением сельского хозяйства, населенных пунктов, орошением земель. Налаеву достались незавершенными 26 водопроводов, учтенные переходящими объектами. Партийные лидеры, как это часто бывало, потратили деньги на другие цели, потребовав с молодого управляющего немедленно устранить «недостатки».

Руководителей подобного масштаба утверждали на бюро обкома. Первым секретарем в те годы был Еркин Ауельбеков. Такие лидеры, как Ауельбеков, Анатолий Никулин, Оразбек Куанышев, Махтай Сагдиев, являлись гордостью не только областной партийной организации. О них знал и говорил весь Союз.

Пригласив его на бюро обкома, Еркин Нуржанович тут же дал конкретное задание – начать строительство Беловодского группового водопровода в восточных районах области. Оставались без воды Кзылтауский и Ленинградский районы, ее дефицит испытывали сотни населенных пунктов. На все про все управляющему трестом отводился месяц. За это время надо было доставить в степь оборудование, трубоукладчики, экскаваторы, трубы, провести землеустроительные работы. А месяц позволял лишь обо всем договориться . Впрочем, это было в традиции партийного руководства: в первую очередь отрапортовать, а потом делать.

Но тут инициатором проекта был Ауельбеков, предпочитавший конкретные результаты. Налаев категорически отказался. Провалить первое же серьезное дело, не наичная его, не в его правилах. Он просил дать ему хотя бы шесть месяцев. Члены же бюро недоумевали: «Как можно отказать первому секретарю, члену ЦК КПСС?!».

Налаева не утвердили. В протоколе записали: «Проявил неуважение к бюро».

Через неделю этот же состав бюро тепло жал руку Кенесу Сагиновичу, поздравляя его с утверждением. Истинные деловые качества, да еще проверенные жизнью, оказались выше амбиций партийного начальства. За три месяца трест под руководством Налаева протянул 62 километра водопроводных сетей, что являлось абсолютным рекордом того времени.Позже ежегодно водники строили до 250 километров разводящих и групповых водопроводов, 1 400- 1 600 гектаров орошаемых участков, 300-350 трубчатых и шахтных колодцев. Не забывали о жилье, объектах соцкульбыта, возвели первое современное административное здание в Кокшетау, где сейчас находится ДВД.

В канун 70-летия, уйдя на заслуженный отдых, Кенес Сагинович собрался писать книгу. По его словам, она предназначается для детей, внуков и правнуков. Маленькому Кенесу едва ли не с пеленок твердили. Забудь о родословной, не говори, кем были твои отец и дед.

Жизнь в отношении его предков распорядилась странным образом. Дед Налай дослужился до волостного правителя, отец Сагин – до председатля ревкома. Мать же была дочерью крупного бая. Все социальные прослойки сплелись в непонятный узел, который ослабевал по мере ухода из жизни близких родственников. Отец умер рано, в 1939 году, мать пережила его на 32 года, похоронена в Кокшетау.

- У казахов принято распрашивать, кем был дед, отец, их братья, - делитья Кенес Сагинович. – А я, стыду своему, родословную не знал, мать научила не выдавать «секреты», оттого в ответ пожимал плечами. При этом всегда мне казалось, что дорогу в жизни обязан пробивать сам. Нелегко было, но он не посрамил памяти отца и деда. Десять лет пробыл в должности управляющего трестом, вывеля водохозйственное подразделение в число ведущих в Союзе. В октябре текущего года мне удалость присутствовать на торжественном открытии водопровода в селе Симферопольском, в котором принял участие аким области Альберт Рау. Несмотря на холодный день, собралось много людей, особенно стариков. В любые времена вода ассоциируется со словом «жизнь». Есть она – есть радость, надежда, перспектива. С Кенесом Сагиновичем подсчитали, сколько, образно говоря, радости и счастья, обеспечив их водой. Получилась внушительная цифра – 2 500 километров!

Счастье, естественно, километрами не исчисляется. Но воду таким образом получили более 400 сел и аулов. И везде по этому случаю устраивались праздники.

В 1979 году Налаева избрали председателем Кокчетавского горисполкома. Вспоминая ту пору, он рассказывает о запущенном состоянии инженерных сетей, водопроводов, канализации, электролиний, связи, острой нехватке жилья. Вот где пригодились хозяйская хватка, смелые и новаторские подходы. И что примечательно, за все годы на Налаева не поступило ни одной жалобы, особенное что касается распределения квартир. Распределялось жилье строго по закону, комиссионно. Случались и казусы. Например, заслуженный человек, ветеран, участник войны оставался по каким-то причинам без крыши над головой, но в очереди на жилье не стоял. Как помочь?

Председатель мог бы сослаться на существующие правила, вежливо отказав просителю. Вместо этого он лично ехал к нему домой, изучал обстановку, подключал обстановку, подключал ветеранскую организацию и если видел, что человеку деваться некуда, в виде исключения, опять же комиссионно, выделялась ему квартира.

-Обком разве не давил, требуя свою квоту? – интересуюсь я.

- Еще как давил, но зная мой неуступчивый характер, чаще рекомендовал,- отвечает Кенес Сагинович..

- Горисполком выполнял эти рекомендации по мере возможности, не в ущерб очередникам.

При непосредственном участии Налаева в Кокшетау в те годы построены аэропорт, вокзал и автовокзал, две гостиницы, театр, универмаг, рынок, несколько школ и детских садов, тысячи квадратных метров жилья. Со всей республики ездили сюда за опытом.

В 1983 году он – уже первый заместитель председателя облисполкома, член бюро обкома партии. Успел поработать заместителем главы области, уехал из Кокшетау, занимал должность первого заместителя председателя госкомитета по водным ресурсам РК. Позже ушел в бизнес.

До сих пор налаевским называют водопровод идущий в Кокшетау из Сергеевского водохранилища. Старожилы бывшего совхоза «Красноярский» помнят, как под его руководством создавался орошаемый тепличный комбинат. Ветераны-гаишники поведали о дорожной разведке, идущей из областного центра в сторону Шучинска. Строилась она по инициативе К.Налаева. В свое время, как и кустанайскую плотину, он спасал Чаглинское водохранилище, увеличивая проектную мощность, что позволило нормализовать водоснабжение областного центра.

Четверть века, отданные городу, области, бесследно не прошли, прикипел душой Кенес Сагинович к земле Кокшетау, которая хранит память о его добрых делах, нашедших достойное продолжение.

Александр КУЗЕННЫЙ,Алматы – Кокшетау

P.S: Из книги Ш.М. Каржауова "О себе или вспоминания о пройденном жизненном пути" .Каржауов М. 1907 году назначается и работает волостным писарем Эмба-Атырауской волости (Канбакты болысы).

По настоянию матери Каржауов М. переводится и в 1911-1917 годы работает волостным писарем Тайсойгано-Сагизской волости. Правителем был Налай Бекенов. Его сын Сагын в годы установления Советской власти был председателем Тайсойгано-Сагизского волостного ревкома. Сын Сагына, внук Налая, Кенес Налаев закончив Ташкентской институт железнодорожного транспорта, долгие годы работал заместителем председателя Кокчетавкого облисполкома.

ДУМЫ О БЫЛОМ И О БУДУЩЕМ



Нажмедена Ихсановича Искалиева западноказахстанцам особенно представлять не надо. Многие годы своей жизни он отдал Приуралью – от агронома фермы совхоза "Таловский" Жанибекского района в 60-х годах до первого руководителя партийных и государственных органов области. С 1994 года был на дипломатической работе. Был заместителем Председателя Исполкома СНГ, директором Департамента по вопросам безопасности и сотрудничества в сфере борьбы с преступностью.Чрезвычайным и Полпомочным Посолом Республики Казахстана в ряде республик бывшего Союза.

И,как всегда, встретился с журналистами, беседовал, делился мыслями "о времени и о себе", оценками нынешней ситуации и прогнозами на будущее. Предлагаем запись его беседы с журналистами областных газет "Приуралье", "Орал өңірі" и "Уральская неделя".

Ниже мы предлагаем фрагменты из интервью, когда ему исполнилось 60 лет в 2001 году.

-Нажмеден Ихсанович, поздравляя Вас с 60-летием, обращаемся с традиционной неизменной в таких случаях просьбой: расскажите читателям о себе, о детстве и юности, о годах становления, образно говоря, "как Вы дошли до жизни такой"...

- Прежде всего, хочу выразить свою признательность всем вам за добрую инициативу – побеседовать со мной по мотивам важного события в моей жизни, для моей семьи, друзей и близких. Мне представилась возможность через вашу прессу пообщаться с моими уважаемыми земляками, отметить отдельные штрихи нашей совместной деятельности в этом прекрасном уголке Земли. Но, как заметил Л.Фейербах, "Путешествие в прошлое – укол в сердце". Давать интервью для меня всегда было деликатным делом. Тем более экспромтом. Поэтому, получив вопросы, еще в Минске подготовил, на мой взгляд, достаточно подробные ответы. Это позволило мне более доходчиво рассказать, казалось бы, на банальную, но непростую тематику о своей биографии. После такого вступления можно было бы и начинать рассказ о своем видении пройденного пути и взгляде на будущее...

Родился в с. Шортанбай Денгизского района Гурьевской области в семье потомственных рыбаков. Еще ребенком воспитывался у деда Ескали. Убежден, что эта древняя традиция казахов была исключительной необходимостью сохранить преемственность и воспитывать своих потомков достойными их предков. Дед в молодости служил некоторое время, как он говорил, вестовым (почтальоном) видного ученого этнографа, султана рода шеркеш, правителя Прикаспийского округа Макаша (Мухаметжана Бекмухамедова). Во время войны он вынужден был собирать в одно место семьи своих родственников и переехал на правый берег реки Кигаш. Таким образом, я оказался уроженцем Астраханской области. Как рассказывали наши земляки, дед был уважаемым в селе аксакалом, знал Коран, строго соблюдал мусульманские обряды. После его смерти нас воспитывала бабушка Мария, внучка знаменитого в округе муллы Укубая. Они меня учили не только азам грамоты, но и давали уроки духовности и гражданственности. Отец, подлечив свои раны после войны, продолжал работать на рыбном промысле. Нас в семье было семеро детей. Я был старшим среди них. После Байбекской семилетней школы закончил Астраханское педучилище. Потом три года преподавал в родной школе. Но эта работа было не по мне. Поступил заочно в сельхозтехникум.

И когда в 1961 году решил ехать в Алма-Ату, чтобы поступать в сельхозинститут, отец искренне поддержал меня: "Ит тойған жеріне – ер туған жеріне". Он знал мою тягу к родной земле. Позднее мне стало известно, что в это время он уже тяжело болел... Когда я заканчивал четвертый курс сельхозинститута, отца уже не стало. Осталась мать, взвалившая на себя все тяготы, лишения и заботы по

содержанию большой семьи. Она уговорила меня во что бы то ни стало завершить учебу...

Студенческая жизнь наполнялась еще занятиями в спорте и общественной работе. Немало приятых воспоминаний оставили студенческие строительные отряды. Из стройотрядовцев 60-х годов потом вышли такие крупные государственные деятели, как Г.Абильсеитов, Е.Ежиков – Бабаханов, Е.Дербисов, Г.Шалахметов, Ю.Кердот и другие казахстанцы. Там же в стройотряде встретился со своей будущей подругой жизни Рысты. После института оставляли в аспирантуре. Но, к сожалению, было не до науки. Надо было возвращаться...

По моей просьбе дали направление в Уральскую область. А Джаныбекский район выбрал по карте, находясь уже в кабинете заместителя начальника облсельхозуправления С Жаксыгалиева: меня прежде всего интересовала транспортная связь с Астраханской областью. Работал сначала агрономом фермы "Зерновая" племсовхоза "Таловский". Директор совхоза Г.Панченко был замечательным руководителем – у него проходил профессиональную школу. Когда в чем-то с ним не соглашался, Георгий Ефимовчи внимательно и долго через свои очки смотрел на меня и с укором говорил: "Нажмеден, может, ты и грамотнее меня, но у меня трудовой стаж старше, чем твой возраст. Помни, опыт в жизни всегда ценится выше, чем просто образование". В дальнейшем не раз убеждался в его правоте...

Мне приходилось работать в разных местах, но именно годы жизни в Приуралье я считаю наиболее ценными с точки зрения моей деловой и нравственной закалки, формирования всех качеств, которые помогали мне потом во всей дальнейшей деятельности...

***

-Нам известно, что вы постоянно занимаетесь исторической литературой и наукой. Как давно у вас такое увлечение?

- Мы подошли к интересной теме. Действительно, история – это наука не только познавательная, но и увлекательная. Во все времена лидеры страны и крупные политики, владевшие знанием законов истории, могли лучше разбираться в перипетиях общественного развития: ведь история имеет диалектическую основу и удивительное свойство повторяться. И это нельзя не учитывать. Особено в нашем молодом независимом государстве. В свое время одними из немногих полезных достояний "перестройки" были публикации, ранее закрытые для всеобщего внимания, в т.ч. труды историков, исторические романы. Раньше многое в истории нашей нации представлялось в несколько ином ракурсе.

Нас особенно интересовала история русско-казахских отношений. Это было связано со складывающимися тогда обстоятельствами в приграничных с Россией регионами Казахстана, где появилась реальная угроза нарушения сложившейся за годы Советской власти стабильной обстановки из-за попыток создания казачьих военизированных отрядов с непрыкрытыми притязаниями. В этом плане Западный Казахстан мог оказаться в эпицентре конфликтных ситуаций. Нам вначале было нелегко понять, как и для какой цели появились эти рудименты прошлого. Пришлось обращаться в историческое прошлое. Мне нашли документы МВД Царской России, относящиеся к XVIII-XIX векам, где были зарегистрированы данные о расселении казачьих войск на территории современного Казахстана, создании форпостов и т.п. Перечитывал исторические записки М.Тынышпаева, А.Букейханова, С.Бабаджанова. М.Дулатова С.Сейфуллина. Вновь и вновь перелистывал книги И.Есенберлина. С.Зиманова, Л.Гумилева. Много интересных сведений оставили в жизни и борьба видных революционеров Приуралья Б.Каратаева, С.Мендешева, О.Исаева, А.Айтиева, Ж.и Х.Досмухамедовых.

Содан соң: «Қандай ұсыныс болады?» - деген сөзге бірде-бір адам жүрегі дауалап жауап қата алмады. Осылайшы бес минуттың ішінде мәселе шешілді. Жаңа даңғылға Сәкен Сейфуллиннің есімі берілетін болып, біраузыдан шешім қабылданды.

«АЛДЫҢА БАРҒАН БІР ҚАЗАҚ ТІРКЕЛМЕЙ КЕТПЕЙТІН БОЛСЫН»

Көктөбені де алғаш қолға алған Есен Дүйсенов еді. Оның алдында Кавказда, Әзірбайжан, Армения, Грузия елдерінде болып қайтты. Келген соң үлкен жиын жасады. Оған Тбилисидің "Гипрошахтасынан" мамандар қатысты. Есен Дүйсенов оларды көпшілікке таныстырып: «Бұл кісілер Көктөбеге баратын аспа жолды тегін жасап беретін болды. Грузин астанасының біздің астанаға жасаған сыйы. Ал қажетті құрал-жабдықтарды өзіміздің заводтар істеуі керек!». Алматы ауыр машина жасау және Киров заводының директорлары ондай жабдықтарды жасай алмайтындықтарын, жоғарыдан бекітілген өнім түрлерін ғана шығаратындарын көлденең тартып еді, осы қаланың азаматтары ретінде орындауға тиісті екендерін қадап айтты. Кімнің қандай шаруаны атқаратынын бөліп-бөліп берді. Бұл жалпы халықтық игілікті шараға Ташкенттегі, Кентаудағы заводтарды да жұмылдырды. Көктөбені көпшілік мәдени-демалыс орнына айналдыру үшін республика Үкіметі не қалалық атқару комитеті тарапынан ешқандай арнайы шешім қабылданып, қаржы бөлінген емес. Қала басшысы Есен Дүйсеновтің тікелей бастамасымен өмірге келген шара еді. Аспа жол құрылысының басы-қасында өзі жүрді. Көктөбе тек қала тұрғындары ғана емес, барлық облыс, шет елдерден келген қонақтардың да сүйікті орнына айналды. Өзіміздің ТЭЦ-те инженер болып істеп жүргенде қалалық кеңестің депутаты ретінде сайлаушылар аманаты жүктелетін еді. Қаланың тұрғындары тығыз орналасқан төменгі бөлігінде ет комбинаты аймағында мәдениет ошағы, көшелерде сөйлесетін телефон нүктелері жоқ, табиғи газ жеткізілмеген, асфальт төселмеген, мектеп те жоқ. Аудандық оқу, денсаулық, байланыс және мәдениет бөлімінің басшыларының ақыл қосуымен қалалық кеңес сессиясында сөз сөйлеп, қаржы көзінің табылып тұрғанын, бірақ құрылыс жұмыстарын жүргізуде қала басшыларының келісімі қажет екенін айттым. Үш күннен кейін мені қалалық атқару комитетінің төрағасы Есен Дүйсенов шақырды.

-Сен сессияда орынды мәселе көтердің. Сөйлеген соң, солай нақты айту керек қой,- деп жағдайымды, мамандығымды қандай қызмет істейтінімді сұрады.

- Сен енді өстіп жүре бересің бе? – деп бетіме қарады.

- Жүре бермегенде не істемекпін? – деп ыңғымды қозғалттым.

- Инженерлік оқуды не үшін оқыдың? Енді жоғарыға талпынбайсың ба? – деді. "Қазақэнергоның" басшыларын телефонда өзі іздестіріп сөйлесті. Мен туралы пікірлерін сұрап, басқа қызметке жоғарылатуға ниеті барын айтты.

- Сен енді бастық болатын болдың! Жылу жүйесі қалада енді қолға алынып жатыр ғой. Сонда барасың! – деді.

- Ағасы, менің мамандығым электрик, оған жылу техникасының маманы керек емес пе? – деп едім.

-Мен өзім темір жол инженерімін, үлкен қаланы басқарып отырған жоқпын ба? – деп өз ойын айтты.

Мен осылайша жаңадан ашылған қалалық жылу жүйесіне басшы болып келдім.

Ол кезде бұрынғы атқарған қызметіме байланысты қала шетінде пәтерім бар еді. Бір күні Есен Дүйсеновпен атқару комитетінің алдында жолығып қалдым. Ол кісі жағдайымды сұрап: "Қайда тұрып жатырсың?"- деді. Мен тұратын тұрағымды айттым. Ол кісі үндеместен кетіп қалды. Көп ұзамай мені қалалық атқару комитетінің қызметкерлері шақырып, орталықтағы Коммунистік даңғылындағы (қазіргі Абылай хан) кең де жарық жаңа пәтерге қоныс аударды.

Бір күні жолыққанда Есен Дүйсенов энергетика институтының соңғы курсында оқитын үлкен баласы Болатты өндірістік тәжірибеден өту үшін бізге жібергенін, қала басшысының баласы ретінде құрметпен қарамай, қара жұмыс істейтін ең ауыр учаскеге бекітуін өтінді. "Өмірді көрсін, ысылсын, ешқандай аяушылық болмасын!"- деді.

Ол кісінің жұмыс кабинетіне бір кіріп қалғанда телефонда қатқылдау сөйлесіп отырғанын байқадым. "Мен сені сол орынға не үшін жібердім? Алдыңа барған бір қазақ тіркелмей кетпейтін болсын! Ол атқару комитетінің шешім, қаулы шығарып беретін шаруасы емес, білдің бе?" – деп нықтап, телефонды орнына қоя салды. Есен Дүйсеновтің сол кездегі қаладағы паспорт үстелінің бастығының бірімен сөйлескенін сезген едім.

Есен Дүйсеновтей батыр жүректі, іскер басшының кейбір мінездері төңірегіндегі, жоғарыдағы биліктегілерге ұнамады ма, жетпісінші жылдардың басында ол кісінің қызметінен кетуіне тура келді. Мемлекеттік құрылыс мекемесіне қарасты Бас жоспарлау ғылыми-зерттеу институтының бастығы болды, бұдан кейін одан да төмендеп осы мекемеде кадрлар бөлімінің бастығы қызметін атқарды.

Қазіргі Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының алдында Есен Дүйсеновпен жолығып қалдым. Екеуміз орындыққа отырып, біраз әңгімелестік. Ол кісі бұрынғыдай бауырмал, іш тартып, халжағдайымды сұрады. Өзі алып берген сол төңіректегі пәтеріме қонақ болуға шақырдым. Ол кісі тығыз шаруалармен кетіп бара жатқанын айтты. Сол кезде абзал азамат Есен ағаны соңғы рет көріп тұрғанымды білмеппін.

Есен Дүйсенов Сара Ибрагимқызымен отасып, соңынан үш ұлы қалды. Үлкені Болат – қалалық құтқару қызметінде, Жұмабек – кәсіпкерлікпен айналысады, Сәрсенбек бұдан екі жыл бұрын өмірден кетті.

ЕСІМІ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАСА ЕКЕН



Республикамыздың іргетасын қаласып, өсіп-өркендеуіне ерекше үлес қосқан, темір жол саласындағы тұңғыш ұлттық кадрлардың бірі, оның ішінде әсем қала - Алматының көркейіп-өсуіне ерекше үлес қосқан Есен Дүйсеновтің туғанына келер жылы 95 жыл толады. Көзі тірісінде бірге қызмет атқарған жора-жолдастарының, тәлім-тәрбиесін көрген шәкірттерінің, ағайын-туыстарының өтінішімен Тастақтағы бұрынғы Болотников көшесіне есімі берілген болатын. Ертеректе қолға алынған осы шарадан кейін атпал азаматтың есімі көзден таса, көңілден жырақ қалып, көмескеленіп бара жатқан жайы бар.

Есен Дүйсенов ұзақ жылдар тұрған үйге мемориалдық тақта, есімі берілген көшеге ескерткіш орнатса да артықтық етпес еді. Қала тарихына байланысты ерекше еңбек сіңірген азаматтардың қатарында кейінгі жас ұрпаққа насихаттайтын тәрбиелік-көпшілік шараларға тұрақты қосып отыру, демеушілік жасап, кітап шығару сияқты игілікті шаралар қолға алынып жатса, азаматтың рухын ардақтауда игілікті

шаралар қолға алынып жатса, азаматтың рухын ардақтауда игілікті шара болған болар еді.

Орыс жазушысы Лев Толстойдың: «Ұлы адам болу үшін тұл, жетім болып өсу керек»,- деген сөзі еске түседі. Есен Дүйсеновтің де шыр етіп дүниеге келгеннен барлық ғұмыры қиындықпен, арпалыспен өткен екен. Кіндік қаны тамған Созақ ауданының көнекөз қарттары Есен Дүйсенов шыққан әулеттің текті, ертеден елге кең танылған жандар екенін сыр етіп айтады. Атышулы отызыншы жылғы Созақ көтерілісі бұл әулетке кесапатын көп тигізеді. Жақын ет-бауыр әкелері мен ағалары саяси қуғын-сүргін құрбанына айналып жазықсыз атылады. Итжеккенге жер аударылады. Қорғансыз қалған қаршадай бала әркімдердің соңынан ілесіп жүріп, Түркістандағы жетім балалар үйін паналайды. Қаршадайынан тағдыр тауқыметін көріп, өмір өткелдерінен ширығып, шарболаттай шыныға өскен Есен Дүйсеновтің бүкіл саналы ғұмыры келер ұрпақ үшін өшпес өнеге, өмірлік темірқазық дер едік.

Өтеш ҚЫРҒЫЗБАЕВ.
«Алматы Ақшамы» №147 (3632), 2005 жыл, 27 желтоқсан.

(1947-1950)
АЛМАТЫ ЖӘНЕ АЙБАСОВ АҚСАҚАЛ

немесе қаланы соғыстан кейін басқарған басшы туралы не білесіз?

Алматыны 1947-1950 жылдары Хафис Айбасов деген азамат басқарды. Үлкен қаланың тізгінін үш жыл ұстады. Бұл – шаһардың соғыстан кейінгі ел күйзеліп, ер күңіренген шағы-тын. Жаңа басшы басшылыққа келген соң жарғақ құлағы жастыққа тимей, күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылып еңбек етті. Жаралыға дем берді. Панасызға сая болды. Алматының ептеп есін жиып, жайлап жандана бастағаны – осы тұс.

Ол бір ауыр жылдар еді...

Теңіздеи несібе терген балықшы отбасында дүниеге келген Хафис жастайынан қиындықты көп көріп өсті. Алты жасында асқар тауы - әкесінен айырылды. Жас бала анасының қолында тәрбиеленді. Үлкен ағасы балықшылықпен айналысты. Сөйте жүріп, ағалы-інілі екеуі қыс айларында ауыл мұғалімінен дәріс алды. Талай рет аштықтың азабын тартты.

Хафистің анасы Айша үш бірдей ұлымен тағдырдың тауқыметін арқалады. Ақыры 1921 жылы Айша ауылдағы бір ауқатты жігітке тұрмысқа шықты. Бұл уақытта Хасайынның ортаншы ұлының есі кіріп қалған. Өгей әкесімен сыйыспай ағасына кетті. Сол жақта жүріп, Хафис әртүрлі білім ордаларында (интернат, кешкі мектеп) оқыды. 1925 жылы ол Астраханьдағы балық шаруашылығы техникумына оқуға түседі.

Хафис Айбасовтың еңбек жолы 1929 жылдан басталды. Алғаш Александровский портындағы балық шаруашылығында ғылыми қызметкер болып істеді. Одан соң әскер қатарына алынды. Әскерден келгеннен кейін Ленинградтағы кондитер өнеркәсібі институтында білім алды. Осы жылдардан бастап өмірінің жарқын да нұрлы парақтары ашылды. Ықпалды мекемелерде басшылық қызметтер атқарды.

Сөйтіп жүріп қала билігіне ауысты. 1945 жылы Алматы қалалық партия комитетінің үшінші хатшысы болып сайланды. Бұл қызметінде жүріп, қаланың тыныс-тіршілігіне әбден қанықты. Шаһардағы жағдайды өз көзімен көрді. Жоғарғы басшылыққа өзін жаңа қырынан, ұйымдастырушылық, тіл табысушылық қабілетімен танытып, олардың оң көзқарасына ілікті.

Уақытқа кім шектеу қойған. Күн артынан ай өтіп, көзді ашып-жұмғанша екі жыл да өте шықты. Осы уақытта қала билігінде жаңа ауыс-түйістер орын алды. 1947 жылдың наурыз айында Айбасов қалалық атқару комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалды. Жаңа қызмет жас басшыға оңай соқпады, зор жауапкершілік жүгін артты. Оның үстіне бұл шақ соғыстан кейінгі ауыр жылдар еді. Бар мақсат, ортақ міндет халықтың жағдайын жақсарту, қираған шаруашылықты қалпына келтіру болды. Бұл уақыттағы барлық іс-шара осыған бағытталды. Қалада айтарлықтай ірі өзгерістер болған жоқ. Өзгерістер жасауға жағдай да болмады. Тұрғын үй құрылыстары өте аз салынды. Басты назар тек қала шаруашылығын қалпына келтіру, тұрғындардың жағдайын түзеуге аударылды. Содан да болар, шаһарда жаңа бастамалар бой көрсетпеді. Хафис Айбасовтың замандастарының айтуына қарағанда, бұл уақытта қалада ешқандай өзгеріс, жаңалықтар болмағын аңғарылады. Тек барлық іс шаһарды қалпына келтіруге арналған көрінеді. Қала басшысы үш жыл Алматының жыртығын бүтіндеді. Халықпен тығыз қарым-қатынаста болды. Қолынан келгенше шаһарды көркейтуге, көгертуге тырысты. Бұл қызметінен соң ол Алматы кондитер фабрикасына жұмысқа барды. Ол жерде де жемісті еңбек етті.

Хафис Айбасов тек қана билікті басшы болып қана қойған жоқ, өнеркәсіп саласының білгір маманы, шебер жетекші ретінде де танила білді. Әсіресе оны замандастары еліміздегі тамақ өнеркісібін құрушы, дамытушы һәм республикадағы бірден-бір кондитер өнімдерін өндіруші, соның негізін салушылардың бірі деп біледі. Ақиқаты сол, Айбасов Қазақстандағы кондитер өнімдерін өндірудің хас шебері болып танылып, аталмыш салаға өзінің айқын қолтаңбасын қалдырды. Зор еңбек сіңірді. Алматыдағы кондитер фабрикасын басқарып, одан Қазақ КСР Кондитер өнеркәсібі бас басқармасының бастығы қызметіне дейін көтерілді. Осы қызметте жүріп 1975 жылы дербес зейнеткерлікке шықты. Өмірінің соңғы күндеріне дейін спортты жанына серік етті. Ұлағатты ұрпақ тәрбиеледі. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Кесек тұлға 1997 жылы бақилыққа аттанды.

Бүгінде кіндігінен тараған ұл-қыздары жоғары жауапты қызметтер атқарып жүр. Қызыл Адель ұлымен бірге Мәскеуде тұрады. Ал ұлы Юлий қазірде Алматыда. Сегіз қырлы, бір сырлы талант иесі. Өзі суретші, өзі сәулетші, әрі фотограф.

ӘКЕ ТУРАЛЫ СЫР

Юлий Айбасов алпысты алқымдап қалыпты. Аққөңіл, жайдары жан екен. Әкесі жөнінде білгенін айтты:

-Әкем туралы айту, еске алу - маған бір жағынан оңай, бір жағынан қиын. Өйткені мен әкемді өте жақсы көрдім, үлкен құрметпен қарадым. Әкенің аты - әке. Қашанда орны бөлек. Ол кісі туралы сағынышқа толы көптеген әңгіме айтуға болады. Өте қарапайым жан болды. Ешкімнің ала жібін аттамады. Жатты жақынындай сыйлады. Жастайынан жетімдіктің азабын тартқандықтан болар, әкем қиындыққа душар болған адамдарға қолынан келгенше көмектесуге дайын тұратын. Таза еңбектің адамы еді. Өз еңбегімен, ақ адал ісімен ел құрметіне бөленген жандардың бірі. Менің есімде бір қалғаны - әкемнің жұмыс бөлмесі адамдардан арылмайтын еді. Біреу келеді, біреу кетеді. Әкем соның бәрінің көңілін қалдырмауға тырысатын. Халқына адал еңбек етті. Өз заманының, дәуірінің тынысын, тамырын тап баса білді. Мемлекетке шынайы қызмет еткен тұлға десек, қателеспейміз.

-Әкеңіз Хафис 1947-1950 жылдары Алматы қаласы атқару комитетінің төрағасы болды. Сол уақыттарды еске алыңызшы...

- Ол кісі Алматы қаласының атқару комитетінің төрағасы болған жылдарда мен 7-8 жасар бала едім. Көп нәрсе есімде қалмапты. Есімде қалғаны, әкем мені үнемі алаңда болатын шерулерге алып баратын. Жанынан бір елі тастамайтын. Мінберге шығып сөйлейтін. Орталық алаңға жиі баратын едік. Үйде сирек болатын. Түнде келетін. Қаладағы барлық іс, қимыл-қозғалыс, оқиғаның барлығы әкемнің көз алдында болатын. Үйге демалуға келсе де, телефон қоңырауы тыным бермейтін. Әкем белсенді, жалпақ жұрттың тілін табатын, айтқанынан қайтпайтын білікті басшы болды. Достары да аз болған жоқ. Жақындарынан жәрдемін аямайтын. Қолы ашық жан еді. Ешкімнің көңілін қалдырғысы келмейтін.

-Осы уақытта Алматыда қандай құрылыстар салынды?

-Қазір оның атын атып, түсін түстеп нақты айту қиын. Біріншіден, бұл уақыт соғыстың жалыны басылмаған шақ еді ғой. Қалада көп қиындық болды. Екіншіден, шаһар бюджетіне қомақты қаржы болған жоқ. Барлық қаржы халықтың жағдайын көтеруге бағытталды. Десек те, соғыстан кейінгі кезең болған соң ең бірінші кезекте халық шаруашылығын қалпына келтіру, бүлінген экономиканы көтеру басты нысанаға алынды. Жаңа мекемелер мен әртүрлі салаға арналған ғимараттар салынды. Тұрғын үйлер де ептеп бой көтере бастады. Одан соң әкем қаладағы кондитер фабрикасын басқарды. Ол жерде 10 жылдан астам жемісті еңбек етті. Баламын ғой, кондитер фабрикасының шақырылмаған «қонағы» үнемі мен болдым. Фабрикадағы қызу жұмыс, ондағы адамдар мен үшін қызық болатын. Бір рет әкемнің жұмыс орнына сыныптастарымды ертіп барғаным бар.

-Ол кісі үйде сирек болушы ма еді?

-Әрине, жұмыстың аты – жұмыс. Жай жұмыс емес – мемлекеттің жұмысы, партия жұмысы. Содан да болар, жауапкершілік, талап жоғары болды. Сол кездің адамдарының барлығы жұмысты жан-тәнімен беріле істеді. Жұмыссыз адам болмады. Әсіресе мемлекеттік қызметтегі адамдардың жұмысы өте күрделі де жауапты болғаны ақиқат. Әкем мемлекетке мінсіз қызмет етті.

-Замандастары Айбасовты артық сөйлемейтін, тұйық адам болған дейді...

- Халқымызда «арық айтып, семіз шығатын» деген жақсы бір сөз бар ғой. Меніңше, осы сөз менің әкемнің бүкіл болмысын, іскерлігін, қарым-қабілетін жан-жақты ашатын секілді. Сөз жоқ, әкем тұйық адам болды, бірақ ол кісідей қуатты, табанды, мақсаткер жандар қазір сирек. Ол кісі таза еңбектің адамы еді ғой. Шаршамайтын, талмайтын. Халқына адал еңбек етті.

- Айбасов Алматыны басқарған жылдары кімдермен жақсы қарым-қатынаста болды?

- Әкемнің мамандығы, негізінен, өнеркәсіп, өндіріс салаларына жақын болған соң сол саланың адамдарымен қоян-қолтық араласты. Көбіне солармен бірге жүрді. Ел басқарған тұлғалардан Дінмұхаммед Қонаевпен үлкен сыйластықта болды. Димаш аға біздің үйге жиі келетін. Әкемді бірге туған бауырындай сыйлағаныН мен өз көзіммен көрдім. Әкем – қазақ зиялыларын құрметтеген жандардың бірі, бірақ олардың ешқайсысымен іші-бауырына кіріп араласқан жоқ.

-Әкеңіз неге әуес еді?

-Әкем спортты жан-тәнімен сүйді. Кәсіпқой болмаса да әуесқой спортшы деңгейіне жеткен жан. Өмірінің соңына дейін спортты жанына серік етті. Әкемнің спортпен бел шеше айналысуына әсер еткен бір үлкен себеп бар. Ол кісі 50 жасында өкпе ауруына шалдықты. Ауруы асқынып, Мәскеуге барып операция жасатып, бір өкпесін алдырып қайтты. Операциядан соң дәрігерлер әкеме: «Енді сіз спортпен жақсылап айналысыңыз, сонда құлан-таза айығасыз»,- деп кеңес береді. Әкем ақ халатты жандардың айтқанын бұлжытпай орындады. Мәскеуден келгеннен кейін бірден спортқа ден қойды. Тау шаңғысымен, конькимен сырғанады. Күнде таңертеңгілік жүріп жүретін. Әсіресе тау шаңғысымен ерекше шұғылданды. Демалыс күні міндетті түрде «Медуге» барып, екі сағат коньки теуіп қайтатын. Шахмат, преферанста жақсы ойнайтын. Бильярд десе жанын беретін. Жалғыз өкпемен қырық жыл ғұмыр кешті. Аптасына бір рет бізді Шымбұлаққа апаратын.Өкінішке қарай, біздің ешқайсысымыз спортшы болмадық. Шығармашылыққа бет бұрдық.

-Әкеңіздің Алматыға еңбек сіңірген жандардың бірі екені даусыз. Қалада соған лайық құрмет көрсетіліп жатыр ма?

-Құдайға шүкір, әкеме көрсетілген құрмет аз емес. Көзі тірісінде де қала басшыларының шапағатын көп көрді. «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атанды. Әрине, бұған алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Ендігі тілек - әкемізге шаһардан бір көше атын берсе, өзі тұрған үйге ескерткіш-тақта орнатса.

Замандастары не дейді?

Мұхамеджан Әбдіхалықов, Алматы қалалық атқару комитетінің 1941-1942 жылдардағы төрағасы:

- Айбасов туралы не айтуға болады? Әрине, ол кісі жайлы қысқа айтып, шолақ қайыру мүмкін емес. Үлкен қаланы басқарды. Ең бастысы, мынау ғой. Оны орнынан алып тастаған жоқ. Белгілі бір уақыт аралығында қызмет атқарды. Басқа қызметке абыроймен ауысты. Бұл биліктің – заңдылығы. Айбасов – мұны орындаған тұлға.

Ол кісі өте байсалды, кез-келген жұмысты ұршықша иіріп әкететін, тиянақты басшы болды. Мәскеуден оқу бітірген, қазақтың сауатты жігіттерінің бірі еді. Қаланы соғыстан кейінгі уақытта басқарғандықтан, жұмысының көбі халықтың тұрмысын көтеруге бағытталды. Қираған шаһар шаруашылығын қалпына келтіруге тырысты. Бұл уақытта Алматы республика астанасы болды. Содан да болар, қалаға бақылау жасап, көз қырын салғандар көп еді. Мәскеу Алматыны үнемі басты назарда ұстады.

1950 жылы Айбасовты әлеуметтік тегін жасырғандығы үшін партия қатарынан шығарды. Бірақ 1955 жылы қайта қабылдады. Кейіннен Хафис жоғары лауазымды қызметтерде істеді. Түйіп айтқанда, ол - қалаға бір кісідей еңбек сіңірген тұлғалардың бірі.

- Мен Алматы қалалық атқару комитетіне 1950 жылдың қараша айында келдім. Ол кезде Хафис жұмыста жоқ. Оның қай уақытта қалалық кеңестен кеткенін мен білмеймін. Мен келгенде қалалық атқару комитетін Бабкин деген адам уақытша басқарды. Орынбасары мен болдым. Сол жылы наурыз айында сайлау болып, қалалық атқару комитетіне Рымбек Ильяшев төраға болып сайланды. Осы уақытқа дейін Айбасовты танымайтын, білмейтін едім. Ол кісімен кейіннен таныстым. Танысқанда біз туыс болып шықтық. Бір елден екенбіз. Танысқан себебіміз, оның шешесі мен менің шешем қыз күнінен бірін-бірі біледі екен. Мына жерге келгесін бірін-бір тауып алыпты. Анам арқылы мен Хафиспен жақынырақ таныстым. Өте мәдениетті, жаны жайсаң жан болатын. Өйткені біз бірге жұмыс істеген жоқпыз. Бірақ ол кісінің жұмыс қабілетін жөнді білмеймін.

Ол уақыттағы Алматы ауыл сияқты кішкентай болатын. Бір қабатты үйлер көп еді. Көшелерде сарқырап арықтар ағып жататын. Суы сондай таза, тұнық болды, біз көшеде келе жатып ішіп, жүре беретінбіз. Осы уақытта қаланы Хафис Айбасов басқарды. Біз ол кезде жаспыз. Көп нәрсеге мән бермеуші едік.

«Алматыны басқарғандар» кітабынан

БОЛМЫСЫ БӨЛЕК ЖАН ЕДІ...

«Таулар алыстаған сайын биіктей береді» деген даналық сөздің мағынасы әрі оның соншалықты дөп айталғанын өмірден озған жақындарымызды, достарымызды, сыйлас жандарымызды аңсап, сағынған сайын сезіне түсінемін.

Шынында да, адам тірісінде бір-бірінің қадір-қасиетін білген бе? Тек арамыздан алыстап, сағымға айналғанда ғана оның ерекше қырларын еске алып, жақсылығына сүйсінеміз, ортамыздан кеткеніне қайғырамыз.

Кеше ғана өмірден озған Өтеміс Мырзағлиевтың азаматтығын, адамгершілігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес...

***



Көшбасшының көрнектісі өзі ғана жалындап, жарқырамай, соңынан ерген топқа жігер беріп, жандандырады дейді деген бұрынғылар. Өтеміс Мырзағалиев дәл осындай басшы болды десем, артық айтқандық болмас. Ол кісі басшылық еткен санаулы жылдар ішінде аудандық әкімдік қызметкерлері үлкен бір мектептен өтті, шебер ұстаның баптауынан, Тайбурылды баптаған Құртқадай көрегенді басшының үрдісінен өтті. Жымиып, жұмсақ сөйлеп отырып, әріптестеріне көп нәрсеге үйретіп кетті.

Өтеміс Уәлиұлының мәдениетке, өнерге деген көзқарасына қарап отырып: «Өтақан біздің майдайымызға біткен Өзбекәлі Жәнібеков қой»,- деуші едік. Қай нәрсеге де үлкен талғампаздықпен қарайтын, өнер туралы түсінігі мол еді. Әсіресе күйді керім түсініп, тіскаққан азулы мамандардай терең талдап, тыңдайтын. Аудан, облысты қойып, Құрманғазы оркестрінің әрбір күйшісін жете танып, өнерінің ерекшелігін тап басып айтып беретін.

Өтеміс Уәлиұлы басшылық еткен осы жылдарда аудан мәдениеті айтарлықтай гүлденіп, түрленді. Ауданда облыстық театрлар байқауы өтіп, дыбыс жазу студиясы өз жұмысын бастады, музыкалық аппаратурамыз жаңарып, жоғымыз бүтінделіп қалды. Өткен жылы облыс орталығында өткен аудан күндерінде де Тасқаланың өнері өрге өрледі. Қомақты қаржы бөлініп, жарқырап шықтық. Айтулы шараға қатысқан әрбір өнерпаз мерейінің үстем екенін анық сезеді...

***

Әкім өз қызметінде халықпен тығыз байланыста болды, әсіресе үлкендермен жиі тілдесіп, ақылдасып отыратын. Әр тоқсан аяғында кездесулер өткізіп, олардың мұң-мұқтажын аяқсыз қалдырмайтын. Ауылдарға жиі барып, тұрғындармен кездесіп, көтерілген мәселені шешуге үлкен көңіл бөлетін.

Өзінің мәдениеттілігімен, қарапайымдылығымен халық арасында өте сыйлы болды. Ол кісінің сөйлеу мәнері тіптен бөлек-ті. Мақал- мәтелді жиі және өте орынды қолдана білетін. Түсінген адамға астарлы көркем тілі еттен өтіп, сүйекке жететін. Сөйлеу мәдениетіне үлкен мән берген басшы ретінде халық сыйлады, қарауында қызмет істейтіндер мақтан етті.

Мамандармен жұмыс істеу тәсілі тіптен бөлек-ті. Талап қоюды көп басшылар ұрысып, сөгіс беру деп түсінеді. Ал Өтеміс Уәлиұлы берген тапсырманы қалай орындау жолдарын түсіндіріп, күнделікті бақылауға алып отырды. Өз қарауындағы көмекшілерге ақырып-жекіру ол кісінің жұмыс стилінде, адамдық болмысында мүлдем болған жоқ. Қандай жағдайда болмасын көмектесуге ұмтылды, ешкімге болмасын деген жоқ, қиын жағдайда да әр басшыға, маманға мүмкіндік берді. Тағы бір ерекше атап өтетін жайт, ол кісі өзін өзгеден ешқашан жоғары санаған емес, үлкенмен де, кішімен де сыйласа білді. Кадр саясатына үлкен ыждағаттпен зер салатын, бойында оты бар, қолынан іс келетін жастарды тәрбиелеп, оларды басшылық лауазымға дайындайтын еді.

Өтеміс Уәлиұлымен қызмет жасау бір бақыт деп үлкен ықыласпен айтар едік.

Арман ӨТЕҒҰЛОВ,
Жанар БИСЕНҒАЛИЕВА,
Жәрдемғали БАЛЫҚОВ.

АТЫРАУДЫҢ АЛҒАШҚЫ АКАДЕМИГІ
Салық Зиманов туралы мөлтек сыр

АВТОРДАН: 1971 жылы Салық Зимановтың – елу жылдығына арнап осындай тақырыппен «Коммунистік еңбек» (қазіргі «Атырау») және «Прикаспийская коммуна» газеттеріне мақала бергенмін. Олар Сәкеңе академик деген атақты көп көрді ме, әлде қызғанды ма, қазақшасын «Белгілі ғалым», орысшасын «Ученый юрист» деген тақырыппен шығарды. Құдайға шүкір, белгілі ғалымдар, оның ішінде юрист ғалымдар баршылық, бірақ олардың бәрі бірдей академик емес қой. Осыған сол кезде редакция басында отырған азаматтардың парасаты жетпегені ме деп әлі күнге ойланам. Сәкеңнің осы топырақта туып-өскені, қаладағы сол кезде Жамбыл атындағы орта мектепте оқып, білім алғаны рас қой. Олай болса Сәкең Атыраудан шыққан алғашқы академик болмағанда, кім болады? Бұлай солай деп неге

жазылмаған екен деп оқырмандар ойланып қала ма деп алдын-ала ақталып жатқан жайым бар.

Сонымен ағамыз жетпісте!

Сәкеңді атақты ғалым деп,белгілі қоғам қайраткері деп, балама сайлауда жеңіп шыққан халық депутаты деп, абзал азамат деп, тағы басқа да жақсы атақтарды тағып айта беруге болады, ол сол атақтардың бәріне де лайықты адам. Бірақ мен бұл шағын мақалада ғалымдығы мен қайраткерлігіне бармаймын, өйткені ағамыздың ол жағын оқырман қауым менен де артық біледі, көп біледі. Мен өзім байқап, білген кейбір азаматтық қасиеттерін әңгімелеймін, оны да шама-шарқын келгенше жазамын.

Ғалым ағамыз- ең алдымен өте еңбеккер адам. Ғылым, әдебиет саласында шабандау қимылдап та көп жұмыс бітіретіндер, сөйтіп, халықтың құрметіне бөленетіндер болады. Оларды шабан қимылдайды деп ешкім де айыптай алмайды. Жедел қимылдайтындар да болады. Сәкең осы жедел қимылдайтын ғалымдардың қатарына жатады. Өйткені ол үнемі ізденіс, толғаныс, зерттеу, жаяу үстінде жүреді. Сәкеңнің жұмыссыз отырған минутын көрген де, естіген де емеспін. Содан болу керек. 1966 жылы елу жасқа жетпей-ақ Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі болып сайланды.

Сәкең - ғылыми атақты дәреже, мансап тұтып, асып-таспайтын, кеуде көтермейтін, болдым-толдым деп шалқақтамайтын адам. Ғылымның биік дәрежесіне жеткендердің, не қолына билік тигендердің ішінде көзіне май ұялап, ісініп, өзін зор, басқаны қор тұтатындарды біліп те, көріп те жүрміз. Сәкең мұндай адамға жат жеккөрінішті мінездерден ада адам және ондайлармен қатар жүріп, пікірлес болудан жырақ жүретін жан. Сәкең бағзы біреулердей мына атақ, мына сыйлық маған неге берілмейді деп біреуге жалтақтап, жалпақтап, қолына шам алып қуалап іздеп жүретін адам емес. Қайта сол атақ, дәреженің өзі Сәкеңді іздеп жүреді. Міне, осы қасиеті оны халықтың құрметіне көбірек бөлейді.

Сәкеңнің сөзі де, ой пікірі де тұжырымды. Кейбір ғалымдардың сөзінде мақаласында, еңбегінде екіұшты ой тудыратын солқылдақ сөздер, солақай сөйлемдер, күмәнді пікірлер кездеседі. Ал Сәкеңнің сөзі салмақты, ой-пікірі аумақты. Түйіні тиянақты келеді. Бұл оның анық мағынасындағы ғалымдық қасиетін көрсетеді.

Сәкең мынау досым, мынау дұшпаным деп адамды алалауды білмейді, біреуге болмасын демейді, болған үстіне бола берсін дейді. Бұл қасиет білетіндер арасында да, білмейтіндер арасында да Сәкеңнің беделін арттырып, көтере түседі. Сәкеңді кезінде аяқтан шалғандар да, шалуға әрекет істеген ішмерездер де болды. Бірақ Сәкең оларға бірқалыпты қарауынан айныған емес.

Сәкен ағаны інідей қастерлеп, құрметтей біледі, ал ініні жасы үлкен ағадай сыйлап, еркелете біледі. Академикпін деп асқақтамай ағадан ақыл сұрайды, ал іниге ағалық емес, аталық ақылын айтады.

Сәкеннің туа біткен мінезі де жұмсақ. Кейбіреулерде атаққа, дәрежеге қарай қалыптасқан жасанды мінез болады. Олар алыстан бой көрсетіп арқырап отырады, жанына жақындағанды тарпып, айналасына от шашып, шарпып отырады. Ал Сәкеңде мұндай кір мінездің біреуі де жоқ.

ЗАҢҒАР ЗАҢГЕР

Қазақстанның заңгерлер қауымында Салық Зиманов жарты ғасыр бойы бірінші кезекте ауызға алынатын ғұлама және шынын айтқанда, ең жарқын әрі қадірлі тұлға болып келеді. Ол Қазқстандағы заңгерлік жоғары оқу орнының ұйымдастырушысы және тұңғыш директоры қазақстандық тұңғыш заңгер-академик, көптеген ғылыми еңбектердің авторы ғана емес, сонымен қатар осы жылдар ішінде ғалым және адам ретінде абыройына дақ түсірмей, жоғары қадір-қасиетін кіршіксіз ұстаған қоғамтанушы ғұламаларымыздың бірі. Оның ғылым саласына қосқан үлесі мен жеткен жетістіктері жайында айтылып та, жазылып та жатыр. Ал мен оның азаматтық және қайраткерлік болмысы жөнінде айтып бергім келеді. Біздің студенттік жылдарымызда Салық Зиманұлының шешендік таланты, оның алуан түрлі көкейтесті мәселелер жөнінде батыл көзқарас ұстанып, сөйлеген сөздері жайында, өрлігі мен адалдығы жайында талай аңыз-әңгімелер айтылатын. Біз одан үлгі алатынбыз, "болмасаң да ұқсап бақ" деп ұлы Абай айтқандай, осы бір ардақты адамға әрі үлкен ғалымға тым болмағанда ұқсауды армандайтынбыз. Көптеген адамдар үшін ол Шындық пен Әділеттілікке қызмет етудің үлгісі , мұраты болатын. Біз оның лекцияларына үлкен оқиға, құбылыс ретінде баратынбыз. Оның баяндайтын материалдарының тереңдігі мен бірегей болуы ғана емес, сонымен қатар қарапайымдылығы мен беруі нысаны да, айтқан сөздерінің сенімділігі де, теориядағы, сондай-ақ өмірдің өзіндегі кемшіліктерін батыл сынайтыны да қайран қалдыратын. Әрине, оның алдында лекциялардың әбден жетілдірілген мәтіндері жататын, бірақ ол мәтінге көз қырын да салмай сөйлей беретін. Содан бері отыз жылдай өтті, ал мен оның жақында Парламент үйіндегі халықаралық конференцияда сот билігі проблемалары бойынша, бұрынғысынша, қағазға бірде-бір рет қарамай, тамаша баяндама жасағанын, оған бүкіл залдың дүркірете қол соққанын көріп, тағы да сүйсіндім.

Ол жас адамдардың бойында Қазақстанның бостандығы мен егемендігіне ұмтылушылық қасиеттерін, ұлттық елжандылық рухы мен әділдік жолындағы күрес рухын дабыратпай-ақ, өз сөзімен және әрекетімен тәрбиелеей білді. Өткен ғасырдың 60-80 жылдарындағы ұрпақ Салық Зиманұлы сияқты елжандылық ниеттегі, бостандық сүйгіш тұлғалардың идеяларымен сусындап тәрбиеленді. Қазақстанның бостандығы үшін күрес ұшқынын тұтатқан да осындай азаматтар. Жете біліп, шын түсінген адамдар Салық Зимановты Қазақстанның заңгерлер қауымының мақтанышы және абыройы деп санайды. Ол қиын жағдайларда өз көзқарасынан таймай, адамдық абыройын сақтап қалуға батылы жетті, қарақан бастың қамы үшін өкімет орындарының сүйкімді адамына айналуға бой алдырмады. Ол ешқандай "сарай маңы" болған емес, үлкен лауазымды бастықты алаламай, оларға тең қарады.

С.З.Зиманов Мәскеудің Қазақстанды жаппай орыстандыру, қазақ халқының ұлттық құқықтарын тұқырту жөніндегі саясатымен келіспеді, оған қарсы шықты. Брежнев пен Андропов кезінде қателіктері үшін СОКП Орталық Комитетін сынға алды. Кейін СОКП Орталық Комитетінің нақты ұлт мәселесі жөніндегі кезекті әрекетіне де наразылық білдірді. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің кейбір басшыларын олар билік тізгінін ұстап тұрған кезде республиканы басқарудағы олқылықтары мен кемшіліктері үшін ашық сынады. Оның салқыны көп күттірмеді. Алуан түрлі кедергілер ұйымдастырылып, қызметі төмендетілді. Ол тұста жеке басшылардың пікірі бүкіл партияның көзқарасы деп саналатыны ұмытыла қойған жоқ шығар. Ал астыртын көзқарас бірінші рөлдер мен орындарға ынғайға көнгіш адамдарды, өз туыстарын жоғарлатуға келіп саятын. Сондықтан С.Зиманов алысыраққа ығыстырылды. Академия мұнің бәрін көріп отырды, жұртқа осының бәрі айқын болды, бірақ ешкім ешнәрсе істей алмады, ешнәрсе айтқысы келмеді. Республика жұртшылығы оның белгілі бір саяси оқиғаларға, өз халқының проблемаларына немқұрайды қарай алмайтынын біледі. Ол өз пікірлері мен бағаларының ресми көзқарасқа қайшы келетініне қарамастан, қателіктер, проблемалар мен кемшіліктер туралы бүкпесіз және адалын айтып отырды. Қазақстандағы әйгілі Желтоқсан (1986 ж.) көтерілісінен кейін саясатшылар мен шенеуніктер ғана емес, ғалымдар, тіпті академиктер мен профессорлар да жаңа өкіметке, Мәскеу билеушілеріне жағымпазданып, республиканың бұрынғы басшылығын қаралап қана қойған жоқ, сонымен бірге шексіз азап шеккен туған халқына күл шашты, оның Қазақстан бостандығы жолындағы күреске өз өмірін арнаған ұлы перзенттеріне күйе жақты, "қазақ ұлтшылдығы" туралы жалған ғылыми доктринаны жасауға тырысты.

Г.В. Колбинмен Ғылым академиясындағы кездесуде Салық Зиманов Желтоқсанға қатысушыларға қолданылып жатқан жазалау шараларына қарсы пікірін ашық айта білді. С.Зиманов сондай-ақ жазушылар Ж.Молдағалиев, С.Шаймерденов сияқты тұлғалар мен басқа да бірқатар адамдардың көзқарасы Қазақстанның жаңа губернаторының шовинистік қарқынын бәсеңдетіп, қуғын-сүргін аукымын азайтты.

Депутат Зимановтың он екінші және он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңесте, әсіресе Мемлекет егемендік туралы Декларация мен "Қазақстан республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" конституциялық заңды қабылдау кезінде қандайлық белсенді де жемісті жұмыс істегені есімде. Осы құжаттардың әзірленуі мен қабылдауына ол өзінің бүкіл жан-тәнін салып, бар білімін жұмсады. Сол кезде ол былай деген еді: "Біздің бабаларымыздың көптеген ұрпақтары күресіп, жанын пида еткен оқиға болды. Тағдыр бізге тәуелсіздікті тарту етті. Бұл оқиғаның маңызын жұрттың бәрі бірдей түсінбейді ғой деп қорқамын. Қайткенде де қателік жасамасақ екен, содан соң оның зардабын шекпесек екен..." Кейіннен мен осы сөздерді есіме жиі алып жүрдім. Оның Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны және тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәзімдері туралы заң жобасын әзірлеу мен олар бойынша баяндама жасау жөніндегі депутаттық комиссияларды басқаруы кездейсоқ емес.

Қазақстан тағдырына әсерін тигізген бір жағдайды айтпай кетуге болмас. Әңгіме тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясын да (1993ж.), екінші (1995ж.) қолданылып жүрген Конституциясын әзірлеу мен қабылдау кезінде, асқан өкініштісі, заңгар заңгердің орасан зор жан-жақты әлеуетінің қажет етілмеуі жайында болып отыр. Мысалы, сол кезде бірінші Конституцияны әзірлеуге Салық Зиманов жауапты болғанда, біздің ең жаңа тарихымыздың көптеген мән-жайлары конституциялық және мемлекеттік құрылыс бөлігінде басқа арнаға бағытталар еді, басқаша мазмұн мен мән алар еді деп ойлаған едім, қазір де солай деп санаймын. Тегінде, билік тармақтар арасында егес болмас еді, тиісінше

заң шығарушы органның тарауы орын алмай, орталықтандырылған күшті атқарушы билік, дербес Парламент, Конституция мен азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға және т.б. өкілеттік берілген Жоғарғы сот бастаған (Конституциялық сотсыз) тәуелсіз сот билігі болар еді. Бүгінде біздің елімізде бұлардың бәрі де бар, берік қалыптасты. Алайда, оларға тар жол, тайғақ кешусіз де жетуге болатынын айтып отырғаным ғой.

Бүгінде біреулер уақыт өткен соң, он жылдан кейін бәрі ақылды, әр түрлі пайымдауға болады деуі мүмкін. Тіпті де олай емес! Бүкіл 1992 жыл бойы тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясын әзірлеудің қалай жүргізілгені көп адамдардың есінде. Конституциялық комиссия жұмыс істеді, оны Президент басқарды, орынбасары З.Л. Федотова болды. Негізгі жұмысты, мәтіннің мазмұнын бір топ жас заңгерлер дайындады, олардың мақсаты және лайықты ісі басқа елдердегі конституциялық нормаларды (оның үстіне мүмкіндігінше көбірек) жинақтап құрастыру, сондай-ақ Конституцияны әзірлеуші болуға деген құштарлыққа толы тілек болатын.

Сол кезде республика Жоғарғы Кеңесі төрағасының кеңесшісі болып істей жүріп, депутаттардың сессиясындағы, Төралқа отырысындағы айтыстарды естіп қана қоймай онымен қатар тұңғыш конституцияның жобасын әзірлеудің сыртындағы жақтарын қадағалап, сол тұста қажет болған, өмірдің өзінен туындайтын Конституцияны С.Зимановтың айқындамалары мен идеяларына сүйеніп жасаған орындырақ деген байламға келген едім.

Біз өз көзқарасымызды мыналарға негіздегенбіз, біріншіден, академик күшті Президенттік билікті, сонымен бірге өздеріне тән дербес өкілеттіктері болатын тәуелсіз заң шығарушылық және сот билігі тармақтарын жақтады. Екіншіден, оның бойында қазақтардың және басқа да халықтар мемлекеттері құрылысының тарихы мен теориясын тамаша білушілік, басқа мемлекеттердің конституцияларын білушілік қана емес, сонымен қатар қоғам мен мемлекет дамуын болжай білетін, нақ Қазақстанның мемлекеттік тұрғыдан тіршілік етуіне шын жүректен жаны ашитын мемлекеттанушы-философтың, данышпан реалистік терең білімі сәтті ұштасқанды. Үшіншіден, оның барлық жерде беделі зор, мінезі де біркелкі, тәуелсіз болатын, ешқашан жағымсыз-мансапқор емес-ті және ақырында, төртіншіден, ол кезде Қазақстанда депутаттық корпус пен жас заңгер-ғалымдар тарапынан көрсетілген түрліше көзқарастарға қарсы тұра алатын басқа бір неғұрлым күшті және беделді тұлға болған жоқ.



КСРО Халық депутаттарының Vсъезінде. 1991 ж.

Біз президентті билікті уысынан шығарғысы келмейді деген әр түрлі күдіктерден аулақтатқымыз келді. Өйткені он екінші сайланымның депутаттары Президенттің және тұтас алғанда атқарушы биліктің өкілеттерін күшейту жөніндегі Президенттің бастамасын оның өзіне қосымша өкілеттік алуға жасалған әрекет және заң шығарушы биліктің рөлін кеміту, оның құзыретін шектеу деп қабылдайтын еді. Егер Конституциялық комиссияны өз әріптестері, бейтарап және тәуелсіз, депутаттар ішінде аса беделді С.З. Зиманов басқарып, сессияларда қорғайтын болса, депутаттардың даулы, бірақ жас мемлекеттік құрылысы үшін аса маңызды конституциялық ережелерді қабылдауы ықтмал екенін дәлелдеп бердік. Біз өз оппонентерімізге жаңа Негізгі Заң өркениетті қоғам мен мемлекет құруға мүмкіндік беретін халықтық Конституция болатынын айттық.

Салық Зиманұлы өзінің бүкіл өмірі бойында осы Конституцияның жазуға әзірленген сияқты көрінді. Ол өз көзқарасын Жоғарғы Кеңесте де қорғап қалар еді. Оның үстіне Президент қолдайтын. Бірақ төңірегіндегілер түсінбеді, С.З. Зимановқа қатысты "баяғы жартас бір жартас» (Абай) болған күйінде қалды.

Өкінішке қарай, біздің мемлекеттік құрылымдарымыз, Парламент, жүргізіліп жатқан реформалардың идеологтары Салық Зиманұлының көптеген дұрыс, мемлекеттік тұрғыдан даналық ұсыныстарына назар аудармай келеді. Мысалы, біз оның Қазақстандағы сот жүйесі реформасы мен сот билігін ұйымдастыру схемасына құлақ асқан болсақ, еліміздегі сот жүйесін ұйымдастыру, оның тәуелсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың конституциялық және заңды құқықтарын сот арқылы қорғау ісінде бұған дейін осынша олқылықтар жібермеген болар едік. Ол елде өркениетті тәртіп орнатыңдар, қарапайым адамдардың мүдделері мен құқықтарын әділ қорғауды ұйымдастырыңдар, мемлекеттік деңгейдегі сыбайлас жемқорлықты тыйыңдар, әйтпесе кешігіп қаласыңдар деп қазір де шаршап- шалдықпай ескертіп келеді.

Арамызда Салық Зиманұлы сияқты ғажайып адамдардың болуы біздің қиын уақытымызға ой салып, жаңа дүниеміздің жасампаздық жолын нұқсайды.

Сабыр ҚАСЫМОВ,
заң ғылымдарының кандидаты

АКАДЕМИК САЛЫҚ ЗИМАНОВТЫҢ ОТБАСЫНА ЕЛБАСЫ КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев белгілі ғалым, көрнекті қоғам қайраткері, халқымыздың мақтан тұтар аяулы перзенттерінің бірі Салық Зимановтың өмірден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтып, жеделхат жолдады.

«Салық Зиманов отандық заң ғылымының дамуына, құқықтық мемлекеттің қалыптасуына, тәуелсіз еліміздің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан зиялы тұлға еді. Ол кісі шын мәнінде кісілік пен даналықтың үлгісіндей, әділдіктің таразысындай абыз ақсақалымыз болатын. Адамгершілік қасиеттері мол, жаны жайсаң, жүрегі кіршіксіз, абзал азаматтың елге сіңірген еңбегі мен жарқын дидарын халқымыз әрдайым жүрегінде сақтайды деп сенемін. Оның ғылымдағы мол мұрасы мен ғибартты ғұмыры кейінгі ұрпаққа үлгі болуға тиіс. Марқұмның топырағы торқа, жаны жаннатта болсын», -делінген жеделхатта.

АЛТЫ АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ АҚСАҚАЛЫ ЕДІ

Мұндай ойы қанық, сөзі анық, жаны жайсаң, жүзі жарқын, өсіп-өнген, жаратылысы бөлек жандар бақилық болғанда биік бәйтерекпен теңестіріп жатады. Асылы, кең ұғымда алғанда, тамырын тереңге жайған алып ағашты құлады деп айтуға келмейді екен. Өйткені оның тамырынан таралып өскен тармақтарының өзі тал-теректі орманға айналып кетеді.



Нью-Йоркке барар жолда ұшақ салонында. 1991 жыл. Н.Ә.Назарбаев, М.К. Раев, С.З. Зиманов әңгіме үстінде.

Салық ағамызға қатысты алғанда да солай. Неге десеңіз, оның тікелей ақыл-кеңесін алып, тәлім-тәрбиесін көрген, қамқоршылық жетегінде болған шәкірттері де, етене араласпаса да жанамалай жақын жүрген және тіпті бір ауыз тілдесіп көрмесе де, оның өмір жолын үлгі тұтатын, өзіне бірден-бір ұстаз санайтын шәкірттері де жетіп артылады. Ең бастысы, артында азаматтық болмысын ардақ тұтатын, еңбегін де, есімін де естен шығармайтын еңселі де серделі халқы бар.

Бір өкініштісі , тоқсанның төріне шыққан заң заңғары Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атап өтілер күнді көрмей өтіп барады. Ал еліміз егемендік алған тұста, XII және XIII шақырылған Жоғарғы Кеңестің депутаты болған кезеңде Салық Зиманұлы саяси және құқықтық жүйенің теориясы мен тарихының, конституциялық құқықтың білгір маманы ретінде мемлекетіміздің құқықтың негізін қалауға бағытталған заңнамалық реформалардың бастауында тұрды. Тәуелсіз Қазақстанның аяғынан тік тұруына аянбай атсалысты.

Оның өмір жолы көпке өнеге. Қатардағы жауынгер болып, Отан соғысына аттанып, полк командирі ретінде жеңіспен елге оралды. Бейбіт еңбекке араласты, Қазақстан тарихында заң ғылымдарының алғашқы академигі болды.

Ел алдында елеулі еңбек сіңірді. Том-том туындылары ұлттық қазынаға айналды.

Дүние жалған деген ұғым осынау дарынды да дара тұлғаға қатысты алғанда теріске шығады екен. Өйткені оның азаматтық ажары, жарқын бейнесі халық жадында әрдайым жасай береді.

Қайрат МӘМИ,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының Төрағасы.

ҚАЗАҚ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТКЕН ЕР

Қазақ арасында адамзат қауымының барлық заңдылығын ұшалап сөгіп, мүшелеп бөліп, жіліктеп білетін әйгілі ғұлама өмір сүрді. Оның мұндай тұңғиық терең білігі бір басының сипатын асырып қана қоймай, күндердің күнінде туған халқының ең асыл қажетіне жарады. 300 жыл отаршылдық езгіде болып, жер бетінен жойылып кеткелі тұрған халқымыз аман-есен теңдік алып, тәуелсіздік тұғырына көтерілді. Осынау ұлы рухани ерлікті сомдаған санаулы сәтте ерекше қайрат көрсеткен академик Салық Зиманұлы еді. Сөйтіп сабаз тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына айдан астам уақыт қалғанда беймезгіл дүниеден өтті. Бұдан асқан өкініш болар ма?!

Биылғы мамырда жасөспірім жігіт кезінде алғаш рет қызмет бастаған Ақкетік (Форт-Шевченко) қаласындағы орта мектепке бардық. Қайтадан қалпына келтірілген мектептің осы заманша жабдықталған оқу залдары мен кабинеттерін аралап көрдік. Сүйсіндік. Әсіресе Сәкең қайта-қайта шұқшия үңіліп, қадала сұрады. Естігендерінің бәрі көңілінен шықты. Анталаса жаутаңдасқан бүлдіршіндермен отыра қалып, сұхбат құрды. Отызға толмай жатып, зеңбірекшілер, оның бригадасын басқарған ержүрек офицерден қараны қандырып, төренің төндірген, білмейтіні жоқ ұлық ұстазға, қазақ ғылымының тірі патриархына айналғанға дейінгі қызық та хикметті өмір жолынан сыр шертті. Сол әңгімесін тыңдап отырған талай жайнақ көздерде небір тәтті қиялдар мен асыл армандар оянғаны анық. Ертеңдері жүзеге асатын сол армандар айтулы Азаматтың, асыл Ардақтың артында қалдырған мәңгілік ескерткіштері болғай.

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ.

АЗАМАТ, ОЙШЫЛ, ҒҰЛАМА

Салық Зиманұлы нағыз азамат, өз елінің шынайы патриоты еді. Ол өзінің бұл қырын қолына қару алып, соғыс кезінде майдан даласында да, Ғылым академиясының мүлгіген тыныштыққа бөленген кабинеттерінде де, Парламенттің биік мінберінде де дәлелдеді. Оның құқықтану ғылымын қалыптастырудағы орасан зор ықпалын Қаныш Сәтбаевтың геологиялық-минералдық ғылымды дамытудағы, Мұхтар Әуезовтің әдебиет пен абайтануды өркендетудегі, Ермұқан Бекмахановтың қазақстандық тарих ғылымын жаңғыртудағы еңбектерімен тең санауға болады.

Салық Зиманұлы Ұлы Отан соғысы жылдарында жанқияр батырлық пен ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Стратегиялық биіктікті ұстап тұру кезінде, дивизион командирі майор Зиманов миномет соққысына төтеп беріп, күші тең емес ұрыста аман қалып, қарсы шабуылға шыққаны туралы оқиғаны біз білеміз. Ол сегіз майданда Отан үшін отқа түсуден ешқашан тайсалмаған. Оның әскери наградалары – 1- дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені, «Қызыл жұлдыз» ордені, «Кавказды қорғағаны үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін» медальдары - қазақстандық майдангердің қажымас қайратының символы.

Дәуірдің дарабозы болған Салық Зиманұлы аса үлкен ауқымдағы ғұлама ғалым еді. Өмірінің соңына дейін ізденуін тастамады және өзінің білімін өзгелерге үйретумен болды. 2009 жылы, оның 90 жылдық мерейтойынан екі жыл бұрын, оның бір топ шәкірттерінің көмегімен Салық Зимановтің шығармалары мен ғылыми еңбектерінің толық жинағы жарыққа шыққаны есімде. Біздің бастамамыз туралы білгенде, Салық Зиманұлы бізге: «Сендер менің еңбектерімді өте ерте жинап жатырсыңдар. Менде идея көп. Сіздер жинақтаған шығармалар толық жинақ бола қоймас!»,- деді. Солай болып шықты да. Мерейтойына дейінгі соңғы екі жылда ғалым бірқатар құнды ғылыми еңбектерін шығарып үлгерді. Салық Зиманұлы өз сөзінде тұрып, жаңа буын ғалымдар үшін еңбектенудің нағыз үлгісін көрсетті.

Салық Зиманұлы өзгерістер дәуірінің ойшылы болды. Біздің еліміздің бүгінгі өмірінде өтіп жатқан барлық орасан оқиғаларды өзі арқылы, өз жүрегі арқылы өткізді. Онымен әңгімелесу әрдайым жаңаша ойлап, білім кеңістігін кеңейтуге септігін тигізді. Өзінің 90- ға толған жасында да ол әдеттегідей идеяның бастамашысы болды, ол әрдайым өзекті мәселелерге қазіргі заман ауқымында қарайтын сарлақ бар еді.

Ұлы Отан соғысының ең қиын жылдарында Салық Зиманұлы үш рет өзеннен өтіп, төрт рет қатты жарақат алған екен. Алайда, қашанда төзімділік көрсеткен ол күш-қайратын мұқалтқан емес. Сондай-ақ бейбіт кезде де ол өмір-өзеннен алға жүзіп өтіп, жеңіске жетіп, қиындықты лайықты еңсерді және уақыт сынынан сүрінбей өтті.

Бағлан МАЙЛЫБАЕВ,
Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігі
Басшысының орынбасары.

ПЕРІШТЕ АДАМ БОЛАТЫН

Салық Зиманов – қазіргі қалыптасқан өмірімізге үйлесе бермейтін ғажап адам, ғажап тұлға еді. Мен мұны ғылыми, жалпы қоғамдық, мемлекеттік еңбектері тұрғысынан емес, оны ерекше адами тұрғысында айтып отырмын. Ерекше биік парасатты қасиеттің иесі еді. Періште адам еді. Кейде ол кісі осы өмірге адасып келген, осы ортаға сыймайтын сияқты көрінетін. Өтіріктің, өсектің, кәдімгі алдау, арбаудың құрсауында кеткен адамдарға мүлдем ұқсамайтын. Сондықтан да мына өмірге таза келіп, таза кетіп барады. Әрбір данышпан адамның өмірден осылай өтуі – бұл әркімнің пешенесіне жазыла бермейтін жағдай. Өйткені ол кереметтей ғажап өмір сүрді. Ешкімді мазаламады, ешкімді әуре етпей, үн-түнсіз ғана өмірден өте берді.

Өкініштісі, мәңгілік өмір жоқ. Ал осындай адаммен қатар өмір сүргеніміз, оның замандасымыздың болғаны -біз үшін бақыт.

Кейбіреулер дүниедегі ең соңғы ғажайып адам дүниеден озды дейді, мен айтар едім, соңғы емес, ол жалғыз. Онымен ешкімді қатар қоя алмаймыз. Мен ол кісіні ерекше түсінуге тырыстым. Өйткені тылсым тұңғиық еді. Кейде ойланып, осындай да адам болады екен-ау дейтінмін. Әрине, әркім өзін кем санамайды. Бірақ Сәкеңнің қатарында ешкім тұра алмайды. Оған қатар тұру мүмкін де емес. Болған да емес, ай, болмайтын да шығар. Біз үшін осындай адамның болғаны -халқымыз үшін үлкен мақтаныш, мәртебе. Сондықтан ғажап адаммен қатар өмір сүрдік, енді сондай ғажап адаммен қоштасуға тура келеді.

Төрегелді ШАРМАНОВ,
академик.

МЕНІ ТУҒАН ІНІСІНДЕЙ КӨРЕТІН

Салық ағамен жиырма бес жылдан бері інілі-ағалы бауырдай етене араластық. «Біреу туысып туысады, біреу қиысып туысады» деген, мен қиысып туысып, туған інісіндей болдым. Ол кісі апта жібермей өзі телефон шалып тұратын. Көп сыр, пікірлерін де менен жасырмайтын.

Ол кісінің ерекше қасиеті әділетті, шыншыл еді. Шындықты, ақиқатты сыйлайтын. Іскерлік қабілеті ерекше-тін. Бір кереметі, орысша да, қазақша да шешен сөйлейтін. Ал заң ғылымының негізін қалаудағы еңбегі өз алдына. Артына қаншама шәкірттер даярлап кетті десеңізші.

Ол кісі өте қарапайым еді. Соның бір нышаны, қай жағынан болса да еліне, халқына еңбек сіңірген аса көрнекті ғалымның тоқсан жылдық торқалы тойын ел көлемінде атап өтейік дегенде, оған қарсы болды.

Ең өкініштісі, Салық Зиманұлының орны ешқашан толмайды, ешкім толтыра да алмайды. Ал бір көңіл қуантары Маңғыстау облысының Форт-Шевченко қаласында кезінде өзі сабақ берген мектебін облыс әкімі Қырымбек Көшербаев күрделі жөндеуден өткізіп, Салық Зимановтың атын берген еді. Ол да бір ағамыздың көзі тірісінде жасалған игі шараның бірі деп есептеймін.

Тағы бір көңіл қуантары, асыл ағамыздың артында өнегелі, өрелі ұрпақтары қалды. Марқұм жеңгей Шәрбан Батталқызы ағаның өзіне сай аяулы жан, белгілі ғалым еді. Ұлы Мұхтар мен қыздары Гүлжамал, Меруерттен немере, шөбере сүйді. Ұлдан немерелері Ермек, Ербол Зимановтар

үлкен азамат болып ержетті. Ермек Чехияда тұрса, Ербол Американың әскери прокуратурасында қызмет істейді.

Менің қабырғамды қайыстырып отырғаны, кемеңгер адам ғой, өмірден озатынын біліп, балаларын шақырып алып, бақұлдасыпты. Сонда: «Жерлеу рәсімін академик К.Сағадиевке, қалған ұйымдастырушылық жұмыстарын Камалға тапсырыңдар»,- деп айтып кетіпті. Көрдіңіз бе, кім болса да мұндай аса жауапты шаруаны ең жақын, өзім деген адамдарыа тапсырмайтын ба еді. Онысы мені жақсы көретіні, туған інісіндей санағаны ғой деп қатты қиналдым. Мен шынында да, туған ағайымнан айырылған екенмін.

Камал ОРЫНТАЕВ,
академик.

АСҚАР ТАУЫМЫЗ ҚҰЛАҒАНДАЙ

Адамгершілігі мол, парасаты биік, білімі телегей теңіз Салық Зиманов ағамыздың ел тарихының түгенделуіне қосқан өлшеусіз үлесі – ел сенімін ақтаудың биік үлгісі. Туған халқының шексіз махаббатына бөленген Салық Зиманұлы шын мәнінде бақытты ғұмыр кешті. Текті ағамыздың тоқсанға шыққан торқалы тойына арнап жазған мақаламда «... тоқсанға Зимановша тік жету – тек бақыт қана емес, ұлттың ұлы мерейі, қуанышы» десем, енді бүгін «Жатқан жерің жаннат, топырағың торқа болсын, аяулы аға» деген қоштасу сөзін айтуға мәжбүр болып отырмын.

Бекет ТҰРҒАРАЕВ,
шәкірті.

ҚОЖАҒАЛИ БОЛЫС ТУРАЛЫ

1917 жылы патша өкіметі құлағаннан кейін бұрынғы Ресей империясына қараған аймақтардағы саяси-әлеуметтік жағдай бұрынғыдан да күрделене түсті. Сол әкімшілік-аймақтық жағынан Орал облысының Гурьев уезіне қарасты Сарыкөл аймағына орналасқан Кермекас болысын басқарған айтулы азамат Аймағанбетұлы Қожағали басқарған еді. Қожағали болыс өзінің беделімен де, абыройлы қызметімен де жоғарғы билік алдында да, халық арасында да құрметті болды. Кермекас болысында Кеңес өкіметінің жаңа саясатын асыру мақсатында көптеген жұмыстар атқарды.

Өзге болыстардан ерекше Қызыл отау үйін салдыртты, ел арасында түсінік жұмыстарын белсенді жүргізген. Ол өзі басқарған аймақта тәртіп, заңды сақтау секілді келелі мәселелерге көп көңіл бөлген. Бірақ Қожағали өмірден тым жас дүние салды. 1924 жылы оның жасы небәрі 34-те болатын.



Қожағали болыс кесенесі

Сол Қожағали өлгенде Қыдырұлы Таубай деген ақынның шығарған ұзақ толғауында:

Арғы атасы Қосым би,
Мұрасын ұстап биліктің,
Қонып еді аруағы.
Көп кісінің ішінде-
Жалғыз өзі көрінді
Шыққан күндей жарқырап.
Ақылға пейіл молда еді,
Айдынға құйған өзендей,
Таусылмайтын сарқырап,
Кейінгі қалған Қойыстан,
Сендей ұл енді туар ма?! –

деп шын жүректен тебіренген жолдарынан Қожағали болыстың азаматтық келбеті айқын аңғарылады.

Қожағалидың Шуақбай , Ағайна, Мардан, Орынбасар атты ұл-қыздары болған.Ал кенжесі Орынбасар әкесі дүние салғаннан соң 14 күннен кейін дүниеге келген. Қазақ ырыммен, әкесінің орнын басты деп Орынбасар қойған. Орынбасар мен Гауһардан Шайхы, Жамалиден, Алпамыс, Қалима, Асқар, Мұрат, Әнуарбек, Алмаз, Сәния, Бәкәділ атты ұл-қыздары дүниеге келген. Ертеректеу дүниеден озған үлкен ұлынан басқаларының барлығы дерлік түрлі салаларда абыройлы қызмет атқаруда. Асқар 1999-2005 жылдары ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Алпамыс, Мұрат, Алмазы айтулы кәсіпкерлер. Бәкәділі де мұнай саласындағы белді, басшы мамандардың бірі.



Ал Орынбасар Қожағалиев болса Ұлы Отан соғысына 1942 жылдан бастап қатысты. Даңқты генерал В.И.Чуйковтың қарамағында болды. Қиян-кескі шайқастарда үш рет ауыр жараланды. Емделіп шыққан соң Румынияда рота командирі болып жалғастырып, Венгрияда шайқасып, Германияда соғысты аяқтайды.

I,II дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденділерімен, көптеген медальдармен марапатталды.

СОҒЫСТА БАТЫР АТАНЫП. ЕҢБЕКТЕ 569 ЖАҢАЛЫҚ ТАПҚАН АДАМ



Ембі өңіріндегі ірі кәсіпорындардың бірі – Құлсары қабат қайтарымын арттыру және ұңғыларды күрделі жөндеу басқармасының құрылғанына 50 жыл толуына орай сол кәсіпорынды ұзақ жылдар бойына басқарған марқұм Дүйсенғали Әжіғалиев туралы очерк

Әр дәуірдің адамдарды дүниеге үш түрлі деңгейде келетін көрінеді. Бірі – заманнан өте, екіншісі – заманына жете, үшіншісі – заманынан кете туады -мыс.

Әншейін көппен бірге сылбыр ғана өмір өткізіп өтетіндерді **өте**, қоғамда белсенді роль атқарып, орта топта жүретіндерді **жете**, ал жоқты тауып, барды байлыққа айналдырып, қажырлы еңбегімен алға озатындарды заманынан **кете** туған перзенттер санайды екен. Дүйсекеңді осылардың соңғы тобына жатқызуға болар.

Қазақ «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» дейді. Кешегі күндері ортамызда сайрандап жүрген Әжіғалиев бүгін жоқ. «Жоқ» деген сөз - салыстырмалы түсінік. Жосылып жатқан ізі, сайрап жатқан жолы бар нағыз азамат еді ол. Шіркін-ай десейші, тірісінде қадірін білмеу бір сәрі, пендешілік болар, ал көз жұмғаннан кейін осы арыстай азаматтың аты бірде-бір мекемеге берілмепті-ау.

Шындығында Дүйсенғали Әжіғалиев кім еді?

Баланың әке-шешесі мал бағып, балық аулаумен күнелткен кедей шаруа Дүйсенғалиды әуелі ФЗО (фабрика-зауыттық мектеп) мектебіне беріп, екі жылдан соң осы Гурьевтегі мектебінен жөндеуші мамандығын алады да, артынан «Ембімұнайтресі» оны жолдамамен осында мұнай техникумына жібереді. Оның өндірістік-техникалық білім алу жолындағы алғашқы қадамы жемісті болды. Техникумды бұрғышы мамандығын алумен аяқтап, 1936 жылғы тамызда Доссорда оператор болып жұмысқа кіріседі. Жылға жетпей кәсіпшіліктің мұнай өндіру цехы бастығы болып тағайындалады. Осыдан кейін-ақ Ембі мұнай тресіне қарайтын мұнай кен орындары Доссор, Ескене, Мақат, т.б. өндірістерде Дүйсекеңнің еңбек жолы басталғандай еді. Алайда көлденең тап болған екі жағдай оның бейбіт еңбегін уақытша бұзып кетті. Оның біріншісі – фашизммен соғыс, екіншісі – бір қарапайым жұмысшыны «ұлтшылсың», «Жапонияның шпионысың» деп жазықсыз мазалай берген соң, соған арашаға түсіп: «Қайдағы шпион, өзі сауатсыз, көзі қара танымайды» деген сөзі үшін НКВД-нің назарына ілігеді. Мақаттаға НКВД-нің өкілі Н.Михайлов деген мұның артынан шырақ алып түседі. Осыдан секем алған Дүйсенғали қоярда-қоймай сұранып, әскери комиссариатқа барып, өзін армияға жіберуді өтінеді. Жиырма бес жастағы қылшылдаған жас

туған жерді тастап, 1940 жылғы ақпанда Белоруссияның Бобруйск қаласынан бір-ақ шығады.

Майдан соқпақтары

Әскери ойын кезеңі өтіп, 1941 жылдың жазы келді. Алғашқы кезіккені 125- атқыштар дивизиясының 574 - атқыштар полкі еді. Ол Бобруйскідегі парашют-десантшылардың екінші батальонында Брест түбінде фашистердің алғашқы тобымен шайқасқа түскен еді. Кейін Украина мен Белоруссияның ит тұмсығы өтпейтін қалың орманы мен оппа батпақтарында бітіспес жаумен аяусыз күрес жүргізді. Бір емес, әлденеше рет жау қолындағы лагерьлерден қашып шығып, өз әскерлерімізге келіп қосылып жүрді. 1941 жылғы 23 маусымдағы Брест түбіндегі парашют-десантшылардың шайқасынан кейін Слоним, Пропайск, Гомель облысы жерінде аса ауыр жорық жолдарын жалғастырды. Ол сол жылдар туралы былай жазып қалдырыпты: «1941 жылғы тамызда атын өзгерткен біздің полк Гомель, Чернигов және Полтава жеріндегі қалалар мен ормандарда фашистермен кескілескен ұрыс жүргізді. Ең қиыны – Лубани мен Перянта түбіндегі шайқас кезінде қоршауда қалып, азап шекті. Отыз жеті тәулік ішінде тұтқындар лагерінен алты рет шықаныммен, соңғы рет 1941 жылы қарашаның ызғарында қолға тағы түсіп, поезбен Германиядағы каторгалық жұмысқа алып бара жатқанда, Киев облысы жерінде түнде вагоннан секіріп, сыңсыған орманды паналадым. Адамы жоқ орманда қыс ішінде үсікке шалдыққан мен Киев облысында қатты ауырып, 1942 жылдың 4 наурызында есімді жинағаннан кейін қайтадан жауынгерлік сапқа тұрдым. 1942-1943 соғыс жылын тұтастай Харьковтың оңтүстік-батыс бағытында 37 -армияның құрамында жауынгерлік ұзақ жолдан өттім. 1944-1945 жылдары Украина, Польша, Молдавия, Батыс Украина, Румыния, Чехословакия, Германияның Берлин қаласына жеттік. Бір маңызды оқиға әлі күнге есімнен кетпейді. 1944 жылы ақпанда Германияға соғыс салып жүрген біз Одер маңындағы Дейцеге деген қалаға келгенбіз. Дереу батальон командирі Евтушенко мені шақырып, құрулы тұрған дүрбіні көрсетті: «Кәне, өзектің арғы бетінде не көрінеді, қарашы» - деді. Қарасам, қарсы бетте дот бар, оның қасында құрулы миномет, пулемет тұр. Бірақ төңірегінде адам жоқ. Тек алыстан әскерше киінген әйелдер көрінетінін айттым. Сол бойда маған жау ұясын талқандап келуге бұйрық берді.

Мен тапсырманы мүлтіксіз орындадым. Осындай ерлік істерді 1945 жылы да қайталадым. Алайда бұл жолы неміс мергенінің атқан оғы оң жақ өкпемді тесіп өтті. Енді маған Львовтағы әскери госпитальде ұзақ жатып емделуге тура келді. Кейін менің осы ерліктерім үшін алтыншы гвардиялық дивизия мені Совет Одағының Батыры атағына ұсынған екен. Соғыс жылдарында жиі өзгеріске ұшыраған 5 - гвардиялық дивизия мені Батыр атағымен емес, Қызыл Ту орденімен марапаттапты. Ал Дүйсекеңнің Елань, Лузики, Залесье жорықтары өз алдына бір хикая. 1418 күнге созылған жойқын соғыста бұл майдангер жеті рет мемлекеттік мадақтау құжаттарына ие болған. Халқымыздың « Қырық жыл қырғын келсе де, ажалды өледі» деген сөзі осы емес пе? 1945 жылғы қарашада от пен оқтың ішінен елге оралған Әжіғалиев енді бейбіт еңбек жолына бет түзеді.

Бейбіт еңбекке оралу

Әйтеуір Жылыойдағы мұнай өндірісінде ұңғыларды күрделі жөндеу ісі сөз болса, Дүйсекеңнің есімі еріксіз еске түседі. Неге десеңіз – жұмыстары бар, ауылдасы бар -бәрі де Дүйсенғалиды біледі, сыйлайды, құрметтейді. Өйткені ол-аудандағы мұнайдың қабат қысымын арттыру мен ұңғыларды күрделі жөндеу ісін аяғынан қаз бастырған адам. Мамандығына берілген, өз жұмысын алға бастыру жолында түнде ұйқы, күндіз күлкі дегенді білмеген. Әркез жаңалықтың жаршысы. Өндіріске жаңалық енгізу кез-келгеннің қолынан келе бермейді, ол көп ізденудің, сарылған ойдың нәтижесі. Оның бүкіл саналы ғұмыры кеңес дәуірінде өтті. Халқына қызмет етем деушіге дәуірдің бәрі бірдей. Бүгінгі ұрпақ Дүйсекеңді қиын сәтте ерлеген мықтылар әулетінен деп таниды. Сондықтан оның қызметі мен өмір жолын өздеріне үлгі етіп отыр. Осындай заманның ері туралы материал жазу үшін ең әуелі оны білетін ондаған адамдармен жолығысып, талай материалды қопаруға тура келді. Бұл маған тіпті де оңай болған жоқ. Қалай дегенмен де мұндай заманның ерлеріне арнап іс қылудың өзі игілік деп білемін.

Әжіғалиев мырза басқаратын мекеме дәл осындай ауру-сырқаулы ұңғыларға екінші, үшінші рет жан беріп, өнім алумен айналысады. Бұл дегеніміз - қиямет-қайымның жұмысындай ауыр жұмыс. Күрделі жөндеу жұмысын ойдағыдай жүргізу үшін тек мұнай инженері болу жеткіліксіз. Ол үшін оператор да, жөндеуші де, бұрғышы да, геофизик те, сейсмолог та, геолог та болуың керек. Осының бәрін ұйымдастыруда Дүйсекең шешуші роль атқарды. Ол бұған дейін мұнай өндіру ісін операторлықтан бастап, осы кеңсе директорлығына дейінгі сатыларынан өтті.

Тынымсыз ойдың жемісі

Төсектен ерте тұрған Дүйсекең бүгін де терең ой үстінде шұқшиып отыр. Шамасы, құнды бір идея мазалап тынышын алған болу керек. Сонада ұңғы ішінде штанга үзіліп, ашық қалып қойғанда, мұны қалай алуға болады деп ой теңізін кешіп кеткен. Инженер содан бері тынымсыз күйге түскен. Күндіз есінен, түнде түсінен қалмаған осы ой ақыры шешімін тауып, колонка ішінде ашылып қалған штангілерді ұстап көтеретін құрал дүниеге келді. Мұны орысша «шлипис» дейді екен. Жас сәбидей жаңа құрал өмірге келгенде өні алабұртып, оның балаша қуанғаны бар. Әрине, оның ізгі ойы адамның ауыр еңбегін жеңілдету мен қауіпсіз ету болатын. Міне, мынау - соның тырнақалдысы. Жаңа ой, жаңа технология, жаңа идеяларды ойлап табу жолында оның мазасы кеткені қашан? Өзінің өндірісте өткен елу жылға жуық мұнайшылық өмірінде ол 569 жаңашылдық ұсыныс жасап, оны өндіріске енгізуден 1 миллион 375 мың сом (сол кездегі бағаммен) пайда әкелген. Мұнай өндірісінде жаңалық ісінің шеберлері О.Досанов, П.В. Попучиев, О.Тутимов, т.б. көптен саналатын. Осылардың еңбегін паш еткен «Ембімұнай бірлестігінің» жанынан арнайы плакат 1973 жылы таска басылып шықты. Осы жарнама-плакатта Әжіғалиев Дүйсенғалидың өмірге жолдама алған 9 жаңалығын дара-дара талдап, қай аппарат-құрал қандай жағдайда өндіріске қолданатынын атап көрсеткен. Ұңғыларды күрделі жөндеумен айналысатын өзге өндірістерге тәжірибе етіп таратқан. Әр жаңалық оңтайлықпен тумайды, ол үшін көп оқу, жетілу қажет. Соның нақты нәтижесі болар, 1972 жылы оған Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген өнертапқышы деген құрметті атақ берілді.

Ұңғыдағы апат

1970 жылдан айнала тегіс көктей бастаған мамыр айының орта кезі еді. Кенет тапа-талтүсте №30 ұңғыда апат болды да, бағанағы жаймашуақ тыныштық қас-қағымда тас-талқан болды. Айнала жан-жаққа берекесіз жүгірген адамдарға толып кетті.

Апат болған ұңғы маңында қабағы қатулы күзет тұр. Патша болса да қолында рұқсаты жоқ адамдарды ешкім бастырмайды. Апатқа жауапты басшы ретінде Дүйсенғали тіпті күзетшілерге де бұйрықты өзі беріп жүр. Түнге қарай ұңғы айналасы неше алуан техникамен жарақтанған комбинезонды, каскалы адамдарға лық толды. Біреу цементтеу агрегатында, біреу дәнекер жұмысында, әлдекімдер ток жолдарын әлде кесіп, әлде жалғап, жанталасу үстінде. Аспандай түскен апатты жоюдың жоспарын жасап, оған басшылық етуші Әжіғалиевтың өзі ғана. Бүгін төртінші тәулік, содан бері бір түнге көз шырымын алған жоқ. Тіпі қашқан мызғудан соң қарбалас іс жалғаса береді. Осы мерзім ішінде апат үштен біріне ғана бәсеңдеді, бірақ тоқтайтын түрі көрінбейді. Енді екі күннен кейін Грозныйдан апатқа қарсы күрес тобы көмекке келмек. Оған дейін өзіміздің бар барлық күшімізді жұмылдыруымыз керек. Осы топта жүргені болмаса, бас инженер Жұмағалиев Демеуғалидың да еңсесі түсіп кеткен. Иә, жанталас бір аптаға созылды. Көтергіш крандардың, цементтеуші, өлермен өрт сөндірушілердің мігірсіз еңбегі арқасында апат жойылды. Алты күн арпалыстан соң, тыныштық тапқан Дүйсекең уһ деп бір демалды. Қас қылғандай осы жанталас кезінде Николай Дмитриевич Мандаев деген мемлекеттік техникалық қауіпсіздік ісінің аудандық бастығы еш пайдасы тимесе де, апат айналысынан айналсоқтап шықпай-ақ қойды... Апаттың аты-апат. Ол зардапсыз кетпеді. Көп басшылар өздерінің лауазымдық қызметтерінен ер-тұрманын сыпырып шықты. Осы кеңсе директорының өзі техникалық бөлімінің бастығына төмендетілді. Басшылар мен жұмысшылар арасында жұмыстан босату, сыйлықтың кесілуі, разрядтың алынуы секілді жазалар тіпті толып жатыр. Алайда апат өндіріс мұнайшыларына ұмытылмастай сабақ болды.

Директорлыққа қайта оралу

«Өткен уақыт-көшкен керуен» дегендей, адамдар алға жылжи берді. Еңбеккор да жаңашыл басшы Дүйсекең екі жылдан соң күрделі жөндеу кеңсесіне қайтадан директор болып оралды. Жұмысшылар түсінді. Оның бұл кеңседегі орны тіпті бөлек екен. Директор да өз адамдарымен жарқын жүзбен сұхбаттасып жатты. Біреулер анадан бастық боп туған десе күлер едіңдер. Ал егер Әжіғалиев жөніндегі шындық осылай болса не айтпақсыздар. Жалған дейін десең, таска басқан тарихи құжаттар бәрін айғақтап тұр. Бірге жасасқан қарт кадрлардың көзі әлі көп. Ал шәкірттері өрелі ісін жалғастырып өріп жүр. Мұрагер ұлдары мен қыздары - өнегелі еңбеккер, парасатты шаңырақ иелері.

Үлкен шаңырақ иесі

Кіршіксіз көңілінен де болар, бұған тап болған жары Балзия адал сүт емген ананың қызы боп ұшырасты. Үлкен жүректі күйеуіне сенгені сонша - әледбіреулер сияқты өне бойы ерте кетіп, кеш келіп жатса да, бұл не жағдай деп тіл қатқан да, қабақ шытқан да жан емес.

Алланың әйел затына берген сабырлылығын тұтас бір елдің өзіне берген тыныштық десе жарасады-ау. Өйткені әр шаңырақ - өзінше бір шағын ел. Осы елдің даладағы сүйеніші – ері болса, үйдегі тірегі - әйелі. Балзия ана да текті тұқымнан екен. Арыстай төрт құрсақ – екі ұлы, екі қыздың алтын анасы

болды.Дүйсекеңмен екеуі құлшынған Мақсот пен Мұратты да, сыланған Алтынай мен Рабиғаны да тал бесікте тербетіп, оқытып, жоғары білім беріп, әрқайсысын бір-бір отау иесіне айналдырып кетті. Әмсе, жаяу-жайдақ отау ғана емес, нарық заманына лайық бір-бір білдей мамандық иелері санатында. Тәнір-тағала оның мандайына бала-келіндерінен немерелері мен жиендерін көруге жазыпты. Бүгінде оның заңды мұрагер-ұрпақтары киелі шаңырақ иесі Дүйсекең мен Балзия атын қастерлеп, әке жолын лайықты жалғастырып келеді.

Соңғы сөз

Тегі, біздің қазақта тірілер жантәсілім болар адамның қасында отырып соңғы сәтте оның көзін жабады, ал осыған керісінше, өлілер тірліктегі жандардың көзін ашады дейді. Біздегі «Өлі жебемей, тірі байымайды» деген сөз осындан қалса керек.Өйткені аруақтар қамқорлықты дәметеді ғой. Мен бұл кісіні көрген де, кездескен де емеспін, танымаймын. Екеуміздің мамандығымыз да алшақ. Ол – мұнай инженері, мен – мұғаліммін. Ал соған қарамастан неге екенін өзім де білмеймін, бар жан-дүниеммен ынтықпын. Осыдан 30 жыл бұрын біреу маған ескі Қаратонда осы кісінің іскерлігі мен жаңашылдығы турасында әңгімеледі. Мен сонда ұйып тыңдағанмын. Сол күннен бастап Дүйсекең менің ойымнан кетпеді. Оның еңбекқорлығын өзіме үлгі тұттым. Әрине, маған ондай болмақ қиын іс еді. Тіпті кездескім кеп, іздегім келген, орайы келмеді. Ол маған бұрын-соңды дүниеде кездеспеген сұлу адам боп елестеді. Ал көрмеген жанға ынтық болу, оны ұнату неліктен? Ол жері өзіме де жұмбақ. Мүмкін, көрінбейтін нәрсе арқылы табиғаттың белгілі бір сиқыр күші бізді байланыстырып тұрған шығар. Оны болжап білер сұңғыла ой әзір менде жоқ. Міне, биыл ұңғыларды күрделі жөндеу басқармасының 50 жыл толу қарсаңында Дүйсекең жайлы толғау үшін қалам алдым. Ойымды жұртқа жайдым. Тіпті оның ұл-қыздарымен де кездесіп, Дүйсекеннің өзін көргендей, аруағымен жалғасқандай болдым...

Рысқали ХАМИТҰЛЫ
Жаңа Қаратон қалашығы,
Жылыой ауданы
(«Атырау» газеті, 28 тамыз, 2003 жыл.)

***

АЛТЫ АБЫЗДЫҢ БІРІ

Ә.Нұршайықов



Қазақта абыз деген ардақты сөз, абыройлы атақ бар. Ол атақ көп жасаған, көпті көрген, ұғымы күшті, ұйғарымы дұрыс, айтқаны дәл келетін, әулие іспеттес аз ғана адамдарға ғана беріледі. Көбінесе жасы тоқсанға ілінген ақылгөй, абыройлы, атақты әрі шарапатты қарттар ғана абыз аталады.

Халқымызда жасы тоқсаннан асып дүние салған ақын, жазушылар көп емес, саусақпен санарлық қана. Жалғыз қазақта ғана емес, дүние жүзіндегі үлкенді-кішілі барлық халықтар солай.

Осы тұрғыдан алғанда, біз алғашқы абызымыз деп Бұхар жырау Қалқаманұлы мен Ақтамберді жырауды айтамыз. Олардың бірі 94 жыл, екіншісі 93 жас жасап, 18-ғасырда өмір сүрген. 19-ғасырда ондай абызымыз болды деп атай алмаймыз. Қазақтың абызға жарыған уақыты 20-ғасыр деп білеміз. Өйткені бұл ғасырда алты абызымыз өмір сүргенін мақтанышпен айтуымызға болады. Олар: Жамбыл Жабаев (1846-1845), Шәкір Әбенов (1901-1994), Әбу Сәрсенбаев (1905-1995), Әлжаппар Әбішев (1907-2001), Ғалым Ахмедов (1906) және Дихан Әбілев (1907). Соңғы екі абызымыз XXI ғасырдың табалдырығын еркін аттап, қазір халқымызбен қоса өмір сүріп келеді.

Әр абызбен замандас болу –мәртебе,
Әр абызды көзінмен көру-мақтаныш.
Әр абызбен сыйлас, сырлас болу-абырой.

Әрине, абызбен аралас-құралас болу-екінің бірінің үлесіне тие бермейтін өзгеше бақыт.

Мен XX ғасырдың бас абызы Жамбылды көргенім жоқ. Бірақ онымен замандас болдым. Бала кезімде Жәкеңнің жырларын мектепте жаттап өстік. Сахнада саңқылдап тұрып, тақпақ ретінде айттық. Оған еліктеп, өлеңдер шығардық. Өз басым Ұлы Отан соғысы кезінде (1941-1945) майданда неміс фашистерімен шайқасып жатқан 100-дербес қазақ атқыштар бригадасы жауынгерлері атынан "Атамыз Жамбыл ақынға" деген атпен Жәкеңе ұзақ жыр жолдадым. Ол өлең хатыма Жәкең "Жүз жасаған жүректен" деген көлемді толғаумен жауап берді. Екеуміздің бір-бірімізге жазысқан ол өлеңдеріміз республикалық, облыстық, майдандық, дивизиялық (бригадалық) газеттер беттерінде басылды. Күні бүгінге дейін Жамбыл жинақтарында жарияланып келеді.Қазақтың ұлы абызы Жәкеңмен арамызда болған бұл байланысты мен өзіме әрі мәртебе, әрі абырой, әрі мақтаныш көремін. Жәкеңнен басқа бес абызбен бір қалада өмір сүріп, бір мекемеде қатар қызмет істеп, аралас-құралас, дәмдес болғанымды бақыт деп білемін.

Сол бес абыздың ең үлкені Әбекең-Әбу ағамыз еді. Абызға тән асыл қасиеттер Әбекеңнің де бойында көп болатын. Сол көп қасиеттерінің бірі Әбекеңнің адам сүйгіштігі еді. Әбекеңнің адам сүйгіштігін екі тұрғыда түсіну керек. Бірі-адамдарды шын жүректен сүйіп, қадірлей, қастерлей білді. Екіншісі-сол жақсы көрген адамдардың бетіне ерін тигізіп, бозбаланың қыз сүйгеніндей құштарлық білдіру. Әдетте жұрт дос-жаран, таныс білістерімен бас изесіп, ерін тигізіп жатпайды. Ал сүйісіп амандасу салтта жоқ болатын. Қазақ зиялыларының, әсіресе жазушыларының бір-бірімен сүйісіп амандасуын салтқа кіргізген Әбекең болды. Жазушылар одағында өтетін жиын-жиналыстар кезінде (съезд, пленум, секретариат немесе сыртқы есігінің алдында, орын тимесе, екінші қабаттағы фоэде екі жарыла тізіліп тұрар едік. Үлкендер ортамыздан өтіп, ілгері кетіп жататын. Ғабит пен Ғабиден бас изеп өтсе, Сәбит жақында тұрғандардың бәріне өз қолын ұсынып, алысырақ тұрғандарға: "Әй, қолыңды әкел!" –деп қасына шақырып алып сәлемдесетін. Сәбең содан кейін ғана ішке қарай кіретін.

Үлкендердің артын ала, теңіз тербеген балықшы кемесіндей ырғалып (ол кісінің өзі де теңіз перзенті ғой), екі жағына сәнмен теңселе түсіп, жай аяңдап Әбу ағамыз келе жататын. Бұл кісінің бізбен сәлемдесуі үлкендерден басқаша болатын. Әбекең ортамыздан бас изеп өте шықпайтын, аялдап амандасатын. Аялдағанда Хамитты (Ерғалиев) құшақтап, Тахауиды (Ахтанов) аймалап, Зейнолланы (Қабдолов) туған ұлындай емірене бауырына қысатын. Бәрінің де бетінен сүйетін. Беттерінен сүйгізгеннен кейін, өзгелерден бөлініп, елпек Қуандық Әбекеңді қолтықтап ішке, үлкендер отырған жаққа қарай алып кететін.

Әбекеңнің екінші бір ерекше қасиеті талантты жеткіншектерді алақанына салып әлпештеп, оларды аялап, ардақтап өсіру болды.Әбекеңдей бауырмал, айналасына Әбекеңдей қамқор ешкімді өз басым көрген емеспін. Талайларды Әбекең оқуға түсіртіп, оқу бітіргеннен кейін, оларды алысқа жібермей, астанада қалдыруға аянбай атсалысты. Институт, университет жас таланттарды жетектеп жүріп, Алматыда шығатын газет редакцияларына, баспаларға орналастырып, журналдарға жалғастырды. Көбінің ақын, жазушы болып шығуына көмектесті. Олардың кітаптарына қолы тисе, өзі мақала жазып, қолы тимесе, айналасындағы жұртқа ауызша айтып, мадақтап жүрді. Тіпті кейбір бала шәкірттер атақты, ірі жазушы болып кетсе де, оны ретті келген жерде мадақтап отыру әдетінен жаңылған емес. Өйткені ол Әбекеңе баладай көрініп, оны мәпелей бергісі келетін.

Бұған бір мысал келтірейін. Әбекеңнің қамқор қанатының астынан шыққан Тахауи Ахтанов атақты жазушы болды, классиктер қатарына кірді. Қазақ жазушыларының арасында атағы артып, абыройы дүрілдеп тұрды. "Ғабитті мақтаудың керегі жоқ, Ғабитпен мақтану керек",-деп, менің досым Зейнолла айтқандай, Тахауиды мақтаудың керегі жоқ, Тахауимен мақтанатын кез болатын. Оған қарамастан, Әбекеңнің Тахауиді тағы бір рет қолайсыздау қолпаштағанының куәсі болғаным бар.

Әлі есімде. Жазушылар одағында әскери әдебиет тақырыбына арналған әлдебір ақылдасу жиналысы болды. Жиналысты Жазушылар одағының сол кездегі бірінші хатшысы Олжас Сүлейменов басқарды. Сол жиналыста бұрын Ұлы Отан соғысында болған, майдандық газетте қызмет істеген, әскери өмірді жақсы білетін Әбекең бірінші болып сөз алды. Қазақ әскери әдебиетін өркендету жолын сөз етті. Ол кісі сөзін былай деп бастады:

-Осы біздің қазақ әскери әдебиетінің негізін салған мына отырған Тахауи ғой, - деп Тахауи Ахтановты иегімен нұсқады. – Мұның "Қаһарлы күндер" романы әскери әдебиетіміздің бастауы болды. Ендеше, өзіміздің Тахауи бастаған әскери әдебиетімізді одан әрі өркендете беруіміз керек.

Осыдан соң Әбекең өзінің кейбір ұсыныстарын айтты. Әбекеңнен кейін де әркімдер өз пікірлерін ортаға салды.

Ол жиналыстың болатыны әрі уақыты күні бұрын хабарландырылған. Мен де ол жиналысқа өзіме жан-жақты даярланып барғанмын. Сондықтан менің де шығып сөйлесуіме тура келді. Орыс әскери әдебиетіне қысқаша шолу жасай келіп, менің былай дегенім әлі күнге дейін есімде.

-Әбеке, Сізден кешірім сұраймын. Кешірім сұрайтыным, Сіздің бір пікіріңізге қарсы дау айтқым келіп тұр. Сіз жаңа қазақ әскери әдебиетінің негізін салған Тахауи дедіңіз. Ол ойыңызға қосылғым келмейді. Қосылмайтын себебім, ең алғашқы әскери романын жазған кісі - Ғабит Мүсірепов ағамыз. Ол романның аты -"Қазақ солдаты". Ал ең алғашқы әскери поэманы жазған қасыңызда отырған іні-досыңыз - Дихан Әбілев. Ол әскери поэманың аты "Майданбек". Соғыс кезінде, "Қазақ солдаты" романын 1944 жылы майданнан Алматыға әскери делегация басқарып келгенде "Әдебиет майданы" журналынан, осы үйдің-Жазушылар одағының іргесінде тұрған, ол кезде "Дом

делегатов" аталатын қонақ үйінде жатып оқып шыққан мына мен болатынмын. Ал Дихан ағамыздың "Майданбек" поэмасын сонау Калинин майдандық "Алға, жауға қарсы" газетінен оқып, кейін капитан Әбілев поэмасын арқалап келіп, 100-бригада жауынгерлерінің алдында оқып бергенде, ризалық пікір білдіріп, қолдау көрсеткен солдаттардың бірі мен болатынмын. "Майданбектен" кейінгі екінші әскери поэма Қасым Аманжоловтың өзіңіздің шәкіртіңізАбдолла Жұмағалиев жайында жазған "Ақын өлімі туралы аңыз" поэмасы екенін осы отырған жұртшың бәрі біледі. Одан кейін Әбдіжәміл Нұрпейісовтың "Күрляндия" романы жарық көрді. Содан сегіз жыл кейін Тахауидің "Қарһарлы күндер" шықты.

Бірақ бұл ақындар мен жазушылар бір-бір роман мен поэманы жазды да, артынан әскери тақырыптан аулақтап кетті. Ал әскери тақырыппен түбегейлі шұғылданып келе жатқан жалғыз жазушы, әскери психологияның атақты білгірі, қазақ әскери әдебиетінің атасы деп атауға лайық бір ғана адам бар. Ол-Бауыржан Момышұлы, Әбеке.

Осылай деп Әбекеңе бас идім де, одан әрі қарай әскери әдебиетімізді өркендету жайында нақты ұсыныстар айтып, істелетін істерді өзімше тарау-тарауға бөліп, нақтылай айтып шықтым.

Менің бұл сөзіме ешкім тойтарыс беріп, қарсы ешбір пікір білдірген жоқ. Әбекеңнің өзі де сабырлы қалпын бұзбай, үнсіз отырып қалды.

Әбекеңе қарсы айтқан дауыма артынан өзім өкініп те жүрдім. Әбекеңдей ардақты ағаға пікір айтқаным көргенсіздік болды ма деп қысылдым. Артынан Әбекеңмен бір кездескенде сол сөзіме кешірім жасауды өтіндім.

Әбекең ойланып, біраз үнсіз тұрып қалды. Содан кейін барып былай деді:

-Әзілхан, сенің ол сөзіңнің оғаштығы жоқ. Оғаштығы болмаса да, кешірім сұрағанына рақмет. Мен Ғабит ағаны да, Диханды да, Бауыржанды да жақсы көремін. Бауыржанға өлең арнағанымды өзің де білесің. Олардың орнын кемітейін деген ойым болған жоқ еді. Ал Тахаун әскери әдебиеттің негізін салды деген сөз, жаңа айтқандай, оны еркелету үшін аузыма түсіп кеткенін аңғармай қалған болармын. Ал Тахаун қазір жолбарыс қана емес, арыстан боп кеткен азамат қой. Арыстанды қалай мақтаса да болатын шығар!

-Әрине, Әбеке, арыстанды да, аюды да мақтауға болады. Тегі, мен оларды мадақтаудың орны бар ғой деп ойлап қалған болармын.

-Оның да рас. Сол "өз орнын" шатастырып алғаным үшін мен сенен кешірім сұраймын.

Осылай деп Әбекең мені ықылмынан құшақтады. Бірақ бетімнен сүйген жоқ. Сүймесе де, ашуланбағанына, үлкен басымен кешірім сұрағанына қуандым. Өйткені өз қатесін ашық мойындау-ұлылықтың белгісі. Ұсақ адамдар өз қатесін ешқашан мойындамайды ғой. Мойындамақ тұр ғой, өзіміздікі дұрыс деп ерегісе түспей ма?

Міне ки, мен білетін Әбекеңнің екінші ерекше қасиеті өз кінәсін мойындай білетін ұлылығы еді. Мен мұндай ұлылықты өз замандастарымнан екі адамның бойынан көрдім. Оның бірі ардақты ағамыз Ғабит Мүсірепов болса, екіншісі аяулы Әбекең-осы кісі- Әбу Сәрсенбаевтың өзі.

Бір кезде мен "Қазақ әдебиеті" газетіне бас редактор болып, астыма арғымақ ат мініп келіп, артынан Жазушылар одағынан журналистер ауылына ер-тоқымымды арқалап, қалай жаяу қайтқанымды 1997-1998 жылдарда "Жұлдыз" журналында жарияланған "Өткелдер" роман-естелігімде айтқанмын. Сонда маған қиянат жасаған кісілерден тек Ғабиттің қана өз қатесін аузымен емес (кешірім сұрап), ісімен түзеткенін сонда көрсеткенмін. Атап айтқанда, ол кісі редактор кезінде айтқанымызға көнбедің, айдауымызға жүрмедің деп өшікпей, менің "Махаббат, қызық мол жылдар" романым мен "Ақиқат пен аңыз" роман-диалогым Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғанда, екі рет қолдап, ақыры менің сол сыйлыққа қолым жетуіне септігін тигізген сол кісі болатын. Одан кейін ССРО Жазушылар одағының 50 жылдығына байланысты мені Халықтар достығы орденіне ұсынған да сол кісі.Мен ол орденді омырауыма тақпаннан кейін Ғабекең оның маған қалай тиген тарихын өзі айтып берген болатын. Қымбатты Ғабекеңнің бойынан мен көрген ұлылық белгісі осындай еді.

Ғабекеңнен кейін маған ұлылықтың үлгісін көрсеткен кісі Әбекең болды.

Енді Әбекеңмен ең алғаш бетпе-бет кездесіп, тікелей тіл қатысқанымды айтайын.

Кейбір романның, поэманың немесе өлеңнің өзіне ғана тән атағы, данқы , абыройы болады.Ондай бақытты туынды көпке дейін қолдан түспей, көкейден кетпей, ауыздан ауызға көше айтылып, ардақталып жүреді. Біз, өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарына туған жастар, Ұлы Отан соғысынан (1941-1945) қайтып келіп, университетте, институттарда оқып жүрген кезде студент қауымына атақты ерекше үш туынды болды. Олар Әлжаппар Әбішевтің "Жас түлектер" романы, Қасым Аманжоловтың "Ақын өлімі туралы аңыз"поэмасы және Әбу Сәрсенбаевтің "Ақша бұлт"деген өлеңі бар. Өз уақытында бұл үш шығарманың данқы жер жарып тұрды десе де болады. Әрине, кейінірек "Абай жолы" романының кезекті кітаптары , басқа да поэмалар мен жалынды өлеңдер әдебиет әлеміне келді. Олардың атақ, абыройы өз алдына.

Мен Әбекеңнің атын соғыстан бұрын да білетінмін. Ол кезде өлең жазып, ақын болуға талпынып жүрген жастардың бірі болғандықтан, "Еділ толқыны", "Жүрек сыйы", "Ант" деп аталатын өлеңдер жинақтарын оқығанмын. Бірақ ол кісінің есімі менің ойымнан орнықты орын алуы осы "Ақша бұлт" өлеңінен басталатын сияқты. Ол кезде Әбекеңнің атын естісем-ақ болды, көзіме мөп-мөлдір көк аспанда қалықтап бара жатқан бұлт елестейтін. Басына ақ шәлі жамылған әлдебір асыл ару қасымнан өтіп, ұзап бара жатқандай көрінетін.

Бірақ жаның жақсы көрген ақынның атағына мәз болып, бір қалада тұрсақ та, оны алыстан көргенімнен, жанына жуықтап, сәлем беріп, қолын алу- екінің біріне тие бермейтін бақыт. Соғыстан кейін он жылдан аса уақыт өткеннен кейін ғана Әбекеңнің жанына жақындадым.

Сол өткен ғасырдың елуінші жылдарында мен Павлодар облысында журналистік қызметте болдым. Облыста жүріп, үсті-үстіне очерктер жариялап, "Қазақстанның Овечкині" деген атағым шықты. Ол атақты маған алғаш берген атақты әдебиет сыншысы Есмағамбет Ысмайылов пен ол кездегі жас әдебиетші, қазіргі атақты ғалым, қоғам қайраткері, Астанадағы Гумилев атындағы Ұлттық университеттің ректоры Мырзатай Жолдасбеков еді. Осы екі кісі бірлесіп жазған менің очерктерім туралы мақала республикалық "Қазақстан коммунисі" журналында жарияланған.

Сол кезде Алматыға бір келгенімде "Әдебиет және искусство" журналының бас редакторы Зейнолла Қабдоловтың кабинетінде Әбекеңмен кездестім. Зейнолла екеуіміз бұрын университеттің филология факультетінде қарайлас оқығанбыз. Оның үстіне, әдеби ұстазымыз Мұқан Иманжановтың (1916-1956) жанында жүрген досыз. Сол Мұқан Иманжановтың ұсынысымен Зейнолла өзі бас редактор болып отырған "Әдебиет және искусство" журналының екі нөмірінде менің "Алыстағы ауданда" деген очеркімді жариялаған.

Зейнолла екеуміз шүйіркелесіп отырғанымызда, үстімізге Әбекең кіріп келді. Мен Әбекеңді білгеніммен, ол кісі танымайтын мені.

Біз орнымыздан ұшып тұрып, Әбекеңе сәлем бердік. Сәлемдескеннен кейін Зейнолла мені Әбекеңе таныстыра бастады.

-Әбеке, мына жігіттің аты Әзілхан, фамилиясы Нұршайықов. Павлодар қаласында тұрады. Біздің қазіргі "нөмірі бірінші очеркисіміз" осы кісі. Жақында біздің журналда "Алыстағы ауданда" деген көлемді очерк басылған. Оқыған шығарсың,-деді Зейнолла

Әбекең маған сығырая қарап, бас-аяғымды шолып өтті. Сөйтті де:

-Әлгі "Қазақстанның Овечкині" деп жүргендері осы ма?-деді.

Әбекең менің очеркімді оқыған, оқымағанын айтпады. Бірақ мені Овечкинге теңеп, жазылған мақаланы оқығанын аңғартты. Әлде сол мақаланың әсерінен мені кесек тұлғалы кісі екен деп ойлап, түрімді көргеннен кейін көңілі ортайып қалғандай пікір білдірді ме? Әбекеңнің "осы ма?" дегені соны сездіргендей болды.

Зерек Зейнолла Әбекеңнің менің түріме көңілі толмай қалғанын бірден білді. Білді де, Әбекеңнің ол сөзі менің көңіліме келіп қалды ма деген оймен:

-Осы мықтының өзі, Әбеке!-деді. "Мықты"деген сөзді нығарлап айтты. Содан соң сөзін қайта жалғады. –Осы үйіріп қалса алшысынан тік ете түсетін алтын асықтай кішкене қалпымен бұл жігіт бір облыстық газеттің редакторы, Әбеке.

Әбекең қомсынғанмен, Зейнолла менің басымды алтынға теңеп, бағамды мүлде арттырып жіберді. "Алтын асықтай" деген сөздің күшінен бе әлде "облыстық газеттің редакторы" деген сөздің әсерінен бе, Әбекең:

-Ә, солай ма?-деп алды да, енді менімен ежелгі танысындай шүйіркелесе сөйлесіп кетті. Облыстың жайын, ең астықты аудандардың атын, аудан-ауданның арасы қанша шақырым екендігін, оларға қатынасатын жолдар жайы қандай екенін сұрады. Жеңіл машинамен облысты аралап шығуға бола ма деп те анықтап алды.

Осыларды сұрап болғаннан кейін Әбекең Овечкин жайына қайта көшті:

-Овечкин болған жақсы, әрине "Правда" газетінде күн сайын очерктері басылады. Аты бүкіл Совет Одағына әйгілі. Ондай болу да-дәреже!

Әбекең осылай деп бір тоқтады. Әбекеңнің бұл бағасын естігенімде, төбем көкке жеткендей болды. Тіпті жерден көкке қарай көтеріліп, өзінің "Ақша бұлты"сияқты аспанды кезіп, ұшып жүргендей сезіндім өзімді.

Мен осылай "аспандап" тұрғанда Әбекең сөзін қайтадан жалғады:

-Овечкин деген немене, тәйірі! Небәрі очеркист қана. Түкке де тұрмайды. Осылай деп Әбекең қолын бір-ақ сермеді де, орнынан тұрды.

-Әбеке, шаруаңызды айтпайсыз ба?-деді Зейнолла Әбекең орнынан тұрған соң.

-Айтпақшы, ұмытып барады екенмін ғой. Ертең бір қарындасынды жіберем саған, Зейнолла, Гурьевтің қызы! Сол қыздың өлеңдерін оқып, журналға жарияла,-деді Әбекең өтініш емес, бұйрық түрінде сөйлеп...

-Көрейік, Әбеке...

-Көретұғын түгі жоқ, ағып тұрған ақын қыз. Аты Фариза Оңғарсынова.

-Өлеңдері сізге ұнаса-болды, Әбеке.

-Өте ұнайды. Ертең бүкіл қазақты аузына қарататын ақын қыз сол болады!

-Бітті, ендеше. Құп, Әбеке.

Әбекең есікке қарай аяндады.

Зейнолла екеуіміз орындарымыздан тік көтеріліп, ол кісіні бір қабат үйдің есігінен шығарып салдық. ("Әдебиет және искусство"журналының редакциясы ол кезде Жазушылар одағының Пролетар көшесіндегі №11 үйінде болатын. Қазір ол көше Зеньков көшесі аталатын болуы керек).

-Апыр-ай, Зейнолла, Әбекең мені Овечкинмен теңестіре көкке көтеріп апарып-апарып тастап кеп жіберді-ау төмен қарай! Осы менің күлпаршам шығып қалған жоқ па, қарашы анықтап,-дедім Зейноллаға әзілдеп, кабинетке қайта кіргеннен кейін.

Зейнолла менің әзіліме әзілмен жауап берді.

-Әй, Әзаға, расында мен тексеріп қарайыншы,-деп ол менің басымды, иығымды кеудемді сипап өтті. -Жоқ, Әзаға, аман екенсіз-бәрі өз орнында. Еш жеріңіз мертіккен жоқ.

Осылай деп Зейнолла рақаттана күлді. Күлді де:

-Бұл Әбекең деген кісі -әулие адам. Кейде Қожанасырға да ұқсап кетеді. Қожанасыр да әулие ғой. Сол сияқты Әбекең де ойындағысын бүкпестен тура айта салады. Айтқанда, беталды айтпайды, бірденені болжап айтады. Ал енді бұл кісі бар ғой Овечкинді айтқанда, тек оны ғана емес, очерк жанрының ар жағына көз жіберіп айтып отыр.

Әрине, Зейнолла менен гөрі жақсы біледі. Біз университетте оқып жүрген кезде Әбекең педагогикалық оқулықтар баспасында (Учпедгиз) директор болған. Зейнолла және менімен бір курста бірге оқыған Рамазан Нарышев деген досым екеуі Әбекеңнің қол астында барып, корректор болып қызмет істеген. Студент стипендиясының үстіне ай сайын жалақы алып, жүрек жалғап тұрған.

Енді ойланып қарасам, Әбекеңнің сонда айтқан сөзі нағыз даналық, әулиелік сөз екен. Әбекең айтқандай, бүгінде расында да, очерктің қарасы өшті. Овечкин де, Овечкиндер де атаусыз қалды. Әбекең сонда-ақ, сонау елуінші жылдардың ортасында-ақ, очерктің болашағын болжап, маған: "Шырағым, сен очерк жаздым деп мақтанба! Шын жазушы боламын десең, очерктен озып, ілгері жанрларға қарай ұмтыл!"-деп ескертпе жасаған екен.

Осы ойды маған 1958 жылы Павлодарға келгенде ұлы данамыз Мұхтар Әуезов те айтқан болатын. Мұхаң: "Анық жазушы боламын деген адам роман жазуға ұмтылу керек".-деп, тұспалдамай, анық айтқан еді.

Осы орайда екі даналың ойы бір жерден шыққанына бүгінде таң қаламын. Егер мен "Махаббат, қызық мол жылдар", "Ақиқат пен аңыз", "Өткелдер", "Қаламгер" сияқты романдар жазбай, "құйрығы жоқ, жалы жоқ құлан" тәрізді очеркті шолтаңдатып, шапқылай берсем, бүгінгі бұл дәрежеме жетпеген болар едім!

"Екі дана" деп, Мұхаң мен Әбекеңді шендестіре айтып отырмын. Өйткені абыз да-дана. Бірақ өзге даналардан гөрі ұзақ өмір сүретін дана. Көп даналар тоқсанға жетпей өмірден өтеді. Абыздар ғана тоқсанның шыңына шығады.

Әбекеңмен екінші рет Павлодар қаласында кездестім. 1956 жылы Әбекең өзінің жаңа "Победа" машинасын мініп, Павлодар облысына келді. Қасында бәйбішесі, "Қазақстан әйелдері" журналында ұзақ жылдар жауапты хатшы, редактордың орынбасары болып қызмет істеген белгілі журналист Ләзиза Серғазина апай мен ҚазПИ-дің доценті, ақын Төкен Әбдірахманов (1917-1990) бар. Олар Әбекеңнің Павлодардағы құдасы Қабдырақым ақсақалдың үйіне тоқтады. Әбекең мен Ләзиза апамыздың жалғыз қызы Райхан осы кісінің ұлы Құлмағамбетке тұрмысқа шыққан екен. Құлмағамбет Алматыдағы Заң институтын, Райхан шет елдер институтының ағылшын факультетін бітіріп, 1950 жылдан бері осы қалада тұрып жатса керек. Құлмағамбет облыстық заң мекемелерінің бірінде істейді. Райхан қаладағы №8 орта мектепте ағылшын тілінің мұғалімі екен.

Түстен кейін, редакция кабинетінде отырғанымда, телефон шырылдады. Трубканы көтердім.

-Әзілхан, мен Төкен Әбдрахманов қой,-деді ар жақтан бір таныс дауыс. Таныс болатыны, Төкен Әбдрахмановты бұрыннан білетінмін. Соғыстан бұрын да, соғыстан кейін де Алматыда шығатын "Пионер" журналында алғашында жауапты хатшы, кейін редактор болып істеген. Менің "Бір" деген алғашқы өлеңім осы "Пионер" журналында басылған. Соғыстан кейін "Қос тұлпар" деген поэмам да осы журналда жарияланған. Екеуі де Төкеңнің қолынан шыққан. Оның үстіне, Төкен менің Алматыдағы ұстаз досым Мұқан Иманжановтың жан жолдастарының бірі болатын.

-Қайдан сөйлеп тұрсыз, Төке?-дедім мен.

-Осы Павлодардан.

-Қашан келдіңіз?

-Бүгін келдік. Әбекеңмен біргемін.

-Қай Әбекең?

-Әбу Сәрсенбаев. Ол кісі сені біледі. Зейнолла сені Әбекеңмен таныстырыпты ғой. Әбекеңнің осындағы құдасының үйіндеміз. Бірінші Май көшесі. Кешке осында кел. Қалған әңгімені сонда сөйлесеміз,-деді Төкен.

Кешке айтылған адрес бойынша Алматыдан келген қонақтарға сәлем беруге Қабдырақым ақсақалдың үйіне бардым. Қабдырақым ақсақал, ол кісінің жұбайы Жықан бәйбіше, Райхан, Құлмағамбет -бәрі қонақтарды күтіп, мәре-сәре болып жатқан екен. Түн ортасында дейін мен де сол кісілердің қасында болып, қызықты әңгіме-дүкен құрдық. Ләзиза апай өлеңдерін оқыды. Біз сүйсіне қол соқтық.

Ертеңіне ол кісілерді біз (Халима екеуіміз) үйге шақырып едік. Қабдырақым ақсақал мен Жықан бәйбіше келмеді.

-Қонақтарға ілесіп Райхан мен Құлмағамбет екеуі ғана барсын. Біз осындағы адамдармыз ғой,-десті.

Біздің үйге қонақ болған күннің ертеңінде ол кісілер облыс аралап, ілгері жүріп кетті. Әбекеңнің жаңа ақ "Победасы" бар екен. Сонымен келген олар алдымен Павлодар облысының Ертіс ауданына қарай бет түзеді. Ләзиза анамыздың туған жері Ертіс ауданы екен. Сонда болып, одан әр Баянауылға түспек көрінеді. Баянауылдан Қарағандылатып Алматыға қайтпақ.

Қазақстан сол жылы мемлекетке алғашқы рет миллиард пұт астық өткізді. Әбекеңдер егіншілердің сол қызу майданын өз көздерімен көріп қайтты. Артынан Әбекең осы сапарының негізінде "Миллиардтың ізімен" деген өлеңдер жинағын жариялады.

Павлодарда сегіз жыл тұрып, біз Алматыға көшіп келдік. Бұдан кейін Әбекеңмен де, басқа жазушылармен де жиын-жиналыстарда, көшеде, кейін қонақта кездесіп жүретін болдық. Кездескен сайын Әбекеңе де жазбай сәлем берумен болдым.

1980 жылы мен "Ақиқат пен аңыз" романыма Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық алдым. Соның құрметіне Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин сияқты ағаларды, Әбділа Тәжібаев, Әди Шәріпов, Мұхамеджан Қаратаев, Сақтаған Бәйішев, Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов сияқты інілерімен қосып, Әбекеңді өз үйімде қонақ еттім (бірінші рет Павлодарда қонақ болғанын жоғарыда айттым ғой).

1985 жыл Ұлы Абайдың туғанына 140 жыл толды. Соның қарсаңында қазақ теледидары бір топ ақын-жазушыларды шақырып, "Өлеңнің патшасы" деген тақырыпта сұхбат өткізді. Сұхбатты Сағат Әшімбаев жүргізді. Ақындардан Әбекең-Әбу Сәрсенбаев, Тәфу Қайырбеков, Тұрсынзада Есімжанов, прозашылардан мен қатыстым.

Алдымен ағамыз Әбекең сөйледі. Өзінің жас кезінде Абай өлеңдерін оқи алмағанын айтты. Балалық кездерін Астрахань қаласында өткізіп, сонда оқып білім алыпты. Абайдан ең алғаш естіген өлеңі "Есіңде бар ма жас күнің" екен. Оны Орынборда оқып келген мұғалімнен естіпті. Одан кейін осы өлеңді өзінің дос інісі, майданда онаш болған Қасым Аманжоловтың "Ақын өлімі туралы аңыз" аталатын атақты поэмасының бас кейіпкері Абдолла Жұманалиев көп айтушы еді деді. Әбекең 1929 жылы Астрахань-ды оқуын бітіргеннен кейін, 1932 жылы Алматыға тұрақтайды. Алматыға келгеннен кейін, 27 жасынан бастап Абай туралы мәліметтерге қанығы бастайды. Алдымен Мұхтар Әуезовтің Абай туралы мақалаларын оқып қанығады. Содан кейін Абай өлеңдеріне қолы жетеді. Абайды оқығанда Әбекең жаңа дүниеге келгендей әсер алады.

Осыларды айта келіп, Әбекең:

-Пушкин-биік, Некрасов-терең. Ал Абай әрі биік, әрі терең!-деген тамаша ой айтты. Студияда қасында отырған екі ақын, бір сыншы, бір прозашы Әбекеңнің Абай туралы тамаша сөзін құлаққа ұрған танадай болып тыңдап,қайта-қайта бас шұлғып отырдық. Содан кейін Әбекең өзінің 80 жасқа келмегенге дейін Абай туралы өлең жазбағанын айтты.

-Жазбайын демеймін. Жазуға жүрексінемін. Абайдың асыл бейнесін шығара алмай, оны қара жаяу көптің бірі етіп қаламын ба деп қорқамын! Абай туралы беталды, берекесіз сөз сөйлеуден қорқу керек. Құдайдан қорқу керек! Абайдан қорқу керек!-деп Әбекең әңгімесін бір түйді.

Бұрын ешкімнен естімеген бұл кесек сөз біз төртеуімізді тегіс тебіренті. Абай алдындағы жазушылық жауапкершілігіміз осы арада ғана, Әбекеңнің әлгі сөзінен кейін ғана ұққандай болдық.

Әбекең Абай туралы асыл ойларын ақтарып келіп, енді мәнерлеп, мәнерлеп, жан-жүрегімен беріле Абай өлеңін оқуға көшті. Үйінен алып келген Абай кітабының бетін ашып, ұлы ақынның "Есіңде бар ма жас күніңіз" (жоғарыда айтқан өзінің жас кезінде Астраханьда жүріп Абайдан алдымен естіген өлеңі) оқыды. Сол қолымен Абай кітабын ұстап, он қолын жоғары көтеріп, әлденеден қорыққандай, қобалжыңқандай бөгеліп барып, бұйра басын сәл еңкейтіп қалып, бастап кетті.

Есіңде бар ма жас күнің,
Кімді көрсең-бәрі дос, бәрі дос...
...Махаббат, қызық, мал мен бақ
Көрінуші еді доска ортақ, доска ортақ...

Мен таңданып қалдым. Әбекең Абайдың әр екінші жолыма 3-4 буын сөз қосып отырған сияқтанып. Бұл өлеңнің екінші жолындағы "бәрі дос" деген, төртінші жолындағы "доска ортақ" деген сөздер бір-ақ реттен келуші еді ғой. Әбекең екі қайталап айтып, қателесіп отыр ма деп ойладым. Ары қарай тыңдадым:

Үміт жақын, көңіл ақ,
Болар ма сондай қызық шақ, қызық шақ?

Жоқ, қателеспеген екем. Әбекең ол сөздерді әдейі қайталап, тыңдаушының зердесіне тереңірек сіңіре түсу үшін жасап отырған тәсілі екен. Әбекеңнің өз тәсілі.

Әбекеңнің аузынан шыққанда одан сайын құбылып, құлпыра түсіп тұрған бұл өлеңді ары қарай тыңдадым:

Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар, мол жылдар?!

Әбекең мына соңғы шумақты даусы дірілдеп, жылап оқып аяқтады.

Көзіме жас бер, жылайын,
Шыдам бер, сабыр қылайын, сабыр қылайын.
Жаралы болған жүрекке
Дауа бер, жамап-сынайын, сынайын.

Осылай бітіріп, Әбекең сылқ етқізіп басын төмен түсірді. Біздің де басымыз салбырап қалды.

Бәрімізден бұрын ес жинаған Ғафу болды. Ол саңқ етіп:

-Әзаға, сіздің романыңыздың аты "Махаббат, қызық мол жылдар" емес пе? Абайдың жаңағы өлеңінен алынған ғой. Соны айтатын шығарсыз,-деді.

Бұл Ғафудың мен өз сөзімде ұмытып кетпей, ол роман жайында да айта кетсін деп, аузыма сөз салып отырғаны. Мен оған ризашылықпен жымиып, басымды изедім.

Әбекең салбырап кеткен басын көтеріп, әңгімесін қайта жалғады:

-Менің марқұм бәйбішем Ләзиза деген кісі өте әнші еді. Сол кісі бәріміз 1956 жылы машинамен жүріп, Талдықорған, Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарын аралап қайттық (мен жоғарыда айтқан сапарын еске алып отыр). Семейден әдейі бұрылып, Абай ауданына бардық. Кәмен Оразалин іниміз бізді Қарауылдан Жидебайдағы Абай зиратының басына ертіп барды. Аға есікті үлкен бейіт ішіндегі Абайдың биік қабырын қайта-қайта құшақтап, жылап қайттық. Енді мен әйелім Ләзиза марқұм жылап отырып айтатын мына бір өлеңді оқып берейін.

Әбекең қолындағы Абай кітабын қайтадан жоғары көтерді. Оң қолын жоғары көтеріп, сұқ саусағын шошайта ұстап, Абайдың мына өлеңін бастап кетті:

Өзгеге көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың, қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың, жоярсың...
Әуелесін, қалқысын,
От-жалындай шалқысын, шалқысын.
Жылай-жырлай өлгенде,
Артқағыға сөз қалсын, сөз қалсын...

Ең соңында Әбекең, "Жүрегіңмен тыңдамай, құлағыңмен тыңдарсың. Соны көріп, соларға қайтіп қана сарнарсың!"- деп өлеңді аяқтап, көрермендерге бас игенде, Ғафу мен Сағат қосарлана:

-Ой, рақмет, Әбеке!-деп дауыстап жіберді.

Сұхбатты басқарушы Сағат Әбекеңнен кейінгі екінші сөзді Ғафуға берді. Ғафу да шабыттана шешен сөйледі. Абайға арналған эпитеттерді үсті-үстіне төкті.

-Абай туралы айту-өзің туралы айту. Өзің туралы айту-Абайдан алған үлгіңді баяндауға ұмтылыс. Абай туралы айта бергің келеді. Айтқан сайын санаң ашыла түседі. Абай өлген жоқ. Ол біздің қасымызда отыр. Абай анау Қарауылдың қасындағы зиратта жатқан жоқ. Осы отырған әрқайсымыздың жүрегімізде жатыр. Абай - біздің ғана емес, бүкіл қазақ халқы жүрегінің тұрақты тұрғыны.

Осындай тамаша сөздерді төкпелеп келіп, өзінің Абай туралы бірнеше мақала, бір әңгіме жазғанын айтты. Осыдан кейін ол мәнерлеп Абайдың үш өлеңін, "Асау той, тентек жиын опыр-топыр", "Жүрегімнің түбіне терең бойла" және "Сұрғылт тұман дым бүркіп" өлеңдерін оқыды.

Әбекең бастап, бәріміз Ғафу оқыған өлеңдерге бас изедік. Сағат:

-Мағыналы әңгімеңізге рақмет,-деп оның сөзін түйіндеді.

Содан кейін ол үшінші сөзді Тұрсынзада Есімжановқа берді. Ол өз шығармаларында Абайға соққан тұстарын айта келіп, Абайдың "Жастықтың оты жалындап" өлеңін оқып берді. Оқи отырып талдау жасап, мазмұндап отырды.

Сағат оған да әсерлі сөзіне көп-көп алғыс айтты да, сөзді маған берді.

-Әзеке, Сіз кішкентай тоса тұрыңыз. Мен де Абай туралы өз көкірегіме жиналған сөздерді айтайын,-деп, ұлы ақын туралы бес минут жалынды сөз сөйледі.

-Ал енді, Әзеке, соңғы түйінің жүгі ауыр дегендей, соңғы сөз Сізге беріледі.

Мен Абай өлеңдерін 12 жасымнан бастап оқығанымды айттым. Ең алғаш, бала күнімде ойымда жатталып қалғаны мына жолдар еді деп, "Кім екен деп келіп ем түйе күзіп" өлеңін жатқа айттым. Одан кейін мектеп сахнасынан тақпақтай саңқылдатып сан рет айтып едік деп, "Ғылым таппай мақтанба" өлеңінің бірнеше шумағын кітапқа қарамай жатқа айтып шықтым. Одан кейін балалық шақтан өтіп, бозбалалық шаққа көштік. Бұл кезде біз қызымызға Абайдың мына өлеңін айтып, қолымызды созған едік деп, "Айттым сәлем, Қаламқас" өлеңінің тоғыз шумағын және жатқа айттым.

Осы өлеңнің ең соңғы шумағы:

Сіз-қырғауыл жез қанат,
Аш бетінді, бері қарат.
Жақындай бер жуықтап,
Тамағыңнан аймалат,-

деп, жанымыз сүйген жақсы қызға қол созып тұрғанда Ұлы Отан соғысы басталып кетті. Біз сүйген қызымыздың тамағынан сүйе алмай майданға кеттік. Біздің 20-жылдардың бас жағында туған жастардың махаббаты, отқа күйіді, өртке шарпылды. Майданда жүріп, біз "Катюша" әнімен катарластыра "Айттым сәлем, Қаламқасты" шырқадық. 1945 жылы 9 Майда-Жеңіс күні біз, Германияның Висмир қаласының іргесінде, неміс орманының ішінде, 1941 жылы Алматы қаласында жасақталған 100-қазақ аткыштар бригадасының тірі қалған жауынгерлері "Айттым сәлем, Қаламқас" әнін шырқадық. Соғыстан келіп, университетке түскенде, жатақхананың суық, қараңғы бөлмелерінде отырып, осы әнді және шырқап, жанымызды жылыттық. Мен өзімнің "Махаббат жыры" повесім мен "Махаббат, қызық мол жылдар" романымды Абай өлеңдеріне үңіліп отырып жаздым. Мен өзімнің жазушы болғаным үшін Абайға қарыздармын. Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа не болғаным үшін және Абайға қарыздармын. Жалғыз мен емес. Абайға барлық қазақ жазушылары қарыздар. Жазушылардың келер ұрпақтары Абайға және қарыздар болады. Абай - қазақ ұлтының барлық ұрпақтарын өзіне қарыздар етіп кеткен ғажайып Адам. Пайғамбар. Құдай! Мен осылай деп ойлаймын!-деп сөзімді бітірдім.

Бір сағат уақыттан соң біздің сұхбатымыз аяқталды. Мен сөйлеп отырған кезде Сағаттың да, Ғафудың да, Тұрсынзаданың да қатты ілтипат білдіріп, бір-біріне қарасып бас изесіп қалғандарын да көзім шалған. Тек Әбекең ғана үн-түнсіз сұлық сияқтанған.

Хабарды аяқтағаннан кейін телестудиядан шығып, үйге келдім.

-Қалай болды?-деп әйелім Халимадан сұрадым.Ол бас бармағын көрсетті.

Халиманың менің радиодан, теледидардан сөйлеген сөздерімді кассетаға жазып алып отыратын әдеті болушы еді. Бұл жолы да жазып алыпты. Құр жазып алып қоймай, кімнің канша сөйлегенін де есептеп, қағазға түртіп қойыпты.

-Ең көп сөйлеген сен болдың. Сен хабардың 20 минутын алдың. Өзгелер 12-13 минуттан сөйледі-ау деймін...-деді.

Екеуміз отыра қалып, кассетадағы көшірмені қайтадан көрдік. Сағат пен Ғафу менің сөзімді өзара қайта-қайта құптасып отырыпты. Тек Әбекең ғана үн-түнсіз қалыпты...

Әбекең сексенге ме екен, сексен беске толғанда ма екен, үйіне бір топ қонақ шақырды.

Ішіміздегі Әбекеңнен кейінгі үлкеніміз Хамит пен Төкен бастап құттықтап сөз сөйлеп, тілек айттық, тост көтердік. Бір кезде кезек маған келді. Мен былай деген едім:

-Мен осы тойдан өзіме екі түрлі ғибрат алып отырмын, ағайын. Бірінші, Әбекеңнің осы жасқа келсе де (80 немесе 85 деген болармын), айналасында үзілмес үлкен шоғыр бар екендігіне куандым. Қуанатыным-адам жас кезінде жақыны көп болғанымен, қартая келе соқа басы сорайып жалғыз қалады: жақыны жат, бауыры басқа, досы қас боп кетеді. Көпшілік жағдайда солай. Ал 85-ке (мүмкін, 80-ге деген болармын) келген Әбекеңнің қасында аспандағы айды қоршаған жұлдыздардай жарқырап қаншама інілері отыр! Әркайсысы бір-бір планета! Ол аспан әлемі ғой. Ал енді аспаннан жерге қарай төмендесек, жерде магнит деген бір ғажайып зат бар. Ғажайыптығы сол, ол жақында жатқан бір шегені жанына тартып, өзіне жапсырып алады. Біз сияқты "шегелерді" 85 жасыңыздың өзінде шашау шығармай, жаныңызға жинап отырсыз, Әбеке. Сіз жай адам емес,

Магнит-адамсыз. Әбеке, "шеге" болу қолдан келгенімен, магнит болу жұрттың бәрінің бірдей қолынан келе бермейді.

Екінші алған ғибратым: Сіздің 85 жасқа келгенде омалып төрде отырмай, үстелді жас баладай шыр айнала жүгіріп жүріп, іні-келіндеріңіздің рюмкаларына тәтті шарапты өз қолыңызбен құйып беріп жүргеніңіз. Ұршықтай үйірілген жас жігіттей қызмет істеп, үлгі көрсетіп отырсыз. Өзге біреулер болса, төрдің төбесін бермей, тырп етпестен шіреніп отырар еді үстелдің басында. Ал Сіз жас қонақтарыңызды Құдайдай көріп, қызмет етіп жүрсіз. Мен осы кішіпейілдігіңізге тәнтімін.

Сіздің осы екі қасиетіңіз ұлттық және үлкен қасиетке айналуын тілеймін.

Сіздің Жамбыл жасына жетіп, ақын Әбу деген ардақты атыңыздың үстіне, абыз Әбу деген ең биік адамгершілік лауазымға ие болуыңызға тілектеспін!

Зор құрметпен Сіздің Әзілхан Нұршайықов.-деп, хат жазып отырған кісідей Әбекеңе қарап басымды идім. Содан кейін сөзімді әрі қарай жалғадым:

-Сіздің іні-келіндеріңіз аман болып, үркердей үйіріліп, жұлдыздай жайнап, жарқырап жаныңызда жүре беруін мінәжат етемін!-деп үстел басында отырған қонақтарға екі жағыма кезек бұрылып, басымды издім.

Әбекең қасыма келіп, үнсіз құшақтап, бетімнен сүйді.

-Әбеке, Тахауи мен Зейнолланың бетіне мың рет тиген бауырмал еріңіздің менің де бетіме тигеніне қуаныштымын!-дедім Әбекеңді әзілдей құшақтап.

Әбекең оған да үндеген жоқ.

Өзгелер қол шапалақтап, сөзіме қошамет көрсетті.

-Бұл қазақ осылай сөйлейді!-деп Төкен Әбдірахманов өркештеніп қалды.-Әзілханның "Бір" деген алғашқы өлеңін "Пионер" журналына мен жариялағанмын. Бұл-менің шәкіртім!

Бұйра басын екі жағына кезек қозғап қойып, Тахауи сөзге араласты:

-Төке, Сіздің шәкіртіңіз "Бір" деген өлең жазса, Маяковский "Бір жүз елу миллион" деген поэма жазған!-осылай деп, ол оң қолының сұқ саусағын жоғары көтеріп, ауаға 150 000 000 –ның цифрын өрнектегендей ишара жасады. Содан соң Төкенге қарай қайта бұрылды.-Сіз бір мен бір жүз елу миллионның айырмасын ажырата алушы ма едіңіз?

Өзге ешкім үндеген жоқ. Тек Қуандық қана:

-Браво, Тахаш!-деп санын шапалақтап жіберді.

-Біздің Тахаш табады ғой, шіркін. Ал, Төке, білуші ме едіңіз ол екі цифрдың айырмасын. Айтыңыз, білсеңіз.

-Білемін, Қуандық, білемін, Тахауи,-деді Төкен саспастан-Маяковский-Маяковский, ал Әзілхан-Әзілхан. Екеуі екі дүние. Дүние!-деп көтере айтып, ол да саусағын шошайтты.

Жұрт екіге бөлінбей, үнсіз қалды. Ол үнсіздікті Зейнолла бұзды:

-Мен Әзағаның "Бір" деген өлеңін білемін. Ол бір Маяковский үлгісімен шумақтың әр жолын шашырата жазған бірегей өлең болатын. Ал бір өкініштісі, Әзағаң Ұлы Отан соғысынан кейін өлеңді тастап, очеркке көшіп кетті. Прозаға ауысты. Егер Әзағаң өлеңді тастамай, сонымен шұғылдана берсе, онда бұл кісі бүгін Төкен ағамыздың емес, тура Маяковскийдің өзінің шәкірті болып отырар еді.

-Әй, Зейнолла, сен ақылдысың, ғой, айналайын,-деді Төкен әдет бойынша басын екі жағына қарай кезек қозғап. –Сен дау, қызғаныш, көре алмаушылық, өзімшілдік деген пәлелердің бойын ақылыннан бір сантиметр биік асырмайсың ғой! Мен осыныңа ризамын. Әкелші қолыңды.

Екеуі де орындарынан тұрып, үстелдің екі жақ шетінен қол алысты.

Аяқ астынан туған әзіл қақтығыс осылай аяқталған. Бұдан кейін де бірнеше тостар сөйленіп, Әбекеңе, оның бала-шағасына арналып жақсы-жақсы тілектер айтылды. Суық ас, ыстық ет желінді. Осы уақыт бойында Әбекең орнықтап отырмай, қонақтарына қызмет етіп жүрді.

-Әбеке, отырсаңызшы, біз бар емеспіз бе шарап құюға,-деп Қуандық қыңқылдап еді, Әбекең басын шайқады:

-Сендер барсыңдар ғой. Сендердің барлықтарыңа қуанамын. Бірақ мен сендерді шарап құюға емес, шарап ішуге шақырғанмын. Сендердің міндеттерің-ішіп, жеу. Менің міндетім- өз тойымда өздеріңе табанымнан тік тұрып қызмет ету. Бәлкім, кейін біреулерің мен өлгеннен кейін: "Әбекең 85 жасында бізге өз қолынан шарап құйып беріп еді деп естеріңе аларсыңдар",-деп, ұқтың ба дегендей, Қуандыққа қарап, бұйра шаш басын жаймен изеп қойды.

-Әбеке, сіз "өлемін" деген ондай жаман сөзді айтпаңызшы,-деп Зейнолла қиылды.-Сіз ешқашанда өлмейсіз, әрқашан да ортамызда боласыз!

-Рас,рас,-деп әлдекімдер бастарын изесті.

Осындай әр алуан әзіл, қалжың, қуаныш, тілек сөздерінен кейін жұрт үзіліске көтеріліп, ас жиналып, шай жасала бастады. Осы кезде мен Әбекеңнің қасына келіп, Халима келіннің үйде ауырып жатқанын айтып, қайтуға рұқсат сұрадым.

Әбекең рұқсат етті.

Мен үйге қайттым.

Содан біраз кейін, қыстың бір күні Әбекеңмен көшеде кездесіп қалдым. Емханға қарай аяңдап барады екен.

Әбекең қысы-жазы жаланбас жүретін еді. Оның картайса да қатары сиремеген көк бұрыл шашы көк теңіздің толқынындай болып көрінетін. Мұндай тығыз бұйра шаш Алматыда тек Әбекеннің басынан ғана кездесетін. Мен оны ылғи жай адамның басы емес, көк ала толқыны көкке аткан көк теңіздің өзіне ұқсатушы едім.

Кейде Әбекеннің шашын Мойынқұм даласында екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев өсіріп, бүкіл дүние жүзіне алтынға (валютаға) сатылып жаткан күмістей жарқыраған көк бұйра елтірімен де салыстырып, мәз болысатынбыз. Әбекеңнің қысы-жазы жаланбас жүретін ерекшелігіне тәнті болатынбыз. Сол басына "көк теңіз"көтерген Әбекеңді көшеде көріп, сәлем бердім.

-Қайда бара жатырсыз, Әбеке?

-Көзімді көрсетейін деп дәрігерге бара жатырмын.-деп Әбекең оң қолымен көзін нұскады.

Содан кейін мойнындағы үлпілдеген көк ала түбіт шарфты сипалай сырғытып, қолмен төмен түсірді.

Тани кеттім. Әбекеннің 85 жылдық тойында оған бұл шарфты мен апарып сыйлағанмын.

-Әбеке, шарфыңыз жақсы екен, құтты болсын,-дедім мен әзілдеп. –Қайдан сатып алдыңыз?

-Сатып алғаным жоқ,-деді Әбекең әдетінше ақырын, жай сөйлеп. -Өмір бойы бетінен сүйгізбейтін бір қашаған інім бар еді. Сол әкеп сыйлады. Бірақ оған келін беріп жіберген болу керек. Інімнің өзі қашаған болғанымен, шарфы жұмсақ, жылы екен. Содан бері осы шарфты мойнымнан түсірмеймін. Қыс кезінде көшеге шықсам, өстіп мойныма орап аламын.

-Ініңіз іні-ақ екен, Әбеке!

-Антұрған, өзі аулақтап жүрсе де, ұнатамын, сол жаманды.

-Ағасы жолатпаған соң, жуымайтын шығар ол ініңіз.

-Құлынды жылқының үйіріне қалай қосарсың, қалқам? Ол осылай деп, салалы саусақты, айғыз-әжімі көп алақанын жайды.

Әбекең екеуіміз осындай астарлы әзілмен қоштастық. Қоштаса тұрып, Әбекеңнің аузынан кейбір сырдың да шетін аңғарып қалғандай болдым. "Әбекең мені мүлде жек көрмейтін тәрізді. Бірақ бауырыма өзің келіп кірмейсің деп мені кінәлайтын да сияқты. Біріне бірі бауыр басып, жымдасып қалған жылқы үйірінің кейбірі сені тістеп, теуіп, шеттетіп жатса, қалай кіресің олардың ортасына? Құланға ұқсап жеке жортпасыңа амалың бар ма?"-деп ойлап, мен өз жөніме кеттім.

Мінекі, менің қазақ тарихында жасы тоқсаннан асып өмір сүрген сегіз абыздың бірі Әбекең-Әбу Сәрсенбаевпен азын-аулақ қарым-қатынасым осы мөлшерде ғана болды. Әбекең алты абыздың бірі ғана емес, XX ғасырдың қазақ әдебиеті алтын діңгектерінің де бірі еді. Мен ол кісімен замандас болып, бір қалада, бір көшенің бойындағы іргелес үйде тұрғанымды мақтаныш етемін!

Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

Әбу Сәрсенбаев туралы естеліктер. Алматы, «Білім», 2005 жыл. 45-64-бб.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ ЕДІ

Менің байқауымша, әр облыста белгілі бір білім саласын терең білетін ғұлама адамдары болады және олар жан-тәнімен өз білгенін шәкірттерінің бойына егуге тырысады. Сондай ғұламалардың бірі деп мен Ермек Өтебайұлын айтар едім. Ол Гурьев мемлекеттік педагогика институтында ұзақ жылдар бойына еңбек етті. Біз филология факультетінде оқып жүргенімізде, бұл кісіден дәріс алдық. Қазақ әдебиетінен мектептен алғанымыз алғашқы баспалдақ болса, институтта Ерекеңнің дәрісінің арқасында әдебиеттің тылсым құпияларына тереңдей ендік. Ол шәкірттерін әдебиеттану ғылымын меңгеруге тәрбиеледі. Көркем әдебиет айдынының шалқарына еркін жүзуді бізге үйреткендігі сондай, біздің курстас-қатарластарымыздың бұрынғы талпыныстарына қанат бітіп, үміттеріне үміт жалғанды.

Ермек ағамыз әдебиет үйірмесін ұйымдастырды, оның ережесін шығарды, жұмысына бір рет сол үйірме мәжілісіне қатынасып, шығармаларымызды талдайтын едік. Сонымен қатар, Алматыдан жазушы келсе, ең алдымен бізбен кездесу

Атақты актер Серке Қожамқұлов, профессор Ермек Өтебаев, жазушы Ғабиден Мұстафин

өткізілетін. Ермек аға жазушыларды студенттермен кездесуге институтка алып келетін. Біз Ғабдол Сланов, Хамит Ерғалиев, Берқайыр Аманшин, Әбу Сәрсенбаевтарды өз көзімізбен көріп, жазушылардың әңгімелерін тыңдайтынбыз. олардың творчестволық лабораториясына қызыға енетінбіз. Ұстаз ағамыздың осындай үлгі-өнегесінің нәтижесінде институтта

қаламгерлікке талаптанушылар көбейді. Хайдаров Әбубәкір, Әжіғалиев Нұралы, Оңғарсынова Фариза, Жәрдемов Данияр, Қабдолов Ермек, Бекбаев Қырықбай, Хасанов Дүйсенбай, Дабылов Зұлқарнай, Қожанов Қазанбай, Оспағамбетов Көпжасар, Жаңабаев Төлеген, Ершуов Аманқос, Еділханов Сайхом, Иманалиев Шабаз, Тәжімғалиев Шора және т.б. Осылардың ішінде Оңғарсынова Фариза Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Мәжіліс депутаты болғандығы халыққа аян. Ал қалғандарының бәрі де елге танымал қаламгерлер болып шықты.

Ерекең бәрімізге үлгі еді, сол кісіше сөйлеп, осы кісідей болуды армандайтынбыз. Ұстаз аудиторияға енгенде, бәріміз назарымызды аударып, айтқандарына ұйи қалатынбыз. Ол кісінің саңқылдаған әдемі де майда дауысының адамды өзіне үйіріп алатындай ерекше қасиеті бар еді. Оның әдебиеттен энциклопедиялық білімі бізді тәнті ететін. Ғажайып шешендігіне еліктейтінбіз. Қазақ тілінің майын қалай тамызса, орысша да шебер сөйлейтін.

Кейіннен білдік, Ерекең өзбек, түркімен, түрік тілдерінде де, аздап ағылшын тілінде де сөйлейді екен.

Ғұмырнамасына шолу жасасақ, Ермек ағамыз қасиетті Қызылқоға топырағында 1926 жылы дүниеге келіпті. Қазақтың Абай атындағы педагогика институтының (1945-1950 жж.). филология және тарих факультеттерін қатар оқып бітіріп, екі мамандықты еркін меңгерген. Оқу бітірген алғашқы жылдары өзі оқыған жоғары оқу орнына проректор болып қызмет атқарып, алғашқы педагогтық еңбек жолын бастаған. Кейіннен Атырау облысы мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болып жұмыс істеді. Ұстаздық еңбегін Гурьев педагогика институтында филология саласында жалғастырған Ермек Өтебайұлы ғылымға ден қойып, қазақтың белгілі жазушысы Сабыр Шәріповтың шығармашылығын түбегейлі зерттеп, осы тақырыпта диссертация қорғап, 1963 жылы филология ғылымдарының кандидаты деген ғылыми дәрежеге ие болса, 1965 жылы доцент ғылыми атағын алды.

Ол аға оқытушылықтан профессорлыққа дейін өсті. Гурьев педагогика институтында қазақ, орыс және шетел әдебиеті кафедраларында, Павлодар қаласындағы С.Торайғыров атындағы мемлекеттік университетінде қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып еңбек етті. Оның ғылыми еңбектерінің қазақ әдебиеттану ғылымында елеулі орны бар. Жазушы Сабыр Шәріповтың шығармашылығын қазақ оқырмандарына танытуда қажымай-талмай ізденді. Жазушының шығармаларының бірқатарын архивтен алып, бұрын жарық көргендерімен қоса ғылыми талдаулар мен түсініктер беріп, баспадан жария етті. 1970 жылы Ермек Өтебайұлының жинақтауымен оқырмандарға белгісіз көптеген очерктері мен әңгімелерінің жинағы шықты. Сол жазушы шығармашылығы жайлы "Сабыр Шәріпов" атты монографиясы жарық көрді. Ғалымның өмір бойы жазған ғылыми еңбектерінің ұзын саны 300-ден асады. Ғылым және педагог кадрларын дайындауда аянбай еңбек етіп, мәндай терін төккен, қазақ әдебиеттану ғылымына белгілі дәрежеде үлес қосқан ұлағатты ұстаз 1999 жылы 73 жасында дүние салды.

Ұлағатты ұстаз және көрнекті ғалымның өзі дүниеден өтсе де, оның ісі өшпейді. Республиканың қай-қай мекенінде ол тәрбиелеген ұстаздық еңбек майданында жүрген педагогтар мен ол дайындаған ғылым майданындағы ғалымдар өз ұстаздарын ұмытпақ емес.

Қ.ЖҮСІП, профессор, филология ғыл.докторы

ЕРМЕК ӨТЕБАЕВТЫҢ ҚОШТАСУ ХАТЫ

АДАМДАР, САУ БОЛЫҢДАР!

Құдірет, адам мәңгі ұмытылмас,
Ішінде мың сан түрлі үлкен мен жас.
Жақсы мен жамандардың бәрі сонда,
Ақылы, ажары мен түрі ұқсамас.

Шалқақтап біреу жүрер табысқа мас,
Дұрыстың біреу жүрер бәріне қас.
Бүтіндеп жүретін бар бүлінгенді,
Жақсылық жасамаса батпайтын ас.

Жаманға кей жақсылар күйінеді,
Жақсыға кей жамандар шүйіледі.
У тілді, жаны қара жауыз да жүр,
Бардай-ақ басқаларда кеткен кегі.

Даяр бар етіңді жеп, қан соратын,
У салып, адалыңа жол торатын.
Басқаның бейнетіне жаны кірер,
Таппайсың ондайлардан адал татым.

Қолында әттең оның Ай мен Күн жоқ,
Көрінер оған жарық тамұқ, түн боп.
Су мен жел ауаны да арқандауға,
Шығарар шама келсе шабыншы топ.



Әзәзіл қауіптірек топаннан да,
Тоқтамас оның зәрі тас пен тауға.
Өртпен тең өтірікші, өсекшілер,
Соларда жаманшылық теңдес жауға.

Адамдар, сақ болыңдар, сау болыңдар,
Өмірің өткінші емес күнде сұрар.
Бағалап барды аспанға көтерелік,
Абырой, адамшылық содан тұрар!

Ермек ӨТЕБАЕВ.
Павлодар. Аурухана. 08.03.1999

ҰСТАЗҒА ТАҒЗЫМ



Кең дүниеге көктем келді. Былтыр дәл осы тұста, аспан мен жердің арасын әнге, сәнге бөлеп дулатып өткен, думандатып кеткен жас өмір биыл да сондағы сұлу көркімен қайтып оралғандай адам мен табигатты жан тебірентер жарастыққа көшіріп, жаппай жамыратты да жіберді.

Алатау ала қыстай тек осы кезді ғана күтіп жатыпты; кеудесіне айқара жамылған ақ көрпесін аз күнде ақ орамалға айналдырып басына тартты да, баурайын өксіл атқан көкпеңбек көк бұйра орманмен жайқалтып шыға келді. Сұлулықтың да не керемет шандоз түрлері бар ғой, тегі... несін айтасың, қарауға көз керек!

Екеу едік. Тау етегінде, тастан тасқа секіріп, тулап аққан тентек тұманың жағасында тұрмыз. Ерке су тап-таза күміс моншақтарын күнге шашып, мың бұралып, сылдырап, сылқ-сылқ күліп, сылқым ағады.

Төбеміз – аспан – көк мөлдір, іргеміз - өзен - мөп-мөлдір... Серігім - сексеннен асқан қарт ұстаз – Қазақ ССР-ының еңбек сіңірген мұғалімі Хамза Санбаев, есімі елге мәлім, елу жыл төккен еңбек терімен өзін ер атандырған ардагер азамат. Және елу жыл бойы үздіксіз, бір мектепте Мақат орта мектебінде директор боп істеген, елу жыл бойы үздіксіз бір ғана пәннен – қазақ әдебиетінен сабақ берген. Тұңғыш шәкірттерінің бірі - сонау әйгілі жазушы Ғабдол Сланов, жазушы Зейнолла Қабдолов, ақын Меңдекеш Сатыбалдиев, жазушы Берқайыр Аманшин, мемлекет қайраткері Саламат Мұқашев, т.б. қосу керек. Сондай-ақ, сірә, Жем мен Жайық арасындағы жалпақ далада Хамзекеңнен тәлім алып, тәрбие көрмеген кісі кемде-кем шығар. Кеудесі толы орден: Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» .... Бүгінде құрметті демалыста.

-Түйе қартайса, ботасына ереді, – деп шашақты сұлу сақалын желге желпіп, күліп қояды Хамзекең. Бұл сөзінде астар бар, зайыбы Жәния – үлкен ұлы Сәтімжан Санбаевтың қолына көшіп келген, соны айтып тұр. Сексеннен асты демесек, задында қарт ұстаздың сүйегі асыл, денесі тік, жанары отты, жүріс-тұрысы ширақ, жеңіл қозғалады, аяғын қаздап-қаздап жіті басады. Ал әңгімесі ше? О , бүгін Сәбит ағаның өлеңімен ғана жауап беруге болады:

Шалымның аты Кенбай – сөз ұясы,
Басы бір жалғанның кең дүниясы:
Ертегі, өлең, жырдың, шежіренің
Миы бай, көркем, сұлу антологиясы.

Әлгіде айттық, Хамза Санбаевтың мамандығы - әдебиет. Асылы әдебиет пен әсемдік – синоним секілді сыбайлас, егіз ұғымдар; сондықтан ба, кім білсін, әйтеуір Хамзекеңнің түрі де сұлу, сыры да сұлу. Қырлы мұрты, қиылған мұрты, қызғылт ерні, сәукеле сақалы... Әсіресе қасы мен қабағы әдемі: қиғаш-қиғаш біткен мойыл қара қасы ақбурыл шашынан ала-бөтен; әзір ағара қоймаған: ойлы, отты көздің жалт-жұлтынан жасқана серпіліп кеткендей, самай жақ

шалғайларын оқыс көтеріп, кере маңдайға қарай ұша бере жебедей шаншылып-шаншылып қалған. Сонда Хамзекең осынау жарық дүниеге ылғи ғана таңыркай қарап, аппақ бет-жүзін қашан көрсең де бір түрлі бір кермиық, кербез пішінде тұрады. Дәл осы кескінін бір суретші май бояумен ақ кенепке аудармай салған екен, үйінде – үлкен рамада ілулі тұр. Европадағы атақты сурет галереяларының кез-келгеніне апарып, басына дүние сыйып жатқан ойшыл-ғұлама ғалымдар арасына іліп қоюға болады. Кез-келген ағылшын яки француз:

-Қазақ шалдарының бәрі осындай ажарлы, осындай мәдениетті бола ма? – деп таңданары даусыз.

Таңданса несі бар? Қазақ болса міндетті түрде шашын ұстарамен алғызып, басын тақырайтып, төбесі мен маңдайын орамалмен таңып қоятын штамптың тозығы алдақашан жеткен. Бұл ретте «Қыз Жібек» кинофильмін атап өтпеске болмайды: Төлегеннің басында қара бұйра шаш болуы, қажет жағдайда жас жігіттің шашы желп-желп етіп жалаңбас жүруі - әрі табиғи, әрі батыл шешім.

Хамзекең - арманшыл адам. Қиялында қанат бар.

- Қайран дүние-ай табиғаттың осы шағынан асқан жұмақ бар ма екен жер бетінде, - деді ол бір кезде таудың таңғы таза ауасын сіміре жұтып: - Дала – дала ғой, анау қаланы қарашы, қаланы! – Содан соң кенет ұшатын құстай қомданып, әлде бір ару арманмен толғанып, Лев Толстойдың керемет кітабының кіріспесін тап-таза орыс тілінде жатқа соқты: «Как ни старались люди, собравшись в одно небольшое место несколько сот тысяч, изуродовать ту землю, на которой они жались, как ни забивали камнями землю, чтобы ничего не росло на ней, как ни счищали всякую пробивающуюся травку, как ни дымили каменным углем и нефтью, как ни обрезывали деревья и ни выгоняли всех животных и птиц, - весна было весною даже и в городе». Ізінше ұйқыдан оянғандай маған қарап, мені осы арада ғана қайтадан көріп, ыңғайсыздана сөйледі: - Әдейі орысшасын айттым, қазақшасы шықпаған. Қайдан шықсын. Абайдың анау-мынау аудармада орысша сөйлемейтіні секілді, Толстой да Ғабит Мүсірепов секілді пайғамбар аудармаса, пенденің дегеніне көніп, оп-оңай қазақша сөйлей қояр ма?

Хамзекеннің қазіргі біз тұрған тау сілеміне бұдан бір апта бұрын – 22 апрель күні бір топ адаммен лениндік сенбілікке келіп, бір түс жұмыс жасап, өзеннің қалаға кіре берісіндегі жағалуын тазалап, топырағын қопсытып, оны тырмамен тарап кеткен екен. Қазір сол ара дүр-дүр көктей бастапты. Бірақ Хамзекең көк жасыл жағадан гөрі ағын суға көбірек көз тастап тұрды.

- Күні кеше сап-сары боп ағып жатқан. Бүгін қарасам тап-таза, мөп-мөлдір. Қартаймас ғұмыр, мәңгі жас өмір деген осы да!

Ақсақалдың үнінен де, демінен де аз-кем діріл байқалды. Менің ойыма Қасым ақынның психологиялық параллелизмі түсті.

Сарғая күтіп көктемді,
Сап-сары боп су ақты.
Шынтаққа алып сексенді,
Жағада жалғыз шал жатты.
Су сарғайды лайлы,
Шал қарғайды, құдайды.
Көктем келді, сары су,
Бола қалды мөп-мөлдір.
Жылға бойы у да шу,
Жамырады жас өмір.
Сылқ-сылқ етіп су күлді,
Шал бір ауыр күрсінді.

Дәл бүгін, дәл осы арада, дәл мына кісіге арнап жазғандай екен-ау деп ойладым мен.

-Жоқ, олай емес, - деп қалды Хамзекең жұлып алғандай.

Мен селк еттім ойымдағыны қалай білді? Тіпті үн шығарғаным жоқ, бәрін іштей айттым. Іштей ойладым. Бұ қалай? Әлде, әлгі сәтте, әлгі өлеңді бұ кісі де іштей қайталап тұрды ма? Мұндай да қызық болады екен...



-Хас ұстаз қартаймайды. Қартаюды айтасың, өлмейді, - деп Хамзекең өзімен өзі, өз ісіне өзі тереңдеп, - тіршілік мәңгі-бақи жас өмір.

Содан соң маған қарады.

-О, заман да бұ заман, мектеп қартайғанын көрдік бе? Айталық, сен оқығанда мектеп қай жаста еді? Қазір де тап сол жаста! Мынау жылда келетін жас көктем, жасыл көктем секілді, мектеп те жылма-жыл жап-жас.

Енді ол ой түйді:

-Демек, мезгілді, яки уақыттың өткенін мойындамайтын – мектеп қана! – Осыны қолма-қола өлеңге айналдырады.

Сегіз бен он сегізді шектеп қана,
Тұратын мәңгі жап-жас мектеп қана...

Мезгіл мен мектеп хақындағы ой осылай сабақталып жатты.

Ойлап қарасаң, білім теңізінде уақыт сынынан әрқашан сүрінбей өтіп, ылғи ғана алға, арманға, асыл мұратқа қарай мезгілдің өзімен бірге жүзетін алып кеме- мектеп. Ал мектеп өмірі -- әрқашан жас, әрқашан көктем. Ендеше, үлкен болайық, кіші болайық, бәрібір біз Май мерекесін тойлағанда, көңілімізде көктем тәрізді мектебіміз тұрады, мектептегі ұстаздарымыз турады. Ұстаздық – ұлы нәрсе! Даналар мен данышпандардың бәрін ұстаздар тәрбиелеген. Адам атаулы өзінің асылдығы мен абзалдығы үшін алдымен ұстазға қарыздар. Жылда келетін жас көктемнің елеулі ерекшеліктерінің бірі мектеп көрген адамдарды осындай көңілдір., көрікті ойларға мегзеуінде деп білген жөн.

Биылғы көктем – ұстаздар үшін де ерекше көктем: майда - Қазақстан мұғалімдерінің съезі , июньде – Бүкілодақтық съезі өтеді. Бұл формумдардың мәні биік мазмұны терең. Өйткені бұл аса мағыналы мәслихаттарға келіп бас қосатындар – ұлағатты ұстаздар Адам жанының инженерлері, баладан дана тәрбиелеп өсіретін құдірет-күш иелері. -Мезгіл мен Мектеп:

Қарсы алдымда өзінің тағы бір көктемімен рақаттана тыныстаған, қарт ұстаздың көкірегіндегі осындай көктем реңді көркем ойларды енді мен айтпай аңғарып, үнсіз ұғынып тұрдым.

Зейнолла ҚАБДОЛОВ,
жазушы.

***

ХАМЗА АҒА САНБАЙҰЛЫ ЗИРАТЫ БАСЫНДА

Сонет

Жұрт табынған бір тәж бен бір тағына,
Нағыз патша ұстаз ғой ұрпағына, -
Өзің болып тусам деп келіп жатыр,
Келіп жатыр дүниеге ұл тағы да.

Десек те өнегең мол, өзің ғайып,
Ақ дәрістің ибасын қызындай ұқ, -
Ала жібің фәниде атталмаса,
Мақтаншақ біз қалайша қызынбайық?!

Санап жатпай қоңыраудың сағат, айын,
Пенде жауын деп өттің ағартайын.
Сәтімжаның – сол үшін Хақтан сыйын, -
Аударылып жатшы бір, ағатайым.

Сездірмейтін жер бесікте тыншымай,
Тым елеусіз іріліктің тылсымы-ай!...

Хамит ЕРҒАЛИ.
01.12.95.

ВСЯ ЖИЗНЬ – СЛУЖЕНИЕ НАРОДУ

Махмуд Измаилович Чултуров. Это имя сегодня мало кому известно даже среди медиков области, не говоря уже о широкой массе населения. А ведь с ним связано очень многое в развитии здравоохранения в Гурьевской области.

В августе исполняется сто лет со дня рождения М.И.Чултурова.

Он родился в 1885 году он 1-ем старшинстве Второго Приморского округа Внутренней Киргизской Орды – на территории нынешнего Денгизского района, в семье кочевника – скотовода. Успешно окончил местную русско-киргизскую школу, по специальному набору был зачислен на полный пансионат Астраханской гимназии. При отличном поведении и «достаточном приложении» М.Н. Чултуров в 1905 году заканчивает гимназию, получает аттестат зрелости и в этом же году зачисляется на медицинский факультет Казанского университета.

Обучение казахов в стенах Казанского университета было разрешено царским правительством по требованию демократической части русской администрации и казахских обществ в 1880-е годы, а для уроженцев Внутренней Киргизской Орды специальная стипендия была утверждена в 1904 году на средства местного населения, собранные путем так называемого «покибиточного» сбора.

На время учебы М.И.Чултурову было назначено ежегодное пособие из этих средств. Однако, за участие в студенческих волнениях, связанных с событиями первой русской революции 1905 года, М.Чултуров исключается из университета. Только через год под давлением революционно-настроенной части профессорско-преподавательского состава и широкой массы студенчества администрация университета в 1906 году восстановливает его в числе других студентов.

Терпя материальные лишения – в стипендии ему было отказано – М.И.Чултуров продолжает учебу и в 1911 году успешно заканчивает университет и получает звание лекаря.

В этом же году он принимает участие в качестве лаборанта в экспедиции всемирно-известного ученого И.И.Мечникова, которая на территории Калмыцкой степи и приморской части Внутренней Киргизской Орды проводила осмотры населения на туберкулез, обследование причин вспышек чумы.

В 1912 году он назначается врачом 4-го участка Второго Приморского Округа и всецело отдается службе: оказывает медицинскую помощь рыбакам и кочевникам-скотоводам, принимает самое непосредственное участие в составе различных отрядов по ликвидации очагов чумы. Он проводит также большую работу по распространению русской грамоты среди местного населения, по привлечению и направлению казахской молодежи в различные учебные заведения, по санитарному просвещению.

С первых дней установления Советской власти в бывшей Букеевской Орде, он активно участвует в ее укреплении, работает врачом местного Совдепа. В 1919 году арестовывается белогвардейцами. После побега из тюрьмы поступает в распоряжение II Красной Армии, где заведует армейским лазаретом.

В 1920-1936 годы М.И.Чултуров работает в различных медицинских учреждениях Денгизского района: заведующим врачебным участком, передвижным венерологическим пунктом и райздравотделом.

Велики заслуги М.И.Чултурова в проведении противоэпидемических мероприятий по ликвидации очагов чумы в Прикаспий. Из архивных материалов прослеживается его активная работа совместно с такими известными чумологами страны, как Д.К. Заболотный, Н.Н. Клодницкий, С.М.Никоноров, Н.Н.Жуков – Вережников и другие.

Махмуда Измаиловича исключительно высоко ценил известный академик Н.Н.Жуков – Вережников, который писал ему в 1957 году: «Дорогой доктор Чултуров! Вы должны знать, что мы старые чумологи, как и все советские врачи. Знающие Вас, очень ценим Вашу многолетнюю деятельность в области борьбы с чумой».

Кроме работы в очагах чумы М.И.Чултуров, как единственный врач на своем участке, вел амбулаторный прием больных безотказно, не считаясь с исключительно тяжелыми в те годы условиями работы, выезжал на самые отдаленные участки Нарынских песков и Приморья, лечил больных в небольшом стационаре. Ему принадлежит заслуга организации хирургической службы в этом районе.

«Он оставил после себя добрую славу, хорошую память как человек и как врач» - писал в своих воспоминаниях заслуженный врач Казахской ССР, кавалер орденов Ленина, «Знак Почета» и многих других правительственных наград Ахмед Джумашевич Сундетов.

В 1918-1927 годы он работал фельдшером под непосредственным руководством М.И.Чултурова.

36 лет своей жизни отдал медицинскому обслуживанию населения Денгизского района и Гурьевской области М.И. Чултуров, его работе в Денгизском районе высокую оценку давали народный комиссариат здравоохранения республики, местные партийно-советские органы.

В последние годы он работал в г. Алма-Ате. Скончался в 1965 году в возрасте 80 лет.

Жизнь и трудовая деятельность М.И.Чултурова первого врача – казаха Гурьевской области, отдавшегося свои знания и силы охране здоровья населения, является ярким примером беззаветного служения своему народу для современного поколения советских медиков.

М.И.Чултуров заслуживает того, чтобы была увековечена его память.

По нашему мнению, было бы справедливым присвоить его имя одному из медицинских учреждений Денгизского района (районной больнице, противочумному отделению), улице в с. Ганюшкино, организовать специальную экспозицию в районном музее.

А.АЛЬЖАНОВ.
Начальник отдела Минздрава Каз. ССР. 1965 год.

19 ЖЫЛ МИНИСТР БОЛҒАН АЗАМАТ НЕМЕСЕ ЕЛІБАЕВ ӘБДІРАЗАҚ ТУРАЛЫ

Еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстанда» осыдан бес жыл бұрын жарияланған «Толғауы алуан 90 жас» атты мақалада бүгін біз әңгімемізге арқау еткелі отырған Әбдіразақ Елібаев туралы:

Ауыр жүгін өмірдің арқалаған,
Бой алдырып қарттыққа шаршамаған.
Ортамызда жүріңіз аман-есен,
Дүйім елдің ұстазы — дарқан адам! —
деп жазылған еді.

Тағдыр деген осы ғой, биылғы қыркүйекте осы газетте Қазақстан үкіметінің Әбекеңнің қазасына айланысты некрологы мен Елбасы Н.Назарбаевтың марқұмның отбасына, туған-туыстарына көңіл айтқан лебізі жарияланды.



Сонымен, бас газетіміз мақала арнап, Елбасымыз лебіз білдіріп жатқан Әбдіразақ Елібаев кім? Осыдан 92 жыл бұрын Сарысу топырағында дүниеге келген Әбекең өмірдің қиыншылығын бір адамдай-ақ татқан. Шешесінен ерте айырылып, Шымкент, Түркістан қалаларындағы балалар үйінде тәрбиеленеді. Бақытына орай, әкесі Алпысбайдың бауыры, сауаты мол, көзі ашық Тәжібай Әбдіразақты Алматыдағы кәсіби-техникалық байланыс мектебіне оқуға түсіреді. Зерделі бала оны ойдағыдай бітіріп, еңбек жолын 1930 жылы Шымкент қаласындағы пошта-телеграф мекемесінде бастайды.

Іске ширақ жас жігіт көп ұзамай-ақ Келес аудандық, кейіннен Жамбыл қалалық байланыс бөлімдеріне бастық болып тағайындалады. Еңбеккорлығының арқасында бертінде Шығыс Қазақстан облыстық, Алматы қалалық пошта басқармаларының бастығы қызметіне жоғарылатылады.

1941 жыл миллиондаған Кеңес өкіметінің адамдары сияқты Әбдіразақтың өміріне де үлкен өзгеріс әкелген еді. Отыздан енді асқан азамат әскери-саяси училищені бітірген соң ұрысқа кіреді. Қан майданда небір ауыр шайқастарға қатысып, ерлік көрсетіп, "Отан соғысы", "Қызыл Жұлдыз" ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталады.

Туған жерге жеңіспен оралған Әбдіразақ аға біраз жылдар Алматы облыстық байланыс басқармасының бастығы болып қызмет істеп, 1948 жылы КСРО Байланыс министрлігінің Қазақ КСР-індегі уәкілінің орынбасары, кейіннен уәкілі болып тағайындалады. Министрлікке пара-пар осынау қызметті жеті жыл атқарып, 1957 жылы Қазақстанда Байланыс министрлігі өз алдына бой көтергенде министрдің орынбасары, бірінші орынбасары, ал 1962 жылы Байланыс министрі болып тағайындалады.

Осы қызметте табан аудармай 19 жыл жұмыс істеген Әбдіразақ Елібаевтың басшылығы тұсында республика байланыс жүйесіндегі өзгерістерді аңызға тең еуге болады. Облыс, аудан орталықтарындағы байланыс жүйесі жаңа техникалық жабдықтармен жарақталып, жетілдірілді. Қалааралық арналар саны көбейді. Радиорелелік желілер орнатылды. 1972 жылы Алматыда тұңғыш рет АРМ-20 қалааралық телефон бекеті ашылғанда, салтанатқа Д.А.Қонаевтың бастан аяқ қатысып, Әбекеңнің атына зор алғысын білдіруі көп жайды аңғартса керек. Осы жылдары барлық елді мекендерде телефон байланысы автоматтық жүйеге көшірілді. Пошта саласында кешенді механизациялау жүзеге асты. Орталық газеттердің нұсқаларын жетілдірілген байланыс арналары арқылы беріп, ірі қалаларда басу жүзеге асты. Республика бойынша 150 байланыс ғимараты салынып, пайдалануға берілді. Осы күнгі Саудакент, Жаңатастағы байланыс үйлері сол жылдары халық игілігіне айналған еді.

1964 жылы министр Ә.Елібаеавтың бастамасымен радио және телевизия хабарларын тарату дирекциясы құрылды. Бертінде бұл бастама Одақ көлемінде кең қолдау тапты. Осы дирекцияның 1974 жылы республикалық ірі дербес кәсіпорынға айналуының нәтижесінде республика тұрғындарының 80 пайызы көгілдір экран хабарларын тамашалау бақытына ие болды. Әбекеңнің Байқоңыр ғарыш айлағындағы аса ірі байланыс жүйесінде қалдырған қолтаңбасы да өшпек емес. 1967 жылы Алматыда ғарыштық байланыс спутнигі іске қосылып, бұл жүйе ірі бес қалада жұмыс істей бастады. Алматыдағы Көктебе телемұнарасы, Орталық телеграф үйі халықтың игілігіне айналды. Алматыда

ашылған байланыс техникумы сандаған ұлттық кадрларды тәрбиелеп өсірді.

Әбдіразақ Алпысбайұлы жай ғана министр емес, кең мағынадағы мемлекет, қоғам қайраткері болды. Сегіз мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Әбекеңмен үкімет басындағылар үнемі санасып отыратын. Осындай қажырлы да жемісті еңбегі үшін ол екі мәрте Ленин орденімен, Қазан революциясы, Халықтар достығы ордендерімен марапатталды.

Халқымыздың, ұлтымыздың осынау абзал ұлының, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің есімін мәңгі есте қалдыру шараларын жүзеге асыру — бүгінгі біздің перзенттік парызымыз. өйткені оның туған еліне, жеріне, халқына сіңірген орасан зор еңбегі қандай құрметке болса да лайық.

Пернебай Дүйсенбин.

ҰЛЫ ҰСТАЗЫМЫЗ ЕДІ

Әбекең туралы айтқанда, мен еш тебіренісіз сөйлемей тұра алмаймын. Ол, шын мәнінде, біздің ұлы ұстазымыз болды. Байланыс министрлігіне басшылық еткен жылдары қарамағында істейтін әр тәуір мамандарды назарынан тыс еш қалдырған емес. Мен ол кісінің қарамағында 16 жыл бойы орынбасары, бірінші орынбасары болып істегенде, Әбекеңнің көптеген аяулы қасиеттерінің куәсі болдым деп толық айта аламын. Сол кездердегі Әбекеңмен тікелей кездесіп бірге қызмет етіп жүргенде, есте қалған елеулі сәттерді еске алғанның артықтығы жоқ деп ойлаймын.

Алғаш министрдің орынбасары қызметіне кіріскенде мен небәрі 27-ге әлі де тола қоймаған кез еді. Жаңа қызметке кіріскеніме үш-ақ күн болған. Бір кезде министрдің өзі менің кабинетіме кіріп келді. Алғашта таңданып қалып, орнымнан атып тұрып, сәлем бердім. Ол менің қасымдағы үлкен орындыққа жайғасып отырып, бетіме тіке қарады да:

- Ищи работу!-деді. Мен қапелімде не дерімді білмей, бетіне қарай беріппін. Ол маған жымия күліп қарады да:

- Бойында жастық жігер бар, өте жақсы қабілетің бар. Сол жастық күш-жігеріңді еңбекке арна Шабыттанып істе, жұмыстың көзін тауып істе! Ықыластанып, ізденіп істесең, жұмысың сонда жемісті болады,-деді.

Мұның алдында қабылдап, мені жас болса да бас қылып қояр алдында да:

"Не ищи авторитет!",-дегені жадымда жатталып қалған. Ол кісіні осы бір қанатты сөзінің астарында терең ой бар екенін өмір ағысының өзі бертіректе терең ұғындырды. Шынында да адам құр жалаңаш кеудемен абырой іздегенмен мұратқа жетпейді екен, тек өз еңбегімен, өз ісіне деген үлкен сүйіспеншілікпен еңбек еткенде ғана абыройдың өзі сені айналып табатындығын өмір сан мәрте дәлелдейді. Әбекең айтқан. "Ищи работу", "Не ищи авторитет" деген сөздерінің астарында осындай терең ғибрат бар екен.

Алғашқы жылдары Әбекең маған өз әкемнен кем қамқорлық жасаған жоқ. Бірде Әбекеңмен жай пікірлесіп отырып:

- Қазыкен, сен үлкен лауазым иесісің. Ал алдыңа көп адамдар үлкен, кіші болса да бір мәселелерді шешуге алдыңа келеді. Сонда сен әрдайым өзіңді сол алдыңа келген адамның орнына қой. Осы адами ережені ешқашан есіңнен шығармағайсың,-деді.

Жасыратыны жоқ, кейде лауазым иесі болып үлкен, кішілі креслоға отырған көптеген азаматтарымыздың тез арада өзгеріп кететіндігі өмірде жиі кездесетін жайт. Ал Әбекеңнің үлкен бір қасиеті, алдына келген азаматтардың мәселелерін көбіне толық шешіп беруге күш салатын. Тіпті шешіп бере алмаған күнде де соны шешудің өзге каналдар арқылы шешілуіне ықпал жасаушы еді. Ол кісінің алты мәрте Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің депутаты болғанын білеміз. Бұл кезеңде ол өз сайлаушыларының бірде-бір аманатын орындамай қалған жоқ.

Әбекең өз ұжымы арасында да, жоғарғы басшылық арасында да аса зор беделгие ие еді. Сол бір жылдары байланыс саласы бойынша мамандарды даярлау өзекті мәселеге айналған. Алматыдағы жалғыз байланыс техникумы бүкіл республиканы қамтамасыз ете елмайтын.

Сол кездегі Ленинск қаласында радиотехникалық байланыс техникумы бар болатын. Ол Қазақ КСР Жоғарғы және арнайы орта білім министрлігіне қарайтын. Әбекең осы техникумды байланыс министрлігінің қарамағына алу үшін көп әрекеттенді. Алдында бұл мәселе министрлердің орынбасарлары деңгейінде шешіліп, қол қойылып қойған еді. Алайда ақтық құжатқа қол қояр тұста сол кездегі министр Тұрғанбек Қатаев қол қоюдан бас тартты. Осы мәселемен жүгіріп жүрген мен Әбекеңе келіп, бұл жағдайды баяндадым. Сонда Әбекең сабыр сақтаған қалпын бұзбастан, телефонмен сөйлесті. Қысқа қайырып жөн сұрасқаннан кейін ол:

- Тұрғанбек, өткендегі радиотехникалық байланыс техникумы жөнінде бір пікірге келгендей едік, осы техникум жұмысын одан әрі жандандыру үшін еш ақша алайық деп отырғанымыз жоқ. Осы істің оң шешілуіне қолдау көрсетсең дұрыс болар еді,-деді.

Әбекең аз-кем сөйлескеннен кейін оған рақмет айтты – да, жүзі күлімсіреп, маған қарады да:

- Бар, қол қойып беретін болды ,-деді.

Міне, осы бір шағын оқиғадан-ақ Әбекеңнің өз замандастары, әріптестері алдында беделінің аса жоғары екендігін көруге болады.

Бұл орайда Әбекең байланыс мамандарын даярлау мәселелеріне өте қатты көңіл бөлді. Ақтөбедегі байланыс училищесін арнайы орта білім беретін техникумға айналдыру үшін көп тер төкті. Ташкенттегі байланыс институтында Қазақстан үшін кадрлар даярлау үшін студенттер санын ұлғайтуға атсалысты.Алматыдағы энергетика институты жанынан Қазақстан КП Орталық комитетіне шығып жүріп, радиотехникалық байланыс бөлімін аштыртты.

Әбекең спортты бар жан-тәнімен сүйді. Өзі тауда шаңғы тебуді өте жақсы көретін. Біздің министрлік республикалық "Спартак" ерікті спорт қоғамына үлкен демеушілік көрсетті.

Әйелдердің көгалдағы хоккей клубы біздің министрліктің қамқорлығында болды. Аты "Цезист" болып өзгертілді. Оның құрамында ойнаған қыздардың барлығы штаттық кестеге енгізілді. Кейін сол команда жоғарғы лигада ойнап, қола медальға қол жеткізді.

Сонымен бірге Қызылорда қаласындағы "Орбита" футбол командасы "Б" лигасында ойнап, жақсы өнер көрсетті.

Сол жылдары ГТО спартакиадасы елімізде кең қанат жайды. Қаскелең аумағында байланысшылардың тыныңу зонасы болатын. Соған өзі бастан-аяқ спартакиаданың ашылуына да, жабылуына да қатысатын. Бірде сол жарысты бастан-аяқ киноға түсіріп, кейін өткізілген жиналыста сол деректі фильм көрсетілді. Барлығымыз өзіміздің жүгіргенімізді, секіргенімізді, қарғығанымызды бастан-аяқ көріп, мәз болдық. Әбекең осы оқиғалардың бел ортасында жүріп, қарапайым халықтың ортасында еркін, емежәрқын әңгімелесіп жүргені әлі күнге дейін көз алдымда.

Қорыта айтқанда, өмір жолында менің әкемдей болған Әбекеңнің асыл қасиеттерін қастер тұтудан мен еш жалыққан емеспін. Сол кісінің алдында бір үлкен парызды өтеуді өзіме міндет етіп қойдым. Соңғы екі-үш жыл беделінде көптеген есіктерді тоздырып жүріп, жазып жүріп, Әбекеңнің қастерлі есімін Алматының Қалқаман шағын ауданындағы үлкен көшелердің біріне берғізуге атсалысқанымды абырой санаймын. Ал ел ардағы болған, шын мәніндегі мемлекет, қоғам қайраткері болған Әбекеңнің тұлғасы бұдан да үлкен мәртебеге лайық деп есептеймін.

Қазыкен БАЗЫЛОВ,
зейнеткер, профессор

ЖАҢААРҚА АЙМАҒЫН ҚОНЫСТАНҒАН КІШІ ЖҮЗ РУЛАРЫНАН ШЫҚҚАН БЕЛГІЛІ ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ ДЕРЕК

Бұл өңірде кіндік қаны тамып, алды елімізге, арты ауыл-аймағына танымал болған тұлғалар молшылық. Олардың бір парасы өнер, әдебиет саласында бой көрсетсе, басқалары ғылым, спорт, қолөнер т.б. салалар бойынша елге танымал. Осы өлкеде үркердей болып көшіп келген жұрт арасынан шыққан билер, батырлар, шешендер, сал-серілер, әулие, сәуегей, емші, бақсы-балгерлер, әр саладан шыққан майталмандар туып, өсіп-өніп, арттарында із қалдырған. Осылар туралы шолу жасауды жөн көрдік.

Осы Жаңаарқа аумағында дүниеге келіп, одан елімізге танымал болған мемлекет, қоғам қайраткерлері шыққан. Олардың қатарында Жанайдар Садуақасов, Бәкен Серікбаев, Шәбден Ералиев, Дінмұханбет Әділұлы, Байсейіт Әділұлы секілді азаматтар бар. Бұлардың барлығы дерлік заман теперішін көріп, бірі репрессия құрбаны болса, бірі ымырассыз күштердің қолынан қаза тапты.

Ел қорғаны болған батырлар да, шешендер де, билер де осындағы Кіші жүз құрамына кіретін шеркеш, тама, жағалбайлы руларының арасынан мол шыққан. Солардың қатарында тамадан шыққан Баян батыр, Бердікожа батыр, Нұрабай батыр, Жолдыаяқ батыр, Сеңгірбек батыр, Жұма батыр, Танаш батыр, Бадаш батыр, Тойғұлы батыр, Құрман батыр, жағалбайлы Мама батыр, Мыңжасар батыр, шеркеш Қорлыбай батыр, Қарамерген батыр, Қарғаш батырлар бар. Олар туралы ел арасында небір аңызға бергісіз әңгімелер сақталған. Ал Кеңес Одағының Батырлары жағалбайлы Амантай Дәулетбеков пен тама Берген Исахановтар да Арка өңірінің перзенттері.

Осы Жаңаарқа өңіріне аты танымал билер, шешендер, сал-серілер есімдері де ел есінде құрметпен аталады. Тамадан шыққан Қазанғап шешен, шеркештен шыққан Мақан Жүндібайұлы сөз тапқыштығымен, шешендіктерімен аты шыққан. Соңғысының серілік қасиеті де көп болған.

Қазақ өмірінде билердің де қызметі жоғары бағаланып, олардың қара қылды қақ жарған әділдігі елге аңыз болған.

Тамадан шыққан Бектібай Тұрсынбайұлы жала жабылған шеркеш Отыншы әжіні жарты патшаның қаһарынан арашалап алған. Тама Ерубай Жолдыбайұлының есімі көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналып, әулие тұтылған. Тамадан шыққан Торжанның Жанбегі, Сеңгірбек батырдың баласы Итемген би, қара тілді Қабан би, айбыны зор Құлтас би, Сағындық би, Сейіл би, Торжан би, шеркештен шыққан Қаражігіт билердің көп сөздері зерделі қауымның есінде сақталған.

Көшпелі елдің ырысы болған байлар санатында Отыншы бай, Жүндібай бай, Қаку, Өксікбай есімдері алдымен аталады. Ал Отыншының інісі Өлке жомарттығымен даңқты болған кісі.

Патша үкіметінің жаңа заңына байланысты қазақ даласында билеудің жаңа жүйесі қалыптасқан. Осы өңірде болыстық тізгінін ұстаған, ел есінде жақсы істерімен қалған тұлғалар да көп болды. Алшыннан шыққан Бақтыбай Күшікұлы, Қабанбай Байғұлұлы, Отыншы Жүндібайұлы, Сыздық Отыншыұлы, Тамадан шыққан Итемген Сеңгірбекұлы, Қылыш Итемгенұлы, Есеншора, Ондыбай, Хангелді, Қазанғап, Берден, жағалбайлы Арғынбай, Өксікбай, т.б. осы қызметтерді хал-қадарынша атқарған.

Кіші жүздің әр аталарынан шыққан әулие, сәуегей, емші, бақсы-балгерлер де көптен саналады. Тамадан Өтеп әулие, Сағыр сәуегей, Тасыбай әулие, Отарбай әулие, атақты Тіней бақсылар елге кеңінен танымал болды. Сынықшы болып, ел құрметіне бөленген Мұстафа Асқарұлы, кейін сарысулық болған Ибаділда Тілемісұлылардың емшілік қасиеттері халыққа аңыз болып тараған.

Арқа өңірінен ізгілікті қажылық сапарға барған ұлағатты жандар аз болмаған. Олардың қатарында Асубай, Ысқақ, Қанафия, Тілеміс, Оразбай, Оралбек, Өскенбай, Торжан, Досжан, Отыншы, Болатбек, Мүсәйіп, Кәуке, Жұмантай, Майлыаяқ, Көлшікбай, Өтембай, Нарымбет, т.б. бар. Сонымен қатар бұл өңірде тәуір молдалығымен көзге түскендер де бар. Олар алшын Әубәкір, тама Қыстаубай молда, Нұрмағанбет Жанбекұлы, Оразай молда, Сәмен молда, жағалбайлы Темешәлі Барболов т.б.

Жаңаарқа өңірінен ақын да, әнші де, күйші де, т.б. өнер адамдары көп шыққан. Олардың қатарында әйгілі ақын, Таманың Қырықбойдақ әулетінен шыққан Мұсайып Байтілеуұлы. Оның «Жалпы әлем» өлеңі кезінде кең танымал болған. Оны Сәкен жоғары бағалаған. Композитор Евгений Брусиовский оның әуенін «Ер Тарғын» операсына, Мыңжасар Маңғытаев «Мәңгі махаббат» ораториясына пайдаланған. Жағалбайлы Қақудың Мұхамедиясы да саяси-әлеуметтік мәні бар жырлар жазып қалдырған. Таманың Төлеп аталығынан шыққан Бұралқы Құдайбергенұлы билік саласында қызмет атқарған. Оның Орал қызбен айтысы қазақ айтыс өнерінің інжу-маржанынан саналады. Төлеген руынан шыққан Балабек Шопанұлының да тарихи толғаулары тартымды дүниелер. Таманың Молдас әулетінен шыққан Махамбет Шөшікұлы ерекше тапқыр, шешендігімен, ақындығымен елге танымал болды. Алшын Макан Жүндібайұлының да соңғы жылдары біраз өлеңдері жинақталып, осы кітапқа енгізіліп отыр. Кемеліне келген шағында дүние салған Көлмағанбет Нұрмағанбетұлы әрі әнші, әрі ақын, әрі айтыскер болып ел есінде қалды. Ал қыздардан шыққан Рақила Сарбасқызының, өкінішке орай, мұралары аз сақталған. Тама руынан шыққан Рақила, Балбике сұлу, Орал, шеркештен шыққан Сағаттардың жыр мұраларының дені кезінде жазылып алынбаған.

Қырықбойдақ Исатайұлы Сапалай кереметтей әнші, добырашы болған. Оның әншілік шеберлігіне Сәкен Сейфуллин ерекше тәнті болған. Оның әні Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасында Еңліктің әні ретінде пайдаланылған.

Сан алуан кәсіптің басқа түрлерінен аймаққа аты мәлім жандардың бар екенін айтпай кетпей болмайды. Күйшілік өнерді пір тұтқан Өзбек Исатайұлы, Жеңіс Жетімекұлы, Мұхит Битенов, Рымқұл Бимендина, Сматай Үмбетбаев, Төбел Басыкарақұлылардың есімдері елге танымал. Рымқұл ҚР еңбегі сіңген қайраткер атағын алды. Ол үлкен ұстаз, қобыз күйлерінің майталман орындаушысы.

Әншілер қатарында Байзақ Сейілұлы, Абылай Ілтайұлы, Көлмағанбет Нұрмағанбетұлы, Айнұр Өзбеккызы, Дәмеш Кәдірсізова, т.б. аймаққа танымал. Ал Абылайдың, Байзақтың әндері Қазақ радиосының ән қорында жазылған. Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген артисі Бейбіт Көшенов сан қырлы өнер иесі. Ол әрі айтулы әнші, әрі сазгер, әрі ақындық өнерде де өзіндік өрнегі бар талантты азамат.

Қорыта айтқанда, сонау XVIII ғасырдың соңына таман, XIX ғасырдың басында Арқа жеріне қоныс аударған, кейіннен Оңтүстікке, Қаратау өңіріне заман дүрбеленде көшкен Кіші жүз ұрпақтарынан тараған аты әйгілі небір өнер саңлақтары, айтулы тұлғалар, қайраткерлер елге танымал болды.

Абылай Шуланбаев,
Қарағанды қаласы

РАМАЗАН МЕРГЕН

Елеусізұлы Рамазан 1893 жылы туып, 1978 жылы қайтыс болған. А.В.Мухлянын «В пустыне Бетпакдала» (Алма-Ата,



1956 г.), Максим Зверевтің «Мерген идет по следу» деген кітаптары мен «Ленинская смена» газетінің 1956 жылы «Равнина злосчастия» деген киносценарийі Елеусізұлы Рамазанды берісі Қазақстанға, әрісі Одаққа таныткан. Арқадағы 7 болыс Кіші жүздің шеркеш руынан шыққан Боранбайдың Елеусізі қолынан өнері төгілген шебер, уық-кереге басып, шаңырақ иетін үйші, темірден тебен ине жасайтын ұста болған. Елеусіз жалғыз ұлы Рамазанды 6 жасында Төлеубек деген молдаға оқуға береді. 2 жыл оқуын оқиды. Осы кезде 7 болыс Тама, Алшын, Жағалбайлыда балаларын орысша оқыту бәсекеге айналған еді. Серікбайдың Бәкені (алшын), Жағалбайлы Әділдің Бәйсейіті, Дінмұхамеді (Мұқышы), Сәдуақастың Жанайдары, Қақудың ұлы Мұқамедия, Құрақ Ералының Шәбден сияқты балалар орыс мектебінде оқыған. Кедей болса да ел қатарынан қалмауға тырысқан Елеусіз де баласын орыс мектебіне береді. Сөйтіп Рамазан Приходская школаға түседі.

Рамазан оқуға түскен кезде Сәкен Сейфуллин қалалық училишенің 3-класында, Нұралы 2-класында оқиды екен. Рамазан оқитын мектепке келген Міржақып Дулатов шалбарының тізесі жыртық Рамазанды көріп, Казанцевтің дүкеніне ертіп апарып, шалбар, көйлек, қағаз-қарындаш алып береді. Рамазан орыс мектебінде 2 жыл оқып, үшінші жылға қарағанда әкесі өліп, оқудан қол үзеді. Күнкөріс қамымен мергендікті кәсіп етеді.

Елді советтендіру кезінде Қарақыз болысының хатшысы болады. Рамазан 1932 жылы Арқадан Әулиеатаға көшкен Сарысу ауданының 40 үй аш-арығын аң аулап, киіктің етімен аман алып шыққан. 1942 жылы Рамазанға Қарағандының «Военспецторгы» киік етін дайында деп тапсырыс береді. Рамазанды Алматыға шақырып алып, Казвоенком ет дайындауға тапсырыс беріп, ол 1943 жылы Шудың бергі жағы Қоғашыққа көшіп келеді. Бұл маңда метереологиялық стансаның адамдарынан басқа тірі пенде жоқ. Айына екі рет самолет келіп, Рамазан дайындаған етті алып кетіп тұрады. «Москва әскери экспедициясын» басқаратын Мухля деген ғалым профессор екен, Рамазан соның қарамағында істеп, достасып кеткен.

Рамазан соғыс біткен соң колхоз, совхозда еңбек етті. Ол кісі де әкесі сияқты шебер болған. Шаңырақ иген, құранды ер жасап, темір соққан.

P.S: Орталық, Оңтүстік Қазақстанда шеркештерді «алшын» деп атау қалыптасқан.

Асан Жұмаділдин
Қарағанды облысы.

ТЕКТІ ШАҢЫРАҚТЫҢ ПЕРЗЕНТІ

Қаратаудың теріскей бетінде Мыңжылқы тауымен жарыса жатқан шағын-шағын төбелер бар. Бұл төбелер бірде үзіліп, бірде жалғасып 5-6 шақырым жерге дейін жетеді. Төбелердің бауыры бір кездерде толған бұлақ болатын. Сол бұлақтар басына келіп қоныстанған ауыл – ертеден күні бүгінге дейін Жыныс Ата деп аталады. Егер төбенің басына шығып, солтүстік бағытқа көз салсаң, алдында Мойынқұмның оңтүстік жиегі – Қаңжуған сағымданып көрінеді. Желке тұсында қасиетті Қаратаудың ең биік жотасы – Мыңжылқы. Мыңжылқыны жергілікті халық Бессаз деп атайды. өйткені төбесі жазық. Бес бұлақ, мың жылқы сыйып кететін бес сазы бар. Ол саздарда жаз бойы жылқы жатады да, жоңдары жылтылдап төменге суық күзде бір-ақ түседі.



Суретте: Ісмет Кеңесбаев Ұлдан әжемен.

Осы жырақтағы кішкентай елді мекенде 1907 жылы 15 ақпан күні әлемге әйгілі ғалым Ісмет Кеңесбайұлы Кеңесбаев дүниеге келді. Созақ ауданында бір кездері 41 колхоз болған екен. Жыныс Ата ол кезде «Октябрь» колхозы атанған. 1950 жылдары 41 колхоз 12 колхозға біріктіріледі. 1957 жылдың мартынан колхоздар совхозға айналдырылған кезде, «Октябрь» колхозы өзінің батыс жағындағы «Сызған» совхозының бір бөлімшесі болып қалады. І.Кеңесбаевтың өмірбаянына байланысты кей деректерде Созақ ауданының Сызған совхозында туған деп жазылып жүргені содан. Қазір колхоз да, совхоз да жоқ. Бұл күнде Жыныс Ата елді мекенінің аумағында Таукент деп аталатын поселке типтес қала орналасқан.

Ауылда Аманбай, Есжан деген молдалардан сауатын ашқан Ісмет аға (мен ол кісіні осылай атайтынмын) 1921 жылы білім іздеп, Түркістан қаласына осы ауылдан аттанған еді. Алдын ала айтып қояйын, Ісмет ағаның көзі тірісінде-ақ жерлестері өз ауылының ең үлкен көшесін Ісмет ағаның атымен атаған болатын. Ал 1996 жылы Таукент поселкесіндегі №36 қазақ орта мектебіне академик-ғалым Ісмет Кеңесбаев аты берілді. Енді осы поселкенің өзін сол кісінің атымен атау туралы да ұсыныс айтылып келеді. Бұл ұсыныс төменнен де, жоғарыдан да қолдау тапса, нұр үстіне нұр болар еді.

1997 жылы Ісмет Кеңесбаевтың туғанына 90 жыл толып, еліміз көлемінде кең аталып өтті. 90 жылдығына орай таяуда өткен халықаралық ғылыми конференцияда достары, шәкірттері сөз сөйлеп, естеліктер айтты. Алыс, жақын шетелдерден келген ғалымдар баяндама жасады. Сүйікті ұстазым әрі жерлесімнің шыққан тегі, туыстары туралы бірдене айтсам, жазсам деген ойым бар еді. Соған орай ол кісінің балалық шағы, әке-шешесі, туған-туыстары туралы білетін, білгенін жақсылап айтып бере алатын адамдарды іздестіре бастадым. Өкінішке қарай, ондай кісілердің қатары сиреп қалыпты. Біраз материалды қазір ауылда тұратын жиені 67 жастағы Айша Әбілқызынан алдым. ҚазМУ-дың түлегі, диплом жұмысын Ісмет ағаның жетекшілігімен қорғаған шәкірті, ауылда 30 жылға жуық мектеп директоры болып істеген ағам Есенбек Керімұлы да елдегі көнекөз қариялардан естігенін бір дәптер етіп жазып алып, табыстап кетті. Бала кезінде Ісмет ағаның әкесін көрген, ағасының қолынан дәм татқан, 18 жылдай аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет атқарған шебер әңгімеші Аман Мырзалыұлы да біраз деректер берді. Алматыда тұратын немере қарындастары Мағрипа апай мен Күләш апайлар да өз ағалары туралы есте қалғандарын айтып берді.

Мен келтірген деректерде дәлсіздік болып жатса, кейбір кісілердің аты аталмай қалса, Ісмет ағаның туыстарынан алдын-ала ғапу өтінемін және ол кісінің өміріне байланысты тың деректермен әрі қарай толықтыра түсуге жәрдем береді деген сенімдемін.

Ісмет Кеңесбаевтың ел есінде қалған арғы аталарының бірі – Ботбай. Ботбай әрі би, әрі аруақ қонған киелі жан екен. Бұл кісіге байланысты елде мынадай әңгіме сақталған. Жүніс (Жыныс) Ата әулие үйінің жанындағы төбенің басынан шығып жатқан бұлақтың қасында мүрдесінің жатқаны туралы Ботбайға түсінде аян береді. 25 жасында жаугершілікте қайтыс болған жігіт екен. Содан соң Ботбай басшылық етіп, басына шикі кесектен күмбезді сағана тұрғызады. Ауылымыз осы Жыныс Ата әулиенің атымен аталады. «Дін-апиын» деп уағыздаған кеңес дәуірінде әулие жатқан қасиетті жер аяқ асты болып тозып кетті. Адамдар ішіне мал жаятынды шығарды. Ботбай атамыз тұрғызған сағананың күмбезі құлап, ішіне түсіп жатты. Мектебіміз әулие жатқан төбенің түбінде болатын. 1954 жылы 7-класта оқып жүрген кезімде бір топ бала Жыныс Ата жатқан сағананың ішіне кіріп көрген едік. Бір бұрышында арап әрпімен жазылған кітаптар үйіліп жататын.

1995 жылы Таукент кен басқармасының директоры Мәркенбаев Жұматайдың қолдауымен Семейден ақ кірпіш әкелінді. Сағана бұрынғы үлгісімен қайта тұрғызылды. Іші мәрмәр таспен өріліп, үш бөлме қалпына келтірілді. 1-бөлме қабырхана деп аталады. Онда Жүніс (Жыныс) Ата жатыр. 2-бөлме мәйітхана, 3-бөлме шырақшыға арналған бөлме. Құрылысын жүргізген Әметжанов Бәйкен. Тұрғызған- шебер құрылысшы Шабақов Тасболат. Бұл жігіттерге ел риза. Мен де ризалықтың белгісі ретінде есімдерін мақаламда айтып өтуді парыз санадым. Қазір әулиенің айналасы сыммен қоршалған. Есік қойылып, аузына құлып салынған. Қарайтын шырақшысы бар. Шырақшының рұқсатынсыз ешкім ішіне ене алмайды. Бұл да болса егеменді ел болып, аруақты ата-бабаларымызға жасалып жатқан құрметтің бірі белгісі.

Жыныс Ата басындағы бұлақта 2 түп тал бар. Қазір картайған. Бұтақтары құрап, сынып жатыр. Биік-биік діңдері ғана тұр. Сынған бұтақтары түскен жерінде жатады, ешкім тиісе алмайды. Ауылымызда Торғай дейтін ұста болушы еді. Арық, сылыңғыр қара сұр кісі болатын. Үні шықпайтын, сыбырлап сөйлейтін. Сол кісі ағаштың сынған бұтақтарын әкеліп, көмір орнына жаққан. Сол күні түсінде түйе буындырған. Ағашты ертеңіне орнына апарып тастайды. «Қырылдап қалуы содан болды», - дейтін жұрт. Бұл менің бала кезімде, ол ұстаның көзі тірісінде естіген әңгімем. Қазіргі ұрпақ та біледі.

Ботбайдың баласы Тілеу де би, ауыл ағасы болған кісі екен. Тілеудің бірінші әйелінен Мәмбеткүл, Бәйімбет, Кеңесбай, Қалымбет, Ахмет деген ұлдары болған. Екінші әйелінен Ерімбет, Нұрымбет, Шерімбет, Омар дейтін ұлдары, Зейнеп және Гүлжәмила атты қыздары болыпты.

Тілеудің қонысы (жаз жайлауы) Райыс, Қаратұма болған. Қазір Тілеудің Қаратұмасы деп аталады. Осы жерде жалғыз түп ағаш болған. Қазір орны сақталған. Бұл ағаштың да өз тарихы бар. Бұған байланысты ауылда мынадай аңыз айтылады. Бәйімбет 16 жасында қажылыққа барады. Қайтып келген соң, Ташкенттен шеберлер алдырып, мешіт салдырады. Мешітке пайдаланбақшы болып, әлгі ағашты қырықтырады. Сонда ағаштың бұтағынан қан ағыпты. Содан Бәйімбет кеселді болып қалады да, 38 жасында қайтыс болған. Бұл мешіт көп жылдар колхоз қоймасы болды. Биік жерге салынған еңселі үй еді. Қазір тек қабырғалары ғана тұр. Мешіт те әулиенің қасына салынған. 1977 жылы ауылға барғанымда, ауданның сол кездегі бірінші хатшысы Ахметов Бәкір: «Мынау үй Секеңнің туған үйі екен, бұздырмай сақтап отырмыз», - деп, мешіттің дәл қарсысына салынған бір үйді көрсеткен еді. Одан бері де 20 жыл өтіпті. Ісмет аға шыр етіп дүниеге келген сол үй қазір қандай күйде, біле алмадым.

Ісмет ағаның әкесі ұзын бойлы, сұлу кісі болған. Молдадан оқып, хат таныған. Құс салып, тазы жүгірткен шебер саятшы, аңшы екен. Домбыраны да жақсы тартқан. Созақтың әйгілі күйшісі Сүгірмен замандас, жерлес, жақын жолдас болыпты. Аман ағай айтады:

- Қолында құсы, Құмтөбенің (ауылдың төменгі жағындағы төбе) басына шығып отырады. Қызылшағыр деген жусан болады. Жусан арасындағы қоянды үркітеміз. Құсы түскен қоянды алып келеміз. Жүрегін құсына алып береді. Қолдан шауып алған домбырасы болатын. Торғайдың дүкенінің жанына келіп тартады. Сүгірдің "Ынғай төкпесі" ғой деймін. Қолы домбыраның сағасына жиі-жиі келіп қайтатын. Қайратты болатын. 1946 жылы Секеңнің үйінде он шақты күн жаттым. Ауылдың бәрін сұрап шықты.

Кеңесбай 1937 жылы ауылда 80 жасқа келіп қайтыс болады. «Ұрпағыма кесірім тиеді», - деп, молда шақырып, жаназасын шығартпаған, - дейді Айша апай. Өзінің айтуы бойынша, жантәсілім еткен соң, үйдің оң жағында жатып, үш күн түнепті.

Кеңесбайдың Ісмет ағадан басқа Жүсіп, Оспан деген ұлдары, Рәзия деген қызы болған. 1909 жылы туған Маржанкүл деген қызы қазір Кентаудағы баласының қолында тұрады. Басқа балалары дүниеден озған.

Маржанкүл апа Алматыға келіпті дегенді естіп, 31 қазан күні кештетіп осында тұратын баласы Көшербайдың үйіне келіп, есік қақтым. Есікті апаның өзі ашты.

- Кім боласың? Балалар қонаққа кетіп еді, жіберуге қорқамын, шырағым! – деп, үйге кіргізгісі келмеді.

- Ауылдың баласымын. Сіз Маржанкүл апасыз ғой, өзіңізбен әңгімелескелі келдім, - деген соң, ішке кіргізді. Өткен кеткеннен әңгіме айтып бермейсіз бе? – дедім.

- Ой, шырағым-ай? Мен не біледі дейсің. 18 жасымда елден кеттім. Әкем Кеңесбай болса құс салып, әсемдікпен өтті. Оның үстіне, Ісмет кеткен соң бәрін ұмыттым, құлағым да жөнді естімейді, - деді. Төсектің үстінде тұрған Ісмет ағаның жасыл шапанын алып, жағасынан ніскеп тұрып, кемсеңдеп жылады. Өрнекті таяғын алып көрсетті. – Ісметті сағынып жүрмін. Басына барып, мауқымды басып қайтсам ба деймін. Алматыға келгенде Ісмет іздейтін еді. Сәуле мен Жұмашты да сағындым. Бірақ олар әлі хабарласпай жатыр. Маржанкүл апа дегенде жүрегім елжіреп жылағым келіп кетті.

- Ауылда кімнің баласы боласың, шырағым! – деді. – Керімнің баласымын, апа. Ол кісіні білетін бе едіңіз? – дедім.

- Беу, айналайын-ау, неге білмейін. Әкең Керімді де, ағасы Мырзалыны да жақсы білемін. Әулетіңнен айналайын! – деп, орнынан тұрып, бауырына тартып, тағы жылады.

Күн жұма еді. Сонау алыста қалған балалық шағым, соғыста қыршын кеткен әкем мен бауырларым есіме түсіп, мен де елжіреп кеттім. 90-ға таяп қалған алдымдағы қарт-алтынның сынығы, тұлпардың тұяғы – бар болмысымен көз алдыма ауыл болып елестеді. Келген жұмысым біткендей болды. Көзіме таныс Ісмет ағаның жасыл шапанын қолыма алып, апа сияқты мен де жағасын ніскеп біраз тұрдым. Таяғын ұстап, маңдайыма бастым. Содан соң апамен қоштастым да, есікке қарай аяңдадым.

- Алда айналайын-ай, тым болмаса шай да қойып бере алмадым-ау, - деген апаның мейірімді үні құлағымда қалып қойды.

Сәкеңді Түркістанға оқуға алып барған Жүсіп ағасы екен. Қылтамақпен ауырып, ерте қайтыс болып кетті. Бала кезімде көрдім. Шоқша сақалы аққұба өңіне жарасып тұратын көркем кісі еді. Бір түрлі сұсты көрінетін. Жүсіптен қорқасың ба, құдайдан қорқасың ба? – деп сұрайтын еді Мырзалы. Сонда:

«Жүсіптен қорқамын дейтінмін», - деп күліп отыратын Ісмет аға.

Жүсіптің артында Шәрімкүл, София, Рақия, Тұрарбек, Тұрлыбек деген ұл-қыздары қалды. София апамыз ауылдан келгендерге қамқорлық жасағысы кеп тұратын көпшіл кісі еді. Шәрімкүлі ауылда, Рақия Түркістанда тұрады. Тұрарбек – зейнеткер. Тұрлыбек екеуміз тай-құлындай бірге өстік. 10 жыл бірге оқыдық. КазМУ-ды қатар бітірдік. Қазір Республикалық баспа үйі директорының орынбасары болып істейді. Күрестен спорт шебері. Бұл үйдегі шешеміз Бейсенкүл алтын адам еді. Кезінде сұрап алмағаныма қазір өкінемін. Ісмет ағаны ол кісі келіндер салтымен "шырақ" дейтін.

– Шырақ бала кезінде өте шыдамсыз болатын. Сабақтан келгенде дайын бола қоймайды деп, қайнап тұрған үлкен қазанның үстінен әрі бір, бері бір секіріп өтетін, - деп күліп отырушы еді.

Қалымбет орта бойлы, қара торы кісі екен. Мінезі шапшаң болыпты. Егін егіп, мал ұстаған. Кенесбайға жазғы сауын, қысқы соғымын беріп отырған. Әйелінің аты – Балқаш. Аркадағы Оразәлі деген байдың қызы. Бірін-бірі сыйлап өтіпті. Нақай (Нақып) деген ұлы және Зақан, Бикан, Күләш атты үш қызы болған. Бізге материал жинауға көп жәрдем берген Айша осы Қалымбеттің қызы Биқаннан туған. 1917 жылы туған ең кенже қызы Күләш Алматыда тұрады. Жоғары білімді. Қазақ тілі мен әдебиетінің маманы. Бірнеше жылдар бойы ағарту саласында жемісті еңбек етіп, 1972 жылы құрметті демалысқа шыққан. Білім беру ісінің үздігі. Бұл кісінің жолдасы Ғұбайдулла Дауылбаев та ағарту саласында ірі қызмет атқарған республикаға белгілі адам. Бұл кісілердің балалары да жоғары білімді азаматтар. Әнуар, Нұрлан Дауылбаевтардың мамандықтары оператор. Бақыт Дауылбаев – сценарист. Қыздары Алтын Дауылбаева – дәрігер.

Тілеудің Ерімбет деген баласы болған. Елде бұл кісі туралы әңгіме көп. Дүниеге 18-жылдар аралығында келген деген жорамал айтылады. Орта бойлы, сары кісі екен. Бақ қонғанмен, байлық қонбаған. Ел аузында ол кісі туралы «кедей болыс» деген сөз қалған. Жалпы алшындарда көрік те, билік те, кісілік те болған. Сөз қонған, өнер-білім қонған. Бірақ ешқайсысы мыңғыртып мал айдамаған. Кісі еңбегін қанап, тізе батырмаған. Сол тұста өмір кешкен алшынның тағы бір белгілі адамы Айтжанның атына айтылған мынадай өлең де бар:

Айтжан кедей дегенде, Айтжан кедей,
Кедейді не демекпіз, кедей демей.
Райыс, Қосбұлақты бірдей қорыр,
Алдында мың жылқысы бар немедей.

Кеше ғана арамызда жүрген Ісмет ағамыз да жалғанды жалпағынан басып өтті. «Ішкені алдында, ішпегені артында дегендей», не ішемін, не жеймін деген жоқ. Басып жемеді, шашып жеді. Одан дәулеті кеміген жоқ, керісінше, тереңнен қайнап шыққан бұлақтай тасып жатты. «Кассада ақшасы жоқ, кедей академик мен боламын», - дейтін әзілдеп. Қырыққа толмай академик атанған Секең он қабатты үй саламын десе де құдіреті жеткендей еді. Бірақ артына үй де, машина да, дача да қалдырған жоқ. Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді». Құдайға шүкір, Ісмет ағаның артында аты да, хаты да қалды.

«Жұт жеті ағайынды» дегендей, жиырмасыншы жылдардың аяғында жүргізілген бай-кулактарды немесе ірі байларды тап жауы ретінде тәркілеу, жер аударудың үстіне 1930 жылы ақпан айының басында басталып, небәрі бір аптада басылған Созақ ауданындағы халық қозғалысы жергілікті халыққа зор қасірет әкелді. Оның жалыны біздің кішкентай ауылды да шарпып өтті. Ауылдағы игі жақсылардың барлығын дерлік сол тұста құғын-сүргінге ұшыратқан. Тәркілейтін малы болмағандықтан Ерімбет болыс жер аударылған. Шымкент облысының Келес ауданындағы Ворошилов атындағы совхозда бухгалтер болып істеп жүрген Шубай деген баласын халық жауы деп ұстап, екеуін Иркутскіге бірге жер аударады. Шубай 25 жасында, ал әкесі 67-лерде сонда қайтыс болыпты.

Ерімбеттің бірінші әйелінен Әлі, Әбілқасым деген балалары болған. Әбілқасым 1939 жылы Ташкенттің ирригациялық институтын бітірген. Арыс-Түркістан каналының жобасын жасаған білікті инженер.

Ерімбет болыстың екінші әйелінің аты – Күнһар (Гүлнаһар), өте ақылды және асқан сұлу болған. «Қыздары қуыршақ ойнағанда, қуыршағына Күнһар деп ат қоятын», - дейді Мағрипа апай. Бүкіл Оңтүстік өңіріне аттары мәлім Ахмет, Бейсенбі деген кісілер болған. «Әйелі жақсы болса, ер егіз» дейді екен. Ол не дегенде: "Ахмет, Бейсенбі", - дейді екен. Созақ ауданының Балдысу елді мекенінде ұрпақтары (Дәуіт, Әлдекей, Төлебай, Хангелді) тұрып жатыр. Бұл жерде Бейсенбінің бұлағы деген бұлақ та бар. Күнһар осы Ахмет болыстың қызы екен. Күнһар дүниеге Мәлике, Ескендір, Шубай, Күләсал, Шайық, Рахия, Әбдеш, Ыспан, Ухан атты тоғыз нәресте әкелген. Шайықтың тағдырын жоғарыда айтып өттік. Әбдеш туралы жазушы Жайық Бектұров жазды. Бұл жерде Ескендірдің өміріне қысқаша тоқтала кетсем деймін.

Ескендір 1904 жылы Созақ ауданында туған. Балалары Әбілқасым мен Ескендір екеуін әкесі Түркістан қаласындағы орыс-түзем мектебіне береді. Бұл-ақсүйектердің, төрелердің балалары оқитын мектеп болған. Мұны бітірген соң Ескендір Ташкент университетінің заң факультетінде оқиды. 1931-32 оқу жылында Москвадағы А.Я.Вышинский атындағы жоғары заң мектебін бітіреді. 1928-29 жылдары Қызылорда губерниялық сотында істейді.

«Сәбит Мұқановтың «Адасқандар» романындағы басты кейіпкердің бірі Бүркіттің прототипі Сұлтанбек Әбеуов екені белгілі. 1928 жылы 29 сәуір күні Қызылорданың жазғы клубында Мұстафаны өлтірген Сұлтанбекке ашық сот болады. Сот ағасы Ерімбетұлы, мүшелері Байжанұлы Ыскақ, Мұсағалықызы Бәтима, хатшысы Әубәкірұлы», - деп жазылған. (Құлбек Ергөбеков. «Жақсыдан қалған сөз», 1991, 236-б). Осындағы сот ағасы болып отырған Ерімбетұлы Ескендір Ісмет Кенесбаевтың ағасы. Астана Алматыға ауысқан соң, Алматы қалалық прокуроры болып істейді. 1923 жылы 30 жыл болыс болған Иманберді деген кісінің Жәмила атты қызына үйленеді. 1938 жылы Ташкентте ресторанда отырған жерінде ұстайды да, 3 жылға соттайды. Үш жыл мерзімін өтеп, 1941 жылы 18 сәуір күні үйіне оралады. Содан әртүрлі қызмет атқара жүріп, 1952 жылы желтоқсан айында жүрек ауруынан Шымкент қаласында қайтыс болады. Сүйегі Арыс өзенінің бойындағы Темірлан селосында жатыр. Бір баласы – Ұлықбек милиция полковнигі. Шымкентте істейді. 1927 жылы туған қызы Мағрипа апай қазір Алматыда тұрады. Орыс тілінің маманы, зейнеткер. Әкесі туралы мынадай лебіз білдірді: «Ескендір табиғатында көпшіл, туған-туысқанға, жора-жолдастарына мейірімді еді. «Бір кісі тақа мінсе, қырық кісі атқа мінеді» дегендей, прокурор болып тұрған кезінде де, түрмеден шығып келген соң да туыстарына көп жәрдем беріп, қолынан келген көмегін аяған жоқ.

Мағрипа апайдың құдай қосқан қосағы, Ісмет ағаның күйеу баласы полковник Қален Құсайынұлы Токмұқамедов те өз елімізде ғана емес, шетелде де аты мәлім белгілі тұлға. 1922 жылы Созақ ауданында туған. 1941 жылы орта мектепті үздік бітірген. 1946 жылы үгітшілер даярлайтын әскери-саяси училищені үздік аяқтайды. 1955 жылы Жоғары әскери-педагогикалық институтты үздік бітіргеннен кейін, қазіргі Байқоңыр космодромы құрылысының партия ұйымын және саяси бөлімін басқарады. Оның үстіне, барлық космостық операцияларға қатысып отырды. КССР Қорғаныс министрі айрықша қызметі үшін полковник әскери атағын бергенде, Қалекең 39 жаста екен. Байқоңырдың ардагер құрылысшысы ретінде әскери Қызыл Жұлдыз, II дәрежелі ұлы Отан соғысы орденімен, академиктер С.П.Королев, М.В.Келдыш атындағы және КСРО ұшқыш-ғарышкері Ю.А.Гагарин атындағы тағы да басқа одақтық дәрежедегі 13 медальмен марапатталған. Алматы қаласындағы өзі тұрған үйге ескерткіш-тақта орнатылып, Сарыағаш ауданындағы №68 мектепке есімі берілді. Созақ селосында ол кісінің атында көше бар. «Байқоңыр» кітабына енген. Бұл кісілердің екі ұлы, бір қызы бар. Үлкені Қасым әкесінің жолын қуып, әскери мамандық алды. 3 жыл Ауғанстанда болып қайтты. Ұлттық қауіпсіздік комитетінде қызмет істеп, зейнеткерлікке шықты. Екінші баласы Қыдыр Мәскеу авиация институтын бітірген. Өз мамандығы бойынша жұмыс істеп жүр. Қызы Райхан да жоғары білімді маман. Музыкадан сабақ береді.

Белгілі айтыс ақыны Көпбай Омаров та Ісмет Кенесбаевтың жақын інісі. Тілеудің баласы Омардан тараған ұрпақ. 1949 жылы Шымкенттегі мұғалімдер институтын бітіріп, ауылда мұғалім болып істеді. Домбыраға қосылып ән айтатын. Айтысқа алғаш рет 1958 жылы түседі. Сол жылы шәуілдірлік 75 жастағы Айтбай Белгібайұлымен айтысып, тең түседі. Одан кейін 30 жылдан астам уақыт талай айтыстарға қатысып, халық көңілінен шығып жүреді. Астанада өткен бір айтыста Шынболат ақынның: «Еліңе саудагерлер көп келеді, тыйып алмайсың ба?» деген сұрағына Көпбай ақын:

Айып па Шымкентің көгін алсаң,
Бұлай деп айтпас ең-ау тегін алсаң,
Жел ысқырған Сарыарқаң маған мәлім,
Мен саған қой дедім бе егіп алсаң.

...Саған барған артықтау өніміміз-
Үш ай жаз тапқан елім, бүгін белін.
Тісіңнің суын сорып отырғанда,
Айып па таңдайыңды жібіткенің? –

деген жолдармен жауап қайтарған еді.

Бұл кісі марқұм болып кетті. Шымкент облысының Ордабасы ауданындағы Берген Исаханов елді мекенінде көп жылдар бойы жұмыс істеген мектебіне ақынның аты берілді, «Халық ақыны» деген құрметті аттаққа да лайық еді, бірақ кезінде ала алмады.

Қыз іздесең, қалың бер,
Мұның ақыл болмай ма,

Көріп алсаң көріктіні,
Таңдап алсаң тектіні
Сонда да көңіл толмай ма? –

деп Абай атамыз айтқандай, Ісмет Кеңесбаевтың аталары да 47-ні матап беріп, ұлдарына текті жерден қыз әперген, қыздарын текті жерлерге ғана ұзатып отырған. Жиендердің ішінде де жұрт таныған таланттар баршылық.Физика-математика ғылымдарының Қазақстаннан шыққан тұңғыш ғылым кандидаты Ақберген Ибадулла Кеңесбайдың қарындасы Зейнеп ападан туған. Ол жөнінде Қазақ совет энциклопедиясында былай деп жазылыпты:

«Ақберген Ибадулла (1907-1938-39 жылдар шамасында өлген) – қазақ совет математигі, физика-математика ғылымдарының Қазақстаннан шыққан тұңғыш кандидаты. Шымкент облысының Созақ ауданында туған. 1934 жылы Ташкенттегі Орта Азия университетінің физика-математика факультетін бітірген. Сол жылы Ленинградтың мемлекеттік университетіне аспирантураға түсіп, 1936 жылы академик Л.В. Канторовичтің жетекшілігімен «Интегралдық теңдеулерді жуықтап шешу тәсілдері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Сол жылы Қазақ мемлекеттік университетінің математикалық анализ кафедрасының меңгерушісі болған. «Фредголбминің интегралдық теңдеуінің жуық шешуі және оның меншікті мәнін анықтау» (Математический сборник. Т42. Вып. 6. М-Л., 1935) деген ғылыми еңбегі жарияланған. (ҚСЭ, 1-том, 1972 жыл, 203-бет). Осы томның 196-бетінде ғалымның суреті де беріліпті. Қайратты қалың қара шашты, қара қасты, жанары отты 30-дардағы жас жігіт бір нүктеге тесіле қарап, терең ой кешіп отырған байсалды ғалым бейнесінде елестейді. Бұл ерекше талант иесі де 1938-дің құрбаны болыпты. Аман ағай: «Аты – Ілияс, фамилиясы – Ақбердиев. 1910 жылы Жиыс Атада туған, - дейді. Бәлкім, қуғын-сүргіннен қорыққан болуы керек. Әкесі дәулетті кісі болған. Ауылда «Ақбердінің бұлағы» деген бұлақ әлі бар. «Ақбердінің қорасы» деген үлкен мал қора бертінге дейін тұратын. Бәйімбет қажының Қалша атты әйелінен Үржан апа туады. Филология ғылымының докторы, профессор Керімбек Сыздықов Үржан ападан туған жиен. Маржанкүл ападан туған жиен Сәтұлы Көшербай Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің профессоры. Жиендердің ішінен ғалымдар ғана емес, күшті-күшті ақындар да шыққан. Бекжан атты жиеннің ұрпағы Шаймерден ақынды Ісмет аға үнемі айтып отыратын, жақсы көріп, сыйлайтын. Нағашылы-жиен Омарұлы Көпбай мен Бекжанұлы Шаймерден айтысқан екен. Айтыс қашан, қандай жағдайда өтті, білмеймін. Бұл жерде Көпбайдың бір ауыз өлеңімен шектелсем деймін. Осы бір ауыз өлеңнің өзінен екі ақынның да арынын байқауға болатын сияқты.

Шаймерден – Қаратаудың тастүлегі,
Өлеңге дариядай тасқын еді.
Көпбайды баласының, көзге ілмейсің,
Асау да күні туса бас біледі.

Ісмет Кеңесбаевтың жұбайы Жұмаш апай Қызылорда облысының Тереңөзек ауданынан. Жас кезінде ауыл молдасынан хат таниды. Кейін Ташкентке келіп, Орта Азия мемлекеттік университетінің филология факультетіне түседі де, 2 жылдан соң Алматыдағы ҚазПИ-дің 3-курсына ауысып, бітіріп шығады. 1948 жылға дейін осы институтта сабақ беріп жүреді де , одан кейін жұмысты біржолата қояды. «Үйде отырып зерігетін болдым. Ісметтің жұмысын машинкаға басып, көмектесіп жүрдім. Кітап оқып, тоқуды үйрендім», - дейді Жұмаш апай.

Ісмет Кеңесбаевтың Марат, Болат, Сырым атты ұлдары болған. Болат пен Сырым жас кезінде шетінеген. Марат 1935 жылы туған. 1997 жылы қайтыс болды. Мараттан бірнеше немере, шөбере сүйді.

Ол кісінің ең жақсы көретін перзенті-Сәуле. Араб тілінің маманы. Филология ғылымының кандидаты. Бірнеше мақалалары, 2 монографиясы жарық көрді. Сәуле қызынан Лиана атты немересі бар. Қазір Германияда тұрып жатыр. Ол жақта да 2 шөбере өсіп келеді.

«Тектіден текті туар мүйізі қарағайдай, тексізден тексіз туар көрген жан аяғандай» дегендей-ақ Ісмет Кеңесбаевтың түр-тұлғасынан, жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен текті жерден шыққандығы көрініп-ақ тұрушы еді. Бірақ шыққан тегі туралы кезінде өзі де, өзге де айта алмады. Қолда бар материалдар негізінде сол олқылықты аз да болса толтырғандай болдық. Ол кісінің өмірбаяны – қызық та күрделі өмірбаян. Бұл бағыттағы жұмыстар келешекте де жалғаса береді ғой деп ойлаймыз.

Сөз соңында айта кетейін дегеніміз, ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов 1959 жылы 24 қыркүйек күні аудан орталығы Шолаққорғаннан Созаққа кетіп бара жатып, бір айға жуық Оңтүстік өңірін машинамен аралап шаршағанына қарамастан, жол-жөнекей Ісмет Кеңесбаевтың туған жеріне соға кетеді. Жазушының жаңа романдарында материалдар жинау мақсатымен Оңтүстікке жасаған осы алғашқы сапары кезінде үнемі қасында жүрген қарт журналист Әділбай Омаров «Асыл арман» атты кітапшасында былай деп жазыпты: «Түске жақын Созаққа қарай аттандық. Сол жағымызда Келіншектау, Мыңжылқы қалып барады. Жол-жөнекей бірсыпыра фермалар мен отарлар кездесті. Мұхаң өзінің жақын досы Ісмет Кеңесбаевтың «Октябрь» бөлімшесіндегі туып, өскен ауылына да соқты". Мұны біз ұлы адамдар арасындағы айнымас шынайы достықтың белгісі деп түсінеміз.

Әжібай Керімұлы,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент.

РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫ
УЕЗДІК ҚАЗАҚ КОМИТЕТІ МЕН ЖАС ҚАЗАҚ ҰЙЫМЫ



Іс, сүйтіп, бір қалыпта жүре береді. «Жас қазақ» деген жастар ұйымын ашқанбыз. Ұйымның мақсаты: халық арасында заң, білім тарату, жаңа саясат істеріне қатысу. Қауымның қысқаша жобасы болды. Қауымының басқармасы болды. Төрағасы – Сәкен Сейфуллин, мүшелері: Әділұлы, Айбасұлы, Асылбекұлы, **Бәкен Серікбайұлы,** Нұркинұлы.

«Жас қазақ» ұйымын ашқан сағаттағы жазылған мүшелерінің саны қырық-елу шамасындай еді. Соңынан одан көбейді. Бәрі қазақтың азды-көпті жастары. «Жас қазақ» ұйымының ісін жүргізетін хатшысы, ақша есебін басқаратын казначейі болды. Мөр, штампы болды. Күзге қарсы шапеграфпен «Айна» деген журнал шығарды – бір нөмір. Жобада ұйымның саясаты ретінде, мемлекет құрылысы ретінде қабыл алған жолы мынадай еді:

... «Жас қазақ» Россияның ең дұрыс жобалы төңкерісшіл партиясымен бірге майданға шығады. Онсоң Россияның құрама (федеративная) республика болуын қуаттайды»... Міне, осындай еді.

Жақсы болсын, жаман болсын, қазандай қайнап, қазақ комитеті мен «Жас қазақ» істері жүре бастады.

Қырдағы елдерде болыстық комитеттер сайланды. Көп жерде бұрынғы ел жеген адамдарды комитеттерге кіргізбей тастадық. Әйелдерді сайлауға кіргіздік. Әйелдердің бостандық, еркін қорғадық, қалың малды құрығымыз жеткен жерде алғызбайтын болдық. «Атастырып» қойған күйеуін жақтырмаған және бұрынғы алып отырған күйеуін жақтырмаған қыздарды, қатындарды босатып, сүйген жігіттеріне тоқтаусыз жіберетін болдық. Енді Ақмола уезінің қазақтарының соты да, милициясы да, үкіметті де уездік қазақ комитеті болды.

Қазақ комитетінің алдынан қазақтардың топ-топ аты кетпейтін болды. Шұбар қазақтың қыз-келіншектері комитетке келіп, «бостандық қағаздарын» алып кететін болды. Бір күнде он сегіз әйел «бостандық қағаз» алған кезі де болды...

***

Енді бір күні Ақмолада мынадай іс болды:

«Жас қазақ» ұйымының жиылысы еді. Жиылыс қазақ комитетінің кеңсесінде болып жатыр. Жиылыстың төрағасы болып отырған-мен. Жағалай отырмыз. Менің екі жақ жанымда ұйым басқармасының хатшылары , мүшелері: Әділұлы, Айбасұлы, Нұркеұлы, Асылбекұлы. Біздің алдымызда бізге қарап, **Серікбайұлы,** Дөнентайұлы және басқалар отырған.

Күн батуға таянған. Үйдің іші толған иін тірескен кісі. Олардың терлеген лебінен үйдің іші қапаланып ысыған. «Жас қазақ» ұйымының көп мүшелері және жай кісілер де есіктен төрге шейін сығылысып, орын жетпегендері самаладай самсып түрегеп тұр.

Кеңес болып жатыр. Бір мезгілде иін тіресіп тұрған жұрт қозғалды.

- Бұл кім? Неге итересіңдер? Қайда кимелеп барасың?
- Е, не керек? Не болсын? – десті.

Кейбіреулері молдалар кие-жара, омыраулап, біз отырған төрге қарай өрлеп келді. Сөйленіп отырған сөз бөлінді. Аңырайып қарадық.

Бірнеше молдалар кие-жара, омыраулап біз отырған төрге келді. Бес-алты молда – бәрі де Ақмола уезінің атақты молдалары, «әулиелері», Ғалауетдин қалпе, Омар молда, тағы басқа молдалар.

-Е, шаруаларыңыз бар ма еді? – дедік.

Молдалар күбілжіңкіреп.

-Көп шаруамыз жоқ деді.

Біз сөзімізді сөйлей бердік, молдалар отырды. Ғалауетдин менің қасыма келіп отырды.

Сөз сөйленіп жатыр. Бір мезгілде Ғалауетдин молда маған:

-Сәкен «мырза», кішкене сөздеріңізді бөле тұрыңыздар! – деді.

- Неге! – дедім.

Сөйленіп тұрған сөз өзінен-өзі қойыла қалды.

Жұрт қарай қалды.

- Қазір енді күн кешкірді. Намаздігер уақыт болды. Сөздеріңізді қоя тұрып, кешкі намазға барыңыздар! – деді.

- Біздің қазір уақытымыз жоқ, қалпе! – дедім.

- Неге уақытыңыз болмайды? Бұл сөздерге уақытыңыз болғанда, намазға уақытыңыз болмай ма? Жүріңіздер намазға! – деді Ғалауетдин.

- Біздің дәретіміз жоқ еді, қалпе! – дедім тағы да.

Қалпе түсін суытып:

- Дәрет аласыздар, тастаңыздар енді сөздеріңізді, жүріңіздер, намаз өтіп кетеді! – деді.

Пәле бүйірден қадалды. Мен ыза болып, тез жолдастарға айнала қарап жіберіп, қарсы алдымда отырған **Бәкен Серікбайұлына** қарадым. Бәкен маған қарап қойып, қып-қызыл болып, қалпеге көзімен қадалып отыр екен. Бәкен менің бетіме қарап жіберді де қалпеге:

- Ей, молда! Шатпа!.. Оттама! - деді.

Бәкенге таяу, терезенің алдында отырған Өмірбай:

- Маған сөз берші, Сәкен! – деп ұшып түрегелді.

Сөз бердім.

Молдалар қалш-қалш етеді. Иін тірескен жұртта үн жоқ. О-ой, сөкті-ай геп Өмірбай молдаларды!

-...Сендер, елді алдаушы арам тамақтар... Сұм, көлгір, былжыраған қаяр бұзылғандар!... Өздеріңнің не қылып жүретіндерің естеріңде бола ма?.. Бізде не ақыларың бар?... Біз тозақта күйіп жатсақ, сендер қолдарыңның ұшын бермей-ақ қойыңдар! - деп, молдалардың ит терісін басына қаптады.

Міне,сөйтіп, Қазақстанның көп жерінде комитет істері осылардың ықпалымен жүрген.

Міне, «Алашорданың» тіреуінің зоры молдалар мен болыстар болған...

70-71-бб.

ЧЕХОСЛОВАК ЫЛАҢЫ. АҚМОЛАДА СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ ҚҰЛАУЫ

Алдымыздан екі-үш салт атты қазақ шыға келді. Біреуі артымнан келіп, мені қамшымен салып қалды. Қарасам, бір қара сақалды, шұбарлау, бұржық бет қазақ. Мен бетіне қарап жай күлдім де:

- Е, сіз де ұрып қалыңыз, менің сізге де қылғаным бар шығар!.. – дедім.

Қазақ шегініп кейін қалды. Айдап қазақ-орыстың станицасына әкелді. Станицаның алды гу-гу, толқындай қозғалып, қайнаған халық. Қазақ, татар, орыс, қатын, бала-шаға. Гулеген, гүжілдеген сөз. Ерсілі-қарсылы шапқан атты кісілер. Анда-санда атылған мылтық дауысы. Жаң-жұң, шатыр-шұтыр, ың-жың дауыс шаңмен араласып аспанға ұшады. Жұрттың көбінің-ақ әбден өкпесі көтерілген. Естен, ақылдан, айырылған қалың надан тобыр сәйгел қуалаған сиырдай. Көздері ежірейіп, танаулары шелектей болып елірген, күжілдеген., Елірген ес жоқ, надан тобыр – бәрі өкірген сиырдай гулеп, большевикке «лағнет» айтады. Бәрі уыстап топырақ шашады. Мені станицаның алдына айдап әкелген кезде, есі шыққан тобырдың көбі қозғалып маған таянды. Жаяу тобырдың ішінде ең алдымен маған қарсы келген қазақ – Нұржан ақсақал дегенге көзім түсті. Қолында әдемі қара таяғы бар. Көзі мәлік болған сиырдың көзіндей қызарған. Маған жанасып келіп, сүзетін сиырша қарап, мені балағаттады.

Мен ішімнен ыза болып жай:

- Сізге жол болсын?.. Сіз ылғи бізбен бірге болған адам едіңіз ғой?... Сіз бізбен бірге Совдепте де болған жоқ па едіңіз? – дедім.

-Былшылдама, сен не қылмадың!.. Бәлем енді сазаң берілер, қылармын саған! – деді.

Сол арада гулеп, қозғалып, еліріп таянып келген жаяу тобырдың біразы шулап келіп маған жабылып қалды.

Қолы жеткені мені ұрды, қолы жетпегені өзді-өзін ұрды. Ың-жың, шаң-шұң , пәлен-түген деп жатыр.

«Большевик»! «Бұзылған!»... «Кәпір!» ... «Дінсіз!».. деген сөздер естіледі.

Көтеріліп, бірінің басынан бір асырып сілтеген жұдырықтар мені тұншықтыруға айналды.

Жұрттың ұрғанынан қорқып бар күшті жинап, «шынымен болысатын ешкім болмағаны ма?..» деп, тез тобырға көз жібергенімде, бір Сүлеймен қажы деген қазақ ұмтылып, омыраулап келіп, мені тез қолтығына алып, жабылған тобырдан алып шықты. Жұртқа енді ұрғызбай, жылдам станицаға әкеп кіргізді.

Станицаның іші әбігер. Мылтық ұстаған сақалды, сақалсыз, жас қазақ-орыстар. Қылыш, алтыатар тағынған офицерлер. Сарт-сұрт жүгіріп кіріп-шығуда. Станицасының ішінде, кейбір жай, құр қол тұрған, отырған қазақ- орыстар да бар. Бұлар тіпті жай отырған тәрізді. Тіпті, мына болып жатқан іске қатынаспаған тәрізді. Мылтық асынғандарының түрлері жинақ. Қимылдары шапшаң. Лепіріп кіріп-шығып жүр. Бәрінің бастығы Кусковский. Гүжілдеп бұйрық қылып, асынған қылышын сүйретіп сартылдап кіріп-шығады. Сүлеймен қажы мені икемдеп, шала-бұла тініткен болып, төргі бір бөлмеге әкеліп тығып жіберді.

Сүлеймен қажы мені бүйтіп, елірген тобырдың ішінен құтқарып қорғап алып шығады деп күтпеген кісім еді. Сүлеймен қажы менің әрі істес кісім емес еді...

186-187-б.б.

***

Бесін ауа бәрімізді қағазға тіркеп, жарақты қазак-орыстар тысқа шығарып, атты, жаяу конвоймен айдап жүрді.

Әлі де қамалап шұбаған тобыр. Көше бойы таңырқап қараған халық. Кейбіреулер құр таңырқайды. Кейбіреулер қуанады. Бір қазақ-орыс кемпірі қақпасының алдында қарап тұрып, шоқынып жатыр. Бізге қарап қойып, түртініп: «Шүкір құдайға»... («Слава богу!») – дейді. Қуанатын - әрине, байлар, онсоң қазақ-орыстың кемпірі-шалдары.

Бізді айдап кеп, бір көшедегі күйген кірпіш сарайға қамады. Қазақ-орыстардан есікке күзет тұрды. Кеше бұғып жүргендер қалаға ие болды. Көбінде ес жоқ. Әсіресе қазақ пен татар байларында ес жоқ. Жындыбас, Шәріп, Ялымұлы мас. Әңгіленіп алған. Қолында алтыатары бар. Біздің сарайға талай келді.

Біз сарайға келген соң да, ұсталған бірен-саран большевиктерді әкеліп сонда тықты.

Топырлап жатырмыз. Жолдастардың көбі аң-таң.

Бұл халге қалай түскендікке жолдастардың көбі таңырқайды. Тамсанады. Кейбіреулер Бачокке ренжиді. Балағаттайды.

Қамаудың алдынан қарап өтіп жатқан адам. Дос та бар, дұшпан да бар. Біреу күйінген, біреу сүйінген. Жолдастар қамауда отырып, сырттағы жақындарынан хабар ала бастады. Ең алдымен хабар берген және одан кейін де, тынбай хабар беріп тұрған - жолдас Павловтың қатыны.

- Ылғи бастықтарды атамыз деп жатыр. «Он екі кісіні атпақ», - деп хабар келді. Мұның ішінде сегізі – орыс, төртеуі – қазақ».

Қазақ кімдер? ... «**Бәкен**, Сәкен, Абдолла, Байсейіт...»

Біресе «Алты кісіні атады» ... екен деп хабар келді.

«Мұның ішінде бір қазақ бар» - дейді.

-Он екі кісіні атуға ма, жоқ онан аз атуға ма?»... деп, казак-орыстардың бастықтары жиылыс қылып жатыр, - деп хабар келді.

Қалай болғанда да, халдің нашар екенін әбден білдік.

Түн болды. Жаттық. Түнімен дүсір. Самбырлаған дауыс. Шабуыл.

«Ертеңінде ұсталып келген бірен-саран большевиктер дейді» деген түрлі хабар айтып келді. «Омбы, Қызылжар, Көкшетау қалаларын да алыпты. Ол жақта большевиктерді атып, асып жатыр дейді»... «казак-орысқа қосылған чехословактар дейді», - деп келді.

«... Ұсталған кісілер көп... «Уақ» большевиктерді басқа жерге қамап жатыр...» деп келді. Мұнысы рас көрінеді.

Біраз үрейлендік. «Шынымен, революция біткені ме?.. Патша дәуірі қайтадан орнағаны ма?...» деп уайымдай бастадық. Казак-орыстардың бастығы, қаланың коменданты, офицер Кусковский келіп, жатқан жерімізді көрді:

«Бәріңіздің жұмыстарыңызды комиссия тексеріп қарайды. Сіздерді қамағанымыз: әшейін уақытша ғана, үкіметті алғанда, бүйтпеске болмайды ғой. Бәріңіз де тез босайсыздар».. деп кетті...

-Бастықтарды атуға үкім қылыпты, - деп соңынан іле және хабар келді.

Үйіліп, топырлап жаттық. Жатқан қамауымызда терезе жоқ. Темірмен қоршаған бір төрт бұрышты тесігі бар. Күндіз есік ашық тұрады. Есіктің алдында мылтық ұстаған үш-төрт казак-орыстар тұрады.

Күзетте тұрған казак-орыстардың ішінде, Ақмолада оқығандағы менің учителім – Красноштанов көрінеді. Есік алдынан сүйінген қастар, күйінген достар қарап, көше бойы өтіп жатыр. Достардың кейбіреулері иек қағып амандасады. Кейбіреулері әртүрлі ас әкеліп жатыр. Қазақ қайда барса да ет пен қымызды тастағысы келе ме? Асы ет пен қымыз және басқа тамақтар.

Қамаудағы жұрттың айырылған есі бірте-бірте кірді. Оқиғаны әңгіме қылып жатырмыз. Қара уайым қара пәлеше басты. Халдің нашар екенін әбден сездік. Ызалы күйік көкірекке толды.

Іргеге арқасын сүйеп отырған **Бәкеннің** қасына келдім. Бәкен уайым айтты:

-Енді өлеміз ғой. Бірақ, әйтеуір, дұрыстық үшін өлеміз. Сол жері жақсы. Кейінгілер айта жүреді ғой... – деп, қасына келіп отырған мені құшақтады да:

- Мен өлсем де, сен қалсаң игі едің. Сен газетке жазып, кітапқа жазып, біздің не үшін өлгенімізді кейінгілерге айтар едің, сен аман қалсаң игі едің... – деді. Мен:

-Қой!.. Кім біледі?.. Олай деме, бәріміз де аман-есен құтылармыз. Тағы да әлі талай майданды көрерміз. Мұндай кімнің басынан кешпеген! – дедім.

Бірақ дағдырып отырмыз. «Бұл қалай болды?», «Неғып бүйтіп қалдық?» - деген ой бастағы миды шырық айналдырды... күйініп, ыза кернеп, тек тамсанамыз.

Бұл оқиға жалпы Россияда болды ма, жоқ, жалғыз Ақмолада, Омбы, Қызылжарда болды ма? Міне, осыны, әлі, ешкім білмейді. Сарайда жүз шамалы кісіміз. Совдепшілердің ең ірілері. Өзге «уақ» дегендері өзге қамауда. Қай жер аман, қай жер жау қолында екенін ешкім білмейді.

186-192-бб.
Сәкен Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу. Роман. ҚМКӘБ. Алматы.1960.

P.S: Серікбаев Бәкен 1894 жылы туған. Шеркештің - Қосым – Шора- Жақсыбөрісі. 1918 жылы атаман Анненковтың «Азап вагонында» зор ауыртпалық көріп, 1919 жылы Омбыдағы тұтқындар лагерінде қаза тапты. Астана және Жаңатас қаласында, Сарысу ауданының Жайылма ауылында Бәкен Серікбаев атындағы көшелер бар. **П.Д.**

СЕЙІТ АТА ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Әкеміз кенде емес ед кемел ойдан,
Бізге де: "Адал боп өс, - деген,- ойлан".
Руы – Құлақасқа батыр еді,
Қалыпты жалғыз өзі Төлебайдан.

Ел-жұрты адалдығын танып еді,
Халықтан алғыс қана алып еді.
Арғынбек, Жақсылығы, Жауғашары,
Бар бүгін Оразы мен Қазыбегі.

Тағынған болмаса да көп ордені,
Парасат-пайымымен ол өрде еді.
Халықтың алғысы ғой деп жүреміз
Өскені, көсегесі көгергені.

Мерейі адалдықпен биіктеді,
Қашан да қызметте иықты еді!
Банкінің есебін сан дөңгелетсе,
Халқына Торғай, Ырғыз сүйікті еді.

Ерекше құдай өзі төзім берген,
Жырақтап жүрді жалғыз кезінде елден.
Сейіттің баласымын десек болды,
Сүйеді құшақтап ел көзін көрген.

Бар өнер бір бойынан табылатын,
Кімге де зейінімен танылатын.
Туыс боп кетті көрші-көлем тегіс,
Көрмесе іздеп күнде сағынатын.

Білеміз туған елге махаббатын,
Мейірімді істері көп таң қалатын.
"Жақсыдан - шарапат" ел демейді ме,
Қазір де көріп жүрміз шапағатын.

Кімнің де елім десе, бағы артады,
Талапты, болып кетер әрі арқалы.
Әкеміз көзін жұмды туған жерде,
Аралап Алатау мен Сарыарқаны

Күн сол кез күркіресе, құлақ тұнды,
Әркімнің көзінде бір сұрақ тұрды.
Баласын қимағандай табиғат та,
Бізбен бір ағыл-тегіл жылап тұрды.

Азалы артта қалды, толқыған күн,
Көп болғай, Алла, орнын толтырарын!
Біз бүгін рухына бас иеміз,
Жан әке, торқа болсын топырағың!

Серікбай ОСПАН.
ақын, филология ғылымының кандидаты,
Қостанай мемлекеттік университетінің
кафедра меңгерушісі.

ӨНЕГЕ БОЛАР БІР ТҰЛҒА

Жағасы жайлау, көңілі көл боп, ерекше жан-ды жаралған,
Тұратын тұнып, тұла бойында шабыты шалқар жыр- арман.
Құшағын ашып, жылылық шашып, жарылқап бәрін жүретін,
Асыл бір әке, ақылшы аға, аяулы жан ол жақсы адам.

Қапыда қалдық, опынып қалдық, табылмай сөз де айтуға,
Асықты ма екен туған жеріне, өлкеге туған қайтуға.
Ағалар көп қой, орныңыз бірақ ерек өзгеше,
Өзіңсіз бізге өнеге тұтар , ғибрат тұтар нар тұлға.

Арманың асқақ, даркандығын ерек, бөлекше, бір шалқар көл
Жақсылығыңды, жайсаңдығыңды тамсанып әлі айтады ел.
Теңселіп талай, қамығып біздер қарайласақ та келмедің,
Ұрпағыңа енді шапағатшы боп, желеп те жебеп жата бер.



Жылжытып жылды қамкөңіл қанша атты таң,
Сезімнің отын өшірмей қарын сен ушін талай жақты шам.
Ошақтың оты өшпейді мәңгі, түтіні түзу ұшады,
Аруағың бізді қолдасын енді, Аллатағала жаратқан!

Тіршілік мынау:
Қуаныштар да, реніштер де, жұптасып ылғи жүреді,
Жайсаңдығыңды, жайлылығыңды, жан әке, елің біледі.
Өкініш өртеп, өзекті өрттей ойсырап қалды-ау орының,
Шаңырақ бірақ шайқалмайды, әке, өзіңсің оның тірегі.

***

Тарықса да түніліп, адалдықтан аспаған,
Кербезденіп, керіліп, аяқты шалт баспаған.
Қарапайым қалпында жарқын өмір жасаған,
Енді қайтып келмейді Сүйекеңдей жақсы адам.

Ұл-қыздарын, ұрпағын жақсылыққа бастаған,
Жетесізге жуытпай, жамандықтан жасқаған.
Ілтипатты үлкенге, қамқор болған кішіге,
Кешіріммен қарайтын қателескен кісіге.

Болған болар кездері біреулерге жақпаған,
Жан емес ол бірақ та көңілге кек сақтаған.
Жолдастықтың, достықтың туын биік ұстаған,
Ұмытылмайды мәңгілік мұндай асыл жақсы жан.

Жаны таза, бұлақтай, тұла бойы тұнған ән,
Ата-баба киесін әулетіне жалғаған.
Нұрбергеннің қызығын, эттең, шіркін, көрмеді,
Жүрегінің жылуын соларға ол арнаған.

Желбіретіп Жеңістің туын биік ұстаған,
Орден, медаль тағынған Сүйекеңдей мықты адам.
Төрімізде тұрады үнсіз қарап мейірімен,
Жанұясын, ұрпағын ізгілікке нұсқаған!

Зайыбы
Манауия Мұханбетқызы КАКИМОВА
Атырау қаласы.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ЖАНАШЫРЫ

Қазақ мүддесі дегенде білегін сыбанып, алақанын ысқылап іске кірісетін Орынбасар - ұлттық құндылықтарымыздың, оның ішінде спорттық өнерлеріміздің нағыз жанашыры. Ол бүгінде «Жаңаөзен» ұлттық спорт түрлері федерациясының президенті. Мен Орынбасармен танысқалы бері оның іскерлігіне, ұлт спорты түрлерін дамытуға деген ықыласына талай мәрте куә болғаным бар. Енді сол көріністерге кезек берсек.

Мен бұл азаматпен 2010 жылдың күз мезгілінде таныстым. Ол жанында бірқатар серіктерімен Жаңаөзеннен Астанадағы ҚР ҰСТҚ-ның бірінші вице-президенті Сәдібек Түгелге жолығуға келіпті. Бәріміз «Түгел» баспасөз клубында кеңінен отырып әңгімелестік. Әңгімелерінің ауанынан ұлттық спорт түрлеріне деген шынайы пейілдері көрініп-ақ тұр.

Олар бұл келістерінде бүгінгі күні танылып келе жатқан «Алаш алыспағы» деп аталатын жауынгерлік өнердің бір түрімен біздерді, яғни ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының басшылығын таныстыруды мақсат етіпті.

Оның үстіне егер күп көріп жатса , әлгі өнердің тұсауын кесу де ниеттерінде бар екен.

Содан, келесі күні ҚР Ұлттық спорт қауымдастығы басшылығының, ҚР Спорт комитеті өкілдерінің, ҰСТ-не қатысты федерация мүшелерінің журналистердің басын қосқан баспасөз мәслихаты ұйымдастырылды. Жиында жаңаөзендік жігіттер өздерінің әкелген спорты туралы егжей-тегжейлі баяндап, оның ережелерімен таныстырып, «Алаш алыспағы» атты жауынгерлік өнер түрімен шұғылданушының киімін көрсетіп әрі қойылған сұрақтарға жауап берді... Осылайша қазіргі кезде жастардың сүйікті спортына айнала бастаған, жаңаөзендік Аманжол Түберов ойлап тапқан «Алаш алыспағының» өмірге келгені бүкіл елімізге тарап, аталмыш жауынгерлік өнердің тұсауы кесілген-ді. Бұл арада «Алаш алыспағын» дамытуға белсене кірісіп, жұрт алдына алып шаққан, жан-тәнімен беріле қолдау білдірген О.Құлбектің еңбегін ерекше атап өтуге тиіспіз. Орынбасар бауырымыз «Алаш алыспағы» федерациясын құрған жігіттерге қол ұшын созып, азаматтық таныпты.

Міне, Орынбасармен алғашқы таныстығым осылай басталды. Содан кейін тығыз байланысып, араласып-құраласып кете бардық. Соның артынан көп ұзамай ҚР ҰСТҚ құрамына кіру жөнінде арыздарын берді.

Содан бергі кезеңде «Алаш алыспағы» ұлттық спорты біртіндеп еліміздің облыстарына, одан кейін шет елдерге тарай бастады.

2010 жылдың желтоқсанының бас кезі болатын, Жаңаөзен қаласынан Орынбасар Құлбек телефон, шалып: «Алаш алыспағынан» халықаралық жарыс өтеді, соған ҚР Спорт комитеті мен ҚР ҰСТҚ-нан арнайы сіздерді шақырып отырмыз, келіп көріп қайтыңыздар»,- деген ұсыныс түсірді. Маған екі мекеменің атынан баруға тура келді. Жарыс Жаңаөзендегі Рахмет Өтесінов атындағы спорт кешенінде өтті. Жарысқа Иран, Қырғызстан, Өзбекстан, Ауғанстан, Түркіменстан, Беларусь, Ресей және Қазақстанның 6 облысынан және Астана қаласынан командалар келді.

Содан халықаралық турнир сәтті аяқталып, қорытынды шығарылғанда, Жаңаөзен командасы 1-орынға шықты...

Қыруар жұмыс атқарылғаны көрініп тұр.

Жарыс соңына таман «Алаш алыспағын» қолданысқа енгізген Аманжол Түберовтен: «Осынау жұмыстарға басшылық жасап, ұйымдастырып, үйлестіріп жүрген кім?» - деп сұрадым. Аманжол іркілместен, бірден:

-Өзіңіз жақсы білетін, жаңаөзендік мұнайшы інініз Орынбасар Құлбек деген бауырымыз ғой осының бәрін өз деңгейінде ұйымдастырған, - деп жауап берді ол.

-Нағыз ұлтжанды азамат екен!

-Ол болмаса мұндай ауқымды жұмысты біз атқара алмас едік. Сонау қиыр шеттегі жұрт біле бермейтін Жаңаөзенге сонша елден осынша спортшыны шақырып, мемлекеттің көмегінсіз ауқымды шара өткізу кез келген адамның қолынан келе бермейді.

-Дұрыс айтасың, Аманжол! Спорт кешенін жалдау, алыс-жақыннан келген спортшылардың жағдайын жасау, бәрі-бәрін ұйымдастыру оңай шаруа емес. Орынбасардың ел ішінде беделі болмаса, демеушілер тауып, осынша жұртты жұмылдыра алмас еді. Байқап отырмын, үлкені де, кішісі де Орынбасардың сөзіне тоқтап, онымен ақылдасып жүр. Қарапайым жан екен, - дедім мен.

Ол бірде менен: «Алаш алыспағы» федерациясының жарыстарын демеушілердің күшімен өткізіп келеміз, енді ары қарай бұл жұмысты оңтайлы түрде жалғастыра түсу үшін не істеуіміз керек?» - деп сұрады. Мені: «Күнтізбелік жоспарларыңды дайындап, ҚР ҰСТҚ мен ҚР Спорт комитетінің жоспарына енгізіп, жалпыреспубликалық жарыстар ұйымдастыру керек, - дедім. Олар солай істеді.

Бұдан кейін де жиі телефон шалып, ақылдасып жүрді.

Үнемі ізденіс үстінде жүретін Орынбасар 2011 жылдың қаңтарында телефон соқты. Әңгіменіз төмендегідей өрбіді:

-Біздің Маңғыстау өңірінде ұлттық ат спорт түрлері кеңжелеп қалған, осы жайт жаныма батып жүр. Сондықтан, туып-өскен жерімде төл өнерлерімізді дамытсам деп едім.

Жігіттермен ақылдасып көрсем, бәрі қолдап, сен баста деп отыр, - деді:

-Дұрыс-ақ бастаған жөн. Бізден қандай көмек керек, қолымыздан келгенін аямайық.

-Нендей кеңес бересіз?

-Ұлттық ат спорт түрлері федерациясын құр, ережесін салып жіберейін немесе Жаңаөзенде ҰСТҚ-ның филиалын ұйымдастыр. Жігіттеріңмен ақылдасып көрерсің. Мен ҰСТҚ басшыларынан сенімхат алып берейін, - дедім.

Тағы бір күні телефон шалып;

-Біздің жақта көкпар ойыны мүлде жолға қойылмаған. Сондықтан арнайы көкпар командасын құрсақ, сайыстар ұйымдастырсақ деп едік. Бірақ бізде көкпардың қыр-сырын білетін адам жоқ, - деді.

Мен оның бұл ұсыныстарын қуана қолдап:

-Астанаға қарағанда әлдеқайда сіздерге жақын Батыс Қазақстан облысында көкпардың шебері, сондағы Ұлттық спорт мектебінің директоры Аманжол Қадырбаев деген жігіт бар. Соған айтайын, көмектесер, - дедім. Аманжол қол ұшын беруге дайын екендігін білдірді. Сонымен жұмыс басталып кетті. Орынбасар телефон арқылы жүргізіп жатқан жұмыстары туралы баяндап, қуантып қояды.



Орынбасар Құлбеков өз командасымен бірге

-Мен Шымкенттен бір көкпаршы жігітті көшіріп әкеліп, үй жаймен қамтамасыз етіп, жұмысқа орналастырдым және «Жаңаөзен» ұлттық ат спорты түрлері» федерациясын құрып, тиісті орынға тіркеуден өткіздім, - деді бір күні Орынбасар.

-Жарайсың, бауырым, ісің оңға бассын, - дедім қуанып. Сонымен ұлттық спорт түрлерінен алдымен Жаңаөзенде, облыс көлемінде жарыстар өткізіп, сондай-ақ республикалық сайыстарға да оның командасы қатысып жүрді.

Көкпар демекші, Орынбасар елішілік додаларда Маңғыстаудың мерейін тасытады, халықаралық жарыстарға қатысуға сәті түссе Қазақстанның намысын қорғайды деп сонау Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы, Достық ауылына барып, сол жерде «Жаңаөзен» көкпар командасын құрды. Былай қарағанда батыстан оңтүстікке барып команда құру қисынсыз секілді. Бірақ Орынбасардың өз есебі бар екен. Түсіндіре сөйлесек, Оңтүстік Қазақстан облысында көкпар өнері жақсы дамыған. Мамандар баршылық. Олар көкпар сайысында табысты. Тәжірибелері де мол. Міне, Орынбасардың Мақтаарал жерінде команда құрғандағы көздегені өз жігіттеріне осы оңтүстікқазақстандықтардан үйреніп, тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беру екен. Сондай-ақ, «Жаңаөзен» командасын Оңтүстікте жиі-жиі өтетін додаларға қатысса, ысылып, шыңдала түсетінін де ойласа керек.

Мақтааралда Орынбасар құрған «Жаңаөзен» командасындағы жігіттердің талаптары жаман емес. Олар «ә» дегеннен-ақ алғашқы додаға қатысып та үлгерді.

Жарыстың негізгі ұйымдастырушысы әрі демеушісі Орынбасар Құлбек осы сайыста жеңімпаздарды лайықты марапаттады. Додаға алғаш кірген «Жаңаөзен» командасы жүлделі орыннан көрінбесе де келешекте тәжірибе жинып, көкпардың қыр-сырын меңгеріп алса, талайларды шаң қаптыратынын сездірді.

Бірде Орынбасар Құлбек:

-Біз облыс әкімінің жүлдесі үшін 80 шақырым қашықтыққа ат бәйгесін өткізгелі жатырмыз, - деді.

-Игі іс екен, бізде мұндай жарыс бұрын өтпеген еді, – дедім таңқалғанымды жасырмай. Енді осы бәйгеге аз-кем тоқталайын.

2001 жылдың 30 сәуірінде Маңғыстау облысы Түпқараған ауданына қарасты Ақбастау жерінде «Жаңаөзен» ұлттық ат спорты түрлері» федерациясының бастауымен дүбірлі бәйге өтті. Бұл шараның мақсаты - елін, жерін қорғап өткен батыр ата-бабаларымыздың айнымас серігі болған адай жылқысының алыс қашықтыққа шабатын төзімділігін, аса күй талғамайтынын, табиғаттың ыстық-суығына бейімділігін көрсетіп, осындай талаптарға сай жылқыларды анықтау еді.

Жалпы түркіменнің ақалтекесі, арабтың сәйгүліктері өздерінің мақтанышы, айбыны болса, солардан әсте кем сокпайтын қасиеттерімен дараланатын адай жылқысының болашақта дүниежүзілік аренаға шығаруға әбден лайықты деуге болады.

Облыс әкімі жарыстың ашылу салтанатында адай жылқысының дүниежүзілік аренада өз орнын табуына тілектестігін білдірді.

Бәйгеде облыс әкімінің кубогы жүлдесімен қатар, 80 шақырымдық межеленген қашықтықта үздік шыққандарға арнап, 2 жеңіл автокөлік тігілген болатын.

Сынақ ережесі бойынша, белгілі қашықтықта үзіліс жасаған аттардың жай-күйін, жүрек соғысын сарапшы мамандар тексеріп тұрды. Жарыс соңында жаңаөзендік «Аққанат» деген тұлпар жеңімпаз деп танылып, ат иесі Аманғали Бағдабаев жеңіл автокөлік иеленді.



Атақты Аққанат тұлпармен бірге

Сонымен аталмыш 80 шақырымдық бәйге қорытындысында белгіленген талаптарға 9 ат сәйкес деп танылды.

Облыс ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы осы шаралардың өтуіне белсенділік көрсеткені үшін Жаңаөзен қаласының әкімшілігіне, «Өзенмұнайгаз» ОФ-на, «Жаңаөзен» ұлттық ат спорты түрлері» федерациясының президенті О.Құлбековке алғыс айтты.

Жалпы, «Өзенмұнайгаз» ӨФ, «Өзен-елес» ЖШС, «Жанарыс» тігін фабрикасы басшылары, Құланды, Қызылсай, Сенек ауылдарының әкімдігі, Жаңаөзендегі үкіметтік емес ұйымдардың бірі – «Ақпараттық Ресурс Орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Амантай Ибраимова осы шараның ұйымшылдықпен өтуіне лайықты атсалысты. Ал «Cinema-Bek» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бекежан Ыбырайымов осы шараларды видео-фотоға түсіріп, Маңғыстау өлкесіндегі айтулы тарихи оқиғаның ел-жұртқа таралуына үлкен септігін тигізді. Сол сияқты «Жанарыс» тігін фабрикасы қатысушы командаларға әр түрлі спорттық костюмдер ұсынды.

«Жаңаөзен ұлттық ат спорты түрлері» федерациясының осы жарысты өткізудегі мақсаты – адай жылқысын мемлекеттік тұрғыда таныту үшін «Адай жылқысы» сертификатын алу және содан кейін Алматыда өткен 90 шақырымдық, Мәскеу маңында жалауын көтерген 120 шақырымдық аламанға сәйгүліктерді іріктеу болатын. Аталмыш бәйгеде іріктеліп шыққан Жаңаөзеннің адай тұқымды «Аққанаты» бастаған 3 жүйрігі Алматыда бәйгенің алдын бермей 1,2,3 – орындарды иеленді. Ал Ресейде өткен 120 шақырымдық аламанда «Аққанат» бәйгеден тағы да бірінші келді. Міне, осылайша қазақтың адай тұқымынан шыққан жылқылары өздерінің нағыз арғымақ екендіктерін бірнеше мәрте дәлелдеп шықты. Осы жарыстарды өткізуде «Жаңаөзен ұлттық ат спорты түрлері» федерациясының президенті О.Құлбектің еңбегі ерекше болды. Бұл Орынбасардың бір ғана ісі. «Мынаны мен істедім, мен өйттім, мен сөйттім» деп артық сөйлемейтін, сөзі мен ісі бір жерден шығып жататын бауырымыздың атқарған жұмыстарын бір мақалаға сыйдыру әсте мүмкін емес.

Тағы бір айта кетер жайт, Өскемен қаласында республикалық III Ұлттық спорт түрлерінің фестивалі өткені белгілі. Мұнда ұлттық спорттың 16 түрінен сайыс ұйымдастырылды. Маңғыстаулықтар 16 түрінен де жарысқа қатысты. Фестивальдағы құрамы ең көп команда Шығыс Қазақстан, Алматы, Маңғыстау облыстарынан болды. Маңғыстау облысы бұрынғы жылдары республикалық жарыстарға қатыса қоймайтын еді. Ал бұл жолы «Жаңаөзен ұлттық ат спорты түрлері» федерациясының президенті, мұнайшы Орынбасар Құлбектің ұйымдастыруымен үлкен топ құрылып, құрамында аты жаһанға мәлім, 80-120 шақырым қашықтықта шабудан Қазақстан мен ТМД-да алдына қара салмаған тұлпар «Аққанаттың» иесі атбегі Аманғали Бағдабаев, ұлттық спорт түрлерін дамытуға бар мүмкіндігінше атсалысып жүрген Дәлу Шәріпов, Нәби Әкірбаев, Виктор Кобзев, жаттықтырушы Әлібі Айтқалиев және мұнайшы-ақын Қаржаубай Рейімбайұлы, әнші-композитор Әнес Қарабасов бар, маңғыстаулықтардың командасы абыройлы өнер көрсетті.

Фестивальға бірінші рет қатысқандарына қарамастан Маңғыстау өрендері өздерін ешкімнен кем емес екендіктерін дәлелді. Жұрт қастерлейтін аламан бәйгеде бірінші болып Маңғыстау облысынан келген «Жастар» БЖСМ-нің «Дельфин» атты сәйгүлігімен шабандоз Р.Шумский келді. Осылайша қазақ сәйгүліктерінің отаны батыста екендігін III фестивальда тағы бір дәлелдеп шықты.

Сол сияқты, ток бәйгеге қатысқан аттардың ішінде де 1-орынды Маңғыстау облысы «Жастар БЖСМ-нің «Тұнғыс» атты бәйге аты иеленді (шабандозы Илья Шагитаев). Негізгі құрамы жаңаөзендіктерден тұратын «Жекпе-жек» командасы 3-орыннан көрінді.

Өскемендегі өткен III фестивальдің бағдарламасында тұңғыш рет асық атудан сайыс ұйымдастырылды. Бұған 11 команда қатысты. Жарыс үш айналыммен өтті. Бұл жарыста спортшының жас ерекшелігі емес, тек ойыншының шеберлігі ғана ескеріледі. Жарыс қорытындысында маңғыстаулықтар 2-орынды иеленді.

Бүркітшілер сайысында Маңғыстау облысының намысын қорғаған Парақат Қалдаманов «Тұйғын» атты қыранымен 9 - орын алды. Ал «Керемет сәйгүлік» байқауында атақты адай жылқысының тұқымы «Аққанат» 5-сатыдан көрінді. Жалпы командалық есепте маңғыстаулықтар 6-орыннан табылды. Ұлттық спорт түрлерінен жарысқа алғаш қатысқан Маңғыстау облысы үшін- бұл үлкен жетістік.

Соңғы кезде әлемде ат жарыстары жедел дамып келеді, соның ішінде 80-160 шақырымдарға шабатын бәйгелер де жиі өтетін болды.

Қазақ жылқылары қашанда өзінің төзімділігімен әр кезеңде аты шығып келді. Енді жылқыларымыздың осы қасиетін таныту, жаңғырту мақсатында таяуда Қостанайдағы «Қазақ тұлпары» атты ЖШС-нің директоры, ғылым докторы Набидолла Кикебаев пен бүгінгі біздің кейіпкеріміз Орынбасар Құлбек ұзақ қашықтыққа шабатын аттарды тану, дайындау мақсатында «Жорық аттары» деп аталатын қоғамдық ұйым құруды қолға алды...

Халқымыздың «Болар істің басына, жақсы келер қасына» деген аталы сөзі бар. Маңғыстау облысы ұлттық спортымыз кенжелеп қалған өнер еді. Бірақ сезімі сергек, ұлтжанды азамат О. Құлбек елін ұйқыдан оятып, ынталандырып, ұлттық спорт саласында іргелі істер тындырып жүр. Орынбасар секілді азаматтар Маңғыстауды басқа қырынан таныта бастады. Кейбіреулер азғантай бірдене істесе, «мен,мен» деп кеудесін қағып шыға келетінін көріп жүрміз. Ал Орынбасар болса, еңбегін міндетсінбей, елінің ертеңін, ұрпақтың болашағын ойлап, үнемі ізденіс үстінде жүрген жан.

А.МҰРСӘЛІМОВ, ҚР «Ұлттық ат спорты түрлері» Федерациясының атқарушы директоры. Астана.
"Қазақ спорты", 24 қаңтар, 2012 жыл.

АРЫСТЫҢ АТЫМТАЙЫ



Бүгінде Ақдаланың ғана емес, барша арыстықтардың Атымтай жомарты атанып кеткен Қасымбай Жақанұлы Әбдіхалық шыр етіп дүниеге Созақта келгенімен, жидесі жұпар шашқан "ақ алтынды" Ақдалада тамырын жайып, өсіп-өнді. Базарлы балалық шағы осында өтті. Содан да шығар, ырыс пен берекеге толы Ақдаланың ақ атырабы, құпия қойнауы, қыры мен сайы, сұрлеулі соқпағы, құнарлы топырағы көзіне соншалықты ыстық. Көкірегі алтын сандық қазыналы кариялардың өсиет-өнегесін тыңдап, бойына сіңіріп өскен, жомарт, дариға жүрегінің түкпірінде мәңгілік сақталып қалған аядай алтын, ақшаңқан ауылының жатса-тұрса тілеуін тілейді, ұйысқан ынтымағын, қаймағының бұзылмауын ойлайды. Шама-шарқының жеткенінше жыртығын жамап, тесігін бітеп, жетпесін жеткізуге, толмасын толтыруға ұмтылып, қайырымдылық қолын созады. Мұқтаждарға әрдайым көмек көрсетіп, төңірегіне нұрын шашып, шарапатын тигізіп жүргені. "Анадан асқан жан жоқ, әлдиден асқан ән жоқ" дегендей, ауыл баласының ауылына деген әлди махаббаты, перзенттік парызы осындай-ақ болар, сірә.

Әлқисса, тегіне тартып текті туып, үлкен-кішінің аузына ілігіп, құрметіне бөленген Қасымбай жомарт кім? Кейде көріп, біліп отырып, жақсының жақсылығын айтуға тіл жетпей жатады. Ақынның аруды, жазушының табиғатты суреттегеніндей. "Құдықтан су ішкен – сол құдықты қазған адамға, талды көлеңкелеген – сол талды еккен адамға алғысын айтады" деген көреген қазақтың осы інжу-маржан нақылы сол қазақтың осы қарапайым қара баласына арналғандай болады да тұрады. "Менде болғанша, елде болсын" деп, барын бөліп беруге даяр ол -тумысынан

болмысы бөтен, бөлек жаратылған жан. Ат жалын тартып мініп, дәулет құрғалы игі істердің бел ортасында. Қарлығаштың қанатымен су сепкендей жақсылыққа жақын, теңізге тамған тамшыдай тілеуі елдің үстіндегі нар тұлғалы айтулы азамат. Иә, әр күні – бір жақсылық. Бұл- оның айнымас темірқазығы, күнделікті тыныс-тіршілігінің алтын арқауы. Бір ғана мысал, өзі түлеп ұшқан С.Ерубаев атындағы орта мектептің екі сыныбына еден салып, С.Ерубаевтың ескерткіш-мүсінін жаңартып, мәрмәрмен қаптап берді. Сондай-ақ өзі оқыған мектепке "Газель" автокөлігін сыйлады. Бұл күндері Онтам, Еңбекші және Бестам елді
мекендерінде тұратын отбасылардың балалары мектепке осы көлікпен қатынап оқиды. Қайырымдылық жасауды өзіне парыз санайтын Қасымбай ауылдағы тұрмысы төмен отбасыларға, соғыс және еңбек ардагерлеріне көмектесіп тұрады.

Ақдалалық Сақыбек Жұмановқа ауылдан үй салып берсе, арыстық белгілі әнші Айнұр Әбілдаеваға Шымкенттен екі бөлмелі үй сатып әперді. Сондай-ақ Астана қаласының 10 жылдығына орай арыстық 20 соғыс және еңбек ардагері мен 20 дарынды оқушының Елордаға саяхат жасауына барлық жағдай жасап, шығынын көтерді.

Сегіз қызы бар оралман Гүлжамал Қайыповаға "Достық" мөлтек ауданынан үй салып, баспаналы етті. Теледидар, бейнетаспа, үнтаспа сияқты ірілі-ұсақты сый-сияпаттар қаншама?

Бұдан бөлек қала, аудан, облыстағы қайырымдылық акциялар... Осынау ізгілікті іс-шараның бәр-бәрінің басы-қасында Қ.Жақанұлын көресіз. Айтқандай, ол өзінің сүйіп оқитын төл газеті "Арыс ақиқатын" әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген жиырма жерлесіне тегін жаздыртып берді. Қасекеңнің жергілікті басылымға деген ыстық ықыласы ерекше. Ол Шымкент қаласында тұрса да аудан айнасы - "Арыс ақиқатын" арнайы жаздырып алып оқиды.

Шырайлы Шымкент қаласында қазіргі заманға бейімделген қазақтың бетке тұтар қаймақтары тығыз шоғырланғаны белгілі. Міне, біздің кейіпкеріміз – Қасымбай жомарттың солардың ішінде орыны бөлек, қай-қайсымен де терезесі тең."Техас" аталып кеткен шаһардағы ірі тұлғалардың бірінен саналады. Тіпті "Қасымның әммесінен десі басым" демекші, пайым, парасат жағынан шоқтығы биік. Жоқ-жітіктің ортақ перзенті атанып кеткен жерлесіміз ата-салт дәстүрін ұстанып, үлкен істі қолға алған абзал азаматтың бірі. Асқар тау әкесі Жақан мен аяулы анасы Әужанның аруағына арнап ас беріп, құран бағыштап, аламан көкпар, бәйге, есек жарыс, ұлттық спорттық ойындар өткізді. Мысалы, 20 наурызда Ақдала ауылында ерлер мен әйелдер арасында күрес, футбол, арқан тарту, ақындар айтысын ұйымдастырды. Орақ ауызды айтыскер ақындар Ақмарал Леубаева, Бөрібай, Нұрлан Есенқұлов пен белгілі әнші Қадиша Шалабаева бастаған өнер жұлдыздары өнер көрсетті. Ал Ұлыстың ұлы күні сәтінде- 21-22 наурызда Арыс қаласында өткен аламан көкпар мерекелік сән-салтанаттың көрігін қыздырды. Салымға 2 миллион теңге мен 5-6 автокөлік тігілді.

"Қырықтың бірі - Қыдыр. Аруақ сыйлап, ата-баба салтын ұстаған жанға Қыдыр жолығады. Бұл - дана, көреген қазақтан қалған сөз. Біздің Қасымбайды Қыдыр ата қолдап, оның босағасына бақ дарытып жүргендігіне куәгер болып жүрміз.

ДАРҚАН ЖҮРЕКТІ САНСЫЗБАЙ



Қарабура әулие – халқымыздың санасына ықпал етіп, рухани өміріне таусылмастай азық берген, жүрегіне өшпестей жылу ұялатқан, имандылыққа жол бастаған тарихи тұлғалардың бірі.

Бізге жеткен деректер бойынша, қазақ даласында Қарахан мемлекетінің шаңырақ көтеріп, іргесінің бекіп, нығаюына Қарабура белсенділікпен ат- салысқан. Әсіресе қазақ жерінде ислам дінін уағыздап, орнықтыруда Қожа Ахмет Ясауи мен Қарабура тізе қоса қимылдап, қажыр-қайрат, мақсат-мүдделерін ортақтастырған. Қожа Ахмет Ясауи дүние салғанда, өзінің өсиеті бойынша оның мәйітін арулап, жер қойнына табыс ету рәсімі Қарабураға жүктелген.

Бүгінде Созақ топырағындағы Қарабура әулиенің кесенесі іргесіне өз өсиеттері бойынша төре Қасым ханның баласы Ақназар хан (1532-1580) Орта жүз Құрбан ата, Ұлы жүз сары үйсін Белгібай қажы, Кіші жүз Құлтас би, орта жүз Шілмембет би, кіші жүз Дәулет-Қарабура батыр (Әмір Темірдің қолбасшысы, ақылгөй айбынды батыры болған), ұйғыр Шахасум – ахун (шырақшы), өзбек Қожамқұл ғұлама сияқты әйгілі адамдар жерленген.

Кесененің шығыс жағында қазақ халқының белгілі сазгері, күйші Сүгір Әлиевке күмбез орнатылған. Кесененің сол жағында Қарабура әулиенің түйесі шөккен жерге Қарабураға ескерткіш белгі қойылған.

Қарабура әулиенің есімін мәңгілік қалдыру мақсатында республиканың түкпір-түкпірінде өмір сүріп жатқан азаматтар бұл игілікті іске жер-жерден өздерінің хал-қадірлерінше үлес қосуда.

Сондай мәдени рухы жоғары азаматтың бірі Сарыағаш ауданы, Қарабура ауылының биртуар азаматы Сансызбай Байболов 2007 жылы ата-анасы рухына бас ие отырып, өзі туылған ауылына Қарабура әулиеге арнап мешіт салуды қолға алды. Әсем де көрнекті мешіттің құрылыс жұмыстары бітіп, халық игілігіне берілді.

Сансызбай - бір ғана мешіт емес, туған ауылының көптеген әлеуметтік мәселелерін шешісуге күш салып жүрген азамат. Көптеген азаматтарға жұмыс беріп, әлеуметтік жағынан аз қамтылған жандарға үнемі қол ұшын беріп жүр.

Келес өңіріндегі Қарабура ауылында Байболов Сансызбай есімді азаматтың мешіт салдырып, сол мешіттің ашылу салтанаты болды. Оған данқты актер Асанәлі Әшімов , басқа белгілі азаматтар қатысты.

Соған орай, жергілікті ақын Жаңабай Төлеуіштің Сансызбайға арнаған "Парасаттың биігінен көрінді" деген толғауынан үзінді беріліп отыр.

Шықтық, міне, шұғылалы белеске,
Дінім, ділім, тілім бүгін қайта оралып
Заманымыз өзгеше мәнмен жаңарып,
Хақымыз жоқ Құдайға шүкір демеске.
Бағытымыз жаңаша болып өрілді,
Ертеңімізге қарадық нық сенімді.
Есебін тауып, ерінбей еңбек етуге,
Азаматтарға ерік толық берілді.
Кішігірім өндіріс аш, мал өсір,
Егін егіп, игере біл жеріңді.
Іскерлікпен, ептілікпен іс етсең,
Аларың хақ көл-көсір етіп өнімді.
Міне, осындай еркіндікте көп іскер.
Берекелі, табысты мол өндірді.
Соның бірі Сансызбай десем болады,
Қарабура ауылына белгілі.
Осы елдің азаматы, аянбай,
Ел үшін деп маңдай тері төгілді.
Алла үйі – үлкен мешіт салдырып,
Парасаттың биігінен көрінді.
Ата-баба аруағын қастерлеп,
Дүниесін шешті, сауап іске беруді.
Алла сізге, Сансызбай інім, әрдайым,
Сыйласын бақыт, уайымсыз өмірді,
Мінәжат үйін ауылына орнатып,
Қуанышқа бөледің туған еліңді.
Құдай, аруақ қашанда сізге қарасып,
Кір шалмасын сәулелі ақ көңіліңді.
Осы көптің атынан сізге Тәңірімнен,
Тілейміз мол жақсылығын төгуді!

Жаңабай ТӨЛЕУІШ
08.06.2010 жыл.

P.S: Сансызбай Байболов сол мешіттің маңынан балалар мен жасөспірімдер үшін арнайы спорт үйін ашқан. Онда ауыл балалары күрес түрлеріне, боксқа, т.б. спорт түрлеріне жаттығады. Онда арнайы білімі бар кәсіби мамандар балаларды жаттықтырып жүр. Онда тәрбиеленген шәкірттер аймақтық, облыстық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленуде. Осы ізгілікті іске бар жағынан қамқор, демеуші болып жүрген Сансызбайға ауыл азаматтарының алғысы да шексіз.

ЛӘЗЗАТ КҮНГЕЙБАЕВА – САЙЫПҚЫРАН ӘМБЕБАП СПОРТШЫ ӘРІ АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ



Ләззат Күнгейбаева – 1987 жылдың 4 желтоқсанында Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара қаласында туған. Астанада өткен белбау күресінің, Қызылорда қаласында жастар арасында өткен турнирдің жеңіпмазы.

Самбодан Қазақстан және Азия біріншілігінің чемпионы. 1-5 маусым аралығында Ташкентте самбодан жастар арасында өткен Азия чемпионатында 80 келі салмақтан жоғары дәрежеде өнер көрсеткен Оңтүстік Қазақстанның тумасы Ләззат Күнгейбаева Тешебайқызы қарсыластарының бәрін бағындырды. Үстіміздегі жылы қазан айының ішінде Прагада өткелі отырған әлем чемпионатына жолдама жеңіп алды.

Ләззаттың самбоға келуі кездейсоқтық емес. Шардарада туып, Сарыағашта өскен Ләззат Тешебайқызы

әуелі мектеп қабырғасында жүріп, кикбоксингке қатысыпты. Кейін келе оны тастап кеткен...

Сарыағаш ауданы, Абай ауылының Ө.Жәнібеков атындағы орта мектебін бітірген соң Астанаға қоныс аударған Ләззатты бәрібір спорттағы үлкен жолдар күтіп тұрды. Астанада қапелімде жолығып қалған құраманың белгілі жаттықтырушысы Ержан Сәрсенбаев Ләззаттың бойындағы қабілетті байқаған болса керек, самбо секциясына қатысуға шақырады.

Ләззат қыз бала болса да, отбасындағылар бұл ұсынысты дұрыс қабылдаған. Әсіресе кішкентай күнінен қызым спортшы болады деп күткен әкесі Тешебай Наятұлының қуанышында шек болмапты. Ләззаттың самбоға келген күннен бастап көрсеткіштері жоғары болды. Қазір спорт шебері. Ол бар болғаны алғашқы бір-екі айға жуықтайтын дайындықпен Қазақстан біріншілігін, одан кейін бір ай өтер-өтпес уақыттың ішінде Азия біріншілігін де бағындырып отыр.

Өзі оңтүстікте туып-өскен соң әрі Ташкенттен Шымкентке келіп тоқтаған ол алдымен бұл қуанышты хабарын «Айғақ» арқылы жеткізгісі келетіндіктен редакциямызға арнайы келгенін айтады.

- Ташкентте қыздардың дайындығы мықты болды деп ойлаймын. Маған үнемі демеу білдіріп, менің рухымды көтеріп жүретін жаттықтырушым да, ата-ана, бауырларыма да алғысым шексіз.

-Азия біріншілігінде қарсыласыңның салмағы 150 келіден жоғары болғаны рас па? Мұны біле тұрып, аяқ тартқан жоқсың ба?

-Біріншіден, мен оны өзіммен салмақтас деп ойлағанмын. Қарсыласымның салмағы менен едеуір ауыр болғандықтан ба, сол қолымнан жарақат алдым. Бірақ бірінші «схваткіден» кейін өзімнің жеңіске бір табан жақындағаныма сенімді болдым. 150 келіден жоғары екенін жарыс аяқталған соң бір-ақ білдім.

Ал менің таза салмағым 97 келідей. Жаттықтырушым маған әлі де салмақ қосу керек екендігін айтады. Алда Прагадағы әлем чемпинаты тұр. Мен бар уақытымды осы спортқа арнаймын. Өзім Астанадағы Е.Гумилев атындағы Еуразиялық университтің дене шынықтыру факультетіне түскенмін. Мені шыңдап, осы спорттың адамы екеніме көзімді жеткізген жаттықтырушым, кеңесшім Ержан ағайға үлкен рақметімді айтқым келеді.

-Кикбокс пен самбоның өзара айырмашылықтары көп шығар?

-Біраз айырмашылықтары бар. Бірақ мен кикбокска жай өзім үшін қатыстым. Ал самбо - нағыз көңілімнен шығатын спорттың түрі. Кешегі чемпионатта Қазақстанның жалауы көтерілгенде, тіпті қызып кеттім. Өзім де бар күшімді салып күрестім.

-Демеушің бар ма?

-Кикбоксингте жүргенде демеушілерім болды. Қазір ешқандай демеушім жоқ. Егерде тұрақты демеушім болса, көптеген халықаралық турнирлерге шығып, тәжірибе жинақтар едім.

-Ата-анаң, бауырларың сенің спортпен шұғылданатыныңды, жалпы бірінші жеңісіңді қалай қабылдады.?

-Әке-шешем менің спортқа барғанымды бұрыннан қалайтын. Кешеге дейін спортқа баруың керек деп үгіттеп келді. Мен өз-өзіме қарсы болып жүрген едім. Жаттықтырушым мені сендіре алмағанда, үлкен спортқа барамын деген ойымда жоқ еді.

Біз қарапайым отбасынан шыққанбыз. Әкем Тешебай Ниятұлы инженер-құрылысшы, анам Саламат – 30 жылдық тәжірибесі бар ағылшын тілінінің маманы, мұғалім. Үйде 8 ұл-қызбыз. Алла жазса, енді Прагада да Қазақстанның туын көкке көтергім келеді. Кейде адамның тағдырына бір жағдай себепкер болып жатады. Егерде Ержан Сәрсенбаев Ләззатты самбоға тартпағанда, біздің тағы бір талантты қызымыз танылмай қалар ма еді, кім білсін?!

Осындайда нағыз маманның қырағылығы, Ержан Сәрсенбаевтай шәкіртін жазбай танитын бапкерлер керек екеніне көз жеткізгендей боласың. Ендігі қазақ спортының болашағы, үміті мен сенімі Сіздерде!

ЕСТЕЛІКТЕР



ХАСАН ХАЗІРЕТ ТУРАЛЫ

XVI ғасырдан бастап ислам дінін насихаттайтын Бұхара мен Хиуада медреселер,жоғарғы оқу орындары болған. Ұзақ жылдардан бері халқымыздың салт-дәстүрін, мәдениетін, тарихи белгілі тұлғаларын зерттеп жүрген Сейіт Кенжеахметұлы «Жеті қазына» кітабында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жоғары білім алған қазақтар тізімі жарияланған. Бұл тізімде 124 адам көрсетілген. Сол кезде біздің батыстан 4 адам оқыған, бәрінің білім деңгейі бірдей. Олар Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы, Сағидолла Ізтілеуов, Мұхамбет Шәріпұлы Бекпаев, Хасан Нұрманұлы Нұрмұхамедов. Менің тоқталайын деп отырғаным-осы төртінші адам. Тарихтан белгілі, Түркістанға ат басын бұрған әр қазақ алдымен Қожа Ахмет Яссауиден бұрын Арыстан бабқа барып түнейді емес пе?! Құл Қожа Ахметтің өзі «Алдымен Арыстан бабқа барып түне, содан соң менен тіле» деп өсиет қалдырған екен. Ал Шопан ата болса, сол Қожа Ахмет Ясауидың шәкірті болған. Бекет ата Шопан атаны пір тұтып, өзіне рухани ұстаз санаған. Бекет ата жас күнінде Шопан атаға сиынып, басына келіп түнеген. Түсінде «Сен болашақта зиялы адам боласың, бірақ оқуың керек»,-дейді Шопан ата оған.

Содан Бекет ата Хиуа мен Бұхараның медреселерінде білім алады. Ол өте зерек, алғыр болыпты. Қасиетті пір Бекет атадан біздің арғы атамыз Шектібай білім алған. Шектібайдың өзі зерттеуді қажет ететін үлкен тұлға дейді зерттеуші-тарихшылар. Шектібайдың үш баласы- Ерімбет, Нұрман, Дәулен.

Ерімбеттен – Дүйсен, Қайыр, Далмағанбет, Дайыр. Нұрманнан-Рахметтолла, Хасан, Құсайын, Сейітахмет.Дәуленнен- Қасым-Қаби- алты бала, үлкені мен Бақтылы, Ақажан

Атырау университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, зерттеуші-тарихшы Ғинаятолла Нығмет ағамыздың көмегімен, қолымдағы өзімнің жинаған бар материалымды қағаз бетіне қалдыруды ұрпағы ретінде өзімнің парызым деп санадым.

Елімізде жаппай куғындау 1925 жылы дін адамдарын қудалаудан бастау алып, кейін кең етек алды. Коммунистік идея мен дін сыйыспайды деген ұранды желеу етіп, бетке ұстаған Кеңес өкіметі діни наныма қарсы күрес жүргізіп, 1926 жылы өлкелік партия комитеті жанынан комиссия құрып, нақты шаралар белгілеп, жұмыстар жүргізді. Діни қызметкерлерді қудалап, жазалай бастады. Олар- мұхтасибтар, хазіреттер, молдалар. Қажылармен күресіп, діни орталық мешіт, т.б. орындарды талқандап жаптырды. Орталықтан жүргізілген өктем саясатпен қатар қазақ халқына ауыр тиген жағдай - 1925-33 жылдары елді басқарған, патшаның өзін ғана емес, бүкіл шаңырағын түгел өлімге қиған қандықол Голощекин жүргізген іс-әрекет. Ол «Кіші Октябрь» дегенді ойлап тауып, біртұтас елді біріне-бірін қарсы айдап салып, шаруашылық жүйесін бұзып, халықты тақыршаққа отырғызды.

Жаппай куғын-сүргіннен Атырау өңірі де шет қалған жоқ. Көптеген азаматтар жазықсыз жапа кешті. Қазіргі кезде, еліміздің егемендік алуына байланысты, 1993 жылы 14 сәуірінде «Жаппай саяси қудалаудың құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Содан бері жан-жақты жұмыстар жүргізіліп, ғылыми зерттеулер, тәлімді көпшілік туындылар, естеліктер, кинофильмдер пайда болды.

Халқымыздың өткен жолы-қасіреті мен қуанышы қатар өрілеген сан ғасыр тарихы-біздің баға жетпес асылымыз. Оған дақ түсірмей, болашақ ұрпаққа аманаттау-біздің абзал борышымыз. Өткен тарихынды білмей, халқынды тану, бүгініңді білу мүмкін емес.

Атырау өңірінің қазақтары үшін ұзақ шежіресі бар, тарихи жер, қасиетті өлке. Асқан шешендерімен, қара қылды қақ жаратын әділ, төреші билерімен, елге атақты әулиелерімен, діндар хазіреттерімен белгілі жердің біреуі-Қызылқоға, Тайсойған, Қарабау өңірі. Бірақ соңғы кезде олардың бәрін ұмыта бастағанымыз - шындық. Біз бүгін парыз бен қарызды өтеуге бет бұрдық. Сайып келгенде, осының барлығы халқымыздың баға жетпес рухани байлығы екені даусыз. Өйткені олар біздің елімізді танытады, бір-бірімізге деген сыйластығымызды көрсетеді,бірлігімізді нығайтады. Шындықты айтсақ, күнделікті пендешілік әңгімеден аулақтатады. Менің жазған шежіремде Нұрманның Рахметолласынан Маташ туады. Маташтан Мүтиғолла, Мәжит, Ләтипа туады. Ләтипа апайды іздеп барып танысып, ұзақ әңгімелестік. 2002 жылы 20 ақпанында Атырау университетінің Қазақстан тарихы факультетінің профессоры Ғинаятолла Нығымет ағаймен таныстық. Ол кісі - біздің аталарымыз Хасан хазірет Нұрмұхамедов туралы зерттеп, газеттерге жазып жүрген адам. Ләтипа апайдың ағасы Мәжит –Қазақстан Республикасының Ғылым академиясында көп жыл ғалым болып жұмыс жасады. Апайдың әкесі Маташтың айтуы бойынша, Хасанды айтпас бұрын Рахметоллаға тоқталу керек дейді. Рахметолла ауылдағы мешіт жанындағы мектепте оқып, араб, түрік, татар тілдерін өте жетік меңгерген екен.

Бұхарадағы жоғарғы діни оқу орнын бітіріп, «хазірет» атағын 20 жасында алған. Оны атақты Нұрым ақынның «Бала иман Рахметоллаға айтқаны» жырынан да білуге болады. Інісі Хасанды да Бұхараға ертіп барып, жоғарғы діни білім алуына үлкен ағалық қамқорлық жасайды. Бір замандарда Бұхара қаласы «Бұхара Шариф» аталып, онда көрнекті медреселер, айбатты мешіттер болған. Онда ұзақ уақыт діни дәрістер беріліп, дін адамдары, ғалымдар шыққан киелі жер! Бүгінде де Бұхара қаласы сол сәулетті күмбездері мен зәулім мұнаралары және Түркістандағы хазірет Қожа Ахмет Ясауи мазары сол алтын дәуірдің мәңгілік айғағы болып, біздерге мен мұндалап, тарихымызды еске түсіреді.

Рахметолла атамызға ерте әулиелік таңғажайып құдірет, қасиет қонып, түсінде пірлері аян беретін болған. Көп кешікпей өмірден өтетінін,ұрпақтың бұзылайын деп тұрғанын, ел іші имандылықтан, адамгершіліктен, ағайындықтан айырылғалы тұрғанын, ашы суға уланып, елдің азатынын алдын-ала білген! Екі жылдай жиналып, әкесі Нұрманға айтады: «Жолға жиналайық, елмен қоштасайық, пайғамбарымыздың жатқан жеріне барып зиярат етіп, Қағбаны тәуап етіп, қажылық,мұсылмандық парызымызды өтеп, өмірден өтеміз. Екеуміз де сол жақта қаламыз»,- деген екен. Айтқаны келіп, сол жақта екеуі де қайтыс болып, сүйектері Араб жерінде қалған. 1889 жылы Рахметолла 33 жасында Меккеге қарай жолға шыққанда, Бұхарада оқып жүрген 18 жастағы інісі Хасанға әулетіндегі алты жастағы баласы Маташты, төрт жастағы баласы Қабдолкәрімді, өзінің хазірет атағын, батасын беріп, тапсырып кеткен екен. Хасанның тәрбиесінде болған екі бала да діншіл адамдар болған. Қабдолкәрім бейіті Байшонаста, Маташтың бейіті Құлсарыда, артында балашағалары бір-бір үй болып, ұрпақтары жалғасып жатыр.

Хасан хазірет араб философиясын терең меңгерген, сол кездегі зиялы діни ағартушы, қайраткер, парасатты жас маман. Қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік-экономикалық ахуалға жете мән беріп, орталық қалалардан шығып жатқан басылымдар бетіндегі жаңалықтардан хабардар болып, сол кездегі оқыған зиялылармен байланыс жасап, діни-ағартушылық мәселелерге баса назар аударды. Өз заманында Стамбулдан, Ресейдің орталық үлкен қалаларынан газет-журналдар алдырып оқып отырған. Сөйлемпаз, би, шешен адам, толық қара торы, қара сақалды кісі екен. Суреті сақталмаған.

Алашорданың кезінде Қызылқоғада ояздың земское басқармасының мүшесі болған Атырауға белгілі тарихшы қадірлі, құрметті қарттарының бірі, жазушы Берік Қорқытов әкесі Ыбыраш 1928 жылы НКВД бөлімінде жұмыс жасағанда: «Ол кісімен көп кездесіп тұрдық, өйткені ол кісінің үш айда бір рет Гурьевтегі ОПУ-ге барып тұратын әдеті болды»-деп, «Атырау» газетіне мақала жазды.

Хасан хазірет-1917 жылдан бастап Гурьев округі бойынша мұхтасиб болып тағайындалады. Батыс өңірінің атақты, белгілі хазіреті болған, әлі күнге дейін Хасан хазіреттің аты аталғанда жұрт елеңдеп қалады. Бұл жоғарғы діни лауазым Х ғасырдан Қарахан әулетінің кезінен бастап қолданыла бастаған. Бұл үлкен атақ Уфадағы Бас мұсылмандар басқармасының шешімімен берілген. 1917 жылы Орынбордағы Жалпықазақ съезіне Батыс Қазақстан мұсылмандар қоғамының атынан қатысады. Ол күнде Гурьев округіне Ақтөбе, Орал облыстары да кірген.

1917 жылы мамыр айында Мәскеу қаласында өткен мұсылмандардың бірінші съезінде Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай бірнеше рет сөйлеп, талас пікірлер айтқан, ой білдірген. Осы съезге біздің жақтан қатысқан жымпитылық ғұлама діндар Қуанай Қосдәулетов, Гурьев округінен Хасан Нұрмұхамедов, ойылдық Сағидолла Ізтілеуов Мұстафа Шоқаймен жүздесіп, жете пікірлескен. 1918 жылы Ташкентте Мұстафа Шоқаймен тағы да кездесіп, еркін ел болудың төңірегінде толғанады. Өзінің бүкіл саналы өмірін халық бақыты жолына арнаған, халықтың рухани ой-өрісін дамыта түсуге бағыштаған. Батыс Қазақстан облысы бойынша діни басқарушы, ұйымдастырушы болған. Зиялылар ретінде өз заманындағы саяси оқиғаларға белсене қатысқан мақтаныш санар үлкен тұлғалардың бірі- Хасан хазірет Нұрмұхамедов.

1922 жылы Женевадағы Ұлттар лигасының мәжілісінде ағылшын тілінде баяндама жасаған. Уфа қаласында өткен мұсылмандардың 1923,1926,1928 жылдардағы съездеріне қатынасқан адам және 1926 жылдан Хасан хазірет мешіт пен дін тәртібін қадағалаушы адам болған.

1935 жылы Анкарадағы мұсылмандар съезіне қатысқан. Хасан хазірет атамыздың Қарабауда мешіті болғанын, Махамбет ауданында 100-ге келіп қайтыс болған Тоғаш апамыз айтып отырушы еді. Апай біздің аталарымызбен көрші тұрған. Ол кісінің айтуы бойынша, басы ауырып, балтыры сыздағандарды дұғамен емдеген,

көз тиіп өлейін деп жатқан балалардың басынан бір сипағанда, көзін ашып, жүгіріп кететін дейді.

Таңнан тұрып ақ киімімен, өзінің ерекше дауысымен, құранның сазымен азан шақырып, таңғы намаз оқитынын, сол азанмен бүкіл ауылдың күнделікті тұрмыс-тіршілігі басталатын еді дейді. Хасекеңнің бес мезгіл оқитын намазы елге құт-береке болып, үлкен-кіші мешітке барып, ислам дінінен сусындаған. Иман – ең қымбат нәрсе екенін ел біліп, сауаттанған. Тоғаш апамыздың өзі де діни өте сауатты адам еді. Махамбет ауданында көп жыл мұғалім, мектептің директоры болған туысқан ағамыз Елеусінов Хасанның атын сол Хасан хазіреттей білімді, белгілі болсын деп қойыпты.

Өз әкем Қабидың: «Біз Хасан хазіреттің тұқымымыз»,- деген бір ауыз сөзі жүрегімде жүретін. Ол кісі кім болған екен деп ойлаушы едім. Сол кезде халық жауының тұқымы ретінде туысқандары айтуға да қорыққан, қазірдің өзінде сол қорқыныштан әлі де үндемей отырған ағайындар бар. Тар заман, тайғақ кешу кезінде халық басына қанды қырғын туған шақта әрбір отбасы бұрын-соңды болмаған қатерлі күн кешті. Ел ашық сөйлесуден, бір-бірімен қатынасудан қалды. Басқарушы саяси күштер баланы әкеге, ініні ағаға қарсы қойып, «халық жауы» аталғандардың есімдерін айтқызбай, олардың ізін тарихтан өшіруге күш салып, әр түрлі шаралар жүргізді. Артта қалған аяулы туған-туысқандары қаншама қатаң іс-әрекеттер қолданғанмен жалған жаламен құғынға ұшырағандарды сұрастырып, іздеу салып, өтініштер жазып, олардың қайғылы тағдырларын білуге талпынған.

Бір мәселемен жауапқа тартылып, бір күнде атылған алты молданы іс қағазы көрсеткендей, «жапон тыңшысы хазірет Хасан Нұрмұхамедов пен имам молда Өтемағанбетов Әбінің үйіне еріп, жергілікті жерлерде үкіметке қарсы істер жүргізіп, Жапония мен Германияның көмегімен Кеңес мемлекетін құлатып, социалистік құрылысқа қарсы әрекет істеді деген жазамен айыпталған. Екінші молда Иманғазиев Мырзағали 30 жасында ең жоғарғы діни атақ хазірет лауазымына ие болған, Сарайшықтағы көк мешіттің бас имамы үшінші молда Маманов Қосмұхан, төртінші Бекежанов Қоңыр, бесіншісі Елеуов Ғаббас, алтыншы Наушабаев Әбубәкір болатын. Үкім бойынша олардың 1937 жылы 3 желтоқсанда атылғандығы туралы акт Гурьев округтік НКВД бастығының қолымен жазылып, анықтамада тіркелген.

«Шаш ал десе, бас алатын» шала сауатты белсенділер халқының рухани байлығын тәрк еткені , интернационализм желеуімен орыстандыру саясатын ұстағандары бүгінгі күн биігінен қарағанда жабайылық, тағылық сияқты көрінеді. Сөйтіп ислам діні аз теперіш көрген жоқ.Қазіргі кезде халық жауы болған адамдардың бұрынғы ісі құрамында қылмыстық, әрекеттердің жоқтығы анықталып, кінәлары толықтай негізсіз болды. Қарапайым адамдардың абырой-атағын қалпына келтіруде.

Аталарымыздың аңсап, армандап кеткен заманы туып, еліміз егемендік алып, армандап кеткен ардақтыларымыздың есімдерін ел біліп жатыр. Солардың бірі **Хасан хазірет** өзінің бүкіл саналы өмірін халқының рухани талғамын жетілдіруге бағыштаған, осындай аталарымыздың аруағын сыйлап, аттары өшіп қалмасын деп ардақтыларды ұлықтай беру бүгінгі ұрпақтың борышы деп есептеймін. Есімдері ел тарихында қалған ұлы тұлғаларға әр кез бас иіп, олардың мақтаныш санауымыз бүгінгі, ертеңгі ұрпақтың мақсат-мұратына айналса екен деймін. Аталарын зерттеп жүрген Атырау университетінің Қазақстан тарихы факультетінің студенттеріне алғысымды айтамын. Сол университет профессоры Ғинаятолла Нығмет ағамызға шексіз ризашылығымды білдіремін, от басына амандық тілеймін, студенттермен бірігіп, көп еңбек етіп жүрген адам.

2002 жылы 6 қыркүйек күні жолдасым Нұрлан екеуміз Ойылға Шұбар арқылы бардық. Хасан хазіреттің тірі қалған жалғыз баласы Ахметбек көкені іздеп, біраз әңгімелестік. Сексеннен асып отыр екен. Хасан хазіреттің екі әйелі болған. Зейнеп бала тумаған. Сақыпжамал-руы қойыс Қашқыншы, 14 бала туған, көбі жасында қайтыс болған. Өмір сүргендері Фатима 1915-1993жылдары өмір сүрген. Тұрмыс құрмаған. Мұхамбет 1916-1988жылдары өмір сүрген. Әйелі Бәтшәйіден ұрпақтары бар. Ахметбек 1921 жылы туған, 1949 жылдан бері қарай әйелі Гүлбараммен бірге тұрады. Гүлбарамның әкесі Мұзафаров Жағыпар 1880 жылы туған, шешесі Шамсинұр татар. Екеуінен туған бала жоқ, тәрбиелеген қыздары дәрігер болып жұмыс жасап жүргенде, рак ауруынан қайтыс болды. Сол қыздан кішкене жиен немере қызбен қалып отыр. Сол Диана қазір Ақтөбе қаласында оқып жүр.

Хасан хазірет атамыз 1929 жылы Ойылға көшіп келген. Ол күнде Ойылда атақты Көкжар жәрмеңкесі ірі сауда орталығы болған. 1944 жылы Қызылқоға Ойылдан бөлінген. Сақыпжамал шешеміз 1973 жылы Ахметбек баласының қолында 70-тен асқанда қайтыс болған.

2003 жылы 22 наурыз күні екінші рет қызына бата оқимыз деп бардық. Қартайған шақтарында екеуіне оңай болған жоқ, өмір бойына бір рақат көрмеген, бейнетке жаратылған адамдар екенін өзінің өмірбаянында толық жазады,

Ойылдан бері жүргенде Берсиев атындағы колхозда Баймолдина Зәуре апамыз тұрды. Атақты тары еккен Социалистік Еңбек Ері Шығанақ Берсиевпен жұмыстас болды. Қазақ КСР Жоғарғы Советінің депутаты, Ойыл ауылдық Кеңесінің төрайымы болған апам, 1986 жылы 69 жасында қайтты, Сәңкібай атамыздың балаларының бірі Ақтайдың ұрпақтары Ойылда тұрады. Қазір апай тұрған көше Баймолдина Зәуре көшесі деп аталады. 1936 жылы туған жалғыз баласы Қарасай Ахметов 1984 жылы қайтыс болған. Үйін ұстап отырған келіні Ахметова Зәміш-ауылдың белгілі акушеркасы. Төріне шығып, апамыздың аруағына дұға бағыштадық. Зәуре апай елге келгенде, біздің үйге түсетін. Бала болсақ та жақындықты сезетінбіз. Өзі әкеммен құрдас болатын. Үлкен бастық екені көрініп тұратын: биік, етті, көзі көкшіл, сары кісі еді.

Әкеміз бізге ештеңе айтқан жоқ, балалықпен біз ештеңе сұрағанымыз жоқ. Барлық тарихты өзімен бірге алып кетті. Тек айтқаны - ауырсандар Гурьевтегі Перетаскідегі Сары молда атаға сиынындар, түнендер, бізге ағайын адам, аруақты адам деуші еді.. Өзімнен кейінгі бауырларым Мұхит пен Өміртай кішкентайларында көп ауырды, сонда әкеміз өліп қалады деп уайымдап, Сары молда атаның мәйітін құшақтап жыладым, құдайға жалындым дейді. Сонда түсімде аян беріп, қолына екі темір зат ұстатыпты. «Балаларым темірдей мықты болады екен деп жорыдым»,- деген еді әкем. Қолға ұстатқандай, түсі қабыл болып, Өміртай мен Мұхит үлкен азамат болды. Өміртайы әкеміздің шаңырағын ұстап отыр, Мұхит-барлығымызға қамқоршы.

Тағы бір тоқталайын деп отырған адамдарым Кестен шежіресіндегі Естайдан-Дүрегей- Теліш. Одан Қанапия, Көшен, Жұмақан (1927-1973),1955 жылы Москвадағы Губкин мұнай институтын бітірген. 1957-1961 жылдары Мақатта бірінші хатшы, Оңтүстік Қазақстанда экспедицияның бастығы болған, 46 жасында, жұмыста жүріп, жол апатынан қайтыс болды. Баласы Маманжан (Мамай) ол да Губкинді бітірген, өзінің орынбасары болып жұмыс жасап жүргенде, 33 жасында авиация апатынан қайтыс болады. Екінші баласы Қайсар Алматы политехникалық институтын бітірген, Жезқазғанда мыс заводының директоры болып жұмыс жасады. Қазір Астанада ірі копорациялардың бірінің директоры (департамент бастығы), техника ғылымдарының докторы.

Аманжан 1929 жылы туған.

Қорытындылай келіп айтарым, өзімнің арғы атам Сәңкібайдан бері қарай, әулетіміздің шежіресін, біз кімбіз, ата-тегімізде кімдер болған, қай жерді мекендегенбіз, ата-бабаларымыз кім болған, халқымыз қастерлейтін, қандай қасиетті адамдарымыз болғанын, яғни әулетіміздің құжатын жазып шықтым деп ойлаймын. Әлі көп адамдар қалып қойды, сұрастырып жүріп, тек білгендерімді жаздым, қатесі болуы әбден мүмкін.

Бұның бәрі не үшін керек? Бұл, алдымен, жоғарыда айтқан ата-баба рухына адалдық, сананың жаңғыруы, тарихқа бетбұрыс, әсіресе кейінгі ұрпақтың тал бойына ұлттық рух қалыптастыру үшін қажет болады деп ойлаймын.

70 жылдан астам билік құрған коммунистік лаң дінге түрлі жала жауып, халықты аздырмақ болса да, халықтың көңілінен имандылықты кетіре алмады. Аллаға шүкір, еліміз азат болғаннан кейін дін еркіндігі беріліп, мешіттер салынып, дін адамдары көбейе бастады. Аталарымыздың арманы 70 жылдан кейін іске асып, орындалып жатыр, соған да шүкіршілік.

Ұлтымыздың ұландары, ұрпақтары көбейе берсін! Аруақты аталарымыз бар тірлігімізді желеп, жебеп қолдап жүргей!

Қабиқызы Бақтылы, Атырау қаласы,
2007 жыл.

ӨТКЕН ДӘУІРДЕ

Мен 1942 жылқы жылы Ұлы Отан соғысы қайнап жатқан мезгілде, мамыр айының 12 жұлдызында Толыбайдың Құлшық деген жерінде дүниеге келіппін.

Әкем Қабден, шын аты Зейнел-Ғабдолла, 1905 жылы, жылан жылы туылған. Қазақстанда Кеңес өкіметі орнап жатқанда 14-15 жасар бозбала екен. Сол кездегі заманның өтпелі кезеңдерін өз көзімен көрген, байларды тәркілеу, коллективтендіру, серіктестік құру, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық, 1937 жылдағы ел жақсыларын халық жауы деп ұстату деген зобаландардың бәрін басынан кешкен.

Әкем 1942 жылы Ұлы Отан соғысына қатысып, Воронежді жаудан азат етуге, атақты Сталиград шайқасына қатысқан. Майданда ортан жілігін жау снаряды күл-талқан етіп, елге 2 жылдан кейін екінші топтағы мүгедек болып оралған. Соғыстан оралған соң, бейбіт өмірде колхоздың жұмысына араласып, одан совхоз құрысып, 1964 жылы құрметті зейнеткерлікке шықты. Немерелерін көріп, 1989 жылы 85 жасында дүние салды. Өзінің өсиеті бойынша

Толыбайдағы Төрттамдағы ата-баба зиратына апарып қойдым.

Әкем оқымаған сауатсыз аталса да, өте зерек, елгезек жан болатын. "Көрұғлы" жырының бірнеше салаларын, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» ескі нұсқаларын толық білетін. Кенесарының «Жауыр торысын», діни сипатта жазылған "Дариға " дастандарын, алтын руынын шыққан Сейітжанның термелерін және тағы басқа ақын-жыраулардың термелерін таңнан таңға жырлайтын ескі жыраулардың бірі болатын. Шешем Ғазиза Әйетбайқызы. Төркіні – Орта жүздің жүзей арғыны. Әкеммен дәм-тұзы жарасып, 60 жылдан аса бірге өмір сүрген, мейірімі мол, қарапайым қатардағы қазақ қызы еді. 82 жасында дүние салды. 1994 жылы әкемнің қасына мәңгілік жайғастырдым.

Әкемнің әкесі Үбайда, оның әкесі – Сәндібай, оның әкесі Дүйсенбай, Дүйсенбай бай болған кісі. 900-дей көкала жылқысы болған. Толыбайда Қараадыр деген жердің алабын жайлаған. Оның әкесі Қыпшақбай, оның әкесі – Бекмырза, оның әкесі – Бақтыбай, оның әкесі – Есенбай. Түптеп келгенде руымыз – Он екі ата Байұлы, Құлақасқа шеркеш.

Қуандық Қабенұлы,
Ақтөбе қаласы.

ӘКЕ ТУРАЛЫ



Мен әдебиетші емеспін және әдеби көркемсөздік талантым да жоқ, дегенмен көптеген көрнекті әдебиет саңлақтарымен таныспын. Сондықтан кейбір дәлелдерге бармай, әкем Әбу Сәрсенбаев жайындағы естеліктерді өзім көрген және есте қалған оқиғалармен баяндайын.

Ес білгелі қателеспесем, үш жаста шығар, мен әр кезде Әбу Сәрсенбаевты «Ата» деп атайтынмын. Естуімше, оның өзі осыны қалаған екен. Өйткені мен оның туған інісі Харыстың ұлы, яғни Әбекеңнің немере бауыры болатынмын, мүмкін ол өзінің бауыры Харысты ренжіткісі келмеген шығар. Ол екеуінің соғысқа дейін екіден балалары болған. Әбуде ұлы Дәрмен, қызы Райхан, ал Харыста Шолпан мен Жамбыл. Өкінішке орай, сұрапыл соғыс жылдарында, ерлер майданда қантөгіс соғыспен жүрген шақтарда, олар ұлдарынан бала кезінде айырылды. Олардың бақытына қарай, майданнан оралғанда, оларды қыздары Райхан мен Шолпан тосып алды. Харыс соғыстан көп жарақат алып, соғыс мүгедегі болып оралып, 1946 жылы үйленді. Содан кейін екі туған бауыр үшін жалғыз ұл болып, мен тудым. "Харыс Әбуге ұл тауып беру үшін, мүгедек болса да, майданнан тірі оралды" – деп, Хамит Ерғалиев әр уақытта әзілдеп отыратын.

Атам ұзақ уақыт өзінің ата-тегін іздеумен болды, сөйтіп ол біздің әулеттің шежіресін тапты. Біздің арғы атамыздың аты Сардар болатын, халық оны Тазмолда деп атайтын. Ол шеркештің Жақау әулетінен еді. Атамның сөзіне қарағанда, біздің арғы тегіміз иранннан шыққа керек. Мүмкін содан болар, оның шашының бұйралығы Әбуге және біздің кейбір туыстарымызға таралғаны. Сардарда бес ұл болған деседі. Біз үшінші ұлы Қойсарыдан тараймыз. Ол халық арасында өзінің көрегендігімен атағы шығып, жұрт оны Теке деп атап кеткен. Атамыздың айтуы бойынша, біздің үлкен атамыз Бөкей Ордасының болашақ басшысы Мақаштың кіндік әкесі болған. Оның тәуіпшілдік қасиеті болған деседі. Жергілікті байлардың айтуымен ол сиқыршылық пен арбаушылық жасап, оларды еліктірген. Оның кейбір істерін маған Ата айтып берген. Әбу мен Харыс үлкен атамыздың бесінші ұрпағы, ал үлкен апайларым және мен алтыншы, біздің балаларымыз жетінші ұрпақтары. Атам айтқандай, менің ұлдарым Мұратәлі мен Данияр, немерем Ескендір, сегізінші әрі біздің әулетті тікелей жалғастыратын ұрпақтар. Олардың санының көбейетініне зор үмітпен қараймын.

Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, Сардар халық құрметіне бөленген әулие адам болса керек. Оның зираты Атырау - Ганюшкино жолының бойындағы 16-разъезде орналасқан. Мен ол жерде атаммен бірге бірнеше рет болдым. Бұрыныракта ол жерде тозығы жеткен ағаш мазар бар еді. 1989 жылы біз атамыз және жергілікті халықтың күшімен, ол жерге жаңа зират көтердік. Ләзиза Сергазиева тәтеміз бен атаның балалары болмады. Екеуіне ортақ Әбудің қызы Райхан, Ләзизаның қайтыс болған бірінші жарынан ұлы Бекен болды. 1963 жылы отыз бес жасында менің шешем Фатима қайтыс болды, сол кезден бастап Ләзиза тәтем анамның орнын басты. Сол кісінің аналық қамқорлығының арқасында өзімді еш уақытта жетім сезінген емеспін.

Ләзиза Сергазиева белгілі қазақ журналисі болатын. Өткен ғасырдың 50- жылдарынан бастап, зейнетке шыққанға дейін ол республикалық "Қазақстан әйелдері" журналдарының редакторы болып, абыройлы қызмет атқарды. Оның адал еңбегі ордендермен және үкіметтің басқа да марапаттарымен бағаланды. 2008 жылы туған жері Павлодар қаласында облыс деңгейінде оның 100 жылдық мерейтойы аталып өтті. Ол 1982 жылы атамнан он үш жыл бұрын өмірден қайтты. Қазір олар мәңгілік мекендері Бірінші Кеңсай зиратында бір жерде. Оның құлыптасының авторы (тақта үстіндегі журналист қаламы) атамның өзі болатын, ал ескерткіштің авторы белгілі сәулетші - Шота Уәлиханов.



Менің балалық және жастық шағым атамның өте мұқият қамқорлығымен өтті. Ол менің тәрбиеме өте көп көңіл бөлді. Оқушы кезімде ол өзінің жол сапарына мені жиі ертіп жүретін. Сол кездегі Мәскеу сапарымыз (Қызыл алаң, Мавзолей, Кремль, «Украина», «Москва» қонақүйлері, Переделкинодағы Илья Сельвинскийдің саяжайы, ақындар Корней Чуковский мен ақын Михаил Львовпен кездесулер. Ленинградтағы «Астория» қонақ үйі, Исакиев соборы, Эрмитаж, I Петр және II Николай патшалар ескерткіші, «Аврора» крейсері, Кронштадт, Қырымдағы әйгілі Максимиллиан Волошин саяжайы. Мұнда бүкіл Одақтан жазушылар мен суретшілер, театр және кино режиссерлері және тағы басқа зиялы қауым қаймақтары жиналатыны әлі есімде.

Әбу Сәрсенбаев пен Ләзиза Сергазиеваның үйі әр уақытта қонақтардан босамаушы еді. Біз қалжыңдап: «Біздің үй – аула», - дейтінбіз. Қонақтарымыздың біреуі кетіп үлгермей, екіншілері келіп жататын. Олар алыс-жақын туысқандар, таныс және бейтаныс адамдар, ең бастысы қаламдас достары еді. Аға буын өкілдері Қажым Жұмалиев, Қасым Аманжолов, Тайыр Жароков, Жақан Сыздықов, Төкен Әбдрахманов, Жәрдем Тілеков, Қуандық Шаңғытбаев, Сырбай Мәуленов, Сафуан Шәймерденов, Қабдікәрім Ыдырысов, Қасым Тоғызақов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Тахауи Ахтанов және де атамның жақсы көретін достары Хамит Ерғалиев, Зейнолла Қабдолов. Кіші буын өкілдерінен Жұмекен Нәжімеденов, Асқар Сүлейменов, Мұқағали Мақатаев, Зейнолла Серіккалиев, Фариза Оңғарсынова, Ақұштап Бақтыгереева, Сәтімжан Санбаев және т.б.

Әрине, бұл кездесулер тек қана атаның жұмыс бөлмесінде ғана емес, міндетті түрде Бабажан (Ләзиза Сергазиева), апайларым Райхан мен Шолпанның, кейіннен менің жұбайым Гүлнардың жасаған дастарқанында өз жалғасын табатын.

Бұл отырыстарда әдебиеттен басқа өздерінің жандарына батқан мәселелер, әсіресе балаларының ана тілінен алыстауы, Алматы қаласындағы қазақ мектебінің жоқтығы жиі айтылатын. Әлі есімде, 1967 жылы атамның мұрындық болуымен Әбдіжамал Нұрпейісов, Хамит Ерғалиев және Зейнолла Қабдолов қалалық білім беру бөліміне, қалалық атқару комитетіне, СОКП қалалық комитетіне, қалада, тым болмағанда, бір қазақ мектебін ашу жайында ұсыныс айтып барды. Бұл оқиғадан кейін атам

ұсыныстарын қабылданбағанын қынжыла айтып еді. Себеп ретінде олар мектептің Хрущев кезінде жабылғанын, ал қайта ашу үшін Мәскеудің рұқсаты керек екендігін алға тартқан. Дегенмен, белсенді топ сол кездегі Алматы облысы партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Аскаровқа барды. Сол кездегі болған әңгімені көп жыл өткеннен кейін атамның 100 жылдық мерейтойында Әбдіжәміл Нұрпейісов айтып берген еді. А.Аскаров оның шындығын өкінішпен растады. Сондағы Атамның айтқаны: «Жарайды, жаңа мектеп аша алмасаңдар, бұрынғы жабылып қалған С.М. Киров атындағы №12 мектепті жабуға қолдарың қалай барды?» - депті.

Сөйтіп Алматыдағы қазақ орта мектебі қайта ашылды. Сөйтіп бір үлкен партия басшысының қиқар саясатынан қазақ мектебі жабылса, екінші партия қызметкері ол мектепті қайтып ашуға өз септігін тигізді.

Әрине, бұл сол белсенді топтың еңбегі, соның ішінде Әбу Сәрсенбаев та бар еді. Ал бүгін, құдайға шүкір, тәуелсіз еліміздің ұландары, біздің балаларымыз ана тілінде білім алуда.

Атам мен Бабажан өте қонақжай адамдар еді. Әлі есімде, 1972 жылдың қазан айының соңында таң ата мен экспедициядан оралдым. Іле өзенінің төменгі сағасынан он шақты ірі балық ала келдім. Атам таңғы алтыдан бастап балықты тазалап, одан Бабажанды оятып, өзі балықтан атыраулықтарша бесбармақ дайындауға кірісті, ал Бабажан мен менің жұбайым балықты қуырды. Таңғы сегізден бастап, ол өз достары Хамит, Әбдімәжіл, Қуандық, кіші және үлкен Зейноллаға: «Таңғы асты ішпеңдер. Минаж балық әкелді. Біз Бабажан екеуміз дайындап қойдық, тезірек жетіңдер» ,- деп қоңырау шалумен болды. Олардың отырысы кеш батқанға дейін созылды. Атам жаңа ұстаған балықты өте жақсы көретін және қонақта болса да, оған көбірек көңіл бөлетін. Сондықтан мен оған арнап, әр уақытта балық әкелуге тырысатынмын. Менің көптеген экспедициялық достарым, мұны біліп, маған көмектесетін.

Атам әйел көркін өте жоғары бағалайтын. Біздің Бабажан өте көрікті әйел еді. Оның қырқыншы жылдары ұзын бұрымымен түскен фотосуреттері бар. Мен оны бұл қазақтың Мона Лизасы дейтінмін. Әрине, Атам да өте келбетті жігіттің төресі еді ғой, әсіресе шашының бұйрасы оған өзгеше көрік беретін. Бірде ескі соғыс кезіндегі фотосуреттерді қарап отырып, Бабажанның көзінше мен атама: «Ата, қай суретті қарасақ та ондағы ең көрікті келіншектер қашанда сенің қасында тұрады»,- дедім. Сол кезде Атам қызарыңқырап, қуланып жымиды. Жалпы оның әйелдерге арналған лирикасы аз емес, оның ішінде, әрине, Бабажанға да арналғандары жетерлік. Оны өздеріңіз оқып көріңіздер.

Атам өте ақжарқын әрі көңілді адам еді. Адамдарды олардың мәртебесіне қарамай сыйлайтын, әсіресе достарымен әзілдескенді жаны сүйетін. Бірде Алматының қоңыр күзінде, қар түскен кез болатын. Түнгі он бір жарымда атам телефон соқты: «Минаж, тезірек кел, маған достарым келді. Бізді Хамза Санбаевқа алып барасың». Жасы әкемнен аздап үлкен еді, ол жазушы Сәтімжан Санбаевтың әкесі еді. Мен қорқып кеттім, сөйтсем ақсақалдар қыдырайық депті. Ал іс былай болған. Есенжол Домбаевқа алыс туысқаны келген көрінеді. Кездесуден кейін Есенжол жазушы туысқанынан бұйымтайын сұрапты. Қонақ оған өзінің ағасын көруге ниет етіп келгенін айтады. Кешке жақын Есенжол қонағына қаланы көрсетеді. Күн салқын еді. Абай ескерткішінің жанында оған бір ой келеді. «Сен не ойлайсың, аға тек қана сенде ғана бар ма, менде де аға бар»,- деп, оны Беркайыр Аманшинге ертіп барады. Бәкең енді ғана кешкі асқа отырған екен. Астан кейін олардың келген себебін білген соң ол сол жерде Хамит Ерғалиевке телефон соғады. Сондағы айтқаны: «Менде де аға бар, жүріңдер барамыз». Хамит ағаның үйінен ас ішкеннен кейін өздерінің келген себебін айтты. Хама ағамыз сол сәтте Әбекеңе телефон шалып, болған оқиғаны баяндайды да, атама: «Мен оларға тек қана сендерде ғана емес, менде де аға бар деп айттым. Қазір келеміз, тос», - дейді. Атам үйдегілерді тұрғызып, ас әзірлеуге кіріседі. Дастарқан соңында атам, менде де аға бар деп, Хамза Санбаевқа телефон шалып, болған оқиғаны айтып, кешірім сұрайды.

Әрине, ең үлкен ағалары інілерінің қолқасын жауапсыз қалдырмайтыны сөзсіз. Мен үлкендерді машинамен екі айналымда үлкен ақсақалдың үйіне алып бардым. Ақсақалдар тек таң ата өз сабаларына түсті. Шаршағаныма қарамастан ақсақалдардың бұл қылығына қатты қуандым. Өйткені бұл үлкендердің жастықты еске алу ғана емес, шын жүректерімен ақтарылған әңгіме, демалыс және бір-біріне деген терең құрметін білдіреді емес пе?!

Атам кемел жасында Қазақстан, Ресей, Украина, Балтық жағалауы елдері, Өзбекстан және басқа да республикаларға шығармашылық іс-сапармен жиі баратын. Венгрия, Румыния, Болгария сияқты шет мемлекеттерге де ат ізін салды. Сапар барысындағы жазбалары өзінің қойын дәптерлері мен өлеңдерінде. Оның тың өлкесіне сапар туралы толғамдары «Украина түні», «Жауынды Рига», «Шипка асуы», «Балатон көлі», «Амудария саздары» және тағы да басқа шығармаларында орын тапқан. Атам аударма жұмысымен де айналысты. Оның шетелдік сүйікті ақыны, мажар ақыны революционер Шандор Петефи еді. Ол оны қазақтың хас батыры ақын Махамбет Өтемісұлына теңейтін. Олардың екеуі де XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүріп, азаттық жолында қаза тапқан. Латыштың ақыны Райнис пен жазушылары Жан Грива және Вилис Лацистің шығармаларын қазақ тіліне тәржімалады.

Ол ресейлік ақындармен де жақын жолдас болды. Сұрапыл соғыс кезінде әскери газетте бірге еңбек еткен Мұстай Кәрім, Илья Сельвинский және Михаил Львов (М.В. атамның өлеңдерін орыс тілінде аударды) секілді кісілермен достық, шығармашылық байланысын үзген жоқ. Сонымен қатар атамның өлеңдерін Юрий Окунев, Татьяна Кузовлева және соңғы жылдары белгілі ақын Людмила Щипахина орыс тіліне тәржімалады.

Атам өзінің туған өлкесін де ұмытпай, жиі барып тұрушы еді. Сондықтан да болар, оның қарт Каспий мен өзі жағасында дүниеге келген Қиғаш өзендер жайындағы шығармалары көп.

Қартайған шағында атам проза және поэзия саласында, әскери тақырыпқа қызыға қалам сілтеді. Бұл тақырыпқа атам бірнеше роман, поэма және өлеңдер жинағын арнады. Бір айта кететін жайт, соғыс жылдары атам «Ақша бұлт» деген өлең жолдарын қағазға түсірген. Бұл өлеңдегі сюжеттік ой кейінірек түсірілген «Көктемнің он жеті сәті» фильміндегі И.Кобзон орындаған М.Таривердиевтің осы аттас өлеңінде қайталанды.

1982 жылдың күзінде біздің Бабажан – Ләзиза Серғазина қайтыс болды. Атам бұл қазаға өте қатты күйіреліп, қайғырды. Аз уақыт өткеннен кейін 50 жасқа толмай атамның сүйікті шәкірті, жерлес ақын Жұмекен Нәжмеденов бақиға аттанды. Бұл қаза да атам үшін орны толмас қайғы болды. Осы кезде атамның өмірінде уақытша шығармашылық тоқырау байқалды. Әлі есімде, бірде атам: «Проза әлі де жазылады, ал өлең жолдары тумай тұр», - деп шағымданған еді. Балалары мен туысқандары оны осы көңіл-күйден сергітіп, өз арнасын қайта табуына жағдай жасауға тырыстық. Осы кезде оны өзінің жақын достары Диқан Әбілов, Хамит Ерғалиев, Зейнолла Қабдолов, Зейнолла Серікқалиев ағаларымыз бен өзге қылқалам шеберлері ұмытқан жоқ.

Бақытымызға қарай, бұл кезең ақырындап келмеске кетті. Атам аздап шығармашылық белсенділік танытып, бізді қуанышқа бөледі. Өзінің сүйікті жары – Ләзиза Серғазинаға арналған лирикалық поэмамен белсенді айналысты. Әрине, прозаны да ұмытқан жоқ. Ол өзінің соғыс және соғыстан кейінгі кезеңдегі достары жайында естелік жазумен шұғылданды. 1985 жылы атамның 80 жылдық мерейтойы Ғ.Мүсірепов атындағы Балалар мен жас өспірімдер театрында және өзінің туып өскен жері, ол кездегі Гурьев облысының Деңіз ауданында кеңінен аталып өтілді. Бұл жолғы сапарда атаммен бірге С.Сейітов, З.Қабдолов, үлкен апайым Райхан және мен бардым. Әкемді соңғы рет елге ертіп барған сапарларым, 1989 және 1991 жылдары еді. Әрине, бұл кезде оның денсаулығы сыр бере бастады, жасы да тоқсанды алқымдап қалған болатын.

Атамның 90 жылдығы Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театрында өтті. Бұл жолы атам Қазақстан Президенттің қолынан «Парасат» орденін алды. Өкінішке орай, өз мерейтойы қарсаңында атам қатты науқастанып ауруханаға жатып қалды. Тура бір ай өткенде 1995 жылдың қараша айының соңында қатты науқастан атам дүниеден өтті. Осы театрда халық Әбу Сәрсенбаевпен қоштасты. Қоштасу рәсіміне ел президенті Н.Ә.Назарбаев та қатысты.

Атам мен Бабажан бір зиратта қатар жатыр. Олардың жанында Бауыржан Момышұлының ескерткіші тұр. Атам кезінде осы ескерткішті құшақтап былай деген еді: «Солдат, сен өзіңнің қаруыңның күшімен соғысты жерге қададың». Бұлардың жанында оның жақын достары Х. Ерғалиев және З.Қабдолов, бір жақ бұрышында Т.Ахтанов пен Қ.Мұхамеджанов жерленген.

Атам жайындағы қысқа естелікті Зейнолла Қабдоловтың, Ғабит Мүсіреповтің Әуезовке арнап айтқанын Атама қарай бағыттып: «Әбекеңді мақтаудың керегі жоқ, Әбекеңмен мақтану керек», - деген сөздерімен аяқтағым келеді.

Әбудің өз кіндігінен тараған жалғыз қызы үлкен апайым Райхан қазір қара шаңырақ Әбекеңнің үйінде өзінің екі ұлы, бір қызы және немере-шөберелерімен ғұмыр кешіп жатыр. Апайым атам мен Бабажанның қолжазбаларын реттеп, баспаға берді. Кейбір еңбектерін Атырау мен Павлодардағы мемлекеттік архив пен мұражайларға табыс етуде. Бір сөзбен айтқанда, қасиетті жұмыспен айналысуда.

Әрине, ол үшін апама деген алғысым шексіз.

Ал өзіме келетін болсам, мектептің төменгі сыныптарында оқып жүрген кезімде-ақ атам «Болашақ теңіздің түбі» деген өлеңінде менің болашақ мамандығымды айқындаған сияқты. Мектеп бітірген кезде ол мені Одақтың орталық жоғары оқу орындарына жібермеді. Сондағы айтқаны: «Жалғыз тұяқсың, осы жерде оқисың». Мен ҚазМУ-ге (қазіргі әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ инженер-гидролог мамандығына түстім. Оқу бітіргеннен кейін алты жыл көлемінде ғылыми-зерттеу институтында қызмет етіп, экспедицияларда және ғылымның басқа да түрлерімен айналыстым. Одан кейін ҚазМУ-дің құрлықтар гидрологиясы кафедрасына аспирантураға түсіп, ғылым кандидаты, кейінірек ғылым докторы диссертацияларын қорғадым. Ұзақ уақыт кафедра меңгерушісі және география факультетінің деканы қызметін атқардым. Бүгінде осы кафедраның профессоры деген ғылыми дәрежесінің иесімін.

Минаж ХАРИСҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ
география және табиғатты
пайдалану факультетінің гидрология
кафедрасының профессоры.

ҚАРА ҚАМШЫНЫҢ ҚҰДІРЕТІ

Байбақты Ата Қармысұлының (1823-1916) Атырау тарихында алатын ерекше орны бар. Ол ұлт азаттығы жолындағы көтеріліске қатысқан батыр, киелі әулие болатын. Еліміз егемендік алғаннан кейін баба рухын қастерлеген атыраулықтар Ата басына кесене тұрғызып, кейбір науқас жандардың ем қабылдап қайтуы үшін түнек үй тұрғызған. Ж.Нұрмахан, Б.Демегенов және Б.Ұзақбайұлы сияқты жергілікті азаматтардың Байбақты Ата туралы құнды дүниелер жинақталған бірнеше кітаптары жарыққа шыққан. Базарбай Ұзақбайұлы облыстық тарихи-өлкетану музейіне Атаның қолданған сандығын әкеліп тапсырған да еді.

Біз жақында Атаның шырақшысы Ұзақбайұлының айтуымен Атырау қаласындағы "Авангард" мөлтек ауданының тұрғыны



Ақжұма Аққалықызының үйінде болып, оның сақтауындағы Байбақты әулиенің қасиетті қамшысын облыстық тарихи-өлкетану музейіне жәдігер ретінде қабылдап алдық. Қамшының табылуы туралы Б.Ұзақбайұлы бізге былайша әңгімелеп берді. «1946-1973 жылдары атаның шырақшысы Балбөпе ақсақал (1895-1973) еді. Ол дүниеден озған соң шырақшылықты кемпірі Дәріжан ана жалғастырады. Дәріжан әжей: «Біздің туысымыз Тәжіаяқтың балаларында Атаның бір құралы болуға тиіс. Оның қамшы екенін әлде басқа зат екенін білмеймін. Қалай болғанда да ол қасиетті Атамыздың тұтынған заты екені анық», - дейді Базекеңе.

Ұзақбайұлы осы затты көп іздестіреді. Көптеген адамдардан сұрайды. Бірақ ізденіс нәтиже бермейді. Сөйтіп жүргенде, ол 2006 жылы дүниеден озған Дауылбай деген құдаларының күзетінде бұрын өзімен жұмыстас болған Марат Ысмағұлов пен оның інісі, қазір "Абылайхан-Групп" ЖШС-нің президенті болып отырған Әмірді кездестіреді. Әңгіме барысында Базекеңнің ізденісі туралы білген Марат ол қасиетті заттың қамшы екендігін және оның Атыраудағы апасының үйінде сақталып отырғандығын айтады. Бұлардың аталары Тәжіаяқтың Мақұл деген жердегі қонысы ертеде Байбақты Атаның ауылымен көрші болған дегеседі. Қамшы сол кезде бұлардың қолына өткен тәрізді.

Біз қыркүйектің 18-і күні Ақжұма апайдың отбасында отырып, Ата қамшысы туралы тағы да қызықты әңгіме тыңдадық. Қылышкестен шеркеш Аққали Жұмағалиевтің Мақат ауданының Байшонас кентіндегі отбасында 1953 жылы дүниеге келген Ақжұма Байбақты Атаның өз көзі жеткен бір қасиетін үлкен ризашылықпен айтып берді. Оның анасы жасы ұлғайған шағында өзінің енді ұрпақ әкелу мүмкіндігі жоқтығын айтып, Аққалиға екінші әйелге үйленуге рұқсат берген екен. Ол тілек былайша орындалады. 1961 жылы 14 наурыз күні, Ақжұма бірінші сыныпта оқып жүрген шағында анасы кенеттен дүниеден озады. Жылы құшақтан ерте ажыраған Ақжұма әкесінен: "Ол мені бақсын , анам болсын!"- деп Қанша апасын үйіне әкелуін сұрайды. Сөйтіп Сақау шеркештің қызы Қанша Жұмағалиевамен Ақжұма тәтті тіршілік кешеді. Бұл апаның да бойында емшілік қасиеті бар екен.

Көктәнірі қыз баланы жатжұрттық қылып жаратқан ғой. Ерте жастан білім мен ғылымға құштар болып өскен бойжеткен Атырауға келеді. Дәрігерлік мамандығын алып, осы жерде қызмет етеді. Тұрмыс құрады. 1982 жылдың бір күні оны Қанша анасы шақыртып алады. 86 жасқа келген кейуана туған баласындай болған Ақжұмаға өзінің өмірден өтетінін сездіріп, аманат тапсырады. Онысы жыңғыл сапты қарапайым ғана қамшы болатын. "Айналайын, мына қамшыны қастерлеп сақта. Бұл атақты Байбақты әулиенің қасиетті қамшысы", - дейді әз-ана. Содан кейін көп ұзамай қайтыс болады. Оны Атырау қаласы жанындағы Қараөзектегі Қызәулие қауымына жерлейді.



Ақжұма ол кезде атеизм идеясының күшті ықпалындағы адам болатын. Әрі орысша оқыған – тоқығаны бар. Анасының сөзін жете ұғынбайды. Бірақ оның аманатына адал болудың қажеттігін перзентше сезінген. Сондықтан да талаптағыдай күте алмай қалармын деген ойдың жетегімен 1982 жылы қасиетті қамшыны Доссор кентінде тұратын ағасы Манапқа: "Сені, балаларыңды қорғап, Ата қамшысының шапағаты тисін!" – деп апарып береді.

Арада өткен азғантай жылдар қамшының ерекше қасиеті барлығына Ақжұманың көзін жеткізді. 1996 жылы оның күйеуі Константин Жаңбыров қатты ауырып қалады да, науқасы миына шабады. Дәрігерлер күйеуінің дертіне қарсы тұруға өздерінің дәрменсіз екендіктерін мойындап, науқасты қазақ емшілеріне қаратуға кеңес береді.

Атырау қаласында тұратын емші бірден-ақ: "Сен айналаңдағы қасиетті кісіні мойындамай, оны аттап кетіпсің, ең әуелі соған апаруың қажет еді", – дейді.

Екінші де сол: "Үйіңде киелі дүние бар ғой, ол не?"- деп сұрайды, Ақжұма: "Киелі зат менде емес, Доссордағы ағамның үйінде еді", – десе, емші оны өзіне тез жеткізуін талап етеді.

Сол күні кешке қарай қамшы емшінің қолына тиіп, былай дейді: "Мына киелі қамшыны ақ матаға орап, науқас күйеуіңнің көпшігінің астына сал". Ақжұма оны сол күні бұлжытпай орындайды. Бұрын тілсіз жатқан күйеуі түнгі сағат 11-де сөйлеп қоя береді: "Ата, кешірші, енді қайталамаймын!". Сонда Ақжұма одан: "Сені біреу мазалады ма, Аталар сөйледі ме?" - деп сұрайды. Күйеуі: "Иә, Аталар маған сөйлеп жатыр, сен оларды тыныштандыршы", – депті.

Содан кейін бұрын ұйқысыз жүрген азамат тыптыныш ұйқтап кетеді. Ертесіне науқасы бәсеңдеп, біршама тәуірленеді.

-Бұл – менің өз көзіммен көрген Ата қасиетінің ерекше күші еді, - дейді ағынан жарылған Ақжұма.

Сөйтіп, 14 жылдан соң киелі қамшы бұл шаңыраққа қайта оралды. Бүгінде екі перзент тәрбиелеп отырған Ақжұма Аққалықызы медицина саласындағы бақылау комитетінің Атырау облыстық басқармасында қызмет етеді. Ол бізге: "Байбақтыдай халық ұлының қасиетті заттары енді жұртшылыққа мәлім болып, шапағатын тигізіп тұрсыншы деген ақ ниетпен киелі қамшыны облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырамын",- деген еді толқып тұрып.

Біз де қасиетті Атаны қастерлегені үшін және аса қымбат сыйы үшін оған үлкен пейілмен алғыс айтамыз.

Мақпуза ҒАЙНЕЛОВА,
Атырау облыстық тарихи-
өлкетану музейінің этнография және археология
бөлімінің ғылыми қызметкері.

СӘДУҰЛЫ МЫҢБАЙДЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕН

Сәдуұлы Мыңбай 1926 жылы Қызылқоға ауданы, Қоянды кентінде туылған. Теміржолшы. Гурьев темір жол аралығы мекемесінің Жамансор стансасындағы 1-ші околоткасында жол монтері (1942-1946), бригадир, шебер, аға жол шебері (1946-1970), №252 жол машина стансасы бастығы (1979-1987). «Ерлік еңбегі үшін.

В.И.Ленинның туғанына 100 жыл толуы құрметіне», «Еңбекте үздік шыққан үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, «Құрметті теміржолшы», «10- бесжылдық екпіндісі», «Социалистік жарыс жеңімпазы» белгілерімен марапатталған.. Шежірелік деректерді, әңгімелерді ойына терең тоқыған қария. Шежіре қарияның бір топ естеліктері кітапқа енгізілді. Әсіресе белгілі Шеркеш билері, Тұманшы, Биырза, Таңмағанбет, сондай-ақ Тұрлан туралы әңгімелерді мол білген кісі.

ТҰМАНШЫ БИ ТІЛЕУҰЛЫ (XVIII-XIX ҒАСЫР)

Қызылқоға өңірінде туып өскен. Атырау, Жем, Сағыз, Маңғыстау өңірлеріне белгілі атақты би. Әділдігімен атағы шыққан. Елдің бірлігін насихаттаған абзал азамат. Тегі жағынынан – шеркеш руының Қосым атасының Мырзамбет тармағынан шығады.(Шеркеш-Қосым-Мырзатай-Мирас-Мырзамбет-Сары-Қожамқұл-Өтеген-Тілеу). Қысқаша Қосым, оның Сарысы деп атайды. Ұрпақтары қазірде, негізінен, Жылыой ауданында тұрады. Өз баласы Бимырза да айтулы би болған. Оның ұрпақтарының ішінен Жылыой ауданында басшы қызметте болған Артығалиев Дәуіт (1925-1999жж.), оның баласы Артығалиев Ризабек 1999-2001 жылдары Жылыой ауданының әкімі болғанын бөліп айтады.



Ол туралы әңгімелер «Өлке» баспасынан 2000 жылы «Асыл жар, аяулы әке, ардақты азамат» деген атпен шыққан Артығалиев Дәуітке арналған еске алу кітапшасында Атырау облысының Қызылқоға ауданында туып өскен, Республиканың Құрметті теміржолшысы, тарихи деректер мен әңгімелерді жақсы білетін Мыңбай Сәдуұлының (1926-2003 ж) айтуымен жарияланды.

1. ПЫШАҚТЫ ҚАСЫҚҚА АУЫСТЫРДЫҢ

Бір күні мезгілсіздеу келген қонаққа асатын өлі ет те болмай қалып, Тұманшы үйі көже пісіріп беріпті. Сонда би қонағына: «Біз бүгін пышақты қасыққа ауыстырып отыр едік»,- депті. Мұнысы – «Қасықпен көжені тойып ішіп жатасыңдар, барға қанағат етесіңдер», - дегені екен.

ҮШЕУІ БІРЕУДІ ӨЛТІРДІ МЕ ...

Қазан төңкерісінен бұрынғы заманда малы көп байлар, оның ішінде адай мен Қосым шеркештің байлары да жазда Арқаға, қыста Маңғыстауға көшеді екен. Адайлардың бір ауылы жаз шыға Қарақұмнан қой қоздату мақсатымен көшіп шығады. Жолда олардың көш басшысын Қаракемпір шеркештің үш ұрысы қамап, тонайды.Астындағы атын, үстіндегі киімін алады да, әлгіні өлтірдік деп ойлап, өз жөндеріне кете береді.

Адай жігітінің соңынан келген көш бастаушысы мырзаны елсізде жалаңаш-жалпы, соққы жеп жатқан күйінде тауып алады. Мырза есін жиып, тілге келген соң: «Белгісіз үш кісі қамап, әдейі ұрыс шығарды да, мені осындай күйге ұшыратты»,- деп өз жайын баяндайды. Өзі, негізінен, қайратты жігіт екен. Жігіттің әкесі бар екен, ол: «Әй, тумай кеткір, жастығыңды ала кетпей, босқа өлгенің бе !» -деп ұрсыпты. Сонда жаралы жігіт: «Әй, қайдан білейін, мен де аянғаным жоқ, ұрғанда қолым сүйсініп еді. Бірақ осылай болды ғой. Олар кетті де, мен жер құшып қалыппын»,-дейді. Ол жұлдыз шыға қайтыс болады.

Адай адамдары ұрыс болған жерді айнала шолып жүріп, жақын маңда өліп жатқан әлгі үш ұрының да денелерін табады. Ұрыс болған жерден шыға бере біреуі құлап өліпті, ала ана екеуі әрегірек жүріп барып, екеуі бөлек құлаған екен. Төртеуінің ат-тұрмандарын, киім-кешектерін сол жерден тапқан жұрт оларды дәл анықтапты. Мырзаны өлтірген үш ұры Қаракемпір шеркештің адамдары болып шығады.

Бұдан үлкен дау туып, жұрт Тұманшы биге жүгінеді.. Адай азаматтары: «Біздің жөнімен келе жатқан жазықсыз адамымызды ат-тонына қызығып, үшеулеп жүріп өлтірді, оның өзі үш кісіге тұрарлық азамат болатын. Сондықтан да Қаракемпірлерден үш кісінің құнын даулаймыз», - деген талап қояды.

Қаракемпірлер: «Бұл төртеуі төбелессе де бізге бәрібір, біз қасында болған жоқпыз. Ал бізден өлгені-үш кісі. Сондықтан өлген бір адай үшін біреуін азайтып, адайдан қалған екі кісіміздің құнын даулаймыз», - дейді.

Сонда Тұманшы би мынадай билік береді:

– Уа, Адай ағайын, сенің бір кісің өлсе, Қаракемпірден құн даулама. Қаракемпір, сен де артық екі кісіңе құн сұрама. Бұлардың төртеуі де өлді. Сен, Қаракемпір, егерде біреуді өлтіргенің үшін артынан көп адай келіп, сенің үш адамыңды өлтірген болса, артық екі адамың үшін құн алар едің. Сенің үш адамың жабылып, бір адамды өлтірді. Төбелесіп жүріп, сол бір адамнан үшеуі де өлді. Сондықтан да екі жағың да құнсыз бітісесіңдер!

ТІРІНІҢ МҰРАСЫ- БАЛАСЫ

Сол заманда көшпенді ел қыс Маңғыстауда қыстап, жаз шыға Арқаға қарай көшіп келе жатқанда адайдың бір адамы Жем өзені бойында өз ажалынан қайтыс болады. Ауылдас-ағайындары: «Топырақ бұйырған жері осы болды»-деп, жамбасы тиген жерге жерлейді, бейітін тұрғызады. Ақтық сапарға марқұмды жөнелту шаралары біткен соң, көш ілгері жүріп кетеді.

Олар кеткен соң қаракемпірдің тентектері: «Біздің жерімізге рұқсатсыз мола салды»,-деп, адайдың моласын құлатып тастайды. Бұл үлкен дауға айналып, ұрыс-керіс шығады. Айтысуға қаракемпір атынан Тұманшы би, ал адайдан Ғапурынның қожасы шығады. Әуелі талапкер ретінде жас жігіт болса да Ғапурынның қожасы сөз алады. Ол:

– Тұмеке, мен сізбен айтысқалы келгенім жоқ. Сізге бір ғана сауал қоймақпын, - дейді.

Тұманшы «Айта бер» - деп, рұқсат еткен соң, жас жігіт былай деп сұрапты:

– Өлінің мұрасы не болады? Тірінің мұрасы не болады? Тұманшы:

– Ей,шырғым-ай, өлінің мұрасы – моласы, тірінің мұрасы – баласы ғой! - депті.

Сонда Ғапурының Қожасы:

– Ендеше, мына даудың билігін өзіңіз айтыңыз! - дейді.

Тұманшы өз билігін шығарып, қазақ қастерлейтін моланы құлатқан қаракемпірлерге үш тоғыз айып салыпты.

Дау осылай аяқталып, жұрт елге қайтып келе жатқанда, қаракемпірдің адамдары Тұманшыға өкпе айтыпты: «Апыр-ай, сізді әулие көріп жүретін едік, анау адайдың қарғадай баласынан жеңіліп қалдыңыз-ау».

Сонда Тұманшы былай депті:

– Мен жеңілдім бе?! Ол жігіт менен жол сұрады. Ал мен қаракемпірлер мал тартады деп, Құдайға күнәлі болуға, ата-баба салған жолды бұрмалауға тиістімін бе!

БІЗ –АДАЙ-ҚОСЫМ ДЕГЕН ЕЛМІЗ

Тұманшының тұсында қонысқа керекті жер-суды бөліскенде, бес шеркештің ақсақалдары мен билері ақылдаса келе, Қарабаудың қасындағы Сарыкөл деген көлді «Бес шеркештің ағасы – Қосым ғой» - деп, қосым Тұманшыға артық сыбаға етіп, қалдырған көрінеді.

Сонда Тұманшы би былай депті:

– Уа, ағайын, сіздерге көп-көп рақмет! Бірақ мен Сарыкөлді де, басқа бөлген жерлеріңізді де алмаймын. Өздерің ретіне қарай бөле беріңіздер. Біз – адай-қосым деген елміз. Біздер үшін көшкеніміз- айт, қонғанымыз-той. Қыста Маңғыстауға, жазда Арқаға көшеміз.

Кейіннен Тұрманшының баласы Бимырза бидің: «Шеркешпенен атам бір, адайменен батам бір», - деуі осының негізінде айтылған сөз екен. Үлкендердің айтқанындай, Он екі ата Байұлы ұрпақтарының адай, қосым деп, қосып айтуы осыдан қалыпты.

ЖАМАН БОЛСАҢ – ЖАЛҒЫЗСЫҢ

Тұманшы би қайтыс болар алдында баласы Бимырзаға:

– Сен, кіндіктен жалғызбын деп жылама! Жаман болсаң жалғызсың, жақсы болсаң бес ағайынды емессің бе? Бес шеркештен сендей бес бала тумады дейсің бе ! –депті.

БИМЫРЗА БИ ТҰМАНШЫҰЛЫ (1837-1910)

Бимырза би атақты Тұманшы бидің баласы, өз ауылындағы әкесінен кейінгі даңқы шыққан аузы дуалы би. Тегі жағынан Қосым шеркештің ұрпағы, оның ішінде Мырзамбет тармағынан шығады. (Шеркеш-Қосым-Мырзатай-Мирас-Мырзамбет-Сары-Қожамқұл-Өтеген-Тілеу-Тұманшы). Ел арасында беделді болған. Ұрпақтары Атырау облысы, Жылыой ауданында тұрады..

ҚОНАҚҚА «КЕТ» ДЕСЕЙШІ !

Бимырза бидің шешендігімен қатар, қолының қарулылығы да ерен екен. Бірде ол жолаушылап келе жатып, бір үйде құдайы қонақ болыпты. Әкесімен сөйлесіп отырған қонақты әлгі үйдің ойын баласы олай өтсе де, былай өтсе де қағып кете береді. Үй иесінің баласына «қой» дерін күте-күте шаршаған Бимырза:

– Әй, шырағым, мынаның бас-аяғы бола ма. Баланы сірә, «тек» десейші! Нә, қонаққа кет десейші! - депті де, әлгі жігітті жақтан бір қондырыпты. Би жас кезінде шамалы кісіні тұсаумен ұрып жыға береді екен, үй иесін де ұшырып жіберіпті.

Қанағаң мұрнын сүртіп келіп қайта отырған әлгі жігіт: «Биеке, кешіріңіз, бұл баланы еркелететін жайымыз бар еді, балаларым өліп-өліп, бұл өлімсарқыт болған ұлым ғой!-дейді. Сонда:

-«Әдепті бол!» дегеннен өлген баланы көріп пе едің, - деп, Бимырза әлгі сорлыны тағы ұрыпты.

Кейде ащының тәуір сабақ болатыны бар ғой, өзі үшін ішпей-жемей екі рет таяқ жеген әкесін көрген әлгі шолжың бала тентектігін қойып кетіпті.

БІЛЕУЛІДЕ БҮЙТЕСІҢ

Қазіргі Мақат кентінен 5-6 шақырым жердегі Қарабау жағында жайлау бар. Онда Жайынбай құдығы болыпты. Құдықтың суы тапшылау екен, бір күнгі өнген суы 10 шақты қараға ғана жетіпті. Ал бұл құдықтан 10 шақырымдай қашықтықтағы «Білеулі ата» деген жерде де жайлау болыпты. Онда мол суы 600-700 жылқыға, мыңдаған қойға жететін құдық бар екен. Ертеде мұны байлар мекендеген еді, қазірде бұл жайлауда мал бағылады.

Бір жылы Бимырза атқосшыларымен бірге (ішінде Сәду де бар) осы жайлаумен келе жатады. Жолда Білеулі ата құдығына түсіп, аттарын суаруға ниет етеді. Құдық басына жеткен соң аттарының ауыздығын алып, астаудағы суға жібергенде, қасындағы бір жас мырза олардың аттарын бастарынан ұрып, суартпапты. Атқосшылары онымен шатасайын дегенде, Бимырза қойыңдар депті де, ат басын бұрып ілгері жүре беріпті. Сәл жүрген соң артына бұрылып қарап, байдың әлгі жас мырзасына: «Білеуліде бүйтесің, Жайынбайда қайтесің? Жас басыңнан бүйтесің, картайғанда қайтесің?» - дейді.

Олар кеткеннен кейін өз аулының жанынан, алыста тұрып көрген бай құдық басына келіп баласынан: «Келген кісілер кімдер екен, не деп кетті?»- деп сұрайды. Баласы: «Әй, қаңғыған жолаушылар екен, аттарын суарғысы келген еді, мен суартпай жібердім»,- депті де, Бимырзаның айтқан сөзін айтыпты. Сонда оның әкесі: «Әй, балам-ай, бекер істеген екенсің, мұның үлкен әбестік болған екен. Осы жақта Бимырза жүр деп еді, мынау сол болмағай»,- деп, қатты қиналыпты.

Бимырзалар қайта айналып келе жатқанда, әлгі жас мырза кенеттен қайтыс болғанын естіпті. Бәрі де құдайдың ісі ғой.

ЖІГІТ БОЛҒАНЫН БІЛМЕЙДІ

Адайдың Қаржау деген аталығында Найзабек деген атақты азамат болыпты. Бір күні оның ауылына қонақтар күндегіден де көбірек келіпті. Соған орай қайта-қайта мал сойылып, қонақтардың бірін күтіп алу, ал екіншісін аттандыру шаралары қабаттасып кетеді. Әбден шаршаған Найзабек соңғы қонақтарын аттандырған соң жігіттеріне: «Мен қатты шаршап тұрмын, енді аздап демалғалы тұрмын. Енді қандай қонақ келсе де, тіпті әкем Құлбас тіріліп келсе де, оятпаңдар», - деп тапсырма береді де, ұйқыға кетеді.

Біраздан соң бұл ауылға қасында 2-3 кісісі бар Бимырза келеді. Келе: «Найзабек қайда? Біз қонақпыз, түсуге рұқсат сұраймыз», - дейді. Ауыл жігіттері оның 2-3 күн бойы қонақбасты болып жүріп, жаңа ғана демалуға жатқандығын түсіндіре келіп, байдың әлгі сөзін айтыпты. Сонда Бимырза: «Оят, Найзабекті әкесі Құлбас емес, оның әкесі келіп тұр деп, тез айт!» - дейді. Байдың жігіттері барып оны оятады, келген кісінің сөзі мен тұр-түсін баяндайды. Найзабек қонақты іргеден қарап таныпты да, үйінен жүгіре шығып, биден кешірім сұрап, қонақасы беріпті. Қонақасы үстінде Бимырза:

– Халық «Ат толғанын білмейді, жігіт болғанын білмейді» дейді.. Сен халқыңа «Найзабек» деген жақсы атағыңды шығарып едің, бүгін аз ғана шаршадым деп, сол атағыңды өшіргің келді ме? - дейді.

Найзабек :

– Биеке, кешіріңіз, менен бір білместік болды, - депті.

ТӨСЕККЕ ЖАТЫП, ТӨЛДІ БҰЗДЫҢ

Бір жылы қасында Сәду бар, Бимырза би жолаушылап келе жатып, адайдың бір мырзасының үйіне түсіпті. Бұл үйде ағайынды екі жігіт тұрады екен. Оның үлкені тек қана ошақ қасы, от басы болған, түсінігі аз адам екен де, кішісі елге белгілі тәуір жігіт болыпты.

Қонаққа әдеттегідей мал сойылып, шай беріледі. Шай үстінде кіші қожайын қонақтарға бір-екі жас баланы ағамның балалары, інілерім деп, бір әдемі әйелді: «Туған жеңгем, мына балалардың анасы», - деп таныстырады. Ал ағасының жолаушылап кеткендігін, қазір келіп қалуы мүмкіндігін айтады. Би: «Жеңгесі көрікті екен, ал балалары ажарсыз болды. Әкелері осындай ма екен?» - деп ойлап отырады.

Сәлден кейін күтуші жігіттердің бірі отағасы келгенін хабарлайды. Сөйтсе, кіші қожайын оларға ағай келсе, маған хабар бересіңдер деп тапсырма берген көрінеді. Үй иесінің інісі үйден шығып, ағасына барады да, оны оңашалап, үйде бидің отырғандығын, сондықтан оның аузына не болып, тыныш отыруын сұранады. Сосын оны үйге кіргізеді.

Үйдің иесі қонақтармен амандасып, төрдегі қонақтардың жанына жайғасады. Бірақ үйді алып кеткен жаман иісі мұрынды жарып, отырғызбайды. Сөйтсе әлгі қожайын даладан етігімен адамның нәжіс дәретін басып келген екен. Ол етігімен бүдірген көрпе-төсеніштер жинап алынады, жаңадан төсеніштер төселеді. Әлгінің етігі шешілін алынады. Бұдан кейін үйдегі әңгіме қайтадан жанданады. Бірақ әлгі қожайын, інісінің маңағы ескертпесін ұмытып, әңгімені жөн-жосықсыз бөле беріпті. Ақыр соңында Бимырзаға қарап: «Ой, әлгі жұрттың «Бимырза» деп жүргені осы ма еді, мұның басқа жұрттан несі артық. Бұл да екі етік, бір тымақ екен ғой!» - дейді. Сонда оған жалт қараған Бимырза :

– Ой, найсап, не оттап отырсың?! Бимырза «екі етік, бір тымақ» болмай, төрт аяқты хайуан деп пе едің? Әлде екі басты жылан ба деп пе едің?! Өзіңе қарашы?! Сен төрге шығып төрді бұздың, төсекке жатып, төлді бұздың, сөйлеймін деп, сөзді бұздың. Қысқарт енді! - деп ақырыпты.

Сонда үй иесінің інісі: «Ай, отағасы-ай, өлтірдің-ау!» - деп, жер шұқып қалыпты

КӨЖЕСІЗ ҮЙДІ ТОҚ ДЕМЕЙМІН...

Бір жылы Бимырза, ішінде Сәду бар,он кісімен Қызылқоғаға сапарлап шығыпты. Сапардың мақсаты- бір дауды бітіру екен.

Күздің мезгілі болса керек.Тайсойған бойында отырған шеркештің Қылышкестен атасының азаматы Жақсы дегеннің ауылына келеді.Ол 700-800 қойы,500-600 жылқысы,келелеген түйесі бар, дәулетті кісі екен.Жақсы кешке қонаққа шайын, артынан бір-бір аяқтан шұбат-көже береді.Бидің қосшылары көжені ішпей,еріндерін тигізген күйі кері қайтарып беріпті.Бимырза бір аяқ көжені қағып салыпты да,серіктеріне қарап:

-Көжесіз үйді тоқ демеймін, бұйырғынсыз жерді от демеймін. Көжені неге ішпейсіндер,немене күнде үйткен қойдың етін жеп жүр ме едіңдер?!-дейді.Серіктері ештеңе деместен далаға шығып кетеді.

Үй иелері Бимырзаға үйге төсек салып береді.Қалғандарына сыртқа жатуға тура келеді.Оларға астарына төсеуге бір өре киіз,үстеріне жамылуға бір өре киіз береді.Жігіттер ер-тоқымдарын және көпшіктерін пайдаланады.

Күздің түні әрі ұзақ, әрі салқын.Жігіттердің ұйқылары келмепті,оның үстіне байдың жөнді қонақасысын көрмегендіктен қарындары аш,ұлып жатыр.Түн ортасы ауа түнекте жатқан жігіттер бір-біріне сыбырласыпты.Олардың үлкені Төреғазы;

-Тыныш жатыңдар,дыбыстарыңды шығармаңдар! Биекең естіп қалмасын!- деп әмір береді.Ал үйде жатқандар сырттағыны естімепті.

Таңертең оянған жұрт қасқырдың салып кеткен ыланың бір-ақ көріпті. 40-50 қой арам өліпті,100 қаралы қойдың ішін жарып,құйрығын тартып кеткен екен.

Жақсы бай таңертеңгі шай үстінде былай депті.

-Биеке,кеше күннің сәті болмай қалып,мал соя алмап едім,бүгін мына малдың біреуін жеп кетіңіз!

Сонда Бимырза;

-Ей,Жақсы,не айтып отырсың? Мені қосым Бимырза Қылышкестен Жақсылық ауылында екі күн жатып,қасқырмен бірге бір қойын тартып жепті деген атаққа қалдырайын деп отырсың ба .Бұл қой әуелден бізге бұйырмай,қасқырға бұйырып тұр ғой.Маған да сойғызбаған Құдай шығар.Біз енді жүреміз,-деп жауап қайтарыпты.

Ауылдан аттанып,жолда келе жатқанда бидің қосшылары: «Құдай бар екен,әлгінің сарандығын көзіне көрсетті ғой.Өзіне сол керек!»- дейді. Би: «Сендер олай деменДер,бәрі де Құдайдан болған іс.Ертең жол-жөнекей қонақ болудан жолдарыңнан қалып жүрерсіңдер»,-деп ескертті.Айтқандайын,оларды былай шыға бере қонған ауылы да,түстенген ауылы да малдарын сойып,жіберместан қонақ қылыпты.Бұлар: «Асығыс едік, рақмет, жүруге рұқсат етіңіз!»-десе,көбісі:«Биеке, құдайға Бимырзаға кездестіре көр деп бір мал садақа айтқанбыз,сол малымызды сойып жатырмыз»,-деген екен.

САРАНДЫҒЫМДЫ ҚУАНА-ҚУАНА ТАСТАП КЕТЕР ЕДІМ 13

Тұрлан батырдың баласы Бекмағанбет би Бимырзамен жасы қатар болғанымен,жұрт Бимырзаны артық санапты.Сондықтан ішіне қызғаныш кірген Бекмағанбет: «Осы жұрт неге менен Бимырзаны артық санайды? Бимырза

қосым болса,мен қойысның. Ол Тұманшының баласы болса,мен Асаудың Тұрланының баласымын.Неге мен одан кем саналамын?»-дейді екен кейбір отырыстарда.

Бір жолы бұлар жоғарыда жатқан әлммен, табынмен дауды болып,ішінде Бекмағанбет бар,40-50 шеркеш жолаушы шығады. Түстік мезгілде бұлар жайлауда отырған бес-алты ақ боз үйді көреді.Сонда Бимырза Бекмағанбетті сол үйге жұмсапты: «Бекжан, біз төрт-бес кісі емес,қырық-елу кісіміз ғой. Сен ана ауылға бұрылырақ барып,түстік ішуге рұқсат сұрашы?»- депті Бекмағанбет: «Жақсы, Биеке, барайын»,-дейді.

Қасына төрт-бес кісіні ерткен Бекмағанбет ауылға бұрын жетіп: «Сөйлес,» -депті.Үйден мырзасы шығып: «Айта беріңіз, құлағым сізде»,- дейді.Бекмағанбет өздерінің шеркеш екендігін айтып: «Біз жолаушылап келе жатқан қырық-елу кісі едік, сіздің ауылға ат шалдырып ,шай-су ішіп кетуге рұқсат сұраймыз»,- дейді.

Сонда әлгі мырза: «Апырым-ай, шеркештің де ас-су ішетін аузы бар екен ғой?! Жаздың күнінде жолаушыға бір аяқ саумал бермейтін шеркешке рұқсатым жоқ,жолыңнан қалмай жүре бер!» -депті.Бекмағанбет бұған ештене дей алмай,орнында тұрып қалыпты.

Соның арасынша жолаушылардың кейінгілері де келіп қалыпты.Бимырза келе: «Ау,Бекжан,неге тұрсың?»-деп сұрайды. Бекмағанбет оған: «Әй,Биеке-ай, шеркештің сарандығы тағы да алдымнан шығып,соған ренжіп,кідірістен тұрғаным дағы»,-деп жауап беріпті.Сонда Бимырза дауыстап,былай деген екен:

-Туу,Бекжан-ай,оның несіне ренжіп тұрсың? Шеркештің байлықтан,биліктен,батырлықтан ешқандай кемдігі жоқ.Біздің кемдеу жеріміз-осы сарандық еді.Оны да мына ауыл алып қалам десе,қуана-қуана тастап кетер едім.Жолдан қалмайық онда. Ал,жүріңдер!

Мұны естіген үйдің мырзасы үйінен жүгіре шығып,бұлардан кешірім сұрап,қонақасын беріп аттандырған екен.

Бекмағанбет осы ауылдан аттанып шыққан соң: «Мен Бимырзадан артық болмасам,кем емеспін деуші едім.кемдігімді бүгін білдім,халық біледі екен!»-деп мойындапты.

ЕТ ДЕМЕСЕҢДЕР –БЕТТЕМЕЙМІН

Бимырза ешкімнен пара-пайда алмаған би болыпты. Сондықтан да бай болмаған,орташа күнелтетін жағдайымен өмір сүріпті.

Бір күні Бимырзаның үйіне үш-төрт кісі келіп,қонуға рұқсат сұрайды. Би оларға рұқсат беріп алып,былай депті: «Бірақ, сендер, ет демесеңдер,мен кет демеймін».Бұлай дегені соятын малы бола қоймағандықтан,қонақтарға өлі ет асып беруге мәжбүр болып отырғандығын ескерткендігі екен. Ал қонақтар Биекең нендей тағам берсе, риза болады екен. Оның бір сөзі бір қараға теңелетін болыпты.

ТАҢМАҒАНБЕТ БИ ҰЛАНБЕКҰЛЫ (XIX ҒАСЫР)

Руы Сары қосым,оның Келдіғұл атасынан 20 жылдай шетте жүріп,оның ішінде Бұхарада білім алған.Билігімен қатар ақындығы да болыпты. Өзінен туған баласы Абдолла елге ақын ретінде танылады. Туысы әрі құрдасы Бимырза Тұманшыұлы билік айтқандықтан бір ауылда екі кісі қатар билік айтпайтындығы себепті төрелік беру ісіне араласпаған.Ауылдастары Бимырзамен,Жәркенмен өте тату болыпты,әзілдері жарасқан жандар екен.

«ОЛАРҒА ЕРГЕН БІЗ –ТЕНТЕК»

Бір күні бұрын татулықтарына сын болмай келген Сары қосымдар Жәркен мен Бимырза іштей ренжісіп қалыпты. Бірақ бұл жайды Таңмағанбет пен Бимырзаның үлкен баласы Артығалидан басқа ешкім білмепті. Оның жайы былай болған.

Бимырза шыққан Қожамқұл атасының бір баласымен Жәркен туған Келдіғұл атасының бір қызы көңілдес болып жүргенде, оларды Жәркеннің үлкен баласы Тілеумағанбет ұстап алып, жігітті сабап жібереді.Ол жігітті: «Ағайын арасына жік салып,алыстатқалы жүрсің»,-деп кінәлайды. Ал әлгі жігіт: «Қызды кім алмайды,қымызды кім ішпейді» деген. Қыз алыспағанмен, қызға баруға болады ғой»-депті. Реніш осыдан туыпты.

Бір күні ауыл көшіп,басқа жерге қонатын болады. Таңмағанбет,Жәркен және Бимырза жерді белгілеуге кетеді.Сәлден кейін жұрт Бимырзаның бір төбенің ,Жәркеннің бір төбенің басында тұрғандығын көреді. Бұлардың бірге қонбауға,бөлек-бөлек орналасуға ниет еткендігін байқаған Артығали әуелі өз шешесіне,содан кейін Жәркен үйіндегі шешесіне барып былай дейді:

-Мына екі шал бір нәрсеге келіспей қалған болуы керек.Көрдіңіздер ме,екеуі екі төбеге қонуға шақырып тұр.Сіздер екеуіне де бармай,анау ортаға барып,жүктеріңізді түсіріңіздер,үйлерді тіктіре беріңіздер.Олар кісі жіберсе, сіздер біз баяғыдан келе жатқан іргемізді бөле алмаймыз.Мұндағы қатын-баланың татулығы мен бірлігі бұрынғыша өзгерген жоқ.Олардың неге бөлек тұрғанын біле алмадық,-деп тиісті шараларыңызды жасай беріңіздер.Мені сұраса, мал іздеп кетті дерсіздер.

Мұны құп алған екі ана дәл солай жасапты.Екі шал амалсыз оралған соң болған жайға қанығады.

Таңмағанбет кешке бір малын сойып, Бимырзаны, Жәркенді қонаққа шақырады. Олар үйге келгенде Таңмағанбет әуелі Жәркенге:

Осы күнгі тәуір көрем сені, Жәркен,
Сен неге жек көресің мені, Жәркен?
Бижанның таудай толқын ақылының,
Сенде жүр,осы күнде дені,Жәркен, - дейді.

Ал екеуіне арнап:

Қызықтырған қыз тентек,
Қызға барған жігіт тентек.
Келістірген келін тентек,
Оларға ерген біз тентек!- деп екеуін татуластырыпты.

Бұны Таңмағанбет көңілдері қалған екі құрдасты ағайындық жолмен татуластыру мақсатында және Бимырзаның бұған Жәркен менен гөрі жақындау,бұл соның сөзін сөйлейді дегенін естіген соң айтқан екен.

Жиналған жұрт: «Бұл екеуі араз ба еді?!»-деп таңданысыпты.Содан кейін оны ешкім сезбеген екен.

ҚҰТТЫ ҚОНАҚ КЕЛСЕ, ҮЙ ИЕСІНІҢ ТҮЙЕСІ

Бір күні қасында атқосшысы бар Таңмағанбет Сүйініш шеркеш Асау Тұрланның баласы Бекмағанбеттің ауылына қонақ болыпты.Бекмағанбеттің бір әдемі,жақсы інген түйесі бар екен.Таңертең таң намазы алдындағы дәретке шыққан ол осы түйесінің желіде өліп жатқанын көреді.Түйе үйелеп өлген.Асығыстау дәретін алған Бекмағанбет үйге асығыпты.Өлген түйесіне ренжудің орнына қуанып:

-Ау,Таңжан,Таңжан!-деп айқайлапты

Үйдегі Таңмағанбе.:

-Әппай,тақсыр!-дейді.

Сонда Бекмағанбет оған былай дейді.

-Бұрынғыдан келе жатқан сөз бар еді: «Үйге құтты қонақ келсе қой егіз табады,ал құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабады»,-деген.Ал менің бір буаз інгенім желіде арам өліп жатыр екен. Сонда сен қандай қонақ болғаның,Таңжан-ау?! Таңмағанбет оған былай деп жауап беріпті.

-Әй,Бекжан,осы шатастырып тұрсың,бұрынғылар олай демеген.Оның дұрысы былай ғой.Үйге құтты қонақ келсе, түйесі өледі,құтсыз қонақ келсе,үй иесі өледі! Иншалла,мен құтты қонақ болдым, бұл өзіңе келген ажал екен,ол түйеңе ауып кетті.Ендігісі –сен бір малыңды сойып,садақа бер!

Бекмағанбет сол айтқанды жасап,бір еркек қойын сойып,садақа беріпті.Жүргелі тұрған Таңмағанбетті өзің айтқан садақаны таратқалы жатырмын,-деп жібермей,садақадан кейін әзер жіберіпті.Бұлар бір-бірін қимайтын шын достар болған екен.

СЫПАЙЫНЫҢ САРҚЫТЫ АЗ КЕЛЕДІ...

Таңмағанбет пен Бекмағанбет бірге жолаушылап келе жатып,бір үйге түстенеді.Екеуінде де табиғат берген кемшілік бар екен.Таңмағанбеттің бір көзінің аздап кемдігі болыпты,ал Бекмағанбеттің басы төбел таз екен,оны білдірмес үшін ол дастарқанда отырғанда төбесіне телпек киіп отырады екен.

Осы үйдегі дастарқан үстінде Бекмағанбет құрдастығын пайдаланып,Таңмағанбетті: «Әй,соқыр!»-деп,қайта-қайта айта беріпті.Ал Таңмағанбет құрдасының көрінбей отырған таздығын аңғарып,тізесін бүгіп,ет дастарқанынан табақ алып жатқан келінге былай депті:

-Көп жаса, қарағым! Сыпайының сарқыты аз келеді,қонағының бірі соқыр, бірі таз келеді.

Ақылды адамның осындай астарлы сөз ләмін астарынан ұққан әлгі келін ақылсыздар құсап: «Мен соқыр болсам, сен тазсың ғой»,-дегенді айттырмастан-ақ, қонақтарының кемшіліктерін түсіне қойыпты.

СЕН ҚОС АТТЫСЫҢ ҒОЙ

Таңмағанбеттің білімділігі құрдастары Бекмағанбеттен де, Бимырзадан да, Жәркеннен де артық болыпты. Таңмағанбет оларды әзілдегенде,билік жөнінен де жеңе береді екен.Бірде осындай кезекті әңгімеден соң Бимырза:

-Ой,Таңжан-ай,сен қос аттысың ғой. Қос атты кісіге дара атты кісі не тұрыпты,ал мен жеңілдім,-деп уәжден құлағандығын мойындапты.

.ШЕРКЕШ СҮМЕСІН БИ МЕН ТҰМАНШЫ НЕМЕСЕ АҒАШ ПЕН БАЛТА САБЫ ТУРАЛЫ ТӘМСІЛ (XIX ҒАСЫР)

Бұл кісі шеркештің Сары Қосымының Қожамқұл атасынан шығады.Тұманшы бимен аталас екен,бір-екі жас кішілігі болыпты.Өз еліне қадірлі кісі болған.

***

Тұрлан батыр Асауұлын патшаның жиырма-отыз қарулы солдаты тұтқындап әкетіпті дегенді естіген соң Тұманшы би қасына 40-50 жігітті алып,батырды айырып алуға аттаныпты.Алдынан кездескен Сүмесін би сұранты:

-Тұмеке,жол болсын,қайда жүрдіңіз? Тұманшы:

-Арыстанымды патшаның солдаттарынан айырып алып қалуға барамыз,-деп жауап береді. Сүмесін:

-Тұмеке,мені тыңдасаңыз,кейін қайтыңыз! Бұл мына жайтты еске түсіреді. Ертеде суы жоқ шөлейт жерге аспанмен таласқан екі бәйтерек ағаш өскен екен.Тамырлары тым тереңге кеткен,өздері жуан,адамның құшағына сыймайды.Соның біреуі айтыпты дейді: «Бізді кескелі бір күні балта келеді». Екіншісі айтыпты: «Ой,алақандай балта бізге не істер дейсің?! Сонда біріншісі айтатын көрінеді: «Ол балтаның сабы ағаштан, өзімізден көрінеді».Оны естіген екіншісі: «Ә,сабы өзімізден болса, кесетіні анық болар», -депті.

Сол айтқандай, бұл Тұрланның ұсталуына себеп болып отырған әлім де емес,жетіру да емес. Ол екі ата Байұлының басқасы да емес,өзіміздің шеркештің Қойысының Сақауы.Соның жансыз болып,хабар беруінен болып отырған жоқ па?-дейді.

Тұманшы: «Мұның дұрыс екен»,-деп кейін қайтыпты.

БИМЫРЗА ТУРАЛЫ

Бимырза бірде қасында он шақты адамы бар,жиһақталып қалған даулы мәселелерге билік айту үшін Көкжарға (сол кездегі жәрмеңке) келеді.Демалып,келесі күні қасындағы жолдастарымен Көкжардың базарын аралып келе жатса, бір үлкендеу кісіге жолығып: «Ассалаумалейкум!»- деп Бикең сәлем береді.Ал ана кісі сәлемін алмастан қолындағы қамшымен тартып жібереді. «Базар менікі емес пе, менің базарымда не жұмысың бар?»-дейді.Қасындағы кісілер аң-таң қалады.

Бимырза: «Жиһақталып қалған даулы істер бар еді,соны шешу үшін келе келгенбіз»,-дейді.

-Ә,олай болса үйге жүріңдер,қонақ болыңдар,-деп үйіне ертіп барады.Мал сойып,қонақ қылып,құрмет көрсетеді.Түнімен келелі әңгіме айтып,таңға жақын тарасады. Үйлеріне қайтып келе жатқанда Биекеңнің қасындағы қосшылары:

-Биеке,біз түсінбей келеміз. Мана менің базарымда не жұмысың бар,базар менікі емес пе деп қамшы жұмсадың,артынша үйіне апарып, құрмет көрсетіп,қонақ қылды, - дейді.

Сонда Бимырза:

-Ә,оның мәнісі бар. «Базар менікі дегені,базарда нең бар дегені,баласының жоқтығын айтып,көңіл көтеру үшін ермек ететіндігін айтқаны.Сенің бала-шағаң бар,өз базарың өзіңде дегені ғой»,- депті.

Бұл кісі Таз руының Келдібай бөлімінен шыққан Дәден деген атақты кісісі екен.

ЖӘРКЕНҰЛЫ СӘДУ ТУРАЛЫ

1915 жылы Сәду Жем бойында Жұбан тамы деген жерде қайын жұрты адайдың Тінейінің Шам және Талпақ деген байына қонаққа барады.Талпақ төртбақ денелі адам екен.Шам - Талпақтың ағасы. Шай мен еттің арасында 4-5 кісі біртіндеп келіп,сырттан Талпақтан бұйым сұрайды.

Сәду әрі-беріден соң бұл не қылған адамдар деп жөнін сұрайды.

Талпақ сонда:

- Әй,Сәдужан, біз даулы баймыз ғой. Өзің көріп отырған ет пен шайдың арасында 4-5 адам келді.Мінерге ат сұрады,болмаса жылқы сұрайды,бәріне бірдей беру мүмкін емес.Көңіл-күйлеріне қарап, екі-үшеуіне бересің,ал екі-үшеуі ала алмайды.Алған кісілер Талпақ мырза, бай деп кетеді. Ала алмағандар бұйымшалап барып едік,Талпақтың жайын білдік деп, іштей болса да өкпелеп кетеді.Сонда даулы бай болмай, кім болғанымыз. Ал мырза бай Шам ғой,оның жылқысы қанша берсе де ортаймайды депті.Сол кезде Талпақта 1000-ға тарта жылқы болған екен.

***

1928 жылы Талпақты бай деп Көкжарға апарып қамайды.Қасында кіші әйелі бірге болады. Бұл жайды күйеу баласы Сәду естиді.Көкжарға барып. Талпақпен дидарласуды,сәлемдесуді ойлайды.Апаратын Сәдуде ештеңе жоқ.Сол себепті өзінің сыйласы ақын Таңмағанбетұлы Абдоллаға барады. «Әбеке,Талпақ елдің азаматы еді,басына іс түсіп, Көкжарда жауапта көрінеді.Сол кісіге барып,сәлемдесіп қайтайын деп едім,апаратын ештеңенің реті жоқ.Маған Талпаққа арнап өлең шығарып берші,жаттап алып айтайын», - депті.Сонда Абдолла ақын 15-20 шумақ өлең шығарып берген екен.Сол өленді Сәду жаттап алып, Көкжарда жауапта жүрген Талпаққа келіпті.Амандық-саулық сұрап болғаннан кейін жаттап алған өленін айтып беріпті.Өленге риза болған Талпақ: «Сәдужан,саған риза болып отырмын,өзіңнен мұндай жыр шығуы мүмкін емес. Қара сөзге шешен болғанмен, өленге жоқ сияқты едің. Өлең шығарған кім де болса азамат екен.Мына сүргіннен аман-есен елге оралатын күн болса, мына жыршыңмен мені кездестірерсің. Сый-сияпатым мойнымда»,- деп үлкен тебіреніспен риза болған екен.Сәду бір аптадай бірге болып,әңгіме, дүкенге мейлінше қанығыпты.Ал Талпақ сол кеткеннен оралмай, ұлы көшпен бірге кетіпті.

Сойткен дүдәдүл ақын Абдолла атамыз кешегі 1933-тің ашаршылығында қайтыс болыпты.

ТҰМАНШЫ МЕН МӘМБЕТНИЯЗ

Ертеде адайлармен құлыққа таласкан қақтығыста Шумақ шеркеш Малбайдың туған ағасы Кенбай қайтыс болыпты. Содан шеркеш ауылынан күн сұрауға Маңғыстауға Тұманшы би бастаған 50-60 адам барады. Ішінде Қаракемпір шеркештің бий Бөлекбай, жауғанты Андағұлдан Алакай батыр, Шумақ шеркештен Нұрсұлтандар бар.Келсе адайдың бий Мәмбетнияз Үстіртте даулы іске билік айтуға кетіпті.Содан адам жіберіп шақыртыпты.Мәмбетнияз 9 күнде келіп,3 күн тыныған, билікке шығады.Төбенің басына екі жақтың билері мен батырлары ортаға шығады. Тұманшы би бір аяғын сылтып басатын кісі екен. Оның әдеті билікке шығар алдында дәретін алып,намазын оқып шығады екен.Күннің қай мезгілі болса да әдетке айналдырған. Қаракемпір Бөлекбай бастаған топқа: «Сендер бара беріңіздер,мен қазір намазымды оқып барамын»,- депті.Билер бас қосқан соң Бөлекбай алған рет құн сұрайды.

-Әй, Мәмбетнияз, мына отырған Молбайды көріп отырсың. Өлген Кенбай осының ағасы еді. Інісі мынадай болғанда,ағасын айтпаса да түсінікті ғой. Молбай өте денелі, әрі келісті, келбетті жігіт екен. Жеті мүшесіне 7 кісінің құнын төлесе де болғандай, бірақ та оған бармай-ақ қоялық, екі кісінің құнын бересің деп сөз бастапты.

Сол кезде Мәмбетнияз би:

-Әй,Бөлекбай, не айтып тұрсың?- деп ақырыпты.Өлсе қақтығыста бір адамың өлді,ажалы жеткен болар.Бір кісінің құнын алсаң да тақияңа тар болмас,- депті.

Намазын оқып болып, Тұманшы би ортаға келіпті.

-Әй, Мәмбетнияз, даусың катты шықты ғой. Далада жүріп 9 күн күттік, 3 күн демаламын деп, барлығы 12 күн күттік.Сонда дауға дұрыс билік айтады ғой деп сенген Мәмбетниязымыз сен болдың. Арғымақ пен мәстек бірдей, Батыр мен қойшы бірдей.Сен мықтаса сол бір батырдай-ақ боларсың.Қолымыз жетсе, Мәмбетнияз батырды өлтірерміз,қолымыз жетпесе қойшыны өлтірерміз.Тұрысатын жеріміз осы.Тұрыңдар!- деп өзінің адамдарына ақырған екен.Бір топ батырлар ішінде андағұл Алакай батыр бастаған топ отырған жерінен өре түрегелген екен. Сол кезде Мәмбетнияз би:

-Әй, Тұманшеке, тоқтай тұрыңыз! Ақылға келейік,- деп екі кісінің құнына келіскен екен.

Жолда келе жатқанда Тұманшы бидің қасындағы жолдастары:

-Әй, Тұманшы, неге келісе салдың. Бір қиғылықты салар едік,болмады ғой,- депті.

Сонда Тұманшы:

-Әй, боска сөйлеп келесіңдер,біздің қасымызда 50-60 адам ғана бар.Көп қорқытады,терең батырады екен. Адай деген Кіші жүздей көп ел ғой. Онымен жауласуға бола ма? Өз бәсіңді өзің білмей келесіңдер ғой,- депті.

МӘМБЕТНИЯЗ БЕН ЕСЕТ

Адайдан шыққан Мәмбетнияз атақты билердің бірі болған.Нағашысы Қаратоқай беріш Есет батыр екен. Есет батыр жасы ұлғайған шағында Мәмбетнияздың атағы шығып тұрған кезі екен. Содан Есет батыр қасына 5-6 адам алып, Мәмбетнияздың ауылына барайын,жасым болса ұлғайды,сәлемдесейін әрі батамды берейін деп қыдырып келген екен.Келсе Мәмбетнияз билік айту үшін кетіп қалған.Хабар жіберіпті.Мәмбетнияз келгенше ауыл қонақтарды жақсы қарсы алыпты. Сонымен Мәмбетнияз келген соң арнайы қонағасын беріп,маңындағы батырбилерді шақырып құрметтеп,әңгіме-дүкен құрыпты. Бірге болған би,болыстар: «Ауылға жақсы келдіңіз,бойыңызды жазып қонақ болыңыз»- деп, бірінен соң бірі шақырыпты.Ертесіне шай ішіп болған соң Есет батыр:

-Әй, Мәмбетнияз,мен елге жүрейін,- депті.

-Ол, ол не қылғаныңыз,аунап-қунап демалыңыз.Сізді ауыл ақсақалдары қонаққа шақырып кетті ғой,ұят болмай ма?-депті.

-Әй, Мәмбетнияз,атағың елге таралған әділ би ретінде танылдың,бір елді басқарып,атағың одан жоғары өрлеп келеді. Мен де пендешілікпен мақтанушы едім. Жиенім елге танымал азамат болды,жасым ұлғайды, батамды берейін деп келіп едім. Ол ойымнан шыққай отырсың. Әйел үйдің ажары еді,бала үйдің базары еді. Сен 3-4 күн жоқ болғанда әйелдер жағы күлімдеп,балалар еркін жүрген еді. Сен келгелі кешеден бері әйелдер жағы аяғын аңдап басады,балалар жалтақтап, қай жағынан шығамын деп үркектеп, үрейленіп жүр. Қонақ аз отырып, көп сынайды деген От басына тым қатал екенсің.Бұл -ер адамға жараспайтын қылық.менің қарным ашып қалды,- деген екен.

-Нағашыеке, кешіріңіз,сіздің айтқан уәжіңізді түсінікпен қарсы алам. Болашақта қайталанбайды, - деп қолын ұсынып,ғафу өтініпті.

Есет батыр жиенінің айтқанына тоқтап, 5-6 күн қонақ болып, батасын беріп аттанған екен.

СӘДУҰЛЫ МЫҢБАЙДЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕН

Шеркеш Қосымда Қара деген бай болыпты.Байлығы мен ойлылығы бірдей екен. Адайдың Олжашы Жеменейінен шыққан Аранжан деген батырға қызын ұзатыпты. Қараның келе-келе түйесі,қора-қора қойы,бірнеше табын жылқысы болыпты. Сол түйелердің ішінде көзге ерекше көрінетін қызыл нар бар екен. «Барлық түйеге кілем жарасар, бірақ оның ішінде нарға кілем жарасар» дегендей, ол нарға ештеңе арттырмай, жеке күтеді екен

-Бұл нар өлсем, сүйегімді жеткізер сенімді қаруым ғой,- депті. Ол кезде көшіп жүреді,қай жерде өлсем де осы нар сүйегімді апарады дейді екен. Жыл сайын наурыздан кейін күйеу баласы Аранжан көрісіп келеді екен.Кетерде күйеу баласына батасын беріп,бұйымын сұрайды екен.

Сонда қызыл нарға қызыққан күйеу баласы Аранжан: «Ата, сізге рақмет, сәлемдестік.Дұшпан көзі көп ғой, қайынатасына көрісе барыпты дегенде мақтаныш болсын. мына қызыл нарыңызды қаладым. Көшкенде қызыңыз жүгін артсын»,- деп бұйымшылапты.

-Әй,Аранжан, ол нар өлсем сүйегімді жеткізетін деп арнаған нарым еді,мал бар ғой. Сондай басқа нар ал,болса үйір жылқы ал,бірақ өзіме арнаған малымды не қыласың? –депті.

Сонда Аранжан басқа малыңыздың керегі жоқ деп алмай кетіпті.Келесі жылы тағы да көрісуге келіпті.Өткен жылдағыдай қызыл нарды бұйымшылапты.

-Әй,Аранжан-ау, өткен жылы айттым ғой,басқа малдан үйір жылқы,болмаса келе түйе ал,ол нарды бере алмаймын,-депті.

Аранжан өкпелеп,бірақ сыртына шығармай кетіп қалыпты.

Үшінші жылы тағы да көрісе келіпті, бұл жолы жалғыз келіпті, бес қаруын түгел асынып келіпті. Бұл жолы нарды сұрамапты. Көрісіп, сәлемдескен соң еліме қайтамын,- деп рұқсат сұрайды.

Қара 3 дұрыс адамын алып:

-Әй, сендер не ойлайсыңдар, мына Аранжан бес қаруын түгел сайланып келіпті. Бұл жүрісіне қарағанда нарды алып кетуге, болмаса нарды жарып кетуге сыңайы бар сияқты. Абайлаңдар, сақ болыңдар, - деп ескертіпті.

Жаңағы 2-3 адам нарды және Аранжанды сыртқа бақылауға алыпты. Ол кезде күйеу келгенде, қыздың жеңгелері атын байлап, қарсы алып, қайтарында қолтығынан демеп мінгізіп жіберетін болған.

Алдыңғы тапсырма алған кісілер жеңгелеріне тапсырып қойыпты. Ымырт үйірілген шақта Аранжан қайта оралыпты. Бір-екі жеңгесі алдынан шығып: «Әй, күйеужан!» - деп атының басын ұстамақшы болады, бірақ ол оған бұрылмастан қылышын суырып алып, қызыл нардың бұйдасын кесіп жіберіп, жетегіне алып, еліне тартыпты.

Содан әйелдер алдыңғы тапсырып қойған жігіттерге хабарлапты. Жігіттер қыр асқанша қумапты, қанша дегенмен туған күйеу баласы ғой. Арпалысып жатса қимас деп, қыр асырып барып 4-5 жігіт қуып жетіпті. Қару жұмсауға үлгертпей, біреуі шоқпармен желке жағынан қойып қалыпты. Аранжан ат үстінен құлап түсіп, сол жерде жан тапсырыпты.

Жігіттер ауылға болған жағдайды баяндайды. Содан үй иесі Қара және Тұманшы, тағы басқа ақсақалдар, ақылдасып: «Қой болмас, бұл жерде, яғни қалың адай ортасында құнмен келісе алмаспыз. Құнына біздің шахатымыз, қаукарымыз жетпес», – деп түнделетіп үстірттен ойға қарай үдере көшіпті. Жүз қаралы жігітті алдына, 100 жігітті соңына қойып, Бадан деген қарулы жігітті қарауыл қылып, сүйекті нарға теңдеп алып көшіпті. Содан 15-20 күндей көшіп, Қарақұм шетіне ілігіпті. Сол жерде адайлар жағы да өкшелей қуып жетіпті. Содан екі жақ бәтуаласып, адайлар жағынан Мәмбетнияз, шеркештер жағынан Тұманшы билер бір адамның құнына келісіп, қосымдар құн төлепті.

Тапсырған Амангелді СӘРСЕНБАЕВ ШАПАТАҰЛЫ

БЫЛҒАРЫ БЕЛДІКТІҢ СЫРЫ

1942 жылдың қаңтар айының аяғы. Толыбайдағы Тайжанның Құрманының екі бөлмесіне ауыз-мұрны толған ауыл азаматтары, олардың жарлары және арасында ақ жаулықты аналар мен ақсақалды қариялар да жиналған.

Әскерге жарақты деп танылған 40 шақты азаматтардың ішінде Тайтұрсынның төрт баласы Мұхамбет, Уәйіс, Қасен мен Мәзен, Жанпейістің Әлішбайы мен Әбіші, Талқанбайдың Күнтуғаны, Бозшабайдың Қозысы, Ерғалидың Бердіқұлы, Алыпбастың Ағыбайы, Досайдың Қызылбайы, Тайжанның Құрманы, Құрманқұлы, Уатайдың Баймағамбеті (Қарабала), Демеудің Биахметі, Қайнарбайдың Қарашы, Бекпенбеттің Ағытайы, Тілеуімбетұлы Қалтайы, т.б. бар.

Күн боран. Құрманның әйелі Шонық босанып, баланың атын Боранбай қойған. Осы үйде шілдехана. Ертең ауылдың әскерге жарақты деген азаматтарын соғысқа аттандарады. Ер азаматтар көңіл көтерісіп, жырауды жырлатып, жыр тыңдауда. Орталарында Биахмет пен Қараш жыраулар. Әйелдер барлығы бір бөлмеге сығылысып отыр. Ерлерін соғысқа жібергілері келмей, көздеріне келген жастарын көрсетпеуге тырысады, жүздері сынық.

Кейіннен ауылдың арасында кең таралып кеткен Алтыбастың Ағыбайы шығарған өлеңіндегі:

Толыбайдан шығып, Ырғызға дейін өгіз мініп, «соп» дедім,

Ырғыздан Шалқарға дейін түйе мініп, «шөк» дедім.

Шалқардан майданға дейін пойызға мініп «көк» дедім, - дегендейін Сталинградтың маңына тылға әкеліп төгіп тастады,- деп жалғастырады әкем соғыстан кейінгі бейбіт өмір кезіндегі әңгімелерінде.



Тылда 6 ай ойнатты. Ұрысқа қалай шығу, мылтықты қалай ұстап ату, қалай дәлдеу, қысқасы, барлығын үйретті. Барлығымыз да тіл білмейміз. Орысша оңға , солға деген команданы да әрең үйрендік. Тіл білмегендіктен тиісті берілетін паегымды де ала алмаған күндеріміз болды, - деп жалғастырады әкем. –Еділден кememен өткізіп, Сталинградқа алып келді. Бұл кезде қала жаудың қол астында еді. Еділдің жағасында біздер алдағы шабуылға дайындалып жаттық.

1942 жылдың шілде айында Сталинградты жаудан азат ету жөнінде Жоғарғы Ставкадан бұйрық та келіп жетті. Екі рет ұрысқа кірдім. Аспаннан әлсін-әлі жаудың бомбалаушы ұшақтары бомбалайды. Жан-жағыңнан санрядтар ысқыра ұшып, жарылып, жер, дүние астан- кестен болып жатыр. Ыңырсыған жаралы жандар, аяқ алып жүргісіз өліктер, жоса болып аққан адам қаны. Міне, осы соғыста шабуылға бірге кірген жерлесім әрі туысым Күнтуғаннан, құрдасым Құрманнан айырылдым. Олар сол шайқастан шықпай қалды. Келесі ұрысқа кіргенімде, снарядтың жарқыншағы оң жамбасыма тиіп, ортан жілігімді күл-талқан етіп, үзіп кетті. Нижний Тагильдегі госпитальда бір жыл емделіп, II топтағы мүгедек болып, қос балдақпен елге оралдым. Шалқарда майданға бірге алынған Бекпенбеттің Ағытайына кездестім. Ол контузия болып, екі құлағы естімей қалыпты.



Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі, бейнет қалады дегендей, Сталинград түбіндегі сұрапыл шайқастан аман-есен елге келіп, туған жердің топырағына тәу етіп отырған жайымыз осы,- деп әңгімелейтін ауылдастарына әкем. Онда мен мектепке әлі бара қоймаған кезім. Міне, сол Сталинград түбіндегі қанды қырғын мен қаланы неміс-фашист басқыншалырынан азат етілуіне 60 жыл толуы қарсаңында мен соғыстың бүкіл ауыртпалығын бастан өткерген, өз аузынан естіген естеліктерін жерлестері мен майдандастарының ұрпақтарына жеткізуді жөн көрдім.

Айтпақшы, соғысқа барғанда әскери киім үлгісін бергенде, талай алғы шептегі ұрысқа әкеммен бірге кіріп, қан майданда белінде болған, кейін бейбіт өмірде де белінен тастамаған майдандас серігі-қара былғары белдігі әлі бар. Әкеме ол белдігі қандай қымбат болса, оның көзін көрген маған да өзіндей ыстық. Бұл белдікке де 60 жыл толып отыр екен.

Қуандық ҚАБДЕН.
Ақтөбе қаласы

БАСТАУ СӨЗ



Маркұм Түсекен Лұқпанұлы жауғаштының Андағұл аталығынан тарайтын Байғожаның «Бес батыры» атанған – Шегірей, Өтеп, Алакай, Жуасай, Шақпақ есімді батырлардың бел немересі болатын. Өз әкесі Өтепұлы Лұқпан және батыр аталары Тайсойған құмының етегінде орналасқан Сарыкөл жеріндегі Шегірей қауымында бақылық ғұмыр кешуде.

Міне, сол батыс өңірінде аты аңыз болып айтылатын Алакай батырдың тікелей ұрпағы туралы қаламгер Мәжит Шапатұлы ой толғап, өз пікірін одан әрі былай жалғастырады:

-Ол мезгілде трактор, машина деген жоқтың қасы. Бірақ сол кездегі адамдардың жанкиярлық еңбегі мен жеңіске жетеміз деген сенімі көптеген қиындықтан алып шыққан болатын. Біз сол кездерде 8-9 жастағы баламыз. Әкем Шапат жылқышы болатын. Директорымыздың алыска шыдамды, өте ақылды көк айғыры болды. Сол айғырды көзден таса қылмай, ерекше күтіммен бағатынбыз. Совхоз көлемін салт атпен 550-600 шақырымдай жолды жүріп өтіп, аралайтын еді Түсекең марқұм. Есімде қалғаны, әсіресе көк айғырды ертіп әкеліп бергенде, ол өзінің иесінің мойнын, қолтық тұсын иіскеп, кісінеп, шұрқырап алатындығы таң қалдырушы еді. Сосын Түсекең үзеңгіге аяғын салып отыра бергенде, алдыңғы екі аяғын бүге, артқы аяғына шалқалай көтеріліп, осқырына кісінеп, шаба жөнелетін ерекше қасиеті бар еді.

Соғыстан кейінгі жылдары сол көк айғыр үйірге қосылып, үйірін қақаған қыста тоғыз қасқырға бермегенін әкем Шапат өз көзімен көрген. Бәйгеден де облыс көлемінде ешбір атқа алдын оратпаған желден жүйрік киелі жануар еді.

Ал директорымыз Түсекен Лұқпанұлы атқа отырып, кетіп бара жатқанда, құдды Алакай батыр атасы сияқты, қаһарлы, сұсты кейіпке айналып, нұрлана түсетін. Өзі де қақпақ жауырынды, қою қабақты, өткір көзі тұңғиықтай қара, өте сұлу, сымбатты азамат еді.

Міне, сол атпал азамат туралы белгілі журналист Қажымұқан Елеместегінің тарихнамалық "Сталин білген қазақ" атты дүниесін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

СТАЛИН БІЛГЕН ҚАЗАҚ

Аудан тарихына зор үлес боп қосылатын, онда өмір сүріп, халқына адам еңбек еткен адамдар хақында айта түскеніміз абзал. Сондай жандардың бірі Лұқпанов Түсекен Лұқпанұлы.

Ол Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, №12 Сарыкөл ауылында 1915 жылы кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. 1971 жылы қайтыс болған. Совет-партия қызметкері, мұнай кен барлау партияларында, мұнай өндіру салаларында басшылық, ұйымдастыру қызметтерін атқарған. 1939 жылдың сәуірінен өмірінің соңына дейін КОКП мүшесі. Жиырмабесмыңшылардың (1930ж), отызмыңшылардың сапында болған (1955ж) партия жолдамасының белсенді мүшесі.

Түсекен еңбек жолын 1930 жылы "Ембімұнай" өндірістік-оқу (горпромобуч) трестінің көмекші-металлист мамандығынан бастаған ол кейін слесарь, техник-нормалаушы мамандығын меңгерген.

Мақат аудандық прокуратурасында 1935-1936 жылдары халық тергеушісі, ал 1937-38 жылдары "Ембімұнай" трестінің фабрика, завод мектебі директорының орынбасары, 1938-41 жылдары Мақат аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған. Сол кездегі партия саясатына сәйкес халық шаруашылығының қиын да жауапкершілігі мол буындарға жіберілген.

Елбасына күн туған заманда Т.Лұқпанов өз еркімен майданға сұранған. Соған қарамастан партия оны Қазақстандағы алғашқы қаракөл елтірісін өндіру және шетелге сату үшін ұйымдастырылған Гурьев асыл тұқымды қой зауытына директорлыққа жіберді. Бұл зауыт шетелге сату үшін КСРО Сыртқы сауда байланысы министрлігінің қарамағында болады. Лениннің, Сталиннің кеменгерлерінің бірі Анастас Иванович Микоянның тікелей басшылығымен жұмыс істейді. Бұл қызметін Т.Лұқпанов 1942-1947 жылдары атқарады. Осы жылдардағы еңбегін сол кездегі Елбасы И.В.Сталин жоғары бағалап, соғыс жүріп жатқанына қарамастан Москваға жеке қабылдауына шақырған.

Жалпы И.В.Сталиннің тылдағы еңбек майданына көп көңіл бөлгенін айғақтайтын тарихи құжат "Прикаспийская коммуна" газетінің 1945 жылы 15 қыркүйегіндегі №186 (3729) нөмірінде жарияланыпты. Онда Анастас Микоянның Лұқпановқа ашық хатынан көруге болады. Осы газет бетінде Т.Лұқпановты жоғарғы үкімет наградасы "Құрмет белгісі" орденін алуымыен құттықтап, еңбегін И.В.Сталинның өзі бағалап отырғандығын баса айтқан. Өзіне және еңбек ұжымына алғыс білдіреді.

Т.Лұқпанов артта қалған өндіріс, шаруашылық буындарының қайсысын болмасын абыроймен басқарып, елдің экономикалық-әлеуметтік жағдайларын көтере білді. Оған куә- 1947-48 жылдары атқарған Доссор поселкесінде орналасқан "Казнефтеразведка" трестінің автотранспорт кәсіпорнына директор болуы. Сондай-ақ 1948-51 жылдардағы КСРО Ауыл шаруашылық министрлігіне қарасты Гурьев облыстық мал шаруашылық кеңесінің директоры, 1951-53 жылдары "Казнефтеразведка" трестінің, Құлсары поселкесіндегі автотранспорт мекемесінің директоры, 1950-54 жылғы Мәткен, Тәжіғали мұнай кен алаңдарын барлаған геологиялық барлау партиясының бастығы, 1954-58 жылдары Жылыой ауданы, Амангелді Иманов атындағы колхоздың басқармасы, 1958-62 жылдары Қамсақтыкөл, Кенбай мұнай алаңдарын қазған және зерттеген Батыс Қазақстан геологиялық басқармасына қарасты геологиялық-іздестіру партиясының бастығы қызметтерін абыроймен атқарды. Бұның бәрінде де Т.Лұқпанов үлкен ұйымдастырушы, еңбек адамдарын игілікті іске жұмылдырушы, адамгершілігі мол, талап қойғыш, іскер басшы ретінде танылып білді.

Әсіресе Амангелді Иманов атындағы колхозды басқарған мезгілде өзара рушылдық қақтығыстар кең өріс алыпты. Колхоз экономикасы құлдырап, өте артта қалады. Сол шаруашылықты Түсекен, мал басы өскен, егіні шаруашылығы өркендеген ірігелі шаруашылыққа айналдырады. Колхозшылар бұрын-соңды көрмеген мектеп, наубайхана, клуб, дүкен, дәрігерлік пункт, сары май, ірімшік шығаратын цех, электр стансасы, тағы басқа әлеуметтік жағдайларды көріп, бір жасап қалады. Сондай-ақ олар тары, бидай, бақша өнімдерін өндіріп, мол байлыққа кенелді.

Міне, осы еңбегінің нәтижесіне орай, Т.Лұқпанов 1956 жылғы жазда Москва қаласындағы Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне арнайы шақыралды. Бүгінгі күні Т. Лұқпанов басшылық еткен мұнай алаңдарын іздестіру жұмыстары өз жемістерін беріп, Мәткен, Тәжіғали, Қамсақтыкөл, Кенбай мұнай алаңдары Қазақстан мұнайы ел экономикасына өз үлесін қосуда.

Түсекен өмірінің соңғы жылдарын Маңғыстау мұнайын игеруге жұмсады. "Маңғыстаумұнайгазбарлау" трестіне қарасты №2 автокөлік мекемесінің директоры болып қызмет етті. Бұл 1962-1971 жылдардың іші болатын. 1962-1964 жылдар аралығында Ералиев кентінде орналасқан барлаушылар мекенінде басшы, АТК-1, Тампонаж мекемесі, механикалық цех, ЖКУ және басқа өндірістік мекемелерде басшылық жұмыста болды.

Алғашқыда Маңғыстау мұнайын игеру оңай болмады. Соған қарамастан барлаушыларды үздіксіз техникамен қамтамасыз етуде Түсекең ерен еңбек үлгісін көрсете білді. Соның нәтижесінде ол бірнеше рет Шевченко, Жаңаөзен қалалық, аудандық кеңестерінде депутат болып сайланып, "Құрметті азамат" атағын иемденді.

Т.Лұқпановтың ұзақ жылғы еңбегі жоғары бағаланды. Ол "Құрмет белгісі",Еңбек Қызыл Ту ордендері мен бірнеше медальдарды өңіріне қадады. Т.Лұқпанов 1971 жылдың 10 маусым күні дүние салды. Өзінің туып-өскен жері Сарыкөл ауылында арулап жерленді. Жерлеу рәсіміне арнайы тікұшақпен сол кездегі "Маңғыстаумұнайгазбарлау" трестінің басшылары Х.Ж.Өзбекқалиев, Ж.Сәлімгереев және басқа да жұмыстас жолдастары келіп, асыл азаматты соңғы сапарға шығарып салды.

Бүгінде Түсекең Лұқпановтың жапырағы жайылған. Өзінің 1 қыз, 5 ұлынан тараған 26 немересі, 22 шөбересі бар. Олар еліміздің әр түкпірінде түрлі шаруашылық, өндіріс салаларында жемісті еңбек етіп, жоғары оқу орындарында оқып жүр. Түсекеңнің есімі Мұнай энциклопедиясына жазулы, аудан энциклопедиясында да орын берілері хақ.

Қ.ЕЛЕМЕСТЕГІ,
"Мұнайшы " газеті. 23.XI.2001 ж.

ӨТТІ КҮНДЕР ОСЫЛАЙ
Өміртайдың айдауда жүргенде жазған хаты

Құдай-а, құдіретіңе созамын қол,
Адасқан мен бір ғаріп таба алмай жол.
Құдай-ау, аман сақтап, абырой бер,
Құдайдан жатсам тұрсам- тілегім сол.

Қоршаулы айналамыз өңкей есек,
Досымнан дұшпаным көп етсем есеп.
Бос жүрген асау тайдай байғұс басым,
Бұл күнде қу ажар жер болды-ау төсек.

Келеді Мұқаш пенен Қожахмет,
Бере көр, я, Алла, бізге медет.
Жарығы дүниенің қиын екен,
Шығамыз сөткесіне он бес минут.

Алшынның жалпы сәлем баласына,
Алыстан ақыл айтқан данасына.
Ауылда араз, тату ағайынның-
Зар болдым бір көруге қарасын да.

Күлімхан, Ұлман менен жеңгелерім,
Балықты ешқайсыңа теңгермедім.
Жамандық басымызда тұра бермес,
Ақыл айт балаларға кез келгенің.

Мейрамкүл, Рымкүл мен Шырынкүлім,
Құшақтап отыратын қайран күнім.
Түсімде мен көпірден аман өттім.
Медеу ғып мен отырмын көрген түсім.

Арқалық, Әлібек пен Есенбегім,
Ішімде кетіп барады менің шерім.
Қалаға оқытам деп жүруші едім,
Бас аман, жұрт тыныштa бір тілегім.

Айман-ау, өтіп келдің аққан судан,
Бейнеттен құтыларсың сен де мұнан.
Тесікті күні -түні жағаладың,
Мен қайтып құтыламын қарызыңнан.

Ұлмаусын,бірге өстік бала жастан,
Нұркенмен құда болдық құдай қосқан.
Әліні жол үстінен көріп едім,
Алдымнан өте шықты-ау қарамастан.

Бір күні келіп қалды Тиышбала,
Құрғақтан бәле салды-ау тіптен жала.
Жақсылық жамандыққа деген сөз бар,
Шешет де бұл жұмысты Хақтағала.

Әлібек әкең өлді, шешең өлді ,
Маңдайда жанып тұрған шамың сөнді.
Мен, міне, ұзақ жолға кетіп барам.
Мінекей, ойланатын кезің келді.

Көтерген он батпанды қара нарым,
Дүшпанның мен білмеппін табаларын.
Айырылдық Чкаловтың көшесінде,
Аман бол қайда жүрсең, балаларым.

***



Көкем бұдан да көп жазған болатын. Ол кезде хат танымаймын. Мейрамкүл тәтемнің айтып жүргенінен естіп жаттағаным ғой. Кейін бұлардың кейбір жерін шатастырып алатын болғандықтан Мейрамкүл тәтемнен қайта сұрап жазып алдым. Әкемді соттағаннан кейін Шымкентте болды. Апамның артынан іздеп барып, тамақтарын есекке артып алып, өзі жаяу баратыны есімде

Апам барғанда көкеме жолығып, тамақтарын беріп қайтады екен.

Жақын жерде болсам, бұл қайта-қайта келе береді деп, түрменің бастығына көкем шағым айтып, басқа облысқа жібер депті. Көкемнің сұранумен әкем Владивостоктан бір-ақ шығыпты. Ол жерде қаптаған халық, құрық-ноқта тимеген жабайы жылқылар, өгіздер, малдар көп болады екен. Көкем жылқыны құрықпен ұстап, өгіздердің мұрнын тесіп, шаруашылыққа пайдалануды көрсеткен екен. Суда құндыз өседі екен. Ұяларын судың үстіне салып, астарын бұтақпен қалыңдатып, өздері құрғақ жерде тұрады екен дейді.

Түрме бастықтары сондай шаруаға бейім екенін көріп, көкеме жақсы көзбен қараған екен. Оның үстіне жер астынан алтын іздеп, жұмыс істеп жүріп бір күні көкем 0,14 килограмм алтын тауып өткізген екен. Көкемді мақтап, 1 күнін 3 күнге есептеген.

Көкемнің адал еңбегін бағалап, ол кісіні қойма меңгерушісі етіп қойыпты. Ол жаққа барлық тамақтың түрлерін апарады, бірақ арақтың орнына спирт апарады екен. Себебі ол жақ өте суық болғандықтан арақ қатып, сынып қала беретін болған. Ол жақта көкемнің қанша болғанын білмеймін. Бір жылы күзге қараай босатылған хабарды қолына алып, көкемнің келуін мұндағылар асыға күтеді. Себебі ол жаққа жылына самолет бір рет, пароход екі рет қатынайды екен. Самолетке отыру үшін бес жыл сол жақта жұмыс істеуің керек дейді.

Түрмеден босатқаннан кейін сол жердегі жүріп жатқан халықпен бірге жүру керек қой. Көкемнің өзінің сыйласып жүрген бір бастығы бар екен, демалыс күндері барып, отынын тұрақты жарып беріп жүріпті. Ол бастығына жолығып, қағазын көрсеткен екен, сен ол жаққа жатпа, біздің үйге келіп тұр деп айтыпты. Сонымен сол үйдің отынын жағып, есігінің алдын тазалап жүрген.

Жаңа жыл да келіп жетті, орыстар ғой жаңа жылды жақсы қарсы алатын. Сендер қонаққа барып келе беріңдер, қыздарыңа, үйлеріңе мен қараймын деймін. Кішкене болса да қызы маған үйреніп қалған. Сондағы ойым дейтін көкем, әйтеуір пароходқа мінгізуге себесіні тиер ме екен деп жүрмін ғой. Пароходқа міне алмай қанша халық жүр ол жерде. Пароход келетін кезге де жақындадым, орыс келініме шала орысшамен ойымды түсіндіріп, қолына бір буда ақша бердім. Одан келін алмаймын десе де, үстелдің үстіне қойып қойдым дейді. Ертеңіне киініңіз, ана жаққа барамыз деп айтты. Содан соңынан ілесіп, конторға жақындағанда ,қолымнан ұстап, қаптаған халықтың ортасын киіп-жарып, бастыққа жеттік. Өзі сөйлесіп, мені қайтадан үйге алып қайтты.

Не болар екен деп күпті болып жүрдім. Пароходқа келіп, қайта қайтатындардың тізімінен атым аталғанда, жүрегім жарыла жаздады.

Сонымен жаңағы досы көкеме есепшотыңызды есептетіп, ақшаңызды алып, дайындала беріңіз деді. Сонымен істеген жерімнен еңбекақымды толығымен алып, досыма келдім. Сонда ол кісі:

-Ақшаңыздың бәрін өзіңізбен бірге алып жүре алмайсыз, сондықтан аккредитивтік қағазға салып алыңыз. Керек ақшаңды ғана алып қал. Оның өзін бойыңа ұстама. Бір жаман күпәйке алып, соның тігіс араларына тығып ал және оны қолыңа көп ұстай берме. Аяқ жағына тастай салып, қарап отырарсың. Сен сияқты елдердің табыс таппақ тұрмақ, ішуге тамақ таппай кетіп бара жатқан көп,- депті. Әкемнің маған деген алтын сағаты және алған құныздары бар екен. Мұның бәрін сатып, ақша етіп ал, ертең параходтың үстінде ішерге тамақ таппай бара жатқандар мынауыңды көрсе тартып алып, сені пароходтан лақтырып жібереді және үстіңе жаман киімдер ки деген екен. Сонымен көкем пароходтқа мінеді. Ең бірінші тоқтаған жерге келген пароходтағы адамдар жерге түсіп, магазиндердің бәрін тонап, түк қалдырмапты. Екінші тоқтаған портқа келсек, қаптаған солдаттар ешкімді еш жаққа жібермей қарап тұрды және магазиндер жабылып, алдында солдаттар күзетіп тұр дейді. Сонда әлгі маған жанашыр болған азаматтың айтқан ескертулерінің шындығына көзім жетті.

Сонымен көкем Новосибирскіге келгенде, келе жатырмын деп телеграмма берді. Бір- екі күн әлде одан да көп күн болды ма білмеймін, әйтеуір Мырзағара папам екеуміз көкемді күтіп алуға Жамбылға бардық. Ол кезде автобустар жоқ. Байқадамнан мақта артқан машинамен Жамбылға бардық.

Сол күні көкемді күтіп алдық, жылап-сықтап, шұрқырап амандастық. Үстіндегі киімдері көңіліме қонымқырамай, ертең ауылға барғанда ауылдағылар айтатын болды-ау –деп жүрмін ішімнен.

Көкемнің қасында ертіп келе жатқан бір баласы бар. Аты Богдан. Бұл кім десек, әке-шешесі жоқ болғаннан кейін ертіп келе жатырмын дейді. Ішерге тамақ таппай жүргенде, соғыс кезінде немістерге тамақ тасып жүргенде ұсталып, сотталған екен.

Базадағы өзбектің үйіне келіп, елдің бәрі ұйықтаған кезде көкем екеуміз әңгімелесіп отырдық. Көкем кеудесіне тіккен ақшаларын шығара бастадаы, ішімнен «Ертең көкемді жақсылап киіндіретін болдық-ау»,- деп қуанып отырмын. Таң атқаннан кейін банкке бардық. Сол біз алатын ақшаға банктің ақшасы жетпей, екі күн кезекте тұрдық.

Көкемнің көп ақшасын алып, базарды жағалап, үйге не керек, соның бәрін алдық. Ол кезде жамылатын көрпе де тапшы болушы еді ғой. Жаңағы көкемнің ертіп келе жатқан баласы маған: «Иіссу әперейін бе?- дейді. Мен оған түсінбеймін, сөйтсем, «духи» деген сөзі екен. Сөйтіп духи әперді.

Жамбылдан бір машинамен Байқадамға келдік. Ол кезде ауылда бір полуторка (бір жарым тонналық) машина болатын. Оны Жұпарбай аға айдайтын. Ол кісі Бөрібек ағаларға жақын болатын. Ағаның машинасына жүгімізді артып, ауылға қайтайық деп жатқанда, Әбенов Құлыбек ағай бір топ оқушымен келіп мінді. Сөйтсем, оларды комсомолға өткізіп келе жатыр екен. Құлыбек ағай көңілденіп алған. Машинаның жүгі ауыр ма, Байқадамнан Қызылкесікке көтерілер кезде машинаның жүрісі сәл баяуласа: «Рымкүлдің көкесі келе жатқан кезде вперед!» - деп өлең айтады. Сол комсомолға өтіп келе жатқан оқушыларға әтірімді сеуіп, қалтамдағы шемішкемді таратып, ауылға жеттік.

Соның ішінде бір оқушы көңілсіз келе жатты. Бұл қалай десем, комсомолға өте алмай қалған екен. Ауылға келсек, көкемді бүкіл ел болып күтіп тұр екен. Әйнекбай мен көкем машинаның кабинасы ашылар-ашылмастан құшақтасып көрісті. Ел-жұрт қуанып, көкемді қарсы алып жатыр. Елмен амандасып болған соң көкем Түсен атамның шаңырағына кіріп шықты. Сөйтсек Октябрь аға үйінде отырыпты. «Өмекем келмесе, мен шықпаймын»,- дейді екен. Ол үйден шығып, әкем үйге келді. Айман мен Өмекеңнің амандасқанын көреміз деп ел есік - терезені сындырып қарап жатыр. Үйге кіргендерден аяқ басар жер жоқ, сөйтсек анам Айман ұялып, пештің артына тығылып қалыпты. Сонда әкем: «Жаман Айман, қолыңды бер», - деп апамды бауырына басты.

Әкем Өміртай дәм айдап елден жырақ жүргенде ауылда хат тасушы болып Жақыпұлы Тәжібай деген кісі жұмыс істейтін.

Ол кісі хат, газетті атпенен жүріп тарататын. Мен Тәжібай ағай көрінгеннен алдынан шығып, артында ілесіп жүретін едім. Сондағы ойым көкемнен хат келер ме екен деп ойлайтынмын. Ол кезде аудандық газеттің аты «Социалистік шаруа» деп аталатын. Киров атындағы колхозға Әйнекбай көке бастық болып келеді деп біздің есіктің алдындағы үйді үлкен кісілер сылап жатқан. Сол жұмыс істеп жатқан кісілердің қасына келіп Тәжібай ағай: «Кике, сізге хат бар»,- деді. Ол кісінің есімі «Кике» деп отырғаны Киікбай деген атамыз еді. Өте еңбеккор, колхоз жұмысын бар жан-тәнімен істейтін қадірменді кісі болатын.

«Ой, Алла-ай, кімнен екен?»- деп Кикең ата сұрады. Сонда хат тасушы ағай Өмекеңнен деп жауап берді. Ол кісілер хатты алып, біреуіне оқытты. Сонда келген хатты ашып оқығанда, хат былай басталыпты.

Ассалаумағалейкүм, Кикең аға,
Елдегі аман ба екен бала -шаға?
Інішек о дүниелік болды дейді.
Алдынан ұялтпасын хақ тағала! –

деп басталғаннан ол кісі отырып, жылап қалды. Өйткені ол кісінің Жапатай деген жалғыз баласы қызылшадан қайтыс болып кеткен еді. Соны естіп, көкемнің Киікбай атаға көңіл айтып жазған хаты екен. Одан ары қарай хат қалай жазылғанын білмеймін. Көкемнен хат келмеген соң мен де жылап кетіп қалдым. Басқа уақытта Киров көшесін жағалап, біткенше соңынан еріп жүремін. Сол кезде қолыма «Социалистік шаруа» газетінің бір данасын беріп кететін.

Сол ағалардың рухына тағзым етемін. Бала кезімдегі ойдан кетпейтін оқиғаның бірі осы.

Рымқұл ӨМІРТАЙҚЫЗЫ

P.S: Өміртай Әбдіқадырұлы Қосым шеркештің аққөбек аталығының тумасы, белгілі қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің сенімді серігі Бәкен Серікбаевтың немере інісі еді.

ЖЫЛДАР ӨТСЕ ДЕ, ӨШПЕЙТІН БЕЙНЕ

Мен Тайыр ақынды алғаш рет, 1952 жылы шілде айының әсем кешінде, Алматының М.Горький атындағы мәдени демалыс саябағында бір топ ақын-жазушылардың ортасында көріп едім. Сол кеште сахна төріне шығып, ақынның лекілдете оқыған жырларының айналадағы әсемдікпен астасқаны мәңгілікке жадымда сақталып қалды. Дәл сол сәтте оның жырларына еріксіз құлақ түргендердің ішінде атақты ақынмен жүзбе-жүз кездесіп, сұхбаттасуды қаламаған адам болды ма екен, сірә?!

Кейін осындай кездесудің тағы бір сәті түсті. 1958 жылдың шілде айында облысымызға шығармашылық сапармен қазақтың бір топ ақын-жазушысы келді. Солардың ішінде Тайыр Жароков та бар. Ол кезде мен "Октябрь туы" ("Орал өңірі") газетінің меншікті тілшісімін. "Тайыр ақын келе жатыр" деген жағымды хабар ауылға тез тарады. Сол кезде менің көз алдыма бұрын көрген дауылпаз ақынның тұлғасы келе қалды. Ақынмен кездесудің сәті түсер ме екен деп біраз дегбірсіздендім."Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан" дегендей, телефон шыр ете қалды. Аупарткомның бірінші хатшысы Жұманияз Ілиясов екен.

- Ағаларың келе жатыр, қарсылайсың, - деді хатшы сәлемдескен соң.

Әңгіме төркінін сол бойда түсіндім, қуанышымда шек жоқ, аупартком хатшысының ГАЗ-69 машинасына мініп алып, тартып кеттік. Хан ордасы мен Жаңақала ауданының шекарасы саналатын Шаңдықөл деген жерге жақындағанда құйғытқан машинаның шаңы көрінді. Көп уақыт өтпей-ақ қара ЗИМ қасымызға тоқтай қалды. Машинаның артқы орындығынан күлімсірей шығып амандасқан Тайыр ағамды көргендегі қуанышым алабөтен болды. Тәкеңнің қасында жұбайы Мүнира жеңгеміз және оларды алып шыққан облыстық «Октябрь туы» газетінің редакторы Қарқабат Байкенов ағамыз бар екен. Ақынның мысы басқаннан ба, аузыма сөз түспей қойды. Жол үстінде Тайыр аға ауыл-аймақтың жай-күйін, адамдардың тыныс-тірлігін сұрап келеді. Ауылдың ақжарқын еңбек



адамдарымен жүздесуге асығып келе жатқан сағынышы байқалып тұрды.

Кешқұрым мәдениет үйі адамдарға лық толды. Ине шаншар бос орын жоқ, бәрі де әйгілі ақынды көруге асығулы. Сахна төріне Қ.Бәйкенов, Т. Жароков және аудандық аупарткомның бірінші хатшысы Ж.Ілиясов шығып, ақынмен кездесу кешін ашты.

Мінбеге көтерілген Тайыр балалық шағы, өскен ортасы туралы айта келіп, оқу ізденп Алматыға кетердегі алғашқы өлеңін ерекше шабытпен оқыды.

Басқанда алыс жолға алғашқы адым,
Тұлымым желкілдеген жап-жас шағым.
Есімде жетім тайлақ өркешіне
Жарбиып қаршадай боп жармасқаным.

Тұрған кез өмір бізге нұрын шашып,
Оқуға кеттім елдің өрін асып,
Жаутаңдап жетім тайлақ желе берді.
Құмға тек табынының мөрін басып.

Бүк түсіп қала берді Нарын құмы,
Қой баққан жерім талай дауыл күні.
Жаулығын желпе бұлғап, сау бол деген,
Құлаққа сонда анамның шалынды үні, - деп бір қайырып,
өлең соңынан өлең селдетті.

Ақын өзінің атақты "Күн тіл қатты" поэмасынан үзінділерді жатқа оқыды. Кейіпкерлерінің ерлігін отты тілмен жеткізген Тайырдың талантына тәнданып, тамсанбаған адам қалған жоқ. Ақынның "Тасқын" поэмасына да тыңдарман қауым үлкен ризашылығын білдірді. Сол кеште жыр толқыны біразға дейін басылмады. Поэзия бұлағынан сусындаған жұртшылық осы бір сәті түскен кездесуден ерекше бір рухани күш-жігер алып еді.

Ертеңіне ақын ағамен бірге Калмыков (Тайпақ ауданы) ауылына жол тарттық. Онда Алматыдан шығармашылық сапарға бірге шыққан Қажым Жұмалиев, Мұхамбетжан Қаратаев, Хамза Есенжановпен кездесіп, мектеп оқушылармен, село тұрғындарымен бірнеше кездесу өткізді.

Тайыр ағамен бірге өткізген үш күн ішінде оның ақынға тән нәзіктігін, әсемдікке құмарлығын, лирикалық сезімталдық қасиеттерін байқадым. Тайыр ағаның тілегін орындау үшін елең-алаңда дала еркесі ақбөкенді көруге аттандық.

Жантемір мекеніне дейін барып, одан Бағырлайды қуалай жүріп келе жатқан кезде машинаның алдын кескестеп орғыған ақбөкеннің үлкен тобына кездестік.

Сол сәтте Тайыр аға машинадан түсіп, ортекедей орғып секірген ақбөкендердің жөңкіген шабысын, жалт етіп, үрке қараған жанарын, дала көрінісінің құбылыстарын біраз тамашалады. Біз оның жан сезіміне әсер берген осы бір дала көріністері болашақ тың туындыларына арқау болады деп түсіндік.

Мәжит ЖАДАНОВ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі

ШӘУКЕНБАЙҰЛЫ ТАРЫБАЙ ТУРАЛЫ

Экономика ғылымдарының докторы (1962). Мәскеу мұнай институтын (1938), КОКП ОК Жоғарғы мектебін бітірген (1947).

1913 жылы туып, 1985 жылы дүние салған.

Тарыбай әке-шешеден ерте жетім қалып, ауылдың бір шалының есік алдында қызметші болып, малын баққан. Қазақ: «Баланың құлағы арқасында»,- деп, тындау үшін оны ұрып-соғатын болыпты, әсіресе бала өзінен тумаса, тіпті қорлық көреді екен. Соның бірі Тарыбай болған. Ол шал өзінің бір сөзінде былай деген болатын: «Ол



жастайынан жетім қалып, мен оны қолыма алдым. Шынын айтқанда, мен Тарыбайды қатты ұстадым, мал бақтырып қойдым, үйдің басқа шаруаларына да салдым. Соған шыдай алмаған болу керек, бір күні мал жайып кеткен шағында мен артынан барып едім, Тарыбай мені көріп, малды тастай салып, қаша жөнелді. Қатты тасып жатқан Жем өзеніне қойып кетті. Мен жағаға жеткенімше ол өзеннің ортасына барып қалыпты, өзен ағынымен арпалысып бара жатқанда: «Қайда барасың, суға батып кетесің, кейін қайт!» деп айқайлап едім, бірақ тыңдамай, арғы жағаға аман жетті де, артына қарамастан қашып кетті. Сол кеткеннен мол кетті». Тарыбай алғашқыда жетімдер үйінде жүріп оқыған. Апасы Қанапияның арқасында оқып, өніп кеткен. Мәскеуден мұнай институтын тамамдап, жоғарғы білім алған. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің өндіріс бөлімін басқарған. Қазақ КСР-ы Жоспарлау комитетінің төрағасы, бірінші орынбасары қызметтерін атқарды.

Т.Шәукенбайұлы экономика ғылымдарының докторы, профессор, үлкен ғалым болған, мемлекет қайраткерлігіне қосымның Сарысынан шыққан алғашқы тұяғы. 1938-1955 жылдары шаруашылық және партиялық органдарда басқару қызметін атқарған. 1955-1985 жылдары ҚКСР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы, Алматы халық шаруашылық институтында кафедра меңгерушісі, Қазақстан КП ОК мүшелігіне кандидаттыққа сайланған. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің төртінші шақырылымының депутаты болды. Үш «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған.

Нәзікет екеуінен үш қыз тарады. Ұл болмады.

Ел ішінде бұл кісі ағайын-туыстықты білмейтін, орыстанып кеткен, үйіне барған ағайындарды салқындықпен қарсы алып, аман-саулықты сұрамай, төмен қарап отырып, шайын ішіп болған соң үйіндегі жұмыс кабинетіне кіріп кетеді екен деген әңгіме тарап кетен.

Бірақ та бұл кісі Сары қосымдардан мүлдем теріс айналып кетпеген. Ауылдың өзі қатарлы азаматтары барғанда, ауыл шалдары туралы сұрайды екен. Сонымен қатар, Сарының балаларына бүйрегі бұрып, қиын-қыспақ кездерде көмегін тигізіпті. Оған екі дәлел. Біріншісі, 1945 жылы Боқай Қарамырзаұлы Комсомольск кен орнында бұрғылау шебері кезінде оның бұрғылау мұнарасы құлаған. Сонан кейін жоғарғы басшылар өздеріне бәле тимесін деген оймен Боқайды сотқа береді. Мән-жайын тергеген шақта Гурьев облысына Алматыдан Қазақстан Компартия ОК өндіріс бөлімін басқаратын Тарыбай келе қалады. Боқайдың материалымен танысып, оның ісін ақтауын талап етеді. Сол кісінің көмегімен Боқай аман қалды.

Екіншісі, 1948-1949 жылдары менің әкем Табынбай Өтешұлы Бекбике мұнай өндіру учаскесінде мұнай өндіру шебері болған кезде, мұнай құбыры тесіліп, жерге мұнай төгіліпті. Жоғарыда айтылған шенеуніктер әкемнің үстінен прокуратураға тексеруге, қылмыстық іс ашуға материал жіберіпті. Майдың ағып кетуіне әкемнің ешбір қатысы болмаса да, оны айыптап , сотталып кетуіне ыңғай туғызады. Тағы да Тарыбай Гурьевке жұмыс бабымен келе қалыпты. Болған жағдайды біреулерден естіген болу керек, ол басшыға: «Егер өндірісте болып тұратын әрбір аз ғана кемшіліктер үшін мамандарды шетінен қылмысқа тартып, соттата беретін болсақ, ертеңгі күні кіммен жұмыс істеп, кіммен мұнай жоспарын орындайсың? – деп басшының өзін сөгіпті. Содан кейін бастық сотқа жолданған материалдарын қайтып алыпты.

Тарыбай Шәукенбайұлы Сарының ішінде Боқай және Табынбай екеуінің жанұясымен араласатын еді.

Серік ТАБЫНБАЙҰЛЫ,
Атырау қаласы.

***

2005 жылғы "Егемен Қазақстан" газетінде белгілі қоғам қайраткері, ғалым Шәукенбаев Тарыбайдың қызы, Санкт-Петербурттағы Поляр академиясының ректоры Азургет Тарыбайқызы туралы бір беттік үлкен мақала жарияланды. Сонда Азургет біз Атыраудың адайларымыз деген. Ал бізге нақты мәлімі Тарыбай қосым, оның ішінде Сарысы.

Тарыбайдың әке-шешесі 1921 жылдың ашаршылығында өліп, ол 8-9 жасында жетім қалған. Содан оны 1923 жылы мектепте завхоз болып істейтін менің әкем оны Қанбақшы қыстағындағы балалар үйіне тапсырады. Ол сонда жетіжылдықты бітіріп, Гурьев мұнай техникумына түседі. Оны үздік бітірген соң, Мәскеу мұнай институтына түсіп, оны 1938 жылы бітірген. Содан кейін еңбекке араласады. Орталық партия комитетінде бөлім меңгерушісі, Қазақ КСРР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы, Министрлер Советінің бірінші орынбасары, КазМУ-да, Алматы халық шаруашылығы институтында еңбек етеді. Экономика ғылымдарының докторы болды. Содан Тарыбай елде, яғни туған жерде болған жоқ. Бәлкім өзі де білмеді, білсе де балаларына, яғни үш қызына айтпауы мүмкін ғой. Заман ағымы солай болғаны – ащы шындық. Күні кешеге дейін өз тегіңді білмек түгіл, ұлтымыздың жойылып кету алдында аз-ақ тұрдық емес пе?

Төреш БАЙЖҰМИЕВ

САҚАУ АРҚАРШЫ ҚАРМЫС ҰРПАҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Қорқыт шежіре бойынша Алшынның 12 ата Байұлы тобына жатады. Руы шеркеш. Қарттардың айтуына қарағанда, Сарымсақ пен Бауырсақ Сарыбайдың бәйбішесінен туады да, Қармыс екінші әйелінен туады. Қармыс бәйбіше балаларының артықшылығын көтере алмай, Сарыкөлден Жайық бойына ерте орыс заманында келген. Қармыс қайратты, өте шешен, есесін ешкімге жібермейтін, ер көңілді азамат болып қалыптасты.

Ол Жиекқұмда «Қармыс» атанған қоныс алып, жергілікті беріштермен қатты араласып кетеді. Жайық беріш Садақ деген кісінің апасына үйленіп, Жайықтарды қайын жұрты санаған.

Жайық орыстары Қармыстың ел арасындағы беделін жақсы білген. Сондықтан оны Жайықтан 20 км жерге қоныстандырып, қазақтар мен орыстардың шекара жұмыстарына пайдаланған. Бұл жұмысқа Қармыстың ересек болып қалған балалары да араласалы. Қармыстың Шар, Шалда, Шодыра, Досым дейтін балалары шетінен өжет, «сен тұр, мен атайын» болып өседі.

Баласының үлкені Шар қайратты, сабырлы болғанға ұқсайды. Екінші баласы Шалда Қармыстың жұмыс бабындағы көмекшісі болған. Ол зерек, ұғымтал, нені болса да шапшаң қабылдайтын тындырымды жігіт болып ер жетеді. Зеректігі арқасында орысша, қазақша сауатты, сөйлей , жаза білетін адам екен. Үшінші ұлы Шодыра сәнді киінетін, ат саймандарын талғаммен ұстайтын, астында сәйгүлік ат, қолындағы қамшысының бір қарыстай ұшына қоргасын құйған, жауырынды, денелі, өткір көзді, айбарлы болыпты. Ол қайратты, ат үстіндегі айқасқа өте шебер, дойыр қамшысының өзі кісі қорқарлық қару болған. Жайық бойында орыстармен болған бір шайқаста жаужүрек батырды қапыда атып өлтіреді.

Төртінші ұлы Досым ақылгөй, бишікеш, шақпа тілді адам екен. Қармыстың балалары әкесінің жұмысын пайдаланып, орыстармен араласып, тілін, мәдениетін, өнерін үйренеді. Қармыстың екінші баласы Шалданы орыстар орысша сауаты барлығын бағалап, жұмысқа қабылдайды. Жұмысының аты – «счетчик», яғни есепші, жартылай әскери киім беріпті. Тік жағалы қара қоңыр бешбет, зерлі сары белбеу, белбеуіне қынабымен қылыш байлаған, басында формалы фуражка, бұтында кеңдеу шалбар, аяғында етік болған. Жұмысының мазмұны орыс-қазақ шекарасындағы тәртіпті сақтау болған. Беделі өскен Шалда орыстармен келісіп, қазіргі Өрлік – Көктоғай арасындағы Жайық бойындағы қайраңнан Қарағаштан жер алып, отырықшылық ұғымыр кешеді. Қармысқа қараған Шар, Досымнан тараған ұрпақтарды түгел сол Қарағашқа әкеліп қоныстандырады, сөйтіп Шалда ауылы атандырады. Қазір де сол қара орында Мәлік, Айбар, Орынғали сынды шөберелері еңбек етеді.

Қоныс шаруаға жайлы, шөбі шүйгін болады. Бұл кезде Шардың Есболай, Жанұзақ, Шалданың Байзақ, Айтбай, Айтмырза, Әбіл, Досымның Дәулет дейтін балалары үйленіп, әр қайсысы бөлек шаңырақ көтеріп, отау болып шыққан.

Шалда бай болмағанмен, бірақ дөңгелек шаруасы бар, дәулетті кісі болған. Балалары пысық, орыстармен тығыз араласады, өзі өжет, кеудесін ешкімге бастырмайтын арлы болып өседі. Шеттерінен атқұмар, аңқұмар қайратты болған көрінеді. Текті жылқылар ұстаған. Жылқыларының ішінде жүрісті аттар желгір, жорға, бәйге аттары көп болған. «Шалдақұл» атанаған жүйрік аты Бөкейлікте ұзақ жыл бәйгенің алдын бермеген. Шалда табиғатында жомарт, қонақжай кісі болыпты. Ақын, әнші, балуан, өнер адамдарын жақсы көрген. Ел мұңын жоқтаған аузы дуалы билер кеңесін жаны сүйген.Бірде ауылға Атыраудың белгілі беріштің Есен Елтүзер бұтағынан Қорқытов Ибраштың әкесі Қорқыт би келіп түседі. Сол күні Шалданың үлкен ұлы Байзақтың әйелі Ілмекеш төртінші баласын босанып, ұл бала туады. «Ауылыңа құтты қонақ келсе, қатының ұл туады, құтсыз қонақ келсе, қойыңа қасқыр шабады» демекші, Қорқыт би келген күні, дүние есігін ашқан шарананың атын қоюды Шалда биден өтінеді. Қорқыт би: «Қайдан ат іздеп жүремін, өз атымды қоямын» деп, алдына әкелген құндақтаулы баланың құлағына азан шақырып: «Сенің атың Қорқыт болсын, ұмырлы бол, ел-жұртыңа қамқор бол, жылағанның жасын сүрт, жетімнің маңдайынан сипа», - деп атын үш рет атап, батасын беріпті. Шалда немересінің атын қойған Қорқыт биді қонақтап, кетерінде ат жетектеп, сол кездің ырымын жасапты.

Елдің ардақтаған азаматтарымен дос болып, достықтың күшімен, өлтірмей «құда болысып, құйрық-мой жегісіңе», тіс соғысқан тату жағайын болыпты. Қыз беріп, қыз алысып, кейбірімен қарсы құда болысқан. Үлкен қызы Жұмақызды Бегіс – Құлайберділің Шолақ дейтін бишің немере інісі Орынбайға, екінші Жұмағазының мінезі жайлі, ақ жұмсақ, шаруашар адай Шоға, үшінші қызы Қайшаны атақты Нұрет байдың бағысы Ұнайырға, төртінші қызы Бәтимаңды (үлкен ұлы Байғазының тұңғышын бауырына басқан)) Есеп беріп рулының старшинасы – бий Жаманқұлдың Құрақ дейтін баласына ұзатқан.

Балаларына келіндерін тәрбиелі жерден алған. Үлкен ұлы Байғазға жапырақ рулының сөз ұстар Әлімнің дегенінің ақылына көрікі сай Әлмекенді дегең қызын алып береді. Әлмекеңнің 9 балаңы дүниеге келтіріп, «әйелдің бір ажалы баладан» демекші, 10 балаңы босына алмай, қайтыс болады.

Екінші ұлы Айтбайға Құлайберді Бегіс Шолақ биден туысқа, немелгай қызы Онайды алып берсе, үшінші ұлы Айтмырзаға жағасы бүтін ел есептемір – Байдұлының қызы Ибаңы, төртінші кенже ұлы Әбілге Нұрет байдың Үсеніңің қызы Қайшаны атастырады.

Шалда ағаның орыстардың «шенді» жұмысын атқарғанымен, қазақтарға кең қамқорлық жасайды. Ел аузында оның үйіне ауырып келіп, қайтыс болған аты- шулы Мұрат Мөңкеұлы жатыпты ақ жуып, арулап, бақылық сапарға сол кездегі салт – дәстүрге сай жөнелтуі үлкен ғиза көңілмен айтылады. Мөңкеұлы Мұрат 1906 жылы Құм Нарылдағы ағайындарының барып келе жатып, жолда ауырып Қарағаштағы Шалдының үйінің қасына қосып тігеді. Шалда Мұратты қонақ етеді. Қонақтықта отырып Мұрат Шалдаға:

-Шәке, мен ауырып келемін, байқайсың, ауру мені алып кеткелі келгенге ұқсайды. Отанда үйдемін болушы едім. «Тірінде тіземіз айырылмаған дос едік, өлгенде де моламыз бір болсын деуші едік. Шолақ болса, бақылықта менен бұрын аттанды. Мен олай-бұлай бола қалсам, асыреттік досым болған сол Шолақтың қасына Құлшай қазымына жерле. Жайықтың арғы бетіне болғанымен сенің мүмкіндігің оған жетер. Бұл- менің сенен ақырғы аманатым», - дейді.

Көп кешікпей Мұрат дүниеден өтеді. Шалда екі қайықты қосақтап, сол жақтады да, Мұрат мүрдесін Жайықтың арғы бетіндегі «Құлшай» қазымына, Шолақтың қасына өз қолымен жерлейді.

...Бірде Топайшылдың орыстары поғайға түскен қазақтардың көп малын «поправка» деп қамайды да, үлкен айып-пұлсыз малдарын бермейді. Амалы таусылған қазақтар ақылдасып, Өрліктен Қармыстың Шалдасын алдырмаса болмайды деп шешеді. Хабар бірген соң, Топайылға Шалда келіп, көп ырғасып, қазақтардың малдарын азын-аулақ айып-пұлмен өздеріне қайтарады.

Осындай ақылтық мәртік істері көп болған дейді халық. Талай қазақтарды орыстардың орынсыз талауынан арашалаған.

Шалданың екі әйелінен 4 ұл, 3 қыз дүниеге келген. Ұлдары Байзақ, Айтбай, Айтмырза, Әбіл. Қыздары Жұмағаз, Жұмақыз, Қайша. Байзақ ерті тірі қарапайым шаруа болған. Совет үкіметі Шалда тұқымына, орыс чиновниктінің, байдың балаларын ретінде қарап, бірақ қысымшылық көрсетеді, малдарын тәркілейді. Кейбірін қамауға алып, сот шешімімен жер аударады. Соның салдарынан інісі Жанұзақ, баласы Айтбай елге қайтып орала алмаған, сол жер ауған жағында қайтыс болады. Байзақтан Бәтима, Темір, Өмір, Қорқыт, Қуаныш, Қанзия, Бітір, Балыш сияқты 3 қыз, 6 ұл дүниеге келеді. Бәйбішесі Әлмекең соғыс баласын босана алмай қайтыс болып, қалған балаларын тұрмыстағы үлкен қызы Бәтиманың тәрбиесінде болады. Өрліктен Жайықтың арғы бетіндегі құдаларына көшіп барып, осы кезде ұйымдасып жатқан ұжымға мүше болады, және меншік малдарын ұжымға өткізіп, құлақтардан аман қалады.

Байзақтың 6 ұлының 5- еуі кешегі Ұлы Отан соғысына қатысып, Өмір мен Қуаныш соғыстан оралмайды. Темір елге қайтыс болды, Қорқыт, Қуаныш соғысты бітіріп , елге аман оралады, бейбіт еңбекпен айналысты. Алты балаларының қайсысы да қайратты, намысқой болатын. Өмірі арқасы жерге тимеген болған. Бір жағынан Нұрлыман деген кісіні балуан інісімен балуан күресіп, көз ілеспес шапшаңдықпен жамбасқа алып жығып, шаң қаптырады. Жығылған намысқой балуан жігіт: «Өзіңдей кісіден жаңылып, ешқашан мұндай ақ қойын», - деп жатқанынан тұрмай қайтыс болыпты. Ағаң ел еді.

Қорқыт жастайынан өскен, бітім қуаты. Соның арқасында Ұлы Отан соғысына дейін түрлі жауапты жұмыстар атқарады. Қуанышы жасынан сенімділеу, тіпкір, «айтқан болды, кестім үзілді», бірбет жігіт болып қалыптасады. Әлбетті, ол саусағының өнері тамған шебер, ұйымдастыру жұмыстарына да ыңғайлы болатын. Ескөл ауылының «Переловка» колхозында ұзақ уақыт егіс бригадирі болып, ептілігі сабақ етті. Соңғы жылдары, оның кейінгі қиын жылдарын, елдің аш, жалаңаш қалып-бегілерін егіс өнімдерімен асырап шыққы десек кеш болмас.

Алтының ұлы Бітір ұстаханасы мұрат етіп, тәрбиелі, адамдық қасиеттері жоғары, барынша ақылы, намысқа көмекке зәру, ақылгөй, ағайын адам болыпты. Соғыстан кейін «Зеленый» мектебінде оқиды, кейін бірінші бағалар үйінде директордың оқу –тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып жұмыс жасады.

Жұмасына байланысты ма, болмаса табиғаттан ақылай ма, сабырлы, сенгіштау, тегіс, талғаммен киініп, тапқан ішкен адам еді. Дастарқанды бай болмағанмен аяқтыбатты ластау үйге түспейтін, тазалықты, мәдениетті үнемі насихаттап отырған. Байзақтан тұңғыш қызы Бәтима ақылды, елгі сайлы, абасын-кешіпдерінің ақылшысы болатын. Анасынан жетім қалған 8 бауырын жетілдіруде ағалық- ақылық парыздарын үлкен жауапкершілікпен шыққан бәйбіше мінезді адам болған, өте қарулы, қайратты болыпты.

Соңғы жылдарында ер адамның қолынан келмейтін қиынет қиын істердің басында болып, оң шешімін, бастылған істің таңдырылуына ақыл етті. Талай жоқ-жіттік адамдардың алғысын алды, көмек етті.

.... 1943 жылы Ұлы Октябрь мерекесін елде қалған қатын-бала, шал-шақкан болып мерекеледі. Соғысқа бронымен бірнай қалған құрдасы Төлебайдан Нұрғалиға дейтін темір шеберді болды. Сол кісіні әйелі қоярда қоймай күреске шық деп орнына отырғызды. Ал Нұрғалимен ком күрескі деген, әйелдер шулап: «Бәтима шақсаңы», - дейді. Аз ғана тарқынысқаған соң да әйелдер ортаға алып шығып, белдеріне белбеу байлап, күрестіріп жібереді. Бәтима – белбеуін мықтап ұстап жұлқа тартып, көтеріп алады да жерге тастап жіберіп, кеудесіне мініп алады. Нұрғалидың Жұпар дейтін әйелі: «Әй, Бәтима, тұр, ер кісінің кеудесіне әйел мінбес болар» деп ыңғанған тарқынған, Нұрғалидың тұрғызып, ортадан шығарып алып кетеді. Бәтимінің әйел адамға бітпеген қайратынан қапырлары да, қайнағы қашқақтап жүретін. Қолхоз басқармасы болып тұрғанда жалмен сөйлесіп, кейін Ұлы Отан соғысына кеткен күйеуі Жаманқұлов Құрақтан жоқтығын білдірмей балаларын оқуынан қалдырмай оқытады. 1942 жылы соның арқасында үлкен ұлы Құраков Нысанғали 16 жасында орта мектепті бітіріпмен, мектеп директоры болып жұмысқа орналасады.

1943 жылы әкесі ауырып, ақ төсінде жатқанда, Бәтиманы Өрікке шақыртты. Қиналып қалса түйе шанамен 5- ауылдан Өрікке барып, ауру әкесін бақты. Ауызына суысы, бисына жастық болды. Өлі кісі әйелі болмағанымен, ақылды, өнегелі, бейнетқор, парасатты болыпты. Қонақжай, ажарлы, дархан мінезді болыпты. Алдыңғы 4 баласы қайтыс болғанына бір, өте бапжан еді. Дүниеге 5 ұл, 5 қыз әкелген, немере сүйген, шөберге көрген, жақсыдан жайылған, өркені өскен қария 85 жасында бақылық болды. Ал Қорқыт болса, апасының қолында мектеп бітіріп, өмірге жолдама алды.

Білекбай ТӨЛЕШ

ҰЛАҒАТЫ ҰСТАЗ

Бақтыжан ЫМҰХАНБЕТОВ,
Атырау облысының әкімі.



Қазақтың технологиялық барлау ғылыми-зерттеу мұнай институтында Жұмағалиев Тәуміс Нұрғалиұлының қарамағында көп жыл қызмет істедім. Сол жылдар ішінде институт директорынан академик пен көптеген жақсы қасиеттерінен үлгі алдым. Адамнан өзінің ішкі дүниесіне, сыртқы көрінісіне, жүріп-тұруына, адамдармен сөйлесуіне, мінез-құлқына өмірде, айналасына көзқарасына Тәуміс ағадай жауапкершіліктен қарайтын адамды аз көрдім.

Жалпы, мен өзімді жолым болғыш адаммын деп есептеймін. Мектепте жақсы ұстаздарым болды. Институтқа болашақ үлкен ғалым, академик жіліктен бір бөлмеде тұрдым. Өмір жолымда жақсы басшылармен кездестім. Менің қалыптасуыма үлкен ықпал жасаған адамнан бірі – осы Тәуміс аға.

Соғыс бірақ жылдан бері Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей тәрбиесін көріп келемін. Кейде ойлайсың, осындай дәрежеге жетуіне ұзақтарақ, көбірек ықпал жасаған Тәуміс аға болар деп.

Бұл институтқа белгілі ғалым, мұнай, мұнай химиясы, технолог, бұрғылау саласының сол кездегі одақтық дәрежедегі белгілі адамдарды С. Шакабаев, Э. Бощановский, О.Ангелопуло, М.Диаров, Д.Диаров, В.Иванов, А.Шаховой, Ш.Дүйсенгалиев, С.Өтегалиев, М.Макарчик қызмет жасады. Солардың бәрін басқарып, үлкен дәрежелі ғалым, маман, басшы болуларына ықпал жасаған Тәуміс Нұрғалиұлы еді.

Академиктің жүйелі бағыш ағамызбен өзгеуі жақсының жақсы әдетке мен ибратты болуынан үлгі де боп білді. Бәтіш ағай академиктің атын тарихқа кіргізіп,

ұрпаққа үлгі қылу үшін үлкен еңбек жасап жүр. Бұл істерге бір топ шәкірттері – біздер де өз үлестерімізді қосуға тиіспіз.

Таумұш Нұрышұлының тегеурінді, байсалды мінезі, айналасына жасаған жақсылықтары, таразыға тартқандай ғып айтатын әңгімелері мәңгі есімізде қалады. Таумұш ағамыз айналасын сыйлай да, айналасына өзін сыйлата да білген үлкен ұлағатты азамат еді.

Бақтықожа ІЗМҰХАМБЕТОВ,
Атырау облысының әкімі,
техника ғылымдарының докторы

ҚАНЫШТЫҢ КӨЗІНДЕЙ КӨРУШІ ЕДІМ...



Атырау қаласында Қаныштың граниттен қашалған құдіретті бейнесі тұр. Осы жайды Қазақстанның басқа бір жерлерінде, бағзы біреулерге айтсам: «Ол қалай? Қаныштың туған жері ме?» - дегендей бас шайқап, таңғалады. Немене, Абай – Семейінде, Біржан сал, Ақан сері – Көкшетауында, Жаяу Мұса, Естай – Керекуінде, Сүйінбай мен Жамбыл – Алматы мен Таразда, Құрманғазы, Дина – Атырауда, Дәулеткерей мен Мұхит – Оралда, Молдабай мен Қазанғап – Ақтөбесінде, иә, солай да солай, әрқайсысының ескерткіші өз жерінде ғана тұруы керек пе? Бұл кереметтердің бәрі жүзге, руға, жерге бөліне ме, тегі»? Олар халқымыздың ұлттық рухы, мақтанышы емес пе? Ширкін, пендешілік... «Солай ойлауға қалай ғана дәті барады?» - деп, ондай өресіз жандардың болымсыз түсінігін «тоғышарлық» деп қана тынам. Кеңестік дәуірде әлемді аузына қаратқан қазақ ғылымының ұлы атасы атанған Қаныш Сәтбаевтың ескерткіші еліміздің қай жерінде тұрса да, бәрін былай қойғанда, халқымыз бен мемлекетіміздің алдында жасаған ұлан-асыр еңбегі қандай құрметке болса да лайықты ғой! «Міне, қазақ!» деп табындыратын, Тәңір иіп бере салған ұлы тұлға ол! Қазақ халқы осындай бір ғасырда біртуар ірілерімен құдіретті!

Бүгінде Қаныш пейіш дүниесінде жатса да, рухы көк жүзінде планета боп, шапақ таратып, нұр шашады.

Атырауда Сәтбаев даңғылының бойында біздің үйдің терезесінен Қаныштың осы еңселі бейнесі көрініп тұрады. Кейде үлкен бір толғаныс үстінде Қанышпен тілдескендей боламын. 1961 жылы желтоқсан айының бас кезінде Ессентуки курортында Қаныш ағамен бір мезгілде емделіп, күн сайын жүздесіп, әңгімелесіп, естен кетпес сәттерді бастан кешіп едім. Сол жолы Пятигорскіде Лермонтов атылған Машук тауының етегінде ұлы ақынның «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» атты өленіне романс жаздым. Сөзін аударған Абай ғой. Сол романсты жан жүрегімен беріліп, бірінші тыңдаған жан Қаныш аға еді.

Сонда: «Қанеке, осы Атырауда Сіздің ең сүйікті шәкіртіңіз әрі ізбасарыңыз, Сіздің арманды істеріңіз бен биік идеяларыңызды өмірлік мұратына айналдырып, жер астында бұйығы жатқан кен қазынасын болжаған, сәуегейлік ойларыңызды жан-жақты, дәл өзіңіз көксегендей етіп, жүзеге асырып жүрген бір ғажайып адам бар, ол – Жұмағалиев Тамұш ініңіз», - деймін. Осы бір сәулелі оймен тебіреніп, толықси туған айлы түндерде жұлдызы жамыраған кең аспанға көз тігемін. Сол жұлдыздардың біреуі – Қаныш ағаның нұрлы жүзіндей ерекше жарқырап, менің әлгі сөзімді қоштағандай жымың қағады.

Таумұш ақсақалмен танысқалы бері осы бір бекзат болмысты жан маған Қаныштың өзі болмаса да, көзі болғандай ерекше бір жылы сезіммен сыйлайтын ең қадірлі адамыма айналды.

Асылы, адамды танып-білу үшін көп уақыт керек емес. Заты асыл, тумысы бөлек, ақыл-парасаты мол, ізет пен әдебі өз табиғатына бек жарасқан жанның кім екендігі жай ғана сәлемдесуі мен жүзінің жылылығынан сезіледі. Ондай жанның көзінде ешкімді жатсынып, тосырқамайтын ізгілік пен мейірім, шапағат нұры шалқып тұрады. Сол қасиетімен ол кішіпейіл, биязы,сынық, қарапайым... Қандай лауазым-дәрежеге қолы жетіп, атағы жер жарса да, «менмін» деп кеуде қағып, еш өрекпуі жоқ, бетегеден биік, жусаннан аласа... Кішіге де, үлкенге де ілтипаты бір, бойын жасырған тұлпардай елде жоқ қасиет танытады. Көргенді кісілер мұндай жанды «иман жүзді әулие» деп ерекше ілтипатпен сыйлап ,қадір тұтады. Таумұш ақсақал сондай жан еді.

Атыраудың зиялы жандарымен бас қосқан отырыстарда, бір келелі жиындарда Таумыш ақсақалмен талай рет жүздесіп, ой-пікіріміз, сөзіміз жарасып, әсіресе әдебиет, музыка жөнінде жан дүниеміз бір-біріне етене боп, үйлесіп те кетті. Келе-келе мен бұл кісіні «Тәке» дей бастадым.

Тәкең қараторы, жүзі жылы, орта бойлы, қаршығадай жұтынған өте жинақы... Тәні де, жаны да таза, сыпа кісі еді. Ой-өрісі, дүниетанымы сан салалы рухани әлем боп толысқан тірі энциклопедия еді. Бұл кісі алқалы жиында сөйлей қалса, майдақоңыр үні жібектей есіліп, Абайдың, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың замана, мезгіл, өмір, тағдыр, адамдар жайлы ойлы-күйлі өлеңдерінен мысал келтіріп, өзіне ден қойған жандарды қилы-қилы толғаныска түсіріп, Сәкен Сейфуллиннің ғашықтық жырлары мен әндеріне тамсанып, Халел Досмұхамедовтың ғылыми еңбектерінің кейбір беттерінен үзінді келтіріп, жатка айтқанда, «менмін» дейтін паңкөкірек тұрғылыстары түгіл, әдебиет пен музыка айдынында ізденетін біздің де сұсымызды басып жіберетін-ді. Тәкеңнің ішкі әлемі бізді сұлулық сарайындай қызықтыратын-ды.

Тәкеңді Қаныштың шәкірті дедік. Қаныштың сан салалы еңбектерінде әдебиет пен музыка жайлы жарқын беттер алатындай жарқырап жатыр. Оның «Едіге» жырын тереңнен толғай зерттеп, «Қырымның қырық батырын» маңғыстаулық Мұрын жырауға жырлатып, бұл жырдың қырғыздың «Манас» жырынан екі есе көлемді екендігіне көз жеткізіп, қазақтың мың әнін жинаған В.Затаевичтің жанкешті еңбегіне жан-жақты қолдау көрсетіп, көмек беруі, сөйтіп, өзінің орындауында «Қорлан», «Мақпал», «Зілғараның әні», «Ажардың сарыны», «Обаған», «Әлди, бөпем», «Іңкәр», осы сияқты бас-аяғы жиырма алты әнді жаздыруы... Міне, Тәкеңмен орайы келіп, әңгімелесе қалсам, өзінің ұлы ұстазының осы еңбектерін әдебиет және музыка маманы секілді алыстан қозғап, байсалды оймен тереңдете сөйлегенде, өз сөзіне өзі рақаттанып, тамылжып қана отыратыны бар. Осындай әңгімелерде Тәкең кез келген білімді жандар не айтулы ғалымдар біле бермейтін кейбір оқыс жайды айтып, елең еткізеді. Мысал, бірде Тәкең: «Бородин химик қой. Ал ол таңғажайып опера – «Князь Игорьды» жазды. Операдағы қыпшақ қыздарының хоры. Құдай-ау, адам жанын елжірете тебіренетін неткен сұлу, шалқымалы, нәзік әуез десеңізші?! Жүрегімізге сондай жақын. Оған еріксіз иілесің. Осыны біздің Қанекең кәдімгідей зерттеп жүріп, ақыры бұл әуеннің негізінде қазақтың «Ғазиз» деген халық әні жатқанын Затаевичтен анықтап біліпті. Қараңызшы, осы операдан басқа жұмыс жоқ па, тегі, ол шаш етектен ғой. Ал білікті музыка мамандарының бірде-бірі бұл ғажап құпияға мән бермеген. Қандай ғана ғұлама. Қанекем, а?» - деп осы жаңалықты өзі ашқандай, бәрімізді ойландырып тастады.

Тәкең тағы бірде маған «Ақылбайдың әнін» айтқызды. Ән орындалып біткен соң қасындағы жандарға күлімсірей қарап: «Біздің Қанекеңнің даусы биік баритон еді. Және тынысы да қазақтың кең даласындай мейлінше кең еді. Осы «Ақылбайдың әнін» күндей күркіреген қуатты үнімен өзі толғағанда, оны Манарбек, Жүсіпбек, Ғарифоллалардың қызыға әрі қымсына тыңдағанын көрдік. Осы әншілердің ішінде бұл әнді Жүсіпбек айтып еді, ол онша шықпады. Сонда Қанекеңнің үні сол Ақылбайдың өз үніндей болғаны ма деп таңғалам да жүрем», - деді. Тыңдап отырған кісілер ешқандай ілтипат, әсер білдірмеген соң, Тәкең сыпайы әдебінен озбай, ойлана бас шайқап: «Ақылбай түгіл, осы жұрт келе-келе Ақылбайдың әкесі Абайды да ұмытады», - деді.

Тәкеңмен әр жүздесуім, кейде абыр-сабыр қарбаластың арасында тілдесе қалуым, оны мұның бәрін тізе берсем, ол – біраз хикая. Тағы да сондай-сондай әңгімелерді суыртпақтап көрейін.

Тәкең бір жолы менен: «Міржақыптан не білесің?» - деп сұрады. Мен Міржақыптың тыйым салынған әндерін зерттегенімді, оны «Жұлдыз» журналына жариялағанымды айттым. Сол сәтте Тәкең әжімсіз жүзі нұрлана түсіп, Міржақыптың «Алаш маршының» екі түрін бір-бір шумақтан еске салғанда, таң-тамаша қалдым. Міржақып өзі түгіл, әндері де ұмтылған жан еді ғой. Ал «өлді, өшті» деген сол әндері Тәкең секілді сырлы көкіректі зерделі адамның жүрегінде жүр.

Тәкең Сәкеннің сырлы сезімді лирикасына ерекше тебіренетін-ді. Жүздесуіміздің (2000 жылдан бастап) алғашқы жылдарында менен «Тау ішінде» әнінің бір газеттерге шыққан хикаяларын оқып, оған «құр долбар» деп күмәнданатынын сездірді. Кездесе қалсақ, соның мәнжайын сұраумен болды. Ол кездерде мен Сәкеннің әндерін зерттеп жүрсем де, «Тау ішінде» әнінің қалай шыққанын әлі анық білмейтін едім. Газеттердегі қисапсыз долбарларға Сәкеннің өз елі мүлде иланбайтын-ды.

2007 жылы маусым айында мен Алматыда Сәкеннің туған інісі Мәжиттің қызы Рымжан мен оның жолдасы, ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, профессор Қарпық Құсайыновтың үйінде қонақта болдым. Сол күні бұл аяулы жандар маған «Тау ішінде» әнінің шын хикаясын аян етті. Сәкен 1919 жылы Омбы түрмесінен қашып шығып, өзінің Жаңаарқадағы атақонысындағы ескі мазарлардың ішінде жасырынып жүреді. Кейде жұрт көзіне көрінбей, балалық, жастық шағы өткен Иманақ, Ескене тауларының қолтығында түн жамылып, сүйген ғашығымен сұхбаттасқан сәттерінде шығарыпты осы әнді. Міне, кейін мен Тәкең қызыққан «Тау ішінде» әнінің шын оқиғасын өзіне айтып

бергенімде, ол кісі іздеген жоғы табылған жандай қуанып, арманы орындалған бір бақытты жан секілді пешенесі жарқырады.

Тәкеңнің ерекше бір тебірене сөз ететін адамы – Халел Досмұхамедов. Тәкең: «Халелдің ғылыми еңбектеріндегі мәдениеті, биік жазу мәнері мен лексикон байлығы мені еріксіз ойландырады. Қазақтың бір қиыры Батыс өлкесінде туып, әдеби тіліміздің классикалық нормасының негізі – Абайдың сөз қолдану өнерін жете меңгергені, бұл – бір ғажап құбылыс!» - деп толғанды.

Қайран, Таумұш ақсақал... Көкірегі қоңыраулы күмбездей күмбірлеп, геолог боп бармаған жері, баспаған тауы қалмай, осы Батыс өлкесінің жетікат жер астындағы кен байлығын зерттеудің бар тауқыметін жан жүрегімен сеніп тапсырған ұлы ұстазы Қаныштың ұлағатты тағылымын бойына сіңіріп, өзі де геологияның атақты корифейлерінің біріне айналып, туған халқы сүйініп, бар еңбегін мақтаныш ететін ұлы тұлғаға айналды!

Бір кездерде Тәкеңе ұлы Қаныш ұстаздық етсе, бүгінде Тәкеңнің тәрбиесін көріп, тәжірибесін алып, геология ғылымында жұлдыздары жарқырап жүрген – Бақтықожа Ізмұхамбетов, Ұзақбай Қарабалин, Марат Байзақов, Кенжебек Ибрашев, Балтабек Қуандықов, Махамбет Батырбаев, міне, басқа да талантты, іскер геологтар өсіп-жетілді.

Осы азаматтардың ішінде Бақтықожамен қапияда бір сұхбатты сәттерді бастан кешкенімде, оның тектілігі мен бекзат болмысы, білім өресі мен ішкі мәдениеті, ой-өрісі, жан дүниесінің тазалығы мен рухани байлығы Тәкеңді еске салады да тұрады. Домбыра мен гитарды алма-кезек тартып, лирикалық ән-романстарды сұлу үнімен мөлдіреткенде, Бақтықожаның ту сыртында Тәкең, ол кісінің ар жағында құдіретті Қаныш тұрғандай таң-тамаша боп тебіренетінім бар. Ұлылық жалғасы дегеніміз осы болар, тегінде! Жайнаған нұрлы өмір осындай жандармен көрікті екен. Адамдар бақыты осылардың қолында тұрғандай көрінеді маған. Сол себептен болу керек, Тәкең Бақтықожа жөнінде сыр қозғағанда, оны өбектей сөйлеп, зипа бойына қылау жұқтырмай, сол сөзінің өзіне ракаттанып, тамылжып отырады.

Тәкеңмен осы бір етене араласқан он жылдың ішінде көп игі жақсының арасында кісілік келбеті ерекше жарқын Тәкең Атырау жұрты тоқсан жылдығын дүбірлете тойлап болған бір көңілді сәттерде бір күні маған телефон соғып: «Илья шырағым, ертеде бір үлкен ауылда он екі қанат ақ боз үйде билер, шешендер, батырлар бас қосыпты. Әңгімесі – ел мен жердің жағдайы. Сол мәслихат бесінге дейін созылып, әңгіме-дүкен құрған жандар сыртқа шығып, аттарына мініп, жан-жаққа тарай бастайды. Бір кезде бүкшеңдеген бір қария есік алдында шөгіп жатқан ақ бас атанға олай тырбаңдап, былай тырбаңдап міне алмай қояды. Осы сәтте қасынан жүгіріп өтіп бара жатқан бес-алты жасар балаға жалт қарап: «Әй, бала, аяғымнан көтеріп жіберші?» - дейді. Аландасар, албырт бала лып етіп, аяғынан демеп, түйесіне мінгізеді. Түйе атып тұрған кезде қария: «Балам, жасың мен сияқты тоқсанға келсін!» - деп рақметін айтады. Бала тұрып: «Шөккен түйеге міне алмаған тоқсаныңның атасына нәлет!» - жауап береді. Сөйтсе, бұл бала Сырым батыр екен», - деп ракаттана күліп алды.

Мен де күлдім. Тәкең күлімсірей сөйлеген күйі былай деді: «Ильяжан, мына «тоқсан» дегенің мені әуреге салып қойды. Той әлі де жалғасып жатыр. Тиыш келін екеуің ертең келіп, дәм татыңдар. Әніңді, әңгіменді сағынып жүрмін... Е, тағы бір әңгіме.

...Мен сияқты тоқсанға келген екі қария әңгімелесіп отырып, біреуі: «Ә, менің жиырма бесім! Қайран жиырма бесім!» - дей беріпті. Сонда қасындағы жолдасы: «Жиырма бесіңде де мандырымды бітірген ештеңең жоқ еді ғой», - деп күліпті. Қалай десек те, жиырма бірінші ғасырға ілігіп тұрмын. Ильяжан. Өткен өмір – көрген түс, тәтті елес... Басымыздан бәрі де өтті... Бәрі. Ұлы ұстазым Қаныш қандай жолға түссе, мен де сол жолдан тайғам жоқ. Мені туған елім қалай ардақтап, құрметтесе, еңбегіміздің еленгені шығар деп сүйінемін. Иә,иә, бұл, бәлкім, пендешілік те ойым болар. Шіркін, өмір... Жүріп өткен жолыңа жиырма бесті аңсатқандай, жалтақ-жалтақ қаратқан толассыз, тоқтаусыз зырлаған мезгіл-ай... Не тындырдым, неге қолым жетті, оның бағасын уақыт, болашақ көрсете жатар. Біз өз қоғамымызға шын беріліп, имандай сендік. Солай еңбек етіп, ғұмыр кештік. Ал сенім болмаған жерде мақсат-мұратқа жету мүмкін емес!. Өмірге, тағдырға еш өкінішім, өкпем жоқ! Жә, Ильяжан, ертең біздің үйге келіңдер...»

Сол күні Таумұш ақсақал мен Бәтіш жеңгейдің кең дастарқанында әңгімеміз жарасып, ара-арасында әндетіп қойып, бұл сирек бітімді асыл адаммен соңғы рет дәмдес боп отырғанымызды сезбеппіз.

Әлем көгінде жарқыраған ұлы тұлға Қаныш Сәтбаевтың өзі болмаса да көзі дерлік, жан-жақты толысқан эстет жан – Таумұш ақсақалдың жарқын жүзі, есті сөзі бір ғасырда бір-ақ туатын ғұламаның сиволындай ойландыра жүрер сағынтып...

Мен әрқашанда жүзінен ерекше ағалық мейірім байқалып тұратын, үлкенге ізеттілігі, кішіге қамқорлығы мол Таумұш ағамыздың адами қасиеттері туралы айтқым келеді.

Ол кісімен бірге жұмыстас болуым, ыстық лебізбен, қарындасты-ағалы ынтымақпен және туыстық тілектермен бірге өткізген жылдарым болды. Тәкең жайдары жан, абзал аға және үлгілі ұстаз бола білді. Батыс өңірінің , қала берді республика мұнайының шығу тарихын құдық қазғандай жинап, жарыққа шығарушылар екеу болса, солардың бірі Таумұш Нұрышұлы Жұмағалиев еді.

Қазақстанның геологиялық барлау жұмыстары, минералды қорларын молайту жолдарындағы еңбектері қазіргі мұнайшы жас буындардың рухани азығына, сусындайтын қайнар бұлағына айналды. Осы еңбектері бағаланып, Таумұш ағамызға 1967 жылы Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген геолог-мұнайшысы атағы берілді. Алтын уақытын ғылым жолына арнады.

Таумұш аға Бәтіш Төреғалиқызымен ұзақ жылдар отасып, отбасы қамқоры, сүйікті жар, ағайынның тірегі бола білді.

Ер-азамат қаншама мықтымын дегенмен, Құдай қосқан қосағы оңды болмаса оның ісінің оңға басуы екіталай болары анық. Бәтіш апамыз да ағамыз Тәкеңнің жан дүниесін түсіне білді. Бала-келіндерінің, немере-шөберелерінің мейірімді анасы.

Таумұш ағаның ерекше бір қасиеті әр уақытта көз алдымда. Біздер үйіне барғанда, қарапайым шәкірттері келсе де, ағамыз дастарқан басына костюмі мен туфлиін киіп, әтірін сеуіп, әдемілеиіп келетін. Бұдан ол кісінің өте мәдениетті, үлкенге де, кішіге де сыйластыққа жаны жақын екендігін көретінбіз.

Өзінің жеке адами қасиеті, біліктілігімен, мәдениеттілігімен қанша шәкірттер тәрбиеледі. Бүгінгі Қазақстан мұнай саласында еңбек етіп жатқан басшы қызметкерлердің басым көпшілігі Таумұш ағаның шәкірттері десем қателеспеймін.

Илья ЖАҚАНОВ,
композитор, жазушы,
Қазақстан мен Қырғызстанға
еңбек сіңірген қайраткер

ЕҢ АЛҒАШҚЫ ЕЛДІҢ ҚАРЫАРҚАҒА БАРУ СЕБЕБІ ОСЫЛАЙ БАСТАЛДЫ

Соғыс аяқталғаннан кейін 1946 жылдың қараша айының ортасына қарай әкем Дүйсенбаев Кәрібоз Чкалов атындағы колхоздың бастығы еді. Ол көп жылдан бері Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданындағы қайын жұртына барып қайту үшін Сталин атындағы колхоздың тұрғыны Мырзағұлов Қабыл әкем атпен, бір түйеге шешем Көшен екеуімізді кебеже жасап, керек-жарақтарын түйеге артып, жолға шықты. Ол кезде жол дегеніміз жалғызаяқ қой. Таласқа барғанда су терең арнамен ағып жатыр екен. Әкем Қабыл екеуі жеңілденіп шешініп, киімдерін біздің қасымызға таңып, түйенің мойынына ұзын арқанды байлап, арқанның ұшын әкем арғы бетке алып өтіп, тартып тұрды. Түйенің артынан Қабыл айдады. Түйе бір жағына қисайып жүзеді екен. Аман-есен арғы бетке өттік. Шамалы жүрген соң Түсіп деген кісінің үйіне жетіп барып қондық.



Азанда жолға шықтық. Бірінші жалдан өткенде қарсы алдымыздан атпен келе жатқан Нұғыман нағашымның інісі Үмбетке жолықтық. Көліктен түсіп, біраз шүйіркелесіп, Байқадамға қайттық. Бес-алты күннен кейін әкем, Үмбет жолдан Қабылды ертіп, үш ат, бір түйемен қайтадан жолға шықты. Таласты басып, Шуға, одан әрі Аркаға қарай жүрдік. Жолда неше түрлі құстар мен аңдарды көрдік. Шөптері белуардан, үйір-үйір киіктер жолымызды кесіп отырды. Аптадан аса жүріп, Кенжебайсамайға жеттік. Ертеңіне "Түгіскен" колхозындағы Нұғыман нағашымның үйіне жеттік. Барғаннан бастап, сапырылысып, сәлем беріп келіп жатқан елдерден үй босамады. Он шақты күндей болып, Сарысу ауданына қайтар алдында әкем Көзей руының Арқа жеріндегі аса қадірменді қариясы, қалың ел пір тұтатын Ысқақ қажыға барып сәлемдесіп келейін



деген еді. Әкейге шешем: "Қажының бір көйлегін ырым етіп ала кел", - деп қатты тапсырды.

Ертеңіне Ысқақ қажынікіне барғанда, әкем шешемнің аманатын ұялып айтпай, қош айтысып, шығып бара жатады. Сонда қажы: «Әй, Кәрібоз, тоқта ұялма, қызымның сұраған көйлегін орап қойдым, ала кет», - деді. Әкем көйлекті шешеме беріп жатып, шешеме: "Мен иба сақтап, ұялып айтқан жоқ едім. Жарықтық қажы, құдірет-қасиетіңнен айналайын, өзі дайындап қойыпты," – деп оның сәуегейлігіне, әулиелігіне қатты таңқалды.

Он шақты күндей болып, кері Байқадамға қайттық. Бізді Самайға дейін шығарып салуға бірге келген Бекет, Матайдың Төлегені, Нұғыман, Үмбет, тағы біраз адамдар ілесті.

Самайдағы қонатын үйіміз екі бөлме ғана. Адамның көпшілігі сонша, ине шаншар жер жоқ. Сондағы отырғандар әкеме жата-жабысып, енді өнеріңді көрсет деп жанын қоймады. Себебі әкем қайын жұртында болған кезінде өз бойындағы әртістік, сайқымазақтық, сиқыршылыққа тән өнерлерінің шет жағасын көрсетіп, елге танымал болып қалған-ды. Әкем келісім берген соң үй егесі көзді ашып-жұмғанша болған жоқ, тайыншадай серкені жетелеп үйге кіргізді. Әкем орнынан тұрып, есікке таман отырған бір әйелдің үлкен орамалын алып, серкенің басына жапты да, әлдене деп құлағына сыбырлады. Сөйтті де құлауға ыңғайлана берген серкенің төрт аяғын созып жатқызды. Серке жансыз жатып қалды. Адамдар серкені кезек-кезек түртіп көрді. Серке селт етер емес, тіпті тыныс алмай қалды. Адамдар шулап, өліп қалды десіп жатты. Содан соң әкем:

-Ал енді көріп болсаңдар, ұлықсат болса, тұрғызайын, - деді.

Елдер: "Тұрғыз, тұрғыз!" -деп шуласты. Әкем серкенің қасына барып, еңкейіп құлағына түсініксіз бір сөзді сыбырлады да, бетіне жапқан орамалды алып: "Тұр, ақ серке!" дегенде, ол орнынан сілкініп, атып тұрды да, жан-жағына таңырқай қарап, егесінің жетегіне ілесіп, есікке беттеді. Отырғандардың таңданысында шек жоқ. Жездесімен ойнайтындар: "Әй, Кәрібоз, мына өнеріңмен ауылда сандалып неге жүрсің? Анау Мәскеуге, Алматыға неге кетпейсің," – десіп гулесіп жатты. Біраз ел қоштасуға ыңғайланып: «Енді қашан келесіңдер?» – дегенде әкем:

-Алла қаласа, Байқадамға барған соң үкіметтерге барып, Сарыарқаға жазда малды жайлауға шығаруға болатындығын айтпақпын. Әнеукүні жолай көші-қон жолының жобасын мына Қабыл екеуміз бажайлай көріп келдік.

Шынында да келер 1947 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданының басшылары арнайы көлікпен Сарыарқаның жаздық жайылымдық жерін көру үшін арнайы комиссия жіберді. Оның құрамында ауданның көрнекті, тәжірибелі азаматтары Кәриев Болатбек, Қарамергенов Ахметжан, Жұманов Дүйсенбек, Ысқақов Әлі, әкем Кәрібоз, Ысқақов Қасым, Бестібаев Шәріп, Қабанбаев Оспан, Мырзағұлов Кәрібай, Тәшенбаев Мәукен, т.б. адамдарды әкем жол көрсетуші болып бастап барып, Сарыарқаның осы күнгі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданының оңтүстік аймағын ай бойы аралап, жайлауды көріп, барлығы бір ауыздан қолдап келді.

1948-1949 жылдары Сарыарқаны жайлап келген малдары ерекше күйлі болып, аудан үлкен жетістікке жетті. Төл есебінен мал басы күрт өсті.

Осыған орай малшылардың көбісінің еңбегі жанып, жиырмаға жуық адам Социалистік Еңбек Ері, Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен , медальдармен марапатталды.

Балахан ДҮЙСЕНБАЕВ, Сарысу ауданы, Жамбыл облысы

БАЛАЛЫҚТЫҢ БҰЛТТЫ АСПАНЫ...



Біздің аталарымызды көшпелі шеркешер деп санайды екен. Негізгі мекені осы Атырау қаласынан 25-30 шақырым жердегі Қайыршақты, Түкел, Шағырлы, Әлменқайыр, Ниетәлі, Қараөткел, Шаңшелек сияқты қоныстарға қыстап, талай рулармен араласа көшіп-қонып жүреді екен. Қыстауы Әжім дейтін жерде. Әжім дейтін жасында дүние салған біздің елдің бір азаматы болса керек.

Сонау жылдар, осыдан 70 жыл бұрын әкеммен бірге барып, бұзылып қалған қыстауымыздың орнын көріп, атам Ізімбергеннің басына бет сипап кеткенім есімде қалыпты. Бала ертеде көрген, естігендерін ұмытпайды ғой, соншама уақыт өтсе де, сондағы әкемнің айтқаны, көргендерім күні кешегідей әлі жадымда сайрап тұр. Біз кішкентай баланың алдында не айтып, не қойсақ та, солардың бәрі осы кішкене адамның есінде сақталатыны анық екен. Сондықтан балаға ана тілінде естігендері мен нақты көргендері қанша заман өткенімен ұмытылмайды.

Жаңағы жерге, өз қыстауымызға барған себебіміз де бар екен-ау. Ол кезең қазақтардың басына қиыншылық төнген уақыт болатын. Ішерге ас, киерге киім жоқ, өлместің қамын жасаған жанталас тіршілік еді ғой. Әкем екеуміздің ескі қыстауға баруымызда да мән бар екен. Енді ойласам, сол заманда қалада малдың қу сүйегін алатын, соған ақша беретін мекеме болды. Сондықтан жаяу-жалпы қабын аркалап, сүйек теріп қаңғып жүрген қазақтар көп болатын. Аяқ жетер жердегі сүйекті тауысқан соң, алысқа баруға тура келген болар және әуелдегі іргелі бай ауылдың мекені ғой, ондай жерде қысы-жазы сойылған малдың сүйегі болуы әбден мүмкін. Міне, сол оймен ескі қыстауға барып, табылған сүйек-сияқты жинап, арбамызға салып алдық.

Байқаймын, қыстауымыздың тұрған жері шұрайлы, неше түрлі жоңышқа, сай-саласы баршылық қоныс екен. Әкемнің айтуына қарағанда, біздің пәтеріміздің асты-үсті қарағай, көп бөлмелі, тастан салынған үй екен. Біз көргенде құлап, орнына шөп шығып кетіпті. Есіктің алдында үлкен өзек болған білем, қазір тартылып құрған жатыр. Осы арадан онша қашық емес, қауым бейітте атам Ізімберген жерленіпті. Үстіне қарағайдан қашап салған биік мұнаралы ескерткіші, басына қойылған құлпытасы бар екен. Кезінде сырланған, жоғарырағында өз-өзінен ашылып-жабылып тұратын есігі болған. Біз барғанда сол есігі жоқ болып шықты.

Менің атам 1912 жылы дүние салған екен. Көзі ашық, ескіше сауатты, кезінде қажыға барған, елге қадірлі, ел билеген адам болыпты. Бір сөзді, дініне берік, хан болсын, қара болсын, бұл кісінің алдында ауып кете алмаса керек. Міне, сондай адамның кенже баласы ішерге ас, киерге киім таба алмай, даладан қу сүйек теріп қаңғырып жүріп, қыстауына, әкесінің бейітіне барып қалған ғой.

Не керек, түске қарай кейін қайттық. Біздің барған кезіміз май айының іші-ау, ол күнде қазіргі шойын жол жоқ. Тікелей жүріп отырып, осы күнгі "Орбита" тұрған жердегі Ақтөбенің сайына жеттік. Сай шұңғыма терең екен. Жайпақтау жері болмады. Сондықтан сайдан түйе арбамен қалай болса солай өтуге болмайтын болды да, әкем арбаның екі артқы дөңгелегін мықтап байлап, мені арбадан түсіріп, өзі түйесін жетектеп, сайдан өткеніміз бар. Сайдың келесі бетіне шыққан, шашылып жатқан тас, ескі уақ сүйектер, күнге шағылысқан, үстінде бедері бар жылтыр тастар, тағы басқа түрлі тастар, жебенің ұшы, шіріп майысып қалған қылыш сынықтары, адамның бас сүйегі сияқты нәрселер шашылып жатыр екен. Әкем әлгілерді көргесін ешнәрсе алмады. Баламын ғой, бірнеше асық, қорғасын құйған бір-екі топай, жебенің ұшын алдым. Кейін байқасам, Ақтөбе бір заманда едәуір қала, мәдени-әкімшілік орталық болған екен. Оның сәулеті сол дәуірлердегі басқа қалалармен шамалас, ал жаугершілік кезіндегі күл-талқан болып, әлгі мен көрген, кейін іздестірушілер көрсетіп айтқандай және қазып жинап алған бұйымдары айғақтағандай, қазақ халқының тарихи орны, ошағы болғанын ойына оралтады. "Жоқтамағанның малы түгел" деген ғой. Бір замандарда өткеніңді есіңе алып, ненің қай орында қалай болғанын ескермек түгілі, байтал түгілі бас қайғы болған қысылшақ заман діңкемізді құртып кеткенін қайтерсің. Бойымызды тіктеп, ойымызды жинақтап, шыққан өкше ізімізге қарау енді-енді бір жүйеге түсіп келе жатқасын, кейінгі ұрпаққа айтып отырған бір сөз желісі, көрген, естіген нәрселер еді.

Сонымен жинаған 5-6 қап сүйегімізді арбаға салып алып, қаланың шет жағындағы бір жерге тапсырған шығармыз (мен кішкентай баламын ғой ұйықтап қалыппын). Оянсам, күн кешкіріпті, түйе арбамыз жолмен келе жатыр, ауылға да жақындап қалған екенбіз. Шешем үйден шығып, мені, арбадағы керек-жарақты алып жатты. Әкем түйені босатып, арбаны ыңғайлы орнына жөндеп қойып жатты. Түйе қиналғандай жүріс бола қойған жоқ қой, дегенмен бұйдасынан байлап, аяғын тұсап, шөгеріп тастады. Ұмытып барады екенмін ғой, біздің сондағы мекеніміз қаладан 15 шақырымдай жердегі Шырпынай деген 5-6 үйлі шағын ауыл болатын. Бұл арада Бекпан, Шыман, Тәжіғали және біздің үй болды. Сол үйлердің арасында менен кіші бала болмаған сияқты. Бекпанның үйінде Балтабай, Орақ, Шыманның үйінде Бекентай, Тасым дейтін балалар болғаны есімде. Осы балалардың бәрі де менен үлкен, мектеп жасына келгендер-ау. Бірақ қайда оқитынын білмеймін. Сірә, "Алғабас" ("Үлкен көл") ауылында Тегісбаев Аманғали деген мұғалімнен барып-келіп сабақ алған болулары керек. Әйтеуір, олар күнде үйлерінде бола бермейді. Ал маған ойнайтын бала керек. Мен үйдегі жалғыз баламын ғой.

Міне, осылайша 1935 жыл да келді. Жағдай түзелген жоқ. Кейін ес білген соң естідік қой, 1929 жылы салқын күзде сонау Қызылқоғаның Жамансай деген қонысын жайлап барып отырғанымызда, конфискацияға ұшырап, бар малдан жұрдай болып, бір түйе, бір атпен Атырауға әрең деп жетіп жығылған екенбіз. Істейтін кәсіп жоқ, мал бағудан басқаға үйренбеген қазағың, малынан айырылғаннан кейін не істерін білмей сасады ғой. Сондай күй біздің үйдің ішінде де болған шығар. Мен кішкентаймын ғой. Әйтеуір әжемнің аркалап жүретінін

білемін. Қайран ата-анам, әжем менің өсуіме барларын аямаған шығар-ау! Не керек, сүйткен жандарға не көрсетіп, не қайыр жасаппын!?

Ойпырмай, "Бала ұлан жасындағысын ұмытпайды" деген рас білемін. Қызылқоғадан көшіп, ескі қыстауға келгеннен кейін (әкем айтып отыратын еді) 1932 жылы күзге салым әкем Ойыл жаққа ма әлде жүгері іздеп басқа бір бағытқа ма- әйтеуір қала шығып кеткен екен. Үйде шешем екеуміз қалғанбыз. Алдында жазғы салым әжем дүние салыпты. Не керек, осы күнгі Қызылтал өзегінің арқа бетінде төрт қанат ағаш үйде қалдық. Жазғытұры боталаған баяғы бір нар бар еді. Соны сауып ішеміз ғой. Сол нар өрістен жоғалып кетті. Іздегенмен, сұрастырғанмен таптырмады. Кешікпей әкем де келді. Сірә, өнжеулі, көңілге тоқ азық-түлік әкеле алмаған сияқты. Сөйтіп таңдайымызға тартып отырған жалғыз түйе хабар-ошарсыз кетті. Жетім бота қалды. Салқын түсе бір жер пәтерге қыстауға келдік. Кішкентай көрана ғой. Не керек, манағы жетім ботаны қазандықтың қасына байлаймыз. Ұры көп болғандықтан, ішке бағатын шығар. Әбден тарықтық. Сүйтіп қыстан да шықтық-ау. Сауын жоқ. Кәсіп тағы жоқ. Басқа ешбір көмек жоқ. Қысылыс кірді. Әкем балық аулайды, жайылма судан шанышқымен сазан, жайын сияқты балықтарды ұстайды. Бірақ өңкей балық та адамға ас болмайды екен. Не ішетін шай жоқ, тіске басатын өзге шайнама тағам жоқ. Сүйтіп отырғанда бір хабар болды. Бір ауылға алтын-күмісті алып, күріш беретін адам келіп жатыр екен. Соған әлгідей заттарын өткізіп, астық-сулық алуға болады деген хабар болғасын әкем о заманнан үйде сақталған алтын-күміс бұйымдар салған едәуір дорбаны апарып, орнына орта қап күріш әкелді. Соны талғажу жасап, не керек, күзге жеттік-ау. Атырау жерінде көлдің құрғап қалған табанына жақын жерде ақшоңқай деген жердің беткі қабатында өсіп жататын бұратылған тамыр болады. Оны күрекпен жерді қырып отырып жинайсың. Бір қабын ба, әйтеуір әлің келгенше аласың. Үйге әкеліп қазанға топырақ салып, оны қатты қыздырып, осының үстіне әлгі ақшоңқайды салып қуырасың. Сонда оның сыртындағы түгі үйітіліп қалады да, керек шөптің тамыры аппақ болып шығады. Енді осыны алашаға салып ысқылайсың. Сонда ол әбден тазарады. Сонан кейін келіге салып түйесің. Әбден ұнтақтайсың. Мұны талқан ретінде жеуге болады. Қалай дегенмен бірөңкей балыққа аралас тағам болады. Міне, осыны қазып жинап алып жүрді әке-шешем. Үйде темір келі мен келсап болады. Ұсақтау балық-шабақтың қылқаны көп болады ғой. Қақалып қалар-ау дейтін шығар, шешем балықтың қабығын аршып, ішінен шыққан майына мықтап қуырады да, одан кейін әлгі темір келіге салып, әбден ұнталғанша түйеді. Бұл да бір тамақ асырауға септігін тигізетін шаруа болды. 1933 жылдан 1934 жылға қарағанда біздің үйде манағы жетім қалған бота тайлақ болды. Осыны әкем сатқан шығар, орнына бір қара сиыр әкелді. Сол жылы қар көп болды, бірақ қатты боран болған жоқ сияқты. Теніз үйдің іргесінде, жағасында қалың қамыс өседі. Әкем қамыс шабады. Шабылған қамысты баулайды. Таңертеңнен кешке дейін бір арба қамыс әкеледі. Қайбір тәуір арба дейсің, 50-60 бауы қамыс тиелетін шығар. Тиелген қамысты ортасынан арқанмен байлап, оны бұраумен бұрап, ауып-түсіп қалмастай етіп бекітеді де, үйдің жанынан әкеліп қояды. Таңертең ертемен тұрып, шайын ішіп, көлігін жегіп, бір арба қамысты қалаға (Үйшікке) сатуға алып кетеді. Ол заманда қала тұрғындары да, мекемелер де үйлерін жылыту үшін қамыс жағады. Сондықтан қамыс пұл болады ғой. Түскен ақшасына нан,шай,секер алады. Бұл бір жақсы кәсіп болып алды. Біздің үйдің де біршама күйленіп қалуына әсері болды. Сөз арасында айта отырайын-әлгі қалаға қамыс тасығанда суық-аязды күндер болады. Ондайда жылы киім керек қой. Әсіресе аяққим қаттау, суықта алдымен аяқ тоңғыш келеді ғой. Шешем киізден тігіп, етіктің сыртынан кигізіп алса, аяқ тоңбайды. Сонымен жазға да іліктік. Манағы сиырымыз бұзаулады. Тіпті едәуір көтеріліп қалғандай болдық-ау. Сонау Жамансай бойында мал-дүниеден жұрдай болып, әрең деп Атырау маңына келіп, содан бері бұрынғы көшпелілік күйден, тек күнелтістің қамына ғана түскенімізге де бес жыл болған екен.

Енді, міне, бір түйе, бір бұзаулы сиыры бар жағдайға келгесін бе, әлде баяғы бір жайлы жайлауға бару психологиясы биледі ме екен, сол жылы сәуір айында бірнеше үйлі ағайын болып, Тайсойғанға көштік. Осы жайлауға көшіп келе жатқандардың ішінде Мәлек ақсақал, Шадыман ақсақал, Табай ақсақал, Тәжіғали, Боран, Шәрім, (қалғандарын ұмыттым) бар. Баймоңке, Сары, Алабие, Белқұдық бағытымен көшеміз. Сол жылы жер мен көк табиғаты құлпырып тұрғандай райланып тұрды. Мен кішкентай баламын ғой - маған қызық сияқты. Мынаны қара, осылай көшіп келе жатқанда, Алабиеден асқан шамада әлгі біздің қара сиыр мертілді де қалды. Оның сойып орналастыратын жері үйдің арасында қайдан болсын, алдымыздағы қалың елдің ортасына жеткесін жылулап жіберерміз деген болар, сиырды арбаға салып алдық. Ал үйдің керек-жарағын басқа ағайындардың көлігіне бөліп тиедік. Жетім қалған қара бұзау бар. Мен Әділ дейтін ересек баламен бірге анда-санда ұсақ малды айдасатыным бар еді. Бір күні Әділ көш жөнелгенше қой-қозыны айдап кететін әдетімен мені ілестіріп, бұрынырақ жүріп кетті. Әлгі малдың ішінде менің малым жоқ, тек жетім қара бұзау бар. Мен соны айдаған боламын ғой. Күн ыссы, қалың шөп. Шаршағасын демалдық. Қара бұзау да мойынын қайырып, тұмсығы кіржіп, ұйықтап жатыр. Соның қасына келіп отырып едім, өзім де ұйықтап қалыппын. Бір мезгілде оянсам айнала дауыс. "Бұзау – анау ғой, бала қайда, бала қайда?" деген сөздер естілгесін, мен қалың шөптің ортасынан түрегелдім. Әкем түйенің үстінде желіп келеді екен. Қайран әкем мені көріп қуанып кетті-ау! Сонымен "мен табылдым". Осы уақыттағы әкемнің жүрекжарды қуанышы күні бүгінге дейін көз алдымда. Сол көрініс ойыма алсам, көзімнің жасы төгіледі-ай келіп. Әкем мейірімді жан еді. Мені бір рет те болса жасқап көрген емес. Шешем екеуі осы баланы өсірсек деген шығар. Әрине, менің Боран деген ағам, Жексен деген інім болған, оларды әкемнің ағасы Тәжіғалидың баласы болмаған соң, солар асырап алған, бірақ екеуі де қайтыс болды. Мен көпке дейін жалғыз болдым. Осы арада бір жайды еске алған жөн шығар. Біздің үйде бір тәуір бәйге ат болыпты. Сол жылқы адай Боқымаш пен Әуелбек ауылынан менің әкеме сыйға тартылған екен.

Мен, әрине, ол атты көргенім жоқ, бірақ әкемнің замандастары, үлкен ағалары талай бәйгеден келгенін, аттың беделін ілтипатпен айтып отыратынын естігенім бар. Бір жылы Қызылқоғаға жайлап барып жүргенде, құрбан айт болып, оған көп ат қосылатын болса керек. Мезгіл салқын күз болса керек. Шамамен күзем алынып, одан киіз басып алып, кейін Атырауға көшетін кез бола ма деймін. Не керек, іңірде бәйге аттарын бастап біреу алып кетеді де, таңертең ертемен белгіленген жермен 50 шақырым қашықтықта тіке шабады екен. Осы ретте де солай болыпты. Әкем екеуміз ертемен шайымызды ішіп, жұртпен бірге көпшілік жиналатын қарақшының түбіне келдік. Әрі-беріден соң алыстан шаң көрінді. Жиналған жұрт бәйге аттары келе жатқанын шамалап, ат десе делебесі қозбайтын қазақ бар ма, кімнің аты озып келе жатқанын білмесе де, үміттеніп, аттың алдынан шығып көтермелеу үшін тәуір аттарын мініп, әзірленіп келеді екен. Міне, сол әдет жаңағы көрінген шаңға қарай жапа-тармағай шаба түсуге әкелген. Қарақшыдан бір шақырымдай "көтермешілер" ұзап шыққанда, құбыла беттен 4-5 аттылы кісі кесе көлденең шаппасы бар ма және қолдарындағы қамшыларын сілтеп, кейін қайтындар дегендей белгі беріп жатыр. Аттылардың алдынғы легі серпіліп, аттарының басын тартып, қарақшының түбіне қайта жинала бергенде, сол кезде "банда" атанып жүрген Құныскерей бастаған екі Жәрдем, Мұсағали бар, олар да қарақшының түбіне келіп, айттарын қабыл болсын айтты да: «Келе жатқан бәйге атының алдынан шаппаңдар. Әлгі келетін жылқы өзі-ақ озып келеді. Сендер бас жіппен тартып жүргендеріңде үстіндегі баланы не атты жазым қыласыңдар»,- дегенді айтты. Жұртта тыныштық орнады. Әне-міне дегенше бәйге өте шықты. Біздің үйдің торы аты, үстінде көкемнің немере інісі Қодан бар екен. Атты ауылға қарай алып кеттік. Тиісті байрағын карттар алып жатыр ғой. Атты тыныктырып болып үйде отырғанымызда, бір бала ішке жүгіріп келіп, сыртта Құныскерей түсіп жатқанын хабарлады.

«Жалма-жан сыртқа шыксам, сол кісі екен. Атын ұстап, кермеге байлап, өзін үйге кіргіздім», - деген еді әкем. Үйге кіргесін, жайланып отырыпты. Менің әжемді қалай болса да "апа" дейді екен. Әжеммен амандасып, бізге де назар салып отырыпты. Шай қойылып, мал сойылды. Күн кешкіріп келе жатқан уақыт қой. Тамақтанып болған соң, қонақ өзінің жүретінін айтқан болса керек. Әжем қонақтың бұйымын сұрапты. Сонда Құныскерей астына мініп жүрген Қарақұс деген атының қосарлы серігі болмай жүргенін айтқан екен. Осынысымен біздің торы атты сағалап келіп отырғанын сездірсе керек. Әжем маркұм сөзге шебер, айтатынын айтып отыратын өте беделді жан екен және ел сыйлайтын кемпірі болғаны ғой. Құныскерейдің емеуірінін байқаған әжем осы үйде бір жылқы бар. Мына балама құдаларының арнап мінгізген малы еді. Қосарлыққа деп сұрама, сенің Қарақұсыңнан олқы емес. Сені жаяу қалдыра алмаймын. Жиеніңнің өзіне арналған тайын,- деп келе жатқанда, қонақ: "Апа, түсіндім, рақмет. Тек маған бір өрекиіз беріп жіберіңіз", – деген екен. Ол нәрсе сөз болып па, жаюлы жатқан, жаңадан басқан көп киіздің ішінен бір жақсысын бүктеп, қанжығасына бөктеріп берген екен. Байқап отырған шығарсындар, бұл Құныскерейдің құғынға ұшырап жүрген мезгілі ғой. Шамамен 1925-26 жылдар болса керек. Соның келесі жылы ма екен, осы Құныскерей шілденің ішінде менің әкеммен тағы бар кездескенін айтып отырушы еді біздің ағайындар. Сірә, бұл Құныскерейді ұстаған адамға үкімет ақша беретін болған тұс болса керек. Бір күні Қызылқоғаны тағы да жайлап барғанымызда, көрші отырған бір ауылға Құныскерей түс кезінде келіп түскен екен. Әлі біздің қазақтар конфискацияға ұшырай қоймаған уақыт қой. Келген қонаққа қай қазақ мал сойып, қонағасы бермеген. Сол әдеті бойынша әлгі үйдің иесі де осылай

істейді ғой. Әкем: «Үйықтап жатыр едім. Үйге жаңағы үйдің азаматы келіп, Құныскерейдің түстенін отырғанын айтты. Соны айта отырып, қазір қаруын тастап, тек жеңіл киіммен ғана отырғанын да білдірді. Ақырында: «Осы Құныскерейді ұстасақ қайтеді. Саған осыны айтайын деп келдім».- демесі бар ма. Шошып қалдым. «Ойпырмай, Нүреке, шынымен айтып отырмысың?! Мынауың қалай болды. Құныскерей болса, торғайдай панаған жүрген адам ғой. Менің үйіме де солай келіп отыр. Ешкімге зияны да болмаған еді. Сенің ұстап берейінің қалай? Екіншіден, соған сенің қайратың келмейді де. Үшіншіден, қай қазақ қонағына қастандық жасайтын еді. Сенің мына сөзіңді мен естімеген, сен маған айтпаған бол. Осы жерде қалсын»,- дедім. Толқымалы адам психологиясы ғой, әлгі Нүрекең осыдан кейін: "Ойпырмай, Есеңгали (әкемнің шын аты) сенің қайратың мен тәуекелің бар жігіт еді, соны ойлап, бір кәте пікірге келген екенмін, кешір», -деп кешірім сұрады да: «Сен үйге жүр, қонақпен бірге бол»,- дегесін: «Жақсы, сен жүре бер, мен артыңнан барамын»,-дедім. Жуының, киінін мен де бардым. Барсам, жеңіл киіммен отыр екен. Әлемдескесін: «Қасыма кел, жиен»,- деп отырғызды. Аман-саулық сұрастық. Көп сөйлемейді ғой, сарандау тіл қатып қояды. Қапсағай денелі, онша жауырынды кісі емес, бірақ сом денелі, ұзын бойлы, саусақтары салалы, құсмұрынды, шүңірек көзді адам болатын. Сонымен тамақтанып болып, өз бағытына кетті де, мен үйіме келдім»,- деп отырушы еді әкем. Бұдан басқа да талай нәрселерді біздің карттар өзара әңгімелеп отырушы еді. Солардың бірі менің әкемнің, сонау 1919-20 жылдар шамасында шығар, Орынбор қаласында қазақ зиялыларымен бірге оқыған тұсы болатын. Ол кез аласапырандау уақыт қой. Міне, осы кездегі Колчак өкіметі мен Кеңес өкіметінің текетіресінен сескеніп, әкем бір түнде оқуды тастап (ноябрь), ағасы мінуге берген атпен ел қайдасың деп, Атырауға кете барыпты. Бірнеше күн жүріп, елге де жетеді. Жоғарыда айтылып отырған оқиғалар осыдан кейінгі тіршіліктер ғой. Қазақстанда Кеңес өкіметі орнаған кезден бастап-ақ жаңа тәртіп, жаңа қоғамдық қатынастарға қазақтардың басым көпшілігі үйрене алмай, көп азап шеккені рас. Ендігі тәртіп бірыңғай күш көрсетіп, өз ішінен бір-біріне айдап салу, әкім- қараларды қайдағы бір қанқұйлы адамдардан әкеліп қою жолымен жалпы қазақтардың психологиясына ықпал ету тәсілі басым болды. Осылайша жаппай құғын-сүргін әрекеті басталды. Бұл қазақ ұлтының сауатты да жетекші азаматтарынан қол үзіп, көз жазып қалуына әкелді. Осының алдында ғана елді жайлаған ашаршылық қазақтарды жусатып салды. Мұндай экономикалық, саяси-әлеуметтік кеселдерге қосыла мәдени-ағарту бағытында ды тықсыра түсу әдісі кең етек алды. Осы күймен 1941-1945 жылдар арасындағы соғыска келіп ұласты да, қазақтың жұмыс істеуге қабілетті азаматтары соғыстың от жалынының алдынғы шебіне салынды. Бұған дейін қолына қамшы мен құрықтан басқа құрал ұстап көрмеген қазақ жігіттері "айласыз батыр тез өледінің кебін киіп-ақ" қалды. Мен туып- өскен Томарлы ауылынан соғыска аттанған 130 жігіттің 81-і бөтен жерде оққа ұшып, еліне орала алмай қалса, бар болғаны 49 адам әртүрлі жарақатпен елге оралды. Күні бүгін солардан қалған үш адам бар.

Менің балалық шағым осындай сұрапыл заманда өтті. Енді, міне, соларды еске алып отырмын. Тұтастай алғанда, менің замандастарым бұл өмірдің ащысын татып өскен жандар екен ғой. Шаттық заман, бақытты заман дегендер қайдан болсын.

Әрине, дүние тегіс болғанша, жігітке бір іс болады деген сөз бар. Кейбір "ілгерілеу" болған шығар, бірақ бұл жақсы тіршіліктен аулақ жатыр еді.

Қарап отырсақ, сол дәуірден бері қарай үшінші ұрпақ ауысуға жақын уақыт өткен екен. Біз көрген екі қоғамдық құрылыс болды. Осы екеуінің бірін-бірі ауыстыруы үстінде қатты қиналыс болды. Қиналу, әрине, қарапайым халықтың тіршілігінде болды. Әйтпесе, билеуші элита тіпті бұдан зиян шеккен де жоқ десек болар. Көп болса, олардың өзара қырқыстарынан қансырап қалғандары болған болар. Бірақ байлық, игілік сол билік басындағылардың қолында қалды. Сонымен жаңа ғасырдың табалдырығын аттап отырған жай бар. Адамда таусылмайтын үміт деген нәрсе бар ғой, сол сөнбеген үмітпен келе жатырмыз.

Құсекен ШӘУКЕНҰЛЫ,
Филология ғылымдарының кандидаты.
Атырау қаласы.

ШЕЛ СОЛДАТ ПРЕГРАД НЕ ЗНАЯ...

На рассвете 22 июня 1941 года полковую школу одной из брестских частей разбудили разрывы снарядов, гул самолетов и глухие бомбовые удары. Земля содрогалась.Солдаты выбегали из палаток, некоторые тут же падали – раненые или убитые. Курсанты вчерашние мальчики, ничего не соображали. Они ожидали начала тактических учений, для этого их и привезли сюда, на берег Буга, два дня назад. А тут – война. Начальник школы безуспешно старался собрать курсантов, командиров. Но началась паника: ведь они были вооружены трехлинейками, к которым прилагалось 50 холостых патронов, и учебными деревянными гранатами. Чем же защитить себя от врага?

Среди ребят был Жумабай Бекесов, уроженец села Байбек Красноряского района. Он служил в этой школе командиром стрелкового отделения. В предрассветной земгле, когда все смешалось, он тоже пытался собрать свое подразделение. Да куда там – все разбрелись по лесу... Четыре дня подряд без отдыха солдаты отступали. И тут встретился им старший лейтенант. «Надо принять бой, - скомандовал он и раздал всем боевые патроны. – Пусть фашисты почувствуют сопротивление...». Но подразделение развернулось на открытом поле. Здесь Бекесов впервые увидел врагов; немцы шли целью, не таясь, как бы демонстрируя свое превосходство. Патроны у обороняющихся быстро кончились и вновь им пришлось отступать...

Оборванные, голодные солдаты бродили по лесам, шли на восток, вглубь своей страны. А через несколько месяцев Бекесов с товарищами под Полтавой попали в плен. Их заперли в кошарс, где было много народа. Потом посадили в вагоны и отправили в Германию. На душе у солдат было муторно...

-Ребята, скоро, наверное, граница, - сказал один на пленных. – Переедем ее – прощай Родина. Может, сбежим, пока на своей территории?

Стали обсуждать это предложение. И нашлось шестеро смельчаков, рискнувших осуществить побег. Ночью им удалось бежать.

-Вскоре мы собрались вместе, - вспоминает Жумабай Исмагалиевич. – Присмотрелись, увидели стог сена. В нем и зарылись. Утром осмотрелись: примерно в трех-четырех километрах от нас находилась небольшая деревня. Идти туда днем было опасно, пошли вечером. Двое зашли в крайнюю избу. Вскоре один из них прибежал: «Нормально, немцев нет». В доме жили дед с бабушкой. Они, увидев нас, расплакались. На дворе стоял ноябрь, в мы были в летних оборванных гимнастерках. Хозяева тут же организовали баню, наши завшивленные лохмотья пошли в топку, а нас одели, во что смогли. И впервые за много месяцев мы поели горячего.

Немного окрепнув, вновь двинулись в путь. Шли ночью, днем спали. Однажды, когда оказались в Киевской области местные жители им посоветовали устроиться на работу в совхоз. «Здесь тихо, кормить будут, - сказали они. – Куда пойдете зимой!». Посчитали совет разумным. Обратились к директору совхоза (им оказался старичок), который даже не стал интересоваться их прошлым, сразу принял на работу. Оказывется, там жили уже более сорока таких же бедолаг. Работа была нетрудная: заготовка дров, чистка коровников, переборка буряка...

Однажды сосед, один из тех, кто с поезда бежал, спросил Бекесова: «Пойдешь в партизаны». «Пойду», - не задумываясь, ответил он. Вскоре был сигнал. Когда Жумабай выбежал на улицу, там уже собралась группа людей, стояли запряженные брички.

Партизанский отряд носил имя Кутузова, был небольшой, на 50 – 60 человек. Вновь прибывших проверили. Бекесов вместе с другими ходил на задания.

И вот немцы стали отступать. Партизаны соединились с действующей армией. Жумабай Исмагалиевич снова надел солдатскую форму и был направлен в отдельную разведроту 337-й стрелковой дивизии.

... Лето 1944 года. Под городом Яссы захлебнулись атаки наших частей. Разведчикам поступила команда: «Доставить языка!» Отделение Бекесова выполняло свою обычную работу – следило за наблюдательным пунктом противника. Было решено взять языка оттуда. Ночью двенадцать бойцов приступили к своим обязанностям. Они аккуратно сняли часового и ворвались в пункт. Сведения были добыты нужные. Через некоторое время успешно провели наступление, части дивизии овладели городом.

...Ожесточенные бои шли за Будапешт. Дрались за каждый дом. Вскоре операция была закончена, город взят.

Бои легкими не бывают, ибо каждый из них уносит немало жизней. Терял друзей, шел по дорогам войны и Ж.И.Бекесов. Он не прятался за спинами товарищей , попадал в сложные переделки, но всегда находил выход. Войну закончил в Австрии.

В начале 1946 года Жумабай Исмагалиевич вернулся домой.

Ратные дела солдата были отмечены орденами Славы второй и треьей степеней, двумя орденами Красной Звезды, медалями « За отвагу». «За взятие Будапешта».

Он вернулся к своей профессии, работал учителем начальных классов в Байбекской школе , потом был ее директором. В этой должности проработал в общей сложности восемнадцать лет.

Жумабай Исмагалиевич вместе с женой Далир Неталиевной воспитали четверых детей; дочь Людмила работает преподавателем Чаганской средней школы.

Гульжиян. – старший научный методист Министерства культуры Казахстан, сын Аскар – директор Красноярского ремонтно – технического предприятия, дочь Алтын – служащая Алчинской средней школы Красноярского района, имеет специальность агронома. У них свои семьи.

А.ИСТИЛЕЕВ.
Астраханская область.

ЕСТЕЛІК

Кішкентай кезімде малдан, жаннан, үйден айырылып, алты жасымда Қырғызстанға барып жан сауғаладық. 1934 жылы Қазақстанға қайтып оралдық. Он төрт жасымда күйеуге ұзатты. Жолдасымның аты Қазанғап еді. Енді қолымыз аузымызға жетті ме дегенде соғыс басталды. Жақан деген ұлым алты айға толғанда, әкесін соғыска әкетті. Күн көру үшін белді бекем буынып, трактарға отырдым. Таңның атысы, күннің батысы жұмыс. Сонда да атыма кір келтірген жоқпын. Құдай жарылқап, 1945 жылы 9 қарашада күйеуім бір оқ тимей, аман-есен елге келді.

Соғыстан бұрын біздің колхоздың жігіттері ылғи сайдың тасындай іріктелген мықты болатын. Сыртқы ағайындар қызығушы еді. Бірақ отыз жетінші жылы да біздің жігіттерімізді біраз сиретіп кетті. Шатыр, Әбіш деген айтулы азамат еді. Екеуін де троцкистсіндер деп жала жауып, ұстап әкетті.

1935 жылы әр-әр жерде жүрген Құлтума, Кенжегұл ағайындар Келес ауданының Микоян атындағы колхозына жиналған болатын. Содан ортамыздан Жұмаділда дегенді колхоз басқармасы етіп сайлады. Көп болған соң, бастық адамды бірі ұнатады, бірі ұнатпайды. Сонда бір қу ауыздар былай деп өлең шығарыпты:

Жұмаділда басқарма,
Екі көзі аспанда.
Ауданнан уәкіл келгенде,
Жоғарылайды сасқанда.
Шәкір Битенқызы, Сегізтам ауылы, Арыс ауданы

ҰЛЫТАУ ЖЕРІНДЕ НЕМЕСЕ ҚАРАЖІГІТ БИДІҢ ЗИРАТЫН ІЗДЕУ САПАРЫНДА

Таңертеңгі сегіз жарымға қарай Жезқазғанға келіп түстік. Вокзалдың тұсында Әбдірахман бізді тосып жүр екен. Осыдан бір күн бұрын оған баратынымызды айтып, телефон соққанбыз. Машинаға міндік. Мен Самсунг ауруханасында қалам деген соң, мені сол жерге қалдырып, олар 91-кварталда тұратын Әбдірахманның үйіне кетті. Ауруханадағылар маған: «Ертең келгеніңіз дұрыс», - деді. Артынша Әбдірахман машина жіберіп, мені алдырды. Қызу әңгіме көрігін қыздыра отырып, шай іштік. Әбдрахман ер көңілді, жарқылдаған азамат екен. Өзі таманың Айдарбалта әулетінен, өзі сол қаладағы ең үлкен түрме бастығының орынбасары, подполковник шенінде. Біздің бұл жерге келудегі мақсатымыз – алшын Қаражігіт бидің жатқан жеріне және дәулеткелді Ерубай бидің басына бару болатын. Ол жөнінде Қызылжар стансасында 16 қазан күні Сүлейменнің үйінде елмен кездесу болғанда Әбдірахман да болып: «Жезқазғанға да келіңіздер, көмектесеміз», - деп Пернебайға мекен-жайын, телефонын жазып берген еді. Біздің бұл жаққа келуіміздің себебі осы. Шай ішіліп болғаннан кейін Әбдрахман тұрып: «Сіздер Сарыкеңгірге барып келіңіздер, Ерубайға апарам деп айта алмаймын, өйткені ол жер алыс және ол жаққа менің машинам жүре алмайды. Машина дайын тұр, өзім жұмысқа кетем. Бүгін Жезқазғанға Назарбаев келейін деп жатыр. Басқаның атасын қайтесіздер, өздері апарар. Ал сіздер өз аталарыңыздың басына барып келіңіздер де, кешке осы үйде болыңыздар, - деді. Содан кейін бәріміз де далаға шықтық. Тапсырма бойынша жүргізуші Руслан сол үйдегі видеокамераны алып, машинасына жайғасқан соң, біз де келіп отырдық. үшеуіміз Сарыкеңгір елді мекенін бетке алып, жүріп кеттік. Жезқазған қаласындағы 91-кварталдан 20 шақырымдай жердегі Сәтбаев қаласына тез жеттік. Рудник жағындағы асфальт жолға түсіп, жүре бергенімізде «Сарыкеңгір-65 км» деген жазуды көріп қалдық. Руслан сол 100-ді ұстап келе жатыр. Бетіміз солтүстікке қарап тіп-тік салынған тегіс жолмен зырғытып келеміз. Бірінші рет жүргендіктен жан-жағымызға қарап, тауы мен тасына, сайы мен саласына көзімізді тігіп келеміз. Сондағы байқағаным, жері ащы болады екен, бүгінгідей жаңбырлы кезде жай жолмен жүру мүмкін емес сияқты болып көрінді.

Өйтіп-бүйткенше елді мекені де көрінеді. Оған жетпей жолдың сол жағындағы биік төбенің басында тұрған үлкен мазарды Руслан Алашахандікі екенін айтты. Бұған қонағымыз өте қуанып, соған бұрғызды. Қасына таяна келіп, құран оқыдық. Одан кейін көрікті де еңселі мазардың сырт бейнесін көріп, оның бұрын құлаған тұстары барлығын, 1999 жылы оны тура сондай пішімді кірпішпен келісті қылып жөндегеніне шын риза болдық. Қоршауын да дұрыстаған екен. Шойын темірден шарбақ жасап, әдемілеп қоршапты. Ішіне кіріп, тамашалап тұрғанымызда, Руслан:

– Мына жерде үстіне шығатын есік бар, - деді. Қарасақ адам сыятындай есік екен. Үстіне тепкішекпен ақырындап көтерілдік. Күмбездің үстіне шығып, жан-жағымызды тамашалап біраз тұрдық. Қалған ірілі-ұсақты бейіттердің бәрі арт жаққа қарай салынған екен, соларды аралап көрдік. Бір-екеуіне жалпақ тастардан іргетас жасап барып, ішкі кірпіштерден күмбезден қалаған екен. Күмбездері құлап қалыпты. Жаңадан салынған тамдар да барынылық. Аралап болғаннан кейін барлығына арнап құран оқып, ар жағынан тиіп тұрған Сарыкеңгірге жүріп кеттік. Дәл іргесінде Қаракеңгір өзені, үстіне дұрыстап көпір салған екен, одан өтіп, ауыл ішіне кіргенімізде, алыстан асып қалған бір еркек, бір әйелге кезіктік. Еркегі бізді біздің ауылдағы ағайынымыз Оңғаров Нұртазаның құдасы Өмірзақтың үйіне алып келді. Негізгі құда оның баласы Тұрар екен. Екеуі де үйде болып шықты. Өмекең 80-ге келген, жүріп-тұра алмайтын кісі болды. Бірақ тілге шірак. Ол кісімен сөйлесіп, келген шаруамызды айттық. Бізді Қотырбұлакка апаруға жол білетін және де алдында жаңбыр болғандықтан бейнет көрмей, алып баратын адам керектігін де ескерттік. Оған Тұрар құланың өзі апаратын болды. Құлаң қаладағы балаларына кетінті. Төртеуміз жолға шықтық. Грейдер жүріп өткен тас жолға түсіп келе жатырмыз.

Бір кезде тас жол оңға қарай бұрылып, өзен сілемдерінен әрі өтті. Арғы жағадағы жолмен кері қарай жүріп отырып, Тұрар бізді Қотырбұлакка алып келді. Таянғанда үй мен база және оның оң жағында тұрған бейіттер көрінеді. Үйдің алдына тоқтап, сәлем беріп, ішке кірдік. Төсек салып алып, үстінде жалғыз өзі карталарын жайып қойып, бір кісі отыр екен. Бізді көре сала жиналып, бізбен сәлемдесті. Амандықтан кейін келген шаруамызды айта бастадық. Бабамыз алшын Қаражігіт бидің осыдан 200 жыл бұрын осы Қотырбұлақта қайтып болып, осы жерге жерленгенін айттық. Ол деректі сол кісінің төртінші ұрпағы Әубәкір молда үнемі айтып отыратындығын менің әкем Қожамұрат біздің құлағымызға құйып отырушы еді. Әубәкір молда ескіше өте сауатты болған. 1926 жылы Ақмоладағы мешіттің ең алғашқы имамы болған кісі. Кейіннен елге келді. Қанша мықтымын деген молдалар ол кісінің алдында құрдай жорғалайтын. Осының өзінен-ақ оның қандай болғанын аңғаруға болар. Оған қоса 1993 жыл 14 сәуір күні менің аудандық «Жаңаарқа» газетіне оның бір жарым бетін камтыған «Қаражігіт би» деген мақалам жарық көрген. Соны Қуаныш Ахметов деген белгілі жазушы біздің үйде бір болғанда оқып, мынаны беріңіз, мұны мен іске асырайын деді. Қалай деген сұрағыма ол өзінің ұлытау жағын көп аралап жүргенін алға тартты. Елден сұрастырып көрейін, өзіңізге әкеліп беремін деп алып кеткен. Содан хабарсыз қалғанбыз. Шаруамен жүріп мен де ұмытып кеттім.

Осыдан 3-4 жыл бұрын Қуаныш үйге келіп: «Сүйінші! Бабаңыз жатқан жер табылды. Оны Жезқазғанның байырғы тұрғыны Аймышев Шайхыислам деген 80-ге келген зерделі кісі біледі екен. Сол жерде бірге болдық деп жобасын сызып маған әкеліп берген. Оған қоса Қуаныш «Ұлытаудың ұлы даласы» деген бірінші кітабын да әкеліп берген. Содан бері осы жаққа келудің сәті түспей, енді ғана келіп тұрғанымды баян еттім. Үй егесі Дәулеткожа:

-Ерден Сандыбайұлы 1860 жылдары ата сұлтан болғаннан кейін, осы жерді бұрынан жайлап келе жатқан Найманның Шағыр руларына Сарысу өзенінің бойынан жер беріп, бұл жерді қожаларға, яғни менің аталарыма берінті, - деді. Оған дәлел-ана тұрған менің төртінші атам Беккожа бейіті. Оның қасындағысы – менің әкем Асанқожанікі. Осы жерде жатқандардың бәрі біздің аталарымыз, әкелеріміз, шешелеріміз. Бөтен адам жоқ, тек қана осы үйдің батыс жағында жартысы құлап қалған ақ там ғана бөтен кісі көрінеді, - деді. Үй егесі Дәулеткожа 66-да, шағын денелі, кішіректеу адам екен.

-Әй, Зейнеп, ендігісін сен айтшы, мұнда кел, - деп әйелін шақырып алды. Ізеттілік көрсетіп амандасқаннан кейін Зейнеп бірден әңгімеге араласып кетті.

-Қазір барып көресіздер, ақтам басында күмбезден салынған там екен, қазір жартысы ғана тұр. Менің үлкен енем 100-ден асып қайтыс болды. Оны өзім көрдім, сол кісіден естігенім. Ұлы атамыз Беккожа деген кісі 1895 жылы қайтыс болыпты. Ол кісіні ақтан, арудан жөнелткеннен кейін ағайын-туыстар жиналып, басына белгі қою жөнінде ақылдасып, кірпіш құятын болып келіседі. Кірпішті құйып бітірген кезде, кірпішті күйдіріп жасайтын бір кісі бар екен және де өзі кесене салудың маманы көрінеді деген хабар жетеді. Онда сол адамға бару керек деп 23 кісі жолға шығып, іздеген адамын тауып, оны өздерімен бірге ала келеді. Айтқанындай маман кісі екен, бірден кірісіп, кірпіш күйдіретін орын жасап, жетерлік кірпішті дайындап қояды да, келесі жылы осы тұрған кесенені салып бітіреді.

Кірпіш күйдірген орны Беккожа кесенесінің терiскей жағындағы іргесінде белгілі болып жатыр. Міне, осы жылдың қысында ғой деймін, осы ауылға көшіп келе жатқан ел келеді. Олардың айтқаны-баратын жерімізге әлі

біраз бар, қыс болса күшіне еніп келеді. Соған төзірек жетейік десек, бір кісіміз ауырып жүргізбей келеді. Осыны өздерге мұсылманшылық жолмен аманат етіп қалдыреак, өзі көңке бара қоймас, өлген соң ит-құс тимейтін бір жерге сақтап қойсаңыздар. Көктем шығысымен, өзіміз келіп, қояр едік деп үлкен өтінін білдірінті. Ол кезде қазіргідей емес, мұсылманшылықтың бар кезі. Оған қоса бұл кісілер-қожаның тұқымы. Соны да ойлаған шығар, ақыры жаңағы ауру кісіні алып қалыпты. Олар кетіп қалады. Кешікпей ауру кісі де өледі. Сонда киізге оран, қазір де қабырғаларының кейбір тұсы құламай тұрған үйді «Қызыл үй» дейді екен, соның үстіне сақтайды. Көктем шыққан соң еңеміз күн жылынып бара жатыр, адамдары кешікті деп, жерін қазғызып, мәйітті жерге түсіріп, жұғызбақ болып ораған киізін ашқыза бастағанда, еттері киізге жабысып алынбайды. Басқа да түрлі әрекет жасағанымен, ештеңе шықпайды. Содан мәйіт сол қалпында жерленген сияқты деді. Көп кешікпей пенері де келеді. Олар болған жағдайды естіген соң, белгі қою әрекетіне кіріспекші болады. Оны көрген ауыл кісілері, сендерге бір тамлық кіріпіш алу оңай болмайды. Ана тұрған кірпішті көрдіңдер ме, соны алыңдар. Соғатындарыңды сонымен соғыңдар, құдай алдында сұраусыз, - депті. Оған қуанған жолаушылар рақметтерін айта-айта сол ақ кірпіштен күмбезден, осы тамды салған екен. Бұл өзі Кіші жүздің адамы, - деді ғой деймін. Ұмытыңқырап қалыппын, - деді Зейнеп замандасымыз сөзін аяқтап.

-Үлкен енемнен естігенім осы, қазір өздеріңіз көресіздер, - деді.

Содан бәріміз үйінен 200 метрдей жердегі жартылай құлап тұрған ақтамның басына келіп, құран оқып, Қаражігіт бабамызға бағыштадық. Сол тамның алдына төрт бұрышты қаңылтырға екі аяқ бекітіп, қадап кетіпті. Онда «Әулие ана Шаһарбану» деген сөз жазылған. Оны сұрағанымызда: «Соңғы 7-8 жыл беделінде оңтүстік жақтан біреулер келіп қойып кетті», - деді.

Біздер сол маңда біраз тұрдық. Жазушы ініміз ығына видеокамераны асып алып, жартылай құлаған тамды, айнала кеңісті, Қотырбұлақ басын, маңайды асықпай түсіріп жатты. Менің көкейімде күдік ұялай бастады. Сол маңдағы бір төпеш жерге алқалай отырып, қасымдағы серіктерімнен түрлі болжам айтып, көкейге ұялаған пікірлерімді айтып жаттым. Ол такана бергенде:

-Мына кісілердің айтуынша, бұл тамның салынғанына 108 жыл ғана болған. Ал біздің Қаражігіт бабамыздың бұл жерге келгеніне 206 жыл болды. Оның өзінде де жасы ұлғайып келген. Келгеннен соң бір-екі жылдан кейін дүние салған. Жазушы Қуаншы Ахметовтің айтқан, жартылай құлаған ақтамды алшын Қаражігіттің тамы деуі қисынға келмейтін сияқты. өйткені мына кісілердің, әсіресе мына Зейнептің ескі көзден естіген әңгімелері өткен жайды бізге шын болмысымен баяндап отыр. Оған қоса бұл кісілер, олардың ата-бабалары Бекқожа атасынан бастап күні бүгінге дейін осы жерден табан аудармаған, - дедім. Қонағымыз да өз көкейінде осы пікірдің ұялағанын айтты.

Барлығымыз орнымыздан тұрып, айналаны шола қарадық. Әлі де сол маңайдан іздеп көрейік, қалайда ол кісінің жатқан жерінде бір белгі болу керек деп қорытындыға келіп, айнала шолдық.

Сол ақтамның солтүстік шығысына таман жатқан қадау-қадау тас үйіншектерге назар аудардық. Ініміз топыраққа белдеуден жоғары көміліп, мүк басқан, күнқақты болған қожыр тастардың өте көне бейіттер екендігіне назар аударды. Сол қалың шоғырдан оқшаулау, оңашалау тұрған, шалқая қисайған жеке дара жасыл көк сынтаска бәріміз де бәлендей назар сала қоймадық. Барлығымыздың көкейімізді сонау 1797 жылы Кіші жүздің алғашқы толқынын бастап келген ел ардағы Қаражігіт бидің бейіті елден ерек, оқшау дара күмбез болуы ерек деген қатпа, қасаң ойдың тұтқынынан шыға алмай жүрдік. Жартылай құлаған күмбезді көне там пікірімізге тиянақ, таған бола алмады. Сонымен мен: «Қой енді! Баба аруағы бізге риза шығар, оның табаны тиген жерді басып тұрып, аздап толқыдық та. Әубәкір молда айта беретін бұлағын да көрдік. Мен: «Жақсылап тұрып, құран бағыштап, қалаға қайтайық», - дедім. Сөйтіп, бар ықыластиетіммен ұлы атаға құран бағыштадым. Сөйтіп барлығымыз орнымыздан дүрк көтеріліп, машинаға қарай беттей бердік. Әлгі шоғыр бейіттің қатарынан ілкім ұзап шыға бергенде, Пернебай кілт тоқтап, жұлып алғандай өңі алабұртып, өзгеше бір тылсым күш жетегіне түсіп кеткендей сөйлеп:

-Беке, Беке! Біз асықпайықшы! Анау сынтас тұсқа барайықшы. Мен білсем, анау тас, құдай біледі, тегін емес, - деді де шапшаң бұрылып, уақыт табымен әбден шөгіндіге айналса да, аз-кем дөнсе келбетін, ұзыншалау зират тұрпатын сақтап қалған, үстіне алақаудан шөп шыққан тұсқа беттеді. Біз де еріксіз кері бұрылдық. Бара жалқын жасылға тән тасты айналдыра бажайлап қарап жатырмыз. Көзімізге тас бетінде қос сызықпен салынған ашамай таңба шалынды. Зерлей қараған жаңа мүлдем айқын, анық көрінеді. Жаңа алғаш аралағанда бұл жаққа онша назар салмағанымызға өзіміз де таңбыз.

-Құдай-ау, мынауымыз «Бақан» таңбасы ғой. ұмытпасам Шеркештің таңбасы бақан болу керек! Қап! Әлгі қоңыр кітабымның сіздің үйде қалып кеткенін қараңы! Беке, мына кісі-біздің сол ұлы атамыз. Қабанбай бидің басындағы тас екеуінде ешайырма жоқ қой. Ойланызшы өзіңіз! Ол жақтан да, бұл жақтан да тура осы түстес көк сынтас кездестірдіңіз бе?! Жоқ! Енді күдіктенетін ешнәрсе жоқ. Байқап қарасаңыз, айнала жатқан әр бөлек бейіттен мүлдем оқшау, оңаша тұр ғой. Бәрінен бұрын таңбасын айтсаңызшы! – деп толқи қызулана сөйледі.

Оның бұл ойы кімді де болса ойландырғандай болды. Ол осы сынтасты бірнеше рет суретке басты. Әлгі бақан таңбасын жақыннан суретке түсіріп жатып:

–Осы таңбаны қойған азаматқа мың рақмет. Жел менен дауылға, қар менен суға күн аптабының ыстығы мен суығына екі жүз жыл бойы төтеп-ақ берген екен. Енді бір елу жыл болса, өшіп кетуі де мүмкін-ау, - деді. Сол мезетте мен де тор көз қағазға таңба белгінің нобайын жақсылап түсіріп алып жаттым. Қожа жігіттің үйіне қарай беттеді. Қасымдағы серігім әлдебір әсерден айыға алмай келе жатқандай көрінді. Бір кезде ол: «Беке, сенесіңіз, жаңа мені әлдебір күш кері қарай еріксіз бұрылтты». - деді. Мен де екіұдай ойда келе жаттым. «Беке, Беке! Бұ асықпайықшы!» деген толқулы үні құлағымда әлі тұрған. Мүмкін, ол бұл сөзді тектен-текке айтпаған шығар. Кетерде Дәулеткожаның үйінен шай іштік. Байқасам, ерлі-зайыпты екеуінің де ауыздары берік екен. Ниеттеріңіз, ораза ларыңыз қабыл болсын деген тілегімізді айтып аттанып кеттік.

Жаңағы Қаражігіт бабамыздың басындағы көк тасты оның осы кісіге қойылған тасы дегеннен кейін ойыма Қабанбай атамыздың өлер шағында айтқан аманаты есіме түсіп кетіп, Дәулеткожадан: Осы жерден Түйемойнақ қанша жер? – деп едім: «100 шақырымдай», - ғой деді. Е, онда дұрыс екен ғой! – дедім іштегі ойымды бүгіп қалып. Ол кісі маған қарады. Бірақ асығыстау болған соң оны айта алмадым. Түйемойнақты сұрап отырғаным, Қабанбай атамыз сол маңайда жатыр, сондығынан еді. Енді сол жөнінде қысқаша айттық. Төлеубайдан Байғұл, Орманбет, Күзен, Қаражігіт, Шолпанқұл, Жұлдыз туған. Байғұлдан-Қабанбай туған. Кезінде Қабанбай да атақты адам, алшын, жағалбайлының алғашқы болысы болған. Оның алғашқы болыс болғандығы архивтік деректе бар. 1960 жылы Қазақ ССР ҒА-сының баспасынан шыққан. «Материалы о политическом строе Казахстана» деген жинақтың 1-томының 23-бетінде Қабанбай Байғұловтың 1830 жылдың 11 маусымында нөмірі 1928-жарлықпен Ақмола руанының құрылып, Тоқа, Тінәлі, Қаракесек, Төрткөл, Темеші-Бөрш, Сарымұрат, Айтқожа, Алтай, Қарпық, Тарақты, Сайдалы, Тама, Алшын, Жағалбайлы болыстары құрылғандығын, сонда Тама болысына Итемген Сеңгірбековтің, Алшын-Жағалбайлы болысына Қабанбай Байғұловтың болыс болғандары таска таңба басқандай етіп жазылыпты.

Сол кісі өлерінде жақын інісін шақырып алып: – Сені шақыртқаным, егер Алланың ақ бұйрығы келіп қалғандай болса, менің сүйегімді аманаттап сақтап, көктем шыға, Қаражігіт ағамның қасына апарып жерлеңдер. Ол кісі Қотырбұлақ бойында жалғыз қалды ғой, Серік болып, қасында жатайын, - депті. – Шырағым, бұл саған аманат, аманатқа жасама қиянат, - деп соңғы сөзін айтқан. Дуалы ауыз кісі ғой, айтқанындай, қыстығүні қайтыс болады. Көктем шыға бір түйеге мәйітін артып, екінші түйеге қосты артып, он шақты адам жолға шығады, өздері ұзақ жүреді. Жер де ауырлау болады. Содан Сарысу өзеніне таянғанда, үлкен биіктеу жота көрінеді. Бұл кезде жер былғаныш әлі қар жөнді кете қоймаған шақ. Не де болса сол төбеге шығайық, ойпаңға қарағанда құрғақтау ғой деп, төбенің басына келіп қонады. Қаражігіт ағасының жатқан жері Қотырбұлаққа әлі 3-4 көштей жер бар. Таңертең ерте тұрып, аттарын ерттеп, жүктерін түйелеріне артып, жүрмекші болады. Түйелерін тұрғызайын десе, мәйіт артқан түйе тұрмайды. Бұл қалай болды деп мәйітті қос арткан түйеге артып еді, ол да орнынан тұрмайтын болды. Осымен жүргенде, күн кешке айналды. Сонымен барлығы ақыл қорытып: «Құдайдың бұл кісіге бұйыртқан жері осы шығар», - деп Қабанбай атамызды сол бүйкке жерлеген екен. Қазіргі Қызылжар стансасының батыс жағында отыз шақырымдай жер осы күнге дейін «Қабекең биігі» деп аталады. Түйемойнақ пен Қызылжардың ортасында деуге болады.

Жолай Тұрарды үйіне түсіріп, рақмет айтып қоштасып қалды. Намазшамда Әбдрахманның үйіне келдік. Үйде біраз әңгіме айтылды. Таңертең Руслан мені Самсунг ауруханасына әкелін салды. Дәрігерлер жатқызатын болды. Ол жайды телефонмен Пернебайға айтып едім, ол: «Дұрыс, жатыңыз. Кешеден бері түсініз маған ұнамады, біресе ағарасыз, біресе қызарасыз. Емделу керек. Маған байланысты шаруалар, негізінен, бітті. Мен кете берем, сіз емделіңіз деген соң мен жаттым. Ол поездың алдында келіп, шамалы сөйлесіп, қоштасып кетті. Екі-үш күн емделдім. Нәтижесі жақсы болды. Дереу поезға міндім. Ойым – қонағым кетпей ауылға үлгеру. Поезда түскеннен кейін Ілиястан сұрасам, ол толық білмейді. Үйден сұрап едім, олар да білмеді. Тек қана зайыбым Тиышкенің айтқаны,

поездан түскен күні таңертең өзінің бұрынғы оқушысы Зүлиһи екеуі келіп, үйдегі дипломатының ішінен бір кітапты ашты да: «Айттым ғой, тура сол! Еш қателеспеппіз!», - деп қуана айқайлап жіберді», - деді. Одан кейін маған қарап, Бекене айтыңыз: «Мына кітаптағы таңба біз көрген таңбаның дәл өзі. Бекең тор көз қағазға ерінбей суретін де салып алған. Сондықтан сол таңбасы бар көк тас атамыз Қаражігіт басына қойылған тас. Екі тастың бір туыстығы еш дау тудырмайды деп шегелей айтып кетіпті. Таңертең сұрастырып едім, сол күні кеште туыс інісі Махмұттың үйінде болыпты. Ол түнгі автобусқа шығарып салғандығын айтты. Сонда ол менен екі сағаттай ғана бұрын кетіп қалған екен.

Жолаушымыз Ералиев ауылына келген соң нағашысы болып келетін Бейбіт Қуандықұлы Тіней бақсының басына өзінің көне «Москвичімен» бес кісіні мінгізіп, екі жүздей шақырым жерге апарып келіпті. Ерлік мінез танытып, алыстан келген азаматтың көкейдегі ойын орындағанына алғыс айтасың. Бұл жақта тек Ерубай бидің басына бара алмай кетті. Бару керек еді деп бірнеше рет айтқанын әлденеше рет естідім. Өйткені менде Еруекен туралы айтылған біраз әңгімелер бар. Келешектегі кітапқа кесенесінің суретін басып қойғанда дұрыс болатын еді деумен болды. Ол туралы мен де аз айткам жоқ, бірақ ағайын арасынан апарам деушілер табылмады. Жаяу барсың ба, сонымен артына қарай- қарай ол да еліне қайтты.

Ауыл әкімі Мұхамедғали Әзбаев ұрпақ болашағы үшін рухани еңбек етіп жүрген азаматымызға аз-кем қаржы жинап беріп, көмек көрсетті.

ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Ауылға келгеннен кейін, баба басына барғанда бір шаруаны ұмытқаныма өкіндім. Ол не десеңіз, ақырын ағып жатқан Қотырбұлақтың суынан ауыз тиіп, бет-қолымды жумағаныма өкіндім. Енді соған тағы да жол түсіп қалар, із салынды ғой деп өзімді-өзім жұбатып отырмын. Осы атамыз жатқан жерді көрсем деп көптен ойлаушы едім. өйткені ол кісі туралы біраз деректер, жинап жазған дүниелерім «Жаңаарқа» газетіне, «Парасат», «Сарыарқа» журналдарына басылды.

Сол жерді бір көрсем деген ойым енді орындалғанына шүкіршілік етемін. «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демекші, Жаңатастан жазушы ініміз келмегенде, бұл ойымыздың орындалуы екіталай еді. Өйткені ағайындардың арасынан сол атамыздың басына барып қайтайық деп ұмтылып тұрғандарды көргенім жоқ. Егер маған сондай екінші адам табылғанда, «Қаражігіт бабамыздың жатқан жері табылды» деген хабарды естісімен барып қайтқан болар едік. Дегенмен де «Ештен кеш жақсы» деген. Денсаулықтың барында бабамыздың жүрген жерін, жатқан жерін көріп қайттық. Бұл да бір мен үшін үлкен мәртебе деп ойлаймын. Ол кезде жас болсақ та мен көрген сол бабамыздың ұрпақтарының ішіндегі сауаттысы да, жасы үлкені де Әубәкір молда еді. Ол кісінің өзі де сол жерге бара алмағандығын айтыпты. Ал жатқан жерін айтып отырушы еді дейтін. Мен әкемнен сұрағанымда Әубәкір молда 1880 жылы туып, 1965 жылы 85 жасында қайтыс болған. Ол кісінің жасы қазір 120-дан асыпты. Сол кісі тумай тұрғанда бармаса, бер жағында ешкім бармаған. Егер бұрын-соңды барғандар болса, сондай кісілер барып қайтыпты деп отырар еді. Ондай әңгіменің естігенім жоқ дейтін әкем. Бірақ Қабанбайдың атасының басына барып, көктас қойдырғаны, тап сондай көктасты өз басына қойындар деп ұрпақтарына аманаттауы еш күмәнсіз. Сонда алшын Төлебайұлы Қаражігіттің жатқан жеріне көзі тірісінде барып қайтқан Қабанбайдан кейін, яғни 130-150 жылдан кейін барып қайту ұрпақтарының ішінен Аллатағала Пернебай екеуімізге бұйыртыпты. Алланың жазуы солай болған шығар, сонысына шүкіршілік деп ризашылығымды білдіріп отырмын. Жазушы ініммен бірге болғанда шаршағаным да рас. Содан да болар, ауруханаға түсіп қалғаным да рас. Сонда да сол жолы жақсы кісілермен жолдас болу арқылы бұрын аяғым тиіп көрмеген ата-бабалар жүрген жерді басып, мәңгілік тыныс тапқан жеріне зиярат ету мен үшін өмірде болған ұмытылмас күндерімнің бірі деп есептеймін. Сол аруақты кісілер кезінде ел арасына атақтары шығып, тіпті көрші отырған мына Орта жүз еліне де белгілі болғандар. Ал кейбіреуінің үш жүзге мәлім болғандығы жөнінде, ұмытылмай айтылып келе жатқан ұлағатты сөздері бар. Оған алшын Қаражігіт биді жатқызуға әбден болады. Солардың әрқайсысы бір-бір тарих екені де белгілі. Оларды таратып айта алатындардың барлығы дерлік бақилық болып кетті. Олардың бұл фәниде өмір кешкенін айғақтап, басына қойылған белгілер, көнерген тамдары, күмбездері тұр. Оларды көрген біздер өздерін көргендей болып, білмейтінімізді өздерінен сұрап алғандай сезімде болып аттанғанбыз.

Берген Қожамұратұлы,
Ералиев ауылы,
Қарағанды облысы.

ДОССОРДА 1917 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛҒАН СОВДЕПТІҢ АЛҒАШҚЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ БІРІ МҰҚАШ ЖҰМАҒАЗИЕВТІҢ ЕСТЕЛІГІ

1917 жылы Дунаев басқаратын революционерлер Петербор жұмысшыларымен жиі хабарласып, патша өкіметін құлату жөнінде телеграмма алысымен Доссорда Кеңес өкіметін ұйымдастыра бастады.

Дунаев революционерлері жалпы жиналыста телеграмманы оқып беріп, революциялық Атқару комитетін құрды. Оның мүшесі болып мен де сайландым. Бұған дейін Орта Азия мен Кавказда мұсылмандар Кеңесі құпия түрде әрекет еткен болатын. Мұны білген революционерлер Доссорда да мұсылмандар Кеңесін ұйымдастырды. Оның төрағалығына революциялық Атқару комитеті құрамынан мені тағайындады. Оған дейін Қазақстанда әлі ондай комитеті құрылмаған болатын. Оның үстіне 1917-1919 жылдары орталық Гурьев қаласы патша заңымен өмір сүрген.

Содан кейін Атком мен мұсылмандар Кеңесінің мүшелері тек алғашқы кезекте телеграф арқылы хабарласатын Петербордан көмек күтті. Аталған орган мүшелері жұмысшылардың мүдделерін қорғай бастады. Мысалы, мен революционерлермен бірігіп, жұмыс күнін 10 сағаттан 8 сағатқа дейін төмендетуге ықпал еттім. Қазақ жұмысшыларының жағдайы орыстарға қарағанда төмен еді. Мен осы мәселені көтеріп, оларды теңестіруге кеңілдік бердім. Алайда бұл туралы Қазақ КСР тарихының екінші томының 20-бетіндегі мәліметте менің аты-жөнім көрсетілмеген. Ол кезде біз өте сауатты емес едік. Оны Алматы қалалық мұрағатының 1963 жылы 14 қаңтардағы №Д-61 анықтамасы растайды.

1918 жылы Доссор кәсіпшілігіне Кеңес өкіметін жою мақсатында көп мөлшерде атты қазақтар әскері келіп, революциялық аткару Комитетінің ұйымдастырушыларын іздей бастады. Ал біздер болсақ кез келген жерге тығылдық. Мен өзім далаға көшіп жатқан ауылға қашып барып, уақытша бой тасаладым. Мен қашқанда, өзіммен бірге революциялық аткару Комитетінің кейбір құжаттарын ала кеткенмін, соның арқасында олар сақталып қалды Қазір ол құжаттар Алматы қаласындағы Республикалық орталық мұрағатта сақтаулы. Қазақ әскері Аткару комитетінің кеңсесіндегі барлық құжаттарды отқа жағып жіберді.

1918 жылдың екінші жартысында Доссор кәсіпшілігіне қазақ бандаларының келуіне байланысты Петербордан екі адам келіп, болған оқиғамен танысты. Мен болған оқиғаны оларға баяндап бердім. Міне, осы оқиға Қазақ КСР тарихының 20-бетінде баяндалған.

Кеңес өкіметі 1920 жылдың қаңтар айында Гурьевке қайта орнады. Гурьевте Ембі кәсіпшілігін қайта құру жөніндегі Мұнай комитеті бірлестігі ұйымдастырылды. Бірлестік мүшелігіне революционер ретінде мен ұсынылдым.

Революционер Политанскийдің басшылығымен қазіргі облыстық денсаулық сақтау мекемесінің ғимратынан мұнайшылар мұражайын ашты. Политанский жолдастың жеке өзі барлық ескі құжаттарды буып-түйді. Тек бұрғылау жорналын қалдырды. Содан жұмысты бастап кеттік. Іс дұрыс жүргізіле бастады. Қазақстан мұнайы бірлестігі құрылды.

Кейіннен осы бірлестікті атақты геолог, мұнай өндірісінің ірі ұйымдастырушысы Досмұхамбетов Жолдасқали Ахметұлы басқарды. Жоғары білімді азамат, қатал талап қою білуші еді. Сол азаматтың іскерлігінің арқасында Ембі мұнай кәсіпшілігі Одаққа танымал болды.

Мені Облмұнайкомның мүшелері арасынан Ембі бас кеңесінің сауда бөлімінің меңгерушісі қылып тағайындады. Сол бір ауыр, ашаршылық жылдары УРС (жұмысшыларды қамтамасыз ету басқармасы) менің жеке араласуымсыз құрылды. Оны бұрын Саппаев жолдас басқарды. Сол кезде Казгиз дүкеніне қарама-қарсы орналасқан бұл басқарма облыстың жартысына дерлік азық-түлікпен қамтыды. Мен орталық Одақтың өкілдерімен байланысып отырдым.

1921 жылы Гурьев қаласына бандалар тұтқиылдан шабуыл жасады. Кешке жақын қалаға жақындады. Большевиктер қалаға кіргізбей тойтарыс берді. Алайда бандалар қала шетіне кіріп кетті. Шеткі үйлерді тонап, жұртты біраз әбігерге салды. Содан таңға қарай қайтып кетті. Әр жерден 40 шақты адамды ұстап алып, Қандауыров поселкесінің маңында атып тастады. Олардан төрт адам тірі калды.

Біреуі менің жолдасым, Облмұнайкомның мүшесі Қаукар Жұмыров еді, қалғандары да менің таныстарым Мәмбетов, Шоқаев, Сүйінішқалиев және басқалары болатын.

1920 жылдың мамыр айының басында орталықтан Ембі мұнай кәсіпшілігін қалпына келтіру жөніндегі төтенше өкілдерінен тұратын Фридман Рувим Наумович бастаған құрам келді. Олардың ішінде жеке хатшысы Поляк, тау-кен инженері Новосельцев, инженер-электрик Геновкер және заңгер кеңесшілер бар. Олар шынында да Ембі мұнай кәсіпшілігіндегі жұмысты жандандырды. Оның бір жиналыстағы баяндамасы Облмұнайком мүшелеріне үлкен көмек болды. Комитет мүшелерін әртүрлі жұмыстарға пайдаланды, ал мен өз орнымда қалдым.

Банда Бойны поселкесінен шығып, Гурьев қаласына бет алғанда большевиктермен ұрыс болып, қаланы атқылай бастады. 1921 жылы Гурьев қаласы Орал губерниясының қарауындағы уездік қала болатын. Мысалы, халық ағарту бөлімін УОНО деп аталды, оның меңгерушісі Мәмбетов Сейтмұхамбет еді. УОНО – ның қазіргі №1 емхана орналасқан ғимаратта интернаты болды. Интернат меңгерушісінің аты-жөні есімде қалмапты, мұғалімдік дәрежесі бар бір әйел адам басқарды. Оның жасөспірім қызы болды.

Интернаттың 12 қызы екінші қабатта қазіргі №1 емхананың көз және процедуралық кабинеттер орналасқан үлкен залда жатты. Интернат меңгерушісінің үлкен қызы пешке арқасын сүйеп тұрғанда қаланы атқылап жатқан бандалардың оғы терезе арқылы кеудесіне тиіп, еденге құлап түсіп, жан тапсырыпты. Облмұнайкомның мүшесі Қауқар Жұмыровтың баласы қазір осында, Гурьев қаласындағы тұрмыстық қызмет көрсету мекемесінің бастығы болып қызмет істейді.

Доссорда А.В. Бородин деген азамат қызмет істеді. Ол Доссорға Петербор жұмысшыларының ортасынан келген. Петербор революционерлерінің рухы аспандап тұрғанда барлық Кеңес Одағына белгілі еді. Сол ортада шыңдалған Бородин жолдас Доссор мұнай кәсіпшілігінде белсенді қызмет атқарды. Ол қай жерде болмасын, жұмысшылардың өзіне деген қызығушылығын тудыратын. Ол Доссор кәсіпшілігінде 1931 жылға дейін қызмет істеді. Сол уақытта мен уақытша кассир болып қызмет істедім. Ордер бойынша мен оған кассадан ақша алып бердім. Түстен кейін Бородин жолдас маған 3000 рубль ақшаны қайтарып әкелді. Сөйтсем, мен санағанда қателесіп, артық беріп жіберіппін. Ол кезде ақша құнды болатын, ірі семіз түйенің өзі ескі ақшмен 400 рубль тұратын. Осындай әрекетімен А. В. Бородин өзінің адалдығын, Петербор жұмысшыларының ортасынан шыққан арлы азамат екенін көрсетті.

1926 жылы кәсіподақ жанынан Доссор кәсіпшілігінде сауатсыздықты жою жөніндегі мектеп ұйымдастырылды. Оның оқытушысы етіп мені тағайындады. Сосын мен жұмысшылар арасында саутсыздықты жоюмен күресе бастадым. Оқу жұмыстан кейін кешке өтетін. Топта 20-30 жұмысшы болды. Жұмысшылар бар ынта-жігерімен оқуға қатысып, жазу, газет-журнал оқуды бес жыл ішінде (1926-1930) толықтай меңгерді. Оқуға жұмысшылар Қалиев Жақсығали, Аусниязов Аққали, Мәукен және т.б. қатысты. Бұл жұмысшылардың көбі кейін үлкен лауазымдарда істеді. Мысалы, Қалиев Жақсығали Теңіз аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, кейін 1935-36 жылдары Гурьев уездік атқару комитетінің төрағасы болды. Ал Мәукен Қазақстанның сауда саласына кетті.

Қазақшаға ықшамдап аударған Абат АҚБАЛАШҰЛЫ.
Жасқайрат ауылы.

АТАМНЫҢ ЕРЛІК ЕҢБЕГІ - БІЗГЕ ТАРИХИ МҰРА



Атам Рамазан Есқариев 1902 жылы Атырауда кедей шаруаның семьясында туған. Мақат ауданында ол бұрғы салмаған кәсіпшілік кемде-кем болар. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген ғой, бұрынғы өткен қариялар. Ол рас, біздер болмасақ ұмыт қалуы да.

Атам бүкіл Одаққа әйгілі мұнайшы, бұрғышы күнінде, Ұлы Отан соғысы кезінде еңбегімен елге, Одаққа әйгілі болған адам. Қазақ ССР II-III шақырылған сайлауында, депутат болған. 1942 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен және 1944 жылы Ленин орденімен наградталған. Содан 1944 жылы бұрғылау жұмысын игеріп, Еңбек Қызыл Ту орденіне ие болды. 1947 жылы депутаттыққа сайланды. Осы кәсіпшілікте екінші Еңбек Қызыл Ту орденін кеудесіне тақты.

1934-1944 жылға дейін Ескене кәсіпшілігінде бұрғылау жұмысын жүргізді. Осында ол 1945 жылға дейін Жеңіс сағаты соғып, тыныштық орнаған кезеңге дейін еңбек етті. Соғыс кезі халыққа көп ауыртпашылық әкелді. Бірқатар ірі мұнайлы аймақтар жау қолында қалған кезде Ембі өнірін дамыта түсуге үлкен назар аударылды.

«Мұнай үшін күрес – Жеңіс үшін күрес» деп түсінген ембіліктер жігерлі қайрат көрсетті. Әсіресе ескенеліктер ерен қимылдады. Ескене мұнайшылары «Қазақстан мұнайшысы» танк колоннасын жинақтауға бастама көтеріп, 50 мың сомнан аса қаражат жинады. Партия мен үкімет қиындықтан қаймықпаған тылдағы еңбекшілерді ынталандырып отырды.

1942 жылы алдыңғы қатарлы бір топ мұнайшыларға үкімет наградасы берілді.

1950 жылы атамды Мақатта терендігі 5000 метр №3 кеңішті қазуға аударды. Сол кезде терең скважина қазуда, абыройлы атаққа ие болып, 1950 жылы Ленин орденін омырауына тақты.

Кейін осы кәсіпшіліктен 1951 жылы II шақырылған сайлауда Қазақ КСР депутаттығына сайланды. Сонымен қатар Қошқар кентінде, Доссорда бұрғылау жұмыстарында ерен еңбек етті.

Атамның және басқа көптеген мұнайшылардың ерен ерліктері «Қаһарман қала және Қазақстан» деген Қ.Досқалиевтің кітабында жазылған. Атам Рамазан 1953 жылы қазан айында дүниеден өтті.

Аудан басшылары сол кездегі еңбектерін жаңа кәсіпшіліктерді ашуға септігін тигізгенін ескеріп, ауданымыздағы ең терең скважинаны бірінші боп қазғанын еске ала отырып, бөлек зиратқа қойды. Сол, яғни атамды қойған жер «Монданақ» немесе «Рамазан төбе» деп аталып кетті.

Әкем Амандос Есқариев Рамазанұлы 1931 жылы Байшоналы мұнайшы семьясында дүниеге келген. Он бала тәрбиелеп, 33 жыл осы мұнай кәсіпшілігінде еңбек етті. Еңбек жолында оператор, механик, мамандықтарын атқарып, Доссор, Қошқар, Мақат кенттерінде еңбек еткен. Ұл-қыздары – мұнайшы. Олар ата, әке жолымен жүрген ізбасарлар.

Мен - немересі Қайрат Есқариев Мақат кентінің мұнай өндіру цехының операторы болып еңбек етемін. Осы кәсіпшілікте еңбек еткеніме 25 жыл болды.

Әр елдің құрмет тұтар тұлғалы азаматтары болады. Халқымыздың ыстық махаббатына бөленген, тірісінде еліне, жеріне аянбай еңбек етіп, өткен ғұмырында жұртшылық алдында танымал болған мұндай тарландары Батыс Қазақстан өлкесінде көп. Бірақ оларды көзі тірісінде төбеге көтеріп, көзден кеткен соң көңілден өшіріп жүрген жайымыз бар.

«Темірге темірді дәнекер жалғастырады, өмірді бала жалғастырады» дегендей, ата-бабамыздың еңбектегі ерлік жолдарын ұмытпаймын, ұмытуға тиіс те емеспін. Сол кезде Рамазан Есқариевпен бірге еңбек еткен Есмағанбет Құрманәлиев, Балғаным Досбаева–еңбектерімен ел игілігіне бөленген мұнайшылар.

Теледидар, радио, газеттерде ақын-композиторларды, батырларды көрсетіп шығармаларын, ерліктерін ұлағаттап жатады.

Мен атамның еңбек жолын әкем Аманқос Рамазанұлы Есқариевтің күнделігінен алып отырмын. Әкем кейінгі балаларына аталарымыздың ұрпаққа тарау тармағын, атамның, өзінің өмір жолдарын жазып отырған. Содан бізге қалдырған қолжазбасы – тарихи мұра іспеттес.

Қайрат ЕСҚАРИЕВ.
Мақат кенті.

ҚИЫНДЫҚТАРҒА МОЙЫМАЙ ЕҢБЕК ЕТТІК

Мен Иғалиев Тойшан 1929 жылы 5 сәуірде дүниеге келдім. 1937 жылы алғаш рет мектеп есігін аштым. Әкем Иғали сиыр бағады, анамыз Ботай - сауыншы. Ол кезде жағдайдың жетісіп тұрғаны шамалы. Аяққиім жоқ, жалаңаяқ мектепке барамыз. Қиналып жүрсек те сабақтан қалмауға тырысамыз. Кейіннен Гурьев қаласына көштік. Сондағы онжылдық мектепке ауыстым.

1941 жылы соғыс басталды. Әкем сол кезде 45 жаста еді. Өзі әскерге сұранды. Бізге Миялыға көшіңдер деді. Сол қалашылдардың түйе керуеніне ілесіп, жаяулап-жалпылап, діттеген жерімізге әрең жеттік. Жолда аз қиналғанымыз жоқ. Түйешілерге ілесе алмай, әбден титықтадым. Әкемнің інісі колхозда бастық еді. Ауылдағы 18 бен 40 жас аралығындағы жігіттерді әскерге алған. Колхозда кемпір-шал, бала-шаға, әйелдер ғана қалған. 20 күннен кейін әкем келді. Оны 1942 жылы әскерге әкетті. Украинада жерасты қоймасында күзетші болыпты.

Бір күні ауылдық кеңес төрағасы Өзісінов Мұрат келіп, колхозда жиналыс ашты. Басқарма, ферма бастығы, есепші, бригадирлерді сайлады. Жасөспірім ер балалар мен қыздарды, 55-60 жастағы әйелдерді колхоз жұмысында жұмылдырды.

Буынымыз қатып, беліміз бекімесе де, азаннан кешке дейін еңбек еттік: шөп шаптық, шөмеле тартық, мал бақтық, егін екітік. Өзіміз ашқұрсақпыз. Шөп бітісімен тары оруға кірістік. Екі ер балаға бір гектар жер береді, оны қалайда бітіру керек. Тарыны аяқтай бере қораны жөндеу, шөп тасу, т.б. колхоздың бітпейтін шаруаларына араласамыз. Айналып келгенде сол 20 жасыма дейін туған ауылымыздың ыстық-суығын көтеріп, бар ауыртпалықтарын бастан өткердік.

Тайқар екеуміз оқуға аттандық. Түске дейін оқимыз, түс қайта құрылысқа барамыз. Тамақты Құлсарыдан ішеміз. 1949 жылы оқуды бітірген соң жолдамамен мұнай өндіретін кәсіпорынға 30 бала болып аттандық. Жаңадан құрылып жатқан мекеме. Қаз-қатар жертөле үй. Маңғыстау өнірінен келгендер көп екен. Сол үш жыл ішінде 8 пәтерлік құрама үйлерді салысуға қатыстық. Мектеп, асхана, аурухана, монша, балабақша, т.б. жайлар екі қатар көше болып түсті.

Мені алты айдан кейін бригадир сайланды. Қарамағымда 18 адам болды. Жалақыларымыз жақсы болды.

1952 жылы ағаш шебері Харитонов екеуміз Құлсарыға келдік. Сонда келдім. Сондағы орыстар: «Қазақтың да қолынан ағаш өңдеу келеді екен ғой», - деп мысқылдай қарсы алды.

Орыс ағайындар менің жасаған үстеліме,т.б. жабдықтарыма қарап, таңданып жүрді. Бұрғылау кеңсесінің бастығы Хамутовқа ағаш шана жасап бергенде, қатты риза болды. Қонысбаев деген бастықтың машинасының кабинасы суық екен. Соны қалай жылылап, жағдайлы етуді білмей жүріпті. Ол шананы көрген соң маған қолқа салды. Әріптес серігім кабинаны жылылау қиын деп, онша ықылас білдірмеді. Мен нартәуекел деп, машинаның кабинасын ұядай етіп жылылап, келістіріп жасап бердім. Қонысбаевтың риза болғаны сонша, қалтасынан 100 сомды суырып берді.

1954 жылы соқыршектен ауруханаға түсіп қалдым.

Он шақты күннен кейін кеңсеге шақырды. Барсам Ескі Сарықамыс деген жерге барлаушы мұнайшылар үшін құрама қамыс қабырғалы үйлер салуға бригадир болып баратынымды айтты. Барған соң алдымен жертөле қазып алдық. Содан соң Бейбіт деген жерден қамыс дайындадық. Қамыс маты дайындайтын екі станок жасадық. Күніне 15-20-дай маты шығарамыз.

Сөйтіп біздің үлгі ісіміз көпке тарады. Әрі арзан, әрі ыңғайлы үй салуға біздің тәжірибеміз көпке үлгі болды. Алтыкөл, Южное, Жаңасу, т.б. жерлерде барлаушылар үшін тұрғын жайлар салдық.

Құрылыс-монтаж кеңесінде 12 жыл шебер, прораб болып еңбек еттім. Сол кезде Құлсарыда әктастан екіпәтерлік үйлер, екіқабат мектеп, аурухана, т.б. құрылыс жұмыстарын абыройлы атқарып шықтық.

Осы еңбек еткен жылдары бастан өткен небір қиыншылықтарды бастан өткердік. Боранқұл, Қараарна, Көкарна, Прорва, Қаратон, Сазтөбе, Арыстан, Қаракұдық, Шағырлы, Алтыкөл, Қамыскөл, Тортай, Құлсары, Мұнайлы, Қосшағыл, Гагаринскийде біздің бригада мүшелерінің еткен қажырлы еңбектерінің іздері сайрап жатыр. Бұл аймақтардың табиғаттары қатал. Ауызсу мәселесінің өзі көп қиыншылық келтіретін.

Мысалы, ыңғайлы қоныс орнын қарастыру, оған үй салу мәселелері де үлкен талас тудыратын. Транспорт аз, цистернамен су тасудың машақаты көп болатын. Мысалы, осы күнгі 162- разъездегі, 4-разъездегі үйлерді салу менің пікіріммен есептесіп барып салынған үйлер еді.

1959 жылы тамыз айында Прорваға 5-6 машина жүк тиеп, он шақты жұмысшы алып бардық. Жері де, жолы да өте ауыр. Маса буып тұр. Жұмыс істеуге мүмкін емес. Батпақты жердің шөбін шауып, жаппай өртедік, қамыс жақтық. Сөйтіп масасын азайттық. Ауыз су қат, жетпейді, Судың кілтін өзім ұстап, үнемдеу шарасын жасадым. Су тасушы машиналар 5-6 күнде әрең жетті.

Айтары жоқ, осынау мұнайлы өлкенің өрісін ашу үшін қаншама тер төктік десейші. Шығыған аптап ыстықты да, бет қаратпайтын аязды да, ат құлағы көрінбейтін боранды да, торсақтан батпақ кешіп, масаға таланып жүрсек те, алға қойған мақсатымызға жету үшін жан аянбай еңбектендік. Мұнайшылар үшін қаншама үй-жай тұрғызғанымыз есепсіз. Осының бәрі ел игілігі үшін ғой.

Жасым қазір 82-ден асты. Бір көздің көруі нашарлау. Қол болса дірілдеп, қалам ұстауға әзер илігеді. Бұл күнде сол еткен еңбегімізді елеп, еске алып жүрер ұрпақтар да кемшін тартып бара жатқандығына жүрек сыздап ауырады. Ал осы күнгі мұнайлы өлке тұрғындарының бойын тіктеп, еселі еңбек етуінің іргетасын қалаған біз секілді қарапайым жандар екенін кейінгі ұрпақ біле жүрсе деймін.

Тойшан ИҒАЛИЕВ.
Құлсары қаласы.

ЕСТЕЛІКТІ ЕСЕЛЕУ



Құныскерей

Менің балам Мархабат жолы түсіп Теке қаласына барғанда 1994 жылғы 18 қарашада шыққан «Жайық үні» газетін дүңгіршектен бе, үңгіршектен бе, әйтеуір, сәті түсіп сатып алған екен. Профессоры іниміз Мәтжанның менің 80 жлдығыма орай жазған жылы лебізінде: «Сіз кәрі тарлансыз ғой, еңбектен есі кеткен» - дегені бар еді. Сол ес кетірген еңбеккорлық әдетімнен қолыма түскен «Жайық үнін» әрі қызыға, әрі құныға оқып шығып, енді жайыма қарап қалмай, осындағы Құныскерей туралы естелікті өзімше еселей, толықтыра түсуді жөн көрдім. Алдымен айта кетейін. Мен А.Жұбановтың өзі рулас болғандықтан, Құныскерейдің ата-тегі, өзінен тараған ұрпағы жөніндегі пікірін теріске сайымаймын. Колхоз құру саясатына қарсы болған адамдар мылтық ұстап кетті. «1929 жылдың күз айының ішінде Құныскерейді тұтқындап, ұстап әкету үшін милициялар үйдің төңірегін торитын болды, деген сөздері шындыққа жуыспайды. Өйткені 1929 жылдар Құныскерейдің Тайсойған – Сағыз өңірінен басқа жаққа кетіп қалған кезі болатын. Құныскерейдің үй ішін 1929 жылдың жазында мен Қызылқоға қаласынан көргенім бар. Сонда Қожахмет орта бойлы, құныстау келген, жадау шал еді. Құныскерейдің үй іші сол Қызылқоғадағы апасының қолында деуші еді. Демек 1929 жылы милиция Құныскерейдің үйін торитын ештеңесі жоқ, себебі ол кезде Құныскерей үйі аудан орталығында бақылауға алынған, ал өзі болса жалғыз басты жағдайда ел кезіп қашып-пысып жүретін.

Екінші бір мәселе, Құныскерейді үкіметтің колхоздастыру ісіне қарсылық жасап, содан қашқын болды деп қазірге көзқарасқа бейімдеп саяси мән беруі де орынсыз. Себебі Құныскерей колхоздастыру науқанынан 6-7 жыл бұрын- ақ мылтық ұстап, банды атағын алып жүрген еді. Менің есімдегі жаңа ақиқат та солай бір жай былай болатын. Біз де Қызылқоға ауданының 9-ауылынанбыз. 1922 жылдың басында (қыста) түн ішінде ауылдың бір адамы келіп, менің әкеме (Таңат қажының баласы Аққалиға) мынадай суық та суыт хабар айтты.

Белгілі Бекен, Таңбай деген ұрлар мен Құныскерей бір үйде отырғанда, ұрларды ұстауға шыққан қуғыншылар келіп қалады. Бекен, Таңбай сасып, бастарын қорғай алмайтын күйге түседі. Сонда Құныскерей ұрларды қорғау мақсатында солардың мылтығын алып, қуғыншылардың жоғарғы жағын ала оқ атады. Оған аудандық милиция бастығы Сарғазин Ырза деген тоқтамай үйге жақын келіп қалады. Енді Құныскерей Ырзаның атын атып, оны жаяу қалдырады. Бірақ Ырза әдіс жасап, аунап түсіп, ілгері қозғалып, күлдікке ұмтылады. Содан үшінші ретте Құныскерей оның өзін атып өлтіреді. Енді басқа қуғыншылар іркіліп, кейін қаша бастайды. Алайда сезімге еліккендіктен бе, әйтеуір Құныскерей кейін бұрынғы аудандық болыс Жарылғасынов Зиманды, (Қазіргі академик Салықтың әкесін) де атады. Бірақ оқ Зиманның бірнеше қабырғасын қиратып өтеді. Зиман одан тірі қалып, үйшікте 1940 жылы дүние салды. Кейіннен естуімізше, Құныскерей: «Зиманды атқанда, жазығы жоқ қазақ баласы деген аянышпен қолым тал соғып еді, сондықтан ол тірі қалды», - депті. Міне Құныскерейдің «Мылтықты банды аталып, ат үстінде сергелдеңге түседі сонау 1922 жылдан басталған. Құныскерейді әлденеше рет қуған да, оны тауып, кездескенде, бірақ оған қарсы ешкім оқ шығара алмаған деп естіліп жүрді. Себебі егер Құныскерей жауап ретінде оқ атса, оның оғы зая кетпейді, атқанын түсіретін мерген болған. Сол айбарынан қорыққан қуғыншылар, таппадық, кездестірмедік деген өтірікпен кері қайтып отырған. Ал қашқын атанған «Құныскерей, шынында, ат тізгінін жіберіп қашпайды екен. Тек қана желе жортып, аспай, саспай алған бағытынан таймай жүре береді делінетін және Құныскерейдің бір көрім сыры – ол үнемі жалғыз жүріпті. Көп мылтықтының бірін де, тіпті өз інісі Жәрдемді де қасына алмаған деседі. Осы жағдайдың шындыққа келетініне менің өзімнің Құныскерейді екі рет көргенім дәлел бола алатын сияқты. Алғаш 1927 жылы күзде Шеркештен құн сұрап, елді әбігерге салған адайдан ығысып, біздің ауыл /9-ауыл/ Тайсойғанның батысына Ысық руының жеріне көшіп тығылдық. Сонда Қуыс бидің кенжесі Ысқақ көкеміздің үйіне Құныскерей бір өзі келіп, қонақ болып кетті.

Бітім сойы, өңі А.Жұбанов айтқанға келеді. Бірақ әрмен көз, бермен маңдай, биік қыр мұрынды, өте сұсты қара сұр адамы екендігі менің көз алдымда әлі елестейді. Астына мінгені тұрқы биік сұлу қара ат еді, ал өресі биік бөкен, сан, жал-құйрығы төгілген жирен ат енесіне ілескен құлын сияқты бос еріп жүр екен.

Үйге түскенде, екі ат та байлаусыз бос тұрды. Осыдан таң қалғанымыз Құныскерейдің аттары иесіне сенімді серік болуды ақылмен ойлаған саналы жандай көрінді. Ал ол аттар басқа адамға ұстатпайды екен. Міне, Құныскерейді алғаш көргеннен есімде қалған түйсім осы.

Екінші рет Құныскерей 1928 жылы күзде үлкен үйге (Тақат қажының кенжесі Төреғали ағамның үйіне) жалғыз өзі келіп қонақ болып, жатарда аттанып кетті. Сол әдетке қарағанда, ол із тастау үшін жүрген жерін, алған бағытын үнемі өзгертіп отырады екен.

Елдің біліп бағалауынша, Құныскерей құралайын көзге атқан мерген, жақсы ат мініп, таза киініп, ит жүгіртіп аң аулаған инабатты азамат саналған. Кеңес өкіметі орнаған соң, ол ауылдың кеңесті басқарған қызметкер де болған. Ал бандит болып кетуі негізінде кездейсоқ оқиғадан жабысқан бақытсыздық болса керек.

Қазыбайұлы Сабыр.
Атырау университетінің
Құрметті профессоры.

ШІКЕҢ ҰСТА ТУРАЛЫ



Шыныбек Шолақұлы 1906 жылы Доссорда дүниеге келген. Ауылдық жердегі молдадан сабақ алған. 7 жасқа келгенде әкесі Шолақ қайтыс болады, шешесі Нәсіп екеуі 15 жасқа дейін байдың жалшылығында өмір сүреді.

Сол кезде, Доссорда мұнай кәсіпшілігі ашылған кезде кәсіпорынға жұмысқа жалданып, Доссордан Каспий теңізіндегі Ракуша аумағына дейін түйемен мұнай тасиды. Отызыншы жылдардағы аштық кезінде, Жайық бойындағы елдерде колхоздастыру жүріп жатқанда Есбол ауданындағы, Гребенщик селосына қарасты Красин атындағы колхоздың алғашқы мүшелерінің бірі болып кіреді. Мұнай өндірісінде істеген тәжірибесін пайдаланып, колхоз үшін Калягин деген жергілікті орыспен темір ұстаханасын ашады. Ол кезде техника жоқ. Барлық құрал-сайман, шөп шабатын косилка, оны жинайтын тырма, т.б. жұмыстардың барлығы қол күшімен атқарылатын. Ал күш көліктері, ат арба, түйе болған ғой.

Содан зейнет демалысына дейін, яғни 1966 жылға дейін колхоздың барлық техникасын, сонымен қатар жергілікті ауылдың жеке кісілерінің де құрал-саймандарын, т.б. құралдарын жасап, өңдеп, жөндеп отырды.

Ол үшін халықтан бір тиын да алмаған. Сондықтан ол кісіні осы күнге дейін «Шікең ұста» деп құрметпен айтып жүреді. Одан басқа зергерлік іспен айналысып, күміс тиыннан сақина, білезік соққан, көрік ұстаған кісі. Тек темір емес, ағаштардан да түйін түйген ұста болған.

Сол кездегі Есбол ауданының төрт колхозы бірігіп, «Правда» совхозы құрылған болатын. Содан совхоздың кісілері де Шыныбек ұстаға келіп қажет шаруаларын бітіртіп алып отырған. Ол 85 жасқа дейін ұсталық өнерін тастаған жоқ. Осы ауылда жер аударылып келген адайдың шоңайынан шыққан Бопан байдың қызы Борсанға үйленіп, одан төрт бала, бір қыз дүниеге келген. Олардың ұрпақтары Атырау облысында тұрып жатыр.

Жұмақан ШЫНЫБЕКҰЛЫ.
Атырау қаласы.

ТАҒДЫРЛАР ТОҒЫСЫ



ХАСАН ХАЗІРЕТТІҢ ҰЛЫ АХМЕТБЕКТІҢ ТАҒДЫРЛЫ СОҚПАҒЫ

1921 жылы 16 сәуір күні Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қызылқоға селосында дүниеге келдім. Әкем дінге берілген, мешіт ұстаған, балалар оқытқан, әлді шаруа болыпты.

1929 жылы әкемізді конфискацияға ұшыратып, Ойыл ауданына семьясымен жер аударған. 1933 жылы аштықта әкемнің бірінші әйелі Зейнеп, інім Жүсіпбек, қарындасым Қайша қайтыс болды. 1937 жылы сәуір айында әкемді НКВД органы тұтқынға алып, кітапханасынан таңдап бірнеше кітаптар алып кетті. Бұдан бұрын, 1928 жылы, Қызылқоға селосынан мектеп бағытында қызыл тастан соғылған шошақ моланың жанына бірнеше арба кітаптар көмілген болатын. 30 жыл бойы әкемізді іздеуге қорықтық. Оның кім екенін 60 жылда біліп отырмыз. Мен армияда жүргенде, 1940 жылы тұрмыс жоқшылығынан бір апам, үш қарындасым қайтыс болған.(Тәжікыз, Әсия, Марфуға, Минауара). Анамыз жалғыздықты, тұрмыс жоқшылығын шексіз шыдамдылықпен, құдайға сеніммен басынан өткізді. Түрмеден оралғаннан кейін жақсылап бақтық. Ол 79 жасында қайтыс болды.

Өзім «Ойыл» қазақ орта мектебін бітіріп, мектеп бітірген бірінші түлектердің ішінде бірінші озаты болдым. 1939 жылы емтихансыз КазМУ-дің физика-математика факультетіне оқуға түстім. Онда да үздік оқып, университеттің озат студенттерімен бірге түскен суретіміз «Казахстанская правда» газетіне шықты.

Сол 1939 жылы К.Е. Ворошилов бұйрығымен жоғарғы оқу орындарынан армияға студенттер шақырылды, мен де алындым. 1941 жылы елге қайту қарсаңында, 22 маусым күні соғыс басталып кетті. Біздің 1853 - полкіміз Батыс Украина шекарасында тұратын. Сондықтан бірінші күннен соғысқа қатысып, ай бойы қоршауда болдық. 1941 жылы 22 шілде күні соңғы айқаста, қоршауды бұза алмай, полктің қалдығы амалсыздан қолға түсті. Тұтқында 1941-1944 жылдары болдық.. 1944 жылдың желтоқсан айында Кемерово облысының Прокопьевск қаласында фильтрациялық комиссиядан өткеннен кейін «Маганак» шахтасында 2,5 жыл жұмыс істеп, 8 жыл көрмеген анам үшін ауылға келдім (1947). Көп кешікпей университетте оқуды жалғастыру үшін шақыру қағазын алдым, бірақ Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті рұқсат бермеді. Мектепке жұмысқа кірдім.

1948 жылы ақпан айында Гүлбарам Жағыпаровамен семья құрдық. Гүлбарамның негізгі мамандығы - есеп қызметкері. Партия мүшесі екен. Маған тұрмысқа шыққаннан соң жазаланып, партиядан шығарылды.

1948 жылы сәуірдің 16 күні МҚК органы, өздерінің дәстүрі бойынша, таңертең ерте Отан соғысының мүгедегі, оң қолы түбінен жоқ, туған ағам Мұхамбет пен (ст.58-10) мені (ст. 58-10,58-1б) түрмеге алды. Анамыз екінші рет жалғыздықтың, жоқшылықтың азабын шекті. Ағай 10 жыл отырып келудің орнына 7 жыл отырып, елге оралды, сосын ақталды.

Мен 25 жылдың сегіз жылын Колымада өткіздім,

1949-1954 жылдары атақты ұзындығы мың километр Колыма трассасынан қашық емес жерде Қорғаныс министрлігіне қарайтын Лазо атындағы рудникте және №3 байыту фабрикасында жұмыс жасадым. Жергілікті халықтың айтуына қарағанда, бұл Колыма трассасасында арматуралық құрылыс материалдары ретінде адам сүйегі пайдаланылған.

Н.С.Хрущевтің XX съездегі құпия сөзін оқығада бұған сенбеу де қиын. 1955 жылы жер шарындағы ең суық 60 градустық нүкте Оймякон ауданы Усть-Нера селосында құрылыста жұмыс істедім.

1956 жылы ауылға келген соң сырттай оқып, Орал пединститутының физика-математика факультетін бітірдім. Сосын Москвадағы шет тілдер институтының бағдарламасына сәйкес 5 жылдық курсты бітірдім. 30 жыл бойы қазақ және орта мектептерінде жұмыс істедім. Қатарымнан қалмай, адамгершілікті, қайырымдылықты, шындықты қару ретінде қолға ұстап, аяңдап өмір жолымен келе жатырмын. Осы күні Гүлбарам екеуміз өмірдің ащы-тәттісін бірге татып, қызыммен, немереммен бірге татулықпен тұрамыз. Зейнеткермін.

Ұсынған Бақтылы ҚАБИҚЫЗЫ.

«ҚЫЗЫЛ ТЕРРОР ҚҰРБАНЫ»
69 жылдан кейін ашылған ақиқат

Облыстық "Атырау" газетіндегі қаламгер әріптесіміз, бас редактордың бірінші орынбасары Ермек Биғалиевті де, оның інісі елімізге танымал мұнайшы, Парламент Сенатына екі рет депутат болып сайланған атпал азамат, марқұм Ермекқалиды да жақсы танимыз. Бірақ олардың атасы Биғалидың 1937 жылы басталған жаппай қуғын-сүргіннің ылаңымен, 10 жылға сотталғанын білмейді екенбіз. Соның дерегі бізге таяуда ғана белгілі болды. Арада 69 жыл өткен соң сонау, отыз сегіздің ойранында жазықсыз сотталған олардың атасы туралы мәліметтер мен фотосуреті табылып, қуанышқа бөленді. Сөйтсек, Биғали Самалықов молда болып, мешіт ұстағаны, ауыл адамдарын имандылық жолында тәрбиелеп, халықтық салт-дәстүрді сақтағаны үшін жазаға тартылыпты. Осының өзінен қызыл империяның шаш ал десе, бас алуға даяр шабармандары "халық жауын" алыстағы ауылдан да іздегені байқалады.

Биғали 1938 жылғы 31 қазанда 10 жылға сотталып кете барған. "Әкем ескіше сауатты, молда болған адам еді. Ұзын бойлы, әдемі мұрт қоятын. Үнемі сақалын қырып, ұқыпты жүретін. Ескілеу болса да киімін таза ұстайтын. Бір үйінен мешіт ашып, жастарды дін оқуына, намаз оқуға үйретететін. Сол үшін оны НКВД-нің екі адамы келіп, ұстап әкетті. Сол кезде мен 9 жастағы баламын ғой. Анамыз Ілме Басығариева және інім Сәнғали үшеуміздің еңірегенде етегіміз жасқа толды. Шешемнің аяғы ауыр еді. Сонысына қарамастан НКВД-ның қара полуторкасына сүйретіліп, біраз жерге дейін барды. Машинаға жармасып қалмаған анамды әлгі жендеттердің бірі теуіп жіберіп еді, шалқасынан сұлап түсті. Кішкентаймыз ғой, қолдан келер дәрмен жоқ. Ашу-ызаға булықтық. Қайтейік, жендеттердің қанішпезерлігіне налып қалдық",- деп, сол күндерді мұңайып еске алады Аққали қария.



Күйеуі ұсталып кеткесін Ілме қос перзентін жетілдіру қамын өз мойнына алды. Шолақ белсенділер жылқыларды, басқа да ірі қараны колхоз меншігіне тартып әкетті. Бір күн тамақ ішсе, екінші күні талғажу етер ештеңе табылмады. Тіпті шөп-шөңгені де азық ететін болды. Қолда мал болмағасын, аш қалатын күндер көбейді. Биғали ұсталғанда, анасының құрсағында қалған сәби шетінеді. Сол кезде Жем өзенінің бойына орыстар егін сала бастапты. Сол егіннен асқабақ ұрлаған кездері болған. Анасы еңбектеп барып, екі қолына бір-бір асқабақты ұстап, тісімен және біреуін тістеп, кері оралғанша, қос перзенті алыстан қарауылдап тұрады екен. Егіннің қожалары келе қалса, хабар беруі үшін осылай бақылап тұрған күндерді Аққали қария әсте ұмыта қояр ма?

Атақонысқа айналған Жылыой жеріндегі ашқұрсақ күндер зымырап өтіп жатты. 1939 жылы Жылыойдағы 4 колхоз Жайық жағасына қоныс аударды. Ілме қос перзентін



ертіп, солармен бірге №17 ауылға табан тіреді. Мұнда колхоз мүшелері балық аулаумен айналысты. "Өзен жағалағанның өзегі талмайды" дегендей, Жайық бойында тірлік етуге мүмкіндік мол еді. Сөйтіп, Ілме тырбанып жүріп, қос перзентін аштықтан, өлімнен аман алып қалды. "Анамның қайсарлығына таңданамын. Жұмыстың қай түрін де талғамайтын. Шаршағынан білдірмеуге тырысып, іштей қайраттанғанын сезетінбіз. Мүмкін, бізді жабыркатқысы келмеген шығар. Малдың сынығын салатын қасиеті бар еді. Тіпті көршілердің өтінішімен аталық малды кестіруді де атқара беретін. Анамыздың арқасында біз жетілдік. Ұрпақ өрбіттік. «Әкелеріңнің бір дерегін білсем, балаларымның жетілгенін көрсем, немере сүйсем»,- деп отыратын жарықтық. 1985 жылы 80 жасында өмірден озды", - деп тебіренгенде Аққали қарияның асыл анасына деген перзенттік сағынышы басылмағаны аңғарылады. Кейіннен Ілме фамилиясын күйеуінің атымен Биғалиева деп жаздырып алыпты. Мұны оның күйеуіне деген құрметтің, атын өшірмеудің белгісі деп ұғынған жөн.

Әкесі ұсталғанда 9 жастағы Аққали қазір 80-ге таянған қария. Еліміз тәуелсіздік алғанша, Елбасы саяси қуғын-сүргін құрбандарын жаппай ақтау жөніндегі заңға

қол қойғанға дейін әкесі туралы ақиқатты ешбір жан баласына айтпай, құпия ұстаған. Басқасы басқа, өз балаларына да сыр ашпай келгенінің себебін қария былайша түсіндіреді.

-Қызыл империяның кезінде әкемізді іздеу түгілі ұсталып кетті деп айту үрейлі болатын. Басқа кезде емес, дәл 1937-1938 жылдары ұсталғанын айтсаң, құрдың дей бер. Балаларымның келешегін ойлап, бар шындықты іште сақтадым. Сұрағандарға да, балаларға да әкем Ұлы Отан соғысында хабарсыз кетті дейтін едім. Бір жағынан өлі-тірісін де білмедік қой. Ақиқатты айтар күн туарына сендім... Еліміз өз дербестігін алып, жазықсыз жалаға ұшырағандар ақтала бастағасын балаларыма шындықты айттым.

-Іздейміз, -деді олар. Ендеше Сібірден, Воркута жақтан іздеңдер, - дедім. Бір дерегі шығарына үміт еткеніме, міне, биыл 69 жыл өтті. Іздей бастағанымызға да он жылдай болды. Әйтеуір, үмітімді үзбедім. Ең болмағанда сүйегі жатқан жері табылар деп ойладым.

Бигали көкем ауқатты болды. Үш отбасының бар шаруасын, тұрмысқа қажеттіліктерін өзі реттеп отыратын. Үш үйге керек заттардың бәрін қаладан өзі әкелуші еді. Қазіргі кәсіпкерлер секілді, сауда-саттыққа бейімдеу болатын. Бір үйін мешіт ретінде пайдаланып, балаларды имандылыққа, намаз оқуға үйреткенін көрдім, - дейді Оңай Асанғалиқызы. Ол-Бигалидың інісінен тараған ұрпақтың бірі.

ЖАЛА ҚАЛАЙ ЖАБЫЛДЫ?

Саяси қуғын-сүргін белең алған жылдары жалған жала жабудан оңай ештеңе болмаған шығар, сірә. Өтірікті судай сапырып, ел ішінен халық жауын іздегендер Бигали Самалықовқа да жалған жаланы таңа салыпты. Бұл Гурьев облыстық сотының 1938 жылғы 31 қазанда Жылыой ауданында өткен көшпелі мәжілісіндегі үкімінен анық аңғарылады. Онда Бигали Самалықовпен бірге Әшекен Жантұрсыновқа да қарсы сот үдерісі өткен. Екеуі де айыпты деп танылып, 10 жылға түрме жазасына кесілген.

Тағылған айыптың тамыры алдымен, Бигали Самалықовтың сауаты жоқтығынан, оқуы ескіше, яғни молда болғанынан бастау алады. Жантұрсыновқа тағылған айып осындай кемсітушіліктен басталған. Үкімнің мазмұны латын қарпімен жазылған екен. Біздің қолымызда үкімнің қазақшаға аударылған нұсқасы бар. Сол аудармада былай делінген: "Самалықов және Жантұрсынов негіздері орташа, молда бола тұрып, совет өкіметіне қарсы үнемі контрреволюцияшыл теріс пікір мен колхозшылар арасында колхоз құрылысына және үкіметтің күнделікті саясатына қарсы әрекеттер жүргізген. Осымен қатар осы жылғы Қазақ ССР Ұлы советінің сайлауына қарсы жұмыстар жасап,, қолдарынан келгенше сайлауға кеселдік келтірген. Сайлау ережелерін талқылағанда өздері бір де қатыспай, Самалықов 30 үйді ертіп, "Асанкеткен" дейтін жерге барған.

Самалықов және Жантұрсынов колхоз құрылысына қарсы, күнделікті колхоз жұмысына кеселдік келтіріп, орындалмауға жағдай туғызған, колхозшыларға колхоз жағдайын жамандап, бұрынғы ескі шаруашылықты көксеген. Самалықов июнь айының ішінде "Дәутөбедегі" сайлау учаскесіне барып, ілулі тұрған үкімет пен партияның жетекші басшыларының суреттерін қаралап, лас сөзбен боқтаған".

Міне, жабылған жаланың, тағылған айыптың негізгі мазмұны бұл. Бигали Самалықов осындай "контреволюцияшыл" әрекеті үшін 10 жылға түрмеге қамалады. Түрмеге қамалған сәтте ол 48 жаста болыпты. Шамасы молдаларды да түрмеге жабу жөнінде астыртын тапсырма болған шығар.

ӨЗЕК ӨРТЕГЕН ӨКІНІШ

Бұл өмірде өкініш болмай тұра ма? Өкініштісі сол, Бигали Самалықовтың түрмеден жазған хаты сақталмаған. Ұлы Аққалидың айтуынша, одан көп хат келмеген. Бәлкім, жазған хаты жетпеген де болар. 1943 жылы отбасына Сібірдегі лагерден бір-ақ рет хат келген екен. Хатта амандық білдіруден өзге ештеңе айтылмаған секілді. "Хатты оқыдым да, жоқ қылып жібердім. Себебі ол кезде бізді аңдушылар көп еді. Әкем олай-бұлай болып кетсем, Сібірден іздесін деген шығар. Қайтыс боларынан 2-3 ай бұрын келген сол хатты сақтай алмағаныма өкінемін", - дейді бұл күнде ұлы Аққали қария.

КЕШІГІП ЖЕТКЕН ХАБАР

Биылғы 7 наурызда Бигали әулетінің ұрпағы үшін кешіксе де көп күттірген хабар жетті. Сонау Ресейдің Воркута қаласынан жолданған хат облыс прокурорының бірінші орынбасары Б.Қасымбаевтың атына жазылыпты. Хаттың мазмұнын сол күйінде келтіргенді жөн көрдік. "Сообщаем, что по учетам нашего архива значится отбывавшим срок наказания в Воркутинском ИТЛ гр-н САМАЛЫКОВ БИГАЛИЙ, 1890 года рождения, по национальности казах, уроженец Гурьевской области, который был судим 31 октября 1938 года Гурьевским областным судом по ст. 58-10 ч.1,58-11 УК РСФСР на 10 лет лишения свободы с проживанием на 5 лет.

Начало срока 31 октября 1938 года, конец срока 31 октября 1948 года. Прибыл 1 июля 1941 года из Унжлага, наряд Гулага №739. 30 мая 1943 года умер от пеллагры, номер могилы и место захоронения в архивном личном деле не указаны. Извещение о его смерти высылалось в ОАГС УНКВД Гурьевской области 19 июля 1943 года за №43057 для регистрации".

Архивное личное дело на хранении имеется, сведениями реабилитации гр-на Самалыков Бигалия, 1890 года рождения наш архив не располагает."

Воркутадағы орталық архивтен жолданған хат мазмұнына қарағанда, жазықсыз жаланың құрбанына айналған Бигали Самалықов түрмеде азапты өмір кешіп, аштықтан ауруға ұшырап, қайтыс болған. Оның қайтыс болғаны туралы дерек кезінде тиісті орынға хабарланған. Бірақ, неге екені белгісіз, оның ұрпағы бұл жөнінде әлі күнге білмейді, бұл хабар оларға сол бір сұрапыл соғыс жылдары жетпеген. Және осы кезге дейін ақталған азаматтардың тізімінде ол туралы ештеңе айтылмайды.

Тіпті немерелері іздемегенде, Бигали Самалықовтың жеке архивтік ісі Воркутаның архивінде әлі де көміліп жата берер ме еді? "Ештен кеш жақсы", міне, ұлының, немерелерінің талмай ізденуімен биыл өзге елдің түкпірдегі архивінде ұзақ жыл сақталған деректің ұшы шықты. Кейіннен ұрпақтарының сұрауымен жеке архивтік ісіне тіркелген суреті де келді. Әкесінің түрмеде түсірілген суретін жүрек тұсына басқан Аққали қария, оның ұрпақтары да қатты толқыды. "Құдды әкемді тірідей көргендей әсерде болдым", - дейді ол.

АҚҚАЛИ ҚАРИЯНЫҢ АРМАНЫ

Әкесі жайындағы бар ақиқатты осынша жыл іште сақтаған ұлдың қуанышында шек жоқ. Енді қайтсін, аялы алақанымен маңдайынан сипағанын, алдына отырғызып еркелететін әкесінің мейірлене "Айналайын" дейтінін аңсағанына 69 жыл өтті. Әкесі туралы бір дерек боларын осынша жыл күтіп жүр емес пе? Аққали қарияның енді бір арманы бар. "Жалған жаламен жазықсыз сотталған әкем ақталса екен", - дейді ол. Жерленген жері анықталса, қабіріне туған жердің бір уыс топырағын салып, аруағына құран бағыштауды мақсат етеді. Мұны Бигали немересі, елімздің мұнай-газ өнеркәсібі саласының өркендеуіне, техника ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан білікті мұнайшы, ғалым Ермекқали да армандап, Сібірдің көптеген қалаларының архивіне хат жазған еді. Әттең, атасын жалған жаланың жазықсыз құрбандығынан ақтасам деген үлкен жүректі азамат арманына жете алмады. Ол үш жыл бұрын кенеттен өмірден өтпегенде, атасы туралы деректі ертерек тапқан болар еді.

Аққали қарияның да, мезгілсіз өмірден өткен танымал мұнайшы Ермекқалидың да сол арманы енді орындалуы керек. Себебі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 1993 жылғы 14 сәуірдегі Жарлығымен бекітілген "Жаппай қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңның әлі күшінде екенін тиісті заң орындары ескеретін болар. Осы заң басшылыққа алынатын болса, Бигали Самалықовты да жазықсыз жаладан ақтау көп қиынға соға қоймас.

ОРНЫНДА БАР ОҢАЛАР

Бигали Самалықов үш ағайынды екен. Өзінен кейін Асанғали, Үсенғали деген інілері өмірге келген. Ал өзінің кіндігінен өрбіген Аққали, Сәнғали ұлдарын артында қалған жары Ілме қатарынан кем қылмай, қатарға қосты. Бала болып еркелеуді білмеген үлкен ұлы Аққали ұзақ жыл мұнай-газ өнеркәсібі саласында жүргізуші болды. Бейнетке толы адал еңбегінің зейнетін көріп, Ермек, Ермекқали, Серік, Мұрат, Батырғали мен Рая, Тамарадай тәрбиелі өнегелі ұрпақ болып жетілген ұл-қыздарының қызығына бөленіп отырған бақытты қария қазір. Ермек пен Ермекқали туралы жоғарыда айттық. Кейінгілері де өмірден өз орындарын тапқан жоғары білімді, білікті мамандар. Серік пен Мұрат Аққали әкенің жолын жалғастырған мұнайшылар болса, Батырғали ұлт қауіпсіздігі саласында офицер. 1964 жылы жүрек ауруынан көз жұмған кіші ұлы Сағынғалидан тараған Шолпан, Күләш, Бибігүл, Ұлмекендер де әр саланың білгір мамандары. Олар мұнайшы, заңгер, қаржыгер, салық ісінің маманы болып, абыройлы еңбек етіп жүр.

Міне, бұдан 69 жыл бұрын жаппай қуғын-сүргіннің желеуімен 10 жылға сотталып, жапа шеккен Бигалидан тараған ұрпақтар бүгінде тамыры-тереңге, жапырағы кеңге жайылған мәуелі бәйтерек іспетті үлкен әулетті құрап отыр. Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінде бәрі бір дастарқан басына жиналып, ата рухына тағзым етуді дәстүрге айналдырды. Сондай баскосуда Аққали қария: "НКВД-ның адамдары ұстауға келгенде, әкем жігерін жасытқан жоқ. Еңсесін тік ұстады. Отты жанары жаркылдап, ерге тән қайсарлық пен батылдық таныпты",-

деп сол бір күнді еске алып отырады. Халқымыз "Орнында бар оңалар" дегенді осындайда айтады емес пе! Тек "контрреволюционер" деген желеумен Сібір орманындағы лагерьге айдалған жазықсыз жанның қашан ақталары белгісіз. Бірақ оның ұрпақтары әділеттің барына, яғни Биғали Самалықовтың көп кешікпей "контрреволюционер" деген жалған жаладан ақталарына сенеді.

Жолдасбек ШӨПЕҒҰЛ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.
«Атырау» газеті.
31 мамыр, 2007 жыл.

БІЗ АТЫРАУДАН АЛҒАШҚЫ САЙЛАНҒАН ЕКЕУ ЕДІК

Бүгінгі күні тәуелсіз еліміз Қазақстан әлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси демократияланудың жаңа кезеңіне қадам басып отыр.

Жақсылыққа бет түзеп, жаңалыққа жол түзеп отырған тәуелсіз Қазақстан жер – жаһанның көз алдында жаңа биікке көтеріліп, айналадағы ағайындар қызыға қарайтын мемлекетке айналды. Бұл- біздің тәуелсіздіктің арқасында ғана қолымыз жетіп отырған толымды табыстарымыз. Қазіргі жетістіктеріміз оңайлықпен келе салған жоқ. 1995 жылы дамудың даңғыл жолына түскен егеменді еліміздің билік құрылымы өзгеріп, қос палаталы Парламент құрылды. Оған әр облыстардан алғашқы депутаттар сайланды. Біздің облыстан Сенатқа Атыраудың келешегінің көркеюіне, оның жастарының білімді де тәрбиелі болуына өз күш жігерін жұмсаған айтулы азамат Ермекқали Аққалиұлы Биғалиев екеуміз сайландық.

Бұл жылдар тәуелсіз еліміздің тарихындағы өткеніміз бен ертеңімізге сергек қарауды талап еткен ақ жолдың алдындағы ерекше сындарлы кезең еді. Жалақы мен зейнетақы мөлшері бүгінгімен салыстырғанда әлі мардымсыздау болды. Елімізді тар жолдан алып шығар нарықтық экономиканың заңдары ауадай қажет болған жылдар еді. 70 жыл бойы социалистік жоспарлы мемлекетте өмір сүрген біздерге өркениет жетістіктерін пайдаланатын осы заманғы озық заңдардың жобасын жасау міндеті жүктелді. Әсіресе сол кездердегі Парламент Сенатының экономика, қаржы және бюджет комитетіндегі бұл кездердегі жұмыстардың күрделілігі - өз алдына бөлек әңгіме.

Қандай іс болмасын ол экономикалық негіздеу, жоспарлаудан басталады. Өмір талаптары жиі өзгеріп, бүгінгі заң ертең қайта қаралып, толықтырулар қажет болып жатады. Осындай жұмыстардың бірі "Мұнай туралы", "Жер қойнауын пайдалану туралы" заңдар еді. Екеуміз де осы заңдардың ел қажетіне жарауына, уақыт талабына жауап беруіне өз үлесімізді қостық. Есімде қалғаны, он күн ішінде сараптаудан өткізіп, түзету енгіздік. Ал "Мұнай туралы", "Жер қойнауын пайдалану туралы" заңдар бұл кезде ерекеше маңызды еді. Олай болатын себебі елімізге шетелдік инвесторлар көптеп келе бастаған кез тұғын. Тек енді тәуелсіздік алып жатқан мемлекетімізге экономикалық реформаларды жолға қоюға септігін тигізер заңдар қабылдап, өз мүддемізді өзгелердікінен де биік етер тұста Ермекқали бауырымыздың тапқырлығы, білімділігі оның Парламентте беделін көтере түсті. Біздің Атырау облысы - республикамыздың бюджетіне зор үлес қосып келе жатқан айтулы аймақ. Ел экономикасындағы алар орны да ең алдыңғы қатарда тұр. Мұнайлы астана атанған қаламыз тәуелсіз мемлекет жағдайында болуға тиіс қиыншылықтарды да көппен бірге көтерді. Мұнай ел экономикасының күре тамыры болғандықтан өзге облыстарға көмек қолын созуы да заңды еді. Алайда қаланың қордаланып қалған әлеуметтік, коммуналдық мәселелері жаңа бетбұрыстарды қажет етті. 1998 жылы Республикалық бюджет туралы заң жобасы қаралған кезде біз осы мәселені көтердік. Облысқа оның арман қарай дамуы, көркейе түсуі үшін қаражат бөлу мәселесін қойдық. Бұл аз да болса абзал азамат Ермекқали екеуміздің туған жер үшін жасаған жұмыстарымыздың бірі еді. Міне, бұлардың бәрі де кешегі тәуелсіздік үшін төгілген мандай тер мен зор еңбектер туралы аз ғана естеліктер. Талайлардан бергі бабалардың аманаты – бірлік еді.

Тәуба, сол аманат орындалып, біз - күн санап ілгерілеп келе жатқан елміз. Ел игілігі мен бірлігі жолында күшімізді де, мүдделерімізді де бір жолға тоғыстыра отырып, еңбек ету басты мұратымыз болуы тиіс. Бабалар сенімі мен аманаты сонда ғана ақталмақ.

Төлеуіш СЕРІКОВ,
Атырау мұнай және газ
институтының ректоры, профессор.
«Атырау» газеті
2006 жыл.

СОҒЫСТАН КЕЙІН

5 аудан мен 1 қалада атқару комитетінің төрағасы болған майдангер 17 жасында өзі сұранып Отан қорғауға аттанған Түркістанның қайсар ұланы Әбубәкір Әбентаев жайлы сөз болғанда, көпшілік оның соғыстан кейінгі бірнеше аудан мен қалада ауаткомның төрағасы болған кезіндегі, яғни кеңестік саладағы қызметтерін айтып жатады...

Ал, шындығында, ол кісі сұрапыл соғыста шыңдалған, өлім мен өмірдің тайталасын көрген, ер етікпен қан кешіп, ат ауыздықпен су ішкен сәттерге куә болған.



Сүйегінің ірілігінен болар, 1942 жылы соғысқа аттанғанда, қатарластарынан ересек көрініпті. Ешкім оны кәмелетке толмаған демейтін көрінеді. Бірден алғы шепте соғысыпты. Әжет, қайратты жауынгер 3 рет ауыр жарақат алыпты. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалсызға өлім жоқ» дегендей, ата-баба аруақтарының желеуінен болар, сауығап, қайта сапқа оралып отырған. Майданда көрсеткен ерлігі үшін III дәрежелі «Даңқ», Ұлы Отан соғысы ордендерімен, «Ерлігі үшін» және көптеген медальдармен марапатталған. Көрер жарығы бар екен, елге оралып, Алматы ауыл шаруашылық институтын бітіріп, еңбек жолын Созақ ауданында, МТС-тың директоры болып бастайды. Алғыр да білімдар жас маманды билік басындағылар партия және кеңес қызметіне тартады.

Алғаш Кеңес ауданының ауаткомының төрағасы, соңынан Шаян, Сайрам, Темірлан, Түркістан, Шәуілдір аудан, қалаларында атқару комитетінің төрағасы болып қызмет етеді. Яғни 30 жылдың көлемінде аттан түспей, теріскей мен күнгейде ұйымдастырушылық тәжірибесі толысып, оның қолтаңбасы қалыптасты. Көптен қолдау тапты.Үкімет елеулі еңбегін ескеріп, кеудесіне Еңбек Қызыл Ту орденін тақты. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен наградталды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының Төрағасы Подгорныйдың қолынан бағалы сыйлық алды. Жауынгер ардагердің елге деген, өз ісіне деген адал шынайы бейнесі заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің кітабында көрініс тапты. Алайда, сондай кемелденген шағында, 50-ге толар-толмаста 1975 жылы Әбубәкір аға Әбентаев дүниеден озды. Бүгінде соғыс және еңбек ардагерінің ұрпақтары әке жолын жалғастырып келеді.

Ә.ЖАҚЫПОВ.
«Түркістан» газеті.

ТАҒДЫРЛАР ТОҒЫСЫ

Үмбеталы әулетінің шежіресін жасап қалдырған менің әкем – Қадыралиев Байжан.

Өткен ғасырдың бас жағында (1910 жылы) өмірге келіп, патша заманын, Кеңес өкіметінің орнауын, 20-жылдардың соңы – кәмпескелеу мен жер аудару, 30-жылдардың басы – ашаршылық, Гурьев балық өңдеу зауыты мен жаңа мұнай кәсіпшілігінің ашылуы, Ұлы Отан соғысы мен соғыстан кейінгі кезеңдер, Кеңес Одағының ыдырауы мен Қазақстанның тәуелсіздік алуын бастан өткерген әкем Байжан ұзақ ғұмыр кешіп, 84 жас жасады. Үмбеталы болыстың тұңғышы Қадыралының екінші баласы Байжан ауыл молдасынан сауатын ашқан, кейін 4 кластық орыс оқуын оқыған көрінеді. Көркем әдебиеттерді көп оқитын, шешендік сөздерді ,баталарды жинақтап, шежірелерге көп көңіл бөлетін.

Арғы атамыз Үмбеталы Жиенбайұлы 1868 жылы туып, 1922 жылы өмірден өткен. Гурьев уезінің 9-ауылынан тұратын Былан болыстығын 17 жыл бойы (1899-1916 жылдар аралығы) басқарған. Тайпа елдің қыстағы – Атырау бойының Ескене, Былан аймағы, жаз жайлауы - Тайсойған бойындағы Сарыкөл болған. Ұтырлы сөзімен, биік парасат – пайымымен бір елді аузына қаратқан азамат өзінің іскерлігі және пәндығымен де ерекшеленген. Адалдықты қастерлеген, байлыққа қызығып құныкпаған, пара алып, беруді ұнатпаған. Үмбеталы қайтыс болар алдында : «Ешкімнен пара алмап едім, мына Тұржігіт(хатшысы) бір мауыт бешпет, шалбар сыйлап еді, соны сүйегіме жақындатпаңдар»,- деген екен. 1916 жылы болса керек. Рулас қылышкестеннің Жұмық бөлімінен тарайтын Мырза деген байдың 20 жасар жалғыз ұлы Дүйіс әкесінің малын шашып, уезд, ояз бастығына пара беріп, болыстыққа таласқан. Атама таққан кінәсі – атамның шабарманы Дінғали жол-жөнекей қонаққа түскенде қой соймай, өлі ет астырдың деп жанағы Дүйістің қойшысының басын жарып кетіпті-мыс. Бұл оқиғаны атам уезд басшылығының алдына барғанша естімеген екен. Ал билікке таласқан Дүйіс аяқ астынан ауырып, көз жұмады.

Әкесі Мырза баласының өліміне күйініп жатып қалады. Үмбеталы замандасының көңілін аулап, өз еркімен болыстықты Мырзаға береді. Іске шорқақ Мырза билікте ұзақ тұрақтамайды, одан болыстықты Баба бөлімінен шыққан Масқарбай алады. Кейін менің атам Қадыралыға көшеді. 1918 жылы атам болыс мөрін Кеңеске тапсырады. Үмбеталы атам мен кенже ұлы Қайырғали 1922 жылы тырысқақ індетінен (холерадан) қайтыс болып, Сарыкөлде жерленген.

Атам Қадыралы Үмбеталыұлы 1885 жылы туып, 1939 жылы қайтыс болған. Әкесі Үмбеталының оң қолы саналған Қадыралы жастайынан ақылдылығымен, табандылығымен, аңғарымпаздығымен, шешендігімен, бауырмалдығымен көзге түседі. Үмбеталының ықпалымен ел басқару, билік айту, дау шешу істеріне де араласқан.

Ортасына сыйлы азамат Кеңес өкіметімен де тіл табыса білген. Көшіп-қонып, жеке мал шаруашылығымен айналысқан рулы елдің бетке ұстар азаматы мал басын аман сақтап, ағайындардың басын біріктіріп, тұрмыс-тіршіліктерін жалғастыра беруіне мүмкіндік жасатқан. Кәмпескелеу және жер аудару кезеңінде де белсенділік танытып, ағайындарға араша болған. Өз інілері мен ағайындарын қатаң жазалаудан құтқарып, көршілес Орал аймағына жер аударуға, барған жаңа жерлерде құдалаудан құтылу үшін басқа фамилиялар алуға, анықтама алуға көмектеседі. Біздің әулетте Ермағамбетовтер, Ораловтар деген сырттан тағылған фамилиялар бар. Ашаршылық жылдары Гурьев қаласын паналап, балаларын балық өңдеу зауытының құрылысына тартады. 1937 жылдары қайта репрессия басталғанда, жаңа ашылғалы жатқан Сағыз мұнай кәсіпшілігін игеру жұмыстарынан табылуы – атамыздың көрегендігі мен іскерлігінің айғағы деп білемін. Сағыз поселкесіне таяу төбеде Қадыралы бейіті деген қауым бар. Сол жерге алғашқылардың бірі боп 1939 жылы атам жерленген, әжеміз Ұлдай отағасы қасынан орын тастатқан екен, 20 жылдан кейін дүниеден өтіп, сол жерден орын тапты.

Қазихан БАЙЖАНҰЛЫ,
Атырау қаласы.

НАҒАШЫ ЖҰРТ ШЕЖІРЕСІ

Біздің нағашымыз (шешем Кенжемен шешесі бір, әкесі басқа) Әбіш Бекмағанбетов – Ұлы Отан соғысына қатысып, 1945 жылы соғыстың соңында аяғына оқ тиіп, елге жаралы болып оралып, бес ұл, бес қызды тәрбиелеп өсірген. Руы шеркештің шумағының Жаңбыршысы. Оның ішінде Өтебай аталығынан. Екі рет «Қызыл жұлдыз», I дәрежелі «Даңқ» ордені, Ұлы Отан соғысы ордені, көптеген жауынгерлік медальдармен наградталған. Нағашым Әбіш Бекмағанбетов 1918 жылы Атырау облысы, Балықшы ауданында туып, 1938-1939 жылдардағы фин соғысына, 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. Балықшы ауданы, Құрсай ауылы, Құрманғазы көшесі, 16 - үйде тұрды. Осы ауылдың шаруашылығының әр түрлі саласында еңбек етіп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, 2001жылы ұлы Жұмаберген /Жұматай/ мен келіні Нәсіптің қолында аяулы ата, мейірімді нағашым дүниеден озды. Он сегіз жасынан Отан қорғау шебінде болған нағашым Әбіш қазақтың киелі, қастер тұтар аяулы тұлғасындай абзал жан-ды. Оның өзі ғана бауырмал, мейірімді емес, қыздары мен ұлдарын, күйеу балалары мен келіндерін көпшіл, қонақжайлылыққа, ақкөңілділікке, ұйымшылдыққа, туысқанға түскен қиындықты бір кісідей жұмылып келіп, көтере бөлісіп кететін, қуанышты бір тайпа елдің қуанышындай тойлап марқайтып келетін, қазақтың тасқа түсіп жазылмаған, не көрсе де отқа түсіп қарылмаған Ұлы дала заңдарын өз ұрпағына, жиендеріне, құда-жекжаттарына тігісін білдірмей, қандарына сіңіріп кеткен, ұрпақ санасына аяулы із тастап, әрдайым қуанышпен еске алар қариялардың бірі. Анда-санда елге барғанда сәлем беру парыз еді нағашыма. Сәлем алған нағашым бар кісімен, үлкен-кішімен әзілдесіп, әкем Қайсамен жарқырай жарасып, жас күйеулерімен де құрдасындай қалжыңдасып отыратын. Ал сыралғы болып алған күйеу балалары марқұм Бейсенбай мен Қыдырәлі жезделеріміз шай-тамақты қыран-топан күлкіге қарық қылмай өткізбес еді. Қысқа бойлы Бейсенбай жездемнің қалжыңы мен ұзын бойлы, денелі, әнші, күйші Қыдырғали жездем үлкен қонақтық түгілі, жай шайды қазіргі адам тыңдамайтын неше түрлі ... «шоулардан» бәлен есе артық, тамаша өткізетін. Дастарқан басындағылар бірлесе ән айтатын. Ұзын бойлы, қара торы, арықша қара шал ретін тауып, бір қалжыңды күйеу балаларына қарай ытқытып жіберсе, әрі қарай ол әзіл дастарқан басындағыларды жағалай сүйсіндіре күлдіріп, есіктен рақат күлкі болып төгіліп, туған-туысқанның көңілін лепірте рақаттандыратын. Келесі кездескенге шейін әр үйде осы қалжыңдар айтылып, «... депті» болып, көктемгі шуақтай күлкі жүретін. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында, екі соғысты торсақтан саз кешіп өткізген, артық дүние жимаған, жамандыққа жатын да қимаған Әбіш нағашыма, Алла осындай төрт құбыласын толтырып берген сияқты.



Ал нағашымның немере ағасы Сабыр Сүйінәліұлы Бекмағанбетов туралы бір бөлек әңгіме. Бала кезден жатталып қалған бір көрініс бар. Ол ақ түйе мінген ақшыл шапан, ақ дамбал-шалбар киген Сабыр ақсақалдың құдашасы Қоңырша шешемізге қалжыңдап (әкемнің жеңгесі – руы есентемір), қақпадан кірмей, қос өркештің ортасында алдына өңгерген серкесін түсірмей:

...Есентемір - сулы көз, көлден үйрек құдыңыз,

Бір жаманға таласып, атадан жаман тудыңыз, – деген бір қалжың шумақты айтып тұрып алады. Қызық көріп, шуылдап жүрген біздерге Қоңырша шешеміз:

...Нағашы, нағашы – темекінің ағашы,

Түйе мініп, ешкі әкелген ағасы, -

деген сияқты қалжыңдарды тете апам Қадиша екеумізге қақпаның үстіне шығартып, айтқызып, ерке құдасын биік ағаш қақпаны айқара ашып, күтіп алатын. Содан ол кісі кеткенше әзіл-қалжың, ән-жыр үйімізде, жекжат-жұрағат жиылып, кішігірім той сияқты жиын өтетін. Бұл 60- жылдардың орта тұсы болса керек. Осы естеліктегі Сабыр Бекмағанбетов Әбіш нағашымның немере ағасы, көзі ашық, діни де, орысша да сауатты адам болған екен. Жайық бойында 1885 жылы туған. Совет өкіметіне дейін өнірде мұнай өндірген ағылшындармен бірге жұмыс істеген. Ағылшынша білген. Өңірді картаға түсірген. Картограф сияқты сызбалары болған. Жайықтың Бухарка деген өзекшесі бойында жағаға мінбелей салған қора-қопсылы жайы болатын. Қараңғылау бір бөлмесінде қабырғаға тартқан керме жіптерде жуылған киімдей болып, шимай жазбалар-карталар іспеттес қағаздар мен жер өлшейтін аршын сияқты неше түрлі таңсық аспаптар ілулі тұрғандары есте қалыпты. Ірі денелі, арықша келген сары кісі. Жұмаберген нағашы інімізден айтуынша, 1968 жылы қайтыс болғанда, артында екі сандық Құран жазбалы діни кітаптары қалған. Осыдан Құранның бір ғана данасы Жұматайда сақталыпты. Құран Кәрімді оқи білген діни сауатты кісі болып, қызыл империя кезінде сол елдің молдасы болған. Үйінде Құран аударып отырады екен. Ал Әбіштің туған ағасы Садуақас Бекмағанбетов 1938 жылы Ташкентте әскери мектепте оқыған. 1942 жылы «бір тапсырмамен соғыс жаққа кеттім, қайтып оралам ба, білмеймін», деген хабардан кейін, 1943 жылы қара қағаз келіпті. Әбіш нағашымның «Адайда бала көп» деген бір әңгімесі бар құлақта қалған. Бір жылы бірер ауыл адай руы қоныс аударып, Үйшік қаласы маңына тоқтап, жер жайын білетін Сабырдан: «Қай жер қыстауға жайлы екен?»- деп жөн сұрапты.

Осы қазіргі Атырау қаласының тұсындағы 2 - стансаның тұсында адай жұрты киіз үйде қыс қыстап шығыпты. Сол жылы қар қалың жауып, келген көштің жайласуына мұрша бермей, боран болады. Ертесіне боран басылған сәскеде ойын балалары қар үстіне киіз үй тігіп, қомын ағытып жатқан адайларға барса, борасын қардың астынан сандық кебеженің қақпағы сарт етіліп ашылып, ішінен қалың қара бала шыға келмей ме?! Көргеніне таң қалған және ел басына түскен қиындықты көрген бала Әбіш үйіне жүгіре, айғайлай кіріп: «Шеше, шеше, адайларда бала көп, қардың астында, сандықтардың іші тола бала, буы бұрқырап жатыр, адайларда бала көп!» - деп жар салыпты. Буы бұрқырап жатыр дегені, шөккен түйенің қомындағы жүк артқан, бала салған сандық қалың боранда ашылмаған, қалың қар шөккен түйенің өркешіне шейін басып қалған да, тек жануардың екі танауынан шыққан ыстық леп аязды күні қайнап жатқан қазанның буындай көрінген екен... Содан бүкіл ауыл қарасып, қытымыр қысты ел болып көтеріп кеткен секілді. Бұл бір қаладан алыс дала жұртының Совет заманының солақай саясаты салдарынан сан соқтырған ашаршылық, жұт жылдар, адай босқан 1927-1928 жылдары болса керек. Бала Әбіш сегіз-тоғыз жасар ойын баласы екен. Ел аузындағы «адайларда бала көп» деген сөз осыдан шықты ма дерсің!

Шешеміз Кенженің әкесі бір, шешесі бөлек туған ағасы Жолдасқали Шоқпарбайұлы 1968 жылдары Ақтау қаласында қайтыс болды. Форт Шевченко қаласы Маңғышлақ облысы болып алғаш құрылғанда, алғашқы өрт сөндіруші мекеменің бастығы болған. Ерсайын, Құсайын атты ересек жоғарғы оқу орындарын бітірген екі баласы болатын. Сол кезде қоныс аударарда қайта-қайта келіп, шешемізбен ақылдасатын. Зор денелі, ақжарқын кісі еді. Нағашы атамыз Шоқпарбай ел ішінде балуандықпен, бақсылығымен аты шыққан аруақты кісі екен. Бұл кісі де Жаңбыршы шумақ . Нағашымыз Мұхамеджан Жолмағанбетовтың айтқан әңгімелері есімізде. Бұл

нағашымыз да зор денелі, кескен теректей ұзын бойлы, қызу қанды кісі еді. Құлашы екі-үш кісіні қапсырып ұстай алардай қолдары ұзын әрі тарамыс еді. Отырған жерін той-думан қылып отырар өте әзілқой кісі еді. Баласы Қайыржан қазір Сарайшықта тұрады. Шоқпарбай атамыздың балуандылығы туралы әңгіме көп. Қазақстанның 10 жылдығында болған тойда жиырма бестегі жігітті былай да былай етіп, шиырып лақтырды ғой дейтін. Онда Шоқпарбай ата алпыста болыпты. Оған сенбеген біздерге: «Ол ол ма, жас кезінде теңізде ауыл жігіттерінің балық аулайтын... мүйісін Астраханьның орыс балықшылары басып алып, иемденіп, бермей қойыпты. Теңізде қайық үстінде екі жақ айқасыпты, сонда жігіттерді бастап барған Шоқпарбайдың өзі керемет қайрат көрсетіп, он балықшыны қайықтарынан бір өзі аударып, балық аулайтын жылымықты бір өзі-ақ тартып алып берген еді-ау қазақтарға!» - деп гүжілдеп әңгіме айтар еді нағашымыз. «Өзіңіз не істедіңіз?» деген сұраққа: «Мен кішкенемнен қайнап тұрған қазанның қақпағына ойнайтын едім, шешем байғұс шырылдап кететін»,- дегенде, Әбіш нағашымның үйіндегі қайнап жатқан қазанға қарай беретінмін. Ал Ибет нағашымыз өзінің ұзын бойлы, көркем сымбатына қарамай, өте сыпайы, қыз мінезді кісі еді. Әкеміз Қайса: «Менің інілерімнің бәрі тентек, милицияны ұрып, ұсталған»,- деп қалжыңдап жатқанын талай естігенбіз. Сонда сабырлы мінезді марқұм шешем Кенже: «Е, балық аулатпаса қайтсін, милицияны ұрмай»,- дейтін. Менің бала кезімде үлкендер отыра қалса, өткендер туралы сондай бір сағынышпен әңгіме айтатын. Олар да бұл өмірден көшіп барады. Теңіз бен жусанды дала аралығын мекендеген нағашы жұрт туралы осындай бірер әңгіме ғана есімізде қалып, хатқа түсірдік. Нағашы жұрттың қазір ұрпақтары да балық шаруашылығы саласында жұмыс істеп жүр. Қазақ жерін мекендеген әр рудың өз шежіресі, өз кәсібі бар. Ежелден, өз жерінде мығым отырған қазақ жұрты енді бір басқа бағытқа бетін бұрғандай.

Мәншүк ҚАЙСАҚЫЗЫ ТӘЖІБАЕВА.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы, Іргелі ауылы.

АУЫЛ БИІ НЕМЕСЕ ҚАЛЫҢ "ПӘРТПЕЛ" ҚОЛТЫҚТАҒАН ҚАЗАҚ

Әңгіме арқауы еткелі отырған "Қайтпас-2" елді мекені, бір кездегі XXI партсъезд атындағы кеңшардың шалғайдағы учаскесі болатын. Бұл күндері "Қайтпас-2" елді мекені Шымкент қаласы қарамағына қарап, жыл сайын халқы өсіп, қаланың орталығына айналып келеді... Қазір бұл елді мекен Абай ауданының Тельман әкімдігіне қарайды. Кейбіреулер мәртебесін көтеріп, "Қайтпас-2" мөлтек ауданы деп те жүр.

Әңгіме оның атында емес, осы халқы өскен үлкен елді мекеннің әлеуметтік мәселелерінің жүйелі шешімдерін табуда болып тұр. Осы ауылдың ыстығы мен суығына көніп, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген ауыл ақсақалы әрі биі Ермекбай Нұрбаевтың халыққа жасап жатқан еңбегі өз алдына бір төбе. Шындығында да, сол елдің "мұңын мұңдап, жырын жырлап", шешімін таппай жатқан әлеуметтік мәселелерді жоғарғы жаққа жеткізетін кім? Ол - ауыл ақсақалы, ауыл биі. Көп жағдайда елді мекендердегі көптеген әлеуметтік мәселелер ұмыт қалады. Немесе ол мәселе ақырына дейін жетпей, естен шығып, орындалар уақытта орындалмай, болмаса жоспарға қосылмай қалады. "Қайтпас-2" елді мекенінің орындалуға тиісті шешімі табылмай жатқан көптеген әлеуметтік жұмыстар ауыл биі Ермекбай Нұрбаевтың тікелей араласуымен шешілген.

"Қайтпас-2" тұрғындары ауыл биі етіп Е.Нұрбаевты сайлағаны үшін, осындай жанашыр азаматының барлығын бүгінде мақтаныш тұтады.



Ерекеңнің ерекше бір адами қасиеті қолына қандай істі алмасын, соны тиісті мекемелер, ауылдық, аудандық, қалалық әкімшіліктер арқылы, әлеуметтік күрмеуі шешілмей жатқан мәселелерді ақылдаса отырып, дәйекті дәлелдермен дәлелдеп, жоспарға қостырып орындату - Ерекеңнің ең үлкен қасиетінің бірі. Ауылдың әлеуметтік мәселелері туралы қайда, кімге барса да жүйелі дәлелдермен жеткізудің арқасында бұл күнде "Қайтпас-2" ауылының көптеген әлеуметтік мәселелері шешіліп, ауыл тұрғындары ауыл биіне тек алғыстарын ғана білдіруде.

Міне, ауыл биі, ауыл ақсақалы болсаң Ерекеңдей бол. Жалпы алғанда бес саусақ бірдей емес қой, арада ол кісіні түсінбейтіндер де жоқ емес. Бірақ уақыт өте келе олар да өз қателіктерін кеш болса да түсініп, ауыл биімен мәмілеге келіп жатады. Көпшілік болған соң ондай болады. Ауыл биі сол елдің әлеуметтік мәселелерін, ел арасындағы өзара татулықты, кейбір кішігірім жанжалдарды, ауыл ішіндегі көріктендіру, көгалдандыру, ауыз су, егін су, жарық, жол салу т.б. мәселелерді, керек десеңіз, жоғарғы жақтарға жазылатын әртүрлі арыз-шағымдарды талқылап, өзара келісім, бейбіт жолмен шешу сияқты сұрақтарды шешуге атсалысатын аудан, қала әкімдерінің өкілі болуы тиіс.

"Қайтпас-2" ауылының ауыл биі Ермекбай Нұрбаев - осы талаптардан толық көрініп жүрген елдің сыйлы, құрметті азаматы. Шынын айту керек, ауыл биі қоғамдық негіздегі айлық жалақы төленбейтін, сауап үшін атқарылатын жұмыс. Енді сөзіміз дәлелді болу үшін Ерекеңнің ел үшін атқарған жұмыстарына тоқталып өткенді жөн көрдік.

Қазір қалаға қараған "Қайтпас-2" елді мекені 1993-94 жылдарға дейін XXI партсъезд кеңшарына қараған. Ол кезде халық саны көп емес, ауыл тұрғындарына ауыз су жетпей, қатты әбігерге түсті. Ерекеңнің тікелей араласуымен ауылға таза ауыз су жеткізіліп, әрбір үйге су кіргізілді. Осы жұмысқа қазіргі қала әкімі Анарбек Орман " Су ресурстары маркетинг" ЖШС-інің бас директоры ретінде үлкен қолдау жасады. Ауылдың жол салынбаған қысқалау сегіз көшесіне тас төктіріп, ретке келтіруге де тікелей басшылық жасады. Осындағы көптеген жылдардан бері ескі дәрігерлік бөлімді бұрынғы Бозарық селосының, қазіргі Абай ауданы әкімінің орынбасары Аманбек Ахметбаевтың демеушілер көмегі арқылы салдырған дәрігерлік бөлімін бітіріп, көшіруге атсалысты.

Ерекеңнің ең сауатты тірлігі зират үшін 9,5 га жерді 4,5 жыл жүріп заңдастырып алуы болып тұр. Зират жұмысын келешек мешіт салатын жерді де алуы, шынын айту керек, үлкен ерлік. Бұл ауыл биі Ерекеңнің қомақты-қомақты атқарған жұмыстарының бір бөлігі ғана. Ал ол кісінің ұсақты-түйекті халық үшін жасаған, жасап жүрген жұмыстарын түгел теріп шығу әсте мүмкін емес.

Қазіргі күнде Ерекең қолына үлкен қалың «пәртпелін» құшақтап, белін бекем буып, "Қайтпас-2" елді мекеннің әлі де шешімін таппаған, ауыл, халық үшін маңызды әлеуметтік мәселелерді алдағы жылдардың жоспарларына қостырды. Осы кісінің тынымсыз еңбегінің арқасында алдағы жылдарда жаңа жер телімдеріне үй салынған жерлерге жол салу, электр жүйелерін жеткізу, ауыз су жүргізу, автокөлік, жаңа дәрігерлік бөлім салдыру, тіптен табиғи газ жеткізу сияқты әлеуметтік сұраныстағы халық өтініштерін тиісті орындарға жеткізіп, жоспарға қостырып, көңілін демдеп жүрген жайы бар.

Ермекбай Нұрбаев сұрапыл Ұлы Отан соғысы кезінде 1942 жылы дүниеге келген. Жастық шағы осы ел басына күн туған уақытта өтіп, ерте етек-жеңін жинап, ерте есейген. Мектепте оқып жүрген кездің өзінде ауыр жұмысқа жегіліп, мақта теріп, жер жыртуға көмектесті.

1961 жылдары Шымкент цемент зауытында жұмысшы болып орналасады. Келер 1962 жылы Қазақ химия-технология институтының кешкі факультетінің студенті атанды. 1968 жылы химия маманы бойынша диплом алады. Содан әртүрлі институттарда, өндіріс орындарында 1994 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін абыроймен жұмыс істеді.

Бұл күнде құдай қосқан жары Мейіркүл екеуі ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, немере сүйіп отырған ауылдың қадірлі азаматы. Ауыл құрметіне бөленген Ерекең осындай азамат.

Әне, ауыл биі бүгінде ерте тұрып, қолтығына қалың дәптерін қысып, қаланы бетке алып барады.

Сарманбай ИСАҚ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.

P.S: Ерен еңбегімен елге жаққан Ермекбай 2006 жылы 20 тамызда Ресейдегі Халықаралық Психология ғылымдары академиясының Құрметті мүшесі болып сайланды. Ол Шымкент қаласы, Абай ауданы, Қатынкөпір шағын ауданының Құрметті азаматы.

ОРНЫНДА БАР ОҢАЛАР

Бірегей азамат Нұрлыбек Бірманов өз өмір жолынан сыр шерте отырып, бала тәрбиесі, байлық және басқа жайлар жөнінде тұшымды ойлар айтқан еді.

Соның біразын қағазға түсіріп үлгердік.

-Анам Қабира Бірманова Оспанқызы беріш руынан. Нағашы атам Оспан жас кезінде сері, палуан адам болған. Ертеде мыңдап қой айдаған Қауымбайдың тұқымы. Кеңес өкіметі кезінде өзінің 12 баласының үстіне тағы он шақты бала асырап алып, кәмпескеден аман қалған. Менің мінезім, сыртқы пішінім анама тартқан. Анам салмақты, байсалды, әңгімені жақсы айтатын адам еді. Кісі емдейтін

қасиетке ие болған. Әкем Шайдолла екеуі 10 бала өсірді. Мен үлкенімін. Құдайға шүкір, барлығы да аман-есен. Әкем Шайдолла көпшіл еді. Соғыста бірге болған жолдастары Айтжан Тілешев, Зейнолла Хайруллин және тағы басқа жолдастары: "Әй, Нұрлыбек, Шайдолланың арқасында көп аштық көрген жоқпыз",- деп мені көрген сайын айтып қалушы еді. Әкем ротаның старшинасы болғандықтан жерлестеріне тамақтан тұрақты түрде көмектесіп отырған.

Өзіміз үйде оңаша отырғанда анам Саратов гармошкасын тартып, әкем екеуі қалпақтың жырларын орындайтын еді. Қазақтың халық әні "Қараторғайды" әкем нақышына келтіріп айтатын. Жұбайым Рая Сергейқызы - корей халқының өкілі. Мәскеуде оқып жүргенде танысып, отбасын құрған едік. Содан бері 40 жылдың үстінде тату-тәтті өмір сүрудеміз. Мамандығыма сәйкес көп жылдар ауылда тұрдық. Сонда жұбайым қазақшаны жақсы үйренді, ене тәрбиесін көрді. Қазір енді өзі үлкен әулеттің енесі болып отыр. Анам марқұм: "Басқа ұлттың адамын қазақ жасағаның үшін жұмаққа барасың",- деуші еді. Жан жарым Рая мен анамның арасындағы сыйластық, қарым-қатынас өте жақсы болды. Анам бар кезде де, ол жоқ кезде де менің іні-қарындастарыма бар ынта-ықыласымен қолынан келген көмегін аямай жасап отырады. Раяның әкесі, ағасы колхоз басқарған. Текті әулеттің қызы. Мен өмір бойы ерте кетіп, кеш келіп, сенбі мен жексенбі күндері де үйде бола бермеуші едім. Сондықтан отбасында бала тәрбиесі Раяның мойнында болды. Ол бұл істі өте жақсы атқарды.

Үлкен ұлымыз Қуаныш пен келініміз Айгүл немерелеріміз Елана, Диана, Миляна бәріміз бір шаңырақта тұрамыз. Үлкен немерем Елана – Астанадағы Гумилев атындағы университеттің студенті. Қызым Снежана бухгалтер болып жұмыс істейді. Жары Талғат – ішкі істер бөлімінің қызметкері. Олардан Нұрсұлтан, Батыржан атты жиен сүйіп отырмыз.

Бала, негізінен, айтылған сөзден гөрі, әке-шешесінің күнделікті тірлігінен, іс-әрекетінен көп тәрбие алады. Ер адам үйде көбірек болып, баласына жұмысты жақсы істеу керек десе, ол дұрыс болмайды. Керісінше, өзі таң атқаннан күн батқанға дейін, маңдай терін төгіп еңбектенсе, нағыз тәрбие сол. Отбасымызбен жиналып отырғанда тәрбиелік маңызы бар әңгімелерді айтуға тырысамын. Өзім білетін таныстар ішінен жақсы табысқа жеткендерді, жақсы оқығандарды, олардың үлкен биіктерді бағындырғаны жөнінде үлгі қылып айтып отырамын. Мұндай әңгімелер өсіп келе жатқан жасөспірімді жақсылыққа, жақсы адам болуға ұмтылдырады, жігерлендіреді. Жаман істерді, болмаса біреу жөнінде жаман сөз айтудан аулақ болған жөн. Ол бала тәрбиесіне жақсы ықпалын тигізбейді.

Атам Бірман мен анам Қабира дінге өте сенген адамдар болды. Мен де ислам діні адам тәрбиесіне, денсаулығына көптеген пайдасын тигізеді деп ойлаймын. Сондықтан діндар адамдарды қатты сыйлаймын. Іштей Алланы айтамын. Бөкей Ордасы ауданында партия комитетінің бірінші хатшысы болып жүргенімде, Шонай ауылына барған едім. Сонда Фазыл Беккалиев деген молданың үйіне барып қондым. Қасымда жүрген совхоз директоры Амангелді Сұлтанғалиев пен бөлім меңгерушісі Ораз Карин екеуі: "Партия комитетінің бірінші хатшысына молданың үйіне баруына бола ма екен",- деп күлді. Мен оларға: "Фазыл жақсы, білімді адам. Онымен сөйлесу, пікірлесудің өзі маған құрмет",- деп жауап бердім. Шайдан кейін оларды үйлеріне жіберіп, өзім қонып қалдым.

Соңғы кезде байқаймын, бір кездегі коммунист, кейбір қарақшылар өте діншіл адамдардың қатарына кіріп алған. Діннің нағыз насихатшысы болып шыға келіпті. Сондайды көргенде жаның ауырады. Жалпы, халықтың арасында діннің насихаты күшейіп кетті.

Көп жайлар үстірт түсіндіріледі. Мәселен кейбір молдалар өмір құдайдың жазмышынан болады деп түсіндіреді. Меніңше, адам өзінің болашағын өзі жасай алады. Жоғарыдағыдай пікірлер адамның тегіне, тәрбиесіне, біліміне, іскерлік қабілетіне кері әсерін тигізеді. Жас сәбиді ес жиып келе жатқаннан: "Сен жақсысың, тағдырың өзіңнің қолында, жақсы оқысаң, спортпен шұғылдансаң, тәрбиелі болсаң, өмірдің жетістігіне жетесің", - деп құлағына құя берсек, жас адам алға басып, өрістейді. Сонда елімізді алға бастыратын азаматтар көптеп шығар еді.

Биылғы жылдың 10 желтоқсанында мен жайлы мақалада ата-тегіме қатысты қате кеткен. Қайне шеркеш емес, шеркештің Қойысымыз. Соның ішінде Сүйініш деген бөлімінен. "Атамұра" баспасынан 2006 жылы шыққан "Қазақ есімдері"энциклопедиялық анықтамада (авторы А.Смағұлов) "Шеркеш" сөзіне толық әрі түсінікті жауап жазылған. Шеркеш - көне түрік сөзі. Бірінші мағынасы – қыран, бүркіт, күшті, мықты. Екінші мағынасы – қолбасшы. Оған мына бір жағдай мысал. Бізде Мысыр елінде 1260 жылдан 1277 жылға дейін сұлтан болған Бейбарыстан басқа қазақтарды білмейді. Негізінде, Мысыр елінде Бейбарыстан бір ғасырдан кейін 1382 жылдан 1517 жылға дейін, яғни 135 жыл шеркештен шыққан сұлтандар басқарып келген. 1382 жылы бірінші таққа отырған Баркөк деген шеркеш сұлтан. Соңында биліктен Тұманбай деген сұлтан айырылған. Мысыр елінде 28 жыл сұлтан болған (1468-1496жж.) қазақ – шеркеш Қайтбай жөнінде көп ешкім біле бермейді. Ол салдырған Александрия қаласындағы соғыс камалы, Қайыр қаласындағы мешіті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы шығаратын "Иман" журналының 2008 жылғы 4 және 6 -сандарының бірінші мұқабасында жарық көрген.

Шеркештің Қойыс тегінен талай ақындар, батырлар, шешендер көптеп шыққан. Мысалы, Досланбет жырау, Тайыр Жароков біздерге өте жақын. Қайрат Жұмағалиев, Асау, Тұрлан, Малтақан, Мақаш правитель деп бұл тізімді әрі жалғастыра беруге болады. Ұлы Отан соғысы кезінде біздің облысымыздан Қойыс бөліміненен екі батыр шықты. Біреуі Мәншүк Мәметова, екіншісі Ерденбек Ниеткалиев. Ал Темір Масин шеркештің Шумак деген бөліміненен.

Қойыс пен Дербіс серт еткен,
Серт еткен жауын мерт еткен,
Шеркештен батыр көп шықты,
Ол заманда ерте өткен.

Ертеден қалған осы өлең менің жоғарыда айтқан сөзіме дәлел бола алады, - дейді Нұрекең.

Нұрлыбек ағамыздың арғы тегінде өнерлі адамдар көп болғандықтан, өзі де кейде қолына қалам алып, ойын өлеңмен өрнектейтіні бар. Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты, әнші-сазгер Жаскелең Ғайсағалиев Нұрлыбек ағамыздың "Туған күн кеші" деген өлеңіне ән шығарған. Ол әр түрлі жиындарда орындалып жүр. Белгілі сазгер Әділбек Сүлейменов те Нұрекеңнің "Аруым" атты өлеңіне ән шығарған екен. Қазақтың "Орнында бар оңалар" дегені осы-ау.

Меңдолла ШАМҰРАТОВ,
«Орал өңірі» газеті,
31 желтоқсан, 2009 жыл.

ЖАУЫНГЕР

Сұрапыл соғыс жүріп жатты. 1945 жылдың басында неміс фашистерін біздің айбынды Совет Армиясы өз ұясына қарай тықсырып айдады. Бұл кезде Досан ауылда күні-түні бірдей тынымсыз еңбек етіп жүрген болатын, майдандағы солдаттарға, азаттық үшін қан кешкен әкелері мен ағаларына тылдан көмек беріп жатыр еді. Сол жылы қыста Досанды Совет Армиясы қатарына қабылдады. Бұл оның көптен күткені еді, ол талай рет майданға сұранғанда: "Тылға да күш керек болып тұр", – деп жібермей қойғанды. Енді, міне, Досанның нағыз азаматтық борышын өтер шағы туды.

Досан өзі сияқты жас жігіттермен бірге Польшаның Варшава қаласына келіп, жау шебінде соғысқа араласты.

Албырт жас алғашқы сәттен-ақ көзге түсті. Ол өзінің Отаны үшін қандай қиыншылыққа болса да төзетін ер солдат екенін айқын көрсетті. Неміс фашистері осал жау емес еді. Олар қашып бара жатса да бүлдіріп, жүрген жолындағы қалаларды өртеп, адамдарды қырып бара жатты. Немістер өте күшті қарсылық көрсетіп, соның нәтижесінде талай қанды ұрыстар болды. Жеңіске құштарланған совет солдаттары тек алға ұмтылып, жауды өз ұясында талқандауға асықты. Досанның бойында осындай ерен сезім билеп алды. 1945 жылғы март айының аяқ шенінде соғысқа араласқан Досан Иғалиев бірнеше ерліктер көрсетті.



...Жоғарғы Франкфурт қаласына таянып, біздің совет солдаттары аршынды қарқынмен алға басып келе жатқан кез еді. Солдаттарға жол өте ауыр, жаңбыр шелектеп құйып тұр. Сонда да жол бойындағы өзендер мен көлдерді көктей өтіп, солдаттар Берлинге қарай жақындай берді. Досан 1-Белоруссия майданының №120 атқыштар дивизиясында болды. Оның бөлімшесі апрель айының орта тұсында аз уақыт тынығып жатқан еді. Кенет олар дем алып жатқан жердегі тас жолмен неміс солдаттарын тиеген 5 машина зырлатып келе жатты. Бағыты - арттағы біздің әскерлердің шебі. Сірә, немістер жолда ешқандай совет солдаттары жоқ дегенге ұқсайды.

Досандар жау машиналары өздерінің тұсына келгенде, лап беріп шабуыл жасады. Қолма-қол айқас басталды. Екі жақ атысып та жатыр, алысып та жатыр. Досар ыңғай келгенін оқ шығармай-ақ мылтықпен ұрып құлатып, кейбіреулерін мылтықпен атып, бір өзі аз ғана уақыт ұрыста 10-нан аса неміс солдаттарын жайратты.

Осы ұрыста бөлімше солдаттары 100-ден аса немістерді құртып жіберді, тірілерін қаруларымен түгелдей қолға түсірді.

Бұл Досан қатысқан тек бір ғана ұрыстың көрінісі, ал Досан болса талай-талай қиян-кескі ұрысқа қатысып,

ерліктер көрсетті. Оның ерліктері бөлімшедегі солдаттардың арасында айтылып, көпке үлгі болатындай дәрежеге жетті.

Досан шабуыл шебінде болып қана қойған жоқ, ол жаудан тіл әкелуші де болды. Ол бірде жаудан қайтарып алған қаланы аралап, тығылып жатқан неміс солдаттарын іздеп тауып, қолға түсірді. Жау солдаттарын ұстаудағы ерлігі мен тапқырлығы үшін бөлімше командирі оған алғыс жариялады. Алғысқа алғыс жалғаса берді. Ол бірер айдың ішінде қатардағы солдаттан бөлімше командирлігіне дейін көтерілді.

Досан Иғалиев майдан шебінде жүргенде өлең де шығарды. Ол өз өлеңдерінде жауынгерлерді жеңіске жігерлендіріп отырды. Оның ақын жүрегі жолдастарын әр кез баурап алатын, ол болған жер әңгіме, жырға кенде болмайтын. Сондықтан оны достары әркез қадір тұтатын сыйлайтын.

Қарапайым ерлік иесі Досан Иғалиев Берлинге 17 километр қалғанда ауыр жараланды. Ол Берлинге барып жауды біржола талқандауды ойлаған болатын, бірақ қаңғырған снарядтың жарықшағы Досанды бір аяғынан айырды.

Бірақ ол Ұлы жеңіске өзінің азғантай да болса үлес қосқанына шаттанды. Оның омырауында "Даңқ" ордені және бірнеше медальдар жарқырайды. Бұл Досанның Ұлы Отан соғысындағы жасаған ерліктерінің куәсі іспеттес.

Төлеген ЖАҢАБАЕВ,

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАННЫҢ БІРІ

Кезіндегі солақай саясат талай боздақты қыршын еткені аян. Қолда бар мәліметке қарағанда, Қазақстан бойынша 103 мың адам тағдыр тәлкегіне түскен екен. Міне, соның 25 мыңы атылыпты. Біздің облыста да жапа шеккен адамдар қатары көптеп саналады. Облыста 22500 адамның темір торға қамалып, соның ішінде 470-нің ғұмыры қиылуы осы сөзді айғақтайды. Әңгіземіздің арқау болар Игіліков Әлжан -саясаттың осындай зәбірін көрген жанның бірі. Әрине, бұл кісі туралы бүгінде аз жазылып жүрген жоқ. Алматыдан шығатын ұлттық қоғамдық-саяси журналдың бірі де Ә.Игіліков хақында сөз өрбітіпті. Онда Гурьев округі бойынша 85 адамның тәркіленіп, Петропавловкаға, Башкирияға жер аударылғаны жазылған. Осы тізімде41-болып Әлжан Игіліков тұр. Жалпы осы аталған 85 адамның 33-і Қызылқоға ауданынан екен. Соның 9-ы белгілі болса, қалған 24 адам әлі белгісіз күйінде. Біздің "Рух- Память" қоғамдық қорының негізгі мақсаты осы боздақтардың балаларын, немерелерін табу болып табылады. Қазіргі таңда біз Әлжан Игіліковты ұрпағын тауып отырмыз. Ә.Игіліков 1883 жылы екінші ауылда туған. Управитель болған оның талай адамға қамқорлығы тиіпті. Соның бір мысалы ретінде мына телеграмманы алайық. ОГПУ Гурьев бөлімі бастығы Мартыновтың Қызылқоға ОГПУ ПП хатшысына 1928 жылдың 6 қарашасында жіберген сәлемдемесінде Әлжан Игіліковтың тәркілеуден және қамаудан босатуды жұртшылық талап етіп отырғандығы айтылған. Оларды кәсіподақ төрағасы Әулет Қожағалиев, Ақтау Жақыпов, ауыл кеңесінің хатшысы Итолған Сұлтанғалиев және басқалар бастап, ұйымдастырып жүргендігі де сөз болыпты.

Ол кезде алдына аздап шыр біткен адамды нағыз бай санаған заман ғой, 1928 жылы Ә.Игіліковті де тәркілеп, 6 түйе, 2 ат, 1 тай, 110 қой, 16 сиыр, 2 киіз үйін тартып алған.

"Өлі риза болмай, тірі байымайды" деп бекер айтпайды. Олай болса жазықсыз жазаланған жан Әлжан Игіліковтің атын ардақтау кейінгі ұрпақ үшін үлгі болар еді. Өзінің туып-өскен жері Қызылқоға ауданы, Қарабау елді-мекеніне көшенің атын берсе, аруақ алдындағы үлкен борыш ақталар еді.

Д.БЕРДИЕВ,
"Рух-Память" қоғамдық қорының төрағасы.

***

МЕНІҢ БІЛЕТІНДЕРІМ

Біз әкеміз қайтыс болғасын Гурьевке азып-тозып әрең жеттік. Бізді анамның жақыны Ахмет деген жамандау үйге орналастырды. Аналарымыз балықшыларға жалданды. Біздерді анамыз солардың берген шабақ, ірі балықтардың сүйектерімен, 500 грамм қара нанмен асырады. Жағдай өте қиын болды. Туыстар қорқып араласпады. Киімі жоқ, байдың баласы деп Айтбай екеумізді мектепке алмады. Әйтеуір, мектеп басшысы Ибрашев Қазмұқаш: "Әкесі үшін балалары жауапты емес", - деп бізді мектепке алды. Менің анам 28 жаста жесір қалған соң жақын ағасы Ахмет: «Мына баланды адам қыл, оқыт, ол үшін сендерді асырайтын адам керек»,- деп, өзі білетін Мақатта тұратын бір кісімен таныстырды. Ол кісінің әйелі қайтыс болған. Анам сол кісіге тұрмысқа шықты. Екінші әкеміз аққөңіл, балажан жақсы адам болды. Бірден өз атағына жаздырды. Содан Дәулетов Қожыбай болып шыға келдім. Мектепке оқуға бардым. Әйтеуір үйіміз, нан, шайымыз бар. Әкеміз сауатсыз, қара жұмыс істейді. Анам 1 ұл, екі қыз тапты, ұл қайтыс болды. 1939 жылғы қарындасым, 1945 жылғы екінші қарындасым болды. Мен 7 класты бітіріп, ФЗО-да оқыдым. Елімізде тағы қиыншылық. Отан соғысы басталды. ФЗО-ны бітіріп, 14 жасымда оператор болып жұмысқа шықтым. Жұмыс өте ауыр (10-12сағат). Көптеген адамдар соғысқа кетті. Тамақ өлшеулі, басымызға екінші қиындық түсті. Әйтеуір, соғыс жеңіспен аяқталып, 1948 жылы мұнай техникумына түстім. Оны бітіргеннен кейін жағдай жақсара бастады. Комсомолға кірдік, белсенді болдық. Бар ынтамыз жұмыс болды. Өз туыстарымды іздей бастадым. Үлкен анам, Сұлу апаларым, Жәнбибі (әкемнің бірінші әйелі қайтыс болған) содан қалған апам, Сұлу анамыз қыздарын (Мақпал, Нұр) ұзатып, қолында баласы Айтбай қалды. Ол да мұнай техникумын бітіріп, жұмысқа шықты. Аллаға шүкір, ел қатарлы өмір кештік. Менің енді партия қатарына өтуімде де қиындық болды. 2 жыл сынақтан өттім. Партияға өтісімен мені бастауыш ұйымының секретары етіп сайлады. 1952 жылдан 1966 жылға дейін (әр жерде).

Мені Маңғыстауға зорлағандай етіп жіберді. Ол кезде партияға қарсы тұрар күш жоқ қой.

Бірақ мен жұмысты бар күшімді аямай істедім. Соны көре алмағандар менің үстімнен Орталық Комитетке арыз жазған. (аты-жөні жоқ). Бұл бидің, байдың баласы. Әкесінің ақын өзгертіп, өкіметті алдап жүр. Неге ол аудандық комитетке төраға болып істейді деп. Оған мен кінәлі емес шығармын.

Қуғын-сүргінге ұшыраған ардақты азамат Ибрашев Қазмұқаш

Ол 1894 жылы Гурьев облысының 24- ауылында дүниеге келген. РСФСР ҚК-нің 58, 2,11-бабы НКВД басқармасы "үштігінің" шешімімен мүлкін тәркілеу арқылы ең жоғарғы жазаға кесілді. 02.10.37 жылы атылған.

Осы абзал, білімді, ақылды, іскер азамат кезінде (1932-1937ж.) біз сияқты жетім-жесірлерге көмектескені үшін атылды. Ол кісінің маған істеген жақсылығын әркез есіме түсіремін. Біз әкеміз өлгесін, екі шешемізбен, екі апамыз Қызылқоғадан азып-тозып Гурьевке жеттік. Ішер ас, киер киім, тұратын жер жоқ. Байдың, болыстың әйелдерін, балаларын оқуға да, жұмысқа да алмайды.

Біздің оқуымызға мектеп директоры болып тұрған осы кісі көмектесіп, оқуға алды. Біздің тірі қалуымызға қол ұшын берді, – деп, шешелеріміз көз жастарын көл ететін. Қазір өзім де "жетім" деген сөзді естісем, жүрегім ауырады.

Қожыбай ӘЛЖАНҰЛЫ.

ИМАНЫ ТАЗА, АҚЫЛШЫМ ЕДІ



Адамзаттың өзі өлсе де, оның сөзі, рухы өлмейді деген рас-ау.Арысымның атына айтылатын әр кездегі жүрекке толы жылы лебіздер мен сағыныш сөзге әрдайым көңілім өсіп, қанаттанып келемін. Егер азаматының қадірін білетін ел аман болса, оны алақанына салып, әлі талай аялай берері сөзсіз.

Қасиетті Атырау топырағынан өзгені сүйе алмаған, осы өңірдің сүйікті перзентіне айналған Қожыбай Әлжанұлының адамдық болмысы қандай еді? Ендігі жерде осы бір төңіректе сыр шертейін.

Кейде оңаша қалғанда ойға беріліп, өткенді есіме аламын. Әрине, ол күндерді Қожекеңсіз көзге елестету мүмкін бе? Қожекең өмірінің қандай кезеңі көз алдыма келмесін, ол соның бәрінде де нар тұлғасын аласартпай өтіпті. Тектілігіне – парасаттылығы, сырбаздығына – сұңғылалығы, имандылығына – шынайылығы астасып, ғажайып өмір сүрді. Жүрегі қашанда ел, жер деп соқты. Сондықтан ол мамыражай жағдай таңдамай, ат үстінен түспей еңбек етті. Мұндай адамға күннің де, түннің де, қыстың да, жаздың да айырмасы жоқ екен. Жасым ұлғайды, енді дамылдау қажет деп айтпады. Балаң кезде қалай ширақтық танытса, қашан демі таусылғанша жастық жалынын жанып өтті.

Уақыт та өтер, көзім де жетер, көңілім де сенер. Әй, қайдам! Ол мен үшін тумасын іздеп, ағайыншылап кеткен іспетті болады да тұрады. Әлі күнге дейін есік ашылса алаңдап, жан-жағыма қараймын. Құдайға шүкір, орны бар, ағайын-туыс, халқы бар деп өзіме-өзім медет сұраймын.

Ол маған ұдайы тек қана биікте жұлдыз боп жану үшін туған жандай көрінеді де тұрады. Мұндайда туған жерді еске алмау күнә болар еді. Қазақтың тегіне, топыраққа тартып туған деген сөзінде ұлылық жатса керек.

Арман – адамды үнемі алға бастайтын асыл қасиет. Ол сәби кездегі періште киялдардан нәр алып, көбелек қанаттанып, көңіл өсіреді. Жаныңа дем беруші діңгек кіндік қаның тамған-туған жердің аялы алақандағы жылумен әспеттелетін іспетті. Ет жүрегің елжіремесе, елден алған тағылым зая. Біз қандай бір жақсылыққа қол жеткізсек, ол еліміздің, ондағы асыл жандардың ниетінің арқасы дер едік. Қиыншылық та болды, бірақ төзімді болдық.

"Жақсы сөз – жарым ырыс". Мақтағанға тасып, сынағанға жасымадық. Ел іші ғой. Жұмыс барысында, ілгерінді-кейінді сөздер де айтылған болар. Мұндайда Қожекең ащы айтылды екен деп апшып, тәтті айтты екен деп шапшыған жоқ.

Қожекең көпшіл-тін. Елде де, қырда да достары көп болатын. Алланың берген бағы ма әлде бойға туа біткен қабілетінің құдіреті ме, әйтеуір жақсылармен жақын болып, үйімізден бекзат кісілер үзілмейтін. Мұндайда "Асың барда ел таны беріп жүріп, атың барда жер таны желпіп жүріп " дегенді үнемі назарынан түсірмейтін. Жақсылармен болған әр күнің бір ғасырға тең екен. Біз үшін бұл - өмір, өнеге, оқу, тағылым мектебі болды. Бізде одан асқан өмір университеті болмады. Қазақтың біртуар тұлғалары балаларымызға бата берді, тұсауын кесті. Қайсыбір тойымыздың, қуанышымыздың болмасын төрінде шуақ шашып, ақ тілеуін төгілтіп айтып, халқымыздың маңдайына біткен ойпаздары, кіл жақсылары мен жайсаңдары отырды. Бір адамның басына осының өзі аз бақыт па?!

Осының бәрі де - асыл туған Қожекемнің арқасы.

Қожекең дүние жимады, дос жиды. Ол өмірдің бар өлшемі мен қадірін достықпен бағалайтын. Жанының таңғы шықтай таза, мөлдірлігі сондай, адамдарды бөле жаруға жоқ еді. Балалары үшін де бүгінде бұдан артық асыл қазына жоқ деп ойлаймын. Қожекеңмен отасқан жарты ғасыр ішінде өмірдің талай белесінен өттік. Өмірдің ащысы мен тұщысын да көрдік. Бірақ жақсы күндеріміз көп болды.

Әдетте аса дарынды адамдардың өмірде қарапайым, ұсақ-түйекпен ісі жоқ болатыны, пендешілік атаулыдан биік тұратыны болады ғой. Қожекең күйкі тірліктен жаны таза-тын. Жалпы, ол өнер атаулыны жанындай жақсы көрді. Мен ойлаймын, егер ол әдебиетші болғанда, небір ғажайып туындылар беретін ірі өнер иесі болар еді деп. Әйтсе де ол өз ұрпақтарына бес-алты кітап қалдырып кетті. Жазуға жаны құмар жан еді. Ол үшін көп еңбектенетін. Ірілі-ұсақты жиындарда сөйлейтін сөздерін өзі жазатын және жатық, мүдірмей сөйлейтін.

Ол өз жүрегінен жарып шыққан балаларына ерекше құрметпен қарады. "Алты жұлдыз, алты аспаным, алтын ұям" деуші еді. Құдайға мың тәуба деймін. Осы өмірде талай-талай ұлықтардың батасын алдық. Солардың шарапаты шығар, көзінің ағы мен қарасындай соңында әкем деп алты шырағы қалды. Олар қазір өз алдарына бір-бір үй болып, отын өшірмей отыр. "Бақыт – басқа қонған құс, ұшады да кетеді, байлық – уыстағы мұз, ериді де кетеді, бала – артта қалған із, ғасырларға жетеді" дейді екен. Ұрпағы бақытын тапты деген осы болар! Соңында ұмытпас қалың орманы бар екеніне шүкіршілік етіп, кеудесі күйге толып аттанды ғой. Соған тәуба дейміз.

Келу – сүннет, кету – парыз. Ол атамзаманнан солай. Әйтсе де тірілер – қашанда өлгендер алдында қарыздар. Сондай парыз, қарыздың бірі – марқұмның басына белгі қою. Балаларға бас болып, әкелеріне мәрмәрдан алып ескерткіш қойдық. Алла ризашылығын берсін!

Иә, Қожекең - өз атын махруздың мәңгілік тақтайына өз қолымен жазып кеткен жан.

Алма ӘЛЖАН КЕЛІНІ.

АЛЫПТЫ АШҚАНДАР САПЫНДА
(Мұнайшы Зинолла Құлбеков туралы)



Қазіргі таңда күллі әлемге мұнайдың бай қорымен танылған Маңғыстау өткен XX ғасырдың 50-жылдардың ортасына дейін жер асты байлығы белгісіз, тың жатқан шет аймақ болатын. Табиғаты қатал, шаң аралас ыстық аптабы мен қыста қойын-қонышына өтіп кететін аязды, суық желді табиғатта жергілікті халық малдың жағдайымен ғана көшіп-қонып жүретін.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары Кеңес өкіметінің экономикасы тұралап, көптеген қиыншылықтарды бастан кешірді. Соғыстан бүлініп-бұзылған өндіріс ошақтарын қалпына келтіру, тұралаған ауыл шаруашылығын көтеру секілді қордаланған шаруаларды Одақтың барлық аймағында бірдей уақытта қолға алу қажеттігі туды. Мұндай жедел науқан кезінде мемлекет әуелі мұнай өнімдерінен тапшылық көрді. Айналып келгенде, бұл мұнай кеніштерін іздестіруге мәжбүрледі. Сөйтіп, Маңғыстаудағы алыптың ашылуы басталды.

Мұнай экспедициясы тарапынан 1957-62 жылдары барлау және бұрғылау жұмыстары жүргізіліп, Түпкараған жерінде Түбіжік, Қошанай, Қаратам, Еспелісай, Доңға алаңдарын, Бозашы жерінде Қошақ, Қызық, Қызан алаңдарын, Оңтүстік Маңғыстауда Жетібай, Өзен, Теңге, Асар, Қарамандыбас, Оңтүстік Жетібай, Шалабай, Сенек сияқты алаңдар жоғары қарқынмен зерттеле бастады.

Маңғыстау тарихында геологиялық зерттеу нәтижесінде мұнай, газ байлығын табу мақсатында 1957 жылы Форт-Шевченко қаласында «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі құрылып, Ленинградтағы Бүкілодақтық барлау институты белгілеп берген бағдарлама бойынша жаппай барлау жұмыстары басталып та кеткен еді.

1961 жылы Өзен құрылымында №18 құрылымдық ұңғыманы бұрғылау барысында 367,5 м тереңдіктен Оңтүстік Маңғыстауда алғаш рет газ бұрқағы алынды, осыдан кейін Өзен алаңшасында барлау, бұрғылау жұмыстары күшті қарқынмен жүргізіле бастады.

1961 жылы Оңтүстік Маңғыстаудан екі бірдей мұнай кен орны - Өзен мен Жетібай ашылды. 1957 жылдың күзінде Ембі кәсіпшілігінде жұмыс істеп жүрген Қамысбай Мырзағалиев Маңғыстау аймағында өзінің мұнай саласындағы басшылық қызметін бастаған-ды. 1958 жылы Қошақтағы бұрғылау жұмысын жандандыру мақсатында Ембіден үш жанұя – Асқанбай Шолтанов, Ұзақбай Қанатов және Зинолла Құлбеков сияқты Доссордағы мұнай техникумын ойдағыдай бітіріп, осындағы кәсіпшіліктерде жаңадан жұмыс жолын бастаған жас мамандарды көшіріп алдырды.

Осы әңгімемізге арқау болып отырған алғашқы мұнайшылардың бірі -Атырау облысы, Жылыой ауданында туып-өскен Зинолла Құлбеков осындай қарбалас шақтарда өзінің еңбек жолын Маңғыстаудың ыстығы майдай шыжғырған, көз аштырмас топырақ аралас табиғаттың дүлей мінезіне ыстала жүріп бастады. 1959 жылы маусым айының бас кезінде бұрғышылар Зинолла Құлбеков, Шүкірбек Есенғалиев, Жұмажан Даутов алғаш рет бұрғылау ЗАМ агрегаты күшімен қашауларын (долото) Өзеннің мұнайлы төсіне бірінші ендірген болатын.

Мұнай экспедициясының бір-бірінен шалғай жатқан аудандарына күн демей, түн демей жүк машинасын айдаған Зинолла Құлбековтің інісі Батай Құлбеков та Өзен мен Форт-Шевченко арасындағы жапан далада талай желдей жүйіткіді. Жаңадан ашылып жатқан Өзен кен орнына қажетті құрал – жабдықтарды уақытында жеткізіп отырды. Шаң бораған жапан далада адамды естен тандырар аптап пен өңмеңінен өтер ызғарлы суықта алғашқы мұнайшылардың жатақ-палаткалары болды. Қаз-қатар тігілген палаткаларда орналасқан адамдардың күнделікті тамақтары мен керек-жарақтары орталықтан, яғни Форт-Шевченкодан тасымалданатын. Геологиялық-іздестіру жұмыстарына төленетін мардымсыз еңбекақымен табиғаттың қолайсыз жағдайларында еңбек еткен жастар барлық қиыншылыққа төтеп берді.

Зинолланың тындырымды еңбегінің арқасында бұрғылау жұмысынан тәжірибесінің аздығына қарамастан, жігерлі жастың еңбекқорлығы мен табандылығына сенген басшылар бұрғылау жұмыстарының шебері етіп тағайындады. Қажет кезінде бұрғышыларды өздері ауыстырып, жұмысты бір сәтте тоқтатпауды мақсат ететін, қиыннан қашпаған, жастық қуатын жұмысқа ғана арнаған Зинолла мұнан соң учаске бастығы болып жұмыс істеді. Өзен мұнайымен біте қайнасқан сол кездегі мамандар Қамысбай Мырзағалиев, Зинолла Ысқақов, Мырзаш Берқалиев, Бітім Қыдырбаев секілді азаматтармен тізе қосып еңбек етті. Көшіп-қонып жүрген барлаушы-мұнайшылар көпке дейін палаткаларда, кейіннен қолмен қазылған жертөлелерде тұрды. «Ит байласа тұрғысыз айдалада не бар?» демей, өмірлік қосағы Ілгек апаймен жертөледе құрған отаудың бірте-бірте шаңырағы биіктеп, керегесі кеңейе бастады.

Жертөлелердің орны барактармен ауысты. Алғаш қара алтынның бұрқағы атқылаған «жаңа жерге» Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен ел ағыла бастады. Көпшілігі мұнайдың мол қазынасы шыққан жер кейіннен ырысты мекен боларын біліп, түтін түтетіп, жергілікті болып орныға бастады. Ел жиналғасын, үй салынып, ауылдың қарасы көрініп, мектеп, балабақша, емхана салына бастады. Мұнайшылардың алғашқы мекені, құтты шаңырақ – Қызылсай осылай өмірге келген еді.

Ел ішінде, әсіресе мұнайшылар арасында, оған алғыс айтып, игі тілек білдіріп жүргендерді талай жерде кездестіргеніміз.

«Мұндай халық құрметіне бөленуінің негізгі себебі, оның өндірісті өркендетуімен бірге, өз қарамағындағы

бұрғышылардың жұмысшылардың жағдайына тұрақты көңіл бөлінуіне деп білемін», - дейді Нәсімбек Әлмағанбетов. «Азаматтың азаматтылығы кісілігімен айшықталады» демекші, жұмыстас, қанаттас інісі ретінде Зинолла Құлбековтың қарапайымдылығын, мансаптың буына піспей, өзін бір деңгейде ұстай білетін, ағаларын ардақтай, інілерін қамқорлай білетін адамгершілік қасиеттерін көрдім.

Бұл арлы азамат туралы айтқанда, ол артына сөз емес, айшықты із қалдырған халықтың алғысы мен құрметіне бөленген азамат.

Еңбек жолдарыEmbi, Доссор, Мақат, Өзен, Қарамандыбас кеніштерінде құрыш қолды қолтаңбасы сайрап жатыр»,- деп толғанған Нәкеңнің сөздеріне артық қосар ештеңе жоқ.

Осындай ерен еңбектері еленген Зәкең абыройдан кенде болмады. 1962 жылы партия қатарына қабылданды. Облыстық, республикалық жиындарға делегат, Ақсу поселкесінің депутаты болып сайланып, халқының қалаулысы болды. 1995 жылы зейнетке шыққан болатын. «Бейнеттің түбі зейнет» десек те, оның көп қызығын көре алмай, 2002 жылдың қазан айында Зинолла ағай дүниеден озды.

Өз бақытын адал еңбек, мандай терден тапқан майталман мұнайшы өмірлік жары Ілгекпен 4 ұлын, 3 қызын тәрбиелеп өсіріп, қатарға қосқан бақытты ата-ана болды. Ұлдары ұяға, қыздары қияға қонған. Бәрі де жоғары және орта арнаулы білімді мамандар. Кәсібіне адал азаматтың Тыныш, Рая, Орынбасар, Жалғасбай, Мереке, Айжан, Кенжегұл сынды ұл-қыздары да әке жолын одан әрі жалғап, мұнай саласында еңбек етіп жр.

О.СМАҒҰЛ,
Қ.БИСЕНТЕГІ

ПИСЬМО ИЗ КАЛМЫКИИ



Я, Кинжеев Борис (Байтурсын) Алипкалиевич, родился в Ямало-Ненецком национальном округе, п.Новый Порт, куда были выселены мои предки по социальному признаку (мой дедушка Амир был высококвалифицировнным мастером по многим рабочим профессиям и его отнесли к категории крепких середняков). До раскулачивания и выселения мои дедушка Амир, бабушка Жамеш с детьми жили в с.Тюрино Володарского района, Астраханской области. В семье было пять детей: старшим из детей был мой отец Алипкали, потом тетя Озинаш, дядя Бактыгали, тетя Камария, дядя Магжан.В годы репрессии семья была разрознена. Родители с детьми Алипкали, Камария, Магжан были выселены на Крайний Север, а тетя Озинаш и дядя Бактыгали остались со своей бабушкой на родине.Был оказывается период где-то или в 1934 или 1936 годах, когда по факту раскулачивания производились проверки и у дедушки была реальная возможность вернуться на родину, но он видимо взвесив все возможности и последствия, принял решение съездить на родину и соединить разрозненные семьи. В результате этой его поездки, которая состоялась и наличием у него каких- то полномочий он с родины привез где-то 11 или 13 человек, которые соединились со своими семьями.

Не менее трагичная история семьи родителей моей матери Зинеп – девичья фамилия Джанакбаева, уроженка села Долгино, Красноярского района Астраханской области. Мой дедушка по материнской линии Джанакбаев Агис, говорят был коммунистом, но в годы раскулачивания у него как-то исчез или украли партбилет и его осудили, а семью выслали и опять - таки семья оказалась разрозненной. Моя бабушка по материнской линии Тойган с детьми - моей мамой Зинеп, дядей Габдулсаматом, маленькой тетей Асимой были выселены на Крайний Север, а двое ее сыновей Габдулмажит и Габдулрашид остались на родине со своей бабушкой. Репрессия, голод, холод, годы длительной разлуки наложили определенный отпечаток на поведение уже моих родителей, да и многих других.

В их словах проявлялись определенная боязнь за сказанные слова, возможности толкования их высказываний в другой интерпретации. Долгие годы, десятилетия выселения отразились и на потерях родственников, трудности поисков родных, определения к какому роду, племени относятся родители, а у многих людей оставался основным-принцип выжить, а другие вопросы стали безразличными, в некоторых случаях для многих недоступными в силу отсутствия или потери информационных возможности.

Я сам не историк, не учился казахском языку, но мои родители казахи. Возраст пенсионный. Вместе с супругой Фарузой Джафаровной родили и воспитали шесть детей, все они уже взрослые, есть уже двенадцать внуков и внучек; заслуга в воспитании наших детей, наверное, в основном принадлежит моей маме Зинеп, которая не имея большого образования, но умудренная опытом жизни, до школы учила наших детей казахскому языку, уважительному отношению к старшим.

Огладываясь на прожитые годы, сравнивая, анализируя, хочу высказаться, что многие изречения наших предков несут в себе глубинный смысл. Даже изречение, что любой мужчина должен знать и относиться с уважением к представителям родов своего отца, матери, тестя, обязывает многих из нас интересоваться (не из праздного любопытства) историей родственных отношений и их взаимосвязью.

...В книге Абу Атшыбайулы не обозначены по нашей родословной предки Елшібек, Бәймбет. В моей еще детской памяти на Крайнем Севере дедушка говорил, что мы относимся к Актайлаку, а их было три брата, а в свою очередь их предок Елшибек. Возможно здесь нужны дополнительные исследования, но мои предположения подтверждает ныне живой житель с.Котяевка Гибрат Каримулы Доспулаев, относящийся к потомкам Отепбая, а этот человек родной брат нашего предка Шойтаса. Память у Гибрата великолепная, он имел личное знакомство не только с моими отцом и дедушкой, но и прадедам Кенже. В этом году я дважды был у него в Котяевке и сделал дополнения в нашу родословную...

... В данное время с 1955 года я с семьей проживаю в Российской Федерации, Республике Калмыкия, г.Лагань, ул. Песчаная 6.

На территории Калмыкии проживает около пяти тысяч казахов, у нас в районе около одной тысячи. У нас в городе в ЛСШ №4 ведется преподавние казахского языка. В Астрахани в педучилище учится студентка по направлению - казахский язык. В г. Лагани имеет мечеть и что немаловажно там работает высокоэрудированный и образованный имам Аубекеров Ризек Насединович. В меру сил и наличия определенных познаний стараемся сохранить основы национальной культуры духовности. Стараемся поддерживать связь с исторической родиной и родственниками живущими в разных городах Казахстана. Молодежь в наших местах интересуется возможностями получения специального образования в Казахстане и быть востребованными в различных отраслях производства.

Мне кажется, что нет необходимости самовосхваления одних и унижения других, но знать историю, родословную и по возможности помогать другим в этих вопросах – это благородное дело.

КЕНЖЕЕВ БАЙТУРСЫН,
РФ. Калмыкия.

АДАЛДЫҚТЫҢ АҚ ТУЫН ЖЕЛБІРЕТКЕН



Әкем Жапар тегі Лекеруды Ақниет 1900 жылы Гурьев уезінің (қазіргі Атырау облысының) Рәкөш кентінде дүниеге келген. Руы - шеркештің Шумақ Шерубайы. 1973 жылы дүние салды. Доссор мұнайының көзін табу жолында Ресейден Н.Н. Леман бастаған экспедиция барлау жүргізеді. Қаражаттары азайған соң ағылшын, швейцария, неміс капиталистерінің қаржысы тартылады. Ағылшын азаматы Эдуард Юм Шведер және Отто Адольфорович Лист және т.б. қаржы салады. Осылайша Жайық-Каспий мұнай қоғамы негізінде Ағылшын акционерлік қоғамы құрылады. Доссор мұнайының өнеркәсіптік игеру жылнамасының басталуына 1911 жылғы 29 сәуірде №3 ұңғымадан мұнай бұрқағының атқылағаны оң ықпал етеді. Осы жерде алғашқы жұмысшы табы қалыптасты. Таңның атысы мен күннің батысына дейін малдың соңына жүрген қазақтың қайратты азаматтары енді өндірістің « домна пешінде» сомдалды, шыңдалды. 1915 жылы Лекеруды Ақниет Рәкөш мұнай





айыру зауытына майлаушы жұмысшы болып орналасады. Кейін атқарған еңбегі бағаланып, өндірістің ұйымдастырушысы дәрежесіне көтеріледі. Қазақ мұнайының қара шаңырағы саналатын Доссор мұнайының ашылуы өлкенің экономикалық ахуалына бедерлі із салып қана қойған жоқ, сондай-ақ ата-ағаларымыздың түрлі мамандықтарды игеріп, ғылым мен



техниканы меңгеруіне жол ашты. Өлкеміздің түкпір-түкпірінен тіршілік тауқыметін тартқандар өндірістің әр саласына келіп жұмысқа орналасты. Олар алғашқыда күнкөріс қамын ойласа, бара-бара заман ағымына сай азаттық үшін күрескерлердің қатарына қосылды. Орыс, ағылшын, неміс, грек, болгар, қазақ жұмысшылары бірлесе еңбек етті. Шетелдіктерден жүрексінбей, еңбекақыларын талап ете білген. 1920 жылы 8 қаңтарда Рәкөш мұнай зауытының мұнай сақталған қазандарын өртеуге ниеттенген ақ казақтарға қарсы әрекет жүргізген жұмысшылардың қатарында Лекерұлы Ақниет те бар еді. Ол 1935 жылдан бастап Рәкөш, Ширина, Доссор, Макат, Комсомол мұнай айдау станцияларының 1960 жылға дейін басқарушысы болады. Сол жерлерден дербес зейнеткерлікке шыққан. Еңбектері бағаланып, Ленин, Еңбек Қызыл Ту, "Құрмет белгісі" ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. 1935 жылдан Доссор мұнайы құбырмен Орскіге айдала бастады. Мұнай тасымалдау ісін мінсіз ұйымдастырып, туған жердің баға жетпес қазынасын әрі ысырапсыз, әрі сапалы күйінде тұтынушыларға жеткізу саласының ардагерлерінің бірі Лекерұлы Ақниет еді. Ашаршылық, жұқпалы аурулар етек алған кезде де, жан алысып, жан беріскен соғыс жылдарында да тылдағы еңбектің көрігін қыздыра жүріп, майдан даласындағы танктердің іркіліссіз жауға қарсы шабуылдауы үшін жанармайлық мұнайды майданға үздіксіз жөнелтіп отырған. 1940 жылдары көлемінде Коммунистік партияның мүшесі болған. Ауылдас жолдастарына да қолдан келгенше көмегін аямаған. ФЗО-да оқитын жетім балаларды өз қамқорлығына алған. Оқуға ынтасы бар балаларды Атырау, Мәскеу оқу орындарына түсуіне жәрдемдескен. Олардың бірнешеуі кейін министрліктерде қызмет етті. Мен Лекер тегі Ақниетқызы Шәйкөн дүниеге келгенде әкем 50-дің үстінде, анам 30 –дарда екен. Анам Қылышкестеннің Тілесінен тараған. Содан Қолпаш-Төлебай- Қуан-Мәкі- Құтымының Кенжеғалиының қызы. Есімі Зибаш еді. 1921-1988 жылдары өмір сүрген. Ұлы Отан соғысы жылдары тылда қажырлы еңбек еткен. Тылда зор қайрат көрсете білген, әкеміздің алаңсыз еңбек етуіне бар жағдай туғызған еді. Тылда белсене еңбек еткені үшін "Ерен еңбегі үшін", "Еңбек ардагері" медальдарымен марапатталған.

Әкемнің шешесі де қылышкестеннің қызы болыпты. Шеркештердің ең атақты әулие кісісі Сары Ата әкемнің жақын інісі еді. Сол кезде Сары молда атанған кәрі нағашымыздың дәл тауып айтатын көріпкелдік және емшілік қасиеттері елге танымал болған. Әкемнің ән салатын өнері болды. Жанынан өлең шығарған. Ауыл аудамдары той-құдалықтардан әкемді қалдырмайтын. Үлкендері "Ақаң" дейтін, ал балалар "Әу-Ата" дейтін. Халық әндерін нәшіне келтіріп орындайтын. Ән-жесірлерге, жоқ-жітік адамдарға көп көмектесетін. Адал еңбек етіп, адал өмір сүріп, адалдықтың ақ туын желбіретіп өтті дүниеден.

Шәйкен АҚНИЕТҚЫЗЫ.
Ақтау қаласы.

Суретте: Шәйкөн Ақниетқызының әкесі Ақниет пен Зибаш. Топпен түскен көне суретте Ақниет екінші қатарда оң жағынан екінші болып тұр.

ЖҰБАЙ ҰСТА НЕМЕСЕ ҚАСИЕТТІ КӨРІК ТУРАЛЫ

Біздің үлкен әкелеріміздің бірі аймаққа аты шыққан Қалманбет темірші ұста болған екен. Солармен қоңсылас, іргелес отырған адайдың Саркасқасының Бәйімбетінен тарайын Соқырша деген кісі де үлкен ұсталығымен аты шыққан жан екен. Сол кісінің қызы Мінәсіп те ерлерге тән өнерді ерте игеріп, әкесінің шынайы немересінші болады. Өнері тұнық, ұлы жақын адамдардың қасында бір-бірін іздейтін дәстүрімен Қалманбет пе Соқыршының ауылына барып, қасіпқа жетілдіреді. Әкесіне көмек етіп жүрген Мінәсіппен екеуі бір-бірімен тілсіз ұғысқандай болып жүреді. Сонда екеуінің сезім халін бойжеткенінің кейіп, теңін танып, тегін бер деген қазақи қағиданы алға ұстап, екеуіне бата берген. Қызына енші етіп, темір сөнаттың тас пен от үрлейтін көрікті қоса береді.

Сол Қалманбет өзі жасаған бұйымдарды інісі Әлменбет арқылы базарға жібереді екен. Әлдебір пенделікке салынып, бағасы мен басі айтылған заттан артық пұлдан сақтандай болса, Қалманбет соны сезеді екен. Сол артық ақшаға сатылып желіккен тамақты іші ауырып, қатты әбігерленеді екен. Ол інісі Әлменбетке ұрсып: "Екіншілей кесімді бага қойылған затқа артық ақша коспа. Арам зат біздің тұқымға жақпайды", - дейді екен.

Қалманбеттің ұлы Жұбай да ата дәстүрін жалғастырып, ұсталық құрған.

Сол Жұбайдың жақын балдызының бірі бір күні оның жағатын көмірінің үстіне үлкен дәрежеге отырып, бетін топыраққен тұмшалап кетеді. Таңертең жұмысқа келген Жұбай көмірдің бетіндегі топырақты қолымен алып тастағанда саусақтары былшамай кажеске кіріп кетеді. Жұбай қатты ренжіп, бұл жағымсыз пірліктің кімнен келгенін іштей түсіне қояды да назаланып:

- А, көтің тас боп біткір! – дейді.

Екі-үш күннен кейін жақсы балдызының іші кеуіп, дәреті жұрмей, қиналып жүргені туралы хабар Жұбайдың құлағына жетеді. Жігіттің сол ауылдағы туыстары, ағайындары кешірім сұрап, Жұбайдың алдына келеді.

Жұбай кешірмейтіндей сынай танытып:

-Ә, кішкене жатсын. Ішер судың, жағар отының кепнетін ұғынбағанға сол сауап. Біраз көрешегін көрсін, - деп рай бермей қояды.

Туыстардан бөлек ауылдың ақсақалдар келіп, Жұбайдан назасын қайтып алып, кешірім етуін өтінеді. Әлгінің халі төмендеп бара жатқанын алға тартады. Содан Жұбай балдызының үйіне барып, отына май құйып, құраннан аят оқып, шапанының етегімен қағады. Содан кейін барып әлгі балдызының іші жүріп, жаны жай тапқан екен.

Шығар ауызда:

-Ойнасаң өзіммен ойна, көмірмен де, көріктен де ойнама, - депті. Осы оқиға күні бүгінге дейін біздің жақта аңыз болып айтылады.

Бірде Ақтауда тұратын Құрасай деген қызым Гүлназ деген жиен немеремді үйге әкелді. Бұдан сәл бұрынырақ оның қолы сынып, ауруханаға жатқанынан хабардар болатынмын. Дәрігерлер салғанмен, толық бітпеген секілді. Сөз сыңайынан ұққаным, қызым менен бір шипа болар ма екен деп келгендей. Тәуіпшілігім жоқ, бірақ бір түйсік менің есіме Қалманбеттің тікелей ұрпағы Оңайбайұлы Сәттіғұлдың үйінде кастерленіп сақтаулы тұрған көрікті түсірді. Қызымды, немеремді ертіп, Сәттіғұлдікіне бардым. Гүлназдың қолын көрікке сипатқыздым, жақсылап тұрып шипалық сипаты бар аят оқыдым да қызыма:

-Бүгін осында түнеңдер, - дедім. Таңертең екеуі үйге келді. Жүздері қуаныштан бал-бұл жайнайды.

Ауырғаны қойды, қисығы орнына келген сияқты, - деді қызым.

Тағы бірде Айнұр деген қызымның Ерубай деген баласының іші тоқтамай, дәрігер берген дәрілердің еш шипасы болмай, мазалары кеткен. Тағы да көрікке апардым. Ішін тигіздіртті, қасиетті құран аятынан оқып, ішіне орамал таңып тастадым. Содан Ерубайымыз құлантаза жазылып кетті. Сондықтан да осы киелі көрікті бар әулетімізбен қастер тұтамыз.

Тахир Әлібаев,
Бейнеу ауданы, Маңғыстау облысы.

ЖАҚСЫ АҒА

Қапышев Женіс ағамызды 1976 жылдан бастап көрдім және таныстым. Бұрын сырттай таныгынмын. Ағамыздың ол кездерде атағы шыққан құрметті шебер еді. Совет Одағының кезіндегі социалистік жарыстың үздігі ағамызды аудандық, облыстық газет беттерінен, Құрмет тақталарынан көруші едік. 1977 жылы практикаға Жетібай бұрғылау басқармасына (ЖУБР) келіп, жұмыс жасадым. Жасап жүргенімізде қасымыздан бір бұрғышылар бригадасы көшіп бара жатты. Вагонның сыртында "Передовик социалистического соревнования – бригада Капишева" деген жазуы бар екен.

Артынан 1980 жылы институтты бітіріп келгеннен кейін, Батахов Қаби ағамыз кеңсеге шақырып жатыр деді. Барсам: "Бақтыгали, сен Қапышев Женіс ағаңның қолына

шебер болып барасың," – деді. Барғым келмеді, себебі Жәкең де ол бригаданы жаңадан қабылдап алған. Ол бригада өте нашар бригада еді. Бастық: «Әңгімені қой, Жәкеңнің өзі сені сұрап жатыр», -деді. Басым салбырап, амалсыздан келістім.

Жетібайдың күнбатыс жағында "Трияс №1" деген скважинада ескі БУ-125 БРЭ станогімен 3270 м тереңдікті әрең дегенде қазып бітірдік. Талай қиындықты да көрдім. Автомат элеватор қайта-қайта бұзылады. Бұрғылау машинасы ескі болған соң қалшылдап, ана жері, мына жері бұзылып, УБТ деген труба қайта-қайта үзіліп, скважинада қалып қоятын. Басшылар сен жас мастерсің, ештеңе білмейсің деп тықсырып та барады. Бірақ бұзылғанның, аварияның бәрі маған сабақ болды. Триястан кейін Ақтас №1, №2, Қарамандыбас деген жерлерде скважинаны Жәкеңмен бірге қазып бітірдік. Қапышев Жеңіс ағамыздан көп нәрсені үйрендім, ол кісіден сұрасаң, асықпай, кейімей, ренжімей, дұрыстап түсіндіретін. Жоғарыда айтқан УБТ деген труба үзіліп, скважинада қалып қоя береді. Жәкең оның да себебін біліп, анықтап, труба дұрыс базада істелмейтінін дәлелдеді. Жәкең қай адаммен сөйлескенде де жайдары күліп тұратын дипломат кісі еді. Жәкеңнің әке-шешесін, тумаластарының барлығын танитынмын. Інілерімен жұмыстас болдым, зайыбы Ақбалашпен кластас едім. Үйлену, басқа да тойларында болғанмын. Жәкең елдің, халықтың аяулы азаматы болды.

Жұмысшылардың барлығы оны өте қатты сыйлайтын еді. Өкінішке орай, Жеңіс Мәжитұлы ағамыз небәрі 52 жасында өмірден ерте кетті.

***

Боздасын бүгін, бозінген кеуде боздасын,
Боздасын дағы көңілдің шерін қозғасын.
Жұмақта аға жаныңа нұр боп құйылсын,
Өзіңді жоқтап жанардан аққан көз жасым.

Өмірге мынау қош айттың дағы сен кеттің,
Аманат бізге өзіңнен қалған көмек күн.
Ғазиз жаныңды көкке алып ұшып періште,
Жалғыз тәніңді қара Жер-Ана тербетсін.

Елу екі-ақ жас өте шыққан-ай бір демде,
Шарасыз қалып, мазасызданып тұр кеуде.
Қоштасып бізбен жүргеніңді аға кім білген
Елуге келіп, той жасадық деп жүргенде, - деп ақын Жұматай Оспанұлы тебірене жырлаған Жеңіс Мәжитұлы туралы келер ұрпаққа айта жүрер өнегелі істері көп еді. Тұла бойы ізгілік пен адамгершілікке тұнып тұрған жан болатын.

Бақытқали ЖАНСЫҒАТОВ.
Сағындық ӘБІТҰЛЫ.

ӨМІРБАЯНЫМ

Мен Қосыбаев Смағұл 1895 жылы Гурьев қаласында тудым. Әкем қаладағы орыс байларының жалшысы болды. Өзім де революцияға дейін, орыс байларының жалшысы болдым. 1918 жылы әкем өмірден қайтты. Бұдан кейін шешемізбенен екеуміз алай-бұлай жұмыс жасап, күн көрдік. 1920 жылдан 1926 жылға дейін Старый Лицевой №92 промыслында жұмысшы болдым. 1927 жылы несиелік серіктестіктен ау, құрал алып, Камнида ау тартып, бұнда 1929 жылға дейін болдым.

1929 жылы осы қала маңындағы, «Еркінқала» колхозына кірдім. Бұнда 1930 жылға дейін болдым. 1930 жылдан 1932 жылға дейін «Алғабас» колхозында балық звеносында жұмыс жасадым. 1934-1935 жылдары дейін Гурьевтегі совпартта оқыдым. Бұдан кейін 1937 жылға дейін Бақсай ауданындағы «Фурманов» колхозында председатель болып жұмыс жасадым.

Бұдан өзімнің сұрауым бойынша оқуға келіп, 1938 жылы бітіргеннен кейін, 1947 жылға дейін «Алғабас» колхозына председатель болдым. 1948 жылы 19 сентябрьдегі қаулысы бойынша орнымнан алынып, 1947 жылы Жайық (Өзен) ауылында бригадир болып жасадым.

1949 жылы «Үлкенкөл» колхозының орынбасары болдым.1950 жылы осы колхоздың председателі болдым. 1954 жылы екі колхоз қосылуына байланысты «Алғабас» колхозына орынбасар болып сайландым.

Ал 1955 жылы осы колхозға председатель болып сайланып күні бүгінге дейін жұмыс жасап келемін. Өзімнің жұмыс жасаған мезгілімде үкімет тарапынан мынадай сыйлықтар мен мақтау алдым.

1932 жылы Гурьевте балықшылар одағынан мақтау қағаз бен қос ауызды мылтық алдым, сосын 1934 жылы балық жоспарын 200% орындап шықтым, сағат алдым.

1936 жылы радиоприемникпен сыйландым. 1939 жылы жылдық балық жоспарын асыра орындағаным үшін Тамақ министрлігінің Мақтау қағаздарымен наградталдым. 1940 жылы мал,егін шаруашылықтарын жақсы көрсеткішке жеткізгенім үшін Ленин орденімен наградталдым. 1945 жылы Қазақ ССР-нан мақтау қағаз алдым.

1954 жылы балық планын асыра орындағаным үшін Гурьев облыстық партия комитеті мен атқару комитінен мақтау қағазбен сыйландым. 1955 жылғы балық жоспарын 122% орындадық.

5. III. 1955
С. ҚОСЫБАЕВ

P.S: Деректі құжат болғандықтан өмірбаянның түпнұсқалық стилі сақталып берілді.

ҚАЙРАН ҚАРИЯЛАР-АЙ

Тағдырдың сынағынан сынбай өтіп...

Бұл күнде 80 жастың табалдырығын аттағалы тұрған Аққөлдегі Жігер Досболаев пен Ганюшкиндегі Жетпісәлі Сатыбалдиев- тең құрбыдай тел өскен, тай-құлындай тебіскен, әзіл-қалжыңдарын қағыстырып, қазақы ой-тағылымдарын жарыстырып жүретін жандар. Осы екі қарияны бір-біріне егіз қозыдай жақындастырып тұрған жағдай-екеуінің де бастарына түскен тағдыр жүгін көтерудегі беріктігі мен дүние дүрбелеңін жеңе білудегі үлгілері. Екеуі де балалық шақтарын соғыс тұсап, қиыншылық тұмашалаған өткен ғасыр өрендері. Екеуінің де



жастық дәурені соғыс талқандаған елдің есін жиып сілкінген, бүлінгенді бүтіндеуге бір адамдай жиналып, алқызыл тудың астында «Туған ел үшін!» ұранымен еңбекке жұмылған ұлы көштің сапында өтті. Қиын өмірдің қол-аяқты құрсағанына қарамастан қос өреннің қолдарынан кітап түспеді. Жоқшылық жан-жақтан қыстаған тар заманның өзінде екеуі де білім тұңғиығына бойлауға тырысты. Ой қазынасына ұлағат ұйытты. Ақыл-санасына тағылым үйірді. Жақсыдан үлгі алып өсті. Асылды жасықтан айыруды бала жастарынан игерді. Имандылық дәстүрлерін ерте бастан үйренді. Екеуі де бір-бір мамандықтың иелері атанды. Өздері таңдаған қызметтің сыр-құпиясын ұғынып, ұлағатына қанықты. Жігер аға техника тілін меңгерді, аудандық автокөлік кәсіпорнында автомеханик болып ұзақ жыл істеді. Кейіннен теміржолға ауысты. Техникум бітіріп, арнаулы орта білім алды. Ізденгіштігімен үлгіленді. Жаңашылдығымен, өнертапқыштығымен аудан жұртшылығына кеңінен танылды. Жетпіс ақсақал болса аудандық обаға қарсы күрес бөлімінің зоомаманы болып, еңбек жолының ұзақ сонар тарауын тауысып, сол ұжымнан зейнеткерлікке шықты. Сырттай оқып, жоғары білім алған адам. Ауданымыздың



қыры мен ойында ол кісінің табаны баспаған танабы болмас-ау, сірә. Осы екі қарияның да өмір жолдарында қабырға жонды аяздай қарыған жарым жастарын кемітіп, көңілдеріне тұман торлатқан ауыр оқиға кезікті. Екеуі де сүйікті жарларынан айырылып, аза тұтып. өксік тұтты. Ол аз болғандай азамат болып, ошақ тұтатқан ұлдарынан айырылды. Жігер ағаның жалғыз ұлы Асқар бір тойдың үстінде үзілген тоқты жалғаймын деп жүріп қапияда қатеге ұшырап, өмірден өтті. Жетпіс ағаның үлкен ұлы Жетібай да аяқасты ауырып, белгісіз дерттен опат болды. Тағдырдың таяғы аяусыз осқылап, опық жеген екі құрдастың болған істерге бордай езіліп, етек-жеңдері жаска толғанымен, жүректерінің отын сөндірген кезі болған жоқ. Сырқаттанып, төсек тартып жатқан күндері болды, алайда



өмірден түңіліп, жүздерін қасіреттің қара бояуына малған жоқ. Екеуі де мұсылманшылық жолдың бірегей үлгісін, ұлағатты болмысын игерді. Ой-саналарына фәни мен бақидың тылсымын танырлық тағылым үйірді. Құран Кәрімнің қасиеттеріне үңіліп, Алла тағаланың ақ жолына ниет бұрды. Пайғамбар аруағының алдында тағзым ұрды.

Жігер аға ежелгінің жыр-дастандарына құмартты. Қазақы бата қылудың бағзы заманғы үлгілерін үйренді. Былайғы жұрт төрт-бес жолдың қайырмасынан-ақ жаңылып, қақалып-шашалып жатқанда, ұзын-ырғасы батырлар дастанын ойға оралтатын бататілекті жаңылмастан жатқа соғып отырады.

Жетпіс аға болса, қазақтың шұрайлы тіліне тұшынып, ұлттық сөз өрнегін ұлағат тұтады. Өз ойын тылсымды теңеулермен, сызылған сипаттаулармен кестелеп келтіреді. Талғам-түйсігі терең. Бағзы заманның би-шешендері жайындағы әпсана, аңыздарына құлақ түрер жан болса, әрлеп те, нәрлеп те айтып беруден жалықпайды. Көркемсөзге құмарлығы басым. Осы екі қария тек денсаулық күту мен салауатты өмір салтын дәріптеуге келгенде ғана, екі түрлі жолды ұстанады. Жігер ағаның бұл орайдағы ұстанымы спорт пен дене шынықтыру, рационды тамақтану мен шектелу-сақтану болып табылады. Оның спортшылығы жөнінде кезінде газет беттерінде аз жазылған жоқ Бұл жорықта қарияның 75 жасында облыстық ардагер спортшылар арасында II орын алғанын айтсақ та жарап жатар. Ол кісінің үй кітапханасында 20-ға жуық диетологиялық оқулықтар бар.

Бір күні Жетпіс құрдасы үйіне барса, Аққөлдегі досы оның алдына дастарқан жайып, тамақты толтырып, бір шишаның мойнын қылтитып қоя салады да, өзі диванға барып отыра кетеді. Бірге отырып тамақ ішуге шақырған қонағына: «Менің бүгін разгрузочный күнім еді»,- деп жақындамай қояды. Сонда Жетпіс аға: «Бүйткен диетаң құрсын»,- деп дастарқанның үстін сипап беріпті.

Жуырда 79 жастағы Жігер аға редакцияға келді.

-Қалайсыз, қария? – деген біздің сұрағымызға оң аяғын артқа созып, кеудесін төмен түсіріп, басын кекжите көтеріп, қос қолын қарлығаштың қанатынша керіп жіберіп, сымдай тартылып тұра қалды. Сөйтіп, іштегі кісілердің ауыздарын аштырып, таң қалдырып кетті. Баяғыда мектеп физруктары «ласточкаға тұрып қарашы» дейтін еді ғой. Тап сол қалыпты айнытпай салды ақсақал. Бойы тіп-тік, еңсесін биік ұстайтын, жарау аттай сыптығыр адам. Ол қыста үкіге шомылатын аудан қарттарының арасындағы жалғыз «морж». Жетпіс аға болса етжеңді кісі. Бірақ сонысына қарағанда жүріс-тұрысы ширақ, өңі қунақы. Етек-жеңі жинақы жүреді. Шаруасын тындырып, зыр-зыр айналған ұршықтай тыным таппайтын жан. Ол кісінің өзіндік дене шынықтыру тәсілдері бар. Басты кредосы – күніне 3 шақырымнан кем түспейтіндей жерді қалай болғанда да жаяу жүріп өтуі керек.

-Жұрт мені қартайғанда балық аулап не азабы екен деп кемсітеді. Ал мен үшін маңыздылығы – таза ауа жұтып, қан тарату, қимыл жасап, бой сергіту, - дейді ақсақал. Қасынан қыл елі қалмайтын аласа ақ итінің де өз тарихы бар. Бұзаусланның арғы басында тұратын ауылдарының иті қармақ салатын қартқа бауыр басыпты.Бір күні иесі келіп, қартқа реніш сөзін айтып, итін алып кеткен екен. Бір апта өткенде мойнындағы тіспен үзген арқанның кесіндісін сүйретіп, ақ иті жетіп келіпті. «Ер - туған жеріне, ит-тойған жеріне» деп бекер айтпаған ғой, - дейді ақсақал мақалдап сөйлейтін баяғы әдетіне басып.

-Өмірдің озмысы мен тағдырдың жазмышы балдың да, сордың да дәмін татқызған қос қария бұл күнде бал-құрықтай жайқала өскен немере-жиендерінің тілеулерін тілеп, ғұмыр кешуде.

Алмағайып заманнан алдырмай-жұлдырмай , тағдыр сынақтарынан сыр бермей өтіп келе жатқан қайран қарияларымыздың ақсамалдай аңқыған сәбилігіне де, теңіздей шалқыған абыздығына да қызыға қараудың өзі бір ғанибет.

М.ХАМЗАҰЛЫ.
«Серпер» газеті.
2009 жыл.

***

Жігер ақсақалдың өз сөзін тыңдайық: «1980 жылға дейін түрлі-түрлі сырқатқа ұшырадым. Жүрегім әлсіреді, қан қысымым көтерілді, асқазан ауырды, сал ауруының да белгісі бар. Бірте-бірте демікпе пайда болды. Осы сырқаттардың барлығына дәрігерлердің жасаған диагноздары (сараптамалары) болды. Енді не істеуім керек? Талай жерге қаралдым. Солтүстік Кавказдың курортын да қалдырғаным жоқ. Бірақ жазыла алмадым. Содан бір білікті дәрігерім: «Сізге қалай болғанда да спортпен шұғылдану керек, жүйкеніз мықты, күш-қуатыңыз бар»,- деп кеңес қосты. Содан 1982 жылдан жүгіруді бастадым.Әуелі аздап, одан күніне елу, жүз метрден қосып, үзбей жалғастыра бердім. Одан шақырымнан шақырымға жалғасты. Ақыры бір жолғы жүгірістің ұзындығын 12 шақырымға жеткіздім. Бұған сенер-сенбесіңізді өзіңіз білесіз. Ауылдастарым өз көздерімен көріп жүр.

Жігер ақсақалдың мұнысына ойланып қалдық. Жетпіс жетідегі қария 12 шақырымға демалмай жүгіруі мүмкін бе? Рас екен, ауылдастары сөз қосты. Теміржол бекетіндегі Аққөл кентінен батыстағы Қызылоба ауылы 13 шақырымдай жер екен. Онда ауданға танымал Сатым деген аңшы тұрады. Ол кісінің қасқыр аулап атағы танылған адам. Жігер ақсақалдың осыларға жақын-жуықтығы бар. Оның стансадан шығып Сатым үйіне дейін жүгіретінен бәрі растайды. Қызылоба ауылының Жігерді танымайтын тұрғындары жиі-жиі жүгіріп келіп жүретін кісіні көріп: «Әлгі стансадағы «жынды адам», тағы келе жатыр» дейді екен. Шынында да, Жігер ақсақалдың сондай қашықтыққа жүгіретін жағдайы ақылға сыймайтындай болып та көрінетін шығар. Бірақ ақиқаты солай болған соң таңданасыз. Бұл кісінің тағы бір ерекшелігі қайран қалдырады. Ол айтады: «Тәулігіне екі мәрте гимнастика жасаймын, екі мәрте салқын суға түсемін. Қыс айларында анда-санда үкіге түсіп шомыламын. Қатты жерге жатамын, басыма жастық салмаймын».

Р.ИМАНҒАЛИЕВ,
«Атырау» газеті.
10.11.2007ж.

P. S: Жігер қария қазір 82-де.

СҰРАПЫЛ СОҒЫС САЛҒАН ЖАРА

БИСЕНҒАЛИЕВ ТӨЛЕГЕН

(1923-1999)

Ұлы Отан соғысы, еңбек ардагері ауыр да абыройлы өмір кешті. Он сегізге шала толып, соғысқа аттанған Төлеген әке-шешенің қартайғанда көрген кенже ұлы еді. Соғыста бастан-аяқ болып, соғыс бітер қарсаңда бір аяғынан айырылып, елге марапатпен оралды. Көп жыл аудандық атқару комитетінде, онда жауапты хатшы болып істеп, аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушілігінен зейнетке шықты. Әлеуметтік қамсыздандыру қызметінің үздігі еді.

Ел өмірінде белсене араласып, поселкелік, аудандық Кеңестерінің депутаттығына бірнеше рет сайланды. Аудандық партия комитетінің құрамында болды. Төлегеннің соғыстағы ерлігі хикаяларға тақырып боларлық. Ол жөнінде соғыс кезінде «Парень молодой» сазымен "Төлеген ерге" әні айтылып жүрді. Төлеген туралы "Төлеген ердің хатынан", "Орамал" өлеңдері жарияланды. Отан соғысының батыры Т.Бисенғалиев – М.А.Гончаровтың "Қанатты қаһармандар" кітабының, Р.Хамитовтың көлемді мақаласының кейіпкері. Соғыс кезінде бір туған жалғыз ағасы Қоңырбаймен кездесіп, бір соғысып, кейін айырылып қалғаны – үлкен жыр. Төлеген ол туралы өлең де жазған. Төлегеннің ұл-қыздары, немерелері өсуде. Келін алып, қыз ұзатқан Төлеген елдің сүйікті азаматы болатын.

Елу жыл жалғыз аяқпен

Фашистермен болған жаһандық соғыстың аяғына да 60 жыл толды. Осы қан қасапқа қатынасқан қазақстандық жауынгерлердің қатары жыл сайын селдіреп сирей түсуде. Солардың бірі – жылыойлық Төлеген Бисенғалиұлы. Бұл кісінің майданда көрсеткен ерлігі, тірі қалуы біздің де қуанышымыз екені сөзсіз. Төкеңмен кездесіп әңгімелесу мені үлкен мақтанышқа бөлеп, сезімімді сергітіп, санамды оятты. Бұл жайлы қалам тартпау мүмкін болмады.

Кездесу

Біз 1996 жылы қыркүйек айында мұнайлы Жылыой ауданындағы "Қамыскөл" емдеу-сауықтыру шипажайында бірге демалдық. Шипажайдың тұрған жері көл суымен айнала қоршалған биіктеу қырқада екен. Ауасы таза, бір топ емдеушілер шипажай ауласы ішінде ем-дом алумен күніне бірнеше рет жүріп өтеміз де, өзіміз жататын бас корпуске кіреміз. Ішкі дәлізіне тегіс кілем төселген бір қатарлы корпустың кіре беріс ішкі босағасында сынар бәтіңке мен басында резинкасы бар таяқ сүйеулі тұрады. Алғашқыда осы балдақ пен жалғыз бәтіңке иесі кім болды екен деп ойлап жүрдім. Ойымда онымен кездесу бар. Осындай күндердің бірінде әлгі босағаның бұрышына келіп, ұстайтын таяғын сүйей салып, басын резинкамен қаптаған



ағаш балдағын қасына қойып, сыңар бәтіңкесін киіп отырған орта бойлы, жұқалтаң сары оңді, жасы жетпістердің ішіне кіріп кеткен кісімен кездесіп қалдым. Қол алысып сәлемдестік. Мен оны сүйемелден тұрғызып жатырмын. Көз алдымда балдақ, таяқ, сыңғар бәтіңке. Сөйлесе келгенде бұрын жұмыс орнында бірер рет көрген адамым болып шықты. Ол кезде ауыр жарақатты екенін байқамаған едім. Ол мені сыртымнан жақсы біледі екен. Әбден таныса келе Төлеген Бисенғалиұлы деген азамат екенін, Ұлы Отан соғысында от кешкен, жеңіл жарақаттарын есепке алмағанда, тізесіне дейінгі сол аяғын майдан даласында, Кенигсберг жерінде қалдырған ержүрек жауынгер екенін білдім. Екеуіміз күнде кездесіп, ұзақ әңгімелесетін болдық. Менің оған деген жүрекжарды аяулы көзқарасым, оның маған деген жылы шырайлы ықыласы бір-бірімізді тез жақындастырып жіберді. Арамызда андыздап қалған соғыс жарақатының оң көзі дерсің. Мен оның жауынгерлік майдан жолын ынтамен тыңдап, ұғып алдым. Төкең де хронологиялық жүйемен қызғылықты етіп айтады екен. Байыптап қарасам, оның майдандық өмірі де, тұрмыстық бейбіт кезеңдегі күндері де ерлікке, адами кішіпейілділік пен парасаттылыққа толы екенін түсіндім. Біз шипажайдан кетерден төрт-бес тәулік бұрын Төкеңе:

-Әңгімеңе қанықтым, ерлігім мен еңбегіңді елге жаятын очерк жазамын,- деп уәде еткенмін.

Сол уәдемді орындау үшін Төлеген жайлы очеркті жазуға кірістім.

Екеуара әңгіме

Сұрауым бойынша Төкеңнің маған айтқаны, ол 1923 жылы Жылыой ауданының Калинин ауылында туыпты. Руы шеркеш те, оның Қосым тармағының Жанғабыл әулетінен екен. Майданға 1942 жылдың наурыз айында 19 жасында аттаныпты. Соғыс шеңберіне кірісімен полк мектебін бітіріп, сержант атағын алыпты та, 4-гвардиялық әуе десанты әскерлерінің құрамында Сталинград майданында соғысқа кірінті. Бес айдан кейін осы майданның от жалынында жүріп жеңіл жарақат алып, Саратов облысының Пугачев қаласына емделуге жіберіледі. Үшінші рейхтің атақты фельдмаршалы фон Паулюс Сталинград түбінде қоршауға алынып, 300 000 жауынгер мен 250 офицері, 24 генералы қолға түскен жеңісте Төлегеннің де үлесі бар. 1943 жылдың көктем айында жарасы жазылған соң осы қаладан қан майданға қайта аттанады. Бұл кезде тағы да 4-гвардиялық Суворов және Богдан Хмельницкий орденді әуе десанты дивизиясы қарамағына келіпті.

Кейін Обург әуе десанты дивизиясына ауысыпты. Әйтеуір қара жер мен көк аспанның арасын еркін шарлаған. Осы жерде менің ұққаным - екі әуе десанты дивизиясының екеуі де соғыс жылдарында ерлігімен даңқа бөленген азулы дивизиялар екен. Тек 4-гвардиялық әуе-десанты дивизиясының өзі 1943 жылдың ақпан айында ғана Солтүстік майданның Новгород облысы Поддарск ауданында фашистердің 1709 солдаты мен офицерін жойыпты. Арасында Төкең: "Командиріміз тынымсыз еңбек ететін, жауынгерлерге де тыным таптырмайтын аса еңбеккор адам еді",- деп ризашылығын білдіріп қояды. Мен түсініп отырмын, еңбеккор жанды мақтаныш ету арқылы өзінің де саналылығын көрсетіп отыр. Сәлден соң ол:

-Мен 4-гвардиялық дивизияда жауынгерлік қызметте жүрген кезімде Орел, Курск, Сума, Киев, Обург қалаларын азат етуге, Днепр, Днестр секілді мол сулы өзендерде фашистермен шешуші шайқастарда бөлімше командиры ретінде қатыстым. 1944 жылы 13 қыркүйекте Латвияның астанасы Риганы азат ету жорығына атсалыстым. Бұл ұрыстар біздің армиямыз үшін оңай болған жоқ. Бұл кезде жау біздің жерімізді уақытша алып қана қоймай, мықты бекіністер де салып алған еді.

Мен сол қанды қырғынды көзіммен көріп, иығымен көтергендердің біреуі ғанамын. Осы ұрыстарда майданда өзіммен бірге болып, Отан үшін, жеңіс үшін қан төккен, кейін елге оралмаған қандыкөйлек ауылдас жолдастарым Саратов Сүлейменді, Ысқақов Тәженді, Қазиев Бердіғалиды, Ізтұрғанов Қамысбайды, Есжанов Орынбасарды, Беркінов Қарағұлды, Жетпісов Жайылғанды, т.б. әрқашан еске алып, ересектермен, оқушылармен кездескенде, олардың ерлігін жас ұрпаққа үлгі етіп отырамын. Бұл- бір жағынан, менің қайғым мен қасіретім болса, екінші жағынан, өнегем мен мақтанышым ғой. Қадам сайын оқ жауған қанды майданда оқ пен оттың астында бірге болған жолдастарым, маңғыстаулық Кенесариев Елпісбай, қызылордалық Әліпбаев Топбасын, қырғыстандық Юсупов Ахун, түркіменстандық Мұсырманов Нұролла, украиндық Ефим Ханонович Сегаль, Иван Никитович Коваль, ресейлік Иван Дмитревич Попов, Михаил Афанасьевич Куликов, Иван Иванович Дъяков, Михаил Дмитриевич Базанов, т.б. күні бүгінгідей есімде. Бораған оқтың астында кезінде осылармен бір үзім нанды бөліп жеп, жериісті тар окоптарда керзі етікпен балшық суда бірге отырып, қасқыр мен қойдай фашистермен аралас-құралас жүргенде ылғи да кезенген мылтық аузында өткізген қысылтаяң шақтарды қалай ғана ұмытарсың.

-Біраз әңгімелестік қой, Төке, аздап дем алсаңызшы деп едім. Ол жан-жағына қарап ауыр күрсінді. Көзіне жас келді. Жасымның кішілігіне қарамастан, ол маған әманда «Рысеке» деп сөйлейді, құрметтегені болар. Бір кезде ол:

-Рысеке, осы әңгіменің жалғасын ертең айтсақ қайтеді деді. Көңілі босап отырғанын түсіндім де тез келістім. Осы кезде өзімнің де буыным босап, бойымда бір қобалжу пайда болғанын сездім. Әйтсе де біздің екеуара әңгімеміз өткен жаралы күндердің ауыр кезеңін еске салып, дене жарасына қоса, жан жарасын да қозғап кеттім-ау деген ой келді маған. Сарғыш өңі бозғылт тартып, өне бойын батпан зіл басын кеткендей мазасыз бір күйге түсті. Оның бұл тұрқы маған да қолайсыз әсер етіп, жан-жүйемді босатып жіберді. Келесі күні бөлмемнен шығып баяғы бұрышқа көз салып ем, балдақ пен сыңар бәтіңке орнында екен. Таяғы үнемі қолында жүреді. «О, Төкең өзінде екен»,- деп оның бөлмесіне ендім. Әлбеттегідей жарқын жүзбен амандасқан ол сол аяғындағы қабат-қабат орамдарды шешіп жатты.

-Күніне ,-деді ол жадыраңқы жүзін маған аударып - бәлен рет жаңғыртып байласам да сырқырауын қоймайды, бұрынғының үстіне үлкендік те үстеме болып жүре ме, білмеймін, шыбындай жаныма тыныштық бермейді. Ой, інішек- ай, ойылған қоң ет, кесілген аяқ, қолға таяқ, аған не жетісіп жүр дейсің. Әлгі аталарымыз айтқандай: "Мың күнгі жұмақтан бір күнгі тірлік артық" деп итшілен жүргеніміз де. Қай күні өлерімізді кім білсін. Әйтеуір, тіршілік күйбеңімен жүріп жатамыз дағы. Жаны саулар дөңгелек жасқа толып, той өткізіп жүр. Ал біз болсақ, соғыстан мүгедек болып тірі оралғандарды айтамын, кемел жас түгіл, кемді күнгі тірлігімізді көңілге медеу етеміз. Онсыз да қарт майдангерлер әр жерде өскен даланың ақ селеуіндей сиреп қалдық қой. Мынау ғой күздің қара басынан бастағы бөркіміз, шытынаған бас сонда да жылынбайды, - деп бас киімін алып, ішіндегі телнегін жөнден, бір айналдырып қайта киді.

-Біз қалайша сау боламыз, - деді ол әлден уақытта еңкейген басын жоғары көтеріп, - тұла бойың толған жарақат, кесілген сан, шолақ аяқ. Осының бәрі бір кісіге жетерлік азап емес пе?! Қиын іске қабырғасы қайыспас ер керек демекші, біз мұндай қиыншылық көрмесек, азулы фашизммен күресте жеңіске жетер ме едік. Әрине, аяусыз күреспейінше жарқын жеңіс жоқ. Азап та көрдік, жеңіске де жеттік. Пайда біздің жақта емес пе, Рысеке, - деп жайдарлана бір күлді.

Демек, Жеңісін мақтан етеді. Міне, шынайы патротизм. Көңілінде ешбір ақау жоқ, табиғи қуаныш! Жақсы сөзге менің де жүрегім езіліп кетті.

-Осылайша күндікше тірліктің арқасында 50 жылдан аса уақыт жалғыз аяқпен өмір кешіп, "Ел іші – алтын бесік" дегендей жүріп жатқан жайым бар.

Күтпеген қуаныш

Төлеген аға әңгіменің жаңа кезеңін бастады. Айтпақшы, - деді ол, - соғыс жылдарында біздің 4-гвардия әуе десанты дивизиямыз Сталинград, Орталық, 1-Украина,1-Белоруссия майдандарында және Балтық жағалауындағы елдерде, Польшада, Германия жеріндегі қиян-кескі ұрыстарға қатысты. Мен өзім көрген екі жерде соғыс қимылдары аса қатты болды. Біріншісі – Курск иінінде, екіншісі – Калининград (Кенигсберг) түбінде. Курск иініндегі ұрысқа екі жақ та мұқият дайындалды. Фашистер Сталинград жеңілісінің қарымтасын қайыруға тырысса, біздің жақ есе қайыртпақ түгіл, ендігі жерде жаудың бетін қайтып қаратпау бағытын ұстады. Бұл соғыс қаңтардағы ауызынан көбік шашқан ақбас бураларша танктер мен танктердің, басқа ауыр соғыс қару-жарақтарының бетпе-бет келіп, қарш-қарш шайнасқан соғысы деуге болар еді. Курск иінінде біз соғысқа 5 шілденің ала таңынан бастап кірдік. Айнала көк түтін мен бұрқ-бұрқ жарылған бомбалар, миналар мен ысқырығы жер жара ұшқан снарядтар. Бұлт арасындағы найзағайдай сол лаулаған өрт пен ұшқан оқтың ішінде шыбындай жанымызды шүберекке түйіп, «уралап», біздің сарбаздар жан ұшыра жүгіріп барады. Қайсыбіреулері мұрттай ұшып, ажал құшуда. Қарсымызда қиғаш шабуылдаған жау солдаттары. Несін айтасың, алапат ұрыстың қарбалас шағы. Сәске түс кезінде жанталас үстінде жау қорғанысын бұзып өтіп, жаңа плацдармға бекіндік. Енді бір сағаттан соң шайқас қайта басталмақ. Жолымда кездескен бірнеше қарауыл постысының көзін жойып, 4-гвардиялық дивизиясның соңғы мәліметін алып келе жатыр едім, алдымнан жүгіре шыққан бір жауынгер сізді командир шақырып жатыр деді. Келсем дивизия штабында менен біраз бұрын майданға аттанған жалғыз туған ағам Бисенғалиұлы Қоңырбай отыр. Екеуіміз шұрқырасып құшақтастық. Ол да осы майданда шабуылда жүр екен. Мені іздеп келіпті. Командиріміз бізді бір тәуліктей кездесуге босатты. Біз жан сырымызды айтып, ұзақ

әңгімелестік. Ей, жалған дүние ай, бұл менің бірге туған ағаммен ең соңғы кездесуім екен. Тағдыр бізге енді қайтып жолығуды жазбапты. - деп көзінен мөлдір жасты төгіп-төгіп жіберді. Қайтсін, туған бауырдан айырылу оңай ма?

Өлімнен аман қалу

-Төке, сіз жүріп өткен майдан шекарасы қай жерлерде болды? Ол кезде біз бір ел едік қой, қазір бөлек-бөлек дегендей.

-Негізінен, Украина мен Ресей жерінде болдым. Өзім көрген соғыс әрекеттерінің нобайы қысы-қарға, жазда көк орманға малынған Украинада болдым. Украина жерінде болған осы ғаламат ұрыска Қазақстаннан 560 мың жауынгер қатынаскан екен. Тек мен тұратын Жылыой ауданының өзінен Германияға соғыска 4400 сарбаз аттанып пыз. Осының 1900-і ғана туған жеріне оралыпты. Мыңнан астамы мүгедек болып келіпті. Орыны толмас қанша өлім, қанша зардап десеңізші?! Мұның ішінде хабар- ошарсыз жоқ болып кеткендері де бар. Көп адамдар әлі күнге дейін бір хабар бола ма деп алаңдаулы.

-Рысеке, манағы бір сұрағанда сіз үшін ең қиын қай жерлерде болды деп едіңіз ғой. Мен білемін, соғыстың ең ауыр жері Кенигсберг облысы мен қаласында өтті. 1945 жылы 23 қаңтарда Шығыс Пруссияның Кенигсберг қаласының оңтүстік беткейіндегі кедерлі-бұдырлы соғыс алаңында тапа-талтүсте ұрыс үстінде артиллериядан атылған снаряд оғы сол аяғымды тізеден жұлып кетті. Сол күні ес білмей құлаған жерімде бірнеше сағат бойы жатыппын. Кейін білгенім 4-5 сағаттан соң санитар дәрігер келіп, аяғыма қан кетпес кепен қап кигізіп, өзі басқа жаралыларға кетіпті. Мен бұл кезде №178 ерекше орынды танк бригадасында гвардия сержанты атағымен сонда болімше командирі болып жүр едім. Артынан әлден уақыттан кейін ұрыс сәл толастаған шақта қарулас жолдастарым қырғыз Ахун Юсупов пен орыс жігіті Михайл Григорьевич Зеленцов қансырап жатқан мені майдан даласынан алып шығыпты. Сол бір айдалада жатқан мен үшін ауыр кезде батальон командирі капитан Михайл Дмитриевич Попов, украиндық батальон комсоргі аға лейтенант Сергей Васильевич Бережной фашистерден тартып алған "Тигр" танкісімен келіп қоштасып кеткен күндер әлі есімде. Осынау сын сағатта мен иегім ғана жыбырлап, өмірім мен өлім арасында жаттым. Олардың маған айтқан: "Жап-жас жігітсің (онда мен 22-де едім), Отан алдындағы борышыңды адал орындадың, әлі-ақ жазылып кетерсің, ешқандай қапаланба",- деген сөздері әрі демеу, әрі сүйеу болды. Жаным қанша күйзелсе де жатқан жерімнен тұра алмай қала бердім. Олар майдан жолын жалғастырып кетіп барады, екі көзім жәудіреп мен қалып жатырмын. Көзіме жас іркілді. Әйтсе де олар мені өздерінің жақсы сөздермен алдағы өмірге жігерлендіріп, көңілімді көтеріп кетті. Ол шақта менің үсті-басым күп болып ісіп, мүшкіл хал кешуде едім.

Олардың айтқан жанашырлық сөздерінің бірін білін, бірін білмей қалған мүскін жанға ұқсадым.

Елге оралу

Неміс жерінде ок тиіп құлап, әуелі неміс санитарлық баспаналарында, соңында Польшадағы бірнеше ауруханаларда итше сүйретіліп жүріп (ол кездегі жағдай үшін ешкімді де сөгуге болмайтын еді) 1945 жылғы наурыздың 21-і күні санитарлық пойызбен Ресейге жөнелтілдім. Кешікпей Украинаның Харьков қаласындағы №5978 эвакуациялық госпиталына орналастым. Ажал аузынан аман қалу неміс, поляк жерінде болса, емделіп сауығудың көп бөлігі Харьков қаласында өтті. Осында жатып Ұлы Жеңістің хабарын естідім. Осы жерде алғаш рет бір аяқ пен балдақ, бір таякка сүйену күндерім басталды...

Міне, осылайша 1945 жылдың 20 тамызында "кебін киген келмейді, кебенек киген келеді" дегендей, бұрынғы жауынгерлік саптағы командир Төлеген енді мүгедек атанып, ауылыма келдім. Рысеке, кешегі бір сұрағында өмірінізде есінізде қалған ең қуанышты күн қай кезде болып еді деп сұрағансыз. Ол күн туған шаңырағыма келіп, анам мен әкеме, ағайын-туыстарыммен кездескенім – міне, ең қуанышты күнім осы еді.

Екінші бір оқиға: 1943 жылдың сәуірінде әуелгі жарақатымнан жазылып, өзім бауыр басқан гвардиялық әуе-десанты дивизиясының жаттығу батальонына келіп, аспаннан өлім оғы жауып тұрған шақта соғыска кіруім болды. Сонда біз Орел облысының Малоархангельск қаласынан 45 шақырым жерде жанталасып, қорғаныс шебін ұйымдастырып жүрдік. Айнала жау құрсаған Курск облысынан осы жерге шейін 250 шақырым жолды арқамыздағы ауыр жүкпен жаяу жүріп, шеру тартып өтін едік. Қорғаныс шебінде жұмысты ылғи түнде жасаймыз, мігір табу деген атымен жоқ. Күндіз жасауға тағы рұқсат етілмейді. Әскери дайындықтан өту, соғыс өнерінің тактикасын үйрену, әскер құралдарының материалдық бөлшектерін танып-білу секілді қарбалас арасындағы бір сәтте жеңіске жетіп, елге тірі ораламыз ба, әлде осындағы сай жыранын бірінде өлігіміз қала ма деп әңгімелесетін едік. Ал өлмегенге өлі балық жолығу деген осы емес пе? Сау кеудемді сүйретіп, отбасыма ораддым. Менде бұдан артық қандай қуаныш болушы еді. Әрі Жеңіспен ораддық, демек мен- жеңімпаз елдің сарбазымын!

Бейбіт еңбек мерейі

Бірнеше күннің ішінде екеуміз де сұрақ-жауапка төселіп қалдық:

-Сіздің бүгінгі нарық туралы пікіріңіз қандай?

Ол іле-шала:

-Ой, тәйірі, салақалары тойдай, тойға сойған қойлары тайдай, көпір сұранып соғыстың қасында сол да сөз болып па. Тек ерінбей еңбек ете білу керек қой, - деп салды.

"Ердің құны екі ауыз сөзбен бітіреді" деген осы екен-ау деп ойладым мен ішімнен. Жаралы қарт осылай деді де, әңгіме желісін жалғай берді. Батыста соғыс біткенмен, Жапониямен соғыс әлі де жалғасуда болатын. Бес жыл соғыс қалжыратқан елдің тұрмысы да ауыр еді. Мен енді ауылдағы бейбіт еңбекке араласып кеттім. 1945 жылдан 1985 жылға дейін Ембі ауаткомында жалшы болім бастығы, аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі, ауаткомның жауапты хатшысы және осында нұсқаушы болып 40 жылдан аса еңбек еттім. Он үш рет жергілікті кеңестердің депутаты болып сайландым. Тек әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бастығы болып 27 жыл бойы жасадым. Үкімет менің соғыс кезіндегі және одан кейінгі еңбегімді тиісінше бағалады. Бірінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденінен бастап он бес орден-медальдарға ие болдым. Десанттық шабуыл мен бардау операцияларында жүргенімде жеке өзімнің он бір фашистің көзін құртканым туралы алған есептік куәлігім бар. Айтпақшы, менің майдандық еңбегім жөнінде канды майдан төрінде бірге болған қарулас жолдасым полковник М.Гончаровтың "Қанатты қаһармандар" кітабында жеткілікті айтылған. Мен сол кітаптың басты кейіпкерінің бірі болыппын. Ол бүгінде Одессада тұрады. Біздер, соғыс ардагерлері, соғыстан кейінгі кезеңде оқушы майдангерлер болып 1976 жылы желтоқсан айында Мәскеу облысының Люберцы қаласында және 1983 жылы Украина Республикасының Сума облысы, Конотоп ауданында кездесу өткіздік. Бір өкінішті жағдай, 1990 жылы 8 ақпанда 4-гвардиялық әуе-десанты дивизиясының соғыста қаза тапқан жауынгерлеріне арнап ескерткіш ашу құрметіне шақыру алған екен, соған қаражатын жіберіп, өз денсаулығының пашарлауына байланысты бара алмаппын.

Елу жыл жүрген жалғыз аяқ енді жүруге жарамай қалды, енді қатардан қалғанымыздың айғағы осы емес пе, - деп көңілі бұзылып, Төкең теріс айналып кетті. Оны көріп, аяғаннан, өзім де бірге босап кеттім. Енді әңгімені басқа салаға бұрып:

-Төке! Өтер іс өтті ғой, жаныңызға саулық берсін. Екі бала – келін, екі қызым бар деп едіңіз. Сізге солардың қызығын көруге жазсын. Сізге қарағанда бұл өмірде ұрпаққа жеңісті алып берін, өздері көрмей кеткендер де бар ғой. Оның қасында, нә, шүкір деңіз. Сіз де соның бірісіз...

Нә, Төлеген Биесенғалиұлының жауынгерлік жолын айта берсе үлкен шығармаға өзек болардықтай. Биылғы өз қанын төгіп алып берген Жеңістің 60 жылдығын көре алмай кеткеніне мен де өкінемін. Амал нешік, тағдыр солай.

Рысқали ХАМИТҰЛЫ
"Мұнайлы астана" газеті. 03.06.2005

ДҮЙСЕНҒАЛИ ТУРАЛЫ

Біздер сіздің шеркеш шежіресіндегі Қойыс – Сақау – Құмаш тармағына жатамыз, осы атаға дейін біздер Асау Тұрлан аталарымызбен аталас болыппыз, ол кісі жөнінде жазуны Берік Қоркытовтың «Атырау» газетіне шыққан мақаласын қарасыз.

Менің өз есімім - Жеңіс, әкем аты - Дүйсенғали. Әкеміз Дүйсенғали 1898 жылы Астрахань облысында Түйірін деген жерде дүниеге келген. 15 жасында молдадан дәріс алып, Астрахань медресесіне түсіп оқып жүргенде, Қазан революциясы болған. Қызылдарға тілмаш, қағаз жазу жұмыстарында болып, 1928 жылы (фотосы бар) Астраханьдағы Рыбтузға оқуға түскен. Оқуын бітірген соң, Астраханьдағы балық өндіру басқармасында істеген. Ұлы Отан соғысы басталғанда, бронь беріп, Гурьев балық комбинатына жіберілген. Ағасы Есмағамбетті үй-ішімен, Көбен балалары Қадыржан, Сабыржандарды Гурьевке көшіріп алған. Өзі соғыс кезінде кадрлар бөлімін басқарған. Теңіздең балық, итбалық өнімдерін қалағаланған. Соғыс аяғында Форт-Шевченко маңындағы Баутино қыстағындағы моторлы балық аулау стансасының бастығы болған. Зейнет демалысы шығар алдында Забурын рабкоопында істеген. Демалысқа шыққаннан кейін Гурьев қаласына көшіп келіп, қаладағы мешітте имамның орынбасары, түскен түсімді қалағалау жұмыстарында істеді. 1978 жылы 80 жасында дүниеден озды.

Ал әкемнің ағасы Есмағамбеттің баласы Нұрлыхан Атырау облыстық партия комитетінің ұйымдастыру

бөлімінде жұмыста болып, Ұлы Отан соғысы басталғанда Фрунзе қаласына шақырылған. Сонда Панфилов дивизиясында политрук болып, соғыс аяғында Келнсберг маңында комендант болып жүргенде хабарсыз кетті. Ата мекеніміз Қалмаққырында болған.

Женіс ДҮЙСЕНҒАЛИҰЛЫ

ӘКЕМ ТУРАЛЫ

Менің атым Тельман ,әкем Мұхамедия, Мұхамедияның әкесі Тыныбек, Тыныбектің әкесі Ержан,Ержанның әкесі Елгезек, Елгезектің әкесі Аппақ, Аппақтың әкесі Тоңаша. Міне, осы кісіде 9 ұл, 1 қыз болыпты. Ең кішісі қыз. Аты –Шобдан. Сол апамыз бесікте жатқанда, атамыз Тоңашаға Қыдыр үш қабат келіпті. Бірінші келгенде: «Әй, бұл кімсің?» - депті. Ол: «Қыдырмын», - депті. «Қыдыр болсаң қайтейін, қыдырып жүрген шығарсың», - депті де ұйықтай беріпті. Қыдыр екінші рет келіпті. «Әй, бұл кімсің?» - депті. «Қыдырмын», - депті ол. «Қыдыр болсаң қайтейін, қыдырып жүрген шығарсың. Ұйқымды бұзбашы», –депті. Қыдыр үшінші рет келіпті. «Ұйқымды бұздың ғой» , - деп таяғын алып тұра бергенде, Қыдыр бесікте жатқан қызға қарай барып, ғайып болыпты.



Таңертең атамыз тұрып, елін жинап алып: «Мен ақымақ болдым», - депті. Елі: «Ойбай, ақымағы несі, өзіңіз бай, өзіңіз батыр, қайдағы ақымақсыз», - депті.

-Жоқ, менің ақымақ болғаным Қыдыр үш қабат келіп еді. Үшеуінде де қуып жібердім. Қызымның бесігіне қарай барып, жоқ болып кетті. Түбінде қызымның барған жері бақытты дәулетті болады. Ал өз әулетіме мүмкін жетінші немесе одан кейінгі ұрпақтарыма қайтып келетін шығар, ол екі арасын болжай алмадым, - депті. Міне, содан кейін де 3 ғасырға жуық уақыт өтті. Аруақ қонып, ел алдына шыққан баланы көре алмай келемін. Енді Шобдан апамның тарихына келейін. Біздің ағайын, туғандар Шу өзені бойында қыс қыстап, жаз Бетпақдаланы кесіп өтіп, Сарысу, Сарыөзен, Саркеңгір, Қарақойын, Қашырлы деген жерлерде көшіп-қонып, жайлап жүреді екен.

Тарихшылардың айтуынша , сол кезде Бетпақдаланың бойында Арғын жолы, Алшын жолы дейтін жолдар болыпты. Сол жолдармен алшындар оңтүстіктен солтүстікке қарай, ал арғындар солтүстіктен оңтүстікке қарай көшіп қонып, осы екі елдің адамдары арасындағы қарым-қатынастары тығыз байланыста болғанға ұқсайды. Есебі- жаз бір көлдің бір жағында алшындар отырса, екінші жағында арғындар, оның ішінде алтай деген рулар біздің рулармен бірге көшіп-қонып жүріп отырған екен. Содан алтайлар туралы нақты деректі әкейден алмағандықтан біле алмай тұрмын. Сол аталарымыз көшіп, қонып жүргенде алтыншы атасы Жанұзақ, Шобдан апамызға үйленіпті.



Міне, содан тараған Жанұзақтан Жалмырза, Жалмырзадан Сайдалы, Кішкентай, Кішкентайдан – Аққошқар, міне, осы соңғы кісі тарихта қалды. Кезінде Николай патшадан шен алып, шекпен киген дейді өткендер. Және де мынадай сөздер тарихта және жазушылардың кітаптарында сақталған.

Аққошқар, Сайдалы бір көлден 30 мың жылқы айдады деген деректі келтіреді. Ақыры аталарымыздың , оның ішінде Тоңаша атамыздың болжағанындай, біздің яғни осы Тоңаша атамыздың бақ, дәулеті жиендері Аққошқар, Сайдалыға ауып кеткен сияқты.

Содан, жоғарыда жазылғандай, бір жылдары Елгезек атамыздың жылқысы жұтап қалғанда, жиені Аққошар сол атамызды өзіне қараған адамдарымен бірге, Керей өзенінің маңында Құсмұрын деген жерге көшіріп алған . Сөйтіп төрт түлік малдан 400 мал беріп қондырған. Ол жер қазіргі Жанбөбек ауылы, Қарақойын, Қашырлы жерінде орналасқан.

Ақырында, міне, сол кісілерден біздер тудық. Сайып келгенде, сол арғынның алтай руымен араласып, күні бүгінге дейін біте қайнасып кеттік. Осы айтылғандарыма көз жүгіртіп, терең ойлансам, Кіші жүз бен Орта жүздің ел-жұрты ертеден қарым-қатынастары жақсы болып, қазіргі отырған жерлерін жаудан бірге қорғап, аман алып қалғанға ұқсайды, Ал енді кейбір ауыз әдебиетіне қарасақ, қыпшақтар Кіші жүз руларымен үзеңгілес болып, елін, жұртын қорғаған дейді.

Енді, жоғарыда айтқандай, бір жазда мыңдаған шақырым аймақта көшіп-қонып отырған ғой. Содан ба, малдарының да, адамдарының да денсаулықтары жақсы болып, денелері зор болғаны да сондықтан шығар.

Мұхамедия Тыныбекұлы 1901 жылы туған. 40-50 жастың аралығында атамыз Тыныбек қайтыс болған. Содан көп баланы бауырына салған әжеміз Мәлике жалданып, үй шаруасымен айналысыпты. Мұхамедия балалардың ең үлкені болған екен. Ол кісі де жастайынан байға жалданып, жұмыс істепті.

Совет өкіметі орнаған кезде кедей балаларын оқытуға Қызылжардағы (қазіргі Петропавловск) кенес, партия мектебіне Атбасар уезінен бірнеше бала жіберген екен, соның ішінде менің әкем де бар.

Сол оқуды бітіріп елге, яғни Ақмола, Қорғалжын, Вишневка аудандарына көп жыл қызмет істейді. Өзінің айтуынша, 45 жыл ауылнай (селсоветтің төрағасы) және басқарма қызметтерін атқарыпты. Қызмет істеп жүріп 1965 жылы қыркүйектің 10-нда дүниеден кетті. Ол кісі қызметті өте абыройымен, жақсы істеген, бірнеше грамоталары болған. Оның үстіне ол кісіде екі қасиет болды. Бірі жауырына жерге тимеген балуан болған. 50 жаска келгенше күреспен айналысты. Ең соңғы күресі сол 1950 жылы Ақмолада сабантойда пұшық балуанмен күресіп жыққан. Содан үйге бір қосауыз мылтықты грамотасымен қоса әкелген. Бұл жай есімнен еш кетпейді. Екінші қасиеті ол кісі өте әнгімешіл, ертегі және ескі уақыттағы әңгімелерді жақсы білетін. «Мың бір түннің» хикаяларын, «Сырым Сырдан өткенде», «Құн» деген әңгімелерді айтып отырғанын талай естігенмін. Ол кісінің әдеті есіктің алдына алаша кілем төсеттіріп қойып, далада әңгіме, ертегілерді айтқанда, көрші-қолаңдар түгел жиналатын. Міне, ол кісінің осындай қасиеттері бар еді. Айта берсе көп қой, бір хатқа сыймайды.

Біздің шеркеште Итқара би болған. Ол кісіні сыпайылап Әйтеке би дейді екен. Менің, өз білуімше, тарихта Кіші жүзде екі Әйтеке би болғанға ұқсайды. Міне, сол Итқара атамыздың бір әңгімесін мен әкемнің аузынан естігенім бар еді. Сол жоғарыда айтқандай Шудан Қарақойын, Қашарлыға Итқара атамыз өзінің азғантай ауылдарымен көшіп келе жатқанда, Кенесары қырғызға қарай соғысуға кетіп бара жатады.

-Сенің нағашыларың ғой деп, Садуақасты (яғни сол Аққошқар Сайдалының баласы болуы керек) Итқараны маған алып кел деп жіберді. Сөйтіп Садуақас алшындарға келген соң, Итқараға Кенесарының айтқанын айтады. Сонда атамыз айтқан екен: «Ол менен әскер сұрайды, мен бермеймін. Сосын ол менің басымды алады, бірақ мен басымды алғызу үшін бара алмаймын»,- дейді.

-Ойбай, нағашы, қайтсеңіз де жүріңіз. Бармасаңыз менің басыма қауіп төнеді.

-Әй, айттым ғой, неге тілді алмайсың. «Жиен құрбандық дегендей», өзіңді шауып тастайын ба? – деп айтқан кезде, жанындағылар араша айтып, Кенесарыға қайта жіберген екен. Кенесары Итқараға Наузырбайды жібереді. Бірақ Наурызбай ағасына айтады: «Итқараны мен алып келейін, бірақ ол кісінің басын алмауға уәде беріңіз», - дейді.

-Жарайды, алып кел, - дейді.

Барып Итқараны алып келеді. Сонда атамыз айтыпты:

-Әй, Кенесары, тілімді алсаң, бұл жолы қырғызға барма, сен бұл жолы жеңілесің, - деген екен.

-Неге? – дейді.

-Себебі қырғыз бен қазақтың соғысы бірінші рет емес, талай рет соғысқан. Бір соғыста қырғыз жеңіп, қазақтың қанына қой тоғытыпты. Екінші жолы соғысқанда қырғыз жеңіліп, оның қанына қазақтар жылқы тоғытыпты. Енді осы жолғы кезек қырғыздікі, - депті. Кенесары оған көнбей:

-Жоқ, мен соғысамын. Ал енді сен әскер бермесең де ауылыңды алысқа ұзатпай, үш-төрт шақырым жерде көшіп отыр, - деген екен. Атамыздың жанындағылар: «Мына Кенесарыдан бізді құтқар, мазаңыз болмайды»,- дейді. Сонда Итқара:

-Үйдің сүйегі мен кигізін бұзбай, қазан-ошақты сөндірмей, жүкті ғана алып, бір түнде көшіп кетейік, - деп шешім айтқан екен. Сөйтіп үш күннен соң келсе, алшындардың үйлері тұр, дүниелері мен адамдары жоқ болып шығады. Қуғыншы жіберсе, Арқа жаққа қарай алысқа ұзап көшіп кетіпті дейді. Міне, біздің әулетте де Итқара атамыз тәрізді көріпкел, ақылды адамдарымыз болған ғой.

Тельман МҰХАМЕДИЯҰЛЫ
Астана қаласы.

ШТРИХИ ИЗ ЖИЗНИ

Более состоятельным среди наших предков считался Досмухамбет (Досжан) - старший брат дедушки Ерена,которого я смутно помню, а брат Карим знает гораздо больше. Он родился в 1875 году и умер в 1943 году .

В годы войны Карим бывал у них очень часто. Он рассказывал: «В одно время, когда мне было неполных 4 года, меня хотели усыновить и в последующем несколько раз делали такую попытку». По рассказам бабушки Шамет и матери Хантария однажды я был оставлен у них якобы навсегда. Прожив у них неопределенное время, соскучившись по своим, я попросился съездить домой, повидаться с ними. Естественно, поверив в мою детскую хитрость, по достойинству привезли к эже – лучшее для старших внуков не существовал никто. Я, не подумав ни о чем, безропотно остался у своих. Насколько это было осознанно, трудно мне судить. Но Алибаевы всегда считали меня своим, вплоть до 1946 года , пока не усыновили в 3 месяца братишку Сунгата – близнеца Шайхата.

Досжан – ата для нас был дедушкой, поскольку мы не видели своего дедушки – Ерена. Он был человеком среднего роста, хозяйственным, как принято говорить, по тем временам, знатным в степи. В его индивидуальном хозяйстве имелись породистые лошади, до ста-двухсот овец и крупнорогатый скот.

По меркам того времени он считался средним крестьянином, за что и был ракулачен. Отдав свой скот создаваемому колхозу, подчинившись, как и все, без каких-либо сопротивлений, как это имело место сплошь и рядом по стране, примирился и спокойно переносил эту несправедливость.

Однако, при повторной волне респрессивных мер, он как бывший кулак был арестован и сослан с супругой-бабушкой в 1931-1932гг. в Архангельск, где отбывал незаслуженное наказание Ахмет Байтурсынов – видный государственный деятель, один из основателей народно-демократической партии «Алаш», депутат Государственной думы, истинный патриот казахского народа.

Сын дедушки Досжана – Шамгон, известный в Красноярском районе, работавший тогда секретарем сельского совета, дважды безрезультатно пытался освободить его, проехав до Архангельска. Тем не менее по его ходатайству оттуда был освобожден один человек – глава семьи, у которого совсем маленькими остались дети, кажется у них умерла мать.

И все-таки дедушка Досжан сумел доказать невиновность перед Советской властью и добился освобождения в 1933 году, хотя они были сосланы с бабушкой на 10 лет. И они вернулись за 1,5-2 месяца до смерти среднего брата Ерена. Увидели его и успели попрощаться с ним.

Дедушка Досжан был немногословен, был очень интересен среди своих родственников. Он играл на домбре и любил петь казахские народные песни, что не всегда нравилось его супруге – Жекен – нашей второй бабушке. Она была рослая, строгая по отношению к своим снохам, о чем они часто рассказывали. К тому же она была разговорчивая и требовала, чтобы все к ней прислушивались. В шутку и всерьез дедушка Досжан постоянно напоминал своим: «Пусть говорит, сколько ей хочется , а вы в свою очередь берете из ее рассказов все то, что считаете полезным, а ненужное – отбрасывайте, как вам надумается». О ее строгости можно судить по поведению снохи Аккенже – супруги Шамгона, старшего сына. Сноха была вынуждена отделиться от родителей, не вынеся ее требовательности и семейного порядка, хотя причиной отделения, главным образом, послужило наличие скота, что могло подвергнуть репрессии сына Шамгона, как сына кулака.

События, связанные с раскулачиванием и репрессией, побудили распределить наших предков по разным фамилиям. Практически корни ближних предков берут свое начало с Алибая и мы все могли оставаться Алибаевыми, так как после прадеда никто не носит фамилию Досмухамбета, Шамгона, Казихана и.т.д.

Не исключаем, что мы Иреновыми стали, видимо, по той причине, чтобы не повредить фамилию репрессированного Алибаева Досжана. Достаточно эту мысль подтвердить происхождением династии Кушбановых: Шамрата – старшего брата отца и младшего – Салахидена, чьи уже правнуки гордятся этой фамилией, хотя она происходит от имени зятя Кушбана.

Когда мой возраст перевалил за 70 лет, я многое передумал и пришел к выводу, что обязательно необходимо оставить молодому поколению такое наследие, которое послужило бы стимулом для продолжения истории нашего рода – шумак шеркеш, особенно одной из ветвей Алибай-ата.

История династий Алибай-ата берет свое начало с XIX века. Он, наш прадедушка, жил в местечке Сасыктау. Это территория современной Атырауской области, бывшая территория Букевской Орды, образование которой относится к началу XIX века. Об этом свидетельствует царский Указ « О дозволении Букею кочевать между Уралом и Волгой» от 11 марта 1801г.

Во главе переселенцев стоял Букей, сын Нуралы хана. Один из современников событий указывал, что султан Букей решился перейти на внутреннюю сторону «вследствие разных дружеских советов и внушений со стороны царских чиновников». Об этом писал также его брат Шигай: «Покойный брат мой, Букей Нуралиев, прошлого 1801 г. приглашен был Астраханским военным губернатором Кнорринтом через присылаемого Астраханского кордона начальника Попова перейти на внутреннюю сторону реки Урал во всегдяшнее подданство России... Хан Букей перешел со мною и другими султанами-братьями нашими и с подвластными киргизами с десятью тысячами кибиток, со всем скотом и имуществом».

По решению царской администрации, на территории между Едилем и Жаиком было образовано новое марионеточное государство во главе с султаном Букеем, получившим в 1812 г. ханский титул. Это государство известно как Букеевское ханство или Внутренняя Орда.

Подавляющее большинство этих десяти тысяч кибиток состояло из племени Байулы, в том числе из рода шеркеш. Судя по словами наших предков, из двенадцати детей Бая самым старшим из них был Шеркеш, и это признают за дастарханом представители этих 11 родов и уважительно относятся к шеркешу, предлагая ему почетное место в доме. Наряду с 12-ю ветвями Байулы переселилась часть поколения Жетиру во главе с тарханном Есетом в 40-х годах XIX века.

Новому поколению рода шеркеш нужно хорошо знать историю своих предков, которые активно участвовали в общественно-политической жизни Западного Казахстана.

В своей докторской диссертации Михаил Вяткин приводит интересные данные о крестьянском восстании под руководством Срыма Датова в 1784-1797гг. и Турмамбете Пусырманове. Оказывается, в требованиях старшин об устранении Нуралы от власти подписывались представители почти всех родов (53 подписи), в том числе и Турмамбет би из рода шеркеш. В письмах, направленных на имя русской царицы от имени старшин, фамилия Турмамбета Пусырманова стоит второй, что свидетельствует о его высоком авторитете среди старшин и биев.

Теперь несколько слов о подродах рода шеркеш. По устным и письменным данным генеалогическое древо шеркешев составляют пять ата-дедушек, которыми являются: Косым, Койыс, Шумак, Жаугашты, Клишкестен.

Ниже опубликованное шежіре (древо), найденное в архиве Алибаева Шамгуна Досмухамедовиче его сыном Валитханом ,проживающим в с.Красный Яр Красноярского района Астраханской области. Продолжил шежіре я, Карим, старший сын Иренова Нажмедена Ермухамедовича, который в течение почти 10 лет занимался сбором информации о родственных отношениях династий Алибаевых. Некоторые родственники до сих пор не знают, почему одни носят фамилию Алибаевы, другие – Иреновы, третьи – Кушбановы. Эта дилемма была разрешена путем анализа исторического развития нашего подрода в XX веке, особенно в годы существования Советской власти.

У казахов принято знать свой род до седьмого колена. По этому поводу есть пословица -поговорка: «Жеті атасын білмеген-жетесіз» , что в переводе на русский язык обозначает: «Человек, не знающий свой род до седьмого колена- бестолковый», что есть как русский Иван Непомнящий.

Теперь вопрос. Где проживали наши предки в песках Нарын? Предположительно наш прапрадедушка Алибай проживал в местечке Сасыктау в Нарынкуме и там же умер. Его дети Досжан (Досмухамбет) и Ерен (Ермухамбет) неизвестно, по какой причине перекочевали в южную часть Нарынкума, поближе к Астраханской губернии. Видимо, причиной перекочевки была трудовая деятельность на сезонных работах, а именно на рыбных промыслах. Дедушка Ерен после сезонной работы, когда стал лед (после наступления осенних холодов) приехал домой и заболел от сильной простуды воспалением легких и летом 1933 года умер. Остальные родственники держали все виды скота, а в период коллективизации 1928-1933 гг. имели средний достаток, т.е. были середняками. При Советской власти их раскулачивали, т.е. отбирали скот и выселяли из родных мест. Из всех родственников по количеству личного скота всех превосходил дед Досжан, и он в первую очередь приналлежал раскулачиванию и переселению. В период проведения коллективизации единственный сын Досжана Шамгун работал членом организационной комиссии колхозников и уполномоченным организатором труда по переселению колхозников в Марфинский район в 1931-1933 годах. Чтобы спасти родственников от раскулачивания и переселения, Шамгун Досжанович при оформлении документов своим родственникам дает разные фамилии:

одни записаны Алибаевым, другие – Иреновыми, а третьи – Кушбановыми.

Запомните, представители молодого поколения Алибаевых! Чтобы спасти всех родственников от раскулачивания, Шамгун раскулачил своих родителей и сам отвез их в Архангельскую губернию. Затем написал письмо Всесоюзному старосте (Пред. Верх. Совета СССР). М.И.Калинину ,получил положительный ответ, т.е. об освобождении родителей и привез их на родную землю. Это происходило в 1931-1933 годах.

Почему третьи стали Кушбановыми? У Алибая была дочь по имени Умит. Он выдает ее замуж за Кожбана из рода Бескаска бериш. Но у них не было детей, они усыновляют Ерена, нашего дедушку.

Чтобы имя зятя Кожбана осталось в поколении родственников, его имя стало фамилией Кушбановых. Сегодня сыновья Ерена Шамрат и Салахиден носят фамилию Кушбановых, так фамилия новых поколений продолжила династию Алибаевых. Это одна огромная заслуга Шамгуна перед родственниками. Вторая, никому не известная до сих пор заслуга состоит в следущем.

В годы Великой Отечественной войны в районе Сталинграда он отморозил пальцы ног и был по инвалидности освобожден от службы, от участия в военных действиях. Вернувшись на родину, работал заместителем председателя колхоза, заведующим конно-товарной фермой колхоза «Вторая пятилетка». В этот колхоз собрал Шамгун Досжанович всех своих родственников, этим самым спас всех нас от голода, холода, от страшных тягот и лишений войны. Он постоянно проявлял заботу о каждом из нас, был самым грамотным человеком в колхозе «Вторая пятилетка». Его уважительно называли Шаке, с ним советовались в решении социально-бытовых вопросов. Он знал всю историю образования партии «Алаш» и правительства Алашорды, поименно и по фамильно знал участников первого курултая казахов в Оренбурге. Шамгун Досжанович постоянно занимался самообразованием, выписывал журналы и газеты на казахском языке, вел подписку на новые издания. Был такой случай: после реабилитации Сакена Сейфуллина Шаке дает заявку на его произведения по «Книга-почтой» и получает 25 экземпляров романа С.Сейфуллина «Трудный путь, тяжелый переход». Получив посылку, он все книги бесплатно раздает своим соседям и знакомым.

Я считался всю жизнь его сыном. Шаке хотел меня усыновить, но бабушка отказалась отдать, т.к. я был первенцем родителей и по традиции бабушкиным « самым младшим сыном», хотя я являюсь ее внуком. Вместе с тем все родственники называли меня «папиным сыном». Даже в своей автобиографии, подаренной мне до своей смерти, он пишет: «Любимому сыну Кариму от папы Шамгуна. 15 июля 1967 г».

Шамгун Досжанович имел библиотеку , в которой были очень редкие книги, написанные арабской графикой, датированные 1896-1900 годами. Он знал всех казахских писателей и поэтов. Особенно высоко ценил труды Мухтара Ауэзова. Когда он узнал о том, что в Москве на операционном столе умер Мухтар Омарханович, он заплакал. Я видел это в 1961 г., когда я приезжал к нему. Шамгун ага много раз читал и перечитывал «Путь Абая», его рассказы и драматические произведения.

Папа Шамгун, как я его называл, в жизни никогда не пил, не курил, не умел играть в карты, видимо, не было желания. Он хорошо разбирался в ленинских трудах, высоко ценил деятельность И.В.Сталина и его соратников.

В архиве Шамгуна найдены стихотворения, сочиненные им в разные периоды жизни. Судя их по форме и содержанию Шаке обладал склонностями для сочинения стихотворений. Они написаны на казахском языке.

Об этом замечательном человеке можно было бы продолжить повествование дальше, но я ограничен временем.

Мой дорогой папа Шамгун умер 9 мая 1970 года от рака легких, оставив после себя супругу Хамаришу, 7 детей, которые сегодня продолжают его добрые традиции.

Пусть шеркеши нового поколения прочтут без устали и усвоят эти материалы о своих предках, которые оставили немало советов и наставлений для продолжения истории нашего рода.

Новое поколение должно знать места нахождения могил и клабдищ своих предков: прадедов, дедов, отцов и других родственников, постоянно посещать их, читать аяты из корана, положить горстку земли на их могилы, по возможности ухаживать, а в случае надобности восстанавливать ограждения, памятники и.т.д.

Это святой долг молодого поколения нашего рода.

Карим ИРЕНОВ,
город Актау.

ПЕСНИ СТЕПЕЙ



ВЕТРЫ в песках рождаются на заре. В это время тоскливая тишина нависает над барханами. Никнет все живое: закрываются мелкие и бледные соцветия ночных трав, змеи, шурша, уходят в песках, замирают цикады, суслики, забираются глубоко в землю, подальше от губительной ярости еще не родившегося ветра.Одним прыжком выскакивает из-за горизонта косматое солнце, и полупустыня покорно отдает ему накопленную за ночь росную влагу.И тогда в эти редкие минуты, человек может слышать движение песков. Степь наполняется сухим шорохом, слабыми стонами, какими-то странными, тянущими за душу звуками - и все это сливается в общую тоскливую мелодию, предвестницу ветра.

Казахи, что заселили эту землю, давно подслушали песни песков. Их бродячие акыны пели у костров такие же песни. Беднейшие кочевники, они покинули родные урочища Казахстана, занятые старшинами и баями, и переселились сюда в аксарайские пески. Но за эти тоже надо было платить скотом и деньгами астраханским богатеям. И под рокот домбры пели акыны о том, что под небом их родины нет места бедняку, а здесь ему, отверженному, чужие звезды над головой не показывают верного пути в ночи, и истощенный конь спотыкается под всадником, и сохнут соски верблюдицы и нет в них молока, которое дает силу детям и продляет жизнь старикам. Затухал костер, седобородые аксакалы плотнее запахивались в дырявые бешметы и молчали ,не зная, что сказать в ответ на вопросы юношей, разгоряченных и встревоженных песнями. И что они могли сказать? Только слова, рожденные вековой темнотой, покорностью и бессилием. А горячая юность - и в этом короткое счастье и крылья ее не понимает и не принимает таких слов. Аксакалы могли сказать, что бедный кочевник подобен кусту джингила, выросшему под палящими лучами солнца на склоне бархана. Подует ветер и обнажит корни, и сметет куст, так жизнь бедняков извечно предрасположена к тому, чтобы довольствоваться малыми радостями и терпеть великие беды. Потому и песня их похожи на стоны песков.

Слушал эти песни у костров и маленький Шамгун, единственный сын в большой семье Досмухаммеда Алибаева. Его баловали, его любили, и пожалуй, он был единственным подростком на всю Аксарайскую степь, которого учили грамоте. Это было странно, но объяснялось просто: его отец верил в магическую силу написанных на бумаге слов. Ему, неграмотному эта сила казалась разрушительной, направленной против бедняков и ограждающей богатых от всех бед. Он хорошо помнил тот день, когда старшина прочел бумагу ,по которой Досмухаммед Алибаев и сотни подобных ему лишались родины и вынуждены были перекочевать в земли астраханского Аксарая. И здесь, тяжким трудом добившись жалкого достатка, он боялся потерять его, что придет другой с такой же бумагой и сгонит его отсюда. И потому учил сына, хотел видеть в нем защиту от произвола грамотных. Этот кочевник в своей первобытной наивности думал, что в бумагах пишут справедливо, да только грамотные баи и старшины читают их так, как им выгодно, ибо кто может их проверить?

Отец не остановился ни перед какими тратами. Сначала маленький Шамгун изучал с нанятым студентом медресе арабскую вязь и русский язык, а когда подрос, отец отправил его в русскую школу села Хожетаевки. Здесь он несколько лет жил в доме своего наставника ссыльного социал-демократа татарина Джамбекова. По его рассказам, по книгам и газетам Шамгун узнал о великой борьбе русского народа за свои права. Читая, размышляя, приглядываясь к окружающий жизни, он стал думать над тем, а есть ли правда в словах осторожных аксакалов об извечной и горькой доле бедняков? Так ли уж вечна она?

Да, движение песков неумолимо, каждые десять лет барханы передвигаюся на сто метров. И ветер может подуть, он может обнажать корни и сорвать куст джингила, унести его прочь. Но есть в этой истине другая сторона, о которой забывают или предпочитают не помнить осторожные аксакалы. Если склоны бархана опутают мощными корнями десятки кустов джингила, то и не страшен никакой ветер, грозная сила песка иссякнет, движение его прекратится. А если так, значит беднякам-казахам надо быть вместе. И не о том ли свидетельствует борьба русских братьев?

В Хожетаевку весть об Октябрской революции пришла поздним вечером. Она застала Шамгуна за книгой. Ему тогда было 16 лет.

II

ОТ КОЧЕВЬЯ к кочевью по степному устному телеграфу передается хабар-новость. Весть, призыв, повестка. Так, пожалуй, можно перевести это казахское слово, и оно мгновенно разнеслось по Аксарайской степи, хотя жизнь здесь текла с удивительной медлительностью, как поступь верблюдицы.

И то сказать новость была особенной. Председатель Хожетаеского волостного исполкома татарин Вагап Давлеталиев передавал кочевникам: «Придите, казахи, к бархану Исламгазы, расскажу вам о большом русском человеке Ленине, нашем заступнике и старшем брате. Придите, казахи , к бархану и там изберите свою власть, как советует всем беднякам Ленин».

Имя Ленина было хорошо известно в степных кочевьях. Об этом мудром русском аксакале рассказывал юный и ученый сын Досмухаммеда Алибаева Шамгун. Ленин прогнал со своей земли баев и старшин, он прогнал и кровопийцу Таравери Айтматова, у которого кочевники арендовали всю Аксарайскую степь и пески. Но кому теперь отдаст Ленин эту землю, кто будет владеть ею?

И потянулись кочевники к месту сбора. Дымом костров, рядами кибиток опоясался древний бархан Исламгазы. Около двухсот казахов собрались на свой первый чрезвычайный съезд.

-Земля теперь ваша, - сказал им председатель волостного исполкома Вагап Давлеталиев, - и власть на этой земле тоже ваша. Вам нужно избрать сельский Совет.

-Пусть нашей властью будет батрак Сарбаев, - решили кочевники. Он знает все тропы бедняков и с них не оступится... Но от ударов судьбы и долгой голодной жизни он стал вспыльчив и гневен, а гневный не сможет быть всегда справдливым. Пусть тогда молодой Шамгун, сын Досмухаммеда, охлаждает его гнев разумной речью, пусть чаще читает ему с бумаги мудрые советы Ленина – да сохранит Аллах русского аксакала от всех бед и напастей на радость нам!

Светлел в лице Досмухаммед Алибаев, слушая эти речи и гордясь честью, оказанной людьми его семнадцатилетнему сыну.

Так был избран первый в истории Аксарая казахский сельский Совет. Ему была подвластна обширнейшая территория, где не было поселков и аулов, а каждая семья жила отдельно, постоянно кочуя меж барханами. И сельский Совет тоже кочевал. Верблюд вез арбу, а на арбе были сложенные нехитрые пожитки председателя и секретаря, да и лежала там еще кошменная сумка, в которой находились две толстые тетради-входящих и исходящих записей, несколько книг из библиотеки Шамгуна. Никто не знал, сколько граждан живет а Аксарайской полупустыне, сколько скота они имеют, какими пастбищами пользуется каждая семья, каждый род. И сельский Совет начал с переписи населения.

Чем больше заполнялась тетрад входящих записей, тем больше узнавал молодой секретарь сельского Совета жизнь своего народа. То, что он раньше узнал из книг и газет, из бесед с наставником, заставляло сильнее биться его сердце, но все эти знания о его народе было все –таки отвлеченными. А здесь со своими гневным и нетерпеливым председателем он вошел в самую гущу жизни кочевника, отягченную жестокими и длительными постами; первобытную дикость, грязь, нелепые обряды, в результате чего даже простейшие болезни были смертельными для детей и взрослых; он видел слепую покорность судьбе, освященную и узаконенную Кораном; унизительное положение женщин, многоженство и поголовную неграмотность. И все это уживалось с великим хлебосольством, гостеприимностью, почтительным уважением младших к старшим, с душевной щедростью всего народа, выраженной в поэтических песнях, сказаниях, а также в книгах лучших и талантливейших его представителей. Первоначально обилие этих противоречий в характере и жизни народа оглушило молодого человека, и он растерялся. Возможно ли оторвать кочевников от вековой отсталости и дикости, крепкой и глубокой, как корни джингила? И вот на коротких стоянках, под тенью задранной вверх оглоблями арбы, склоняются над раскрытой книгой Ленина председатель и секретарь сельсовета. Сарбаев, задубевший лицом, горячий, лихорадочно быстрый в движениях, затихает и жадно ловит каждое слово. Ему многое непоянтно и он просит пояснить еще и еще раз. Многие сейчас непонятно и Шамгуну, но ясно одно: Советская власть ничего не пожелает для бедняков, будь то русский или казах.Значит, не вечно будет его народ жить в нищете и невежестве. Сейчас главное защищать завоевания революции. В России голод и разруха, и Ленин тоже голодает. Бедняки-кочевники делятся с Советской властью последним, а богачи укрывают скот за песками , в дальних урочищах. Только сельский Совет не проведешь, он знает все, у него тысяч глаз...

В последующие годы четырнадцать раз избирали кочевники председателем сельского Совета Шамгуна Алибаева. Его знали в степи все, его слову верили. С русским доктором Суворовым он в начале 20-х годов объезжал кочевья во время чумы, делал прививки против нее, входил в юрты, в которых уже никто не мог откликнуться на его приветствие. Он гонялся в степи за бандитами и конокрадками. Он читал лекции, распространял газеты и книги. Кочевники откликнулись на его призыв и пришли вместе с ним строить первую школу – интернат. Осуществилась затеянная мечта Шамгуна Алибаева первые сто казахских мальчиков и девочек сели за парты. Степняки видели, что новая власть строго, но справедлива, и все больше проникалась доверием к ней и всячески охраняли ее. Вот передо мной лежат пожелтевшие листки бумаги- протокол заседания и исполкома сельского Совета тех давних лет.

«Слушали: о назначении председателем волисполкома Абдуллаевым на пост председателя нашего сельского Совета милиционера Батыра Тулюшева,т.к. от назначения такового населению ожидается громадный ущерб хозяйству в имущественном положении.

Постановили: назначение считать недействительным. Ленин сказал, что органы Советской власти избираются от мало до велика, а не назначаются. И вдруг нам назначают председателя. Мы не считаем себя лишенными прав, завоеванных революцией бедняков. Кандидатура Батырова на пост председателя отменяется. Будучи милиционером, он уличен во взятке трех коз, двух коров и денег без числа. Председателем сельского Совета остается Шамгун Алибаев ,как избранный народом и оправдавший его доверие».

Как видим, уже не прежние темные кочевники жили в степи. Революция воспитала и вырастила в их душах ростки зрелой гражданственности, эти люди уже могли защитить свою власть от помыкания всякими проходимцами. Именно это и обрадовало тогда Шамгуна Алибаева.

Шамгун много работал, а пробил час, и он ушел воевать. Израненный, вернулся в родную степь. Жизнь стала налаживаться, хорошеть. Звенели в степных школах детские голоса, а домах казахов поселились уют, чистота и достаток... и старые песни нашей полупустыни стали забываться в народе.

III

Путник оглянись! Видна ли твоя жизнь позади?

Так спрашивал каждого древний арабский ученый и поэт. И утверждал он тоже древнюю истину, что жизнь человека измеряется не количеством прожитых лет, а деяниями: все исчезает, как туман, лишь труды человека живут вечно, говорил он.

Шамгуну Алибаеву сейчас идет седьмой десяток. Казахи уважают возраст своих отцов и матерей, но этого человека они глубоко почитают за его дела. В любой семье он самый почетный гость. Долгие затяжные споры и ссоры затихают после его слов и решений. Молодые и пожилые уважают его за большую культуру, такт, обширность знаний. У него большая библиотека из редких книг, и живя на дальнем степном зимовье, он регулярно получает много газет и журналов на русском и казахском языках.

Гость покидает его дом, обогащенный мудрой беседой, новыми знаниями, щедрой душевной теплотой.

Но не только за все это уважают в степи Шамгуна Алибаева. Скоро минет полвека с того дня, когда у склонов бархана Исламгазы казахи избирали свой первый сельский совет. Многое изменилось с тех пор, многое стало историей. Но борьба и труд тех, кто утверждал в полупустыне Советскую власть, останутся в памяти людей.

Они останутся и в новых песнях, что поют сейчас в Аксарайской степи.

Ю.СМИРНОВ.
Аксарай, Красный Яр, Астрахань.
«ВОЛГА,» 1966 год.

АБДОЛЛА МОЛЛА ТУРАЛЫ

Абдолла Сәндібайұлы 1930 жылдарға шейін қазіргі Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданындағы Толыбай елді мекеніндегі Ақөткел деген жерінде молда болған. Халық ол кісіні «Қара молла» деп атап кеткен. Арғы атасы Дүйсенбай сол жердегі Қараадыр деген жерінде бай болған. Мыңның үстінде жылқы біткен. Нағашысы алтын руынан шыққан Қашақ атақты байлардың бірі болып, Сырды қыстап, жазда осы қырды жайлаған. Қырды жайлаушылардың, көшпелілердің жолының ізі әлі күнге дейін сайрап жатыр. Өлкейікті, Ұзақ тамын, Әбілхайыр ханның қорымына дейін барып жайлаған.

Алтын Қашақтың баласы Асанның бар малын Ақөткелдің арғы бетінде Кеңес өкіметі тәркілеген. Оны

менің әкем көрген. «Қойлары ірі тайдай еді, оны құрықпен ұстадық және сол жерде қырқып бердік. Жүнін тайлап тиеп алып кетті»,- дейтін әкем. Ақөткелдегі молда атамыздың мешітіне Өлкенің бойындағы арғындар, Жантайдың бойындағы Өтеген, Матайлар, Толыбайдың бойындағы шеркештер тегіс келуші еді. Нағашыларымыздан Қашақ, шеркештердің билері Тәжмағанбет, Қайралап т.б. елдің атақты адамдары келіп, жұма намазына қатысып, уағыз тыңдап кететін.

Молда атамыздың шешесі Нарша деген анамыз-Қашақтың туған апасы. Сол себепті Қашақ бай апасына келіп, қонып, қыста сойған соғымның сыбағасын әкеп және сыбаға жеп дегендей қатынаста болып жүрген.

Молда атамызды 1930 жылдары өкімет «байларды, молданы, қойдай қу қамшымен» деп Қара теңіз жаққа жер аударған. Сол жақта қайтыс болған.

Мешітінің орнына 2009 жылы сол атаның тікелей ұрпағы болғандықтан, атамның рухына тағзым ете отырып, келісті ескерткіш белгі орнаттым.

Қабден ҚУАНДЫҚ

ҚАНЫМЖАН АПАНЫҢ ӘҢГІМЕСІ

-Бәрімізге белгілі, кешегі Кеңес өкіметі кезінде белсенді болып, жан аямай жұмыс істедік қой. Ол кезде партия қатарына өту деген мәртебе еді. Колхоздың жұмысы деп, күн демей, түн демей, аянбай еңбектендік.

Сол 1937 жылы болатын. Алмакүл қызым емшекте еді.



Колхоз белсенділері жұмысшыларын ескі Калининнен ат арбамен аудан орталығы Байқадамға Кәрібоз деген қайнымыз алып барды. Бұрын сауат ашу мектебінде оқығанбыз. Сол сауат ашып жүргенде әріп танып, өз аты-жөнімді жап-жақсы-ақ жазатынмын. Содан менің аты-жөнім қайын атамның атымен жазылған болатын. Яғни Жүндібаева Қанымжан Қоразбайқызы.

Содан бәріміз аудандық милиция кеңсесінің алдында ұзақ күтіп тұрдық. Бір мезгілде Кәрібоз қайным кеңседен тізім жазылған қағазды алып шықты. Кенет көзім тізімге түсіп кетті. Менің аты-жөнім жазылған тұс белінен сызылып қалыпты. Жүрегім зу ете қалды. Кәрібоз қайнымыз мені елден оқшау бөліп әкетіп:

-Ал, Қанымжан, енді сен ренжіме, сені партия қатарына қабылдамайтын болды. Сол сылтаулары баяғы -бай баласы, бай келіні, - дейді.

Содан мен ойбай салып: «Маған олардың бай болғанынан не пайда? Осындай түртпектен, құдалаудан қашан құтыламыз!»,- деп еңкілдеп жылап, Алмакүлді арқама салып алып, содан алды - артыма қарамай аудан орталығынан ауылға жаяу тартқам ғой. Ауылға жеткенше жыладым. Іші бауырым езіліп, санамды, мазасыз ащы ойлар жегідей жеп барады. «Бұл өкіметке қатарымнан қалатындай не жаздым!?» - деп намыстанып өліп кете жаздадым.

Кейініректеу ойлап отырып: «Сонша ақым кеткендей неге ер-тоқымымды бауырыма алып тулап, ебіл-дебіл болып жылағаным не?» - деп кейде күлемін.

Міне, сол кездің ащы шындығын айтқан Қанымжан апаның күйеуі Өткелбай атамыз өте қайратты, екі иығына екі кісі мінгендей жан еді.

Кешегі отыз үштің аштығында Өткелбай әкеміз сонау Шудан жолсыз, елсіз жерлермен, ана шеті мен мына қырық-елу шақырымдай Жалдың жал-жал құмдарын, қалың нулы сексеуіл, жүзгендері арасымен, Шешенбаймен, Талас, Аса өзендерінен өтіп, екі жүзден астам шақырым жолды артқа тастап, қалдайлы арбаға бала-шағасын, үш қанат шайласын, ас-суын артып, Жайылмаға келгенін көне көздер аңыз қылып айтатын. Өкінішке орай, Өткелбай ата мен Қанымжанның еркек кіндік балалары ерте қайтып, соңында кемпірі Қанымжан мен екі қызы – Күлжаһан мен Алмакүл ғана қалды.

1927 жылы туған Күлжаһан әп-әсептеуір сауатты еді. Әулиеатадағы мұғалімдер даярлайтын алты айлық курсты бітіріп, соғыс жылдары Жайылма аумағына орналасқан Ленин атындағы мектепте мұғалім болды. 1957-1971 жылдары Калинин атындағы совхозда алдыңғы қатарлы сауыншы болған. 1987 жылы өмірден озды. Оның жолдасы Өксікбайұлы Әбдіғали 1919 жылы туған еді. 1942-1978 жылдары алдымен Чапаев, содан соң Калинин атындағы колхозды , соңынан совхозда мал дәрігері, есепші, бақташы, қойма меңгерушісі болды. Бірнеше медальдардың иегері атанды. Ал оның балдызы, Күлжаһанның сіңлісі Өткелбаева Алмагүл 1936 жылы Жамбыл облысы Сарысу ауданы Жайылма ауылында дүниеге келген. Байқадам ауылындағы орта мектепті 1953 жылы бітірген. Оқу бітірген соң аудандық мал дәрігерлік лабораторияда лаборант болып жұмыс істеді. 1962-1964 жылдары «Коммунар» совхозында шопан, 1964-1969 жылдары балабақшада күтуші, 1969-1980 жылдары Калинин атындағы совхозда трактористі болып еңбек атқарды. Бірнеше рет ауылдық және аудандық кеңестің депутаты болды. 1980 жылдан бастап Тараз қаласындағы ет комбинатында жұмысшы болып, 1995 жылға дейін аянбай еңбек етті. Сол жылы еңбек демалысына шықты. «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарының иегері. 2006 жылы өмірден өтті.

***

Бірінші әңгіме

Сол Арқадан ауған аштық жылдары келіп, Шабақты өзенінің жағасында отырдық. Шал Қызыл отауға қарауыл. Аштық жылы ел жағдайын көруге белгілі қоғам қайраткері Ораз Жандосов елге уәкіл болып келген болатын. Менің шешем Күлжаһан сол кезде төрт жаста екен. Барымызды балаға береміз, одан басқа бала жоқ. Күлжаһан борсықтай толық болатын дейді. Бір күні кешқұрым әжем киіз үйдің алдында тамақ пісіріп жүрген. Кеш түскен, күн алагеуім болған кез екен. Сол кезде киіз үйдің шиі сыбдыр ете қалды. Үйге кірсе, Күлжаһан жоқ. Ұйықтап жатқан баланы іргеден суырып алып кетіпті. «Ойбай! Аттан! Қыз жоқ!» - деп айқай салдым. Шал ақ көйлек, ақ дамбал, жалаң аяқ қолында мылтығы бар, Күлтөбеге қарай оқ жаудырып, тұра жүгіреді. Сол кезде көрші үйдің маңында тынығып жатқан Ораз Жандосов та артынан жүгіреді. Қасындағыларға: «Бұл не деген сұмдық? Баланы табыңдар!»- дейді. Сол кезде баланың даусы баж ете қалады. Екі әйел баланы алып қашқан. Төбесінен оқ зу етіп өткенде, қорыққанынан баланы тастай салған. Сол кезде жылаған. Атам қуып жеткен бетте бір әйелдің желкесінен мылтықтың дүмімен бір-ақ ұрыпты.

Ораз Жандосов та асыға жетіп: «Ақсақал ұрмаңыз, тимеңіз», - деп екі әйелдің қолын байлатып, ауылға алып келіп, үйден бір табақ тоқаш бергізіп, енді бұл жерге жолаушы болмаңдар». - деп қоя бергізген екен. Егер сол жерде көрмей қалса, олар Шоқай датқа мазарына ма, басқа жыңғыл-шеңгелдің арасына кіріп кетсе, баланы таптырмай, сойып жеп қойған болар еді, -дейді. Мен бұл әңгімені әжемнен естіп, Ораз ағамызға мың мәрте алғыс айтып отырамын. Менен бұл әңгімені тыңдаған балаларым: «Егер апамызды сол ашаршылықта жеп қойған болса, бұл кезде біз болмайды екенбіз ғой», - деп күледі. Расында да, солай болар еді деп мен де ойлаймын.

-Аштық жылдары өз балаларын аман сақтай алмайтын болған соң төбені айналдырып, сайға адастырып тастап кеткен оқиғалардан да хабардар болатынбыз. Біз шалдың арқасында қоян-қырғауыл жеп, аман қалдық, - дейтін еді Қанымжан әжем.

Екінші әңгіме

Отызыншы жылдардың басында Арқа жерін қоныс еткен көшпелі елді отырықшы етеміз деп Сарысу өзенінің оңтүстік бетіндегі Аққенже деген жерге көшіріп әкелді. Бұл туралы менің әжем айтатын: «Бізді бай баласы, бай келіні»,- деп жаңа өкімет белсенділері күн көрсетпейтін. Мен Қанымжан әжеме:

-Сіз байдың қызымын, байдың келінімін дейсіз. Сол байлықтан не бар? Не алтын сырға, не сақина, не білезік жоқ.

Сонда әжем айтатын:

- Ой, біз не көрмедік, ылғи құғын-сүргінде жүрдік. Атамыз Жүндібайдың 16 ұлы болды. Біздің шал ең кішісі болды. Арқадағы Көктас деген жерде жерасты қоймасы болды. Кенже баласы Өткелбайға енші ретінде алмас қылышты, күміс белдікті, маған алтын аяқты берген.

Көшіп келе жатқанда, құмды сексеуіл арасына алтын аяқты лақтырып жіберген екен. Өйткені оны көрсе, белсенділер бізді Итжеккенге жібереді деп қорқатынбыз. Шалды бай баласы деп, Шу бойында халыққа зәбір көрсетіп, елді ала тайдай бұлдірген жаңа өкіметтің өкілдері Шала мен Қараноғайды бір туар, намысқой азамат Ақ Бәйсейіт Әділовтің атқан жері Қанжуғанға апарып атамыз деп зәресін алған.

7 жасар қызымның шешек шығып, ауырып жатқанына қарамастан мен де ауыл адамдарымен бірге бардым.

Бір қайынағамыз:

-Келін, байлықтан не бар?- деді. Мен алмас қылышты, күміс белдікті ала шыққанмын, соны бердім. Біраз уақыт олар өзара күңкілдесіп алған соң келген уәкіл ел алдына шығып сөйлеп, менің берген бағалы затымның арқасында шалым ауыр жазадан ақталып шықты. Ауылға келсек, ауырған қыз өлген, ағайындар жерлеп қойыпты. Біз осындай құқай көргенбіз, - дейтін еді әжем.

Үшінші әңгіме

Бізді байды баласы, байдың келіні дегені болмаса, ол байлықтан еш пайда көрген жоқпыз, ылғи қуғын-сүргінде жүрдік. Өткелбай атамды әжем «Шал» дейтін. Ол кісі әжемнен он жастай үлкен екен. Шал аңшы болды. Бір ауылды қан сасытатын. Өзі ірі денелі, балуан шатыс әрі «желүзгіш» болыпты дейді. (Желүзгіш деп осы күнгі медицинадағы массаж жасаушыны айтады.) Арқа жерінде атақты кісінің асы берілетін болыпты, соған үш жүзден адам шақырылған. Сол аста балуандар күресі, ат бәйге, түрлі өнер көрсетілетін болса керек. Соған біздің шал баратын болды. Ол кезде ілесіп, бірнеше үйдің адамдары шалдың шашбауын көтеріп, бірге барады екен. Біз де солай бардық. Ас болды. Шал балуандыққа түсіп, таятұяқ жамбы алды. Бізге бір пұт астық бидай берді. Оны бір тостақтан барғандарге бөліп бердік. Мен жүктімін. Түс көрдім. Түсімде қыран бүркітті қолыма қондырыппын, әлгіні тоғыз күннен кейін жібек бауымен ұшырып жіберіппін. Оянсам - түсім. Түсімде бір қайнағамызға жорытып едім: «Шырағым ұл туады екенсің, бірақ тоғыз күннен кейін ұшырып жібергенің дұрыс болмаған екен», - деп әжем көзіне жас алып, мұңайып қалатын.

Атлас ӘБДІҒАЛИҚЫЗЫ,
Тараз қаласы.

КІНДІКСАЙДЫҢ АЛҒАШҚЫ БАСҚАРМАСЫ



90 жастан асып бақилық болған Қази Өтемұратов ақсақалдың соңында өшпес із қалған. Ол 1910 жылы дүниеге келді. 16-ға жетер-жетпесте ата-анасы өмірден өтіп, жетім қалды. Бозбала үш жылдай кісі есігінде жүрді.

Колхоздастырудан кейін ғана құлдықтан құтылды. Колхоз мүшелігіне қабылданды. 1936 жылға дейін колхоздың қара жұмысына қатысты. Бала кезінен бейнетті көп көріп, қиындықта шыңдалған жігіт құдық қазу, мал бағу, шөп шабу ,егін оруда асқан қажырлылықпен еңбек етті. Маңдай терін сыпыра төгіп жүріп, ересектер мектебінде сауатын ашты. Үш кластық білім Қазекеңнің жолын жаңа бағытқа бұрды. 1936 жылы «Кіндіксай» колхозында бригадир болды. Жалынды жас колхоз шаруасын дөңгелетті.

Жұмысқа енді төселіп, адамдермен түсінісе бастаған сәтте соғыс бұрқ етті. Қан майданға аттанды. Алапат соғыстан 1944 жылы оралып, сол жылдың көктемінде «Кіндіксай» колхозына басқармалыққа сайланды. Бұл қызметті тура 6 жыл атқарды.

Қырғын соғыстың зұлматын бастан өткізген азамат колхоздың экономикасын көтеруде абыройлы жұмыс жасады. Алдымен колхозшылардың әл-ауқатын жақсарта білді. Бұл үшін елді екпінді еңбекке жұмылдырды. Колхозға жұмысшыларды көптеп тартып, жауапкершілікті көтерді. Жігерлі басшының тындырымды ісі жоғарыдағылар тарапынан лайықты бағаланды. 1950 жылы Ойыл ауыл советіндегі "Жасқайрат" колхозына председательдікке ауысты. Одан соң екі жыл Ворошилов кохозын басқарды.

1953-54 жылдары Ақшелек, Ойыл ауыл советтерінде председатель болғанын қазір көптеген адамдар біле бермейді. 1963 жылы Жанкелдин атындағы совхоз директорының орынбасары болғаны тағы бар. Мұның бәрі Қази Өтемұратовтың іскерлігіне, азаматтығы мен адамшылығына берілген әділ баға еді. Сауат ашу мектебінен алған білімі ғана бар азамат 25 жылдай белсенді жұмыс жасап, 1974 жылға дейін еңбектен қол үзбеді.

Қазекең өз қолымен жазған өмірбаянында 1944 жылы партия қатарына өткенін атап көрсеткен. Әр кезеңнің өз ерекшелігі бар емес пе? Шынында да, сол заманда коммунист болмасаң, атқамінер болу мүмкін емес-ті.

Иә, Қызылқоғаның тарихында қалар елеулі тұлғаның бірі – Қази Өтемұратов. Есімін ардақтап Қазекеңнің өлшеусіз еңбектерін жас ұрпақтың есіне салуды жөн көрдік.

ӨТКЕНГЕ ТОПЫРАҚ ШАШПАЙЫҚ

Қази ақсақал айтады:

Бір әулеттен тараған үш ағайынды едік. Алланың жазғаны шығар, ата-анадан ерте айырылдық. Жастай жетім қалудың қасіретін басқа бере көрмесін, балам! Бұғанамыз бекігенше байларға жалдандық. Қой, қозы бағып, тамақ асырадық.

Жігіт болған соң Орск жаққа барып, әртүрлі жұмыс істедім. Несін соза берейін, тағдыр тауқыметін тарта жүріп, қатарға қосылдық.

Тіршілік үшін тентіреп жүріп оқып-үйренгенім 29 әріп. Осы сауатпен 15-16 жыл колхоз басқарған, 4-5 жыл ауыл Совет болған, Ұлы Отан соғысында қан майданға араласқан, бүгінде ауру-сырқау, көз көрмейтін жаман шалдың бірімін.

Мен ойладым:

Қази Өтемұратов ақсақал - Жангелдин ауылындағы ең қадірлі қариялардың бірі.

Ол кісіні ауылдастары «тірі шежіре, ғасырға жуық өмір сүрсе де сөзі түзу, бәтуалы ақсақал» санайды. Онда қандай сыр бар деп таңырқаушы едік, бәсе, бейнет шегіп, қиындықта шыңдалып өскен екен ғой.

Ақсақал айтады: Ақиқаттан аттап өтуге болмайды. Совет өкіметін қуана қабылдағандардың қатарында болдым. Өткеннің бәріне қара күйе жағып, топырақ шаша беру жараспайды. Ол кездің де жақсылықтары болды. Біреу зардап шексе, мыңдаған халық азаптан құтылғанына қуанды. Мал иеленіп, артель, колхозға бірікті.

Соғыстан ауыр жараланып, бірінші топтағы мүгедек болып, елге келдім. Туған жерде ер-азаматтар түгел майданға аттанған. Бес күннен соң мені ауыл Совет төрағасы Өзенов Мұрат шақырды.

-Жаралы екеніңізді білеміз. Дегенмен, өзің туып-өскен «Кіндіксай» колхозына басқарма етіп жібергелі отырмыз.

Әуелі мал басын өсіруге күш салдық. Жер өңдеп, егін салуды ұйымдастырдық. Ұмытпаңдар, айналайын! Халық біріксе, алынбайтын қамал болмайды. Соғыс елді есеңгіретті десек те, мың болғыр халқым еңбекке құлшына кірісті.

Ұмытпасам, қырық тоғызыншы жылы-ау деймін. Кіндіксайдан кейін «Жасқайрат» колхозын басқаруға жіберді.

Мен ойладым: Қази ақсақалды «колхоздастырудың қаһарманы» дейтін. Шындық екен ғой.

Шебер ұйымдастырушы атанып, іскерлік қасиетімен танылған Қази бұдан кейін «Қамыскөл», сосын төрт колхоздың негізінде ірілендірілген Ворошилов атындағы колхозды басқарады. Қазекең 16 жылдай колхоз басқарып, 1957 жылы ауыл совет төрағасы қызметіне сайланады.

Ақсақал айтады: Колхоз совхозға айналғанда да еңбектен қол үзген жоқпын. Қуатым кемігенше еңбек еттім.

Енді пеш түбінде жатқан шалмын. Балалар өсті. Кемпірім 1988 жылы дүние салды. Ұлдарым бағады. Жаныма бататыны, халықтың маңдай терімен салынған әсем ғимарат, шаруашылықтарды тоз-тоз ету қалай болды? Енді мұның бәрі орнына келе ме? Бар нәрсені тып-типыл жасау не сұмдық? Сонда біз қолымыз құрған игіліктің бәрін кейінгі ұрпақ қиратсын деп ашы тер төктік пе? Түсінбеймін.

Қария сөзінің соңында: «Жаңа ғасыр жақсылық әкелсін!» деп бата берген-ді. Сол тілек қабыл болғай!

P. S: Қази ақсақал 2000 жылы дүние салды.

Ж. ДИДАРОВ, Жолдас ЖАНҚУАТОВ,
Қызылқоға ауданы.

АЯУЛЫ АЗАМАТ

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран

Ұлы Отанды қорғау жолындағы әділетті соғысқа біз бес ағайынды жігіт қатыстық. Ең үлкеніміз Өтеп 36 жаста еді, ол сол сапарда құрбан болды. Төртеуіміз жарадар күйде елге оралдық. Қазір солардан мен ғана қалып отырмын. Бұл естелік әңгіме ең кіші іниміз Қазыбаев Сыдық жөнінде. Әлбетте, оның майдан төрінен жазған, бүгінде әбден сарғайып кеткен үш бұрышты хаттарының ізімен жазылып отыр.



Мен өзім 1942 жылы май айында майданға аттанғанда, Сыдық Орал қаласында барлаушылар даярлайтын алты айлық курста еді. Содан кейінгі хабарды өзім 1943 жылы жазда ауыр жарақатпен елге оралған соң алдым.

Сыдық майданда 13 - армияның 350-дивизиясы 416-полкінің айрықша барлаушылар ротасы құрамында ұрыстарға қатысты. Өзінің майдандық қызметі туралы 1944 жылғы 11 февральдағы хатында былай дейді: «Бұл ротаға келгенде қатардағы солдат едім. Одан кейін бөлімше командирі, взвод командирінің орынбасары болдым. Ал қазір взвод командирі болып жүрмін. Денім сау, мені «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен және «Үздік барлаушы» белгісімен наградтады.Осы жылғы январьда 350-атқыштар дивизиясы саяси бөлімінде КПСС мүшелігіне алындым.

Одан соң 22 апрельдегі хатында: «Аға, менде болған жаңалық – мен үшінші дәрежелі «Даңқ» орденімен наградталдым», - деп хабарлайды.

Сыдық өзі қатысқан соғыс эпизодтарын да, жараланған ұрыстарын да жазады. Кейбір оқиғаларға қысқаша ғана тоқталайық.

1943 жылғы 23 декабрьде лейтенант Соболев сегіз жауынгерді бастап, жолға шығарды. Қар жауып, бұлардың жұмысын қиындатады. Жау алған деревняға білдірмей кіріп, бір үйдің іргесінен қолайлы сәтті тосып отырады. Сыдыққа станокты пулеметті жою тапсырылды. Бір кезде жолдастары қолға түсірген фашист: «Құтқарыңдар!» - деп айқайлап үлгереді. Сол-ақ екен, жау пулеметі оқ жаудыра бастайды. Сол сәтте Сыдық пулеметшіні атып өлтіріп және граната тастап, пулеметтің үнін өшіреді. Осылайша, «тіл» алып, олжалы қайтады.

Ертеңіне Сыдық бөлімшесіне қайта тапсырма беріледі. Ол қарауындағы жеті жауынгермен жау қолындағы деревняны ұзақ бақылап, оны солтүстік-шығыс жақ шетінен окоп қазып жатқан он бес шақты жау солдатын көреді. Бұлар ағаш бұталардың арасымен жер бауырлап, жаудың сыртына шығып, тыл бетінен кенет оқ жаудырады. Тосын атылған оқтан сасқан жау бей-берекет қаша жөнеледі. Он шақтысы оққа ұшып, бір «тіл» қолға түседі. Деревня совет барлаушыларының қолына көшеді. Алайда жау дереу шабуыл жасайды. Бұлар беріспей атысып, кейіннен өздерінің негізгі күші келгенше, деревняны қолда ұстап тұрады. Бұл ерлектері үшін Сыдық екінші награда «Қызыл жұлдыз» орденін алады. Осыдан кейін көп кешікпей Житомир қаласын босату үшін жаяу әскерлермен бірге қолма-қол ұрысқа да қатысады.

Сыдық 1944 жылы 19 апрельде жау тылына өтіп, екі күні мерзімінде бағалы документ немесе мықты «тіл» әкелуге өте жауапты тапсырма алады.

Бірінші күні қалың тоғайлықпен жау тылына білдірмей өтіп, «тіл» ұстауға қолайлы жер іздестірумен, бақылаумен өтеді. Екі деревня арасына қатынайтын жолды кездестіріп, сонымен ерсілі-қарсылы жүріп жатқандары шыдамдылықпен байқап көреді. Анда-санда көлікпен не жаяулап жүріп жатқан дұшпанға ұрынбайды. Ойлары ірі олжа түсіруде болады. Екінші күні бір жеңіл машина зулап келе жатады. Барлаушылар граната тастап, машинаны істен шығарады. Үш фашист машинадан шығып үлгерместен оққа ұшады да, бір офицері қолға түседі. Сыдық бөлімшесі «тіл» ұстап, бағалы мәлімет алардық документ алып, екі тапсырманы да мінсіз орындайды. Осы еңбегі үшін Сыдыққа үшінші дәрежелі «Даңқ» ордені беріледі.

Сол жылы 31 майдағы соғыста екінші рет сол аяқтан, ал Сандомир қаласы үшін арпалыста мойыннан жараланады. Сөйтіп жау оғы Сыдықтың денесіне өз таңбасын түсіре береді. Бірақ барлаушының жау оғынан жүрегі шайлықпайды, қайта өшпенділігі үдей түседі. Осылайша, Сыдық Волгадан бастап бүкіл Украина жерін жаудан азат етісіп, Берлинге жақындап келе жатты.

Сыдықтың Ұлы Отан соғысына қатысқан үш жылға созылған ұзақ сапарында неміс фашистерімен ең соңғы шайқасы Зорау қаласына өту үшін жасалған ұрыс болады. Жау әрбір қадам жерді қолдан шығарып алмау үшін жанталаса арпалысты. Сол соғыста ол төртінші рет жараланды. Алғашқы үш жара да бірер айлап емделіп жазылғаннан кейін, жолдастарына қайтадан қосылып отырған еді. 1945 жылы 7 июльде жазған хатында өкінішпен толқу да, санаға салып бекуі де бар. «Аға, 6 мартта Берлинге жақын қалғанда, неміс танкісінен атылған снаряд мені ауыр жаралады. Одан кейін оң аяқты тізеден жоғары кесті, сол аяқты тізеден төмен кесті. Тек аяқтарымның жоқтығы болмаса, денім сау, тамақ тоқ. Аға, менің ауырлайтыным мынау: жеңіске екі ай қалғанда жаралады. Мен,екінші жағынан алғанда, аса өкінбеймін де. Мен қанша фашисті өлтірдім. Не істеуге болады, аға? Соғыс қой!»

1945 жылғы 18 сентябрьде келген хаттың адресі өз қолымен жазылмағанынан қатты шошып кетіп едім. Асығып-аптығып ашсам, сиямен орыс тілінде бөтен қолмен жазылыпты. Батылсыздау оқып шықтым. Бақсам, оң аяғының жарасы денеп бара жатқанын байқаған дәрігерлер екінші рет операция жасаған екен. Бұл уақытта Сыдық Сталино қаласындағы №4448 эвакогоспитальда жатады. Осы операцияның ауырлығынан Сыдықтың хал-жайы нашарлаған болса керек. Сол себепті ол бір жолдасына былайша жаздырады.

«Ввиду моей вторичной операции не могу сам написать письмо. Пишет мой товарищ. Пару слов о себе: я до операции ходил на левой ноге на протезе при помощи костылей. Обокрали меня: унесли сумку и в сумке документы, ордена, деньги. Сейчас ведется следствие, что будет дальше следствия, пока не известно». Бұдан кейінгі октябрьде өз қолымен жазған хатында: «Орден, документтер жайлы М.И. Калининге хат жаздым»,- десе, декабрьдегі хатында сол аяққа протез алып жүретінін, «оң аяққа протез киюге болмайды, өте қысқа, 12 сантиметр ғана қалған», - деп, хал-жағдайын хабарлайды. Ал 1946 жылғы 19 январьда жазған ең соңғы хатында да «Жоғалған документтер, ордендер табылған жоқ» дей келіп, біраз көңіл күйін білдіреді. «Анда-санда өткен күндер есіме түсіп, өте қиналып қаламын. Қазір де өзіме өзім қарап, «жығылғанға жұдырық» дегендей тағдырдың маған ордендерді де қимағаны ма деп ренжимін».

Сыдықты қанша болаттай мықты десек те, ол да сүйек, еттен жаралған адам ғой. Оның былай ренжуінің жөні бар еді. Ол жеті -сегіз жасында әке мен шешеден бірдей айырылып, жетімдік күйін кешіп өскен. Отан-ана құшағында мәпеленіп, сол жетімдікті мойындамай өскен саналы жас еді. Енді мынадай еселенген соққы да балқытқандай.

Ақыры, ордендер табылмайды, ал партия мүшесі екендігі, офицерлігі, ордендер куәлігі секілді документтер қалпына келтірілді. Сонымен Сыдық Ұлы Отан соғысы сапарында төрт жылдан аса ғұмырын өткізіп, 1946 жылы апрель айында жолсерік сестраның көмегімен екі балдақ, бір протез арқылы ауылға оралды.

Сыдық қол қусырып отырып алған жоқ. Құлсары бұрғылау конторына (кейін Оңтүстік Ембі мұнай-газ экспедициясы конторы) есепшілік жұмысқа орналасты. Біраз күш жинап , тәжірибе ала келе, әуелі кешкі жұмысшы-жастар орта мектебін, одан кейін Саратов мұнай техникумын сырттан оқып бітіріп, арнаулы орта білім мамандығын алды. Жұмыста да іскерлік көрсетуіне байланысты аға есепшілік қызметке жоғарылады. Өмірінің соңына дейін абыройлы азамат, коллективте беделді жолдас болып өтті.

Сыдықты тәрбиелеп, ержеткізген ағасы Қалжігіт 1941 жылы Тула қаласын фашистерден қорғау соғысында жараланып, денсаулығын бұзып келгеннен қайтып оңалмай, елуінші жылы дүние салды.

Ол өзі де үйленіп, семья құрды. Орта мектепте қатар оқыған Асылай деген қыз тұрмысқа шықты. Ол, мүмкін, әуелден Сыдықты ұнатқан шығар, мүмкін, оны қатар өскен құрбысына деген аяушылық, құрмет сезімі бауырған болар, әйтеуір, бұлар 35 жыл тату-тәтті өмір сүріп, артында алты бала, жеті немере қалдырып, дүниеден де бірге өтті. Бірге өткенде, автомобиль апатынан кездейсоқ кетті. Отаны үшін от кешкен үлкен жүректі азамат еді, менің аялы бауырым!

Сабыр ҚАЗЫБАЕВ,
Ұлы Отан соғысының мүгедегі.
Қазақ ССР-ының еңбек сіңірген мұғалімі,
педагогика ғылымдарының кандидаты.
Гурьев қаласы
«Социалистік Қазақстан» газеті,
№26. 31.01.1986.

ӨМІР ЖОЛЫМ ОСЫЛАЙ...

Мен, Қади Мұхамедияров, 1916 жылы Орал облысындағы Жәнібек ауданының Күйгенкөл ауылында кедей-шаруа Қошаманов Мұхамедиярдың семьясында дүниеге келдім. Әкем Мұхамедияр 1891 жылы Орда ауданындағы Мешіткұмда туған. Әкесі Қошаман жалғыз атты кедей болған. Әкесі ерте қайтыс болып, семья тауқыметін арқалап, мүгедек шешесін асырау үшін әкеміз 13 жастан бастап Әубәкір, Бозеке, Құбаш, Есжан, Өтепқали деген байлардың жалшылығында жүреді. Шешем қайтыс болуымен және әкемнің байларда жалшылықта жүруімен байланысты бес жасынан бастап мен балалықтың балғын қызықты өмірін тата алмай, жалғыздық, жоқшылық, мұқтаждық көрумен, кісі есігінде, ағайын, жекжаттың қолында тамақ асыруамен ғана күн кештім.



1923-1924 жылдары 7-8 жастардағы кезімде Әубәкір, Біләл деген байлардың сиырын бағып, күн көрдім.

1928 жылы қазақ байларын кәмпескелеп, тап ретінде жойғаннан кейін әкелі, балалы болып жоқшылықтан құтылдық. Әкеміз 1929 жылы колхозға кіріп, 1940 жылға

дейін колхозда еңбек етті. 1940 жылдан өз қарауымда болып, 1972 жылы дүние салды.

1928 жылы мені екі атадан қосылатын Қанат Мәметов деген ағам өз қарауына алып оқытты. Сол жылы Тәни деген ауылда 1- класта оқып, сауатымды аштым. Менімен 1- класта бірге оқыған Злиха, Әмина Чуриналар қазір бар. Злиха – оқытушы , Әмина – адам дәрігері. Бұл екі қыз Хамит Чуриннің қарындастары еді, екеуі де семьялы. (Х.Чурин- көрнекті ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері. П.Д.).

Алғашқы ұстазым Жұмат деген кісі болды.Ол өзі білімді, мінезге бай ұстаз еді.

Мені өз тәрбиесіне алып оқытқан жақын ағам Қанат кедей, еті тірі, өжет, турашыл жігіт болды. Ол 1928 жылы ауыл байларын кәмпескелеуге белсене қатысты. 1929 жылы Тәни ауылында колхоз құрып, кедейлерді колхозға біріктіріп, өзі сол колхоздың тұңғыш басқарма председателі болып сайланды. Ұлы Отан соғысына қатысты. 1950 жылы колхоз басқармасы председателі болып тұрғанда, рак ауруынан қайтыс болды. Әйелі, төрт қызы Алматыда тұрады.

1929-1930 оқу жылында Жәнібек станциясындағы бастауыш мектептің 2-класын Мәншүк (Мәнсия) Мәметованың үйінде жатып оқыдым. Мәнсияның әкесі Жеңсікәлі етік тігіп күн көрген, асқан шебер адам еді. Шешесі Толша момын , өте таза, ұқыпты адам болды. Мәнсияның Нағи, Қадер деген екі ағасы болды. Мәншүктің әкесі бізге ағайын болатын. Мәншүкті 1929 жылы Қанаттың туған ағасы Ахмет Мәметов асырап алды. Сондықтан Мәншүктің фамилиясы Мәметова деп аталып кетті. Ол 1922 жылы туған. Өз еркімен сұранып, Ұлы Отан соғысына майданға кетті. 1943 жылы ерлікпен қаза тапты. 1944 жылы Совет Одағының Батыры атағы берілді.

1930 жылы ағам Қанат мені ағасы Ахметтің сұрауы бойынша Алматыға оқуға жіберді. Ол кісі Алматыдағы ОПШ - ға (қазіргі №12 қазақ орта мектебі) оқуға түсірді.

1930-1932 жылдары ОПШ-ының (Общеобразовательная профессиональная школа.П.Д.) 4 класын бітірдім.

1932-1934 жылдары Қазақ мемлекеттік №1 баспаханасының екі жылдық ФЗУ-ын бітіріп, әріп теруші мамандығын алып, Алматыдағы №1 мемлекеттік баспахананың жұмысшысы болдым. 1934 жылы Москвадағы полиграфия техникумына оқуға бардым. Осы жолы мавзолейді, Лениннің денесін көрдім.

1934-1937 жылдары Алматыдағы ауыл шаруашылық институтының Есік селосындағы үшжылдық рабфағын (жұмысшы факультеті) бітірдім.

Бұл рафбакты бітіріп шығуыма 1919 жылдан КПСС мүшесі, азамат соғысының ардагері, Қазақстанда Совет өкіметін орнату үшін күрескерлердің бірі, Б.Жәнкешевтің отрядында болған, В.И.Ленинді екі рет көріп және сөзін тыңдаған Х.Д. Чурин көмектесті. Ол кезде Х.Д.Чурин Алматыдағы ауыл шаруашылық институтының директоры болатын.

Рабфакты бірге оқыған жолдастарымның ішінде Арыстанбеков Хайдар болды. Ол қазір Алматыдағы ауыл шаруашылық институтының ректоры болып жұмыс жасайды. Абдуллин Тойған, республикаға еңбегі сіңген дәрігер, қазір пенсияда, Гурьев қаласында тұрады.

1937-1938 жылдары Еңбекшіқазақ аудандық оқу бөлімінде мектепке дейінгі балалар жөніндегі инспектор және үлкендер мектебінде курс меңгерушісі болып жұмыс жасадым.

1930-1937 жылдары Алматыда болған кезімде Қазақстан Компартиясының бірінші секретарьлары Голощекинді, Мирзоянды, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Елтай Ерназаровты, Қазақбаевты, Қазақ ССР Халық Комиссарлар Советінің Председателі О.Исаевты, қазақтың ақын, жазушылары Жамбыл, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезовті, республиканың әртістері Қанабек Бәйсейітовті, Күләш Байсейітованы, Құрманбек Жандарбековті, Шараны, Елубай Өмірзақовты, Серке Қожамқұловты, Манарбек Ержановты, Ғарифолла Құрманғалиевті, композитор Дина Нұрпейісованы көруіме тура келді.

1938-1939 жылдары Орал қаласындағы мұғалімдер институтының тарих факультетінде I, II курстарда оқыдым. Мұғалім кадрларының жетпеуіне байланысты II курстан педпрактикаға Гурьев облысы, Индер ауданына 1939 жылы ноябрь айында жіберді.

1955 жылы мұғалімдер институтын Орал қаласында сырттай оқып бітірдім. Оны 1965 жылы Оралдың мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетін сырттай оқып бітірдім.

1939 жылдың ноябрь айынан бастап осы уақытқа дейін, яғни 1976 жылдың 19 октябрінде пенсияға шыққанға дейін, 36 жыл бойы үздіксіз жұмыс жасап келдім.

1939-1940 оқу жылында Индербор орта мектебінде оқытушы, 1940-1941 оқу жылында «Горы» жетжылдық мектебінің директоры, 1941-1942 оқу жылынан бастап, 1945-1946 оқу жылы аралығында, бес оқу жылы бойына, «Қызылжар» орта мектебінің директоры, 1946-1947 оқу жылынан бастап 1950-1951 оқу жылы аралығында, бес оқу жылы бойына Елтай атындағы орта мектептің директоры, 1951-1952 оқу жылында «Гребенщик» жетжылдық мектебінің директоры, 1952-1953 оқу жылында «Елтай» орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі, 1953-1954 оқу жылынан бастап 1956-1957 оқу жылы аралығында төрт оқу жылы бойына «Толыбай» жетжылдық мектебінің директоры, 1957-1958 оқу жылында «Елтай» орта мектебінің мұғалімі, 1958-1959 оқу жылында «Елтай» орта мектебі жанындағы пансионның меңгерушісі, 1959-1960 оқу жылынан 1976-1977 оқу жылы аралығында он сегіз оқу жылы бойына Елтай селосындағы В.И.Ленин атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі болып жұмыс жасап келемін. 17 оқу жылы бойына мектеп директоры болып қызмет еттім. Индер ауданында жасаған 36 жыл үздіксіз педагогикалық жұмысымның 25 жылын В.И.Ленин атындағы орта мектепте жасап отырмын.

1929-1932 жылдар аралығында Ленин пионері қатарында, 1932-1943 жылдары Ленин комсомолы қатарында тәрбиелендім. 1944 жылдан КПСС мүшесімін.

Бірінші бесжылдықтан бастап оныншы бесжылдықтар аралығындағы барлық он бесжылдықтардың міндеттерін орындауда өз үлесімді қосып келдім.

Тек В.И. Ленин атындағы орта мектептен ғана менің көз алдымда 800-дей шәкірттерім бітіріп, өмірге жолдама алды. Олардың ішінде Иманғалиев Айтжан, Иманғалиев Әсер, Ығылманов Өтеген, Ихсанов Кеңес, Шоқанов Нәжімеден, Шоқанова Нағима, Қабдықайыров Құрмет, Қамматов, Масалин, Кенжегұлов Қайролла, Қабижанов Басер, Қабижанов Болат, Алмажанов, Каримов Сағидолла сияқты ғылым кандидаттары мен ғылым докторлары бар...

Мен сияқты кешегі жалшының баласы болған, балаң өмірін жалшылықтан бастап, Советтік Қазақстанның алғашқы жұмысшы табының қатарына қосылған, кейін Советтік Қазақстанның интеллигенциясының алдыңғы отряды жоғарғы білімді мұғалім дәрежесіне дейін көтерілуім – тек қана Совет өкіметі мен Коммунистік партияның арқасы және әкелік қамқорлығы. Жас ұрпақтарды оқытып, тәрбиелеуде білімімді, күш-жігерімді бұдан былай да жұмсай беретін боламын.

P.S: Қаден Мұхамедияров 6 медалымен, көптеген Құрмет грамоталармен марапатталған.

Қадірменді ақсақал, үлкен ұстаз 1999 жылы дүние салды.

У ИСТОКОВ

К этой поездке он готовился много лет. И только прошедшим летом, на 90-м году жизни смог собраться в дальний путь. Он понимал, что дорога в 800 километров на машине для него серьезная нагрузка. Но он давно решил, что обязан выполнить свой долг перед отцом, погибшим 75 лет назад, защищая Советскую власть, и установить на его могиле, а также могиле своей матери кулпытасы. Прежде чем тронуться в путь, Сарсенбай ата еще раз погладил черный холодный гранит могильных памятников с образами дорогих ему людей и прочитал молитву.



Всю дорогу до поселка Миялы Кызылкогинского района Атырауской области он рассказывал сопровождающим его сыну Талгату, дочери Айман, снохе Ырысты и внуку Азамату о своей трудной, полной событий жизни.

Родился он 25 января 1916 года. Отца лишился в 15 лет. В память о нем остались лишь фотография и справка от 28 апреля 1931 года, в которой говорится, что «18 апреля 1931 года на территории Туркменстана, на местности Хой-Мурат был расстрелян бандитами уполномоченный Табынского РИКа Кубий Кошаканов».



Многие годы было неизвестно даже место его захоронения. Потом, спустя много лет, о Кубие Кошаканове, погибшем в огне классовой борьбы, напишут в газетах и на месте гибели установят обелиск с фамилиями героев, а тогда его жене Марие, оставшейся с пятерыми детьми, пришлось сполна испытать и преодолеть все тяготы и невзгоды.

Сарсенбай был старшим из детей, главным ее

помощником, и ему пришлось еще подростком много работать. После школы он в 1934 году поступает в Гурьевский педагогический техникум, окончив который с отличием, работает учителем казахской средней школы №1 в Гурьеве. А потом началась война.

Сначала Сарсенбай Кубиев был направлен в Оренбург на курсы снайперов. После трех с половиной месяцев обучения, в марте 1942 года он попал на 2-й Украинский фронт. Боевое крещение принял в боях в Ворошиловградской области в составе 447-го полка 92-й гвардейской механизированной артиллерийской дивизии. Рядом с ним сражались солдаты



многих национальностей. Вчерашний учитель, коммунист с 1940года Кубиев считался грамотным, политически зрелым бойцом, поэтому его выбрали парторгом роты.

А что такое парторг на войне?

Он должен показывать пример другим бойцам и этим мобилизовать их на беспощадную борьбу с врагом. Снайпер Кубиев много дней провел на передовой, был назначен командиром взвода. Один эпизод из его военного прошлого описан в книге «Учителя-фронтовики»: «... В местечке Зеленая балка бойцами под командованием старшего сержанта Кубиева была отбита танковая атака 14 фашистских «тигров». И сейчас, по прошествии 63 лет, Сарсенбай-ата, рассказывая об этом эпизоде, не может сдержать эмоции, когда вновь и вновь воскрешает в памяти героизм своих друзей , многих из которых он потерял в тот день. 8 танков остались на поле боя гореть черными факелами. Но враг не прошел. Медалью «За отвагу» был награжден тогда старший сержант Кубиев.

Затем ему выпало принять участие в одном из главных сражений Второй мировой войны – битве под Курской дугой. Вот другой запомнившийся ему фронтовой эпизод, о котором рассказал ветеран: «17 июля собрали всех командиров, коммунистов и провели совещание. На нем зачитали приказ Сталина и поставили для нашего подразделения боевую задачу – уничтожить вражеский авиационный полк, который располагался под Новым Осколом. Целые сутки, без перерыва, шел бой. Июльская жара, пыль , дым, разрывы снарядов и мин – это был настоящий ад. Аэродром имел важнейшее стратегическое значение. Через сутки непрерывных боев авиационная база гитлеровцев и аэродром перестали существовать». В этих боях, как потом они узнали, из десяти тысяч бойцов осталось в живых три тысячи солдат. В этой кровавой мясорубке старший сержант Кубиев получил свое первое ранение и был представлен к боевому ордену – Отечественной войны II степени.

Затем он принимал участие в освобождении Украины, Румынии, Венгрии, Чехословакии. В боях за освобождение Венгрии был ранен в голову, контужен, несколько дней пролежал без сознания. Но, видимо, Аллах берег его. Сарсенбай выжил и вновь вернулся в строй.

Победу он встретил в окрестностях Праги. Лишь в июне 1946 года он возвратился домой в Миялы, где жили мать, братья и сестры, и к своей профессии - учит детей. Работал завучем, директором школы. Заочно окончил пединститут. В 1960 году он переехал в Алгу, где работал учителем и воспитателем в интернете. А в 1976 году, проработав учителем в общей сложности 40 лет ушел на заслуженный отдых.

Свою будущую жену учитель-фронтовик приметил в Миялы сразу. Девятнадцатилетняя Рахима работала в сельсовете. По его признанию, до сих пор перед его глазами стоит образ хрупкой девушки в красной косынке, лихо скачущей верхом на коне. Девушка с боевым характером и вчерашний солдат познакомились, понравились друг другу, поженились. И вот живут уже почти 60 лет, родили и воспитали 10 детей. « Это я героиня, а не он, - смеется, наливая нам чай Рахима апа, - это у меня на ордене написано: героиня, а не у него». Он шутит: «Напиши в газету, что бабка у меня уже старая, ничего делать не умеет и нужно менять ее». Вот так, несмотря на возраст, не расстаются они с шутками, живут во всем помогая друг другу. Жизнь их довольно активна. Чтение газет, просмотр всех новостных программ – это ежедневный ритуал: аксакал всегда в курсе всех событий в стране и в мире. Так же как и звонки детям – Злихе, Самату, Аманжану, Марату, Талгату, Абату, Шолпан, Свете, Айман, Кайрату. «Все мы «под колпаком» у отца», - шутят дети, хотя старшим из них под шестьдесят.

Трудолюбие и взаимоуважение – вот где истоки завидного долголетия и душевного комфорта этой семьи. Это отмечают и соседи, прожившие с ними рядом 35 лет. 80-летняя Салиха-апай Жармухамбетова вспоминает неугомонность Сарсенбая - ата - он никогда не сидел без дела; хозяйство, огород, к тому же вечерами работал сторожем. Самая близкая соседка Дуся Касмина удивляется, как Рахима- апа умудурялась не только заниматься с детьми, но и работать на огороде. Летом она возила воду флягами, и у нее на грядках росло все, в том числе и клубника, требующая обильного полива. И все ради детей. «Мы прожили трудную жизнь и старались растить детей в труде почитающими старших, то есть в казахских традициях, - говорит Рахима апа. – И это помогло им в жизни. Мы только вырастили и выучили их. Всего остального они добились сами». Все дети семьи Кубиевых получили высшее образование, в основном педагогическое и медицинское, многого добились в жизни, оправдав надежды своих родителей.

... Четырехдневная поездка успешно завершилась. Сарсенбай-ата установил памятники, дал в честь своих родиелей ас, прочитал молитву. Благородная цель: отдать дань почести погибшему 75 лет назад отцу и поднявшей всю семью матери. 90-летний аксакал без проблем преодолел все трудности 800- километрового пути.

«Я счастливый человек, - говорит Сарсенбай-ата, - мне хорошо от того, что я прожил трудную и счастливую жизнь, и все в порядке не только у меня: уверенно поднимается наша страна, и я верю скоро она станет еще силнее и заметнее в мире и у нее счастливое будущее. Это дает мне силы и спокойствие».

Мирал ДЖАРМУХАМБЕТОВ
г.Актобе
«Казахстанская правда»
май, 2005 год.

БИСЕКЕНОВТЕР ӘУЛЕТІ

Қазіргі кезде қазақ халқы егемендік алып, өз тізгінін өз қолымызға ұстаған кезде ата-тегімізді білу мүмкіндігі молынан туды. Атырау облысы, Жылыой ауданында дүниеге келген шеркеш ұрпағы Әбу Атшыбайұлының 1997 және 2002 жылы жарық көрген «Кіші жүз», «Кіші жүз шежіре тарихы» кітабын негізге ала отырып және ата-бабаларымыздың ауызекі қалған деректері бойынша, дүниеден өткен ағаларымыздың жаздырып қалдырған тапсырмалары бойынша, біздер Шеркеш – Қойыс - Сақау-



Әзбембет -Әжібай – Базар – Қыдыр – Құттыбай – Бисекеннен тарайтын ұрпақтары бойынша толықтай білетін деректерімізді ұсынғалы отырмыз. Ал ар жағы тарих және келешек ұрпақ үлесінде.

Ата-бабаларымыз, естуіміз бойынша, Қызылқоға ауданы, Сарыкөл елді мекенін мекендеген. Ауыл-ауыл болып, мал шаруашылығымен айналысқан. Тұрмыс тіршіліктері мол, жазда жайлауға шығып, қыста қыстауларына оралған. Аңыз бойынша, Базар бабамыздың балалары Бұхарға мал байлығы, Қыдырға ілім дарыған. Қыдыр атамыз ауылында мешіт ашып, медресе ұстаған. Сол жылдары дүниеге келген үшінші ұлын Қыдыр атамыз Мектепберген деп

қойғаны да осыны дәлелдейді. Әке ісін жалғастырған Құттыбай да өте білімді, парасатты, мейірімді адам болған. «Халық айтса, қалт айтпайды» дейді ғой. Күн алмасып, жылдар жалғасып, уақыт өзгеріп жатса да, «Құттыбайдың жері, Құттыбайдың құдығы» деген ауызекі тараған атауы сақталып қалған. Кейіннен бір жарым ғасыр өтсе де, сол ата-бабаларының аруақтары ұрпақтарын оятып, аяңмен жетелеп, сол ауылдың орнында төңкерулі қалған қара қазанның табылуына куә қылған. 2006 жылы қазанның сынығын Алматыға алып келіп, этнологиялық ғылыми – зерттеу институтының қызметкерлеріне тексерткенде, оның 1800 жылдарға сәйкес келетінін дәлелдеме берген.

Мұрат Мөңкеұлы /1848-1906/

Тайсойған, Орал бойы-өскен жерім,
Кіндігім, кірім жуып, кескен жерім.
Құрбымен жағаласып бірге жатып,
Жарты құрт тату күнде жескен жерім.
Тайсойған, Орал бойы-жүрген жерім,
Қызығын дәулетінің білген жерім.
Ат мініп, мырзалардан нар жетектеп,
Қызылын әуестікке киген жерім.
Қиғаш қас, оймақ ауыз, бал тамақты
Күнінде асаулықтан сүйген жерім.
Қой сойып үй басына, ойын қылып,
Жиылып жүруші еді қыз бен келін.
Шалқыған тасқын судай көңілін басып,
Біреуге пенде болды кербездерім, - деп ақын атамыз жырлағандай, ата – бабаларымыздың өмірін көз алдымызға бір сәт елестетуге болады.



Кеңес Одағы келіп, тоталитарлық режим қалыптасқаннан кейін, ауыл босып, ел ашаршылыққа ұшырады. Кәмпескелеу кезінде қарсы шыққан азаматтар жаппай қуғындауға ұшырайды. Сондай қуғынға ұшыраған азаматтардың біреуі біздің атамыз Құттыбайұлы Бисекен /1882-1932/ із-түссіз жоғалды. Жұбайы Зейнеп әжеміз (1899-1961) үш баласымен Жылыой өңіріне келіп паналайды. Бисекен атамыз жөнінде ешқандай әңгіме қалмаған. Аузы берік Зейнеп әжеміз сол кездегі саясатқа бағынап, балаларына зиянын тигізбеу жағын ойлаған болу керек. Зейнеп әжемізді көрген кісілер ол кісінің соғыс кезінде Қосшағыл аумақтық кеңесінің төрайымы болғанын, ақылды, парасатты, ер мінезді болғанын да айтады.

«Тектінің аты өшпес» деп қазақ атамыз айтқандай, Бисекен ұлдары Ермекқали (1907-1952), Қами (1924-1947), Лесқали (1929-1966) қабырғалары қайыспай, жеке тұлғалар ретінде қалыптасып, қоғамға қызмет істеді.



Бисекенұлы Ермекқали Тұрғызба елді мекенінде егін салып, онан мол өнім алып, елге көп көмегін тигізген. Кейіннен Қосшағыл мұнай кен орнында жұмысшыларды тамақпен қамтамасыз ету бөлімінің бастығы болып еңбек етіп, балалары Сағытжан, Зәуреш, Күләш, Мейрамғали, Клара, Тыныштықты тәрбиелеген.

Ермекқалиұлы Сағытжан (1924-1943) Отан соғысында қаза болып, Ресей жерінде жерленген.

Бисекенова Зәуреш Ермекқалиқызы 1937 жылы туылған. Еңбек жолын Қосшағылда 1953 жылы 16 жасында бастаған. Кейіннен Саратов қаласындағы политехникалық техникумды аяқтап, «Доссормұнай» мекемесінде есепші болып жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан.

Бисекенов Мейрамғали Ермекқалиұлы /1943-2002/ 1960 жылы мектеп бітірісімен, Алматыдағы Қазақ политехникалық институтының құрылыс мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 1966 жылы бітіреді. Дәл сол жылы Өзен мұнай кен орнының ашылуына байланысты құрылысшы мамандығын алған жас жігіт жолдамамен Өзенге жіберіледі. Солардың алғашқы қарлығаштыраның бірі осы біздің ағамыз – Бисекенов Мейрамғали. Осы жерде еңбегі шыңдалып, «Өзенмұнайқұрылыс» тресін басқарады. Облыстық құрылыстық тресте басқарма бастығының орынбасарының қызметін атқарады. Қай жерде жүрсе де білімділігімен, адалдығымен, қарапайымдылығымен көзге түседі. М.Ермекқалиұлы -Өзен қаласының Құрметті азаматы. Байырғы қала тұрғындары ол кісіні үнемі құрметпен еске алады, бір көшенің аты ағамыздың атымен аталады. Қазіргі кезде Мейрамғали ағамыздың қызы 1968 жылы туылған Бисекенова Бану Алматы қаласындағы Шетел тілдері университетін бітірген. Ақтау қаласында жекеменшік «Парасат» мектебін ашып, балалардың ағылшын тілін жетік меңгеруіне атсалысуда. 1970 жылы туылған Бисекенова Лейла Мейрамғалиқызы Алматы Техникалық университетінің түлегі, Шымкент қаласында «Турист» кешенін басқарады.



Бисекенұлы Қами /1924-1947/ өте зерек болғандығының арқасында ертерек еңбекке араласып, білімді маман ретінде танылған. Өкінішке орай, өмірі 25 жасында үзіліп, артында ұрпағы да қалмады.

Бисекенұлы Лесқали /1929-1966/ еңбек жолын 1943 жылы, соғыс мезгілінде есепші болып бастаған. Гурьев политехникалық техникумына 1958 жылы түсіп, 1961 жылы толық курсын бітіріп, техник-механик мамандығын алып шығады.

Атырау облысының Жылой ауданындағы Мұнайлы кен орнының өндірістік пайдалануға берілгеніне 70 жыл толуына орай «Арыс» баспасынан 2005 жылы шығарылған «Құтты мекен Қосшағыл» кітабында: «Соғыстың аяқ кездерінде, кейін де Қосшағылға білімді мұнайшылар келе бастады,олардың алдында халық шаруашылығын қалпына келтіру, мұнайшылар тұрмысын жақсарту, мәдениетін дамыту сияқты үлкенді күрделі жұмыстар тұрды,»-деп жазады.

Мұндай жауапты жұмыстарды іске асырған мамандар тізімнің ішінде әкеміз Бисекенов Лесқали да бар . 1963 жылы үлкен мұнай қоры бар Прорва мұнай кен орнының бас бухгалтері болып тағайындалады. Сол мамандығын игере жүріп, көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастырады. «Ақбөбек» пьесасымен облыстық көркемөнерпаздар сайысына қатысып, жүлделі орынға ие болғандарын көрген ел айтады. Бисекенов Лесқали білімді, өте қарапайым, әзілқой, салмақты және мейірімді адам болған. Әкеміздің көзін көрген кісілердің айтуынша, олқолы ашық, мұқтаж адамдарға көмегін аямаған азамат. Өмірі қысқа болса да, өзінің артынан жақсы атын және ісін жалғастыратын ұрпақтары ұлдары Қанатқали мен Бағытқалиды, қыздары Гүлсара, Жанат, Ақмаралды қалдырды.

Әкеміз дүниеден ерте өтсе де, оның адал жары, біздің аяулы анамыз Бисәлікызы Бинаш /1932-1989/ аянбай еңбектеніп, бәрімізге жоғары білім алуға мүмкіндік туғызды. Осы шежіре -сол анамыздың бізге жеткізген аманаты.

Бисекенов Қанатқали Лесқалиұлы 1953 жылы туылған. 1970 жылы мектеп бітірісімен В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтына оқуға түсіп, 1975 жылы тау-кен инженері мамандығын алып, «Ембімұнайгаз» бірлестігінің Балықшы барлау және бұрғылау басқармасына жолдамамен жұмысқа орналасады. Еңбек баспалдағын бұрғылаушының көмекшісінен бастап, бұрғылау шебері, 1992 жылы «Гурьевмұнайгазгеология» бірлестігінде бөлім бастығы, 1994 жылы «Қайнаркөз» АҚ бірінші тете-президенті, одан кейін 1995 жылы президенті, 1997 жылы «АтырауМұнайГазгеология» акционерлік қоғамның бірінші тете-президенті, 2000-2004 жылдары «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты «Ембіэнергомұнай» басқармасы бастығының орынбасары болды. Қазіргі кезде «АтырауМұнайГазГеология-бурение» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры.



Бисекенов Бағытқали Лесқалиұлы 1958 жылы туылған. 1975 жылы мектеп бітіріп, еңбекке араласады. 1977 жылы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетіне оқуға түсіп, оны 1982 жылы мұнай және газ кен орындарын қазбалаудың технологиясы мен күрделі механикаландыру мамандығын алып, «Ембімұнайгаз» өндірістік бірлестігіне қарасты «Прорвамұнайгаз» мұнай және газ өндіру кен орнына оператор болып орналасады. Содан мұнай дайындау және айдау цехының бастығы, аппаратта бөлім бастығы болды. 1994 жылы «Теңізмұнайгаз» өндірістік бірлестігі өндірісті жабдықтау және құралдандыру басқармасының бастығы. 2000 жылы «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы өндірісті материалдық және техникалық жабдықтау бөлімінің бөлім бастығы. 2001 жылы «Қазақойл» Ұлттық компаниясына департамент басшылығына жұмысқа ауысады. 2007-2009 жылдары «Казмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты

«ЕмбіМұнайГаз» өндірістік филиалының басшысы. 2009-2010 жылдары осы қоғамның «ӨзенМұнайГаз» өндірістік филиалының бастығы. 2010-2012 жылдары «Казмұнайгаз» акционерлік қоғамы Бас директорының кеңесшісі және өндіріс жөніндегі орынбасары.

Мен, Бисекенова Ақмарал Лесқалиқызы 1967 жылы туылғанмын. 1990 жылы Алматы мемлекеттік медициналық институтын бітіріп, еңбек жолымды Алматы қаласының №1 балалар емханасында реанимация бөлімшесінде дәрігер болып бастадым. 2002 жылы кандидаттық диссертациямды қорғап, қазіргі кезде С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінде микробиология кафедрасында доцент болып жұмыс істеймін. 14 ғылыми жұмысым және 1 монографиям жарық көрген.

Ақмарал БИСЕКЕНОВА,
Алматы қаласы.

МАҚАШ ҰРПАҚТАРЫ ХАҚЫНДА

Тарихтың әр кезеңінде озық ойлы азаматтардың болуы заңды. Бірақ көбісінің тегі ауқатты адамдар болғандықтан кешегі кеңес жылдарында олардың елге жасаған еңбектері елеусіз қалып жүрді.

Өткен ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген сондай бір білімді де зиялы ұлдарымыздың бірі – менің бабам Мақаш (Мұхамеджан Шолтырұлы) Бекмұхамбетов. Заманының зерделісі атанған ол жайында көптеген еңбектер жазылды.



Фазыл Бекмұхамедов, Арон Измайылов, Белаш Шолтыров,

Өйткені Мақаш ата қоршаған ортаны қорғау, оған ғылыми тұрғыдан баға беру, табиғатты қолайсыз жағдайларына қарсы күресу ісінде елеулі жұмыстар атқарған. Ол сол кездің өзінде-ақ Каспий теңізінің тартылуына байланысты "Каспий тартылады, қуаншылық орнайды. Бұл маң құм бораған аңызақты өлкеге айналуы мүмкін, су кетсе ну кетеді" деген пікірлеріне нақты дәлелдер келтіріп, патшаға оның зардаптарын жеңілдетуге байланысты көмектесуін сұрап, бірнеше рет хат жазған. Соның нәтижесінде қуаңшылықтың алдын алу шаралары үшін қазынадан 10 мың сом қаржы бөлінген. Бұл сома уақытында едәуір ақша болса керек. Себебі осы қаржыға Мақаш әкім қарамағындағы округті қуаңшылықтан құтқарумен айналысатын кадрлар даярлатып, жерін картаға түсірткен. Елді отырықшыландыру мақсатында Нижний Новгородтан қарағай алғызып, ағаш үйлер тұрғызған. Айрықша атап өтетін жайт – оның жайылымдығын көшкен құм басып қалмау үшін көгалдандырып, ағаш егуді ұйымдастыруы еді. Сол заманда көтерілген бұл мәселе әлі күнге дейін күн тәртібінен түсе қойған жоқ. Табиғаттағы осынау келеңсіз құбылыстың белең алуынан сескенген ол құм көшкеніне қарсы мекеме ашып, оның директоры етіп Шимин деген кісіні тағайындайды. Ал бас агрономдығына Петербургтен арнайы адам шақыртады. Сөйтіп сусымалы құмды тоқтату үшін тал, жүзген, тағы басқа ағаш-бұталарады отырғызып, орман қорғау алқаптарын жасатады. Осы әдіс кейін көптеген кеңшарларда қолданылды. Себебі ағаш өскен өңірде қатты соққан желдің екпіні бәсеңдейді., жерге түскен қарды ілестіріп әкетпейді, сол түскен жерінде қалады, топырақ ылғалдығы жақсы сақталады. Демек ол жерде өсімдіктің өсуіне қолайлы жағдай туып, шөбі шүйгін, егіні бітік болады. Сонымен бірге ағаш басына неше түрлі құстар ұя салып, өсіп-өрбиді, ал жырткыш құстар оба ауруын тудыратын тышқандарды аулап, олардың шамадан тыс көбейіп кетуіне жол бермейді.

Ал басқалары жәндіктермен коректеніп, өсімдік зиянкестерін құртады. Орман саясында жан-жануарлар көлеңкелеп, әнші құстар көбейеді. Бір сөзбен айтқанда, табиғат теп-тендігі қалпына келеді.

Тағы бір айта кететін нәрсе-құмдауыт жерлерде өсетін айғырқияқ деген шөп бар. Ол тамырын теренге жайып, өсіп өне береді. Бұл – құм көшкінін тоқтатуға таптырмайтын дақыл болып табылады. Міне, ол шөпті сол заманда құмға, ойпатты жазықтарға егіп, осы мекеме өте ұтымды пайдаланып отырған.

Бір өкініштісі – құм апатына қарсы күресетін сол мекеме 1931 жылы жабылып қалыпты. Қуаңшылыққа қарсы шаралар жасап, жайылымды жақсартуға байланысты қаншама игілікті істер атқарған мекемені таратудың зардабын сол жердегі шаруашылықтар қазіргі уақытта да тартып отыр. Жанармай тапшылығы, тағы басқа себептер малшылардан алыс жайылымдарға көшіп-қонуына мүмкіндік берер емес. Ал малдың ауыл маңына, су көзінің айналасына көптеп шоғырлануы жайылымның азып-тозуына әкеліп соқтыруда. Бұл жағдай одан әрі асқынып кетпеуі үшін малдың таптауын азайтып, басқа тың жайылымдарға көшіру қажет.

Әңгімемізге арқау болған Мақаш ата халқына пайдалы қызметпен айналысып қана қоймай, ұл-қыз өсіріп, өнегелі отбасының иесі болған адам. Балаларынан өрбіген ұрпақтардың өзі қазір бір қауым ел болып отыр.

Енді өз әкем Лутфолла жасаған шежіре бойынша Бекмұхамбетовтер әулеті жайында бірер сөз айта кетейін. Есмәмбеттен (менің жетінші атам) Бекмұхамбет, Береке, Масабай, Шалабай атты ұлдары өрбиді.

Бекмұхамбеттен (Мақаштың атасы) Біржан, Қуаныш, Шолтыр атты үш ұл өрбіді. Шолтыр – Сара, Ажар деген екі қыз, Көбең, Мақаш (Мұхамбетжан), Шәміш, Ыдырыс, Әбіл атты бес ұл сүйген адам. Мақаштың өз кіндігінен Әміржан, Ғаббас, Хамза, Фазыл (менің атам), Жәлел, Шафхат, Мумин, Зұлпат, Пірфайз деген сегіз ұл және бір қыз тараған. Әміржан, Жәлелдер үйленбей тұрып, Қазанда оқып жүргенде қайтыс болды.

Ғаббастан тарағандар Тарих, Зубаир, Сұңғат, Манфағат атты ұлдар және Ділшат есімді қыз бала. Зубаир мен Сұңғат соғысқа қатысып, аман-есен елге оралды. Сұңғаттың Марат деген ұлы өзінен бұрын қайтыс болды. Манфағаттың ұл-қыздары Шалқарда тұрады, өзі болса былтыр қайтыс болды.

Тарихтың үш ұлы - Әнуар, Нахымжан және Мағжан, бәрі де өткен ғасырдың аяғында қайтыс болды. Әнуардың немерелері Ақтауда тұрады. Нахымжан мен Мақжанның балалары болған жоқ. Ғаббастың Ділшат деген қызынан бір ұл бар. Ол Жан – хирург- онколог. Қарағандыда, жасы 70-тен асты.

Хамзадан тараған - Хайрулла мен Махдат. Бірақ та олардың тағдыры белгісіз. Муминнің баласы болған. Сол кісінің қолында мен өстім.

Мақаштың ұлдарының бірі Шафхат Қазан университетінің заң факультетін 1917 жылы бітірген соң



әртүрлі қызметтерде болып, 1921 жылы Қазақ АССР-нің Бас прокуроры қызметіне дейін көтерілген. Оның Кәміл, Баязит атты ұлдары өмірлерін ғылыми-ағарту жұмысына арнады.



Қызы Зұлфаттан өрбіген Құлтай, Қалимолладан тараған жиендері – Зәкір, Хабир және Даниял қазір Алматыда тұрып жатыр. Фазылдан, жалғыз ұлы Лутфолладан Даяр, Еркін (мен) Екпін, Даниял атты төрт ұлы, Мәрмара, Күләш деген екі қыз тарайды. Мәрмәра медицина ғылымының кандидаты, құрметті зейнет демалысында. Мәрмараның екі ұлы Әлжан мен Мәлік және қызы Әлия Нұғманова – теледидар тілшісі. Екпін, Даниял, Күләштің да балалары, немерелері бар. Мен екі ұл, екі қыз өсіріп, өндіріп, немере сүйдім. Ұлым Бауыржан ғарыш кеңістігін зерттеу институтында, менің

жолымды қуған. Нұрланым қазір ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, өзіммен бірге істеп жүр.

Мақаштың бауыры Ыдырыстан Мұса, Сәлім, Абдул, Ғайым, Шахынтай атты бес ұл өрбіген.

Сәлімнің ұлы Әкірам республикаға белгілі онколог, медицина ғылымының докторы, оның ұлы Әлім және келіні Рая да әке жолын қуып, сол салада ғылым докторы дәрежесін алды. Әлім болса Ұлттық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, мемлекеттік аттестация комиссиясының мүшесі.

Мақаштың інісі Көбеннің баласы Ысмайылдан туған Махмұт (1884-1965) 1910 жылы Қазан университетінің медицина факультетін бітіріп, 42 жыл өмірін денсаулық сақтау ісіне арнаған. Оба ауруына қарсы күресте сіңірген еңбегі зор. Махмұттың ұлы Шафхат Қазақстанның ауыл шаруашылық ғылымының дамуына, оған кадрлар даярлау ісіне айтарлықтай үлес қосқан ғалым болған. Ол 1978 жылы 64 жасында дүние салды.

"Үйдің мықты болуы ағашынан, баланың мықты болуы нағашыдан" демекші, Махмұт ағамызбен бірге туған Қамария апамыздың ұл баласы Әбуұлы Қасым Асановтың орны бір бөлек. Қасым Әбуұлы қазір Қазақтың мал азығын өндіру және жайылым ғылыми зерттеу институтының директоры болып қызмет істейді. Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атағы бар, ауыл шаруашылық ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық академиясының және Ресей ауыл шаруашылық ғылым академияларының академигі.

Тізе берсек, Шолтыр бабамыздың, одан берісі Мақаштың өзінен тараған ұрпақтар, шүкір, баршылық. Қағазға түскен шежіре бойынша санап қарасақ, қыздарынан өрбіген жиен-жиеншарларын қоспағанның өзінде ұлдарының ұрпақтарынан ұзын саны екі жүзден асады екен. Міне, Мақаш атамыздың ұрпақтары осылай өсіп-өрбіп, халық шаруашылығының түрлі салаларында тыңғылықты да жемісті еңбек етуде.

Еркін БЕКМҰХАМЕДОВ,
ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, профессор.

Суретте: Лутфулла Фазылұлы жұбайымен. Екпін Бекмұхамедов

ШОЛТЫРҰЛЫ БЕЛЯШ ҰРПАҚТАРЫ ТУРАЛЫ



Мен Шолтыров Биляш Измайылұлы менің атам екендігін өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары бір-ақ білдім. Оның өмір деректері туралы Қазақстанның Орталық архивтерінен қарағанмен ешнәрсе табылмады. Ол туралы Астрахань, Санкт-Петербург архивтерінен іздестіру туралы кеңестер құлаққа қонғанмен, оларды аралауға денсаулық көтермеді.

Биляш атамда төрт ұл, екі қыз болған. 1895 жылдары туған үлкен ұлы Шайхаттар Ниязова Насибаға үйленген. Ол ертеректе жоғары дәрежелі гимназияны бітіріп, Батыс Қазақстан облысының кеңес ұйымдарында жауапты қызметтер атқарып жүргенде, 1937 жылы халық жауы деп ұсталып, 1938 жылы атылып кетті. Өкінішке орай, екеуінен ұрпақ қалмады.



Менің әкем Сафиолла 1901 жылы туған. Ол екіжылдық орыс-қазақ мектебін бітірген. Бірақ үнемі қуғындауға, қамауға ұшырай берген соң өз фамилиясын Измайылов деп өзгертуге мәжбүр болды. 1922 жылы әкем анамыз Үмігүлсін Арыстанқызына үйленген.

Мынадай әңгіме бар. Бөкей хандығын таратқан кезде осы аймақта екі теңізжаны (приморский) округы құрылады. Менің атам Биляш осы округтың билеушісі (правитель) болады да, екінші округке беріш руының азаматы Құрбанбаев Қайырлы тағайындалады.

Бірде екеуі губернатор өткізген жиыннан қайтып келе жатып, Қайырлының кіші інісі Арыстанның үйіне қоналқаға тоқтайды. Оның әйелі аса ажарлы, бәденді, көркем жан болса керек. Аяғы ауыр екен. Жас әйелдің жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, қызметі менің атам Биляшқа қатты ұнайды. Сонда Қайырлы әріптесіне салмақ салады. Егер келіні қыз туса, онда болашақта ұлы Сафиоллаға қалыңдық етуді, егер ұл болса, онда болашақта дүниеге келер қызына атастыруға келісіп, екеуі қазақтың бел құдалық дәстүрімен қол алысып, төс қағыстырады. Осы оқиға, шамамен, 1903 жылы болған. Сол кезде атам билеуші лауазымын атқарып жүрген. Әкемнің 6 ұлы, 2 қызы болды. Сұлтанбек, Фатыхбек деген ұлдары ертеректе ауырып, қайтыс болған.

Үлкен ұлы Фатыхбек 1925 жылы дүниеге келген. 1943 жылы әскерге ерікті түрде аттанып, алты айлық кіші офицерлер даярлайтын курста оқып, аға лейтенант шенінде елге оралды. Көптеген жауынгерлік орден, медальдармен марапатталған.

1946 жылы елге келген соң Алматы темір жол техникумын, 1957 жылы политехникалық институтты тау-кен, металлургия мамандығы бойынша аяқтайды. Көп жылдар Қарағанды шахталарында учаске бастығы, бас инженер қызметтерін атқарды. I,II,III дәрежелі «Шахтер даңқы» орденімен марапатталған.

Мария Әбдірашитқызына үйленіп, Гүлнар, Сәуле, Серік атты перзенттер сүйді. Серіктің Әлібек және Ілияс



деген ұлдары бар. Фатыхбек 2005 жылы дүние салды.

Жансұлтан деген бауырым 1934 жылы дүниеге келген. М.П.Гринскаяға үйленген. Одан Алла деген қызы бар. Одан үш жиен қыз өсіп келеді. Ол Қарағанды металлургия комбинатында істеп, зейнетке шықты.

Ғұмырнамалық деректерім «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» кітабының XIII томына енгізілген.

Қарындастарым Шериязданова Роза 1940 жылы туған. Жобалау және құрылыс мекемелерінде инженер-экономист болып еңбек етті. Қазір зейнет демалысында.

Измаилова Гүлсара қарындасым медицина институтын бітіріп, Алматы маңындағы Мыңбаев елді мекенінде балалар дәрігері болып істеді. 1995 жылы дүние салды. Жолдасы Рақышев Нури екеуінен өрбіген ұрпақ Арман үлкен кәсіпкер. Мәскеу облысының Одинцово қаласындағы құрылыс мекемесінің бас директоры. Оның екі ұлы, бір қызы бар.

1948 жылы туған Бауыржан Сафиуллаұлы Алматыда оқу бітірген. 1973 жылы Қарағандыда қайтыс болды.

Мен өзіміздің әулеттен шыққан көрнекті тұлғалар туралы мәліметтерді, көрнекті ғалым туысымыз Еркін Лутфуллаұлы Бекмұхамбетовтен алдым. Ол кісіге үлкен рақмет айту-парызымыз.

Тельман ИЗМАИЛОВ,
Алматы қаласы

1. Шолтыров Билаш отбасымен.
2.Шолтыров Шайхаттар күйеу баласы Әбілхайырмен
3. Измайылов Сафиолла мен Измайылов Фатыхбек

ӘЛМҰҚАНОВТАР ӘУЛЕТІ ЖӨНІНДЕ

Біздің әулеттің басында тұрған кісі Әлмұқанов Наги еді. Ол кісі 1914 жылы осы күнгі Атырау облысында дүниеге келген. 1944-1948 жылдары Қызылқоға ауданының алғашқы прокуроры болды. 1948-1956 жылдары Гурьев облысының Бақсай ауданында прокурорлық қызмет атқарды. Бұдан кейінгі жылдары осы заң саласында еңбек етіп, 1976 жылы дүние салды.

Ал Әлмұқанов Сағи 1932 жылы дүниеге келіп, өмір жолын мұнай кенішіне арнады. Кеңқияқ кен орнын ашуға атсалысты. 1990 жылы қайтыс болды.

Ахметов Хатиолла (1930-1992) Ақтау қаласында әскери бөлімде, Алматыда қызмет етті. подполковник шенінде отставкаға шықты. Ал оның ұлы Ахметов Жұмабек Петропавловск қаласында әскери училищеде қызмет етеді.

Атамыз Әлмұқан діни білімдар адам болған. Халық емшілігімен айналысып, көптеген дертті адамдарды сауықтыруға көп септігін тигізген.

Ол кісі Тайсойғандағы мешітті ұстаған. Аздап өлең де жазған. Өкінішке орай, жаңа өкімет адамдары дін жолын ұстанған адамдарға теріс көзқараспен қарады. Олардың балаларын құқықтық салаға істеуге көп кедергі жасаған. Ал әкеміз Наги болса атамыздың тарихы, тағдыры, қасиеттері туралы тіс жарып ештеңе айта қоймайтын. Бірақ барлығымыздың жоғары білім алуымызға барынша күш салды. Біз әкеміздің рухы алдында басымызды иіп, оған үлкен ілтипатпен тағзым етеміз.

Майра ӘЛМҰҚАНОВА,
Атырау қаласы.

ТУҒАН ЖЕР ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ (ҮЗІНДІ)

Қазіргі жағдайда ұрпақ өз дәуірінің талабына сай өмір сүріп, өзіндік дәуір талабында болу үшін бірінші дәрежеде өзін-өзі тани білуі және өсу тарихын білуі міндет. Өзінің дүниеге келген жерін, дәуірін, тегін білуі шарт. Мен осы естелігімді өзін білмейтін сәбиліктен азаматтық кезеңге ұласқан немерелеріме арнаймын.

Өзім толық білмеген, білуге тиісті ұрпақ жолына назар аударып, туған жер, аға ұрпақтар мекендеген аймақты баяндаудан бастап, бастан өткен кезеңдер, оның ұрпаққа берген әсері туралы әңгімелеу кезінде көргенім мен әсерімді беру парызым деп біліп, ұрпақ дамуының жолына арнап, туған жер туралы сырымды шертпекпін. Өзімнің туған жерім бұрынғы 1944-45 жылға дейін Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, №19 ауыл, Миялы ауыл советі, "Сулыкөл" колхозы атанған. Қазіргіше Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауыл советі, «Қызылту» совхозының Сулыкөлінде дүниеге келдім. Қазір бұл жерде бұдан 40-50 жыл бұрын кімдер тұрды, иеленді деген сұраққа толық жауап берушілердің саны азайған, тіпті жоқтың қасы. Туған туыстар мекен еткен жерге 1995 жылы 20 қаңтар- 6 наурыз аралығында қазіргі ұрпақ өсімі қалай, қандай жайда деген оймен ел аралап, бұрынғы көрінісінде қандай өсу, көркею барын көріп, барларға туыстық қатысымды білдіру сапарын өткіздім. Адам баласына тарих ортақ, бірақ тіршілік бір қалыпта тұрмасы мәлім. Тіршілік иесі- адам, жер, тіпті әлем бір қалыпта мәңгі тұруы мүмкін емес. Құран тілімен айтсақ, ата-ана ұрығы сұйық қалпында табысқаннан кейін ұйыған қан сүйек, етке айналып, даму кезінен дүниеге сәби, пәк күйінде келіп, адам баласына арналған дәуірді бастан өткереді. Ақырында берерін беріп, көрерін көріп, өзіміз атап жүрген кәрілік пен жүрген кезеңді аяқтап, жер қойнауына еніп, бір күйден екінші күйге енеді. Бұған барлық әлем бағынады. Дүниеге келген тіршілік иелері бірі жас, бірі тозып барып, дүниеден өтеді.

Сондықтан да Абай: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан», - десе, химик-биологтер өзіндік тіршілік үшін күреске шақырады. Демек сені еңбекпен дүниеге әкелсе, тіршілік мұқтажын өтеу үшін еңбектену арқылы құпиясы мол тіршілік нәрін табуға баулиды. Тіршілікті нәрлендіру, бақыт деп аталатын керектілікті жасау керек. Сол өзіңе керекті бақыт жолын, туған жер, ата-анаң өмір кешкен ортадан еңбек тәжірибесінен табасың. Өткен көне тарих ізіне көз жіберіп, шолып ойлағанда, адам баласына телінген өмір күресіне өзіміз де, ата- бабалар да қатынассыз емес екеніне көз жетеді. Мысалы, туған жер де ыждағаттап зер салсақ, сайрап қоя береді екен. Мысалы, жер атауларына қарайық. Халел ставкасы, Есеккырған, Жалғызшағыл, Қалмаққырған, Келсеңкел, Жем, Жарыпшыққан, Сулыкөл. Бұл атаулар – тарих шежірелері. Сондықтан да әрбір ұрпақ тарихи жер атауын кейін өзгерте беруге сақтықпен қарап, сақтаған мұраны сақтаудың бір жолы екенін білу шарт.

Ауып, солығып шаршаған баба көші суын ішіп, балығын тағам еткен, суын Жем десе, қалмақтармен соғыста жекпе-жек батырлар айқасқан Кенбай сайының кең алаңын «Келсеңкел» деген. Тасыған Ойыл суын ұзақ уақыт сақтайтын терең көлді «Сулыкөл» деп мекендеген.

Ұзақ уақыт елге бара алмай елге, туыстарға барғанда, қазіргі жер атаулары, колхоз, совхоз атаулары бірнеше өзгерістерді бастан кешірген. Мен ес біле бастаған кезде Саназардың Өтеген, Үсен, Қожаберген ауылы «Шилісай», Тоқтабай, Байжігіт, Қара, Есеке-Жиенбет, Атысқан балаларының ауылы – «Сулыкөл» колхоздары болып құрылған еді. Кейіннен колхоздар іріленіп, бірігіп Калинин, Берия, Крупская деген атауларды иеленген. Совхоз болып, бірнеше колхоз бірігіп, «Қызылту», қазір Халел Досмұханбетов атын иеленген. Осының барысында асығыстық тапқан атаққұмарларды, үстемдік іздеген жағымпаздықты, Ленин тілімен айтсақ, ұлтшылдардың әлегі көрінеді. Қарап тұрсаң, көне кезеңдердегі қытайландыру, арабтандыру, орыстандыру кезеңіндегі арпалыс іздері әрбір мекен аттарын тудырған. Міне, осы жайлар біздің елді мекендерінде де орын алған. Адамдар да мекен атауларына жаңалық енгізген. Мен бала кездегі ата, ағалар Құлман, Сәлмен(Молда қайнаға) Дәулетиман (Сарқасқа қайнаға) Жұбанғали (Кендала қайнаға) Еркін (Молжігіт) Сисен, Есқали (Қайқы қайнаға) Құмаш, Сағым, Аманғали, Сұлға, Мәтжандарды қазіргі ұрпақтардың бірі білсе, бірі білмейді. Ұрпақтары Мақат, Доссор, Ақтөбе, Атырау, Алматы, Орал, Маңғыстау жерлерінде. Біз бұзауға мініп, мал қайырған жерлер Сулыкөл, Қара, Жаңғызшағыл, Сулыорлар аталудан қалып, өңін өзгертіп, жаңа атқа ие болған. Жаңғызшағыл төмен шөгіп, тегістік тепсең болса, Сулыкөл шөліркеген, тозған тоңдай бұрынғы кербездіктен баз кешкен, еріні кезерген мұңды. Себеп Ойыл ойқастаған жүрісінен айырылып, ноқталанған. Сонау тарих шежіресіне көз жүгіртсек, қытайлар аяқ басқан жерлерін басқақтыққа, оны бірнеше топқа бөлсе, орыстар губерния, уезд, болыс, ауылдарға бөлген. Бөлшектеп, ес жиғызбай билеп, бауырластықты бірнеше топқа бөліп, бауырларына тартқан. Тілі мен дінінен бездіріп, езуші тап өз тілі мен дініне баулыған. Сол дәуірдің ұрпағы ағаларымыз орыс тілін білмесе, беделді орындардан жұрдай болды.

Қарайлап қарасақ, қазақ тілі көрмеген құқай қалмаған екен. Жазу, сызу түрік қаріптерінен араб,одан



латын, одан орыс қаріптеріне көшіру оңай жол емес. Жеке ұлт тіліне салынған нокта, жазбалы тарих жолын тұсау, ақырында мұраны мәнсіздендіру. Өз заманының ұрпақтарына өткенді тозық деп, алғабас өмір иесісің деп ұрандап, мәңгүрттікке жетектеудің жолына салғандардың бергі жүзі жылы, пиғылы зұлымдық екенін кеш сезінудеміз. Жеңілген халыққа жеңген халықтың ерлері өз білгенін жасады. Адмирал Потемкин Екатерина патшаға Қырымды татардан тазарту туралы ой салса, генерал Ермолов Кавказды мұсылманнан тазартуға күш жұмсаған. Россель Чарльз Микстің «Ұлттық санасы оянған, өзіндік қасиеті мен намысы бар бірде-бір халықты құлдыққа ұстау мүмкін емес» дегендерін есепке алсақ, әр кезең әр түрлі таным туғызғанын, одан қандай жол туындағанын көреміз. Халқымыздың өмір сүру жолына қарап отырсақ, еріксіз түрде Еділ, Жайықтан Алтайға, солтүстік Түмен мен Бұқар, Самарқаннан асып жығылып жатқан сүрлеу. Тозған, қазған, от жаққан ошағы, үй салған, тұрғызған жұрты, мазарлары мен мұндалап тұр. Бұл жерде асқақтаған ерлік, бой тасалап өмір кешкен тарих жатыр. Елді көргенде ойға оралатыны, еріксіз айналаға көз жіберуге итермелейді екен. Социалистік дәуірде өзінің танымын іске асыру жолындағы тап күрестен өсу мен өшуді, жоғарылау мен төмендеуді берген. 1929-30 жылдарда тап жауы деп танылған бай, молда, саудагерлерге шабуылы. Босқындық көшкінінің сүрлеуін өлікке толтырып, «Елім-ай» әнін қайталатқан қазаққа. Колхоз шаруашылығын құру жолындағы күресінде өзіндік ән «тап жауының қалдығын» жоюмен ұласып, босудың отын жақпаса, сөндірмеді. Жаманкенің Нармағамбеті Алақайдай нар күшіне ие болмағанмен, қарулы топқа дойырмен қару етер күш иесі болған. Жүйрік ат оздырып, қос отау тігіп, қонақ жайлаған ашық қол аға. Еш жазықсыз ұсталып, ұрпағы жетімдік зарын тартып өтті. Баласы Төкеннен өрген ұрпақ болса, Мақатта. Бүйрек құмын жайлаған қалың тана еді. Арқа бетін Жамансай тасқыны шайса, құбыла бетінен Құройылдың Сырым, Қараман, Балаби беткейінен құм қойнауына енген тасқын мен қар, жауын нұрына бөленген өзіндік айбары, шынар жолдарымен көзге түсіп танылатын Тайсойған, Ойыл, Бүйрек құмдары жатыр. Олар шығысынан батысына 150 шақырымдай, Соркөлден Тереңқұдық жайлауына дейін 160-180 шақырымдай аймаққа кең қанат жая орналасқан. Бұл аймақтар - Он екі ата Байұлының сәулеті мен байлығын көрсеткен мекен. Басынан қазақтың мың өліп, мың тірілген, тағдыр есігіне еркін енген ұрпаққа мекен. Ата-баба ұрпақтары кезінде шалқып өсіп, көзге түсіп танылса, дәуір зобаланынан сүрініп, қабынып, өмір кешуден қол үзбеуде. Құройыл, Қарасу, Сулыкөл, Борама шағылда жайлаған Атысқан ұрпағы XX ғасырдың бас кезінде іргесі бекіп, меншікті ата қоныс етіп, өсіп, көзге түскен ауыл азаматтары өз орнын иеленген. Кеңесбайдың Салығы шариғат білгірлігімен иман, халфелердің:

«Салықжан айтсын»,- деп үлгі еткен өмірі қысқа да өкінішті болды. Жүрген жерін күлкі мен базар еткен Ермағамбеттің Қисаны, Бекқұлының Оразы, Тайыр, Советтермен қатар Орынбор, Қызылжар жерінен білім алған ұстаздар. Ақындығын ел танымағанмен, шығармасын баспаға бермеген. Қайғылы өмір кешіп, ұрпаққа үлгілігімен ауыл сәні болған. Бақтиярдың Бақытжаны орысша сауатты, ауыл азаматы, ағалыққа ерте ие болғаны ел есінде болар. Осы ағалар бай, саудагер ұрпағы атанғанның зәрлі уымен көзтүртті болып, әр жерге кетіп, ұрпақтары Атырау, Ақтөбе, Орынбор, Орал өңірлеріне қоныстанған. Осы қағазға түсірген ойларымнан, көргенімнен туған өзгерістерді ұрпақтарымыз, балаларымыз, туған жермен немерелерім, жас ұрпақтар танысар деген ой. Аға ұрпақтар тудырған ақыл, аңыз әңгімелер жетерлік.

Еділ, Жайық бойынан Тайсойған, Ойыл өңіріне дейінгі шығысы Маңғыстау, батысы Астрахань, Сарытау-Самар, Орынбор өңірлерін еркін жайлаған Он екі ата Байұлы ел басына туған зобалаңның талайына ер қаруын ұстаған ұлдары Исатай, Махамбет, Сырымды беріп қана қоймай, ақылгөй билері Бөкенді, Айтуар, Есет, Асауды, әулие қарт Мәтенді, Сұлтануәйіс пен Сақалды, Байбақтыны берген -қасиетті мекен ел. Тіпті ақ патшаның алдында өз пікірімен танылған ел басшысы Мақаш, Халел, Беркінғали, Шуйінғалиларды қазіргі әкімдер кімнің елінде, жерінде тұрғандығын білу керек. Бөкен билікті өгізге мінип, күркеде отырып жүргізген, жейтін тамағын өзі түйген. Атқа мінсем, көңілім өседі деп өгізге мінгенін кешегі Мұқашевтар біліп тұрып, естеріне алмады ғой. Ал бүгінгі әкімдер жұмақты сатып алуға даярлануда.

Киелі жер, іргесі берік ел талайды көрген ғой. Соның бірі қайта құру, кемшілікті жойып, керектілікті жасау орнына тойымсыздық пайда болды. Әкімшілікті басқару бағытынан талаушылық қамалына айналдыруда. Мәңгілік патшалық бір адамға нәсіп болмаған, әйелін тыңшы, қызын көкпардың тартысына салу, әр жерге жарамсақ төбет ұстап талаумен мінген тақ бұл дүниеде қарғысқа, ол дүниеде артта қалған жиғанын, иманын өрт шалары мәлім.

Біздің ұрпақ өткен дәуірден сабақ алулары керек - ақ. 1928-1929 жылдың дауылы туған жерден қуылған азып-тозу сергелдеңі бірінен-бірі қол үзген ел- жұрта қалғандардың ашығуы, жол бойында қорқынышпен безушілердің көмусіз қалған өліктері, үрей мен ызаға толы дала мұңы. 1937-1938 жылғы ел ішінен жау іздеу ұрпақ санасына қорқынышы ұялатып, таныстан бой тасалапты. Жұттан сүрініп шығып, басын көтеріп, етегін жаба бастағанда, әйгілі Ұлы Отан соғысы ел азаматын жесір мен жетім ұрпағын қалдырып, күнірену мен күйзелудің жалынына салды.

Міне, тарих сыбағасы, ел жайлаған жердің жұмбағын көмбеге берді. Ойланшы, ұрпақ! «Түйенің бас сүйегінен салынған мазар Сағыздағы Түкіта ата мазарының, Жем, Сағыз, Кең, Жылыой, Тайсойған, Бүйрек құмдарының ел жайлаған сырларын білуге, колхоз-совхоз құру кезіндегі ұйымдастыру күресі өткенді білуге, жерді тануға емес, зорлықпенен, Отан-ана деген ұранменен желіктіріп, шежіреден шеттетіп, өткенді «түнек», бүгінгі «жұмақты» танып білуге жаттықтырды.

Ел, ұрпақ шежіресінің иелері құлан Башар, шеркеш Нұрыш, Ығылман, Жақыптардың ауызша айтылған аталы сөздеріне құлақ аспадық. Әркім өзін коммунизм құрылысшыларымыз деп, өзгеге мән берілмеді. Әке, ағадан жұрдай, қазан құлағын ұстаған, көршісін шала танитын ана, жеңгенің уайым-қайғыға толы өмірінен шала хабары бар әкелер дүниеге ие болды. Ел басқардық. Өзін шала білетін ағайыннан социалистік ел болдық.

Біз-аруақ сыйлаудан бас тартқан, Байбақты, Мәтен, Бекет зираттарына шабуылдап, тобығы тайған батырлармыз.

Ұлы Отан соғысынан кейін тілалғыш ел басшылары, шаруашылық ұйымдастырушылар мектебі, кім не айтса, соны мақұлдаушылар көбейді. Міне, соның ізі- Ойыл ноқталанды, Тайсойған еңсесін мұң басты, көлдер шөлдеді. Жарыпшыққан құрғады. Сарыкөл иесіз шөл далаға айналды. Сарыкөл маңында Дүйсенәлі, Алақай тамдары ұрпақтарынан дұға дәметіп, көңілсіздік, иесіз, елсіздік мұңын кешуде.

Өткенге көз жіберсек, Атырау өңірінен Доссор, Мақат мекен жайыменен жапсарлас ата-баба мекен жайының ізіменен жайлаған ата-баба көшінің ізі, жұрты көзге түседі. Көз көрген қарт аға әңгіме, аңызына ұрпақ көз жіберсе, атыраулық көшпелі туыстар жаз лебі сезілісімен жүгін тиеп, белді көлігіне артып, балалары тай -тулағына мінип, жайылым жерін белгілеген орындарына көш тобын бағыттап, малын жая, іргелес көшу легі бұлттай болып жайлау төріне қонақтай ілгеріленп, Доссор, Мәймөнқесары, Жылыой, Сағыз, Жем бойына қозыкөш қашықтығын сақтай отырып, Сарыкөл, Тайсойған, Ойыл өріне көш бағытын түзей отырып, кең жайлауға малын төлдетіп, көршілес ауылына ерулiктерін беріп, өзіндік той-думанын өткізіп, бойларын жазып, шаруашылық жайларын реттеп, Білеулі, Сағыз, Үшоба, Алабие, Тайсойған шығысындағы құмды кең алқаптарды жайлай отырып, Ойылдан өтіп, Жамансай, Тереңқұдық, Төсағаштардан төлдеріне күш алдырып, Қараойдан асып, Тұзтөбе, Ақбұлақ алқабына малын шелдетіп, жабағы жүнін қырқып, Орынбор жәрмеңкесінің күзгі базарына мал өнімі мен құндылығын жетілдіре отырып ұласады екен. Шаруа қуған ата-баба мелшиіп, қысы, жазы ошақ басынан шықпай отырмаған. Жер тіршілігін мал шаруашылығының ырқына көндіре пайдаланған. Атыраудан көшкен көш Орынбор өңіріне Байұлы шеркеш, беріш, адай, таз, есентемір, ысықтар аралас тобын жазбай, туыстық, құданалы, жекжаттық бірлігіне дақ түсірмей, сақтай білген.

Он екі ата Байұлының отырықшылыққа бейімделген тобы Тайсойған, Бүйрек құмдары менен Ойыл өзені бойындағы шеркеш, беріш, адай, есентемір, ысықтардың мекен жайларына көз жіберсек, көшпелі туыстар сияқты туыстық, жекжаттық бірліктің сәндік көрінісіне көңілің толатын. Әрбір ру билері де осы туыстық қадірін сақтауға күш жұмсаған.

Терең танысу үшін Сарыкөлдің шығысына іргелес Сарымай шағылынан басталатын Тайсойған құмы Ойыл өзенінің атырабына дейін жетпіс - сексен шақырым жерге бой түзеп, шығысы Алабие, Ойтаң, Сағызға маңдай тіреп, қойнауын Ойыл суының нәріменен тояттатқан Тайсойған шөккен нардай Тасшағылға Сырым бөгеті арқылы ұласып, Бүйрекқұмына бауырласа мекендеген. Бүйрекқұмы батысында Қаратөбеге маңдай тіреп, Арқа бетінен Қараойға құнарлы терең құдық, Жаман, Жамансай арқылы кербездік қалпын бұзбастан Байұлы ұрпақтарына құтты қоныс, мекен-жай жайлауы болған. Бұл ел батыр ұл, байлық иесі болған ата-бабаға кенде емес. Бұл жерге Исатайдың кіндік қаны тамған. назы-карта жеп, төрін жайлаған. Халел, Беркінғалилар асық ойнап, оқуға аттанған жер. Ығылман, Мұраттардың алғашқы жырларымен той-думанаға қатысқаны, Бөкеннің, Есеттің, Қазыбектің, Тұрландардың ақыл-кеңес айтқан жері.

Рахметжан БАҚТИЯРОВ,
ардагер ұстаз
Атырау қаласы.

МЕНІҢ ҰЯМ

Біздің үй болатұғын осы арада,
Жататын өзен ағып босағада.
Орны да өшейін деп қалыпты ғой,
Өтіпті көп уақыт... Тоса ма алда.
Қазына болмаса да шоланында,
Қарық боп отыратын нанға, суға.
Түтіні мұржасынан түзу шығып
Ескермей тіршіліктің жарақатын,
Бар сырын табиғаттың өзі берген.
Біздің үй керегіне жарататын.
Қара орныңнан айналдым, ұям менің.
Күмістен мүсініңді құяр ма едім!

Әлдеқалай аспаныңнан құлап түссем,
Аядай босағаңды қияр ма едің!
Мен сендерден айналдым, табиғатым!
Мен сендерден айналдым, туған топырағым!
Мен сендерден айналдым, жаратқан мөлдір суларым!
Мен сенен айналдым, атамекен туған жер!

Менің кіндік қаным тамған, нәрестелік балдырған балалық шағым өткен атамекенім, туған жерім Гурьев, қазіргі Атырау облысы, Теңіз, қазіргі Құрманғазы ауданы, Отын – Төрбай ауылы. Уақыт өте келе кейін Отынскідегі туысқандар, бауыр ағайындар Қиғаш өзенінің жағасындағы Кудряшов ауылына көшіп келіп жайласқан.



Мен туған Отынск ауылының жері арал тәрізді. Өр суы тасыған кезде, Отынскінің бүкіл ойпаң, жазық жерлеріне жайғасқан үйлер мен қораларға су толып, үйлердің терезе кенерлерінде, тасбақа, бақырауық көк бақалар жүреді. Бұл кезде ел тұрғындары үйлерін тастап, төсек орын, ыдыс-аяқ, қазан, ошақтарын буып -түйіп, көліктеріне артып, малдарын айдап, су баспайтан биік жерге көшеді.

"Көрмедім Гурьевтей жер биігін", - деген халық өлеңдері осындай апатты өр суы тасуы кездерінде ел-жұрт аман қалғандықтан атанса керек.

Ел айнала орналасқан Отынск аралының дәл ортасында бір тал шөп шықпайтын сазды дөп-дөңгелек үлкен кең, тақыршақ бар.

Әкем Отынскідегі туысқан, бауырларына Сазанай деген жерден кейін көшіп келгендіктен биік тұрғызылған екі бөлме шоланы, ең кең төрт бөлмелі үй біздің сол кең тақыршақтың оңтүстік шетіне інілері Ералы мен Бейсәлі үйлерінің арасына жайласқан. Осы екі бөлмеде, мен үшін

мың бөлмелі кең сарайда 1919 жылы 21 желтоқсан мен жарық дүниеге келіппін. 3-4 айналымды үй ішін үлкен екі бөлмеге бөліп тұрған биік пеш үйді жақсы жылытушы еді.

Орыс селосы Сафон мен Отынск ауылы арасындағы кең жазық далаларда нар қамыс, қоға қалың өседі. Өзен жағалауында қалың тал-терек, қырат жерлерінде жыңғыл, тобылғы, тағы басқа бұталар қалың өседі.

Ауыл айналасы отынға бай болғандықтан ба, Отынск «отын аулы» деп аталғанын ауылдың қарияларынан сұрап білдім.

Біздің ауылдың солтүстігінде шығыстан батысқа қарай ағатын мол сулы Рыпин өзенінің шығыстан батысқа қарай ағатын батыстағы жағалауына орналсқан орыс селосы Котяевканың ертеректе майлап ақтаған, кең түзу көшелі, қызыл, көк темір қаңылтырмен шатырланған әдемі ақ үйлерін көріп, мен біздің туысқандар тек қара сылақпен сыланған үйлерін әкпен іші-сыртын неге ақтамайды деп кішкене кездерімде ойлаушы едім.

Сол кездердегі іші-сырты ақталмаған үйлерде бүрге, тарақан, қандала, көптеген ауру жұқтыратын шыбын- шіркей, маса, тағы басқалар көп болады.

Рыпин өзенінің оңтүстік шығысында 8-9 шақырымдай жерде ертеректе орыс шеберлеріне салдырған биік сәулетті, сәнді верандалары мен терезелері әсем, оюлы өрнектермен безендірілген есіктерінің тұтқаларына алтын жалатқан кең он шақты бөлмелі Құсайын байдың көк үйі таза ауалы, мөлдір сулы, масаты кілемдей құлпырған кең дала төрінде айналаға сән беріп жайласқан.

Байларда да байлар бар. Кейбіреуі не мыңдаған ызғытып мал бағып, сол байлығының рақатын, қызығын көрмей, ішіп - жемей, киімей , байлықтың құлы болып, тері шалбарын етіне жабыстырып, бір тышқақ лағы өлсе, жалшыларын соққыға жығып, бар байлығы кеткендей қайғыратын, о дүниеге тек бөзге оранып, қазулы көрге кірген, «О, құдай, сенен бала сұрадым ба? Мал, мал!»,- деп зарлаған Қарабайдай байлар да болған. Ал Құсайын бай бар байлығының рақатын көруге және өзін қоршаған ортасына, өз халқына үлгі -өнеге етіп көрсетуге арнаған адам-ды.

Құсайын байдың халқының жанашыры, қамқоршысы екендігі, Кеңес өкіметі өзін бай ретінде тәркілеуден бұрын жоғарғы орындарға өтініш етіп, өз халқы емделіп тұруы үшін Көк үйін аурухана етіп беруі- халқына жанашырлықтың, зор қамқорлықтың, зор адамгершіліктің, кемел сезімнің белгісі.

Әкем мені 1928-29 жылдары аурухана болған Құсайын байдың көк үйіне бірнеше рет апарып емдеткендіктен, мен ол үйдің іші-сыртын, айналасын әбден аралап, жалт-жұлт жарқылдаған оюлы мөлдір әйнектері мен алтын жалатқан есік тұтқаларын көріп, балалық көңілім көтеріліп, өзімше, менің туған атамекен жерімде осындай ен далама сән-көрік беріп тұрған әдемі үйдің болғанын осы күнге дейін есімнен шығармай мақтан тұтамын. Өйткені мені 8-9 жасымда сол Көк үй ауруханасында дәрігерлер емдеп, науқасымнан құлан таза болып жазылдым ғой. Ол -аяулы әкемнің зор қамқорлығы.

Отынск ауылының аймағындағы ойпаң, жазық далаларының топырағы өте құнарлы. Жергілікті халық өр суы тасқынының әрекетінен көктемде егетін егістік жерлеріне тұқымдарын, дәндерін кешігіп ексе де, еккен дәнді дақылдарынан, бақшаларынан жоғары, мол өнім алады. Еккен жүгерілерінің собығы жеңді білектей, ақ, қызыл, қара тарылары дәнді ұзын шашақтарын көтере алмай жер тіреп, қалың қабықты қоңыр сары картоптары, кішігірім қауындай помидорлары, қарбыз, қауындары, топырақтың құнарлылығынан айырылып жатады. Сары ала, ақ асқабақтарының біреуін бірі кісі әрең көтереді. Әсіресе ақ асқабақтар жүйектегі желі өркенінде шөккен нардай болып жатушы еді. Қияр, сәбіз, алма, айва, алмұрт, жүзім, техникалық дақылдан мақта өседі. Біз ауыл балалары жылқының құйрық қылын ұзын жіпке, таяққа байлап, бұлғап-бұлғап тартқанда бесатар мылтықтай даусы жер жаратын сақпан жасап алып, тары, қауын-қарбыздарды торғай, қарғалардан қорғаушы едік.

Отынск, Тарбай жерінде малдарға жағымды құнарлы айырауық, бидайық, құндырақ шөп, алабота, жусан, сүттіген, ошаған, ұшқыр, бүрген (сыпырғыш шөп), батпақты, ылғалды жерлерде нар қамыс, қоға қалың, ну болып өседі. Қыраттарда жыңғыл, тобылғы, пияздай ащы жуа, қаңбақ, алабота, ойпаң жазық жерлерде қанжар жапырақты тамыры жөтелге, тұмауға ем иір өседі. Иірдің тамыры сабағындай жуан өседі. Ұзын иір тамырын кесіп, жіпке тізіп кептіріп, жөтел, тұмауға дәрі орнына ауызға салып, ащы дәмін жұтады. Өзен жағаларында қалың тал-терек, қайың, бармақ басындай қоңыр қара кірпі бүлдіргендері, таяз суларда жылқылар тұмсығын суға батырып, ақ борығын жейтін қияқ сабақты, ақ борықты қоңыр қара кірпі бүлдіргендері, қабығы қатты жұлдыз, бұдырлы су жаңғағы, тағы басқалар өседі. Біздер суда ойнап жүріп, су жаңғағының қатты қабығы аршып, дәнін жейтінбіз.

Жергілікті халық күзде құмаршық дәні піскен кезде түйе, ат, өгіздермен қырға барып, құмаршықты қағып, оның дәні толтырылған қап, дағарларын көліктеріне теңдеп артып, еткен еңбектеріне масаттанып үйлеріне қайтады.

Құмаршық дәнін қол диірменге тартса, аппақ ұн шығады. Ашытып илеп, табаға жауып пісірсе, аппақ нан, құмаршық дәнін қуырып, диірменге тартса, сап-сары талқан, құмаршық дәніне ет, май қатық қайнатса, көже болады. Тағамдық қоректігі бидай, тары, жүгеріден кем емес еді. Қырда құмаршықты тышқан, атжалман, қосаяқ тағы басқалар аралап жегендіктен, оба, тағы басқа түрлі індетті адамдардың өміріне өте зиянды аурулар тарататынын дәрігерлер анықтап, кейін құмаршық дәнін пайдалануға және құмаршықты қағуға қатаң тыйым салыпты.

Ата-мекенім, туған жерде қос өркешті түйе, жалғыз өркешті нар, қылшық жүнді құйрықты, тегене құйрықты семіз еділбай тұқымды қойлар, қалың жібек түбітті, шаңырақ мүйізді ангор тұқымдас ешкілер, ауыр жүк тартатын жылқылар, ұшқыр ақалтеке тұқымдас жылқылар, салмақты, етті сиырлар өсіреді. Төрт түлік малға бай. Бала кезімде ауылдан есекті көрмедім.

Ертедегі құлақтары ұзын, аяқтары қысқа, жіңішке, өзі кішкентай болса да, семіз молданы қалай көтеріп жүреді деп таңданатынбыз. Сол семіз молданы кішкене есек шалшық суда таулап-тулап құлатып, қашып кеткенін көріп, әбден күлгенбіз.

Менің әкем қыста таңертең, кешке малдарын жайластырып, қоралап, үйге кірісімен мұздаған қолдарын, ақ қырау басқан беттерін жанып тұрған пешке тосып: "Осы үй жасауды қандай ақылды адам ойлап тапты екен", – деуші еді.

Мен туған жеріме солтүстіктің қатты аязды суығы да әсер ететінін әкемнің сөздерінен білдім. Ақ қар, көк мұз құрсанған далаларды, өзендерді көрдік және қатты соққан борандар да есімізде қалыпты. Теріп әкелген құ тезектерді жеңгем Тәнзила тамақ, нан пісіруге, үйді жылытуға пайдаланатын.

Аяулы жеңгемнің кең табада (көмбеде) сиырдың құ тезегінің қып-қызыл шоғы үстінде қайнаған шәугім шәйнегінің үні де керемет еді. Оның қою қаймақ қатқан шайын, сары майға бөктірілген тары боткасын, ішіне сиыр бүлдірген салып пісірген тәтті нанын, сап-сары ірімшіктерін, майлы сықпа құрттарын кең дастарқаннан талай рет еркелеп, рақатта отырып ішіп-жеген едім. Осы күнге дейін сол Тәнзила жеңгемнің қаймақ қатқан қою шайы мен тағамдарының балдай тәтті дәмдері менің аузымнан, таңдайымнан кетпейді.

Ол кездегі ауыл тұрғындарының негізгі кәсіптері егін егеді, мал бағады, балық аулайды, саудамен де айналысады.

Бала кездерімде Отынск, Тарбай ауыл тұрғындары шабылған шөптерін шөптен бау есіп, баулап, бау-бау шөптерін ат арбамен тасып, қораларына жинайды. Жас шөптен бау есіп шабылған шөптерді кішкене-кішкене етіп баулауы, адамдарды шаршатып діңкелететін әбігер, қиындығы көп, артық жұмыс сияқты көрінеді.Шабылған шөпті шөмелге салып, 4-5 күннен кейін шөп тапталғанда тасыса, жұмыс анағұрлым жеңіл болар еді. Кім біледі? Шабылған шөпті баулаудың бір себебі бар шығар.

Ауыл іргесіндегі Рыпин, Қиғаш өзендері уылдырығы алтынмен бағаланатын бекіре, шоқыр, қызыл балықтарға және бағалы жайын, сазан, табан, көксерке, қаракөз, майшабақ, қара балық, алабұға, тағы басқа балықтарға бай.

Ауыл тұрғындары балық аулап, балықтарын тұздап, ыстап кептіріп, пароходпен, қайықтармен Астрахань қаласына апарып сатып, саудагерлік жасайды. Әр отбасы күніне бір, екі рет балық асып, оның майы екі елі ақ сорпасын ішеді. Балықтың еті мен ақ сорпасы асқазанға жеңіл, денсаулыққа өте пайдалы.

Баяғы заманда елінен алысқа ұзатылған біздің ауылдың бір қызы: "Бал татыған балық сорпасын ішпейтін ерке басым қолаңса сасыған қой сорпасын ішіп қор болдым-ау", – деп үйдің артына шығып, сыңсып жылапты деген ел арасында тараған аңыз сөздер шындыққа келеді.

"Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан ", - дегендей мен туған Отынск ауылының тұрғындары, туысқан бауырлар түгел Қиғаш өзенінің жағасындағы Кудряшов ауылына көшіп барып, өзен жағалай қоныстаныпты. Бұл үлкен ұлым Серік екеуміздің 1961 жылы туған елге барған кезіміз еді.

Мен туған Отынск ауылының орнын және жазық ойпат жерлерде өскен нар қамыс, қоға нулары өскен жерлерді кәрістер жыртып, егістік жерге айналдырып, күріш, жүгері, тары, мақта, қауын, қарбыз, күнбағар, картоп, асқабақ тағы басқаларды егіп, бірнеше жүздеген гектар тың жерлерді егіс даласына айналдырыпты.

Мен туған үйдің орны да, мен тал ат мініп шапқылаған, шілік, асық, қашпа доп ойнаған ауыл

ортасындағы кең тақыршақ та жоқ, ел де жоқ, елдің орны да жоқ.

Өтеген ағаның моторлы қайығына отырып, әке-шешем жерленген ұзыннан жайласқан құмсазды биік төбеге өзен жолымен жақындай түсіп, қайықты жағаға тартып, қазыққа байлап, қайыққа Досқалидың (Тайақамның) қызы Нұрланды қалдырып, Досқали, Өтеген, Серік екеуміз, бәріміз жаяулап төбе басындағы бейіттерге, менің әке-шешем жерленген және ата-бабаларым жерленген жерге жеттік.

Бәріміздің үлкеніміз ағамыз Досқали аға ата-анамның аруағына, барлық ата-бабалар аруағына бағыштап дұға оқыды. Бәріміз қабыл болғай деп, «Аллаһу әкпар» деп бет сипадық.

Биік жотадан жан-жаққа қарап, ата мекенде үлкен өзгерістер болғанын байқап, жотада біраз серуендеп, онда өскен ащы жуаны, қой жуаны құмарлана жеп, туған жердің таза ауасын көкірек кере жұтып, рақаттанып дем алдық.

Серік балам бәрімізді бейіт басында және биік жотада серуендеген кездерімізді фотоаппаратымен суретке түсірді. Мен туған ауылымның ата-мекенінің егіс даласына айналып, орнының тып-типыл болғанына, тым болмаса әкем мен ағаларымның жүрген даңғыл жолдарының іздері қалмағанына, аяулы жеңгем Тәнзиланың өзеңге барып, су алып қайтқан жолдарынан із қалмағанына қатты тебіреніп толғандым.

Бәріміз ақырын аяңдап келіп, жағаға бекітіп кеткен Өтеген ағаның қайығына отырып, сол кісінің үйіне келдік.

Қайран менің ата мекенім - жер жаннаты, жұмақ, пейіш еді ғой!

Өтеш ОРАЗАЛЫҰЛЫ,
Алматы облысы,
Есік қаласы.

ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН

1940 жылы он тоғыз жастағы Мәлі Қосшағыл кәсіпшілігіне оператор болып орналасып, еңбек жолын бастады. Қай кезде де көкірек кермейтін, бірақ намысты қолдан бермейтін талабы таудай жас жігіт аз уақыт ішінде мамандығын жетік меңгеріп, әріптестерінің ыстық ілтипатына бөленді. Мүмкін, болашақ өмірі де осы бағытта қалыптасып жетер ме еді, егер араға соғыс келіп килікпесе. Бейбіт елге зұлым жау тұтқиылдан тиісті. «Соғыс» деген суық сөз ел ішіне лезде тарады. Әкесінен айырылып бала, арысынан айырылып ана қалды. Жиырмаға жетпей жесір атанғандар қаншама?!



1942 жылдың май айында Мәлі Ахметов те майданға аттанып кетті. Әуелі Оралдағы, кейін Одессадағы жаяу әскерлер училищесін бітірген соң Сталинград майданында жаңадан жасақталған 193-атқыштар полкінің барлаушылар взводының командирі болып тағайындалды. Қою қараңғылықты пайдаланып, Мәлі басқарған барлаушылар тұңғыш рет жорыққа шықты. Қасында сайдың тасындай өңкей сенімді жігіттер. Астраханьдық Иван Разладин, сібірлік Сергей Килин, талдықорғандық Александр Горкин - қандай жауға да қарсы тұрар қайсар жауынгерлер. Сол күні жолдары болды. Байланыс сымдарын үзіп, дұшпанның бір унтер офицерін «тіл» ретінде тұтқынға алып, өз шептеріне аман-есен оралды.

Арада алты күн өткенде бұлар фашистердің штабын өртеп, тағы да бір офицерді қолға түсірді. Сол ерлігіне орай аға сержант Мәлі Ахметов «Ерлігі үшін» медалімен наградталды. Мәлінің майдандағы алғашқы қадамы осылай басталды. Кейін ол Сталинград қаласын жаудан тазарту кезінде де асқан ерлік үлгісін көрсетіп, «Қызыл Жұлдыз» орденін омырауына тақты.

Міне, алда - Днепр өзені, арғы бетте – дұшпанның қорғаныс шебі. Бұл 1943 жылдың 9 сентябрі еді. Полк комиссары Егоров барлаушылар взводының командирі Мәлі Ахметовті өзіне шақырып алды. Ол сол күні Совет Одағы Коммунистік партиясының қатарына қабылданды. Тапсырма қыска болды. Оған қасына алты адам ертіп, арғы бетке бірінші болып өту тапсырылды. Қашан да нар тәуекел ер серігі емес пе?! Таңғы алагеуім шақта алты жігіт байланыс құралдарын алып, салға мінді. Жау да бұларды байқап қалған екен, үсті-үстіне атқылай бастады. Арғы жағаға алтаудың төртеуі ғана аман жетті. Олардың дұшпанның орналасқан шебін дұрыс хабарлауы нәтижесінде неміс басқыншылары Днепрден қуылып, жаппай шабуыл басталды. Совет Армиясы қалалардың бірінен соң бірін азат етіп жатты.Украинаның Киров қаласын, Молдавияның астанасы Кишиневты жаудан тазарту кезінде бұрынғы наградаларының қатарына екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы, үшінші дәрежелі «Даңқ» ордендерін тағып үлгерген аға сержант Мәлі Ахметов те асқан ерлік танытты.

Болат қайнауда, батыр майданда шыңдалады емес пе? Мәлінің де қынапсыз қылыштай қалпын тұрған шағы еді. Бірақ «Ел шарасыз, ер жарасыз болмас» деген ғой. Румыния астанасы Бухарест қаласын азат ету жолындағы ұрыста ол қолынан ауыр жараланды. Госпитальда екі айдай емделіп, жарақаты жазылғаннан кейін Ленинград қаласындағы әскери училищеде оқыды. Оны ойдағыдай тамамдап, кіші лейтенант әскери атағын алып шықты. Бұл 1944 жыл еді. Ол енді майданға жіберілмей, сондағы сержанттар даярлайтын училищеде жұмыс істеуге қалдырылды. Мәлі екі жылдай Совет Армиясы кадрларын даярлауға атсалысып, елге аға лейтенант атағымен оралды.

Елдегі азаматтар селеудей селдіреп қалыпты. Кешегі соғыстың ізі сайрап-ақ жатыр. Халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңі басталған еді. Мәлі де қол қусырып қарап отыра алмады. Шүкір, өмірден жинақтаған тәжірибесі бар. Жас ұрпаққа айтары да, үйретері де мол. Осы ой оны аудандық оқу бөліміне алып келді. Ондағылар Мәлініқұшақ жая қарсы алып, Лермонтов атындағы орта мектепке алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі етіп жіберді. Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру жұмысына белсене кіріскен ол үнемі іздену үстінде болды. Білімін жетілдіруді мақсат тұтты. Әуелі Оралдағы, кейін Гурьев қаласындағы педучилищені бітірді. Сабақ арасында шәкірттеріне жауынгерлік жолдары туралы әсерлі әңгімелеп отырды. Сонда ойына қарулас жолдастары оралатын-ды. Полк командирі, майор К.П. Белодонов, қатардағы жауынгерлер К.Понамарев, И.Заинченко, тағы басқалар кескін-келбетімен, болмыс-бітімімен күні кешегідей көз алдында.

P.S : Даңқты жауынгер, майталман ұстаз 1985 жылы дүние салды.

Өмірбаяны кітапқа енгізілген.

ҚУАНДЫҚ ҚАЖЫ АЙТҚАН СЫР...

Шеркеш – **Жәнібек бабамыздың бірінші әңгімесі:**

Менің шешемнің есімі Бибірабиға болатын. Сол кісінің енесінің айтқан сөздері құлағымда қалыпты.

Бір күні Жәнібек атамыз түсте ұйықтап жатқанда, кемпірі түстік шайды қайнатып: "Тұр, тұр отағасы, шай қайнады," – дегенде, «уф» деп оянып ты. «Не болды, шал? – дегенде: «Апырай, менің кеудемнен жаналғыш періште жанымды алып, кеудеме кіргізгенде, сен тұр дедің. Саған өтірік, маған шын, менің жанымды Алланың құзіретіне апарды. Бара жатқанда бір жағы тозақ, бір жағы пейіш екен. Соның ортасынан өттім. Аллаға: «Міне, әкелдім» , - дегенде: «Бұл кісі емес», - деп кері қайтарып: «Келесі орның пейіште болады», - деп, жанымды кеудеме кіргізді», - депті. Содан шай ішіп отырғанда кемпіріне айтады: «Қазір көрші ауылдан: «Жәнібектің намазы деген хабар келеді», - дейді. Сол сәтте хабаршы да келген екен.

Жәнібек бабамыздың екінші әңгімесі

Бір күні кешке қарай ешкі малдары келмей қалған. Содан атамыз малын іздеп шығады. Қас қарайып, көз байланған кез екен. Ауыл шетіндегі көне үйлер жанынан өте беріп: "Шөре, шөре!" – деп ешкілерін шақырғанда, бір үйдің бұрышында жанып тұрған отты көреді. Жақындап қасына барса, бір кемпір шашын жайып, оттың жанында отыр екен.



Атамыз бірден албасты кемпір екені есіне түсіп, кемпірді сыммен ұрып, шыңғыртып сабаған кезде ол: «Жеті атаңа дейін тиіспеймін», - деп ант береді. Содан бері өскен кейінгі ұрпақтар тағдырдың берген несібесін теріп жеп, пәле-жәледен аман келе жатыр. Сол Жәнібектің баласы Бегей атамыз да батыр болған адам еді.

Кешегі революция уақытында атамыз Өзбекстанның Бұхара облысындағы Бозашы деген ауылды мекен етті. Ағатай деген адайдың батыры және Қали деген таздың мергені және Бегей атамыз қызылдарға қосылып, басмашыларға қарсы күрескен және оларды қуып, Ауғанстанға асырып жіберген еді.

Бегейдің баласы Тағанияз ағамыз да мергендігімен аты шыққан. Ол ағамыз Ұлы Отан соғысында әскерліктен қашып жүрді. Сол Тағанияз тағдырдың адастыруымен із-түссіз кеткен. Сонда шешесі айтады екен: «Менің балам өлмейді. Неге десеңіз, мен ол бала бойыма біткенде жыланның етіне жерік болғанмын», - дейді екен.

Қалпақ деген атамыз да мерген болған. Кешегі ашаршылық уақытында аң аулап, бала-шаға, көршілерін аштықтан құтқарған. «Қазанға су құя беріңдер, мен қоян не қырғауыл атып әкеліп беремін», - дейді екен. Егер де екі қырғауыл бір жерден ұшып екеуі екі жаққа ұшса, екеуін де

атып түсіретін болса керек. Қалпақ атамыз Амудария өзеніндегі үлкен көпірде өмірінің соңына дейін қарауыл болып істеді.

Одан кейінгі Ибрагим ағамыз да айтулы мерген болды. Мен ол кісіге көп ілесіп, оның мергендігінің талай куәсі болдым. Киікті 250-300 метрден кәдімгі бесатар карабин мылтықпен қалт жібермейтін еді.

Жәнібек бабамыздың ұлы Қаржау ағамыз өте ірі кісі болған. Жеңгелері «Түйе Қаржау» деп атаған. Ұрыс жылдарына шейін жұмысшы болып істеген, жүк артып, жүк түсірген. Өмірінде бір рет күрескен екен. Өзбектің бір мықты палуанын жыққан. Содан шешесі түс көріп, күресуге рұқсат бермеген. «Егерде күресетін болсаң, ақ сүтімді кешпеймін», - дегеннен кейін күреспеген.

Бұхара облысы, Алат ауданы жақта бұрынғы бала оқытатын мешітті азық-түлік сақтайтын қоймаға айналдырған еді. Әр түрлі алыпқашпа әңгімелерден қорқып, соған ешкім қарауыл болып істеуге бармайды екен. Қаржау ағамыз сол қоймада біраз жыл істеді.

Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін ағамызды армияға алады. Барған уақытында аяғына аяққиім табылмай, майданға бірден аттана алмаған. Сол ұрысқа алғаш кіргендердің көбі қайтып оралмаған. «Осы аяғымның себебінен аман қалдым-ау», - деген сөзді өз аузынан естігенмін. Аяғына 48-50 размер тура келетін болған. Бірінші ретте пиманың галошын киген, кейін аяғына аяқ киімді тапсырыспен тіктірген. Ұрыстан аман-сау оралғаннан кейін жұмысшы болып істеп жүргенде, 200 келі бөшкелерді бір өзі машинаға емін-еркін көтеріп сала беретін еді.

Өзіме келетін болсам, әкемнің есімі - Мұлкаман. Мен 1944 жылы дүниеге келгенмін. Үш жасымда жесір қалған шешемді ағамыз әрі әкеміз Ибрагимге некелеген. 8-9 жасымнан түйе бақтым. Бір рет түйе ізденіп жүріп, далада қалып кеткенмін. Қасымда итім бар еді, оны кетіп қалмасын деп шұлғауыммен байлап алдым. Күн суық болатын. Үйдегілер іздеп, аман-сау тауып алып, бір ажалдан қалғанмын.

Уақыт өте келе ержеттік. Үйленіп, балалы-шағалы болып, жүргізуші, трактершы болып жұмыс істедім.

1998 жылы әкеме ас бердім. 7 қара үй тігіліп, үлкен шатыр құрылып, дастарқан жасалды. Екі өгіз, он қой сойылып, құран оқылды. Ата шапан, киім таратылды. Сонау Қарақалпақстаннан шеркеш Сәрсенбай жырау шақырылды.

2000 жылы бұрынғы 4 аудан Шардара, Киров, Жетісай, Мақтарал және көршілес Өзбекстандағы Гагарин аймағындағы шеркеш ағайындардың басын қосып, Шеркеш бірлестігінің жиынын өткіздім.

2006 жылы Мекке, Мәдинаға барып, «әкпар қажы» атандым. Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра демекші, менің одан кейін еліме, ағайын-жекжатқа деген ықылас-пейілім, туыстық сана-сезімім жаңаша арнаға бет бұра бастады. Бұл дүниеде адамның соңында тек жақсылығы, ғибратты тірлігі сақталып қалады екен.

«Жақсының аты, ақынның хаты қалады» демекші, бұл өмірден бәріміз де өтеміз. 11 бала өсірдім. 5 бала, 5 келінім бар. 2 қызым тұрмысқа шықты және 4 қызым бар. Отбасымызда бала, немере, шөберені қосқанда 43 жан екенбіз. Алланың бергеніне шүкір деп тәубе етемін.

Қазіргі таңда Оңтүстік Қазақстан облысы, Мырзакент қалашығындағы, Еңбекші елді мекеніндегі ақсақалдар алқасының орынбасары, Жаңатұрмыс ауылының елағасымын.

Аудан әкімшілігінен екі рет Алғыс хатпен марапатталып, өзімнің шамам келетін мақта кәсіпшілігімен айналысып жатырмын.

Қуандық МҰЛКАМАНҰЛЫ.
Мақтаарал ауданы.

ТАҒДЫР СОҚПАҒЫ

Шамамен 1850 жылы Ниет атамыздың отының басында Жанас атамыз дүниеге келіпті. Сол заманда Ниет атамыз Жайық өзенінің бойында, қазіргі Индер ауданынан 40-50 шақырым жердегі 5-ауыл төңірегін жайлайды екен. Атамыз 1867 жыл шамасында дүниеден өтіп, сол Жайық жағасынан бір шақырымдай жердегі 5-ауыл қауымы төңірегіне жерленіпті.

Ниет атамыз қайтқанда, Жанас атамыз 17-18 жастағы жас жігіт екен. Шешесі өте көрікті, көркіне ақылы сай, иман жүзді, заманның дұрыс адамы болған. Ол кісіге билер түсіп, ақсақалдар келіп, әңгімелесіп отырады екен. Жалғыз баламды үйлендірем деп қыз таңдап, жоғарғы әлім шектінің қызына құда түседі. Құдасы Аралбай деген кісі екен, сол кісінің қызын келін қылып алады.

Сол Жанас атамыз балалары өсіп, жетілген заманда, ол 1914 жылы қажылыққа барып, сапарын аяқтағаннан кейін, үш күн ауырып, Меккеде дүниеден өтеді. Сол жерге қойылып, қажылығы қабыл болған адам екен.

Жанас атамыз ержетіп, ат жалын тартып мінген соң үйленеді. Жайық бойында жақсы өмір кешіп, «жақсы жігіт», «ел азаматы» деген жақсы атаққа ие болды. Жанас өте зерек, ақылды, ұқыпты, ойшыл, ұйымшыл, әркез ауыл бірлігін сақтайтын азамат болып ержетеді. Жақсы ән айтып, тойларда палуандыққа түсіп, өмірі жауырыны жерге тимей кеткен палуан атағын алған. Ауыл балаларын сүндеттейді екен. Халықтық ем-дом да жасады. Бірдеңе болса, ауыл ақсақалдары: «Әй, Жәкеңе барып келіңдер, сол бірдеңе жасар», - дейді екен.

Бірде қойға топалаң типті. Сонда Жәкең сол қойды шетінен ұстап көгендетіп, әлгі топалаң болып өліп жатқан қойды сойдыртып, өкпесін табаққа салып әкеледі. Ол шуда жіпті тебен инеге сабақтап, табақтағы өкпеден өткізіп алып, сау қойлардың құлағынан манағы өкпе сөліне ылғалданған шуда жіпті өткізіп ала беріпті. Содан ауылдағы барлық қойлар топалаңнан аман қалған екен дейтін ақсақалдар.

Жәкеңнің үйленер кезінде болған бір әңгімесі беріге дейін ел арасында айтылатын еді. Құдалар ар жақта айттырып қойған қызын алуға шектілерге аттанады. Содан құданы ішке, төр алдына отырғызады. Күйеу бала оң жақта қалыңдығы және басқа да қыздар отырған шымылдық ішіне отырғызылады. Шай ішіліп болысымен, тамақ келеді. Күйеуге төс пен асықты жілік тартылады. Жәкең қажырлы, зор денелі палуан жігіт, тамақты да жаман жемейтін болса керек, тамақ алдына келген соң жол жүріп ашығыңқырап келген жігіт алдындағы асық жіліктің сом етін турамастан аузына салып жіберіп, шайнаңқырамай жұтып қалғанда, бұлшық еттің арасындағы қылқан инесі тамағына қадалып тұрып қалған. Содан Жәкең қақалайын десе ұялып, аузын басып, шымылдық шетінен зып беріп, далаға шыға жөнеледі. Далаға шыға «А-а –а!» дегенде, тамаққа кептеліп қалған ине сүйек қақырған қанмен бірге атып кеткен екен. Содан жуынып, қайта ішке кіріп отырады. Сонда төр алдында отырған қайын атасы: «Оу, күйеу, не істеп жүрсің?»- дегенде, Жәкең жерге кірердей ұялып, үндемей қалған екен.

Жайық бойын жайлап, осылай шалқып тұрған замандарда мынау Еділ мен Жайық арасына орыстар келіп қоныстана бастайды. Бұрынғы отырған елдерге қазақтарға қысымшылық көрсете бастайды. Содан қазақтар жақсы қоныстан ығыса бастады.



Сол замандарда осы дүмпу біздің қойыс-қашқыншы ауылдарына да тиеді. Жанас атамыз да өз ауылдарымен бірге қонысынан ауып, қазіргі Қызылқоға ауданы, Қарабау маңында, Тайсойған деген жерге көшіп келіп, «Жарыпшыққан» деген жазғытұры таситын өзектің Жаманаша дейтін жеріне келіп, үй салып, қоныстанып отырған екен. Осы жерде шаруа күйі жақсара бастайды. Мал өсіреді, егін егеді. Ұрпақ өсіріп, бала сүйе бастайды. Бірінші баласы дүниеге келеді. Сол кезде шешесінің ұлғайған кезі екен. Келінінің аяғы ауыр, босанатын мезгілі жақындаған уақытында: «А, құдай! Бала бер! Бала берсең, ұл бала қылып бере көр!» - деп, құдайдан шын тілеп отырады. Отауда келін толғата бастағанда қарт шешеміз үлкен үйдің төрінде төрт қабат көрпенің үстіне отырып алып: «А, құдай, бере көр!»- деп басына қабаттап жеті жаулық тартады, үстіне бірінің сыртынан бірін қабаттап жеті көйлек киіп отырады. Әйелдердің сүйінші сұрап келуін тағатсыздана күтіп отырады. Бір мезгілде отаудан сәбидің шар етіп жылаған дауысы барқырап шығады. Бұл сәбидің дауысынан ер бала екенін біледі. Артынша-ақ әйелдер: «Уа, бәйбіше! Сүйінші, қойшылы болдыңыз!» – деп есіктен кіре шешемізге бас салған. Жеті жаулықты жеті әйел алып кеткен, қалғандары үстіндегі көйлекті шешіп ала бастаған. Алты әйел алты көйлекті алады. Жіпті шешіп беруге шыдатпай, көйлектің алдыңғы омырауынан айырып жіберіп, арқасынан қарай соза тартып алып жатқан көрінеді. Бір әйел жетінші көйлекке жабыса бергенде шешеміз оның қолын қағып жіберіп: «Немене, мен сендерден кеммін бе?! Тыржалаңаш құр қалар жайым жоқ. Жарқыным, енді әуретімді ашасыңдар ма?» - деп орнынан атып тұрып, өзі отауға жүгіріп келеді.

-Кілең жаман қатындар, былай тұрыңдар! Баламның кіндігін кесе алмай созып жіберерсіңдер, - деп, дүниеге жаңа келіп жатқан сәби немересінің кіндігін өзі кесіп, байлап, етегіне орап алып, үлкен үйге келіп отырып, немересінің аузына емшегін салып жібергенде, Алланың әмірін қараңыз, қатып қалған емшекке сүт келіп, парлап жүре берген екен», - дейді.

Содан бұл бала Жанас атамыздың тұңғыш баласы Мырзағали болыпты. Ол үлкен шешесін төрт жасқа келгенше емді дейді. Өз шешесін ембеген. Бұл баладан кейін арасын екі жас қылып тағы бір балалы болған. Онын атын Қағазғали қойған. Осы баладан кейін шешеміз дүниеден қайтқан. Жанас атамыз бұл шешеміздің кейін екінші шешемізге үйленеді. Бұл кісі беріштің Аю деген

кісісінің қызы екен. Бұл шешеміздің төрт ұл, бірнеше қыз дүниеге келген. Шешеміздің аты Айбарша. Ұлдары - Серік, Ләти, Қаби, Қази деген. Қыздары- Балшекер, Сақыпжамал, Ғайнижамал. Сонымен Жанастан алты бала, үш қыз туады. Жанас атамыздың тұңғышы Мырзағали 1870 жылы дүниеге келген. Жасы келген соң мектепке берген. Ол кезде мектеп арабша ғой. Мырзекен де өте зерек болып өседі. Ауылдағы мектепті бітіріп, алыстан оқу іздейді. Сонау өзбек жеріндегі Бұхара, Хиуаға барып, жеті жыл оқып, жоғары дәрежелі ислам медресесін бітіріп, «Имам хатиб уа муддарис» дәрежесін алып, еліне қайтып келеді. Елде мешіт салдырып, сонда 1929 жылға дейін, 25 жыл бала оқытқан.

Сол Мырзағали «ахун» атағына ие болып, халық арасында үлкен беделге бөленіп, мешітінде шәкірт тәрбиелеп, балаларға тәлім-тәрбие беріп тұрған.

Бес інісінің барлығы өз алдарына үй болып, бала сүйіп, өз қатарларының алды болып, қызықты өмір сүріп жатқан кездері екен. Бәрі де арабша сауат ашып, хат таныған. Әсіресе Қаби дейтін інісі Хиуада 7 жыл оқып, жоғарғы дін мектебін бітірген. Үлкен балалары Нұролла, Ғабдрахман да оқып, сауатын ашып, үйленіп, бөлек үй болған. Інілерінің балалары да есейіп оқыған. Сол күндерде қашқыншылар бөлек ауыл болады. Қарақожа деген аталарымыз болыс болып, бар шаруашылықтары түзеліп, дәуірлеп тұрған кездері екен.

Сөйтіп тұрған заманда большевиктер келіп, елдің берекетін алып, колхоздастыруға үндеп, ел арасында байлардың есебін алып, кәмпеске жүре бастады. Мешіттерді алып, молдаларды қудалай бастады. Кулак деді, әлді шаруа деді, елге санаға сыймайтын сан түрлі салық сала бастады. Мешітін тартып алды, өзін тегін қоймайтынын білген Мырзағали кіші әйелімен, балаларымен салт жеңілден, елден кетуге бел байлайды. Ағайын- туысқандармен қоштасып, қасында Есқали деген құдасымен бірге 1929 жылы шілде айының ішінде түнделетіп қашып көшіп шығады. Көлігі – бір түйе. Соған көрпе-төсегін артып, әйелін, 3 баласын түйеге қомдап отырғызып, өзі салт атпен жолға шығады.

Ал қасындағы құдасы Есқалидың екі әйелі бар. Сламбек деген баласы бар. Өзі бай, өзі сөзшең және атсейіс, инабатты дұрыс адам екен. Отбасын тарантас арбаға мінгізіп, салт атпен шығады. Дүние-мүліктерінің барлығы жұртында қалады. Бағыты Ауғанстанға өтіп кету еді. Мырзекең жерді жақсы біледі, өзінің оқыған жері болған соң Құлсарыға жақындағанда атақты Құнискерей салт атпен ерген. Сонымен үш үйлі жан бірге жүріп отырып, Үргеніш жағына қарай, Хорезм ойына құлап кеткен. Бұлар сол Хиуа төңірегінде бір жылдай болып, 1930 жылы ары қарай көшіп, Түрікменстанның Кушка дейтін жеріне дейін барған. Бірақ сол жерде бұларды шекарадан өткізбеген. Сонымен бұлар сол түркімен жерінде Маңғыстаудан ауып барған адайлардың ішіне сіңісіп, отырып қалған. Түркімен жері өте ыстық болады екен. Қыста қар жатпайды, малға шөп шаппайды, қора салмайды. Суарып қойсаң болды, өсе береді екен. Сол мезгілде түркімендер де сен қазақ қайдан келдің деген жоқ, мал ұстама деген жоқ. Қазақтар совхоздарға орналасып алып, мал бақты, байыды. Бұл жер қазақтарға сол мезгілде жайлы қоныс болды. Кім бай, кім молда болды, ол жерде бөтен әңгіме қозғалған жоқ. Сонымен біздің әкеміздің елден туып барған қолындағы жалғыз ұлы Мұхамбетжан 13 жасында 3 күн ауырып қайтыпты. Жат жерде жүргенде қолындағы жалғыз баласының кенеттен қайтуы бұлардың қабырғасын күйретіп кеткен. Бұл 1931 жыл екен.

Сонымен қайғыланып жүргенде, елден хат алады. Өзі кеткесін елде қалған бес інісін, бәйбішесін балаларымен молданың тұқымы, байдың тұқымы деп, әрқайсысын әр жаққа жер аударған. Бірқатар інілерін Тұзтөбеге аударған, бәйбішені балаларымен қоса Тайпаққа жер аударған. Ел тегіс бүлінген. Бұл хабар қатты тигені соншама, біздің әкеміз құса болып, ауырып жатып алған. Бір жылдан кейін 1932 жылы мен дүниеге келіппін. Дімкәстанып жатқан әкеміз басын кішкене көтеріп, менің атымды Нұриддин қойып, Алланың берген қазасы мен қайғысына разы болып, сабыршылық жасап, қалған барының қайырып сұрап, бойын тіктепті. Екі қыздың біреуі табынға шықты, біреуі адайға шықты. Мен ержетіп, оқып және әкеміздің өзінен үйде отырып, арабша оқып сауаттандым. Осыған да әкеміз қатты разы болып кетті. Әкеміз 1962 жылы 92 жасында дүниеден өтті. Шешеміз 63 жасында 1956 жылы дүниеден өтті. Баласы Мұхамбетжан үшеуі бір қауымда, Имамбаба деген жерде жатыр. Топырақтарың торқа болсын! Мен сол жақта, 1951 жылы адайдың Байгөбен деген кісісінің қызына үйлендім. Бұл кісі 1936 жылы туған. 1963 жылы әкемнің жыл садақасын бергесін, жаз айында Түрікменстан жерінен көшіп, өз еліме, ата қонысым Атырау облысының Мақат ауданына, келіп қоныстандым. Келгенде Ғаббас және Күләш деген балаларым болды.

Мақатқа келген соң мұнайға оператор болып жұмыс жасадым. Жермен, елмен таныстым, сырттай оқып, техникум бітірдім. Содан кейін құрылысшы прораб болдым. Газ жүргізіп, Мақат қыстағына түгелге жақын көгілдір отын жүргізіп, содан құрметті демалысқа 1987 жылы шықтым. 10 жылдай Мақат ауданы мешітінің имамы болдым, қазір Алланың бергеніне шүкір, 4 ұлым, 4 қызым бар. Бәрі де аяқтанды, 4 келінім бар, үшеуі бөлек отау шықты, 4 қызым да тұрмыс құрды. 18 немере, 4 шөберем бар.

Осы балалардың жамандықтарын көрмей, алдында кетсем арманым жоқ, Алланың бергеніне шүкір етемін. Әмин!..

Нұриддин қажы МЫРЗАҒАЛИҰЛЫ.
Мақат кенті.

ҚАЗИ ҰРПАҚТАРЫ

-Бұрын Хиуаның қазақтарға көрсетпегені жоқ қой, - деп бастады Жәке әңгімесін. Сол кезде Хиуа шапқыншылары қазақтарға шабуыл жасап, сол ауылда тұратын, шеркеш, таз, адай руының еркек кіндіктілерін түгел қырған. Қалған кемпірлерді мал бақтыруға, келіншектерді күң, қыздарды сатуға айдап алып кеткен. Сол қыздардың ішінде Қази атты 10 жасар ер бала болған, содан қыздардың арасында кеткен дейді. Тұтқын кемпірлердің арасында Қазидың анасы Түнгүл (Түңіл) болған. Ол баласын сыртынан қарап жүрген дейді. Тұтқындарды Хиуаға апарып, қыздарды сатуға шығарғанда, олардың арасындағы Қазиды біліп қалады. Содан оны өлтіруге әмір береді. 10 жасар Қази өте пысық, алғыр бала болған. Өлетінін білген ержүрек Қази:

-Уа халайық! Мыналар менің әкемді, екі ағамды өлтірді. Бүкіл ауылды қырды, енді мені өлтіргелі жатыр, менің атым Қази. Руым Қосым шеркеш, - деп айқайлап айтқан екен. Сонда халық шулап, бір ауылдан қалған жалғыз баланы өлтірмеуін сұрап, сауға төлеген адамға беруін сұрайды.

Қазидың әкесі Нұрлыбай, екі ағасы Есжан, Досжан жаудың қолынан қаза тапқан. Содан тұтқындағы Қазиды үш адам келіп, сауға төлеп, босатып алған екен. Ол адамдардың сауда-саттық керуенімен немесе бауырларын құтқару үшін келген қуғыншылар екені белгісіз, олардың ішінде руы, аты беймәлім бір шумақ-шеркеш, қосымның жанғабылынан шыққан Жәлімбет Түркұлы, қосымның сарысынан шыққан Төреғазы Қазиды тұтқыннан құтқарған екен.

Тумаластарына қосылған Қази талай жаумен соғысып, талай жорықтарға қатысқан. Қазидың айбалтасы, қылышы күні кешеге дейін сақталып келді. Қазидың Сұлтанғали, Құрманғали, Бағытжан атты ұлдары болған. Әжеміздің айтысына қарағанда, Құрманғали атамыз көп соғыстарға, соның ішінде түркмендермен болған қақтығыстарға көп қатысқан дейді. Орыстармен болған бір қақтығыста қолға түсіп, тұтқындалады. Бірде орыс әскерлері үш айдан кейін елге қайта оралып, Құрманғали қашып кетті деп, ауылды түгел тінтіп кетеді. Содан сол Құрманғали атамыз хабар-ошарсыз кеткен. Құрманғалидан туған атамыз мұғалім болып, белгілі ұстаз Нұрмаханов Жанаш әкеміздің қарамағында істеді. Мырзағұлдан Балықбай, Қылышбай тарайды. Балықбайды нағашылары бауырына басады. Ал Қазиев Қылышбай 2008 жылы 62 жасында дүние салды.

Ол темір жол саласында 40 жыл еңбек етті. "Құрмет Белгісі" орденімен, медальдармен, төсбелгілермен марапатталған. Оның үлкен қызы Қазиева Жұмагүл Кең Жылыой адвокаттар қауымдастығының төрайымы болып істейді.

Менің әкем Қылышбай туылғанда, кіндігін Қазидың қылышымен кескен екен. Содан атын Қылышбай қойыпты.

Дәулеткерей ҚҰРМАНҒАЛИЕВ
Жаңаөзен қаласы.

ПИСЬМО ИЗ САРАТОВА

Здраствуйте, уважаемый Пернебай ага!



Очень обрадовался Вашему письму – весточке с далекого Южного Казахстана от родного соплеменника.Я тоже из рода шеркеш,подрода Суйиниш. Вы вязялись за большое и благородное дело и я желаю всяческих творческих успехов. Посылаю Вам свою книгу и материалы о казахах Саратовской области. Мы считаем Саратовское Поволжье своей родиной, а Казахстан прародиной. Здесь на российской земле, на берегах великой Волги, саратовские казахи стараются соблюдать обычаи и традиции своего народа. Мы пристально наблюдаем как стремительно развивается

суверенный Казахстан. Когда мы узнаем об успехах Казахстана, то становимся на пол головы выше – так мы радуемся за вас.

Казахская община Саратовской области насчитывает более 802 тысяч человек. Преимущественно казахи расселены в пограничных с Западно – Казахстанской областью сельских районах – Алгайском, Озинском, Перелюбовском и т.п., в которых процент казахов составляет от 25 до 60 процентов населения районов. Мои соотечественники славятся как выдающие животноводы. В последние годы сильно выросло казахское население в городах области, особенно в Саратове и Энгельсе. Ученые – казахи пользуюся заслуженным уважением в научной среде области. Двадцать два казаха являются кандидатами наук, а два –Эссен Тлеубаевич Джунельбаев и Рустам Сулейманович Байниязов являются докторами наук.

Коротко о себе. Мне 45 лет. Родился я в Саратове. В 1979 году закончил среднюю школу №73 г. Саратова, в 1981 году закончил техническое училище №36 по специальности электромонтер. Работал после окончания училища на ПО «Корпус». В 1982-1984 годах служил в рядах внутренних войск МВД СССР. С 1985 по 1990 год учился в Саратовском государственном университете на историческом факультете. По распределению поехал работать в Казахстан – с 1990 по 1991 год преподавал в Уральском государственном педагогическом институте им. А.С.Пушкина. В 1991 году поступил в аспирантуру Саратовского государственного сельскохозяйственного института им. Н.И. Вавилова, в 1995 году защитил кандидатскую диссертацию по истории на тему: «Партийно-государственная политика в отношении различных форм хозяйствования на селе в 1932-1939 гг. (на материалах Нижнего Поволжья)». В Сельхоз институте проработал до 1997 года, пройдя путь от аспиранта до доцента. В 1997 году баллотировался в качестве кандидата в депутаты в Саратовскую Областную Думу. В 1997-1998 гг. работал консультантом в Министерстве образования Саратовской области. В 1998 году был направлен руководить профессиональным училищем №48. С 1998 по 2000 год работал в Поволжском региональном юридическом институте Саратовской государственной академии права старшим методистом, зам. декана, деканом. С 2000 по 2004 год прошел обучение в докторантуре Саратовского государственного университета им. Н.Г. Чернышевкого на кафедре политических наук. Во время обучения ректор СГУ, член-корреспондент РАН РФ, профессор Трубецков Д.И. предложил создать и возглавить новый колледж – колледж управления и сервиса СГУ, которым я руководил с 2002 по 2005 год. В2005 году министр образования Саратовской области И.Р. Плеве предложил возглавить Саратовский вечерний химический техникум. После слияния техникума с профессиональным училищем №52 я был назначен директором Саратовского техникума дизайна одежды и сервиса. В 2000 году я решением ВАК РФ получил звание доцента. В 2003 году закончил Российскую академию государственной службы при Президенте РФ (г.Москва) по специальности « Государственное и муниципиальное управление».

В ноябре 1997 года учредил Саратовскую региональную общественную организацию «Ассоциация Поволжских казахов», был ее первым президентом. Под моим руководством прошел Форум казахов Саратовской области, с 1998 года в области началось празднование Наурыза, были изданы две книги по истории и традициям казахов, установлены связи с казахскими общественными организациями России, созданы районные филиалы Ассоциации. Принимал участие в работе второго и третьего Всемирных курултаев казахов в г. Туркестане (2002) и г. Астане (2005).

Автор четырех книг: «Казахи Саратовской области: Историко-этнографические очерки». Саратов. 2002; Внутренняя (Букеевская) орда: социально-экономическое и политическое развитие в XIX- начале XX века. Уральск. 2006; Российское крестьянство как субъект политики в XX веке. Саратов. 2007; Советская партийно-государственная политика в отношении единоличных крестьянских хозяйств: историко-политический и экономический аспекты. 1932-1940 г.г. (На материалах Нижнего Поволжья). Саратов. 2007. Мною опубликовано более 35 научных статей.

Награжден медалью Совета Всероссийского Общества «Знание» и Почетным знаком Губернатора Саратовской области «За милосердие и благотворительность».

Женат. Жена – Ташпекова (Санатова) Алма Тлекалиевна. Род туленгут. Родилась в поселке Каменка Уральской области Казахской ССР. Окончила Казахский государственный университет им С.М. Кирова (1988) и Саратовскую государственную сельскогхозяйственную академию (1994). Кандидат политических наук (2001), доцент (2003), профессор Академии военных наук РФ (2005). Преподает в Саратовском военном институте внутренных войск МВД РФ. Капитан. Алма – единственная в России казашка – офицер. Двое детей. Сыну Азату 16 лет, дочери Анаре – 3 года.

В заключение хотелось бы объяснить наличие у меня русского имени. До 1930 года мои предки проживали в Казахстане – в Джаныбекском районе Уральской области. До сих пор в Джаныбекском районе есть одноименный населенный пункт – аул Ташпек, в котором проживали мои бабушка и дедушка по отцовой линии и весь наш клан. Как вспоминал мой дедушка Ташпеков Михаил (Онгар) Иванович (Ташпекулы) в конце января 1930 года поздно вечером в их дом пришел дальний родственник - председатель сельсовета и предупредил ,что следующим утром их будут раскулачивать. Он дал совет бежать. Были быстро собраны необходимые вещи, все погрузились в сани и покинули пределы Казахстана, направившись в Волгоградскую область РСФСР. Весь скот был в течение ночи роздан родственникам. Мой дедушка бежал вместе со своими двоюродными братьями Буздубаевым и Каримовыми и их семьями. Выживали в тот период только благодаря своим лошадям – каждый сезон нанимались на работу в совхозы или торговые организации районных центров. Каждую весну мигрировали по областям России: Волгоградская, Тамбовкая, Воренежская, Саратовская. В 1934 году когда началась паспортизация, семья моего деда встретила в Волгоградской области. В сельсовете при подаче документов на паспорт моего деда с Онгара переименовали в Михаила, в придачу дав отчество Иванович. Мотивируя это тем, что так легче и не надо ломать язык, и что данные имя и отчество почетны, так как их носит всесоюзный староста Калинин. Мой дед, знавший арабский алфавит, но не знавший кириллицы и плохо говорящий по-русски ничем возразить не мог. Так на три поколения мы получили русские имена - мой отец Бахытгерей стал Александром, а я Губайдула стал Геннадием. И только мой сын получил настоящее казахское имя Азат. Этим же объясняется, что в Росссии многие казахи носят русские имена. Просил бы подробнее объяснить данный факт и в Вашей книге.

Привожу далее свое Шежире.

Қойыс-Суйиниш-Кумаш-Маркабай-Байшеркеш-Бекболат-Байгелди-Шаруен-Ташпек-Онгар - мой дед Михаил-Бактыгерей (Александр) - мой отец Губайдулла (Геннадий) – т.е.я – Азат- мой сын.

С почтением Геннадий Ташпеков.
23.03.2008г.
Г.Саратов.

ЫСҚАҚ ПІРӘДАР ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘУЛЕТІ

Алшынның Он екі ата Байұлы руының шеркеш тайпасынан тараған Құдайберлі әулетінің ұрпағы Қолдасбай ата XVIII ғасырдың аяқ жағы мен XIX ғасырдың бас кезінде осы күнгі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданы аймағында көшпелілер қатарында өмір сүрген. Ол кісінің Божықай, Шоныкай, Ысқақ, Смайыл атты төрт баласы болған. Божықай мен Шоныкай ертеректе жас кездерінде қайтыс болып кеткен.



1861 жылы дүниеге келген Қолдасбай атаның ортаншы баласы Ысқақ өз әулетіменен Арқа жерінен қоныс аударып, 1935 жылы Созақ арқылы Жамбыл облысының Сарысу ауданына қарасты бұрынғы Ленин ауылдық кеңесіне бағынышты «Интернационал» колхозына келіп, үй-жай салып алады. Әбден орнығып алған соң балаларын колхоз мүшелігіне кіргізеді. Бүгінде бұл өңір Жайылма ауылы деп аталады.

Ал Қолдасбай атаның кіші баласы Смайыл Сарыарқадан көшкен бетінде Шымкент облысы арқылы Өзбекстанға өтіп, Әндіжан қаласы маңындағы түйемен кіре тасумен айналысатын артельдерге қосылып, тіршілік етіп кетеді.

Ысқақ пірадар дін жолына өте қатты берілген адам болды. Сол Кеңес өкіметі кезінің өзінде бес уақыт намазын қаза жібермеген. Колхоздастыру шағында, одан бергі жаппай «халық жауын» ұстаған саяси қуғын-сүргін кезінде де тақуа болған қарияға ауыл белсенділері кешіріммен қараған ғой. Олардың мұндай кешіріммен қарауының өзі - ойлануға тұралық жайт. Мұның өзін олардан дін жолын ұстаған ақ, адал адамның мысы басым болғандығы шығар деп түсінуге болар. Бәлкім, бұл кісінің рухы қызылдың белсенділерінен биік тұрғандығы, оларға өзін мойындатқандығы шығар.

Ысқақ атамыздың қаза болуының өзі бір хикая. 1941 жылы ауылда шошқа фермасы ашылған. Сол қорсылдаған шошқаның бірі әлденеден үркіп, бас сауғалап қашып жүріп, атамыздың ауласына кіріп кеткен. Дәрет алуға

шыққан пірадардың мұндай сұмдықты көргенде, қолынан құманы түсіп кетіпті. Мұндай сорақы көрініс бұрын көрмеген бәтуалы ақсақал Аллаға жалынып: «Ие, жаратқан ием, ендігәрі мұндай сұмдықты көрсетпей, бақилық дүниеге тездетіп алуынды тілеймін», - шын пейілімен жалбарынса керек. Содан кейін көп кешікпей, 1941 жылы шілде айында қаза болды.

Ол кісінің ең бір үлкен қасиеті – ашуланған кезінің өзінде аузынан жаман сөз шықпаған. Аса қатты ренжігенде, отбасында бала-шағаларына айтатын қатты сөзі: «Ей, нан жауғыр» немесе «Нан жауғырдың баласы», – болған екен.

Балаларын да жаман, боқтау, былапыт сөздерден аулақ болуды ұлағат еткен, кісі сыртынан ғайбат сөз айтудан тек жүріндер деп тәрбиелеген.

Ысқақ пірадар жұбайы Малайқызы Әйбике екеуі отбасында 5 ер бала, 3 қыз тәрбиелеп өсірген.



Ең үлкен баласы Мәдікен 1897 жылы туылған. Ескіше оқыған, сауаты бар болғандықтан колхоз басқармасы бастығының орынбасарлығы қызметіне сайланып еңбек етеді. Алайда сол кездегі әпербақандардың жаласымен 1937 жылдың саяси қуғын-сүргін нәубетіне ұшырап, НКВД-нің қуғынына ілігеді. Қамаққа алынып, түрмеге жабылады. Оған әдепкіде Кеңес өкіметіне қарсы көтерілісші ұйымдарға қосылды деген айып тағылады. Сөйтіп РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 7-тармағымен 25 жылға сотталғандығы жоғарыда айталды. Кейінірек ол қылмысы дәлелденбегендіктен 1942 жылы жоғарыдағы жаза төмендетіліп, 5 жылға сотталады. Сөйтіп еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. Ол сол түрмеде 1943 жылы қайтыс болды. Кейініректеу жазықсыз жазаланғандығын Қазақ КСР-ы Жоғары соты тексереді. Оның іс-әрекетіне еш қылмыстық әрекет болмағандықтан, оны 1957 жылы толық ақтап шығарады.

Пірадардың одан кейінгі баласы Қойшыбай әскерге алынып, Германиямен болған сұрапыл соғыста 1943 жылы Смоленск түбіндегі шайқаста қаза тапқан. Өкінішке орай, ол кісіден еш ұрпақ қалмады.

Ол туралы 2001 жылы жарық көрген "Боздақтар" кітабының 5-томының 81-бетінде былай деп жазылған: "Ысқақов Қойшыбай 1899 жылы Ленин атындағы колхозда туған. Қазақ. Колхозшы. Әскерге Сарысу аудандық әскери комиссариатында шақырылған. 1943 жылы 5 наурызда майданда қаза тапты. Смоленск облысының Жеребцово деревнясында жерленді".

Пірәдардың үшінші баласы Әлжан совхозда еңбек етіп жүріп, ауыр науқастан 1980 жылы 75 жасында дүниеден өтті. Одан кейінгі баласы Әшім 1942 жылы әскерге алынып, хабар-ошарсыз кеткен. Ол туралы "Боздақтар" кітабының 5-томының 81-бетінде: "Ысқақов Әшім, қатардағы жауынгер, 1900 жылы Байқадам селосында туған. (Туған жылы туралы дерек қате берілген. 1912 жылы туған. П.Д.) Қазақ. Жұмысшы. Әскерге Сарысу аудандық әскери комиссариатында шақырылған. 1942 жылы хабар-ошарсыз кетті", - деген дерек келтірілген.

Пірәдардың ер балаларының ең кішісі 1914 жылы туылған Қасым Ұлы Отан соғысына қатысып, ауыр жарақат алып, 1942 жылдың аяғында ауылға келеді. Сарысу ауданында өзінің зоотехниктік мамандығына сәйкес жауапты басшылық қызметтер атқарады. 1966 жылдан 1979 жылға дейін "Шығанақ" совхозының директоры қызметінде жүріп зейнеткерлікке шықты. 1982 жылы қайтыс болды.

Бүгінгі күні Ысқақ атаның жоғарыда аттары аталған төрт баласынан тараған немере-шөберелері өсіп, қанат жайып келеді.

Ол кісінің тұңғыш баласы Мәдікеннің әйелі Ұлтайдан туған 5 баласының төртеуі 1935-1938 жылдары қайтыс болған. Тек 1933 жылы туылған Асқарәлі деген баласы тірі қалып, осы күнгі Тараз қаласында жұбайы Раямен екеуін немере-шөберелі болып өмір сүруде. Пірәдар атаның екінші баласы Қойшыбайдың (Отан соғысында қайтыс болған) әйелі Алтынкүл соғыс жылдары колхозда еңбек етіп, 1974 жылы қайнысы Асқарәлінің қолында қайтыс болды. Ол кісі кезінде ата-анасыз жетім қалған Асқарәлінің жастайынан қолына алып, анасының орнына туған анасындай болып мәпелеп, асырап, бағып-қағып өсірген. Ол Алтынкүл апа өте мейірімді жан еді, – деп еске алып отырады.

Пірәдар атаның Қойшыбайдан кейінгі баласы Әлжанның әйелі Үлбөбек зейнеткер болып, 2006 жылы 92 жасында өмірден өтті. Оның қызы Зәуреш пен ұлы Белетәліден өрбіген немере-шөберелері өсіп келеді.

Зәуреш 2004 жылы ауыр науқастан қайтты. Ұлы Белетәлі 1979 жылы өкініші еш естен кетпейтін қайғылы қазаға ұшырады. Зәурештен 4 ұл, 1 қыз бар. Белетәліден 3 қыз, 3 ер бала қалды. Олар да өсіп-өніп, өркендеп келеді.

Ысқақ пірәдардың төртінші ұлы Әшім 1942 жылы әскерге кеткенде жұбайы Тәжіхан 2 қыз, 1 баламен ауылда қалып, оларды тәрбиелеп отырады. 2 қызы 1943 жылы қызылша ауруынан бір күнде қайтыс болады. Әшімнің артында қалған жалғыз тұяқ Асанәлі 1937 жылы туған. Ол ер жетіп, елге белгілі танымал болып, театр мен кино өнерінің майталманы атанды. Өсе келе қазақ өнерінің жұлдызы атанды. Анасы Тәжіхан жалғыз ұлынан тараған немере-шөберелерінің өскенін көріп, 2002 жылы 86 жасында дүниеден өтті. Асанәлі отбасында 4 ер бала өсірді. Өкінішке орай, Майрадан туған үлкен екі ұлы Мәди мен Сағи өз алдарына отау тігіп, елге танылып келе жатқанда, қайтыс болып кетті. Ол екеуінен қалған немерелеріне Асанәлі атасы зор қамқорлық жасап отыр. Ал Олжасы мен кенже ұлы Асанәлі де ер жетіп, қанаттанып келеді. Асекеңнің сүйкімді қызы Сағина мектепте үздік оқиды.

Пірадардың ең кенже баласы Қасымнан бір ұл, бес қыз бала бар. Үлкен ұлы Тұрар 1949 жылы туған. 1976 жылы Алматы политехникалық институтын, 1988 жылы Алматы теміржол институтын бітіріп, инженер-механик және экономист мамадықтарын алып шыққан. Оқу бітіріп келгеннен кейін мамандығы бойынша Жаңатас тау-кен комбинатында түрлі қызмет атқарды. 1992 жылдан осы уақытқа дейін Жамбыл облыстық көлік бақылау инспекциясында бөлім бастығы қызметін атқарып келеді. Оның жемісті қызметтері жоғары бағаланып, республикалық, облыстық дейгейдегі көптеген мақтау грамоталарымен марапатталған.Жұбайы Жанат екеуі 4 ұл-қыз тәрбиелеп өсірді.

Қасекеңнің қыздары Гүлнар, Гүлшат, Анар, Манар, Жанна барлығы да тұрмыс құрып, үйлі-жайлы болып, өсіп-өркендеп отыр.

Ысқақ пірәдардан 3 қыз бала қалған. Олардың есімдері - Мәрия, Зейнеп, Гүлсін.

Мәрия мен Зейнеп Оңтүстік Қазақстанның Созақ ауданында, Гүлсін Төртқұл ауылында тұрмыс құрған. Бәрі де балалы-шағалы болған. Қазір олардың бәрі де дүниеден озған.

Ысқақ пірәдар туысқанға, ағайынға өте бауырмал, мейірімді кісі болған екен. Өзінің туған ағасы Смайылдың бір баласы Серікті анасы Ажаркүлмен екеуін Сарыарқадан Сарысуға көшкенде, бірге туған бауырларынан бөліп, өз қамқорлығына алып кеткен. Сөйтіп Серікті өз балаларымен бірге тәрбиелеп өсіріп, үйлендірген.

Серік 1942 жылы әскерге алынды. Ол туралы "Боздақтар" кітабының 82-бетінде былай деген дерек келтірілген. "Ысмайылов Серік, қатардағы жауынгер. 1920 жылы Сарысу ауданында туған. Қазақ. Колхозшы. Әскерге Сарысу аудандық әскери комиссариатында шақырылған. 4-ЖАБ 115-жеке атқыштар бригадасының құрамында соғысты. Городищенск ауданындағы Городище деревнясы маңында хабар-ошарсыз кетті". Сол жылы анасының құрсағында қалып, дүниеге келген Амантай атты қызы өсіп, ержетті. Пірәдар ата қайтыс болғаннан кейін Амантай ол кісінің қара шаңырақта қалған ортаншы баласы Әлжанның тәрбиесінде жүріп оқыды. Жоғарғы дәрежелі мұғалімдік білім алды. Әуелде жұмысты мектептегі ұстаздық қызметтен бастап, аудандағы партия, комсомол ұйымдарында жауапты қызметтерді абыройлы атқарып, жоғары беделге ие болды.

Жаңатаста тау-кен инженері Өтемісов Мұса деген жігітке тұрмысқа шығып, екеуі отбасында 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Мұса Жаңатас қаласында көп жылдар басшылық қызметтерді абыройлы атқарып, 1997 жылы екеуі де зейнеткерлікке шықты. Қазір Алматы қаласында тұрады. Балалары Қанат, Мұрат, Мәншүк, Бақытжан, Әлиялардың барлығы да жоғары білімді, лауазымды қызметтер атқарып, бақуатты өмір сүріп келеді.

Амантай 2009 жылы желтоқсан айында Меккеге қажылыққа барды. Мұсылмандықтың бір парызын өтеп, қажы атанып келді

Ысқақ атаның парасаттылығы мен бауырмалдығының арқасында Құдайберлі руынан тараған Төлеген әулетінің ұрпақтары Байқадам баласы Тортай ата әулеті ерте кезден пірадар әулетімен етене араласты. Олар өте жақын, бірге туған ағайындардай болып кетті. Ертеде олардың Сарыарқа өңіріндегі жазғы, қысқы қоныстары да бірге болған. Кеңес өкіметі жылдарында Тортайдан өрбіген Сәрсенбай балалары Танаш пен Жақсылық, Асарбай балалары Ермек, Тілеубектер де Саудакент ауылына көшіп келеді. Қасым, Асқарәлі барлығы Саудакент ауылында көрші болып орналасып, бір анадан туған туыстардай болып, сыйластық жағдайда өсіп-өнуде. Ермек пен әйелі Тиышқұлдің балалары Хайролла, Қайырбек, Қуаныш, Гүлнар, Гүлбану, Жазира, Танаш пен Қалияның балалары Тұрсынқұл, Бердібек, Тұрсынбай, Әбділда, Ерғалилар да ұл-қыздарын өсіріп, немерелі-шөберелі болды. Осы екі отбасы да қабырғалы әулеттер санатында.

ӨМІР ЖОЛЫМ ОСЫЛАЙ...

Мен әке-шешемнен ерте айырылдым. 1938 жылы 5 жасымда әкем Мәдікен жалған жаламен «халық жауы» атанып, НКВД құрығына ілініп, ұсталып кетті. Анам Ұлтай ауыр науқастан 1939 жылы өмірден өтті. Ол кісі кезінде 4 құрсақ көтерген. Менен бұрынғы туылған 3 баласы 4-5 жастарға келіп қайтыс болып кеткен.

Ата-анадан айырылғаннан кейін мені атам Ысқақ пірәдар мен әжем Айбике және ағаларым Қойшыбай, Әлжан, Әшімдердің отбасылары өз қамқорлығына алып тәрбиелеген. Әсіресе жеңгелерім Алтынкүл, Үлбөбек, Тәжіхандар өз балаларынан кем қылмай, туған анамдай болып, жақсы тәрбие берді.

Ол кезде Ысқақ атамның 4 баласы Қойшыбай, Әлжан, Әшім, Қасымдар жаңа орналасқан ауылымызда өздері соғып алған үш бөлмелі бір қоржын тамда қыстап бірігіп отыратын да, жаз шыға киіз үйлерін тігіп, әрқайсысы бөлек отаулар болып, бір аулада отыратын. Барлығы бір қазаннан, бір дастарқаннан ас ішіп, атам мен әжемнің басшылығымен берекелі, тату-тәтті, ынтымақты өмір кешіп отырулары дәстүрге айналған болатын. Менің әкем Мәдікен ұсталып кеткеннен кейін әулетіміздің басына үлкен уайым-қайғы орнады. Ауыл белсенділері тарапынан: «Бұлар – халық жауының әулеті», - деген ауыр сөздер естіліп жүрді.

1941 жылы жаз айында әкем Мәдікенді Жамбыл қаласындағы қамақта отырған жерінен Байқадамдағы НКВД-ның түрмесіне әкелді деген хабар келді. Ол кісімен жолығып, асау-ақат беру үшін жеңгем, Асанәлінің анасы Тәжіхан екеуміз ауылдан жаяу келіп, Байқадамдағы түрменің алдына жеттік. Бірақ милиция бастықтары бізге әкеммен жолығуға рұқсат бермеді. Содан не істерімізді білмей тұрғанымызда, түрменің алдында тұрған кезекші таныс милиционер айтты: «Сендер қазір түрме ауласының сыртқы есігінің алдына барып тұрыңдар. Мен қапаста жатқан Мәкеңе айтайын. Ол кісі аула ортасындағы түрме терезесіндегі темір тордың алдына келетін болады. Содан кейін ол кісінің жүзін көріп, алыстан дыбыстап сөйлесулеріңе болады», - деді.

Біз айтқан жерге келіп тұрып, аула есігінің саусақ сыйып кететіндей саңлауларынан қарағанымызда, түрме терезесінің темір торының арғы жағына келген көкеміздің бейнесін анық көрдік. Көкем сол кезде дауыстып: «Менің айналайындарым, ауыл-аймақ аман ба? Кім-кім келіп тұрсыңдар? Есік саңлауынан мен сендердің көлеңкелеріңді көріп, қуанып тұрмын», - деді. Біз оған Тәжіхан екеуміздің келгенімізді айттық. Көкем бізден: «Атаң мен әжелеріңнің дендері сау ма? Ауылда қандай жаңалықтар бар? Айта беріңдер, мен естіп тұрмын, - деді.

- Менің жағдайым жақсы. Уайымдамаңдар. Мен қылмыскер емеспін. Алла қаласа, жақында шығып қалармын. Ауылдағыларға түгел сәлем айтыңдар», - деді де, әрі қарай көрінбей кетті. Айдауылдар алып кеткен ғой деймін. Кездесуіміз сонымен бітті.

Содан кейін Тәжіхан екеуміз қобалжып біраз тұрып-тұрып, ауылға қайтып кеттік. Бұл менің әкеммен соңғы кездесуім болды. Сонан кейін мен әкемді көрмедім. Бірақ оның сол күнгі бенйесі осы уақытқа дейін үнемі көз алдымда тұрып келеді.

Сол кездегі ауылдың белсенділері бізді халық жауының туыстары мен баласы деп, отбасымызды үнемі жекіп, ауыр сөздермен кемсітіп тұратындықтары осы уақытқа дейін менің жадымнан ұмытылмайды.



Германиямен соғыс басталып, ағаларымыз Қойшыбай, Әшім, Серіктер әскерге кетті. Үйдегі жас балалардың үлкені біз Асанәлі екеуміз болдық. Ысқақ атамыз бізді ерекше жақсы көріп, алдына алып ойнатып, қызықтап отыратын. Үйдің алдына шығып, бізге асық ойнауды үйретіп, түрлі ертегі, жұмбақтар айтып беретін. Оларды жаттатып, қайталап айтып беруімізді талап етіп, тыңдап отыратын. Атамыз бізге өтірік айтудан аулақ болыңдар, тілазар болмаңдар, тілалғыш болыңдар. Үлкендердің айтқандарын бұлжытпай орындап жүріңдер деген өсиетті жиі айтатын еді.

Сонымен қатар Алла мен пайғамбарлар туралы айтып, мұсылмандықтың бес парызын түсіндіріп, оны жаттатып, қайталап айтып беруімізді сұрап отыратын. Бірақ ол айтқандардың көпшілігін кейін ұмытып кеттік.

Мен алғаш мектепке 1-класқа оқуға барғаным әлі есімде. Атам мені есектің мінгестіріп, мектепке апаратын. Мектеп біздің ауылдан қашықта, 3-4 км жерде болатын. Онда барғаннан кейін мұғалімдермен таныстырып, оларға менің немеремді жақсылап оқытыңдар, хат танытып, білімді етіп шығарыңдар деп тапсырып кететіні есте қалыпты. Қыстың қарлы-боранды күндерінде де мені есегімен мектепке алып барып, алып қайтып жүретін еді. Сол кезде атамның жасы сексеннен асып қалған болатын.

Соғыс жылдарында ауылдағы елдің жағдайы ауыр болды. Халық азық-түлік пен киім-кешектен тапшылық көрді. Колхозымызда қол еңбегімен өсірілетін аздаған бидай мен арпаның басым көпшілігі мемлекетке өткізіліп, колхозшылардың еңбегіне өте аз мөлшерде ғана бидай берліп тұратын. Колхоздың берген астығы біздің отбасымызға бір-екі ай ғана ішуге жететін. Қалған уақытта қажетті азықты қолымызда қалған аздаған қой-ешкіні көрші 12 шақырым жердегі Құмкент ауылына айдап апарып, жүгеріге айырбастап әкелетін. Ол кезде бір лақты ешкіге бір пұт жүгері алатынбыз.

Ауылда жұмыс істейтіндердің дені әйелдер, карттар, мүгедектер болды. Олармен қос біз сияқты, буындары мүлдем қатпаған балалар да жұмысқа жегілетінбіз. Бізге берілетін негізгі жұмыс – атқа, өгізге мініп, қырман айдап, астық бастыру, масақ теру, астық ору болатын.

Сол жылдары Алтынкүл мен Тәжіхан жеңгелерім соғысқа кеткен ерлерін ойлап, қасірет шегіп жүрсе де, колхозда жер жыртып, тұқым сеуіп, бидай орып, аянбай еңбек етті.

Қиыншылықтарға төзе жүріп, бізді қатарымыздан қалдырмай, түрлі ауыртпалықтарды көрсетпей өсірді. Осы аналардың балаларға деген мейірімге толы бейнелері біздің жадымызда ұмытылмай, күні бүгінге дейін сақталып келеді. Алтынкүл мен Тәжіхан жеңгелерімнің екеуі де дінге берік, құдайын ауыздарынан тастамайтын. Өле-өлгенше бес уақыт намаздарын қалт жібермей, балаларына, туыстарына үнемі денсаулық, береке-бірлік тілеп, өнегелі өмір кешкендерін сағынышпен еске алып отырамын.

Мен қазір зейнет демалысындамын. Балаларым мен ағайын-туыстарымның, жолдас-жораларымның ортасында, ауылда сыйластықта тұрып жатырмын. Өзімді еліміздегі қазіргі кездегі бақытты отбасылар қатарындамын деп есептеймін. Соған Аллаға шүкіршілік етемін. Маған Аллатағала азды-көпті бақ қондырса, ол тағдыр қоскан жарым Раяға байланысты ғой деп ойлаймын. Өйткені ол өзінің денсаулығынан бұрын тілейтін тілегі, ой-арманы-балалары мен менің денсаулығым екенін үнемі айтып отырады.

Біз Рая екеуміз отбасымызда 7 ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп, олардан 27 немере, шөбере сүйіп отырмыз. Рая кезінде мектепте ұстаздық қызмет атқарып, абыройлы жұмысы үшін жоғары орындардың көптеген марапаттауына ие болды. Екі жыл бұрын көп балалы аналарға берілетін «Алтын алқаға» ие болды. Балаларымыз отбасынан өнегелі тәрбие алуларының арқасында барлығы жоғары білім, мамандықтар алып, әрқайсысы лауазымды қызметтер атқарып отыр. Отбастарында бір-бірімен сыйласып, ауызбіршілікте тату-тәтті өмір сүріп келеді.

Үлкен ұлым Болат Сарысу ауданының әкімі қызметін алты жылдай абыройлы атқарды. 2010 жылдың басында Жамбыл облысы әкімдігінің жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей зілзалалардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасының бастығы қызметіне тағайындалды. Қыздарым Шынар, Фатима, Әзиза – ана жолын қуып, абыройлы ұстаздар атанды. Үлкен қызым Шынар – аудандағы үздік мақтаулы мұғалима. Ол 2000 жылы республикалық мұғалімдер съезіне делегат болып қатысты.

Әділ жоғары білімді инженер механик. Сарысу аудандық комсомол комитетінде, аудан совхоздарында бас инженер қызметтерін абыройлы атқарды. 1996 жылдан Таразда кәсіподақтардың әлеуметтік бейімделу орталығы мемлекеттік мекемесінде директордың орынбасары болып қызмет атқарады.

Ғани да ағасының жолын қуып, инженер-механик мамандығын алған. Тараздағы зауытта, Қаратау тау-кен комбинатында мамандығын бойынша жұмыстар атқарды. Қазір кәсіпкерлікпен айналысады. Дарқан деген ұлым да жоғары білімді. Қазір Қостанай облысының Жетіқара ауданында үлкен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін шаруашылықты абыройлы басқарып отыр.

Мінеки, Ысқақ пірадар атамыздың шөберелерінен тараған шөпшектері де бұл күнде желкілдеп өсіп келе жатқанына шүкіршілік етемін.

Асқарәлі МӘДІКЕНОВ,
Саудакент ауылы.

ШӨЛ ДАЛАНЫҢ ҚАСИЕТТІ ҚҰДЫҒЫ

Біздің аруана Мақат өңіріндегі жалғыз шалқуйрық еді. Өмірі қорада боталаған емес. Қамап тастасаң да, байлап-матап тастасаң да тоқтамайды, аңдып отырып, көзін қалт етсе болды, ұшты-күйлі жоғалады. Зыр қағып, соңынан қуу – қашан да менің міндетім. Боталайтын мезгілі жақын қалса, жиырма шақырым, кештеу болса елу шақырымдай елсіз-күнсізге безденіп бездім дей бер. Үнемі Маңғыстауға, туған өлкесіне қарай қашатын әдеті.

Ел түгілі көз тоқтамайтын қу далаға барып боталайтын әдеті. Сөйтіп безденіп жүріп, Әмин Тұяқов секілді желаяқ болмағанына таң қаламын.

Аруана маңып барып, айдалаға қарап тұратын еді. Алдыңғы екі аяғының арасының тірсегі майысып, ақ ботасының танауы жылтияр еді. Тәжірибелі карттардың айтуынша, сол жақта су бар, жалпақ сорда сирек кездесетін бидайық пен еркектің, иә болмаса бауыры ұлпа ақ шидің түбінен құдық қазсаң қателеспейсің. Мүмкін аруана ақ ботасын ақ шидің түбіне тастағанда, болашақ құдықшының күрегіне белгі болсын деп шаранасымен таңба жасаған да шығар.

Сор басқан біздің өңірде ауызсу алтыннан қымбат. Тұз бен мұнайға мелдектеп жатқан жер астынан оны таба қою үлкен өнерді талап етеді. Тереңдігі ылғалдықтың алғашқы белгісі бидайық пен еркек, сонан соң ақ ши: ұшы-қиырсыз бұйырғанды иен далада селкем-селкем ши көрінсе, сан шақырым аптапта арып-талған иә керуен бидайықтың басын шалса , дәл сол тұста үміт бар. Сонан соң да су іздеген жұрт көбіне керуеннің көне соқпағына жақын жүруге тырысады. Әдетте бұл соқпақтағы құдық пен құдық арасы күншілік жол – кем дегенде елу шақырым, әйтпесе сусыз шөлде үш-төрт күндік жол. Әрине, бұл жүкті керуенге тым ұзақ, сондықтан керуеншілер көлікті еріксіз қуаламай, еркімен жіберетін болған. Түйе жарықтық мезгіл-мезгіл сүрлеуден «жаңылып», бағытын өзгерте берсе, солардың ауа бет бұрған жерінен тәжірибелі карттар судың табылатынына сеніп, тіпті терең жатса да құдық қазған. Мамонт пен орақ тісті жолбарыстың замандасы – түйе шіркін елсіз далада адамға қызмет етуде мұхиттағы компастан кем түспесе керек.

Бірде даудан, бірде жаудан ығысып, елсіз-күнсіз құла түзге шығып кете беретін көшпелі жұрт танымайтын, жортқан аңның табаны баспаған бөтен жерге тап болғанда, тағат таптырмай, сиыр байғұсты таяқтап қуалай береді екен: әбден діңкесі құрып , тілі салақтап, соқсаң да, сойсаң да тұрмайтын болса, сол жерден құдық қазған, кейде апта бойы күрекке тыным болмаған, әйтеуір суға жетіп тынған. Сиыр екеш сиыр да ылғал табын жеті қат жердің астынан құрсағымен сезіп, мұқым ауылды, кейде рулы елді аман алып қалған көрінеді.

Қазақ су жылғасын көбіне әулие-әмбиелердің мазарының маңынан іздейді. Себебі қасиетті, аруақты адамдарды кез-келген жерге жерлей салмаған, келешекте олардың басына зиярат етіп қайтуға ел жиналатынын, оларға аузысу қажет болатынын ескеріп, бүгінгі тілмен айтқанда, энергетикалық өрісі қуатты орын таңдаған.

Мақаттың шығысы мен батысында екеуінің де ара қашықтығы тұп-тура жиырма шақырымдық жерде Шеңгелді мен Білеулі атаның көне құдықтары жатыр. Шеңгелдіде күмбезді мазар бар еді, оған жерленген әулиенің аты белгісіз. Қасында бірнеше құдық. Құдық басы қаптаған ел, төрт түлік мал да түгел осыдан сусындаушы еді. Құдықтардың жоғарғы ернеуі екі метрге дейін сортаң топырақ, одан төмен үш метрдей сусыған қиыршық құм, одан төмен үш метрдей жерде бүгінде скульптор таба алмай жүрген тап-таза сары балшық. Осы үш қабаттан сүзіліп шыққан су шынындай мөлдір, тастай суық, ұрттасаң миыңа шық еткендей болушы еді, бірақ өмірі тамағым ауырды деген тірі пенде болған емес. Менің балалық дәуренім осы құдықтың басында өтті. Қазір мазар да жоқ, мазар құласымен судың дәмі де бұзылды, ел де сиреді. Аруақ сыйлар бір азамат табылар, мазарды қайта көтерсе, құдықтың дәмі де қалпына келер деген үмітпен қариялар да отыр. Өткен заман...

Мақаттың басында – Білеулі атаның құдығы. Мұндағы су әлі де көл-көсір. Аңызға сенсек, бағзы бір заманда Білеулі ата жалпақ сордың ортасындағы айналасы үш шақырымдық белдеу қыратқа таяғын шанышқан екен, сол таяқ батқан жерден су шығыпты дескеді. Кейін әулиені де осында жерлесе керек. Күмбез соншалықты сымбатты да емес. Бірақ жаз бойы келген жұрттан аяқ алып жүргісіз болатын. Құдық маңы көгілдір тұз. Құдықтың суы да көгілдір. Ала жаздай тұзға түсіп, ел жел-құяңынан тазарып қайтатын еді.

Құдықтарды қайламен, қашаумен қазып, сонан шыққан шақпақ тастармен ернеуін қалаған екен, тереңдіктері он метр, барлығы төрт бұрышты. Суы отырықшы ауылға да, отар-отар малға жетіп жатыр. «Тек қызғаныш болмасын» депті-міс Білеулі ата. Баяғыда бір сараң құдықтардың аузына құлып салып: «Менің малымнан басқа бұл маңға тірі мақұлық жоламасын»,- деп жарлық айтқан екен, сол түні құдықтардың суы құрдымға кетіп, жоқ болыпты. Үрейі ұшқан сараң үдере көшіпті де, ол ол кеткен соң құдықтың суы қайта толған дескеді.

Аңызға бергісіз әңгіме бүгін де толып жатыр. Бірде-бір арбакеш, бірде-бір шопыр, мейлі қазақ, мейлі басқа ұлт болсын, Білеулі атаның басына тоқтап, тағзым етпей кетпейді. Арбасының амандығын, мәшинесінің қирамауын ойлаған, басына бақыт тілеген жүргізуші құдықтың дәм-тұзын аттамайды.

Кеңес заманында ақырып тұрған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы бір аят құранын қимай, Білеулі атаның тұсынан ағып өткен екен, ай өтпей жатып тағынан тайып түсіпті. Орнына келген екіншісі сасқанынан малын сойып, Білеулі атаның басына түнеп, мінәжат қып қайтса керек. Ел құлағы елу, тыныш жата ма, бұл хабар обкомға жетіпті де, хатшыны бюроға салып, құйрығына шала қыстырып жіберген екен, бірақ әулиеден сескенген мықтылар жай сөгістен арыға бармапты. Бір орнында сан жыл отырған «қоңыраулы» хатшы күні бүгінге дейін: «Менің жанымды алып қалған Білеулі атаның аруағы», - дейтін көрінеді.

Менің анам Жәния жас кезінде өлеңші еді. Соның бірінде мынадай жолдар бар:

Құдығы әулиенің қара тастан,
Көк иірім, көзсіз бұлақ секілді аспан.
Күз қайтып, жазда келер қалың тобыр,
Басында әулиенің жамырасқан...

Менің жастық шағым да осы құдықтардың басында өтті. Кім біледі, қолыма қалам ұстауыма әулиелердің шапағаты тиген шығар. Жаз шыққа, жаратқан жаңа қуат берсе, Шеңгелді мен Білеулі атаға барып қайтсам ба деймін.

Иә, жолға шығуыма тағы бір үлкен себеп бар. Биылғы жаздың соңын ала жерлестерім Мақат мұнай кәсіпшілігінің 90 жылдығын атап өтпек. Әлбетте, той қонақтары көп болады. Өйткені Қазақстан өнеркәсібі XX ғасыр басында Риддер, Қарағанды, Емді мұнай кәсіпшілігі – Құлсары, Доссор және Мақатта туындап, солардан бастау алған еді.

Жаңа басшылардың игі шаралары үдесінде мен туған поселке қатты өзгеріп, жаңа заманға сай келбет иеленді. Әсіресе менің әкем – Қазақстанға еңбек сіңірген мұғалім Хамза Санбаев атындағы орта мектеп ғимараты орын тепкен орталық танымастай өзгеріп, сән-салтанаты аса түскен.

Той басталғанға дейін мектепке әкемнің мүсінін қойып үлгеру үшін елге ертерек баруға жиналып отырмын. Мүмкіндігіне қарай, менің сценарийім бойынша таяуда түсірілген «Қара шаңырақ» - «Дом у соленого озера» фильмін көрермен назарына ұсынбақпын. Бұл фильм мақаттықтардың соғыс кезіндегі тірлігі мен тәуелсіздік алғалы бергі жылдардағы мұнайлы өлке жаңалықтарын баян етеді.

Құдай қаласа, мектеп оқушыларымен кездесемін. Бәлкім, олардың арасында болашақ жазушы да бар шығар. Жер киесі, ел киесі дегендей, әр жылдары біздің аудан мектептерінде, Мақатта, Доссорда Ғабдол Сланов, Зейнолла Қабдолов, Беркайыр Аманшин, Меңдекеш Сатыбалдиев, Мереке Құлкенов, Рамазан Жашиев, тағы басқа да ақын-жазушылардың оқығаны тегін емес қой. Мен жазған кітаптар болса, алуан тілдерге аударылып, әлемнің отыздан астам елінде жарық көрді.

Ал аруана әлдеқашан жоғалған...

Сәтімжан САНБАЕВ,
жазушы.
«Ана тілі». №27. 2005 жыл.

ТӘЖІКСТАНДА



Әкем Сейітұлы Оразбай 1911 жылы туылған. 1926-1928 жылдары Қазақстанда сұмдық топалаң басталды деп Тәжікстанға, Жантақ деген жерге, барған. Бұның себебін мен толық білмеймін. Бір білетінім - Ақылбекұлы Жұмабай ағамның шын аты Ескермес. Жұмабай оның інісінің есімі екен. Маңбаев Қасым ағамызбен екеуі Тәжікстанға бара жатқанда Жұмекеңнің бес сом ақшасы бар екен, Қасекең билет алып беремін деп алыпты. Ол кезде бес сом деген сұмдық ақша еді деп қариялар айтып отыратын. Пойыздың жоғарыдағы орында жатқанымда түнде қолдарына шам ұстаған билет тексерушілер мені ұстап алып кетті. Сосын Түлкібастағы детдомға өткізді. Пойызда «Қасым» деп бірнеше айқайладым, бірақ Қасым үндемеді»,- деп еске алатын. Сонымен қайтыс болған інісінің құжатымен Жұмабай аталған. Айсалық әжесінің тәрбиесінде болған. Ақылбек әкеміздің бәйбішесі Айсалық -бала тумаған адам. Ал тоқалы Күнпара деген екінші шешеміздің Ескермес пен Жұмабай туған. Бірақ оған Айсалық үлкендік етіп күн көрсетпеген соң, өз шешесі балаларын тастап, кетіп қалған.

Айсалық анамыз, жалпы, жақсы адам болған. Ол кісіні ат көтере алмайтұғын дейді. Сол себептен түйеге мініп жүрген. Түйесін Үсен көкеміз жетектейді екен. Айсалық әйел болса да би болған. Сол мыңдаған малға, барлық дүниеге ие екен. Аталарымыз бұл дүние, малдан еш пайда жоқ деп, Құран кітап пен Аллаға құлшылығын істеп, малға, дүниеге қарамаған. Айсалық шешеміз қыздарымен, келіндерімен қыдырып барған жерде, көліктерінен түсіріп,

қарсы алған кісілерге көліктерінің шөбін, суын беріп, кететін кезде мінгізіп, қарсы алғандарға бір құлаш атлас өзбек шәйі матадан беріп кетеді екен.

Біздің әкей Оразбай бұрын ертерек аласапыран, топалаң келе жатыр деп, Тәжікстанға ауа көшіпті. Ақылбек әкеміз қайтыс болған соң Айсалық шешеміз де көшеді. «Елге де жетерміз, елге жеткенше ес те кетер».- дейді екен. Сол жолда Жұмекеңді алдына алып, аттың үстінде келе жатқан кісі берденке мылтығым түсіп қалды деп, кейін қарай жүреді. Айсалық шешеміздің қасында екінші кісі қалады. Біраз жер жүрген соң оқтарын теріп алды дейді.Кейін қарай жүргенімізде, қара түтіні бұрқ етті дейді. Келсек кемпір де, теңдер де өртенген дейді. Тең артқан түйелердің қасындағы адамдар да жоқ болыпты.

Өзімнің әжем - әкемнің шешесі Әуежан деген кісі. Ол - белгілі қоғам қайраткері, ұзақ жыл ел басқарған азамат Шәкенов Мұхамбеткасымның әкесі Қойшыбаймен бірге туған әпкесі .

Сол әжем Тәжікстанға барғанда қыз - келіншектер біздерге қарап, көздері жанып, бір-бірімен өз тілдерінде сөйлеседі, біз оны түсінбейміз. Сонда әкей солардың сөзін аударып түсіндіреді екен. Шапанымыздың, көйлегіміздің түймесін жұлып берсек, шелек-шелек алма, өрік, жүзімдерін әкеліп беретін болыпты. Түймелері алтын, күміс екен. Шашбауларына, білезіктеріне, жүзіктеріне киімдеріне сұмдық қызығатын болған. Әкем тәжіктердің, өзбектердің , орыстың тілін біледі, ескіше және латын әріптерімен де оқыған. Парсы тілін білгеннен кейін әкейді бригадир етеді (қазіргі тілмен айтқанда). Ол екі құшаққа орған бидайды бір-ақ құшаққа алады екен. Соғыстан броньмен қалдырып, сенің орған бидайың жауға оқ болады деп соғысқа жібермепті.

Түйекеш болып жүрген әжеміздің туыстары Қойшыбай, Кенжетайларға да әкей қарайласып, жұмысқа көмек көрсеткен. Кейін әкей өлген соң әжеміз мені, қарындасым Ырсалдыны, шешем Шәкенді, Қойшыбай інісінің жұмыс істейтін Текелі руднигіндегі тұрған жерге көшіріп әкеледі.

Жұмекең соғыс біткен соң әкейді іздеп келеді. Жантақтың базарында елге белгілі азамат Бұралқы әкемізге жолығады. Әкейдің қайтыс болғанын, Текілге көшіп кеткендерін сол кісіден біледі. Бұралқы атамызды орыс та, өзбек те, тәжік те, татарлар да -бәрі біледі, өте беделді, сыйлы кісі еді. Рымжан шешеміз Жұмекеңнің атын атамай, 4-8 тайлақ дейтін. Неге олай деп атайсыз дегенімде, Әуежан шешем менің еншіме 4 тайлақ берген. Өзінің 4 тайлағымен 8 тайлақты түйені еміп қояды деп бөлек бағатынмын. Сондықтан да қайным деп атын атамайды екен.

Жұмекең шахтада істеді, кейін шоферлық курста оқып, мамандығы бойынша жұмыс істеді. 1958 жылы пойызбен Түркістан, Кентау, Шолаққорғанға келіп, елді, жерді көріп кеттік.

1960 жылы тамыз айында, Бұралқы көкеміздің айтуы бойынша, Калинин атындағы совхозға көшіп келдік. Кәрібай көкеміздің үйі бітпей тұрған екен. Соны Саракүл жеңгеміз күн демей, түн демей, шамның жарығымен сылап, әктеп, бітіріп, сол үйге кіргізді.

Калининде бір жыл отырып, жұмыс болмаған соң Байқадамға көшіп, қазақы кішірек үйді сатып алып тұрдық. Калининде орыс мектебі болмаған соң мен интернатта жатып, 5 - класты оқыдым.

1964 жылы туберкулезбен өкпең ауырады деп ауруханаға жатқызды. «Түркістан» совхозының трактористі кісісі менімен бірге жатқан. Сол кісі сенде туберкулез жоқ. Сен егер мына жерден қашып кетпесең, онда туберкулезды жұқтыруың мүмкін деді. Ауруханадан қашып шықтым. Мектепке анықтама бермеді. Мектепті де қойдым. Аудандық автоклубқа киномеханиктің жәрдемшісі болып жұмысқа орналастым. 1966 жылы жасым 18 - ге толған соң, шофердың жүргізуші куәлігін алдым. Жұмысты жақсы істейді деп басшылар су жаңа автоклубтың шоферы әрі киномеханигі етті. Екі жыл істегеннен кейін оқуға жібермеген соң мәдениет бөлімінен жұмыстан арыз жазып шықтым.

Автобазаға жүргізуші болып жұмысқа кірдім. Автобаза Жамбыл қаласына токарь мамандығына оқуға жіберді. Үш ай оқып, токарь мамандығын жақсы игердім. Бірақ Байқадамда токарлық станок болмаған соң 1969 жылы Жаңатас қаласына жүргізуші болып, 3 - автобазаға жұмысқа орналастым. Жұмыс істеп, кешкі Қаратау техникумын аяқтадым. Техник-құрылысшы деген мамандық алдым. Автобазада кәсіподақтың төрағасы болып сайландым. Қалалық советтің депутаты болдым. Сессияда 14-автобазаның бастығы үгіттеп, өзіне жұмысқа шақырды. Жолаушылар таситын такси беретін болды. 1977 жылы сонда жұмысқа орналастым. Кейін механик, инженер болып жұмыс істедім. Слесарь болып, мешіттің жұмысымен айналысып, 1990 жылы қалалық партия комитетінің үшінші хатшысы Матвеева Галина Ивановнаның алдына барып, мән-жайдың бәрін айттым. Ол кісі менің сөзімді түсініп, бірінші хатшыға бардық. Оспанбеков Төлеуханмен сөйлестік. 1990 жылы мамыр айының 5 күні мұсылмандар мешітіне жер бөлінсін деп шешім шығарып берді.

Алматыда «Гидростроитель» институтында мешіттің жобасы жасалды. 2001 жылы мешіттің құрылыс жұмысы бітті. Ақшаның жоқтығынан қиын кезеңге байланысты құрылыс жұмыстары көпке созылды. Біраз жыл сол жаңа мешітте қаланың бас имамы болып, қызмет атқардым. Имандылық, изгілік жолында еткен еңбегі зая кетті деп ойламайын. Қазір зейнеткермін.

Қыдырбай ОРАЗБАЕВ,
Жаңатас қаласы.

МАЙДАНГЕР ЖОЛЫ

Әрқайсымыздың адам болуымызға, азамат болуымызға өзінің бар, адамдық болмыс қасиетін, күш-жігерін арнаған әкенің еңбегін өтеу бала үшін мүмкін емес қой! Бірақ осы асыл тұлғаны еске алып, аруағына дұға бағыштау, ол туралы есімде қалғандарды бауырларыма, немере, шөберелеріме айта жүру – перзенттік борышым деп ұғам.

Әке жүрген жол, бұл ел тарихының көрінісі десем де болар. 1911 жылы дүниеге келген, Орақ атамыздың ұлы Лұқпан есімді әкем. Атына заты сай болды десем, артық болмас. Ол батыр немесе атақты ғалым болмаса да, қарапайым өмір, еңбек жолы өнегеге толы еді. Тариҳқа үңілсек, өмірінің балалық шағы революция өрті шалған, ақ пен қызыл деп арпалысқан шаққа тұстас келсе, орда бұзар отызы Ұлы Отан соғысының қанды қырғынына ұласқан. 1942-44 жылдары Украина майдандарында болып, ауыр жарақат алып, әскерге жарамсыз болып, елге оралды. Содан «Теңдік» колхозы, кейін совхозда егіс бригадирі болып тағайындалады. Онымен жұмыстас болғандар өз ісіне адал, адамдарға талап қойғыш, қаталдығы мен қайырымдылығы мол еді деуші еді. Техниканың атқарар қызметін қолмен атқарған адамдарды басқарып, ұйымдастыру, әрине, оңай іс болмағаны белгілі.

Ол үлкен жауапкершілікті, күш-жігерді талап еткені де айқын. Ауыр жылдардағы хат таныған ғана сауатпен колхозшылардың еңбек күнін есептеу, совхоздағы балабақшада шаруашылық меңгерушісі, №1 ферма жұмысшыларының аға жұмысшысы болып, есеп-қисапты, жауапты жұмыстарды атқарып, оның табанды ұғымды, көргенін, үйренгенін іске асыра алатын білікті азамат болғанын мақтан етемін. Табан аудармастан туған ауылында 46 жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан әкенің осы еңбектен алған абыройы аз болған жоқ. Көз көргеннің сөзінде, елдің есінде, балаларына, ұрпағына «жақсы әке қырық жыл азық» дегендей азық болды. Ол 5 ұл мен 2 қызды дүниеге әкеліп, олардың оқып, өсіп-өнуіне әкелік қамқорлығын аямады. Жоғары білім алуға өз қолы жетпесе де ұрпақтарының қолын жеткізді. Ұлы-қоныс, қызы-өріс, бала - асыл арманы болса , сол арманы орындалып, 5 ұлы 5 үй болып, қыздары қияға қонып, олардан 23 немере, 6 шөбере, 2- жиендері бар.

Ұлы Отан соғысындағы еңбегі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, мерекелік медалдармен ұлығыланды. Ол өмірінің соңына дейін II топтағы мүгедек ретінде мемлекет қамқорлығын да көрді.

«Ер өлмейді, ерлік ұмытылмайды». Мемлекет тарапынан көзі бар майдангерлерге көрсетіліп жатқан құрметке куә болып жатырмыз. Әрине, оларға қандай құрмет көрсетсе де артық емес.

Рая Лұқпанқызы ОРАЗОВА,
майдангердің қызы.
Атырау қаласы.

СОЛАҚАЙЛЫҚ СОЙҚАНЫНЫҢ ҚҰРБАНЫ

Менің әкем Сармолдаев Ахмедия 1901 жылы ашаршылыққа дейін қазіргі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданының Сарысу өзені бойында туған еді. Сол кездегі солақай саясаттың әсерінен және Қазақстан өлкелік партия комитетінің басшысы болып келген Голощекиннің асыра сілтеуінің арқасында, Қазақстанға «кіші революция» жүргізуінің нәтижесінде қазақ халқының күн көріп отырған малын сыпырып алып, Россияға жіберуінің нәтижесінде қазақ халқы ашаршылыққа ұшырады. Ол кездегі «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» ұранының арқасында, ел аштан қысыла бастады. Осы жылдары Орталық Комитет Голощекинді босатып, орнына Мирзоянды қойды. Мирзоян кеткен қателікті тез арада жөндеу үшін аянбай еңбек еткен еді. Ол Сарысу өзені бойында қырылып жатқан халықтың өмірін сақтап қалу үшін Ораз Жандосовты жібереді. Сол кезде менің әкем Сармолдаев Ахмедия сол аудандағы кеңес жұмысында екен. Жандосов Оразбен бірігіп, елді сақтау үшін Оңтүстік өңірге Қаратау етегіне көшіру міндетін елдің алдына қояды. Мақсат Қаратау өңірінде мал болмаса да, жермен шұғылданып, жан сақтауға болатындығын халыққа түсіндіреді.

Осындай ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде ептеген күші бар ел көше бастайды. Содан көшіп келген халық алғашқыда Ойыққа келгеннен кейін Саудакенттің төңірегіне орналаса бастайды. Менің әкем аудандық атқару комитетінің орынбасары әрі сауда орнын басқарады.

Кейіннен ел тойынған соң әкемді Ораз Жандосов Алматыға, өзінің қарамағына жұмысқа шақырады. Ол кезде Ораз Алматы облысының атқару комитетінің төрағасы екен, менің әкемді бір бөлімге бөлімше бастығы етіп, жұмысқа орналастырады. 1937 жылы Қазақстанда «халық жауы» деген науқан басталады. Осы науқан Қазақстанның бетке ұстарларын, оқыған зиялы азаматтарын бірінен соң бірін ұстап, қамап, ату басталады. Солардың ішінде Жандосов Ораз, Сәкен Сейфуллин, Мирзоян, т.б. бар еді. 1937 жылдың қыркүйек айында НКВД-інің қызметкерлері әкемді ұстап, «халық жауы» деген жаламен қамайды. Ол кезде туған ағам Өтебай 15 жаста, екі қыз апам және бір жаста мен қалған екенмін. Әкемізді әкеткен соң үйге «опись» жасап, бар дүние-мүлікті кәмпескелеп, отырған үйімізден шығарып тастапты. Сонымен Жамбыл облысының Сарысу ауданына әрең жеткен көрінеміз. Ағамды елге келген соң да қудалай бастайды. «Халық жауының тұқымысың» деп оқытпаған не жұмыс істетпеген. Жағдай болмаған соң ағам Қарағанды облысында тұратын нағашыларына барып, сол жақта ликбезде екі жылдай мұғалім болып жұмыс істейді.Елге 1939 жылы қайтып оралып, үйленеді. 1942 жылы Отан соғысына алынып, 1943 жылы күзде екінші топтағы мүгедек болып оралды. Елге келген соң да «халық жауының» баласы деп, оған жөнді жұмыс бермейді, партияға алмайды.

Үкімет басына Хрушевтің келуімен бұрынғы Сталиннің тұсындағы асыра сілтеумен ұсталғандардың ісі қайта қаралады. Менің әкем де Алматы облыстық сотының 1957 жылы 13 маусымдағы шешімімен толық ақталды.

Әкемнің «халық жауы» болып ұсталғанында бала болсам да, маған зор әсер етті. Әкесі бар балалардай емес, елдің маған да «халық жауының баласы» деген көзқарас танытып, шетқақпай етті. Шешемді колхоздың ең ауыр жұмыстарына, «Мойынты-Шу» темір жолын салуға, Жамбыл-Шолақтау темір жолын салуға, т.б. ауыр жұмыстарға жіберіп отырды. Жөндеп еңбекақысын алған емес. өзімді 6 жасымнан колхоздың қырманында уа (бидай үккіш бума шеңгел) айдап, жұмыс істетті. Кейіннен 1950 жылы комсомолға өтем деп арыз бергенімде, аудандық комсомол комитеті «халық жауының» баласысың деп комсомолға қабылдамады.

1954 жылы Байқадамда онжылдықты ойдағыдай бітіріп, сол жылы Алматыдағы ауыл шаруашылық институтына түстім. Инженер-механик мамандығын алып, Сарысуға оралдым. Байқадам совхозында 7 жыл инженер, «Жайылма» совхозында 8 жыл совхоз директоры, Түркістан совхозында 8 жыл бөлімше бастығы болып жұмыс істедім. Шаруашылықта істеген жылдарымда жоғарғы үкімет орындары еңбегімді бағалап, Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальдармен марапаттады. Ал 1973 жылы Қазақ ССР-ына еңбегі сіңген ауыл шаруашылығы қызметкері деген атақ берді. Бас-аяғы ауыл шаруашылығында 43 жыл еңбек еттім. 1997 жылы зейнетке шықтым, жанұямдағы 8 баланың барлығы да жоғары білімді, үйлі-жайлы болып отыр. Қазір Алладан тілейтінім, егемендігімізді құтты қылып, біз көрген қиыншылықтарды келер ұрпақ көрмесін, аспандары ашық, бейбіт өмір сүріп, адал еңбек етсін. Тәнірден еш зорлық-зомбылық болмасын деп тілеймін!

Өтелбай САРМОЛДАЕВ,
Саудакент ауылы,
Сарысу ауданы.

ЕРЛІКПЕН ҚАЗА ТАПҚАН...



Тілеуқабылов Әбдірахман туралы ұлы Отан соғысының ардагері, қарт жауынгер Ошақбай Қонысбеков үнемі тебірене әңгімелейді.

Әбдрахман өте зерек, көңілді, өткір жігіт еді. Бір сөзді болатын. Өз қатарластарына қарағанда сауатты да жоғары болатын, орыс тілін жақсы меңгерген еді.

Ол 1902 жылы Сарысу ауданының екінші ауылында туған. Біраз жылдар бойы Сарысу аудандық партия комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі болып істеді. Соғыс басталысымен Қызыл армия қатарына шақырылып, 316-атқыштар дивизиясының 1075-атқыштар полкінің құрамында соғысты.

Волков қаласы аймағында Калинин бағытында жүргізілген ұрыстарға белсене қатысты. Старшина атағына ие болды. Өзінің қартайғанына қарамастан туыстас бауырының хабар-ошарын білу үшін Ошекең осыдан екі-үш жыл бұрын облыстық әскери комиссариатқа барып, Әбдірахман туралы деректерді іздестірді. «Жүрген аяққа жөргем ілінеді» дегендей, ол Әбдірахманның ерлік ісінің куәсі болды. Талдықорған қаласындағы Панфилов ескерткішінің қасында сегізінші гвардиялық панфиловшылар дивизиясының бұрынғы 316-атқыштар дивизиясысының қаза тапқан жауынгерлерге қойылған тақта тасында Әбдірахман Тілеуқабыловтың есімі ойылып жазылған. Ошақбай осы жайды үлкен тебіреніспен айтып, толқына сөйледі.

Бақыт ДҮЙСЕНБИН,
Жаңатас қаласы.

ҚАРАПАЙЫМ ЖАН СЫРЫ

Мен 1930 жылы қазіргі Атырау облысының Қызылқоға ауданының Миялы ауылында дүниеге келген екенмін. Әке-шешеден ерте айырылдым. Жалғыз ағам соғыстың бар қиыншылығын көріп, елге келген соң дүние салды. Соңында ұрпақтары бар. Өзім соғыс жылдары бала болсақ та, қабырғамыз қатып, буынымыз бекімесе де, колхоздың өмірі таусылмайтын жұмысын үлкендерше атқардық. Көп қиындықты, аш-жалаңаштықты көрдік. Соңда да болса болашаққа, жақсылыққа сендік, келер күннен үміт үзбедік.

1948-1952 жылы зооветеринарлық техникумның зоотехникалық бөлімін бітіріп, көп жылдар бойы колхозда, совхозда аянбай еңбек еттік. Гурьев асыл тұқымды қой зауытында тұқымды асылдандырушы зоотехник, одан кейін құрылыс мекемесінде шебер, Жангелдин атындағы совхозда ферма меңгерушісі, аңшылар, шикізаттар дайындау, газ жеткізу мекемелерінде хал-қадірімізше еңбек еттік. Көк түсті, асыл тұқымды қаракөл қой шаруашылығын дамытуға үлес қостық.

Өз бауырымнан жеті ұл, бес қыз өрді. Әрқайсысы өз алдына шаңырақ көтеріп, ел қатарлы өмір сүруде. «Көппен көрген ұлы той» демекеші, тағдырдың берген ырзық-несібесін жеп, күн көріп жатқан. Жас 82-ден кетті. Әлі алда қанша атар таңымыздың бар екенін бір жаратушы біледі.

Қазір Байжан деген баламмен бір шаңырақ астында от жағып, түтін түтетіп отырған жағдай бар. Бәріне шүкіршілік қыламыз.

ЕСҚАЛИЕВ ҚАЙРАҚ
Қызылқоға ауданы.

МҰНАРА – ҒҰМЫР

Өткен күндер, жылжыған жылдар жайлы әңгіме бола қалса, Айтбай ақсақал «Мен Ақ Жайықтың Оралына жат емеспін, құжатымда осы өңірде туды деп көрсетілген. Ал кейін есейіп, ат жалын тартқанда барлаушы-геолог деген қәсіптің ыстығы мен суығын осы жақта да көрдім», - деп әзілдейді екен. Ондағысы «1927 жылы Орал губерниясы, Гурьев уезі, Қызылқоға ауданының екінші ауылында туды» деп, құжатта көрсетілген жазуды меңзегені шығар.

Әкесі Әлжан шаруасы мығым жан болса керек, сондықтан сонау 1928 жылдың кәмпескесіне алғашқылардың бірі болып ілігеді. Мал-мүлкі тәркіленіп,



өзі Башқұртстан жағына жер аударылады. Елін сағынған есіл азамат туған жерге қашып келмей ме? Қырағы НКВД Әлжанның мұнысын кешірмейді. Қыр соңынан қалмай, қуалап жүріп тұтқындайды да, көп ұзамай «халық жауы» деген жаламен түбіне жетіп тынады. Осылайша әкесінен көз жазып қалған Айтбай кейін оң мен солын танып, әкесін қатты сағынған кезінде: «Әке, осыдан тірі жүрсем, сенің атыңды елге танытамын», - деп өзіне-өзі серт беріп, жігерін жанушы еді. Әуелі сонау Мәскеуге дейін жазып, кеш болса да әкесінің атын жазықсыз жаладан ақтады. Арада тағы біраз жыл өткенде сол кездегі Кеңес Одағының геолог-

барлаушылары, сосын былайғы халық Әлжановтың атымен жақсы таныс болды. Сөйтіп әке алдындағы перзенттік борышын толығымен орындады. Бұл кейін болатын, талай қиындықпен келетін жеңістер еді. Оған талай жылдар керек болатын.

1942 жылы 7- класты бітіргеннен кейін үш жыл бойы оқи алмады. Өйткені жартылай жетімдік, ауыр тұрмыс оқуға мүмкіндік бермеді. Қабырғасы қатпай жатып, қара жұмыс істеді. Күніне 12-16 сағат үлкендермен бірдей жүріп, ауыр жұмыстарға жастайынан пісті. Соғыс аяқталып, елмен бірге есін жинаған Айтбай қалайда оқуға тырысты. Әуелі Гурьев мұнай техникумын, соңынан Мәскеудің Губкин атындағы мұнай институтын тамамдады. Осында оқып жүргенде, өндірісті ғылыммен ұштастырмаса болмайтындығына көз жетті. Мұнай институтының аспирантурасына оқуға түсіп, қазақтың қайсар баласы тау-кен инженер-геологы мамандығын жайдан-жай таңдамағанын аңғартты. Мұны аз десеңіз геология-минералогия ғылымдарының кандидаты атағын табыспен қорғады. Ғылыми кеңес мүшелері шеттерінен мұнай-газ саласының жілігін шаққан мәскеулік ірі ғалымдар еді. Солардың барлығы дерлік Айтбай Әлжанұлының өндіріспен ұштастыра зерттеп жазған ғылыми еңбегін жоғары бағалады. Мұның бәрі кейін келетін жеңістер еді. Сол кездегі Кеңестер Одағына аты жайылып, атағы алысқа кететін жылдарға жету үшін әлі талай жылдар, сайын даланың төсін шырлайтын талай шақырымдар, мұнай мен газдың қай жерде жатқанын біліп тұрып, сол білгеніңді кеңестік министрліктерге дәлелдей алмай, айлап, жылдап жүретін талай қиын күндерді бастан өткеру керек еді. Міне, осындай кезеде минералогия-геология ғылымының тереңіне сүңгіп, талай ғылыми еңбектерді ақтарған, сонау Мәскеудегі күндер, мүйізі қарағайдай ғалымдармен бірнеше сағаттап пікір таластырған сәттер қалай көмекке келгені өзіне ғана аян. Айтбай Әлжанұлы соның бәрін басынан өткерді, бәріне төзді, қуанышы басты айналдыратын жеңісті сәттің салтанатына да шомылды.

* * *

А.Әлжанұлы мұнай мен газ көздерін іздеуге өмірінің 47 жылын арнады. Ол бұл жылдарды қатардағы геологтан бастады.

Аға геолог, ұңғымаларды сынау цехының бастығы, терең бұрғылау учаскесінің бастығы, бас геолог, республикалық «Казмұнайгазбарлау» басқармасы геология бөлімінің бастығы сияқты жұмыстар - анау-мынау мұнайшыға маңайлатпайтын лауазымдар. А.Әлжанов «Қазмұнайбарлауда» геология бөлімін басқара жүріп, еліміздің батыс өлкесіндегі төрт облыста жаңа мұнай-газ көздерін іздестіруге зор еңбек сіңірді. Әсіресе Ақтөбе, Гурьев, Маңғыстау облыстарында жаңа кен көздері көптеп ашылды. Тек сол кездегі Орал облысында ғана бұл жұмыс әлденеше миллион сом қаржы жұмсалғанмен, еш нәтиже бермей қойды, іздестіру жұмыстары он бес жыл бойы жүрсе де, бірде-бір кен көзі табылмады. Облыстың мұнайы мен газына байланысты тағдыры қыл үстінде тұрған сол жылдар жайлы маркұм А.Әлжанов былайша еске алатын:

– Министрліктегілер мен ғылыми-зерттеу институтындағылар Орал облысының жер қойнауынан мұнай-газ іздеудің болашағы жоқтығын алға тартып, іздестіруге бөлінетін қаржыны тоқтату жөнінде үзілді –кесілді мәселе қойды. Бұған дейін Ақтөбе облысында жұмыс жасай жүріп, Орал қаласына біржолата жұмысқа ауысқанға дейін мен ол облыстағы мұнай қорын іздестіру жұмыстарының нәтижесіз болғанын екі жыл бойы зерттедім. Әуелі бұған дейін жүрген зерттеу-іздестіру шаралары сапалы геологиялық мәліметтер берілмегенін анықтадым. Оның себебі - жер астындағы жыныстардың құрылымы жөніндегі ақпарлар жеткілікті өңделмеген. Терең ұңғымалар толық анықталмаған құрылымдық-геологиялық жағдайда бұрғыланған. Бұдан басқа осы аймақтағы көптеген бұрғыланған ұңғаламар бұрғылау барысында технологияның сақталмауына байланысты жобада көрсетілген қажетті ақпарларды бере алмаған. Мұны қазақтың жалпық тілімен айтсақ, жеті қат жер астында жатқан байлық жөнінде дұрыс ақпар ала алмаған болып шығамыз. Ал сол дұрыс ақпарды ала алмай жатқанымызды жоғарыға дәлелдеу оңайға түспеді...

Бірақ сонау 1969 жылы және одан кейінгі жылдарда да КСРО Геология министрлігінде өткен үлкен жиындарда мен алған бетімнен қайтпай, іздестіру-зерттеу жұмыстарына ақша бөлуді талап өтумен болдым. Екі жыл бойғы зерттеу жұмыстарымның нәтижесін алға тартып, ғылыми болжамдарымды нақты есептермен дәлелдей отырып, министрліктегілердің бетін бері қараттым, ақша бөлінді.

Осы жерде Әлжановқа егер Орал облысындағы іздестіру-зерттеу жұмыстары еш нәтиже бермесе, лауазымдық қызметімен қош айтысатыны ескертілгенін ешкім білген жоқ...

Әлжановтың болжамы да, есебі де айға қарағандай екен.Әуелі наурыз айында (1973 жылы), сосын 11 маусым күні Батыс Тепловка алаңындағы №5 ұңғымадан мұнай фонтаны аспанға атты...

Батыс Тепловкадағы осынау № 5 ұңғымадан басталған мұнай мен газды игеру эпопеясы кейін бүкіл әлемнің назарын өзіне аударған Қарашығанақ кенішінде жалғасты. Табиғи қоры ұзақ жылдарға жететін бұл кеніште ашуда да Айтекеңнің еңбегі мен үлесі зор. Егер сонау 1973 жылы мұнайшы Әлжанов Орал облысындағы Батыс-Тепловканың қойнына тыққан қазынасын табуға ұйытқы болмаса, Қарашығанақтың қазынасына апаратын жылдың қаншаға созыларын кім білген?..

Елу жылға жуық ғұмырын геология саласына арнаған атақты мұнайшы- Прорва, Ақтөбе, Боранкөл, Қараарна, Жаңаталап, Орысқазған, Забурунье, Жолдыбай, Имашев сияқты бүгіндері атағы алысқа кеткен кеніштерді алғашқы ашқан жан. Еңбек жолдарының дені осы кеніштер жатқан аймақта қалды. Бірақ соған қарамастын қазынасын табу оңайға соқпаған Батыс Қазақстан облысындағы жылдарын: «Өмірімнің ең бір жарқын белестері»,- деп отыратын жарықтық...

* * *

Әлекеңнің айнымас серігі болған Зиба Жәкиқызы бүгінде балаларының ортасында. Қарты екеуі он бала тәрбиелеп өсірді, оқытты, тоқытты, бәріне қалаған мамандықтарын алып берді. Қазір олар Қазақстанның әр түкірінде бірі геолог, енді біреулері дәрігер, инженер, экономист, технолог болып, Айтбай Әлжанов әулетінің көшін жалғастыруда.

Ерен еңбегімен қазақ елінің мұнай кәсіпшілігінде мұнара боп шаншылып қалған ғұмыр иесі - Айтпай Әлжановтың есімін біз де ұмытпай, мақтан тұтып жүруіміз керек.

Есенжол ҚЫСТАУБАЕВ.

НАЛАЙ БОЛЫС КІМ БОЛҒАН?

Қай ұрпақтан шыққан батырлар да, ақындар да, биболыстар да қазақта аз емес. Тек олардың көбінің соңында жоқтаушысы, іздеушісі жоқ. Мұндай тарихи тұлғалар біздің өнірде де көп. Солардың бірі – 18 жыл болыс болған Налай Айжарықов. Ол кісінің өмір жолын баяндау үшін тарихи тереңірек барлау жасау керек. «Өткенді білмей келешек жоқ» демекші, үлкендерден естіген әңгімелерді жинақтасаңыз, талай шежірелерге қанығасыз. Осы шежіре деректерге қарағанда Он екі ата Байұлының үлкені Қыдырсиықтан Шеркеш тарапты. Олар Қосым, Жауғашты, Қойыс, Шумақ, Қылышкестен болып тарайды. Жауғаштының сегіз арысы мыналар – Батырқожа, Аманай, Құлан, Тума, Құрмас, Андағұл, Жатай, Қара. Батырқожадан Құдайназар, Саназар. Саназардан тараған ұрпақтар Өтеген, Үсен, Қожаберген, Тоқтабай. Өтегеннен Егізбай, Тәмтікбай, Баржық, Бижан, Серғазы, Серімбет. Серімбеттен Айжарық, Дегенбай, Қыздарбай, Бектұрған, Сәнеке, Сансызбай, Дүрмен. Айжарықтан Иманберлі, Байдәулет. Иманберліден Налай, Налайдан Ғалымжан, Әбу, Сағын, Қалыбек. Әбуден Мереке, одан Мидар, Мидардан Бағдат, Динара, Бауыржан. Сағыннан Кеңес, одан Сәкетай, Рүстем, Сәулеш, Серік. Байдәулеттен Бегім, Нұрым. Бегімнен Медет, Мұхит. Мұхиттан Самғат, Орынбор. Нұрымнан Сыралы, Бегалы, Кенжалы, Кенжеғали. Бегалыдан Жеңісбек. «Менің әкем Әбу 1900 жылы туып, 1979 жылы дүниеден өтті. Ол кісінің айтуынша, Налай 1870 жылы дүниеге келген. Жоғарыдағы сурет 1908 жылы түсірілген. Налай Айжарықов Қазыбек аймағында 18 жыл болыстық қызмет атқарған. Көне көздердің айтуына қарағанда, Налай болыс көшпелі халықты отырықшылыққа баулу, егін салуға бейімдеу жұмыстарын ұйымдастырған. Ескіше білім алған ол өз сауатын кейінгі ұрпақтарына діни білім мен тәрбие беру мақсатында жұмыстанған. 1997 жылы шыққан Шоқан Қаржауовтың «Өмір өткелдері» атты естелігінде: «1901-1917 жылдары Қазыбек болысын басқарған оның баласы Сағын Налаев совет үкіметінің алғашқы жылдары Сағыз бен Тайсойған болыстық ревкомының төрағасы болды» деп жазылған. Совет өкіметі орнаған бастапқы кезде Налай Айжарықовтың да басына қара бұлт үйіріледі. «Ауқатты, бай қара халыққа тізесін батырды» деген ауыр айыптар тағылады. Алайда болыс аумағындағы жұртшылықтың талап -тілегі бойынша Налай болыс қудалауға ұшырамай, кепілдікпен бостандықта қалады. Сөйтіп, 1930 жылы өз ажалынан қайтыс болады. Сүйегі Көкмешіт қорымына жерленген. Қазақы ауылдың болашағы үшін өзінің әл-ауқаты жеткенше күрескен. Оның



жұбайы Мақпал Жарылқапқызы 1946 жылы дүниеден озды. Қорлыбай Түмен руынан тарайды. Одан әрі Дегенбайдан Мырзабай, одан Әбілқайыр туған. Мырзабай бай болған, кезінде айшықты, екі қатарлы пәтер салыпты. Мал бағатын адам ұстаған. Бүгінгі Мырзабай түбегі - сол кісінің пәтерінің орны. Мырзабай өлген соң баласы Әбілхайыр әкесінің атағын шығару үшін Қазан қаласынан татарлар әкеліп, Көкмешітті ағаштан салдырған. Налай болыс атамыз оған ықпал етеді. Мешіт 1910 жылы басталып, 1914 жылы бітеді. Сол Көкмешіттің бас имамы Тума шеркеш Темір имам екен. Алайда Көкмешіт Совет өкіметі кезінде қираған.

Көкмешіт қауымында Мырзабай. Налай, Байдәулет, Темір имам, Әбілқайыр мәңгілікке ұйықтап жатыр. Егер мешіт орны зерттелсе, көптеген тарихи құжаттар шығуы мүмкін. Міне, көнекөз қариялардың әңгімелерінен құлаққа сіңген естеліктердің бір парасы осындай. Налай болыстың немересі Әбуұлы Мереке туралы бір ауыз сөз. Ол 1949 жылы туған. Қазір Әбу ұрпағын жалғастырушы. Ұзақ жыл біздің совхозда тракторшы болып еңбек етті. Кезінде ауылдық совет депутаты, аудандық партия комитетінің пленум мүшесі болып сайланды. Қазір немере сүйіп отыр. Жалғыз ұлы Мидардан екі ұл, бір қыз бар, келіні Мәншүк оның қадірлі келіні. Қолынан бәрі келеді, әсіресе қазақтың ұлттық тағамдары құрт, айран, қаймақ әзірлегенде, өзің риза боласың. Мерекенің жұбайы Жібек те қарапайым жұмысшы болып, зейнетке шықты. Мереке совхоз тарағаннан кейін қазір ауылдық су мекемесінде жұмыс істейді. Ауылдағы ардагерлер советінің төрағасы, берекесі келіскен отбасының бәйтерегі.

Мереке өзінің аталарын мақтан етеді. Олар туралы шежірелерді жинап жүр. Жоғарыда оның көбін біз айтып өттік. Осы жерде Налайдың Сағыннан тараған немересі Кеңес аға туралы да айта кетсек дейміз.

Кеңес Сағынұлы Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданы, Шұбаркөл ауылында 1938 жылы 14 желтоқсанда дүниеге келген. 1961 жылы Ташкент инженерлер институтын, 1984 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітірген, инженер-гидротехник, саясаткер.

Қостанай облыстық су шаруашылығы басқармасының инженері, «Казгипроводэлектро» жобалық-іздестіру тобында бас инженер, «Қостанай су шаруашылығы» тресінің бастығы, «Көкшетау су шаруашылығы» тресінің басшысы, Көкшетау қалалық атқару комитетінің төрағасы, Көкшетау облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып абыроймен еңбек етті. 1994 жылдан кәсіпкер, зейнеткер.

Кеңес ағамыздың елге сіңірген еңбегі еленіп, Еңбек Қызыл Ту орденімен, екі рет «Құрмет белгісі» орденімен, көптеген медальдармен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарына ие болды. Раушан Бақытжанқызы болса Қостанай облысының Шолақсай ауылында туған. 1964 жылы Қостанай педагогикалық институтын бітіріп, Қостанай, Көкшетау облыстарында 30 жыл бойына ұлағатты ұстаз болып еңбек етті. Қатардағы мұғалімнен мектеп директорлығына дейінгі баспалдақтан өтті. Көкшетаудағы Мәлік Ғабдуллин атындағы қазақ орта мектебінде директор бола жүріп, 1994 жылы құрметті еңбек демалысына шықты.

Елдің мұңын жырлап, халық қамы жолында аянбай тер төккен Кеңес Сағынұлы мен зайыбы Раушан Бақытжанқызы Налаева ынтымақты отбастарында төрт бала тәрбиелеп өсіріп, олардан сегіз немере сүйіп отыр.

Міне, бұрын көпшілікке білгісіз болып келген Налай Айжарықов болыстың, оның ұрпағының өмір тарихы осындай. Елді елең еткізер қызықты дүниелерді қазір жұрт оқуға құмар. Біз де елдің осы тілегін ескердік.

Ұлдай ӘЙТІШЕВА.
Ш.Еркінов атындағы орта мектептің мұғалімі.
Атырау облысы.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ СЫР БОЙЫНА ҚОНЫСТАНҒАН ШЕРКЕШ РУЛАРЫНАН ТАРАҒАН АТАЛАР ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Бабаларымыз қандай бір болмасын, қилы-қилы замандарды бастарынан өткізсе де, атадан балаға , келер ұрпаққа мұра қылып, ру, тайпасының шежіресін қалдырып отырады. Ата-бабаларымыз ұрпақтарының келешегін ойластырып, қаны, жаны таза, дені сау, ақыл-ойы сергек өсуіне қатты көңіл аударып, «Тегін білмеген-тексіз», «Жеті атасын білмеген-жетімек» деген аталы ғибратын қатаң сақтаған. Оның бірден-бір дәлелі сонау Арыстан бастап Аралға дейін таралған шеркеш руының тайпалары бір-бірімен қыз берісіп, қыз алыспай келеді.

Сыр бойында шеркеш руының барлық аталарының ұрпақтары тұрады. Олардың негізгілері - құлақасқа, қойыс, жауғашты, қылышкестен, шумақ. Бұл аталарымыздың қай жақтан, қалай келгені жайлы жазбаша мәліметтер жоқтың қасы. Ұрпақтан ұрпаққа ауызекі жеткен деректерге қарағанда, Қойыстың Сақау аталығының Әзбенбет, Айт аталарынан тараған бабаларымыз Қытай мемлекетіне қарасты Шәуешек деген қала маңынан 1860-1865 жылдар аралығында батысқа қарай Ұлы көшін бастаған. Бұған дәлел ретінде Тәукебай атамыздың баласы Омар сол Ұлы көш басталған жылы туылған екен. Омар 70 жастың еңсесіне шығып қайтыс болды. Ал Торамбай атамыздың баласы Керуенбай атамыздың есімін сол Ұлы көш кезінде туған соң – Керуенбай деп қойған деседі. Ол атамыз шамамен 1870 жылы туып, 1955 жылы қайтыс болған.

Айт атамыздың Ұлы көші Балқаштың батыс жағымен Шу, Сарысу өзенін бойлап, Қаратаудың терiскей бетін ала көшіп, Сыр бойына келіп қоныс тепкен.

Сақау, Қойыс, Айттың ұрпақтары Он екі ата Байұлының есентемір руларымен бірге көшіп, қазіргі Тереңөзек ауданы, Сырдария өзенінің оң жақ жағалауындағы Бесікті, Майлықұм, Көксу деген жерлерге қоныстанып, өсіп-өнген. Бұл көшті кімдер басқарып келгені жайлы ағайын былай дейді: «Жері малға жайлы, қыста пана, жазда жайылым, ат бауырынан келетін шалғын екен», - деп аттарынан түсе қалып, бата айтысқан деседі.

Көш бастаған батыр, би аталарымыз Қоянтай, Наурыз, Қауынбай, Тәукебай, Құттыбай, Тәттібай, Балта батыр аталарымыздың аттары осы күнге дейін ел аузында аңыз болып айтылып келеді. Айт атамыздың қысқы қонысы Сыр бойының қалың тоғайлары мен көлдері болды, бірге пайдаланады, жаз жайлауы Арқаның Обалы көлі, Қорғалжын көлінің маңайы болған. Бір аталарымыз Қостанай аудандарының маңайын жайлаған. Қазір ұрпақтары сол аймаққа таралып кеткен.

Аталарымыз алаша Шаймен, Бақтыбай болысының қарамағындағы Жанболат, Сыздық аталарымыз ауылнай болған, ал Ешпан «Аққұм», Төлеген Әшімұлы «Майлықұм» ауылнайын басқарған.

Сыр бойындағы ағайындардың ішінде елге белгілі басшы болған танымал кісілер аз болмаған. Олардың ішінде:

Жанбосынұлы Ешпан – Қазіргі Ақсуат ауылдық кеңесі бұрын Ешпан ауылдық кеңесі болып аталған және өзі осы ауылдық кеңесте колхоздарды ұйымдастыру жұмысын басқарып, көп жыл ауылдық кеңес төрағасы болып қызмет атқарған. Осы еңбектері үшін Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған. Аудандық , облыстық кеңестің депутаты болған.

1929-1938 жылдар аралығында Өзбекстан жерінен Байұлы аталарын көшіріп әкеліп, Сыр бойына орналастырып, халық құрметіне бөленген.

Берікболұлы Ізмағанбет – Тереңөзек ауданының "Ақарық", "Аққұм" , "Көптің көлі", "Далакөл" колхоздарын ұйымдастырып, 1934-1954 жылдар аралығында колхоздардың төрағасы қызметін атқарды. Бірнеше орден, медальдар иегері болды.

Нұржанұлы Әлтай, Омарұлы Ишанбек , Бәшкенұлы Әлмырзалар Қазақстандағы алғаш рабфактың мұғалімдер факультетін бітіріп, мектеп директорлары, мұғалім, ауылдық кеңес төрағалары болған. Бұлардың Ұлы Отан соғысында қаза болған туысқандары мына төмендегі азаматтар:

1. Ернияз Серікбаев
2. Шернияз Жанболатов
3. Өтембай Мұстафаев
4. Төлеген Базаров
5. Шәкі –Төлебай Сәрсенбаев
6. Қалыбай Ордабаев
7. Шәукімбай Аяпбергенов
8. Исақұл Ордабаев

Сөкенұлы Қазбек – 1912 жылы дүниеге келген. Орал қаласындағы ауыл шаруашылықтың басшы мамандарын даярлайтын рабфакты бітіріп, Аламесек МТС- да бас маман, директордың орынбасары болып қызмет атқарды. 1941-1945 жылдары аралығында Ұлы Отан соғысына қатысып келгеннен кейін Сырдария ауданының (райзо) "Қызыл ту", "Комсомол", "Қызылжарма", "Тереңсай" колхоздарына төраға болып, басшылық қызметтері атқарған. Тереңөзек ауданының Құрметті азаматы. 2004 жылы 94-ке қараған шағында қайтыс болды.

Көптеген мемлекеттік марапаттарға ие болған.

Мұстафаев Ақтай - халық ағарту ісінің үздігі, Тереңөзек ауданы, Ақарық, Ақжарма, Абай, Ақиін мектептерінің директоры, ауылдық кеңестің төрағасы. Сырдария аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, аудандық кеңес депутаты болды.

Қарымсақов Нағызхан 1944 жылы Қызылқоға облысы, Тереңөзек ауданы, Тереңөзек қыстағында туылған. 1969 жылы Жамбыл жеңіл өнеркәсібі технологиялық институтын бітірген. 1969-1980 жылдар аралығында Жаңақорған, Арал аудандарының астық қабылдау, тарату кәсіпорындарының бас инженері, директоры қызметтерін атқарған.

1980-1996 жылдар аралығында Қызылорда астық өнімдерін тарату комбинатының бас директоры, президенті қызметін атқарды. 2001-2007 жылдар аралығында Қызылорда облысы аумақтық инспекциясының бас маманы болып қызмет атқарды. Қазіргі таңда зейнеткер. «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған. 1993 жылы облыстық қорытынды бойынша «Қамқор басшы» атанды. 1985-1994 жылдар аралығында қалалық кеңестің депутаты, пленум мүшесі болды. ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің, облыстық атқару комитетінің бірнеше дүркін грамоталарымен марапатталған.

Ертісбайұлы Дәулетбай – ақын-жырау. Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданында туып өскен. Жасынан өлең-жырға жақын, жыраулыққа жаны құмар. Жасынан Майлықұм, Айтек, Бесікті ауылдарындағы ойын-тойларды басқарып, абыройға бөленген. Отан соғысына қатысып, бір аяғынан айырылған. Сол көңіл күйзелісін білдіріп, ағайын-туыстарына жыр-шумақтарын арнаған. Оның өлеңдері ауыл, аудан және облыстағы ақын мүшәйраларында, радиода көпке дейін айтылып жүрді. «Ленин жолы», «Сыр бойы» газеттерінде жарияланып тұрды. Ақын әрі жырау Дәулетбай соғыстан қалжыраған ағайынның көңілін көтеріп, жиын-тойларда аса көлемді «Көрұғлы» т.б. дастандарды ұзақ таңға жатқа айтатын. Қазақстанның халық ақыны Асқар Тоқмағанбетов Дәукеннің жырына жоғарғы баға беріп, оларды газеттерде жариялаттырды. Үнтаспаға жазылған шығармаларын облыстық мұражайға тапсырған. Ақынның балалары, немере-шөберелері туған елінде еңбек етіп, нарық заманына бейімделген ұрпақтары хал-қадірінше кіші кәсіпкерлікпен айналысып жүр.

Төменде 1943 жылы жараланып, әскери госпитальға түсіп, бір аяқтан айырылып жатқан сәтте елге жолдаған "Аяқпен қоштасу" атты өлең-хатын жариялап отырмыз.

АЯҚПЕН ҚОШТАСУ

Көре алмай көптен бері туған елді,
Шеменді жырды толғап жеткергелі.
Хат жаздым хабарымды білдіруге,
Жеріме кіндік кесіп өскендегі.
Бойды зіл, ойды қиял басып жатыр,
Ыңыранған арыстандай көктемдегі.
Айырылып сау тұлғадан кеткендегі,
Амал не баста жазу болса солай.
Аяқтың бірін тұрмын кестіргелі.
Жолдасым болғалы тұр екі таяқ,
Алланың аяқ бопты көпсігені.
Тең басып тентек жүрген айқай күнім,
Қалдырды ойландырып тек сүлдені.
Орғытып ортекедей жастық дәуір
Осы ма, шынымен ең ескіргені?!
Қой, көңілім, өзіңе кел, құр қажыма!
Арман жоқ, болсаң сен де көптің бірі.
Көп шүкір, шықпай шығып, жаным қалды
Тізеден аяқ түсіп, саным қалды.
Садаға бастан құлақ деп отырмын,
Болғанмен, амал қанша, жарым жанды!?
Бас аман, жүрегім сау, денім таза,
Тапсырман тар кезеңде орындалды.
Деп аяп талпындырған сүйген мүшем,
Қоштасып айырыларда қолымды алды.
Деп зарлы шыққан мұңын сіздерге айтып,
Өлеңмен жолдамаққа ой ұйғарды.
Жолдасым, қош аман бол, қолыңды бер,
Демеймін қоштасуды орынды жер.
Амал не, айырылуға тура келді,
Қандай жанмен қалғанды қонымды дер.
Мен сенің бір сүйеніш жолдасың ем,
Ақырғы парызымызды ал, ойыңды бөл!
Бесіктен түскеннен-ақ қаз тұрғыздым,
Буыны бекісін деп аз тұрғыздым,
Жүргізіп апыл-тапыл бой жаздырып,
Жатудың түк қимылмен шартын бұздым.
Оңнан күн, сол жағыңнан ай туғыздым,
Ағаштан ат мінгізіп, ат шабарлап.
Көрсеттім көркін көпке алтын жүздің.
Мен бардым мектепке алып сегізінде,
Әліппе демі тұрды лебізінде.
Аштырып ілім кілтін қолға ұстап,
Жүздірдім кең өмірдің теңізінде.
Жақын қып алғысыңды алты аттатып,
Көп жүрдім бақылаумен негізінде.
Мүшеде он екінің таңдаулысы,
Жеткіздім көп аузында дегізуге.
Қайда той, қайда думан, жиын болса,
Асулы жетер жолы қиын болса,
Апарған, арқалаған мен болып ем.
Бүгілтіп отырғызбай үйде онша,
Еңбекке емін-еркін жеткелеідім,
Тиісті алып қал деп, сыйың болса.
Бой қатып бозбала боп толысқанда,
Шарықтап көкке серпіп ой ұшқанда,
Сондағы жан серігің мен болып ем,
Жар болып жарық түнде жолыққанда.
Сақтап ем қашырып та, жасырып та,
Сасқанда, тарыққанда, қорыққанда.
Күн туып ел басына, жауыз жанмен,
Жан қиып азаматтар соғысқанда.
Талдырмай таңды атқызып, күн батқызып,
Жеткізіп жеңіс алар жорықтарға.
Жүргізген жан серігің мен емес пе ем!
Барлығын жинап, теріп қорытқанда...

Ертісбайұлы ДӘУЛЕТБАЙ
1943 жыл.



Көшімбаев Шәріпбай Жамбыл су шаруашылық, инженерлік механикаландыру институтының Қызылорда қаласындағы бөлімін бітіргеннен кейін облыстағы Сырдария ауданы бойынша Қазақстан шаруашылық техникасын жабдықтау мекемесінің бас маманы, инженері, директордың орынбасары, бас инженері, т.б. осы салада жауапты қызметтер атқарды.

Еліміздің нарықтық экономикаға көшуіне байланысты облыста алғашқы болып қалада «Бастау» орта көп салалы кәсіпорын серіктестігін ұйымдастырып, соның бас инженері, шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Онымен қоса шеркештің «Шағырай» ұранымен аталатын мал, егін шаруашылығы серіктестігін ұйымдастырды. Қазір оны облыстағы Сырдария, Жалағаш аудандарын қамтыған ірілендірілген комплексті шаруашылығына айналдырды.

Қазіргі уақытта облыстағы, қаладағы халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға демеушілік жасауға белсене араласып келеді. Қазақта «Талабына ақылы сай болса, іні неге би болмас» деген аталы сөзге орай шеркеш ағайындардың үлкені, кішісі ақылдасып: «Біздің іргеміз кеңейіп, балалар өсіп келеді. Қамқоршы, ақылшы аға болатын биімізді сайлап алайық. Оған Шәріпбай лайықты»,- деп шешім қабылдады.

Қазіргі таңда облыс көлемінде шеркеш атамыздың ұрпақтары көпке танымал болды. Өмірге жаңа келген бала, түсін жатқан келін, үйлену тойлары, карттарды аттандыру жиындарын ықыласпен атқаруда.

Егемендік алғаннан бері халық ес жиып, ағайын-туыстарымен біріге бастады. Міне, осы уақытта ағайынға шынайы туысқандық қамқоршылық жасағаны үшін дән риза. Соңғы жылдары облысқа белгілі, республикаға еңбегі сіңген ағалары Айтбаев Түймебайға Сырдария ауданы Нағи Ілиясов атындағы кеңшардағы орта мектептің атын және сол кеңшардағы көше атын алып беруге көп еңбек сіңірді. Атамекеніміз Бесіктіге үлкен кесене салғызды. Ата-бабамыздың бір мекені туған ауылына Көксуда, Ақжарманың бойына Ақтай ағасына күмбез кесене салғызып, Сыр бойындағы шеркеш ағайындарыдың атын көпке мәшһүр етті.

Ш.Көшімбаев Қазақстанға танымал ғалым, әдебиет зерттеуші Мардан Байділдаевтың кітаптарын шығаруға демеушілік жасады. Ағайынның жетім-жесіріне, қамқоршысы жоқ карттарға материалдық көмек беріп: «Аман бол, балаларыңның рақатын көр» деген алғысына бөленіп, көсегесі көгерген екі ұл, үш қыз өсіріп тәрбиелеп өсірген, керегесі кеңейген құт шаңырақка айналып отыр.



Сөкенов Сәруәрбек Қазбекұлы – 1949 жылы Қызылорда қаласы Қызылжарма ауылдық округінде дүниеге келген. Оқу орнын бітіргеннен кейін осы ауылдық кеңесінде хатшы, орынбасар қызметтерін атқарды. "Комсомол" совхозының бас маманы, ұжымшардың төрағасы болып екі дүркін сайланды. Шаруашылық тарағаннан кейін серіктестік кәсіпорын, жеке кіші кәсіпорындарын басқарды. Кеңес қызметтерін абыроймен атқарып, халық сеніміне кірді. Ауылдық кеңестің бірнеше дүркін депутаты болды.

«Ата көрген оқ жонады» дегендей әкесі облысқа белгілі ардагер Сөкенов Қазбек атамыздың атына сөз келтірмей, 5 мыңнан астам халқы бар ауылға би аға ретінде абыройлы қызмет атқарды, 20 шаңырақ болып өркен жайған әулет иесі.

Бәймішев Қазанқап - Қызылордадағы Қойыс атамыздан тараған үлкен әулеттің бірі. Қазанқап – Қазақ КСР-ның құрметті финанс қызметкері, соғыстан кейінгі дәуірде халық шаруашылығын келтіруге көп үлес қосқан азаматтардың бірі. Қараөзектегі асыл тұқымды ірі қара

өсіретін совхозды ұйымдастырушы болды. Кейін облыстың Сырдария, Тереңөзек аудандарында ауыл шаруашылық басқармасының бас маманы, орынбасары қызметтерін атқарды. Облыстық ауыл шаруашылығына қарасты күріш шаруашылығы тресінде бас маман, кейін облыстан мамандар дайындайтын оқу орнында бөлім меңгерушісі, мұғалім болды. Бірнеше орден, медальдармен ҚКСР Ауыл шаруашылық министрлігінің. облыстық партия комитетінің грамоталарымен марапатталған.

Бәймішев Базарбай – Қызылорда қаласы, облысы, Сырдария, Тереңөзек аудандарының сауда орындарында магазин, базарларда үздіксіз 40 жылдан астам абыроймен қызмет атқарған. Сол жылдары өкімет, халық мүлкіне қиянат жасамай, адал абыроймен қызмет істеп, зейнеткерлікке шығып отыр. Бәймішовтар әулетінің атасы ағайындар арасында абыройлы абзал азамат, ақсақалы атанған.

Керуенбаев Елікбай Дүйсенбайұлы - Торанбай әулеті Керуенбай атамыздан тараған. Қызылорда совхоз техникумын, Семей технологиялық тамақ өнімдері институтын бітіріп, Қызылорда ет комбинатында кіші маманнан бастап, цех бастығы, комбинаттың бас маманы қызметін атқарды. Сол мекемнің директоры қызметін абыройлы атқарды. Комбинат тарағаннан кейін қалалық, аумақтың басқарманың басшысы қызметін абыройлы атқарып келеді. Бірнеше дүркін қалалық кеңестің депутаттығына сайланды.



Аманғали
Марат
Аскар
Болат
Захар

ДЕРБІС - ТҮРКЕ - КЕДЕЙ-ШЫМБАЙ





- Шеркеш
  - Бөтік
    - Жайық
      - Дербіс
        - Түрке
          - Кедей
            - Қараша
            - Шымбай
              - Қорлыбай
                - Тоғай
                - Түмен
              - Құрман
                - Тілек
                - Алдияр
                - Мыңбай
                - Бекалыс
              - Исатай
                - Ораз
                - Сасай
                - Мұханбет
                - Тықас
                - Ерболат
                - Света
                - Бекболат
                - Жанболат
                - Шынболат
                - Қайыржан
                - Мәстек
                - Жұмат
                - Ескали
                - Досқали (Досқазы)
                - Әліпқали
                - Қайнат
                - Мақсот
                - Руслан
                - Батыр
                - Ілияс
                - Ренат
                - Данияр
                - Нұрболат
                - Әсет
                - Меңеш
                - Басер
                - Төлеу
                - Тәжекеш
                - Кәлен
                - Кәрім
                - Бақыт
                - Үкібас
                - Бисен
                - Ахмет
                - Махмет
                - Козьма
                - Исламғали
                - Әбілтай
                - Ерлан
                - Артур
                - Асылан
                - Ержан
                - Нұрлан
              - Өтеміс
                - Жанқожа
                - Бижан
                - Латиф
                - Мұрат
                - Әзидолла
                - Серік
                - Дәнекер
                - Дәурен
                - Жанболат
                - Бекболат
                - Ерік
                - Руслан
                - Асылан
                - Арыстан
                - Ишан
                - Қожантай
                - Шамардан
                - Мәннан
                - Есболат
                - Нұрболат
                - Бақтыгерей
                - Нуық
                - Әжіхан
                - Достан
                - Асылбек
                - Руслан
                - Арман
                - Манас
                - Думан
                - Асылан
                - Темірлан
                - Расул
                - Артур
                - Ерасыл
                - Ерлан
                - Наргиза
                - Әжігерей (Ерсайын)
                - Нұрлан
                - Лаура
                - Румия
                - Серік
                - Рамиль
                - Серік
                - Рафаэль
                - Данияр
                - Радмир
                - Ниетқали
                - Ғаббас
                - Хамза
                - Қабеш
                - Ибрайым
                - Сатыбалды
                - Жансерік
                - Жалғас
                - Ғабит
                - Әли
                - Қарақойшы
                - Сабыр
                - Меңдеш (Мекес)
                - Әубекер
                - Бекболат
                - Ерболат
                - Роза
                - Әлия
                - Айболат
                - Аймұрат
                - Батырбек
                - Абдол
                - Құспан
                - Қапет
                - Исатай
                - Махамбет
                - Бауыржан
                - Мира
                - Еркін
                - Айдос
                - Естек
                - Бітік
                - Төкеш
                - Сауғабай
                - Жанноғай
                - Байноғай
                - Құбаш
                - Қабен
                - Қыдырсиық
                - Сұлтан
                - Эльвира
                - Альбина
                - Кәримолла
                - Александра
                - Самиғолла
                - Құзайыр
                - Ихсан
                - Мұқан
                - Қадим
                - Ғарифолла
                - Қайрат
                - Диас
                - Расул
                - Қайсар
                - Жұмағазы
                - Рашид
                - Уәлихан
                - Артур
                - Ақтілек
                - Талғат
                - Өркен


Шеркеш
Бөтік
Жайық
Дербіс
Түрке
Келей
Қараша
Шымбай
Қорлыбай
Тоғай
Оқат
Тастемір
Құрман
Тілек
Алдияр
Мыңбай
Бекалыс
Жұқа
Қуаныш
Көшкімбай
Қияс
Шәукебай
Жоламан
Шоқыман
Мұлкаман
Басбай
Сәнбай
Кенже
Өтеміс
Түлкі
Қарсақ
Құлыш
Мұкан
Шолақ
Ишака
Буық
Шомбай
Өтеген
Кенжеәлі
Қасым
Сақтан
Қалует
Әділғали
Наурызғали
Максұт
Майдан
Ахмет
Жеміс
Орынғали
Орынша
Түмен
Ақбота
Қалмырза
Оразалы
Жетібай
Төлебай
Берді
Найзабай
Қылышбай
Қайырман
Құрман
Ержан
Ерғали
Мырзағали
Қыдыр
Балым
Ағиба
Талғат
Жұма
Қуаныш
Боранбай
Өтепберген
Қалмен
Сатқан
Өтеміс
Қодар
Қылыш
Дос
Кенжеәлі
Ырысәлі
Дүкенбай
Бисалы
Жұмғали
Шәгім
Бисенбі
Қуанышәлі
Ермұханбет
Машан
Орынбай
Орынтай
Батыр
Темір
Маннан
Сағи
Ныгымет
Хисмет
Шайхы
Зинеден
Жеткіншек
Ризабек
Серік
Қабеден
Қабдекен
Фазыл
Мардан
Файыз
Марат
Дамир
Азамат
Ерназ
Қилакен
Абдулхақ
Мәжит
Хамит
Ғариф
Ғали
Ғайни
Аманқұл
Серік
Сергей
Жанарбек
Қадірбек
Мейрамбек
Кенжебек
Мендіхан
Төлеген
Артур
Айкүміс
Гамаль
Зариф
Ғабдул
Шарафиден
Сайпиден
Жасұлан
Жасұлан
Айкөркем
Жәнел
Сансызбай
Меделхан
Серікбай
Қадырхан
Сырлыбай
Тимур
Сұлтанияр
Нұфтолла
Ахмедияр
Темірлан
Мәди
Оксана
Роксана
Нұрбек
Шаттық
Айсұлу
Күнсұлу
Асылбек
Нысанғали
Есенбай
Қәримолла
Нәсимолла
Батихолла
Сейтолла
Жансерік
Ерболсын
Мақсат
Арман
Гимыран
Бауыржан
Сабыржан
Ақылбек
Уәлихан
Бауыржан
Орынбасар
Тұрсын
Мүслима
Рәсул
Ғафур
Алпамыс
Ардақ
Мардан
Ахмеден
Мақаш
Балқия
Нәсіпханым
Серік
Азамат
Наурызбай
Сағидолла
Амангелді
Айкөркем
Әсел
Әсет
Сәкен
Әділжан
Абылай
Аян
Елгес
Нұрым
Әсел
Айым
Аружан
Аяулым
Жұлдыз


Шеркеш
Бөтік
Жайық
Дербіс
Түрке
Келей
Қараша
Шымбай
Түмен
Оразалы
Қайырман
Дос
Шәгім
Орынбай
Орынтай
Батыр
Мәдениет
Нұрбай
Амантай
Нұрлан
Мәди
Самат
Ерболат
Нұрсұлтан
Нұрайым
Шұғыла
Салауат
Рүстем
Руслан
Әсет
Азат
Ғайнұр
Салтан
Ермұрат
Ерсайын
Мұрат
Замир
Наиль
Нұрсұлтан
Айгүл
Люция
Марина
Кенжеәлі
Ырысәлі
Дүкенбай
Балпанияз
Өтегали
Мауа
Сабырғали
Қадыр
Рамазан
Бекболат
Марат
Нұрдәулет
Болат
Қайрат
Отарғали
Серікбай
Жеделбай
Бақыт
Жұмаш
Ризабек
Нұрлыбек
Әділбек
Өмірбек
Мұханбетәлім
Темірлан
Ансаған
Құрман
Шал
Күсен
Мүсілім
Қабдол
Мұса
Мұқар
Зұлпықар
Керей
Батырхан
Шыңғыс
Оңғали
Орынғали
Ерболат
Қайырболат
Қайыржан
Бауыржан
Алдабергән
Айдана
Әли
Мәриям
Асылхан
Жарасхан
Серікболсын
Асылан
Берікболсын
Берік
Серік
Сағыр
Шошан
Ерназар
Алдоңғар
Жұман
Алдияр
Қожамқұл
Бектен
Иманбай
Діниш
Өтеміс
Ахат
Қабдолуахит
Нәсіпқали
Алдамжар
Сатыбалды
Төбет
Мадан
(Исмадияр)
Смағұл
Зайни
Ғинаят
Қамаш
(Камелиддин)
Хайролла
Сақыпқали
Шархат
Серік
Азамат
Әлібек
Нұрхат
Фархат
Ғазиз
Ғалым
Мақсат
Қазбек
Ермек
Ренат
Арман
Асылан
Нұржан
Әсет
Жан
Рахим
Арсен
Асхат
Замира
Серікбай
Жұмабай
Альмира
Индира
Қарес
Гарифулла
Хамидолла
Жетібай
Жарке
Мұрат
Тайша
Исан
Азау
Кентай
Кенжебай
Сәт
Смағұл
Қасекей
Жұмаш
Бисен
Түлеген
Мақаш
Танаш
Жанабай
Қайрат
Уәйісбек
Райымбек
Серік
Бауыржан
Қанат
Мереке
Марат
Төлебай
Құттыгелді
Айтжан
Мыңтілеу
(Баспақ)
Сұлтақаш
Қырықбай
Сырғабай
Әбуғали
Сүйініш
Серіққали
Өтебай
Серік
Ғабиден
Нәбиден
Дарбай
Амангелді
Рахмет
Ғұбайдолла
Хамидолла
Талғат
Асхат
Махамбет
Исатай
Сәт
Кәмила

ДЕРБІС-ҚҰЛМАС




Шеркеш
Бөтік
Жайық
Дербіс
Құлмас
Берікбол
Белгібай
Арғынбек
Ерденбай
Елубай
Құмар
Жантөре
Мәлібек
Айтуар
Бақораз
Махамбет
Өтеміс
Жармұхамбет
Құлмұхамбет
Нұрмұхамбет
Аймағанбет
Оразмұханбет
Дүйіш
Ауғанбай
Қалдыбек
Құбайдолла
Сабыр
Жамалай
Жалғас
Бисенбай
Үсенбай
Ысқақ
Әбдіқадыр
Әбдіқайым
Сейдулла
Рахматулла
Құралбек
Кадірбек
Омарбек
Сүндет
Қаби
Ұлжан
Балжан
Абылайхан
Асқар
Ардақ
Бейбіт
Назар
Рүстем
Бақдәулет
Мансұр
Бақберген
Шыңболат
Ақсұлтан
Бауыржан
Бақытжан
Асылбек
Мейрамбек
Данияр
Ернар
Нұржау
Пердебай
Тұңғышбай
Тұманбай
Медет
Үмбет
Әбүйірбек
Ахмет
Ринат
Салауат
Ғанимат
Оралхан
Жанқораз
Нұр
Сұлтан
Дидар
Ахмет
Озғанбай
Бисенбай
Нұрбек
Ермек
Серік
Арман
Нұрлан
Ерлан
Жанболат
Жәнібек
Қарабала
Мүлкаман
Қуандық
Өтеген
Тәңірберген
Жаңаберген
Байранбай
Сайланбай
Арман
Бейсенбек
Рәтбек
Райымбек
Рысбек
Мамыр
Манат
Манас
Алтынбек
Жаркынбек
Азат
Қаржау
Дәулет
Ибырайым
Аманжол
Амандық
Әбдірахман
Алмас
Нұрлан
Батырхан
Жеткерген
Егем
Сүндет
Мейірбек
Жаңабек
Нұрбек
Оразбек
Қазбек
Тайбек
Қалпақ
Бегей
Мұрат
Ораз
Тағанияз
Қыдырниаз
Ақниаз
Абай
Мұрат
Қайрат
Бақытжан
Нұржан
Данияр
Мадияр
Жолдас
Қолдас
Базарбай
Жұмабай
Еділе
Полат
Жолдыбай
Жамбыл
Мерген
Ахмет
Серік
Қайрат
Алтай
Қуаныш
Абай
Ерсайын
Досжан
Қалниаз
Берекет
Қайырмұхамм
Әбілсаттар
Абыз
Немат
Әубәкір
Дәуіт
Аруи


Шеркеш
Бөтік
Жайық
Дербіс
Құлмас
Тұрар
Қуандық
Қуантай
Қуанәлі
Айтахан
Дүйсекен
Жантілек
Беқұзақ
Өмірзақ
Көшекбай
Алдоңғар
Алдаберген
Қожан
Қыдыр
Қуаныш
Жұмаш
Жұмағали
Бердібай
Бердібек
Наурызбай
Ілияс
Мұқан
Бауыржан
Исламбек
Бауыржан
Ербол
Асхат
Арман
Райыс
Рақат
Парахат
Болат
Марат
Жұмабек
Дамир
Нұргелді
Нұрасыл
Мәди
Мансұр
Еркебұлан
Нұрдан
Райымбек
Расул
Тоқсаба
Әлмерек
Қосымбай
Басымбай
Сауытбай
Жәумітқали
Жүгініс қажы
Бисембай
Қадырхан
Асембай (Үсенбай)
Жұмақұл
Раманқұл
Жексенбай
Кемелхан
Теңелхан
Сексенбай
Тоқсанбай
Мұрат
Нұрсұлтан
Назар
Әділхан
Мақсат
Нұрлан
Тыныштық
Серік
Ерлан
Ержан
Асқар
Шалқар
Сұңқар
Хасайын (Асан)
Хұсайын (Үсен)
Ұзақбай
Қуаныш
Өсербай
Орынбай
Абзал
Данияр
Салауат
Қуаныш
Серік
Медет
Қанат
Максат
Бекзат
Есбол
Нұржан
Әлібек
Дулат
Әлихан
Сұлтанбек
Мейрамбек
Арман
Жақсылық
Мейрамбек
Азамат
Бақдәулет
Максат
Қайрат
Бисекен
Нұрмақ
Жанболат
Хангелді
Тұрымбай
Имаш
Омар
Айтқали
Әйтен
Әлібек
Сәрсен
Иван
Ағзом
Мағзом
Ислам
Асан
Жексен
Нұрболат
Байболат
Асылбек
Дамих
Амандық
Оразай
Ақынбек
Болат
Ернат
Жандос
Нұржан
Досым
Олжас
Бердібек
Расул
Тауфық
Бақсық
Хиуаз
Рақымжан
Тоқтар
Нұржан
Бекежан
Қуаныш
Меңжан
Ержан
Мейрамбек
Ерлан
Дәурен
Жандос
Дияс


Шеркеш
Бөтік
Жайық
Дербіс
Құлмас
Тұрар
Қуандық
Айтахан
Бисекен
Нұрмақ
Хангелді
Имаш
Айтқали
Нұрболат
Байболат
Руслан
Роман
Жасұлан
Аманат
Ринат
Асхат
Әйтен
Хамидолла
Бауыржан
Қайыржан
Темірхан
Асылхан
Талғат
Берік
Ерлан
Нұрлан
Роман
Асхат
Аманболат
Қуантай
Ақжол
Жандарбек
Берген
Ермек
Дәулет
Бағытжан
Сатыбалды
Қосым
Ғалымжан
Серік
Берік
Мейірамбек
Қуаныш
Мұратхан
Асқар
Әли
Мейрам
Мейрамхан
Медет
Бақдәулет
Құлымжан
Шора
Ағатай
Омар
Бөрібай
Саид
Мақсұт
Самат
Қуанәлі
Ілияс
Тастемір
Ырыс
Бәтен
Қаби
Қайыр
Ғаллам
Жігер
Ербол
Қайрат
Болат
Бекболат
Марат
Ермек
Серікбол
Данияр
Дамир
Серік
Ерік
Орынбай
Қуандық
Тілеккабыл
Еркебұлан
Дәурен
Ернұр
Ернар

АРҒЫ АТАЛАРЫН АЙҚЫНДАЙ ТҮСУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ДЕРБІС ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ЖЕЛІСІ

Дербіс
- Сәли
  - Зейнолла
    - Қанат
      - Есенаман...
        - Мұхит
        - Есен
        - Аскар
        - Өмірзақ
- Сәйпен
  - Серік
  - Берік

... Жанбағы
- Ерғали
  - Ырзалы
  - Жаналы
- Тұмар
  - Сәпен
  - Мұнар
- Кәшау
- Зәру

...Қыдыр
- Бисенбай
  - Әбуғли
    - Марат
    - Мұрат
    - Әбілбәкір
    - Әбіл
      - Талғат
- Жұмабай

Дербіс.....
- Құрманәлі
  - Мұбарак
    - Махамбет
      - Сәбит
      - Қанат
      - Бақтияр
    - Ақылбек
      - Қалдыбек
      - Тайлыбек
      - Бақтыбек
      - Қыдырбек
      - Батырбек

Дербіс.....
- Ерімбет
- Мұхамбеткали
  - Қален
    - Қабдол
      - Жолан
    - Бақтыгерей
      - Бақтыбек
        - Нұрлан
        - Нұржан
        - Асхат
          - Талғат
          - Болат
    - Құнысқерей
- Қыдыргали

ӘДЕБИЕТ



Нұрым Шыршығұлұлы (1831-1908ж.) Гурьев облысы, Қызылқоға ауданында туған.

ТЕРМЕ

Мен қашанғы жүйрігің,
Топ ішінде толғанған.
Шынымменен шырқасам,
Бабам Қадыр қолдаған.
Айтсам сөзім өтер ме,
Ақылсыз туған жаманға.
Қайран қамшы сермеме,
Сүйекке біткен шабанға.
Дүние деген сары алтын,
Әркімдерді алдаған.
Қабаты қалың қара жер,
Талай ерді жалмаған.
Ерлер өтті қарасам,
Көк сүңгісін өңгерген.
Астана жұртын меңгерген,
Ерегісіп келгенде.
Хандарды тақтан тайдырған.
Қалың дұшпан келгенде,
Жалғызбын деп қарамай,
Азды -көп жауды санамай,
Ақ сүңгісін өңгерген,
Жауға жалғыз жөнелген.
Адамға әдеп жолдасы,
Мұны жалған дей алмас.
Хазіреті -ғалым данасы,
Он екі ата Байұлы.
Сахараның мен Нұрымы,
Су тағының құлыны.
Тайпалмас жүйрік жорғасы,
Дүние деген ғаламат.
Бір тамшы судан қан болып,
Анамыздың қарнында.
Бірқатар мезгіл өткенде,
Қимылдадық жан болып.
Жақұт, маржан секілді,
Адамзаттың баласы.
Дүниеге келді сән болып,
Басы сау жанды бай демек.
Қорқыт ата қобалжып,
Дүниені кезіпті.
Өлмейтін жер қайда деп.
Азды көпті өмір-жаз
Уақыт өтпей тұра алмас.
Басынан дәурен бір өтсе,
Қайтадан дәурен құралмас!

ӨТЕМБЕККЕ

Араға шайтан кіре алмай,
Өсіп еді өркенің.
Қарасам бүгін өзгеріп,
Ақылды беріп ашуға
Шайтан болды ергенің.
Ел жабылып сұраса,
Бір тілегін бермедің.
Өтеке, емес білгенің.
Талайдың тауын қайырып
Тек өзіңді жөндедің.
Халықтан жеке туғандай,
Адамды тең көрмедің.
Дұшпаныңды қош көріп,
Ашуыңды дос көрсең
Менен бұрын сен өлсең,
Құрметтеп қолдан көме алман.
Енді қайтып оралып,
Босағаңды көре алман!



ДОСЫ ТІЛЕГЕНОВ

(1884-1924)

Сұрасаң менің атым – Досы молда,
Қызығы бұл дүниенің екі қолда.
Біз шығып ағайыннан кеткеннен соң,
Айдалып конвойменен түстім жолға.
Араз боп ағайынмен елден шығып,
Телміріп бөтен елге пенде қылма!
Құдай-ау, қысылғанда қолдаушы едің.
Апырай, қолдағайсың осындайда.
Жазықсыз жапа шегіп кетіп барам,
Жалғызға қараса көр осы жолда.
Мен емес астанада мұндай болған,
Уайым ер жігітке бермес пайда.
Налыман пенделікпен хақ ісіне,
Есіңе ақыл салсын Каримолда,
Аз күнгі тіршілікке алданбасақ,
Біздерге бұрынғыдай дәурен қайда?
Қош сау бол, мекен еткен Атырауым,
Жөн болмас уайым шегіп қалтырауым.
Қас қылды көп Жиенбай құдай ұрып.
Бере көр маған, Алла, деннің сауын.
Баспады өрге талап не қылсам да.
Қайтып тұр осы күнде менің тауым.
Бекайдар отыз үйдей аз туғаным,
Білмейді кімнің досы, кімнің жауын.
Зираты қош-аман бол, атам, ақсақалдың,
Рақаты болар ма екен шыбын жанның.
Артымда қатын-балам қалды зарлап,
Тілегің бергей, Алла, жетім жанның.
Қош-сау бол, Данғар менен Мұнай майым,
Кім білер осы күнде менің жайым.
Конвойдың айдауында қысым көріп,
Басыма ауыр қайғы, түсті уайым.
Жыланды, қош-аман бол, Тасқұдық пен,
Бейнетті бергей маған жақсылықпен.
Кегімді Жиенбайдан мен алармын,
Болсам да ата-бабам сары түріктен.
Қош-сау бол, құтты мекен Таңатарым,
Қайғының берді маған бірқатарын.
Тұман мен қараңғы түн кез болып тұр,
Білмеймін қай уақытта таң атарын.
Қош-сау бол, Ащықұдық, Білеулімен,
Өзіңнен, жаббар Алла, тілеулімін.
Қолтықтан жәрдем етіп сүйемесең,
Күйініп қайғыменен жүдеулімін.
Қош-сау бол, Барлыбайым, Кенже менен,
Заман жоқ жалғыздарға сөйле деген.
Бұл күнде таң қалғандай билік айтты,
Жамандар от басында күжірейген.
Қош-сау бол, Жекенді мен Жетікөлім,
Сынды ғой жалғыздықтан менің белім.
Күн жақсы көріскенше, елі-жұртым.
Кір жуып, кіндік кесіп, туған жерім.

2.САПАР ШЕКТІМ

Үшінде құт жұлдызы сапар шектім,
Айырылып құрбылардан басқа кеттім.
Жағалап Жайық бойын конвойменен,
Текенің қаласына барып жеттім.
Келген соң губернатор қаралады,
Арызымды берген жазып қарамады.
Себепсіз жолсыз көрдім қаралауын,
Шақырып ақ-қарамды сұрамады.
Сөзіне дұшпанымның ергеннен соң,
Мен білдім сол төренің анық жауын.
Тергемей ақ- қарамды омыраулап,
Күшпенен салды мені тар қамауға.
Бұғалық түскеннен соң, талпына алмай,
Айдалдым ықтиярсыз Сарытауға.
Айдалып Сарытаудан шектім сапар,
Сағынып тең-құрбыны болдым құмар.
Кешегі баста дәурен бар шағында,
Ат міндім алма мойын тағып тұмар.
Айдалып Сарытаудан кеттім Уфі,
Көргенше, қош-аман бол, елім-жұртым,
Басымнан бақыт құсы тайғаннан соң,
Дұшпанға көре алмаған болдым күлкі.
Басыңа іс түскен соң бір білерсің.
Жігіттің қалады екен жиған мүлкі.
Жігіттер, мақтанбаңдар малым бар деп,
Дүние байқағанға қызыл түлкі.

Құт (арабша) – қазақша ақпан айы.
Теке –Орал қаласы.
Сарытау - Саратов қаласы.
Уфі –Уфа.

ӘЙ, ДОСЫ КӨЗІҢ САЛШЫ ЗАМАНЫҢА

Әй, Досы, көзің салшы заманына,
Ғасырдың жиырмасыншы адамына.
Пиғылы адамзаттың таң қалғандай,
Қарашы көз жіберіп амалына.
"Жақсылар" жаудан жаман қаһар етті,
Бауырлас бірге туған "жаманына".
Көре алмай бір-біріне қылды қастық,
Мұқатып саламын деп табанына.
Әй, Досы, байқап қара заман түрін,
Шығарғын бәйіт жазып көңіл кірін.
Ойлама мың жасаймын деп Лұқпандай,
Жібермес жедел тағдыр қазған көрін.
Аяңдап ақсақ қойдай келсе қазақ,
Дүниеден көріп қызық болған жерін,
Дүниеде өлмей пәнде бақи қалсаң,
Атан-анаң кетті қайда туған бұрын?
Әй, Досы, ойламашы, өлмеймін деп,
Алланың аманатын бермеймін деп,
Oh деп көкіректен жан кеткен соң,
Астына қара жердің кірмеймін деп.
Не қылдың тіршілікте жақсы, жаман,
Алдынан жақсы-жаман шығар ісің.
Ойлама хақ жазғанын көрмеймін деп.
Әй, Досы, бір жасында қалдым жетім,
Тілеген хақ расулы бір үмбетін.
Ат жалын өзің тартып мінгеннен соң,
Құданың көрдің түрлі қызметін.
Сайқалдап талай жерді араладың,
Тамамдап көрмесең де дүние шетін.
Сайран ет, тіршілікте базар етіп,
Қара жер жасырмады кімнің бетін.
Әй, Досы, заманыңа көзіңді сал,
Жақсының ғибратлы сөздерін ал.
Ата-ағаң бұл фәниден сапар шегіп,
Сен болдың жеке шыққан панасыз тал.
Бозбала мәжілісте құрсын кеңес,
Сөз жазып ақ қағазға ғибрат сал.
Әй, Досы, еріккенде алдың қалам,
Әуезге шаман келсе, болма шапан.
Жан аяр болсаң байғұс бұғып жатар,
Не болар тіршілікте бұдан жаман.
Кәрілік келген кезде сен жатарсың,
Күркілдеп қараңғы үйде болып қабан.

ЖӘНЕКЕШЕВ БИСЕН (1888-1921)



1888 жылы Батыс Қазақстан облысының, Жәнібек ауданында туған. 1921 жылы осы облыстың Орда ауданында қайтыс болған.

Ол Батыс Қазақстан облысында Кеңес өкіметін орнату жолындағы күреске белсене қатысушы. 1918 жылдан РК (б) партия мүшесі. 1916 жылы Уфа діни медресесін бітіріп, ауылда мұғалім болды. 1918 жылы Қазақтың 1-ұлттық атты әскер полкына өз еркімен қосылды. Қазақ өлкелік соғыс комиссариатының саяси комиссары. 1919 жылы Қазақтың 1-үлгілі атты әскер полкының сапында Азғыр, Нарын, Күйгенқөл, Шонай, Қаракөл, Сайқын маңында ақ гвардияшылардың тұрақты әскери бөлімдерін талқандауға қатысты. Бөкей Ордасы ауданының бір ауылы Жәнекешов есімімен аталады. Сондай-ақ Батыс Қазақстан облысында танымал журналистер үшін Жәнекешов атындағы арнаулы жүлде тағайындалған.

АЗҒЫРДЫҢ БІЗ АТТАНДЫҚ ҚАЛАСЫНА

Азғырдың біз аттандық қаласына,
Ақтарда ең енді біздік боласың да.
Жауларды сайрандатып саған қойып,
Дұшпанның қала алмаспыз табасына.
Жігіттер, қорқауларды өлтіре сок,
Келтірмей қорғанарлық шамасына!
Жармасқан етектен кеп есерлерді,
Қайталық табыстырып моласына.
1919 жыл.

БАЛАЛАРҒА

Балалар, бақ орнады қуанатын,
Ән шыркап, қолға қызыл ту алатын.
Қамалған қараңғыда халқымызды,
Өнер менен білімге суаратын.

Қысымды бұрын талай көрмеп пе едік?
Өнерге басқалардай өрлеп пе едік?
Соңында бой қойының «тазша» аталып,
Күн-түні аш-жалаңаш жүрмеп пе едік?

Шыркайық біз де көкке қанат жайып,
Білімді үйренуге ұмтылайық!
Теңдік пен кеңшіліктің арқасында,
Надандық деген дерттен құтылайық!

Ел ауызынан жинақтаған, ұстаз Ғ.Зарипов.

ҚОШТАСУ

Анохин бастаған ақ бандалар 1919 жылы 15 желтоқсанда Орданы шауып, 80 партизанды өлтіріп кетті. Осы жауынгерлерді жерлерде Бисен өленмен қоштасады.

Сондағы айтқаны.
Жатыңдар, тап ұлдары – туғандарым,
Тап үшін белді бекем буғандарым.
«Ақ» деп қан, «шаһит» деп жан кедей үшін
Көшені қызыл қанмен жуғандарым.
Өмірін туғаны үшін қиғандарым,
«Ел» деген, «елім» деген имандарың.
Шыққанша шыбын жаның қарсы тұрып
Тап үшін жанын пида қылғандарым.
Айырылдың атадан да, анадан да.
Туысқан іні менен ағадан да.
Артында еңіреп, шулап бауырларың,
Қимай тұр қайғырысып айналанда.
Тірі жан өлімді ақыр бір тартады,
Қара жер қойнын ашып бұл жатады.
Қапыда арамзаның қолдарынан
Арманда кеттіңдер тек сол батады.

КЕЛ, ЖІГІТТЕР!

Қаза тапқан жауынгерлерді жерлеп, енді кек алу үшін жауға аттанып бара жатқанда Бисеннің сарбаздарына айтқаны.

Келіңдер, ал жігіттер, міндік атқа!
Көтеріп қызыл туды оң бағытқа.
«Ақ» деп қан, «шаһит» деп жан кедей үшін
Кетейік ұран салып әр талапқа.
Жиылған біз Бөкейдің еңбекшісі.
Арқаңда сенің кедей теңелмекші.
Жылаған кедей жасын біз көрмесек,
Кім аяп, кім есіркеп, кім көрмекші!?

Бұлар - Бисеннің өз өлеңдері.1958 жылы Бисеннің әйелі Нұржамалға оқып бергенімізде ол: «Ешбір өзгеріссіз, өзінің өлені»,- деген еді.

«Шежін» совхозында тұратын, әдеби шығармаға әуестігі зор жас жігіт Мұхсын Жалмурзин жолдас 1964 жылы Бисеннің әйелі Нұржамалға кездесіп, төмендегі өленді жазып алғаннын айтады.

Тастамас атан жүгін қарлы жерде,
Жүреді жолбарыстар таулы жерде.
Қылышын қынабынан қанға бояп
Тұрады батыр жігіт жаулы жерде.
Жасасын Қызыл әскер алған туы!
Дұшпанның қол-аяғын байдап куды.
Болса да әр талапта сатылғандар,
Бірін де жер үстінен қоймай куды.
Қызыл ту ерлер қолға алған жолы,
Сонымен тіке жарып салған жолы.
Жер бітіп, су аққалы адам ұлы
Жете алмай қарап көзі талған жолы!

«Октябрь туы» газеті №73, ақпан, 1965 жыл.

Дайындап жіберген – Бекжанов Бектас.
Сайқын ауылы,
Бөкей ордасы ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

P.S: Кез келген адам өзі өмір сүрген дәуірдің перзенті, жемісі. Сондай-ақ Б.Жәнекешов те өз дәуірінің ұлы бола білген. Сол дәуірдегі саяси құрылымның, бағыттың жалынды жақтаушысы.

ЛҰҚПАНОВ АЙТМАҒАМБЕТ

1902 жылы Қызылқоға ауданының Тайсойған ауылында туған. Жастайынан ән-жырға әуес болған сері. Ақын-жырау, әнші ретінде Қазақстанның батыс аймағына танымал. Зоотехник мамандығымен Қызылқоға ауданының ауыл шаруашылығы салаларында, МТС-та басшылық қызметтерде істеген, мал маманы болған. Айтмағамбет Қуанышұлының екі жүзге тарта термелері мен толғаулары бар. Ол-қазақтың ақын-жазушыларының шығармаларын жадында ұстап, халық арасында кең таратқан өнер иесі. 1969 жылы Жанкелдин ауылында қайтыс болған, бейіті ата-баба қауымы Қалаулыда.

ҚОР БОЛАР

Телегей теңіз шайқалып,
Тасқын су аспас кемерден.
Он саусағы майысқан,
Іс құтылмас шеберден.
Бір мәжілісте кез болып,
Алдарында сөйлейін,
Бес-алты ауыз өлеңмен.
Ол өлең деген асыл зат,
Ойынды бөліп тыңдасаң,
Ұлағатты үлгілі,
Қиядан алып қинасаң,
Сана болар адамға,
Жақсы бір сөзді жинасаң.
Қор болмайсың негізі,
Жасы үлкенді сыйласаң,
Мінін де адам түзетер,
Пікірсіз жаман болмасаң.
Екінші жақсы қор болар,
Мысқылдап сөзді ұрласаң.
Үшінші жақсы қор болар,
Жаманнан ауыз тыймасаң.
Төртінші жақсы қор болар,
Біреуді сөзбен сырласаң.
Бесінші жақсы қор болар,
Өнеріңді бұлдасаң.
Айып етпе, әлеумет,
Өзі айтып, өзі шешті деп,
Өзі кесіп, пішті деп,
Бұл сөзді маған қимасаң.
Мен кішілік тапты демейін,
Артық сөз тауып шыңдасаң.
Бұдан да бәсім кем болмас,
Тіпті атадан жаман тумасам.
Мен үлгілі сөздің иесі ем,
Жақсыға сырлас дос едім.
Әзіл айтқан құрбының,
Сөзіне өлім-туласаң.
Жақсы да жасид деген бар,
Жөнді - жөнсіз қинасаң.
Бір-ақ жанып түседі,
Осылай етіп қузасаң.

ӨРНЕГІН ТӨКТІК ҮЛГІНІҢ

Дүниедегі қиын зат,
Біреуді жақсы көргенің.
Сырыңды қосып, достасып,
Өзіңдей көріп жүргенің.
Қиын емей немене,
Қиындық жер кездессе,
Араларың суыса,
Мұнан да жақсы өлгенің.
Екінші қиын – ғашықтық,
Көрер ме еді асықтық
Дауылпаздай даңқыңа,
Сарғая келіп жүргенің,
Бұл өмірсіз баян сүргенің.
Үшінші қиын – көп білім,
Білмесе оның жұрт бұлын.
Білуші жұрт та аз емес,
Білмейтін де таң емес,
Бірақ түгелдей жұрттың бәрі емес.
Ашықтан айтқан шын сырым,
Мәжілісте еңбек аралап,
Барымды салып базарлап,
Қылыштың қыры қынаптай,
Қолда тұрмас сынаптай,
Өрнегін төктік үлгінің.
Ажал деген аңдаусыз,
Дүние деген болжаусыз,
Бірақ ғұмырың өтер бір күні.
Асыл сөздің парқына,
Түсінген адам тез тояр,
Барды айтуға мен даяр.
Ерінбесең бұл тілім,
Тыңдамаған адамға,
Айту да қиын маған да.
Сөзбенен жамап болмайды,
Құлақтың құрыш жыртығын.
Ойлап қалма, әлеумет,
Өлеңші ақын екен деп.
Аз құралған құрмаға,
Ермекші ғана бұлбұлың.

БҰРЫНҒЫНЫҢ СӨЗІ ХАҚ БОЛАР

Тағы бір сөзді басталық,
Айтып-айтып тасталық.
Жақсылар айт деп бұйырса,
Жел сөзді неге таппалық.
Мұнан да әрі жырлалық,
Онымен қарап тұрмалық,
Жақсылар айт деп бұйырса,
Жел сөзді неге бұлдалық.
Арыстан деген аң болар,
Көрген адам таң болар.
Айбаттанып ақырса,
Дүние қиғаш шаң болар.
Бірақ арыстан өлді дегенмен,
Бағы қайтса басынан,
Бағуға басын зар болар.
Жер биігі тау болар,
Арасы қабылан жау болар.
Тау мен тасты бұзатын,
Тасқын су менен жел болар.
Таудың басы құласа,
Шоқыменен тең болар.
Елдің сөзі ер болар,
Күндесе елі жігіттің,
Дәрежесі кем болар.
Ақылды болса ер жігіт,
Жүрер жері кең болар.
Ақылсыз болса ер жігіт,
Өз-өзінен жем болар.
Бағың қайтқан шағында,
Басында таудай мін болар.
Арғымақ деген ат болар,
Ер жігітке бақ қонар.
Сыйласа халқы жігіттің,
Астында алтын тақ болар.
Қанша жақсы болғанмен,
Ер жігітке ерте, кеш,
Аңдаусыз қаза тап болар.
Мидың қабы бас болар.
Ақылға тоқып сөйлеген.
Дүниенің қызығы,
Қыздырған тіл мен жақ болар.
Бағы қайтса жігіттің,
Дұшпанымен дос болар,
Досыменен қас болар.
Қанша айтқанмен мысалдап,
Жазмыштан озмыш болмайды.
Сірә, бұрынғының сөзі хақ болар.

АҚЫНДАР АБЫЗЫ
(Алғы сөз орнына)



Әбу шығармашылығы - өз дәуірінің айнасы. Бұл айнаның бетінде Әбу дәуірінің алуан-алуан күнгейі мен көлеңкесі, дұрыстығы мен бұрыстығы, жетістігі мен кемістігі қатар көрініс тапқан.

Ірі ақын, ұлы ақын - әрқашан азамат ақын. Осы ұғыммен өлшесек, Әбу Сәрсенбаевтың аса көрнекті ақындығы орасан биік азаматтығында жатыр.

Әбу Сәрсенбаевтың тоғыздан тоқсанға дейінгі саналы өмір жолы – тап-таза адамдық, азаматтық сапар. Ол тоғыз жасында теңіз жағасындағы балық батағасында табырашы бала болып, тұңғыш рет еңбекпен табысты. Адамды адам ететін – еңбек, еңбек есейткен кісілікті кісі қайтадан ардан туады да, арман қуады. Арман, яки асқақ мақсат адамды азаматқа айналдырады. Азаматтың асыл мұраты – халық қамы, елге қызмет ету. Әбу Сәрсенбаевтың осы мағынадағы азаматтығы ақындығымен астасады да, оның қаламынан екі том өлеңдер мен поэмалар, үш кітап әңгімелер мен новеллалар, екі роман туады. Бұған «Ғасыр мен ғасыр беттессе» жинағын қоссақ, алты том әдеби көркем қазынаның өн бойында құс жолындай сайрап, азамат ақынның тоқсан жылға созылған ғұмырнамасы жатыр.

Зейнолла ҚАБДОЛОВ

***

Расында, «Ақша бұлт» - махаббат, сағыныш жолындағы адам жүрегінің қыл пернесі, ыстық шындық. Оқырмандар сезімін, жан толқынын, жар сырын жеткізетін жан лəззаты. Біздер, ақындар, бұрын тек қана саяси лирика жазумен болдық.

Ал махаббат, табиғат, адамдар қарым-қатынасы, мінез-құлық, өнер жүйелерін еркін жазудан сырт қалдық. Ал жаңа жайлы, еркін, сыршыл тарқырыптарға тек қана Отан соғысында, от ішінде, оқ астындағы жауынгер ақын-жазушылар – біздер бастап, елдегілер қостады. Әбудің жаңағы «Ақша бұлты» осының жан жүйесінің жас перзенті дер едім.

Әбу ақын ғана емес, прозаик те. Оның қаламынын туған прозалық шығармалары – «Толқында туғандар», «Теңіз əуендері» романдары, «Офицер күнделігі», «Жауынгер монологы» повестері - қазақ прозасы қазынасына қосылған елеулі туындылар. Әбу драматургияда да қалам тербетті. Орыс классиктері Пушкин, Лермонтов, Некрасов өлеңдерін аударып, өзінің ақындық өнеріне үлгі ете білді. Ал Әбудің өз шығармалары, əсіресе поэзиясы орыс, болгар, эстон, тәжік тілдерінде де сөйлеген, соған «болдым», «толдым» деп асып-таспайтын да еді. Жанарына жарқ еткен бір ақынның шағын өлеңі түссе болды, оқып, іштей парасаттанып, пікірін айтатын, өзгенің де пікірін тыңдайтын. Бір ғажабы, сондай ой-толғамдарын не топта, не жиналыстарда «айтқыштық» . «білгіштік», «белсенділік» жасамайтын ерекше табиғаты болатын. Бұл мінезі Бейімбет Майлин ұстамдылығына ұқсас еді.

Ұлы Абай «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп қандай сөзге, қандай ақынға бағыттап айтты екен десек, мен « Ақша бұлтты», «Ақша бұлттың» авторы Әбу Сәрсенбаевты айтар едім.

Дихан ӘБІЛЕВ

***

Әйгілі ақын Әбу Сәрсенбаев аты аталғанда, алдымен ауызға алынатыны да əсем лирикасы «Ақша бұлт»!

Отандық поэзияның ғана еме-ау, халықаралық аренадағы антология төрінен ойып орын алатын туынды!

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

***

Отанды, ұлтты, әдебиетті, оның болашағын сүю үшін көп айқайдың керегі жоқ. Әбекеңдікіндей тынымсыз, жанашыр, табанды әрекет керек.

Қазір көзі тірі жүрген ақын-жазушыларда Әбу Сәрсенбаев мəндайынан сүйіп, басынан сипамағаны кем де кем. «Жақсы адам қартайса – қазына» деген осы. Тоқсаннан аса көз жұмған Әбекем қазына еді.

Шерхан МҰРТАЗА.

***

Әбу Сәрсенбаев есімі маған мектеп қабырғасында жүрген кезімде-ақ жақсы таныс еді. Әдебиетке құштар балалар қазақ ақындарының жыр жинақтарын қуалап жүріп іздейтінбіз де, біріміздің қолымызға түскен кітап болса, жұлығы шыққанша қолдан қолға түсірмей, жарысып оқып, ұнаған өлеңдерге әркайсысымыз өзімізше еліктеп, жарысып, көп өлең жазатынбыз. Сондағы бізді қатты еліктірген өлеңнің бірі Әбі Сәрсенбаевтың «Ақша бұлты» болатын.

Уа, ақша бұлт, айтшы маған,
Айтшы маған, қелдің қайдан? –

деп басталатын әдемі сазды жыр туған жерге деген шексіз сағынышымен жас жүрегімді бұлқан-талқан күйге түсіргені есімде. Кәдімгі күнде өзіміз көріп жүрген, ауылымыздың төбесінен қалықтап ұшқан ақша бұлттардың жанды заттай боп, онымен сөйлесуге, сырласуға болатынын, тек ол үшін ақындық қасиет керек екенін ұғыну қандай ғажап еді.

Бұл өмірден өткенінше ұзақ жылдар бойына Әбекең маған әкемдей жақын адам болды. Менің алғашқы әңгімелерімді қолжазбамнан оқып пікір айтып, үнемі қамқорлық жасап отырды. Әдебиет жолына түсіп, қаз тұруыма, буыным қатайып, есеюіме бірден-бір қамқор болған жан еді.

Сайын МҰРАТБЕКОВ

ҚОШ БОП ТҰР, ЖАРЫМ

Л...ға

Қош боп тұр, жарым,
Сүйіктім, жаным.
Жүзіңді қайтып көргенше.
Майданды кезіп,
Дұшпанды жеңіп,
Айналып кері келгенше.
Қасиетті жорық, жол ұзақ,
Сарғайсаң да күт , шырақ.

Ұрланып сырттан,
Ұрынды дұшпан.
Оқ атты туған еліме.
От шарпып дала,
Қирады қала,
Іргесін жалын кеміре,
Батысты түнек жапты шаң,
Жазықсыз жас пен ақты қан.

От түтей жауып,
Күшейді қауіп,
Аспан тұр түгел қанталап.
Күң етпек қызды,
Құл етпек ұлды,
Келеді дұшпан анталап.
Қаныпезер, азғын фашист сұм
Орнатпақ бізге қара түн.

«Фашистке - өлім!
Жой, - деді, - көзін!»
Отаным – туған бесігім.
Ант етіп арға,
Ұмтылдық алға,
Ұран боп асқақ осы үн.
Жеңіске жетер сенім мол,
Аттандық тұтас қалың қол.

Қош боп тұр, жарым,
Сүйіктім, жаным.
Айырса тағдыр өмірлік.
Қайтпасам кері,
Ұмытпа мені,
Өлігім де тек өзіндік.
Өлмеймін, рас, жол ұзақ,
Сарғайсаң да күт, шырақ.

Ташкент, 1942

АҚША БҰЛТ

Уа, ақша бұлт, айтшы маған,
Айтшы маған, келдің қайдан?
Ақ төсінен күн сүйгенде,
Жаралдың ба Алатаудан?

Бейне торғын ақ жібектей
Тұрсың төніп тас төбемнен.
Емес пе ең қыз орамалы,
Жел ұшырып алып келген?

Әлде Арқаның ару қызы
Отырғанда кесте төгіп,
Алдындағы ақ жібегін,
Әкеткен бе жел көтеріп?

Әлде Алатау етегінен,
Шыбынымдай сүйген жарым,
Бұрынғыша сәлем түйіп,
Ұшырған ба орамалын?

Ақша бұлтым, күйін шертіп,
Сағынышты жүрегімнің.
Желкілдейсің, жел үрлесе,
Мақтасындай туған жердің.

Үрлеме,жел, ақша бұлтты,
Алысқа айдап кете көрме!
Айдын жүзген аққу құстай
Қалсын мәңгі тас төбемде.

Уа, ақша бұлт, айтшы маған,
Айтшы маған, қайдан келдің?
Көзім түссе, еске аламын
Аруымның ақ желегін.

Лозовая станциясы
1943 жыл.

СЕН ТУҒАН КҮН

Сәлем сағаң, жалғыз қызым,
Жалғыз қызым – жан кесегім!
Сенсің менің бақ жұлдызым,
Күндей көркем келешегім.

Апрельдің соңғы кеші,
Күн теңізге қонды барып.
Ертеңгі Май мерекесі,
Келе жатыр кезек алып.

Май,Май!
Ғажап салтанатың.
Құшағың гүл, бақытқа бай.

Маған ата махаббатын,-
Мейірімді сыйладың, Май!

Әлі есімде сол бір сағат,
Тербеп мені тәтті сезім.
Бойда толқу, төзбей тағат,
Бір қуаныш күткен кезім.

Ләззат толы жүрегімді,
Төңірегім жасыл орай.
Тұрдым теңіз жиегінде...
Жалт етті де алтын арай...

Таң білінді, құшағы гүл,
Лебі жұпар, хош иісті.
Аспан асты шалқыған жыр,
Қарсы алғандай Дионисті.

Күрең толқын жапты белді,
Күлді қызыл күн ұяда.
Сол күн сені ала келді,
Қызым, қызық дүнияға.

«Іңгә,іңгә!..»
Сол үніңнің
Сездім тәтті салтанатын.
Райхан деп май гүлінің
Қойдық саған құрметті атын.

Содан бері көңілімде
Сен қуаныш болдың, күнім.
Ертең менің өміріме,
Шаттық алып келген күнің.

Әттең, соғыс, әйтпесе егер,
Ұшар едім оңтүстіктен,
Сағатында мерекелер
Болар едім төмен түскен.

Тұрмын келіп жиегінде.
Қанатым жоқ ұшарыма.
Сағыныш жыры жүрегімде,
Дала гүлі құшағымда.

Шырлап ұшты ала торғай,
Әнге бөлеп әсем кешті.
Хатымды өз қанатындай,
Жалғызыма ала кетші!

Неге құс боп жаралмап ем,
Жанарыңнан жалғыз сүйіп,
Окобыма оралар ем,
Төбем биік көкке тиіп.

Кешір, қызым, ой бөлінді,
Ұшты ысқырып үстімнен оқ.
Нысанаға ап сұм өлімді,
Автоматтан жаудырдым шоқ...

Сәлем саған, жалғыз қызым,
Жалғыз қызым – жан кесегім!
Қорғағаным -бақ жұлдызым,
Сенің жарқын келешегің.

Одесса, 1945 жыл.

Дионис – грек мифологиясындағы шаттық, той, думан құдайы.

ЕСКЕРТКІШ

Совет Одағының Батыры Мәншүк Мәметоваға арнадым

Кең Ресей даласымен,
Тартсаң егер күнбатысқа.
Кездесесің зәулім биік,
Бір ескерткіш ақық тасқа.

Ескерткіштің төбесіне,
Тізіледі жұлдыз біткен.
Кім еді бұл ардақтымыз,
Бар табиғат тәжім еткен?!

Сонда соғыс жаңғырығы,
Осы арада қалып қойған.
Өткен айқас бейнесі боп,
Көшкен шақта алға майдан.

Сізге сырды сөйлеп береді,
Кілтін бұрап шежіренің:

-Бұл қан майдан қаһарманы-
Менің ерке батыр қызым.

Сонау шалғай Сарыарқаның,
Шоқтығында Көкшетаудай.
Бұлақ болып бой жетті ол,
Тау шандозы ақ маралдай.

Хан Кененің қасиетті,
Кезді талай үңгір тасын.
Бурабайдың бұлағына,
Сала құлаш жуды шашын.

Күнбатыстан қатер торлап,
Ел шетіне төнген шақта,
Қаншайымдай қайратты қыз.
Мініп асыл арғымаққа.

Ақ бөкендей жорта берді,
Ажал күткен жау қайдалап.
Арғымағы алып ұшты,
Тарғын мінген Тарландай-ақ.

Ол атойлап енген шақта,
Жау қамалын сөгілдірді.
Ат бауырынан қара қанды,
Тас бұлақтай төгілдірді.

Мая-мая қалды өлік,
Қыз қылышын сермегенде.
Қос уыстап ұрттады қан,
Кекке жүрек шөлдегенде.

Жұрт сүйсініп мақтан етіп.
Дер еді: «Біздің батыр Науан».
Барар ед ол жалғыз өзі,
Алған шақта жау жағадан.

Көрікті еді түрі бөлек,
Қою қасты, жазық маңдай.
Қыр мұрынды, жалын көзді,
Ерлік үшін жаралғандай.

Төзбей қыздың қаһарына,
Қашты дұшпан жапырыла.
Ел ардақтап белгі орнатты,
Ардың алып батырына.

Дейді соғыс жаңғырығы,
Сұрағыңа жауап беріп.
Мадақтайық қазақ қызын
Ер Мәлікке болған серік.

12.03.1944

КІРШІКСІЗ МАХАББАТ

Ұшқыш қыз, лейтенант
Хиуаз Доспановаға

Жүзің жылы, мейірімді,
Бала болдың бір кездерде.
Ұялғансып, көз астымен
Тік қарамай жігіттерге.

Жатса дағы махаббатың,
Жас кеудеңде толқыны ұрып,
Сүйемін деп еш адамға,
Көргенің жоқ сыр білдіріп.

Тек жүрегің аттай тулап,
Көкірегіңде салды ойран.
Өзің анық ұғына алмай,
Ғажаптанып, қалдың қайран.

Саған мүмкін, болды ауыр,
Көз қарасы әлдекімнің,
Үлгермеді ол кілтін ашып,
Жас махаббат жүрегіңнің.

«Аттан, аттан!» деген айқай,
Құлағыңа жеткен шақта.
Қолтығыңнан демеп намыс,
Сені дағы қондырды атқа.

Қанат етіп халық кегін,
Сен қалықтап көк жүзінде.
Найзағайдай жаудырдың оқ,
Жау қамалын сөгілдіре.

Мейірімді жүзің суып,
Қатуланды қаңтардайын.
Қата түсті қауырсының,
Топшың бекіп ұшқан сайын.

Дөп-дөңгелек қара көзің,
Қазір кектің отын төгіп.
Самғаудасың жат аспанын,
Жау үстінен ажал төгіп.

Төңірегіңді түгелімен,
Тұрса дағы торлап өлім.
Болмас, сірә, үрейге еш,
Тізгін беріп көрген жерің.

Бүгін Берлин төбесінен,
Нөсерлеттің зауал оғын.
Сай мен сала жау өлігі,
Жеңіспенен өткен жолың.

Сүйсініп ел ерлігіне,
Иіл, самға , қарындасым.
Бұз, талқанда жау жатағын,
Қалдырмастан түйір тасын.

Жүзің жылы, мейірімді,
Бала едің бір кездерде.
Ұялғансып, көз астымен,
Тік қарамас жігіттерге.

Туған елге бағышталды,
Кіршіксіз пәк махаббатың.
Ел мақтаны болып ерке,
Жер-жаһанға тарады атың.

Вена,
1945 жыл.

БАЯН КҮМБЕЗІНДЕ

Ақ Баян еркіндікті арман еткен,
Кешегі өгей кезде зар ғана ескен.
Бас идім қасиетті рухыңа,
Қырдағы қыз кеудеге арман еккен.

Махаббат қарлығашы ұшпай шалқып,
Құладың қанатыңды жалын шарпып.
Арманың Аякөздің толқынына
Қонды да кетті, өмірлік сапар тартып.

Арналған арлы жүрек Көрпешіңе,
Алаулап жүзді Арқаның өркешінде.
Ардақтап пәк денеңді туған өлкең,
Орады қара торқа көрпесіне.

Заманың жан сезімнен жатты төмен,
Зарыңды жар қайталап, жаңғырды өзен.
Өкініш, оққа ұшқан сол от жүректе,
Жазылып үлгерілмей жерленді өлең!

Артында зәулім биік қалды дерек,
Әрине, болмаса да алтын безек.
Кетіпсің күрең тастан өзің қалып,
Құрметтер келер күнді сезсең керек.

Күрсінбей, күмбезіңе жырмен ендім,
Алғашқы отты лебі еркін желдің.
Бұлдіршін бейнең мәңгі жасай бермек,
Мейлі жауыз тағдыр десін жеңдім.

Күңіреніп дұға етпедім, сынама әлі,
Келгем жоқ жасым төгіп жылағалы.
Шөженің сонау бір топ қажысындай,
Жан бер деп Тәңіріден сұрағалы.

Ақынмын, әкім емен, өлеңім бар,
Өзге емес, ескерткішке өлеңімді ал.
Көнетоз күмбезіңді әшекейлер
Болмашы сәулеткерлік өнерім бар...

Ал, қош бол, ару бейне - аскар биік,
Аттандым рухыңа басымды иіп.
Кешегі қаның сіңген қаралы жер,
Шалқыған жонын күрең толқын сүйіп.

Теңселе тоғытылып биік жардан,
Теңіз боп толқығандай сендік арман...

Сонау бір комбайнерка жас сіңілің,
Жылжиды кең жазықтан сүзіп маржан.

Кешір, сен, қарындасқа кеттім еріп,
Зар емес, ақынға озат өмір серік.
Мүмкін, мен күмбезіңе орнатармын
Жырымды ақ мәрмәрға жазып келіп.

Баян күмбезі,
1956 жыл.

АБЫЛАЙ ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫС

Екінші толғаныс

Кешір, баба, оян бір сәт –
Өтініш!
Әрине, бұл кешеуілдеп жалбарыну,
Бос үміт.
Менің сексен алтыма да толмастан,
Ерте өтіпсің, ерте өтіпсің - өкініш!...
Ерлікпенен ел қорғаған
Сенің жұлдыз даңқыңды
Жетім қалған бейбақ жұртың
Жаздаған-ды тарихтан мүлде өшіріп.
Өзімізді өзгелерден кем санап,
Тілді ұмытып, кетпедік шақ шоқынып.

Ұмыт болды заманымыз
Ерлікпенен өрлеген.
Арман адыра қалды
Азаттық көздеген.
Қыл бұғауға іліп бердік боздақты
Тәуелділік қорлығына көнбеген.
«Халқым!» деген ойлы бастар қағылды,
«Ұлтым!» деген тілге кісен салынды.
Қазақ бейбақ бассыз қалған дәрменсіз,
Қаңыраған бос кеуде боп танылды.
Тарихымызда болмағандай
Батылдық пен батырлық,
Баскыншыға
Алдиярлап бас ұрдық.
Бабалардың баламасыз ерлігін
Ұрпақтардың ұғымынан жасырдық.
Ресейдің бар патшасын
Қайырымды көсем, зор тұттық,
Ал қазақтан хан біткенді
Ақымақ, жауыз, қор тұттық.
Кешір, баба, кеше сенің атыңмен
Ұрпақтарды жөргектерде-ақ қорқыттық!
«Аты өшкір Абылай,
Қайдан ғана жолықты,
Интернационалға
Қаны қарсы болыпты.
Ұлтшылдық ниетімен тек қана
Қазақ жерін қызғыш болып қорыпты.
Кең жиһандай шексіз Атамекенге
Бастырмапты жоңғарды да,
Өзімізді «азаттаған» орысты!

...Төгілді екен, төгілді екен
Қан қанша?
Не болар ек, орыс жаулап алмаса?
Жойылып та кетер едік біржола,
Патша ағзам жерімізді басып алып,
«Бізді қорғар бекіністер салмаса!»

...Кешіріңдер, партиялық жетекшілер,
Уа, «ғұлама дарындар»,
Тарихты бұрмаламай,
Қаз - қалпында жазыңдар.
Неге мұнша ауыспалы құбылыс,
Қай бағаңды мақұлдармын, «ғалымдар»?!

...Кеше ғана Абылайды біз қалайша даттадық,
Ақ патшаның отаршылық саясатын ақтадық.
Қасиетті азаттышлық арманды
Арланбастан кірлі етікпен таптадық!

...Кеше Отан соғысында
Кілт өзгертіп сананы,
Ар туы ғып, биік тұттық
Хан Абылай бабаны,
Абылайлап дзоттарды
Кеудемізбен өшіріп,
Оққа ұмтылдық,
Болсақ та оқтан жаралы!

...Соғыс бітті, таң атырып тауықсыз,
Абылай баба аруағымен жауықтық.
Абылайды дәріптеген адамдар
Соғыстан соң болды қайта жазықты.
Неткен шұғыл құбылыстар,
Кейде ызаға күйесің.
Тарих деген ғылым емес,
Сым ба қолдан иетін?
Ер тұлғаны ойыншыққа
Айналдырған жандарды
Алдиярдың сокса еді-ау киесі!

... Жасаған-ай, тағы неткен
Мұнша шұғыл құбылыс?
Абылайлап сөйлеп кеттік қызынып.
Кеше оны бұтарлаған өңештер
Бүгін үнсіз, кеткен бе әлде
Күйінгеннен үзіліп?
Абылай баба,
Осы жолы біржолата
Ақтал да,
Бұдан кейін
Мәңгі, мәңгі датталма!
Абылайдың аруақты ақ туы,
Аласармай, жайқала түс
Шұғылалы аспанда!

АЛАЛАНБА АЛТЫ АЛАШ

Аңғарған азшылықтың ауыр жүгін,
Бірімін түркі тілдес бауырыңның.
Аталас алты алашқа бірлік тілеп,
Керек қой Тәңіріге жалынуым.

Жасаған, алты алашты алалама!
Қазағың әлі де аңқау бала ғана.
Сенеді ол «ұлтшыл!» деп күллі жұртын
Қап-қара күйе жаққан жалаға да!

Ол әсте қиянатқа жолаған ба,
Қасқырдың қалды, мүмкін, «обалына»
Сұраспай төрін беріп, ақ ұсынды
Тілі жат түнде келген қонағына.

Өзінің білсе дағы қазақтығын,
Өзгені өгейсінер азапты ұғым
Оған жат.
Мойындап та кеш ұғынды
Әулие Атамекен азаттығын.

Білген бе ол келімсектің ел емесін,
Ұққан жоқ мазағын де келемежін.
Күлді ол таза сәби жаныменен,
Өңешке тақап тұрса селебесін!

Әр тұстан алаяқтар қаңғып келіп,
Қазақтың аңқаулығын аңдып біліп.
Төре боп Төле бидей төрімізге,
Жіберді өзімізді маңғырт қылып!

Сырғытып төрден бізді босағаға,
«Қынқ етпе, жетер, - деді , - осы ара да!».
Ah ұрып, санын соқты санаулылар,
Қайран ел қайтып басын қоса алар ма?

Таланып Атамекен, ауыл жатты,
Бітпестей жауықтырды бауырласты.
Халқының арын қорғар азаматын
Сол жұрттың өз қолымен бауыздатты!

...Таңба бас маңдайына «ұлтшыл»қылып,
Күледі ол осыны да қызықсынып.
Кешірек ұғынар-ау сәби қазақ,
Түбіне жеткендігін ұлтсыздық!

Алты алаш,
Достық керек, суыспалық,
Жұрмелік тұтастықтан қуыстанып.
Діні де, тілі де ортақ бауырласпыз,
Болар ма тілден жақын туысқандық!
Ұлтжанды ел болалық ұғынысқан,
Тұншықсын тұтастықтан тынып дұшпан.

Алты алаш, ағайынсың, алаланба!
Әлділер жол бермей ме дараларға?
Біріксең, бел алдырмас құдіретсің
Жат қолын жұлып тастар жағалардан.

Осыны сезе тұрып, тұтастыққа
Тәуекел ете алмайсың, шара бар ма?

Алты алаш, бір-біріңді дұрыс танып,
Тумалық мейіріңді суытпағын.
Діні де, тілі де ортақ аз ұлтсыңдар,
Табылмас тілден жақын туысқаның.
Жалаңаш идеяға ой алдырып,
Біртұтас ел болуға қуыстандың.

***маңғырт-мәңгүрт**

Тайыр ЖАРОКОВ



МЕНІҢ СЫРЫМ

Біреуге өмірімде
Қас қылып көрген емен,
Жанжалға тегі мүлде
Бас сұғып көрген емен.

Мүмкін, бұл кемшілігім?
Кемшілік дей алмаймын!
Ерегіс өршігуін
Ершілік дей алмаймын.

Біреуді туғалы мен
Өсектеп көрген емен.
Ол өсек қуғанымен,
Өсед деп көрген емен.

Мүмкін, бұл жуастығым?
Жуаспын дей алмаймын!
Сонымен ұласты күн,
Күн асты дей алмаймын.

Келгенше осы жасқа
Күндеуді білген емен,
Күндегіш кейбір досқа
Күңкілдеп күлген емен...

Мүмкін, бұл нашарлығым?
Нашармын дей алмаймын!
Бірақ жоқ асаулығым?
Асаумын дей алмаймын.

Мінді бір көре тұра,
Айта алмай тұра алмаймын,
Біреулер өре тұра
Жабылса, көне алмаймын!

Мүмкін, бұл -мықты мінім?
Мықты мін дей алмаймын!
Бәлкім, ол- мықтылығым?
Мықтымын дей алмаймын!

ӨМІР

Өлең шіркін – ұялшақ кейде қыздай,
Кейде қоймас жүректен күйді ағызбай.
Жансыз өлең сезімді суытқандай, -
Басылады жүрекке кейде мұздай.

Өлең бірде назданған ғашық жардай,
Бірде лаулап, бірде – сұлық басылғандай!
Бірде бұлтты сөккендей жарқ-жұрқ етіп,
Найзағайша қуатын асырғандай!

Өлең кейде сәбидей талпынады,
Кейде ананың жанындай балқымалы,
Кейде долы теңіздің толқынындай, -
Мінезі бар «тентектің» шалқымалы!..

Менменсініп керілген кейбір керден , -
Бағаламай өлеңді жеңіл көрген.
Үстірт қарап бола ма менсінбеуге, -
Жақсы өлеңді шынайы өмірге енген.

***

ЕР МАХАМБЕТ

Махамбеттің еске алсам
Өткен алғаш жылдарын...
Жортуылмен кешкен сан –
Жонын жалпақ Құм-Нарын.
Ту көтере туған ер,

Хан ұлына қас бола
Оққа қарсы тұрған ер
Қаруын ұстай қасқая.
Қолына қару алғаны –
Қамы емес қара басының,
Қас болды ханға, алғалы
Кегін ел көз жасының...
Құрсанды да қол жинап –
Жалпақ жатқан Нарыннан,
Жалынды жырын ол жырлап,
Бомбадай атты жарылған.
Жаңғір ханның елге еткен
Зорлығына төзе алмай.
Өмірін елдің бұлт баса,
Бұлыңғыр өткен шағы бұл...
Хан – Ордадан көз алмай.
Өмірін елдің бұлт баса
Бұлыңғыр өткен шағы бұл...
Хан-Ордаға оқ шаша
Махамбет салды шабуыл!
Жауса дағы жаңбырдай
Атылып оқ қорғасын.
Атой салды, жалындай
Бұзуға хан ордасын..
Кезі жоқ жаудан іркілген,
Халқының ол батыры,
Екпінінен сілкінген,
Хан үйінің шатыры.
Шошыды хан, қорықты,
Сұмдығы бірақ, жатты алды...
«Тәубеледі...» - торықты, -
Әйтсе дағы тапты айла.
«Жеңілдім» - деп, ерді хан
Әбжыландай арбады,
Тәжім етіп, енді хан
Толас күтіп, алдады...
Алдады да күш жиды,
Бұлаң құйрық түлкідей,
Неге күтті үш күнді...
Керек ед шабу іркілмей.
Қоршады да ерлерді
Хан мен патша жасағы,
Оқ жаудырып келді енді,
Бұлан-талан жасады.
Бекер сенді хандарға,
Бекер сенді жауына,
Бекер сенді аңдарға,
Шегінді ерлер тағы да...
Ығыстырды қалың қол,
Қорғаныссыз, қамалсыз
Жайыққа асты салып жол,
Жайықтан да мақтаулы
Басқа пана таппады.
Онда да жау қақпаны,
Ер лажсыз тоқтады.
Тоқтады да күңіреніп,
Туарын күтті алда күн,
Толғана, тоқсан тебіреніп,
Тұрды тістеп бармағын...
Ер аңырды лажсыз,
Кеудесіне кек толып,
Құлшына сермер құлашсыз,
Жау қолында кетті өліп.
Ел бағы үшін ер өлді,
Тебірентіп жер-көкті,
Отанын ердің көр енді -
Арманына ел жетті.

ЖЫЛДАР

Өтті айлар, өтті жылдар,
Өтті талай мезгілім.
Өтті алуан отты жылдар,
Өсірді өмір өз гүлін.
Жылжып алға жыл жарысты.
Жылдар жалқы өткен жоқ...
Жылдар бізбен жыр жазысты,
Жер де жай гүл төккен жоқ.
Жылдардан жыл туып жатты,
Жайнай түстік жыл сайын.
Тұл даланы туындатты
Түлектерім күн сайын.
Қанат қаға құстай ұшқан
Жылдарды алға өңгеріп,
Туған елім - Қазақстан
Тұр өлкеме өң беріп.
Елім биік тұғырда тұр
Екі жиырма жас жасап,
Аспандайтын бір қырда тұр,
Алтын аптап, тас қашап.
Өтті айлар, өтті жылдар,
Өтті талай мезгілім,
Өтті алуан отты жылдар,
Өсірді өмір өз гүлін!
Таң-тамаша әлі алдымда
Тұр туашақ жылдарым,
Жараса шын жоралғыңа
Жұртым, талай жырлармын!

ӨМІРДІҢ ТАЛАЙ ҚЫРЫ БАР

Өмірдің талай қыры бар,
Өмірдің талай сыры бар.
Қуаныш пен қайғының
Өзіне тән жыры бар.

Жаздың қызыл гүлі бар,
Гүлдің де солар күні бар.
Гүл солғанын күз ұғар,
Әр мезгілдің сыры бар...

Күздің де келер қысы бар,
Қыстың да аяз күші бар.
Көктем туса, қыс қашып,
Бас иіп , қол қусырар.

Өмір барда-өну бар,
Туу барда - өлім бар.
Адам өлмес болса екен,
Ажалда мәңгі кегім бар!

Кезімен ажал жеткені,
Өкініш емес, тек мені-
Өкінтеді адамның
Мезгілсіз өліп кеткені...

ТАЙЫР АҚЫН

Біз Тайыр сияқты жолдастар, қатар тудық. Біріміз қырда, біріміз Сырда, біріміз шығыста, біріміз батыста тудық. Бірақ оралған жөргегіміз, тербелген бесігіміз бір бесік еді. Бәрімізді де қазақ деген бір ел тербетті. «Шешем-әкем» деп, «елім-жерім» деп ана тілді де қатар үйрендік.

Біздер қатар өстік, қатар өмір сүрдік: қазақ тілінің бұлақтарынан бірге сусындадық, қазақ жырларының ырғақтарынан бірге қоректендік...

Поэзияға талайлар келіп, талайлар кетеді. Жыр сарайы кең: ол жердің беті, көктің қойыны, оған неге келесің, одан неге кетесің деп біреуді біреу тексермейді.

Өмір үшін туған соң сол өмірдің бір дөңгелегіне жегілуге әркім де ерікті. Поэзия да сол сияқты. Жырлауға келдің бе? Жырла! Бірақ сол сансыз келіп-кетушілердің бәрі бірдей халықтың жадында қала бермейді, өзінің «мені», өзіндік даусы бар, жұрт көңілін аударуға жарарлық айтары барлар ғана қалады.

Поэзияға Тайыр өз жырымен қосылғанда, бүкіл қазақ жалт бұрылды. Апырмау, мынау кім дүбірлете келген, дүйім жұртты селт еткізген деді. Бақсақ Тайыр екен.

Тайыр марш ырғағында, патетикалық рухы күшті, екпінді әуенін естірте келді. Ол аспандағы, жердегі мотор сарындарына үндесе келді өмірге.

Өзімді туған өмірден
Аяғам жоқ барымды.
Не дерсің – бармен көрінген
Өзінше әркім дарынды», -

деді Тайыр кейінірек. Расында да солай ғой...

Кең сахараны, мол Қазақстанды «өзімдікі», «бұл менің жерім, менің далам!» деуге үйрене бастаған, бостандық дүниесін жаңа ғана таныған халық атқан таңына, шыққан күніне қызықтай, қызыға қарайтын; сол жарық сәуленің ішінде еркін еңбектеніп жүргеніне шексіз бақытты сезінетін. Еңбекші елдің сол жаңа санасы мен жаңа сезімін Тайыр бірінші жырлаушылардың қатарында болды.

Халықсыз ақын- қамқорсыз, тұл ақын. Оқушың, тыңдаушың болмаса, сен де бір, өз атын шақырудан өзгені білмейтін көкек те бір дейміз ғой. Тайыр өзінің көп тыңдаушысына, сол қауымның көкейіне қонатын, қажетін өтейтін жарқын, жалынды сөздерін айта келіп қосылды.

Қазір көрікті өлең жазуға көбіміз жаттығып қалдық. Ал бұдан елу жыл бұрын кілең жаңды сөз, нұрлы, қанатты дыбыстардан жаралған, мезгілдің ой тілегін айтатын жаңағындай жырды Тайыр ғана айта алды. Біз бүгінгі шеберлігімізді сол кезде сұлу жырлар жасаған Тайырлардан алдық...

Тайыр еңбектің ырғағын сүйген және сол ырғақтан совет адамының сезім күйін ұстап білген ақын еді. Адамның еркіндігі шалқасынан жатқаннан табылмайды, еркіндіктен

қуат – энергия туып жатуға керек. Сонда адамның арманы космоска ұмтылған – ең биіктерге, ең тереңдерге жетсем деген қуатты қимылға айналады. Совет адамының осындай дәуірлеген шағына бірге жеткен Тайыр, дәуір дабылындай естілген атақты жыры «Күн тіл қаттысын» жазды.

Тайырдың бұл жырымен трибунаға көтерілгені бүгінгідей есімде. Қынаптан шыққан қылыштай жарқылдаған ақын жалт етіп алдымызда тұрды. Ол Тайырдың өзіне ғана лайық қажырлы даусымен бастап кетті:

Желектей желпіп желіңді,
Желкомдай жырттым жеріңді.
Түбіттей түтіп бұлтыңды,
Таспадай тілдім толқынды...
Қарыңды қағып су қылдым,
Суыңды сілкіп бу қылдым.
Түнімнен таң атқыздым,
Жеріме жұлдыз жаққыздым, - деді.

Осы «Күн тіл қаттыдан» екпіндете бастаған Тайыр жалынды қысқа өлеңдерімен қатар, қазақ поэзиясында үлкен форманың, яғни поэма жанрының туып, қалыптасуына керемет еңбек сіңірді...

Ондай қасиеттердің барын біз шығармалардың «Қырда туған құрыш», «Құмдағы дауылдар», «Тасқын», «Жапанды орман жаңғыртты» деген аттарынан-ақ көріп отырмыз.

Тайыр поэмаларының ең жақсы үлгілеріне қарап отырсақ, қазақ поэзиясына Тайырға ғана тән эпостық сарын қосылғанын көреміз. Тәкең жеке адам тағдыры мен халық өмірін қоса ширатып алумен қатар, уақыт салмағынан туатын драмалық күйлерді жеке адамның тағдырына табиғи түрде байланыстырады...

Тайыр «Тасқындарын» осы тұрғыдан жазды. Үлкен идеясын көрікті жеткізуі үшін ақын тағы да сөздің сыңғырлаған асыл металдарын тапты. Біз сонда «Күн тіл қаттыдағы» лирикалық героймен үндескен жаңа адамдарды, жаңа өзгерістерді көрдік. Жароков адам құдіретін дәріптегенде оның орасан әрекеттерімен, орындалған істерімен дәлелдейді...

Бұл да Тайыр қасиеттерінің бір жақсы қыры, оның әр тақырыпқа жазылған поэмалары әр түрлі, әр мезгілдің бөлек сәулесіндей. Бірақ Тайыр тақырыптарының идеялық бірлігі, рухани тұтастықтары бұзылмай, бәсеңдемей, биіктей, беки түседі. Сонда біз ақын жасаған асыл дүниелердің әр алуан бояулармен құлпыра бергенін көреміз. Тәкеңнің «Жапанды орман жаңғырттысы» да біздің осы пікірімізді растайды. Әуелі оқуға кірісейік.

Алаулаған аңызда
Құс қаға алмай қанатын,
Тамызық боп тамызда
Шөбі дір-дір қағатын.

Құралайдың айында
Соққан күзгі, көктемгі,
Желін айтсайшы тағы да,
Суырғандай өкпенді.

Ақ құйын боп өткендей,
Қонақтамай қардағы.
Қыр бір үміт күткендей,
Алға талай қарады.

Қандай дәл, айқын сурет. Бұрын он бір буын өлеңмен суреттеуге, екпін, жігер табуға машықтанған ақын, енді 7-8 буынды, айшық ұйқасты интимдік өлеңмен суретші болған. Міне, сол Сарыадырда Тайырдың құдіретті адамдары тағы да ақылды қимыл жасады. Жаңағы аңызақтарды жеңетін, ақ құйын ұшқындап, қонбай өтетін қарларды тоқтатын орман өсірді. Дала жасарды, жасыл жапырақка оранды. Ақын осы далада орман өсірушілерді ерекше қарқынға, жойқын қимылдаушыларға айналдырмай, оймен, сезіммен, жас ағаштармен бірге өсіп, бірге жапырақтаған жаңа адамдар етіп көрсетті.

Енді бүгінгі даланың («Сарыадыр» аталатын) суретін көрейік.

Бас иіп жаңға қарамай,
Бұлтқа бойлап бір емен.
Орманның генералындай,
Қасқая қарап тұр екен.

Бұл - жаңағы қаңбақтар аунаған далада өскен емен. Ол орманның генералындай қасқайып тұр. Сонда оның айналасындағы қалың жыныс ағаш генералдың армиясындай ғой. Қандай жарасымды кескіндер, сұлу суреттер! Осындай елде, Қазақ Республикасы деген елде туып өскеніңе, онда өмір сүріп жүргеніңе еріксіз мақтанасың. Сонда елдің осындай Тайыр Жароков атты ақыны болғанға, ол ақын сенің достарыңның бірі болғанға еріксіз мақтанасың.

Әбділда ТӘЖІБАЕВ,
ақын.

Қайрат ЖҰМАҒАЛИЕВ

ЖАРҚЫРАП АТҚАН АҚ ТАҢДА

Жарықырап атқан ақ таңда,
Жалқын нұр жерді жапқанда.
Көгілдір аспан төсінде
Қалықтап бара жатқанда,
Жарандар,
Құсты атпаңдар!



Құдіреті күшті адамдар,
Гүлденген қала,
Далаң бар...
...Жұдырықтайын жер шары
Осынау байтақ ғаламда
Зымырап бара жатқанда
Бір мерген атып түсірсе
Қайтер едік, жарандар?!

ҰЛЫМ, САҒАН АЙТАМ

Қоймадық атын саған ғұламаның,
Болмаса бір кемеңгер ұлы ағаның,
Қоймадық еңіреген ердің атын
Қабарған
Көріп елдің жылағанын.

Не көп, мықты есім көп, қойшы мүлде,
Қоймадық атын ұлы күйшінің де,
Күйімен қара шанақ домбыраның,
Балқытқан
Сан ұрпағын тылсым үнге.

Қоймадық саған атын палуанның,
Әнші атын –
Бағын ашқан ару әннің.
Әрине, қимағаннан емес, ұлым,
Болғанмен мықты есімдер алуан мың.

Ақ тіледік,
Болғай деп ерге ұқсаған,
Болғай деп биіктерде
Ел нұсқаған,
Көп қазақтың байырғы бір есімін
Көп толғанып,
Ақыры бердік саған.

Талбесікте жата бер әзір таңға,
Сен кейін мұнымызға таңырқанба!
Ел есінде сақтаған бір есімді
Несіне бермеген деп,
Назырқанба?!

Құлсақ сал:
Жүрме кейін санды ұрып тек,
Халқыңның атын шығар
Жаңғырып кеп.
Қарағым,
Мықты болсаң,
Сен де атыңды
Мәңгілік ел есінде
Қалдырып кет!

***

АРДАҒЫМ ЕДІҢ

Ардағым едің,
Арманым едің сен менің...
Кем бе едім, әлде,
Білмеймін, саған тең бе едім?..
Білерім анық:
Әйтеуір таңды таңға ұрып,
Жыр жаздым ылғи...
Бір сен деп қалам тербедім.

Ішімнен тынып,
Жүрдім мен жадап-жүдеп тым.
Өртенді өзек,
Өзің деп шабыт түлеттім.
Күн сайын көріп жүрсем де,
Тілім күрмеліп,
Айта алмай қойдым,
Ынтазар сөзін жүректің.

Кейде тым жақын,
Көріндің кейде биік тым.
Сырласым - өлең,
Өзіңді көрсем –
Тұйықпын.
Көзімде сайрап жазулы тұрған сөзді де
Не шара –
Сен де көрмедің мүлде,
Сүйіктім...

Жүректің сөзін айтуға,
Дәтім жетпейді,
Ол үшін, әсте кінәлай көрме тек мені!
Өзімнен өзім қысылып,
Есім шығады –
Жастық па екен?
Айтқаным, әлде, еп пе еді?!

...Жар болып кеттің біреуге...
Жігіт – текті екен!
Азамат екен!
Десе де өзі епті екен!
...Япырау деймін,
"Сүйемін"дегенді айтуға
Шын сүйсе егер...
Батылы қалай жетті екен!

ТАЙЫР ЖАРОКОВ ЕСКЕРТКІШІ ЖАНЫНДА

Көрген сайын ай дидарын шат елдің,
Еске аласың пәк күлкісін Тәкеңнің...
Алматыда көше болып басталған
Жол аяғы
Ескерткішке әкелді.

Туған өлке сері күйін, сал әнін
Тасқындатып,
Жаршысындай жаңаның,
Ескерткіш тұр
"Жароков" ауылында
Биіктетіп еңсесін иен даланың.

Ақын еткен даласына
Сан иіп
Өршіл басын
Жыр оқитын ақиық,
Үні салқар сахарасын сілкіндіріп,
Дәуіріне мәрт көңілі дән ұйып.

Өктем даусы жер шайқалтып тұрғандай,
Тасқияға қиял құлаш ұрғандай.
Тұр ақының жыр дауылын сапырып,
Күн көзінен от жанарын тұрды алмай.

Поэзия –
Мәңгі жасар жас ғұмыр,
Ескірмейтін нұрлы бетін ашты бір –
Туған жерде өлең оқып, Тәкең тұр.
Асқақ қалпы.
Табанында – тас тұғыр.

Қыранға кеп қыран жаңа қонғандай...
Көкірегі ояу тұрмасы хақ толғанбай.
Туған жердің шежіресін тұр шертіп,
Туған елімен тағдыры бір мол маңдай.

Өрлігіне тұра алмайсың таңғалмай,
Замананың сырына әбден қанғандай...
Қалай соққан ескерткішін аудырмай,
Бір міні жоқ –
Жерден пішіп алғандай!

Уыз гүлдер ұйып қапты ырғалмай,
Жанарынан ақтарылған нұр қандай?!
Тас тұлғалы тарлан Тайыр
Тіс жармай
Туған жермен
Кемел кеңес құрғандай.

Таусылмаса керек ақын айтары
(Жырдың кені бітпесін хақ байқары!)
Жыр оқып тұр дүлдүл Тайыр Жароков,
Құшаққа алып сахарадай байтағын.

Жомарттықтан жаратылған жаны ізгі,
Әз ағаға тауап ету– парыз-ды.
Дос ортадан ұзап ақын,
Бүгінде
Болашақтың биігіне қара үзді.

Қарай бердім тұлғасына анықтап,
Ұзай бердім
Жүректе жыр жанып қап...
Бара жатыр
Ол аспанмен астасып,
Көкжиектің қанатында қалықтап!

ЖҮРЕКТЕС

Тұманбай Молдағалиевке

Бар болмысы
Бұрыннан таныс мүлде
Көз жіберіп,
Ұзаған алыс күнге,
Отырдық біз екеуміз
Сұхбат құрып
Анам жайған дастарқан,
Дәм үстінде.

Сыралғы едік,
Екеуміз көптен бері,
Тағдырлас ек
Көп жылды өткергелі,
Ағам еді тетелес
Кейін білген,
Рахман күндер
Бізді де жеткергелі.

Ақтарылар жан сырын сарқып бірден,
Ақ мінезін әзелден, артық білгем.
Сонау кезде ол
Жас қалып әкесінен
Өз күшімен ат жалын тартып мінген.

Алматы еді
Біздерді таныстырған,
Поэзия
Біздерді табыстырған.
Ол келіпті бұйрат тау белесінен,
Арман қуып мен келгем алыс қырдан.

Жүре келе біртіндеп түзелді көш,
Жақсылармен келеміз үзеңгілес.
Талайлардан шамымыз ұзақ жанып,
Қосқандаймыз өмірге біз енді үлес...

Қашан ғана анашым тынам көрмек,
Кеңес берді тағы да көңіл демдеп.
Бағланның жүрегін екі бөліп
Ұсынды:
-Жүректес боп жүріңдер! – деп.

ЛҰҚПАН СИСЕКЕНОВ



НАР ТҰЛҒА

(Заң саласының ардагері
Балмұқанов Рысқали аға рухына)

Айтпассың қалай сезім, ой күресін,
Рысқали – естен кетпес бұл бір есім.
Еске алсаң ізгілікті жақсылығын,
Дүлей жыр қозғап ақын жан- жүйесін.

Пәк жаны жаратылған жарық нұрдан,
Жан еді әділдікті серік қылған.
Қоғамның жем болмасқа жемқорларға,
Елі үшін аянбастан құрық құрған.

Нар еді қиындыққа қайыспаған,
Қолына ақиқаттан ту ұстаған.
Аға еді інілерді қамқорлайтын,
Үні есте: "Лұқпаным!" деп дауыстаған.

Алысқан залымдықпен, кереңдікпен,
Сол аға үлгі болып терін төккен.
Қайсарлық, табандылық қасиеті,
Ұмыту мүмкін емес оны тіптен.

Биікке көтерсе де іскерлігі,
Мол еді кішілігі, кісілігі.
Атақ-даңқ бөлесе де тәж-тағында,
Тасынып өзгеруді қош көрмеді.

Бәс бар ма шуақ төгіп өткен ерде,
Сыйлайтын қадір тұтып үлкендер де.
Жанында жүруші еді қос інісі,
Ұқсап бір желек жайған көктемдерге...

Көрген түс секілді ғой мынау фәни,
Не жетсін жақсыларды жүрсең тани.
Егіздей ұқсас еді олар өзі,
Аттары Қымызғали, Кенжеғали.

Боратып қызыл құйын дауыл төккен,
Аға өтті талай жолдан ерлікпенен.
Өшпестей кейінгіге із қалдырды,
Сәулетін жарқыратып көрікті елмен.

Айналып жеңістердің жұлдызына,
Ол жетіп абыройдың шың-құзына.
-Ізімнен шежіремді жазып ал,-деп,
Күмбірлеп ой тастайды ұл-қызына.

Бұл күнде ер еңбегін елі танып,
Жиналған көшесінде толы халық.
Бәріне алғыс айтып тіл қатқандай,
Нар тұлға Рысқали Балмұқанов.

Сөзінде өлмес мұра, намыс, ар бар,
Тыңдайды тебіреніп таныс жандар.
Бас иіп рухына өткендердің,
Махшарды ұмытпаңдар, туысқандар.

Жақсыға көп қой бізде ізгі тілек,
Жыр төгіп елжіреуді ақын жүрек.
Түсінсең ортамызға оралғандай
Ағамыз құшақ ашып күлімсіреп.

***

ҚАЙРАН ЖҮРЕК

Жүрегім - жан дауысым үнімсің сен,
Жанымды жылытатын күнімсің сен.
Елжірек сұлулыққа ғашық болған,
Сезімнің қайнар бұлақ көзісің сен.
Егіліп қайғы - мұңға шыдай алмай,
Болмасқа төзе біліп қара нардай.
Сыйлауға адамзатқа жылуыңды,
Лаулайсың бабам жаққан шырағындай..
Ізгілік ақ жолында гүлін шашқан,
Сүйсіндің жақсылықты көре қалсаң.
Бойынан қайрат, жігер құйып алып,
Аршыдың тарих бетін құмдар басқан.
Елжіреп ән мен күйі, жырларына,
Үнілдің аңыз толы сырларына.
Бұлбұлдай тамылжытып сайрап бердің,
Сән беріп туған жердің жыр бағына.
Ұғынбай баз біреулер тас атса да,
Алысып өз ойыңмен оңашада.
Шабыттың шеңгелінде тұтқындалып,
Музамен ой бөлістің таң атқанша.
Сусындап ақыл мөлдір суатынан,
Сілкініп жанартаудай жүз атылған.
Ағылттың ағыл- тегіл жыр бұлақты,
Халқыңа шашу қылып саф алтыннан.
Сыр тыңдап ала таңнан бозторғайдан,
Бақ тілеп адамзатқа құшақ жайған.
Аңсаған бақыт нұрын қайран жүрек,
Біткен жоқ, біздер үшін күрес майдан.
Ұққанға бұл дүние таң мен іңір,
Зымырап өте шығар қайран ғұмыр.
Жырлап бақ соңғы демің таусылғанша,
Шалқысын сен барында дарқан көңіл!

АДАЙЛАР

Азаттықтың үнін аңсап әуелден,
Қас жауына қара бұлттай түнерген.
Қайран менің, бабаларым, өр үнді,
Ерліктерін жазып кеткен өлеңмен!
Қылыштардай өткір жүзді қайралған,
Ұран шықса қас батырға айналған.
Жанарлары жалын шашып, жарқ етіп,
Жебе болып, бір-ақ шыққан майданнан!

Нажағайдай күркіреген аспанда,
Айқай салып, ашу-ыза қысқанда.
Ақпан болып жауға шапқан ол жалғыз,
Найза сілтеп, кеуде керіп тасқанға!
Дүрбірлерде әсте шыдап тұрмаған,
Кейін қарап бір де мойын бұрмаған.
Адайлар-ай, біздің баба Адайлар,
Ардан туып, нұрдан шуақ жаралған!

Намыс туын ешкімге де бермеген,
Аруақтары бұлттай күнге өрлеген.
"Иә, Бекет!" – деп, қалың жауға ат қойып,
Жарқылдатып қылыштарын сермеген.
Жүректері жаратылған құрыштан,
Аман шыққан талай қанды ұрыстан.
Арыстандай айбат бар-ау сендерде,
Бірліктерін шығармаған уыстан.

Қызу қанын бойындағы ар - әнің,
Жалау қылып аманатын бабаңның.
Сен қорғадың о шеті мен бұ шетін,
Қасиетін қадір тұтып даламның.

Құшағына дара құйып шуақ таң,
Сусындатып ерлік атты бұлақтан.
Тәңір өзі найза беріп қолыңа,
Әуел бастан батыр қылып жаратқан.
Ерліктерің нөсерлеткен күйінде,
Жетелейді терең ойды түйінге.
Жатқандайсың бұл күндері той жасап,
Ақ орданда, Мұңал бабаң үйінде.

ЛЕП ОРАЗОВ



1930 жылы Қызылқоға ауданының Ойыл ауылдық округінде туды. Осы ауданның «Орлыкөл» орта мектебінің директоры, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, еңбекшілер депутаттары аудандық кеңесі атқару комитетінің жауапты хатшысы, Қарабау ауылдық кеңесінің төрағасы қызметтерінде істеді. Бірнеше айтыстарға қатынасты. 1995 жылы Қарабау кентінде дүниеден өтті.

КЕЛ, ДОМБЫРА, СЫРЛАСАЙЫҚ

Көпті көрген көне көз,
Дулығалы домбыра.
Сырласайық бердім сөз,
Құлағыңды оң бұра.
Халықпенен бірге өскен,
Ғасырлармен тілдескен
Бойыңда сенің жатыр-ау,
Таусылмайтын мол мұра.
Сол мұраның тарауы-
Осы отырған халықтың
Екеуміздің қалауы.
Орыс пен қазақ ежелден,
Ағайын-туыс болды ма?
Не болмаса бұл достық,
Талқысымен тағдырдың,
Бастарына қонды ма?
Сырласым менің, домбыра,
Шежіреден күйлер шерт.
Үніңді сенің халыққа
Тәржімалап бермесем,
Мына отырған маған серт.
Басыңнан сенің өтті ғой,
Қуаныш пен талай дерт.
Баяндап соны көрелік,
Азырақ жасап шегініс.
Емес қой деп ойлаймын,
Екі ұлы халықтың
Достығын жырлау тегін іс!
Өтті дейді бір заман
Қазаққа салып салмағын.
Әңгіме қылып отырмыз,
Он сегізінші ғасырдың
Отызыншы жылы ар жағын.
Жері, байтақ орман-тау,
Сенім сөзді қабылдап,
Жасапты дейді кеңшілік.

Мақсат пен мүдде сай келіп,
Жалғастырып кетіпті,
Арманының ар жағын.
Содан бері, мінеки,
Екі жүз де елу жыл
Орыс пен қазақ ағайын.
Бірге өткізіп келеді
Өмірінің қалғанын...

ЕЛГЕ СӘЛЕМ

Талпынады қайран менің жүрегім,
Арманымды орындау ғой-тілегім.
Жас көңілдің сырын ашып берсін деп,
Ақ қағазға қаламымды тіредім.
Сәлем жаздым, жасы үлкен ағалар,
Сендер ғана менің қырым паналар,
Көптен бері кейін жақтан хабар жоқ,
Аман ба екен кемпір, шал мен балалар?
Қасаң терлік жауыр атқа батпай ма,
Өлсе оның орны жер боп жатпай ма?
Тіршілікте бұлбұл болған қайран тіл,
Өлсе егер қасиетін сақтай ма?
Білім жолы маған ауыр демедім,
Артым олқы деп уайым жемедім,
Қолдан келсе, туыстарым, жәрдем ет,
Босқа кетпес маған берген көмегің.
Сусындайын, білім көзін ашайын,
Көре алмаған дүшпан көңілін басайын,
Ер жетейін, ерейін мен қатарға,
Әнмен әсем өмірге гүл шашайын,
Жазған жерім – Алматының қаласы,
Сұлу терек, бақша баудың арасы.
Таудан аққан сұлу бұлақ сыңғырлап,
Сыбырлайды бұл деп кімнің баласы.
Осы еді ғой ойымдағы бар шыным,
Өшпесін деп көзін оның аршыдым.
Сәлем жолдап қолын қойып соңымнан -
Қалды-ау Леп бұл ер Ораздың талшығы.

Леп ОРАЗОВ.
Алматы, 1952 жыл.

Дайындаған Бақтияров Рахметжан.



Шора ТӘЖІМҒАЛИЕВ

ТІЛ ҚҰДІРЕТІ

Көңіліңнің ақтарар сырын керім,
Жіптей жалғар ара жік үзілгенін.
Ана деген адамзат бастауының
Әліппесі сияқты тілім менің.

Төте сөзге төрелер бас иетін,
Тілмен айтқан бабалар өсиетін.
Жалғыз ауыз сөзімен бере білген,
Нар қылықты халқымның қасиетін.

Алмас қылыш, ар қалар өткен ерден,
Тіл қалады бір қалса, өткен елден.
Бәрі тозар. Тозбайды бұл дүниеде,
Тілге жетер құдірет жоқ дер ем мен.

Жоқ дер ем мен, құдірет тілге жетер,
Онсыз бізге Айың да, Күн де бекер.
Тіл жоғалса, кім-кім де мәңгүрттікке,
Өз ұлтымен мәңгілік бірге кетер.

Ана тілі – арымыз, намысымыз,
Ол жоқ жерде тұл болар бар ісіміз.
Ана тілін қастерлеп өткен дәйім
Абай, Мұхтар, Сәкендер, Қаныштымыз.

Іргелі елім – қазағым, алып тұлған,
Тіл болмаса дей бер сен халық құрбан.
Көк байрағың желбіреп аспанында,
Жарық шамың сөнбесін жанып тұрған.

Ана тілі – ғажап бір мөлдір есім,
Талай жылдар тапталып көрді не сын.
Қоламтаны үрлесең, жандырасың,
Жанған шамды үрлесең, сөндіресің.

ТУҒАН ЕЛГЕ ОРАЛУ

Ай, ауылды аңсадым, әрең келдім,
Әрең келдім. Көп-ақ қой дәлелдерім.
Туған елім, халқым-ау, баршаңызға
Қабыл алғын, иіліп сәлем бердім.

Мен ауылды аңсадым.
Сағынышта шек болып көрген де жоқ.
Ағайын да, туыс та, таныстар да.
О,дүние-ай, бұл күнде өлген де көп.
Ал солардың біразы бұл фәниде,
Тіршілікке телміріп, жас өмірдің
Ең болмаса қызығын көрген де жоқ.

Төріндемін, туған ел, сәнді мекен,
Мен соларға алдымен тағзым етем.
Тастайыншы көзімді көпшілікке
Өткендерден тұяқтар қалды ма екен?!

Кей кезде сол сағыныш мұңға айналып,
Кейде нөсер шабытты жырға айналып.
Бал кезеңді аңсаған сәттерде бір
Кететіндей ұстатпай қырды айналып.

Аңсайтынмын, елеңдеп елді көптен,
Талай-талай жаз өтіп келді көктем.
Бал дәуренді балауса кезеңдер-ай,
Желең шашты жел сүзіп желбіреткен.

Кімдер өткен аңсамай жақсы күнді,
Бал кезеңдер, шіркін-ай, асты қырды.
Өзгелерге қимастай туған жерім
Алып қалған секілді жастығымды.

Көз алдыма сол бір кеш елден кеткен,
Жұлдыз санап, Ай қарап шеңбер көктен.
Құрбылар-ай, қоштасқан қимастықпен,
Сұлу еңдер мен үшін Сендер неткен?!

Екеу емес, туған ел, біреу менде,
Көкіректе қайталап жүрер күнде.
Көп адамнан үлкен боп қалыппыз-ау,
Жылдар бізді есейтіп жіберген бе?!

Жер қиянға жетеді талықсып ой,
Жас теректер зәулім боп салыпты бой.
Апайлар да сол кезгі сиреңкіреп,
Ағайлар да азайып қалыпты ғой.

Өмір деген өзінше өтер сынақ,
Дәу қайың да ескірсе кетер құлап.
Із суытпай әйтеуір арттарынан
Жеткіншектер желпілдеп жетер бірақ.

Топырағың торқалы жасыл кілем,
О, туған ел, ардақты асыл кием.
Он сегізде өзіңнен аттанған ем,
Елу бесте алдында басымды ием.

ҚАСИЕТТІ ДОМБЫРА

Ән мен күйге кімнің шаппас құмары?
Бұл домбыра – халқымыздың шын ары.
Біздің үйде жоғарыда ілулі
Біреу емес, қос домбыра тұрады.

Мұңын шағып, қуанышта безілдей,
Ойнап кетсе, тыңдайсың-ау көз ілмей.
Қос домбыра тұрған осы ілулі
Үйде қалған әкеміздің көзіндей.

Жүрген кезде әкемізден жас қалып.
Ән мен күйге ынтызарым басталып.
Күй тартуды тез үйренсем екен деп,
Домбыраны жататынмын жастанып.

Сонау жылдар. Қилы заман - ақтандақ –
Халқымыздың жүрегінде қатқан дақ.
Соны мұңдап күңіренген домбыра
Сағағында егіледі жас парлап.

Қасіретті хабарлаған міңгірлеп,
Қуанышта сөйлеген бір күмбірлеп,
«Сарыарқа» мен «Серпер» күйін ойнаса,
Сағынасың арғымаққа мінгің кеп.

Өктем заман. Бабам өткен неше сын,
Барлығының мұң мен сырын кешесің.
Бостандық пен әділеттің жолында
Бұл домбыра жібермеген есесін.

Құрманғазы - күй атасы майталман,
Ойлағанын күй тілімен айта алған.
Ордалы хан, оза шапқан бектерден,
Ыза-кегін домбырамен қайтарған.

Төбесінен жай түскендей жай күнгі,
Құсы кетіп, суалғанда айдыны.
Бұл домбыра қос ішектен күй төгіп,
Күй тілімен түсіндірген қайғыны.

Кім-кімің де бір-бірімен таласқан,
Қасиетті домбырамен санасқан.
Күй құдіреті - талай дүлдүл жандардың,
Әзілдері домбырамен жарасқан.

Күйге бөлеп, сырға бөлеп не түрлі,
Келістірген келіспеген екі ұлды.
Бұл домбыра араздасқан екі елдің-
Табыстырған төрешісі секілді.

Шіркін, қандай сезіміңмен күй кешкен,
Домбырасыз күй қадірін білмес те ем.
Домбырамен екі заман табысып,
Екі заман күй тілінде тілдескен.

Ой жүгіртіп тағдырына жиі мен,
О, домбыра, қасиетіңе сүйенем.
Өз күйіңнен тас боп қатқан желіні
Жалғыз өркеш аруана иіген.

Тілін тауып, күлмегенді күлдірген,
Аяқ-асты ат-шапанын ілдірген.
Бұл домбыра сағынышын ғашықтың,
Күй тілімен сүйгеніне білдірген.

Қос ішектен төгілгенде сан күй кеп,
Көңіл тербеп, жібересің жанды илеп.
Жұбатқан да өзіңсің-ау, домбырам,
Нәрестені бесігінде «әлдилеп»...

Елестетіп дүбірлеген тұяқты,
Қос ішектен есіле бір күй ақты.
Бұл домбыра қақ төріме ілінген
Біздің үйдің бар беделі сияқты.

Шора ТӘЖІМҒАЛИ



АХМЕТ ТӨРЕҚҰЛ

1938 жылы Түркістан қаласында туған. ҚазМУ-дың филология факультетін бітірген. Мектепте және кәсіптік-техникалық оқу орындарында көп жыл еңбек етіп, басшылық қызмет атқарған.

«Қорқауларын барады жаудай шауып...», «Ашынғаннан айтамын», «Көнбіс қазақ бара алмассың алысқа...» атты өлеңдері «ХХ1ғасыр», «Солдат» тәуелсіз газеттерде жарық көрді.

«Бақаның баласы» атты сын-сықақ кітабы «Қазақстан» баспасынан шыққан.

КӨСЕМДЕР КӨП

Көсемдер көп,
Қатыны жұлқып, жасқаған,
Шешендер көп,
Білігі басынан аспаған.
Көреген көп,
Көзін таңып тастаған.
Зиялы көп,
Жұмған аузын ашпаған.
Батырлар көп,
Түсінде қол бастаған.
Байлар да көп,
Кемтарға тары шашпаған.
Ұлықтар көп,
Ұлы құлақ аспаған.
Ақсақал көп,
Сақалын қырып тастаған.
Имамдар көп,
Кәпірдің көзін ашпаған.

* * *

Осыларды ойласам
Келер күннен жасқанам.

ДАҢҒОЙ

Сарайдағы сәулетті,
Бір даңғойдың дәулетті,
Ерке екі баласы
Көршілерін әуре етті.
Ағаштарға өрмелеп,
Шатырларға шығады.
Тас атады өткенге,
Ұят емес сөккен де,
Оны ойын деп ұғады.
Ит пен құсты шулатып,
Әйнектерді қиратып,
Қызды сүйреп шашынан,
Құм құяды басынан.
Көпті көрген көне көз
Көршісіне айтты сөз:
-Балаң болса жетесіз,
Қорлықпенен өтесіз.
Алмасаң қазір қолға,
Қаласың кейін сорға.
-Алжыған шал, ақылым
Сенен асып кетеді.
Еркін өскен екі ұлым
Дүние-мал жетеді...
Он жыл өтіп, еркесі
Жігіт болып жетілді.
Ауырып жатқан әкесі
Су беруді өтінді.
-Саған сусын керек пе,
Тұр ғой анау шелекте,-
Деді кенже баласы.
Ерсі көріп ағасы:
-Бұл ұлыңыз тілазар,
Су ішкеніше қолынан,
Келіп қалар қу ажал.
Ұшып тұрып орнынан,
Суды өзің алып іш,
Маған да бер бір шөміш.

САМОПАЛ

Өліпті «Орыс арағы», -
Деген суық сөз тез тарады.
Қоштасуға марқұммен
Ағайын шұбап барады.
«Распутин», «Петр», «Донской»,
«Катерина», «Орлов», «Толстой»,
«Потемкин», «Гагарин», «Суворов»,
«Кутузов», «Нахимов», «Уваров»,
«Жібек жолы» арағы,
«Қазақстан» конягы,
Атақты «Талас» шарабы...
Сыра келді көпіріп,
Шампан келіп құлады,
«Бауырым!» –деп өкіріп,
Келіп жатыр,
Келіп жатыр ағылып,
Сәнді киіп,
Ордендерін тағынып,
Алыстан келген ағайын;
«Плиска», виски, «Наполеон»,
Джин, херес, бренди, ром,
«Сократ», «Карлос», «Кардинал»,
«Шнапс», «Банкир», «Пан», «Барон»-
Қайсы бірін санайын.
Көңіл айтып қолдады,
Жеделхаттар жолдады:
Пекин,Дели, Париж, Бонн,
Каир, Лондон, Вашингтон.
Алқаш Иван,
Мас Мырқымбай
Құшақтасып жылады,
Құлағандай
Аспандағы шырағы.
-Ағайын түгел жиылды,-
Ашайық азалы жиынды,-

Деді балгер бальзам
Аталып жүрген зәм-зәм.
Кенет сонау қыраттан,
«Ойбайы» өтіп құлақтан,
Көрінді біреу,
Жұрт аң-таң.
-Менсіз неге бастайсыңдар!
Кімді сыртқа тастайсыңдар?
Жұртты аузына қаратқан,
Алла артық жаратқан.
Атқарған істің ауырын
Арақ менің бауырым.
Айналайын, арекем,
Берекем де мерекем,
Қадіріңе жетпедім,
Саған ғашық көп екен.
-Әй, сен кімсің?
Көпшілік білсін.
-Самопал!
«Ленин» тыржиды,
«Сталин» қыржиды,
«Горбачев» ыржиды,
«Ельцин» мыржиды,
Масқара болғанын біліп,
Сыра сылқылдап күліп,
Қиқылдап қылжиды.
Бәрі де жақтырмады.
Самопал тек тұрмады:
-Ей, шіренген мырзалар!
Уақыт келді шыңдалар.
Таза «Орыс арағы»
Өмірден өтіп барады.
Атақтарың жалған,
Ақсүйектік қалған.
Қалай тұрсын тектілік.
Нарық деген-
Алдау, арбау, ептілік.
Алған адал теңгеңе,
Таза арақты
Таба алмайсың емге де,
Балағы кең, ауы тар.
Алған қымбат теңгеге.
Мақтаулы шайын-топан,
Саудагердің өңеші апан.
Қойларымыз самопал,
Майларымыз самопал,
Нанымыз да самопал,
Әніміз де самопал,
Даламыз да самопал,
Қаламыз да самопал,
Баламыз да самопал,
Санамыз да самопал,
Бергендер де самопал,
Алғандар да самопал,
Заңдарымыз самопал,
Шалдарымыз самопал,
Сөзіміз де самопал,
Өзіміз де самопал,
-Тоқтат!-деді «Император Николай»
Мырзалар-ау, бұл қалай?
Сөйлеуге ешкім батпады,
Шыдамаған, шамданған
«Родина» алға аттады:
-Ей, самопал көсемдер,
Судыраған шешендер!
Жетер алдау халықты,
Ашындырып алмайық
Халық деген алыпты,
Жиылыпсың кіл мықты
Айтайын мен шындықты:
Алыпсатар
Алдап малын алады.
Еңбекші ел
Есеңгіреп барады.
Парақорлық
Елді еркін жайлаған.
Қорқаулары
Қанша жесе тоймаған.
Дәрігерді
Гиппократ анты ұрған.
Мұғалімнің
Миын қоқыс толтырған.
Кешегісі
Жарайды бүгінге,
Мәңгүрт болып
Кетеміз-ау түбінде.
Колхоздарды таратып,
МТС құрып жатырмыз.
Бұрынғыны жаңғыртып,
Еңбекшіні қаңғыртып,
Ерлеп жүрген батырмыз.
Қорғаушымыз
Қарақшымен келісіп,
Жалмап жатыр
Тоналғанды бөлісіп.
Анықтамас
Істің ақ пен қарасын,
Обал менен сауапты.
Әділдікті
Қайдан ізделі табасың?
Осыған кім жауапты?
Өзі өлтірсе
Өзі туған баласын,
Кім емдейді
Қоғамның бұл жарасын?
Ұстап ұсақ ұрыны,
Аспанға аттық тақия.
Жұлынбайды жұлыны,
Ұсталмайды мафия.
Иванды тастап Мария,
Атасына тиіп алды.
Қазақ қызы Қалия
Қара негрді сүйіп алды.
Кей сылқымның
Мілитсадан байы бар,
Коммерсантпен көңілдес,
Сегіз сая жайы бар,
Жеті-сегіз «Мерседес».
Тәнін сатып,
Теңгеге жан жалдаған,
Тілін қорлап,
Шұлдіреген көп надан.
Маскүнемге
Толып кетті масхана,
Бұл не деген масқара!
Ажыратпас
Адал менен арамды,
Мойындамас
Адамшылық моральды,
Тонау, зорлау
Кісі өлтіру жарамды,
Аямайтын
Атасы мен анасын,
Уландырған
Арақпенен санасын
Қорықпайтын құдайдан,
Жаландаған
Жаңа адамдар жаралды.
Шындық солай, мырзалар!
Өміріміз
Самопал боп барады,
Өзгерісті
Кімдер қолға алады?
Жерлеп таза арақты,
Самопалдар тараптық.

Ахмет Төрекұлов,
Түркістан қаласы.



ӘЛІБЕК ТОЙЛЫБАЙ

1951 жылы туған. Ордабасы ауданының Жеңіс ауылында тұрады. Шымкент педагогикалық институтын бітірген. өлеңдері республикалық, облыстық басылымдарда жиі жарияланып жүрген танымал ақын. Республикалық «Жігер», «Қарабура», «Домалақ ана» жыр мүшәйраларының жүлдегері, бірнеше жыр жинағы бар.

ҚАРАБУРА ӘУЛИЕМ

Хақ құлдары, дәруіштер,ақиқатты білерлер,
Хаққа ғашық болғандар – хақ жолына кірерлер.
Хақ жолына кіргендер – Алла деумен жүрерлер.
Қожа Ахмет Иассауи . *«Диуана Хикмет»*

Соңғы сапарға дайындық жасап жүйесі,
Күні батарда шырқырап жасақ киесі.
Қоштасты қимас халқымен,
Кіші Меккенің иесі:
Жаратқан Алла аспанда жалғыз бар құдай,
Бәрін көретін, бәрін сезетін қалғымай.
Үмбетім аман болсын деп,
Таңы атқандарға өсиетін қалып жартылай

Кетіп барамын жалтақтай қарап артыма-ай!
Дүние жалған жаратқанға жалғыз ырзамын.
Ызғарын төксе мына көш,
Ертеңгі келер ризығын берсін мырза күн,
Өмірлік жолы – мұсылмандықтың үлгісі
Көңілі нұрлы, жүрегі шерлі бұл кісі.
Мәйітімді жуып соңғы сапарға шығарар,
Арыстанбабтың шәкірті,
Қожа Ахметтің тұрғысы.
Өрелі-сөзі тұла бойы пәк-ті күнадан
Келеді өзі, сүйегімді жуар бір адам.
Бір шөкім бұлтқа назары көптің жалт етті.
Күншығыс қырдан құлаған.
Күнәһар мұндар қызғана қарар болмасын.
Жылаған жылдар жылытып келген ол да асыл!
Тарих сахнасына қатарға қойып жатыр жұрт,
Қожа Ахметін арулап қойған молдасын.
Ғасырлар бойы жасырған ізін қара түн.
Тасырлап ойы кенді ұрып аршып алатын.
Манаурап кетіп, алаулап қайта оралған,
Әулие адам – Бұрахан атам болатын.
Өзіңе ие, ренжи қоймас ягмалар.
Тезіне тие!
Өшкені қайта оралар
Қысылғандарға көз ілмей жетсін көмегің,
Мұсылмандарға құдіреттілігің бара-бар.
Ордабасылықпын үш жүздің басын құраған.
Арда асылықтың көтере туын құлаған.
Тоз-тозы шығып еншісін алған қазаққа
Әулие бабам, бірлігімді берші сұраған.
Қара волгалы заман ғой мына нарықтық,
Қаншама ғасыр зарықтық.
Той да көп бүгін, ой да көп бүгін жетерлік,
Ренжи көрме, қара бура мінген, жарықтық.
Елім-ай, енді түзеліп жатыр жөн-жүйең,
Ата қазағың табылды, шүкір,енді иең.
Нұрсұлтан сынды баланды желеп-жебеп жүр,
Қарабура баба әулием!
Тебіреніп келдім іштегі шерді қозғап бар,
Кінәсіз шәйт кеткендер бүгін маздап қал.
Өзіңе деген шексіз тілекпен бой көтер,
Бір аунап түссін Созақта жатқан боздақтар!
Сағынғанымды бас қосқан тойдан табайын,
Сабылғанымды құшақтай құшып алайын,
Тілеуімді берші, ортама келсін, жан бабаң
Шет жерден елге жете алмай жүрген ағайын!.

ЕСЕКЕНОВ БӘЙЕН (1939-1987 ж.)



Атырау пединститутының түлегі, республикалық, облыстық, аудандық басылымдарда өлеңдері үзбестен жарияланды. «Өзіңсің ғой өмірімнің бұлбұлы» өлеңі- оның өмірінің музасы.

САПАРДА

Көгілдір бақша, ойлы орман,
Барлығы жырға тұр тұнып.
Аспандап ұшқан ойлардан,
Жабағы бұлттар жыртылып.

Көтеріліп көкке өлеңмен,
Биіктік деген алып ұшып.
Өлеңімді айтып келем мен,
Жібек желменен жарысып.

Асқақпын деген шың құздар,
Жым болып қалды табанда.
Ұсынды қолын жұлдыздар,
Ұзақ жол сілтеп әманда.

Алдымнан аппақ ай күліп,
Шығарып салды күн мені.
Шабытымды шалқар жай қылып,
Әндерім кетті ілгері.

Арманды алға сүйреген,
Бақыттан артық бар ма екен?
Өзіне біткен күйменен,
Құлпырып жатыр бар мекен.

ӨЗІҢСІҢ ҒОЙ ӨМІРІМНІҢ БҰЛБҰЛЫ

Беттен өбіп түнгі самал лебі ескен,
Өзіңсің ғой ай астында тілдескен.
Сол бір кездер, сол бір кездер, қалқатай,
Кетер емес, кетер емес әлі естен.

Өзіңсің ғой бақытымның белесі,
Өзіңсің ғой тәтті ойымның елесі.
Домбырада он саусағым ойнаса,
Өзіңсің ғой, өзіңсің ғой пернесі.

Қандай нәзік, қалқам, сенің күлгенің,
Ұмытылмас бақ ішінде жүргенім.
Өзіңсің ғой өмірімнің бұлбұлы,
Өзіңсің ғой, өзіңсің ғой, сүйгенім.

***

ЖАС ҚАНАТ

Қанат ТҮСЕНОВ



НАМЫС

Ойың түзу, сергек болсын санаңда,
Ұғын, балам, сүю үшін Отанды,
Алдыменен намыс керек адамға.
Намыс деген - тазалығы жаныңның,
Намыс деген - түп тамыры арыңның.
Намыс деген - ардың ісі, намыс деген ел күші,
Кісіліктің қазығы да, тектіліктің белгісі.
Намыс деген ерлік отын жақтырады жігіттің,
Намыс деген жауға қарсы шаптырады жігітті,
Намыс деген зұлым жауын жасытады жігіттің,
Намыс деген асау қанын тасытады жігіттің.
Намыс деген құлатса да,
Нардан ғана құлатады жігітті,
Намыс тіпті жылатады жігітті.
Ертеректе жерді бөлеп тұрған шақта нұр арай,
Осы өмірде болды оқиға мынадай:
Бір өлкеде, бір ауылда тұратын,
Қайшы келер мақсаты мен мұраты.
Білмейтұғын алған беттен қайтуды,
Қос жігіттің арасында дау тұрды.
Жомарт көңіл лезде ғана лайланды,
Даудың соңы шекісуге айналды.
Қыран тектес, барыс қылық,
Намысты елдің, намысты ұлы.
Қолдан бермес намысты,
Бір-бірінің жағасына жабысты.
Әр жекпе-жек, арпалыстың ол анық,
Әрқашан да жеңімпазы болады.
Биік қойған ар-намысты, жомарт, сақы, көңілді,
Қос жігіттің әлсіздеуі жеңілді.
Жеңілді де із қалмады жүзіндегі күлкіден,
Жеңілісі намысына тиіп жатты түрпідей
Сап басылып асау көңіл тырағы,
Жеңілді де жылады,
Жеңілді де ah ұрды,
Жасын намыс көз жасы боп атылды.
Жеңілсе де жеңіліске мойымауға тырысты,
Ал ағасы інісіне жатып келіп ұрысты.
Жамандардың жағасына жабысқан,
- Ақылсызбен жан аямай алысқан,
Ағасының ақ үмітін болашаққа ап ұшқан,
Ерме деп ем асау жүрек арыстан.
Көрінгеннің шаужайына жабысқан.
Ез боп шықтың құралақан намыстан.
Жеңілісті қойшы, әйтеуір, бір сәт болып тұрады.
Бірақ сенің жылағаның ұят болды, шырағым.
Жүріппін-ау ау құр алданып үмітке,
Осыншалық ездігіңді біліп пе ем,
Ұғынып ал, болғанменен жеңіліс,
Жылау тіпті жараспайды жігітке.
Осы кезде бағанадан қарап тұрған күреске,
Жетпіс жастың жетегіне ілескен,
Мезі еткен күйкі тірлік,мазаң күн,
Бір қария сөз алды:
- Ей, жас жігіт, көңілі пәк, жаны ұлы,
Құр сөзіңмен мұжы берме сәбиді.
Біле білсең көз жасымен өзін-өзі ол таниды,

Көз жасымен өжеттігін намысына жаниды.
Жыламады ол соққы тиіп не болмаса құлап қап,
Бұл жігітті намыс қана жылатқан.
Ер жігітке жылау тіпті жараспайды десек те,
Бұл көз жасты жас ініңнің намысы деп есепте.
Ей, жас жігіт, көңілі пәк, жаны кең,
Әрқашан да намыс керек бәрінен.
Сондықтан да тағдырыңа өкпе айтпай тарыға,
-Қуан қайта намысы бар бір ініңнің барына.
Жақсыны алмай, жаманды алған,
Намысы жоқ адамдардан,
Жақсылық та шықпайды.
Шуақ шашар шапағат та шықпайды.
Намыссыздан өмір мәнін ұқпайтын,
Көңілі пәк кісілік те,
Қадірі мол кішілік те,
Ашық мінез адалдық та,
Тектілік пен адамдық та шықпайды.
Қанағаты, адам аты жоғалған,
Мейірім де көре алмайсың олардан.
Тіпті жанның тазалығын күзеткен,
Намыссыздан көре алмайсың ізет те.
Сатқындық та олар үшін қиын шаруа емес түк,
Ал олардан ерлік күту орасан зор әбестік.
Сөзім осы түсін мейлі, түсінбе,
Намыс керек елді сүю үшін де.
Намыс деген – өжеттіктің, қайсарлықтың айнасы,
Намыс деген – шын батырдың жүрегі мен найзасы.
Намыс деген құлатса да
Нардан ғана құлатады жігітті.
Намыс тіпті жылатады жігітті.
Жылай берсін шыңдалады ер өстіп,
Көздің жасын намысына жанымау да әбестік.

ЖОМАРТТЫҚ

(Бұдан бір ғасырға жуық бұрын өмір сүрген атамыз Өлке туралы деректі дастан)

Баяғыда ғасыр бұрын заманда,
Менің мына ұлан ғайыр даламда
Жаралғандай тек жақсылық жасау үшін адамға,
Жомарт жүрек, зерделі,
Аспен атар таспен атқан пендені,
Жомарттықты биік қойған қалтадан,
Болыпты бір мәрт адам.
Жүрген жаннан қалың елдің алғысына бөленіп,
Жаратқанда аямапты көмегін.
Сол жомарт жан не керек,
Бай болыпты керемет,
Қызыққандар санына мың,
Есебінен жаңылатын,
Жомарттығын мәрт адамның
Талай шайыр жыр қылған,
Малы бопты мыңғырған.
Бірақ жомарт есептетпепті малын да,
Құрбандық пен жақсылықтың жолында.
Шуақ ойнап жанарында
Үйге келген қонағын да,
Күтіп бағып неше күн
Кетерінде ат мінгізбей жібермепті деседі,
Жомарт жанның патша көңіл,кең қолы,
Талай елді шарлап кетті атағы.
«Өлке « атты есіміне енді оның,
«Жомарт « деген тіркес қосып айтады.
Есімін жұрт еске алатын таласып,
Мәрт Өлкенің жомарттығы соншалық,
Мәрт көңілі тасқан адам
Қыстаудағы баспанаға
Тіпте жазда жайлауына шығарда,
Өткінші жолаушыларға,
Адам үшін сая қылған
Асын, ыдыс, аяғын да
Керегінше отының
Төсегін де салдырып
Кетеді екен қалдырып.
Осы, міне! Сеніңіз –
Нағыз жомарт жандылық,
Шуақты ойлар ұялаған ішінде,
Жақсы адамның шапағаты ісінде.
Бұл жандарға шашары-нұр,сыйы-бақ,
Сондықтан да бар бұқара үйір-ақ.
Мәрт Өлке де қадам жасап оңға –нық,
Тағы да бір мейірімді іс қолға алып.
Тар тіршілік тұсаулаған,
Тойып тамақ іше алмаған,
Жаз жылытып,қыс аяғы қарыған,
Сарыарқаның кедейлерін үйіріпті маңына.
Бар халықты тең көретін әдеті бар тозбаған,
Ал мәрт Өлке тұрған жерде рушылдық қозғама.
Жаз жайлауға шыға алмаған,
Қыс қыстауға ыға алмаған,
Көшу түгіл күні қиын халықты,
Өз қасына қамқорлыққа алыпты.
Енді халық Өлкеменен қыс қыстауға көшіпті,
Жаз жайлауға қолы жетіп, көңілдері өсіпті.
Әр ісінде ізгілік бар, баян бар,
Нағыз жомарт өз жұртынан жақсылығын аяр ма?
Ұғын елдің мәнін ерен,
Сол кедейдің бәріне де,
Зәру болған сауын менен тұяққа,
Таратыпты он ұсақ мал, бір-бір сиыр,бір аттан.
Міндет санап өз мойнына жүктеген,
Ешкімнен де жақсылықтың қайырымын күтпеген.
Тәуір киім киімей жүрген,
Ауызы аққа тимей жүрген,
Жарлыларды жақынындай көріпті,
Сауын малын қалағанша беріпті.
Шын жомарттың алыптығын танытқан,
Бірақ мақтау тілемепті халықтан.
Ғашықтарды Қозы менен Баян қызға балаған,
Махаббаттың жолын ашу ұлы ерлік деп санаған.
Серік қылған сезімі мен үмітін,
Сүйгеніне жете алмаған талай жайсаң жігітті,
Махаббаттың көзі көріп,
Қалың малын өзі беріп,
Отау тігіп, тойын жасап неше күн,
Қосағымен қоса ағартқан деседі.
Жақсылықты медеу тұтқан жанына,
Жаралған жан дүйім елдің бағына.
Алшақ ұстар парыз бенен қарызды.
Жүрегі кең, жаны ізгі,
Мәрт Өлке үшін мәрттік емес елдің қамы маңызды.
Құрмет тұтар атын ұлы,
Тіпті дарқан, сақылығын,
Жүрегінен шыға білген көптің кең,
Қарыз емес, адамдықтың зор міндеті деп білген.
Бірде өлкенің сынамақ боп мәрттігін,
Жомарт атты жайлауға беттеді жүз аттылы.
Арқадағы жомарт ұлдың,
Көрмек болып жомарттығын,
Әділдігі қара қылды жаратын,
Орта жүздің жайсаңдары болатын.
Жақсы адамды мақтамайды ел тегін.
Бас қамынан биік қояр халықты,
Сол жүз адам жайлауында Өлкенің,
Үш күн қонақ болыпты.
Ел таңданды: «Соншама көп жан бұл неткен»,
Өлке болса сақылықпен,құрметпен,
Жомартқа тән мінезбен,
Есептейтін қонағыңды сыйлай білу міндет деп,
Көп үй тігіп қыр басына,
Шын көңілі нұр тасыған,
Қонақтарын қарсы алды,
Үш күн бойы әншілері ән салды.
Аңыз айтты қарттар қалған көнеден,
Кей жыршылар таңды атырды,
Қисса айтып елді нұрға бөлеген.
Саба-саба қымыз келді,
Табақ-табақ ас келді.
Сыйлыларға бас келді.
Ешкім естіп көрмегендей өмірде,
Ұлан –асыр думан болды Сарыарқаның төрінде.
Қазағының даласындай,
Көңілі бар мәрт Өлке,
Аямайды қонағынан бәрін,бәрін, бәрін де,
Есімін жұрт еске алатын тамсанып,
Мәрт Өлкенің байлығы мен жомарттығы соншалық.
Сол жүз жанға есік ашып айқара,
Қонағына ырысы кең,
Бір ас тартқан ыдысымен,
Ас тартпапты қайтара.
Кір шалмаған мәрт көңілін,
Сес баспаған қабағын
Атымтайы даланың,
Сақылықпен разы қылды қонағын
Үш күннен соң қонақтар кетерінде,
Әрбір жанның жетегінде
Сыбағадан құр қалдырмай еш ерін,
Бір-бір аттан байланыпты деседі.
Шыңға шырқап ер еңсе,
Біраз жұрттың құлағына жетіпті.
Ал қонақтар:
«Бұны Өлке дегенше,
Ағын өзен десейші», - деп таңдай қағып кетіпті.
Мәрттігіне пейілі кең досы түгіл қасы да.
Сол жүз жанның үш-ақ күнде

Көзі жетті осылай.
Қонақтарға үлестіріп бір аттан
Мақтанғандар «Жомарт» емес бірақ та.
Оның болса әлемге кең,
Жомарттығын дәлелдеген,
Жылқы да емес бәйгеде оза шабатын,
Оның таза жүрегі мен
Мейірімі болатын.
Қара бастан артық қояр халықты,
Сол Өлкенің Отыншы атты бір ағасы болыпты.
Отыншы да бақ кетпеген басынан,
Адам екен бақ-дәулеті тасыған
Бақ дарыған әулетіне
Тіпті Өлкенің дәулеті де,
Отыншының ұшан-теңіз малының,
Құрай алмапты жарымын.
Сол Отыншы өлерінде,
Бақ жұлдызы сөнерінде,
Шақырып ап туысы мен жақынды
Өтінішін жеткізіпті ақырғы:
«Өмірімнің жақындады соңы да,
Ажалымды күтудемін торыға.
Тағдырыма қарсы тұра алмасымды білемін,
Сондықтан да сендерге айтар ең ақырғы тілегім:
«Мен өлгенде сырттан шебер алдырып,
Әуре болма үлкен күмбез салдырып.
Ескертейін әлі жаным барында,
Маған арнап төртқұлақты шағын мола салыңдар»
Зор күмбезді көлемді,
Дарқан ұлы өр елдің,
Жақсылығын аямайтын досы түгіл қасынан,
Жомарттығы тасыған,
Соғарсыңдар өлке інімнің басына.
Есепші де шатасатын санынан,
Көп болса да малым оның малынан.
Кейбіреулер көз тастайтын тамсана,
Иен дәулет болса-дағы қаншама,
Мына жайлау бұл өлке,
Ел аузында күні ертең
Жақсылықты мал-жанынан,
Қоятұғын жоғары,
Өлке інімнің атыменен аталатын болады.
Бақ дәулетің сен өшкенде-ақ өшеді.
Мына өмірде жақсылықтың даңқы ғана өседі»,-
Деп Отыншы көрегендік танытып,
Көз жұмыпты дедеді.
Рас болыпты өлерінде айтқан сөзі кешегі.
Кейін сол жер «Өлке» болып аталыпты дедеді.
Бауыр деген бауыр етің қанатың,
Сол Өлкенің Сушы, Мақан екі інісі болатын.
Бақ дәулеті өшкенменен,
Өзі өмірден көшкенменен,
Сол Отыншы, Сушылардың, Мақандар мен Өлкенің,
Жалғастырар ақ жолы мен ертеңін,
Байлығынан биік қояр халықты
Ұрпақтары қалыпты.
Бар байлығын, малын да,
Құрбандық деп есептейтін
Жақсылықтың жолында,
Нағыз Атымтай жомарттар,
Және Патша көңілдер,
Көптеп болсын деп тілеймін елімде,
Сонда ғана халық нарқы өседі,
Сонда халық бақытты өмір кешеді.

Түсенов Қанат Октябрьұлы.
Әйтеке би орта мектебінің
10-сынып оқушысы,
Сарысу ауданы.

БАС АЙТЫС АҚЫНЫ ОМАРОВ КӨПБАЙ

1920 жылы Шымкент облысы, Созақ ауданы №5 Октябрь ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. 1935-1941 жылдары Алматы қаласындағы №38 Амангелді атындағы орта мектепте оқыды. Орта білім алған соң 1948-1950 жылдары Шымкенттегі екіжылдық мұғалімдер институтын оқып бітірді. Ұстаздық жолын 1950 жылдан бастады. Мамандығы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. 1958-1961 жылы Шымкенттегі Мұхтар Әуезов атындағы пединститутты филология факультетін бітірді.

Ақындық жолы 1958 жылдан басталды. 1989 жылға дейін Бөген ауданы, Шевченко атындағы орта мектепте мұғалімдік қызметін атқарып келді.

Өзі шұрайлы сөздің шебері болғандықтан Көпбай Омаров сабақты әсерлі өткізетін. Сонымен бірге сауыққой сері жан өз мектебіндегі көркемөнерпаздар үйірмесінің жетекшісі болды. Қыза-қыза келе өзі де сырлас досы гармонын алып, көпшіліктің айызын қандыратын.



Көбекең Манат жеңгей екеуі тату-тәтті алты бала өсірді. Ал оның әр сөзін жаттап, жолбасшы етіп өскен, қияға қанат қаққан шәкірттері қаншама. Бұлардың бәрі де баласындай болмаса да ұстаз жанына соншалықты жақын тартып кеткен. Ұстаз ақынның жүрегінің нәзік пернелерін дөп басып, қай-қайсысы да оны жырға қосып, рухын көтере алатыны ақиқат.

Көбей таза айтыс ақыны болды. Ол дүбірлі жарыстарда жүйріктің табаны қызып шыға келетіні сынды, сөз жарысында ақындық бабына келіп, қиыннан қиыстыруға шебер еді. Ол бірде қызылқұмдық айтыс ақыны Айтбай Белгібаевпен өнер алды-қызыл тіл сынына түскенде өзінің дарынын таныта білді.

Темірде мейманханаң үш кісілік,
Айтеке, мақтасаң да тіпті ісіңіп.
Бес кісі басын қосса сыйыспайды.
Қойғандай тапсырыспен жүк түсіріп,-

деген сияқты сәтті шыққан сықақ шумақтарын сөз қадірін білетін қауым ауыздан – ауызға іліп әкетті.

Қ.Омаров қарсыласын ұтымды сынай біледі және өз ауылдастарының табысын әдемі айта білуге майталман еді.. Ол бір айтыста:

Табыстан егескенге есе бермен,
Меже емес бүгінгіме кеше көрген.
Шығамын айтқан жерден әйгіленіп,
Салсаң да тіл найзасын неше жерден, - деп шалып кетеді.

1964 жылы қаңтар айында «Задария» асыл тұқымды қаракөл қой заводында шопандар слеті болып өтті. Сонда Көбекең ән-жырға құмар келетін малшы қауымын өз өнерімен бір риза етті. Бұл біз келтіріп отырған бір ғана мысал. Болмаса айтыс ақыны қол қусырып үйде отыруды білмейтін. Өз өнерін еңбек адамдарынан аяп қалмай, олардың арасында жиі болып тұрды.

«Жүйріктен жүйрік озар жарыстырса, сұлудан сұлу озар салыстырса» дегендей, Көпбай Омаров талай айтыс та суырылып шыққан.

1964 жылы ақындардың өлкелік айтысы өтті. Сонда Омаров Шымкент облысының атынан Жамбыл облысынан келген Жақсылық Сәтібековпен айтысты. Бұл айтыста да Көбекең тілге жүйріктігін, ойға ұшқырлығын көпке таныта білді. Ол көптеген айтыстарға қатысып, үнемі жүлделі орындардан көрінді. Көгілдір экран көрушілері де айтыс ақынының өнерін талай рет тамашалаған. Өзі айтыс ақыны болған соң Омаров тілге жүйрік басқа да суырып салма өнері бар жолдастарды газет бетінде айтысқа шақырды.

Туа біткен дарынды айтыскер өлкелік ақындар айтысында 1986 жылға дейін, яғни 5 жылға созылған республикалық телевизиялық айтыстың сүре айтыс түрінен алдына жан салмай, еліміздің Бас айтыс ақыны атанды.

Тайжан, Нартай дәстүрлерін жалғастырып, жез сырнайға үнін қосқан майталман айтыскер ақын, сан қырлы өнер иесі әрі әнші, әрі домбырада, балалайкада, гармоньда шебер ойнап, ел сүйіспеншілігіне бөленді. Оның айтыстары, жырлары, әндері облыстық, республикалық телевидение мен радионың алтын қорында сақталған.

Айтыс өнерінің ақтангері атанған Көпбай Омаров есімі өзі ұзақ жыл еңбек еткен Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы Берген ауылындағы орта мектепке беріліп, ескерткіші орнатылған.

Дүлдүл ақын 1989 жылы дүние салды.

КӨКТЕМ

Бар табиғат күн нұрына малынып,
Таң жібіді мұз құрсаудан арылып.
Көктем келді көк барқытқа оранып,
Өңіріне гүлден алқа тағынып.
Ағын сулар сай-саламен жосылып,
Арна толған ағынға ағын қосылып.
Кемерленіп өзен, көлдер тасыған,
Су бетімен сең керуенін көшіріп.
Әлсін-әлсін күн күркіреп шартылдап,
Найзағайы түнді түре жарқылдап.
Нөсерлете жауын құйып, жел тұрып,
Күн түскендей кей кездері салқындап.
Ә, дегенше-ақ аспан бұлты қақырап,
Маужырайды шуақ күнге атырап.
Күміс шықпен көмкеріліп көк желек,
Самал желмен тербеледі жапырақ.
Ақ айдында үйрек ұшып, қаз қонып,
Қызғышы мен құладыны саз қорып.
Тарткан сымдай көкте қалқып тырналар,
Ән салады о да өзінше мәз болып.
Топ-топ болған құстар легі ағылып,
Туған жерге асығуда сағынып.

Құс қиқуы күні-түні бір тынбай,
Көк дабылы жерді жарған қағылып.
Көктем күні-ырысты күн, нұрлы күн,
Дүбірлетті еңбек күйін қыр бүгін.
Қызғалдағы құлпырып тұр түрленіп,
Жүзіндей боп трактордың құрбының.
Түлік төлдеп, төлі өріп соңынан,
Өріс тапты тау мен құмның жонынан.
Қойшы бала күлімдейді бір түспей,
Атам берген құтты таяқ қолынан.
Жалпақ дала кеудені ашып керілді,
Мол дәулетке бастап байтақ елімді.
Көктем келді, өмір келді жаңаша,
Көктем, көктем, едің қандай көңілді!

ШАБЫТТЫҢ ШАҒЫНДАМЫН САЛАР САЛЫМ

Ұстамды ой, саликалы, салдарлы өлең,
Айтудан әлі күнге қалған да емен.
Сеніммен сөз тізгінін қолыма ұстап,
Келемін өнер көшін жалғауменен.
Халқыма қалтқысыз жыр арнадым,
Биіктен барған сайын самғауменен.
Шығар деп қайдан қиқу құлақ түріп,
Жүргенде жыр айдынын барлауменен.
Жасындай әрбір тұстан бір жарқ етіп,
Етпеген жүйрік қалмас арнауды елең.
Сарқырап тау суындай жыр ағылды.
Біреуі тасытқандай бір ағынды.
Ден қойды жазба айтысқа жас ақындар,
Бел тұтып өткендегі мұраны үлгі.
Сөз алып Аманкелді, Заманменен,
Құрықпен тұзақтады құладынды.
Есімхан сөз тастаған Сейфулиннен,
Ойы өткір, тың серпінді, тіл алымды.
Тізгінді қаңтарудан қолыма алдым,
Көп тосу тауысқан соң шыдамымды.
Әр жерден жас ақындар атымды атап,
Болып тұр ойға оралғы, жырмен матап.
Төбе десе біреуі шарықтатып
Үйе сапты басыма абырой-атақ.
Көрген түсін кейбірі жорытпастан,
Талай жерге апарған байлам жасап.
Қысқасы, шытырман ой толғандырып,
Тұр бүгін қаламымды қолға алдырып.
Қырқаға қиыс тартпай шауып шықтым.
Сейілсін деген оймен толған күдік.
Қомданып алдын-ала қамшы ұрмасам,
Болмайтын көрінеді там-тұмдасам.
Шалдырмас жастар жағы тым шабытты,
Сүңгідей сүйірленіп шаншылмасам.
Мен қайталап жатпаймын баста ашыла,
Жазылған ақындардың бас-басына.
Іліктес ақын бар ед, ол қайда екен,
Сөзім жоқ артық айтар басқасына.
Талайды топшысынан алған ұрып,
Машыққан жүйріктікпен алда жүріп,
Совхоздың жаңалығын көпке жаймай,
Жүр ме екен бар сылтауын малға бұрып.
Тұрекең шын көрінбей қалар ма екен,
Бөржардың бір қалың далда қылып.
Татымды табыс аз ба тұшынарлық,
Гарту ғып көпке әйгілеп ұсынарлық..
Мақтасақ өрнек тауып қаншама ерлер.
Дастанға арнау болар кісі ұнарлық.
Нұр тарап Кремльден бар маңыма,
Көксеген жетті адамзат арманына.
Межелі бесжылдықтың белін аттап,
Қараймыз ойлы көзбен алдағыға.
Съезден сарқылмайтын шабыт туып,
Қарасаң жаңа серпін жан-жағыңа.
Болады өршіл қимыл, бейбіт істен,
Партия қамқорлығын аңғаруға.
Тау теңселіп, таулаған теңіз толқып,
Шыдамай ерен еңбек салмағына.
Жерімді ырыс пен құт жаба салды.
Дос түгіл, дұшпаным да таң қалуда.
Маржан дән, алтын мақта өз алдына,
Күнде той, күнде жиын малды ауылда.
Мақтауға осыларды тіл жетпей ме,
Ер ісі өрнек тапса арнауында.
Немесе сәнді көше, зәулім сарай,
Есепсіз бой түзеген көкке қарай.
Салған ән, күмбірлеген күй саздарын,
Қаныққан жоқпысыңдар естіп талай.
Бұл күнде әр совхозда орын тепкен,
Ақындар ұмытуын оны қалай?!
Енбектің мақтайтұғын ерлері аз ба,
Мұқалып, мойымаған қыста, жазда.
Дәрігер, тракторшы, сушы, малшы,
Табылар бал таңдайлы өнерпаз да.
Құс қолы жұмысшының тың түлеткен,
Жырланса жараспай ма шын жүректен.
Құрыш қол қара тасты қамырша илеп,
Жасаған ел байлығын сом білекпен.
Берілмей дәлелі жоқ құр ақпарға,
Жеткізер істі айтқан жан мұраттарға.
Тасада кемік қалмас қалқаланып,
Көреген көз, қырағы көз, құлақ барда,
Сіздерден, ақын достар, біздің тілек.
Шыншылдық, ақиқат іс тілге тірек.
Ер ісі – қайнар бұлақ сарқылмайтын,
Бәрінің төрешісі - ақын жүрек.
Заманға сөйлесін деп кезек бергем,
Ақын деп не жайында сөз өткерген.
Көрінеу көп алдына шықпай бұрын,
Сөзімді сол себепті тежеп келгем.
Айтулы сан жүйріктен алған тәлім,
Аяғым аршындайды көрсем қалың.
Көргем жоқ не дүрмекте сөзден ығып,
Шабыттың шағындамын салар салым.

Көпбай ОМАРОВ.
халық ақыны

ӨСЕРБАЙ ҚАРАСАЕВ,



1937 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Сүйінлік ауылында туған. Байланыс саласының кәсіби маманы. Павлодар облыстық өндірістік-техникалық Байланыс басқармасының бастығы. Қазақ КСР Байланыс министрінің орынбасары болып, лауазымды қызметтер атқарған..

Көңілді неге мұң басты?
Айтылмай қалған ұрандай,
Тұғырда қалғып қартайып,
Ұша алмай қалған қырандай,
Қарлығаш әннің қанаты.
Қалықтай түсіп сынғандай,
Еріткен бойды сылқым күй.
Шалықтай түсіп тынғандай,
Өлеңнің жібі үзіліп,
Көңілді неге мұң басты?
Тот басып болат ақ семсер,
Қынында тұрып сынбас-ты.
Ендеше уайым не керек,
Көңілді неге мұң басты?

***

Ашылар айдын аспаным,
Күншуағым, сен келсең.
Не болар ем, аяулым,
Үйде жалғыз сенделсем.
Өзіңді іздеп, бар әлемді кезер ем,
Сенің күлкің, амандығың-бар бағым,
Сенің аппақ көңіліңе дақ түспесін, ардағым.
Жай отындай жанарыңа табындым,
Ертелі-кеш есім кетіп,
Сені ғана сағындым.

***

Адамдарға татулық тілегенім,
Елші боп екі арада жүрер едім.
Достық деп аталатын асқар шыңға,
Ту етіп жүрегімді тігер едім.

Сенім жоқта көбейер тосын қайғы,
Табысатын жүректер қосылмайды,
Адам деген биігің алынбайды,
Сенім жоқта дұрыс жол табылмайды.

...Біреуге аға, біреуге мен інімін,
Өздеріне сенгендіктен ірімін.

Сен -менің шырағымсың
Кездессем алдырмайтын бір асуға,
Қиналсам, дос таба алмай сыр ашуға.
Жалықсам аумалы сәт нөпіріне,
Жол таппай өмір-өзен көпіріне.

Шарқ ұрып, шартарапқа шыға алмасам,
Өзіңсің сылап-сипап дем беретін,
Кем қалсам, қатарыма теңгеретін,
Қадамың құтты болды берекелі,
Сен -менің жарқыраған шырағымсың,
Сен -менің шөлдеп тапқан бұлағымсың.
Сен -менің ұзақ жолдан шаршағанда,
Тынығып, тыным алар тұрағымсың.

Бір ауыз сөз

Бір ауыз сөз жетектеген жеңіске,
Биіктеткен тұрсам дағы еңісте.
Бір ауыз сөз айтпадым деп өкінгем,
Бір сырымды, бас кетсе де,
Айтпаймын деп бекінгем.
Бір ауыз сөз «Отан» деген сөзіңде,
Сені бөлер зор мақтаныш сезімге.
Бір сөзді боп, серік, берік, мәрт болып,
Бұл тірліктен өтсең болды өзің де.

Ана тілі

Кісіліктің, елдіктің,
Тереңдіктің, теңдіктің,
Өлшеміндей өз тілің.
Ана тілің көркейсе,
Ашылғандай бар гүлің.
Таптаттырмай гүліңді,

Шұбарлатпай тіліңді,
Айналайын, жеткіншек,
Азамат болғын білімді.

Бірақ та

Ұлың өссе өріс кеңіп,
Шыққандайсың қыратқа.
Тек сол ғана жеткізердей
Арман менен мұратқа.
Жеткіншегің жалғасындай,
Таусылмайтын өмірдің,
Тәрбиелей алсақ оны бірақ та,
Жазғы кеште барғандайсың,
Сылдыр қаққан бұлаққа.
Құдіретті күй, жүрек тербеп,
Құйылғанда құлаққа.
Жан дүниеңді жаңартатын сол сазды,
Қадір тұтып түсіне алсақ бірақ та.

Жалқы шумақтар

Тұнық жырдың теңізіне жалғасар,
Бастаулардың ашылмаған көзі бар.
Бір мұңайып, бір қуанып жүретін,
Өлеңінде, сірә, ақынның өзі бар.

***

Тікенек қой, сансыз гүлдер гүл емес,
Сенсіз көңіл жадырамас, түлемес.
Сенсіз, жаным, бәрі қараң дүниенің,
Күндер сенсіз-күйбең тірлік, құр елес.

***

Тыныш өткен бір түніме қуанам,
Келе жатқан бір күніме қуанам.
Ұйқыдағы сәбиімді көргенде,
О, Жасаған, қолда барға жұбанам.

***

Ұйықтап кетсем, өлең жазам түсімде,
Сезімді арнап айдай сұлу мүсінге.
Бақытқа мас алабұртқан пішінде
Гүл жамылған жүрем бақтың ішінде.

***

Көз салсақ өткен өмір белесіне,
Неміз бар қалдыратын келесіге.
Алданып қызыл-жасыл елесіне,
Жармастық біз өмірдің кемесіне.
Кім кепіл босқа өтті-ау демесіне?

***

Күн өтер, күйбең тірлік бәрі кетер,
Шарқ ұрып шаршағының деме бекер.
Жалауын биік ұста жақсылықтың,
Өмірлік мақсат алды өзің жетер.

***

Ақ құсындай арманның,
Тамшысындай талғамның.
Қайталанбас қас-қағым
Жарлығындай жалғанның.

***

Өмірдің өлшеп баспай соқпақтарын,
Тарихтың талай жедік тоқпақтарын.
Жайсаңын өлгеннен соң мадақтайын,
Халықпыз, қадір тұтпас қолда барын.

***

Жас келді, шенді шекпен жамылмадым,
Жанынан басшылардың табылмадым,
Біреуден жөнді-жөнсіз қолдау іздеп,
Жүгіріп жоғарыға сабылмадым.
Бергенін тіршіліктің қабылдадым.

***

Бір емес, ондаған үй салдырғаным,
Ну орман, бір тал емес қалдырғаным.
Ұл десе ұлды болдым ұлық болар,
Өсірген жастарыма көңіл алар.
Қараймын мақтанышпен інілерге,
Ісімді жалғастырар енді солар.

***

Шеркештердің шеруіне ілескен,
Құр қалмайды бұл өмірде үлестен.
Сертке берік, мәрт мінезді халықпыз,
Шорт сынсақ та шындық үшін күрескен.
Адал дос боп, жолдас болсаң шеркешпен,
Жолығасың азаматқа тер төккен.
Бағың жанып, бақыт құсын қондырып,
Әрбір күнің өтер, жаным, әлпешпен.

Өсербай ҚАРАСАЕВ, Алматы.

ҚАНАТ НҰРМАХАНОВ



1950 жылы Атырау облысы, Прорва ауыл кеңесіне қарасты Қарақұм өңірінің Жартышеке мекенінде туған. Республикалық, халықаралық, облыстық фестиваль, көрмелерге қатысушы қолөнер шебері. Ақын, қаламгер. Шығармашылығы "Жылыой қаламгерлері", "Қойнауы құтты кең Жылыой" т.б. энциклопедия, жинақтарға енген. Бірнеше ән авторы. "Қазмұнайгаз" ӨБ АҚ қарасты "Жылыоймұнайгаз" өндірістік басқармасында жұмыс істейді.

ТАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚЫРЛЫҚ ШЕРКЕШТЕР ТУРАЛЫ ЖЫР

Қырым мен қазақ қырында,
Бар еді небір сұңқар құз.
Қойыпты қос бір шыңына,
Шағырай атын сырлы аңыз.

Даладан дарқан тараған,
Барады қанша жол алып.
Ағытты жырды бір ағам,
Ұшатын құстай қомданып.

Қырымда, бірі қазақтың,
Аралдан бергі қырында.
Аң-таңсың және ғажапсың,
Тарихтар мен сырына.

Шағырай болған ұраны,
Іздейсің Сырдың сақтарын.
Шаңқылдап Түздің қыраны,
Аңсайтын Құздың ақ қарын.

Іздеген Асан Қайғылар,
Жерұйық өлкең осы ма.
Жұтамай келген жайы бар,
Жұтылмай небір ғасырға.

Қала да жоқ-ты аз жұртта,
Қақпасын жауы қаққандай.
Ормансыз мынау жазыққа,
Қорған ғып таулар соққандай.

Таулық та емес байқасақ,
Таулықтан әрмен өр ісі.
Өріске мынау бай қазақ,
Даланың арлан Бөрісі.

Кетті ме дейсің енші алып,
Таулықтар өзі бір шақта.
Қарайды дейді күн шалып,
Осынау байтақ Қыр жаққа.

Жүздері басқа, күні бір,
Тілдері бірдей сайраған.
Бағзыдан қалған үзік жыр,
Туыс па дейсің ойласаң.

Шыңындай шынар арманның,
Кездесіп бақта бір аппақ.
Бұлқынып қызы балқардың,
Қалыппыз дауға, қыспақта-ақ.

Қырандай көзі от шашқан,
Жармасты таулық қанжарға.
Көкжал ек біз де түз басқан,
Бармадық әрі жанжалға.

Қарашай, черкес, құмықтар,
Араға түсті араша.
Ашу мен кекті ұмытар,
Табыла кетті шарап та.

Берсін де сондай тау тұлға,
Биік боп қалсақ бар ма бақ.
Өзгенің өр боп алдында,
Арман не арды арласақ.

«Бар екен көрер жарығын,
Алдында тұр ғой анық құз.
Соңына ерген Шәмілдің,
Қаталдау таулық халықпыз.

Жігіттің бәрі ер емес,
Түлкідей бұлаң күн кешкен.
Іздесең егер ерегіс,
Түптесең нағыз Черкес мен»

Черкеспін дейді кавказдық,
Алдында тұрған кес-кестеп.
Қарайды сенбей, таң қалып,
Қалайша қазақ Шеркеш деп.

«Қанатты қағып алысқа,
Шыңдарға шыққан шығармыз.
Аюдаг пен Алушта,
Кездескен талай шынар қыз.

Өзіндей сарбаз, жас берен,
Сұлуға біз де құмармыз.
Қыранға шарлар аспан кең,
Тарих та терең жыр-аңыз.

Шағында имам Шәмілдің,
Қазақтан патшаң сасқан көп.
Шығарып қырдың шаңын мың,
Майданды біз де ашқан ек.

Исатай, Сырым, Махамбет,
Ер болған Есет, Байбақты.
Шүйлікпе, досым, маған көп,
Деймісің бізді қой бақты.

Каспийдің қарсы бетінде,
Тегін бет жатқан Хасақюрт.
Заманның біз ек өртіне,
Дауыл боп тиген асау ұлт.

-Әуелі, досым, тұра тұр,
Ашайық басын, біз кімбіз?
Бұл дәурен емес мұрат құр,
Сүрерміз сұлу күлкісіз.

Бақыттың ұшып құсы да,
Ер едік мәмлүк құл деген.
Ғасырдан астам Мысырда,
Шеркешпіз Баркөк билеген.

Келдің бе осынау қалпында,
Черкес боп жетіп бұл күн сен.
Сатылған дирхам, алтынға,
Шежірең шерткен кер күннен.
Ысырып тарих пердесін,
Қарайық дидар жүзіне.
Дүниеге ұл боп келгесін,
Хақың бар толғар кезінде.

***Қырым, Ставрополь өлкесі Шағырай шыңы, Үстірт, Доңызтау, Шағырай дөнесі**

Бір ұрты толған бал мен май,
Бір ұрты тұрған қан татып,
Туады не бір талғамай,
Тарихты заман толғатып.

Қыпша бел қызын балқардың,
Кінәм не ұстап, құшсақ біз.
Көтерген туын Орданың,
Бәріміз- Ұлы қыпшақпыз.

Мына тау тауда атпайды,
Сенбесең бізбен қырға шық.
Қарақойлы мен Аққойлы,
Бөлінген ел ең бұлт асып.

Суындай таудың, қарғынның,
Сел болып көшің тасыған,
Бір кезде қаңлы, арғынның,
Қосыны едің, жас ұлан.

Атағын алған атаның,
Сен де бір қандас туыссың.
Кең дала анау отаның,
Бұтағы сен бір ұлыстың.

Туыстың бізге көп-аздық,
Деп едім, етпес»,-
Мен жайлап.
Құшақтай алды сабаз тек,
Көзінен жарқыл от ойнап.

Бұрында, анау Қырымда,
Бар еді небір сұңқар құз.
Таласқан едік бұрымға,
Таулық пен қырлық ұлдар біз.

Дәстүрі тозған ел, міне,
Кетіппіз бүгін біз қашық.
Мұхиттың арғы бетіне
Барады қанша қыз асып.

Ойласам арды кәміл-тін,
Қырлықтар екен кер тағы.
Хақ жолын таулық Шәмілдің,
Ұстанған берік ұрпағы.

Қиын-ау таулық дәстүрі,
Қыз үшін құнға кесілген.
Олар да мені әсілі,
Шеркештік үшін кешірген.

Соңына ерген ер Шәміл,
Таулықтың көбі мүридтер.
Ал бізде кейде ел жанын,
Түсінбей қанша жүр иттер.

Тарих те кейде тараң-ды,
Шежірең де алтын тұл мұнда.
Жер басып жүрген адамды,
Қиын-ақ бөлген ұлтына.

ҚАЗАҚ ПЕН ПЕРІШТЕ

Бұл өмірдің мәнін ұқпай, байқамай,
Жолдан тайған пенделер бар, бар талай.
«Алтын көрсе жолдан таяр періште»,
Деген сөзді ұғады әркім әркалай.

Осы сөз боп талайлардың қайғысы,
Келеді екен адамдықтан тайғысы.
Ақтау үшін ақымақтығын мәтелмен,
Қайдан көрдің атаң сынды байғұсты.

Құмарпаздық қай кезде де бар шығар,
Алтын көрсең қи астынан аршып ал.
Жылан болып шағып алса білмеймін,
Тұманданған ниетінді сар шұбар.

Мейлі оны дұрыс дерсің, теріс де,
Періште боп қалу керек Періште.
Сол Періште қолына да алмайды,
Сом алтының жол үстінде кездессе.

Біздің қазақ-ойға дана, бай халық,
Қалай айтқан мұны талдап байқалық.

Ат басындай алтын жатса жол үсті,
Өтеді екен бар болғаны айналып.

Қазған ор ма әлде шайтан торы ма,
Құрған қақпан періштенің жолына.
Әлде түзу ниетінен тайдырмақ,
Дейтін сұрақ, қаншама астар бар мұнда.

Пенделіктің бұзған бабаң құрсауын,
Ұқсап тұр-ақ, періштеге ұқсауын.
Алтын түгіл әлдекімнің аттамас,
Түсіп қалған ала жібін, тұсауын.

Қанат НҰРМАХАНОВ,
Құлсары қаласы.

Гүлзағипа БӘЛШЕНҚЫЗЫ



АНАМА

Көкірек күмбезінен
күмбірлеген,
Мейірім шуағынан туды ма
өлең!
Аялап әлдиіңмен
тұрғандайсың
Ержетіп кетсем дағы бүгінде
мен.

Қалайша жан толқынын
жасыра алам,
Шашыңа ақ кіріпті-ау, асыл
анам!
Сенсің ғой бойдағы бар күш-қуатым,
Көктемгі тау суындай тасқындаған.

Жылылық сезілген көз қарасынан,
Қалпың мен қарапайым дара тұлғаң.
Ізгілік әлемдегі бақыт, мейірім,
Аналар жүрегінен жаратылған.
***

САҒЫНЫШ

Туған жерім-тұғырым – Байқадамым,
Жастықпен қадіріңді байқамадым.
Есейгенде туған жер ыстық екен,
Сағынғаннан келеді айқайлағым.

Сағындым қызғалдақты қырларыңды,
Арнадым бір өзіңе жырларымды.
Қалдырдым мен өзіңде жастығымды,
Жүректегі ең тұнық сырларымды.

Сағындым бал дәурендей көктеміңді,
Оқушы боп мектепте өткен күнді.
Томпиған қозы қарын төбелерің,
Есіме түсіреді өткенімді.

Алтын – ұя мектебім, ұстаздарым,
Бірге өткізген он жыл күз, қыс, жаздарым.
Өзің берген біліммен қанат жайып,
Есейгенде сендерге жыр арнадым.

Қыдырып Шабақтының жағасында,
Сырласып көк шалғынның арасында.
Кей уақыт қиялменен ұзап кетіп,
Қайтушы ек түн ортасы шамасында.

Көркейген келбетіңмен жарасымды,
Өзіңнен ұққандаймын жаңа сырды.
Аманатын ақтар ма ем, о, туған жер,
Жырға тізсем сен үшін бар асылды!

ҚАРИЯЛАР – АҚЫЛЫ КЕҢ ДАРИЯЛАР

Басталып жаңа заман, жаңа ғасыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Оққа тосқан кеудесін елі үшін,
Қайда кетті кешегі бала батыр?!

Жүрегі от боп жалындап, лапылдаған,
Өмірден кетті талай асыл адам.
Ұрпағын қорғаймын деп артындағы,
Көз жұмды талай боздақ жарқылдаған.

Құрметтеңдер атаны, құрметтеңдер,
Не айтса да тілегін екі етпеңдер.
Сендер үшін қан кешіп, мұз жастанған
Сендер үшін кеудесін оқ тескендер.

Аялаңдар мәпелеп қарттарыңды,
Елестетіп қартаяр шақтарыңды.
Азайғанын ақ шашты аталардың
Көргенде жүректен жыр ақтарылды.

Бара жатыр азайып қариялар
Ақылы кең шалқыған дариялар.
Әрбір қарттың өмірі – бір шежіре
Ұға білсең құйылар жаныңа нәр.

НЕ БОП КЕТТІ БҰЛ ӨМІР!

Не боп кетті, не боп кетті мына өмір!
Аңызаққа тәлкек болды гүл өңір.
Қарап тұрсақ кешегі жан бүгін жоқ,
Алла ісіне көніп өмір сүре біл.

Кейбіреуге аппақ нұрын төгер күн,
Кейбіреулер азап тартып, шегер мұң.
Елің сенен аямады жақсысын,
Айтшы, достым, сен еліңе не бердің?!

Гүлзағипа БӘЛШЕНҚЫЗЫ
Созақ ауданы,
Шолаққорған ауылы.

ҚАЗАҚТЫҢ ЖЮЛЬ ВЕРНІ

Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, Қарауылбек Қазиев атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты Сарманбай Исақтың туындылары қазақшаны былай қойғанда орыс, қырғыз, өзбек тілдеріне аударылғаны белгілі Фантаст жазушыны жұртшылық «Қазақтың Жюль Верні» деп те атайды.

Сарманбай Исақ 1952 жылы Бөген (қазіргі – Ордабасы) ауданында дүниеге келген. Жастайынан өнерге бейім болып өсті. Оның қолынан шыққан суреттер мен мүсіндер мектепаралық жарыстарда жақсы бағаға ие болған. Көркем әдебиеттегі шығармашылық қызметі "Сапардың таңғажайып сапары" атты фантастикалық әңгімесінен басталады. Алғашқы туындылары Бөген аудандық, Арыс қалалық біріккен, облыстық "Оңтүстік Қазақстан" газеттерінде жарияланған. Сол себепті болса керек, Шымкент совхоз техникумын бітіргенімен ол аудандық газетке безендіруші суретші болып қызметке орналасады. Кейіннен мұғалім, агроном, бөлімше меңгерушісі, Бозарық ауылының әкімі болды. Шымкент қалалық әкімдігінің жауапты қызметкері қызметінде жүргенде де қолынан қаламын тастамаған. Сөйтіп, жоғары білімді агроном бола тұра жазушылыққа дендеп бой ұрады.

Ғылымда әлі күнге дейін беймәлім, жұмбақ ойларға бай қызықты әрі оқырман мен сол саланың мамандарын әлгі идеяны өмірге келтіруге жігер беретін ғылыми-фантастикалық шығармалары республикалық "Лениншіл жас" (қазіргі - "Жас Алаш") "Қазақ әдебиеті", "Білім және еңбек" ("Зерде") атты республикалық баспасөз бен ұжымдық жинақтарда жарияланған. "Профессор Алексей Лучкиннің "Қызыл сәуле" атты фантастикалық повесіне Алматыдағы үш ғылым кандидаты рецензия жазған. Облыстық және республикалық теледидар арқылы көзқарақты көрермендерімен талай рет кездесіп, пікірлесті. "Үрей жайлаған дала", "Қызыл сәуле", "Құмар","Жерұйыққа саяхат", "Сенсация века", тағы басқа, бас-аяғы оннан астам кітабы жарық көрген ол бүгінде ойлы оқырмандарының сүйікті жазушысына айналған. Қаламгердің сұм соғыс үшін жер бетіне жиналған атом, сутегі бомбаларының шектен тыс қорын жасанды жолмен жаңа элемент алу арқылы жою идеясы өте жоғары бағаланды. КСРО Жазушылар одағының ұйымдастыруымен 1989 жылы Ригада өткен жас жазушылардың Бүкілодақтық семинар- кеңесінде оның кітаптарын орыс тіліне аудартып, таратуға шешім қабылданған.

Жерлес қаламгердің фантастикалық әңгіме, повесть, романнан тұратын жеке кітаптары әлі күнге дейін сыншылар тарапынан өз бағасын алмағаны тым өкінішті. Дей тұрғанмен, сонау 1992 жылы Алматыда баспадан "Қызыл сәуле" атты кітабы шыққан кезде Оңтүстік өңіріне етене танымал журналист Пазыл Кәдеев:"Жалпы, қазақ әдебиетінде фантастикалық шығармалар көп емес. Бұл жанрды осы кезге дейін кенже, тіпті мешеу дамыды десек, әсте қателеспегеніміз, Құдайға шүкір, жақында республика астанасындағы жаңадан ашылған "Балауса" баспасынан "Фантастика. Хикая, Саяхат" сериясымен жерлес жас жазушы Сарманбай Исақовтың "Қызыл жебе" деген фантастикалық жинағының шығуы қараңғы түнде жарық еткен сәуледей боп, оқырман қауымды селт етқізіп елеңдетіп тартады. Дәл қазіргі қаулаған қымбатшылық, анталаған тұрақсыздық заманында

мұндай кітап шығару жас жазушы үшін "ерлік" деуіміз керек", - деп жазады.

Жер бетіндегі дүлей апат – жер сілкінісін тоқтату туралы ғылыми негізге жақын болжамдық дәлдікпен жазған "Тұлдыр тағдыр" атты ғылыми-фантастикалық романының қолжазбасын талқылаған Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының жиналысында аталмыш филиал директоры, айтулы-ақын, Физули атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты Әбілда Аймақ: "Бұл кітап биыл шыққан күнде қолдан қолға тимейтін, қым-қиғаш оқиғалы, тақырыбы - бүгінгі алмағайып заманда ауадай қажет кітап болғалы тұр. Қолжазбадағы кейіпкерлер тартысы кімді болса да бейжай қалдырмайды. Ең жақын деген досы ақша үшін сатып отырған жас ғалым небір қиындыққа қарамастан ғажайып ғылыми жаңалық ашады. Орынбасар, Айсәуле секілді жаны таза жастардың басынан не өтпейді десеңізші, алайда олар рух биіктігін сақтап қалады. Тағдыр тәлкегіне ұшыраса да мойымаған Орынбасар ақыр соңында жер сілкінісін тоқтату жөніндегі ғылыми еңбегін аяқтайды, бірақ күншілдер оны иемденіп кету үшін күш салады.

Сан қилы тағдырлар тартысында құрылған қолжазба желісі өте қызық әрі тартымды шыққан. Автор қолжазбада ғылыми идеяны біржақты алып, оны ар-ұят, имандылық, адамгершілік секілді изгі қасиеттермен ұтымды ұштастырған", - деп айрықша баға берген.

С.Исақ – бүгінгі осындай өте қиын жағдайда батылдықпен кітап жазып жүрген облысымыздағы ғана емес, еліміздегі көрікел, көреген жазушылардың бірі. Мұндай қиын, әлі күнге дейін ғылымға жұмбақ күйінде адамзат баласы үшін ашылмаған, сырын ішіне бүккен, бай идеялар жазып жүрген ерекше сезім мен табиғи түйсіктің, ой-өрісінің бірнеше ғасыр алда екенін білдірсе керек. XX ғасырда ғылым мен техниканың шарықтап өсуі кей жағдайда жер бетінде экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына әкеп соқтыруда. Төрткүл дүниеде әлі де болса ғылымның осындай қарқынмен өсуі адам баласын қырып-жоюға, сұм соғысқа пайдалануды көксейтін арам ниетті алпауыттар саны азаймауда әрі олар осындай қанқұйлы соғысқа мол қаржысын аямай отырғаны екінің біріне мәлім жай.

Жер бетінің бір шетінде әлі де аштықтан, аурудан зардап шеккен мемлекеттердің саны жетерлік, Осындай қиын-қыстау кезеңде жерлес қаламгердің жазған ғылыми идеяға бай әрбір туындысы баға жетпес әдеби, ғылыми дүние екені рас.

Кеңестік кезеңнің өзінде көрнекті жазушы, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсірепов: "Күні кешеге дейін біздің шығармаларымызда жан-жануар қандай көріпкелдік жүк көтеріп келсе, болашақтағы туындыларымызда техниканың алуан-алуан сиқырлы сипаты сондай көркемдік жүк көтеретініне , солай болатына кәміл сенемін", - деп жазғаны бар. Осы орайда Сарманбай Исақты "Қазақтың Жюль Верні" деп атасақ жарасатын сияқты. Аллатағала берген айрықша қасиеті арқылы өз шығармаларымен адамзат баласына алапат апат әкелетін атом бомбасы, жер сілкінісі сияқты орасан зілзалалардың алдын алу жайлы ескерту жасайтын тамаша талант иесіне ұзақ та бақытты ғұмыр, мол шығармашылық, табыс тілеуді парыз санаймыз.

Ә.әл-КЕЛЕСІ
«Шымкент келбеті».

МӘЛІК ПЕН ШАРБАН АЙТЫСЫ ЖАЙЛЫ

Қысқаша мәлімет



Мәлік төре 1874 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының, Созақ ауданында туған. 1953 жылы сол жерде қайтыс болған.

Шарбан 1896 жылы қазіргі Жамбыл облысының, Сарысу ауданында туған. Кіші жүздің тамасының Аташал әулетінен шыққан. Алшын-шеркеш әулетінің келіні. 1971 жылы Сарысу ауданы, Калинин атындағы совхозда қайтыс болған.

Мәлік пен Шарбанның айтысы қазіргі Сарысу ауданының бұрынғы көшпелі жайлауы Сарыарқада, алшындар ауылында өткен. Айтыс тұтас сақталмаған.

Айтыс Мәді Шәутіұлынан жазылып алынған. Ол 1909 жылы Саудакент аймағында дүниеге келген. Он сегіз жасында екі көзі көрмей, басыр болып қалған. 1972 жылы көзіне ойнап отырған немересінің қолы катты тиіп кетіп, көзі қайта ашылған. Ғажайып дауысты, жезтаңдай әнші болған кісі.

Жақан Жамқаев,
Саудакент ауылы,
Сарысу ауданы.

МӘЛІК ПЕН ШАРБАННЫҢ АЙТЫСЫ

Мәлік:

Еліме кезім келді қайтатұғын,
Көңілінде не сөзің бар айтатұғын.
Атындай шабандоздың жалтылдайсың,
Бұрынғы көкпар бар ма тартатұғын.

Шарбан:

Жер қайда жылқы малға Қызылжардай,
Біреудің жүрсің сен де қызын алмай.
Жаман деп қатыныңды сырт естимін,
Жүрсің бе сол себептен үйге бармай.

Мәлік:

Айтуға дұрыс екен өлеңдері,
Өлеңнің сен екенсің кемеңгері.
Ешкімнен мен кетсем де қашып кетпей,
Кемірек сол өнерім сенен гөрі.

Шарбан:

Кім едің сөз сөйлеген, ақын жігіт,
Қасыма жаңа келдің жақын жүріп.
Шығады қорғасындай ауыр сөзің,
Білдірші кім болады затың, жігіт.

Мәлік:

Үш жүзге даңқым шыққан Мәлік атым,
Арғы атам Абылайхан, төре затым.
Шақырып қыз қасына мұнда алдырған,
Көңілі көтеріңкі сен қай қатын?

Шарбан:

Мен едім атым шыққан ақын Шарбан,
Өлеңмен қалың топты жеке жарған.
Қасымда бір мәртебе болған жанның,
Көңілінде өле-өлгенше қалмайды арман.

Мәлік:

Білемін Шарбан болсаң мәлім сырың,
Әр жерде қыран ілген таудың құрын.
Төреде бір төрт жігіт әлі арманда,
Өзіңді жақсы жайда көрген бұрын.

Шарбан:

Екенсің ақын жігіт өлеңге дүр,
Таудағы үйсін, төре барлығың бір.
Мен көрген бес кепеде кедей төре,
Соқтықпай көрінгенге жайыңа жүр.

Мәлік:

Шарбан-ау, жамандама төре халқын,
Тартқан да азар болса бойың салқын.
Білмейтін кісі жайын кісі бар ма,
Шығарып не қыламыз сөздің артын.

Шарбан:

Жел сөзге біліп едім дастаныңды,
Сен дағы жасырмай айт қашқаныңды.
Қолыңнан екі келсе аямай-ақ,
Тастай гөй тіреп тұрған аспаныңды.

Мәлік:

Кішкентай асық құйдым қорғасыннан,
Ей, Шарбан, даңқым шықты он жасымнан.
Сен негып қашқан менен қуғанды айттың,
Бейшара-ау, қалмап па еді өз басыңнан.

Шарбан:

Төрем-ай, жасырмай айт қашқаныңды,
Жолдасың жауда қалып сасқаныңды.
Денеңе найза, қылыш қоса тиіп,
Мойыңа бір қолыңды асқаныңды.

Мәлік:

Иірсе асық күлер алшысынан,
Жаңбырдың жата алмадым тамшысынан.
Мен қашсам бой тасалап жаудан қаштым,
Қашқам жоқ бір Қапалдың қамшысынан.

Шарбан:

Құтылдың, міне қашып қаракерге,
Хабарың кетті тарап талай жерге.
Мен қашсам жаман Қапал тастап қашып,
Тидім гой көңілім сүйген тәуір ерге.

Мәлік:

Көрінер жігіт сұлу сақал-мұрттан,
Жүруші ем дабысыңды естіп сырттан.
Ешкімнен қыз кезіңде қашқан жоқсың,
Үйрендің бұл өнерді біздің жұрттан.

Шарбан:

Төреңнің айтатұғын өнері жоқ,
Сұрап ед әр нәрсемді бергенім жоқ.
Құдайға өтірік айтып дұшпан болма,
Төреңді өнер берген көргенім жоқ.

Мәлік:

Үйреткен саған өнер Баубек деген,
Жүретін қобыз тартып сәулетпенен.
Төленгіт, төре, қақсал жігіттері,
Өзіңді жан бар ма еді әуре етпеген.

Шарбан:

Бұл жалған басымыздан өтер деймін,
Қолды боп етпей тұрып кетер деймін.
Кеуденді өтірік айтып көтересің,
Бұл сөзің, төрем, сенің бекер деймін.

Мәлік:

Ташпан да салдым дейді құрығымды,
Қайтеміз айта беріп бұрынғыңды.
Жайыңды мен айтқан соң әркім естір,
Көтерме аса, Шарбан, мұрыныңды.

Шарбан:

Бұл жалған сенен де өтер, менен де өтер,
Өз басың рас де де құран көтер.
Төреңнен екі кісі куәңді тап,
Болмаса куәсіз сөз болар бекер.

Мәлік:

Мәдібек, көргеніңді айт, сен қайдасың,
Әр төре-ақ сілтемеп пе еді талмай басын.
Баласы ең аталы елдің, айт шыныңды,
Алшын боп ойламас деп ел пайдасын.

Ел ду күліп, Шарбан тоқталып қалады.
Сонда Мәлік тағы айтады:

Шашың бар қыздай өріп кекілдеген,
Сенен де жан бар ма еді өтілмеген.
Сөз тапқыш адам ең гой тоқталмайтын,
Қашаған қара киік секілденген.

Шарбан:

Жүгірген қойдан қойға қоңыр шартық,
Біледі дабысымды Алтай-Қарпық.
Шығыпты Жалайырдан нелер ақын,
Жел сөзге бәрінен де өзім артық.

Мәлік:

Қосылмас қайнатқанмен жезді мысқа,
Жайылар жария сөз бөтен тысқа.
Өрдегі Жалайырға бұт созбай-ақ,
Бейшара-ау, не қыласың нәсілің қысқа.

Шарбан:

Бозкөлден Қаракөлге елім көшкен,
Түйенің қонған ауылы жүгін шешкен.
Еркек боп сен біреуді алып па едің,
Қолыңды әлің келмей пышақ кескен.

Мәлік:

Көктемде сары жұрт болар ел қонған көң,
Ішікке жарасады елтірі жең.
Қолымды пышақтаған қатын емес,
Ер туған жігіт тағы қайраты тең.

Сонда Шарбанға Мәліктің өз басын кеміте алмайсың, таудың елін, кедейлігін жаманда деп қасындағылар насихат береді.

Сонда Шарбанның айтқаны:

Шарбан:

Жүк арттым тоғанақтап алты нарға,
Жеңілмей жүйрік атым алқынар ма?
Еліңнің қаратаулық бәрі кедей,
Жылқы айдап, қатар көшкен халқың бар ма?

Мәлік:

Не білсін Хасан байдан әркім мінген,
Сұраса-ай тәуірінен жөнді білген.
Төре мен сірғеліде үйге жүз нар,
Оларды ойлап жүрсің кем деп кімнен?

Шарбан:

Өлеңім айдын көлдей, соққан желдей,
Болмайды той-мереке өзім келмей.
Бір үйің екі мейман қондырмайды,
Бай болса дәм бермей ме біздің елдей.

Мәлік:

Жылқы мен қарасы мың Ошақты-Ойық,
Отыншың-ақ береді жылқы сойып.
Барсаң да Қаратаудың жарлысына,
Кетесің тары менен нанға тойып.

Шарбан:

Барғанда елің тауға отын алған,
Жусан мен ебелекті қосып салған.
Нан түгіл жылан жылы елің шұбап,
Айдаусыз ай далада қосың қалған.

Мәлік:

Қосы ауды Қаратаудың жылан жылы,
Халыққа мәшһүр болған ылаң жылы.
Арқа елі, алшын, тама бірге ауып,
Қылды гой құдай орай бұған мұны.

Шарбан:

Жыланда елің ауған Қаратаудан,
Кеткен соң шұбап шығып ақ отаудан.
Адамың біздің елге ауып келіп,
Әр үйдің отын жағып, қойын сауған.

Мәлік:

Кемітпе Қаратаудың азаматын,
Бермейді қыз берсең де қазанатын.
Ер жігіт қайда жүрсе қор болған жоқ,
Қор болған шұбырғанда сендей қатын.

Шарбан:

Мүшел боп сіздің елге жылан келген,
Адамың малдан жұтап шұбап жүрген.
Қарыны ашып біздің елге ауамын деп,
Әр жерде еркегің-ақ арам өлген.

Мәлік:

Ол жылан дүйім жұртқа болған шығар,
Әр жерде ажалды жан өлген шығар.
Жыланда Қаратаудан елім ауса,
Мешінде саған кезек келген шығар.

Шарбан:

Адамың жаяу жүрген таяқ ұстап,
Киесің түлкі тымақ бөзбен тыстап,
Болмасаң жаның шыққыр, айтпа өтірік,
Отыр гой біздің алшын Шуды қыстап.

Мәлік:

Алшыннан барды жүз үй Балдысуға,
Көше алмай тамам кедей қалдың Шуда.
Сорпасын бұрынғыдай қарыз бермей,
Таянды адамының алды Шуға.

Сонда ел жақсылары елді жамандамаңдар деп тоқтатып тастайды. Тағы да Мәлік Шарбанға айтады:

Ей, Шарбан, біздің елмен Шу жайладың,
Жұмысты көп көрдің де тумай қалдың.
Біреумен ақырында қашамын деп,
Екі елдің арасына ту байладың.

Шарбан:

Жігітке табыла ма аттай көлік,
Кетеді атқа мінген жортып-желіп.
Құлтума өзді-өзі бітісті ғой,
Жүрген жоқ арасына төре келіп.

Мәлік:

Жайлайды алшын Шуды, төре тауды,
Ұстасса төре алады сыртқы жауды.
Кісі өліп, ел шабылса төре келер,
Не қылсын арадағы ойқастауды...

***Қапал** - ру аты.*

ӨТЖАНОВ ТӨЛЕГЕН



Жамбыл облысының Сарысу ауданының Жайылма ауылында түрлі шаруашылық салаларында істеген. Қарапайым, мінезі жұмсақ Төкең әдемі әзіл, мысал өлеңдер шығаруға шебер еді. 1988 жылы 74 жасында қайтыс болды.

Төкең совхозда қой жайып, шопан болады. Совхозда жем-шөп таусылып, малдың қырылып жатқан кезі болса керек. Сол кездегі өлеңі екен. Ферма бастығы Ілтай деген кісі болған.

ҚҰЛАГЕР МЕН ШОПАННЫҢ АЙТЫСЫ

Шопан:

Құлагер, даладағы серігім-ай,
Жануар белің қатты берігін-ай.
Қап-қара ұнға тойып жетіскесін,
Фермаға хат жаздың ғой желігіп-ай.

Құлагер:

Фермаға қысылғасын жазамын хат,
Хат жазсам болады ғой көңілім шат.
Жақпасам ферма мені жазаласын,
Шопаным, еш үн-түнсіз үйіңде жат.

Шопан:

Босаттым Құлагердің арқа-басын,
Келіпті 43-ке менің жасым.
Ақ қойды үш ай жаяу бағамын деп,
Бұл күнде ағарды ғой қара шашым.

Құлагер:

Ал, фермам, осыменен сөзім тамам,
Келмейді көп сөйлеуге менің шамам.
Қырқында көріп едім тоқтыларым,
Қысқа еш жарамайтын бәрі жаман.

Ферма:

Шөбім жоқ дегенге тұк сенбейсің бе?
Сән үшін қойдың қиын жемейсің бе?
Қырылып қара тоқты жатқанында,
Әуелі біздің жайды көрмейсің бе?

Сен маған қойдың жайын баяндайсың,
Астында шопанымның аяндайсың.
Жүре бер буыныңды сыртылдатып,
Өлгенше өлімтігің аянбайсың.

Құлагер:

Ырзамын өле кетсем шопаныма,
Ол менен жеген ұнын аяды ма?
Фермеке, сұрайтыным жем мен шөп қой,
Шопанның ұшырама таяғына.

Ферма:

Директор мінеді екен лөккебайға,
Кеуілді көтеретін сейіл қайда?
Тоқты мен саулықтарым, жата тұршы,
Жем мен шөп дайындайын кеңсе қайда?

Тоқтылар:

Біз сорлы келесі айға жарамаймыз,
Шырпының ық жағына паналаймыз.
Келмеген жем мен шөбің құрып кетсін,
Аудандық басшы орнына хабарлаймыз.

* * *

Төкең шопан болып жүрген кезде совхозға тон келеді. Ол кезде совхозда экономист қызметкерлердің бірі Махат деген кісі екен. Ол қойшыға тиесілі тонды Төкеңнің жақын туысы, зоотехник Беков Төлегенге алып берген екен. Сондағы шығарған өлеңі мынау:

Махаттың берген тонын-ай,
Жүріп тұрған қолын-ай.
Тонды барып кием деп,
Арқаш та барды тоңып-ай.
Арқаш барса, тоны жоқ,
Махатжанның бұрынғы.
Жүріп тұрған қағазға,
Рұқсаттық қолы жоқ.
Өтірікпен өтеді-ай,
О, дариға, дүние боқ.
Пұлың болса сөйлейсің,
Өтірік айтып өлмейсің.
Осы сөзді мен айтсам,
Тамтығың қалмай терлейсің.
Тон Төлеген үйінде,
Күшің келсе, Махатжан,
Алып неге бермейсің?
Арқашымдай баланың,
Үстінен түсіп қала ма?!

Жазып алған **Тайлан Төлегенқызы,**
Жайылма ауылы, Сарысу ауданы.

ТАРАЗЫ ҚЫЗ

Ертеректе Құлтума руының Таразы атты қызы болыпты. Оның әке-шешесі ерте қайтыс болып, ол екі ағасының тәрбиесінде қалыпты. Қызға қалың беріп, айттырған жерінен уағдалы адамдар келіпті. Бірақ қыз жасауы дайын болмай, оның ұзатылуы кешеуілдей береді. Екінші ретінде де солай бос қайтады. Біршама уақыттан кейін қыз сол елге келін болып түседі. Содан беташар болады. Сол ауылға аяғының желі бар, аузының сөзі бар бір жиен жігіт жас келіннің атасынан бет ашуға рұқсат сұрайды. Қария келіседі.

Әй, жетім қыз Таразы,
Болдық саған наразы,
Бір бармадық, қос бардық,
Көп болды ғой азабың.
Келмейтіндей осында,
Бұл не қылған мазағың...
Ши түбінде қыдырып,
Жиі барған қарағым,
Естіген білем біраз жұрт,
Іңгәсін жас баланың... -

деп, келіннің намысына тиетіндей нақақтау мазмұнды біраз сөздер айтыла бастайды. Сонда Таразы бетіндегі орамалды кері серпіп тастап:

- Ата, айып іс істелді деп сөкпеңіз, мына жігітте естен кетпес есем кетіп барады. Бірер ауыз сөз айтуға мұрсат беріңіз, - деген екен. Сонда атасы:

- Е, шырағым , рұқсат, рұқсат, еселі сөзің болса айт, - дейді.

Сұрасаң руымды Құлтумамын,
Шалқұйрық аруанамен бір туғанмын.
Несіне бет ашасың тойып алып,
Көрдің бе мына неме құтырғанын.

Әңгіме байыбына бара алмаған,
Көңілің көп өсекке болған алаң.
Басына берген бақты көтере алмай,
Шөгеді осындайда надан адам.

Айтсаң айт, өлеңіңнің тазасын айт,
Көңілді сергітетін жаңасын айт.
Көкшеден келген жансың көтігүлді,
Білмесең сөздің жөнін үйіңе қайт.

Шығады көргендіден сөздер жақсы,
Болдың ба бейпіл ауыз құшнаш бақсы.
Ши түбін, бұта түбін тімскімей,
Бекерге былшыладай жеме боқты! –

депті.

Содан Көкше жақтан келгендер мен ауыл адамдары арасында үлкен дау туып кете жаздап барып, әрең басылыпты. Сол ауылдың үлкен бір қариясы:

- Е, келін дұрыс айтады. Есіктен жаңа аттаған келінге айтар сөздің жөнін білу керек. Жеңіл ауыз біреудің айтқан сөзін тілге тиек ету жараспайды. Көргенді жердің баласы болған соң біздің қолқа салуымыз да тектен-тек емес. Жиендіктің жөні осы екен деп, босағаға оң аяғын енді салған адамға олай айту әбестік, - деп еліндегі айтулы ауылдың ақсақалы тоқтау айтқан екен.

Шаркүл Битенқызы,
Сегізтам, Арыс ауданы

ТАРАЗЫ ҚЫЗ
(Екінші нұсқасы)

Шеркештің Құлтума атасынан шыққан Қорлыбай батырдың ұрпағынан тарайтын Таразы қыз келін болып, бір байдың соқыр ұлына көп қиғылықпен барады. Сонда қызды алғалы барған бас құда Ишанқұл мен өткір мінезді Таразы айтысып қалады. Айтыста Ишанқұлды оңбай сүріндіреді. Қыздың ауылдан ұзатыларда жасаған қылығына зығырданы қайнаған Ишанқұл беташарда жаңа түскен Таразыны, жас келінді мұқатпақ болып, сөз бастайды:

Ей, кешегі жауған қардай етің келін,
Мақпалдай құлпырады бетің келін.
Біреудің сүт кенжесін соқыр депсің,
Үйінде әкесі өлген жетім келін.

Сонда Таразы бетіндегі желегін желпіп тастап:

Сұрасаң руымды Құлтумамын,
Шалқұйрық аруанамен бір туғанмын.
Қыздарды әкесі бар көріп жүрміз,
Жеңінің жамай алмай жыртылғанын.

Алдияр, Әлжан деген екі ағам бар,
Соқтырған мың теңгеден ер-тұрманын.
Етіне беташардың тойып алып,
Көрдің бе мына шалдың құтырғанын.

- өзіңе де сол керек, - деп қариялар Ишанқұлға ошарыла қарайды.

Таразы сонда да тоқтамай:

Қайнаға, өз сөзінен көред тағы,
Тіліне дұшпандардың еред тағы.
Інісі жетім қызға қор болыпты,
Аяса өзінің қызын беред тағы, –

дегенде:

- Ойбай-ай! – деп топ ішінде отырған Ишанқұлдың қызы бетін басқан күйі екі бүктетіліп құлай кетіпті.

Бөрігелді Омаровтан *жазып алған –*
Ақмолда Жөкенов.

БАЛАМДЫ САҒЫНДЫМ
(Мәди Асанәліұлы Әшімовке арналған)

Әнін Темір Бақтыгереев жазған.
Сөзін Болат Үсенбаев жазған.

Таулар да мүжіліп, тастар да шағылар,
Табиғат тағдырдың заңына бағынар.
Жүректің жарасы мәңгілік сыздайды,
Тәніңе түскен дақ уақытпен жазылар.

Жақсыға жұбанып, жаманға дір еткен,
Іздеймін дамылсыз жүдеген жүрекке ем.
Шаңырағы қапыда кетпеуін шайқалып,
Жақынға, жатқа да жүремін тілеп мен.

Түнеріп қарайды Алатау басы бұлт,
Құлыным көз жұмып, қалдым мен аһ ұрып.
Мәдиім – ақиық қыраным едің гой,
Кеттің бе, білмеймін анаңа асығып.

Көрмедім тірлікте көңілі бүтінді,
Жазмыштың дегені басады мысыңды.
Баламды сағындым, қайдасың, жарығым,
Ғарышқа жоғалтып алдым ба құсымды?

ҚОШТАСУ, ЖОҚТАУ, АМАНАТ



АДАЕВ ЖОЛДСБЕК ЖАНЕКЕНҰЛЫ
1938 жылы Атырау қаласында дүниеге келген. Географ, энциклопедияшы. 1965 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері. Ол қазақ елінің тарихында тұңғыш шығарылған 2 томдық «Қазақ Совет энциклопедиясы», 4 томдық «Қазақ ССР» қысқаша энциклопедиясын баспаға дайындаушылардың және шығарушылардың бірі болды. Ол Қазақстанның аймақтық энциклопедияларын шығару ісін қалыптастыруға зор еңбек сіңірді. Асыл азамат 1998 жылы ауыр науқастан дүние салды.

КӨЗ КӨРГЕНДЕРГЕ СОҢҒЫ ХАТ

Жүгірер құмнан құмға құмай тазы,
Жігітті малдың азы мұңайтады.
Жігіттер, малым аз деп мұңаймаңдар,
Бір күні өлім келіп мұңайтады.

Осы әннің сазы кетпей құлағымнан,
Кеудемнен моншақ-моншақ жыр ағылған.
Дүние, неткен сонша жалған едің,
Ас өтпей жатыр менің тамағымнан.

Зар болып тамшы суға таңдай кеуіп,
Уайымнан өн бойымнан кетті көрік.
Қайтерсіз тағдыр басқа салғаннан соң,
Келеді қара бұлттай ажал төніп.

Көріп ем жастайымнан жетімдікті,
Сұм ажал ерте неге көзін тікті?!
Көре алмай туған жерді кетіп барам,
Арқалап сағыныш пен сезімдікті.

Қош –сау бол, мөлдір шалқар ақ айдыным,
Ақ ерке ақ толқынды Ақ Жайығым.
Төсінде шолпып талай ойнап едім,
Қиялдың жүздірумен сан қайығын.

Жабысып жан-жағымнан дабыл қағып,
Елестер елестейді сағымданып.
Туған жер, арман едің топырағыңды
Соңғы рет сүйе алмадым қолыма алып.

Толғантып тебіренткен жан-жүйесін,
Жазарсың қалай сезім ой-күресін.
Дариға-ай, қанат берсе ұшар едім,
Көруге атамекен қоңыр кешін.

Адамнан үміт оты арылған ба?
Кеудеде соғып тұрған жаның барда.
Көз көрген, сәлем жазып қалдырайын,
Теңіздей ақтарылып алдарыңда.

Өрік тал гүл шашқандай көктемдегі,
Жас дәурен мазалайды өткендегі.
Бәрі де күні кеше сияқты еді-ау,
Қимастық әніндей бір жүректегі.

Аударып ұлы жолда уақыт-пырақ,
Барады жаймен өшіп жарық-шырақ.
Қайтейін, ку дүние, сандалттырған,
Сүйген жар, бала –шаға қалды-ау жылап.

Ұям гой ұрықтанып қоректенер,
Қайтейін, дәрменім жоқ көмек берер.
Қайраттан, босама сен, сүйген жарым,
Өзің гой ұл-қызыма тілек тілер.

Ажалды қарсы алайын тура қарап,
Қош-сау бол, сүйген ару, кәусар бұлақ.
Мен сенен қанып енді іше алмаймын,
Барамын қара түнек жардан құлап.

Қайтемін беріліп құр сан сезімге,
Аманат ұл мен қызым бір өзіңе.

Азамат болсын десең істеніп бақ,
Келемеж қылма мені ел көзіне.

Аумаған жарығы мол жұлдыздардан,
Бар еді-ау Жәйлаш атты жалғыз ағам.

Мен десе қарлығаштай қанат қағып,
Жететін асып мұзды шың-құздардан.

Қош – сау бол, жан бауырым, жаны жайсаң,
Боздаумен боз інгендей келдің-ау сан.
Сүйе алмай маңдайыңнан өтіп барам,
Кеңсайда қалды дерсің елге барсаң.

Сен едің - менің жалғыз жанашырым,
Жетелеп қиналғанда жолға салдың.
Мың алғыс саған, аға, ақ жүректен,
Рухыммен тілекші боп жалғасармын.

Сұлулық сыршылдықпен жасыл белге,
Дән сеуіп, үн тастаған туған елге.
Құшағы кең даламдай жазиралы,
Сәлем **С.Зейнолладай** асыл ерге.

Гүл солып, бәрімізден өтер фәни,
Бақыт қой жақсыларды жүрген тани.
Қимастан, жан достарым, кетіп барам,
Қош болғын, Балтабек пен Нәсіпқали.

Құрдастар, наз қоңырлы бұлақты інім,
Мен бүгін сендерді ізден жылап тұрдым.
Япырмай, татар дәмім таусылған ба?
Қайдасың, қош бол енді, Сламқұлым.

Қош болғын, тума-туыс, көз көргендер,
Інілер, мені сыйлап жол бергендер.
Жеңгелер, дәм ұсынған ақ пейілмен,
Ағалар, қасиетті ақ берендер.

Жолдасбек АДАЕВ,
1999 жыл.
Алматы қаласы.
Зейнолла Серікқалиев – көрнекті қазақ сыншысы, эстет

***

ӨЗДЕРІ ҚАЙТПАЙ ЖЫРЛАРЫ ЖЕТКЕН

Ұлы Отан соғысының аяқталғанынан да 65 жыл толды. 1418 күнге созылған сұрапыл соғыс талай адамдардың тағдырын талқандап, тамырларына балта шапты ғой. Қаншама үміт пен армандардың қанаттарын қырықты десейші!

Кезінде екі көзі төрт болып қырдан құлаған қасқа соқпақпен ауылға қарай ауыр аяңдап келе жатқан хат тасушының жолын күткен қамкөңіл жұрттың үміт пен үрейге толы кейпін қалай ғана ұмытарсың!

Міне, сондай бір сәттерде елге үшбұрыш хат болып жеткен сырға толы сағынышты жәдігер жырларды оқып көріңізші. Таза пейіл мен іңкәр көңілден елжіреп, аңсау сезімінен туған өлеңдер өзінің мейлінше қарапайым қасиетімен, сезім тұнықтығымен ерекшеленеді емес пе?

Осы ұсынылып отырған өлең-жырлардың авторлары Жамбыл облысының Сарысу топырағынан аттанған жауынгерлер – Жеңсікбай Беков пен Әжібек Серікбаев – соғыстан қайтып оралмаған боздақтар. Әбден сарғайып, қағаз бетінен өшуге айналған жауынгер жырларының бір шоғырын қалың қауымға ұсына отырып, олардың рухы алдында бас игеніміз абзал болар. **П.Д.**

Жеңсікбай БЕКОВ

ТӨЛЕГЕН ІНІМЕ

Жүрсің бе, жаным, денің сау,
Соңымнан ерген қарашық.
Жеткіншек жас – бауыр ет,
Төлеген атты балашық.
Ауылда қалдың, ей, бауырым,
Мен кеттім саған қарамай,
Туған әке-шешені
Жан орнына санамай.
Уайым етпе ешқашан,
Кедейлікті ата-ана.
Денсаушылық тілеңдер,
Жамандықты атама.
Оқы да, қалқам, жалықпа,
Тұрмысты ойлап қамықпа.
Өркендеп, өсіп ер жетіп,
Көлдегі құдай шалықта.
Жазайын хат халқыма,
Бірің емес жалпыңа.
Туып өскен ел мен жер,
Қалған кейін артымда.
Қайыр енді болыңдар,
Есен-аман саламат.
Бермесін біз бен сіздерге
Жасаған тағдыр жаманат!

1941.

ЕЛГЕ ХАТ

Жалынды сәлем жазамын,
Елдегі қалған қәріге.
Үлкен аға, кіші іні,
Қарындас, жеңге – бәріңе.
Отан үшін біз жүрдік,
Жауынгерлік жорыққа.
Ата-ана мен қарындас,
Іні қалды-ау артта!
Біздің тілек Алладан,
Аман қос деп үйірге,
Егер аман сау барсақ,
Қауышармыз күніге.

1941.

ТӨЛЕУГЕ

Ей, жолдас, аманбысың, сау ма денің?
Жай сұрап хат жазуға келді кезім.
Жүрерде айтқан сөзің, достым Төлеу
Есімнен шығар емес, құрбым соның.

Білмеймін, не себепті айтқан сөзің,
Ренжіп қалғандайсың сенің өзің.
Сол сөздің бетін білмей болдым қапа,
Езіліп іші-бауырым менің өзім.

Достым-ау, көрген қызық түс бола ма,
Бұлдырап ұшып кеткен құс бола ма?
Белгі жоқ не ізі жоқ артта қалған,
Кетірген жуып қолдың күс болар ма?

Құрбым-ау, түнде жүрдің ұйықтап жатпай,
Қылжақтап, шіркін, жастық, кірпік қақпай.
Жастықтың жаралары тікен болып,
Ішкен ас бойға тарап, ішке батпай.

Маза жоқ, жалпы жайда сапа да жоқ,
Ойда шер, жүректе арман, қапа да көп.
Өйткені бірге жүріп аң ауласқан,
Дәл атқыш сендей тигіш сака да жоқ.

1941

Әжібек СЕРІКБАЕВ

БОРАНБАЙҒА ХАТ

Хат жаздым қалам алып елімізге,
Кір жуып, кіндік кескен жерімізге.
Арттағы бірлі -жарым жүрген ойнап,
Бар болса бізді ойлаған теңімізге.
Жасым бар дәл отызда - жылым сиыр,
Салғанын бір Алланың көрдім биыл.
Жағдайы семьяның еске түсіп,
Осы жері Әжібекке болды-ау қиын.
Боранбай, есің бар ед келім - кетім,
Қайтпаған еш нәрседен сенің бетің.

Бұрынғы мінезіңнің бәрін таста,
Қалды ғой қарауында үш-төрт жетім.
Боранбай, ерген қара жеткіншегім,
Құдайдан мен тілеймін келешегің.
Анамды ренжітпе, жақсылап күт,
Еміп ек тел қозыдай екі емшегін.
Аман бол, бізді ойлаған кәрі-жасың,
Кетті ғой қолдарыңнан асыл тасың.
Түскенде сіздер еске, қайран елім,
Аламыз төгіп-төгіп көздің жасын.

1942.

АНАМА

Қайран ел қалды артта жылай-жылай,
Біз кеттік қол алысып, хал осылай.
Аузынан Құрсаулының аскан кезде,
Төгіліп көздің жасы болып лай.

Сарысудан үш жүз алпыс бала жүрдік,
Жақсыны жаманымен бәрін көрдік.
Үш қонып, төртінші күн Жамбыл келіп,
Баланы үш жүз алпыс екі бөлді.

Екі жүз сексеніміз батыс кеттік,
Паровоз эшелонмен безектетіп,
Бес сөтке күндіз-түні жүріспенен,
Тоцкий лагеріне келіп жеттік.

Бәрін де келісімен жинап алды,
Баланы сортқа бөліп, тізіп алды.
Әжібек, Әбен, Төлеу бір бөлініп,
Қалғаны басқа рота бөлек қалды.

Аманбыз, деніміз сау, ойын қатты,
Түнгі ұйқы қандай шырын балдан тәтті.
Алтыда түнгі сағат сабақ оқып,
Ішеміз сәске түсте бір ауқатты.

Июльде он сегізінші киім кидік,
Керекті құралдардың бәрін жиып.
Қанішер ит Германға біз барамыз,
Тәуекел бір Аллаға біз сиындық.

Қайыр қош, енді аман бол, қайран анам,
Аймалап ақ сүтіңді емген анам.
«Бетіңнен бір сүйейін кел», - дегенде
Кеткенім сол сүйгізбей болды қате.

«Апа» деп жүруші едім ертелі-кеш,
Бұл уақ Әжібекке келді ғой кез.
Келгенше жеті жасқа еміп едім,
Мойныма қарыз етпе, сүтіңді кеш!

1942.

КЕҢЕСТІ ЖОҚТАУ

Бауырым Кеңес Теңізбаевқа арналады

Жанымның жансаясы, бәйтерегім,
Азырақ тұра тұрсаң қайтер еді.
Кеңес-ау, қайда кеттің, мен де білмей,
Артыңда қалармын да қайтем енді.

Ауылдың теріскейі белес еді,
Бір төбем көз алдымда Кеңес еді.
Аңқылдап ауылды аңсап бара қалсам,
Асылбек енді кіммен кеңеседі.

Ауылым, айналайын, қойлы мекен,
Ұлдарың пенделікті қойды ма екен?
Тетелес бірге өскен, бауырым-ай,
Атажұрт сені жұтып қойды ма екен?

Есейген есті жігіт пайымды асыл,
Келеміз бір қайықпен айдында біз.
Бауырым Кеңес кетіп мәңгілікке,
Қалды ғой күңгірт тартып Жайылмамыз.

Басында Қаратаудың түлкім қалды,
Сүйкімді бізге таңсық күлкің қалды.
Жүректің ошағында отың *маздап,*
Арқада қайбір сенің жылқың қалды.

Шаш десе бас алатын қабақты кім,
Есігі жұтып жатыр абақтының.
Кешегі жан әкелер қайда кетті?
Бұйырмай жұтым суы Шабақтының.

Бәлкім, сен, көз жасыңды қимай кеттің,
Бәлкім, сен, осынау елді қимай кеттің.
Әйтсе де бір нәрсеге күмәнім жоқ,
Мәңдайға мына біздің сыймай кеттің.

Сылдыры селт еткізбей сырғалардың,
Қасынан жалт қараймын тырмалардың.
Дауысы қос ботаның саған ұқсап,
Шақырад қарасына тырналардың.

Туысым мені жоқтап іздедің бе,
Әлде сен күдеріңді үзбедің бе?
Ырзығым жер бетінен таусылған соң,
Кетермін мен де бір күн тізбегінде.

Асылбек ЖАСЫМБЕКОВ,
Социалистік Еңбек Ері, Қазығұрт ауданы.

АРМАНДА КЕТКЕН АЗАМАТ



(2000 жылдың 13 қаңтарында таңертеңгі сағат он бірде 47-ге қараған шағында абзал азамат Әбжалал Аппазұлы Омаров қайтыс болды. Сол кісіні еске алу үшін арнайы шығарылды)

О, дүние, сұм жалған,
Тағдырым саған байланған,
Жақсылық көрсем өзіңнен
Көңілім әркез жайланған.
Жамандық көрсем өзіңнен
Төбемнен бұлт айналған.
Айтайын бүгін мен саған,
Қайғы бұлтын торланған.
Күтпеген жерден осылай,
Бір ұяда сөнді арман.
Артыңда қалған тірілер,
Көзінен жас парланған.
Е, көпшілік, әлеумет,
Сөзімді тыңда, құлақ сал.
Бүгінгі күн қолыма,
Қалам алып жазам зар,
Қайнаға, күйеу сыйласып,
Кешелер жүр ем салып жар.
Жақсы да өткен жалғаннан,
Жас та өткен жалғаннан,
Кәрі де өткен жалғаннан.
Жоқтауымды бастайын,
Әбекеңе арналған.
Қайнаға-күйеу жарасып,
Жүруші едік санасып,
Жақсылықпен жолығып,
Жақсылықпен тарасып.
Жазда үйге келгенде,
Қуана қарсы алып ең,
Мен секілді күйеудің,
Кім екенін танып ең,
Шығарып сап біздерді,
Қолың былғап қалып ең,
Өзіңмен толық танысып,
Қуанып мен де қалып ем.
Әңгімеңнен түсініп,
Тірлігіңе қанып ем,
Сөйткен менің Әбекем,
Кетіпсің бүгін о жайға.
Ұрпағың, анаң, бауырды,
Қалдырып бәрін түрлі ойға.
Кеше ғана жүрмеп пе ең,
Ойнап –күліп көппенен.
Білмей қалдық, білмедік,
Жабысты сізге дерт неден?
О, сұм жалған, сұм жалған,
Мұншама неткен қиын ең,
Бір жанұя соңынан,
Түскенің қоймай мұның нең?
Зар жылатып ұл-қызын,
Әуелі жардан айырдың.
Енді бүгін тағы да,
Өз қанатын қайырдың.
Соңынан соңша түсердей,
Бұлар саған не қылды?!
Азамат ең-ау, Әбекем,
Елге тұтқа боларлық.
Жақсыға да, жаманға,
Тосыннан келген дерт пе бұл.
Жан емес ең сынарлық,
Жүзіңнен күлкі көрген ем,
Жігітке нағыз тұрарлық.
Азамат ең-ау, Әбекем,
Биікке талмай шығарлық,
Қандай қиын істе де,
Қабақ шытпай шыдарлық.

Көңіліңді танып ем,
Кез келгенді ұғарлық,
Көп көзі әлде тиді ме,
Болғаннан соң «құмарлық».

Нағашыбек Оразбаев
14.01.2000 жыл.

ҚОШТАСУ ХАТЫ

Құлтума әулетінен шыққан Жөгібай деген жігіттің әжептеуір ақындығы болған. Ол Көзей руының сүйкімді қызы Қамарға ғашық болады. Бірақ тағдыр екеуінің соқпағын тоғыстырмаған.

Жан досым, жаным сүйген, қош аман бол,
Қапасы ғашықтардың мәңгілік жол.
Айтқан серт, алысқан қол қайда кетті,
Басыңа не себепті тұтылды тор?
Көрем бе, көрмейміз бе бұл жалғанда,
Немене жетпеген соң бір арманға.
Жанына жетесіздің кеттің сатып,
Тең көрген сәулем едің шыбын жанға.
Осылай мағынасы жазған хаттың,
Жүгі ауыр қадірлесе махаббаттың.
Тал түсте қалың тұман адастырып,
Езіліп іші-бауырым әзер қайттым.

Әбдіғаппар Түсіпбеков,
Саудакент ауылы.

АСЫЛ АҒАНЫ ЖОҚТАУ
(ұлы Отан соғысының ардагері Тоғайбек Сейітжанов рухына арнау)

Жас едің сол бір кезде жалындаған,
Қуатың тау суындай арындаған.
Батыстан өрт шықты деп тұра шаптың,
Сол өрттен қорғаймын деп елімді аман.

Артыңда ата-анаң жылап қалды,
Көз жасын орамалмен бұлап қалды.
"Аққөкем аман-есен қайтса екен", - деп,
Сәбилік пәк жүректен тілеп қалдым.

Өткізіп екі соғыс бір басыңнан,
Қолың мен жараланып жамбасыңнан.
Жазында қырық алты елге оралдың,
Аман-сау қанды соғыс ордасынан.

Соңғы рет бір тойладық елу бесті,
Айтылды әңгімелер көкейтесті.
Деп едің аман-есен келмегенде,
Айтар жұрт: "Бұл ошақтың оты өшті".

– Сен қызсың, жат-жұрттыққа жаратылған,
Көруші ем сені артық бар асылдан, -
Деп алған еске алып өткендерді,
Айтқан-ды әңгімелер тарих тұнған.

Иә, Алла, шүкіршілік, ұрпақ берді,
Екі ұлың екі отанды иеленді.
Жеткізіп ұл-қызыңды мақсатына,
Қарамай алды-артына кете бердің.

Жеңістің алпыс жылдық тойымызда,
Болмауың қамықтырды ойымызды.
Көргенде сап түзеген қатарыңды,
Алды ғой діріл билеп бойымызды.

Бабаның қара шаңырақ ордасындай,
Ұрпағы ең текті тұқым жалғасындай.
Орнына ата-анамның балаушы едім,
Қалғандай болып жүрмін жар басында-ай!

Көп ойлап, өзіңді іздеп қамығамын,
Тауым ең асқар биік – сағынамын.
Кей шақта ауан көңіл күңгірт тартса,
Көз жасын оңашада ағызамын.

Гүлжаһан Бәлшенқызы,
Созақ ауданы.

АМАНБАЛАНЫҢ ҚОШТАСУЫ

Түрленіп тоты құстай заман келді,
Бір мүшел биыл маған жаман келді.
Көріп ем көзімді ашып жалғызымнан,
Қош енді, Әсия мен Амангелдім.



Мінгені Мұрсалидың қара аламай,
Барамын елдің көбін араламай.
Бау-әже, енді маған батаңды бер,
Келуші ем ашулансам, паналап-ай.

Қайтейін, болыс көкем, айбатым-ай,
Арқамды, аузымды ашсам қайратым-ай.
Сала бер, көз қырыңды Баты көкем,
Дұшпанды мұқатушы ең жайратып-ай.

Ақ көйлек, ақ ала шыт жеңім едім,
Қайран ел, айналайын, кенім едің.
Әжеке-ау, ақ сүтіңді кеше көрші,
Келгенше жеті жасқа еміп едім.

Бақсылар бал ашады жаңа пері,
Он бестен он алтыда құрдым сері.
Әжеке-ау, қайда жүрсем ұмытпашы,
Артынан көкешімнің көрдің мені.

Қолында жылқышының құба тал-ды,
Бұралтып құба талды суға салды.
Ағалар, көп айтты деп сөге көрме,
Жаудырап жалғыз ағам ол да қалды.

Мен өзім еркек болсам болмас па едім,
Қарағай шауып, тақтай жонбас па едім.
Құдай-ау, ұл мен қызды тең жаратсаң,
Көкемнің қолғанаты болмас па едім.

Салғаным ақ киізден түнлік қылып,
Құдай-ау, қыз жараттың мұңлық қылып.
Құдай-ау, ұл мен қызды бір жаратсаң,
Жүрмес пе ем өз елімде билік қылып.

Салғаным оң қолыма жүзігім-ай,
Көтерген ақ боз үйге үзігім-ай.
Көріп ем көзімді ашып кішкентайдан,
Қош енді, беу, Шаиза, қызығым-ай.

Қайтейін, Арал, Тоғай атың ұйқас,
Айырылып елде қалды құрбы-құрдас.
Аяшты өзге елден көрем тәуір,
Азырақ Шығанақпен болдым жолдас.

Қош енді, беу, Білеке, ағатайым,
Болар ма бұрынғыдай менің жайым.
Жаратты сізді үйге, бізді түзге,
Ісіне құдіреттің не қылайын.

Қош енді, беу, Мәлике, құрдасым-ай,
Жасымнан құрдас болған сырласым-ай.
Ағалар, зарланды деп сөге көрме,
Кетеді кімдер қиып жолдасын-ай.

Ысқаққа мен айтамын білгенімді,
Тізеңе асылушы ем келгеніңде.
Әубәкір аттың мойнын бұра жүрші,
Шақаға Әлпешті іздеп келгеніңде.

Мінгенім тоқал торы маймақша ма,
Қасында Перизаттың алтын шара.
Тұйғын деп ұстағаным қарға шықты,
Жаһанда мұңлық болған қыз бейшара.

Ақ қағаз, қара сия қолымдағы,
Жамалға қарамаушы ем жолымдағы.
Тұйғын деп ұстағаным қарға шықты,
Құдай-ау, ол да болса менің сорым.

Мінгені Мұртазаның дөнен бе еді,
Ағалар, айт дегенім өлең бе еді.
Ағалар, енді маған батаңды бер,
Отырмын күнім бітіп жөнелгелі.

Жасым бар он сегізде жылым тауық,
Он бес пен он алтыда құрдым сауық.
Ағалар, енді маған батаңды бер,
Барамын елден кетіп бетім ауып.

Рысжан Әлібекқызынан жазып алынды.
Аманбала – атақты Отыншы әжінің кенже қызы.

ЖЕТІҚОҢЫРДЫ АҢСАУ
Қожамұрат Тапаңұлы
(1904-1994)



ТОЛҒАУ

Бастайын «Биссмилла» деп сөздің басын,
Сексен беске келіп тұр менің жасым.
Жалғанның мен жарығын аз көргем жоқ,
Бір Алла алдымыздан жарылқасын.

Сексеннің келіп тұрмын бесеуіне,
Алланың барлық халық есебінде.
Туған жер, өсіп-өнген Жетіқоңыр,
өзіңді жырға қосып кетейін де.

Жерұйық Жетіқоңыр – туған жерім,
Кірімді кіндік кесіп, жуған жерім.
Өзіңді көрмегелі көп жыл болды,
Сонда да ұмытпайды тулап көңіл.

Аңсадым Жетіқоңыр бойыңды ойлап,
Жүріп ем көкпар тартып, тойың тойлап.
Қазірде мен қартайып, жете алмаймын,
Қараймын жас дәуренге бойлап-бойлап.

Еш нәрсе көрінбейді бойлағанмен,
Не шара күндіз-түні ойлағанмен.
Жастықтың қызығына тоймай қалдым,
Қаншама қызық қуып ойнағанмен.

Ойласам туған жерді тоя алмаймын,
Көктастан әрі қарай аяңдайын.
Жас ұрпақ зейін қойып тыңдасаңдар,
Жер-суын Жетіқоңыр баяндайын.

Көктастың бір биігі – Қадыр төбе,
Белқұдық көрінеді осы дөңде.
Мұнартып қатарым да бара жатыр,
Зер салып мен келемін Сорсеңгірге.

Астында Сорсеңгірдің Аққөл, Әупай,
Ең жайлау қонысың құт, шаруаға жай.
Ыңырсып суға толып, қаздар қонып,
Ел жайлап отырушы ед шалғынында-ай.

Жастықтың қызығына шыдас бермей,
Күндіз-түн сайрандадың дамыл көрмей.
Жалынды жас дәуреннен біз айырылып,
Жаяды тоқсан торын, ah, дариға-ай.

Жиделі, Тобылғылы атың егіз,
Жайлаған болушы еді малың семіз.
Көктемде Байыр өзен тасығанда,
Толқитын Қызылтақыр болып теңіз.

Қарасам жан-жағыма мойын бұрып,
Беткейден көрінеді Қаракұдық.
Ғаббастың жолыменен асып түссең,
Қарсы алар Торай менен Талдықұдық.

Бейіті Тасқұдықта Түйеші екен,
Қоныс қып құт-береке жиған екен.
Қалың ел ауа көшіп кеткеннен соң,
Қазірде басқа совхоз қылған мекен.

Жиделі, Тобылғылы, Барша құмы,
Ұмытып кетпесем де мен де сені.
Өтірік барамын деп айта алмаймын,
Қош айтыс, жоққа сана енді мені.

Торайда Қошым әжі сағанасы,
Бұл кісі Байболаттың бір баласы.
Меккеге жазылыпты, аты, нәмі,
Аллаға тура шығар ықыласы.

Тұрады бұдан әрі Бидің тамы,
Бұл кісі ойлап кеткен елдің қамын.
Жол салып Әліп, Жөгі баласына;
Нығайтқан татулықтың шекарасын.

Кетуші ек құран оқып, зиянат қып,
Пір тұтып бейітінің мұнарасын.
Кезінде көрмеген жан қиянат қып,
Бас имей оған қалай тұра аласың.

Ерубай би дегенім Дәулеткелді,
Бақ, дәулет бір басына құдай берді.
Жол салып, ел басқарған әділдігін,
Бұрынғы өткендердің бәрі көрді.

Қазыбек, Шыныбекпен белгілі жер,
Жайлайды жаз шілдеде қаншама ел.
Өзіңді көрмегелі көп жыл болды,
Суретің сағыныш боп көңілде жүр.

Малдыбай Қияқты мен Жөгі құмы,
Аңсаумен еске аламын енді сені.
Жайлауы Бұзау, Жалпақ, Кенжебайда,
Асау тай үстінде өтті жастық желі.

Қоянжол, Марданкүйген, Қаракойым,
Жүрдік қой көкпар шауып болмай тойым.
Кәрілік қызығатын дәурен емес –
Бұлдырап шабан тартқан менің ойым.

Бейіті Марал қалпе, Шапсақұмы,
Жайлау ғып отырғанбыз бұрын сені.
Баруға мен уәде бере алмаймын,
Келер деп алаңдама енді мені.

Сәменнің кең өлкесі Іргекұмы,
Ұмыту мүмкін емес, сірә, сені.
Жаз болса ел жайлауда ат шаптырған,
Ішінде Жетіқоңыр сен бар нуы.

Қотансор, Түкпірши мен Ханқарабас,
Ақбілек, Қотаншеңгел оған жалғас.
Қызығы жарық дүние кетті ме ұшып,
Бұрынғы көрінбейді қимас жолдас.

Аяғы Жетіқоңыр Мойынқұм бар,
Өзіңді көрмейтінім ойыма зар.
Бабамыз үш арыстың – енші алысқан,
Таңбалы Қызылқұра тұсында бар.

Ойға алып Жетіқоңыр аландайын,
Бір назбен кінә қойма, тамамдайын.
Біз кеттік Сарыарқаға жұрт аударып,
Тапшылау болғаннан соң егін жайың.

Тоқтаттым осымен сөздің артын,
Ұғынар білетін жан өлең наркын.
Аллаға мың шүкіршілік етіп отыр,
Соғыстан аман қалған осы қартың.

Ендігі жас ұрпаққа қояр шартым,
Түсірме жер-суыңның баға-нарқын.
Тарих бар әр тасында, бұтасында,
Шежіре сыр шертеді ойлап әркім.

1989 жыл

ТАБЫЛ ДОС, МӘҢГІ ЖҮРЕГІМІЗДЕСІҢ, ЕСТЕСІҢ!

Атырау мынау дегенімізбен қыр асты,
Күйбің тіршілік жаздырмас кейде құлашты.
Қазағым жайсаң бір ұлын тағы жоғалтты,
Өзің кеткелі екінші жылға ұласты.

Өткен күндердің белгілі барлық дерегі,
Туған жер аман, оты мен суы тірегі.
Өнер атты үлкен шаңырақтан ұшқан сұңқар ең,
Ағайын-туыс, досқа өзің ең керегі.

Әлпештеді елің, қажеті де жоқ атақтың,
Рас, дұшпандар тасада тұрып тас атты.
Төгілтіп жазды азамат сынды бағалап,
Суретші-сазгер Ерсайындай ұлы Жапақтың.

Өлеңді жаздың ымыртта, түнде, ақ таңда,
Жүрегің ояу, шабытқа шымдап батқанда.
«Отырып еркін әңгіме-дүкен құралық», -
Деуші едің ылғи бой бермей құдды мақтанға.

Дей алмас едік ешкім де саған өкпелі,
Өнерлі жастар көруді әбден көкседі.
Бард ақын десіп көтерді көкке әлеумет,
Аяштың ұлы – Алаштың ұлы деп сені!

Жыр еттің батыл тірлікті, мынау қоғамды,
Нұсқадың талай қажетсіз затты залалды.
Оқырман танып, берді де оңды бағасын,
Бижан досың мен Алтайдай мықты ағаңды.

Өмірдің сәті сынаптай жылдам, қас-қағым,
Іні деп бірін аға тұтынып қоштадың.
Сен жайлы сырын ағытар ешбір жасқанбай,
Қойшығұл ағаң, Жұмабай, Әубәкір достарың.

Мұнайлы өлкенің маркасқасы едің атақты,
Сыйлаған жансың қазақы қалып, ошақты.
Елена ақынды «братишкам» дедің әзілдеп,
«Доспен қоштасу» әнімен елді ол босатты.

Мойын бұрмады, айтшы, Табылды, қай құрбың,
Өлеңде, әнде аңыз боп тіпті айтылдың.
Мың алғыс сенің мұрағатыңды ұсынған –
Қаншайым сынды журналисіне «Айқынның!»

Күтеміз сені, шегінде шыдам таусылды,
Табылды достым, сағындық сенің даусыңды.
Қызылқоғалық Қалидолла ағаң айтқандай,
Ақын ең мықты толағай, күшті тау сынды.

Шалғайдағы да түк емес еді-ау Оралдың,
Ағайын-туыс, дос үшін ғана жаралдың.
Ақ Жайық бойы, ықыласы бөлек еді ғой,
Рашид досың, Сағынтай сынды ағаңның.

Естілмес үнін аузыңнан енді балқыған,
Жоғалтып, сонсоң ah ұрамыз ғой артынан.
Қорабайды іздеп Жезқазған асып кеткенің,
Алматы, ҚазМУ ол тарих-кезең шалқыған.

Рухани күшің өзімсінгендерді ықтырар,
Әлсіз жандарға сен емес туын жықтырар.
Гитара тартқан падиша қазақ ағасын,
Іздеп кеп солай табысты өңкей мықтылар.

Еркін аштың да қиындықтың сан қақпасын,
Шындықты айттың шыжғырып бетке жақпасын.
Аңқылдақ достың ертеңін ойлап қам жеген,
Көп болды сенің арқа сүйейтін жақтасың..

Табылды, сені қаусырды-ау мына жер жұтқыр,
Жарының жасы қалды демейміз дегдіп бір.
Көңілінді тауып сен жайлы фильм түсірген,
Асантемір дос өлшеусіз еңбек дерлік бұл.

Көнеді пенде басқа оны Алла салғасын,
Ән әлемінде тайпалған әсем жорғасын.
Ризалығы Мұхтар досыңның енді соншалық –
Тартты ғой сыйға темір тұлпарын «Волгасын».

Ұмытпаушы едің өткен күндердің бәрін де,
Ынтық боп жүрдің жандарды алыс көруге.
Қуанышың сонда қойныңа сыймай қуандың,
Әйтеке барып, курстас құрбың Сәнімге.

Желіде тұрған асаудай едің байланып,
Кей кезде жүрдің оңаша, үнсіз ойланып.
Желтоқсан жайлы тарқатсақ ашық пікірді,
«Мен қазақпының» әнұранға кетті айналып.

Ең болмаса елу жасасаң саған көп пе еді,
Тағдырдың ерте құрығы қалай жеткені?
Бауырға қысып, әлпештейтін жас баладай,
Жетімсіреп тұр гитараңның сым шектері.

Табылды, сендей жоғалттық ақын-боздақты,
Өшпейтін артта сыршыл ой, мәнді сөз қапты.
Тәубе дер қазақ жаныңды сенің түсінген,
Иманғалидай ағаң барында ардақты.

Шаранда жеттім болса да шалғай жер шегі,
Табылды жанның арайлы болар ертеңі.
Атырау асып, Дендерге барсақ қасқайып,
Мазарың тұрар алдымызда биік еңселі.

Түйсікті пенде өткенмен терең таныспақ,
Жайдарлы шақтар қалса да кейін алыстап.
Мұсылман болса жаныңнан өткен жолаушы,
Бір тағзым етер ішінен құран бағыштап.

Күй кештің еркін, соңыңды достым, ұғындым,
Сөзіңнен отты қуат та алдым, жылындым.
Мәңгілік сенің мекенің бұл жер сондықтан-
Қолтаңбасы бар Ықылас, Талғат, Шымырдың!

Жырыңа қостың махаббат, достық, бірлікті,
Қаратпады артқа уақыттың демі тым күшті.
Түсінбес жанға қарамадың да пысқырып,
Шешуі қиын, жұмбағы молдау тірлікті.

Талассыз алдың ән-жырдың талай жүлдесін,
Жайнаған гүлге суығы қатты күз де сын.
Ақтөбеде де мәдени шаранд өтпекші,
Маңғыстауда үлкен өткізді Майра жыр кешін.

Қиянат етпей, жасамай жанға жаманат,
Өз деңгейінде өмірді кеттің бағалап.
Тірліктің көші тоқтамай алға жылжиды,
Қалғанның бәрі Қарлығашыңа аманат.

Ертеңнің бүгін дайындау қиын кестесін,
Қазағым өссін, өркениетке беттесін.
Найзағай сынды бұлттарды жарып жарқ еткен,
Табыл дос, мәңгі жүрегіміздесің, естесін!

Бижан ҚАЛМАҒАНБЕТОВ,
Ақтөбе қаласы.

АДАЛДЫҚТЫҢ ТУ ТІГЕЙІК, АЯУЛЫМ!



ҚАЙЫРБЕК ТҮСЕКЕНҰЛЫ ҰЛЫҚПАНТЕГІ 1948 жылы Атырау облысына қарасты Құлсары қаласында дүниеге келген.Ақын, журналист (1986 жылы Алматыдағы Жоғары партия мектебінің журналистика факультетін бітірген).

Еңбек жолын 1967 жылы «МаңғыстауМұнайГазБарлау» тресіне қарасты кәсіпорындарында жонушы, бұрғылау қондырғыларында моторист, дизелист, машинист мамандықтарынан бастап, 1977 жылы Қазақ политехникалық институтының (қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ) мұнай факультетін іштей оқып бітірген. Содан соң Қаражанбас, Қаламқас мұнай кені алаңдарын пайдалануға тапсыру, жұмыстарына атсалысып, шебер, участке бастығы, ұңғыларды сынау және бекіту инженері қызметтерін атқарды. 1980-1982 жылдары «ҚазақстанМұнай» бірлестігінде участке бастығы болып еңбек етті. 1982-1990 жылдары Форт-Шевченко қалалық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1988-1989 жылдары Маңғыстау облыстық халықтық бақылау комитетінің ұйымдастыру жұмыстары жөніндегі төраға орынбасары болып еңбек етті. 1989-1990 жылдары Маңғыстау облыстық Су шаруашылық басқармасының механизация және энергетика бөлімінің бастығы болды.

1998-2000 жылдары Ақтау қаласына қарасты Өмірзақ кентінің әкімі болып қызмет істеді. Қазіргі таңда «Алакай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бастығы болып еңбек етіп келеді.

Өлеңдері, публицистикалық шығармалары, очерктері 1970 жылдардың басынан бері республикалық, облыстық баспасөздерде жиі жарияланып келеді.

Өлеңді көп жылдардан бері жан серігіне айналдырған Қайырбек ақынның жырлары кезінде республикалық «Жалын» журналында және «Лениншіл жас» (қазіргі « Жас Алаш») газетінде жарық көріпті.

Өкінішке орай, бойында ақындық таланты бола тұра, жүрекке ұялаған сезімді қағаз бетіне төгілдіріп кестелей алатын қабілеті бола тұра, сол жырларын жинақтап, осы уақытқа дейін кітап етіп шығармапты. Биыл сол олқылықтың орнын кезінде жоғары оқу орнында оқып жүрген кезінде өзі басқарған әдебиет үйірмесінің мүшесі, бүгінде айтулы ақын, халықаралық «Алаш» сыйлығының және тәуелсіз «Илхам» сыйлықтарының лауреаты, Құрмет орденінің иегері Қасымхан Бегманов ізгілікті інілік ілтипатпен кезінде ұстаз тұтқан ағасының жыр кітабына «Теңізбен тілдесу» деп ат қойып, әдемі безендіріп, баспадан шығарып берді. Ал кітапқа алғаусыз ақ ниетпен, ыстық ықыласпен демеушілік жасаған,рухтас інісі болып жүрген азамат, мемлекет және қоғам қайраткері, Парасат орденінің иегері Ислам Әлмаханұлы Әбішев.

Қай іске болсын білек сыбана кірісіп, бар жан-тәнімен беріле істейтін Қайырбек осы «Шеркешнама» кітабына

қажетті дүниелерді, шежірелерді жинақтауға бар жан-тәнімен атсалысып, үлкен азаматтық танытты.

АДАЛДЫҚТЫҢ АҚ ТУЫ

Адалдықтан ту тігейік, ту тігейік, аяулым,
Сол ақ туға желбіреген шашсын нұрын ояу күн.
Тазалықтан тұлпар мініп, өрге қарсы шабайық,
Ұнатпаймын жан тірлігін, жай тірлігін жаяудың.

Әрбір өткен жақсы ісіміз жанымызға қуат боп,
Мәңгі бірге жүрген екен жылу берер шуақ боп.
Ал тіршілік сол шуақтан өміріне нәр алса,
Сонда ғана жүрегімнен жақсы жырлар туад көп.

ДОСҚА ТІЛЕК
(Нұрлан БАЛҒЫМБАЕВҚА)

Тоқсан жетінің ақпаны,
Үш күнде мені қабылдап.
Жүрегім дүрсіл қаққаны,
Отыра алмадым дамылдап.

Министрі едің еңселі,
Мұнай мен газдың ілескен.
Толтырып нұрға кеңсені,
Құшаққа алдың сірескен.

"Аяз би болып алыпсың,"-
Сөз түспей басқа аузыма.
Дей бердім саған, арысым,
Пайда боп діріл даусыма.

Жүзіңді көріп, тілдесіп,
Мәз болып сенен аттандым.
Жүрек пен тілек үндесіп,
Ниетіңе аппақ шаттандым.

Нұрланым, келдім алдыңа,
Үш жылдан кейін қайтадан.
Ескегім тозып қалды ма?
Қайық ем толқын шайқаған.

Жастық шағымның айғағын
Өзіңнен табам, Досым-ау.
Көп көрдім жолдың тайғағын
Жеткенше күнге осынау.

Ақ, адал, өршіл мінезің-
Бабаңнан сіңген қасиет.
Желеп-жебейді білемін,
Әкеңнен алған өсиет.

Алла жар болып, қолдасын,
Алғыс қой сені ағартқан.
Кім де болса оңбасын,
Көздерін саған алартқан.

Елімнің басты байлығы,
Мұнай мен газдың қоңында.
Көрмес еді халқым қайғыны,
Тұрғанда билік қолында.

Жаңарып келген ғасырдың,
Наурыз, көктем нұр лебін.
Сыныңы едің асылдың,
Құмарта жұт деп тіледім!

СҮЙЕМ СЕНІ

Ала жібін аттамаған адамның,
Ар намысын таптамаған бабамның.
Қасиетін көрем сенің бойыңнан,
Менің адал, ақ сүт берген анамның.

ҮНІҢ ЖҰМСАҚ

Құдды күміс қоңыраудың сыңғыры,
Менің нәзік жүрегімнің бұлбұлы.
Үнің сенің естігенде тербелер,
Көктем кезі өсіп тұрған қыр гүлі.

ИБАЛЫСЫҢ...

Дау көтеріп кезің жоқ қой таласқан,
Нағыз қазақ әйеліне жарасқан.
Ибалығың көрсетіп тұр өзіңді,
Оған куә- мөлдір теңіз, ақ аспан.

ЕЛГЕЗКСІҢ...

Қолдан келсе бөліп берер барлығын,
Елгезексің білесің бе, таң- күнім?
Ажыраспай мәңгілікке жұбымыз,
Бірге болсын бақ талайың, тағдырың.

МОЙЫЛ КӨЗІҢ...

Тұңғиыққа тартып мені әрдайым,
Бар ма ғажап сұлу сендей, бар ма айым?!
Ғұмыр берсе сүйіп өтем Боташым,
Әлі өзіңе талай өлең арнаймын.

СЕН СҰЛУСЫҢ...

Нефертити қалар сенің жолыңда.
Бар сұлулық тек өзіңнің қолыңда.
Сұлу мүсін көркіңменен ұштасып,
Күнің оң жақ, айың сенің солыңда.

ЕСТІСІҢ СЕН...

Ақыл ойың кемеңгердей зерделі,
Фәлсафаңмен састырасың сен мені.
Адам жаны айна деген рас қой,
Дәл басасың көңілдегі пернені.

НӘП-НӘЗІКСІҢ...

Тал бойыңда бір мінің жоқ, арайлым,
Жанарыңа құмарта мен қараймын.
Қара шашың жусан исі аңқыған,
Білегіме оралар ма талай күн.

ІЗЕТТІСІҢ...

Алдан өтпей ар-айылын жинаған,
Бар ма сендей сабырлы жан сыйлы адам.
-Сенімінді ақтай алмай қалам ба,-
Деп, жаным-ау, көп ойланып қиналам.
1996.

ТЕҢІЗБЕН ТІЛДЕСУ...

Асау теңіз, кәрі теңіз келдім тағы жағаңа,
Айтатұғын не сырың бар, келіп тұрған балаңа?
Петерборға барып едім, емдетуге аяқты,
Жазды өткізіп, күзде келдім, бар айнала сары ала.

Көптен бері шуылыңды, сағынумен келемін,
Гүрілдеген дауылыңмен, тілдесем бе деп едім.
Самалыңмен кекілімді талай рет сипап ең,
Кәрі Каспий бір өзіңді қарт атама теңедім.

Бірақ та сен, тып-тыныш боп, тербетіліп жатырсың,
Бәріне де тірі куә, бірнеше өткен ғасырсың.
Бір Алланың құдіретімен, жаралғансың әуелде,
Тірі пенде қылықтарын сенен қалай жасырсын?

Өткен болар талай жандар, алаулаған жалындай,
Талай уақыт өткен болар, қолға ұстатпас сағымдай.
Уақыт деген қас қағым ғой, бұл фәнидің төрінен,
Талай дана өткен шығар, дертке дауа табылмай.

Екеуміз де келіп едік, есіңде ме сол бір шақ,
Қасымда еді, сүйген қызым, естен кетпес сол құшақ.
Мәңгілік деп ойлаушы едім, басқа қонған бағымды,
Қурамай ма ұлы сезім, тамырларын солдырсақ.

Баяу ғана шолпылыңмен тыңдап ең сыр сөздерді,
Бар әлемді ұмыттырған, сездің бе сол көздерді.
Бойжеткен қыз махаббаттың періштесі емес пе,
Неге оның пиғылы мен ар-ожданы өзгерді?

-Сүйем, - деген тәтті сөзі, есімнен бір кетпейді,
Сеніп едім тағдырыма, алдағаны не еткені.
Сұлулығы ақылына неге сәйкес болмады?
Жеңіл-құйын ерке қыздың мен бе еді, ойын өткелі?

Тұрмыс құрды біреуменен, келгенімше алыстан,
Көрмегелі үш-төрт айда бір-бірімен жарысқан.
Қайда-қайда өрт құшағың жүрегімді шарпыған?
Жалған ба еді сол ыстық шақ иығыма жабысқан?

Неге менің сенімімді күлталқан ғып алдады?
Пәктігіне тиіспедім, мөлдір шық қой таңдағы.
Осы ма еді бұл фәниде, адалдыққа берген сый?
Әлде Ұлы махаббатың болғаны ма жалғаны?

Ессіз болған сол мезгілдер қайтып әсте келер ме?
Енді айтылар жылы сөзге менің жаным сенер ме?
Жүрегіме тілімденген тас бұршақтар қадалды,
Жасып қалған жас жігерім қиындықты жеңер ме?

Сенбе сен де, өр теңізім, сенімнің де шегі бар,
Мұңын шаққан әр адамның ақ- қарасын шегіп ал!
Жақсы адамның жүрегіне нұрыңды сеп тамшы боп,
Ал азғынды суға батыр, толқыныңмен жеңіп ал!

Өткеннен соң аз ғана уақыт тұрғандай-ақ сөз тыңдап,
Теңіз маған жауап берді дауылымен салқындап.
Шуылдады бұйра толқын көбіктерін тасқа ұрып,
Қосылғандай әнге басты шағалалар саңқылдап...
20 қараша,1970 жыл.

ЖАНЫМ ЖАЛҒЫЗ ЖАТҚАНДА...

Иранбағым, жан жарым - өмірімнің серігі,
Бір өзіңсің- жылуым, ошағымның көрігі.
Менің асқар тауымның аппақ, қарлы шыңдары,
Перзенттерім анасы, сахарамның елігі.

Менің іңкәр көңілімнің жан саясы, жұмағы,
Кеудемдегі жырымның, сенсің бастау бұлағы.
Мөлдір бота көздерің, болашағым айнасы,
Мені өзіңе әрдайым құштар қылып тұрады.

Сабырлы мінез пәктігің - өрлігім менен жігерім,
Қақ жарған қылды ақтығың – мұқалмас айбат, тірегім.
Ақ дидар сұлу келбетің, биязы мінез қылығың –
Ол -менің жасыл көктемім, жастығым, шаттық жүрегім.

Ауырсам, егер мұңайсам, өзіңсің әркез қуатым,
Тілекшім анам секілді, сарқылмас әсте суатым.
Қоңырау үнің сыңғырлап, дем берген маржан сөздерің,
Жырларым екен әсерлі кеудемді жарып шығатын.

Жырақта жүрсем өзіңнен, сағыныш сазы тербейді,
Сарғая іздеп қиялым, қияға самғап өрлейді.
Жан жарым-адал серігім, басыма қонған бақ құсым,
Өмірлік саған жаралған, ақ махаббатым сөнбейді.
1981 жыл. Ақтау қаласы.

ҰЛЫМЕН БОЛҒАН БІР МЕЗЕТ...
(Мұқағали Мақатаевпен кездесу)

Таңертеңгі мезгіл еді, жетпіс бестің мамыры,
Елестейді көз алдыма өткен жылдар ағымы.
Жазушылар одағының фойесінде отырып,
Күтудемін Ұлы адамды, кең жайылған тамыры.

Ол-Ұлы адам – Есенберлин – жазушылар заңғары,
Көпшіліктің қолы жетпес, көре алмайтын арманы.
Политехтің жастарымен, кездесуге кешкісін,
Шақырған көп жазушының осы кісі салмағы.

Түске шейін күте аламын, түстен кейін сабағым,
Кездесетін кеш уақытын белгілеу – тек талабым.
Ұзақ күттім, әлі де жоқ, көрінбейді Ілияс,
Уақыт шіркін зымырауда. Түсіп кеткен қабағым.

Кенет ұлы шаңыраққа кіріп келді бір алып,
Ақ көйлекті, қара костюм, алған шашын таранып.
Кең маңдайлы қыран қабақ, шашын артқа қайырған,
Кіріп келіп, жан-жағына тұрды бір кез қаранып.

Маған қарай тура жүріп, қасыма кеп жайғасты,
Атып тұрып бердім сәлем, құшағымыз айқасты.
«Көп жасағын, бақытты бол, нағыз Қазақ екенсің,
Айналайын ізетіңнен, тексізбен көп шайқастым».

Деді дағы, үнсіз қалды, сөздің бітіп аяғы,
Сосын ұзақ қарады кеп, жанарымен аялы.
Демін басып алғаннан соң, сұрақ қойды тосыннан:
«Емессің бе сен де інім, КазГУ жалаңаяғы?».

-Жоқ-жоқ аға, политехтен, мұнайшымын болашақ,
Мұнай сіңген сорды кешіп, өткен еді бала шақ.
-Япырай-а, өлеңнің де жүрмес жері болса ше,
Темір-терсек арасында жүр екен ғой қарасақ.

-Қайдан білдің, аға, менің жазатынын өлеңді,
Шықпаса да баспалардан кітаптарым көлемді.
Қалам тұртем, сырласамын, мұндасамын музамен,
Осы жерге анда-санда көрсетемін төбемді.

-Пәлі, інім, неге білмен, айқайлап тұр, қарағым.
Бұйра шашың, қыр мұрының, ойлы қою қабағың.
Қара қылды қақ жарғандай, өткір екен сөздерің,
Паш еткендей ақындықты, ұшқын шашқан жанарың.

Кімге келдің, айналайын, кім еді күткен адамың?
Ұзақ тоскан сынайың бар, салыңқы ғой қабағың.

Шыныңды айтшы, інішегім, киелі ме осы жер?
Ордасы деп ойлайсың ба, ақындар мен дананың?

-Есенберлин Ілияс еді, таңертеңнен күткенім,
Ұнатушы ем мақсатымның тиянақты біткенін.
Түске шейін күтем, сірә, амалым жоқ басқаша,
Ал бұл үлкен шаңырақтың тілеп жүрем көктеуін.

-Ілекең бе, білем, білем, шындық үшін туған ер,
Қорқаулардан тайсалмайтын, белін бекем буған ер.
Көп жазғыштар бұл сарайды жаулап алған әшейін,
Дарынсыздар қауымын да көтереді туған жер.

Мен де сондай дарынсызға есем кетіп келіп ем,
Мүмкін, сенің көз алдында іздегенмен кезігем.
Өлеңінің оты жоқ құр, атақ үшін жан қинар,
«Ақындардың» көптігіне өкінемін, езілем.

Ал сен мені білесің бе, айтшы, кәне, табанда?
Танымауың мүмкін емес, жақын болсаң қаламға.
Соңғы кезде көңіл тозып, шаршағаным болмаса,
Емес еді осал адам осы отырған ағаң да.

-Бұрын сізді көрмегесін, танымадым, ағажан,
Кездескен жер осы болды, астаналық қаладан.
Кешірерсіз, жыр әлемі маған қазір алыстау,
Сезіледі бойыңыздан жыр тасқыны тараған.

-Өкпелемен, інім саған айып емес білмеуің,
Ал бұл ағаң шындық қаптың шеше алмай жүр күрмеуін.
Атышулы Мұқағали Мақатаев мен болам,
Қара өлеңнің қазағымның атсалысқан – гүлдеуін.

Жалт қарадым, келбетіне таныс еді атағы,
Өлеңіне арқау болған – ЖенПИ қыздар жатағы.
Өршілдігі тұлғасына, жарасып тұр Ақынның,
Жігерленіп ағытты кеп, сөз мәйегін аталы.

Бір мезгілде жанымыздан өтті зулап бір адам,
Тұтылды кеп ағамызға іздегенге сұраған.
-Ей, тоқтағын, жазушы аға, қайда асығып барасың?
Тентек судай зырыл қағып, өрден биік құлаған.

Көз ілмейсің айналаңа, бір өзің бе жалғанда,
Алатауда бірге өскен, ұрпағымыз Албанға.
Алғаш шыққан кітабыңа, арқау болған інің ем,
Әлде ұмыт қалдырдың ба, жеткеннен соң арманға.

Жазушылар одағында отырғаның құптарлық,
Орныңды мен қызғанбаймын, жоқ қой менде іштарлық.
Көңіл сұрап, іздеп келіп, басыңды бір сұқпадың,
Аурухана кереуеті, етті маған көп тарлық.

Жә, жә, аға бара қойшы, бөгелмеші жолыңнан,
Мені іштей менсінбейсің не келер деп қолыңнан.
Ренжимін аман болып, жүре берші жер басып,
Уақытыңды алдым білем, қалмашы әсте жолыңнан.

Міңгір етті үлкен кісі, естілмеді дауысы,
Мойындаумен өте берді, олжа болып дау ісі.
Нала еді көкейімде іште жатқан тығылып,
Ойлап қалма інім бекер, бұл - қылықты жау ісі.

Танисың ба сонау тұрған, шылым шеккен адамды?
Қалай-қалай талтаңдайды, қалай басады қадамы.
Өлеңдерін өңдеп беріп, зыр жүгіртіп соңымнан,
Бастыртқанмын газеттерге, ұштатқызып қаламды.

Темекесін бұрқыратып, тұрған жанды қисайып,
Таныдым мен «Жалындағы» - Ибрагим Исаев.
Желке шашы екі иығын түгел жапқан «Ақынның»,
Талтаңдауы жарасып тұр, бұл қылығы несі айып?!

Дей іштей мен ойланғанша, дауыстады айқайлап:
-Неге сәлем бермейсің, сен, неғып тұрсың қайқаңдап?
Зорлағандай қасына кеп, әрең қолын ұсынды,
Жас ақынның келбетінен ізеттілік байқалмад.

-Сәлеміңді сұрап алдым, кішірейіп, жүгірмек,
Сондадағы бұл ағаңда, жоқ қой мінез тұңілмек.
Алты ай өтті аурухана, менің жайлы тұрағым,
Келіп кетсең артық па еді, сен ағаңа күлімдеп.

Өлеңдерің шыққан екен таяу күнде баспадан,
Бұндай қылық күтпеп едім, күтсем дағы басқадан.
Кітабыңды әкеп беріп, неге алмадың көрімдік?
Атақ, мансап жаулап алған, болып апсың «жақсы» адам.

Үндемеді, мізбақпады, қысылмайды, ықпайды,
Налығанын Ұлы жанның, елемейді ұқпайды.
Сонда Мұқаң алақанмен итергендей кеудеден,
-Баршы, - деді,- баршы, қалқам, сенен ақын шықпайды.

Қызарақтап кетіп қалды, үн қатпастан бұрылып,
Жасын көңілі қалды Ақынның өз-өзінен булығып.
Міне, жаным, бәрін бірдей керемет деп ойлама,
Көп бұл жерде бос кеуделер, асыратын қулығын.

Тағы біраз үнсіз қалды, бір нүктеге телміріп,
Демін басып тыныштады, сабырлыққа жеңдіріп.
Айналайын, ренжіме, қылығына ағаңның,
Жылынады енді жаным, өтіп кетті сең жүріп.

Өлеңіңді оқып берші, құлағымды салайын,
Қиялыммен шарқ ұрайын, көтеріліп қалайын.
Нағыз өлең құдіреті- аяны ғой Алланың,
Жабырқаған көңіліңнің ашып берер сарайын.

Бір-екі өлең оқып едім, үнсіз қалып тыңдады,
Ақын жанын тербегендей өлең-күйдің ырғағы.
Өткір көзін жарқ еткізіп, бір күрсініп алды да,
Маған қарай аңтарылып, оқыс жүзін бұрғаны.

-Пай-пай, бала, қалай-қалай, сілтейсің сен қанатты,
Өлеңдерің өршіл екен, еріксіз жалт қаратты.
Тура менің жастық шағым, қарсы алдымда тұрғандай,
Жігеріңді құм баспасын, болғын, інім, талапты!

Шын ақынның ауыр тартар болашағы, өмірі,
Бірде шөл боп, кейде көл боп толқиды екен көңілі.
Қиындықтар алдында әлі, күтіп тұрар білемін,
Шабытыңнан айырылмаған, ол ақынның көрігі.

Атың кім еді айналайын, есімде ұстап жүрейін,
Ат тұяғын тай басатын інім бар деп білейін.
Жүрші қалқам сыралатып, аздап шарап ішейік,
«Уақытыңды» қишы маған, жыр тұлпарға мінейін.

-Қайырбек, - деп қол ұсынып, таныстырдым өзімді,
Дәл жанымда отыр Ақын салиқалы, төзімді.
Алдындағы ашу ізі, байқалмайды, байсалды,
Тұлғасынан мейірімді, ала алмайсың көзіңді.

Түсіндім де хал-жағдайын, төс қалтама қол сұқтым,
Сексен сомым бар болатын, дәл сегізі ондықтың.
Біреуін ап, ұстатып ем, Мұқаң алақанына,
Қайтып беріп айтты маған:
«Мынауың көп, артық тым».

-Басқа ақшаның реті жоқ, қысылмай-ақ алыңыз,
Сейіліңіз ауыр ойдан, думандатып қалыңыз.
Сәл күтемін, сосын аға, сабағым бар түс қайта,
Ренжіме іниіңізге, өзіңіз-ақ барыңыз.

-Не қылады, айналайын, бір күн қалса сабағың,
Сезіп тұрмын келмейтінін Есенберлин ағаның.
Ас иесімен тәтті деген, жүрші бірге, Қайыржан,
Қалдырмашы мәселімді, жүре қойшы, қарағым.

Жүрші інім, сыра ішелік, көңілді бір ашайын,
Кеудемдегі өкінішті, шараппенен басайын.
Тағы маған өлең оқы, мен де оқиын жырымды,
Сырласайық, бір күнді қи, жырдан маржан шашайық.

Біраз уақыт қайта-қайта, үгіттеді кете алмай,
Көңілсіздеу аттанды ақын, мақсатына жете алмай.
Ең соңғы рет қайырыла, бір қарады көзіме,
Қош айтысып кете барды, Ұлы - ақын жезтаңдай...

Қайран Ақын айтар ма еді, өкінішін, арманын,
Өршілдіктен қиналғанын, тағдыр басқа салғанын.
Әулие екен айтқанындай Есенберлин келмеді,
Сорлы басым бірге еріп, сонда неге бармадым!?

Бәрі де кеш, жылға жетпей, аттанды ұзақ сапарға,
Қара өлеңнің дауылпазын, алған ажал қатал ма?
Өлгеннен соң даңқы оның шарықтады аспанға,
Болат қанжар ойландаршы, қын түбінде жатар ма?

Хан-Тәнірің, Алатауын енді Мұқаң көрмейді,
Қарасазын, Шәлкөдесін кімдер жырға тербейді?
Халқын сүйіп, жыр әлемнің туын көкке көтерген,
Ұлы Ақын Мақатаев мәңгілікке өлмейді!

Қайырбек Түсекенұлы ЛУҚПАН.
Ақтау қаласы, ақпан, 2003 жыл.

НҰРЖАНОВ ҚАБДОЛ



1919 жылы Бұрынғы Гурьев облысының Қараөткел мекенінде, қазіргі Қайыршақты ауылында дүниеге келген. Сол кезде туған ауылындағы «Ақшкол» аталған мектепке 1927 жылы барып, 1936 жылы мектеп бітірген. Гурьев қаласындағы екіжылдық мұғалімдер даярлайтын оқу орнына түсіп, оны 1938 жылы бітірген. Сол жылы әскер қатарына шақырылып, 1941 жылы елге пойызбен қайтып келе жатқанда, Ұлы Отан соғысы басталды. Содан Ақтөбеге жақын қалғанда кейін қайтарылып, соғысқа аттанып, Украина майданында қолына қару алып, соғысқа енеді.

Қ.Исағалиұлы 1941-1945 жылдар аралығында №116 атқыштар полкінде әуелі пулеметші, соңынан миометші болды. Бірнеше рет жарақаттар алып, госпитальда емделіп, қайтадан соғысқа аттанған. Сөйтіп, еліміздің болашақ бейбіт өмірі үшін атамыз соғыстың сұрапыл 4 жылын адал атқарып, Берлинге дейін барады. 1945 жылдың шілде айының аяғында туған еліне аман-есен оралады. Майдандағы ерлігі үшін оннан астам медальдармен және I дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталған.

ЗАМАН

Қай заман- мына заман, аққан заман,
Шаян боп жазықсызды шаққан заман.
Жарлы – бай, ғаріп – ғасыр, жетімдердің,
Тулағын тарсылдатып қаққан заман.

Тимеген жүген-құрық асаулардың,
Мойнына ала арқанды таққан заман.
Ерінін боздақтардың кезерітіп,
Сіңірін шықылдатып, тартқан заман.

Жас бала, зар жылаған ата – ана,
Үстіне қайғы жүгін артқан заман.
Не жақсы өлім-өмір арасында,
Ыңырсып сай-салада жатқан заман.

Танабын жер – жаһанның түгел тартып,
Қан басты дүниені бұлан – талан.
Бұл заман -түсініксіз неткен заман,
Бұзылып тұрағынан кеткен заман.

Жетем деп, жетем бе деп талпынғанның,
"Жетпе" деп маңдайынан тепкен заман.
Қаныңды нақақ судай шашайын деп,
Төбеңнен ажал оғын сепкен заман.

Адам, мал, жан – жануар, көл мен шөлдің,
Томпиған торсықтары кепкен заман.
Туысқан қанша болса бәрін алып,
Тақырдай шөбін жұлып өткен заман.

Қиындық ауыршылық басқанменен,
Жігіттің басы болсын есен-аман.
Лаж жоқ, қашқанменен, сасқанменен,
Таппаса өзі бір жол Хақтағалам.

ДОЛЫ БҰЛТ

Суырып көкте қылышын,
Нөсерлі қара төнді бұлт.
Тарылтып жердің тынысын,
Тапа-тал түс болды ұмыт.

Өрістен қашты төрт түлік,
Асыға үйге енді жұрт.
Салатындай бір бүлік,
Ақырды жерге долы бұлт.

Күйзелді келіп күнірене,
Алас ұрды аспанды.
Шуылдап аймақ төрінде,
Жіберді жылап долы бұлт.

ҚАРА МЫЛТЫҚ

Жапанда жалғыз достым – қара мылтық,
Қараймын қабағына күнде сүртіп.
Қапалық, шаттығымның тетігі сең,
Болмаса шаршатқанын сүлдем құрып.

Міндетің, мылтық, сенің кісі қорғау,
Кісіні дәстүр болды – кісі зорлау.
Күнәдан пәк, сүттен ақ кей жандардың,
Оты өшіп, уақытсыз гүлі солды – ау.

Жанымның жалғыз сенсің жанашыры,
Сенерлік медетім сен – сөздің шыны,
Қайғырып қайғы ойлаған адамдардың –
Қайғысын құлақ қойып тыңда мұны.

Бір кезде маған, мылтық, серік пе едің,
Серік түгіл түсіме еш еніп пе едің?!
Бүгінде сені арқалап, сапар шектім,
Тағдыр шашқан нәсіпті теріп жедім.

1942 жыл.

***

ТУҒАН ЖЕРІМ - ҚҰЛСАРЫМ

Құлсарым – Кең Жылыойым, туған жерім,
Шатыққа берекелі толсын тойың.
Көк майса хош иісті жусанды алап,
Кілемдей құлпырады қыр мен ойың.

Сағындым, сені әбден Кең Жылыойым,
Ойласам жырға толар тұла бойым.
Бір уыс топырағың болған тұмар,
Бал дәурен балалығың есте тұрар.

Құлсарым – құт мекенім, мерекелі,
Мұнайың- игілігім берекелі.
Ескайыр, Далабайдай ұл тудырған,
Жауынгер, қаһармандар – құт мекені.

Сен едің мақтанышым - әсем қалам,
Өзіңді қадір тұтар мен бір балаң.
Тұл бойың тұнған тарих шежірелі,
Арнайды ұрпақтарың небір жыр-ән.

Боздақов Амангелді.
Құлсары қаласы

***

ТОЛҚЫН СЕЗІМ
ДОСЖАНОВА АЛТЫН АМАНЖАНҚЫЗЫ



1973 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданында дүниеге келген. Ол өз сөзінде "... ақын не жазушы емеспін. Мал дәрігерлік зертханада еңбек етемін. Өмірде не алуан жайттар болып жатады. Бір өкініш, бір үміт, бір қуаныш, бір қайғы дегендей сәттерде жүрекке лықсып келген сезімді сыртқа шығаруға ынтам ауып тұрады,"- депті.

Төменде Алтынның сезім сырларының бір шоғын назарларыңызға ұсынамыз.

Көп жыл болды сен кеткелі өмірден,
Көрмейсіз ғой көздің жасын төгілген.
Жатқан жерің жайлы болсын, әкешім,
Мәңгілікке кетпейсің ғой көңілден.

Арқа сүйер тірек едің бәріне,
Арамызда жүргендейсіз әлі де.
Жан емес ең қара жерге қиятын,
Амал нешік, алып кетті мәңгіге.

***

МАРАЛ ЖЕҢЕШЕМЕ

Шүкіршілік, жеңгелерім көп менің,
Қайран қалам, қылығына көп сенің.
Тәтті жеңге, тәйтік жеңге, пәк жеңге –
Таңдағаны ағамыздың сен едің.

Сіңлілердің көңілін де табады,
Ағамызға қылығымен жағады.
Бәрінің де іздегенін бар етіп,
Ененің де қас-қабағын бағады.

Әзілді де бір кісідей көтерер,
Қонақты да жайғастырып өткерер.
Аман-есен жүре берші, ақ жеңге,
Ағам сені бар байлыққа жеткізер.

***

ЕСІМДЕСІҢ, АСХАТЫМ!

Әрлі-берлі жатқан ел сабылысып,
Жүздеседі сенімен сағынысып.
Нағашыңның қасында түнегі тұр,
Күн көзімен күмбездей шағылысып.

Жатыр онда қалпында ұйықтаған,
Ел-жұртыңа ерекше нағашы атаң.
Ол өлген жоқ, барғанда қарсы алады,
Тек көрпесін томаға тұйықтаған.

Әйел шыдар қашанда салған сынға,
Еш дауасыз, не шара, ажал сұмға.
Көзіңнің ағы менен қарасындай
Жалғанда жан жете ме баласына.

Өзі алды берген Алла сүйікті ұлды,
Жер – ана еміреніп иіп тұрды.
Бір менің қайғымменен ұғысқандай,
Сол түні күңіреніп ай күйіп тұрды.

Нені ұғады, бұл пенде кезі келмей,
Айтар сөз жоқ жүректен сезілердей.
Ауырлығын жараның сезеді анаң,
Саған Алла емін де өзі бергей!

Алтын ДОСЖАНОВА
Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы

БӘТИМА БЕККОЖАҚЫЗЫ



Бәтима Беккожақызы Нәти келіні 1935 жылы Атырау облысы, Мақат қыстағында дүниеге келген. Жолдасы Нәтиұлы Нәсу Қойыстың Сүйініші. 1932 жылы туып, 1977 жылы 45 жасында қайтыс болған. Бәтима Беккожақызы 1952 жылы 8- класты бітіріп, еңбек жолын бастайды. Мақат мұнайшылар басқармасында есепші болып жүріп, депутаттыққа сайланады. 1957 жылдан Мақат поселкелік советі атқару комитетінің хатшысы және АХАТ бөлімін басқарып, осы жұмыста 18 жыл болады. Кейін Мақат локомотив депосында жұмыс істейді. Жолдасы қайтыс болған соң атамекені – Қызылқоға ауданы, Миялы елді мекеніне көшіп барады. Мұнда сатушы, қойма меңгерушісі, қонақ үй кезекшісі сияқты қызметтер атқарады.

Балаларынан жиырмаға жуық немере сүйіп отыр.

Бәтима Нәти келіні жасынан өнерге бейім болып, домбыра тартып, халық әндерін, терме толғауларды айтуды дәстүрге айналдырған.

Өзі де ғибратты арнау өлеңдер шығарумен айналысады.

ҰЛДАЙ АБЫСЫНҒА СЫР САҒЫНЫШ

Ақ жеңеше, сен тыңда,
Мен азырақ сөйлейін.
О бастан қонған бұл өнер,
Сөз өнерін төгейін.
Өткен күнді еске алып,
Әрі де бері толғайын.
Жақсылы- жаман кез өтті.
Өткердік басқа салғанын,
Сен сексен бір жасында,
Талай бір сырды толғадық,
Кеудең бір толы қазына,
Жосылды ізіндей жорғаның,
Ағекемнің барында,
Төрт түлік малды айдадың.
Күндіз-түні ат кетпей,
Қонақты күтіп сыйладың.
Төркінің сұлтан тарлан ед,
Қуаныш терең қандай ед,
Қайырын сұра, жеңеше,
Көп қайғырма, сабыр ет,
Қартайғанда сабыр ет.
Қартайғанда заман оңбады,
Ақша бір беттің солғаны,

Артында қалса балларың-
Тілегіңнің оңғаны.
Тілегін тіле жалғыздың,
Жапырағын жайсын аңдызың,
Қайратың барда сайрап қал,
Алдыңа қойдым магнитофон.
Ұрпақтар жүрсін айтып-ай,
Асыл бір сөздің өрнегін.
Көргеннен ұлағат қалдырсақ,
Қолданар салтын білгенін.
Сөйле, жеңеше, ашылып,
Көңілді жасытпа басылып,
Тыңдайық асыл сөзіңді,
Сенде сөз, қазына баршылық.
Жас келгенде ұлғайып,
Қалайықшы бүгін марқайып.
Өткен күнді еске алып,
Қосылып әнді шырқайық.
Ескерткіш болып қалсыншы,
Жазылған таспа қаншалық.
Қолыңа түскен келінмін,
Қыздай қылып шалқытқан.
Екі тарлан боз едік,
Талайдың бойын балқытқан.
Жастық шақты өткіздік,
Атырау, Мақат жайлап-ай.
Ол кездері жатушы ед
Мұнайы судай қайнап-ай.
Той-думан қызық қалған жоқ,
Біз көрмеген ол кезде.
Қартайғанда заман өзгерді,
Келе алмайтын жай болды-ай.
Көрісуге екеуміз,
Көрген жандар азайды,
Көргені бар жасайды.
Ата-ғұрпын ұрпақ қолданса,
Қалдырған дәстүр тозбайды.
Есіңде ме, жеңеше,
Талай сайран салғаның,
Талайдың алып алғысын,
Қызығына қанғаның.
Мен де өзіңдей болғаным,
Алпыс үш жасқа толғаным.
Басыңа түспей білмейсің,
Қу дүниенің жалғанын.
Бұл өмір кімнен өткен жоқ,
Кімге көп, кімнен кеткен жоқ.
Бірде бар да, бірде жоқ,
Қолдың кірі-дүние боқ.
Тілекті тәнір бұзбайық,
Біраз сырды қозғадық.
Бүгін бар пенде, ертең жоқ.
Бұндай күн енді бола ма,
Кеткеннің орны тола ма,
Барға қанағат қылайық,
Көңіл, шіркін, барға тоя ма?!
Шалдырдым атым шалғынға,
Сәлем айт ағайын, туғанға.
Атырауыңмен аман бол,
Дәм айдап елге барғанда!

Бақтиярдың ұлы Мәтжанның елге жазған хаты

Жолдастар, сөйлейтұғын келді кезім,
Байқасаң бөтен емес айтқан сөзім.
Вагонда босқа бұғып отырғанша,
Көңілдің шығарайын айтып желін.
Еске алып кейін қалған ел, халықты,
Ішіме қайғы толды қызыл желім.
Толғанда үшінші айдың он бесінде
Жиылды Сызраньға барлық елім.
Тоқтадың үш-төрт сөтке Сызраньға,
Білмедік жүретұғын қайсы жөнге.
Еске алып туған ана, қарындасты
Хат жаздым қалам алып кейінгі елге.
Миялы, қош аман бол туған жерім,
Көкорай балқаш біткен айдын көлім.
Қош сау бол, Ойыл менен Қобда, Қиыл,
Халқыма қиын болды-ау қатты биыл.
Алыстың аз дәмінен кім біледі,
Біз кеттік елден жырақ шетке қиыр.
Қош сау бол, елде қалған жеңгелерім,
Барамыз ел қорғауға қадам басып.
Жаратқан, өзің жар боп қолдамасаң,
Мамандық ісім де жоқ ел көргенмен,
Хат жаздым қалам алып алғаныма,
Белгілі дүние шіркін жалғанын-ай
Аман- сау күйлімісің, жолдасым-ай,
Бұл сөзді пікіріңе ал ойланып-ай.
Көп зарлап қара басын тапсырмаймын,
Тапсырам қалғандарды өз басыңа-ай.
Тұрсынбай, Сәкең қарт пен екі сәби,
Белгілі қызыл түлкі -дүние фәни.
Қалима, Рахметжан, Бақыт бала,
Дұшпан көп теріс пікір көңіл ала.
Қолына қалам алып хат жазушы –
Белгілі өздеріңе Мәтжан бала.
Және де тапсырамын Сисен қартқа,
Ақсақал, көзіңді сал біздің артқа.
Жел сөзді ойға келген шығарайын,
Азырақ кірісіп те, міне, жатқа.
Ағажан, жүкті болған жылың еді,
Айыпқа бұйыра көрме мені мұнда.
Жолдасым қасымдағы Мәлік,Сұлға
Барамыз талаптанып ұзақ жолға.
Мінгесін қара айғырды берік ертеп,
Барамыз маманданып өлең-жырға.
Келе жатқан өңшең көптің тілектерін,
Жасаған жаратушы өзің оңда.

Хатты ұсынған Бақтияров Рахметжан.

Әбілқасым КӘРІМОВ

АРЫН



Екпіндей жүрсең басылмай асау
арының,
Ту етіп ұстап бойдағы қуат
жалының.
Әлсізді көрсе-ақ қалады атам бас
шайқап:
«Ананы қара, тұр, - дейді, - ашып
қарының».

Келмейді, достар, шындықты
суға батырғым,
Кемелге келіп толысар шағы
ақылдың.
Жастығым-көктем, мен осыдан қуат ап,
Бұл өмірге кеуделеп келе жатырмын.

КӨКПАР

Көкпар жүр шабандоздың тақымында,
Жете алмай кей жігіттер қапы мұнда.
Ал бір қарт таймен шауып, өңеш жыртып:
- Додаға таста, - дейді атып ұр да.

Маңдайдан төмен қарап дөңгелеп тер,
Айқасқа түсті әне сом білектер.
Додадан шықты бірі суырылып,
Айтылып жатыр оған оң тілектер.

Қадалған жан-жағына үміт қып көз,
Сезімді тас боп қатқан жібіттік тез.
...Жанары ақсақалдың жасаурай ма?
О, шіркін, еске түсіп жігіттік кез.

ДАЛА

Жүгіріп келем,
Кең далам, сені бетке алып.
Төсіңді құшқан,
Менен де бұрын көп халық.
Ұлдарың саған,
Еркелеп келіп жатқанда,
Өгейсіп бірақ,
Қалмаймын мұнда шет қалып.
Жел тербеп сонау,
Аңызақ соққан жоталар,
Жаныма нәр боп,
Көңілім содан от алар.
Бозторғай үні,
Қуаныш күйін шерткенде,
Өрекпи соққан,
Өр жүрек қалай жата алар.

ДОСТАРҒА

Достарым, мені тыңдаңдар,
Алынбас алда шыңдар бар.
Сусап бір қалсаң кей сәтте,
Өмірге налып сынбаңдар.

Құлазып көңіл өмірден,
Жараспас жасқа шегінген.
Үміттің оты сөнбесін,
Жігерің болсын темірден.

МАХАМБЕТ ТУРАЛЫ ОЙ

Көкірегіне шемен болып қатқан кек,
Сөз жебесін хан Жәңгірге атқан кеп:
«Хан емессің – қас албасты басқырсың»,
Қандай батыр, қандай батыл Махамбет!

От ауызды ақындардан күшті аса,
Айтқан сөзі мір оғындай тыңдаса.
Заманының Лермонтовы болар ма еді?!
Қамшы орнына қалам егер ұстаса...

ӘКЕ ДОМБЫРАСЫ
(Әкем Кәрім Бүркітбайұлына)

Домбырасын көрсем ойға түседі,
Менің әкем қарапайым кісі еді.
Әңгіме айтып, әзіл айтып жүргендей,
Достарымен тіл қағысып кешегі...

Күйші еді, жаны нәзік ақын да,
Тіл табысар жақсы менен жатың да.
Аңсап келген шақтарымда, апырым-ау,
Домбырасын шертіп әлде отыр ма?...

Күйлеріңді сағынып жүр жай халық,
Домбырасын қарай берем ойға алып.
Сағынғанда бір иіскеп кетсеңші,
Жаңа туған немереңді қолға алып.

ОЙҒА ШОМҒАН ҚАРИЯ

Бүркіттіде Таубай деген бір шал бар,
Қол тигенде сәлем беріп тұрсаңдар.
Қос жанардың нұры тайып бұл күнде,
Тұғырынан түсіп қалды-ау сұңқарлар.

Батыр тұлға,қайран жастық күш –қайда,
Тау қопарған кеңші іші пыспай ма
Мүлгіп отыр,ойға шомып қария.
Жауға шабар батырларға ұқсай ма.

Даусыңнан танып бәрін сезеді,
Сыр бермейді өртенсе де өзегі.
Әкең өлсе,оны көрген өлмесін,
Үзеңгілес әкеміздің көзі еді.

***

ЖІГІТТІҢ НАРҚАСҚАСЫ ЕЛДЕН ШЫҒАР



Сары алтын құралмайды балықтпасаң,
Ер жігіт сыналмайды тек жатқаннан.
Дүниенің төрт бұрышын көрсеңдағы,
Не пайда жастарға ақыл бере алмасаң.
Баққанмен құзғын қарға бүлбүл болмас,
Асылы ер жігіттің төмен қалмас.
Алладан нәубет келмей азаматқа.
Шапсаң да кесе алмайды өткір алмас.
Көңілі көк есектің аттан озар,
Дүние жас күніңде болар базар.
Жұтынып тоймай кеткен қарынбайлар,
Далада қалған жоқ па болып мазар.
Бір Алла ақырын берсін пендесіне,
Небірдің наны пісті-ау кеудесіне.
Осқырынып қарайды-ау шекесімен,
Қара жер ойылардай шіренгенде.
Ат ерттеп міне алмайтын не жамандар,
Ит қуса қаша алмайды майтабандар.
Амалын қазынаның пайдаланып,
Халықтан жинаған-ау садақалар.
Ел іші – қазыналы қара шаңырақ,
Озады-ау мыңнан жүйрік небір саңлақ.
Жанына иманы кәміл тақулар,
Шақырса Алла алдына қуана бармақ.
Бәйге атқа артық ет-ау жолдас болмас,
Біреуде бақ болғанмен талап болмас,
Жапалақ түнде ұшып, тышқан аулар,
Қыран құс күндіз ұшып, түнде ұшпас.
Жігіттің нарқасқасы елден шығар,
Қажымай ел-жұрты үшін барын салар.
Бауыздасаң мыңқ етпес қара нардай,
Ер жігіт елі үшін жауға шабар,
Не жетпейді адамзатқа бұл фәниде,
Қияды дүние үшін бір-бірін де.
Қарыны қанағатсыз тоймағандар,
Тозақтың оты табар тап түбінде.
Осымен тоқтатайын нақылымды,
Рақмет сіздерге тыңдаған ақылымды.
Бұл сөзді маған айтқан демеңіздер,
Нақылшыл сөге көрме ақынынды.

ЖИЫРМА БЕС

Атанды алып ұрған арыстандай,
Шабататын атылғанда жолбарыстай.
Құйылған шын болаттан тұтас кеуде,
Қайырылып қайта келмес жиырма бес-ай.

Қар жауып, қара суық қағынса да,
Көз көрмей соқыр тұман жер жапса да.
Өлем деп ойламайтын жаны жоқтай,
Па, шіркін, енді келмес жиырма бес-ай.

Жау шауып жалғыз өзі қалса дағы,
Қан жұтып қара жерде жатса дағы.
Қас жауы тірі ұстап бауыздаса да-ай.
Мыңқ етпей, бақұл болар жиырма бес-ай.

Бұрқанып толқыса да дария теңіз,
Тәуекел ете алады қандай деңіз.
Өз жанын аямайды батса дағы-ай,
Құтқар деп айта алмаған жиырма бес-ай.

Шың құздан құлаймын деп ойламайтын,
Пенде емес құс қанатын қаға алатын.
Жарқабақ аяқ таяр жазым болса-ай,
Шыңырауға құлдилаған жиырма бес-ай.
Бар – жоққа уәдесін бере салар,
Өз емес өзге жанның қамын ойлар.
Уағдасы ойлағандай болмай қалса-ай,
Жынданып кете жаздар жиырма бес-ай.

Аянбай асау мініп, көкпар шапқан,
Шабатын күндік жерге ат жаратқан.
Жүгіртіп құмай тазы, аң аулап-ай,
Сенбейді-ау көрмегендер жиырма бес-ай.

Бар десе қайда сұлу жата алмаған,
Жігітке жараспай ма қызбен болған.
Қызығы бұл өмірдің, шіркін, дүние-ай,
Хат жазған көңіліне жиырма бес-ай.

Нарбай АБДІРАМАНОВ.
Кентау қаласы.

СЕРІКБОЛ ХАСАН

1987 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Нұржау ауылында дүниеге келген, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетін бітірген. Республикалық «Шапағат-Нұр» исламтану журналында қызмет атқарады. Өлеңдері республикалық басылымдарда жарияланып жүр.



ЖОЛАУШЫ ҚЫЗ

Мен аңсаған бақыт па ең сен, арман ба ең,
Әлде сағым, әлде бояу жалған ба ең?!
Сені көріп лаулағаны-ай, жанғаны-ай,
Кеше ғана мәңгі сөніп қалған дем.

Ынтық көңіл быт-шыт етіп қойды, әттең,
Жүргендеймін сезіммен ойнап мен.

Сендей жанды қалада емес, бақта емес,
Тар вагоннан табамын деп ойлап па ем.

Жолаушы қыз, қуандым-ау көрінсең,
Өлең оқып бермек едім өміршең.
Ақынымсып бір шумағын бастап ем,
"Мен өленді түсінбеймін", - дедің сен.

Күрт пысынап көңілімнің тұманы,
Өшкендейсің өмірімнің шырағы.
Үнсіз қалдым, сен де үнсізсің өйткені,
Мен күткен сөз басқаша еді:
"...Ұнады".

Жат ортада жыр біткеннің жоқ сәні,
Содан қайтып зауқым сағап соқпады.
Бір кездері біздің пойыз сен туған,
Шәмші ауылы Арысқа кеп тоқтады.

Ғашық болу, одан асқан бақ бар ма?!
Әлгі аруым кетіп бара жатты алда:
"Кешіріңіз... қалжыңдадым...өлеңің...
....Қош бол",-деді түсіп бара жатқанда.

Біліп пе ем мен, ұғынып па ем... бірақ мен,
Қыздың жаны қырық еді, мұны әттең.
Түсінбеймін дегеніңмен жанымды,
Бірге қосып түсініпсің, ұнап тең.

...Өтті. Ай сырғып, кетті асығып Жыл да асып,
(Кеңге сыймай күңкілдеп жүр бір басым).
Дәл баяғы қара жүйрік пойызда,
Жыр оқып тұр бір ғашыққа бір ғашық.
Тек...
Түсінбей қалмаса екен!?

ҒАСЫР ДЕРТІ

Жыл санап түтіп, жұлқынған нарық,
Азғындап кетті-ау алып төр.
Қымбатшылықтан қылғанған халық,
Сенбесең, өзің барып көр.
Алқымнан азап алады-ау анық,
Етегін жимай көктемдер.
Шылым дегенің далада қалып,
Шөп сорып бүгін кеткен бе ел.

Жүргендей бір мен қисынын тауып,
Жүк артад келіп маған көп.
Жалақы тауып, жанұя бағып,
Адымдап жүрген ағам жоқ.

Алдайды-ау тегі миыңды қағып,
Кербездер үйге енген боп.
Самауыр салып, сиырын сауып,
Шай қойып жүрген жеңгем жоқ.

Өтірік қана күлген боламын,
Әдірем қалып Еңбек, Тер.
Бұрыштарында үй мен қораның,
Шашылып жатқан шөлмектер.

Көріп-ақ тұр-ау Жаратқан да анық,
Алдында көздің бәрі нақ.
Ардақтылары араққа алданып,
Аңырап жүрген шаңырақ.

Ақшаға бар іс алдана қалад,
Айтусыз содан талай үн.
Танысың менен қалтаңа қарап,
Табысып жүрген ағайын.

Мұң мен құсаға етегі толып,
Темір торда өтер жыл, айлар.
Келісім шартпен некелі болып,
Керісіп жатқан жұбайлар.

Біреулер күтіп жоғалған ұлын,
Тосумен өтер: «Кеп қалар».
Уланып кеткен қоғамның бұрын,
Сан қырлы сансыз секталар.

Парасы менен табысын бөліп,
Қарнына тыққан құлқындар.
Нәпақа үшін намысын беріп,
Сыланып жүрген сылқымдар.

Болашақ қалай боларын анық,
Саусағыменен санап көр.

Жыл сайын тест деп омалып, налып,
Асылып жатқан талапкер.

Немереңді алып оқуға бейім,
Білім алуға беттеп бер.
Тағдырын оның он жылдан кейін,
«Шешіп» береді мектептер.

Осылар, міне, ғасырдың дерті,
Айтатын болсаң, тағы бар.
Ақылмен ғана – асылдың кілті,
Болашағыңды танып ал.

Дертіне шипа табылар әлі,
Айналмай тұрып індетке.
Шаңырағыңның «қаңырағанын»,
Болашағына үлгі етпе.

ОТЫЗ КОМСОМОЛДЫҢ АУЫЛЫ
(Ел әңгімесі, болған оқиға ізімен)



Кешелер мен Жанғабылдардың арасы қалмақ байлауындай шиеліністі. (Жанғабыл – Қосымның қабырғалы әулеті).

«Отыз комсомолдың ауылы». Бұл – кейінірек қойылған атақ. Ал алғашында «Комсомол» деген бір сөздің өзі ауылдың зәре-құтын алды.

-Неғыл дейді!?

-Кәмсәмал екен!

-О не деген сөз?

-Итім білсін бе?

-Неғылады екен?

-Қырады дейді. Қырғаны емей немене – еркекті әйелмен теңестіреді дейді. Ата ғұрпына жол бермейді дейді. Қызды еркіне жібереді дейді. Құдалық деген болмайды (тап осы сөз – Тобыш ағамның аузынан шығыпты).

-Шынында қырады десейші!

-Қой, еркекті әйелмен теңестірмес, жарқының олай масқара болмас.

-Сұмдық-ай!

-Ақырзаманның жақындағаны...

Бірақ бірдемені біліп жатқан біреу де жоқ. Сөздің негізгі шешуі «Коммунистік жастар Одағы» екенін, оның атқаратын қызметінің қандай екенін ұқтыратын адам шықпады. Қорқатыны – тек «Комсомол!, «Камсамол», «Кәмсәмол». Комсомол аты ауданда ең алдымен біздің ауылда – Жанғабылдарда естіледі. Жанғабылдар мұндайда алдымен елпілдейді. Ұя дейтінді құрмақшы болды. Бірінші хатшы кішкентайынан ерке болған, тұла бойы толған өнер, бірақ не нәрсеге де жеңіл қарайтын қалжақбас Бердіғали ағам, екінші хатшы – мысқыл қулығы да, әзіл қулығы да, адал қулығы да бар, жеңіліп қалса, күлкіге жеңдіріп кететін Өтеш ағам, үшінші хатшы – сөзуар Уәли ағам. Бұларды ешкім де сайлаған жоқ, тіпті сайлаудың өзі болған емес; бір топ жастар отырды да «осылай болсын» десті. Бір қызығы, бұларды ешкім бекітпеді де.

Хаттама да жазылған жоқ. Іс қағазы дегендер де болмады. Билет, кәртішкі, есеп дегендерден бәрі де хабарсыз еді. Ең аяғы – мүшелердің тізімі де болған емес.

Үш хатшының үшеуі де хат жаза алмайтын, тек Уәли ағамның Байтұрсыновтың әліпбиін ежіктеп оқитын ғана сауаты бар еді. Комсомол тарихында, бұған қатысты архивтерде қазіргі ауданымыздың қырлық жерінде алғаш құрылған біздің ауылдың коммунистік Жастар ұйымы жөнінде қандай құжаттар сақталғанын білмеймін, ал біздің жердің жалпы тарихында «Отыз комсомолдың ауылы» деген атақ Жанғабылдарда мәңгілікке қалып қойды.

Бірақ жұрт не десе о десін, ауылымызға берілген бұл атақ біраз уақыт бойы дүңкілдеді келіп, ауылдың атын біраз жерге мәшһүр етті.

***

Шілде. Әуе айналып жерге түскендей.

Үш – төрт жігітпен құдаларына барған Балтай жекжат ауылының құрметін көріп, едәуір жатып қалды. Батаоқыр, құтты болсын айтар жердің біразын қамтыды. Құдалардың көңілін аулап болдық-ау деген шамада жолдастары ана шаруа, мына шаруасын сылтау етіп, ұлықсатпен елге қайтып кетті де, Балтай үш-төрт күнге тағы да қалып қойды.

Елге оралып келе жатқан беті. Ұзақ жолда қара көк ат қатты шөлдеп, басы бұланған келеді.

Талтүс. Алыста ауылы, беріде шыңырау басында мал суарған ауыл адамдары көрінеді. Түйемен қауға тартқан бала. Маң-маң басқан түйе екі- үш жүз қадам жерден қауғаны

әлдекашан түскен соқпақпен әкеліп, шыңырауға түсіреді. Түйе сол күй-мінезімен қайта жүріп, түйе терісінен қаусырылып тігілген қауғаға толған суды шығырмен жоғары көтеріп, әзір тұрған жігіттер қауғадағы суды шыңыраудың аузына жақын жердегі астауға аудара салады. Бұл кезде түйе сол екі-үш жүз қадам қашықтықта. Су қотарылды деген уақытта түйе мінген бала шыңырауға қайта оралып тұрады... Сонымен, шыңырау, су. Мал суарғандар. Шөлдеген қара көк ат. Ат шыңырауға таяп келді.

Жолаушы мал суарушылардан ұлықсатсыз бірден астауға малын қоя бермейді. Ал менің атам Балтай мінген қара көк ат даланың бұл ізет – заңынан бейхабар еді. Ол өз тұқымдастарына тән өркөкіректікпен табиғи қажетін қанағаттандыруға алдымен ұмтылатын. Сөйтіп, қара көк ат су ішіп жатқан қойлардың ортасын кие-жара астауға бас қойды.

Мал суарып тұрған Қойбағар құл жолаушы атының бұл әдепсіздігін көтере алмайтын еді. Түркіменнен, ар жағы – Хиуа ханымен соғыста бала күнінен қолға түскен Қойбағар адайға әбден сіңіп кеткен. Адайдың Кеше дейтін ауылына етене боп, сол руды қабылдап, бір кешеге бала болып, соңғы әкесі өлген соң үйді ұстап, үйленіп, балалы-шағалы болған, тіпті немере сүйген. Қазір оны ешкім қазақтан айыра алмас. Түркіменнің жігітінен тусын мейлі, қазақтың қызынан тусын мейлі, Қойбағар қазіргі тұрмысына риза еді. Уайым-қайғыдан, сөз-сыпсың атаулыдан бойын таза ұстайтын, сөз де білмейтін. Аузы берік болғанмен, қыз-әйел жағына келгенде соңынан өсек көп ерді. Бірақ оны ұстап алған адам жоқ, тек секілді,сықылды ғана әңгіме болмаса.

Ажар жағынан да, қайрат пен мінез жағынан да Қойбағар жатына емес, қанына тартқан еді.

Сонымен, қара көк Қойбағар меңгеріп тұрған астауға ұлықсатсыз ауыз салып, шыңыраудың мұздай суық суын сіміре берді. Ашуға булыққан Қойбағар қасындағы бай мырзасы Есенбердіге шұғыл бұрылып қарады. Оның басын изегені-иземегені белгісіз, үнсіз-түнсіз қолындағы ұзын қайың құрықпен аттың басына қойып қалды. Соққы жанына батқан қара көк атқа табиғи қажетті өтеу басты парыз болып көрінді. Бірақ «хайуан – малды зәбірлеме» уағызы бойына молырақ сіңген ат иесі Балтай Қойбағардың аттың басына қойып қалуын көргенсіздік санады. О да мұндай ерсілікті көтере алмайтын. Сол бойда қолындағы төрт өрме қамшымен Қойбағарды аямай тартып жіберді. Істің бәрі жазылып отырғанмен, санап үлгермейтін аз уақытта, әп-сәтте өтті. Қойбағар бай мырзасына бұрылып қарады ма, қарамады ма, мырза басын изеді ме, иземеді ме, ол жағы анық емес, иесі ұзын қайың құрықтың қызметін осы бойда тағы бір рет көрді: құрық енді ерен күшпен Балтайдың қақ төбесіне келіп сарт етті. Балтайдың миы аузына ағып түсті. Тіпті санауға болмайтын аз уақыт ішінде Балтай қызыл ала қан болып, ат үстінен жерге сылқ етті. Иесінің ажалымен саудасы жоқ қара көк ат суды сіміре берді...

Бай мырзасы Қойбағарды бір түйіп қалды. Қой қайырып тұрған балалардың бір тобы ауылға қарай жүгіре жөнелді...

...Балтайдың қазасын Адайдың сөз білетін, жөн білетін, Жанғабылға алыстан болса да, жекжат болып келетін, ажарлы, шариғатқа жетік бір топ кісісі естіртіп кетті. Кінәні мойындарына алды. Бата оқылды.

Жанғабылдардан бір-екеуінің естіртушілерге де тілі тиіп қалды. Бірақ қайтесің, естіртушілер – қонақ. «Елшіге өлім жоқ». «Қонақ – атаның ұлы». Діңкелері құрыды. «Әкеңнің өлгенін кім естіртсе, жауың – сол» болғанмен, ешкім де халықтың одан да биік дәстүрінен аттай алмады. Үні өшті. Қонақтар аман-есен еліне кетті. Ал Балтайдың Қалмұрат, Әбдірақ, Бижан деген жасөспірім үш ұлы, жиырма сегіздегі әйелі еңіреп қалды.

Балтайдың атасы – Ажыр. «Ажырсыз ел қажыр» мәтеліне кейіпкер болған белгілі адам болатын. Ажыр да, Балтай да жалғыз еді, Жанғабылдың бір топ азаматы кеше лерді шауып алуға аттанды. Бірақ адайларды қырып-жоймақ болып аттанғандар бос барып, бос қайтты. Себебі бір топ адам тұтас бір ауылды шауып ала алмас еді, аз да болса, есі бар ел адамдары орынсыз қазаға ұшыраған елдің қытығына тиіп, өжеленуіне жол бере қоймас еді, жайылып – жастық, иіліп – төсек болды. Болашақ «отыз комсомолдың» жартысы (мүмкін, үштен-төрттен бірі) араласқан топ ештеңе бітіре алмады. Ішкен-жегеніне мәз болып, «жылы мұрынға – суық қол» еліне оралды.

Жанғабылдар жақын-алыс ағайындарын қайта жинады. Ақсақал-қарасақалдар мықты байлам істеді: «Ажыр, Ажырсыз ел қажыр» еді, оның жалғыз ұлы өлгенде жайбарақат отыра береміз бе? Егіліп әйелі, бұғанасы қатпаған жасөспірім балалары қалды, асырайтын адамы жоқ. Азаматымыз қалмақ сияқты өлермен жаумен соғыста өлмей, ел ары, абыройы жолындағы шайқаста өлмей, атының астаудан ризалықсыз су ішкені үшін өлтірілді. Тепе-тең күресте өлтірілмей, құдық басында өлтірілді. Дұрыс, азаматтың, батырдың, қолынан өлмей, адайдың құлаққесті құлының қолынан өлді... Өлді. Өлтірілді, өлтірілді... үш кісінің құнын алу керек!

Кеше лерге саралай келе, баратын жиырма төрт адам шықты. Батырлар емес – билер. Тентектер емес – салауатты, салиқалы жандар. Атқосшы болып баратын жастардың өзі жөнін білетін, есі дұрыс, бірде-бірге келгенде сөз тауып бере алатын, жібі түзу өскелеңдер еді, болмаса да биден туғандар, ең аяғы – бидің баласы болмағанымен, би түсетін үйдің балалары еді. «Елге бай құт емес, би құт».

Бас би болып даңқты Тұманшы бидің баласы Мырзаби, жалғыз би болып Тоқтабай баласы Сарбалақ белгіленді.

Мырзаби бастаған жаушылар салтанатпен келді, салтанатпен қарсы алынды. Кеше лердің көрмегендері жанғабылдарға шын ниетімен қайырлы болсын айтысты. Халық даналығының асыл сөздері суша төгілді. Бірақ өлім мәселесі арнайы әңгіме болған жоқ. Жанғабылдар жалпы амандық, жайлау, жан-мал жайы білетін,араласқан ел ішіндегі қуанышты үрдіс пен дүниеден өткен пенделер тақырыбында ғана, тереңге бармай-ақ сөз қозғап отырды. Негізгі сөзді кеше лер айтты. Қонаққа таман жоғары отырған бір-екі ақсақал, Балтай өлімін естіртуге барғандардан бір-екі қарасақалдар көбірек сөйледі. Солардың қақ ортасында, жоғарыдан үшінші отырған қарасақалға да, ақсақалға да қосылмайтын арық, қу жақ кісі сөйлемей отырды. Мырзекең негізгі шарға салатындары осы кісі екен деп түйді. Ол кісінің қарасақалға да, ақсақалға да қосылмайтыны – көсе еді. Жас деуге беті шаналанып қатып қалған, кәрі деуге иегіндегі бірнеше түйір сақалында ақ қылшықтың аты көрінбейді, қу жақ. Айтуға аты қиын есімін еске сақтай алмаған жанғабылдар қалған өмірінде ол кісіні «Қужақ» деп атап кеткен. Ол манадан бергі сөзге араласқан жоқ.

Өлім кеше лердің өз ауылында болған. «Өлгеннің соңынан өлмек жоқ, өлген қайтып келмек жоқ қой», - деп қана бір ауыз белгілі мақалды қосып қойды. Мұнысы да болашақ сөзінің есебіне кіретіні белгілі болып қалды.

Шайға қанып алған соң сөзді, әрине, Мырзаби бастады.

«Төскейде малымыз, төсекте басымыз қосылған» сияқты үйреншікті сөздерді Мырзекең әдейі қолданбады. Арасында басқаға аз-мұз шолу жасағаны болмаса, әңгімені бастарда бірден негізгі мәселеден қозғады.

- Ат аяғына, қойшы таяғына ие бола алмайтын заман туды. Хайуан малдың астаудан ішкен суы жас азаматтың өмірінің уы болып шықты. «Ғарабтар мен қызылбастардың, Қиырқұрыш пен Дәрінің, Ескендір Зұлқарнайын мен Ақсақ Темірдің, Шыңғыс пен Батудың, шұршіттер мен қалмақтардың шабуыл-соғыстарында қазақтың пешенесіне өлім аз кездескен емес. Маңдайына осындай тағдыр жазылған елде жауларымыз өктемдік көрсетсе, соңы қантөгіс болатын еді. Алайда, мұндағы өлім – ақ өлім, шәһит өлім, қасиетті өлім болатын. Біздің азаматымыздың қазасы даңқсыз, ерекше мәнсіз өлім болды.

«Ажырсыз ауыл - қажыр» мәтеліне ие болған, бүкіл шеркешке белгілі Ажырдың жалғыз ұлы, отыз үш жастағы Балтай талтүсте себептен себепсіз өлтірілді. Ұстап айтар сылтауы жоқ, ертеден келе жатқан кегі жоқ ағайын болып отырғанда, шыңыраудың тегін суының мал ішкен бір жұтымы бетке ұстар азаматтың ажалына жетті. «Құдайдың қара суын аяпты» деген осы! Бұл- бір.

Азаматымыз жетісе қоймаған үш ұлдың әкесі еді. Ержете алмай олар қалды. Сүйенер ағасы, бауыры жоқ бұлар енді – жетімек. Бұл – екі!

Еріміз ерден емес, әуейі құлдың қолынан өлді. Бұдан асқан қорлық болмас. Бұл кінәларың сендердің айыптарыңды тағы күшейте түседі. Мұнымен – үш!. Өлген адамымызға үш кісінің құнын сұраймыз. Тағы айтарымыз, әңгіме жалғасар, бірақ басқаға келісеріміз жоқ! - деп Мырзекең осылай түйді де, сөзін тоқтатты.

Кеше лер үнсіз қалды. Бұл сөзді күтпеп еді. Бірқатары білдірмей, жеңіл күрсініп те алды. Үнсіздік мұндай жағдайға салыстырғанда – едәуір ұзаққа созылған сияқты. Жанғабылдар тік отыр да, кеше лер бір-біріне, қонақтарға көзінің астымен қарасады. Бір кезде үлкен ақсақалдың - үшінші боп отырған ақсақал да емес, қарасақал да емес, көсеге елеусіз иек қаққаны аңғарылып қалды. Қужақ сөйлеп кетті.

Бірден мақалдады.

- Алдырған анасының қойнын ашады... – Кімге айтып отырғаны түсініксіз, сірә, жанғабылдарға тиіп отырғаны болуы керек. Не десе де – сөзі ұнамды басталмады.

- Қате сөз бола береді ғой. Бірақ біз қате айтты демейміз. Көріне жанғабылдарға ұрынып отыр.

-«Жаны күйген тәңірісін қарғайды». Азаматынан айырылған ауылды сөгетін жайымыз жоқ. Күйік соларда, кісісінен айырылған – солар. Құдандалы ел едік, істейін дегеніміз жоқ. Біздің ісіміз де қатеден болды. «Өлтіреміз» түгіл, «тікенек қадаймыз» дегеніміз жоқ. Кессең, мынау – бас. Жаздым, жаңылдым. «Ұсынған басты қылыш кеспейді» - деген қайда ? « Алдына келсе - атаның құнын кеш» демей ме? Бір қатеміз болды, құдалар. «Жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ болмас» дейтін еді ғой. Кешіріңдер... – Аяғына отырғызғысы келмейтіні бірден білінді. – Қыз алып, қыз

бергенбіз. «Мыңжылдық құда» едік. Бір кінәні кешире салса болар еді. «Бас сынса – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде». Құдалық-жекжаттығымызға сын. Біздер қыз бергенде – сендерге бір ауыз сөз айтпап едік, біздер қыз алғанда да – сендерді өкпелететін ештеңе істеген жоқ едік, - деп, Қужақ сосын пәленшенің қызын алғандағы берген тамағын, көрсеткен сый-сияпатын айтып, бір қиырға салды.

-Мұның бәрі ежелден сыйластығымыздың айқын белгісі болатын. Бізден де үлкен әкелер, ағалар бәтуа еткен мұндай сыйластықтан кейін «ұзында - өшіміз, қысқада кегіміз» дейтіндей ештене болуға тиісті емес сияқты еді. «Қазан түбінде шеміршек қалды» дегеніміз араз, арасы қашық, жат адамларда болатын қылық деп түсінетін едік, - деп бір қойды. Мырзаби ағайын ете сөйлесе (әрине, мұнда кендік есең бар еді), Қужақ жекжат, құдалық, «мыңжылдық» есебімен шиырға салып, қиырға алып кетуге тырысты. Кешенің ақсақалы, қарасақалдары, тіпті жастары өз адамдарының қашықтап кеткенін бірден аңғарып қалса, жанғабылдың өкілдері Қужақтың қуартып сөйлеп отырғанын сезді.

- Бұ не? – деді жанғабылдар жақтан біреу қатқыл үнмен. Бұған да жауап қайтарған жоқ. Қужақ бұл сөйлеушінің бетіне бедірейіп қарады да қойды.

- Сөзімізге жауабың қайда? – деді айдан анық етіп Сарбалақ Қужаққа тіке қарап.

- Беріп отырған жоқпыз ба жауабымызды. «Бәйгені жыққанға, сөзді ұққанға» деген, - деп күмілжіді. Қуажақ Сарбалаққа тікелей айтпағанымен, оның құн даулаушыларға шабуыл жасап отырғаны, тым болмағанда, осындай жасағысы келетіні байқалады. Енді жанғабылдар жағы кідіріп қалды. Бұлар да іштей мақалға жүгінді: «Безерден – тәңірім безген».

Мырзаби сөзін аяқсыз тастата алмады, таусылмаса да, сөз жалғастыру үшін айта салды:

- «Алдыңа келсе – атаңның құнын кеш» деген дейсің. Қашан кінәңді мойындап, басыңды иіп, алдыма жығылып, кешірім сұрап келіп едің? Өзіміз келгендегі сөзің мынау!

Қанша айтқанмен, Қужақ сөзден алдырғанын білді. Енді өнбейтін жердегі дауға жабысты.

- Өзің ауызыңмен айттың, сөзіңе құлдық, Мырзеке. Қандықол құныкеріміз құлаққесті құл екен. Енді бізге жабысар ненің реті бар, - деп салды ол. Сарбалақ бұл жерде бір қатты сөз айтып қалды.

- Кеще атануың осындай қылықтарыңнан екен-ау!

Мырзабидің ашуланған сайын сөзі түйдек-түйдек түсетін, бірақ ол бұл жолы ашуға міне қойған жоқ. Жайлап қана шегеледі:

-«Құлаққесті құл» дегенді өздеріңнен шыққан сөз болған соң айттым. Қойбағар қазір руым – кеще десе, қалай ол құл болады? Әкем деп кешенің азаматын айтса, қалайша құл атанады? Ұл-қызы өсіп, кешенің әулеті атанып, олардан немере өрбісе, неліктен ол адай болмауға тиіс? Жазылған жайлау, қазылған құдық адайдікі болса, бұл жер құлдың жері болмайтын шығар. Суарылып жатқан жер, қайысқан мал құлдікі емес, елінің – кешенің дәулеті болар деп білемін. Қойбағар адайды көбейткенде – ұл болады да, қан төккенде, неге құл бола қалады? Еңбегі мен еркектігі адал болады да, қысылар сәтте Қойбағардың ауыртпалығын көтеретін ел табылмауы қалай?

-Олай болса сол Қойбағарыңды ала ғой, - деп қалды Қужақ. Бұл жерден оңбай ұтылды.

Мырза би неғұрлым жай сөйледі. Ал жұрт сілтідей тұнды.

-Мұнымен сен өзіңнің қаражүректігіңді білдіріп алдың, биім. Сенің Қойбағарыңды алып кетіп, мен Балтайымды тірілте алмаймын. Бір адайдың қызына бай болып, біраз адай баласына әке болып, біраз немере ата болғанмен, Қойбағарың Балтай әйелін меңгеріп, Балтай балаларына енді әке бола алмайды. Қазақ қанынан туған ұл әкесін өлтірген адамға бала болып көрген жоқ! Өлтірілген кісінің орнына кісі өлтіретін тау халқы емеспіз. Маған адамның қаны емес, өлген кісінің құны керек. Өлгені емес- өскені керек. Бұл менің бабамның , ол сенің де бабаң, ежелден келе жатқан қасиетті заңы, берекесі. Құн кейінгі ұрпақтың мұқтаж көрмей өсуі үшін қажет.Маған адам керек болса, мен құдық басында тұрған Есенбердіні ұстар едім. Қойбағар ат басына соққанда, біреу мырза басын изеді дейді, біреу иземеді дейді. Есенберділен ұлықсат алыпты. Қойбағар Балтайды өлтіргенде де, біреу басын изеді, біреу басын иземеді дейді. Есенберділен өкілдік алғанға ұқсайды. Шетке шығарғандарың Қойбағар болса, біздің ұстайтынымыз Есенберді болар еді. Соның өзі-ақ уыска толып қалатын сияқты. Азаматымыздың құнын беруге мал аясаңдар, Есенбердіні-ақ алдымызға әкеліп беріңдер. Онл кісінің құнын төлесе де, қылшығы қисаймайды, шаруасына титтей де нұқсан келмейді, үш кісінің құнын сол кісі төлесін. Біз бұған да көнеміз, - деді Мырзаби шегелей. -Бірақ бізге Есенбердінің де басының қажеті жоқ.

Қужақ, тіпті барлық кешелер абыржып қалды.

Ақыр соңында олар, кешеден баска да адайдлар бар ғой, ақылдасайық. Жауабын тірі болсақ, кідіртпей береміз, – деп ант-суын ішіп, уәде беріп, жанғабылдарды шығарып салды.

Бұдан кейінгі оқиғалар жанғабылдар үшін сәтсіз болып шықты. Балтай дауы бітпей-ақ бұрын емес-еміс естіліп жатқан майданға жігіт алатын хабар шын болып шықты. Ел біраз дүрлікті...

Ұлу жылының аяғында, жылан жылы басталарда ақ патша құлады. Бұл да жұртты біраз әуре-сарсаңға ұрындырды. Қысқа қарай өкіметті большевиктер алды.

Жұрт не боларын білмеді. Қызылдар мен ақтар, Толстов, Киселев, Акутин сияқты бандылар. Ақтар босқан жыл. 20-жылдардың басындағы мешін,тауықтың аштығы. Аштық бұл өңірді қатты қинамаса да, едәуір зардабын тигізіп бақты. Аласапыран кез. Қанша уақыт өтсе де, қандай жағдай тап болса да «бата ескірмейді», «құн кетпейді» дәстүрін сақтаған ел Балтай дауын ұмытқан жоқ. Айыбы-арасы онша алыс емес, екі ауылдың сәлемі бұзылып жүрді. Балалар алыстан бір-бірін кесектеп кететін. Төбелеске бармаса да, іліп-қағудан, кекетіп өтуден екі жағы да кенде болған жоқ. Кешелер сөзбұйдаға көп салды. Соңғы кезде ел басына түскен жағдайды бетке ұстады. Оның бер жағында – Кеңес өкіметі келер алдында Қойбағарды итжеккенге аударып жіберді де, ол жаңа өкімет келерде елге аман-есен қайтып оралды. Жаңалығы – Қойбағар аздап орысша үйреніпті.

Ел қарттары жастарды реніш-кикілжіңнен сақтандырды. Сонша қиындықтың өзінде де бір-бірін мезі қылмай, екі ел дауды сөзбен қозғай берді, кінәсі – дау кәдімгі жай әңгімедей жалғасатын болды. Хабарласып тұрды. Күлетінді де шығарды. Жанғабылдар кешелердің уәдесі орындалатынына сенді... Оның бер жағында олардың бір адамның толық құнын (түрлеп-түстеп) береміз деген де арнайы хабары келіп жеткен болатын.

Мешін жылы Қазақ Автономиялы Республикасы құрылды. Халық комиссарлар Кеңесі республика құрылғаннан кейін көп ұзатпай-ақ, 9 желтоқсанда құн төлеуді жою туралы заң , декрет шығарды. Ұлттық ежелгі дәстүрге тыйым салынды. «Қасым ханның қаска жолы», «Есім ханның ескі жолы» , Тәукенің «Жеті жарғысы» біржолата жоққа шығарылды. Құн алған да, құн берген де жауапқа тартылатын болды. Ал жаңа декрет – «Өлсең- құның жоқ» деген заң еді. Жесір әйел мен жетім баланың қосымша күн көру мүмкіншілігіне тыйым салынған заң еді. Бұл жанғабылдарға ұнамды тиген жоқ. Пәлен уақыт болған мәселені сол бойда – дер кезінде шешпеген Мырза- би, Сарбалақтың сабырлылығына ренжігендер де болмай қалмады.

Бір жақсысы – сол дау кезінің куәлары, негізгі ақсақал, қарасақалдардың көзі тірі еді. Бұлар уәде бұзбас деп күтілген еді. Әділдігін айту керек, бұл заңның шыққанына екі-үш жыл өтсе де, ол әлі күшіне ене қойған жоқ. Қалың мал туралы заңның күні кешеге дейін іске аспағаны сияқты.

«Комсомол» деген сөз осы кезде шыққан болатын. Үлкендер данқы дүрс-дүрс естілетін комсомолдарды да жұмыска араластыру жөн деп тапты. Әуелгіде өздерін «өкіметтің оң қолы» санайтын олар ағаларының бұл сөзіне азарда-безер болды. Мұны естіген бірінші хатшы Бердіғалидың әкесі баласын аяп, ел ақсақалдарына: «Менің баламды қосып жүрмеңдер», деп кезінде ескертіп үлгерді. Екінші хатшы Өтештің әкесі: «Жолап жүрме»,- деп баласын үйінде пісіріп қойды. Әкесі жоқ үшінші хатшы Уәли:

-Жұмсасаңдар, барамыз ғой, - деп лып ете түсті.

Сарбалақ би Бақтияр інісін шақырып алып, оның өздеріне еруге қалай қарайтынын білді. Мұндайда жеңіле қойғысы келмейтін Бақтияр: -Зұмсасандад баданбыс, - деді. Қайын жұдым дебсібін, - деді аузындағы насыбайын да алмай тұрып.

Сақалына бурыл кіріп қалған Мырза би мен әлі ерекше мықты Сарбалақ бастаған топ іштерінде үшінші хатшы Уәли мен комсомолдың үлкені Бақтияр бар жанғабылдар кешелерге тағы да келді. Тағы салтанатпен келу, тағы салтанатпен қарсы алу.

Елдің адамдары да жиналып қалған екен. Мырза би негізгі әңгімеге бір ғана сөз айтты:

- Біраз уақыт болды! Сөйдеді де қойды. Тынып қалды. Жауап күтетіні барлық жиналғандарға да белгілі болды. Қужақ та әлі тұяғынан тая қоймаған екен. Бірінші сөзді бірден сол айтуға тиіс болғаны аңғарылды.

-Қош келдіңдер! Сендерді ешбір айыптамаймыз. Уәдеміз- уәде! – деп қадады Қужақ. Бірақ «уәдеміз-уәде» деп отырғанынан жанғбылдар қойған талап емес, өздері айтқан бір кісінің құны екені ұғылар еді. Кішкене кідіріп барып:

-Шай да әзір дейді ғой, - деді жылдамдатып. «Өздері де түсінер, әңгімені созбас», - деп ойлады Қужақ. Оның бержағында сүйенетін 9 желтоқсан заңы бар.

Шөлдеп келсе де, Мырза би шайға асықпады. Мыналардың асығыстығын, бірден шолақ жауап бергенін сыйламастық санады. Ертеректе дау екі адай ауылының өз арасында болған кезде, «шеркешпіз - аталаспыз, адаймен баталаспыз» - деп, өзі шешім берген Мырза биді, қатар көшкен адай, шеркештің өкілі Мырза биді, осы ауылда ара

ағайын ретінде төрелік айтып, «екі ауылды қинамай татуластырған» Мырза биді бұл ел ұмыта қойған жоқ. Сол келгенінде Мырзабиді арнаулы үйге кіргізбей, сол арнаулы үйді Мырзаби отырған жерге, төбенің баурайына, биіктің үстіне тіккен құрметін де ешкім ұмыткан жоқ еді.

-Хабарларыңды да естідік.Біз де асықпадық, сендер де қысылмаңдар. «Уәде – Алланың мөрі». Арадағы өткен біраз жылда талай уақыға өтті. Сонда да « Ел – орнында, жекен – суында». Алда не боларын кім білсін, күні бүгін үзде бұзар сылтау жоқ. Біз сөзімізге тиянақты, кісілік жауап болмағанына ренжідік, - деді Мырзаби. Басқалары тыпыр отыр. Қужақ сөз жалғастырды, бата оқи барғанда азаға салған малын айтып, біраз уақыт алды. Мұнысы мырза ел екенін аңғарткысы келгендей иет.

-Үздеміз-үзде, - деп қайталады. Аталы ұл, қожалы құл болып, байламға келдік және көп ұзатпай, қаза соңынан осылай ұйғардық. Бір адамның ажалына бір адамның құнын беруді лайық деп таптық. Пәлен уақыт өтсе де, антымызды, тиген тілді ұмыттық. Тек қиналып тұрған жеріміз – зан қатайып бара жатқан секілді. Берген де, тіпті алған да айыпқа ұшыраса керек. (Осы жерге келгенде ол, біреу естіп қоятындай, сыбырға көшті). Осы жағы қалай болар екен деп қорқамыз, құдалар.

Мырза би құн мөлшерін қайталауды сиыршалау деп тапты. «Дау ұзаса – ақыл табады» дегеннің шындыққа дәл келгенін біліп-ақ отыр. Жарайды! Енді сөзді асқындырмау жөн.

-Борышыңнан құтылуды біл, Кеще! «Берген мырза емес, алған мырза», біз де тап болғанды көрерміз. Қандай зан шықса да, құнсыз кеткен қазақты көре қойғанымыз жоқ әзір. Осымен бітті! – деп нығарлады би.

Түсінгенге айтам:
Белеңге жеттім дегеннің де,
Соңынан қалмас өсегі.
Дегенге жеттім дегеннің де,
Маңдай соры бес елі.
Қасиеттімін деген жандардың
Тұл қалып жатыр төсегі.
Аяған дүние ас болмас,
Тілегін тәңірім кеседі!
Біреуден дүние біреуге,
Түрлі жолмен көшеді.
Қолы ашықтың жолы ашық,
Жеткізер құдай деседі , -деп тоқтады.

Кімге тіреп айтылған сөз екені белгісіз, Мырза би осылай айтты да, қолын жайып:

-Аллатағала қабыл етсін! – деп бетін сипады.Отырғандардың бәрі қолын жайып, бет сипасты. Мырза би де, оның жолдастары да, қасындағы «отыз комсомолдың» өкілдері де риза екендігін әлде риза еместігін білдірген жоқ. Өздерінен ренжігенін де, көңілденгенін де аңғара алмас едің. Іске еріп барған екі «өкіл» Бақтияр мен Уәли шешуші орын алатындай, оларға билік те тиген жоқ. Қара көбейту ғана.

Сонымен, кешелер соңғы үздесіне тұрды. Шып-шырғасын шығармай құн малын төлеп құтылды. Ел арасы қатынасы бұрынғы арнасына түсті.

...Ұяның ауылда қалған бірінші хатшысы Бердіғали үй сыртында отырып, өлеңді сыңғытып отыр. Бұрынғы қалпы:

Домбыра тарттым сынсын деп,
Сынса – көңілім тынсын деп.
Саумал қымыз көп іштім,
Сүйегіме сіңсін деп.
Жақсы қызға сөз салдым,
Қадірімді білсін деп.
Жаман қызға сөз салдым,
Бүкіл елді бүлдірер,
Қаңғырып жүрген кімсің деп.
Жұдырықпен бір түйдім,
Аяқпенен бір тептім,
Құдай сені ұрсын деп...

Қыран-топан күлкі. Айналасын «комсомолдар» қамап алған. Араларында дүбара жас, комсомолға ілікпей қалған Қарамырзаның Орыны да бар... Мына жақтан Айтан ағасы келеді:

- Неге мәз болып күлесіңдер, өңшең иттер! Аталарыңның құнын зорға алып келіп отырып... Өй, өңшең... – деп зіркілдейді.

«Комсомолдар» бір ауыз жауап та қатқан жоқ. Ағаларының неге ұрысқанын да білмейді.

-Осы ағамыз да қызық. Атамыздың құны қоралы мал болып келген жоқ па? Үш кісінің құнын ала алмады демесе... Ол бізге байланысты ма еді?

Осы ағамыз да қызық... Бірақ аға не айтса да, көтереміз ғой. Үндеуге болмайды, – деді Бердіғали Айтан кеткен соң. Жастар қайта дуылдасты.

Бұдан кейін жырма жыл өтті. Кәмпеске науқаны. Ұжымдастыру. 1932-нің аштығы. Қайта ұжым болу. Серіктік. Артель. ТОЗ. «Товарищеская обработка земли», Біреулер «тоз» деген «тозып кет» деген сөз екен деп жүрді. 1941-1945-тің соғысы өтті.

Соғыстан кейінгі жыл. Жем бойында Маңғыстаудың жеті-сегіз үйі тары егіп, шығыр салып отырды. Жаңғабыл Қарамырзаның Орыны Жем жағасынан көптен көрінбеген түйесін көздеуге шықты. Түс болды ғой деп, Орын ана көрінген қараша үйден шай ішпекке келеді. Үйінен бір ер адам көрінген сияқты еді. Әйелі үй алдында мосыға шәйнек іліп, от жағып тұр. Орын дәстүрі бойынша үй сыртынан хабарлас қылды. «Ау, кім бар?, Ау кім бар?». Ешкім жауап бере қоймады.

-Ау, кім бар деп тұрмын ғой. Жаңа осы үйден бір еркек көрінген секілді еді. Неге үндемейсіңдер? Қырылып қалдыңдар ма?! Орын ағамыз осылай сөйлейтін кісі. Үш сөзіне бір жауап ала алмағаны -өмірде көрген үлкен қорлығы еді. Содан кейінгі сөз үй мен Орын арасында бірі іште, бірі ат үстінде былай жалғасты:

-Ау, хабарластық. Немене, құда түсейін деп пе едің? Не шаруаң бар?

-Хабарласқа жауап бермейсің бе?

-Руың кім өзіңнің?

-Ішке кірген соң сұрар болмас па? Руды адам үйде жатып сұрай ма екен?

-Руыңды айтпасаң, ұлықсат жоқ!

-Ал, руым шеркеш.

-Қай шеркешсің?

-Қосым.

-Қай қосымсың?

-Жаңғабыл.

-Ой, Балтайдың құнын ала алмаған жаман жаңғабыл екенсің ғой, түспейсің!

Орынға енді ұлықсат алудың қажеті жоқ еді. Аттан дүрс етіп түсе кетті. Ат тізгінін белдеуге де қыстырған жоқ, үйге кіріп келді. Төрде шаңиып арық қара кісі бір аяғын екінші аяғының тізесіне қойып, шіреніп отыр. Орын арық қараның үстіне қона кетті. Қарамырзаның алып қарасы арық қараны қара албастыдай басып жатты.

-Әкеңнің аузын! Мен Балтайдың баласы Орын дегенмін. Әкемді біреу өлтіргенін де білемін. Жас болып, құн да ала алмағанмын. Құн алайын десем, әкемді кім өлтіргенін білмей жүр едім. Сен иттің баласы екенсің ғой, әкемді өлтірген! Қаныңды ішейін сен иттің!

... Оқырманға белгілі. Балтайдан қалған үш ұлдың ішінде Орын атты есім жоқ. Балтайдың қандай балалары барын үй иесі қайдан білсін. Орын арық қараның үстінде жатып, шыбын жанын көзіне көрсетті. Жанды жеріне таңба салмай, бармағын батыра берді... Әйелі кіріп, бата да алмай:

-Әй, мына кісі! – дей берді. Әйелін шырылдатып ұстап, күйеуі екеуінің басын тасқауақтай соғыстырды.

-Қатының екеуіңді өлтіресің, әкемнің құны қайтады, - деді Орын ағамыз өтірік ентігіп. Көзі қап-қара, тостағандай әрі ажарлы кісі еді ағамыз.

Арық қараға әзер тіл бітті. Арық қара мен Орынның арасында ендігі кезексөз былай жалғасты:

-Oh...ойн... ойнап айтып едім... – Не деп? – Жие... ен едім

– Кімге? – Жа-жа-Жаңғабылға...

Орын ағамыздың қолы босап сала берді.

Біраз минуаттардың соңында арық қара кещенің үйінде Қарамырзаның Орыны қара торы келіншектің қолынан қара терге түсіп, шай ішіп отырды.

«Отыз комсомол» кімдер еді?

Бір ауылдың сайдың тасындай жігіттері еді. Атса-атуға, шапса – шабуға тұратын, уайым-қайғысы жоқ, шат-шадыман жастар еді. Кейін жас күнімізде бәрін көре қалдық, не нәрсеге де тәуекел ететін ағалар еді. Осындай бір тоғайдың бүлдіргені, бір үлкен атаның балалары еді.

Бердіғали ағам данқты Сатан сазының шөбересі, Қосбай күйшінің немересі, Қазы діндардың кенже ұлы еді. Нағашылары шынжырлы өнерпаздар болатын. Анасы Сұлушаштың аулақ жерге шығып кетіп, қыз-келіншектермен тезек теріп жүріп салған әні ауылға естілін жатады екен. Кенже ұл салқам болып өсті. Тамақ асылып жатқан қазанға тезек салып кететін тентек болатын. Ауылдағы комсомол ұясының бірінші хатшысы болды. «Тентектен түзелген таптырмайды» деуші еді, жасы отызға келгенде, қатарының ішіндегі ең жуасы сол болды. Айрықша жайсаң жігіт болып өсті.

Жұбайдың Сабыты жеті атасынан жарлы, шілдесінде шық көрмеген, Кеңес өкіметі кезінде де жарымаған. Үстінен қашанда өрмек тоқу тоқтағанша шекпені түспеген жігіт еді. «Өкімет жарлыны жарылқайды» дегенге қаміл сенін өсті.

Ал терең сауатқа кем, бірақ естіміші көп, көргені мен естігенін көкейге қаттап тоқыған, көкірегіне көп шежіре, ой түйген, көп жерде, сапар жолында болған, діни оқу мен аңызды әр мәселеге ұштастыруға шебер Еркебайұлы Уәли ағам ұяның үшінші хатшысына ілікті.

Қалаға көп араласып, оқуға ертерек кеткен, жасы біраз жігіттен үлкен, солардың ішіндегі ең сауаттысы Тәжіғұлдың Хасаны елге сирек қатысатын болды. «Отыз комсомол» жаңа комсомол болып жүргенде Хасан ағаның әйелі партия мүшесі еді.

Әзілқой, бірді бірге қосып жібере қоятын Оңғарбайұлы Бақтияр ағамыздың аузына насыбай салып алып сөйлейтіні- әлі күнге көпті күлдіретін тақырып.

Көптілеуұлы Тобыш ағамның көзі өңменінен өтетін өткір еді, айтылған іске қалтқысыз кіріседі, өзін сенімді адамша ұстайтын.

Мен білетін «отыз комсомолдың» бірқатары осындай еді.

Қайсы бірін айтайын, көбінің сүйегі қан майданда қалды ғой.

Жанаш НҰРМАХАНҰЛЫ
Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім,
Жылыой ауданының Құрметті азаматы.
Атырау облысы,
Жылыой ауданы,
Шоқпартоғай ауылы.

АНА АЛАҚАНЫ
(повестен үзінді)



Сол күні кешке бес түйеге мылтықтарын теңеп тиеген жиырма шақты жігітті бастаған Ысқақ батысқа қарай жол алды. Күн де батып барады. Жиналған жұрттың көздері солардың соңында. Қара түнге сіңіп бара жатқан он бес түйені жиналған халық әпсәтте көз ұшынан адастырды. Халық бірте-бірте тарай бастады. Бірақ бар ойлары жаңа кеткен он бес түйенің соңдарында еді. Ендігі халықтың бірден- бір үміті тек соларда еді. Әрбір таңды асыға күтті. Жаңа шыққан күн астынан алтын нұрға малынып, он бес түйе келе жатқандай көрінеді. Үстеріне артқан қап-қап астық ырғалып келеді. Жетектеген жігіттердің арасынан бір жігіт өзгелерден баса озып, бас киімін қолына алып, бұлғап, сүйінші сұрай жүгірген тәрізді.

Жол жүрісінен қатты қажыған Ысқақтар он алты күн қырдың қара суығымен алысып, он жетінші күнге қараған түні Көне Үргеніш қаласына келіп жетті. Бұрын-соңды көрмеген мына күндер жігіттердің жүрегіне кетпестей басылған таңба болды. Елден шығысымен қабағына қар қатқан мұңлы күз түксисе де, бара-бара көзі ашыла берді. Иығына айқара жапқан шапанын қайта шешіп, ісі жоқ адамдай кете барды. Ашуынан жасқанып бой жасыруға қырдан жөнді пана таппай бұққан қара жусан айналаға мойнын созып, көршілерімен хал сұрасып жатқандай. Қырдың қара суығымен алысып көңілсіз жүдеу кетіп бара жатқан адамдардың жүрісін көріп үдірейе, үркісіп қараскандай.

-Осы айдың аманында барып келсек жақсы болар еді,-деп өз ойын жолға шығар күні Сәлім құрдасының үйінде айтып көрген бар-ды.

–Алдағы күздің түрі жаман, жол да жақын емес, тез қамданбасақ болмас, Сәке.

-Осы кезде аштық деген арлан бөрі аузын ашса, ізіне ерген күз қаншығы ол да тістеп жұлқылайды. Сәлім күлімсіреп қойды.

-Әй, Сәке, қысы қалай болар екен, а? – деп шай құйып отырған әйелі сөзге араласып.

-Сен, қатын, қызықсың-ау, күз қаншық жұлқыласа, қысы қандай болушы еді, қатарласып шабады да. Тез қашып құтыламын десең қаш ана Бесқалаға. Ол жақтың иті қаппайды.

Бағанадан бері табиғаттың жүдеу жүзін қамыға ойлап келе жатқан Ысқақ ойдан ойды қуып, құрдасының осы бір айтқан астарлы сөзіне тірелгенде, «әй, құсың-ау» деп мырс ете күліп жіберді. Және оқыстан шыққан дыбысқа өзі селк ете қалды. Енді ғана байқағандай жеті күн тынбай жүрген жол жүрісі жігіттерді қатты қажытқан, түйе үстінде қалғып келеді. Өзінің де құр сүлдері қалған. Дамыл бермесең, түйе байғұс жүрісінен жаңылар емес. Тілсіз хайуанның шаршағаны тек жүрісінен байқалады. Жиі-жиі сүріне береді. Ар жағы ойдағы ел. Ысқақ алдыңғы жақтағы жігіттерге айтып, таң атқанша осы жерде дамылдай тұратынын айтты. Сол-ақ екен жігіттер түйелерін тұсаулап, от жағуға кірісті.

Түн. Ауада ептеп күздің қоңыр салқын желі білінеді. Айнала кең жазық. Көз жетер жердегі үйілген төбе құм шөккен түйедей қарауытып көрінеді. Ар жағы белгісіз Қара барқыт түн. Түн шырағы айдың да туғанына бір жеті болмаған. Жаңа туған сәбидің қасындай көз тартып суық жымияды. Ысқақтың қараудан көз талды ма, кенет өз күпісін қолымен қаусырып қымтады да, оң жағына бүрісіп, қисая кетті.

Әлдекімнің қатты ышқына айқайлаған дауысы кең дүниені дір еткізгендей болды. Ысқақ шошып оянды. Айналасындағы жігіттердің бәрі өре түрегелген. Түннің қай уақыт болғанын шамалау қиын, салбыраған қара түн, сірә, сыр берер емес. Салбырап жауған күн я әрі емес, я бері емес, шықшықтап жердің миын шығарған. Дымқыл аяздың соңы қарға айнала ма, жел де жұлқына бастағандай.

-Әй, қырылып қалғансыңдар ма, бүрісіп өлгенше, неге жүріп өлмейсіңдер.

Қара түн қарыс жердегі адамды аңдатпаса да, ежелгі дауыс күндік жерден шықса да, иесін танытпай қоймайды. Ысқақ Күденді түн ішінен шырамытпай, анық таныды. Бірақ дөп басып келіп, өзіне асыларын ойламап еді.

-Ысқақ тыныш елді азғырып, айдалаға қаңғыртып өлтіргенің осы ма?! Ендігі зар-уайымың құдайдың құлағына жетсе, мұрнымды кесіп берейін, тап соның ба, садағасына-ақ кетейін. Күденнің баяғы сылбыр сөзінің шегі жоқ, әркімге бір арсылдап асыла түседі.

«Апыр-ай, расында да, менікі жөн бе? Тыныш қана елдің тағдырына ылаң салып, бәлен жерде алтын бар деп азғырған, мен байбақтың сөзіне еріп қайран елім, сен адастың ба? Жо-жоқ, ел адаспас, ел сенімін ақтайсың ба, ерім, сен адаспа». Қара құлақшынның салпылдаған екі құлағының байланбаған бауы көзіне шып ете қалды. Жаңа ғана байқады, аяз қарыған екі беті домбығып үсіп кеткен бе, бау тиген жері шыбықтай қарып түсті. Ду жанған бетін алақанымен ысқылап, салпылдаған екі құлағын ұштастыра байлай салды.

Сонда да суық жел қанша қымтансаң да, тесік тауып, жалаң күпінің жағасына үргілеп, мұз қарығандай тоңдыра берді. Бұл кезде жігіттер де түйелерді тұрғызып, ық жағын паналап, жолға түскен еді. Он бес түйе алға жылжыған сайын жел де үдете түсті. Расында да сіркіреген жаңбырдың соңы қарға айналды. Екі адым алға аттаса, бір адым кері қайтарардай беттетпей-ақ келеді. Соңғы шептегі жігіттердің арасынан күбір-күбір ызалы дауыстар шыға бастады. Ысқақ қанша естімеуге тырысса да, бағанағы Күденнің айтқан сөзін өзге жігіттерге қайталап, бұған әдейі тигізе айтып келе жатқандай болды. Сірә, ызалы дауыстар құлақ түбінен кетер емес. Ысқақтың жанына мына қарлы түннен бетер ызалы дауыстар қатты бата бастады. Шыдамады да, еріксіз өзінің сөйлегенін де байқамай қалды.

-Жігіттер, бір құдайдың өзі ғана қолдасын. «Ай жүріп, аман қайт!»- деп, соңымызда боздап қалған сол аналардың зары ғана құдайдың құлағына шалынсын. Ысқақ іштей тынды да: «Я, Алла, аман барып, аман қайтқаймыз»,- деп дұға оқып, алақанымен бетін сипап тұрып қалды. Ұлыған боран тұс-тұстан ұрғылай соғып, қасқырдай тұмсығын сұға берді.

***

Арбаның тынымсыз тербелісінен Арухан анда-санда ұйқылы- ояу бос денесін билей алмай ауытқи берді. Көзін ашып қарап еді, әлі арба үстінде келеді екен. Денесі бір түрлі ауыр тартып, жұдырықтай жүрегін әлдебір күш кеудесінде тұншықтырып барады. Аруханның нұрсыз жанары тұманданып, дүниені қара түнмен қымтап бетіне тұтқандай. Қара түн ішінен әлдекімнің әлсіз дауысы үзіліп естілгендей. Ол шошып оянды. Арбакеш кемпір атының шылбырын тастай сала, Аруханды шап беріп, бауырына қысып құшақтап алды.

-Жеңеше, жеңеше, қайдасың? Арухан айқай салып ұмтыла берді. Қызды тас қылып құшақтаған кемпір жібермей, үнсіз жылаған күйі отыра берді.

***

Отызыншы жылдардың бұлыңғыр күні. Жер-ана... үріккен киіктей елінен жұртым неге кетті? Тіршіліктің бір тістем наны үшін бір күндік өміріне қарамастан дарияның ортасынан жағасына жетіп өлгенде, құ далада қабіріміз қазылып, қараусыз қалып өлеміз-ау деп жүрген қазақтың көкірегіндегі мұңға батқан осы бір сұрақ өз шешімін тапты ма екен? Біз мұндай күйге неге түстік, бізді азапқа салған адам ба, әлде заман ба? Бұл сұраққа жауап ізделді бірінің аузына бірі үңіліп, қырдан да ізделп, ойдан да ізделп, атының аяғына тыным бермеген жандар да болған. Біреуі адам десе, біреуі заман дейді. Бірі адамға кінә артпа, заман десе, бір заманға кінә артпа, адам дейді. Осы тартыстың қайсысы ақ, қайсысы қара екенін айыра алмаған халық қайсысына қарғыс айтқан екен?

Жол бойында отырған кішкене балаларды көріп аң-таң қаласың. Мұның әкесі қайда, шешесі қайда? Бала әлдебіреуді күткендей жан-жағына жалтақтап қарай береді. Етегіне түйілген кішкене нәрсені майда сүйріктей саусақтарымен мығымдап қысып қояды.

-Әй, бала, неғып отырсың, шешең қайда?

-Қазір келеді, мына төбенің аржағына кетті, – деп, сұқ саусағымен әлде бір төмпекті шошайта көрсетті.

-Күтіп отырсың ғой, солай ма? Бала иә дегендей ботадай көздері жаутаңдай иек қатты. Шіркін-ай, дүниеге келіп, өмірін өмірге жалғастырған баласын айдалаға тастап кетуге не мәжбүр етті екен? Күнәсіз пәк сәбилер тағдырының тамырсыздығы ма. Жо-жоқ, жаратушы иемнен емес... Өз өміріңді өзіңе сыйлай алмаған анаңнан, адамдардан көр.

-Етегіндегі не нәрсе? – деп сұрай қалсаң, неге сұрадым деген күйге қаласың. Бала мұнан бұрын зорлық көрген бе әлде өз несібесін біреу тартып алған ба, өзге адамнан күдіктенгендей етегіндегі әлгі бір нәрсені қос қолдап қыса түсті.

Алдауға бала жақсы, құдай ұрсын шалды дегендей, қасына отырып басын сипап, жылы сөйлесең, баланың жасыратын нәрсесі бола ма, міне, деп көрсете салады. Апырай бұл топырақ қой деп айтуға батылың бармайды. Шіркін, өзге емес, өз баласын өз шешесі алдағаны несі. Айта салсаң, мұнан артық саған өлім бар ма, ендігі баланың халі не кешпек. Ол ата-анасынан күдер үзіп, өз қамы үшін жолға түсіп, тірлік істеп өмір сүреді деймісің. Жоқ, жоқ! Мүмкін жетектесең де ізіңе ере қоймас. Олар ата-анасын күтеді. Өмір бақи күдерін үзбей, мәңгілікке күтеді...

А, құдай-ай, адамда адамшылық қалмады ғой, елден және кеттім, баладан және бездім. Ер бала көрсем, нан табуға жарар дегендей соңымнан ерттім. Қыз бала көрсем, өзге түгел өзіме бас қайғы дегендей, теріс қарадым. Бұл өмір ме.. Жол бойындағы балаларды көріп, жаның ашиды. Сезімі үрку мен қорқуды білмейтін жас нәрестелер жаутаң қағып, алақан жайып, қарай береді...

Ай, табиғат-ай, адам баласына тумай жатып сұлулықты бересің ғой, талапты етіп неге ерте бермейсің? Ер бала болса ала кетейін дегендей жол бойындағы балалардың бәрінің де ыштандарын шешіп көрді. Қыз, қыз, қыз бәрі де қыз. Енді қайтпекпін...

А,құдай-ай, пенденді мұнша неге қинайсың, мына күнәнің бәрін мойныма артып, ертең бетіңе қалай қараймын? Шырақтың білтесіндей қысқа өмір түтедің, түтедің де жоқ боларсың. Қараңғы түнде жарық жоқ. Маңдайыңды тасқа ұрасың ба, орға сүрініп құлайсың ба, жылайсың ба, зарлайсың ба, мейлі жалынасың ба, бәрібір күн жоқ, заң солай. Мейлі, мейлі, оған да бара-бара көндігерміз. Тек қана күнәні мойныма салмашы, менде не кінә бар?!

О,құдіретті наным-ай, адам баласының өмірі тек өздерінде екен ғой. Аш қарынды ұйқымен алдарсың, ойынды немен алдайсың, өміріңді немен жалғайсың? Бір алданған қарын қайта алданар ма? Ертеңге нан бар дегенге ой жұбанар ма, қылдай өмір бұл қинауға төзер ме? О баста нан мен судың егіздігін кім жете білген дейсің. Басыңа күн туғанда, бай құлына табынған дейді, құл не қылсын. Кеше құдай бүй демеп пе еді! "Ей, пендем,сақтансаң ғана сақтаймын, сақтанбасаң мен сені қалай сақтаймын. Қолда барда алтынның қадірі жоқ" дегендей, басқа күн туғанда сазың өтті ғой. Қара суды жұтқаныңмен бойға тарап нәр болмайды, жүрек жалғар қуат болар ма?

Осы зұлмат не себептен халық басына төнді? Қайдан келді осы бәле? Ел арасында ауызекі тараған бір әңгіме бар. Бұл әңгіме шындыққа жанаспай қоймас. Бұған үзілді- кесілді ешкім қарсы пікір айтқан да жоқ. Бір сәуегейдің айтуына қарағанда, осы жұмыр жердің үстінде бір әйел өзінің баласын тосып отырып, дәретін сүртуге жанынан еш нәрсе таба қоймаған соң, бала қолындағы алақандай нанға сүрте салып, үйдің іргесіндегі жарыққа тыға салыпты. Мұны көрген құдай қатты қаһары келіп, сол әйел өзі жарыққа тыққан нанды өзі тауып жемейінше, осы сандалған күйге салған көрінеді...

Базарбай ДҮЙСЕНБАЕВ,
Қазақстан Республикасы бойынша «Жылдың үздік мұғалімі-2012».
Жуалы ауданы,
Жамбыл облысы.

ТОҚЫМ ТЫҚҚАН

(Деректі әңгіме)

Атбегі



Таң хабаршысы бозторғай шырылдады. Түн түңлігі серпілгенін сезген атбегі жылы орнын суытты. Қараша киіз үйінің табалдырығын аттады. Тысқа шықты. Түні бойы тыным таппай шырылдаған шілдеқоңыздың үні толас тауыпты. Керілген кермеде тұрған торқасқа иесін көрген бетте кісінеп жіберді. Құйматұяқ десе ішер асын жерге қоятын Назардың іші жылып қоя берді. «Жарықтық, жылқы малы төрт түліктің төресі ғой. Әттең, тілі жоқ демесең, мал екеш мал да адамды жақсы көреді. Кісінеп сыр айтады.»

Атбегі қос құлағын қайшылаған сәйгүліктің жанына келді. Арқасын қағып, сауырынан сипады. Сұлу жаратылған денесінде мін жоқ бәйге аты табаны қышып, шабыс тілегендей тықыршып тұр. Назар еркелеткендей атының құлағының түбінен уқалады. Мойнынан құшып, күбір етті. «Шыда, сәйгүлігім. Топқа түсіп, атой салдырып, аламан бәйгеде бағың жанатын күндер де алыс емес!»

Қаратаудың күнгейінде өтетін аламан бәйгеден хабардар болғалы Назардың көңілі алаң. Сауын айтушылардың сөзіне құлақ түргенде, жал-құйрығы төгілген тұлпарлардың дүбірлі жарысы болмақ. Төрт құбыласы түгел, төрт түлігі сай бай әкесіне арнап ас бергелі жатыр. Мыңғырған малының санын білмейтін бай жайлы әңгіме де өртке тиген желдей есіп тұр. Тебіндеген жылқы үйірлерін өзеннің ағысымен түгендейді екен.

Жылқышыларына:

-Мен бүгін малдың қарымын білейін. Жылқыларды өзеннің тереңдеу жеріне шөлдетіп құлатыңдар,-дейтін көрінеді.

Өзі ат үстінде ердің үзеңгісін үзердей шіреніп, өзеннің сылдырап аққан қылта тұсында тұрады екен. Шөлден қаталап келген жылқылар суды жалдап тереңдеу жерінен ішкенде, бай тұрған тұстағы өзен суы тартылып қалады. Көңілі орнына түскен бай:

-Е, жылқыларымның жобасы бар екен,- деп үйіне қарай ат басын бұрады екен.

Байдың қолтығына су бүркігендер аз болмапты. Ас иесі аламан бәйгенің бас жүлдесіне бір қыздың қалың малы қырық жеті қара атапты. Намысын жыртып, шотын соққан ағайындар:

-Үш жүзге сауын айтып жатырмыз, мұныңыз атыңызға ұят. Аздық етеді,-дейді.

-Онда бір келе түйе тігемін.

Ол кезде шаруа баққан қазекем жүз түйені бір келе деп атаған. Байдың малын аяғысы келмегендер қанағат ете қоймайды.

-Бұл да жеткіліксіз. Барлығыңызды, байлығыңызды көрсетіңіз.

Оң ойланып, жүз толғанған бай: «Осылар менің абырой, беделімді ойлап отыр-ау» деген шешімге табан тірейді. Оймақтай ойының тоқетерін айтады.

-Жарайды, тайтұяқ алтын болсын,-депті деседі.

Қараша үйде қарапайым тірлік кешкен атбегіні тайтұяқ алтын қызықтырған жоқ. Оның ойлағаны шашасына шаң жұқпайтын сәйгүлігінің бабы мен бағы. «Маған алтын қажет емес. Біреуден кейін, біреуден ілгері осы күнім жетеді. Торқасқам топты жарып, көптің көзайымы боп, алдымен келсе болғаны. Даланы дүбірге бөлеген бәйгеде: «Назардың желаяғы жүз атты шаң қаптырып кетті»,- деген аты ғана керек».

Назар кермеге байланған қыл шылбырдың түйінін шешті. Атын жетекке алып, ауыл іргесіндегі жан-жағын қалың нар қамыс көмкерген су толы арнаға келді. Секем алған жағадағы көлбақалар су ортасына шопылдап секіріп жатыр. Тер алынып, таң асқан төрқасқа шөлдеген екен. Тұнық суға бірден бас қойды. Түгі жылтыраған атына сүйсіне қарап ойға шомды. «Аламан бәйгеге айға жуық уақыт қалды. Жілік майы тоқ, қазысы қалың». «Ат шаппайды, бақ шабады» деген рас. Жілік майының тоқтығы түк етпейді. Қайта күш береді. Қазысының қалыңдығы жөн емес. Семіз атты тер қысады. Қазысын сылу керек. Ол үшін арна суына жиі шомылдырғаным дұрыс».

Шу бойындағы биылғы қыс қытымыр мінез таныттты. Қасат қардың көбесі сөгілмей жатып алды. Көктем тым кеш шықты. Тылсым табиғаттың салқыны күнкөрісі мал болған отыз қаралы үйлі ауылға әжептәуір әбігер туғызды. Жылдағыдай ерте көктемде жаз жайлау Сарыарқаға көш керуені бетін түзей алмады. Қатал қыстан қысылып шыққан төрт түлік малдың көбі айдауға жарамсыз болды.

Назар атын қойып, үйіне келді. Қыздай қосылған тәмпіш мұрын әйелі ала сиырдың бауырына жабысыпты. Сырлы шелек кемеріне сыздақтай сауылған сүттің дыбысы естіледі. Екі иінінен дем алған сары самаурын үйге енген екен. Перзенттен жалғыз бойжеткен қызы шай жасау қамына кірісіпті. Ет жүрегі елжіреп кетті. «Айналайын, қыз бала жатжұрттық. Өз қатары, теңін тауып, құтты орнына қонса екен. Ие, бәрін бір Алла біледі. Алдағы уақыт көрсетеді. Әркім мандайына, пешенесіне жазғанын көреді» ,-деп іштей күбір еткен атбегі жуынып, шайынып, дастарқан шетіне таянды.

Шу бойын жайлап қалып, таңмен таласа тұрған ауыл адамдары күндегі күйбең тірлігіне кірісті. Төрт түлік мал өріске беттеді. Соңынан ақ таяғын ұстап малшы ілесті. От басы, ошақ қасындағы әйелдер түтін түтетті. Шайларын қойып, сауылған сүттерін пісіріп жатыр.

Айрандай ұйып тірлік еткен ат төбеліндей аз ауылға осы күннің түнінде жау шабарын ешкім білген де, сезген де жоқ.

Жоңғарлар

Қобыраған шашы желкесіне түйілген тұменбасы жоңғар табан асты ашу шақырды. Ақ шатырдың босағасында тұрған сақалды күзетшіге бар даусымен айқай салды.

-Маған оң қанаттағы барлаушы жүзбасыны шақыр. Бұл қазақтарды қырып, жоймай күн жоқ.

Жүзбасы көп күттірген жоқ. Ала көзі адырайып, ентігіп жетті. Зығырданы қайнаған түменбасы оқжыландай ыршып, орнынан тұрып кетті. Қарлыққан даусымен баж ете қалды.

-Қазақтардың қанын ішем. Басын кесіп, етін қайнатып, сорпасын жұтам. Екі топ тыншы, барлауыңа әскер жібердім. Жеті тәулік өтті. Хабар-ошар жоқ. Қазақтар қырып тастаса керек. Енді кезек сенікі. Қырық жасақ ал. Көшпен көзге түсесің. Сауыскандай сақ бол. Құрылған торға тұтылып қалмаңдар. Қазақтар тым айлакер. Күндіз бұғып, түнде жортыңдар. Сенің міндетің - шабатын ауылдарды анықтап келу.

Жүзбасыны қабағы қатыңқы, алқымын ашу қысқан түменбасының мысы басты. Белін бүгіп, құлдық ұра тағзым жасады да:

-Ләппай, таксыр. Құп болады! -деп ақ шатырдан шықты.

Қырық қаралы жоңғар күн бата атқа қонды. Қазақ жеріне ат тұяғы іліккен бетте-ақ жүзбасының тұла бойын үрей биледі. Санасын шаншылаған ой нәсерінен үрікті. «Түменбасы жақсы сөз айтпады. Барлауға жіберілген екі топ жасақ оралмаған. Шамасы мерт болса керек.

Жүзбасы атбасын іркті. Оймақтай ой түйді. «Сақтық керек. Топпен жүру қауіпті. Алға шолғыншы жіберейін».

Секем алған көңілдің қорқынышын сарбаздарына сездіріп алмауға тырысты.

-Бес жігіт алдымызды шолып қайтсын. Кім біледі? - деп сөз аяғын жұтып қойды.

Белсеніп шыққан бес жігіт қараңғылыққа сініп жоқ болды. Жоңғарлардың суыт жүрістері ұзаққа созылмады. Еруліге қарулы болды. «Жау жоқ деме бөрік астында» деп ауыл сыртын торуылдап жүрген қазақ жігіттері қас қағым сәтте оларды аттан түсіріп, қойша көгендеп тастады.

Екі иығына екі кісі мінгендей, жауырыны қақпақтай қазақ жігіті аузынан жалын ата үн қатты.

-Бұл қорқаулардың қанын судай шашқаннан пайда жоқ. Киімдерін шешіңдер. Жалаңаш аттарына мінгізіп жіберіңдер. Өлімнен ұят күшті. Бұдан артық қорлық болмас.

Бұйрықты сөз екі етілген жоқ.Тыржалаңаш күйінде атқа қонған жоңғарлар келген іздерімен тырағайлап шаба жөнелді. Бұйрық берген жігіт қайта сөзге келді.

-Бұлар шолғыншылар. Шыққан жерін, әскерін өздері тауып береді. Соңдарынан ілесейік.

Шолғыншы сарбаздарының киімшең кетіп, жалаңаш оралғанын көргенде, жүзбасының төбе шашы тік тұрды. Миына қан құйылғандай ақыл-есінен айырылып қала жаздады. Алқымын қысқан ашудан буынып өліп кетердей болды. Өрттен шыққандай тұтігіп, шоқ баскандай шыңғырды.

-Иттің балалары, сілімтіктер. Әмірші қонтайшының әскерін масқара еткен хайуандар. Бүйтіп жер басын тірі келгенше, өлгендерің артық еді, малғұндар. Дүре...Дүре... Әркайсысына жүз дүреден соғыңдар.

Толған ай сүттей жарық еді. Жаздың тамылжыған түнінде үп еткен жел жоқ. Жоңғарлар жалаңаш сарбаздарын жазалап, дүрелеп жатқанда ызылдап ұшқан садақтың жебелері нәсерлі жауындай төгілді. Іле-шала ат дүбірі естілді. Атой салған қазақтар қылыштарын жасындай жарқылдата әрі-бері сермеп өте шықты. Қазақ батырлары жай кеткен жоқ. Оннан аса жоңғардың жандарын жаһаннамға жіберіп, жер жастандырып кетті. Қас қағым сәтте түн ортасында болған дүрбелеңнен жаулар естеріп әзер жиды. Қалмақша қаңтарылған аттарына жүгірісті. Жүзбасының көз алдында болған сойқан жанкешті оқиғадан тұлабойы түршікті. Жүрегі кеудесіне сыймай дүрсіл қақты. Үрей билеген денесінің дірілін баса алмаған күйі атына әзер мінді. Онда да аткосшының қолтығынан демеп, жебегеннің арқасында үзеңгіге аяқ салды.

-Қашыңдар, олар тағы келеді,-деп жан даусы шыға айқайлап атын тебініп, сауырына қамшы басты.

Жоңғарлар келген іздерінен жаңылды. Қорыққанға қос көрінді. Бар болғаны бас сауғалап, беталды бағытсыз аттарын қызылмай етіп шаба берді.

Қашқан қыз

Қалың қолдың қарасы көрінбеді. Адасқанын сезген жүзбасының құйын көңілі секем алды. Атбасын тартты. Қамшыдан қаймығып, қара терге түскен аты кілт тоқтады. Сарбаздары да ат бастарын іркіп, ошарылып тұра қалды.

-Адастық,-деді жүзбасы жүні жығылып.-Қане, кім біледі? Қай бағытқа жүреміз. Біздің әскер қайда? Тезірек бой тасалап кетуіміз керек. Таң атып, қазақтар көрсе, қырып салады.

Жоңғарлар жым болды. «Қазақтар көрсе, қырып салады» деген сөзді көңілдеріне дық алды. Үрейлері ұшты.

-Неге үндемейсіңдер? Тілдерің байланып қалды ма? Әлде жаудан қорқып қалдыңдар ма? Жо-жоқ. Мен қорқа алмаймын. Оларды қырып салам.

Жүзбасы өз даусынан өзі шошынды. «Қазақтарды қырып салам» деген сөзі жаңсақ, жалған естілгенін сезді. Ашу-дұшпан. Ақыл-есінен айырыла жаздаған жүзбасы атын борбайынан тартып жіберді. Қамшы ұшының соққысы жанына батқан аты ор қояндай ытқи жөнелді.

Жоңғарлар таң құланиектенің атып келе жатқанда, шырт ұйқы құшағындағы ауыл үстінен шықты. Жүзбасының қаны қарайды. Айқайға басты.

-Ауылды шабамыз. Кек қайтарамыз. Тұтқиылдан тиіп, көп кідірмей өте шығамыз.

Құс ұйқылы атбегі Назар ат дүбірінен оянып кетті. Сергек көңілі секем алды. «Әлі таң атқан жоқ. Бұл ат дүбірі тегін емес. Жау шапқан секілді». Назар оймақтай ой түйді. «Бейқам жатқан бір құдай деген ауыл едік. Қапы қалдық. Асарымызды асап, жасарымызды жасадық. Көзімнің ағы мен қарасындай жалғыз қызым аман қалсын».

Салы суға кетіп, жауар күндей түнерген атбегі шұғыл шешімге келді. Таңғы тәтті ұйқы құшағында жатқан әйелі мен қызын оятып, асығыс үн қатты.

-Ауылға жау шапты. Қызым, тез киін, атқа мін. Сарыарқаға тарт. Жау қолында біз өлсек те, сен аман қал. Ұрпағымның үрдісі үзілмесін!

Қызын жетектеп, көз жасын көлдеткен әйелі үйден шықты. Өзегін өкініш өртеген Назар қызы Кәмшаттың алдына қамыс құлағын қайшылап еленделген торқасқаны көлденең тартты. Қызын асығыс құшырлана қысып, бетінен өбіп қоштасты. Теңіздей толқыған көңілін жасыра алмай:

-Жаным, жалғызым! Сен үшін шыбын жанымыз садаға. Жорткында жолың болсын! -деп үзеңгіге аяқ салған қызының қолтығынан демеді.

Анасы ұсынған жолазық түйіншекті ер басына іле салған Кәмшат ат тізгінін қақты. Көңіл күйі соққан дауылдай алайдүлей, жаны жабырқап, жанары жасаураған қаршадай қыз сайын дала Сарыарқаны бетке алды. Әкесінің бабын келтірген бәйге атымен құйындай құйғытып шаба жөнелді.

Бұл кезде таң атып, ауыл иттерін шулатқан жоңғарлардың төбесі көрініп те қалған еді. Ауыл ішінен шығып, жұлдыздай аққан салт аттыны байқап қалған жүзбасының жүзі құбылып, жүрегі зырқ ете қалды. Суық ой санасында найзағайдай жарқ етті. «Ол жаушы. Көп әскерге хабар беруге барады». Өз ойынан үркіп жаны шошынған жүзбасы айқай салды.

-Қашқынды қуыңдар. Тірідей ұстаңдар. Ол қазір қалың қолға хабар береді! Ат шабысының екпінімен парлай аққан көз жасына ие бола алмай құстай ұшқан Кәмшат бір сәт артына қайырыла қарап, ауылын көргісі келді. Қамыққан көңілден әлі ажырай қоймаған қалпы мойнын кейін бұрды. Ол шошына бас шайқады. Отыз қаралы жоңғар түгелдей соңына түсіпті.. Қос жанарынан жасы ыршыды. «Ауылым е, құдай, ауылым аман қалса болды. Барлық жау соңыма түскен бе?!.

Оның бойындағы қорқынышты сезімі кері серпілгендей. Көз жасын кілт тыйды. Кәмшат атбасын сәл тартты. Құйматұяғы қызып, шабыс тілеп, ауыздықпен алыса бастады. Күш-жігерін жиып, тізгінді тірей тартқан қыз сәйгүліктің басын зорға тежеді.

Жау жақындай түсті. Ентелей шапқан жүзбасы көңілденгендей халде. «Қашқынның аты болдырды. Қазір қолға түседі.

Қашқынға әудем жер қалғанда жоңғарлар даурығып кетті.

- Садақ тартып құлатайық.

Жүзбасы бұл ұсыныска қатаң тыйым салды.

-Жоқ, болмайды. Тірідей қолға түсіру керек. Көзі тірісінде азаптамасам, жаным тыныш таппайды.

-Атын атсақ ше?

- Ол да болмайды. Жазым боп қашқынға тисе, өліп кетеді.

Қашқынның аты болдырар болмады. «Әне жетем, міне ұстаймын» деген жүзбасының мысық тілеу ойы жүзеге асар емес. Бір мезгілде жанында қоқандап шауып келе жатқан жалбыр шаш жасағы жан даусы шыға айқай салды.

-Мынау, қыз ғой.

Жүзбасы енді байқады. Алдында қос өрімді қыз кетіп барады. Қайран қалып, қаны қарайды. «Бұл неткен сұмдық?! Қазақтың қызына дейін батыр болған ба?». Жүзбасыны ашу қысты. Атына қамшы басты. «Мен сені тірідей ұстаймын. Алтыншы әйелім боласың. Көзіне көк шыбын үймелетем. Тоқал етем. Жо-жоқ. Мен сені әйел етіп, қанымды бұза алмаймын. Қажетің жоқ. Сені қолыма түскен бетте мыңбасыға тарту етем. Оған сенен артық сыйлық болмас. Он үшінші әйелі боласың». Осы ойға тас бекінген жүзбасы жоңғар атына тағы қамшы басты.

Бетпақдаладағы қырғын

Күн сәскеге тырмысты. Шілденің ми қайнатар аптап ыстығы біліне бастады. Жоңғарлардың қолтықтары мен шаптары аққөбіктеніп, аттары болдырды. Одан әрі шабыска жануарлар шыдай алмады. Шөлден қаталаған аттар төрт тағандап тұрып қалды. Ашу-ызадан жарылардай сызданған жүзбасы ентігіп, екі бүйірінен демалған атынан түсті. Жігері құм боп, зығырданы қайнаған күйі жерге шырт түкірді. Күбір етті. «Қазақ айлакер халық дегені рас болды. Бұл неткен сұмдық! Қаршадай қызына дейін жанкешті. Сазға отырғызып кетті. Аты сәйгүлік екен. Шаң қаптырды. Елсіз далаға келдік.

Шөлге ұрындық. Енді қырылғаннан басқа ештеңе қалған жоқ па?!.»

Бабы келген торкаска әлі тың. Түгі жылтыраған денесінен шып-шып етіп, тер шыққаны болмаса шаршамаған секілді.

Жоңғарлардың ошарылып тұрып қалғанын байқаған Кәмшат та шапқанын тоқтатты. Шаттана қуанды. «Сендерді енді елімнің, жерінің киесі ұрады. Бетпақдаланың шөлінде қырыласыңдар. Мен өлімнен қорықпаймын. Ауылымды құткардым. Бауырларымның қасық қаны төгілген жоқ. Енді өлсем де армансызбын».

Кәмшат кідірмеді. Атбасын Аркаға бұрды. Торыкаска жайлы аяңына көшті.

Уақытта кідіріс жоқ. Мезгіл талтүс болды. Бетпақдаланың аптап ыстығы күшіне енді. Үп еткен жел жоқ. Тыныс-тіршілігі жоқ шөл даланың қапырық ауасы тыныстыны тарылтады. Таң атқалы қым-қуыт суыт жүріс, ала шапқыннан шөл қысқан торкаска сыр берді. Өгіз аяңнан да қалды.

Кәмшат тізгін тартып, аттан түсті. Қатты капаланды. Тұлпарына беретін қасық су жоқ. Шөлден қаталаған торыкаска тізесін бүгіп жата кетті. Жаутаңдай караған көздерінің оты өшіп, аузынан сілекей ақты. Жаны ашыған Кәмшаттың қос жанары жаска толды. Сәйгүлігінің мойнынан құшақтап, маңдайынан сипады. «Обалың жауға. Бір ауылдың мал-жанын мен емес, сен құткардың. Торыкаска өліп кетті. Тұяғын да серпіген жоқ. Қыз қыстығып жылап жіберді.

Жоңғарлар шалғы тиген шөптей жусады. Ажал тырнағына ілігіп, діңкиіп аттары, бүктүсіп адамдары жатты. Шөл қысып таңдайы жабысып қалған жүзбасы соңғы күшін жинап, жүрелеп отырды. Тәмпіш мұрнына коламса өткір иіс келіп, жүрегін айнытты. Қолқаны атып, басын айналдырды. Шамасы өлексеге айналған аттар мен жасақтарының иісі болса керек. Шыбын жан тәтті. Жүзбасы құтыдағы күннің аптап ыстығынан қайнаған ең соңғы қасық суды әрең жұтты. Туралай келген ажалдан, ит өлімнен үрейі ұшты. Сандырактан: «Өлді деген осы»,- деп айтпакшы болып еді. Үні шыкпай қалды. Денесі безгек тигендей калшылдап, діріллеген жүзбасы шалкалай құлап түсті. Көз алдында қалықтаған өлекше жейтін құзғын құстарды көргенде тұла бойы тұршікті. Қимылдауға каукар жоқ. Сәлден соң денесі күйіп-жанып, көз алды тұманданып, жарық дүние дөңгеленіп жүре берді. Бұдан арғысын жүзбасы сезген жоқ.

Жансыз жатқан тұлпарына жаны ашыған Кәмшат ұзақ жылады. Ат маңдайындағы айшықты қасқасын сипап көп отырды. Бір кезде бұлаудай боп ісіп кеткен көзі зерлі ер мен әшекейлі тоқымға түсті. «Әдемілігі көздің жауын алған бұл ертоқымды әкем Әулиеатаның базарынан алдыртқан. Жожок. Бұл ер тоқым тек сәйгүлік торыкаскаға ғана жарасқан. Жау қолына түспеу керек. Мен оны тығып тастаймын».

Кәмшат орнынан асығыс тұрды. Киіктің мүйізіне сапталған сегіз өрме камшыны қолына алды. Мүйіздің үшкір ұшымен жерді казуға кірісті. Өжет қыз ойын орындап тынды. Ер тоқымды қазылған жерге топыракпен көміп тастады.

Күн кештетті. Салқын ауа бетті өпті. Кәмшат бұдан әрі кідіруді жөн көрмеді. Әкесінің мүйізді өрме қамшысын қолынан қыса ұстап, жолға шықты. Сарыарқаны бетке алды. Түн ортасында азық-түлік артқан кірекештер керуені кездесті. Жапан далада жалғыз жортып, түн қатқан қазақ қызды керуен басы астына ат мінгізіп, катарға қосып алды...

Бар құпиясын ішіне бүккен, ұшқан құстың қанаты, жүгірген аңның тұяғы талатын қазақтың сахара Бетпақдаласы осылай сыр шертеді. Жоңғар шапқыншылығының куәсіндей қасиетті жеріміздегі «Тоқым тыққан» жер атауы қаршадай қазақ қызының ерлігін паш етіп, тарихқа таңба боп басылды. Ауыз әдебиеті арқылы желідей тартылып, ұрпақтан ұрпаққа жеткен жер атауы «Тоқым тыққанның» сыры мен жыры осы.

Темірлан ӘБІЛДАЕВ,
Саудакент ауылы,
Сарысу ауданы.

ШАЛКИІЗ ЖЫРАУ ТІЛЕНШІҰЛЫ
(1465-1560)

Қазақ жыраулық поэзиясының атасы – Шалкиіз Тіленшіұлы 1465 жылдар шамасында Жайықтың шығыс бетінде дүниеге келді. Жыраудың әкесі, сірә, сахараның феодалдарының бірі болса керек, ал шешесі орыс деректерінде Сырткы Орда аталатын ұлыстың әмірі Мұса бидің қызы екен.

«Ай заман-ай, заман-ай...» 35-бет.Алматы. РББ.

Алшын ішінде Құяс табынан шыққан Тіленшұлы Шалкиіз жыраудың тағдыры мүлде өзгеше болды. Күйкі өмірде дегені үнемі орнына келе бермегенмен де тәкаппар, даңккұмар батыр жырау тіршілігінде-ақ алты алашқа танылды. Құздан құлаған селдей екпінді, ағарып атқан таңдай сұлу жырларға хан да, қара да ұйыды. Шалкиіз өз заманының бірінші ақыны болды. Жырау опат тапқан соң оның рухы да даңк пен құрметке бөленді; әр бұтасы ән салған, әр малшысы ақын болған көшпенділер жайлаған Орталық Азияда бірнеше ғасыр бойы онымен бой таластыра аларлық ешкім де дүниеге келмеді.

Мұхтар Мағауин. Шалкиіз жырау, «Қарабура» Алматы қаласы, «Өлке» баспасы. 314-бет.

P.S: Алшын-Шеркеш, Бай, Бөтік, Ертай. Бөтіктен – Қойыс нұсқасы бірде Құяс, бірде Қояс болып жазылып жүр. Шеркеш-Қойыстан шыққан Шалкиіз жыраудың 30-дан астам шығармасы бізге жеткен. Мағауинша айтқанда: **«Шалкиіз – қазақ әдебиеті тарихындағы өзгеше құбылыс, феномен» ақын.**

ЖАУҒАШТЫ ӘУЛЕТТЕРІ

СҰРАҚ-ЖАУАП
(Дұрыс жауап беру үлгісі)

- Сіз қай жүзсіз?
- Біз- Кіші жүзбіз.
- Кіші жүздің **қай бірлестікке** жататынын білесіз бе?
- Білемін. **Алшын бірлестігіне**.
- Ендеше біздердің барлығымыз **алшындармыз** ғой?
- Дәл солай.
- Ал сол **алшындар** қанша тайпаға бөлінеді?
- **Жиырма бес тайпаға.**
- Біз қай тайпаға жатамыз?
- Он екі ата Байұлының шеркеш тайпасына.
- Сол шеркеш қанша руға бөлінеді?
- **Алты** руға. Олар – қосым, қойыс, дербіс, жауғашты, шумақ, қылышкестен.
- Өзіңіз қай рудансыз?
- Жауғаштымыз.
- Жауғаштының қай әулетінесіз?
- Батырқожамыз.
- Батырқожаның қай аталығынан?
- Құдайназарымыз...

БАТЫРҚОЖА - ҚҰДАЙНАЗАР




Шеркеш
Аққұба
Ескара
Жауғашты
Батырқожа
Құдайназар
Аталық
Бекжан
Өтеміс
Нұралы
Жабай
Қазыбек би
Дабыс
Жарас
Айтмәмбет
Құлманбет
Рахмет
Толыбек
Мейірбек
Қылыш
Майлыбек
Жайлыбек
Ажайып
Елубай
Егізбай
Кенже
Ерікәлі
Берікәлі
Бисалы
Кеналі
Есәлі
Шүкірәлі
Қайыржан
Ақсерік
Ілия
Хасанғали
Сары
Смағұл
Әбілқайыр
Қабылқайыр
Махмұт
Мерәлі
Абдол
Рахимаш
Магжан
Шәкір
Мұхтар
Күзенбай
Әби
Әли
Марат
Бұрқан
Махмұт
Мақсот
Бақытжан
Жанболат
Ерболат
Алмат
Асылбек
Ғаділбек
Зейнолла
Қақылбек
Ғаділбек
Медет
Нариман
Абатжан
Мейіз
Саламат
Арман
Қуаныш
Мөлдір
Көркем
Бекболсын
Есболсын
Есенболат
Бекболат
Бектемір
Жеңіс
Жанболат
Жасқайрат
Таңжарбай
Ербол
Дәурен
Талғат
Гүлнұр
Жалғас
Жанарыс
Арайлым
Ерқанат
Мұхит
Сағатжан
Қуандық
Еңсеген
Демеген
Төлеген
Сансызбай
Алтыбай
Дархан
Шерхан
Дінмұхамбет
Ермұхамбет
Даниял
Ғаділбек
Абай
Асан
Өмірбек
Әділбек
Шынайбек
Нұрлыбек
Заманбек
Лесбек
Айбек
Азамат
Аман
Есен
Әйгерім
Райлым
Аружан
Үлжан
Нұртемір
Жантемір
Нұрасыл
Ерасыл
Ғали
Жандос
Нұргиса
Оразалы
Талғат
Тимур
Теміржан
Қамат
Сұңғат
Ғабит
Кенжебек
Ершок
Шапағат
Мейірхан
Абай
Алдаберген
Бақберген
Жансая
Жарасқан
Өркен
Өсер
Ерсін


Шеркеш
Аққұба
Ескара
Жауғашты
Батырқожа
Құдайназар
Аталық
Бекжан
Өтеміс
Нұралы
Кәсібек
Жақсыбек
Жабай
Нұржан
Қабдеш
Қазыбек би
Дабыс
Жайлыбек
Көпберген
Бекет
Қожалақ
Нұрымбай
Амангали
Әбу
Әбен
Ақбала
Қади
Жұмажан
Нияз
Болат
Шаймерден
Марат
Баймұқан
Бақтыбай
Марат
Аман
Амангелді
Ғарифолла
Сайполла
Файзолла
Ақбота
Әбілмәжін
Ерсін
Жүрсін
Жұматай
Бекентай
Қазыбай
Азамат
Нұрлан
Ерлан
Телман
Тұрлан
Мадияр
Нұрбек
Ажайып
Қопан
Алдаш
Манаш
Сағынғали
Қабдолмәжит
Жақып
Қарсақ
Қайырғали
Сүйіндік
Серік
Берік
Ертай
Төлеген
Серіккқали
Бақтығали
Тәттіғали
Данияр
Мақсот
Амандық
Исатай
Ербол
Ержан
Акниет
Арман
Мұхамбет
Азамат
Ғибрат
Сұлтан
Абылай
Азамат
Данабек
Мейірбек
Алмаз
Ілияс
Тамерлан
Даниял
Мансұр
Жалғас
Санжар
Жарас
Сары
Бесберген
Есберген
Меңдіғұл
Бекберген
Дүйсен
Қадыр
Бисен
Байтұрсын
Кеңес
Сәуірбай
Мұса
Жұмажан
Дархан
Қуаныш
Қаламғали
Орынбасар
Жолдас
Жалғас
Ерболат
Ринат
Салтанат
Баян
Гүлсая
Динара
Айтмәмбет
Шәмен
Жәукен
Мұстафа
Сәлментай
Сары
Құсайын
Болат
Серік
Зейнолла
Рахман
Арман
Елеусін
Хасан
Хамза
Мерфақ
Мүтен
Нұрмақ
Мұрат
Мақсот
Максим
Зият
Марат
Диас
Мақсат
Ерлан
Болат
Азамат
Тұрлан
Құлмәмбет
Сыдық
Қатпа
Иманғали
Тілеумұқан
Бердімұханбет
Бисенмұханбет
Сисенмұханбет
Сәрсенмұханбет
Жұмамұханбет (Жұмақай)
Ибрайым
Әбүйір
Нұрберді
Төлеген
Баймұхан
Құспан
Бақтығали
Бисенғали
Нұрзила
Зейнолла
Шаймардан
Сайын
Сейілхан
Асылбек
Марат
Құрманбет
Асхат
Жаңбырбай
Арыстан
Табылды
Жолдас
Арман
Тельман
Алмаз
Жұмағали
Азат
Тайыр
Тұрарбек
Оразбек
Ринат
Әнуарбек
Асаналі
Абдолла
Орақ
Бекзат
Дәурен
Құрманғазы
Абзал
Айдос
Айболат
Айбек
Нұрбек
Арман
Асылхан
Акан
Алмас
Азамат
Мәдениет
Әділет
Әли
Иса
Ислам
Ибрагим


Шеркеш
Аққұба
Есқара
Жауғашты
Батырқожа
Құдайназар
Аталық
Бекжан
Өтеміс
Нұралы
Жабай
Қазыбек би
Рахмет
Байнияз
Ташмұхан
Көбден
Қоқан
Құлғали
Ләзім
Бұлқыш
Сәбит
Байғазы
Асылан
Руслан
Жайлыбай
Жасұлан
Жарас
Арсен
Болатбек
Мейрамбек
Селбай
Ізбасар
Нұржанбек
Мұса
Наурызбек
Серікбай
Мәди
Әліби
Нұртас
Рамазан
Ислам
Ықылас
Жақсылық
Ұланбек
Сұлтанби
Берекет
Нұрмұқан
Жаманқұл
Сайфол
Дәлубай
Нақсиман
Шамбол
Қуаныш
Серік
Айбек
Райымбек
Жангелді
Аян
Саян
Мансұр
Орынбек
Уәлихан
Қайырбек
Бағытбай
Нұрлан
Тұрлан
Ерлан
Ербол
Даркан
Талғат
Нұриден
Атанияз
Аманияз
Айнияз
Молданияз
Ақанияз
(Акон)
Есенғали
Жанболат
Боранбай
Ораз
Иба
Отарғали
Сәрсенғали
Тұрсын
Бөлекбай
Нұра
Ершын
Нұрсәт
Мыңбай
Серікбай
Құдайберген
Ғаббас
Окас
Архат
Шапағат
Тұрған
Нұрлан
Нұрболат
Жанболат
Елдар
Еркебұлан
Альфред
Әділхан
Азамат
Алмат
Алмас
Қожанияз
Тұрғанбай
Бағытжан
Аманқос
Төренияз
Әбдіқалық
Жиенбай
Сәтіғали
Шәумен
Әубәкір
Жаукан
Аяпберген
Мизанбай
Тышқанбай
Зияда
Батыр
Сүйеу
Мұрат
Марат
Азамат
Манат
Ернат
Ернұр
Мәдина
Аяна
Асхат
Санат
Жанар
Әзиза
Әнуар
Асыланбек
Алмас
Диас
Кенженияз
Сағиман
Салық
Ғаббас
Салауат
Жолдас
Бибігүл


Шеркеш
Аққұба
Есқара
Жауғашты
Батырқожа
Құдайназар
Аталық
Көпен
Тұштау
Тілеуберген
Тілеген
Атшыбай
Тайшыбай
Аңшыбай
Тойшыбай
Мұқаш
Кәдір
Дәулет
Қойшыбай
Түлкібай
Сұлтан
Мұса
Шәкірт
Айтқожа
Нұрғали
Өтеу
Беркінғали
Әжіғали
Құсайын
Беркін
Жұмалы
Жұмабай
Қайыржан
Құрманай
Риза
Исламғали
Мұрат
Қажымұқан
Жансерік
Куаныш
Орынбасар
Қаламғали
Серікқали
Жолдас
Жалғас
Ерболат
Әнуарбек
Айбек
Манарбек
Салтанат
Баян
Гүлсая
Динара
Мырзан
Үмбет
Нұржан
Көзжан
Қуанған
Қуантай
Төлеген
Жақсығали
Амангелді
Өтебай
Серік
Өтеген
Әскер
Аскар
Аскаржан
Серікқали
Қалиман
Ықылас
Әсем
Нұрия
Райхан
Жәмила
Дулат
Саламат
Мұрат
Абат
Жандос
Ихсан
Бекарыс
Нұралы
Нұргазы
Арыстан
Тілеу
Битілеу (Тарбай)
Жабағы
Оспан
Жұмабай
Кенжебай
Қуантай
Мақаш
Сағынғали
Егізғали
Оңай
Қайрат
Самат
Әнел
Болат
Ермек
Әмір
Зәуір
Сейілхан
Мақсат
Бақтығали
Олжабай
Жолдас
Досжан
Күсепберген
Тілепберген
Құдайберген
Қаржау
Отарбай
Есмағанбет
Сәрсенәлі
Ғабдул
Аяп
Қабдеш
Әбдеш
Бисен
Молдаш
Исмағзом
Құсайын
Тоқтар
Қалидолла
Құбайдолла
Есен
Мақаш
Өтеу
Төлекбай
Ырысты
Жұмабай
Мақсат
Магзом
Қойшыбай
Жарас
Бекбол
Медет
Сансызбай
Қайырғали
Серікбай
Берік
Нұрлан
Ерлан
Дархан
Нариман
Әлихан
Қаһарман
Темірлан
Төлеу
Таңатар
Ілияс
Рамазан
Дастан
Рауан
Асанәлі
Айсұлтан
Ысқақ
Ғайнулла
Серік
Абай
Мереке
Самат
Сағидолла
Ербол
Диас
Сәуле
Махаббат
Қарлығаш
Гуля
Дина
Бекжан
Өтеміс
Орақ
Құланбай
Тұманшы
Сүгір
Ақыл
Пұсырман
Мейірман
Жалпақбас
Бәйімбет
Сағындық
Бимағанбет
Қуандық
Есболай
Куанай
Қуаныш
Есбосын
Жанбосын
Орынғали
Лұқпан
Орынша
Жолболсын
Ғалымжан
Ербол
Әжібай
Мұзафар (Мұқан)
Наурыз
Айбек
Азамат
Мұрат
Нысанбай
Төлеуғали
Әлішер
Ақылбек
Нұрлыбек


Шеркеш
Аққұба
Есқара
Жауғашты
Батырқожа
Құдайназар
Бекжан
Өтеміс
Орақ
Құланбай
Тұманшы
Сүгір
Ақыл
Пұсырман
Мейірман
Бәйімбет
Жұмырқожа
Дәмеу
Алпысбай
Сатыбалды
Серік
Ерден
Сағадат
Айбек
Мәулен
Асылбек
Мереке
Нұркен
Дәулет
Нұрлан
Талғат
Нұрлыбек
Сұңғат
Дәурен
Мейіржан
Мейірхан
Ерасыл
Ерболат
Парасат
Саламат
Думан
Ержан
Аймұрат
Амандық
Алтынбек
Бағытжан
Мейірман
Жолмағанбет
Ығылман
Дүйсенбек
Жадыра (Қаптал)
Таян
Амантұрлы
Жәнібек
Ғалілбек
Қобыланды
Жұмабай
Айбек
Қуаныш
Сисекен (Бисенбай)
Орынбасар
Ақжол
Мақсот
Қойлыбай
Байдолла
Нұрлыбек
Азамат
Мөлдір
Ақнұр
Айдана
Оңдыбай
Қалипан
Қондыбай
Тайбағар
Қойбағар
Жұбанияз
Әбіш
Насыр
Ығылман
Ділмұқаш
Бимұрат
Аймұрат
Мұхтар
Дәулет
Қабдол
Тимур
Нұрхан
Әділ
Абдол
Бердібек
Еділ
Әжу
Аманша
Молдағали
Рысқали
Әліпкали
Мерген
Рита
Лида
Артур
Қыстаубай
Төлебай
Түгелбай
Дүйсенбай
Нұрлыбай
Дәулет
Сағындық
Амандық
Саламат
Азамат
Исатай
Маханбет
Иғали
Қитар
Тілеуберген
Тойшан
Кәмел
Қайрат
Кемелхан
Айдынғали
Жантөре
Бөкенбай
Қадірбек
Нұрша
Қабдолхамит
Халел
Байсал
Ерболат
Шыңғыс
Қадірімжан
Рашид
Руслан
Амангелді
Мұрат
Мұхтар
Асқар
Бауыржан
Мұхтар
Кәусар
Інжу
Қанарман
Мейірман
Ақан
Мейірман
Сағдат
Бекзат
Тасболат
Қайырбек
Зейнеп
Айша
Ахат
Сағдат
Бекзат
Қуантай
Серік
Мәжит
Нұрмұханбет
Алмаз
Алмат
Ахмет
Абзал
Айбике
Санжар
Әлихан
Нұрислам


Шеркеш
Аққұба
Ескара
Жауғашты
Батырқожа
Құлайназар
Бекжан
Орақ
Өтеміс
Құланбай
Ақыл
Тұманшы
Сүгір
Құрақ
Толағай
Мейірман
Бегалы
Қонысбай
Жалпақбас
Бимағанбет
Сағындық
Қамысбай
Сүйір
Еснияз
Ұзақбай
Несібелі
Садақбай
Досжан
Бекмұқан
Самалық
Әліш
Байеке
Рүстем
Зораб
Бәкіш
Қарабала (Есмұқан)
Жүсіп
Өтебай
Өтеген
Жандәулет
Айтбай
Аязбай
Өтеш
Өтепәлі
Қази
Ербосын
Жанбосын
Орынғали
Тілеген
Жұлқан
Ескендір
Қазы
Ақбөпе
Әлжан
Тоқтар
Өтеш
Өтепәлі
Зейнолла
Ізғали
Серік
Берік
Рамазан
Ержан
Бижан
Қойкен
Қараман
Еламан
Мұқанғали
Кенжеғали
Болат
Тұрсынбек
Бақтыекен
Бақыш
Шүйінішқали
Кәмел
Шәмел
Мәмбетқали
Орынбасар (Басар)
Жолдыбай
Бекей
Мырзағали
Ескали
Қожалақ
Нәренбай
Ағибаш
Ақзила
Ханзила
Асыл
Хасанғали
Жұмағали
Мұса
Асыл
Сағынай
Сағынбай
Қасқырбай
Қарсақбай
Мәжит
Қалихан
Әли
Аңсар
Сымбат
Аскар
Сонаш
Серік
Абай
Куаныш
Құрманғазы
Амандық
Әділет
Баймұқан (Бисен)
Әділбек
Ғаділбек
Шалабай
Жылқыбай
Тасболат
Ерболат
Есболат
Шынболат
Бекболат
Нұрболат
Шалқар
Наурыз
Мұрат
Ғинаят
Самат
Қанат
Арман
Нұржан
Ерасыл
Райымбек
Нұрасыл
Бибі
Нұрбибі
Қади
Есен
Аман
Келдібай
Сембай
Жанболат
Айболат
Ізбасар
Аманкелді
Мейірбек
Бақтыбай
Қапан
Орақ
Бекентай
Жұматай
Қалыбай
Ақниет
Динара
Нұртай
Естай
Жомарт
Нұрбол
Өмірбек
Манарбек
Темірбек
Айбек
Нұрбек
Нұрбол
Нұрлан
Ерлан
Телман
Тұрлан
Бекет
Адайбек
Айбек
Райымбек
Нұрмұхаммед
Нұрбек
Азамат
Мадияр
Нұрбек
Нұрберген
Бисенбай
Бекзат
Нұрхат
Ерасыл
Айнагүл
Арай
Расул
Райнұр
Руфат
Радхат
Самғат
Бекзат
Райхан
Ералхан
Нұрақун
Жаңақун


Шеркеш
Аққұба
Есқара
Жауғашты
Батыркожа
Құдайназар
Бекжан
Орақ
Тұманшы
Сүгір
Толағай
Тасым
Тәңірберген
Төстік
Еснияз
Есмағанбет
Сүгір
Отар
Тасым
Ақтау
Иманәлі
Тілеген
Молдабек
Дәулет
Қазыбай
Қозыке
Тышқанбай
Қашаубай
Сағидолла
Сәду
Әуелбай
Есен
Мұқанғали
Қараман
Еламан
Ізғали
Кенжеғали
Әли
Құрмаш
Сәли
Себекбай
Тілеумұқан
Ораз
Қалуаш
Аскар
Мұхтар
Әбу
Жұмаш
Бекмұрат
Бекболат
Сақан
Тілек
Бораш
Жаухан
Ораз
Махмет
Владимир
Әли
Нұрбек
Темірлан
Базарбай
Құлжан
Теміржан
Амантай
Максот
Сатыбалды
Қалжігіт
Нұржігіт
Максұт
Андрей
Меруерт
Қарагөз
Әлихан
Әлібек
Ербол
Әскер
Шоқан
Жасұлан
Жолдас
Аия
Зада
Алмас
Жанар
Эльвира
Расул
Қасымхан
Нұржан
Бақытжан
Сағытжан
Ержан
Мәлік
Айнұр
Зейнұр
Думан
Аманжан
Ислам
Дархан
Дастан
Серік
Аман
Сәлімжан
Санжар
Әлкәрім
Әлмұрат
Әлихан
Аскар
Василий
Марат
Болат
Шоқан
Аян
Самат
Қайыржан
Темірхан
Әлихан
Бекжан
Мейіржан
Қыдыржан
Мейірлан
Еркебұлан
Рахман
Темірлан
Сұлтан
Құдайназар
Өтеміс
Есмағанбет
Қали
Лекер
Тәшім
Молдаш
Қауыс (Ғаббас)
Шоқан (Қабдош)
Ғазиз
Ертарғын
Арыстан
Жолбарыс
Құрманғазы
Жаншүкір
Жанбай
Қосбай
Айтысты жүргізуші Жүрсін Ермановтың айтуы бойынша, Қазақстанның Бас ақыны тек қана Көпбайға берілген, басқа ақындарда бұндай атақ жоқ.

Мұхтар Құралов,
Мақтаарал аудандық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі.

* * *

- Інім, бұл күйдің шығу тарихы былай. Осындағы орта мектепте Көпбай Омаров деген кісі мұғалім болып істеп жүрді. Өзі сырнайшы әрі ақын еді. Бір күні қолына сырнай мен домбыра алып, Қаратаудың бауырында Өрісті ата деген жерге бардық. Көпбай сол жерде тұрып бес-алты ән салды. Ұмытпасам біраз жолдарын айтайын, - деп Төлеген аға (белгілі күйші Төлеген Момбеков) мүдіріп қалды. Ойға берілді. Домбырасын алып, қолымен сипалап, өзіне ұмсындырып, жайымен бастап, сөз сабақтады.

Қаптаттым қыр мен ойымды,
Түлектен төлді өргізіп.
Қойым жүрген жерінен,
Біртіндеп қозы тергізіп,
Сары қымызды сапырдым,
Келгенді күтіп құрметпен,
Шұбаттан сусын бергізіп,
Асқақтата ән салғыздым,
Ауылдың сәнін кіргізіп.

Басқа жерде қандай екенін қайдам, сол жерде Көпбай керемет көңілді күйде еді. Әшейінде асқақтап дес бермейтін тау да мүлгіп тыңдап тұрғандай болды. Көпбай айтысқа түсіп, ел-жұртының еңсесін көтеріп еді-ау. Ол суырып салма өнеріндегі белгілі тұлға еді. Аяусыз ажал оны да ойсыратып алып кетті ерте. Сол кездесу көңілімнен өшер емес. Өрісті ата шоқысына шыққан екеуіміздің сол сәтіміз естен шығар ма, сірә?! Қаратауды қырандар ғана мекендейді. Сен де бір шығарсың қияға, - деп Көпбай көзін көлегейлеп, көк аспанға қарап, ұзақ тұрған еді. Сол күні лүп етіп, жел де соқпады. Ақын жыры делебемді қоздырып, шабыт шақырды. Сондағы шыққан күй «Қаратау шертпесі». Бұл сұңқар мен сұңқардың бірге самғауындай. Тұлпар мен тұлпардың бірге шабысындай екі өнерпаздардың іштен табысып, Қаратаудың бауырында тұрған кездері көз алдымда.

Қуаныш Төлеметов,
«Мәңгілік мезет» кітабынан.

ЖҰЛДЫЗДАР СӨНБЕЙДІ

Бүгінгі тәуелсіздігіміздің арқасында барымызды бағалап, жоғымызды түгендеп жатқан тұста кезінде талантына тамсандырып, халқының қадір-құрметі мен қошеметіне бөленген күні кеше дүниеден өткен дара тұлғаларымыздың есімдерін ардақ тұтып, елге сіңірген өлшеусіз еңбегін елеусіз қалдырмай, ұрпақтарына үлгі ету – баршамызға аманат.



Тапалова Р.Н.
Қазақтың тұңғыш балеринасы



Бөлтекұлы Ш
Қазақтың тұңғыш боксшысы

Міне, сондай құрмет пен мәртебеге лайық өнер тарландарының бірі кешегі елуінші- алпысыншы жылдары сахнаның сәніне айналып, қазақтың тұңғыш балеринасы атанған биші, Қазақ ССР-ының еңбек сіңірген әртісі Нұрсұлу Тапалованың Ақтөбе облысының Ойыл ауданынан шыққанын, бәлкім, екінің бірі біле бермес.

Оны айтасыз, «Өзі жоқтың – көзі жоқ» демекші, оған қоса артында арындап тұрған іздеушісі де болмаған соң ба, қазақ өнерінде өзіндік орны мен ізі бар Нұрсұлу апамыз туралы өзінің көзі кеткелі мандытып ештеңе жазыла қоймағаны да бізді таңдандырмай қалмады.

Бұған біз 2007 жылы Ақтөбе облысының 75 жылдық мерейтойы тұсында облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қорын әйгілі жерлестеріміз туралы деректермен толықтыру барысында көз жеткізіп, осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Алматыға арнайы іссапармен барып, оның өмірі мен өнері жайында біраз материалдар мен мағлұматтар жинақтаудың сәті түсті. Ол туралы, оның ата-бабасы, арғы тегі туралы деректер әлі де іздестірілу үстінде.

Ал енді қолда бар деректерге сүйенсек, сонау 1934 жылы 11 жасар Нұсрұлудың көзіндегі ұшқынды көріп, бойындағы талантын тап басып таныған Ахаң, академик Ахмет Жұбанов оны өнер атты үлкен өмірге бағыттап, талабына қанат бітірген екен. Мектепте оқыған кезінен би үйірмесіне қатысқан бүлдіршін Нұрсұлу 1936 жылы қазақтың өнерпаз қыздары Күләш Байсейітова мен Шара Жиенқұловалардың атағы ауылға жеткенде, солар жүрген ортаға түсуді армандайды. Ақыры арман алға жетелеп, Алматыға аттанған Нұрсұлуды театрдың көркемдік жетекшісі Қ.Жандарбеков пен балетмейстер А.Александров қамқорлықтарына алып, оған Мәскеудің не Ленинградтың хореографиялық училищелерінің ұлттық бөлімдеріне түсуге кеңес береді. Алайда Тапалова сол театрда қалуды қалап, оқуға бармай қалады. Алғашқыда көркемөнерпаздар қатарынан қабылданған өзге әртістер секілді А.Александровтың жетекшілігіндегі театр студиясында дәріс алып, аяқ ұшына тұрып билеудің қыр-сырымен танысып, кейін кордебалетте қызмет жасай бастайды. Жас бишіге араңідік жеке билерді сеніп тапсырды. «Қыз Жібек», «Қалқаман – Мамыр» қойылымдарында Н.Тапалова Шара Жиенқұловаңы ауыстырады.

«Жеті жылдық мектепте оқып жүргенде көркемөнерпаздар көрмесіне іріктеліп, он үш жасымда Абай атындағы академиялық опера және балет театры жанындағы би мектебіне түскен едім. Сонда Күләш Байсейітованың қамқорлығында жүріп, Шара апайдың да көмегін көп көрдім. А.Александров, Г.Уланова,Е.Лифанова, Ю.Ковалев сияқты өнер иелерінің де биші болып қалыптасуыма әсер тиді» - деп жазыпты Н.Тапалова өз естелігінде.

Қазақтың біртуар бишісі 1938 жылға дейін кордебалет әртісі, кейіннен жеке балет бишісі, 1941-1953 жылдарда осы театрда прима-балерина бола жүріп, ұлттық операларда жеке билер шығарады. Сол кездегі Кеңестер Одағының ұлттық билерін нақышына келтіре орындайды. «Нұрсұлу Тапалованың дайындықсыз сомдаған классикалық үлгідегі Заремасы нағыз Шығыстың аруы болып шықты. Оның биін көріп отырып, биге елітіп кетпеу мүмкін емес болатын. Классикалық бидің көптеген қиындықтарын өз бетімен жеңе отырып, Н.Тапалова оны түрлі образдар мен сезімдерді айшықтаудың құралы ете білді. Ол әрбір сахнаға шығардың алдында қатты толқитын,

оның әр биінде өзіндік қолтаңбасы айқын көрінетін, сол кездегі талантты бишілердің арасында ерекшеленіп тұратын...», - деп жазады «Менің балетім» деген кітабында халық әртісі Болат Аюханов. Осы жылдары Н.Тапалова «Киноконцерт», «Белая роза», «Жамбыл», бас-аяғы жиырма шақты кинофильмдерге түсіп, актерлік қырыннан да танылды. Еңбегі жанып, 1947 жылы Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген әртісі деген құрметті атаққа ие болып, бір жылдан соң Алматы қалалық кеңесінің депутаттығына сайланады.

1953 жылы Н. Тапалова театрдан кетіп, ән-би миниатюралары жанрындағы эстрадалық салаға біржола бет бұрды. Сөйтіп Қазақ мемлекеттік Жамбыл атындағы филармониясында ауысып, Кеңес Одағы мен одақтас республикалардың ән-би ансамбльдерінің жеке бишісі болып қызмет етеді. 1958 жылғы газет қиындысында Н.Тапалованың Мәскеуде өтетін қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне барар алдында туған топырағы Ақтөбе облысы жұртшылығына өз өнерін көрсеткен, сүйікті бишіздің сол сапарына әзірлеп жүрген нөмерлерінің бірі - әзірбайжанның халық әні «Джубжелерімге» (Шөжелерім) мың бұрала билеп, музыка сазына сан құбылған қимылдарымен адам жанының іңкәрлік сезімдері мен нәзік иірімдерін соншалықты терең ұғындыру үлкен талант иесінің ғана қолынан келетінін айғақтай түскен.

Осы онкүндікте «Біржан-Сара», «Абай», «Назугум», «Дударай» операларының сахналық көріністерін тамаша биімен әрлеген Нұрсұлу Тапалова қазақ би өнерін дамытуға үлес қосқаны көрермендеріне эстетикалық-рухани ләззат сыйлағаны үшін Мәскеуден оралғаннан кейін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталып, «Тың игеруге қатысқаны үшін» медаліне, басқа да мемлекеттік грамоталарға ие болды. 1975 жылға дейін сахнадан түспеген Н.Тапалова қазақ, қырғыз, өзбек, армян, испан, орыс және тағы басқа да ұлттардың билерін өз деңгейінде биік талғаммен орындап отырған.

Қазақтың біртуар тұлғалары Шәкен Айманов, Нұрғиса Тілендиев, Ғарифолла Құрманғалиев, Ахмет Жұбановтармен бір сахнада өнер көрсеткен Нұрсұлу кезінде Бауыржан Момышұлы, Бақытжан Байқадамов сынды саңлақ ағалардың отбасыларымен де достасып, араласып-құраласып тұрған.

Мен былтырғы көктемде Алматыда іссапарда болғанымда Нұрсұлу Тапалова жөнінде біраз мәліметтер жинап, Абай атындағы академиялық опера және балет театры директорының орынбасары Валентин Пак мырзаның көмегімен ол туралы сирек кездесетін деректер мен суреттерді, 1946-1958 жылдардағы концерттік бағдарламаларының көшірмесін де алып қайттым.

Нұрсұлу апамыздың жолдасы қазақ боксының атасы Шоқыр Бөлтекұлының көзі тірі кезінде де, кейін де мақалалар жазып, кітап шығарған қаламгер, «Егемен Қазақстан» газетінің журналисі, апайды көзі тірісінде көріп сұхбаттасқан Мейрамбек Төлепберген мен Селезнев атындағы хореографиялық училищенің хореографы Анвара Садықовалар деректер жинау барысында көп көмек көрсеткенін айта кеткім келеді.

Нұрсұлу апамызға тәңіриемнің өнерімен бірге сұлулықты да қоса бергендігін М.Төлепбергеннің «Шоқыр» атты кітабындағы асылдың өзі мен көзіндей болып жүрген Тотының өз анасы туралы: «Небір» мықты қылқалам шеберлері қазақтың сұлу қыздарының суретін саларда менің анамның сымбатты мүсінімен салыстыра қарап алып барып кірісетін еді», -дегенінен-ақ өмірде тал бойында міні жоқ сұлу жаратылысымен қоса сахнаның да ажарын ашып жіберетін тылсым құдіретін оның көзін көргендер тамсана айтады. Балерина апамыз сахнада ұршықша үйіріле мың бұралып, әр қимылы текеметтің гүліндей сан құбылып, алуан бояулармен астасып, жарқ-жұрқ етіп жатқандай әсер қалдырғанмен, оның әрбір қадамы мен қозғалысының бәрі дәл есептеулі болатын, сырт көз одан қылаудай кінәрат таппай, тек ләззатқа кенелетін.

Көз көргендердің осынау естеліктерін толғана отырып жалғастырған консерваторияның халық аспаптар кафедрасының меңгерушісі Зере Бисенбаева апай: «Нұрсұлу-кәсіби бишілерге зәру болып келген қазақ өнерінің олқы жерін толтырған тума талант. Ендеше осындай алдыңғы буын өнер тарландарын ұмытпай, олардың шығармашылығын ұдайы насихаттап отырсақ, би өнерінің талай жас буын ұл-қыздары көбеймесе, азаймас еді. Мысалы, ақтөбелік жас биші Шара Нақыпбекова Нұрсұлу апасының ізін басып, «Голливуд жұлдызы» атанғаны -соның айғағы»,-деп ағынан жарылған.

Қазақтың мәндайына біткен қос тұлға – кезінде шандоз шеберлігімен Абай атындағы опера және балет театры, Қазакконцерт, филармония сынды өнер ордаларының ғана емсе, жалпы ұлттық өнеріміздің абыройын аспандатқан Нұрсұлу Тапалова мен қазақ боксының атасы Шоқыр Бөлтекұлы Алматының Жамбыл мен Амангелді көшелерінің киылысында орналасқан «Әртістер үйі» деп аталатын үш қабатты үйдің шағын ғана бір бөлмелі пәтерінде дүниеден өткенше өмір сүріпті. Айсұлу, Тоты атты екі қыз тәрбиелеп өсірген. Қазір Санжар, Бауыржан атты немерелері бар.

Әйгілі биші отбасының сыйлас досы әрі көршісі болған музыка зерттеушісі Петр Аравинмен кездескенімізде, ол Нұрсұлудың жас кезінде алғашқы ақындар айтысына қатысқан бейнетаспаны тауып беріп, біздің мұражайымызға сыйға тартты. Бірақ ең өкініштісі сол, Нұрсұлу апамыз бен Шоқыр ағамыз тұрған үйдің пәтеріне ұрпақтарын іздеп барғанымызда, қыздары әлдеқандай себептермен көшіп кеткенін біліп, санымызды соғып қалдық. Дерегін де ешкім айта алмады. Сондай текті тұлғалардың артында қалған ұрпақтары көшуге мәжбүр болғанда: «Қайда бара жатырсыңдар?» - деп жөн сұрайтын да ешкім болмағанына не дерсің енді. Көршілердің айтуынша, балалары Алматының маңындағы бір ауылға қоныс аударған сыңайлы.

Бұл бірі қазақ өнерінің, екіншісі қазақ спортының бастауында тұрған көрнекті екі тұлғаның тұғырдан түскеннен кейінгі қиын тағдырының бүгінгі жалғасындай, өзгеге жалпақшешейлік танытып, өзімізге келгенде өзекке тебер өресіздігіміздің куәсіндей болып көрінді. Шіркін-ай, ұлтымыздың ардақтыларына көзі тірісінде жанашырлық танытып, қамқорлық жасар, қадіріне жетер бір жанның табылмағаны қандай өкінішті еді. Тіпті оны айтасыз, көздері кеткеннен кейін қыздарына жатақхананың да бір бөлмесін қимай, қаңғытып жіберген безбүйректікке не деуге болады. Қазір Нұрсұлу апамыздың атына бір көше бұйырмағанын былай қойғанда, тым болмаса тұрған үйіне мемориалдық тақта да орнатылмапты. Мұны мәдениеттің мәндайына маркайып, қарақан басының қамынан артылмай, шырт түкіріп жүрген шенеуніктер ескермегенмен, ең болмағанда ақтөбелік жерлестерінің намысын оятар деген ойдамыз.

Нұрсұлу Тапалова халықтың тұрмысы титықтап, ел еңсесі көтеріле қоймаған 1998 жылы қайтыс болғанда, бокстан халықаралық дәрежедегі бапкер Серік Әбдінәлиев бастаған спортшы қауым рәсімін жасап, маркұмды мәңгілік мекеніне апарып салыпты. Ол Нұрсұлу апамыз бен оның жұбайы Шоқыр Бөлтекұлы тірісінде қимас досы болған батыр Баукеңнің, Бауыржан Момышұлының зиратына жақын жатқанынан, бірақ әлі күнге дейін екеуінің де қабірі қарайтылмағанын не белгі қойылмағанын қынжыла баяндаған. Кезінде ұлт мақтанышына айналған асылымыздың мұндай аянышты тағдыры жасыратыны жоқ, біздің елдігіміз бен азаматтығымызға сын, кешірілмес күнә.

Дүние жүзіне танымал балет дүлдүлдері Галина Уланова, Майя Плисецкаялармен кешегі қырқыншы жылдары Абай атындағы академиялық опера және балет театрының сахнасында бірге өнер көрсетіп, гастрольдік сапарларда бірге жүрген, «Бақшасарай фонтаны» спектаклінде олармен бірлесе жұп құрған, ұлттық хореографияның қалыптасып – дамуына бір кісідей үлес қосқан ұлағатты тұлға Нұрсұлу Тапалова қандай құрмет пен мәртебеге де лайық екенін ұмытпасақ екен, ағайын!

Зада МҰҚАШЕВА,
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайы қор қызметінің меңгерушісі.

БИ ӨНЕРІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ

Оны төрткүл дүниенің төрт бұрышы жыға таныды. Әлемнің елуден аса әйгілі сахналарында оның талантына таңғалған, табынған талайлар орнынан тұрып кетті, айтулы ареналарды «Асса!» дескен айғайлар мен алақандар алып кетті. Миллиондаған жанарлар буынсыз білектерге байланды, сүйіктей саусақтарға қадалды... Музыка тоқтайды. Зал сілтідей тынады. Жүргізушінің «Гүлжан Талпақова!» деуі мұң екен, сарайда би мен бишіге деген сый мен құрмет салтанат құрып сала береді. Иә, оның есімін білуге әлем құмартты. Жиырма бір жасында еңбек сіңірген әртіс, отыз бірінде халық әртісі атанған ол қазақтың атақты биші қызы – Гүлжан Талпақова. Қарт Каспий жағасындағы құрттай ғана ауылда дүниеге келіп, ерте жасынан биге еліткен Гүлжан өнер айдынында аққудай жүзді. Еркін жүзген ерке құсқа қарағандар көз тойдырды. Сәні мен салтанаты келіскен сұлулыққа сұқтанғандар да, сиынғандар да болды. Аракідік аққуды айдынынан айырғысы келгендер де кездесті. Өзі айтқандай, «алып лайнерден сыпырылып қалғандай күй де кешкен» кездер де болды. Алайда ол өнер айдынында дамылсыз жүзіп келеді.



Оны Мәскеу мойындаса, жат жер қала гөр деп, жата кеп жабысты. Биіне бүкіл дүниені бас иізген биші елінен бас тартқан емес. Өнер көгіне «Гүлдерден» түлеп ұшқан оны елдің бәрі «От!» атай-тұғын. Сахнада шыр айналып билегенде, нәзік нұрға бөленетін оның жаны жанып тұрған жалын екенін жан

баласы білмейтін, тек сезетін. Әділдікті ғана қалайтын ол бір кездері бәріне қол сілтеп, біржолата биден қол үзгісі де келді. Алайда өнер мен биіктіктің бағасын білер білімді азаматтар Гүлжанды өз биігінде ұстап қалды. Шаралардың сарқытындай болған саф алтынды сақтап қалды. Содан бері арада жылдар жылжыды. Гүлжан Талпақова жақында мерейлі алпыс жасқа толады. Туған жері Атырауда би айдынының көгілдірлерін өнер көгіне дайындап жүр. Көз алдыңа көгілдірін еріткен ана аққу айдынында жүзіп барады. Бұл – Гүлжан-ғұмыр, гүлғұмыр.

Би өнерінің биігін бағындыра білген бишілеріміз саусақпен санарлық. Шара, Нұрсұлу, Гүлжан. Соның бірі Гүлжан Талпақова кезінде "Гүлдер" ансамблінде өнер көрсеткен, әлемнің 52 елін биімен тамсандырған. Ілуде біреу алатын Қазақ КСР Халық әртісі атағына би өнері бойынша Шара Жиенқұловадан кейін небәрі отыз жасында қол жеткізген биші.

Иә, биші болып туу керек... Қимылы ерке, қылығы наз бишінің өмірі осылай басталды. Жұпыны отбасында өскен қыздың биге деген ықыласы ерекше еді. Тумысынан би қимылдарын салғанда қалқи жөнелетін. Өсе келе өз өмірін биге арнағысы келетінін ұқты. Арманын бағындыру мақсатында әке-шеше ықтиярынсыз Алматыға келеді. Өнердің шырқау шегіне жеткен Шара Жиенқұлова, Гүлафруз Қияқова сынды өнерпаздардың сынынан сүрінбей өтіп, Гүлжиһан Ғалиева жетекшілігіндегі эстрада-цирк студиясына оқуға түсті. Міне, осы сәттен кәнігі биші Гүлжан Талпақованың бишілік ғұмыры басталды. "Гүлдер" ансамблінің дәурені дүркіреп тұрған шақ еді, – деп еске алады Гүлжан апай. – Ансамбльдің жұмысы Батыр Амангелдиевтің мойнында. Оқуымды бітіре салысымен сол жерге орналастым. Жаңадан келгеніме қарамастан бас солист болдым. Қазақтың "Қуыршақ биін", "Алмас қырғауыл", "Әлия" биін сахнада шыр көбелек айналып, нақышына келтіріп орындадым", – дейді. Көптің көзайымына айналған бас солистің орны Гүлжанға кездейсоқ беріле қойған жоқ. Себебі осы уаққа дейін Гүлжан халықтың сүйікті қызына айналып үлгерген-ді. 1968 жылы Болгарияда өткен Бүкіләлемдік студенттер мен жастар арасында өткен фестивальде екінші орынды иемденіп қайтқан. Алайда ерке қимылды, ер мінезді биші ансамбльде көп тұрақтамады. Оның өмірі де би қимылдары секілді еді. Бірде шырқай көтеріліп, бірде құлдилап, енді бірде аңды басып жүруге тура келді. Тіпті осы бимен мәңгі қош айтыспаққа бел буған кездері де болған. Алайда қазақ өнерінің жанашыры Мүсілім Базарбаевтың араласуымен "Қазақконцертте" өнерін жалғастырды. Сол жерде өнер майталмандары Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Жамал Омарова, Рәбиға Есімжанова, ағайынды Абдуллиндермен, әсіресе Бибігүл Төлегеновамен бірге өнер көрсетіп, гастрольдік сапармен бүкіл республикамыздың өңірлерін ғана емес, әлемнің әйгілі елдеріне аттанды. Бишінің өнер жолындағы табыстары мұнымен шектелмейді. Кеңестік гастрольдік топтың құрамында 1981 жылы мұхиттың арғы бетіндегі АҚШ-та өнер көрсетті. Нью-Йорк, Вашингтон, Висконсия, Сан-Франциско, Орегон, Чикаго, Филадельфия штаттарының сахнасында қазақ биін биледі. Осы бір қазақтың биші қызы қазақтың ғана емес, бүкіл Кеңес Одағының даңқын көкке көтерді.

Ғұмырын биге арнап, бимен өткізген Гүлжан биші қазір қайда екен? Гүлжан биші бидің алғашқы қадамдарын үйренген туып-өскен жері Атырауда тұрады. Өзінің би мектебіне жетекшілік етіп отырғанына бірнеше жыл болды. Ол кісінің өнер ордасы Алматыдан кетіп, Атырауға оралуының себебі де осында жатыр. Әу баста-ақ Алматыдан би мектебін ашқысы келген-ді. Бұл туралы Гүлжан апамыз: "Менің Алматыда қалуыма кедергі көп болды. Менің өмірім қағаз бетіндей тегіс емес-тін. Өнер жолында, өмір жолында алдымнан небір сынақтар өтті. Кезінде Д.Қонаев берген үйімді де мектеп ашпақшы болғанда сатуыма тура келді. Ақыры Алматыда қалу менің маңдайыма жазылмапты", – деп күрсінді. Расында, бишілік өнердің шыңырауы мен шырқауы дәл осы қаладан басталған еді. Келте қайырылған сұлу әндей ah ұрғызады деп қаперге келді ме? Бар көргені өң мен түс. Бағында сайраған бұлбұлының әні үзілді...



Жазмыш қатал. Оған еш айла жоқ. Асанәлі сыңарынан айырылды. Егіз аққудың бірі жоқ, енді сахнаны, экранды өмір ғып, өмірі экран мен сахнадағы ғаламат хикая ғып дүрілдеткен өнердің өресі биік ақтангері қапыда құсынан көз жазып қалған бүркітшідей сарылып, беймаза түндерде Майраның жұпар иісі сіңген құс жастықты құшақтап,көрер таңды көзімен атыратын халге душар болды.

Жан жарасының дауасы уақыт деседі. Сол реттеп, сол жөндейтін көрінеді. Тәңірдің бір жылы ұшыраған рақымды күні біз Асанәлінің той дастарқанында Майраның орнын басқан жары Гүлбануды, Мәдиін, Сағиын, Олжасын ортаға алып, оларды хан көтере ардақтап, сол қуанышқа шуақтап отырдық.

Жаралы жүрегіне дәру болған уақыт шіркіннің бұл еміне еш шек келтірмей Асанәлі «шүкір...шүкір» деп бір сүйінішті тірліктің әуеніне түсіп еді.

Тағдыр қандай қытымыр, тағы да іштарлық етті. Бір күндері Асанәллі Әбдірахмандай асыл перзентіне шипа тілеген Абайдың: «Иә, Құдай, бере гөр тілекті», -дейтін сөзін айтып тәңірге жалбарынды.

Туралап келген арсыз ажал бұл жолы да аяған жоқ. Дүр жігіт шағында тұла бойы тұңғышы арыстандай Мәдиін алды да тынды. Асанәлі екінші рет сынды. Ал Асанәлі Шоқанынан айырылған Шыңғысқа көңіл айтқан дуалы сөздермен жұбатып көріп еді, ол; «Ә, ағайын, өлімді қарсы алуға да үйреніп қалдым. Мен көрген қызық аз ба еді, соны қызғанған шығар. Ақан сері:

Дүние-ай, қызыл-жасыл кімді алдадың,
Сен берген ризықтан құр қалмадым.
Дәуренді мендей сүрген кім бар екен,
Сонда да қызығына бір қанбадым,-

деген екен.

Көрерміз бәрін. Көндігерміз бәріне. Мәдиден немерелерім бар ғой. Бар тілегім солармен болады, енді», - деді іштей бекініп. өзін ғана емес, өзгелердің де еңсесін көтерді.

Тағы бірде: «Құдай-ау,мына дүние не боп кеттіі?» - деп оқыс суық хабарға селк ете түсті. Бейопа жалған Асанәліні үшінші рет...үшінші рет сүріндірді. Қазақ киноөнерінің Сағидай бір жұлдызы сөнді.

Асанәлі бір жылда, бір күнде қос құлыны – Мәдиінің жылын,Сағиының қырқын берді. Сол азалы аста ол: «Мен Шыңғыс төренің рөлін экранда ойнап едім, енді өмірде ойнаймын. Шыңғыс төре тоқсан жас жасады, сол жасты мен де жасауым керек. Одан әрі жүзі бар... Мәдиім мен Сағиымның балапандары үшін... Сонау суық дүние түкпірінен маған дәрмен боп, қуат беріп, аманат жүктеп жатқан Майра үшін жасаймын!» - деді.

Осыдан көп ұзамай ол тағы да :

Қайғыны нар көтереді,
Ақылы бар көтереді,
Пәндеме көтерсін деп жүк артамын,,
Көтерсе қам көңілін ағартамын,
Көтермесе тағы артамын, -

дейтін басу сөзді естіді.

ШӘМШІ ӘНІНІҢ ҚОС МҰҢЛЫҒЫ
(реквием- элегия)

Күн жалғыз. Ай жалғыз. Асанәлі үшін Майра жалғыз!..

Алматы театрларындағы спектакльдер мен сәулетті сарайлардағы концерттерге, кино залдарына, басқа да өнер жиындары мен кездесулерге, сондай-ақ елдің қаймағы дерлік зиялылары тоғысатын ас-тойларға, беделді бір ортаға келгенде қасында қыздай сызылған Майрасы... О, ондай сәтте Асанәлі екі иығында екі арыстаны бар бір бұла болмысты бекзат, пешенесі жұлдыздай жарқыраған армансыз мұңлық. Дүниеде екі адам бақытты адам болса, оның бірі – Асанәлі... ал біреу болса Асанәлі ғана! Ал бір күндері сол бір іңкәр өмір қызығы

Жаңғыртқан төсегі опа бермеді. Асанәлі төртінші рет тағдыр тәлкегіне түсті. Сондай бір қапалы күндерде ол маған: - Бетховеннің бір сөзі бар еді ғой, Илька (Майра мені дәйім осылай атайтын), оны еске салшы! – деді де өзі іле-шала: «Егер қасірет кеп есігіңді қақса, есікті аш та онымен жағаласа түс! Қалайда жеңіп шық!» - деп буырқанды бір. Сол сәтте оның қайғы тұман тұңғиық жанарынан бір шұғыла тарады. Ол өмір тақсіретін көп тартып, көп түңіліп, тілім-тілім болған дімкәс жүрегіне «Айлы сонатасымен» қан толтырып, қуат жиған, өткен қызықтың бәр-бәрін қыздай мөлдіреп еске алған мұңсыз Бетховен сияқты көрінді маған.

- Илька, Мақтымұлы сөзіне жазған реквиемің:

Біреу тауға шығар боп,
Біреу оны жығар боп,
Жұп дегенің сынар боп,
Жеке кетіп барады, -

деуші еді ғой, сен оны еске сала берме,оған аз үнілегем жоқ, сен Шәмшінің бізге – Майра екеуімізге – шығарған әні бар еді ғой, соған көш, соны қозға, соның шуағы керек, маған, -деп Асанәлі елпең қақты. –Майра сүйген әнмен өмір сүрейік. Илька, сол әнді шертші бір. Оны Шәмші, Майра, Мен және Сен... осы төртеуміз ғана білеміз. Біз білетін жандар дүниеден өтті: «Келер күн келер не дайындап ?» деп Байрон айтқандай алда не бар, оны да көре жатармыз, ал өткен сүйініші – Шәмшінің әнін... Майраны сағындым. Қалай басылады, ол аңсау?

Мен Шәмшінің ол әнін білетін едім.

Сол бір кез. Асанәлі консерваторияның екінші курс студенті. Болашақ актер. Майра да консерваторияда... опера әншісі болсам деген тілек үстінде. Екеуі жай ғана таныс. Асанәлі қыздарға қырындай бастады. Оны ол «Майраның әні» атты кітабында былай деп жазды:

«Әлі есімде, бір училищеде оқып жүрген ботакөз қызды ұнатып қалайын. Ол кезде қыз бен жігіттің түсінісуінің төте жолы – махаббатыңды ақтарып, жүрегіңді жайып салар хат жазу болатын. Жай жаза алмайсың, хатты өлеңмен әрлеп, әдемілеп барыңды салып жазасың. Сондай бір «туындыны» дүниеге әкелген соң қызға хатты тапсыру міндетін, Майра, саған жүктедім-ау... Бір күні өзіне келіп: - Оу, әлгі хатымның жауабы неғып кешігіп жатыр?- деп міндетсимін баяғы.

– Сол қызбен бір үшыраса алмай жүргенім, - деп төмен қарадың.Бетіңнің ұшына қан жүгіріп, дидарына алау ойнады.Сөйтіп,әрі-сәрі боп жүргенде біраз уақыт өтті. Ал сен болсаң, Майра маған жиі кездесе беретін болдың. Кездескен сайын маған айтар бір сөзің бар адамдай жалт етіп, бетіме бір қарар едің. Байқаймын, өзің де «ғайыптан» кездесе беретінімізге бір түрлі риза да сияқтысың. Бота көзге арналған хатты оның өзіне берудің мүмкіндігі болып жатса да тартыншақтай беретінді шығардың. Сөйте-сөйте ол қыз бейнесі көңілде көмескілене берді.

Үшінші курсқа келген бетте Ф.Шиллердің «Зұлымдық пен махаббат» пьесасы бойынша спектакль әзірлеп, ұстаздар мен замандастар талқысына ұсындық. Мен Фердинанд ролін ойнаған едім. Сен ең алдыңғы қатарға кеп жайғасыпсың, неге екенін өзім де білмеймін, мен сол күні ұстаздарыма ұнауға талпыну өз алдына, ең алдымен саған ұнағым келді.

Спектакль аяқталды.Бәрі де тәуір лебіздерін білдіріп жатты. Әсіресе сенің сол жолғы: «Маған сенің ойының қатты ұнады» деген сөзің мен үшін ең үлкен баға еді. Фердинанд бола білгенім үшін «Асанали» деп басталатын жып-жылы қолтаңбаң бар Генрих Гейненің кітабын сыйға алған бетте менің өзіңе деген көзқарасымда бозбаланың бойжеткенге деген көзқарасы пайда бола бастады-ау деймін.

Бірінші мамыр мерекесіне арналған ауылдастардың сауық кешіне сені шақырғаным есінде болар. Майра! Айнала у-шу. Айнала думан. «Өзінің есімі де Майра екен, «Майраның әнін» айтсын!». Жан-жақтан жігіттер кеукілдесіп кетті.

Абырой болғанда екі-үш қыз әнді бастап жіберді. Мен сенің үніңді ғана естіп отырдым. Мен саған дәл күннен бастап ғашық болыппын».

Бір ғажайып өмір осылай басталған-ды. Ауылдастардың (сарысулықтар) сол кеші бір орыстың үш бөлмелі жатаған үйінде болды. Жерге жасалған кең дастарханның бір шетінде Асанәлі екеуміздің ортамызда аққұба жүзі дуылдай қызарып, аққудың көгілдіріндей үлпілдеп, ұяң мінезді Майра күлімсіреп отырды. Қаланың қыздарындай боянбаған да. Қарапайым. Кішіпейіл. Сыпа. Адамға ілтипатпен қарайды.

Сол күннен бастап біз қатар-құрбы ретінде өзгелерден бір сүйем болса да жақынсынып, рухани жан-дүниеміз бір-бірімізге тонның ішкі бауындай боп үйлесті де, ой-өріс, дүниетаным, ән, музыка, театр әлеміндегі түсінігіміз ынғайлас келіп, тез ұғыныстық. Біздің ортамызда Асанәлі мен Майра айдарынан жел есіп, желегі желпілдеп, төңірегіне, ұлы тіршілікке ашық көзбен қараған бір жаратылыс сыйы еді.

Сол 1957 жылдың жазында Асанәлі каникулға шығып, өзі оқыған Кентауға, туып-өскен жері Сарысу жағына кетті.

Ол кезде консерватория студенттерін ауыл шаруашылығы жұмыстарына алмайтын-ды. Оларға рахат. Ал біз болсақ Ақмола облысының Қима ауданына барып, тың өлкеде шөп шауып, астық жинау науқанына қатысатын боп, үш айлық стипендиямызды алудың қамында біраз күтіп қалдық. Сонда Асанәлінің кеткеніне шамалы-ақ күн болған-ды. Бір жолы Главпочтаның алдында ойда жоқта Майраны жолықтырдым.

– Асанәліден «до востребования» күтіп жүрсің бе, Майра? – деп күле амандастым.

Майра сол шуақты қалпы, бірақ сәл абыржулы үнмен: - Иә, иә... – деп езу тартты.

– Асанәлінің кеткені кеше ғана емес пе еді, әуелі барар жеріне барсын да. Содан кейін жазады ғой, сағынышты сәлемін, - деймін.

– Ә, солай ма? Ол жер сондай алыс па? – дейді сәби көңілді Майра.

Мен үнсіз жымиып, басымды изеймін. Және қарап тұрмай Майраның аңқаулығына қызығып;

– Кентауға дейін бес күн... Байқадамға дейін бес күн жүреді. Қазір жол үстінде,- деймін.

Майра көз алдымда аң-таң боп, сарылады, сарғаяды.

«Ой, Илька... Ой, Илька, знаешь, без Асанали все пусто...все! Консерватория... оперный театр... драм театр... мына ТЮЗ... Бульвар... парк... головной арык... все... все пусто! Илька, Асаналиды сағындым...” – дейді.

Басқа сөз аузыма түспей: - Неге Асанәлімен бірге кетпедің? – деймін күлкімді зорға тежеп.

– Ты что, Илька, мен қалай барам? Әлі келін боп түскем жоқ қой? – дейді Майра.

– Ә, солай екен-ау, ал қашан келін боп түсесің? – деп лоқ еткіздім.

– Скоро... скоро! – дейді Майра күлкісі күмістей сыңғырлап. Бір сағынышты жаз Майраны осылайша беймаза күйге түсірді.

Сарша тамызы жазға бергісіз қыркүйек айы келді. Алматыда жоғарғы оқу орындарының сабағы басталды. Біз тың өлкесінен оралдық. Консерваторияда Асанәлі мен Майраның аңсай қауышқан сәттерін көрдім.

Менің «Салтанат», «Ақ қайың», «Жан сәулем» деген әндерім шығып,студенттер арасында айтылып жатқан-ды. Ықылас-пейіліміз жарасты. Шәмшіні іздеп консерваторияда жиі-жиі болу маған әдетке айналды. Ән мені үйде отырғызбады. Ең алтын уақытым консерваторияда өтті. Консерватория коридорында бір мезет әрлі-берлі жүрудің өзі неге тұрады? Бұл мен үшін музыканың таңғажайып сырлы әлемі.

Сондай бір ләззатты күн... Бір класта өзіме таныс Бақыт Әшімованың барқыт үні... екінші бір класта Нариман Қаражігітовтың тенор дауысы құлақ тұндырады; тағы бір кластан Евгений Брусиловский дүрілдеткен аккордтар естіледі. Шеткі бір кластан Иосиф Коганның скрипкасын танығандай болам, одан әрірек бір нәзік романс кетіп барады үзілдіріп... сәлден соң дәл осы кластан Майра шыға келді де сағатына қарап, асыға басып, жүре берді де кілт тоқтады. Бағаналы бері үнсіз тұрған кластан:

Шыға келсең алдымнан күліп тағы,
Атпас па еді жадырап үміт таңы,
А-а-ай,
Тамылжыған сыры мол айлы түнді,
Сүйген жүрек қалайша ұмытады,сүйген жар.
Сыбдырлайды жасыл бақ,
Жоқсың бірақ қасымда.
Сағындым жайдары күлкіңді,
Сағындым, сүйген жар, сол күнді, -

деп бір сырлы ән сызып барады. Таныс секілді. Қайдан естідім оны? Қыз үні. Кім ол? Қандай әнші ?

Ән осы шумақ,осы қайырмамен тоқтады. Майра сүйсініп тұрды да: - Ой,Илька, сәлемет пе? Кешір... Қандай әдемі ән! Это же, Шамши? – деді.

Сөйтті де терезе жаққа жалт бұрылып, сыртқа қарай жүгіре жөнелді. Асанәлі. Іле-шала жаңағы кластан Шәмші Қалдаяқов шықты. Бір тұстан Күнсайын... жоғарғы қабаттан Алтынбек Жаныбеков пен Теміржан Базарбаевтар түсіп келе жатты. Үзіліс сәті. Шәмші менімен амандасты да, терезеден Асанәлі мен Майраны көріп, оларға елжірей қадалды. Күлімсіреді. Шылымын тұтатты. Асанәлі мен Майра қол ұстасып, тротуармен төмен қарай кете барды. Шәмші ойланған күйі оларды көзбен ұзатып салды.

Сәлден соң Шәмші екеуміз «Алматы» ресторанында отырдық. Біраз әңгіменің басын шаттық. Бір сөз реті келгенде Шәмшіден өзіме таныс әнінің мән-жайын сұрадым. Шәмші іркілген жоқ, сондай бір жылы сезіммен жымиып:

– Е, бұл әнге дейін біраз шатпырақтағам. Оның бәрі ізденіс. Мені бір екі аяулы жан қызықтырады. Жақсы көрем оларды. Сыйлаймын. Екеуі қол ұстасып келе жатқанда... о, онда ең сүйікті,ең қымбатты адамыма айтылатын ізгі тілектің ең асылын айтатындай боп іштей бір толқитыным бар. Сол Майра қалада өссе де, ауылдың биязы мінезді қыздарындай мөлдірейді. Инабатты. Алдыңды кесіп өтпейді. Сынық. Сүйген жігіті мандайы кере қарыс бір бағылан. Тектілігі пан көкірегінде тепсініп-ақ тұр. Өзі біздің Кентау жағынан. Сол жігіті осы жазда каникулға шығып, еліне кетті де, Майрасы оны зарыға күтті. Мен сол сағыныштың ғнін жаздым, Илья. Кейіпкерім Майра... Асанәлі! Бар хикая осы, - деп шылымын үсті-үстіне будақтатып, өз сөзіне өзі толқып, жүзі нұрлана түсті.

Сөзін кім жазды? – дедім жүзіне ойлана қарап.

– Величайший лирик... Тұманбай !.. Молдағалиев! – деді Шәмші лепіре сөйлеп.

Иә, дәл осы бір кез Тұманбайдың жібектей сызылған лиризмі жүрек біткенді діріл қақтырып жатқан кез еді. Біз әдебиетке зерек болдық та, қай ақынның қандай деңгейде екенін (ұстаздарымыз – Темірғали Нұртазин, Есмағамбет Ысмайылов... Әсіресе өзі де тұнып тұрған лирик Зейнолла Қабдоловтардың арқасында!) біліп қалған едік. Мен Шәмшінің Тұманбаймен үндескеніне қызықтым.

Шәмші бір кезде : - Сен, Илья, Нұрсұлтан Әлімқұловты білесің бе? – деді.

– Біраз композиторға сөз жазды ғой, - дедім.

Шәмші ілкімді екен, бір сәт үндемей түйіліп: - Байқаймын, танымайтын сияқтысың, - деді.– Менің жаныма жақын ақын, Шәке, ол – Қасым... Аманжолов! Басқасын әзір білмеймін, - деп

әр ақынға елпілдеген Шәмшінің екпінін басқандай болдым.

Шәмші үндемеді.

Мен Қасымның:

Жан сәулем, сағындым ғой, көптен көрмей
Сен неге мен кеткенде қалдың ермей?
Бауырында Баянауыл, Көкшетаудың
Жүрдім ғой, елегізіп ескен желдей, -

дейтін өлеңіне ән жаздым, - деп осы бір романтикалық лебінен жалын лаулаған ақынды сүйетінімді аңғарттым.

Шәмші әлгі өленге бірден елең етіп.

– Бұл ақынды оқу керек, - деді, - сөз төркініне қарағанда, Арқаның азаматысың...

– Е, Шәке, ол жағын қозғасаңыз Арқадан да, басқа-басқа жақтан шығуымыз ғажап емес, - деп күлдім. – Еділ, Жайық. Ор, Елек, Жем, Сағыз бойына да қиырдан көз салып қоятынымыз бар. Асанәлі екеуіміз – Сарысуданбыз. Сарысу ауданы бір кезде Жаңаарқа ауданының жерінде ұйымдасқан ел екен. Жиырма екінші... Жиырма үшінші жылдарда біздің елге салық дүрбелеңі түсіп... Ол ушыға-ушыға шиеленісіп, ел Арқадан Шу, Талас бойы...Қаратауға ауып... өкімет сол жерде тұрақтатып, баяғы Сарысу ауданы деген атпен орнықтырыпты. Асанәлі екеуіміз сегізінші класты аудан орталығы Байқадам орта мектебінде бірге оқыдық. Одан кейін әркайсымыз әр жаққа кеттік. Тағдыр жолы... енді, міне, ол екеуіміз Алматыда түйістік. Жерлеспіз. Туысқанбыз. Майра екеуімен жақсы күндеріміз бірге өтіп жатыр. Шәке, Кейіпкерлеріңізді білемін, - деп Шәмшіге белгісіз бір сырдың ұшығын шығардым.

Шәмші шылымын үсті-үстіне сорып: - Менің де ата-бабаларым сол Жаңаарқа топырағында жатыр, - деді.

Екеуіміз біразға дейін іштей дағдарып, ойға шомдық. Осы бір мылқау сәттен құтылғым кеп: - Шәке, сол әніңіздің бір шумағын еске салыңызшы, - дедім.

Шәмші разы бола қозғалақтап :

Алыстасың аяулы аңсағаным,
Сағынышпен жабырқап ән саламын,
А-а-ай!
Көңілімнің күні боп келсең, сәулем,
Көктеменің гүлі боп қарсы аламын, сүйген жар,-

деп қырылдаған үнімен қиылдыра, ұмсындыра әндетті.

–Әннің тақырыбы қалай, Шәке?

–«Қыз сағынышы»,

–Қыз сағынады, Шәке, ә?

–Иә,қыз сағынады.

–Ал, «сәулем» деген сөзді кім айтады ?

–Жігіт...

–Шәке, бұл ән - қыз әні емес пе ? Қыз жігітті «Сәулем» деуші ме еді?

–А? А? – деп Шәмші шылымын түсіріп алды,- «көңілімнің гүлі боп келсең, сәулем»... о, дәл осы жерін ойламаппын, Илья, әлбетте...әрине, ол жігіт сөзі...

–Әлде сол « сәулемді» өзіңіз қостыңыз ба?

–Жо-оқ...

Шәмші:

Шыға келсең алдымнан күліп тағы,
Атпас па еді жадырап үміт таңы,
А-а-ай.
Тамылжыған сыры мол айлы түнді,
Сүйген жүрек қалайша ұмытады, сүйген жар,-

деді ыңылдап.

–Бұл қыз сөзі емес, жігіт лебізі, Шәке... Тұманбайдың іңкәр жүрегі!

Шәмші қолы қалтылдап, шылымын тұтата бастады.

–Және, Шәке, қайырмасын көріңізші:

Сыбдырлайды жасыл бақ,
Жоқсың бірақ қасымда.
Сағындым жайдары күлкіңді
Сағындым, сүйген жар,сол күнді,-

дейді, бұл – жігіт құштарлығы, Шәке!

Шәмші кекештене тұтығып: – Со-сонн-ла М...Май... Майраны А... А... Асан... әлі сағынбай ма? – деп шегі қата күліп: «Әй, сөз таптым-ау!» деген жанша маған қыр көрсете қарады.

Мен де еріксіз күліп жібердім.

–Сен әдебиет бөлімінде оқисың, Илья... поэзияға, көркем сөзге зердең бар. Ал, мен...

–Шәке :

Көшкенде жылқы айдаймын, ахоу, аламенен,
Ауылыңа барушы едім-ау, даламенен, -

дейтін әнді шығарған ер КазГУ-дің филология факультетінде оқымаған шығар ,а?- деймін.

Шәмші күлкіден іші-бауырын жаза алмай иіліп:

–Н...Н... Не десең о де... М... Майра Асанәліні... А... Асан...ә...әлі Май-ра-раны сағынады. Бұ...бұл жер-де-е Тұманбайдың е...еш кінәсі жоқ... М... Мен солай жаздым.Құдай біледі о...Осы-ны-ы с..се...сенен басқа ешкім б...байқамайды...Б...бара берсін... осылай айтыла берсін! Бұл – Майраның әні! –деді.

Көп ұзамай Асанәлі Майраға үйленді. Ел: «О, біздің Асанәлі қазақ театрының арысы атақты режиссер, актер Шәкен Аймановтың қызын алды!» - десіп дуылдасты.

Арада жылдар тізбегі өтіп жатты.

Майра опера театрында бірде Ақжүніс, бірде Ажар... Қыз Жібек ролінде жай ғана елеусіз ғұмыр кешті. Өнерде түк өндірмей жатып, атақ үшін жұлқынған жандарға таңғалды. Бүгінгі шалағай тәтулердің: «Эстрадағы он...он бес...жиырма жыл!», «Сахнадағы он...жиырма жыл» деп аспан тепкілеген афишаларын Майра өңі түгіл түсінде көрген жоқ. Асанәлі «Майраның әні» атты кітабында: «Сен менің табыстарыма «тәуба» деп жүріп, өзің туралы ойланып көрмепсің, мен де өзімді өзім қызықтағандай боп жүріп, сенің де театрдың белгілі әншілерінің бірі екеніңді естен шығарып алғандаймын», - деп жазды.

Рас сөз. Махаббат зұлымдыққа, зұлымдық махаббатқа, батырлық опасыздыққа, опасыздық батырлыққа, дана дүмшеге, дүмше данаға, тұлпар жабыға,жабы тұлпарға, бұлбұл шымшыққа, шымшық бұлбұлға айналып, бәрі де сатылып алынып жатқан мына дулы өмірде Майра да жарқұлағы жастыққа тимей тырысса, әкесі Шәкеннің, сол кездің өзінде-ақ даңқы әлемге аян болған Асанәлінің беделімен біраз жақсылыққа қолы жетіп, атақ алар еді. Заты асыл Майра өйтпеді. Әндей сұлу арына қылау түсірмеді. Бар өмірін театрға, әнге, Асанәліге арнады.

Кей-кейде басымыз қосылып,шүйіркелескен шақтарда: - Оу, Илька, «Қыз сағынышын» ұмытқан жоқсың ба? – деп қояды Асанәлі.

Майра он екіде бір гүлі ашылмаған балауса қыз боп қызара мөлдірейді. Ол ән қалай естен шығады, бірақ неге екені белгісіз елеусіз қалған-ды. Кезінде Шәмші осы әнмен жер-көкке сыймай бұлғақтап,оны консерваториядағы Бақыттан бастап, талай әнші қыздарға айтқызып, өзін композитор ретінде танытып-ақ үлгеріп еді. Сөйтіп жүргенде іле-шала «Жүрек сыры», «Қаракөз», «Қайықта». «Ақмаңдайлым» шықты да, сол 1957 жылдың кеш күзінен бастап қазақ эфирін Шәмші әуезі билеп алды. Шәмшіде толастау болмады, бір кәусар бұлақтың көзі ашылды. «Арман», «Ақсұңқарым», «Сыр сұлуы», «Ақ бантик», «Арыс жағасында», «Қыз жалғыз – біз екеуміз», «Ол жалғыз – біз екеуміз», «Бақыт құшағында», «Дариға, құшақ жайған қандай адам», «Бәрінен де сен сұлу»...осылайша бұрын-соңды қазақ әнінде болмаған вальс екпінді мәрмәр әндердің дүйім жұртты сүйдірген ғажайып галереясы жасалды. Оған құлай берілген ірі тұлғалардың ішінде Мұхтар Әуезов «Ақмаңдайлым» әніне теңеу таппай толқыды. Ахмет Жұбанов Шәмшінің әр әніне қуана зер салды. Евгений Брусиловский: «Бәрібір қайталанбайтын талант!» - деді. Латиф Хамиди болса: «Оу, Бақа, баяғыда мен «Қазақ вальсін» жазғанда: «Бізге вальс жанры жат құбылыс», - деушілердің бірі едіңіз ғой» деп

Байқадамовқа шүйілсе, ол қалтқысыз мойындап: «Біз ол пікірден тез қайттық. Сол сөзді бірінші айтқан Мұқан Төлебаев еді ғой, ол іле-шала «Бақыт вальсін» шалқытты», - десін бір Шәмшінің лебінен лүп ете түскен эн жан біткенді тебірентіін, әр жүрекке лоззатты сезім нұрын құйып, бір өзі бір ән әлемі боп асқақтай берді. Ол ешкімге ұқсамады, ешкімге үндес келмеді, ешкімді қайталамады. Қазақ әуезіне тосыннан кеп құйылып,оның шырайын кіргізіп,түр мен мазмұнын құлпыртып, мәдениетін көтерді, өрісін кеңейтті. Ешбір композитордың болмысында жоқ сәулелі, шуақты, терең сезімді мөлдір лириммен жер мен көктің ортасында тербеліп, өзгеше бір әуез өрнегін салды. Тұнып тұрған халық әуені мен сол кездегі совет композиторларының ең үздік үлгідегі тамаша әндерінің жаңашыл рухын керемет қисындастырып, жас баладан бастап еңкейген қарттар сүйген әндерді емін-еркін шарықтатты. Бұл дарынсыз әріптестеріне жайсыз құбылыс боп тиді. Оның соңынан дауасыз сөздер борады. Көре алмайтын қорқаулар күңкілдеді. Ал Шәмші одан сайын өрледі. Оның әні қазақ аспанында аққу әуезі боп қалқыды. Шәмші бар жүректі махаббат лебімен бауралы. «Жаса, дұшпан сорына!» деп Қасым айтқандай,ол халықтың ең сүйікті еркесіне айналды. Ел де Шәмшіні әлпештеп бақты. Қорғады, қолдады. Кей ісін кешірді.

Бірте-бірте әннің желігі, қолпаштың буы Шәмшіні ду көтеріп әкетіп, тыныштығын бұзды. Өзі де елпілдеп тұрған жеңілтек жан серілік жүрістен шаршай бастады. Балалы-шағалы боп, басына отбасының тауқыметі түсті. Үйдің тарлығы құтын қашырып, ол Жамбыл, Шымкент жағын сағалап,Алматыға анда-санда бір соғып жүрді. Ит тірлік шырмауықтай шырмады оны. Ол да пенде, лайықты атағын да ойлап жүрегі ұйыды.

Бұл кезде мен қазақ радиосы музыка редакциясының бас редакторымын. Жетпісінші жылдардың басында радиоға оның Көкшетау циклы: «Кел Бурабайға», «Биші қайың», «Көгілдір Көкше» әндерін, одан сәл кейін «Мойынқұмда», «Сағынышым менің», «Теріскей» әндерін іші тар әріптестерінің даттауына қарамай қорға...қорға алдық. Ол Қазақстан Лениншіл жастар одағының сыйлығына ие болған күнінен бастап Композиторлар одағындағы біреулердің ту сыртынан бәтперде қылып жүрген өресіз пендешілігін көріп, оған қарсы уәж айту затында жоқ қорғансыз қалпы іштей уайым шекті. Радиоға ең соңғы рет өткізген әні – «Жақсығүл» деген ән. Осы әнді әкелгенде : «Маған Зейнеп Қойшыбаева керек. Осы бір үні сұлу әнші менің «Қыз сағынышы» дейтін әнімді шырқай бастапты», - деп сүйсінді. Иә, бұл әнді мен дирижер Александр Гурьяновқа тапсырып, эстрадалық-симфониялық оркестрге түсіртіп, енді-енді бере бастаған едік. Шәмші сол әнді егіліп отырып тыңдады да: «Айналайын, Майра!» деді мейірлі үнмен.

Сол Майраны бір жолы радиоға шақырып, өзімен дуэт боп ән салатын құрбысы Шолпан Тоқсанова екеуінің орындауында біраз әндер жаздық. Әндер жазылып біткен соң біздің кабинетте «Қыз сағынышы» тыңдалды. Майра мен Асанәлінің махаббаты! Шәмшінің тұңғыш әні!»

Ән орындалып жатқанда Майраның албыраған уыз жүзі әп-сәтте қып-қызыл нұрға малынып, дуылдап қоя берді. Нәркес жанарынан ұшқындар ұшты. Әнге ерігені,оған бой алдырғаны соншалық, пысығы қашып, ыңғайсыздана күлімсіреп, ләм-мим деуге үні шықпай, алдында жатқан бір парақ қағаздың шетіне: «Ой, Илька... сен бұл әнді қайдан білесің?» деп жазды. Мен «білемін» деп жаздым. Майра: «Бірақ, сен мұны Асанәліге айтпа, «өзің ғашық болғансың!» деп мазақтайды ол» деп тағы жазды. Мен іштей «мақұл» деп бас изедім. Ой, өмір-ай... Сол күні біз Майраның әндерін соңғы рет жазғанымызды білмеппіз... білмеппіз.

Кейін біз Асанәлінің «Майраның әні» атты кітабынан: «Сен, Майра, Ақжүністің ролін ойнап келген күні мен сені Ақжүнісім деп, Ажар болып келген күні Ажарым деп, Қыз Жібек болып келген күні Қыз Жібегім деп еркелетін едім. Бүгін ойлап отырсам, Ер Тарғын үшін ең сүйікті адам Ақжүніс болған шығар, Төлеген үшін Қыз Жібек, Айдар үшін Ажар болған шығар,ал мен үшін ең сұлу, ең сүйікті жан сен екенсің-ау, Майра!» деген сөзді көзге жас ала оқыдық.

Сондай күрсіністі сәтте Асанәлі: - Шәмшінің «Қыз сағынышын» айтшы, - деп қам көңілді өзі демеп, өзі жөндеп, Майраның елесіне мәз болып отырады.

Илья Жақанов.

АСЕКЕҢ ТУРАЛЫ ХИКАЯТТАР
КӨЗ - КӨҢІЛДІҢ, ЖАН ДҮНИЕНІҢ АЙНАСЫ

Асекең онжылдықты бітірген жылы Алматының ауыл шаруашылығы институтына құжаттарын тапсырады. Бірақ конкурстан өтпей, ауылға қайтады. Келер жылы Алматыға қайта оралып, бұрынғы оқу орнында қайтадан бақ сынайды. Намысқа тырысып, тиесілі сабақтарға жатпай-тұрмай дайындалып, бәрінен дерлік жағымды бағаларға ие болады. Бірақ бір орынға үміткерлер жетіп-артылып жатқанын көрген соң, үмітінен күдігі көбейеді. Осындай бір көңілсіз күнде келе жатып: «Консерваторияның жанынан театр және кино актерларын даярлайтын бөлім ашылды. Соған талапкерлерді іріктеу басталды» деген қабырғадағы үлкен хабарландыруға көзі түседі. Ішінен: «Киноға да оқушы ма еді?»- деп немқұрайдылау ойлап қояды.

Кентаудан келген жолдасы Райымбек Сейтіметов осы хабарландыруды көрісімен,түсейін деп жүрген байланыс техникумынан бас тартып, іріктеуден өтіп, консерваторияның студенті болып шыға келген. Осы факультетті ашу үшін жан салып жүрген атақты режиссер Асқар Тоқпановпен де етене танысып алған. Жігерлі Райымбек дереу шағын дастарқан жасап жіберіп, Асқар ағамен үміткерді кездестіреді. Әй-шайға қаратпайтын қызу мінезді Тоқпанов Райымбекке Асанәліні емтиханға дайындауды тапсырады.

Райымбек жолдасына Фадеевтің «Жас гвардия» романындағы Олег Кошевойдың антын жаттаттырады. Этюдтер бойынша да біршама дайындалған соң қабылдау комиссиясының алдына келеді.

Олег болып кеудесін ұрып, қызу сөйлейді. Бірнеше этюдтерді орындайды. Бірақ ұлымен қоштасқан шалы да, қақпанға түскен қасқыры да ойдан онша шықпағандай болады. Себебі комиссия мүшелерінің жүзінен еш жылылық, ризалық қалып байқала қоймағандай.

Сонда отырған белгілі әнші Бекен Жылысбаев:

-Осы баланы қинамай-ақ қойсақ қайтеді. Сол ауыл шаруашылық институтын айналдыра берсін де, - дейді.



Сол арада Асқар Тоқпанов шырылдап:

-Жолдастар-ау! Анықтап қарасаңыздаршы! Бұл баланың көзінде ерекше бір ұшқын бар ғой. Соны маздата білсек, мұнан жаман актер шықпайды, - дейді.

Комиссияны басқарып отырған академик Ахмет Жұбанов ақырын ғана:

-Олай болса, екінші турда бағын сынап көрсін, - деген шешімін айтады.

Бірақ екінші турды да онша сәтті ойнап, ілтипатқа ілінбейді.

Асқар аға тағы да жас жігітке ара түседі.

- Мен бұл баладан әлі де үміт үзбеймін. Тым болмаса, бірінші курска қосалқы, үміткер студент етіп қабылдайық! Сөйтіп,Асекеңнің арқасында әупірімдеп жүріп, қосалқы студенттікке тұяқ іліктіреді.

Бір жылдан кейін Асекең емтихандардың барлығын үздік тапсырып, актерлік қайықтың ескегін есе алмай, тастап шыққандардың орнына екінші курс студенті болып қабылданады.

Шындығында, Асқар Тоқпанов Асекеңнің көзінде ұялап жатқан жанар таудың кезі келгенде оянып, от шашатынын көрегендікпен болжап білді. Енді мына мойындауға қараңыз. Орыстың атақты актеры Олег Табаков былай деп жазды: «Асанәлімен иықтасып, кино алаңына шыққанда, оның өңменіңнен өтіп кететін жанары алғашқыда абдыратып-ақ тастайды. Бірақ мұндай жанардың тұзағына бір іліксең болды, өзіңнің ойнап жүрген рөліңнің салмағын тереңірек сезінесің».

Асекеңнің көзі- жаратылысынан дара жаратылған көз. Көз-көңілдің, сезімнің, бүкіл болмысының, жан дүниеңнің айнасы. Бекежанның алаулаған жанары қандай ғажап! Дала қыранының, шамырқанған намысқа суарылған от жүректі ердің жанары. Тұңғиық ойға шомылып, шытырман құпияның сырын ашпақ болып, алас ұрған Қасымхан Шадияровтың жанары ше!?

Кезінде қас таланттың атақ-даңқын көре алмай, қызғаныштың қызыл иті ішін тырналап, тасада тұрып тас атқан жан сахна төрінде де пендешілігін жасыра алмайды. Айтуға тиісті «Цезарь! Цезарь!» ұранын айтпай,қасарысып тұрған Брут-пендеге жақындап барып, оқты көзін өңменіне қадағанда: «Цезарь! Цезарь!» деп, барынша айқайлатқан қуатты отты көз, шоқты көз- Асанәлі Әшімұлының ең қуатты рухани қаруы.

Ал Асекеңнің көзі шуақ шашқанда, айналаның бәрі нұрланып сала беретіні тағы бар. Бірақ ол – бөлек, ұзақ хикаялы әңгіме.

САҚАЛ - БЕТТІҢ АЖАРЫ

Асекеңнің бір өзіне ғана тән сұлу сақалының өзіндік тарих, хикаяттары мол. Кезінде ол «Қыз Жібектегі» Бекежан мен «Атаманның ақыры» фильміндегі чекист Қасымхан Шадияровтың рөлдеріне түскенде, сақал мәселесі алдан көлденеңдеп шығады. Бекежан рөліне бекітілгенде, дала батырының келбетін келісті етуге недәуір септігін тигізетін,

бір-бірімен үйлесім, келісім тауып қауышып жатқан нек сақал мен самай жақ сақал екендігі ақиқат. Атақты Шәкен Айманов Асанәлі «Қыз Жібек» фильміне ойнайтын болып бекітілгенде, аса қуана қоймаған. Көптен ансаған арманыма енді жеттім бе деп лепіріп жүрген Асекең шын жанашыр атасының тосын пікірін түсіне алмай,дал болады.

«Бұл сонда қалай болады?! Мен «Қыз Жібекке» бекітіліп қойдым ғой. Екеуінде қалай ойнап үлгермекпін?» - деген қарсылық сөзіне Шәкен жай ғана: «Бас тарту туралы ой түсіңе де кірмесін. Шетелдегі әртістер бір мезгілде бірнеше картиналарға түсе береді. Сонда да үлгереді», - деп,сөз астарына зор салмақ салып, қалап айтты.

Сөйтіп Асекең екі оттың ортасында қалады. Іштей ойлап: «Жарайды-ақ, екеуіне де үлгерер тірліктің орайын келтірейін. Бекежанның бет пернесінің бедерлі көркі болып тұрған аяулы сақалы қалай болмақ? Чекистердің бетінде бөлек, көзге ерек ұратын сақал, мұрт, тыртық, қал болмауы керек қой», - деген ойларын сыртқа шығарғанда,Шәкен аға:

-Кинода көркемдік ой-қиялға жол беріледі. Жақ сақалыңды қырғызып таста. «Қыз Жібекке» барғанда,жасандысын жапсыртасың, - деп түйіні қиын істің шиін шешіп берді. Содан бері Асекең Шадняровтың шоқша сақалынан бір күнде ажырап көрген емес. Терең тұңғиық пәлсәпалық ойға берілгенде, шытырман шиыры көп сүйікті ойыны шахматты ойнағанда, күміс сақалын алақанымен аялап, бабымен сипағанда балқып отырады.

Асекеңнің осы тарихи сақалы туралы өткен дәуірге, яғни XX ғасырдың жетпісінші жылдарына еріксіз шегініс жасамасқа болмайды.

Театрдың партия комитетінің хатшысы, жігерлі, тиянақты, алға қойған адал мақсатын іске асырмай қоймайтын даңқты әртіс апамыз Сәбира Майқанова Асанәліні СОКП мүшелігіне өткізбекке бел буады. Жас актер келісе қоймайды, бірақ оған оп-оңай көне қоятын Сәбира апа жоқ. Оның қалалық кеңеске депутат етіп ұсынылатынын алға тартады. Шегінерге жер қалмаған Асекең уставқа дайындалып, партиялық комиссия алдына барады. Көпшілігі-көненің көзін көрген кәнігі, тіскаққан партия қызметкерлері . Галстук тағуды ұнатпаса да тағып, сымдай тартылып, алдарына тұрады. Тұрғаны сол, көкқасқа шалдың біреуі: «О, бізге Фидель Кастро келіп қалыпты ғой»,-деп шағып алады. Жүзі жылы, аналық мейірімі бар бір егде әйел ара түсіп: «Енді әртістерге бұл жарасады, қызметтері солай ғой», - дейді. Сонда әлгі шал: «Партия мүшесіне бұлай жүру келісе қояр ма екен?!» – деп кесе көлденеңдей береді. Сол кезде Асекең:

-Мен ұлы көсемдеріміз Ленинге, сондай-ақ Маркс пен Энгельске еліктеймін!- дегенде,әлгі шапшуылдаушы шал үнсіз тұншығып қалады.

Жас актер партия мүшелігіне қабылданып, қалалық кеңеске депутат болып сайланды.

Осы заман тілімен айтқанда, Асекеңнің брендіне айналған, қазақи ұғыммен айтқанда, сүйікті ағамыздың киелі бойтұмарындай болған сақалы Бекежан батырдың соңына сап түзеп ерген сарбаздарының семсеріндей жарқырап, қатары сетінемей, селдіремей, ағамызды ажарландыра берсін!

АТ – ЕРДІҢ ҚАНАТЫ

Халқымыз: «Ат – ердің қанаты» деп тектен-тек айтпаған ғой. Асекеңнің кино өнерінде еңбек еткен жылдарында қазақтың кие тұтатын малы жылқының небір қасиеттеріне куә болған жайы бар. 1968 жылы «Қыз Жібек» киносы түсірілер алдында Алматы ипподромында атқа мініп шабу, жауынгерлік өнер, ат үсті шайқастары бойынша ұзаққа созылған жаттығуларды бастан кешеді. Күн ыстық, қапырық, үсте кеудені құрсаған жауынгердің киреукесі, баста ауыр дулыға, қолда бірде қылыш, бірде найза. Асекеңнің таңдап мінген сұлік қара Буян деген атына мініп, шайқас кезінде «қалмақтың» қылышынан қорғана берем дегенде, кенет ерден ауып кетеді. Сол сәтте актер ауған жаққа қарай аты кілт бұрылып тоқтап, жазымнан құтқарады. Екінші жолы сол Буянмен құйғыта шауып келе жатқанда, көзді тұмшалаған қалың шаң арасынан кісі бойы бұта жолығып қалып, жалт бұрылғанда, Асекең ауада қалқып, құлап бара жатады. Сонда Буян тағы да солға кілт бұрылып, оны ауыр жарақаттан, қала берді, өлімнен құтқарады.

Сонда ол қарғып түсіп, құтқарушысының мойнынан құшақтап, мандайынан сүйіп, еміренеді. Содан бастап Асекең сұлік қара сәйгүлікті бар жан-тәнімен беріле сүйіп, әлпештеумен болады. Құйрық, жалын тарап, шомылдырып,туған анасы, бауыр еті баласындай аялайды.

«Шоқан Уәлиханов» фильмін түсіру барысында Сағи мінген ат фильмге қажет ірі көріністі эпизодты түсіруге еш көнбей қояды. Бірнеше рет әрекет жасап талпынғанмен, ат иілкпейді. Қатты ашу қысқан Асекең атты он екі өрім бұзаутіс камшымен бар пәрменімен осып-осып жібереді. Әлден кейін Сағи келіп: «Аға, ат жылап тұр»,- дейді аянышты үнмен.Барып көрсе, аттың көзінен моншақтаған жас дір-дір қаққан тұмсығына қарай суси сырғып, ағып тұрғанын көреді.

Асекеңнің тұла бойы шымырлап, аттың жаутаң жанарынан кешірім сұрағандай алау-жалау күй кешеді. Оның киелі жануар екендігіне ден қояды.

Нағыз өнер адамдарының сезімталдығында шек жоқ қой.

ӨЗІН-ӨЗІ ҰМЫТУ ЖӘНЕ АЯМАУ

Асекең алғаш театрға келгенде,Әуезовтің «Абай» пьесасының репетициясы кезінде Айдардың рөлін шығара алмай, өз әріптестерінің күлкісіне қалған жайы бар. Бұдан кейін Асекең еш жүнжімей, намысын қайрап, көркемдік үдеден шығу үшін аянбай тер төгеді.

Кешегі соғыс кезінде, шыжыған күн астында бес жасында қада ағашқа байланып, мала тас жегілген өгізге мініп, бидайды бастырғанда-ақ бейнеттің, еңбектің не екенін біліп өсті. Буыны қатпай жатып, орақ орды, оқушылардың алды болды. Мектеп директоры 23 жасында жесір қалған анасы Тәжіханға көп алдында баласының 5 сом сыйлығын, мақтау қағазын тапсырғанда, шешесінің төбесі көкке екі елі жетпей қалған. Соғыс және соғыстан кейінгі жылдарды бастан кешкен бала ашы тер мен ашқұрсақ болып жеген нанның дәмін ерте татты, қадірін білді.Осы қасиеттер өнер жолына қанат сермеген жаска үнемі сенімді серік бола білді.

Ол әр рөлді ойнағанда жанын салып, беріле ойнады. Асекең сахна төрінде өмір сүрді, әр кейіпкерінің жан дүниесіне терең бойлады. Өзін-өзі ұмытты, өзін-өзі аямады, өзгенің сол талап деңгейінен көрінуін қатаң талап етті.

«Қан мен тер» спектаклінде ата жұртынан кетіп, еріксіз ауып, отбасынан ажырап, тағдырдың аяусыз соққысын көріп, әділетсіздікке төзбей буырқанған сәтінде өзгемен өріс ашып кеткен жарына қаһар отын төккен Еламан – Асанәлі өз-өзіне не бола алмай Ақбала-Фариданы жақтан аяусыз салып жіберіп,ұшырып жібереді. Бірге оқыған Фарида көпке дейін амандаспай, Әзірбайжан Мәмбетовке арызданады.

Бірде осы спектакль бойынша қызу репетиция жүріп жатады. Әр іс-қимылға қалт жібермей, сақ қарайтын, көңіліне ұнамаса, қатаң сөгіп тастау құқына ие Әзірбайжан актерге кішігірім ескертпе айтып қалғанда, балықшы Еламан бейнесіне дендей еніп кеткен Асекең режиссерді шырқыратып шешеден жібереді. Осы сәтте енді не болар екен дегендей,айнала құлаққа ұрған танадай тып-тыныш бола қалады. Аузы ашылып, аз-кем қалшиып тұрып қалған Әзірбайжан кенет аямай қол соғып: «Браво! Браво!» -деп риза болады. Осы шиыршық атқан көрініс сахнада қойылғанда, алдыңғы орында, шетте отырған бір көрермен: «Ойпырым-ай! Сіз сахнадан түсіп келіп, мені ұрып жібере ме деп зәре-құтым қалмай, қашып кетуге дайын отырдым», - деп актерға келіп айтып, шынайы риза көңілін білдіріпті.

«Қыз Жібекке» түсірілер алдында шайқастық көріністерге жаттығу барысында ат үстіндегі әріптесі Құман Тастанбековті «Төлеген» деп қабылдап, жеті метрлік найзамен жарақаттап, оның апта бойы аурухана төсегіне таңылуына себепші болғаны тағы бар.

Асекең ағамыз «Трансібір экспресі» фильмінің байқау лентасына түскенде, сыпайы сөйлейтін режиссер Эльдар Оразбаев:«Асеке, экранға көз салыңызшы!» - дегенде, ол сөзге келместен: «Түсіндім», - депті де, республикалық кәсіподақтың төрағасы Егізбаевтан жолдама алып, Есентукиге тартып кетеді. Өзін-өзі аямайды. Қатаң диета ұстайды, спорт залдан шықпайды.

Асекең Алматыға сымдай тартылып, сыптығырдай жігіт болып оралып, жүріп келе жатқан пойыздың үстінен кикілжің орғып, каскадерлер жасайтын қимылдарды өзі орындап, көрермендердің көз айымына айналады.

Ал ет-бауырынан жаралған баласы Сағидың ауру меңдеткен Шоқанның бейнесін шынайы жасауы үшін қандай азапқа салғанын көпшілік ел біле бермейді. Тамақтан да, шөлбасар судан да қағылған Сағи Асекеңе өкпелеп, онымен сөйлеспей де қояды. Той тойлап, топпен кеткенде, киіз үйде жалғыз қалған Сағи көйлегін дар-дар айырып тастап, түні бойы жылап шығады. Таң азанда: «Сағи!» - деп айқайлағанда, әбден ашыққан, шаршаған көздері қанталап, шүңірейіп ішіне кіріп кеткен баласы сыртқа шыққанда,Асекең айқайлап: «Тез арада түсіру алаңын дайындаңдар. Ауру меңдеген Шоқанды түсіреміз», - деп барлық аппараттарды іске қосқан. Шынайылықты одан да әрі айқын, анық көрсету үшін сол күні Сағи-Шоқанды таумен де біраз қуалайды. Осының бәрін көріп тұрған түсіруші топ арасында сырғыма өсектің салқын лебі де соғады. «Құдай біледі, мына Сағи Асекеңнің өз баласы емес. Оны сонша қорлыққа салуы соны білдіріп тұр», - деседі. Кейін Достоевский, Чернышевскиймен кездескен сәттегі ауру

Шоқанның бейнесін экраннан көргенде Саға: «Аға, сізге рақмет!Сіз шынында да дұрыс істегенсіз». - деп риза болады.

Асекең Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданындағы бір совхозда әріптестерімен бірге «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» спектаклін қояды. Совхоз директоры өз буына өзі піскен, әкем театрдан барған айтулы әртістерді онша менсінбегендей сынай танытады. Совхоздағы мәдениет ошағының клуб аты ғана бар. Төбесі майысқан. Қодар рөлінде ойнап жүрген Асекең жалғыз өзі қалған сәтте, дала батырының ызаға толы монологын айтып тұрып, қолындағы найзамен майысқан төбені теріп келіп жібереді. Бүкіл сахна әп-сәтте былшамай батпақ пен лай суға шыланып қалады.

Балалар қарқылдап күліп, карттар жағы риза көңілдерін білдіріп: «Асеке, құп сауап жасадыңыз!. Бұл иттің баласына клубты түбегейлі жөндеу керек деп мың айттық. Құлағына ілген жоқ».

Кердең каққан директордың салы суға кетіп, жым болады. Салқын қабылдауы үшін кешірім өтініп, қалбалақтап қалады. Келер жылы, шындығында да, совхозда жаңа клуб салынады. Асекең бұл мәселені арнайы назарда ұстаған екен.

БАТА

2011 жылдың қыркүйегінің аяғына қарай тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай Астанада Жамбыл облысының күндері өтті. Асекең Алматыдан, мен Жанатастан бас қостық. Үлкен жәрменкенің шығыс жағымен келе жатқанда, бір 11-12 жасар бала артымыздан жүгіріп келді де, сәл тұрып, қайтадан кері қарай жалт бұрылды. Алғашында онша мән беріңкіремедім. Енді бір қарасам,тағы да жүгіріп келіп, аз-кем тұрды да, қайта кері жүгіре жөнелді. Сөйтіп анадай жерде тұрған анасын құшақтап, артына жартылай жасырынып тұра қалды. Әлгі әйел күлімсіреп, маған әлдене айтқысы келгендей ыңғай білдірді. Асекеңе сәл кідірістей беріңіз дедім де, маған қарай жасқана аяқ басқан әйелге тақандым. Жүзі жылы, аузынан мәйегі көрініп тұрған жан екен.

-Аға, мына балам туғанда атын Асанәлі деп ырымдап қойған едік. Соған ағаны көрген соң: «Атаңа барып сәлем бер», - дегенмін. Бата алмай, жүгіріп барады да, қайта келеді.

Асекеңе, келіп болған жайды баян еттім.

-Ой, келе ғой, ұялма,балам! – деп мейірлене күліп ұн қатты. Шешесі тақана беріп, сәлем салды. Аға танауы тәмпиіп, көзінен күлкі ұшқындаған баланың қолын алып, маңдайынан сүйді.

-Асеке, бата сұрай келген ниеті де бар екен, - дедім. Ағамыз қолын жайып:

-Ал, Асанәлі, жортканда жолың болсын, талабың таудай болсын. Биікке ұшсаң, қанатың талмасын, қабағыңды кірбің шалмасын, - деп әдемі бата беріп, бетін сипап, аркасынан қақты.

Ана мен баланың қалай қуанғанын көрсеңіз ғой, сонда!

«АСАНӘЛІ» КОНЬЯГІ

Асекеннің атақты жезтаңдай әнші қарындасы әрі жерлесі Сәуле Жанпейісова мерейлі шығармашылығына арнап, Алматыда үлкен концерт өткізді. Концерт соңы мерекелі дастарқанға ұласты. Сол кеште Сәуленің әріптестері, оның ішінде Асекеңнен бөлек айтулы режиссер Болат Атабаев, белгілі актер Дулыға Ақмолда, ақын Маржан Ершуова, тағы басқалар болды. Емежарқын отырыс болып, көңілді әңгіме, айшуақты, әдемі әзілдер айтылып, дастарқанның сәнін келтіріп жатты. Ерке, ашық мінезді Маржан:

-Асанәлі аға, мына үстел үстінде сіздің есіміңізбен аталатын коньяк тұр екен. Өзінің дәмі де жақсы, сәні де жақсы екен. Бір шумақ жырдың тіл ұшына үйіріліп тұрғаны. Рұқсат па? – деді. Отырғандар гулесіп: «Е,е, айт!» - деп кеу-кеулеп кетті. Сонда Маржан:

-Тұр алда коньягы «Асанәлі»,
Ішкендер бұл зәмзәмнен жасарады.
Оянған шабыттарын шарықтатып,
Өнердің биігінен асады әлі! – деді.

Барлығымыз ақын қыздың суырыпсалмалығына риза болып, қол соғып жаттық. Асекең қарқ-қарқ күліп, ақын қыздың қолын ризашылықпен қысып, аркасынан қақты.

ЫСҚАҚ ПІРАДАР ШАПАҒАТЫ

Асекеннің атасы Ысқақ пірәдар көзі тірісінде-ақ еліне елеулі болған. Таза періште пейіл, адалдықты ту еткен, дін жолына бар жан-тәнімен берілген, былайша айтқанда, құдайына қараған жан. Өмір бойы ешкімді ғайбаттап, дауыс көтеріп көрмепті.

Соғыс жылдарында майданды етпен қамтамасыз ету үшін ауылда шошқа фермасы ұйымдастырылған болатын. Таза қазақтардың табиғатымен үйлеспейтін тірліктің қай кезде де оғаш тұстары көп болады ғой.

Күндердің күнінде, қас қылғандай,Ысқақ пірәдардың шағын ауласына дәу торай кіріп кетеді. Дәретке шыққан пірәдар әлгіні көргенде, қолынан құманы түсіп кетіп, тілі байланып қалғандай болады. «О, жаратушы жалғыз, мынадай сұмдықты көрсеткенше, мені алғаның жақсы!» - деп,кос тізерлеп жалбарынып, үйіне кірген бетте, тарс оранып жатып қалады. Содан нәр татпай, үшінші күні дүние салады.

Пірәдарды ақырғы сапарға шығарып бара жатады. Жаз бойы тамшы тамбай, шілденің ыстығы қуырып тұрған шақ болатын. Сол кезде Жайылма асанына шоқтай болып түйілін келген шағын бұлт қас пен көздің арасында нөсерлетіп қоя береді.

Мұның бәрін қалың жұрт жақсылыққа жорып, жаратушының пірәдарды шын пейілмен қабылдағаны деп түйсінеді...

Асекең де ес біліп, етек жақалы пірәдар атасын пір тұтып, жолға шыққа да, үлкен бір іс бастаса да, қиналған, тарыққан, жабыққан сәттерінде атасын еске алып, іштей мінәжат етіп, сиынып отыруды естен шығарған емес.

Жеті-сегіз жасында өрістен қайтқан малдан сүтті ешкісі келмей қалады. Қас қарайып қалғанда оны өріс жаққа іздеп шығады. Сол сәтте жоғалған ешкі кенеттен көз алдына көлбеңдеп көрінеді. Тақана берсе, ешкі ұзай береді. Қуып жетем-ау деп ентелеген күйі ауыл шетіне жеткенде,ешкісі көзден ғайып болады. Үйге келсе, жоғалғаны қораның ішінде тұр. Асекең аң-таң болады...

Сол жеті-сегіз жасында шағын ауылдағы балалардың барлығы жаппай қызылшамен ауырады. Үлкендер жас балаларды жерлеп үлгере алмай жатады. Асекеннің екі қарындасы да қызылшадан он екіде бір гүлі ашылмай, көз жұмады. Жас Асанәлі ауыр науқастан құр сүлдері қалып, боп-боз, салсүйек болып көшеге шыққанда, онымен бірге ойнаған құрбыларының бір де бірі тірі қалмаған. Бала болса да, жан дүниесі,жас жүрегі жетім қалған Асанәлінің еңірей жылаған күні есінен еш кетпек емес...

Баянауылда Шәкен Аймановтың тоқсан жылдығын тойлап, қайтар жолда Бибігүл Төлегенова, жұбайы Бағдат - барлығы бір машинаға отырады. Екі сағаттан кейін мөлдір бұлақ басына аялдама жасап, әрі жолға шығар сәтте жігіттер, не себептен екені белгісіз, Асекеңді өзге машинаға ауыстырып мінгізеді. Бес минуттан кейін алдында Асанәлі отырған машина жолда аударылады. Адамдардың барлығы аман-есен, аз-кем үрейге бой алдырып тұр екен. Алдында Асекең отырған жақ әп-әжептеуір жапырылып, ішке майысып кетіпті...

Асекеннің жалпы өмірінде осындай автомобиль апатына екі-үш рет тұскені бар. Бірде Сағимен келе жатып, Шу өзенінен өтер тұста мұздақта баласы рөлге ие бола алмай, көпірдің қалдайына катты ұрылады. Машинаның алдыңғы тұсы көпірден шығып, артқы бөлігі көпірдің табанына ілігіп тұрады. Сонда Асекең еш саспастан, сабырлы қалыпта артқы орындық бұрышына жатып алып, алды қираған көлікті тепе-теңдікте ұстап тұра берген...

Ал «Атаманның ақырына» тұскенде,тентек мінезді тау өзені Шарынның атпен отпек болғанда, су екпінімен домалап келе жатқан қойтасқа соғылып, аттан құлайды. Көмек жетіп үлгеріп құтқарғанша, күздің суық суына бастан-аяқ малшынып, тісі-тісіне тимей қалшылдап, бір ажалдан аман қалады...

Асекең небәрі 20 жасында алғаш рет режиссер Ефим Аронның «Ботагөз» киносында эпизодтық Кенжетай рөлінде ойнайды. 1958 жылы «Асау Ертіс жағасында» фильміне түседі.

Осы соңғы кинога түсіп жүргенде, сол кездегі консерваторияның ректоры, үйғыр композиторы Құдлыс Қожамияров оқуға 20 күн кешіккендігі үшін жас актерге Мәдениет министрлігінің анықтама беріп, министрдің өзі ара түскеніне қарамастан, оқудан шығарып жібереді. Себебі ректор сол кездегі бірінші хатшы Юсуповка катты арка сүйейтін. Ал Асанәлі болса, намыс оты жібермей, күндіз консерваториядағы сабакка ерікті тыңдаушы болып қатыса береді. Бірақ жатар орын, қоныс жайы жоқ студент түнде жатақхананың терезесінен түсіп, жолдастарының қасына түнейді. Осылай қашып-пысып түнеп жүргені, сабаққа зансыз қатысып жүргені туралы әңгіме ректордың құлағына жетеді. Ашуға мінген ректор комендантты жұмыстан шығарып жібере жаздайды. Асекең оқу орнының босағасынан аттай алмай қалады. Сөйтіп жүргенде,әскерге шақырылады. Комиссиядан өтеді. Әскери комиссариат өкілі оған қасығын, кружкасын дайындауды бұйырады. Сондай бір дел-сал, әрі-сәрі халде жүрген Асекең тәуекел етіп, консерваторияға кіріп, коридорда әрлі-берлі теңселіп жүреді.

Тап сол кезде оқу бөлімінің меңгерушісі Елена Ильинична Масалович оған қарсы жолығып қалып, оның тағалы тай тайын жығылатындай жалтыр басына шошына карайды.

Жай-күйді толық білген елгезек мінезді Елена апай Асанәліні ертіп, кабинетіне кіреді де, оның қолына

консерваторияның үшінші курсында оқитынын, әскери дайындықты әскери кафедра арқылы өтіп жүргенін айғақтайтын жалған анықтаманы тәуекел етіп ұстатып жібереді. Оны қолына алған әскери комиссар орыстың ойсан естілетін боқауызымен кабинетінен айдап шығады.

Ет жүрегі елжіреген еврей әйелінің сол бір қамқорлығы Асекеңнің мәңгілік есінен кетер ме?! Енді ағамыздың алда шығатын кітаптарының беттерінің бірінен осы асыл текті, абзал бейненің әдемі суреті орын тепкенін қалар едік. Сол кісінің тәуекел қамқорлығы болмаса, өнерден мүлдем алшақ үш жылғы әскери тірлік ағамыздың бүгінгі деңгейге жетуіне оң ықпал етеді деп еш ойламас едік.

Асекең сахнаға шығар алдында да Ысқақ пірәдар атасының рухына сиынып, рөлдерін нық сеніммен, сәтті ойнап шығатындығын үнемі айтып та, жазып та келе жатыр.

2006 жылы 8 мамырда Сарысу ауданының Жайылма ауылында Асекең Ысқақ пірәдар атасына арнаған әдемі мешіт ашты. Оған Қазақстанның барлық аймағынан зиялы, айтулы азаматтарды шақырды. Тап сол күні, сол сәтте аудан әкімі мешітті ашып, Асекеңе сөз бергенде,жарқырап тұрған күн айналасы ғажайып шапақ нұрға бөленіп, бояуы жүз құбылған түрлі-түсті шеңбер көмкеріп тұрғанын салтанатқа жиналған сан мыңдаған адамдар көрді. Оның куәсі болып, көзімен көрген, көңілмен сезгеннің біреуі алдарыңызда тұр. Сол шараға қатысқан бір сәуегей, кейуана әйел осы мешіт әулісіне ақ сақалды, аппақ кіршіксіз киім киген келбетті қарттың кішкентай сүйкімді еркек баланы ертіп келгенін көріп, Асекеңе айтқан еді.

Содан тура екі жыл сегіз айда Жетісудың аруы, Асекеңнің жанға қуат дәруі Бағдат кішкене Асанәліні сүйіншілетіп,дүниеге әкелгенінің куәсі болдық.

Ысқақ пірәдар атамыздың рухы өлмей, жаны жаннатта шалқи берсін деп тілейік!

Пернебай ДҮЙСЕНБИН

БЕЛГІСІЗ ӘЙЕЛДІҢ ХАТЫ

Бірде даңқты актер ағамыз Асанәлі бір топ достарымен мейрамханада отырады. Сонда даяшы Асекеңе әдемі конвертке салған хат әкеліп тапсырады. Онда былай деп жазылған екен:

Еңселігі екі елі,
Егіз қоян, шекелім.
Өзіңнің ұқты қазағың,
Шын таланттың не екенін,
Шын тағдырдың не екенін,
Шын қайғының не екенін...
Тұяғы кетік, тарланым,
Тексіздікке бармадың.
Өтесің-ау өмірден,
Майраның шырқап соңғы әнін.
Ау,қартымыз,қартымыз,
Қарттықтан бойды тартыңыз.
Қырандай бойлап қарасақ,
Бет қаратпас зарпыңыз.
Бұл ғасырда өлшем жоқ,
Өлшенер сіздің нарқыңыз.

04. XI. 2002.

Сізді аналық, әйелдік, қарындастық сезіммен мәңгі сүюші.

P.S: Белгісіз әйелдің хаты Асекеңнің архивінде сақтаулы.

Пернебай Дүйсенбин.

САҒИ ӘШІМОВ ТУРАЛЫ

Қаншама жаңалықтар, жақсылықтар сыйлаған 1986 жыл соңғы тәуліктерінде де өзінің дарқандығынан, жомарттығынан бір жаңылар емес. Оның қарқынды да қарымды, соны да соңғы ырғақтары Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының бір топ жаңа лауреаттарының есімін атап отыр. Олардың ішінде М.Әуезов атындағы Қазақ драма театрының актері, ВЛКСМ мүшесі Сағи Асанәліұлы Әшімов те бар.

* * *

— Сағи, ең алдымен қуаныш құтты болсын!

— Рақмет! Әрине, бұл тек маған ғана тиесілі қуаныш емес дер едім. Бұл — «Шоқан Уәлиханов» фильмінің бүкіл түсіру тобының, өзінің жарты ғасырлық мерекесін бүгін-ертең тойлағалы отырған Шәкен Айманов атындағы төл киностудиямыздың, қала берді жалпы өнерсүйер қауымның көл-көсір қуанышы. Керек десеңіз, өмірден құйрықты жұлдыздай ерте ағып өткенімен, мәңгілікке тағы бір қадам жасаған Шоқан тойы.



— Аталған картина республика кинематографиясының тарихындағы тұңғыш төрт сериялы туынды, сондай-ақ сенің кинодағы тырнақалды жұмысың болды емес пе?

— Оныңыз рас. Осы рольге бекітілгенде әуелде қатты жүрексіндім. Өйткені қазақ халқының жарық жұлдызы, тұңғыш ғалымы Шоқан бейнесі кімге болса да тым қымбат болатын. Ендеше, ең асылына балаған осы бір аяулы жанды экранда өз биігінде сомдамау — кешірілмес күнә болар еді. Содан да болар, рольге созылған түсіру барысында да, тіпті фильм экранға шығып кеткеннен кейін де үмітінен күдігі мол күй кешіп келген едім. Сол күдік енді ғана сейілгендей. Бүгінгі сыйлық алуым — еңбегімнің жанғаны, яғни халықтың экраннан өз перзентін танығаны. Актер үшін мұнан артық бақыт қажет емес те. Дегенмен, Шоқан шыңына толық жеттік деуге әлі ерте. өйткені, Шоқан шыңы — шоқтықты...

— Жастай келген атақтан «қорықпайсың ба?».

— Жоқ, әдетте сыйлық даңғара, дақпырт үшін емес, суреткерге тың шабыт сыйлау үшін, көрсетілген сенімді ақтау жолында бұрынғыдан да іргелі еңбек ету үшін берілсе керек. Яғни ол қазір бойдағы бар, келешекте толыса түсетін талантты пәрмеңділікпен, біліктілікпен, білімділікпен сарқа жұмсауға міндеттеп отыр.

— «Ұяда не көрсең — ұшқанда соны ілесің» дейді халық даналығы. Актерлікті таңдауыңа шынайы өнерді мирас тұтқан шаңырақ, творчестволық орта бірден-бір әсер еткен болар?

— Атам — Шәкен Айманов, әкем — Асанәлі, СССР халық артисі, белгілі режиссер, анам — Қазақ ССР халық артисі Майра Шәкенқызы болса, мен үшін, әзілдей айтқанда, тек актерліктен басқа «барар жер, басар тау» қалмағандай еді. Бала күннен-ақ өнер деген құдіретті күштің қақпақылына түскендеймін. Тіпті төрт жасымда «Чио-Чио-Сан» операсына қатысқаным бар.

— Әсіресе жас актерге аса қажетті нәрсе деп нені айтар едің?

— Өз тәжірибемнен бір байқағаным, өнер жолын енді бастаған адамға жатпай-тұрмай күн-түн демей, үнемі еңбек ету керек екен. Тер төге, беріле еңбектенгенде ғана талант «дүниеге кірпіш болып қаланбақ».

— Қазір қандай жұмыс үстіндесің?

— Азаматтық борышымды өтеп келген бойда Қазақ драма театрына актер болып қабылданған едім. Театрдың қайнаған өміріне енді-енді араласа бастадым. Мен қатысатын алғашқы спектакль әзірге сахнаға дайындалу үстінде. Ал кинода жуырда екінші ролімді аяқтадым. Қазақтың «Мұңлық-Зарлық» эпосының желісімен жасалған «Айдай сұлу Айсұлу жайлы ертегі» фильмінде хан Тәуекелдің бейнесін кейіптедім. Фильм жақын арада экранға шығып қалмақ.

— Қазіргі өз замандастарыңның бойынан қандай асыл қасиетті жиі көргің келеді?

— Адалдықты. өйткені, адалдық жүрген жерде қалған жақсы қасиеттер өздігінен келсе керек.

— Жаңа жылға нендей тілек айтар едің?

— Жаңа, 1987 жыл да жасампаздыққа, жастық жігерге, тасқынды еңбек қуаныштарына, творчестволық жұмысбастылыққа толы болғай! Сондай-ақ, игі тілегіміз — бейбіт өмір болып, адамзат баласының қайғы-қасіреттен қабырғасы қайыспасын. Осы орайда айта кетерім — сыйлығымды Чернобыль қорына тарту етсем деген ойдамын.

Әңгімелескен ***Лесбай ОСПАНОВ,***
"Жас Алаш"
Алматы қаласы.
1986 жыл.

ҚАЙРАН САҒИ!

Құрметті Асеке!

Мұндай сәттегі қайғының, әсіресе Сағи Әшімов сынды қыршынынан, өнерлі өренінен, бергенінен бермегі мол дарынды жастан айырылған сәттегі қайғының жүгі жүз батпан. Мұндай сәтте жұбаныш тұтар, медет етер сөз айту қиын. Дегенмен дүниеден Сағидың өзі өткенімен Сағидың өнерде ізі қалды, өмірде көзі қалды. Бүгінгі күні Сізбен біргеөнер сүйер қауым қайғыруда. Қайғыңызға ортақпыз. Қайғы жүгін ер көтереді. Болған іске болаттай берік болыңыз, Асеке. Сағидың отбасына, жарына, перзенттеріне амандық тілеймін. Қазаның артының қайырын берсін. Марқұмның топырағы торқа болсын. Жаны жаннатта болсын.

Нұрсұлтан Назарбаев,
19.10.99.

АСА ҚҰРМЕТТІ АСЕКЕ!

Қайғыңыздың ауырлығы – зіл қаратас, бәріміздің де қабырғамызды қайыстырып кетті. Тағдырдың жазуынан Қорқыт ата да қашып құтылмаған. Асеке, бақ қонғанда басың айналмаған, қиындық туғанда ұнжырған түспеген мықшегеліңізді Аллатағала тағы да сынап тұр. Өзіңізге өзіңіз берік болсын деймін де...

Нұрлан Балғымбаев,
19.10.99.

МЕРУЕРТ ӨТЕКЕШОВА
Сұхбпт

Ең алдымен «Қыз Жібек» сценарийінің «Лениншіл жас» газетінде жарияланып, осы фильмді түсіру мақсатымен біздің коллективке редакцияның қол ұшын беріп,хабарлардың жарық көруіне орын бергені үшін газет қызметкерлеріне үлкен рақмет айтуға тиіспіз.

Мұның өзі жер-жерден көптеген адамдарды рольдерді ойнауға қатыстыруға қазақ халқының байырғы қолтума мүліктерін, ұлт киімдері мен бұйымдарын жинастыруға бірден-бір септігін тигізді.

«Қыз Жібек» фильмін түсіру – кино өнерінде соңғы жылдары тартымды табысқа жетіп келе жатқан біздің коллектив үшін үлкен сын. Алдымен бұл фильм қазақ кино өнеріндегі халқымыздың өмірінің энциклопедиясы болуға тиіс. Мұнда қазақ халқының бар ұлттық өнері мен дәстүр-салттары қамтылуы керек. Сырлыбайдың қырық жігіті, жамбы ату, сайыскерлік, міне, мұның бәрі ұлттық өмірімізді бейнелеуде кино детальдарының нанымды, шыншыл болуын талап етеді. Және эпос пен сценарийде баяндалатын Сырлыбайдың батырлары қандай деңіз, бәрі де аттың құлағында ойнайтын өжет те батыл жігіттер. Осы рольдерді орындауға атақты спортшылар Әбдісалан Нұрмаханов пен Әбілсейіт Айханов, сондай-ақ жер-жерден комиссия іріктеп алған жігіттер қатыстырылғалы отыр.



Ендігі сөз - фильмдегі рольдерді орындаушылар жайлы. Бұл орайда да студия коллектиі бұрынғы сүрлеу-соқпақтарды қайталамай, соны қырынан танылған актерлерге барынша назар аударды. Әсіресе Жібек қыздың рөлін орындауға лайық адамдардың тізімі көбірек түсті. Конкурста комиссия Алматыдағы №66 мектептің түлегі Меруерт Өтекешованы лайық деп тапты. Төлегеннің рөлін қазақтың Құрманғазы атындағы институтының студенті Құман Тастанбеков орындайды.Сонымен қатар Бекежанның рөлін М.Әуезов атындағы қазақ драма театрының артисі Асанәлі Әшімов, Шеге рөлін - Әнуар Молдабеков, Базарбай рөлін – Қазақ ССР-нің халық артисі Қаукен Кенжетаев, Сырлыбай рөлін – Кененбай Қожабеков орындайды.

Студия коллективі (режиссер Сұлтан Ходжиков, оператор Аскар Ашрапов, суретші Гүлфайрус Исмайылова, композитор Нұрғиса Тілендиев, қазір де бірқатар жұмыстарды творчестволық сыннан өткізіп, екшеу үстінде.

Міне, мұның бәрі халқымыздың мәдени қорына үлкен үлес болып қосылатын «Қыз Жібек» фильмін түсіруге күллі жұртшылық қатыстырылып отырғанын сипаттайды. Бұдан кейін іле-шала осындай тарихи тақырыпқа айналған «Айман-Шолпан» фильмін түсіруді қолға алмақпыз. «Қыз Жібекпен» жұртшылық келер жылдың күзіне қарай экранда кездесді.

«Қыз Жібек» фильмі - әрбір қазақтың жігерін жаныр, ұлттық рухын көтерген дүние. Осы қайталанбас шығарма дүниеге келер алдында «Қыз Жібектің рөлін кім ойнайды?» деген тақырыпта «Жас Алаш» («Лениншіл жас») арнайы хабарландыру берген. Сол кезде небәрі оныншы класс оқитын Меруерт Өтекешова Қыз Жібек рөліне лайық деп танылып, киноға түсірілді. Бүгінгі күнде ол өзінің бүкіл дүниені табындырған Жібек рөлін ойнауға ықпал еткен «Жас Алаш» екендігін мойындайды. Бұдан кейін де «Жас Алаш» Меруерттің шығармашылық ізденулерін үнемі тәптіштеп беріп отырды.

Егер «Қыз Жібек» қазақ жұрты үшін шынайы махаббатың символы болса, «Жас Алаш» сол Жібекті халқына тауып таныта алғаны, талантты әртіс әрі ең сұлу аруды – жаңа аралды ашқаны анық.

Одан бері бірнеше ондаған жылдар өтті. «Жас Алаш» ашқан арал – Меруерт Өтекешова бүгінде қазақ халқы үшін сұлулық пен шынайы махаббаттың символы іспетті.

Төлен ҚАУПЫНБАЙ.
11 желтоқсан, 1968 жыл

ҚҰМАНМЕН КИНОЖОБАДА ТАНЫСТЫМ. АЛҒАШЫНДА: "ОСЫНДАЙ ҚЫЗДАР ТҰРҒАНДА МЕН НЕМЕНЕГЕ КЕЛДІМ?"- ДЕГЕНМІН

-Сонау жетпісінші жылдары қазақтың кино қорына өшпес тарихи-мұра болып кірген "Қыз Жібек" фильмі десек, ешкімнің де таласы жоқ шығар. Сол фильмге жер-жерден үкілі үміт жалғап келген төрт жүздей арудың ішінде өзіңіз де болдыңыз. Соңында, бүкіл қазақ қыздарының символына айналған Жібектің рөлін сомдау Меруерт Өтекешоваға бұйырды. Бұл шын бақыт болса керек! Сол күнгі жүрекжарды қуанышыңызды еске түсіріп көріңізші?

-Әрине, мен талай қыздың арманы болған, талай жанның жүрегінен орын алған ару Жібектің рөлін сомдауды өзіме бақыт деп білем! Мен алдымен ол қуанышқа жетуіме себепші болған, мені дүниеге алып келген ата-анам жайында айтайын. Мен Батыс Қазақстан облысында дүниеге келгенмін. Әкеміздің қызмет бабымен Алматыға көшіп келдік. Мен осындағы №66 мектепті бітіріп шықтым. Біз жанұямызда жеті ағайынды болдық. Үш сіңлім, екі інім, бір ағам. Әкем өте керемет кісі болды. Мен ылғи да ер-азаматтарды әкеммен салыстырып отырамын. Қанша қиыншылықты көрсе де, бізді ешнәрсеге тарықтырмай өсірді. Әкеміз соғыстан аман-есен келген соң анаммен танысып, екеуі шаңырақ құрады. Әкем соғыстың зардаптары туралы тіс жарып айтпайтын. Мүмкін біздер естімей-ақ қойсын деген болар. Біз де сұрай қоймаппыз, қазір сұрамағаныма қатты өкінемін. Әкем партияның айтуымен министрлікте де қызмет істеді. Кейіннен осы Алматы қаласындағы театрлардың бірін басқарды. Ал анам да қарап отырмай, қызметте болды. Қазір анам сексеннен асты, өз қолымда тұрады. Ал енді тікелей сұрағыңа көшетін болсам, бала кезімнен-ақ киноға, әнге құмар болып өстім. Бүкіл осы Алматының кинотеатрларында өтетін киноларлың бірінен де қалмай баратынмын. Менің жанымдағы құрбы қыздарым осы әдетімді айтып күлетін. Сонымен қатар, спортты жаным сүйді. Ол ойымды жүзеге асырып, жаттығуға қатыстым. Ол өнерім кейін киноға түскенімде жақсы болды. Атқа мінгенде әлсіремей, өз-өзіңді тік ұстап отыруың үшін күш керек қой. Содан оныншы класта оқып жүріп, болашақта қайда барсам болады, қандай оқуға тапсырамын деп жүрдім. Бірақ сонда да болса киноға деген қызығушылығым басым болды. Ол ойымды ешкімге жарияламай, өзіммен-өзім жүретінмін. Сол жылы «Лениншіл жас» газетіне «Қыз Жібек» фильміне түсуге қыз-жігіттерді шақырамыз» деген жарнама шықты. Мен қалайда сол кинода бағымды сынағым келді. Үлкен талап болды. Сол оймен киностудияға бардым. Мен Галина Күзембаева апай алғаш қабылдады. Содан мені фотожобаға алып барып, суретке түсірді. Бізді сол суретіміз арқылы таңдайтын болды. Мен сияқты қазақтың талап білдірген қыздары көп болды. Төрт жүз қыз қатысты. Бәрі де шетінен әдемі, керемет сұлу қыздар. Мен алғаш ол қыздарды көргенде: «Осындай қыздар тұрғанда, мен неменеге келдім?» - деп ойладым. Мүмкін, бір жағынан, бұл ойым дұрыс болды ма? Егер мен «Ой, мына қыздардың жанында мен қалайда өтіп кетемін»,- деген жөнсіз өркөкіректікке салынғанымда, мені өнер қабылдамас па еді, кім білсін? Өнердің де киесі бар ғой. Ол жерде тек әдемілік емес, ішкі сезімі, таланты болуы керек деген мәселе тұрды. Оның үстіне Галя апайым да: «Жоқ, Меруерт, келгеннен кейін сені комиссия көру керек, таңдау керек, асықпа»,- деген соң, сол кісінің тілін алып, комиссияның алдына бардым. Комиссия мүшелері әрбір қызбен жеке-жеке сұхбаттасты. Режиссері – Сұлтан Қожықов, суретшісі – Гүлфайруз Ысмайлова, композиторы – Нұрғиса Тілендиев, таспашы – Асхат Ашырапов ағамыз болды. Кәдімгідей өз өнерлерімізді көрсетіп, емтиханнан өттік. Сол күні ештеңе айтпай, бізді қайтарып жіберді. Біраз уақыт өткен соң, бізді шақыртты. Төрт жүз қыздың ішінен он қызды таңдап алды. Сол қыздардың ішінде мен де бармын. Содан киножоба басталды. Фильмнен үзінді түсірілді. Әркім өз рөліне берілген монологтарды жаттап,

бейнетаспаға түстік. Ол кезде киностудия қазіргі Нұрғиса Тілендиев көшесінің бұрышында болды. Ол жерден өткен сайын барлығын көз алдыма елестетемін. Мен үшін ол жер әрқашанда ыстық. «Қыз Жібекке» Асанәлі Әшімов, Әнуар Молдабеков, Фарида Шарипова, Ыдырыс Ноғайбаев сынды кино жұлдыздары түсті. Киножобаға мені Құман Тастанбеков және Әнуар Молдабековпен бірге түсірді. Көбіне Құманмен түсірді. Өзге Төлегендерді, шынымды айтсам, танымаймын (күліп). Ол жерде тек Жібек пен Төлегеннің рөлін таңдаған жоқ. Бекежанның, Шегенің рөлін, тағы да басқа рөлдерді таңдады. Бойымда қорқыныш та, қиындық та көп болды. Менде тек өзімнің рөлімді жақсы ойнасам деген ой тұрды. Сонымен мен күнде жаттықтыруларға келіп жүрдім. Атқа міну, жүріс-тұрыс дегендей. Жанымда керемет әртістер болды. Одан мектепті бітіру керек болды да, емтихан тапсыратын болдым. Қатар-қатар қиындықтар тура келді. Содан бір жылдай дайындықтан өтіп жүріп, бір күні көркемдік кеңестің отырысы болды. Көркемдік кеңесте Ғабит Мүсірепов ағамыз бастаған Шәкен Айманов, Сапарғали Бегалин, Камал Смайылов, Абдолла Қарсақбаев, Мәжит Бегалин сынды өнер майталмандары болды. Кеңес отырысы ақыры маған келіп тоқтапты. Мүмкін өз орталарында айтыс-тартыс та болған шығар. Біз ол жағын көрген жоқпыз. Бірақ: «Әлі де түсірілім басталғанда көреміз, әрі қарай сәтті шықса, сендер қаласыңдар»,- деді. Соңында біз ол кісілердің ойынан шықтық, бәрі жақсы болды. Соңында Жібектің рөлі маған, Төлегеннің рөлі Құманға бұйырды.

-Жібектің рөлінің сонша қыз ішінен сізге бұйыратынан бір сәт ойлап көріп пе едіңіз?

-Мен өзім, шыны керек: «Жібекті ойнасам да, Жібектің жанында жүретін қыздардың бірі боламын»,- деп ойлағанмын. Мен тіпті кино өнерінен хабарсыз болдым, жас болдым. Ал, бірақ!.. Мен енді білмеймін, бұл рөлдің қалай маған бұйырғанын? Өзім де сезбей қалдым. Әрі қалай мен осы Жібекті ойнадым, маған қалай бұйырды деп ойлаймын. Мүмкін, Алланың берген таланты, бағы шығар?! Бар білетінім, түсірілім басталды, бір жылдай жұмыс істедік, соңында іріктеуден өттік. Сол ғана...

-Қазақтар таң қалған дүниесіне: «Ойпырмай, ертегідегідей екен!»- деп жатады. Сіздердің де кинодағы шынайы махаббатырыңыз шын өмірлік сезімге ұласып, жалғасын тапты. Осы сәтте Құман ағамен танысқан күніңізді еске алыңызшы?

-Ең алғаш екеуміз киножобада таныстық. Алғашында біз сөйлескен жоқпыз. Мен ол кісіні, ол кісі мені танып жоқ. Менің тіпті ойымда да болған жоқ. Сонымен сонша үміткердің ішінен мені Жібекке, Құманды Төлегенге таңдап, бізге айтатын сөздерімізді берді. Содан шешуші түсірілім түсіріле бастады. Құман екеуміз сол кезде таныстық. Күнде-күнде бірге жүргеннен кейін, бір-бірімізге бауыр басып кеттік. Ол жас, мен де жаспын дегендей. Екеуміздің де әдемі кезіміз. Қарап тұрсаңыз, Төлегеннің сөздері қандай әдемі! Содан не керек, екеуміздің ортамызда махаббат болып қалды ғой (күліп). Кино біткеннен кейін, Құрманғазы атындағы консерваторияның театр факультетіне тапсырдым. Сонда бірінші курсты бітірдім, екінші курста оқып жүріп, «Біздің Ғани» фильмінде Ғани Мұратбаевтың рөлін Құман, оның жұбайының рөлін мен ойнадым. Содан кейін үйлендік.

БЕТІМДІ ШЕГЕ АШҚАН

-Үйлену тойларыңыз қазақы салт-дәстүр бойынша өтті ме?

-Мен өзі үйлену тойымыздың салтанатының қалай өткенін де білмей қалғанмын. Бәрі де қызық, басқаша болды. Тіркеу сол киностудияда директордың кабинетінде өтті. Сол жерде барлық болған жағдай бейнетаспаға түсірілді. Бекежан (Асанәлі Әшімов) өзінің арнайы киімдерін киді. Ал біз сол кезге лайықты ақ фата, ақ көйлек кидік. Бәрімізді кәдімгі дайындықта тұрғандай етіп тұрғызып: «Тұра тұрыңдар, қазір қол қой дегенде қоясыңдар»,- деп қол қойғызды. Түс қайта үлкен залда беташар өтті. Шеге домбырасын алып, бет ашты. Құманның ата-анасы, ағалары, қарындасы болды. Тойдан кейін біраз жыл енеммен бірге тұрдық.

-Алғашқы перзенттеріңіздің есімі Жібек деп аталуына «Қыз Жібек» фильмінің қатысы бар ма?

-Иә, тұңғыш перзентіміз қыз бала болды. Біздің ойымызға ол келмепті де, қызымыз дүниеге келгенде халық: «Өмірге Жібек келді»,- деп қуанды.

Елдің айтуы бойынша есімін Жібек қойдық.

-Меруерт апай, сіз сұлу болдыңыз. Өз Төлегеніңізді кездестіргенге дейін талай Бекежандарды шаң қаптырған шығарсыз?

-Жоқ, менде өзге жігіттер болмады. Мектеп бітіре салысымен киноға түстім де, сол жерде Құманды кездестірдім. Екеуміз үнемі бірге жүрдік, бірге киноға бардық, ортамызда махаббат сезімі болды. Ол жұмыс істеді. Менде Төлегеннен (Құман) басқа жігіт болған жоқ.

-Жібектен кейінгі балаларыңыз жөнінде тоқталыңызшы?

-Құман екеуміз үш перзентті дүниеге әкеліп, тәрбиеледік. Үлкеніміз - Жібек, ұлым – Фараби, кіші қызым – Қарлығаш, қазір бірінші сыныпта оқиды. Ұлымыз Фараби кішкентай кезінде екі рет киноға түскен. «Өрнек» деген фильмде мен совхоз директорының рөлін,Құман прораб рөлін, ал Жібек пен Фараби біздің балаларымыз болып ойнады. Кейіннен Дина Нұрпейісова туралы киноға түсті. Кәдімгідей айтатын сөздері болды. Бірақ үлкейе келе өзге салаға кетті. Ал Жібек музыкалық мектепте оқыды. Кейіннен тележүргізуші болып жұмыс істеді. Қазір үлкен қызымның отбасы бар. Күйеу баламыз – подполковник. Төрт немереміз бар. Ал кіші қызымыз музыкаға өте құмар. Мүмкін, өнерге сол қызымыз жақындау болатын шығар.

- Меруерт апай, өмір бұл лента емес. Кедірі де, бұдыры да бар. Құман ағамен орталарыңызда келіспеушілік, ренжісулер болған шығар. Мұндайда ер Жібек бәтуаға келе ме әлде ер Төлеген бе?

-Мен айтар едім, өмірде бәрі бірдей керемет болуы мүмкін емес. Қандай жанұя болмасын, бәрінде де ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Әркімнің өз алдына әр түрлі мінезі бар. Жанұяда әйел адам ер адаммен ерегісіп, мінез көрсеткені дұрыс емес. Отбасының шайқалмауы әйел адамға байланысты. Өкінішке орай, оған көп әйелдеріміз шыдай бермейді. Құманның да мінезі бар адам. Қалай болса да, еркек адам ғой. Көбіне мен төмен түсемін. Әйел адам барлық уақытта да төмен болуы керек.

"ҚЫЗ ЖІБЕКТІ" ӘР КӨРГЕНДЕ, СОЛ КҮН ЕСІМЕ ТҮСЕДІ

-Иісі қазақ баласы «Қыз Жібек» фильмін қанша көрсе де жалықпайды. Өйткені онда қазақтың бар болмысы жатыр. Ал өздеріңіз бұл фильмді әр көргенде қандай сезімде боласыздыр?

-Шынын айтқанда, жұрт он-он бес рет көрсе, біз санына жете алмаймыз. «Қыз Жібекті» әр көргенде, сол күнгі барлық оқиғалар есімізге оралып тұрады. Тіпті әрбір қимылымыз, әрбір жүріс-тұрысымыз, әрбір ескерту-ескертпелер дәл бүгінгідей көз алдымызға тұра қалады. Неге біз жалығамыз? Мен қайта қуанымын. Егемендігімізді алғаннан бері «Қыз Жібекті» мереке күндері үзбей беріп келеді. Ол кездегі көзқарас осы кездегідей болмады. Біз – бақытты жандармыз! Қазақтың тарихында қалып қана қоймай, адалдықтың, инабаттылықтың жолын салып, қазақты танытарлықтай фильмде басты рөлдерде сомдадық.

-Шынайы өмірде, кино тілімен айтқанда, Бекежан (Асанәлі Әшімов) ағамызбен қарым-қатынастарыңыз қалай?

-Асанәлі Әшімов ағамыз - өте керемет тұлға. Мен ол кісіні «аға», ол кісі мен «қарындасым» дейді. Ол кісінің көрегенділігі, адамгершілігі өте керемет. Ол кісіні Құман екеуміз де қатты сыйлаймыз. Талай фильмдерге бірге түстік.Қарым-қатынасымыз өте жақсы.

-Сіз кімге тартқансыз?

-Мен әкеме тартқанмын. Бірақ мінезімнің жұмсақтығы анама тартқан. Мен қазір біздің шаңырақтың ең үлкенімін. Бәріне бірдей көмек беріп, Құман екеуміз басшылық жасап жүреміз. Мамамыз менің жанымда, көзі тірі.

-Тәуелсіздік сіздің өміріңізге қандай өзгерістер алып келді?

-Ең бірінші, мен халыққа алғысымды айтамын. Мені көрген жерде сыйлайды, тіпті өз ойларын да айтып жатады. Мен көбіне қоғамдық көліктерде жүргенде, әсіресе үлкен кісілер: «Сіз автобуста қалай жүрсіз? Сізге мемлекет жеке қызметтік көлік беру керек, сіздің жеке жүргізушіңіз болуы керек. Өйткені біздің қазақта Жібек біреу ғана»,- деп жатады. Мен: «Білдірген сенімдеріңізге, сыйлағандарыңызға рақмет. Бірақ мен де сіздер секілді қарапайым ғана әйелмін. Менің байлығым – ол отбасымның амандығы, денімнің саулығы»,- деп жауап қатамын.

-Меруерт апай, осы жерде айта кетңізіші, мемлекет тарапынан сіздерге қандай құрмет көрсетілді?

-Басында Құман екеуміз үйленгенде пәтер мәселесі қиын болды. Сол кезде бізге пәтер берілді. Бірінші үйіміз бір бөлмелі, кейін одан да кеңіді. Өзге мемлекетке қарап, бізге мынадай берілсін дегеніміз жоқ.

КИНОДАҒЫ ЖІБЕК ПЕН ӨМІРДЕГІ ЖІБЕКТІҢ АЙЫРМАСЫ КӨП

-Шолпысы сынғырлаған Жібектің әрбір айтқан сөзі, әрбір қимылы жан сүйсінтеді. Шын өмірдегі Жібек пен кинодағы Жібектің айырмасы бар ма?

-Енді кинодағы Жібектің болмысы қазіргі өмірден басқа. Алайда, мен ол жерде халықтың көзіне тек әдемі, ибалы, өр болып қалып қойдым. Бұл өмір ғой. Бірақ менің айтарым, әрбір қазақ қызының мінезі Жібектей болса, қанекей! «Қыз Жібекте» тек қана махаббат, сүйіспеншілік емес, ол жердегі әрбір айтылған сөзінде үлкен мағына жатыр. Бұл киноны көргенде, адамның рухын көтереді. Мысалы, Жібектің шарт қойып, тағдырдың басқа салғанына көніп, екі жігіттің қайсысына бұйыратынын білмей, көзін байлатқандағы: «Осы екі жігіттің қаны төгілмесін»,- деген сөздері әншейін айтыла салған сөздер емес. Қай қыз басына қайғы төніп тұрғанда, осындай сөздер айтады? Кинодағы Жібек пен өмірдегі Меруерттің айырмасы, әрине, бар.

-Қазақ қыздарына деген көзқарасыңыз қандай?

-Қыздарымыздың бәрін бірдей жаман дей алмаймын. Қазір заман өзгерді. Ата-ананың кез келгені балам жақсы болса екен, керемет болып өссе екен деген үмітпен өсіреді ғой. Кейде мектептердің жанынан өтіп бара жатып жап-жас қыздарымыздың темекі тартып тұрғанын көргенде, жүрегім ауырады. Ол ертеңгі ана емес пе? Олар ертең бір ер-азаматқа аяулы жар болады ғой. Олар мен темекі тартсам, керемет абыройлы боламын деп ойлайды. Оларды көргенде жыным келеді, айтсаң, ол қыздар тыңдамайды да...

-Әйел бақыты дегеніміз не?

-Әйел бақыты тек жар болумен ғана шектелмейді. Әйел адам сүйген адамымен бірге болса, жан-жақты қызметін де, бала тәрбиесін де бірге атқарса, одан өткен бақыт жоқ. «Мен карьера жасадым, бітті бақыттымын»,- деуге болмайды. Бақыт толық болу үшін жоғарыда айтқандар үндестік тауып жату керек.

МЕН БАҚЫТТЫ АДАММЫН

-Құман аға отбасында қандай жар, қандай әке?

-Құман – адамгершілігі мол, арам ойы жоқ, бала секілді жан. Ағайын-туысына қолынан келіп тұрса, көмегін аямайды. Оған қосылып мен де көмектесемін. Кейде туыстарымыз: «Қашан қарасақ, жүгіресіңдер де жүресіңдер»,- деп айтып жатады. Құман - өте жақсы адам.

-Өкініштіңіз бар ма?

-Ондай өкініш әрбір жанда, әрбір актерда болады. Менде ондай өкініш демеймін, «эттеген-айларым» бар. Дегенмен, мен тағы да қайтарып айтайын, мен-бақытты адаммын! Ешкімнің уысына түспеген, күллі қызға арман болған Жібекті ойнадым!

МЕРУЕРТТІҢ ЖАРҚ ЕТКЕН ЖАНАРЫНА ҒАШЫҚ БОЛҒАНМЫН

-Құман аға, сұхбатымызды туған жер, өскен ортаңыздан бастасақ. Ата-анаңыз, бауырларыңыз жөнінде де тоқталып өтсеңіз?

-Мен қазіргі Алматы облысы, (бұрынғы Талдықорған облысы) Сарқанд ауданы, Екіаша ауылында дүниеге келгенмін. Сол жерде туып-өсіп, балалық шағым сонда өтті. Әке-шешем қазір өмірден өткен. Әкем өмір бойы колхозда жылқышы болған адам. Анам үй шаруасында болды. Бауырдан Алтынай деген қарындасым бар. Павлодар облысы, Ақсу қаласында тұрады.



-Бала күнгі арманыңыз қандай еді?

-Мен бала күнімнен-ақ мектептегі мерекелік концерттерге қатысатын едім. Колхоз әкеме жақсы жұмыс істегені үшін баян сыйлаған. Көршіміз орыс болатын, алғаш баян тартуды содан үйреніп, мектепте баянмен ән айтып, бір жылдай оқушыларға сабақ бердім. Содан жиырма жасымда Алматыға келіп, Құрманғазы атындағы консерваторияға оқуға түстім. Маған Қазақстанның халық әртісі Хадиша Бөкеева ұстаздық етті.

МЕН ТӨЛЕГЕННІҢ РӨЛІН ОЙНАЙМЫН ДЕП ОЙЛАҒАН ЖОҚПЫН

-Құман аға, сіз «мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік» шығып, атақты «Қыз Жібек» фильміндегі Төлегеннің рөлін сомдадыңыз. Бұл жеңіске жету сізге оңайға соқпаған шығар?

-1968 жылы «Қыз Жібек» фильмінің түсірілуі басталды. Мен сол жылдары екінші курста оқимын. Содан газеттерге «осындай да, осындай рөлдерге адамдар іздейміз» деген хабарландырулар шыға бастады. Онда өте көп жігіттер мен қыздар құжаттарын тапсырды. Солардың ішінде мен де суретімді, құжаттарымды тапсырдым. Содан жиырма шақты жігіт таңдалған. Мен Төлегеннің рөлін ойнаймын деп ойлаған да жоқпын. Мүмкін, бақытым шығар?! Содан киножобаға түстік. Жан-жақтан сынаулар басталды. Бір жағынан жылқышының баласы емеспін бе, соның пайдасы көп болды. Атқа жақсы отырамын, жақсы мінемін. Сол өнерім көзге түсті. Талай жігіттер сол жағынан ақсап жатты. Кинода Бекежан: «Туды алып кетті!» - деп айқайлайды ғой, сонда Төлеген өзінің ақбоз атымен шауып келе жатып, жоңғардың атына қарғып мініп, жауды аударып тастап, туды жұлып алып, шаба жөнелетін кезі бар. Сұлтан Қожықов ағамыз маған қарап тұрып «Әй, бала, абайла, сен Төлегенді ойнағалы тұрсың! Ол – батыр азамат. Сенің батырлығыңды көрейікші, қәнекей»,- деді. Сонда әлгі атқа қарғып мінетін кезімді айтып отыр ғой. Алғашқыда, әрине, жүрексіндім, кейіннен бір жетідей дайындалып, рөлді ойдағыдай ойнап шықтым.

-Құман аға, Меруерт апай екеуіңіздің киондағы махаббатарыңыз шын өмірге ұласып, отбасын құрдыңыздар. Бұл жаңалық кезінде көрермендеріңізді бей-жай қалдырмады. Осы сәтте сіз Меруерт Өтекешовамен алғаш танысқан сәтіңізді еске түсіріп көріңізші?

-Алғаш мен студияда жүргенде, қыздар өте көп болды. Бір күні киностудияның дәлізінде тұрған болатынмын. Қасымнан бір қыз өтіп кетті. Қарасам, көзі жарқ ете қалды. Сол кезде мен: «Мына қыздың көзінде бір ұшқын бар ғой, осы қыз – Жібек»,- дедім,

Сол сәттте-ақ Меруерттің жарқ еткен көзіне ғашық болып қалдым. Онда әдемі, сұлу қыздар көп болды. Бірақ олар рөлге кіріп ойнай алмады. Мысалы, жылайтын жерде жылай алмады, күлетін жерде күле алмады дегендей ғой. Алайда, ол жерде тек түрдің әдемілігі емес, ішкі сезімнің байлығы да керек болды. Содан Меруертте сол айтылғандардың бәрі бар болып шықты. Меруертпен сол жерде танысқанмын. Соңы, жаңағы сіз айтқандай, махаббатқа ұласты ғой (күліп).

-«Қыз Жібек» фильміндегі Төлеген – сабырлы да сергек, мінсіз жігіт. Өмірдегі Төлеген мен кинодағы Төлегеннің айырмасы бао ма?

-Бұл Ғабит Мүсіреповтың шығармасының желісі бойынша түсірілген фильм ғой. Ондағы Төлегенді де, Жібекті де ешкім көрмеген. Оны халық кионадан ғана көріп отыр. Ал шын өмірдегі Құманға көпшілік риза, "Жаман емессің",- дейді ғой (күліп). Менде өзгелер секілді ашушаңдық қасиет жоқ. Аллаға шүкір, әйтеуір, халық та, театрдағы жастар да сыйлап, құрметтерін көрсетіп жүр. Сенің қандай екеніңді сынап отыратын халық қой. Қалай болған да, мен-қарапайым ғана жанмын. Меруерт те қарапайым, сөмкесін алып, базарға барады. Халық: «Мынау Жібек емес пе?»- деп жатады

ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚТЫ ЖАНЫМ СҮЙЕДІ

-Танымалдылық кейбір өнер иелерін масайратып жібереді?

-Жоқ, бізде ондай қасиеттер жоқ. Қарапайымдылықты жаным сүйеді. Бұрын танымал емес кезімізде қандай жан болдық, әлі де сол қалпымыздамыз. Сондықтан қарапайымдылықты өзімізге серік еткенбіз.

-Танымалдылық сіздің өміріңізге қандай өзгеріс алып келді?

-Әрине, бізді үлкен-кіші осы кино арқылы тани бастады. Халыққа тек алғыс айтамын. Театрға келіп, менің ойнайтын рөлдерімді біліп, тамашалауға келіп жатады. Осының өзі жақсылық емес пе?! Көрген жерде естелікке суретке түсіп, қолтаңба алып жатады. Елдің осындай ықыласы бізге де жағымды әсер сыйлайды.

Балаларыңыздың ішінде өнерге жақындары бар ма?

-Өнерге жақыны – кішкентай қызымыз Қарлығаш. Ән айтады. «SuperStar» байқауына қатысты. Дауысы да жақсы. Өкінішке орай, әділқазы алқасының ішінде әділетсіз адамдар болып, бағасын дұрыс бермеді. Киімнің ұзын кигенін, өзгесін айтып, біраз тиісіпті. Өнердегі осындай әділетсіздіктерден кейін «мен әнші болмаймын, бірақ өзім үшін айтамын,

мамандығым басқа болады» дейді. Өзге балаларым да өнерден алыс емес.

-«Қыз Жібектен» кейін қандай рөлдерді сомдадыңыз?

-«Біздің Ғани» фильміндегі Ғани Мұратбаевты сомдадым. Фильм өте тамаша шықты. Неге екенін білмеймін, теледидардан көрсете бермейді. Онан кейін «Махаббат жаңғырығы», «Тақыр» деген фильмдерге түстім. Көп рөлдерде ойнадым. Соңғысы Меруерт екеуміз «Махамбет» кинофильміне түстік.

-Өмірде өкінішіңіз бар ма?

-Мамандығымыз осы актерлік болғаннан кейін, өзге салаларға кете алмаймыз. Өзге мамандығымыздың жоқ екендігіне өкінемін. Қазір ақшасыз ешқайда да бара алмаймын. Шыны керек, әртістердің көпшілігі кедей. Кей-кейде ғана киноға түсіп, азын-аулақ ақша табамыз. Ал жалақының мөлшері аз. Жоғарыдағы билікте отырған жандардың өнер адамдарына мән бермегендігіне өкінемін.

-Ер-азаматтың бағы неде?

-Әйелде. Әйелің жақсы болса, бәрі де берекелі, жақсы болады. Ал ақымақ болса, қандай еркек болмасын, басы айналып, жынды болып кетеді.

-Меруерт апай өмірде қандай жар, қандай апа?

-Меруерт – алтын ана, аяулы менің жарым. Менің сүйенішім, досым да бола алады. Екеуміз бір істі бастамас бұрын ойласып, ортақ бір шешімге келеміз. Меруерттің мінезі салмақты, артық әңгімесі жоқ жан.

-Құман аға, кейде жаныңыздың жабырқайтын сәттері болды ма?

-Әрине ондай сәттер өте көп болады. Ондайда достарыммен әңгімелесіп, көңілімді өзгеге бұруға тырысамын. Ондай сәттерде адамда көңіліңді аулайтын ортаң болуы керек.

Сұхбаттасқан
Әлия ДАУЛЫБАЙҚЫЗЫ
«Адам Ата-Хауа Ана» газеті

***

-Театрдағы рөлдеріңізге қанағаттансыз ба? «Қыз Жібек» фильмінен кейін басқа рөлдерді қомсынған кезіңіз болды ма?

-Маған қандай рөль тапсырса да, оған жан-дүниемді салып, ішкі сезімімді соған арнаймын. Ол кішкентай рөл екен деп бөлмеймін. Менде ондай менсінбеушілік болған емес. Мен өзім алғаш театрға келген кезімде К.Қожабеков, А. Әшімов сынды ағаларымызбен бірге Халық әртісі Ф.Шәріпова, Г.Исмаилова, фильмдегі бас оператор А.Ашырапов, бас режиссер С.Хожыков сынды тұлғалармен сахнада, театрда бірге жүріп, қызметтес болудың өзі бір бақыт еді. Қиын күндер де бастан өтті. Қайта құру кезеңінде қиыншылықтар болды. Кинотеатрлар жабылды. Сол кезде Шапиға Мусина түсірген «Аңшының отбасы» («Семья охотника») фильмінде өзім 40 жаста болсам да гримм жасап, 65 жастағы кемпірді ойнадым. Кино сәтті шықты. Сол қиын кезде театрдағы жұмысымызды да тоқтатпадық, талай еңбек еттік. Театрға көрермен аз келсе де, біз спектакліміздің қойып, жалғастыра бердік. Режиссер Әзербайжан Мәмбетовтың қойған спектакльдерін рақаттанып тұрып ойнайтынмын. Әттең, қойған спектакльдерді таспаға жазып ала алмадық. «Искупи вину» деген фильмге түскен кезімде қасымдағы әріптестерім таң қалатын. Кішкентай рөл берсе де, жаныңды салып ойнайсың дейтін. Реті келген чукчаны да, қытай қызын да ойнадым.

***

Актер болу оңай емес. Адамның ішкі дүниесіне еніп, сол кейіпкерге айналу дегенді білдіреді. Ал актерлардың бір арманы ішінде қалатыны рас. Ол енді құпия күйінде қалсын. Қиын күндер де өтті. Мысалы, театрдың ашылуы «Қарагөз» спектаклімен басталады ғой. Мен Қарагөзді, ал Құман Наршаны ойнауы керек болатын. Сол күні Құманның анасы қайтыс болды. Не істеу керек? Ә.Мәмбетов телефон шалып: «Бүгін қандай қиын жағдай екенін білемін. Бірақ қалайда театрға келуің керек», - деп шақыртқаннан соң Құман театрға келіп, зал толы халықтың күтіп отырғанын көргенде, өзінің рөлін беріле ойнап кеткені әлі есімде... Ауырлықты жеңе білу керек. Мұндай кездерде алдымыздағы үлкен ағаларымыз, достарымыз демеу беріп, көңілімізге медеу болды. Киелі Маңғыстау еліне барған сапарымызда Бекет Ата басына тәу еттік. Жоғары көтерілген кезімізде дауыл, жел басталып, жаңбыр қатты жауды. Сол кезде бойымды ерекше бір күш – қуат пайда болып, өзімді жеңіл сезіндім. Менің Алладан сұрайтыным, денсаулық және жұмысқа деген жігер, шабыт берсін деп тілеймін.

Ажар ЖҮСІПБЕККЫЗЫ
«Мәдениет» журналы
№3,2012 жыл

ТӘЖІБАЕВ АМАНГЕЛДІ



Адамды тым жақын білу – оны терең танып, түсінуге кепіл бола алмайды екен. «Мені айт, мені айт» деп шылауына жармасқан мың түрлі ұсақ-түйектер кейіпкеріңнің шын болмысын судай шайып, бұлдырлата бере ме, қайтеді?! «Таудың биіктігі алыстағанда білінеді» деген сөз рас па дедім. Ғылымда «материалдың қарсыласу қабілеті» деген ұғым болушы еді, мақала жазуға отырғанымда, Тәжібаев илеуіме көнбей қарсыласып, біраз ашы терімді шығарды.

Оның себеп-сырын шамалаймын. Амангелді көп қырлы дарын иесі және әр қыры бедерлі, айшықты, мөрдей ап-анық. Ол – актер, ол – теле-кинорежиссер, ол – көркем сөз оқу шебері, ол – прозашы, сценарист, шайыр, суырыпсалма ақын, ол – әнші, домбырашы, ағаштан, сүйектен түйін түйетін ісмер, тағысын тағылар. Қысқасы, «сегіз қырлы, бір сырлы». «Талантты- барлық істе бірдей талантты» деген сөз Амангелдіге бағышталғандай. Оған көңілді отырыста шумақ-шумақ әзіл өленді қойдай тоғытып, елді қыран-топан күлкіге батыру түк те емес, «Қазіргі қазақ зиялыларына» деген арнау өлеңі удай ашы шындығымен бір күлдіріп, бір жылататын – қоспасыз классика. Жатқан жыланның құйрығын басып шамдарына тимейін деп, ашы мысқылға суарылған ол өленді ысырып қоя тұрып, қаламгердің «Әттеген-айынан» бір-жар шумақты алдыға тартайық.

Қорғауға өз намысын удай жасық,
Қазақ тұр жол бойында желке қасып,
Тізгінін тағдырының қолдан беріп,
Тұрғаны, міне, бүгін құты қашып.
Тымағы құлағына жымырайып,
Астынан көзі ғана сығырайып,
Қатынға ала дорба арқалатып,
Өзі отыр «Сейфуллинде» мыжырайып.
Әттең-ай, әттең-ай!
Сорлы едің, халқым, неткен-ай!

Оның ойына оралғаны ешбір қиындықсыз ұйқасқа айналып, өлең боп өріле береді. Көп жағдайда ауыздан шыққан көркі ойды қолы жазып үлгермей, айтқаны айтқан жерде шашылып жатады.

Алпыс алты сағалы Еділдің Астраханды терістігінен орағыта өтіп, кең жайыла, ұзаққа созыла, осынау өңірдің жағалау жиегінде шүпірлескен қазақ ауылдарын түгендеп, Бозан суы баяу толқып ағады. Кешу бермес ұлан-ғайыр ұлы су. «Бақасы қойдай шұлаған, балығы тайдай тулаған, боташығы білектей» осынау құт өңірді Шалгез ауылы қалайша көзі қиып тастап, қазаққа ауды, «Қош, есен бол, Еділ жұрт» деп Қазтуған жырау асығыс қош айтысып, қалайша Маңғыстау асты?! О, тоба! Арада 400 жыл өтсе де сол үрдіс әлі үзілмепті. Бозанның елім деген еңіреу ұлдары әлі де тоқтаусыз қазақ асып жатыр. Егемен жылдары ол үрдіс, тіпті үдепті.

Оның себебін мен айтпайын, айтпай түсінетін ақиқаттар жеткілікті ғой. Осының өзі-ақ Шалгез, Қазтуған заманынан бері Бозан өңірі ахуалының өзгермегенінің айғағы емес пе?! Амангелді «қазақтан шыққан» ұлдардың бірі де бірегейі. Екеуміз бір өзеннің суын ішсек те, ол консерваторияда, мен ҚазМУ-да бір мезгілде қатар оқысақ та, ұзақ жылдар жолымыз тоғыспады. Қала тірлігінің кейде ойламаған жерден құрықсыз қосақтайтын амалы бар емес пе?! 20 жыл жолығыса алмай жүрген Бозан судың түлектері күндердің бір күні бір подъезде құдайы көрші боп шыға келдік. Ол төртінші қабатта, мен үшінші қабатта. Міне, содан бері – 35 жыл, мен – аға, ол – іні, оның үйі – менің үйім, менің үйім – оның үйі. Осыдан кейін Амангелдіні мен білмегенде, кім біледі деп астамдау сөйлеуге хақым да бар сияқты.

70 -жылдардың орта кезінде «Қазақ әдебиеті» газетінде Амангелдінің бірінен кейін бірі 5-6 әзіл-оспақ әңгімелері басылды. Ондай адамның жарық дүниеде бар-жоғын білмейтін кезім. Бірақ суреттеген оқиғаларының біздің ауыл көріністеріне ұқсастығына таңғалғам да қойғам. Кейін көп жыл өткен соң, әлгі жарияланымдардың жағдайын сұрасам, өзі ұмытып қалыпты, зордың күшімен әзер есіне түсірді. Базбір көңіл жақын адамдардың: «Амангелді әр нәрсенің басын бір шалып, талантын шашыратып алып жүрген жоқ па?» деп сұрағаны бар. Амангелді туралы ойл-ағанда, бұл орайлас сауал менің де көңілімде құлағын қылтитады. Кезінде өзім сүйсіне оқыған әзіл-оспақ әңгімелері туралы айтсам, әбден төселген қаламгердей тілі шашаусыз, ойнақы, кереметтей бедерлі еді.

Жібергенін «Қазақ әдебиеті» кезексіз қуана-қуана жариялап жатқанда, бәзбіреу бәрін жиып қойып, жазушы болам деп ентелер еді. Амангелді болса оны ұмытып та кеткен. Міне, ол осындай. Бұл, бәлкім, Амангелдінің кемшілігі шығар, артықшылығы болуы да ғажап емес.

Бірде Амангелді екі фильмнің арасындағы үзілісте отыра қалып, 3-4 ай бойы бел жазбай домбыра шапты. Бір емес, екі домбыра. Алғашқыда, түсірілетін кинофильм болмай жатқан соң, өзін алдаркатудың амалы шығар деп ойладым. Сөйтсем, «Қазақфильмде» режиссерлер 5-6 жыл кино түсірмей жүре береді екен және ойларына ештеңе кіріп-шықпайды. Сонымен, домбыраны жасап бітіргенде, кинофильмнің де кезегі келіп жетті. Менің көз алдымда Амангелді 5-6 домбыра шапты. Және қандай домбыралар десеңші?! Хас шебердің қолынан шыққандай көздің жауын алып, жұтынып тұрған, әрқайсысы бір қаралық дүние. Көмейлі, қоңыр үнді, шежірешідей шешендігін қайтерсің?! Ол домбыралар Амангелдінің өзінің ғана емес, өзге де серіктес әріптестерінің көптеген фильмдеріне түсті. Ал басқалары туған күн, юбилейлерде тарту боп тартылып, қазақ зиялылары төрінің көркі болып тұр. 3-4 ай дегеніңіз - жазушы үшін ойдай уақыт. Амангелді болса, осыншама қыруар уақытын домбыра жасауға қуана-қуана сарп етті. Негізгі шаруасы кезекті кинофильмнің тағдырын қабырғасымен кеңесу орнына «көр-жерге» алданып, алтын уақытын босқа өткізіп алмады ма деген күдіктің көңіл түкпірінде жылтыңдағаны да рас. Тұрмыста, жұмыста жүйке тоздырар сансапалақты басынан өткерген оның жарым жолда жүнжіп кетпей, бір ісі тоқтап қалса, екінші ісін бастап кететіні әмбебап қабілеті, бос отырмай, өзіне жаңа бейнеттер тауып алатын тынымсыздығы – 70-тен құр аттай орғып өтуінің сыры осында шығар, кім білген?!

Амангелдінің нағашы жұрты Астрахань өңіріне түгел белгілі Көккөз әулиеге барып тіреледі. Әулетімен сынықшылық қонған қасиетті жандар. Шәріп сынықшы – Ұлы Отан соғысын бастан-аяқ өткеріп, «костоправ» деген күәлік алып келген адам. Өзгелерге тыйым салып, іздеріне шам алып түсіп құдалап жатқанда, сынықшылықпен айналысуға оған ресми рұқсат етілген. Қирап қалып, түу сонау Мәскеуден зембілмен жеткізілген талай генералдарды Шәріп аға аяғына тұрғызып жіберді. Бұтарланған аяқ-қолды екі сипамай, бір сипаудан асырмаушы еді, жарықтық! Бұ күндері тылсым жолмен атадан балаға қонатын сынықшылық өнерді оның ұлқыздары жалғастыруда. Амангелдінің анасы, марқұм Дәмелі апай да бақсылық қасиеттің ұшығы қонған адам-ды. Айлы күні аманда себепсізден себепсіз басының сақинасы ұстап жатып қалатынынан талай байқағанмын, екі аяққа тыным жоқ, мидай сапырылысқан мына қалада, балама зияным тиеді деді ме, қасиетін жасырып, өз-өзін бұғаулаумен өтті.

Мұны ауызға алғанда Амангелдінің бойында да тылсым қасиет бар деуден аулақпын. Бақсы-балгерлік сияқты адамға өнердің де қонатынын, бұл екі бастаудың сырт көрінісі басқа-басқа болғанмен, адам жанының терең қатпарында ол екеуінің сусындар бұлағы бір екенін, мұндай адамдарда буырқанған сезім күші ақылға бой бермей кететіні жиі кездесетінін талай байқағанмын.

Астрахань педучилищесін бітіріп, Түркменка ауылында татар мектебінің директоры боп бей-жай өмір сүріп жатқан Амангелді түс көргендей ұйқыдан шошып оянып, апыл-ғұпыл аяқ асты Алматыға жиналады. Ал мықты болсаң – бір нәрсеге беттеген Амангелдіні тоқтатып көр. Алматыдан бір-ақ шығып, консерваторияның есігін қағады. Құжат тапсыру бітіп, емтихан басталып кетіпті. Ит арқасы қияннан келгенін айтып, жүзі игі бейтаныс біреулерге жалынып, жалпайып жүріп, тізімге 26-шы боп зорға ілігеді. Қазақтың жағдай түсінгіш қайырымдылығы ғой, әйтпегенде шабаданды аркаға қисық буып, ауылға қайтады ғой. Қандай сабақтан сынақ тапсыратынын да білмейтін, еш дайындықсыз, елдің ақыр соңы боп табалдырық аттап, сынақ алушылардың алдында тырнадай сұмпиіп тұрады. Берілген екі-үш сұраққа Амангелдінің жауап қайтаруынан гөрі желке қасуы көп.

– Ал енді этюдіңді көрсет, – дейді сынақшылардың төрағасы үмітсіздеу қоңырқай үнмен. Амангелді этюд көрсету орнына жылан көрген тырнадай бақшиып, қыбыр етуге шамасы келмей, бір орнында қаққан қазықтай қалшияды да қалады. Бұл Амангелдінің жаны мұрнының ұшына келіп сасқаны еді. «Этюд... этюд... Қайдан естіген сөзі? Асылы, қазақ сөзі болмас... Ал орыс сөзі болса, «этюдіңді көрсет» дегені салған суретіңді көрсет дегені ғой. Онысы несі? Суретшілікке емес, актерлікке түсіп жатқан жоқ па?!». Өстіп, кіресілі-шығасылы халде тұрғанында: «Ау, құлдығым, өзің бірдеме ойнап, көрсете алушы ма едің?» – деп гүр ете қалады ірі келбетті, кең пішілген сынақшы. Бұл Амангелдінің болашақта сүйікті ұстазына айналатын Аскар Токпанов еді. «Өзің бірдеме ойнап, көрсете алушы ма едің?» дегеннен Амангелді этюд дегеннің не екенін, өзінен не талап етіліп тұрғанын шамалайды. Еділ, Бозан сулары бойындағы аралас-құралас отырған шағын халықтар: қазақ, ноғай, татар, қарағаш, қондырау, қалпақ тілдерінде бірдей сөйлеп, бірдей ән шырқайтын Амангеді Туркменка ауылының сахнасында өзі қойып, өзі ойнаған «Маскүнем» спектаклін бастап жібергенде, беттері бижық-тижық боп, босағада бозарған ұзынтұраны «құрбандыққа» шалуға көңілдері ауған сынақ алушылардың әп-сәтте ауыздары аңқиып қалады. Беріліп кетіп, тоқтамай ойнаған оны «қарағым-шырағым», «болды-болдылап» әзер қойдырады.Құлағалы тұрған жерден студент қатарына іліккен Амангелді 5 жылдан кейін консерваторияны қызыл дипломмен бітіріп шықты.

Амангелдінің актерлік қабілеті де, режиссерлік таланты да саумал самалды Сарыарқаның төсінде ашылды. Шынайы өнер жолына ден қойған өнерпаз өмірінің бұл кезеңі туралы ешкім ештеңе таратып, айтып-жазбапты. Тәптіштеп сұрамаған соң, Амангелдінің өзі де шешіле сыр шертуге сараң. Амангелдінің шығармашылық өмір жолының қарағандылық кезеңі туралы жанашыр толғаныс – ұлтжанды, алашшыл азамат Әкселеу Сейдімбековтың мұрасынан табылды. Әкселеу мақаласына «Қиын өнер қиясында» деп ат қойып, «Бүгінгі әңгіме ВЛКСМ XVII съезінің делегаты, Қарағанды облыстық телестудиясының бас режиссері, актер Амангелді Тәжібаев жайлы» деп қосымша түсінік беріпті. Жадтан түсіп, ұмыт болған бұл шағын деректің маңыздылығы сонда – жас өнерпаз Амангелді Тәжібаев ВЛКСМ-ның XVII съезіне ол кезде Теміртау қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, бүгінгі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен сапарлас боп бірге барыпты. Алауланған арманшыл екі жастың еңбектегі өмір жолдары «қара металлургияның кіндігі» Қарағандыда бір кезеңде басталып, екі тілде бірдей есілген, қазағым деп жалынданған жас жетекшіге Амангелді телеарнаның есігін айқара ашып, болам деп тұрған жас қазақтың бұқара көпшілікке кеңінен танылуына қарлығаш қанатымен су сепкендей септігін тигізген. Режиссердің экран сыртында тұратыны себепті, ол Нұрағаңның есінде қалмауы да ғажап емес.

Әкселеу Қарағанды драма театрындағы Амангелдінің актерлік өнеріне баға беріп: «Қарағанды театрының сахнасында өткен төрт-бес жылда Амангелді ондаған рөлдер жасап үлгерді. Ондағы бейне уақыттық жағынан бірінен-бірі шалғай, мінездік жағынан біріне-бірі кереғар. Бірақ соның қайқайсысы да Амангелдінің ойнауында өз заманының көрінісін көз алдымызға елестеткен, өз кезінің үнін құлағымызға жеткізген бейнелер. М.Әуезовтің «Еңлік-Кебегіндегі» – Кеңгірбай, С.Мұқановтың «Шоқан Уәлихановындағы» – Шоқан, Н.Хикметтің «Елеусіз қалған есіл еріндегі»– ассистент, Ә.Тәжібаевтың «Жезтырнағындағы» – Жезтырнақ, М.Кәрімнің «Ай тұтылған түніндегі» – Диуана, З.Жақыпов пен Ж.Сәрсековтың «Зәурешіндегі» – Айдын сияқты алуан сапалы бейнелерді жасағанда актер сол кейіпкерлерге лайық өзіндік үнмен, әрекет-әсерімен есімізде қалып отырады. Есімізде жай ғана қалып қоймайды, әр бейне бір-біріне ұқсамайтын,бірін-бірі қайталамайтын даралық тапқырлықта есте қалады», – дейді. Бұл сырттан естіп жазған пікір емес, қойылымдарды өз көзімен көрген әрі білімдар, әрі талғампаз сарапшының сөзі. Әкселеу Амангелдінің актерлік өнеріне сүйсінуші ғана емес, қатаң қадағалаушы да бола білген. Өнер адамдарына жақын жүретін Арқаның ақиық академигі Евней Букетов те оның спектакльдеріне түгел қатысып, талқылауларда қолдау білдіріп, жас өнерпазды қанаттандырып отырған. «Дуана» пьесасы Амангелдінің жаңа қырын танытып, оған қалың көрермен сүйіспеншілігін әкеліп қана қойған жоқ, бәлкім, зандылыққа бағынбайтын өмірдің кездейсоқтығы да шығар, жас актердің жеке өміріне де тікелей әсер еткен-ді. Спектакльдің С.Сейфуллин атындағы Қарағанды театрында қызу жүріп жатқан кезі. Қойылымның кейбір кедір-бұдырын тегістеуге арналған кезекті репетициядан шыққан Амангелді түскі үзілісте үйге барып түстеніп қайту үшін, автобус аялдамасына келеді. Қала көшелері бірі емтиханнан өтіп, екіншілері емтиханнан құлап, көздерін жасқа шылаған ауыл жастарына толы. Ажыраса, адасып қалатындай ауыл-ауыл, аудан-аудан боп топталып жүретін әдеттері. Даланың көктемгі қызғалдағындай боп, шаштарынан әлі ақ бантиктерін шешпеген бір топ көк өрім балапан қыз аялдамада тұр екен. Амангелді жақындай бергенде, әлгілер құбыжық көргендей бажылдап, үріккен торғайдай пыр-р етіп, жан-жаққа тұра қашады. Тек бір ғана сұңғақ бойлы, әдемі, ақ сары қыз сырттай беріп, қайта бұрылып келіп, дуананың жайылған алақанына тиын-тебен тастайды. Әртүрлі телехабарлар жүргізетін Амангелдінің экраннан түспей, облыстың дүйім жұртына танымал боп қалған кезі еді. Ақ бантикті ақ сары қыз дуананың бетіне қарап жіберіп: «Мәссаған, өзіміздің әртіс ағай ғой!» деп айғайлап, дос қыздарын шақырып, жиып алады. Әп-сәтте қыран-топан күлкіге кенеліп қалады. Репетициядан шыққан Амангелді, өзі де аңдамай, көшеде диуана боп келе жатқанын көріп, қыздар қорқып тұра қашқан ғой. Амангелді емтиханнан құлап, ауылға қайтпай, жеңіл-желпі оқу іздеп жүрген қыздарды

театр жанынан ашылғалы жатқан актерлер үйірмесіне шақырады. Бәрі болмағанмен, әлгі қыздардың бірен-сараны қолдары бос уақыттарында үйірмеге қатысып, өнер әлеміне тартылады. Аялдамада өзге қыздар тұра қашқанда, бұрылып келіп диуананың алақанына бақыр тастаған сұңғақ бойлы, әдемі, ақ сары қыз – Нұрпатша тұра келе актердің сүйікті жарына айналып, інжу-маржандай төрт қызды дүниеге әкеліп, Амангелдіге кемелі кемімес өмірлік бақыт сыйлады. Әкелеп жанұшырған емелдес қыздары Айгүл, Дина, Айман, Шолпанның қамқорлығына бөленіп, қызғалдақ шағын сүйікті жарына арнаған Арқаның ақ маралындай Нұрпатша бұл өмірден ерте кеткен соң, ана орнына ана болған елгезек Қаракөздің аялы алақанында тербелгелі бері шаруадан қолы кеппейтін Амангелді бұл күнде жерден шөп көтермейтін «ақсүйекке» айналды.

Көңілге бір сәтке мігір бермей, үнемі өз-өзін қамшылап, жоқ іздегендей ойдан қырға шарқ ұрған Амангелді Қарағанды телестудиясына бас режиссер боп келгенде, жанының қалауын тапқандай күй кешті. Театрдағыдай арқаны кеңге салған, ерте жатып, кеш тұратын тірлік жоқ, таң қараңғысымен оянып, алаң-елеңнен дірдектейсің, содан ел жатқанша айғай-шу, сабылыс, сапырылыс: бір хабар жарамай қалады, екінші хабар өлшемді уақытқа сыймайды, үшіншісі кем соғып, экран бос қалады, оның арасында тікелей эфир деген пәлесі тағы бар, елдің экранға шығуға қаймығатын кезі, хабарға шақырған адамың не қағаздан басын алмайды, алса болды – табанда шатасып, айдалаға лағып кетеді, жайшылықта оңды-солды есетін шешенің эфирге шықты-ақ үркектеп, жалтақтап, тұтығып, сасқан үйрек артымен сүңгидінің кебін киеді. Бәріне жауап беретін бас режиссер. Директор, бас редактор болып мұны сояды, бұл қарамағындағыларды сояды. Бірақ ұрыс-керісте кек жоқ, бәрі жұмыс қамы, қазақ көгілдір экранының тәй-тәйлап аяққа тұрып жатқан кезінің заңды олпы-солпылықтары.

Күнделікті әлеуметтік-шаруашылық хабардан аса алмай, ресмилік батпағында батпақтаған телестудияның ұйқылы-ояу, керенау тірлігіне Амангелді келісімен жан кіріп, солып қалған тамырына қан жүгірді. Қазақ прозасының озық туындылары дереу экрандала бастады. Олардың сценарийін жазатын да, қоюшы-режиссері де – Амангелді Тәжібаевтың өзі. Жас режиссер енгізген жаңа бағдарлама бойынша он шақты проза туындылары экрандалды. Олардың көпшілігі студияның алтын қорында. Әсіресе Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» романының инсценировкасы ойдағыдай болып, көрермен көңілінен шығып, елдің сұрауымен қайта-қайта көрсетілді. Асылы, Амангелдінің қаламгерлік қолтаңбасы қалыптасып, өзін сынау үшін әзіл-оспақ әңгімелер жазып, «Қазақ әдебиетіне» жолдайтыны осы кез. Амангелдінің арқасында Сарыарқада қазақ ақындарының да бағы жанып, оқырманға кеңінен танылды. Қарағанды телестудиясында қазақ ақындары шығармаларын экраннан мәнерлеп оқу мектебі қалыптасты. Ақыры Амангелді Тәжібаевтың СССР-дың құрылғанына 50 жыл толу құрметіне арнап өзі жазып, өзі қойған «Сен мені жеңдің, Сырым» телепьесасы республикалық байқаудың бас жүлдесін алды. Сөйтіп Амангелді өнері Алматыға танылып, республикалық деңгейге аяқ аттады.

Оның «Қазақфильм» киностудиясына қызметке шақырылып, дереу Мәскеуге, Госкино жанындағы екіжылдық жоғарғы курске оқуға жіберілуі – Амангелдінің Қарағанды телестудиясында атқарған нәтижелі еңбегінің тікелей әсері екені даусыз.

А.Тәжібаев қазақ киноөнерінің табалдырығын дипломдық жұмысы Бейімбет Майлиннің «Охран бастығы» әңгімесі бойынша түсірілген фильмімен аттады. Жаңа туындының тұсаукесер рәсіміне қатысуымның сәті түсті. Көрсетілімнен кейінгі талқылауда біреу мақтап, біреу даттап жатты. Киностудияда, әсіресе фильм қабылдау кезінде бірауыздық болған емес және болмайды да дегенді естуші едім. Пікір таластырып қиқылдасып жатқандарға онша мән бермедім бе, не айтып, не қойғандары есімде қалмапты. Мені әрі-сәрі күйге тап қылған басқа болды. «Охран бастығы» қазақша түсіріліпті. Е-е, бұл жігіттің жан айғайы, жүрек соғысы бөлек екен ғой, жан дүниесінің әр жасушасы қазағым деп атойлап тұр екен ғой деген ойға қалып, оның шырт ұйқыдан шошып оянғандай, апыл-ғұпыл жиналып, Алматыға тартқанының әргі сырын енді ғана ұққандай болдым. Ақындық, сазгерлік, бақсылық, өнердің иесіне қонатыны сияқты туған халқына деген шексіз махаббат та жүрекке ұялайды. Әрі көп жағдайда осынау қасиеттер қабаттаса жүріп, бірінсіз бірінің болмайтыны да бар. Халқына деген алғаусыз махаббат қорқақтан – батыр, дарынсыздан – дарын, жоқтан – бар жасатады. Жүрегінің басына халқына деген махаббат ұя салған адам бақытсыз болуы әсте мүмкін емес. Мектепті, педучилищені орысша бітірген, консерваторияға емтихан тапсырарда қазақша мардымды жауап бере алмай, күмілжіген Амангелдіні енді көріңіз – «бастаса қойдың көсемі, сөйлесе сөздің шешені», жиын-жиналыстарда қауып та айтатын, тауып та айтатын, мақтаса да, даттаса да жеріне жеткізіп, айызыңды қандыратын Амангелді. Демек орысша оқыған біздің мақаулардың қазақша үйрене алмаулары жай сөз. Жүрегінде туған халқына деген махаббаты жоқтар ғана қазақша үйрене алмайтынына Амангелді өнегесі бұлтартпас көрнекі дәлел.

Сонымен, Амангелдінің қазақ киносындағы жолы басталып кетті. Сәтті басталды деуге негіз бар. Қазақ киносының теоретиктері Амангелдіні «Аға буын мен кейінгі жас буын кинорежиссерлер арасындағы көпір» деп бағалаған екен. Несі бар, әсте олқы баға емес. Ертелі-кеш қазақ киносының тарихын шолған адам әріден беріге жолға шыққанда сол көпірге сокпай өтпейді. Демек Амангелдінің қазақ киносындағы ізі жоғалмайды деген сөз. Өнерде ізсіз өткеннен асқан сорлылық бар ма?! Із қалса – өмірді босқа өткізбегенің.

Тәжібаев журналистерге берген бір сұхбатында өзінің кино өнерінде ұстанған кредосын қысқа да нұсқа түрде жария етіпті: «Менің фильм түсіргенде алдыма қоятын мақсатым – мынау: Қазақстанда жалғыз-ақ киностудия бар, ол – «Қазақфильм». Біз жыл сайын бар болғаны 5-6 фильм түсіреді екенбіз. Сол болған-біткен бес фильмді қазақы ғып шығармасақ, елдің атынан сөйлемесек, қоғамның шындығын ұлттық мінезбен бейнелей алмасақ, онда фильм түсірудің керегі не?! Режиссерлік кәсіптің жалына қол артқанда, менде осындай принципті идея болды. Зер салып қараған адам менің бүкіл туындыларымнан осы идеяны байқар еді».

Не болса – соны, қалай болса солай кино түсіру етек алған кезде, режиссер ұстанымы туралы сөз қозғаудың өзі батылдық. Батыстың, Голливудтың киноөнерін киноөндіріске айналдыруы дайын сюжет, ұқсас кейіпкерлерді қоңыздай қаптатқан ғаламдық штампқа жол ашып, осынау ғажап өнерді бір басып, екі басып, құрдымға қарай жетелеп келеді. Оның әлемді дендеп алғаны соншалық – қарсы тұрып күресуге, сіра, дәрмен жоқ. Әлбетте, оның бір өзі желдірменмен жағаласқан Дон Кихотқа ұқсап жалғыз күрескенмен, жүгі қисайған көшті түзу жолға сала алмасы бастағы бөріктей, алайда, суреткердің өз ұстанымы болғанына ештеңе жетпейді. Амангелді ұстанымы – ұлттық киноның ажарын келтіріп, шырайын шығаратын даңғыл екені даусыз.

Кинорежиссер Тәжібаев «Қазақфильмде» жүріп оннан астам көркем суретті фильм түсірді. Атап айтқанда, «Охран бастығы», «Жігер», «Ұзақ Құс жолы», «Ебелек», «Шекшекей», «Ақырғы аманат», «Тақыр», «Құланның ажалы». Әрине, бәрі бірдей аузымен құс тістеп, оза шапқан туындылар болған жоқ. Алайда, сырт елдерді мойындатып, қазақ киносының еңсесін көтергендері де аз емес. Мәселен, режиссердің тырнақалдысы «Охран бастығы» жастар фестивалінің лауреаты атанды, ал «Ұзақ Құс жолы» болса, Киевте өткен XVII Бүкілодақтық кинофестивальдің топжарған жүлдегері болып, Украина Жазушылар одағының арнайы сыйлығына ие болды. Бәсекелі кино өнерінде мұндай биік дәрежелі олжалар қолға оңай іліге бермейді.

Жайшылықта екінің бірі оны көшеде тоқтатып, үйінен тауып алып сөйлесе беретін қарапайым, алдасаң, сене салатын аңқау, қиылып өтінсең, көне салатын мәмілегер болғанымен, шығармашылық мәселесіне келгенде тістей қатқан, дегенінен қайтпайтын, түзелмес «қыңырдың» нақ өзі. Осы мінезінен басшылармен тілге келіп, опық жеген кездері де аз болмады. Бірақ зіл сақтап, кектенуге жоқ, бастық деп тайсалмай, үлкенмен де, кішімен де тең сөйлесетін оның, көрместі боп есікті тарс жауып шығып, артынша сол есікке қайтадан жайрандай еніп, түк болмағандай үзілген әңгімені жалғастырып, болмасты болдырмай қоймайтын өжеттігін мойындамасқа лаж жоқ. Тірі жанға бет бақтырмайтын Олжас та оның «қыңырлығына» талай тап болды. Дау әп дегеннен «Ұзақ Құс жолынан» басталды. Соғыс аяқталар кезде 5 адам 12 мың сиырды Қазақстаннан Украинаға жаяу айдап жеткізеді. Фильмнің сюжеті осы «5 адам, 12 мың сиыр» төңірегіне құрылған, Мәскеуден мөрленіп бекіп келген. Амангелді сценарист С.Бодров пен Б.Ғабитовтан «Орташа колхозда канша сиыр және неше бақташы болады?» деп сұрайды. Әлгілер жауап орнына иықтарын қағады. «Сиыр» мәселесі бұлардың өңі тұрсын, түстеріне енбеген жеті сандық түбіндегі жұмбақ еді. Жалған сценарий авторларымен айқасуға дайындалып келген Амангелді, «Огонек» журналының 1951 жылғы бір санын шіренген «кинокөсемдердің» алдына алып ұрады. Онда Қазақстаннан Донбасқа 11 адамның 500 бас сиырды айдап барғаны туралы хабар басылған еді. Сондықтан да Амангелді: «12 мың бас сиырды 5 адам қалай айдап жеткізеді? Сценарийді бастан-аяқ түгел өзгертіңдер!», – деп талап қояды. Көнбеске лаж қалмайды. Екі сценарист сценарийлерін көтеріп әкетіп, екі айдан кейін ешбір өзгеріссіз қайта алып келеді. Әлгілер: «Өзің қол ұшын бермесең, біз сарқылдық», – деп дәрменсіздіктерін мойындайды. Сөйтіп, негізсіз жалған дерекке құрылған, түсіргенмен Мәскеуден өтпей, «полкіге» кеткелі тұрған фильмді режиссердің табан-

дылығы құтқарып қалды. Жамбыл Құдайбергенов, Жанна Керімтаева, Мейірман Нұрекеевтер қалыптаған ұлттық типаждар арқылы бойына қан жүгіріп, нақыш-бояуы қалыңдап, әрленіп-нәрленген Амангелді түсірген қойылым көпшіліктің жалықпай көретін сүйікті фильміне айналды. Оны айтасыз, Бүкілодақтық кинофестивальде оза шауып, жүлде тағынған да осы фильм.

Өзі барып соқтыға ма, жоқ әлде мәндайға жазылғаны солай ма, Амангелдінің екі оттың арасында қалған кездері өте көп. «Қазақфильмнің» «өрт сөндірушісі» міндеті соның мойнына жүктелген сияқты. «Ақырғы аманат» тұсында да осы кеп айнақатесіз қайталанды. Сценарийін Олжас жазып, Абдолла Қарсақбаев түсірген «Кровь селезни» фильмін Мәскеу қабылдамай, қайтарып жіберді. Тағы да айғай-сүрғіннен «Қазақфильмнің» түндігі желпілдеді. Қисайған жерін түзеу керек, кедір-бұдырын тегістеп, олпы-солпысын жамап-жасқау керек. Ол кімнің қолынан келеді? Бір келсе, Тәжібаевтың ғана қолынан келеді. «Көсемдер» тағы да «өрт сөндірушіні» шақыртты. «Өрт сөндірушінің» айтқанға көнбейтін, түзелмес «қыңыр» екені тағы белгілі. «Өрт сөндіруші»: «Артынан май құйсаңдар да мал болмайтынды жамап-жасқаймыз деп, босқа уақыт өткізбеңдер. Жаңа сценарий дайындаңдар!», – дейді. Тағы да жаңа сценарий жазудың әбігері басталды. Уақыт тығыз. Фильмді жыл аяғына дейін өткізу керек. Амангелді сценарийдің дайын беттерінен кино түсіруді бастап та кетті. Қайта жазылып, жол-жөнекей түзетулер енгізілгеніне қарамастан, кино өнерінде бұрын-соңды болмаған тәсілмен, үш айда «Ақырғы аманат» түсіріліп бітіп, Мәскеу сүзгісінен де кідірмей өтіп, көрерменге жол тартты.

Бірақ «Ақырғы аманаттың» кейінгі тағдыры оңай болмады. Фильм Мәскеу, Таллин кинофестивальдеріне жолдама алып, абыр-сабыр сапарға жүргелі жатқандарында, бәрі қарадай ұшынып, теріс бағып кетеді. Көре алмайтын күншілдер ЦК-ның жаңа келген хатшысының құлағына сыбырламай ма, ақ-қараны айырғандай ол қайбір білімді хатшы, «Ақырғы аманатты» алдырып көріп, фестивальға жібертпей тастатады. Сонымен, шымыр сюжетке негізделіп, халық мұңы мен шынайы халықтық мінезге құрылған, ауыздық шайнап жұлқынып тұрған, кезінде бәйгеге қосқанда талай биіктерді бағындыратын фильм Батыраштардың ұрған балтасынан сұлап түсті. Тәптішке шақырып қоймаған КГБ майорына Амангелді тіке шапқанға тура шабатын мінезіне бағып: «Ал, қоймай іздеген режиссер Амангелді Тәжібаев дегенің мен боламын. Ыдыс-аяғыңды көтеріп, отыруға кел десеңіз – келейін, – деп алып, әлгінің ауыз ашуына мұрша бермей, бастырмалата жөнеледі: – Кинодағы авторлық құқық дегеннен хабарыңыз бар ма? Фильмнің авторлығы да, бар жауапкершілігі де режиссердің мойнында. Бұл жерге сценарист Олжас Сүлейменовті тықпалап арамтер болмаңдар, ол пиғылдарыңнан тұк те шықпайды. Болсаңыз – менімен болыңыз. Ал менің фильмімде бір кейіпкерім орысты құтқарам деп өліп кетіп отыр. Кәне айтшы, сонда менің қай жерім ұлтшыл!». Сөйтіп, «Ақырғы аманаттың» режиссерін тұқыртып алмақ болғандар мына қызылкөзден қалай құтылам дегендей халге жетеді. Амангелді Тәжібаев біраз жыл Қазақстан Кинематографистер одағы басқармасының хатшысы болып, кино өнері ұжымына жетекшілік етті. Басқа біреу болса, қолында тұрған билік пен лауазымды пайдаланып, омырауына қатар-қатар орден жапсырып, алам деген атағын алып қалудың қамын жасар еді. Ары таза азамат ондай ұятты іске баспады, өзгелерге әперді, өзгелердің дәрежесін көтерді, сүйтіп жүріп өзі атақсыз қалды. Мұны «Амангелді әпенділігі» деп атауға лайық синдром демей көр. Енді қазір ұсынылудан да кенде емес, сызылып қалуы да кем емес.

Біздің ұлттық телеарналардың жарыса көрсететін «А.Тәжібаев ән шырқайды» атты деректі киноленталарын бар. Сондағы қоңыр домбыраны безілдете келіп, қоңыр шертпе әуенге ауысып, дауысын ботадай бозбата созатын Амангелді үні жүректі тербеп тұрғандай:

Жақсылар жақсымын деп айта алмайды,
Жамандар жақсымын деп айғайлайды.
Жүрген соң баурайында күнде көріп,
Таулардың биіктігі байқалмайды.
Қыздар гүл-гүл,
Жігіт дүл-дүл,
Өтіп барады –
Дүние құрғыр.

Терең мағыналы, ұлағатты мәнзеудің астарын аңдап, қадіріне жететін кім бар дейсің. Ұяттылар ұяттан аса алмайды, ұятсыздар «мен-мен» деп кеуде қағып, басқа шауып, төске өрлейді. Жақсы мен жаманның аражігін ажыратуы келмеске кетті. Ел қамына қабырғасы қайысады дегендеріміз калта қамынан әріге аса алмады. Жан кірледі, сөз сұйылды, мінез ұсақтады. Көз қарағы көбімізден әріні болжайтын, бойындағы қаны мен сөлін қазақ өнеріне сарқып берген, жатса-тұрса қазақ қамы, ел тағдыры деп жаны қақсайтын Амангелді Тәжібаевты түн жарымда шырт ұйқыдан түртіп оятатын мұңды ойлар мен мазаң шерлер аз емес, сірә!

Әнес Сарай,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері.

МЫСЛИ ВСЛУХ...



Уметь любить – это тоже божий дар, талант, не все им обладают. Однако сводить человеческие отношения только к низменным страстям, как это делает низкопробное кино и телевидение, это значит дезориентировать молодых в самых важных жизненных установках. А как беспощадно льется кровь с кино- и телеэкрана, как легко там распоряжаются человеческой жизнью!

Трагедия в Беслане, это захлестнувшая всех нас боль за невинных детей, мне кажется, должно по-новому заставить нас отнестись к показу ежедневного изощренного насилия над человеком на экране. Если сегодня нет государственной цензуры, то надо вводить общественную, но нельзя же молчать, надо что-то делать.

***

Чем дальше и смотрю его, тем больше восхищаюсь режиссером, сумевшим воплотить в фильме народную душу, народную веру в торжество справедливости.

Не поэтому ли непреходящим зрительским интересом пользуются и фильмы Шакена Айманова, что несут свет добра, надежды, которой так не хватает сегодня не столько в жизни – жизнь всегда мудрее нас! – сколько в искусстве. Еще тридцать лет назад при показе фильма «Кыз-Жибек» в Брюссельском институте искусств известный бельгийский деятель культуры, художник с мировым именем Роже Сомвиль сказал; «Сегодняшние фильмы несут с экрана жестокость, а я увидел картину, сделанную с уважением к человеку, и этому все должны учиться у казахов. Какой свежий ветер подул с Востока!». Я считаю эти слова высшей наградой фильму, хотя он не получил больших международных призов. Пусть бы такие слова прозвучали в адрес казахского кино в новом веке!

БЕКМАМБЕТОВ ТИМУР

Родился 25 июня 1961 года в городе Гурьеве, Казахской ССР. Казах. Отец Нуруахит Бекмамбетов — на руководящей работе в «Гурьевэнерго». Мать Мира Богословская –еврейка, была литсотрудником, заместителем редактора областной партийно-советской газеты «Прикаспийская коммуна».Окончил Гурьевскую среднюю школу № 17 имени С. М. Кирова. Учился в МЭИ, но не закончил обучение, заинтересовавшись искусством.

Тимур Нуруахитович 1987 году окончил Ташкентский театрально-художественный институт им. А. Островского по специальности художник театра и кино. Тогда он познакомился с Виктором Вержбицким, который впоследствии стал его постоянным актёром, снявшись практически во всех его фильмах. Служил в армии под Ашхабадом в артиллерийских войсках. После службы работал художником театра «Ильхом» и на киностудии «Узбекфильм». Позже переехал в Москву.

Кинокарьера

В 1994 году снял фильм «Пешаварский вальс», посвящённый афганской войне. В 1994 году картина получила призы на фестивале в Карловых Варах и на Кинотавре. Автор рекламных клипов банка «Менатеп». В 1992 году благодаря контактам с Михаилом Лесиным, руководившим компанией «Видео Интернешнл», знакомится с Сергеем Родионовым, президентом банка «Империал». С 1992 по 1997 снял по заказу Родионова 20 рекламных роликов «Всемирной Истории от Банка Империал», ставших классикой российской рекламы.По заказу телеканала РТР снял восьмисерийный телевизионный художественный фильм «Наши 90-е». В 1998 году приглашен продюсером Роджером Корманом для производства фильма «Гладиатрикс». Съёмки велись в России, фильм вышел на экраны в 2001 году.В 2004—2005 годах снял фильмы «Ночной Дозор» и «Дневной Дозор», сделавшие его известным. В 2005 году был приглашен в Голливуд, занят в ряде проектов группы кинокомпаний «Fox». В 2006 году был режиссёром двух рекламных роликов для мобильного оператора «Киевстар», в которых снялся Жерар Депардьё. Учредитель и генеральный директор компаний ЗАО «Империал фильм», киностудия «ТАББАҚ» и Базелевс Продакшн.

В 2007 году был режиссёром фильма «Ирония судьбы. Продолжение». В 2008 году снял в Голливуде фильм «Особо опасен». В 2009 году продюсировал мультфильм «9» и фильм «Чёрная Молния».

Т. Бекмамбетов так определяет корни своего творчества в кинематографе: «Мне нравится пугать людей, а американцы имеют большой опыт в этом деле. Но повторять этот опыт буквально я не могу, как не могу быть американским режиссёром.». По линии отца происходит из древнего казахского рода, родословную которого прослеживает до X века. Младший жуз Шеркеш-Кылышкестен. Родственников по линии матери в одном из интервью вспоминает как, погибшую во время войны в Белорусии», но от детальных комментариев подробностей воспитания в межнациональной семье отказывается.

Т. Бекмамбетов не планирует связывать свою судьбу на какой-либо постоянной основе с Америкой или американским кинематографом. В одном из интервью он так отзывается о Голливуде: «…это только затянувшаяся командировка. Там приятно, интересно, много людей, информации, возможностей для самореализации, привлекательных проектов — и режиссёрских, и продюсерских. Мне была предоставлена уникальная возможность узнать, как создаётся анимация. И я ею воспользовался.»

Он награжден Российским орденом Дружбы (22 июня 2011 год) — за большой вклад в развитие отечественного кинематографического искусства и многолетнюю творческую деятельность.

Гран-при и приз в категории «Имиджевая реклама» («Альфа-банк-3» («День рождения») IV МФ рекламы (Москва-94:

Лучший блок имиджевой рекламы («Всемирная история, Банк Империал») на фестивале Новой Европы в Словении-94;

«Золотой кипарис» в номинации «Имидж» (за ролик «Александр Македонский») на II МФ рекламных фильмов «Кипарис» (Ялта-94)

Платиновый Тарлан — 2004 (Казахстан)

По данным крупнейшей базы киноматографических данных IMOB, входит в пятерку самых известных режиссеров планеты.

***

ИРОНИЯ СУДЬБЫ. НАЧАЛО

Дипломную работу Тимур Бекмамбетов защитил в Чимкенте.

Наш соотечественник продолжил легендарную «Иронию судьбы...». Без первой ее части вот уже 30 лет не представляет свой эфир накануне Нового года ни один уважающий себя телеканал. Через год после премьеры «Продолжения» Бекмамбетова сложно предсказывать судьбу киноленты. Но в преддверии 2009 года «Комсомолка» выяснила, что профессиональная судьба режиссера определялась не в Голливуде, и даже не в России, а в Казахстане.

21 год назад в Чимкенте, незадолго до нового 1988 года, студент Бекмамбетов представил в качестве дипломной работы свой первый спектакль.

Казахстанская часть биографии самого знаменитого сегодня казаха в мире недолгая и на события небогатая. Этот ее период до сих пор оставался практически неизвестным даже для поклонников. Между тем он был значимым и для самого режиссера , и для города.

Первое время Бекмамбетов работал в Чимкенте наездами. Но в последние дни перед премьерой буквально ночевал на сцене.

-Уже тогда чувствовалось, что Тимур будто не от мира сего, он был весь в работе, - вспоминает нынешний художественный руководитель Южно-Казахстанского областного русского драмтеатра Игорь Вербицкий. – Какие-то другие радости жизни при его-то молодом возрасте совсем его не интересовали. Интересовала только работа.

Возможно, потому Бекмамбетов не запомнился чимкентцам чем-то еще, в памяти остались лишь штрихи. К примеру, то, что Тимур очень много курил. Был скромным, никогда не выпячивался, не имел, как сказал бы сейчас, понтов.

...В 1987 году 26-летний студент Бекмамбетов заканчивал Ташкентский театрально-художественный институт, где учился по специальности «художник театра и кино». И работал параллельно художником-постановщиком в ташкентском театре «Ильхом» и на киностудии «Узбекфильм».

Но местом выполнения его дипломной работы стал Чимкентский областной русский драматический театр (так тогда назывался Южно-Казахстанский областной русский драмтеатр.

Его появление в Чимкенте случилось благодаря тогдашнему главному режиссеру театра, российскому режиссеру, до этого работавшему несколько лет в Ташкенте, Олегу Белинскому. Задумав поставить одно из сложнейших произведений американского писателя Джона Стейнбека «Люди и мыши», он пригласил Бекмамбетова художником-сценографом.

Работа над постановкой трагедии шла долго и трудно, спектакль, как человеческое дитя, вынашивался ровно девять месяцев. Премьера состоялась осенью 1987 года. О нем чимкентцы помнят до сих пор и называют постановку легендарной. Вообще, годы перестройки для чимкенткого театра стали временем подъема и расцвета. На этом спектакле сошлись уже известные и еще не зажженные звезды: режиссер Олег Белинский, целая плеяда замечательных актеров, среди которых Виктор Матвеев, Султан Абдиев (впоследствии ставший режиссером) и , конечно, Тимур Бекмамбетов.

Вспоминая о Тимуре сейчас, Вербицкий, тоже сыгравший в постановке «Люди и мыши», бесконечно повторяет слово «потрясающий». Потрясающим, по его мнению, в том спектакле было практически все:

-Все было в мешковине. Она была натянута на всю сцену, на потолок, из мешковины были сшиты все костюмы. На сцене – нора в мешке. Там же – самая настоящая лужа. И вот в этой серости вдруг появляется жизнь. И все это благодаря потрясающей работе со светом. Преломление воды и света – это было нечто! Вообще, когда художник начинал наводить свет на все это убожество, казалось, что мы становились свидетелями сотворения чуда. Художник словно работал мазками-и появлялось солнце, закат. Я присутствовал при этом «рисовании светом» и до сих пор не могу его забыть. Я был молод, не спал, мы монтировали по ночам, но мне было все интересно. Мне казалось, актеру было просто нечего делать; только входи в эту атмосферу и работай. До этого я знал много режиссеров и художников, видел всякое, но такую атмосферу почувствовал впервые.

Эту особую атмосферу, сценографию, режиссуру, игру актеров, музыку оценили и зрители, и критики. А после гастролей спектакля «Люди и мыши» в Ташкенте вышла рецензия под заголовком «Без скидок на провинцию». Для 80-х, когда ташкентский театр Горького слыл одним из лучших в СССР, это было высшей похвалой.

-В принципе, это была первая большая работа Тимура, - говорит Игорь Вербицкий. -И тогда же Бекмамбетов показал и доказал всем, что театр может быть интереснее кино, что в театре можно работать так красиво!

-Чувствовалась ли тогда неординарность Бекмамбетова, проявлялся его характерный стиль?

-Безусловно,. Лично у меня было ощущение, что рядом с нами работает талантливейший художник, уже тогда чувствовалась рука большого мастера.

Его удивительный талант был очевиден. Смотря сейчас его фильмы, я вижу, что и тогда, и сейчас его стиль проявляется в работе со светом. Свет, который никогда прежде не «работал» на нашей сцене, вдруг заиграл. Я видел его ранние и последние работы и считаю, что Бекмамбетов все же художник: мастерство большого художника сквозит в его клипах и фильмах. То, что он состоялся как режиссер, он, конечно, доказал всему миру. Но лично я боготворю его как художника...

В этом году Тимур Бекмамбетов приезжал в Казахстан в качестве почетного гостя. На V Международном кинофестивале «Евразия» в Астане он признался, что побывать в Шымкенте не отказался бы. На кинофестивале шымкентский журналист, заместитель главного редактора газеты «Южный Казахстан» Кенес Исмаилов подарил Бекмамбетову свою книгу «Дерн» о Шымкенте и его горожанах. Тимур поблагодарил, что Кенес напомнил ему про этот город:

-Я хорошо его помню. Во второй половине 80-х годов мне довелось поработать в областном драмтеатре художником. Ставили спектакль «Люди и мыши». Естественно, это было огромное удовольствие – смотреть, как твои эскизы воплощаются на профессиональной сцене. Хотелось бы побывать в местах, где прошла молодость. Хотя родом я вообще-то из Атырау, если была бы возможность, я бы ею воспользовался...

Лаура КОПЖАСАРОВА
"Комсомольская правда"
1.01.2012

«ДОС-МҰҚАСАН» АНСАМБЛІ ЖӘНЕ ҚАМИТ САНБАЕВ

1967 жылы, яғни осыдан 45 жыл бұрын, қазақ эстрадасының қарлығашы, жаңа уақыттың, жаңа заманның өнер ұжымы, халық әндерін рухтана, жаңаша екпін, леппен шырқап, қалың жұртшылықтың сезім әлеміне жаңаша саздың

әсерлі әуенін ұлататын «Дос-Мұқасан» ансамблі дүниеге келді. Оның бастауында кімдер тұрған еді деген сұрақтардың көпшілік тарапынан қойылуы заңды.

Сол 1967 жылғы Алматыдағы Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының автоматика және есептеу техникасы факультетінің студенттері Досым Сүлеев, Құсайынов Мұрат, Санбаев Қамит, Литвинов Александрлар еді. Олар еліміздің әр түкпірінен білім қуып келген, бойларында күш-қуаты мол, тамырларында жастықтың алау отымен шарпылған ыстық қандар тулаған «сен тұр, мен атайын» жігіттер болатын.

ҚСРО-ның жоғарғы оқу орындарында қалыптасқан дәстүр бойынша студенттер жыл сайын дерлік еліміздің түкпір-түкпірінде құрылыс отрядтарында, түрлі шаруашылықтарда еңбек ететін.

Әзірге аты жоқ ансамбль де 1967 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданына жол тартады. Осы жолы олар сол кездегі социалистік лагерьдің белді мемлекеті Венгрияның астанасы Будапешт қаласындағы Карл Маркс атындағы университеттің студенттерімен бірге еңбек етіп, интернационалдық отряд атанады.

Кезінде, ҚСРО-да 1 тамыз - Құрылысшылардың кәсіби мерекесі есебінде аталып өтетін. Сол мереке күні бас қосқан студенттер алау от жағып, түнгі аспанды әнге бөлеп, көңілді кеш өткізеді. Міне, осы кеште төрт жігіттен құралған эстрадалық ансамбль өздерінің алғашқы концертінің тұсауын кеседі. Ал ансамбльге ат қою бақыты, сондағы венгер студенті Янош Карлатыға бұйырады.

Сөйтіп, **Досым** Сүлеев есімінен "**Дос**", Мұрат Құсайынов есімінен "**Мұ**", **Қамит** Санбаев есімінен "**Қа**", Александр Литвинов есімінен "**Сан**" (Студенттер Александрды "**Саня**" деп атайтын) бас буындар алынып, "Дос-Мұқасан" ансамблінің аңызға бергісіз өнер жолы тіл жеткізгісіз көркем, сұлу Баянауыл баурайынан бастау алады. Періште көңіл венгер Яноштың тапқырлықпен қойған атауы ансамбльдің әлем төріне қанат қақтырған салтанатты шеруіне ұласуына берген ақ батасындай құтты есім болды. Кей-кейде сонау түркі жұртынан, қазақ елінің табанынан қоныс аударған қандастарымыз мажарлықтардың қаны Яношты тал бойын қуалай ағып, осынау қазақ елінің өнерін әлемге әйгілер ансамбльге ат қоюға әлде бір тылсым күш, тылсым түйсік итермеледі ме екен. Мүмкін... солай да шығар.

Енді осы қазақ өнерінің жұлдызына айналған ансамбльдің алғашқы төрт жігіті туралы жазушы Шәкен Күмісбайұлының "Дос-Мұқасан" кітабында келтірілген деректерге жүгіну артық болмайды.

Досым Сүлеев 1947 жылы 7 наурызда Шымкент облысының Сарыағаш ауданында дүниеге келген. Балалық шағын Шолаққорғанда, кейіннен Кентау қаласында өткізіпті. Жоғарыда айтқандай алғашқыда баянды "созғылап", кейінде кларнетті, саксафонды шебер ойнауға қалыптасқан. Орта мектепте оқи жүріп, музыкалық мектептің баян курсын бітірген. **Дос** – Досым Сүлеев институт бітірген соң, жоғары оқу орнында қалдырылып, артынша Мәскеудегі Болат балқыту институтының аспирантурасына қабылдаған. Оны бітірген соң ғылымда өз орнын тауып, алғашқыда өзі оқыған институтта, Білім министрлігінде, үкімет аппаратында қызмет істеп, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің ректоры атанып, профессор атағын алды. Халықаралық ақпараттық технология академиясының және халықаралық жоғары мектеп академиясының академигі. Сонымен бірге сазгер, көптеген әндердің авторы, ансамбльдің саксафоншысы, органда ойнаушысы. Оның "Той жыры", "Жан досым", "Алматы түні" тағы басқа көптеген әндері әлі күнге дейін шырқалып келеді. 1975 жылы әндер жинағы шыққан. Мәскеуде аспирантурада оқи жүріп өзінің болашақ жары Людмила Байдабеккызы Төлепбаевмен танысып отау құрды. Бір ұлы мен қызы бар. Қызы Гүлмира магистр-психолог. Қазақ Ұлттық университетінің халықаралық байланыстар факультетін бітірген ұлы Ержан қазір Қытайда оқып жатыр.

Мұрат Құсайынұлы Жамбыл облысы, Қордай ауданының Шарбақты ауылында 1948 жылы 10 тамызда дүниеге келген. Әкесі Құсайын Төлеулиев соғыстың қиян-кескі бейнетін тартып, сонау Берлинге дейінгі соғыстарға қатысып, бірнеше орден мен медальдармен марапатталған соғыс ардагері. Кейінде ол дүние салып, отбасы Алматы облысындағы Қаскелең ауданындағы О.Жандосов атындағы ауылға көшіп келеді. Мұрат Қордайдағы аудан орталығындағы Абай атындағы орта мектепті күміс медальмен бітіреді. Алған бетінен қайтпайтын қайсар, бастаған ісін аяғына дейін жеткізетін бітбеткей жігіттің ерекшелігі – музыка десе ішкен асын жерге қоятындығы еді. Оның да себебі жоқ емес. Мұраттың өнерге бейімділігіне мол әсерін тигізетін адам - әкесі. Асқан домбырашы, сауыққой, сері адам болған. Тіпті ол жан туралы нешебір әңгімелер жұрт аузында әлі де айтылады. Кезінде Құсайын ақсақал қазақтың атақты өнер иесі, сазгер әрі әнші Кенен Әзірбаевпен араласып, қазақ өнері жайлы жиі әңгімелескен екен. Сауық-сайранда, тойларда төр төбесінде бірге отырыпты. Кенен ән айтса, Құсайын күмбірлетіп күй тартып, қошеметшіл жұртты қуанышқа бөлепті. Сонда өз әндерін нақышына келтіре орындайтын асқақ әнші, атақты Кенен:

- Әу, жұртым, Құсайын домбыраны сөйлетсін, мен өлең айтайын, - дейді екен. Шындығында Құсайын ақсақал домбыраны тартып қоймай, оны "сөйлететін" шебер еді. Бала-әкеге тартып туса қуаныш. Бес жасынан домбыра ұстап, өнерге бейімдігін танытқан Мұрат мектепте көркемөнерпаздар үйірмесінің белді мүшесі болыпты. Келе-келе он саусағынан өнері тамған жас бала, сол кезде-ақ гармонь, мандолина, баян сияқты аспаптарды үйреніп, әнді жақсы салатын еді. Сабақты да өте жақсы оқыған.

Қамит Санбаев жоғары курс студенті әрі факультет комсомол ұйымының хатшысы, жаңалыққа жаны үйір, сақа жігіт. Қаба сақалды, кең маңдайлы, өмір соқпағы өңін ерте шиырлаған, батыр тұлғалы, байсалды жігіт әрқашан студент қауымының ортасынан табылушы еді. Өнерге құштар Досым, Мұрат, Александрды да байқап қалған-осы Қамит. Комсомол басшысы әрі азамат ретінде, ол арманын іске асырмақ ниетте жүріп, эстрадалық ансамбльдің алға қарыштап қадам басуына мол септігін тигізушінің бірі емес, бірігейі.

Қамиттің туған жері Қазақстанның сонау батысындағы - Мақат. Ұстаз отбасынан шыққан жігіт. Әкесі Хамза елге белгілі Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұғалімі еді. Ал Қамиттың туған ағасы Сәтімжан Санбаев қазақтың көрнекті жазушысы. Ол уақытта әлемде ең күшті екі держава бар-тын. Бірі капитализмнің жүгін арқалаған АҚШ та, екіншісі коммунизм отын жағуға асыққан, социализмнің ордасы-КСРО. Ұлы Отан соғысынан кейін Германия екіге бөлініп, демократиялық деп ат таққан ГДР социалистік мемлекеттер қатарына қосылып, Варшава әскери блогіне мүше болғаны тарихтан белгілі. Міне, Қамит те әскери борышын осы елде Кеңес әскерлерінің қатарында атқарды. Батыс Еуропа мемлекеттерінің соғыстан кейін-ақ, іле-шала экономикасы өсіп, өркениетке қарыштап аяқ басқаны көпке аян. Алыс Қазақстаннан келіп, "жұмаққа" тап болған жас жігіттің таңданбасқа шарасы қайсы? Жастары мәдениетті, білімдері жетік, тұрмысы толысқан, қалалары әсем елді Қазақстанмен салыстыру мүмкін емес-тін. Жас жігіттің көкейінде: "Бізде неге бұлай емес. Кімнен кембіз? Жастарымыз неге биікке талпынбайды",- деген сан сауал мазалайтын. Осы себепті Қамит неміс жастарымен әңгімелесу үшін біршама неміс тілін де үйренді. Қиындықты да, қуанышты да бастан өткеріп, білмегенді түйсініп, өз туған Отанына деген қимас сезім, ұлтжанды қасиет қалыптасты. Әскерден оралып, қазақ политехникалық институтына түскенде, ол нағыз алмас қылыштай қылшылдаған, оң мен солын аңғарған жігіт еді. Оның ұйымдастырушылық қасиетін қырағы көздер байқап қалып, іздегенге сұраған, факультеттің комсомол комитетінің хатшылығына ұсынуы да осы себептен болар.



-Жігіттердің алғашқыда гитара ұстап, ән шырқап, белсенділік танытқанын сезген сәттен бастап-ақ, ойыма ГДР-дағы күндерім елестеді. Қайткен күнде де елдің атын шығарар, жастарымыздың жанын рухтандыратын бір эстрадалық ансамбль ұйымдастырсам деген арман бойымды билеп алды. Солардың қатарынан орын алып, білгенімді үйреттім, өзім де солардан үйрендім. Оның үстіне мен сол кездерде Еуропада дүркіреп аты шыққан "Битлз" эстрадалық ансамблінің орындауындағы әндер жазылған күйтабақ алып келген едім, - дейді Қамит.

"Қа" – Қамит Хамзаұлы Санбаев ансамбльдің құрылуына мол үлес қосып, атсалысқан азамат. Германиядағы Кеңес әскерлері тобында азаматтық борышын өтеді. Әскер қатарынан босаған соң, ол Қазақ политехникалық институтына түсіп, оны жақсы бітірді. Досым, Мұрат, Мейірбек, Шәріп, Александр, Юра Лимнен жоғары курста оқыды. Қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысқан Қамиттің жан-жақты білгірлігі институт қабырғасында толысты. Факультеттегі қабырға газетін шығарудан бастап, бес жылғы оқу барысында Қамит группа старостасы, факультет, одан соң институт комсомол комитетінің хатшысы, бірнеше жыл студенттер құрылыс отрядының комиссары міндеттерін атқарды. "Дос-Мұқасан" ансамблінде екі-ақ жыл құрамында болуы, осы бір институттағы қарбалас жұмыстардан қолы тимей, уақыт жетпейтіндіктен екені анық. Бірақ бір сәт те ол өнер ұжымынан

қол үзген жоқ. Қайткен күнде қамқор болуға , оның жұмысының жандануына аямай еңбек етті. Студенттерді ұлтжанды, білгір етіп тәрбиелеуде оның мол үлесі бар. Қамит үшін "Дос-Мұқасан", " Дос-Мұқасан " үшін Қамит қажет болды. Сол кездегі уақытты сараптай келсек, қанша бір комсомол, партия ұйымдарының үлкен еңбегі барын ұмытуға болмас. Өйткені олардың басшылығында Қамит сынды ойы озық, білгір, тәртіпке шыңдалған ұлт өкілдерінің қалыптасқанын әсте естен шығару-қате.

Қамит Қазақстан ЛКЖО-ның XII съезіне, ВЛКСМ-нің XVI съезіне делегат болып қатысты. 1970 жылы Мәскеу энергетика институтының аспирантурасына түсіп, оны тамамдап өз институтына оқытушылық қызметіне оралды. Мұнда жүргенде Республика оқу министрлігі аппаратына басшылық қызметке көтерілді. Алматы кинотехникумының директоры қызметін атқарды. 1991 жылы халықаралық "Жібек жолы" қорының бас директоры болып сайланды. Бұл қызметте жүріп, өзі қанаттанып ұшқан "Дос-Мұқасан" эстрадалық ансамбліне қолынан келген жәрдемін ұсынды, медеу болды. 1995 жылы "Харикейн-Құмкөл" мұнай компаниясына жұмысқа ауысты. Жұмыста тәжірибесі мол, білгір маман әрқашанда еңбек ұжымдары ортасынан табылып, көптеген шаралардың басы-қасында болады. Әрине, еңбек елеусіз қалмайтыны анық. Төрт рет үкімет наградаларымен, Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Қазір Қамит еңбек демалысында. Зайыбы – Перзада Ахметова Қазақтың Сәтбаев атындағы техникалық университетінде аға мұғалім болып істейді. Жанат, Бақытжан есімді ұлдары бар. Қамит сынды қазақ азаматтарының көптеп бола беруі де қажет-ақ.

«ТОЙ ЖЫРЫ» ҚАЛАЙ ТУДЫ?
(Досым Сүлеевтің естелігі)

- Біздің топтағы пысық атанған Мұрат алғашқы болып сұлуына қолы жеткен жігіт. Бір адамдай топтасқан біздер үшін бұл үлкен қуаныш еді. Достың үйі – барар жер, басар тауың. Дегенмен жас отау иелеріне айта жүрер қымбат ескерткіш сыйлық ұсынуымыз қажет. Оны студенттің жыртық қалтасы қайтіп көтерсін. "Жоқ жомарттың қолын байлайды", "Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас" деген. Ойланып-толғана келе, үйлену тойы кезінде жігіт пен қалыңдыққа арнап өзіміз шығарған жаңа әнді арнау ұйғарылды. Орындаушылар – аты көпке таралып кеткен "Дос - Мұқасанның" сазгері-мен, ақыны Ұлықпан Сыдықов. Басқаға қайдам, бұл атан түйенің жүгіндей ауыр, орындалуы қиын шешім еді біз үшін. Кейбіреу ойлағандай ән шығару мен ақын болу ел дабыра жасап, қосып сөйлегендей: "Жүз грамды тастап жіберіп, арқасы қозып, тындырып тастайтын" шаруа емес, қиынның қиыны. Жан досыңның қуанышына арнап, оған ақ тілегіңді, жүректегі ниетіңді музыка тілімен жеткізу үшін бір апта аздық етеді. Әуеніне сөзі астасып келсе жақсы, керісінше, олпы-солпысы шығып тұрса ше? Аптаның бес күні өтсе де, Ұлықпан ақынның қарасы көрінбеді. Ары-бері ойқастап, әуен толғамдарын іздестірсем, оңтайға келер емес. Саса бастадым, - дейді Досым. – Сөйтіп той болар күні күндізгі сағат 3- те қолында "Той жыры" жазылған ақ парағы бар, Ұлекең жетіп келсін."Ау, мұның қалай? Мен екі-үш сағатта ән шығара салатын вундеркинд Моцарт қой дейсің бе", - деймін ғой баяғы. Ақынның да тірлігін ішімнен сезіп тұрмын. Жүректе терілмеген жыр тыңдарманның да, композитордың да үдесінен шықпайды. Бірақ Ұлықпанның өлеңді жаман жазбағанына сенімім мол еді. Өйткені біз-тонның ішкі бауындай болып кеткен бір жылдың түлегіміз. Жан дүниеміз бір. Төсекте бірге жатып сырласып, болашағымызға көз жібере кеңесіп, тіпті көңіліміз кеткен сұлуларға дейін жасырмай тілге тиек еттік. Қабақ шытысу біздің ауылдан алыс еді. Оның үстіне Ұлықпан-институттағы "Бәйшешек" атты әдеби үйірменің жетекшісі. Ақындығы да көрініп, республикалық басылымдарда "Дос-Мұқасан" туралы табақтай-табақтай ойлы мақалалары жарияланып жүрген. Енді, міне, досымыздың үйлену тойы. Тобымыздағы тұңғыш қуаныш. Ақын жаны – кіршіксіз ақ. Қалай ғана мөлдір жолдар ақтарылмасын. Парақты ашып жіберіп, өлеңді оқысам, тамаша жазылған, ойыма қона кетті.

Махаббаттың құдірет күші әлдилеп,
Екі жастың табыстырған жүрегін.
Жастық жалын, асыл арман, ақ ниет,
Бақыт сыйлап, ұсыныпты гүлдерін.

Қайырмасы:

Той үстінде тәтті күндер,
Жас жұбайлар, шат күліңдер.
Ән салайық, би билейік,
Шарықтасын шаттық үндер...

Құдайдың берген несібесі шығар, мұндай өлеңге қалай ғана жүрегің бұрқанбасқа. Әп-сәтте әуеннің алғашқы нотасы ақ қағазға түсті. Бір жарым сағаттың ішінде болар, (оны кім есептепті), жаңа ән дайын болды. Жігіттерді шақырып жіберіп, дауысқа бөліп, айтып көрсек, тәп-тәуір.

Тойға сол кезде атағы жаңа шыға бастаған "Гүлдер" ансамблінің оркестрі қызмет етті. Қазақтың тойы сағат 6-да өтеді десе, 8-де жиналатыны белгілі. Асығып жүрміз. Бір кезде салтанат басталсын кеп, Үстел басына отырып, бізге сөз кезегі келгенде, оркестрге қосылып Мейірбек екеуміз шырқап қоя берейік. Дос көңілінен шыққанға не жетсін!

Той бітті. Өмір өтіп жатты. Бір күні Мұрат ойда-жоқта репетиция кезінде "Той жырын" неге репертуарға қоспаймыз десін. Шынында бұл әнді репертуарға кіргізуді ұмытып кетіппіз. Сол екі ортада әнді өңдеп, дауысқа бөліп, орындап жіберсек, қатып тұр. Ұмытып бара жатыр екенмін. Қазір ауылда "Той жырына" өздерінше мәтін тауып алғандар бар ғой.

Мәселен:

"Махаббаттың құдірет күші әлдилеп,
Біздің кемпір отыр екен нан илеп.
Ашуланып жетіп келдім қасына,
Қу таяқпен періп қалдым басына,
Шампан, арақ, коньяк" дейтіндер бар ғой.

Негізінде, әннің қайырмасына "Ей, жарайсыңдар, жігіттер" дегенді қосқан Шәріп қой. Оны әркім біле бермейді. Бірлі-екілі теледидарға түсіп, "Той жырын" айтқанымыз бар. Сөйтсек, саудагер пысықтар біз үшін "еңбек" етіпті. Бір күні Мұрат пен Сәбира екеуі Қаскелеңге барса, (онда қара базар сол маңайда болатын), базаршылардың радиосы "Той жырын" әдетке айналдырыпты. Тауар дұрыс болса, сатып алушы да көп. Қызық болғанда, "Той жыры" бүкіл Қазақстанға осылай тарап кеткен еді, - дейді ансамбль жетекшісі. Досым Сүлеевтің ән шығаруы, оның Мұрат тойына арналу оқиғасы осылай. Жалғыз ол ғана емес, Мұрат та, Мейірбек те ән шығарып, өлең жазар талант иелері еді. Бүгінгі күннің Ақан, Біржан, Әсеттері осылар. Олай десек, талантты жігіттердің молдығы ансамбльдің шырқап шығуындағы себептің бірі деп түйіндейік.

Үшіншіден, ансамбльдің әр жігіті жұмысқа жанымен беріліп, бастаған ісін аяқтамай тыным таппайтын, қайсарлық мінезімен көрінгені адам таңқаларлық. Көптің дуалы аузы шындықты жасырмайды.

Ал, енді **Саня** болса (Александр Литвиновты көбінесе жігіттер солай айтатын) қазақ ішіне енді-енді бой үйрете бастаған, сонау Алтай өлкесінің өкілі. Әдетте, орыс ұлтының заман ағымы бейімдеп берген бір ерекшелігі бар. Ол – тұрмыс қажеттігіне қарай жиі орын ауыстыруы, елден-елге көшуі. Осы жерде әзіл де болса бір шындықтың бет пердесін аша кету жөн шығар. Ертеде ата-бабаларымыз "көшпенділер" атанғаны ақиқат. Сонау Тарбағатайдан Сырға дейін аттың жалында, түйенің қомында сырғи көшіп, тағдырдың тауқыметін тартып, "Елім-ай" деп күңіреніп өткен күндерді де бастан кешірген. Қызыл империя, ақ патша уақытында қазақты отырықшылыққа үйрету деген тенденциясы да болғаны шындық. Оның өзі қазақ тарихындағы атаулы кезең болып қалыптасқаны да анық. Ал енді қазір сол қазақты туған ауылынан, кір жуып, кіндік кескен жерінен қарыс адым жылжыта алмайсың. Ата-бабаның қаны сіңген, маңдай тері төгілген мекенде, "сүйегім осы жерде қалсын" деп табан тірескен қарттарды көргенде, таңданбасқа шараң жоқ. "Туған топырағын қастерлейтін бұл не деген ұлы халық" деп тамсанатын басқа жұртты да көптен кездестіресің. Керісінше, бір кезде ұлы орыс халқы атанған қауымды дүниенің төрт бұрышынан кездестіруің анық. "Переселенцы" деген ұғым жадымызда жатталып қалғалы қашан. Кеңес өкіметінің бүкіл елді орыстандыру саясаты осылай өрбіген. Заман өзгеріп, ұлт мінезі ерекшеленуі де өмірдің қиян-соқпақтарының әсері болса керек. Жоғарыда айтқандай, Александр Литвинов Ресейдің бір пұшпағы Кабардин-Балкар автономиясының Эльбурс ауданының "Баксан-ГЭС" ауылында туып, Алтай аймағының Локтев ауданының Гориян қаласында №36 орта мектепті бітіріпті. Әкесі - Литвинов Михаил Федорович құрылысшы әрі Красноярск қаласындағы Суриков атындағы сурет училищесін тамамдаған суретші еді. Анасы – Раиса Васильевна мектепте ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарды. Саня 1957 жылы екінші сыныптан бастап баян ойнауды үйреніп, музыкалық мектепте төрт жыл оқыған. Жігіттің сегіз қырлы, бір сырлы болуы да табиғаттың берген үлкен сыйы. Александр Михайлович оқуды да жақсы меңгеріп, спортпен де ерте шұғылданды. Оныншы сыныпта Алтай өлкесінің құрама командасына еніп, кейінде "Еңбек" спорт қоғамы бойынша жүз метрге жүгіруден Қазақстан чемпионы атанды. 1966 жылы орта мектепті бітірген соң, арман жетелеп, Қазақ политехникалық институтына келді.

Менің әсем Алматыға жол тартуымның екі себебі бар. Оның біріншісі – спорт. Жүгіру десе ішкен асымды жерге қоятным анық. Жаман көрсеткіштерге де жоқпын. Шекаралас ел болған соң Алтай өлкесінің құрама командасының сапында көршілес Қазақстанның Семей, Өскемен, Лениногорск қалаларына талай рет жарысқа келдім. Бір сапарымда

Алматыға соқтым. Менің ғашық қалам ғой. Көк желекті жасыл шаһар өзінің әсемдігімен, кеңқұшақ халқымен, алысқа, жер шетіне бара жатқан керуенге ұқсайтын. "Ақ сәлделі" өркешті асқар шыңды тауларымен баурап, өзіне деген сүйіспеншілігімді арнауға мәжбүр еткен жұмбақ ғалам ғой. Алтай өңірінің суық, ақ боран табиғаты Алматыға теңдесе алмайды. Екіншіден, біз тұрған Горняк ауылы-Ұлы Отан соғысы кезінде өзінің шикізатымен туған елімізді қорғауға мол үлес қосқан мекен. Кен орнында тұрған екенсің, кенші болуың міндет. Келешегімді мен бала күнімнен-ақ белгілеп қойғанмын.

***

ӨНЕР ДАРАБОЗЫ

Халқымыздың асыл қазынасы – күй өнері телегей-теңіз, ғажайып рухани мұра. Ол – ата-бабаларымыз жасаған көшпелі мәдениеттің құндағында, "аттың жалында, атанның қомында" дүниеге келіп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күннің дәрежесіне жетті.

Күй өнері – ғажайып, шексіз өнер. Күйдің өз тыңдаушысы, оны жанымен ұғып бағалайтын өнер сүйер қауымы бар. Олардың көкжиегі күннен күнге кеңінен құлаш жаюда.

Озық оркестр

Асыл мұрамыз – қазақтың классикалық дәстүрлі музыкасы бұл күндері тек қана жеке халық аспаптарында ғана емес, кәсіби оркестрлердің орындауында да төрткүл дүниеге танылуда.

Дирижер құдіреті ол оркестрдің,

Сиқырлы таяқшамен тұр алдында! – деп, Халық жазушысы, ақиық ақынымыз Хамит Ерғалиев жырлағандай, өнер шыңындағы өзіндік қолтаңбасымен бұл күндері егеменді еліміз бен алыс-жақын шетелдерге танымал болып отырған кәсіби оркестрдің бірі Н.Жантөрин атындағы филармонияның "Нарын" фольклорлы оркестрі.

Оркестрдің көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері, есімі республикамызға белгілі өнер қайраткерлерінің бірі, халықаралық байқаулардың лауреаты, Халықаралық сертификат иегері, ҚР білім беру ісінің үздігі, домбырашы – Орақ Жауырұлы Жауыров.

Иә, қазақтың аспаптық кәсіби музыка өнерінің дамуымен



оны төрткүл дүние тыңдарман қауымына танытуда биік белестерден көрініп жүрген, республикамызға танымал өнер иесі, шәкірттерімізге мақтаныш, әріптестерімізге үлгі Орақ Жауырұлының бойындағы тамаша талант пен ғажайып өнер арғы аталарындағы атақты би, жыршы-термеші, шежіреші болған сарқылмас халықтық өнер бұлағымен келді.

"Туған жер – алтын бесік". Туған жерге ғашықтық, перзенттік сағыныш сезімі Орекеңді 1999 жылы Атырауға алып келіп, Д.Нұрпейісова атындағы музыка колледжіне директорлық қызметке 2- мәрте тағайындалды.

Шындығы керек, дәл осы жылдары колледж ұжымында моральдық, психологиялық ахуал нашарлап кеткен болатын. Міне, осындай сын сағатта басшылық жұмысқа тағайындалған Орекең өзіне сеніп тапсырылған үлкен міндетті абыроймен атқарды. Алдымен ұжымдағы тәртіп пен жіберілген кемшіліктерді жолға қойып, оқытушылар арасындағы психологиялық ахуалды тез қалыпқа келтірді. Басшылық жұмыспен – колледж халық-аспаптары оркестрінің дирижері, ұстаздық қызметін қатар атқара жүріп, оркестрдің репертуарын жаңартып, жаңа күйлер, күрделі классикалық шығармалармен толықтырды.

Сонымен мені Алматының дәмі тартты. Маңдайға жазған тірліктен қайда қашып құтыларсың. Тау-кен факультетінің студенті болғаным сол себепті, - деп еске алады Александр жастық шағын еске түсіріп.

Шәкен КҮМІСБАЙҰЛЫ, «Дос-Мұқасан». «Өнер» баспасы. Алматы.2007 жыл.

***

Елбасы Жарлығымен 2000 жыл "Мәдениетті қолдау" жылы болып белгіленіп, хан сарайындай болған қазіргі "Халықтық музыка академиясы" болып аталған осы өнер ордасының жаңа ғимаратының алғашқы іргетасы қаланып, кластар мен концерт залдары, кабинеттер жаңа үлгі бойынша безендірілген уақыттарда Орекеңнің өмірден мол тәжірибе жинақталған ұйымдастырушылық, іскер басшылық қабілетін көріп тағы да сүйсіндік.

Қазір де Орекең тек қана облысымыз емес, кең байтақ Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі өнерсүйер қауымның өнерлеріне тәнті, табыстарына сүйсініп, әркез ықыласпен қол соғып отыратын Н.Жантөрин атындағы филармонияның көркемдік жетекшісі, "Нарын" фольклорлық оркестрінің бас дирижері қызметтерін абыроймен атқаруда.

"Нарын" оркестрінің дәл бүгінгідей кәсіби орындаушылық өнер ұжымы болып қалыптасып, оның атақ-данқының бұл күндері кең-байтақ республикамызға ғана емес, алыс-жақын шетелдер асып, төрткүл дүниеге танылуына, шыңдалуы мен осындай дәрежеге жетуіне Орақ Жауырұлы зор еңбек сіңіріп келеді.

Оркестрге бас дирижер, филармонияға көркемдік жетекші болып тағайындалған ең алғашқы күннен-ақ Орекең Н.Жантөрин атындағы филармонияның директоры, рухани мәдениетіміз бен халық музыкасының шын жанашыр азаматы, үлкен өнер иесі АсқарХаресов ағамызбен бірлесіп, ұжымда көптеген тың, жаңа өзгерістер мен концерттік бағдарламаларды дүниеге әкелді.

"Нарын" фольклорлы оркестрі базасында облыс дирижерлерінің тұңғыш курсы ұйымдастырылды. Курс бітірушілері оркестрмен дирижерлік тұғырға көтеріліп, концерттерін берді. Бұның өзі Орекеңнің кейінгі ерген ізбасарларына, шәкірттерін деген ерекше қамқорлығы, көмегі еді.

"Нарын" фольклорық оркестрі гастрольдік сапарлармен еліміздің бірнеше қалаларында, облысымыздың барлық аудандарында болды.

Халықаралық ТМД және Балтық бойы елдері қатынасқан фольклорлық музыка фестивалінде (2001 ж. Ростов қаласы) лауреат атанып, Оңтүстік Кореяда (2003 ж. Сори фестивалі) 13 мемлекет қатынасқан "Жібек жолы" елдері фестивалінде халықаралық сертификатқа ие болды.

Кейінгі уақытта Орекең мен Асекең (А.Харесов) ағалардың шынайы өнерге деген жанашырлық, жастарға деген қамқорлықтарымен филармония мен Д.Нұрпейісова атындағы Халықтық музыка академиясы, Атырау музыка академиясы, Атырау музыка колледжі оқу орны арасында кең көлемде байланыс нығая түсті. Колледж түлектері мен оқып жатқан шәкірттеріміздің "Нарын" оркестрімен жиі-жиі үлкен сахналардан көрініп жүруі – бұл сөзіміздің айғағы.

Филармония жанынан 2002 жылы ер балалары хоры құрылып, Ақтөбеде өткен "А.Жұбанов көктемі", Түркияда өткен халықаралық фестивальде лауреат атанды.

2003 жылы Махамбеттің 7 күйін тұңғыш рет "Нарын" оркестрі орындаса, 2004 жылы Г.Қуанышбаевның жетекшілігімен "Қобызшылар квартеті" ашылды.

"Ауыл жылдарына" орай, оркестр 2003, 2004, 2005 жылдары барлық ауылдарға концерттік бағдарламаларын ұсынып, оларға филармония әкімшілігі мүмкіндіктеріне қарай концерттік киімдер мен сахналық безендірулерді сыйға тартты. "Мәдени мұра" бағдарламасына орай, оркестрде А.Жұбанов, Е.Брусиловский, Қ.Мусин, Л.Хамиди т.б. композиторлардың шығармалары орындалып, филармония залында әсерлі "Күй кештерін" өткізу дағдыға айналды.

60, 70, 80- жылдары үнтаспаға жазылған жергілікті өнерпаздардың ән-күйлерін бүгінгі техникаға сай қайта түсіріп, бейнетаспаға жазып, 200-дей туындыны қазақ радиосының қорына беру – кез-келген адамның қолынан келе бермейтін абыройлы іс. "Жігітке жеті өнер де аз" дегендей, бармағынан бал тамған Орекең бойындағы жоғары кәсіби деңгейдегі дирижерлік қабілетімен бірге тамаша домбырашылық талантымен де танылып, алыс-жақын шетелдерде Москва, Ленинград, Токио,

Новосибирск, Ташкент, Будапешт, Лиссабон, Лондон, Сеул т.б. қалаларда елдерде болып, төрткүл дүниені аралап, қазақ өнерін паш етті. Халықаралық байқаулардың лауреаты атанып, халықаралық сертификат иегері болды.

Орекең- атақты Құрманғазы атындағы академиялық оркестрмен 2 дүркін концерт берген айтулы өнер иесі. Ол 2004 жылы "Үздік музыкант" номинациясы бойынша облыс әкімі А.Мусиннің алғыс хаты мен арнаулы сыйлығына ие болды.

Орақ Жауырұлы үстіміздегі жылдың 20 маусымында облыс зиялы қауымы өкілдерінің Н.Ә.Назарбаевпен болған кездесуіне қатынасып, үлкен әсер алғанын "Елбасының қолымды қысып құттықтағаны менің өмірімнің ұмытылмас бақытты сәттері болды", - дейді үлкен тебіреніспен.

Орақ Жауырұлының музыкалық оқу орындарына арналған "Орақтың 10 этюді", "Ақ көгершін", "Жайық асу" сияқты еңбектері, 60-қа тарта оркестрге лайықталған партитура, әдістемелік жұмыстар, "Сайран-ай", "Қайран", "Қайыршақты" күйлері, 4 компакт-диск секілді жеке шығармашылық еңбектері бар.

Орақ Жауырұлы өмір жолындағы жарқын істері республикамыздың мәдениеті, оның ішінде аспаптық кәсіби музыка өнерінің дамуына қосқан зор еңбектері үшін бірнеше рет ҚР Білім және мәдениет министрлігінің, облыстық басқармалардың Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Ол ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдық мерекелік медалі, ВЦСПС-тің Құрметті мәдениет қызметкері, ҚР мәдениет қайраткері атақтарын иеленіп, ҚР білім беру ісінің үздігі белгісін өңіріне тақты.

Иә, жылқыда да жылқы бар – қазанаты бір бөлек.

Жігітте де жігіт бар- азаматы бір бөлек, - деген өнер иесі, ардақты азамат, Н.Жантөрин атындағы филармонияның көркемдік жетекшісі, "Нарын" фольклорлық оркестрінің бас дирижері, халықаралық байқаулардың лауреаты, халықаралық сертификат иегері, ҚР білім беру ісінің үздігі, домбырашы О.Жауыров өзінің мерейлі жас тұғырына осындай шалқар шабытпен көтеріліп отыр.

Нәсіпқали ТӨЛЕГЕНҰЛЫ,
Д.Нұрпейісова атындағы Халықтық музыка академиясы,
Атырау музыка колледжінің халық аспаптар бөлімінің меңгерушісі.

ЖҰМБАҚ ЖОЛАУШЫ

Сәкенан Санбаев... Атырау аймағына аты мәлім халық мұғалімінің ұлы. Ол күрмеуі көп, күрделі тағдыр иесі. Әкесі Хамза жас кезінде Батыс өңіріндегі мынау деген мықты азаматтармен таныс-біліс, үзеңгі жолдас болған адам еді дейді білетіндер. Мәселен, оның 1915 жылғы алғашқы қазақ дәрігері Халел Досмұхамедовпен тізе қоса отырып, елге обаға қарсы егу жұмыстарын жүргізгені, тұңғыш юрист, Дума депутаты Бақытжан Қаратаевпен бірге 1920 жылы Ойыл ревкомында қызмет істегені, кейін Мақат поселкесінде мектеп ашып, 40 жыл бойы ұстаз болып еңбек еткені көп жайтты аңғартқандай. Осындай отбасында өмірге келіп, тәлім-тәрбие алған Сәтімжан орта мектепті үздік бітірген соң Ресейдегі Орынбор ауыл шаруашылық институтына оқуға түседі. Бұл жерде спортпен шұғылдануды қолға алған ол үшінші курстың өзінде-ақ классикалық күрестен РСФСР құрама командасына қабылданып, одақтық аренада өнер көрсете бастайды. Бірақ... Иә, бірақ күтпеген жерден болған автомобиль апаты оның өмірін мүлдем басқа арнаға бұрып жібереді.

... Жол оқиғасынан қатты жарақат алып, жарымжан күйге түскен кейіпкеріміз Ялта қаласында бір жарым жыл бойы төсекке таңылып, дәрігерлердің ерекше бақылауында болады. Кейін сырқатының беті бері қараған соң ауруханада жатып, жазу жұмысымен айналыса бастайды. Алғашқы тырнақалды туындысы «Дала жұлдыздары» повесін ол, міне, сол Қырымдағы емхана төсегінде жатып жазған еді. Орыс тілінде өмірге келген бұл шығармасын Сәтімжан аға Мәскеудегі «Советский писатель» баспасына жібереді. Көп кешікпей ол жақтан хат та алады. Онда: «Кітабыңыз бізге ұнады. Енді сізбен ақылдаса отырып, қолжазбамен жұмыс істеуіміз керек. Сол үшін жеке әңгімелесуге бізге келіп кетіңіз. В.Карпов», - деген жылы лебізге толы жолдар бар еді. Бұл 1967 жыл болатын.

Ал 1969 жылы Мәскеуде жас ақын-жазушылардың бүкілодақтық кеңесі өтті. Ондағы проза секциясына арналған семинарды Шыңғыс Айтматов жүргізді. Сәтімжан аға атақты жазушы талқысына сиясы әлі кеуіп үлгермеген «Ақ аруана» повесін ұсынды. Басқа қалам иелерінің шығармаларынан гөрі осы туындыға көп тоқталған Шыңғыс Төреқұлұлы: «Ақ аруана» авторынан нағыз жазушы шығады. Мен бұған сенімдімін» , - деген аталы сөзін айтты.

1972 жылы «Простор» журналының бірінші санынан Сәтімжан Санбаевтың «Аңызды аңсағанда» атты повесі басылды. Бұл оның «Дала жұлдыздары», «Тағы бір жаз», «Ақ аруана», «Көпажал» туындыларынан кейінгі тарихи тақырыпқа арналған кезекті шығармасы еді. Аталмыш повесть жарық көрісімен-ақ Сәтімжан аға «Вопросы литературы» журналы бас редакторының орынбасары Е.Осетровтан: «Қымбатты дос! Сіздің шығармаңызды өз басым тариҳқа деген терең сезімге толы талантты да тамаша поэтикалық туынды дер едім. Жақсы шығарманы дүниеге әкелеуіңізбен шын жүректен құттықтаймын!» деген жеделхат алды.

Сөз орайында, шығармаларын орыс тілінде жазатын біздің кейіпкеріміздің кезінде өз күшін аудармашылық, тәржімешілік өнерде де сынап көргенін айта кеткеніміз жөн. Оған оның алғашқылардың бірі болып Абайдың « Қара сөздерін» аударып шыққанын айтар едім. Бұған сонау алпысыншы жылдардағы ұрпақтардың бойындағы буырқана оянған ұлттық сана-сезім рухынан туған қажеттілік қозғау салған еді. 45 сөзден тұратын ұлы ақын «Ғақлияларын» тәржімелеуге кіріскенде, Сәтімжан аға небары 26 жаста ғана болатын. 1968 жылы басталып, 1970 жылы аударылып біткен бұл дүние Абайдың 125 жылдық тойы кезіндегі үлкен оқиға болды.

Өзгеге ұқсамайтын өнер иесі Сәтімжан Санбаев туралы сөз еткенде, оның денсаулығының дімкәстігін оптимизмге жеңдіріп, бойындағы тағы бір қабілетімен «Қазақфильмдегі» сол кездегі ұлттық кадр, колорит жетіспей жатқан киноактерлік салаға да атсалысуын айтпай кетпеуге болмайды. Бұл бағытта оның В.Карповтың «Ұшқиырсыз жол» фильміндегі комиссар Әліби Жангелдинді, А.Әшімовтың «Шоқан Уәлиханов» телесериалындағы Тезек төрені, С.Тәуекеловтің «Батыр Баян» картинасындағы Абылай ханды бейнелеген рөлдерін көрермен қауым жақсы біледі ғой деп ойлаймыз.

Жазушы, аудармашы, киноактер Сәтімжан Санбаев! Иә, әдебиетке алпысыншы жылдардың ортасында келіп, жетпісінші жылдардың басында творчестволық бар күш-қуатын айқын таныткан бұл есім сол кездегі оқырман қауымға өте жақсы таныс еді. Ол уақытта біздің кейіпкеріміз өзінің жастығына қарамастан, қазақ қаламгерлерінің ішінде бірінші болып «Ақ аруана» повесі арқылы Бальзак, Золя, Моппассан, Антуан де Сент-Экзюпери, Хэмингуей сияқты сөз зергерлерімен бірге «Әлем классиктерінің антологиясы» сериясына кіріп, шығармалары 16 тілге аударылып үлгерілген болатын. Ал кейінгі кезеңде ше?

Одан бергі уақытта да ол тынбай еңбек етті. Кесек туындыларды өмірге әкелуге күш алды. Бұған жазушының оқиғалар желісі бір-бірімен сабақтас 4 роман («Площадка», «Площадь», «Карьер», «Карьера» жазуы анық дәлел. Бірақ бірде-біреуі жарияланбады. Әсіресе солардың ішінде «Алаң» романының тағдыры аянышты-ақ. Бұл қолжазба 1986 жылы баспаға қабылданып, жарыққа шығуға жақын қалған кезде цензураның пәрменімен өндірістен алынып тасталынды. Бір гәп ондағы басты кейіпкерден Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың прототипі көрініп тұрғандығында еді. Автордың қиналып жүргенін білген Димаш Ахметұлы 1987 жылы жазушыға оның өз көңіліне қарамауын, сөйтіп, романдағы басты кейіпкерді өзгертіп, кітабын шығара беруін айтқаны бар. Бірақ автор оған көнбеді. Ол өзінің әу бастағы позициясын өзгертпейтінін, қажет болса өмір бойы сол пікірінде қалатынан мәлімдеді. Төрт романнан тұратын сол туынды қазіргі нарық қиыншылығына байланысты әлі шыққан жоқ. Бұл шығармалар жарық көргенде, оқырмандар оны қызыға оқыр еді.

...Әу баста ол басқа мамандықтың иесі еді. Тағдыр оны жазушы, киноактр етті. Сәтімжан Хамзаұлы бұған өкінбейді. Өйткені ол өзгеге ұқсамайтын өмір иесі. Жұмбақ жан, жұмбақ жолаушы...

Ж.ӘЛИХАНҰЛЫ,
журналист.
1999 жыл.

КҮЙ ӨНЕРІНІҢ ГЕНЕРАЛЫ

«Кісінің өзі қартайса да көңілі қартаймайды» деген бар. Пайғамбар жасынан асып кетсек те, кейде көңілдің көк дөненіне мініп, болашақ өміріңді армандап кететінің рас. Кейде өткен өміріне шегініс жасап, жастық шағында не істеп, не қойдың, соған есеп беретінің бар. Бұл фәниде кіммен жолдас болып, кіммен сырлас болдың? Берген сөзіңнен, айтқан уәдеңнің үдесінен шыға алдың ба? Соның бәрін орындап тастауға өзің ұмтылғаныңмен тағдыр саған мұрсат берді ме? Бірақ осының бәрі азаматтық арыңа сын болып қалары сөзсіз ғой.

Осындай бір ой арада сан жылдар жылжып өтсе де, санамнан өшпей келе жатқан-ды. Сәті түсіп, сол түйткілдің түйіні шешілгендей. Ұзақтан орағытып жатудың қажеті не? Төтелеп айтқанда, қазақтың барлық баласына белгілі үлкен

дарын иесі, қайталанбас дәулескер күйші Генерал Асқаровқа осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын өзі туралы бір көркем очерк жазуға берген уәдем бар-ды. Созақ аудандық «Молшылық үшін» газетінде істеп жүрген жерімнен аяқ астында шығып кеттім де, сабақты иненің сәті бір түспеген.

Басқа-басқа, менің Генерал Асқаровты жазбауым ұят. Өйткені, Генекеңмен қатар тел өстік. Бір сыныпта оқыдық. Өнердегі қадамымызды да бірге бастадық. Ол оқып жүргеннің өзінде домбырасын тастамай, үнемі өзімен бірге алып жүрсе, менің қолымнан қаламым түсіп көрген емес.

Дәл бүгінгідей, әлі есімде. Біз орта мектепті бітіретін 1957 жылы Бухарестe Дүниежүзілік студенттер мен, жастардың фестивалі өтетін болды. Бұл үлкен мерекеге жер-жерде дайындықтар қызу жүргізілді. Бұл думаннан біз бітіргелі отырған Шолаққорған орта мектебінің ұжымы да тыс қалған жоқ. Фестивальға қатысу жолдамасын алу үшін өнер сайыстары, жеңімпаздар анықталып жатты. Домбыра тартудан Генерал, өлең жазудан мен, ән салудан Рысқұлбеков (атын ұмытыппын) жеңімпаз атанып, облыстық жарысқа жолдама алдық. Не пайда, интернатта жатып оқитын мен қаржы табылмағандықтан бара алмадым. Ал Генерал болса облыста да жеңімпаз атанып, сол кездегі астанамыз Алматыға аттанып кетті. Оның күй тарту шеберлігіне дүйім көпшілік тәнті.

Сондықтан Генерал сынақтан сүрінбей өтіп, Москвадан бір-ақ шығатынына сенімді едік. Бірақ Генералдың Алматыдан жүні жығылып, көңілсіз оралды.

-Әй, Генеке, не болды?- деп сұраймын тағатсызданып, - Сені Москваға жібермеуі мүмкін емес еді. Сонда қалай болғаны?

- Сары бала, арғы жағын сұрама. Бұл шіркін: «Атышулы Созақтан ба? Москваға жолдама берілмесін»,- депті. Әділетсіздік деген осы екен ғой, - деп ол қолын бір сілтеді күйініп.

-Қандай қиянат? Бұған қатты налыма! Біздің болашағымыз бар. Әлі талай фестивальға қатысармыз., - дедім жұбатып.

-Домбырам аман болып тұрса, көрсетемін әлі талай.

Генерал белін бекем буғандай, жүрелей отыра қалып, Құрманғазының "Кісен ашқанын" бебеулетіп бір толғап тастады.

1960 жылы аудандық газетте әдеби қызметкер болып, жаңадан істеп жатқан кезім. Бірде мен отырған жайға Генерал кіріп келді.

-Әй, сары бала, жаңа қызмет орның құтты болсын деп айтуға кіріп қалдым, – деді. Домбырасын қабынан алып, жанына қойды. Хал-жағдай сұрасып, біраз отырғаннан кейін:

-Ұжымыңды бір жерге жина, мен сендерге біраз күйлер тартып, құлақ құрыштарыңды қандырайын,-деді.

-Ойбай, Генеке, жұмыс кезі ғой, мұныңа газет редакторы келісе қояр ма екен? – деп едім.

-Ақша төлеп те концерт көресіңдер ғой. Ал менің концертім тегін, - деді.

Бастығымыз қытқымыр, қаталдау кісі болатын. Соны тілге тиек етіп едім, ол:

-Өзім-ақ кіріп айтамын, - деп редакторға кетті.

Қалай тіл табысқанын қайдам, ол редактор алдынан көңілді шықты. Екі жеңін түріңкіреп алды да, домбырасының құлағын бұрап, күйін келтірді. Отырғандарды барлай бір қарап, баяу қоңыр даусымен күй өнерінің тарихынан аздап сыр шертті. Сәл қомданып алып, күй нөсерін бірінен кейін бірін ағытты-ай келіп! Мінезі қаталдау дейтін редакторымыздың өзі күй әуеніне еріксіз балқып, тапжылмай тыңдаумен болды.

Шағын концерт аяқталып, көпшілік орнынан көтерілгенде, редакторымыз аса қатты көңілденіп:

-Әкең Әбдірауықтың көзін көріп едім. Топырағың торқа болғыр, тым ақкөңіл, көпшіл азамат еді. Бүгін сол Әбекең тіріліп келгендей сезімде қалдым. Рақмет, шырағым, - деп арқасынан қағып, бетінен мейірлене сүйді. Бастығымыздың қатқылдау болып көрінуі әншейінде екен ғой, күйге оның мың бұралып әуелеген әуеніне елтитін бұл кісіде де жүрек бар екенін досым ұқтырып кеткендей болып сезілді бізге сол жолы.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары басында іссапармен жолым түсіп, Генерал Асқаров бас агроном болып қызмет істейтін "Сызған" ұжымшарында болғаным бар. Шіркін, ауыл әр кезде мейманға кеңпейілділік танытып тұрады ғой. Әсіресе шығармашылық өкілдерінің үлкені, мейлі кішісі болсын, төбелеріне тік көтеріп алатыны бар. Қанша сыпайылық білдіріп, қарсылық көрсетсем де, ақ дастарқандарын жайып, қош алғаны. Көптің ішінде сыныптасым Генерал да бар. Осы жиында Генекең таң атқанша күй тығынын ағытты-ай келіп. Анда-санда әнге де ерік беріп қояды. Домбырада тыным жоқ. Бірде Сүгірдің "Кертолғауын" бебеулетіп, түнгі аспан астын шымырлатып, алқара көкті мұнға бөктірсе, бірде Құрманғазының, Динаның, Тәттімбеттің күйлері шалқып төгіліп, Қазмолдақ ауылының төбесінде тамылжып тұрып алды. Ара-тұра "Дала еркесі", "Сен ғана", "Түсіндірші, сүйіктім" сияқты өз әндерін орындады.

Тыныстауға сыртқа шыққанымызда, шығыс жақ күміс нұрға бөленіп, таң сібірлеп атып қалған екен. Жаздың қысқа түні күрмеуге келмейді деген осы. Тек досымның тартқан күйлері мен салған әндері таңдайымызға татып қала берді.

-Сары бала, - деді ол маған қарап. – Биыл егіннің шығымы жақсы. Соған орай түсімі де жаман болмас. Сыныптасыңның абыройы бұрнағы жылдағыдан бір көтеріліп қалар. Кезекті еңбек демалысыңды алып келсеңші, арқаны кеңге салып, елді, жерді аралап, аяқты кеңінен көсілдірейік, - деген еді.

-Ән-жырдың генералы айтты, біз көндік, - дедім мен әзілдеп.

-Сары бала, артық кетпе, шертпе күйдің генералдары Тәттімбет, Сүгір, Төлеген Момбеков, төкпе де, шертпе күйлердің шеберлері Файзулла Үрмізов, Ергентай Борсабаев. Міне, осылар домбыра толғаудың хас шеберлері, яғни генералдары. Ал мен әншейін қатардағы сарбазымын ғой, - деді кеңкілдей күліп.

Мен қайтып, Сызғанға соға алғаным жоқ. Мұнан кейін сыныптасым Генерал Асқаровпен жолым түйісіп, жолыға алғаным жоқ. Тек 1999 жылы газеттен Генерал дүниеден өтті деген хабар оқуды маған жазыпты. Жазымыштан озымыш жоқ деген. Амал бар ма, тек көкірегіме өксік тығылып, жанарым жасаурады. Әттеген-ай, өнер адамдарының ғұмыры неге қысқа болады екен? Генералдың мына өмірге бергенінен берері көп еді. Ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, агроном болып істесе де, өнерден бір қол үзген емес. Домбырасын толғаумен, әр күнін жырлаумен өткізді. Тіпті Генералдың тұла бойын үнемі саз әуендер керней өтті десе де болады. Мұндай адамдардың топырағы да саз толғап, әуезді үн шығарып жатады десе, мен кәміл сенерім хақ.

Генерал қайын атасы, қыл қобыздың хас шебері Жаппас Қаламбаевты қатты қадірлеп, пір тұтатын еді.

-Осы Жапекеңнің арқасында өнер майталмандары, әйгілі күйшілер Рүстембек Омаров, Қали Жантілеуов, әндерін аспанда ұшып бара жатқан аққулар қайырылып тыңдайтын Манарбек Ержанов, Ғарифолла Құрманғалиев, Жүсіпбек Елебеков, Жамал Омарова, Роза Бағлановалармен аралас-құралас , сыйлас болдым, - деп отыратын.

Сөз орайы келгенде айта кетейін, жуырда тағы бір сыныптасым, ұлағатты ұстаз, көп балалы ана, ұзақ жылғы еткен еңбегінің зейнетін көріп отырған Сәуле Бердібайқызымен кездесіп, ұзақ әңгімелескенім бар. Әрине, сыныптас болған соң, бірінші азаматтың мектеп өмірі еске түсіп, тілге тиек болары рас. Апырай, солардың көбісі ол дүниелік болып кеткен. Қалғанымыз санаулы-ақ. Сонда Сәуле тұрып:

-Біз Генерал сияқты абзал жанмен сыныптас болып, бірге оқығанымызды мақтан тұтамыз. Қай жерде де, қай кезде де Генералдың атымен мақтана аламыз, - деді.

Рас-ау, Генералдың сыныптасы біз ғана емес, оның атымен бүкіл қазақ баласы мақтана алатынына өз басым имандай сенемін.

Қуаныш НҰРМАШҰЛЫ,
Шымкент қаласы.



СЕМБЕК ЖУМАГАЛИЕВ

Заслуженный артист РК, певец,.

На престижном Всесоюзном фестивале артистов советской эстрады в городе Ленинграде в 1979 году, где Сембек получил первую премию, народный артист СССР Аркадий Райкин, который был членом жюри, произнес знаменательную фразу, обращаясь к представителям Минкультуры нашей республики: «У этого парня в горле бриллиант. Берегите его!» (потом певца прикалывали по этому поводу: «Если у тебя бриллиант в горле, то где бабло?»). Этим было сказано все: голос у Сембека

действительно бриллиантовый. Когда он пел на концерте в составе «Дос-Мукасана» (Сембек в одно время работал в этой группе), в зале стояла такая тишина, что слышно было, как мухи летают, а потом, когда песня заканчивалась, зал неожиданно взрывался аплодисментами! Можно было зазнаться на все сто, но Сембек остался скромным, без дешевых понтов.

Этот скромный джигит с удивительным голосом родился в 1953 году в городе Гурьеве, который сейчас называется Атырау. Окончил эстрадно-цирковое училище в 1975 году. Потом два года стажировался в Государственном институте театра, музыки и кино в Ленинграде, работал в ансамбле «Гульдер». Участвовал в 1980 году в Братиславском песенном конкурсе «Братиславская лира» и стал лауреатом. Был участником и почетным гостем не менее престижного конкурса песни «Зелена гура» в Польше. С 2000 по 2004 год работал директором и худруком молодежного музыкального коллектива «Атырау» в городе Атырау. Сейчас Сембек является солистом «Казахконцерта» и преподает в республиканском эстрадном колледже. Теперь он может гордиться не только своим уникальным голосом, но и своими учениками. Двое из них уже приняли участие в песенном конкурсе «Шабыт» и стали лауреатами.

САХНАНЫҢ СЕРІ СЕМБЕГІ



Көгілдір көктемі ерте қауышқан Алматы мен алматылықтар үшін Наурыз айында Республика сарайында өткен қазақ эстрада өнерінің өршіл әншісі Сембек Жұмағалиевтің творчестволық мереке кеші нағыз ән базарына ұласып жатты. Өйткені белгілі өнер шаңырағы "Гүлдер" ансамблі сапында ән салған балаң жігіт әншінің тұңғиықты дария дауысы әнді аялап, өнерді бағалайтындарын шын сағындырып жүрген еді...

КЕЗДЕР-АЙ, ЕРКЕ КЕЗДЕР-АЙ

Әншінің мерекелік бағдарламасы осылай деп аталынды. Шынында да, биылғы жылы ер жасы елудің төріне төрлеген Сембек Қадірұлының жастық кезеңінің желкенді жылдары мен еркелі жылдары ән өнерімен бірге есейіп келетін-ді.

Қайда барсам жанымда ән серігім,

Дәуренімде мен бір сал- серімін, - деп өнермен қанаттанған әнші ағаның мерекелік кешін қазақ елі өнерінің хас шеберлері Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Қапаш Құлышева, Нағима Есқалиева, тағы басқалар ән маржанымен әлдилесе, Қорғаныс министрлігінің оркестр құрамы сахна ажарын айшықтата түсті. Өнер кешін қазақ әндерінің бастауы "Дударайменен" бастаған Сембектің репертуары, одан әрі "Карнавал", "Ауылың сенің іргелі","Алтынай" сынды жоғарғы тыныстысәндерімен әсерленіп жатты. Көкірегін ән кернеген көрермен қауымның Мақпалмен орындаған "Ғашықтар жырын", Б. Қоқамановтың "Атырауым" әндерін шын ықыласты қошаметке ұластыруы әншіге сағыныш пен сыйластықтың білікті бағасы болатын-ды.

Мерекелі кеш төрінен Мәдениет министрі Д.Қасейіновтің, Атырау облысының әкімі А.Мусиннің Алғыс хаттары оқылып, әншіге деген естелік сыйлықтары ұсынылуы С.Жұмағалиевтің өнеріне деген биік баға іспеттес құрмет еді.

ӘНШІЛЕР БАТАСЫМЕН ӘЛДИЛЕГЕН ӘЛИНҰР

Сахна саңлағы Сембек азамат пен оның өмірдегі жүректес жары Айгүлдің шуақты шаңырақтарының көзайымы болып, кішкентай Әлинұр ержетіп келеді. Ахмет Байтұрсынұлының:

Балам деген елі болмаса,
Елім деген бала қайдан шығады,-

деген даналық сөзіне тоқтам жасаған ата-ана, отаудың төлбасы ұлдарының тұсау кесер рәсіміне Алматыдағы әсем кештің бір парақ бөлімін арнаған-ды. Тұсау кесу – қазақтың өмір сапарының сәтті болуы үшін ақ ниетпен жасаған ырымдарының бірі. Осы қалыптасқан дәстүр тұрғысында рәсімді жүргізу Атырау елі атынан мәдениет саласы ардагері Н.Үлкенбаевқа жүктелініп, өнерлі аға тілегі әншілердің батасына ұласып жатты. Абайдың "Адамның бір қызығы бала деген" саралы сөзімен қанаттанған ата-ана құшағында әлдиленген кішкентай Әлинұрға біз де өмірдің өрнекті де өнерлі асуларының ақ жолын тіледік.

ӨТКЕН ЖЫЛДАР ӨКІНІШІМЕН

Жылдар қауышқан сайын, бәрі де еске оралады. 1979 жылы Ленинградта өткен Бүкілодақтық эстрада конкурсына барып, лауреат атанып қайтқан әнші, дереу сол кездегі ҚР Мәдениет министрі Жексенбек Еркінбековке шақырылып: "Сені конкурска кім жіберді? Біз жіберген жоқпыз",- деген сауалдар қойылып, қабылдау соңы министрдің: "Запомни, я перед тобой стена",- деген салқын сөзімен аяқталады. Содан кейін-ақ Сембек үшін соқпақты жолдар тоскауылы басталады. Сол шақтағы ірі ән байқауы "С песной по жизни" конкурсына шақырылған жолдамасы тәркіленіп, 1980 жылы Мәскеудің орталық радио мен телевидениесіне барып жаздырған "Дударай" әні эфирден қысқартылады. Тіпті С.Жұмағалиевтың жеке басы тәртібі тұрғысында "компроматтар" "Лениншіл жас" газетіне жарияланады. Кімнің жолын кескендігін әлі күнге дейін түсінбейтін дария дауысты әнші, оны өмірдің бақытты да болашақты сәттерінің күтіп тұрғандығына, сол кездерде де шын сенімді еді...

ӨНЕР ӨЛКЕСІНДЕГІ ӨРЛЕУЛЕР

Кім білсін, соңау желкілдеген жастық шағында өнерді серік еткен бала Сембек өз туған жеріне, Ақ Жайықты өлкесіне өнерлі қолтаңба қалдырсам деп армандаған да шығар. 1995 жылы елге оралған әншінің жылдар жетегінде армандары жол тауып, облыс әкімі И. Тасмағанбетовтың қолдауымен "Атырау" жастар ансамблі құрылды. Ансамбль директорлығы мен көркемлік жетекшілігін қоса атқарып жүрген Сембек – басшы ұжымға өнерлі 30-ға тарта жасты біріктіріп, сахна шеберліктерін шыңдады.Ұжым мүшелерінің тек қана қала сахнасының әншілері мен бишілері болып қана қалмай, облыстың ауылдық аймақтарын ән-күймен сусындатуды мақсат еткендері көңілге қуаныш ұялатады.

Ұлы Махамбет жырларының екпіні мен Исатайдың Ақтабан атының дүрсілі толастамаған киелі дала – Нарын өлкесімен үндесе, ерке Ақ Жайығымен, кәрі Каспиймен тілдесе, алыстарға көз шалған бүгінгі Атырау - өнердің өркенді ордасына айналған ел төрі, өнер кешінің мекені.

Әзидолла мен Рысбай, Ілия мен Сәуле бастаған саңлақтар сапында кешегі дарыны дүркірей естіле бастаған дала ұлы, бүгінгі сұлу сазды сахна серісі Сембектің де өз жолы, өз биігі бар...

Әділ ҚОЙТАНОВ,
Сәйпеден СИДАҒАЛИЕВ.

СЕМБЕК ШЕРТКЕН СЫР

- Мен қазір шәкірт тәрбиелеп жатырмын. Бұлардың оқысам, үйренсем деп келгеніне разымын. Ал оқып білмей жатып, әнші атанып жатқандар да бар ғой. Соларға қарасам, қарным ашады. Абай атамыздың «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» дегеніндей талантты жастарымыз баршылық. Бірақ ұқсап баққандардың саны басым түсіп кетті. Кейбіреуінің деңгейі ортадан төмен.

***

-Кеңес кезеңінде, яғни біздің заманымызда жоғарыда отырғандардың өнерге деген көзқарасы оң еді. Отыз сегіз жастан кейін зейнеткерлікке шығатын бишілерімізді алпыс үшке дейін билетіп қойдық. Өнер адамы келе жатыр десе, шен-шекпенділердің өздері құрмет көрсететін, сыйлайтын. Барған жерімізде аяғымызды жерге тигізбейтін еді. Қазір талланттысы қайсы, талапсызы қайсы – айыру қиын. Бәрі бірімен-бірі араласып кетті. Енді келіп «қарнымыздың ашқанына емес, қадіріміздің қашқанына жылайтын» болдық. Тіпті ақшаң болса, қиналмай-ақ атақты да сатып аласың.

***

-Егер жанды дауыспен ән салу дегенді ұмытатын болсақ, онда кәсіби әншілерден айырылып қалуымыз әбден мүмкін. Тек қана домбыраның сүйемелдеуімен әуелете шырқайтын дәстүрлі әншілер ғана қалады.

***

-Неге екенін қайдам, бізде жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптаған топтар көп, әйтеуір. Осы топ деген атаудың өзі маған тобыр сияқты ерсі естіледі. Бізде сан көп, бірақ сапаға жете алмай отырмыз. Топтар аталып жатады, мен ешкімді танымаймын. Кеше көрген тобыңды бүгін танымай қалатын кездер болады. Өйткені олардың аты басқа да, заты бір. Жас әншілерде өздеріне тән имидж қалыптаспаған. Мен бұл жерде жастарды тұқыртып, сынап жатқан жоқпын. Тек топ боп жұмыс істеген соң, басқадан ерекшеленіп, ортаға жарқырап шығу керек.

***

- Ғасырлар бойы шырқалып келе жатқан қазақ әніне сұраныс аз деп ойламаймын. Ал қазақ әні жоқ деп кесіп айтатындар– қазақ әнін менсінбейтіндер. Олардың миларын

шетелдің музыкасы жаулап алған. Өздеріңше оны «мода» деп ойлайды. Құдайға шүкір, бізде талантты ақын да, талантты әнші де, талантты композитор да бар. «Әншілердің дарындысын, әннің сапалысын ғана эфирге жіберуді қадағалайтын орталық болса ғой», - деп әлі аңсап жүрмыз. Қазір жасанды әнші де, арзан күлкі де, мәнсіз ән де бір-бірімен қабысып барады.

***

Атақ деген адамға ынта қосады. Сондықтан атақ дер кезінде берілуге тиіс. Қартайғанда атақ кімге керек? Мәселен, Шәмші ағамызға «Халық әртісі» атағын берді. Бірақ қызығын көрмей, ауруханада көз жұмды. Мұқағали ақынды кезінде көре алмаған адамдар үшін, бүгінде Мақатаевтан артық ақын жоқ! Ішеді деп сөккендер оның асқан талантын қызғанды. Сонда адамның титығына жеткеннен кейін барып берілген атақ неге керек?

Әңгімелескен-
Ардақ ИМАНБЕККЫЗЫ

МЕНІ ЕЛГЕ ТАНЫТҚАН «КӨК ЖӘШІК»

Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, «Хабар» арнасының дикторы Қымбат Досжанды танымайтын қазақ жоқ. Әйелдік әдемілігімен, даусының жағымдылығымен, кәсіби шеберлігімен миллиондардың жүрегіне жол тапқан жүргізуші. «Көк жәшіктен» күнде көріп жүрген әріптесіміздің біз білмейтін әлемімен бірге таныссақ...



- Балалық шағым – сұлу Сырдың жағасында өтті. Көпбалалы отбасында өстім., бес ұл, бес қыздың ортаншысымын. Сәби кезімнен бастап үлкендер жағы «осы қыздан түбінде бірдеңе шығады» деп айтады екен.

Өзімнің бала күнімде: «Әттең, неге ұл болып тумадым екен?»- деп іштей күйінетінім есімде қалыпты. Қырсықтығым бір басыма жетіп артылатын. Негізі, өзімізді әжеме ұқсатамын. Әкем анасының аузынан түскендей, демек, әкеме де тартқанмын. Ұрқия әжем жалғыз ұлы мен қызын бір өзі асырап жеткізген, жапырағы жайқалған алып бәйтерек секілді. Келін алып, қыз ұзатып, көзінің қарашығындай қос құлынынан 20 шақты немере сүйді. Оныншы сыныпта оқып жүргенімде 82 жасында дүниеден өтті. Менің дауыс ырғағым, сөз сөйлеу мәнерім, дикциямды нағашыларым анама ұқсайды десе, әкемнің туыстары: «Бұл қыздың кесіп-пішіп сөйлеп, бірде-бір әріпті «жұтып» қоймай, анық айтатыны әжесіне тартқан»,- деп өре түрегеледі.

Әжеме қатысты бір қызық жағдай есіме түсіп отыр... Бірде үлкен әпкем Манат әжемнің бір абысынымен болмашы нәрсеге ұрысқан сәтін қызық көріп, екеуіне білдірмей магнитофонға жазып алады. Ол уақытта ленталы «Романтик» деген магнитофон болатын. Көйлегінің етегін түріп алып, бұрқылдап кетіп бара жатқан Шәрипа апаны саңқылдаған дауыс үйге қайта кіргізеді. Манат магнитофонды қосып қалып, өздеріне тыңдатқан кезде екеуі ішек-сілесі қата күліп, бір самауырын шайды бірге ішіп, ақыр аяғында әжем құрбысына көйлек кигізіп, шығарып салған екен. Бір таңғаларлығы, Шәрипа апа үнемі «Тойда тобық тимейді-ау тоқалдарға» деп ән салып отыратын. Әжемнен: «Осы әнді Шәрипа апа неге айта береді?» деп сұрайтынмын. Сонда әжем: «Енді қандай ән айтсын, өзі тоқал болса?!»- деп күлетін.

Мұны есіме түсіріп отырғаным, қазір ойласам, сол кездегі әже-апалардың ұрысқанының өзі классикалық ұрыс екен ғой. Бір ғайбат сөз жоқ, тек жүйелі сөзбен, дәйекті дәлел келтіре отырып, бір-бірінің алды-артын орап, бұлтартпайтындай етіп сөйлейді. Қазір біз солай ұрсыса да алмаймыз. Бір-бірімізге ішіміздегіні ақтарып айта алмайыз. Сосын барлығын ішіңе тығып алып жүргенің. Қызметте артық сөйлеуге болмайды, үйде балалардан ұят, одан қалса көршілер естіп қояды... тағысын тағылар...

Ақыр аяғында тепсе темір үзетін жап-жас адамдардың миына қан құйылып, өмірден кетіп жатады. Іштегі ашу сыртқа шықпағасын денсаулыққа, миға зақым келетіні сондықтан деп ойлаймын.

АРМАНДЫ СҮЙГЕН, АҚ КӨЙЛЕК КИГЕН...

- Маған тәлім-тәрбие берген ұстаздарымның барлығы керемет мықты кісілер. Мектептегі қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдері Шекер апай Уәлиева, Темірхан ағай Тебегенов – қазір Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессорлары. Орыс тілі мен әдебиетінен Римма апай, математиканы оқытқан Раушан апайдың үйреткені көп. Мектепте жүргенде кім болам деп армандамадым десеңізші... Таксист те болғым келді, әскерге неге қыздарды алмайды екен деп те ойланатынмын. Ақыр аяғында артист болуға бел байладым. Бірақ оған мен қап-қарамын, Меруерт Өтекешова секілді аппақ емеспін, ол кісінікіндей шашым да ұзын емес. «Менен қайдағы артист», -деймін іштей. Соған қарамастан, айнаның алдында тұрып алып, барлық өлең-қарасөздерді жатқа айтатынмын. Тоғызыншы сыныпта күнделігіме: «Мен диктор боламын»,- деп жазыппын. Сол кезде періштелер «әумин» деген болар.

ӨНЕР ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

- Оқуға түсу оңай болған жоқ, бірақ кітаппен дос болған балаға өнер институтының, журналистика факультетінің табалдырығын именбей аттауға болады деп ойлаймын. Мақтанғаным емес, курстастарым мені «Өнер энциклопедиясы» дейтін. Оқуға түсер алдындағы емтиханда Қажытай Ілиясовтың «Қоянның көңілі» деген сықақ өлеңін оқып бергенімде, Асқар Тоқпанов ағамыз көзінен жас аққанша күлген еді. Өленде қоянның арыстанның қызына құда түсіп келетіні айтылады. «Әліне қарамай, арыстанмен құда болғысы келгенін қарашы, мына қоянның»,- дейді Асқар аға. Мен: «Иә, бірақ ұл қоянда болып тұр ғой»,- деп әзілдеген едім. Қазір екі ұлым бар. «Бір арыстанның қыздарына құда түсермін барып»,- деп күлемін кейде...

Сонымен, не керек, актерлік шеберлік сынын беске тапсырып, Темірбек Жүргенов атындағы театр және кино институтының театр факультетіне оқуға түстім. Институтқа келгенде де профессорлар Асқар Тоқпанов, Шолпан Жандарбекова, Асанәлі Әшімов, Тілектес Мейрамов жылылық танытып, бауырына басқан.

2-курс оқып жүргенімде дикторлық конкурска қатысып, қазақ телевизиясының дикторы атандым. Содан бері осы саладамын, басқа қызмет ауыстырған жоқпын. Телевизия әлемінде мені құшағына алған Мариям Айымбетова, Ласкер Сейітов, Тыныс Өтебаев, Бақытжамал Ерманова, «Алатау» арнасындағы ұйғыр бөлімінің дикторы, әнші Дильназ Ахмадиеваның анасы Ризвангүл Ашимовалар еді. Әрқайсысы бір мектеп десем, қателесе қоймаймын.

Журналистика – керемет таңғажайып әлем. Ел сияқты газет-журналға бұрқыратып мақала жазып, атым шыққан жоқ. Мені таныткан – «көк жәшік». Бірақ экранда отыру үшін Құдай берген бір пайыз талантына қоса 99 пайыз еңбек керек дер едім. Бұл кәсіпті басқа ешнәрсеге ауыртырмаймын да, айырбастамаймын да. Бірақ өмір өтіп жатыр, біз де қартаямыз, сондықтан артымыздан ерген інісіңліге жиған-терген тәжірибемді үйретіп жүрмін.

«ҒАШЫҚ БОЛУ КЕЛСЕ КІМНІҢ ҚОЛЫНАН, ӘЛЕМ СОҒАН СЕНЕДІ»...

-Жалпы , өнерде жүрген адам ғашық болмауы мүмкін емес. Ғашықтық болмаса, бұл өмірде барлығы тұралап, тоқтап қалады. Жаңа дүние тумайды, көз жанары жарқылдамайды, қан дұрыс айналмайды. Сондықтан өмір бойы ғашық болып жүру керек. Сонда әдемілік те, сұлулық та сенің жаныңның серігі болады. Ұстазым Асқар Тоқпанов: «Жаңыл- менің жанымның жылуы, жүрегімнің лүпілі»,- десе, Жаңыл: «Асекең менің әкем де, шешем де, бауырым, балам әрі жан серігім»,- дейтін. Асекең ұстазым болса, Жаңыл әріптесім болды, бұл сол кісілердің өз аузынан естіген шындық!

Шолпан Жандарбекова: «Қыздар әдемісіңдер, таланттысыңдар, ертең сөзсіз сахнада жарқырайсыңдар. Бірақ жеке өмірді ұмытпаңдар, кішкентай кірпіштен үй тұрғызғандай етіп, өмірлеріңді өз алақандарыңда қалаңдар»,- дейтін. Мен де өз әлімше, жетпей тұрса кем-кетігін толтырып, өмірді алақанға салып тұрып, қалап жатқан жайым бар.

Хоббиіме келсек - іс тігу, жемпір, шәлі, шұлық тоқу. Қазақтың күйлері мен Елена Әбдікалықованың сыршыл, лиризмге толы әндерін тыңдау. Айгүл Үлкенбаевның шерткен күйін, Қосанова Айгүл сіңлімнің әнін жақсы көремін. Елмұра Жаңабергенованың айызыңды қандырып айтатын термелерін тұшынып тыңдаймын. Елмұра сирек талант иесі, баяғы Қаламқас Орашеваны еске салады... «Это старомодно» дейтін шығар баз біреулері. Бірақ менің жаным осыны қалайды, жүрегім қазақтың ән-күйлерін сүйеді. Бірақ әлемдік классикадан, поп музыкадан хабарым жоқ демеймін.

ТҮЙІН.

- Мен қазақтың қызымын ғой, жүрек түкпіріндегі сыр мен құпияның барлығын ашып айта бермейтін... Қызықсыз «кітап» болғым келмейді. Жұлдыз жорамал бойынша белгім – таразы. Сондықтан көп ойланып толғанамын, шешімге келуім қиын да тез. Шешім қабылдасам, кері қайту қиын, жеті өлшеп бір кескесін, солай болуы да тиіс шығар.

Ал өте шыншылдығым мектепте жүргенде де, институт қабырғасында да «таяқ» боп тиіп жататын. Турашылдығымнан талай опық жесем де, оған еш өкінген емеспін. Бұл өмірге адам боп келгеннен кейін атаның қаны мен ананың сүті арқылы берілген мінезбен қоштаса алмайтының анық. Кей кісіні қызметі, ақшасы өзгертіп жіберіпті деп жатады. Мен ол санатқа қосыла қоймаспын.

Әңгімелескен
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТОВА.
«Айқын», №97. 1.06.2011

АРДАҚ ИСАТАЕВА



Дәстүрлі ән фестивальдерінің халықаралық әнші-жыршылар байқауының бас жүлдегері, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының халық әні кафедрасының оқытушысы, ҚР Мәдениет қайраткері.

Әр халықтың әнінде сол халықтың қадір-қасиеті, арман-мұрат, сыры мен мұңы тұрады. Халқын сүйген перзенті, ең әуелі, өз әнін, музыкасын, дәстүрін танып-біледі, құрметтейді. Өйткені ол сенің жаныңды тербеп, қаныңды қозғап, жүрегіңді соқтырады.

Жақында тәуелсіздігіміздің 18 жылдығына арналған Үкіметтік концертте музыканың сан түрін меңгерген таңдаулы таланттар сахнаға шықты. Шеберліктерінде шек жоқ. Алайда Ардақ шырқаған Майраның «Майрасын» тыңдаған қазақ қазақ болып туғанына, қазағының осындай әні, осындай әншісі болғанына бір көтеріліп қалмауы мүмкін емес еді. Шіркін, халықтың әні-ай десеңші?! Тура қазақ сияқты аңқылдап, ақ самалымен жан жүргенді, бауыр етіңді елжіретіп өтеді.

Зор дауыстан, ашық үннен, кең тыныстан, нәзік сезімнен, телегей-теңіз тебіреністен туған әнді «Ән ғой мынау!» дегізер әншіден айналмайсың ба?! Қазақтың сорына қарай, айналайынға лайық халық әндері мен әншілерінің орнын жан ауыртпай, мандай терлетпей, бір рет таспаға жазып алып, одан кейін аузын жыбырлатып сахнаға шығатын көз бояушыларға айырбастап жібердік. Әйтпесе, А.Исатаева домбыраға салып, аңыратқанда, өз деміне өзің тұншығатын Байтұрсынұлының «Аққұмы», Шашубайдың «Аққайыңы», Әсеттің «Інжу-маржаны», Біржанның «Жонылалдысы», Жарылғапбердінің «Ардағы», Кененнің «Ой, жайлауы», сондай-ақ халықтың «Ақбақайы», мен «Сметі» менмін деген әншінің де ыңғайына көне бермейтін әндер емес пе?

Ардақ бұл әндердің иығын түсірмей, белін бүктірмей, тіпті бір буынын да тұншықтырмай, қайта анадан жаңа туған періштедей әлдилеп, әлпештей әуелетуге бар жанын салып, бағын ашып келеді.

«Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген. Төлтума өнерімізді өз алдына дербес мемлекет болған уақытта еселей көтеріп, қолдап қамқорлықты аямаудың орнына шоу-бизнеске айналған эстраданың көленкесінде қалдырып отырғанымыз – досқа күлкі, дұшпанға таба боларлық жай.

«Көк сандықтар» бүгінде домбыраны, дәстүрлі ән-термені насихаттауға құлықсыз. Сондықтан көрген-білгені эстрада «жұлдыздары» болған соң, тәуелсіз елдің жас ұрпағына шейін халық әніне салқын қырауды әдетке айналдырып барады. Ұят-ақ!...

Ал Франция, Швейцария, Испания, Италия, Сингапур, Пекин, Шанхай, Гонконг, Индия, Нью-Йорк, Чикаго, Лос-Анджелес, Санта-Барбара т.б. елдер А.Исатаева сияқты қолына домбыра ұстаған қазақ әншілерін сахналарынан жібермей қояды. Осыдан-ақ біздің елдік түсінігіміздің, ұлттық намысызымыздың деңгейінің түрін байқай беріңіз.

Ардақ тәнір берген әншілік даусын «есепке» айналдырғысы келмейді. Үйіліп-төгілген бақ-байлықтың сұрауы бар деп ойлайды. Есесіне ол Ерлан Рысқали, Құралай Шаяхметова, Қазыбек Әдікеев, Перизат Тұрарова, Талғат Әбуғазы, Арай Асқан, Назира Бейсенова, Әйгерім есімді шәкірттерімен мақтанады. Өнер жолына түсуге жетекші болған Сәуле Жаппейісовадай апасымен, Арқа ән дәстүрі мектебі бойынша дәріс берген Б.Тілеухановтай ұстазымен, Сарысудай (Жамбыл облысы) қазақы жерде туып-өскендігімен және Бекболдай сезімтал баланың анасы атануымен осындай өмір кешіп жүргеніне тәуба қылады.

Ардақ- халық әнін халыққа жеткізу үшін туған халқының адал қызы.

Сәуле ҚАЖЫБАЙҚЫЗЫ.

ӘНШІДЕ КҮЙ БОЛМАСА, ӘН ҚАЙДАН ЖАҚСЫ ШЫҚСЫН?!

-«Қазақстан» ұлттық арнасынан көрсетілген «Сегіз қырлы» бағдарламасында қазылар алқасының тұрақты мүшесісіз. Қатысушылардың орындаушылық шеберлігін қалай бағалаймыз?

-Олар – біраз сыннан өтіп, сұрыпталып шығып жатқан балалар ғой. Сондықтан шеберлік деңгейін тәп-тәуір деп бағалауға болады. Дегенмен өздері меңгерген басқа бағыттың әндерін орындағанда сәл кібіртіктеп қалатындары байқалады. Әрине, бес саусақ бірдей емес, кейде керісінше, басқа мектептің әндерін өзінікінен де жоғары дәрежеде орындайтын балалар кездеседі. Жалпы алғанда, қабілет-қарымдары жаман емес. Бастапқыда дәстүрлі әннің Арқа мектебі бойынша қазылар алқасында Қайрат Байбосынов ағамыз отырды. Ол кісі Астанаға ауысып кеткен соң: «Сен де Арқа ән мектебінің бір өкілісің ғой, қазылар алқасының құрамында Қайрат ағаның орнына кел»,- деп Сағатбек Қалиев ағамыз қолқа салды. Сөйтіп, міне, бір жарым жыл болды, тұрақты қазылық етіп жүрмын.

Осындай талапты жастардың болашағы қандай? Консерваторияның дәстүрлі ән бөлімін тамамдаушылар қайда барып жұмысқа тұра алады?

-«Қазақконцерт», «Гүлдер» ансамблі, филармониялар – бәрінің де әншілері бар, құрамы толық, басқа ешкімді жұмысқа алмайды. Бітірген жастардың көпшілігі қайда барарын де білмейді. Сондықтан кейбірі эстрадаға бет бұрып, бір-екі ән жаздырып алады да, той «қуалайды». Қайтсін, әйтеуір нан тауып жеуі керек қой. Аймақтардағы ахуал тіпті нашар, кей жерлерде тіпті клуб та жоқ. Жақында кезінде Париж жұртшылығына «па, шіркін!» дегізіп, таңдай қақтырған атақты Әміре Қашаубаевтың, данышпан Абайдың шыққан өнірі – Семейде болып қайттым. Ондағы саз колледжінде халық әні бөлімі былтыр ғана ашылыпты! Бұл не сұмдық?! Консерваторияны 2010 жылы тамамдаған жас мамандарды сол жаққа жібердік. Мәдениеттің көне ордасы саналатын Таразда халық әні кафедрасы атымен жоқ. Бұл – дәстүрлі ән саласына жергілікті билік тарапынан еш қолдау жоқ деген сөз. Егер ұлттық ән-жырымыз құритын болса, тіліміз бен ділімізге қауіп төнеді. Мұның соңы дүбәра халыққа айналуға апарып соғады. Сондықтан эстрадаға қалай көңіл бөлініп жатса, дәстүрлі әнге де солай назар аударылуы керек. Ұлттық өнер өз елімізде жетімнің күйін кешпеуге тиіс. Өкінішке қарай, қазір тек «Тамаша» мен секіріп билейтін тойға арналған әнді ғана қабылдайтын, байсалды өнердің байыбына бара бермейтін өресі төмен көрерменнің қатары көбейіп барады. Біздің әндерімізді ізденіп жүріп тыңдайтындар – дәстүрлі өнерді шын дәріптейтін зиялы орта өкілдері. Кейде сондай ортаны сағынамын, аңсаймын.

МӘН ДЕ, ДӘМ ДЕ ДӘСТҮРЛІ ӘНДЕ ЕКЕН

-Яғни, қазір дәстүрлі әннің дәріптелуі көңіл көншітпейді дейсіз ғой?

-Өкінішке қарай, солай. Біз үкіметтік концерттер мен шет елдерге шыққанда ғана еске түсеміз, оның өзінде ары кетсе екі-үш әншіні шақыртады. Көпшілік те «Мына жерде дәстүрлі ән кеші болып жатыр екен-ау, қазақтың ғажап өнері ғой, барайық» деп іздемейді. Себебі насихат нашар, жарнама әлсіз, билік тарапынан қолдау жоқ. Қарап отырсам, бізде ұйғыр театры да, корей, орыс, неміс театрлары да бар. Бәрі ел дәстүрімен сусындап отыр. Ал қазақта Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театры бар, бірақ қазір онда қазақ операсы өте сирек орындалады. Кезінде Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Қали Байжанов, Манарбек Ержановтар «Айман-Шолпан», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Ер Тарғында» қазіргідей еуропалық стильде орындаған жоқ, кәдімгі қазақы дауыстармен айтты. Қазір сол қазақ операсына да, дәстүрлі ән кештеріне де ел жиналмайды. Дәстүрімізді өзіміз бағалай алмай отырғанда, оны өзгеге қалай таныта аламыз?

Құдайға шүкір, консерваторияда халық әні кафедрасы бар, бірақ бізге үлкен зал керек, ел ондай орталықтың бар екенінен хабардар болуы қажет. Сонда жұрт: «Дәстүрлі өнерді дәріптеп жүрген әнші, күйші, жыршылардың ошағы ғой, барып күйдің күмбірін, әннің дүлдүлін тыңдайық», - деп ізденіп келіп, ұлттық өнерімізбен сусындар еді. «Қазақстан» арнасындағы біз жоғарыда әңгімелеген «Сегіз қырлы» бағдарламасы дәстүрлі әнді біраз насихаттап жүр, оған да тәубе. Бірақ жалғыз бағдарлама кімге жетеді? Елімізде қанша телерадиоарна болса, соның бәрінде міндетті түрде қазақтың әні мен күйін дәріптейтін кем дегенде бір бағдарлама болуы шарт. Орындаушылар бар, жетеді. Тек оларға қолдау қажет! Қазақтың қазақ екенін

танытатын – дәстүрлі өнері. Шетелге шыққанда, қазақ екеніңізді эстрадамен таныта алмайсыз. Өзгелер бізді ұлттық болмысымыз, ұлттық өнеріміз арқылы таниды. Әннің күдіреті осында.

-Баспасөзге жиі шыға бермейтін жансыз, сондықтан да көпшілік өмір жолыңыз жөнінде онша біле бермейді. Өзіңіз жайлы айтып берсеңіз...

-1976 жылы 2 желтоқсанда Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Калинин ауылында дүниеге келгенмін. Әкем Бекмұрат 1993 жылы 45 жасында дүниеден озды. Ол кісі де, шешем Халима да - өнерге еш қатысы жоқ, бірақ әнді түсініп тыңдайтын жандар. Менің өнер жолын таңдауыма ата-анам еш қарсылық көрсетпеді, керісінше, қолдап-қолпаштап, Сәуле апайыма (Сәуле Жанпейісова – Қ.М) «Осы қызымызды жаныңа қолғанат қып ертіп жүр, бағыт-бағдар нұсқа», - деп тапсырып, ақ батасын берген. Үйде екінші перзентпін, бір әпкем, бірі іні, екі сіңлім бар. Бәрі де өз жолдарын таңдады, ешқайсысы өнерде емес. Өзім мектепте бір сыныпты «аттап» өтіп, он жыл білім алғанмын. 6-сыныптан бастап айтыс өнеріне қызықтым, мектепшілік жарыстарға қатысып, түрлі іс-шараларда біресе айтысып, біресе ән айтып жүрдім. Мектебіміздің директоры Пернебай Дүйсенбин - әнге құмар, өнерлі кісі. Атақты Ақселеу Сейдімбек, Жәнібек Кәрменовтермен жақын дос болған. Ән айтқан балаларды қолпаштап, қамқорлығына алып жүретін. Менің де қабілетімді байқаған болар, музыка, еңбек, дене шынықтыру сияқты сабақтардан сұрап алып, Ж.Елебеков, М.Ержанов, Ж.Кәрменов және т.б. дәстүрлі ән орындаушыларының үнтаспаға жазылған дауыстарын тыңдатып қоятын. Ондай үнтаспалар Пернебай ағада көп болды. Ол кезде мен 6-7 сынып оқушысымын, Арқа, Сыр елі, Маңғыстау, Жетісу, Батыс мектептерінің айырмасын түсінбейтінмін. Тіпті «Мұндай әндерді үйренгім келмейді» деген де кезім болды. Бірақ үйрене келе, керісінше, мән де, дәм де дәстүрлі әнде екенін білдім. Мектепте жүргенімде туған бөлем Сәуле Жанпейісова (қазір консерваторияда ұстаз), сазгер жездем Төлеу Үшқоңыров бар, «Үкілі қыз» деген ансамбль құрды. Онда Женіс Сопбеков деген әнші бала, Айгүл Мақашева және мен үшеуміз трио болып, ел аралап, концерттерге шығып жүрдік.

-Кішкентай Ардақ қандай бала, қандай оқушы болды екен?

-Шешемнің айтуынша, қолыма не сыпырғышты, не оқтауды алып, ылғи ән айтып отырады екенмін. Ал мектепте үлгілі оқушылардың бірі болдым. Оқушы кезімнен-ақ ауданда өтетін түрлі қоғамдық іс-шаралардан қалмайтынмын.

ҚЫРҒЫЗДАР РИЗА БОЛЫП, АВТОКӨЛІК МІНГІЗГЕН

-Қандай байқауларға бақ сынап көрдіңіз?

-Дәл қай жылы екені есімде жоқ, 7-9- сынып аралығында оқып жүргенімде Таразда балалар арасында Кенен Әзірбаев атындағы аймақтық ән байқауы болды. Соған қатысып, Кененнің әндерімен қоса Бұқар жыраудың термесін орындап, III орынды иелендім. 1998 жылы 15 мамырда Қарағандыда Ж.Елебеков атындағы дәстүрлі ән орындаушылардың 1 -байқауы өтті. Консерваторияны енді аяқтап жатқан кезім – 12 мамырда оқуымды бітіріп, 13-і күні Қарағандыға аттандым. Онда Арқа әндерін орындаудан 1-орынды жеңіп алдым. 2000 жылы Қырғызстанның Ош қаласында өткен дәстүрлі әнші-жыршылар байқауында бас жүлдеге қол жеткіздім, қырғыз ағайындар автокөлік сыйлады. 2000 жылдан бастап консерваторияда өзім шәкірт тәрбиелеп жатқан соң, студенттеріммен жарыспайын деп, байқауларға қатысудан бас тарттым. Дайындаған балаларым орын иеленіп жатса, іштей қуанып, сол жеңіске өзім жеткендей болып қаламын. Құдайға шүкір, Ерлан, Рысқали, Перизат Тұрарова, Талғат Әбуғазы, т.б. шәкірттерім үмітімді ақтап, биіктерден көрініп жүр.

-Консерваторияны тамамдаған соң, еңбек жолын қайда бастадыңыз?

-1993 жылы осы Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияға Бекболат Тілеухан ағамыздың сыныбына – Арқа ән мектебіне түсіп, 1998 жылы тамамдадым. Сосын Астанада Республикалық Ұлан гвардиясының жанынан құрылған Президент оркестріне бір жыл жұмыс істедім. 1999 жылдан 2005 жылға дейін «Гүлдер» ансамблінде болдым. Ал консерваторияда 2000 жылдан бері халық әні кафедрасында ұстаздық етіп келемін. 2008 жылы кафедраның 20 жылдығына орай маған «ҚР Мәдениет қайраткері» деген атақ берілді.

-Гастрольдік сапарлаға жиі шығасыз ба?

-Иә, «Гүлдер» ансамблімен, консерваториямен талай гастрольдеттік. Қарап отырсам, Орал мен Атыраудан басқа Қазақстанның барлық жерінде болыппын. 2008 жылы АҚШ-та Орта Азия халықтарының дәстүрлі музыкадан концерттері ұйымдастырылып, бір жарым ай бойы жыршы-термеші Ұлжан Байбосыновамен бірге 10 ш90татты аралап, өнер көрсеттік. Одан басқа Франция, Испания, Италия, Швейцария, Сингапур, Қытай, Үндістан елдерінде болдық.

-Шетелдерде қазақтың дәстүрлі өнерін қалай қабылдайды?

-Олардың қызығушылығы өте жоғары. Көбіне лекция-концерттер береміз, мастер-кластар өткіземіз. Сонда неше түрлі сұрақ қойып, біле түсуге ұмтылып жатады. Концерттерге 4-5 ай бұрын билет сатып алып, алдын ала шығарылған дисктерден әніңмен танысып алады, одан бөлек сахнаға шығар алдында Қазақстан туралы, орындағалы тұрған шығармаң туралы 5-10 минут мағлұмат беріледі. Бұл - өзіміз қойған концерттерде, ал үкімет ұйымдастырған кештерде ондай жоқ. Үкіметтік концерттерде (тек шетелден емес, осы Қазақстанда да) дәстүрлі өнерге бар-жоғы он-ақ минуттай уақыт бөлінеді. Бұл уақытта бір әнді бастан-аяқ дұрыстап орындай да алмайсың, енді беріліп айта бергенде уақыт бітіп, бір шумақ пен қайырмасын қайыра саласың. Жылт етіп шығып, жылт етіп жоқ боласың. Не айтып, не қойғаныңды халық та, өзің де түсінбей қаласың. Бес адамды шақырып, жарты әннен айтқызғанша, екеуін ғана шақыртып, екі әнді бастан-аяқ айызын қандыра орындатпай ма екен?! Осыған қаным қарайды.

Сұхбаттасқан Құралай МҰРАТҚЫЗЫ.

ОЙ ТҮБІНДЕ ЖАТҚАН СӨЗ...

-Жасыратыны жоқ, отандық телеарналарда дәстүрге байланысты бағдарламалар өте аз. Сондай-ақ дәстүрлі жыр кештері де жоқтың қасы. Тыңдармандар да: «Мына жерде дәстүрлі ән орындалып жатыр екен-ау! Біздің қазақтың төл өнері ғой деп, құлшыныс танытпайды. Іздемейді. Мұның себебі – жарнаманың әлсіздігінен, үкімет тарапынан қолдаудың болмауынан, салғырт қараушылықтан. Білесіз , Қазақстанда бар-жоғы бес-ақ мектеп бола тұра, барлығымыз бір қазақтың ұрпағы бола тұра, батыстықтар – Арқаның, жетісулықтар – Сыр бойының жырларын түсіне алмай жатамыз. Өйткені насихат жоқ. Жер шалғай. Күнделікті телеарналар мен радиолар да осы мәселені жөнге салған емес. Сондай-ақ қандай да бір дәстүрге қатысты бағдарламалар басталса, аяқсыз қалып жатыр.

-Дауысы бар адам кез келген ырғақты бағындыра алады. Бірақ мен дәстүрлі өнермен танылдым. Дәстүрлі өнер тазалыққа талпындырады. Халық әнін ой көзімен тыңдасаң ғана, бойға сіңеді. Бойға сіңбей жатса, деңгейдің де төмендей бастағаны. Тыңдағанда көңілді өсірмек түгілі, кей-кейде құлағыңды кесіп түсетін эстраданы қолайлы деп танысам, онда менің өз-өзіме қарсылыққа келгенім.

-Қазақ тілінің лайықты орын ала алмауы дәстүрлі әндеріміздің де аяғына тұсау болып жүргені шындық. Қазақ тілі бірінші тіл боп тұр екен, ендеше неге барлық іс қағаздары қазақшаға дерлік ауыспайды. Өз тіліміздең жатырқап қалғанымыз сондай, кейде өз тіліміздің өзіміз түсінбей жатамыз? Бұл сұмдық қой Сондай кездерде: «Тәуелсіздігіміз не үшін, біз сонда әлі тәуелдіміз бе?» - деген ойлар мазалайтыны рас. Қазақ тілі ешқандай тілден кем емес. Құдайға шүкір, бай тіл. Орта Азия халықтарының ішінде қазаққа тән болмысымыздан еш айырылған емеспіз. Ал европалықтар осы қасиеттерімізді іштей мойындағанымен, сырттай мойындағысы келмейді. Бірақ ертең қазақ халқы өз тілінде сөйлемесе, ән-жырын дәріптеп, қадірлей алмаса, қабылдауға құлшыныс танытпаса, дубара халыққа айналуымыз мүмкін.

ТҰҢҒЫШ «ЖІГІТ СҰЛТАНЫ» САЙЫСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ



Ата жұртымызда алғаш рет ұйымдастырылған «Жігіттің сұлтаны» байқауы екінші күні көмбеге жетті. Билер кеңесі Ш.Омаров - төбе би, С.Жүнісов – аға би, Н.Жүнісбаев – бала би және тура билер мен аға төрешілер қазылық еткен сынақта нағыз жігіттің ғана есімі аталды.

...Ортаға шыққан 12 жігіттің де оңай еместігі- көркіне ақылы, біліміне күші сай екендігі байқалған. Алайда, байқаудың екінші күні, көрермендерге Алматы ипподромында өткен ат спортынан сынақ көрсетілгенде, кімнің-кім екендіктеріне жиналғандардың көзі жете түскен. Асауға тұзақ салу, орамал алу, аударыспақта талдықорғандық жылқышы жігіт Есенгелдиев Серіктің мерейі үстем болды. Және де Мұхтар Әбдірайымовке 10 балдан, өзге серілерге 8 балдан ұпай берілді.

Екінші күнгі байқауға қатысушылар «Таңқалдыру», «Өнерлі өрге жүзер», «Шешендік» сайыстары бойынша өнер көрсетті. Аздаған «әттеген –айлары» болмаса, бұл кеш «Қыз сынынан» кем түскен жоқ.

Ал серілерден Сейітхан ұнады. Оның жүріс-тұрысы да, сөз саптауы да, жарасымды әзілі- бәрі-бәрі жұрт назарын баурап алған. Жігіттердің бәрі сондай болса ғой!

Иә, шынында да алғашқы күннен-ақ Жамбыл облысынан келген автоклуб қызметкері Сейітхан Дүйсенбаев көрермендер көзайымы болды. Ол өнер көрсеткен сайын көрсетілген үздіксіз, шынайы қошемет соны аңғартты.

Талай-талай жігіттің ойына ой қосқан бас қосу халықтық рухани мұрамыздан сырт қалған, жоғалуға айналған қастерлі дәстүріміздің көп үлгілері тәлімі мол кештен қайта тапқандай қуандық. Алыстан ат арытып келген өнерлі жастардың білек пен жүрек, ақыл мен білім күшін ортаға салуы жанымызға жылу сыйлады. Енді сол шоқтың сәулесін сөндіріп алмасақ екен деген тілек бар.

P.S: Осы сайыста Жамбыл облысы, Сарысу ауданынан келген Сейітхан Дүйсенбаев 1-жүлдеге ие болып, бәйгеге тігілген жеңіл көлігін иеленді.

Жолдасбек ДУАНАБАЕВ.
Алматы.

ӘНШІ ҚАДЫРБЕК ЕСЕНҒАЛИЕВ
(Эссе-портрет)



Қадырбектің бір ғажабы – ол жан-жақты жетілген өнер иесі көрінетін. Ол аудандық халық театрында ойнаған шебер актерлердің бірі саналады. Ауданда үлкен абырой-атақты иеленген. "Екпін" мәдени-үгіт бригадасын құрып, жұмысын жүйелі жүргізіп, жақсы жолға қойып жандандыруда да, республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орын алуында да Қадырбек қосқан қомақты үлес бар. Бір қасиеті ол алған рөлін беріле шебер ойнап шығатын. Өзі ойнаған кейіпкер бейнесін нанымды шығаруға жұмыстанатын

Сонысынан болар, аудан халқына кеңінен танылa білді ол. Оның қолпаштап, қошаметтеушілері көп болғанын білеміз. Жалпы оның тұла бойы тұнған талант, өшпес-өнер десек артық айтпағанымыз. Сонымен қатар өзінің ұйымдастырушылық қабілеті мен қарымын ел-жұртқа, ұжымда ұтымды көрсете білген майталман мамандардың бірі.

Қадырбек Есенғалиев табиғат тамырынан мол нәр алған жігіт еді. Ол әуелетіп салар әдемі әнімен халқына, қатарына танылған тамаша талантты әнші ретінде ерекше байқалды. Қадырбек тұрмыста әзіл мен қалжыңның ұстасы болатын. Жүрген жері күлкіге қарық, әзілге мәз, бір өзі бір концерт еді. Оның әзілі мен қалжыңына күлмеске шараң да болмайтын.

Отбасына өнегелі әке, сүйікті жар атанды. Жұбайы Сарамен отбасын құрысымен өмірге ұрпақтар келе бастайды. Қыздарын қияға ұшырды, барлығы да отбасылы, жоғары білім ала білді. Жалғыз ұлы Бекболаттан немере сүйді. Әкенің соңында қалған өнегелі іздері – ұлағатты ұрпақтарының өсіп, өркендеуімен сайрап жатқандай.

***

Сәнді де салтанатты, талғамы биік, таңдап та таза киінетін сылқым да сері жігіт сахнаның гүлі де көркі еді. Әр әнді әсерлі де әдемі асқақтата айтатын, құлпыртып, жұтынтып жіберетін. Ол әр әнді әдемілендіре жүректерге жеткізе , көңілдерді тебіренте, жанының жайландыра, жасанта, толқыта, толғанта да толғай орындайтын. Содан да болар оның сызылта, үзілдірте, үздіктіре салған әнін жайбарақат тыңдай алмайтынсың. Оның әр әнін тамсана, таңдана, құмарлана, сүйсіне, мейірлене отырып тыңдайтын тыңдарман қауым. Қашанда Қадырбек салған ән құштар көңілмен тыңдалатын. "Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ -домбыра" (Қадыр Мырза Әли) дегендей, ол ақберен де ақиық домбырашылардың бірі еді. Ол домбыраны нақышына келтіре , шебер шертіп, шабыттана, шалқыта тартатын тарлан домбырашылардың бірі ретінде есімі де, өнері де тыңдармандарын табынта, тамсандыра тәнті ете білді. Осындай өнегелі өнері оны талай мәрте республикалық байқаудың жүлдегері етті. Талай байрақты бәсекеде бәйгені қанжығасына бөктерген Қадырбек Есеғалиев сынды сындарлы құрдасымыз ауданның ақберен азаматтарының бірі және бірегейі болатын.

***

Ал 2004 жылдың көктемінде 45 жыл үздіксіз еңбек еткен Есенғалиевті елі құрметтеп, қатары қадірлеп, зейнеткерлікке шығарып салады. Бір ғажабы, осы жылдардың бәрінде және қай мекемеде жұмыс істемесін, ол өнерден бір елі де ажырамады, алыстамады, қайта өрістете түсті, жетілдіре, жетіле берді... "Өнерді үйрен де жирен" – деген... ол жаңа ән естісе болды, бірден үйреніп алуға ұмтылатын, тырысатын. Ол өнерден еш уақытта жиренбеді...

Ол өнерді алдыңғы ағаларының үлгісімен үйреніп, дамытқан, қол жеткізген секілді.

"Сисенбек деген ағам бар, ол менен де әнші", - деп отыратын Қадырбек ағасын сүйсіне ойына оралтып, есіне алып.

***

Өткен жиырмасыншы ғасырдың 90-жылдарында Ембі аудандық халық театрының құрылғанына 30 жыл толу мерекесі аталып өтті. Соған орай Ембі аудандық мәдениет бөлімі Қадырбекке былай деп құттықтау жолдапты. "Бүгін қасиетті Кең Жылойдың жұртышылғына ғана емес, өнер сүйер көрермендерін тәнті еткен Ембі халық театрының шаңырақ көтергеніне 30 жыл толып тұрғанын қуана да толғана айтқан жөн. Сіздің де белсене қатысқыңыз, театр шаңырағының алтын уығын қадауға араласқаныңызды мақтанышты сезіммен паш етуді ардақ парыз санаймыз.

Бүгінде Сіз- Ембі халық театрының қол жеткен табысына қуаныш сезіммен ілтипат білдірер жанашырының бірісіз. Театр сахнасына қойылған "Қыз Жібек", "Айман-Шолпан", "Біздің Ғани","Бөлтірік бөрік астында","Ақбөбек", "Тамұқтағы таң", "Ажар мен ажал", т.б. көптеген қойылымдарда ойнаған сахналық бейнелеріңіз көрермендер көңілінде әлі күнге ұмытылмай, жылы орын алып келеді. Сіздердің заңғар сөз зергері Б.Майлиннің "Жалбыры" қазақ өнерінің қара шаңырағы республикалық М.О.Әуезов атындағы театрында қойылуы және бас жүлдеге ие болуы үлкен еңбектің жемісі, төгілген тердің жемісі болатын. Біз мұны әлі күнге мақтаныш етеміз.

***

Жарықтық Қадыр жайсаң жігіт, жампоз жанның бірі де бірегей еді ғой. Онымен шүйіркелесіп сөйлесу, сырласу, әдемі әңгіме дүкен құрудың өзі өзінше бір ғанибет іс болатын. Осы бір алтын асықтай, қайың қаптал қара торы жігіттің тал бойында қандай тартылыс күші барын қайдам? Әйтеуір, өзі адам баласына тым үйірсек, өте-мөте бауырмал келетін-ді. Қандай кісінің де көзіне ол жылы шырайлы көрінетін. Ешкімді бөтенсіремейді, шет қақпайды, қайта бауырына тарта түсері ақиқат. Біз сияқты ең болмаса сәлпәл кірпияз да кінәмшіл де емес. Олай ету- оның бойына бітпеген қасиет. Қашанда адалдығын, ақжеленділігін байқатып отыратын әдетін айтсаңшы. Көлденең көк аттымен сөйлессе де ағынан жарылып, әрдайым дінін ашып отыратынан қайтерсің..!

***

Әрине, адамның елге танылуы, бағасының артуы жеке басының сапасынан да болады. Десек те қазақта: "Азынаған айғырды үйірінде көр, адамсыған жігітті үйінде көр" деген бар. Бұл даналық сөздің мәні биік, маңызы зор. Сол сөздің дұрыстығын Қадырбек өмірінен талай көрдік. Қашан барсаң да Қадырбек құрдасымыз һәм досымыздың үйі толған кісі, кішігірім бір қонақ үй сыңайлы. Жасаулы дастарқан, қабағында кірбіңі жоқ Сара жамағатымыздың құманы мен шәйнегі оттан түспей ызылдап қайнап тұрады. Дастарқан басында көңілді әңгіме мен шашағы желкілдеген бұзаубас қоңыр домбыра, шалқыған қоңыр ән, күмбірлеген күй. Бір өзі базар отағасының қонақ қабылдау дәстүрі мүлде бөлек. Ән мен күйден арда қалған біздердей қазақ үшін Қадыбектің үйінен басқа театрдың мүлде керегі жоқтай.

***

Ауданымызда мәдениетті өркендетуге, жақсартуға елеулі үлес қосқан, еңбек сіңірген бірден бір адам болса, ол осы Қадырдай-ақ болар. Қадыр оған өзінің табиғат берген таланты , мен дарынының арқасында жеке орындаушылығымен атсалыса білген азамат. Ол үлкен

әріппен жазылатын жез таңдай, күміс көмей әнші бола білді. Қазіргі заман тақырыбына жазылған қазақ композиторларының әндерін де, домбырамен дәстүрлі халық әндері мен термелерін нақышына келтіре, келістіре орындайтын. Қадырдың дауысының диапазоны кең, кейбір өте қиын, зор дауыс қажет ететін әндерді еш қиналмай-ақ орындайтын. Шынтуайтына келгенде филармонияларда жұмыс жасайтын кейбір кәсіби әншілердің анау-мынауы оның деңгейіне жете алмайтын да еді. Қадыр сан қырлы өнер иесі, домбырада да жақсы ойнайтын, аудандық ұлт-аспаптары оркестрінің тұрақты да тиянақты, белсенді де белді мүшесі бола білді. Жалпы Қадыр өнер қонған әулеттен шыққан. Ол домбыраны алғаш ағасы Сисенбектен үйренгенін айтады, ал Сисенбек болса Қызылқоға өңіріндегі белгілі домбырашы.

***

Ол әр әнді нақышына келтіре, әрлендіріп орындайтын. Соның ішінде Шәмші Қалдаяқовтың атақты "Теріскей" әнін өзіне ғана жарасымды, әдемі, нақышына келтіріп, жан-тәнімен беріле шырқайтыны бар-ды.

***

Жалпы, өнерге жанымен, жүрегімен шын берілген, жүрегі өнер деп қана соғатын адамның барша болмыс-бітімі, сөйлеу мәдениеті мен мәнері мінезінің өзі өзгеше болатынын Қадырбектей дара тұлғаның бойынан анық көріп, айқын аңғаруға болады-ақ. Ол-дауысы бөлек дара әнші, төгілдіре, төгілте, нөсерлете салар, тебіренте шырқар термеші, абыройы асқан, мәртебесі биік актер. Түйіп айтқанда, ол өзі бір театр, сегіз қырлы, бір сырлы келген, кішіпейіл де қарапайым, аудандық, облыстық, республикалық байқаулардың талай жүлдесін қанжығасына байлаған жүлдегер де жеңімпаз жан – осындай атақ-абыройы, даңқ-дәрежесі бола тұра, өз табысына мастанбаған, өзін-өзгеден жоғары санамаған сындарлы да сырбаз жігіт есебінде ел құрметіне бөлене білді. Ол осы күйінде де өмірден өтті...

Мәкеш Орынбекова, Қонаш Қалдыоразұлы,
Өтеген Нұрғалиев, Сәттіғұл Жаңбырбаев,
Балғын Нәріков, Кенжебай Майлыбаев,
Бекболат Қадырбекұлы Есенғалиев,
Құлсары қаласы

АТЫҢНАН ӘКЕ, АЙНАЛДЫМ...

Әке! Сені үлкен де, кіші де аңсайды, сағыналы, іздейді, әсіресе ұрпағың, жан-жарың, асыл достарың, жайсаң жолдастарың, елің дегендей. Жалғыз мен емес, қарлығаштай шартарапқа қанат қағып ұшып кеткен қыздарың да. Сіздің ардақты да аяулы жарыңыз, біздің асыл анамыз да өзіңді сағынғандай, қайта-қайта күрсінетіні бар. Біз сіздің серілігіңізге, өнерді сүйіп, сыйлайтындығыңызға, өнер адамдарын алаламай, қадірлей білетіндігіңізге қатты қызығатынбыз. Әкеміз елдің еңселі тұлғасы, әулеттің алтын діңгегі, шаңырақтың мықты тірегі бола білді деп мақтан етіп айта аламыз.

Шырақ еді жарқыраған, жарығы мол шам еді,
Айналасын нұрландырған, шуағы көп жан еді.
Бүкіл елді сүйсіндірсең, бір өзіңе қаратқан,
Жүрген жері тамаша той және тағы ән еді.

Біздің алға қойған ендігі мақсатымыз-әкеміздің биік еңсесін аласартпай, мерейін биіктете жүрсек деп ойлаймыз.

Әкеміз өте балажан адам болатындығымен ерекшеленеді.Ол бес қызын бір төбе де, мені – ұлын бір төбе көретін. Әсіресе қыздарын қатты қадірлеп, құдайдай сыйлайтын. Бәлкім, қыздарын "жатжұрттық", "қыз қонақ" деп ойлап, оларға барлық жағдай жасағысы да келген шығар. Иә, шамасы келгенше қыздарының дегенін істеді, қатарларынан кем қылған жоқ. Гүлдей құлпыртып өсіріп, жандары қалаған жандарына қосып, қуанышы мен қызығына бөлене білді.

Мені де тәлімді тәрбиемен, тағылым-үлгімен аялап өсіре білді. Ешқандай қиындық, қиналыс көрмей өстік, жетілдік.

Бекболат ҚАДЫРБЕКҰЛЫ,
Құлсары қаласы

ЖОҚТАУ

Айтулы әнші Қадырбек Есенғалиевтың жары Сара Бисенқызының жоқтауы

Жанымыз сүйіп қосылып,
Өткізіп ек тірлік көңілді.
Жолымыз жатыр жосылып,
Өнеге тұттық өмірді.
Берді ғой Алла тірлікке,
Ұл мен қыз келді тұлымды.
Бастаған бәрін бірлікке –
Бекболат ұлың – ұғымды.

Жай оғындай жарқылдап,
Өзіңнен алған тәлім де.
Жалғастырып шапқылап,
Ағайын – туыс бәрі де.
Риза ұлың ісіне,
Мақтайды үлкен, кіші де.

Ұлыңды қосып әніне,
Ұрпақпен өмір мәнінде,
Тірліктің сипат – сәнінде,
Бәрі де, жаным, бәрі де.

Тілеуін тілеп ұлымның,
Шүкірлік етіп келемін.
Бір сенің, Алла, құлыңмын,
Ризығыңды шашқан теремін.

Жан жарым, жаққан шырағың,
Бәз-баяғы қалпында.
Көңілімде менің жыр - әнің,
Өнерде жеткен даңқың да.

Бес қызың қалған артында,
Өзіңнің, жаным, ізіңдей.
Әніңді сенің халқың да,
Тыңдаушы еді-ау көз ілмей.

Өтпелі ғұмыр, өтпелі,
Мен Аллаға өкпелі.
Құдай қосқан, сыңарым,
Жүре тұрсаң көп пе еді?!

Қайтемін налып құдайға,
Жарынан мендей айырылып.
Көз жасын кімдер төкпеді,
Орынсыз айтсам бір сөзді,
Ғафу ет, халқым, сөкпегін.

Солғандай ерте көктемім,
Қуарып қалды-ау көкпегім.
Көкірегім толы өрт менің,
Сөкпегін, елім, сөкпегін.

Өкінішсіз, иә, ғұмыр жоқ,
Өзіңнің орның бір бөлек.
Айтып-айтпай не керек,
Талайдан қалар дүние боқ.

Өзіңді ойлап балалар,
Құлазып жаны жүреді.
Аңырап сенсіз далалар,
Білсең-ай, талай түледі.

Риза боп, қосағым,
Біразырақ жоқтадым...
Бағыштап салған осы әнім,
Саған-ай бітіп тоқтадым.

Салтымен дана халқымның,
Қайырын тілеп артыңнан.
Ұрпақтың және тілегін,
Бергін-ай, Тәңірі – тірегім.

Орындалсын деп-ай мұрадым,
Алладан медет сұрадым.
Береке-бірлік өмірге,
Осы ғой енді ұраным!

ШУЛАНБАЕВ АБЫЛАЙ



1953 жылы 16 желтоқсанда туған. Жаңаарқа өңірінен шыққан әншілердің ішінен Абылай Шуланбаев есімін ерекеше атап өтпеске болмайды. Оның ән салу мәнері, дауыс ырғағы Жүсіпбек Елебеков табиғатының жаңғырығын жеткізгенімен, Жаңаарқа ән мектебінің әсері талантты жанның бағын ашқанына ешкім де шүбә келтірмесе керек. Алдыңғы толқын ағасы Игілік Омаров, ауылдасы Көлмағанбет Нұрмағанбетов өнерінің ұшқынын бойына сіңіре алған әнші, кейіннен хас өнердің ажырамас бір сағасына айналғаны даусыз. Біз осы арада тағы бір сырдың ұшығын жеткізуге тиістіміз. Жаңаарқа топырағымен жіпсіз байланыста жатқан, сондықтан сабақтастығы үзілмеген Созақ, Сарысу, Байқадам өңірлері

өнерінің біздің де өнермен үндес келуі – табиғи дүние. Атақты композитор Шәмші Қалдаяқовтың әкесі жағалбайлы әулетінен шыққан Әнәпия (Қалдыаяқ) тағдыр толқынымен Оңтүстікке, Шәуілдір өніріне кезінде Жаңаарқадан қоныс аударса, қара қобыздың қасиетіне айналған Ықылас бабамыздың ата қонысы да - Жаңаарқа жері екенін ешкім жоққа шығармайды. Қаражал қаласының маңындағы Қылыш елді мекенінде оның ата-баба қорымы жатқаны – тарихи дәлел. Сонымен қатар Сүгір күйлерінің Арқа сарынымен үндестік табуы да бұл айтқандарымызды дәлелдеп береді.

Бұл нені көрсетеді? Ол – ерте заманда көш көлігін түзеген үш жүз ұрпақтарының қоныс сабақтастығын байқатады. Жаз жайлауын Сарысуды бойлай Толағайға жеткізген олар, қыс қыстауын оңтүстікпен жалғастыра білген. Соның нәтижесінде, ел мен ел ішінара араласып, өнер мен өнер үндестік тапқан.

Жамбыл облысында туып, Жаңаарқа жерінде талантын таныткан Абылайдың әншілік дарынына әсер еткен осы сабақтастық деуге толық негізіміз бар.

А.Шуланбаев -көп қырлы талант иесі. Жасында спорттық жетістіктерге жетіп, біраз уақыт циркте өнер көрсетсе, кейін ғана мәдени өмірге біржолата бет бұруының, саналы ғұмырын қасиетті өнерге бағыштағанының белгісі. Ол «Қайрат» спорт қоғамын басқара жүріп, өнер тарландарымен сахнаға шығуын бір сәтке тоқтатқан емес. Белгілі әншілер И.Омаров, Қ. Байбосынов, Б.Тілеуханов, Ғ.Мұхамедин, С.Оспанов, Б.Көшенов, Ж.Кемаловтармен бірге ән шырқағанда, көрермендер ілтипатына бөленген әнші өз бақыты мен бағы ән қанатында екенін толық ұғынған болар. Мұның нәтижесінде мәдениет , клуб жүйесін басқарса , одан әрі Жаңаарқа аудандық мәдениет бөлімі басшылығына тағайындалды. Міне, осы арада оның ұйымдастырушылық қабілетінің жаңа қырлары ашылды. «Назқоныр» фольклорлық-этнографиялық ансамбліне «Жаңаарқа» деп ат беріп, халық театрын тағы бір белеске көтеруге ықпал етті. 1991 жылы Курск қаласында өткен Бүкілодақтық байқаудан театр ұжымының абыройлы оралуы – аудандық мәдениет бөлімін басқарған А.Шуленбаевтың жанкешті еңбегінің жемісі. Ол сырттай бақылау жасап қана қоймай, ұжым ісіне өзі де араласып, «Қыз Жібек» қойылымында Бекежан бейнесін сәтті шығара білді.

Сол кездегі газет беттеріне үңілсеңіз, мынадай үзінді табар едіңіз: «Қалай дегенмен де, жас өнерпаздар үшін бұл үлкен табыс еді. Әсіресе Абылайдың Бекежаны көрерменді бей-жай қалдыра алмайтын, өзіне еліктіріп, спектакльдің ән бойында өзіңізді одан тысқары сануға мүмкіндік бермейтін тұлға дәрежесіне көтерілген. Бүкіл қойылымның арқауы десе болғандай бұл образ оны тұтастырушы қабілетке ие. Яғни Бекежан - Абылай көрермен көңіліне көшкен. Актер бақыты деген осы шығар!». Абылай Шуланбаев шыққан бір белес, міне, осындай! Әрине, Бекежан рөлін сомдауға актерлік қабілет пен әншілік бейімділік қатар әсер еткені айдын анық. Жүрекке жетер, бойды шымырлатар әуезді үн көрермен қауымды бірден баурағаны анық.

Әнші репертуары да сан алуан. Халық әндері, қазіргі қазақ композиторларының туындылары Абылай орындауында жаңа айшыққа ие бола алды. М.Жағорқызының «Дударайы» И.Жақановтың сырлы саздарына ұласып, одан әріде Естайдың «Жайқоңырына» арна тартып жүре береді. Болат Сыбановтың әндері де - әнші репертуарының жауһарлары. «Ақбұлақ», «Ғашықтар» Абылай талантымен әдемі рең алса, Балуан Шолақтың «Ғалиясы» сезімді тербеп, Р.Елебаевтың «Жас қазағы» рухыңды көтереді. Сондай-ақ Н. Тілендиевтің «Домбыра досыма» тыңдаушыларын бей-жай қалдырмасы аян. Әнші:

Бабамның көзісің,
Анамның сөзісің,
Қоңыр сазым-аңсауымсың, домбыра,
Мазасыз жүрегімнің өзісің», -

деп шырқай жөнелгенде, сілтідей тынған залдың артынан шапалақтың дүр ете қалатыны – соның кепілі.

Абылайдың әншілік тынысы кең. Ол - қазақ әндерін насихаттауда өзге ел сахналарының сәнін келтірген әнші. Өткен ғасырдың 80- жылдары Олимпиадалық ойындар шеңберінде Эстония астанасы Таллинде өткен ескекшілер сайысында Балуан Шолақтың «Сұрша қыз» әнін, Бакуде 1986 жылы өткен Бүкілодақтық ауыл спортшыларының салтанатында «Дудар-ай» әнін талғамы жоғары тыңдармандарға тарту етуі және қошеметке бөленуі – бұл сөзіміздің жанды дәлелі.

Бүгінде А.Шуланбаев Қарағанды қаласында тұрып, еңбек жолын жалғастыруда. Құрылғанына 70 жыл толған әйгілі хайуанаттар бағының директоры лауазымын абыроймен атқарып жүр. Жаңа басшы келгелі бақтың көркі шырайланып, қала халқының көз қуанышына айналғаны даусыз. Иә, Абылай әншінің өнер жолы әркезде айшықты болған, бола беретініне де сенім мол. Бұл күні Абылай мен жұбайы Бағдат - көп бала тәрбиелеп отырған үлгілі отбасылар.

Жақсылық МАҒЗЫМҰЛЫ
Жаңаарқа ауданы,
Қарағанды облысы

ТӨКЕБАЙҰЛЫ ЕСЕНҒАЛИ



Есенғали Төкебайұлы 1955 жылы Жаңаарқа ауданы, қазіргі Ералиев ауылында туған.

Жаңаарқа жері – дәулетіне сәулеті сай, небір ғажап әншілер, күйшілерді дүниеден әкелген киелі орда.

Ән айту, оны нақышына келтіріп, өз мәнінде көрермен халыққа жеткізе айту әр әншінің қолынан келе бермейді. Қазақ халқының алуан жанрдағы әндерін өз бойына терең тартқан, бірақ та әншімін деп көкірек көтермеген, таланты бола тұра, қарапайым көрініп, көзге жиі түсе бермей жүрген өнерлі, әсем сазды, нәзік үнді азаматтың бірі – Есенғали Төкебайұлы.

Әкесі Төкебай Махамбет (Темешбай) атақты балуан, сегіз қырлы бір сырлы өнерлі, әнші, домбырашы болған. Анасы Рымбала Құлжабайқызы да ауылдың ойын-тойларының көркі болып, ән салып, аты шыққан, жеті бала тәрбиелеп өсірген ардақты жан. Есенғали жастайынан үлкен әжесі Қарақыздың жырын тыңдап, туған апалары Несіпбала, Әтика, Маралдардың салған әндерін үйреніп өсті. 1970 жылдар Есенғали әншінің ел ішінде жүріп, өнерге деген ішкі бұлқыныстың шираған кезі болды.

Ауылдың сәйгүлік әншілері Көлмағанбет Нұрмағанбетов, Байзақ Сейілов, Марина Сүлейменова, Абылай Шуланбаев, Шайза Үдебаева сияқты өнер таланттарымен жүріп, аудандық, облыстық байқауларға қатысып, лауреат атанды.

Ұлттық өнеріміздің мақтанышына айналған И.Омаров, Қ.Байбосынов, Б.Тілеухан, Б.Көшенов, Қ.Есенов, Ғ.Мұхамедин, С.Оспанов, Ж.Кемаловтардан ән үйреніп, солардан қалыспай жетілді.

«Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра», - деп жырлаған қазақтың дарынды ақыны Қадыр Мырза Әли айтқандай, домбырамен досындай тілдескен, сезім пернелері үндескен қазаққа домбырадан артық сырлас та, мұндас та керек емес. Және қос шекті домбыраның шанағынан күмбірлей төгілген әуенге үн қосу – қазақ баласы үшін Алланың берген бұйрығы. Осы заңдылыққа бағынған Есенғали әнші – домбыраны қолған алған сәтте дидары өзгеріп, арқаланып, бойында шабыт пайда болып, өзгеріп сала береді. Он саусағы дамыл көрмей домбыра шерткенде - әсем саз патшалық құрғандай, әсіресе «Туған жер», «Жайлаукөл кештері», «Жезкиік», «Меңді қыз», тағы басқа әндерді құйқылжыта шырқай жөнелгенде - әуелей қалықтаған қоңыр дауыс сезім шіркінді ән қанатына ілестіріп, сенің ырқыңнан тыс үстемдігін жүргізе бастайды, ерекше бір рақатқа бөленесің. Өйткені Есенғали әнші – қазақтың ән дарыған, жыр қонған, өнер киесімен елді еліткен Жаңарақа жерінің тумасы.

Әр әншінің өзінің өмірде ұнататын, ерекше орындайтын әндері болады, Есенғалидың қалауындағы ерекше әндер – музыка зерттеуші композитор, І. Жақановтың «Меңді қыз», «Қыземшек», «Толағайы». Бұл әндерді Есенғали айтқанда, Ілия композитор көзіне жас алады екен. Ол туралы жақсы білетін Қазақстанның халық әртісі, профессор Қайрат Байбосынов; «Ілия ағамыздың әндері тек Есенғалидың даусына арналған, ән авторы әншіні қатты бағалайды», - деген-ді. Талантты, дарынды әншінің Жаңаарқа, Жезқазған, Қарағанды қалаларында өткен мерекелерде сахнада шырқаған әндерін жұртшылық жиі-жиі еске алады. Бүгінде әншінің репертуарында 70-тен астам әндер бар.

Есенғали әнші Үкілі Ыбырайдың «Гәкку», С.Керімбаевтың «Ақ ерке», І.Жақановтың «Жаңаарқа аруы», Ш.Қалдаяқовтың «Бәрінен де сен сұлу», Қ.Салықовтың «Сарыарқа» әндерін орындағанда, жаныңа рухани күш бітіріп, қуат қосады.

Әнші туралы музыка мамандарының, қазақтың біртума әнші жұлдыздары Б.Төлегеновның, Қ.Байбосыновтың, ақын Ғалым Жайлыбаев пен журналист-қаламгер Мағжан Садыханұлының ыстық ықылыасты пікірлері, жыр шумақтары мен суреттемелер оның мерейін асқақтата түседі.

Аққөңіл, сегіз қырлы, бір сырлы Есенғали үнемі ізденісте, толғаныста жүреді, оның қазақтың ән өнерін насихаттауда әлі де қыруар үлес қосатынына сенімдіміз.

Есенғали Төкебайұлы – білім беру саласының білікті маманы ретінде қазір Қарағанды облысы, Топар қаласында

кәсіптік-техникалық училищесінің директоры қызметін атқаруда.

Композитор І.Жақанов Есенғали туралы:

-Есенғалидың Арқа әншілерінің ішінде ән айту мәнері өте бөлек. Оның дауысында сезім-серпілісі менмұндалап тұрады. Домбыра қағысы, ән ырғағын әсерлеп көтеру арқылы тыңдарман жүрегін жаулап алатын талантына шүбә келтіре алмайсың.

Жақсылық МАҒЗЫМҰЛЫ
Жаңаарқа ауданы,
Қарағанды облысы

ЖАН-ПЬЕР ПАЖ ЗАСТЫЛ ПЕРЕД ГОБЕЛЕНОМ АХМЕТОВА

"Искусство позволяет увидеть вещи такими, какими они были однажды, когда на них смотрели с любовью"

П.Валери



Внутрениий мир большого художника, жизнь его души воплощают в себе масштабность эпохи, выражают самосознание личности и нации. В субъективном живет всеобщее, в малом-большое, в личном – национальная судьба. Такие мысли вызывает знакомство с творчеством нашего земляка художника Абдумуталипа Ахметова.

Родился он в 1958 году в Ленгере в семье ветерена войны. Мать, простая казахская женщина, славилась на весь район своими коврами и текеметами. Самые ранние воспоминания детства Абдумуталипа связаны с приготовлением этих традиционных предметов казахского быта.

Как окрасить шерсть? Как приготовить нить? Почему берется такой цвет, а не другой? Как переплетаются нити? На все вопросы мама давала ответы. Абдумуталип и сейчас часто повторяет слова своей матери: "Хорошие знания, сынок, хорошая работа".

С пятилетнего возраста мальчик начал рисовать пейзажи и родители записали его в изокружок при местном Доме пионеров. А после восьмого класса Абдумуталип уже окончательно определил свою судьбу, поступив в Шымкентское художественное училище им. А.Кастеева.

После его окончания он работает в областных художественно-производственных мастерских, принимает участие в первой республиканской выставке молодых художников. Там он выставляет текеметы "Радость", "Рождение весны", "Мой Казахстан". Его работы пользуются успехом. Ахметов становится неизменным участником республиканских, всесоюзных, международных выставок. Поняв свое истинное призвание, наш земляк поступает в Алматинский театрально-художественный институт. Специализируется в декоративно-прикладном искусстве, отдавая предпочтение гобелену. На Московской выставке, посвященной 250-летию присоединения Казахстана к России, его текемет "Танцующие мальчики" вызывает особый интерес как публики, так и художественной критики. Музей им. А.Кастеева приобретает его работу "Лунная ночь". В 1987 году, на Международную выставку в Италию он привозит свои работы "Вечное движение" и "Танцующие мальчики".

Но слава одно, а официальное признание – другое.В 1992 году из 17 представителей Южного Казахстана, претендующих на звание члена Союза художников, было отказано всего троим, в том числе и Абдумуталипу Ахметову. Это было более чем странно, ведь именно о нем специалисты из французского профсоюза художников и искусствоведов "Валь-де-Марнск", побывавшие на выставке, отозвались как о самом ярком представителе декоративно-прикладного искусства Казахстана. Генеральный секретарь отделения Жан-Пьер Паж приобрел две кошмы работы Ахметова. Хозяин хотел их подарить, но француз сказал, что не может принять дар такой большой художественной ценности. Может быть, помог именно этот факт, но Абдумуталип все-таки стал членом Союза художников.

Есть работы Ахметова и далеко за океаном. В 1988 году в Жамбыле на выставке наших художников американцы приобрели гобелен "День и ночь", выполненный в соавторстве с женой Сауле.

Перечислять все выставки, где принимали участие Абдумуталип и Сауле нет смысла. Для этого есть каталоги. Но о вернисаже под названием "Жизнь от века любовью жива", прошедшем в прошлом году в Астане, хочется сказать особо. Работам всех художников, принимавших в нем участие, свойствен дух нового мышления и переосмысления прошлого в настоящем. Ахметов в соавторстве с женой Сауле представил четыре работы: гобелены "День и ночь"и "Лунная ночь", аппликации "Тумарша" и "Голубь мира".Выставка снова показала, что Ахметовы, как и многие художники Казахстана, берегут и развивают в своем творчестве тот особый язык, который определяет самобытность и ценность национального искусства.

В беседа Абдумуталип сказал мне: "Искусство – как река. Измени произвольно русло – измениться и оскудеет окружающий ее мир. Я глубоко уверен в силе и жизненности наших традций".

А.КАРАКУЛОВА
искуствовед

«ТЕМІР – ШЕРКЕШ» КҮЙІ ТУРАЛЫ



Жарқын **ШӘКӘРІМ,**
өнертанушы, сазгер

«Темір – Шеркеш» күйінің авторы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Жарқын Шәкәрім Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияны 1973 жылы профессор Құбыш Мұхитовтың класы бойынша бітірген. 1980 жылы шаңырақ көтерген Республикалық музыка аспаптары мұражайының тұңғыш директоры болып, сол жылы «Сазген» фольклорлық ансамблін ұйымдастырды.

1997 жылы Алматыдағы «Шартарап» баспасынан Сырым Датовқа бата берген Қараман Тана Малайсары би мен оның бүгінгі ұрпағы әйгілі күйші Шәміл Әбілтай туралы зерттеу кітабы жарыққа шықты. Жарқын Шәкәрімнің шығармашылығы жайлы Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының IX томында арнайы деректеме берілген.

Құлсарылық шеркеш азаматы Отар Қабылұлының Талапбек есімді ұлы Алматының архитектура – құрылыс институтында оқып жүрген кезінде Жарқынның туған ағасы Марат Шәкәрімнің қызы Бақытгүлмен табысып, отау көтереді. Талапбек кәсіпкерлікпен айналысып, ел азаматы атанады. Мөлдір есімді қызы Лондонда білім алуда. Ұл баласы Темір әке жолын қуып, кәсіпкерліктің оқуын оқуда. Осылайша Жарқын Шәкәрім құлсарылық шеркештермен құшақ жайып қауышып, құдандалы болады.

Содан туған жиеніне арналған «Темір-Шеркеш» күйі дүниеге келген.

Темір-Шеркеш

Жұрдек, желдірте — Жарқын Шәкәрім



«Темір – Шеркеш» күйінің аңыздық дерегі

Тәуелсіздік таңымен келген жаңа заманда жаңа ұрпақ бой түзеді. Осындайда Шеркеш елінің өткен ғасырлардағы аты аңызға айналған Бекпенбет би, Құрманғазы қиналғанда таяныш болған, алты алашқа аты мәлім Мақаш правитель, күні кешегі әйгілі ақын Тайыр Жароков, заңгер ғалым, академик Салық Зиманов, тәрізді Он екі ата Байұлының шеркештен тараған ата буыны ойға оралады. Енді, міне сол елден шыққан бүгінгі жастар – қазақтың болашағы. Жастықтың жалынында жүрген Темірлер. Сондықтан да Жарқын Шәкәрім Шеркеш тайпасының кешегісі мен бүгінгі рухына арнап, музыка тілімен екпіндете өрнектеп, тебіреніспен тереңнен толғап, күй арнады. «Темір-Шеркеш» деп айдар тағып, бүкіл қазақ елінің рухын көтерісуге атсалысып жүрген Шеркеш азаматтарының бүгінгі ұрпағына арнағаны.

Күйді нотаға түсірген Нұргүл Әкімғожина.

ШУМАҚ ӘУЛЕТТЕРІ

СҰРАҚ-ЖАУАП

(Дұрыс жауап беру үлгісі)

- Сіз қай жүзсіз?
- Біз- Кіші жүзбіз.
- Кіші жүздің **қай бірлестікке** жататынын білесіз бе?
- Білемін. **Алшын** бірлестігіне.
- Ендеше біздердің барлығымыз **алшындармыз** ғой?
- Дәл солай.
- Ал сол алшындар қанша тайпаға бөлінеді?
- **Жиырма бес тайпаға.**
- Біз қай тайпаға жатамыз?
- Он екі ата Байұлының шеркеш тайпасына.
- Сол шеркеш қанша руға бөлінеді?
- **Алты** руға. Олар – қосым, қойыс, дербіс, жауғашты, шумақ, қылышкестен.
- Өзіңіз қай рудансыз?
- Шумақпыз.
- Шумақтың қай әулетіненсіз?
- Тоқымбетіміз.
- Тоқымбеттің қай аталығынан?
- Қаржауынанбыз...

ШУМАҚ-ТОҚЫМБЕТ




Шеркеш
Ертай
Шумақ
Тоқымбет
Тоқтар
Дос
Қойлыбай
Есназар
Бәйімбет
Байбөрі
Тілес
Тоғызақ
Мүсіреп
Есіркеп
Есмағамбет
Арыстанғали
Байырхан
Сағынғали
Мәлік
Асқар
Жақсығали
Хайдар
Айдар
Қайырғали
Берік
Айбат
Сапарғали
Гүлнар
Әлима
Сәуле
Аманғали
Ғазиз
Ғафиз
Айбар
Олжас
Әлихан
Жайылхан
Марфуға
Мағрифа
Маруся
Айқын
Ерлан
Әмір
Марат
Хайдар
Айдар
Темірлан
Айдар
Алтыбай
Жетпісбай
Бейсенбай
Бітім
Эльдар
Елдәулет
Ислам
Алпамыс
Асқар
Артур
Абзал
Айбар
Дидар
Данияр
Қосмағамбет
Қайырихсан
Уәлитхан
Ерсайын
Сәкен
Қанат
Мұрат
Олжас
Нұрлан
Ержан
Санжар
Қайрат
Айдар
Бауыржан
Мұханбетқали
Ғали
Марат
Асқар
Марат
Қармыс
Әбіл
Жарылқап
Жақып
Құсанбай
Күсеген
Күсепбай
Үсен
Шәріп
Шеруен
Сағынай
Мәжен
Төралі
Бейсенғали
Ниетжан
Құтжан
Құлымжан
Кеңес
Есенбек
Қылыш
Асхат
Мәрия
Ернұр
Ернар
Қайыр
Әбілқайыр (Әбіт)
Мақсұт
Мақсым
Мұрат
Артур
Хозе-Диас
Маргат
Самат
Болат
Асхат
Ерлан
Нұрлан
Бағдат
Тұрлан
Нұржан
Нұрсұлтан
Бауыржан
Мағжан
Дияр
Дамир
Данияр
Құбай
Орынша
Мендеш
Далабай
Боранбай
Мақаш
Амангелді
Марат
Ғалымжан
Бауыржан
Ғалия
Амангелді
Арман
Әлішер
Әсет
Әділет
Темірлан
Әділет
Аманбек
Асқар
Жамбыл
Мұхит
Абзал
Алмаз
Ерназ
Мирас
Жомарт
Қаби
Сағдат
Сәкен
Жанбота
Қәусар
Айбек
Нұрбек
Аманқос
Бақыт
Мұхит
Думан
Дулат
Бекбол
Дамир
Данияр
Талғат
Бек
Дәурен
Дулат
Еркебұлан
Сырым
Жасын
Темірлан
Асылан
Жоламан
Асылбек
Рысбек
Алтынбек
Рысбай
Рыздық
Рай
Рауан
Орын
Айбар
Бекзат
Бекаман
Абдуларсен
Абдулариф


Шеркеш
Ертай
Шумақ
Тоқымбет
Тоқтар
Дос
Қойлыбай
Есназар
Бәйімбет
Тілес
Тоғызақ
Мүсіреп
Қармыс
Әбіл
Жарылқап
Жақып
Күсеген
Күсепбай
Үсен
Шәріп
Шеруен
Нұғыман
Мақаш
Мұсылман
Ораз
Құмар
Есен
Аккұлы
Бертілеу
Төкеш
Қошан
Ыдырыс
Мұхамедияр
Бақтияр
Жылгелді
Нұргелді
Бағытжан
Мақсат
Жолдыбай
Ақиіс
Жиде
Мырзакәрім
Көбжан
Қойжан
Бердібай
Сансызбай
Өтеу
Ысқақ
Медет
Сүндет
Бақыт
Айдын
Бақтығали
Амангелді
Жиренше
Аманғали
Қали
Әли
Қуаныш
Асылбек
Асыланбек
Руслан
Рамазан
Ахмет
Өтеғұл
Амангелді
Амангелді
Қуанғали
Жұман
Қабдікәрім (Қабден)
Ерсайын
Серік
Рахым
Амангелді
Нұржан
Ержан
Әлімжан
Аманғали
Есім
Дос
Мұрат
Мұрат
Есенгелді
Серік
Мұрат
Орынғали
Азамат
Ерболат
Мәлік
Хамит
Хамит
Байқадам
Жеңіс
Қыздарбай
Еділбай
Бабай (Бибай)
Жұмазия
Жаңбырбай
Жолдас
Серік
Жұмажан
Жұмабай
Марат
Аманжан
Ахметжан
Рахметжан
Аккуан
Бауыржан
Қуандық
Берік
Мақсат
Азамат
Нұрәлі
Темірлан
Әнуар
Айбын
Әміржан
Қайыржан
Бауыржан
Әнна
Дина
Бақтылы
Мирамбай
Мырзат
Жиренше
Жұмағұл
Мақаш
Қобылан
Смағұл
Сабыр
Нұрислам
Талғат
Қайрат
Самат
Нұрсұлтан
Асхат
Азамат
Амандық
Алтынбек
Серікқали
Саламат
Қайрат
Талғат
Айбек
Асқар
Байжан
Бақытжан
Дәуренжан
Төлеміс
Тоқтамыс
Айгүл
Тілекқабыл
Балжан
Ермек
Жолдасқали
Аманғали
Қуаныш
Аян
Қадыржан
Маханбет
Арнұр
Мейіргүл
Ермек
Әлібек
Асылбек
Нұрбек
Жұмабай
Орынбасар
Амангүл
Әсемгүл
Нәби
Аружан
Нұрай
Әсемгүл
Ляжан
Әсел
Бейбарыс
Аят
Айсұлтан
Альберт
Илдар
Тарлан
Динара
Өктеміс
Бектеміс
Айнагүл
Ботагөз
Эльмира


Шеркеш
Ертай
Шумақ
Токымбет
Токтар
Дос
Бәйімбет
Тілес
Тоғызақ
Мүсіреп
Қармыс
Әбіл
Жарылқап
Жақып
Мұсылман
Оңалбай
Тұрғынбай
Қонысбай
Жақман
Есенбай
Есенәлі
Нысанбай
Әжіғали
Молдаш
Мәмбет
Өтепқали
Омар
Нығыметолла
Жұмаш
Жұмабай
Досқали
Бәшен
Ермекғали
Қойшыбай
Дүйсен
Есенбай
Есен
Айболат
Мырзақабыл
Қайыржан
Қуаныш
Сатыбалды
Зауза
Роза
Тілеш
Қуаныш
Қуандық
Лунник
Базарбай
Әли
Жанболат
Өтеген
Төлеп
Жақсығали
Рақым
Тілек
Сағын
Әсет
Нұрболат
Аманқос
Амангелді
Қалдыбай
Аманжол
Амание
Аскар
Мейрам
Руслан
Қанат
Біржан
Нұргүл
Нәбия
Маржан
Мұрат
Руслан
Нұрлан
Бауыржан
Алмаз
Айдын
Сайын
Жәнібек
Әнуар
Іңкәр
Әлима
Ержан
Ернар
Дамир
Данияр
Әлібек
Мұхамбет
Алмаз
Мансұр
Амангелді
Асылан
Руслан
Жасұлан
Ерлан
Қуан
Айдар
Жақсылық
Аманжан
Артур
Рауан
Дамир
Максим
Аяла
Ақжүніс
Жұлдыз
Құндыз
Жалғас
Жолдас
Серік
Гүлнұр
Гүлмира
Айбек
Жарасбек
Бекмұрат
Қойлыбай
Қыстау
Құлнияз
Жанияз
Базарбай
Қоянбай
Досқана
Нұрпейіс
Қази
Сүлеймен
Құрманғазы
Күншығар
Кенесары
Ботабай
Сүйеш
Бияда
Жаңбыршы
Ергали
Есенбай
Жұмағали
Уайыс
Ахмет
Құлжұмыр
Тауман
Қойшығұл
Сыдиық
Сапы
Сары
Базарбай
Қалихан
Амангелді
Амангали
Мерболат
Қайролла
Қалбай
Амангелді
Болат
Румия
Бақыт
Қуанбек
Дияс
Орынбасар
Еркін
Мейрамбек
Эдуард
Айболат
Асылай
Лэйлім
Дүйсен
Сүндет
Сисенбай
Төлеуіш
Еңсеген
Қуаныш
Төлеген
Ерболат
Нұрболат
Нұрлан
Ерлан
Ержан
Бекболат
Абдрахман
Ернұр
Нұрхан
Бағдат
Жанболат
Аскар
Нұрсұлтан
Райымбек
Ақжол
Мадияр
Мейрамбек
Әділхан
Азамат
Саламат
Аяна
Нұрия
Нұрайна
Зұлфия
Асылхан
Нұржан
Санат
Ернияз
Жұрын
Жұрқа


Шеркеш
Ертай
Шумақ
Токымбет
Тоқтар
Қойлыбай
Есназар
Қыстау
Құлниаз
Жаниаз
Ерниаз
Жұрын
Жұрқа
Базарбай
Қоянбай
Нұрпейіс
Қази
Доскана
Ботабай
Сүйеш
Бияда
Жұмағали
Нұрғали
Есенаман
Сыдық
Сары
Базарбай
Жұмағұл
Бисен
Амангелді
Рақымбек
Ахметжан
Сүлеймен
Қайырғали
Темірғали
Ахмедияр
Қыстаубай
Зиман
Айбек
Әсет
Азат
Данияр
Руслан
Інжу
Әмірхан
Сейілхан
Бекзат
Бағытжан
Нұрғазы
Бақтыбай
Елдос
Жақсылық
Жақсығали
Жақсыберген
Нұрлан
Ерлан
Асылан
Жасұлан
Темірлан
Серік
Наурызбай
Нұрзат
Әбдірахман
Олжас
Алмаз
Алпамыс
Қаршыға
Ербол
Азамат
Батыр
Бақыт
Бекарыс
Сүлеймен
Сапар
Ерғали
Оңайбай
Торехан
Айтжан
Жақсыбай
Жалғасбай
Аманбай
Амангелді
Болат
Аскар
Жанболат
Нұрлан
Данияр
Гүлназ
Нұрбек
Манарбек
Асхат
Асылхан
Әділхан
Азамат
Еркін
Айбек
(Айбол)
Ерназар
Аян
Элмир
Арман
Асхат
Айбар
Боранбай
Сағынбай
Таңатар
Қуандық
Марат
Сағындық
Арман
Аман
Жадыра
Жансая
Асылжан
Тұрсын
Ырысты
Айжан
Әли
Мансұр
Ділназ
Дария
Айгерім
Лаура
Наргиз
Айару
Құрманғазы
Қадыр
Базар
Күншығар
Жайлыбай
Бөлек
Мәшек
Тыныштықбай
Талжан
Кенесары
Тәкен
Әмірбай
Ахмет
Сансызбай
Асылбек
Жұмабай
Бауыржан
Аскар
Ерлан
Ербол
Алмас
Жолдас
Бақытжан
Нұрдәулет
Айдарбек
Есенбек
Манарбек
Мейірбек
Әмір
Азамат
Саламат
Қанат
Самат
Талғат
Болат
Біржан
Шаукарбай
Дауылбай
Саламат
Нұралы
Сабыр
Дидар
Біржан
Данияр
Нұрбек
Азамат
Нұрболат
Ізтұрған
Дәурен
Руслан
Темірлан
Наурызбек
Айбек
Нұрасыл
Бекнұр
Ерлан
Асылан
Асылбек
Абылай


Шеркеш
Ертай
Шумақ
Тоқымбет
Тоқтар
Қойлыбай
Есназар
Қыстау
Құлнияз
Ернияз
Жұрын
Дәлі
Айжарық
Түсіпқали
Төреғали
Нұрлан
Бақтыгерей
Тайбек
Жексенбі
Әлібек
Мақтым
Рүстем
Сабрина
Әлжан
Бақыт
Арман
Шара
Рахметжан
Әнуарбек
Қасымжомарт
Нұрсұлтан
Ғалымжан
Алдияр
Далбай
Мұңал
Омар
Ғалия
Қанабек
Асқар
Әнуарбек
Саясат
Салтанат
Шолпан
Айгерім
Фариза
Әділбек
Жақсылық
Мадияр
Айдар
Данияр
Айбар
Дәумен
Тобыш
Текебай
Қонабай
Жанарбек
Назарбек
Ізбасар
Хамит
Төлен
Сейіткали
Қали
Ажар
Сұлупан
Жұрқа
Есенғали
Бейсенғали
Жұмаш
Өтеу
Сәрсенбай
Тілек
Марат
Еркін
Айтбай
Ержан
Нұрбол
Ербол
Гүлім
Әбілхан
Қабидолла
Қараман
Еламан
Талғат
Мәди
Асылжан
Шыңғыс
Ғали
Ғалымжан
Бауыржан
Медет
Қуаныш
Назгүл
Гауһар
Гүлназ
Шынар
Байнияз
Қонақ
Жолмағанбет
Дәулетияр
Сабыр
Қаби
Ақканат
Зейнолла
Рүстем
Нұрлыбек
Әлібек
Асылхан
Кенес
Нұржан
Нұрлан
Раушан
Жәмиға
Жәмөш
Мұрат
Нұрбол
Нұрлыбай
Кенжебай
Жақсылық
Нұрдәулет
Қадырбай
Қалау
Кәки
Мұрат
Аманқос
Еркін
Ержан
Жұмабай
Байғазы
Құдайберген
Алдоңғар
Дос
Рысқали
Құлмағанбет
Баймағанбет
Нұрбай
Жаймақ
Мұхтар
Бүркіт
Болат
Жамбай
Жарас
Мұхамбетжан
Мұхамбет
Шуан
Қазанбас
Байбол
Жұмалы
Жақып
Өтеп
Салық
Боржан
Аманғали
Қуаныш
Кәрім
Раш
Мұрат
Максим
Болат
Байыржан
Алмас
Айбек
Нұрбек
Алтынбек
Жантілеу
Тілек
Тілеккабыл
Диана
Дарын
Нұрболат
Бекжан
Мағжан
Руслан
Рүстем
Ерлан
Абай
Ерлан
Руслан
Аскар
Жандос
Жансерік
Әсемгүл
Нұрай
Асылжан
Абдоләзиз
Робия
Бекзат
Рауан
Расул
Жасұлан
Әли
Мәди


Шеркеш
Ертай
Шумақ
Тоқымбет
Тоқтар
Қойлыбай
Есназар
Қыстау
Қазанбас
Мұсағали
Сәйден
Қабес
Бейсенғали
Досқали
Жөкен
Шәлтен
Қалым
Сәрсенбай
Сәнтай
Сиқым
Сабырғали
Темірлан
Талас
Дамир
Нұрлан
Әнуар
Манас
Шамшиден
Зинолла
Әзиза
Арман
Жақсылық
Әскер
Жәнібек
Асылбек
Ерлан
Талғат
Асан
Мұхтар
Гүлмира
Марал
Түсіпбай
Отар
Сапар
Ешман
Шитен
Айғали
Молдағали
Тоқтар
Горький
Қалыбай
Баку (Бақтығали)
Тұрған
Мұрат
Болат
Талғат
Исатай
Әлібек
Мейрамбек
Рәзия
Мәрия
Рамазан
Жеміс
Руслан
Райымбек
Айтжан
Ибрайым
Жұбан
Нұрмұқан
Тәңірберген
Бақия
Тұрлан
Мүдірсін
Нұржан
Бауыржан
Ербол
Нұрболат
Нұрлан
Асхат
Құрманбай
Бекболат
Әйгерім
Айдана
Жанболат
Нұрболат
Алмат
Жайлау
Мыңбай
Көпжасар
Жұмағали
Сапар
Манаш
Сабыр
Нұқы
Мұхит
Марат
Талап
Саламат
Сапар
Мұхтар
Қанағат
Мирас
Ерназ
Ерқанат
Аян
Мейіржан
Сабыржан
Ырысқұл
Назерке
Жолшы
Бақыт
Жібек
Әкімбай
Мейірман
Әбілғазы
Бақыт
Бақтияр
Жолдас
Жалғас
Рысқали
Салауат
Насихат
Нұрболат
Нұрқуат
Ерболат
Қадауат
Сағадат
Абат
Самат
Мейірхан
Сәулетбек
Құрметбек
Толымбек
Дәулетбек
Дастанбек
Әліпбек
Қадырбек
Нұрым
Сырым
Сұлтан
Ардақ
Айдар
Сәрсен
Нұралы
Бекарыс
Жанарыс
Амандық
Нұрбол
Дархан
Нұртан
Нұрдәулет
Сүйрік
Іңкәр
Кәусар
Еңлік
Айдар


Шеркеш
Ертай
Шумақ
Тоқымбет
Тоқтар
Қойлыбай
Есназар
Бейімбет
Нинет
Досқазы
Бәшен
Құрман
Сейтімбет
Есназар
Сейітбай
Сембай
Кененбай
Досмағанбет
Әжіғали
Нәпіғали
Ерғара
Ермағанбет
Айман
Қабыл
Алмас
Күзембай
Тісбай
Сүйеубай
Көкіман
Шоқпар
Меңкіш
Бөлек
Тілек
Ибрагим
Абай
Жалғас
Жолдас
Жақан
Аман
Нұрлан
Мұрат
Ринат
Серік
Руслан
Болат
Руслан
Нұрасыл
Қобыланды
Аманжол
Амангелді
Аманжан
Әбілмансұр
Ахмет
Ескайыр
Мақсот
Әбілқайыр
Мейрам
Марат
Смағұл
Еркін
Руслан
Нұрлан
Оля
Лена
Эльмира
Паңгерей
Жолдас
Батыргерей
Ира
Смағұл
Ерболат
Ерлан
Ержан
Орынбасар
Рамазан
Жұмажан
Рүстем
Жандос
Альфия
Фарида
Ерболат
Ерлан
Ержан
Айжан
Ажар
Аружан
Саида
Дәулет
Нәби
Айдын
Бақтыгерей
Қазым
Құмарғали
Сабырғали
Омар
Ергожа
Айбол
Ербол
Бекзат
Ерлан
Иса
Нұржігіт
Нұрбол
Нұрбатыр
Ихсан
Ойраш
Нариман
Санжар
Зұлқаш
Жолдас
Бауыржан
Ерлан
Орынбасар
Рамазан
Нұрсұлтан
Альфия
Фариза
Эльмира
Жалғас
Молдаш
Райхан
Мырзабай
Жұмабай
Бағытжан
Самат
Есенжан
Азамат
Саламат
Алмат
Руслан
Ерасыл
Нұрасыл
Нұржан
Ержан
Нұрлан
Сұлтан
Саян
Бекзат
Карен
Ислам
Бекен
Аймұқан
Досмұқан
Николай
Марат
Талғат
Аян
Саят
Дәулет
Әділжан
Асылжан
Дүйсен
Табылды
Самат
Азамат
Парасат
Мұхтар
Ислам
Рауан
Мейрамбек
Азамат
Абай
Әнуар
Бауыржан
Әсет
Талғат
Асқат
Саламат
Салауат
Ардақ
Салтанат
Бекзат
Самғат
Саят
Нұрсәт
Нұрбек
Нұркат
Фархат
Ердос
Қайырғали
Нұрлыбек
Ербол
Жақсылық
Тәуірғали
Нұрлан
Нұрислам
Айдос
Асылан
Ерлан
Қыдыржан
Сабыржан
Абылай
Ержан
Еркін
Абылай


Шеркеш
Ертай
Шумақ
Тоқымбет
Тоқтар
Қойлыбай
Есназар
Бейімбет
Сейтімбет
Кененбай
Сейітбай
Сембай
Көкіман
Шоқпар
Кенже
Төртқұлбай
Қожантай
Есенбай
Бекмаганбет
Өтепқали
Ернаш
Дәулет болыс
Аспандияр
Махмұт
Баязит
Шәміл
София
Бақтияр
Әбіл
Дабыл
Фазыл
Жәкен
Ізім
Ризуан
Мұса
Қазым
Сырым
Жүсіп
Ғали
Құбаш
Қазым
Қайыр
Шәуен
Елубай
Ажар
Бибігүл
Әйгерім
Мөлдір
Малика
Есжан
Ғалымжан
Тыныштық
Серік (Каспий)
Әлібек
Самат
Жанат
Бекзат
Арман
Мардан
Аспандияр
Тайыр
Серік
Бақытжан
Жолдас
Нұрлан
Ерлан
Руслан
Көбей
Қанат
Хамидолла
Әубәкір
Бейсенбі
Садуақас
Қали
Құспан
Жолдас
Бисеш
Нұрлан
Әлібек
Аскар
Марат
Мұхит
Мақсат
Аманжол
Асылбек
Самат
Ақжан
Айжан
Өтесәт
Талғат
Асхат
Өмірбек
Руслан
Ержан
Мейіржан
Қалжан
Қален
Бейсен
Вадим
Қабдолла
Әйіпқали
Жұмагелді
Темір
Сейфулла
Табылды
Бақытжан
Руслан
Бекзат
Серік
Руслан
Сәлімтай
Тарғын
Арғын
Ермеккали
Батыр
Қамбар
Орақ
Данияр
Мұрат
Қармыс
Тұрар
Қайсар
Меңдігерей
Сабыр
Сүндет
Шәріпқали
Исатай
Мұсатай
Сембай
Кенжетай
Хасан
Қуаныш
Роналд
Мақсат
Бағдат
Алмат
Нұрбол
Азамат
Қазыбек
Айболат
Нұржан
Ораз
Әбубәкір
Сейсенгали
Қайрош
Ораз
Құбаш
Мұхамбеткали
Мұрат
Күзембай
Орынбасар
Сағын
Нұрлан
Түрлан
Нұржан
Сырым
Руслан
Рүстем
Сұлтан
Мадияр
Бақтияр
Данияр
Нығымет
Хисметолла
Ахмет
Оразбек
Сағынгали
Зейнеп
Руза
Ақтілек
Айдын
Райымбек
Асыланбек
Маржан
Расул
Рысбек
Болатбек
Нұрбек
Мейрамбек


Шеркеш
Ертай
Шумақ
Токымбет
Тоқтар
Қойлыбай
Есназар
Бейімбет
Сейтімбет
Сейітбай
Сембай
Кененбай
Көкіман
Шоқпар
Қожантай
Нұрғали
Дәулетқали
Досмұқан
Нұрмұқан
Ермұқан
Шағыр
Базылбай
Наурызбай
Бөкенбай
Аймағанбет
Өтеген
Айбек
Нұрбек
Серікбай
Сержан
Қуаныш
Жолдас
Бораш
Сәрсекен
Сәрсен (Хасан)
Жанболат
Гүлнар
Әлия
Гүлмира
Тойған
Қарлығаш
Бақтыгерей
Дәулет
Жауынбай
Қуаныш
Қуатбай
Ізім
Ізбасар
Каспий
Әлібек
Әбіл
Елемес
Бақытжан
Тұраш
Ерсін
Жайлы
Жұмабек
Жәнібек
Жеңісбек
Аманбек
Оразбек
Токымбет
Санбар
Қарамырза
Қалнияз
Бернияз
Еснияз
Түлкібай
Адайбай
Ниязбай
Иманбай
Қосымбай
Бисалы
Ақтөреш
Хисмет
Шора
Қалқаман
Исамберген
Айғали
Мұса
Тоқбай
Қарлақ
Мұрат
Мұхамбет
Қуандық
Асабай
Наурыз
Ерлан
Сержан
Мейірман
Айкөрік
Бақытнұр (Нұрдана)
Ақторғын
Нұрдәулет
Төре
Байсал
Әзім
Иқсанғали
Досқали
Әмірғали
Кенжеғали
Сәлім
Біләл
Сабыр
Асабай
Сұндеткали
Бөпішқали
Төреғали
Қуаныш
Боранбай
Төлеген
Жұмабай
Жұмағыз
Сырым
Серік
Берік
Нәсіпқали
Бақтығали
Айтқали
Мәлік
Сағын
Амангелді
Сайын
Марат
Роман
Абай
Амантай
Бисенбай
Талғат
Нұрболат
Бисенғали
Амангелді
Рустам
Берік
Данияр
Әмірхан
Ескендір
Қайрат
Ришат
Нұрсұлтан
Әзиза
Маралбек
Нұрғали
Мейірім
Алмас
Әділжан
Айя
Нұрлан
Расул
Рашид
Жолдас
Жалғас
Мақсот
Асқар
Болат
Айқын
Ерасыл
Асыланбек
Альберт
Махамбет
Асылбек
Эльдар
Асылхан
Мұхамбет
Нұрлан
Тұрлан
Қобылан
Бауыржан
Хәкімжан
Ізбасар
Орынғали
Сүлеймен
Рүстем
Бексұлтан
Еркін
Ержан
Асабай
Рақымжан
Ілияс
Дария
Ақжан
Үлбибі
Әмина
Жанат
Назымгүл
Әсет
Теміргали
Қуанғали
Руслан
Бауыржан
Әнуар
Ерлан
Валентин
Арман
Ханаан
Арман
Асқар
Қайсар
Ерасыл
Әсел
Салтанат
Раушан
Жанар
Мерей


Шеркеш
Ертай
Шумақ
Тоқымбет
Сәнбар
Қарамырза
Түлкібай
Иманбай
Айғали
Айтақан
Әлбет
Сабыр
Ғафу
Қаби
Кәмеш
Өмір
Қайса
Қадыр
Ғайниден
Сатан
Ермек
Ибрагим
Алтай
Айбек
Шыныбек
Өркен
Бекмырза
Нұртаза
Тілек
Ерболат
Нұрболат
Нұралы
Нұркие
Рашит
Марат
Руслан
Саясат
Салтанат
Жақсылық
Амандық
Нұрдәулет
Аманжан
Артур
Әлбет
Валерий
Бауыржан
Қалима
Әдила
Ағила
Калина
Қарлығаш
Әлина
Мұса
Ибраш
Ұғыбай
Қаржау
Хамза
Шәміш
Орын
Нәһен
Өтеген
Тоқбай
Ақбай
Сары
Кенжебай
Керей
Бақтан
Хамза
Темір
Айман
Сапар
Елубай
Ерсайын
Оңай
Жолдас
Жолдасбай
Нысанбай
Оспан
Алтынбек
Қали
Сембай
Ғазиз
Алпамыс
Ілияс
Мұса
Шәкір
Таһир
Қосымбай
Сембай
Құлшықай
Асқар
Жексенбай
Құби
Әбіш
Жұмағали
Молдағали
Тезекбай
Табылды
Таған
Бақытжан
Бисенбай
Аман
Қайрат
Ғаният
Берік
Бисен
Қуаныш
Мирас
Жаңабай
Данабай
Ағыбай
Сәндібай
Нұржан
Ерлан
Төлеген
Көбеген
Нұрсұлтан
Бауыржан
Бекжан
Қалнияз
Бернияз
Есмағанбет қажы
Қосмағанбет қажы
Есіпбай қажы
Түменбай
Дәкен
Құлнияз
Құлахмет
Сейдахмет
Саназар
Ерназар
Байнияз
Сэрсен
Сағын
Ұзақ
Қонақ
Хасанғали
Өткелбай
Сәңкібай
Қалша
Қадырбай
Жолдас
Аманқос
Асыл
Оңай
Жұмағали
Ізғали
Аманқос
Мұрат
Еркін
Болат
Марат
Еркін
Ерсайын
Данияр
Дияс
Самат
Мадияр
Таутан
Қосмұқан
Мақтым
Рысжан
Сарық (Егізбай)
Арық (Сегізбай)
Ақдосжан
Ерсайын
Әбілқайыр
Жәміш
Маху
Ерғали
Жақсылық
Шәкір
Салауат
Жалғас
Жолдас
Олжабай
Жәрдем
Жаролла
Сәрсенғали
Қали
Қаныш
Сағынғали
Юрий
Ержан
Өмірзақ
Өміржан
Әтірхан
Болат
Марат
Кенжеғали
Ербол
Акан
Қайырбек
Асыл
Мәди
Тілеген
Айдос
Мейрамбек
Өмірбек
Акан
Тұрлы
Тұрсын
Қуаныш
Нұрлан
Нұрбол


Шеркеш
Ертай
Шумақ
Тоқымбет
Санбар
Бернияз
АЙТАСОВ ХАМИТ



1930 жылы Батыс Қазақстан облысының Бөкей Ордасы ауданында дүниеге келген. Мектептен орта білім алып шыққан. Тыл және еңбек ардагері. Ұлы Отан соғысы жылдарында ересектермен бірдей еңбек етіп, еңбек майданында шынығады. Туған ауылында он жылдай есеп қызмкетері, төрт жылдай аға малшы, 24 жыл ферма меңгерушісі, 5 жыл совхоз директорының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. Бірнеше рет ауылдық кеңестің депутаты болып сайланды. Төрт медальдың, көптеген Құрмет грамоталардың иегері. Х.Айтасов - Шеркеш тайпасының ұраны болған Шағырай атаның тікелей ұрпағы. Қария осы Шағырай әулетінің шежіресін түзеуге көп еңбек сіңірді. Бөкей Ордасы ауданының Құрметті азаматы.

АЙТҚАЛИҰЛЫ ҒАЛЫМЖАН

1940 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Байда ауылдық кеңесі, Котяевка ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолын 16 жасынан ата кәсіп-балықшылықтан бастайды. Көптеген Одақ республикалық, облыстық, аудандық деңгейдегі Құрмет грамоталары, марапаттар, медаль, грамоталардың иегері. Бірнеше рет облыстық партия конференциясының делегаты болып сайланған.



75 жасында дүние салды.

АЙТҚОЖИН ӘЛДІБАЙ



1902 жылы Атырау облысы, Мақат кентінде туған. 1932 жылы Қаратөбе ауданы, «Алғабас» колхозының аға шопаны, кейін қой фермасының меңгерушісі болған. 1946-1947 жылдары әр жүз саулықтан 123 қозы алып, қозылардың енесінен айырған кездегі салмағын 40 кг-ға жеткізгені үшін 1948 жылы КСРО Жоғарғы Совет Президиумының Указымен Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Егіндікөл ауылының Қызылжар елді мекенінің іргесінде ағып жатқан өзені бойында суы терең, айдыны кең жер «Әлдібай» деп аталады. Бұл жер кезінде Қызылжармен іргелес жатқан Калинин колхозының аға шопаны Әлдібайдың қой жайып, суаратын жазғы жайлауы болыпты. Отырған жері ескі Калинин делінсе, суы терең сол айдын әлі күнге өз атымен Әлдібай аталады.

1952 жылы дүние салды.

АЙМҰРАТОВ ЖОЛДАС



1911 жылы Атырау облысында туған. 1930-31 жылдары мұнай техникумында оқыған. 1941-45 жылдары майдандық әскери газет редакторы, 1946 жылы облыстық партия комитетінде нұсқаушы, 1947-50 жылдары Индер (Есбол) аудандық комитетінде хатшы, одан кейінгі жылдарда облыстық мекемелерге басшы қызметте болған.

Ж.Тұрғалиұлы екі мәрте Қызыл Жұлдыз, 2-дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерімен марапатталған.

1993 жылы дүние салған.

АЙМҰРАТОВ ЕРІК



1932 жылы Атырау облысы, Индер ауданының Есбол ауылында туған. Орта мектептен кейін Қазақ тау-кен институтына түсіп, бітірген соң 1955 жылы Индер күмбезінің шикізат қорын барлау және игеруді ұйымдастырушылардың бірі болды. Индер геология барлау экспедициясында геолог, аға геолог, жоспарлау бөлімінің бастығы болған. Индер күмбезінің қазба байлығын зерттеп, "Индер-99" шахтасының жобалық-сметалық құжаттарын дайындаған.Е.Жолдасұлы Индер тұз көлін зерттегені үшін "Кен орнын алғаш ашушы", "Кен барлау ісінің үздігі" белгісімен марапатталған.

2000 жылы қайтыс болды.

АЙМҰРАТОВА ЭЛЕОНОРА



1959 жылы Атырау облысының Индербор кентінде туған. М.Әуезов атындағы орта мектепті бітірген. 1981 жылы Алматы мемлекеттік медицина лық институтын бітірген. 1991 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітірген. 1981-1991 жылдары Атырау қаласында және аудандарда тіс дәрігері, бас дәрігердің орынбасары, аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.1998 жылы «Үкімет басындағы әйелдер» ЮСАИД бағдарламасы бойынша Америка

Құрама Штатында оқыған.1991-2001 жылдары аудандық партия комитетінің

идеология жөніндегі хатшысы, аудандық Кеңес төрағасының, аудан әкімінің орынбасары болды. 2004 жылдан аудан әкімдігі аппаратында қызмет атқарады. .Ерікқызы мерекелік медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған.

АҚМЫРЗИЕВ БОРАН



1959 жылы Байшонас кентінде туылған. Мұғалім. Қарағанды дене тәрбиесі техникумын бітірген (1981). 1976 жылы Байшонас кентінде спорт жаттықтырушысы болып еңбекке араласқан. 1981 жылы Б.Досбаева атындағы Байшонас орта мектебінде дене тәрбиесінің мұғалімі болып жұмыс жасаған. 1998 жылдан Байшонас кенттік округінің әкімі. Грек-рим және самбо күрестері бойынша спорт шеберлігіне кандидат.

АҚМЫРЗАҰЛЫ САЛИЫҚ

1910 жылы туған. Атырау облысы, Жылыой ауданы «Қазақстанмұнай» комбинатының Құлсары бұрғылау жұмысы мекемесінде бұрғышының көмекшісі болды. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. 1945 жылы жазда қатты дауыл тұрып, бұрғылау мұнарасы құлап кеткенге дейін тежегіштің штурвалын жібермеймін деп, ауыр жарақат алып, қаза тапты.

АЛДАМЖАРОВ ӘДІЛБЕК



1962 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Сүйіндік ауылында дүниеге келді. 1979 жылы "Сүйіндік" орта мектебін бітіргеннен кейін Оралдағы ауыл шаруашылық техникумына оқуға түсті. 1981-1983 жылдары әскери борышын өтеді.Оқуын бітіргеннен кейін Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданындағы "Искра" совхозында мал дәрігері болып еңбек етті. Өндірістен қол үзбей Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтын сырттай аяқтап, 1989 жылы Орда ауданындағы Құрманғазы атындағы совхозда бас мал маманы болып еңбек етті. 1993 жылы Орда ауданы "Семиглавый Мар" совхозының тарауына байланысты 1997 жылға дейін сол ауылдың әкімі болып тағайындалды. 1997-2000 жылдары Еңбек академиясында оқыды. 2000-2003 жылдары Тасқала ауданы әкімінің бірінші орынбасары, 2003-2005 жылдары аудандық мәдениет бөлімін басқарды. 2005-2009 жылдары кәсіптік лицей директоры қызметін атқарды.

Ә.Төлепқалиұлы мерекелік медальдармен, салалық Құрмет грамоталармен марапатталған.

2010 жылы дүние салды.

АЛДАМЖАРОВ ҒАЗИЗ



1947 жылы Астрахань облысы, Краснояр ауданында туған. 1963 жылы Ақсарай орта мектебінің 9-класын бітірген соң Астрахань ауыл шаруашылығы техникумының малдәрігері мамандығына түсіп, оны 1967 жылы бітіреді «Краснояpец» бас мал дәрігері болып, жарты жыл еңбек етеді. 1967-1972 жылдары Астрахань техникалық институтында оқып, инженер-механик мамандығын алады. 1972-1975 жылдары Краснояр ауданының «Знамя коммунизма» колхозының бас инженері, 1975-1981 жылдары Құмөзек ауданының Дзержинск колхозында төраға, 1981-1986 жылдары Гурьев облысының «Гурьеврыбпром» кәсіпорнында бас инженер қызметтерін атқарды. 1986 жылы Теңіз аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1987 жылы Гурьев облыстық партия комитетінің хатшысы, 1989 жылы бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. 1990 жылы облыстық атқару комитетінің төрағасы болды. 1989-1995 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Советтің екі мәрте депутаты болып сайланды. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі экономикалық реформа, бюджет және қаржы комитеті мен бақылау палатасының төрағасы, «Казмалт» ЖШС (Чехия) компаниясының директоры, Қазақстан социалистік партиясының төрағасы, Қазақстан КП облыстық және аудандық комитеттері бюросының мүшесі болды.

2001-2002 жылдары ҚР Президенті әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы, 2002-2005 жылдары ҚР Белорусь Республикасындағы Төтенше өкілетті елшісі лауазымдарында қызмет атқарды. 2005-2007 жылдары «Астанаэксимбанкте» бақылау кеңесінің мүшесі болды. 2007 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы, 2010 жылы бірінші хатшысы болып сайланды.

«Құрмет белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған

АЛДАМЖАРОВА БЕКІМ



1924 жылы Доссор кентінде туған. Мұнайшы. 1941 жылы Доссор кен орнындағы шеберханада жөндеуші болған. 1979 жылдан зейнеткер. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған

АЛПЫСБАЕВ КӨБЕН



1910 жылы қазіргі Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы "Жеңіс" ауылында дүниеге келген. Ол екі жылдық Шымкент қаласындағы екі жылдық педагогикалық оқу орнында білім алып, еңбек жолын 1960 жылы

Сарысу ауданындағы алғашқы ашылған мектепте мұғалім болып еңбек жолын бастаған. Алпысбаев Көбен жаңа құрылған Сарысу ауданының алғашқы мұғалімдердің бірі болған.1939-1941 жылдары Сарысу аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарды.1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысына өз отанын қорғауға алғашқылардың бірі болып аттанды. 1943 жылы Харьков облысының Чугуев ауданының старые бубки деревниясы үшін болған ұрыста қазаға ұшырады. Ол сол жердегі бауырластар зиратына жерленіп, атыжөні мемориалдық тақтаға жазылған. Соңында қалған жалғыз ұлы Алпысбаев Қалкен ұзақ жылдар бойы Сарысу ауданының денсаулық саласында қызмет атқарды.

АЛПЫСБАЕВ ҚАЛКЕН



1933 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Мектепте орта білім алған. 1949- 1956 жылдары Алматы мемлекеттік медицина институтының балаларды емдеу факультетін бітіріп, өзі туып-өскен Сарысу ауданындағы орталық ауруханада еңбек жолын бастайды. 1959-1960 жылдары аудандық ауруханының бас дәрігері болды. Мұнан кейін Көктерек ауданында бас дәрегер қызметін атқарады.1962 жылы Сарысу аудандық туберкулез диспансерінің фтизиатор-дәрігері болды. 1966-1969 жылдары Сарысу аудандық орталық ауруханының бас дәрігері қызметін атқарды. 1969 жылдан өмірінің соңғы күнінен дейін аудандық туберкулез диспансерінің фтизиатор-дәрігері болды. Қажырлы еңбегінің арқасында екі медальмен және көптеген Құрмет грамоталарымен атап өтілген.

1985 жылы қайтыс болды.

АЛПЫСБАЕВ СЕРІККАЛИ

1964 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Саудакент ауылында дүниеге келді. 1981 жылы Қазақ ССР-ының 40 жылдығы орта мектебін бітіргеннен кейін Сарысу аудандық баспаханасында баспагер болып еңбек жолын бастады. 1983-1985 жылдары Кеңес Армиясында борышын өтеді. 1985-1988 жылдары



Шымкент қаласындағы арнайы орта милиция мамандарын дайындайтын мектепті бітірді. 1989-1993 жылдар аралығында Жаңатас қалалық ішкі істер бөлімінде жасөспірімдер ісі жөнінде инспектор, учаскелік инспектор, қылмыс іздеу бөлімінде оперативтік аға өкіл болып қызмет атқарды. 1993 жылдан бастап Ақтөбе қаласында Батыс әскери округінде әскери-тергеу басқармасында оперативтік өкілден бастап бастықтың тергеу ісі жөніндегі орынбасары болып, абыройлы қызмет атқарды. Ақтөбе мемлекеттік университетінің заң факультетін сырттай оқып бітірді. 2005 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Атырау қаласында әскери тергеу басқармасының бастығы болып, жауапты қызметін жемісті атқарды.

Полковник С.Қалкенұлы мінсіз қызметі үшін көптеген салалық медальдармен, грамоталармен, алғыс хаттармен марапатталған.

2009 жылы дүниеден озды.

АЛТЫБАЕВ ЖАҚСЫЛЫҚ



1946 жылы Доссор кентінде туылған. Мұғалім. Атырау педагогика институтын бітірген. 1964 жылы Доссор автокөлік жөндеу

зауытында токарь болған. Осы кенттегі №4 және С.Шәріпов атындағы мектептерде мұғалім, аудандық білім беру бөлімінде инспектор,оқу-өндірістік комбинатында директор, В.Белинский атындағы мектепте ұстаздық қызмет атқарған. Кейін Абай атындағы мектепте мұғалім болды. Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі.

АМАНҒАЛИ ЖӘНІБЕК



1958 жылы Сағыз кентінде туылған. Журналист. ҚазМУ-ды бітірген. 1975 жылы Комсомол мұнай өндіру цехында оператор болып еңбекке араласты. Алматыда жұмысшы, құрылысшы, Комсомол кенішінде ұңғылардың жерасты жабдықтарын жөндеуші операторы қызметтерін атқарды. 1985 жылы аудандық «Мұнайшы» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары болып істеген. Мақат аудандық «Мақат тынысы» қоғамдық-саяси газетінің жауапты хатшысы

АМАНҒАЛИЕВ БАЙҒАБЫЛ



1933 жылы Қызыл қоға ауданы, Тайсойған ауылында туылған. Тау-кен инженері. Мәскеу мұнай институтын бітірген. Комсомол мұнай кентінде мұнай өндіруші шебер, инженер, бас инженер. 1970 жылы «Мақатмұнай» базасында орталық инженерлік-техникалық қызмет бастығы болды. Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері құрметті атағын, КСРО Мұнай өнеркәсібінің үздігі.

АМАНИЯЗОВ АЛДАБЕРГЕН



1935 жылы Мақат кентінде туған. Тау-кен инженері. Гурьев мұнай техникумын, Мәскеу мұнай институтын (1955), Алматы Жоғары партия мектебін бітірген (1971). Еңбек жолын 1955 жылы Доссор мұнай кенінде оператор болып бастады. 1960-1969 жылдары аупарткомның нұсқаушысы. Доссор мұнай кенінің шебері, аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, 1971-77 жылдары ауаткомның төрағасы қызметтерін атқарды. 1977-1996 жылдары «Мақатмұнай» базасында партком хатшысы,

Доссордағы орталық өндірістік базада, Доссор мұнай өндіру базасында бастықтың орынбасары, басқарманың ауысым бастығы болды.

1996 жылдан дербес зейнеткер. Бірнеше медальдардың иегері. Мақат ауданының Құрметті азаматы.

АМАНОВА ОРЫН



1938 жылы Мақат кентінде туылған. Мұнай өндеу операторы. Еңбек жолын Мақат мұнай кентінде мұнай өндеуші оператор болып бастаған. 1962 жылы Доссор кен орнында оператор болды. 1988 жылдан зейнеткер. III дәрежелі Еңбек даңқы орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

АМАНҚҰЛОВ РАХМЕТ



1930 жылы Атырау облысында туған. 1954 жылы Атырау мұнай техникумын, 1968 жылы Мәскеу мұнай институтын бітірген. 1944-1952 жылдары - «КГМ» тресі Жолдыбай, Төлес мұнай барлауларында бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, инженер. 1952-1959 жылдары Құлсары, Қаратон бұрғылау кеңселерінде еңбек пен еңбекақы бөлімінің бастығы. 1959-1962 жылдары «Қазақстанмұнай» бірлестігі Қараарна, Прорва терең бұрғылау барлау мекемелерінің бастығы. 1962-1964 жылдары Мақат бұрғылау кеңсесінің бас инженері. 1964-1974 жылдары «ММГБ» тресі КМБЭ бас инженері. 1974-1977 жылдары Балықшы БЖБ бастығы. 1977-1980 жылдары – «Ембімұнай» бірлестігінде ҚЕҚ бөлімінің бастығы. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған

АМАНҚҰЛ ӘМЕН



1932 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Жаршық ауылында дуниеге келген.

1949 жылы орта мектепті алтын медальмен бітіріп, Мәскеудегі мұнай институтының мұнай факультетіне түседі. 1954 жылы Мұнай және газ ұңғыларын бұрғылау мамандығы бойынша тау-кен инженері мамандығын алып, жолдамамен «Қазақстанмұнай» бірлестігіне жіберілді. 1962 жылдың соңына дейін сол бірлестіктің бұрғылау мекемелерінде бұрғышының көмекшісінен бастап, бұрғышы, бұрғы шебері, учаске бастығы, мекеменің өндірістік-техникалық бөлім бастығы және директорына дейін көтерілді. 1963-1966 жылдары Әзірбайжан мұнай және газ институтының аспирантурасында табысты оқып, оны кандидаттық диссертацияны қорғаумен аяқтады.1966 жылдан 2003 жылға дейін Қазақ ұлттық техникалық университетінде жұмыс атқарды. Аға оқытушыдан бастап, 1968 жылы доцент, 1986-1995 жж. «Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау» кафедрасының меңгерушісі, 1996 жылы «Ұңғымаларды бұрғылаудың технология және техника» (ҰБТжТ) кафедрасының доценті, ал 1998 жылдан «ҰБТжТ» кафедрасының профессоры. 2000 жылдан бастап осы кафедраның меңгерушісі.Ол 120-дан астам ғылыми-әдістемелік еңбектер жариялады. Оның ішінде мемлекеттік тілде: «Ұңғыларды аяқтау» бір оқу құралы: «Теңіздегі ұңғымаларды бұрғылау және аяқтау» орыс тілінде бір электронды кітап «Бурение нефтяных и газовых скважин» және 20 орыс - қазақ тілдеріндегі әдістемелік нұсқаулар. 1998 ж. оған ҚазҰТУ-нің профессоры деген академиялық атақ берілді.Кәсіби қызметтегі және ғылыми өндірістегі жетістіктері үшін профессор Ә.С.Аманқұл КСРО Геология министрлігінің «Отличник разведки недр» белгісімен «За отличные успехи в работе» МВ и ССО СССР белгісімен КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің Құрмет мақтау қағазымен, «Еңбек ардагері» медалімен және «Қазақстан мұнайына 100 жыл» белгісімен марапатталған.

АМАНҚҰЛОВ БОЛАТ



1959 жылы Атырау облысының Қаратон кентінде дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң еңбек жолын 1976 жылы «Ембімұнай» бірлестігінің Балықшы барлау-бұрғылау басқармасында токарь болып бастаған.

1982 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын тау-кен инженер-геологы мамандығы бойынша тамамдады.

Оқу орнын бітіргеннен кейін «Ембімұнай» Каспий маңы бұрғылау жұмыстары басқармасында еңбек етті. 1988 жылға дейін технолог, геолог және аға геолог қызметтерін атқарды.

1988 жылы «Ембімұнайгеофизика» ӨБ-нің Гурьев геофизикалық жұмыстар басқармасына геолог болып ауысты. 1992-1993 жылдары осы мекеменің геология бөлімін басқарды.

1993-1998 жылдары «ҚазақстанКаспий-Шельф» АҚ-да қызмет етті. Осында бас маман-геолог, геология және геофизика бөлімінің басшысына дейінгі қызметтерді атқарды.

1988-2005 жылдары Parker Drillinq Company Intemational Ltd және Aqip КСО халықаралық компанияларында қызмет етті. 2005-2012 жылдары «ҚазМұнайТеңіз» АҚ-да басшылық қызметтерін атқарды. 2012 жылдан «Н Оперейтинг Компани» ЖШС-нің бас директоры болып еңбек етіп келеді.

Б.Рахметұлы мұнай-газ саласының дамуына қосқан үлесі үшін бірнеше мерекелік медальдармен, салалық төсбелгілермен, Құрмет грамоталармен марапатталған. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген.

АМАНТҰРЛИНА ТАМАРА



1956 жылы Гурьев қаласына қарасты Қайыршақты ауылында дүниеге келген. Орта мектепті үздік бітірген соң 1973 жылы Гурьев педагогикалық институтының тарих-филология факультетіне түседі. 1977 жылы Балықшы ауданының Жұмыскер қыстағындағы Ғани Мұратбаев атындағы орта мектепке орыс тілі мен әдебиеті пәнінен мұғалім болып орналасады.1987 жылдан мемлекеттік қызметке ауысып, Жұмыскер поселкелік Кеңесінің төрайымы болды. Алматыдағы ҚазМУ-дің заң факультетін бітірген. 1991-1994 жылдары аудан әкімдігінде қызмет етті.1994 жылы Балықшы аудандық мәслихаты – аудандық Мәслихаттардың біріккен сессиясында Атырау қалалық Мәслихаты хатшысының орынбасары, бір жылдан кейін қала әкімі аппаратының мемлекеттік құқық бөлімінің меңгерушісі қызметіне ауысады.

Т.Өтегенқызы 1999 жылы Атырау қалалық Мәслихатының хатшысы, 2003 жылы ҚР Орталық сайлау комиссиясының бас сарапшысы – Атырау облысы бойынша өкілі қызметіне тағайындалады.2006 жылы Атырау облысы әкімі жанындағы отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі комиссияның секция жетекшісі.Ол көптеген мерекелік медальдармен,мақтау грамоталарымен марапатталған. Шетелдердегі түрлі сайлауларға халықаралық бақылаушы ретінде қатысты. Көптеген форумдарға қатысқан, республикалық байқау жеңімпазы. "Нұр Отан" ХДП-ның облыстық кеңесінің мүшесі.

АМАНТУРЛИН ЖАНАЙ

1973 жылы Елтай ауылдық округіне қарасты «Қызыл төбе» қыстағында дүниеге келген. 1980-1990 жылдары бұрынғы В.И.Ленин (қазіргі М.Сиранов) атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Амангелді кеншарында еңбекке араласты.

1991-1993 жылдары Хабаровск қаласында әскери борышын өтеді. Одан кейін Амангелді кеншары, кейін «Әділет» кооперативінде аға



шопан, тәуелсіздік алған жылдардан шаруа қожалығымен айналысты. Осы жұмыста жүріп, аудандық, облыстық газеттерге мақала жазады. 2000-2004 жылдары Қазақ мемлекеттік заң академиясын, кейін Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетін журналистика мамандығы бойынша бітірді.

2003 жылы аудандық «Дендер» газетінде тілші, экономика, заң, ауыл шаруашылығы бөлімдерінің редакторы, 2005-2011 жылдан облыстық «Атырау» газетінің Индер-Махамбет аудандары, «»Сахара» газетінің Индер, Қызылқоға аудандары бойынша меншікті тілшісі қызметін қоса атқарды.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, одақтың Құрмет грамотасының иегері. Көптеген тарихи- танымдық материалдардың авторы. Қазақстан Журналистер конгресінің делегаты. 2011 жылдан Индер аудандық «Дендер» газетінің бас редакторы. Аудандық мәслихат депутаты

АМАНҒАЛИЕВ БАҚТЫҒАЛИ



1925 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданының Тайсойған жеріндегі 4-ауылда дүниеге келген. Жетіжылдық білім алған. 1940-1943 жылдары колхозда еңбек етті.1943-1948 жылдары әскер қатарында болып, Ұлы Отан соғысына қатысты. 53-атқыштар полкы мен 2-Батыс Украина, Белоруссия майдандарындағы шайқастарға қатысып, Жеңіс күнін Берлинде тойлады.1949-1995 жылдар аралығында автомашина жүргізушісі болды.Ұлы Отан соғысы орденімен, көптеген жауынгерлік медальдармен марапатталған. Шежірелік деректерді жинауға атсалысқан абзал қария.

2011 жылы дүние салды.

АМАНТҰРЛИЕВ АЮП



1930 жылы Атырау облысында дүниеге келген. 1-4- сыныпты Қошағылда бітірген. 1949-1952 жылдары мұнай өндірісінде еңбек етті. 1952-1955 жылдары әскер қатарында болды. 1955-1999 жылдары үздіксіз мұнай өндірісі саласында еңбек етті. 1972 жылы облыстық Кеңестің депутаты болып сайланды. 1971 жылы Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұнайшысы атағы берілді. Екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, көптеген мерекелік медальдармен марапатталған. 1982-1987 жылдары КСРО кәсіподағының XVII, XVIII съездерінің делегаты болды.

А.Амантұрлиевтің есімі Қазақ КСР-ының Алтын кітабына енгізілген

АНДИЕВ ҚАРАҚҰЛ



1940 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Кенбай ауылында дүниеге келген. 1960 жылы Ақтөбе кооператив техникумын, 1969 жылы Алматы халық шаруашылық институтын бітірген.1960-1987 жылдары Қызылқоға ауданында Мұқыр, Абай, Қызылту, Сағыз жұмысшылар кооперациялары басқармасының төрағасы, ауылдық Советтердің депутаты, 1987-2002 жылдары Ембі ауданының «Теңізмұнайгаз» өндірістік бірлестігінің әлеуметтік даму және шаруашылық бөлімінде инженер, Құлсары селосы басқармасының төрағасы, Ембі аудандық дайындау конторының директоры, аудандық комуналдық мекемесі директорының орынбасары, т.б. қызметтер атқарған. Бірнеше медальдармен марапатталған.

АНДАҚҰЛОВА ГҮЛНАР



1958 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Шортанбай ауылында дүниеге келген. 1965-1975 жылдары туған ауылындағы орта мектепте оқыды. Мектепті бітірген соң Гурьев қаласына келіп, Ленин атындағы балық өңдеу комбинатына жұмысқа орналасады. 1977 жылы комсомолдық жолдамамен ішкі істер органы қызметіне келіп, екі жыл бойы Балықшы аудандық ішкі істер бөлімінің арнайы комендатурасының милиционері қызметін атқарды. 1979-1973 жылдары Ішкі істер басқармасының балық бөлімінің милиционері болады.

1985 жылдан бастап Атырау облысының ішкі істер департаментінің кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталығында қызмет етті. 1985-1997 жылдары орталықтың тәртіп жөніндегі кезекшісі, профилактика инспекторы, аға тәрбиеші қызметтерін атқарды.

Г.Ихсанқызы Алматы қаласындағы милиция арнайы орта мектебін үздік бітірді. Одан кейін ҚР ІІМ-нің милиция жоғарғы мектебін аяқтады.

1997 жылдан бастап осы Орталықтың бастығы қызметіне тағайындалды. Милиция полковнигі

АРИПОВ АБДУЛЛА



1912 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданында туған. 13 жасында әкеден жетім қалады. 1926-1932 жылдары Тассайда тұрып, Шымкент ауыл шаруашылығы техникумында оқыды. Тұрмыстық жағдайының ауырлығына байланысты техникумды аяқтай алмай, Ленгір ауданындағы сегізжылдық мектепке мұғалім болып барады. 1933 жылы Алматыдағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне оқуға түседі. 1934 жылы оқуын Қазақ мемлекеттік университетінде жалғастырады. 1939 жылы Қызылорда облыстық оқу бөлімі жанындағы педагогикалық курстың оқу ісінің меңгерушісі болады. 1940 жылы әскер қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысады. Ол взвод командирі және ротаның саяси істер жөніндегі орынбасары болды. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін екі жауынгерлік орденмен, бірнеше медальдармен наградталды.

Соғыстан кейін Алматы облыстық оқу бөлімінің бөлім меңгерушісінің орынбасары, Қазақ ССР ҒА Астрономия және физика институтының кіші ғылыми қызметкері, Қазақ ауыл шаруашылығы институтының физика кафедрасының аға мұғалімі болды. 1951-1954 жылдары Д.А.Арипов КСРО ҒА П.Н.Лебедов атындағы физика институтының аспирантурасында оқыды. Сонда жүріп, техника ғылымдарының кандидаты атағын қорғады. 1954-1956 жылдары ол Ғылым академиясының геологиялық ғылымдар институтында спектралдық зертхана меңгерушісі болды. 1956 жылдан бастап ол Шымкент педагогикалық институтында физика кафедрасын басқарды. Ол осы институтта жылдар бойы еңбек етіп, үш мыңнан астам мамандар тәрбиелеуге атсалысты. Оның басшылығымен оңға жуық адам ғылым кандидаты атақтарын қорғады.

1994 қайтыс болды.

АРИПОВА АЙСҰЛУ



1946 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. 1963 жылы Шымкент қаласындағы орта мектепті бітірген соң Алматы қаласындағы Асфендияров атындағы мемлекеттік медициналық институттың педиатрия факультетіне түседі. 1969-1974 жылдары Москва қаласындағы КСРО Медициналық ғылым академиясының педиатрия ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында іштей оқып әрі жұмыс істеді. Сонда кандидаттық диссертациясын қорғады. 1974-1978 жылдары Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігінің педиатрия ғылыми-зерттеу институтында жұмыс істеді. 1978-1983 жылдары Москвада докторантуралық дайындықтан өтіп, 1984 жылы сонда докторлық диссертациясын қорғады.

Айсұлу Абдуллақызы Алматы қаласында клиникалық-диагностикалық зертхана меңгерушісі, Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты ғылыми-зерттеу институтында жаңа туған және шала туған балалар бөлімінің меңгерушісі, Алматы медициналық институтының балалар ауруы кафедрасының профессоры, ҚР Ғылым және технологиялар министрлігінің халықаралық ынтымақтастық және сыртқы экономикалық қатынастар басқармасының бастығы болып істеді.

2001 жылдан бері Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық университеттің арнайы педагогика кафедрасының профессоры болып істеп келеді. Ол 2001 жылға дейін 12 жыл бойы қазақтың көрнекті дипломаты, саяси қайраткері, Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігінің Бас хатшысы, Оңтүстік Йемен мемлекетіндегі КСРО-ның Бас консулы, ҚР Сыртқа экономикалық байланыстар министрінің бірінші орынбасары, ҚР Мысырдағы, Алжирдегі, Мароккодағы, Тунистегі, Ливиядағы, Иорданиядағы, Сириядағы, Малайзиядағы Төтенше және өкілетті елшісі болған зайыбы Болатхан Құлжанұлы Тайжанмен шетелдерде болып, жұмыс істеді.

АРЫСТАНҒАЛИЕВ ХАМИ



1932 жылы Айранкөл ауылында туған. 1954 жылы Алматы шет тілдер институтын бітірген. Атырау қаласындағы Киров, Жылыой ауданының Макаренко, Островский, Жазықбаев атындағы орта мектептерде мұғалім, мектеп директоры, мектепаралық оқу-өндіріс комбинаты директорының орынбасары, аудандық әдістемелік кабинет меңгерушісі, аудандық оқу бөлімінің инспекторы, мұғалімдердің аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы болған. ҚР Білім беру ісінің үздігі, бірнеше медалдармен марапатталған.

2004 дүниеден озды.

АРЫСТАНҒАЛИҰЛЫ АЛТЫБАЙ



1948 жылы Атырау облысының Жасқайрат ауылында дүниеге келген. Мектепті бітіргеннен соң, Гурьев ауыл шаруашылық техникумын бітіріп, сол салада еңбек етіп, 1977 жылы «Бесжылдықтың жас гвардияшысы» төсбелгісімен, 1997 жылы мал басын көбейтуде жоғары көрсеткішке жетіп, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. 2004 жылдан бастап «Жасқайрат» акционерлік қоғамының президенті болып, асыл тұқымды сурхандария суырын өсіруді іске асырды. 2006 жылы Атырау гуманитарлық университетін сырттай бітірді.

Білікті маман совхозда бидай, арпа, тары, картоп, бау-бақша өсіріп, жағдайы төмендеу адамдарға тегін үлестіріп, халқының алғысына ие болды. 2003 жылдан бастап Қызылқоға аудандық мәслихатының депутаты болды. Бірнеше дүркін облыстық, республикалық деңгейдегі мақтау қағаздарымен марапатталды.

Сурхандария суырын өндірудегі зор еңбегі үшін 2006 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алды. 2007 жылы Тайсойған ауылдық округінің әкімі болып тағайындады. Арыстанғалиұлы Алтыбай 2007 жылы өмірден озды

АРТЫҒАЛИЕВ МҰСА

1956 жылы Атырау облысының Жылыой ауданында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен соң Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсіп технологиялық институтының Алматыдағы филиалын 1980 жылы бітірген.



Институтты бітірген соң Гурьев нан өнімдері комбинатында элеватор бастығы, 1981-1983 жылдары комсомол жұмысында болды. Екі жылдай әскери борышын өтеген соң 1985-1987 жылдары қалалық партия комитетінде, 1987-1992 жылдары нан өнімдері комбинатында бас инженер, директор қызметтерін атқарды. Одан кейінгі бес жылда жеке бизнеспен айналысты. 1997 жылдан бастап «АтырауГазИнвест» ЖШС-інің бас директоры болып еңбек етуде.

М.Дәуітұлы көптеген салалық Құрмет грамоталармен марапатталған

АРТЫҒАЛИЕВ ЖҰМАБЕК



1958 жылы Атырау облысы, Құлсары кентінде дүниеге келген. Мектеп бітірген соң 1975-1980 жылдары Алматыдағы Ленин атындағы политехникалық институтта оқып, инженер геофизик мамандығын алды. 1980-1982 жылы әскерде офицер шенінде қызмет атқарды. 1983-1985 жылдары Алматы индустриалды техникумы комсомол ұйымының хатшысы, 1985-1991 жылдары Қазақ КСР Геология министрлігінде, КСРО Сыртқы сауда министрлігінің Қазақ бөлімшесінде түрлі қызметтер атқарды. 1991-1999 жылдары «КазСвязьИмпекс» қауымдастығының «ИнтерВКС» компаниясының коммерциялық директоры, «Нартәуекел» ЖШС директоры болды. 1999-2011 жылдары британдық компанияда, «КазТрансГаз» АҚ, «КазТрансГаз-Сервис» ЖШС, «ҚазахОйл-Ақтөбе» ЖШС сатып алу бөлімінде басшылық қызметтерде еңбек етті. «Қазақ-Қытай» труба құбыры ЖШС бақылау департаментінің директоры қызметін атқарды. 2011 жылдан «СпецКонтракт» ЖШС Бас директорының бірінші орынбасары.

Ж.Дәуітұлы бірнеше салалық Құрмет грамоталармен марапатталған.

АРТЫҒАЛИЕВ РЗАБЕК



1960 жылы Атырау облысы, Құлсары қаласында туған. Алматы энергетика институтын, Ленинград политология институтын бітірген. 1983-1991 жылдары Ембі электр жүйелері кәсіпорнында, ҚКП Ембі аудандық комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісінің орынбасары, партия жұмысы бөлімінің меңгерушісі, 1991-1998 жылдары Құлсары кентіндегі «Теңізмұнайгаз» өндірістік бірлестігі бас директорының көмекшісі, кадр бөлімінің бастығы, коммерциялық ЖШС-нің Павлодардағы өкілетті директоры болды.

1998-2001 жылдары Жылыой ауданының әкімі қызметін атқарды.

АРЫСОВ НӘБИ



1910 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданында туылған. ФЗО-ның Доссордағы мектебін бітірген (1925). 1925-1928 жылдары - Доссор мұнай кәсіпшілігі бұрғылау цехында бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері. 1928-1931 жылдары Кеңес Армиясының қатарында азаматтық борышын өтеген. 1932-1935 жылдары Сағыз, Комсомол, Тереңөзек мұнай барламасының бұрғышысы, бұрғылау бастығы, техникалық қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі. 1943-1944 жылдары Гурьев облыстық партия комитетінің мұнай бөлімінің нұсқаушысы. 1944-1947 жылдары «Қазмұнайбарлау» тресінде партия ұйымда-

стырушысы. 1947-1959 жылдары Тереңөзек, Тентексор, Байшонас, Қарашұңғыл, Оңтүстік Қамыскөл, 1959-1968 жылдары Қарағын мұнай барлау экспедициясы Мақат кеңсесінің құралдық алаңының бастығы.

Н.Сақиұлы медальдармен және ҚКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған (1939).

1994 жылы қайтыс болған.

АРЫСОВ РЫСҚАЛИ



1946 жылы Атырау облысында туылған. Кенбай кен орнын тұңғыш ашқан (1996). Қазақ политехникалық институтын бітірген (1970). 1970-1992 жылдары Каспий маңы, Солтүстік Ембі мұнай-газ барлау экспедицияларында, Орталық геологиялық-іздеу экспедициясында техник-геолог, геолог, аға геолог, геология бөлімінің бастығы. 1992-1996 жылдары Құлсары МГӨБ бас геологы. 1996 жылдан «Теңгизшевройл» БК геология менеджері. 2004 жылдан зейнеткер.

АРТЫҒАЛИЕВ ДӘУІТ



1926 жылы Жылыой ауданы, Ақбас ауылында туған. Ұзақ жылдар партия-кеңес қызметкері, аудандық газет редакторы. Құлсарымұнай-газ өндіру басқармасы кәсіподақ комитетінің төрағасы. Бірнеше рет аудандық кеңестің депутаты болып сайланған. 1 -дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

АСАУ БИ МАҢДАЙҰЛЫ

Асау би 1780 жылы туған. Ел арасында сыйлы, қара қылды қақ жарған би, шешен болған. Тегі Шеркеш-Қойыс. Туып өскен және билік еткен жері- Қызылқоға–Тайсойған-Сарыкөл кенті.

1862 жылы дүние салды.

АСАНОВ ҚЫЛЫШ



1941 жылы Сарысу ауданының Интернационал колхозында туылған. 1959 жылы Ленин атындағы мектепті бітірген. 1959-1964 жылдары Шымкент технологиялық институтында оқыған. Инженер-механик мамандығын алған. 1965 жылы "Казмехмонтаж" басқармасының Жамбыл бөлімшесінде шебер болы істеген. 1965-1966 жылдары әскери қызметін атқарған. 1967 жылы жоғарыда аталған басқармада инженер болып жұмыс істеген. 1967-1968 жылдары Минск қаласындағы Мемлекеттік қауіпсіздігі комитетінің арнайы мектебін бітірген. 1968-1996 жылдары Мемлекеттік қауіпсіздігі комитетінің Жамбыл облыстық басқармасында жауапты қызмет атқарды. Подполковник дәрежесінде зейнеттік демалысқа шыққан.

2005 жылы дүние салды.

АСЫЛОВ РАҚЫШБАЙ



1937 жылы Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданында туды. Еңбек жолын көлік жүргізушісі болып бастаған. 1975 жылдан Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы "Северный" совхозында еңбек етті. 1975 жылы "Құрмет белгісі" орденімен, 1981 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Бірнеше рет аудандық, ауылдық кеңестің депутаты болып сайланды.

2007 жылы дүние салды.

АСҚАРОВ ГЕНЕРАЛ

1940 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданындағы, Шолаққорған ауылында дүниеге келген. Оның әкесі Әбдірауық пен анасы Аманкүл өнерді қадірлеген, өздері де өнерлі жандар болған. Әкесі әскери қызметкер болғанына қарамастан өнерді



пір тұтқан, ал анасы жыр, дастан, қиссаларды жатқа айтатын.

Сол кісілерден тәлім-тәрбие көрген Генерал да жас кезінен ән-күйге жақын болып өседі. Мектепте оқып жүрген сәттерден-ақ көркемөнерпаздар үйірмесіне белсене қатысады.1957 жылы мектепті үздік бітіреді, қалауы консерваторияға түсу еді, бірақ жалғыз бала болғандықтан анасының қамын ойлап, 1958 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылық институтының агрономия факультетіне түседі. Студент кезінде қазақтың әнші-күйшілері Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Жамал Омарова, Роза Бағыланова, Жаппас Қаламбаев, Қали Жантілеуов, Рүстембек Омаровтармен араласады.

Күйшілердің орындаушылық өнерлерін зердесіне тоқи жүріп, өзінің орындаушылық шеберлігін қалыптастырады. Г.Асқаровтың күйші болып шыңдалуына атақты қобызшы әрі домбырашы Жаппас Қаламбаевтың еңбегі орасан зор болды. Әсіресе ұлы күйші Сүгір шығармаларын шебер орындаушылар санатында болуына осы кісінің үлкен еңбек сіңіргенін атап айтуға болады.

Г.Асқаров-күйшілігімен қатар шығармашылық өнерге де құлаш ұрған жан. Оның «Сен ғана», «Ақын қызға», «Арнау ән», «Неге сүйдім бұлбұл құсты», «Түсіндірші, сүйіктім», «Сенің көзің», «Жас тілек», т.б. әндерін және «Дала еркесі», «Ақшабақ», «Мұның өзі қалай?», «Сезім күйі» атты күйлерін студент кезінде консерваторияның фольклорлық кабинетінде жаздырады. Сонымен қатар Г.Асқаровтың орындауында қазақ радиосының музыкалық қорында 15 күй, ал облыстық радиода бірнеше ән, күйлері жазылған.

1969 жылы Г.Асқаровтың даңқты әнші Ришат Абдулиннің орындауындағы «Неге сүйдім бұлбұл құсты?», Сүгірдің 9 күйі жазылған күйтабағы жарыққа шықты. 1963 жылы жоғарғы оқу орнын үздік бітіріп, өзі туып-өскен жерге мамандығы бойынша қызметке келеді. 1987 жылдан Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясының арнайы шақырумен «Сүгір күйлері» класы бойынша студенттерге аракідік барып, дәріс беріп тұрды. Одан Бекболат Тілеуханов, Раушан Әлсейітова секілді өнер ошағының отын маздатып жүрген біраз өнерпаздар сабақ алады.

Осы аталған студенттер Генералдың орындауындағы Сүгірдің күйлері «Шалқыманың» екінші түрін, «Ыңғай төкпені», «Кертолғауды» және өзінің «Неге сүйдім бұлбұл құсты?» романсы мен «Жас тілек» әнін нотаға түсіріп, Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық оркестрге лайықтап, партитура жасады.

Ол Созақ ауданының Құрметті азаматы атағын иеленген. 1998 жылы облыстық «Зерде» стипендиясының иегері және дәл осы жылы ол Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның Құрметті профессоры атанды. Дәулескер күйші хақында Уәли Бекеновтің «Күй табиғаты», Біләл Ысқақовтың «Салтанат», Қиянтай Ахметовтің «Ел сүйсініп тыңдайтын ән мен күйлер» т.б. кітаптарда жақсы лебіздер мен пікірлер айтылған. Күйші туралы жоғарыда аталған кітапта былай делінген: «Г.Асқаров орындаған Сүгірдің «Наз қоңыр», «Шалқыма»,«Жолаушының жолды қоңыры», «Аққу», «Кертолғау» күйлері Сүгір шеберлігінің боюын жоғалтпай, тартымды естіліп, тыңдаушысын ұйыта біледі. Жұбайы Жаңыл ұлы қобызшы Жаппас Қаламбаевтың қызы».

Генерал Асқаров туралы бірнеше очерк, эссе, естеліктер жазылды. Қаратау өңірінің асыл мұрасын сақтап, оны ұрпаққа жеткізуші дарабоз, дәулескер күйшінің есімі, өнері ел-жұртының есінде жақсы сақталған.

Г.Асқаров 1999 жылы дүниеден өтті.

АРТЫҚБАЕВ ЖҰМАБЕК



1937 жылы Жамбыл облысында туған. 1956-1959 жылдары Шолақтау қыстағында құрылыста істеді. 1959-1965 жылдары Алматы қаласындағы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтта оқиды. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін Қарағанды облысының «Қаражар» совхозында бригадир, ферма меңгерушісі, 1967 жылы Жаңаарқа ауданының «Бұрма» совхозында бас зоотехник, директордың орынбасары болып істеді. 1968-1972 жылдары сол ауданның «Целинный» совхозында, Кәрім Мыңбаев атындағы ғылыми-тәжірибе станциясында, «Рассвет» совхозында партия ұйымының хатшысы болып қызмет атқарды. 1972 жылдан зейнетке шыққанға дейін «Жаңатас» совхозында бас зоотехник, бас экономист қызметтерін атқарды.

2011 жылы дүние салды.

АТШЫБАЕВ БЕРКІНҒАЛИ



1897 жылы қазіргі Атырау облысының Қызылқоға ауданы, Миялы кентінде дүниеге келген. Алаш қозғалысының қайраткері, мұнайшы- инженер. 1916 жылы Орал әскери қазақ училищесін бітірген. 1917-1920 жылдары Батыс Қазақстанда Алаш партиясының ұйымдары мен Алашорда комитеттерін құрды. Ойыл уәлаятының (Алашорданың Батыс бөлімшесі) басшыларының бірі болды. 1920 жылдың наурызында Қазақстаннан құдаланып, 1930 жылға дейін Мәскеуде тұрды. И.Губкин атындағы мұнай институтының 5-курсынан Алашордаға қатысқаны үшін шығарылды. 1930 жылы елге қайта келіп,1936 жылға дейін «Ембімұнай» тресінде қызмет істеді. Жем өңірінің геологиялық картасының жасалуына, Құлсары,Ескене мұнай кеніштерінің зерттелуіне,Мұнайлы кен орнының ашылуына көп еңбек сіңірді.

1937 жылы саяси қуғын-сүргін кезінде тұтқындалып, хабарсыз кетті.1957 жылы ақталды.

АТШЫБАЕВ ӘБУ



1925 жылы Жылыой ауданы, Қияқ ауылында туған. 1932 жылы алғашқы рет мектеп есігін ашқан. 1947 жылы Қосшағыл елді мекенінде Лермонтов атындағы кешкі жұмысшы жастар орта мектебін бітірген. Сол жылы Мәскеу қаласындағы академик Губкин атындағы Мұнай институтына оқуға түсіп, оны 1952 жылы бітіріп шыққан. Одан мұнайшы-инженер мамандығын алып шыққан. 1952-1955 жылдары Құлсарыда, Сағыз мұнай өндірісінде мамандығы бойынша қызмет атқарды. 1957-1959 жылдары КОКП ОК жоғары партия мектебін бітірген. 1959-1961 жылдары Мақат аудандық партия комитетінің хатшысы, 1961-63 жылдары Прорва мұнай өндірісінің бастығы., 1963-1964 жылдары Батыс Қазақстан өлкелік партия комитетінде бөлім меңгерушісінің орынбасары, 1964-1966 жылдары Гурьев облыстық партия және мемлекеттік бақылау комитеті төрағасының орынбасары, 1966-1970 жылдары Мақат аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1973-1985 жылдары Маңғыстау облыстық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, болып қызмет атқарды. 1985 жылдан Одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» орденделімен марапатталған.

«Қазақ жерінің қара алтыны», «Үнемшілдік жолында», «Кіші жүз» шежіресі, «Шеркеш» шежіресі атты кітаптардың авторы. «Қазақстан мұнай энциклопедиясы» атты ауқымды еңбекті шығарушылардың бірі. Ә.Атшыбайұлы ата-баба тарихына арналған «Шеркеш» шежіресі атты үлкен еңбектің тыңына тұңғыш түрен салушы азамат. Атырау қаласының құрметті азаматы.

АТШЫБАЕВ НҰРЖАН



1964 жылы Ақтөбе қаласында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін Алматыдағы Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетіне түседі. 1986 жылы оқу орнын ойдағыдай аяқтаған соң Маңғыстау облысындағы мұнай өндірісінде бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шеберінің көмекшісі, бұрғылау шебері болып 1992 жылға дейін істеді. 1992-1998 жылдары «Маңғыстаумұнайгаз» ААҚ-ына қарасты «Бұрғышы» ЖШС-ісінде аудандық инженерлік-технологиялық бөлімі бастығының орынбасары, бастығы, өндірістік бөлімнің бастығы қызметтерін атқарды. 1998-2007 жылдары Маңғыстау облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармада бас маман – мемлекеттік инспектор, 2002-2008 жылдары Маңғыстау облысы бойынша теңізде мұнай өндіру инспекциясының бастығы болды.2008 жылдан бастап мұнай өндірісі саласы бойынша түрлі компанияларда, ЖШС-терде үйлестіруші, директордың көмекшісі, директордың өндіріс жөніндегі орынбасары болып еңбек етті.2012 жылдан бастап «МН industry» ЖШС холдингтік компанияда бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары болып істейді.

Н.Әбуұлы көптеген салалық Құрмет, мақтау грамоталардың иегері.

АТШЫБАЙҰЛЫ ЫҚСАН



1900 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Жем бойындағы Тұрғызба ауылында дүниеге келген.

Ескіше хат таныған. Кеңес өкіметі келген соң сауат ашу мектебінде оқыған. Сол замандағы сауатты азамат ретінде, колхозда Қызыл отау белсендісі, егіс, шөп науқандарында бригадир, қоймашы, соғыс уақыттарында Жемнің жоғарғы колхозында басқарма бастығы, ауылдық кеңес төрағасы қызметтерін атқарған.

Соңғы уақытта сауда саласында қызмет етіп, зейнетке шыққан. Жылыой аймағына танымал, қадірлі азамат атына кір келтірмеген адам екенін балалары 2000 жылы 100 жасына арнап ас бергенде, істес, қызметтес болған іні, келін, қарындастары, әсіресе өте ауыр соғыс уақытындағы елге жасаған қамқорлықтарын шын ризалықпен айтқандары ел есінде. Жылыойлық Айтқали Бекетовтің "Жылыойдың айтқыштары" деген әңгімелеріне енгізілген сөздері, ел аузынан түспей жүрген әңгімелері -соның айғағы.

1976 жылы өмірден озды.

АТШЫБАЕВ КЕЙКІН



1928 жылы Атырау облысының Калинин ауылында туылған. Жылыой аудандық кеңшарында бас есепші, (1962-1978жж.) Боранқұл, Опорный кенттік Кеңестерінің төрағасы болған. «Ерлік еңбегі үшін», В.И.Ленинның туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен марапатталған. Бейнеу ауданының Құрметті азаматы.

2008 жылы өмірден озды.

АТШЫБАЕВ МҰҚАШ

Туған - өлген жылы туралы нақты дерек жоқ. Белгілі қоғам қайраткері Атшыбаев Беркінғалидың әкесі. Дүниеге келген кезі шамамен 1860 жылдардың ортасы деп жобаланады. Атасы Жайық алабына аты шыққан Қазыбек би әрі батыр болған. Өз әкесі Атшыбай- 1869-70 жылдарда Кіші жүз қазақтарының көтерілісіне қатысқан мәндайалды батырлардың бірі.

Мұқаш Батыс қазақтары арасында кәсіпкерлікпен белсене айналысқан тұлға деп танылады. Ол Орал өніріндегі кәнігі орыс саудагерлерімен бірігіп, Тайсойған, Ойыл, Тайпақ жерлеріндегі халықты күнделікті қажет заттармен, азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған. Сауатты, көзі ашық М.Атшыбаев өз балаларын Гурьев, Оралда арнайы оқытты. Ол сонымен бірге Батыс Қазақстанның саяси-қоғамдық өміріне белсене араласты. 1917-1918 жылдардағы революциялық қозғалыс пен азамат соғысы жүріп жатқанда, Оралда, Ойылда, Қаратөбеде өткен облыстық съездерге делегат болып қатысқан, ел ақсақалдарының кеңесіне араласқан. 1918 жылы гарнизонының бүлігі тұсында жергілікті земство басқармасының қаржысының бір бөлігін аман сақтап қалған.

М.Атшыбаев шамамен жиырмасыншы жылдың бас кезінде дүние салған.

АТЫРАУБАЕВ БОРАНБАЙ



1940 жылы Атырау облысының Тұрғызба ауылында дүниеге келген. Ақтөбе мемлекеттік дәрігерлік институтын бітірген. КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, 1 -дәрежелі көз дәрігері. Сарқамыс учаскелік ауруханасында дәрігер-хирург, аудандық біріккен ауруханаңың бас дәрігерінің емдеу жөніндегі орынбасары, бас дәрігері, «Қамыскөл» шипажайының бас дәрігерінің емдеу жөніндегі орынбасары болды. Аудандық Кеңестің депутаты болып сайланған.

АТЫРАУБАЕВА ЯҚҰТ



1947 жылы Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бескопа ауылында туған. Ақтөбе мемлекеттік дәрігерлік институтын бітірген. 1 дәрежелі дәрігер- инфекционист. 1969 жылдан акушер-гинеколог, Жылыой аудандық жұқпалы аурулар ауруханасының меңгерушісі болған. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

АУСТНИЯЗОВ АҚҚАЛИ



1895 жылы Атырау қаласында туған. Байырғы мұнайшы. 1911 жылы Доссор мұнай кәсіпорнында ағылшындарға курьер, слесарь болып қызмет етті. 1920-56 жылдары Астраханьда балықшы, Доссор, Мақат, Сағыз,Байшонас, Тентексор, Қосшағыл мұнай кәсіпшілігі басқармаларында мұнай өндіру операторы, шебер, механик болды. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған.

АУСТНИЯЗОВ АМАНҒАЛИ

1902 жылы Гурьев қаласында туылған. 1917-1935 жылдары Доссор мұнай кентінде от жағушы, май құюшы, қуаттық стансаның машинисі, автокөлік кеңсесінің жөндеушісі. 1935-1955 жылдары Қосшағыл мұнай кенті автоГражы

ның жөндеушісі, кәсіподақ комитетінің төрағасы,автогараж,бұрғылау бөлімінің механигі болды. Леин орденінің, бірнеше медальдардың иегері.

1968 жылы дүинеден озды.

АУСТНИЯЗОВ ИОСИФ



1940 жылы Байшонас кентінде туылған. Мұнайшы-инженер, Мәскеудің мұнай институтын тамамдаған (1965). Еңбек жолын 1958 жылы Байшонас мұнай кенінің жөндеушісі болып бастаған. Институтты бітіргеннен кейін Қарсақ және Байшонас мұнай кентінде автоматтандыру қызметінде шебер, аға инженер. Доссор мұнай базасының бас энергетигі болған. Ақтөбе мұнайын игерушілердің бірі. «Кеңқияқмұнай» базасында бас энергетик, Бүкілодақтық тәжірибе полигоны Краснодар базасының, технологиялық көлік базасының, мұнай өндіру базасының бастығы болған.

1985-1991 жылдары Ақтөбе облысы Темір ауаткомы төрағасының орынбасары. 1997 жылы «Ақтөбемұнайгаз» АҚ еңбекті қорғау және төтенше жағдайлар жөніндегі департаментінің директоры.

АУСТНИЯЗОВА САРА



1950 жылы Байшонас кентінде туылған. Дәрігер-терапевт, Ақтөбе мединститутын бітірген (1975). 1967 жылы Байшонас кентіндегі емханада қызметкер болып еңбекке араласқан. С. Жұмашқызы 1976 жылы Доссор аудандық ауруханасында учаскелік, цехтық, дәрігер, емхана меңгерушісі, аудандық ауруханаңың бас дәрігері, Мақат орталық аудандық ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары жұмыстарын атқарған. 1996 жылы «Атырау» санаторийінің кардиолог дәрігері.

АХМЕТОВ ХАТИОЛЛА



1928 жылы Гурьев облысы, Мақат ауданы, Ракуша қыстағында туған. Мектеп бітірген соң Кеңес Армиясы қатарына шақырылған. Германиядағы әскери қызметін аяқтаған соң ішкі істер органдарында қызмет етті. КСРО ІІМ қарасты Ленинград саяси училищесін бітірген соң ішкі істер бөлімінде ұзақ жылдар бойы еңбек етті. Жоғарғы партия мектебін бітірген соң полктың саяси бөлімінің партия комиссиясында жауапты хатшы болып тағайындалды. 1978 жылдан бастап Қазақстанда және Қырғызстанда өз саласы бойынша ішкі істер бөлімінің штабында лауазымды саяси қызметтер атқарды. 1986 жылы отставкаға шықты. КСРО-ның 11 медалімен марапатталған. Әскер және ішкі істер бөлімінің ардагері.

1991 жылы дүние салды.

АХМЕТОВ ЖҰМАБЕК



1959 жылы Гурьев қаласы жанындағы Балықшы қыстағында дүниеге келген. Ленинград қаласындағы ішкі әскер бөлімінде қызмет етті. 1978-1982 жылдары КСРО ІІМ-нің ВЛКСМ-нің 60 жылдығы атындағы Ленинград Жоғары саяси училищесін алтын медальмен бітірді. Фрунзе, Өскемен, Алматы, Жамбыл, Шымкент қалаларында саяси және командалық, штаб басшылығы лауазымында қызмет атқарды. 1989-1992 жылдары Ресей Федерациясы Қарулы күштері Гуманитарлық академиясын үздік бітірді. Одан әрі қарай Шымкент, Ақтөбе, Алматы, Астана, Петропавл қалаларында еңбек етті. 1993-1995 жылдары ТМД елдерінің тәжік-ауған учаскесіндегі шекара тұстарын нығайтуға атсалысты. Әскери қызметінде рота, батальон, полк, бригада басшылықтары сатыларынан өтті. ҚР ІІМ Әскери институтында ішкі істер әскери тактика кафедрасының бастығы, штаб бастығы, оқу және ғылыми жұмыстар бойынша орынбасары лауазымдарын атқарды. 2006 жылдан Әскери институттың бастығы.

Ж.Хатиоллаұлы әскери ғылымдардың докторы, профессор. Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының, Россия Әскери ғылымдар академиясының толық мүшесі. ҚР ағарту ісінің Құрметті қызметкері, ҚР ІІМ еңбегі сіңген қызметкері. Ол Қазақстанның, Қырғызстанның, Ресейдің 20-дан астам жауынгерлік, мерейтойлық, салалық медальдарімен марапатталған.

АХМЕТОВ МӘЛІ

1921 жылы Жылыой ауданы, Қияқ ауылында туған. Гурьев мемлекеттік педагогикалық



институтын (1956), Абай атындағы ҚазПИ-ді (1964ж.) бітірген. Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1940-1972жылдары Құлсары кәсіпшілігінде оператор, «Қосшағыл» орта мектебінде мұғалім, мектеп интернатының, кешкі жұмысшы-жастар мектебінің директоры, Жданов орталау мектебінде директор, оқу ісінің меңгерушісі, Қосшағыл мектебінде мұғалім болған. «Гвардия», «Барлаушы» белгілерінің, Қызыл Жұлдыз, III дәрежелі Даңқ ордендерінің, бірнеше медальдардың иегері.

АХМЕТОВ БАЙМҰРАТ



1950 жылы Балықшы ауданы, Теңдік ауылында дүниеге келген. Тау-кен инженері. ҚазПТИ-ді (1972) бітірген. 1972-94 жылдары Прорва, Тереңөзек, «Жайықмұнай»базасы, «Ембімұнай» бірлестігі, «Доссормұнайгаз» базасында мұнай өндеу операторынан бастап бірлестіктің әлеуметтік даму бөлімінің бастығы, басқарма бастығына дейінгі еңбек жолынан өтті. 1999-2001 жылдары «Ембімұнайгаз» ААҚ-ның тете-президенті, «Ембімұнай экология» ЖШС-інің директоры. «Құрмет» орденімен марапатталған. Мақат ауданының Құрметті азаматы.

АХМЕТОВА ДӘМЕТКЕН



1930 жылы Еркінқала селосы, Балықшы ауданында туылған. Мұғалім. Гурьев педучилищесін, ҚазПТИ-ді бітірген. Ұстаздық жолын 1952 жылы Қосшағыл кентінде (Жылыой ауданында) М.Лермонтов атындағы мектепте бастаған. Кейін Байшонас, Сағыз орта мектептерінде, Доссордағы Абай атындағы орта мектепте дәріс берген. 1986 жылдан зейнеткер. Еңбек Қызыл Ту орденімен, екі медальмен марапатталған. «ҚКСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісін алған.

АХМЕТОВ АҚЫЛБЕК



1948 жылы қазіргі Атырау облысы, Теңіз ауданы, Зорманта ауылында дүниеге келген. 1971 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің физика факультетін бітірген.1971-73 жылдары Атырау педагогикалық институтында оқытушы, деканның орынбасары, кафедра меңгерушісі болды. 1975-1978 жылдары Москвадағы П.Н.Лебедев атындағы Физика институтының аспирантурасын атом ядросы физикасы және космостық сәулелер мамандығы бойынша бітірді. Аса жоғары энергиялы бөлшектердің атом ядроларымен әсерлесу мәселері тақырыбы бойынша физика-математика ғылымдарының кандидатығына диссертациясын сәтті қорғаған.1993-1996 жылдары Атырау университеті Ақтау филиалының ректоры. 1996-2005 жылдары Ақтау университетінің проректоры, кафедра меңгерушісі. 2005 жылдан Ақтаудағы «Қайнар» оқу-ғылыми кешенінің президенті. Жетпістен астам ғылыми мақалалардың, 7 оқулық пен ғылыми монографиялардың және көптеген әдістемелік нұсқаулықтардың авторы. Токио қаласындағы Васеда университетінде косомостық сәулелер физикасының актуалды проблемалары жайында ғылыми баяндама жасаған. 1994 жылдан Нью-Йорк Ғылым академиясының мүшесі.1997 жылы «Болашақ мұғалім мамандарды кәсіби-экономикалық бағдарлау» тақырыбына педагогика саласы бойынша докторлық диссертация қорғады, профессор. Қазақстан Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі.

А.Қабылұлы осы академияның әл-Фараби алтын медалімен марапатталған.ҚР білім беру ісінің үздігі. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен, Білім және ғылым министрілігінің, Маңғыстау облысы әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының Маңғыстау облыстық филиалы төрағасының орынбасары, саяси кеңес мүшесі.

АХМЕТОВ БИҒАЛИ

1946 жылы туған.

Еңбек жолын 1969 жылы Ойыл ауданы бойынша электр жүйесінің подстанциясында жұмысшы болып бастаған. Осы салада бас инженер, шебер, бригадир, мекеме басшысына дейін көтерілген. «Халықтар достығы» орденімен, бірнеше медальдармен, грамоталардың иегері.

Бірнеше грамоталармен, медальдардың иегері.

АХМЕТОВ ЖАРЫЛҚАП



1959 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Ленгір қаласында дүниеге келген. 1963-1973 жылдары Ленгір қаласындағы 2-орта мектепті бітірген. 1973-1977 жылдары әскери-теңіз флотында азаматтық борышын өтеп қайтты. 1977-1981 жылдары аралығында Қазақ химия-технология институтында қызметкер болып жұмыс істеді және сырттай оқу оқыды. 1981-1983 жылдары Джерзинский аудандық комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарды. Аға офицер Жарылқап Жақсылықұлы 1983 жылдан бері әскери мамандандырылған мекемеде бөлім бастығы болып қызмет атқарады.

АХМЕТОВ ӘБДІКӘРІМ



1951 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Ленгір қаласында дүниеге келген. 1969 жылы туған қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектепті бітірген. 1970-1972 жылдары әскер қатарында болды. 1972-1976 жылдары Алматы қаласының Н.В.Гоголь атындағы суретшілер училищесін оқып тамамдаған. Оқудан кейін өзінің алғашқы шығармашылық қызметін Алматы маңында орналасқан Қапшағай фарфор зауытындағы суретшілер шеберханасында бастайды. Сол жылдары Ленинград қаласының Репин атындағы суретшілер академиясына оқуға барып, білімін одан әрі ұштады. 1978 жылдан бері Шымкент қаласында мүсінші болып жұмыс істеуде. 1987 жылдан КСРО Суретшілер одағының, Қазақстан Республикасының Сурешілер одағының мүшесі.

Әбдікәрім Мұстафаұлы көптеген көрмелерде жоғарғы деңгейде орындаған шығармаларымен көзге түсіп, халықтың алғысына бөленді.

Оның «Түйелер – дала кемесі» атты үлкен жұмысы 1982 жылдан бері Шымкент қаласындағы хайуанаттар паркінің алдында тұр. Мындаған көрермендер көңілінен шыққан бұл көркем жұмыс кезінде таралымы аса зор «Огонек» журалында басылып, аты елге танымал болды.

Әбдікәрім 1988 жылы дүние жүзі мүсіншілерінің «Тастан мүсін жасау» симпозиумына қатысып, биіктігі 1,5 метр «Ана» атты мүсінді мрамордан қашап, көрермендер ілтипатына бөленді. Соңғы жылдары ол мүсінші әрі суретші маркұм Амангелді Тұрсыновтың Шымкент қаласындағы Қапал батырға жасаған ескерткішін қолаға аударды. Тараз қаласына қойылған Қойгелді батыр ескерткішін жасады. Ол Сәкен Сейфуллин мен академик Өмірбек Жолдасбековтің мүсіндерін жасады. Оның ең сүбелі, әсерлі туындысы қазақтың ұлы композиторы Шәмші Қалдаяқовты сомдаған тамаша ескерткіші Шымкент қаласының ең көркем, айшықты алаңына қойылған.

АХМЕТҚАЛИЕВ САЛАМАТ

1936 жылы Батыс Қазақстан облысының Орда ауданындағы Лабай ауылында туған. 1955-1957 жылдары әскер қатарында болды.



1958 жылы Ақтөбе медициналық институтына түсіп, оны 1964 жылы үздік бағамен бітірген, осы институтта оқытушы болып қалдырылды. 1969-1999 жылдары осы институттың патология кафедрасында доцент, сосын меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1984 жылы Қазақстанның денсаулық саласының үздігі атағын алған. Медицина институтында істеп жүріп кандидаттық, 1994 жылы докторлық диссертация қорғады. 1994 жылы профессор атағын, 1995 жылы Халықаралық патология академиясының толық мүшесі болып сайланып, академик атағын алды.

С.Қ. Ахметқалиевтың ғылыми жетекшілік етуімен институттың 2 қызметкері кандидаттық, 2 адам докторлық диссертация қорғады. Ол 80-нен астам ғылыми жұмыстың авторы және медицина ғылымына 3 түрлі жаңалық қосты, 2 монография жазды.

С.Құмарұлы 1996 жылы Ақтөбеде облыстық патологоанатомиялық бюро ұйымдастырып, оны өмірінің соңына дейін басқарды.

2005 жылы дүние салды.

АХМЕТОВ ӘБДІМҮТӘЛІП



1958 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Ленгір қаласында дүниеге келген. 1974 жылы Ленгір қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектепті бітірген. Сол жылы Шымкент қаласындағы Ә.Қастеев атындағы көркемсурет училищесіне оқуға түседі. 1976-1978 жылдары ғскери борышын өтеді. Содан соң училищедегі оқуын қайта жалғастырады. Оны ойдағыдай бітірген соң Шымкенттегі Суретшілер қорында жұмыс істейді. 1983 жылы Алматыдағы көркемсурет институтына оқуға түседі. 1988 жылы жоғарғы білім алған Әбдімүтәліп Мұстафаұлы бұрынғы қызметіне қайта оралып, бірыңғай шығармашылық жұмыспен айналысуда. Жұбайы Сәуле Тезелбекқызы екеуі бірлесе жемісті еңбек етіп, шығармашылық табыстарға жетті. 1980-1982 жылдары олардың шығармалары Мәскеу, Алматы қалаларындағы көрмелерге қойылды. Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайынан орын алды. Олардың шығармалары Италияда, Францияда, АҚШ-та өткен халықаралық көрмелерге жіберілді. Сондай-ақ Жамбыл, Шымкент, Алматы, Астана, т.б. қалаларында өткізілген тақырыптық көрмелерге, «Жігер» жастар фестиваліне, ұлы сазгер Ш.Қалдаяқовқа арналған көрмеге, 2000 жылы Астана қаласындағы өткен «Түркістан 1500 жыл» атты көрмесіне, 2001 жылы Берлин қаласында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған көрмелерге қойылып, жақсы бағаларға ие болды. 2002 жылы Астана қаласындағы «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 10 жылдығына» арналған Оңтүстік Қазақстан облысының есеп беру көрмесіне, Алматы қаласындағы «Тарихнама» көрмесіне, Ташкент қаласындағы Қазақстан мен Өзбекстанның елшілік дипломатиялық қатынасының 10 жылдығына арналған Оңтүстік Қазақстан облысының көрмесіне, 2002-2003 жылдары ерлі-зайыпты суретшілердің көркем туындылары Астанада, Ташкентте, Нидерланды мен Люксембургтегі «Қазақстанның Бельгиядағы мәдениет күндері» атты көрмесіне көрсетілсе, 2003 жылы Мәскеу қаласындағы Третьяков галереясында «Қазақстанның Ресейдегі мәдениет күндері» атты көрмеден көрнекті орын алды.



АХМЕДИЕВ РАХМЕТУЛЛА

1953 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданының орталығы Құлсары қаласында дүниеге келген.1970 жылы Құлсары қаласында орта мектепті, ал 1975 жылы

Алматы қаласындағы Қазақ политехникалық институтында оқып, инженер – геолог мамандығын игеріп шықты. Еңбек жолын 1975 жылы Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласындағы Маңғыстау газ өндіру басқармасында оператор мамандығынан бастады. 1994 жылға дейін Маңғыстау облысында орналасқан Теңге, Тасболат, Жетібай, Қаламқас, Батыс Теңге, Оңтүстік Жетібай газ-кен орындарын игеруге атсалысты. 1994-2005 жылдар аралығында Қарашығанақ газ конденсаты кен орнында жауапты басшылық қызметтерде еңбек етті.

Р.Құбайдуллаұлы 2005-2009 жылдары Жамбыл облысында орналасқан Амангелді газ кені ЖШС-тің директоры, 2009 жылдан бері директордың өндіріс жөніндегі орынбасары. Республикамызда газ

өндірісін дамытуға сіңірген көп жылғы еңбегі үшін бірнеше рет Мұнай және газ министрлігінің Құрмет грамотасымен, «Қазақстан мұнайына 100 жыл», «Маңғыстау мұнайына 50 жыл» төсбелгілерімен марапатталған.

АХОШҰЛЫ ҚЫДЫР



1937 жылы Атырау облысының Қызылқоға ауданы, Тайсойған құмында туған. 1946 жылы "Социал" колхозын көшіріп Тайсойған құмын Кеңес әскерінің сынақ жасайтын полигонға айналдырды. идықтан 1945-1955 жылдары Қарабау орта мектебінде оқыған. 1955-1957 жылдары Қарағандының №19 шахтасында забойщик болып, көмір өндірді. 1957 жылы Алматыдағы Қазақтың тау-кен институтына түсіп, 1963 жылы мұнай-газ кеніштерін іздейтін геолог мамандығын алып шығады.1963-1996 жылдары Батыс Қазақстан геологиялық барлау басқармасында геолог болып жұмыс атқарды. 1975-1977 жылдары Бангладеш Республикасында КСРО геологиялық экспедициясының құрамында жер қойнауын зерттеу жұмыстарына қатысты.

Қ.Ахошұлының есімі "Қазақстан мұнайшылары" энциклопедиясына енгізілген. Мерекелік медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Ол – Шеркеш шежіресін дайындау жұмыстарына аса белсенді атсалысқан азаматтардың бірі.

АХМЕТОВ БАҒЫТЖАН



1908 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы, Жаңақұдық елді мекенінде туған. Әкесі Ахметтен ерте айырылған соң қалаға қоныс аударады. Сонда "Казахэмбанефтьстрой" тресінде жұмысшы болып орналасады. Кейіннен өз алдына бөлінген СУ-1 құрылыс мекемесінде слесарь, сантехник, бригадир болып істеді. Оның қолының табы Атырау қаласындағы Мұнайшылар мәдениет үйінде, Салтанат сарайында, "Мир" кинотеатрында, милиция мектебінде, т.б. ірі құрылыс ғимараттарында сақталған.

Б.Ахметов бірнеше медальмен, Қазақ КСР ЖК Құрмет грамотасымен марапатталған.

АЯЗБАЕВ ДОСХАН



1931 жылы туған. Жылыой аудандық электр жүйелерінің электро монтері, бесжылдықтар жарысының жеңімпазы, Еңбек Қызыл Ту орденінің (1986 ж.) иегері.

1995 жылы дүние салған

ӘБДІХАЛЫҚОВ ТАЛҒАТ

1963 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданында туған. Туған ауылында оқып жүріп, Алматы қаласындағы физика-математика мектебіне оқуға түседі. Оны 1988 жылы ойдағыдай



аяқтайды. Бұдан кейінгі жылдарда Талғат Серікұлы мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жоғарғы мектебіне түсіп, осы салада 1996 жылға дейін Сарыағашта, Алматыда қызмет етті. Бұдан кейінгі жылдарда ол қаржы саласында еңбек етті.Қаржы банкісінің бастығы болды. Қазынашылық департаментте жауапты қызметтер атқарады. Республикалық АТФ банкісінің бірінші вице-президенті.

2007-2008 жылдары «Верный капитал» АҚ басқарма бастығы 2008-2009 жылдары «Астана-Финанс» АҚ төрағасының орынбасары, 2009 жылдан бері «Еуразия Банк» АҚ төрағасының орынбасары.

ӘБДІРАМАНОВА КҮЛӘНДА



1920 жылы Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданының 8-ауылында дүниеге келген. Ауылдағы жетіжылдық мектепті бітіріп, кітапханашы, сайлау кездерінде үгітші, науқан кезінде егінге араласып, ауыл өмірімен біте қайнасты.1941-1945 жылдарда ауылдың барлық жұмысына (канал қазу, егін егу, ору, жинау) араласып, соғысқа кеткен азаматтарға жылы киім жинап, қолғап, шұлық тоқып, елмен қатар соғыстың жеңіспен бітуіне өз үлесін қосты. Соғыстан кейінгі жылдары Шіркейлі, Сауранбай каналдарын қазуға ер азаматтарша атсалысып, әркез елдің алдыңғы тобында көрінін жүрді. 1947-1948 жылдары суармалы 18 га жерге бидай егіп, 1948 жылы гектарынан 34 центнерден бидай алды. Оның бұл еңбегін айрықша бағалап, 1949 жылдың 20 мамырындағы КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. 1949-1953 жылдарда Орал қаласының ауылшаруашылық техникумында оқып, агроном мамандығын меңгерді. 1953-1955 жылдары Тереңөзек ауданының Аламесек МТС-нда агроном болып қызмет атқарды. 1956 жылы жаңұя жағдайымен Қызылрда қаласына көшіп келіп, аяқ киім фабрикасында жұмысшы болды. Бұл жұмыста да адал еңбегімен көзге көрініп, бірнеше дүркін қалалық кеңестің депутаты болып сайланды. 1968 жылы туған ауылына, яғни Қазақстанның 50 жылдығы атындағы совхозда зейнетке шыққанша күріш өсіруші, звено жетекшісі болып еңбек етті. Осы еңбек еткен жылдары Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс, қола медальдарымен марапатталды.1972 жылы күріш егудегі қол жеткізген табыстары үшін Еңбек Қызыл Ту орденін иеленді. К.Әбдіраманова көптеген медальдардың, Құрмет грамоталардың иегері. 1978 жылы одақтық дәрежедегі дербес зейнетақымен еңбек демалысына шықты.

2001 жылы Қызылорда қаласында дүние салды.

ӘБДІРЕШОВА РОДИНА



1954 жылы Гурьев облысы, Бақсай ауданы, Редут селосында дүниеге келген. 1962-1972 жылдары Чкалов атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Гурьев педагогика институтының физика-математика факультетіне түседі. Оны 1976 жылы аяқтап, Жалғансай мектебіне мұғалімі болып жұмысқа орналасады. Осы мектепте 1983 жылға дейін жұмыс жасап, сол жылы балабақша меңгерушісі болып ауысады. Онда 1999 жылға дейін еңбек етіп, 1999-2013 жылдары селолық округ әкімі лауазымында жұмыс атқарды. Көптеген салалық марапаттардың авторы. 2008 жылы «Жыл әкімі» атанған.

Қазір зейнет демалысында.

ӘБДІХАЛЫҚОВ ҚАНАТ

1962 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Байқадам ауылында дүниеге келді.



Аудан орталығында қазақ орта мектебінің 5-класын аяқтаған соң Алматыдағы физика-математика мектебінде оқыды.Оны қызыл аттестатпен бітіріп, Москва мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне түседі. Оны 1984 жылы үздік бітіріп, аспирантурада қалдырылды.1988 жылы өзі бітірген жоғары оқу орнында кандидаттық диссертация қорғады.Содан соң Алматыға келіп, математика институтында аға ғылыми қызметкер болады.Талантты ғалым Оңтүстік Кореяда, Пакистанда, Францияда, Германиядағы университеттерде жоғарғы математикадан сабақтар берді. Профессор Қанат Серікұлы Жапонияда, Кореяда ұстаздық етіп жүр.

ӘБДІРАХМАНОВ ӨМІРЖАН



1978 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кентінде туылған. «Қармақшы» сегізжылдық мектебін бітіргеннен кейін Алматы қаласындағы арнайы спорт мектебінің бокс класында оқыды. Оқуды бітіргеннен кейін Қызылордадағы Қорқыт Ата университетінің экономика және заңгер факультеттерінде оқыды.

Полиция капитаны. Қызылорда қалалық ІІБ инспекторы.

Ө.Бауыржанұлы Бүкіләлемдік полицейлер ойындарының бокстан үш дүркін әлем чемпионы. 2001 жылы АҚШ-тың Индиана қаласында, 2007 жылы Австралияның Аделанда қаласында, 2009 жылы Канаданың Ванкувер қаласында өткізілген әлемдік сайыста үш алтын медальді иеленіп, халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанды.

ӘБДІХАЛЫҚОВ ҚАЛИ



1933 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Байқадам ауылында дүниеге келген. 1950 жылы Байқадамдағы Каганович атындағы орта мектепті бітірді. 1953 жылы Алматы медицина институтына түсті. 1955 жылы Зоря Зейнілқызымен отбасын құрды. Зоря Зейнілқызы 1953 жылы Жамбыл облыстық акушерлік мектепті бітірген. 1953 жылы Жамбыл облыстық акушерлік мектепті бітірген. 1955-58 жылдар аралығында Киевте әскери қызметін өтеді.1958-1961 жылдары Шымкенттегі медицина училищесінің тіс дәрігерлік мамандығын бітіріп, жолдамамен Сарысу ауданы , Жайлаукөл ауылына маман ретінде жіберілді.1961-1995 жылдар аралығында зайыбы Зоря Зейнілқызымен бірге, 35 жыл дәрігерлік қызмет етіп, ел алғысына бөленіп, талайдың өміріне араша болған абзал жандар. Жайлаукөл ауылының іргетасының қалануына, оның қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосқан қос азамат бірнеше марапаттарға ие болған. Зоря Зейніл қызы 2010 жылы, Қ.Әбдіхалықов 2013 жылы дүние салды.

ӘБДІҚҰЛОВ ӘЛІ



1920 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданындағы он екінші ауылда дүниеге келген. 1927 жылдары заманның қиын-қыстау кездерінде Әлі Әбдіқұлұлының да отбасы Өзбекстанға еріксіз қоныс аударған. Ол еңбекке жастайынан араласты. 1931 жылы колхоз есепшісі болып, оны туған топырағына оралғанша атқарады. 1955 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Алғабас ауданындағы «Бөген» совхозына көшіп келгеннен кейін халық шаруашылығы құрылысына белсене аралсады. Ақбұлақ фермасын жаңадан ашуды ұйымдастырып, соның алғашқы меңге-

рушісі болады. Еңбеккер қария көптеген мемлекеттік марапаттауларға ие болған.

ӘБДІХАЛЫҚ ҚАСЫМБАЙ



1962 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, "Қаратау" совхозында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін Қапланбектегі ауыл шаруашылығы техникумын бітірді. Шымкенттегі Халықтар достығы университетін тамамдаған.

Қ.Жақанұлы алғашқы еңбек жолын 1984 жылы Созақ ауданының "Қаратау" кеншарында мал дәрігері болып бастап, одан кейін Шымкент қаласындағы "Бірлік" кәсіпорнында аға сатушы, "Эмбаба Шынар" дүкенінде директор, "Компания Шынар жолы" ЖШС-да директор болып, ел игілігі жолында жемісті еңбек етті. Қазіргі таңда "Шымкент Ет"ЖШС директоры қызметін атқаруда. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және облыс әкімінің Мақтау грамотасымен, республикалық "Парыз" байқауының жеңімпазы ретінде Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрінің үш мәрте Алғыс хатымен марапатталды. "Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы" мерекелік медалінің иегері. Арыс алабының Атымтай жомарты атанған Қасымбайдың туған еліне, жеріне жасаған қайырымдылыққа толы ізгілікті істері көп кәсіпкерлерге үлгі боларлық.

Қ. Жақанұлы – Арыс қалалық мәслихатының депутаты.

ӘбЕНТАЕВ ӘБУБӘКІР



1925 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін 17 жасында өзі сұранып әскерге аттанаады. Алғы шепте соғыска еніп, ерліктер көрсетеді. Үш рет ауыр жарақат алады. III дәрежелі Даңқ орденімен, Ұлы Отан соғысы орденімен, үш жауынгерлік медальмен марапатталады. Елге келген соң Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, Созақ МТС-ның директоры болады.Алғыр, алымды, ұйымдастырғыштық қабілеті зор басшы Түркістан аудандық атқару комитетінің төрағасы, Қызылқұм аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы, содан кейінгі жылдары Келес, Шаян, Сайрам, Бөген, Шәуілдір аудандық атқару комитетінің төрағасы болып, абыройлы қызмет атқарды Бұл жылдары ол Еңбек Қызыл Ту орденімен, КСРО ЖС, Қазақ ҚСР ЖС Құрмет грамоталарымен, бірнеше медальдармен марапатталған.Оның әдеби портреті заңғар жазушы М.Әуезовтің «Өскен өркен» көрініс тапқан.

Ә.Әбентаев облыстық, аудандық партия комитетінің мүшесі, облыстық, аудандық кеңестің бірнеше мәрте депутаты болып сайланды.

1975 жылы дүние салды.

ӘБЕНҚЫЗЫ МАЙШАЙ



1926 жылы Түркістан ауданында шаруа отбасында дүниеге келген. Орталау мектепті бітірген соң 1942 жылы Түркістан қаласындағы МТС-та үш ай оқып, трактористі мамандығын алып шықты. Соғыс және одан кейінгі ауыр жылдары МТС-та жұмыс істеп, науқандық жұмыс кездерінде егіс даласында трактор, комбайн айдады. Егін орағы маусымында жас комбайншы қыз Майшай бір күнде 20 гектар жердің егінін орып, күндік жоспарды асыра орындады. Егін орағы аяқталғаннан кейін күзем-электр агрегатын игеріп, қой қырқынына жәрдем беруге өз үлесін қосты. 1956 жылы Қазақстан тыңын игеруге жіберілген 17 адам ішінде М.Әбенқызы да бар. Мұнда ол ерекше еңбегімен көзге түсті. Бір өзі 750 гектар жердің астығын орып бастырды.1958 жылдан бастап өзі туып-өскен «Коммунизм» колхозында алдымен механизатор, кейін мақта бригадасында бригадир болып жұмыс істеді. Майшай апа басшылық жасаған кездері бригада мүшелері өте жоғары көрсеткіштерге жетіп, әрбір гектардан алынған өнім мөлшерін 35-40 центнерге жеткізді. Бұл кездері ол өзі ғана еңбек етіп қоймай, аттары аудан, облыс көлемінде танымал болған ізбасарларын да дайындады. Атап айтқанда, олар – өз ұлы Серікбай Бабаев, өзбек қызы Сәфия Нарбаева т.б.

М.Әбенқызы Қазақстан Компартиясының IX,X,XI,XII және XIV съездеріне делегат болып қатысты және XI, XII съездерде Орталық Комитетке мүше болып сайланды. Оған 1962 жылы «Республиканың еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» деген атақ берілді. 1969 жылы колхозшылардың Бүкілодақтық съезіне делегат болып қатысты. Майшай апа 1986 жылы құрметті еңбек демалысына шығып, 1987 жылы сәуір айында қайтыс болды.

Қазір Түркістан қаласындағы бір мектеп сол кісінің атымен аталады.

ӘБИҰЛЫ ЕҢСЕГЕН



1948 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Жангелдин ауылында Социалистік Еңбек Ері Еркалиев Әбидің жанұясында дүниеге келді. Жастайынан өнерге бейім, ауылдың домбырашысы атанды. Орта мектепті бітіргеннен кейін облыс орталығындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетке түсті. Оны өте жақсы бітіріп, 1970 жылы өзінің туған ауылындағы мектепке мамандығы бойынша жұмысқа алынды. Ауылдың мәдени өміріне белсене араласып, өзі жұмыс жасайтын мектепте көркемөнерпаздар үйірмесін басқарды. Ол басқарған хор коллективі мен ұлт аспаптар оркестрі облыстық көркемөнерпаздар конкурстарының лауреаты атанды. Өзі ұлт асапаптар оркестрінің құрамында сол кездегі республика астанасы Алматыда бірнеше рет өнер көрсетті.

Е.Әбиұлы соңғы кезде шығармашылықпен белсене айналысуда. Сазгер – ұстаз атанған оның тұңғыш шығармасы "Ақторғайым" әні жұртшылық көңілінен сәтті шықты. Бірнеше әндері республикалық басылымдарда жарық көрді. Осы жетістіктері үшін ол облыстық, республикалық дәрежедегі түрлы марапаттарға ие болды.Ұлы Жеңіске арналған "Майдангер", туған жер тақырыбында жазылған "Атамекен", Желтоқсан көтерілісіне арналған "Қайырылмай кеткен қарлығаш", "Махаббаты аңсау", "Наурыз- жыл басы", т.б. әндері үлкен концерттерде орындалып келеді.

Білікті ұстаз ретінде ол тәрбиелеген шәкірттер елдің әр түкпірінде еңбек етуде.

ӘБІЛҒАЗИЕВ ТАЛАП



1958 жылы Құлсары қаласында туған. Құрылысшы-инженер. Иваново инженерлік-құрылыс институтын бітірген (1984ж.) ПМК-391 тресінің шебері. Жылыой ауданындағы «Теңізмұнайөндірістік құрылыс» тресі құрастырау құрылыс басқармасының бастығы. «Теңізмұнайгаз» АҚ жол құрылыс басқармасы бастығының орынбасары, Жылыой ауданы әкімінің орынбасары (1998-2001 жж.).

ӘБІЛҒАЗИЕВ ИСЛАМ



1944 жылы Сағыз қыстағында дүниеге келген. Тау-кен инженері. КазПТИ-ді бітірген (1968). 1960 ж Қошқар м.к-інде жөндеушінің үйренушісі, мұнай өндірісі жабдықтарын, автокөлік пен тракторларды жөндеуші болып жасаған. 1968-86 ж.ж. Қошқар м.к-інде оператор, шебер, технологиялық қызмет бастығының орынбасары, цех бастығы. «Махатмұнай» басқармасы бастығының орынбасары, 1986-95 жылдары Мақат кенттік Кеңесі аткомының төрағасы, ауатком төрағасының, аудан әкімінің орынбасары. 1995 жылдары Мақат ауданының әкімі, 2000 жылы «Доссормұнай» басқармасы бастығының орынбасары. Бірнеше медальдардың иегері. Мақат ауданының Құрметті азаматы.

ӘБІЛЕВ ЖҰМАБЕК



1950 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Морской ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Еңбек жолын 1967 жылы клуб меңгерушісі болып бастаған. 1968-1970 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеді. 1976 жылы Ақтөбе мәдени-ағарту училищесін, 1984 жылы Гурьев пединститутының тарих, қоғамтану факультетін бітірген.

«Октябрь» совхозы комсомол комитетінің хатшысы, облыстық мәдениет басқармасында аға инспектор, облыстық білім беру саласында жемісті еңбек етті. 1998 жылдан «Еркінқала» орта мектебінің алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы ұйымдастырушысы.

БЛКЖО, КЛКЖО Құрмет грамоталарымен, медальдармен марапатталған.

ӘБІЛЕВ ІЗБАСАР



1936 жылы Атырау облысында дүниеге келген. 1953 жылы Доссорда орта мектепті бітірген соң Семей қаласындағы медициналық институтқа түседі. Келер жылы Алматы қаласындағы медициналық институтқа ауысып, оны 1960 жылы ойдағыдай бітіреді. Арнайы жолдамамен Атырау облысының Индер ауданына қарасты Кулагино ауылына барып, еңбек етеді.

1963-1996 жылдары Сағыз темір жол ауруханасының бас дәрігері болып, зейнет демалысына шыққанша еңбек етті. 1970 жылы «Денсаулық саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Ол бірнеше дүркін жергілікті Кеңес депутаттығына сайланған. Салалық Құрмет грамоталарымен марапатталған.

2001 жылы дүниеден озды.

ӘБІЛОВ ЫБЫРАХЫМ

1908 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданындағы 14-ауылда дүниеге келген. 1931 жылы Созақ ауданындағы орта мектепті бітірген соң Орынбордағы құрылыс техникумыныа оқуға түседі. 1934 жылы бітіріп шыққаннан соң Созақ ауданына келіп, 1942 жылға дейін аудандық атқару комитетінде архитектор болып жұмыс істейді. 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысады. Соғыста бірнеше әскери бөлімшелерді басқарып, елге капитан шенімен оралды. 1945-1947 жылдары Түркістан темір жол станциясындағы ОРС мекемесінің басшысы, 1948-1950 жылдары Ильич аудандық атқару комитетінің құрылыс бөлімнің бастығы, 1951-1957 жылдары Киров ауданындағы «Победа» колхозының бастығы, ал 1957-1970 жылдары Созақ ауданындағы «Сызған» ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарды.

Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз», «Даңқ» орденімен, басқа да бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған. Бейбіт жылдарда сіңірген еңбектері үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

ӘБІШЕВ ШАЙҚЫ



1894 жылы осы күнгі Атырау облысы, Құрманғазы ауданында дүниеге келген. Көрнекті шаруашылық, кеңес қызметкері. 1-бесжылдық жылдары балық кәсіпшіліктерін қалпына келтіру жұмыстарында, мамандар тәрбиелеуде,

Жайық-Каспий балық кәсіпшілігінде стахановшылар козғалысын ұйымдастыруд зор қабілет танытты. Қатардағы балықшыдан ҚазКСР-інің Балық өнеркәсібі халық комиссарына дейін көтерілді.

1968 жылы қайтыс болды.

ӘБІШЕВ ӘЙНЕКБАЙ



1902 жылы Ақмола уезінің Көктас болысының 2-ауылында дүниеге келген. Ауыл молдасынан хат танығаң, кейін ректеу сауатсыздықты жою мектебінде жаңаша білім алған.1933-1957 жылдар аралығында Жайылма өңірінде еңбек етті. 1950 жылы колхоздар іріленгенде Ә.Әбішев "Тілек", Калинин атындағы колхоздардың төрағасы болды. 1950 жылы интернационал, Чапаев, Калинин, Киров атындағы колхоздар бірігіп, Калинин атындағы колхозға бірігеді. Соның басқарма төрағасы болып бірауыздан Ә. Әбішев сайланды. Ұйымдастыру қабілеті мол, шаруа жайын терең білетін басшының тынымсыз еңбегі өз нәтижесін береді. 1949 жылы колхоздан үш бірдей Социалистік Еңбек Ері шықты. Олар Есжанов Мұса, Нұғыманов Бақберген, Күлшеев Тоғымандар еді. Ол бірнеше рет ауылдық Кеңес депутаты болып сайланды. Бірнеше медальдардың, Құрмет грамоталардың иегері. 1957 жылы колхоз совхозға айналдырылғанда жаңа совхоз директоры Хамит Арынғазиевке 46 мыңнан астам қой-ешкі, 2380 бас жылқы өткізген еді. Бұдан кейін де ол жаңа шаруашылықта абыройлы еңбек етті.

1987 жылы дүние салды

ӘБУҒАЛИЕВ КӘДІРБЕК



1957 жылы Астрахань облысында туған. Астрахань қалалық №2 орта мектебін 1975 жылы бітіріп, Кеңес Армиясы қатарында 1975-1977 жылдары Грузия Республикасында танк командирі болып, әскери борышын атқарды. Армиядан соң Москва облысындағы техникумды тамамдап, 1984 жылға дейін еңбек етті. 1984 жылы тарихи Отанына оралып, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласында тұрмыстық-пайдалану кеңселерінде аға шебер, кейіннен бастығы болып, 1995 жылға дейін еңбек етті. Еңбек ете жүріп, В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының құрылыс факультетін тамамдады. 1995-1998 жылдары Ақтау қалалық әкімшілігінің аппаратында жедел-ұйымдастыру бөлімінің бастығы, 1998-2009 жылдары Ақтау қалалық жылу мен су, канализациямен қамту мемлекеттік-коммуналдық кәсіпорнының директоры болып еңбек етті. 2009-2011 жылдары жеке кәсіпкерлікпен айналысты. 2011 жылдан осы уақытқа дейін «МАЭК Казатомпром» ЖШС-де өндіріс ошақтарын қамту және дистилиат өндіру жөніндегі зауыт директорының орынбасары болып қызмет жасауда. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың алғыс хатымен қоса, Француз мемлекетінің SPI-алтын медалін экономиканы өркендетуге қосқан жаңалықтары үшін алды.

Қ.Өтеуұлы бірнеше мерекелік медальдармен, Алғыс хаттармен марапатталған., «Спортқа сіңірген ерекше еңбегі үшін» медалінің иегері.

ӘБУҒАЛИЕВ СҮЙІНІШБЕК



1954 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Котяевка ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң Алматыдағы Қазақ политехникалық институтының тау-кен инженері факультетіне түскен. 1973 жылы жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін Маңғыстау облысындағы Қарақия мұнайгаз барлау экспедиясында бұрғышының көмекшісі, бұрғышы болып, 1975 жылға дейін үлкен өндіріс мектебінен өтеді. 1975-1996 жылдары Прикаспий мұнай, газ экспедициясында



бұрғышы, бұрғылау бригадасының шебері, бұрғылау бригадасының бастығы, орталық инженерлік-технология қызметінің бастығы, өндіріс-жабдықтау бөлімінің бастығы, экспедиция бастығының орынбасары қызметтерін атқарды. 1996-1998 жылдары «Атыраумұнайгазгеология» АҚ жалпы мәселелер бойынша бастығының орынбасары, Қазақ мұнай, геологиялық барлау ғылыми-зерттеу институтында Оңтүстік Таған кен орнын зерттеу ісі бойынша жетекші, КазНИГРИ-ге қарасты Атырау әдістеме-тәжірибе экспедициясының бастығы, 1998-2001 жылдары КазНИГРИ институтының тете-президенті, 2001-2002 жылдары «АдайПетролеумКомпани» ЖШС-гі бас директорының орынбасары болды. 2002 жылдан бері «АдайПетролеумКомпани» ЖШС-інің бас директоры.

С.Құрманбайұлы - техника ғылымдарының кандидаты. Ол «Құрмет» орденінің, мерекелік медаль, салалық төсбелгі иегері. ҚР жер қойнауының Құрметті барлаушысы.

ӘБУОВ САМАЛ



1975 жылы Батыс Қазақстан облысы, Бөкей Ордасы ауданы, «Бисен» совхозында дүниеге келді. 1992 жылы Б.Жәнекешев атындағы мектепті бітіріп, алғашқы еңбек жолын Ш.Жексенбаев атындағы «Ұялы» орта мектебінде бейнелеу өнері пәнінен мұғалім болып жұмыс істеді. 1993 жылы Дәулеткерей атындағы өнер институтының режиссура бөліміне түсіп, 1997 жылы бітірді. Институтты бітіргеннен кейін Отан алдындағы әскери борышын Б.Момышұлы атындағы әскери полкте өтеді. Әскерден кейін, 1998 жылы өнер жолын С.Қожамқұлов атындағы музыкалық- сазды драма театрында актер болып жұмыс істеді. Онда Ә.Оразбековтің "Бір түп алма ағашы" спектаклінде Тұрсынның, Ө. Боранбаевтың "Сатанайдың соңғы үйленуінде" Қоқайдың, т.б. ролдерінде ойнады. 2000 жылдан Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театрында жұмыс істеді және Қырғызстан Республикасында Б.Бейсенәлиева атындағы өнер институтының театр және кино мамандығы бөлімін бітірді.

Жұбайы Мақашева Эльмира - театрдың белді актрисасы.

Қызы Гүлдана ұшқыш апамыз Халық Қаһарманы Хиуаз Доспановаға арналған "Ұрпақтан қарыздар" деректі фильмінде даладағы кішкентай қыз бейнесінде ойнады.

ӘЖІҒАЛИҰЛЫ ҚАДЫРБАЙ



1932 жылы Гурьев облысы, Құрманғазы ауданында, (бұрынғы Теңіз) дүниеге келді. 1967 жылы СОКП Орталық комитетінің Жоғары партия мектебін бітірген. 1967-1969 жылдар арасында Құрманғазы (бұрынғы Теңіз) ауданы, Гурьев облысындағы «Коммунизм жолы» кеңшары партия комитетінің хатшысы, 1973-1983 жылдары аралығында 10 жыл қатарынан аудан орталығындағы Ганюшкино май зауытының директоры болды. Зейнеткер.

ӘДІЛОВ САЛАМАТ

1952 жылы Атырау облысы, Мақат ауданында туған. 1970-1973 жылдары Атырау политехникалық техникумында оқып, мұнай өндіру құрал-жабдықтарының техник-механигі мамандығын алады.

1983-1989 жылдары Алматыдағы Қазақ политехникалық институтында сырттай оқып тау-кен инженер-геолог мамандығын алған.

1969 жылдан еңбек жолын бастаған. 1974-1983 жылдары Қарсақ мұнай және газ өндіру кеңішінде механик, шебер, аға технолог, аға инженер, бригада механигі, т.б. қызметтер атқарды. 1983-1991 жылдары шебер, Байшонаста аға инженер, Қарсақта, Ботаханда цех бастығы, инженер болды. 1991-2007 жылдары Ботахан, Байшонас кеніштерінде,«Доссормұнайгаз» мекемелерінде ауысым бастығы, инженер, техникалық бөлім бастығы, инженерлік – техникалық цех бастығының орынбасары қызметін атқарды.

ӘЖІҒАЛИЕВ БЕКНҰР



1984 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданында дүниеге келген.

Атырау мұнай және газ институтын экономист мамандығы бойынша бітірген.

2002 жылы Қызылқоға аудандық су шаруашылығы басқармасында бас есепші болып бастаған.

2002-2007 жылдары Атырау мұнай және газ институтында оқиды. 2006-2007 жылдары Миялы селолық округі әкімі аппаратында бас маман-есепші, 2007-2010 жылдары Қызылқоға аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдардамалар бөлімінде бөлім меңгерушісінің орынбасары, 2010-2011 жылдары Қызылқоға аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде бас маман болды. 2011 жылы Қызылқоға аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде бөлім меңгерушісінің міндетін атқарушы, 2011-2012 жылдары Қызылқоға аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің меңгерушісі, 2012 жылдан аудан әкімінің орынбасары лауазымын атқарып келеді.

ӘЖІҒАЛИЕВ ДҮЙСЕНҒАЛИ



1915 жылы Атырау қаласында туған. Мұнайшы-техник, ҚазКСР-ының еңбек сіңірген өнертапқышы және рационализаторы (1972). Ұлы Отан соғысына қатысқан. Атырау мұнай техникумын бітірген (1936). 1936-83 жылдары Доссор, Ескене мұнай өндіру кәсіпшіліктерінде, Қарсақ мұнай өндіру бөлімшесінде, Құлсары бұрғылау кеңсесі өндіріс-техника бөлімінде оператордан учаске бастығы, директорға дейінгі еңбек жолынан өті. Еңбек Қызыл Ту, 3-дәрежелі Даңқ, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған.

1999 жылы қайтыс болды.

ӘЖІҒАЛИЕВ БАҚТЫБАЙ



1942 жылы Қызылқоға ауданы, Миялы селосында дүниеге келген. 1961-1962 жылдары Миялыдағы орта мектепті бітірді. 1965 жылы Кеңес Армиясы қатарында болды.

Еңбек жолын трактористі болып бастаған. Алматы кооперативтік техникумын және Қарағанды кооперативтік институтының экономика-есеп бөлімін бітірген. Көп жыл аудандық тұтынушылар одағында және аудандық қазынашылық қоғамдарында жұмыс істеген.

Аудандық мәслихаттың депутаты, аудандық мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы қызметтерін атқарған. 2009-2012 жылдары аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

2013 жылы дүние салды.

ӘЖІҒАЛИЕВА РАБИҒА



1952 жылы Атырау облысы, Тереңөзек қыстағында дүниеге келген.1971 жылы орта мектепті бітірген соң Гурьев педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1975 жылы орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын мамандығы бойынша №10 орта мектептен бастаған. 1976-1978 жылдар аралығында облыстық мемле-

кеттік мұрағаттың кіші ғылыми қызметкері, 1978-1983 жылдары Мақат ауданы, Ескене елді мекенінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарған. 1983 жылдан бастап облыстық мұрағат мекемелерінде бөлім меңгерушісі, инспектор, бас маман, 1998-2000 жылдары Атырау облысы мемлекеттік мұрағатының директоры, 2000-2004 жылдары облыстық мұрағаттар мен құжаттар басқармасының директоры, 2005 жылдан Атырау облысы мұрағаттар және құжаттама бөлімінің бастығы болды. 2008 жылдан бастап Атырау облысы мұрағаттар және құжаттама басқармасының бастығы. Рабиға Әжіғалиқызы қызмет бабында көптеген халықаралық деңгейдегі білімін жетілдіру курстарынан өтті.

Оның басшылығымен мұрағат қорының құжаттары негізінде Атырау облысының мемлекеттік мұрағатының жөнсілтер анықтамалығы, «Атырау (бұрынғы Гурьев) облысының әкімшілік-аймақтық бөліну тарихы», «Атырау (Гурьев) облысының колхоздары мен совхоздары» туралы анықтамалықтар, «Мұрағат деректері – халық қазынасы», «Отты жылдар», «Адамдар.Тағдырлар», «Атырау (бұрынғы Гурьев) қаласының тарихи жерлері», «Тарихта қалған есімдер...» атты тарихи жинақ кітаптары жарық көрді. Р.Дүйсенғалиқызы Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Құрмет грамотасымен, көптеген салалық Құрмет грамоталармен, Алғыс хаттармен, Атырау облыстық мәслихатының Құрмет грамотасымен, төрт медальмен, басқа да марапаттармен мадақталған.

Р.Дүйсенғалиқызы осы шежіре кітаптың дайындалуына, материалдар және шежірелік деректер жинақтауға белсене атсалысты.

ӘЖІБЕКОВ ҚАЙРАТ



1964 жылы Байқадам ауылында туған. 1981 жылы Қазақ ССР 40 жылдығы атындағы орта мектепті бітірген соң,Алматы медициналық институтының бала дәрігері факультетіне түсіп, 1987 жылы бітірген. 1987-1988 жылы облыстық балалар ауруханасының хирургия бөлімінде интернатурадан өткен.1989 жылдан бастап Жаңатас қаласының межсанитарлық бөлімінің хирургия бөлімшесінже хирург-дәрігер болып істеді. 2002-2005 жылдары аумақтық емхана бас дәрігерінің емдеу жөніндегі орынбасары болды.

Қ.Төлеубайұлы 2005 жылдан орталық ауруханаың хирургия бөлімшесінің меңгерушісі. 1991,2002,2006 жылдары Алматы қаласында білімін жетілдірген. Бірнеше рет аудандық, облыстық департаменттердің және аудандық маслихаттың Құрмет грамотасымен марапатталған.

ӘЗБЕНОВ ҚОЙШЫ



1917 жылы Гурьев облысының Ракөш кентінде туылған. Ұстаз. Мұғалімдер институтын бітіргеннен кейін Доссордағы II сатылы мектепте дәріс берген. 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. Елге оралған соң Доссор және Комсомол мектептерінде қатардағы мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет істеген. 1948 жылы Доссордағы жетіжылдық орыс мектебінің директоры болған. Қызыл Жұлдыз орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

1951 жылы қайтыс болған.

ӘЗБЕНОВ ШАХАН

1923 жылы Гурьев облысының Ракөш кентінде туылған. Халық ағарту, партия, кеңес қызметкері. Ұлы Отан соғысынан елге оралған соң Доссор, Қошқар мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі қызметінде болған. 1949-1957 жылдары аупарткомның бөлім меңгерушісі, Мақат мұнай кентінде БК (б) П ОК-ң партия ұйымдастырушысы. 1957 жылы Алматы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы. 1961 -1983 жылдар аралығында Маңғыстау облыстында партия және кеңес органдарында басшы қызметтерді атқарды. Оннан астам медальдармен мадақталған.

1988 жылы дүниеден озды.

ӘЛИЕВ СӘРСЕНБАЙ



1954 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында дүниеге келген. 1978 жылы Алматыдағы Орал Таңсықбаев атындағы (бұрынғы Н.В.Гоголь атындағы) училищені, онан соң 1985 жылы Т.Жүргенов атындағы театр-көркем өнер институтын бітірген. Алғашқы еңбек жолын Алматыдағы «Мелодия» атты грамзапись фирмасында суретші-редактор болып бастаған. Сосын «Мектеп», «Ана тілі» баспаларында көркем безендіруші, суретшілік қызметін атқарып, талай жазушы-ақындардың кітаптарының иллюстрацияларын жасаған.1988-1991 жылдары Қазақ Совет энциклопедиясында ғылыми көркемдеуші редактор болып қызмет атқарды. «Шаңырақ», «Ақмола», «Негеш» энциклопедияларының ғылыми көркемдеуші редакторы болды. 1990 жылдан бері Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Алғашқы живописьтік, яғни майлы бояумен жасалған жұмыстары 1978 жылы өткен жас суретшілердің VIII республикалық көрмесінде жоғары бағаланды. 1984 жылы Ашхабадта өткен «Қазақстанның жас суретшілері» атты Бүкілодақтық көрмеге қатысты. 2002 жылы ең алғашқы жеке көрмесі Атырау облыстық өнер мұражайында өтті. 2003 жылы Алматыда «Ұлар» галереясында мерейтойлық жеке көрмесін жасады. 2004 жылы Махамбет Өтемісұлының 200 жылдық мерейтойына орай «Ұлар» галереясында қазақстандық суретшілерімен бірге «Қызғыш құс» атты Махамбет образын жасаған қазақстандың суретшілерімен бірге 2-3 картинасын көрмеге қойды. 2007 жылдан бері Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. 2008 жылы Арт галереясында «Дала әуендері» атты Сәрсенбай Әлиев мен Мәлік Хайдаровтың көрмесі өтті. 2009 жылы О.Таңсықбаев атындағы сәндік қолтаңбалы өнер колледжінің 70 жылдық мерейтойына арналған Ә.Қастеев атындағы өнер музейіндегі көрмеге қатысты.2011 жылы 11 ақпан мен 16 наурыз аралығында Қазақстан Суретшілер одағының «Вернисаж» көрме залында жеке көрмесі болып өтті.

Қазіргі кезде Алматыдағы Мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде бейнелеу өнерінен сабақ береді.

ӘЛИЕВ ҚАБЫЛЖАН



1953 жылы Өзбекстан Республикасына қарасты Әндіжан облысының Мархамат ауданында дүниеге келген. 1955 жылы Қазақстанға көшіп келіп, Оңтүстік Қазақстан облысының Алғабас ауданының Ақбұлақ елді мекеніне қоныстанған. «Бөген» орта мектебін бітірген соң, ол автокөлік жүргізуші болды. Ресей мемлекетінің Тюмень қаласындағы «Автомагистраль» институтын сырттай оқып бітірген Қабылжан Әліұлы өзі тұратыны ауылдағы гараж меңгерушісі, кейіннен инженер болады.1983 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер басқармасында, ал 1990 жылы «Казлесснабторг» базасында жұмыс істейді. 1994 жылы сол мекеменің комерциялық директоры, 2001 жылдан «Денсаулық» ЖШС-де кәсіпкерлік қызметпен айналысуда.

ӘЛИЕВ МӘДИ

1953 жылы Шымкент облысының Ордабасы ауданындағы Обручевка ауылында туған. 1975 жылы Алматы зооветеринарлық институтын бітірген. Ғалым-зоотехник.

1975-1978 жылдары өзі бітірген институтта ғылыми қызметкер болды. 1978-1983 жылдары Бөген ауданында өз саласы бойынша бас маман болып қызмет атқарды.



1983 жылы Алматы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына аға маман болып ауысты. 1985-1990 жылдары Жамбыл ауданындағы «Дегерес» жылқы зауытында бөлім бастығы болып еңбек етті.

1993 жылдан бері Талғар ауданында «Дүлдүл» жеке шаруашылық қожалығын ашып, оны абыройлы басқарып келеді.

М.Қалтайұлы көптеген салалық Құрмет грамоталармен, төсбелгілермен марапатталған. Аудандағы қайырымдылық іс-шараларға белсенді қатысып отырады.

ӘЛМҰҚАНОВ НАҒИ

1913 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданының 17-ауылында дүниеге келген. Сол ауылдағы «Кермекас» орта мектебін бітірген. Әкесі Тамабай қайтыс болған соң анасы екеуі Гурьев қаласына қоныс аударады. Сөйтіп сондағы қалалық прокуратураның хатшысы болып жұмысқа орналасады. Осы кезеңнен бастап оның оның заң саласындағы қызметі басталады. 1932-1934 жылдары Батыс Қазақстан облысының Тайпақ ауданында хатшы, 1936-1937 жылдары облыстық прокуратурада тергеуші, 1938-1944 жылдары Гурьев облысының Ескұл ауданында прокуратура тергеушісі, 1944-1951 жылдары Гурьев облысының Қызылқоға ауданында прокурор, 1956 жылы Маңғыстау ауданына қарасты Форт-Шевченкода прокурор болды. Кейінгі жылдары Бақсай ауданы прокурорының көмекшісі болып қызмет етті. 1953 жылы Қазақ КСР Әділет министрлігіне қарасты заң мектебін бітірді.



Нағи Төлебайұлы көптеген Құрмет грамоталармен, КСРО Бас прокуроры, Руденконың атаулы алтын сағатымен, медальдармен марапатталған.

1976 жылы өмірден озды.

ӘЛІПОВА СӘЛИМА



1931 жылы Гурьев қаласында туған. Еңбек жолын 14 жасынан «Қазақстанмұнай» бірлестігінде жұмысшылықтан бастаған. Кейіннен «Гурьевнефтехимстрой» құрылыс тресінде құрылысшы-тас қалаушы қызметін атқарған. Өндірістік ғимараттар, тұрғын үй, мәдени – тұрмыстық құрылыстарын тұрғызу және іске қосу жоспарларын асыра орындап, еңбектегі қол жеткізген табыстары үшін 1971 жылдың 8 сәуіріндегі Кеңестер Одағы Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы берілген. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған.1970 жылы Қазақ КСР-ына еңбек сіңірген құрылысшысы атағына ие болған және бірнеше медальдармен марапатталған.

ӘЛІБАЕВ УӘЛИТХАН



1954 жылы Астрахань облысының Красноярауданындағы Хожетай елді мекенінде дүниеге келген. 1970 жылы «Ақсарай» орта мектебін бітірген соң "Ақсарай" совхозында құрылыс цехында жұмысшы болды. 1973-1975 жылдары Қиыр Шығыста әскери борышын өтеді. Армиядан оралған соң "Ақсарай" совхозында ағаш ұстасы болып еңбек етті. 1976-1981 жылдары Мәскеудегі К.И.Скрябин атындағы малдәрігерлік медицина және биотехнология институтында оқып, оны үздік бағамен бітірді. Оқудан кейін 5 жылдай Астрахань облысының "Знамя" колхозында бас зоотехник, колхоз төрағасы болып қызмет атқарды. 1989-1994 жылдары Красноярауандық атқару комитетінің ауыл шаруашылығы басқармасында бас

инженер, содан соң Астрахань облыстық атқару комитеті құрамындағы агроөнеркәсіп комитетінің мемлекеттік инспекторы болды. 1994-2003 жылдары "Знамя" колхозының төрағасы, 2003-2007 жылдары МО "Краснояркой сельсовет" учаскесінде тұрғын үй пайдалану учаскесінде бастық, 2007-2008 жылдары Атырау қаласындағы "Арнайы автобаза" кәсіпорнында директордың орынбасары, 2008-2010 жылдары Астрахань облысы ТКШ министрлігінде бас директордың орынбасары, бас инженері қызметін атқарды.

У.Шамғоңұлы қазір Астрахань облыстық "Краснояржилкоммунхоз" кәсіпорнының директоры қызметінде.

У.Әлібаев көптеген салалық құрылымдардың Құрмет грамоталарымен марапатталған.

ӘЛІБАЕВ ШАМҒҰН



1901 жылы Астрахань облысы, Краснояр ауданы, Хожетаевка қыстағында туған. Ауылында жүргенде қазақша және арабша сауат ашады. 1913-1917 жылдары орыс тілін Красный Ярда, Хожетаевкада бастауыш класс көлемінде оқып үйренді.1917-1918 жылдары әкесінің жанында жүріп, шаруашылығына көмектеседі. Алтынсариннің, Ғабдолла Тоқайдың, Крыловтың шығармаларымен танысады. 1918-1925 жылдары Кедейлер кеңесінің хатшысы болады, артынша Исламғазы ауылдық кеңесінің төрағасы, одан соң жаңа құрылған Азау селолық кеңесінің төрағасы болып сайланады. Сол жылы Краснояр уезінің Сейіт болысының төрағасы болады. 1925-1927 жылдары аурулығына байланысты жауапты қызметтер атқарған жоқ. 1927 жылы Краснояр ауданының Арал селолық кеңесінің төрағасы болады. Сол жылы жазда губерниялық кеңестік партия мектебіне оқуға жіберіледі. 1928-1929 жылдары көшпелі қазақтар үшін ашылған Қызыл отау меңгерушісі болды. 1930-1933 жылдары сол Азау селолық кеңесінің шешімі бойынша кедейлердің көшіқон, ұжымдастыру мәселесімен айналысатын төтенше өкіл болып тағайындалады. 1933-1934 жылдары Владимир ауданының "Қызыл ту" колхозында еңбеккүн мәселесі бойынша жұмыс атқарады. 1934-1937 жылдары Краснояр ауданында Исекеев селолық кеңесінің хатшысы, Кіші Арал балық кооперативінің есепшісі, Қараөзен селолық кеңесінің хатшысы қызметтерін атқарады.

Ш.Досмұхаммедұлы қоғам өміріне белсене араласып, көптеген съездерге, конференцияларға қатысқан. 1937-1963 жылдар аралығында колхоз хатшысы, сүт фермасының, жылқы фермасының меңгерушісі, колхоз төрағасының орынбасары, жылқы зауытында нұсқаушы, орманшы, т.б. қызметтер атқарған. Ол әдебиет пен өнерді, тарихи шығармаларды бар жантәнімен сүйген адам.

ӘЛІБАЕВ НАСИХАТ



1912 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Зармат ауылында дүниеге келген. Туған ауылында бастауыш мектепте оқиды. 1930-1934 жылдары жоғары оқу орнына түсуге дайындайтын оқу орнының курсанты. 1934-1936 жылдары Алматыдағы Қазақ мемлекеттік медициналық институттың емдеу-сауықтыру факультетінде оқып, дәрігерлік мамандық алады. Оқуды бітірген соң Батыс Қазақстан облысының Гурьев округына қарасты Есбол ауданында дәрігер болады. 1937-1939 жылдары Қиыр Шығыста әскери қызметте болып, батальон дәрігері, полк лазаретінің аға дәрігері, бастығы қызметтерін атқарады.1939-1941 жылдары Жымпиты аудандық ауруханасының бас дәрігері болды. 1941-1946 жылдары әскери дәрігер, дивизия госпиталының бастығы қызметін атқарды. Медицина майоры. "Қызыл Жұлдыз", II дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерімен, көптеген жауынгерлік медальдармен марапатталады.

Н.Төреғазыұлы 1946-1952 жылдары Ораддағы ауруханаңың бас дәрігері және хирургы, 1952-1960 жылдары санитарлық авиацияның бастығы, Орал медицина училищесінің директоры қызметін атқарды. 1960-1970 жылдары Орал қалалық № 2 ауруханаңың бас дәрігері болды. Ол Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. 1967 жылы Қазақ КСР-ына еңбек сіңірген дәрігер атағы берілген. Бірнеше рет қалалық кеңестің депутаты болған. Орал қаласындағы облыстық мұражайда айтулы дәрігерге арналған бұрыш бар. Онда оның жеке мүліктері, жәдігерлік дүниелер сақталған.

1970 жылы дүние салды.

ӘЛІБАЕВ САЯСАТ



1937 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Зармат ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін Ақтөбедегі медицина институтына түсіп, 1963 жылы емдеу факультетін бітірген. Еңбек жолын Орал қаласындағы туберкулез диспансерінде фтизиатор дәрігер болып бастайды. Бұл жылдары ол өз білімін жетілдіру мақсатында Алматы, Мәскеу, Ақтөбе қалаларында арнайы білімін жетілдіреді. Медицина ғылымдарының кандидаты.

С.Төреғазыұлы 1990 жылы дүние салды.

ӘЛЖАНҰЛЫ ҚОЖЫБАЙ



1927 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсойғанның Үштөбе ауылында дүниеге келген.

Әкесі Әлжан Игілікұлы 1883 жылы туған. 1928 жылы Голощекин құғынына ұшырап, Башқұртстанға жер аударылып, 1932 жылы 49 жасында осы құғынның құрбаны болған. Қожыбай Әлжанұлы өмір жолын Мақат мұнай кәсіпшілігінде ФЗО мектебін бітіргеннен кейін 1943 жылы мұнай өндіруші оператор болып жұмыс істеуден бастаған. Ұлы Отан соғысынан кейін, 1945-1949 жылдары Гурьев мұнай техникумының геологиялық барлау бөлімін бітіріп, 1958 жылға дейін Жылыой, Мақат аудандарындағы Қасқырбұлақ, Тақырбұлақ, Қызылқұдық, Таңатар, Даңғар мұнай барлау алаңдарында геолог, аға геолог болып жұмыс атқарған. 1958-63 жылдары іріленген Комсомол мұнай кәсіпшілігінің бас геологы, 1963-66 жылдары Прорва бұрғылау мекемесінің бас геологы болды. 1966-1968 жылдары "Маңғышлакнефтегазразведка"тресі парткомының хатшылығына, ал 1968-1973 жылдары Жаңаөзен аудандық партия комитетінің хатшылығына сайланған. 1973-75 жылдары Ералиев аудандық атқару кеңесінің төрағасы, 1975-1977 жылдары Маңғыстау облыстық кеңесінің бөлім меңгерушісі жұмыстарын атқарып, Маңғыстау мұнайын игеруге өз үлесін қосқан. 1977-78 жылдары технологиялық бөлімінің бастығы, 1978-88 жылдары Балықшы барлау-бұрғылау басқармасының бас геологы болып еңбек етіп. 1988 жылы республикалық дәрежедегі зейнеткерлікке шыққан.1962 жылы И.М.Губкин атындағы Мәскеу мұнай институтының геологиялық бөлімін, 1974 жылы КПСС Орталық партия комитеті жанындағы Жоғарғы партия мектебін сырттай оқып бітірген.

Қожыбай Әлжанұлының тікелей басқаруымен Таңатар, (1954), Досмұхамбет (1978), Орталық –Шығыс, Батыс Прорваның жекелеген мұнай алаңдары (1979-1984) ашылып, іске қосылды. Сондай-ақ Байтөбеарал, Солтүстік Қолтық, Батыс Қарасор, Огайск алаңдары мен белгілі Теңіз кенішінің Оңтүстік-Шығыс қанаты алаңдарының мұнайы алынып, 1983-86 жылдары бірнеше терең ұңғыларды іске қосуға қатынасып, өз үлесін қосқан. Мәскеу, Алматы, Ақтау, Атырауда шығатын геология, технология тақырыбындағы журналдар мен газеттерге 200-ден астам геология, экология, мұнай өндіру, барлау, бұрғылау, тасымалдау мәселелеріне арналған мақалалары жарық көрді. Осы саладағы 6 кітаптың авторы. Ол бірнеше рет Мақат, Жаңаөзен, Ералиев аудандық, Шевченко қалалық, Маңғыстау облыстық кеңестерінің депутаты болып сайланды.

Бірнеше медаль, грамоталармен марапатталған.

2003 жылы дүние салды.

ӘЛЖАНОВ АЙТБАЙ



1927 жылы Гурьев уезіндегі Қызылқоға ауданының екінші ауылында туған. Әкесі 1928 жылы кәмпескеге ілініп, мал-мүлкі тәркіленіп, Башқұртстанға жер аударылған. 1942 жылы жетімжылдықты бітіргеннен кейін үш жыл бойы оқи алмай, ауыр тұрмыс азабын тартты. Ол ең әуелі Гурьев мұнай техникумында оқып, кейіннен Мәскеу мұнай институтын бітірген. 1949-95 жылдары Терең өзек, Құлсары мұнай барлау мекемелерінде, «Қазмұнайбарлау» басқармасында, Орал, Каспий маңы мұнай барлау экспедицияларында, «Мұнай» ғылыми-өндірістік орталығы акционерлік қоғамы Атырау өндіріс бөлімшесі бастығына дейінгі еңбек жолынан өтті. Прорва, Ақтөбе, Боранқөл, Теплов-Токарев, Қараарна, Орысқазған, Жаңаталап, Жолдыбай, Имашев кен орындарын тұңғыш ашушылардың бірі. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

2000 жылы қайтыс болды.

ӘЛІПОВ ҒИЗЗАТ



1924 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданының Мақаш ауылында дүниеге келген. 18 жасында майданға аттанып, Белгород түбіндегі ұрысқа түсті. Кейін Батыс, 1-Белорусь,1-Украина майдандарында әуелі пулеметші, кейін сапер болды. Оңтүстік Буг өзенінен өткенде асқан ерлігімен көзге түсті. Кейіннен Польша жерін жаудан азат етуде тағы да ерен батырлығымен көпке мәлім болды.Осы ұрыстардың бірінде жарақат алып, одан айыққан соң, 559- саперлар батальонында сержант шенінде кіші командир болды. 1945 жылы 23 сәуірде ол құрамында болған 312- атқыштар дивизиясы Берлиндегі Шпрее өзенінің жағалауына жеткен. Саперлер батальоны жедел түрде өткел жасап үлгерген. Әскерижауынгерлік тапсырмаларды қайсарлықпен дер кезінде орындауда көрсеткен қаһармандығы мен батырлығы үшін Ғиззат Мұқашұлы 1,2,3- дәрежелі Даңқ орденінің толық иегері болды. Бұл Кеңес Одағының Батыры атағына тең дәреже. Ол соғыстан кейін аудан шаруашылығында басшы, жауапты жұмыстар атқарды. Коммунизм жолы» кеңшарының зоотехнигі, бөлімше меңгерушісі болды. КСР-ының еңбек сіңірген ауыл шаруашылық қызметкері (1980).

ӘМІРЕЕВ МӘМЕТ

1941 жылы туылған. Ташкенттегі теміржол институтын бітірген соң, Арыс, Шымкент қалаларындағы жол белгілерін беру және байланыс дистанциясында электромонтер болып бастап, оның басшысы қызметіне дейін өскен. Зейнеткерлікте. Қазір Шымкент көлік колледжінде ұстаздық етеді. Көптеген салалық марапаттардың иегері.

ӘМІРҰЛЫ ТАСБОЛАТ

1954 жылы Атырау облысының Құрманғазы ауданының Дыңғызыл ауылында дүниеге келген. 1971 жылы «Шортанбай» орта мектебін бітіріп, еңбек жолын туған ауылынан бастады. 1972-1974 жылдары әскер қатарында болып, одан кейін ауылда ен-

бек етті. 1976-1980 жылдары Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының математика факультетінде оқыды.1980-1987 жылдары совхозда аға радиотехник, Құрманғазы атындағы совхозда комсомол ұйымының хатшысы, ферма зоотехнигі, аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі, совхозда кадр бөлімінде қызметтер атқарды. 1987 жылы кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1989-1990 жылдарда аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болды. 1990 жылы туған ауылына оралып, кәсіподақ ұйымының төрағасы, кейіннен партком хатшысы болды. 1991-1997 жылдары совхоз директорының орынбасары қызметтерін абыройлы атқарды.

2003 жылы дүние салды.

ӘСІРЕПОВ ҒҰМАР



1918 жылы Гурьев облысында дүниеге келген. Еңбек жолын 1938 жылы Орынбордағы педагогикалық курсты бітіргеннен кейін бастаған. Жолдамамен Ақтөбе облысының Шалқар ауданының Шахтинск орта мектебінде математика пәнінің оқытушысы болып, 1938 -1940 жылдары еңбек етті. 1940-1945 жылдары Қызыл Армия қатарында және Жапонияға қарсы болған Куриль аралдарындағы майданда соғысты. Ұлы Отан соғысы орденімен, бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған. Соғыстан кейін Ақтөбе оқытушылар институтын және Орал мемлекеттік педагогика институтын бітірген. 1945-1949 жылдары Ақтөбе қаласының №6 қазақ орта мектебінде математика пәнінің оқытушысы, 1949-1955 жылдары директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді. 1955-1956 жылдары Ақтөбе облыстық білім беру басқармасында оқу ісі жөніндегі инспектор, 1956-1983 жылдары Ақтөбе облыстық сырттай оқытатын орта мектептің директоры, 1983-1987 жылдары Ақтөбе қаласындағы қазақ орта мектебінде математика пәнінің оқытушысы болып қызмет етті.

Ғ.Майқыұлы -Қазақ КСР-інің халық ағарту ісінің үздігі, КСРО халық ағарту ісінің үздігі. 1980 жылы дүние салды.

ӘСІРЕПОВ НҰРЛЫБЕК



1952 жылы Ақтөбе қаласында туған. Инженер-құрылысшы. В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1974), Пекин мұнай университетін (2000) бітірген. 1974-1975 жылдары әскери борышын КСРО-ның Моңғолиядағы әскери тобында өтеген.«Ақтөбеауылқұрылыс–21» тресте (1975-1976), "Ақтөбеауырөндірісқұрылыс" бірлестігінде (1976-1982) құрылыс участке шебері, прораб, бас прораб, өндірістік -техникалық бөлім бастығы, бас инженері, басқарма бастығы болып жұмыс істеді. Атырау облысындағы Теңіз кен орынын игеруге қатысты. "Прикаспиймұнайгазқұрылыс" тресінің №3 құрылыс басқармасының бас инженері (1982-1993) қызметін атқарды.1993-1996 жылдары Ақтөбе облысындағы Жаңажол және Кеңқияқ кен орындарын игеруге қатысты "Ақтөбемұнай" АҚ-ның «Ақтөбемұнайгазқұрылысы» тресінің өндірістік диспетчерлік бөлімінің бастығы. 1996-2007 жылдары "Ақтөбемұнайгаз" АҚ-ның арнайы құрылыс басқармасының бас инженері болды.

Н.Ғұмарұлы қазір "Ақтөбемұнайгаз" АҚ-ның күрделі құрылыс жөніндегі директорының орынбасары болып істейді. Қазақстан Республикасының Құрметті құрылысшысы атағының және медалінің иегері. Ақтөбе облысының әкімінің, «АқтөбеМұнайГаз» АҚ-ның Құрмет грамоталарымен марапатталған.

ӘСІРЕПОВ МИРЖАН

1958 жылы Ақтөбе қаласында туған. Энергетика инженері. 1980 жылы Алматы энергетика институтын бітірген. 1980-1982 жылдары әскери борышын өтеген. Еңбек жолын Ақтөбе жылу,электр орталығында бастаған. 1982-1996 жылдар аралығында машинист, аға машинист, турбина цехының ауысым басшысы, бас кезекші, электромонтер, электр цехының ауысым басшысы, электр станциясының ауысым басшысы, турбина жөндеу цехы бастығының орынбасары, турбина цехының бастығы қызметтерін атқарды. 1996-1998 жылдары Жаңажол газтурбина электростанциясында станцияның ауысым бастығы, 1998-1999 жылдары басшысы, Мемлекеттік энергетика қадағалау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша бас инспекторы, 1999-2005 жылдары Батыс Қазақстан бойынша комитет бастығы, 2005 жылдан қазірге дейін Мемлекеттік энергетика қадағалау комитетінің Ақтөбедегі «Қазақэнергоэкспертиза» АҚ-ның директоры.



М.Ғұмарұлы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, салалық құрылымдардың Құрмет грамоталарымен, медальдармен марапатталған.

ӘУБӘКІРОВ ҚАБЖАН



1924 жылы Қызылқоға ауданында туылған. Қызметші. Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1974 жылы Мақат жұмысшыларды жабдықтау бөлімінде қоймашы, 1984 жылы осы кәсіпшілікте арнаулы және жұмылдыру қызметі жөніндегі инженер. 1987 жылы зейнеткер. I дәрежелі Отан соғысы орденін және бірнеше мерекелік жауынгерлік, медальдары иеленген.

1989 жылы дүние салды.

ӘШІМОВ АСАНӘЛІ



Жамбыл облысының Сарысу ауданында 1937 жылы дүниеге келді. 1961 жылы Құрманғазы атындағы консерваторияның театр факультетін бітірді. Студент күндерінің өзінде-ақ «Ботагөз» және «Асау Ертіс жағасында» фильмдеріне түсті.

Институт бітірген соң «Қазақфильм» киностудиясының құрамына қабылданды.Көпшілік жүрегінің лүпілін сезіну құштарлығы да осында пайда болды. Сол арман талантты жасты 1964 жылы Қазақтың М.Әуезов атындағы академиялық драма театрына алып келді. Содан бері сахна төрінде елуге жақын бейне жасады. Қазақтың классикалық драматургиясында А.Әшімов жасаған эпикалық және тарихи образдар галереясын өзіндік бір құбылыс деуге болады. Тарлан актер жасаған М.Әуезовтің «Қарақыпшақ Қобыландысындағы» Шуақ, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпе-Баян сұлуындағы» Қодар, М.Әуезовтің «Еңлік-Кебегіндегі» Кебек, Ғ.Мүсіреповтің «Болашаққа аманат» драмасындағы Сырым Датов бейнелері–оның тамаша шығармашылық жеңістері. Режиссерлер Ш.Аймановтың «Атаманның ақыры», С.Қожықовтың «Қыз Жібек», Э.Оразбаевтың «Транссібір экспрессі», тағы басқа фильмдерде тамаша орындалған басты кинобейнелер Асанәліні қалың көрермен қауымына барынша танымал етті. А.Әшімов режиссер ретінде театр сахнасында Н.Гогольдің «Ревизор», Ғ.Мүсіреповтің «Амангелді». Ж.Аймауытовтың «Ақбілегін», Ч.Оразбаевтың «Мен ішпеген у бар ма», Садала Ванустың «Сұлтан болсам егер мен» спектакльдерін қойып, көрермендер ықыласына бөленді.

А.Әшімов кинорежиссура саласында да елеулі табысқа ие болды. Ол 1980 жылы Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында «Аждаһа жылын» түсірді. «Шоқан Уәлиханов» атты төрт сериялы фильмі Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды. «Елім-ай» киностудиясында жасалған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» фильмі де көпшілік ықыласына ие болып, мамандар тарапынан жоғары бағаға ие болды. Осы киноларда басты рольдерде ойнаған оның Сағи атты талантты ұлы 1985 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығын алды. Қазіргі заман қиындығына қарамастан Асанәлі кино мен театр режиссері ретінде өзінің жеке «Елім-ай» киностудиясында шығармашылық ізденістерін жалғастыруда.

А.Әшімов 1972 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының, 1974 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Ал 1970 жылы Қазақ КСР еңбегі сіңген артисі, 1976 жылы ҚКСР Халық артисі, 1980 жылы оған КСРО Халық артисі атақтарын алды. КСРО Киноматографистер Одағы басқармасының мүшесі болды. Оның шығармашылық қызметін бейнелейтін «Асанәлі» атты деректі фильм шығарылды.Асекең соңғы жылдары шығармашылықпен айналысып «Майраның әні» және «Жан бөлек» атты деректі кітаптарын шығарып, оқырман қауым тарапынан жоғары бағаланды.

2000 жылы «Өнер» баспасынан қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде үлкен форматты «Асанәлі» атты түрлі-түсті фотоальбомы жарық көріп, қалың көпшілікке жол тартты. Осы жылы оған республикалық тәуелсіз меценаттар клубының «Тарлан» сыйлығы берілді. 2001 жылы "Отан" орденімен марапатталды. Сол жылы "Алтын адам" атағына ие болды. Ол Шымкент, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Түркістандағы университеттердің, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының Құрметті профессоры.

ӘШІМОВ САҒИ



1961 жылы Алматы қаласында туған. Қазақтың көрнекті киноактері, КСРО Киноматографистер одағының мүшесі. Ол Алматы театр-көркемсурет институтының актерлік факультетін 1982 жылы бітіргеннен кейін киноға түсе бастады. 1983-1987 жылдары М.Әуезов атындағы Академиялық драма театрында қызмет етті. 1987 жылдан «Қазақфильм» студиясында істеді. Бірнеше кинофильмдерде табысты ойнап, ел құрметіне бөленді, қалың елдің сүйікті актерына айналды. Әсіресе атақты актер, көрнекті режиссер Асанәлі Әшімов қойған төрт сериялы «Шоқан Уәлиханов» кинофильмінде Шоқан ролін сомдаған Сағи өзінің актерлік қабілетін жан-жақты көрсетіп бере алды. Дарынды жас актер 1985 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Бұдан кейін Сағи «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» фильмінде Қодардың ролінде тамаша ойнап, көрермендер құрметіне бөленді. Ол көп сериялы "Тоғысқан тағдырлар" телефильмінде шебер ойнады. Жас актер шығармашылық қуаты толысқан шағында, 1999 жылы кенеттен қайтыс болды.

ӘШІРБАЕВ БАҚЫТЖАН



1953 жылы Шымкент қаласы маңындағы Тассай елді мекенінде дүниеге келген. 1975 жылы Алматыдағы Қазақ политехникалық институтының сәулет факультетін бітірген. 1975-1981 жылдар аралығында Шымкенттегі жобалау институтында сәулетші болып жұмыс істеген. 1981-1992 жылдар аралығында Шымкент қаласының бас сәулетшісі болды. 1992-1999 жылдары Шымкенттегі «Архфонд» мекемесінің директоры болып қызмет атқарған. 1999-2002 жылдары Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойына дайындық және оны өткізу дирекциясы мемлекеттік-коммуналдық мекемесінің басшысы болды. 2002 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан облысының бас сәулетшісі болып істеді. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары болды.

Бақытжан Құдайбергенұлы – еліміздің көптеген өңірлерінде бой көтерген сәулетті

ғимараттардың авторы. Шолпан-Ата курортында салынған 700 орындық пансионат, Отырардағы мұражай, Шымкент қаласындағы «Достық» қонақ үйі, Түркістан қаласының тарихи-көне бөліктерін қалпына келтіру жұмыстары – қазақтың көрнекті сәулетшісі Б.Қ.Әшірбаевтың таза шығармашылық туындылары. Ол сонымен бірге Шымкент қаласының орталығын көрнекті әсем етіп жоспарлаудың, «Ордабасы» кешенін қайта құрудың, Шымкент қаласындағы «Рамстордың» жобаларын жасады.

Б.Құдайбергенұлы ҚазКСР Жоғарғы Советі Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталған. Көрнекті сәулетші 2000 жылы Болгарияда өткен сәулетшілердің Халықаралық биеналдық конкурсының I дәрежелі дипломын, Алматыда өткен Халықаралық сәулетшілер одағы форумында Бас жүлдесі мен I дәрежелі дипломын иеленді. Ал соңғы жылдары Мәскеу қаласында өткізілген Халықаралық сәулетшілер одағының фестивалінде алтын және күміс медальдарға ие болды.

БАБАҚОВ БОЛАТ (Канал)



1940 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Ильич ауданындағы Жамбыл атындағы колхозда туған. Әкесі Бабақ Нұрмаханов Ұлы Отан соғысында қаза тапқан. Шешесі Әдишадан 9 жасында жетім қалады. Ильичте және Қарағанды қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленген. 1959 жылы Жамбылдағы қант комбинатында, 1960-1962 жылдары Байқадам геологиялық барлау партиясында жұмысшы болып істейді.

1962 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түседі. 1967 жылы бітірген соң Целиноград облыстық «Коммунизм нұры», Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы орынбасары, жауапты хатшы болды. «Қазақстан ауыл шаруашылығы» журналының жауапты шығарушысы қызметтерін атқарды. 1979-1982 жылдары аралығында «Жалын» баспасында редактор, аға редактор, «Көкжиек» редакциясының және жастар прозасы бөлімінің меңгерушісі болды. 1982 жылы баспаның бас редакторының орынбасары болды. өмірінің соңғы жылдары «Ақиқат» журналында еңбек етті. Болат дүниеден озғанда «Егемен Қазақстан» газеті былай деп жазды: «…шебер де бесаспап журналист, энциклопедиялық білімі бар эрудит болатын, қай жерде, қандай жағдайда жүрсе де кеуде көтеруді білмеген, қиындыққа мойымаған, адамгершілігіне ар атты ардақты ұғымды серік еткен, аузын ашса көмейі көрінетін аңқылдақ, адал, абзал ағамыз-ай…». «Өрт», «Алтын алқа», т.б. бірнеше прозалық кітаптардың авторы. Асыл азамат, аяулы тұлға 1999 жылы дүниеден озды.

БАЗАРБАЕВ ТАЛҒАТ



1962 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы селосында дүниеге келген. 1979 жылы орта мектеп бітірген. 1979-1984 жылдары Орал педагогикалық институтын география пәні бойынша бітірген. 1984 жылы Миялы селосында география пәнінің мұғалімі, 1986 жылы Қазақстан ЛКСМ аудандық комитетінің хатшысы болып қызмет атқарған. 1986-1987 жылы әскер қатарында болған. Аудандық білім бөлімінің әдіскері, Қазақстан ЛКСМ аудандық комитетінің II хатшысы, аудандық жастар комитетінің төрағасы, аудан әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған.

Қазір Миялы ауылында Б.Аманшин атындағы орта мектептің директоры қызметін атқаруда.

БАЙБАҚТЫ ӘУЛИЕ

1823 жылы туған. Батыр, әулие адам болған. Тегі-Шеркеш– Қосым–Жанғабыл. Елге тиген сыртқы жауларға қарсы (әсіресе түркімендермен жер үшін жауласу кезінде) талай рет қол бастап, ерлігімен, қолбасшылығымен елге аты жайылған, оққағары бар әулие, батыр болған. Өмірінің соңғы кезеңінде сопылық жолға түсіп, тақуалықпен өткізген. Бүгінде Доссордың маңындағы Тасқұдық деген жердегі Байбақты қорымындағы зиратына адамдар түнеп, әулиеге тағзым етеді. Басына еңселі ескерткіш кесене салынған.



1914 жылы дүниеден озды.

БАЙДӘУЛЕТОВ ӘБУҒАЛИ



1911 жылы Ақмола уезінің Көктас болысының екінші ауылында туған. Қазіргі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданы. Нағашысы Жақсылық деген кісі сол өңірге белгілі Әлімбай деген молдаға оқытады. Талапшыл жас бұдан кейін қарап қалмай, 1928 жылы «Жақсылық» бастауыш мектебіне меңгеруші болады. үлгілі ұстаз облыстық, республикалық мұғалімдер съезіне делегат болып қатысады. 1936 жылы Ленин атындағы жетіжылдық мектепке директор, соңынан Киров атындағы бастауыш мектепте меңгеруші болады. 1937 жылы желтоқсанда жалған жаламен ұсталып, 10 жылға кесіледі. 1946 жылы елге оралады. Аудандағы алғашқы ұстаздардың бірі болған ол 1949 жылы ауыр науқастан Арқа жерінде ұстаздық етіп жүргенде қайтыс болды.

БАЙЖҰМИЕВ БАҚТЫҒАЛИ



1922 жылы Атырау облысының Айранкөл ауылында дүниеге келген. 1959 жылы Саратов мұнай техникумының бухгалтерлік есеп бөлімін бітірген. 1941 жылы Отан соғысына аттанып, қолынан ауыр жараланып, 1943 жылы елге келген.Майдандағы ерлігі үшін жауынгерлік "Қызыл жұлдыз" орденін, 1 дәрежелі Ұлы Отан соғысы, "Ерлігі үшін" медалін алған. Майданнан келгеннен кейін еңбек жолын кәртішке бюросында аға инспектордан бастап, кейін жұмысшылар жабдықтау бөлімінде аға экономист, аға товартанушы, бастықтың орынбасары, Жылыой аудандық сауда бөлімінің бастығы, бас есепші сияқты қызмет атқарып, өмірін сауда саласына арнады.

Б.Байжұмиев көптеген мерекелік медальдардың, Құрмет грамоталардың иегері.

БАЙЖҰМИЕВ ТӨРЕШ



1938 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылында туған. 1945-1955 жылдары мектепте оқыды. 1955-1960 жылдары Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтында оқыған. 1960 жылдан Жылыой ауданының Қаратондағы Н.К. Крупская , Қосшағылдағы М.Ю. Лермонтов атындағы орта мектептерде мұғалім, оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болып қызмет етті.

Т.Байжұмиевтың түрлі деңгейдегі баспасөз беттерінде 200-ден аса бала тәрбиесі, ғылыми-әдістемелік, танымдық, тарихи, әдеби т.б. тақырыптарға мақалалары жарияланған. "Жұлдыз" журналы, "Правда" газеті, "Лениншіл жас", аудандық "Ембі" газеттерінен алған алғысы бар.Жергілікті "Құлсары" газетінде әңгімелері басылған. Ағарту ісінде 13 рет облыстық, 2 рет республикалық педагогикалық оқуға қатысып, жүлделі орындар, Құрмет грамоталарын алған. Новосибирскіде өткен математиканың жаңа бағдарламасы бойынша аймақтық форумға , облыс бойынша үздік математика мұғалімі ретінде қатынасты. ҚР білім беру ісінің үздігі, жоғары санатты ұстаз.

Бірнеше мерекелік медальдың иегері.

БАЙЗАҚОВ МАРАТ



1952 жылы Атырау облысы, Махамбет ауданында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін Уфа қаласындағы мұнай-газ институтына түсті. Оқуды ойдағыдай аяқтаған соң өз саласы бойынша еңбек етті. 1972 жылы мұнай, газ скважиналарын бұрғылау саласы бойынша Уфа қаласында кандидаттық диссертациясын қорғады. 1984 жылы Каз НИГРИ ғылыми-зерттеу институтына кіші ғылыми қызметкер болып орналасады, бөлім меңгерушісі болады. 1993 жылы директордың ғылыми жұмыстар бойынша орынбасары, соңынан директоры болды.

М.Қорқытұлы басқарған уақытта институт жаңа заман талабына сай жабдықталып, заман көшінің алдынғы легіне шықты. Кейініректеу ол Ақтау қаласында Бірлескен мұнай компаниясының директоры болып істеді. Қазір Астана қаласында қызмет етеді.

М.Қорқытұлы көптеген марапаттардың иегері.

БАЙМОЛДИЕВ АМАНДОС



1946 жылы Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор поселкесінде дүниеге келген. Еңбек жолын Комсомол поселкесінде 1965 жылы жерасты жөндеу операторы болып бастады. 1965-1968 жылдары әскери борышын өтеді. 1968 жылы Доссор поселкесіндеге машина жөндеу зауытына слесарь болып еңбек етті. Еңбегі бағаланып 1978 жылы «III дәрежелі Еңбек даңқы» орденімен марапатталған.

БАЙМОЛДИЕВ ЖОЛМҰҚАН



1900 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданында дүниеге келген.

1941-1945 жылдары Мақат ауданы, Доссор поселкесінде электр цехында машинист болып еңбек етеді. Осы еңбегі бағаланып «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, «Еңбек Қызыл Ту», Ленин орденімен марапатталған.

1962 жылы дүниеден өтті.

БАЙМҰҚАНОВ ӨТЕГЕН



1920 жылы Қызылқоға ауданы, Бақсай селосында туған. 1939-40 жылдары Талқайран орта мектебін үздік бітіріп, осы мектепке мұғалім болып қалдырылған. 1942 жылы Совет Армиясы қатарына шақырылып, Бердичев атындағы училищені бітіріп, Ұлы Отан соғысына қатысқан. Белгород-Воронеж-Косторный бағытындағы шайқаста жарақат алады. Елге оралып, мұғалімдік жұмысын жалғастырады. Гурьев пединститутының математика-физика факультетін аяқтады. Облыстың Смағұлов, Амандосов, Мұратбаев атындағы орта мектептерінде жұмыс істеді. Көп жыл бойы оқу ісінің меңгерушісі болды. Ұлы Отан соғысының ардагері. Халық ағарту ісінің үздігі. Бірнеше орден, медальдармен марапатталған және Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың марапаттарының иегері. Әке жолын қуған қызы Әлия Өтегенқызы авторлық куәлік иегері. Оқу ісінің үздігі. Есімі «100 танымал есім» атты республикалық энциклопедияға енген.

Жұмыскер ауылындағы бір көше Ө.Баймұқанов атымен аталады.

БАЙШАХАНОВ ҚАЛДЫБАЙ



1926 жылы Калинин ауылында дүниеге келген. 1950 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Ембі аудандық білім бөлімінің инспекторы, меңгерушісі. Пушкин атындағы орта мектептің директоры, 1961-1963 жылдар аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, Ембі аудандық Кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары. Республикалық, Бүкілодақтық мұғалімдер съездерінің делегаты, аудандық кеңестердің депутаты болған. Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұғалімі атағы берілген. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, "Ерен еңбегі үшін" медалімен марапатталған.

1989 жылы дүние салды.

БАЙШАХАНОВ АҚЫЛБЕК



1956 жылы Құлсары қаласында туылған. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтын бітірген. 1978-2008 жылдары Құлсары автобазасында автобус колоннасының механигі, Құлсары №1 автокәсіпорны директорының орынбасары № 2 автокәсіпорнындадиректор. Теңіз ТКБ «Теңізмұнайгаз» өндірістік, Жылыой бұрғылау басқармасының басшылық қызметінде болған. Құлсары поселкелік округ әкімі, «Казкомсервис» ЖШС бас директорының орынбасары. Құлсары қаласының әкімі. «АтырауСпецТрансСервис» ЖШС директоры. 2007 жылы «Казкомсервис» ЖШС-тің бас директоры, БЛКЖО, Қазақстан ЛКЖО ОК Құрмет грамоталарының иегері. 2007 жылы Атырау облыстық мәслихатының депутаты болды.

БАҚБЕРГЕНОВ БАЗАРБАЙ



1961 жылы Ташкент облысында туылған. Орта мектепті Оңтүстік Қазақстан облысының Бөген ауданындағы Сыпатаев атындағы мақта совхозында бітірген. Мектепті бітірген жылы Қиыр Шығыс теңіз флотында қызметте болған. Әскерден оралған соң әке жолын қуған Базарбай өзінің еңбек жолын мақта шаруашылығында механизаторлықтан бастайды. Ол ерен еңбектері үшін аудан, облыс көлемінде бірнеше дүркін жүлдегер атанып, алғыс хаттармен марапатталған. 1991 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан облысының Ордабасы ауданындағы Көкарал елді мекеніндегі «Саға» өндірістік кооперативінің төрағасы болып қызмет етіп жүр.

БАҚБЕРГЕНҰЛЫ ҚОРҒАНБЕК



Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында дүниеге келген. Ол орта мектепті Ташкент облысының Бөке ауданында бітірген. өзінің алғашқы еңбек жолын сол жерде бастайды. Ұлы Отан соғысы жылдары ағаларының бәрі майданға аттанғанда, ол жұмысқа жастай араласады. өзінің зерек, іскерлігінің арқасында звено басшысы, бригадир, бөлімше басқарушысы болып қызмет істейді. Жұмыс істей жүріп, Ташкент қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумын бітіреді. Арнайы орта білім алған Қорғанбек «Бөке» совхозының агрономы, сонан соң совхоздың жұмысшылар комитетінің төрағасы қызметін абыройлы атқарды. 1968 жылы Өзбекстаннан Қазақстанға қоныс аударады. Алғашқыда Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданында орналасқан «Кентау» құс фабрикасында, сонан кейін Бөген ауданындағы Сыпатаев атындағы мақта совхозында бас агрономдық қызметін қайта жалғастырады.

1994 жылы қайтыс болды.

БАҚБЕРГЕНОВ ЕСЕНГЕЛДІ



1951 жылы Ташкент облысында туылған. 1959-1969 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласында оқып, орта мектепті бітірген. 1969-1974 жылдары Павлодар қаласындағы Индустриалды институттың механика факультетінде «Металдар технологиясы және металдарды кесетін станоктар мен аспаптар» инженері мамандығын алған. Еңбек жолын 1974-1975 жылы Целиноград қаласында «Қазахсельмаш» зауытында инженер-конструктор болып бастаған. 1975-1980 жылдары Шымкент қаласында «Ұсталық-Пресс» зауытында жетекші конструктор, «Казмонтажпроект» өөндірістерді жобалау институтының Шымкент бөлімінде бас конструктор болып жұмыс атқарған.

1980 жылдан бүгінгі күнге дейін Шымкент көлік коммуникация және жаңа технологиялар колледжінде істейді. Жоғарғы санатты оқытушы Е.Бақбергенов осы жылдар аралығында колледж кәсіподақ ұйымының төрағасы, бөлім меңгерушісі, оқу бөлімінің меңгерушісі, директордың орынбасары болды. Оның көптеген оқу-әдістемелік құралдары колледждің оқу процесінде қолданылып жүр.

Е. Бақбергенов ҚР Білім және ғылым министрлігі мен білім басқармасының алғыс хат, құрмет грамоталарымен Облыстық кәсіподақ кеңесінің Педагогикалық кәсіподақ мүшелерінің экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау және білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Кәсіподаққа еңбегі сіңген қызметкер» төсбелгісімен, педагогикалық қызметтегі табыстары үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгісімен,«Қазақстан Рес

публикасы тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.

БАҚТИЯРОВ РАХМЕТЖАН



1927 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, 19-ауылда туған. 1934-1935 жылдары "Сулыкөл" бастауыш мектебінде оқыған. Одан кейін "Қамыстыкөл" жетіжылдық мектебінде, соңынан "Ойыл" орта мектебінде оқып, оны 1945 жылы аяқтайды.1945-1946 жылдары Алматыдағы зоо мектебіне облыстық зоо орнының жолдамасымен Қазақ университетінің филиалына түскен. Одан Қазақ мемлекеттік университетінің тіл-тарих факультетіне ауысып оқиды.Алайда түрлі себептермен күзде Ақтөбедегі екіжылдық оқытушылар даярлайтын институтқа түсіп, оны 1948 жылы аяқтап, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мамандығын алады. Еңбек жолын Кенбай жетіжылдық мектебінен бастайды.1949 жылы сырттай оқу арқылы тарих пәні мұғалімінің дипломына ие болады. Содан соң «Қамыстыкөл», кейіннен Крупская атындағы орта мектепте істейді. Мұнда 1960 жылға дейін қазақ тілі мен әдебиет, тарих пәндерінен ұстаздық етеді. 1960-1965 жылдары Мұқырдағы мектепте ұстаздық етті.1965-1979 жылдары Атырау облысы, Балықшы ауданындағы "Алға" сегізжылдық, кейіннен орта мектепте директор болды. 1970-1982 жылдары "Қайыршақты" орта мектебінде директорлық қызметін абыроймен атқарды.

Р.Бақтияров бірнеше медальдармен, Қазақстан КПОК Құрмет грамотасымен, т.б. грамоталармен марапатталған. Ол Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі. Жергілікті кеңестің депутаты болып сайланған.

Р.Бақтияров кітапты шежірелік деректермен материалдармен байытуға үлкен еңбек сіңірді. Ардагер ұстаз

2011 жылы дүние салды.

БАҚТЫБАЕВ ӘЛІМ

1929 жылы Атырау қаласында туылған. Тау-кен инженер-геолог. 1949-1965 жылдары Құлсары мұнай кәсіпшілігінде цех бастығы.



1965-1998 жылдары Атырау облыстық партия комитетінің нұсқау-

шысы, Атырау гидрогеология партиясының бастығы. Жылумен, сумен қамтамасыз ететін цехтың бастығы. «Құрмет белгісі» ордені мен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

БАҚТИЯРОВА ҚАЛИМА



1922 жылы Атырау облысының Қызылқоға ауданында дүниеге келген. Мектеп есігін кеш ашқан. Бесінші класты ғана аяқтаған. 1943-1947 жылдары Ойыл ауылында мал санитары болып қызмет атқарады. 1950 жылы Қызылқоғада Тайсойған МТС-ы құрылып, ауылға алғашқы тракторлар келе бастайды. Сонда Қалима кәсіпорын жанынан ашылған курста оқып, тракторшы мамандығын игереді. Тоғыз жыл бойы "У-2", "ХТЗ", "МТЗ" маркалы тракторларды айдаған. Ол бүкіл Қызылқоға ауданында трактор рөлін отырған алғашқы әйел болатын. Абыройлы еңбегі үшін 1952, 1959 жылдары аудандық Кеңестің депутаты болды. 1954 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 1955 жылы Бүкілодақтың халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысып, алтын медальға ие болды. Гурьев облыстық партия комитетіне мүшелікке сайланды.

Қ.Бақтиярова бірнеше медальдармен марапатталған. 1959 жылы жұмыс бабында ауыр жарақат алған ана бұдан кейін еңбекке жарамай қалды. Ерен еңбек үлгісін көрсеткен ардагер ана 1997 жылы дүние салды.

БАҚТИЯРОВА ГҮЛШАТ



1971 жылы Атырау облысы, Томарлы ауылында қызметкерлер отбасында дүниеге келген. 1988 жылы "Қайыршақты" қазақ орта мектебін бітіріп, еңбек жолын 1988-1989 жылдары Атырау облысы, Ленинградский ауылындағы балабақшада тәрбиешінің көмекшісі қызметінен бастады. 1989-1993 жылдары Ақтөбе педагогикалық институтының педагогика факультетінде оқып, үздік дипломмен тамамдады. 1993-1995 жылдар аралығында Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының мектепке дейінгі педагогика және психология кафедрасында оқытушылық қызмет атқарды. 1995-1996 оқу жылында Алматыдағы Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық институтында ғылыми тәжірибеден өтті.1999 жылы Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық университетінде «Қазақ этнопедагогикасы материалдарын педагогикалық пәндерді оқытуда пайдалану» атты тақырыпта диссертациялық жұмысын сәтті қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

Гүлшат Рахметжанқызы-өз туған жері Томарлы ауылынан шыққан тұңғыш педагогика ғылымдарының кандидаты.

Г.Рахметжанқызы 1999 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетіне аға оқытушы, 2002 жылдан доцент академиялық атағын иеленген. 2004 жылдан Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтты қайта құрылған соң кафедра меңгерушісінің міндетін атқарушы (2004-2005), кафедра меңгерушісі (2005-2008 ж.ж.) болды. Қазіргі таңда кафедра доценті қызметін абыроймен атқарып келеді.

Г.Рахметжанқызы «Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті тақырыбында жазылған педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалуда. Ол елуден астам ғылыми-әдістемелік мақалалар мен тезистердің авторы. Бірқатар ғылыми мақалалары алыс (Болгария,Қытай) және ТМД (Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан) шетелдердің ғылыми басылымдарында жарияланған. Г.Рах-

метжанқызы «Үздік оқытушы» куәлігінің және «Құрметті кафедра меңгерушісі» атағына ие.

БАҚТЫБАЕВ БӨЛЕКБАЙ



1903 жылы туылған. Ұстаз. Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1921 жылы Доссор мұнай кенішінде қара жұмысшы. 1959 жылға дейін Доссор механикалық шеберханасында, автокөлік кеңсесінде темір ұстасы. Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері.

БАҚТЫБАЕВ ІЗБАЙ



1927 жылы Атырау облысы, Мақат ауданында дүниеге келген. 1953-1957 жылдары Гурьев мұнай техникумын, 1959-1972 жылдары Москвадағы Л.М. Губкин атындағы мұнай газ және химия өнеркәсібі институтын бітірген. 1946-1974 жылдары оператордың көмекшісі, оператор, аға машинист, база механигі болды. 1974-1984 жылдары УПТО директоры, 1984-1988 жылдары Мақат автокөлік басқармасының директоры. Бірнеше медальдармен марапатталған.

1996 жылы дүниеден өтті.

БАҚТЫБАЕВ СЕРІК



1952 жылы Атырау облысы, Мақат ауданында дүниеге келген. «МақатМұнайгаз» басқармасының мұнай өндіруші операторы. «Қазақстан мұнайына 100 жыл» медальдарымен, «Мақат мұнай кен орнына 90 жыл» ескерткіш белгісімен, «Қазақстан мұнайының 100 жылдығы» және «Ембі мұнайын игеруге қосқан елеулі еңбегі үшін» т.б. грамоталарымен марапатталған.

БАЛҒЫМБЕВ НҰҒЫМАН



1950 жылы Жылыой ауданы, Шоқпатоғай ауылында дүниеге келген. Инженер – механик . Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтын бітірген. Жылыой аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, «Ембі» кеңшары партия комитетінің хатшысы (1986-1991жж.), Калинин селолық Кеңесінің төрағасы, село округі әкімі (1991-2008жж.), халық депутаттары Ембі аудандық Кеңесінің депутаты (1987-1993жж.) болған.

БАЛЖАНОВ ҚАЙЫРБАЙ



1893 жылы Қызылқоға ауданында туылған. Бұрғышы. 1928-1953 жылдары Доссор, Мақат мұнай кентінде бұрғышы, мұнай өндеу операторы болып еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан. «Құрмет белгісі» орденін және бірнеше медальдар алған. Қ.Балжанұлы 1973 жылы дүие салған

БАЛЖАНОВ ҚҰМАР



1928 жылы Атырау облысы, Доссор кентінде дүниеге келген. 1957 жылы Мәскеу мұнай институтын бітірген. 1957-1961 жылдары Доссор, Мақат мұнай өндіру басқармаларында ұңғыларды жерасты жөндеу бригадасының шебері, цехта аға инженер болды.1961-1966 жылдары Сағыз, Доссор мұнай өндіру басқарамаларында бас инженер, 1966-1972 жылдары «Прорва Мұнайгаз» өндіру басқармасының бастығы, 1972-1983 жылдары «Ембімұнай» бірлестігінде бас инженер. 1983-1994 жылдары «Жайықмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасында бастық болып қызмет етті. Қ.Қайырбайұлы 1994 жылдан дербес зейнеткер.Мұнайшы-инженер Қ.Қайырбайлы КСРО Құрметті мұнайшысы, Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұнайшысы, 1994 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Еңбек Қызыл Ту,Халықтар достығы орденделімен және медальдармен марапатталған.

БАЛМҰҚАНОВ РЫСҚАЛИ



1936 жылы Жылыой ауданы, Қияқ ауылында дүниеге келген. Атырау политехникалық техникумын, Москванын Бүкілодақтық заң институтын (1975)бітірген, механик, жол шебері, 24-темір жол байланысы мекемесінің кадр бөлімінің инспекторы (1963-1971). Ембі ауданы прокурорының көмекшісі, Қызылқоға, Жылыой аудандарының прокуроры (1975-1988), аталған аупарткомдар мүшесі, аудандық Кеңес депутаты болған. «Ерлік еңбегі үшін, В.И.Ленинның туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен марапатталған. Құлсары қаласындағы бір көше Р.Балмұқанов есімімен аталады. Көше басына ескерткіш тақта орнатылған.

2003 жылы Құлсары қаласында дүниеден озды.

БАЛМҰҚАНОВА ТАЛШЫН



1942 жылы дүниеге келген «Құлсарымұнайгаз» өндіру басқармасында сылақшы, ұңғыларды зерттеу операторы, техник-диспетчер, мұнай өндіру операторы, кадрлар бөлімінің инженері және бастығы. 1987-1998 жылдары «Құлсары промстрой »тресінде экономист, «Теңізмұнайгаз» бірлестігінде кадрлар бөлімінің аға инженері, осы бірлестікке қарасты су және канализация басқармасында жетекші инженер. Атырау облыстық кеңесіне екі мәрте депутат және облыстық партия комитетінің мүшесі болып сайланған. «Ерлік еңбегі үшін», В.И.Ленинның туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен марапатталған.

БАЛМАҒАНБЕТОВ ИСАТАЙ



1961 жылы Атырау облысының Жылыой ауданында Қаратон поселкесінде туған. Атырау қаласындағы С.Мұқанов атындағы №10 орта мектепті бітірген. 1978 жылы КазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсіп, 1983 жылы үздік бітірген. Еңбек жолын Атырау облыстық «Коммунистік еңбек» газетінде бастап, осында 7 жыл жұмыс жасады. 1990 жылы арнайы шақырумен республикалық «Ленинші жас» газетінің батыс облыстар бойынша меншікті тілшісі қызметіне тағайындалды.

«Ленинші жас» газетінде он жылдай қызмет істеген Исатайдың қалам қарымы республика оқырмандарына кеңінен танылды. Ол 1991 жылы экология тақырыбындағы проблемалық материалдар сериясы үшін Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атанды. «Атамекен», «Теңіз тақсыреті» атты жеке танымдық-публицистикалық кітаптары жарық көрді. Сараптамалық туындылары «Исатай батыр», «Өнер-өмір», «Жыр семсері» атты ұжымдық жинақтары жарық көрді. И.Құндызбайұлы әр жылдары Атырау облысы әкімінің баспасөз хатшысы, Атырау облыстық телерадиокомпаниясының жауапты редакторы, «Каспий-Капитал» газеті бас редакторының бірінші орынбасары, республикалық «Қазақстан-Zaman», «Заң» газеттерінің меншікті тілшісі, «Ақ Жайық» газетінің бас редакторының орынбасары – қазақша басылымның редакторы, республикалық «Алтын Орда» газеті бас редакторының бірінші орынбасары болып істеді. Осы уақыт ішінде оның қаламынан жүздеген проблемалық туындылар жарыққа шықты. 2007-2010

жылдары республикалық «Алтын Орда» газетінің директоры- бас редакторы қызметін атқарды. Қазір Атырау облыстық «Атырау» газетінің бас редакторы. Ол – Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.

БАЛТАБАЕВ ОҢҒАР



1938 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент ауданы Көмешбұлақ ауылында дүниеге келген. Орта мектепті Шымкенттегі Сталин атындағы мектепте 1956 жылы бітірген. Екі жыл Сарысу ауданының «Жайылма» совхозында малшы болған. 1958 жылы Алматы мемлекеттік медицинна институтына түсіп, 1965 жылы бітірді.Еңбек жолын

Жаңатас қыстағындағы ауруханада хирург болып бастаған. 1969 жылы Сарысу аудандық ауруханаға бас дәрігер болып ауыстырылды. 1971 жылы Жаңатас қаласындағы ауруханасында хирург, әрі меңгеруші болып ауыстырылады 1975 жылы Мерке ауданының Ново-Воскресеновка ауылындағы 120 төсектік ауруханада бас дәрігер болып тағайындалады. Себебі ол аурухана Бүкілдүниежүзілік ұйымының қарамағына берілетін болған. Сол мекемеде 1986 жылға дейін абыройлы қызмет атқарды. 1986 жылы маусым айында Сарысу ауданына бас дәрігер болып аудан халқына аянбай қызмет етті.

О.Балтабайұлы КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі. Бірнеше мәрте республика денсаулық саласының марапатына ие болған. Жамбыл облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Сарысу ауданынң Құрметті азаматы.

БАЛЫМБЕТОВ ҚОЗЫ



1941 жылы Шымкент қаласында дүниеге келген. 1958-1963 жылдары Қазақ химия-технологиялық институтының механика факультетінде оқып, химия өндірісінің машиналары мен аппараттарының инженері мамандығын алды. Қозы Шорабекұлы Шымкент, Жамбыл қалаларының фосфор өндіретін зауыттарында өндіріс шеберінен бастап ауысым басшысы, цех басшысы, зауыт директорының орынбасары болды. Ол 1980 жылдан бастап Қазақ химия-технологиялық институтына ұстаздық қызметке ауысады.

Ол студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасап, келешек инженерлер дайындауға атсалысты. Оның 10-нан аса ғылыми жұмыстары жарияланған және 5 жаңалықтың авторы. Техника ғылымдарының кандидаты.

БАЛЫМБЕТҰЛЫ ШОРАБЕК



1906 жылы Шымкент қаласының маңындағы Тассай елді мекенінде дүниеге келген. Шорабек Балымбетұлы 1941 жылға дейін Жамбыл облысының Меркі аудандық партия комитетінің мамандар бөлімінің меңгерушісі, сонан соң Свердлов ауданының прокуроры қызметін атқарған. Ұлы Отан соғысы басталған жылы Свердлов аудандық әскери комиссариатының бөлім меңгерушісі, 1942 жылы Атты эскадрон дивизионының саяси бөлімінің жетекшісі, онан кейін Қарақұм ауданы бойынша саяси бөлімінің бастығы болып істеді. 1943 жылы Әндіжан қаласындағы кіші офицерлер дайындайтын курсанттар оқуына қабылданады. 1944-1945 жылдары 1285-құпия рота командирі болды.

1945-1946 жылдары Киров аудандық партия комитетінің агроөндіріс бөлімінің меңгерушісі, 1946-1948 жылдары «Көксу» совхозы партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарады. Сонан соң Оңтүстік Қазақстан облысының Киров аудандық машина-трактор станциясы директорының орынбасары, 1956 жылға дейін Киров аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болған.

1956-1965 жылдары Киров аудандық әлеуметтік-қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған. 1965 жылы дүние салды.

БАРҚЫМБАЕВ ТӘЖЕН



1910 жылы Мақат ауданында туылған. Мұнайшы. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Облыстық сауда саласында жұмыс жасаған, Ескене, Байшонас, Доссор мұнай кентінде асхана меңгерушісі, 1937-1963 жылдары Доссор мұнай кентінде мұнай өндіру операторы болған. Ұлы Отан соғысы орденімен, алты жауынгерлік медальмен марапатталған.

БАСЫМБЕКОВА СҰЛУҚЫЗ



1945 жылы Доссор кентінде туылған. Байланысшы. КазПИ-ді бітірген. Еңбек жолын Доссор мектеп-интернатында есепші болып бастады. 1972 жылдан республикалық байланыс саласында жұмыс істейді. Қазақ КСР Байланыс министрлігінде нұсқаушы, бөлім бастығы, баспасөз тарату жөніндегі басқарма бастығының орынбасары, басқарманың пошта байланысы

бастығының, Қазақстан транспорт және коммуникация министрлігі Пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорны бас директорының орынбасары, «Қазпошта» ААҚ-ның баспасөз тарату бөлімінің бастығы. Оның тәжірибесі республикадағы жақын және алыс шетелдердегі редакция, баспа агенттікерімен іскерлік байланысты ретке келтіруге мүмкіндік берді. «Құрметті байланысшы» атағын, «Еңбек ардагері» медалін иеленген.

БАТЫРБАЕВ МАХАМБЕТ



1943 жылы Атырау қаласында туған. 1963 жылы Гурьев политехникалық техникумын аяқтаған. Тау-кен инженер- геологы. ҚР-ының еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері. Қазақ КСР Мемлекеттің сыйлығының лауреаты (1984). Бүкілодақтық политехникалық институтын бітірген (1972). 1962-94 жылдары Маңғыстау геофизика партиясы жұмысында техник, аға жұмысшы, инженер, «Өзенмұнай» мұнайгаз өндіру басқармасында бас геолог, басшы, «Маңғыстаумұнай», «Теңізмұнай» өндірістік бірлестіктерінде бөлім бастығы, инженердің орынбасары, бас директорға дейінгі еңбек жолынан өтті. М.Демешұлы 1994-1995 жылдары «Мұнайгаз»МХК-ның бірінші вице-президенті болды. 1995-1999 жылдары «Ембімұнайгаз» АҚ-ның президенті, 1999 жылдан «Қазақойл –Ембі ААҚ-ның президенті, 2002 жылдан «НК «КазМунайГаз» АҚ-ының тете- президенті. 2006-2007 жылдары «НК «КазМунайГаз» АҚ-ының Атырау қаласындағы өкілдігінің директоры. 25-тен астам ғылыми мақала мен 35 жаңалық- ұсыныстың авторы. «Құрмет белгісі», «Құрмет» орденмедальдармен, салалық Құрмет грамоталармен, төсбелгілермен марапатталған. И.М. Губкин атындағы, Н.К. Байбаков атындағы сыйлықтардың лауреаты. Техника ғылымдарының кандидаты. Атырау мемлекеттік университетінің Құрметті профессоры.

М.Демешұлы Атырау қаласының, Жаңаөзен қаласының, Жылыой, Қызылқоға аудандарының Құрметті азаматы.

БАЯЗОВ ҚАЛИМОЛЛА



1941 жылы Атырау облысы, Теңіз ауданы, Панфилов атындағы балық совхозында дүниеге келген. 1957-1960 жылдары балық колхозында еңбек етті. 1961-1964 жылдары әскер қатарында болды. 1964 жылы Маңғыстаудың Қарақия мұнай барлау экспедициясында қызмет жасады.1966 жылдан бастап автотранспорт саласында жүргізуші, инженер, бас инженер, автобаза директоры болып қызмет атқарды.

Қ.Баязұлы көптеген салалық марапаттармен, грамоталармен марапатталған.

БАЯЗИТОВА АҚБӨБЕК



1959 жылы Атырау облысының Ганюшкино ауылында дүниеге келген. 1977 жылы Атыраудағы Абай атындағы мектепті аяқтаған. 1977-1982 жылдары Атырау педагогикалық институтының химия-биология факультетінде оқыған. Институт бітірген соң облыстық ерікті спорт және физкультура кәсіподақ қоғамында нұсқаушы, бөлім бастығы, қоғам төрағасының орынбасары, Атырау облыстық балалар спорт мектебінің директоры қызметтерін атқарды. 1993-2006 жылдары облыстық еңбек және жұмыспен қамту департаментінде қалалық жұмыспен қамту орталығының директоры. Облыстық департаментте бөлім бастығы, директордың орынбасары болды.

А. Мұхадесқызы 2006 жылдан Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бөлімнің бастығы болып істейді.

БӘЖБЕНОВ ХАКІМ



1892 жылы Гурьев қаласында туылған. Ұста. Әмбінің ардагері. 1914-1925 жылдары Доссор мұнай кентінде бұрғылау жұмысшысы, механикалық шеберханада ұста. 1925-1938 жылдары Мақат мұнай кентіндегі механикалық шеберханада ұста. 1942-44 жылдары Доссор кәсіпшілік Кеңесінің төрағасы, 1944-1947 жылдары Доссор, Қошқар мұнай кенттіктері тұрғын үй- тұрмыстық бөлімінің меңгерушісі. 1947 жылы Қошқар кенттік Кеңесі атқомының төрағасы. 1953 жылдан зейнеткер. Ленин орденімен және медальдармен марапатталған. 1969 жылы дүние салған.

БӘЖІКОВ БИСЕҢГАЛИ



1905 жылы Орал қаласында туған. 1934 жылы Оралдағы совхоз-техникумды бітірген. 1942 жылы Гурьев облысының Жилокосын ауданынан әскерге шақырылған. Ұлы Отан соғысы кезінде 895-атқыштар полкында автоматшы, пулеметші болады. Әскер қатарынан 1946 жылы босанған. Соғыстан кейінгі жылдары Маңғыстау аймағында мұнай кеніштерінде бұрғылаушы болып еңбек еткен. 1961 жылы 5 шілде күні "Мангистаунефтеразведка" тресінің қарамағында бұрғылаушы болып жүргенде бүкіл Кеңес Одағына белгілі болған мұнай фонтанын атқылатқан Бисеңгали Бәжіков болатын. Жер астынан зор қысыммен жүзден аса атмосфералық қысыммен атқылаған мұнай мен газдың қоспасы 56 сағат бойы атқылап, жарты километр жерде мұнай көлі пайда болған. Оның гүрілдеген дауысы ондаған шақырым жерге естіліп жатты. Бір сөткеде 6-скважинадан 400 текше метр мұнай ақтарылған. Ыстықтығы 80 градусқа жететін жерастынан атқылаған газ бен мұнайдың сұрапыл ағынын басу үшін 56 сағат кеткен. Міне, Маңғыстаудың мұнайлы өлке екенін әлемге әйгілеген 6-скважинаның бұрғылаушысы Бәжіков Бисеңгали, оның қасындағы серіктері Сайлаубай Смағұлов, Найзабек Толтырбаев және Ермұқан Тайжановтар еді.

Б.Бәжіков II дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, көптеген мерекелік медальдармен марапатталған.

БЕГЕЕВ САҒЫНБЕК



1957 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Жайылма ауылында туған. Жаңатас қаласындағы орта мектепті бітірген. 1976-1984 жылдары Қарағанды медициналық институтында оқып, балалар дәрігері мамандығын алып шығады. 1984-1985 жылдары Қарағандыдағы балалар ауруханасында интернатурадан өтеді. 1985-1996 жылдары Жаңатас қаласында балалар дәрігері, балалар бөлімінің меңгерушісі, Жаңатас медицина-санитарлық бас дәрігерінің орынбасары болды. 1996-1999 жылдары Жаңатас және Сарысу аудандық медициналық сақтандыру қорының директоры, 1999-2004 жылдары Сарысу аудандық денсаулық сақтау басқармасының бастығы. 2005 жылдан аудандық ауруханаңың бас дәрігері. 2010 жылы Сарысу аудандық «Нұр Отан» ХДП төрағасының орынбасары. 2015 жылдан аудандық ауруханаңың бас дәрігері.

БЕГМАНОВ СУАТ



1950 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент қаласында туған. Жас кезінен сурет өнеріне ден қояды. Ол нағаз дарынды суретші болды, өмірдің сан алуан құбылыстарын әсерлі бейнеледі. Суретші тіршілігінде екі рет шығармаларының арнайы көрмесін өткізді. Көптеген әдеби кітаптарды мазмұнды суреттермен безендірген. Оның суреттері республикалық газет-журналдарда жиі жарияланды. Ол «Қазақ әдебиеті» газетінің жүлдесін жеңіп алды. Дарынды қылқалам иесі өз соңында екі мыңға жуық еңбек қалдырды. 971-1972 жылдары Шымкент энергетикалық техникумында мұғалім, 1972-1973 жылдары Темірланда пионерлер үйінде бейнелеу үйірмесінің жетекшісі, 1973-1975 жылдары әскер қатарында қызмет етті. 1975-1987 жылдары Шымкент педагогикалық институтында аға мұғалім, 1987-1991 жылдары Шымкент пионерлер сарайында үйірме жетекшісі, 1991-1994 жылдары «Шымкент келбеті» газетінде суретші, 1997 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық филармониясында суретші болып еңбек етті.1997 жылы дүниеден озды.

БЕЙСЕНОВ МҰРАТ



1963 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Байқадам елді мекенінде туған. 1980 жылы аудан орталығындағы Қазақстанның 40 жылдығы атындағы орыс мектебін бітіргеннен кейін Москвадағы Бүкілодақтық гидромелиоративтік институтта оқиды. 1985-1986 жылдары өз мамандығы бойынша істеді. 1986-1987 жылдары Калинин атындағы совхоздың комсомол ұйымының хатшысы, 1987-1989 жылдары Жамбыл облыстық комсомол комитетінде нұсқаушы, 1989-1992 жылдары Сарысу аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1992-1993 жылдары Сарысу аудандық жастар ісі және спорт комитетін басқарды. 1993-1995 жылдары су бөлімінде инженер, 1995-1998 жылдары Сарысу ауданы әкімінің ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, 1998 жылдан бастап ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің бас маманы, бөлім бастығы, сектор меңгерушісі болды. Қазір бөлім меңгерушісі болып істейді.

БЕЙСЕНБАЕВ НАРТАЙ

1954 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ елді мекенінде дүниеге келген. 1961-1971 жылы Созақ ауданының Тасты ауылын-



дағы Абай атындағы орта мектепте оқыды. 1971 жылы Жамбыл технологиялық жеңіл және тамақ өнеркәсібі институтына түсіп, оны 1975 жылы аяқтайды. Есепші-экономист мамандығын алған. Семей қаласындағы тоқыма, жүн, шұға комбинатына есепші болып қызметке орналасады.

1975 жылы әскери борышын атқарған соң Нартай Аппазұлы Шымкенттегі «Фосфор» өндірістік бірлестігіне есепші болып орналасады. 1977-1992 жылдары аралығында түрлі мекемелерінде аға ревизор, бөлім бастығы, бастықтың орынбасары болып қызмет атқарды. 1992-1996 жылдары облыстық салық комитетіне арнайы шақырумен келіп, бас салықшы, одан соң бөлім бастығы болды.

1996-1998 жылдары Еңбекші ауданының салық комитетінің төрағасы қызметін атқарады. Қазіргі кезде Шымкент қалалық салық комитетінің төрағасының орынбасары болып қызмет атқарып жүр.

БЕКЕНОВ ЗИКЕН



1923 жылы Сарысу ауданының Жайылма ауылында дүниеге келген. Мектепте оқып жүрген кезінде ұлы Отан соғысы басталды. Майданға алуды сұранған оның үшінші өтініші қанағаттандырылып, әскер қатарына 1942 жылы мамыр айында алынады.1943 жылы майданнан Әндіжан қаласындағы офицерлер дайындайтын училищеге жіберіліп, оны үздік аяқтап шығады. Соғыста миномет-шілер взводын басқарып, Солтүстік-Батыс майданында 397-гвардиялық дивизияның құрамында қиян-кескі ұрыстарға қатысады. Кейін Брянск және Белорус майдандарының құрамында да шайқастарға қатысып, екі рет жараланады.Соғыста көрсеткен ерліктері үшін Қызыл Жұлдыз, I, II дәрежелі Отан соғысы орденлерімен үш рет және басқа да түрлі көптеген жауынгерлік медальдармен марапатталды. Жеңіс күнін Берлинде Рейхстагта қарсы алды. Варшаваны азат етуге қатысқан. Соғысты капитан шенінде аяқтады.Жеңістен соң, аздаған демалыстан кейін Германияға оралып, Берлинге жақын Потсдам қаласының соғыс комендатурасында 1946 жылдың маусымына дейін қызмет етеді. Елге қайтып оралған соң Сарысу аудандық партия комитетіне нұсқаушылық қызметке тағайындалады, 1950 жылға дейін қадр және ауыл шаруашылық бөлімдерде жұмыс атқарды.Халық ағарту саласында 42 жылдай өнегелі де ұзақ қызмет етті. Каганович атындағы орта мектепте ұстаздық жұмысын бастап, 1954 жылы Байқадамдағы орыс мектебіне оқу ісінің меңгерушісі болып тағайындалды.1956 жылы Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетін бітірді. 1958 жылы кешкі орта мектептің директоры болды. 1966-1974 жылдары Ленин атындағы орта мектептің директоры, Түркістан ауылындағы М.Әуезов атындағы орта мектебін 1974-1983 жылдары зейнетке шыққан мерзімге дейін басқарды. Қазақ ССР-інің халық ағарту ісінің озық қызметкері. 2001 жылы дүниеден озды.

БЕКЕНОВ ТӨЛЕУХАН



1955 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданының орталығы Байқадамда дүниеге келген. 1972 жылы Жайылма ауылындағы орта мектепті бітірді. Екі жыл халық шаруашылығының түрлі салаларында еңбек етті. 1974-1979 жылдары Жамбыл қаласындағы технологиялық институттың механика бөлімін бітірді. Екі жыл әскер қатарында болып, елге оралғаннан соң өз мамандығы бойынша жұмыс істеді. 1982-1983 жылдары Минск қаласында мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің арнайы мектебінде оқыды. Төлеухан Зикенұлы Бекенов 1983 жылдан бері мемлекеттіміздің ұлттық қауіпсіздік комитетінде қызмет атқарып келеді. Полковник. Бірнеше мемлекеттік марапаттауларға ие болған

БЕКМҰХАМБЕТОВ МАҚАШ (МҰХАМЕДЖАН)



Мұхамеджан Шолтырұлы Бекмұхамбетов 1830 жылы Ішкі Орда, қазіргі Құрманғазы ауданында дүниеге келген. Белгілі ағартушы, қоғам қайраткері, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, этнограф, күйші. Сауатын Ордадағы Жәңгір мектебінен ашып, кейін Орынбордағы Неплюев кадет корпусын бітірген. Уақытша кеңесте тілмаш. Каспий теңізі жағалауындағы 1 және 2- округтерге ұзақ жыл әкім, 1892-97 жылдары Ордадағы Уақытша кеңестің кеңесшісі болды. Ол шығармашылық жұмыспен ерте айналысты. «Мақаштың Байжұмасы», «Көк жорға», басқа да күйлердің авторы. Профессор И.Березин, ғалым Д.Қосуақовпен, сазгер Құрманғазымен жақын таныс болды. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін ел аузынан жинап бастырды. Этнографиялық, публицистикалық мақалалары және көне ауыз әдебиеті үлгілері «Астраханская ведомость» газетінде, өзінің «Жақсы үгіт» жинағында (Қазан, 1908), «Книга о калмыках и киргизах, кочующих в Астраханской губернии» (Астрахан, 1910) кітабында жарияланды. Оларда туған халқын отырықшылыққа, білім алуға шақырумен бірге қазақтың негізгі мал тұқымын асылдандыру бағытына да баса назар аударған. Ганюшкин ауылында екі жылдық орысша мектеп ашып, қазақ балаларын оқытқан.

1904 жылы дүние салды. Құрманғазы ауданында жерленген.Мақаштың басына әдемі, еңселі, ақ күмбез кесене орнатылған.

БЕКМҰХАМЕДОВ ЕРКІН



1934 жылы Ақтөбе облысының Шалқар қаласында туған. 1928 жылы оның әкесі кәмпескеге ілініп, Атырау өңірінен Ақтөбеге қоныс аударған. Әкесі Лутфулла мұнда да қудалауға ұшырап, Жамбыл облысына, одан Оңтүстік Қазақстан облысына, ал 1938 жылы Өзбекстанға барып тыншу табады.

Е.Лутфуллаұлы 1954 жылы Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп, агроном мамандығын алады. 1963 жылға дейін Жамбыл облысының Бетпақдала өңіріндегі қой шаруашылығы бағытындағы тәжірибе стансасында кіші ғылыми қызметкер болды. Мойынқұмның құмды алабындағы жайылымдық өнірлердің жарамдылығын зерттеуге ден қояды.Ол 1963 жылы Қазақ мал шаруашылығы ғылыми- зерттеу институтына ауысады, іштей аспирантурада оқиды.1969 жылы мал азығын өндіру және жайылымдықтарды жақсарту бөлімінде еңбек етеді. Ақтөбе, Павлодар облыстарындағы жайылымдықтарды зерттейді. Соның негізінде Волгоград ауыл шаруашылығы институтында докторлық диссертациясын сәтті қорғайды. Сол жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының ботаника және мал азығын өндіру кафедрасына ұстаздық қызметке ауысады.1994 жылы Қазақ мал азығы өндірісі және жайылымдық ғылыми-зерттеу институтында бөлім меңгерушісі қызметіне шақырылып, сонда осы күнге дейін абыройлы еңбек етуде. Ғалым екі жылдай СПМК-28 тресінде лауазымды басшылық қызметтер атқарды.1985 жылы Теңіз аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары,1987 жылы Куба Республикасында кеңесші болды. Оның 80-нен астам ғылыми еңбектері жарық көрген. Оның ішінде 2 монография бар.Е.Бекмұхамедовтің басшылығымен 8 ғылым кандидаты дайындалды.

БЕКМҰХАМБЕТОВ ШАФХАТ

1890 жылы Атырау өңірінде дүниеге келген.1917 жылы Қазан университетінің заң факультетін бітірген. Оқып жүрген жылдары саяси көзқарастары үшін қуғынға түскен. Киевте



оқитын қазақ студенттерінің жиынына қатысқаны үшін сот жауапкершілігіне тартылып, ақталғанмен университеттен шығарылып, бір жылдан кейін студенттігі қалпына келтірілген.1918 жылы Астрахань өлкелік Кеңесі еңбекшілер депутаттарының Бірінші съезіне қатысқан. Сол съезде Орталық атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Сол жылдың соңында Қызыл Армияның Қырғыз (Қазақ) өлкесі бойынша Орталық әскери комиссиясы әскери комиссарының көмекшісі болып тағайындалады. Ш.Мұхамбетжанұлы Бірінші үлгілі қазақ атты әскер полкын құрысты. Орал майданында ақгвардияшы казактар генералы Толстовтың, Врангель мен Сапожковтың соғыс күштерін талқандауға қатысады. Ол сол полктың комиссары болды. 1919 жылы Қырғыз (Қазақ) әскери-революциялық комитетінің өлкені басқару жөніндегі мүшесі болып тағайындалады.Жігерлі, сауатты, арына қылау түсірмеген тапсырмаларды мүлтіксіз, тиянақты орындайтын заңгер Ш.Бекмұхамедов төрт жылдан кейін Қырғыз (Қазақ) республикасының Бас прокуроры болып тағайындалады. Содан кейін Қостанай губерниясының прокуроры, Халық комиссариаты алқасының мүшесі болды. 1922 жылдың ортасынан бастап Ш.Мұхамбетжанұлы Қазақ КССР Әділет комиссары қызметін қоса атқарды. Кей деректерде 1923 жылы ол Қостанай губерниясына прокурор болып барудан бас тартады. Сондықтан партия қатарынан шығарылады. 1924 жылы партиялығын қайтадан қалпына келтіріледі. Алайда бір жылдан соң партия қатарынан қайтадан шығарылған. Бұдан кейін ол Алматы зооветеринарлық институтында, Қазақ мемлекеттік университетінде, 1929-1939 жылдары жұмысшылар, шаруалар және қызылармияшы депутаттары Қазақ Орталық Атқару комитетінің президиумы жанындағы заңгер-кеңесші қызметін атқарады.1939-1947 жылдары Ш.Бекмұхамбетов Қазақ КСР Ғылым академиясының әдебиет және тіл, тарих және этнография институтында ғылыми қызметкер болып істейді. 1948-1960 жылдары Қазақ КСР мемлекеттік мұрағатында қызмет етті.Ол қазақ және орыс тілін өте жетік меңгерген еді. Қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін өте жақсы білді. Хамит Ерғалиевтің "Құрманғазы" поэмасын орыс тіліне мүлтіксіз аударды. Ол баспадан өзгеріссіз жарық көрді.Қазақстанның тұңғыш прокуроры болған Шафхаттың ұлдары Кәмил және Баязит Ұлы Отан соғысына қатысқан. Камил кітапхана саласының үздік маманы болса, Баязит қостілді сөздік жасауға көп күш жұмсаған. Өкінішке орай, екеуінен де ұрпақ қалмады.

Ш.Бекмұхаметұлы 1960 жылы 70 жасында дүние салды.

БЕКТЕМІРОВ ЕЛДОС



1946 жылы Атырау облысының Теңіз ауданында дүниеге келген. Мектеп бітірген соң Шымкент қаласындағы Қазақ химия- технология институтының құрылыс инженері факультетіне түседі. 1968-1984 жылдары құрылыс шебері, туған ауданында архитектор, ПМК-903 мекемесінде, Гурьев қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болды. 1989-1993 жылдары "Гурьевсельстрой" тресін басқарды. 1993-2001 жылдар аралығында құрылыс, сауда, экономика, жол салалары бойынша лауазымды қызметте болды. Соңғы жылдары Құрманғазы аудандық әкімдігінде архитектура бөлімінде бас маман қызметін атқарды.

БЕКТЕМІРОВ ЕРБОЛАТ

1977 жылы Гурьев облысының Теңіз ауданындағы Ганюшкино ауылында туған.1996-2001 жылдары Атырау мұнай және газ институтында оқып, құрылыс инженері мамандығын алды.2001-2003 жылдары ЖШС "Фирма АТК" мекемесінің құрылыс учаскесінде шебер, 2003-2004 жылдары Атырау облыстық тұрғын үй –



коммуналдық шаруашылық басқармасының өндірістік бөліміне бас маман болып орналасады.2004-2006 жылдары Атырау облыстық жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, апаттар мен табиғи зілзалаларды жою басқармасында жұмылдыру дайындығы бөлімінің бастығы, азаматтық қорғаныс, алдын-ала хабарландыру және апаттар мен табиғи зілзалаларды жою бөлімінің бастығы лауазымында қызмет атқарды.2007 жылдан бастап осы Атырау облыстық Басқарма бастығының орынбасары қызметін атқаруда.

БЕКІМҰЛЫ ДӘРМЕН



1942 жылы Атырау облысының Томарлы ауылында туған. 1959 жылы Қаратондағы орта мектепті бітіргеннен кейін Гурьев педагогика институтының физика, математика факультетін тамамдаған. 1969 жылы Иваново қаласындағы энергетика институтын аяқтаған.1969-1980 жылдары Гурьев ТЭЦ-інде, "Өзенмұнайгаз" басқармасында энергетика саласында қызмет атқарды. 1980-1995 жылдары Жаңаөзен қаласында "Узеньэнергонефть" басқармасының директоры, 1995-2000 жылдары Ақтаудағы КТ "Вира" фирмасында бас директордың орынбасары, 2000-2008 жылдары Атыраудағы "Ембіэнергомұнай" ЖШС-тің директоры болды.

БЕККАЙЫРОВ САЛЫҚ



1951 жылы Гурьев облысы, Индер ауданы, Қаңбақты ауылында дүниеге келген. 1958-1967 жылдары Гребенщик орта мектебінде оқып, 1968 жылы Индер ауданы, Елтай ауылындағы Ленин атындағы орта мектепті бітірген.1969-1971 жылдары Москва облысында әскери борышын өтеген. Жоғарғы білімді, Саратов арнаулы милиция мектебін және Қарағанды жоғары милиция мектебін бітірген.

С.Беккайрұлы 1972-1976 жылдар Алматы қалалық ішкі істер басқармасында, 1976-1997 жылдары Атырау облыстық ішкі істер басқармасында әр түрлі басшылық лауазымында қызмет етті. Милиция подполковнигі.

БЕККОЖАҚЫЗЫ БӘТИМА



1934 жылы Атырау облысы, Мақат қыстағында туған. 1952 жылы еңбек жолын Мақат поселкелік Кеңесі атқару комитетінің хатшысы, АХАТ (ЗАГС) бөлімінің меңгерушісі болып, 1970 жылға дейін істеді. Депутаттыққа сайланған одан кейінгі жылдары Мақат локомотив депосында, кәсіподақ ұжымында қызмет атқарды. Жолдасы Нәтиұлы Нәсу екеуі жеті ұл-қыз тәрбиеледі. Б.Беккозақызы шежірелер, ғибраттық дүниелер, батырлар, билер, т.б. көп күш жұмсады. Ара-тұра өлең өлкесіне де құлаш ұратыны бар. 2003 жылы «Ұрпаққа ұлағат» атты жыр кітабын баспадан шығарды. Шежірелік деректер жинауға да көмек көрсетті.

БЕКЕСОВ ЖҰМАБАЙ



1920 жылы Астрахань облысы, Краснояр ауданы, Байбек ауылында дүниеге келген. 1929-1935 жылдары Байбек орталау мектебін бітірген. 1935-1939 жылдары Астраханьдағы қазақ педагогикалық училищесінде оқыған. 1939 жылы Краснояр ауданындағы Винное қыстағындағы Бело-Ильмень бастауыш мектебінде мұғалім болады.1939 жылы әскер қатарына шақырылып, 1941 жылы Ұлы Отан соғысын Брест қамалында қарсы алады. Екі жыл бойы немістер басып алған аймақта болып, 1943-1944 жылдары Кутузов атындағы партизандар отрядында болды.1944 жылдан бастап 337 – Лубнянск атқыштар дивизиясында барлаушылар ротасының құрамында болды. 1946 жылы әскерден босанды.

Ж.Исмағалиұлы Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін екі мәрте Қызыл жұлдыз, екі мәрте II және III дәрежелі "Даңқ" орденін, I дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденін иеленген. Көптеген жауынгерлік медальдардың иегері.1946-1952 жылдары Байбек жетіжылдық мектебінде мұғалім болды. Еңбектен қол үзбей жүріп, 1952 жылы Орал мұғалімдер институтын бітірді.1952-1972 жылдары ҚазақАрал, Байбек жеті және сегізжылдық мектептерінің директоры, 1972-1980 жылдары Байбек орта мектебінде география пәнінен ұстаздық етті. Бейбіт өмір жылдарында да Ж.Исмағалиұлы мерекелік медальдармен марапатталған. Байбек ауылында ардагерлер кеңесінің төрғасы болды.1996 жылы дүние салды.Өзі туып- өскен Байбек ауылындағы үлкен көшеге Бекесов Жұмабайдың есімі берілген.

БЕКТЕНОВ БЕКЖАН



1969 жылы Алматы қаласында дүниеге келген.1976 жылы Алматыдағы №51 орыс мектебіне оқуға барды. 1983 жылы О.Жәутіков атындағы республикалық физика-математика мектебіне қабылданды.1986 жылы Новосибирскідегі физика-математика мектебін сырттай, Алматыдағы мектепті іштей бітірді. Сол жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің биология факультетіне түсті. Ол өзінің ғылыми мақаласын 2-курста оқып жүргенде баспасөзде жариялады.1988-1990 жылдары әскери борышын өтеді.1992-1995 жылдары "Казэксим ЛТД" бірлестікте банктің несие және қарыз мәселелерін шешу маманы, бірлестіктің вице-президенті, 1995-1998 жылдары "Промышленная страховая группа" ААҚ-ның президенті, "АТФ Банктің" мемлекеттік құнды қағаздар басқармасының жетекші маманы, 1998-2000 жылдары "Промышленная страховая группа" қоғамының Бас андерройтері, 2000-2002 жылдары "Казагрофинанс" ЖАҚ-ының Алматы облысы филиалының директоры, төрағаның бірінші орынбасары, 2006-2009 жылдары "Риск-Бизнес" бірлестігінің атқарушы директоры, "Торговый Дом КазМұнайГаз" АҚ-ының кеңесшісі болды. 2009 жылдан бері "КазМұнайГаз" қоғамының атқарушы директоры.

Б.Мұхтасифұлы бухгалтерлік есеп және аудит саласының, сондай-ақ практикалық ағылшын тілінің, сауда мамандығының жоғары деңгейдегі маманы. 2011 жылы мектептер мен колледждерге арналған М.Бектенұлы, Ә.Мұхтасифұлымен бірігіп, "Как решать задачи физики?" монографиясын жарыққа шығарды.

БЕКТЕНОВ ХАТИФ



1929 жылы Гурьев облысының Теңіз ауданына қарасты Дәшін ауылында дүниеге келген.1937-1947 жылдары Ворошилов атындағы, Нұржау орта мектебінде, Ганюшкиндегі Абай атындағы орта мектепте оқыды. 1947-1951 жылдары Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттың жаратылыстану, география факультетінде оқып, оны қызыл дипломмен аяқтайды. Ол бірденінен аспирантураға қалдырылып, профессор Р.Лемберг-тің басшылығымен 1955 жылы педагогика ғылымдарының кандидаттығын сәтті қорғады. 1954-1956 жылдары өзі бітірген институтта қызмет істейді.1956-1959 жылдары Гурьев педагогикалық институтында психология және педагогика кафедрасының меңгерушісі, деканы болады. 1959-1950 жылдары Шымкент педагогикалық институтының ғылыми кеңесінің хатшысы және декан болып еңбек етеді. Доцент атағын алады.1960 жылдың соңынан бастап Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтына ауысып, ұзақ жылдар педагогика кафедрасының меңгерушісі болды.

Х.Бектенұлы жүзге тарта ғылыми, әдістемелік мақалалар жариялады. Педагогикалық тақырыпқа жазылған жеті кітаптың авторы. Профессор Х.Бектенов 2000 жылы дүние салды.

БЕКТЕНОВ ЗАРИФ



1926 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Дәшін ауылында дүниеге келген. 1942 жылы орталау мектепті бітіргеннен кейін, ауылдық кеңесте хатшы болады. 1947-1957 жылдары Сібірде әскери борышын өтейді. Орыс тілін еркін білетін жасты штабқа хатшы етіп қабылдайды.1951-1954 жылы туған жерінде еңбек етіп, кешкі онжылдық мектепті тамамдайды. 1954-1959 жылдары Қазақтың Абай атындағы педагогика институтының тарих факультетінде оқып, оны үздік бағамен аяқтайды.Алайда тұрмыстық жағдай оның аспирантурада оқуын жалғастыруға мүмкіндік бермеді.Институт қабырғасынан бастап, туған өлке тарихымен тығыз айналысады. 1963 жылы Ломоносов атындағы орыс орта мектебінің жанынан өлкетану ғылыми-танымдық үйірмесін ашады. Кейіннен осы ізденіс негізінде тарихи өлкетану мұражайын ашады. Оның ғылыми мақалалары Астрахань, Волгоград облыстық газетерінде, КСРО ҒА Археология институтының "Вестник" журналында, Қазақ Совет энциклопедиясында жарияланды. Ол 100-ден аса ғылыми мақалалардың авторы болды.

З.Бектенұлы өз өмірін ұстаздық жолға арнады. Жырлар жазды. Өзі ашқан аудандық мұражайдың директоры болды. Осы мұражайға 1974 жылы "Халық мұражайы" атағы берілген. Ол көптеген Құрмет грамоталармен марапатталған.

2008 жылы дүние салды.

БЕКТЕНОВ ӘДІЛЖАН



1965 жылы Алматы облысының Ұзынағаш ауданының Мата комбинаты кентінде дүниеге келген.1972-1977 жылдары Алматыдағы №51 орыс мектебінде оқыды.1977 жылы Республикалық физика-математика мектебіне қабылданып, 1982 жылы мектепті үздік бітірді. Сонымен бірге Мәскеудегі физика-математика мектебін де ойдағыдай аяқтады.1982 жылы Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика факультетіне түсті.1984-1986 жылдары әскери борышын Мәскеу қаласында өтеді. 1986 жылы университеттегі оқуын жалғастырды. Университеттің комсомол комитетінің екінші хатшысы болды. 1989 жылы оқуын аяқтап, қатты дене физикасы кафедрасына ғылыми зерттеуші болып қалдырылды және университеттің комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды.1992-2006 жылдан бастап бизнес саласына біржола ауысты. "Казэксим ЛТД", "ТАМОС", "Альтаир ЛТД", "КазАгрофинанс", "Астана - Недвижимость" бірлестіктерінің бас директоры, президенті болды.2006-2011 жылдары Көкшетау қаласында бизнес департаментінде еңбек етті. "Риск – Бизнес" бірлестігінің бас директоры болды.

Ә.Мұхтасифұлы Қазақ көлік және коммуникация академиясын, Германияның бизнес мектебін бітірген.Ол М.Бектенұлы, Б.Мұхтасифұлымен бірігіп, мектептер мен колледждерге арналған "Как решать задачи физики?" оқулығын шығарды.

БЕКТЕНОВ МҰХТАСИФ (Латиф)



1939 жылы Гурьев облысының Теңіз ауданындағы Дәшін ауылында дүниеге келді. 1956 жылы Ганюшкиндегі орта мектепті үздік бітірді. 1956-1961 жылдары Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтты оқып, физика және өндіріс негізі пәндерінің мұғалімі мамандығын алып шықты.Сол жылы ол институттың физика кафедрасына ассистенттік қызметке қалады да, артынша осы институтта ашылған КСРО ҒА Астрофизика институты филиалының директоры болып тағайындалады.1963 жылы физика кафедрасының аға оқытушысы болды. Сонымен бірге жасанды жер серігін бақылау филиалының директоры және Жоғары оқу орнына дайындық бөлімінің деканы болып бекітілді. 1967 жылы Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің теориялық оптика кафедрасы мен КСРО ҒА Кржижановский атындағы Энергетика институтының аспиранты болып қабылданып, 1972 жылы "Получение и использование селективных полупроводниковых пленок для преобразования селективных солнечных энергии" тақырыбына диссертация қорғап, техника ғылымдарының кандидаты болды. Бұл еңбектің маңыздылығы күн сәулесін электр, жылу энергиясына айналдырудың жолдарын табуында еді. 1980-1999 жылдары М.Бектенұлы Алматы малдәрігерлік, Алматы автокөлік институтының, Қазақ көлік және коммуникация академиясының физика кафедраларының меңгерушісі болды."Теория и практика разработки экологической безопасности технологии строительства дорог с использованием солнечной энергии" тақырыбында техника ғылымдарының докторлығын қорғады.М.Бектенов- Халықаралық экология академиясының академигі.

М.Бектенұлы 200-ден аса ғылыми еңбектер, әдістемелік құралдар, оқулықтардың авторы. 1996 жылы "Физика курсы", 2001 жылы "Курс физики", екі томдық "Решение задач по физике" атты жоғары оқу орындарына арналған оқулықтары жарық көрді. Ұлдары Әділжанмен Бекжанмен бірігіп жазған, колледждер мен орта мектептерге арналған екі томдық "Как решать задачи по физике?" оқулығы, басылып шықты. М.Бектенов күн энергиясын түрлі салаларда тиімді пайдаланудың тәсілдерін өндіріске енгізу жолында үлкен ізденістер жасап, жаңалықтар ашқан үлкен ғалымдарымыздың бірі. Оның «Технология тысячелетия», «Использование солнечнјй энергии при строительства дорог», «Солнце – источник энергии на земле», «Технология строительства дорог с использованием солнечной энергии» атты ғылыми монографиялары- экология, электр инженерлері, автоматты телемеханика, байланыс мамандары үшін, болашақ физиктер үшін құнды еңбектер. Ол Қазақ Совет энциклопедиясының физика-математика редакциясының мүшесі, ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы физика терминологиясы жөніндегі комиссияның, т.б. көптеген комиссиялардың мүшесі. Ол -көптеген шәкірттер тәрбиелеген ұстаз. КСРО ҒА –ның медалімен, дипломымен, ҚР БҒ министрлігінің Құрмет грамотасымен, «ҚР ЖО орнының үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

БЕРТІЛЕУОВ АЙТЖАН



1928 жылы Гурьев облысы, Мақат ауданы, Доссор кентінде дүниеге келген. 1937 жылы мектептің табалдырығын аттап, соғыс басталған соң 1942 жылы жағдайы болмай оқуды тастап кеткен. 1950 жылға дейін әкесі Социалистік Еңбек Ері Бозекенов Бертілеудің қарауында еңбек етті.1950-1953 жылдары әскер қатарында болған. Отан алдындағы борышын өтеп келіп, Индер қыстағындағы тау-кен цехының бөлімшесіне бұрғышының көмекшісі болып жұмысқа орналасқан. Соңынан бұрғышы болып қызмет етті. 1996 жылы тау кен экскаваторшысы болған. Еңбек жолында өндірістік жоспарды өте жақсы орындағаны үшін көптеген жетістіктерге жетіп, 1974 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.1981 жылы А.Бертілеуовтың есімі Қазақ КСР Алтын Құрмет кітабына жазылған. «Еңбек ардагері» медалінің иегері.

БЕРТІЛЕУОВ ТІЛЕГЕН



1926 жылы Гурьев облысы, Мақат ауданы, Доссор кентінде дүниеге келген.17 жасында "Красин" совхозында жылқышының көмекшісі болып еңбек еткен. Жоғарғы басшылық тапсырмасымен атты әскер қажеті үшін жылқышылармен бірге жылқы айдап барған.1948 жылы әскерге шақырылып, майданда тұтқынға түскен неміс жауынгерлерін күзеткен. 3-дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, медальдармен марапатталған.Қалған өмірінде Индердегі жылжымалы механикаландырылған колоннада жүргізуші болып еңбек етті.1993 жылы дүниеден озды.

БЕШІМОВ НАУРЫЗҒАЛИ



1934 жылы Доссор кентінде туылған. Тау-кен инженері, партия қызметкері. Мәскеу мұнай институтын (1958), Алматы Жоғары партия мектебін (1981) бітірген. Қосшағыл, Прорва, Құлсары, Жайықмұнай, Ембі, Құлсары мұнай кентінде қатардағы оператор, инженерлік жұмыстардан «Ембімұнай» бірлестігі директорының орынбасарлығына дейінгі еңбек жолынан өтті.. 1975-85 жылдары Мақат аупарткомының 1- хатшысы болды. 1995 жылы зейнеткерлікке шықты. «Құрмет белгісі» орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен марапатталған.

БИСЕКЕН БАҒЫТҚАЛИ



1958 жылы туылған. 1975 жылы мектепті бітіріп, еңбекке араласады. 1977-1982 жылдары В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетінің мұнай және газ кен орындарын игерудің технологиясы мен күрделі механикаландыру мамандығын алған. «Ембімұнайгаз» өндірістік бірлестігіне қарасты «Прорвамұнайгаз» мұнай және газ өндіру кен орнына оператор, содан соң мұнай дайындау және айдау цехының бастығы, ақпараттың бөлім бастығы болды. 1994 жылы «Теңізмұнайгаз» өндірістік бірлестігі өндірісті жабдықтау және құралдандыру басқармасының бастығы. 2000 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ өндірісті материалдық және техникалық жабдықтау бөлімінің бөлім бастығы. 2001 жылы «Қазақойл» Ұлттық компаниясына департамент басшылығына жұмысқа ауысады. 2007-2009 жылдары «Қазмұнайгаз» АҚ қарасты «ЕмбіМұнайГаз» өндірістік филиалының басшысы, 2009-2010 жылдары осы қоғамның «ӨзенМұнайГаз» өндірістік филиалының бастығы, 2010-2012 жылдары «Қазмұнайгаз» акционерлік қоғамы Бас директорының кеңесшісі және өндіріс жөніндегі орынбасары болды

2012-2013 жылдары «Қазмұнайгаз» Барлау өндіру» АҚ Бас директорының кеңесшісі.

Б.Лесқалиұлы 2013-2014 жылдары « Н. Оперейтинг компани» ЖШС-інің Бас директорының кеңесшісі, 2014 жылдың мамыр айынан бастап Орал қаласындағы «СП» Степной Леопард «ЛПД» ЖШС-інің Бас директоры қызметін атқаруда.

Б.Лесқалиұлы ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен, мерекелік медальмен, салалық төсбелгілермен, Алғыс хаттармен марапатталған.

БИСЕКЕНОВ МЕЙРАМҒАЛИ



1943 жылы дүниеге келген. 1960-1966 жылдары Алматыдағы Қазақ политехникалық институтында оқып, құрылысшы инженер мамандығын алды.

1966-1971жылдары Маңғыстаумұнайгаз құрылыс" №5 әрлеу жұмыстары құрылыс басқармасында шебер, бөлімше бастығы, бас инженер қызметін атқарды.1971-1973 жылдары "Өзенмұнай" мұнай, газ өндіру басқармасында құрылыс құрастыру бөлімінің бас инженері, 1973-1976 жылдары "Маңғыстау құрылыс" тресінде бас инженер, 1976-1980 жылдары «Маңғыстаумұнайгазқұрылыс"тресінде №7 құрылыс басқармасында бас инженер, 1980-1981 жылдары "Маңғыстаумұнай" өндірістік бірлестігінде «Өзенжөндеуқұрылыс» басқармасында бас инженер, 1981-1982 жылдары «Маңғыстау мұнайгазқұрылыс" №2 құрылыс басқармасында бас инженер, 1983-1988 жылдары Жаңаөзен қаласы аймағы бойынша басқарма орынбасары, 1988-1994 жылдары "Маңғыстаумұнайқұрылыс " тресінде бас инженер, 1995-1997 жылдары "Өзенмұнайгаз" өндірістік бірлестігі бас директорының құрылыс жөніндегі орынбасары болып істеді. М.Ермекқалиұлы 1997-2002 жылдары "БатысҚазқұрылыс" ЖШС-інің бас директоры қызметін атқарды. Ол Жаңаөзен қаласының іргетасын қалаған құрылыс инженері, кең жүректі азамат болды. Ол көптеген мемлекеттік марапаттарға ие.

2002 жылы дүние салды.

М.Бисекеновтің есімі Жаңаөзен қаласының Мұнайлы шағын ауданындағы көшеге берілген.

БИСЕКЕНОВА АҚМАРАЛ



1967 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсарыда дүниеге келген. 1984 жылы Сарқамыс орта мектебін бітірісімен Алматы мемлекеттік медициналық институтының бала емдеу факультетіне түскен. 1990 жылы толық курсын аяқтап, еңбек жолын Алматы қаласының №1 балалар емханасының реанимация бөлімшесінде дәрігер болып бастаған. 1998 жылдан С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінде микробиология кафедрасында зерттеуші болып бастаған, қазіргі кезде доцент. 2002 жылы микробиология мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

А.Лесқалықызы Қазақстанның экологиялық қолайсыз аймақтарындағы балалардың ішек жолы мен ауыз жұтқыншағында өршитін кесел түрлерін емдеудің жолдары туралы халықаралық және мемлекеттік ғылыми симпозиумдарда баяндамалар жасады. Оның 15 ғылыми жұмысы және 2008 жылы «Адам ағзасының қалыпты микрофлорасы және дисбактериоздар» тақырыбында авторлық ұжыммен шығарылған монографиясы жарық көрген.

БИСЕНҚҰЛОВ ӘЛЕН



1897 жылы Гурьев облысы, Жылыой ауданында туған.

Соғыс жылдары және соғыстан кейінгі жылдары Атырау алабындағы мұнай кеніштерінде бұрғышының көмекшісі, бұрғышы болып еңбек еткен.1954 жылы Ленин орденімен марапатталған Ә.Бисенқұлов көптеген медальдардың иегері.

1986 жылы дүние салған.

БИСЕНҚҰЛОВ ҚУАНЫШҚАЛИ

1951 жылы Гурьев облысы, Жылыой ауданы, Қаратон елді мекенінде дүниеге келген. 1958-1968 жылдары орта мектепте оқыды.1969-1974 жылдары Қазақ политехникалық институтында оқып, мұнай факультетін бітірген.1974-1988 жылдары Балықшы бұрғылау басқармасын-



да шебер, инженер, инженер-техникалық қызмет орталығының қызметтерін атқарды.1989-1993 жылдары Каспий аймақтық терең бұрғылау – барлау экспедициясының бас инженері, бастығы, 1993-1998 жылдары Қазақстан мұнай фонтандарына қарсы әскерілендірген бөлім бастығы.1998-2004 жылдары «Центральноазиатская Нефть» ЖШС-інде өндіріс жөніндегі директор.2004-2008 жылдары ЖШС «ҚожайынОйл» Қытай компаниясында директордың орынбасары қызметтерін атқарған.2008 жылдан бері «АбылайханГрупп» АҚ-ында техникалық директор қызметін атқарады.

БИСЕНОВ ЕСЕН



1932 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Өленді ауылында туылған. Бастауыш кластан кейін аудан орталығы Ганюшкинодағы Абай атындағы орта мектепте оқып, оны 1950 жылы бітіреді. Сол жылы Орал қаласындағы пединституттың тарих факультетіне оқуға түсіп, оны 1952 жылы бітірген.1952 жылы Маңғыстау ауданындағы Бозашыдағы «Қоңыр» жетіжылдық мектебінде, Ленин атындағы орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі, 1956-61 жылдары «Шайыр» орта мектебінің директоры, 1961-1969 жылдары Маңғыстаудағы Шевченко атындағы колхозаралық мектеп – интернат директоры болып қызмет атқарды.

1969-1970 жылдары Ленин атындағы орта мектеп директоры, 1973 жылы Ақтөбе ауылдық кеңесінің төрағасы, 1976 жылы Ералиев атындағы совхоздың партия комитетінің хатшысы болып істеді.1976 – 1978 жылдары Маңғыстау аудандық сырттан оқыту мектебінің директоры. 1978 - 1990 жылдары жаңадан

құрылған Октябрь ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарды.1990 жылдан зейнеткерлікке шыққанша Қаракұдық орта мектебінің жоғары кластарында тарих пәнінен ұстаз болды. Көптеген медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған.Ұлы Отан соғысы кезінде Жоғарғы Бас қолбасшы И.Сталиннен алғыс хат алған.

БИСЕНОВ ЕСМЫРЗА



1905 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы, Сарыкөл ауылында дүниеге келген. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Көкжарда жетіжылдық мектепті бітірген. 1923-1930 жылдары Гурьев консерва комбинатында есепші болып жұмыс жасаған. 1930-1932 жылдары Орал қаласында мұғалімдер дайындайтын курсты бітірген. 1932-1937 жылдары «Эмбамұнай» бірлестігінде механикалық зауыт жанындағы сауат ашу мектебінде мұғалім болған. 1937-1939 жылдары Гурьев мұнай жұмысшы факультетін бітірген. 1939 жылы Гурьев облысы, Маңғыстау ауданындағы «Шайыр» орталау мектебінің оқу ісі жөніндегі меңгерушісі болды. 1940 жылы осы мектептің директоры болып тағайындалды. 1941 жылы «Жармыш» орталау мектебінің директоры, 1942 жылы Маңғыстау аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. 1943 жылдың қаңтарында Ұлы Отан соғысына аттанды.Соғыста Қызыл Жұлдыз, бірнеше жауынгерлік медальдарды иеленді. 1945-1947 жылы «Таушық» орта мектебінің директоры, 1946 жылы «Шайыр» орталау мектебінің директоры, 1947 жылы «Шетпе» орталау мектебінің директоры болды. 1954 жылы Гурьев педагогикалық институтын сырттай бітіріп шықты.

Е.Бисенов бірнеше рет ауылдық Кеңестің депутаты болып сайланды. 1974 жылы еңбек демалысына шыққанша Шетпедегі жаңа типтік мектеп және балабақша құрылысының салынуына үлкен үлес қосты.

1990 жылы дүние салды.

БИҒАЛИЕВ ЕРМЕК



1952 жылы Атырау қаласында туған. 1970 жылы орта мектепті бітірген соң еңбек жолын Гурьев мұнай айдау базасында электрик болып бастаған. 1971 жылы облыстық «Коммунистік еңбек» газетінде телетайпшы-радист болып жұмысқа орналасты. Кейін корректорлық қызметті атқарды.

1975-1979 жылдары Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетінде оқыды. 1971-1974 жылдары Гурьев педагогика институтының тарих факультетінде сырттай оқыған. Облыстық «Коммунистік еңбек» газетінде 1975 жылдан тілші, аға тілші, бөлімдер меңгерушісі, жауапты хатшының орынбасары, жауапты хатшы болып жұмыс істеді. 2003 жылдан бері «Атырау» облыстық газеті бас редакторының бірінші орынбасары. Облыстың қоғамдық-саяси өмірі, әсіресе мұнай-газ өнеркәсібі, оның құрылысы, транспорты салаларының өзекті мәселелері туралы материалдар жазды.

Е.Аққалиұлы "Қазақстан Республикасының 10 жылдығы" мерекелік медальмен, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, облыс әкімінің, ҚР Журналистер одағының Құрмет грамоталарымен марапатталған. Қазақтың ғылыми журналистикасының негізін қалаушы профессор Тауман Амандосов атындағы сыйлықтың лауреаты.

БИҒАЛИЕВ ЕРМЕККАЛИ



1954 жылы Атырау қаласында туды. 1971 жылы Атырау қаласындағы Н.Крупская атындағы №18 орта мектепті бітіріп, политехникалық техникумға оқуға түседі. 1973-75 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтейді.1976 жылы политехникалық техникумды үздік бітірген. 1981 жылы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетін үздік дипломмен бітіреді. Институтта оқып жүріп қоғамдық-саяси жұмыстарға белсенді араласты, төрт жыл институттың Студенттер кеңесінің төрағасы болды. Өндірістік еңбек жолын институтты бітірген соң 1981 жылы «Ембімұнайгаз» өндірістік бірлестігі саласында бастады. 1981-1985 жылдары бұрғышының көмекшісі болды. Одан соң бұрғышы, шебер, аудандық инженерлік-технологиялық қызмет бастығының орынбасары қызметтерін атқарды. 1985-1988 жылдары «Эмбанефть» бірлестігінің Тампонаж конторының директоры болып сайланды. Теңіз кенішіндегі 37-скважинаның алапат өртін өшіру кезіндегі ерлік істері үшін КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің «Мұнай өнеркәсібі саласының үздігі» құрметті атағына ие болды.1989 жылы Москвадағы Бүкілодақтық бұрғылау техникаларының ғылыми-зерттеу институтын (ВНИИБТ) өндірістен қол үзбей жүріп оқып бітірді. 1999 жылы Халықаралық құқық және нарық академиясын халықаралық құқық мамандығы бойынша, сондай-ақ Алматыдағы Абай атындағы университеттің құқықтану факультетін өндірістен қол үзбей жүріп оқып, үздік бітіріп, заңгер мамандығын алады. 1987-1988 жылдары Москвада Губкин атындағы мұнай-газ институтында кәсіби білімін жетілдірді. Техника ғылымдарының кандидаты. 1999 және 2002 жылдары Москваның «Недра» баспасынан шыққан екі монографияның, 35 ғылыми еңбектің авторы. Атырау мұнай-газ институтының доценті. 1993 жылы Атырау қалалық Мәслихатының депутаты болып сайланды. 1995 жылы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып сайланды. Ал 1998 жылы сайлаушылардың 96 пайыз дауысын жинап, екінші мерзімге Сенат депутаты болып сайланды.Е.Аққалиұлы бірнеше медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған.

2004 жылы докторлық диссертациясын Москвада қорғауға аз ғана күн қалғанда өмірі үзілді.

БЕРДЕШОВ ПАҢГЕРЕЙ



1936 жылы Гурьев облысы, Есбол ауданындағы (қазіргі Индер) Өрлік селосында туған. 1953 жылдан қаракөл қойын өсіретін «Бақсай» совхозының шопаны болды.

Паңгерей Бердешев қиыншылығы мол шопан еңбегімен мектепте оқыған көзінен-ақ таныс. Жазғы демалыс кезінде әкесіне көмектесті. 1958 жылы Паңгерей өзінің қартайған әкесінің отарын қабылдап алды. Ол көп жайларды басынан кешірді. Кейде қысқа жем-шөп тапшы болып қалады. Сол кезде малды күйлі сақтау үшін ол отарын алыс жайылымға айдап кетеді.

1963 жылы Паңгерей Бердешевтің бригадасындағы шопандар әр жүз саулықтан (олардың қарауында 844 саулық болды) 135 қозы алды, 1964 жылы 839 саулықтың әр жүзінен – 152, ал 1965 жылы 151 қозыдан алды. Қаракөл елтірісінің сексен проценті мемлекетке бірінші сортпен сатылды. Бұл жылдары мал басының сақталуы 97-100 процент болды.

Бердешев Паңгерей Қазақстан КП Махамбет аудандық комитетінің мүшесі. 1966 жылы облыстық партия конференциясы мен Қазақстан Коммунистік партиясының XII съезіне делегат болды. Еңбекте қол жеткен табыстары үшін облыстық партия комитетінің, ВЛКСМ Орталық Комитетінің, Республикамыздың Жоғарғы Советі грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен бірнеше рет наградталды; Халық шаруашылығы жетістіктерінің Бүкіл одақтық көрмесінде күміс медальмен наградталды, коммунистік еңбек екпіндісі.

Мал шаруашылығын дамытуда, ет, жүн және басқа да мал шаруашылығы өнімдерін мол өндіріп, дайындауда қол жеткен табыстары үшін СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1966 жылғы 22 марттағы Указы бойынша Паңгерей Бердешевке Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

БЕРДЕШОВ ШМАН



1959 жылы Атырау, Махамбет ауданы, Таңбай ауылында туған.1967 жылы мектепке барып, 1977 жылы Махамбет ауылында онжылдықты бітірген. Мектеп бітірген соң бір жыл әкесі Социалистік Еңбек Ері Бердешов Паңгерейге көмекші шопан болып еңбек етті.1978 жылы Алматы мал дәрігерлік-зоотехникалық институтына оқуға түсіп, 1983 жылы мал дәрігері мамандығын алып шығады.1983 жылдан бастап Махамбет ауданында мал дәрігерінен бастап, түрлі басшылық жұмыстарда болды.

Ш.Паңгерейұлы Қызылқоға аудандық аумақтық инспекция бастығы қызметін атқарады.

БЕРҚАЛИЕВ ХҰСАЙЫН



1951 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. 1970 жылы №13 қалалық кәсіптік-техникалық училищені бітіріп, химия өнеркәсібінің аппаратшысы мамандығын алды. Жұмысшы жастардың кешкі мектебін бітірген. Алматыдағы КСРО ҰҚК-інің Жоғары шекаралық командалық училищесіне түседі. 1972 жылы К.Е.Ворошилов атындағы КСРО ҰҚК-інің Қызылтулы әскери-саяси училищесіне ауысып, 1974 жылы ойдағыдай аяқтайды. 1988 жылы Ленин атындағы әскери-саяси академияны үздік бітіреді.1974 жылдан бастап КСРО ҰҚК-інің Қызылтулы Шығыс шекара округына Үшарал шекара отрядының шекара заставасы бастығының орынбасары болып қызмет атқарады.1976-1979 жылдары осы отрядтың шекара заставасының

бастығы, 1979-1988 жылдары Үшарал, Мургаб, Ош отрядтарының Шығыс шекара округы саяси бөлімінің нұсқаушысы, 1988-1990 жылдары Шығыс округының Саяси бөлімінің үгіт және насихат бөлімінің бастығы, 1990-1992 жылдары Күршім шекара отрядының саяси бөлімінің бастығы, 1992-1997 жылдары Үшарал отрядының бастығы, 1997-2008 жылдары ҚР ҰҚК Шекара қызметі Бас штабының бастығы қызметін атқарды.1997 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен генерал-майор әскери шені берілді.1994-1998 жылдары Талдықорған және Алматы облыстық Мәслихаттарының депутаты болып сайланды.

Қ.Иманғлиұлының еңбегі II дәрежелі «Даңқ» орденімен, тәуелсіз еліміздің мерейтойлық үш медалімен, 20-дан астам КСРО және ҚР медальдарымен, салалық-қызметтік марапаттармен аталып өтілген.Ол 1997-2006 жылдары ҚР Мемлекеттік шекарасын делимитациялау жөніндегі Мемлекеттік комиссия төрағасының орынбасары болды. «Мемлекеттік шекара туралы», «Шекаралық қызмет туралы» ҚР Заңдарын дайындауға атсалысты. 1998 жылдан Ресей Федерациясы, Өзбекстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Түркіменстан Республикасы шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шекара әскери бөлімдерін қалыптастыру бағытында көп еңбек етті. 1993-1998 жылдары Тәжікстан Республикасы мен Ауғанстан шекарасына 22- біріккен атқыштар батальонын ұйымдастыруды жүзеге асырды. 1980-1988 жылдары бірнеше рет Ауғанстанда арнайы тапсырмалар орындап, шектеулі Кеңес әскері құрамында бірнеше рет соғыс қимылдарына қатысты.2002 жылы Алматы қаласынан Астана қаласына шекара қызметі құрылымдары мен Бас штабтың қоныс аудару жұмысына басшылық етті. Сондай-ақ ҚР Мемлекеттік шекарасын бұзушылар мен контрабандалық әрекеттерінің жолын кесу операцияларын басқарды.

2010 жылдан ҚР шекарашылары ардагерлер кеңесінің төрағасы.

БИЯШЕВ ҚАДЫР



1939 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында туылған. Ол мектепті бітіргеннен кейін Ақтөбе теміржол училищесінде оқыды. Үш жыл әскер қатарында қызмет етті. Әскерден кейін Алматы малдәрігерлік институтында оқып, оны үздік бітірді. Институтта оқып жүргенде еркін күрестен студенттік олимпиада чемпионы, республикалық жарыста жүлдегер атанды. Аспирантураны бітірген соң 1969 жылы ғылым кандидаттығын қорғады. Дайындық курсының деканы болды.

Қ.Бияшев республикалық биотехнология және гендік инженерия саласындағы көрнекті маман, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор. Алматы зоотехникалық- малдәрігерлік институтын, оның аспирантурасын бітірген. 30 жылдан астам уақыт бойы ғылыми-педагогикалық жұмыспен айналысады. Тиімділігі жоғары әрі экологиялық жағынан таза вакциналарды және сарысуды ойлап тауып, өндіріске енгізген. Ғалым малды аса қауіпті жұқпалы аурулардан сақтандыруға қажетті әлеуметтік маңызы үлкен 23 биологиялық препаратты жасап шығарды. Профессор ойлап тапқан оннан астам препарат Сан-Диего қаласында /АҚШ/ өткен "Қазақстан-95" көрме-конференциясында қойылды. Ғалымның препараты КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Құрмет грамотасымен атап өтілді. Төрт түлік мал мен құстың ішек ауруларының алдын алу мәселелерімен айналысып, бұл бағытта 300-ден астам ғылыми-әдістемелік еңбек жариялады. Мақалалары Түркияда, Қытайда, Германияда, Ресейде, Белоруссияда жарияланды. Екі авторлық куәлігі бар. Қ.Бияшев ҚР Ұлттық патент агенттігінің 36 патентінің иегері. 2 авторлық куәлігі бар. Ресей ғалымдарымен бірлесе отырып, "Метабол" компьютерлік бағдарламасын жасаған.

Ол 2002 жылдан бері микробиология, вирусология және иммунология кафедрасын басқарып келеді. ҚР Мал дәрігерлік ассоциациясының президенті, Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті жанындағы ғылым докторы атағын беру жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы. Ресей ветеринария ғылымдары Халықаралық академиясының толық мүшесі. 14 доктор және 10 ғылым кандидатын әзірлеген. «Парасат» орденімен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Жоғарғы оқу орнының үздігі.

БИЖАНОВ ҚОЙШЫБАЙ



1941 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Жақсықөл ауылында дүниеге келген. Осы ауылдағы бастауыш мектепті бітірген соң Ойылдағы орта мектепте оқып, онжылдықты Батыс Қазақстан облысының Шынғырлау ауданындағы "Шилі" орта мектебінде аяқтайды.1958-1960 жылдары совхозда қарапайым жұмысшы болып істейді. 1960 жылы Чапаев ауданындағы "Первомай" мал совхозындағы № 83 ауыл шаруашылығы училищесін үздік бітіріп, 1967 жылға дейін "Қызылкөл" совхозында жүн сұрыптаушы, есепші, шопан жәрдемшісі болып еңбек етті.1967-1971 жылдары "Қызылкөл" совхозында комсомол ұйымының хатшысы болды. 1968-1974 жылдары Орал педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін сырттай бітірді.1975 жылы "Белогор" орта мектебінде мамандығы бойынша сабақ берді. 1975-1983 жылдары "Сегізсай" сегізжылдық мектебінің директоры, 1983-1990 жылдары "Қайыңды" негізгі мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, 1990-2004 жылдары сол мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, психолог болды. 2004 жылы зейнет демалысына шықты.

Қ.Бижанов - өлең өлкесінен өріс ашқан ақын. «Сезім самалы» атты кітабы жарыққа шықты. Бірнеше мерекелік медальмен, Қазақстан ЛКЖО ОК Құрмет грамотасымен марапатталған.

БОҚАЕВ ДАЛАПҚАЛИ БОҚАЕВ



1926 жылы Жылыой ауданы, Қияқ ауылында туған. Мұнайшы. 1929-62 жылдары Қызылқұдық мұнай барлау экспедиясында, Қосшағыл, Мақат, Құлсары барлау-бұрғылау кеңселерінде, Бекбике, Әлімбай, Дүйсеке, Тақырбұлақ, Алтықөл, Прорва, Сарға мұнай барлау кен алаңдарында қолмен бұрғылау жұмысынан бұрғылау шеберіне дейінгі еңбек жолынан өтті. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған.

БОРАНБАЕВА МАРЖАН



1949 жылы Жылыой ауданы, Құлсары қыстағында дүниеге келді. 1956-

1966 жылдары Абай атындағы орта мектепте білім алды. Еңбек жолын «НГДУ Құлсарынефть» мекемесінен бастап, оператор болды. Өндірістен қол үзбей, Гурьев политехникалық техникумын, Гурьев педагогикалық институтын бітірді. 1979 жылдары еңбектері бағаланып, КСРО Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды.Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған. М.Салмұқанқызы өмірінің соңына дейін «Қарлығаш» балабақшасының меңгерушісі болып еңбек етті.

1989 жылы өмірден озды.

БОЙЖАНОВ БАҒЫТ

1942 жылы Қосшағыл кентінде дүниеге келген. Тау-кен инженер-геологі. 1959-1992 жылдары «Құлсарымұнайгаз өндіру» басқармасында орталық инженерлік-технологиялық қызметі бастығының орынбасары, мұнай өндіру цехының бастығы, кәсіподақ комитетінің төрағасы, басқарма бастығы, «Теңізмұнайгаз» өндірістік бірлестігінде бас директордың орынбасары. Бірнеше медальдермен марапатталған.

БОТАБАЕВ ЖЕТПІС



1911 жылы Доссор кентінде туылған. Бұрғышы, партия қызметкері. 1929 жылы Доссор, Байшонас, Ескене мұнай кентінде бұрғышының көмекшісі, бұрғышы болған. 1939 жылы Мақат аупарткомы ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің меңгерушісі, 1945 жылы Доссор, Сағыз мұнай кентінде ОК-ң партия ұйымдастырушысы, 1954 жылы Доссор мұнай кентінде жерасты жөндеу бригадасының операторы, аға операторы, шебер, Еңбек Қызыл Ту орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен ұлықталған.

1980 жылы дүниеден озды.

БОТАБАЕВА ТОҚТАР



1942 жылы Доссор кентінде туылған. Мұғалім. Гурьев педагогика институтын бітірген. 1965 жылы аудандық пионерлер үйінің директоры. 1968 жылы Доссордағы Абай атындағы орта мектепте мұғалім, мектеп директорының мектептен тыс тәрбие жұмыстары жөніндегі ұйымдастырушысы, оқу ісінің меңгерушісі болып жұмыс істеген. Н.К. Крупская атындағы сыйлықтың лауреаты. "Еңбек ардагері" медалімен, "ҚР білім беру ісінің үздігі" белгісімен марапатталған.

БОЛАТБАЕВ БАҒЫТ



1914 жылы Атырау қаласында дүниеге келген. Ескіше оқып, хат таныған, кейіннен орталау білім алған.1937 жылы әскер қатарына шақырылып қызмет етті. Соғыс алдында қысқа мерзімді офицерлер даярлайтын курста оқып, лейтенант атағын алған. Соғыс басталғанда взвод командирі, кейіннен рота командирі болады.1943-1946 жылдары жаяу әскер батальонының парторгы қызметін атқарады. «Қызыл жұлдыз», бірнеше жауынгерлік медалдармен марапатталған. 1946-1973 жылдары ПМС-159 мекемесінде саяси бөлім бастығы, кадр бөлімінің бастығы қызметтерін абыроймен атқарды. Б.Тәшенғалиұлы көптеген салалық Құрмет грамоталардың иегері.

1973 жылы дүние салды.

БОЗЖАНҰЛЫ ШАМАР (ШАХИМАРДАН)



1900 жылы бұрынғы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Морской ауылында дүниеге келген. Ауыл молдасынан хат таныған. Одан кейін екі кластық білім алып, ауыл мектебінде бір жылдай сабақ береді. Елді ұжымдастыру науқанына араласады. 1930 жылға дейін «Қызыл Ту», III Интернационал» колхоздарында басқарма төрағасы болған. Бұдан кейінгі жылдары жергілікті атқару комитетінде еңбек етті, аудандық атқару комитетінің төрағасы болған. 40 жылдан бастап Гурьев облысы, Новобогат аудандық партия комитетінің екінші хатшысы қызметін абыройлы атқарды. Ш.Бозжанұлы 1950-1956 жылдары Теңіз ауданы, Жамбыл атындағы колхоздың төрағасы, одан кейін біржарым жылдай партия ұйымының хатшысы қызметін атқарды.Ол екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, бірнеше медальдармен, КСРО ЖС Құрмет грамотасымен, Қазақ КС ЖС Құрмет грамотасымен бірнеше рет марапатталған. Аудандық, облыстық, кеңестің бірнеше дүркін депутаты болып сайланған

1978 жылы өмірден өтті.

БОЗЕКЕНОВ БЕРТІЛЕУ



1888 жылы Гурьев облысы, Мақат ауданы, Доссор елді мекенінде дүниеге келген.1932 жылы Гурьев облысы, Есбол ауданы (қазіргі Индер), Гребенщик ауылына (қазіргі Ынтымақ) көшіп келген. Жасынан мал баққан жан, осы колхозға мүше болып жылқышы, кейіннен аға жылқышы болып қызмет атқарған.Бертілеу Бозекенов 40 жылға жуық өмірін мал шаруашылығына арнады. «Правда» колхозының жылқысын 25 жыл бағып, осы шаруашылықты дамытуда жоғары жетістіктерге жетті. Бұл істе оған оның ерен қайсарлығы, еңбек сүйгіштігі, өз ісін жақсы білетіндігі көмектесті.Бертілеу Ұлы Отан соғысы жылдары жан аямай еңбек етті. Әскерге көптеген сәйгүлік өсіріп берді.Мал шаруашылығының өнімділігін арттыруда қол жеткізген жоғары көрсеткіштері үшін КСРО Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығы бойынша оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Бұл аса мәртебелі марапатты Мәскеуде И.В.Сталиннің қолынан алған.Кейіннен ол Ленин ордені және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған. Аға жылқышы бейбіт өмір жылдарында да, өзіне бекітіліп берілген әр биенің құлынын аман сақтап, жылқының шығын болуына жол бермеді.1955 жылы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесіне қатысып, көрменің алтын медалімен марапатталды.КСРО Жоғарғы Советі Президиумының 1945 жылғы 6 маусымдағы Жарлығы бойынша «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

БӨЛЕКБАЕВ БАҒЫТЖАН



1927 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылында дүниеге келген. 16 жасынан бастап облысымыздың әр өңірінде мұнай өндірісінде еңбек еткен. 1975 жылы Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау қыстауына келіп, жаңадан ашылып жатқан «Жайық-мұнай» өндіру басқармасына оператор болып еңбекке араласты. Б.Қалмырзаұлы елеулі еңбегінің арқасында бірнеше медальдармен, III дәрежелі Еңбек даңқы орденінің иегері атанды.

2000 жылы қайтыс болды.

БҰРАЛҚИЕВ ӘБДІҒАЛИ



1938 жылы Түркістан қаласында туған. 1945-1955 жылдары Тәжікстанда, соңынан Текелі қаласында оқып, орта мектепті бітірген. 1960 жылы Жамбыл облысының Свердлов ауданында мал бордақылау совхозында бас агроном, 1963-1965 жылдары «Красная звезда» колхозының төрағасы болды. 1965 жылы Жамбылдағы Су ғылыми-зерттеу институтында істейді. 1968-1976 жылдары «Жайылма», «Байқадам», «Коммунар», «Түркістан» совхоздарында бас агроном болып істейді. 1976-1988 жылдары «Байқадам» совхозының директоры, 1988-1995 жылдары «Қаратау» өндірістік бірлестігінде түрлі қызметтер атқарды. Жаңатаста «Қазақ тілі» қоғамын басқарды.

БІРМАНОВ НҰРЛЫБЕК



1947 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Торғай ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1963-1967 жылдары Орал ауыл шаруашылық техникумын бітірген. Жәнібек ауданындағы Сайқын ауылында спорт әдіскері болып істеді. 1967-1972 жылдары Мәскеуде К.А.Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясында оқыды. 1972-1974 жылдары Жезқазған облысының Шет ауданындағы "Ақшоқы" совхозында бас зоотехник болып істеді. 1974-1975 жылдары Орда ауданының М.Мәметова атындағы совхозда бөлімше зоотехнигі болды. 1975-1977 жылдары Орда ауданының "Мұратсай" совхозында бас зоотехник, 1977-1978 жылдары Орал облыстық агрохимиялық зертханада бөлім бастығы, 1978-1979 жылдары Орал облыстық халықтық бақылау комитетінің инспекторы, 1979-1985 жылдары Орал облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі бөлімінің нұсқаушысы, 1985-1986 жылдары Жымпиты аудандық партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарды. Н.Шайдоллаұлы 1986-1991 жылдары Орда аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды. 1991-1992 жылдары Орда аудандық атқару комитетінің төрағасы, 1992-1995 жылдары Орда аудандық әкімшілігінің басшысы болды. 1995-1997 жылдары Батыс Қазақстан облыстық жылжымайтын мүліктерді бағалау және тіркеу басқармасының бастығы, 1997-2007 жылдары Батыс Қазақстан облысы бойынша "Жылжымайтын мүліктер орталығының"директоры. 2008 жылдан бастап "Батыс Қазақстан автобус паркі" ЖШС-тің директоры.Н.Бірманов 1986-1995 жылдары облыстық Кеңестің депутаты болып сайланды. Бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.Күрестен Қазақ КСР-ының чемпионы, спорт шебері. Ол көптеген шежірелік деректерді, тарихи мәліметтерді жинақтауға белсене атсалысты. Ертедегі Шеркеш тайпасының туын қалпына келтіруді жүзеге асырды.

БІРМАНОВ ҚУАНЫШ



1971 жылы Мәскеу қаласында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін Мәскеу гидромелиоративті институтында оқып, 1992-1995 жылдары Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтында жалғастырып, инженер-механик мамандығын алып шықты. 2005-2007 жылдары Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінде оқып, қаржыгер мамандығын алып шықты.1995-1999 жылдары "Компания Хаулет" ЖШС-інің директоры, 1999-2000 жылдары "Мұнай өнімдері" АҚ бас менеджері, 2000-2001 жылдары "Гордорстрой" МКК-ның бастығы, 2001-2003 жылдары "Ақсайавтотранс" ААҚ-ның президенті болып қызмет атқарды. Ә.Нұрлыбекұлы 2004 жылдан бері "Компания Хаулет" тобының директорлар кеңесінің төрағасы, "Батыс Қазақстан паркі" ЖШС-інің директоры қызметін атқарады.

БІТАНОВ БОЗБАС



1889 жылы Қызылқоға ауданында туылған. Ембінің ардагері. Тентексор, Байшонас, Қарарна, Сарқамыс кеніштерінде жұмыс істеген. Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері.

1959 жылы дүниеден озды.

ҒАЗИМОВ ШАПХАТ



1925 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Киров совхозында дүниеге келген. Мектепте оқып жүріп-ақ еңбекке ерте араласады. 1935-1937 жылдары аралығында Гурьев облысы, Теңіз ауданы, «Қызыл Армия» балықшы колхозында еңбек етті. 1943 жылы соғысқа аттанып, 1949 жылы аман-есен елге оралады. Соғыста десант, радиотелефонист қызметтерін абыроймен атқарады. Елге оралған соң балықшы болды. Жүргізушілік курсты бітіріп, өз ауылында абыройлы еңбек етті.

Ұлы Отан соғысының ардагері Ш. Газимов «Отан соғысы» орденімен, көптеген жауынгерлік медальдармен марапатталған.

ҒАЛЫМЖАНОВ ЕЛТАЙ



1971 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы, Жангелдин ауылында дүниеге келген.

1988 жылы Миялы орта мектебін бітірген. 1994 жылы Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясын, 2008-2010 жылдары Атырау мұнай және газ институтын бітірген.

Көптеген мекемелерде басшылық қызметтер атқарған. Қазіргі таңда Атырау облыстық құрылыс кешені басқармасының бастығы болып істейді.

Бірнеше Құрмет грамоталармен, медальдармен марапатталған.

ҒАБДОЛЛАҰЛЫ ҒАФУ



1916 жылы Атырау облысы, Дыңғызыл ауылдық кеңесі, Сасықтау елді мекенінде дүниеге келген. Төрт кластық білім алып, еңбекке ерте араласқан. Чапаев, Ворошилов атындағы колхоздарда малшы, пішен дайындайтын бригада бригадирі болып жұмыс жасаған. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына бастан аяқ қатысқан. Соғыстан кейін мал шаруашылығында еңбек етіп, 1958 жылдан бастап түйе бақташысы болып өмірінің соңына дейін еңбек етті. 1973 жылы «Октябрь революциясы» орденімен марапатталды.

1976 жылы өмірден озды.

ҒАБДУЛЛИН НИЕТЖАН



1958 жылы Атырау облысы, Дыңғызыл ауылдық кеңесі, Сасықтау елді мекенінде дүниеге келген. 1966-1976 жылдары Чапаев атындағы орта мектепті бітірді. 1976-1978 жылдары әскерде болды. 1981-1987 жылдары Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетінде оқыған. Құрманғазы, XXV партия съезі атындағы совхозда, «Атырауұмынайгазгеология» АҚ мекемесінде қызмет атқарған. 2008 жылдан бері «Казпошта» АҚ Құрманғазы аудандық байланыс торабының бастығы.

ҒАЛИЕВ АМАНҚҰЛ



1927 жылы Байшонас кентінде туылған. Мұнайшы-техник., Гурьев мұнай техникумын бітірген. Еңбек жолын 1945 жылы Байшонас мұнай кентінде оператор болып бастады. 1949 жылы Мақат мұнай кентінде аға оператор, шебер, Мақат аупарткомының нұсқаушысы, бөлім меңгерішісі, Атырау облпарткомы өнеркәсіп бөлімінің нұсқаушысы. 1960-79 жылдары "Қазақстанмұнай" бірлестігі Байшонас базасының бастығының орынбасары, партком хатшысы, мұнай өндіру, зерттеу тобының шебері, кәсіподақ комитетінің төрағасы, қауіпсіздік техникасы жөніндегі бас инженердің орынбасары қызметтерін атқарды. Қаз.КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. 1979 жылы дүние салған.

ҒИЛАЕВ МАҒЗОМ



1931 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Ботахан ауылында туған. 1948 жылы Абай атындағы қазақ орта мектебін алтын медальмен бітіріп, сол жылы В.М.Молотов атындағы Қазақ мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетін үздік белгімен бітіріп, диплом алып шыққан. Кейіннен Теңіз аудандық туберкулез емханасында дәрігер рентгенолог, 1962 жылдан

бастап, 1986 жылға дейін бас дәрігер болып істеді. 1986 жылдан Теңіз аудандық рентген кабинетінің меңгерушісі болып өмірінің соңына дейін қызмет атқарды.Өзінің білімі мен мамандығын арттыру үшін Ташкент, Минск, Мәскеу және Алматы қалаларындағы өкпе ауруларының шығу тегі, оның пайда болу негіздерін зерттейтін ғылыми институттарда дәріс алған, өзінің авторлық еңбегін жазған.1967 жылы Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген дәрігері атағы, халық денсаулығын сақтауда жоғары нәтижелерге жеткені үшін оған КСРО Жоғары Советі Президиумының 1978 жылғы қазанның 23-індегі Жарлығы бойынша Социалистік Еңбек Ері атағы берілген. ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі.

М.Г.Ғилаев өзінің бүкіл қызмет істеген кезінде білікті де маман дәрігер ретінде көзге түсті. Фтизиатр- дәрігерлердің тұтас үздік буынын дайындады.

Бірнеше рет аудандық кеңестің депутаты болған.1993 жылы дүниеден өтті. 2004 жылы Атырау облысы, Ганюшкино ауылындағы үлкен көшелердің біріне, 2007 жылы Құрманғазы ауданындағы өкпе аурулары емханасына М.Ғилаев есімі берілді.

ҒҰМАРОВ ЗҰЛҚАРНАЙ



1909 жылы Атырау облысының Теңіз ауданының Қарамыс ауылында туған. Еңбек жолын Жанбай балық аулау кәсіпорнында бастаған. 1920 жылдан бастап туған ауданында колхоздастыру шараларына белсене қатысады. 1933 жылы «Комсомол жолы», "Төңкеріс" колхоздарының төрағасы болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Новобогат аудандарындағы "Социалистік жол","Жаңаталап" колхоздарын басқарып, еңбеккерлерді өндірістік жоспарларын асыра орындауға, Қызыл Армияға көмек ұйымдастыру шараларына ұйытқы болды. 1945 жылдан "Интернационал" колхозын басқарып, тамаша табыстарға қол жеткізді.1943-1945 жылдары Новобогат ауданы КСРО Қорғаныс министрінің Қызыл туын екі рет жеңіп алды. 1950 жылы ол КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланып, халық қалаулысы ретінде облыс, аудан көлемінде көптеген шаруашылық, ұжымдардың әлеуметтік мәселелерінің оң шешілуіне үлкен ықпал етті. Кейінгі жылдары балықшы колхоздарында басқарма төрағасы, басқарма төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.Ол бірнеше ордендер мен медальдардың иегері.

1965 жылы дүние салды.

ҒҰМАРОВ ТӨЛЕПҚАЛИ



1932 жылы Батыс Қазақстан облысы, Бөкей Ордасы ауданында дүниеге келген. Мектепті бітіргеннен кейін Туғанбай ауыл шаруашылық техникумын бітірген. Сонымен бірге педагогикалық училищені тамамдаған. Ауылындағы мектепте 9 жыл оқытушы, он жылдай ферма зоотехнигі, он жылдай ферма меңгерушісі, содан кейін совхоз директорының орынбасары қызметін атқарып, зейнет демалысына шыққан. Туған ауылын көркейтуге, шаруашылықтың нығаюына еңбек сіңірген азамат үш медальмен, көптеген Құрмет грамоталармен марапатталған.Т.Ғұмарұлы Жәдік ұрпағы Шағырайдың ағасы Мәмбеттің тікелей ұрпағы.

ҒҰМАРОВ МЕРЕКЕ



1945 жылы бұрынғы Гурьев облысы, бұрынғы Новобогат, қазіргі Исатай ауданы, Жанбай селосына қарасты Күйгенқора бөлімшесінде дүниеге келген. Ол әке-шешесінен жастай айырылып, көптеген қиыншылықтарды бастан кешті. 1964 жылы Октябрьдің 40 жылдығы, қазіргі Ф.Оңғарсынова атындағы орта жылдық мектепті бітірген. Еңбек жолын 1964 жылы химия зауытында жылу жүйесінің слесары болып бастаған.1964-1967 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болды. 1967-1968 жылдары Балықшы ауданы, Амангелді атындағы колхозда от жағушы, балықшы болып еңбек етті.1968-1973 жылдары Алматы қаласындағы физкультура институтында оқиды. 1979-1982 жылдары Гурьев педагогика институтының тарих және қоғамтану мамандығы бойынша бітірді.Балықшы қыстағындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте мұғалім, әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі және тәрбие-ісі жөніндегі директордың орынбасары қызметтерінде болды. Балықшы аудандық «Білім» қоғамының жауапты хатшысы, 1980 жылдан аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.Бұдан кейін ол облыстық филармонияның директоры, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудан әкімінің орынбасары, облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары, облыстық Махамбет атындағы қазақ драма театрының директоры қызметтерін атқарды. М.Мұтәшұлы облысымыздағы мәдениет және өнер ұжымдарының дамуына үлкен үлес қосты. Бірнеше рет аудандық, облыстық, республикалық фестивальдерде жеке орындаушы ретінде лауреат атанды. Бірнеше рет Балықшы аудандық депутаты болып сайланған.1980 жылы Гурьев облысында тұңғыш рет қазақтың көне аспаптарына негізделген «Атырау» фольклорлық – этнографиялық ансамблін ұйымдастырды. Бұл ансамбль аудандық, облыстық, республикалық халықаралық, дүниежүзілік фестивальдердің лауреаты, сонымен қатар Алжир Халық Республикасында болған. Сондай-ақ Астрахань, Мәскеу, Ашхабад, Алматы, Көкшетау қалаларында өнер көрсетіп, жеңімпаз атанды. 1985 жылы ансамбльге «Халықтық» деген құрметті атақ берілді.1986 жылы облыстық филармонияға директор болып тағайындалғаннан кейін қазақтың көне аспаптарынан жиналған «Нарын» атты фольклорлық ансамблін құрды. Сол жылдары бұл ансамбль көршілес Астрахань облысы, Моңғолия, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Қалмақстан республикаларын аралап, өнер көрсетіп, табысты оралды. Қазір «Нарын» ансамблі – Н.Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармониясының үлкен оркестрі. 1990 жылы Балықшы аудандық атқару комитетінің орынбасары болып келгеннен кейін Мәкәлім Қойшыбаев атындағы Қазақтың ұлт-аспаптар оркестрін ұйымдастырды. Ол бірнеше рет аудандық, облыстық байқауларға қатынасып, жүлделі орынға ие болды. Атыраудағы Махамбет атындағы қазақ драма театрында басшы болып қызмет атқарғанда, театрдың қайта жандануына көп еңбек сіңірді. 1999 жылы Атырау облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары, 2002 - 2006 жылдары Махамбет атындағы облыстық драма театрында жұмыс жасаған жылдары театрдың музыкалық-драма театр болып қайта құрылуына күш салды. 2005 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес, «Мұрагер» атты қазақтың көне аспаптарынан құралған фольклорлық ансамблін құрды. Бұл ұжым 2007 жылы Шымкент қаласында өткен фольклорлық ансамблдердің республикалық байқауына қатынасып, жүлделі орынды иеленді. 2008 жылы «Каспий-достық теңізі» халықаралық фестиваліне қатынасып, 1 -орынды жеңіп алды. Театр ұжымын жас актерлермен толықтыру мақсатында Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка колледжінен театр өнері бөлімін ашуға күш-жігер жұмсады. 2006-2011 жылдар ортасында Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің басшысы қызметін атқарды. Осы оркестрге басшы болып келгеннен кейін, 2007 жылы «Ара-Атырау» әзіл-сықақ театрын ұйымдастырды. 2008 жылдың басынан бері театр Атырау облысының елді мекендерінде өз өнерлерін көрсетіп жүр. 2001 жылы «Ара-Атырау» әзіл-сықақ театры мәдениет басқармасының бұйрығымен Н.Жантөрин атындағы облыстық филармонияға берілді. М.Мұтәшұлы «Қазақстанның үздік адамдары» энциклопедиясына, Қазақстан Республикасында «Кімнің кім екені» кітабына енген. Қазір Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі басшысының орынбасары қызметін атқаруда.

М.Ғұмаров Құрмет орденінің иегері, көптеген мерекелік медальдармен,

Алғыс хаттармен марапатталған. Оған 2005 жылы ҚР Мәдениет қайраткері атағы берілген.

ДАЛБЕВ МҰҢАЛ



1926 жылы Мақат кентінде туылған. Журналист. ҚазМУ-ді бітірген. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1957 жылы Доссор мұнай кентінде аға инженер, кәсіподақ комитетінің төрағасы. 1962-70 жылдары Жылыой аупарткомының бөлім меңгерушісі. 1971-1986 жылдары Жылой ауданының "Коммунизмге алға" ("Ембі") газетінің редакторы. Ұлы Отан соғысы орденінің иегері. «Алтын алқа», «Майдандағы махаббат» кітаптарының авторы.

2002 жылы дүние салған.

ДАУЫМШАРҰЛЫ ҚУАНҒАЛИ



1896 жылы Сарыкөл ауылында, Қызылқоға данында туылған. Тұңғыш қазақ мұнайшыларының бірі. Ауыл молдасынан ескіше сауатын ашқан. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында ауылдық және болыстық атқару комитетінің хатшысы болған. Ақындық талантымен көзге түскен. Замана ағымы, Кеңес өкіметі, оның көсемі Ленин туралы толғаулары, үміт күткен азаматтарға өлеңмен жазған хаттары кезінде мерзімді баспасөзде жарияланған.

1972 дүниеден өтті.

ДӘУЛЕТОВ АРОН



1908 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданында туылған. Ұста. Еңбек ардагері. 1928 -1966 жылы Мақат мұнай кентінде механикалық шеберхананың жұмысшысы, ұста, бригада басшысы. 1966 жылдан зейнеткер. Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденмен марапатталған.

1975 жылы Сарыкөл ауылында дүниеден өтті.

ДӘУЛЕТОВ ТІЛЕККАБЫЛ



1938 жылы Атырау қаласында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1954 жылы Қазақстан мұнай бірлестігі №2 көлік кеңесінің паровоз депосында токарь болып бастаған.

1956 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, оны 1961 жылы журналистика мамандығы бойынша бітіріп шықты.

1961-1962 жылдары Шевченко аудандық «Ленин туы» газетінің меңгерушісі, 1962-1972 жылдарыАтырау облыстық газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болды. 1972-1977 жылдары КазТАГ-та жауапты шығарушы, аудармашы–редактор, аға редактор, бас редактордың орынбасары, Бас редактор қызметтерін абыроймен атқарды.

1972-1982 жылдары республикалық «Жалын» баспасының әдебиет редакциясының меңгерушісі. Зейнетке шыққаннан кейін Дүниежүзі қазақтары қауымдастығында қазақ диаспорасы зиялы қауым өкілдерінің 40-тан астам кітаптарын жарыққа шығаруға атсалысты. Журналистік жұмыспен қатар көркем аудармамен де шұғылданған. А.Довженконың «Өмірге құштарлық», О.Горчаковтың «Капрал Вудсток. Ол кім?» М.Зверевтің «Бетпақдала бөлтіріктер», П.Бажовтың «Малахит қобдишасы»,А. Кривицкийдің «Бранденбург қақпасы», Т.Қайыпбергеновтің «Қарақалпақнама, «Мұхамбет

пайғамбардың өмірі»,т.б. шығармларды қазақ тіліне аударды. 10 томдық «Әлемдік саясаттану антологиясының 7-томын тікелей аудармашысы. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

Т.Дәулетов көптеген Құрмет грамоталармен, медальдармен марапатталған.

ДӘУЛЕТОВ ӨМІРХАН



1909 жылы Саркөл елді мекенінде дүниеге келген. Жүргізуші, өрт сөндіру қызметінің ардагері. 1932 жылы ІІБ-нің қызметкері болған. 1956 жылы "Қазақстанмұнай" бірлестігіне қарасты Мақат кәсіби өрт күзеті командасында жүргізуші болып жұмыс жасаған. 1979 жылдан зейнеткер. Жауынгерлік Қызыл ту орденімен, төрт медальмен, жарыс озатының белгісімен марапатталған. "Үздік өрт сөндіруші" омырау белгісін иеленген.

1980 жылы дүниеден озды.

ДӘУЛЕТИЯРОВА ЗАУЗА



1941 жылы Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат кентінде туған. 1959 жылы Мақаттағы М.Горький атындағы орта мектепті бітіріп, Алматы медициналық институтына оқуға түскен. Аталған институтты 1965 жылы балалар дәрігері мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Сол жылы Қызылқоға ауданы, Мұқыр ауылындағы бөлімшелік ауруханада бас дәрігер қызметін атқарған. 1978-1996 жылдары Сағыз бөлімшелік ауруханасында балалар дәрігері болды. Қызмет еткен жылдары бірнеше медальдармен, грамоталармен марапатталған. Оған 1983 жылы Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген дәрігері атағы берілген.Қызылқоға ауданының Құрметті азаматы, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер.

ДӘУЛЕТҰЛЫ СИРАЖ



1914 жылы Атырау облысы, Құрманғазы (бұрынғы Теңіз) ауданы, Морской ауылдық кеңесінде дүниеге келді.

1936-1939 жылдары Гурьев облысы, Теңіз аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының көмекшісі болды. 1939-1942 жылдары Алматы қаласында өлкеаралық ұлттық қауіпсіздік қызметкерлерін дайындайтын мектепте оқыды. 1946-1949 жылдары Шевченко қаласының, ал 1949-1951 жылдары Қызықоға аудандық қауіпсіздік комитеттерінің төрағасы қызметтерін атқарды. 1942 жылдан 1972 жылға дейін үзбей осы салада аса жауапты қызметтер атқарды. 1972 жылы отставкаға шықты.

2000 жылы қайтыс болды.

ДӘУЛЕТОВ СОВЕТ



1936 жылы Астрахань облысының Красноярауданындағы Байбек селосында туған. Ол жетінжылдық мектепті бітіргеннен кейін юнг теңізшілер мектебіне түсіп, оны ойдағыдай аяқтайды. Содан соң Каспий теңізіндегі экспедицияға қатысады. Осы жолы оған Сталинградтағы милиция мектебіне түсіп, оқу туралы ұсыныс түседі.Ол көп жыл бойы Красноярауданында учаскелік инспектор болды. Кейіннен Красноярауандық ішкі істер бөлімінің орынбасары, Енотаевка аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы қызметін атқарады. Соңғы жылдары ол Астрахань облыстық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары қызметіне жоғарылатылады. Милиция полковнигі С.Халилұлы заңды демалысқа шығар алдында "Астраханьгазпром"ААҚ-ның қауіпсіздік қызметінің жетекшісі болды. Ол КСРО ІІМ үздік қызметкері, КСРО ІІМ еңбек сіңірген қызметкері. Көптеген салалық медальдармен марапатталған."Құрмет белгісі" орденінің иегері.

С.Халилұлы ішкі істер құрамын дайындап, Мәскеу олимпиадасын өткізуге тікелей атсалысқан. Оның ұлдары әке жолын қуып, ішкі істер қызметінде еңбек етті. С.Дәулетов- алуан түрлі көне жәдігерлерді қызыға жинап, халық арасында насихаттаушы азамат. Қазақ халқының қолданбалы өнерінің үлкен жиынын Володар ауданының Алтынжар ауылындағы Құрманғазы атындағы мәдени орталыққа өткізді.

ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ ХАМИДОЛЛА



1968 жылы Атырау облысы, Махамбет ауданы, Ортақшыл ауылында туған. 1975-1985 жылдары сол ауылдағы Фурманов атындағы орта мектепте оқыды. 1987-1992 жылдары Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетінде оқыды. 1992-2003 жылдары Атырау облысы шегіртткеге қарсы күресу экспедиясында агроном, зертхана меңгерушісі, бас агроном қызметтерін атқарды.2003-2008 жылдары "Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемесінің Атырау облыстық филиалында энтомолог маман, 2008 жылдан Атырау облыстық филиалының директоры болып істейді.

ДӘУЛЕТБАЕВ ДІНҒАЛИ



1940 жылы Атырау облысында туған. Гурьев ауылшаруашылық техникумының механика факультетін бітірген. Москва қаласының МАИ институты жанынан ашылған, жол құрылыс мекемесінің басшыларын дайындайтын арнайы курсын бітірген. Жол құрылыс басқармасында шебер, прораб, бас инженер және бастық болап жұмыс жасаған. Бірнеше мерекелік медальдамен марапатталған.

Д.Дәулетбаев – шежірелік деректерді жинауға белсене атсалысқан азамат.

ДӘУЛЕТБАЕВ САЙЛАУБЕК



1950 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласында туған.1968 жылы Жаңатас қаласындағы Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектепті бітірген соң, 1969 жылы Қазақтың политехникалық институтының тау-кен инженері факультетіне түсіп, оны 1974 жылы бітіреді. 1974-1975 жылдары бұрғылау машинасында машинст көмекшісі, 1975-1977 жылдары тау-кен шебері, учаске бастығы болды. 1974-1979 жылдары Жаңатас кәсіптік-техникалық училищесі директорының бірінші орынбасары, 1979-1985 жылдары «Көкжон» кенішінің өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы, учаске бастығы болып істеді. 1985-1990 жылдары «Көкжон»кен басқармасының, кен байыту фабрикасының бастығы, директордың өндіріс жөніндегі орынбасары, кен басқармасының директоры болып жұмыс істеді. 1990-1995 жылдары Жезқазған облысы «Сарыарқа» полиметалл өндірістік бірлестігінде техникалық бөлімінің бастығы, рудник бастығы болды.1995-1998 жылдары Жаңатас тау-кен байыту комбинатында кеніштің бас инженері болып қызмет атқарады. 1998-1999 жылдары Сарысу ауданы коммуналдық мекемесінің директоры, 2000 жылы Алматы облысындағы Текелідегі «Казцинк» руднигінің директоры, 2006 жылы өндірістік жабдықтау базасының директоры, 2006 жылы Жамбыл облысындағы Ақбақай тау-кен, металлургия комбинатының 1 – вице- президенті, 2007 жылы президенті болды. 2010 жылы Таукенттегі геологиялық барлау экспедициясының директоры қызметін атқаруда.

С.Дәулетбаев бірнеше рет аудандық мәслихаттардың депутаты болып сайланды.

КСРО-ның Құрметті кеншісі. Бірнеше мәрте салалық Құрмет грамоталармен марапатталған.

ДӘУЛЕТОВ ӘДІЛБАЙ



1960 жылы Атырау облысы, Комсомол кентінде туылған. Тау-кен инженері. Қазақ политехника институтын бітірген (1982). 1982-1991 жылдары Балықшы барлау-бұрғылау басқармасында бұрғышы көмекшісі, бұрғышы, қондырғы шебері, аға инженер, технолог, РИТС бастығының орынбасары, өндіріс-диспетчер қызметінің бастығы. 1991-94 жылдары Атырау облыстық партия комитетінде экономика-саясат бөлімінің референті, облыс әкімшілігі жедел басқару бөлімінде сектор меңгерушісі. 1994 жылдан "Бейкер Хьюз Сервиз интернейшнл ИНК" компаниясының Қазақстандағы мұнай-химия өнімдерін өткізу жөніндегі техника өкілі.

ДЕМЕСІНОВА АЛТЫН



1946 жылы Атырау облысының Кенөзек ауылында дүниеге келген. Алтын Қабдолқызы 1965 жылы өзі оқыған Ескене орта мектебін алтын медальмен бітірді.1967-1972 жылдары аралығында Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының математика факультетінде оқыған. 1977-1985 жылдары Ақсай ауылындағы «Балдырған» балалар бақшасында меңгеруші болып қызмет етті. 1985-1991 жылдары «Талқайран» орталау мектебінде Ақсай ауылындағы №25 орта мектепте математика пәнінің мұғалімі болып істеді. 1991-1996 жылдар аралығында оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1993 жылы зейнеткерлікке шыққан. Ол ҚР Білім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. «Алтын алқа» иегері.

ДОСБАЕВА БАЛҒАНЫМ



1898 жылы Атырау облысы, Қарабау ауылында дүниеге келген.Мұнай өндіру шебері. Мұнай кеншінің ардагері. Байшонаста жастайынан еңбек жолын жұмысшы, оператордың көмекшісі, мұнай өндіру шебері болып бастап, 45 жылдан астам тапжылмай еңбек етті. Оның бригадасы Ұлы Отан соғысы жылдары жоспарды ай сайын артығымен орындап отырды. 1954 жылы дербес зейнеткерлікке шықты. Еңбек Қызыл Ту , «Құрмет белгісі» орденделерімен және медальдармен марапатталған. КСРО Жоғары Кеңесіне 2,3,4 - шақыруларына 3 дүркін депутат болды. Байшонас кентінде Досбаева Балғаным атындағы мектеп бар.

1967 жылы дүние салды.

ДОСМҰХАМБЕТОВ БЕРКІНҒАЛИ



1912 жылы Ракуш қыстағында дүниеге келген. Байырғы мұнайшы. Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұнайшысы (1966). 1933-67 жылдары балық аулау артелінде балықшы, «Қазақстанмұнай» бірлестігінде жұмысшы, бригадир болып еңбек жолынан өтті. Ескене, Байшонас, Доссор, Мақат, Құлсары, Мұнайлы, Төлес, Прорва кен орындарын игеруге қатысты. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» орденделерімен марапатталған.

1993 жылы дүниеден өтті.

ДОСМҰХАМБЕТОВ ЖОЛДАСҚАЛИ

1916 жылы Атырау облысы, Мақат ауданы, Ракуша кентінде дүниеге келген. Мұнайшы. Қазақ КСР –ының еңбек сіңірген мұнайшысы (1966). Лениндік сыйлықтың (1966), ҚР Мемлекеттік сыйлығының (1995, қайтыс болғаннан кейін) лауреаты. Маңғыстау мұнай кендерін



ашушы және игерушілердің бірі. 1940 жылы Мәскеу мұнай институтын бітірген. 1940-1947 жылдары Байшонас кәсіпшілігінің бас геологы, кейіннен директоры, 1947-51 жылдары «Қазақстанмұнайгазбарлау» трестінің басқарушысы, 1951-71 жылдары «Қазақстанмұнайгаз» бірлестігінің бас геологы болып істеді. Ленин, Октябрь Революциясы, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» орденмедальдарымен марапатталған. Екі дүркін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды.

1977 жылы дүние салды.

ДОСЫМОВ ЕСЕН

1913 жылы Атырау қаласында туған. Шаруашылық, партия қызметкері. 1926 жылдан балық өнеркәсібі саласында қызмет атқарды. 1940 жылдан Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары, 1941-42 жылдары Қазақстан К(б) П ОК-ның хатшысы болды. КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

1942 жылы дүние салған.

ДОСАНОВ АСҚАР



1961 жылы Атырау облысы, Мақат ауданында дүниеге келген. Атырау педагогика институтын және Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін бітірген. Инженер. 1987-1993 жылдары Атырау қаласы Мақат ауданында мәдениет үйінің меңгерушісі.1994-1999 жылдары Оңтүстік Қазақстан автокөлік басқармасының техникалық қауіпсіздік инженері.1999-2000 жылдары Еуропада Англия мемлекетінің Рочестер қаласында жұмыс жасаған. 2001-2005 жылдары мұнай, газ саласында жұмыстар атқарған.2006 жылы «Казкомсервис» мекемесінің еңбекті қорғау, экология және техникалық қауіпсіздік инженері.

Ол шежіре жинақтау ісіне белсене атсалысты.

ДОСАНОВ ЖҰМАБАЙ



1930 жылы Атырау облысы, МАқат ауданында дүниеге келген. Мұнайшы-геолог. (1953-1958) Орта Азия политехникалық институтын бітірген.1959 жылы Қарсақ мұнай –газ кен орнында-геолог, 1964-1970 жылдары Ембу мұнайгаз бірлестігі Қошқар, Сағыз, мұнай-газ кен орындарында бас геолог болды.1971 жылы Мақат аудандық инженер-технологиялық қызметі бастығының орынбасары. 1972-1974 жылдары «Өзенмұнайгаз» басқармасы геологиялық бөлімінің аға геологы, ғылыми-зерттеу өндірістік цехы бастығының орынбасары. 1974 жылдары Сарықамыс, Прорва мұнай, газ кен орнында, мұнай-газ өндіру басқармасында аға геолог, 1976 жылы геологиялық бөлімінің бастығы.1977-1990 жылдары Мақат мұнай-газ өндіру басқармасында геолог, технологиялық бөлімінің аға технологы.

Бірнеше медальдарымен марапатталған.

ДОСМҰХАМБЕТОВА КЛАРА

1942 жылы Атырау облысы, Мақат ауданы, Байшонас поселкесінде дүниеге келген. Астрахань мемлекеттік дәрігерлік институтын бітірген. 1966-1997 жылдары Жылой аудандық орталық ауруханаңың акушер-гинеколог дәрігері, бөлім меңгерушісі болып істеді. 1983 жылы Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген дәрігері атағы берілген.

2002 жылы дүниеден өтті.

ДОСМҰРЗИЕВ СӘРСЕНҒАЛИ



Доссор мұнай кенінің ірілендірілген жер асты жабдықтарын жөндеу операторы. Ленин орденімен марапатталған.

ДОСМҰХАМБЕТОВ МАХАМБЕТ



1960 жылы Гурьев қаласында белгілі геолог, Лениндік сыйлықтың лауреаты, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Жолдасқали Ахметұлы Досмұхамбетовтың отбасында дүниеге келген.1978-1983 жылдары Мәскеудегі И.М.Губкин атындағы мұнай және газ институтын бітірген. Бітірісімен «Эмбамұнай» өндірістік бірлестігінде геолог, 1988-1996 жылдары «Доссормұнай», «Макатмұнай», «Мұнай» БК, «Анако» АҚ бас геолог, геология бөлімінің бастығы, кәсіпорын басшысы қызметтерін атқарды.1997-2002 жылдары «Қазақойл» ЖАҚ-да геологиялық бас менеджер, департамент директоры болды.2002-2009 жылдары «ҚазМұнайГаз» АҚ департамент директоры, «Қазгермұнай» ЖШС бас директордың орынбасары болып еңбек етті.

М.Жолдасқалиұлы 2009 жылдан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының геология және геофизика саласы бойынша орынбасары қызметін атқарады.Бірнеше медальмен, салалық Құрмет грамоталармен ұлықталған. ҚР Құрметті жер қойнауын барлаушысы.

ДОСАХОВ ІЗБАСАР



1952 жылы Гурьев облысы, Индер ауданы, Өрлік ауылында дүниеге келген. Подполковник. ІІМ-нің Қарағанды жоғары милиция мектебін бітірген.1972 жылы Гурьев ауыл шаруашылық техникумын бітіргеннен кейін еңбек жолын Гурьев облыстық ішкі істер басқармасында взвод командирі болып бастаған. Облыстық ішкі істер басқармасында әкімшілік қызмет бөлімінің инспекторынан бөлім бастығына дейін көтеріліп, 1998 жылы отставкаға шыққан.

Подполковник Досахов Ізбасар КСРО, ІІМ – нің 1,2,3 – дәрежелері, «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен, салалық Құрмет грамоталарымен және де көптеген сыйлықтарымен марапатталған.

ДОСЖАНОВА АЛТЫН



1937 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданында Жайылма ауылында дүниеге келген. Жастайынан өнерге, білімге ұмтылып, жоғары білім алды. Ауданда құрылған «Сарыарқа» ансамблінің белсенді мүшесі болды. 1957 жылдан сауда саласында жұмыс істеді. 1969 жылдан бастап Сарысу ауданындағы ең ірі Байқадам жұмысшылар кооперациясының төрайымы болып, абыройға ие болды. Бірнеше рет ауылдық, аудандық кеңеске депутат болды. Халықтар достығы орденінің иегері, бірнеше медальдардың, көптеген Құрмет грамоталардың иегері.Сарысу төңірегінде ғажайып әңгімешілдігімен, шежірешілдігімен аты шыққан, кезінде ұлы Тіней бақсының сенімді көмекшісі болған әкесі Досжан қариының біраз әңгімелерін, өлеңдерін бізге жеткізді.

Қазір құрметті еңбек демалысында.

ДОСЖАНОВА ГҮЛСІМ

1946 жылы Түркістан қаласында туған. 1964 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Ақмола мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне түсті. Оны 1970 жылы бітірген



соң білімін жалғастыру үшін И.М.Сеченов атындағы Бірінші Москва медицина институтына жіберілді. 1970-1975 жылдары жүйке аурулары кафедрасында оқып, іштей аспирантураға түсті. 1976 жылы ол сол институтта медицина ғылымдарының кандидаты атағын қорғады.

1975-1980 жылдары Ақмолада медицина институтында жүйке аурулары кафедрасының ассистенті, 1980-1983 жылдары Алматыдағы кәсіби аурулардың ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері болып қызмет істеді.

1983-1994 жылдары Алматы мемлекеттік медицина институтының жүйке аурулары кафедрасының аға ғылыми қызметкері болып жүріп, 1993 жылы «Ірі қалалардағы автотранспорт газдарының белең алуы, ұлғаюы әсерінен болатын церебралды атресклероздың алғашқы көріністері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. 1996 жылдан профессор. 1994 жылдан бері Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының жүйке аурулары кафедрасының меңгерушісі.

Гүлсім Әбдрахманқызы неврология саласы бойынша 100-ден астам ғылыми еңбектің авторы, үш оқулықтың, 8 оқу-ғдістемелік құралдың авторы. Оның басшылығымен 2 кандидаттық диссертация қорғалды. Оның ғылыми жұмыстарының басты тақырыбы қоршаған ортаның жағымсыз ғеерлерінің жүйке жүйесіне әсері болып отыр. Ол 2000 жылдан бері Оңтүстік Қазақстан неврологтар ассоциациясының төрайымы есебінде осы ауру түрін емдеу және жүйке ауруларынан сақтандыру мақсатында ауқымды жұмыстар атқарып жүр.

ДОСЖАНОВА АЙГЕРІМ



1954 жылы Астрахань облысы, Икрян ауданы, Мумра қыстағында дүниеге келген. 1972 жылы Форт-Шевченко қаласындағы орта мектепті бітірді. 1972-1978 жылдары Ақтөбе мемлекеттік медицина институтында оқыды. Оқуды бітірген соң Шевченко қаласында интернатурадан өтіп, 1980 жылға дейін Сарқамыс елді мекенінде қызмет етті.

1981 жылы КСРО ДСМ қарасты Аналар мен балаларды қорғау орталығындағы бағдарлы аспирантураға түсіп, оны аяқтап, сонда кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды. Содан соң Ақтөбе медицина институтына оралып, төрт жылдай ассистент, 5 жыл емдеу және педиатрия факультетінің акушерлік және гинекология кафедрасында доцент болды. 1993 жылы конкурс бойынша сол институттағы акушерлік және гинекология кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды. ҚР Ұлттық ғылым академиясы Батыс бөлімшесінің аймақтық мәселелері бойынша «Әйелдердің денсаулығын қорғау» медициналық ғылыми зерттеу бағдарламасының жетекшісі болды.

1996 жылы Санкт-Петербург қаласындағы Отта атындағы акушерлік және гинекология институтында докторлық диссертациясын сәтті қорғап, 1997-1998 жылдары облыстық денсаулық сақтау басқармасында бас акушер-гинеколог қызметін атқарды. 1997 жылы «Жыл әйелі» құрметті атағына ие болды. 1998-2008 жылдары Қазақ Ұлттық медицина университетінде кафедра меңгерушісі. ҚР ДСМ Ана мен бала ұлттық орталығында гинекология қызметін басқарды.

А.Мұжаберқызы өзі айналысқан саланың аса білікті маманы ретінде АҚШ, Италия, Франция, Ресей, Түркия, т.б. мемлекеттерде өткен конгресс, симпозиумдарға белсене қатысты. Докторлық және кандидаттық диссертацияларды қорғау Кеңесінің тұрақты мүшесі. Оның басшылығымен 37 ғылым кандидаты, 3 ғылым докторы дайындалды. 300-дей ғылыми еңбектердің авторы. 7 рационализаторлық ұсыныстың, 20 патенттік еңбектің иегері. Ғылыми жаңалықтар Халықаралық академиясының

толық мүшесі. Ол көптеген әдістемелік еңбектердің, 34 жарияланымның, 1 оқулықтың, 1 оқыту фильмінің, 8 оқу құралының авторы.

А. Мұжаберқызы бірнеше салалық, мемлекеттік марапаттардың, Құрметті төсбелгілердің иегері.

ДОСЖАН ҚЫМБАТ



1963 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген.1987 жылы Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы театр және көркемсурет институтын бітірген. Институт қабырғасында оқып жүріп, екінші курстан бастап қазақ телевизиясында диктор болып жұмыс істей бастайды. Институтты бітірісімен Қазақ телевизиясына жолдама алып, 3-категориялы диктор болып жұмысқа қабылданады. Қымбат Досжан тікелей эфирде еліміздің басты жаңалықтарын жүргізіп, көрермен көзайымына айналған аяулы қыз. Оның ерекше даусы мен айқын дикциясы қазақ тілінің мәртебесін көтеруде өзіндік үлес қосты. Қымбат Абсадыққызы көрермен қауымға нақты көмегін көрсетіп келе жатқан «Бармысың бауырым» бағдарламасының тұрақты жүргізушісі. Қазақтың белгілі тұлғалары Дінмұхамед Қонаевтың 100 жылдығы, Күләш Байсейітованың 100 жылдық мерейтойы, Тайыр Жароковтың, Қаныш Сәтбаевтың мерейтойлары мен еске алу кештері, белгілі қоғам қайраткері Сүлейменовтың 90 жылдық мерейтойы, сондай-ақ Алматы қаласындағы Мұқан Төлебаев, Сәбит Мұқанов, Мұқағали Мақатаев, Ғабит Мүсірепов, Тарас Шевченко, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ескерткіштерін салтанатты ашылуының жүргізушісі болды. Жыл сайынғы Наурыз мейрамы, 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, Конституция күні мерекелерінің, Жаңа жылдық кештердің жүргізушісі ретінде Алматы қаласының алаңдары мен сахналарында белсене жұмыс істейді.Сондай-ақ Қазақстан Жазушылар одағының 75 жылдық мерейтойы, белгілі ақын-жазушылардың творчестволық кештері мен мерейтойларын, атап айтқанда «Бөбек» қайырымдылық қорының төрайымы Сара Алпысқызының 60 жылдық мерейтойы, композитор Ескендір Хасанғалиев, Ілия Жақанов, Шамғон Қажығалиевтің мерейтойлары мен атақты күйші-композитор Нұрғиса Тілендиевті еске алу кеші, Ұлы Жеңістің 50,55,60 жылдығы мерекелерінің жүргізушісі, Ұлы Абайдың туған күніне арналып жыл сайын 10 тамызда өтетін Абай оқуларын 2000-2010 жылдары аралығында жүргізіп, ұлы ақынның өлеңдерін оқуда үлкен шеберлік танытты.Қазақстанның Ресейдегі жылы аясында (2003) Алматы қаласының Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларында мәдени күндерінің ашылуында – сонау 1860 жылдан келе жатқан көне Мариин театры сахнасында КСРО Халық әртісі Әлібек Дінішевтің концертін, Ресейдің Новиков атындағы ұлт-аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен, Санкт-Петербор консерваториясының үлкен залында ҚР Халық әртісі, Әлем әртісі Айман Мұсақожаеваның, ҚР Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұржамал Үсенбаеваның концертін, сондай-ақ атақты Юсупов залында Қазақстан жұлдыздарының қатысуымен өткен кештің жүргізушісі болды. Батыс Қазақстан облысындағы Алматы қаласы күндерінің салтанатты ашылу кештерін жүргізіп, халық ықыласына бөленді. Мерекелік концерттерді жоғары білікті, кәсіби маман ретінде қазақ және орыс тілдерінде еркін жүргізеді. «Бөбек» қайырымдылық қорының ұйымдастыруымен жыл сайын өтетін – «Путь к себе» (1999-2009 жж аралығында) қазақ тіліндегі сценарийлерін жазып әрі оның тұрақты жүргізушісі болды. Алматы қалалық білім басқармасының жыл сайын ұйымдастыратын «Жыл мұғалімі» байқауы, ұстаздардың Тамыз конференциясын өткізілуіне атсалысып, кештердің сценарийлерін жазып өзі жүргізеді. Кітапханалар мен мұражайлардың залдарында тартымды өткізген кештері бір төбе. Алматы қаласында жаңадан ашылған Алатай ауданының мәдени ошақтарында, жаңа мектептердің ашылуында көрсеткен еңбегі де ерен.2010 жылы Елбасының мемлекеттік сапары аясында Франция елінде Мұстафа Шоқайдың ескерткіш-бюсті ашылуына атсалысып, Гимэ музейінде ашылған ҚР Орталық мұражайы қорынан алынған «Сақ мемлекетінің алтындары» көрмесінде француздың атақты артистері Пьер Ришар мен Патрисия Каастан сұхбат алып, деректі хабар жасады.

ДОСҚАЛИЕВ ХИБРАТУЛЛА



1955 жылы Астрахань облысы, Камызяк (Құмөзек) ауданы, Затон селосында дүниеге келген. 1972 жылы орта мектепті бітірген соң Астрахань облысының Дзержинский колхозында еңбек етті. 1973-1975 жылдары Кеңес армиясы қатарында әскери-теңіз флотында қызмет етті.

Египет, Сирия мемлекеттерінде әскери интернационалдық борышын өтеді. Десантник-шабуылдаушы батальонында взвод командирінің орынбасары болды.

1975-1977 жылдары Астрахань облысы, Совет аудандық арнайы комендатурасында милиционер, 1977-1979 жылдары КСРО ІІМ Астрахань облыстық арнайы орта милиция мектебінің курсанты, 1979-1986 жылдары Маңғыстау облыстық Жаңаөзен қалалық ІІБ-нің инспекторы, қылмыстық іздестіру бөлімінің бастығы, қалалық ІІБ-і бастығының бірінші орынбасары, 1986-1990 жылдары Мұнайлы аудандық, Шевченко қалалық, Жаңаөзен қаласында ІІБ бастығы қызметтерін абыройлы атқарды.

1990-1992 жылдары Маңғыстау облыстық ІІБ БХСС бөлім бастығы, экономика бөлімінің бастығы, 1992-1993 жылдары облыстық криминалды милиция бастығы басқармасы бастығының орынбасары, 4-бөлім бастығы, 1993-1995 жылдары Маңғыстау облыстық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары, бірінші орынбасары, бастығы, 1997 жылы ҚР мемлекеттік тергеу комитеті төрағасының орынбасары, 1997-1999 жылдары Маңғыстау облыстық ІІБ-ның бастығы, 1999-2000 жылдары ҚР Көші-қон полициясы департаменті бастығының орынбасары, 2000-2001 жылдароы ҚР ІІМ қоғамдық қауіпсіздік департамент бастығының орынбасары, 2001-2002 жылдары ҚР ІІМ әскери-тергеу департаменті бастығының орынбасары, 2002-2005 Қызылорда облыстық ІІ басқарамасы басқармасының ІІ департаментінің бастығы, 2006-2009 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық 2 департаментінің бастығы, 2009-2010 жылдары ҚР ІІМ Экстремизммен күрес басқармасының бастығы, 2010 жылдан ҚР ІІМ Көші-қон полициясы комитетінің төрағасы болып абыройлы қызмет атқарды.

Милиция генерал-майоры Хибратулла Ермекұлы 1986 жылы КСРО ІІМ Қарағанды жоғарғы мектебін, 1994 жылы РФ ІІМ академиясының бірінші факультетін үздік бітірді.

2009 жылы Қызылорда гуманитарлық университетін аяқтаған. Заң ғылымдарының кандидаты. ҚР-ның дәрежелі «Даңқ» орденімен, РФ-ның «За заслуги» орденімен, «Астана» мерекелік және салалық 38 медальмен марапатталған.

ДОСМУХАМБЕДОВА ДИНА



Родилась в 1982 году в городе Атырау. До 15 лет она училась в СТГА, а потом ее семья переехала в Алматы. В возрасте 17 лет, Дина поехала учиться в город Оксфорд Великобритании на программу Международный бакалавриат, по окончанию которой она поступила на факультет психологии в университете Пенсильвании города Филадельфия США. Университет штата Пенсильвании относится к Лиге Плюща и является одним из самых престижных высших учебных заведений в мире. В университете Дина специализировалась в области психологии и политических наук. Она получила степень бакалавра искусств с отличием в декабре 2004 года. Закончив университет, Дина Кобланова продолжила учебу в Великобритании. В 2011 году она получила докторскую степень в области социальной психологии в Кардиффском университете Великобритании. Темой ее диссертационной работы были эволюционная психология, эмоции и невербальное общение. Ее статьи были опубликованы в таких передовых англоязычных научных журналах, как Журнал невербального общения, «Эволюция и поведение человека», «Познание и эмоция».Сейчас Дина работает на Валлийское правительство и проводит исследования образовательной системы Великобритании. Она живет в Кардиффе с мужем, ученым – невропсихологом из Новой Зеландии.Дина является внучкой Жолдаскалия Досмухамбетова, видного производственного деятеля нефтяной промышленности, незаурядного геолога, лауреата Ленинской премии и Государственной премии Республики Казахстан.

ДОШАҚОВА РАУИЛА



1938 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Ганюшкин селосында дүниеге келген. 1955 жылы Абай атындағы орта мектепті бітірген. 1959 жылы Алматыдағы ауыл шаруашылық техникумын құрылыс мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1959 жылы тас қалаудан бастаған. Осы салада істеп жүріп, шебер, прораб, инженер жұмыстарын да абыроймен атқарған. Кейін аудандық архитектор болып тағайындалған. Жоғары партия мектебін, кәсіподақ курстарын тамамдаған.

Р.Дошақова «Құрмет белгісі» орденінің иегері.

1972 жылдан зейнет демалысында

ДӨНЕШОВ АЩЫҒАЛИ



1897 жылы, Гурьев облысы, Сокол селосында туылған. Мұнайшы, шебер. Ембінің ардагері. Еңбек жолын 1914 жылы Доссордағы мұнай фирмаларының бірінде бастаған. Бұрғылау жұмысшысы, ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадасының жұмысшысы. 1928-1961 жылдары Байшонас мұнай кентінде бұрғылау жұмысшысы, бұрғышы, мұнай өндіру операторы, шебері. 1961 жылдан зейнеткер. Еңбек Қызыл Ту, "Құрмет белгісі" ордендері мен бірнеше медальдардың иегері.

1971 жылы қайтыс болды.

ДҮСІПОВА ГҮЛЗЕЙНЕП



1960 жылы Гурьев қаласында туған. 1977 жылы Ю.Гагарин атындағы орта мектепті бітірген соң Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтын ойдағыдай аяқтайды. 1984 жылы Гурьев теміржол ауруханасында балалар дәрігері болды. 1986-1998 жылдары сол ауруханада жұқпалы аурулар бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1998 жылы қалалық орталық балалар ауруханасының бас дәрігері, 1998-2007 жылдары қалалық балалар емханасының меңгерушісі болып істеп, оның базасының нығаюына көп еңбек сіңірді.Г.Сүйінғаликызы 2007 жылдан бастап облыстық денсаулық сақтау департаменті бастығының орынбасары. Жоғары дәрежелі дәрігер. Қазақстан іскер әйелдер Ассоциясының мүшесі. Халықаралық ЮСАИД ұйымының конференциясына қатысқан.Көптеген марапат, мерекелік медальдарға ие.

ДҮЙСЕНҰЛЫ ӨМІРЗАҚ



1949 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Ащысай қыстағында дүниеге келген.1972 жылы Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтын бітірген.1973-1974 жылдар аралығында Аягөз қа-

ласындағы №01221-ші танкі покінде нысана көздеуші және штабта хатшы болған.Ордабасы ауданында исаханов совхозында бухгалтер, бас бұхгалтер қызметтерін 30 жылдай ойдағындай абыройлы атқарған.

Ө.Дүйсенұлы Жолберлі әулетінің шежірелік деректерін толықтыруға, жинақтауға белсене атсалысты.

ДҮЙСЕНОВ АҒЫЛ



1920 жылы Жылыой ауданында туған. Ұжымшарда ферма басқарған. Амангелді селолық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы (1950-1960жж.), бірнеше дүркін ауылдық, аудандық Кеңестерінің депутаты. «Ерлік еңбегі үшін», В.И.Ленинның туғанына 100 жыл толу құрметіне» медалімен марапатталған.

1982 жылы дүниеден өтті.

ДҮЙСЕНОВА РӘШ



1951 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында дүниеге келген. 1958-1968 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте оқыған. 1968 жылы Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтының жаратылыстану факультетінің география, биология бөліміне түсіп, 1973 жылы бітірді. қызметін атқарған.1991-1999 жылдары Алматыдағы №153 мектепте оқу ісінің, 1973-1991 жылдар аралығында Алматы қаласындағы №12 қазақ орта мектебінде география, биология пәнінің мұғалімі меңгерушісі болды. 1999-2000 жылдары Алматы қаласының Әуезов ауданындағы №141 мектептің директоры, 2000-2011 жылдары Әуезов ауданындағы № 86 мектеп – гимназиясының директоры болып қызмет атқарған.

Р.Абдрахманқызы -ҚР халық ағарту ісінің үздігі.

ДҮЙСЕНБАЕВ ЖАҚЫП



1920 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданының Калинин ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1938 жылы Байқадамдағы орта мектептің тоғызыншы класын аяқтайды. 1938-1939 жылдары "Еңбек" колхозында есепші, 1939-1941 жылдары Сарысу аудандық еңбек жинақ кассасында бақылаушы, 1941-1948 жылдары аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, 1948-1950 жылдары мал шаруашылығы жөніндегі штабтың бастығы болды. 1950-1953 жылдары аудандық май зауытының директоры, 1953-1955 жылдары Сарысу аудандық мемлекеттік қауіпсіздендіру мекемесінің аға инспекторы, 1955-1959 жылдары аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, 1959-1961 жылдары Байқадам №124 ауылдық кәсіби-техникалық училище директорының көмекшісі, 1961-1963 жылдары аудандық қауіпсіздендіру мекемесінің аға инспекторы қызметтерін атқарды. 1963-1965 жылдары "Сарысу" қаракөл совхозы жұмысшылар комитетінің төрағасы, 1965-1969 жылдары "Шығанақ" қой совхозы партия комитетінің хатшысы, 1969-1970 жылдары "Қамқалы" совхозы жұмысшылар кооперациясының төрағасы, 1970 жылдан зейнет демалысына шыққанша "Қамқалы" қой совхозының жұмысшылар комитетінің төрағасы қызметін абыройлы атқарды.Ж.Дүйсенбаев кең жүректі, жан дүниесі ән мен күйге толы аяулы жан болған, ұрпақтарының арасында да жақсы, талантты музыканттар көп шықты. Оның ұлы Сейітхан Қазақстанда тұңғыш өткізілген «Жігіт сұлтаны» сайысының бас жүлдегері болды. Ж.Дүйсенбаев көптеген медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған.

2005 жылы қайтыс болды.

ДҮЙСЕНБАЕВ БӨКЕЙХАН



1968 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Қамқалы ауылында туған. Орта мектепті бітірген соң Қаратау қаласындағы политехникалық институтта үш жылдай оқып, Алматыдағы педагогикалық институтқа ауысады. Отбасылық жағдаймен Жамбыл педагогикалық институтында оқуын жалғастырып, 1994 жылы аяқтап, физика-математика пәндері бойынша мамандық алып шығады.1987-1989 жылдары әскер қатарында қызмет етті. Институтты бітірген соң Жаңатас қаласындағы балалар, жасөспірімдер орталығында еңбек етеді.1998 жылы Тараз қаласына қоныс аударғаннан кейін қаладағы №21 мектепте істеді. 2005 жылы №51 мектепте мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болды.Жоғарғы басшылық ұйымдастырғыштық қабілеті жоғары, жауапкершілігі мол азаматты 2006 жылы Ө.Жолдасбеков атындағы №50 қазақ орта мектебінің директоры етіп тағайындайды. Ол содан бері өз қызметін абыройлы жалғастырып келеді.

Б.Жақыпұлы бірнеше салалық Құрмет грамоталармен, алғыс хаттармен марапатталған.

ДҮЙСЕНБАЕВ ТӨЛЕУБЕК



1912 жылы Ақмола уезі, Көктас болысында дүниеге келген. 1934-1942 жылдары Ленин атындағы орта мектепте мұғалім болған. 1942-1943 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. Ауыр жарақат алып елге келген соң, 1943-1944 жылдары Сарысу аудандық атқару комитеті жанындағы аудандық мемлекеттік жәрдеммен қамтамасыз ету бөлімінің аға инспекторы болып қызмет істеді. Кейіннен Каганович атындағы орта мектебіне директор болып тағайындалды. 1945 жылы армия қатарына шақырылуына байланысты жұмыстан босатылды. 1945-1946 жылдан бастап мемлекеттік жәрдеммен қамтамасыз ету бөлімінің аға инспекторы, 1946-1957 жылдары аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі, 1957-1961 жылдары Коммунар ауылдық Кеңес атқару комиеттің төрағасы болып істеді. 1961-1963 жылдары аудандық жол бөлімінде жолдар жөндеу маманы, 1963-1974 жылдары "Коммунар" совхозында көпшілікті тамақтандыру жөніндегі істерді басқарып, зейнеткерлікке шыққан.1951-1953 жылдары арасында Мойынты-Шу темір жол салу үшін Сарысу ауданынан барған жұмысшыларды басқарып, жұмыс істеткені үшін,СССР жолдар қатынасы Министрлігінің шешімімен "Құрметті темір жолшы" төсбелгісін иеленген.Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президиуымының Құрмет грамотасымен марапатталған.

1981 жылы дүние салды.

ДҮЙСЕНБАЕВ СЕЙІТХАН



1963 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайлаукөл ауылында дүниеге келген. 1971-1981 жылдары "Қамқалы" совхозындағы Космонавтар орта мектебінде білім алды. 1981-1983 жылдар аралығында Украинада азаматтық борышын өтеді. 1983 жылы Қаратау қаласындағы политехникалық институттың филиалында оқыды. 1986-1988 жылдары "Қамқалы" совхозына қайта оралып, мәдени-ағарту мекемесіне қарасты жылжымалы автоклуб меңгерушісі болып жұмысқа орналасады. 1991 жылы республикада тұңғыш өткізілген «Жігіт сұлтаны» сайысына қатысып, Бас жүлдені иеленіп, сыйлыққа жеңіл автокөлік алды. 1992-95 жылдары Жаңатас қаласында тұрып еңбек етті. Сейітхан Жақыпұлы 1998 жылдан бастап Тараз қалалық ішкі істер бөліміне қызметке тұрды. 2009-2010 жылдары Тараз қалалық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары қызметін атқарды. Майор.

2010 жылы кенеттен қайтыс болды. .

ДҮЙСЕМӘЛИЕВ ОРАЗҒАЛИ



1930 жылы Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы Морское ауылында дүниеге келген. 1930 жылы әке-шешесі балық шаруашылығының айтулы мамандары есебінде Арал өңіріне келісімшарт бойынша қоныс аударады.1939-1945 жылдары Ұялы аралында тұрады. 1945-1948 жылдары Арал қаласындағы орыс мектебінде оқиды.1948-1954 жылдары Ленинградтағы Калинин атындағы политехникалық институтта оқып, металл құю өндірісі факультетін бітіреді. Ол 1951-1953 жылдары Ленинградтың Киров, "Красный выборжец", Алматының машина жасау зауыттарында өндірістік тәжірибеден өтеді. 1954 жылы Жамбылдағы құю-механикалық зауытында шебер, құю цехының бастығы болып істейді.1956-1958 жылдары Қазақ КСР ҒА физика-техникалық институтында аға зертханашы, кіші ғылыми қызметкер болады. 1958 жылы КСРО ҒА Байков атындағы металлургия институтының аспирантурасына түседі.1962 жылы түрлі-түсті металдарды өңдеу технологиясы бойынша техника ғылымдарының кандидаттық дәрежесін сәтті қорғайды. 1962-1966 жылдары Қазақ КСР ҒА ядролық физика институтында, содан соң металлургия және байыту институтында кіші ғылыми қызметкер болып істеді.

1966 жылы Қазақ политехникалық институтына машина құрылысы технологиясы кафедрасына доцент лауазымына конкурспен орналасады. 1968-1989 жылдары доцент, профессор, металдар технологиясы және металлтану кафедрасы меңгерушісі міндетін атқарушы қызметтерін атқарды. 1968-1970 жылдары сырттан оқу, содан соң инженер-экономист факультетінің деканы болды. О.Қындайұлы 1989 жылы Свердловск қаласындағы политехникалық институттың арнайы кеңесінде техника ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін сәтті қорғады.1996 жылы О.Дүйсемалиев ҚР Ұлттық жаратылыстану академиясының толық мүшесі болып сайланды.Ол 300-ден астам ғылыми жарияланымдардың авторы. Оның ішінде 4 монографияның, 29 оқу құралының, 19 авторлық куәліктің, 12 патенттің, бірнеше оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Ғалым 2 ғылым докторы, 12 ғылым кандидатын даярлады. О.Қындайұлы Мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламалар жобаларының ғылыми жетекшісі.Ол Еңбек даңқы орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған. ҚР еңбек сіңірген қайраткер. Көптеген салалық Құрмет төсбелгілермен атап өтілген. Әл-Фараби атындағы медальдің иегері. Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің Құрметті профессоры.

О.Дүйсемәлиевтің Теллур, Мәдина атты перзенттері ғылым кандидаттары, доцент.

ДҮЙСЕМӘЛИЕВ БОЛАТБЕК



1947 жылы Шымкент облысының Түркістан қаласында дүниеге келген. 1964 жылы Қызылорда қаласындағы орта мектепті жақсы аяқтайды. Мектеп бітірген соң Мәскеудегі транспорт инженерлері институтында оқиды. Өндірістік тәжірибені Орск-Халил комбинатында, Львов темір жолында өткерді. Үлкен жер сілкінісінен кейін Ташкенттегі темір жолды қалпына келтіруге қатысады. Алғашқы кәсіби еңбек жолын Кентау қаласында бастады. Қызылорда қаласына ауысып, станция бойынша кезекші, пойыз диспетчері, аға диспетчері қызметтерін атқарды. 1947-1977 жылдары Алматыға, Қазақ теміржол басқармасына жол диспетчері, кейінірек қозғалыс қызметі бөлімінің бастығы болып істеді. Одан соң Целиноград станциясының бастығы лауазымында қызмет атқарды. Осы кезеңде Целиноград станциясы осы күнгі келбетіне ие

болып, еліміздің болашақ астанасы болуына оң ықпал етті.Б.Бекенұлы сексенінші жылдары Алматыда жүк тасымал қызметінің бас инженері, Алматы темір жол бөлімшесі бастығының орынбасары, қозғалыс қызметі бастығының орынбасары болып қызмет атқарды.1989-1991 жылдары Шымкент темір жол бөлімшесі бастығының бірінші орынбасары болып істеді.1991 жылы Алматы ақпараттық-есептеу орталығының бастығы. Содан соң оған транспорттық қызмет көрсету орталығын құру сеніп тапсырылды.

Бұдан кейін ол Алматы теміржол тасымалдау бөлімінің бастығы болып тағайындалады.Б.Дүйсемәлиев ел астанасын жаңа қоныска көшіруге белсене атсалысты. Қоныс аударған соң тасымалдау басқармасының бастығы, корпоративтік даму департаменті бастығының орынбасары қызметтерін атқарды. Б.Бекенұлы 2005 жылдан Қазақ темір жолы АҚ-ның жүк тасымалдау орталығы басқармасының филиалын басқарып келеді. Ол бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. ҚР Құрметті теміржолшысы

ДҮЙСЕНОВ ЕСЕН



1911 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданындағы Жыныс елді мекенінде дүниеге келген. Балалық шағы Түркістан қаласында балалар үйінде өткен. 1937 жылы Ташкент қаласындағы Темір жол институтында оқып, инженер мамандығын алған.1937-1958 жылдары Жамбыл облысының Түркісіб темір жол бөлімшесінің бастығы болып істеген. 1958-1959 жылдары Қазақстан темір жолының басқармасында төраға басқармасының бірінші орынбасары болып қызмет атқарды. 1960-1975 жылдары Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасы болып, ұзақ жылдар жемісті қызмет атқарды. Алматы қаласының сәулетті болуына ерен еңбек сіңірген ардақты азамат Қазақ ССР Жоғары Советінің депутаты, Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденімен, бір топ медальдармен марапатталған. Алматы қаласында Есен Дүйсенов атындағы көше бар.

ЕДІЛБАЙҰЛЫ ҚАРАТАЙ



1914 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында дүниеге келген.1935 жылы Алматы қаласында ҚазПИ – ді бітірген. 1939 жылға дейін Түркістан қаласындағы Ленин атындағы қазақ орта мектебінің директоры болып қызмет істеген. 1939-1941 жылдары Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті жанындағы Жоғарғы партия мектебінде оқыған. 1941–1945 жылдары ұлы Отан соғысына қатысқан.

1946-1950 жылдары Сарыағаш аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары әрі Қазақстан Дайындау министрлігінің осы аудандағы өкілі болған. 1950-1953 жылдары Созақ ауданындағы «Жуантөбе» совхозы директорының орынбасары, 1953-1956 жылдары Арыс ауданының «Дермене» совхозының директорының орынбасары, 1953-1958 жылдары Түркістан қыш заводының директорының орынбасары болып істеді. 1958–1974 жылдары Сарыағаш курорты бас дәрігерінің шаруашылық жөніндегі орынбасары болып қызмет етті.

ЕДІЛБАЕВ ӘШІР



1924 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент ауданына қарасты Тассай елді мекенінде туған. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан жауынгер. 73-атқыштар дивизиясының 471-атқыштар полкында зеңбірек батареясының командирі болған ержүрек жауынгер соғыс жылдары III дәрежелі Данқ орденімен, II дәрежелі Отан соғысы орденімен және «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталған. Көптеген жауынгерлік медальдардың иегері.

ЕДІЛБАЙҰЛЫ ЖҰМАБЕК



1923 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында дүниеге келген. 1940 жылы Түркістан педучилищесін тамамдаған. Училище қабырғасында жүргенде әдебиетшілер үйірмесіне қатысып, алғашқы қарлығаш өлеңдерін жаза бастаған. 1940 жылы ҚазМУ-дың заң факультетіне түсіп, 1942 жылы сыртта оқуға ауысады да, Шәуілдір аудандық сотының орындаушысы қызметіне орналасады.1943-1945 жылдары осы ауданның судьясы, 1946-1949 жылдары Сарыағаш аудандық соты, прокуроры, 1949-1952 жылдары Қарағанды облысының прокуроры, 1952-1955 жылдары Түркістан аудандық партия комитетінің өндіріс және көлік бөлімінің меңгерушісі. 1955–1959 жылдары «Оңтүстік Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі болып қызмет атқарады.Осы кездерде Жұмабектің мақалалары, әңгімелері, очерктері облыстық жәнереспубликалық газет-журналдарда үздіксіз жарияланып тұрады. Ең алғашқы «Жоғалған кілті» повесті 1960 жылы жарық көреді. Бірнеше өлеңдер жинағының, повестердің, пьесалардың, "Буырқанған бұлақтар", "Алтын арал", "Сын сағатта", "Тереңдегі тебіреністер", екі томдық «Түркістан» романдарының авторы.

1983 жылы дүние салды.

ЕЛЕУСІНОВ АЙБОСЫН



1940 жылы Доссор кентінде туылған. Мұғалім, журналист, партия,кеңес қызметкері. Гурьев педагогика институтын, Алматы Жоғары партия мектебін бітірген. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. 1958 жылы Доссор автокөлік жөндеу зауытында токарьдың үйренушісі, токарь, 1964 жылы Қарабау ауыл шаруашылық училищесінде директордың көмекшісі болды. 1966 жылы Мақат аудандық "Мұнайшы" газетінің бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, ауатком төрағасының орынбасары, аупарткомның бөлім меңгерушісі, аудандық газеттің редакторы, «Доссормұнай» базасы кәсіподақ комитетінің төрағасы, мұнай өндіру операторы, Мақат ауаткомының хатшысы, іс басқарушысы, №2 кәсіптік-техникалық училищенің директоры қызметтерін атқарды. 1995 жылы «Доссормұнай» базасында аудармашы. Облыстық "Атырау" газетінің меншікті тілшісі. «Намыс оты», «Күншіл дүние» кітаптары жарық көрген. "Қазақстан мұнайының қайнары", "Ерлікке ескерткіш" кітаптары авторларының бірі. Шығармалары "Алтын бұлақ", "Дәуір тынысы", "Кел Мақатқа", «Заңға құрмет, әлеуметке әділет» жинақтарында жарияланған. «Комсомолдағы белсенді жұмысы үшін», КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі белгілері мен екі медаль алған. А. Елеусінов – Мақат ауданының шежірелік кітабының шығармашылық тобын басқарған азамат. Мақат ауданының Құрметті азаматы.

ЕЛЕУСІНОВ ӘБІЛ

1904 жылы Гурьев облысының № 16 ауылында туылған. Бұрғышы.1930- 1959 жылдары "Қазақстанмұнай" бірлестігі Мақат, Доссор, Қошқар, Қаратон мұнай кенінде, Мақат бұрғылау кеңсесінде жұмысшы, бұрғышының көмекшісі, бұрғышы. 1959 жылы зейнетке шықты. Ленин орденімен және медальдармен марапатталған.

1967 жылы өмірден озды.

ЕЛЕУСІН МАРАТ



1936 жылы бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы, (осы күнгі Жамбыл) Сарысу ауданында дүниеге келген. Әкесі Елеусінов Мұсағали Гурьев округына қарасты Доссор қыстағында туып-өскен. Ол кезінде мұнайшы-капиталист Нобельдің қарамағында жұмысшы болған. Мұсағали Кеңес өкіметі орнағаннан соң біраз уақыт Доссор кеңішінде бұрғылаушы болады. 1930 жылы Гурьев округының прокуроры, Батыс Қазақстан облыстық және республикалық прокуратураның қызметкері болады. Өмірінің соңғы жылдары Сарысу ауданының прокуроры болып қызмет атқарады. 1937 жылы халық жауы деген жаламен ұсталып, 1938 жылы Шымкент қаласындағы Қайтпаста атылады.1958 жылы КСРО Жоғарғы сотының шешімі бойынша ақталады.

М.Елеусін 1956 жылы Бақсай ауданына қарасты Жаманқала орта мектебін бітіріп, сол жылы Орынбор облысындағы Новотроицкідегі техникалық училищеге түсіп, жол құрылысы машинелерінің жүргізушісі мамандығын алады. 1958 жылы жолдамамен Бақсай ауданындағы (қазіргі Махамбет) «Бірінші Май» совхозына скреперші, трактористі болып жұмыс істеді.1961-1967 жылдары Қазақ политехникалық институтының құрылыс факультетінің архитектура бөлімін бітіреді. 1967-1973 жылдары Ақтөбе қаласындағы "Казгапсельпроект" жобалау институтында сәулетші, аға сәулетші, топ жетекшісі болды.1973 жылы Гурьев қаласының бас сәулетшісі болып тағайындалып, сәулет және құрылыс істері жөніндегі басқарманы 1979 жылға дейін басқарды. 1979–1989 жылдары Ақтөбе қалалық "Казгапсельпроект" жобалау институтының Гурьев филиалының сәулет және жобалау бөлімінің бастығы болып қызмет атқарды.1989-1994 жылдары "Казглавгосэкспертиза" Атырау филиалының бас маманы, бастығы, 1994-2000 жылдары Қазақ-Түрік "АТМА" ЖАҚ-ының кеңесшісі, 2000-2002 жылдары "Бас жоспарлау орталығы" мекемесінің бас сәулетшісі, 2002-2005 жылдары Орал қаласындағы "Темірәлі" ЖШС-інің мешіт құрылысы жөніндегі бас архитекторы болды.2005 жылдан бері "Құрылысконсалтинг" АҚ бас маманы болды. Қазір бөлім бастығы болып қызмет атқаруда.

М.Мырзағалиұлы -көптеген шығармашылық жобалардың авторы. Ол Гурьев педагогикалық институтының бас ғимаратының, Ганюшкино, Мақаттағы мешіттердің сәулетшісі. Оның көптеген жобалары конкурстарда жүлдегер атанған. 1970 жылдан КСРО Сәулетшілер одағының, ҚР Сәулетшілер одағының мүшесі. Ол сәулет өнерінде қол жеткізген табыстары үшін Құрмет грамоталарымен, дипломдармен марапатталған.

ЕЛЕПАНОВ САҒЫНТАЙ



1897 жылы қазіргі Жамбыл облысының Сарысу өңірінде дүниеге келді. Кішкентайынан атақты күйші Ықыластың күйлерін тыңдап, қобызға құмартып өсті. Алғашқы ұстазы – атақты күйші Көзбенбет (ел ішінде Көзімбет деп те аталған). Бертін келе белгілі күйші Әбікейден дәріс алды. Сағынтай 1934 жылы республикалық халық өнерпаздарының слетіне қатысып, екінші жүлдеге ие болды. Астанада ұйымдастырылып жатқан халық аспаптары оркестеріне қызметке шақырылды. Алайда Сағынтай отбасы жағдайына байланысты Алматыда қала алмай, еліне қайтады. Ел ішінде Сағынтайдың өнерін аса жоғары бағалап, көптеген күйшілер оның алдынан өтіп, батасын алған. Солардың ішінде атақты күйші қобызшылар Дәулет Мықтыбаев, Жаппас Қаламбаевтар да бар. С.Елепанов елде жүрсе де талай мәрте облыстық, республикалық өнер сайыстарына қатысқан. Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің бірінші дәрежелі дипломымен марапатталған. Белгілі күйші, халық

Украинадағы және Молдава Республикасындағы елшісі.1999-2003 жылдары ТМД елдері қауіпсіздігі жөніндегі атқару комитеті хатшысының орынбасары. 2003-2004 жылдары «Конденсат» консорциумы кеңесі төрағасының кеңесшісі, 2004-2007 жылдары "Оралоблгаз" АҚ директорлар кеңесінің төрағасы

Н.Ықсанұлы ҚСРО Жоғары Кеңесінің депутаты. ҚСРО Халық депутаты болып сайланған. СОКП ОК мүшесі болды. 1996 жылдан ҚР Төтенше және өкілетті елшісі дәрежесі бар. 2003 жылы ҚР дипломатиялық қызметтің еңбек сіңірген қызметкері атағы берілген. ҚСРО, ҚР және шетелдің 13 мемлекеттік орден, медальдарының иегері."Великие звезды", "Фарватер", "Амулет" кітаптарының және баспасөз жарияланымдарының авторы. ЮНЕСКО халықаралық кадрлар академиясының мүше-корреспонденті.

ЕСҚАРИЕВ РАМАЗАН



1902 жылы Атырау облысы, Мақат ауданы, Ракуша жерінде дүниеге келген. Сол кездегі ауыл мектебінен сауат ашқан, хат таныған. Еңбек жолын 1924 жылдан бастап Доссор, Қошқар, Мақат, Ескене мұнай кеніштерінде жұмысшы, бұрғышы, бұрғылау шебері ретінде қызмет еткен. Р.Есмағанбетұлы екі мәрте Ленин орденімен, 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған.1947-1951 жылдары Қаз КСР Жоғарғы Советтерінің екі мәрте депутаты болып сайланды.

Р.Есқариев туралы естеліктер Қ.Досқалиевтің "Қаһармен қала және Қазақстан" кітабында, Б.Демегенов, А.Елеусінов, С. Сағытжановтың "Ерлікке ескерткіш" кітаптарында жазылған. Атақты ақын Асқар Тоқмағанбетовтің «Мұнай бер!» өлеңі даңқты мұнайшылармен кездесу барысындағы әсерден туған екендігі белгілі. Асқар ақын соғыс жылдары Р.Есқариевтің үйінде болып, онымен кең әңгімелескен.

1953 жылы дүниеден өтті.

ЕСҚАЛИЕВ ЕСЕНЖАН



1967 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылында туған. 1984 жылы орта мектепті бітіріп, аудан орталығында жұмыс істеді. 1985-1987 жылдары Германияда әскери борышын өтеді. 1988-1993 жылдары Алматыдағы зооветеринарлық институтта оқыды. 1994 жылы Алматы қаласы, Медеу ауданында учаскелік милиционер, кезекші бөлімінде істеді. 2004 жылдан кезекші бөлімінің бастығы қызметін атқарды.

Подполковник Е.Нақиұлы бірнеше салалық, мерекелік медальдармен, Құрмет грамоталармен мадақталған.

ЕСЖАНОВ МҰСА



1887 жылы осы күнгі Қарағанды облысының Жаңаарқа өңірінде дүниеге келген. 1933 жылдары Қаратау өңіріне қоныс аударған. Жаңадан ұйысып жатқан колхозға мүше болып кіріп, ұзақ жылдар бойы мал бағады. «Интернационал» колхозында мал бағуда үлкен көрсеткішке жеткендігі үшін аға шопанға ҚСРО Жоғарғы Советі Президиумының 1949 жылғы 12 июльдегі Указы бойынша Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. Еңбеккер қойшы бұдан кейін де еңбек етіп, ел ырысын тасытуға атсалысты. Жайылма ауылында оған көше аты берілген.

ЕСБАЕВ ЕЛЕМЕС



1939 жылы Арықкөл ауылында дүниеге келген. Ұзақ жылдар бұрғылау мекемелерінде авто-көлік жүргізуші болған. III дәрежелі Еңбек даңқы, Еңбек Қызыл Ту ордендері-мен марапатталған.

ЕСЕТОВ ДАУЫЛБАЙ



1893 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Сарыкөл ауылында дүниеге келген. 1931 жылы Доссор мұнай кенішінде жұмысшы, мұнай өнімінің операторы болып еңбек еткен. Жұмыс барысында ол өзінің еңбек сүйгіштігін көпке таныта білді. 1952 жылы Ленин орденімен, одан кейінгі жылдары Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

1977 жылы дүние салды.

ЕСЕНАМАНОВ АМАНДЫҚ



1910 жылы Жылыой ауданы, Қияқ ауылында дүниеге келген. 1926-1966 жылдары «Қазақстан мұнайбарлау» тресі Құлсары бұрғылау кеңсесінің Төлес, Боранқұл, Тәжіғали, Қаратон, Қосшағыл, Қараарна мұнай барлау бөлімшелерінде бұрғышы болды. Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

1985 жылы өмірден озды.

ЕСЕНӘЛИЕВ ДАҒАР

Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданында дүниеге келген. Ол сол аудандағы Орджоникидзе атындағы колхоздың аға жылқышысы болып ұзақ еңбек етті. Мал басын өсірудегі үздік жетістіктері үшін 1948 жылғы 23 шілдедегі КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

ЕСЕНБАЕВА МӘДЕНИЕТ



1941 жылы Жылыой ауданы, Құлсары қаласында дүниеге келген. Техник-мұнайшы. Құлсары және Прорва мұнайгаз өндіру басқармаларында мұнай өндіру операторы, «Ембімұнай» бірлестігінің орталық ғылыми-зерттеу лабораториясында лаборант болды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне екі мәрте депутат болып сайланған. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

ЕСМҰҚАНОВ БАҒЫТ

1925 жылы Тайсойған ауылында, Қызылқоға ауданында туылған. Кеңес қызметкері, шаруашылық жетекшісі. 17 жасынан еңбекке араласқан. 20 жылдай Мақат ауданындағы Байшонас, Қошқар кенттік, Былқылдақты ауылдық Кеңес аткомдарында хатшы, төраға қызметтерін атқарған. 1968 жылы Қошқардағы үй базасында шебер, комендант, мұнай өндіру учаскесінде оператор, Мақат аудандық тұрмыстық қызмет комбинатында экономист, «Мақатмұнай» базасының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығында шебер, бастық болып жұмыс жасаған. 1985 жылы зейнетке шықтыОл бірнеше медальдермен дәріптелген.

ЕСМАҒАНБЕТОВА ҰЛМЕРЕК

1928 жылы Атырау қаласының Қайыршақты елді мекенінде дүниеге келген.Жетіжылдық білімді Қайыршақты мектебінен алып, Гурьев қаласындағы педучилищеге түскен. Алматыдағы Абай атындағы екіжылдық мұғалімдер институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген. 1948 жылы Атырау қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектепке мамандығы бойынша орналасқан. 1955-1983 жылдары Атырау қаласы Балықшы кентіндегі Әлібі Жангелдин атындағы орта мектепте зейнеткерлікке шыққанша жұмыс жасады. Толық жоғары білімді Атырау (Гурьев) педагогикалық институтын сырттай оқып аяқтаған.Ұ.Байырханқызы қырық жылдай ағарту майданында қызмет жасап, жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беріп, қоғамдық жұмысқа белсене араласқаны үшін «Құрмет белгісі» және Октябрь революциясы орденімен, бірнеше медальдармен, мақтау грамоталарымен, Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі төсбелгісімен марапатталған. Жоғарғы санаттағы оқытушы, әдіскер мұғалім



ЕСЕКЕНОВ РАМАЗАН



1938 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған. 1958-1959 жылдары комсомолдық жолдамамен құрылыста еңбек етті. 1959-1964 жылдары ҚазМУ-дың экономика факультетінде оқыды. 1964-1978 жылдары Ақтөбеде аймақтық қаржы бөлімінде аға маман, бөлім бастығы болып істеді. 1978-1987 жылдары КСРО спорт комитетіне тікелей қарайтын басқарма бастығының орынбасары, басқарма бастығы лауазымында қызмет атқарды.1987-1992 жылдары Ақтөбе облыстық мемлекеттік сақтандыру басқармасында бастықтың орынбасары, 1992-1993 жылдары Мемлекеттік қаржы бақылау басқармасында бөлім бастығы қызметін атқарды.Р.Есекенов КСРО Спорт комитетінің аймаққа кірген Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстарының спорт кешендерін жөндеуге, жастар арасында спорт қозғалысының өркендеуіне барынша ықпал жасап, қаржымен қамтамасыз етуге елеулі еңбек сіңірді. Бірнеше медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған.

Р.Есекенов – дайындалған кітаптың шежірелік бөлімін қалыптастыруға көп атсалысқан азамат.

ЕСМАҒАНБЕТОВ ЕРМЕККАЛИ



1930 жылы Атырау қаласында дүниеге келген.1958 жылы Ленинград қаласынан жоғары білім алып келгеннен кейін мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде еңбек жолын бастаған. 1980 жылдарға дейін Ақтау, Форт Шевченко, Құлсары, Талдықорған қалаларына мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің басқармасында қызмет атқарған. 1970-1984 жылдары Гурьев қаласында жұмыс істейді. 1984 жылы МҚК полковнигі дәрежесінде отставкаға шықты. Зейнеткерлікке шыққанан кейін заңгерлікпен айналысты.

Ол көптеген салалық, мерекелік медальдармен марапатталған.

Е.Наурызұлы 2001 жылы дүние салды.

ЕСҚАЛИЕВ ҒАЛИ



1970 жылы туылған. 1989 жылы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтын агроөнеркәсіп кешенінің экономикасы және 2007 жылы Астана қаласындағы халықаралық бизнес академиясын Корпоративтік менеджмент (МВА) мамандықтары бойынша бітірген. Ғ. Нәжімеденұлы еңбек жолын 1994 жылы «Банк ТуранӘлем» акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан филиалында несие бөлімінің маманы болып бастады. 1998 жылға дейін осы филиалда несие бөлімінің бастығы. 1998-2003 жылдары «Темірбанк» акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан филиалының директоры. 2003-2004 жылдары Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің

кәсіпкерлікті қолдау және дамыту департаментінің директоры. 2004-2006 жылдары «РИЦ «Градиент» акционерлік қоғамының директоры, 2006-2011 жылдары «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамында Басқарушы директор. Вице-президент. Басқарма төрағасы. 2001 жылы наурыз айынан бері «Қазақстанның Даму Банкі» Басқарма төрағасының кеңесшісі қызметін атқарған. Қазіргі таңда Жамбыл облысы әкімінің орынбасары болып істейді.

ЕСЕНИЯЗОВ ЖАРЫЛҒАП



1922 жылы туған. Құлсары орталық электр стансасында жұмысшы, аға машинист (1946-1986жж.), Қызыл Жұлдыз (1944ж), II дәрежелі Отан соғысы (1985ж.), Еңбек Қызыл Ту (1971ж), ордендерінің, «Ерлігі үшін» (1946) медальдарының иегері.

1988 жылы өмірден озды.

ЕСЕНАМАНОВ ҚОЙЛЫБАЙ



1917 жылы Атырау облысы, Ганюшкин қыстағында дүниеге келген. Ауылда жетіжылдық білім алған. 1938 жылы әскер қатарына алынып, Мурманск қаласындағы авиация полкіне түседі. 1939-1940 жылғы фин соғысына қатысқан. Соғыста жарақат алып, біраз уақыт емделеді. 136- автобазада байланысшылар мектебінде оқып жүргенде, Ұлы Отан соғысы басталып, оған бастан-аяқ қатысады. Ұлы Отан соғысы орденімен, бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған. Соғыс аяқталғаннан кейін Заполярья құпия әскери бөлімінде қызмет етіп, 1946 жылдың тамызында, яғни 8 жыл өткенде елге оралады. Ауылда ауылдық кеңестің хатшысы, т.б. қызметтер атқарды. Ақтөбе облысының Ойыл ауданындағы «Ойыл» совхозында еңбек етіп, зейнет демалысына шықты.

2004 жылы өмірден озды.

ЕСЕКЕНОВ БӘЙЕН



1939 жылы Айранкөл ауылында туылған. Гурьев педагогикалық институтын бітірген. Аймақтық веложарыста үздік көрсеткішке ие болып, жеңімпаз атанған. Суырыпсалма ақын. Өлеңдері республикалық, облыстық, аудандық баспасөз беттерінде жиі жарияланды. Облыстық, аудандық деңгейдегі айтыстарға қатысып жеңімпаз атанды. Композитор Төксанбай Құлтумиев әнін жазған «Өзіңсің ғой өмірімнің бұлбұлы» өлеңі – оның өмірінің музасы. Қоркөл, Сарқамыс, Әуезов атындағы орта мектептерде мұғалім. 184-бет.

ЖАЗЫҚБАЕВ ДАЛАБАЙ



1920 жылы бұрынғы Гурьев облысы, Ембі ауданы, Калинин атындағы ауылдық кеңесте оқыған. 1939 жылы Гурьев қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектепті бітірген. 1939-1940 жылдары Алматы қаласындағы мұғалімдер институтында оқиды. 1940-1941 жылдары Гурьев облысындағы Ескене, Доссор, Құлсарыдағы мектептерде қазақ тілі мен әдебиетінен мұғалім болып істейді. 1942 жылдың қысында Ұлы Отан соғысына аттанып, сол жылдың 15 қыркүйегінде Батыс майдандағы ұрыс алаңында қаза табады. Қауызын ашып үлгермеген, небәрі 22 жыл ғана өмір сүрген жас ақын соңында мол мұра қалдыра алған жоқ. Десек те оның "Теңіздің тағы толқыны", "Қыран бүркіт", "Жауынгер дос", "Досыма", "Таңертеңгі бір жеңіс", "Намыс үшін" сияқты өлеңдерінде жауынгерлердің қаһармандық ерлігін суреттеп, фашистердің жауыздығын әшкерлейді. Оның майдан даласынан жазған өлеңдерінен ерлік рухы еседі. Ол орыс ақындары М.Ю. Лермонтовтың "Үш пальма", "Тұтқын", "Үміт", М.Голодныйдың "Щорс туралы жырын" аударды. Олар республикалық газет-журналдарда жарияланды. 1938 жылы 25 қарашадағы Гурьев облыстық атқару комитеті ұйымдастыру бюросының қаулысы бойынша халық творчествосы мен көркем әдебиеті 1-облыстық олимпиадасының үздік орындаушысы грамотасымен марапатталған. Үздік оқушы ретінде Қырымға саяхаттық жолдама берілген. Қазақ совет жазушыларының II съезіне делегат болып қатынасты.

Құлсары қаласында Д.Жазықбаев атындағы жоғары сатыдағы мектепте ақын мұражайы ашылған. Ақын, әдебиетті зерттеуші ғалым Қ.Сыдиықов жауынгер ақын өлеңдері мен аудармаларын жинақтады. ҚР Журналистер Одағының мүшесі Б.Құмарғалиев «Жазықбаев – жауынгер, журналист» деген тақырыппен очерк жазды.

ЖАЙЛАУОВ САЙДАЛЫ



1952 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Калинин атындағы совхозда дүниеге келген. 1958-1968 жылдары Ленин атындағы мектепте оқыды. 1968-1970 жылдары совхозда жұмысшы болып істеді.1970-1972 жылдары әскер қатарында болды. Әскерден келген соң совхозда бір жылдай жүргізуші болды. 1973 жылы Семей қаласындағы қаржы-экономикалық техникумына оқуға түсіп, оны 1975 жылы үздік бағамен бітіріп шықты. Сол жылы Жамбыл облыстық қаржы бөліміне жолдама алды. 1975-1990 жылға дейін Жамбыл облыстық қаржы басқармасында қызмет атқарды. 1975-1980 жылдары қызметінен қол үзбей Алматы ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетін сырттай оқып бітірді. Қатардағы экономистен облыстық салық комитеті бастығының орынбасары лауазымына дейін қызмет атқарды. 1991 жылы Жамбыл қалалық салық комитетінің бастығы болып тағайындалды. 1995-1996 жылдары Жамбыл облыстық қазынашылық басқармасын басқарды. 1996- 1998 жылдары Жамбыл облыстық салық комитетінің төрағасы болып істеді. 1998-2000 жылдар аралығында Астана қалалық салық комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет атқарып, 2000 жылдың сәуір айынан бастап Астана қаласы қаржы-бақылау комитеті басқармасының төрағасы қызметіне тағайындалды. 2004 жылдан сол басқарма төрағасының орынбасары болып істеді.

ЖӘБЕЛОВ МАННАТ



1928 жылы Гурьев облысының Теңіз ауданындағы Байда ауылында туған. 16 жастан бастап түрлі жұмыстар атқарған. 1948-1953 жылдары КСРО Қарулы күштерінің сапында әскери борышын өтеді. Арнайы орта білімді агроном, жоғары партия мектебін бітірген. 1954-1986 жылдары Қалмақ АССР-ында партия және кеңес органдарында облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, Каспий аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы болып істеген. 1986 жылы денсаулығына байланысты зейнет демалысына шыққан. Ұлы Отан соғысының тыл ардагері.

М.Жәудаұлы Еңбек Қызыл Ту, "Құрмет белгісі" ордендарымен, 2 мәрте Қалмақ АССР ЖС Құрмет грамотасымен ұлықталып, бірнеше мәрте аудандық кеңес депутаты болып сайланған.

Лағань ауданының Құрметті азаматы.

ЖАЙЛАУБАЙ АНАС

1958 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында дүниеге келген. 1975 жылы Жуантөбедегі С.Сейфуллин атындағы орта мектепті бітірген. Мектептен



кейін шопан болып еңбек етті. 1976-1978 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болды. 1980 жылға дейін «Жуантөбе» совхозында шопан болып, кейіннен құрылыс саласында жұмыс жасады. 1980-1983 жылы Қапыланбек малдәрігерлік-зоотехникалық техникумында оқыды. 1984-1991 жылдары Алматы зоовет институтында оқыды. 1983-1998 жылдары «Жуантөбе» совхозында аға мал дәрігері, ферма бригадирі, бас мал дәрігері, директордың шаруашылық жөніндегі қызметтерін атқарды. 1998-2002 жылдары «Жайлау» жеке шаруашылық төрағасы, 2002-2003 жылдары малдәрігерлік инспекторы, 2002-2007 жылдары «Жанас» кооперативінің төрағасы болып еңбек етті. 2007-2011 жылдары «Степное РУ» кеніші мекемесінде жабдықтаушы, кәсіподақ ұжымының төрағасы болды.

А. Тыныштықбайұлы 2011 жылдың аяғынан бері Жуантөбе ауылының әкімі қызметін атқаруда.

ЖАҚАШЕВ САЛАМАТ



1915 жылы Атырау облысы, Қияқ ауылында дүниеге келген. Балықшы, «Каспий», «Қызыл Ту» ұжымшарында есепші, «Қызыл Жем», Каганович атындағы ұжымшарды басқарған, аудандық мал дайындау кеңсесінің директоры. Ембі аудандық партия комитетінің пленум мүшесі, аудандық Кеңес депутаты. Облыстық Кеңестің Құрмет грамотасымен (1966), «Ерен еңбегі үшін, В.И.Ленининің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен марапатталған.

1975 жылы қайтыс болды.

ЖАҚАШЕВ ДҮЙСЕН



1924 жылы Қияқ ауылы, Жылыой ауданында туылған. Партия, кәсіподақ қызметкері. Гурьев мұнай техникумын, Алматы Жоғары партия мектебін бітірген. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Мақат, Байшонас мұнай кенінде партия хатшысы. «Мақатмұнай» базасының кәсіподақ комитетінің төрағасы. Отан соғысы орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

1993 жылы қайтыс болған.

ЖАҚАШЕВ ҮМБЕТҚАЛИ



1951 жылы Жылыой ауданы, Тұрғызба ауылында туған. Алматы халық шаруашылығы институтын бітірген. «Ембі», «Қарақұм» кеншарында трактор жүргізушісі (1965-1980), Бейнеу аудандық тұтынушылар қоғамында, «Прорванефть», «Теңізмұнай» мұнай-газ өндіру басқарамаларында жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің база меңгерушісі, сауда жөніндегі бастықтың орынбасары, бастығы (1980-1993). «Қуан» ЖШС-нің бас директоры (1993-2003) қызметтерін атқарған. Жылыой аудандық мәслихаты 4-шақырылымының депутаты. 2007ж. «Нұр Отан» ХДП Жылыой ауд. Филиалының бірінші орынбасары, «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы төрағасының бірінші орынбасары. Бірнеше медальдармен марапатталған.

ЖАҚСЫЛЫҚОВ ЕРҒАЛИ



1955 жылы Атырау облысы, Балықшы ауданы, Еркінқала селосында дүниеге келген. 1973 жылы Еркінқала орта мектебін бітірген. 1974-1976 жылдары әскер қатарында болған. 1980 жылы Гурьев педагогикалық институтының

өнерінің үлкен жанашыры Саян Ақмолданың ізденуінің арқасында оның орындауындағы бір топ күйлер "Мәңгілік сарын" антологиясына, "Қазақтың 1000 күйі" антологиясына енгізілген. Күйшінің орындауындағы "Жезкиік", "Қазан" күйлерінің нотасы, "Күй қайнары" атты үлкен жинаққа, сондай-ақ үлкен ғалым Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың күй өнері» монографиясына енгізілген.

ЕЛЕУБАЕВА ШӘКЕН



1942 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Байқадам ауылында туған. 1959 жылы Байқадам орта мектебін, 1964 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. 1965 жылы Талас аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы, 1967 жылдан 1971 жылға дейін Сарысу аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып істеді. 1966 жылы Москвадағы Орталық комсомол мектебінің бір жылдық курсында оқыған. Осы аралықтарда өткен Қазақстан Орталық комсомол съездеріне қатысты. Аудандық жгне облыстық партия комитетінің мүшесі, аудандық советтің депутаты болды.«Ерен еңбегі үшін» жгне «Қазақ ССР-ына 50 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған. 1971 жылдан 1978 жылға дейін аудандық оқу бөлімінде аға инспектор, 1987-1991 жылдары аудандық партия комитетінде партия кабинетінің меңгерушісі болып істеген. 1991-1996 жылдары аудан әкімі жанындағы аудандық Тіл басқармасының бастығы және ұлт саясаты жөніндегі аудандық комитеттің төрайымы қызметтерін атқарған. 1996-1997 жылы Сарысу аудан әкімі аппаратында ұйымдастыру және кадр жұмысы жөніндегі бөлім меңгерушісі болып істеді.

ЕЛІБАЕВ ӘБДІРАЗАҚ



1908 жылы Ақмола уезінің Көктас болысының 2-ші ауылында туылған.-қоғам қайраткері. Панасыздарға арналған интернатта тәрбиеленеді. Алматы қаласындағы өлкелік байланыс кәсібт-тех мектебін бітірген. 1929 жылы 2-ші дүниежүзілік соғысқа қатысып, 1945 жылы әскерден босанғаннан кейін Қазақ КСР бойынша Байланыс халық комиссариаты өкілінің орынбасары, 1950 жылы өкілі болды. 1957 жылы Елібаев Қазақ КСР Байланыс министрінің орынбасары,1961 жылы бірінші орынбасары, ал 1962 жылдары Байланыс министрі болып тағайындалды.Осы лауазымда 19 жыл еңбек етіп, 72 жасында зейнет демалысына шықты. Республика Жоғарғы Кеңесінің 6 мәрте шақыруының депутаты болып сайланды. Екі рет Ленин орденімен, Қазан Революциясы, Қызыл жұлдыз, Халықтар достығы ордендерімен, көптеген медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

2000 жылы өмірден озды.

ЕЛУБАЕВ ЖАНБОЛАТ



1967 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы, Жангелдин ауылында дүниеге келген.1984 жылы «Миялы» орта мектебін бітіргеннен кейін Жангелдин атындағы кеңшардың көлік гаражында слесарь болып еңбек жолын бастады. 1985-1987 жылдар аралығында Венгрия Республикасында Кеңес Армиясы қатарында жауынгерлік борышын атқарды.Екі жоғарғы білімі бар. 1987-1992 жылдары Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін және 2004-2006 жылдары Х. Досмұхамбетов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бакалавриатын бітірген.1992 – 1993 жылдары Атырау облысы бойынша Салық инспекциясында жетекші маман. 1993 жылдың қыркүйегінен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Атырау облысы бойынша департаментінің бөлім бастығы. Полковник.Мерекелік, салалық медальдармен марапатталған.

ЕҢСЕГЕНОВ СӘРСЕНБАЙ



1963 жылы Гурьев облысының Кеңөзек ауылында туған. Гурьев педагогикалық институтын (1988) тарих, қоғамтану және кеңес құқығы мұғалімі мамандығы бойынша, әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (1995) заңгер мамандығы бойынша бітірген. 1988 жылдан Гурьев облысы Теңіз ауданының Ганюшкин ауылында орта кәсіптік-техникалық училищенің комсомол комитетінің хатшысы. 1989 жылы Қазақстан ЛКЖО Теңіз аукомының комсомол ұйымдары бөлімінің меңгерушісі, 1990 жылы бірінші хатшысы, 1992 жылы Атырау облысы Теңіз аудандық кеңесінің аға заңгері, 1993 жылы Атырау облысының Құрманғазы ауданы прокурорының көмекшісі. 1996 жылдан облыстық прокуратураның (Атырау қаласы) сот қаулылары мен атқарушылық жүргізу заңдылығына қадағалау жөніндегі аға прокуроры. 1998 жылы Атырау облыстық прокуратурасының тергеу бөлімінің аға прокуроры. 1999 жылыАтырау облысы, Жылыой ауданының прокуроры. 1999 жылдан облыстық прокуратураның тергеу бөлімінің аға прокуроры. 2000 жылдан Атырау қаласы прокурорының орынбасары. 2001 жылдан облыстық прокуратураның мемлекеттік органдар қызметінің заңдылығын қадағалау жөніндегі бөлім бастығы. 2002 жылы Атырау облысы әкімінің мемлекеттік-құқықтық және әскери-жұмылдыру жұмыстары бөлімінің меңгерушісі. 2003 жылы облыс әкімі аппараты басшысының құқықтық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі орынбасары, 2004 жылдан Атырау облысының Тәртіптік кеңесінің төрағасы. 2005 жылы Атырау облысының әкімі аппаратының басшысы. 2006 жылдан Атырау облысы Жылыой ауданының әкімі. 2006 жылдан Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары. 2008 жылдан бері ҚР Парламенті Сенатының депутаты. Заңнама және құқықтық мәселелер комитетінің мүшесі. С.Құрманұлы Құрмет орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

ЕПБЕРГЕНОВ БЕРДЕШ



1937 жылы Құлсары қаласында дүниеге келген. Алматы кооперативтік техникумын (1956ж.), Бүкілодақтық Мәскеу Кеңес сауда институтын (1981ж) бітірген. Сауда саласында 42 жыл басшылық қызметте болған. «Ерлік еңбегі үшін, В.И.Ленинніңтуғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен марапатталған. 1973-1981 жылдары аудандық партия комитеті мүшесі, 1983-1994 жылдары поселкелік кеңес депутаты.

ЕРКІНОВ ШҮКІР



1924 жылы Қызылқоға ауданы, Ойыл ауылында туған. Даңқ орденінің толық иегері. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Майданға 1942 жылы шақырылып, Белорусия майданында барлаушы болды, талай рет ерен ерлік үлгісін көрсетті. Қызылқоға ауданындағы Жасқайрат ауылындағы Орлыкөл орта мектебіне 1977 жылы 8 маусымда Ш.Еркінов есімі берілді. Ауданда батыр атындағы жүлде үшін спорттық жарыстар өткізіліп тұрады.Атырау қаласында, Миялы, Жасқайрат, Ойыл ауылдарында Ш.Еркінов атындағы көшелер бар. Кеуде мүсіні өзі атындағы мектепте, Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайында қойылған. Есімі Мәскеудегі тағзым тауында, Атыраудағы саябақта, Ақтөбедегі батырлар аллеясындағы тақталарға ойылып жазылған.

1949 жылы дүие салды.

ЕРМҰХАНБЕТОВ КАМАЛ



1931 жылы туған. Атырау пединститутын бітірген. Жылыой аудандық мектептерінде мұғалім, 1956-1959 жылдары аудандық оқу бөлімінде инспектор, Абай атындағы орта мектепте директор. Қамыскөл мектеп-интернаты мен Чехов атындағы мектептің оқу ісінің меңгерушісі, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, аудандық халық бақылау комитеті төрағасы, аупартком бюро мүшесі, аудандық Кеңес депутаты болған. Қазақстан мұғалімдері республикалық III съезінің делегаты, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері», Бірнеше медальдармен ұлықталған.

1994 жылы өмірден озды.

ЕРІМБЕТОВ ЕСКЕНДІР



1904 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында дүниеге келген. 13 жасқа дейін әке – шешесінің қарамағында болған ол ауыл мектебінде оқып, хат таниды. 1917 жылы Түркістсн қаласындағы мектеп-интернатта оқып, тәрбиеленді. 1920-1922 жылдары Ташкент қаласындағы қазақ-орыс институтында оқыды. Әкесі 1937 жылы халық жауы болып ұсталып кетті. Шешесі 1939 жылы дүние салды. 1923-1925 жылдары Ташкенттегі Орта Азия заң курстарында оқи жүріп, сол қаладағы Түркістан Республикалық Әділет халық комиссариаты жанындағы сот істері басқармасының хатшысы қызметін атқарады. 1925-1926 жылдары Шымкент, Түркістан уезінің прокуроры, 1927-1928 жылдары Қазақ ССР Қаржы Халық комиссариаты бюджет басқармасы бастығының орынбасары, 1926 –1928 жылдары Қызылорда губерниялық сотының және Қазалы уезінің тұрақты сессиясының төрағасы және губерниялық соттың өкілі, 1928-1929 жылдары губерниялық сот төрағасы, 1929-1930 жылдары Алматы қаласындағы Түркісіб темір жолы басқармасында ағарту басқармасы бастығының орынбасары және кадрлар бөлімінің меңгерушісі болды. 1930-1931 жылдары Алматы губерниясының прокуроры, 1931 жылдары Қарағанды қаласының және Қазақ темір жол құрылысының прокуроры, 1931-1932 жылдары Алматы қаласының және облысының прокуроры, 1932-1933 жылдары Москвада РСФСР Жоғарғы сотының мүшесі және Заң қызметкерлері, сот прокуратура жоғары курсының курсанты болды. 1933-1937 жылдары Алматы облысының және қаласының прокуроры болып жемісті қызмет етті. 1937 жылдары «Алматы ерекше құрылыс» тресінің басқарушысы болды. 1937-1941 жылы Жамбыл қаласындағы облыстық сауда басқармасында заң бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етті. 1941-1943 жылдары әскер қатарында болып, Кузбасс өңіріндегі Прокофьевск қаласында батальон командирі, 1943-1944 жылдары Ащысай және Мырғалымсай рудниктері директорының орынбасары, 1944-1945 жылдары «Дарбаза» совхозы директорының орынбасары, 1945-1946 жылдары Тимирязев атындағы совхоздың директоры, 1946-1950 жылдары «Казсовхозснабтың» Шымкент бөлімі басқармасының бастығы, 1950-1952 жылдары Сарыағашта, содан соң Оңтүстік Қазақстан облыстық мақта шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары болып, абыройлы еңбек етті.

1952 жылы қайтыс болды.

ЕРЖАНОВ ЖҰМАБАЙ

1928 жылы Ақтөбе облысы, Жақсықөл селосында туылған. Техник-бұрғышы. Гурьев мұнай техникумын бітірген. 1944 жылы Сағыз мұнай кенінде мұнай өндіру операторы, кадр бөлімінің инспекторы. 1954 жылы Сағыз, Қарсақ мұнай кенінде бұрғышының көмекшісі,



бұрғышы, бұрғылау шебері. 1959 жылы Қарааарна мұнай барлау алаңында бұрғылау шебері, аға инженері, бастығы. 1973 жылы Теңіз кен орнында бұрғылау қондырғысының бастығы. 1988 жылдан зейнеткер. «Құрмет белгісі» орденімен және медальдамен марапатталған. КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі.

2009 жылы дүние салды.

ЕРУБАЕВ ДҮЙСЕКЕН

«Мұнай барлау» тресінің геологиялық – іздестіру кеңсесінде бұрғышының көмекшісі. Ленин орденімен марапатталған.

ЕРКІНОВ ОРЫНБАСАР



1933 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы, Сұлыкөл жерінде дүниеге келген. Әке-шешесі колхозшы болған. Соғыс кезінде 1942-45 жылдары колхозда еңбек еткен. Мектепті 1950 жылы Гурьев қаласында бітірген. 1950 жылы Москва қаласындағы Балық өнеркәсібі институтына оқуға түсіп, 1955 жылы бітіріп шыққан. Гурьев қаласындағы балық шаруашылығы техникалық мекемесінде бас инженерлік жұмыста, кейін 1957 жылы Гурьев қаласында қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, қалалық партия комитетінің өнеркәсіп және көлік бөлімінің меңгерушісі, мұнай айыру зауытында директордың орынбасары, Гурьев қалалық партия комитетінің екінші хатшысы, ал 1964 жылы Балықшы ауданы құрылғанда, осы ауданның бірінші хатшысы болды. 1972 жылы Москвадағы Қоғамдық академияны сыртта оқып, инженер – техник және қоғамдық білім мұғалімі мамандығын алған. 1975 жылдан облыстық Кеңес атқару комитетінің орынбасары, облыстық бақылау комитетінің төрағасы болды. Маңғыстау- Атырау облысы қосылғанда, облыстық кәсподақтар Кеңесінің хатшысы, Батыс Қазақстан Ғылым академиясы басқармасының орынбасары қызметін атқарған. Осы жұмыстан 1996 жылы республикалық дербес зейнеткерлікке шықты.Әкесі Ұлы Отан соғысы кезінде әскер қатарына алынып, келмей қалған. Анасы ерте қайтыс болып, ағасы Шүкірдің тәрбиесінде болған. Шүкір Таңатарұлы Ұлы Отан соғысына қатысып, Даңқ ордендерінің толық иегері атанған. Ол Гурьев қаласының госпиталінде 1949 жылы қайтыс болды. О.Таңатарұлы қызмет еткен кездерінде қалалық кеңестің депутаты, қалалық партия комитетінің бюро мүшесі, облыстық атқару комитетінің мүшесі, облыстық партия комитетінің бюро мүшесі болған. Облыстың салауатты қоғамының жетекшісі, халықаралық қоғамдық «Жібек жолы» қорының басшысы, ең үздік лектор, ағартушы сыйлықтарын алған. «Правда және «Казахстанская правда» газеттерінің жүлдегері. Қазақ КСР Жоғарғы Советінің Құрмет және Қазақ ССР Ғылым академиясының грамоталарымен марапатталған. Екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, алты рет түрлі медальдармен марапатталған.Москвада, Венада өткен студенттер және жастар фестиваліне қатынасып, БЛКЖО ОК, ҚЛКЖО ОК Құрмет грамоталарын иеленген.

2013 жылы дүниеден озды.

ЕРМҰҚАНОВ НҰРЖАН



1976 жылы Атырау қаласында туған. Мектеп бітіргеннен кейін Атырау қаласындағы Х.Досмұхамбетов атындағы мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, оны 1998 жылы бітірді. 2002 жылы Атырау мұнай және газ институтында оқып, инженер-экономист мамандығын алды. 2005 жылы сол институттың магистратурасын аяқтады. Еңбек жолын қаладағы №27 мектепте дене тәрбиесінің ұстазы болды. 1997 жылдан жеке кәсіпкер. 1999 жылы Атырау қаласы №1 аймақтық округінің әкімі. 2002 жылдан Атырау облыстық әкімшілігінде бас маман болып істеді. 2004 жылы «ЭмбіМұнайГаз» мекемесінде директордың көмекшісі, 2006 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ тете-президентінің көмекшісі, 2007 жылы «БатысМұнайҚұрылысКонсалтинг» ЖШС-інің Бас директоры болды. 2010 жылдан «ТуранҚұрылысЛТД» ЖШС-інің Бас директоры қызметінде. 2011 жылы Мәскеудегі Губкин атындағы мұнай және газ университетінде техника ғылымдарының кандидаттығы дәрежесін қорғады. Н.Мақсотұлы жастар арасында спортты кеңінен дамыту шараларына белсене араласады. Балалар үшін өзі күшімен самбо, бокс залдарын ашып, аз қамтылған отбасы балаларын тегін спорт бұйым, жабдықтарымен қамтамасыз етті. 2005 жылы Атыраудың зиялы қауым өкілдерінің үлкен тобын Мысыр еліне, Бейбарыс сұлтан мен батыс өңірден шыққан ұлы тұлғалар рухына тағзым еткізіп қайтты.2007 жылы самбо мен қазақша күрестен халықаралық турнир ұйымдастырды. Ол медальмен, көптеген салалық Құрмет грамоталармен, Алғыс хаттармен марапатталған.

ЕРҚАЛИЕВ ӘБИ



1888 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданындағы қазіргі Жангелдин ауылдық кеңесінде туған. 1930 жылдан 1936 жылға дейін Гурьев облысы, Қызылқоға ауданындағы «Миялы» ауыл шаруашылығы артелінің мүшесі болды.

Әби Еркалиев революцияға дейін кедей шаруа еді. Совет өкіметі тұсында, коллективтендірудің алғашқы күнінен бастап, «Миялы» ауыл шаруашылық артеліне мүше болды. Туып-өскен колхозында 25 жылдан аса жылқы бағып, осы күрделі әрі қиын еңбектің бүкіл егжей-тегжей құпиясын үйренді. Әби Еркалиев, әсіресе 1947 жылы ерекше зор табыстарға жетіп, 58 биеден 58 құлын өсірді. Осы тамаша табысы үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1948 жылғы 23 июльдегі Жарлығы бойынша оған Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені және «Орақ пен балға», алтын медалы тапсырылды.

1958 жылы Әби Еркалиев пенсияға шықты.

Гурьев облыстық Кеңесі атқару комитетінің шешімі бойынша оған дербес зейнетақы тағайындалды.

1975 жылы дүние салды.

ЕРҒАРАЕВ ҚОЗЫКЕН



1951 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданына қарасты Жаңаталап ауылында дүниеге келді.1958 жылы Калинин атындағы совхоздағы Ленин атындағы қазақ орта мектебінің бірінші класына барып, 1968 жылы осы мектепті ойдағыдай бітірген. Сол жылы Жамбыл қаласындағы мәдени-ағарту училищесіне түсіп, 1971 жылы аталған оқу орнын жақсы бітірді.1971-1973 жылдары Ленин атындағы қазақ орта мектебінде ән-күй пәнінінің мұғалімі, 1973-1976 жылдары Калинин атындағы совхоздың мәдениет үйінің директоры, 1976-1979 жылдары осы совхозда бастауыш комсомол ұжымының хатшысы болып жұмыс атқарды.1976-1996 жылдары осы совхоздың музыка мектебінің директоры қызметін атқарды.1984 жылы І.Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогика институтының музыка факультетіне оқуға түсіп, 1989 жылы бітіріп шықты.1997 жылдан бері Жамбыл облысы, Байзақ ауданына қоныс аударып, 2000 жылдан бері Ю.Гагарин атындағы орта мектепте музыка пәнінің мұғалім болып қызмет атқарып жатыр. Облыстық,аудандық оқу бөлімінің грамоталарымен марапатталған.

ЕСҚАЛИЕВ ҚУАН

1916 жылы Доссор кентінде туылған. Мұнайшы, шебер. Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1933 жылы Байшонас мұнай кенінің қуаттық стансасында жөндеуші, машинист, механикалық шеберхананың шебері. 1961 жылы Доссор мұнай кенінің механикалық шеберханасында жөндеуші, шебер, шеберхана бастығы болып қызмет атқарған. 1976 жылы зейнеткер. І дәрежелі Отан соғысы орденімен, жауынгерлік және еңбек медальдарымен марапатталған.



1996 жылы дүние салған.

ЕСҚАЛИЕВ НҰРЛЫХАН



1914 жылы Астрахань облысы, Түйірін ауылында дүниеге келген. Мектепті жақсы бітіргеннен кейін оқу орнына түседі.Оқуды бітірген соң еңбекке араласады. Гурьев облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде қызмет атқарады. Ұлы Отан соғысы басталғанда Фрунзе қаласына шақырылады. Сонда ұйымдастырылып жатқан 316-девизиянның саяси бөліміне орналасады. Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысып, даңқты қолбасшы Панфилов басқарған дивизияның атқыштар полкында саяси жетекші болады. Бірнеше жауынгерлік марапаттарды иегері. Соғыс аяқталғаннан кейін Кенигсберг маңындағы шағын қаланың әскери коменданты болды.

ЕСҚАЛИҰЛЫ ДҮЙСЕНҒАЛИ



1898 жылы Астрахань облысының Түйірін деген ауылында дүниеге келген. 15 жасында молдадан дәріс алады. Астраханьдағы медреседе оқып жүргенде Қазан революциясы басталады. Сөйтіп қызылдарға тілмаш, кеңсе қызметкері болады. 1928 жылы сол қаладағы «Рыбтуз» мектебіне түсіп, балық өндірісі саласы бойынша мамандық алып шығады. Ұлы Отан соғысы басталғанда Гурьев балық коимбинатына жұмысқа ауысып, сонда броньмен қалады. Соғыс кезінде кадрлар бөлімін басқарған, теңізден ауланатын балық, итбалық өнімдерін қадағалаған. Соғыс соңында Форт-Шевченко түбіндегі Баутинода моторлы балық аулау стансасының бастығы қызметін абыройлы атқарып, зейнет демалысына шықты. Көптеген медальдармен, мақтау қағаздарымен марапатталған.

1978 жылы Гурьев қаласында дүние салды.

ЕСҚАЛИЕВ НӘЖІМЕДЕН



1941 жылы Ресейдің Астрахань облысы, Краснояр ауданындағы Байбек ауылында туған. Мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат. 1966 жылы Қазақ ауыл шаруашылығы институтын бітірген. 1954-1958 жылдары Астрахань педучилищесінде оқып, 1958-1961 жылдары Байбекте мұғалім болып еңбек етті. 1966-1972 жылдары Жәнібек ауданындағы «Талов» кеңшарында агроном. 1972-1974 жылдары Жәнібек ауданында ауыл шаруашылық басқармасының бастығы.1974-1978 жылдары Орал блыстық ауыл шаруашылық басқармасы бастығының 1-орынбасары қызметтерін атқарды. 1978-1980 жылдары Мәскеудегі халық шаруашылық академиясының тыңдаушысы болды. 1980- 1985 жылдары Талдықорған облыстық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы, кейін Талдықорған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы. 1986-91 жылдары Орал облыстық партия комитетінің 1-хатшысы, 1991-92 жылдары Орал облыстық кеңесінің төрағасы, 1992-93 жылдары Орал облысының әкімі, 1993 жылы Көкшетау облысының әкімі қызметін атқарды. 1993-1994 жылдары ҚР Премьер-министрінің кеңесшісі, 1994-1997 жылдары дипломатиялық қызметте болып, Қазақстанның Өзбекстандағы және Тәжікстандағы елшісі қызметін атқарды. 1997-1999 жылдары Қазақстанның

физика-математика факультетінде оқып, физика пәні мұғалімі мамандығын алды.

Е.Жақсылықов Қарақия ауданындағы Құрық кентіндегі орыс-қазақ гимназиясының, Мұнайшы кентіндегі орта мектептердің директоры, кісіподақ ұйымының төрағасы, бірнеше рет сайлау комиссиясының төрағасы қызметтерін абыроймен атқарған.

Ұлағатты ұстаз аудандық, облыстық дәрежедегі бірнеше марапаттаудың иесі

ЖАҚЫПОВ ӘЛМҰҚАН



1915 жылы Қызылқоға ауданы, Жарыққара елді мекенінде дүниеге келген. 1939 жылы әскер қатарына алынып, 1940 жылы фин соғысына қатысады. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанады.

1944 жылы жараланып, 1945 жылы аман-есен елге оралып, Гурьев қаласында «Заготзерно-да» бригадир болып көп жыл еңбек еткен.

Ә.Жақыпов көптеген жауынгерлік медальдармен, мақтау қағаздарымен марапатталған.

1996 жылы дүние салды.

ЖАЛҒАСБАЕВ ӨТЕҒҰЛ



1948 жылы Атырау қаласында туған. 1967-1977 жылы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтында оқып, ғалым – зоотехник мамандығын алып шықты. Содан осы күнгі Индер ауданында 30 жыл бойы мал шаруашылығы саласында қызмет етті. Есбол зауыттық типінің авторы. 1982-1985 жылдары Индер аудандық ауыл шаруашылығы басқарма бастығының бірінші орынбасары, 1985-2001 жылдары «Правда» совхозының бас зоотехнигі болып қызмет атқарды. 2001-2011 жылдары Кулагино селолық округының әкімі болды. 2007 жылы Ресей отаршыларының өкілдерінің бірінің атымен аталған Кулагино ауылын кезінде еліне пайдасы, халқына шарапаты тиген қазақтың көрнекті азаматы Есбол атымен аталуына үлкен күш-жігер жұмсады.

Ө. Темірғалиұлы – Индер ауданының Құрметті азаматы. БХШЖ көрмесінің қола медалінің, ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы медальдерінің иегері. ҚР Президентінің Алғыс хатымен, т.б. салалық Құрмет грамоталармен марапатталған.

ЖАМАЛОВА МАСУРА

1949 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Көрдуан ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1956 жылы Калинин атындағы сегізжылдық мектепке барып, 1962-1965 жылдары бітірген. Сол жылы Теңіздегі аудандық медбикелер даярлайтын оқу орнында оқыды. Аудандық ауруханада медбике болып жұмыс жасады. 1970-1977 жылдары Ақтөбе медициналық институтында оқыды.

Облыстық ауруханада интернатураны сәтті өткізді. Гурьев облысының Аққыстау ауылына жолдамамен келіп, ауруханада құлақ,мұрын, ауыз қуыстарын қарайтын дәрігер болып орналасады. Содан кейінгі жылдары Новобогат ауданының бас дәрігері, денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі лауазымында көп жылдар қызмет істеп, 2007 жылы зейнеткерлікке шықты.М.Набидуллақызы қызметтен қол үзбей әлі күнге дейін дәрігер болып қызмет жасап жүр. Новобогат аудандық мәслихатына депутат болып сайланған. Көптеген халықаралық форум, семинарларға қатысқан.Бірнеше мерекелік медальдармен, көптеген

Құрмет грамоталармен марапатталған.

ЖАМАЛҰЛЫ ХАЛЕЛ

1962 жылы Атырау облысының Құлсары қаласында туған.

1980-1985 жылдары Алматы қаласындағы В.И.Ленин атындағы қазақ политехникалық институтының мұнай факультетінде оқып, инженер-механик мамандығын алған.1985-1989 жылдары Оңтүстік Ембі мұнай-газ барлау



экспедициясында дизелші, машинист, механик болып еңбек еткен.1989 жылдары «ТеңізМұнайгаз» өндірістік бірлестігінің көлік басқармасында жабдықтау кооперативінің директоры, 1995-1999 жылдар аралығында Теңіз технологиялық көлік басқарма бастығының орынбасары, бөлім бастығы, маркетинг және жабдықтау жөніндегі бас менеджер, жабдықтау және маркетинг департаменті директоры болып қызмет атқарды.1999-2000 жылдары «ТеңізМұнайгаз» ААҚ директорының жабдықтау жөніндегі орынбасары, 2000-2002 жылдары «Горизонт» ЖШС-нің бас менеджері, 2002-2004 жылдары «Бұрғылау» ЖШС -нің директорының орынбасары болып жұмыс жасаған.Қазіргі уақытта «Горизонт» ЖШС – нің бас менеджері қызметін атқарады. Бірнеше медальдардың, Құрмет грамоталардың иегері. 2012 жылдан Жылыой аудандық мәслихатының депутаты.

Х.Жамалұлы- аудан көлемінде өткізілетін қайырымдылық іс-шараларға, рухани шараларға белсене атсалысып, үнемі азаматтық танытып жүрген даркан пейілді азамат.

ЖАМЫҚАЕВА ШӘРИПА



1952 жылы Жамбыл облысы, Қаратау қаласында дүниеге келген. Тіл маманы, тележурналист. 1976 жылы Қазақ Мемлекеттік университетін бітірген. Қазақстан Журналистер одағының Алматы қаласындағы екі жылдық журналистік қызметкерлерінің мамандығын жетілдіру жөніндегі Бүкілодақтық институтын бітірген (1991). Еңбек жолын мектепте ұстаздықтан бастады. Балалар хабарлары Бас редакциясында редактор (1979-94), ҚР ҰҒА-ның «Ғылым» баспасында жетекші редактор (1994-2004). Қазір А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ғылыми қызметкер және 2002 жылдан «Арыс» баспасында жетекші редактор. Оның редакторлығымен 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», т.б. ғылыми танымдық кітаптар мен энциклопедиялар жарық көрді. 2012 жылы «Елтаным» баспасынан «Халық даналығы – ұлттық салт-дәстүрінде» атты жинағы жарық көрді. Бірнеше рет Алғыс хаттар мен Мақтау қағаздарымен марапатталған.

ЖАНАЛИЕВ ДЕМЕУ



1924 жылы Қызылқоға ауданы, Тайсойған селосында туылған. Тау-кен инженері. Бүкілодақтық политехникалық институты, КОКП Жоғары партия мектебін бітірген. Еңбек жолын Қосшағыл мұнай өндіру басқармасында 1947 жылы есепші болудан бастаған.1950 жылы Жылыой аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1953 жылы Мақат аупарткомының бірінші хатшысы, 1957 жылы Гурьев облаткомының бөлім меңгерушісі, Мұнайлы мұнай кәсіпшілігінің меңгерушісі, 1984 жылы дербес зейнеткер. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасы мен көптеген медальдар иегері.

1987 жылы өмірден қайтты.

ЖАНАСОВ ҚАЙЫРҒАЛИ



1917 жылы Сарыкөл ауылында, Қызылқоға ауданында туылған. Мұғалім. Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1936 жылы Доссор мен Гурьевте әртүрлі жұмыстар атқарған. 1940 жылы Кеңес әскерінің сапында болып, Сталиград шайқасына қатысқан (1943). Доссор кентіндегі Абай және Белинский ,атындағы мектептерде мұғалім, балалар үйінің директоры қызметтерін атқарған. 1987 жылы зейнеткер. «Қызыл Жұлдыз», 1- дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерімен, бірнеше мерекелік, жауынгерлік медальдермен марапатталған.

1997 жылы қайтыс болған.

ЖАНАСОВ АЗАТ



1920 жылы Қызылқоға ауданы, Тайсойған ауылында туылған. Мұғалім. Орал педагогика институтын бітірген. Ұлы Отан соғысына ұшқыш болып қатысқан. 1947-1986 жылдары Доссордағы Белинский атындағы, Комсомол орталау мектептерінде оқу ісінің меңгерушісі. Мақаттағы Горький атындағы мектепте директор болып қызмет атқарды. 1987 жылы зейнеткер. «Қызыл Жұлдыз», Отан соғысы ордендерімен марапатталған. Қазақ КСР-ы халық ағарту ісінің озық қызметкері және КСРО халық ағарту ісінің үздігі белгілерінің иегері. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ЖАНБОСЫНОВ ЕШПАН

Туған, қайтыс болған жылдары туралы мәлімет жіберілмеген. Первск уезіне қарасты Сабалақ болысындағы елді мекенді басқарған. Осы күнгі Қызылорда облысының Сырдария ауданына қарасты Айдарлы, Аманғелді, Киров, Жамбыл, 50 жылдық елді мекендерінде басшылық қызметте болған.

1928 жылғы жаппай кәмпескенің кезінде байларды «қара тізімге» іліктірмей, олардың малдарын ақылды үгіт-насихатпен өз ықтиярымен туыстарына, көрші-қолаңдарына, жалпы ағайындарға тең бөлдіріп беріп, іргесінің бүтіндігін сақтауға көп еңбек сіңірген. 1932-1933 жылғы ашаршылықта да халықтың көп шығынға ұшырамауына да еңбек сіңірген.

Е. Жанбосынов құрметіне Қызылорда қаласының Ақсуат мөлтек ауданынан бір көшенің аты берілген.

ЖАНУӘЛИЕВ ҚАМАЛ



1938 жылы Гурьев қаласында туылған. 1959-1979 жылдары Байшонас мұнай кенінде ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадасының операторы «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі, ұңғымаларды сынау және байқау кеңсесінің бұрғышысы, Доссор мұнай кенінің операторы, жерасты жөндеу бригадасының жүргізушісі-машинист болып жұмыс істеді. 1993 жылы зейнеткер. Еңбек Қызыл Ту орденімен (1976), медальдармен марапатталған.

2001 жылы дүние салған

ЖАНӘБІЛОВ ТҰРҒАН



1947 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданында дүниеге келген. Мектеп бітірген соң Жамбылдағы мәдени – ағарту училищесінде оқыды. 1969 жылы Ленин атындағы қазақ орта мектебінде ән – күй пәнінің мұғалімі болып істеді.1977 – 1987 жылдары Қамқалы ауылындағы орта мектепте мектеп директорының орынбасары, 1987 – 2004 жылдары "Сарысу" орта мектебінің, Әйтеке би атындағы орта мектептің директоры болып, жемісті қызмет атқарды. Соңғы жылдары "Сарысу" орта мектебінде мектеп директорының орынбасары болды. Т. Жанәбілов ҚР білім беру ісінің үздігі, көптеген салалық грамоталармен марапатталған.

2014 жылы өмірден озды.

ЖАНЕКЕНОВ ЖҮСІП

1947 жылы Батыс Қазақстан облысының Таскала ауданында дүниеге келген. 1970 жылы Алматыдағы Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының гидрогеология және инженерлік геология факультетін бітірген. Еңбек жолын Алматы қаласындағы "Казгипроводхоз" жобалау-іздестіру институтында



бастады.

1971 жылы "Казгипроводхоздың" Талдықорған қаласындағы филиалына ауысады. Ж.Рысқалиұлы 1975 жылы сол филиалдың директорының зерттеу және инженерлік – іздестіру мәселелері бойынша орынбасары қызметіне тағайындалады. 1979-1982 жылдары Йемен Республикасында арнайы маман есебінде жұмыс істеді. 1982 жылы директордың орынбасары, 1986 жылдан сол "Казгипроводхоздың" (қазір "Талдыкорганводпроект институты" ЖШС) директоры. Бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.

ЖАНСАРИЕВ БАЗАРБАЙ



1945 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген.1953-1964 жылдары Орджоникидзе атындағы онжылдық орта мектепте білім алған. 1965-1968 жылдары Өскемен қаласында әскери борышын өтеген. 1968-2008 жылдары үзбестен Атырау мұнай өндеу зауытында оператор болып қызмет атқарды. 2005 жылы Құрмет орденімен марапатталған.

ЖАНДӘУЛЕТОВ МОШҚАЛ



1918 жылы Ақмола уезінің Көктас болысының екінші ауылында дүниеге келген. 1933 жылы Қаратау өңіріне қоныс аударған.1942-1944 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, ауыр жарақаттың әсерінен елге оралды. Әскерде жүріп, партия қатарына өткен М.Жандәулетов елге келген соң колхоз жұмысына белсене араласты.Цехтық партия ұйымының хатшысы, кейіннен Ленин және Калинин атындағы колхоздардың партия ұйымының хатшысы болды. Колхоздар іріленіп, совхозға айналған срң Ленин ауылдық кеңесіне қарасты байланыс бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды.1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін және Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 20,30 жылдығы медальдарымен марапатталған, 3 рет ауылдық Кеңестің депутаты болып сайланған.

1984 жылы 67 жасында қайтыс болды.

ЖАНДӘУЛЕТОВА ЗАҒИФЫРЕН



1956 жлы Сарысу ауданының Жайылма ауылында дүниеге келген.1973 жылы Ленин атындағы орта мектепті бітірген. Осы жылы Қазақтың мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтының кітапханатану-библиограф мамандығы бөліміне түсіп, оны 1977 жылы бітірген. Сол жылы Байқадамдағы аудандық орталықтырылған кітапхана жүйесіне кітапханашы болып жұмысқа орналасқан.1977-1985 жылдары кітапхананың әдіскері,1985-1998 жылдары кітапхана директоры, 1998 жылдан Саудакент ауылдық кітапханасының меңгерушісі болып істейді. Кітапхана жүйесінің тәжірибелі маманы, З.Мошқалқызы Сарысу ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған

ЖАНДӘУЛЕТОВ ШАРАП



1961 жылы Созақ ауданының «Тасты» ауылында дүниеге келген. Мектеп бітірген соң екі жылдай жылқышының көмекшісі болды. 1982 жылы Алматыдағы зоотехникалық – малдәрігерлік институтқа түсіп, оны 1988 жылы бітіріп шықты. 1988 жылы Созақ ауданының «Жартытөбе» совхозында мал дәрігері болып бір жылдай істеп, «Шу» совхозына ауысады. 1989 – 1998 жылдары мал дәрігері, ферма меңгерушісі, бас мал дәрігері қызметтерін атқарды. Кооператив тараған соң кәсіпкерлікпен айналысады. 1999 – 2002 жылдары Шу ауылының әкімі қызметін атқарды.

ЖАНТӨРИЕВ ҚАЙЫРЖАН



1942 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қияқ ауылында туған. 1959 жылы Мақат кентіндегі М.Горький атындағы орта мектепті бітірген. Қ.Сәтбаев атындағы политехникалық, Атырау педагогикалық институттарында оқыған. 1966 жылдан бастап Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, «Гурьев» қой совхозында түрлі жұмыстар атқарған. 1969-1971 жылдары Мұқыр ауылдық кеңесінің хатшысы, 1971-1978 жылдары «Гурьев» қой совхозы комсомол комитетінің хатшысы, 1978-1990 жылдары Сағыз селолық кеңесі атқару комитетінің төрағасы, әкімі қызметін атқарған. 1990-2005 жылдары Сағыз селолық округі әкімінің орынбасары болып қызмет істеді. Облыстық Кеңестің мақтау грамотасымен, комсомол ұйымдарының төсбелгілерімен марапатталған. Бірнеше рет аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланған.

ЖАНТӨРИН ЖОМАРТ



1976 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Мұқыр ауылында туған. 1992 жылы Сағыздағы «Кенбай» орта мектебін бітірген. Мектеп бітірген соң кәсіптік мектептен оқып, жүргізушілік куәлігін алған. Жергілікті автобазада жұмыс жасаған. 1996 жылы Атырау мұнай-газ институтына оқуға түсіп, оны 2001 жылы үздік дипломмен бітірген. Сол институтқа жұмысқа шақырылып, педагогтық жұмысын бастаған.

2009 жылы техника ғылымдарының кандидаттығын сәтті қорғады. Сол институттың доценті. Инженерлік – механикалық факультет деканының орынбасары. Институттың қоғамдық өміріне белсене араласады. Түрлі қалалық, институт аралық спорттық шаралардың жеңімпазы. Салауаттық өмір салтын насихаттаушы.

ЖАҢБЫРОВА АҚЖҰМА



1953 жылы Атырау облысында туған.1976 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын бітірген. Еңбек жолын Байшонас селолық ауруханасы бас дәрігерінен бастаған.Облыстық аурухана бас дәрігерінің орынбасары, облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығының орынбасары, Махамбет аудандық денсаулық сақтау бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта ҚР Денсаулық сақтау министрлігі медициналық қызметке ақы төлеу комиетінің Атырау облыстық департаментінде бөлім бастығы қызметін атқаруда. А.Аққалықызы Қазақстан денсаулық сақтау қызметкерлерінің 2- съезінің делегаты. Бірнеше медальдармен марапатталған. «Алтын дәрігер» атағының иегері.

ЖАРБОСЫНОВ БИНЕШ



Профессор Б.О.Жарбосынов 1932 жылы Гурьев қаласында туған. 1955 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетін бітірген. Сол кезден бастап оның дәрігерлік, ғылыми және педагогикалық қызметі республикадағы урология қызметінің қалыптасуымен және дамуымен ажырағысыз байланысты болды. 1955-1959 жылдары Гурьев және Ақтөбе қалаларында дәрігер – уролог болды. 1959 жылдан бастап, Б.О.Жарбосынов Алматы мемлекеттік медицина институтының урология кафедрасында жұмыс істеп, осында аспиранттан институт директорына, ғылым докторына, профессорға дейінгі жолдан өтті. Б.О. Жарбосынов Қазақстанда урологтар ғылыми мектебінің негізін салушы, Урология ғылыми – зерттеу институтының бастамашысы және ұйымдастырушысы болып, институт қабырғасында медицина ғылымының, білімі мен денсаулық сақтау ісінің ірі ұйымдастырушысы ретінде таңғажайып қабілетін көрсетті. Ол жұмыс істеген кезеңде институт Орталық Азиядағы урологиялық қызметтің ірі ұйымдық - әдістемелік орталығына айналды. Б.О. Жарбосынов урологияның өлкелік проблемаларын талдап шешуге, урологиялық аурулар диагностикасының алдын алуы мен емдеуінің ең осы заманғы тиімді әдістерін өндіруге үлкен үлес қосты. Ол 200-ден астам ғылыми жұмыстар, соның ішінде 15 монография, 10 өнертабысын жариялап, ғылыми еңбектерінің 4 жинағын шығарды. Оның жетекшілік етуімен 6 докторлық және 15 кандидаттық диссертация қорғалды. Б.О.Жарбосынов Алдын алу медицинасы академиясының академигі және вице-президенті болып сайлануы оның белсенді ғылыми – педагогикалық қызметін мойындаудың дәлелі болды. Б.О.Жарбосынов- Қазақстан урологтары ғылыми қоғамы басқармасының төрағасы. Халықаралық урологтар ассоциациясының мүшесі, «Денсаулық», «Здравоохранение Казахстана», «Урология және нефрология» журналдарының редакциялық алқаларының мүшесі болды. Қазақстан урологтарының 1- съезі және Алматы қаласындағы Урология институтының базасында болған урология жөніндегі Халықаралық 4 – симпозиум оның бастамасымен және ұйымдастыруымен өткізілді. Б.Оразұлының жемісті дәрігерлік, ғылыми – педагогикалық қызметі Парасат орденімен, ҚКСР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, Денсаулық сақтау ісінің үздігі құрметті атақтарымен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен атап өтілді.

Б.Оразұлы 1996 жылы дүние салды.

Қазір өзі басқарған урология институты үлкен ғалымның есімімен аталады.

ЖАРМҰҚАНОВ ҚАЙЫР



1937 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы, Бисен ауылдық кеңесіне қарасты Жетібай ауылында дүниеге келген.1954 жылы Орда ауылындағы кәсіптік білім беру училищесінде механизаторлық курсты тамамдаған. 1958-1963 жылдары Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік педагогика институтының қазақ тілі, әдебиеті және орыс тілі мен әдебиеті факультетін бітірген. 1963 жылы Жәнібек аудандық Т.Масин атындағы мектепте мұғалім болып өмір жолын бастаған. Оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарған.

1975 жылдан Орда аудандық партия комитетінде, 1980-1981 жылдары Бисен ауылдық кеңесінің төрағасы, 1981-1986 жылдары совхоз партия комитетінің хатшысы, жұмысшылар комитетінің төрағасы болды. Қ.Жармұқанов кай салада болсын абыроймен жұмыс жасады.

2006 жылы дүние салды.

ЖАСЫМБЕКОВ АСЫЛБЕК



1934 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданындағы Шарапхана ауылдық кеңесіне қарасты Карл Маркс атындағы колхозда дүниеге келді. Асылбектің балалық шағының көп жылдары әкесі қызмет атқарған Жамбыл облысының Сарысу ауданына қарасты «Қызылту» елді мекенінде өтеді. Бұл маңды ел Жайылма дейді. Ата-анасынан ерте айырылған жас баланың өмірі қиындыққа толы болды, алайда атасы Оралдың арқасында өз қатарларынан кем болған жоқ. Жас шағынан сезімтал, сергек, өмірге құштар, білім мен өнерге құшақ жайып, құлаш ұрған Асылбек өмір соққыларына төзіп, алдына үлкен мақсаттар қойып өседі. 1944 жылы «Қы-

зыл ту» бастауыш мектебін, орталау мектептің 7-класын бітіріп, 1947 жылы аудан орталығы Байқадамдағы мектеп-интернаттың 8-класын бітірген соң мектептегі оқуы тоқталады. 1948-1950 жылдары Қарағандыдағы екінші кәсіптік училищеде оқиды. 1950 жылы Қарағандыдағы Пархоменко атындағы зауытта біраз уақыт жұмыс істеп, кейіннен «Қызылжар», «Шалғия», «Мұңлы» деген жерлерде кеншілік кәсіппен, түрлі жұмыстармен айналысады. 1951 жылдары Ленин атындағы орта мектептің 9-класында оқиды. 1952-1953 жылдары Шымкент қаласындағы Қарсыбай Сыпатаев атындағы орта мектепте он жылдықты тамамдайды. Ленин атындағы орта мектепте оқып жүргенде, «Кім болам?» деген тақырыпта қазақ әдебиетінен жазған шығармасында «Мен ұшқыш боламын» деп өз ойын қорытып, арманын айқындаған болатын. Мектептегі оқу пәндерін, әсіресе математиканы өте жақсы меңгерген Асылбектің сол арманын жүзеге асыратын сәт те келді.1983 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық әскери комиссариаттың комиссиясы Батыс Қазақстанның орталығы Орал қаласындағы (ВАШПОЛ) ұшқыштарды алғаш дайындайтын әскери-авиациялық мектепке жібереді. Емтиханды өте жақсы тапсырып, оқуға қабылданады. Алғашқы жылы мектеп үйін жаңадан салу үшін құрылыс жұмысын істеуге кетті. Кейінгі 2,5 жылда ЯК-2, ЯК-18 ұшақтарын меңгереді. 1957 жылы РСФСР-дің Балашов облысындағы Борисоглебск авиация училищесінде әскери МИГ-15 ұшағын үйренеді. 1958 жылы әуе қорғану бөлімі құрамында болады. Клин, Ржев қалаларында ЯК-28 ұшағында ұшып жаттығады. 1958 жылы Қарулы күштер қатарының қысқаруына байланысты полк тарайды. Асылбек Жасымбеков азаматтық әуе флотында істеу құқығымен запаска шығарылады. 1960 жылы Талғат Бигелдиновтің көмегімен Алматы азаматтық әуе флоты басқармасына жұмысқа қабылданады. АН-2 ұшағын 3 ай оқып, 1 ай жаттығады. 6 жылдай Оралда, Шымкентте АН-2 ұшағында ұшады. 1966 жылы Шымкентке ИЛ-14 самолеті берілетін болады. Тәжірибелі ұшқыш Украинадағы Кировоград қаласында үш ай оқып, үш ай жаттығудан өтеді. Содан ИЛ-14, АН-24 секілді күрделі ұшақтардың ұшқышы болып, зейнет жасына дейін істеді. Бірінші класты ұшқыш атағын алған соң ерекше тапсырыспен жасалған үкіметтік АН-24 ұшағымен 8 жыл көлемінде Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі Бәйкен Әшімовті, т.б. басшыларды алып жүрді.Асылбектің қажырлы еңбегі жоғары билік өкілдері тарапынан лайықты бағаланады. Оған 1973 жылы Ленин ордені берілді. КСРО ЖС Президиумының Жарлығымен оған 1983 жылы 4 ақпанда Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.1983 жылы құрметті зейнеткерлікке шықты. Одан соң да ол он жылға жуық аэропортта қызмет істеп, жас мамандарды тәрбиелеуге үлкен үлес қосты. Қазір Қазығұртта тұрады.

2012 жылы дүние салды.

ЖАРОКОВ ТАЙЫР



1908 жылы Орал облысы, Орда ауданы, Жетібай ауылында кедей шаруа семьясында туған. Атасы Малтақан қара сөзге шешен, реті келген жерде бір-екі ауыз өлең шығара алатын кісі болған. Алғаш ауылда орыс-қазақ бастауыш мектебінде сауат ашты. 1923-27 жылдары Орынборда Қазақтың халық ағарту институтында оқыған. 1928-32 жылдары КазПИ-де оқыды. 1931-35 жылдары Ленинградтың тарих, философия және әдебиет институтының (кейін Ленинград университетіне қосылған) аспиранты. Ол Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыру комитетінің хатшысы (1932-33), Қазақ мемлекеттік баспасының редакторы (1933-34), «Қазақ әдебиеті» газеті редакторының орынбасары (1936-38), Жамбылдың әдеби хатшысы (1938-42) қызметін атқарды. Ұлы Отан соғысы жылдары әскери қызметте болды. 1946 жылдан өмірінің соңына дейіін Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиет баспасында (қазіргі «Жазушы») еңбек етті. Жароковтың алғашқы өлеңі («Аэроплан») 1927 жылы, «Жұлдыз жарығы» атты тұңғыш жинағы 1932 жылы басылды. Идеясы анық, көркемдігі соны өлеңдері мен поэмаларында туған ел өміріндегі әр алуан ірі-ірі жаңалықтарды, тасқындаған табыстарды суреттеді. 30 жылдарда-ақ құнды шығармалары әдебиетіміздің алдыңғы легіне қосылды. Бұл тұстағы жемісті еңбегін «Коммунизм таңында» (1933), «Нефтьстан» (1933), «Мотор жыры» (1934), «Өмір сөйлейді» (1934), «Күн тіл қатты» (1934), «Мұз тұтқыны» (1935), «Тасқын» (1937,1949), «Отан даусы» (1938), «Нарын» (1940) секілді кітаптарынан байқауға болады. Жароковтың аты аталған шығармаларымен саяси-әлеуметтік лириканың шебері екенін таныттты. Өмір құбылыстарын көтеріңкі леппен романтикаға бөлеп, екпінді жырлау, жаңалық атаулыны дер кезінде аңғарып, жырға арқа ету – Жароковқа тән қасиет. Оның «Мотор жыры», «Бесжылдықтың балғасы», «Миллион толқын» т.б. өлең-поэмалары осындай шеберлікпен жырланған. «Күн тіл қатты» поэмасында аспан әлемін бағындырған советтік ерлердің таңғажайып батырлығын суреттеп, социалистік қоғам адамдары жеңбейтін, ала алмайтын қамал жоқ екенін зор шабытпен жырлады. Ал «Тасқын» поэмасында өз елінде социализм орнатып жатқан алдыңғы қатарлы совет адамдарының (Қайсар, Жамал) жарқын бейнесін жасап, Отанға берілгендік пен таптық мүддеге беріктігі және ел мүддесін бәрінен де жоғары қоя білушілікті оқушыға үлгі етіп ұсынды. Отан соғысы жылдары Отанымыздың ел қорғаған ұл-қыздары жайында «Совет сұңқарлары» (1942), «Зоя туралы жыр» (1944) атты кітаптарын жариялады. Соғыстан кейінгі кезде «Жеткіншек» (1948), «Бақыт жырлары» (1949), «Жапанды орман жаңғыртты» (1949), «Костер басында» (1952), «Қырда туған құрыш» (1954, 1955, 1956), «Құмдағы дауыл» (1958), «Тау жырлайды» (1962), «Теңіз баласы» (1963), «Тасқынға тосқын» (1965) атты кітаптарында туған жерді суландырып көгалдандыру, тың игеріп, ел байлығын арттыру секілді халық игілігі үшін күрескен ерлердің бейбіт еңбегін жырлады. «Тасқынға тосқын» поэмасында жас инженер-геолог Арман бейнесі арқылы табиғаттың дүлей күшіне қарсы күрестегі совет адамдарының ерлік жеңісін суреттеді. Ш.Руставели, А.С.Пушкин, Т.Шевченко, М.Лермонтов, Н.Некрасов, В.Маяковский, М.Алигер, А.Сурков шығармаларын қазақ тіліне аударды. 2 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Құрмет Белгісі» орденімен наградталған.

1965 жылы дүние салды.

ЖАРОКОВ МАРАТ



1933 жылы Алматы қаласында атақты ақын Тайыр Жароковтың отбасында дүниеге келген.

Орта мектепті бітіргеннен кейін Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне түсіп, 1966 жылы заңгер мамандығын алып шықты. 1969-1970 жылдары Қазақ ғылыми-зерттеу институтында сот экспертиза бөлімінде эксперт болды. 1970-1978 жылдары Алматы қалалық ішкі істер бөлімінде эксперт-криминалистика бөлімінде қызмет атқарды. 1978 жылы Алматы қалалық ішкі істер бөлімінің штаб бастығының орынбасары, 1978-1991 жылдары КСРО ІІМ-нің Алматы қаласындағы арнайы орта милиция мектебінде қылмыстық процесс және криминалистика пәнінің мұғалімі болды. 1991-1996 жылдары ҚР МТК жоғарғы мектебінде аға мұғалім болып еңбек етті. Зейнет демалысына шыққан соң 1997-2009 жылдары Қазақ мемлекеттік заң университетінде, содан соң Абай атындағы мемлекеттік университетінде криминалистикадан сабақ берді.

Подполковник М.Тайырұлы- криминалистика саласы бойынша бірнеше әдістемелік құралдардың авторы.

Бірнеше медальдардың, Құрмет грамоталардың иегері.

ЖАРЫЛҒАСОВА ЖАННАТ



1947 жылы Атырау қаласында дүниеге келді. Орта мектепті ойдағыдай аяқтаған соң 1965 жылы Қарағанды мемлекеттік медициналық институтының санитарлық-гигиеналық факультетіне түсті.Ж.Орынғалықызы 1971 жылы аталған институтты үздік бітіріп, Гурьев қалалық санэпидстанциясына орналасады. Осы мекемеде 15 жыл балалар мен жасөспірімдер гигиенасы бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.1986 жылы Махамбет ауданының мемлекеттік санитарлық бас дәрігері болып, онда 10 жыл еңбек етті. 1996 жылы аудандық орталық ауруханаының бас дәрігері қызметіне тағайындалды.1996 жылдың аяғынан 1999 жылға дейін Махамбет ауданының санитарлық бас дәрігері, 1999-2001 жылдары Атырау қаласының және Атырау облысының мемлекеттік санитарлық бас дәрігері лауазымды қызметтерін атқарды.2001 жылдан бері облыстық СПИД орталығының бас дәрігері болып істеді.ҚР денсаулық саласының үздігі. Көптеген мақтау грамоталарымен марапатталды, халық қалаулысы–депутат болды. Ол жоғары категориялы дәрігер атағын республика бойынша алғашқылардың бірі болып иеленді.

2008 жылы дүниеден өтті.

ЖАУЫР ТЕҢДІК



1934 жылы Атырау қаласының Қайыршақты елді мекенінде кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Белгілі журналист- қаламгер, ҚазМУ-ді бітірген (1957). Еңбек жолын облыстық «Социалистік құрылыс» (қазіргі «Атырау») газетінде әдеби қызметкер болып бастады. 1961-62 жылдары Қызылқоға ауданы «Социалистік еңбек» газетінде редактор, 1963-71 жылдары Махамбет ауданы, «Малды өңір» («Жайық шұғыласы») газетінде редактор болды. 1971-76 жылдары облыстық партия комитетінде нұсқаушы, 1976-78 жылдары облыстық «Коммунистік еңбек» («Атырау») газетінің редакторы болып істеді. 1978-87 жылдары бөлім меңгерушісі,1987-95 жылдары «Атырау» газетінің бас редакторы әрі Журналистер одағы облыстық ұйымы басқармасының төрағасы болды.1996-97 жылдары Халықаралық саяси апталық «Түркістан» газетінің батыс аймақтағы меншікті тілшісі, 1997 жылдан қостілді (орысша, қазақша) «Ар-Честь» апталық газеті бас редакторының 1-орынбасары, «Аудан ақиқаты және жұмысшы-село тілшілері» (1977), «Каспий - құдаң емес» (1996), «Мұнайшы ғұмыры. Таумұш Жұмағалиев» (1999) атты кітаптары жарық көрді. Қазақстан КП 17-сьезінің делегаты. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

ЖАУЫРОВ ОРАҚ



1945 жылы Гурьев облысы, Қайыршақты ауылдық кеңесіне қарасты Томарлы ауылында дүниеге келген. Орталау мектепті бітіргеннен кейін Гурьев музыка училищесін 1965 жылы бітіргеннен соң Алматыдағы Құрманғазы мемлекеттік оркестрінде орындаушы артист болып, өнердегі жолын бастайды. 1970 жылы Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияны домбыра, оқытушы, концерттік орындаушы және дирижер мамандығы бойынша ойдағыдай аяқтайды. 1970-1981 жылдары Гурьев музыка мектебі мен музыка училищесінде оқытушы, директор болды. Сондай-ақ осы жылдары Дина Нұрпейісова атындағы оркестрдің көркемдік жетекшісі әрі дирижері қызметтерін қоса атқарды. 1981-1996 жылдары Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияда аға оқытушы, музыка училищесінде оқу ісінің меңгерушісі болды. 1996-1999 жылдары Ақтау қаласында Абыл

Тарақұлы атындағы ұлт аспаптары оркестрінің бас дирижері, көркемдік жетекшісі және өнер колледжінде оқытушы болып, жемісті еңбек етті. 1999-2000 жылдары Атыраудағы Д.Нұрпейісова атындағы музыкалық колледждің директоры, 2000 жылы Н.Жантөрин атындағы филармонияның көркемдік жетекшісі, "Нарын" оркестрінің бас дирижері, 2001 жылы Құрманғазы атындағы балалар музыка мектебінің оқытушысы, оркестр жетекшісі болды.

О.Жауырұлы шынайы шығармашылық шабытпен еңбек етіп, осы жылдар ішінде дауылпаз ақын М.Өтемісұлының күйлерін оркестрмен тұңғыш рет орындады. Облыстық 400 адамнан құралған біріккен оркестрін ұйымдастырды. Сондай-ақ Қазақстан композиторларының шығармаларын, дәстүрлі күйлерді, Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығына арналған сазды бағдарламаларды халыққа кеңінен насихаттады. Сонымен бірге Атырау облысы сазгерлерінің еңбектеріне арналған кештер өткізді.

О.Жауыров республикамыздың көптеген аймақтарына, шетелге гастрольдік сапарларға шықты.

Ол "Орақтың 10 этюді" , "Ақ көгершін", "Жайық асу" атты кітаптардың авторы. Оның "Сайран - ай", "Бойтұмарым - Томарлым" атты күйлері бар. Фольклорлық "Нарын" оркестрінің орындауында "Ойыл қайда, Жем қайда? " "Тың толқыны" атты музыкалық дискілер О.Жауырұлы басқарған оркестрдің орындауында жазылған. Дарынды өнер иесі көптеген халықаралық фестивальдардың, конкурстардың лауреаты, талантты жастардың ұстазы.

ЖӘБЕЛОВ МАННАТ



1928 жылы Гурьев облысының Теңіз ауданындағы Байда ауылында туған. 16 жастан бастап түрлі жұмыстар атқарған. 1948-1953 жылдары КСРО Қарулы күштерінің сапында әскери борышын өтеді. Арнайы орта білімді агрном, жоғары партия мектебін бітірген. 1954-1986 жылдары Қалмақ АССР-ында партия және кеңес органдарында облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, Каспий аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы болып істеген. 1986 жылы денсаулығына байланысты зейнет демалысына шыққан. Ұлы Отан соғысының тыл ардагері.

М.Жәудаұлы Еңбек Қызыл Ту, "Құрмет белгісі" ордендарымен, 2 мәрте Қалмақ АССР ЖС Құрмет грамотасымен ұлықталып, бірнеше мәрте аудандық кеңес депутаты болып сайланған.

Лағань ауданының Құрметті азаматы.

ЖӘНЕКЕШОВ БИСЕН



1888 жылы Батыс Қазақстан облысының, Жәнібек ауданында туған. 1921 жылы осы облыстың Орда ауданында қайтыс болған. Ақын, Батыс Қазақстан облысында Кеңес өкіметін орнату жолындағы күреске белсене қатысушы. 1918 жылдан РК (б) партия мүшесі. 1916 жылы Уфа діни медресесін бітіріп, ауылда мұғалім болды. 1918 жылы Қазақтың 1- ұлттық атты әскер полкына өз еркімен қосылды. Қазақ өлкелік соғыс комиссариатының саяси комиссары. 1919 жылы Қазақтың 1- үлгілі атты әскер полкының сапында Азғыр, Нарын, Күйгенқөл, Шонай, Қаракөл, Сайқын маңында ақ гвардияшылардың тұрақты әскери бөлімдерін талқандауға қатысты. Бөкей Ордасы ауданының бір ауылы Жәнекешов есімімен аталады. Сондай-ақ Батыс Қазақстан облысында танымал журналистер үшін Жәнекешов атындағы арнаулы жүлде тағайындалған.

ЖӘРДЕМОВ ЖҰБАНЫШҚАЛИ



1952 жылы дүниеге келген.

1970-1972 жылдары Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. 1977 -1979 жылдары Орал педагогикалық институтының дене тәрбиесі факультетінде оқыды. Институтта оқып жүргенде самбо күресі бойынша Қазақ КСР-ы құрама командасының мүшесі болды. 1975 жылы КСРО спорт шебері атанды. Осы жылдар аралығында бірнеше дүркін жеңімпаз, чемпион болды.

1977-1984 жылдары ұстаздық жұмыспен қатар Орал облысының самбо күресі бойынша аға бапкері болды. 1986-1999 жылдары дене тәрбиесі, спорт пәндері кафедрасының меңгерушісі міндетін атқарды.

Ол тәрбиелеген шәкірттерінің арасынан 2 ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, 6 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 25 КСРО және ҚР спорт шебері, 3 ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы атақтарын алды.

Ж.Садырұлы ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы, халықаралық дәрежедегі төреші, ҚР Құрметті спорт қайраткері. Оның басқаруымен зілзаладан зардап шеккен Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл ауданы мен Жамбыл облысының Т.Рысқұлов ауданына көмек көрсететін студенттік құрылыс жасақталды.

Профессор Ж.Садырұлы бірнеше салалық Құрмет төсбелгілерімен, Мақтау грамоталармен марапатталған. Бөкей ордасы ауданының Құрметті азаматы.

ЖӘРДЕМОВ ҚИСМЕТОЛЛА



1946 жылы Атырау облысы, Индер ауданы, Өрлік ауылында дүниеге келген. 1953 жылы "Өрлік" орта мектебіне барып, 1964 жылы бітіріп шығады. Мектептен кейін туған ауылында трактор айдаушы болып еңбек етті. 1966-1969 жылдары Германияда әскери борышын өтеді. Гурьев ауыл шаруашылық техникумын, Гурьев педагогикалық институтын бітірген.1974-1977 жылдары Ленин орденді «Передовик» колхозында зоотехник, 1977 жылдан 1996 жылға дейін осы шаруашылықта ферма меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1989-1991 жылдар аралығында кәсіподақ комитетінің төрағасы болған. «Талапкер» шаруа қожалығын басқарып келеді. Әлденеше рет кеңес, аудандық кеңес депутаты болып сайланған.

Мерекелік медальмен, Құрмет грамоталармен марапатталған.

ЖЕКСЕНҒАЛИЕВА ЫНТАШ



1924 жылы Гурьев облысы, Балықшы ауданы, Ракуша селосында дүниеге келген. 1931 жылы Гребенщик бастауыш мектебіне қабылданып, 1941 жылы Елтай орта мектебін бітіріп шықты. Орта мектепті бітіргеннен кейін Красин колхозында есепші болып жұмыс жасады. 1942 жылы аудандық әскери комиссариатқа шақырылып, сол жылы Ұлы Отан соғысына аттанды. Қиыр Шығыстағы Забайкалье әскери округі полкының құрамында Спасск, Пасьет, Харол, Вознесенск қалаларында байланыс ротасында байланысшы болды, әскери авиацияда әскери ұшақтардың қалыпты қызметін қамтамасыз етуге қатысты. Новосаки қаласында жапон интервенттеріне қарсы соғысқа қатысқан.Соғыстан кейінгі жылдары түрлі салада еңбек етті.1946-1947 жылдары Гребенщик ауылында пошта меңгерушісі болды. 1948-1951 жылдары Бөдене ауылындағы орта мектепте іс қағаздарын жүргізуші болып еңбек етті. 1951 - 1954 жылдары әскери офицер жолдасымен бірге Карелияда болды. 1954-1962 жылдары Жарсуаттағы орта мектепте хатшылық қызмет атқарды. 1964-1970 жылдары Махамбет ауданының 11 – ауылындағы балабақшаның меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1971 – 1981 жылдары Аққала ауылындағы балабақшада қызмет атқарды.

Ы.Жексенғалиев Ұлы Отан соғысы жылдарындағы еңбегі ескеріліп II дәрежелі "Ұлы Отан соғысы", көптеген жауынгерлік медальдармен марапатталған.

ЖИЕНБАЕВ ЖҰМАЖАН



1951 жылы Доссор кентінде туылған. Инженер-геолог. ҚазПТИ-ді бітірген (1974). 1974-1996 жылдары «Доссормұнай» базасында оператор, Мақат аупарткомында нұсқаушы, бөлім меңгерушісі, хатшы. Мақат, Доссор мұнайгаз өндіру базасында, «Ембімұнай» бірлестігі Орталық ғылыми-зерттеу лабораториясында, Ақтөбедегі Батыс Қазақстан аумақтық жер қойнауын қорғау және пайдалану базасында бас геолог болды. 1996 жылдан бері Ақтөбе қаласындағы «Геотекс» АҚ-н директоры, «Мұнай»ААҚ-нда бас геолог. Құрмет грамоталарын иеленген.

ЖОЛМАҒАНБЕТОВ ҚАСҚЫРБАЙ



1914 жылы Гурьев (қазіргі Атырау) маңындағы Қайыршақты ауылында туған.

Алғаш еңбек жолын наубайшы мамандығынан бастайды. Наубайшылықтан басталған еңбек жолын мұнайшылықпен жалғастыра ды.

Арнаулы курстарда дәріс алып, білім-білігін жетілдірді. Бұрғышының көмекшісі, бұрғылау шебері, бригада жетекшісі, барлау партиясының басшысы қызметтерін ойдағыдай атқарды. Сағыз, Тасқұдық, Қошқар, Ақмаяз, Қарсақ, Ембі, Прорва кен орындарын ашуға үлкен үлес қосты.

Қай шаруада болмасын ширақтығымен, шапшаңдығымен көзге түсті. Қажырлы еңбегінің арқасында 1948 жылы «Құрмет белгісі», 1949 жылы Еңбек Қызыл Ту , ал 1954 жылы Ленин орденімен және де басқа мемлекеттік наградалармен, Құрмет грамоталармен марапатталды.

1975 жылы дүниеден озды

ЖОЛАМАНОВ ӘМІР



1897 жылы Саркөл елді мекенінде туылған. Мұнайшы. 1920-1945 жылдары Мақат, Сағыз мұнай кенінде жұмысшы, кілтші, бұрғышы болған. 1945-1956 жылдары Қошқар, Комсомол мұнай кенінде мұнай өндіру операторы. Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

1973 жылы дүние салған.

ЖОЛАМАНОВ ДҮЙСЕНҒАЛИ



1895 жылы Мақат ауданы, Ракөш кентінде туылған. Мұғалім. Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұғалімі, ардагер ұстаз. Гурьев қалалық төрт сыныпты училищесін және соның жанындағы 2 сыныптық педкурсты бітіргеннен кейін (1913) Темір уезі, Кеңқияқ бастауыш мектебінде мұғалімдік жолын бастайды. 1916-1929 жылдары Ракөш мектеп-интернатының меңгерушісі болады. Кейін Гурьевтегі қазақ жетіжылдық мектебінің меңгерушісі, педтехникумның оқу ісінің меңгерушісі, Сарайшық шаруа-жастар мектебі оқу ісінің меңгерушісі, Гурьев округтік оқу бөлімінің инспекторы, Еркінқала орта мектебінің, Гурьев педучилищесінің директоры, Гурьев облыстық және қалалық білім беру базасында мектеп инспекторы. 1952 жылы Байшонас және Ескене мектептерінде оқу ісінің меңгерушісі болған. Ленин орденімен, медальдармен марапатталған. Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздік қызметкері.

1980 жылы дүниеден озды.

ЖОЛАМАНОВ КЕҢЕС



1931 жылы Атырау қаласында туылған. Тау-кен инженері. Мәскеу мұнай институтын бітірген (1953). Академик Губкин атындағы сыйлықтың лауреаты (1972). 1953-1960 жылдары Ескене мұнай кенінің геологі, «Қазақстанмұнай барлау» тресі мұнай барлау кеңсесінде инженер, аға инженер. 1960 жылы Батыс Қазақстан халық шаруашылығы кеңесі мұнай және мұнай химиясы өнеркәсібі базасында бастық. 1965-1971 жылдары КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігі мұнай мен газ жаңа кен орындарын игеру бөлімінің бастығы. 1970 жылы «Жетібаймұнай» және Қаражанбастерммұнай» базасында бастық, «Маңғыстаумұнай» өндіріс бірлестігінде бас инженер, 1996 жылы ҚР мұнай және газ жөніндегі Ресейдегі өкілі. Халықтар достығы, «Құрмет белгісі» ордендерімен және Қазақ КСР-ы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

ЖОЛБОЛОВ НҰРЛАН



1973 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. 1990 жылы Балықшы қыстағындағы Абай атындағы орта мектепті бітірген. 1995 жылы Атыраудағы Х.Досмұхамедов атындағы университеттің тарих-филология факультетін бітірген. 2000 жылы Мәскеудегі осызаманғы гуманитарлық университеттің заң факультетін тамамдаған.

1995-2001 жылы Атырау облысының заң орындарында қызмет етті. 2002 жылдан «Слово Защиты» жекеменшік адвокат кеңсесінің құрылтайшысы және директоры.2006 жылдан Атырау облыстық адвокаттар алқасының президиум мүшесі.

Н.Қайыржанұлы жүздеген қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерді сәтті өткізді. Ол құқықтық мәселелерге арналған көптеген мақалалардың авторы.

Салалық медальмен және «Қазақстан даңқы» орденінің, «Жыл жетекшісі» ұлттық сертификатының иегері.

Ол басқарған адвокаттық мекеме ұлттық «Сала көшбасшысы» сертификатын иеленген. Ағылшын, орыс тілдерін еркін меңгерген. Есімі Қазақстанның соттық-құқықтық жүйесіне арналған «Кто есть кто?» кітабына енгізілген.

ЖОЛДЫБАЕВ АЙТҚҰЛ



1924 жылы Калинин ауылында туылған. «Ембі» (1947-1976), «Көкшағыл» (1976-1987) кеңшарында ұзақ жыл бақташы, аға шопан болып жұмыс жасаған. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Мал басын аман сақтауда, төл алуда елеулі табыстарға қол жеткізген. II дәрежелі Отан соғысы, III дәрежелі «Даңқ», 2 рет «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталған.

2000 жылы дүниеден озды.

ЖОМАРТОВ РАШИД



1946 жылы Астрахань облысының Красноярск ауданына қарасты Долгино селосында туған. 1963 жылы Тюрин орта мектебін бітірген соң Астрахань қаласындағы С.М.Киров атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне оқуға түсіп, оны 1968 жылы бітіріп шықты. Одан соң Тюрин сегізжылдық мектебіне мұғалім болып орналасты. Р.Ноғайәліұлы 1977-1990 жылдары сол мектептің директоры болып қызмет атқарды. 1990 жылы Козлов селолық кеңесінің төрағасы, 1996 жылы жергілікті өзін-өзі басқару кеңесінің басшысы болып сайланды.2000-2004 жылдары "Козлов селолық кеңесі муниципалдық білім беру" мекемесінің басшысы қызметіне сайланды. 2006 жылдан зейнеткер.Бірнеше салалық Құрмет грамоталармен, алғыс хаттармен марапатталған.

ЖӨКЕЕВ ТӨЛЕГЕН



1949 жылы Доссор кентінде дүниеге келген. Тау-кен инженері. Азербайжан мұнай және химия институтын бітірген (1971). «Маңғыстау –мұнайгазбарлау» экспедициясында бұрғылаушылар жетекшісі. Маңғыстау қиыршықтас өндіру бірлестігінде бас инженер, директордың орынбасары болып істеді. 1983 жылдан партия жұмысында (Маңғыстау облыстық, Қазақстан КП Орталық Комитетінде), 1990 жылдан ҚР Жоғарғы Кеңес жүйесінде, 1992-94 жылдары ҚР Мемлекеттік кеңесшісі, 1994-96 жылдары ҚР Премьер-Министрінің орынбасары, ҚР Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы болды. 1996 жылдан ҚР-ның Оңтүстік Кореядағы Төтенше және өкілетті елшісі. Қазіргі таңда қоғамдық, саяси-әлеуметтік мәселелермен белсенді айналысып жүрген қоғам қайраткері.

ЖУЫНОВ САРБАС

Ірілендірілген Доссор мұнай кенінің мұнай өндіру операторы. Ленин орденінің иегері.

ЖҰМАБАЕВ ЖАНГЕРЕЙ



1940 Жылы Атырау облысы, Жылыой ауданында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін жоғары оқу орнына түсіп, оны үздік аяқтайды. Москвада 1981 жылы А.В.Топчиева атындағы Нефте-мұнай-химиялық синтез институтында кандидаттық диссертациясын қорғаған. Химия ғылымдарының кандидаты. 1972 жылдан бастап Ақтөбе медициналық институтында ұстаздық қызметте болды. Доцент, профессор. Ж.Жұмабаев көптеген салалық Құрмет грамоталармен, төсбелгілермен марапатталған. ҚР жоғары білім ісінің үздігі.

2002 жылы қайтыс болды.

ЖҰМАҒАЗИЕВ МҰҚАШ



1891 жылы Гурьев уезінде туылған. Мұнайшы. «Жайық-Каспий» қоғамына жұмысқа кірген алғашқы қазақ жігіттерінің бірі. Гурьев екі сатылы орыс-қазақ училищесін бітірген. Мұнай қоғамында песір, табельші қызметтерін атқарған. Жұмысшылар қозғалысына белсене қатысқан. 1917 жылы құрылған Мұсылмандар Кеңесі төрағасының серігі болып сайланған. Қазан төңкерісінен кейін «Ембімұнай» тресінде бөлім бастығы, басқа да жауапты жұмыстарда болған. 1955 жылы зейнеткер. «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған. 1971 жылы қайтыс болған.

ЖҰМАҒАЛИЕВ АХМЕТЖАН



1949 жылы Доссор кентінде туылған. 1973 жылы Гурьев облыстық, қалалық емдеу мекемелерінде дәрігерлік қызмет атқарған. 1974 жылы Мақат аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары, бас дәрігері қызметтерін атқарған. 2001 жылы аудандық өкпе аурулары ауруханасының бас дәрігері. ҚР денсаулық сақтау ісінің озаты белгісін алған. Мақат аудандық Мәслихатына екі дүркін депутат болып сайланған.

ЖҰМАҒАЛИЕВ ҚАЛЖАН

1912 жылы Гурьев облысы, Сарыкөл елді мекенінде туылған. Мұнай өңдеу операторы. Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1929 жылы Мақат мұнай кенінде бұрғышының көмекшісі, электр монтері, комсомол ұйымдастырушысы, Мақат аудандық комсомол комитетінің 2-хатшысы, Мұнайлы мұнай кенінде партия ұйымдастырушысы, Доссордағы ФЗО мектебінің директоры, аупарткомның нұсқаушысы, Доссор кенттік аткомының төрағасы. 1950 жылы Доссор мұнай кенінде аға инженер, цех шебері, бөлім механигі, мұнай өндіру операторы. 1972 жылдан зейнеткер. 1- дәрежелі Отан соғысы, III дәрежелі Даңқ орденімен және медальдармен ұлықталған.

1995 жылы дүние салды.

ЖҰМАҒАЛИЕВ ҚИЫҚ



1942 жылы Мақат кентіне туылған. Мұғалім. Гурьев педагогика институтын бітірген (1965ж.). Еңбек жолын 1959 жылы Мақат мұнай кенінде жөндеуші болып бастаған. 1965 жылы Балықшы ауданының мектептерінде мұғалім, директордың орынбасары қызметін атқарған. Әскери міндетін өтеп келгеннен кейін 1968 жылы Мақат кентіндегі мектептерде мұғалім, директордың орынбасары, директор болып істеген. Аудандық, облыстық, республикалық педагогикалық оқуларға қатысушы. 1997 жылы «Мақатмұнай» базасының аудармашысы. 2001 жылы зейнеткерлікке шыққан. ҚР білім беру ісінің үздігі.

2003 жылы өмірден озды.

ЖҰМАҒАЛИЕВ ОРЫНБЕК



1935 жылы Ескене кентінде туылған. Байырғы жүргізуші. Әншілігімен, бірнеше аспаптарда ойнайтын орындаушылық шеберлігімен танымал өнерпаз. Еңбек жолын 1953 жылы Доссордағы №19 қолөнер училищесін бітіргеннен кейін Қаратон бұрғылау кеңсесінде бұрғышының көмекшісі болып бастаған. 1956 жылы Қошқар, Доссор мұнай кенінде, Доссор автокәсіпорнында бұрғышы, жерасты жабдықтарын жөндеуші оператор, жүргізуші болып жасаған. Доссор мұнайшылар клубында он шақты жыл басшылық жасап, мұнайшыларға мәдени қызмет көрсету ісін жетілдіруге айтарлықтай үлес қосқан. Облыстық, республикалық, бүкілодақтық байқауларды бірнеше дүркін лауреаты.

1976 жылы өмірден озды.

ЖҰМАҒАЛИЕВ ӨТЕУ



1916 жылы Қызылқоға ауданы, Тайсойған ауылында туылған. Кеңес, кәсіподақ қызметкері, шаруашылық жетекшісі. 1932 жылы жалдамалы жұмысшы болған. 1938-1977 жылдары Гурьев облыстық, Маңқыстау аудандық қаржы бөлімінде, Байшонас, Сағыз, Даңғар кен орындарында, Мақат жер бөлімінде инспектор, меңгеруші, кәсіподақ, комсомол қызметтерін атқарды. Теңіз ауаткомы төрағасының өнеркәсіп және ауыл шаруашылық жөніндегі орынбасары, Доссор мұнай кеніндегі кәсіподақ комитетінің төрағасы, кәсіпшілік директорының орынбасары, Доссор кенті кеңесі аткомының төрағасы. Ұлы Отан соғысы орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Ганюшкино селосының Құрметті азаматы.

1992 жылы өмірден озды.

ЖҰМАҒАЛИЕВ ТАУМЫШ

1918 жылы Атырау (Гурьев) облысының Қызылқоға ауданындағы Көздіғара ауылында дүниеге келді. 1945 жылы Қазақ тау-кен металлургия институтының геологиялық барлау факультетін бітірді.1938 жылы Гурьев мұнай техникумын тамамдағаннан кейін, «Ембімұнайгаз» тресінің Доссор және Ескене мұнай кәсіпшілік-



терінде геолог болып істеді. 1940-1945 жылдары студенттік өмірдің ыстық-суығын бастан кеше жүріп, Геология ғылыми институтында аға коллектор, кіші қызметкер міндеттерін де қоса атқарды. 1942 жылы ол Қ.И.Сәтбаевтың ұсынысы бойынша оқудан бір жыл қол үзіп, қорғаныстық айрықша үлкен маңызы бар маргенец кендерін іздестіруші экспедиция құрамында Маңғыстау түбегіне жіберілді.1945-1947 жылдары Ескене кәсіпшілігінде бас геолог, 1947 жылы Т.Н.Жұмағалиев ҚКСР Ғылым академиясының Орал-Ембі ғылыми-зерттеу базасына ауыстырылды, ал бұлұжым 1956 жылы Мұнай институты болып қайта құрылды. (Қазір КазНИГРИ). Мұнда ол ғылыми қызметкер, ғалым хатшы, лаборатория меңгерушісі міндеттерін абыройлы атқарып, 1962 жылы институт директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасарлығына тағайындалды. Мұндай аттай 45 жыл еңбек етті.

Т.Н.Жұмағалиевтың алғашқылар қатарында болып, дәйекті ғылыми негіздерді басшылыққа ала отырып, аянбай күш-жігер жұмсауы арқасында Еділ мен Жайық арасында жоғары сапалы мұнайы мол Мартыши, Қамысты, Жаңаталап және Гран кен орындары ашылды. Солардың негізінде мұнай-газ шығарумен айналысатын «Жайықмұнай» басқармасы құрылды. Ол «Ембімұнайгаз» АҚ негізгі өнімін қамтамасыз етеді. Ізденімпаз ғалымның 1959 жылы мамыр айында мұнай мен газ жөнінде Гурьев қаласында өткен Бүкілодақтық ғылыми-техникалық конференцияда «Еділ-Жайық қос өзен арасының мұнайлы келешегі» деген тақырыпта жасаған баяндамасы 1960 жылы «Советтік геология» журналында жарияланды. Бұл іс жүзінде осы ауданға арналған алғашқы қорытынды мақала болатын.Таумыш Нұрышұлы 1968-1972 жылдары Батыс Қазақстан геологиялық басқармасын және Қазақ КСР Геология министрлігінің ірілендірілген аумақтық мұнай-газ барлау экспедициясын басқарды. Бұл жылдары Шығыс Жетібай, Шағырлы-Шомышты, Дунга, Арыстанды, Гран, Октябрьск, Қаракұдық, тағы басқа кен орындары барланды.1972-1985 жылдары ол КазНИГРИ директоры болып, өзін зерделі зерттеуші әрі ұлағатты ұйымдастырушы ретінде көрсетті. Аталмыш кезеңде Каспий бойы ойпатының тұзасты қабаттарын геологиялық барлау, Индер ауданы табиғи қорларын кешенді түрде игеру жұмыстары кеңінен қанат жайды. Жұмағалиевтың ынта-жігер салуымен 1976 жылы КазНИГРИ-де жасақталған тәжірибелік әдістемелік партия жұмысының нәтижелігіне орай Атырау экспедициясы атанды. 1978 жылы Жаңажол ойпатының шығыс жақ бүйірінен мұнай көзі, ал 1979 жылы солтүстігінде Қарашығанақ газ конденсаты кен орны ашылды. Ғалым сексенінші жылдары фундаментальды сипаттағы зерттеулер саласында да көп еңбек сіңірді.«Каспий бойы» ойпатында мұнай мен газ терең ұңғымаларын бұрғылаудың шапшандығын арттыру мен өзіндік кеміту жөнінде геологиялық- техникалық шаралар кешенін жасап, өндіріске енгізу» деп аталатын жұмысы үшін 1976 жылы ғалымдар мен өндірісшілердің бір тобына Қазақ КСР-ының ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді. Қазақстанның геологиялық барлау жұмыстарын дамытып, минералды шикізат қорларын молайтқан еңбегі үшін Т.Н.Жұмағалиевқа 1967 жылы Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген геолог-мұнайшысы атағы берілді. Бозашы түбегінде жаңа мұнай кен орнын ашқаны және оны жеделдете игергені үшін 1980 жылы Халықтар достығы орденімен, 1999 жылы –«Құрмет» орденімен марапатталды.Таумыш Нұрышұлы Атырау облысының, Қызылқоға ауданының Құрметті азаматы болды.

Т.Н.Жұмағалиевтың әріптестерімен бірігіп жазған 150 ғылыми еңбегі бар. Оның 120-ы жарық көрді. 8 монографиясы жарияланды. 1970 жылы жарық көрген «Каспий бойы ойпаты батыс бөлігінің геологиясы және мұнайлы-газдылығы» деген зерттеу еңбегі қара алтын мен көгілдір отын көздерін барлаушылардың қолдан түспейтін кітабына айналды.

Таумұш Нұрышұлы еліміздегі мұнайлы өңірлер картасын жасаушылардың бірінен саналады.

2010 жылы дүние салды.

ЖҰМАҒАЛИЕВА КҮЛШАРА



1957 жылы Доссор кентінде туылған. Дәрігер. Ақтөбе медицина институтын бітірген (1980). Еңбек жолын Доссордағы емханада дәрігер болып бастаған. 1981 жылы Мақат желілік- өндірістік базасында цех дәрігері, учаскелік ауруханада терапевт болып еңбек етті. 1988 жылы мұнай өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіподағы облыстық комитетінде дәрігер болды. 1992 жылы Доссордағы аудандық ауруханада бас дәрігер. 1995 жылы Батыс Қазақстан облыстық ауруханасында ұйымдастыру-әдістемелік кабинет меңгерушісі. 1998 жылы Атырау облыстық сақтандыру корында бөлім бастығы. 2000 жылы Атырау қалалық денсаулық бөлімі бастығының орынбасары, 1- дәрежелі терапеав-дәрігер және "Денсаулық сақтау ісін ұйымдастырушы" атағын алған. Құрмет грамоталарымен марапатталған.

ЖҰМАШЕВ АМАНБАЙ



1940 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Жангелдин ауылында туған. 1947-1954 жылдары Миялы жетіжылдық мектебінде, 1954-57 жылдары Халел Досмұхамедов атындағы орта мектепте оқыған. 1957-1962 жылдары Атырау педагогикалық институтының физика – математика факультетіне оқуға түсті. 1962-1969 жылдары Миялыдағы Сланов атындағы орталау мектепте оқу ісінің меңгерушісі 1970-1978 жылдары аудандық халыққа білім беру бөлімінде мектеп инспекторы болып жұмыс жасады. 1978-1982 жылдары Халел Досмұхамедов атындағы орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі, 1982-1989 жылдары «Жаңашаруа», «Миялы» орта мектептерінде мектеп директоры болып қызмет атқарды. Зейнетке шыққанға дейін «Миялы» орта мектебінде мұғалім болып еңбек етті. Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі. Бірнеше рет облыстық, аудандық білім беру бөлімдерінің грамоталарымен мадақталған.

2004 жылы дүние салды.

ЖҰМАЛИЕВА ЖЕННИ



1964 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Котяевка ауданында дүниеге келген. 1971 жылы Гурьев қаласындағы А.П.Чехов атындағы мектептің табалдырығын аттап, 1981 жылы №8 мектепті үздік аяқтаған.1981 жылы Свердловск қаласындағы Киров аудандық халық сотында сот мәжілісінің хатшысы болып еңбек жолын бастаған. 1982 жылы Руденко атындағы Свердловск заң институтының кешкі факультетінің 1 -курсына түскен. 1986 жылға дейін Свердловск қаласы Киров аудандық сотының сот мәжілісінің хатшысы болып жұмыс істеді. 1986-1987 жылдары Свердловск қаласы Киров аудандық тұрғын үй жөндеу тресінің заңгері болып қызмет атқарған. 1987 жылы заң институтын аяқтайды. 1987-1991 жылдары Гурьев қалалық заң консультациясының адвокаты, меңгеушісі болып жұмыс атқарды.1991 жылдан Ж.Хамитқызы Атырау қалалық сотының судьясы лауазымын атқарып келеді.

ЖҰМАҒАЛИЕВ МОЛДАҒАЛИ

1900 жылы Атырау облысының Ракуша поселкесінде дүниеге келген. Мұнай кәсіпшілігінде құрал-жабдықтар жөндеушісі болып, Байшонас, Ескене, Қарсақ кен алаңдарында қызмет еткен. Еңбек Қызыл Ту, Ленин орденмен, көптеген медальдармен, салалық Құрмет грамоталарымен, мақтау қағаздарымен марапатталған.

1972 жылы дүние салды.

ЖҰМАҒАЛИЕВ ӨМІРТАЙ



1936 жылы Атырау облысы, Мақат ауданы, Байшонас поселкесінде дүниеге келген. Мектеп бітірген соң, еңбек жолын токарь болып бастаған. Одан соң 1962 жылы Гурьев қаласындағы политехникалық техникумын бітіріп, аға механик болып Байшонас, Доссор посекелерінде, Доссор мұнай өндіру басқармасындағы механикалық цехта аға механик болып қызмет еткен. Бірнеше медальдармен, төсбелгілермен, Құрмет грамоталарымен және мақтау қағаздарымен марапатталған.

1981 жылы дүние салды.

ЖҰМАҒАЛИЕВ ҚАЙРАТ



1937 жылы Батыс Қазақстан облысының Орда ауданындағы (қазіргі Бөкей Ордасы ауданы) Жиекқұм ауыл кеңесінің (қазіргі Бейсен ауылы) Бескұдық деген жерінде туған. Бастауыш мектепті Теректі ауылында оқыған, Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы Азғыр мектеп-интернатында тәрбиеленген. Капустин Яр сынақ полигонының ашылуына байланысты Орда ауданды таратылып, халқы Оңтүстік Қазақстанға көшірілген соң, 1954 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Жетісай ауданында III Интернационал атындағы қазақ орта мектебін бітірген. Одан кейін Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, оны 1959 жылы бітірді. 1959-1984 жылдар аралығында «Жазушы» баспасының Көркем аударма редакциясында кіші редактор, редактор, аға редактор, жастар әдебиеті редакциясының меңгерушісі, бас редактордың орынбасары болып істеген. 1985-1992 жылдары Қазақ Республикалық теледидарының Әдеби-драмалық хабарлар Бас редакциясында аға редактор, комментатор, редакция меңгерушісі, бас редактор болып істеді. 1993-1996 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатында Аударма-редакциялық бөлімінде сектор меңгерушісі, кейіннен Президенттік мәдениет орталығында бас редактордың орынбасары, соңынан Орал қаласындағы «Жайық-пресс» ЖШС Бас директорының кеңесшісі қызметін атқарады. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. Ақын. Отызға тарта кітабы жарық көрген.

Республикалық баспасөзде «Университетке» деген тұңғыш өлеңі 1959 жылы «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас алаш) газетінде жарияланды. Шығармалары республикалық «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), «Қазақстан пионері((қазіргі «Ұлан»), «Жетісу» газеттерінде, «Жұлдыз», «Жалын», «Парасат», «Балдырған», «Білім және еңбек», «Простор», «Ақ желкен» журналдарында, Мәскеудің «Известия», «Комсомольская правда», «Литературная газета», «Огонек», «Молодая гвардия», «Наш современник», «Знамя», Санкт-Петербургтің «Нева», «Звезда» басылымдарында жарық көрді. «Молодая гвардия» журналының, «Қазақ әдебиеті» газетінің лауреаты. Ақын белгілі композиторлар Ғазиза Жұбанова, Нұрғиса Тілендиев, Еркегали Рахмадиев, Ескендір Хасанғалиев, Әсет Бейсеуов, Мыңжасар Маңғытаев, Марат Омаров, Сағат Мансұратовтармен шығармашалық байланыста болды. Оның өлеңдеріне жазылған «Анашыма», «Құда баланың той жыры», «Келеміз бірге», «Арайлы таңдар», «Тың төсінде», «Біздің жар-жар жаңаша», «Армысыңдар, ардагерлер!», «Жадырай түсші, жан еркем!», «Қоңыр күз» әндері халық арасына кең тараған. К.Жұмағалиев–балаларға арналған ән текстерінің авторы. Композиторлар И.Нүсіпбаевтың, Б.Ғизатовтың, Н.Меңдіғалиевтің, Ә. Телғозиевтің, Ж.Еңсеповтың әндеріне жазылған «Алатау», «Бақытты балалық», «Мейірбан ұстаздар»,

«Жұмаш ағай», «Мәншүк апа», «Наурыз той», «Біз – балдырған» және т.б. ән-өлеңдерін мектеп оқушылары сүйіп шырқайды. Ақын өлеңдеріне жазылған әндер пластинкаға да жазылып, ел арасына тараған.

Қ.Жұмағалиев ұзақ жылдар бойы көркем аудармамен шұғылданып, туысқан халықтардың озық әдеби үлгілерін, әлем әдебиетінің жауһарларын ана тілімізге аударып, оқырмандарды таныстырып келеді. Ол Гомердің «Илиада» поэмасын, Еврипидтің «Медея», «Троя арулары», «Елен» трагедияларын, әл-Мааридің, Ш.Руставелидің, Физулидің, Низамидің, Пушкиннің, Лермонтовтың, Маяковскийдің, Есениннің, Хикметтің, Блоктың, Тувимнің, Мұса Жәлелдің, Светловтың, Лукониннің, Ғафур Ғұламның, С.Наровчатовтың, Р.Рождественскийдің, Р.Казаковның шығармаларын ана тілімізге аударған. Александр Дюманың «Граф Монте-Кристо» романын (Ә. Жұмабаевпен бірге), моңғол жазушысы Л.Тудэвтің «Тау тасқыны» романын қазақ тіліне аударды. Француз ақыны Беранженің шығармалары ақынның аудармасымен ана тілімізде тұңғыш рет аударылып, «Бақытты жұбайлар» деген атпен жеке кітап болып шықты. Қ. Жұмағалиев – қырғыз эпосы «Манасты» қазақ тіліне аударған ақындардың бірі. Шығармалары ТМД елдерінің тілдерінде, сондай-ақ ағылшын, француз, араб, неміс, қытай, хинди, испан, поляк, болгар тілдеріне аударылған. АҚШ-тың Әдебиет энциклопедиясына енген.Қазақ совет энциклопедиясы авторларының бірі (XI-XII томдар). Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының Құрмет грамоталарымен, КСРО-ның медальдарымен, КСРО және Қазақстан Жазушылар одағының грамоталарымен марапатталған.Үлкен отбасының иесі. Жеті бала, он төрт немере өсіріп отыр. Зайыбы София Жұмағалиева – математик, баспагер. Балаларға арналған «Жеңісбай», (1960), «Ататау» (1977), «Ақмарал»(1979), «Кім көріпті мұндайды?» (1981), «Ақ тоқаш» (1984), «Төлбасы» (1993) «Кім ойлап тапқан?» (2010) атты кітаптары жарық көрді. Бірқатар шығармалары орыс тіліне аударылған. Жекелеген шығармалары ТМД халықтары тілдерінде, сондай-ақ ағылшын, француз, неміс, испан, араб, поляк, венгр тілдерінде жарық көрді. Әлем поэзиясының озық үлгілерін қазақ тіліне аударды.

ЖҮЗЕЕВ ӨЗБЕКБАЙ



1934 жылы Өзбекстанда дүниеге келген. Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Түркістан қаласындағы №19 темір жол мектебін 1952 жылы ойдағыдай аяқтайды. Сол жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика факультетіне түседі. 1958 жылы оқуды аяқтағаннан кейін, Шымкент қаласындағы технологиялық институттың физика кафедрасына аға зертханашы болып орналасады. 1965 жылға дейін ассистент, аға оқытушы болады. 1965-1969 жылдары тәжірибелік сынақта болып, Томск мемлекеттік университетінің құрамындағы Сібір физика-техникалық институтына аспирант болып қабылданады. 1967 жылы диссертациясын сәтті қорғап, физика-математика ғылымдарының кандидаты атағын алды.Содан кейін Шымкент қаласындағы химия-технологиялық институтында аға мұғалім, доцент болып, 1979 жылға дейін қызмет істеді. 1979 жылдан 1999 жылға дейін Алматы технологиялық институтының физика кафедрасының доценті, физика кафедрасының меңгерушісі болып істеді. Ол 30-дан астам ғылыми және әдістемелік мақалалардың авторы.

ЖҮСІПОВА ДӘМЕЛІ



1950 жылы Доссор кентінде туылған. Мұғалім. ҚазПТИ-ді бітірген (1973). Ұстаздық қызметін Сарқамыс орта мектебінде 1973 жылы бастаған. 1974-88 жылдары Бейнеу аудандық комсомол комитетінде хатшы, Мақат аупарткомы партия кабинетінің меңгерушісі, бөлім меңгерушісінің орынбасары, Доссор, Мақат мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі болды. 1991 жылы Белинский атындағы орта мектепте директордың оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары. Жоғары санатты мұғалім. Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері белгісі берілген (1992 жыл.).

ЖҮСІПОВ ТҰРЛЫБЕК



1940 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Жыныс елді мекенінде дүниеге келген.Орта мектепті бітіргеннен кейін ауылда жүргізуші болып істеді. Әскердегі борышын абыройлы өтеп келді. 1961 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түсті. Университет қабырғасында жүріп, спортпен белсене айналысты. Бертін келе, яғни 1967 жылы самбо күресі бойынша КСРО спорт шебері атанды. 1982 жылы Алматы қаласы ДОСААФ қоғамы спартакиадасының атқыштары арасында чемпион болды.1968-1971 жылдары Қазақ совет энциклопедиясының тарих, этнография және археология редакциясында ғылыми редактор болып еңбек етті. Мұнда көрнекті ғалымдар М.Қаратаев, Ә.Марғұлан, Р.Бердібаев, т.б. бірлесе еңбек етіп, терминдерді, сөздіктерді дайындауға белсене атсалысты. 1976-1988 жылдары Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінде маман, бас маман болып қызмет атқарды.

Т.Жүсіпұлы 1988 жылдан республикалық оқу-әдістемелік, кейіннен баспа кабинеті директорының орынбасары болып ұзақ жылдар қызмет етті.Оның республикалық педагогикалық басылымдарда жаңа бағдарламалар, ұрпақ тәрбиесі туралы мақалалары көп жарияланған. Ол халық ағарту ісінің озық қызметкері. Бірнеше медальдармен, салалық Құрмет грамоталарымен марапатталған.

ЖҮСІПӘЛИЕВ МУФТАХ



1923 жылы Астрахань облысы, Володар ауданы, Мултаново қыстағында дүниеге келген. Бала шағынан еңбекпен есейіп, ержетті. Жетіжылдық мектепті Калинин қыстағында бітіріп, 1939 жылы Астраханьдағы қазақ педагогикалық училищесіне түсіп, оны 1941 жылы бітірді. Соғыс басталғанда әкесі Хайрулла әскерге алынды. Отбасының ауыр салмағы өзіне түскен бозбала жарты жылдай Мултановодағы мектепте мұғалім болды. 1942 жылдың басында әскери комиссариат оны бірінші Астрахань әскери училищесіне жібереді. 19 жасында лейтенант шеніндегі взвод командирі. М.Жүсіпәлиев Сталинград майданына қатысып, 257- атқыштар дивизиясы құрамында соғысады. Соның артынша оны үш айлық барлаушылар курсына жібереді. 1942 жыл соңында ол 91-Духовщина атқыштар дивизиясына взвод командирі болып тағайындалады. Жас офицер 1943-1944 жылдары Батыс және 3-Белоруссия майдандарындағы әскери операцияларға қатысады. Капитан шеніндегі офицер. 1944 жылы Свердловск қаласындағы Қарсы барлау Бас басқармасының СМЕРШ мектебіне тыңдаушы болып қабылданады. Арнайы мектепті бітірген соң Горький әскери округында қарсы барлау саласының аға оперативті өкіл қызметін атқарады. 1948 жылы М. Хайруллаұлы Қазақстанға жіберіледі. Мұнда ол Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі мен Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің СМЕРШ барлау басқармасының аға оперативті өкілі болып, осы сала бойынша бандиттік және шпиондық жасаушы топтармен күрес бөлімін басқарды. Ол өз өмірін бәйгеге тігіп, талай қылмыстық топтардың зиянкестік әрекеттерін әшкереледі. Көп жылғы қауырт жұмыс, соғыс салған жара оның денсаулығына ауыр әсер етті. Бұдан кейін ол әскери қызметтен босанып, азаматтық салаға ауысты. Қазақ КСР Қаржы министрлігінде күпия бөлім бастығы, аға заңгер, ревизор болды. 1954-1956 жылдары Өскемен қаласындағы мектеп-интернаттың директоры, 1956-1963 жылдары Алматы облысының Жамбыл ауданына қарасты Қарғалы жұмысшы жастар мектебінің директоры, 1963 жылы Қарғалы шұға комбинатының партия комитетінің хатшысы болып, абыройлы қызмет атқарды. М. Хайруллаұлы 1954 жылы Алматы заң институтын, 1966 жылы Абай атындағы педагогикалық институтты үздік бітірді.Ол Қызыл Жұлдыз, 2-дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, оннан астам медальдермен, көптеген Құрмет грамоталармен марапатталған. 1982 жылы оған Қазақ КСР-ына еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атағы берілді. Мәдениеті хоғары, үлкен интеллектуал иесі, шешен, өнер десе ішкен асын жерге қоятын азамат елге аса қадірлі болды. Зайыбы Сәния Қабиқызы екеуінен өнген Дина мен Тамара абыройлы қызметтер атқаруда. Үлкені Дина Муфтахқызы профессор, педагогика ғылымдарының докторы, Алматы гуманитарлық-техникалық университетінің ректоры, кішісі Тамара медицина ғылымдарының кандидаты, репродуктивті медицина институтының директоры,

Асыл азамат 2000 жылы дүниеден өтті.

ЖҮСІПӘЛИЕВА СӘНИЯ



1925 жылы Астрахань облысы, Марфино ауданы, Мултаново селосында дүниеге келген. С. Қабиқызы 1941 жылы мектеп бітірісімен Марфино ауданының Анастасино, Тюрино, Мултановодағы мектептерде бастауыш класс оқытушысы болып, 1945 жылға дейін еңбек етті. Соғыс жылдарында отбасына түскен ауыртпалықтарды ер азаматтарша көтере біліп, бауырларының ержетуіне көмектесті. Анасы Ағипаның сенімді серігі бола білді. 1945 жылы өз жерлесі, әскери қызметкер Жүсіпәлиев Муфтахқа тұрмысқа шықты. Дина, Тамара деген қыздары дүниеге келді. Осы екі перзенті де бүгін елге танымал адамдар болды, ғылым жолына түсіп, үлкен жетістіктерге жетті.

С.Қабиқызы 1945-1953 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының география факультетінде іштей оқыды. 1953 жылы Алматыдағы №12 мектепте, 1955-1956 жылдары Өскеменде, 1956 жылы Алматы облысының Қарғалы поселкасында мектепте өз мамандығы бойынша жемісті еңбек етті. Ұстаздық еткен жылдары ол география пәнін өткенде, ойын элементтерін пайдалана отырып, сабақтарының қызғылықты, тартымды өтуіне көп күш салды. Көптеген студенттер оның қарамағында тәжірибеден өтті.

«Еңбектегі ерлігі үшін», бірнеше мерейтойлық медальдармен марапатталған. «Ұлы Отан соғысының ардагері» төсбелгісінің иегері.

1980 жылы зейнет демалысына шықты.

2007 жылы дүние салды.

ЖҮСІПӘЛИЕВА ДИНА



1947 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. 1965 жылы Алматы облысының Жамбыл ауданына қарасты Фабричный қыстағында орта мектепті алтын медальмен бітірген. Сол жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетіне түседі. Жоғарғы оқу орнын үздік бітірген соң Гурьев педагогикалық институтына мұғалім болып орналасады. Сол кезден бастап Д.Муфтахқызының барлық өмірі жоғары оқу орындарымен тығыз байланысты болды. Қазақ КСР ҒА жанындағы кеңесте химия ғылымдарының кандидаттығын қорғайды. Бұдан кейін 1977-1987 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінде ұстаз доцент, аналитикалық химия кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 1987 жылы Қазақ КСР Білім министрлігіне ЖОО-дары аттестациялау басқармасына бас сарапшы қызметіне шақырылды, содан соң Жоғарғы білім депар-

таментіне бас маман болып қызмет атқарды. 1989-2002 жылдары Д.Муфтахқызы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының бірінші проректоры лауазымында жемісті қызмет етті. 1997 жылы педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін ойдағыдай қорғады.

Д.Муфтахқызы жоғары мектептерде қашықтықтан оқыту мәселелері бойынша 150-ден аса ғылыми еңбектердің авторы. Оның ішінде 4 монография, 10 әдістемелік құралдар, талдаулар бар. 2002 жылдан бастап Қазақ ұлттық аграрлық университетінің оқыту-тәрбиелеу жұмыстары бойынша проректоры болып, жастардың білім, тәрбие алуына өзіндік үлкен үлес қосты. Оның басшылығымен 2 докторлық, 8 кандидаттық диссертация қорғалды.Көрнекті ғалым көптеген халықаралық конференция, симпозиумдарда, дөңгелек үстелдерге қатысты, оның басшылығымен ауылда тұратын оқушы шәкірттер үшін «фермерлік іс» мамандығы бойынша видеоконференция өткізілді.

Д.Муфтахқызы - халық ағарту қызметінің үздігі. Ы.Алтынсарин медалінің, сондай-ақ төрт медальдің иегері. Республикалық әйелдер кеңесі алқасының мүшесі.

ЖҮСІПӘЛИЕВА ТАМАРА



1949 жылы Алматы қаласында туған. 1966 жылы сол облыстың Жамбыл ауданындағы Фабричный қыстағында орта мектепті медальмен бітірген соң сол жылы Алматы мемлекеттік медицина институтына түсіп, оны үздік бітіреді. Медицина ғылымдарының кандидаты. Т.Муфтахқызы Алматы қаласы денсаулық басқармасының бас акушер гинекологы, адамды репродуктивтік жолмен өмірге келтіру орталығының бас дәрігері, Алматы қаласы денсаулық сақтау департаменті директорының орынбасары қызметтерін атқарды. Ол 1996 жылы Қазақстан репродуктивті денсаулық ассоциясын құрды. Т.М.Жүсіпәлиева-Қазақстандағы тұңғыш экстракорпоральды ұрықтандыру зертханасының негізін салушы. Ол ғылыми жұмыстарды жолға қою және кадрларды тәрбиелеу үшін Репродуктивті медицина институтын ашып, оны басқарды. Бұл орталықта соңғы 15 жыл ішінде 5000-дай бала дүниеге келіп, ұрпақтарын зарығып күткен ата-аналарға зор қуаныш сыйлады. Т.Муфтахқызы басқаратын институт әлемге танымал. Ол Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымында репродуктивті денсаулық саласы бойынша сарапшы. Ол өз саласы бойынша көптеген халықаралық конференцияларда симпозиумдарда ағылшын тілінде баяндама жасады.

Ол Халықаралық ЮНПФПА ұйымының грамотасымен, Бейбітшілік және келісім кеңесінің шешімімен Гиппократ орденімен, «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

ЖҮСІПОВ ҚАЛИ



1907 жылы Тайсойған елді мекені, Қызылқоға ауданында туған. Ембінің ардагері. 22 жасқа дейін жалшылықта жүрген. 1929 жылдан бастап Мақат мұнай кәсіпшілігінде құрылысшы, мұнай өлшеуші, жүргізуші болып жасаған. 1938 жылдан комсомол,партия, кәсіподақ қызметінде. Соғыс жылдарында Орталық Комитеттің партия ұйымдастырушысы ретінде мұнай өнімін арттыру жолындағы күресті ұйымдастыра білгені арқасында Ескене мұнай кәсіпшілігі Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің Ауыспалы Қызыл Туын 9 рет жеңіп алды. 1951 жылы Доссордағы кәсіпорындар мен мекемелерде директордың орынбасары, цех бастығы,шебер болып еңбек еткен. 1970 жылдан зейнеткерлікке шыққан. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалін, Құрмет грамоталарын «СОКП қатарында – 50 жыл» белгісін иеленген.

1988 жылы дүниеден озды.

ЖҮСІПОВ ЕРКІН



1960 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданындағы Темір станциясында дүниеге келген. Түркістан қаласында орта мектепті бітірген. 1982 жылы Алматы қаласында архитектура, құрылыс институтын бітірген. 1997 жылдары Шымкент қаласында, облыстың басқа аймақтарында сәулетші болып жұмыс істеді. 1998 жылдан бастап Түркістан қаласының бас сәулетшісі. Еркін Наурызбайұлы – сәулет өнері бойынша бірнеше халықаралық жүлделердің иегері. Ол 2000 жылы Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын өткізудің көркемдік жетекшілерінің бірі болды. Түркістан қаласының сәулеттік жағынан қайта құру жобаларының авторы. 2001 жылы Астана қаласында өткен халықаралық сәулетшілер фестивалінің бас жүлдесі - «Алтын шырақ» иегері. 2001 жылы Мәскеу қаласында өткен Халықаралық сәулетшілер фестивалінің алтын дипломының иегері. 2002 жылы Берлин қаласында өткен Халықаралық сәулетшілер Конгресіне қатысып, өз жобаларын ұсынған. Оған 2001 жылы Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері атағы берілген. Көрнекті сәулетші Еркін Жүсіпов – Астана, Түркістан және Шымкент қалаларының жобаларын жасауға белсене атсалысқан ізденімпаз сәулетші.

ЖЫЛҚЫШИЕВ ҚАЙЫРҒАЛИ



1899 жылы Қызылқоға ауданында, Миялы селосында туылған. Тұңғыш қазақ мұнайшыларының бірі. 1913-1957 жылдары Мақат, Доссор мұнай кенінде ұңғыманың жерасты жөндеу бригадасының жұмысшысы, кілтші, операторы, шебері болған. Ленин, «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған. Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұнайшысы (1951).

1979 жылы қайтыс болған.

ЖЫЛҚЫШИЕВ АМАНГЕЛДІ

1940 жылы Гурьев кентінде туылған. Мұғалім, ақын, журналист. Гурьев педагогика институтын тамамдаған. 1964 жылы Мақат ауданы мектептерінде мұғалім болып жұмыс жасаған. 1966 жылы аудандық «Мұнайшы» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары болып көп жыл еңбек етті. Қазақстан Жазушылар одағының Гурьев облысындағы әдеби кеңесшісі, Мақат ауданының әкімшілігінде жауапты қызметкер болып жұмыс істеді. 2002 жылы Мақат ауданының қоғамдық-саяси "Мақат тынысы" газетінің қызметкері. Ақынның жыр жинақтары «Тұңғыш», «Туған жер толғауы», «Таң самалы», «Шарболаттай шыңдалған» жыр жинақтары жақы көрдіү Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

ЖЫЛҚЫШИЕВА ТАЛШЫН



1938 жылы Қызылқоға ауданы, Қарабау селосында туылған. Мұнайшы. Еңбек жолын 1955 жылы Доссор автокөлік жөндеу зауытында токарьдың үйренушісі болып бастады. 1956- 1988 жылдары Доссор мұнай кенінде көмекші оператор, оператор болды. 1988 жылы зейнеткерлікке шыққан. II,III дәрежелі Еңбек даңқы орденімен және медальдармен марапатталған.

1996 жылы қайтыс болған.

ЖЫЛҚЫБАЕВ ҚИЯНТАЙ

1937 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Байқадам қыстағында туған. Орта мектепті бітірген соң 1955 жылы Қазақтың



Абай атындағы педагогикалық институтының биология-химия факультетіне түсті. 1960 жылы оқу бітірген соң Қазақ ССР Ғылым академиясының зоология институтының аспирантурасына түсті. 1963 жылы зоология институтының кіші ғылыми қызметкері болып қабылданды. 1981 жылы Арқалық педагогикалық институтының биология және химия кафедрасының меңгерушісі болып істеді.Биология ғылымының кандидаты Қ.Жылқыбаевтың ғылыми басылымдарда, газеттер мен журналдарда 23 ғылыми, 110 ғылыми-көпшілік, оқу-әдістемелік мақалалары жарияланды. 1975 жылы «Қазақстанның көне пілдері» монографиясы, «Көне тарих куәлері», «Ертедегі Қазақстан хайуанаттары» секілді ғылыми-көпшілік еңбектері орыс және қазақ тілдерінде жарияланды. Оның «Қазақстанның көне пілдері» монографиясы ғылыми ортада жоғары бағаланды.

2002 жылы дүниеден озды.

ЗАКАРИН КЕРЕЙ



1903 жылы Гурьев облысы, Қарабау селосында туылған. Экономист. Ембінің ардагері. Бақу мұнай институты жанындағы курсты бітірген (1937). 1922 жылы Доссор және Мақат кәсіпшіліктерінде табельші, жұмысшы. 1926 жылы Иманқара мұнай кәсіпшілігінде есепші, кенттік аткомының хатшысы, салық инспекторы, аға есепші, есепші. 1937 жылы Қосшағыл мұнай кәсіпшілігінде бас есепші, бастықтың орынбасары. 1953 жылы «Ембімұнай» тресінде ұңғымаларды күрделі жөндеу кеңсесінің директоры, бас есепші, жоспарлау бөлімінің бастығы. 1961 жылы «Құлсарымұнай» басқармасында жоспарлау бөлімінің бастығы. 1971 жылы дербес зейнеткер. Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапатталған.

1976 жылы қайтыс болған.

ЗИМАНОВ САЛЫҚ



1921 жылы Гурьев қаласында (қазіргі Атырау) дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына қатысушы (1939-1946), екінші дүниежүзілік соғыстың аяғына қарай артиллерия полкі штабының бастығы, әскери шені – артиллерия полковнигі.

Соғыстан кейін С.Зиманов заңгерлік жолды таңдады. Өзінің еңбек жолын тергеуші, Қазақ КСР прокуроры жанындағы аса маңызды істер бойынша тергеуші лауазымынан бастады. Кейін аспирант, аға ғылыми қызметкер, Қазақ КСР Ғылым академиясының философия және құқық секторының меңгерушісі болды. 1952-1954 жылдары Алматы мемлекеттік заң институтының директоры, 1955 жылдан С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың заң факультетінің деканы болды. 1958-1969 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының философия және құқық институтының директоры, ал 1969-1995 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының философия және құқық институты, кейіннен Мемлекеттік және құқық институтының құрамынан шыққан мемлекет теориясы мен тарихы бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1976-1977 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясы Төралқасының бас ғалым-хатшысы болды. 1990 жылдары С. Зиманов тәуелсіз мемлекеттің заң шығарушы органдарының алғашқы саяси қадамдарын анықтаған. Қазақ КСР және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің XII және XIII шақырылымдарындағы белсенді депутат – заңгерлердің қатарында болды.

1990 жылдың басында С.Зиманов Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясының жобасын дайындау жөніндегі комиссияны басқарды, сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мемлекеттік

тәуелсіздігі туралы» тарихи конституциялық заңды даярлау жөніндегі комиссияның мүшесі болды. Ол 1993 жылы ҚР Конституиясының жобасы бойынша сараптамалық топқа жетекшілікетті. 1992-1993 жылдары С.Зиманов ҚР Жоғарғы Кеңесінің соғыс ардагерлері мен мүгедектер істері жөніндегі комитеттің төрағасы, ал 1994-1995 жылдары ҚР Жоғарғы Кеңесінің конституциялық заңнама және адам құқықтары жөніндегі комитетінің төрағасы болды. Қазақ КСР-ның Халық депутаты, ҚР Жоғарғы Кеңесі комитетінің төрағасы әрі Төралқа мүшесі, 1980-1995, 1996-2003 жылдары ҚР ҒА Мемлекет және құқық институтының құрметті директоры, 1995 жылдан бері-Академиялық құқықтық институты - Қазақ академиялық университетінің ректоры болып жемісті қызмет атқарды. «КСРО мемлекет пен құқықтың даму заңдылығы» атты ғылыми кеңестің мүшесі болды. (Мәскеу, КСРО ҒА, 1965-1985) ҚР ҰҒА жанындағы заң ғылымдарының кандидаты және докторы ғылыми дәрежелерін алу жөніндегі ғылыми кеңестің төрағасы (1960-1990), ҚР Президенті жанындағы Консультативтік кеңесінің мүшесі (1992), ҚР Мемлекеттік саясаты жөніндегі Ұлттық кеңестің мүшесі (1993) қызметтерін абыроймен атқарды.

С.Зиманов бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен екі рет, Қызыл Жұлдыз, Халықтар достығы, Парасат ордендерімен, «Кавказды қорғағаны үшін» (1942), «Кенигсбергті алғаны үшін» (1945) медальдерімен марапатталған. Ол Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1971), ҚР Президентінің бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығының (1993), ҚР Мемлекеттік сыйлығының (2001), Ш.Уәлиханов атындағы академиялық сыйлықтың (1982) лайықты лауреаты атанды. Академик Салық Зиманұлы өмірінің 45 жылдан астамын қазақстандық заң ғылымына арнады. 500-ден астам ғылыми еңбектің, соның ішінде 20-дан астам монографияның авторы. Салық Зиманұлының жетекшілігімен бірқатар заң ғылымдарының докторлары мен кандидаттары даярланды. Салық Зиманұлы Қазақстан тәуелсіздігінің қалыптасуына өз үлесін қосқан көрнекті ғалым-құқықтанушы, КСРО тарағаннан кейінгі алғашқы жылдарда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін рәсімдеу және дайындау, жаңа құқықтық мемлекеттің іргетасын қалау барысында Зимановтың білімі мен қабілеттілігі және тәжірибесі үлкен рөл атқарды. Талантты ғалым, айрықша тұлға және қазақ халқының мақтанышы Салық Зиманұлы Зиманов 2011 жылы 4 қарашада дүниеден озды. Алматыдағы Кеңсай зиратына жерленген.

ЗҰЛҚАРНАЕВ САЯСАТ



1949 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Байда ауылдық кеңесінде туған.

1966 жылы Крупская атындағы Котяевка орта мектебін бітіріп, Ресей мемлекетінің Астрахань қаласындағы Балық өндірісі техникалық институтының (АСТРЫБТУЗ) өндірістік балық аулау факультетіне түсіп, 1972 жылы бітірген. Еңбек жолын Теңіз ауданындағы Шортанбай балық зауытынан, Гурьев облысында бастап зейнеткерлікке жеткенше инженер, бас механик, зауыт кәсіподағының төрағасы, бас инженер, акционерлік қоғам бастығы, атқарушы директор орынбасары жұмыстарын атқаруда.

ИБРАШЕВ КЕНЖЕБЕК



1958 жылы Гурьев облысы, Балықшы ауданының Курилкино ауылында дүниеге келген. 1981 жылы И.М.Губкин атындағы Мәскеу мұнай химиясы және газ өнеркәсібі институтын бітірді. 1976-1981 жылдары студенттік бұрғылау бригадасы құрамында Батыс Сібір кен орындарында жұмыс істеді.

Еңбек жолын 1975 жылы Каспий мұнай барлау экспедициясында слесарь, дизельші-моторист ретінде бастады.

1981-1986 жылдары бұрғылаушының көмекшісі, бұрғылаушы, бұрғылау шебері, аудандық технологиялық қызмет бастығы, «Эмбамұнай» ӨБ Балықшы барлау бұрғылау басқармасы техникалық-технологиялық бөлімінің бастығы, бас технологы болып жұмыс істеді.

1988-1990 жылдары «Гурьев мұнай-газ геология» ӨГБ Каспий мұнай барлау экспедициясында бас инженер, «Эмбамұнай» ӨБ Балықшы барлау бұрғылау басқармасының бас инженері, 1990-1993 жылдары бастығы болды.

1993-1997 жылдары «ҚазақстанКаспийШельф» АҚ Атырау аумақтық дирекциясының бас директоры, Солтүстік Каспий Консорциумының вице-президенті қызметтерін атқарды. «Статойл» компаниясында, Солтүстік теңізде оқу мен машықтанудан өтті. 1997-1998 жылдары «ҚазақстанКаспийШельф» АҚ вице-президенті болып еңбек етті.

1998-2001 жылдары Аджип ККО (ОКИОК) корпоративтік сервис және бизнесті қолдау жөніндегі менеджері болды.

К.Ниязұлы - теңіз және жерүсті барлау, кен орындарын жайғастыру және пайдалану ісінде тәжірибелік білімі мол жоғары білікті маман. Техника ғылымдарының кандидаты. Британдық директорлар институтының сертификатталған директоры.

Соңғы жылдары «ҚазМұнайГаз» барлау өндіру» АҚ Бас директоры болды. Ол көптеген терең ұңғымалардың, мұнай кеніштерінің ашылуына зор үлес қосты.

«Құрмет» орденімен марапатталған.

ИБРАЕВ ҚУАНЫШҚАЛИ



1941 жылы бұрынғы Гурьев (қазіргі Атырау) облысы, Бақсай ауданы, Яманка (қазіргі Махамбет) қыстағында дүниеге келген. 1949-1959 жылдары Құлсарыдағы Абай атындағы орта мектепте оқыған. 1959-1962 жылдары Құлсары автобазасында, Батыс Қазақстан автотранспорт мекемесінде жүргізуші болды. 1962-1963 жылдары Алматы облысы Талғар қаласындағы техникумда, 1963-1966 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеді. 1967-1988 жылдары ұңғыларды күрделі жөндеу мекемесінің мамандар бөлімінде инспектор, инженер болып еңбек етті. 1988-1990 жылдары «Гурьевглавснаб» басқармасының жаңадан құрылған «Тенгизопторг» мекемесінде жергілікті білікті мамандармен толықтыру мақсатында ұйымдастырылған мамандар бөлімінің бастығы болды. 1900-2004 жылдар аралығында Құлсары мұнай қабаттары өнімін арттыру және ұңғыларды күрделі жөндеу басқармасында экономика және жалақы бөлімінің 1-дәрежелі нормалаушы инженері болып еңбек етті.

Қ.Ибраев мерекелік медальдармен, салалық Құрмет грамоталармен, ВЦСПС-тің Құрмет грамотасымен марапатталған.

ИБРАЕВ ҚЫДЫРБАЙ



1900 жылы Гурьев облысы, Тайсойған өңірінде дүниеге келген. Әкесі Ибрай өз заманында ортасына, еліне беделді старшина, болыс болған кісі.

Қ.Ибырайұлы Кермақас деген жерде ашылған Қызыл отауда оқып, сауат ашқан соң, әкесінің қолдауымен Орынбордағы екі кластық мектепте оқиды. Әкесі қайтыс болған соң елге, Тайсойған, Бүйректіге оралып, әкесі салдарған мектепте балалар мен ересектердің сауатын ашады. Жаңа өкімет орнаған соң 1931 жылға дейін Тайсойған өңіріндегі 17-ауылдық кеңестің төрағасы болады.1932 жылы Гурьевтегі мұнай техникумы жанынан ашылған мұнай өндірісі шеберлерін дайындайтын алты айлық курста оқиды. Бітіргеннен кейін Құлсары, Комсомол, Қошқар, Сағыз, Мұнайлы кен орындарында шебер, аға шебер болып, зейнетке шыққанға дейін абыройлы еңбек етті. Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальдермен марапатталған

1968 жылы дүние салды.

ИБРАЕВ БАЛТАБАЙ



1952 жылы Гурьев облысы, Ембі ауданы, Мұнайлы қыстағында өмірге келді. Сондағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті 1969 жылы бітірген. 1971-73 жылдары әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1979 жылы Алматы қаласындағы ҚазМУ-дің филология факультетін бітірді. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін мектепте мұғалім, Мұнайлы поселкелік советі аткару комитетінің төрағасы болып қызмет етті. 1986-2000 жылдары «Теңізмұнайгаз» өндірістік бірлестігінің құрылыс басқармасындағы өндірістік базаның бастығы. Б.Қыдырбайұлы 2000-2004 жылдары Жылыой ауданы, Жаңа Қаратон поселкесінің алғашқы әкімі болды.. Жаңа Қаратон поселкесі – «Теңізшервойл» мекемесінің «Игілік» бағдарламасы негізінде бөлінген қаржымен жаңа жерден салынған елді мекен. Оған бұрынғы Қаратон, Сарқамыс және Қосшағыл елді мекендерінің тұрғындары қоныс аударды. 2004-2006 жылдары Жылыой ауданында «Құлсарысуканал» МКК директоры қызметін атқарды. 2006 жылдан бастап «Гимарат» ЖШС-інде база бастығы.

ИГЕНБАЕВ АҚПАН



1925 жылы Ақмола уезі, Көктас болысының екінші ауылында дүниеге келген. 1934-1942 жылдары Сарысу ауданының Ленин атындағы мектебінде оқыған. 1942-1948 жылдары әскер қатарында болды. Қарағандыда жұмыс істеді. Моңғолияда болған соң, Сахалиндегі қосалқы 1-жаяу әскер полкінде болады. 1945 жылы Жапондармен болған соғысқа қатысады. 48 жылы елге оралып, жүргізуші мектебінде оқиды. Карл Маркс атындағы колхозда жұмыс істейді. 1950-1957 жылдар аралығында кітапхана меңгерушісі, ауылдық кеңес хатшысы, сиыр фермасының меңгерушісі болад,ы, Шымкенттегі колхоз бастықтарын дайындайтын курста оқиды. Кіші агроном мамандығын алады. 1957-1960 жылдары Калинин атындағы совхозда зоотехник, 1962-1971 жылдары осы совхоздың директоры болды. "Жайылма" совхозында еңбек етті. Ауылдық, аудандық кеңестің депутаты болып сайланған. Бірнеше жауынгерлік, мерекелік медальдармен марапатталған.

2013 жылы қайтыс болды.

ИҒАЛИЕВ ДОСАН



1926 жылы Гурьев (қазіргі Атырау) облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсойған ауылдық кеңесіне қарайтын Миялы селосында туылған. 1941 жылға дейін жеті кластық білім алған. Барлық ел азаматтары неміс фашистерінен елді қорғауға аттанып кетіп, ауылдағы мектептер жабылып қалды. Елде қалған адамдар күн-түн демей әлі келген жұмысты жалаңаштығы мен аштығына,-шаршағанына қарамай атқарып жатты. Балалық дәуірді былай ысырып тастап, Досан да үлкендерше еңбек етіп, көзге түсті.1944 жылы армияға алынып, 1945 жылы 1-Белоруссия майданында соғысқа қатысты. Берлинге таяу қалғанда аяғынан ауыр жаралы болды. Госпитальда емделіп, бір аяғын кестіріп, жеңіспен туған елге оралады. 1947 жылы біржылдық ауыл шаруашылық мектебінде оқып, зоотехник болып жұмыс жасайды. 1954-59 жылдары кітапханашы болды. 1960-1979 жылдары Қызылқоға аудандық тұтынушылар одағында, сауда саласында аға тауартанушы болып еңбек етті. Сауда саласында жұмыс істеп жүргенде, кешкі мектепте оқып, 1965 жылы орта білім алды. 1968 жылы Ақтөбе қаласынан сауда техникумында сырттай оқып, арнайы білім алады. Неміс фашистеріне қарсы соғыста көрсеткен ерлігі мен қызметі үшін «Даңқ», Ұлы Отан

соғысы орденімен, сауда саласында ұзақ мезгіл мінсіз атқарған еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен, басқа да көптеген медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталды.1979 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты.

1984 жылы қайтыс болды.

ИҒАЛИ ЕРБОЛАТ



1980 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Жасқайрат селосында дүниеге келген.

2000 жылы Атырау политехникалық колледжін бітіріп, 2007 жылы Атырау мұнай және газ институтының экономика факультетін бітірген. 2000 жылдан Қызылқоға аудандық «Қызылқоға» газетінің редакциясына тілші болып жұмыс істеді. 2005-2010 жылдары Ойыл ауылдық округінде бас маман, 2010 жылдан бастап сол округ әкімінің міндетін атқарушы, 2011 жылдан округ әкімі болып қызмет атқарады

И.Ерболат- қай салада болса да өзі ісінің жетік меңгерген маман.

ИЗМАҒАНБЕТОВА ҚАНИПА



1958 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. 1965-1975 жылдары Қазақстанның 50 жылдығы атындағы мектепте оқыған. Еңбектен қол үзбей жүріп Алматы сауда техникумын тауартанушы мамандығы бойынша аяқтап, "Казбакалейторг" мекемесінде істеген. 1979 жылдан осы мекемеде аға заңгер. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін заңгер мамандығы бойынша сырттай оқып бітірген.1992 жылы Атырау облыстық прокуратурасына бөлім прокуроры қызметіне қабылданған. Кейіннен әртүрлі дәрежедегі қызметтерді атқарды. Облыс прокурорының аға көмекшісі қызметін атқаруда.

Қ.Молдағалиқызы әділет кеңесшісі (подполковник), 1–дәрежелі прокуратура озаты. Көптеген салалық марапаттардың иегері.

ИЗМАЙЛОВ ТЕЛЬМАН



1937 жылы Орынбор облысының Краснохолм ауданындағы Дмитрова қыстағында дүниеге келген.1956 жылы Жамбыл облысының Шу ауданындағы Ворошиловка ауылындағы орта мектепті бітірген. 1957-1962 жылдары Алматыдағы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының гидромелиорация факультетінде оқып, инженер-гидротехник мамандығы бойынша үздік аяқтайды.1962-1978 жылдары жобалау мекемелерінде еңбек етті. 1966 жылы "Казгипроводхоз" институтының Қарағанды жобалау-іздестіру экспедициясының бастығы болып бекітілді. Қарағанды экспедициясы негізінде Тельман Сафиұлы аса ірі "Центрказгипроводхоз" жобалау-іздестіру институтын құруға қол жеткізді. Оның іс-әрекет аймағы Қарағанды және Павлодар облыстарын қамтитын еді. Т.Сафиұлы 1979-1990 жылдары ҚСРО және ҚКСР Су шаруашылығы министрліктерінің органдарында эксперт, 1990 жылдан зейнет демалысына шыққанша ҚР Құрылыс министрлігінің экспертизалық мекемесінде бас эксперт қызметін абыройлы атқарды. Бұл жылдар ішінде Ақтау теңіз порты, Арал теңізі, Теңіз, Сырдария, Есіл, Мойнақ ГЭС-і, Қызылқұмды суландыру, т.б. ірі нысандарды эксперттік талдаудан өткізуге атсалысты.

Т.Сафиұлының еңбегі бірнеше мемлекеттік марапаттармен, Құрмет грамоталармен атап өтілген

ИЗМАЙЫЛОВ ХАЖЕДЕН

1957 жылы Астрахань облысында дүниеге келген. 1974 жылы Форт-Шевченко қаласының іргесіндегі Баутино қыстағындағы М.Горький



атындағы орта мектепті бітірген. Сол жылы Алматыдағы Қазақ политехникалық институтына түсіп, 1979 жылы бітірген. Институттан соң Маңғыстау облысының мұнай кеніштерінде еңбек етті. 1981-1982 жылдары комсомол, шаруашылық салаларында қызмет істеді. Маңғыстау облыстық дене тәрбиесі және спорт басқармасы бастығының орынбасары болды.1993-1997 жылдары кәсіпкерлікпен, бизнеспен айналысты. 1997-2005 жылдары Маңғыстау облыстық газ тасымалдау саласымен тікелей шұғылданып, "Ақтаутрансгаз", "Ақтаугаз", "Ақтаугазсервис",т.б. мекемелерде басшылық қызметтер атқарды. Оның тікелей араласуымен аймақта газды транспортпен тасымалдау мәселесі оңынан шешіліп, олардың жемісті қызмет етуі жақсы жолға қойылды.

Х.Мұжаберұлы қазір "Заман и К" ЖШС-нің директоры. Ол Орта Азия және Қазақстан бойынша каратэ-до федерациясының бас хатшысы, Маңғыстау облысы бойынша тете-президенті.

ИЗМАЙЫЛОВ МҰЖАБЕР



1925 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Байбек ауылында дүниеге келген. Әкесі Нығымет құғынға ұшырап, айдалып кеткен. Қай жерде, қай кезде қайтыс болғаны белгісіз. Мұжабердің әйелі отбасы жағдайымен Астрахань облысына қоныс аударады. 1921 жылы туған ағасы Ғұмар Қызыл Армия қатарына шақырылып, фин соғысына, Ұлы Отан соғысына қатысқан. II және III дәрежелі Даңқ орденімен марапатталған. Елге келген соң партиялық жұмысқа араласады. Астрахань облысы, Икриян аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болады. М.Исмайылов 1942-1945 жылдары Қызыл әскер қатарында, артиллерия батареясында ұрысқа қатысады. 1950 жылға дейін Украинада әскерде қызмет етті. 1950-1965 жылдары түрлі жұмыстар істеді. 1965 жылы Маңғышлаққа балық аулайтын мемлекеттік мекеме Баутино базасына басшылыққа келеді. Жетпісінші жылдардың басында кеме жөндейтін, балық аулайтын кәсіпорындар негізінде көпсалалы "Гурьеврыбхолодфлот" мекемесі құрылып, соның бірінші басшысы болып қызмет атқарады. Мұжабер Нығыметұлы басқарма бастығының орынбасары болды. Оның қызы Айгерім – Қазақстанға белгілі акушер-гинеколог, профессор, медицина ғылымдарының докторы.

М.Нығыметұлы 1977 жылы дүние салды.

ИМАНҚҰЛОВ ТІЛЕШ



1920 жылы Доссор кентінде туылған. Мұғалім. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Доссордағы мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс берді. Аудандық оқу бөлімінің инспекторы. Доссор кешкі жұмысшы-жастар мектебінің директоры болды. Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері белгісімен (1957), бірнеше мерекелік, жауынгерлік медальдермен марапатталған.

ИМАНОВ ЕДІЛ



1906 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Жыныс ауылында дүниеге келген. Ауыл молдасынан хат таныған, кейін мектепке барған. Әкесінен тоғыз жасында жетім қалған. Мектептен кейін мұғалімдік оқуды бітіріп, Қызыл отауға бастық болған. Кейін мектепке мұғалімдік жұмысқа ауысады.1937 жылы арғы аталары бай тұқымы болған деген жаладан бас сауғалап, осы күнгі Қызылорда облысының Жаңақорған ауданына барып қоныстанады. Фамилиясын әкесінің інісі Иманның атына өзгертіп, сол жерде мұғалімдік қызмет атқарады. Кейіннен Созақ көтерілісі салдарынан Келес ауданының Ворошилов атындағы колхозда еріксіз қоныс аударған ағайындарына келіп қосылады. 1938 жылы сол колхозға ферма меңгерушісі, артынша колхоз төрағасы болып сайланып, сол жұмысты 1954 жылға дейін абыройлы атқарады.Е.Торыұлы соғыс кезінде аз уақыт Ресейлік Свердловск қаласында офицерлер даярлайтын курста оқып, денсаулығына байланысты ауылына оралған.1954 жылы Арыс ауданында колхозға парторг әрі колхоз бастығының орынбасары, 1956 жылы сол аудандағы суландыру жүйесінде, 1967 жылы Бөген су қоймасы ашылғанда, сондағы басқармада учаске бастығы болып, сонда 1972 жылға дейін қызмет атқарды.

Еділ Торы 2010 жылы 104 жасында дүние салды.

ИМАНОВ ИБРАҺИМ



1959 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданы, Ермоловка, қазіргі Берген Исаханов ауылында дүниеге келген.1965 жылы сол ауылдағы Шевченко атындағы мектепте сегізжылдық білім алды. 1973-1975 жылдары Бөген ауданындағы Мамаев ауылындағы Ломоносов атындағы орта мектепте оқиды. 1976-1980 жылдары Алматыдағы политехникалық институттың тау-кен факультетіне түсіп, тау-кен инженері мамандығын алып шығады. Еңбек жолын 1978 жылы «Қарағандыкөмір» өндірістік бірлестігінің «Михайловская» шахтасында жерасты қазба жүргізушісі болып бастаған. 1979 жылы маусым-қыркүйек айы аралығында Донецк өндірістік бірлестігінің «Челюскинцы» шахтасында өндіріс мектебінен өтеді. 1980-1983 жылдары Павлодар облысындағы «Майкаиналтын» кен өндіру басқармасына қарасты Майқайың жерасты кен орындарының тау шебері, бұрғылап атудың аға инженері қызметін атқарды.Осында жүргенде комсомол ұйымын басқарушы болды, БЛКЖО ОК Алматыдағы мектебінде оқиды.1983-1985 жылдары Екібастұз қалалық комсомол қызметіндегі Бүкілодақтық комсомол құрылысы штабының бастығы қызметін атқарды. 1985-1991 жылдар аралығында Екібастұз қалалық атқару комитетінің халықтық бақылау комитетінің инспекторы. Мемлекет басшысының құқықтық мемлекетті құру талабына сәйкес 1995 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің құқықтану факультетіне сырттай оқуға түсті.1991-1993 жылдары ІІМ органдарында қызмет атқарды. 1993 жылдан бастап прокуратура органдарында қызмет атқарады. 1993-1994 жылдары Павлодар облысы, Екібастұз қаласы прокуратурасында сынақ мерзімін өтейді. 1994-1997 жылдары Екібастұз қаласы прокурорының көмекшісі, 1997-2000 жылдары Павлодар облысы Качир ауданының прокуроры, 2000-2001 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының әлеуметтік-экономикалық қадағалау саласы бойынша департаменті бөлімінің аға прокуроры. 2001 жылы ҚР Бас прокуратурасы департаментінің мемлекеттік органдар қызметінің заңдылығын қадағалау саласы бойынша аға прокуроры. Меншік және кәсіпкерлік заңдарының қолданылуын қадағалау жасау бөлімінің аға прокуроры, қадағалау бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды.2002-2010 жылдары Павлодар облысы прокурорының орынбасары. Қарағанды облысы прокурорының орынбасары, Павлодар облысы прокурорының бірінші орынбасары болды. Алматы қаласы мамандырылған табиғат қорғау прокуратурасының прокуроры болды. 2011 жылдан Оңтүстік Қазақстан облысы прокурорының орынбасары, бірінші орынбасары қызметтерін атқарды.Ол облыс прокурорларының және Бас Прокурордың бұйрықтарымен бірнеше рет марапатталған. 1-дәрежелі прокуратура озаты. «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» медалінің иегері. 2012 жылдың қыркүйегінен бастап Оңтүстік Қазақстан облысының прокуроры.

ИМАНОВ НҰРЖАН



1980 жылы Павлодар қаласында туған.1998 жылы Екібастұз қаласындағы орта мектепті бітірген.2002 жылы Қазақ гуманитарлық заң университетін құқықтану мамандығы бойынша, 2004 жылы Павлодар экономика университетін экономика мамандығы бойынша, 2010 жылы Халықаралық бизнес академиясын бизнесті басқару мамандығы бойынша бітіріп шыққан. 2002-2003 жылдары «Караганда-Дистрибьюшин» ЖШС-індегі энергетикалық талдау тобының басшысы.2003-2005 жылдары «Қарағанды Жарық» ЖШС Бас директоры, «Қазақстан коммуналдық жүйелері» АҚ басқарушы директоры, «Ордабасы корпорациясы» АҚ директорлар кеңесі аппарат басқарушысының орынбасары, «Қазақстан коммуналдық жүйелері» АҚ коммерциялық мәселелер жөніндегі вице-президенті, «Қазақстан коммуналдық жүйелері» АҚ маркетинг жөніндегі вице-президенті қызметтерін атқарды. 2006-2008 жылдары «Қарағанды Жылу» ЖШС-інің атқарушы директоры болды. 2008 жылдан «Қарағанды Жарық» ЖШС Бас директоры қызметін атқаруда.

ИМАНӘЛІҰЛЫ ОРАЗ



1914 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылында туды. 1923 жылы мектепке оқуға барды. 1929 жылы Миялы ауылдық кеңесінде ашылған сауатсыздар мектебінде мұғалім болды. 1929-1932 жылдары Ақтөбе қаласындағы педагогикалық оқу орнын бітірген. 1932-1938 жылдары Ақбұлақ орталау шағын мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, 1938-1940 жылдары Алматы станциясындағы №21 орта мектепте мұғалім болған. 1940-1942 жылдары Моңғол Халық Республикасының сұрауы бойынша Баян-Өлгий аймағында шәкірттерге дәріс берген. Себебі Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитеті тарапынан он мұғалім осы елге ұстаздық етуге жіберілген болатын. Қазақстан Республикасы Президентінің архивінен табылған сол кездегі Қазақстан Компартиясы ОК шешімдерінде Ораздың да өмірбаяны бар екен.«Иманалин Ораз – Ақтөбе облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылында 1914 жылы туылған. Мектеп бітірісімен өз ауылында мұғалім болған. Шетелге барарда тәжірибелі мұғалімдердің бірі болатын. Алматы педагогикалық институтында оқыды. Ол комсомол мүшесі. Алматыдағы №21 мектептің үздік оқытушысы болатын. Сол мектептің берген мінездемесінде тәртіпті, қоғам жұмысына белсене қатысатын деп жазылған. Жоғарыда аталған азаматтардың анықтамасында жазылғандай, Ораз да «Жаулар өкіметіне (ол кездегі «ақтар») қатысы жоқ, ақтар әскерінде соғысқан емес», - деп жазылған. 1942-1946 жылдары Қарақалпақ Республикасында Тахтакөпір ауданында, Ходжейлі қаласында және Ақтөбе облысындағы Мартөк стансасындағы балалар үйінде директор болып қызмет атқарады. 1946-1947 жылдары Мартөк жетіжылдық мектебінде оқу ісінің меңгерушісі болып, география пәнінен дәріс береді. 1948-1949 жылдары Гурьев облысының Қосшағыл деген жерінде мұғалім болып істеді. 1949-1970 жылдары Құлсарының Лермонтов, Макаренко, Абай орта мектептерінде оқу ісінің меңгерушісі, директор, мұғалім болып қызмет істеді. Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері. Бірнеше Құрмет грамоталармен марапатталған.

1981 жылы дүние салды.

ИМАШЕВ САТТАР

1925 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданында туған. Қазақстанның партия қайраткері, тарих ғылымының кандидаты (1954). 1945 жылдан КПСС мүшесі. Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетін, республикалық партия мектебін (1949) бітірді. 1942 жылы Новороссийск орта мектебінде (Ақтөбе обл.) мұғалім болып істеді. 1944 жылы Рига әскери училищесін бітіргеннен кейін әуе-десант бөлімдерінде командир болды. 3-Украин майданы құрамында Ұлы Отан соғысына қатысты. 1946-50 жылдары Қазақстан КП Ақтөбе обкомы үгіт және насихат бөлімінің нұсқаушысы және сектор меңгерушісі. 1950-58 жылдары Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтының аспиранты және аға ғылыми қызметкері. 1954-58 жылдары Қазақстан КП тарихын жазуға қатысты. 1958-60 жылдары Қазақстан КП ОК үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары. Партия тарихы институтының директоры. 1961-1965 жылдары Тың өлкелік партия комитетінің секретары. 1965 жылдан Қазақстан КП ОК-нің секретары. 1961-65 жылдары Қазақстан КП ОК-нің мүшелігіне кандидат, 1965 жылдан оның мүшесі. 1965-66 жылдары Қазақстан КП ОК-нің Президиум мүшесі, 1966 жылдан оның Бюро мүшесі. 6-8- сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің және 8-сайланған КСРО Жоғарғы Советінің депутаты. КПСС 24-съезінің делегаты. Азия және Африка елдерімен ынтымақтастық жөніндегі Совет комитеттің президиум мүшесі .Ленин ,Октябрь революциясы, 2 мәртеЕңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және медальдармен наградталған.



ИМАШЕВ МҰРАТ



1954 жылы Ақтөбе облысында дүниеге келген. 1982 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін «Теоретикалық және математикалық қызмет» мамандығы бойынша тамамдаған. Қызмет жолын 1983 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің оқытушысы, теоретикалық физика кафедрасының аға инженері болып бастаған ол ондаған жылдар бойы қоғамдық өміріміздің маңызды салаларында жауапты қызметтер атқарды. Физика-математика ғылымдарының кандидаты. 50-ден аса ғылыми жұмыстардың авторы болды. 2000 жылдан «КазТрансГаз» АҚ компаниялар тобында қызмет ете бастаған Мұрат Саттарұлы еліміздің газ тасымалдау жүйесіндегі сенімділікті қамтамасыз ету ісіне де қомақты үлес қосты.

М.Саттарұлы белгілі қоғам қайраткері, ұлтымыздың аяулы перзенті, кезінде Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы қызметін абыройлы атқарған Саттар Имашевтің асыл тұяғы еді.Білімі терең, білігі жоғары, парасаты биік асыл азамат қарапайым адам ретінде де, басшы ретінде де жүрген ортасының үлкен сый-құрметіне бөленген асыл азамат 2011 жылы дүние салды.

ИМАШЕВ ҚУАНҒАЛИ



1949 жылы Атырау облысында туған. 1966 жылы «Мұқыр» орта мектебін бітіргеннен кейін кейін 1968 жылға дейін ауыл шаруашылығында еңбек етеді. 1968-1970 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтейді. 1970-1973 жылдары Талғар қаласындағы техникумының ауыл шаруашылығын электрлендіру факультетінде оқыған. 1973-2000 жылдары Гурьев темір жол бөлімшесінің төртінші энергиялық бөлімшесінде еңбек етті. 2000 жылдан осы уақытта дейін "Ембіэнергомұнай" мекемесінде шебер болып қызмет етіп жүр.Қ.Имашев 1977 жылы "Құрмет белгісі" орденімен марапатталған. 1985 жылы Қызылқоға аудандық мәслихатының депутаты. КСРО Құрметті теміржолшысы.

ИНТЕНГЕНОВА НАСЮТА



1945 жылы Астрахань облысының Селитренное елді мекенінде туған. 1964 жылы Астрахань қаласындағы есеп-кредит техникумын, 1972 жылы Саратов экономика институтын бітірген. Еңбек жолын 1964 жылы Гурьев облысының Ганюшкино елді мекеніндегі Мемлекеттік банктің қаржыландыру бөлімінің аға экономисі, 1969-1981 жылдары Гурьев қалалық Мемлекеттік банк басқарма бастығының орынбасары болып қызмет етті.

Н.Сарғайқызы 1981-1986 жылдары Мемлекеттік банктің облыстық кеңсесінің қалалық басқармасының бастығы болды. 1986-1990 жылдары "Гурьевнефтегазгеология" бірлестігінің финанс бөлімінің бастығы, 1990-1999 жылдары Гурьев қалалық салық инспекциясының бастығы, Атырау қалалық салық комитетінің төрайымы лауазымында жұмыс істеді.1999-2002 жылдары Атырау облыстық салық комитетінің төрайымы, 2002-2005 жылдары Атырау облысы әкімінің қаржы және салық жөніндегі кеңесшісі қызметін атқарды. Бірнеше салалық Құрмет грамоталарымен, екі медальмен марапатталған.

ИСАҚОВ СЕРІК



1950 жылы Гурьев қаласында туылған. Техник-энергетик. Гурьев политехникумын бітірген. 1968 жылы Доссор мұнай кәсіпшілігінде электр монтері. 1971 жылы «Доссормұнай» базасы комсомол комитетінің хатшысы. 1979 жылы "Доссормұнай" базасы электр құрал-жабдықтарын жөндеу учаскесінің бастығы. 1987 жылы «Доссормұнай» базасы кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1989 жылы базаның техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімінің инженері, басқарма, партком хатшысының орынбасары, 1991 жылы өндірістік қызмет көрсету базасының инженер энергетигі. 1996 жылы басқарма бастығының орынбасары, әлеуметтік даму бөлімінің бастығы.

ИСАҚОВ ХАКІМ

1922 жылы Астрахань облысында туылған. Экономист. Саратов мұнай техникумын бітірген (1954). Ұлы Отан соғысына қатысушы. Ембінің мұнай кенінде экономист болып жұмыс жасаған. Мақат аупарткомының бірінші хатшысы (1966) болған. Төрт медальдың иегері.

1966 жылы өмірден озді.

ИСАНОВ ДАУЫЛБАЙ



1952 жылы Доссор кентінде туылған. Мұнайшы-техник. Атырау политехникумын бітірген. Еңбек жолын Доссор автокөлік зауытында 1972 жылы балғашы болып бастаған. Содан бері осы зауытта фрезерші болып істейді. III дәрежелі Еңбек даңқы орденімен, жарыс озаты белгілерімен марапатталған.

ИСАБАЙҰЛЫ ҚАЛЫМБЕТ



1924 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Кентау қаласындағы Хантағы елді мекенінде дүниеге келген. 1941 жылы Кентау қаласындағы орта мектепті бітірді. 1941-1945 жылдағы соғыс жылдарында Хантағы кенішінің тау-кен цехында, шахтада жұмысшы. 1945-1949 жылдары Алматы заң институтында, 1957 жылы Москва қаласындағы прокурорлар білімін жетілдіру курсында оқыды. 1949-1953 жылдары алдымен Орал қаласы прокурорының бөлім бастығы, 1953-1959 жылдары Орал қаласының проку-

роры, 1959-1963 жылдары Семей қаласының прокуроры болды. Бір жылдай Жамбыл облысы прокурорының аға көмекшісі қызметін атқарды. Мұнан кейінгі жылдары ол Шымкент облысы, Түркістан ауданының (1964-1968) прокуроры, ізінше Талдықорған облысы прокурорының аға көмекшісі болды.

Қ.Исабайұлы 1968-1973 жылдары Гвардия ауданының прокуроры, 1973-1983 жылдары Қаратал ауданының прокуроры қызметін атқарды.1983-1985 жылдары Кербұлақ ауданының прокуроры, 1985-1991 жылдары Қаратал аудандық «Адам және заң» заңгерлер қоғамының төрағасы болып істеді.

1991 жылы дүние салды.

ИСМАҒАНБЕТОВ ТӨЛЕКБАЙ



1946 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. 1954-1965 жылдары қалалық Орджоникидзе атындағы мектепте орта білім алған. 1965-1968 жылдары Отан алдындағы борышын Шығыс Қазақстан облысында өтеген. 1968-1984 жылдары Гурьев темір жол жүйесінде бақылау пунктінде, бумен жуу стансасында істеді. Аға инспектор болған. Ақтөбе теміржол техникумын бітірген. Бірнеше медальдармен марапатталған. Жауғашты-Батырқожа-Құдайназар тарауының шежіресін жасауға атсалысқан.

ИСАТАЙҰЛЫ БИМҰРАТ



1951 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Жайылма ауылында туған. 1968 жылы мектепті бітірген соң Шымкент қаласындағы Әл-Фараби атындағы мәдениет институтына түседі. Оны бітірген соң Ықылас Дүкенов атындағы музыка мектебінде ұстаздық етті. Жаңатастағы «Геолог» мәдениет үйінің директоры, содан кейін өмірінің соңына дейін Ықылас Дүкенов атындағы өнер мектебінің директоры болып қызмет атқарды. ҚР халық әртісі.

2001 жылы қайтыс болды.

ИСАТАЕВА АРДАҚ



1976 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылында дүниеге келген. 1983-1993 аралығында В.И. Ленин атындағы орта мектепте оқыған. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде аудандық, облыстық концерттерге қатысып, көзге түскен. Әншілердің Кенен Әзірбаев атындағы облыстық байқауында үшінші орынды иеленген. 1993-1998 жылдар аралығында Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының халық әні кафедрасында Арқаның әншілік мектебі бойынша белгілі өнер қайраткері, әнші Бекболат Тілеуханнан дәріс алған. 1997 жылы Ұлан гвардиясы жанынан құрылған президент оркестрінің жеке әншісі болып жұмыс атқарды. 1998-2005 жылдары Мемлекеттік «Гүлдер» ансамблінің солисі болып қызмет істеген.2000 жылдан бері Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының халық әні кафедрасында Арқа әншілік мектебі бойынша дәріс береді. Көптеген шәкірттер дайындаған. Шәкірттері халықаралық, республикалық байқаулардың жүлдегерлері (Е.Рысқали, Т.Әбуғазы, П.Тұрарова, Ә. Нартуеева, Ж.Маясаров, Е.Шаңбаев, т.б.). болды.1998 жылы Қарағанды қаласында өткен Ж.Елебеков атындағы I Республикалық байқаудың лауреаты атанып, бірінші орынды иеленді. 2000 жылдан Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері. Әлемнің көптеген елдерінде, яғни АҚШ-тың Вашингтон, Бостон, Нью-Йорк, Лос-Анджелос, Хьюстон, Санта-Барбара, Чикаго, Рочестер қалаларында, Канада, Испания, Италия, Швейцария, Франция, Қытай, Гонконг, Сингапур, Үндістан, Түркия, БАӘ, ТМД елдерінің көпшілігінде өнер көрсетті.«Қазақстан» ұлттық, «Ел арна», «Алматы» телеарналарында өткізілген «Жеті саз», «Алтыбақан», «Дала-думан», «Сегіз қырлы», «Саз-толғау», «Бір әннің тарихы» бағдарламаларына қатысып, талай рет өнер көрсетіп жүр.

ИСАҚ САРМАНТАЙ



1952 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Бөген ауданындағы XXII партсъезд кеңшарында дүниеге келген. Ол орта мектепті бітіргеннен кейін ауыл шаруашылығы бойынша мамандық алып, сол салада еңбек етті. 1977-1978 жылдары Бөген аудандық газетінде корректор, суретші, тілші болып істеді. 1978-1985 жылдары аға агроном, бас агроном болып қызмет етті. 1994-1998 жылдары Шымкент қаласының Бозарық ауылының әкімі, содан кейін Шымкент қаласы әкімінің аппаратында, 1998-1999 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің ақпарат және келісім басқармасында жауапты қызмет атқарды. 1999 жылдан бері Шымкент қаласы әкімшілігінде жауапты қызметкер болып істеп жүр. С.Исақұлы – Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі. Оның «Жерұйыққа саяхат», «Қызыл сәуле», «Үрей жайлаған дала», «Құмар», «Сенсация века» кітаптары орыс, өзбек, қырғыз тілдеріне аударылған. Ол – қазақ әдебиетіндегі ғылыми-фантастикалық жанрға қалам тартып жүрген санаулы жазушылардың бірі. Оның шығармаларында ғылыми тұжырымға негізделген қызықты идеялар жеткілікті. Жазушы соңғы жылдары «Тұлдыр тағдыр» атты ғылыми-фантастикалық романын аяқтады. Қаламгер бұл шығармасында жер сілкінісін тоқтату туралы қызғылықты идея ұсынады. С.Исақ көптеген Құрмет грамоталармен, мерекелік медальмен марапатталған.

2008 жылы ОҚ облысының, «Ең үздік жазушы» дипломын иеленген.

ИРЕНОВ КӘРІМ



1935 жылы Астрахань облысы, Красноярский ауданы, Исекей селосында дүниеге келген. 1950 жылы Байбек жетіжылдық мектебін бітіргеннен кейін Астрахань облысының Марфино ауданындағы Володар педагогикалық училищесін 1955 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. 1955-1958 жылдары әскери борышын өтеді. 1958 жылы Орал қаласындағы Пушкин атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне оқуға түсіп, 1963 жылы сәтті аяқтайды. 1963-1965 жылдары Красноярский ауданындағы «Ақсарай» орта мектебінде еңбек етеді. 1965-1972 жылдары сол аудандағы Сейіт орта мектебінде мектеп директоры болды. Отбасылық жағдаймен Гурьев облысына оралады. Жаңа құрылған облыстық Бейнеу ауданындағы №493 мектептің директоры болып 1975 жылға дейін қызмет атқарды. 1975-1980 жылдары Бейнеу аудандық партия комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі, 1980-1988 жылдары Маңғышлақ облыстық партия комитетінде лектор, ұлтаралық қатынас секторының меңгерушісі 1988-1990 жылдары қалалық, содан соң мұғалімдер білімін жетілдіру институтының директоры, облыстық "Білім" қоғамының төрағасы болып еңбек етті. Содан кейін "Южнонефтепровод" өндірістік бөлімінде инженер, маман, саясаткер, қазақ тілі пәнінің мұғалімі қызметтерін атқарды. Мемлекеттік тілді дамыту бағытында бірнеше пән кабинеттерін жабдықтады. К.Нәжімеденұлы бірнеше салалық, мерекелік медальдармен, көптеген Құрмет грамоталармен марапатталған. Зейнетке шыққа да ұлт тілінің шынайы жанашыры болып, көп мекемелердегі орыстілді қызметкерлерге сабақ береді. Ол- белгілі қоғам қайраткері, ұлт қамқоры болған Мақаш Бекмұхамбетов туралы үлкен кітаптың авторы. ҚР білім беру ісінің үздігі. Бауыры Ғабит Иренұлымен бірігіп, "Век двадцатый и мы" атты мемуарын жазған.

ИРЕНОВ ҒАБИТ



1938 жылы Астрахань облысының Красноярский ауданының Қараөзек ауылында туған. 1945-1955 жылдары Атырау (Гурьев) облысының Теңіз, қазіргі Құрманғазы ауданының Сафонов атындағы орта мектебінде оқыған.1957-1960 жылдары Кеңес Армиясының қатарына алынып, Кавказ, Украина, Румыния елдерінде әскери қызметтер атқарды. Майор.1965 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының тарих-филология факультетін, 1980 жылы Алматы Жоғарғы партия мектебінің журналист бөлімін бітіріп, 1985-1988 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ізденушісі болды.1985-1992 жылдары педагог, саяси-партия қызметкері, тарихшы-ғалым, халықаралық саясаткер жұмыстарымен айналысты, мұғалім, мектеп директоры, 15 жыл бойы Павлодар облыстық партия комитетінде халықаралық мәселелер жөніндегі лекторы, обкомның лекторлар тобының жетекшісі, кафедра доценті, Павлодар пединститутының филология факультетінің деканы, орынбасары болып істеді. 1993-1999 жылдары Павлодар пединститутының Екібастұз филиалының және педучилищесінің, кейін Екібастұз жоғарғы педагогикалық колледжінің (пединститут статусы берілген) директоры болып еңбек етті.1999-2001 жылдары зейнеткерлікке шыққанан кейін Павлодар, Ресей, Қазақстан, Қазақстан мемлекеттік заңгерлік университетінің Екібастұздағы, Павлодардағы филиалдарының тарих-заңгерлік, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедраларының меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2001 жылы Павлодар мемлекеттік университетінің әлеуметтік-саяси, философия кафедрасының меңгерушісінің ғылым жағын басқаратын орынбасары, профессор, ал 2007 жылы Аймақтық саяси зерттеу орталығының директоры болып тағайындалды. Ғ.Нәжімеденұлының 150-ден астам ғылыми еңбектері жарияланған. Олар Ресей Федерациясында, Азербайжанда, Қазақстанның ғылыми-теориялық саяси-қоғамдық республикалық журналдарында жарияланды. «Консолидация общества», «Отвечая духу времени» монографияларының, үш ғылыми еңбектер жинағының авторы.

Ғ. Нәжімеденұлы КСРО, Румыния медальдарымен, көптеген салалық медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі. Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент. Халықаралық жүйе бойынша Москваның Халықаралық академиясының ғылыми кеңесінің шешімімен тарих ғылымдарының докторы дәрежесі және ассоциациялық ғылыми профессор лауазымы берілген. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің конкурсы бойынша «Үздік профессор» атағының иегері. Саясаттану ғылымдарының докторы. Әлеуметтік ғылым академиясының академигі, профессор.

ИХСАНОВ ЕРСАЙЫН



1950 жылы Атырау облысы Құрманғазы ауданының Котяевка селосында дүниеге келді. Сол ауылдағы Крупская атындағы орта мектепті үздік бітірді. 1971 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының математика факультетін үздік бітіріп, 1976 жылға дейін Гурьев педагогика институтының математика кафедрасында оқытушы болды. 1976-1979 жылдары Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының аспирантурасында «Дифференциалдық және итегралдық теңдеулер» мамандығы бойынша оқыды. 1979 жылдың Гурьев педагогика институтының математикалық анализ кафедрасында аға оқытушы, доцент, 1991 жылдан Атырау мұнай және газ институтында жоғары математика кафедрасының меңгерушісі қызметінде болды.1997-2001 жылдары Унат институтының Атырау филиалының директоры, 2001 жылдан

бері Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының ректоры. Институттың қалыптасуы мен қазіргі заман талабына сәйкес жабдықталуына аса мән бере отырып, Атырау облысындағы үшінші жоғары оқу орнының негізін қалады. Ерсайын Уәлитханұлы 1991 жылы «Конустық прецессия аймағындағы симметриялық спутниктің периодтық қозғалыстары» тақырыбында кандидаттық, 2005 жылы «Аспан механикасының жаңа модельдеріндегі Ляпунов бойынша орнықтылық мәселесі» тақырыбы бойынша докторлық диссертациясын қорғады. Атырау облысы тарихындағы математика саласындағы ең алғашқы ғылым докторы.

Е.Уәлитханұлы Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері. Ғалымның 3 монография, 80-нен астам ғылыми еңбектері жарық көрді. Ғалым Англия, Жапония, Ресей, Украина, Белоруссия, Молдова, Тәжікстан және тағы да басқа мемлекеттерде өткен ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, баяндамалар жасады. Е.У.Ихсанов облыстың қоғамдық өміріне де белсене араласып, түрлі шараларға қолдау көрсетіп келеді. Ол Атырау қалалық IV сайланған мәслихатының депутаты болып сайланған.Ерсайын Уәлитханұлы ұстаздық, ғылыми және қоғамдық қызметтері үшін Қазақстан ЛКЖО Орталық комитетінің, ҚР Білім беру министрлігінің Құрмет грамоталарын иеленген, ҚР білім беру саласының озық қызметкері. Ғылым саласындағы ерекше еңбегі үшін Оксфорд университетінің Сократ атындағы медалімен ұлықталған. ҚР еңбек сіңірген қайраткері. Атырау облыстық комитетінің депутаты.

ИШАНОВ АМАНҒАЛИ



1940 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауданы, Тоғанас ауылында, «Правда» газеті атындағы астық совхозында дүниеге келген. 1950-60 жылдары Правда, Қызылту, Жымпиты орта мектептерінде оқыды. 1960-1964 жылдары Совет Армиясы қатарында болды. 1964-1969 жылдары Батыс Қазақстан облысы ауылшаруашылығы институтында оқыды. 1969-1977 жылдары жолдамамен бұрынғы Целиноград облысы, Державин ауданы Тассуат мал бордақылау, Уәлиханов атындағы астық совхозында бас экономист болып қызмет істеді. 1977-1996 жылдары Орал обылысы Жымпиты ауданы XXV – Партсъезд атындағы совхозында бас экономист директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды. 1996-2003 жылдары «Батысгаз ААҚ» есепші қызметін атқарды.

2003 жылдан бастап зейнеткерлікке шықты.

КӘРІМОВ ӘБІЛҚАСЫМ



1952 жы¬лы Қаратау қаласында туған. 1969 жылы мектеп бітір¬ген соң Жаңатастағы геологиялық барлау партиясында жұ¬мыс істеген. 1978 жылы Қа¬заҚ политехникалық институтын бітірген соң Көкжон, Солтүстік-Батыс, Киыстас кеніштерінде энергетик, бас энергетик, участке бастығы, кен басқармасы бас энергетигінің орынбасары болып істеді. Қазір «Каратау» комбинатында еңбек етіп жүр. Ә.Кәрімов – тәп-тәуір лирикалық өлеңдер жазып, өлең өлкесіне де қол созып жүрген азамат.

КЕЙКЕШОВ ДОСЫМҚОЖА



1937 жылы Ескене кентінде туылған. Мұғалім. Гурьев педагогика институтын бітірген. 1959 жылы Қошқар орта мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директоры, аудандық білім беру бөлімінің инспекторы, аупарткомның бөлім меңгерушісі, Доссордағы №4, Абай атындағы орта мектептерде директор. Абай атындағы мектептің мұғалімі, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері.

КЕЙКЕШОВ ҚАСЫМҚОЖА



1935 жылы Атырау облысы, Мақат ауданы, Ескене кентінде туылған. 1954 жылы Доссордағы В.Г.Белинский атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін Гурьев мұғалімдер даярлайтын институтына түсіп, 1956 жылы аяқтаған. Институтты бітірген соң Орынбор облысы, Адамовка ауданында мұғалім болды. 1957 жылдан бастап Мақат ауданының Абай кешкі жұмысшы-жастар мектебінде істеді. Мақат аудандық комсомол комитетінде мектептер бөлімін басқарды. Мақат аудандық партия комитетінде сектор меңгерушісі болып еңбек етті. 1963 жылы Мақат ауданының таратылуына байланысты В.Г.Белинский атындағы мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директоры болды. Осы мектептің педагогикалық ұжымын 25 жыл басқарды.1998 жылдан бастап зейнет демалысында. Қ.Жақсығалиұлы Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі. Оған 1991 жылы ҚКСР-ының еңбек сіңірген мұғалім атағы берілген. Ол бірнеше медальдардың, Құрмет грамоталардың иегері. Доссор поселкесінің, Мақат ауданының Құрметті азаматы.

КЕЙКІН ШӘКІР



1970 жылы Құлсары қаласында туған. Қазақ политехникалық институтын (1993ж.) бітірген. 1993-1994 жылдары «Теңізмұнайкомплект» ЖШС – нің коммерциялық бөлімінің брокері, бастығы, 1996 жылдан президенттің ортақ мәселелер жөніндегі көмекшісі, 1997-2001 жылдары коммерциялық мәселелер жөніндегі тете-президенті, 2001-2007 жылдары «Казстройсервис» ЛТД ЖШС-нің директоры, Қосшағыл поселкелік округінің әкімі. «Қазстройсервис» ЛТД ЖШС-нің ауданға сіңірген еңбегі үшін Жылыой ауданы және Атырау облысы әкімінің атынан «Жылдың үздік кәсіпкері» номинациясы бойынша дипломдармен марапатталған.

КЕНЕСАРИЕВА СӘНЖАН



1945 жылы Атырау облысы, Мақат ауданы, Ескене кентінде дүниеге келген. 1963 жылы Жылыой ауданы, Құлсары қаласындағы Абай атындағы орта мектепті бітірген. 1963-1967 жылдары Атырау мемлекеттік педагогикалық институының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін бітірген. 1967 жылдан күні бүгінге дейін өзі бітірген мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. С.Төреғалиқызы -жоғары санатты мұғалім. ҚР білім беру ісінің үздігі. "Еңбек ардагері" медалімен, аудандық, облыстық мақтау грамоталарымен бірнеше рет марапатталған. Тәлімгер-ұстаз. 1986-1994 жылдары мектепте оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. Ол шежіре жасау ісіне белсене атсалысты.

КЕНҒАНОВ АЖЫҚ



1902 жылы Атарал ауылында дүниеге келген. Туған ауылында ұжымшар басқармасының төрағасы,Жылыой аудандық аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы, аупартком бюро мүшесі болып, ауданның ауыл шаруашылығының дамуына көлемді үлес қосқан.

1944 жылы дүниеден озды.

КЕНҒАНОВ МҰРЫНБАЙ



1922 жылы Қияқ ауылында туған. 1941-1980 жылдары Жаршық ауылында Қараша орталау мектебінде мұғалім. "Қызыл ту" ұжымшарында, мемлекеттік банкте, Қосшағыл мектебінде, Қамыскөл мектеп – интернатында, Құлсары поселкелік Кеңесінде, аудандық ішкі істер бөлімінің күзет бөлімшесінде есепші, бас есепші, аудандық қамсыздандыру бөлімшесінде нұсқаушы, 1942-1943 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан, майдангер III дәрежелі Даңқ, Қызыл Жұлдыз орденімен, "Германияны жеңгені үшін", "Ленинград қаласын азат еткені үшін" медальдарының иегері.

1980 жылы дүние салған.

КЕНҒАНОВ АМАНЖОЛ



1948 жылы Құлсары қаласында туған. Қазақ химия технологиялық институтын 1972 жылы бітірген. 1972-1976 жылдары Ембі аудандық комсомол комитетінің 1- хатшысы, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, Гурьев химия зауыты кәсіподақ комитетінің төрағасы (1993-2005ж.ж.). Теңіз газ өндіру зауыты директорының орынбасары, «Алаутрансгаз» АҚ Теңіз өндірістік филиалының директоры, «Казкомсервис» ЖШС-і директорының орынбасары болған. Қазақстан комсомолының XIV съезінің делегаты, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

2005 жылы дүние салды.

КЕНҒАНОВ МЫРЗАҒҰЛ



1928 жылы Жылыой ауданы, Қияқ ауылында дүниеге келген. Алматы жоғары партия мектебін (1948ж.) бітірген. 1942-1986 жылдары «Жаршық» орта мектебінде мұғалім. Жылой аудандық комсомол комитетінің бірінші, екінші хатшысы. Жылой аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, кәсіподақ комитетінің төрағасы. Махамбет ауданындағы Жамбыл, Жылой ауданындағы «Ембі» кеңшарларының директоры, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы. Новобогат аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы. «Құрмет белгісі», Еңбек Қызыл Ту орденділерінің, бірнеше медальдардың Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі грамоталарының иегері. Қазақстан Компартиясының XIV-XVI съездерінің делегаты.

1996 жылы дүние салды.

КЕНҒАНОВ МҰХТАР



1963 жылы Құлсары қаласында туылған. 1989 жылы Астрахань электр байланыс техникумын, 2003 жылы Ақтау қаласындағы Халықаралық еңбек академиясын бітірді. «Теңізмұнайгаз» акционерлік қоғамының өндірістік техникалық байланыс басқармасында инженер, жетекші инженер, «Теңізстройсервис» ЖШС-інде бас энергетик (2001-2003 жылдары). «Қазақтелеком» ААҚ Мақат аудандық телекоммуникация торабының директоры, (2003-2004жж.). Құлсары қаласы әкімінің орынбасары (2004-2006жж.), «Теңізсервис» орталығының бастығы. Атырау облыстық телекоммуникациялар дирекциясы пайдалану бөлімінің бастығы, «Нұр Отан» ХДП Жылой аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары (2006-2007), 2007 жылдан бастап Жылой аудандық мәслихатының хатшысы. ҚР Президентінің Алғыс хаты, «Нұр Отан» ХДП Құрмет грамотасы, БЛКЖО-ның «Үздік еңбегі» үшін төсбелгісімен марапатталған.

КЕНЖЕҰЛЫ НАРИМАН



1937 жылы Атырау (Гурьев) облысы, Құрманғазы (бұрынғы Теңіз) ауданы, Морской ауылдық кеңесінде туған. Гурьев балық техникумын және Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық политехникалық институтын сырттай оқып бітірген. 1973-1978 жылдары Ленин атындағы Гурьев балық консерві комбинаты партия комитетінің хатшысы, 1978-1983 жылдары Гурьев облысы, Балықшы аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, 1983-1988 жылдары Балықшы аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған.

1988 жылы қайтыс болды.

КЕНЖЕБЕКОВ ТЕРЛІКБАЙ



1922 жылы дүниеге келген. 1941 жылы мұғалімдер училищесін бітіріп, ауылда мектепте жұмыс істеді. Осы жылдың 5 желтоқсанында аудандық соғыс комиссариатына келіп, еріктілер қатарына майдаған жіберуді сұранады.

Алғашқыда Жамбыл қаласында орналасқан №106-шы ұлттық атты әскери дивизиясының пулеметшілер эскадронында борышын атқарып, 1942 жылдың тамыз айында полк майдан аттандырылады. Аға сержант ретінде 76 мм. Зеңбіректің командирі болады. Жау танкілерін Сталинградқа өткізбей 7 рет жасалған жаутанкілерінің шабуылына тойтарыс береді. Осы шайқастағы ерлігі үшін "Қызыл жұлдыз" орденімен марапатталады. Кезекті шайқаста жаудың мина оғына жараланып, 1943 жылдың маусым айында елге 2-ші топтағы мүгедек болып оралады. 1950 жылы заң оқу-орнын бітіргеннен кейін құқық қорғау органдарында еңбек етіп, аудандық прокурор қызметіне дейін көтерілді. Жауынгерлік орден медальдарынан бөлек, ұзақ тергеуші ретінде екі рет алтын сағатпен, бірнеше медальдармен марапатталады. Әскери сержант дәрежесінен бастап, еңбек демалысына әділет подполковнигі шенімен шықты.

2005 жылы дүние салды.

КЕНЖЕҒАРАҰЛЫ ЕРЖАН



1906 жылы 24- ауыл, Сокол болысы, Гурьев уезінде дүниеге келген.

1924 жылы Гурьев қаласындағы Кеңес-партия мектебін бітірген.

1930 жылы Мәскеуде Жоғарғы байланыс курсын, 1946 жылы Заң мектебін, Алматы қаласында бітірген. 1929-1938 жылдары қалалық, аудандық байланыс бөлімдерін басқарды. 1932-1933 жылдары БҚ облыстық байланыс бөлімінің орынбасары болды. 1941-1944 жылдры Гурьев облыстық сотының мүшесі, 1944-1955 жылдары Гурьев облыстық соты төрағасының орынбасары, 1955-1962 жылдары Жылыой аудандық байланыс бөлімінің бастығы болды.

1973 жылы қайтыс болды,

КЕНЖЕҒАРИЕВ СЕРГЕЙ



1946 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген.

1966 жылы Гурьев мұнай техникумын бітірген. 1972 жылы қазақ политехникалық институтын бітіріп тау-кен инженері. Экология және өмір қауіпсіздігі ғылымдары халықаралық академиясының магистрі, ғылым кандидаты. 1972-1979 жылдары «Маңғышлақмұнайгазгеология» ӨБ бұрғышы көмекшісінен аудандық техникалық-инженерлік қызмет бастығының орынбасарына дейінгі жолдан өтті. 1979-1982 жылдары Ауғанстанда өз саласы бойынша аға инженер болды. 1982-1997 жылдары мұнай өндіру саласында түрлі құрылымдарда еңбек етті.

1997-1998 жылдары «Норд Каспиан Ойл» БҚ Атырау филиалының басшысы, менеджер, түрлі ЖШС директорының орынбасары, директоры болды.2011 жылдан бастан «Экомұнайшы» ЖШС-нің директоры.

КЕНЖЕСОВ ОРЫНБАСАР



1949 жылы Доссор кентінде туылған. Жөндеуші, шебер. 1967 жылы Доссордағы автокөлік жөндеу зауытында жөндеуші болып еңбекке араласқан. Техникалық бақылау тобының шебері, жабдықтау бөлімінің аға инженері, трактор жөндеу цехының шебері қызметтерін атқарды. Соңғы жылдары осы ұжымда шебер болып қызмет атқарады. III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері.

КЕНЖИН АСФЕНДИЯР



(1887-1938)

1887 жылы Атырау қаласында дүниеге келген. Қоғам қайраткері, «Алаш» партиясының белсенді мүшелерінің, бірі, репрессия құрбаны. Атырау орыс-қазақ училищесін (1902), Орынбор мұғалімдер мектебін (1906) бітірген. Оқу-ағарту жүйесінде қызмет атқарды. Қазақстан халық шаруашылығы кеңесінің төрағасы (1928-29), кейін Алматы шұға фабрикасының директоры, Семей ет комбинаты құрылысының бастығы, КСРО Халық комиссарлары дайындау комитетінің Түркменстандағы өкілі болды.

КЕҢЕСБАЕВ ІСМЕТ



1907 жылы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Созақ ауданындағы Жынысата ауылында дүниеге келген. Ол қазақ тілі білімі негізін салушылардың бірі, аса көрнекті түркітанушы. Филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР Ғылым академиясының академигі, ҚазКСР-іне еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Орал – Алтай» ғылыми қоғамының құрметті мүшесі. Ғалым Ленинградтағы шығыстану институтын бітірген. 1931-1934 жылдары Халық ағарту комиссариатында әдіскер болды. 1931-1946 жылдар аралығында ҚазПИ-де оқытушы, 1932-1935 жылдары Қазақ мемлекеттік баспасының редакторы, 1933-1936 жылдары Алматы медициналық институты тілдер кафедрасының меңгерушісі, 1936-1939 жылдары КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінде аға ғылыми қызметкер, 1943-1951 жылдары ҚазМУ-да кафедра меңгерушісі, 1946-1951 жылдары ҚазКСР ҒА-ның вице-президенті, 1961-1978 жылдары Тіл білімі институтының директоры, 1978-1987 жылдары осы институтта бөлім меңгерушісі болды. 1988 жылдан ҚазКСР ҒА Президумының кеңесшісі. Орыс мектептердің 8-9-10-кластарына арналған оқулығы үшін 1938 жылы филология ғылымдарының кандидаты атағы берілді. «Қазақ тілінің тұрақты сөз тіркестері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Кеңесбаевтың фонетика жөніндегі зерттеулерінде қазақ тілі фонемаларының құрамы жайындағы мәселелер ғана емес, оның акцентуация, дауыстылар үндестігі, буын жігі, т.б. мәселелері қарастырылады. Лексикология, лексикография, тіл тарихы, тілдің өзара қатынасы, фразеология мәселелеріне арналған жоғарғы оқу орындары мен орта мектептерге арналған оқулықтардың авторы. Кеңесбаевтың басшылығымен 2 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 1959, 1961 жылдары және 1961 жылы «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі, 1978, 1981 жылдары екі томдық «Орысша – қазақша сөздік» кітаптары жарық көрді. Ленин, Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту орденділерімен және медальдармен марапатталған.

1995 жылы қайтыс болды

КЕРУЕНБАЕВ ЕЛІКБАЙ



1958 жылы Қызылорда облысының Тереңөзек ауданындағы «Ильич» совхозында дүниеге келген. 1974 жылы мектеп бітірген соң Қызылорда ет комбинатына жұмысқа орналасты. 1975-1978 жылдары Қызылорда совхоз-техникумында оқып, мал дәрігері мамандығын алды. Кейіннен Семей технологиялық институтын бітірді. 1978-1980 жылдары әскери борышын Красноярск қаласында өтеді. Әскерден соң Қызылорда ет комбинатында сегіз жылдай түрлі жұмыстар атқарды. 1988-1993 жылдары комбинат директорының орынбасары, 1983-1997 жылдары директоры болып істеді.1997 жылы "Бастау және К" мекемесінің атқарушы директоры, 2002 жылдан АШМ Қызылорда қалалық аумақтық басқармасының бастығы, аумақтық инспекция бастығы қызметтерін атқаруда. Е.Дүйсенбайұлы Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты болып сайланған

КЕРЕЕВ ӘБДІҒАЛИ



1959 жылы Атырау облысында дүниеге келген.1965 -1975 жылдары Октябрьдің 40 жылдығы атындағы орта мектепте оқып, білім алды. 1977-1979 жылдары арасында Кеңес Армиясы қатарында болды. 1975 жылдан бастап Атырау облысының Балықшы ауданына қарасты Құрманғазы атындағы колхозда жұмысшы болып еңбек жолын бастаған. Осы шаруашылықтың түрлі салаларында еңбек ете жүріп, Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтын бітірді. 1991 жылдан бастап Құрманғазы атындағы колхоздың төрағасы қызметін атқарып келеді.Көптеген марапаттаулардың иегері.

КЕРІМҰЛЫ ӘЖІБАЙ



1939 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданындағы Жыныс елді мекенінде дүниеге келген. 1967 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. 1967-1969 жылдары Созақ ауданындағы Жамбыл атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. 1969-1972 жылдары ҚазКСР Ғылым академиясы Тіл білімі институтында аға лаборант, кіші ғылыми қызметкер. 1972-1975 жылдары осында аспирант. 1976-1980 жылдары осы институттың түркітану және қазақ тілі тарихы бөлімінде кіші ғылыми қызметкер, ал 1980-1992 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің жалпы тіл білім кафедрасының доценті болып қызмет атқарды. 1993-2000 жылдары Қазақ ұлттық аграрлық университетіндегі қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, 2001-2002 жылдары осы кафедраның доценті. 2002-2004 жылдар аралығында Ясауи атындағы ХҚТУ-і жанындағы түркология ғылыми -зерттеу институтында жетекші ғылыми қызметкер болып істеді. 2004-2006 жылдары ХҚТУ жанындағы Кентау институтының медицина факультетіндегі тіл пәндері кафедрасының доценті, 2007 жылдан ХҚТУ Жаратылыстану және медицина институтындағы түркі тілдері кафедрасының доценті. Орыс бөліміндегі студенттерге қазақ тілінен дәріс береді. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ -түрік университетінің профессоры. Белгілі түркітанушы Әмір Нәжіптің шәкірті. 60-тан астам ғылыми мақаласы жарық көрді. Екі оқу бағдарламасы, екі әдістемелік оқу құралы, бір монография авторы. 1988 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

КӨШҚАЛИЕВ ХАКІМ

1962 жылы Атырау қаласында дүниеге келген. Свердловск заң институтын бітірген (1987).



1987-91 жылдары Гурьев қалалық прокуратурасында стажер, аға тергеуші, прокурордың көмекшісі, облпрокуратурада аға тергеуші, 1991-99 жылдары Гурьев облаткомында комитет төрағасы, ҚР Бас прокурорының аға көмекшісі, Оңтүстік Қазақстан облысы прокурорының орынбасары, Павлодар облыстық прокурорының 1-орынбасары, ҚР Әділет министрлігінде тергеу басқармасының бастығы, ішкі әкімшілік басқармасы директорының орынбасары, Ақмола облыстық прокуратурасында бөлім бастығы, Атырау облысы әкімшілігінің бөлім меңгерушісі болды.

Х.Дүйсешұлы 1999 жылдан ҚР Парламенті Мәжілісіне депутат болып сайланды. Шығыс Қазақстан облысының прокуроры болды. Әділет генерал-майоры. Қазір ҚР Прокуратурасында жауапты қызмет атқарады.

КӨПКЕНОВ ОРАЗ



1902 жылы Мақат ауданы, Ракөш кентінде туылған. Тракторшы, механизатор. 1918- 1924 жылы Доссор, Мақат мұнай кенінде жұмысшы, жүргізуші, тракторшы болған. Ауыл шаруашылығын көтеру жөніндегі шақырумен біраз жыл Қызылқоға ауданының МТС-ында жұмыс жасаған. 1933-57 жылдары Ескене, Құлсары, Қошқар кен орындарында автогараж механигі, меңгерушісі. 1957 жылы дербес зейнеткер. Ленин орденімен, медальдармен марапатталған.

1958 жылы дүниеден өтті.

КӨПКЕНОВ САҒЫН



1926 жылы Ескене кентінде туылған. Мұнайшы. 1942 жылы Құлсары мұнай кәсіпшілігінің механикалық шеберханасында токарь болып бастаған. Кейін Қошқар мұнай кәсіпшілігінде жүргізуші, жерасты жөндеу бригадасының жүргізуші машинисі болған. 1981 жылдан зейнеткер. «Құрмет белгісі» ордені мен «Еңбек ардагері» медалінің иегері. 1999 жылы дүниеден өтті.

КӨШЕКОВА РАИСА



1962 жылы Атырау облысында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін медицина институтын бітіріп, балалар дәрігері мамандығын алған. Р.Тәжіғалиқызы соңғы жылдары бірыңғай кәсіпкерлік қызметпен белсене айналысуда. "Райхан" тұрмыстық кешенін ашып, жаңа жабдықтармен жабдықталған химиялық тазалау орталығы, шаштараз, мейрамхана, қонақ үй салып халыққа жоғары деңгейдегі қызмет түрлерін көрсетуде. Р.Тәжіғалиқызы ҚР Ұлттық комиссиясымен іскерлік байланыс орнатқан. Швейцарияда Әлем әйелдері форумына, Испанияда өткен әйелдер саммитіне, Канаданың Калгари қаласындағы бизнес форумына қатысты. Құрмет орденінің, мерекелік медальдардың иегері.

КҮМІСАЙ ЕМШІ

Атырау өңіріне белгілі емші, Төртқұлбай әулиенің зайыбы. Шөптен дәрі жасап, талай қауіпті сырқаттардың бетін қайтара білген, үйінен шықпай-ақ төңіректе не болып жатқанын біліп отыратын көріпкелдігі болған. Топырағының, суының дәміне қарай жер қойнауында қандай байлық барын топшылай білген. Осылай жас кезінен өзінде-ақ «Қыз әулие» атанған. Сарыөзек қорымына жерленген Күмісай ана басына ел түнейді, сырқаттарына медет тілейді.

КҮМІСҚАЛИЕВ ЕСЕН

1948 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданында дүниеге келген. 1965 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Жылыой ауданының



"Ембі" кеңшарында жұмысшы болып істеді. 1966 жылы Ленин атындағы Қазақтың политехникалық институтының (қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университеті) мұнай факультетіне оқуға түсіп, оны 1971 жылы мұнай-газ кен орындарын игеру және пайдалану мамандығы бойынша бітіріп шықты. Оқуды бітіргеннен кейін Жетібай қыстағында 'Маңғышлақмұнайгазбар-

лау" тресінде бұрғышының көмекшісі, аға инженер, бұрғылау учаскесінің бастығы болып қызмет істеді. 1973 жылы Маңғышлақ облыстық комсомол комитетінде бөлім бастығы, 1975 жылы хатшысы болып сайланды. 1980-1989 жылдары Маңғышлақ облыстық партия комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімінің нұсқаушысы, "Маңғышлақнефть" өндірістік бірлестігінің партком хатшысы, Жаңаөзен қалалық партия комитетінің екінші хатшысы, Ералиев аудандық атқару комитетінің төрағасы, Жаңаөзен қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарды. 1989-1991 жылдары "Комсомольскнефть" мұнай-газ өндіру басқармасы Бас директорының орынбасары болды. 1991-2004 жылдары Маңғыстау облыстық еңбек және жұмыспен қамту Бас басқрамасының бастығы, 1994 жылдан Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары болып қызметтерін атқарды. 2004-2005 жылдары "Бузачи Оперетинг Лимитед" шетелдік мұнай компаниясының бас директорының орынбасары болды.2006 жылдың қаңтарынан бастап шетелдік «ЛУКОЙЛ Оверсиз» мұнай компаниясының Маңғыстау облысындағы аймақтық менеджері.Маңғыстау облыстық мәслихатының депутаты болып сайланған. Қазір Маңғыстау облыстық сайлау комиссиясының төрағасы болып, қоғамдық жұмыс атқарады. Құрмет, Парасат ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

КҮНТУҒАНОВ СМАҒҰЛ



1937 жылы Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Толыбай ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Ақтөбе облысы Ырғыз ауданында "Жабасақ" орта мектебін бітірген. 1955-1957 жылдары Приморьеде әскер қатарында болды. Елге келген соң Комсомол ауданында "Северный" совхозында есепші, жұмысшылар комитетінің төрағасы, совхоз партия комитетінің хатшысы, бөлімше меңгерушісі болып істеді. Ауыл шаруашылығы институтын сырттай оқып бітірді. Комсомол аудандық партия комитетінде нұсқаушы. Ауыл шаруашылық басқармасының бірінші орынбасары қызметін атқарды. "Жабасақ" совхозының директоры, жылжымалы механикаландырылған колоннада басшы болып қызмет етті.

2000 жылы дүниеден өтті.

КҮНТУҒАНОВ ЖАҚСЫБЕК



1947 жылы Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Толыбай ауылында дүниеге келді. 1966 жылы "Северный" орта мектебін бітіріп, 1968 жылы Ақтөбе медицина институтына түсті. Оны 1974 жылы бітіріп, дәрігер мамандығын алды. Комсомол ауданында дәрігер, кейіннен сол ауданда аудандық орталық ауруханаңың бас дәрігері, содан кейін 1987 жылдан бастап Маңғыстау облыстық тері-венерологиялық диспансерінің бас дәрігері қызметін атқарды. ҚР Президенті Н.А.Назарбаевтың, облыс әкімінің алғыс хатымен, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі.

КҮДІРЕЕВ НҰРСЕРІК

1969 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Қарааспан ауылында дүниеге



келген. 1989-1994 жылдары Алматы автомобиль жолдары институтын бітірген. Сонымен бірге Алматы мемлекеттік университетінің құқықтану, Мәскеу Халықаралық жоғары бизнес мектебін мұнай бизнесі саласы бойынша бітірген. 1994-1997 жылдары «Қараспан» ЖШС –ында коммерциялық директоры болды. 1997-2004 жылдары «Алма-Ойл» ЖШС, «НС» мұнай компаниясы, «Қазақойл» ЖАҚ, «Қазақойл-Продактс» ЖШС мұнай – газ құрылымдарында түрлі лауазымды қызметтер атқарды. 2001-2002 жылдары ҚР Президент аппаратында іс басқару бөлімінде директордың жалпы мәселелер бойынша орынбасары қызметін атқарды. 2002-2003 жылдары Мәскеуде ҚР Елшілігінде іс басқару бөлімінің орынбасары, 2003-2004 жылдары Мәскеу қаласында «КазМұнайГаз» ҰК АҚ қоғамының директоры болды. 2004-2011 жылдары «КазМұнайГаз – Сервис» ЖШС – ның директоры қызметін атқарды. 2012 жылдан Мәскеу қаласындағы «Нефтесинтез» мұнай өңдеу мекемесінің басқарма бастығы болды.

Н. Кәдірсізұлы техника ғылымдарының кандидаты. 2013 жылдан бері Ақтау қаласындағы «Маңғыстаумұнайгаз» бірлестігі Бас директорының орынбасары қызметін атқаруда. Ол көптеген салалық марапаттардың иегері.

КҮДІРЕЕВА ЛЕЙЛА



1974 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Қарааспан ауылында туған. 1981-1991 жылдары М.Горький атындағы орта мектепті күміс медальмен бітірген. 1991-1992 жылдары мектепте зертханашы болып жұмыс істеген. 1992 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетіне түсіп, оны 1996 жылы үздік бағамен бітірді. 1996-1998 жылдары университетте магистратурада оқып, аналитикалық химия мамандығы бойынша өте жақсы оқып, магистр академиялық дәрежесімен бітірген.1998 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі аналитикалық химия және сирек элементтер химиясы кафедрасына аспирантураға қабылданып, оны 2001 жылы бітірген.1998 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі физика-химиялық зерттеу және талдау әдістері орталығының аға ғылыми қызметкері болып жұмыс істейді. 2006 жылы электр химия мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады.Ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша 30 еңбегі жарияланған. Екі оқу құралы жарық көрген.

КҰЛШЕЕВ ТОҒЫМАН



1899 жылы Ақмола уезінде, қазіргі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында туған. Тоғыман жасында оқи алмай, әкесімен бірге байдың жалшылығында жүрді. Жаңа өкімет орнағаннан кейін ғана кедей-шаруалар бой жазып, көкірек кере дем алады. «Жайылма» ауылында мал серіктігі ұйымдасады, ол екі жылдан кейін «Интернационал» ауыл шаруашылық артелі деп аталады. Осы жерде Күлшеевтің жаңа өмір жолы басталды. Алғаш әртүрлі жұмыстар атқарды, бірақ ол көбінесе өзіне таныс іс-колхоз малын бағып жүрді. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысты. Бір ұрыста көзге түсіп, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Елге оралған соң колхоз басқармасы оны товарлы сүт фермасының меңгерушісі етіп тағайындады. 1948 жылдың көктемінде Бетпақдаланың жайылымдарын игеру басталған кезде ол бақташы болуды қалайды. Қарауындағы малды шығынсыз бағып-күтіп, ірі қара салмағын арттырғаны үшін оған СССР Жоғарғы Советінің

Президиумының 1949 жылғы 12 шілдедегі Указымен Социалистік Еңбек Ері атағын берді.

1954 жылы дүниеден озды.

Жайылма ауылында оған көше аты берілген.

КҮНГЕЙБАЕВА ЛӘЗЗАТ



1987 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара қаласында дүниеге келген. 2005 жылы Сарыағаш ауданына қарасты Абай ауылындағы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №73 мектеп-гимназияны бітірген. 2007-2011 жылдары А.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің әлеуметтік ғылымдар факультетінің дене тәрбиесі және спорт бөлімінде оқыды. Ләззат Тешебайқызы жас шағынан кикбоксинге, содан соң самбоға қатысты. 2007 жылы Көкшетау қаласында самбодан өткен қыздар жарысында Қазақстанның чемпионы болды. Сол жылы Ташкент қаласында өткен самбодан өткен чемпионатта Азия чемпионы атанды. Сол жылы самбо жұлдыздары арасында тағы да Ташкентте өткен жарыста мерейлі үшінші орынды иеленді. Сол 2007 жылы Астана қаласында жастар арасында белбау күресінен өткен Қазақстан чемпионатында бірінші орынды жеңіп алды. 2007 жылы тағы да Астана қаласында ересектер арасында өткен белбау күресінен өткен Қазақстан чемпионатында қола жүлдені қанжығаға байлады. Осы соңғы күрес түрі бойынша 2008 жылы өткен Қазақстан чемпионатында Астанада күміс, Алматыда қола медальды, Ташкентте өткен Азия чемпионатында күміс жүлдені иеленді. Сол Ташкентте 2008 жылы өткен самбо жұлдыздары сайысында үшінші орынға көтерілді. 2009 жылы Астана қаласының чемпионатында әйелдер арасында өткізілген дзюдо күресі жарысында 1-орынды иеленсе, Талдықорғанда өткізілген республикалық чемпионатта қола жүлде алды.2010 жылы Орал қаласындағы Қазақстан чемпионатында күміс медальға қол жеткізді.2009 жылы Павлодарда дзюдодан Б.Сейсенбаев атындағы халықаралық турнирінде үшінші орын, 2010 жылы Қазақстанда Кәмшат Дәненбаева атындағы халықаралық турнирде 2-орын алды. Л.Тешебайқызы боқстан Алматыдағы Хайрутдинов атындағы халықаралық турнирде,Қызылордадағы әйелдер арасында өткізілген Қазақстан чемпионатында, Көкшетаудағы әйелдер арасындағы спартакиадада, «Астана-2011» халықаралық турнирінде, Атыраудағы әйелдер арасындағы турнирлерде тек бірінші орындарды иеленді. 2012 жылы Суридт қаласында өткізілген мұнайлы мемлекеттер арасындағы "Әлем кубогы асуы" халықаралық турнирінде үшінші орыннан, Моңғолия астанасы Улан-Баторда өткізілген Азия чемпионатында екінші орыннан көрінді. Л. Күнгейбаева самбодан, белбау күресінен, боқстан спорт шебері де, дзюдодан спорт шеберлігіне үміткер. 2010 жылдан бері спортшы-нұсқаушы.

ҚАБДЫҒАЛИЕВ АМАНДЫҚ



1961 жылы Құлсары қаласында туған. 1977 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Атырау қаласындағы теміржол техникумына түсіп, 1981 жылы автоматика факультетін бітірген. Екі жыл әскер қатарында қызмет етті. 1989 жылы Алматыдағы Теміржол транспорты институтының автоматика, телемеханика, байланыс факультетін бітірді. 1989-1995 жылдары Құлсары теміржол станциясында аға электромеханик қызметін атқарды. 1995 жылдан бастап «ТеңізшевройлӨйл» ЖШС мекемесінде бас шебер қызмет атқарады. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына белсенді қатысқан. Салалық Құрмет грамоталардың иегері.

ҚАБДЕШОВ СЕРІКБАЙ

1950 жылы Атырау облысы, Балықшы ауданы, Еркінқала елді мекенінде дүниеге келген.1957-1968 жылдары Еркінқала орта мектебінде оқыды. 1967-1973 жылдары Гурьев музыка училищесінің ұлт аспаптары бөлімінің домбыра класында оқыған. 1969-1971 жылдары әскери борышын өтеген. 1973 жылы Еркінқала балалар саз мектебінде мұғалім болып қабылданған. 1976-1981 жылдары Гурьев педагогикалық институтының тарих факультетін сырттай бітірген. С.Айтмұханұлы 1988 жылдан бері Еркінқала балалар саз мектебінің директор қызметін атқаруда.



Ол түрлі салалық Құрмет грамоталармен, өнер фестивальдарының, көркемөнерпаздар конкурстарының дипломдарымен марапатталған.

ҚАБДЕН ҚУАНДЫҚ



1942 жылы Ақтөбе облысы, Комсомол ауданындағы Құмшық деген жерде дүниеге келген. «Жабасақ» орта мектебін 1959 жылы бітірген. Мектептен кейін 2 жыл мал бағып, 1961 жылы Алматының зооветеринарлық институтына оқуға түскен. 3 жыл Кеңес Армиясы қатарында Ташкентте болды. Институтты 1969 жылы бітіріп, 1985 жылға дейін "Жаңа дәуір", "Псков" совхоздарында бас зоотехник болған. 1985-1994 жылдары Комсомол ауыл шаруашылық басқармасында бас маман, 1994-1996 жылдары өзінің туған жері Толыбайда совхоз директоры болып қызмет атқарды.1996-2001 жылдары Әйтеке би ауданының Комсомол ауылдық округі әкімінің орынбасары, 2001-2005 жылдары Әйтеке би аудандық микронесие бөлімінің ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының бастығы болып, зейнеткерлікке шықты.2008 жылы Меккеге қажылық сапарға барып қайтты.1930 жылы ислам діні жолында құрбан болған атасы Абдолла Сәндібайұлының қызылдар қиратқан Ақөткелдегі мешітінің орнына ескерткіш орнатты.

ҚАБДОЛҒАЛИЕВ ӘДІЛХАН



1968 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылында дүниеге келген. 1986 жылы Ақтау қаласында онжылдық мектепті бітірген соң электрик болып істеді. Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. 1989-1996 жылдары МРЭК акционерлік қоғамында инженер-электрик болды. 1990-1996 жылдары Алматы энергетика институтының электро-энергетикалық жүйелер және желілер факультетінде сырттай оқыды. 1996-1998 жылдары Қаражанбас мұнай кенішінде инженер, 1998-2000 жылдары «КМАЭС» ЖШС-інің директоры, 2000-2009 жылдары «Тексико Норд Бузачи Инк» компаниясында аға супервайзер, 2009-2012 жылы «Қазахэнергоэкспертиза» АҚ-ның директоры болды. 2012 жылдан бері «Ақтау электр желілер басқармасы» мемлекеттік-коммуналдық кәсіпорнының директоры болып еңбек етуде.

Ә.Лұқпанұлы көптеген салалық марапаттаулардың иегері.

ҚАЙРОШОВ НАРИМАН



1968 жылы Атырау облысының Дыңғызыл ауылдық кеңесінде дүниеге келді. 1975-1985 жылдары Чапаев, Карл Маркс атындағы орта мектептерде оқыды. 1985 жылы Орал қаласындағы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетіне оқуға түседі. 1987-1989 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болды. 1992 жылы әскерден кейін аталған институтты бітіріп шықты. 1992-1995 жылдары Құрманғазы аудандық Халық банкі филиалында ревизор, 1995-1997 жылдары Құрманғазы ауданаралық салық полициясының инспекторы, 1998-2000 жылдары Жылыой ауданы, Теңіз кеншіндегі АБК АМРО Банк филиалында бақылаушы, 2009-2011 жылдары «КазТрансОйл» АҚ Батыс филиалына қарасты «Қиғаш желілік өндірістік диспетчерлік станциясында желілік құбыршы, 2001 жылдан матеариалдық-техникалық жабдықтау инженері міндетін атқарушы болып жұмыс істейді.Н.Мерсадиқұлы Шумақтың Айтақанат әулетінің шежіресін жасауға үлкен еңбек сіңірді.

ҚАДЫРБЕКОВ ОРЫНБАЙ



1947 жылы Қайтпас елді мекенінде дүниеге келген. 1954 жылы 1-сыныпқа барып, 1965 жылы Шымкент қаласындағы Совет Одағының Батыры Қ.Сыпатаев атындағы орта мектепті бітіріп, Алматыдағы халық шаруашылығы институтына түсіп, оны 1970 жылы бітірген. 1970-1971 жылдар аралығында Совет Армиясы қатарында болған.

Еңбек жолын 1970 жылы Шымкенттегі гидротехникумда қатардағы мұғалім болып бастады. ұзақ жылдар бойына халық шаруашылығының экономика саласында қызмет істейтін мамандар дайындады. Банк ісі, экономика бөлімдерін ашуға атсалысып, сол бөлімдерді басқарды. Осы жылдардағы үздік еңбектері үшін көптеген мақтау қағаздарымен марапатталған. Оңтүстік Қазақстан облысының халық шаруашылығының кез-келген саласында Орынбай Қадырбекұлының 30 жылдан астам ұстаздық еткен еңбек жолында дайындаған мамандары еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосып келеді

ҚАДЫРАЛЫ ҚАЗИХАН



1954 жылы Атырау облысының Мақат ауданындағы Ескі Сағыз ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1972-1977 жылдары Алматы қаласындағы Ленин атындағы политехникалық институттың мұнай факультетін бітірген. Оның бүкіл еңбек жолы "Ембімұнайгаз" өндіріс ошағымен тығыз байланысты. 1977-1999 жылдар аралығында Балықшы барлау бұрғылау басқармасында бұрғылаушының көмекшісі, аға технолог, ауысым бастығы, өндірістік-техникалық бөлімнің аға инженері, бастықтың орынбасары, аудандық инженерлік-техникалық қызмет бастығы, өндірістік-техникалық бөлім бастығы, еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі бас инженерінің орынбасары, орталық инженерлік-техникалық қызметтің бастығы, өндіріс жөніндегі басқарма бастығының орынбасары қызметтерін атқарды.1999-2007 жылдары Атырау мұнай қабаттары өнімділігін арттыру және скважиналарды бұрғылау күрделі жөндеу мекемесінде бөлім бастығы, бұрғылау, басқармасы бастығының орынбасары, 2007-2008 жылдары "Бұрғылау" ЖШС Атырау филиалының бас инженері, 2008 жылдан бастап "Бұрғышы Сервис" ЖШС-інің бас директоры қызметін арткарды. 2010 жылдан бастап "РОМПетрол" УЭЛЛ–Сервис СА. компаниясының Қазақстандағы филиалының Бас директоры қызметін атқаруда. Қ.Байжанұлы Кенбай кенді аймағындағы Солтүстік Қотыртас және Шығыс Молдабай кеніштерін алғашқы ашушылардың бірі. Ол Канада мұнай компанияларында, т.б. оқу орталықтарында өндірістік тәжірибеден өткен.

Қ.Байжанұлы салалық көптеген Құрмет грамоталармен, төсбелгілерімен марапатталған. Мақат ауданының Құрметті азаматы.

Оның есімі, өмір жолы Қазақстан мұнай энциклопедиясына енгізілген.

ҚАЖИПОВ ЖҰМАГЕРЕЙ

1939 жылы Бөкей Орда ауданының Жетібай ауылында дүниеге келген. Ордадағы М.Горький атындағы орта мектепті бітірген соң, Алматыдағы Қазақ ауыл шаруашылығы институтына оқуға түседі. Сонда оқи жүріп, сабақтан бос

уақытында самбо және еркін күрес секциясына қатысты. Нәтижесінде 1962 жылы республиканың жоғарғы оқу орындарының арасында оздырылған самбо біріншілігінде Қазақ КСР-ның чемпионы атағын иеленді. 1964 жылы институтты үздік бітіріп, «Талов» совхозында еңбек етті. 1965-1972 жылдары «Ұзынкөл» совхозында агроном, 1972-1982 жылдары «Қайрат» совхозында директор болып, жемісті еңбек етті.

«Құрмет белгісі» орденінің иегері.Қазір сол ауылда оның өзі тұрған көшеге есімі берілді.

1982 жылы өмірден озды.

ҚАЖЕТОВ СҮНДЕТ



1929 жылы Морской ауыл советінде дүниеге келген. 1935-1936 жылдары Киров атындағы бастауыш мектебінде білім алады. Төрт жылдық мектепті бітіргеннен кейін оқуға жағдайы болмай, жастайынан әке көмекшісі болады.

1949 жылы әскерге барады. Еңбек жолын Калинин колхозында малдәрігері болып бастайды. Еңбек Қызыл Ту, Ленин орденділерінің иегері.

1998 жылы дүние салды.

ҚАЗЫБАЕВ САБЫР



1914 жылы Қызылқоға ауданында туылған. Республикаға танымал ұстаз, әдіскер мұғалім, ғалым. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Еңбек жолын мұғалімдер курсын бітіргеннен кейін Ракөш мектебінде мұғалім болып бастайды. Кейін Ақшелек бастауыш мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры қызметтерін атқарады. Майданнан оралғаннан кейін Атырау қаласының мектептерінде, облыстық оқу бөлімінде жауапты қызметтерде. 1960 жылы Атырау университетінде оқытушы, кафедра меңгерушісі. Көптеген әдістемелік құралдар мен оқулықтардың авторы. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі. Ленин орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

1998 жылы өмірден озды.

ҚАЗИЕВ ЕРМЕК



1947 жылы Батыс Қазақстан облысы, Бөкей Ордасы ауданы, Орда ауылында дүниеге келген. 1966-1969 жылдары әскер қатарында қызмет етті. 1971-1973 жылдары Б.Жәнекешев атындағы мектепте дене тәрбиесінен ұстаз, 1973-1976 жылдары Бөкей Ордасы аудандық физкультура және спорт комитетінің төрағасы болып қызмет атқарды.

1976-2001 жылға дейін Орда селолық мәдениет үйінің директоры, 2001 жылдан Ғ.Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының жеке солисі болып қызмет атқарып келеді.

Е.Еселұлы Ақтөбе мәдени-ағарту училищесін, БҚ Мемлекеттік университетін бітірген. Ол Мәскеудегі ХШЖ көрмесінің қола медалімен марапатталған. Ол телевизиялық конкурстың, 3 рет республикалық конкурстың Бүкілодақтық конкурстардың бірнеше дүркін лауреаты атанды. 1989 жылы республикалық жыршы, жырау, әнші, күйші, термеші, конкурсында оза шауып жүлде алды. Оның орындауындағы күйлер 3 мәрте күйтабақ болып жарық көрді,

1992 жылы оған ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атағы берілді.

Е.Еселұлы туралы БҚ энциклопедиясында, «Күй-ғұмыр», «Нарын-Қазақхия», «Алаштың ардагер азаматтары», «Атырау - ән-күй мұхиты» кітаптарында материалдар жарияланған. Алматыдағы «Өнер» баспасынан өнертанушы Кәрима Сахарбаеваның өнерпаздар әулеті Қазиевтар туралы, яғни әкесі, өзі, баласы туралы «Күй-киелі ғұмыр» кітабы жарық көрді.

Бұдан басқа Е.Қазиевтың орындауындағы күйлер бірнеше рет компакт-диск түрінде шықты. Оның орындауындағы кейбір күйлер «Қазақтың 1000 күйіне» енгізілген. Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина дәстүрлерін жетік меңгерген күйші. Орыншаның «Байжұма», «Оратпа», Құрманғазының «Бұлбұл», «Сарыкөл-Самар», «Салық өлген», «Охота», «Итог» күйлерінің ұмытылмай, рухани айналысқа түсуіне көп еңбек сіңірді.

Е.Есейұлы «Көктөбе-күй керуені» фестивалінде Алтын қобызбен, Атырауда Алтын домбырамен марапатталған.

Ол - бірнеше шетел мемлекеттерінде өнер көрсеткен күйші.

Атақты күйші Қаршыға Ахмедияров: «Ермектің орындауындағы кейбір күйлерді тартпау керек, тек тыңдау керек»,- деп баға берген.

Үлкен өнер иесі көптеген Құрмет грамоталармен, алғыс хаттармен марапатталған.

ҚАЗИЕВ ҚЫЛЫШБАЙ



1946 жылы Гурьев облысында туған. Теміржол саласының ардагері. Көп жылдар бойы осы салада жөндеуші болып еңбек еткен. Көптеген марапаттардың иегері. 1978 жылы есімі Гурьев облысының «Еңбек даңқы» кітабына енгізілген. 1981 жылы "Құрмет белгісі" орденімен марапатталған

ҚАЗЫБЕК БИ

1760 жылы Атырау өңірінде туған белгілі билердің бірі. Қызылқоға топырағында дүниеге келіп, өмір сүрген, елі мен халқының қамы үшін арпалысқан еңселі ерлердің бірі – аузы дуалы шешен, қол бастаған батыр, қара қылды қақ жарған би. Қазақ тарихында екі Қазыбек би болғаны да белгілі. Біз әңгіме қылып отырған Қазыбек би Байұлы шеркеш руының Жауғашты атасынан. Ел аузындағы аңыз-әңгіме деректерінің бірінде, жүз жасқа жуықтаған Қаздауысты Қазыбек би Кіші жүзге келіп, ел аралап, замандастарымен жүздеседі. Сол сапарында Шеркеш руы Жауғашты замандасының үйіне түсіп бата оқиды. Осы үйде сол күні жас сәби дүниеге келеді. Ел ақсақалдары сәбиге атақты бидің құрметіне есімін Қазыбек деп қояды. Атақты ақын Мұрат Мөңкеұлының Қазан қаласында 1908 жылы жарық көрген кітабындағы «Өлім» атты шығармасында: «Би өлмейді демеңіз, шежіредей тілі сайраған. Аузына арам салмаған, Ортадан пара алмаған. Жауғаштыда Қазыбек, Қаракемпір Бегімбет, Беріште Есет, Айтуар. Солардан қалған бұл дүние» деген. Замана тереңінен бізге көктей өтіп жеткен деректер бойынша атақты Қаракемпір Бегімбет, Беріш Есет, Айтуар, Өтеміс билер дүниеден өткен соң жыл толғанда Кіші жүз халқы үш жүзге сауын айтып, асқа шақырған. Осы құрмет Қазыбек биге де көрсетілген. Оған ел аузындағы ескі сөздер куә. Қазыбек бидің әлімнің атақты Барақ батырымен,Тұрланмен оның әкесі Асау бимен кездескендегі шешендік сөздері қалған. Халқына еңбегі сіңген ардақты биді халқы да жадына сақтап, есімін екі жарым ғасыр қадірлеп келеді. Қызылқоға ауданының жерінде 1926 жылға дейін Қазыбек болысы, кейінірек Қазыбек ауылдық Кеңесі, сондай-ақ бүгінгі Миялы аулы түбінде Қазыбек тоғайы әлі бар. Қазыбек би 64 жасында дүниеден өткен. Миялыдан 5 км жердегі өз есімімен аталып кеткен Қазыбек қорымына жерленген. Бидің ұрпақтары Атырау қаласында, Қызылқоға ауданында тұрады.

ҚАЙЫРЖАН ЕСЕН



1962 жылы Гурьев облысының Мақат қыстағында дүниеге келген. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтынан инженер-механик мамандығын алып шықты. 2000 жылы Мәскеу мемлекеттік В.Горячкин атындағы агроинженерлік университеттің экономика факультетін бітірген.

1985-2002 жылдар аралығында ҚР экономикасының мұнай-газ саласында түрлі қызметтер атқарды. 2002-2007 жылдары «Торғай-Петролеум» АҚ-ның бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, 2007-2009 жылдары орынбасары болды. 2009 жылдың желтоқсанынан «Торғай-Петролеум» АҚ-ның бас директоры қызметін абыройлы атқарып келеді.

Қайыржан Есен «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», ҚР тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарымен, бірнеше Құрмет грамоталармен марапатталған.

ҚАЛЕНОВА АЙМАН



1932 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданында дүниеге келген. 1953 жылы Гурьев педагогикалық училищесін, 1967 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген. 1953-1974 жылдары А.Қадырғалиқызы Гурьев қаласындағы төрт мектепте мұғалім, мектеп директорының орынбасары қызметтерін абыройлы атқарды. 1974-1976 жылдары Орджоникидзе атындағы орта мектептің директоры, 1976-1979 жылдары қаладағы Жамбыл Жабаев атындағы мектептің директоры болып, жемісті қызмет атқарды.1979-1987 жылдары Атыраудағы Қ.Дүтбаев атындағы гуманитарлық колледжде тарих пәнінің оқытушысы, оның соңғы бес жылында сырттай оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.Оның оқу – тәрбие саласында атқарған үлкен еңбектері ескеріліп, бірнеше медальдармен атап өтілді. А.Каленова - КСРО ағарту ісінің үздігі. ҚР Білім және ғылым министрлігінің, Атырау облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Атырау қаласының Құрметті азаматы.

ҚАЛЕНОВА ГҮЛЖАМАЛ



1952 жылы Атырау қаласында дүниеге келген. 1969 жылы орта мектепті аяқтағаннан кейін Гурьев педагогика институтының тарих факультетіне оқуға түсті. 1973 жылы институтты үздік аяқтаған соң Алматы қаласындағы Абай атындағы қазақ педагогика институтының аспирантурасына түсіп, оны 1980 жылы ойдағыдай аяқтаған соң Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтына жұмысқа орналасты.Мәскеу қаласында кандидаттық диссертациясын үздік қорғаған соң Атырау мемлекеттік университетіне кафедра меңгерушісі болып орналасты. Доцент ғылыми атағы берілді. Г.Батырғалиқызының Батыс Қазақстанның тарихына арналған 230-дан астам ғылыми еңбектері жарияланды. Оннан астам мақалалары Қазақ совет энциклопедиясында, "Атырау" энциклопедиясында жарық көрді.1993-1998 жылдары ҚР Ұлттық ғылым академиясының Батыс Қазақстан бөлімшесінің тарих, этнография және мәдениет орталығының директоры болып істеді.1998 жылдан Алматы құқық институтының Атырау филиалының директоры. 2008 жылы профессор ғылыми атағы берілді.

Қаленова Гүлжамал ҚР білім беру ісінің үздігі және Құрметті қызметкері төсбелгілерімен марапатталған. 1999 жылы Атырау облыстық мәслихатының депутаты болып сайланды. Ол бірнеше мемлекеттік марапаттар мен Алғыс хаттардың иегері.

ҚАЛЕНОВ БАТЫРҒАЛИ



1924 жылы Гурьев қаласында туған. Сол қаладағы Жамбыл атындағы онжылдық мектепті бітірісімен майданға аттанды. Сол жылы КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитетінің қаулысымен Гурьев қаласында ұйымдастырылған жаяу әскер училищесіне қабылданады. Алғашқы бітірушілер сапында Б.Каленов та майдан шебіне аттанады.Бірінші Украина майданының 13-әскер құрамында ұрыстарға қатысып, Киев, Львов, Ровно, т.б. қалаларды жау қоршауынан азат етіседі.1944 жылы Бродо қаласы маңындағы шайқаста ауыр

жарақат алады. Сөйтіп Киев қаласындағы әскери госпитальда ұзақ уақыт емделеді. Соғыс аяқталғаннан кейін 1956 жылға дейін мемлекеттік қауіпсіздік органдарында қызмет етті. Балтық бойындағы бандалық құрылымдарды жою ға, ауған-тәжік шекарасындағы жағдайларды реттеу операцияларына белсенді қатысады. Б.Қаленұлы 1961 жылы Мәскеудегі сауда институтын инженер-экономист мамандығы бойынша тамамдайды. Ол ұзақ уақыт бойы "Казнефтегазразведка" мекемесінде жұмысшыларды қамтамасыз ету басқармасының бастығы болып, сол геологиялық іздеу партиялары мен отрядтарының 15 мыңнан астам еңбеккерлерінің алаңсыз еңбек етуіне бар күш-жігерін жұмсады. 1989 жылға дейін Гурьев облыстық сауда саласында, яғни қаланы азы-түлікпен, өнеркәсіп өнімдерімен қамтамсыз ету, аралас сауда бөлімдерін, сондай-ақ асхана және ресторандар тресін іскерлікпен басқарды, қоғамдық тамақтандыру саласына ригалықтардың желілік қызмет көрсету әдісін батыл енгізді. Атырауда "Береке","Шалқыма", "Рубин", "Көктем", "Рахат", т.б. сауда мекемелерінің бой көтеруіне көп күш жұмсады.

Б.Қаленов I және II дәрежелі Ұлы Отан соғысы, "Қызыл жұлдыз", бірнеше жауынгерлік медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 2008 жылы Қазақстандағы Украина елшілігінің қызметкері Қаленовтар отбасына Украинаны азат етуге ерекше атсалысқаны үшін жоғары дәрежелі әскери наградасын табыстады. Ол бірнеше рет облыстық, қалалық, кеңеске депутат болып сайланды.

2001 жылы дүние салды.

2006 жылы Батырғали Қаленовтің есімі Атырау қаласының бір көшесіне берілді.

ҚАЛИҰЛЫ КӨШКІНБАЙ



1932 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Жангелдин ауылында дүниеге келген.

1948 жылы Доссор поселкесіндегі қолөнер училищесін бітіріп, бұрғышы мамандығын алды. Еңбек жолын Ембі, Қаратон, Новобогат мұнай кеніштерінде бастайды. 1953 жылы Маңғыстау түбегінің мұнай көздерін зерттеу мақсатында құрылған структуралық-іздестіру партиясының құрамында алғашқылардың бірі болып Маңғыстау түбегіне алғаш түрен салған. Зерттеудегі ерен еңбегі ескеріліп Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына сайланды. Геолог-барлаушылар кәсіподағының Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. Көптеген Құрмет грамоталармен, Ленин орденімен марапатталған.

1992 жылы өмірден өтті

ҚАЛИФАҰЛЫ ТӨЛЕУ



1912 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Сарыкөл елді мекенінде туған. Ауылда жұмыс істеп жүргенде әскер қатарына шақырылады. 1939 жылы кенеттен бұрқ ете қалған совет-фин соғысына қатысады. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, соғысқа бастан-аяқ қатысады. Соғыс біткеннен кейін Қиыр Шығыстағы Жапонияның Квантунь армиясын талқандауға қатысып, елге 1947 жылы оралып, бейбіт еңбекке араласады.Атырау алабындағы мұнай өндірісі саласында еңбек етеді. Т.Қалифаұлы 1963-1971 жылдары "Прорвамұнайгаз" мұнай және газ өндіру басқармасының мұнай өндіру цехында оператор болып еңбек етіп, зейнет демалысына шықты. Ол Ұлы Отан соғысы орденімен, көптеген медальдармен марапатталған.

1993 жылы дүниеден өтті.

ҚАЛМАҒАНБЕТ ЕРГЕШБАЙ

1959 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Берген Исаханов (бұрынғы Ермоловка селосы) ауылында дүниеге келген. 1988-1990 жылдары Кеңес Армиясы қатарында қызмет атқарған. 1990-1995 жылдар аралығында Шымкент дене тәрбиесі институтында білім алған. Содан бері Берген Исаханов ауылындағы атақты айтыс ақыны Көпбай Омаров атындағы орта мектепте мұғалім, 2005-2009 жылдары аралығында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, 2009 жылдан бастап мектеп директоры қызметін атқаруда.Бірнеше салалық Құрмет грамоталармен марапатталған.



ҚАЛМАҒАНБЕТОВ БИЖАН



1961 жылы Атырау облысының Қызылқоға ауданы, Миялы ауылында дүниеге келген. Туған ауылында орта мекепті бітірді. 1979 жылы Гурьев қаласындағы кәсіптік-техникалық училищеде оқыды. 1984 жылдан Қарағанды индустриалдық-педагогика техникумында мұғалімдік қызметте болды. 2003 жылы «Қайнар» университетінің заң факультетін бітірген. 2002 жылдан «Запказинвестрой» құрылыс компаниясының директоры.

Б.Қуанышкерейұлы-тек шаруашылық, құрылыс саласында ғана еңбек етіп қоймай, облыс, республика көлемінде өткізіліп жатқан әдеби-мәдени, рухани іс-шараларға белсене атсалысып келе жатқан ардақты азамат. Оның тікелей демеушілігімен бірнеше ақын-жазушылардың шығармалары жарық көрді. Қазақтың тұңғыш бард ақыны, әнші Табылды Досымовтың компакт-дискісін шығарды. Ақын қайтыс болған соң оның басына оның талантын қастер тұтқан бір топ азаматтармен бірге Маңғыстаудың аппақ әктасынан күмбез орнатуға атсалысты. Сондай-ақ ақиық ақын Мұқағали Мақатаевқа арналған іс-шаралардың бел ортасында жүрді. Өзі де өлең өлкесіне ат ізін салып, көңіл күйлерін жыр тілімен өрнектейді. Туындылары республикалық басылымдарда жиі жарияланады. Ол Табылды Досымов атындағы республикалық қордың директоры.

ҚАЛМАҒАНБЕТОВ ЖҰМАЖАН



1957 жылы Атырау облысы, Еркінқала селосында дүниеге келген. 1973 жылы Жылыой ауданы, Шоқпартоғай селосында орта мектепті бітірген. 1973-1978 жылдары Қазақ политехникалық институтының геофизика факультетін бітірген. 1978 жылдан бері Гурьев, Маңғыстау, «Эмбанефтегеофизика» тресінде, «Қазақстанкаспийшельф» АҚ геофизикалық экспедицияларында геофизик, аға геофизик, Маңғыстау геофизикалық экспедициясында, бас геофизик, есептеу орталығының бастығы, «Қазмұнайтеңіз», «Қазмұнайгаз» АҚ-дарында бас сарапшы, бас менеджер, Құрманғазы Петролеум ЖШС геофизика менеджері қызметтерін атқарып келді.

Қазір Алматы қаласында «АкАй Консалтинг» ЖШС бас геофизик болып жұмыс істейді. Қазақстан мұнай-газ саласында сіңірген еңбегі үшін Құрмет грамоталарымен марапатталған.

ҚАЛИМҰҚАШЕВА БАҚЫТ



1956 жылы Гурьев облысының Томарлы ауылында дүниеге келген.1973 жылы орта мектепті үздік бітіріп, мектеп жанындағы интернатта тәрбиеші болды. 1974 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі.1979 жылы Гурьев педагогикалық институтына жұмысқа орналасты.1980 жылы Ресейдің Мәскеу қаласынан КСРО Педагогикалық ғылымдар академиясында білімін жетілдірді. 1984 жылы аға оқытушы болды. 1997-2000 жылдары Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық университетінің ізденушісі. 2000 жылы «Шешендік өнерді үйрету әдістемесі» тақырыбына кандидаттық диссертациясын қорғады. 2001 жылы доцент міндетін атқарушы. 2001-2004 жылдары Орталық Азия университетінің Атырау филиалының әлеуметтік гуманитарлық пәндері кафедрасының меңгерушісі болды, доцент.2006 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ғылыми кеңес шешімімен академиялық профессор атағын алды. Б.Демеуқызы -Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері.Осы уақыт ішінде оның 40-қа жуық ғылыми - әдістемелік мақалалары республикалық баспасөзде жарияланды.Көлемді әдістемелік оқулығы, «Шешендік өнерді үйрету әдістемесі» құралы, «Шешендік өнер және сөйлеу мәдениеті» оқулығы жарық көрді.

Екі электрондық оқулық авторы.

ҚАЛИМҰҚАШЕВА АРАЛ



1959 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген.1979 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының жаратылыстану факультетіне түсіп, 1984 жылы химия және биология пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. Сол жылы Атырау мұнай-газ институтының химия мұнай – газ зертханасында аға лаборант, инженер – химик мамандықтары бойынша жұмыс істеді. 1986-1995 жылдары мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарады. 1996 жылы Атырау педагогикалық институтының химия кафедрасына әдіскер мұғалім болып орналасады. 2004 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде мамандығы бойынша білімін жетілдіреді. 2005 жылы Х.Досмұхамедов атындағы мемлекеттік университетінің ғылыми кеңес шешімімен академиялық доцент атағын алды.

А.Демеуқызының 20-дан астам ғылыми-әдістемелік мақалалары республикалық баспасөзде жарияланды. Оның бірнеше әдістемелік оқулықтары мен 7 оқу әдістемелік еңбектері жарық көрді.Студенттерге арнап «Химия тарихы», «Химияны оқыту әдістемесі» атты электрондық оқулық дайындады.

ҚАЛИМҰҚАШЕВА АЙГҮЛ



1969 жылы Гурьев облысы, Махамбет ауданы, Қайыршақты ауылында дүниеге келген. "Қайыршақты" орта мектебін үздік бітірген соң Атырау қалалық халық сотында мұрағатшы болып үш жыл жұмыс істеді. 1989 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, оны 1994 жылы үздік бітіреді. Алматы қаласындағы Д.Қонаев атындағы университеттің ізденушісі болды.1994 жылы жас маман ретінде жолдамамен Атырау облыстық әділет басқармасына жіберіледі. Сол жылдан Атырау облысы Балықшы аудандық сотының әкімшілік және орындау өндірісі бойынша судья стажеры ретінде жұмысқа алынады. 1996 жылдан Балықшы аудандық сотының судьясы. 2001 жылдан Атырау қаласының №2 сотының судьясы. А.Демеуқызы «Азаматтартың құқықтарын сотта тыс қорғау механизмі» тақырыбы бойынша қорғап, заң ғылымдарының кандидаты атағын алды. Салалық Құрмет грамоталарымен марапатталған.

ҚАЛИЕВ БОРАН



1920 жылы Жылыой кентінде туылған. Партия, кеңес, кәсіподақ қызметкері. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Орал педагогика училищесін, Мәскеудегі Жоғары партия мектебін бітірген. 1948 жылы Мақат аупарткомының нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі. 1952 жылы Доссор,

Мақат мұнай кәсіпшілігінде партбюро хатшысы, 1963 жылы Ембі ауаткомы төрағасының орынбасары, 1966 жылы Мақат аупарткомының екінші хатшысы. 1970 жылы «Доссормұнай» базасында партком хатшысы, кәсіподақ комитетінің төрағасы, экономист. 1986 жылы зейнеткерлікке шықты. Еңбек Қызыл Ту , 1- дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен және медальдармен ұлықталған.

ҚАЛИЕВ САЙЫН



1945 жылы Байшонас кентінде туылған. Техник-электрик. Атырау политехникумын бітірген (1980). 1960 жылы Доссор автокөлік жөндеу зауытында токарьдың үйренушісінен өндіріс жетекшісі сатысына дейінгі еңбек жолынан өткен. 1978 жылы механикалық цехтың бастығы. III дәрежелі Еңбек даңқы орденімен және медальдармен мадақталған.

ҚАЛИЕВ ЖАҚСЫБАЙ



1948 жылы Гурьев облысының Ескене елді мекенінде дүниеге келген. 1965 жылы оннжылдық мектепті бітірген соң Қарсақ кен алаңындағы жер қабатына су айдау бригадасына жұмысқа орналасады. 1967-1969 жылдары әскер қатарына

ҚАЛИЕВ МҰХАМБЕТҚАЛИ



1947 жылы Гурьев облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл поселкесінде дүниеге келген. 1965 жылы орта мектепті бітірген. 1971 жылы Алматы политехникалық институтының энергетика факультетін «Жылу электр станциялары» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1971 жылы Гурьевтегі «Гурьевэнерго» энергетика басқармасының «Гурьев жылу –электр станциясында» бу қазандығының машинисі болып бастаған.

1973-1982 жылдары өз мамандығы бойынша ауысым бастығы, бас инженер, басқарма бастығы, басқарма бас инженерінің орынбасары болып, лауазымды қызметтер атқарған. 1982-1989 жылдары «Гурьевэнерго» энергетика басқармасында жылу техникасы қызметінің бастығы, бас инженері, Құлсарыдағы Біріккен дирекцияның тех.бөлімін басқарды. 1990-1993 жылдары жылу энергетика орталығының директоры. 1997жылдан бастап «АтырауЖылу» энергетика орталығы АҚ президенті қызметін абыройлы атқаруда. Атырау облыстық мәслихатының III, IV, V шақырылымдарының депутаты

ҚР еңбек сіңірген энергетигі, «Құрмет» орденінің иегері.

ҚАНАТБАЕВ БЕРЖАН



1918 жылы Гурьев облысы, Мақат ауданы, Доссор қыстағында дүниеге келген.1935 жылы Доссорда фабрика, зауыт мамандарын дайындайтын арнайы мектепте, 1935-1937 жылы Орал мұғалімдер институтында оқиды. Оны бітірген соң Батыс Қазақстан облысының Казталов орта мектебіне жіберіліп, сонда физика, математика пәнінен ұстаздық етеді.1938-1939 жылдары Мақат ауданының мектептерінде мұғалім, 1939-1942 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, ауыр жараланады. Ол 1942-1943 жылы Гурьев қаласындағы Жамбыл орта мектебінің директоры, 1943-1954 жылы Мақат ауданында мұғалім, 1954-1988 жылдары Белинский орта мектебінің директоры болып қызмет атқарды.

Б.Үсенұлы Пятигорск педагогикалық институтының физика-математика пәні факультетін бітірген. Халық ағарту ісінің озық қызметкері.

1966 жылы Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұғалім атағы берілген. Көптеген медальдармен марапатталған.

ҚАНАТБАЕВ ЖЕҢІС

1944 жылы Атырау (Гурьев) облысы, Мақат ауданы, Доссор қыстағында дүниеге келген.1960



жылы орта мектепте оқып, Доссор қыстағындағы автокөлік жөндеу зауытына үйренуші слесарь болып жұмысқа орналасқан. Оныншы сыныпты жұмысшы-жастар кешкі мектебінде 1961 жылы бітірген. Еңбектен қол үзбей Гурьев политехникалық техникумында оқиды. 1963-1966 жылдары әскери борышын өтеді. Елге оралған соң өзі

еңбек еткен зауытқа мамандығы бойынша жұмысқа орналасады. 1969 жылы техник-механик мамандығын сырттай бітіріп шығады, 1966-1987 жылдары автомобиль құрастыру цехына бригада шебері, техникалық бөлімінің инженер конструкторы болып еңбек етті.1978-1983 жылдары Москва қаласындағы Н.М.Шверник атындағы Бүкілодақтық кәсіподақтар жоғарғы мектебін бітіріп, жоғарғы білімді инженер-экономист мамандығын алды.Өзі еңбек етіп жүрген мекемеде директордың орынбасары, соңғы он бес жылда сол мекеменің директоры болып абыройлы жұмыс атқарды.

Ж.Ержанұлы Құрмет орденімен, көптеген мерекелік медальдармен марапатталған.

ҚАНАТБАЕВ ҮСЕН



1898 жылы Атырау қаласында туылған. Мұнайшы. мбімен бірге жасасқан ардагер. Кезінде "Жайық-Каспий" қоғамының бұрғылау жұмысшысы, бұрғышысы болған. Ембі өңірінде айналма бұрғылауды тұңғыш қолданған бұрғылау шебері. Бесбөлек, Ескене, Жынғылды барлау партияларын басқарған. 1941 жылы Доссордағы №19 қолөнер училищесінде өндірістік оқыту шебері. Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері.

1980 жылы өмірден озды.

ҚАНАТБЕКОВ ШОЛАНБАЙ



1923 жылы Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында туған. Жастайынан зерделі өскен жас ерте сауаттанып, қызыл отауда істеді. 1940-1944 жылдары колхозда есепші болды. 1944 жылы Сарысу аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1945-1950 жылдары Сарысу аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. 1950-1954 жылдары ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 1955 жылы аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1956-1958 жылдары аудандық аткару комитетінің бірінші орынбасары, 1959-1962 жылдары аудандық мәдениет бөлімінің бастығы, 1962-1964 жылдары Талас ауданындағы «Бостандық» совхозында партия ұйымының хатшысы болды.

1964 жылы қаза болды.

ҚАПАНОВ ЕРКЕТАН



1913 жылы Қайыршақты селосында туылған. Ембінің ардагері. Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұнайшысы.1936 жылы Байшонас учаскесінде жұмысшы, оператордың көмекшісі, шебері болып жұмыс істеген. 1968 жылдан дербес зейнеткер. Ол жұмыс барысында жастарға үлгі көрсетіп, олардың шеберлігін шыңдауға ұстаздық етті. Ленин және Еңбек Қызыл Ту орденерімен ұлықталған.

1973 жылы дүние салды.

ҚАПЫШЕВ ЖЕҢІС



1945 жылы Гурьев облысының Теңіз ауданына қарасты "Қызыл Армия" колхозында туған. 1960-1964 жылы арнайы орта техникалық Гурьев политехникалық техникумын мұнай және газ скважиналары бұрғылау мамандығы бойынша бітірген. 1965-1968 жылдары Кеңес әскері қатарында қызмет еткен. Негізгі басты еңбек жолын Жетібайда бастаған. Мұнай және газ скважиналарын бұрғылау көмекшісі, бұрғылаушы, аға инженер-диспетчер, бұрғылау шебері болып 1981 жылға дейін еңбек етті.

Бұдан кейін 1981-1998 жылдары Маңғышлақ барлау- бұрғылау басқармасына ауысады. Мұнда прокаттау-жөндеу цехының, кейіннен инженерлік-технологиялық қызметтің бастығы, "Викар" шағын кәсіпорнының директорының орынбасары, директоры қызметін атқарды.Сол кездегі республикалық, облыстық газеттер Ж.Мәжитұлы және оның даңқты бригадасы туралы көп мақалалар, очерктер, суреттемелер жазды. Социалистік жарыстың жеңімпазы болып, биік тұғырдан үнемі түспей жүрген азаматтың алған марапаттары, сыйлықтары өте көп.

1998 жылы дүние салды

ҚАРАБАЛИН ӘБІЛҚАЙЫР



1933 жылы дүниеге келген. Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (1986). Қазақ мемлекеттік университетін бітірген (1956). 1956-1957 жылдары–Мақат МӨБ мұнай өндіру операторы, технологиялық тобының геологы, 1957-1962 жылдары іріленділірілген Мақат мұнай кәсіпшілігінің ұңғымаларды күрделі жөндеу цехының аға геологы. 1962-1964 жылдары іріленген Сағыз,Байшонас мұнай кәсіпшіліктерінде аға, бас геолог. 1964-1970 жылдары « «Құлсарымұнай» МГӨБ бас геологы. 1970-1981 жылдары – «Ембімұнай» бірлестігінің ұңғымаларды күрделі жөндеу кеңсесінде директор. 1981-1993 жылдары «Құлсары» МГӨБ бас геолог, бастық, КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі.

1999 жылы өмірден озды.

ҚАРАБАЛИН МЫРЗАҚУАТ



1959 жылы дүниеге келген. Тау-кен инженері. Мәскеу мұнай институтын бітірген (1987). 1976-1979 жылдары Құлсары өндірісінің операторы. 1979-1982 жылдары – студент. 1982-1984 жылдары - әскер қатарында. 1984-1987 жылдары студент. 1987-1988 жылдары «Тенгизмұнай» операторы, 1988-1989 жылдары «Тенгиздің» инженер-технологы. 1989-1990 жылдары Ембі ауданының ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы. 1990-1992 жылдары Теңіз өндірісінде ЦМГО бастығының орынбасары. 1992-1996 жылдары бас инженер, 1996-1998 жылдары «Шеврон» корпорациясында бөлім координаторы. 1998-2000 жылдары – менеджер, жетекші консультант, 2000 жылдан – менеджер орынбасары.

Медальмен, салалық Құрмет грамоталарымен марапатталған.

ҚАРАБАЛИНА ГҮЛНӘР



1960 жылы Гурьев облысы, Мақат поселкесінде дүниеге келген. 1986 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген. Еңбек жолын 1977 жылы Құлсары поселкесіндегі «Салтанат» балалар бақшасында тәрбиеші болып бастаған. Сот саласындағы еңбек жолы 1979 жылдан басталған. Ембі аудандық сотында сот хатшысы, сот орындаушысының қызметін атқарудан бастаған. 1986 жылы Ембі ауданды сотының халық судьясы болып сайланды.1992-1996 жылдар аралығында Жылыой аудандық соты төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Г.Қарабалина Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы Жарлығымен Атырау облыстық сотының судьясы болып тағайындалып, қазіргі уақытта осы жоғары лауазымды судьялық қызметті абыроймен атқарууда.Г.Әбілқайырқызы әділ сот төрелігін атқарудағы жоғары көрсеткіштері мен тәжірибесі қызметі үшін 2001 жылы Атырау облысы судьяларының арасында «Ең үздік судья» болып танылды. 2008 жылы сот төрелігін іске асырудағы табыстары және судьялар қауымдастығындағы белсенді қоғамдық жұмысы үшін Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Құрмет грамотасымен марапатталған

ҚАРАБАЕВА АЙЖАН

1976 жылы Атырау қаласында дүниеге келді. Қ.Дүтбаева атындағы педагогикалық училищені, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетін және Республикалық ғылыми-педагогикалық және басшы кадрлар білімін жетілдіру институтын бітірген. Мамандығы - психолог. Он жылдан астам еңбек өтілі бар. Осы жылдар ішін-



де республикалық «Асар» партиясының облыстық филиалының үйлестірушісі, ұйымдық партия жұмыстары секторының меңгерушісі, кейін хатшысы қызметтерін атқарды. «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне – 10 жыл» медалімен, бірнеше алғыс хаттармен және белсенді қоғамдық қызметі мен еңбегі үшін Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

ҚАРАМҰРЗИЕВ ТЕКЕЙ



1930 жылы Атырау облысы, Ембі ауданында дүниеге келген. 1947-1951 жылдары Гурьев мұнай техникумында, 1951-1956 жылдары Мәскеу мұнай институтында оқыды. 1956-57 жылдары Құлсары мұнай басқармасын а инженер-экономист, 1957-60 жылдары Атырау халық шаруашылығы кеңесінде инженер-экономист, 1960-64 жылдары «Қазақстанмұнай- геофизика» тресінің жоспарлау бөлімінің бастығы болды.1964-1972 жылдары ҚР Ғылым академиясының Қ.И.Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институтында экономикалық-талдау секторының жетекшісі, 1967 жылы экономика ғылымдарының кандидаты. 1972-1993 жылдары аталмыш У.М.Ахмедсафин гидрогеология-гидрофизика институтында жерасты суының экономикасын зерттеу лабораториясының меңгерушісі. 1993 жылдан экономика ғылымдарының докторы. 1993-1996 жылдары ҚР Ұлттық ғылым академиясының Батыс бөлімшесінде (Атырауда) Аймақтық экономиканы зерттеу орталығының директоры болды. 1996 жылдан Атырау университетінің профессоры.1997-2004 жылдары Атырау мұнай және газ институтында Ақтөбе Қ.Жұбанов және С.Бәйбішев атындағы университеттерде кафедра меңгерушісі. 2005 жылдан бастап Атырау мұнай және газ институты жанындағы инновациялық жобаларды және өндірістік қызмет ету жұмыстарын техникалық-экономикалық дәлелдеу және бизнес жоспарлау Ғылыми консультациялық орталығының директоры. Қазақстан Республикасының Құрметті инженері, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің Құрметті қызметкері. Медальдармен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстанның Ұлттық академиясының құрмет куәліктерімен марапатталған. Еңбектері табиғи қорларды игеру экономикасына бағытталған. 160-тан аса ғылыми еңбектің, 3 монографияның авторы. 1 авторлық куәліктің иегері

ҚАРАМЫРЗАҰЛЫ ҚҰЛҚАШ



1926 жылы Атырау облысында дүниеге келген. Ол жаңұяның оныншы баласы. 1944-1947 жылдары Сағыз, Комсомольск, Қошқар мұнай өндірістерінде жұмыс істеді. 1947-1950 жылдары Гурьев мұнай техникумында, 1950-1955 жылдары Мәскеу мұнай институтында оқып бітірді. 1955-1957 жылдары Қосшағыл өндірісінің бас геологы. 1957-1960 жылдары Доссор мұнай өндірісінің бас геологы. 1960-1966 жылдары Қаратон мұнай-газ өндіру басқармасының бас геологы. 1966-1973 жылдары Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасында бас геолог. 1973-1987 жылдары - «Маңғышлақмұнай» бірлестігінің Маңғышлақ газ өндіру басқармасында бас геолог және тематика партиясының басшысы. 1987 жылдан зейнеткер. Көптеген салалық марапаттаудың иегері. Оның басшылығымен Прорва, Қараарна кен орындары ашылды. Өзен кәсіпшілігінде 1000-нан астам ұңғы бұрғыланды.

2010 жылы қайтыс болды.

ҚАРАМЫРЗАҰЛЫ БИСЕН



1904 жылы дүниеге келген. 1922-1932 жылдары Мақат кәсіпшілігінде жұмысшы. 1932-1942 жылдары Қосшағыл кәсіпшілігінде бұрғышы, бұрғылау шебері. 1942-1943 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысты. Даңқ орденінің (өзінің айтуынша) үшеуінің иегері болатын жан еді. III дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденін соғыстан оралғанда өзінің өңірінен көрдік, екіншісі – 1946 жылы соңынан ізделіп келді, бірінші дәрежелісі, өкінішке орай. иесін таппай, жоғалып кетті. Жаралы болып оралып, Қосшағыл өндірісінде жеңіл жұмыстар атқарды. 1946-1951 жылдары Қосшағыл өндірісінде бұрғылау шебері, бұрғылау цехының бастығы. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталды.

1951 жылы қайтыс болды.

ҚАРАМҰРЗИЕВ ТИМУР



1960 жылы туған. 1977-1982 жылдары Харьковтың Қызыл Ту орденді әскери әуежай ұшқыштар инженерлік училищесінде курсант. 1982-1985 жылдары лейтенант, Аға лейтенант. Т.Қарамұрзиев Моңголияда ұшақ инженері әскери қызметін атқарды. 1985-1987 жылдары Алматыда әскери ұшу техникасын пайдалану бөлімі басшысының орынбасары, капитан. 1987-1988 жылдары Ауғанстан елінде тікұшақ авиациясында әскери қызмет етті. 1988-1989 жылдары Өзбекстанда орналасқан әскери тікұшақ ұжымында инженер. 1990-1992 жылдары Семейде орналасқан тікұшақ авиациясында инженер қызметін атқарды, майор. 1992-1994 жылдары Алматыда орналасқан тікұшақ техникасын пайдалану бөлімшесінің бастығы. 1994-1997 жылдары Орта Азия әскери округінде инженер, Алматыдағы №405 азаматтық авиация жөндеу зауытында әскери өкіл. Подполковник. 1997 жылдан бастап отставкаға шыққан. 1997-2001 жылдары Алматыдағы №405 азаматтық авиация жөндеу зауытының директоры. 2001-2002 жылдары Батыс Қазақстан облысы әкімшілігінің өндіріс бөлімінің басшысы. 2002 жылдан бастап кәсіпкер. 2004-2006 жылдары БҚО әкімінің өндіріс жөніндегі кеңесшісі. 2007-2008 жылдары Астанадағы Қазақстан авиациялық компания орталығы басшысының орынбасары. Әскери медальдармен марапатталған.

ҚАРАМЫРЗАҰЛЫ БОҚАЙ



1913 жылы Атырау облысында дүниеге келген. 1929-1933 жылдары Мақат мұнай кәсіпшілігінде бұрғышының көмекшісі. 1933-1936 жылдары Гурьев мұнай техникумында оқыды. 1936-1941 жылдары Қосшағыл, Құлсары, Төлес кәсіпшілігінде бұрғылау цехының бастығы.

1941-1944 жылдары Мақат, Сағыз мұнай өндірістерінде директор. 1944-1948 жылдары Комсомольск, Қошқар мұнай кәсіпшіліктерінде бұрғылау цехтарының бастығы. 1948-1957 жылдары «Қосшағылмұнай» тресі және Қаратон бұрғылау кеңсесінде бастық. 1957-1967 жылдары «Қазақстанмұнай» бірлестігінде бастықтың орынбасары. «Құрмет белгісі» және медальдармен марапатталған. 1966 жылы Бүкілодақтық сырттай оқытатын политехникалық институтты бітірді.

1967 жылы дүние салды.

ҚАРАҚҰЛШЫҚОВ МАЙДАН



1937 жылы Атырау облысының Мақат поселкесінде туған. 1955 жылы «Байшонас» орта мектебін бітірген соң, 1955-1958 жылы Талғардағы ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумын бітірді.1958 – 1959 жылдары өз мамандығы бойынша жұмыс істеді. 1959-1962 жылдары әскер қатарында болды. 1962-1967 жылдары Алматы ауыл шаруашылығы институтының механикаландыру факультетінде оқыды. 1967 – 1973 жылдары Теңіз ауданында, Гурьевте, Қызылқоғада аға инженер, бас инженер қызметтерін атқарды. 1973 жылы Қызылқоға аудандық "Сельхозтехника" бірлестігінің бастығы, 1977-1982 жылдары Шевченко ауданаралық "Казсельхозтехника" бірлестігінің бастығы болды.1982-1986 жылдары Маңғыстау "Облсельхозтехника" бірлестігі бастығының орынбасары, 1986-1991 жылдары Маңғышлақ облыстық агропром комитетінде СПМК бастығы қызметін атқарды. М.Сымғалиұлы 1991 жылдан "Рудаемес құрылыс" ЖШК бас директоры.

ҚАРАТІЛЕУОВ СӘЛІМГЕРЕЙ

1887 жылы бұрынғы Орал облысы, Гурьев уезінде дүниеге келген. 1917 жылға дейін Саратов қаласындағы Марийнск ауыл шаруашылығы мектебінде, одан соң Саратов ауыл шаруашылығы институтында оқуын жалғастырды. 1917 жылғы Февраль революциясынан соң Орал қаласына келіп, Уақытша облыстық қазақ комитетін құруға белсене қатысады.Бұдан кейінгі жылдары Алаш орда партиясының жұмысына белсене араласады. Көрнекті қоғам қайраткерлері Х. Досмұхамедов, А.Кенжин, Н.Ипмағанбетовтермен бірге әріптес болады. Атақты А.Иманов басқарған Қызыл Армия, Алаш полкінен құрылған отряд құрамында ұрыстарға қатысады. 1920 жылдан Коммунистік партия мүшесі болады. Бұдан кейінгі жылдары ол агрономдық қызметін жалғастырады. Жер халкомында қызмет етіп, Қазақ өлкелік партия комитетінің мүшесі болып сайланады. 1925-1927 жылдары Орталық жерге орналастыру басқармасының төрағасы қызметін атқарады. 1928 жылы Темір ауыл шаруашылық тәжірибесі станциясының директоры. 1930-37 жылдары Алматы облысындағы «Дегерес» асыл тұқымды жылқы зауытында директор болды. Ұлтшыл және Алашорда қызметіне қатысқанын жасырды деген айыппен партия қатарынан 3 рет шығарылды. Кейіннен Алашорда әнін айтты деген жалған жаламен ұсталып, 1938 жылы атылды

ҚАРАТАЕВ ОРЫН



1933 жылы Жылыой ауданы, Қияқ ауылында туылған. Гурьев педагогикалық институтын бітірген. 1952-1985 жылдары ауылда жұмысшы, М.Әуезов атындағы мектеп жанындағы интернат меңгерушісі, 1985-1995 жылдары мектеп директоры, 1958 жылы Мәскеуде өткен онкүндікке қатысқан өнерпаз әнші. ҚР білім беру ісінің үздігі, Бірнеше медальдармен марапатталған.

1999 жылы дүниеден өтті.

ҚАРАТАЙҰЛЫ ӨМІРБЕК



1939 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында дүниеге келген.1957 жылы Некрасов атындағы орта мектепті, 1959 жылы Шымкент қаласындағы 11-кәсіптік-техникалық училищені бітірген. Содан соң ол өзінің еңбек жолын Түркістан қаласындағы жөндеу зауытының К.А.Яссауи кесенесін қайта қалпына келтіру учаскесінде токарь, слесарь-механик болып бастаған. 1961 жылы Шымкент қаласындағы Қазақ химия-технология институтына оқуға түседі. Институтты ойдағыдай тамамдағаннан кейін Түркістан сыра зауытында цех бастығы болып 1973 жылға дейін еңбек етеді. 1973-1978 жылдары облыстық тұтынушылар қоғамы одағының бөлім меңгерушісі, Шымкент консерв зауытының директоры, 1987-1990 жылдары облыстық атқару комитеті жоспарлау-экономикалық бас басқармасының бөлім меңгерушісі, Қазақ КСР мемлекеттік сауда инспекциясының Оңтүстік Қазақстан облысындағы аға сауда инспекторы қызметін атқарады. 1990-1992 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің сауда бөлімінің меңгерушісі, 1992-1993 жылдары қазақ-қытай «Достық» сауда дүкенінің директоры, 1993-1998 жылдары қазақ-корей «Шымкент-Тельбоне» кәсіпорнының директоры, 1998-2000 жылдары қазақ-корей «Шымкент - Тельбоне» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры қызметін атқарған.

Ол 2000 жылы дүние салды.

ҚАРАТАЕВ СҰЛТАНБЕК



1973 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында туылған. Ол 1980-1991 жылдары Шымкент қаласындағы А.С.Пушкин атындағы орта мектепте оқыған. Мектепті бітіргеннен соң Қараганды мемлекеттік университетінің халықаралық құқық факультетіне түсіп, заңгер мамандығын алып шығады. Алғашқы еңбек жолын Астана қалалық прокуратурасынан бастайды. Сұлтанбек Өмірбекұлы 1996 жылы ҚР Әділет Министрлігіне заңгер болып ор-

наласады. Ал 1997 жылы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің заң бөліміне қатшы болып ауысады. 2003 жылдан бастап Сұлтанбек Өмірбекұлы Мәскеу қаласында Қазақстан Республикасының Ресейдегі өкілетті консулы болып тағайындалды.

ҚАРЖАУОВ ҰЗАҚБАЙ



1937 жылы туылған. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтын бітірген. «Казнефтестрой» тресіне қарасты №4 құрылыс басқармасында, №84 селолық кәсіптік техникалық училищесінде, Ембі аудандық ауыл шаруашылық басқармасында есепші, бас есепші, 20 жыл Ембі аудандық статистика бөлімінде бастық болып жұмыс істеген, Х.Д. Гурьев облыстық Кеңесінің, Қазақ КСР-і Орталық статистика басқармасының грамоталарымен марапатталған.

1988 жылы өмірден озды.

ҚАРСЫБАЕВ МАМЫР



1952 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Коммунар ауылында дүниеге келді. Байқадамдағы орта мектепті тамамдаған соң «Коммунар» совхозында экесіне көмекші болып, мал шаруашылығында жұмыс істеді. 1971-1975 жылдары Алматыдағы ауыл шаруашылық институтында оқып, бухгалтер-экономист мамандығын алды. 1976-1977 жылдары әскери міндетін өтеп келген соң «Сарысу» совхозында бас есепші экономист қызметтерін атқарды. 1986-1997 жылдары Сарысу аудандық агробірлестігінде бас экономист, «Жаңатас» совхозының бас экономисі қызметін атқарды. Өмірінің соңғы жылдары Сарысу ауданының «Шаруа шаруашылықтары және су пайдаланушылар ассоциациясы» қоғамы бірлестігінде еңбек етті. Ол аудан экономикасын, шаруашылығын көтеруде тер төгіп, адал еңбек етіп, білікті маман болып танылды. Көптеген марапаттауларға ие болды.

1999 жылы қайтыс болды.

ҚАРЫМСАҚОВ НАҒЫЗХАН



1944 жылы Қызылордада облысы, Терешөзек қыстағында туылған. 1960 жылы оннжылдықты бітіргеннен кейін еңбек жолын Шымкент облысының Сарыағаш ауданында электромонтер болып бастаған. 1961 жылы Шымкент технологиялық институтына түскен. 1963-1966 жылдар аралығында Кеңес армиясында қызмет еткен. 1969 жылы Жамбыл жеңіл және тамақ институтының инженер-механик бөлімін бітіргеннен кейін жолдамамен Қызылорда облысының Жаңақорған аспық кәсіпшілік мекемесінде бас инженер, 1973-1979 жылдар аралығында Арал аспық тарту базасында директор, 1979 жылы Қызылорда аспық өнімдері басқармасында бас инженер, 1980-1996 жылдары Қызылорда аспық өнімдері комбинатының директоры, кейінен «Ақмаржан» акционерлік қоғамының президенті қызметін атқарды. 1997-1999 жылдары «Ай-Дан-Жем» мекемесінде директор, «Ақмаржан» акционерлік қоғамында бас маман, 1999-2000 жылдары «Ел ырысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестік мекемесінде қызмет істеді. 2000 жылдан 2007 жылы құрметті демалысқа шыққанша Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясында аспық және тұқым инспекциясы бөлімінде жетекші маман болып қызмет істеді.

Н.Қарымсақов қызмет барысында кадрлар даярлау мәселесіне көп көңіл бөлді. 1985-1992 жылдары Қызылорда облыстық бокс федерациясының президенті болды. Түрлі іссапарлармен Индия, Швейцария, кезіндегі Кеңес Одағының бірлік айматтарында болды. 1994 жылы ҚР Инженерлер академиясының кенес мүшесі болып сайланды. Ізгі жүректі Н.Қарымсақовты – 1994 жылы балалар үйінен орыс ұлтының шыққан үш баланы асырап алып, өз ағына жақындырып, ұлтын қазақ етіп, қазақ қызына үйлендіріп, өз алдына отау қылып шығарған азамат. Одан немере сүйіп отыр. Көптеген марапаттардың, Құрмет грамоталарының иегері.

Бірнеше мәрте қалалық кеңестің депутаты болып сайланған, қалалық партия комитетінің мүшесі болды.

ҚАСПАЕВ ТЛЕГЕН



1919 жылы Атырау облысының бұрынғы Ембі ауданында Айранкөл ауылында туған. 1938-1939 жылдары Гурьевте алтыайлық мұғалімдер курсын бітірген соң, 1939 жылы Қызылжар бастауыш мектебінде мұғалім болып еңбек жолын бастаған. Кейін Жылыой ауданының мектептерінде оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болып қызмет атқарады. 1942-1944 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, ауыр жарақат алып елге оралады. Елге келген соң ұстаздық қызметін одан әрі жалғастырады. Халық ағарту ісінің үздігі болды. 1957 жылы Гурьев пединститутын бітірген. "Қаракұм" кеншары жұмысшылар комитетінің төрағасы , содан соң Жылыой аудандық мүтедектер қоғамының бастығы болған. Т.Каспаев I -дәрежелі Ұлы Отан соғысы, "Қызыл Жұлдыз", "Қызыл Ту " ордендерімен, бірнеше жауынгерлік, мерекелік медальдармен марапатталған. Ол поселкелік, аудандық кенестердің депутаттығына сайланған.

2000 жылы дүние салды.

ҚАСЫМОВ АМАНГЕЛДІ



1952 жылы Гурьев қаласында туған.1970 жылы Махамбет ауылындағы Махамбет атындағы орта мектепті бітірді.1970-1973 жылдарды Москва облысының Егорьевск қаласындағы автотехникалық училищені бітіріп, автотехник мамандығын алды. 1973-1975 жылдарды Рязань облысында әз мамандығы бойынша еңбек етті.1975-1977 жылдары Рязань облысы, Сасово қаласындағы ұшқыштар училищесін қызыл дипломмен бітіріп, ұшқыш мамандығын алды.1977-1984 жылдары АН-2 ұшағымен екінші ұшқыш, командир болып еңбек етті.1978-1984 жылдары Санкт-Петербург қаласындағы азаматтық ұшқыштар академиясын бітіріп, инженер-ұшқыш мамандығын алды. 1984-1997 жылдары екінші ұшқыш, ұшақ командирі болды.

А.Кабилұлы Кеңес Одағының барлық жерлерінде бірнеше рет болып, талай-талай таңғажайын жағдайлардың куәгері болған.

1997 жылдан зейнеткерлікте. Көптеген салалық марапаттардың, грамота, алғыс хаттардың иегері.

ҚАСЫМОВА БАҚТЫЛЫ



1950 жылы Гурьев (кезіндегі Атырау) қаласында Қабен Қасымұлының отбасында дүниеге келген.1967 жылы Атырау облысының Махамбет ауылындағы Махамбет атындағы орта мектепті ойдағыдай бітіріп, Алматы қаласындағы ветеринарлық институтқа түскен.Б.Кабилұлы Атырау қаласына оралған соң түрлі қызметтер атқарды. Мата өнімдері шығаратын фабрикада экономист, дерматинда қызмет атқарды.Соңғы жылдары жеке кәсіпкерлікпен айналысты, және тігін цехын басқарды.Ардақты ана, ауқатты жар болу бәлен Бақтылы Қасымқызы осы «Шежіренамаға» кіпібі үшін тарихында тарихи деректер дайындауға, шежірелерді жүйелеуге, дайындауға көп күш салды.

2011 жылы ауыр науқастан дүние салды.

ҚАСАНҒАЛИЕВ ҚАЗЫОЛЛА



1956 жылы Батыс Қазақстан облысы, Таскала ауданы, Бірлік ауылында дүниеге келген. 1974 жылы ауылындағы Шежіре орта мектебін бітіріп сон, Алматыдағы Қазақ политехникалық институтының жолай факультетіне түседі. 1979 жылы тау-кен инженері факультетінің жолай және газ кенішгерін бұрғылау мамандығын алды. Институтты бітіргеннен Орал жолай және газ барлау экспедициясына орналасады.1979-1985 жылдары алдымен бұрғышының көмекшісі, бұрғылау ергендарі инженері, өндірістік-технологиялық бөлім бастығының көмекшісі, Қарашығанақ кенішінде жетекші инженер, бұрғылау цехының бастығы болып еңбек етті.1995-1998 жылдары «Казбургаз» АК-да бұрғылау шебері, учаске бастығы, бұдан кейінгі он жылда түрлі газ-мұнай өндірісімен айналысатын мекемелерде бас инженер, супервайзер, суперинтендат т.б. қызмет атқарды. 2009 жылдан Аксай қаласындағы Қарашығанақ кенішімен айналысатын мекемеде инженерлік қызмет атқарып жүр.

Қ.Рамазанұлы көптеген салалық марапаттардың иегері.

ҚАТБАЕВ ҚОНЫСБАЙ



Ақмола уезінің Көктас болысына қарасты екінші ауылда дүниеге келген. Кезінгі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданы. 1920-1928 жылдары жалшылық тұрмыс кешті.1928-1935 жылдары сауат ашу мектебінде, жеті жылдық мектепте оқыды. 1935-1936 жылдар аралығында Ленин ауылдық кенесіндегі оқу үйінде істеді. 1936-1942 жылдары Ленин ауылдық кенесінің төрағасы болды. 1942-1946 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысты, оккупацияланған елді мекендерде қызмет етті. 1946-1954 жылдары Ленин ауылдық кенесінің төрағасы, 1954-1957 жылдары Калининн атындағы колхоз төрағасының орынбасары, 1957-1958 жылдары ферма меңгерушісі болды. Қ.Қатбаев II дәрежелі Ұлы Отан соғысы 2 мерте «Қызыл жұлдыз», бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған.

1991 жылы дүние салды.

ҚАРАСАЕВ ӨСЕРБАЙ



1937 жылы Атырау облысының Құрманғазы ауданының қарасты Сүйіндік ауылында туған.1956 жылы «Азғыр» орта мектебін бітірген соң 1956-1959 жылдары Алматы байланыс техникумында, 1964-1970 жылдары Ташкент электротехникалық байланыс институтында оқып, инженер-электрик дипломын алды. Қызметті Гурьевдегі байланыс желілерін пайдалану торабында 1959 жылы участок бастығының көмекшісі болып бастап, 1960-1963 жылдары Ташкент электротехникалық байланыс институтында сырттан оқып білім алды. Сол жылдары сол торап бастығының орынбасары қызметін атқарды.1963-1976 жылдары Қазақ КСР Байланыс министрлігінде инженер, аға инженер. Электр байланысы Бас басқармасы бастығының орынбасары, 1976-1986 жылдары Павлодар облыстық байланыс басқармасының бастығы, 1986-1990 жылдары «Казгипросвязь» жобалау институтының директоры, 1990-1994 жылдары Байланыс министрлігінің басқарма бастығы, министрдің орынбасары болып істеді.1994-2000 жылдары «Қазақтелеком» ұлттық компаниясында департамент директоры, вице-президент, аппарушы директор қызметтерін атқарды. 2002-2004 жылдары «Қазақтелеком» АҚ маңайдық деңгейін көтеру орталығының бас директоры, 2005-2007 жылдары «Алыстағы байланыс» бірлестігінің бас маманы болды. Байланыста 50 жылдай жұмыс істеп, 2008 жылы зейнеткерлікке шықты.

Ө.Қарасаевтың байланыс жайлы мақалалары Қазақ Совет энциклопедиясында жарияланды. «Связь на рубеже тысячелетий» деген кітапты дайындауға атсалысты. Бірқатар өлең-жырлары республикалық газеттерде жарияланды.Халықтар достығы ордендерімен, төрт медальмен және Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Бірнеше мәрте облыстық Кеңестің депутаты болды.

ҚАШҚАНОВ АРҒЫНБЕК



1932 жылы Қостанай облысының Торғай ауданында дүниеге келген. 1939-1949 жылдары Торғай қазақ мектебінде оқыды. 1950-1956 жылдары Алматы дәрігерлік институтында оқып, дәрігер дәрігері мамандығын алды. Сейітқұл туған ауданында дәрігер болды. 1962 жылы Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауданына ауысып, емдеуші дәрігер, Қарабұтақ аудандық туберкулездер аурухананың бас дәрігері қызметін зейнет демалысына шыққанша атқарды.ҚР денсаулық сақтау саласының үздігі, көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталған.

ҚИСЫМАНОВ ЫСҚАҚ



1925 жылы Жылыой ауданы, Қияқ ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1942 жылы сол аудандағы Аралтөбе ауылындағы Жамбыл атындағы мектепте мұғалім болып бастаған. 1943 жылы Кеңес әскері қатарына алынды. Ұлы Отан соғысына қатысып, 1945 жылы елге оралды.Ол Жылыой ауданындағы мектептерде мұғалім, мектеп директоры қызметін атқарды. Кейін партия, кеңес қызметіне ауысты. Жылыой ауданындағы "Коммунизм таңы", "Қазақстан" совхоздарында партия комитетінің хатшысы, ауылдық Кеңес төрағасы қызметтерін атқарған.Бірінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы, "Құрмет белгісі" ордендерімен марапатталған. Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі.

2001 жылы дүние салды.

ҚИЛЫБАЕВ МАҚСОТ



1948 жылы Гурьев облысында туған. 1972 жылы В.И.Ленин атындағы КазПТИ-ді бітірген тау-кен инженері. 1964 жылы Байшонас мұнай кентінде ұңғымаларды күрделі жөндеу цехы операторының көмекшісі болып еңбек жолын бастаған.1972-1973 жылдары Байшонас мұнай өндіру цехында оператор, «Жайықмұнайгаз» басқармасында ауысым бастығы. 1974-1981 жылдары «Доссормұнайгаз» басқармасындағы Қарсақ мұнай өндіру цехында аға инженер, цех бастығы. 1981-1987 жылдары «Мақатмұнайгаз», 1987-1994 жылдары «Доссормұнайгаз» басқармасының бастығы.1994 жылы Жылыой ауданының әкімі болды. 1994-1995 жылдары «Анако», «Ақтөбемұнайгаз» АҚ вице-президенті, 1995-1997 жылдары «Қарашаңырақгазөнеркәсіп» АҚ президенті. 1997-2001 жылдары «Эмбімұнайгаз»» АҚ вице-президенті, департамент директоры. 2001-2009 жылдары «Доссормұнайгаз» басқармасының бастығы.М.Байболұлы Құрмет орденімен, ҚР Президентінің Құрмет грамоталарымен, медальдармен марапатталған. Франция өндірісін қолдау Ассоциясының алтын медалінің иегері. Мақат ауданының Құрметті азаматы. КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі.

ҚИТАРОВ МӘМБЕТӘЛІ

1891 жылы Қызылқоға ауданы, Саркөл ауылында туылған. (1954) – Бұрғышы. Еңбек жолын 1912 жылы Доссорда түйе арбамен су тасушы болып бастаған. 1922 жылы Доссор мұнай кәсіпшілігінде жұмысшы, бұрғышының көмекшісі, мұнай өндеу операторы, май құюшы болды. 1953 жылы зейнеткер. Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен медальдармен марапатталған.

1954 жылы дүние салған.

ҚИТАРОВ РЗАҒАЛИ



1920 жылы Доссор кентінде туылған. Мұғалім. Гурьевтегі мұғалімдер даярлайтын курсты бітірген. 1938 жылы Доссор қазақ орта мектебінде география, биология пәндерінен сабақ берген, аупарткомда нұсқаушы, Доссордағы ФЗО мектебінде директордың саяси-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болып жасаған. Ұлы Отан соғысында қатардағы жауынгерден батальон командиріне дейін көтерілген. Жауынгерлік Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендері мен И.Сталиннің Алғыс хатын алған. 1945 жылы Прибалтиканы азат ету үшін болған ұрыстардың бірінде ерлікпен қаза тапқан.

ҚИТУЕВ БАЛҒАЗЫ



1953 жылы Доссор кентінде туылған. Тау-кен инженері, ғалым. Уфа политехникалық институтын,оның аспирантурасын бітірген. Техника ғылымдарының кандидаты. Еңбек жолын «Ембімұнай» бірлестігі құрылыс-құрастыру базасында жөндеуші болып бастаған. 1976-1977 жылдары Ақтөбедегі ҚазНИГРИ зертханасында аға инженер. 1978 жылы Мақат аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы. 1981 жылы Прикаспий барлау-бұрғылау базасында бұрғылау шебері, ауысым бастығы, аудандық инженерлік- технологиялық қызмет бастығының орынбасары, аға инженер. 1981 жылы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің ғылыми қызметкері, оқытушысы, аға оқытушысы. 1995 жылы Алматы қаласындағы «Мұнайшы» АҚ және «Қазтрансойл» ҰҚ материалдық – техникалық жабдықтау департаментінің бас маманы. Қазіргі уақытта «Қазмұнайгаз ҰҚ» ЖАҚ-ында сектор меңгерушісі.

ҚОБЫЛАНОВ ҚОНЫСБЕК

1962 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қоныстану селосында дүниеге келген. 1978 жылы Ақтөбе қаласында қазақ орта мектебін бітірген. Украинада әскери борышын өтеген. 1983-1988 жылдары Орал педагогикалық институтында оқып, бейнелеу өнері, сызу және еңбек пәнінің мұғалімі мамандығын алған. Атырау облысының Қызылқоға ауданы, Қоныстану селосында «Жаңашаруа» орта мектебінде сабақ берген. 1992 жылдан Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде қызметте.

Еуразия дизайнерлер одағының мүшесі. Кеңес жауынгерлеріне, ядролық санақ құрбандарына қойылған ескерткіштерді жасауға қатысқан. Көптеген Құрмет грамоталардың иегері.

ҚОЖАҒАЛИЕВ АЛМАС



1964 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. 1986 жылы Мәскеу автомеханика институтын инженер-механик мамандығы бойынша «Менеджмент-Халықаралық бизнес» білім беру бағдарламасы бойынша Ресей Федерациясы Үкімет жанындағы Халық шаруашылығы академиясын (2003) іскерлік әкімшіліктің шебері мамандығы бойынша бітірген.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін біледі.

1986-1989 жылдары В.И.Ленин атындағы Ульянов автозауыты Бас құрылғылық басқармасы КБ материалдар шассиі бөлімінің инженер- конструкторы, есептеу орталығы бас автоматтандырылған жүйелер басқармасының инженерпрограммашысы, инженерлік қызмет көрсету Кооперативтің фирмасының актив мүшесі- жетекші программашысы, 1989 жылдан қосымша қызмет ретінде «ДАИКС» инженерлік қызмет Кооперативтік фирмасына жұмысқа ауыстырылған. 1992-1994 жылдары «АлмасТрейдингКомпани» бас директорының орынбасары, бас директоры, 1994 жылдан Интернэшнл Трейдинг Компани АТАҚ президенті. 1998-1999 жылдан қазіргі уақытқа дейін – «АлмасИнтернэшнл Трейдинг Компани» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

ҚОЖАҒАЛИЕВ МҰРАТ



1959 жылы Атырау қаласында туылған. Темір жол көлігінің инженері. Алматы темір жол транспорты институтын бітірген. 1977 жылы Гурьев темір жол станциясында монтер, жөндеуші, машинистің инженері. Құрмет грамоталарымен, жарыс озатының белгілерімен мадақталған.

ҚОЖАҒАЛИЕВ АЛПАМЫС



1952 жылы Гурьев қаласында туған. Сондағы Калинин атындағы орта мектепті бітірген. Ленинградтағы темір жол көлігі инженерлері институтының электротехника факультетінде білім алды. Институтты бітірген соң өз мамандығы бойынша туған қаласында, Маңғыстау облысында абыройлы еңбек етті. Қазір жеке кәсіпкерлікпен айналысады.

А.Орынбасарұлы салалық Құрмет грамоталармен, Алғыс хаттармен марапатталған.

ҚОЖАҒАЛИЕВ ОРЫНБАСАР

1923 жылы Гурьев облысының Қызылқоға өңірінде дүниеге келді. Алғашқы Қызыл отау мектебінде білім алып, Жаманқаладағы орта мектепті тамамдады. Неміс фашистерінің бейбіт елімізге жасаған қанқұйлы соғысы басталмас бұрын Гурьевтегі мұнай техникумынан білім алып үлгерген еді. 1942 жылы Отанды жау қолынан қорғау үшін майданға аттанды. Соғыс майданында түрлі ерлік істерімен көзге түскен жігерлі жауынгер Қожағалиев данқты 62- армияның қолбасшысы Василий Иванович Чуйковтың адьютанты болды. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін 1, II дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталды. Соғыстан кейінгі жылдары еңбек майданында темір жол саласында еңбек жолын бастады. Гурьев жол дистанциясында паспортшы қызметін атқарды. Бұдан соң жетекші аға инженер, станция бастығының орынбасары, коммерциялық тергеуші қызметтерін істеді. Бірнеше жыл Гурьев темір жол вокзалын үлкен абыроймен басқарды. Еңбек жолының соңғы кезеңдерінде үлкен Гурьев жол бөлімшесінің мамандар бөлімінде әлеуметтік сала бойынша инженер қызметін атқарды. Осы қызметтен зейнеткерлікке қалып, өмірінің соңғы сәтіне дейін Атырау жол бөлімшесінің ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін атқарды.Орынбасар Барлыбайұлы - 7 ұл, 2 қыз өсірген мәуелі бәйтерек. Бүгінде олардан өрбіген немере-жиендердің өзі бір төбе. Сол ұрпақтарына Орекең тәлімді тәрбие, өнегелі өмір жолдарын үйретіп кетті. Ол 2011 жылы дүние салды.



ҚОЖАҒАЛИЕВ АСҚАР



1957 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. Орта мектепті ойдағыдай аяқтап, Ленинградтағы академик Н.В. Образцов атындағы инженер-теміржол институтын инженер-құрылысшы мамандығы бойынша бітірді. 2001-2003 жылдары Атырау мемлекеттік мұнай-газ институтынан тау-кен инженері мамандығы бойынша білім алды. Еңбек жолын құрылысшы болып бастап, 1980-1984 жылдары №622 СМР-да бригадир, шебер, аға инженер, өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы, 1984-1985 жылдары Гурьев қалалық партия комитетінде нұсқаушы болып істеді. 1985-1987 жылдары Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. Отан алдындағы борышын өтеп келгеннен кейін 1987-1989 жылдары «Гурьевнефтехимстрой» мекемесінде партия ұйымының хатшысы болды. 1989-1994 жылдары Атырау қалалық әкімшілік басшысының бірінші орынбасары қызметін атқарды. 1994-1999 жылдары «Қазақстанкаспийшельф» акционерлік қоғамы өкілдігінің басшысы болып, шетелдік инвесторлармен қоян-қолтық қызмет атқарды. 1999 жылы халық қалаулысы болып, ҚР Парламентіне сенатор болып тағайындалды. Осы жұмыста ҚР қажетті заңнамаларды қалыптастыруға белсене атсалысты. 2006 жылдан бастап «Алмаз Интернешнл Трейдинг» компаниясы акционерлік қоғам директорлары кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. Асқар Орынбасарұлы Құрмет орденімен, медальдармен, халықаралық ұйымдардың грамоталармен марапатталған.

ҚОЖАҒАЛИЕВ ӘНУАРБЕК



1961 жылы Гурьев қаласында теміржолшылар жанұясында дүниеге келді. 1976 жылы Гурьев теміржол техникумына түсіп, 1980 жылы үздік дипломмен бітірді. 1980 жылы Ленинград қаласындағы теміржол институтына оқуға түсіп, оны 1986 жылы құрылыс инженер мамаңы болып бітірді. Еңбек жолын Гурьев қаласындағы № 84 "Мостоотряд- мототрест" мекемесінде бастады. 1986 жылы Қапшағай қаласында мотоотрядында еңбек етті. 1988 жылы «Капчагайтяжстрой» мекемесінің бас инженері қызметіне орналасты. 1991 жылдан ММП «Түркси6» мекемесінде директор болып жұмыс атқарды. 1993-1997 жылдары «Астық – Инвест» АҚ бас директоры. Ә. Орынбасарұлы 1997 жылдан «Түркісиб» ЖШС-ның директоры.

ҚОЖАҚОВ ҒҰБАЙ



1913 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында дүниеге келген. Қостанай қазақ халық ағарту институтын бітірген. 1933-1936 жылдары Гурьев облысы, Маңғыстау аудандық оқу бөлімінің инспекторы, 1936-1938 жылдары Маңғыстау және Жыңғылды орта мектептерінің директоры болып жұмыс істейді. 1942-1943 жылдары Ұлы Отан соғысына ка-

тысып, ауыр жарақатпен елге оралады. 1939-1942 жылдары және 1943-1944 жылдары Ақтөбе облысы, Ойыл аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, 1944-1946 жылдары «Ойыл» орта мектебінің директоры қызметтерін атқарды. 1946-1950 жылдары Қазақ КСР Оқу халық комиссариатының жолдамасымен ол Гурьев облысы, Маңғыстау аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеген. Ол осы жылдары сол кездегі облыс орталығындағы Гурьев педагогика институтының көшпелі филиалын алдырып, шалғай жатқан аймаққа Маңғыстау халқының ішінен мұғалім мамандарын дайындалуына үлкен септігін тигізді. Ол қиын-қыстау заманда елге қамқорлығын көрсете білген, адамгершілігі мол, парасатты, өте іскер азамат, ұлағатты ұстаз ретінде танымал. Кейін 1950-1954 және 1957-1962 жылдары Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында орта мектептің директоры. 1954-1957 жылдары аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі қызметін атқарды. 1962-1975 жылдары Ойыл орта мектебінде мұғалім болып, зейнеткерлікке шыққан.

1989 жылы қайтыс болды.

ҚОЖАҚОВ АБДОЛЛА



1905 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсойған елді мекенінде кедей отбасында дүниеге келген. Аштық жылдары үй ішімен Ойыл өңіріне көшіп келген. 1930 жылы "Бабатай" бастауыш мектебінде мұғалім болған. Ол Ұлы Отан соғысындағы шайқастарда ерлігі үшін "Қызыл Жұлдыз" орденін кеудесіне тағып, 1946 жылы ауылға жеңіспен оралып, ұстаздық кәсібіне кіріскен. 1951 жылдан "Қайынды" орта мектебінде директор болды. Оқу – тәрбие жұмыстарында үздік жетістіктерге жетті. Ленин орденімен, бірнеше медальдермен марапатталған.

1966 жылы республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер болып, еңбек демалысына шықты. 1960 жылы Алматыдағы мұғалімдердің республикалық съезінің делегаты болды.

1989 жылы дүние салды.

ҚОЖАХАНОВ СЕЙФУЛЛА



1937 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданында дүниеге келді. 1954 жылы орта мектепті күміс медальмен бітіргеннен кейін Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп, оны 1959 жылы аяқтап шықты.Сол кезден бастап барлық қызметі Жамбыл облысында өтті. Ол аудандық ауыл шаруашылығы инспекциясының инженері, Сарысу ауданындағы «Коммунар» совхозының машина-трактор шеберханасының меңгерушісі және бас инженері болып жұмыс істейді. Талас ауданындағы «Бостандық» совхозының бас инженері болды. 1964 жылы партиялық жұмысқа жіберілді. Облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. 1977 жылдан бастап облыстың ауыл шаруашылығы органдарында басшы қызметтерде істеді.«Главриссовхозстрой» бірлестігі басшығының орынбасары, облыстық ауыл шаруашылығының басқармасы басшығының орынбасары және бірінші орынбасары, «Кахсельхозтехника» облыстық бірлестігінің төрағасы, облыстық агроөнеркәсіптік комитет төрағасының орынбасары болды. Соңғы жылдары ол агроөнеркәсіптік кешенді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі облыстық бірлестікті басқарды. Ол жігерлі, пайымды, алғыр, шебер ұйымдастырушы басшы болды.С.Қожаханов – экономика ғылымының кандидаты.Сейфулла Сәкенұлы еңбекте жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін Еңбек Қызыл Ту және Халықтар достығы ордендерімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», т.б. медальдарымен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1991жылы қайтыс болды.

ҚОЖАХАНОВ ТӨЛЕУБЕК

1954 жылы Сарысу ауданының Байқадам ауылында дүниеге келді. 1975 жылы Жамбыл гидромелиорация және құрылыс институтын инженер-механик мамандығы бойынша бітіргеннен кейін, еңбек жолын өзі білім алған оқу орнында оқытушы болып бастады. Содан кейін Сарысу



ауданының «Байқадам»кеңшарында гараж меңгерушісі, «Коммунар» кеңшарында бас инженер, 1991-1997 жылдары «Жайылма» кеңшарында директор болып, басшы ретінде елге танылды. Соңғы жылдары Сарысу ауданы әкімінің аппаратында жұмыс істейді. 1998 жылы Байқадам өндірістік кооперативінде конкурстық басқару қызметін атқарады. 1999 жылы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып қызмет атқарады.

1999 жылы дүние салды.

ҚОЖАХАНОВА ТАМАРА



1960 жылы Сарысу ауданының орталығы Байқадамда дүниеге келген. 1983 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын бітірген. 1983-1992 жылдары Мемлекеттік банктің қалалық басқармасының өндіріс пен өзге салаларға несие беру бөлімінің экономисі, Мемлекеттік банктің орталық бөлімінің экономисі, кассалық операциялар бөлімінің инспекторы, КСРО Мембанктің облыстық бөлімінің ақша айналымы жөніндегі бастығының орынбасары, 1992-1994 жылы жекеменшік Ажи-Банктің бастығы, 1994-1996 жылдары "Жанашыр Банктің" несие бөлімінің бастығы, 1996-1998 жылдары "Жилстройбанктің" несие бөлімінің жетекші экономисі, 1998-2003 жылдары "Куралов и К" ЖШС-нің алмастыру операцияларының бастығы 2003-2008 жылдары "Валют –Транзит Банктің" қазынашасы, директордың орынбасары, директоры, "Валют-Транзит" банк тобының басқарушысы.Т.Сейфуллақызы 2006 жылдан бастап ауыл тұрғындарына несие беру кәсібімен айналысып, өз бизнесін дамыту мақсатында Сарысу ауданындағы тұз кенін өңдіріп, өңдеуді қолға алып отыр.Сондай-ақ елді тазартылған мөлдір ауыз сумен қамтамасыз ету үшін облысымыздың, қаланың көптеген нүктелерінде арнайы қондырғы орнатып жатыр.

ҚОЖАХАНОВА ГҮЛНӘР



1964 жылы Жамбыл қаласында туған. 1981 жылы орта мектепті бітірісімен Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне түсті. 1986 жылы жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейін Жамбыл консерв зауытында юрист кеңесші болып істеді. 1987-1992 жылдары Жамбыл қаласының Орталық ауданында адвокат болып қызмет атқарды. 1992-1994 жылдары Жамбыл қаласындағы аудандық соттың судьясы болды. Г.Сейфуллақызы 1999 жылдан Жамбыл облыстық сотының судьясы болып істеп жүр.

ҚОЙТАНБАЕВ ҚАРЫМСАҚ



1901 жылы бұрынғы Гурьев облысының Ембі өңірінде дүниеге келген. 1926 жылы Мақат мұнай кәсіпшілігіне бұрғылаушы болып орналасады.Мұнай іздеу техникасының толық дамымаған кезінде небір қиыншылықтарды жеңе білген Қ.Қойтанбаевтың есімі мұнайшылар қауымының арасында кеңінен танымал болды.Қошқар, Прорва, Мұнайлы, Құмшеті, Дуана, Ұшқан, т.б.мұнай кеніштерінде белсене еңбек етіп, ел байлығын еселеуге зор үлес қосқан. 1951 жылы Ленин орденімен марапатталған. Қ.Қойтанбаев көптеген медальдармен, Құрмет грамоталармен, Алғыс хаттармен марапатталған.

1995 қайтыс болды.

ҚОЙШЫҒҰЛОВ ЕРБОЛАТ



1934 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданындағы Иван деп аталатын елді мекенде дүниеге келген. 1940 жылы алғаш мектеп есігін ашқан. 1950 жылы Абай атындағы орта мектептен соң Орал қаласындағы екіжылдық институтты бітіреді. 1952 жылы Маңғыстау ауданының "Жармыш", "Тигин" мектептерінде ұстаздық етті. 1954-1957 жылдары Германияда әскер қатарында болды. 1958 жылдан бастап бұрынғы Теңіз, осы күнгі Құрманғазы ауданының Энгельс , Панфилов атындағы мектептерде тарих пәнінен сабақ береді.

1963-1968 жылдары аудандық партия комитетінде істейді. 1968 жылдан бастап аудандағы жұмысшылар кооперативінің басқармасына сайланады. Аз уақыттан соң аудандық тұтынушылар қоғамы басқармасының орынбасары, артынан басқарма бастығының міндетін атқарады. Біраз жыл тұтынушылар қоғамының кәсіподақ ұйымын басқарды, аудандық тұрмыстық комбинат директоры, соңынан Құрманғазы аудандық сауықтандыру мекемесінің басқарды.

Е.Қойшығұлов 1953 жылдан бері аудандық, облыстық, республикалық газет-журналдарға өз шығармаларын жариялап келеді.

ҚОЙШЫҒҰЛОВА ЛӘЙЛА



1968 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған. 1990 жылы Атырау педагогикалық институтын үздік бітірген соң, Құрманғазы ауданындағы Ломоносов атындағы орта мектепте мұғалім, аудандық білім беру бөлімінде әдіскер болды. 1995 жылдан бастап Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде жалпы және халықтық педагогика кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент болып еңбек етіп келеді. 2002 жылы аспирантураны бітіріп, 2004 жылы «История развития народного образования казахов Астраханской области» (Вторая половина XIX- начало XX века) атты тақырыпта педагогика ғылымдарының кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Л.Ерболатқызы 3 оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Оның республикалық «Қазақстан мектебі», «Ұлт тағылымы», «Бастауыш мектеп» журналдарында 30-дан астам мақаласы жарияланды. Халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық, ғылыми-әдістемелік конференцияларға қатысып, мазмұнды баяндамалар жасап, ғалымдар тарапынан жоғары бағаға ие болды.

ҚОНДЫБАЕВ САҒЫЗБАЙ



1909 жылы Тұрғызба ауылында дүниеге келген.1933-1972 жылдары Қосшағыл кәсіпшілігінде, ағаш шебері, жерасты жөндеу бригадасында дайындау операторы, бригадир болып жұмыс жасаған. Қосшағыл кен орнын алғашқы игерушілердің бірі. Бірнеше медальдармен марапатталған.

1992 жылы дүниеден озды.

ҚОНЫСҚАЛИЕВ АРДАҚ



1950 жылы Райгородок ауылы, Қызылқоға ауданында туылған. Тау-кен инженері. Тюмень индустриалдық институтын бітірген. 1973 жылы Кеңқияқ мұнай кәсіпшілігінде оператор, цех бастығының орынбасары. 1976 жылы Камышытовый, Мартиши мұнай кенінде цех бастығы. 1986 жылы «Жайықмұнай» базасында партком хатшысы. 1991 жылы Мақат, Қайнар мұнай-газ өндіру базасында бас инженер, бастық. 2000 жылы «Мақатмұнай» базасының бастығы. «Құрмет белгісі» орденімен (1986), Бірнеше медальдармен марапатталған. Атырау облыстық Мәслихатының депутаты.

ҚОНАРОВ ҮРКІН



1920 жылы Калинин ауылында дүниеге келген. Гурьев педагогикалық училищесін (1939ж.), Мәскеудегі кәсіподақ қозғалысы жоғарғы мектебін (1957ж.) бітірген. Мұғалім. Ұлы Отан соғысына қатысқан (1939-1940 жж.), «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі Ұлы Отан соғысы, Қызыл Ту ордендері, «Берлинді алғаны үшін», «Варшаваны азат еткені» үшін» медальдарымен марапатталған. Қосшағыл мұнай кәсіпшілігі комсомол комитеті хатшысы (1946-1950жж.) болған.

1965 жылы қайтты.

ҚОНАРБАЙ БОЛАТ



1966 жылы Құлсары қаласында дүниеге келген. 1989 жылы Воронеж облысындағы Семикули техникалық училищесін, Волгоград ауыл шаруашылық академиясын бітірді. 1989-1999 жылдары Ембі аудандық комсомол комитеті жанындағы жастарды қолдау қорының төрағасы, «Жұлдыз» МИБ-нің директоры, «Болат және Құлсары» ЖШС-нің директоры, «Жылыой-нан» ААҚ-ның директорлар кеңесінің төрағасы. 1999-2006 жылдары Атырау қаласындағы «Жаңа жол-1» ЖШС-нің бас директоры. 2006-2007 жылдары Атырау облысының кәсіпкерлер Ассоциясының төрағасы. Облыстық мәслихаттың депутаты. ҚР Президентінің жанындағы кәсіпкерлер Кеңесінің мүшесі, 2007 ж. «Нұр Отан», ХДП-ның Атырау облыстық филалының төрағасы.

Б.Қайроллаұлы 2007 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, ҚР Парламенті Мәжілісінің экология және табиғатты пайдалану комитетінің мүшесі, «Нұр Отан» ХДП-ның саяси кеңесінің мүшесі болды.

ҚОНЫСБАЕВ ШАФИҒОЛЛА



1949 жылы Атырау облысының Қызылқоға ауданының Қаттыкөл ауылдық кеңесінде туған. 1956-1964 жылдары Қарабау және Қаракөл мектептерінде оқыған. 1966-1973 жылдары жүргізуші, жұмысшы, есепші, мұғалім болып істеген. 1973-1979 жылдары Энгельс атындағы совхозда комсомол комитетінің хатшысы, 1979-1991 жылдары сол совхозда кәсіподақ комитетінің төрағасы, партия комитетінің хатшысы, 1991-1998 жылдары Қызылқоға ауылдық кеңесінің төрағасы, кейіннен әкімі болып қызмет атқарды. 1998-2003 жылдары Қарабау орта мектебінде мұғалім. 2003 жылдан Қызылқоға ауылының әкімі.

Бірнеше медальдың, Құрмет грамоталардың иегері.

ҚОНЫСБАЕВ ҚАДІРҒАЛИ



1935 жылы Гурьев облысы, Ембі ауданы, Жылықосын ауылында туған. 1954 – 1958 жылдары Байшонас, Ескене кәсіпшілігінде жөндеуші болып істейді. 1954-1957 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болады. 1958-1977 жылдары Ескене, Байшонас, Қарсақ кеніштерінде оператор, жерасты скважиналарын жөндеу бригадасының шебері, инженерлік-техникалық жөндеу қызметінің бастығы, еңбек қорғау, техникалық қауіпсіздік қызметінің инженері, аға инженері болып еңбек етті. 1959-1963 жылдары Гурьев политехникалық техникумын сырттай бітірген. Қ.Қонысбаев өзі еңбек еткен кәсіпорындарында зейнет демалысына шыққанға дейін жергілікті кәсіподақ комитетінің төрағасы, бастауыш партия ұйымының хатшысы қызметтерін атқарды. Ол ВЦСПС-тің Құрмет грамотасымен, медальмен, көптеген грамоталармен марапатталған.

2007 жылы дүние салды.

ҚОНЫСБАЕВ МЫРЗАҒАЛИ



1909 жылы Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданы, Қызылқоға қыстағында дүниеге келген. 1933-1934 жылдары Орал қаласындағы мемлекеттік банктің басшы қызметкерлерінің біржылдық курсын бітірген. 1926-1932 жылдары Доссор мұнай кенішінде бұрғышы болып еңбек етті. 1933 жылы Доссор жинақ кассасы бөлімінің меңгерушісі, 1934-1937 жылдары Жылықосын мемлекеттің банк бөлімінің басқарушысы, 1937-1944 жылдары Ескене, Байшонас, Доссор мұнай кеніштерінде есепші, кассир,т.б. қызметтер атқарды. 1944 жылы әскер қатарына шақырылып, 18-гвардиялық 53-атқыштар полкында қатардағы жауынгер болып, ұрыс қимылдарына қатысып, ауыр жарақат алды. 1945-1949 жылдары Байшонас селолық округының төрағасы қызметін атқарды. 1949-1958 жылдары Байшонас, Ескене кеніштерінде еңбек етіп, II топтағы мүгедек есебінде зейнет демалысына ерте шықты. I дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, оңға жуық медальдармен марапатталған.

1986 жылы қайтыс болды.

ҚОНЫСБАЕВ МҰХАМБЕТ



1913 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданында туған. Бұрғылау технигі. Атырау мұнай техникумын бітірген (1933ж). 1933-1972 жылдары Қосшағыл мұнай өндіру кәсіпшілігінде директордың көмекшісі,«Энергомұнай» басқармасында бөлім бастығы. Тентексор мұнай барлау кеңсесінде бұрғылау шебері, бөлімше бастығы, техникалық бөлім бастығы, аға инженер. Комсомол, Қошқар, Құлсары мұнай өндіру кәсіпшіліктерінде бұрғылау цехының бастығы, «Қазақстанмұнайбарлау» тресінің бұрғылау кеңсесінде директор. Прорва бұрғылау кеңсесінде директордың орынбасары. Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

1972 жылы дүние салды.

ҚОСПАҚОВ ЗИНАДЕН



1928 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Калинин ауылдық кеңесінде туған. 1952 жылы Гурьев зооветеринарлық техникумын бітірген. 1952-1954 жылдары Жылыой ауданының Приморье мал шаруашылық станциясында бас зоотехник. 1954-1958 жылдары Ворошилов атындағы колхозда басқарма төрағасының орынбасары, 1954- 1965 жылдары «Ембі» совхозы партия комитетінің хатшысы, 1965-1977 жылдары совхоздың кәсіподақ комитеті төрағасы, 1977-1980 жылдары Жылыой аудандық Мемлекеттік сақтандыру инспекциясының бастығы болып қызмет атқарған. Бірнеше рет аудандық партия комитетінің мүшесі, ауылдық кеңестік депутаты болып сайланған. Көптеген мерекелік медальдармен, КСРО Қаржы министрлігі кәсіподағы ОК Құрмет грамотасымен, салалық Құрмет грамоталармен марапатталған. З.Қоспаков – шежіре деректерін жинап, жүйелеуге көп еңбек сіңірген аяулы азамат.

2011 жылы дүние салды. (Нақтылау).

ҚОСПАҚОВ КЕНЖЕБЕК



1954 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қыстағында туған. 1983 жылы Алматы темiржол институтын бітірген. 1976-2002 жылдары «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы Құлсары жол дистанциясының жол шебері, бас инженері, орынбасары, бастығы қызметтерін атқарған. Барлық жұмыста да абыройлы еңбегімен танылған. К.Құсайынұлы ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің жоғарғы темiржол мекемелері мақтау грамоталарының иегері.

ҚОСАРОВ ХАМИТ



1960 жылы Гурьев облысының Ембі ауданы, Тұрғызба ауылында дүниеге келген. 1977-1982 жылдары Өзбекстанда Самарқанд қаласындағы ауыл шаруашылық институтында оқып, зоотехник білімін алады. 1982-1984 жылдары әскери борышын өтеді.1984-1986 жылдары "Қосшағыл" жеке меншік шаруашылығында зоотехник қызметін атқарған.Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс медалімен марапатталған. 1986-1989 жылдары Ембі аудандық сақтандыру бөлімінде инспектор, аға инспектор, есепші қызметін атқарған. 1993-1994 жылдар аралығында Ембі сүт зауытында бас есепші болған. 1994-2000 жылдары Жылыой ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде бөлім бастығының көмекшісі, бөлім бастығы, Жылыой ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығының орынбасары, бөлім бастығы қызметін атқарды. Майор.

Х.Салиҳұлы бірнеше салалық медальдармен,-мақтау қағаздарымен марапатталған.

ҚОСШИЕВ НАЗАРБЕК

1976 жылы Гурьев облысының Қызылқоға ауданындағы Қарабау ауылында дүниеге келген.



Орта мектепті бітіргеннен кейін Атырау мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп оқып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алған. 1992-93 жылдары Қызылқоға ауданы, Энгельс атындағы кеңшардың жұмысшысы, 1993-1999 жылдары Атырау облыстық телерадио- компаниясының бейнемонтаждаушысы, телеоператор, диктор, қалалық телеарнаның жауапты редакторы, телекомментатор, облыстық «Атырау» газетінің редакторы, қала әкімі аппараты ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы, 1999-2000 жылдары облыстық телерадиокомпанияның комментаторы, аға редакторы, 2000-2001 жылдары Атырау қалалық теледидарының директоры, 2001-02 жылдары облыстық телерадиокомпания-

ның аға редакторы, облыстық жастар газетінің бас редакторы, 2002-2007 жылдары «Қазақстан» АҚ Атырау филиалының аға редакторы, «Атырау-Ақпарат» КМК мониторинг және сапа менеджменті бөлімінің бастығы. Қазір «Атырау TODAY» апталығының бас редакторы.

Н.Қошшиев шеркеш ұрпақтары туралы шежіре жинауға белсене атсалысқан, шеркештерге жиен азамат

ҚОСЫБАЕВ КЕҢЕС



1947 жылы Атырау қаласында туған. Мектеп бітірген соң Таскала ауылындағы Махамбет атындағы совхозда жұмысшы болып істеді. 1966-1969 жылдары әскер қатарында қызмет етті. 1969-1972 жылдары туған совхозында клуб меңгерушісі, 1972-1973 жылдары Махамбет ауылында құрылыс саласында жұмыс істеді. 1973-1977 жылдары Алматы қаласындағы Жоғарғы партия мектебінде оқыды. 1977-1982 жылдары Еркінқаладағы Ленин атындағы колхозда партия комитетінің хатшысы, 1982-1983 жылдары Балықшы аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, 1983-1986 жылдары Амангелді атындағы колхоздың төрағасы қызметін атқарды. К.Темірұлы 1986-1988 жылдары Атырау облысы, Балықшы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1988-1990 жылдары Махамбет аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, 1990-1992 жылдары Махамбет аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1992-1993 жылдары Махамбет аудандық атқару кеңесінің төрағасы, 1994-1995 жылдары Махамбет аудандық әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары, 1995-1997 жылдары Балықшы аудандық әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары, Балықшы ауданының әкімі қызметтерін атқарды. К.Қосыбаев 1997-1999 жылдары Атырау қаласы әкімінің бірінші орынбасары, Атырау облыстық мәдениет және туризм басқармасының төрағасы болды. 1999-2003 жылдары Балықшы поселкалық округының әкімі, 2003-2008 жылдары Атырау облыстық ішкі саясат департаментінің директоры, 2008 жылдан Атырау облыстық "Нұр Отан" ХДП облыстық филиалы төрағасының орынбасары қызметінде.

К.Темірұлы Құрмет орденінің, бірнеше мерекелік медальдардың иегері.

ҚОСЫБАЕВ СМАҒҰЛ



1895 жылы қазіргі Атырау облысы, Жылыой ауданы, Айранкөл елді мекенінде дүниеге келген. Жастайынан көп қиыншылық көрген. 21 жасында орыс-герман майданында окоп қазушылар қатарында болды.

1917 жылы революцияға белсенді араласқан. Кеңес Одағы құрылғаннан кейін ел үшін, Отан үшін аянбай еңбек еткен. Колхоз басқармасының төрағасы болды. 1940 жылы Ленин орденімен марапатталған. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына 1 самолет, 1 танк үшін қаржылай ақша жинап берген.

Атырау қаласына қарасты, Алғабас елді мекенінде Смағұл Қосыбаев атына көше аты берілген.

1984 жылы өмірден озды.

ҚОРҒАНБАЕВ АРОН

1925 жылы Атырау облысының Қайыршақты ауылдық кеңесінде қарапайым шаруа семьясында



дүниеге келген.1941 жылы Гурьевтегі Жамбыл атындағы мектепті бітіргесін еңбекке араласты. 1943 жылы Ұлы Отан соғысына аттанды. Соғыста 1-Украина майданы құрамында Австрия, Венгрия, Чехословакияны неміс фашистерінен азат етуге үлес қосты. Ол Жеңіс күнін Будапештте қарсы алды. Кіші сержант Арон Ибрагимұлы 1945 жылы елге оралып, Гурьев облыстық комсомол комитетінің жұмысшы және село жастарына басшылық етті.1948-1950 жылдар арасында Петровский зауытында токарь, Мақаттағы "Восток" жөндеу базасының астық дайындау орталғында директор, «Казэнергонефтінің» бөлімшесінде директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары жұмыстарын атқарды.1951 жылы Гурьев мұнай техникумына түсіп, 1955 жылы бітірді. Сол жылдан бастап бүкіл саналы өмірін облыстық энергетика жүйесін дамытуға жұмсады. Жиырма жылдан астам Құлсары орталық электр станциясында директор қызметін атқарды.Осы жылдары ол аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық, Құлсары поселкелік кеңесінің депутаты болып бірнеше мәрте сайланды.А.Ибрагимұлы 1- дәрежелі Отан соғысы ордені, т.б. жауынгерлік медальдармен марапатталған. «КСРО энергетика үздігі» белгісімен марапатталған.

1990 жылы өмірден озған.

ҚОСАНҰЛЫ ӘНУАРБЕК



1937 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданының Қарабау селосында дүниеге келген. Қарабау орта мектебін бітірген соң 1955-60 жылдары ҚазМУ-дың филология факультетін тамамдайды. 1960-65 жылдары – Доссор кентінде мектеп мұғалімі, 1965-79 жылдары - Қызылқоға аудандық «Коммунизм туы», Балықшы аудандық «Каспий таңы» газеттерінде тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары. 1979-85 жылдары облыстық «Атырау» газетінің тілшісі, бөлім меңгерушісі, 1985-97 жылдары - халық депутаттары Гурьев облыстық Кеңесі атқару комитетінің нұсқаушысы, екінші бөлімнің аға инженері, Атырау облыстық әкімшілігінің хаттама және аударма секторының меңгерушісі.

Ә.Қосанов - республикалық балалар әдебиеті бәйгесінің жүлдегері, «Ара», «Балдырған» журналдары сыйлықтарының иегері. Қызылқоға ауылдық округінің Құрметті азаматы. Шығармалары республикалық «Жұлдыз», «Жалын» журналдары, басқа да басылымдарда жарық көрді. Жеке 3 кітабы, әңгімелері 7 жинақта жарық көрді. Қазақ теледидарының «Тамаша» ойын-сауық отауында он шақты скетчі орындалды. «Қазақфильм» киностудиясынан «Елтай екілік елінде» диафильмі шықты. «Әсеттің әкесі-ау» бір перделі комедиясы облыстың ауыл сахналарында қойылды. «Елтай – екілік елінде (1985), «Бала Ораз Өтебайұлы» (1988), «Көне құмыраның құпиясы» (1991), «Бедел биігінде» (1994), «Перзент парызы» (1996) кітаптары, «Қасқырлар да жемтігімен бөліседі» (1996) сатиралық романы, «Әулие әулеті» (1999), «Бөкен би және батырлар» (2000), «Атыраудың әулиелері» (2000), «Өнерімен өмірін өрнектеген» (2000), «Шен мен шер» дилогиясының авторы.Ол қазақ әдебиетін насихаттауға үлес қосып, айтулы ақын Бала Ораз Өтебайұлының бейітін тауып, оның басына ескерткіш орнатуға еңбек сіңірді. XIX ғасырдағы белгілі ақын Кердері Әбубәкір туралы тың деректер жинап, оның «Әдебиет қазақия» кітабын тапқан. Ақынның бұрын белгісіз өлең-толғауларын баспасөзде жариялады. Мүлде ұмыт қалған Оңғар Қыдырқайұлы, Ысқақ Қуысұлы, Өмір Көшекбайұлы, шешен Қондыбай жайында соны мәліметтер жинап, жергілікті баспасөзге жариялады. Атыраудың алғашқы шофері Ж.Мұқтанов туралы да алғаш қалам тербеді. Шығыстың қос жұлдызының бірі - Мәншүк Мәметованың әке-шешесінің суретін тауып, «Қазақ әдебиеті», облыстық газеттерге жариялады. Батыр қыздың бұрын белгісіз болып келген әке-шешесінің аты-жөні толық көрсетілді. «Қаржы терминдерінің сөздігін», Атырау облысы энциклопедициясын құрастырушыларының бірі. «Атырау ақын-жазушыларының кітапханасы» сериясының 77-кітабына Ә. Қосанұлының сатиралық шығармалары енгізілген.

ҚОШҚАРОВ ТӨЛЕУҒАЛИ



1937 жылы Гурьев қаласында туылған. Мұғалім, заңгер. Атырау педагогика институтын (1961), КСРО ІІМ Жоғары мектебін бітірген (1977). Ұстаздық жолынЕмбі (Жылой) ауданы, Құлсары кентіндегі В.И.Ленин атындағы орта мектепте орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі болып бастаған. 1963 жылыЕмбі аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, Сарықамыс орта мектебінің директоры болып жасаған. Облыстық оқу бөлімінің жолдамасымен Мақат аудандық оқу бөліміне инспекторлық жұмысқа ауысады. Кейін 20 жылдан астам қоғамдық тәртіп сақшыларының сапында (оның ішінде 10 жылдан астам Мақат аудандық ІІБ бөлім бастығының орынбасары) қызмет істеп, зейнеткерлікке шыққан. Төлеуғали Батыржанұлы республика жұртшылығына өнерпаз ретінде жақсы танымал. Әншілік шеберлігімен, әртістік дарынымен, көрермендерін сүйсінткен, облыстық, республикалық байқауларда жүлдегер атанған талант иесі. Мақат ауданы, Доссор кентіндегі мұнайшылар клубында драма үйірмесін ұйымдастырушысы әрі режиссері болды. Б.Майлиннің «Жалбыр» музыкалық драмасын сахналады. Қойылым республикалық байқауда 1- орынды жеңіп алып, ұжым «Халық театры» атағын иеленді. Қ.Т.Б. Д.Нұрпейісова атындағы халық аспаптары оркестрінің байырғы әншісі және Жылой халық театрын негіздеушілердің бірі . Бірнеше медальдарымен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

1997 жылы қайтыс болды.

ҚОЯНҒАЛИЕВ ЕРКІН



1972 жылы Гурьев облысы, Еркінқала қыстағында дүниеге келген. 1989 жылы "Еркінқала" орта мектебін бітірген. 1994 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының көркем сурет және графика факультетін бітірген. 1994 жылы Қ.Дутбаев атындағы педагогикалық колледжде, одан 1995 жылы Х.Досмұхамедов атындағы университетте жұмыс істейді. 2008 жылы доцент атағы берілді. 2010 жылы этнопедагогика саласынан педагогика ғылымдарының кандидаттығын қорғаған.

ҚУАНБАЕВ АҚЫЛБАЙ



1938 жылы Батыс Қазақстан облысында туылған. Инженер-экономист. М.И. Губкин институтын бітірген. Қаратон мұнай өндіру кәсіпшілігінің, «Эмбанефтьмұнай» ӨБ жоспарлау және экономика бөлімінің инженері, бөлім бастығы, бас директордың экономика жөніндегі орынбасары. ҚР «Мұнайхолдинг» компаниясының, «Қазақойл» ұлттық мұнай компаниясының тете- президенті. Қазақойл ААҚ-ның «Эмбаэнергомұнай» ЖШС жоспарлау және экономика жөніндегі орынбасары. А.Құтжанұлы көптеген медальдермен марапатталған.

ҚУАНТАЕВ НӘБИДОЛЛА



1951 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Морской ауылдық кеңесі, Алға селосы, Мақаш ауылында дүниеге келген.

1968 жылы Алғадағы К. Маркс атындағы орта мектепті бітірген. Әкесі Өтешов Қуантай Қазақ КСР-на еңбек сіңірген ауыл шаруашылық қызметкері, есімі облыстық энциклопедияға енгізілген. Қуантаев Нәбидолла мектепті бітірген соң бір жылдай мал шаруашылығында еңбек етіп, 1969 жылы Атырау (гурьев) пединститутының тарих бөліміне оқуға түсіп, 1973 жылы бітіріп шығады. Ол алғашқы еңбек жолын Жылыой ауданындағы №3 орта мектепте hз мамандығы бойынша мұғалімдіктен бастайды. 1974 жылы «Қазақстан» совхозында ауданда алғаш құрылған қой өсіруші комсомол-жастар бригадасын құруға белсене араласады. 1977 жылы Құлсарыдағы Ң.Островский (Қазіргі ескайыр Халықов атындағы) орта мектебіне ауыстырылып, тарих-география пәндерінен сабақ береді. Ол осы мектепте педагогтік тұрғыда шындала түседі. Бала және жастар тәрбиесі туралы толғаныс ойлары мақалалары сексенінші жылдары республикалық-педагогикалық баспалардан көріне бастады. 1981 жылы А.С.Макаренко атындағы орта мектептің оқу-тәрбие ісінің меңгерушілігіне, 1985 жылы Абай атындағы орта мектептің директоры болып тағайындалады. Оның нағыз ұйымдастырушылық қызметі осы тұста көріне бастайды. 1988 жылы мектептің ата-аналар комитетімен бірлесе отырып, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевқа арнап ескерткіш тұрғызады. 1992 жылы Д.Жазықбаев атындағы орта мектептің директоры болып тағайындалады. Ауданда бірінші сайланған аудандық мәслихат депутаттығына сайланады. Ол аудандағы алғашқы білім ордаларының бірі Абай атындағы орта мектептің 50 жылдық тарихын жинақтады. Н.Қуантаев облыстық білім беру басқармасы Құрмет грамотасымен марапатталған. Жоғарғы категориялы мұғалім.

Н.Қуантаев сабақ берген шәкірттер бұл күндері ауданымызда, облыста, республиканың түкпір-түкпірінде еңбек етеді.

ҚУАНЫШЕВ ҚАДЫРҚОЖА



1950 жылы Атырау облысы, Доссор кентінде дүниеге келген. Алматыдағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетін 1974 жылы бітірген. 1967-1969 жылдары «Қазақстанмұнай» бірлестігінің құрылыс басқармасында слесарь-құрастырушы болып істеді. 1974-1980 жылдары «Доссормұнай» өндіру басқармасында оператор, шебер, ауысым бастығы, аға технолог, мұнай өндіру цехының бастығы, 1980-1983 жылдары «Ембімұнай» бірлестігінің өндірістік бөлімінің аға инженері қызметін атқарды. 1983-1988 жылдары «Ембімұнай» бірлестігінің оқу курстары комбинатының директоры. 1988-1992 жылдары Атырау облыстық әкімшілігінде отын энергетика кешені бөлімінің бас маманы, 1992-2001 жылдары «Прорвамұнай», «Құлсарымұнай» басқармаларында бас инженер, «Қайнармұнайгаз» басқармасының бастығы болды. 2004 жыл экономика ғылымдарының кандидаттығын қорғады. 2001-2009 жылдары «Қазақойл-Ембі» ААҚ-да экология, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және ТЖ департаментінің директоры. 2009-2010 жылдары «Доссормұнайгаз» басқармасының бастығы. 2011 жылдан «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалының қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы. К.Бұркітұлы-Мақат және Жылыой аудандарының Құрметті азаматы.

ҚУАНЫШӘЛИЕВ СӘЛІМ



1929 жылы Батыс Қазақстан облысы, Бөкей Ордасы ауданында дүниеге келген. 1942-1945 жылдары бақташы, есепші, т.б. жұмыстар атқарған. 1947 жылы Ақтөбе облысының Ойыл ауданындағы орта мектепті бітіреді. Бұдан кейінгі жылдары Новороссийск аудандық атқару комитетінде сектор меңгерушісі, «Еңбекші қазақ», «Көктөбе» мектептерінде істеді. 1949 жылы Ақтөбе педагогикалық училищесін бітірген. 1949-1955 жылдар аралығында мұғалім, мектеп директоры, аудандық комсомол комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды. Алматыдағы Абай атындағы пединститутты, Мәскеудегі жоғары партия мектебін бітірген. Алға ауданында тың игеру жұмыстарына қатысты. 1961-1969 жылдары «Пролетарий» совхозында комсомол комитетінің хатшысы, Тамды , Бестамақ, Горьский селолық кеңесі атқару комитеттерінде төраға, 1969-1980 жылдары Октябрьдің 50 жылдығы, Горький атындағы совхоздардың партия комитетінің хатшысы, 1980-1989 жылдары Алға аудандық атқару комитетінде бөлім меңгерушісі, «Тамды» совхозы кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды.

15-тен астам орден, медальдармен марапатталған.



ҚҰБИҰЛЫ ТӨКЕН

1926 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылында дүниеге келген. Мектепті бітіргеннен кейін Қызылқоға ауданы, Көздіғара ауылдық кеңесінің хатшылығынан бастап, сонда 45 жыл бойы

төраға болып жұмыс жасады. Еңбек Қызыл Ту орденімен, көптеген медальдармен марапатталған. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасының иегері. 2008 жылы дүние салды.

ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ ЫБРАШ



1904 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданында туған. 1939 жылдан КПСС мүшесі. 1919-1923 жылдары Доссор мұнай кәсіпшілігінде жұмыс істеген. 1923-1926 жылдары жұмысшы факультетінде оқып, 1926-1928 жылдары мұғалім, 1929-1931 жылдары Доссор кәсіпшілік Советі атқару комитетінің жауапты секретары болды. 1931-1945 жылдары партия-совет органдарында істеді, ал 1945 жылдан 1955 жылға дейін «Жаңа шаруа», «Ортақшыл» және «Путь к коммунизму» колхоздарының председателі, 1959-1962 жылдары Редуг ауылдық Советі атқару комитетінің председателі, 1962-1965 жылдары мал бордақылау совхоздары облыстық трестінің кадрлар жөніндегі инспекторы болды.

1928 жылдан бастап Ыбраш Құдайбергенов партия–совет жұмыстарында істеді. 1945 жылы аудандық партия комитеті оны Бақсай ауданының «Жаңа шаруа» колхозының председательдігіне ұсынды. Балықшылар мен малшылар Ыбраш Құдайбергеновты колхоз председателі етіп сайлады.

Колхоз – балықшылар колхозы болды, мал шаруашылығымен де айналысты. Көп кешікпей артель қоғамдық мал шаруашылығы мен балық аулауды арттыруда жақсы көрсеткіштерге жетті. Колхоздың қоғамдық мал басын арттырып, оны аман сақтауда сіңірген ерекше еңбегі үшін Ыбраш Құдайбергенов 1946 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалымен наградталса, СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 июльдегі Указы бойынша оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

1959 жылы Ыбраш Құдайбергеновты поселкелік Совет атқару комитетінің председателі етіп сайлайды, осы жұмыста ол 1961 жылдың октябрь айына дейін болды, ал 1962 жылы денсаулық жағдайына байланысты мал бордақылау совхоздарының облыстық тресіне қызметке ауысады, сөйтіп 1965 жылға дейін трестің кадрлар жөніндегі инспекторы болып істейді.

ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ ЕСЕН



1914 жылы Атырау облысында дүниеге келген. 1927 жылдан 1933 жылға дейін егін салып, мал бағу жұмыстарында болған. 1932 жылдан 1939 жылға дейін комсомол қатарында. 1942 жылы партия мүшесі болды. Аудандағы алғашқы колхоздарды ұйымдастыру жұмыстарына қатынасып, 1935 жылдан 1937 жылға дейін алғаш құрылған «Кебіркөл» серіктестігіне секретарь, 1937 жылдан 1942 жылға дейін Калинин ауылдық кеңесінде хатшы болды. 1942-1945 жылдары Ұялы ауылдық кеңестік атқару комитетінің төрағасы болып жұмыс жасады. Осы кезеңде 1944 жылы Агаев бастаған неміс диверсанттарын қолға түсіру операциясына қатынасты. Бұл туралы Серік Шәкібаевтың «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты деректі повесінде жазылған.

1946 жылы аудандық атқару комитетінің мал шаруашылығы бөлімінің бастығы, 1950 жылға дейін бұрынғы «Жаңажол» колхозының төрағасы, кейін «Қызылту» колхозының төрағасы болып сайланды. 1959-1962 жылдары Калинин ауылдық кеңесінің төрағасы. 1961-1963 жылдары «Ембі» совхозында қой фермасының меңгерушісі, 1963-1976 жылдары «Ембі» совхозы директорының орынбасары болып еңбек етті. Құдайбергенов Есен 11 рет аудандық партия, 2 рет облыстық партия конференциясына делегат болып, 1 рет аудандық кеңестің, 6 рет ауылдық кеңестің депутаты болып сайланды.

Құдайбергенов Есен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, көптеген медальдармен марапатталған.

1987 жылы дүние салды.

ҚҰЛБАЛИЕВ ОТАРБАЙ



1912 жылы Ақбас ауылында туылған. 1934-1970 жылдары Қосшағыл мұнай кәсіпшілігінде аға оператор, жөндеуші. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Қосшағыл кен орнын алғашқы игерушілердің бірі. 1- дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталған.

1993 жылы дүние салған.

ҚҰЛБЕКОВ ОРЫНБАСАР



1963 жылы Маңғыстау облысының Қызылсай кентінде мұнайшы жаңұясында дүниеге келген. 1980 жылы орта мектепті бітірген. Әскер қатарында болған. Еңбекке 1983 жылы араласып, бүгінгі таңда мұнайшы болып қызмет атқарып келеді. 2011 жылы қаңтар айында Жаңаөзен ұлттық спорт түрлері федерациясын құрды. Сол федерацияның президенті. Әлемге аты әйгілі адай жылқысының атының шығуы осы федерацияның арқасында танылды. Ұзақ қашықтыққа шабудан Каспий теңізі жағасындағы Ақбастауда 90 км жарыста бірінші орын, Алматыда Қазақстан және Орта Азия елдерінің III спартакиадасында 80 км жарыста бірінші орын, ТМД елдері арасында Рязань қаласында 80-120 км ұзақ қашықтық жарыста Достастық кубогының иегері. Маңғыстау облысының Кендірлі аймағында 80-120 км ұзақ қашықтықта өткен жарыста бірінші орын, 2011 жылы Өскемен қаласында болған III ұлттық спорт түрлерінің фестивалінде бұрын ешқашан қатыспаған Маңғыстау облысы VI орынды иемденді. Негізгі құрамы Жаңаөзен ат спорт федерациясының жігіттері. Шымкент қаласында өткен Асанбай Аскаров атындағы жарыста аударыспақтан халықаралық турнирге қатысып, IV орынды иеленген. Маңғыстау облысында көкпар ең алғаш рет ұйымдастырылды. О.Құлбеков мұнай саласын дамытуға қосқан үлесі үшін, ұлттық спортын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін, Құрмет грамоталармен марапатталған. Республикалық «Ең үздік маман» көкурсының жеңімпазы. Құлбеков "Ақниет" мұнайшылар қоғамдық бірлестігінің төрағасы, "Арман тұлпарлары" Жаңаөзен ұлттық ат спорты федерациясы қоғамдық бірлестігінің президенті, "Алаш алыспағы" түркі жауынгерлік өнері федерациясы Республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті.

ҚҰЛБАСОВ МҰРАТ



1960 жылы Гурьев облысы, Махамбет ауданы, Сарытоғай ауылында дүниеге келген. 1973-1983 жылдары Ақтөбе медициналық институтында оқыды. Еңбек жолын Оралдағы медучилищеде хирургия пәнінен ұстаздықтан және облыстық ауруханада дәрігер-хирург болып бастады. 1987 жылы уролог мамандығын алды. 1993 жылдан урология бөлімінің меңгерушісі, Орал облысының штаттан тыс урологы болды. 2000 жылдан Атырау облыстық «Денсаулық» мекемесінің директоры, №2 ауруханаңың бас дәрігері, 2000-2006 жылдары күзінде облыстық ауруханаңың бас дәрігері қызметін атқарды. 2006-2009 жылдары облыстың денсаулық сақтау басқармасының бастығы, 2009-2010 жылдары облыстық қан құю орталығының директоры болды.

2010-2012 жылдары Атырау облысы бойынша ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық, фармацевтикалық қызметті қадағалау комитеті департаментінің директоры болды. 2012 жылдан Атырау облыстық ауруханасының бас дәрігері қызметінде.

М. Мағзомұлы екі медальмен, көптеген салалық Құрмет грамоталармен марапатталған.

ҚҰЛБАТЫРОВ ЖАМАНБАЙ



1929 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы,Қоянды елді мекенінде дүниеге келді. 1944 жылға дейін Кенбай бастауыш мектебінде оқыды. 1951-1954 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болды. Әскерден келген жылы Гурьев қаласындағы кәсіптік-техникалық училищеге түсіп, 1955 жылы трактористің мамандығын алып шықты. 1955-1962 жылдары Примор МТС-інде «Алғабас» колхозында, Ленин атындағы совхозда трактористің болып еңбек етті. 1962-1975 жылдары совхозда аға шопан, ал 1975 жылдан өмірінің аяғында дейін «Достар» комсомол-жастар бригадасының ұстаз жетекшісі болды. Ол Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президиумының, БЛКЖО ОК Құрмет грамоталарымен және бірнеше медальдармен марапатталған.

1982 жылы өмірден озды.

ҚҰМАРОВ БЕРІК



1953 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданы (бұрынғы Гурьев облысы, Теңіз ауданы), Бірлік ауылында дүниеге келген. 1960-1970 жылдары Утера сегізжылдық мектебінде, одан соң Сафон ауылындағы орта мектепті бітірген. 1970-1974 жылдары Гурьев педагогикалық институтында оқып, математика пәні мұғалімі мамандығын алып шықты. 1974 жылы Теңіз ауданына келіп, еңбек жолын Карл Маркс (қазіргі Әбу Сәрсенбаев) атындағы орта мектепке мұғалім болып орналасады. 1974-1979 мұғалім, 1979-1983 жылдары оқу ісінің меңгерушісі, 1983-87 жылдары мектеп жанындағы интернат меңгерушісі, 1987-89 жылдары сыныптан және мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастырушы, 1989-1998 жылдары оқу ісінің меңгерушісі, 1998-2001 жылдары мектеп директоры қызметін атқарды. 2002-2009 жылдары психолог, мұғалім, 2009 жылдан бері мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып осы мектепте жұмыс жасап келеді. Б.Ихсанұлы әр жылдары аудандық математика пәні мұғалімдерінің олимпиадасы және жыл мұғалімі сайыстарының, сондай-ақ облыстық педагогикалық оқулардың жүлдегері. Республикалық кәсіби ғылыми-әдістемелік журналдарға 4 мақаласы жарияланған. ҚР Ғылым және білім министрлігінің, облыс, аудан әкімдерінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

ҚҰМАРОВА СӘУЛЕ



1947 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданының Утеря ауылында туған. 1970 жылы Гурьев педагогикалық институтын биология және химия мамандығы бойынша бітірген. Қалададағы № 13 мектеп мұғалім, колледжде әдістемелік кабинет меңгерушісі, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында биология кабинетінің меңгерушісі, 1995 жылдан университеттің биология кафедрасында аға оқытушы, 2000 жылдан бері академиялық доцент міндетін атқаруда.

Оқыту саласындағы еңбектері үшін ҚР Білім беру ісінің үздігі төс белгісімен және екі дүркін ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Педагогика ғылымдарының кандидаты.

ҚҰРМАНОВ ТӨЛЕГЕН



1909 жылы Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауылында дүниеге келген. Қондырғы шебері. Ембі ардагері. 1930-1950 жылдары Байшонас мұнай өндіру кәсіпшілігінде қондырғы жұмысшысы, бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, 1950-1957 жылдары Құлсары бұрғылау кеңсесінде бұрғышы, қондырғы шебері. 1957-1959 жылдары «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің Жетібай мұнай барлау экспедициясында қондырғы шебері. 1959-1968 жылдары Құлсары ірілендірілген мұнай өндіру кәсіпшілігінде ұңғыларды сынау бригадасының шебері. 1968 жылдан зейнеткер. Ленин, «Құрмет белгісі» орденделімен және Қазақ КСРЖоғарғы Кеңесінің грамотасымен, медальдармен марапатталған.

ҚҰРМАНҚЫЗЫ ҮНЗИРА



1928 жылы Атырау облысының Теңдік ауылында дүниеге келген. 1942 жылы облыстық сотта қағаз тасушы қызметін атқарған. Соғыс кезінде орталау мектепке қайта кіріп, жетіжылдық білім алады. 1946 жылы қысқа мерзімді бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын курсты

аяқтап, мұғалім болып ұзақ жылдар бойы еңбек етті. Үлкен жүректі ұстаз өзін өнер жолына арнап, талай шәкірттерінің биікке қанат қағуына қамқор болды. Ол көптеген мемлекеттік марапаттаулардың иегері, халық ағарту ісінің үздігі. Еңбек еткен ұжымында ұстаздың ізгі, игі істерін әлі күнге дейін мақтанышпен айтып отырады.

ҚҰРМАНҒАЗИЕВА ЖӘЙЛАН



1945 жылы Атырау облысы, Балықшы ауданының Кеңөзек ауылында (қазіргі Тасқала поселкесі) дүниеге келген. Ж.Мәулімқызы- 1952-1962 жылдары Атырау қаласындағы №1 мектеп- интернатта оқып, оны ең алғашқы алтын медальмен аяқтаған түлек. 1962-1967 жылдары Алматыдағы ҚазМУ-дың химия факультетінде оқыды. 1967 жылы Гурьевтегі Қазақ ССР Ғылым Академиясының мұнай және табиғи тұздар химиясы ғылыми – зерттеу институтына жолдамамен келіп, ғылыми жұмыстармен айналысты. 1968-1971 жылдары аспирантурада ойдағыдай оқып, атыраулық қазақ қыздарының арасында химия ғылымдарының кандидаты атағын тұңғыш рет сәтті қорғап шықты. Осы институтта 1975 жылға дейін аға ғылыми маман, ғылыми хатшы болды. 1975 жылы Гурьев агогика институтының химия кафедрасында аға оқытушы, 1976-1978 жылдары кафедра меңгерушісі болды. Доцент. 1978-1994 жылдары Ақтауда Қазақ ұлттық политехникалық институтының филиалында, Павлодар индустриалдық институтының химия кафедрасында доцент, 1985-1988 оқу жылдары сол институттың тәрбие істері жөніндегі проректоры болды. 1995-1999 жылдары Алматы технологиялық университетінде оқу-әдістемелік басқарманың бастығы. Профессор.

Ж.Мәулімқызы 50-ден аса ғылыми, оқу-тәрбие, әдістемелік мақалалардың авторы. Бірнеше патенттің иегері. Оның ғылыми қызметі, қоғамдық еңбектері көптеген марапаттармен атап өтілген.

ҚҰРМАНБАЕВ ІЗТІЛЕУ



1925 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Үшқайық ауылында дүниеге келген. 16 жасынан жұмысқа араласып, алғашқыда Түркістан темір жолында машинистің көмекшісі, кейіннен салық инспекторы қызметін атқарды. Амангелді атындағы колхозда іріқара мал фермасының меңгерушісі болып жемісті еңбек етті. 1965-1971 жылдары Амангелді атындағы колхоздың партия комитетінің хатшысы болды.Партия ұйымын басқар кезде колхоз ауданындағы шаруашылығы дамыған, халықтың әл-ауқаты артқан кез еді. 1971 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін колхоздың әр түрлі салаларында жұмыс істеді.

І.Құрманбайұлы бірнеше рет ауылдық, аудандық кеңес депутаттығына сайланды. Бірнеше медальдармен марапатталған.

1998 жылы дүние салды.

ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ КЕНЖЕТАЙ



1950 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданында дүниеге келген. Амангелді атындағы сегізжылдық мектепте, соңынан Никитин атындағы орта мектепте оқиды. Мектеп бітірген соң Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің география факультетіне оқуға түседі. Жоғары оқу орнын бітірген соң Амангелді атындағы орта мектепке мұғалім болып орналасады. 1976-2006 жылдары «Құмтүйін» орта мектебінің директоры болып, 30 жыл еңбек етті. 2005-2006 жылдары Шорнақ ауылының әкімі, одан соң 2006-2010 жылдары Түркістан қалалық білім бөлімінің бастығы болды. 2010 жылдан Түркістан қаласындағы №21 кәсіптік лицейдің директоры. К.Құрманбайұлы салалық көптеген Құрмет грамоталардың, Алғыс хаттардың иегері. «ҚР Конституциясының 10 жылдығы» медалімен марапатталған. Бірнеше рет ауылдық кеңестің депутаты. 1993-2006 жылдары үш шақырылым бойы Түркістан аудандық, қалалық мәслихаттының депутаты болды.ҚР оқу ісінің үздігі.

Түркістан қаласының Құрметті азаматы.

ҚҰРМАШЕВ ШАМИЛЬ



1941 жылы Атырау облысы, Индер ауданында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін Украинаның Одесса қаласындағы политехникалық институтты бітірген. Сонда жұмыста қалып, ұстаздық етеді.

Ш.Жамашұлы физика-математика ғылымдарының докторы, профессор. Украина Ғылым академиясының мүше-корреспонденті. Украина Республикасының Алтын жұлдызымен марапатталған.

ҚУСАЙЫНОВ НЫҒМЕТОЛЛА

1924 жылы Атырау облысында туған. 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыста аяғынан ауыр жараты болып, ұзақ емделеді. 1949 жылы елге оралған соң Мақат стансасында темір жолда еңбек етті. 1969 жылы Опорный стансасы ашылған мезгілде басшылық қызмет атқарды. Бірнеше жауынгерлік, мерекелік медальдардың, көптеген Құрмет грамоталардың иегері. Жергілікті кеңестің депутаты, аудандық партия комитетінің мүшесі.

1974 жылы дүние салды.

ҚҰСАЙЫН АБЫЛАЙ



1954 жылы Атырау облысының Мақат кентінде дүниеге келген. 1972-1975 жылдары Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. 1982 жылы Астрахань электр техникумын және 2000 жылы Ш.Есенов атындағы Ақтау университетін мұнайшы мамандығы бойынша бітірді. 1978-1998 жылдары "Саратов ТрансГаз" мекемесінің Опорный желісінде инженер – электрик болып қызмет етті. 1998-2000 жылдары "Хасан– Құсайын" мекемесінің директоры, 2000–2006 жылдары "Бейнеужылу" мекемесінің директоры, 2006 жылдан "БоранқұлСтройСервис" ЖШС – нің директоры қызметін атқаруда.

ҚҰЗАМОВ ӘДИХАН



1966 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы, «Алғабас» колхозында дүниеге келген. 1973-1983 жылдары Өзбекстанның Мырзашөл ауданындағы Гагарин қаласындағы қазақ орта мектебін бітірген. 1986-1991 жылдары Алматы энергетика институтында оқып, жоғары білім алды. 1995-2001 жылдары Маңғыстау облысының Атамекен ауылының әкімі, 2001-2006 жылдары Өмірзақ ауылы әкімінің орынбасары қызметін атқарды. 2006 жылдан бастап, Маңғыстау облысына қарасты «Маңғыстауэнерго» мемлекеттік-коммуналдық кәсіпорнын-да аға инженер-механик қызметін атқарады. Салалық Құрмет грамоталармен марапатталған.

ҚУСПАНОВ БАҚТЫҒҰЛ



1917 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Мыңтөбе деген жерде дүниеге келген. Мектепті бітіргеннен кейін Гурьевтегі біржылдық партия-кеңес мектебін бітіріп, 1934-1937 жылдары ауылда мұғалім болып істейді. Ол білімін одан әрі толықтыру үшін Орал қаласындағы рабфактың мұғалімдер даярлайтын бөліміне түседі. Оқуды бітіріп, елге қайтқалы тұрғанда фин соғысы басталады. Оған қатысып, ұрыс аяқтала бергенде Ұлы Отан соғысы басталады. Содан ол соғыска бастан-аяқ қатысып, 1946 жылы ғана елге оралады. "Қызыл Жұлдыз" орденімен, бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған. Б.Құспанов елге оралысымен аудандық мәдениет бөлімін басқарады. 1949-1953 жылдары аудандағы Морской деген жерде онжылдық мектептің оқу ісінің меңгерушісі болып істейді. 1953-1978 жылдары Құрманғазы ауданының Нұржау ауылындағы орта мектепті 25 жыл бойы басқарады. Бұл жылдары Б.Нұржанов басқарған мектеп республика емес, Одаққа танымал болды. 9 оқушысы Мәскеудегі ХШЖК-сіне қатысып, қола медальға ие болды. Оқушылардың өндірістік бригадасы өздеріне бекітіліп берілген 20 га жерден мол өнім жинап, елге танылды. Мектеп II дәрежелі Құрмет дипломымен марапатталды. 1971 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. КСРО, ҚКСР білім беру ісінің үздігі болды. Бірнеше медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Нұржау ауылындағы бір көшеге айтұлы ұстаз Құспанов Бақтығұлдың есімі берілген.

ҚҰТТЫБАЕВ РЫСЖАН



1919 жылы Орал губерниясы, Гурьев уезі, Қызылқоға болысының Саркөл ауылында дүниеге келген. Ол өзінің еңбек жолын жұмысшыдан бастайды. Р.Қ.Құттыбаев 1942-1943 жылдары Мақат аудандық Кеңесі атқару комитеті жоспарлау комиссиясының председателі, аудандық Совет атқару комитеті председателінің орынбасары болып еңбек етті. 1943-1944 жылдары алты айлық Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы партия, совет қызметкерлерін дайындайтын курста оқыды. 1944-1947 жылдары Мақат аудандық атқару комитетінің председателі болды. 1947-1951 жылдары Мақат ауданындағы «Қошкар» кәсіпшілігінде техника қауіпсіздігі жөніндегі инженер, кәсіпшілік директорының орынбасары, Бақсай ауданындағы қаракөл совхозының директоры қызметтерін атқарды. 1951-1959 жылдары Ақтөбе облысы, Байғанин аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары, осы аудандағы «Қопа» колхозының төрағасы болып еңбек етті. 1959-1962 жылдары Есбол, кейіннен Индер аудандық сүт зауыттарының директоры. 1962-1965 жылдары Индер байланыс бөлімшесінің бастығы, ал 1965 жылдан 1978 жылға дейін зейнет демалысына шыққанша аудандық «Союзпечать» бөлімшесінің бастығы болды. 1979-1981 жылдары осы мекеме құрамында еңбек етті.

1981 жылы дүние салды.

ҚЫЗДАРБАЙ ШЕШЕН

Кезінде ел арасындағы талай дау- жанжалға араласып, билік айтқан, дәл шешімін тапқан белгілі шешен. Тегі – Шеркеш – Қойыс. Бес қойыстың бірі – Еламан ауызға көп іліне қоймайтын, кедейлеу, жуас ата болыпты. Руластарының жағдайын түзеуді көп ойлаған Қыздарбай шешен шұғыл ешкі өсіруге кірісіпті, сөйтіп бірнеше жылдан кейін ауылы ешкілі бай аталып, басқамен терезесі теңелген көрінеді. Сонда шешен: «Еламанды елге теңедім, ешкіні қойға теңедім»,- деген екен.

ҚЫЗЫЛБАСОВ БЕШІМ



1874 жылы Жылыой ауданында дүниеге келген. Мұнайшы. Қосшағыл, Төлес кендерін тұңғыш ашушы. 1926 жылы геолог П.Авровқа құм араласқан қара майды көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде 1932 жылы №6 барлау ұңғысынан тұңғыш мұнай бұрқағы атқылайды. Өмірінің соңына дейін П.Авровтың экспедициясында еңбек етті.

1933 жылы қайтыс болған.

ҚЫЗЫЛБАСОВ СМАҒҰЛ



1939 жылы Астранхань облысы, Краснояр ауданының Черемуха елді мекенінде өмірге келген. Орта мектепті Атырау облысы, Котяев елді мекенінде тамамдаған. 1969 жылы Целиноград қаласында медициналық институтты тамамдап, Маңғыстауға жолдамамен жұмысқа келді. Хирург травматолог мамандығы бойынша қызмет етті. 1971 жылы жаңа ашылған Жаңаөзен қалалық емханаханасын басқарды. С.Әбуғалиұлы 1976-1980 жылдар аралығында Ералиев аудандық ауруханасының бас дәрігері болып қызмет етті. «Казмедтехника» мекемесінің басшысы. Қалған өмірінде медициналық училищені басқарды. Облысаралық медицина кәсіпорын басшысы болды. Тағы басқа қызметтер де істеп, 2002 жылы зейнеткерлікке шықты.

2008 жылы дүние салды

ҚЫРҒЫЗБАЕВ ҚАЙРАТ

1966 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданында туған. 1983 жылы Ленин атындағы қазақ орта мектебін бітірді. Әскер қатарында қызмет еткен. 1991 жылы Қазақ мемлекеттік педагогика инсти-



тутының дене тәрбиесі факультетін бітірді. Ол атақты таэквондашы, қазақтың аты аңызға айналған перзенті Мұстафа Өзтүріктің тікелей шәкірті болды. 1993 жылдан бастап Мұстафа Өзтүрік атындағы таэквондо орталығының директоры және сол орталықтың аға жаттықтырушысы. Ол осы 20 жыл ішінде 20 спорт шебері, 3 спортқа еңбегі сіңген шебер, халықаралық дәрежедегі 2 спорт шеберін тәрбиелеп шығарды. 2010-2013 жыл аралығында ҚР таэквондашыларының Бас бапкері болды.

Қ. Төкенұлы 1992 жылы Азия және Еуропа чемпионы болды. Оның тәрбиеленушілері әлемдік деңгейдегі түрлі чемпионаттарда 1 алтын, 3 күміс, 7 қола медальға ие болды.

ҚР спорт шебері, 4 дан қара белбеу иегері, жоғары санатты жаттықтырушы.

ЛЕКЕРОВ АҚНИЕТ



1900 жылы Атырау облысы, Ракөша кентінде туылған. Мұнайшы, өндірісті ұйымдастырушы. 1915 жылы Ракөш мұнай айыру зауытының жұмысшысы, майлаушысы. 1920 жылы қаңтар айының 8 жұлдызында зауыттың мұнай сақталған қазандарын өртеуге ниеттеген ақ казактарға қарсы күреске қатысқан жұмысшылардың бірі. 1935 жылы Ракуша, Ширина, Доссор, Мақат, Комсомол мұнай айдау станцияларын басқарған. 1956 жылы зейнеткерлікке шықты. Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері.

1973 жылы өмірден озды.

ЛҰҚМАНОВ МҰРАБЕК



1957 жылы Атырау облысы, Құлсары қаласында дүниеге келген. 1975 жылы КСРО спорт шебері. Саңлақ боксшы, Маңғыстау облысында бокстан спорт шебері атағын ең алғаш алған. Еңбек жолын 1976 жылы автокәсіпорында жөндеуші,\ болып бастаған. Кеңес Одағы мезгілінде 1973-1974 жылдары Бүкілодақтық Молдавияда өткен, Петрозаводскіде өткен КСРО біріншіліктерінің чемпионы болған. 1975 жылы ересектер арасындағы Қазақстан біріншілігінде ең жас чемпион атанып, КСРО спорт шебері атағын иемденді. 1978-1982 жылдары Алматы физкультура институтын қызыл дипломмен бітіріп шықты. Студент кезінде 1979 жылы Қазақстан спартакиадасының чемпионы болды. Серік Нұрказов, Мирошниченкомен бірге бокстан Қазақстан құрама командасының мүшелігіне өткен. Институтты бітіріп келген соң жаттықтырушы қызметімен айналысты. Дүние жүзіне танымал болып, ел намысын қорғаған Асылбек Қылымов, Тарас Хитуов, Марат Жәкиев, Талғат Қалимов сынды саңлақ боксерлерді жаттықтырды.

М.Түсекенұлы 1989 жылы КСРО Орталық физкультура және спорт Кеңесі бекіткен ең үздік жаттықтырушы медалімен марапатталды. Қазірде Маңғыстау облыстық білім басқармасына қарасты Маңғыстау аймақтық дене тәрбиесі орталығы бастығының орынбасары болып қызмет атқарады.

ЛҰҚПАН ҚАЙЫРБЕК



1948 жылы Атырау облысы, Құлсары қаласында дүниеге келген. Ақын, журналист. 1986 жылы Алматы Жоғарғы партия мектебінің журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын 1967 жылы «МаңғыстауМұнайГазБарлау» тресіне қарасты кәсіпорындарында жонушы, бұрғылау қондырғыларында моторист, дизелист, машинист мамандықтарынан бастаған. 1977 жылы Қазақ политехникалық институтының (қазіргі Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ) мұнай факультетін бітіріп келген соң, шебер, участке бастығы, ұңғыларды сынау және бекіту инженері болып, Қаражанбас, Қаламқас мұнай кені алаңдарын пайдалануға тапсыру жұмыстарына атсалысты. 1980-1982 жылдары «ҚазақстанМұнай» бірлестігінде участке бастығы болып еңбек етті. 1982-1990 жылдары сол Коммунистік партияның шақыруымен кеңес-партия жұмыстарына белсене араласты. Форт-Шевченко қалалық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1988-1989 жылдары Маңғыстау облыстық халықтық бақылау комитетінің ұйымдастыру жұмыстары жөніндегі төраға орынбасары болып еңбек етті. 1990 жылдан бері «Алақай» ЖШС бастығы болып еңбек етіп келеді. 1998-2000 жылдары қалалық әкімшіліктің шақыруымен Ақтау қаласы, Өмірзақ кентінің әкімі болып қызмет жасады. «Алақай» ЖШС мұнай – газ саласының құрылысымен айналысады. Өлеңдері, публицистикалық шығармалары, очерктері 1970 жылдардың басынан бері республикалық, облыстық баспасөздерде үзбей жарияланып келеді. 2012 жылы «Дәстүр» баспасынан «Теңізбен тілдесу» поэзиялық кітабы жарық көрді.

ЛҰҚПАНОВ ТҮСЕКЕН



1915 жылы Гурьев облысы, Сарыкөл елді мекенінде дүниеге келді. Еңбек жолын 1930 жылы Доссор мұнай кен орнының жөндеушісі болып бастады. Содан кейін металшы техник қызметін атқарды. Мақат аудандық прокуратурасының тергеушісі, фабрика-зауыт оқуы мектебінде (ФЗО) директордың орынбасары, директоры қызметін атқарды. 1938-1941 жылдары Мақат аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1941-1942 жылдары «ҚазМұнайБарлау» тресі автотасымал кеңсесінің бөлім бастығы, 1942-1947 жылдары Қазақстандағы бірінші Мұқыр қаракөл қойын өсіретін совхоздың директоры болды. 1947-1948 жылдары «ҚазМұнайБарлау» тресі автотасымал кеңсесінің бастығы, 1948-1951 жылдары Атырау облыстық мал шаруашылығы кеңсесінің бастығы болып істеді.

1951-1953 жылдары «ҚазМұнайБарлау» тресі Құлсары автотасымал кеңсесінің директоры, 1953-1955 жылдары Батыс Қазақстан геология басқармасына қарасты Мәтен, Тәжіғали іздестіру партиясының бастығы, 1955-1957 жылдары Жылой ауданының Амангелді атындағы колхоздың бастығы, 1957-1962 жылдары Батыс Қазақстан геология басқармасының Кенбай, Қамыстыкөл геологиялық іздестіру партиясының бастығы, 1962-1971 жылдары «МаңғыстауМұнайГазБарлау» тресінің автотасымал кеңсесінің директоры болып өмірінің соңына дейін еңбек етті. «Құрмет белгісі», Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталды. КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі. Бұл кісі туралы «Сталин білген қазақ», «Алақай батыр немересі» атты очерк, публицистикалық шығармалар жарық көрген.

1971 жылы дүниеден озды.

ЛҰҚМАНОВ ДЕМЕУ



1927 жылы Гурьев облысы, Доссор кентінде туған. Мұнайшы. Қаратон мұнай кәсіпшілігінде «Қазақстанмұнай» бірлестігінде 1949-1953 жылдары оператор, мұнай өндіру цехының шебері, 1953-1957 жылдары «Қазақстанмұнай», Шұбаркұдық мұнай өндіру басқармасында Жақсымай учаскесінің бастығы. 1957-1960 жылдары Доссор мұнай кәсіпшілігінің кәсіпшілік бастығының орынбасары. 1960-1963 жылдары Мақат аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары, 1963-1964 жылдары Жылыой аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы. 1964-1965 жылдары «Прорва мұнайгаз» өндіру басқармасының кәсіпшілік бастығы. 1965-1979 жылдары «Маңғыстаумұнай» бірлестігінің өндіру бөлімінің бастығы. Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президиумының Құрмет грамотасымен, медальдармен марапатталған.

ЛҰҚМАНОВ ЕРКІН



1963 жылы Маңғыстау облысы, Ералиев қыстағында дүниеге келген. 2005 жылы Қазақ Мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясының құрылыс инженері мамандығын алып шықты. 1980 жылы «Маңғыстау» мұнайгаз бірлестігінің орталық өндірістік камту базасында электр монтері, 1982 жылы «Маңғыстаумұнайгазбарлау» экспедициясының РИТС-1 мекемесіне бұрғышы көмекшісі болды. 1982-1984 жылдары Кеңес Армиясы қатарында борышын өтеді. Әскер қатарында жүріп, әскери спорт клубының бокс құрамасында болды. Прибалтика, Белоруссия Республикалары және Калининград облысы бойынша 1982-1983 жылдары екі дүркін чемпион болды. 1984-1992 жылдары Маңғыстау барлау бұрғылау басқармасында бұрғышы көмекшісі, кейіннен бұрғышы, 1992-2005 жылдары «Алақай» ЖШС-і директорының құрылыс жөніндегі орынбасары. 2005 жылдан «Сарыкөл» ЖШС директоры болып қызмет істейді.

Е. Қуанышұлы- меценат кәсіпкер. 2005-2006 жылдары Отпан тауда орналасқан Адай Ата тарихи мемориалдық кешенінің бас мердігерлік жұмысын толығымен жүргізді. Сол үлкен кешендегі «Ұран-От» ескерткішін өз қаржысына салып, игі іске айтарлықтай қолдау көрсетті.

МАЛТАҚАН

1819 жылы Бөкей Ордасы ауданы, Жетібай ауылында дүниеге келген. 1892 жылы сонда дүниеден озған. Би, шешен. Жазда Жайық бойын жайлап, қыста Нарын құмында көшіп-қонып жүрген. Малтакан шешендігімен, табанда жауап айтқыштығымен бүкіл Бөкей өңіріне әйгілі би болған. 17 жасында Исатай мен Махамбет бастаған шауалар көтерілісіне қатысқан. Оның Жарок (Тайыр ақынның әкесі), Сапок, Қапан, Абош деген балалары жастайынан жалшылықта жүрген. Сапок та суырыпсалма, шешен, тапқырлығымен ел есінде қалған.

МАНАЕВ НҰҒЫМАН



1899 жылы Бөкей губерниясы, Теңіз уезінде туған. Қоғам қайраткері. Батыс Қазақстан өңіріндегі халық ағартушыларының бірі. Төленді ауылында халық қаражатына мектеп салып, сонда ұзақ жылдар бойы ұстаздық етті, талай табиғи таланттар көзін ашты. Уфада мұсылман училищесінде оқыған. «Шығыс баспасөзі» баспаханасында әріп теруші, корректор және мұғалім болған. Қазан революциясынан кейін Бөкей губерниясында кедейлер комитетінің төрағасы, Бөкей губерниялық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, «Кедей туы» газетінде редактор болды. Ленин еңбектерінің алғашқы аударушылардың бірі. 1924-26 жылдары Бөкей губерниялық партия комитетінің меңгерушісі. 1926-29 ж РК (б) Қазақстан өлкелік комитетінің бюро мүшесі және ҚАКСР Оқу халкомы. Соңғы жылдары Қазақ баспасында, ғылыми зерттеу институтында қызмет істеген. «Жастар арасында», «Азамат» пьесаларын жазды. Аяқталмаған романның авторы. Оның үзінділері «Айқап» журналында басылған.

1942 жылы жазықсыз жазаның құрбаны болды.

МАРАБАЕВ ОҢАШ



1920 жылы Атырау облысының Жылыой өңірінде дүниеге келген. Еңбек жолын 1939 жылы мұнай өндірісінің барлаушысы болып бастаған. 1946 жылы Дүйсеке кен орнында бұрғышы болды. 1949-1963 жылдары Тақырбұлақ, Прорва кен орындарында белсенді еңбек етті. 1967-1977 жылдары «Эмбанефть» зерттеу кеңсесінде нұсқаушы болып абыройлы қызмет істеді. О.Марабаев көптеген медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған.

2003 жылы өмірден өтті.

МАРАБАЕВ БИСЕН



1950 жылы Атырау облысы, Махамбет ауданында дүниеге келген. Орта мектепті Құлсары қаласында бітірген. Алматы қаласындағы сурет училищесіне оқуға түседі. Содан кейін Б.Оңашұлы Қазақ мемлекеттік университетін, Мәскеудегі өнер институтын бітіріп, біраз уақыт Мәскеу қаласында мүсінші болып еңбек етеді. Оның қолынан Әлиби Жангелдин, Абай, Максим Горький, Нариман Нариманов, Сұлхан-Саба Орбелиани, Өскенбай Қалманбетұлы, т.б. көптеген мүсін ескерткіштердің авторы. Ол сонымен бірге Атырау облысындағы «Прорвамұнай» мұнайгаз өндіру басқармасы, Қарабаудағы орталық алаңдағы әсем фонтандардың авторы болды.

2000 жылы жол апатынан қаза болды.

МАСИН ТЕМІР



1907 жылы Орда ауданында дүниеге келген. Кеңес Одағының Батыры (24.3. 1945). Мұғалім, мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, МТС бастығының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары болған. Ұлы Отан соғысына қатысып, қатардағы жауынгерден майор шеніне дейін жеткен рота командирі болған. 1944 жылы 1 шілдеде Могилев – Минск тас жолын жаудан қорғаудағы ерлігі үшін капитан Масинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Т.Масин соғыстан кейін Қазақстан КП Тайпақ аудандық комитетінің 2-хатшысы қызметін атқарды. 1947 жылы жазда Тайпақ ауданындағы дала өртін сөндіру кезінде отқа күйіп, ауыр жараланған Масин Орал қаласының ауруханасында қайтыс болды. Зиратының басына бюст-ескерткіш орнатылған. Авторы – мүсінші Ю.Баймұқашев. Ескерткіш арнайы тұғырға қондырылған, биіктігі 2,25 м. Ленин және Қызыл Ту ордендерімен марапатталған. Орал қаласындағы көшелердің біріне, Бөкей Ордасы ауданындағы мектепке батыр есімі берілген.

МАСАТОВА ҮЗІЛДІК



1947 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. 1954-1965 жылдары қаладағы Орджоникидзе атындағы 11 жылдық мектепті алтын медальмен бітірген. 1966-1972 жылдары Алматы мемлекеттік медицина институтында оқып, дәрігер – педиатр мамандығын алған. 1972-1977 жылдары қалалық біріккен балалар ауруханасында учаскелік педиатр, 1977-1984 жылдар аралығында сол ауруханаңың №1 балалар емханасының меңгерушісі жұмыстарын атқарған. 1984-2004 жылдар аралығында облыстық денсаулық сақтау басқармасының (департаментінің) бас педиатры, бөлім меңгерушісі, 2006 жылдан жаңадан ұйымдастырылған облыстық медициналық ақпараттық-талдау орталығының директорының орынбасары. Бірнеше дүркін одақтық, республикалық балалар дәрігерлері съездерінің, симпозиумдарының делегаты.

Ү. Аққаденқызы -ҚСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі. Мерекелік медальмен, облыс әкімінің, облыстық мәслихаттың Құрмет грамоталарымен марапатталған

МАТАШЕВ МҮТИҒОЛЛА



1916 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданындағы Қызылқоға ауылында туған. Қызылқоғадағы бастауыш мектепті бітіргеннен кейін Доссор тау-кен өндірісі мектебіне түсіп, автокөлік жөндеуші мамандығын алады. 1933-1937 жылдары Гурьев мұнай техникумында оқып, мұнай өндірісінің технигі мамандығын алды. 1937-1938 жылдары Ескенедегі мұнай өндірісінде бұрғылаушының көмекшісі және технигі болып еңбек етті. 1938-1940 жылдары бұрғылау цехының бастығы, Ескене өндірісінің директорының бұрғылау жөніндегі орынбасары болды. 1940 жылы әскер қатарында атты әскер полкында қатардағы жауынгер болды, комсомол мектебінде оқиды. Ұлы Отан соғысы басталғанда ол полк комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарды. Содан кейін пулемет ротасының командирі, атқыштар батальонының штаб бастығы болды.Черногория, Киев, Житомир, Белая Церковь, Карпат, Румынияны азат ету соғыстарына қатысып, соңында ауыр жарақат алып, емделген соң қосалқы полкта қызмет етті. Қызыл Жұлдыз орденімен, жауынгерлік медальдармен марапатталды. Соғыстан кейін Макат мұнай өндірісі мектебінде әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып істеді. 1946 жылдан өз мамандығы бойынша еңбек етті. Тентексор, Төлес, Қаратон, Қызылқұдық, Теренөзек секілді мұнай кеніштерін барлауға, ашуға атсалысты.1950-1957 жылдары техникалық бөлім бастығы, бұрғылау мекемесінің бас инженері қызметтерін атқарды. 1957-1971 жылдары Құлсары, Прорва терең бұрғылау мекемесінің директоры болды. 1966 жылы оған Қазақстандағы ең тұңғыш Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұнайшысы атағы берілді. Екі рет Қазақ КСР ЖС Құрмет грамотасымен марапатталды.

1986 жылы дүние салды.

МАТАШЕВ МӘЖИТ



1923 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданында туған. 1942-1947 жылдары Қызыл әскер қатарында болып, Ұлы Отан соғысына қатысты. Можайск, Воронеж, Сталинград шайқастарына қатысты. Балтық бойындағы мемлекеттерді жаудан азат етісті. Екі рет ауыр жарақат алған. 1- дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, 2 рет Қызыл жұлдыз орденімен , 3 жауынгерлік медальмен, 12 мерекелік медальмен марапатталған. 1950 жылы Құлсары мұнай кәсіпшілігінде аға инженер, экономист болды. 1952-1957 жылдары Грозный мұнай институтында оқыды. Институттан соң Атыраудағы "Қазақстан мұнай барлау" тресі экспедициясында аға геолог, 1961-1969 жылдары бірлестік бастығының орынбасары болды. М.Маташевтің қатысумен Каспий жаны ойпатында Қарсақ, Батыс Тереңөзек, Қамыскөл, Кеңқияқ, Таңатар, Қарааарна, Батыс Прорва, Орталық Прорва, Шығыс Прорва, Ақтөбе, Құлсары, Шығыс алаң, т.б. мұнай кеніштері ашылды. Ол 1969-1989 жылдары ҚР ҒА жанындағы Қ.Сәтбаев атындағы Геология институтында зертхана меңгерушісі, жетекші ғылыми қызметкер болды. Оның Қарашығанақ алабында мұнай мен газды зерттеуі оның болашақ ғылыми еңбектеріне үлкен негіз болды. Ол Батыс Қазақстандағы мұнай және газ кеніштерін іздеудің геологиялық негіздері докторлық диссертациясына негіз болды. Сөйтіп оны Мәскеуде сәтті қорғады.ның 140 ғылыми еңбегі жарияланған. Оның 5-еуі монография, 2-еуі жоғары мектептерге арналған оқулық. Ол-Қазақстанның тектоникалық картасын және мұнай мен газдың орналасуының болжамды картасын жасаушылардың бірі. Мұнай мен газ кәсіпшілігінің геологиясы туралы қазақ тіліндегі ЖОО арналған оқулықты қазақ тілінде жазды. Профессор, геология-минералогия ғылымдарының докторы М.Маташев Құрмет орденінің иегері. ҚР ҒА Президиумының Құрмет грамотасымен 3 рет марапатталған. ҚР Құрметті кеніш зерттеушісі.

2007 жылы дүние салды

МАХАНБЕТОВ ЖАҢБЫРБАЙ



1930 жылы Астрахань облысының Красноярск ауданына қарасты Байбек ауылында дүниеге келген. 1947 жылы Байбек орталау мектебін бітіріп, 1950 жылға дейін XII партконференция атындағы колхозда мал,егін шаруашылығында жұмыс істеді. 1950 жылы Байбек ауылдық кеңесінің хатшысы болды, депутат болып сайланды. 1955-1957 жылдары сол ауылдық кеңестің төрағасы болып істеді. 1957-1959 жылдары колхоздың бастауыш партия ұйымының хатшысы, 1960 жылы колхоздарды іріландіру науқанында колхоздар қосылып, "Родина" колхозы құрылды. Сол колхоздың партия комитетінің хатшысы болып істеді. 1961 жылы аупарткомның жолдауымен Ростов қаласындағы Жоғарғы партия мектебіне түсіп, оны 1965 жылы аяқтап шықты. Оқудан соң 1965-1969 жылдары "Родина" колхозының партия комитетінің хатшысы болды. Ж.Лұқпанұлы 1969-1990 жылдары Краснояр аудандық партия комитетінің хатшысы, екінші хатшысы болып істеген. 1990 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты. Бірнеше мерекелік медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

МАХАНБЕТОВ КЕРБОЛ (КҮЛІК)



1940 жылы Жайылма ауылының «Еңбек» колхозында (қазіргі Маятас ауылы) дүниеге келген. 1957 жылы Ленин атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетіне оқуға түседі. Еңбек жолын 1962 жылы Жамбыл қаласындағы №2 автопарк мекемесінің бас экономисі қызметінен бастады. 1966-1973 жылдар арасында комсомол қызметінде болды. Алдымен Жамбыл қалалық, содан кейін Жамбыл облыстық комсомол комитетінде қаржы бөлімін басқарды. 1973-1975 жылдар арасында Жамбыл №5514 автопаркінің жоспарлау –экономика бөлімі бастығы қызметін атқарды.1975-1986 жылдары Қазақ КСР-і Автомобиль транспорты министрлігінде жоспарлау-экономика бөлімінің бастығы-министрліктің коллегия мүшесі болды. Ауданымыздан шыққан ең алғашқы қаржы саласының білімді мамандарының бірі болған ол өз ісінің білгір азаматы болды. Өмірінің соңғы жылдары Алматы облысы Іле ауданы автопаркінің директоры, «Керуен» жеке фирмасының басшысы қызметін атқарды.

2007 жылы Алматы қаласында дүниеден озды.

МАХАНБЕТОВ АРМАН

1974 жылы Жамбыл қаласында дүниеге келген. 1991 жылы қаладағы 115-мектепті үздік бітіріп, сол жылы Алматы қаласындағы халық шаруашылығы институтына түсті. Бұл жоғарғы оқу орны кейіннен Қазақ басқару академиясына айналып,оны 1995 жылы тауартанушы-экономист мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1998 жылы Алматы еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының заң факультетіне түсіп, оны 2000 жылы заңгер-құқықтанушы мамандығы бойынша бітірді. А.Керболұлы мектеп бітірісімен-ақ оқу мен еңбекті ұйымдастырып, "Заря" акционерлік қоғамында қарапайым жұмысшы болып еңбек етті. Кейіннен ұзақ мерзімді тәрбиеден өткеннен кейін ішкі істер органына жұмысқа ауысып, Алматы қаласындағы Москва аудандық ішкі істер бөліміне экономикалық қылмыспен күрес бөліміне оперативтік өкілі болып орналасты. Содан бері ол ішкі істер, мемлекеттік тергеу, салық және қаржы полициясы саларында істеп келеді. Подполковник А.Керболұлы 2006 жылдан бастап Алматы қалалық қаржы полициясы департаментінің экономикалық және қаржылық қылмыстарды ашу жөніндегі бірінші басқарманың бастығы болып істейді.

МАЙКЕЕВ МҰРАТ



1959 жылы Ақтөбе қаласында дүниеге келген. 1980 жылы Алматы Жоғары жалпыәскери командалық училищесін бітірген, ал 1994 жылы М.В.Фрунзе атындағы әскери академияны тамамдаған. Әскери қызметін мотоатқыштар полкінде взвод командирлігінен бастады. 1983-1987 жылдары мотоатқыштар ротасының командирі. 1987-1991 жылдар мотоатқыштар батальонының штаб бастығы – командирдің орынбасары, мотоатқыштар батальонының командирі. 1994-1998 жылдары батальон командирі лауазымынан бригада командирінің орынбасары болды. Одан соң ҚР Республикалық Ұланның полк командиріне дейін өсті. 1998-2002 жылдары мотоатқыштар дивизиясы командирінің орынбасары, дивизия командирі болды. 2002-2003 жылдары ҚР Қорғаныс министрлігіндегі Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар департаментінің бастығы. 2003-2009 жылдары ҚР Қорғаныс министрлігі Штабтар бастықтары комитеті төрағасының орынбасары. 2010 жылдан бері - ҚР Қарулы күштері Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшысы. Генерал – лейтенант. III дәрежелі «Отанға қызметі үшін», II дәрежелі «Айбын» орденімен және медальдармен марапатталған. М.Жәлелұлы 2012 жылы Мемлекет басшысының жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Мұрат Жәлелұлы Майкеев әскерлерді тиімді басқару ісіндегі табыстары мен егемен еліміздің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету мақсатында жоғары жауынгерлік даярлықты тұрақты қамтамасыз еткені үшін, сондай-ақ құрлық әскерлерінің әскери қызметтерін үздік ұйымдастырғаны үшін екінші дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды.

МӘЖІКЕЕВ ИСА



1952 жылы Атырау облысының Жылыой ауданындағы Қосшағыл қыстағында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген жылы Целиноград финанс-экономика техникумына түседі. 1973-1980 жылдары Ембі аудандық қаржы бөлімінде аға экономист, "Қосшағыл" совхозында есепші, Прикаспий бұрғылау басқармасында бұрғышы көмекшісі болды. 1980-1985 жылдары Ембі аудандық қаржы бөлімінде инспектор, ревизор, бюджет инспекциясының бастығы, қаржы бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарды. 1986-1988 жылдары Ембі аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі, 1988-1992 жылдары "ТенгизЭнергострой" бірлестігінде

есепші, бас есепшінің қаржы жөніндегі орынбасары,Ембі аудандық қаржы бөлімінде бас маман. 1992-1995 жылдары Жылой аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі, бұдан кейін "Казпромставба" мекемесінде қаржыгер болды. 1996 жылдан бері Мақат аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі.

И.Мүсірұлы бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.

МӘКЕНОВ ЖҰМАНАЗАР



1900 жылы Гурьев облысы, 17-ауылда туылған. Мұнайшы. Ембінің ардагері. 1930-56 жылдары Доссор мұнай кәсіпшілігінде жұмысшы, оператордың көмекшісі, оператор. 1956 жылы зейнеткер. Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденделерімен марапатталған.

1978 жылы өмірден қайтты.

МӘЖИТОВА ГҮЛЖУ



1937 жылы Батыс Қазақстан облысының Бөкей Ордасы ауданында туған. 1956 жылы орта мектепті бітіріп, Орал ауыл шаруашылығы техникумына түсіп оқиды. Оқуды бітірген соң Жәнібек ауданындағы Мәншүк Мәметова атындағы совхозда зоотехник, Жәнібек аудандық комсомол комитетінің хатшысы, сол ауданның партия комитетінің нұсқаушысы болып қызмет еткен. 1970 жылы Алматы жоғары партия мектебіне түсіп, оны 1974 жылы ойдағыдай аяқтайды. 1974-1975 жылдары Жымпиты аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1975-1982 жылдары Тасқала аудандық партия комитетінің хатшысы, 1982-1985 жылдары "Красный маяк" совхозының директоры болып істеді. Мәжитова Гүлжу 1985-1989 жылдары Тасқала аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін абыройлы атқарды. 1989-1990 жылдары Батыс Қазақстан облыстық экономика басқармасы төрағасының орынбасары, 1991-1997 жылдары Батыс Қазақстан облыстық мұрағат басқармасының бастығы болып еңбек етті. Г.Мәжитова XI шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан Компартиясының XX съезінің делегаты болды. Халықтар достығы орденімен, ҚКСР ЖК Құрмет грамоталарымен, бірнеше медальдармен марапатталған. Г.Мәжитова – Тасқала және Бөкей Ордасы аудандарының Құрметті азаматы.

МӘМЕТОВ АХМЕТ



1895 жылы, Астрахань губерниясы, Талов уезі, Қойтоғыт ауылында дүниеге келген. Алашорда қайраткері, ағартушы, ақын, журналист, дәрігер. Ахмет халқының қамын жеген қазақ зиялыларының алдыңғы қатарларының бірі. Өздігінен сауатын ашқан. 1910 жылдар шамасында Уфадағы «Ғалия» медресесіне оқуға түсті. «Бірлік туы», «Қазақстан», «Қазақ» газеттері мен «Айқап» журналында бірнеше өлеңдері жарияланған. Батыс Алаш орданың «Еркін қазақ» және «Ерік» газеттерін шығарды. «Сәуле», «Рассвет» газеттерінің жұмысына белсене катысты. «Екпінді жас» журналының редакторы., Орал облыстық «Қызыл ту» газетінің редакторы қызметтерін атқарды. Бөкей губкомы төралқасының мүшелігіне сайланды. 1921 жылы қыркүйекте РК (б) П қатарын солшыл партиялар мен алашордашылардан тазарту саяси науқаны кезінде Бөкей губкомының шешімімен «Алаш партиясында болғаны және патша тұсындағы Бөкей Уақытша кеңесінің құпия кеңесшісі М.Шомбаловтың тобына катысқаны үшін» коммунистік партиясы қатарынан шығарылды. 1922ж. Саратов қаласындағы жұмысшы факультетіне түсіп, 1923-1927 жылдары Саратов университетінің медицина факультетін бітірді. Оқуды аяқтағаннан кейін Маңғыстау өңірінде жұқпалы аурулармен күресу жөнінде арнайы құрылған экспедиция құрамында, кейін Семей, Орал облыстық денсаулық сақтау бөлімдерінде еңбек етті. Алматы қаласында тері және венерология ауруларын емдейтін ғылыми- зерттеу институтын ұйымдастырып, оның тұңғыш директоры болды. Тері-жұқпалы аурулары және гигиена саласында 20-ға тарта ғылыми танымдық еңбек жазды. 1937 жылы ИХК органдары тарапынан тұтқындалып, 1938 жылы көшпелі сессиясының (үштік) қаулысымен атылды. 1958 жылы 27 ақпанда КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының шешімімен ақталды. Ахмет Мәметов 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналында Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс туралы тарихи деректемелерге негізделп, көлемді еңбек жариялады. Бұл күні бүгінге дейінгі ғылыми тұрғыда терең мазмұнда жазылған, маңызын жоймаған еңбектердің бірінен саналады. Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованы тәрбиелеген әкесі.

МӘМЕТОВА МӘНШҮК (МӘНСИЯ)



1922 жылы Бөкей Ордасында туған. 1943 жылы Псков облысының Невель қаласында ерлікпен қаза тапты. Қазақтың қаһарман қызы, Кеңес Одағының Батыры. (1944). Шығыста осы жоғарғы атаққа ие болған екі қыздың бірі. 1942 жылы Алматы медицина институтында оқып жүріп, Кеңес Армиясы қатарына өз өтініші бойынша алынған. Алғашында қазақстандық 100- атқыштар бригадасының штабында қызмет етті де, кейін 21- гвардиялық атқыштар дивизиясының құрамында пулеметшілер бөлімшесінің командирі болды. Аға сержант Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста қаһармандықпен қаза тапты. Оңтүстік Қазақстан және Павлодар облысының еңбекшілері батыр қыздың құрметіне «Мәншүк атындағы танк колоннасын» құруға қаражат жинады (1944). Бұл қаражатқа 26 танк жасалып, олар неміс фашистерін тізе бүктірудің соңғы ұрыстарына қатысты. Батырдың туған жерінде мемориалдық музей ашылды. Невельде, Орал қаласында, Алматыда оған ескерткіш орнатылған. Алматыдағы 28- орта мектепте, медициналық институтта ескерткіш тақта қойылған. Сондай-ақ Орда ауданда, Орал қаласында музей ашылған. Сайқын орталығындағы орта мектепке оның есімі берілген. Бүкіл Қазақстан аумағында батыр қыз атындағы көшелер, мектептер көп. Қызылордадағы педагогикалық училищеге батыр есімі берілген. Қазақстанның ақын-жазушылары Мәншүк туралы өлең, поэмалар жазды. 1984 жылдан бері Орал қаласында Мәметованы еске түсіруге арналған спорттық жарыс өткізіліп тұрды. А. Михалков-Кончаловскийдің сценарийі бойынша режиссер М.Бегалин «Мәншүк туралы ән» атты көркем фильм түсірді.

МӘМБЕТӘЛИЕВ ЖҰМАЖАН



1883 жылы Гурьев облысында туған. «Төңкеріс» колхозы ұйымдастырылғаннан бастап соның мүшесі, одан соң (1942 жылдан) Теңіз ауданындағы Калинин атындағы колхозға мүше болған.

Жұмажан Мәмбетәлиев мүше болған колхоз 1942 жылға дейін «Төңкеріс» деп аталды, бұл шаруашылықтың мүшелері балық аулаумен шұғылданатын. Сөйтіп Жұмажан еңбек жолын балықшы болып бастады. Неміс-фашист басқыншыларына қарсы соғыс жолдарында Жұмажан Мәмбетәлиев Теңіз ауданындағы Калинин атындағы колхоздың қойын бақты. Қой шаруашылығының азабы мол, құпиясы көп деседі, бұл істе тек жан-тәнімен еңбек еткен адам ғана табыса жетпек. Жұмажан Мәмбетәлиев нақ сондай адам болды. Ол сансыз қиындықты жеңіп, шопандық өмірдің сырларына терең бойлады.

1946 жылы оның отарында 339 қой болды, соның ішіндегі 170 саулықтан 203 қозы алып, түгелдей аман өсірді. Колхоз әр отардан не бары 347 килограмм жүн қырқамыз деп есептеген еді, ал шопан мемлекетке 851 килограмм жүн тапсырды. Келесі жылы көктемде Жұмажан Мәмбетәлиев әрбір жүз саулықтан 120 қозы алып, аман өсірді. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 июльдегі Указы бойынша оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

1948 жылы дүние салды.

МӘДІКЕНОВ АСҚАРӘЛІ

1933 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Жайылма ауылында туған. Орта мектепті ойдағыдай бітіргеннен кейін Қазақтың мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтында оқып, оны 1955 жылы бітіріп, инженер-механик мамандығын алып шықты. Еңбек жолын 1955 жылдан Байқадамдағы машина-трактор станциясында инженер-бақылаушы қызметінен бастады. Келесі жылы МТС-тің бас инженер-механигі болып тағайындалды. Бұл жұмысты 1961 жылға дейін атқарды.1961-1970 жылдары Сарысу ауданындағы «Қазсельхозтехника» кеңсесінің директоры, онан соң Қазақ ССР Автотранспорт министрлігіне қарасты Байқадам автоколоннасының бастығы қызметін атқарды. 1970-1975 жылдары аудандық партия комитетінде жауапты қызметте болды. 1975-1986 жылдары Сарысу аудандық «Сельхозтехника» бірлестігінің бастығы болып істеді. 1986-1997 жылдары Сарысу аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары қызметін атқарып, зейнеткерлікке шықты. Бірнеше медальдармен марапатталған.

МӘДІКЕНОВ БОЛАТ



1958 жылы Сарысу ауданының Байқадам ауылында туған.

Қазақстанның 40 жылдығы атындағы (қазіргі Адамбаев атындағы) орта мектепті бітірген Алматы архитектура және құрылыс институтының инженер-құрылысшы мамандығы бойынша аяқтады. Қазақ-Түрік университетінде оқып, зан мамандығын алып шықты. Еңбек жолын «Алматы тұрғын үй құрылысы» тресінде инженер болып бастады.1981 жылы Жаңатас қаласына келіп,»Қаратаухимстрой» тресінде шебер,осы трестің комсомол комитетінің хатшысы болып қызмет атқарды. 1986 жылы темірбетон бұйымдары заводында аға технолог,кейіннен цех бастығы болды. 1987 жылы қалалық партия комитетінің нұсқаушысы,одан кейін идеология бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1991 жылы «Жаңатас» кен басқармасы құрылыс-жөндеу цехының бас инженері,1996 жылы «Мақсат» кооперативі төрағасының орынбасары, сәл кейінірек «Қаратау» акционерлік қоғамы жанар-жағар май қызметі басшысының орынбасары жұмыстарында болды. 1998 жылы Сарысу аудандық көші-қон және демография бөлімінің меңгерушісі, Сарысу ауданы әкімінің аппаратының ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. 2000 жылдың шілдесінен 2004 жылдың шілдесіне дейін облыс әкімі аппараты мемлекеттік құқық бөлімінде бас маман, кейініректеу облыс әкімі аппаратының жалпы бөлімінің меңгерушісі болды. Болат Асқарәліұлы 2004-2010 жылдары Сарысу ауданының әкімі болды. 2010-2013 жылдары Жамбыл облыстық жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, аварнялар мен зілзалалық апаттар басқармасының бастығы, 2013 жылдың маусым айынан бастап Мойынқұм аудынының әкімі қызметін атқаруда.

МӘДІКЕНОВ ДАРХАН



1967 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданының Байқадам ауылында дүниеге келген. 1984 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Алматы қаласындағы зоотехникалық-ветеринарлық институтқа оқуға түсіп, оны 1992 жылы бітірді. 1985-1987 жылдары әскер қатарында болды. 1992-1997 жылдар аралығында «Байқадам» совхозында аға зоотехник болды. 1997-2004 жылдары Тараз қаласындағы «Порем» ЖШС-інің бастығы. 2004 жылдан Қостанай облысы, Жетіқара ауданындағы «Желқуар» агрофирмасының директоры. Д.Асқарәліұлы көптеген салалық Құрмет грамоталарымен марапатталған.

МӘСТЕКОВА АЛМАЖАЙ



1955 жылы Атырау қаласында туған.

1971 жылы Чкалов атындағы орта мектепті бітірген.1974-1978 жылдары Гурьев пединститутының математика факультетінде оқыды. 1978-1982 жылдары «Сарайшық» орта мектебінде, 1982-1986 жылдары сол мектепте кластан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушы болды.

1986-1992 жылдары XXII партсъезд, «Первомайский» совхоздарында партия комитетінің хатшысы, 1992-2006 жылдары «Сарайшық» орта мектебінің директоры қызметтерін абыройлы атқарды. ҰБТ қорытындысы бойынша республиканың үздік 100 мектебінің қатарында болды.

2006-2009 жылдары Махамбет аудандық білім беру бөлімінің бастығы қызметін атқарды. 2009 жылдан Сарайшық ауылының әкімі болып істейді.

А. Айсағалықызы аудандық мәслихаттың екі мәрте депутаты болып сайланған. Мерекелік медальмен, ҚР Президентінің Алғыс хатымен, бірнеше салалық Құрмет грамоталармен марапатталған.

МЕДЕТОВ ТӨЛЕП



1924 жылы Қалинин ауылында туылған. 1938 жылы ұжымшар мүшесі. 1940-1942 жылдары ферма басқарушысы, Ұлы Отан соғысына қатысқан.2- Украина майданы құрамында Германияны жеңуге ерекше үлес қосып, ерлік үлгісін көрсеткен. Соғыс мүгедегі және ардагері. Соғыстан соң ұзақ жылдар «Ембі», «Қосшағыл» кеңшарларында ферма меңгерушісі, шопан. Ерлігі мен еңбегі үшін Бас Қолбасшысы И.В. Сталиннің 20 рет алғыс хатын алып, үшінші дәрежелі «Даңқ», 2-дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерінің, Белоруссияны азат етудің 60 жылдығы, "ҰОС жеңіске 40,60 жыл", «Жуков», «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Венаны алғаны үшін», «Будапештті алғаны үшін», «Жапонияны жеңгені үшін», «Праганы азат еткені үшін» медальдарының иегері.

2006 жылы дүние салған.

МЕДИНАҰЛЫ ТҰРАТАЙ



1914 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Сарыкөл елді мекенінде туған. Ембі мұнайының ардагері. 1932-1957 жылдары Атырау өніріндегі мұнай кәсіпшіліктерін ашу істеріне белсене араласып, Қарашүңгіл, Құлсары, Қаратон, Төңіректшын, Мақат, Боранқұл кен алаңдарының барлау, бұрғылау жұмыстарына қатысқан. Бұрғылау шебері, бұрғылау мұнарасының бастығы жұмыстарын атқарған. Стаховшылар қозғалысының белсенді мүшесі болды. Мәскеу қаласының Кремльдер сарайындағы Құрмет тақтасында суреті ілініп тұрған. Т.МедиҰлы Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальдермен марапатталған.

1991 жылы дүние салды.

МИҒДАНОВ РАМАЗАН



1938 жылы Атырау облысының Дамба елді мекенінде туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін Мәскеу мұнай химиясы және газ өндірісі институтына түсіп, оны 1961 жылы бітірген. 1974 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын аяқтаған. 1978 жылы экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғаған. 1961-1969 жылдары Атырау мұнай өндіру зауытында инженер-технолог, Қазақ халық шаруашылығы мекемесінде мұнай химиясының бас маманы, Қазақ КСР Мемлекеттік техникалық бақылау мекемесінде химия өндірісі бөлімінің бастығы, 1969-1991 жылдары Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитетінде экономикалық зерттеулер институтында химия және мұнай химиясы өндірісі бөлімінің бастығы, 1991-1992 жылдары "Казнефтебитум" мекемесінде экономика бөлімінің бастығы, 1992-1993 жылдары Тенгиз газ өңдеу зауыты директорының экономика жөніндегі орынбасары, 1993-2008 жылдары "Тенгизшевройл" компаниясының экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесшісі қызметін атқарды.

Салалық бірнеше Құрмет грамоталармен марапатталған.

МИРМАНОВ ХАЛИДОЛЛА



1924 жылы Гурьев облысында дүниеге келген. 1942 жылы Атыраудағы жаяу әскерлер дайындайтын училищеде оқып жүргенде майданға аттанады. Майданда лейтенант Халидолла Жоғары Бас Қолбасшының бұйрығымен екі рет алғыс алады.

1944 жылы төртінші рет ауыр жарақат салдарынан 2-топтағы мүгедек болып, елге оралады. Гурьев қаласындағы Жамбыл атындағы мектепте, кейіннен облыстық комсомол комитетінде жауапты қызмет атқарады.

1951 жылы Ленинградтағы Жоғарғы кәсіподақ мектебін бітіреді, кейіннен Алматыдағы политехникалық институттың құрылысшы-инженер факультетін бітіреді.

Сол жылдары ол Гурьев облыстық атқару комитетінің күрделі құрылыс бөлімінің бастығы болды. 70-жылдары облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының құрылыс бөлімін басқарды. Өмірінің соңғы жылдары Гурьев біріккен авиаотрядының күрделі құрылыс қызметін басқарды. Бұл жылдары Гурьев облысында көптеген көрнекті құрылыс нысандары салынды.

Ол «Қызыл Жұлдыз» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Х.Әуелбайұлы 1980 жылы дүние салды.

МЕЙІРОВА ТӘЖІКЕН



1912 жылы қазіргі Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. 1928 жылдан 1933 жылға дейін колхозда еңбек еткен.1933 жылдан 1935 жылға дейін Сарысу ауданында Коммунар балалар бақшасында меңгеруші болды. 1935-1940 жылдары "Қызыл күншығыс" колхозы жанындағы,, Ленин ауыл советі жанындағы оқу үйлерінің бастығы міндетін атқарды. 1940-1941 жылдары аудандық тұтыну қоғамы саласында жұмыс атқард.ы. 1941 жылы Комсомол ауылдық кеңесінің төрағасы, 1945 жылы Талдыбұлақ ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарды. 1945 жылы аудан орталығындағы балалар бақшасының меңгерушілігіне тағайындалды. 1950-1952 жылдары Ворошилов және Сталин атындағы колхоздардың председателі, 1952-1954 жылдары Коммунар және Байқадам ауылдық советтерінде төрағa қызметін атқарды.1955-1959 жылдары аудандық шайхана меңгерушісі болып жұмыс істеді. Қажырлы еңбегінің арқасында Мейірова Тәжікен "Ұлы Отан соғысын кезінде тылдағы үздік еңбегі үшін" медалімен, көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталған.

1966 жылы дүниеден озды.

МЕҢДІБЕКОВ САЛАМАТ

1890 жылы туылған. Сталин атындағы ұжымшарда (1930-1960жж) бақташы, әр 100 сиырдан 78-ден бұзау алып, мал басын толық аман сақтаған. Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

1970 жылы дүние салды.

МЕҢДІБАЕВ ҚҰРЫМБАЙ



1947 жылы Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданында туған.

Еңбек жолын туған ауылы «Тайпақ» кеңшарында 1963 жылы көмекші шопан болып бастады. Мал шаруашылығын өркендетуге қосқан еңбегі бағаланып, Мәскеу қаласындағы халық шаруашылығы жетістіктері, көрмесінің алтын, күміс медальдарын иеленді. Еңбектен қол үзбей Оралдағы ауыл шаруашылық институтын бітірген соң, 1983-1996 жылдар аралығында Тайпақ асыл тұқымды қаракөл қойын өсіру кеңшарында ферма меңгерушісі болып абыройлы қызмет етті. 1981 жылы Қазақ ССР-ының еңбек сіңірген ауыл шаруашылық қызметкері құрметті атағына ие болды. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталды. 2010 жылдан бері құрметті еңбек демалысында. Қазір де шаруа қожалығын басқарады.

МОЛДАҒАЛИЕВ ҚОҒАБАЙ



1932 жылы Жылыой ауданы, Қияқ ауылында туылған. Гурьев мұғалімдер институтын (1955ж) Алматыдағы Абай атындағы қазақ пединститутын (1967 ж.) бітірген. 1950-1993 жылдары Қараша, Әуезов атындағы мектептерде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, директоры, ұзақ жыл аудандық, облыстық оқу бөлімдерінің штаттан тыс инспекторы болды. Ол көптеген медальдарының, грамоталардың иегері. Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі.

МОЛДАҒАЛИЕВ БЕКЕС



1924 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылында туған.1942 жылы оқыту-жаттығу атқыштар полкінде курсант, 1943 жылы 702- атқыштар полкінде минометшілер бөлімшесінің командирі болған. Гвардия сержанты. Бекес Молдағалиев соғыс аяқталған соң 1947 жылы әскерден босап елге келген. Ол III дәрежелі Даңқ орденімен, көптеген жауынгерлік медальдармен марапатталған. 1948 жылы Тайсойған елді мекенінен тұңғыш май зауытында шебер болып, сүттен май өнімдерін көптеп шығарған. 1968 жылға дейін Шығанқөл, Сырым май зауытында еңбек етіп, Қазақ КСР тамақ өнеркәсібінің үздігі.

1968 жылы дүние салған.

МОЛДАҒАЛИЕВ МӘЛІК



1949 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсойған елді мекенінде туған. Орта мектепті бітірген соң 1968-1972 жылдары Қарағанды кооператив институтының экономика факультетін бітірген. 1973-1975 жылдары әскер қатарынан лейтенант болып оралды. 1975-1977 жылдары Атырау облысы Қызылқоға ауданында Абай ауыл шаруашылығы жұмысшылар кооперативінің төрағасы, 1977-1979 жылдары облыстық халықтық бақылау комитетінің инспекторы, 1979-1980 жылдары облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, Атырау облыстық жеміс-көкөніс бірлестігінің бас директоры, облыстық сақау-саңыраулар қоғамының директоры қызметтерін атқарған. 1989 жылдан еңбек ардагері. 2009 жылдан Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қоныстану селосында селолық тұтынушылар кооперативінің төрағасы болып сайланған.

МОЛДАШЕВ БОЛАТ



1935 жылы қазіргі Жалпақтал ауылында мұғалімдер отбасында дүниеге келді. Орта мектепті алтын медальмен бітірген. Мәскеу қаласының энергетикалық институтына оқуға түседі. Болашағынан зор үміт күттірген жас маманды Алматы қаласындағы Қазақ КСР Ғылым Академиясының энергетика институтына жұмысқа шақырады. Алғаш еңбек жолын Алматыдағы Қазақ Ғылым академиясында бастаған. Жас маман ғылыми зерттеу жұмысында аз уақыт жұмыс жасап, өте жоғары бағаға ие болды.

Кейіннен Оралда К.Ворошилов атындағы зауытта инженер болып қызмет атқарады.Б.Ғинаятұлы Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған.

МОЛДАШЕВ ҒИНАЯТ



1908 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданының Жиекқұм ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын осы ауылда Қосшы одағының хатшылығы жұмысынан бастады. 1933 жылы Сламихин педагогикалық техникумын бітіріп, бастауыш мектеп мұғалімі деген мамандық алды.

1940 жылы Оралдағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі мен әдебиет факультетін бітірген.1942 жылы әскерге шақырылып, 1-Украина майданында батарея командирі болды. Майдандағы ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі Отан соғысы ордендері және көптеген медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған.

Ғ.Молдашұлы оқу-ағарту ісінің үздігі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі. Жалпақтал ауданындағы орта мектепке Ғинаят Молдашевтің есімі берілген.

МОЛДАШҰЛЫ ҚАЙЫРҒАЛИ

1921 жылы Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы, Жиекқұм ауылында дүниеге келген.

1937-1942 жылдары Орал педагогикалық техникумында оқыды. Аз ғана оқытушылықтан кейін Орда және Жәнібек аудандарында мектеп директоы қызметтерін атқарды. 1942-1944 жылдары Казталов аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болды. 1944-1945 жылдары Батыс Қа-



зақстан облысы, Орда ауданында прокурор көмекшісі жұмысын атқарды. Аудан таратылған кезде Орал қаласының № 6 мектебінде орыс тілінен сабақ берді. Содан кейін заң қызметіне ауысып, Орал қаласының судьясы, Орал облыстық юстиция басқармасы төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. Облыстық партия қызметінің жұмсауымен колхоз басқармаларын даярлайтын мектепте оқытушы және партком хатшысы қызметтерін атқарды.

1954 жылдан облыстық партия комитетінде, 1957-1967 жылдары Орал облыстық мәдениет басқармасының бастығы, 1967-1976 жылдары облыстық тұрмыстық қамту мекемесінде басшылық етті. 1978-1984 жылдары Орал қалалық атқару комитетінің төрағасы болып еңбек етті.

Бірнеше орден, медальдармен марапатталған. Жәнібек ауданының Құрметті азаматы. Көптеген лауазымды жұмыстар атқарған Қ.Молдашев Қазақ ССР Жоғары Кеңес Президумының Құрмет грамотасымен екі рет марапатталды. Мәдениет министрлігінің алтын сағатын алған.

1997 жылы дүние салды.

МОЛДАШЕВА АЙГҮЛ



1964 жылы Атырау облысында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін Оралдағы педагогикалық институтты 1988 жылы математика және физика пәні мамандығы бойынша бітірген. 1988-1991 жылдары мектепте мұғалім, 1991-2003 жылдар аралығында Хазірет, Пригород орта мектептерінде оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, 2004-2005 жылдары Ақтөбе қаласындағы "Ақку" балабақшасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. А.Қабикызы 2005 жылдан Ақтөбе қаласындағы Благодар орта мектебінің директоры. Ізденімпаз ұстаздың өз пәні бойынша жазған мақалалары республикалық, салалық журналдарда жарияланып тұрады. 2011 жылдан бастап жеке кәсіпкер. «Зерде» ателье-тігін цехын ашып, халыққа қызмет көрсетуде. Апасы Бақтылы Қабиқызының үлттық көрпе тігу дәстүрін жалғастыруда. Оның бұйымдары Атырау, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан облыстарына және алыс-жақын шетелдерге таралуда. Көптеген грамоталармен, алғыс хаттармен марапатталған.

МОМБАЕВ МӘЖІКЕН



1917 жылы Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында туған. Еңбек жолын Оңтүстік Қазақстан облысының Ленгір ауданында Тассай ауылында табельші болып бастаған. 1931-1933 жылдары ауыл шаруашылығы техникумында оқыды. Тассайда «Жасасын» колхозында есепші болады. 1934-1935 жылдары Шымкент машина-трактор станциясында болып істейді. 1935-1937 жылдары «Оңтүстік Қазақстан» газетінде корректор, Жамбыл қаласынан шығатын «Колхозшы» газетінің әдеби қызметкері болды. 1938-1940 жылдары шекарадағы атты әскер бөлімінде қызмет етті. 1940-1941 жылдары Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауданында «Екпінді Алтай» газетінің жауапты редакторы, 1941 жылы Қатонқарағай аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, 1941-1943 жылдары Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің нұсқаушысы болды. 1943-1944 жылдары Марқакөл аудандық партия комитетінің хатшысы, 1944-1949 жылдары Шығыс Қазақстан облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1949-1952 жылдары Қарағанды облысының Егіндібұлақ аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1952-1956 жылдары Нұра аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып, жемісті қызмет атқарды. 1956-1960 жылдары Алматыдағы жоғарғы партия мектебінің тыңдаушысы болды. 1960-1961 жылы Қарағанды облысының Қу аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1961 жылы Қарағанды облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісінің орынбасары болды.

М.Момбаев екі рет Еңбек Қызыл Ту, екі рет «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

1961 жылы кенеттен қайтыс болды.

МҰРЫНОВ СӘРСЕНБАЙ



1960 жылы Жылыой ауданындағы Қосшағыл ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолын «Прорванефть» мекемесінде ұңғыма операторы болып бастады. 1979-1981 жылдары әскер қатарында болды. 1981-1986 жылдары Мәскеудегі Губкин атындағы мұнай және газ институтында оқыды. Институттан соң слесарь, шебер, Құлсарыда аға инженер, бастық болды. 1994-1997 жылдары Маңғыстау мұнай құбырлары басқармасының бастығы, «Южнефтепровод» ӨБ бас инженерінің орынбасары, Атырау филиалының директоры, «КазТрнсОйл»-ға қарасты мекемеде техникалық директор, 1997-1999 жылдары Қаражанбас кәсіпшілігінде менеджер, 1999-2003 жылдары Орал мұнай құбыры басқармасының бастығы, 2003-2004 жылдары «КазТрансОйл» АҚ бас директорының бірінші орынбасары, 2004 жылдан бері Каспий труба құбыры консорциумының аймақтық менеджері қызметінде. Бірнеше салалық медальдармен марапатталған.

МҰСИН ЖАСҰЛАНБАЙ



1954 жылы Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Мойылды ауылында дүниеге келген. 1971 жылы Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтына түсіп, 1976 жылы (қазір ТарГУ) бітіріп, осында оқытушы болып жұмысқа қалды, содан 2006 жылға дейін М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі болып қызмет істеді. 2006 жылы ЖШС Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына бөлім бастығы болып ауысты.

МҰСИЕВА СӘНИЯ



1955 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. 1962-1972 жылдары қаладағы Чехов атындағы орта мектепте оқыды.

1972-1976 жылдары Алматы шет тілдер педагогикалық институтының француз тілі мұғалімі мамандығын бітірген. Еңбек жолын қаладағы №9 орта мектепте француз тілі пәні мұғалімі болып бастаған.1978-1993 жылдары орта мектепте мұғалім, 1993-2000 жылдары қалалық білім бөлімінде маман болды.

2000-2010 жылдары «Ақбота» балалар үйінің директоры. 2011 жылдан С.Қазыбаев атындағы облыстық мектеп-интернатына директор болып ауыстырылып, күні бүгінге дейін осы мекемеде жұмыс атқарып келеді.

2008 жылдан бастап жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары директорларының республикалық кеңес мүшесі.

С. Төлегенқызы көптеген салалық Құрмет грамоталарымен, ҚР Алғыс хаттарымен және Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгісімен марапатталған.

МҰҚАНОВ БАЗАРБАЙ



1914 жылы Ракөш кентінде туылған. Орта буын өндіріс жетекшісі. Ембінің ардагері. Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұнайшысы. 1932 жылы Ескене мұнай кәсіпшілігінде мұнара құрастыру цехының ағаш шебері. 1944 жылы Қаратон, Теренөзек, Аққыстау, Алтыкөл, Мартыши, Мәтенқожа кен орындарында мұнара құрастыру цехының жұмыс жүргізушісі (прораб). 1964 жылы Прорва, Сарқамыс мұнай кәсіпшілігінде цех бастығы. 1972 жылы дербес зейнеткер. Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапатталған.2001 жылы дүниеден озды.

МҰҚАНОВ БЕРДІҒАЛИ

1911 жылы Гурьев облысы, Жылыой ауданында туған. Ульяновскідегі әскери-саяси курсты, Ленинградтағы әскери-саяси училищені тамамдаған. 1933-1936 жылдары Қиыр Шығыстағы әскери қызметте болды. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Кіші лейтенант. 1945 жылы жоғары офицер мектебінде мұғалім. 1945-1971 жылдары Балашов



қаласында паровоз депосында отряд командирі, Жылыой аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, А.С.Пушкин атындағы орта мектепте мұғалім болды. Б.Мұқанұлы бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған

1971 жылы дүние салған.

МҰҚАНОВ САЙПОЛ

1932 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылында дүниеге келген. 1939 жылы мектеп есігін ашты. 1947-1949 жылдары «Қаракөл» мектебінде оқыды. 1950 жылы сол орта мектепті бітірген соң, Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсіп, оны 1955 жылы бітірді. Мал дәрігері мамандығын алып, туған ауылына оралады. 1955-1957 жылдары Ойыл ветеринарлық бөлімшесінің меңгерушісі, 1960-1961 жылдары Қызылқоға аудандық аға мал дәрігері болып, өз мамандығы бойынша еңбек етті. 1961-1963 жылдары аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, 1963-1973 жылдары Абай атындағы совхоздың директоры, 1983-1986 жылдары аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, аудандық ауыл шаруашылық басқармасының, аудандық агроөнеркәсіп бірлестігінің бастығы болып, жемісті қызмет атқарды. Соңғы 14 жыл ішінде 3 рет Одақтық, 2 рет Республикалық Ауыспалы Қызыл туды жеңіп алып, Қазақ КСР-ының Алтын кітабына жазылды. Облыстық ауыспалы Қызыл туды үнемі жеңіп алып отырды. 1986-1992 жылдары Гурьев асыл тұқымды қаракөл қой зауытының директоры болып, қызмет атқарды. 1992 жылы зейнет демалысына шықты. 1993-1995 жылдары Атырау жолдарында шебер болып аудандық кеңестің депутаты, 1974-1988 жылдары Қызылқоға аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, 1964-1975 жылдары Атырау облыстық партия комитетінің пленум мүшесі болды. Еңбек ардагері. «Құрмет Белгісі», Халықтар достығы, бес медальмен, сондай-ақ Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің 4 дүркін күміс, қола медалімен марапатталған. Қазақ КСР-ының Құрмет грамотасының, т.б. салалық Құрмет грамоталардың иегері. 1992 жылы ҚР еңбек сіңірген ауылшаруашылық қызметкері атағы берілді. Қызылқоға ауданының Құрметті азаматы.

МҰҚАНОВ БАҚТЫҒАЛИ



1942 жылы бұрынғы Гурьев, қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданының Миялы ауылында, колхозшы отбасында дүниеге келген. 1959 жылы орта мектепті бітірген соң, комсомолдық жолдамамен туған ауылында 1961 жылға дейін трактор айдаушы болып жұмыс істеген. 1966 жылы агроном мамандығы бойынша Қазақ ауыл шаруашылығы институтын бітірген соң, Атырау облысы, Қызылқоға ауданының Абай атындағы совхозында 1968 жылға дейін бас агроном қызметін атқарған. 1968-1970 жылдар арасында Алматы облысы, Шелек ауданы «Авангард» совхозында агроном, бас инженер-гидротехник жұмыстарын атқарған. 1971-1974 жылдары Шелек аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1974-1977 жылдары «Қызылжиде» қой совхозының партия ұйымының хатшысы, 1978-1981 жылдары Шелек аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі. 1981-1985 жылдары Шелек ауданы «Авангард» совхозының директоры. 1986-1987 жылдары Талғар аудандық атқару комитетінің төрағасы, 1988-1990 жылдары Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1990-1991 жылдары Алматы облыстық партия комитетінің инспекторы, 1991-1997 жылдары Шелек ауданы әкімінің орынбасары, қосымша Шелек аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы жұмыстарында болған. 1997-2005 жылдарда «Береке» шаруа қожалығының басшысы, 2005 жылдан Еңбекшіқазақ аудандық «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары. Алматы облысының және Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы, бірнеше ордендер мен медальдардың иегері. 1971-1990 жылдар аралығында облыстық, аудандық кеңестердің депутаты, 2007 жылдан Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының депутаты.

МҰҚАНОВ МАҚСОТ



1959 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылында дүниеге келген. Алғаш еңбек жолын 1982 жылы Қызылқоға ауданы Қаракөл селосындағы Абай атындағы совхозда аға экономист болып бастаған. 1985-1988 жылдары «Комсомол» совхозында бас экономист, 1988-1989 жылдары аудандық ауыл шаруашылығы бірлестігінде төрағаның орынбасары, 1989-1992 жылдары аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы, 1992-1994 жылдары аудан әкімдігінің экономикалық комитетінің төрағасы, аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі, 1994-1997 жылдары аудандық қаржы бақылау бөлімінің бастығы болды. 1997-2006 жылдары Қызылқоға ауданы әкімінің орынбасары, 2006-2009 жылдары аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, 2009-2012 жылдары Қызылқоға ауданы әкімінің орынбасары болып еңбек етті. М.Сайполұлы 2012 жылдың қыркүйек айынан Қызылқоға ауданының әкімі қызметін атқарып келеді. Бірнеше Құрмет грамоталармен, мерекелік медальмен марапатталған.

МҰҚАШЕВА ГҮЛЖАН



1957 жылы Атырау облысы, Мақат ауданы, Байшонас қыстағында дүниеге келген. 1964-1974 жылдары Б.Досбаева атындағы орта мектепте оқыды.1974-1980 жылдары осы мектепке аға пионер вожатый болып қызмет істеді. 1978 жылы Атырау педагогикалық институтына түсіп, оны 1984 жылы аяқтады. 1980-1986 жылдары орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 1986-1994 жылдары директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары міндетін атқарды. 1994-2005 жылдары Б.Досбаева атындағы мектептің директоры болып істеді. 2005-2007 жылдары мектеп психологы, 2007 жылдан сол мектепте директорлық қызмет атқарып келеді. Г.Алпамысқызы Мақат аудандық мәслихатының депутаты болды. "Ерен еңбегі үшін" медалімен, Құрмет грамоталармен марапатталған.

МҰҚАШЕВ ҚУАНЫШБЕК



1954 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Ленин ауылдық кеңесінде туған. 1970 жылы Алматыдағы №12 қазақ орта мектебін бітірген соң сол қаладағы №18 баспаханада жұмыс істеді. 1972-1974 жылдары Германиядағы Кеңес армиясы қатарында қызмет етті. 1974-1975 жылдары бұрын өзі жұмыс істеген баспаханада жұмысын одан әрі жалғады. 1975-1980 жылдары Мәскеудегі полиграфия институтында оқыды.Оны бітірген соң Алматыдағы орталық баспаханалардың біріне ауысым шебері, цех бастығы, бас инженер болып қызмет атқарды. 1990 жылы №1 баспахананың директоры, ал 1989 жылдан бастап ФИНЭК баспасының директоры. Қазақ жастарының алдыңғы легінде осындай күрделі мамандықты меңгерген Қуан Мұқашев басқаратын баспа ұжымы өз тұтынушыларын үнемі сапалы кітап, т.б. өнімдерімен риза етуден айнымай келеді.

МҰҚАЖАНОВ ҚОБЫЛАН



1932 жылы Гурьев облысы, Маңғыстау ауданы, Ақтөбе ауылында дүниеге келген. Бастауыш сыныпты «Ақшакөл» мектебінде, жетіжылдық білімді «Үштаған» мектебінде, орталау білімді Күйбышевте, онжылдықты Маңғыстаудағы шахта орта мектебінде алған. 1953-1955 жылдары Гурьевтегі екіжылдық мұғалімдер даярлайтын институтқа түсіп, жаратылыстану және география пәні бойынша мамандаңып шыққан.1955 – 1963 жылдар аралығында Маңғыстау ауданындағы мектептерде оқытушы болды. 1966 жылы Қызылорда педагогикалық институтын сырттай аяқтайды. 1968-1975 жылдары мектеп- интернат директоры болып істеді.

Қ. Мұқажанов - Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері. 1978 жылы Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұғалімі атағына ие болды. Оның іс- тәжірибесі республикаға таратылған. Бүкілодақтық, республикалық озат мұғалімдердің слетіне қатысқан. Медальдармен, мақтау грамоталармен марапатталған.

МҰҚАНОВ КЕНЖЕТАЙ



1949 жылы Ақтөбе облысының Ойыл ауданындағы, Ойыл ауылында дүниеге келген. 1967-1971 жылдары Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетінің орыс тілі мен әдебиеті бөлімінде оқыды. 1975-1983 жылдары Алматы зооветеринарлық институтының зооинженер факультетін бітіріп, екінші мамандық алды. 1971-1973 жылдары Ақтөбе облыстық "Білім" қоғамында референт, Ақтөбе аудандық халық ағарту бөлімінде инспектор болып істеді. 1973-1978 жылдары Ақтөбе аудандық комсомол комитетінің хатшысы, 1978-1984 жылдары Ақтөбе облыстық комсомол комитетінде сектор меңгерушісі, бөлім меңгерушісі болды. 1984-1987 жылдары Ақтөбе ауданының "Қарғалы"совхозында бөлім меңгерушісі, 1987-1997 жылдары Ақтөбе жүнді алғаш өңдеу фабрикасында шебер, партком хатшысы, бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 1997-1999 жылдары "Ерхат" ЖШС-інің бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, 1999-2001 жылы "Ақтөбезнерго" ААҚ-ының жөндеу-өндіріс базасының бастығы, 2001-2002 жылдары Ақтөбе қаласы әкімдігінде құрылыс және инженерлік кондырғылар бөлімінің бастығы болды. К.Бияшұлы 2002-2004 жылдары Ақтөбе облысының Алға ауданының әкімі лауазымында қызмет етті. 2004-2005 жылдары Ақтөбе облысы әкімдігінің сыртқы экономикалық байланыстар және инвестициялар басқармасының бастығы, 2005-2008 жылдары Ақтөбе облыстық жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен зілзалалық апаттар басқармасы бастығының орынбасары, 2008 жылдан сол басқарма бастығы қызметін атқаруды.

2012 жылдан зейнет демалысында

МҰҚАТАНОВ ТАЛҒАТ



1968 жылы Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында дүниеге келген.

1985 жылы ВЛКСМ-ның 50 жылдығы атындағы орта мектепті бітіріп, Гурьев механикалық зауытында еңбек жолын бастайды.

1986-1988 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтегеннен кейін, Гурьев қалалық халық сотына жұмысқа орналасады.

1989-1994 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университеттің заң факультетінде оқиды. 1994 жылы Атырау қалалық прокуратурасында тергеуші тәлімгері болып жұмысқа қабылданады. Мұнда тергеуші, аға тергеуші, қала прокурорының аға көмекшісі болды. 1996-1997 жылдары Атырау облыстық прокурорының аға көмекшісі, 1997-2002 жылдары Атырау қалалық сотының судьясы қызметін атқарды.2002 жылдың соңынан Атырау облыстық адвокаттар алқасының мүшесі. 2004 жылдан «Барыс» адвокаттық кеңесінің құрылтайшысы және директоры қызметін атқарудa.

IV-V шақырылған Атырау облыстық мәслихатының депутаты. Заңдылықты сақтау, депутаттық этика, құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы. ҚР «Ақжол» ХДП-ның Атырау облыстық филиалының Саяси бюро мүшесі.

Т.Базарбайұлы ҚР Бас Прокуратурасының, ҚР Жоғарғы Сотының және Қазақстан адвокаттар одағының Құрмет грамоталарымен, бірнеше салалық медальдармен марапатталған.

МҰҚТАНОВ ЖҰМАҒАЛИ



1884 жылы туылған. Тұңғыш қазақ жүргізушісі. 14 жасынан балықшы, купецтердің жалшысы. 1913 жылы Доссор кенішінде жұмыс жасаған. Кеңестердің Бүкілресейлік I, II съездерінің делегаты. Қазақстан делегациясының құрамында В.И.Ленинді жерлеуге қатысқан. 1924 жылы ҚазЦИК-тің мүшесі болып сайланған. РКП (б) XV съезінің делегаты. 1932 жылы Ресей Ішкі істер халық комиссариатының жұмысшылар бөлімін басқарған.

1951 жылы дүниеден өтті.

МҰСАБАЕВА МЕРУЕРТ



1958 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Жайылма ауылында туған. 1975 жылы Ленин атындағы орта мектепті бітірген соң Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттың география-биология факультетіне оқуға түседі. Оны 1980 жылы бітірген соң он жыл бойы Қызылорда қаласындағы №171 Ғани Мұратбаев атындағы гимназияда география пәнінен сабақ берді. Оның оқушылары облыстық, республикалық, халықаралық география олимпиадаларына қатысып, жүлделі орындарға ие болды. 1990 жылы Қызылорда педагогикалық институтына аға оқытушылыққа шақырылды. Алматыдағы Мемлекеттік университеттің аспирантурасына түсіп, 1995 жылы педагогика ғылымдарының кандидаттығын сәтті қорғады. 1991-1994 жылдары Қызылорда мемлекеттік университетінің география, биология кафедрасының меңгерушісі, 1994-1997 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетінің география және экология кафедрасының меңгерушісі, 1997-2002 жылдары М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің география, биология кафдрасының меңгерушісі, 2002 жылдан Тараз институтының оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректоры қызметін атқаруда. Меруерт Насұрлақызының 45 ғылыми еңбек, мақалалары жарық көрді. Ол көптеген халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндама жасады. Оның картография және топография курсы, Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік географиясы, өлкетану, экология, т.б. салалар бойынша оқулықтары және әдістемелік құралдары жарық көрді. М. Мұсабаева докторлық диссертациясын сәтті қорғады..

МҰРАСҚАЛИЕВ ЖӘКЕШ (ЖАНТҰРҒАН)



1933 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Ганюшкино ауылында дүниеге келген. 1952 жылы аудан орталығындағы орта мектепті бітіргеннен кейін Латвия астанасы Рига қаласындағы КСРО Қарулы күштері әскери-авиация училищесіне оқуға түседі. 1955 жылы офицерлік шен алып, Түркістан әскери округындағы авиация бөлімінде қызмет етеді. 1960 жылы бүкіл Одақ бойынша қарулы күштердің қысқартуларына байланысты әскерден босанады. Алматы қаласына келіп, Қазақ халық шаруашылығы Советі құрамындағы материалдық-техникалық жабдықтау басқармасына қатардағы инженер болып қабылданады. 1964 жылы бұрынғы құрылым негізінде жаңа жасақталған Қазақ КСР Мемлекеттік жабдықтау мекемесінің орталық аппаратына бөлім бастығы, 1969 жылы материалдық ресурстар мен баланстар мүшесі болып тағайындалды. 1981 жылдан бастап Қазақ КСР Мемлекеттік жабдықтау мекемесінің Алматы аймақтық Бас басқармасының бастығы лауазымында еңбек етіп, дербес зейнет демалысына шықты.Ж.Мұрасқалиев - ҚР еңбек сіңірген экономист. Ол "Құрмет белгісі" орденімен, 2 мәрте Қазақ КСР ЖС Құрмет грамотасымен марапатталған. Көптеген мерекелік медальдардың иегері. КСРО Мемлекеттік жабдықтау органының үздігі.

МҰРАСҚАЛИЕВА ГҮЛАЙЫМ



1961 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданында, Кобяково селосында дүниеге келген. 1978 жылдары орта мектепті бітірген. 1978 жылы Карл Маркс мектебіне аға тәлімгер болып жұмысқа орталасқан. 1986 жылы Гурьев педагогикалық институтының бастауыш сынып методикасы мен педагогикасы мамандығы бойынша сырттай оқып білім алды. 1981-2001 жылдары Панфилов атындағы мектепте бастауыш сынып және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болды.

2001 жылдан мектеп директоры қызметін атқарудa. 2007 жылы аудан бойынша «Негізгі мектептің үздік директоры» атанған.

Г.Мұрасқалиева көптеген мақтау грамоталар мен алғыс хаттардың иегері.

МҰСТАФАЕВ АЛЛАМҰРАТ



1955 жылы Түркменстан Республикасы, Ташауыз облысы, Тельман ауданының Құлабие ауылында дүниеге келген. 1962-1972 жылдары сол ауылдағы түркімен-қазақ орта мектебін бітірген. 1972-1976 жылдары колхозда трактор айдады, әскери борышын өтеген. 1976-1982 жылдары Ашхабад қаласында Калинин атындағы ауыл шаруашылық институтының механика факультетін үздік бітірген. 1982-1988 жылдары колхозда аға инженер, 1988-1997 жылдары Тельман ауданындағы «Комсомол» колхозы бастауыш партия ұйымының хатшысы, колхоз төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. А.Мақаңұлы 1997-2000 жылдары «Комсомол» колхозының төрағасы болды. 2000-2005 жылдары мектепте автомобиль пәнінің мұғалімі болып еңбек етті. 2005 жылы Маңғыстау облысының Ақтау қаласына қоныс аударды. 2005-2009 жылдары "Ақтау тұрғын-үй"МКК-да учаске бастығы болып жұмыс істеді. 2009 жылдан бері автомектепте ұстаздық етеді. 1991-2000 жылдары ауылдық, аудандық кеңестің депутаты болып сайланды.

МҰСТАФАЕВ МАҚАН



1927 жылы Түркіменстан Республикасы, Ташауыз облысы, Тельман ауданы, Құлабие ауылында дүниеге келген. 1941-1971 жылдары Тельман ауданының "Комсомол" колхозында еңбек етті, колхоз бригадирі болды. 1952-1955 жылдары Түркіменстанның Мары облысының Байрамалы қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумында колхоз бастықтарын даярлайтын бөлімін бітірген. 1965-1971 жылдары Ашхабад қаласында Калинин атындағы ауыл шаруашылық институтының агрономия факультетін тамамдаған. 1971-1981 жылдары "Комсомол" колхозының бас агрономы қызметін атқарды. 1981-1987 жылдары "Комсомол" колхозы басқармасының бастығы. 1987-1991 жылдары сол колхоздың участке бастығы болып, зейнет демалысына шықты.

М.Мұстафаев Еңбек Қызыл Ту орденімен, көптеген медальдармен марапатталған. Өзі еңбек еткен мерзімінің барлығында да түрлі кезеңдерде ауылдық, аудандық, облыстық Кеңестің депутаты болды.

2006 жылы дүние салды.

МҰСТАФИН САПАР



1937 жылы Ақмола облысының Қорғалжын ауылында дүниеге келді. 1937 жылы әкесін «халық жауы» деп ұстап әкеткенде ол бір жаста болатын. Нұғыманның інісі Мұстафа жазықсыз жаланың кесірі сәбиге тиіп кетпесін деп оны өз атына жаздырып алады.Ол Ақмоладағы Теміржол орта мектебін бітіргеннен кейін, 1954 жылы Ташкент қаласындағы Теміржол көлігі инженерлері институтына түсіп, студент атанды. Оны 1959 жылы үздік бітіріп, инженер-механик мамандығын алып шықты. Оның барлық өмірі Қазақ теміржолымен тығыз байланысты болды. Алғашқы еңбек жолын Ерейментау локомотив депосында машинистің көмекшісі болып жұмыс атқарды. 1963 жылдан 1968 жылға дейін Қазақ теміржолының Павлодар қаласындағы локомотив депосы бастығының орынбасары міндетін атқарды. Қабілетті жас маман 1968 жылы Целиноградтағы теміржол техникумының директоры болып тағайындалды. 1977 жылы Тың теміржолының құрылуына байланысты Целиноград қаласындағы оқу орындары бөлімін басқарды. Тың теміржолындағы локомотив қызметі бастығының орынбасары міндетін атқарды. 1979 жылдан 1988 жылға дейін Тың теміржолы инспекциясының бастығы болды. Ақмоладағы, Екібастұздағы жаңа үлгідегі вокзал ғимараттарының салынуына көп үлес қосты. Вокзал жүйесін толық автоматтандыруға көшіреді. Оның ұсынысымен бірқатар халықаралық поезд бағыттары ашылды. Айталық Ақмола-Берлин, Ақмола-Варшава, Ақмола-Киев секілді орын ауыстырмайтын тасымал вагондарын жүргізуге көп еңбек сіңірді. Сондай-ақ Мәскеу мен Санкт-Петербург, Орал мен Барнаул, Омбы бағытындағы фирмалық жолаушылар поездарын құрастырып, жолға қоюға көп үлес қосты. Атқарылған ұлан-ғайыр істердің басында Сапар Нұғыманұлы жүріп, «Құрметті теміржолшы» атағын алды. Тағы бір тілге тиек ете кететін мәселе 1995 жылы Президентіміз Н.Ә.Назарбаевты қолдау мақсатымен Ақмола-Алматы үгіт пойызын жүргізіп, өзі бас болып, жетекшілік етті. Ол туралы «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» кітабында арнайы тарау енгізілген. Көптеген медальдар мен марапаттауларға ие.

МҰСТАФИНА СӘБИЛА



1960 жылы Ақмола облысының Ерейментау ауданында туған. 1977 жылы Целиноград қаласындағы орта мектепті алтын медальмен бітірген. Орта мектепті бітірген соң Целиноградтағы ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетін қызыл дипломмен бітіріп, сол қаладағы шикізаттарды қайта өңдеу зауытында аға экономист болып істеді. 1983 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтының комсомол комитетінің хатшысы, 1985 жылы Совет аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1987 жылы Целиноград облыстық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып істеді. 1989-1991 жылдары жастардың жігерлі жетекшісі Сәбила Мұстафина Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің екінші хатшысы болып, абыройлы қызмет атқарды. Сәбила Сапарқызы 1991-2002 жылдар аралығында Президент әкімшілігі жанындағы республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі есептеу комитетінің бөлім меңгерушісі, әйелдер істері жөніндегі бөлімінің бастығы, ал 2002 жылдан бері Премьер-министр кеңсесі секретариатының меңгерушісі. Қазір Астана қаласы әкімінің орынбасары болып істеді. Соңғы жылдары Астананың Сарыарқа ауданының әкімі болды. Қазіп Есіл ауданының әкімі қызметінде.

МҰХАМЕДЖАНОВ АХМЕТ



1942 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданының Қарабура ауылында дүниеге келген. 1958-1962 жылдары Мақтаралдағы ауыл шаруашылық техникумында оқиды. 1962-1972 жылдары Абай жүк тасымалдау кәсіпорнында дәнекерлеуші, механик, гараж меңгерушісі, 1972-1979 жылдары кәсіпорынның директорлығы қызметін атқарды. 1983 жылы Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтын сырттай бітірді. 1979-1985 жылдары Келес аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, бірінші орынбасары, 1984-1985 жылдары Ғани Мұратбаев атындағы мақта совхозының директоры болды. 1989 жылы Келес аудандық атқару комитетінің төрғасы болды.1992-1997 жылдары Қазақстанның 40 жылдығы атындағы жүзім-жидек совхозының директоры, «Ақ жол» өндірістік кооперативінің төрағасы болып сайланады. 1997-1998 жылдары Сарыағаш аудандық су шаруашылығы жүйесі басқармасының бастығы, 1998-2008 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасының мемлекеттік инспекторы.

Бірнеше дүркін аудандық және облыстық кеңестердің депутаты болып сайланды. Бірнеше медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған. Сарыағаш ауданының Құрметті азаматы.

МҰХАМЕДИЯРОВ ҚАДЕН



1916 жылы Батыс Қазақстан облысы, осы күнгі Бөкей Ордасы ауданында дүниеге келген.1928 жылы белгілі қазақ дәрігері, атақты Мәншүк Мәметованы асырап алған әкесі, отыз жетінші жылы жалған жаланың құрбаны болған Ахмет Мәметов Қаденді байдың малын бағып жалшы болып жүрген жерінен Алматыға алып кетіп, жұмысшылар факультетіне (рабфак) түсіреді. Оқуын бітірген соң мұғалім болып қызмет істеді. 1939 жылы арнайы жолдамамен Гурьев облысының Индер ауданына келіп мұғалімдік еңбек жолын бастайды. 1940 жылы Гори жетіжылдық мектебіне директор болып ауысады. 1941 "Қызылжар" орта мектебінде, 1946 жылы Елтай атындағы орта мектепте, 1951 жылы Гребенщик жетіжылдық мектебінде, 1953 жылы Толыбай жетіжылдық мектебінде директор болып қызмет атқарады. 1957-1978 жылдары Елтай атындағы орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі болды. 1958 жылы бір жылдай Елтайдағы пансионның меңгерушісі болып істеді.Қ.Мұхамедияров ҚКСР халық ағарту ісінің қызметкері. Бірнеше медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған.

1999 жылы дүние салды.

МҰХАМБЕТОВ ҚАБДЫРАХМАН



1914 жылы Қызылқоға ауданында туылған. Доссор, Құлсары, Қосшағыл кәсіпшіліктерінде жүргізуші (1937-1950), ұңғыларды күрделі жөндеу басқармасында жүргізуші (1950-1974 жж.) болды. Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері.

2000 жылы дүние салды.

МҰХАМБЕТОВ МАННАП



1956 жылы Астрахань облысы, Красноярь ауданы, Байбек ауылында дүниеге келген. 1971-1975 жылдары Астрахань медициналық училищесінде оқыды. 1975-1978 жылдары Астрахань облысында фельдшер болды. 1978-1984 жылдары Луначарский атындағы медицина институтында оқып, бір жыл бойы Челябинск қаласындағы 3-клиникада хирургия бойынша интернатурадан өтті. 1985-1986 жылдары Златоуст қаласында еңбек етті. 1986-2000 жылдары Орал облыстық орталық ауруханасында ЛОР бөлімінде аға ординатор болып жұмыс жасады. 2000-2004 жылдары Орал қаласындағы «Талап» АҚ-ның хирургия бөлімінің ординаторы болды.

Қазір Атырау облыстық ауруханасында ЛОР бөлімінің меңгерушісі.

М.Айбатұлы көптеген салалық Құрмет грамоталарының иегері.

МҰСІЛІМОВА АИДА



1939 жылы туған. Қазақтың тұңғыш шахматшы қызы. Шахматтан КСРО спорт шебері (1965). Мүсілімова 1956 жылы мектеп оқушыларының республикалық спартакиадасында чемпион атағын алды. Қазақ мемлекеттік университетін бітірді (1962). 1958 жылы Мүсілімова Қазақстан әйелдері арасында чемпион атанды, кейін бұл атаққа 10 рет (6 рет жекелей, 4 рет командалық) ие болды. КСРО чемпионатының жартылай финалдық жарысының жеңімпазы атанып, филиалда жетінші (1968), төртінші (1969) орындарға шықты. Кейінгі жылдары ол Алматыдағы Балалар спорт мектебінде жаттықтырушы болып істеді.

МЫҚТЫБАЕВ ТАЛҒАТ



1965 жылы Шымкент қаласында туылған. 1983 жылы Мұхтар Әуезов атындағы орта мектепті алтын медальмен бітіріп, Шымкенттегі Қазақ технологиялық институтының «Азаматтық және өнеркәсіптік құрылыс» факультетіне түседі. Оны 1988 жылы қызыл дипломға бітірді. 1991 жылы Мәскеудегі Құрылыс университетінің аспирантурасына түсіп, 1995 жылы техника ғылымдарының кандидаттығын қорғап шықты. Қазіргі кезде Мәскеудің Мемлекеттік құрылыс университетінде және Бүкілресейлік салық қызметі академиясында жұмыс істеп жүр.

МЫРЗАҒАЛИЕВ СӘРСЕНҒАЛИ



1909 жылы Қызылқоға ауданында туылған. Бұрғышы. Ембінің ардагері. Гурьев мұнай техникумы жанындағы шеберлер курсын бітірген. 1933 жылы Мақат мұнай кенінде бұрғышы, мұнай өңдеу операторы, шебері. 1964 жылы зейнеткерлікке шыққан. Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденлерімен және медальдармен ұлықталған.

МЫРЗАҒАЛИЕВ ОРЫНҒАЛИ



1930 жылы Атырау қаласы маңындағы Қайыршақты ауылында туған. 1949 жылы Гурьев қаласындағы Жамбыл мектебін күміс медальмен бітірген. Сол жылы Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтына түсіп, инженер-электрик мамандығын алады. Институтты бітірген соң әр салада қызметтер атқарған. Соңғы 30 жылда «ЕмбіМұнайГаз» бірлестігінде аға инженер, бөлім бастығы сияқты жауапты жұмыстарда еңбек еткен. 1993 жылы құрметті демалысқа шыққан. Ұзақ жылғы еңбегі үшін көптеген марапаттарға ие болған. Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатын алған.

МЫРЗАҒАЛИҰЛЫ НҰРИДДИН



1932 жылы Түркменстанның Мары облысындағы Имамбаба деген жерде дүниеге келген. Арнаулы орта білімі бар. Арабша дін оқуын өз әкесінен толық оқыған. Өз әкесі Мырзағали Гурьев облысының Қызылқоға ауданында туып, ислам дінін Өзбекстанның Хиуа облысында оқып, толық меңгерген. 1904 жылдан 1929 жылға дейін Тайсойған деген жерде мешіт салдырып, бала оқытқан. Қарт әкесі Жанас Қызылқоғаның Сағыз өңіріндегі Көкмешітте адай Ғабдолла хазіретке қол беріп, сопы болып, үлкен тақуа, инабатты кісі болған. Бұл кісі 1914 жылы Меккеге қажылыққа барып, қажылық парызын өтеген соң үш күннен соң дүние салған. Мекке қаласында жерленген. Нұриддин Мырзағалиұлы үлкен дін иесі, оқыған, жан-жақты сауатты, ұлағатты азамат. Бұл кісінің иманжүзділігі, дінге деген көзқарасы, адамдар мен дін жөнінде уағыз, насихат айтып, көпшілікпен тіл табыса білуінің бәрі үйлесіп тұрады. Исламды дұрыс түсіндіріп, шариғатты халыққа дұрыс айтып, адам баласын жақсылыққа, имандылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу бағытында талмай жұмыс істеп. Нұриддин Мырзағалиұлы екі мәрте Мақат аудандық мәслихатының депутаты болып сайланды. 1990-2000 жылдары Доссордағы мешіттің имамы болды.

Н.Мырзағалиұлы – шежіре жасау ісіне белсене атсалысқан азамат.

МЫРЗАНОВ ТІЛЕУ



1942 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданында Калинин атындағы колхозда дүниеге келген. 1959 жылы Ленин атындағы орта мектепті бітіріп, 1963 жылдарға дейін туған ауылында құрылысшы болды. 1963 жылы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, 1967 жылы заң қызметкері мамандығын алды. 1967-1968 жылдары Талас аудандық прокуратурасында тергеуші болып қызмет етті. 1969-1992 жылдары Жамбыл облыстық Қауіпсіздік комитетінде жауапты қызметтер атқарды. Подполковник. Жауапты, әскери тапсырмаларды табысты орындағаны үшін әскери марапаттауларға ие болған.

МЫСАҒАЛИЕВ ҚАНАТ



1968 жылы Орал қаласында дүниеге келген. 1975-1985 жылдары Орал қаласындағы мектеп-интернатта, екінші сыныптан бастап Қызылқоға ауданындағы «Қарабау» мектебінде оқыған. 1985-1992 жылдары Атырау мемлекеттік педагогика институтының физика-математика факультетінде оқып, оқу аралығында, яғни 1986-1988 жылдары әскер қатарында борышын өтеді. Институт бітірген соң Қызылқоға ауданының Тайсойған ауылындағы Ғ.Сланов атындағы қазақ орта мектебінде, кейіннен Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданында ұстаздық қызметін жалғастырды.1998-2001 жылдары Атырау облыстық көші-қон және демография басқарамасында жетекші маман, бас маман, оралмандардың бейімдеу бекетінің директоры қызметтерін атқарды. 2002-2008 жылдары Атыраудағы құнды қағаздар рыногындағы "Экспресс" ЖШС филиалының бас маманы, филиал жетекшісі болды.

Қ.Қайратұлы 2008-2010 жылдары Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының мұнай және газ ісі факультетінде оқыды. 2009 жылы "Досфинанс" ЖШС-інің Атырау қаласындағы филиалының директоры қызметін атқарды. 2010 жылдан бергі аралықта Қашаған мұнай кені орнында, автобаза, өндірістік базада, техникалық байқау өткізу орнында менеджерлік қызметте.

МЫСЫҚБАЕВ САҒАДІЛДА



1936 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Калинин атындағы колхозда дүниеге келген. 1955-1961 жылдары Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтта оқыды. Еңбек жолын Жаңатас қаласындағы Бүркітті сегіз жылдық мектебінде бастады. 1963-1965 жылдары Сәтбаев атындағы орта мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1965-1971 жылдары М.Әуезов атындағы орта мектептің, кешкі жастар мектебінің директоры болып істеді. 1971-1981 жылдары Жаңатас қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі, 1981-1985 жылдары М.Әуезов атындағы орта мектеп директоры болып еңбек етті. Соңғы жылдарына дейін ұстаздық қызметінен қол үзбей, жемісті еңбек етті. Оқу ісінің үздігі. Көптеген марапаттауларға ие болған.

1994 жылы қайтыс болды.

МЫСЫҚБАЕВ САПАН



1932 жылы Сарысу ауданы, Ленин ауылдық кеңесіне қарасты, Калинин атындағы колхозда дүниеге келген. 1947 жылы Ленин атындағы орта мектептің 7 класын бітіріп,

Байқадамдағы Каганович орта мектебінде оқуын жалғастырды. Мектеп бітірген соң 1950-1953 жыл аралығында Сарысу аудандық прокуратурасының хатшысы болып істеді. 1953-1957 жылдары Алматыдағы Абай атындағы мұғалімдер дайындайтын институтының химия-биология факультетінде оқыды. 1957-1965 жылдары Байқадам қазақ орта мектебінде мұғалім, кейін оқу-тәрбие жөніндегі директордың орынбасары қызметін атқарды. 1967-1972 жылдары Сарысу аудандық партия комитетінде нұсқаушы, партия кабиентінің меңгерушісі, 1972-1986 жылдары Қамқалы совхозында партия комитетінің секретары болып жұмыс атқарды. 1986-1997 жылдары "Сарысу" совхозында кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін атқарды. С.мысықбаев аудандық партия комитетінің бірнеше рет Пленум мүшелігі, бірнеше рет ауылдық кеңестің депутаттығына сайланды.

Бір медальмен, мақтау грамталармен марапатталған.

МЫСЫҚБАЕВ ТАЛҒАТ



1959 жылы Жамбыл облысы, Байқадам ауылында туылған. 1976 жылы Жаңатас қаласындағы М.Әуезов атындағы орта мектепті бітірген соң, Алматы зооветеринарлық институтының ветеринария факультетіне түсті. 1981 жылы аталған институтты мал дәрігері мамандығы бойынша бітірді. Еңбек жолын 1981 жылы "Шығанақ" совхозында мал дәрігері болып бастады.1983-1988 жылдары аудандық комсомол комитетінде бөлім меңгерушісі, екінші хатшы болып қызмет атқарды. 1988-1992 жылдары аудандық, облыстық партия комитеттерінде нұсқаушы болды. 1992-1998 жылдары «Қамқалы» совхозында бас мал дәрігері. Т.Сапанұлы 1998-2001 жылдары Жамбыл ауданы «Юнчи» өндірістіік кооперативінде мал дәрігері, 2001-2003 жылдары Байзақ ауданы әкімдігі аппаратында бас маман, 2003 жылдан бері Байзақ ауданы Түймекент ауылында әкім болды. Қазір әкімнің орынбасары қызметін атқаруда.

МЫРЗАҒАЛИЕВ ӨТЕМІС

1956 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Сайқын ауылында дүниеге келген. 1979 жылы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтын, 1991 жылы РСФСР КП ОК-нің Ресей әлеуметтік саяси қатынастар институтын, 2002 жылы Менеджмент және маркетинг институтының Атырау филиалын бітірген. 1979-1989 жылдары Орда, Темір



Масин атындағы кеңшарларында зоотехник, аға зоотехник, бөлімше меңгерушісі болып еңбек етті. 1991-1992 жылдары Орда аудандық халық депутаттары кеңесінде, 1992-1996 жылдары Орда ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадр жұмысы бөлімінің меңгерушісі болды. 1997-1999 жылдары Орда аудандық ауыл шаруашылық бөлімінің бастығы, 1999-2000 жылдары Орда ауданы әкімінің орынбасары. 2000-2002 жылдары Атырау мемлекеттік мүлік аумақтық комитетінің бөлім меңгерушісі, 2002-2003 жылдары БҚО әкімі аппаратының ұйымдастыру – бақылау жұмыстары бөлімінің бас инспекторы қызметтерін атқарды. Ө.Уәлиұлы 2003-2008 жылдары Бөкей Ордасы ауданының әкімі, 2008 жылдан бастап Таскала ауданының әкімі қызметін абыройлы атқарды. Жайсаң мінезді, іскер азамат 2011 жылы күзде жол апатынан қайғылы қазаға ұшырады.

МЫРЗАҒАЛИЕВ УӘЛИ



1916 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Жиекқұм ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын колхозшы болып бастаған. 1934-1938 жылдары «Қосшы» колхозында есепші, 1938-1942 жылдарда Жиекқұм ауылдық кеңесінде хатшылық қызмет атқарған. 1943-1945 жылдары «Алғабас» колхозының басқарма төрағасы, 1945-1947 жылдары Орда аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1947-1949 жылдары Карл Маркс колхозында бастауыш партия ұйымының хатшысы, 1949-1950 жылдары Стаханов атындағы колхозда төраға, 1950-1953 жылдары Азғыр ауылдық кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. 1953-1954 жылдары Орал ауыл шаруашылық мектебінде оқыды. 1954-1957 жылдары Лабай ауылдық кеңесінде төраға, 1957-1959 жылдары Азғыр ауылдық кеңесінде төраға болды. 1959-1960 жылдары «Балқұдық» совхозында ферма меңгерушісі, 1960-1964 жылдары «Балқұдық» совхозы директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары, 1964-1970 жылдары «Орда» совхозында ферма меңгерушісі, 1970-1972 жылдары Орда аудандық кеңесінің төрағасы, 1972-1978 жылдары «Орда» совхозында еңбек етті. У.Мырзағлиев еңбек еткен жылдарында ел экономикасының, ауыл шаруашылығының өркендеуіне елеулі үлес қосты. Ол бірнеше медальдармен, облыстық, аудандық кеңестің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

1989 жылы дүниеден озды.

НАЗЫМОВ МҰСА



1915 жылы Атырау облысында туған. Ұлы Отан соғысының ардагері. Жоғарғы партия мектебін бітірген (1956ж.). 1931 жылдан «Ембімұнай» тресі механикалық шеберханасының электрмен дәнекерлеушісі, осы трестеде еңбекті қорғау бойынша аға инженер, Қазақстан облыстық партия комитетінің нұсқаушысы. Жылыой аудандық атқару комитетінің төрағасы, Құлсары іріленділірілген мұнай кәсіпшілігі директорының орынбасары. Қызыл Жұлдыз, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

1987 жылы қайтыс болды.

НАЗАРОВА СҰЛУШАШ



1971 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданында дүниеге келді. 1988 жылы орта мектепті бітіріп, Атырау қаласындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне түсті, оны 1993 жылы бітіріп, өзі бітірген №2 мектепке жұмысқа орналасты. 1997 – 2003 жылдар арасында мектеп оқу ісін меңгерушісі болып қызмет атқарды. 2009 жылдан бастап мектеп директоры болып еңбек етеді. С.Бисенбайқызы көптеген салалық марапаттардың иегері.

НАЗАРОВ ТАУБАЙ

1920 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсойған елді мекенінде туған. Ұлы Отан соғысына қатысқан соғыс ардагері. 1950 жылы Доссор



мұнай кенішінде жерасты жабдықтарын жөндеу бригадасында оператор қызметін атқарған. 2- дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, 12 жауынгерлік, мерекелік медальдармен, жарыс озатының көптеген төсбелгілерімен ұлықталған.

2001 жылы дүние салды

НАЗАРОВ ОРАЗ



1936 жылы Атырау қаласында дүниеге келді.

1945-1955 жылдары Орджоникидзе қазақ орта мектебінде оқыды. 1955-58 жылдары Кеңес Армиясында әскери борышын өтеді.1959-65 жылдары Ақтөбеде мединститутта оқып, дәрігерлік мамандық алды. 1965-1968 жылдары облыстық ауруханада Ақтөбеде борт-терапевт болып істеді. Содан кейін 1968-70 жылдары терапевт бөлімінің меңгерушісі болды.1975 жылы облыстық аурухана бас дәрігерінің емдеу жөніндегі бірінші орынбасары болып қызмет атқарды. 1976-1999 жылдары бас дәрігердің емхана істері жөніндегі орынбасары болып еңбек етті. 1996 жылы зейнет демалысына шыққан соң да үш жыл бойы қызмет істеді.

Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген дәрігері. Бірнеше медальдар мен салалық Құрмет грамоталарын иеленген.

НАЗЫМОВ ИСА



1925 жылы Гурьев облысының Доссор қыстағында дүниеге келген. Еңбек жолын Доссорда есепшілік қызметтен бастайды. 1944-1946 жылдары Мақат аудандық әскери комиссариатында іс жүргізуші, 1946-1947 жылдары Қошқарда, Доссорда комсомол ұйымының жетекшісі қызметін атқарады. 1947-1951 жылдары Гурьевтегі мұнай техникумында оқиды. 1951-1955 жылдары Құлсарыдағы мұнай өндіру цехында техник-геолог, цех бастығының орынбасары болды.1961 жылы Мәскеудегі Губкин атындағы мұнай-химия және газ өндірісі институтын бітіреді.1955-1956 жылдары Жылықосын аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары лауазымында қызмет атқарады.1959-1962 жылдары Гурьев гидрогеологиялық партиясының бастығы, 1962-1965 жылдары Өзен мұнай барлау мекемесінде аға инженер, цех бастығы болады. 1965-1968 жылдары Теңге бұрғылау цехының бастығы, 1970-1979 жылдары "Өзенмұнай" мекемесінде ауысым бастығы, 1979-1989 жылдары "Мангышлак- нефтепромның" Өзен бөлімшесінде скважиналар жөндеу шебері, аға геолог, 1989-1992 жылдары Өзен цехында оператор болып жұмыс істеді. 1989 жылы зейнет демалысқа шықты. Бірнеше медальдармен, салалық Құрмет грамоталарымен марапатталған.

1994 жылы қайтыс болды.

НАҚПАЕВ ЖҰМАШ



1929 жылы Мақат кентінде туылған. Журналист, партия, кеңес қызметкері. ҚазМУ-ді, Мәскеу Жоғары партия мектебін бітірген. 1953 жылы облыстық «Социалистік құрылыс» («Атырау») газетінің бөлім меңгерушісі. 1956 жылы Қызылқоға аупарткомының бөлім меңгерушісі. 1961 жылы Қызылқоға аупарткомының хатшысы, екінші хатшысы. 1977 жылы Мақат ауаткомы төрағасының орынбасары. Одан кейін кеңес, кәсіподақ, шаруашылық жұмыста болды. 1989 жылы республикалық дәрежедегі зейнеткер. «Құрмет белгісі» орденімен, екі медальмен марапатталған. Белгілі қаламгер. «Тұрлан. Дақпырт пен дәйектер», «Ұлағатты ұрпақ», «Құрандағы пайғамбарлар туралы әңгімелер» кітаптарының авторы. Шығармалары «Кел , Мақатқа», «Алтын бұлақ» жинақтарына енді. «Өкініш» әңгімесі республикалық байқауда екінші орынды иеленді.

2012 жылы қайтыс болды.

НАҚПАЕВ ОРЫН

1915 жылы Атырау облысының, Қызылқоға ауданында туылған. Қазақтан шыққан тұңғыш электрмен дәнекерлеушілердің бірі. Каспий-Орск мұнай құбырының құрылысына қатысқан. 1936 жылы мұнай өнеркәсібі министрлігінің «Мамандырылған құрылыс тресінде» электрмен дәнекерлеуші, құрылыс-монтаж кеңсесінде инженер, бастық. 1964 жылы Доссор, Құлсары және Мақат мұнай кәсіпшілігінде (кейін баскарма) бастықтың орынбасары қызметін атқарған. 1980 жылы дербес зейнеткер. «Құрмет белгісі» орденін, медальдарды және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын еншілеген.

1984 жылы дүниеден озды.

НАҚБАЕВ СӘЛІМЖАН



1966 жылы Гурьев облысының Қызылқоға ауданындағы Миялы ауылында дүниеге келген.1991 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын сырттай оқып бітіріп, экономист мамандығын алған.Еңбек жолын 1983 жылы Мақатта технологиялық компрессор машинасын жүргізуші болып бастаған. Әскер қатарында болған. 1989-1992 жылдары Мақат аудандық жоспарлау бөлімінде маман, аудандық атқару комитетінде аға экономист болып істеді. 1992-1995 жылдары "Мақсат" МР-ысында төраға болды. С.Жұмашұлы 1995-2000 жылдары Мақат ауданы әкімінің орынбасары, 2000-2003 жылы Мақат ауданының әкімі, 2003-2005 жылдары Атырау облысы әкімінің аппарат жетекшісі, 2005-2006 жылдары Жылыой ауданының әкімі, 2006 жылдары Атырау облысы әкімінің орынбасары, Атырау қаласының әкімі лауазымында қызмет атқарды. Біраз уақыт мұнай өндірісі саласында еңбек етті. 2013 жылдан Атырау облысы әкімінің орынбасары қызметін атқаруда.

НАЛАЕВ КЕҢЕС



1938 жылы Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Шұбаркөл ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін Ташкент қаласындағы ауыл шаруашылығын механизациялау, суландыру факультетін 1961 жылы ойдағыдай аяқтайды. К.Сағынұлы еңбек жолын 1961 жылы Қостанай облысының су шаруашылығы басқармасының инженері болып бастады. 1961-1967 жылдар аралығында отряд бастығы, "Казгипроводэлектро" жобалау – іздестіру тобының инженері, бас инженері, 1967-1974 жылдары "Кустанайводстрой" тресінің ПМК-сының бас инженері, бастығы қызметтерін атқарды. 1979-1983 жылдары Көкшетау қалалық атқару комитетінің төрағасы, 1983-1992 жылы Көкшетау облыстық атқару комитетінің бірінші орынбасары, 1992-1993 жылдары Көкшетау облыстық әкімшілігі басшысының орынбасары болып істеді. 1992-1993 жылдары ҚР Су ресурстары жөніндегі Мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші орынбасары лауазымында қызмет атқарды. 1994 жылдан кәсіпкерлікпен айналысты. Қазір құрметті еңбек демалысында.

Еңбек Қызыл Ту орденімен, екі рет "Құрмет белгісі" орденімен, көптеген медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Советінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Көкшетау қаласының Құрметті азаматы.

НАРОВ САҒИДОЛЛА



1923 жылы Қызылқоға ауданы, №13 ауылда дүниеге келген. Техник-мұнайшы. Гурьев мұнай техникумын бітірген (1963). Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1941 жылы Байшонас мұнай кәсіпшілігінде мұнай өңдеу шебері, қауіпсіздік техникасы қызметінің инженері. 1950 жылы Мұнайлы мұнай кенінде қауіпсіздік техникасы қызметінің инженері. Каратон терең бұрғылау бастығының орынбасары. Каратон мұнай кенінің шебері. 1960 жылы Тентексор мұнай өңдеу бөлімшесінің бастығы. Ескене, Байшонас мұнай кенінде мұнай өңдеу шебері, техника қауіпсіздігі қызметінің инженері, технологиялық қызмет бастығы. 1980 жылы зейнеткер. II дәрежелі Отан соғысы орденімен және тоғыз мерекелік, жауынгерлік медальдармен мадақталған.

НАРМҰХАМЕДОВ СЕРІКБАЙ



1962 жылы Ташкент облысының Бөке ауданында туылған. 1969 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Бөген ауданындағы «Көкарал» совхозындағы мектептің 1-класына оқуға барады. Ол «Төртқөл» орта мектебін бітірген. 1979 жылы ауылда механизатор болып еңбек жолын бастайды.1980-1985 жылдары Жезқазған педагогика институтында оқып, физика-математика факультетін бітіреді. 1985 жылы Бөген ауданының «Спутник» орта мектебіне мұғалім болып қабылданады. Бір жылдан соң «Көкарал» совхозында өзі оқыған Ленин мектебіне мұғалім болып ауысады. Ол 1999 жылдан бері мектеп директорының орынбасары болып болып жемісті қызмет етіп келеді.

НАСИМУЛЛИН МҰРАТ



1924 жылы Батыс Қазақстан облысы, Бөкей Ордасы ауданы, Бисен ауылдық округінің Жетібай ауылында дүниеге келген. Осы ауылдағы мектепте білім алған.1941-1942 жылдары Орал қаласындағы педагогикалық курсті бітірісімен 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. "Қызыл жұлдыз", 1 дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденділерімен, көптеген жауынгерлік медальдармен, Бас Қолбасшының Алғыс хатымен марапатталған.1946-1952 жылдары Орда аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарды. 1952-1956 жылдары Алматы қаласындағы Жоғары партия мектебінде, Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде оқыды. 1956-1957 жылдары "Сайқын" совхозында партия комитетінің хатшысы, 1957-1972 жылдары М.Мәметова атындағы совхоздың директоры болып қызмет атқарды.1972-1978 жылдары Орда аудандық атқару комитетінің төрағасы. 1978-1984 жылдары Ақжайық аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған. Қызмет істеген жылдарында бірнеше рет Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің мүшесі, халық депутаттары облыстық Кеңесінің және аудандық Кеңестердің депутаты болып сайланған.Одақтық дәрежедегі зейнеткер болды.Оның «Нарын құмында биязы жүнді қой өсіру» туралы ғылыми еңбегі жарияланған. Халық шаруашылығын өркендетудегі зор еңбегі үшін екі рет Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденділерімен марапатталған.1974,1985 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.Қазіргі уақытта Бөкей Ордасы ауданының орталығы Сайқын ауылында көше аты бар. Оған ауданның Құрметті азаматы атағы берілген.М.Насимоллаұлы жұмыс істеген мекеменің ғимаратына ескерткіш тақта ілінген. Насимуллин Мұрат туралы аудандық, облыстық басылымдарда оның еңбектері мен шешендік өнері туралы көптеп жазылып жүр. Оның өмірі, суреті «Алаштың ардагер азаматтары» кітабына және Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясына енгізілген. Ұрпақтарына айтқан сөзі: «Білгенге бұлды, білмегенге құнсыз».

«Жігерленгің келсе, өткендегі ата-тегіңді біліп, ілгері ұмтылып өрле, жігерсіз, жетесіз болсаң, сенен үміт те жоқ». 1994 жылы қайтыс болды.

НАСЫРОВ ҒАНИЯТ



1951 жылы Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданы, Жетібай ауылында дүниеге келген. 1980 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген.

Ғ. Хайдарұлы еңбек жолын Алматы қалалық ішкі істер бөлімінде тергеуші болып бастаған. Кейін Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің аға тергеушісі, тергеу басқармасының бастығы, Республика Жоғарғы Сотының бөлім меңгерушісі, Жоғарғы Сот Төрағасының кеңесшісі болған. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің консультанты, бас консультанты, Сенат депутатының көмекшісі болып қызмет атқарған. Отставкадағы милиция полковнигі. Заң ғылымдарының кандидаты.

НАУШИЕВ ЕСҚАЙЫР



1919 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауылында туылған. Мұнайшы. Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1946 жылы іріленділірілен Сағыз мұнай кәсіпшілігінде, «Мақатмұнай» базасында операторы болып жасаған. 1974 жылы зейнеткер. Бірнеше жауынгерлік медальдармен, грамоталармен дәріптелген.

1993 жылы дүние салды.

НАУШИЕВ ТАҢБАЙ



1946 жылы Қошкар кентінде туылған. Инженер-механик. Гурьев политехникумын (1970) , Мәскеу мұнай институтын (1975) бітірген. 1961 жылы Қошкар мұнай кенінде, Мақаттағы №136 құрылыс-құрастыру поезында жұмысшы, жүргізуші болып істеген. 1970 жылы КСРО Газ өнеркәсібі министрлігі жүйесінде жұмыс істеген. 1975 жылы Мақат желілік-өндірістік базасында машинист,, ауысым инженері, аға инженер, компрессор цехының бастығы. 1980 жылы Жаңаөзен желілік-өндірістік базасының, 1981 жылы Құлсары желілік-өндірістік базасының бас инженері, бастығы. 1992 жылы «Интергаз-Орта Азия» ЖАҚ бас директорының орынбасары, директоры. 1995 жылы «Қазақгаз» ұлттық холдинг компаниясының президенті, 2001 жылы «Мұнай мен газ тасымалы» ЖАҚ бас директорының кеңесшісі қызметтерін атқарады. «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған.

Т.Есенәліұлы – техника ғылымдарының кандидаты, 20-ға жуық ғылыми- техникалық еңбектердің авторы.

НӘБИЕВ ҚҰСАЙЫН

1937 жылы Атырау облысы, Индер ауданындағы Өрлік ауыл әкімшілігіне қарасты Қарағаш деген жерде дүниеге келген. 1954 жылы қазіргі Есбол ауылындағы Жамбыл орта мектебінде жетіжылдық мектепті аяқтаған. Орталау мектептен соң ауылында үш жылдай мал бордақылау мекемесінде жұмыс істейді. 1958-1961 жылдары әскери борышын өтеді. 1962-2000 жылға дейін Индер аудандық өндірістік-техникалық қамтамсыз ету кәсіпорнының мотор жөндеушісі болды. 1974 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Қ.Нәбиев медальдармен, Құрмет грамоталармен, Құрмет төсбелгілермен марапатталған.

НӘБИДУЛЛАЕВ СӘРСЕКЕЙ



1955 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Көрдуан ауылында дүниеге келген. 1962-1972 жылдары Шортанбай орта мектебінде оқиды. 1973-1974 жылдары Орал қаласында құрылыс техникумында оқыған. 1974-1976 жылдары әскер қатарында болды. 1977-1983 жылдар аралығында "Көптоғай" совхозында жүргізуші болып еңбек етті. 1981-1983 жылдары Гурьев ауыл шаруашылық техникумын, Атырау инженерлік-гуманитарлық институтын бітірген. 1983-1991 жылдарға дейін совхозда гараж меңгерушісі, 1991-1992 жылдары "Бірлік" ЖШС-де директор, 1993-1995 жылдары "Көптоғай" ұжымдық шаруашылығында төраға орынбасары, бас инженер, 1995-2000 жылдары "Көптоғай" ұжымдық шаруашылығында төраға орынбасары, бас инженер, 1995-2000 жылдары "Көптоғай" ЖШС – де төраға қызметін атқарған. 2000-2002 жылдары "Каспий-Балық" ӨК-нің бас инженері, 2002-2005 жылдары Шортанбай балық зауытында цех бастығы, 2005-2006 жылдары "Казтрансойл", "Қиғаш" ЖӨДС мекемесінде қондырғыларды жөндеу механигі қызметін атқарды.

НАРЕГЕЕВ БЕКБОЛАТ



1950 жылы Атырау облысының Мақат стансасында туған. Мектеп бітіргеннен кейін Гурьев темір жолында монтер болып еңбек етті. 1967-1970 жылдары Алматы темір жол техникумында, 1971-1976 жылы Ташкент темір жол институтында оқып, жол қатынастары инженері мамандығын алып шықты. Жоғары оқу орнына дейін Мақат станциясында аға электромеханик болып еңбек етті. 1976-1986 жылдар аралығында Мақат стансасында электр механигі, аға электр механигі, Гурьев жоларалығы байланысы және сигнализация бөлімшесі бастығының орынбасары, бастығы, Гурьев жоларалығы байланысының бастығы қызметтерін атқарды. 1990-1993 жылдары Қазақ мемлекеттік басқару академиясында оқып, экономист мамандығын алды. 1998 жылы Санкт-Петербург транспорт университетінде экономика ғылымының кандидаттығын қорғаған. 1986-1993 жылдары Гурьев жол бөлімі бастығының орынбасары, бас инженері болды. 1993-1995 жылдары Атырау қаласының әкімі.1995-1998 жылдары Батыс Қазақстан жолы бастығының орынбасары, бас инженер, 1998-2000 жылдары "НК" "КТЖ" АҚ Атырау тасымалдау бөлімінің бастығы, 2000-2002 "Каспий- Атырау " ЖШС-інің директоры, 2002-2003 жылдары "Ремонтник" ЖШС-інің коммерциялық директоры, 2003-2010 жылдары ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің көлік және қатынас жолдары комитеті төрағасының орынбасары, 2010 жылдан бері "ҚТЖ" ҰҚ" АҚ-ының қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің бес ревизоры қызметін атқарды.

Б.Қойжанұлы КСРО ҚЖМ және ҚР ҚЖМК-нің Құрметті теміржолшысы, Мақат ауданының және АҚШ-тың Аризона штатындағы Туссон қаласының Құрметті азаматы.

НӘУКИЕВ ӨТЕГЕН



1953 жылы Доссор кентінде туылған. Журналист. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. ҚазМУ-ды (1981), Алматы Жоғары партия мектебін (1989) бітірген. Еңбек жолын Доссор мұнай кәсіпшілігінде жұмысшы болып бастаған. Аудандық «Мұнайшы» газетінде әдеби қызметкер, облыстық телевизия және радиохабарларын тарату жөніндегі комитеттің редакторы, аға редакторы. Балықшы аудандық «Каспий таңы» газеті редакторының орынбасары, Балықшы аудан әкімшілігінің аппарат жетекшісі, облыс әкімінің баспасөз хатшысы болған. 2000 жылы облыстық «Атырау» газеті бас редакторының орынбасары, 2002 ж. "Атырау-Ақпарат" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық-мемлекеттік кәсіпорын директорының орынбасары.

НИЯЗОВ АҚДОМБАЙ



1957 жылы Гурьев облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласында дүниеге келген. 1974 жылы Маңғыстау мұнай барлау – бұрғылау басқармасында моторист болып орналасты. 1998 жылы Қазмұнай тасымалдау құбырлары басқармасында операторлық қызмет атқарып келеді. Ел азаматы. Шеркеш шежіресін жасауға бар күш-жігерін жұмсап жүрген азамат. Дүркін-дүркін телевидения, газеттер арқылы хабарламалар жіберіп, ұрпақ бірлігі мен бауырмашылығын паш ете білді.

НИЕТҚАЛИЕВ ЕРДЕНБЕК



1914 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы, Қамысты ауылында дүниеге келген. 1945 жылы Германияда ерлікпен қаза тапты. Кеңес Одағының Батыры (23.3.1945). 1936 жылы Алматы малдәрігерлік институтын бітіріп, соғысқа дейін Қызылорда облысында жұмыс істеген. Ұлы Отан соғысында, 12- гвардиялық атты әскерлер полкінің құрамында эскадрон командирі болды. Майдан жолымен 1945 ж. Германияға жетті. 31 қаңтардағы қиян-кескі шайқаста Ниетқалиев асқан ерлік көрсетті. Осы ұрыста каза тапқан оған Батыр атағы берілді. Ленин және Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз орденлерімен марапатталған. Туған жері Қамысты ауылында батырға ескерткіш орнатылған, орта мектеп Ниетқалиевтің есімімен аталады.

НОҒАЙБАЕВ КЕРІМҚҰЛ

1950 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының, Ащысай елді мекенінде дүниеге кедген. 1968 жылы Алматы малдәрігерлік-зоотехникалық институтына оқуға түсіп, 1973 жылы малдәрігері мамандығы бойынша бітіріп шықты. Еңбек жолын Қарағанды облысы, Молодежный аудандық малдәрігерлік станциясында бастады. 1976 жылдан Сарысу ауданында еңбек етіп келеді.1985 жылдан аудандық малдәрігерлік станция бастығы, ауданның бас мал дәрігері қызметін атқарды. Аудан экономикасын өркендетуге өзіндік үлесін қосты. 1988-1991 жылдар аралығында «Жаңатас» кеңшары партия комитетінің хатшысы болды. Қазір ҚР АШМ Сарысу аудандық инспекциясында мемлекеттік малдәрігерлік инспекторы болып істейді.

НҰҒЫМАНОВ БАҚБЕРГЕН



1910 жылы Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында туған. Ол 1931 жылы Сарысу ауданының «Интернационал» ауыл шаруашылық артеліне мүше болып кірді. Ол 1942 жылдан бастап шопан болды да, көп ұзамай сиыр бағуға ауысты. Бұл салада ол қажырлы еңбек етіп, қарамағындағы мүйізді ірі қараның қоңды, семіз болуына қол жеткізді. Мемлекетке тек семіз, орта қоңды ірі қара өткізіп, қолхозға қыруар пайда әкелді. Осындай жоғары көрсеткішке жеткені үшін СССР Жоғарғы Советінің Президиумының 1949 жылғы 12 шілдедегі Указымен Бақберген Нұғымановқа Социалистік ЕңбекЕрі атағы берілді. Кейін ол ферма меңгерушісі, алыс жайылымдағы малшылардың бригадирі болды. 1958 жылы ол бақташы болуға тілек білдіріп, совхоз мал шаруашылығын өркендетуге мол үлес қосып отырды.

1975 жылы қайтыс болды.

Жайылма ауылында оған көше аты берілген.

НҰРЖАНҰЛЫ ӘЖІХАН



1940 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Келес ауданындағы Абай елді мекенінде дүниеге келген. 1965 жылы Қазақ химия-технология институтының құрылыс факультетінде оқып, құрылысшы-инженер мамандығын алады. Жоғарғы білімді Әжіхан алғашқы еңбек жолын Қызылорда облысындағы Шаған деген ауылды салудан бастаған.1969-1984 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының Келес ауданындағы 2506-механикаландырылған жылжымалы колоннада прораб, бас инженер, колонна басшысы болып қызмет істеді. 1984-1988 жылы Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Шымкент қаласындағы 18-құрылыс тресінде бас инженер болып ауысады. 1986 жылы аты аталған трестің басқарушысы болып тағайындалады.1997 жылдан бүгінгі күнге дейін Сарыағаш ауданының Абай ауылындағы автобаза мекемесінің президенті болып қызмет жасауда. Ол ерен еңбегі үшін екі мәрте «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.2001 жылы Қазақстан Республикасы егемендігінің 10 жылдығына байланысты Н.Назарбаевтың алғыс хатымен марапатталған.

НҰРЖАНОВ БИСЕНҒАЛИ



1910 жылы Гурьев облысында дүниеге келген. 1935 жылы Гурьев мұнай техникумын бітірген соң мұнай кәсіпшілігінде түрлі қызметтер атқарды.

1938-1948 жылдары Кеңөзен ауылдық кеңесінің төрағасы, одан соң мектеп директоры болды. Бұл арада бір жылдай яғни 1945 жылы Гурьев облыстық партия комитетінің мектеп бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған.1948-1950 жылдары Гурьев зооветеринарлық техникумының директоры, 1950-1971 жылдары "Казахстан бурнефть" тресі оқу комбинатының директоры болып қызмет атқарды. Ленин орденімен марапатталған.

НҰРЖАНОВ ТӨЛЕГЕН

1926 жылы Гурьев облысында дүниеге келген. Жастайынан зерек, еңбеққор болып өсті. Ауыл мектебінен орташа білім алып, Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға кеткен әке, аға орнын басып, анасымен бірге тылда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен еңбек етті. Соғыс аяқталысымен еңбегін Гурьев темір жол



бөлімшесіне қарасты Гурьев вагон депосында жалғастырды. Сол жерде табан аудармастан 40 жылдан астам еңбек етті. Ақаусыз жұмыс жасап, ізінен ерген жастарға тәлім-тәрбие беріп, еңбекке баулыды. 1970-1980 жылдары Гурьев қалалық, бірнеше мәрте облыстық халық депутаттар кеңесіне депутат болып сайланды. Депутат болған жылдары қала, облыс шаруашылығының дамуына, халықтың әл-ауқатының артуына, темір жол саласының дамуына зор үлес қосты. Үкімет оның еңбегін жоғары бағалап, "Құрмет белгісі" орденімен марапаттады.Т.Көжанұлы КСРО медальдарымен ұлықталды, КСРО Құрметті теміржолшысы.

1993 жылы дүниеден өтті.

НҰРЖАУОВ ОТАРҚОС



1945 жылы Жылыой ауданы, Қияқ ауылында туған. Тау-кен инженері. Құлсары мұнай-газ өндіру басқармасында жөнделуші, мұнайшы, оператор, шебер, мұнай өндіру цехының бастығы, өндірістік жабдықтау базасының бастығы, өндірістік құрал-жабдықтарды пайдалану және жөндеу цехының бастығы, басқарма бастығының орынбасары (1962-1991жж.). «Қазақойл-Шельф» біріккен кәсіпорында жетекші маман, өндірістің директоры

НҰҒЫМАНОВА МАРМАРА



1929 жылы Астрахань қаласында дүниеге келген. 1948 жылы Самарқан қаласындағы медициналық институтты бітірген. 1953 жылдан бастап зейнет демалысына шыққанға дейін Алматы қаласындағы Тері аурулары және венерологиялық ғылыми зерттеу институтында жауапты қызметтер атқарды. 1974 жылы өз саласы бойынша медицина ғылымдарының кандидаттығын сәтті қорғады. М.Лутфоллақызы жемісті еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған. Оның қызы Әлия Нұғыманова Қазақстандағы журналистика саласындағы ірі маман және тележурналист.

НҰҒЫМАНОВ ҚАЙЫРБЕК



1946 жылы Байшонас кентінде туылған. Тау-кен инженері. ҚазПТИ-ді бітірген. Еңбек жолын 1963 жылы Байшонас мұнай кәсіпшілігінде жөнделуші, мұнай өндіру операторы болып бастаған. 1969 жылы Қарсақ, Байшонас мұнай кәсіпшілігінде шебер, аға инженер, бастық болған. 1977 жылы "Маңғыстаумұнайгаз" ӨБ кәсіпшілік бастығы, орталық инженерлік-технологиялық қызметі, мұнай өндіру, сыртқы экономикалық байланыс бөлімдерінің бастығы болған. 2000 жылы "Өзенмұнайгаз" АҚ-ң вице- президенті, Құрмет орденінің иегері.

НҰРБОЛҒАНОВ ДҮМБАЙ



1916 жылы Атырау облысы, Сарықөл кентінде дүниеге келген. Ұңғыларды зерттеу шебері. 1932-40 жылдары Атырау геология барлау кеңсесінің жұмысшысы, бұрғылаушының көмекшісі, ұңғыларды сынау бұрғылаушысы,. 1940-1947 жылдары Дүйсеке, Тақырбұлақ мұнай барлау бөлімшелерінің бұрғылаушысы, бұрғылау шебері.1947-1971 жылдары «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінде ұңғыларды сынау және зерттеу кеңсесі зерттеу бригадасының шебері. Құсайынық, Төбежік, Бикжал мұнай барлау бөлімшелерінің геология іздестіру партиясының бастығы. 1971 жылдан зейнеткер болды. "Құрмет белгісі" орденімен және медальдармен марапатталған.

1994 жылы дүниеден өтті.

НҰРМАНОВ ӘБДІҚАЙЫМ

1914 жылы Ақмола уезінде, осы күнгі Қарағанды облысының Жаңаарка ауданында туған.



Жастайынан өндіріс, шаруашылық салаларында белсене еңбек етті. Алғашқы еңбек жолын 1983 жылы Ащысайдағы кен өндірісінде моторист болып бастаған. 1943 жылы Шолаққорғанда учаскелік инспектор болады. Соңынан Қабыланбектегі зооветеринарлық техникумға түседі. 1937-1939 әскер қатарында қызмет етеді. 1939-1945 жылдары Ащысайдағы тау-кен комбинатында транспорт-көлік парқінің бастығы, «Ащысай» руднигі директорының орынбасары, комбинаттың кәсіподақ комитеті төрағасының орынбасары, т.б. қызметтерді атқарды.1946-1973 жылдары «Мырғалымсай» руднигі директорының орынбасары, Мырғалымсай поселкелік кеңесінің төрағасы, «Мырғалымсай шахта құрылысы» ісінің басқарушысы, Кентау қалалық атқару комитетінің коммуналдық шаруашылық мекемесінің меңгерушісі, Кентау базарының бастығы, Ащысай, Хантағы поселкаларының жабдықтау бөлімдерін басқарады. «Түркістан» мақта совхозының жұмысшылар комитетінің төрағасы, Кентау тау-кен металлургия техникумы директорының орынбасары т.б. көптеген қызметтер атқарды.

1996 жылы қайтыс болды.

НҰРМАХАН ЖАНАШ



1922 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Жем ауылдық округінде туылған. 1929-1939 жылдары Айранкөл бастауыш мектебінде, Жылыойдағы Орджоникидзе атындағы орта мектепте оқыған.1939 жылы Гурьев қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектепте оқып, одан кейін педагогикалық курсты бітірді.1939-1942 жылдары «Қосшағыл» орта мектебінде, Қызылқала, содан кейін Орджоникидзе орталау мектебінде мұғалім болады.1940 жылдары аз уақыт әскер қатарында болды. 1943-1945 жылдары «Айранкөл» орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, 1945-1952 жылдары Қызылқала, Арыққөл, Күйбышев атындағы мектептерде ұстаздық етті. 1955 жылы Абай атындағы Алматы педагогикалық институтын сырттай оқып бітірген.1952-1954 жылдары аудандық партия комитетінде насихатшы, 1954-1956 жылдары Құлсары жұмысшы жастар мектебінде істеді. 1956-1965 жылдары №3 орта мектепте директор болды. 1965-1992 жылдары осы мектепте ұстаздық етті. 1992 жылы зейнетке шықты. 1960-1970 жылдары облыстық сырттан оқу орта мектебінің консультпунктін басқарды. Одан көрші ауылдардың, ауданның, Маңғыстау облысының жұмысшы-қызметкерлері оқып бітіріп шықты. 1960 жылдары колхоздың көптиражды «Озат» газетінде редакторлық қызмет атқарды. Ж.Нұрмаханұлы - қоғамдық жұмысқа көп араласқан ардагер ұстаз. Облыстық, республикалық педагогикалық, теориялық-практикалық конференцияларға, ақындар айтысына қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Мектеп, ауыл, аудан шежірелерін жазған.Бірнеше рет ауылдық кеңестің депутаты болды. Оның тәжірибесі туралы екі рет плакат шығарылған. Есімі аудандық «Еңбек даңқы», облыстық Құрмет кітаптарына енгізілген. Ұлы Отан соғысынан оралмаған 177 боздаққа Шоқпартоғай ауылында ескерткіш-обелиск орнатуды ұйымдастырды. «Орта мектепте лириканы оқыту», «Байбақты Ата», «Үлкеннен қалған үлгі сөз», Жылыойдан ұшып самғаған», «Үлгі өнеге – ұлылық бастауы» кітаптарының авторы. 8- сыныпқа арналған "Қазақ әдебиеті" оқулығын жазған. Отыздан астам ұжымдық жинақтарға шығармалары енген. «Атырау ақын-жазушыларының кітапханасының» 96 кітабына еңбектері енгізілген.Ж.Нұрмахан- жоғары санатты мұғалім, әдіскер. КСРО және ҚР халық ағарту ісінің озық қызметкері.1972 жылы Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұғалімі атағы берілген. Жылыой ауданының Құрметті азаматы.Ұлы Отан соғысы орденімен және көптеген медальдармен, республикалық, облыстық, халық шығармашылығы мен фестиваль, көлөнер көрмелеріне қатысушы. Көлөнер шебері, суретші, ақын. Оның «Іздедім сені», «Қараша қаздар» «Бақытты бол», «Құт мекенім – Құлсары», «Қарашұңгіл – киелі жер» әндері бар. Шығармалары жинақтарға енген.



НҰРМАХАНОВА ЖАНАТ



1952 жылы Жылой ауданында дүниеге келген. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (1983 ж.). 1975 жылы ҚазМУ- дың журналистика факультетін бітірген. 1975-1978 жылдары Маңғыстау облысы теледидар комитетінде редактор. "Маңғыстау" газетінің бөлім меңгерушісі, 1992-1995 жылдары облыстық мемлекеттік мұрағаттың бөлім меңгерушісі. "Қарашаңырақ", "Дүсіптің ұлы Дияр", "Көтеріліс күнделігі", "Маңғыстау тарихы", "Маңғыстау деген бұл аймақ" кітаптарының авторы. Қазір облыстық ішкі саясат бөлімінде қызмет атқарады.Тарих ғылымдарының кандидаты.

НҰРМАХАНОВ ИГЕН



1925 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Жайылма ауылында туды. Әке-шешеден жастай жетім қалып, Жамбылдағы балалар үйінде тәрбиеленді. Қабырғасы қатайып, буын бекісімен Чапаев колхозында соқа айдады, егін орды, "Ынтымақ" су қоймасын салуға қатысты.1945-1948 жылдары облыс орталығындағы малдәрігерлік зоотехникалық техникумға түсіп, оны қызыл дипломмен бітіріп шықты. Бітірген жылы Сарыарқа учаскесінде мал маманы болды. Кейіннен аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болды. 1954 жылы ауданымызға ұлы жазушы Мұхтар Әуезов келгенде, сол кісінің қасында болып, жаңа ашылған "Түркістан" совхозын аралатуға қатысады. Ол – атақты "Түркістан солай туған" очеркінің бүркеншік атпен берілген кейіпкерлерінің бірі. 1960-1970 жылдары "Коммунар" совхозының директоры. 1970-1980 жылдары Сарысу аудандық ауылшаруашылық басқармасында бас зоотехник, басқарма бастығының орынбасары, бірінші орынбасары болып еңбек етті. Аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, аудандық кеңестің депутаты болды. "Құрмет белгісі" орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

2009 жылы дүние салды.

НҰРМАХАНОВ СЕРІК



1953 жылы Сарысу ауданының Байқадам ауылында туған. 1960-1970 жылдары Байқадам қазақ орта мектебінде оқыды. 1970 жылы Алматы қаласындағы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының құрылыс инженері факультетіне түсіп, оны 1976 жылы бітіріп шықты. Институтты бітірген соң өзі туған ауылында құрылыс бөлімінің шебері, аға шебері болып жұмыс істеді. 1979-1989 жылдары «Байқадам» совхозының аға прорабы болып істеді. 1989-1991 жылдары Сарысу аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы болды. 1992-1995 жылдары Байқадам совхозының аға прорабы, 1995-1997 жылдары Байқадам ауылдық аймағының әкімі, сол ауылдық аймақ әкімінің орынбасары болып қызмет атқарды. Серік Игенұлы 2001 жылдан бастап Игілік ауылдық аймағының әкімі қызметін атқаруда.

НҰРМАХАНОВА ЛАУРА

1970 жылы Жамбыл облысы, Байқадам ауылында дүниеге келген. 1986 жылы Саудакент ауылындағы Қазақ КСР 40 жылдығы атындағы орта мектепті үздік бітіріп шыққан.

1987-1993 жылдары Ақтоғай ауылында, Саудакенттегі мектептерде сабақ берді. 1993 жылы Жамбыл педагогикалық институ-

тын қазақ мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірді.

1995-2002 жылдары Тараздағы Сүлейменов атындағы, Саудакент ауылындағы Байқадам Қашқынбаев атындағы орта мектепте ұстаздық етті. 2002-2013 жылдары соңғы аталған мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін абыройлы атқарды. 2013-2014 жылы «Шағалалы» негізгі мектебінің директоры, 2014 жылдың соңынан бастап Шоқан Уәлиханов атындағы мектеп-гимназиясының директоры.

Л. Игенқызы бірнеше салалық Құрмет грамоталарының алғыс хаттардың иегері.

НҰРШАЛОВ АДАЙБАЙ



1920 жылы Жылыой ауданы, Қияқ ауылында туған. КСРО Құрметті мұнайшысы. Ұлы Отан соғысының ардагері. Құлсары мұнай-газ өндіру басқармасында мұнайшы оператор, ұңғыларды жерасты жөндеу бригадасының шебері, цехтың бастығы. II дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет белгісі» орденмен марапатталған.

НҰРМАҒАНБЕТОВ ТҮСІПҚАЛИ



1929 жылы Тайсойған селосы, Қызылқоға ауданында дүниеге келген. Мұғалім. Атырау педагогика институтын бітірген. 1950 жылы Бақсай ауданындағы орта мектепте мұғалім. 1956 жылы «Байшонас» орта мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі. 1983 жылы Байшонас кенттік Кеңесі атқару комитетінің төрағасы. 1990 жылы зейнеткер. Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері. Медальдармен марапатталған. Байшонас кентінің Құрметті азаматы.

НҰРМАХАНОВ СЕЙІЛХАН



1901 жылы Саркөл ауылында, Қызылқоға ауданында дүниеге келген. 1924 жылы Доссор мұнай кәсіпшілігінде қара жұмысшы, мұнай өндіру операторы қызметтерін атқарған. 1964 жылы зейнеткер. Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденерімен, медальдармен марапатталған.

1964 жылы дүниеден өтті.

НҰРСҰЛТАНОВ НҰРБАЙ



1921 жылы Гурьев қаласында туылған. Мұғалім. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Сталинград шайқасының ардагері. Алматы жоғары партия мектебін бітірген. 1949 жылы Мақат аупарткомының бөлім меңгерушісі, партия кабинетінің меңгерушісі, Гурьев облпарткомының лекторы болған. 1958 жылы ұстаздық қызметке ауысып, Доссордағы В.Бединский атындағы, Абай атындағы орта мектептердің директоры қызметінде болған. Қызыл Жұлдыз, II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған.

1968 жылы дүниеден озды.

НҰРСҰЛТАНОВА КҮЛӘН



1958 жылы Доссор кентінде дүниеге келген. Экономист, экономика ғылымдарының кандидаты, Мәскеу мұнай институтын бітірген. 1978 жылы «Атыраумұнайгазгеология» бірлестігінде экономист, 1982 жылы Мәскеу мұнай институтының аспиранты, Қазақ КСР Жоспарлау комитеті ғылыми-зерттеу институтының кіші, аға ғылыми қызметкері, сектор меңгерушісі. 1992-93 жылдары ҚР Мұнай министрлігінің бас маманы, «Мұнайгаз» МХК экономика базасының бастығы. 1996 жылы «Казахстанкаспийшельф» АҚ жетекші маманы, бөлім бастығы, 1998 жылы «Қазақойлпромгеофизика» АҚ вице- президенті.

НҰРСҰЛТАНОВА СОФЬЯ

1954 жылы Доссор кентінде дүниеге келген. Инженер-геолог, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты, профессор. Грозный мұнай институтын бітірген. Ақтау қаласында, Қазмұнайгазгеология» бірлестігінде инженер-геолог, Мәскеудің геология және кен пайдалану институтында қызметкер болып істеген. Бүгінде Атырау мұнай және газ институтының кафедра меңгерушісі.



НҰРСҰЛТАНҰЛЫ ТӨРЕХАН

XIX ғасырдың аяғында өмір сүрген, ақындығымен, әділ билігімен еліне беделді болған. Қызылқоға өңірінің тумасы. Күлдік табаны қазіргі Қызылқоға ауданына қарасты Майкөл алқабында. Біраз жыл ауылнайлық қызмет атқарған. Шығармашылығы да көңіл аударарлық. 43 жыл өмір сүрген ақынның туындылары қағазға түсірілмеген екен. Тек профессор С. Қазыбаев "Манаш", "Есімхан жан", т.б. ұзақ өлеңдерін "Атырау" газетінің қосымшасы "Атамекенге" жариялаған. Ұрпақтары – белгілі мұнайшылар, Доссор кентінде тұрады.

НҰРЫШЕВ ЖҰМАХМЕТ



1926 жылы Мақат кентінде туылған. Мұнайшы. Қырық жылдай Мақат мұнай кәсіпшілігінде ұңғымалардың жерасты жабдықтарын жөндеу бригадасында оператор болып жасаған. 1982 жылы зейнеткер. Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденімен, грамоталармен марапатталған.

1986 жылы өмірден озды.

НҰРМАҒАНБЕТҰЛЫ ТАҒАН



1938 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданында дүниеге келген. 1940 жылы Нұрмағанбет әулеті көптеген отбасыларымен бірге Жайық бойына қоныс аударып, осы күнгі Махамбет ауданының Алға елді мекеніне қоныс аударады. Ол мектеп бітірген соң Каспий теңізінде балықшы болады. Содан соң XXI партсъезд атындағы совхозда құрылысшы, 1975-1991 жылдар аралығында егінші, звено жеткішісі, бригадир болып еңбек етеді. Екі мәрте аудандық кеңестің депутаты болды. Халықтар достығы, "Құрмет белгісі" орденерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

2005 жылы дүние салды.

НҰРЫШЕВ ЕСКЕНДІР



1954 жылы Атырау қаласына қарасты Еркінқала елді мекенінде дүниеге келген. 1972 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Гурьев ауыл шаруашылық техникумына оқуға түсіп, 1978 жылы аяқтап, техник-механик мамандығын алған. 1973-1975 жылдары Кеңес Армиясы қатарында Германияда қызмет етті. 1975-1979 жылдары Балықшы ауданы, Ленин атындағы колхозда жұмыс істеді.1983-1988 жылдары Атырау педагогикалық институтында оқып, тарих және қоғамтану пәні мұғалімі мамандығын алған. 1979-1980 жылдары Еркінқала ауылындағы орта мектепте мұғалім, 1989-2006 жылдары Еркінқала орта мектебі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

Е.Сабырұлы 2006 жылдан бері "Еркінқала" орта мектебінің директоры қызметін атқарып келеді.

НҰРҒАЛИЕВ БОРАШ



1928 жылы Гурьев облысының Қызылқоға ауданының Сарыкөл ауылында өмірге келген. 1942 жылы Сағыз жетжылдық орта мектебін бітіргеннен соң Доссордағы №16 ФЗО –да оқыды. Оны 1943 жылы бітіріп, бұрғышы мамандығын алды. Ресейдегі Саратов қаласындағы мұнай техникумында оқыған. Еңбек жолын Сағыз мұнай өндіру мекемесінде бұрғышы, техник болып бастады. 1951-1988 жылдары Сағыз, Комсомол, Байшонас, Доссор кенттерінде, Исатай ауданындағы «Жайықнефть» мекемесінде еңбек етті. Батыс Қазақстан мұнай айдау мекемелерінде еңбек, жалақы жоспарлау бөлімдерін басқарды.1957-1960 жылдары Сағыз және «Жайықнефть», 1978-1981 жылдары мұнай өндіру мекемелерінде партия ұйымдарының хатшысы қызметін атқарды.Бірнеше рет Сағыз, Ақжықтау ауылдық кеңестерінің депутаты болып сайланды. Көптеген мерекелік медальдармен марапатталған. КСРО мұнай өнеркәсібінің және ВЦСПС үздігі. Ардагер мұнайшы туралы деректі мәліметтер, өмірбаяны, еңбек жолы ардагер мұнайшылар және комсомол шежірелеріне енгізілген.

НҰРСҰЛТАНОВ ТҮГЕЛ



1952 жылы Атырау облысы Құлсары қаласында туған.1968-1972 жылдары Гурьев политехникалық техникумында оқып, мұнай және газ ұңғыларын бұрғылау мамандығын алған. Жезқазған педагогикалық институтында орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығын сырттай оқып бітірген. 1972-1975 жылдары әскери -теніз флотында борышын өтеген. 1975-1976 жылдары бұрғышы көмекшісі, 1976-1980 жылдары бұрғылау ертінділері инженері, 1980-1993 жылдары бұрғылау ертіндісі лабораториясының меңгерушісі, 1993-1998 жылдары Оңтүстік Ембі тереңді барлау–бұрғылау экспедициянын кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1999-2000 жылдары «Ембімұнайгаз»АҚ орталық ғылыми-зерттеу лабораториясында бұрғылау бөлімінің бастығы болды.

Т.Нұрбердіұлы 2000 жылдан осы күнге дейін Құлсары МКӨА және ҰҚЖ басқармасында зертхана бастығы. Ол көптеген шетелдік оқу орталықтарында мамандығын жетілдіру сертификатын алған. Үздік өнертапқыш. Көптеген салалық құрылымдардың мақтау грамоталарымен марапатталған.

НЫҒМЕТОВ НАСЫР



1914 жылы Айранкөл ауылында туған. 1938 жылы Гурьев педагогикалық училищесі, 1954 жылы Ақтөбе педагогикалық институтын бітірген. Маңғыстау, Шевченко, Жылыой аудандарының мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директор, аудандық білім бөлімінің инспекторы қызметтерін атқарған. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, II дәрежелі Отан соғысы ордені, бірнеше медаль иегері.

1996 жылы дүние салды.

ОҚАЕВ ҚАБИ



1929 жылы Гурьев облысы, Теніз ауданы, Үлгері ауылында дүниеге келген. Оның балалық шағы қиын жағдайда өтті. Соғыс жылдары колхоз жұмысының ауыр бейнетін көріп өсті. 1942-1948 жылдары "Қызыл тан" колхозында колхозшы, есепші, 1948-1950 жылдары "Путь к коммунизму" колхозында бас есепші болды.1950-1954 жылдары Иркутск облысында әскери борышын өтеді. Сонда Братск қаласында кешкі мектепте ауылда үзіліп қалған оқуын жалғастырды. Әскерден оралған соң Жылыой ауданындағы Қосшағыл кешкі мектепті аяқтап, толық орта білім алды.1954-1959 жылдары Алматыдағы Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетінде лениндік стипендиямен оқып, үздік бітірді.Университетте қалдырылған талантты жас 1962 жылы экономика факультеті деканының орынбасары, кейін Алматы халық шаруашылығы институтының экспирлау-экономикалық факультетінің деканы болды. 1975-2005 жылдар аралығында экономика кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.1966 жылы экономика ғылымдарының кандидаты болды. 1967 жылы доцент, 1975 жылы экономика ғылымдарының докторы ғылым дәрежесін иеленді. 1978 жылдан профессор. 1995 жылы Қазақстан жоғарғы мектебі Ғылым академиясының академигі, 1999 жылы халықаралық Еуразия экономикалық Ғылым академиясының академигі.Қ.Оқаевтың 275 ғылыми еңбегі, соның ішінде 20 монографиясы мен кітаптары жарық көрді. Қ.Оқаевтың ғылыми мектебінен 6 доктор, 30 ғылым кандидаты дайындалды. Оның шәкірттерінің қатарында ҚР Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов, «Самұрық- Қазына» ҰӘҚ

АҚ басқарма төрағасы Тимур Құлыбаев, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Бердібек Сапарбаев, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ ректоры Жексенбек Әділов. т.б. бар.Профессор Қ.Оқаұлы экономика саласында мемлекеттік тілдің аясын кеңейтуге көп тер төгіп жүр.Ол "Құрмет белгісі", Парасат орденділерімен, көптеген мерекелік медальдармен марапатталған. ҚР-ының еңбек сіңірген қызметкері. Қазақ КСР ЖК және Қазақстан КП ОК-інің Құрмет грамоталарының иегері. А.Байтұрсынов атындағы алтын медаль мен Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері. Бірнеше университет пен институттардың Құрметті профессоры. Құрманғазы ауданының Құрметті азаматы.

ОМАРОВ КӨПБАЙ



1920 жылы Шымкент облысы, Созақ ауданы №5 Октябрь ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. 1935-1941 жылы Алматы қаласындағы №38 Амангелді атындағы орта мектепте оқыды. Орта білім алған соң 1948-1950 жылдары Шымкенттегі екіжылдық мұғалімдер институтын оқып бітірді. Ұстаздық жолын 1950 жылдан бастады. Мамандығы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. 1958-1961 жылы Шымкенттегі Мұхтар Әуезов атындағы пединститутын филология факультетін бітірді.Ақындық жолы 1958 жылдан басталды. 1989 жылға дейін Бөген ауданы, Шевченко атындағы орта мектепте мұғалімдік қызметін атқарып келді.Өзі шұрайлы сөздің шебері болғандықтан Көпбай Омаров сабақты әсерлі өткізетін. Сонымен бірге сауыққой сері жан өз мектебіндегі көркемөнерпаздар үйірмесінің жетекшісі болды. Қыза-қыза келе өзі де сырлас досы гармонын алып, көпшіліктің айызын қандыратын.1964 жылы ақындардың өлкелік айтысы өтті. Сонда Көпбай Омаров Шымкент облысының атынан Жамбыл облысынан келген Жақсылық Сәтібековпен айтысты. Бұл айтыста да ақын тілге жүйріктігін, ойға ұшқырлығын көпке таныта білді. Ол көптеген айтыстарға қатысып, үнемі жүлделі орындардан көрінді. Көгілдір экран көрушілері де ақынның өнерін талай рет тамашалаған. Өзі айтыс ақыны болған соң Омаров тілге жүйрік басқа да суырыпсалма өнері бар әріптестерін газет бетінде айтысқа шақырды.Туа біткен дарынды айтыскер ақын өлкелік айтысында 1986 жылға дейін, яғни 5 жылға созылған телевизиялық республикалық айтыстың сүре айтыс түрінен алдына жан салмай, еліміздің бас айтыс ақыны атанды.Тайжан, Нартай дәстүрлерін жалғастырып, жез сырнайға үнін қоскан майталман айтыскер ақын, сан қырлы өнер иесі әрі әнші, әрі домбырада, балалайкада, гармоньда шебер ойнап, ел сүйіспеншілігіне бөленді. Оның айтыстары, жырлары, әндері облыстық, республикалық телевидение мен радионың алтын қорында сақталған.

Дүлдүл ақын 1989 жылы дүние салды.

ОМАРОВ БӘТЕШ



1961 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Б.Исаханов ауылында дүниеге келген. Мектеп бітірген соң бір жылдай Шымкент технологиялық институтында оқыды. 1980-1982 жылдары Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. 1983-1989 жылдары Алматы медициналық институтында санитарлық дәрігер факультетінде, 1989-1993 жылдары емдеу факультетінде оқыды. 1993 – 1997 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық ауруханасында дәрігер хирург, 1997-2000 жылдары №5 қалалық ауруханада хирург, бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары болып қызмет атқарды. 2001-2008 жылдары жеке емхананы басқарды. 2008-2012 жылдары №1 қалалық ауруханаңың меңгерушісі болды. 2012 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан облыстық Шымкент қалалық медициналық жедел жәрдем көрсету стансасының бас дәрігері. Ауғанстан Республикасының I және II дәрежелі «Қызыл Жұлдыз» орденімен, салалық «Шапағат» медалімен, т.б. салалық Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Б.Айтбайұлы қалада өткізілетін ізгілікті шараларға үнемі қолдау көрсетіп отырады.

ОҢҒАРОВ РЫСҚҰЛ



1897 жылы туылған. Барлау тресі бұрғылау кеңсесінің бұрғылау жұмысшысы. Ленин орденін алған.

1973 жылы дүниеден озды.

ОДАСЫНОВ БАТЫРБЕК



1969 жылы Мақат кентінде дүниеге келген. 1986 жылы Гайдар орта мектебін бітірген. Актөбе мемлекеттік медициналық институтына түскен. 1987-1989 жылдары әскерде болды.

Алғашқы еңбек жолын 1995 жылы Атырау қаласында сот медицина сараптама бюросында дәрігер-сарапшы болып бастаған.

2001 жылы Мақат аудандық ауруханасында дәрігер-дерматолог маманы.

2006 жылдан Мақат аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері.

Аудандық мәслихаттың депутаты. Салалық Құрмет грамоталармен, алғыс хаттармен марапатталған.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың атымен берілген алғыс хат иегері.

ОҢДАШ БАЙТАҢАТ



1938 жылы Қосшағыл кентінде туылған. Тау-кен инженері, 1958-2001 жылдары «Құлсарымұнайгаз» өндіру басқармасында электромонтер, техникалық бөлімінің инженері, бөлім бастығы, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау жөнінде бас инженердің орынбасары. Комсомол ұйымының хатшысы, кәсіподақ комитетінің төрағасы. Басқарманың тарихын зерттеуші. «Жол бастауы- Қарашүңгіл» кітабының авторы. Бірнеше медальдармен марапатталған.

ОҢДАШ СӘРСЕН



1966 жылы Құлсары қаласында туылған.1994 жылы Атырау мұнай – газ институтын геология мамандығы бойынша бітірген. 1983-2005 жылдары Құлсары мұнай-газ өндіру басқармасында ағаш шебері, «Қараған» мұнай кен орнында шебер, Аққұдық мұнай учаскесінде бастық, Құлсары МГӨБ-да геология бөлімі бастығы, Мақат, Прорва мұнай-газ өндіру басқармасында бас геолог, Қазақстан КП ОК, Қазақстан ЛКЖО ОК, Құрмет грамотасымен, «Қазмұнайгаз» ААҚ-ның Құрмет грамотасының иегері. Бүкілресейлік «Ұңғыларды зерттеу клубының» мүшесі болды.

С.Байтаңұлы 2005 жылы дүние салды.

ОҢАЛБАЕВ НӘЛІБАЙ



1898 жылы Түркістан уезінің екінші ауылында дүниеге келген. 1910-1916 жылдары бай есігінде жалшылықта болған. 1916-1918 жылдары Торғай облысына қарайтын Аралбалық өндеу зауытында жұмысшы болып істейді. 1918 жылы Түркістанға қайтып оралып, ерікті түрде әскерге жазылады. Топыраққорған деген жерде әскери дайындықтан өткен соң 1920 жылы екінші Түркістан полкінің қатарында генерал Осипов бастаған бандылармен, Ергеш, Шермат бастаған басмашыларымен болған ұрыстарға қатысады.1920-1921 жылдары Ташкент қаласындағы бір жылдық кеңес-партия мектебін бітірген соң Ферғана облыстық жер-су бөлімінің меңгерушісі етіп жіберіледі. 1926 жылы Шымкентке келіп, қалалық жер бөлімінде нұсқаушы болады.1927 жылдары артель бастығы, «Жасасын» колхозын басқарады. Арыс ауданының Тассай ауылдық кеңесінің төрағасы, 1932-1936 жылдары «Жасасын» колхозының бастығы, 1936-1938 жылдары Каганович атындағы колхозының бастығы, 1938-1939 жылдары Шымкент МТС-ы директорының орынбасары болып істеді.1939-1952 жылдар аралығында Крупская, Карл Маркс, «Жаңаталап» колхоздарының бастығы, Қызылсу ауылдық кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. 1952-1955 жылдары Куйбышев атындағы колхоздың бастығының орынбасары, ферма меңгерушісі болды. Нәлібай Оңалбаев көптеген медальдармен, Қазақ ССР Жоғары Советінің грамотасымен марапатталған. Шымкент іргесіндегі Қайтпас ауылының бір көшесіне оның есімі берілген.

ОРАЗОВ ӘБЕН



1936 жылы Атырау облысының Жылыой ауданынадғы Қосшағыл қыстағында мұнайшы отбасында дүниеге келді. 1954 жылы М.Ю.Лермонтов атындағы мектепті бітіргеннен кейін Қосшағыл мұнай-газ кәсіпшілігінің жұмысшыларды жабдықтау бөлімінде есепші, экспедитор болып еңбек жолын бастады. 1966-1972 жылдары Құлсары мұнай-газ басқармасында экономикалық талдау бюросының жоспарлау–экономика бөлімінің бастығы болды.1972-1973 жылдары Жылыой аудандық мемлекеттік банктің басқарушысы болып тағайындалып, бұл қызметті 1978 жылға дейін абыроймен атқарды.1978-1982 жылдары 'Мұнайгазбарлау' экспедициясына қарасты құрылыс-монтаж басқармасының бастығы, 1982-1998 жылдар аралығында Құлсарыдағы "Теңізмұнайгаз"автотранспорт мекемесі кәсіподақ комитетінің төрағасы, "Теңізмұнайгаз" бірлестігі жоспарлау-экономика бөлімінің аға инженер-экономисі, өндірістік-техникалық жабдықтау базасы бастығының орынбасары, өндірістік тауарларды өткізу бөлімінің бастығы қызметтерін абыройлы атқарды.Ол Алматының есеп-кредит техникумын, Сартовтың экономикалық институтын бітірген.Құлсары поселкелік кеңесінің депутаты болған.Ә.Оразов бірнеше салалық Құрмет грамоталарымен, мерекелік төсбелгілермен марапатталған.

ОРМАНОВ ТАЗДАРБАЙ



1904 жылы Атырау облысы, Мақат ауданында туған. Мұнайшы.1930-1960 жылдары «Қазақстан» мұнай бірлестігінің Мақат мұнай кәсіпшілігі басқармасында жұмысшы, оператордың көмекшісі, мұнай өндіру операторы, 1960 жылдан бастап зейнеткер. 1950 жылы – Еңбек Қызыл Ту орденімен, 1954 жылы Ленин орденділерімен марапатталған. Ембінің ардагері.

1968 жылы өмірден озды.

ОРАЗҰЛЫ ӘДІЛ



1955 жылы Гурьев облысының Теңіз ауданындағы Карл Маркс атындағы колхозда дүниеге келген.1973 жылы «Сүйіндік» орта мектебін бітіріп, «Сүйіндік» асыл тұқымды қой совхозында жұмысшы болып өз еңбек жолын бастайды. 1973-1975 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын Германияда өтеді.1980 жылы Алматы электробайланыс техникумын, еңбектен қол үзбей жүріп, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін тамамдаған.1980-1984 жылдары Гурьев облыстық радио және телевизия хабарын тарату орталығында (ОРТПЦ), радиобайланыс цехында инженер, аға инженер, цех бастығы қызметтерін атқарған.1984 жылдан мұнайшы. «Эмбімұнайгеофизика» тресінде байланыс аға инженері, оператор, геофизик, сейсмикалық отряд және сейсмикалық-далалық партия бастығы қызметтерін абыроймен атқарып, 1995-1996 жылдары Хьюстон (АҚШ) және Лондон (Англия) қалаларында білім жетілдіру курстарында оқып, Мексика бұғазында 3 ай әдіскерлік іссапарда болған. 2000 жылдан бастап «Қазақстанкаспийшельф» акционерлік қоғамының сейсмикалық-далалық партиясында үйлестіруші бас инженер лауазымында қызметтер атқарып, 2006 жылдан Алматы қаласындағы бас кеңсесінде өндіріс департаменті директорының орынбасары болды.Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген геологы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының Құрмет грамотасымен марапатталған.

ОРАЗОВ ҰЗАҚБАЙ



1946 жылы Гурьев қаласында туған. Подполковник. Онжылдық білім алған. Кеңес Армиясының қатарында 1970-1972 жылдар аралығында болды. Қарағанды жоғары милиция мектебін бітірген. Алматы ОІІБ- інде бақылаушы, аға бақылаушы болды. Владимир қаласындағы орта милиция мектебінің курсанты.1975-1978 жылдары Алматы ОІІБ инспектор бөлім бастығының орынбасары қызметтерін атқарды.

Ұ.Лұқпанұлы 1978-1994 жылдары Гурьев ОІІБ-інде инспектор, бөлім бастығының орынбасары, бөлім бастығы болды.Көптеген салалық медальдармен, грамоталармен марапатталған.

2004 жылы дүниеден озды.

ОРАЗБАЕВ БЕРІК



1957 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Сарбие ауылында туған. 1965-1975 жылдары орта мектепте оқыды. 1988 жылы Алматы ауыл шаруашылығы институтын сырттай бітірген.1983-1988 жылдары «Жекенді» совхозында экономист, 1988-1995 жылдары бас экономист, 1996-2000 жылдары Сарбие ауылының әкімі, 2001-2010 жылдары осы әкімшілікте бас маман, 2011 жылдан Сарбие ауылының әкімі қызметін атқарады.

ОРЫНҒАЛИҰЛЫ МӘНДІРҒАЛИ



1938 жылы Атырау облысының қазіргі Махамбет ауданындағы Бақсай ауылында туған. Еңбек жолын 1955 жылы совхозда жұмысшы болып бастаған.1962 жылы Алматы мал дәрігерлік институтын бітірген.1962-1966 жылдары Атырау облысындағы «Новобогат» кеңшарының бас зоотехнигі, 1967-1970 жылдары Махамбет аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас зоотехнигі.1970-1979 жылдары «Бақсай» асыл тұқымды қаракөл совхозының директоры, 1979-1985 жылдары Махамбет аудандық Кеңесі атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, аудандық Кеңес депутаты, 1985-1991 жылдары Махамбет аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы.1991-1993 жылдары Махамбет аудандық кинофикация директоры, 1993-1995 жылдары Махамбет ауданы әкімінің орынбасары, ауыл шаруашылық басқармасының бастығы, ал 1995-2000 жылдары аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі болды.«Құрмет белгісі» орденінің, медальдардың, ХШЖ көрмесінің алтын және күміс медальдарының, көптеген Құрмет грамоталардың иегері.Мәндірғали Оразғалиұлы-Махамбет ауданының Құрметті азаматы.

«Тіршілік кемесі» атты өмірбаяндық кітаптың авторы.

ОРАЗҰЛЫ ТЫНЫШБАЙ



1932 жылы Гурьев қаласына қарасты Қайыршақты ауылында дүниеге келген. 1940 жылы Томарлы ауылындағы жетіжылдық мектепке барып, оны 1947 жылы бітірген. Сол жылы Гурьевтегі педагогикалық училищеге түсіп, оны 1950 жылы бітірген. Еңбек жолын мұғалімдіктен бастап, мамандығы бойынша 11 жыл жұмыс істеген. 1956-1959 жылдары сегіжылдық мектептің директоры болған. Гурьевтегі оқытушылар және педагогикалық институттарында оқып, жоғары білім алған. Кейін Алматыдағы Жоғары партия мектебін бітірген.1961-1964 жылдары Балықшы аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, 1965-1966 жылдары аудандық партия комитетінің үгіт – насихат бөлімінің меңгерушісі, 1968-1971 жылдары Гурьев облыстық партия комитетінің нұсқаушысы болды. 1971-1972 жылдары Шевченко (қазіргі Ақтау) қалалық партия комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарған. 1972-1977 жылдары Гурьев облыстық партия комитетінің үгіт – насихат бөлімінің меңгерушісі, 1977-1986 жылдары ұйымдастыру – партиялық жұмыстар бөлімін басқарған.1973-1987 жылдары халық депутаттары облыстық кеңесінің депутаты, Қазақстан Коммунистік партиясының XV және XVI съездерінің делегаты болды. 1992-1999 жылдары Атырау облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы қызметін атқарған.Т.Оразұлы «Құрмет белгісі» орденімен, көптеген медальдармен, Қазақ Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер.

ОРАЗОВ ЛҰҚПАН



1911 жылы Гурьев облысының Қайыршақты әкімшілігіне қарасты Томарлы ауылында дүниеге келген. 12 жасынан бастап балық шаруашылығында жұмысшы болып бастады. 1939 жылы «Теңдік» колхозында колхозшы болды.1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанап, 1944 жылы елге жаралы оралды. Елге келген соң II топтағы мүгедектігіне қарамай, ел игілігі үшін қызмет жасады. 1957-1985 жылдары егін бригадирі, мұнай базасында қарауылшы, 1965 жылы балалар бақшасында шаруашылық меңгерушісі болып еңбек етті.Ол 1- дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

1991 жылы дүниеден өтті.

ОРАЗОВА ГҮЛЖАН



1962 жылы Атырау облысы, Құлсары кентінде туған.1980 жылы Ленинград қаласындағы Ленсовет атындағы технологиялық институтқа түсті. Оны аяқтағаннан кейін 1986 жылы Гурьев мұнай өңдеу зауытына 5-санатты оператор болып жұмысқа қабылданды.1990 жылы Гүлжан Әбенқызы В.И.Ленин атындағы ҚазПТИ-дің Гурьев бөлімшесіне инженер болып қабылданды. 1991-1993 жылдары «Химия және химиялық технология» кафедрасында оқытушы, 1993-1998 жылдары жанармай және көміртек материалдарының химиялық технологиясы кафедрасының аға оқытушысы, 1998 жылы мұнайды және газды өңдеу технологиясы кафедрасының аға оқытушысы болды.2000 жылы Татарстандағы Қазан мемлекеттік технологиялық университетінде «Теніз мұнайынан мұнайхимиялық шикізатты өндіру» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.2002 жылы мұнайды және газды өңдеу технологиясы кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарушы, 2004 жылдан бастап органикалық заттардың химиялық технологиясы кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды.2002 жылы АтМГИ –дің доценті. 2004 жылы ҚР ЖАҚ доценті, 2005 жылы АтМГИ профессоры.

2009 жылы мұнай химиясы бойынша техника ғылымдарының докторы диссертациясын сәтті қорғады.Г.Әбенқызы 2009 жылы өнертапқыштық саласындағы жетістіктердің VI республикалық «Шапағат» байқауында «Өнертапқыш әйел» номинациясы бойынша жеңіске жетіп, 1- дәрежелі дипломмен марапатталды.2011 жылы «Химиялық технология» мамандығы бойынша ҚР ЖАҚ профессор атағы берілді. Оның жетекшілігімен «Мұнай химиясы» мамандығы бойынша 2 кандидаттық диссертация қорғалды. Г.Әбенқызы орта арнаулы және жоғары оқу орындары үшін оқулықтар мен оқу құралдарын шығарады, 150-ден астам ғылыми еңбектері басылып шыққан. Бірнеше өнертабыстары мен патенттері бар. Мерекелік медальдармен, төсбелгілермен, Құрмет грамоталармен, Алғыс хаттармен марапатталған.

ОРАЗАЛЫҰЛЫ ӨТЕШ



1919 жылы Гурьев облысы, Құрманғазы ауданы, Отын-Тарбай ауылында дүниеге келген. 1933 жылы Сталинград облысы, Володар ауданы, Калинин ауылындағы панасыз балалар мектеп-интернатында оқып, 1937 жылы мектептің бесінші класын үздік бітіреді.1937 жылы Алматы облысы, Кеген ауданы, Жалаңаш ауылындағы мектеп-интернатта оқып, тоғызыншы класты үздік аяқтайды. Сөйтіп 1914 жылы «Ақсай» колхозындағы бастауыш мектепке мұғалім болады.1941 жылы қазан айының соңында әскерге алынады. Украина майданының 990-атқыштар полкында барлаушы болады. 1942 жылы аса ауыр жарақат алып, Тбилисидегі госпитальда емделеді. Әскерден босатылып, 1942-1944 жылдары Қарабұлақ, Күрмеші жетіжылдық мектептерінде мұғалімдік қызмет атқарады. 1946 жылы Түрген педучилищесін бітіреді. 1958 жылы Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттың география факультетін тамамдайды.1944-1946 жылдары Талды жетіжылдық мектебінің директоры, 1947-1953 жылдары Кіші Жалаңаш, Көлбастау бастауыш мектептерінің меңгерушісі, 1953-1955 жылдары Кеген аудандық оқу бөлімінің мектеп инспекторы, 1955-1965 жылдары «Шырғанақ» орта мектебі директорының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары, 1965-1983 жылдары Кіші Жалаңаш мектебінде ұстаздық етіп, құрметті еңбек демалысына шықты. Ө. Оразалыұлы Дәгін немересі Ұлы Отан соғысы орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Халық ағарту қызметтерінің үздігі, аға мұғалім педагогикалық тақырыптарға жазған мақалалары республикалық басылымдарда жарияланды. Райымбек ауданының Құрметті азаматы.

Ол бірнеше рет аудандық кеңестің депутаты болып сайланды.

ОРАЗАЛЫҰЛЫ ҚАТЕН



1915 жылы Гурьев облысы, Теніз ауданы, Отын-Тарбай ауылында дүниеге келген. Ол сол кездегі Ганюшкин ауылындағы орта мектепті үздік бітіреді. 1935 жылы Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттың тарих факультетін тамамдайды. Ол сол жылы Алматы облысы, Кеген ауданы, Ұзынбұлақ ауылына келіп, сондағы бастауыш мектепті жетіжылдық мектепке айналдырып, оның ең алғашқы директоры болды. 1937 жылы Шырғанақ ауылындағы жетіжылдық мектепте директорлық қызметін абыройлы атқарды. Ол өз әулеттерінің ұрпақтарының білім алуына көп жағдай жасады.1939 жылы Финляндиямен болған соғысқа қатысты. 1941 жылы соғыста опат болды.

ОРАЗАЛИН СЕРІК



1945 жылы Алматы облысы, Кеген ауданы, Талды ауылында туған. Ол сол ауданның Жалаңаш ауылында орта мектепті бітірген соң, Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттың физика факультетін бітірді. Содан кейін Кеген ауданының Алғабас ауылында, аудан орталығының ұстаздық етті.С.Өтешұлы 1978-1982 жылдары Алматы облысы, Шелек ауданы, Тескенсу орта мектебінде мұғалім, 1982-1994 жылдары сол ауданның Анатолевка орта мектебінде директор болды. Ол халық ағарту ісінің үздігі, көптеген салалық Құрмет грамоталардың иегері.

1994 жылы ауыр науқастан дүние салды.

ОРАЗҰЛЫ ТЫНЫШБАЙ



1932 жылы Гурьев қаласына қарасты Қайыршақты ауылында дүниеге келген. 1940 жылы Томарлы ауылындағы жетіжылдық мектепке барып, оны 1947 жылы бітірген. Сол жылы Гурьевтегі педагогикалық училищеге түсіп, оны 1950 жылы бітірген. Еңбек жолын мұғалімдіктен бастап, мамандығы бойынша 11 жыл жұмыс істеген. 1956-1959 жылдары сегіжылдық мектептің директоры болған. Гурьевтегі оқытушылар және педагогикалық институттарында оқып, жоғары білім алған. Кейін Алматыдағы Жоғары партия мектебін бітірген.1961-1964 жылдары Балықшы аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, 1965-1966 жылдары аудандық партия комитетінің үгіт – насихат бөлімінің меңгерушісі, 1968-1971 жылдары Гурьев облыстық партия комитетінің нұсқаушысы болды. 1971-1972 жылдары Шевченко (қазіргі Ақтау) қалалық партия комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарған. 1972-1977 жылдары Гурьев облыстық партия комитетінің үгіт – насихат бөлімінің меңгерушісі, 1977-1986 жылдары ұйымдастыру – партиялық жұмыстар бөлімін басқарған.1973-1987 жылдары халық депутаттары облыстық кеңесінің депутаты, Қазақстан Коммунистік партиясының XV және XVI съездерінің делегаты болды. 1992-1999 жылдары Атырау облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы қызметін атқарған.Т.Оразұлы «Құрмет белгісі» орденімен, көптеген медальдармен, Қазақ Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер.

ОРАЗЫМБЕТОВ БАШАН



1924 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын 1941 жылы колхоз есепшісі болып бастап, 1942-1947 жылдар аралығында Оймауыт, Ақтөбе ауылдық кеңес хатшысы қызметін атқарған. 1954-1987 жылдары мұғалім болып істеген.1961жылы Низами атындағы Ташкент пединститутын бітірген.1962 жылы М.Мәметова атындағы мектепте оқу ісінің меңгерушісі мектеп директоры қызметін атқарған.

Қазақ КСР, КСРО халық ағарту ісінің озаты. Ленин медалімен, «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған.

1987 жылы дүние салған.

ОРДАБАЕВ ТӨРЕШ



1900 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауылында дүниеге келген. Мұнайшы. Ембінің ардагері. 1920 жылдан «Қазақстан-Мұнай» бірлестігіне қарасты Байшонас мұнай кенішінде жұмысшы, мұнай өндіру операторының көмекшісі, операторы, аға операторы, шебері болып еңбек етті. 1962 жылдан дербес зейнеткер. Ленин, Еңбек Қызыл Ту , «Құрмет белгісі» орденделімен, көптеген медальдармен марапатталған.

1972 жылы қайтыс болды

ОРЖАНОВ ТАБЫН



1929 жылы Гурьев облысының Доссор кентінде дүниеге келген. 1952 жылы Мәскеудің Губкин атындағы мұнай институтын бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алған. 1952-1958 жылдары Қаратау, Байшонас мұнай кенттерінде оператор, учаске бастығының орынбасары, өндірістік бөлімнің бастығы болды.1958-1984 жылдары Доссор, Қаратон, «Эмбанефть» «Маңғышлакнефть», «Жетібайнефть» мұнай кәсіпшіліктерінде бас инженер, ТБ бастығы, бастық болды.

1984-1992 жылдары «Мангышлакнефть», «Тенгизнефтегаз», «Южнефтепровод» өндірістік бірлестіктерінде бастықтың орынбасары, бөлім бастығы, бастық болып, түрлі лауазымды қызметтер атқарды.

2002 жылдан дербес зейнеткер.

Т.Қапанұлы «Құрмет» орденімен, Қазақ КСР Құрмет грамоталарымен үш мерекелік медалімен, мұнай саласына байланысты 10-ға жуық мерейтойлық төсбелгілермен марапатталған.

Жаңаөзен қаласының Құрметті азаматы.

ОРЖАНОВ СӘЛІМГЕРЕЙ



1937 жылы Атырау облысында туған. 1963 жылы Ташкент электротехникалық байланыс институтын бітірген. 1963 -2004 жылдар аралығында Гурьев облыстық, Маңғышлақ облыстық байланыс басқармасының бастығы, Қазақ КСР Байланыс министрлігінде ауыл шаруашылығы басқармасында басқарма бастығы болды.

Мәскеу қаласы мен Шевченко қалаларының аралығында орта машина кәсіпорындары үшін төте байланыс желісін салуды тұңғыш рет жүзеге асырды.

С.Қапанұлы Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен, салалық Құрмет грамоталармен марапатталған. ҚР Құрметті байланысшысы.

2002 жылы дүние салды.

ОРЖАНОВ ЕСЕНЖАН



1954 жылы Атырау облысында туған.

1977 жылы Алматыдағы Қазақ политехникалық институтының мұнай және газ факультетін бітірген.

Есенжан Табынұлы - Қаражанбас кен орнының ашылуының бастауында тұрған азаматтардың бірі. 1977-1999 жылдары мұнай өндірісі саласында шебер, аға инженер, цех басшысы, т.б. қызметтер атқарды. 1999 жылы «Южнефтепровод» ӨБ бас директордың орынбасары. Ол кәсіби маман ретінде 2006 жылы «Казнефтегазмаш»АҚ баскарды. Бұдан кейін «Казпетромаш» АҚ басқармасының төрағасы, бас директоры қызметін атқарды. 2012 жылдан бастап «Казпетродрилинд» АҚ тете-президенті, президенттің кеңесшісі қызметін атқаруда.

Е. Табынұлы мұнай саласы бойынша 3 авторлық куәліктің иегері. Бірнеше төсбелгілермен, Алғыс хаттармен марапатталған.

ОРЖАНОВ САБЫРЖАН



1959 жылы Гурьев облысы, Мақат ауданында дүниеге келген. 1982 жылы Губкин атындағы Мәскеу мұнай, газ институтын бітірген. Тау-кен инженері. 1982-1991 жылдары бұрғылаушы көмекшісі қызметінен бастап аға инженер, «Маңғышлакмұнай» ӨБ бастығының орынбасары қызметіне дейін көтерілді.

1991-1195 жылдары «Юран» мекемесінде бас инженер, 1995-1998 жылдары «Актаутрансгаз» мекемесінде, ОА Интергаз ЖАҚ-ында инженер болды. 1997-2007 жылдары «Актаутрансгаз» мекемесінің бас директоры, «ОТТО-ПРОМ» ЖШС-нің бас директоры, «Компания Аташ» ЖШС-і бас директорының орынбасары болды.

2007 жылы «Түпқараған Операгейт компаниясы» филиалының бас директоры қызметін атқарды. 2011 жылдан «Сатпаев Операгейт» ЖШС-інің бас директоры.

С.Табынұлы салалық құрмет грамоталардың медальдардың иегері.

ОСПАНОВ ҚҰЛҚАЙЫР



1909 жылы туылған. Партия, кеңес қызметкері. Доссорда 1927-1936 жылдары бұрғышы, Қазақ мұнай-газ барлау тресі басқармасы бастығының орынбасары, «Прорва» ұжымшары басқармасының төрағасы, 1938 жылы Гурьев қалалық партқомының хатшысы, ҚКП Мақат, Ембі аудандық комитеті бірінші хатшысы (1951-1953 жылдары), Гурьев облыстық әлеуметтік камсыздандыру бөлімінің меңгерушісі, «Ембі» кеншарында директор болды. (1963-1968 жж.). Қазақстан Компартиясының бірнеше съезінің делегаты, 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері. Атырау қаласының Құрметті азаматы.

1973 жылы қайтыс болды.

ОСПАНҰЛЫ НӘЛІБАЙ



1949 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Киров ауданының Асық Ата ауылында туылған. Созақ ауданынан Шолаққорған елді мекенінде орта мектепті үздік бітірген.1969 жылы ол Алматы медицина институтына оқуға түседі. Институтты бітіргеннен соң жұмысын Алматы облыстық ауруханасында, сонан соң Алматы қалалық емханасында дәрігер болып бастайды. 1972 жылы Алматы облысының Балқаш ауданындағы Қараой ауылына бас дәрігер болып қызметке аусады. 1980 жылы Алматы қалалық наркологиялықауруханаға бас дәрігер болып тағайындалады.1988 жылы Қырғыз ССР-ының Ыстықкөлдегі Шолпан-Ата қаласының маңындағы Қазақстанның демалыс орны «Строитель» пансионатында бас директор болып тағайындалды. 1994 жылы қайғылы казаға ұшырады.

ОТАРБАЕВ ЫБЫРАЙ



1914 жылы Гурьев облысы, Ембі ауданы, Калинин ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1927-1930 жылдары бастауыш класта, 1930-1932 жылдары Гурьев қаласындағы фабрика-зауыт училищесінде оқып, Яманқадағы жетіжылдық мектепті сырттай бітірді. 1932-1935 жылдары Жылыкосын аудандық сотында хатшы, 1935-1938 жылдары Жылыкосын аудандық жинақ кассасында аға инспектор, 1938-1941 жылдары Жылыкосын аудандық каржы бөлімінің бақылаушы ревизоры, 1941-1944 жылдары Бақсай аудандық каржы бөлімінің меңгерушісі, 1944-1945 жылдары Бақсай аудандық ішкі істер бөлімінің оперативті өкілі қызметтерін атқарды.1945-1946 жылдары Бақсай аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1946-1948 жылдары сол ауданның халық соты болып істеді. 1948-1950 жылдары Бақсай аудандық мемлекеттік сақтандыру инспекциясының аға инспекторы, 1950-1952 жылдары Бақсай ауданында ірілендірілген "Ортақшыл" колхозының төрағасы, 1952-1970 жылдары Ембі ауданында түрлі қызметтер атқарды. Бірнеше рет ауылдық Кеңес депутаты болып сайланған. Медальдармен, салалық Құрмет грамоталармен марапатталған.

1980 жылы дүние салды.

ОТАРБАЕВ ШАРЕЛ



1940 жылы туған. 1964 жылы Жамбыл гидромелиоративтік және құрылыс институтын бітірген. 1989 жылдан бері Тараз қаласындағы М.Х. Дулати атындағы мемлекеттік университетте ұстаздық етеді. 1988 жылы Мәскеу гидромелиоративтік институтында техника ғылымдарының кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.1995 жылдан бері доценттік ғылыми атағы бар.Ол ғылым саласында 100-ге жуық мақалалар, бірнеше оқулықтар, әдістемелік құралдар жазды.Ол өзінің өмір жолында бірнеше жобалау институттарында, ғылыми-зерттеу институттарында жетекші қызметтер атқарды.Оның ішінде; "Ауыл шаруашылығын сумен камту жүйелері мен құрылымдары", "Геофизика" секілді еңбектері мамандандырылған жоғарғы оқу орындарына арналған.

Ш. Мұқанұлы халықаралық деңгейдегі бір патенттің, сондай-ақ төрт авторлық куәліктің иегері.

ОТАРБАЙ ӨРЛЕШ



1973 жылы Атырау қаласында дүниеге келді. Орта мектепті бітірген соң 1991 жылы Жамбыл гидромелиоративтік және құрылыс институтына түсті. Оны 1995 жылы ойдағыдай аяқтаған соң Қазақ су шаруашылығы ғылыми- зерттеу институтының ұсынысымен ауыл шаруашылығын сумен камту және суландыру бөліміне жұмысқа қабылданды.2006 жылы осы суландыру мәселелері бойынша диссертация қорғап, техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін иеленді.Ө.Шарелұлының суландыру мәселелеріне арналған мақалалары ғылыми журналдарда, түрлі басылымдарда жарияланды. Ол үш авторлық өнертапқыштық куәліктің иегері.

ОТАРБАЕВА АЙЖАН



1971 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. 1978-1988 жылдары Алматы облысының Дмитриевка елді мекеніндегі орта мектепте оқыды. 1988-1993 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология факультетінде оқыды. 1993 жылдан бері ҚР БҒМ қарасты М.А.Айтқожин атындағы молекулярлық биология институтының энтимология зертханасында қызмет етеді.2001 жылы биохимия саласы бойынша биология ғылымдарының кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғады. 2002-2004 жылдары жас әрі талантты ғалымдарға арналған мемлекеттік стипендияның иегері болды. 2005-2008 жылдары диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы болды.А.Шарелқызы көптеген халықаралық конференцияларға қатысты. 40-тан астам ғылыми мақалалары жарияланған. Қазақстан Республикасының 7 инновациялық патентінің иегері. 2007 жылы Будапеште өсімдікті қорғау институтында тәжірибе мектебінен өтті. 2009 жылдан бастап өзі қызмет істеген зертхананың меңгерушісі.

ОТЫНШИЕВ АЙТУ

1967 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, «Темір» совхозында дүниеге келген.1984 жылы Алғабас ауданының «Бөген» совхозында «Бөген» орта мектебін бітіріп, еңбек жолын машина-трактор шеберханасында слесарь



болып бастаған. 1986-1988 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болды.1985-1992 жылдары Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде оқыды.1993-1995 жылдары Алматы қаласындағы «Анар-Ж» шағын кәсіпорны директорының орынбасары. 1995 – 1999 жылдары Алматы облыстық еңбекпен қамту және әлеуметтік қорғау орталығының жетекші маманы, бас маманы қызметін атқарды.2001 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің экономика және құқық факультетін бітірді. 1999-2000 жылдары Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті ректорының көмекшісі, осы университеттің халықаралық қатынастар, саясаттану және әлеуметтану кафедрасының оқытушысы.2001 жылы ҚР Әділет министрлігінің Заң институтының тәлімгері болды. 2001-2002 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінің әкімшілік департаментінің бас маманы, ҚР Әділет министрлігінің ТҚК-нің Астана қаласы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы мұрағат бөлімінің бастығы. 2002-2007 жылдары ҚР Әділет министрлігінде басқарма бастығы, бөлім бастығы лауазымында жауапты қызметтер атқарды.

А.Тұратұлы 2007-2010 жылдары Алматы қаласы, Жетісу аудандық әділет басқармасының бастығы, 2010 жылдан Жамбыл облысы, Сарысу аудандық әділет басқармасының бастығы қызметінде.

ӨЗЕНҰЛЫ МҰРАТ



1900 жылы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы деген жерде дүниеге келген. Ауылына жақын жердегі мешітте ескіше білім алған. Кеңес дәуірінде жаппай сауат ашу кезінде білімін жетілдірген. Алғашқы «ТОЗ» «Серіктестік», одан кейінгі колхоздастыру кезінде белсенді ұйымдастырушы болған. 1930 жылдардан бастап бригадир, одан кейін колхоз басқармасының бастығы. 1940 жылдан Ойыл ауылдық кеңесінің төрағасы, 1946 жылдан Қызылқоға ауданы көлеміндегі Миялы, Көздіғара, Қоянды ауылдық кеңестерінің төрағасы қызметтерін атқарған. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен және бірнеше медальдармен марапатталған. 1954 жылы Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесіне еңбек озаты ретінде қатысқан. 1960 жылы дүниеден өтті.

Халықтың құрметіне бөленген азаматты әр уақытта есте сақтау үшін Жанкелдин ауылдық округі әкімшілігінің қарарымен Өзенұлы Мұрат есімі көрнекті бір алаңға және көшеге берілген.

ӨКСІКБАЕВ МАҚАТ



1928 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Калинин атындағы колхозда туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтына түсіп, оны 1951 жылы ғалым-агроном мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1953 жылға дейін Сарысу аудандық жер бөлімінде бас агроном, 1955 жылы Байқадам машина-трактор станциясында аға агроном болып қызмет атқарды.1955-1963 жылдары аудандық жоспарлау бөлімінің төрағасы, 1963-1969 жылдары Калинин атындағы совхозда бас экономист болды. 1969-1973 жылдары аудандық ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағының төрағасы болып еңбек етті. 1973 жылдан еңбек демалысына шыққанға дейін аудандық статистика және талдау бөлімінің бастығы қызметін атқарды.

1993 жылы дүниеден озды.

ӨТЕКЕШОВА МЕРУЕРТ



1951 жылы Орал қаласында дүниеге келген. Кино және театр актері, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1982).1968 жылы Алматыдағы 66- мектепті бітіріп, сол жылы «Қыз Жібек» кинофильмінің басты кейіпкері рөлін ойнауға шақырылған. 1969-73 жылдары Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік мәдениет институтының театр факультетінде оқыған. КСРО Халық артисі Х.Бөкееваның класында дәріс алған. 1973 жылдан М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында артист. Ш.Айтматовтың «Ана-Жер-Ана» спектакліндегі Әлиман (1973), М.Әуезовтің «Қаракөз» спектаклінде Қаракөз рөлі үшін 1982 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық жастар шығармашылық байқауының лауреаты атанған.М.Қаратайқызы сонымен қатар республикалық «Жігер» фестивалінің де лауреаты.

Өтекешова «Қыз Жібек (1970), «Ағам менің»(1972), «Ұлымның оралуы» (1977), «Қосымша сұрақтар» (1977), «Тентек балалар» (1980), «Аждаһа жылы» (1981), «Орнамент»(1982), «Кінәңді ақта» (1983), «Жауын», «Ақ бақсы», т.б. «Қазақфильм», «Қырғызфильм», «Мосфильм» студияларында түсірілген фильмдерде ойнаған.

ӨТЕБАЕВ ЕРМЕК



1926 жылы Қызылқоға ауданында туылған. Профессор (1992). КазПИ-дің (қазіргі АлМПУ) әдебиет (1948) және тарих (1950) факультеттерін бітірді. 1941-48 жылдары Жылыой (Ембі) ауданында оқу ісінің меңгерушісі, 1948-51 жылдары КазПИ директорының орынбасары (проректор) болды. 1951-58 жылдары Атырау, Жамбыл қалаларында орта мектеп директоры, 1958-74 жылдары Атырау педагогикалық институтының қазақ және орыс әдебиеттері кафедраларының доценті, меңгерушісі, 1974-79 жылдары орта мектеп директоры болды. 1979 жылдан Павлодар педагогикалық институтының доценті, кафедра меңгерушісі. Е.Өтебайұлы 300-ден астам тіл, әдебиет, тарих, педагогика, т.б. еңбектердің авторы.

Ғалым 1999 жылы дүние салды.

ӨТЕБАЕВА ӨМІРГҰЛ



1953 жылы Жамбыл қаласында дүниеге келген. 1960-1970 жылдары Гурьев қаласындағы Гоголь атындағы мектепте оқыды. 1970 жылы Гурьев педагогикалық институтының орыс тілі мен әдебиеті бөлімін үздік бітіріп, сол қаладағы Абай атындағы орта мектепке орналасты. 1976-1984 жылдары Балықшыдағы Ғани Мұратбаев атындағы мектепте мұғалім, тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушы, 1984-1987 жылдары Павлодардағы №11 мектепте ұстаздық етті. 1987-1990 жылдары Гурьев облыстық педагогикалық қоғам бөлімі төрағасының орынбасары, 1990-1992 жылдары Атырау қаласындағы №21 мектептің директоры, 1992-1994 жылдары Атырау қалалық білім бөлімінің меңгерушісі, 1994-1995 жылдары Атырау қаласы әкімшілігі басшысының орынбасары лауазымдарында қызмет атқарды. 1996 жылы «Заптехно» ААҚ менеджері, 1996-2004 жылдары Атыраудағы «Декор» ЖШС директорының орынбасары болып еңбек етті. 2004-2006 жылдары Атырау мемлекеттік университеті тест орталығының №30 филиалының директоры болды.

Ө.Ермекқызы ҚКСР халық ағарту ісінің үздігі. 1980 жылдары Жыл мұғалімі, Жыл директоры атағын иеленген. ҚКСР Оқу министрінің, т.б. салалық Құрмет грамоталарының иегері.

ӨТЕБЕКОВ ӘБУҒАЛИ



1913 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданында дүниеге келген. 1931-1932 жылы кооператив техникумында оқып жүріп, отбасы жағдайына байланысты оқуды аяқтай алмайды. 1934-1936 жылдары ауыл шаруашылығы рабфағын оқып бітірген соң, 1939 жылға дейін Байқадамдағы орталау мектепте мұғалім болып істеді. 1939 жылы әскер қатарына алынып, 1940 жылға дейін артиллерия бөлімінде қызмет етті. 1940 жылы Волжск әскери училищесіне түсіп, 1941 жылы әскери химик мамандығын алып шығады. 1941-1942 жылдары Карел майданында химиядан қорғану ротасы командирінің орынбасары болды. 1942-1943 жылдары Ворошилов атындағы әскери академияның арнайы курсында оқыды. 1943-1944 жылдары Солтүстік Кавказ майданының 696-атқыштар полкында химиялық қызмет бөлімінің командирі, 1944 жылы Приморск армиясында химиялық шабуылдан қорғану жеке бөлімінде миномет ротасының командирі болып жүргенде ауыр жараланады. ұзақ уақыт емделген соң 39-дивизияның 323-полкының химия қызметі бөлімінің бастығы болды. 1945-1947 жылдары Алматыдағы әскери тұтқындар лагерінде нұсқаушы болып қызмет атқарды. 1947 жылдан бастап аға офицер Ә.Өтебеков қайта дайындықтан өтіп, ішкі істер бөліміне ауысып, зейнет демалысына шыққанға дейін осы салада абыройлы еңбек етті. Осы жылдары ол аса қауіпті қылмыскерлер ұстаудың бірнеше күрделі операцияларына қатысты. Ол бірнеше орден, жауынгерлік медальдармен марапатталған.

1982 жылы қайтыс болды.

ӨТЕГЕНОВ САБЫР



1920 жылы Қызылқоға ауданында туған. Жылыой ауданының Лермонтов, Островский атындағы орта мектептерінде мұғалім, директоры (1940-1970), аудандық әдістемелік кабинет меңгерушісі (1955-1966) болған. ҚР білім беру ісінің үздігі, 1- дәрежелі Отан соғысы орденімен, «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін», «Ерлік еңбегі үшін», В.И.Ленинның туғанына 100 жыл толуы» құрметіне» медальдары иегері.

2006 жылы дүние салды.

ӨТЕГЕНОВ СЕРІК



1941 жылы Ескене кентінде туылған. Тау-кен инженері. КазПТИ-ді бітірген. (1969). 1958 жылы Ескене, Байшонас, Қарсақ кен орындарында ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадасының операторынан цех шебері, аға технолог, аға инженер, учаске бастығына дейін еңбек жолынан өтті. Ауыр атлетикадан КСРО спорт шебері, 1968-69 жылдары студенттер арасында Қазақстан чемпионы. 1997 жылы зейнеткер. Медальдармен ,грамоталармен дәріптелген

ӨТЕГЕНОВ ХАЙЫР



1920 жылы туған. Мұғалім, партия, кеңес, кәсіподақ қызметкері. Гурьев педучилищесін және Алматы Жоғары партия мектебін бітірген (1958). Ұлы Отан соғысына қатысушы. Еңбек жолын 1940 жылы Доссор орта мектебінде мұғалім болып бастаған. 1942-45 жылдары майданда взвод, бөлімше командирі ретінде ұрыстарға қатысқан. Отыз жылдан астам партия, кәсіподақ, кеңес қызметтерінде.1946-51 жылдары Мақат орта мектебінде директор, аудандық оқу бөлімінде инспектор, Доссор училищесінде директордың саяси жұмыстар жөніндегі көмекшісі қызметін атқарады. Мақат аупарткомында нұсқаушы, бөлім меңгерушісі, хатшы, ауатком хатшысы (1966-77), Мақат, Доссор мұнай өндіру базасында партком хатшысы болды. 1987 жылы зейнеткер. Ұлы Отан соғысы және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 6 мерекелік, жауынгерлік медальдармен марапатталған.

1993 жылы өмірден озды.

ӨТЕГЕНОВА МАЙРА



1957 жылы Қарабау селосында, Қызылқоға ауданында туылған. Мәдениет қызметкері. Атырау мәдени-ағарту училищесін бітірген. Еңбекке 1975 жылы араласқан. Қазақтың халық әндерін домбырамен қосып орындау шеберлігімен танылған өнерпаз. Ауданда мәдени-ағартуды жетілдіруге айтарлықтай үлес қосып келеді. 1995 жылы Мақат аудандық мәдениет бөлімін басқарады. БЛКЖО ОК-н «Бесжылдықтың жас гвардияшысы» күміс белгісі мен «Бүкілодақтық көркемөнерпаздар шығармашылығы байқауының лауреаты» медалін еншілеген.

ӨТЕҒАЛИЕВ ЕСБОЛ

1937 жылы Атырау қаласында дүниеге келген.1954 жылы Жамбыл атындағы орта мектепті бітірген соң 1957 жылға дейін өндірісте еңбек етті. 1957-1963 жылдары Алматы медициналық инсти-



тутын бітірген. 1964-1972 жылдары Қызылсай ауылындағы дәрігерлік емханада, ауруханада бас дәрігер болды. Жаңаөзен халқына да медициналық қызмет көрсетті.

1972-1973 жылдары Қызылсай туберкулез диспансерін басқарды. 1973-1980 жылдары Жаңаөзенде ашылған облыстық туберкулез ауруханасының бас дәрігері болып еңбек етті. Бұдан кейінгі жылдары осы облыстық ауруханаңың бас дәрігерінің орынбасары, бөлім меңгерушісі қызметтерін абыройлы атқарды.

Е.Жұмашұлы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен, КСРО денсаулық сақтау саласының үздігі төсбелгісімен марапатталған.

ӨТЕҒАЛИЕВ БАҚЫТЖАН



1965 жылы Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Қызылсай кентінде туған.

1987 жылы Алматы құрылыс техникумын бітірген соң «Маңғыстау мұнайгазқұрылыс» трестінде тас қалаушыдан бастап, 1999 жылға дейін осы мекеменің бас инженері дәрежесінде қызмет атқарды..

1999-2002 жылдары Жаңаөзен қаласы әкімінің бірінші орынбасары, 2002-2007 жылдары «Өзенинвест» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мекемесінің директоры қызметін атқарды. 2007-2008 жылдары Ақтау қаласы әкімінің орынбасары болды. 2011-2012 жылдары «Ақтау халықаралық теңіз порты» мекемесінің күрделі құрылыс бөлімін басқарды.

2002 жылдан Маңғыстау облыстық энергетика және тұрғын үй коммуналдық басқармасының бастығы.

Е. Есболұлы -көптеген салалық Құрмет грамоталардың, Алғыс хаттардың иегері.

ӨТЕҒАЛИЕВ МЕЙІРБОЛАТ



1960 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жалпақтал кентінде дүниеге келген. Мамандығы экономист. 1977-1981 жылдары Алматы халық шаруашылығы институтын тамамдаған. 1981-1984 жылдары Қазақ КСР Қаржы министрлігінде экономист болып бастаған.

1984-1991 жылдары Маңғыстау облыстық қаржы бөлімінде, «Маңғыстаумұнай» өндірістік бірлестігінде, аға экономист, бөлім бастығының орынбасары, бөлім бастығы болды. 1991-1997 жылдары Маңғыстау облыстық салық инспекциясының бірінші орынбасары, 1997-1999 жылдары Маңғыстау қалалық салық комитетінің төрағасы қызметін атқарды. 1997-2007 жылдары Маңғыстау облыстық салық комитеті төрағасының орынбасары, 2007-2012 жылдары Ақтау теңіз порты мекемесінің салық басқармасының бастығы болды.

Қазір Маңғыстау облыстық салық департаменті бастығыны орынбасары болып еңбек етеді.

ӨТЕҒАЛИЕВ ҚҰЛЖАН

1904 жылы Гурьев ауданы, 27-ауылда туылған. Кеңес, партия қызметкері. 1918 жылы Гурьев 2 кластық орыс-қырғыз училищесін бітірген. 1923-25 жылдары Орал педтехникумында оқыған. Еңбек жолын 1918 жылы бақташы болып бастады. 1921-23 жылдары Соколы ауылдық кеңесінің хатшысы, 1925-30 жылдары комсомол жұмысында, БЛКЖО Гурьев және Ақмола облыстық комитетінің хатшысы, 1931-34 жылдары БК (б) П Қарағанды облыстық Еркіншілік және Төнкеріс аудандық комитеттерінің хатшысы, 1935-37 жылдары БК (б) П Орал облыстық комитетінің нұсқаушысы, Бөрлі аудандық партия комитетінің хатшысы, ҚК (б)П Гурьев округтік комитетінің 1-хатшысы болып сайланды. 1964 жылға дейін басшы партия-кеңес жұмысын атқарды. ҚКСР Өндіріс азық-түлік тауарлар министрінің орынбасары болды. 1-сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1937).

ӨТЕПОВ ҚАБДОЛ

1949 жылы Жылой ауданында дүниеге келген. Бірнеше мамандығы бар жұмысшы, белгілі өнерпаз. Еңбекке 1965 жылы Доссор автокөлік жөндеу зауытында темір жонушы ретінде араласқан. Ұзақ жыл Доссордағы кәсіпорын мен мекемелерде жүргізуші болып жасаған. 1992 жылы «Ембімұнай» бірлестігі технологиялық көлік базасының Доссордағы №3 және 1999 жылы «Доссормұнай» базасы арнаулы көлік керуенінің жүргізушісі. 1962 жылы аудандық үлт аспаптары халық оркестрінің әншісі. Бүкілодақтық және 1977 жылы Болгарияда өткен халықаралық фестивальдің лауреаты, 2001 жылы өткен «Қазақойл» ЖАҚ көркемөнерпаздары байқауының жүлдегері.



ӨТЕПОВ ҒИНАЯТОЛЛА

1937 жылы Атырау облысы, Теңіз ауданы, Морской ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1951-1958 жылдары балықшы, шағын теплоход механигі болды.1958-1961 жылдары әскер қатарында қызмет етті.1961 жылы жолдамамен келіп, Маңғыстаудың Қарақия мұнай барлау экспедициясына инженер болды. Мұнай саласының ардагері. Қазақстан Өнертапқыштар қоғамының мүшесі. Көптеген салалық марапаттар иегері.

Ғ.Баязұлы 1997 жылы дүние салды.

ӨТЕҒАЛИҰЛЫ ЖҰМАШ



1909 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданында туған. 1930 жылы Орал қаласындағы педагогикалық институтын бітіріп, Атырау облысында оқытушы, мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің бастығы болып жұмыс істеді.1943-1949 жылдары Атырау облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1949-1952 жылдары Москваның Жоғарғы партия мектебінде оқиды.1952-1954 жылдары Атырау облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болған. 1955-1962 жылдары Атырау облысының Есбол аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс істеді.1963-1970 жылдары Атырау облысы "Индерборат" рудник басқармасында түрлі қызметтер атқарды. Бірнеше орден, медальдармен марапатталған.

1971 жылы дүние салды.

ӨТЕҒАЛИҰЛЫ БОЛАТ



1926 жылы Атырау облысы Қызылқоға ауданында дүниеге келген. 1944-1948 жылдары Ташкент қаржы-экономикалық институтында оқыды. 1948-1952 жылдары Алматыда Қазақ КСР Министрлігінде жауапты қызметтер атқарды. 1952-1954 жылдары білімін жетілдіру мақсатында Ленинградтағы Қаржы академиясының тыңдаушысы болады. 1954-1966 жылдары Атырау облыстық Қаржы басқармасының бастығы қызметін атқарды. 1966-1972 жылдары Атырау облыстық партия комитетінің әкімшілік бөлімін басқарды. 1972-1989 жылдары Алматыдағы Казпотребсоюзда басқарма бастығы төрағасының орынбасары болып еңбек етті. Одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер. Бірнеше орден, медальдармен марапатталған.

2003 жылы Алматыда дүниеден қайтты.

ӨТЕГЕНОВ АБДОЛЛА



1931 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында дүниеге келген. 1942 жылдан бастауыш мектепті бітірмей жатып еңбекке араласқан. Орта білімді 1965 жылы Ганюшкин кешкі мектебінен алды.1942-1962 жылдар аралығында "1 Май", "Еңбекші таң", "Коллективный труд", "Путь к коммунизму", "Қызыл таң", "Жаңа жол" колхоздарында төраға хатшысы, табель жүргізушісі, есепші, аға есепші болып істейді.1962-1970 жылдары Калинин атындағы совхозда бас есепші, 1970-1974 жылдары аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі болды. 1974-1985 жылдары "Теңіз" совхозының директоры, 1985-1986 жылдары Ганюшкин селолық тұтынушылар қоғамының басқарма төрағасы, аудандық ауыл шаруашылық басқармасында есепші, 1987-1994 жылдары "Теңіз" АҚ бастауыш кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметтерін абыройлы тқарды.1991 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық заңгерлік оқуды аяқтаған. Бірнеше рет ауылдық, аудандық Кеңестің депутаты болған. Бірнеше медальдардың иегері. Құрманғазы ауданының Құрметті азаматы.

ӨТЕШҰЛЫ ТАБЫНБАЙ



1913 жылы Атырау алабында дүниеге келген. Мұнай өнеркәсібінің үздігі (1942), 1932-1935 жылдары – Қосшағыл мұнай кәсіпшілігінде жұмысшы, бұрғылау бөлімшесінде коллектор, бұрғышының көмекшісі, бұрғышы. 1935-1946 жылдары - Құлсары, Мақат, Сағыз, Комсомольск мұнай кәсіпшілігінде өндіру цехының шебері. Доссор мұнай кәсіпшілігінде цех бастығы, мұнай кәсіпшілігінің директоры. Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, және Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

1958 жылы өмірден озған.

ӨТЕҒҰЛҰЛЫ ҚАРАМҰРЗА



1873 жылы дүниеге келген. Ол үш жасында әкеден, он алты жасында шешеден қалып, жетімдікке ұшыраған. Отыз бір жасында Қаракемпір руынан, шын мәнінде қазақ болып кеткен Өтеулі деген сүйегі орыстың қазақтан алған әйелінен туған (ол туралы Тәкей Қарамұрзаұлының «Қойшылықтан профессорға дейін» деген кітабынан оқуға болады) Жұбай деген он сегіз жастағы қызға үйленеді. Екеуінен тоғыз ұл, екі қыз тарайды, олардың ішінен Боқай мен Құлқаштың арасындағы төрт ұл және бір қыз жастай дүние салған. Олар Кенбай жерінде қалыпты. Қарамұрза әулетнің негізгі қонысы Кенбай болыпты. Балалары тұрмаған соң, сағалап, шамамен 1925 жылдары Жем бойына келіп қоныстанған. Қарамұрзадан өрген ұрпақтардың барлығы дерлік мұнайшылар, ғалымдар айтулы азаматтар болды.

ӨТЕГЕНОВ ШӘМЕЛ



1920 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. 1936 жылы Гурьев педагогикалық училищесіне түсіп, оны 1939 жылы бітіріп шығады. Сол жылдан бастап Қызылқоға ауданы Қаракөл орта мектебінде орыс тілінен мұғалім болып орналасады.1939-1946 жылдар арасында әскер қатарына шақырылып, қатардағы жауынгерден офицерлік дәрежеге көтерілген. Капитан. 1946 жылы механикаландырылған батальонның штаб бастығы болып тағайындалды.Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін Гурьев облыстық мәдениет бөлімінде, облыстық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінде 1950 жылға дейін жұмыс жасады. 1950 жылы Қызылқоға аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, 1951-57 жылдар аралығында Қарабау орта мектебінде мұғалім болып істеді.1957-1963 жылдары Қызылқоға аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, 1963-1971 жылдары «Миялы» сегізжылдық, «Тасшағыл» сегіжылдық мектептерінде, «Қарабау» орта мектебінде орыс тілінен ұстаздық етті.Ш.Шуйінішқалиұлы III дәрежелі Кутузов және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, оннан астам жауынгерлік, мерекелік медальдармен марапатталған.

1971 жылы қайтыс болды.

ӨТЕУОВ ҚУДАЙЫМБЕРДІ



1927 жылы Астрахань облысы, Володар ауданы, Архаровка ауылында дүниеге келген.1941 жылы Астрахань облысының Краснояр ауданындағы Байбек жетіжылдық қазақ мектебін бітірген. Ұлы Отан соғысы басталып кеткен соң оқуды жалғастыруға мүмкіншілігі болмай, колхозда балықшы, мотор жөндеуші болады.1943 жылы Астраханьнан Володар ауылына көшкен Қазақ педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, қазақ балаларын оқытатын жетіжылық педагогикалық курсты аяқтайды. Сөйтіп Краснояр ауданына мұғалім болып істеуге жолдама алады.1944 жылы үш айдай Краснояр ауданындағы жинақ кассасында инспектор болып қызмет атқарады. 1944-1972 жылдары Краснояр ауданында

Истамғазы, Қаратөбе, Алша, Ақсарай, Дельта ауылдарында бастауыш және орыс мектептерінде мұғалім және директор болып қызмет атқарды. 1972-1992 жылдары Павлодар қаласындағы №5 қазақ орта мектебінде директор, Павлодар ауданында оқу бөлімінің меңгерушісі, облыстық кәсіптік білім беру басқармасында бастықтың бірінші орынбасары, қалалық №31 кәсіптік-техникалық училищеде география пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарды.

Қ.Сыралыұлы "Құрмет белгісі" орденінің, бірнеше медальдардың иегері. ҚР кәсіптік – техникалық білім үздігі.

20 – дан астам Құрмет грамоталарының иегері.

ӨТЕУОВ МАРАТ



1955 жылы Астрахань облысы, Краснояр ауданы, Жасынсоққан ауылдық кеңесіне қарасты Ақсарай елді мекенінде дүниеге келген.1970 жылы «Дельта» сегізжылдық мектебін бітірді. 1970-1972 жылдары Астрахань қаласындағы №41 орта мектепті ойдағыдай аяқтайды. 1977 жылы Павлодар қаласындағы индустриалдық институтты аяқтап, механик-технолог мамандығын иеленді. 1977-1980 жылдары Павлодардағы асхана құрал-жабдықтарын жасайтын зауытта комсомол ұйымының хатшысы болып істеді. 1980-1982 жылдары Мәскеудегі КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкерлерін даярлайтын академияны бітірген. 1982-1992 жылдары Павлодар қаласындағы МҚК-інің өкілетті қызметкері, бөлім бастығы болды.Полковник М.Құдайымбердіұлы 1992-2000 жылдары Алматыдағы МҚК-інің орталық аппаратында 5-басқарманың бастығы, 2001-2002 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық МҚК департаментінің бірінші орынбасары, 2002-2003 жылдары Алматы қаласы ҰҚК департаментінің бесінші басқармасының бастығы, 2003-2006 жылдары Қарағанды облыстық ҰҚК департаментінің 2- басқармасының бастығы, 2006-2007 жылдары ҚР ҰҚК барлау жүйесінің жауапты қызметкері болды. Бірнеше медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған.

ӨТЕУОВ МАҚСОТ



1949 жылы Астрахань облысының Краснояр ауданы, Алша ауылында дүниеге келді.1963 жылы «Дельта» сегізжылдық, 1965 жылы «Новоурусовка» орта мектебін бітірді. 1966 жылы Астраханьдағы байланыс электротехникумының екінші курсынан кейін әскер қатарында болды. 1970 жылы оқуын тамамдап, электрмонтаждау мамандығын алып шығады. Жолдамамен Павлодар қаласындағы «Казсвязьстрой-2» мекемесіне мамандығы бойынша жұмысқа орналасты. Осында ол шебер, инженер міндеттерін атқарды. 1978-1980 жылдары Петропавл қаласындағы «Казсвязьстрой-3» мекемесінде бас инженер болды. 1980-1982 жылдары Арқалық облысындағы «Казсвязьстрой-4» мекемесінің бастығы міндеттерін атқарды. Жоғары білімді жас маман М.Құдайымбердіұлы 1982-1998 жылдары Целиноград облысында «Казсвязьстрой-1» мекемесінің бастығы болып қызмет істеді. Кейіннен «Казсвязьстрой» тресінің бастығының бірінші орынбасары болды.

ПҰСЫРМАНҰЛЫ ТҰРМАНБЕТ (ТҰРМҰХАМБЕТ)

18-19 - ғасырда халық азаттығы жолында күрескен би. Тұрманбет белгілі ағартушы, ел билеуші Мақаш Бекмұхамбетовтің бабасы. Тегі жағынан шеркеш руының Қойыс атасынан. Ресейде Е.Пугачевтің бастауымен 1773-75 жылдары болған көтерілісті қолдап, патша әскеріне қарсы соғысты. Кіші жүзде С.Датовтың бастауымен 1783-97 жылдары өткен үлт-азаттық қозғалысына белсене араласты. Оның алғашқы және соңғы кезеңінде Сырымды қолдады, хандық өкіметтің орнына құрылған жаңа құрылым – Байұлы Бас ордасына бас ағаман болып сайланды. Қозғалыстың орта шенінде Сырымға дұшпандық көз қараста болды. Негізінен, оташылдықтан құтылуды жақтады.

РАЕВ АДАЙБАЙ

1929 жылы Гурьев қаласында туылған. Экономист-есепші. КазМУ-ды бітірген (1960). 1943-63 жылдары Байшонас мұнай кәсіпшілігінде есепші, аға есепші, бас есепшінің орынбасары, бас есепші, Мақат кәсіпшілігінде бас есепші. 1963-72 жылдары «Маңғыстаумұнай» және «Қазақстанмұнай» ӨБ бас есепші. 1972-74 жылдары Қазақ КСР Геология министрлігінің мұнай мен газ жөніндегі Қазақ өндірістік геология базасы бастығының орынбасары. 1974-1997 жылдары Қазақ КСР Мемлекеттік жабдықтау базасы төрағасының орынбасары, кейіннен «Казконтракт» АҚ-ны вице-президенті. 1997 жылы дербес зейнеткер. КСРО Мұнай өнеркәсібінің үздігі белгісі мен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын алған.



РАЙЫМОВ НҰРАХМЕТ



1925 жылы туылған. Инженер-механик, Ұлы Отан соғысына қатысқан. Құлсары терең бұрғылау кеңсесінің автокөлік цехында жүргізуші, Құлсары мұнай базасында бас инженер (1948-1961), Оңтүстік магистралды мұнай құбырлары басқармасының Қосшағыл мұнай қотару стансасының бастығы (1961-1967), Атырау магистралды мұнай құбырлар басқармасында бөлім бастығы, басқарма бастығының орынбасары (1967-1986), II дәрежелі Отан соғысы ордені және бірнеше медальдарымен марапатталған.

РАМАЗАНОВ ҒАПАР



1915 жылы Орда ауданы, Жиекқұм ауылында дүниеге келген. Жетіжылдық мектепті бітіріп, еңбек жолын үлкендерді сауаттандырудан бастайды әрі селолық Советтің хатшысы болып жұмыс істеген.

1937-1940 жылдары Қызыл Армия қатарында борышын өтеген. 1941 жылы армиядан оралған соң, Орда аудандық партия комитеті соғыс бөлімінің бастығы, одан кейін Ұлы Отан соғысына қатысады.

Аға лейтенант шенінде соғыстан аман-есен оралған соң көптеген лауазымды қызметтер атқарған. 1945-1947 жылдары Орал қалалық мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде бөлім бастығы, 1952-1956 жылдары Орал қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы болды. Бұдан кейінгі жылдары аудандық партия комитетінде нұсқаушы, «Бірлік» совхозы партия комитетінің хатшысы, ауылдық кеңестің төрағасы болды. 1960 жылы Орал қаласында облыстық семинар кезінде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысының кабинетінде ұлы жазушы М.А.Шолоховпен кездеседі.Міне, осы кездесуден кейін ол орыстың ұлы жазушысы М.Шолоховпен достық қарым-қатынаста болды. 1986 жылы «Жалын» баспасынан оның «Біздің Шолохов» атты деректі кітабы жарық көрді.

Ол 1974 жылы дүние салды.

РАМАЗАНОВ МҰХАМБЕТ



1961 жылы Гурьев облысының Миялы елді мекенінде дүниеге келген. 1976-1979 жылдары Гурьев қаласындағы кәсіптік-техникалық училищеде оқыды. 1984 жылы Қарағанды индустриалды-педагогикалық техникумын бітіріп, техник-шебер, өндірістік оқу шебері мамандығын алды. 1980-1982 жылдары әскер қатарында болғанда, Жоғары комсомол мектебін бітірді. БЛКЖО XIX съезінің делегаты болды. 1984-1991 жылдары Ақтөбе қаласындағы кәсіптік оқу орнында өндірістік оқу шебері. 1991 жылы МП "Сервисте" жабдықтаушы қызметін атқарды.1992-1994 жылдары "Атырау" жеке кәсіпорынының директоры, 1994-1995 жылдары "ЗапКазЭнерго" өндірістік бірлестігінде маркетинг бөлімі бастығының орынбасары, 1995-1997 жылдары "Илек-Мұнай ЛТД" ЖШС директоры.1997-2003 жылдары "Аланды" ЖШС директорының орынбасары. 2003 жылдан "БиБойл" ЖШС директоры.

Рамазанов көптеген әлеуметтік рухани іс-шараларға, кітап бастыруға,

музыкалық альбомдар шығаруға демеушілік етіп келеді.

РАХМЕТОВ ІҢІРБАЙ



1927 жылы Миялы селосы, Қызылқоға ауданында туылған. Мұнайшы. 1944 жылы Байшонас мұнай кәсіпшілігінде механикалық шеберханасында жөндеушіге үйренуші, мұнай өндіру операторы қызметтерінде болған. 1956 жылы Доссордағы автокөлік кеңсесінде, автокеруенде, Доссор, Жайық мұнай кәсіпшілігінде жүргізуші, оператор. 1983 жылы зейнеткер. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын иеленген.

1992 жылы дүниеден озды.

РАХЫМБЕРДИЕВ САРАДИН



1928 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданында туған.

Еңбек жолын 1943 жылдың қазан айынан «Қазақстанмұнай» бірлестігіне қарасты автомобиль жөндеу зауытында жөндеуші слесарь мамандығынан бастаған. 1946-1952 жылдары Қосшағыл мұнай кәсіпшілігінде мұнай өндіру қондырғыларының жөндеушісі болып еңбек етті. 1952-1960 жылдары терең ұңғылық насос шеберханасында еңбек етті.1960-1965 жылдары бірлестіктің Қосшағыл кәсіпшілігінде жерасты жөндеу басқармасының шебері болды. 1965 жылы жаңадан ашылған «Маңғыстаумұнайгаз» бірлестігінің алғашқы кәсіподақ комитетінің төрағасы болып сайланды.Сарадин Амантұрұлы 1966 жылы Өзен геологиялық барлау экспедиясының ұңғыларды сынау цехының аға инженері болып тағайындалады. 1967-1988 жылдары «Жетібаймұнайгаз» мұнай өндіру басқармасында ұңғыларды сынау цехының аға шебері, жерасты жөндеу цехының аға шебері және мұнай өндіру цехының аға шебері болып жауапты қызметтер атқарып, өзін білікті маман, шебер ұйымдастырушы, жастардың тәлімгері ретінде көрсете білді. Мұнай өнеркәсібін өркендетуге қосқан үлесі үшін Қазақстан КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, 3-дәрежелі Еңбек даңқы орденімен, бірнеше медальдармен, көптеген Құрмет грамоталармен марапатталған парасатты азамат. Ол мұнай өнеркәсібіне жиырма төрт түрлі жаңалық, өнертапқыштық ұсыныс енгізгені үшін «Құрметті өнертапқыш» белгісімен марапатталған. Ол Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген қызметкері атаған алған.

С.Рахымбердиев өмірінің соңына дейін қоғамдық жұмысқа белсене араласып, жастар тәрбиесінің ұйытқысы бола білді. Ақтау қаласының соғыс және ардагерлер кеңесінің төрағасы болды.

2011 жылы дүние салды

РАҚЫМБЕКОВ ӘБУСЕЙІТ



1950 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Калинин атындағы колхозда дүниеге келген. 1968 жылы Жамбылдағы медициналық училишені, 1974 жылы Томск мемлекеттік медицина институтының әскери – медицина факультетін бітірген.1974-1978 жылдары Түркімен КСР – ында КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Қызыл тулы Ортаазиялық шекаралық округта шекарааралық әскери-медициналық қызметтің бастығы, 1978-1979 жылдары

Небит-Дагтағы шекаралық отрядтың әскери-медициналық қызметінің бастығы, 1979-1982 жылдары Душанбедегі округтік шекаралық госпитальда аға психоневролог, 1982-1990 жылдары Тәжік КСР-ы әскери-медициналық қызметтің бастығы болып жемісті қызмет атқарды.

Әбусейіт Шәріпбекұлы 1990 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери-медициналық қызметінің бастығы болып жоғарылатылды. Жоғары білікті маман, денсаулық сақтау ісінің көрнекті тұлғасы бола білген Ә. Рақымбеков әскери салада инемен емдеу кәсібін алғашқылардың бірі болып меңгерді. 1980-1981 жылдары Ауғанстанда қызмет етті. 1987 жыл Чернобыль атом электр станциясында қызметтік іссапарда болды. Ол КСРО Президентінің, МҚК Төрағасының Грамоталарымен, Ауғанстан Демократиялық Республикасының, еліміздің көптеген медальдарымен марапатталған, МҚК-нің Құрметті қызметкері.

Ол қазір еліміздің ең ірі күзет ұйымдарының бірінде қызмет атқарып жүр.

РЗИЕВ БАЛАҒҰЛ



1910 жылы Жылыой ауданы, Қияқ ауылында туған. Геофизик-жұмысшы. Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген геолог-барлаушысы құрметті атағын алған (1961). Қосшағыл мұнай өндіру кәсіпшілігінде жұмысшы, оператор, каротаж отрядында бригадир, бастығы болды. (1927-1968), Құлсары, Мақат, Прорва, Мұнайлы кәсіпшіліктерін ашып жайғастыруға, Боранқұл, Құмшеті, Тортай, Итбұлақ, Қырықмылтық алаңдарында игеруге қатысты. Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдарымен марапатталған.

1982 жылы қайтыс болды.

РЗИЕВ АСҚАР



1938 жылы Атырау облысы, Қосшағыл кентінде туған. Тау-кен инженері. Мәскеу мұнай институтын бітірген. Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұнайшысы Құрметті атағын алған. Қосшағыл кәсіпшілігінде жөндеуші, «Прорвамұнай» мұнай-газ өндіру басқармасында су айдау цехында шебер, бастығы, кәсіпшілік меңгерушісі, өндіріс техника бөлімі, Орталық инженер- технологиялық қызмет бастығы, басқарманың бас инженері, бастығы. Құлсары мұнай-газ өндіру басқармасында Каратон аймағы бойынша бастықтың орынбасары. «Құрмет белгісі» орденінің және медальдардың иегері.

РЫСҚАЛИЕВ АМАНГЕЛДІ



1949 жылы Батыс Қазақстан облысының Орда ауданында туған.1972 жылы Ресейдің Саратов қаласындағы зоо институтын бітірген.1974-1980 жылдары Ақтөбе облыстық сотында судья, 1980-1985 жылдары Ақтөбе қаласының Пролетар аудандық сотының төрағасы, 1985-1994 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының мүшесі, 1994-2002 жылдары Батыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы қызметін атқарды.

А.Рысқалиұлы 2002 жылдан Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы, жоғары біліктілік сыныбындағы судья. Құрмет орденінің иегері, басқа да мемлекеттік наградалармен, медальдармен марапатталған.

РЫСҚАЛИЕВ БЕРГЕЙ



1967 жылы Атырау облысы, Мақат кентінде дүниеге келген. 1991 жылы Алматы сәулет-құрылыс институтын және 2000 жылы Алматы мемлекеттік заң академиясын бітірген. 1991 жылы "Батысгазэнерго" АҚ құрылыс-құрастыру басқармасында шебер, учаске бастығы болды. 1992 жылы Ақтөбе қаласында түрлі коммерциялық мекемелерде еңбек етті. 1997 жылы "Трансмар" ЖШС- інің бас директорының орынбасары, 2002 жылы Атырау облысы әкімінің кеңесшісі, 2003-2005 жылдары Атырау облыстық Мәслихатының хатшысы, 2005-2006 жылдары Атырау облысы әкімінің орынбасары, Атырау қаласының әкімі. Б.Сәулебайұлы 2006-2012 жылдары Атырау облысының әкімі қызметін атқарды.

2008 жылы Қасиетті ізгі ниетті князь III Даниил Московский орденімен, бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.

РЫСҚАЛИ АМАНЖАН



1969 жылы Гурьев қаласында туған. 2001 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің экономика факультетін бітірген. 1986-1993 жылдары темір жол саласында жол монтері, слесарь-электрик. 1993 жылдан «Аслан» ШК коммивояжері, «БАТЭКС» ЖК экспедиторы. 1996 жылдан «БАТЭКС» ЖШС директоры, 1998 жылдан «Трансмарс» ЖШС бас директоры. Атырау облыстық мәслихатының екі шақырылымының депутаты.

Р.Сәулебайұлы Құрмет орденімен, «Атамекен» одағы экономикалық палатасы төралқасының 2-дәрежелі «Атамекен» медалімен, «Нұр Отан» ХДП

«Белсенді қызметі үшін», ҚР Білім және ғылым министрлігінің төс- белгілерімен, ҚР Ұлттық олимпиада резервінің құрмет белгісімен марапатталған. «Білім беру меценаты-2008», ҚР Құрметті спорт қайраткері атақтарына ие.2012 жылдан бері ҚР Парламент мәжілісінің депутаты.

САБЫРОВА МЕЛЛЯТ



1927 жылы Гурьев облысы, Теңіз ауданының Морской ауылында дүниеге келген. Алматы қаласындағы педагогикалық институтты және ауыл шаруашылық институтын зоотехник мамандығы бойынша бітірген. Талмай еткен еңбегінің арқасында екі салада да үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, талай марапттар мен сыйлықтарға ие болды. Оқу жүйесі саласында қарапайым мұғалімдіктен аудандық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісіне дейін көтерілді. Еңбек Қызыл Ту, "Құрмет белгісі", Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған. Одақтық дәрежедегі зейнеткер атағына ие болды. Зейнеткерлікке шыққанан кейін де біраз жұмыстар жасады. "Теңіз-Шевроил" компаниясының жолдамасымен Англияға аттанып, Қазақ елшілігінің келісімімен сондағы қазақ диаспорасының бастығы міндетін атқарды. Англияда болған 4 жылда ағылшындарды қазақ халқының салт-дәстүрімен, музыкалық аспаптарымен және ұлттық киімдерімен таныстырды. Зейнеткер бос уақытын жазушылықпен айналысуға жұмсайды. Оның тәуелсіз елдің өміріне, жетістіктеріне арналған "Атырауым-Аңсарым","Өмір – тірліктің айнасы", "Шуақты күндер" атты кітаптары жарыққа шықты.

САБИРОВ ГЕННАДИЙ



1951 жылы Тамбов облысы, Бондарь ауданы, Нащекино ауылында туған. Орта мектепті Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы, Талов совхозында бітірген. 1970-1972 жылдары әскери борышын өтеді.

1973-1976 жылдары Батыс Қазақстан облысы, Таскала ауданында ұстаздық қызмет атқарады. Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университетін тарихшы-этнограф мамандығы бойынша бітірген.

1976-1986 жылдары Таскала ауданында «Екпін» газетінде фототілші қызметін атқарған. Кейін облыстық «Приуралье», «Орал өңірі» газеттерінің арнаулы меншікті тілшісі болды.

Ғ. Ихсанұлы КСРО және ҚР Журналистер одақтарының мүшесі. Екі тілде жазады.Ол Батыс Қазақстанның тарихы мен этнографиясын зерттеумен айналысып, «Ұстазға мың тағзым», «Жырлар жырлайды», «Семья и брак у казахов в XIX-XX веках», «Учителя земли Бурлинской», т.б.кітаптардың авторы.

Қазір «Жайық жарнамасы» газетінің бас редакторы болып істейді.

САБУҒАЛИЕВ МАҚСОТ



1948 жылы Гурьев облысы, Мақат ауданы, Сағыз кентінде дүниеге келген. 1968 жылы Гурьев политехникалық техникумын, 1984 жылы Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын кен инженері- геолог мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1968 жылы Семей тауар-көлік басқармасында бас механик болып бастаған. 1969 жылы "Өзен – Гурьев – Куйбышев" бірегей мұнай құбырын пайдалануын іске қосуға қатысқан. 1969-1995 жылдары Мұнай және газ өндірісі саласында түрлі құрылымдарда оператор, инженер-диспетчер, сұйық қойма паркінің, линиялық - өндірістік диспетчерлік стансаның бастығы, "Өзенмұнайгаз", "Қаражанбасмұнай" АҚ басқармасының құрамындағы өндіріс нысандарында аға технолог, цех бастығы, өндірістік бөлім бастығы, т.б. қызметтер атқарған. 1995-2002 жылдары "Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының бөлім бастығы, ҚР Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің мұнайды тасымалдау басқармасының жетекші инженері, басқарма бастығы, "Қазақойл" ҰМК ЖАҚ-ының өндірісті басқару департаментінің Маңғыстау облысы бойынша бас менеджері, бас инженері, сектордың бас талдаушысы. 2002 жылдан "КазМұнайГаз" АҚ өндіруші активтер департаментінің бас менеджері.

М.Қажымұратұлы салалық, мерекелік төсбелгілемен, Құрмет грамоталармен марапатталған. ҚР Президентінің Алғыс хатының иегері.

САБУҒАЛИЕВ МАҚСЫМ



1952 жылы Гурьев облысы, Мақат ауданы, Сағыз кентінде дүниеге келді.1969-1974 жылдары Алматыдағы Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетінде оқып, тау-кен инженері деген мамандық алып шықты. Жолдама бойынша "Маңғыштаумұнайгаз" бірлестігінің "Өзенмұнайгаз" өндіру басқармасына мұнай, газ өндіру және жерасты жабдықтарын жөндеу цехтарына оператор болып орналасты. Кейіннен мұнай-газ өндіру цехының басшысы, "Өзенмұнайгаз" өндіру басқармасының бас инженерінің орынбасары болып қызмет атқарды. 1993-1999 жылдары "Маңғыстаумұнайгаз" бірлестігінде, "Қаламқасмұнайгаз" өндіру басқармасы бастығының орынбасары, "Жетібаймұнайгаз" өндіру басқармасының бас инженері және басшысы болып еңбек етті. 1999-2002 жылдары М.Қажымұратұлы "ҚазМұнайГаз" компаниясында, соңынан "Қазахойл Ақтөбе" басқармасында істеді.2002-2005 жылдары "Алтиес Петролеум Интернэшнл БК" мұнай компаниясын басқарды. 2005 жылдан "Каспийнефть ТМЕ" АҚ мұнай компаниясының технология- инженерлік басқару орталығын басқарады.

САБИРОВ МЕҢЕШ



1932 жылы Орал облысы, Орда ауданының Бисен ауылында дүниеге келген. 1939 -1950 жылдары Ордадағы М.Горький атындағы орта мектепті күміс медальмен бітіріп шықты. Еңбек жолын 1950 жылы мұғалім болып бастаған. 1950-1957 жылдары "Жиеккум", "Большевик" жетіжылдық мектептерінде математика пәнінен мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі болып істеді. 1957-1963 жылдары Жәнібек ауданында сегізжылдық мектеп директоры, 1967 жылдары Орда санитариялық мектеп-интернатында директор. 1967-1972 жылдары Жәнібек аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған. 1961 жылы Орал педагогикалық институтының математика факультетін сырттай оқып бітірді. 1972-1983 жылдары Орда аудандық Советі атқару комитетінің хатшысы, ал 1983-1992 жылдары аудандық Советі атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1992-1993 жылдары аудан әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

М.Сабиров халық депутаттары аудандық Советтерінің депутаты болып сайланған. КСРО, ҚКСР халық ағарту ісінің озық қызметкері, үш медальмен, көптеген Құрмет грамоталармен марапатталған.

САБИРОВ НҰРЛАН



1958 жылы Орал облысы, Жәнібек ауданы, Күйгенкөл ауылында дүниеге келген. 1975 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсіп, 1979 жылы оқу орнын математика пәні мұғалімі мамандығы бойынша тамамдады.1979-1986 жылдары М.Мәметова атындағы орта мектепте мұғалім. 1986-1987 жылдары Орда аудандық әдістемелік кабинетінің меңгерушісі, 1987-1996 жылдары Орда ауданында мектеп директоры, 1996-2007 жылдары Бөкей Ордасы аудандық білім беру бөлімінің меңгерушісі, аудан әкімінің орынбасары қызметтерін атқарды. 2007-2011 жылдары Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасы бастығының орынбасары, 2011-2012 жылдары Теректі ауданы әкімінің орынбасары болды. 2012 жылдың маусым айынан бастап Бөкей Ордасы ауданының

әкімі қызметін атқаруда.

Н.Менешұлы мерекелік медальмен, салалық Құрмет грамоталармен марапатталған.

САҒЫТЖАНОВ СЕРІК



1941 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. Инженер-механик. Мәскеу мұнай институтын (1965), Алматы Жоғары партия мектебін (1984) бітірген. 1958 жылы Гурьевтегі Петровский атындағы машина жасау зауытында жабдықтарды жөндеуші, инженер-технолог. 1967 жылы Байшонас мұнай кәсіпшілігінде аға механик, бас механик. «Доссормұнай», «Жайықмұнай» базасында бас механик. Доссор өндірістік қызмет орталық базасының бастығы. 1977 жылы Новобогат аупарткомының хатшысы, Мақат ауаткомының төрағасы, Атырау қалалық халықтық бақылау комитетінің төрғасы. «Атыраумұнайгазгеология» бірлестігінде бас директордың орынбасары. 1992 жылы Мақат аудандық әкімшілігінің басшысы, Атырау облысы әкімінің орынбасары. 1994 жылы «Теңізмұнай» АҚ бас директоры, президенті, 1999 жылы «Қазақойл-Ембі» ААҚ Орталық өндірістік қызмет көрсететін базаның директоры. 2002 жылдан зейнеткер. Құрмет орденінің, көптеген медальдардың иегері. 2006 жылы дүние салды. (398-бет.).

САҒЫТЖАНОВ ҒАБДЫХАЛЫҚ



1915 жылы Қызылқоға ауданында дүниеге келген. Инженер-экономист. ҚазМУ-ды бітірген (1963). 1931 жылы «Ембімұнай» тресінде есепші, статист, бас есепшінің орынбасары, бас есепші болды. 1949 жылы Ор қаласындағы мұнай өңдеу зауытында бас есепші, «Қазақстанмұнай» бірлестігінде бас есепші. Батыс Қазақстан Халық шаруашылығы кеңесі есеп-қаржы бөлімінде бастық, «Ембімұнай» бірлестігінде бас директордың орынбасары. 1984 жылы дербес зейнеткер. Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген экономисі (1968), КСРО Құрметті мұнайшысы (1975). Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, КСРО Мұнай өнеркәсібінің үздігі белгісімен ұлықталған. Доссор кентіндегі бір көшеге Ғ. Сағытжанов есімі берілген.

1988 жылы дүниеден озды.

САҒЫНДЫҚОВ ЕДІГЕ



1948 жылы Мақат кентінде дүниеге келген. Тау-кен инженері. Уфа мұнай институтын бітірген. 1971 жылы Мақат жүйелік-өндірістік базасында кондырғы машинисі, шебер, аға диспетчер, аға инженер, компрессорлық станция бастығы, бас инженер, басқарма бастығы. 1995 жылы «Жайықтрансгаз» мемлекеттік кәсіпорынның бас инженері, «Газқамту» АҚ-ның директоры, «Батыстрансгаз» АҚ-ның вице-президенті, КСРО Газ өнеркәсібінің үздігі.

САҒЫНТАЙҚЫЗЫ ОРАЗГҮЛ



1960 жылы Өзбекстан Республикасының Ташкент облысының Бөке ауданына қарасты «Көкарал» совхозында дүниеге келген. 1966-1976 жылдары С.Орджоникидзе атындағы орта мектепте оқыған. Мектептен соң туған ауылында жұмысшы болды. 1978 жылы республикалық «Тұрсынайшылар» механизаторлық курсын бітіріп, 1979 жылдан бастап звено жетекшісі болды.1984-1993 жылдары мақташылар бригадасының жетекшісі болды. 1994-2002 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданындағы Сайрам ауылына қарасты Яссауи атындағы өндірістік кооперативте көкөніс бригадасының жетекшісі, 2002 жылдан бері Сайрам ауданы жер инспекциясы бастығы болды. Сайрам ауданында ауыл әкімі болып қызмет атқарды.

Оразгүл Сағынтайқызы Әубәкіртегі ерен еңбегі үшін «Құрмет белгісі», Еңбек Қызыл Ту орденділерімен, көптеген медальдармен, одақтық, республикалық дәрежедегі Мақтау грамоталарымен марапатталған. СОКП ОК мен Өзбекстан коммунистік партиясы және комсомол, кәсіподақ съездерінің бірнеше дүркін делегаты, Өзбекстан Орталық партия комитетінің Ташкент облыстық партия комитетінің, республикалық кәсіподақ комитетінің мүшесі, бірнеше рет облыстық, аудандық кеңестің депутаты болып сайланды. О.Сағынтайқызы соңғы рет өткізілген Бүкілодақтық XIX партия конференциясының делегаты болып сайланды.

САҒИЕВ МӘЖИТ



1948 жылы Махамбет ауданы, Алға ауылында туылған. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін (1975) бітірген. Қамыскөл мектеп-интернатында тәрбиеші, мұғалім (1975-78). А.А.Жданов атындағы орта мектептің директоры (1978-87), аудандық білім және спорт бөлімінің меңгерушісі (1987-2004), аудан әкімінің орынбасары. 4 рет селолық кеңестік, 1 рет облыстық мәслихаттың депутаты. Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұғалімі құрметті атағын алған. ҚР білім беру ісінің үздігі, ҚР Оқу министрлігінің Құрмет грамотасымен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Астана» медальдарымен марапатталған.

САҒЫНАЕВ АМАНЖАН



1952 жылы Атырау облысы, Балықшы ауданы, Тасқала ауылында туған. 1969 жылы Гурьев облысының Балықшы ауданындағы Еркінқала орта мектебін бітірді. 1970-1975 жылдары Гурьев педагогикалық институтын бітірген соң 1975-1976 жылдары мектеп мұғалімі, 1976-1978 жылдары Гурьев мұнай химиясы және табиғи тұздар институтында инженер болды.1979-1982 жылдары Москва мұнай химиялық синтездер институтының аспирантурасында оқыды.1982-1984 жылдары Гурьев мұнай химиясы және табиғи тұздар институтында кіші ғылыми қызметкер, 1985-2004 жылдары Ақтөбе педагогикалық институтында, Ақтөбе университетінде аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, декан қызметтерін атқарды. 2004 жылдан бері Атырау мұнай және газ институтында декан қызметін атқарады.

А.Төремұратұлы химия ғылымдарының докторы, профессор. Ол 2 монография, 6-7 оқу және әдістемелік құралдардың авторы. Ол 130-дан астам ғылыми мақалалары халықаралық, республикалық арнайы ғылыми журналдарда және конференциялық жинақтарында жарияланған. Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздік қызметкері, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен марапатталған.

САДЫРОВ ЗИНОР



1922 жылы бұрынғы Гурьев облысының Дыңғызыл елді мекенінде дүниеге келген. Мектеп бітірген соң, Гурьев педагогикалық училищесінде оқып білім алған. Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлігі үшін "Қызыл Жұлдыз" орденімен, медальдармен марапатталған. Соғыстан кейінгі жылдары Киров атындағы колхоздағы мектепте оқытушы болды. Орал қаласындағы педагогикалық институтының география факультетін бітірген. 1949-1962 жылдары Теңіз аудандық білім беру бөлімінде инспектор, аудандық партия комитетінде нұсқаушы қызметін атқарады. 1959 жылы Теңіз ауданының Сүйіндік совхозында партия комитетінің хатшысы болып еңбек етті. 1962-1990 жылдары Теңіз ауданының орталығында және Үштоған елді мекендерінде мектеп директоры қызметін атқарды. Кейінгі жылдары "Сүйіндік" орта мектебінде ұстаздық етті.

2003 жылы дүниеден озды.

САДЫРОВ САНЖАР

1984 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Сүйіндік ауылында дүниеге келді. 1990-2001 жылдары "Сүйіндік" қазақ орта мектебін тамамдап, 2001-2005 жылдары Орал қаласындағы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің тарих-география факультетін үздік дипломмен бітіріп, сол университеттің география кафедрасына оқытушылық қызметке қалады. 2006 жылы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің жерге орналастыру және кадастр кафедрасына ауысады. Ол мұнда құрылыс, мұнай – газ ісі, жерге орналастыру, кадастр және т.б. мамандықтарға байланысты геодезия пәні бойынша сарамандық және дәріс сабақтарын жүргізеді. 2007-2009 жылдары аталған оқу ордасының экология мамандығы бойынша магистратурасын бітіреді. Қазіргі кезде механикалардыру технологиялары және жерге орналастыру кафедрасының аға оқытушысы болып, геодезия пәні бойынша сабақтар жүргізеді. Оның 4 ғылыми мақаласы, 7 оқу және әдістемелік нұсқаулықтары, «Инженерлік геодезия бойынша практикум» атты оқулығы жарыққа шықты.

САЗАНБАЕВ РАҚЫМБАЙ



1910 жылы Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында туған. Ауыл молдасында, кейіннен кеңестік мектептен білім алды. 1942-1943 жылдары 316-атқыштар дивизиясында, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің ротасында ауыр ұрыстарға қатысты. 1947-1957 жылдары Сарысу аудандық май өндіру мекемесінің директоры, 1957-1958 жылдары ферма меңгерушісі, 1958-1961 жылдары "Байқадам" совхозы жұмысшылар кооперациясының бастығы, май өндіру мекемесінің директоры, одан кейінгі жылдары сауда саласында қызмет етті.

1968 жылы дүние салды.

САЗАНБАЕВ ЖЕҢІС



1944 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Байқадам ауылында дүниеге келген. 1951-1961 жылдары Байқадамдағы орыс мектебін бітірді. 1961-1971 жылдар аралығында әскер қатарында болды, Шымкенттегі Қазақ химия-технология институтының құрылыс инженеріфакультетін бітірді. 1971-1986 жылдар аралығында "Қаратаухимқұрылыс" тресінде, №20 "Селоқұрылыс" тресінде, №2009 жылжымалы механикалық колоннада шебер, аға прораб болып істеді. 1986-1988 жылдары Сарысу аудандық ауыл шаруашылығы жайылымдарын суландыру мекемесінің бастығы, 1988-1994 жылдары ауданның бас сәулетшісі, 1994-1997 жылдары аудан әкімінің аппарат жетекшісі. 1997 жылдан Сарысу аудандық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің төрағасы болды.

САЗАНОВ ОРДАН



1926 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданында туған. Әкесі ерте дүние салған. 1941 жылы Ленин атындағы мектептің 7 класын бітіреді. Колхозда жұмыс істейді. 1943-1945 жылдары соғысқа аттанып, ауыр жарақат алады. 1946 жылы елге оралады. Меңдеткен аурумен ұзақ уақыт алысады. Жамбылдағы мәдени-ағарту училищесін бітіреді. Ауылдың кітапхана меңгерушісі,ауылдық кеңестіңхатшысы болады. Ол талантшы журналист болды. Кезінде ауыл өмірінің өзекті мәселелері туралы жазған дүниелері көптеген газеттерде жарияланды. Ізденімпаз, еңбеккер азамат жиырма жылға жуық ауылдық пошта бөлімін басқарды. Елге сыйлы, көпке құрметті болған азамат 1983 жылы қайтыс болды.

САҚЫП ЕДІГЕ



1952 жылы Гурьев облысы, Мақат поселкесінде дүниеге келен. 1975 жылы Ташкент темір жол көлік институтының «Темір жол құрылысы және жол шаруашылығы» факультетін инженер – құрылысшы, 1994 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясының өндірісті басқару факультетін инженер-экономист мамандығы бойынша бітірген.Е.Ыбырайұлы өзінің еңбек жолын 1969 жылы Қазақ темір жолы Мақат локомотивтік депосында акумуляторшы болып бастады.1975-1991 жылдары Батыс Қазақстан темір жолы Маңғышлақ стансасының жол дистанциясында нормалаушы, құрылыс жұмы-

старының жөндеу шебері, мамандарды өндірістік оқыту шебері, жол бригадирі, аға жол шебері, еңбекті нормалау және ұйымдастыру инженері, 1991-1996 жылдары Маңғыстау стансасының бас есепшісі, 1996-1997 жылдары «Батыс Қазақстан темір жолын жол қызметінің бас бухгалтері, 1997-2007 жылдары Маңғыстау вагон депосының бас есепшісі қызметтерін атқарған.2007 жылдан осы уақытқа дейін Маңғыстау жол бөлімшесінің бас есепшісі қызметтерін атқарады. 2004 жылы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қазақстан темір жолы АҚ-ның, көптеген медаль, төсбелгісімен, Құрмет белгілерімен, Маңғыстау облысы әкімдігінің мерекелік төсбелгісімен, көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Е.Ыбырайұлы-Құрметті теміржолшы.

САҚЫПБЕКОВ БЕГАЛЫ



1914 жылы Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында туған. Ауыл мектебін бітірген. 1938 жылы Уфада кіші командирлер дайындайтын мектептің курсанты болады. Сол жылы кіші лейтенант атағымен фин соғысына қатысқан. 1941-1944 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, Невель әскери бірлестігінде барлау ротасының командирі болған Б.Сақыпбеков жеті рет жараланған, үш рет контузияға ұшыраған. Аға лейтенант 1944 жылы қаңтар айында екінші топтағы мүгедек болып елге оралған. «Қызыл жұлдыз» орденімен, бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған. Соғыстан келген соң Жамбылдағы педагогикалық училищені, Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтты бітірген. 30 жылдан астам Ленин атындағы, Каганович, Жайлаукөл, Бұркітті, Жайылма мектептерінде ұстаздық еткен.1951-1960 жылдары Жайлаукөл, 1960-1963 жылдары Бұркітті, 1966-1974 Жайылма мектептерінде директор болып жұмыс істеді. Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі.

1981 жылы қайтыс болды.

САҚЫПБЕКОВ ЖҰМАБЕК



1953 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Жайлаукөл ауылында ұстаздар отбасында дүниеге келген. Жамбыл есеп-санақ техникумын, Алматы халық шаруашылық институтын бітірген. ҚР Агроөнеркәсіп кешенінің басқару мектебінде тыңдаушы болды. Еңбек жолын 1970 жылы Сарысу аудандық есеп-санақ бөлімінде аға экономист қызметіннен бастаған. 1971-1973 жылдары әскер қатарында борышын өтеген. 1974-1982 жылдары Сарысу аудандық қаржы бөлімінде бюджет инспекциясында аға инспектор, инспекция бастығы қызметтерін атқарған. 1982-1983 жылдары Сарысу аудандық Советі атқару комитетінде хатшы болды. 1984-1989 жылдары ауыл шаруашылығы басқармасында аға ревизор, басқарма бастығының экономика жөніндегі орынбасары, бірінші орынбасары қызметтерін атқарған. 1989-1990 жылдары Сарысу аудандық дайындау мекемесінде директор болды. 1990-1991 жылдары Сарысу аудандық Советі атқару комитетінің бірінші орынбасары қызметін атқарған. 1991-1996 жылдары «Сарысу» совхозының директоры болып жұмыс істеген. 1996 жылдан бері ҚР Қаржы бақылау комитетінің Жамбыл облысы басқармасының Сарысу және Талас аудандары бойынша бас бақылаушы-тексеруші қызметін атқарып жүр. Ол бірнеше рет ауылдық советтерге депутат болып сайланды.

Жұмабек Бегалыұлына «Үздік экономист» атағы берілген.

САЛИЕВ ЖАУҚАН



1917 жылы Гурьев қаласында туған. Бұрғышы-техник. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Гурьев мұнай техникумын (1939) бітірген. Еңбек жолын Байшонас мұнай кәсіпшілігінде бұрғылау технигі болып бастаған. 1941 жылы № 19 қолөнер училищесінде директор. 1946ж «Қазақмұнай» бірлестігі тұрғын үй бөлімінің бастығы. Гурьев облпартокомы мұнай бөлімінің нұсқаушысы, Комсомол мұнай кәсіпшілігінің директоры қызметтерін атқарды. Қызыл Жұлдыз, II дәрежелі Ұлы Отан соғысы, «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

1970 жылы өмірден озды.

САЛИКОВА ГҮЛЗАДА



1972 жылы Бекбике елді мекенінде туылған. Мұғалім. Атырау университетін бітірген (1996). 1996-97 жылдары Мақат ауданы бойынша тергеу комитетінде тергеуші, 1997 жылы М.Баймұқанов атындағы орта мектепте мұғалім, кейін директордың тәрбие жөніндегі орынбасары қызметінде болды. Мақат аудандық «Мақат тынысы» қоғамдық-саяси газетінің директор-редакторы.

САЛЫҚОВ ҚАБДОЛ



1912 жылы Қызылқоға ауданы, Тайсойған ауылында туылған. Мұғалім. Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1933-41 жылдары Доссор қазақ орта мектебінде оқытушы. Мақат аудандық және Гурьев облыстық оқу бөлімдерінің инспекторы болған. Майданда Ленинград құрсауында шайқасқан. 1946-55 жылдары Мақат аудандық оқу бөлімінің инспекторы. «Ескене» мектебінің директоры қызметтерін атқарған. 1955 жылы зейнеткер. "Ерлігі үшін", т.б. бірнеше жауынгерлік медальдармен дәріптелген.

1981 жылы өмірден озды.

САЛАМАТОВ ЖАНЖІГІТ



1914 жылы Ақбас ауылында туылған. Бұрғылау мекемелерінің құрамында 1932-1963 жылдары Құлсары, Қаратон, Тақырбұлақ, Боранқұл, Жантай, Мәткен, Жаңасу кен алаңдарын алғашқы бұрғылауға қатынасқан кен орындарын ашушы. Ұлы Отан соғысы кезінде броньмен тылда жұмыс жасаған. Еңбек Қызыл Ту ордені және екі медаль иесі.

1963 жылы дүние салды.

САНБАЕВ ХАМЗА



1900 жылы туылған. Мұғалім. Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұғалімі. Ойыл кентіндегі 2-сыныптық орыс-қазақ училищесін, мұғалімдер курсын, Гурьев педучилишесін, Орал мұғалімдер институтын бітірген. 1920 жылы Темір уезінің Жекенді және Қазбек болыстарында ұстаздық еткен. 1930 жылы Мақат кентіндегі мектептерде мұғалім, интернат меңгерушісі, орта мектептің оқу ісінің меңгерушісі, директоры, жұмысшы-жастар кешкі мектебінің директоры қызметтерін атқарған. 1960 жылы зейнеткер. Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендері, медальдармен марапатталған. Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері. Мақатта Санбаев Хамза атындағы орта мектеп бар.

1990 жылы өмірден озды.

САНБАЕВ СӘТІМЖАН



1939 жылы Мақат кентінде туған. Жазушы, драматург, киноактер. Шығармаларын орыс тілінде жазады. 1961 жылы Орынбор ауыл шаруашылық институтын бітірген. 1961-62 жылдары Атырау облысы, Энгельс атындағы кеңшарда бас инженер, 1966-68 жылдары «Қазақфильм» киностудиясында, 1968-71 жылдары «Жазушы» баспасында бөлім меңгерушісі, 1974-76 жылдары Павлодар трактор зауытында инженер-конструктор. 1983-86 жылдары Балқаш кен-металлургия комбинатында инженер. 1989 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының аударма және әдеби байланыс жөніндегі бас редакция коллегиясы төрағасының орынбасары қызметінде болды. «Ақ аруана»(1969) атты тұңғыш жинағы, «Жол жалғыз ғана» (1970), «Көк ажал» (1974), «Шөлейт даладағы құдықтар» (1976), «Аңыз ансағанда» (1989), «Біздің өміріміздің жыл маусымдары (1981), «Кеніш» (Кариф), «Алаңқай» («Площадка») атты повестері мен романдары бар. Бұларда қазақ даласындағы Кеңес өкіметінің орнауы, еңбекші халықтың өзгерген өмірі, жаңаның салтанат құруы суреттелген. «Үшы- қиырсыз жол», «Той боларда», «Шоқан Уәлиханов», «Батыр Баян» көркем фильмдеріне түскен. С.Хамзаұлы «Бір құты әтір» драмасының, «Ақшаңқан таулар» атты көркем фильмнің сценарийін жазды. Абай Құнанбаевтың қарасөздерін, М.Әуезовтің, С.Бегалиннің, Ә.Сәрсенбаевтың повесть, әңгімелерін орыс тіліне аударған. ВЦСПС, КСРО Жазушылар одағы сыйлықтарының лауреаты. «Там, где горы белые», «Дом у соленого озера» кинофильмдерінің авторы. Қазір шығармашылық жұмыста. Еңбектері көптеген елдердің тіліне аударылған.«Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

2013 жылы дүние салды.

САПАРОВ АМАНДЫҚ



1962 жылы Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Толыбай ауылында туған. 1979 жылы орта мектепті бітірген. 1979-1981 жылдары мал өсіретін "Үшқын" бригадасында еңбек етті. 1981-1983 жылдары Мурманск облысында әскери қызметін өтеді.1984-1989 жылдары туған ауылында пошта меңгерушісі, 1989-1992 жылдары Ақтөбе қаласындағы ауыл шаруашылық техникумында оқыды. 1992-1997 жылдары ауылдық кеңесте ақша таратушы, бас есепші қызметін атқарды. 1997-2005 жылдары мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары, 2005 жылдан Толыбай ауылының әкімі қызметінде.

САПАРОВ НӘСІПҚАЛИ



1924 жылы Гурьев облысы, Есбол ауданы, Гребенщик ауылында туған. 1931-1941 жылы Елтай орта мектебінде оқыған. 1941 жылдан бастап Гребенщик ауылдық кеңесінде салық агенті, 1942 жылы аудандық қауіпсіздендіру бөлімінде учаскелік инспектор болады. 1942 жылы Гурьев қаласында әскери училищені бітіріп, лейтенант шенінде соғыска аттанады. 2,3,4 –Украина майданында взвод, рота командирі болады. Румыния, Болгария, Югославия, Венгрияны азат ету операцияларына қатысады. Төрт рет жарақаттанды. Соғысты Австрия жерінде, капитан шенінде аяқтайды. Екі мәрте Қызыл Жұлдыз орденімен, көптеген жауынгерлік медальдармен марапатталған.

1945-1949 жылдары Есбол аудандық қаржы мекемесінде есепші, аудандық партия комитетінде жауапты қызметтер атқарады. 1953 жылы Есбол МТС-ының партия комитетінің хатшысы, «Правда» колхозы төрағасының орынбасары, бастығы, аудандық мал бордақылау мекемесінің директоры болды. Бірнеше мәрте аудандық, облыстық кеңестің депутаты болды.

1981 жылы дүниеден озды.

САПАРОВ МӘЛІК



1961 жылы Атырау облысы, Индер ауданы, Гребенщик ауылында дүниеге келген. 1968-1978 жылдары Кулагинодағы Жамбыл атындағы орта мектепті бітірген. 1978 жылы аудандық ПМК-да слесарь болып, 1979 жылы жүргізуші мамандығын алады. 1979-1981 жылдары әскери борышын атқарады. Бір жылдай туған ауданында автобазада жүргізуші болады. 1982-1985 жылдары Саратов қаласында құрылыс техникумында оқиды. 1985-1989 жылдары «Гурьевводстрой» трестінде инженер, 1989-1998 жылдары сол трестің күрделі құрылыс инженері қызметін атқарады. 1998-2000 жылдары «КаспийТрансСервис» ЖШС-нің директоры, 2000-2002 жылдары Атырау жылу жүйесінде инженер, 2002-2005 жылдары «Каспиймұнайгаз» АҚ-ында жетекші инженер, 2005-2008 жылдары «Теміржолсервис» ЖШС-інде прораб, инженер, 2008-2009 жылдары «Азиатский Газопровод» ЖШС күрделі құрылыс департаментінде инженер болды.

2009-2011 жылдары «Теміржолсервис» ЖШС –інің құрылыс менеджері.

2011 жылдан қазіргі уақытқа дейін «Газпро-

вод Бейнеу-Шымкент» ЖШС – күрделі құрылыс департаментінде жетекші инженер. 2002 жылы Қазақ ұлттық техникалық университетін бітірген. Көптеген салалық Құрмет грамоталармен марапатталған.

СӘРЕКЕН САТЫБАЛДЫ



1935 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қияқ ауылында дүниеге келген. Техник-электрик. 1956-1969 жылдары Құлсары орталық электр станциясында машинист, аға машинист. 1969-1974 жылдары Құлсары орталық электр станциясының кезекшісі, инженері, 1974-1988 жылдары өндіріс-техникалық бөлім аға инженері, электр жүйесіне ұтымды жаңалықтар енгізген. 1970 жылы Қазақ ССР-і Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен, кәсіпорын мекемесінің кәсіподақ комитетінде ұзақ жылдар бойы ерен еңбек етуіне байланысты ВЦСПС-тің төсбелгісімен марапатталған. Жылыой ауданының Құрметті азаматы. С.Қабдығалиұлы-Шеркеш ұрпақтарының шежіресін жасауға көп еңбек сіңірген ардақты азамат.

2011 жылы дүние салды.

САРЕКЕН АМАНГЕЛДІ



1966 жылы Атырау облысы, Құлсары қыстағында дүниеге келген. 1983 жылы орта мектепті бітірген соң Жылыой аудандық электр жүйесінде еңбек етті.Әскери міндетін өтеп келгеннен кейін Алматыдағы байланыс техникумын бітіріп, өз мамандығы бойынша Құлсарыда электромеханик болып жұмыс жасаған. 1992-2002 жылдары шебер, аға электромеханик, радиобайланыс бөлімінде инженер болды. 2002 жылдан бері «ТеңізшевройІл» бірлестігінде технологиялық инженер қызметін атқаруда. Кеңес Армиясы қатарында жүргенде «ВОИН» газетінің бас редакторы болды. Көптеген салалық грамоталардың иегері.

САРЕКЕНОВ ӘЛІБИ



1968 жылы Құлсары қыстағында дүниеге келген. 1984 жылы орта мектепті бітірген соң Атырау қаласындағы техникалық училищеде оқыды. 1986-1987 жылдары Жылыой аудандық электр жүйесінде дәнекерлеуші болып еңбек етті. 1987-1989 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болды. Әскерден кейін екі жылдай өз мамандығы бойынша жұмыс атқарды. 1990-1995 жылдары КГАСА- ның инженер-құрылысшы мамандығын бітірген. 1995-2004 жылдары Құлсарыда «ТеңізшевройІл» кәсіпорындарында шебер, аға инженер болды. 2005 жылдан «ДАЛАРО» фирмасында аға инженер болып қызмет атқарады. Көптеген салалық грамоталардың иегері.

СӘРЕКЕНОВ БИСЕН



1946 жылы Жылыой ауданы, Қияқ ауылында туылған. Тау-кен инженері. ҚазПТИ-ді (1970) бітірген. 1970-1995 жылдары «Ақтөбемұнайбарлау» экспедициясында бұрғышы, шебер, Құлсары ұңғыларды күрделі жөндеу кеңсесінде техника қауіпсіздігін бақылау инженері, технолог, бас инженер, директор, 1973-1992 жылдары ұңғыларды күрделі жөндеу кеңсесінде партия ұйымы хатшысы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

САРҒҰНАНОВ ОРАЗ



1918 жылы Ескене кентінде туылған. Мұғалім. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Орал мұғалімдер институтын бітірген (1937). Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұғалімі. 1937-39 жылдары Ескене орта мектебінде мұғалім. 1946 жылы Ескене, Доссордағы Абай атындағы, кешкі жұмысшы-жастар, Мақат кентіндегі жетіжылдық, Доссардағы «БЛКЖО-ның 40 жылдығы» (қазіргі №4 орта) атындағы мектептердің директоры. 1978 жылы зейнеткер. Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері. Бірнеше медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған. Доссор кентінде О.Сарғұнанов атындағы ауыл бар. Мақат ауданының Құрметті азаматы.

1984 жылы өмірден озды.

САРҒҰНАНОВ ӨТЕҒҰЛ



1900 жылы Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ селосында туылған. Мұнайшы. Ембінің ардагері. 1925 жылы Доссор мұнай кәсіпшілігінде жұмысшы, оператор, аға оператор болған. 1956 жылы зейнеткер. Ленин орденімен, медальдармен марапатталған. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын алған.

1978 жылы өмірден озды.

САРҒҰНАНОВ РАМАЗАН



1947 жылы Ескене кентінде туған. Инженер-геолог. Мәскеу мұнай институтын бітірген. 1970 жылы Доссор мұнай кәсіпшілігінде зерттеу тобының операторы, шебері, «Прорвамұнай» базасында аға геолог, «Теңізмұнай» ӨБ технологиялық бөлімінің бастығы болды. 1993 жылы «Теңізмұнайгаз» АҚ геология бөлімінің бастығы, бас геолог, «Ембімұнайгаз» ААҚ-да бас геолог қызметтерін атқарды. «Ембімұнайгаз» ААҚ сектор меңгерушісі болды.

САРТАЕВ АБДРАХМАН



1942 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Тұрғызба ауылында дүниеге келген. 1960 жылы Сағыз стансасындағы ауыл шаруашылық училищесіне түсіп, шопан-тракторшы мамандығын алады. Сталин атындағы колхозда трактороршы болып, мал шаруашылығында еңбек етті. 1962-1963 жылдары әскер қатарында болды. Атырау ауыл шаруашылық техникумының зоотехник бөлімін, Семей технологиялық институтын сыртта бітірген. 1968-1973

жылдары «Ембі» колхозында шопан, спорт нұсқаушысы, комсомол ұйымының хатшысы қызметтерін атқарды. 1973-1976 жылдары аралығында «Ембі» совхозының кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін атқарды. 1976-1982 жылдары совхоз директорының орынбасары, ферма меңгерушісі болды. 1982-1987 жылдары Жылыой аудандық мал сою пунктінің меңгерушісі. 1987-2010 жылдары Жылыой аудандық ақ және балықшы қоғамының төрағасы болып қызмет етті. 1999-2003 жылдары аудандық мәслихат депутаты болды.

Мерекелік медальмен, көптеген грамоталармен марапатталған.

САРМОЛДАЕВ ӨТЕБАЙ



1921 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Жайылма ауылында дүниеге келді. Оның балалық шағы өте ауыр жағдайда өтті. Әкесі Ахмедия Сармолдаев қоғам өміріне белсене араласқан білімді, жігерлі азамат болды. Ол көрнекті қоғам қайраткері Ораз Жандосовпен өте жақсы қарым-қатынаста болды. Алматы облыстық атқару комитетінде лауазымды қызмет істеді. 1937 жылғы науқанда өз жолдасымен қоса ұсталып, Сахалинге жер аударылып, сонда 1944 жылы қайтып болды. Кейін ақталды. Бірақ осы аралықта Өтебай "Халық жауының баласы" болғандықтан аз құқай көрген жоқ.Еңбекке ерте араласқан ол 1938-1941 жылдары оқытушы, колхоздың есепшісі болып істеді. 1941 жылы әскерге алынды. ұлы Отан соғысының ауыр жолдарынан өтті. 1943 жылы ауыр жарақат алып, елге оралды. Бейбіт еңбекке белсенді аралысты. 1944 жылдан Сарысу және Талас аудандарының шаруашылық және кеңес органдарында түрлі жұмыстар атқарды. 1964-1967 жылдары Байқадамдағы механизация училищесінің директоры, "Коммунар" совхозында партия ұйымының хатшысы, 1967 жылдан Сарысу аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы болып істеді. Ол бірнеше мемлекеттік марапаттауларға ие болған еді. Кішіге қамқор, үлкенге ізетті бола білген басшы 1968 жылы дүние салды.

САРМОЛДАЕВ ӨТЕЛБАЙ



1936 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Жайылма ауылында дүниеге келген. 1944-1954 жылдары алдымен Жайылмадағы Ленин атындағы мектепте, соңынан аудан орталығы Байқадамдағы қазақ орта мектебінде оқиды. 1954 жылы Ресейдің Горький қаласындағы құрылыс-инженер институтының құрылыс факультетіне оқуға түседі. 1957 жылы Алматы ауыл шаруашылығы институтының инженерлік-механикалық факультетіне ауысады.1960 жылы институтты бітірген соң Байқадам атындағы совхозда машина-трактор шеберханасында бас инженері, 1967-1974 жылдары «Жайылма» совхозының директоры болды. 1975-1997 жылдары «Түркістан» совхозында, құрылыс шаруашылықтарында түрлі жауапты қызметтер атқарды. Оған 1974 жылы Қазақ КСР ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкері атағы берілген. Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

САСАЕВ АМАНДЫҚ



1942 жылы Гурьев облысы, Құлсары қыстағында дүниеге келген. 1961 жылы орта мектепті бітірісімен Құлсарыдағы өндіріске мұнайшы-оператор болып орналасты. Мектеп қабырғасында жүргеннен поэзия әлеміне құлаш ұрды. Оның өлеңдері аудан, облыстан тыс, республикалық басылымдарда, ұжымдық жинақтарда жарияланды. Облыстық мүшәйраларда бәйге төрінен көрінді. Ақын Мендекеш Сатыбалдиев атындағы сыйлықтың иегері. 2003 жылы «Көңіл шуағы», 2009 жылы «Сезім бұлағы» жыр жинақтары жарық көрді

САТАНҒҰЛОВ ҚУАНЫШ



1924 жылы Доссор кентінде туылған. Журналист. ҚазМУ-ді бітірген. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетінде көп жыл жауапты хатшы, редактордың орынбасары болған. 1961 жылы облыстық «Социалистік құрылыс» ("Атырау") газетінің Ембі ауданындағы меншікті тілшісі. 1972 жылы "Құлсарымұнай" базасының партком хатшысы. "1941-45 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалімен марапатталған. 1974 жылы дүние салды.

САТҚАНОВ МҰХАМБЕТИЯР



1914 жылы Қызылқоға ауданы Қоянды ауылында туылған. Партия, кеңес, баспасөз қызметкері, техник-мұнайшы. Гурьев мұнай техникумын, Алматы Жоғары партия мектебін бітірген. 1930-43 жылдары Мақат ауаткомында әртүрлі жауапты жұмыстар атқарды. Доссор мұнай кәсіпшілігінде жоспарлау бөлімінің бастығы болды. 1943 жылы аудандық «Социалистік Эмба» газетінің редакторы, аупартком-ның үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі. Байшонас мұнай кәсіпшілігінде ОК-тің партия ұйымдастырушысы, Мақат аудандық Кеңес атқомы төрағасының орынбасары, кейін Каратон, Қосшағыл мұнай кенінде директордың орынбасары, бөлім бастығы. «1941-45 жылдары Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен, Құрмет Грамоталарымен марапатталған.

1967 жылы өмірден озды.

САТЫБАЛДИЕВ БАРАМЖАН



1895 жылы Атырау-Былан облысында дүниеге келген. Мұнайшы. Қазақстанмұнайбарлау» тресінің Доссордағы кеңсесінде қара жұмысшы десятник болған. 1954 жылы зейнеткер. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын иеленген.

1962 жылы өмірден озды.

САТҚЫНТЕГІ СЕРІКБЕК



1953 жылы Сарысу ауданы, Саудакент ауылында дүниеге келген. 1960 жылы Жайылма ауылындағы Ленин (қазіргі Әйтеке би) атындағы орта мектепті бітіріп, 1975 жылы Алматыдағы опера және балет театры жанындағы вокальді-хор студиясын тамамдаған. Еңбек жолын 1975 жылы Жамбыл облыстық филармониясында әнші-артист болып бастады. 1981 жылы аудандық саз мектебіне мұғалім болып орналасты. 1985 жылы Түгіскен ауылындағы мәдениет үйінде директор болады.

С.Божбанұлы 1992 жылдан 2003 жылға дейін Жайылма ауылындағы мәдениет үйінің директоры, Әйтеке би атындағы орта мектепте ұстаз. Саудакент саз мектебінің Жайылма ауылдық бөлімшесінің меңгерушісі болып еңбек етті.2004 жылдан бастап Жайылма ауылдық балалар өнер мектебінде директор.2011 жылы Сарысу аудандық мәдениет және тіл басқармасының бастығы болды.2013 жылдан Жайылма ауылдық балалар өнер мектебінде директоры болып қызметін жалғастыруда. Әр түрлі өнер байқауларының дипломанты. Аудан әкімінің, аудан әкімиятының білім бөлімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған

СӘБЕТОВ СӘЛІМГЕРЕЙ



1924 жылы туған. Партия, кәсіподақ қызметкері. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Алматы Жоғары партия мектебін бітірген. Атырау –Қандығаш станциясында жұмысшы болып еңбекке араласқан. Гурьевтегі кіші командирлер дайындайтын жаяу әскер училищесін бітіріп, майданға аттанған. 1945 жылы Мақат мұнай кәсіпшілігінде комсомол ұйымдастырушысы, кейін аупарткомда бөлім меңгерушісі. Ұзақ жыл Мақат мұнай кәсіпшілігі мен локомотив депосында кәсіподақ комитетінің төрағасы, соңғы жылдары Мақат темір жол вокзалының бастығы болып жасаған. 1 дәрежелі Ұлы Отан соғысы, екі мәрте Қызыл Жұлдыз орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Құрметті теміржолшы. Мақат ауданының Құрметті азаматы.

2001 жылы өмірден озды.

СӘБЕТОВ БАУЫРЖАН



1963 жылы Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат стансасында дүниеге келген. 1969 жылы мектепке барып, 1979 жылы «Шұбарши» орта мектебін бітірді.1981-1983 жылдары әскери борышын өтеген.1991 жылы Алматы темір жол институтының құрылыс-инженер факультетін бітіріп, мамандығы бойынша түрлі салада жұмыс жасады.1998 жылы Қапшағай қаласындағы десант бригадасындағы рота командирінің тәрбие-әлеуметтік және құқық жұмыстары жөніндегі орынбасары болып әскери қызмет атқарды. Парашютпен секіруге маманданған.2000 жылы Әйтеке би аудандық әскери комиссариатында әскери қызметке шақыру бөлімшесінің бастығы, 2001 жылы Мұғалжар аудандық әскери комиссариатының запастағы офицерлер және кадр жұмыстары жөніндегі бөлімше бастығы, әскери қызметке шақыру бөлімшесінің бастығы және бөлім бастығының орынбасары болып қызметтер атқарды.

Б.Сапарғалиұлы 2006 жылдан Алға аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы. Жұмылдыру дайындығы бойынша Қарағанды Ұлттық қорғаныс университетін бітірген.2010 жылдан Мұғалжар аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы қызметіне тағайындалып, әскери қызметін атқарып келді. Әуе десанты әскерінің подполковнигі.

Көптеген салалық медальдармен, грамоталармен марапатталған.

СӘБЕТОВ ӘНУАРБЕК

1947 жылы Гурьев облысының Мақат станциясында дүниеге келді. Теміржолшы мамандығын таңдауына Ұлы Отан соғысының ардагерлері, 1939-1900 жылдар аралығында Қазақ теміржолының Гурьев бөлімшесінің кәсіпорнында қызмет етіп, Мақат-Бейнеу-Шевченко темір жолының құрылысына қатысқан КСРО-ға еңбек сіңірген теміржолшылары әкесі Сәбетов Сәлімгерей мен ағасы Сәбетов Исламғалидің еңбекке толы өмірбаяндары ықпал етті. Ол өзінің теміржол саласындағы қызметін 1963 жылы «Ембімұнай» бірлестігінің №2 Көлік кеңсесінде локомотивтерді жөндеу жөніндегі ұста болып бастады. 1970 жылы Ташкент қаласындағы көлік инженерлері институтын аяқтаған соң Алматы стансасында локомотив депосында машинист көмекшісі болып істеді.



Ол осы салада инженер, аға зертханашы, аға инженер, Ташкент теміржол көлігінің инженерлері институтының Алматы филиалында аға ғылыми қызметкер болды. 1980 жылы теміржол тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғап, Мәскеу қаласының темір жол институтын тамамдады. 1981-1990 жылдар аралығында осы институттың Ақтөбе қалалық филиалын басқарып, кейіннен Алматы қаласындағы Темір жол институтында кафедра меңгерушісі, техника факультетінің деканы, оқу -тәрбие ісі жөніндегі проректоры қызметтерін атқарды.Әнуарбек Сәбетов - бір монография мен 80-нен астам ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар мен жұмыстардың авторы. КСРО Құрметті теміржолшысы, ҚР білім беру ісінің озаты.2007 жылы Ә.Сәбетов «Қазақстанның темір жол саласының бәсекеге қабілетті әлеуеті. Әдістеме, бағалау, болашағы» тақырыбында докторлық дисстертациясын қорғап шықты.

Профессор Сәбетов Әнуарбек Алматыдағы М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялық академиясында ғылыми және ұстаздық қызметін жалғастырып келеді.

СӘБЕТОВ БОЛАТБЕК



1958 жылы Атырау облысы, Мақат кентінде дүниеге келген. 1975 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Ташкент темір жол институтының Алматы қаласындағы филиалына түседі. Оны 1980 жылы аяқтап, темір жол жөндеу инженері мамандығын алғаннан кейін Мақат бекетінің 14- жол жөндеу бөлімінде қызметкер, бригадир болып қызмет атқарды. 1981-1982 жылдары әскери борышын өтейді. 1983-1985 жылдары Мақат ауданында комсомол, партия комитетінде жауапты қызметкер атқарды. Сол 1985-1998 жылдар аралығында Атырау облыстық ішкі істер басқармасында лауазымды қызметтерде болды.

Б.Сәлімгерейұлы ҚР ІІМ-інің үздік қызметкері. Қарағанды жоғарғы милиция мектебін бітіріп, зангер мамандығын алды. Милиция подполковнигі.

СӘДУОВ МЫҢБАЙ



1926 жылы Қызылқоға ауданы, Қоянды кентінде туылған. Теміржолшы. Гурьев темір жол аралығы мекемесінің Жамансор стансасындағы 1-ші околотқасында жол монтері (1942-1946), бригадир, шебер, аға жол шебері (1946-1970), №252 жол машина стансасы бастығы (1979-1987). «Ерлік еңбегі үшін. В.И.Ленинның туғанына 100 жыл толуы құрметіне», «Еңбекте үздік шыққан үшін», «Еңбек адагері» медальдарымен, «Құрметті теміржолшы», «10- бесжылдық екпіндісі», «Социалистік жарыс жеңімпазы» белгілерімен марапатталған. (367-бет). Шежірелік деректерді, әңгімелерді ойына тоқыған қария. Шежіре қарияның бір топ естеліктері кітапқа енгізілген.

СӘЛІМГЕРЕЕВ ӘДІЛШЕ



1938 жылы бұрынғы Гурьев облысының Қызылқоға ауданындағы Көздігара ауылында дүниеге келген. 1961 жылы Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың жаратылыстану-география факультетін бітірген.

1961-1962 жылдары Мұқыр орта мектебінде мұғалім, 1962-1966 жылдары Н.К.Крупская атындағы орта мектептің оқу ісінің меңгерушісі, 1966-1976 жылдары «Миялы» орта мектебінің директоры болып істеді. 1976-1990 жылдары Қызылқоға аудандық партия комитетінің аппаратында нұсқаушы, саяси ағарту кабинетінің меңгерушісі, партиялық кабинеттің меңгерушісі болды. 1990-1992 жылдары Қызылқоға аудандық Кеңесінің төрағасының орынбасары, 1992-1993 жылдары аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы, 1993-1995 жылдары аудан әкімінің орынбасары қызметін атқарды.1995 жылы аудандық тіл басқармасының бастығы.

Ә.Сәлімгерейұлы Қызылқоға аудандық Жанеддин ауылдық Кеңесінің депутаты болып сайланған.Мерекелік медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

СӘРСЕНБАЕВ ҚАЙЫРМҰХАМБЕТ



1926 жылы Байшонас кентінде туған. Гурьев мұнай техникумын бітірген (1949). 1942 жылы Байшонас мұнай кәсіпшілігінде зерттеу тобының операторы, шебер болып 40 жылдан астам еңбек еткен өндіріс өрені. Ұзақ жыл цехтық партия ұйымының хатшысы болған. 1983 жылдан зейнеткер. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, мерекелік медальдармен марапатталған. КСРО «Мұнай өнеркәсібінің үздігі» және жарыс жеңімпазының белгілерін еншілеген.

1988 жылы өмірден озды.

СӘРСЕНБАЙ ҚАЛИ



1959 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Жайылма ауылында дүниеге келген. 1976 жылы орта мектепті бітірген соң, ҚазМУ-дың журналистика факультетіне оқуға түсіп, оны 1981 жылы тамамдады. Еңбек жолын 1982 жылы «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас Алаш») корректорлықтан бастады. 1987 жылы «Өркен»-«Горизонт» газетіне жауапты хатшылыққа ауысты. 1988 жылы Алматы облыстық «Жетісу» газетінің жауапты хатшысының орынбасары болды. 1990 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1995 жылы «Парасат» журналы Бас редакторының бірінші орынбасары болып бекітілді. 1997 жылдан бері «Жас Алаш» газеті Бас редакторының бірінші орынбасары. 2005 жылдан «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы. Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері. ҚР Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты. ҚР Президенті сыйлығының лауреаты. Қали Қошқарұлы өмірдің өзекті мәселелері мен қоғамымыздың сан алуан тіршілік тынысы туралы өткір, ойлы, салиқалы мақалалар жазды. Әдебиет, өнер туралы жазған ойлы, танымдық мақалалары, эсселері, публицистикалары оқырмандар көңілінен үнемі шығып отырды. Оның қазақтың өнер тарландары, суретшілері, мүсіншілері, актерлері, т.б. туралы жазған шығармалары талғампаз оқырмандардың сезім әлемінен үнемі үндестік тауып отырады. Оның «Сендерді сағынғанда» атты әңгімелер жинағы және «ҚР Президенті сыйлығының лауреаты» сериясымен шыққан «Өнер-өмір» атты тартымды кітаптары жұртшылыққа танымал.

СӘРСЕНОВ ҚУАНЫШ



1954 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген.1972 жылы мектепті бітірген соң Украинаның Донецк облысындағы Славянск қаласындағы авиатехникалық азаматтық авиация училищесіне түседі.1974 жылы училищені ұшу аппараттарын және олардың двигательдерін техникалық жабдықтау бойынша авиатехник мамандығын алып шықты. 1974-1977 жылдары Гурьев авиамекемесінде авиатехник болып еңбек етті. 1977-1983 жылдары Рига азаматтық авиация инженерлік институтының механика факультетінде оқып, жоғары дәрежелі инженер-механик мамандығын иеленді. Сол оқуды аяқтаған жылдан бастап туған қаласындағы әуежайда өз мамандығы бойынша еңбек етіп келеді.

Қ.Қабылұлы көптеген Құрмет грамоталардың иегері.

СӘРСЕНБАЕВ ӘБУ (ӘБУҒАЛИ)

1905 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында дүниеге келген. Ақын, ҚР-ының халық жазушысы (1996). Астраханьдағы кеңес –партия (1929), Алматыдағы жоғары коммунистік ауыл шаруашылық (1934) мектептерін бітірген. 1942-



47 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болып, Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1934-1936 жылдары «Түркістан» «Темiржолшы» газетінде редактор, Қазақтың мемлекеттік біріккен баспаларында (1936-42) директор, бөлім меңгерушісі, Қазақ мемлекеттік біріккен оқу педагогикалық баспасының (1947-53) директоры, Жазушылар одағында кеңесші (1953-58) болды.

Ә.Сәрсенбаев әдебиетке 30-жылдардың орта тұсында араласа бастады. «Жүрек сыйы»(1938), «Ант» (1939) жыр жинақтары оның ақындық қарымын танытса, «Туған өлке» (1948), «Махаббат жыры» (1949), «Отан таңы» атты кітаптары Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы еңбек қаһармандарының бейнесін жасауға арналған. Сәрсенбаев шығармаларында Отан қорғау, патриоттық тақырып ерекше орын алады. «Ақша бұлт» (1947) жыр жинағына ақын майданда жазған жырларын топтаса, әр жылдарда жарық көрген «Сенің бақытыңды қорғағандар» (1950), «Офицер күнделігі» (1960), «Жауынгер монологы» (1972), «Батырлардың ізімен» (1974) прозалық кітаптарында Ұлы Отан соғысы тақырыбына қайта оралып, кеңес адамдарының ерлігін, патриоттық тұлғасын бейнеледі. Оның «Ақмаралдың жүрегі» (1940) атты алғашқы поэмасына Қазан революциясына дейінгі қазақ әйелінің қиын тағдыры арқау болса, «Намыс ұлы» (1943), «Шие ағашы» (1943) поэмаларында кеңес адамдарының ерлігі, патриоттығы жырланды. Ал «Ұлым туралы ой» (1948), «Миллиардтың ізімен» (1957), «Жас коммунист туралы жыр» (1959), «Жазылмаған дастан» (1961), «Отыз үшінші көктем» (1975) атты поэмалары бүгінгі замандастар өміріне арналған. Сәрсенбаевтың прозалық шығармаларының ішінде байырғы қазақ балықшы-жұмысшыларының ауыр тіршілігін шыншылдықпен бейнелейтін «Толқында туғандар» (1953), Каспий теңізшілерінің қазіргі еңбегіне, өміріне арналған «Теңіз әуендері» (1969) романдарының орны ерекше. Ақынның 5 томдық шығармалар жинағы (1980-85), «Ұстаздар мен тұстастар» (1986) дастандар топтамасы, «Қасиетті махаббат» (1987) кітаптары жарық көрді. Ол «Арбасу» (Қ.Жұмалиев бірігіп, 1948), «Теңіз махаббаты» (1975) пьесаларының, сондай-ақ мектеп оқулықтарының авторы. А.Пушкин, М.Лермонтов, Ш.Петефи т.б. көптеген жырларын қазақ тіліне аударды.

Сәрсенбаев шығармалары шетел тілдеріне аударылған. Октябрь Революциясы, 1-дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы Қызыл Жұлдыз, Құрмет , Парасат ордендерімен марапатталған.

1995 жылы өмірден өтті.

СӘРСЕНБАЕВ АЛДАБЕРГЕН



1929 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданында туған. 1936-1946 жылдары Жайылмадағы Ленин атындағы қазақ орта мектебін бітірді. Мектептен соң Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттың тарих факультетіне түсіп, оны 1950 жылы үлгілі аяқтады. 1950-1967 жылдар аралығында ағарту саласында жемісті еңбек етіп, мектеп мұғалімі, директор, мектеп инспекторы, Сарысу және Талас аудандық оқу бөлімінің бастығы болды. 1967-1982 жылдары Талас аудандық партия комитетінің хатшысы, 1982-1987 жылдары Жамбыл облыстық мәдениет басқармасының бастығы болып абыройлы қызмет атқарды.1957-1988 жылдар беделінде бірнеше рет жергілікті кеңестер депутаты, аудандық және облыстық партия комитетінің мүшесі, сондай-ақ облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының президиум мүшесі болды. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

А.Сәрсенбаев 2000 жылы қайтыс болды.

2003 жылы көрнекті азаматтың есімі Тараз қаласының бір көшесіне берілді.

СӘРСЕНБАЕВ НҰРЛАН

1959 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Байқадам ауылында дүниеге келген. 1975 жылы Талас ауданының Ақкөл селосындағы қазақ орта мектебін алтын медальмен бітіріп, сол жылы Қазақ мемлекеттік университетінің қолданбалы математика факультетіне оқуға түсті. Оқу орнын 1980 жылы аяқтағаннан кейін Алматы қаласындағы экономикалық жоспарлау ғылыми-зерттеу институтында он жыл бойы ғылыми жұмыстармен шұғылданады. Осы жылдарда кіші ғылыми қызметкерден бөлім меңгерушісі дәрежесіне дейін көтеріледі. 1989 жылы математикалық әдістерді экономика саласында қолдану мәселелері бойынша диссертация қорғап, экономика ғылымдарының кандидаты атағын алды. 1990-1992 жылдар арасында Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің аппаратында шет елдермен байланыс бөлімінің бастығы қызметін атқарған, 1993-1994 жылдары Жас таланттарды қолдау қоры президентінің орынбасары және Қазақстан кәсіпкерлер Конгресінің вице-президенті қызметтерін атқарған. 1995-1996 жылдары Қазақстан Республикасының әлеуметтік дамыту саласын қаржыландыру банкісі Төрағасының орынбасары, ал 1996-1997 жылдары Әлемдік Банк жанынан құрылған кәсіпорындарға кеңес беретін Орталықтың басшысы қызметін атқарады.1997 жылы Жапония астанасы Токиода білімін жетілдіреді. Сол жылдың шілде айында Жапониядан оралғаннан кейін ҚР Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалау Агенттігі төрағасының бірінші орынбасары болып тағайындалып, бұл қызметті 1997-2001 жылдар аралығында атқарды. 2001-2002 жылдары ҚР Президенті жанындағы Академияның мемлекеттік қызметкерлерді қайта даярлау орталығының директоры және кафедра меңгерушісі қызметін атқарды.

Нұрлан Алдабергенұлы 2002 жылдан бастап, қазіргі уақытта Алматы қаласында Жапония үкіметі тарапынан құрылған Жапония-Қазақстан адам ресурстарын дамыту Орталығында арнайы кеңесші қызметін атқарды.

СӘРСЕНОВ ЖАҚСЫБАЙ



1938 жылы туған. 1963 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтын бітірген соң, Гурьев облыстық денсаулық сақтау бөлімінің жолдамасымен Қызылқоға ауданындағы Сағыз стансасындағы ұйымдастырылған бөлімшелік ауруханаға бас дәрігері болып тағайындалды. Сол қызметті 1991 жылға дейін абыройлы атқарды.Көптеген мерекелік, салалық медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған. Ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы.

СӘРСЕНОВА НҰРТАН



1955 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. Орта мектепті үздік аяқтағаннан кейін Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтына түсіп, оны 1979 жылы аяқтап, еңбек жолын №1 қалалық емханада бастады.Сол емханада 1994 жылға дейін қызмет етті.1994-1999 жылдары Атырау облыстық СПИД-ке қарсы күрес орталығында бөлім меңгерушісі болды. 2000 жылдан бастап, денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитетінің төрайымы.

Көптеген үкіметтік, қоғамдық ұйымдардың Құрмет грамоталары мен алғыс хаттарының иегері. Республикалық кәсіподақтар, дәрігерлер съездерінің, республикалық еңбекші әйелдер, азаматтық форумдарының бірнеше дүркін делегаты.

Н.Дүйсенбайқызы ҚР денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының үздігі және төсбелгісінің иегері. ҚР денсаулық сақтау саласының үздігі.

СӘРСЕНБАЕВ МӘТЖАН

1938 жылы Жылыой ауданының Қияқ ауылында туған.

1957 жылы Құлсары қаласындағы Абай атындағы орта мектепті бітірген.

Сол жылы Талғар ауылшаруашылығы техникуміне түсіп, оны 1960 жылы бітіріп, техник-механик мамандығын алып шықты. 1960 жылы еңбек жолын бастады.

1961 жылы автомеханик, 1962-1963 жылдары бақылаушы-инженер, 1963-1983 жылдары «Ембі» совхозында орталық шеберхана меңгерушісі, директор, бас инженер, қызметтерін ойдағыдай атқарды.Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтының механика бөлімін бітірген. 1983-1990 жылдары «Қарақұм» совхозының директоры, 1990-1996 жылдары сол совхозда бас инженер, агроном болып қызмет етті. 1996-2000 жылдары «Қуан» ЖШС-інің «Әділ-Ер» филиалының директоры.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, «Еңбек ардагері» медалімен, Маңғыстау облыстық партия комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

2000 жылы дүние салды.

СӘРСЕНБАЕВ МИНГАШ



1947 жылы Астрахань облысы, Зеленег ауданы, Сорочи ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1965-1970 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің география факультетін бітіріп, инженер-геолог мамандығын алды.1970-1976 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының Гидрогеология және гидрофизика институтында, Қазақ су шауашылығы ғылыми-зерттеу институтында істеп, жерасты суларын, суармалы жерлердің су балансын зерттеу ісімен айналысты.1976-1978 жылдары ҚазМУ-дің құрлық гидрологиясы кафедрасының аспирантурасында оқып, үздік аяқтады. 1978 жылы сол кафедраның аға оқытушысы болды.

М.Харисұлы 1982 жылы Ленинградта техника ғылымдарының кандидаттығын қорғады. 1984 жылы география факультеті деканының орынбасары, 1989-1996 жылдары декандық қызмет атқарды. 1996-2004 жылдары құрлық гидрологиясы кафедрасының меңгерушісі, 2004-2005 жылдары қайтадан факультет деканы қызметін атқарды.Ол 2002 жылы докторлық диссертациясын қорғады. Көп жылар бойы "ҚазҰУ хабаршысы. География сериясы" журналының редакциялық алқа мүшесі, бас редакторы болды.

Профессор М.Х. Сәрсенбаев 100-ге жуық ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектердің авторы. Оның ішінде 2 монография, 4 оқу құралы бар.

СӘРСЕНБАЕВА НАҒИМА



1956 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Байқадам ауылында дүниеге келді. 1973 жылы Талас ауданының Ақкөл ауылында орта мектепті бітірген соң, Алматы шетел тілдері институтына оқуға түсті. 1977 жылы осы институттың неміс тілі факультетін үздік бітіріп, сол институттың фонетика кафедрасында ассистент болып, еңбек жолын бастады. 1983-1989 жылдары Москва қаласында Морис Торез атындағы шетел тілдері институтында ғылыми ізденуші болып, оның аспирантурасын бітірді. 1989 жылы сол институттың ғылыми кеңесінде «Неміс тілі сөздерінің фонетикалық табиғаты» атты кандидаттық диссертациясын қорғады. 1990 жылы неміс тілі факультеті деканының орынбасары, 1996 жылы фонетика кафедрасының меңгерушісі, 1998 жылы аударма кафедрасының меңгерушісі, 2001 жылы Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің халықаралық қатынастар факультетінің деканы болып тағайындалды. Ол 35-тен астам ғылыми еңбектердің, оқулықтардың авторы. Докторлық кеңестің хатшысы. Неміс және қазақ тілін салыстыра зерттеу бағытында ғылым докторы атағын алу мақсатында ғылыми жұмысын жалғастырып жүр.1991-2003 жылдары Германияның Бремен, Мюнхен, Морборг, Штутгарт, Бонн, сондай-ақ Лондон, Вена қалаларындағы семинарларға қатысып, білімін жетілдірді.

Нағима Алдабергенқызы Сәрсенбаева – білім саласының озат қызметкері.

2011 жылы дүние салды.

СӘРСЕНҒАЛИЕВ МҰХАМБЕТ



1887 жылы Гурьев облысы, Есбол ауданындағы Өрлік ауылында туған. 1929-1942 жылдары Есбол ауданының (қазіргі Индер) «Передовик» колхозында шопан болып еңбек етті. 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысты. Әскерден босап келгеннен кейін 1960 жылға дейін өзінің шопандық жұмысын абыройлы атқарды. Ол әр жүз саулықтан 124 қозы алып, абыройлы биіктен көрінді.

1957 жылы оған Қазақ КСР-ы ауыл шаруашылығының еңбек сіңірген шебері атағы берілді.

1958 жылы М.Сәрсенғалиев Социалистік Еңбек Ері атанды.

1976 жылы қайтыс болды.

СЕГІЗӘЛИЕВА ЖІБЕК



1925 жылы Доссор кентінде туылған. Мұнайшы. Ембінің ардагері. Доссордағы №16 ФЗО мектебін бітірген. Еңбек жолын 1943 жылы Доссор мұнай кәсіпшілігінде оператордың көмекшісі болып бастаған. 33 жыл осы кен орнында мұнай өңдеу операторы болып үздіксіз еңбек еткен. 1976 жылы зейнеткер. Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденлерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен (1999), грамоталармен марапатталған. Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаты (5 -сайланған), Қазақстан кәсіподақтары Орталық Комитетінің мүшесі (1953-57) болған. Қазақстан Компартиясының IX-X съезінің делегаты болды. Мақат ауданының Құрметті азаматы.

СЕЙДАХМЕТОВА ҚАРЛЫҒАШ



1955 жылы Қосшағыл кентінде туылған. Гурьев педагогикалық институтын бітірген. Мақат, Жылыой аудандары Гагарин, Макаренко атындағы орта мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі. Аудандық білім бөлімі бастығының орынбасары. Білім беру ісінің үздігі.

СЕЙДАХМЕТОВ ХАБИ



1928 жылы Орал облысы, Қаратөбе ауданы, Егіндікөл ауылында туылған. Орал педагогикалық институтының филология факультетін (1950) бітірген. Ембі ауданының Лермонтов атындағы мекбетінде мұғалім (1950-1956), «Құлсары» орта мектебінде директор, «Қамыскөл» мектеп-интернатында аға тәрбиеші, оқу ісінің меңгерушісі (1956-1972), ҚР білім беру ісінің үздігі. Бірнеше медальдардың иегері.

СЕЙСЕНБАЕВ ШӘРІП



1966 жылы Ресейдің Ростов облысында дүниеге келген. 1983 жылы орта мектепті бітірді. 1984-1986 жылдары Ауғанстанда Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. 1994 жылы Ресейден Қазақстанның Қарағанды қаласына қоныс аударды. 1995-2000 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірді. 1996-2003 жылдары ҚР ІІМ органдарында лауазымды қызметтер атқарды.

2003 жылдан бері Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданының судьясы қызметін атқаруда. "Жауынгерлік ерлігі үшін", т.б. медальдармен марапатталған.

СЕЙІТОВ ЖҰМАҚ



1914 жылы Шымкент облысының Түркістан қаласында дүниеге келген. Әкесі Бәйтенбаев Сейіт кәсіпқой етікші болған адам. Ол 1888 жылы туып, 1944 жылы қайтыс болған. Шешесі 1950 жылы дүние салған. Ж. Сейітов 1922-1926 жылдарда Түркістан балалар үйінде тәрбиеленеді. 1926-1930 жылдары ФЗУ-да оқиды. Тұрмыс жағдайларының ауыр болуына байланысты оқуын әрі жалғастыра алмай Түркістан аудандық жинақ кассасында бақылаушы, кассир, есепші көмекшісі, инспектор, аудандық жинақ кассасының меңгерушісі болды.1931-1935 жылдары аудандық кәсіподақтың төрағасы болды. 1935-1936 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік жинақ кассасының инспекторы болды.1936-1937 жылдары Шымкент қалалық прокуратурасының хатшысы, 1937-1938 жылдары Ленгір аудандық прокуратурасының халық тергеушісі, 1938-1939 жылдары Алматыда сот, прокурор қызметкерлерін қайта даярлайтын курста білімін жетілдірді. 1939-1940 жылдары Жуалы аудандық халық тергеушісі, 1940-1944 жылдары Арыс аудандық прокуроры, 1944-1946 жылдары Түркістан аудандық прокуроры, 1946-1947 жылдары Мәскеуде КСРО Прокурорлар одағының жетекші қызметкерлерінің курсында білімін жетілдірді.1947-1948 жылдары Түркістан ауданының прокуроры, 1948-1950 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы прокурорының орынбасары, 1950-1951 жылдары Қазақ ССР прокуратурасының тергеу бөлімінің прокуроры, 1951-1954 жылдары Түлкібас ауданының прокуроры, 1954-1960 жылдары Шымкент облыстық прокурорының орынбасары, 1960-1962 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы болды. 1963 жылы Арыс қаласының прокуроры болып істеді.

Жұмақ Сейітов өз кәсібінің аса білгір маманы болды. Ол үлкен отбасының ұйытқысы, тәрбиешісі болып қана қоймай, мемлекеттік заңдылықтардың орындалуына көп күш-жігер жұмсады. Ұлы Отан соғысы жылдарында неміс тыңшыларының бір тобын қолға түсіруде ерекше көзге түсіп, мемлекеттік марапатқа ие болды. Оның жемісті, қажырлы еңбегі көптеген орден, медальдармен, грамоталармен мадақталды.

1968 жылы қайтыс болды.

СЕЙІТҚАЛИҰЛЫ МЫРЗАХМЕТ



1937 жылы Атырау облысы, Махамбет ауданының (бұрынғы Бақсай) Талқайран ауылында дүниеге келген.1944-1951 жылдары Талқайрандағы жетіжылдық мектепті бітірді. 1954 жылы Гурьев қаласындағы Орджоникидзе атындағы мектептен орта білім алған. 1954-1957 жылдары Гурьев зооветеринарлық техникумында оқыды. 1957-1958 жылдары Сорочинскдегі ауыл шаруашылық мектебінде сабақ берді.1958-1963 жылдары Гурьев педагогикалық институтында оқып, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі мамандығын алды. 1963-1967 жылдары Мақат ауданы "Ескене" орта мектебінде еңбек етті. 1967 жылы сол жерде қайта құрылған сегізжылдық мектепке директор болып тағайындалды. 1976-1980 жылдары "Байшонас" орта мектебінде директор, 1980-1982 жылдары Доссор кентіндегі №13 кәсіби – техникалық училищеге директор, 1982-1995 жылдары Абай атындағы орта мектепте директор болып қызмет етті. 1995-2003 жылдары Белинский атындағы мектепте ұстаздық етті.

М.Сейітқалиұлы ҚР білім беру ісінің үздігі. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Мұғалім-әдіскер. Мақат ауданының Құрметті азаматы.

СЕЙІТЖАНОВ ТОҒАЙБЕК



1919 жылы туды. Каганович атындағы орта мектепте оқып, білім алды. 1939 жылы қазан айында әскерге шақырылып, Украина жерінде әскери қызметін атқарды. Соғыстың бірінші күнінен бастап, аяғына дейін үлкен жауынгерлік жолдан өтті. Отан соғысында көрсеткен ерліктері үшін I, II дәрежелі Отан соғысы, «Қызыл жұлдыз» орденлерімен, «Ерлігі үшін» медалі – барлығы 15 медальмен марапатталды. 1946 жылы елге оралған соң Каганович атындағы орта мектепте әскери жетекші болды. Жас майдангер офицер ұстаздың талапшылдығы тез байқалып, аудандық партия комитетіне жауапты қызметке шақырылды. Еңбектен қол үзбей Қазақ мемлекеттік университетін сырттай оқып бітіреді. Бұдан кейінгі жылдарда ауданның бірқатар кеңшарларында партия комитетінің хатшысы болып, жауапты жұмыстар атқарды. Одан кейін Жайылма ауылдық кеңесінің төрағасы болып еңбек етті. 1967 жылдан Сарысу аудандық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі болып, 1988 жылы еңбек демалысына шыққанға дейін үздіксіз қызмет атқарды. Ол осы жауапты қызметте жүріп, ауданның саяси және мәдени өмірін жандандыруға белсене атсалысты. Ол әлденеше рет ауылдық кеңестердің депутаттығына сайланды. Ол – Сарысу ауданының Құрметті азаматы. 2002 жылы қайтыс болды.

СЕЙІТОВ ҚҰБАЙ



1922 жылы Қызылқоға ауданы, №9 ауылында туған. Жұмысшы. Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1938 жылы Байшонас, Доссор мұнай кенінде есепші, монтер болып жұмыс жасаған. 1- дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен (1985), мерекелік, жауынгерлік медальдармен, «Еңбек ардагері» медалімен (1978) марапатталған.

СИСЕНБАЕВ ТАГИР



1948 жылы Ресейдің Волгоград облысында дүниеге келген. 1964-1967 жылдары Волгоград гидромелиоративті техникумын есепші мамандығы бойынша бітірген. 1967 жылы Суровикин ауданындағы Ленин атындағы колхозда есепші болып істеді. 1967-1969 жылдары әскери борышын өтеді.1970 жылы Ленин атындағы колхозда есепші, бас есепшінің орынбасары болды. 1970-1974 жылдары Саратов заң институтында оқып, заңгер мамандығын алды. 1974-1999 жылдары Қарағанды қаласының Октябрь ауданы сотының судьясы, Қарағанды, Алматы облыстары сотының судьясы, ҚР Жоғарғы сотының судьясы, ҚР Жоғарғы соты төрағасының орынбасары қызметтерін абыройлы атқарды. Жоғарғы санатты судья.1999-2002 жылы ҚР Парламент мәжілісінің депутаты болды. 2002-2003 жылдары ҚР Қаржы министрінің орынбасары болып істеді. 2003-2008 жылдары "Қазақстан инвестициялық фонды" АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары, 2008-2009 жылдары "Қазтелерадио" АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары қызметін атқарды.2009 жылдың ортасынан бері "Элькар" жеке адвокат кеңсесінің директоры қызметінде.

Т.Мұсаұлы бірнеше медальдармен марапатталған.

Самбо күресі бойынша спорт шебері. Парламенттегі белсенді қызметі үшін Үкімет тарапынан есімі жазылған қару сыйланған.

СИСЕНБАЕВ ЕРМЕК



1959 жылы Ресейдің Волгоград облысы, Суровикин ауданының Попов-2 хуторында туған.1978 жылы Волгоград машина жасау техникумын техник-механик мамандығы бойынша, 1984 жылы Д.И. Курский атындағы «Құрмет белгісі» орденді Саратов заң институтының заң факультетін (1984) заңгер мамандығы бойынша бітірген. Қазақ,орыс және неміс (сөздіктің көмегімен) тілдерін біледі.1978-1980 жылдары Волгоград жөндеу-механика зауытында металл кесуші болды. Әскери борышын өтеді.1980 -1984 жылдары Волгоград облысының ДОСААФ автомектебінде спорт жөніндегі нұсқаушы-әдіскер, Саратов заң институтының студенті болды. 1984-1985 жылдары Қарағанды қаласы, Октябрь аудандық сотында сынақ мерзімінен өтті. 1985-1987 жылдары Қарағанды облысы, Осакаров аудандық сотының судьясы, 1987-1990 жылдары төрағасы болды. 1990-1992 жылдары Қарағанды қаласы, Октябрь аудандық сот төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Е.Қаписұлы 1992-1997 жылдары Қарағанды облысы Әділет басқарамасының бастығы.1997-2007 жылдары Қарағанды қаласының Октябрь аудандық сотының төрағасы болып істеді. 2007-2010 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының төрағасы.2010 жылдың басынан бері Солтүстік Қазақстан облыстық сотының кассациялық сот алқасының төрағасы қызметін атқаруда.

Е.Сисенбаев РФ Кемеров облысының губернаторы А.Төлеевтің «Сенімі мен игілігі үшін» медалімен, ҚР Жоғарғы Соты төрағасының Құрмет грамотасымен, мерекелік медальмен марапатталған.

1 -сыныпты әділет кеңесшісі.

СИСЕНБЕРДИЕВ ӘБДІХАЛЫҚ

1959 жылы Гурьев облысында дүниеге келген. Атырау педагогика институтының тарих-филология, Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетінің мемлекеттік және жергілікті басқару факультетін бітірген. 2004 жылдан бері



Атырау облысы, Жылыой аудандық «Құлсары» газетінің Бас редакторы. Халықаралық жазушылар және ҚР Журналистер одақтарының мүшесі.

Ә. Жәнкейұлы Қосым әулетерінің шежірелік деректерін жинастыруға үлес қосты. Тарихи-танымдық 8 кітаптың авторы.

СИСЕКЕНҰЛЫ ЛҰҚПАН



1947 жылы Құлсары қаласында дүниеге келген. 1970 жылы Жамбыл технологиялық институтын, КазМУ-ды 1982 жылы бітірген. 1973-1974 жылдары Атырау облысы Жылыой аудандық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1974-1987 жылдары Жылыой аудандық ішкі істер бөлімінің тергеушісі, бөлімше бастығы сияқты қызметтерді атқарған. «Тіршілік толқыны» (1974), «Атырау айдыны» (1982), «Жылыой қалагерлері» (2005) атты ұжымдық жинақтарға өлеңдері енген. «Теңіз» (1994), «Ақ бесігім – кең Жылыой (1995), «Адамзат, Жер-Анаңа табын енді», (1995), «Иә, Бекет» (2000), «Кең Жылыойдың Иманқарасы» (2000), «Лұқпан» (2002), «Мәдинада Мұхаммед» (2004), «Түркістан Қожа-Ахмед((2005), «Маңғыстауда – Пір Бекет» (2005), «Мәңгілік рух – Махамбет» (2005), «Төремұрат батыр ата бастауы және замандастары» (2006), «Құдіретке тағзым» (2006), «Әулие батыр Байбақты ата» (2007), «Сүйе біл Отан анаңды» (2007), «Қызым менің» (2007), «Жапырағы жайылған кең Жылыойым» (2008), «Мұнай тапқан Бешім ата» (2008), «Жүректе мәңгі есімің» (2008) атты поэзиялық және прозалық кітаптары жарық көрген.

СИСЕНОВ ДОСҚАЛИ



1894 жылы Ракөш кентінде туған. Бұрғышы. 1914-31 жылдары Ракөш зауытында ұста, бұрғышы. 1931-54 жылдары Қосшағыл кәсіпшілігінде ұста болған. 1955 жылы зейнеткер. Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденмен, медальдармен марапатталған.

1966 жылы өмірден озды.

СИСЕНОВ ШӘМЕН



1923 жылы Қызылқоға ауданы, Миялы селосында туылған. Жүргізуші. Ұлы Отан соғысына катысушы. Соғыстан кейін Доссор кентінде автокөлік кәсіпорнында отыз жылдай жүргізуші болған. 1978 жылы зейнеткер. 1,II дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені мен жауынгерлік медальдарды иеленген.

1993 жылы өмірден озды.

СЕМБАЕВ ЖЕҢІС



1939 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданының Балабейіт ауылында дүниеге келген. 1960 жылы Ақтөбе кооперативтехникумын бітіріп, Мұқыр, Миялы тұтынушылар одағының төрағасы қызметтерін атқарған.

1987 жылы Сағыз көтерме-сауда базасының директоры, 1990 жылы Мақат мұнай-газ өндіру басқармасының жұмыспен қамту бөлімінің бастығы болып еңбек еткен.

Қызылқоға, Мақат аудандық Советтер депутаты болып сайланған.

1993 жылы өмірден қайтты.

СЕРІКБАЕВ РЫСҚАЛИ



1904 жылы Қызылқоға ауданының, 17- ауылында туылған. Мұнайшы. Отыз жылдан астам Доссор мұнай кәсіпшілігінің көлік гаражында жұмысшы, трактороші. Қошқар мұнай кенінде автогараж механигі, трактороші болып еңбек еткен. Еңбек Қызыл Ту (1951) орденімен, медальдар мен марапатталған.

1975 жылы өмірден озды.

СЕРІКБАЕВ БӘКЕН



СЕРІКБАЕВ Бәкен (27.4.1894, Шу өз. алқабы, Сарысу ауд. аумағы — 03.06.1919, Омбы) — Ақмоладағы (қазіргі Астана) кеңес өкіметін орнатуға қатысушы. Шуды қыстап, Арқаны жайлайтын көшпелі отбасында дүниеге келіп, сауатын ауыл молдасынан ашқан. 1907-1910 жылдары Ақмоладағы шіркеу жанындағы мектепте, 1910-1913 жылдары Әулиеатадағы екі жылдық орыс мектебінде оқыды. Одан Шымкенттегі үш жылдық училищеге келіп түседі. Осында социал-демократтармен тақау жүргендіктен, күдіктілер қатарында бақылауға алынады да, ақыры оқу бітіретін жылы училищеден шығарылады. 1916 жылы Ақмолаға келіп, С.Сейфуллинмен бірге қоғам жұмысына араласа бастайды. 1917 жылы құрылған «Жас қазақ» ұйымының белсенді мүшесі болады, «Тіршілік» газетін шығаруға атсалысады. 1917 жылы желтоқсанда құрылған Ақмола әскери-рев. кеңес мүшесі, 1918 жылы ақпанда Ақмола уездік атком төрағасының орынбасары болып сайланды. 1918 ж. 1 Мамыр мерекесінде Б.Серікбаев жұртшылық алдында баяндама жасады. Тұңғыш рет көрсетілген С.Сейфуллиннің «Бақыт жолында» спектаклінде Ермек рөлін ойнады. 1918 жылы 3 маусымда қаладағы ақгвардияшылар бүлігі кезінде Ақмола Кеңесі мүшелері қатарында тұтқынға алынды. Тұтқындар күз бойы Есіл алқабындағы а.ш. жұмыстарына салынып, қыста С.Сейфуллин суреттейтін атаман Анненковтың азап вагонымен Омбыға жөнелтілді. Ауру меңдеген Б.Серікбаев Омбы түрмесінде 1919 жылы қайтыс болды.

СЕРІКҰЛЫ БАУЫРЖАН



1979 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласында дүниеге келген. Алматы қаласындағы Қазақ академиялық университетін бітірген. Мамандығы құқықтану, заңгер. Еңбек жолын 2000 жылы Сарысу аудандық сотының сот мәжілісінің хатшысы қызметінен бастаған. 2002-2006 жылдары Сарысу аудандық мәслихаты аппараттың ұйымдастыру бөлімінің бас маманы, аппараттың бас маман-заңгері.2006-2007 жылдары Сарысу ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы. 2007-2008 жылдары Сарысу ауданы әкімі аппаратының кадрлық және мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімнің меңгерушісі.2008 жылдан «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы Сарысу аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары болды.2010 жылы Сарысу ауданы әкімінің аппарат жетекшісі, 2010 жылдың аяғында Жамбыл қаласы әкімінің аппарат жетекшісі болып тағайындалды.

СЛАНОВ ҒАБДОЛ



1911 жылы Қызылқоға ауданында туған. Жазушы. 1928-31 жылдары Мақат мұнай кәсіпшілігінде, ҚазКСР Халық жер комиссариатында қызмет етті. 1931-57 жылдары «Еңбекші Қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, Ж.Жабаевтың әдеби-мемориалдық мұражайының әдеби қызметкері. Алғашқы өлең, фельетон, очерктері 30-жылдары баспасөзде жариялана бастады. Тұңғыш көлемді әдеби туындысы «Арман ағысы» повесінде (1940) еңбек адамдарының азат, еркін өмірі суреттеледі. Ауылдағы әлеуметтік негізгі өзгерісті, қазақ шауаларының өткен замандардағы ауыр тұрмысы, олардың азаттық жолындағы күреске араласы, азамат соғысына катысуы тақырыбына арналған «Дең асқан» (1940) орыс тілінде – 1965), Атырау мұнайшыларының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қажырлы еңбегін суреттейтін «Жаңартау»(1945)романдары басылды. Соғыстан кейінгі ауыл өмірінің тыныс-тіршілігін көрсететін «Кең өріс» повесін (1949) қайтадан өңдеп, толықтырып «Шалқар » романына (1953) айналдыры. Бұл романда 50-жылдардағы ауыл еңбеккерлерінің сан алуан бейнесі жасалды.

Сланов ұзақ жылдар бойы Қарғалы шұға комбинатының өмірін зерттеп, қазақтардың орыс жұмысшыларымен пролетарлық ынтымақтастығы негізінде Жетісу өңірінде ұлттық жұмысша табының қалыптасу тарихын бейнелейтін «Асау арна» (1963; орыс тілінде – 1971) романын жазды. Өнер тақырыбын сөз ететін «Домбыра күйі – Ақиық» (1960) , ауыл өмірінен алынған «Қазбел» (1960) повестері жарық көрді. «Айқайтас» атты аяқталмаған романы жазушы шығармаларының 6-томында жарияланды.

Сланов әр алуан тақырыпқа арналған көптеген очерктер жазды. Олар «Өмірдің асқар биігінде», «Бесжылдық өрендері», «Замандастар», «Азамат», «Замана шежіресі», «Алтай баласы» атты жинақтарда жарияланды. «Махамбет» атты пьесасы республика театралары сахналарында қойылды. Жекелеген шығармалары орыс тіліне аударылған. А.Фадеевтің «Жас гвардия» романын (1947) қазақ тіліне аударды. «Құрмет белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

1969 жылы дүниеден өтті.

СМАҒҰЛОВ ДОСМҰХАН



1924 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Калинин ауылдық кеңесінде туған.Ол еңбек жолын 1941-1942 жылдары Қызылқала орталау мектебінде мұғалім болып бастады. 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, 2 рет жарақат алды. 1947 жылы әскер қатарынан босады.1947-1958 жылдарға дейін аудандық комсомол, партия комитеттерінде нұсқаушы болып жұмыс атқарды. 1958-1960 жылдарда Маңғыстау мұнай-газ барлау тресінің автокөлік конторының директоры болып жұмыс істеді. 1960-1963 жылдары Каратон мұнай-газ өндіру басқармасының кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін атқарды. 1963-1978 жылдары Қаратон, Қосшағыл, Мақат мұнай кәсіпшіліктерінде. «Эмбанефть» бірлестігінің жұмысшыларды жабдықтау бөлімін басқарды.1978-1984 жылдары Құлсары мұнай кәсіпшілігінің жабдықтау бөлімі бастығының орынбасары қызметін атқарды.

Ол 1 -дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені, 3-дәрежелі Данқ орденінің иегері.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Бірнеше мәрте ауылдық Кеңестің депутаты болып сайланды. Қазақстан Республикасы кәсіподақтар комитетінің мүшесі болды.

1993 жылы қайтыс болды.

СМАҒҰЛОВ МҰРЫН



1913 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Калинин ауылдық кеңесінде туған. 1937 жылы Орал ауыл шаруашылық техникумын бітірген. 1939 жылдан СОКП мүшесі. 1939-1945 жылдары Жылыой аудандық партия комитетінің әскери бөлім меңгерушісі, нұсқаушысы болды. 1945-1965 жылдары Микоян, Ворошилов, Калинин атындағы колхоздардың төрағасы, ферма меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1965-1973 жылдары Амангелді,Ембі, Боранқұл ауылдық кеңестерінің төрағасы, «Қарақұм» совхозы директорының орынбасары болып еңбек етті. «Құрмет белгісі» орденімен, көптеген мерекелік медальдармен марапатталған.

1981 жылы өмірден озды.

СМАҒҰЛОВ АЗАТ



1965 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданындағы Асықата кентінде дүниеге келген. Орта мектепті Асықата кентінің "Победа" бөлімшесінде бітірген. Әке жолын жалғастырған ұл 1988-1990 жылдары Алматы қаласындағы есеп-несие техникумын, сонан соң 1991-1995 жылдары Қазақ мемлекеттік халық шаруашылығы институтын оқып бітіреді. Институт бітіргеннен бастап қаржы саласы бойынша мемлекеттік банк қызметкері болып жұмыс істейді.

Қазір А.Ерденұлы «Қазақстан Халық банкі» ашық акционерлік қоғамының бір бөлімінің басшысы болып қызмет істейді.

СМАЙЫЛОВА ТОРҒЫН

1973 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылында дүниеге келген. 1988 жылы



Ленин атындағы орте мектепте сегізжылдықты бітіргеннен кейін Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы педучилищенің музыка факультетіне түсіп оқыды. 1995-1997 жылдары консерваторияның дайындау курсында оқыды. 1997-2002 жылдары Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияның ҚР халық әртісі, профессор Б.Б. Жылысбаевтың класынан дәріс алып, жеке ән салу бөлімін үздік дипломмен бітірді. 2002-2004 жылдар аралығында ҚҰК-да ассистент-стажерлық білімін алды. 2005 жылдан бастап Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның жеке ән салу кафедрасында және Құрманғазы атындағы ҚазҰК-ның дирижерлау кафедрасында оқытушылық қызметін атқарды. 2006 жылы сәуірде Ж.Жабаев атындағы мемлекеттік республикалық жасөспірімдер кітапханасында «Өнерлі жасқа өріс кең» деген атпен ұйымдастырылған кеште өзінің жеке концертін өткізді. 2007 жылы көктемде Алматы қаласындағы Қазақконцерт залында үлкен екі бөлімді шығармашылық концертін өткізді. Бірінші бөлімінде концертмейстер Бибінұр Қожанбаеваның рояльда сүйемелдеуімен, екінші бөлімі Құрманғазы атындағы академиялық қазақ ұлттық аспаптары оркестрінің дирижері, ҚР халық әртісі Айтқали Жайымовтың сүйемелдеуімен өтті. Т. Абибуллақызы 2008-2010 оқу жылдарында консерваторияда жеке ән салу кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 2010 жылы Т.Смайылова академияның ғылыми кеңесінің шешімі бойынша академиялық доцент лауазымын алды. Әншінің бағдарламасында әлем классикалық шығармаларымен бірге Қазақстан композиторларының туындылары және халық әндері шырқалды.

Т.Абибуллақызының халықаралық конференцияларға қатысып, ғылыми журналдарда мақалалары жарық көрді.Оның ұйымдастыруымен, авторлық бірлестікте профессор М.О. Жүніс, педагогика ғылымдарының кандидаты профессор А.Ш. Қожахметова, аға оқытушы Ғ.А.Тоқсанбаевалар әншілік өнерге арналған хрестоматиялық оқу құралдарын бірлесе отырып шығарды. Оның 2- томы «Сұрша қыз» деген атпен жарыққа шығып, жалпы музыкалық оқу орындарында кеңінен пайдаланылып, әншілік қауымның ықыласына бөленуде. 2009 жылдары Оңтүстік Корея мемлекетінің астанасы Сеул қаласында өткен «Жібек жолы» фестивальіне қатысып, өз өнерін көрсетіп қайтты.Иордан Хашимиттік Корольдігінде, Германия мемлекетінің астанасы Берлинде өткен мәдени шараларға қатысып, көрермендер ықыласына бөленді. Т.Смайылова республикалық, халықаралық конкурстардың дипломанты.2009 жылдың күз айынан бастап Абай атындағы опера және балет театрының әншісі болып қызмет атқарады. Театрда Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы Жібектің, Г.Доницеттидің «Махаббат сусыны» операсындағы Жаннеттаның, Р.Вагнердің «Тангейзер» операсындағы жас бақташының, Дж. Россинидің «Севиль шаштаразысы» операсындағы Розинаның, Дж. Вердидің

«Балмаскарад» операсындағы Оскардың партияларын сомдап, орындап жүр.

СМАҒҰЛОВ ЖАНДАРБЕК



1974 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылында дүниеге келген. 2007 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін жерге орналастыру және кадастр мамандығы бойынша бітірген.

Ж.Бекболатұлы еңбек жолын 1991 жылы Сарысу ауданы Жайылма ауылында құрылысшы болып бастаған. 1994-1997 жылдары Жамбыл зоотехникалық-малдәрігерлік техникумында оқып, ауыл шаруашылығы өнімдерін ұйымдастыру технологиясы мамандығы бойынша бітірген. 1997-1998 жылдары Б.Серікбаев атындағы жеке өндірістік кооперативінде бас агроном, 1998-2004 жылдары «Тәуірлік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, 2004-2005 жылдары Сарысу аудандық жер инспекциясының бас маманы, 2005-2006 жылдары Сарысу ауданы әкімиятының ауыл шаруашылық және жер қатынастары бөлімінің бас маманы, 2006-2007 жылдары Сарысу ауданы әкімиятының дене шынықтыру және спорт бөлімінің жетекші маманы, 2007-2008 жылдары Әйтеке би атындағы орта мектеп директорының өндірістік-шаруашылық жөніндегі орынбасары болды. 2008 жылдың соңынан бастап аудандық «Сарысу жастар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры болып қызмет атқарды.

2007-2012 жылдары Сарысу аудандық мәслихатының депутаты.

2012 жылдан Жаңаталап ауылының әкімі.

СҰЛТАНОВ ХАСАН



1898 жылы бұрынғы Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Морской ауылында балықшының отбасында дүниеге келген. Еділ өзенінде балық аулайтын кәсіпорындарда еңбек ете жүріп, ол Астрахань облысының Баскұншақ, осы күнгі Атырау облысының Теңіз ауданында Кеңес өкіметін орнатысуға белсене атсалысты. 1921-1926 жылдары Теңіз ауданындағы болыстық комсомол комитетінде, Теңіз аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. 1926 жылы Х.Сұлтанов "Братство", "Қиғаш", "Қазақстан" несиелік балық кәсіпорындарының төрағасы болды. Сондай-ақ Астрахань, Гурьев облыстарының балық шаруашылығы мекемелерінде жауапты қызмет атқарды.1932-1959 жылдары осы күнгі Маңғыстау облысындағы Баутино балық кооперативі төрағасының орынбасары, колхоз бастығы, "Гослов" базасының директоры, "Каззверрыбтрест" басқарма бастығының көмекшісі, "Мангышлакрыбхолодфлот" басқармасы кәсіподағы комитетінің төрағасы қызметтерін абыройлы атқарды.

1984 жылы дүние салды.

СУШИНА МАЙРА



1961 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданының Жайылма ауылында қызметкер отбасында дүниеге келген. Қарағанды мемлекеттік университетінің экономика факультетін бітіріп, «Қаржы және қаражат» саласы бойынша мамандық алып шықты. Еңбек жолын 1984 жылы Жаңатас қаласындағы жинақ кассасында кассир болып бастап, есепші, бас есепші қызметтерін атқарды.

1994 жылдан Жаңатас қаласындағы халықтық банкінің Сарысу аудандық бөлімінің басқарушысы. Ол қоғамдық негізде аудандық «Мейірім» қоғамдық қорының төрайымы қызметін атқарды. М.Шарапқызы аудандық мәслихаттың депутаты болды, аудан көлемінде қоғамдық жұмыстарға үзбей қатысып келеді

СҰЛТАНҒҰБИЕВА АЙГҮЛ



1976 жылы Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор поселкесінде дүниеге келді.

1982-1993 жылдары В.Г.Белинский атындағы мектепті бітіріп, 1993-1997 жылдары Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің шет тілдер факультетінің ағылшын тілі бөлімін бітірді.

1998 жылдан бастап Атырау мұнай және газ институтында істеді.

2009 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінің филолгия факультетінің жалпы тіл білімі кафедрасында «Тілдік бейнедені жүрек концептінің көрінісі (қазақ, орыс, ағылшын тілдері бойынша)» атты кандаттық диссертациясын сәтті қорғап, филология ғылымдарының кандидаты атағына ие болды.

А.Айтмұқанқызы 2009 жылдан Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде аға оқытушы және кафедра меңгерушісі болып қызмет атқаралы.Оның отандық, республикалық, халықаралық баспаларда 25 ғылыми мақаласы жарияланған. Бірнеше әдістемелік құралдардың авторы.

СҰЛТАШЕВ ДЕМЕУ



1929 жылы Атырау облысы, Томарлы ауылында дүниеге келген. Қайыршақты жетіжылдық мектебін бітірген.1949 жылы Атырау педагогикалық училищесін, кейіннен Атырау педагогикалық институтының қазақ әдебиеті және тілі мамандығы бойынша бітірді. Оның еңбек жолы Томарлыдағы, әуелі бастауыш, сосын сегізжылдық, кейін орта мектеп болған, өзі жетіжылдық білім алған Қайыршақты мектебімен байланыста болды. Ол осы мектепте 50 жыл бойы ұстаздық етті. Мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болып қызмет атқарды.

Д.Тілеңұлының орталық және жергілікті баспасөзде көптеген өлеңдері мен мақалалары жарияланып, кейбір өлеңдері 1950-1960 жылдары жас ақындар жинағына енді. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен, бірнеше медальдармен марапатталған

СҮЙЕСІНОВ ЕРМЕККАЛИ



1941 жылы Жылыой ауданы, Қияқ ауылында туылған. Жылыой аудандық электр жүйелерінің білікті энергетигі, Өнертапқыш. Цех бастығы (1959-2001). Қазақ КСР және КСРО энергетика үздігі. Қазақ КСР Энергетика министрлігінің Құрмет грамоталарының, «ТМД елдерінің еңбегі сіңген энергетигі» белгісінің, ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығы медалінің иегері.

СҮЙЕСІНОВ ІЗІМҒАЛИ



1942 жылы Жылыой ауданы Қияқ ауылында туылған. Алматы ауыл шаруашылығы институтын бітірген. Инженер-механик. «Ембі» кеңшарында бас инженер (1969-1976), «Қосшағыл» кеңшарында директор (1976-1980), 1997-2008 жылдары Жем селолық округі әкімдігінің маманы. Бірнеше медальдардың иегері.

СҮЙЕСІНОВ НҰРЛЫБАЙ



1948 жылы Доссор кентінде туған. Мұғалім. Гурьев педагогика институын бітірген. Еңбек жолын жұмысшы болып бастаған. Партия органында еңбек еткен. Өмірінің соңғы кезеңінде Мақаттағы Х.Санбаев атындағы мектепте директор болып қызмет атқарған. Екі медальмен марапатталған

2000 жылы өмірден озды.

СҮЙІНҒАРИЕВА ҚАЗИРА



1948 жылы Атырау облысы, Балықшы ауданы, Жұмыскер ауылында дүниеге келген. 1954-1965 жылдары 11 жылдық мектепті бітірген. 1965-1967 жылдары Гурьев қаласындағы № 13 химиктер кәсіптік-техникалық училищесінде оқыған.1967-1981 жылдары Гурьев қаласындағы химия зауытында ең жоғары разрядты аппаратчик болып істеді.

Жетібай мұнай-газ өндіру басқармасында ауысым операторы, Исатай ауданындағы мұнай дайындау және айдау цехында ауысым аға операторы болды.1981-1987 жылдары Москва қаласындағы И.М.Губкин атындағы мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтына түсіп, Ресей Мемлекеттік мұнай және газ университетінен геология, барлау және геофизик мамандығын алған. 1989-2006 жылдары Жайық мұнай газ өндіру басқармасында жетекші геолог, геология қызметінің бастығы, ғылыми зерттеу цехының бастығы болып қызмет атқарды.

Қ.Сүйенқызы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, көптеген салалық медальдармен Құрмет грамоталармен марапатталған.

2006 жылдан зейнет демалысында

СҰЛЕЙМЕН ЖАҚСЫБАЙ



1949 жылы Атырау қаласында дүниеге келген.

1967-1972 жылдары Баку қаласындағы М.Азизбеков атындағы институтын бітірген. Тау-кен геофизик-инженер мамандығын алған. Еңбек жолын Алматы қаласында бастаған. 1972-1993 жылдары «Гурьев» мұнай газгеология бірлестігінде геофизик, кешен-

ді радиоэлектро- каратаж тобының бастығы, жаңа техниканы енгізу жөніндегі тәжірибе-әдістемелік партияның бастығы болды. 1993-2000 жылдары БҚЭГИС – те бас инженер болды. Забурын, Жаңаталап, Орысқазған, Кенбай, т.б. кен орындарын ашуға үлес қосты.

Ерғалиұлы Жақсыбай бірнеше мерекелік медальдармен, салалық төсбелгілермен, Сапа көшбасшысы ұлттық сертификатымен, Гран-При конкурсында кәсіпорын арнайы сертификатка ие болып. «Сапа» үшін лауреат атанды. «Қазақстан данқы» орденімен марапатталған. 2000 жылдан «ГИС компаниясы ААҚ Атырау филиалын басқарды.

2004 жылдан бері «Атыраупромгеофизика» ЖШС-ін абыройлы басқарып келеді.

СҮЛЕЙМЕНОВ ИМАНМӘДІ



1942 жылы дүниеге келген. 1958-1960 жылдары Мақат өңіріндегі мұнай кенішінде бұрғышының көмекшісі болған. 1960-1968 жылдары Губкин атындағы Мәскеу мұнай және газ өндірісі институтын бітірген.1965-1978 жылдары өндіріс учаскелерінде шебер көмекшісі, цех шебері, техника қауіпсіздігі бойынша аға инженер, жобалау – техникалық бөлім инженері, бас инженер болды. 1978-2007 жылдары ЦИТС бастығының орынбасары, техникалық бөлімнің аға инженері,мұнай өндіру құрылыстарында өндірістік, техникалық, технологиялық бөлім бастығы, төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс инженері қызметтерін атқарды.Бірнеше медальдармен, төсбелгілермен марапатталған.

СҮЛЕЙМЕНОВ СҮЙЕУ



1941 жылы Гурьев қаласында дүниеге келді.1949-1959 жылдары Гурьев қаласындағы Киров атындағы орта мектепте оқыды. 1960-1964 жылдары Гурьев мемлекеттік педагогика институтында (қазіргі Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде) оқып, білім алды.1965-1971 жылдары ЛКСМ Гурьев (Атырау) облыстық комитетінде нұсқаушы, бөлім басшысы болып қызмет атқарды.1971-1991 жылдары Гурьев (Атырау) қалалық және облыстық партия комитетінде нұсқаушы, бөлім бастығы, облыстық партия комитетінде партиялық комиссияның мүшесі және партия, кеңес қызметкерлерінің білімін жетілдіру курсының меңгерушісі болды.

С.Рақымұлы 1991-1999 жылдары Атырау қалалық еңбек пен әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бастығы болды.

2005 жылдан бері «Ізгілік» қайырымдылық қорының төрағасы.

СҮЛЕЙМЕНОВА ЗӘМЗАГҮЛ



1972 жылы Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Ново-Александровка ауылында дүниеге келген. 1994 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институтының шет тілдері факультетін үздік аяқтаған. Өзі оқыған институтта кафедра оқытушысы, аға оқытушы, жас ғалымдар кеңесінің төрайымы, деканның орынбасары болды. Іштей аспирантурада оқыды.

2002 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде филология ғылымдарының кандидаттығын қорғады. 2004-2013 жылдары Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының шет тілдері факультетінің деканы болып істеді.

З.Есенқызы көптеген халықаралық семинарларға, конференцияларға қатысқан. Республикалық, шетелдік басылымдарда 50-ден аса ғылыми мақалалары жарияланған. Білімін жетілдіру бойынша 50-ден астам республикалық, халықаралық сертификат алған. Англияда, Германияда, т.б. мемлекеттерде білімін жетілдірген. Бірнеше халықаралық грант және стипендиялардың иегері.Ресей Германистер одағының мүшесі. Ол Қ.Жұбанов атындағы университеттің заң факультетін бітірген. Ағылшын және неміс тілдері кафедрасының меңгерушісі.

Ғылыми танымдық материалдары облыстық «Актюбинский вестник» газетінде жиі жарияланады. ҚР білім беру ісінің үздігі. Республикалық «Үздік портфолио» конкурсының жеңімпазы. Салалық Құрмет грамоталармен, алғыс хаттармен марапатталған.

СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ ӘЛІ



1917 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Шолаққорған қыстағында дүниеге келген. Балалық шағы ауыр жағдайда өткен ол жас кезінен білім алуға ұмтылды. Түркістан қаласындағы педагогикалық училищені бітіргеннен соң әскерге алынады. Артиллерия бөлімінде қызмет етіп жүргенде фин соғысына қатысады. Елге оралған соң ол 1938 жылы Созақ аудандық ішкі істер бөлімінің учаскелік инспектор қызметіне алынады. Сол бір күрделі, қиын кезеңде Ғ.Сүлейменұлы қоғамдық тәртіпті сақтаудың алдыңғы шебінен көрінді. 1944 жылы ол бүйіріне бедерленіп есімі жазылған естелік қаруға ие болды. Сол жылы Созақ аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы болып тағайындалды. 1948 жылы Кеңес Одағы Мемлекет қауіпсіздігі министрлігінің Ташкенттегі арнайы оқу орнына түсіп, оны 1951 жылы ойдағыдай бітірді. Аға лейтенант Ә.Сүлейменов аудандық НКВД бастығы болып бекітіледі. өз ісіне адал, елге сыйлы азамат бұл жауапты қызметті 1956 жылға дейін абыройлы атқарды. өмірінің соңғы жылдары «Созақ» совхозында ферма меңгерушісі болды.

1958 жылы дүниеден қайтты.

СҮЛЕЙМЕНОВ ҚЫРҒЫЗБАЙ



1932 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында туған. 1948 жылы Түркістандағы Ленин атындағы орта мектепті бітірген. Сол жылы Алматыдағы ҚазМУ-дың физика-математика факультетіне түскен. Оны 1953 жылы бітіріп, математика мамандығын алып шығады. Ол 40 жыл бойы Созақ ауданында істеп, 1993 жылы зейнеткерлікке шыққан. Мұғалім, мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, саяси ағарту кабинеті меңгерушісі қызметтерін атқарған. «Құрмет белгісі» орденімен және медальмен марапатталған.

Қазір зейнеткер.

СҮЛЕЙМЕНОВ АХМЕДЖАН



1954 жылы Әндіжан облысының Ходжабад ауданында туған. 1971 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Киров ауданындағы Базара қыстағындағы орта мектепті бітірген соң Шымкент химия-технология институтына түсіп, оны 1977 жылы бітіріп, технолог мамандығын алған. 1977-1989 жылдары Шымкент өндірістік бірлестігінің фосфор зауытында шебер, аға шебер, учаске бастығы болып істейді. 1989-2005 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ кеңесінде бас техникалық инспектор, облыстық кәсіподақтың химия кәсіподағы төрағасының орынбасары, төрағасы болды.2005 жылдан бастап ОҚ облыстық кәсіподағы кеңесінің төрағасы қызметін атқарды.

СҮНДЕТОВ БИСЕҢҒАЛИ



1931 жылы Атырау облысы, Индер ауданы, Өрлік ауылында дүниеге келген. Ес білген шағынан шешесі Жұмажанға мал бағуға көмектескен. Совхозда ұзақ жылдар мал бағып, толайым табыстарға ие болған. 1986 жылы «Халықтар достығы» орденімен марапатталған.

2002 жылы дүние салған.

СҮНДЕТОВ ИМАНҒАЛИ



1929 жылы Атырау облысы, Есбол ауданы, Өрлік ауылында дүниеге келген. Жастайынан мал шаруашылығымен айналысқан. 1955-1999 жылдары туған ауылында аға шопан болып, абыройлы еңбек етті.

1958 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен, 1963 жылы екінші рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, 1966 жылы Ленин орденімен, 1973 жылы Октябрь Революциясы орденімен марапатталған.

1998 жылы дүниеден озды.

СҮГІРОВ БАПЫЛ



1917 жылы Ақбас ауылында туылған. 1938-1980 жылдары Қосшағыл кәсіпшілігінде құрылысшы, тоқпен пісіруші, мұнай дайындау операторы, машинист – оператор.

III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері, бірнеше медальдармен марапатталған.

СЫЗДЫҚҰЛЫ СПАНДИЯР



Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданы, Ворошилов атындағы колхозында дүниеге келген. Сол жердегі жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін «Қызыл әскер» орта мектебін өте жақсы деген бағамен бітіреді. Еңбек жолын 1958 жылы Шардарада ашылған Бүкілодақтық екпінді комсомол-жастар құрылысы Шардара су-электр стансасында жүргізуші болып бастайды. Сол жерде зейнеткерлікке шыққанға дейін 40 жылдан аса абыройлы еңбек етті.Оның Қызылқұм өңірін игеру мақсатында ашылған 12 күріш, мақта, көкөніс совхоздарындағы мыңдаған гектар жердің, жүздеген шақырым қазылған каналдардың бойында бұл кісінің еткен еңбегінің ізі осы уақытқа дейін сайрап жатыр.

С.Сыздықұлы абыройлы еңбегі үшін Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Сонымен бірге сан мәрте салалық Құрмет грамоталармен марапатталған.

СЫЗДЫҚОВ УБАЙДІЛДА



1926 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданында туған. Жастайынан әке-шешеден ерте айырылып, әкесінің туған інісінің қолында тәрбиеленді. 1941-1942 жылдары фабрика-зауыт училищесінде оқиды. Одан кейінгі жылдары Қабыланбектегі зооветеринарлық техникумда оқиды. 1952-1954 жылдары Байжансайда шахтада істейді. 1955-1962 жылдары мектепте, құрылыс саласында істейді. 1962 жылдан 1985 жылға дейін Калинин атындағы совхоздың бас прорабы болып, ауылдың архитектуралық келбетін көркейтуге өлшеусіз үлес қосты. Көптеген мақтаулар мен марапаттаудың иегері. өз ісінің айтулы маманы болған ол 1985 жылы дүниеден озды.

СНАЛБЕКОВ ЖҰМАҒАЗЫ



1925 жылы Дыңғызыл ауылындағы Сасықтау өңірінде дүниеге келген.

1932-1942 жылдары Абай атындағы орта мектепте оқыды.1960 жылы Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы пединститутын география факультетін бітірген. 1942 жылы өз еркімен майданға аттанады.

Майданда Закавказьеде 32-артиллериялық училищеде курсант болады. 1943-1946 жылдары десантшылар бригадасында көздеуші болып соғыска аттанады. 32-зенит полкінде зеңбірек бөлімшесінің командирі болады.

Соғыстан кейін бес жылдай Германияда әскери қызметте болады.

1950 жылы елге оралып, еңбекке араласады. Теңіз аудандық партия комитетінде нұсқаушы, Чапаев колхозында партком әрі бірнеше мектептерде ұстаздық етеді. 1962-1970 жылдары «Шортанбай» орта мектебінде, кейіннен Жасқайрат сегізжылдық мектебінде директор болды. 1970-1985 жылдары «Жасқайрат» мектебінің оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды.1985 жылы демалысқа шығады.

Жауынгерлік Қызыл Ту ордені, I,III дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, III дәрежелі «Даңқ» орденімен, 18 медальмен марапатталған. Ол Қазақ КСР білім беру үздігі, КСРО Оқу министрлігінің Құрмет грамотасымен, КСРО Соғыс және еңбек

ардагерлері Президумының Құрмет грамотасымен марапатталған.

2007 жылы өмірден өтті.

ТАҒЫБЕРГЕНОВ ЖЫЛҚЫШЫ



1921 жылы Гурьев облысы, Мақат ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын 1938 жылы «Эмбанефть» тресінде слесарь болып бастады, мұнай бұрғылау саласында жұмыста жүріп 1942 жылы соғысқа аттанады. Соғыстан жарақат алып, туған ауылына оралып, 1946 жылы Гурьев облыстық әлеуметтік камсыздандыру бөлімінде аға инспектор, еңбекке орналастыру, мүгедектерді протездеу бөлімінде жұмыс істеді.

«Ұлы Отан соғысы» орденімен, Г.К. Жуков медалімен, мерекелік медальдармен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Қаз КСР Жоғары Советі Президиумының Грамоталарымен марапатталды.

1999 жылы дүние салды.

ТАЙТУЛЛИН АРШАТ



1976 жылы Ақтөбе қаласында дүниеге келген. 1993 жылы Ақтөбе қаласындағы №32 мектеп-гимназиясын бітірген. Мектеп бітірген соң Ақтөбе қаласындағы зауытта қалыптаушы болды. 1999 жылы Қазақ көлік және коммуникация академиясын үздік бітіріп, құрылысшы-инженер мамандығын алған. 2002 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін аяқтап, заңгер мамандығын алған. 2000-2002 жылдары «ҚазақОйл» ұлттық компаниясында, «ҚазМұнайГаз» сауда үйінде қызметтер атқарған. А. Табылдыұлы 2002 жылдан заң саласында, Атырау табиғат қорғау прокурорының көмекшісі, 2005 жылдан Атырау облыстық прокуратурасының басқарма прокуроры қызметін атқаруда.

ТАЛПАҚОВА ГҮЛЖАН



1948 жылы Атырау қаласында дүниеге келген. Биші. Қазақ КСР –ының халық артисі (1981), 1971 жылдан Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген артисі. 1967 жылы Алматы эстрада-цирк өнері студиясының хореография бөлімшесін (Ш. Жиенқұлованың халық биі класы бойынша) бітіріп, 1977-79 жылдары Мәскеу эстрада студиясында стажировкада болды. Шығармашылық жолын «Гүлдер» ансамблінде (1968-70) бастап, 1970-86 жылдары «Қазақконцертте» биші-артист болып қызмет етті.Г.Ізімқызының ғұмырлық және шығармашылық жолы - өнерге риясыз қызмет етудің үлгісі, жан-жүрегінмен самғай білудің қастерлі өнегесі. Талпақованың репертуарынан қазақтың «Айжан қыз», «Қосалқа», «Алмас қырғауыл», өзбектің «Хорезм» биі және ұйғыр, корей, вьетнам, моңғол, үнді, сирия, малайзия, т.б. халықтардың ұлттық билері орын алады. Гастрольдік сапармен шетелдерде болып, 1968 жылы София қаласында өткен жастар мен студенттердің дүниежүзілік фестивалінде лауреат атанды. Талпақова би өнерінің ғажайып эстетикасын көркем пластика, үнсіз ән салған үйлесім арқылы адамның ұлттық мінезін, болмыс-бітімін, ішкі әлемінің нәзік бұрқаныстарын, сезімі мен түйсігінің құпия құдіреттерін капысыз сомдап, айнақатесіз бейнеледі.

ТАЛАСБАЕВ НҰРЛАН



1965 жылы Түркістан қаласында дүниеге келген. Орта мектепті аяқтаған соң Алматы халық шаруашылығы институтының бухгалтерлік есеп бөліміне түсіп, оны 1991 жылы бітірген. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің заң факультетін аяқтаған. Ол 1995 жылдан бастап банк жүйесінде бақылау-тексеру бөлімінің ревизоры, 1997 жылдан бастап бөлімнің жетекші ревизоры болды. 2000 жылдан бері «Қазақстан Халық Банкі» ААҚ-ның Арыс аудандық филиалының басқарма бастығы болып жемістіңбек етті. Соңғы жылдары ол басқарған банк облыстың мәндай алды легінен көрініп жүр. Қазір Шымкент қаласындағы "Банк Каспийский" банкісінің облыстық филиалының бастығы.

ТАЛАСБАЕВ САПАРБЕК



1962 жылы Түркістан қаласында дүниеге келген. 1979 жылы мектепті бітірген соң туған жерінде түрлі жұмыстар істеді. 1986 жылы Алматы жол-құрылыс институтын бітірген соң өз мамандығы бойынша жұмыс атқарды. 1997 жылы Москва халықаралық бизнес-технология институтын бітірді. Түркістан қаласындағы жол құрылыс саласында абыройлы еңбек етіп, «Магистраль» ЖШС-інің бас директоры қызметін атқарып жүр. Атырау, Астрахань, Қызылкөл, Құмкөл аймақтарындағы асфальт жолдарды салуға белсене қатысты. Көптеген марапаттауларға ие болған.

ТАКИРОВА АЙНА



1963 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Берген ауылында дүниеге келген. Сәйтіп сол ауылдағы Шевченко атындағы орта мектепті бітіріп шыққан соң 1982 жылы Шымкент қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық институттың математика факультетіне оқуға түседі. Оны 1987 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Жоғарғы оқу орнын бітіріп шыққан соң Сарыағаш ауданындағы №19 Мәншүк Мәметова атындағы орта мектепке физика пәнінің мұғалімі болып орналасады. 1994-2005 жылдары аралығында мектеп директорының оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарады. 2005 жылдан бастап сол мектептің директоры қызметін жемісті атқарып келеді.

А. Сағынтайқызы «Сарыағаштың ұлағатты ұстазы» төсбелгісімен, облыстық, аудандық салалық Құрмет грамоталарымен марапатталған.

ТАНАШЕВ УӘЛИТХАН



1887 жылы Бөкей ордасы, 2-Теңіз жағалауы округы, 3-ауылда дүниеге келген. Астрахань гимназиясының толық 8 класын 1908 жылы бітірген. 1908-1912 жылдары Қазан университетінің заң факультетінде оқыды. 1913-1917 жылдары Қазан қаласында адвокаттық қызметпен айналысқан. Төңкеріс жылдары Қазақстанға оралып, Алаш қозғалысына белсене араласады. 1917 жылы желтоқсан айында Орынборда өткен Жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметінің министрі болып тағайындалды. 1918 жылдан Қазақ Автономиялық Кеңес Социалистік республикасын ұйымдастыру жұмыстарына қызу қатысады. 1920 жылы Қазақ АКСР Юстиция халкомының орынбасары болады. 1924 жылдардан бастап Татарстанда өз саласы бойынша қызмет етеді. 1937 жылы және 1949 жылдары қуғынға ұшырап, 1949-1955 жылдары Красноярск өлкесінде айдауда болады. 1957 жылы ақталды. 1968 жылы Қазан қаласында қайтыс болды.

ТАҢБАЕВ БЕРДІҒАЛИ



1906 жылы Сарыкөл елді мекені, Қызылқоға ауданында туған. Мұнайшы, ұста. Мақат мұнай кәсіпшілігіндегі құрал-жабдықтарды жөндеу шеберханасында 35жылдай табан аудармастан жөндеуші, ұста болып жұмыс жасаған. 1961 жылдан зейнеткер. Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапатталған.

1971 жылы өмірден озды.

ТАҢБАЕВ САҚЫП



1916 жылы Қызылқоға ауданы, Сарыкөл ауылында туған. Бұрғышы, кенес қызметкері. Доссордағы тау-кен ісін үйрету мектебінде оқыған. Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1935 жылы Мақат мұнай кәсіпшілігінде есепші, Мақат кенттік Кеңесі атқомының төрағасы, ауатком төрағасының орынбасары, жұмысшыларды жабдықтау бөлімінде, Мақат мұнай кәсіпшілігінде есепші болған. 1981 жылы зейнеткер. Қызыл Жұлдыз орденімен, бірнеше жауынгерлік медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен мадақталған

1982 жылы өмірден озды.

ТАҢАТОВ КЕҢЕС



1939 жылы Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Қараағаш ауылында дүниеге келген. 1946 жылы «Қайыңды» бастауыш мектебіне барған. Төртінші кластан соң Новопетровка жетіжылдық мектебінде оқыған. 1956 жылы Лубен орта мектебін бітірген соң Орал ауыл шаруашылық техникумының зоотехникалық бөлімінде оқиды. 1959-1962 жылдары Бурятия астанасы Улан-Удэде әскери қызметін атқарды. 1962-1970 жылдары туған ауданында ферма зоотехнигі, бөлімше меңгерушісі, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының зоотехнигі, 1970-1974 жылдары Қызылкөл ауылдық кеңесінің төрағасы. 1974-1978 жылдары "Қызылкөл" совхозының партия комитетінің хатшысы, 1978-1994 жылдары аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы, аудан әкімшілігі аппаратының жетекшісі, 1994-1998 жылдары аудандық мәслихаттың хатшысы болды. Білімі жоғары. Бірнеше медальдармен, Құрмет грамотасымен марапатталған.

ТАПАЛОВА НҰРСҰЛУ



1923 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында дүниеге келген. Қазақ қыздары ішінен шыққан тұңғыш балет артисі, Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген артисі (1954). 1936-39 жылдары Қазақтың музыка театры жанындағы студияда білім алды. Ұстаздары А.Александров, Л.Жуков, А.Чекрыгин. 1939 жылдан Қазақтың опера және балет театрында соло-биші болып, Дариға (Надировтың «Көктемінде»), Зарема (Б.Асафьевтің «Бақшасарай фонтанында», 1942-1943 жылы Г.Улановамен бірге испан биі (Чайковскийдің «Аққу көлінде»), т.б. балеттік партияларды биледі. Н. Елубайқызы сондай-ақ ұлттық операларда («Қыз Жібек», «Абай», «Біржан-Сара») жеке билерді нақышына келтіре орындады. 1953 жылдан Қазақконцерттің солисі қызметін атқарып, эстрадалық ән-би миниатюра жанрында еңбек етті. Киноға түскен. «Құрмет белгісі» орденімен наградталған. Ол - қазақтың тұңғыш боксшысы Шоқыр Бөлтекұлының жұбайы.

1998 жылы қайтыс болды.

ТАПАНОВА СӘУЛЕ



1953 жылы Қарағанды облысы, Жаңаарка ауданында туған. 1974 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген соң Жезқазған облыстық «Жезказған туы» газетінде корректор, тілші болып еңбек жолын бастады.

1975-1989 жылдары Жезқазған педагогика институтында педагогика және психология кафедрасында оқытушы, аға оқытушы болды. 1988-1989 жылдары Мәскеудегі Педагогика ғылымдар академиясы жанындағы Бүкілодақтық ғылыми-педагогикалық кадрларды қайта даярлау және білімін жетілдіру институтында арнайы курста оқыды. Содан соң 1984-2010 жылдары Ө.Ә. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, доценті, профессор, кафедра меңгерушісі болып абыройлы қызмет етті.

2010 жылдан С. Есембеккызы Л.М. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика және саясаттану факультетінің баспасөз және баспа ісі кафедрасының профессоры.

1997-2004 жылдары Жезказған университетінде баспасөз, телерадио орталықтарымен тығыз байланыс орнатып, журналистика мамандығында оқитын студенттердің «Сөз. Саз. Жұмбақ» атты танымдық жастар клубын ашып, түрлі сайыстар өткізді. Қалалық «Сарыарқа» газетінде жастар шығармашылығына арналған бетті ұйымдастырды. Жергілікті телеарнада «Туған тілім – тірегім» атты хабарды жүргізді. Филология ғылымдары-

ның докторы С.Тапанова 20-дан аса магистрлік диссертация жұмысына, 100-ден аса студенттердің дипломдық жұмысына жетекшілік жасады.

«Қазақ романдарындағы ғашықтық сырын», «Қазақ романдарындағы әйелдер бейнесі» монографияларының авторы. Сондай-ақ «Қазақ әдебиетіндегі ақтаңдақтар», «Әйелдер образын жасаудағы алғашқы тәжірибелер», «Психологиялық романдардағы махаббат тақырыбы», «Қазақ тарихи романдарындағы махаббат желісі», т.б. ғылыми-зерттеу, көптеген оқу, оқу-әдістемелік құралдардың, 100-ден аса ғылыми мақалалардың авторы.

С.Есенбекқызы Ө.Ә. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің Құрметті профессоры, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі, «Бейбітшілік әлемі», Халықаралық Қазақ творчестволық бірлестігінің, «Шолохов» медалінің иегері.

ТАСМҰҚАНОВ ЕРСАЙЫН



1946 жылы Доссор кентінде туған. Инженер-бұрғышы. Уфа мұнай институтын бітірген. 1970 жылы Оңтүстік Ембі мұнай-барлау экспедициясында бұрғышының көмекшісі болған. 1971 жылы «Мақатмұнай», «Доссормұнай» базасында ауысым бастығы, бөлім инженері, 1973 жылы Мақат аупарткомы мен Гурьев облпарткомының нұсқаушысы. 1982 жылы Прикаспий мұнай-барлау экспедициясының бастығы, бастықтың орынбасары, өндірістік қызмет базасының бастығы. 1996 жылы Атырау мұнай өңдеу зауытының қызметкері. Шығыс, Молдабек, Солтүстік Қотыртас кен орындарын ашушылардың бірі.

ТАСМҰҚАНОВА ГҮЛНАРА



1974 жылы Доссор кентінде туылған. Тау-кен инженері, ғалым, техника ғылымдарының кандидаты. Уфа мұнай университетін бітірген. 1992 жылы Гурьев медучилищесін үздік бітіріп, Прикаспий мұнай-барлау экспедициясында медбике болып жұмыс жасаған. Кейін Башқұртстан бұрғылау жұмыстары базасында бұрғылау ертінділерінің зертханасында зертханашы болған. 1993 жылы студент, аспирант. Аспирантурада оқыған жылдары университет оқытушысы. 2002 жылы «КаспийМұнайГаз» ААҚ ғылыми-зерттеу және жобалау институтының қызметкері.

ТАСМАҒАНБЕТОВ АЛДОҢҒАР



1947 жылы Атырау облысы, Мақат ауданы, Байшонас ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Байшонас ауылында орта мектепті аяқтады. 1969 жылы Мақат ауданындағы Қарсақ кенішінің зерттеуші операторы. 1976 жылдан «Жайықнефть» мұнай –газ басқармасыны қарасты Забурын кенішін зерттеуші оператор.

А.Мұқанұлы Құрмет орденімен марапатталған.

ТАСПАЕВ БАҒЫТ



1898 жылы Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ селосында дүниеге келген. Мұнайшы. Ембінің ардагері. 1921-54 жылдары «Қазақстанмұай» бірлестігі Доссор мұнай кәсіпшілігінің Тасқудық мұнай өңдеу учаскесінде оператордың көмекшісі, оператор, аға оператор, мұнай өңдеу шебері болды.

Еңбек Қызыл Ту ордені мен медальдарды еншілеген.

1954 жылы өмірден озды.

ТАСПАЕВ ЕСЕНҒАЛИ



1915 жылы Қызылқоға ауданы, 17- ауылда туылған. Жұмысшы, партия қызметкері. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Гурьев мұнай жұмысшы факультетін бітірген. 1939 жылы еңбекті Доссордағы тау-кен өндірістік оқыту мектебінде жөндеуші болып бастаған. Рабфак бітірген соң ФЗО мектебінің директоры, Доссор мұнай кәсіпшілігі кадр бөлімінің бастығы, аупарткомның нұсқаушысы болып жасаған. Майданнан I топтағы соғыс мүгедегі ретінде елге оралған. 1945 жылы Мақат аупарткомында насихатшы, ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған. Қызыл Жұлдыз орденімен, «1941-45жылдары Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған.

1950 жылы өмірден озды.

ТАСПАЕВ ОРЫНҒАЛИ



1947 жылы Доссор кентінде туған. Мұғалім. Гурьев педагогика институтын бітірген. 1970 жылы Доссордағы Абай атындағы орта мектепте ұстаздық қадамын бастаған. 1972 жылы аталған кенттегі В.Белинский атындағы мектепте мұғалім, №2 кәсіптік-техникалық училищеде директордың орынбасары, 1988 жылы балалар-жастар спорт мектебінің директоры. Абай атындағы мектептің мұғалімі. 2002 жылы № 2 кәсіптік-техникалық мектебінің аға шебері. Әуесқой суретші. Жұмыстары әртүрлі байқауларда жүлдеге ие болған.

Ә.Таспаев шежірелерді жинақтауға, жүйелеуге аса зор көмек, қолдау көрсетті.

ТАСПАЕВ ЕРҒАЛИ



1950 жылы Доссор кентінде туылған. Инженер-механик. Әзербайжанның мұнай-химия институтын бітірген. 1972 жылы Шымкенттегі әскери бөлімшеде жанар-жағар маймен қамту қызметінің бастығы болып әскери міндетін өтеген. 1975 жылы Доссордағы автокөлік жөндеу зауытында инженер-конструктор, техникалық бөлім бастығы болған. 1988 жылы Доссордағы № 2 кәсіптік-техникалық училищесінің директоры, 1992 жылы Доссор автокөлік жөндеу зауытының техникалық бөлімінің бастығы қызметін атқарған. 1996 жылы өмірден озды.

ТАСПАЕВ ІЗТҰРҒАН



1960 жылы Доссор кентінде туған. Тау-кен инженері. КазПТИ-ді бітірген. 1982 жылы Калининградтағы әскери бөлімшеде қызмет атқарған. 1984 жылы Доссордағы № 2 кәсіптік-техникалық мектепте өндірістік оқыту шебері, арнаулы технология пәнінің оқытушысы, директордың оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары болған. 2001 жылы осы мектептің директоры. «Кәсіптік білім беру – 99» республикалық көрмесіне қатысушы. Құрмет грамоталарымен, бағалы сыйлықтармен марапатталған.

ТАСПАЕВА ГҮЛДАНА



1976 жылы Доссор кентінде туылған. Инженер-синоптик. 1997 жылы ҚазМУ-ді бітірген. 1999 жылы аталмыш университеттің магистратурасын қызыл дипломмен тамамдап, академиялық дәрежедегі магистр атағын алған.

Г.Орынғалиқызы 1999-2000 жылдары Казгидрометерология орталығының инженері. 2002 жылы Атырау облыстық ауа райын зерттеу бюросының инженер-синоптигі.

ТАРБАЕВ ҚУАНТАЙ



1924 жылы Гурьев облысы, Доссор өңірінде дүниеге келген. Жастайынан еңбекке араласып, мұнайлы өлкеде бұрғылау шеберінің көмекшісі болды. Соғыс жылдары майданға аттанды. Байланыс бөлімшесінің командирі болды. Украина, Белоруссия, Польша жерлерін жаудан азат етуге атсалысты. Бірнеше жарақат алды. Ержүректігі үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін кеудесіне тақты.Соғыстан кейін "Ембімұнай" мекемесінде жұмысшыларды жабдықтау мекемесінде жұмыс істеді. Гурьев педагогика институтын тамамдағаннан кейін Орджоникидзе атындағы мектепте ұстаздық етіп, алғашқы әскери дайындық пәнінен жас ұландарға тәрбие берді. Қазақ КСР Оқу министрлігінің Құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен марапатталған.Облыска танымал ұстаз болып, облыста әскери-патриоттық тәрбие беру жұмысының алдыңғы легінде болды.

1980 жылы дүниеден өтті.

ТАРБАЕВ ҚУАНТАЙ



1924 жылы Гурьев облысы, Доссор өңірінде дүниеге келген. Жастайынан еңбекке араласып, мұнайлы өлкеде бұрғылау шеберінің көмекшісі болды. Соғыс жылдары майданға аттанды. Байланыс бөлімшесінің командирі болды. Украина, Белоруссия, Польша жерлерін жаудан азат етуге атсалысты. Ержүректігі үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін кеудесіне тақты.Соғыстан кейін "Ембімұнай" мекемесінде жұмысшыларды жабдықтау мекемесінде жұмыс істеді. Гурьев педагогика институтын тамамдағаннан кейін Орджоникидзе атындағы мектепте ұстаздық етіп, алғашқы әскери дайындық пәнінен жас ұландарға тәрбие берді. Қазақ КСР Оқу министрлігінің Құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен марапатталған.Облыска танымал ұстаз болып, облыста әскери-патриоттық тәрбие беру жұмысының алдыңғы легінде болды.

1980 жылы дүниеден өтті.

ТАРБАЕВ САҒЫНҒАЛИ



1948 жылы Атырау қаласында туған.Орта мектепті бітіргеннен кейін Гурьев политехникумында оқып, 1967 жылы мұнай құрал-жабдықтарының техник-механигі мамандығын алып шыққан. 1976 жылы Алматыдағы Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтында оқып, тау-кен инженері-геофизик дипломын алады. Еңбек жолын 1966 жылы Өзен геологиялық барлау экспедициясында бұрғылаушының көмекшісі, слесарь болып істеді. 1967-1969 жылдары әскер қатарында болды. 1970-1978 жылдары сейсмикалық партияның бұрғылау жұмыстарының шебері, жетекшісі болып істеді. 1978-1981 жылдары Ауғанстанда іскерлік іссапарда болды. 1981-1992 жылдары Гурьев геофизикалық экспедицияның далалық партиясының бастығы, 1992-1995 жылдары "Казмұнайгеофизика" тресінің бас инженері, 1995-1998 жылдары "Эмбанефтегеофизик" АҚ вице-президенті, 1998-2000 жылдары "Казахстанкаспийшельф" АҚ вице-президенті, 2000-2003 жылдары "Қазақойл-Эмба" ААҚ директорының орынбасары, бас геологы болды.2003-2009 жылдары жеке бизнеспен айналысып, түрлі мекемелерде кеңесші, супервайзер, менеджер, т.б. қызметтер атқарды. Қазір "Береке-Энергу" ЖШС-нің бас директоры.

С.Тарбаев бірнеше медаль, құрметті төсбелгілермен марапатталған. ҚР жер қойнауының құрметті барлаушысы, жер қойнауын барлаудың үздігі.

Еуропа және Ресей геофизикалық қауымдастықтарының мүшесі.

ТАРБАЕВ ҚАЙРАТ



1973 жылы Алматы қаласында дүниеге келді. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетін, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік қызмет академиясын тамамдаған. Еңбек жолын 1992 жылы облыстық «Прикаспийская коммуна» газетінде бастап, облыстық телерадиокомпанияда диктор, редактор қызметтерін атқарған. Атырау облысы ішкі саясат департаментінде жұмыс жасады. Қ.Сағынғалиұлы 2002 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінде, «КазМұнайГаз» АҚ Ұлттық компаниясында жауапты қызметтер атқарды. ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің, «Қазақстан темір жолы» АҚ Ұлттық компаниясы Президентінің баспасөз хатшысы болды. Қазір «BEREKE ENERGY» компаниясы бас директорының кеңесшісі. Ата –тек шежіресін жинақтауға үлес қосқан азамат.

ТАУБАЕВ ТАБЫЛДЫ



1885 жылы Сарыкөл елді мекенінде, Қызылқоға ауданында дүниеге келген. Кеңестік тәртіпті нығайтуға белсене араласқан қызметкер. Ауылдағы орыс-қазақ мектебін тамамдағаннан соң Орынбор семинариясында үш жыл дәріс алады. 1918-19 жылдары Қызылқоғада пошташы қызметін атқарады. Чапаев дивизиясының әскери сапында Атырау өңірін ақтардан тазарту қимылдарына атсалысады. 1920 жылы Гурьев уездік атқару комитетінде жұмыс жасайды. Қызылқоғада кеңестендіру саясатын жүзеге асыру науқанында белсенділік танытқан. 1921 жылы ақгвардияшы бүлікшілерімен соғыста қайғылы қаза табады. Денесі алғашқыда Пеной аралында ақгвардияшылар атқан совдепшілермен бірге Гурьев қалалық паркіне жерленген. Артынан туысқандарының талабына сәйкес туған жеріндегі рулық қауымға қойылған. Қызылқоға ауданының Сарқөл бойында Табылды аталатын кесене (шошақ мола) бар.

ТАУМАНОВ ЕРҒОЖА



1913 жылы Атырау облысы, Тайсойған ауылында дүниеге келген. 1936-1938 жылдары «Ембімұнай» тресі геология барлау кеңсесінде техник-геолог, 1938-1939 жылдары геология барлау партиясының бастығы. 1939-1941 жылдары Төлеген мұнай барлау бөлімшесінің аға геологы. 1941-1957 жылдары Байшонас кәсіпшілігінде аға геолог, Комсомольск кәсіпшілігінде бас геолог, директор, Қосшағыл мұнай тресінде бастық, Құлсары мұнай өндіру басқармасында директор, Қазақмұнай барлау тресінде бастық. 1957-1959 жылдары Қазақстан компартиясы Жылой аудандық комитетінің бірінші хатшысы. 1959-70 жылдары Мақат мұнай өндіру басқармасының директоры болған. Екі мәрте "Құрмет белгісі" орденімен және медальдармен марапатталған.

1970 жылы дүниеден озды

ТАУШЕВ МӘЖИТ



1912 жылы Атырау облысы, Теңіз ауданы, Дыңғызыл ауылында туған. 1927 жылы жетіжылдық мектепті бітірген соң, отбасы жағдайымен оқуын әрі жалғастыра алмады. Өз ауылында сауда орнында, ауылдық кеңес хатшысы, бастауыш класс оқытушысы болды. Аудандық комсомол ұйымында түрлі қызметтер атқарды. 1932 жылы Орал қаласында «Комсомол ұрпағы» газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, 1939 жылы Орал қалалық комсомол комитетінің секретары болып сайланды.1941-1945 жылдары Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің әскери бөлімінің бастығы, 1948-1954 жылдары Орал облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1954-1956 жылдары Жаңқала аудандық атқару комитетінің секретары, 1957-1967 жылдары Орал облыстық партия комитеті жанындағы ауыл шаруашылығы басқармасының бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1967 жылы денсаулығына байланысты зейнеткерлікке шықты. Ол екі мәрте бірінші және екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерінің және көптеген жауынгерлік медальдардың иегері. Қазақстан Коммунистік партиясының IV, V, VI съездерінің, КСРО Кәсіподақтарының X съезінің делегаты болды. Облыстық, қалалық, аудандық атқару комитеттерінің бірнеше дүркін сайланған депутаты болды.

1977 жылы дүние салды.

ТАШМҰҚАНОВ СЕЛБАЙ



1956 жылы Атырау облысының Қызылқоға ауданындағы, бұрынғы Ойыл ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1974 жылы «Миялы» орта мектебін бітірген. 1974-1976 жылдары Жангелдин атындағы совхозда комсомол-жастар бригадасында аға шопан болды. 1975 жылы Алматы қаласында Бүкілодақтық жас шопандар слетіне қатысушы. 1976-1982 жылдары Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының экономика факультетін экономист-есепші мамандығы бойынша бітірген. 1982-1996 жылдары Қызылқоға ауданына қарасты Жангелдин, Комсомол, Энгельс атындағы совхоздарда аға экономист, бас есепшінің орынбасары, бас экономист қызметтерін атқарған.

С. Көбденұлы 1999-2001 жылдары Атырау облыстық зейнетақы төлеу орталығының қалалық бөлімінің бастығы, 2001-2003 жылдары ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің Атырау аумақтық инспекциясының бөлім бастығы, 2003 жылы ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің тексеруші-ревизоры, 2004 жылдан сол министрліктің Балық шаруашылығы комитетінің Жайық – Каспий облысаралық бассейіндік балық шаруашылығы инспекциясында Қаржы есептеу және сатып алу бөлімінің бастығы болып қызмет атқарады.

ТӘЖЕНОВА ӘЙКЕН



1942 жылы Гурьев қаласында туылған. Мұғалім. Гурьев педагогика институтын бітірген. 1964 жылы Доссордағы С.Шәріпов атындағы мектеп –интернатында мұғалім. «Құрмет белгісі» (1986) орденімен, «Еңбек ардагері» медалімен мадақталған. Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері.

ТӘЖІҒҰЛОВ СӘҢГЕРЕЙ



1935 жылы Жылыой ауданы, Тұрғызба ауылында дүниеге келген.Қазақстанда теледидарлық хабар тарату ісі көшбасшыларының бірі, Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, филолог, ғылым кандидаты (1975), ҚазМУ-ды бітірген (1960). Ол Қазақ теледидарының 60-жылдарда эфирге берілген алғашқы хабарларынан бастап, өмірінің соңғы сәтіне дейін теледидар хабарларының үнемі сценарийлерін дайындаушы және эфирге шығарушылардың бірі болды. Бастапқыда «Шұғыла» шығармашылық бірлестігінің, кейін кинохабар мен бағдарлама алмасу редакциясының бас редакторы, «Алатау» бағдарламасының бас директоры болып істеді. Оның 100-ден астам публицистикалық мақалалары жарияланды. «Хамит Ерғалиев» атты монографиясы жарық көрді (1983).

1991 жылы өмірден озды.

ТӘЖІМҰРАТОВ ӘНЕС



1926 жылы Атырау облысы, Доссор кентінде дүниеге келген. Әкесінен 7 жасында жетім қалады. 1942 жылдан бастап жұмысқа араласады, Қосшағыл мұнай кәсіпшілігінде электр монтері, бригада шебері. Гурьев мұнай техникумын бітірген. 1970 жылы Мақат мұнай кенішінде бас энергетик болды. Бірнеше жаңашыл ұсыныстардың авторы. Соның бірі электро- двигательдерді 2 фаза қалғанда электр желісін айыратын

автомат АВТ (Автомат Великого Тажимуратова) деген атпен тіркелген.Бұл ойлап табылған құрылғы кәсіпорындарда сол кезде үлкен сұранысқа ие болады. 1985-1987 жылдары Мақат мұнай кәсіпорын бастығының орынбасары.1987-1991 жылдары «Доссормұнайгаз» басқарма бастығының орынбасары қызметін атқарды.

1992 жылдан зейнет демалысында.

ТӘЖІМҰРАТОВ МАҚСАТ



1959 жылы Атырау облысының Жылыой ауданындағы Қосшағыл кентінде дүниеге келген. 1976 жылы Мақат кентіндегі М. Горький атындағы орта мектепті бітірген. Еңбек жолын "Мақатмұнай" базасының жөндеушісі болып бастаған.1983 жылы Алматыдағы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін аяқтаған. 1983-1988 жылдары республикалық газет-журналдарда істеді. "Социалистік Қазақстан" газетінің тілшісі болды. 1988-1990 жылдары Қазақстан ЛКЖО ОК-інде қызмет істеді. 1992-1999 жылдар аралығында ҚазМУ-да аға оқытушы, доцент. Бұдан кейінгі жылдары республикалық "Қазақ әдебиеті" газеті редакторының орынбасары, "Ана тілі" газетінің редакторы болды. Соңғы жылдары "Астана" журналының редакторы қызметін атқарып жүр.Филология ғылымдарының кандидаты.

Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың лауреаты. "Шәңгерей. Жасампаздық өмір","Батыс Алаш Орда. Библиографиялық сөздік тәжірибесі", "Ғұмар Қараш","Кәбиса жыл" атты еңбектердің авторы.

ТӘКЕНОВ ЖҰМАҒАЛИ

1925 жылы туған. Мұнай өндірісінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмысына еңбегі сіңген ардагері. 1987 жылға дейін Мақат және Доссор өрт сөндіру командаларында нұсқаушы, қарауыл бастығы, команда бастығы болып жұмыс жасаған. Ұлы Отан соғысы аяғында Ембіге түсірілген жау десантын қолға түсіруде белсенділік танытқан. 6 медальмен, салалық төсбелгілермен ұлықталған.

ТӘЖІБАЕВА МӘНШУК



1957 жылы Атырау қаласында туған. 1974 жылы қаладағы №499 орта мектепті бітірген. Мамандығы – филолог, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы. 1978-1983 жылдары филология факультетін бітірген. 1991 жылдан Алматы құрылыс және менеджмент колледжінде оқытушы.

М.Қайсақызы Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі (2007ж.). Бірнеше әдістемелік мақалалардың авторы. Кредиттік оқыту жүйесіне арналған "Қазақ әдебиеті", "Кәсіби қазақ тілі" оқу құралдарын жазған. Көп балалы ана.

ТӘЖІБАЕВ АМАНГЕЛДІ



1942 жылы Астрахань облысы, Марфинск ауданы, Мултановка ауылында дүниеге келген. Жетіжылдық мектепті бітірген соң Астрахань педагогикалық училищесін бітіреді. Туркменка ауылында татар мектебінің директоры болады. Содан кейін Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияның актерлік факультетіне түсіп, оны 1965 жылы үздік аяқтайды. Консерваториядан соң Қарағанды қаласындағы С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында жемісті еңбек етеді. Мұнда қазақ әдебиетінің классиктері М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Ә.Тәжібаевтың, т.б. драмалық шығармаларындағы басты кейіпкерлерді сомдады. Сөйтіп жүріп Қарағанды телестудиясына бас режиссер болып ауысып, оның жаңаша рухани сипатта жандануына көп күш салады.1972 жылы А.Ыбырайұлының "Сен мені жендің, Сырым" телепьесасы республикалық байқаудың бас жүлдесін алды.1980 жылы КСРО Мемлекеттік киносы жанындағы кинорежиссерлардың Жоғарғы курсын көркем фильмдерді қоюшы режиссері мамандығы бойынша бітірген. "Құланның ажалы", "Нан" атты киносценарийлердің авторы. "Ақырғы асу» фильмінде Серікбайды, "Ұзақ Құс жолында" Тұрашты, КСРО мен Жапония бірігіп түсірген "Қадам" фильміндеріндегі кейіпкерді сомдады.Ол сонымен бірге "Охрана бастығы", "Жігер", "Тақыр", "Сыңғырық аптап мерзімі", "Ақырғы асу", "Ұзақ Құс жолы", "Кімсің сен, шабандоз?", "Ақырғы аманат" фильмдерінің режиссері. 1981 жылдан КСРО Кинематографистер одағының мүшесі, "Құрмет белгісі" орденімен, "Еңбектегі ерлігі үшін" медалімен, Вьетнамның "Халықтар достығы" медалімен марапатталған. Республикалық "Жігер" фестивалінің лауреаты, "Ұзақ

Құс жолы" көркем фильмі Бүкілодақтық кинофестивальде лауреат атанды. А.Тәжібаев – көпқырлы талант иесі. Жазушы, ақын, актер, режиссер, әнші, домбырашы, ағаштан түйін түйген шебер жан.

ТӘЖІҒҰЛОВ ЖҰМАБАЙ



1909 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданында туған. Жылыой, Қызылқоға аудандарында ағарту ісін ұйымдастырушы

лардың бірі. 1-курстан кейін 1930 жылы мұғалімдік жұмысын бастайды. Кейін 1930-1933 жылдары Жылыойдың «Айранкөл» бастауыш мектебінің меңгерушісі, 1933-1935 жылдары Жылыой кентінде балалар үйінің директоры, 1935-1938 жылдары

«Қосшағыл» орталау мектебінің директоры, 1938-1942 жылдары Қызылқоғаның «Шолақсай» орталау мектебінің директоры болып істеді. Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1946-1960 жылдары Ембі ауданындағы, Айранкөл, Кебіркөл орталау мектептерінде директор болып істеді. Халық ағарту ісінің озық қызметкері. Қызыл Жұлдыз, "Құрмет белгісі" ордендерімен марапатталған.

1960 жылы дүние салды.

ТӘЖІМҒАЛИЕВ ШОРА



1940 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Морской ауылында дүниеге келген. Атырау педагогикалық институтының филология факультетін 1963 жылы бітірген. Мектепте мұғалім, комсомол комитетінде, ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінде, ішкі істер басқармасында ұзақ жылдар жұмыс істеген. 1990-1996 жылдары Маңғыстау облыстық кеден басқармасын басқарады. 1990 жылдары «Қаражанбас» мұнай компаниясы президентінің кеңесшісі қызметін атқарады. Отставкадағы полковник.

«Гүлденген шақ», «Айтылмаған ән» атты жыр жинақтарының авторы. Ұлы Отан соғысының I,II,III дәрежелі медальдармен марапатталған. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

ТӘНИЕВ АМАНҒАЛИ



1913 жылы туған. 1939 жылы Орал қаласындағы ауыл шаруашылық басшы кадрларын дайындайтын курста зоотехник мамандығы бойынша дәріс алған. 1930-1935 жылдары Новобогат ауданының коммуналдық ұйымында егістіктің есеп жүргізушілігі қызметін атқарған.

А.Тәниев зоотехник, аға зоотехник, ұжымшар төрағасы, қаржы бөлімінде нұсқаушы, т.б. жұмыстарды ойдағыдай атқарды. 1950-1952 жылдары «Күкіртті» колхозының төрағасы, 1952-1977 жылдары Новобогат МТС-інде зоотехник, аудандық қаржы бөлімінде нұсқаушы, ферма меңгерушісі,т.б. қызметтер атқарған.

ҚКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, БХШЖ көрмесінің күміс медалімен,т.б. медальдармен марапатталған.

ТЕГІСБАЕВ АНАТОЛЫ



1953 жылы туылған. «Мұнай және газ кен орындарын игеру технологиясы мен кешенді механизациясы» мамандығы бойынша тау-кен инженері біліктілігін иеленіп, Қазақ политехникалық институтын бітіріп, тау-кен инженері факультетінің тау-кен және газ кен орындарын игеру мамандығын алған.А.Орынғалиұлы еңбек жолын 1975 жылы «Маңғышлақ Газ өндіру» басқармасында газды өндіру және тасымалдау учаскесінің шебері, мұнай және газ кен өндеуші оператор ретінде бастаған. Өндірістің барлық сатыларынан өтіп, ауысым бастығы, аға инженер, газ конденсатын өндіру цехының бастығы, Орталық инженерлік- технологиялық қызмет бастығының орынбасары, өндірістік бөлім бастығы болды. 1987-1990 жылдары бас инженер, осы басқарма бастығының бірінші орынбасары болды.Оның басшылығымен, тікелей қатысуымен Маңғыстау облысының газ конденсат кен орындарында табиғи газды игеру, өндіру, тасымалдау технологиясы мен ілеспе мұнай газын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық үдерістің бірқатар жетістіктері өндіріске енгізілді.1990-1992 жылдары шілде айына дейін «Маңғышлақмұнай» өндірістік бірлестіктерінің өзінде еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі бас инженер, бас инженердің орынбасары - өндірістік – жедел бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды.1992-1998 жылдары дүние жүзіндегі ең ірі мұнай газ конденсат кен орны Қарашығанақта - «Қарашығанақгазпром» мемлекеттік кәсіпорны бас директорының бірінші орынбасары, «Қарашығанақгазпром» АҚ бірінші вице-президенті, Президенті лауазымдарында еңбек етті.1998 – 2001 жылдары «Ақсайгазсервис» ААҚ-ы мен «ҚазБұрГаз» ААҚ-қа басшылық етті.2001-2004 жылдары «АВЕ» корпорациясы АҚ вице-президенті, «ҚазТрансГаз» ЖАҚ бас директорының Амангелді жобасы бойынша орынбасары, «ДМД Сервис» ЖШС бас директоры қызметтерін атқарды. А.О.Тегісбаев 2004 жылдың соңынан «ҚазТрансГаз» АҚ бас директорының газ жобалары жөніндегі орынбасары болды.Қазіргі уақытта Газ өндіру жөніндегі басқарушы директоры қызметін абыройлы атқаруда.

А.Орынғалиұлы көптеген мемлекеттік, салалық медальдармен, төсбелгілермен, Құрмет грамоталармен, ҚР Президентінің Алғыс хатымен марапатталған.

ТЕКЕЕВ АМАН



1926 жылы Доссор кентінде туылған. Қызметші. Еңбек жолын 1942 жылы Доссор автокөлік кеңсесінде үйренуші жөндеуші болып бастаған. 1957 жылы Батыс Қазақстан геологиялық базасының Доссордағы автокөлік кеңсесінде нормалаушы, диспетчер, аудандық ДОСААФ комитетінің төрағасы, №10 кәсіптік-техникалық училищеде өндірістік оқыту шебері, директордың шаруашылық істері жөніндегі орынбасары. Бірнеше медальдармен, КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

1999 жылы дүниеден озды.

ТЕКЕЕВ ТӘЖІБАЙ



1923 жылы Қызылқоға ауданы, Сарыкөл елді мекенінде туылған. Журналист. Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1-топтағы соғыс мүгедегі. 1943 жылы Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетінде жауапты хатшылықтан бастап қырық жылдай Мақат, Жылыой аудандық газеттеріне редакторлық етті. Журналистердің Бүкілодақтық 1- съезіне делегат ретінде қатысқан. Ақын, шебер фельетоншы, жүйрік аудармашы, білікті көсемсөзші ретінде танымал. 1998 жылы « Мұнай иісі» атты кітабы жарық көрді. Өлеңдері «Кел, Мақатқа», «Алтын бұлақ» жинақтарына енген. Ұлы Отан соғысы орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Мақат ауданының Құрметті азаматы. Доссор кентіндегі өзі тұрған көшеге Т.Текеев есімі берілген.

1994 жылы дүниеден озды.

ТЕЛЕУБАЙ БАҚТЫКЕРЕЙ



1948 жылы Атырау облысы, Мұқыр ауылында дүниеге келген.

1966 жылы еңбек жолын Алматы мемлекеттік медицина институтының студенті болып бастады. Кейіннен 1969-1973 жылдары Алматы көркем-сурет училищесінде оқыды. 1975-1981 жылдары ҚР суретшілер одағының, Атырау облыстық бөлімшесінің көркемсурет шеберханасында суретші болып еңбек етті. Қазір өзінің сүйікті кәсібін сәтті жалғастыруды.

Б. Селдірұлы Қазақстанға еңбегі сіңірген суретші. КСРО, ҚР Суретшілер одағының мүшесі. ҚР Махамбет Өтемісов атындағы сыйлықтың лауреаты. 1992 жылы Мәскеу қаласында өткен Суретшілер съезінің делегаты.

Б.Селдірұлы Орал, Атырау облыстарының эксперттік комиссиясының көркемдік кеңесінің төрағасы. (1985-1991), ҚР Суретшілер одағының Атырау облыстық басқармасының төрағасы. Ол көптеген халықаралық, республикалық көрмелерге қатысқан. Еңбектері республикамыздың көрмелерінде, галереяларында, музейлерінде тұр. «Атырау суретшілері», «Өнерге табыну», «Каспий шельфі» кітаптарының авторы.

Б.Селдірұлы- жібек матаға сурет салу (батика) өнерін елімізде алғаш рет қолданған өнер иесі. Шиге тоқу арқылы жасалған «Бақыт», «Қыз куу», «Алтын дала», т.б. орны бір төбе. Майлы бояумен салынған «Сарайшық», «Шаттық көктемі», «Кеш», мүсін саласында «Үш би», «Ана мен бала», «Қобызшы», «Көк Түрік», «Ғасырлар сыры», т.б. еңбектері бар. Ол- портрет жанрының шебері. Жәңгірхан, Бейбарыс, Құрманғазы, Дина, т.б.бейнелері ұлтымыздың рухани қазынасына айналған туындылар.

ТЕЛІШЕВ ҚАНАПИЯ

1914 жылы Ракөш кентінде туылған. Бұрғышы, шебер. Еңбек жолын 1936 жылы Ескене мұнай кәсіпшілігінде мұнара құрастырушы ағаш шебері болып бастап, бұрғышы, бұрғылау шебері, қызметтерін атқарған. Доссор, Төңірекшын, Данғар, Солтүстік Қамыскөл, Жетібай, Тәжіғали, Қарамандыбас кен алаңдарын ашуға атсалысты. «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған.



1968 жылы өмірден озды.

ТЕЛІШЕВ АМАНЖОЛ



1926 жылы туған. Инженер-геолог. Мәскеудің мұнай институтын бітірген. Ескене мұнай кәсіпшілігінде инженер. Каратон, Жетібай, Мақат мұнай кенінде бас геолог болып жұмыс істеген. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын иеленген.

1969 жылы өмірден озды.

ТЕЛІШЕВ ЖҰМАХАН



1927 жылы Ракөш кентінде туылған. Тау-кен инженері. Мәскеу мұнай институтын бітірген. 1951 жылы Гурьевтегі «Қазақмұнайбарлау» тресінде Гурьев Халық шаруашылығы кеңесінде бас инженер болып жұмыс істеді. 1958 жылы Мақат аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы. 1962 жылы Құлсары, Оңтүстік Қазақстан бұрғылау экспедицияларының бастығы қызметтерін атқарды. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерінің, бірнеше медальдардың, КСРО жер қойнауын барлаудың озаты белгісінің иегері.

1973 жылы өмірден озды.

ТЕМЕШБАЙҰЛЫ (МАХАМБЕТҰЛЫ) ТӨКЕБАЙ



1930 жылы Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Ералиев ауылында дүниеге келген.Еңбек жолын Қарқаралы қаласындағы біржылдық бухгалтерлік курсты бітіргеннен кейін «Жиделі» колхозында есепшілік қызметтен бастап, 1953-1955 жылдары Жамбыл облысы, Сарысу ауданы Байқадам ауылында есепші болып еңбек еткен. Одан кейін ұзақ жылдар Жаңаарқа ауданындағы К.Маркс атындағы және «Жеңіс» совхозында есепші-кассир, материалдық бухгалтер, бас бухгалтердің орынбасары қызметтерінде болған.Өмірінің соңғы сәтіне дейін К.Маркс атындағы совхоздың №1 бөлімшесінің басқарушы болып жұмыс атқарған.Өзі еңбек еткен жылдары аталған колхоз, совхоз шаруашылықтарының экономикасы мен әлеуметтік салаларын нығайтуға, сонымен қатар Арқадағы ағайындардың бірлігін сақтауға сүбелі үлесін қосқан.Еңбексүйгіш, ақ пейілді, ақ жарқын, шыншыл, халық алдында абыройы өте зор болды. Сегіз қырлы, бір сырлы Төкебай Темешбайұлы домбырамен ән салып, он саусақтан өнері тамған өрімшілігімен, саятшылдығымен, палуандығымен атбегілігімен жастайынан өз қатарларының арасынан дараланып шыққан. Құдыққа түскен 4 жасар өгізді бір өзі тартып шығарған кездері болған. Ол баптаған Қаратөбел аты ауданда өткен жарыстарда бәйгенің алдын еш бермеген еді.

1969 жылы 39 жасында дүниеден өткен.

ТЕМІРОВ ЗЕЙНУЛЛА



1938 жылы Астрахань облысы, Володар ауданы, Актерек ауылында дүниеге келген. Ауылда бастауыш мектепті бітіргеннен кейін "Сизый Бугор" орта мектебінде оқып, оны 1957 жылы бітіреді. Сол жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түседі. 1962 жылы бітірген соң осы институттың жалпы техникалық кафедрасына ассистент болады.1964-1966 жылдары Гурьев облыстық комсомол комитетінің саяси бөлімінде нұсқаушы болып істейді. Осы жылдары Мәскеудегі БЛКЖО ОК жанындағы жоғарғы комсомол мектебінің жетімдік курсын оқып бітіреді.Гурьев облысында біраз уақыт қызмет еткеннен кейін отбасылық жағдаймен туған ауылы Ақтерекке келіп, мамандығы бойынша жұ-

мыска орналасады. Мектеп директорының орынбасары, кешкі жастар мектебінің директоры болып істеді. 1990 жылы Астрахань облысында алғаш рет қазақтардың "Жолдастық" атты тіл және мәдениет қоғамы ұйымдастырылған еді. Сол ұйымның жанынан "Ақ арна" атты айына екі рет шығатын газетке қызметкер, тілші болып орналасады.З.Бисенғалиұлы осы газетте 10 жылға жуық еңбек етті. 2000 жылы қоғамның қолдауымен жарық көрген, педагогика ғылымдарының кандидаты Урастаева Ғалия Жұмабайқызының басшылығымен жарық көрген "Астраханские казахи. История и современность" кітабының "Астраханские казахи в Великов Отечественной войне" деген бөлімін жазысуға қатысқан.

ТЕМІРҒАЛИЕВ САЛАМАТ



1978 жылы Атырау облысы, Индер ауданы, Есбол ауылында туған.Мектеп бітірген соң туған ауылында шопан көмекшісі болып еңбек етті.

1996-2001 жылдары Батыс Қазақстан аграрлық университетінде оқыды. 2007 жылы Еуразия Батыс Қазақстан тіл және менеджмент институтын бітірген. Оқу бітірген соң Кулагино ауылында зоотехник болды. 2001-2002 жылдары ішкі әскер қатарында қызмет етті. 2002-2003 жылдары «Есбол» ААҚ-ның селекционер зоотехнигі, 2003-2007 жылдары Оралдағы ауыл шаруашылығы ғылыми өндірістік орталығында аға лаборант, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-да аспирантурада оқыды, оқытушы болды.

2007-2008 жылдары «Пушнина» ЖШС бас маман, 2008-2010 жылдары Оңтүстік Батыс ауыл шаруашылығы ғылыми өндірістік орталықта аға лаборант болды. 2010 жылдан ҚР АШМ Батыс Қазақстандағы асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

С.Өтеғұлұлы-ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты. Ол Шеркеш ұрпақтарының шежіресін жинауға белсене атсалысты. Ұранға айналған Шағырай бабаның жерленген орнын табуға үлкен күш-жігер жұмсады.

ТЕРЕКБАЕВ ҚИУАШ



1914 жылы Жылыой ауданы, Қияқ ауылында туылған. "Каспий" ұжымшарын алғашқы ұйымдастырушы, ферма басқарушы (1934-1960). II дәрежелі Отан соғысы орденімен, облыстың Құрмет грамотасымен (1955ж.) марапатталған.

1996 жылы дүние салды.

ТОҒЫЗАҚБАЙҰЛЫ БӨРІБЕК



1936 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Калинин ауылында дүниеге келген.1943 жылы мектеп табалдырығын аттаған ол 1953 жылы орта мектепті бітірді.1954 жылы Байқадам ауылындағы орта кәсіптік-техникалық училищеде оқып, жүргізуші мамандығын алып шығады. Бөрібек Тоғызақбайұлы алғашқы еңбек жолын 1956 жылы өзі туып өскен Калинин ауылында жүргізуші болып бастайды.1960 жылы Шымкент қаласындағы Қазақ химия-технологиялық институтының механикалық факультетіне оқуға түседі. Институт қабырғасында жүріп қазақша күрес спорты түрімен шұғылданады.1962 жылы Шымкент қаласындағы "Спартак" стадионында өткен "Оңтүстік Қазақстан" газетінің жүлдесі үшін болған жарыста ол өлкелік түйе палуан атанды.1963 жылы Жамбыл облысының чемпионы болды.1963 жылы Жамбыл тамақ және жеңіл өнеркәсібі институтының механикалық факультетінің сырттай оқу бөліміне ауысады. 1964-1969 жылдары Калинин атындағы ауылда катардағы есепші болып қызмет атқарды. Осы жылдары Сарысу ауданының бас палуаны болды. Облыстық, республикалық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы және жүлдегері. Соңына өшпестей із қалдырған Бөрібек Тоғызақбайұлы жас жеткіншектерді спортқа баулып, салауатты өмір салтын насихаттаудың айтулы жаршысы болды.

1969 жылы дүние салды.

ТОҒЫЗАҚБАЕВ ЖЕҢІС

1965 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылында туылған.1982-1987 жылдары Шымкент қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы орта мектепті бітірген соң, Жамбыл қаласындағы тамақ және жеңіл өнеркәсіп технологиялық институтының тамақ өнеркәсібінің инженер-механигі факультетін бітірді. 1987-1993 жылдары Кентау қаласындағы сүт зауытында технолог, өндіріс бастығы болып істеді.1993-1994 жылдары Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Калинин атындағы совхоз директорының коммерция жөніндегі орынбасары, 1994-1996 жылдары Шымкент қаласылық ипподромы директорының орынбасары, 1996-1998 жылдары ЖШС «Кең дала LTD» сауда үйінің директоры. 1998-2002 жылдары Шымкент қаласы макарон өнімдері зауытының «Корона Трейд»ЖШС-інің директоры болып істеді.2002-2008 жылдары аралығында «Дибана» ЖШС-ін құрып, жеке кәсіпкерлік қызметіне ауысты.2008 жылдан бүгінгі күнге дейін ЖШС «Kara-Kosa Products» мұнай өнімдерін сату серіктестігінде директордың коммерциялық ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді.Осы қызметтер саласында көп еңбек етіп, тәжірибе жинап, республикадағы жеке кәсіпкерлікті дамыту жолында аянбай еңбек етіп келеді. Туған ауылы Жайылма ауылында өз қаржысы есебінен Бөрібек Тоғызақбайұлы атындағы спорт кешенін салды, айтулы палуанның ескерткішін інісі Ербол орнатты.Елбасымыздың бизнес пен кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы бойынша тағайындалған «Парыз» сыйлығының күміс жүлдегері атанды. Әр жылы өткізілетін Халықаралық спорт турниріне демеушілік көмек көрсетіп, облыстық және қалалық әкімшіліктен мақтау грамоталары мен алғыс хаттар алды.Қалада, облыс көлемінде өткізілетін түрлі акцияларға әрдайым қолдау жасап, мұқтаж отбасы балаларына изгілік көмек көрсетті. Шымкент қаласындағы зағиптар қоғамына өз қаржысы есебінен бүгінге дейін материалдық қолдау көрсетіп келеді.

Ж.Бөрібекұлы өнер адамдарына, оның ішінде жазушы Пернебай Дүйсенбиннің, жас ақын Қанат Түсеновтің кітаптарының жарық көруіне демеушілік жасады. Туған ауданы Сарысу ауданына мерекелік сән-салтанатқа тігілетін он екі қанат киіз үйді жасау-жабдығымен сыйлады.Жеңіс Бөрібекұлы Жамбыл облысы және Сарысу ауданының Құрметті азаматы.

ТОҒАЙБАЕВ ЕРДАЛЫ



1963 жылы Сарысу ауданы, Жайылма ауылында туылған. Ленин атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін Семей қаржы экономикалық техникумына оқуға түсіп, оны 1986 жылы бітірді. 1994 жылы Қазақ Мемлекеттік басқару академиясын бітірген.Е.Т.Тоғайбаев қаржы саласындағы еңбек қызметін 1986 жылы мамыр айынан Жаңатас қаласы қаржы бөлімінің аға инспекторлық қызметінен бастады. 1992 жылы Қаратау қаласы салық инспекциясының аға инспекторы, бөлім бастығы, Талас ауданы бойынша салық комитеті төрағасының орынбасары, 2004 жылдың екінші жартысынан бастап Талас ауданы бойынша салық комитетінің төрағасы болып тағайындалды. Ердалы Төкенұлы салық саласында атқарған қызметі барысында өзін жақсы қырынан көрсете білді. Ол өзінің қызметіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын. Оның басшылығы кезінде Талас ауданының салық комитеті облыс көлемінде алдыңғы орындардан көрініп жүрді.

Е.Төкенұлы 2006 жылы қайтыс болды.

ТОҚАЕВ ЕЛЕМЕС



1920 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылында дүниеге келген. Ленин атындағы орта мектепті бітірген соң Чапаев, Киров атындағы колхоздарда есепші болып қызмет етеді. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, Сталинград маңындағы ұрыстарға қатысады. Жас жауынгер соғысқа көрсеткен ерлігі үшін Жоғарғы Қолбасшыдан бірнеше рет алғыс хат алады. Екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.1951 жылдан Абай атындағы өндірістік артельде жұмысшы, цех бастығы, өндірісті ұйымдастырушы болады. 1960 жылдан бастап сол артельді басқарады.Жамбыл технологиялық институтының инженер-технолог факультетін бітірген. Оның басшылығымен жасалған қазақтың сегіз қанатты киіз үйі Мәскеуде өткен Бүкілодақтық халықшаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде алтын медальға ие болған. 1967-1970 жылдары «Байқадам» совхозының партия комитетінің хатшысы, 1970-1986 жылдары аудандық тұрмыс кәжетін өтеу комбинатының директоры болып зейнет демалысына шықты. «Құрмет белгісі» орденімен, көптеген мерекелік медальдармен марапатталған.

1998 жылы дүние салды.

ТОҚАЕВ СЕРІК



1953 жылы Сарысу ауданы, Жайылма ауылында туылған. Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі институтын 1974 жылы инженер-экономист және Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтын 1985 жылы агроном мамандықтары бойынша бітірген. Еңбек жолын 1975 жылы Сарысу аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында кадр жөніндегі инженер болып бастаған. 1976-1977 жылдары Кеңес әскері қатарында. 1977 жылы Сарысу аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында кадр жөніндегі инженер. 1977-1979 жылдары Қазақстан ЛКСМ Сарысу аудандық комитетінің хатшысы, 1979-1983 жылдары Қазақстан ЛКЖО Сарысу аудандық комитетінің екінші хатшысы.С.Елемесұлы 1983-1989 жылдары Сарысу аудандық статистика бөлімінің бастығы. 1992-1993 жылдары «Жаңатас» совхозының директоры, 1993-1999 жылдары Сарысу аудандық «Жамбыл-Құнарлылық» акционерлік бірлестігінің директоры, 1999 жылы Сарысу ауданы әкімі аппаратының ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, 1999-2004 жылдары Сарысу аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, 2005-2006 жылдары Сарысу ауданы әкімиятының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің бастығы, 2006 жылдан Сарысу ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы. 2011 жылдан Сарысу ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы. Саланың Құрмет грамоталармен марапатталған.

ТОҚТАР БАТЫР

Елді шеттен келген жаулардан қорғауда қол бастаған белгілі батыр. Тегі – шеркеш. Негізінен, Еділ қалмақтарымен көп жылдар бойы соғысып, талай рет оларды талқандап, бетін қайтарды. Орыстардың Жайық бойын отарлау саясатына да қарсы белсене күресті, олармен Сарайшық түбінде болған ұрыстардың бірі – Сарыөзек шайқасында орыс әскерін талқандауға белсене қатысты. Бұл соғысты ел әлі күнге дейін жыр қылып айтады. Өзімен үзеңгілес шеркештің Қаржау батырымен бірігіп, Жайықтың батыс тармақтарының біріне бекініс-қамал салды, кейін ел оны Тоқтар қаласы деп атады.

ТОЛЫСБАЕВ БОЖБАНБАЙ



1935 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданында дүниеге келген. 1958 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітірген. Биология ғылымдарының докторы (1988), профессор (1990). 1958-1960 жылдары Сарысу ауданының «Коммунар» қой совхозында бас мал дәрігері болып жұмыс істеді. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында аспирант, ассистент, доцент болды. 1988 жылдан кафедраның меңгерушісі. Микроорганизмдердің биологиялық активті заттарды (витаминдерді, аминқышқылдарды, антибиотиктерді, ферменттерді және т. б.) алумен айналысып, балғын балапандардан қосымша өнімдер алуға септігін тигізетін «Уробактерин» және «Уровит» деген биологиялық препараттарды ұсынды. Бұл препараттар Ресей Федерациясында, Украина, Белоруссия, Қазақстанда өндіріліп, оларға патенттер алды. 160-тан астам ғылыми еңбектер жазды. Оның ішінде уробактериялар туралы ғылыми еңбектер жинағы, уробактериялардың препараттарына арналған монография, малдәрігерлік микробиология, малдәрігерлік институттардың студенттеріне арналған микробиология және малдәрігерлік санитария практикумы, сальмонеллездер және олармен күресу, ас қорыту жүйесін емдеуде

қолданатын биопрепараттар, әдістемелік ұсыныстар, мал организмінің төзімділігін көтеретін және экологиялық таза өнімдерді алуда қолданатын антибиотиктерге төзімді ацидофильдік бактериялар туралы ғылыми еңбектер жазды. КСРО-ның өнертапқышы, бес патенттің авторы, халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысушы. Ол Алматы зоотехникалық малдәрігерлік институтта кандидаттық диссертация қорғайтын Кеңестің ғылыми хатшысы. Малдәрігерлік факультеттің және Институттың ғылыми кеңестерінің мүшесі, докторлық кеңес төрағасының орынбасары, ҚКСР Мемлекеттік агроөндірісінің малдәрігерлік секциясының ғылыми-техникалық кеңесінің мүшесі, КСРО Жоғарғы және орташа арнайы білім министрлігінің үздігі болды.1995-1997 жылдары Мемлекеттік аттестациялау комиссиясының биология ғылымдары бойынша сарапшылар мүшесі болып істеді. Қазақ Республикасының Ғылым министрлігі – Ғылым Академиясының микробиология және вирусология институтының докторлық кеңесінің мүшесі болған. Қазіргі кезде Қазақтың Мемлекеттік агроуниверситетінің малдәрігерлік ғылымдар бойынша қорғалатын докторлық кеңестің мүшесі.

ТӨКЕНОВ НҰРЛАН



1973 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Мұқыр ауылында дүниеге келген. Орта мектептен кейін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің қаржы және несие мамандығы бойынша бітірген. 1990-2000 жылдары Атырау облысы, Қызылқоға аудандық салық инспекторы, «Мұқыр» АҚ зейнетақы төлеу жөніндегі инспекторы, «Қазақстан-Чехия» АҚ-ның менеджері болды. 2005-2008 жылдары Ақтөбе облысына қарасты Жем қаласының әкімі, 2008-2009 жылдары «Қазақ-Ойл» ЖШС-нің атқарушы директоры қызметтерін атқарды.

2009 жылдан «Сұлтан» ЖШС-інің директоры.

Н.Төкенұлы бірнеше салалық Құрмет мақтау грамоталарымен марапатталған.

ТӨКЕБАЕВ ЕСЕНҒАЛИ



1955 жылы Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Ералиев ауылында туған. 1962 жылы К. Маркс атындағы совхоздың орта мектебінің 1- сыныбына барып, 1972 жылы Түгіскен ауылындағы онжылдықты бітірген. Қарағанды мемлекеттік университетінің физика және Целиноград ауыл шаруашылық институтының экономика факультеттерін тамамдаған. Самбо күресінен спорт шеберлігіне кандидат, елге танымал дәстүрлі әнші. Арқадағы ән өнерінің бәйтерегі Игілік Омаровтың шәкірті. Өлең жазумен жастайынан шұғылданады.Еңбек жолын 1977 жылы туған ауылы Ералиев ауылындағы орта мектепте математика пәнінің мұғалімдігінен бастап, содан кейін комсомол, партия, кеңес қызметтерінде болған.Жаңаарқа аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, үгіт және насихат, идеологиялық бөлімдерінің меңгерушісі, аудандық Кеңестің тексеру комиссиясының төрағасы, сақтандыру компаниясының директоры жұмыстарында болды. Жаңаарқа ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру, ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімдерінің меңгерушісі, 1998-2001 жылдары аралығында Қаражал қалалық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің меңгерушісі, Қарағанды облыстық еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаментінде аға маман болып қызмет жасады.Ал 2001-2009 жылдары Жаңаарқа аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, Сарань қалалық №4 кәсіптік мектептің директоры, Қарағанды политехникалық колледжінде (бұрынғы тау-кен техникумы) директордың оқу - өндірістік практикасы жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.2009 жылдан бастап Қарағанды облысы, Абай ауданының Топар кентіндегі кәсіптік лицейдің директоры.Е.Төкебайұлы Жаңаарқа аудандық кеңесіне депутат болып сайланған. Облыстық білім департаментінің мақтау грамоталарымен марапатталған.2009 жылы шығарылған «Жаңаарқа» энциклопедиясына, «Жаңаарқа әншілері», «Жыр арқауы – Жаңаарқам» атты кітаптарға енгізілген. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

ТӨЛЕНОВ ДҮЙСЕНҒАЛИ



1940 жылы Астрахань облысы, Қамызяақ ауданы, Қарауыл ауылында дүниеге келген. Партия, кеңес қызметкері. 1961 жылы Астрахань ауыл шаруашылық техникумын, СОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін 1973 жылы бітірген. Д. Сақымұлы1961-83 жылдары Құрманғазы ауданы шаруашылықтарында механик, аға шебер, партия-кеңес жұмыстарында істеді. 1983-1992 жылдары Атырау облыстық ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамту жөніндегі бірлестік төрағасының орынбасары, Индер ауданындағы, «Правда » кеңшарының директоры, Индер аудандық партия комитетінің 1-хатшысы, халық депутаттары кеңесінің төрағасы, аудандық атқару комитетінің төрағасы, 1992-97 жылдары Индер ауданының әкімі болды.

1997 жылдан «Индергаз» АҚ президенті. Индер ауданының Құрметті азаматы.

ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ БОЛАТБЕК



1974 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы «Жайылма» ауылында дүниеге келген.1991 жылы орта мектепті күміс медальмен аяқтап, сол жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетіне оқуға түсті. 1993 жылы үздік үлгерімі мен республикалық басылым беттерінде қаламы төселе бастаған журналистік шеберлігі үшін Қазақстан Жазушылар Одағы және «Атамұра» корпорациясы тағайындаған Оралхан Бөкей атындағы стипендия иегері болды. Университетті 1996 жылы тамамдады.1996 жылы «Сорос– Қазақстан» қорының талантты жас ақын, жазушыларға арналған бәйгесінің жүлдегері болды. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Студент кезінен бұқаралық ақпарат жұмыстарына белсене араласты. 1993-2000 жылдар аралығында «Жас Алаш» газетінде журналист, «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, «Зерде» журналының бас редакторының орынбасары, «Жалын» журналының бас редакторының орынбасары, Президент телерадиокешенінде редактор болып жемісті қызмет атқарды.1997 жылы «Қазақстандағы демократиялық БАҚ-ты қолдау» курсын бітіріп, 2000 жылы Сорос – Қазақстан қорының «Азаматтық сұхбат, саяси процеске қоғамның қатысуы» семинар-тренингіне қатысты. 2001 жылы аталған қордың жазғы арт-мектебінде «Көркем фильм режиссурасы» курсын бітірген. «Журналист және баспагер жастар қозғалысы», қоғамдық бірлестігінің төрағасы ретінде аталған ұйымның жұмысын жандандыруға күш салды. «Асар» республикалық жастар газеті мен Интернет бетіндегі «Қазақстан жастары» веб-сайтының шығарушысы және «Қазақстан-1» телеарнасындағы жастардың «Болашаққа қадам» ток-шоу жобасының иегері. Аталған «Асар», «Журналист» газеттерінің бас редакторы болумен бірге «Болашаққа қадам» ток-шоуының авторы әрі жүргізушісі қызметін қоса атқарды. ҚазМУ-дың баспасөз қызметінің жетекшісі болды. Одан соң республикалық «Журналист» газетінің бас редакторының орынбасары. «Көшкен күннің бояуы», «Біз білмейтін Желтоқсан», «Мәңгі жас-Алаш идеясы», «1937-2007: Тағықымет пен тағзым», «Ұлтым деп соққан жүректер», «Желтоқсан қарлығаштары», «Желтоқсан жаңғырығы» кітаптары мен жинақтарының авторы. «Желтоқсан-86» 10 томдық естеліктер мен құжаттар жинағын құрастырушылардың бірі. Сондай-ақ «Сүйікті менің Отаным», «Тәуелсіздік бесігін тербеткен» деректі фильмдердің авторы.2003 жылы Қазақстан Жастар одағы сыйлығының, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының, Қазақстан Республикасы Президентінің журналистика саласы бойынша сыйлығының лауреаты. ҚР Мәдениет қайраткері. Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі. «Ұлттық идея – тәуелсіздік тұғыры» монографиясының авторы. Философия ғылымдарының кандидаты. Қазір республикалық ТРК «Шалқар» радиосында басшылық қызметте. Шеркеш ұрпағының жиені.

ТӨЛТАЕВ КҮЛМАҒАНБЕТ

1936 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданындағы Калинин атындағы совхозда туды. Ол орта мектепті бітірген соң Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түсіп, оны 1961 жылы бітіріп шықты. 1961-1962 жылдары Сарысу аудандық «Социалистік шаруа», 1962-1963 жылдары Талас аудандық «Ленин жолы» газетінде ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1965-1969 жылдары «Ленин жолы» газетінің жауапты хатшысы болды.



К.Төлтаев 1967-1976 жылдары Сарысу аудандық «Октябрь таңы» газетінің хаттар және мәдениет бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшысы болып еңбек етті. Ол 1976-1978 жылдары аудандық баспахана меңгерушісі болды.Бірнеше Құрмет грамоталармен марапатталған.

К.Төлтаев жолдастарының арасында беделді, қарапайым, аққөңіл жан еді. Ол зайыбы, Қазақ КСР-ының

еңбек сіңірген мұғалімі Үлжан Мұқашева екеуі алты бала тәрбиелеп өсірді.

1980 жылы өмірден өтті.

ТӨЛТАЕВА ЗУРА



1961 жылы Жамбыл облысының Байқадам ауылында туған. 1978 жылы Байқадам атындағы қазақ орта мектебін бітірген соң Алматыдағы шет тілдері институтының неміс және ағылшын тілдері факультетін 1983 жылы үздік бағамен бітіреді. 1983 жылы Алматы облысының Талғар ауданындағы №27 орта мектепке неміс тілі пәнінің мұғалімі болып орналасады. 1984-1992 жылдары сол мектептің оқу ісінің меңгерушісі, 1992-1999 жылы Республикалық пионерлер үйінің көркемөнерпаздар кафедрасының меңгерушісі, 2000-2003 жылдары Алматыдағы №98 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Зура Құтмағанбетқызы 2003-2009 жылдан бері сол мектептің директоры қызметін атқарды. Қазір Алматы қалалық бөлім басқармасында істейді. Бірнеше марапаттаулардың иегері, ҚР халыққа білім беру ісінің үздігі.

ТӨЛЕУБАЕВ КЕШЕН

1928 жылы Атырау облысы, Индер кентінде туған. Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген ауыл шаруашылық қызметкері (1974). «Гурьев» кеңшарында директор болды.

1984 жылы қайтыс болды.

ТӨЛЕБАЕВ ЖАУҒАШАР



1945 жылы Қостанай облысының Торғай ауданында дүниеге келген. 1961 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Алматыда, Новосібір қалаларында білім алады. 1968 жылы Алматыдағы Қазақ ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетін бітірген. 1968-1983 жылдары Ақтөбе, Торғай, Алматы облыстарының түрлі шаруашылықтарында маман, басшы қызметтерінде болды. 1994-2005 жылдары банк, құрылысы, аудиторлық салаларға қызмет атқарды. 2006-2008 жылдары АҚШ-тағы Мичиган университетінің демография бөлімінің кеңесшісі қызметін атқарған. Бүгіндері маңызды да өзекті мәселелердің бір саласы «Жеке шаруашылықтардың әлеуметтік-экономикалық даму келешектері» тақырыбы бойынша 1984 жылы Бішкекте экономика ғылымдарының кандидаттық диссертациясын қорғады. 1988-1992 жылдары Кеңес Одағы әлеметтанушылар ассоциясының мүшесі болды. 2005 жылдан Алматыдағы жоғары оқу орындарында доцент қызметінде.

Ж.Сейітұлы әр жылдары Болгарияда, АҚШ-та, Германияда, Францияда қызметтік сапарлармен болды. Экономика, әлеуметтану, заңгерлік салалар бойынша шығармашылық еңбектермен айналысады. Сондай-ақ адамтану антротопонимка ілімін зерттеуші және ондағы жаңа видизм ілімінде ден қойып жүр.

ТӨЛЕБАЕВ ЖАҚСЫЛЫҚ

1943 жылы Қостанай облысының Торғай ауданында туған. 1960 жылы орта мектепті бітірген соң екі жылдай көлік жүргізушісі болды.1962-1967 жылдары Алматыдағы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын бітірген соң Ақтөбе облысының Комсомол ауылында өсімдік қорғау мекемесінде агроном, бастық, Октябрь револю-



циясының 50 жылдығы атындағы "Северный" совхозында агроном, бөлімше бастығы болды.1985-1994 жылдары совхоз директоры, 1995-2006 жылдары элеватор директоры болып қызмет атқарды.

Ж.Сейітұлы 1980 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталған. Бірнеше рет ауылдық, аудандық кеңестің депутаты болды.

ТӨЛЕБАЕВ СЕЙІТ



1908 жылы осы күнгі Ақтөбе облысы, Ырғыз аймағындағы Толыбай кентінде туған. Сол кезде Ақтөбе облысына қараған Торғай кентінде аудандық тұтынушылар одағында бас есепші, соғыс жылдарында аудандық қаржы бөлімін басқарған.1945-1955 жылдары Мемлекеттік банктің Торғай бөлімшесінің бастығы болды. Егемен Қазақстанның алғашқы бас банкирі Ғалым Байназаров- Төлебаев Сейіттің тікелей шәкірті С.Төлебайұлы тәрбиелеген көптеген шәкірттер республикамыздың әр облыстарында аудан, облыс банкілерін басқарды.1955 жылы тың өлкесінде ашылған "Бестау" совхозының бас есепшісі, содан кейін Торғай аудандық ауыл шаруашылығы банкісінің бастығы қызметіне ауысып, зейнет демалысына шыққанша абыройлы қызмет атқарды.

С.Қашағанұлы бірнеше медальдермен, салалық Құрмет грамоталармен марапатталған. Қайтыс болғаннан кейін Торғайда ол қызмет еткен ғимаратқа ескерткіш тақта орнаталды.

1989 жылы дүние салды.

ТӨЛЕШОВ МЕҢДІГЕРЕЙ

1929 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданында туған. 1943 жылы орталау мектепті бітірген. 1943-1946 жылдары колхозда жұмыс істеген. 1946-1949 жылдары мектепте оқыған. 1949 жылы Алматы зооветеринарлық институтына түсіп, оны 1954 жылы аяқтаған. 1954-1957 жылдары Талдықорған зооветтехникумында оқытушы болған. 1957-1959 жылдары Жамбыл ауданының "Дегерес" совхозында зоотехник-ұрықтандырушы болып істеген. 1960 жылы Іле ауданының Калинин атындағы колхозында бас зоотехник қызметін атқарған. 1961-1968 жылдары аспирантурада оқып, академияның эксперименттік биология институтында кіші ғылыми қызметкері міндетін атқарған. 1968 жылы биология ғылымдарының кандидаттық диссертациясын қорғады. 1969-1974 жылдары Алматы зооветинститутында экономика және ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру пәнінен сабақ берді.1974-1983 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясында аға ғылыми қызметкер болып еңбек етті. 1983-1991 жылдары академияның эксперименттік биология институтында аға ғылыми қызметкер болып істеді.

М.Төлешов бірнеше медальдардың, Құрмет грамоталардың иегері.

ТӨРТКҮЛБАЙ ӘУЛИЕ

Белгілі, тәуіп-емші. Тоқтар батырдың шөбересі. Көзі тірісінде атақты емші болған Төртқұлбайды халық әулие атап кетеді. Ол жерленген Сарыөзек қорымында (Атыраудан 7 км жерде) ел түнеп, сыркатына медет іздейді.

ТӨРЕХАНОВ АҚБЕРГЕН



1897 жылы Қызылқоға ауданы, Сарыкөл елді мекенінде тылған. Мұнайшы, шебер. 1931-1957 жылдары Доссор мұнай кеніндегі компрессорлық станцияда май құюшы. «Қазақстанмұнай» бірлестігі Доссор мұнай кенінде оператор, аға оператор, мұнай өндіру шебері болып істеген. Медальдар және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын еншілеген.

1957 жылы өмірден озды.

ТӨРЕХАНОВ МҰХАМБЕТЖАН

1924 жылы Саркөл ауылы, Қызылқоға ауданында туылған. Инженер-экономист. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Мәскеу сауда институтын бітірген. 1941 жылы Доссор кентіндегі мектепте мұғалім. 1951 жылы Мақат аудандық колхоз базарының директоры, Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетінің жауапты хатшысы. 1957 жылы Байшонас мұнай кенінің «Доссормұнай» базасында инженер-экономист, жоспарлау бөлімінің бастығы, бас экономисі, бастықтың орынбасары. Мақат аудандық мұрағатының директоры. 1998 жылы зейнеткерлікке шыққан. 1- дәрежелі Отан соғысы орденімен ,медальдармен марапатталған.



ТӨРЕХАНОВ МҰХАДДЕС



1913 жылы бұрынғы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы, Көздіғара ауылдық округінде дүниеге келген. 1933 жылы Гурьев педагогикалық техникумын бітірген. 1938 жылы орталау мектептер үшін орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларын дайындайтын екіжылдық курсты бітірген.1935-1944 жылдары облыс аудандарында мұғалім, Теңіз, Бақсай аудандық және облыстық оқу бөлімдерінде инспектор болған. 1944-1952 жылдары Гурьев қалалық, Мақат, Жылыой, Қызылқоға, Новообогат аудандық оқу бөлімдерінің меңгерушісі

қызметтерін атқарған. 1952-1970 жылдары Жылыой ауданында мектеп директоры, мұғалім болған.Жылыой аудандық Кеңесінің депутаты болып сайланған.Атырау өніріндегі халық ағарту салаларын, оқу ағарту саласын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі болды. Көптеген медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі.

1985 жылы дүние салған.

ТӨРИЕВ БИСЕНБАЙ



1894 жылы Ракөш кентінде туылған. Мұнайшы. 1915-1924 жылдары Ракөш бензин зауытында жұмысшы. 1924-1956 жылдары Доссор мұнай кенінде майлаушы, мұнай өндіру операторы. 1956 жылы зейнеткерлікке шыққан. Ленин орденімен және медальдермен мадақталған.

1957 жылы өмірден озды.

ТӨРИЕВ ЖҰБАН



1899 жылы Ракөш кентінде туылған. Жөндеуші. 1917-1960 жылдары Доссор мұнай кенінідегі механикалық шеберханасында құрал-жабдықтарды жөндеуші. 1960 жылы зейнеткерлікке шыққан. Ленин орденімен және медальдарды иеленген.

1980 жылы өмірден озды

ТӨРЕМҰРАТОВ БИСЕН



1962 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданының Жәнібек ауылында дүниеге келді. 1979 жылы Таскала ауылындағы орта мектепті бітірді.1980 жылы Орал педагогикалық институтының тарих және педагогика факультетіне түсті. Институттан соң 1986-1989 жылдары Таскала ауданының Ақтау ауылындағы орта мектепте мұғалім болды. 1989-1990 жылдар аралығында Орал қаласындағы №12 кәсіптік училищеде комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарды.1990 жылы Орал қаласының ішкі істер органына қызметке ауысты.1991 жылы қылмыстық іздестіру бөлімінің жедел өкілі, 1992 жылы аға жедел өкілі қызметіне тағайындалды. Сол жылы Орал қаласының ішкі істер бөліміндегі кәмелетке толмағандардың ісі бойынша инспекциясының бастығы қызметіне тағайындалды. 1994-1996 жылдары қоғамдық тәртіпті қорғау бөлімі бастығының орынбасары, 1996-1999 жылдары Орал қаласы ІІБ Айтиев бөлімшесінің бастығы, 1999-2000 жылдары Абай полиция бөлімі бастығының орынбасары, 2000-2001 жылдан Абай полиция бөлімінің бастығы қызметін атқарды.2001 жылы Таскала аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, 2003 жылы Теректі аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы болды. 2005 жылы ІІД ККП бастығы лауазымына тағайындалды, 2006 жылдың соңынан БҚО Ішкі істер департаменті бастығының орынбасары қызметіне тағайындалды. Полковник Бисен Шафхатұлы абыройлы қызметі үшін бірнеше дүркін ҚР Ішкі істер министрлігінің Алғыс хаты, Құрмет грамоталарымен, салалық медальдармен, мерекелік медальмен марапатталған.

ТӨРЕМҰРАТОВА ЖАНСҰЛУ



1961 жылы Орал облысы, Жәнібек ауданы, Тайыр Жароков атындағы совхозда дүниеге келген. 1978 жылы орта мектепті бітірген соң Орал педагогикалық институтының химия және биология факультетіне оқуға түседі.

1983-1984 және 1986-1989 жылдары Камен ауданындағы «Ақтау» орта мектебінде ұстаздық етті. 1984-1986 жылдары өзі бітірген институттағы химия кафедрасында ассистент болды.1989-1995 жылдары пионер үйінде, қаладағы медициналық училищеде еңбек етті. 1995-2001 жылдары Батыс Қазақстан облыстық экология және биоресурстар басқармасында жетекші маман, аға маман, бөлім бастығы, бас маман болды. 2001-2003 жылдары Таскала аудандық білім беру бөлімінің бастығы, 2003-2004 жылдары Орал қаласындағы №6 мектептің директоры, 2004-2006 жылдары Теректі аудандық білім беру бөлімін басқарды. 2006-2010 жылдары БҚ облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасында, Жайық-Каспий департаментінде бөлім бастығы қызметтерін атқарды.

Ж. Меңешқызы мерекелік медальдың, салалық Құрмет грамоталардың иегері. 2010 жылдан бері Орал қалалық білім беру бөлімінің бастығы.

ТӨРЕҚҰЛ АХМЕТ



1938 жылы Түркістан қаласында туған. ҚазМУ-дың филология факультетін бітірген. Мектепте және кәсіптік-техникалық оқу орындарында көп жыл еңбек етіп, басшылық қызмет атқарған.«Қорқаулардың барады жаудай шауып...», «Ашынғаннан айтамын», «Көнбіс қазақ бара алмассың алыска...» атты өлеңдері «XX1ғасыр», «Солдат» тәуелсіз газеттерінде жарық көрді. Ахметтің «Бақаның баласы» атты сын-сықақ кітабы «Қазақстан» баспасынан шыққан.

ТҰРАРБЕКОВ ЗЕЙНОЛЛА



1909 жылы Батыс Қазақстан облысы, Бөкей Ордасы ауданы, Бисен ауылында туған. Әдебиет зерттеуші, филолог, ғылым кандидаты. 1955 жылы ҚазМУ-ды бітірген.Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1929-32 жылдары мұғалім, ауылдық, аудандық атком қызметкері. 1932-38 жылдары Батыс Қазақстан облысы комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі, «Лениншіл жас» газеті редакторының орынбасары және редакторы, 1938-40 жылдары Қазақ мемлекеттік баспасында редакция меңгерушісі, 1940-1948 жылдары аупарткомда бөлім меңгерушісі, МТС саяси бөлімінің бастығы.1948-55 жылдары аудандық, облыстық газеттерде, Қазақ мемлекеттік баспасында бас редактор, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің бөлім меңгерушісі. Бұдан кейінгі жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде ұстаздық етті. Зерттеу еңбектері қазақ әдебиетіндегі аударма мәселелеріне арналған. Қызыл Жұлдыз орденімен, медальдармен марапатталған.

ТҰРЛАН БАТЫР

1807 жылы туған. Қызылқоға – Тайсойған өніріне белгілі батыр, би, шешен. Тегі – шеркеш-Қойыс. Асау бидің жалғыз ұлы, сондықтан болар, кейде батырды халық Асау-Тұрлан деп те атайды. Соңына ерген елімен бүкіл өмірі патшаның отарлау саясатына қарсы күреспен өтеді. Махамбетпен пікірлес, үзеңгілес болған, әсіресе Есет Көтібаров көтерілісі кезінде қызу қимылдайды. Іштерінде жүрген жансыздың хабарлауымен патша жазалаушы отрядының қолына түсіп, Орынбор түрмесіне қамалады. Туған еліне ақыры жете алмай қапаста, түрмеде қаза болады. Үзеңгілес достары мұрдесін көп қиыншылықтармен елге, туған Қызылқоғасына, Сарыкөлге әкеліп жерлейді.

ТҮГЕЛБАЕВ САҒАТ



1948 жылы дүниеге келген. Инженер-механик, қоғам қайраткері. 1974 жылы Қазақтың политехникалық институт ын бітірген, одан кейін Атырау кәсіпорындар ында мамандығы бойынша механик болды, комсомол және партия қызметтерін атқарды. 1982-92 жылдары Атырау машина жасау зауытында директор. Теңіз газ айыру зауыты директорының орынбасары, «Теңізмұнайгаз» өндірістік бірлестігі жанынан бірлескен кәсіпорын құру жөніндегі басқарманы басқарды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің экономикалық реформа және финанс жөніндегі комитетінің хатшысы, төрағасының орынбасары, 1992-94 жылдары Атырау облысының әкімі болды. Қазақстан Республикасы Халық депутаты (1993).

Қазір кәсіпкерлік қызметпен айналысады.

ТҮСЕЕВ МҰХАМЕДЖАН



1979 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Женіс ауылында туылған. 1996 жылы осындағы Ө.Тұрманжанов атындағы орта мектепті алтын медальмен бітірген.2000 жылы Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің педагогика және психология факультетін ойдағыдай бітірген соң осы университеттің писхология кафедрасында оқытушы болып қалдырылды.

М.Өмірзақұлы 2007 жылғы Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы Халықаралық іргелі оқыту университетінде кандидаттық диссертация қорғап, психология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. Қазіргі таңда осы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің жалпы психология кафедрасында аға оқытушы.

ТҮСЕЙ ӨМІРЗАҚ



1949 жылы Оңтүстік Қазақстан, Түркістан ауданы, Ащысай қыстағында дүниеге келген.

1967 жылы Кентаудағы А.С.Пушкин атындағы орта мектепті бітірген. Сол жылы Жамбыл тамақ және жеңіл өнеркәсіп технологиялық институтының инженер-экономикалық факультетіне түсіп, 1972 жылы бітіріп шыққан. 1973-1974 жылдары Семей облысы, Аягөз қаласында әскери борышын өтеді.1972- 1998 жылдары ОҚ облысы, Ордабасы ауданындағы Б.Исаханов атындағы кеңшарда бөлімше бухгалтері, бас бухгалтердің орынбасары, бас бухгалтері болып қызмет атқарды. Қазақстан ардагерлері ұйымының «Ерекше тәуекелді солдаттар» куәлігін алған. Ұлы Отан соғысы ардагерлермен теңестірілген.

ТІЛЕГЕНОВ ДОСЫ



1884 жылы дүниеге келген.

Ауылда ескіше оқып сауатын ашқан. Гурьевтегі екі сыныптық қазақша-орысша училищеде оқыған. «Ат ұрлаудың» жаласымен ағасы Есмағанбетті өлтірген байлар мен болыстардан өш алуға бекінген Досыны жаулары парамен ұстатып, Сібірге жер аударып жібереді. Артынан отбасы мүшелерін қасына алдырған азамат бес жыл жат жерде азапты өмір кешеді. Елге оралған соң да қудалаудан құтылмайды. Қазан төңкерісінен кейін ғана еркін өмір сүруге мүмкіндік алады.Былан болысында милиционер болып орналасады. Кейін Доссор кәсіпшілігіне майлаушы қызметіне ауысады. Тау-кен жұмысшыларының кәсіподағы Доссор кен комитеті төрағасының орынбасары – жергілікті еңбек дауы – бағалау комиссияның төрағасы болып сайланады. Екі мәрте Гурьев уездік Кеңесінің депутаты және оның төралқасының мүшесі болу сенімін иеленеді.1924 жылы қарашада уездік Кеңестің сессиясына қатысу үшін Гурьевке барғанда, кенет ауырып дүние салады. Досы туралы алғаш қалам тартқан белгілі жазушы-драматург Б.Қорқытов. Ақынның өмір жолын зерттеп, оның ел аузында қалған өлеңдерін жинақтап, баспасөзге жариялаған әдебиетші-ғалым Қ.Сыдықов. Ақынның өлеңдері 1991 жылы шыққан «XX ғасырдағы қазақ поэзиясы» жинағына енген. 1990 жылы профессор С.Қазыбаевтың жетекшілігімен Гурьев қаласынан Д.Тілегеновтің жырлары мен толғаулары жеке кітапша болып жарық көрді.

ТІЛЕГЕНОВ ДЕМЕУ

1912 жылы Сібірде Томск губерниясында белгілі ақын, күрескер Тілегенов Досының отбасында дүниеге келген. 1928 жылдан бастап Байшонас, Ескене мұнай кеніштерінде құрал-жабдықтарды жөндеуші, бригадир, мұнара құрастыру цехында жұмыс жүргізуші, мұнай өнімдерінің операторы жұмыстарын абыройлы атқарды. Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендарымен, бірнеше медальдармен ұлықталған.

1982 жылы дүние салған.

ТІЛЕУМҰҚАНОВ ТӨЛЕГЕН



1938 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. 1956 жылы орта мектепті бітіріп, Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсті. Институтты бітіргеннен кейін Қостанай облысы, Қостанай ауданы «Красный Октябрь» сегізжылдық мектебінде 1961-1963 жылдары мектеп оқу ісінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1964-1978 жылдары Еркінкала орта мектебінде оқу-ісінің меңгерушісі болды. 1978-2007 жылдары мектеп директоры болып қызмет атқарды.

Т.Бағытжанұлы басқарған мектепке 1993 жылы мектеп-гимназия статусы берілді. Оның қабырғасынан елімізге танымал тұлғалар тәрбиеленіп шыққан.Ол жоғарғы санатты ұстаз. КСРО Оқу министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. ҚР оқу ісінің үздігі. Бірнеше медальдармен марапатталған. Оның іс-тәжірибесі облыс көлемінде 2 рет таратылды.

ТІЛЕГЕНОВ ЖҰМАБАЙ



1957 жылы Гурьев облысы, Мақат ауданы, Доссорда туған. 1964-1974 жылдары Миялыдағы Крупская атындағы орта мектепті бітірген. 1975-1977 жылдары Кеңес әскері қатарында Венгрияда әскери борышын өтеді. Әскерден кейін Қызылқоға аудандық ішкі істер бөліміне қатардағы милиция қызметкері ретінде жұмысқа қабылданады. 1979-1981 жылдары Алматыдағы орта арнаулы милиция мектебінде оқиды. 1981-1997 жылдары Мақат аудандық ішкі істер бөліміне жасөспірімдер инспекциясының аға инспекторы, Доссорда қылмыскерлерді іздеу бөлімінің аға оперативті уәкілі, Доссор милиция бөлімшесінің бастығы қызметтерін атқарды. Осы жылдары Қарағандыдағы жоғарғы милиция мектебін бітірді. Милиция подполковнигі Ж.Тілегенов 1997-2000 жылдары Мақат аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары қызметін абыройлы атқарды.Көптеген салалық медальдармен, грамоталармен марапатталған.Ж.Тілегенов шежірелік деректер жинауға белсене атсалысты.

ТІЛЕУХАНОВ НҰРЖАН



1967 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Тасшағыл ауылында дүниеге келді. 1984 жылы Қосшағыл орта мектебін бітірген. 1985-1987 жылдары әскер қатарында қызмет етті. 1989-1994 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің көркемөнер және сызу факультетін үздік бітірді. 1994 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогика институтының, көркемсурет-графика факультетінің живопись кафедрасына оқытушы ретінде жұмысқа қабылданды.1997-2000 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқыды. 2006-2009 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мәдени антропология кафедрасының ізденушісі болды. 2009 жылы Қазақ ұлттық университетінде «Көркемөнер шығармасының бейнелі тілі (мәдениеттанулық талдау)» тақырыбында философия ғылымдарының кандидаттығын қорғады.

Н.Сағынұлы бүгінгі таңда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Көркем- қолданбалы өнер және кәсіби білім беру кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқаруда.

ТІЛЕПОВ СҮЙЕУ



1927 жылы Атырау облысы, Балықшы ауданының Томарлы ауылында туған.1948 жылы Гурьев педагогикалық училищесін, 1952 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын үздік бітірді.1952 жылы Гурьев облыстық оқу бөлімінде мектеп инспекторы, 1953 жылы облыстық комсомол комитетінде лекторлар тобының меңгерушісі, 1957 жылы Гурьев қаласындағы Жангелдин және Орджоникидзе атындағы орта мектептерде оқу ісінің меңгерушісі, соңынан Орджоникидзе атындағы орта мектептің директоры болды.1961 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы жанындағы Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының аспирантурасына түсіп, 1965 жылы тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды. 1965 жылдан Гурьев педагогикалық институтында еңбек етті. 1968-1988 жылдары Гурьев педагогикалық институтында доцент және кафедра меңгерушісі болды. 1980 жылы «Старницы истории Мангышлака», 1982 жылы «Игілік жолында» кітаптары, т.б. мақалалары жарық көрді. 1988-1993 жылдары Қазақ политехникалық институтында еңбек етті. Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері Қазақ КСР ЖК Президиумының Құрмет грамотасымен, медальдармен марапатталған.

1993 жылы қайтыс болды.

ТІЛЕПҰЛЫ ӨМІРЗАҚ



1948 жылы Атырау облысының Қайыршақты ауылында дүниеге келген. 1972 жылы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетін бітіргеннен кейін мұнайлы Ембіде 20 жылдай еңбек етіп, қатардағы геологтан бастап басқарма құрамындағы аудандық инженер-техникалық қызметтерінің басшысы, бөлім бастығы, экспедицияның бас геологы қызметтерін атқарды. Бұл уақыт аралығында 20-дан аса мұнай кен орындары ашылды. 1991 жылы Мемлекеттік тау-кен жұмыстарын бақылау бойынша Батыс Қазақстан округіне бас инженер болып тағайындалды.1993 жылы Атырау облысы әкімшілігіне жұмысқа шақырылды. Сол жылы әкімнің арнаулы тапсырмасы орындалған соң Атырау облыстық жер қойнауын қорғау және геологиялық бақылау жұмыстарын жаңадан ұйымдастыру тапсырылды. 1994 жылға дейін көрсетілген жұмыстардың облыстық инспекциясының төрағасы болып қызмет атқарды.1994 жылы «Эмбаведьойл» Қазақстан мен Венгрия бірлескен кәсіпорнына бас геолог болып жұмысқа ауысты. 1998 жылы «Қазақойл» ұлттық компаниясында жаңадан ұйымдастырылған геология және геофизика департаментіне жұмысқа шақырылды. Содан бері «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясында менеджер болып қызмет етуде.Ө.Тілепұлы ҚР жер қойнауының құрметті барлаушысы,ҚР жер қойнауын барлаудың үздігі. Ол Шығыс Мақат және Орталық – Шығыс Прорва кен орнын ашуға белсенді қатысқандардың бірінен саналады. Естелік медальдар мен ҚР Президентінің Алғыс хатының иегері.Ол 2006-2009 жылдары аралығында жыл сайын мұсылмандық парызын өтеу мақсатында қасиетті Мекке,Мәдине шаһарларына қажылық сапарда болды.

Ө.Тілепұлы – шежіре жасау ісіне белсене атсалысқан азамат.

ТІЛЕМІСОВ БЕЙСЕНҒАЛИ



1951 жылы Астрахань облысының Краснояр ауданындағы Исламғазы селосында дүниеге келген.1958-1968 жылдары Краснояр орта мектебін бітіргеннен кейін бақташы болып істеді. 1970-1972 жылдары Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. Астраханьдағы орта милиция мектебіне түскенге дейін Краснояр кірпіш зауытында жүргізуші болды. 1973-1975 жылдары милиция мектебінде оқыды. Оқуды бітірген соң Астрахань қаласындағы Ленин аудандық Ішкі істер бөлімінде қылмысты іздестіру жөніндегі өкілетті қызметкер

болды.1978-1988 жылдары Астрахань облыстық ішкі істер басқармасынла қылмысты іздестіру бөлімінің аса маңызды істер жөніндегі бөлімінің бастығы, 1988-1992 жылдары КСРО Қорғаныс министрлігі жанындағы КСРО ішкі істер министрлігі VIII басқармасының қылмыстық іздестіру бөлімінің бастығы қызметін атқарды. Зейнет демалысына шыққаннан кейін Астрахань қаласының Киров аудандық прокуратурасында аса маңызды істер бойынша аға тергеуші, 1988-2000 жылдары Астрахань облысының еңбек жөніндегі мемлекеттік инспекциясының құқықтық мәселелер жөніндегі аға инспекторы қызметін атқарды.Милиция подполковнигі Б.Фатхуллаұлы КСРО ІІМ еңбегі сіңген қызметкері бірнеше салалық медальдармен марапатталған.

ТІЛЕУБЕРГЕНОВ САЛИХ



1902 жылы Қызылорда облысында туған. Қырғызстанның баспа, полиграфия саласының аса көрнекті қайраткері. Ол 1920 жылдан осы салада істеді. Алдымен Ташкент, Фрунзе қалаларында, 1925 жылы Мәскеудегі "Шығыс" баспасында, кейіннен Орта Азия мен Қырғызстанда еңбек етті.

С.Тілеубергенов "Эркин ТББ " (Советтик Кыргызстан) газетінің алғашқы терімшісі. Ол қарапайым әріп терушіден үлкен баспахананың директорлығы лауазымына көтерілді.1993 жылдан зейнет демалысына шыққанша Тянь-Шань облыстық баспаханасының, Октябрь, Ала-Бөкин, Таш-Кумыр аудандық, қалалық баспаханаларының директоры болып, жемісті еңбек етті.

Көптеген медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған.

ТІЛЕУОВ ЖАППАС



1926 жылы Қарағанды облысының Жаңаарқа ауылында дүниеге келген. Жастайынан өмір ауыртпалығын көп тартқан. Соғыс жылдарында Оңтүстік Қазақстан облысының Шаян ауданына қарасты Байжансай кенішіндегі байыту фабрикасында 1948-1954 жылдары слесарь-жөндеуші болып қызмет атқарған. 1954-1963 жылдары Мырғалымсай кеніште аймағында бұрғылаушының көмекшісі болып істеді. 1963 жылдан зейнет демалысына шыққанға дейін Жаңатас геологиялық-барлау экспедициясының бұрғылаушысы, бұрғылау шебері болды.Қажырлы еңбегімен кен байлығын игеру саласындағы зор еңбегі үшін оған Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді. «Еңбек даңқы» орденінің иегері.

ТІЛЕУБЕРГЕНОВ ҚҰДАЙБЕРГЕН



1951 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында дүниеге келген. Ол Қабыланбек зоотехникалық-малдәрігерлік техникумының зоотехникалық бөлімін, Алматыдағы зоотехникалық малдәрігерлік институтының малдәрігерлік факультетін бітірген. Ол еңбек жолын 1968 жылы Созақ ауданы "Шу" совхозында жұмысшы болудан бастаған. 1976-1986 жылдары «Шу» совхозында фермада мал дәрігері, аға зоотехник, жылқы фермасының басқарушысы, 1986-1996 жылдары «Шу» совхозының директоры, Шу ауылдық кеңесінің төрағасы, Шу ауылының әкімі қызметтерін атқарған.1996 жылдан бүгінгі күнге дейін «Дәуір» кіші кәсіпорнының және «Сақтаған» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

ТІЛЕПОВ НАУРЫЗБАЙ



1946 жылы дүниеге келген. 1967 жылы Атырау педагогикалық институтын бітірген соң тарих пәнінің мұғалімі, мектеп бөлімінің меңгерушісі, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, мектеп директоры қызметтерін атқарды. 1975 жылы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне шақырылып, жедел өкілетті қызметкерден бөлім бастығына дейін көтерілді. Подполковник жеті жыл аудандық кеңестің депутаты болды. КСРО МҚК-інің Құрмет грамоталарымен, үш дәрежелі медалімен, басқадай медальдармен марапатталған.Қазір Астрахань облысының Красный Яр қалашығында тұрады.

ТІЛЕПОВА АЙГҮЛ



1968 жылы Астрахань облысы, Краснояр ауданы, Ақсарай елді мекенінде дүниеге келген. 1985 жылы Қызылорда облысының Арал қаласында Н.Крупская атындағы №14 мектепті бітірген. 1990 жылы Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының орыс тілі мен әдебиеті факультетін бітірген.Еңбек жолын Қызылорда қаласындағы №6 мектепте бастаған. 1993-1997 жылдары Ақтөбе облыстық телевиденисінде жаңалықтар бөлімінің редакторы қызметін атқарды. 1997 жылы Ақтөбе облыстық ІІБ баспасөз қызметінің инспекторы қызметіне тағайындалды.2006 жылдан бастап Ақтөбе облыстық төтенше жағдайлар басқармасының заң бөлімінің бастығы болып істеді. 2008 жылдан бері подполковник А.Наурызбайқызы Ақтөбе облыстық төтенше жағдайлар департаментінің құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы болып істейді.

А.Наурызбайқызы салалық медальмен, төсбелгімен марапатталған.

ТІЛЕУХАНОВ ЕРБОЛ



1963 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Тасшағыл ауылында туған. 1980 жылы орта мектепті бітірген. 1983-1985 жылдары Украинада әскери міндетін атқарды. 1986-1991 жылдары Алматы сәулет-құрылыс институтында оқып, сәулетші мамандығын алды. 1992-1995 жылдары Атырау облыстық сәулет бөлімінде қызмет етті. 1995-2005 жылдары «Каспиймұнайгаз» ғылыми-зерттеу және жобалау институтында, 2005-2008 жылдары «Ветко-Айбель» компаниясында сәулетші, құрылыс жобалаушысы қызметтерін атқарды. 2008-2013 жылдары жеке кәсіпкерлікпен айналысты. «Полимер-Продашкн» ЖШС-ісінде жобалау бөлімінің менеджері болды. 2013 жылдан Қазақ мұнай және газ институтында жетекші инженер қызметін атқаруда.

УӘЛИҰЛЫ СЕРІК



1939 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданның орталығы Байқадамда дүниге келген. Орта мектепті бітірген соң Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің биология факультетіне оқуға түсіп, оны 1963 жылы бітіреді. Оқудан соң Өскемендегі ғылыми-зерттеу станциясында аға ғылыми қызметкер болып орналасады. 1966 жылы аспирантураға түсіп, экономика және ауыл шаруашылығын ұйымдастыру ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер болып істеді.Серік Уәлиұлының ғылыми тақырыпқа жазған бірнеше мақалалары арнайы басылымдарда жарияланды.Кішіге аға,үлкенге іні болған жайсаң азамат 1992 жылы дүние салды.

УӘЛИЕВА ЖАНША



1916 жылы Атырау облысы, Бақсай ауданы, Құмшығанақ ауылдық кеңесінде туылған. Оқу жасына жеткеннен кейін «Қызыл үй» мекте бінде 1932 жылға дейін оқып, жетіжылдық білім алған. 1932 жылы Гурьев педагогикалық техникумына түсіп, 1936 жылы бастауыш мектеп мұғалімі деген диплом алады.1936 жылы Индербор жетіжылдық мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа орналасады. 1940-1974 жылдары Горы, Гребенщик, Толыбай жетіжылдық мектептерінде ұстаз болып еңбек етті. Ж.Уәлиқызы ұстаздық қызметі үшін көптеген Құрмет грамоталармен, 8 медальмен марапатталған. ҚҚСР халыққа білім беру ісінің үздігі. Ж.Уәлиқызы Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұғалімі. (1956).Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президиумының Құрмет грамотасының иегері.

1996 жылы қайтыс болды.

УӘЛИЕВ ЛАУАЗ



1972 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Орда ауылында дүниеге келген. 1989 ылы Бөрлі ауылындағы М.Бегалиева атындағы орта мектепті бітірген. 2003-2006 жылдары Батыс Қазақстан Еуразия институтында менеджер мамандығы бойынша оқыды. 1994-1995 жылдары Орда аудандық мал дәрігерлік стансасының мал дәрігері, 1995-1998 жылдары «Искра» АҚ-ның мал дәрігері, 1998-1999 жылдары Орда ауыл округінде мемлекеттік мал дәрігері, инспекторы, 1999-2002 жылдары Орда аудандық ветеринарлық қадағалау бөлімі бастығының орынбасары, ҚР АШМ Орда аудандық аумақтық басқармасы бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторы, аумақтық басқарма бастығының орынбасары, ҚР АШМ Бөкей Ордасы аудандық аумақтық басқармасының ветеринарлық қадағалау бөлімінің бастығы, аумақтық басқарма бастығы, аумақтық инспекция бастығы қызметін атқарды.

Л.Женісұлы 2010 жылы Орал қаласы аумақтық инспекция бастығының орынбасары болды. 2012 жылдың басынан Теректі ауданы әкімінің орынбасары қызметінде. «Батыс Қазақтан облысы шаруашылықтарындағы ірі қара малының бруцеллезіне қарсы кейбір шаралардың тиімділігі туралы» тақырыпта диссертация қорғаған. Ветеринария ғылымдарының кандидаты. Оның 19 ғылыми еңбегі жарық көрген.

УӘЛИЕВ ЖЕҢІС



1945 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Орда ауылында дүниеге келген. 1969 жылы Гурьев педагогикалық институтын бітірді. 1969-1974 жылдары Гурьев, Маңғышлақ облыстық комсомол комитетінде жауапты қызметтер атқарды. 1974-1979 жылдары Шевченко қалалық партия комитетінің нұсқаушысы, Маңғышлақ облыстық кәсіптік техникалық білім беру басқармасы бастығының орынбасары, 1979-2008 жылдары Орда аудандық Энгельс атындағы орта мектептің директоры, Орда аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, Орал балалар үйінің директоры, Махамбет атындағы сауықтыру мектеп-интернатының директоры қызметтерін атқарды. Оның жетекшілігімен Орда өңірінде биші қыздар тобы, халық аспаптар оркестрі құрылып, Алматы, Мәскеу және бірқатар шетелдің талғампаз көермендерін өнерлерімен тәнті етті.

Ж.Уәлиұлы республикалық, одақтық дәрежедегі марапаттарға ие болды, Медальмен, ВЛКСМ-нің төсбелгісімен марапатталған. Өмірбаяндық деректері «Бөкей Ордасы», комсомолдың 90 жылдығына арналған энциклопедияға енгізілген.

ҰЗАҚБАЕВ БАЗАРБАЙ

1948 жылы Атырау облысында дүниеге келген. туылған. Ұзақ жылдардан бері Байбақты ата туралы Атырау өңірінде ғылыми-зерттеу, ізденіс жұмыстарын жүргізіп келе жатқан азамат. Байбақты Қармысұлы есімі - Кіші жүзге мәлім дара тұлға. Ол - өз заманында сыртқы жаулардан ел қорғаған батыр, елді бірлікке, елдікке шақырған би тарыққанды жебеген, сиынғанға көмек көрсеткен қасиет иесі. Б. Ұзақбаев Атырау облыстық тарихи өлкетану музейі қорына Байбақты Ата ұстап, тұтынған бұйымдарының музей қорына қосылуына үлкен үлес қосып келеді. Ол Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Ә.П.Жантасовтың көлемді «Байбақты ата» портретін, Байбақты атаның кенже қызы Жұбай апамыздың ұстап-тұтынған сандығын, атаның көзі тірісінде өзі ұстап – тұтынған 12 өрмелі тобылғы сапты қамшысын тауып, музейге өткізді.Күні бүгінде Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Қасиетті бабалар» атты ұйымдастырылған экспозициялық көрмеде Байбақты атаның жәдігерлері орын алып, халыққа кеңінен насихатталуда.Өзінің авторлығымен 2003 жылы «Арыс» баспасынан шыққан «Байбақты ата» кітабын музейге тапсырды.

Б.Ұзақбаев Атырау облыстық, Мақат, Жылыой аудандық ақпарат құралдары мен газеттерінде тарихи-танымдық мақалаларын жиі жариялап тұрады.

ҮДЕРБАЕВ АМАНГЕЛДІ



1955 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген.1963-1973 жылдары қаладағы Н.К. Крупская атындағы орта мектепте оқыған. 1974 жылы Алматы зоотехникалық-ветеринарлық институтында оқып, 1979 жылы мал дәрігері мамандығын алып шықты. 1989-1990 жылдары Мәскеу қаласындағы академик К.И.Скрябин атындағы ветакадемияның педагогикалық факультетін бітірген.1979-2007 жылдары Гурьев ауыл шаруашылық техникумынада ветеринария пәндерінің оқытушысы, бөлім меңгерушісі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.2007-2009 жылдары Атырау менеджмент және маркетинг колледжінің директоры, 2009 жылы №2 кәсіптік лицейі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болды.

А.Ермекұлы 2010 жылдың қыркүйегінен Атырау №14 кәсіптік-техникалық лицейдің директоры болып істейді.

ҮЙТОЛҒАНОВ САБЫТАЙ



1929 жылы Атырау облысы, Мақат кентінде дүниеге келген. Еңбек жолын 1944 жылдан бастаған. Атырау мұнай бірлестігінің Доссордағы мұнай барлау экспеди циясының механикалық шеберханасында жөндеуші болды. 1947 жылдан бастап Қошқар елді мекенінде болып, 23 жыл үзбей еңбек етті. 1970 жылы Мақат локомотив депосына ауысып, онда 1996 жылға дейін істеді.

С.Қажымұқанұлы шежіре деректерін жинап, жүйелеуге, толықтыруға көп еңбек сіңірді.

2011 жылы дүние салды.

ҮМБЕТӘЛИЕВ СИСЕНҚҰЛ



1930 жылы туған. 1949 жылдан бері Мемлекеттік Одақтық геофизикалық тресінің Қазақстандық бөлімі құрамында қызмет жасаған. Бірінші онжылдықта жұмысшы, бұрғылаушының көмекшісі, бұрғылаушы болды. Тентексор, Бухан, Байшақ, Баймеңке, Қаратайқыз, Қамсақтыкөл тұзды күмбездердің құрылымын іздестіріп, картаға түсіретін сейсмикалық партия құрамында қатысқан. 1964 жылы Гурьев мұнай техникумында бұрғылаушы шеберлер дайындайтын 6 айлық курсты бітірген.1964-1986 жылдары зейнеткерлікке шыққанға дейін бұрғылаушы, бұрғылау шебері және бұрғылау жұмыстарының аға технигі болып қызмет атқарды. С.Үмбетәлиев 1962-1967 жылдары далалық жазғы-қысқы сейсмикалық партияға тәжірибелі бұрғылаушы ретінде Оңтүстік Маңғышлақтағы іздестіру – іздестіру жұмыстарын жүргізуге жолдама алады. Тәжірибелі бұрғылау шебері ауа райы континенталды, қолайсыз аймақтар Қарабарықты, Сүмбе-Кеңсу, Бозашы, Оңтүстік, Орталық Үстірт, т.б. өңірлерде бұрғылау жұмыстарына басшылық жасады. Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған.

ҮМБЕТӘЛИЕВ АМАНГЕЛДІ



1956 жылы Атырау қаласында туған. Алматы халық шаруашылық институтын 1988 жылы бітірген. Москвадағы Ресей Федерациясы халық шарушалық академиясын (1994), Германияның Мюнхендегі басқару академиясын (1994), АҚШ-тың Мемлекеттік департаментінің «Қоғамдық байланыс» бағдарламасы бойынша Аризона штатының Туссон қаласындағы Пима Коммьюнити колледжін (2000), Атырау мемлекеттік университетін (2004) заңгер мамандығы бойынша бітірген.1975-1977 жылдары әскери борышын КСРО-ның Оңтүстік әскери тобында Венгрияда өтеген. Еңбек жолын 1974 жылы «Гурьевэнерго» мекемесінде бастаған. 1977-1983 жылдары Гурьев механикалық зауытында, «Ембімұнайқұрылыс» тресінің басқармаларында оператор, аға шебері, есепші, аға есепші, бас есепшінің орынбасары, бас есепші қызметін атқарды.1989-1990 жылдары «Гурьевмұнайгазгеология» бірлестігінің бас есепшісі, 1991-1994 жылдары «Гурьевмұнайхимиякұрылыс» тресі басшысының экономика жөнінде орынбасары, 1994-1997 жылдары «Атырау Мұнай акционерлік компаниясы» АҚ-ның бас есепшісі, 1997-1999 жылдары Атырау қаласы әкімінің орынбасары, 1999-2000 жылдары Атырау облыстық әкімшілігінің бөлім басшысы және басқарманың бас есепшісі, 2000-2001 жылдары «Ембімұнайгеофизика» АҚ-ның бас есепшісі, 2001-2003 жылдары ЮСАИД-тің Халықаралық «Прагма» Корпорациясының Атырау облысындағы бас кеңесшісі, 2003-2004 Атыраудағы «Қазақстанның халықтық зейнетақы қорының» ЖАҚ-ның директоры болды. 2004 жылдан бизнесті басқару өкілі, қаржы директоры, бас есепші, бас есепшінің орынбасары, есепшілер супервайзері қызметін атқаруда.

Ол – шежірелік деректерді, мәліметтерді жинауға атсалысқан азамат.

ҮМБЕТОВА РОЗА



1950 жылы Атырау қаласында туған. Гурьев педагогика институтын бітірген.1972 жылы Доссордағы Абай атындағы орта мектепте мұғалім болып ұстаздық қадамын бастаған. 1984-1994 жылдары сол оқу орнында директордың тәрбие жөніндегі орынбасары қызметэн атқарды. 1994 жылдан Мақат аудандық оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Р.Сабырғалықызы -ҚР білім беру ісінің үздігі. Көптеген салалық Құрмет грамоталармен ұлықталған.

ҮРКІНҰЛЫ ТІЛЕУБЕРГЕН



1954 жылы туылған. 1975 жылы Шымкенттегі әл-Фараби атындағы мәдениет институтын бітірген. Жылыой аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі, әдіскер, аға инспектор, аудандық тарихи-өлкетану мұражайының директоры, аудандық мәдениет бөлімінің бас маманы (1975-2001), «Жалын», «Алмаз», «Ән қанатында» эстрадалық ансамбльдерінің, «Екпін», «Қайнар» мәдениет-үгіт бригадаларының, халық театрының, ұлт-аспаптар оркестрінің, «Жылыой сазы» фольклорлық ансамбльдерінің белсенді мүшесі. Қазақстан мәдениет қызметкерлерінің 1- съезінің делегаты. Бірнеше алғыс хаттармен, мақтау грамоталарымен, Октябрь революциясының 70 жылдығына орай өткен Бүкілодақтық халық творчествосы фестивалінің дипломымен, лауреаттық медальмен марапатталған. «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» медалінің иегері.

ФАЗЫЛҰЛЫ ӘБДІХАЛЫҚ



1937 жылы мамыр айында Ташкент облысының Беке ауданындағы Көкарал елді мекенінде дүниеге келген. 1946-1956 жылдары сол Беке ауданындағы орта мектепте оқып, он жылдықты бітірді. 1957жылы Тәжікстанның Ленинабадына қарасты Құрсай кенішінде бұрғылаушы болды. 1960 жылы Қазақстанға, Сарысу ауданына келіп, Байқадамда түрлі жұмыстар істеді. «Түркістан» совхозында сауда саласында қызмет қылды. Жұмыстан қол үзбей жүріп, Шымкенттегі педагогикалық институтты бітірді. 1967-1979 жылдар аралығында мектепте мұғалім, интернат меңгерушісі болды. 1979 жылы Оңтүстік Қазақстанның Бөген ауданынағы орталау мектепке директор болып, сонда 1999 жылға дейін істеді. ҚР білім беру ісінің үздік қызметкері, бірнеше Құрмет грамоталармен марапаталған.

ФАЗЫЛОВ ӘБДІМАНАП



1959 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Байқадам ауылында дүниеге келген. 1976 жылы Сарысу ауданындағы М.Әуезов атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Шымкент педагогика институтының дене тәрбиесі факультетіне түскен, оны 1980 жылы бітіріп шықты. 1980-1993 жылдары жылдары мектептерде дене шынықтыру пәнінен ұстаздық етті. 1993 жылдан бастап Түркістан қаласындағы Иассауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетінің дене шынықтыру мәдениеті және спорт кафедрасында аға оқытушы болып істеді. 2002 жылдан бері дене тәрбиесі факультеті деканының орынбасары. Ә.Әбдіхалықұлы Республикалық лигада ойнайтын «АИ– университет» футбол командасының бастығы. Ол көптеген спорттық жарыстардың жүлдегері. Ә.Фазылов Түркістан аймағында тұратын ағайындардың шежірелік деректерін жинауға барынша атсалысты, сондай-ақ осы сан салалы жұмысты атқару барысында техникасымен де, қаржылай да қолдау жасады. 2006-2011 Халықаралық гуманитарлық-техникалық университет жанындағы колледждің директоры. 2011 жылдан Түркістан қалалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры.

ФАЗЫЛ ГҮЛСАРА



1961 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Байқадам ауылында дүниеге келді. 1968 жылы «Түркістан» совхозына көшіп барып, сол жылы 1-сыныпқа барды. Орта мектепті 1978 жылы бітірген. 1979 жылы Шымкент облысы, Ордабасы ауданы, Төртқөл ауылына отбасымен көшіп барып, 1980 жылдан бастап «Көкарал» совхозында ашылған «Бөген» орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа тұрды. 1982 жылы Шымкенттегі М.Әуезов атындағы пединститутка түсіп, тарих факультетін 1987 жылы сырттай бітіріп шықты. 1984 жылы «Нұра» бастауыш мектебіне бастауыш сынып мұғалімі болды. 1997 жылдан бастап мектеп меңгерушісі әрі директоры болып еңбек етіп келеді.

Гүлсара Әбдіхалыққызы аудандық, аумақтық, аудандық «Нұр Отан» партиясының, аудан әкімінің, аудандық кәсіподақтың алғыс хаттарымен марапатталған.

ХАЛЫҚОВ ДОСҚАЙЫР



1927 жылы Қияқ ауылында туған.1951-1966 жылдары поселкелік кеңесте хатшы, төраға, Жылыой аудандық Кеңесі атқару комитетінде жауапты хатшы, бөлім меңгерушісі, Құлсары кәсіпшілігінде кәсіподақ комитетінің төрағасы. 1966-1975 жылдары Ембі аудандық партия комитетінде ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, «Прорва-мұнай мұнайгаз өндіру басқармасында» партком хатшысы, 1975-1979 жылдары «Құлсарымұнайгаз» өндіру басқармасы жұмысшыларды жабдықтау бөлімінде бастықтың орынбасары, 1979-1996 жылдары сауда бөлімшесінің бастығы, наубайхана меңгерушісі. Бірнеше медальдармен марапатталған.

1996 жылы дүниеден озды.

ХАЛЫҚОВ ЕСҚАЙЫР



1922 жылы Жылыой ауданының Калинин ауылында туған. Ұлы Отан соғысының қаһарманы, атақты мерген болған. Соғыстағы үлкен ерліктері үшін I дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, I дәрежелі «Даңқ» орденімен, бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған. Даңқты сүрмерген Есқайыр Халықов туралы қазақ ақындары Жұбан Молдағалиев, Сағынғали Сейітов поэмалар жазса, жергілікті қаламгер Жанаш Нұрмаханұлы өлең арнады. Журналист Қонаш Қалдыоразұлы көлемді очерк жазды. Құлсары қаласында батыр атындағы мектеп және көше бар.

1948 жылы қайтыс болды.

ХАСАНОВА ЖӘМИЛЯШ



1952 жылы Атырау облысында туған.1970 жылы Гурьев педагогика институтының химия және биология факультетін бітірген. Экономика мамандығы бойынша екінші жоғары білімі бар. Педагогика ғылымдарының докторы.Институтты бітіргеннен кейін 1970 жылы Гурьев қаласының №21 мектебінде химия және биология пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастаған. Ж.Садыққызы Атырау облысының

білім беру басқармасында инспектор және бас маман, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің аға оқытушысы болды. Педагогика және сырттай оқу факультеттері деканының орынбасары, кандидаттық диссертациялар қорғалатын диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы, Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының оқу- әдістемелік жұмыстарының проректоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетінің аға ғылыми қызметкері, ғылыми ізденуші болды. Ж.Садыққызы 2008 жылы жалпы педагогика және білім беру тарихы, этнопедагогика мамандығы бойынша «Қазақстан Республикасындағы қазіргі білім, бизнес жүйесінің ғылыми педагогикалық негіздері» атты докторлық диссертациясын қорғады.Қазақстан Республикасының халыққа білім беру ісінің үздігі, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері. Білім және ғылым министрлігінің бірнеше марапаттау грамоталары бар.

ХИСМЕТОВ АСАБАЙ



1928 жылы Атырау облысы, Қайыршақты ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1951 жылы Москва қаласындағы академик И.М.Губкин атындағы мұнай институтын бітіріп келген соң Құлсары бұрғылау кеңсесіне қарасты Опорный мұнай барлау бөлімшесінде инженер болып бастаған. 1955-1957 жылдары өндірістік-техникалық бөлімінің аға инженері, 1957-1959 жылдары «Қазақстан Мұнай» бірлестігі Құлсары барлау кеңсесінде бас инженер болды. 1959-1962 жылдары «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің бас инженері, 1962-1967 жылдары осы треске қарасты Жетібай, кейіннен Қарақия мұнай барлау экспедицияларының бастығы, 1972-1974 жылдары «Ембімұнай» бірлестігі бастығының бұрғылау жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметін атқарған.1974-1986 жылдары «Ембімұнай» бірлестігіне қарасты «Балықшы» барлау-бұрғылау басқармасының бастығы болды. 1986 жылдан өмірінің соңына дейін «Каспиймаңы» бұрғылау жұмыстары басқармасы бастығының орынбасары, бастығы болып еңбек етті.Хисметов Асабай республикамыздың мұнай өнеркәсібін дамытуға, соның ішінде Атырау мен Маңғыстау облыстарында мұнай-газ кен орындарын ашуға зор үлес қосқан азамат.А.Ақтөрешұлы 1967 жылы Қазақ КСР-ы Жоғары Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен, 1970 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалмен, 1972 жылы Жетібай, Теңге, Өзен кен орындарын ашуға сіңірген зор еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

ХИСМЕТОВ СӘЛІМ



1922 жылы Атырау облысы, Қайыршақты ауылында дүниеге келген. Тау-кен инженері. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Мәскеу мұнай институтын бітірген. 1951-1954жылдары Құлсары мұнай өндіру кәсіпшілігінде оператор, шебер, бас инженер, меңгеруші қызметтерін ойдағыдай атқарған.

1954-1965 жылдары Мұнайлы мұнай өндіру кәсіпшілігінің бас инженері, меңгерушісі, Қошқар мұнай өндіру басқармасында бас инженер, директор, 1965-1971 жылдары мұнай өнеркәсібі Атырау облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1972-1975 жылдары «Доссормұнай» мұнай-газ өндіру басқармасы бастығының орынбасары, «Ембімұнай» ӨБ шегендеу кешенінде бас инженер болды.

«Құрмет Белгісі» ордені мен көптеген медальдардың иегері.

1987 жылы дүние салды.

ХИСМЕТОВ НҰРЛАН

1955 жылы Гурьев облысы, Жылыой ауданы, Мұнайлы қыстағында дүниеге келген. 1974 жылы Ақтөбе облысының Кеңқияқ орта мектебін бітірген соң Шымкенттегі Қазақ химия-технология институтының құрылыс факультетіне түсіп, құрылысшы-инженер мамандығын алды.

1971-1986 жылдары «Гурьев нефтегазгеология» бірлестігінің СМУ-ында шебер, аға инженер, нысандардың жетекшісі, құрылыс материалдарын шығаратын өндірістің басшылық қызметтерін атқарған.

Н.Сәлімұлы -техника ғылымдарының кандидаты.

1992-1994 жылдары Гурьев архитектуралық қорының директоры, 1994-2009 жылдары «Дауылпаз» ЖШС-нің директоры.

ХОЖАЕВ САУХАТ



1927 жылы Гурьев облысының Теңіз ауданына қарасты Зормата ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 16 жастан бастаған. 1943 жылдан 1993 жылға дейін Қалмақ АСС-ындағы Лагань балық зауытында балықтарды азықтандыру бекетінде қабылдаушы болып еңбек еткен. 1967-1971 жылдары қалтқысыз адал еңбегі үшін Қалмақ АССР ЖС депутаты болып сайланған.С.Мұхамбетұлы "Құрмет белгісі", III дәрежелі Еңбек даңқы орденді рімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

ШАҒЫРОВА НӘБИРА



1922 жылы Атырау облысы, Мақат ауданы, Ескене кентінде дүниеге келген.Мұнайшы, Социалистік Еңбек Ері жоғары атағына ие болған, Қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш мұнайшы. Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға аттаған әке-ағаларының орнына келіп, Байшонас мұнай кентінде оператордың көмекшісі, оператор, аға оператор болып еңбек еткен.

Н.Дәулетқызы КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына 3 мәрте сайланған мұнай-өндіру шебері Балғаным Досбаеваның әйелдер учаскесінде еңбек етіп, құрметке бөленген. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

1974 жылы дүние салды.

ШАЙХЫМОВ КӘРІМ



1924 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Морской ауылында туылған.Ұлағатты ұстаз. Ұзақ жылдар аудан мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директоры, аудандық білім беру бөлімінің әдіскері, инспекторы қызметтерін абыроймен атқарған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. «Қызыл Жұлдыз» орденімен, медальдармен марапатталған. Қазақ КСР оқу ісінің үздігі.

Құрманғазы ауданының Құрметті азаматы. (2009).

ШАЙҚЫМОВ ЕРКІН



1943 жылы Атырау облысы, Теңіз ауданының Кобяково ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтын, 2000 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық университетін тамамдаған.1965-1970 жылдары Атырау облысы, Құрманғазы ауданындағы Сүйіндік тубдиспансерінде бас дәрігер. 1970-1972 жылдары сол ауданда аудандық дәрігер – рентгенолог болып істеді.1972-1975 жылдары Ленин орденді мемлекеттік 2-Москва медицина институтында рентгенология саласы бойынша аспирантурада оқыды.1975 жылдан Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясында, Ақтөбе мемлекеттік медицина институында рентгенология және радиология кафедрасында ассистент (1975-1995), курс және кафедра меңгерушісі (1995-2007). 1996 жылдан осы уақытқа дейін оқытушылар біліктілігін жетілдіру факультетінің деканы болып қызмет атқарып келеді.

Е. Шайқымұлы 1976 жылы медицина ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғады, доцент. 1999 жылы профессор. 2006 жылы Ресей Федерациясының медико-техникалық академиясының академигі болып сайланды. Ол жоғарғы категориялы дәрігер-радиолог, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі.

Ол медицина академиясының студенттері мен білімін жетілдіру факультетінің тыңдаушыларына арналып жазылған 2 оқулықтың, жоғарғы мектеп оқушыларына арналып жазылған 2 әдістемелік оқулықтың авторы.Арнайы басылымдарда 87 ғылыми - әдістемелік мақаласы басылды. 14 әдістемелік нұсқаулықтың және 9 рационализаторлық ұсыныстың иегері.

Ы.Алтынсарин медалінің иегері. Мерекелік медальмен, грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталған.

ШАЛАБАЕВ АҚЫЛБЕК



1947 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы селосында туған. Еңбек жолын 1946 жылы Прорва бұрғылау-барлау мекемесінің өндіріс жабдықтау цехында жонушы болып бастады. 1966-1969 жылы әскери борышын өтеді.

1969-1973 жылдары Гурьев политехникумының студенті. 1982 жылы Алматыдағы Қазақ политехникалық институтын геофизика мамандығы бойынша бітірген. Өз мамандығы бойынша Маңғыстау ұңғыларды геофизикалық тәсілдермен зерттеу экспедициясына техник-геофизик, Гурьевтегі «Эланнефтегеофизика» тресінде партия, техника жетекшісі болды. Қисымбай, Досмұхамбетов кеніштерін ашуға атсалысты. Гурьев өндірістік геофизик басқармасында, бас инженер, 1996-2001 жылдары осы басқарманың бас директоры болды. 2001-2010 жылдары «Компания ГиС» АҚ Орал филиалының директоры қызметін атқарды.

А.Шалабаев бірнеше медальдар мен Құрмет грамоталардың иегері.

ШАҢЫРАҚШИЕВ ҚҰЛМАҒАНБЕТ



1924 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданындағы он төртінші ауылда туған. 1936-1941 жылдары Өзбекстанның Ферғана облысының Куба ауданында балалар үйінде тәрбиеленген. 1942-1945 жылдары Келес ауданындағы Микоян атындағы колхозда жұмыс істеген. 1947 жылы Қапланбек зооветеринарлық техникумында оқып, 1950 жылы мал дәрігері мамандығын алып шықты. 1951 жылы Самарқандағы ауыл шаруашылық институтына түсіп, оны 1956 жылы бітірді. 1956-1987 жылға дейін Оңтүстік Қазақстан облысының Киров ауданындағы колхоз, совхоздарда бас мал дәрігері болып жұмыс істеді.

Құлмағанбет Шаңырақшиев Құлтума-Мәмбетқұл шежіресін жасауға көп еңбек сіңірген азамат.

20... жылы өмірден озды.

ШАУХЫМОВ САЛЫҚ

1955 жылы Калинин ауылдық кеңесінде туған. 1978 жылы Гурьев ауыл шаруашылық техникумын бітірген. Мал маманы, зоотехник. 1988-1989 жылдары №2 қой фермасының, 1989-1995 жылдары №3 жылқы-түйе фермасының басқарушысы, 1995-1996 жылдары «Қосшағыл» кеңшарының директоры, 1996-2001 жылдары «Атарал» шаруа қожалығы, 2001-2004 жылдары «Саян» ЖШС-нің қосалқы шаруашылық меңгерушісі, 2004-2005 жылдары «Жылыой тазалық» ЖШС-де бөлім бастығы. 2005 жылдан Қосшағыл ауылында ауылдық әкімшілігінде бас маман. Жоғары орындардың алғыс хаттары мен грамоталарын алған.

ШАРАФЕДЕНҰЛЫ МАҚЫ



1908 жылы Гурьев уезі, Қызылқоға аймағына қарасты 8-ауылда туған. 1924 жылы бастауыш мектепті бітірді. 1924-1928 жылдары байларда жалшылықта болды. 1928-1930 жылдары 8-ауылдық кеңесте хатшылық қызмет атқарды. 1930-1931 жылдары Қызылқоға аудандық аткару комитетінде іс жүргізуші, халық шаруашылығы бөлімінде санақшы болып істеді. 1931 жылы Қызылқоға ауданынан бөлініп шыққан 9 және 21-ауылдық кеңестердің төрағасы қызметінде болды.1931-1933 жылдары Қызылқоғада, Тайпақ ауданында түрлі қызметтер істеді. 1933-1936 жылдары Тайпақ ауданының №16 Қызылқоға ауылдық кеңесінде хатшы болды. 1936-1944 жылдары Қызылқоға пошта бөлімшесін басқарды.1944-1946 жылдары Амангелді атындағы колхозда есепші, 1946-1950 жылдары сол «Амангелді» колхозының төрағасы қызметін атқарды. 1950-1951 жылдары Орал қа-

ласында колхоз төрағаларын дайындайтын курста оқыды. 1951-1954 жылдары Амангелді атындағы колхоз төрағасының орынбасары, "Жаңаталап" колхозының төрағасы болып істеді.Түрлі медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

1986 жылы дүние салды.

ШАРҒАБАЕВ САҒЫНБАЙ



1949 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Калинин ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1970- 1996 жылдары «Ембі» совхозында шопан қой өсіруші комсомол жастар бригадасы жетекшісі болды. 1982 жылы Қазақ КСР ауыл шаруашылығы кәсіподағының комитет мүшесі, 1986 жылы КСРО Бүкілодақтық кәсіподағының Ыбырай Жақаев атындағы сыйлығының лауреаты болды.

1981 жылы мал шаруашылығын өркендетудегі үлкен табыстары үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған

ШӘГІМОВ НҰРБАЙ



1950 жылы Атырау облысында туған. 1957-1967 жылдары орта мектепте оқыды. 1967-1970 жылдары Краснокут ұшқыштар училищесін, 1976-1977 жылдары Кировоград жоғары авиациялық училищесін бітірген.1970 жылы Гурьев біріккен авиаотрядының АН-2 ұшағының екінші ұшқышы болып тағайындалды. 1972 жылы оған азаматтық авиация комитетінің үшінші кластық ұшқыш атағы берілді.1973 жылы АН-2 ұшағының командирі, 1977 жылы Гурьев біріккен авиаотрядының АН-24 ұшағының екінші ұшқышы, 1984 жылы Гурьев біріккен авиаотрядының АН-24 ұшағының командирі болып тағайындалды, 1985 жылы азаматтық авиация комитетінің екінші кластық ұшқыш атағы, 1993 жылы бірінші кластық ұшқыш атағы берілді.1995 жылы Атырау авиакомпаниясының ұшқыштар инспекторы болып тағайындалды. 1994 жылы АН-24 ұшағының ұшқыштар нұсқаушысы. 1995 жылы Атырау авиакомпаниясының АН-26 ұшағының командирі, аз уақыттан кейін АН-26 ұшағының ұшқыштар нұсқаушысы болып тағайындалды.1997 жылы «Атырау Әуе Жолы» ТУ-134 ұшағының екінші ұшқышы, 2000-2004 жылдары «АН-30 ұшағының командирі болып еңбек етті.2004 жылдан Мемлекеттік авиабақылау батыс аймақтық өкілдігінің басшысы қызметін атқарып жүр.

ШӘДЕНОВА БӘТИКА



1951 жылы Доссор кентінде туған. Мұғалім. Атырау педагогика институтын бітірген. 1968 жылы Доссор кентіндегі пионерлер үйінің директоры болып еңбекке араласқан. 1969 жылы Доссордағы Абай атындағы орта мектепте мұғалім. 1996 жылы осы мектепте бастауыш білім беру ісінің меңгерушісі болып істейді. Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері.

ШӘЛЕНКЕЕВ ТӘЖЕН



1915 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қияқ ауылында дүниеге келген. 1931 жылы Айранкөл елді мекеніндегі жеті жылдық мектепті бітірген. 1938 жылы Гурьев қаласындағы мұнайшы маман дайындайтын рабфакты бітірген. Осыдан кейін Ақтөбе облысындағы Ембінің №52 мектебінде оқытушы болып жұмыс істеген. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына қатысып, 1945 жылы соғыс мүгедегі болып елге оралған. Кейін Ақтөбе облысындағы Ембіде қайтадан оқытушы болып жұмыс істеген. 1952 жылы Алматыдағы КазГУ-дің филология факультетіндегі тіл және әдебиет бөлімін бітірген. 1952-1954 жылдары Ақтөбе облысының Новоросийск ауданында мектеп-интернатында директор болып қызмет атқарды.

Т. Құлшығайұлы 1954-1978 жылдары Гурьев облысы, Ембі ауданы, Қосшағыл, Қаратон елді мекендеріндегі мектептерде ұстаздық етті. Өмірінің соңғы жылдары денсаулығына байланысты Крупская атындағы мектепте кітапханашы болып істеді.Бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған.

1983 жылы дүние салды.

ШӘМБІЛОВ ӘБУ



1932 жылы Түркістан ауданының Теке ауылында дүниеге келген. Он жылдық мектепті бітірген соң Келес ауданындағы Ворошилов ауылдағы селода бөлімше бастығы болған.1941 жылы әскерге алынып, 1942 жылдан Ленинград майданында соғысқа қатысқан. 42-армияның 85-дивизиясының 103-атқыштар полкында бөлімше командирі болған. Кейініректеу 67-армияның СМЕРШ атты ерекше бөлімінде қызмет еткен. Ленинград блокадасының барлық қыстаған кезеңін бастан өткізген.1945-1989 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік қауіпсіздік комитеті басқармасында және ішкі істер басқармасында қызмет етті. Милиция полковнигі.

1999 жылы қайтыс болды.

ШӘРДЕНБАЕВА ЛӘЗЗАТ



1974 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылында дүниеге келген. 1991 жылы Мойынқұм ауданы, Ұланбел ауылындағы орта мектепті алтын медальмен бітіріп шықты. Оқу бітірген жылы Алматы қаласындағы Басқару академиясына түсіп, 1995 жылы қызыл дипломмен бітірді.1996 жылы Тараз қаласындағы "Тараз-Сауда" мекемесінде бас экономист болып қызмет істеді. 1997 жылы Астана қаласын дағы Сарыарқа аудан ының қаржы бөліміне бөлім меңгерушісі болды. Л.Кісенбайқызы 2001 жылы Сәтбаев атындағы су каналында бас есепшінің орынбасары болды. 2006 жылдан бастап ҚР Спорт және туризм министрлігінде қаржы бөлімінің бастығы қызметін атқаруда.

Көптеген Құрмет грамоталары мен дипломдардың иегері.

ШӘУКЕНБАЕВ ТАРЫБАЙ



1913 жылы Гурьев облысы, Жылыой ауданында туған. Қазақ совет экономисі, экономика ғылымдарының докторы (1962), профессор (1964). 1939 жылдан КПСС мүшесі. 1938 жылы Москваның Губкин атындағы мұнай институтын, 1947 жылы КПСС ОК жанындағы Жоғары партия мектебін бітірді. 1938-40 жылдары Байшонас кәсіпшілігінде инженер. Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитетінде инженер-экономист. 1940-1951 жылдары Қазақстан КП ОК-нде нұсқаушы, мұнай өнеркәсібі бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан КП ОК секретарының мұнай өнеркәсібі жөніндегі орынбасары, ауыр өнеркәсіп бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 1951-1955 жылдары Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі және Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті председателінің 1-орынбасары. 1955 жылдан Қазақ мемлекеттік университетінің, кейін Алматы халық шаруашылығы институтының халық шаруашылығын жоспарлау кафедрасының меңгерушісі болып істейді.

Т.Шәукенбаев 1949 жылы экономика ғылымдарының кандидаттығын, 1962 жылы докторлығы дәрежесін қорғады.

Т.Шәукенбаев Қазақстан КП 5-7- съездерінде ОК мүшелігіне кандидат, 5- сайланған Қазақ КСР Жоғары Советінің депутаты болды. 3 мәрте «Құрмет белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

ШАУКЕНБАЕВА АЗУРГЕТ



Родилась в 1941 году и выросла в городе Алматы. Окончила институт иностранных языков имени Мориса Тореза в Москве. Кандидат искусствоведения, доцент. Владеет французским, английским, итальянским, родные языки-казахский, русский. После окончания института Азургет работала переводчиком и референтом Общества дружбы и культурных связей с зарубежными странами, была стажером-исследователем и аспирантом в институте истории искусств в Москве. С 1975 по 1987 гг. Азургет Тарбаевна работает старшим научным сотрудником научно-исследовательской лаборатории в Ленинграде, где вместе со своими коллегами проводит социологические исследования по всей стране. В 1988 г. она была приглашена старшим научным сотрудником в Северо-Западный филиал ЦЭНИИ. Институт принял участие в организации первой советско-французской экспедиции на Чукотку. Возглавил Первую советско-французскую экспедицию на Чукотку профессор Жан Малори-писатель, известный французский ученый-полярник, директор Центра Арктических исследований Франции. Организатором экспедиции, координатором совместной международной программы и членом научной группы стала Азургет Шаукенбаева. Именно тогда возникла идея создания учебного Центра, который мог бы подготовить управленцев, знающих местные проблемы. На первом этапе, в 1991 г. в Санкт-Петербурге было создано объединение «Полярный круг» - Международный учебный центр, который впервые стал готовить национальные кадры управления для регионов Севера, Сибири и Дальнего Востока России. Азургет Тарбаевна была назначена руководителем-организатором центра. С 1992 г. центр находился под патронажем Национальной административной школы Франции, в этом же году был заключен договор о долгосрочном сотрудничестве с Высшей школой общественных наук Франции. Энергия Азургет Тарбаевны была поистине феерической: она очень часто ездила в Москву, убеждала чиновников в необходимости создания подобного образовательного учреждения. Если вспомнить это кризисное и голодное время, то создание Академии казалось какой-то нереальной мечтой. Было плохо с продовольствием, помещениями, общежитиями, одеждой и т. д. Азургет Тарбаевна знала студентов поименно, помогала им одеждой, подкармливала. Помогло единение и помощь конкретных людей: мэра Парижа Жака Ширака, профессора Малори (по просьбе Азургет Тарбаевны он направлял в центр авторитетных преподавателей). Благодаря накопленному опыту центра, стало возможным создание в Санкт-Петербурге Полярной академии - уникального учебного заведения, олицетворяющего международную солидарность в обеспечении будущего народов традиционных культур. В 1994 году Центр был реорганизован в учреждение высшего профессионального образования, а в феврале 1998 г. Полярной академии был присвоен статус государственного высшего учебного заведения для представителей северных и приравненных к ним территорий. Вузу было предоставлено пятиэтажное здание второго учебно-лабораторного корпуса, 15-этажное общежитие, выделены средства на ремонт и техническое оснащение. Сейчас Академия обладает хорошей материальной базой: двумя учебными корпусами и общежитиями, хорошо оборудованными учебными аудиториями, химической лабораторией, компьютерными классами, библиотекой и спортивными залами. Ректором Полярной академии с момента создания неизменно избирается Азургет Шаукенбаева. Председателем Попечительского совета стал Артур Николаевич Чилингаров - легендарная личность, знаменитый полярник, Герой Советского Союза, Герой России, крупный российский ученый, автор научных работ по проблемам освоения Севера и Арктики, почетный профессор Морской академии им. С. О. Макарова, член-корреспондент Российской академии естественных наук. Трижды Академию посещал президент Франции Жак Ширак. 5 ноября 2008 года Академия получила правооткрыть аспирантуру. Основатель и первый ректор Полярной академии, г.СПб.до 2008года. Имеет множество титулов и званий, среди которых - член Русского географического общества, почетный член географического общества Франции, член комиссии ПРЕГАНЕМ ЮНЕСКО, президиума международной ассоциации «Диалог культур», офицер Ордена Почетного легиона Франции (за неоценимый вклад в дело культурного сотрудничества между Францией и Россией), почетный работник высшего профессионального образования РФ, заслуженный работник Республики Тыва, почетный профессор Евразийского университета имени Льва Гумилева в Казахстане, организатор и координатор первой советско-французской экспедиции (Чукотка-90).

ШӘУКЕНҰЛЫ ҚҰСЕКЕН (ХАСАН)



1929 жылы туған. Тілші-ғалым. Филология ғылымдарының докторы (1955), профессор. Орал пед. институтын бітірген (1954). 1954-59 жылдары орта мектептерде мұғалім, 1959 жылдан бері Атырау гуманитарлық университетінде оқытушы, кафедра меңгерушісі (1975 жылдан). Ғылыми еңбектері қазақ тілінің синтаксис мәселелеріне арналған. 10 шақты кітабы жарық көрді. 2011 жылы қайтыс болды.

ШЕГЕБАЕВ ҚАЙЫР



1938 жылы туылған. Техник-механик, Құлсары автобазасында пайдалану бөлімінің бастығы, «Құрмет белгісі» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Ерлік еңбегі үшін В.И.Ленинның туғанына 100 жыл толуы құрметіне», «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медальдарымен марапатталған.

ШЕРКЕШБАЕВ МАХСҰТ



1948 жылы Гурьев облысы, Мақат поселкесінде туған. М.Горький атындағы мектепті бітірген. 1971 жылы Алматыдағы темір жол техникумын бітірген. Алғашқы еңбек жолын Мақат локомотив депосының жөндеу цехында шебер болып бастады. 1976 жылы Ташкенттегі темір жол институтын бітіріп, сол жылы Мақат локомотив депосының бастығының орынбасары болып тағайындалды.1987-1994 жылдары Бейнеу, Мақат локомотиы депосының бастығы, содан кейінгі жылдары Атырау бөлімшесінде инженер, темір жол департаментінің орынбасары болып лауазымды қызметтер атқарды. Мақат ауданының Құрметті азаматы. Бірнеше медальдардың иегері.

ШОЙБЕКОВ МҰРАТ



1951 жылы Шымкент облысының Ащысай қыстағында туған. 1958-1968 жылдары Кентау қаласына қарайтын Хантағы қыстағындағы Пушкин атындағы орта мектепті бітірген. Ащысай полиметалл комбинатында, Мырғалымсай кенішінде бір жыл шахтада жұмыс істеді. 1969 жылы Шымкент қаласындағы Қазақ химия-технология институтының кешкі факультетіне түсіп, оны 1978 жылы бітіріп, инженер-механик мамандығын алып шықты. Күндіз фосфор, корғасын зауытында жұмыс істеді. 1974-1976 жылдары әскер қатарында болды. 1978 жылы Жаңатас қаласына жұмысқа ауысады. «Қаратау» өндірістік бірлестігінің орталық байыту фабрикасында ауысым шебері, механик ретінде жұмыс істеді. 1992-1999 жылдары өндірістік конструкция бөлімінде инженер-механик, инженер-конструктор болып еңбек етті.1999 жылдан бері Шымкент қаласы әкімінің халықпен жұмыс жүргізу жөніндегі басқармасында бас маман болып қызмет атқарады.

ШОҚАЕВ ҚАБАС



1917 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданында дүниеге келген. 1921 жылы әкесі Тәжімұрат Доссор мұнай кәсіпшілігінде қара жұмыста болған. Кейіннен 1933 жылы Жылыой ауданының Қосшағыл кәсіпшілігіне жұмыс бабымен ауысады. Со 1933 жылы жұмыс бабында жүргенде көлік апатынан қайтыс болады. Қ.Тәжімұратұлы 1937 жылы 20 жасында әскер қатарына шақырылады. 1938 жылы Жапониямен екі айға созылған Хасан мен Халхин көлі үшін соғысқа қатысады. Жеңіспен аяқтап Қытай елінің Маньчжурия жерін жапондардан азат ету операциясына бастан-аяқ қатысады.1939 жылы Ленинград әскери округіне жіберіледі. Бұл жерде Финляндия Ленинград облысына шабуыл жасап соғыс ашқан. Ол осы соғысқа да қатысады.1941 жылы Москва қаласына ауыстырылғанда, Ұлы Отан соғысы басталады.

Қ.Тәжімұратұлы Москваны қорғау соғысында 2- Украина майданы, 1- Белорусия майданында болады. 1945 жылы Берлин қаласын алуға қатысқан. Осы жылы Москвада келгеннен кейін Жапонияға қарсы соғысқа қатысып, Сахалин, Куриль аралдарын жапондардан босатысады. Сол жерден 1946 жылы елге оралады.Ол 3- дәрежелі Даңқ орденімен, 2- дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, жауынгерлік медальдармен марапатталған.

1987 жылы дүние салды.

ШОҚАЛАҚОВ МАХМҰТ



Махмұт Шоқалақов – 1916 жылы кедей шаруаның отбасында дүниеге келді. Ол алғашқы еңбек жолын 1933 жылы Сарысу аудандық денсаулық бөлімінде есепші қызметінен бастады. Мұнан кейін 1935-1937 жылдар аралығында аудандық ауыл шаруашылық бөлімінде инспектор болып жұмыс істеді. 1937-1939 жылдары аудандық есеп-санақ мекемесінде аға инспектор, 1939-1943 жылдары Талас аудандық соғыс комиссариаты II бөлімінің бастығы, 1943-1944 жылдары Сарысу аудандық соғыс комиссариаты II бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды. 1944-1945 жылдары Қордай ауданында оперативтік бөлімде атқарушы, 1945-1947 жылдары Жамбыл облыстық оперативтік бөлімінде атқарушы, 1947-1949 жылдары Сарысу аудандық байланыс торабында аға агент, 1949-1951 жылдары Талас аудандық байланыс торабының бас бухгалтері, 1954-1956 жылдары Көктерек аудандық байланыс торабының бас бугхалтері, 1956-1958 жылдары Свердлов аудандық байланыс торабының бастығы, 1963-1967 жылдары Талас аудандық байланыс бөлімінің бастығы, 1967 жылдан бастап Сарысу ауданының қайта құрылған байланыс бөлімінің бастығы болды.

ШОҚАЛАҚОВ ХАМИТ



1926 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы екінші ауылда туған. Мектеп бітіргеннен кейін Байқадамдағы жер бөлімінің есепшісі, 1942-1943 жылдары аудандық оқу бөлімінің инспекторы, 1943-1944 жылдары Сарысу аудандық аткару комитетінің мемлекеттік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі, инспекторы, 1944-1945 жылдары КСРО ІІМ Алматыдағы мектебінің курсанты, 1946 жылы Талас аудандық ІІБ арнайы комендатура-комендатының көмекшісі болды.

Х.Шоқалақов 1946-1967 жылдар аралығында Жамбыл, Алматы облыстарында, Қырғыз ССР-ының Фрунзе қаласында ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының референті, аға референті болды.1967-1974 жылдары полковник Хамит Шоқалақов Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті төрағасы, 1974-1983 жылдары Талдықорған облысы бойынша Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті басқармасының бастығы болды.

Х.Шоқалақов талантты басшы, ұйымдастырғыштық қабілеті зор әскери қайраткер болды. Ол 1994 жылы қайтыс болды.Жамбыл қаласындағы бір көшеге оның аты берілген.

ШОЛТАНОВ ЕСЕНБАЙ



1932 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Ембі ауылында дүниеге келді. Әкесі Бақыржан 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, қан майданда қаза тапқан. Анасы Әсем төрт баласын өзі бағып-қағып өсірген.

Мектепті жақсы оқып бітірген Е.Шолтанов еңбекке ерте араласқан. Ол алғашқы еңбек жолын өзі оқып білім алған Абай атындағы мектепте бастаған. 1953 жылы Гурьев қаласындағы мұғалімдер институтын, 1959 жылы Гурьев Мемлекеттік педагогикалық институтының математика факультетін бітірді. 1953 жылы арнайы жолдамамен Маңғыстауға келген ол 45 жылдай Сам өңірінде ұстаздық қызмет атқарып, зейнетке шықты.

Есенбай Бақыржанұлының білім саласындағы еңбегі лайықты бағаланып, Қазақ КСР Оқу министрлігінің Құрмет грамотасымен, «Құрмет белгісі» орденімен, «Еңбек ардагері» медалімен, «Қазақ КСР-і халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен, бірнеше рет облыстық, аудандық білім бөлімдерінің Мақтау грамоталарымен марапатталды, облыстық дәрежедегі зейнеткер болды.

2009 жылы өмірден озды.

ШОЛТЫРОВ МАХМҰТ



1884 жылы Астрхань губерниясының Краснояр уезі, Бақа ауылында туған. Алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі. Қазан университетінің медицина факультетін бітіргеннен кейін (1910) Гурьев облысының Бөкей губерниясында учаскелік дәрігер болды. Белгілі ғалымдар Н.Н.Клодсицкий, И.А.Деминский, Д.К.Заболотный, Н.Н.Жуковский-Вережников, Н.П. Гайский, тағы басқалармен бірге Каспий өңірінде оба індетіне қарсы күрес жұмыстарына қатысты. Октябрь революциясынан кейін Қызыл Армия қатарында армия лазаретінің дәрігері болды. Волга-Каспий ревкомы денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі (1920), Теңіз ауданында дәрігерлік учаскенің дәрігері (1920-28), Батыс Қазақстан облысы, Теңіз аудандық жылжымалы медициналық пунктің меңгерушісі (1928-30), сол ауданда аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі (1930-34), Ганюшкинодағы обаға қарсы бөлім меңгерушісі (1934-46) болды. М. Шолтыров Жамбыл облысы, Шу ауданында денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі және аудандық ауруханаының бас дәрігері (1946-57) қызметтерін атқарды.

М. Ысмайылұлы 8 бала тәрбилеп өсірді. Үлкен ұлы Шафхат көрнекті ғалым болды. Қызы Фауза медицина ғылымдарының кандидаты болды. Қазақтың тұңғыш кәсіби дәрігері болған Махмұт Ысмайылұлы Ленин ордені және бірнеше медальдармен наградталған.

Ол 1965 жылы Алматы қаласында дүние салды.

ШОЛТЫРОВ ШАУХАТ



1914 жылы Гурьев облысының Теңіз ауданына қарасты Ганюшкино ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1935 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтында ассистент болып бастаған.1936-1939 жылдары Мәскеуде К.А.Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясының аспирантурасында оқыды.1940-1946 жылдары Кеңес әскері қатарында болып, Ұлы Отан соғысында бастан-аяқ болып, Брест қамалын, Ленинградты, Сталинградты қорғау операцияларына қатысты. Бірнеше ауыр жарақат алса да, емделген соң қайтадан сапқа тұрып жүрді.Соғысты полк парторгы болып, капитан шенінде аяқтады. Әскерден босаған соң Ш.Махмұтұлы кандидаттық диссертациясын ойдағындай қорғады. Институтта кафедра меңгерушісі, декан, институттың ғылыми жұмысы бойынша проректор болып істеді.1957-1961 жылдары ол Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдар академиясының бас ғылыми хатшысы, академигі болып сайланды. 1961 жылдан зейнет демалысына шыққанша Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғылым жөніндегі Бас басқармасының бастығы, алқа мүшесі болды. Ш.Махмұтұлы Қазақстанның ауыл шаруашылығы ғылымына, оның ішінде сортан жерлерді пайдаға асыру, топырақтың құнарлылығын арттыру мәселелері бойынша көп еңбектенді. Осы сала бойынша ғалымдар дайындау ісіне белсене атсалысты. Оның 50-ден аса ғылыми еңбектері жарияланған.Ол топырақтану бойынша шығарылған орыс-қазақ сөздігі, "Агроном анықтамалығы" кітаптарының авторларының бірі. Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту, екі «Қызыл Жұлдыз», екі "Құрмет белгісі" ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды. Оған Қазақ КСР-ының ғылымына еңбек сіңірген қайраткер атағы берілген.

Көрнекті ғалым 1983 жылы дүние салды.

ШОҚАЕВА ҮШТАП



1949 жылы Орал облысының Чапаев ауданында дүниеге келген. 1968 жылы орта мектепті бітірген соң Гурьев химия зауытында зертханашы, одан кейін сол қаладағы Октябрьдің 50 жылдығы орта мектебінде пионер вожатыйы болып істеді. Бұдан кейін Гурьев стансасындағы балалар бөлмесіне инспектор қызметіне жолдамамен келді. Днепропетровск қаласындағы темір жол транспорты институтында

арнайы курстан өткен соң ИДН-да 11 жыл абыройлы қызмет етіп, қолайсыз отбасыларынан шыққан талай жасөспірімдердің дұрыс жолға түсуіне атсалысты. 1980 жылдан бастап Ұ.Тұрашқызы қоғамдық мүлікті тонаушылармен күрес бөліміне инспектор болып ауысты. Соңғы жылдары Атырау стансасындағы желілік ішкі істер бөліміне қарасты жемқорлықпен күрес жөніндегі 9-басқармада аға жедел уәкілі лауазымында жұмыс атқарып, өзінің іскерлігін таныта білді. Темір жол, кеден, т.б. салалардағы жемқорлық, паракорлық қылмыстарды әшкереледі.

Милиция подполковнигі Ұ.Тұрашқызы ҚР көптеген медальдармен, Құрмет грамоталармен марапатталған. ҚР Ішкі істер министрлігінің ең үздік маманы атанған.

ШУЛАНБАЕВ АБЫЛАЙ



1953 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Жайылма ауылында туған. Ленин атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін өзі бітірген орта мектепте 1977 жылға дейін дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болды. 1977-1980 жылдары Жезқазған облысына қоныс аударып, Жаңаарқа ауданындағы Карл Маркс совхозындағы орта мектепте істеді. 1980-1983 жылдары сол совхозда спорт нұсқаушысы, мәдениет үйінің директоры болып істеді. 1983-1993 жылдары Жаңаарқа аудандық «Қайрат» ерікті спорт қоғамының төрағасы, 1993-2001 жылдары Жаңаарқа аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып жемісті қызмет атқарды. Ол еңбектен қол үзбей жүріп Қарағанды педагогикалық институтын, Жезқазған совхоз-техникумын бітірді. Ол осы жылдар ішінде аудандық спорт, мәдениет өмірінде айтарлықтай із қалдырды. Халық театрында бірнеше спектакльдерде сәтті ойнады. «Қыз Жібек» қойылымында Бекежан рөлін айтарлықтай сомдады. 1991 жылы Курскіде өткен Бүкілодақтық халық театрлары арасында лауреат атанды. Оның аса шеберлікпен орындаған әндері қазақ радиосы мен телевидениесінен беріліп, қорға жазылып алынды. 2001-2005 жылдары Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті спорт кешенінің директоры болды. Қазір Қарағанды облыстық хайуанаттар паркінің директоры болып істейді. Ол бірнеше салалық медальдармен марапатталған 2000 жылы ҚР Мәдениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» атағы берілген.

ШҮЛЕНБАЕВ ӨТЖАН



1914 жылы Ақмола уезінің Көктас болысындағы екінші ауылда туылған. Еңбек жолын 1937 жылдан бастаған. Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген. Ол ұстаздық қызметін көптеген мектептерде атқарды. Сталин атындағы орталау мектепте, Созақ ауданының Құмкент мектебінде, Ленин атындағы орта мектепте, Сарысу аудандық оқу бөлімінде, Каганович атындағы қазақ орта мектебінде, «Үйым» жетіжылдық мектебінде, Карл Маркс атындағы орта мектепте еңбек етті. Осы аталған мектептерде оқу бөлімінің меңгерушісі, директор, оқу бөлімінде мектеп инспекторы, болып жұмыс істеді. 1965 жылдан бастап «Байқадам» қазақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болды.1968-1975 жылдары соңғы аталған мектептің оқу ісінің меңгерушісі болды. Зейнеткерлікке 1975 жылы шықты.

Ө.Қарамолдаұлы еңбек еткен жылдары көптеген марапаттауларға ие болды. Ол Қазақ КСР білім беру ісінің үздігі. Қазақ КСР Оқу Министрінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

1986 жылы дүниеден өтті.

ШЫНЫБЕКОВ ЖҰМАХАН



1953 жылы Гребенщик ауылында (қазіргі Ынтымақ) ауылы, Есбол ауданы, Гурьев облысында дүниеге келген.1960-1970 жылдары Гребенщик сегізжылдық, одан соң Елтай ауылында орта мектепті бітірген.1970-1975 жылдары Жамбыл гидромелиорациялық- құрылыс институтында оқиды.1975-1981 жылдары аймақтық бас «Казнипросельхоз» жобалау институтында, Гурьевтегі №11 жобалау шеберханасында инженер, аға инженер, жобаның бас инженері, «Гурьевнефтегаз» геология бірлестігінде өз мамандығы бойынша түрлі жұмыстар істеді.1981-1991 жылдары бас инженер, «Агропромпроект» жобалау институтында бас инженер, 1991-1999 жылдары біріккен қазақ- американ, біріккен қазақ- венгер «Эмбаведьойл» кәсіпорында бас маман, құрылысшы қызметтерін атқарды. 1999-2000 жылдары республикалық мемлекеттік кәсіпорыны «Ақпарат есептеу орталығының Атырау облыстық статистика жөніндегі орталығының директоры болды.2000 жылдан бері «Казгор» жобалау академиясында, содан кейін 2002 жылдардан қазірге дейін «Теңізшевройл» кәсіпорнында, бас маман – құрылысшы қызметін атқарды.Ол бірнеше жобалардың авторы. Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы, Құрылыс министрліктерінің Құрмет грамоталарымен, ХШЖК-інің алтын медалімен марапатталған.

ШЫНЫБАЕВ АЯҒАН



1920 жылы Орал облысының Тайпақ ауданына қарасты 17-ауылда дүниеге келген. Оралдағы педагогикалық училищені бітірген соң 1940 жылы Украинаның Харьков қаласындағы әскери училищеге оқуға жіберілген. Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысады. Зенит артиллериясы бөлімшесінің командирі болды.1946 жылы әскер қатарынан оралған соң Ташкент қаласындағы кәсіподақтар мектебін, содан кейін Мәскеудегі Бүкілодақтық сауда институтын бітіріп, 69 жасқа дейін осы кәсіподақ және сауда саласында жемісті еңбек етті.

А.Үйсінұлы II дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, көптеген медальдармен марапатталған.

2008 жылы дүниеден озды.

ШЫНЫБАЕВ ТӨЛЕГЕН



1923 жылы Гурьев облысында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына қатысып, жауынгерлік борышын абыройлы атқарған. 1947 жылдан бастап мұнай өндірісінде, темір жол саласында түрлі қызметтер атқарды. 1955 жылдан бастап Гурьев облыстық мәдениет, ауыл шаруашылығы қызметкерлі кәсіподағы комитетінде бас есепші қызметін атқарды.

Т.Үйсінұлы I және II дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, жауынгерлік, мерекелік медальдармен марапатталған.

2009 жылы дүние салды.

ШІЛДЕНОВ БАҚТЫГЕРЕЙ



1940 жылы Қосшағыл кентінде туған. Құлсары, Прорва МГӨБ-да электромонтер, цех бастығы, бас энергетик, басқарма бастығының орынбасары, партком хатшысы, «Теңізмұнайгаз» өндірістік бірлестігінде әлеуметтік даму бөлімінің, «Құлсарымұнайгаз» өндіру басқармасында кен орындарын өндірістік жайғастыру бөлімінің бастығы. Көптеген жаңашылдық ұсыныстың авторы болған. Бірнеше медальдардың иегері.

ЫБЫРАЕВ СЕРГЕЙ



1943 жылы Доссор кентінде туған. Мұғалім. Атырау педагогика институтын бітірген. Еңбекке 1958 жылы Доссор кентіндегі аудандық баспаханада баспашы болып араласқан. 1962 жылы Мақат, Қызылқоға аудандық әскери комиссариаттардың қызметкері, 1966 жылы Қызылқоға аудандық баспахана меңгерушісі болған. 1969 жылы Доссордағы кешкі жұмысшы жастар және Ескене орталау мектеп директорының орынбасары, директоры. Ескене, Доссор кенттерінің әкімі. 1999 жылы Доссордағы Абай атындағы орта мектептің мұғалімі.

ЫБЫРАЕВ СҮЙЕУҒАЛИ

1924 жылы Гурьев облысының Қызылқоға ауданындағы Тайсойған алабында дүниеге келген.1939 жылы Гурьев қаласындағы Орджоникидзе мектебінде жетіжылдық білім алып, қалалық жұмысшылар комбинаты жанынан ашылған біржылдық бұрғылаушылар курсына оқуға түседі. Оқуды бітіре салысымен үшайлық тас қалаушы курсында оқуын жалғастырып, қаладағы маңызды құрылыс нысандарын салысады. 1941 жылы сол комбинат жанынан ашылған біржылдық токарлар дайындайтын курста оқып жүргенде, 1942 жылы әскерге шақырылады. Орынбор облысының Тоцкий станциясында үшайлық кіші командирлер курсында оқып, 1036-полктің 8-ротасында бөлімше командирі болып тағайындалады. Ол Оңтүстік-Батыс, Сталинград майдандарында ерлікпен шайқасады. Ауыр жарақат алып, Балашов қаласында емделеді. Украинада, Румынияда, Болгарияда, Югославияда, Венгрияда, Австрияда, Чехословакияда қиян-кескі шайқастарға қатысып, ерліктің ерен үлгісін көрсетеді. III дәрежелі Даңқ орденімен, көптеген жауынгерлік медальдармен марапатталды. С.Баймұқанұлы 1945 жылғы 4 маусымда Мәскеудегі Жеңіс парадына қатысады.1947 жылы әскер қатарынан босағаннан кейін Гурьев облыстық сауда кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1948 жылдан арнайы жолдамамен темір жол милициясына взвод командирі болып, абыройлы қызмет етті. I дәрежелі Отан соғысы орденімен, көптеген мерекелік медальдармен, ішкі істер саласының медальдарымен марапатталды.Ол 34 жыл бір салада қызмет етсеннен соң да ағарту саласында еңбек етті. 1962 жылы орта дәрежелі заң мектебін бітіріп, заңгер атағын алды.

С.Ыбраев 1995 жылы Мәскеуде өткен Жеңіс парадына екінші рет қатысты. Сол жылы оған Атырау қаласының Құрметті азаматы атағы берілді. Астана қаласының 10 жылдық мерейтойы делегаттарының қатарында болды.

2002 жылы қайтыс болды.

ЫБЫРАЙҰЛЫ ОМАР



1932 жылы Шымкент қаласының маңындағы Тассай елді мекенінде туылған. 1950 жылы Шымкент қаласындағы Қ.Сыпатаев атындағы орта мектепті алтын медальмен бітірген. Сол жылы Москва қаласына барып, М.В.Ломоносов атындағы Мемлекеттік университеттің механика-математика факультетіне оқуға түседі.1955 жылы университетті қызыл дипломмен бітіреді де, елге оралып, Шымкент қаласының Қазақ химия-технология институтына оқытушы болып орналасады. 1958 жылы Ленинград қаласындағы инженерлік-құрылыс институтына «Сопротивление материалов» кафедрасының аспиранты болып қабылданады. 1961-1975 жылдар аралығында институтта «Материалдар кедергісі», «Серпімділіктің теориясы» және «Құрылыс механикасы» пәндерінен дәріс береді. 1978-1992 жыл аралығында Оңтүстік Қазақстан облыстық ауылшаруашылық басқармасының жауапты қызметін атқарған.

1768 жылы көкек айында қозғалған қол Үлкен, Кіші өзен бойларын жағалап, Тургун өзеніне шығып, саратан айында қалмақтардың далалықта тұрған әскери топтарын ығыстырып, қазіргі Эльтон станциясы тұрған жердегі қорғанысына (крепосына) тыққан. Олардың қамалы биік дуалмен қоршалаған қорғаны, жақсы қаруланған армиясы және қайнаған майды жоғарыдан тұрып құятын түтіктері бар, тұз ұнтағын шашатын құралы бар қалмақтар баспалдақпен шығып келе жатқан адамды соқыр жасайтын желдеткіші бар мықты бекінісі болған. Бұның бәрі қазақтардың ойламаған жерінен шығып, қанша ерлік көрсетсе де істері нәтиже бермей, бір айдай уақыт тек қантөгіспен боска өткен. Қамалдағыларға беріліңдер деген талап орындалмаған. Қалмақтар қолға түссе, мәңгі - бақи құл болатынын түсінген. Ол күнде тұтқынды босатпай құл жасаған. Екінші жағынан, қорғанддары қалмақты Қоқанның баласы басқарғандықтан үлкен хандықтан – Қоқаннан жәрдем күткен. Бірақ оның әкесінің көмек сұраған өтінішін орыс патшасы аяқсыз қалдырған.

Бұл жерде көп тұрып, аттары арып, су тапшылығынан суды Тургун өзенінен түйемен тасыған. Осындай қиындықтар көрген қазақ әскерлерінің де жағдайы нашарлап, қолбасшылары мен билері кеңеске жиналған. Қырылмай тұрғанда кері қайту керек деген Шығайға тананың биі: «Қолға найза, садақ алып, батыр болып шығып, байы қуған қатындай болып, елге қалай барамыз? Елдің бетін қалай көреміз,жандарың тәтті болса, ел дәулетін неге шаштыңыздар – деп қарсы сөз айтқан. Бұл ру басының сөзі қол бастаған батырлардың намысына қатты тиіп, не болса да көріп алдық. Тәуекел, өлсек шұқырда, тірі болсақ Жаман таудың (осы күнгі Богда тауы) басында кездесейік деп Шығайға көнбеген.

Шығай Бөкей сұлтанның келуін сұрап, құпия түрде өзінің баласын жіберген. Әсет айының орта кезінде Қоқанның Эльтонға жіберген арнайы адамы қазақтардың қолына түскен. Ол үш күн бойы шынын айтпаған. Хан ұлы қатал деген бос сөз болмас. Шығай оны керіп, ағашқа асып қойып, астына от тигізген. Бұл - Шыңғыстың әдісі. Майы күйе бастағанда сайрап кетер. Құйрығынан бастап шоқ бас, -деген. Бұған қалмақ төзе алмай, шынын айтуға келісіп, босатуды сұраған. Бірде ол Қоқанның әдейі тапсырмасымен Каралыяр (қазіргі Астрахань облысындағы Черноя дейтін жер)қорғанысының басшысына келіп, онда тұрған 2000 қолды Хакисордың оңтүстігіндегі Ботогум көліне шығаруды, Азғыр қорғанысында тұрған 2000 қолды (Қоқанның кіші ұлы мен қызы басқарған) Бақтаголь көліне әкеліп, Черноя тобына қосып, Эльтонды қоршап тұрған, шаршай бастаған қазақ әскеріне шабуыл жасауды тапсырғанын айтқан.

Екіншіден Эльтонның қорғанысын салдырған соның өзі болып шыққан. Ол Эльтонға Сулэльтон тұзды сорының ортасынан шыққан бұлақтан тартылған (құбыры сынықтары әлі кездеседі) құбыры бар. Су тек содан келеді, өзінде су жоқ. Судың жиналған қоры 15 күнге жетеді деген. Эльтон қорғанысына да ауыз су сол сор орталығындағы шойыннан жасалған құбармен келеді. Ол құбырдың көп жері бүтін көрінеді. Сорға емделуге түсетін адамадар қара балшыққа дейін сол кездегі құбыр үстіне үйілген топырақпен барамыз дейді. Оның қала қорғанының ішінде қоймасы жоқ деген. Эльтон сорынан тасылған тұз ұнтағы аз. Ерте тасылғандары қатып қалып, кесек тұз тастай бастағаны содан болса керек деген. Сол түнде-ақ олар құбарларды тоқтатып, су мен қара майдың келуін тоқтатқан. Бұл жағдайды түсінген қалмақ қолының басшылары барлау жіберіп, қазақ әскерлерінің Арал соры бетінде жоқ екендігін анықтап, түн жамылып арал сорына өтеді. Сөйтіп Нарын құмын паналап, Азғырдағы бекіністе өтуді ұйғарып, әзірлік жасаған. Әсет айының аяқ кезінде қорғаныстан шыққан, шаршаған қалмақ әскері осы күнгі «Бисен» совхозының жерімен Қараой дейтін жердегі көлге келіп, тынығып, қазақ әскерінің құдалауынан құтылу үшін Аралсор арқылы Нарынға өтіп, Азғырға кетуді ұйғарған. Мақ дейтін жерінен өтетін Тапал дейтін сайдан ертерек әзірлеп алып келген күйген тастан аттылы, жаяу өтетін өткел салған. Бұл өткел біздер ес білгенде де Қалмақ өткелі болып аталып келді. Қазір қазып қараса, тастары әлі бар. Соңынан Шәңгерей, Құлқа байлардың қысқы қоныстан жазғы қонысқа Аралсорға мал айдайтын жаңғызаяқ өткелі болған. Қазірде пайдаланылады. Қазақ қолдары Эльтон қорғанысында қалған азық-түлікті, суды пайдаланып, аз күн тынығып, тойынып кідіріп, дем алып, өздерін тәртіпке келтірген екен. Қалмақтардың қашқаны қазақ қолының жан-жақты рухын көтереді. Олар қалмақтарды біржола жоюға бел байлап, соңына түскен. Қазақтар жерін, суын білгендіктен, су таситын жер қашықтап кеткендіктен, Қараойға (қазіргі «Бисен» совхозының жері) келіп тоқтап, Аралдан шығар жерін тосып бақылау жасаған. Бұл жерде Шығай да болған. Әзірбай мен Айтбай жасаған карта көп жұмыс атқарған. Сордың шығатын жерін, қазіргі Шаңды көлді, (ол күнде барлық қыраттан келген су құйылған), айдын көлді жағалап, тұруды ұйғарған. Қараой көлінен, Қандыкөл деп атаған қазіргі Шаңды көлге келіп орналасқан. Қалмақ әскері қазақ әскерінен жақсы қаруланған. Түгел дерлік сауыттары, алыска ататын садақтары мен атты әскер шабуылына қарсы қорғанатын қоршауы болған. Сондықтан қазақ қолының басшылары адам шығынын болдырмау үшін айла іздеп, кеңес өткізген. Қалмақтардың қысылғанын пайдаланып, алдап, абайсызда қоршауға алып, қырмақ болған. Ол үшін қалмақтарды ашық далаға алдап алып келуге қам жасаған. Қазақ әскерінің ішінде, бұрын яғни бала кезінде қалмақтардың қолына түсіп, көп жыл құлдықта болған, қалмақ тілін жақсы білетін ірі денелі (атын ұмыттым) алаша руынан шыққан батыр болған. «Қалмақта ескі кегім бар еді. Дүние ортақ, тірлікте ажал жетпей қалса, мен де оларды құлаққесті құл жасармын. Жансыз болап мен барайын деген. Сол рудың Сары дейтін биі де басында қалмақтардың қолына түсіп, қалмакша жақсы білетін. Қалмақтан ноғайға қашып келіп ноғайлар Малай деп атап кеткен. Сосын қазақтар Малайсары деп атап кеткен. Қалмақтарды қарсылап, жансыз болып баратынын айтқан. Ол маған қалмақтың құлының керегі жоқ, каны керек. Үстеріне алып келу менің міндетім.

Қанын алып беру - сенің міндетің деген. Бұлар әдейі нұсқау алып, елеусіз Нарыннан өтіп, Аралдағы қалмақ әскерін, Азғырдан шыққан қолға бастап әкеліп қосу үшін келе жатқан байланысшы болып бармақ болған.

Алаша батыры қара бураға, Сары дейтін биі сары атанға мініп, Аралдан өтеді. Сөйтіп бура мінгені кейінірек келе жатқан қалмақтардың жаяу әскеріне қосылады. Осы күнгі Арал сорындағы аралдың тұзынан өткізіп, Алаша руының сайда жатқан қалың қолының үстінен шығарады. Қазақтардың қолынан қалмақтарын жаяу әскері төтеп бере алмай, қатты қырғынға ұшыраған. Ол күндегі соғыс заңында өлгендерін көміп болғанша соғыс тоқталатын болған. Осы күнгі Шаңды көлден 12 км жердегі Ордаға қарай жүргендегі грейдер жолының оң жақ бетіне жақын жердегі Қособаны «Жаяу қалмақ обасы» деп атайтын болған. Біздер ес білген соң аң аулап жүргенде, сол обаларға иттен қашқан түлкілер барып кіріп, оны аламыз деп қазғанда найза сыныктары, балтаның басы, оқ ұшына қадайтын масақ темірлер де шығатын.

Шежіредегі айтқандай, бура мінген батыр қалмақтарды өткізіп жіберіп, өзі қара жолдың панасымен қашып, Аралдан өтіп, осы күнгі Саралжын алашалары деп аталатын (Казталовка ауданының жері) жерге келіп, таяғын шаншып, менің қонысым деп кеткен. Соңынан сол жерге орналасқан алашаларды Қарабура, Қоңыр өрік деп атап кеткен. Малайсары қалмақтың атты әскеріне қосылып, олардың Шаңды көл тұсынан бастап алып келіп, алаша мен шеркештің қолының үстінен шығарған. Бұл жерде шайқас қатты болған. Көптеген өліктер қалдырған қалмақ жағы ығысып, осы күнгі Бөрлі ауылының Темір Масин атындағы совхозының жері үстімен Нарынға кіріп, Азғырдағы қорғанысқа өтуге тырысқан. Малайсары бидің сатқын екенін біліп, қалмақ қолының бастығы түйеге таңып, шөлге ұшып өлсін, түйе үстінде шірісін деп қоя берген. Шөлдеген түйе Шаңды көлдің суына келген жерде бір топ атты тап болып, балға салып емдеп, тірі алып қалған. Ол осы күнгі Ұялы құмы мен Шайтан- оны шағыл құмы арасында келіп қоныстанған. Оның ұрпағын Малай алашасы деп атап кеткен. Ал дұрысында алашаның Малай дейтін руы жоқ сияқты. Осы күнге дейін әзілдескенде, малайларды өлтіріп, түйеге таңсақ, тіріліп келіп, бай болады. Бал берсең, тіпті күшейеді», - деп әзілдейді.

Ең күшті соғыс «Көктөбе қырғыны» деп аталған. Темір Масин совхозының орталығынан 15-20 шақырым жердегі биік дөңесте болған. Бұл жерде қазақтар мен қалмақтардың атты әскерлері кездескен. Беріш, шеркеш, тана руының атты әскерлері қалмақтарды құмда аңдып тұрып, тұтқиылдан шабуыл жасайды. Олар тосын шабуылға төтеп бере алмай, өлгені өліп, қалғандары құмды жара Азғыр қонысына жетуге тырысып шегініп кеткен. Бұл қырғында өлген қалмақтарды бір жерге жинап, оба жасап, қазақтар көмген. Қазақтардан кеткендерге жеке-жеке көр қазып көміп кетіп, ел қонысқа келген соң белгі қойған. Атты әскер кездескенде батырлар арасында жекпе-жек соғысу дәстүрі бар екен. Беріш руының батыры Тайман қылышпен шауып, қалмақ батырын түсірген. Шеркештің сүйініш руының батыры Жанғұл батыр қалмақтың, қарақасқа атты Жанкушита батырымен жекпе-жекке шығып, ауыр темір тоқпақпен басынан соққанда, оның өзі өліп, аты да құлап түскен. Кейіннен Жанғұл Жанкутитаны ұрғанда, оның өзімен бірге атының белін де үзіп жіберді делініп, Жанқұт деп те атайтын болған.

Жанғұттан Рысалы, Рысалыдан Жазағали, Жазағалидан Боранбай туған. Боранбайдың айтуы бойынша соғыс біткесін, сор жағасынан жер алып, көп жылқысын суару үшін үлкен жарма ойды қолымен қазған. Сол кен апан «Жанқұт» деп аталады. (Ақсай сайының Аралсорға құяр тұсында). Жанқұттың қара тоқпағы Рысалыда қалған. Ол да өте күшті адам болған, ол тайларды қозыша аяғынан ұстайтын болған. Сол тоқпақпен бір ұрғанда, желі байлайтын емен қазықтарды жерге кіргізіп жіберетін болған. Тоқпағының қандай екенін білмеймін, соның темір басы Боранбайдың үйінде 1938 жылға дейін болды. Оның бір кісіге көтеріле қоюы қиын да. Ал ол тоқпақты қайда жібергенін Боранбай балалары Ибрайым мен Батырқайыр білу керек.

Көктөбеде болған соғыста хан әскерінің қолбасшысы Қырымкожаны да жекпе-жекке шақырған. Шығайдың барма деген сөзіне қарамай, «қорықты» деген кейінде болатын сөздің намысына шыдамай, қалмақтың Жәдігер деген батырымен сүтпісірім айқасқан. Жәдігерді найзамен шаншып түсіргенімен, өзі де жаралы болған. Көктөбеден кейінгі кезде алаша, тана, байбақты руының қолы сиреп қалып, қалғандары қалмақты қууға бармайтын болған. Жаралы болған Тайман, Еспембет, Қырымкожа батырлар мен Шығай да Шаңдыкөлдің маңына келіп, қалған әскерді, мал-мүлікті жинап, осы жерде қалып қойған. Бұл кезде армияға Бөкейдің өзі де келеді. Өзімен бірге 1500 әскер әкеледі. Қол бастап келе жатқан қалмақтың Боғда батыры қазақтарға қарсы шығады. Шеркештің қолын бұдан әрі Мұхамедияр батыр, беріштің қолын Жабас батыр басқарып, осы күнгі «Бисен» совхозының жері Қайықпайда болған соғыста қалмақтар жеңіліп, көп шығынға ұшыраған. Қалмақтардың өз өліктерін жинауға шамасы келмегендіктен, оларды қазақтар бір жерге жинап, көміп, оба жасап кеткен. Ол қазір Қайықпайдың қара обасы деп аталады. Бұдан кейін шеркештер мен беріштер Нарын құмын жарып өткен қалмақтарды қуалап, Азғыр қорғанысын көп шығынсыз-ақ қолға түсірген. Бірақ қалмақтың Қоқанының қызы мен баласы бастаған топ Азғырдан ерте шығып кетіп, қалмақтың негізгі жеріне жету үшін осы күнгі Гурьев облысының Денгіз ауданы жеріне қарай қашқан. Ол күнде қалмақша Донгоз көлі атанған су маңы. Бірақ Денгізге жеткен жерде қуғыншылар жетіп қырған. Сөйтіп жеңіске жеткен жер, яғни қалмақтардың қанын ішкен жер. «Қан ішкен» деген атақ содан қалған. Ганюшкин орыстардың бұрма сөзі. Қалмақ ханының қызын Мұхамедияр батыр күңдікке алып, қара қасқа атқа мінгестіріп, Жабас батыр ұлын алып, атқа мінгестіріп, құлдыққа салып, құлағын кескен. Ол кездегі жеңгеңдіктің ең жоғарғы мұраты, жауды мұқатқаны қыздың тұлымын, ұлдың құлағын кесіп (ат көтіне), атқа мінгестіріп қайту болған. Бұл жорықтан қайтқанда Жабас батыр жолай қонған жерде қайтыс болған. Оны біреулер қара бүйі шағып өлтірді, біреулер қалмақ ханының баласының тісінің арасында жасырған күшті уы бар екен. Батыр жайғасып ұйықтап жатқанда уды құлағына құйып жіберген. Содан батыр тілге келместен кеткен дейді. Әйтеуір басынан бастап ісіп, ертеңмен өліп жатқанын көрген.

Батырды сол жерге қойған, соңына қазіргі Деңгіз ауданының жерінде ел келгесін жақсы етіп бейіт тұрғызған. Мұхамедияр батыр ел аралап, Дүйсекұмның жағасын жазғы қоныска алған. Сүйіншұлының ұрпақтары сол жерден өсіп өрбіген.

Бөкей сұлтанның өзі бастаған қол Тарғын өзенінің бойынан келген ноғай қолымен бірігіп, қалмақтармен осы күнгі Сайхын мен Орданың арасында кездеседі. Екі жақтың әскері арасында катты соғыс болып, күші басым сұлтанның қолы қалмақтарды жеңген. Қалмақтар бітім сұрап, өлгендерін Аңқүйік дейтін жерде оба жасап көмген. Қалған азғантай тобы Еділден өтіп, өз жеріне кеткен. Қазіргі Эльтон, Сайхын, Үңғысын, Далбын, Шоңай, Басқұншақ, Богдо, Азғыр, Сүйіндік, Хақи-бәрі де қалмакша аттар. Мен соңынан қалмақтарға қанша кездессем де олардан ескіні есіне салмайын деп, не деген сөздер екенін сұрағаным жоқ. Қалмақтармен соғыс сол жылдың сүмбіле айында біткен. Қазіргі Палласовка үстінен өтетін Тургун (ноғайша Тұрғын) өзенінен бастап (солтүстігі), Каспий жағасына дейін (оңтүстігі), шығыста Жайық өзеніне, батыста Еділ өзеніне дейінгі жер босаған. Бұл жерге қоныстануға енді патша да рұқсат еткен. Түріктің сол кездегі сұлтаны да қалмақтардан енді қазақтарға, жалпы мұсылманға ұрынбайтын келісім жасап, атын алған. Бұл жағдай Бөкей сұлтанның қоныс аударуына мүмкіндік берген. Екінші жағынан, патша баласы Бөкей сұлтанның қоныс аударғанын, Жайық бойын жайлаған қазақтардың сиреуін Жайық казақтары атаманының еркіне салған. Нұралы ханның балалары да мұны қуанышпен қарсы алып, зор қауіптен құтылған. Жерді босатып алған соң Бөкей, ең алдымен, Әзірбай мен Айтбайды алдырып, сұлтандықтың орналасатын жерін қарастыруын сұраған. Әзірбай мен Айтбай жасырын келіп паналап жүргенде, құмның жағасындағы үлкен мөлдір көлге тап болған. Құстардың балапан өргізіп жатқан кезі екен.Осы жер түбі хан ордасына лайық деп, белгілі бір жерге шыныдан жасаған қышқа «Орда» деп жазып көміп кеткен екен. Бұл жердің ауа райы қолайлы, бір шеті жазық дала, келесі беті ну орман болған. Сұлтанның өзінің тұқымына аламын деген жерінің барлық жағдайына сай келген. Сондықтан хан балалары осы жерді батырлар мен билер кеңесіне ұсынған. Бәрі де бұл келісімді уәдемен аяқтаған. Осы кеңесте қай ру қандай жерді мекендейтіні шешілген. Жер бөлуде негізге алынғаны қай ру қай жерді босатса, сол жер соған тиісті болған. Байбақты руынан соғыста адам шығыны аз болған, босатқан жерлері де шұрайлы, құнарлы болмаған. Бірақ байбақтының билері, оның ішінде Әлтеке би хан тұқымына, әсіресе Бөкейдің өзіне жақын тұрған. «Байбақтылар қоныста найзадан да өткір тілмен алды», - дейтін әзіл содан қалған дейді. Оларға Қамыс, Самар көлі, Нарынның шығыс бетіндегі Айғырқұм, Баршақұм, Жиделі, т.б. жайлы қоныстар тиген. Оған жалғас беріштер Бөкетай, Бесқасқа, Үштаған құмдары мен сол құмдардың оңтүстігіндегі қазіргі Батырбек, Айғыр, Сүйіндік жерлеріндегі Жабас батырдың аты жеткен жерге орналасқан. Берішпен көрші тана руы Ұялы құмының шетінен бастап Дүйсекұмға дейінгі жерді алған. Алашалар өздері босатып алған Аралсордан бастап Теректі құмы мен Көмбелі құмының арасын алған. Шеркештер Ащыөзектен (қазіргі Жәнібек тоғаны) бастап Аралсордың жартысына, батысында Далақопаға дейін, оңтүстігінде Дүйсекұмына дейін орналасқан. Өзіне жәрдем еткені үшін Эльтон мен Тұрғын өзенінің аралығын, Жасқұс пен Дүйсекұмның арасындағы біркатар жерлердің жақсысын ноғайларға қалдырған. Ол қазақтың ірі руларының өз қонысынан қашық тұрғанын мақсат етіп, орталықтарына ноғайларды, өзіне жақын көрген жаппас руларын орналастырған. Жаппас пен ноғайдың жері аралас болған. Хан тұқымының негізгі аталарына төре мен қожаларға Ордадан бастап, батыста Еділ бойына дейін, түстікте Ақсарай станциясы мен Қарабайлы, Ақтоба, шығыста Богдо тауы мен Хаки Ашағалылы сорына дейінгі барлық шұрайлы жерді қалдырған. Одан қалған үлкен кең жайылым, жүздеген көлді шабындықтар, ол күнде күнелтіске өте қажет тұзы көп Басқұншақ, Эльтон көлдерін өздеріне қалдырған. Сөйтіп әркім өз жерін анықтап, Айтбай жасаған картаны алған соң, қоныстану ісіне қам жасаған. Келетін жері жақын және қонысы ыңғайлы болғандықтан ең әуелі мизам айында байбақтының 5000 шаңырағы көшіп келіп қоныстанған. Кімнің қай жерге қоныстанатынын ру басшылары шешкен. Беріштер мен таналар Жайық өзені қатқасын «еркек қос» болып, көп жылқымен қыстаған. Қалған рулар мен сұлтандар малға, адамға жайлы екенін, күнелтуге болатынын көрген соң келесі жылы ерте қозғалған. Сөйтіп 1770-72 жылдары Бөкей сұлтанның қарауына 9500 шаңырақ байбақты, 6300 шаңырақ беріш, 5800 шаңырақ шеркеш, 5500 шаңырақ алаша, 2000 шаңырақ тана, 500 шаңырақ жаппас, 800 шаңырақ төленгіт, ханның қожалары мен төрелері келіп, Нарынды жан-жағынан малмен толтырған. Көшіп барған малшыларға қалмақтан түскен малдан беріп, ру басылары жарлыларды малдандырып, бауларына көмектесіп, елдің шаруасының тез көтерілуіне жәрдемдескен. Қалмақтарды ойсырата жеңіп, үлкен кеңістікті жерді босатып алуы Бөкейдің беделін көтерген. Ру басылары жиналып, оны ақ киізге орап көтеріп, хан деп жариялаған. Бұл жерде байбақты, шеркеш руларының билері мен батырларының зор ықпалы тиген. Бұл жағдайды күтіп жүрген Павел II патша 1801 жылы арнайы Указымен Ішкі Орданың жерінің картасын беріп, мемлекет ретінде танитынын білдірген. Бөкей Ордасы болып құрылған хандықтың шаруа жағдайына сол кездегі мал өсірудің болашағы зор болған. Сондықтан да әр рудан және хан тұқымынан көптеген ірі байлар қаулап шыққан. Малтаханның әкесі Жиенбет би де бұл жорықта бастан-аяқ бірге болған. Ол өз кезінің өте сауатты адамы, көпті білетін, көп затқа өз бағасын бере білетін жазбалы көп нәрсе қалдырған, көп жасаған. Көшіп келгенде, өзінің әкесі Саркожа би 100 жаска тақай қалған адам болса да бірге келіп, әкесі мен екеуі де өздері алданған жерде (бейіті осы күнгі «Бисен» совхозының 4-фермасының жерінде. Ол «Жиенбет бейіті» деп аталады) қайтыс болған. Жиекемнің айтуы бойынша деп, Малтахан көп нәрсені жазғанда, соған сүйеніш жасайды. Жайықтың шығыс бетінде отырғанда-ақ хан-сұлтандар байбақты руын өзіне жақын тартып, олар үшін әдейі жағдай туғызған. Көптеген хан қасындағы билер қоныстанған күнде де байбақты руынан қалмақтарға қарсы соғысқа қатысып, жерді алуда оларда аса көп қол болмаған. Бірақ жер бөлісінде хан оларға нағыз шұрайлы жерді, осы күнгі сансыз сулы Қамыс Самарды, Сарыкөл мен Факейді, Кіші өзен бойын қалдырып, олардың 10

мыңдаған шаңырақпен шұғыл келіп орналасуына жағдай жасаған. Жиенбеттің айтуынша, «басқа рулар жерді найзаның күшімен алса, байбақтылар дәмді жерді тілінің ұшымен алды, бұл жерде сұлтан туралылықтан тайды», - дейді. Соңынан хан жерді бөліп болып, руларды орналастырып болғаннан кейін өзінің маңындағылардың ұсынысы бойынша, жігіттері батыр, берілген адамына ақтық өміріне дейін адал, екіжүзділікті білмейтін, бұрыннан құдандастылығы бар адай руының 100 шаңырағын көшіріп алып, Орда мен Сайхын аралығына Шығай сұлтанның жеріне орналастырған. Бұлай етуі олардың қашанда хан жағында болатын бір тірегі болуында. Кейіннен Шығайдың баласы атақты домбырашы, өнерпаз Дәулеткерейдің өтініші бойынша 150 үй қызылқұрттар көшіріліп алынған. Олар шетінен әнші, ақын, домбырашы болған. Бұл өнерлері Дәулеткерейді қатты қызықтырып, беріш пен байбақтының арасына орналастырған. Ханның өзіне жақын тұратын төленгіттері де бұл жерге рұқсат ала алмай, Үялыда /осы күнгі «Искраның» жері/ қалып қойған. Бөкей төленгіттерін өз маңына жақын ұстауға сенбей, беріш пен алашаның аралығында қалдырған дейді. Бөкейдің онысы да дұрыс еді. Сенбейтін адамың саған тура ұмтылғанда, жұтқыншағыңа қолы жетпейтін болсын. Бұны бәрің де есте ұстаңдар. /М.Н./

Ал беріш пен алашалар өздерінің соғысып, жаулап алған жерлерін алса да, байбақтыға, шеркешке, ханның өз тұқымы мен ноғайларға тиген жақсы жерлерін көргеннен кейін үнемі хан тұқымына наразылық туғызған.

Жиенбет би Нарынды алуда хан балаларының істеріне баға бергенде: «Бәрін әзірлеген Әзірбай мен Айтбай. Олардың оқығанын пайдаланып, Бөкей мен Шығай әзір аска тік қасық болып, ханның ақ қалпағына ие болды ғой», - дейді.

Атасы Сарқожа, әкесі Жиенбет сияқты Малтахан да көп өмір сүріп, Бөкейдің хандық құруынан бастап, Жәңгірдің құрғанына дейінгі Бөкей Ордасының қарамағындағы көптеген дау-тартыс, ру араларында болған қақтығысты түгел жазған. Ол Бөкей Ордасының тек өзіндегі емес, қазақ даласындағы сол кездегі билік жүргізген кейбір адамдар жайлы да жазады. Мысалы, Ш.Уәлихановты хан баласы ақсүйек, қазақты ат патшаға сатқан сатқын ғой. Ақмешітте қазақтарды алдап, казак-орыстарға қырғызғаны оны көрінде өкіртер дейді.

Малтахан Әзірбай мен Айтбайды, Бөкей мен Шығайды өте ақылды адамдар етіп көрсетеді. Олар сәтсіздікке ұшырап, хандықтан айырылса да, олардың ұрпағы ғылымнан айырылмайды, дүниеге әлі де өздерін, ұрпағын танытар деген. Бидің бұл болжамы орынды болды. Хан тұқымынан деп құдалап жүргеннің өзінде совет заманында Әзірбаев, Бөкейханов, Шығаевтардан бірнеше оқымысты ғалымдар шықты. Мәдениет ғылымының докторы Қазихан Бөкейханов, аты дүние жүзіне белгілі адвокат Қабдіхадыр Әзірбаев пен советтік академик, белгілі химик Ирдан ӘзірбаевтарМалтахан бидің көрегендігің куәсі.

Малтахан бидің шежіресінің екінші бөлімі

Бұл бөлімде Малтахан би Исатай бастаған шаруалар көтерілісінің қайдан, қалай басталғанын, оның бөкейліктерге және Кіші жүздің қазақтарына қандай әсерін тигізгенін жазады.

Исатай қалмақтарға қарсы қол бастап келген Ағатай батырдың неменгайы. Бекетай батырдың /осы күнгі Бекетай құмын қоныстанған, қазір солай аталады/ немересі. Тайманның баласы жасынан батыл, өжет, ірі тұлғалы, ерке мінезді болып еркін өскен. Бертін келе жасы 40-тан асқан соң ел билігіне араласып, старшина дейтін атақпен беріш руының бір бөлігін басқарған. Жиі-жиі байбақты, шеркеш руларымен затқа таласып, ел ызалығын туғызып отырған. Кейде бұл рулардың арасында қақтығыстар да болған. Оны қоршаған билер әуелде жер бөлуде Бөкейдің, одан кейін Жәңгірдің, оның маңындағылардың сәтсіздіктерін айтып, қақтығысқа итермелеп отырған.Оған хандықты күшпен алып, Жәңгірді тақтан тайғызып, ескі кегін қайтаруды ұсынған. Бұл әңгімелер Исатайды қатты дәмелендірген. Ханмен қақтығысуға барғанда, өзінің қарауындағы елдің мүмкіндігін есептей білмеген. Беріш, алаша руларының бір топ билері мен батырларына қиянат еткен. Басқа рудың басшыларының қой деген ұсыныстарын құлағына ілмеген. Мен бас болып қозғалсам, барлық қазақ рулары лажсыз қолдайды деген ойда болған. Ханның қолында күш бар екенін, оның түрік сұлтанының жиені болғанын, орыс патшасының оң қолы екенін ескере білмеген.

«Сен қанша батыр болып, ерлік көрсетсең де ,патша мен түрік сұлтаны өзінің нәсілі, ханды шауып алуға жібермейді. Шапқының сәтті болып, ханды өлтірсең де, өшін халықтан алады, қанымызды судай шашады. Нақақ елді қырғызасың», - деген шеркеш пен тананың билеріне: «Қорықсаңдар, әйелдеріңнің қасында тығылып отырыңдар. Ханнан кейінгі кезек сендердікі»,- деп күш көрсетіп, бұл руларды өзіне қарсы қойған. Ал байбақтылар Исатайдан құтылу үшін оны ханға қарсы итермелей түскен. Байбақты шеркеш руларының ханды жақтауы, ханның төбе биі байбақтының, төбе би шеркештен болған. Жәңгірдің екінші әйелі шеркештің Қосым биінің немересі болған. Исатай бул руларға ханды жақтайсың деп өшпенділікпен қараған. Исатайдың хан ордасына барып, ханды «анаңды» деп боқтап ұрынуы, ол үшін 60 атан айып тартуы елдің сорына шыққан жағдай болған. Өздері шақ жүрген беріш руы бұны намыс көріп, қашаннан өш алуды, ханды шауып алуды ұйғарған. Бұны алаша руының бір тобы қолдап, әзірлікке кіріскен. Жігіт, найза, ат, садақ,т.б. қарулар жасап, әзірлік жүргізген. Қанша қаруландық десе де қол орактан жасаған қылыш, қолдан жасаған найза, мыстан жасаған садақ оқтары бәріне бірдей жеткіліксіз болып, көбі жиде шоқпар, емен сойылмен қаруланған.

Исатай ұрсысып, тілі үшін айып тарқанымен, Жәңгірхан халықты өзіне қарсы көтеріледі деп санамаған. Қарауындағы билерді жіберіп, бұзықтық әрекет жасамасын деп келісімге шақырған. Бірақ Исатай келісім бермеген. Өте ақылды әйел Фатима ханым бұл жағдайды білгеннен кейін, астыртын Уфаға хабарлап, патшаға, Орынбордың генерал губернаторына ескертіп, алдын-ала әзірлік жасап, қазақтарға сенудің керегі жоғын Жәңгірге ескерткен. Көтеріліс жасаған Исатай қолының келе жатқанын естіп, хан мен ханым хан әскерінің қолбасшысы

Қарауылкожаны шақырғанда ол өзінің қарсы тұрарлық күші жоқ екенін, қарауындағы 500 жалдамалы татарлар мен әр рудан жасақталған 1000 адаммен Исатайға қарсы тұра алмайтынын айтып сақтық көрсеткен. Хан ордасынан 20 шақырым жердегі Қандығаш дейтін жерде болған шайқаста хан әскері жеңіліп, қарақғылықты пайдаланып, бір топ татарымен Қарауыл кожа хан ордасына қашып келген. Қазақтардан құрастырылған әскері тарап-тарап қашып кеткен. Бұл бірінші болған жеңіс көтерілісшілерді көңілдендіріп, келесі күні Исатай бастаған қалың қол хан ордасының түбіне келіп, атқа ыңғайлы болады деген сылтаумен салқын түсуін күтіп, Ордадан 5 шақырым жерге келіп тыныққан. Бұл жағдайды жансыздары арқылы хан да жақсы білген. Қашуға даярланған бір топ сенімді адамын алып, түн жамылып өзінің досы, тәрбиешісі Астрахань губернаторының қарауына кетпек болған. Түс ауа Ахон мешітінің мұнарасына шығып, дүрбімен қарап, әскердің жинақталып жатқанын, кешікпей шабуылға шығатынын көріп, қашуды ұйғарып, 6 қара атты жеккізеді. Үйге кірсе, Фатима ханымның ешқандай әзірлігі жоқ отырғанын көреді. «Бұл не отырыс?» - деп сұраса: «Мен қашуға емес, елдің ерлерін қарсыласуға әзірленіп отырмын. Хан ием қашып қайда барасың? Сенің қара атың жеткен жерге Исатайдың ақтабан аты жетпей ме. Ақылға кел, айтқанды тыңда. Менің сынымда Исатай өркөкірек, әріні болжамайтын, аңғал батыр. Оның үстіне дүниекор, қызақай әйел мен дүниеге көрсекызар адам. Бұны пайдаланбай, генерал шенді ханның жалтылдап шыға қашам деуі ханға лайық емес. Сенің төменге тастаған тасың өрге өздігінен өрмелеп шығып, бағың жанып тұр. Ал Исатайға ерген қара халықта ондай бақыт жоқ. Ханға, сұлтанға, патшаға қарсы қара таяққа сүйеніп келіп тұр. Исатайдың басына біткен қырсығын пайдалана біл. Ол сырттанды сыртынан сипап, басын кескеніңді білдірмей таста. Оған әзірлік жасадым», - депті. «Төбе биің мен төре биің алтын-күміс ер тұрманы бар қара қасқа тұлпарды жетектесін. Қасына тілі жүйрік 2 биді алсын. Балдызың Барша сұлу қасына 12 көркем сұлуды қолынан жетектестіріп, ортасында тұрып, менің нағашым сыйлаған неше түрлі гауһар тастар қанатына өрілген тотықұсты қолына қондырып, көтеріп барсын. Исатай мұндай сыйды қошуақ көңілмен алады. Ол бұрын мұндай құрмет көрген адам емес. Сол атты, тотыны, ханымның сіңлісі Барша сұлуды көргенде, Исатай естен айырылады. Ана төбе биің мен төре биің Исатайдың үзеңгісіне жабысып, ханды біздің басымызды шауып, сосын барып шап деп еңіресін. Хан сенің алдыңда басын иді. Астындағы атын, ханымның енші тотысын, балдызы Барша сұлуды сыйға тартып, кешірім сұрайды. Саған тартқызған айыбын 200 атан, 500 ат етіп қайырады. Хан мен ханым қонақ етуге, барлық жігіттеріңе ат мінгізіп, шапан жабуға әзір отыр десін», - деп ханды қашпауға көндірген. Кешікпей барлық әзірлікпен Исатайды қарсылауға шыққан. Бұлар жеткенше ілкі жіберген адамдары барып, елші келе жатқанын хабарлаған. Исатай атына мініп, елшілерді күтіп тұрған. Оларды күтпей, ханды шабуға ат қояйық деген Махамбетті, өзінен кейінгі рудың қолбасшылары Бессары мен Қалдыбай батырларды тыңдамаған. «Асыққан-шайтанның ісі» - деген сөзді қайталай берген. Исатайға жеткен бойда Балқы мен Бекпенбет билер еңіреп, атының шылбырына жармасып, аяғына оралып, «Тума едік, ханды шапсаң, бізді басымызды қанжығаңа байлап бар», - деп, арасында ханның шешімін айтып өкіре берген. Исатай қара атқа бір, тотыға бір, Барша сұлуға бір қарап, қылышын қынабына сала бергенде, билерге көмекші болып барған атақты Тұрманбет бидің баласы Бекпенбет би Исатайға. «Ей, екі аяқты хайуан, қимылдар жерің бүгін-ді, бүгіннен қалса қиын-ды», - деп, ханның алдап отырғанын ескерткен. Бірақ бұл сөзді Исатай аңғармаған, ал Бекпенбет би ханның қазір алдап, бітімге келіп отырғанын, соңынан халықтың қанын судай төгетінін жақсы білген.

Өкінішке орай, Исатай батыр қылышты қынабына тығып: «Екі ағамның өлімтігінен аттап, хан шауып, атақ алмай-ақ қояйын»-, деп, ақтабан аттан атылып түскен. Сол-ақ мұң екен, қара арғымақ астында, тоты құсы қолында, Барша сұлу қолтығында болған Балқы би жылап тұрып, Исатайдың қолын сүйіп, ханның жазған хатын оқып берген. Әскер басы Исатай болғандықтан Махамбеттің басқа да ру басы билер, батырлардың дегені болмай, ханмен бітім жасап, той тойлап, ханға айып тарқызып, беріштер мен алашалар ауылдарына қайтқан.

Жәңгір кешікпей-ақ Исатайдың бұзақылық ісін патшаға, Орынбордың генерал-губернаторына, Оралдағы атаманға хабарлап, жедел жәрдем етуге көп армия сұраған. Бұл өтінішті генерал-губернатор мен казақтардың Оралдағы атаманы зор қуанышпен қарсы алған. Өйткені Кіші, Үлкен өзен бойлары мен Қамыс Самар көлдері жерінің шұрайлылығы, малы мен балығының көптігі казақтардың атамандарын қызықтырып, бұл жерлерді басып алудың, қазақтардың малын тартып алудың жолдарын ойлап, қалай ұрынарға сылтау таба алмай жүрген-ді. Олар 1804, 1815, 1827 жылдары табын, тама, байбақты руларының ыдыраңқы жүргізген көтерілістерін бетке ұстап, 1813 жылы өзінің басқару кеңістігін Үлкен өзеннен Кіші өзенге жеткізіп, Оралдың шекарасына жақын тұрған болатын. Бөкей Орадасында 1818 жылы болған алаша руының азғантай көтерілісі казак атаманы мен ханның ауыз жаласуына әкеліп соққанды. Исатайдың бұзақылығы туралы хабар келісімен-ақ генерал-губернатор көтерілісті басуға әдейі әзірленген, бірнеше зеңбіректері бар 15000 атты казақтарды басқартып, полковник Гекке дейтінді жіберген. Бұл кезде Исатайдың жиған армиясы тарап та болған. Жазалаушылардың келе жатқанын естіп, қайта жинақталған. Бірақ оның ілкі жинаған адамдарды түгел жиналмаған. Патша армиясынан саны кем, қаруы нашар болса да, Қисыққамыс көліне келіп жеткен. Геккенің алдыңғы тобын көтерілісшілер ойсырата жеңген. Бірақ тұтқиылдан болған шабуылдың жеңісі көп ұзамаған. Полковник Гекке өзінің бірінші шайқаста жеңіліп, көп адамынан айырылғанына намыстанып, келесі кездесуде тек зеңбірек пен алыстан ататын винтовканы қолдануды ұйғарып, шегініп кеткен болып, арнайы әзірлік жасаған. Оның бұл әдісін қазақ қолының басшылары түсінбей, атаман қашты деп, оларды қуа берген. Жайықтан өткізіп салып қайтамыз деген сол соңына түсуден, осы күнгі Чапаев пен Калмыковоның арасында Геккенің күтіп жатып, әдейі әзірлеген торына түсіп, қатты қырғынға, жеңіліске ұшыраған. Зеңбіректің добы келіп жарылғанда, далада өскен қазақтардың аттары шұрқырап, шыңғырып, даладан далаға қашып, үстіндегі жігіттер садақты қанша

тартса да қару болып, іске аспаған. Қылыштасып, найза шаншатын жерге келтірмеген. Сөйтіп, «Ханның ұлы қара жыланды қайырылса жаманды, қайырылдырмай шабам деп, көк бедеуді шаншылтып, шабамын ол тұрды /Махамбетті айтады/. Шабуға рұқсат бермедім, қисық біткен емендей, қисайып өскен бақыты қайтқан мен сорлы» - деп Исатай батырға бармағын тістеп өткен жер. Былай барсаң қалмақ бар, барыңды соған қармап қал. Былай барсаң Қоқан бар, қақан салсаң қоқандар. Ақ найзасын әзірлеп қарсы алдында шұршіт тұр. Айбалтасын көтеріп көк желкеңде көпір тұр, қапы қалма, қазағым» - деген ата-бабаның ескертпесі сонда ғана есіне түскен. Сары далада көптеген ат пен адамының өлімтігін қалдырып, Исатай тобы Нарынға шегінген. Қуып келген қазақтарға қарсы жинаған 2 топ та жөнді қарсылық көрсете алмаған. Патшаның қазақтары әр руды жаңғыздап соғып, Нарынға кіргеннен кейін, малын талап, халқын тонап, елдің қанын судай төккен. Еділді алды, елді алды, Еділді алды, жерді алды. Жайықты алды, енді алмаған нең қалды деп халық зар жылап боса берген.

Шежіреші Малтахан да, тарихшы Н.Д.Шишкин де Нарындағы халықтың қырылудан аман қалуы олардың әр жерде, қалың өткел бермейтін құмдары мен жүк артуға күндіз түні кез-келген жерден жүріп өтетін түйесі мен шұқып қалса су шығатын жер астының байлығы деп жазады. Қалың құмға кіргеннен кейін қолдарында жердің дұрыс картасы да жоқ қазақтар, құмда жүріп үйренбеген жирен аттары арып, көптеген жерде өлімге, қазаға ұшыраған. Бірақ ханның жіберген жол көрсетушілері арқылы жөн тауып, күзгі салқынды, суы ми мол жерлерді пайдаланып, қырылудан аман кеткен. Жерлесіміз шеркеш руының азаматы, академик Зимановтың (оның атакөнісы осы күнгі Деңгіз ауданының «Сүйіндік» совхозының жерінде) «Патшалық Россия мен Бөкей ордасы» деген тарихи кітабында: 1825 жылдары Бөкейге қарайтын жерде 525 мың жылқы, 185 мың түйе, 1,5 миллион қой, 82 мың сиыр малы болған дейді. Осы малдың, әсіресе жылқы мен сиырдың басым көпшілігін қазақтар өздері кеткен жерлерден тонап, айдап кеткен. Көтеріліске қатысқан ру басшыларын соғыс трибуналының сотымен соттап Сібірдегі крепостарды салуға жер аударған. Қатардағы шаруаларға 500-ден 2000-ға қамшыға дейін дүре салған. /Н.Д.Шишкин 8- бет/ Сөйтіп қарап отырған қазаққа Исатайдай бір сырттанның қанша әлегі тиген. Патшаның казак-орыстарының атамандарын төгілген қара халықтың қаны мерейін үстем етіп, Калмыковода /қазіргі Тайпақ/, Новоказанкада /қазіргі «Жаңақала» совхозының орталығы/ басқару орталықтарын жасап, Индер бойындағы шаруа қазақтар мен Бөкей ордасының халқын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап, балық аулайтын, құрылыс салатын шаруа кедей орыстарды, сауда ететін татарларды апарып, жер, суды мекендеп қоныс тепкен.

Жәңгір хан көтерілісті басқанымен халық наразылығынан құтыла алмаған. Әсіресе беріш руының азаматтары «қанға-қан» деп Жәңгірдің қанын ішуді ұйғарған. Жәңгір патша генералы таза киініп, қырынып жүруді жақсы көрген екен. Оның жас күнінен өзіне, барлық семьясына ұнаған шаштаразы беріш руының жуас мінезді, жағымпаз қарты болған. Одан басқаға шашын алуға рұқсат етпеген. Исатай өлгеннен кейін де ол карт ештеңе ойламаған. Бірде жасырын беріштің екі азаматы келіп: «Ей, сен қансыз құл, елдің екі арысын, рудың басын Жәңгір өлтірді. Сен оның арқасын сипап, шашын алып, артын сүртіп жүрсің. Намыссыз туған шұнақ құл», - деп томырық адамды сөккен. Оның қатты ашуы келіп: «Сонда мен не істеуім керек?» - деп ұшып тұра келген. «Айтқанды істе. Жәңгірдің басын кес, қазір сенің басың Жәңгір мен Исатайдан элде қымбат, қай күні шашын аласың, қай мезгілде», - деп сұраған. Әдетте Жәңгір кіші жұма, бейсенбі күні қыранады екен. Ертеңгі тамағын қырынып, жуынып барып, тамақ ішетін дәстүрі болған. «Онда ұстараңды мықтап қайра да, Жәңгірдің басын көк желкесінен бастап кесіп, басын қолтықтап шық, біз екі атты алып келіп, бақтың ішінде тұрамыз да, сенен алып кетіп, сені қайта қолға түспейтін жасаймыз», - деген. Оған бұл карт келісіп айтылған күні Жәңгірді желкесінен бауыздап өлтіріп, қашып шыққан. Бірақ басты әкете алмаған. Жәңгір өзін аска шақыруға ханымға да, қарауындағы күтушілерге де рұқсат етпеген. Сондықтан да өлген кезде көп жатып қалған. Түске таман Фатима ханым барса, өліп жатқанын көрген.

Бірақ ол кездегі дәстүр мен Шыңғыстан қалған заң бойынша басы кесіліп өлген ханның ұрпағы, оның балалары мен немере-шөберелерінің хан тағын жалғастыруға хақы болмаған. Сол себептен де жап-жас генералды жүрегінің ескі ауруынан өлді деп, әдейі өздері Қарауылқожа бастаған топ болып, ханның жазғы қонысында, қазіргі Палласовка ауданының Чапаев колхозының жеріндегі бақта жерлеп, қыста сол топ Орда қасындағы қауымға әкеліп жерлеген. Ханның өз балаларынан басқалары аруланыуына қатыстырылмаған. Оның маңындағы басқа адамдар тек намазына қатысып, топырақ салған.

Біздің құрметті жерлесіміз марқұм Берқайыр Аманшин ханды неміс шаштаразы улап өлтірген дейді. Бұл шындықтан әлдеқайда қашық, ол кезде ханға шаштараз болу емес, немістердің Бөкейлікке ізі де түспеген, түкірігі ем етуге табылмаған. Жәңгірдің өлімінің қасында болған ешкім де жоқ, бірақ Малтаханның, Ығылман Шорековтің, Ғұмар Зариповтың айтуынша, Жәңгірдің өлімі кісі қолынан болғаны расқа келеді. Оның ол кезде шындығының айтылмауы, біріншіден, хан нәсілін сақтау болса, екіншіден, Жәңгір дүние жүзіне белгілі адам болған. Ол орыстар мен түріктердің соғысында соғысты бітіруге, бітімге келуге келістірген және ара кісі болуға келіскен.

Түрік сұлтанының Жәңгірге тоқтауы, ол Фатима ханымның түп нағашысы, ал Жәңгір күйеу баласы болған. Ал орыс патшасы да бұл жағдайды Жәңгір хандығының өзі қол астында екенін қатерлеген.Яғни ескерген Жәңгір бұлардан егер қалмақтар соғыс ашса, одан бұл екеуінің қорғайтынына кепілдік алған. Сұлтанды орыс патшасының күшейіп келе жатқанын, егер қазір Батуми, Байазат, Сочи т.б. Қара теңіз жағасындағы қалаларды қайырмаса, түбі Анкара мен Стамбулдан айырылатынын ескерткен. Орыстарға Болгарияның біраз жерін қалдырған. Жәңгір жан-жақты білгір, өз заманының алдыңғы адамдарының бірі болған. Ол тірі кезде қалмақтың қоқаны, орыстың патшасы, татар хандары сияқты азулы көршілерінің де батылы барып, қақтыға алмаған. Ал Жәңгірдің қалың құм, сар далада салдырған қалалары мен сауда, оқу орындары,

Еділ мен Жайық арасында қоныстанып, толтырған малы - оның ең ірі тұлғалардың бірі екенінің куәсі.

Ең басында айтылғандай бұл әңгімелер мен жағдайлар Малтаханның жазған шежіресін екі күн қатар отырып, Жұмалиев Боранбай деген 80-ге таяп қалған қарияға оқытқанда ойда қалғаны. Оған да 35 жылдай уақыт өтіп, көпшілігі ұмытылған. Шежіреде жазылған жер аттарының көпшілігі сол кездегі немесе қалмақ тілінде аталады. Бұл қай жер деп сұрағанда, осы кезде былай деп аталады деп ойда қалғаны. Шежірені алып кетуге бермеді, сол жерде отырып көшіріп алуға уақыт болмады. Бізде магнитофон немесе суретпен түсіріп алатын ол кезде құрал болмады.

Тайыр Жароков қайта келіп, әр бетін көшіріп алатын құрал алып келмек болған. Оған әуелі уақыты мен құнты, соңынан өмірі мен саулығы жетпей арманда кетті. Боранбай қайтқанда мен де басқа ауданға жұмысқа ауысып кеттім. Балалардың айтуы бойынша, басқа жердегі бір тумасы екі кітапты да алған сияқты, ол адам қайтыс болған. Бұл жазғандарды оқыған адам осы екі кітапты әкеліп, Орданың немесе Оралдың музейіне тапсырса, қалған ұрпақтың өткенді біліп, есте сақтауына баға жетпес үлес қосқан болар еді.

Жоғарыда Еділ мен Жайық өзендерінің аралығына, Нарын өңіріне халық қалай орналасып, қай рудың қай жерді мекендегенін әңгіме еттік. Енді бұл рулардың негізгі қайтадан қалай пайда болғанына аздап әр жерден оқып, естіген әңгімелерден есте қалғандарын жазып көрейік. Қатерге, еске салатын нәрсе -өзім тек қана осы Нарында туып-өскен, өмір сүрген қатардағы көп адамның бірімін. Тарихты тексеріп, білім қуған ғалым да емеспін. Рулардың түбін ажыратып, анығына жеткен шежіреші де емеспін. Менің жазып отырғаным әртүрлі журналдар мен газеттерден оқыған үзінділер мен ел аузынан естігендерден есте қалған нәрселер. Қазақтың қайдан шыққаны жайлы «Орал өңірі» газетінде шыққан мақалалардан алынған азғантай мәлімет.

Кіші жүздің рулары жайлы, қазақ және Орта Азия халықтарының тегі мен ру шежіресі жайлы азамат Қыдырқожа Аманкелдиевтің құрастырған «Білім және еңбек» журналының №6-7 сандарында /Алматы. 1969 жыл/ басылып шыққан мәліметтер.

Жайық өзенінің жағасында болған тарихи жағдайлар осы өңірді мықты зерттеген ғалымдар Шишкин мен Хамит Чуриннің, академик Зимановтың «Патшалық Россия мен Бөкейдің Хан ордасы» деген кітабынан алынды /бәрі де Орда ауданынан/. Менің жазып отырғаным өзім ізденіп, сұрастырған аз да болса мәліметтер, /қариялардың аузынан естіген/. Байұлының үлкені шеркеш руының аз ғана тарихы мен оның бір атасы үлкен ұлының ұрпағы Жауғашты атасынан өрбігендер жайлы. Бұл рудың басқа аталары жайлы менде мәлімет те, естіп-білген жинақ та жоқ. Бұл жғдайды басқа аталардың ұлдары ескеріп, кешірер, ұрыспас, өздері ізденер. Менің бұл жазғандарым оларға да үлгі болып ой салар.

Менің алдыма қойған міндетім Шеркеш руының Жауғашты атасының 5 баласының, соның ішінде Андағұл атасынан өрбіген ұрпақтың кімдер екенін жазу. Оның да көпшілік жері жеткіліксіз. Сұрағанда өз тумаларын білмегендер де көп. Ол үшін мені кінәлап, аналарды, бізді тастап кетті, анау қалды, мынау олай деп сөкпес те, ренжімес те.

Менің негізгі қойған мақсатым - өз ұрпағыма оның жеті атасына дейін таныстыру. Сонымен негізгі әңгіме көшсек, Нарынға қоныстанған рулардың негізгі тегі жайлы аз әңгіме. Бұл келесі кітапшада. Ол шеркеш руының Андағұл Жауғашты атасының Андағұл ұрпағы деп аталады.

Мұрат НАСИМУЛЛИН.

P.S: Бұл еңбектің авторы Мұрат Насимуллин (1924-1994) елінің елеулі, халқының қалаулы азаматы болған. Бөкей ордасы, Ақжайық аудандарында басшылық қызметтер атқарған. Соғыс ардагері, 2 рет Ленин, одан басқа Еңбек Қызыл Ту, «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталған.

Көптеген қызғылықты деректерге бай материалын көшіріп басқан кезде компьютерге басушылар тарапынан көптеген кемшіліктер жіберілген. Емлелік, стильдік ауытқулар мол жолықты. Толық редакцияланбағаны байқалады.

ШАҒЫРАЙ БАБА ТУРАЛЫ ЕКІНШІ АҢЫЗ

Шағырай бабамыз Жайық өзенінің шығыс бетінде 1750 жылдар шамасында дүниеге келген деген болжам бар. Тарихтан белгілі, Бөкей хандығы Ресей императорының рұқсатымен 1801-1845 жылдары Еділ мен Жайық өзендері арасында құрылған. XVIII ғасырдың соңында Кіші жүзді басқарған Қаратай, Жантөре сияқты сұлтандардың билік үшін өзара қырқысуы қарапайым халыққа көп зиянын тигізді. Бұл дағдарыстан шығу үшін Кіші жүз қазақтары өзге өңірлерден жайлы қоныс іздеуге ықылас қояды. Ондай жер Жайық пен Еділ арасындағы Нарын құмы болды. Бұл өңірде 1771 жылға дейін қалмақтар қоныстанған болатын. Бөкей хан осы аймақты иелену үшін император I Павелден рұқсат алған. Сөйтіп Жайықтың бергі бетіндегі Кіші жүздің көптеген рулары Нарын аймағына қоныс аударады. 1825 жылы Бөкей Ордасындағы үй саны 10 500-дей болған.

Сол алғашқы қоныс аудару кезінде Шағырай өз әулеттерін бастап, Нарын аймағына қоныстандырған. Өзі бұрынғы атақонысына қайтып оралған көрінеді. Осы күнгі Тасқала аймағында өмір сүріп жатқан қазақтар орыс казактарынан көп зәбір көрген.

Мал жайылатын қоныстарын, жайылымдарын тартып алады. Одан қала берді, малдарын өзен, көлге жуытпайды. Сол аймақтағы орыс билеушісінің зорлық-зомбылық туралы әрекетіне Шағырай батырдың құлағына жетеді. Сонда Шағырай өз нөкерлерін ертіп алып, Тасқалаға аттанады. Келген бетте Тасқаладағы патша ағзамның жергілікті билеушісіне кірейін десе, қарауылдар кіргізбейді. Содан ызаланып шыққан Шағырай орыстың шіркеуіне басып кіріп, төбесіне шығады. Шыққан бетте мұнаралы күмбезін айбалтасымен оңды-солды шапқылайды. Бұл жай билік өкілдеріне хабарланады. Жүгіріп жеткен жасауылдар оны алыстан құс мылтықпен атқылауға оқталады. Сонда Шағырай нөкерлері мен орыс жасауылдары арасында аз-кем қақтығыс болады. Сонда да болса екі-үш рет атылып үлгерген құс мылтықтың ұсақ бытыралары Шағырайдың сауытына тиеді.

Жерге түскен Шағырайды ұстап, ханға апарады. Кіре бергеннен айбалтасымен аяқ астына төселген кілемді турай жөнелген. Жасауылдар айбалтасын жабылып жүріп тартып алады. Сонда Шағырай олардың қолынан бұлқынып шығып:

-Халқым үшін жан пида! - деп, сарай төрінде отырған ханға кие-жарып кіріп барады да:

-Ей, хан ием, қасқырдай қаумалаған қарауылдарыңнан әрең босадым. Өзіңе айтар датым бар! – дейді отты көзін ханға қадап:

-Е, датың болса айт! – дейді хан.

-Аузы түкті орыстың салған лаңынан қара қазақтың құтылар күні бар ма? Соны айт, хан ием!

-Е, не боптысонша?!

-Шабыныңды өртке ораса, баққан малыңды таласа, жайын жатқан өзен суыңды қабаған иттен әрмен қорыса, қалың халқың қайда барып күн көреді? – деп шамырқана сөйлейді. Сөйтіп болған зорлық жайтты бастан-аяқ баяндап берген. Сөзін аяқтай келіп:

-Әр нәрсенің шегі болмас па?! Қара халық бұға берсе, тыға беретін мал емес. Оның да шегі жеткенде шарт сынатын сойқанды мінезі, қатал харакеті болады! - дей бергенде, хан қолын көтеріп, «жә» дегендей белгі етеді.

Сол жолы хан Шағырайдың қара халық атынан айтқан тілегінің оңынан орындалуына ықпал еткенген ұқсайды.

Түрлі авторлардың менің атыма жолданған хаттарында баяндалған аңыздық деректерінде оның қапсағай, шымыр денелі, түр-түсі, айбарлы, батыл адам болғаны айтылады. Жорықтан қайтқанда, үстіндегі кіреуке сауытынан садақ жебесінің сынған ұштары түсіп жататын еді дейді. Бұл деректер Әбу Атшыбаевтың «Шеркеш шежіресі» кітабында да келтіріледі.

P.S: Шағырай Жәдіқұлы шамамен 1750 жылдары дүниеге келген. Ұлы пір Бекет Мырзағұлұлымен замандас болған.

Шағырайдың қай жылдары қайтыс болғандығы жөнінде нақты деректер жоқ. Шағырайдың бесінші ұрпағы болып келетін Айтасов Хамиттың мәлімдеуінше, оның бейіті осы күнгі Ақжайық ауданына қарасты Базартөбе елді мекенінің бұрынғы бірінші бөлімшесі орналасқан жердегі қауымда. Зираты күмбезделген. Уақыт өте келе күмбезінің өзгеріске ұшырауы мүмкін. Бірақ қария денсаулығына байланысты түп атасының басына бара алмаған. Алдағы уақытта Шағырай бабаның зиратын нақты анықтау – ұрпақтардың міндеті. Мен Базартөбеге тақау тұратын Базаршоландағы ағайындарға екі рет өтініш хат жазғанмын. Өкінішке орай, олар оң тілегімізге құлақ аспады.

Пернебай ДҮЙСЕНБИН.

КЕРБАЛА

(Хикаядан үзінді)

Бетпақдаланың түу қиыр түкпірінде көлбей жатқан Қызылсеңгірдің жонында жалғыз мола бар. Бұл – Кербала қыздың бейіті. Ал бұл бір тамшы суы жоқбезерген бедеу дала Кербала шөлі деп аталады.

Қысқа бақай, құлын жал, бота тірсек қарабайырдай қайдан болсын, қазанат Аққұла Ақтанкердің екпініне шыдамай босай берді. Аққұланың құтылмасын сезген



Жүніс ақ боз аттылы атой беріп жуық келгенде, Кербаланы оздырып жіберіп, тізгінін тежеді. үздік-создық болып түйілген қатал қуғыншыларды жалғыз қарсы алмақ.

- Соғыса көрме! – деді қыз.

Боз аттылы ғудем жер келгенде, қорамсаққа қол салды.

- Уа, бабам, сиындым аруағыңа! Шірене тартқан садақтан зырқырай ұшқан сұр жебе Жүніске жетпей, тасқа тиіп, шарт сынды. Ол енді садағын лақтырып жіберіп, сала құлаш семсерін суырып алды.

- Қашпа, қашпа ер болсаң. Ілкімді Ақбоз құйысқан тістесті.

- Қайт, Қожа, аяс болмайды!

- Лақтай бақыртып-ақ бауыздайын, қаңғыған әкеңнің...

- Қанжығаға байлап берер басқа жарыған екенсің,сілімтік таз.

Екеуі сойыл салымнан сәл қашығырақта бітіспес жаудың кескінімен бірін-бірі сыбап келеді. Біріннен-бірі сескенер де, ығар да емес. Боз жетті. Ширенісіп келіп, семсермен салысып өтті. Көн қалқандар қақ бөлінді.

- Қайт, Қожа, жер тістейсің!

- Қайтпаймын, ойбай, қайтпаймын.

ұмтылысып келіп, ырғасып келіп, күш салыстырды. Ақырысып келіп, айбын салыстырды. Төбеде қайқы қылыштар жарқ-жұрқ ойнады. Кіжінген, ашынған дауыстар тау мен тасты жаңғырықтырды. Басын қорғаған аттар шошына тулап, бетімен лағып еді, қарысқан күшті қолдар еркіне жібермеді.

Екеуінің де айла қолданар мұршасы жоқ. Жайқай өтіп, жазаң жерге сілтеуге аттар оралымсыз, болдырған. Қара күшке сенеді, қара қылышқа сенеді.

Зәрін жиып, қанталаған көздер кірпік қақпайды. Аяушылықтан ада жүректер қара тасқа айналған. Қия шапқан қылыштар сыңғыр-шыңғыр етеді. Кезек салысып, кезек қағысады. Тіке шабысып, қарыса итеріседі. Қылыш тиетін жерін білсе де, қажыған қол мұлт кетеді. Қол дәлдеп сілтесе де, мұқалған қылыш мұлт кетеді.

Біреуі құртсам дейді, екінші құтылсам дейді. Бірі құрта алмай әуре, екіншісі құтыла алмай әуре. Итше ырғасқан қырсықты далбаса.

Жаны қысылғанда екеуі де ата-бабаның киелі кебінін қағып-қағып алысты. Қолдан күш кеткенде, аруақ арбастырды. Қажыған ғой, аруақтарда да сес жоқ, тең түсті.

Құлаштап ұрғанда атан түйенің асықты жілігін сындыратын сіңірлі қолдарға күйшінің құлағындай жұқа қылыш шыдасын ба, қақ бөлінді. Енді шақылдаған, зыңылдаған қылыш үні өшіп, кіжінген, қырылдаған адамның өкпесін құса болдырған, аттың деміккен дыбысы қалды. Арбиған нән саусақтар кеңірдекке жармасып, тістене сілкіскенде, қақтығысқан аттар етпеттеп барып тұрды.

Кербала екеуіне кезек жалынып, шыр-шыр етеді. Қойлы ауылдың жұртындай шаңғытып, түтеген

кескіндер меніреу. Естеңені көрмейді де, естеңені естімейді. Ышқынған қыз Аққұла аттың басын тартып еді, зорыққан жануар көтерілмеді. Боз басым түсті.

- Ағатай-ай, жүз байталға жаныңды беріп, жалғызыңның басын жұтасың ба? Таманың буаз қатыны кімге дәрі?

- Төбеттей талаймын, дінсіздер!

- Кет, Кербала! Жүніс қырылдай ақырды. Қыз тыңдаған жоқ.

Жалынған, өксіген дәрменсіз әйел үні, қан жұта кіжінген еркек үні милыға араласып, белден бел асты. Тасқа тиген тұяқтар шарт-шұрт ұшты. Қожа тістеніп алған. Аққұланың тізгінін бұра тартып еді, үзіліп кетті. Семсердің жүзіндей

қылпыған кек ажалды ойлатар емес. Әзәзілдей арбап, айдап салады.

Екеуі тағы сілкілесті. Түйілген күрзі жұдырықтар езіп жіберердей кез келген жерге былш-былш соғылды. Азу тістер қышырлана, дулығасыз тақыр бастардың құйқасын қанжоса етіп, шықыр-шықыр шайнайды. Қансыраған, әлсіреген алып денелер арыстандай айбатпен ұмтылса да, кесірткедей дәрменсіз еді.

Аққұла ат сүрініп кетті. Содан қайтып оңалған жоқ. Қажырлы тізесімен қара жердің қыртысын айырып барып, омақаса құлады. Кербала орағыта шауып, кіжіне ұмтылып жүрген Қожаны қақпайлайды.

- Кімнің жоғын жоқтадым дейсің,кімнің намысын қорғадым дейсің. Ең болмаса ішімдегі шарананы аясайшы. Қожа өзіне ұмтылды.

- Ішіңмен бірге кет, нағылет!

Арттағылар қара албастыдай жан алып, жан беріп, төніп келеді. Жүніс жаяу, өлгені ғой енді. Кербаланың көзіне қан толып кетті. Ол бұрымына жармаса берген Қожаның дал-дал кеудесіне қанжарын сілтеп қалды.

- Ах! Қожаның көзі ақшаң етіп, созылған қолы сылқ етіп түсіп кетті. -Бір, бі-ірр анадан туған жоқ па едік, Кербала-а-а.

Ешкімді есіркеп көрмеген, адам қанын қымызша тұшырқанып ішетін қатыгез, дүлей жан өлерінде тәубесіне келді. өз бауырын кесіп жемек болған қатал пиғылын ұмытып, жан берерде туыстығын есіне алды.

- Алла-ай! Қожа ат үстінен еңсеріліп барып,құлап кетті!

өлі денені тепкілеп, шыңғырған боз ат бірер қарғып, өрге қарай шапши жөнелді.

- Қара бе-ет!

- Қанын судай шаш!

- өлтірді өз ағасын.

Ызаға булыққан ашулы топ жан алғыштай қылышын жаландатып келіп қалды. Кербала жан-дәрмен бір үзеңгісін босатып, көлденеңдей берді. Жүніс қыздың қолын қатты қысып, маңдайына басты.

- Қош, Керім. Екеумізді көтермейді. Қаш, құтыл артымда қара қалсын. Аты Бұлғын...

- Кел, ойбай! Кербала жан ұшыра шыр айналып еді, Жүніс аттың сауырынан алақанымен салып жіберді.

- Мақшарда кездесерміз. Түстікте... түстікте ел-ім.

Кербала ытқып кеткен ат басына ие бола алмай, едәуір ұзап барып бұрылса, қуғыншылар Жүністі қоршап алған екен. Ер жігіт біреуін таспен ұрып құлатты, екіншісіне үлгерген жоқ. Қол ұсынымнан шірене тартқан садақтардан қарша бораған жебелер денесіне кірш-кірш қадалып, теңселіп тұрып қалды. Жаны кетсе де, жығылмай тұрған Жүністің қан жуған кеудесіне Салғара көк сүңгісін бойлата салып, шалқасынан түсірді.

Кербала қашса құтылатынын білсе де қашпады. Қызылсеңгірді айнала шауып жүр. Қуғыншылар абыр-сабыр. Қаусыра қамап келіп, шалма лақтырады. Атты көздеп атылған жебелер далаға лағып жатыр. Кербаланың көзі Жүніс жатқан жырада. Неге тұрмайды, неге қан жұтқызбайды аналарға...

Иесінің жазым болғанын сезді ме, Ақтанкер де тұмсығын созып, оқыранып жіберді. Қыз жыраға бет алды. Қуғыншылар құтылып кетер дегендей алдын орап, даңғаза айғаймен андыздап келеді. Кербаланың оларда жұмысы болған жоқ. Жыраға жете бере, аттан домалап түсіп, жығылып-сүрініп, қан жуған өлікке барды.

Таптап кетердеей түйіліп келген қол аңтарылып қалды. Қазандай қайнаған ашулар бір сәт сабасына түсіп, осынауөлі денені аймалап жатқан шерлі қызға аяушылық еткендей тежелісіп қалды.

- Жү-н-і-с, Жү-н-і-с! Қыздың қарлыққан, өксік аралас үні небір тас жүректі де жібіткендей еді. Жаны жоқ зілдей басты аялай сипап, күңірене әлдилеп отыр.

Салғара селк ете түсті.Еңсесі түскен көп қылыш төмен салбырап кеткен екен. Ажал алдында да иілмейтін бастар жұлыны үзілгендей мүлгіп қалыпты.

Намыс пен жігердің мынау әйелдің жоқтауына исініп-ақ, езіліп-ақ кеткені ме? Салғара шыдамады. Шолақ сүңгісін безеп, ақыра ұмтылды.

- Күйлеген қаншықтың қыңсылауын естуге кеп пе едің, өңшең ез!

Кербала басын көтеріп алды. Жүзінде лып еткен қан жоқ. Көзінде тамшы жас жоқ. Тас түйін, боп-боз.

- Қатынмен соғысқан қай атаңды көріп ең, Салғара?!

ұмтыла түскен Салғара сүйекке қақалған төбеттей аузымен ауа қармап, бөгеліп қалды.

- Қызы жоқ, қарындасы жоқ ел ме едің, қара ордан ортаңа түскірлер! Кербала тізерлей тұрып, қарыстай кездікпен өңірін есіп жіберіп, қолын көкке созды. Ел тайсалып, көзімен жер шұқыды.

- Менің көзімнен қан болып аққан жас жүрегіңе у болып құйылсын, Салғара! Аналардың қарғысы атсын, Салғара. Ах, дүние-ай!

Бұлар ұмтылып үлгергенше, қыз кездіктің мүйіз балдағын Жүністің кеудесіне тіреді де, қылпыған жүзін кеудесімен жаба, бар салмағымен сылқ құлады...

* * *

Тап сол күнгідей аптап ыстық өмірі болмаса керек. Еліне жете алмай қуғыншылардың көбі шөлден ұшып өлген деседі. Сол қанды сапардан Салғара да қайтпаған. Жазықсыз жан-жардың наласы,қарғысы жібермепті.

Жеңіс Шыныбеков,
Талғар қаласы.

КЕЛІННІҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

1880 жылдары бір орыс көпесі әскер жалдап, экспедициямен Маңғыстау түбегін зерттеуге келеді. Бір жерге қоныстанып, база жасайды. Сол жерге Құлбарақ деген зорлықпен адайлардың құдығын иеленіп, оны орыстаға жалға береді.

Бірде бір малы көп бай ауылы көшіп келіп, малын суарайын десе, Құлбарақ жібермейді. Алға көшсе, шөлден мал қырылады, кейін жүрсе, құдыққа жете алмайды. Сөйтіп тығырыққа тіреліп тұрғанда, ауылда жаңа түскен шеркеш Күмісай деген келін бар екен. Сол келін шеркештің қызы аталарына сөз салыпты. "Мен Құл Барақпен сөйлесіп, құдықты алып берейін",- депті. Не істерін білмей, амалы таусылып тұрған адай ақсақалдары, жаңа түскен келіннің сөзіне тоқтайды. Бірақ оның қасына бір ақсақал ертіп жібереді.

Құлбарақтың ауылына келгеннен кейін хабар береді. Жас, әдемі келіншек келіп тұрған соң Құлбарақтың өзі шығып қарсы алады.

Адайдың ақсақалы: "Мен осы Күмісай келіннің атқосшысымын. Оның сізбен сөйлескісі келеді", - дейді.

Құлбарақ жас келіншекті үйге шақырады. Сонда Күмісай: "Айтатынымды осы жерде, халықтың көзінше айтайын", дейді.

-Белі бар еркектің безін қызғанған әйелден без, көзі бар құдықтың суын қызғанған еркектен без, - дейді де, атының басын кері бұрып, жүріп кетеді. Құлбарақ ештеңе дей алмай, көзімен жер шұқып қалады.

Осыдан кейін ол орыстарға барып: "Мен құдықты бағып отыра алмаймын, ақшаларыңның керегі жоқ", - депті.

Сөйтіп Құлбарақ құдық қорудан біржола безінген екен.

Елтай ДҮЙІСОВ
Мақат ауданы,
Атырау облысы

АРУАҚТАРҒА ТАҒЗЫМ ЕТІП...

Мен, Қымбат Дәулетова Аронқызы, 1960 жылы 24 ақпанда Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат стансасында дүниеге келдім.

1967-1977 жылдары М.Горький атындағы мектепте оқыдым. 1977-1994 жылдар аралығында Мақат локомотив депосында тепловоз жөндеу бөлімінде детальдар өлшеуші болып жұмыс жасадым. Одан әрі 1979-1990 жылдары партия қатарында болдым. Қазір «ДоссорМұнайГаз» өндіру бөлімінде жерасты қабатының қысымын сақтау бригадасында оператор болып жұмыс жасаймын.

2002 жылы қазан айының ішінде аруақтар аян берді. Сол күннен бастап бойымда қызық құбылыстар пайда болды. Маған күндіз оңаша қалған кезімде санамда, яғни ойыммен көп нәрселер айтылып, көрсетіліп тұратын болды. Бұрын бір себептермен емшіге барып, құмалақ аштырған кездерімде, олар: «Тұқымдарында қасиетті адамдар болған, сол адамдар ұрпақтарын айналдырып жүр,» - дейтін. Бұл сөздерге мен онша мән бермедім.

Тіршілікте басымнан көп қиыншылықтар өтті. Түсімде ылғи қайтқан әкемді , басқа да адамдарды көп көрем. Сондай сәттерде тілім аузыма сыймай, қолым ұйып қиналатынмын. Бірде сағат таңғы 3-те біреу менің аяқ жағыма келіп, жайғасып отырды. Дем алғандағы жылы лебі бетіме тиіп тұрды. Ол маған: «Мынандай өмірді қалайсың ба?» - деді. Сол сәтте көз алдыма мынандай оқиға келіп тұра қалды. Екі аяғымды баса алмай, жорғалап жүр екенмін деймін. Мен жан дауысым шыға: «Маған мұнай өмір керек емес, менің үш балам бар,» - деп жалбарынып жатырмын. Ол дауыс маған: «Сенің балаларыңды бауырларың қарайды, сен менімен бірге жүресің, алып кетем» - дегенде мен: «Жақсы барайын, бірақ қарызым бар, оны қайтем», - деп екі қолымды көтеріп еңіредім. Сол сәтте біреу аяғымнан алып, кеудеме қарай бұрай сығып қалғанда, мұрнымнан бір нәрсе шығып, «уһ» деген дыбыс шығардым. (Бұл дыбысты мен 1975 жылы әкем қайтыс болар кезде соңғы демін шығарғанда естігенмін).

Мен бұл болып жатқан оқиғаның бәрін көзім жұмулы, бірақ санам ояу жатып көрдім. Бір кезде төбемнен жаңғырып шыққан бұйрық үні: «Ал, қолыңды көтер», - деді. Айтқанын орындадым. Сол сәтте денемнен жаным бөлініп шығып, жоғарыдан сұлық жатқан денеме қарап тұрдым. Денеме жақындайын десем, жақындай алмаймын. Ауада қалықтап тұр екенмін. «Ең болмаса үш баламмен соңғы рет қоштасып, айтарымды айта алмадым-ау», - деп қиналып тұрғанымда, қолтығымнан бір нәрсе демеп, алдымнан көрінген жарық нұрға қарай үшырып алып бара жатты. Төбемнен жаңғырып шыққан бұйрық үні: «Ал, артыңа қара!» - деп бұйырды. Қарасам, қазылып қалған жерде, өртенген бір нәрсенің түтіні шығып жатыр екен. Онда барғым келмеді, алға қарай жарық нұрға ұмтылдым.

Аппақ әлемде дөңгелене бөлек-бөлек болып отырған, өмірден өткен адамдарды көргеніммен, бірақ олардың жүзін анық көре алмадым. Кенет бір жерде қол-аяғы бүрісіп, иегі-иегіне тимей қатты қорқып жатқан, өмірден өткеніне небары жеті күн болмаған Сақау шеркештің бір баласын көрдім. Ол жігіт маған: «Апа, біздің үйдегі бауырларыма айтшы, арақ ішпесін. Біздің тұқымымызда құран ұстаған атамыз бар екен. Сол кісіге құран оқытып, ас берсін»,- деп жалынды. Мен: «Айта алмаймын. Өзімнің 24 жыл отасқан күйеуім сенбей тұрғанда, маған кім сенеді дейсің. Есінен адасқан екен деп айтар», - дедім. Ол жалынып айтып жатқанда, ақ сыммен қоршалған бір ескі құлпытасы бар қауым көз алдыма елестеді. Содан кейін тағы да қайтыс болғанына 40 күн болған бір жігітті көрдім. Ол маған: «Сен құдіретті түсініп қалдың. Мен түсінбей кеттім», - деді. Сонда жоғарыдағы жаңғырық үн бұл жігіттің атасы құр адам болмағанын, тіршілікте немересін жақсы көргенін, оған қасиет қондырып, хабарласқысы келгенін, бірақ немересі ол қасиетті аруақты көтере алмай, жүрек ауруынан қайтыс болғанын, ондай ауруды медицинада инфаркт деп аталатынын айтты. Содан соң бейсенбі күні сағат 12-де аруақтар үйге келіп, жұма күні сағат 12-де қайтадан қайтатындарын, олардың біразы жадырап, кейбірі ілбіп, көңілсіз қайтатынын көрдім. Төбемнен айқайлаған жаңғырық үн: «Жұмыс жаса», - деп бұйыра сөйлегенде, жаным қайтадан денеме конды. Орнымнан тұрсам, сағат таңғы 6 болған екен. Осы жағдайдан кейін менің мінезім өзгерді. Бұрын көп сөйлемейтін, өз ойымды тіке айта алмайтын, біртоға жан едім. Ал сол күннен бастап, бір өткір мінез пайда болды. Адамдардан жасқанбайтын, тіке сөйлейтін болдым. Еш жерім ауырмайды, ауруымнан құлантаза айықтым. Өзімді жеп-жеңіл сезіндім. Сөйтсем, менің денеме оралған жан өз жаным емес, осыдан 152 жыл бұрын қайтыс болған атамның жаны екен.

Екінші күні түнде сағат 3-те тағы да аруақтар келді. Бұл жолы өзімнің бауырларым жайлы айтты. Олардың жіберген кателіктерін, кімдерді аруақтар

қолдап жүргенін, бір әкеден, бір шешеден туғандардың тату болу керектігін айтты.

Үшінші күні күндізгі мезгілде оятты. Жаңғырық үн: «Мен сенің үшінші атаңнан туған баламын. Сарыкөлде тудым. Жар сүймедім. Бала сүймедім. Шындық шыңына жете алмадым. Сарыкөл, Тайсойған, Тайсойған... Мен жалаңашпын! Мен жалаңашпын! Сен мені табасың. Таппай қоймайсың. Мен сенің атаң Дәулеттің атын аянмен қойғанмын. Сен мені табасың, әйтпесе сені алам, содан соң Дәулеттің тұқымын құртып жіберемін. Жеті атаңды білесің бе? Шежірені тап, дүние жинамасаң да, сандықтың түбіндегі шежірені жазып сақта!» - деді.

Мен тіршілікте үй шаруасынан басқа ештеңеден хабарым жоқ әйел едім, шежірені қайдан табам деп ойладым. Кешікпей Доссорда тұратын Елеусінов Айбосын деген ағамнан шежірені таптым. Дәулеттен тараған ұл-қыздарды, жиендерді жинап, түсіме еніп, аян берген ата туралы сұрастырдым. Ешкім еш нәрсе білмейді. Содан қатты қысылып ауырдым. Сонда анам: «Есіме түсті, әкең айтып еді. Біздің тұқымда бір керемет кісі болды оның аты - Саркенже деп», - деді.

Мен өмірімде топырағын басып көрмеген Тайсойғанға барып, атаның берген аяны бойынша жатқан жерін 2002 жылы 11 қазанда таптым. Басына тоғыз адам болып түнедік. Ата түсіме еніп, аян берді. Аянда қасында тағы да бір әулие кісі жатқанын ,мешіт барын, оның қай жерде екенін көрсетті. Ертеніне тұрып, аянда берілген жерлерді тауып қазғанда, алғашқы қазған жерден мешіттің орны шықты. Екінші жерді қазғанда, бүк түсіп жатқан адамның сүйегі табылды. Бұл Саркенже ата сүйегі болатын.

Тайсойған елінен үлкен кісілерді шақырып, ата сүйегін пәктеп, жаназасын оқып, қайта жерледік. Тайсойғаннан келген кісілер осы жерден машиналар өткенде тоқтап қалатынын және осы жерден үш километр жердегі Сұлтануайыс ата басындағы шырақшы жұма күні осы жерден шырақ жанатынын айтты. Осыдан төрт-бес жыл бұрын бір әйел адам келіп, Сұлтануайыс басына түнеген екен. Сол кезде әлгі әйел адамды: "Пенделер, мен жалаңашпын", - деп бір аруақ жатқызбағанын айтыпты.

Түсімде жаңғырық дауыс: «Бейіт тұрғызғанда, көңілді жүріңдер, лас сөзден, темекіден аулақ болыңдар!» - деді. Аяндағы аманатты орындап, 2002 жылдың 25 қарашасында Саркенже атаның бейтін тұрғызып, басына белгі қойдық.

Ауылға қайтып келе жатқан атаның аруағы маған: «1813 жылы туып, 1850 жылы 37 жасында қайтқанын айтты. Сенің жұмысың – емшілік. Атырау облысының тарихы жабулы, әулиелері, батырлары, ел билеген билері елеусіз жатыр. Тарихты көтер, аруақтарға ас беріп, құрбандыққа мал шал. Ұрпақты ақ судан құтқар. Әулиелер бар жерде мұнай болады. Егер аруақтар риза болса, елдің жағдайы жақсарады. Мұнайды Аллаһқа сиынып алсын»,- деді.

Түсімде Байбақты атаны, тағы да басқа аруақтарды көрдім. Үстіндегі киімдері аппақ емес, бозғылт еді.Байбақты ата маған: «Әкім балаға барып айт. Аруақтарға құран оқып, ас берсін. Доссор мен Мақаттың мұнайы кеткелі тұр», - деді. Мен бар деген жеріне бардым. Айт деген аманатын айттым, бірақ менің айтқандарыма құлақ асқан адам болмады. Ақыры Доссор мен Мақат мұнайы азайды.

Сарыкөл жерінде Тілеген деген таз руының қауымы бар. Сол қауымға шеркеш аталар - құлпытас қойғызып, ас берді. Ол- қауымда жерленгендердің көбі -шеркештер. Тілеген деген бай болған. Үлкен пирамида бейіт салған. Ішінде қабыры қазулы, бірақ сүйегі жерленбеген. Ол халыққа жұмбақ. Мен ол қауымнан өз атам Дәулетті таптым. Тағы да Қойыстың балалары табылып, оларға құлпытас қойылды. Сарыкөлде алты-жеті пирамида бейіт бар. Бұл бейіттер жылқының қылы мен сүтін балшыққа қосып, араластырып салынған деп айтады. Оның бірі – Асау, Тұрланның бейті.

Ас беріп, Сарыкөлден келгеннен кейін жақын апамның үйінде ұйықтап жатып түс көрдім. Түсімде басында папахасы бар бір қара кісі бетіме бетін тақап: "Не қылған шеркешсің, қағындырып жіберейін бе?" Қасымнан әрлі-берлі өтіп, мені көрмейсің. Мен Сарыкөлдемін. Тайсойғанда менің қаным тамған жерде өсіп тұрған тал бар," – деді. Содан кейін өзін қалай өлтіргенін көрсетті. Оянғаннан кейін апама көрген түсімді айтып едім, ол кісі бір фотосурет алып келді де, ол кісінің Таубаев Табылды екенін айтты. Руы Еламан шеркеш екен. Таубаев Табылды ақ гвардияшы Киселевтің бандасына қарсы шыққан. Жайық бойынан үш жігітті Киселевтің бандасы шауып өлтіреді. Табылды атамыз Тайсойған шағылының сайына бой тасалап жасырынып қашады. Табылды атамызды біреулер бандаларға айтып беріп, олар оны сол сайдың ішінде қылышпен шауып өлтіреді. Кейін атаның тумасы Көптілеуов Есмырза деген адам қыстығүні түйе жеккен шанамен Табылды атамыздың сүйегін алып келіп, Сарыкөл жеріне жерлейді. Жаз шыға сала Сиса Қайырбаев тумасына жылқының қылын қостырып, тас бастырады да, бейітті көтереді. Сарыкөлдегі ата бейітін іздеп барғанымызда, басында жазуы кетіп қалған құлпытасы бар пирамида бейіт сол күйінде тұр екен. Сарыкөл жерінде Асау, Тұрлан, Таубаев Табылды, Қыздарбай, Аязби бейіттері үлкен пирамида болып салынған. 2006 жылы Мақат ауданының Байшонас ауылында тұратын Ақжігітов Елемес ағамыз құлпытас жасатып, Табылды атаға ас берді.

Сарыкөлдің Тайсойғанға кірер жерінде Құлетек атамыз жатыр. Бұл ата да кезінде қасиетті адам болған. Қотыр тиген малды да, адамды да бір түннен қалдырмай емдеп жазатын болған деседі. Тайсойған шағылындағы Талдықұм деген жерден сай арасынан құрансыз, имансыз кеткен Қадиша апа мен баласының сүйегін тауып, қайтадан арулап көміп, бейіт көтердік. Бұған Бітан ұрпағы Маруся апа белсене атсалысты.

Менің төртінші атам Ізтелеу мешіт ұстаған. Ізтелеудің бес баласы қуғындалған, олардың қай жерде жатқандары аянмен айтылды. Ең бірінші шежірені қозғап, Аллаһтың барын, рухтың өлмейтінін, өзінің құдіретімен таныстырған – Ізтелеудің бірінші баласы Саркенже ата. Саркенженің інісі Есбергеннен туған Ескенже ата Доссорда теміржол салып, паровоз жүргізіп, халық "ураласп" жатқанда, Ескенже ата: "Ураламаңдар! Ертең осы жолмен соғысқа аттанасыңдар", - деген екен. Бұл атадан Сағат деген жалғыз ұл болған. Сағат аға он үш жасқа толғанда, түнде үйге милиция келіп, Ескенже атаға: "Сен соғыс болады депсің. Сен халық

жауысын," – деп қолына кісен салып, алып кеткен. Сағат ағамыз әкесін өмір бойы күтіп, өмірден өтіпті. Сағат ағамыздан тараған Наурыз деген ағамыз бар. Қазір Қаратон деген жерде тұрады. Түсімде сол Ескенже атам мүрдесі жатқан жерді көрдім. Атаның сүйегі Байшонаска жақын жерде жерленгенін таптым.

Ізтелеудің үшінші баласы - Қадірше ата. Ол кісі хазірет болған. Қуғындалған. Ұрпақтары Қадіршенің атағына да жазыла алмай Кадиров болып кеткен. Менің әкем Арон мен інісі Өмірхан Қадірше атаны күндіз қораға тығып, түнде үйге паналатқан. Қайтқанда екі інісі жерлеп, бірақ қорыққаннан басына шарбақ қондырып, құлпытас та қоя алмаған. Бертін келе әкем Қадіршенің балалары әкелеріне құлпытас қоймады-ау деп айтып отыратын. Біз оған аса мән бере қоймайтынбыз. 2006 жылы Қадірше ата ұрпақтары Мақат станциясындағы ата мәйітіне құлпытас қойып, ас берді.

Ізтелеудің бір баласы - Доскенже. Ол да қуғындалған. Тайпақ жерінде тығылып, тумаларын сағалап өмір сүрген. Сонда жерленген.

Жұптай атамыз да қуғындалған. Ол кісінің қайда жерленгенін білмеймін.

Әкеміздің ағасы Қабыл қуғындалып қашып, Орал жаққа кеткен. Содан хабарсыз. Ұрпақтары да қалмаған.

Саркенже ата Тайсойған жеріндегі Ізтелеу атаның мешітін сағаламақ болған, бірақ жете алмай, үсіп өлген. Саркенже атаның қасындағы бейіт Қарабала деген атанікі. Руы беріш Қаратоқай. Мешіт ұстаған. 1850 жылы қайтыс болған.

2008 жылы шеркештің баласы Жетікөлдегі нағашыларына ас беруге бармақшы болып, маған келгенде, мен өңімде екі атаны көрдім. Оның бірі – менің атам Ізтелеу екен. Ол кісі Жетікөлде жерленген екен, ал қасындағы екінші ата Жанғабыл деген хазірет болған. Бағанағы шеркеш баланың атасы екен. Нағашы атасына барам деп жүріп, өзінің атасын ұмытқанын ол кісілер білдіртіп тұр екен. Көз алдыма көрсетілген аян бойынша сол жерге бардым. Сонда жаңғырық үн маған: "Мына жерде хазіреттер жерленген. Бұнда Ізтелеудің мешіті болған. Ізтелеу осы жерде жатыр. Бейіті қызыл топырақтан салынған," – деді. Тағы да көз алдыма 1824 жылы Мұғалджар беттен Жетікөлге қарай шұбыра көшкен халықты көрсетті. Жетікөлдің өзінде алты-жеті мешіт болған. Мен сол жердегі айтылған мешітті табу үшін Жетікөлге барып сұрастырғанда, 1924 жылы туған Құбай Ыбыраев деген ағаны тауып алдым. Ол кісі сол жердің тарихын жақсы біледі екен. Ол кісіден сұрастырғанымда, Құбай аға бұл жерге, Жетікөлге көшіп келгенде, алты жаста екен. Аға айтты: "Мен бала болып ойнап жүргенімде Қызылқорған деген мешіт болды. Ол мешіт бір жылдан соң құлап қалды. Қасында медресе де болды. Ізтелеу атаның жатқан жерінде хазіреттер жерленген," – деді. Ағамен сөйлесіп отырғанда, көз алдыма осы жерден он бес километр Жертөле мешіті болғаны, қазір ол жерде өсіп тұрған тал бар екені және олардың қасында бір шопанның үйі тұрғаны елестеді. Мен осы жөнінде ағадан сұрағанымда, Жертөле мешіті екеу екенін айтты. Осы жерден қырық километр жердегі мешіт Жетіккөлдің солтүстік бетіндегі Әскер мешітін айтты. Мен Жетікөлдің құбыла бетіндегі мешітті көргенімді айттым. Аға: "Бар. Ол жерде Нұрғали мешіті болған, арғы жағында қауым бар. Онда менің ата-бабам жатыр," – деді. Мен ол кісіден бізбен бірге баруын өтіндім. Ол кісі қуана келісті. Әлдекашан құлап, үйінді боп, орны қалған екен. Қасында талдар бар. Құбай ата он төрт жастан бастап осы жерде жұмыс жасаған екен. Жас кезінде осы мешіттің төбесінен карта тауып алыпты. Ал бірақ ол картаның қайда қалғанын білмейтін болып шықты. Және де осы жерде бұрын жертөле мешіт болғанын, оның кішкене ғана терезесі барлығын. бірде осы жерге келгенде мешіттен шыға қашқан қоянды ұстап алып, жеген жігіттің түні бойы, қоян құсап шыңғырып шыққанын, бұл жердің киелі жер екенін айтты. Содан соң аға қауымды аралап жүрді. Мен ол кісіге қарап тұрып, ол кісінің көп кешікпей өмірден өтетінін сездім. Сосын тез арада барлық ағайындарымды жиып, Ізтелеу атаға ас беру керектігін, сол кезде Құбай атаның әңгімесін оларға тындатайын, ағаға рақметімді айтып, сый-сияпатымды көрсетейін деген шешімге келдім. Ауылға келіп, ағайындарға хабарлап, одан жиналып болғанша арада бір жарым айдай уақыт өтіп кетті. Ізтелеу атама құлпытас жасатып, малымды алып, Құбай ағама сый-сияпатымды жасап барсам, ол кісі бір күн ауырып, өмірден өткен екен. Ағаға бата оқып, баласына сыйлығымды табыстадым. Сол күні бейіт басында атама ас бердім.

Қымбат ДӘУЛЕТОВА,
Мақат кенті.

ӘУЛИЕЛІ АТАЛАР

Кезінде "Жабасақ" кеңшарының директоры болып тұрғанда Күнтуғанұлы Смағұл ағай сол жерлерден «Толыбай» совхозын ашқызып (1980 жылдардың басы), маңайдағы біраз шеркеш ағайындарды көшіріп алғызған болатын. Жақсылықтың Ақтөбедегі белгілі бизнесмен ұлы Қайрат 1999 жылы сол ауыл маңындағы төбеде жатқан Жамантай атамыздың басына қара мәрмәрдан ескерткіш тас қойды.

Соған байланысты күзде Смағұл ағай, біздерге күйеу болып келетін Наурызбай (Нәкеш) бар, үшеуміз Толыбайға барған болатынбыз. Сол жолы әулетіміздің атамекен қоныс еткен жеріне алғаш барып, топырағына бір аунап қайтқан едім. Қайрат болса сол ауылда мал шалып, құдайы тамақ беріп, Жамантай аруағына бағыштап, құран оқытты.

Толыбай жерін мекендеген Жамантай атамыздың әулиелі кісі болғаны туралы да елде қалған әңгімелер көп. Тың жерлерді көтеру кезінде 1957-58 жылдары, ішінде Толыбай ауылы бар, жоғарыда айтылған «Жабасақ» совхозы ашылды. Ол өңір тек мал шаруашылығына ғана қолайлы болатын, алайда сол уақыттағы үкіметтің экономикадағы саясатына сәйкес шамалы жыртуға келетін жерлерді бас салып жыртып, шықсын-шықпасын, егін сала беретін. Сол сиякты Толыбай маңайын да жыртып тастайды. Бір жылы совхоз егін танабына қосу үшін Жамантай атамыз жатқан төбені де жыртуға кіріседі.

"Тіршілікте талай жерді шулатып өтіп едім, өз шуым өзімде болсын" деп, атамыз өлер шағында сүйегін жеке төбеге коюды өсиеттеп кетсе керек. Ол кісі жатқан төбені жұрт киелі жер деп білетін. Ал ол маңнан жүрген жолаушы көлігінен түсіп, құран оқып, аруақтарға тағызым жасап өтеді екен. Бірде тоқтамай зулатып өте шыққан бір жүргізуші сол маңдағы

тақырдай тегіс жерде машинасымен аударылып, мерт болды деген сөз бар. Атамыздың аруағына сиынып, басына конып шыққан кісілер дертінен жазылып, құрсақ көтермеген әйелдер балалы болды деген аңызды, әңгімелерді жас кезімізде көп еститінбіз.

Аруақтан қорыққан трактершы жігіттің Жамантай төбеге аяқ баспай қойғанына қарамастан, оған совхоз белсенділері сол жерді зорлықпен жыртқызады. Күндіз сап-сау жүрген жігіт кешке үйіне келіп ауырып, жатып қалады, ал ертеңгісін дүние салады. Ауылдағылар оны Жамантайдың аруағы атты деп жориды.

Өз басым қаншалықты атеист болып, жұрт аузындағы ғажайып істерге сенбей жүрсем де, қиын-қыстау, қысылған бір сәттерде Жамантай атамыздың аруағына сиынатынмын. Бір таңқарлығы, сол кісінің атын ауызға алып аткарған шаруалардың бәрі де ерте ме, кеш пе, әйтеуір оң шешілетін. Ал кейде ұмытып, оның атын еске алмай кіріскен шаруалар дұрыс шешіле бермейтін. Ол атамыздың кезінде тегін адам болмағанын апам марқұм жиі айтып отыратын. Сондықтан оны аруақ тұтып, басына бір белгі қоюды ойлап, сол ойымды балаларға да айтып жүретінмін. Содан болар, бұл шаруаны Қайрат та ойластырып жүрсе керек. Сол жылы бәрін өз қолына алып, батыр атамыздың ұрпағы ретінде бір үлкен істі тындырып тастады.

Бұл арада Жамантай батырға ғана емес, арғы аталарымыз Жылқыайдар мен Серкебайға да тоқтала кету керек. Олар да өз замандарына лайықты дәрежеде беделді, ел тағдырына аянбай араласқан, кейінгі ұрпақтарының қамын жеген, адами қасиеттері жоғары, ел аузында батыр атанбағандарымен, нағыз әулиелі кісілер болған. Басқаларымызды білмеймін, бірақ өз басым сол бабаларымды әрқашан мақтан тұтамын. Ал кейінгі ұрпақтарымызбен қаншалықты, мақтана алатынымызды бір жаратушы білетін болар, әйтеуір сол кейінгілер аман болса екен дейміз.

Біздің әкеміз: «Төлебай әулетінің мен көрмей кететін 6-7- буынындағы ұрпақтары арасынан қалыптары дұрыс, жұртына сыйлы азаматтар шығатынын болжап айту әрине, қиын. "Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады, бір аяқ аска алғысыз" деген сөз бар. Бірақ өз ата-тектеріне тартар реті келсе, олар жаман болмас. Маған бесінші ата болып келетін Жылқайдар бабаларымыз өз заманында аса көрнекті, әрқашан ел қамын ойлайтын, өте айбынды кісі екен. Аузы дуалы, аруақ иеленген, көпшілік халыққа өте қадірлі, ел-жұрты үлкен құрмет тұтқан адам болған дейді. Оның немересі Серкебай да, шөбересі Төлебай да ел сыйлаған, жандары дарқан, пейілдері ақ, көңілдері кең, халық қамына адал, тура сөздерінен таймаған, әділеттілік сезімдері жоғары болған кісілер екен. Ешкімнен кем болмаған, парасаттылығы мол адам еді дейді.. Солардың қандарына тартса, кейінгі келер ұрпақ та өз биігінен көрініп, ел қатарлы азамат болулары хақ.» - деген еді.

Қуандық ҚАБДЕНҰЛЫ,
Ақтөбе қаласы.

ЕШКІНІҢ СҮТІ

Елемес әкеміз дүниеден қайтқанда, жиналған кісіден қара жер қайысқан. Жақсы бір кісісі өлсе, халықтың шын қайғысын сезінесің. Алдаберген әкеміз өмірден өткенде де кісі көп жиналған. Әрине, бұл жақсылықтың белгісі еді.

Бір әулеттің екі бәйтерегі құлап, жапырағын жел ұшырғанда, жанымыздың күздің сұрғылт күніндей жабырқап, жаурап қалғаны да екі дүниеге аян еді. Қазір ойлап отырсақ, бір әуелгі бір тайпа елге айналдырып, есін жиғызып кеткен осы екеуінің бойындағы бауырмал қасиеттер бізге үлгі-өнеге болып қана қалуы керек екен.

Әкем жол бойы жақ ашпады. Құлазып жатқан далаға қарады да отырды. Бір мезетте барып, жол бойындағы жас сексеуілдерге қарап: «Енді бірер жылда бұл пәтшағар да сыңсып шыға келер», - деді.

Жұмбақбап сөйлеу – үлкен кісілердің әдеті ғой. Сол жұмбақ сөзді шешуге уақыт қимайтынын, құлақсыздығым болмаса. Бұдан кейін ләм-мим деген жоқ... Тек анда-санда екі немересіне мейірімін төге қарайды.

Осы жолы бір ақиқатға көзім жетті. Бұл әулеттің дағдысы бір-бірін үнсіз сүйеді екен. Бір-бірін ұнатқанын, жақсы көргенін сырт көзге аса бір лапылдатып сездіруге пейілді емес екен. Қайсысы қай қиырда жүрсе де іштей тілеуін тілеп, көп жылдар өтсе де кездесе, ұшыраса қалғанда аса жікжапар болмай, сырттай сүйсініп, іші-бауыры езіліп, елжіреп тұрады екен.

Өмір өтеді, өнеге қалады. Бірде сырқаттанып жүрген Алдаберген көкеме кіші ұлы бомази көйлек алып береді. Көйлекті киіп алған көкеміз сәлден соң барып ұлына: «Осындай көйлек Қошқарға да керек еді, кеуде тұсы жылы жүрер еді, ол жиі жөтеледі ғой,» - депті. Сонда кіші ұлы әдейі, жорта, қайтер екен деген оймен: «Оның өз баласы бар ғой, әперсе», - дейді. Алдаберген көкем: «Сен әпердің не, ол әперді не, бәрібір емес пе», - деп қоймайтын көрінеді. Осы бауырмалдыққа жаным сүйсініп жүргенде, көркем көкеміздің айырылап қалдық.

Өмір өтеді, өнеге қалады деген осы. Осы бір қамқор сөз жылдар өтіп бара жатса да, жадымда жиі жаңғырып бізге, әлгі ұл екеумізге арналып айтылғандай көрінеді де тұрады.

Осы сөздің сәулесіне жылынып отырғанымда, қалаға да жақындап қалыппыз. «Оу, Алдакеңнің алтын інісі сөйлемейсіз бе?» - дедім әкеме.

Әкем бір көзәйнекті аялап, сипап отыр екен. Осынша жасқа келгенше әлі көзәйнек киген емес. Құдайға шүкір, көзі бұрын да өткір еді, әлі де солай. Көп сөйлемейтін, көзімен ұқтыратын кісі еді.

- Алдабергендікі ғой, мына пальтосының қалтасынан шықты, - деді үні құмығып. Әкемнің өз сөзімен айтқанда, ағасынан тәбәрікке қалған «золотистый пальтоны» сыртқа киіп шыққаны осы. Кейде сағынған тұстарда аялай сипап, құшырлана иіскеп қояр еді. Бауырдың иісі. Ежелгі дағдысымен осынша уақытқа дейін пальтоның қалтасына да қол салмаған ғой.

Кісінің жанын нұрландырып жіберетін сәттер болады. Алдаберген көкемнің өмірінде ондай кезеңдер аз болған емес. Өне бойы ел аузында жүрген жақсының қасиеті өзі өлсе де бауырына медеу болып келе жатқанына сүйсіндім.

Ауылға барған сайын, туған топырақты басқан сайын, осы бір қос бәйтерек туралы көп жылғы ойға кетесің.

«Арғымақ аттың баласы аз оттап, көп жусайды, хан төренің баласы аз айтып, көп тыңдайды» демеуші ме еді қазақ. Көкеме ғана тән осы қасиеттің менің әкемнің бойында да тұқылы қалғанын сол күні терең ұқтым. Ұқсамасаң тумағыр. Біз ұсақталып бара жатқан сияқтымыз ба,қалай?!

Дәл сол күнгідей далаға ұзақ қарамаған шығармыз. Қыздар жиған мақтадай аппақ дүние көз алдыма сол көкемнің аппақ, нұрлы бейнесін елестете берді. Ол өмірден сол аппақ күйінде өткен екен. Ішім сезеді, әкем қазір тура сол аппақ ағасын ойлап отыр. Енді оның ойына ортақ болу, ойын бұзу қиын. Бірдеме десем, бүлдіріп аларымды сезем де, қашан өзі тіл қатқанша үндемеймін.

Әкемді ауруханаға жатқызғаннан кейін, таныс та бейтаныс қаланы аралап жүріп, анау-мынау, ұсақ – түйек , керек-жарақтарын алып бардым. Ауылдың шұбатындай болмаса да, айран, сүтті молырақ алдым.

Әкем ағарғанға қарап отырды да: «Алдаберген өмірден өтерде, ең соңғы сәтте бір кесе сүт сұратып ішіп еді,» - деді. Менің ыңғайсызданып қалғанымда сезді ме: «Есіме түсіп кеткен соң айтып жатқаным ғой, ештеңе ойлама», - деді.

Әкемнің үнсіздігі маған ауысқан секілді. Кең дүниеден есем кеткендей көз салсамшы. Тесіліп бір қараймын. Аппақ дүние көз алдымда сүт секілді, айран секілді ұйып жатқандай көрінеді.

Қазақтың Алдаберген көкем сияқты аса зиялы адамдарының сүйікті тағамы болған ешкінің сүті есіме түсті. Бәлкім, көкем қара су сұраса, ешкінің сүтін беретін Сұлушаш шешесін сағынған шығар. Ұстазымыз Шерхан Мұртаза: «Біз ешкінің сүтімен өскенбіз», - деп жиі айтушы еді.

«Ешкінің сүтін ішпегендерде ес болмайды», - деуші еді тағы бір зиялы ағамыз. Ешкінің сүтін ішкен сайын көркем көкемді есіме аламын.

Қали СӘРСЕНБАЙ,
ҚР Мәдениет қайраткері, Президент сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, «Алматы ақшамы» газетінің Бас редакторы.

ЖҰМАБАЙ БАҚСЫ

Жұмбай Бозшаұлының руы – Сақау шеркеш, оның ішінде Арқаршы бөлімінен. Сақаулар Тайсойған құмындағы Сарыкөл («Сақау Сарыкөлі» деп аталады) деген жерді қоныстанған. Жұмабай ата осы Сарыкөлде 1850 жылы өмір есігін ашып, 1904 жылы көз жұмған. Ол орта бойлы, шымыр денелі, қараторы өңді, дөңгелек жүзді адам болған. Өзіне жететін ғана малы бар екен.

Жұмабай ата айналасындағы жұртына, өз замандастарына кеңінен белгілі бақсы болып, ауырған адамдарды емдеп жазған. Жұмабай ата жайында немересі Қосан көкем мынадай әңгімелер айтқан еді.

- Жұмабай атам көз жұмғаннан кейін көп кешікпей, мені бір құбыжық түнде ұйықтатпайтын болды. Көзімді жұмсам, үстіме жүн-жүн бірдеңе мінип алады да, қылғындыра бастайды. Ал көзімді ашсам, жоғалып кетеді. Осылай бір ай көз ілмей, әбден жүдеп төсек тартып жаттым. Оның үстіне екі сирағым іріңдеп, жүруден қалдым. Бір күні түсте үйге бір кісі келді де, көзім шүңірейіп жатқан маған қарап:

-Қандай аурумен ауырады?- деп сұрады.

Қабдеш әкем болған жайды айтып шықты. Әлгі кісі бір молданың атын атап, мені соған апарып қаратуға кеңес берді. Келесі күні әкем мені түйе арбамен солай алып жүрді. Кештетіп сол ауылға жетіп, молданың үйіне түстік. Мен киіз үйдің сол жағына әкеліп жатқызды. Әкемнің сөзін тыңдап, мені қараған кейін молда:

-Бұған атасының жыны қона алмай жүр екен. Бірақ ештеңе етпес, түбі қайырлы болады, - деді.

Содан соң молда арабша оқуға кірісті. Ал мен алаңсыз ұйқыға кеттім. Оянғанда, келесі күннің іңір қараңғысы түскен екен. Молда үш күн кітабын оқып, мен үш күн бойы құбыжықтан арылып, алаңсыз ұйықтадым. Содан кейін молда:

- Жынды мен алып қалдым, енді балаң жазылады, - деді әкеме. Шындығында, мен үйге келген соң мүлде сауығып кеттім.

Жалпы, Жұмабай ата үлкен қасиеттің иесі болған. Ол ауру адамды үйге алып келгенде, киіз үйдің ортасына от жағып, оған білектей темірді салатын. Әлгі темір әбден қызарғанда, атам оны жалаңаш қолымен оттан суырып алып, темірді ашық тұрған етіне сүйкеп, быжылдатып, тілімен жалап «ойнай» бастайтын. Бірақ денесінің еш жері күймейтін-ді. Себебі атамызды өзінің қасиеті қорғайтын еді.

Атамыз байлыққа, қымбат заттарға әсте қызықпай, бойын оңдайдан аулақ ұстады. Тұрмысы жұпыны еді және айналасындағы адамдармен жақсы қарым-қатынаста болды. Мінезі ашық, кездескен кісімен бірден сөйлесіп кететін. Сөйтіп, Жұмабай атамыз 54 жасында өмірден өтіпті.

Жұмабай Бозшаұлының бейіті Қызылқоға ауданындағы Қарабау селосынан шығысқа қарай 14-15 шақырымдай жердегі «Қарағұл сопы» қауымында.

Әнуарбек ҚОСАНОВ,
«Атыраудың әулиелері»

ШОЛТЫРҰЛЫ МАҚАШ ӘКІМ ТУРАЛЫ ХИКАЯТТАР

БІР МЫСҚАЛ

Бекмұхамбет би баласы Шолтырға «Алып анадан туады» деп келінді ел ішінен өзі таңдаған ғой. Ол жайында шалдар айтатын жақсы әңгімелерге біршама қанықпын. Соңғы кезде «Бекмұханбеттің би келіні» деген әңгімені жазып тастағаным бар. Жиделідегі Сарет бидің ақылды қызын сынақтан өткізіп, ақыры баласына құда түсіп, Бекмұхамбеттің Шолтырды солай үйлендіргені-шындық. Атасы күткендей болып, Шолтырдан Мақаш әкім туады емес пе? Нағашы жұрты Кәкімнің алғырлығын, оның бойындағы жақсы қасиеттерін, тіпті өнеріне дейін «нағашыларынан көшкен, бізге тартқан» деп өздерін жоғары көрсетпек болады екен.

Бірде Мақаш ауылына барлығы жиналып отырғанда (араларында Жантұрған да болады) қызылкұрттың жігіттері тағы да Мақашты өздеріне шығарып алмаққа ниеттенеді. Әкім оған бой алдырғысы келмей (сұлтан да сүйегін сатпайды дегендей) басқа сөздің ретін таппай ойлана отырып:

-Нағашыларымның сөзін қостай алмаймын. Қай заманда да бала әкеден бір мысқал кейін тумай ма.

Мен әкемнен бір мысқал болсам да биіктеп кеткен шығармын,-дейді көпке естірте. Мақаштың ондағы ойы нағашыларына тартпаған етіп, өз тұқымын қорғап, атасы Бекмұхамбет бидің аруағын аттамауды көздесе керек. Сонда үнсіз отырған Жантұрған:

-Мақаш, мен сенің ол сөзіңе қосылмаймын,-дейді тез сөйлеп. Әкеңнен бір мысқал жоғары тусаң, сенің әкең Шолтыр өз әкесі Бекмұханбет бидің бейітін күмбездеп, бүкіл Сасықтауға әйгілеп сарай тұрғызып еді. Ал сен өз әкеңнің басын немен қарайттың? Шолтырдың бейітінде қандай белгі бар? Бір мысқал жоғары емес, қайта нағашыларыңа тартамын деп әкеңнен бір мысқал кемдеу соққан жоқсын ба,-дейді турашыл би.

Мақаш әкім орнынан атып тұрып барып, Жантұрғанның қолын алады. Қызылқұрттың мақтанып отырған жігіттері жым болады.

-Таптым, Жантұрған, ұттың мені, тоқтаттың сөзден. Сен шынында да Жантұрған емес, көмейінде алау от тұрған адамсың-ау. Жеңілдім, Жантұрған жан досым, ат-шапан айыбым бар. Мақаш қабағы кірбіңсіз ашық күледі.

Кәкім айтқанын орындайды. Сол күні жиналған көптің ортасында Жантұрғанға ат мінгізіп, иығына шапан жабады.

-Ұтылғанын тек ұятсыз ғана білмес. Қысылма. Әкемнің басына елеулі белгі жасай алмағанымды халқымнан жасырмай, сенің айтқаныңа ризамын. Мен шынымен нағашыларыма тартып кетсем керек,-дейді Мақаш толқи тұрып.

***

Пай, шіркін ғаділ еді-ау , адамгершілігі зор еді-ау. Мақаштың әділ билігі, таза тура сөзі үшін Жантұрғанды өмір бойы қатты сыйлап өткен ғой. Өзге біреулер болса, ондай сөз үшін Жантұрғанмен жауласып өтеміз деп көкбеттенер еді-ау. Мақаштың жаратылысы бөлек қой. Бала кезімде Мақашты талай көрдік те. Әлгіндей әңгімелерді ауызымызды ашып отырып тыңдадық та,-деуші еді таңдайларын қағып, бастарын шайқап сыр қозғайтын, менің бұдан жарты ғасыр бұрын сөздерін тыңдаған шалдарым!

Жоғарыдағы көріністер бүгінгі ұрпақтың да құлағына шалынса деген ниетпен жаздым. Мүмкін біреулері одан ғибрат алар.

Аруақ алдында қарыздар екенімізді ұмытпайық. Әумин!

Рахмет ИМАНҒАЛИ,
Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.
Құрманғазы ауданы.

МАҚАШ ПЕН ЖАНТҰРҒАН

Жантұрған Мақашпен құрдас бопты. Шауып келіп, атының басын үйдің босағасына тірейді екен. Сондықтан Мақаш Жантұрғанды «Антұрған» деп атапты. Бір күні Мақаш Жантұрғаннан :

-Мен кіммін, сен кімсің?-деп сұрапты. Жантұрған:

-Сен бір аппақ шыны шөлмексің, мен бір қара балтамын. Саған тиіп кетсем, сен сылдыр етіп сынасың да қаласың,-дейді.

Мақаш:

-Әй, нағыз антұрғансың-ау,-деп күліпті де қойыпты.

***

Жантұрған өз елі Мыңтөбе жағында болған бір дауға билік айтып, оны шамасы келгенше әділ шешкен.Шешімге риза болған дау иелері оған сыйлық беріпті. Бірақ ол кезде бұл пара алған болып есептеледі. Оны Мақаш естіп, бір кездескенде Жантұрғанға:

-Әй, Жантұрған, сен бір қара балта едің, бірақ таттанған екенсің,-деп алғанын бетіне басыпты. Жантұрған үндей алмай қалыпты.

***

Бір жолы Мақаштың үйіне Жантұрған келе қалады. Мақаш сәлемдескеннен кейін:

-Әй, Жантұрған, бұл қазақтың бала әкеден ширек кем туады дейтіні бар, осы не сөз? Қазағым, сонда мені де әкесінен ширек кем туды деп айта ала ма?-деп күліпті.

Жантұрған:

-Ойбай, Мақаш-ау, жұрт сені әкесінен ширек емес, пұт кем туды деп жүр ғой,-дейді.

Мақаш от басқандай ыршып түсіп:

-Мұнысы қай мазағы, мен он екі нәнді тауыстым, патшадан шен алып, екі бірдей округты уысыма ұстап отырмын. Мына жұрт аузымнан шыққан сөзімді санап тыңдайды. Ал әкем Шолтыр тым болмаса қағазға бармағын да баса алмайтын надан болды, сонда жұрт мені әкесінен пұт кем туды деп қалай айтады? -дейді.

Жантұрған:

-Сабыр ет, Мақаш. Әкең Шолтыр өз әкесі Бекпенбет би өлгенде Сасықтауда сансыз жылқының жалы мен қойдың жабағысына илеп, балшық бастырып, күнге күйдіріп, қызыл тастан азбайтын, тозбайтын тамды өз қолымен салған екен. Сен соны көре тұрып, әкең Шолтыр өлгенде малдың қиына илеп, там салдырғанда, өзің еңкеймедің де. Керек десең әкеңнің қайда жатқанын да білмейсің. Әкесінен ширек емес, пұт кем туды дейтіні содан шығар,-дейді.

Мақаш:

-Кешір, Жантұрған, өзіме де сол керек еді. "Семіздікті қой ғана көтереді",- деген рас екен. Қалай дегенде де баланың әкеден сынық сүйем кем туады дегеніне шүбә келтіруге болмайды екен, оны қазір түсіндім,-деп өз қателігін мойындапты.

Екінші бір нұсқада осы әңгімені Әтембек айтыпты –мыс дейді. Дұрысы осы Жантұрған айтқан болуы керек.

***

Мақаш жөн-жосықсыз шашылып, ақтарыла төгілмейтін, қонақ күтсе де ретімен көсілетін, салқын қанды, сабырлы жан болған деседі. Тұстастары оның бұл қылығын сараңдыққа балап, салық етіп бетіне басып та жүретін.

Жаз мезгілі болса керек. Адайдың ағайынды Жантұрғаны мен Бектұрғаны іңірлетіп Мақаш ауылына келеді. Мақаш қой сойып, қонақ күтеді. Өздеріне арналған жеке үйге төсек салып жайғастырады. Бірақ ертеңіне тұрып қазан көтерген, болмаса бұлар жатқан үйдің түндігін түріп, тірлік танытқан ешкім байқалмайды. Біраз тың тыңдап жатқан Жантұрған Мақаштың мұнысына таң қалып, кешегі қан шығарған жалғыз қоймен аттандырғалы отыр ма екен. Біз болсақ, ол келгенде қаралай

шабыламыз деп ойлайды. Жоқ, бір амалын табу керек деп сыртқа беттейді. Артынан ілесе шыққан атқосшысына:

-Сен қазір Мақаш жатқан үйге бар да, ешкімге қарамастан қалтаңнан пышағыңды алып, алақаныңа жанып қайрай бер, сол кезде мен барамын,-дейді. Атқосшы Жантұрғанның айтқанын істейді. Мақаш таңданып қарап отырады, сол кезде кіріп келген Жантұрғанға:

-Мына күшік азаннан пышақ қайрап, кімнің құлағын кесейін деп отыр,-дейді.Жантұрған:

-Мақаш-ай, сені мен менің қасыма қай бір тойған күшік еруші еді. Кеше кешкі қан шығарған жалғыз қойың жұмырына жұғын болмай, екіншісін сұрап отырған сыңайы бар ма деймін. Сен күшік дегенмен, күшіктің атасы ит емес пе?-дейді.

Сөзден тосылған Мақаш мал сойдырыпты.

***

Бірде Жантұрған келгенде Мақаш оған аттан түспей жатып:

-Жантұрған, бір сұрағым бар еді, әуелі соған жауап берші,-дейді.

Жантұрған:

-Мақұл, айтқын-дейді.

Жантұрған сол ат үстінде тұрып, жаймен қарынын сипайды да, кері айналып кете барады.

Ештеңеге түсінбеген Мақаш тағы бір кездескенде:

-Жәке, өткендегі сауалымның жауабын айтпастан кете барғаныңыз не, мен әділ сөзіңді әлі күтіп жүрмін,-дейді.

Жантұрған:

-Мақа, қателесесің, мен жауабымды сол бойда бергенмін, неғып түсінбей қалдың –дейді.

Мақаш:

-Шынында түсінбей қалдым,-дейді.

Жантұрған:

-Бұл жалғанда жанның рақаты тәбетің алғанша тамақ ішіп, оны бойыңа сіңіріп, кең сахара, таза ауада ішіңді босата білу ғой, ал осыларға қолың жетпесе, ол машақат,- дейді.

Бұған мән бермеген Мақаш: -Мен сенің аузыңнан есі бар, бәтуалы, аталы сөз шығады екен десем, қайдағы ішкенді, тышқанды тізбелеген занталақ сөз шықты ғой. Аттың жемін жеп, тайдың ойынын ойнаған көкмылжың екенсің,-деп әзілдеген күйі теріс айналыпты.

Мақаш кейіннен қылтамақ дертіне ұшырап, тамағынан бір тамшы қара су өтпей, өткенін жөнімен босата алмай қиналып жатқанда құрдасының сол сөзі есіне түсіп:

-Жантұрған әулие екен ғой, неғып мен оның сол айтқанына мән бермегенмін, асылы құрдастығым жеңіп кеткен шығар,-деп өкініпті.

***

Мақаш қылтамақтан қиналып жатқанда Жантұрған келіп:

-Мақаш, қалайсың, тәуірсің бе?-дейді.

Шымылдықтың ішінде жатқан Мақаш өзінің жүдеп тек қу сүйегі қалғандығын сездіріп:

-Көрімдігің бар ма, әзірлей бер,-дейді.

Жантұрған;

-Тірлікте өміріңді өнегелі етіп өткізгенің белгілі, басқарған елің әрдайым ардақтап «Ақ көке» атандың. Жұрттың алдында жалған сөйлеп, «Кетәрі» атанбадың, тағы нең жетпей жатыр?-дейді.

Сөз мәнін тез ұққан Мақаш:

-Жұрт сені би деуші еді, шынында бәрін біліп, тауып айтатын би екенсің, кел бері әңгімелесейік,-деп жанында жатқан асатаяғымен шымылдықтың етегін көтеріпті.

***

Бірде Жантұрған Мақаштан:

-Ханнан да артық туытындар бар ма?-деп сұрайды.

Мақаш:

-Ханнан артық қара бар,
Қылыштан артық ара бар.
Кей қараның сөздері,
Хан сөзімен пара-пар,-дейді.

***

Тағы бірде Жантұрған Мақаштан:

-Жақсы менен жаманның айырмасы қандай?-деп сұрайды.

-Жер мен көктей,-дейді Мақаш.

-Қалай дәлелдейсің?

Сабанның қауызында дән жоқ,
Жаманның ауызында дәм жоқ.
Ата алмайтын болсаң,
Қойша жайылса да аң жоқ.
Жапалақ мақтанса,
Жардан тышқан алдым дер.
Жаман адам мақтанса,
Жақсының аяғынан шалдым дер.

Сонымен онымен де бір теңесіп қалдым дер,-дейді Мақаш.

***

Бір отырыста Жантұрған Мақаштан:

-Тентек неге тоқтайды, жомарт неге тоқтайды, асыл неге тоқтайды, арлы неге тоқтайды?-деп сұрайды.

Мақаш:

-Тентек көпке тоқтайды,
Жомарт жоққа тоқтайды.
Асыл ханға тоқтайды,
Арлы шынға тоқтайды,-дейді.

***

Мақаштың есейген шағында Жантұрған:

-Жігіт дегеніміз не?-деп сұрайды.

Мақаш:

-Өмірдің оң-солын танып, көргендерімді көз алдыма елестетсем жігіттің түрі көп екен. Біреулері – құр жан, екіншілері- тек жан, ал үшінші-жігіт жан. Құр жан ештеңені ойламайды, күндікке жер басып, өмір сүргеніне мәз, былайша айтқанда малмен тең. Тек жандарыңыз осылардың аз-ақ алдында, ішіп-жемі, киері болса соған мәз. Бір тиын қарабақырға ағайын-туғандарын сатып, ұятқа қалудан арланбайды, өзгелерді кекетіп, мұқатуға, әжуалауға әуес болады. Жігіт жан дегеніміз ақыл-есі мол, айтары көп азамат, көсем болар жігіттің жұмысы төбеде, батыр болар жігіттің ісі найза менен жебеде, қызық қуар жігіттің ісі-қыран бүркіт, құмай тазыда, тентек болар жігіттің ісі-жалаң аяқ, жалаң бас итте болады,-дейді.

Құрдасының жауабын ден қойып тыңдап отырған Жантұрған ризашылық кейіпте Мақашқа бұрылып:

-Бәрекелді, бәрін де түсіндім, бірақ кейінгі жігіттеріңнің шаруасы итте бола берді ғой, соның ішінде соңғы айтқаныңды түсініңкіремей қалдым. Таратыңқырап айтшы, - деп қолқалайды.

Мақаш:

-Тәйірі, бір тентексіз ел жетім, сүтке тиген күшіктей, көзге шыққан сүйелдей боп жүретін жігіт тағы, - дейді.

***

Мақаш ауылының тентектері Мыңтөбе тұсындағы Жантұрған ауылының келесінен бес тайлақ ұрлап кетеді. Бұл хабар Жантұрғанның құлағына жетіп, қаңқу сөз көбейіп бара жатқан соң атқа қонады. Мақсаты- мәселені әкімнің өз алдында шешіп, шарасын алу. Бірақ бұл келгенде жайлаудағы үйінде Мақаш жоқ, тек жас тоқалы бар екен. Оның өзі Жантұрғанды дұрыс танымайтынға ұқсайды. Әйтсе де оны Жантұрған елең қылмай, бірден төрге шығып ап, жатып алады. Бұл қылық әкімнің тоқалына ұнамайды. Өйткені бұған дейін бұл үйде бұлай еркінсіп жатқан ешкім болған емес. Ал мына кісінің қылығы шектен шығып барады. Не де болса тез құтылудың амалына көшкен тоқал:

-Отағасы, мырза ауылда жоқ еді, бұл үйден жағдайыңыз табылмас, азаматы бар шаңырақтың біріне бармайсыз ба?-дейді.

Жантұрған:

-Келінжан, қапаланба, әкімнің үйінен жағдайымыз табылмағанда, қалғанына не жорық. Аштан өлсем - көріп алдым, мен сол мырзаңызды қашан келсе де күтемін,-деп бір аяғын екінші тізесіне аударып салған күйі жата береді.

Бейбастақ қонақтың мына еркіндігінің жай еместігіне көзі жеткен тоқал шай қамдаудың жөніне көшеді.

Көп кешікпей Мақаш та келеді. Далада тоқалынан бар жайға қанықкан Мақаш бейтаныс қонақтың бес тайлақтың қуғыншысы Жантұрған екенін сезеді де, жігіттеріне қысырдың тайын сойып, қазан көтеруге пәрмен береді, сосын үйге кіреді.

Жантұрған құрдасын сол төрде шалқалап жатқан күйі ернін жыбырлатып қана қарсы алады. Бұған мән бермеген Мақаш қонағын әзірге мазаламай, шайдың келуін күтеді.

Аздан кейін шай да жетеді. Алыс жолдан шаршап келген бидің шөлі қанды-ау деген тұста Мақаш:

-Ал, қонағым, шөлің қанса әңгіме айт, не көріп, білгенің бар? -дейді. Көпті көрген сұңғыла би Мақашқа сәл бұрылып:

-Әңгіме түрі көп қой. Мәселен, бес тайлақтан ба, әлде бес тайпадан ба, қайсысын айт дейсің,-дейді.

Мақаш та мұндай қиқар сұрақтың боларын бұрынан біліп отырғандай, әйтсе де оған айылын жимаған күйі:

-Бес тайлығыңды қойшы, ауыл арасындағы ит төлеуі бар күшіктің әңгімесі ғой, онан да ғаламдық пәтуа-бес тайпаңды айт,-дейді.

Осы арада манадан бері құрысы жазылмай отырған қонақтың да, мұның қай жағына шығып кетем деп отырған үй иесінің де қабақтары ашылып, еме-жарқын әңгіме басталады.

Құрдасының үйінде екі-үш болып, біраз сыр ақтарған Жантұрғанның ауылына қайтар тұсы да жетеді. Осы кезде есіктен еңгезердей екі жігіт кіріп кеп, босағада қалшиып тұра қалады. Мақаш әңгіме бастап:

-Жәке, сенің ауылыңның бес тайлағын қуып кететін «батырларымыз» осылар, айыптылардың жазасын өзің айт,-дейді.

-Жаза кесуді әкім тұрғанда, би белге байламас болар,-дейді Жантұрған.

-Ендеше, екеуің, -дейді Мақаш жігіттерге қарап,-бидің аяғына жығылып, кешірім сұраңдар. Сосын ұрлаған бес тайлақтарыңның үстіне өз малдарыңнан тағы бес

тайлық қосып, малды иелерінің қолына апарып тапсырыңдар!

Жігіттер жығылып кешірім сұрап, бес тайлақпен құтылғандарына мәз болып кетеді. Жантұрған ризашылықпен жолға шығады.

***

Бірде Мақаштың шақыруы бойынша Жантұрған мен інісі Бектұрған үй сыртында аттарынан түсіп жатады. Мақаштың Мұхит және Шмидт деген екі хатшысы бар екен. Соның Мұхиты ойда жоқта пысықсынып Мақашқа:

-Егер қарсы болмасаңыз, осы жолы Жантұрғанды бір сөзбен тоқтатсам қайтеді,-дейді.

-Басқа-басқа, Жантұрғанды қара сөзден тоқтату мүмкін емес, аңдамай сөйлеп, арандап қалма,-дейді Мақаш.

-Қара сөздің қанша жорғасы болса да осы жолы жорғалай алмайтын шығар.

-Олай болса, еркің білсін.

Жантұрғандар дауыстап, дабырласып ішке ене бергенде Мақашпен қатарлас тұрған Мұхит:

-Жантұрғанның Бектұрған деген інісі бар екен ғой, мүмкін Антұрған да бар шығар,-дейді.

Осы кезде Жантұрған қамшысын алдына көлденең ұстаған күйі үнсіз тұра қалады. Мұның жай қылық еместігін сезіп қалған Мақаш:

-Қош келдіңіздер!-деп төрді нұсқайды. Бірақ мұны елең қылмаған Жантұрған сол қалпында тұра береді.

-Төрге шығыңыз!-дейді тағы да Мақаш. Осы кезде ғана қонағы жақ ашып:

-Мақаштың үнемі жанынан қалмайтын екі иті бар деп еді, мыналар солар болмаса қайтсін. Төріңе қалай шығамын, мына екі итің қозғалсам болды, балағыма жабысқалы тұр ғой, ең болмаса кет десейші,-дейді.

Сөзден тосылған Мақаш Мұхитқа қабағын түйіп:

-Осы сыбағаңа риза боларсың, екеуің де бара беріңдер,-дейді.

Екі хатшы кеткен соң Жантұрған:

-Әкім мырза, сыйлы қонағыңды шақырып ап, «Мұхит, Сұхит» деген иттеріңе талатуды қашаннан бері әдет қылып жүрсің!-дейді.

Мақаш ештеңе дей алмай:

-Төрлетіңдер, төрлетіңдер! -деп күле беріпті.

***

Мақаш пен Жантұрған бір нәрсеге келісе алмай, сәлемдері жараспай жүреді. Бірде Мақаш Есенгұл

беріш Бекей дегеннің үйінде отырса, үстіне Жантұрған келеді. Есіктен кіріп келе жатқан Жантұрғанға Мақаш:

- Сен кім, мен кім ?-дейді.Жантұрған кідірместен:

-Сен пышақ, мен қайрақ, - дейді. Мақаш:

-Халық жазды, -дегенде Жантұрған:

-Халық кешті-дейді. Бұл сөздерді өздері түсінген екеуі қайта жарасып, достасып кетеді.

***

Мақаштың тоқалы ұл тауыпты. Құтты болсын айта барғандардың қай-қайсысына да жылы қабақ танытқанымен, аса бір ілтипат білдірмепті дегенді естиді де, Жантұрған әлгі өкпелі кеудемсоқтардың бір-екеуін қасына ілестіріп, құрдастың ауылы қайдасың деп тартып береді. Жолай қосшы жігіттерінің жас нәрестеге қандай тілек айтатындарын біледі де:

-Әкімді ризалаудың жарасы жеңіл ғой, -дей салады.

Үй иесі келген қонақтарды әдеттегідей жайдары, жарқын қалпында қарсы алып, төрге оздырады. Аман-саулықтан соң Жантұрған:

-Мақаш, «Ұлды болдың-құлды болдың» деген ғой, балаң лайым да адал ақ сүт емген адам боп өссін! - дейді. Мақаш қонақтарына шынайы жарқын жүзімен жалт қарап:

-Әмин! Айтқаның келсін, аруақ қолдасын, бәріміздің борышымыз да, арманымыз да сол ғой, - деп

Жантұрғанға жақын келіп отырады.

Мақаш қонақтарына үлкен сый-құрмет көрсетіп, арғы-бергіден біраз әңгіме қозғалады.Бұрынғыға қарағанда бұл жолғы құрметтің ерекшелігіне таңданған қонақтардың бірі Жантұрғаннан сұраған боп Мақашқа қарата:

-Біз осы сәбиге өткенде де құтты болсын айтқанбыз, бірақ Мақаш тап қазіргідей жылы шырай танытпап еді, оның сыры тілегінде ме әлде тілекті айтқан адамында ма?-деп сұрайды.

Бұл сұрақтың әйтеуір бір қойылатынын күтіп отырған Мақаш:

-Дұрыс айтасың, қашанда тілек атаулының терісі жоқ. Бірақ әрқайсысының орны, салмағы бар. Мысалы: «Балаң бақытты болсын!»,- дедің. Кім бақытсыз болсам деп ойлайды. Немесе «Өмір жасың ұзақ болсын» -дейді, егер мәні жоқ болса, мың жасағаннан не пайда? Ал «Балаң адал ақ сүт емген болсын» десе , оның орны басқаша. Адам баласына жақсылық атаулының бәрі бесіктен, ананың ақ сүтінен дариды, тәрбие негізі де осы кезден басталады. Өз басым бала тәрбиесіндегі бастау- ананың сүтінен, әкенің әлдиінен басталады деп білемін. Ендеше мұндай тілекке мейірленіп, шаттанбағанда, қай тілекті қабыл алып, тұтып, қанағаттанбақпын,-дейді.

Сонда Жантұрған:

-Ай, тектім-ай, даралығыңмен қоса даналығың да мол-ау, жарайсың, –дейді. Бұл пікірді қалғандары да қостап, қайта-қайта ризашылық сезім білдіріпті.

МАҚАШ ПЕН ӘТЕМБЕК

I

Жаз мезгілі болса керек. Әтембек Мақашқа сәлем бере барамын деп хабар жібереді. Әзіл-қалжыңы жарасқан замандасын дұрыстап қарсы алғысы келген Мақаш жаңа жерге қоныс аударып, тың жерден құдық қаздырады. Әйтеуір де апың кіріп, күпің шығып, даңғаза дайындықпен күткен қонағы бір аяқ шай ішеді де, тасаяғын (кесесін) төңкере салады. Қонағының мұнысына түсінбеген Мақаш өз тарапынан бір олқылықтың кеткенін сезеді де: «Әтеке, мынау күннің ыстығында жолсоқты болып, күпсіп келген шығарсыз, шай алып отырыңыз».-деп тілек білдіреді.

Екінші бүйіріне аунап түскен Әтембек:

-Суларыңнан шуаш иісі шығады, - дейді.

Мақаш санын бір соғып, жігітеріне тағы бір жаңа жерден құдық қаздырады. Арада аз уақыт өткенде қайтадан шай келеді. Әтембек бұл жолы ілкідегідей емес, аққұйрық шайды ұзақ толғайды.

Мақаш қонақ аттанған соң алғашқы құдықтың орнын сұрап білсе, бұдан жеті жыл бұрын сол жерде отырған біреулер қой тоғытып, шайындырған екен. Әтембек соның дәмін сезіп қалған. Соған сай Мақаш Әтембекке «Адайдың жеруі» деп ат қойған.

II

Мақаштың Қазанда оқып жүрген баласы Әміржан қайтыс болып, үйге жан кіргізбей, ешкіммен сөйлеспей, жалғыз өзі жатыпты. Көңіл айта келгендерге басын көтермепті. От ауызды, орақ тілді замандасы Әтембек көңіл айта келе жатып, жолда бәрін естіп-біледі. Үйге кіріп келген Әтембекті көргенде, Мақаш міз бақпай жата береді.

Әтембек:

-Ей, Мақаш, баласы өлген жалғыз сен бе, тұр орныңнан,-деп ақырады.

Мақаш одырая қарап:

-Маған тұр деп ақырғандай сен кімсің, құдаймысың?-дейді.

Әтембек:

- Құдаймын!-дейді.

Мақаш:

- Құдай болсаң, баламды алдың, енді не істермін дейсің ,-дейді.

Әтембек:

-Мен құдай болсам, балаңды алғанымен қоймай, басыңдағы бағыңды, астыңдағы тағыңды алар едім. Қойыңдағы қатының мен алдыңдағы малыңды алар едім. Екі көзіңді сұқараңғы етіп, иығыңа дорба арқалатып, ел кезетіп диуана етер едім,-дегенде, онан әрі шыдай алмаған Мақаш:

-Тәуба, тәуба, тәнірім, бергеніңе шүкіршілік,-деп басын көтеріпті.

МАҚАШ ПЕН ШОРА

Бірде Мақаш ауылына Жайықтың шығыс бетіндегі елден Қаракемпір шеркеш Есенаман би келеді де, осыған орай ел ішінде сөз білетін кісілер бас қосады. Жиналғандар әңгімені алыстан ат арытып келген қонақ бастайтын болар деп күтіп отырғанда, бұрынғы дағдымен Шора би сөз бастап кетеді.

Осы кезде Мақаш:

-Ау, Шоке, шыдамадыңыз ба, мұнда сізден өзге де, басқасын былай қойғанда, Жайықтың аржағы Қарабау, Тайсойған бойынан келген адамдар да отыр. Әңгімені әуелі солардан күткен де дұрыс болар еді ғой, - деп басу айтады.

Сонда Шора:

-Ой, шырағым-ай, отырсам опақ дейсің, тұрсам сопақ дейсің, қатты жүрсем желбос дейсің, ақырын жүрсем маубас дейсің, сөйлесем тақ-тақ дейсің, сөйлемесем ақымақ дейсің. Сенің қай бабыңды табам.

Алдымен ауылдың алты ауызын бастау біздің парымыз емес пе?-дейді.

Мақаш ауыл атасының бұл сөзіне ден қойып, әуелден әңгіме десе дес бермеген Шөкең еді деген оймен:

-Ендеше, бастай беріңіз,-деп жол беріпті.

МАҚАШ ПЕН МАЛТАҚАН

Бірде қызмет бабымен Ордаға келген Мақаш осы өңірде тілге жүйрік, сөзге шешен Малтақан деген кісі бар деп естіп, тілдескенше асық болады. Өз тілегін айтып, Малтақанды шақырып, кісі жібереді. Бұрыннан Мақаш айтып естіп жүрген Малтақан келеді. (Малтақан-атақты ақын Тайыр Жароковтың атасы.)

Малтақан келгенде, Мақаш төрде құс жастықты шынтақтап жатыр екен. Орнынан ұшып тұрып көріседі де, құшағын жазбаған күйінде:

-Малтақан аға, сізді осы өңірдегі құлағы түрік, көзі қарақты, қара сөздің шебері деп естимін. Осы орайда өзімді таңдандырып жүрген, бір-екі жайды сұрап білгім келеді. Атап айтсам, дүниеде айналайынның шегі нешеу? Әбден кейігенде "атаңа нәлет" дейміз. Осы атаңа нәлеттің түрі қандай? Отырмай жатып, осы жайларды түсіндірсеңіз?-деп қолқа салады.

Малтақан:

-Е, Мақаш, бар болғаны осылардың жауабын таба алмай жүрсең, әуелгің үш, кейінгің төрт ағайынды ма деп қалам. Өзің үйде бол-болма, іргеге ат байлаған доска, жақын-жаранға, кез келген құдайы қонаққа жарқырап отырып, барын базар ете білген, берген шайын шалып тастайтын қойға, қойын жетектетіп, мінгізіп жіберетін атқа пара-пар етіп, есте қалдыратын ақжарма, жайсаң қатыннан айналайын. Қолыңа жүген алып жүгіріп барғаныңда, теріс айналып кетпей, қасқайып қарап тұратын атыңнан айналайын. Байтақ елге басшы болып тұрғанда, елге құт, әлді-халдылардан таяқ жеп, тепкі көріп, алдыңа келген пақыр мүшкілге, жетім-жесірге пана болған, байдың малына, бидің ажарына қарамай, кемді теңгерген, жылағанды жұбатып, құлағанды тұрғызған, қара қылды қақ жарып, төрелігін әділ айтқан әкімнен айналайын. Ал нәлетіңе келсек, доска, жора-жолдаска, алыс жолдан арып-ашып келген құдайы қонаққа: "Үйде су жоқ, әбдіреде ас жоқ, аулада отын жоқ", - деп кіржіңдеп, аяқ-табақпен алысып, ошақ басына жоламайтын, сөйтіп сені тірідей өлтіретін қатын атаңа -нәлет. Мойныңа бұршақ салып, Алладан тілеп алған ұл-қызың есейіп бой жеткенде, жағың салдырап, буының босаған кезде әйелі мен күйеуінің пыш-пыш күңкіліне ілесіп, өзі әке, өзі шеше болып, көзімен атып, сөзімен шатып, ысқырып, тықсырып, төбеңе әңгір таяқ ойнатса, ұл-қызың- атаңа нәлет. Аралас-құралас болып, барыңды бөліп жеп отырған көршің сәл нәрсеге өкпелеп, сырыңды жатқа жайып, сыртыңнан ғайбаттаса, сол көршіңе атаңа нәлет. Басыңа бақыт дарып, халқыңа аға атанған шағыңда біреуден қорлық, қиянат көрген пақырлар мен жаяулар алдыңа келгенде, байдың малына, бидің ажарына, мырзаның сыйына қызыққан парақор әкім атаңа - нәлет,-дейді.

Шешеннің жауабына дән риза болған Мақаш:

-Аға, бәрін де дұрыс айттыңыз, қай- қайсысы да өмірде кездесетін жайлар екен. Сізге көптен көп рақмет,- деп, төрге әкеліп отырғызыпты. Осылайша екеуі таңды таңға ұластырып, әңгіме-дүкен құрыпты.

Берік ҚОРҚЫТОВ.

МАҚАШТЫҢ СЫЙЛЫҒЫ

Мен, жасырақ кезімде, яғни 1954 жылдары Қожаниязов Жақып дейтін карттан Шолтырұлы Мақаш туралы бір-екі әңгіме естіп едім. Бұдан былай ол әңгімені көкірегімде сақтап жүре бермей, оқырмандар назарына ұсынып отырмын.

Жақып - 1885 жылы Қызылқоға ауданында туып, 1956 жылы сол өңірде қайтыс болған кісі. Руы есентемір. Есентемірдің Көні, оның ішінде Қаржау дейтін бөлімі. Ол ескіше де, жаңаша да хат танитын әлім-берім сауаты бар кісі еді. Сөзді қалай болса солай шұбатып айтпай, шегелеп айтатын, мінезі ауыр, кербез кісі болатын. Ендігі әңгіме желісін негізгі тақырыбымызға бұрып, сөз кезегін Жақып карттың өзіне берейік.

Мақаш заманында қара нөсер атанған адайдың борама ақыны Қашаған туралы сырт көздерден, күніне мыңдап алып, жүзді берсе де, Қашағанға шыр бітпейді екен, оның қалтасы тесік, қолы ашық, алатынынан беретіні көп, жаратқан ие оның маңдайына кедейліктің тауқыметін жазып қойған екен деген әңгімені естиді. Мақаш ел аузындағы бұндай алыпқашты сөзге сырттай көрсетпегенмен, іштей сенімсіздік көрседі. Осы жұрт Қашағанға дұрыс бере алмай жүр, дұрыстап берсе, Қашағанға неге шыр бітпесін. Сырт жұрт оны сорлы деп бостан-босқа кінәлайды, осыған мән беріп көрейінші, сонда Қашағанға қалай шыр бітпес екен деп, бір жылы таңғы салым елдің алды өрге көшейін деп жатқанда, қасына үш-төрт кісі ертіп, Бозашы түбегінде отырған Қашағанның үйіне келген көрінеді. Сол сапарында Мақаш Қашағанға беру үшін әркайсысы кішігірім тай өгіздей 200 бас қасқа тіс еркек қой айдатып келіпті. Қашаған Мақаш әкімнің келе жатқанын ұзынқұлақтан алдын-ала естіп, өрге көшкен елге ілеспей, сыйлы қонақты күтіп, үйде отырған көрінеді. Қашаған Мақашты бар ықылас, пейілімен қарсы алыпты. Мақаштың Қашағаннан оншақты жас үлкендігі бар екен. Сол жылы Мақаш 60, Қашаған 49 жаста болса керек.

Мақаш Қашағанның құрметіне, рухани күш-қуатына қатты риза болыпты. Қашаған түні бойы өлең мен жырды селдетіп, Мақаштың құлақ құрышын қандырған көрінеді. Ертеңіне аттанарда Қашаған Мақаштан шаруа сұрапты. Мақаш: "Басқа шаруам жоқ. Бар шаруам сені көріп, сенің сөзіңді есту еді, ол шаруам бітті. Саған әрі көмегім, әрі сыйлығым деп 200 бас еркек қой айдатып келдім, соны алып қал. Сенің сөзің бір түнге түгесілмейді ғой, амандық болса тағы келіп, сөзіңді тыңдап кетермін. Оған дейін сау-саламат бол",- деп аттанып кетіпті. Қашаған: "Келіңіз, келіңіз, күтемін!", - деп Мақашты аттандырып салған көрінеді. Ол жерде Мақаш Қашағанға тағы да өлең айтқызу үшін емес, оның бұдан кейінгі күй, жағдайын көзімен көріп, білгісі келіпті.

Мақаштың екінші рет келем дегенде, осындай ішбүкпе есебі болған екен. Айтқандай-ақ Мақаш келер жылы қасына бір-екі кісі ертіп, Қашағанның үйіне келіпті. Қашаған Мақашты әдеттегідей күтіп алған көрінеді. Бір қызығы Қашаған сол күні Мақаштың қонақасына соятын 1 қойды інілерінен қарызға сұрап алыпты. Өзінен сойып тастайтын мал болмаған көрінеді. Мақаш оны үй ішінің әбігерленіп

жүргенінен байқап қалса керек. Өткен жылғы 200 бас еркек қойды Қашаған сол күні-ақ сарқыт сұрап келген көрші-көлем мен ағайын-туыстарына үлестіріп жіберген екен. Мақаш Қашағанға сол түнде армансыз өлең айтқызыпты. Ертеңіне Мақаш аттанарда Қашаған тағы да шаруа сұраған көрінеді. Сонда Мақаш:

-Қашаған шырағым, саған мал байлығы мен дүние байлығы жолдас болмайды екен, соған көзім жетті. Тек өнерің өлмесін, өнеріңді жолдас қылып, аман-есен жүре бер, саған айтатыным осы,-деп аттанып кеткен екен. Кетерінде Мақаш Қашағанның әйелінің қолына: "Келін шырағым, мынаны шай-сулыққа жаратарсың, саған әкелген сыйлығым", - деп бір бөлек ақша ұстатып кетіпті. Мақаш кеткесін қараса, ол табаны күректей 600 мәнет ақша екен. Сол кездегі нарық бойынша 1 қойдың бәсі қанша керім болса да 3 мәнетке не жетіп, не жетпейді екен. Бұған қарағанда Мақаш Қашағанның үйіне тағы да 200 бас қой беріп кеткен сияқты. Міне, Мақаштың сыйлығы.

Содан арада 13-14 жыл өткен шамада Қашаған әркімдердің аузынан Мақаш бейдауа дертпен ауырады екен, ауруының түрі жаман көрінеді деген суық сөз естіпті. Оны естігеннен кейін Қашаған Мақаштың көңілін сұрап қайтайын деп салт атпен бірнеше күн жол жүріп, арып-ашып Мақаштың үйіне келіпті. Ол кезде Қашағанның жасы алпыстың үстіне шығып кеткен көрінеді. Оған қоса Қашағанның көз жанары нашарлап, аяқ жолынан әріні көре алмайтын болып қалған екен. Соған қарамастан ол қасына немересін ертіп, ит арқасы қияннан Мақашты іздеп келген көрінеді. Бірақ тағдыр Қашағанға Мақашпен кездесуді жазбапты. Қашаған келерден сүт пісірімдей уақыт бұрын Мақаш жарық дүниемен қоштасып, ел-жұрт оны оң жаққа салып қойған екен. Қашаған Мақаштың бақилық болып кеткенін білгеннен кейін төрге шықпастан, өліктің аяқ жағына отыра қалып, шелектей қара домбырасын киіз қабынан шығарыпты да, сақалын жуып, жылап отырып төмендегідей мәтінде жалғыз ауыз өлең айтыпты.

Базардан алып келген шаппа пышақ,
Ақ жүзің жарқыраушы ед ақша құсап.
Оң жақта, Мақаш төре, жатырмысың,
Құлаған алтын тақтан патша құсап.

Содан кейін барып төрге озыпты. Төрге шыққасын Қашаған от жақта аңырап, дауыс салып отырған Мақаштың бәйбішесін көріп, оған да бір ауыз өлең жолдаған көрінеді.

Дүние кейде олай, кейде былай,
Өмірдің басы тұнық, аяғы лай.
Ғаламды он сегіз мың тәрк етсе де,
Ешкімнен, қаймықпайды патша Құдай.

Қашағанның әрбір сөзі алтынмен пара-пар ғой. Оның жоғарыдай екі ауыз жұбату сөзін естігеннен кейін бастарын тауға да, тасқа да ұрып, қирап жаткан Мақаштың ағайын-туыстары мен жекжат-жұрағаттары тәубаға келіп, көңілдерін бірлеген екен. Қашаған Мақаштың жерлеуіне қатысып, еліне содан кейін кетіпті.

Кәрім ТҰРДАҒАЛИЕВ.
Қызылқоға ауданы.

БАҚОРАЗДЫҢ ҚАЙРАТЫ

Шеркеш Бақораз деген атамыз шөлде құдық іздеп, әбден сандалып, шаршайды да, атын арқандап, үлкен жыңғылдың түбіне жатып, ұйықтап кетеді. Сол кезде түсіне ақсақалды қарт кіріп, аян береді. "Балам, анау төбенің құбыла жағынан барып қазшы, содан іздеген тұщы суыңды табасың." – дейді.

Ақсақалдың аяны ақиқат болып, қазған жерінен мол тұщы су шығып, ел де, мал да қарық болады. Бір күні ауылға тосыннан 6-7 адам сау ете қалып, құдықтың басында жүрген бала-шаға, әйелдерді бықпырт тигендей сабап, құдықты көміп, ауылдың астан-кестенін шығарады. Сол кезде Бақораз шеткі үйде жатыр екен. Аз-кем мызғып кетсе керек. У-шудан шошып оянып, сыртқа атып шығады. Құдық маңындағы аламан-тасырды көрген бетте қолына бақанды ала салып, жүгіріп барған бетте екі жігітті сұлатып түсіреді. Қалғандары тырағайлап қаша жөнеледі.

Күн екіндіге таянғанда бір топ әйелдер түйемен келіп, майып болған екі жігітті алып кетеді.

Бұл төбелестің аяғы дауға айналып, Бақораз да, таяқ жегендер де арызданады. Таяқ жегендер Мақаштың әкесі Шолтырға барса, Бақораз тіке правительдің өзіне барады. Есік алдындағы жасауылдар Бақораздың алдын кес-кестеп, кедергі жасай бергенде, ол екеуін де шынтақпен қағып жіберіп, тікелей ішке еніп, болған жайды бастан-аяқ баян етеді.

Сонда Мақаш Бақораздың қайратына шын риза болып, елсіз шөлден су тапқанына шын ризашылығын білдіреді. Құдықты көміп, қасиетсіздік жасаған, әйел, бала-шағаларды сабаған жігіттерге айып төлеттіреді. Сол тұщы сулы құдық әлі күнге бар. Аталардың бейіт-зираттары да сол маңда, Қиғаш ауылынан 150 шақырымдай жерде.

Хажеден СҰЛТАНОВ,
Құрманғазы ауданы.
Қиғаш ауылы

САТЫБАЛДЫНЫҢ ҚАЙРАТЫ

Қойыстың Сақау-Арқаршысынан шыққан Сатыбалды батыр інісі Самай екеуі жоғалған бір үйір жылқысын тауып, елге келе жатады. Жылқыларын суарайын деп бір құдықтың басына аял қылады.

Құдық адай ауылынікі екен. Рұқсат сұраса: «Су жоқ, өзімнің малыма да жетпей жатыр. Егерде жылқыларыңды суарғың келсе, менің бір асау айғырым бар. Басына нокта кимеген, жүген ілмеген, аяғына тұсау түспеген тарпан асау . Қазір үйірімен келуі керек. Сол айғырды ұстап берсең, жылқыларыңды суаруға мұрсат. Олар басқа амалдары жоқ болған соң келісіпті.

Бір уақытта торы айғыр бастаған бір үйір жылқы келіп, астауға басты қоя бергенде, Сатыбалды епте жақындап бара береді де, сұмдық шапшаң, көз ілеспес қимылмен алға атылады. Шаң бұрқ етеді де, артынша сейілгенде, торы айғыр басын әнтек шайқап, құйындата шауып барады екен. Адай жігіті:

-Ой, ұстай алмадың, суармайтын болдың дейді. Сонда шаңның арасынан ақырын аяңдап асқақ тұлғасымен көрінген Сатыбалды:

- Ей, жігітім, ұстауын ұстадым-ау. Бір-ақ айғырыңның құлағының әлсіздігінен көр, - деп, қолына айғырдың қаны шыпшыған екі құлағын адай жігітінің алдына лақтырып жіберіпті.

Сонда Адай жігіті:

- Ой, тусаң ту, сені туған анаңнан айналайын, суар жылқыңды. Одан соң қонақ боласыңдар, – деп шын ризашылық білдірген екен.

БАТА СҰРАУ

Бір жылы қыс қатты болып, Төлебай атамыздың 5-6 жылқысын қасқырлар жеп қойса керек, Содан тек жалғыз айғыры қалыпты. Төлебай жылқыларынан айырылып қалды деп жақын ағалары Қазыкенұлы Қуаныш би және Кермұқашұлы Қоламан, Есенаман болыс бастаған шалдар Төлебайдың үйіне келіпті. Қонақтар келген соң, Төлебай сыйлы қонақтарға жалғыз айғырын сойып беріпті.

Етке тойып, қонағасын жеп болған соң Қуаныш би:

-Ай, Төлебай, жалғыз айғырыңды бізге сойып бердің, саған қалай бата берейік? - десе керек. Сонда Төлебай:

-Әй, шалдар: «Қасқыр жеуін қоймасын, Аллатағала Төлебайға беруін қоймасын!» - деп. бата қылсаңыздар болды,- деген екен.

МАҚТАМЕН «БАУЫЗДАУ»

Отыншы бай қайтыс болғаннан кейін оның малының иелігі, негізінен, баласы Сыздық болыска өткен. Содан найманның Шағырай, жөгінің Жепкетер деген барымташы жігіттері он жеті болып, атақты ала айғыр бастаған үйірді айдап кетеді. Ала айғырдың қасиетін білетін тіс қаққан ұрылар оны ұстап, ауыздықтап, жетекке алады. Ала айғыр қайда бастаса, соңынан жөңкіле шұбыратын үйір өрістен біршама ұзап кетеді. Сыздықтың өзі бастап, ауылдан асығыс түрде атқа мінген Сазан, Қанатбек, Кеттебек, Өткелбай, Шоқалақ секілді топ жігіттер олардың соңынан аттанады. Біраз жердің апшысын қуырған соң Сазан:

– Артынан түре қумай, қиялап, алдынан орай шығайық. Тіке қусақ, алдымыздан тоскауыл жасап, жылқыға жолатпайды, - депті. Көпшілік бұл ойды қуаттайды. Сыздық та келіседі.

Алдан ұзап барып, тұтқиылдан шабуыл жасар сәтте Өткелбай былай дейді:

– Өлім болмасын! Бастан емес,тізе мен жон арқадан ұрыңдар. Адам құны 100 қара. Өлім болса, елден қику, малдан құрық кетпейді.

Содан салған бетте Сазан қарсы келген екі-үшеуін қағып тастап, ала айғырдың ноқта жібін қиып жібереді. Ол босанысымен бетті шұрайлы өрісіне бұрып, шауып ала жөнеледі. Сол жолы олар 17 ұрыны шып-шырғасын шығармай ұстап, қолдарын байлап, барлығын ауылға айдап қайтады. Тек біреуі ғана айғырдың бас жібін қияр кезде ентелеп, Сазанның алдын қайта кес-кестей берген. Соны жасқаймын дегенде біреуіне қателеу тиген шоқпар бас жағын ауыр жарақаттайды. Ол ат жалын құшып қалады. Оның қанаған жеріне күйдірілген құрым киіз басып, атына қайта мінгізеді. Сыздық болыс олардың ешқайсына ауыр сөз айтып, жігіттеріне боқтатып қорлатпайды. Елге алып келіп, екі таптың жігіттерін екі киіз үйге жайғастырады. Аттарын ер-тұрманымен қоса алыска, жырақ жаққа алып, көзден таса ұстайды. Өздерін күнделікті сыйлап, кәдімгі қонақтарындай күтеді, бірақ арада артық әңгіме, пікір, сөз болғызбайды. Күтуші жігіттер дер мезгілінде ас-ауқаттарын үнсіз әкеліп беріп, күтімнен кенде қылмайды. Он жеті күн бойы осылай болады. Он сегізінші күні жігіттердің әрқайсысының аттарын ер-тұрмандарымен әкеліп, жетектеріне бір-бір атты қосып, ауыл сыртына шығарып салады. Қош, сау болдан басқа артық әңгіме айтылмайды. Аң-таң болған жігіттердің бірі артына қайырыла қарап:

– Бұл неткен бақ, неткен ну! Не деген байлық! Мұндай нуға тиісу тым қате екен. Құт ұялаған қонысқа қол салған біздікі әбестік болды. Бірақ мақтамен бауыздалғандығымыз естен кетпейтін болды, - деп аттанып кете барыпты.

Алмакүл Өткелбайқызы,
Тараз қаласы.

СОҒЫМ БАСЫ

Бірде Айдарбалта әулетінен шыққан Сұлтан жақын нағашылары ағайынды Өте мен Жақыптың әңгімелерін құлағы шалып қалады. Ол кезде Жақып Дүйсенбаев "Қамқалы" совхозы жұмысшылар комитетінің төрағасы болып істейді екен. Әңгіме төркінінен Жақып туған ағасы Өтеге тайынша беріп, орнына соғымдық сиыр алатынын ұғып алады. Сол кезде жанармайдың қат бола бастаған кезі.

Бір күні ығытын тапқан Сұлтекең елеусіздеу сөз арасында Шу жаққа көлікпен барып қайтатынын, шаруаларының ыңғайына қарай үш-төрт күн болатынын айтады. Жақып Сұлтанға жата жабысады.

– Сұлтанжан, айналайын жолың түсіп тұр екен. Біздің үйде бір тайынша тұр. Ағайдікіне ала кет. Ол кісі маған оның орнына соғымдық сиыр уәде еткен еді. Сұлтан:

– Ойбай-ау, Жака, менің енді шаруаларым көп, ұзағырақ жүріп қаламын ғой.

– Оқасы жоқ. Жау қуып келе жатқан жоқ ешкімді, әрі кетсе, апта жүрерсің, - дейді Жақып. Сұлтан әрең көнгендей болып, жол жүріп кетеді. Өтеден айырбасқа алған сиырды үйіне алып келеді де, өзі сойып алады.

Ертесіне Жақыпты, тағы басқа ауыл адамдарын соғым басына шақырады. Сұлтан Жақыптар келгенде үйде болмай, май беретін жаққа кетіп қалады. Жақаң әлденеше рет Сұлтанды сұрап, жеңіл мазасызданып отырады. Үй иесі тамақ жасалар тұста бой көрсетеді.

Сонда Сұлтан нән табақпен басты алып келе жатып:

– Әй, Жақып, тайыншаңды іздеп әуре болма! Мына бас соның орнына келген бас еді,- деп табақты қойып жатып, миығынан күліпті.

– Алда, ит-ай! Аузымды ұрған екенсің ғой, - деп Сұлтанға күлімсірей қарапты. Қазақтың даркан, кең даладай мінезіне бай нағашылар мен жиендер арасында болған небір аңызға бергісіз хикаяттардың бір парасы осы емес пе?!

* * *

ИТ ЖЕГЕН БАС

Елуінші жылдары Сұлтан Калинин атындағы колхозға бір шаруамен барады. Сөйтсе, сол маңдағы аудандағы лауазымды нағашылары ауылдық кеңестің төрағасы Қатбаев Қонысбайдың үйінде меймандықта отырады. Киіз үйге Сұлтекең бас сұғып, барлығымен амандасып, шай-пай ішеді. Сонда ол:

– Осы арағы құрғырға әуесім жоқ еді. Бір рет қана ерін тигізейін, - деп ырымын жасайды. Құлағына

сырттағы әйелдердің мазасыздау үндері жеткендей болған ол әлденені сылтауратып сыртқа шығады. Сөйтсе, әйелдердің бірі:

– Ойбай, жиенжан, масқара болдық. Бастан айырылдық. Енді қонақтарға басты қайдан табамыз? – дейді. Сол мезетте екі-үш иттің әлденеге таласып жатқанына көзі түсіп, сол жаққа қарай асығыс аяңдайды. Жерден тас алып лақтырғанда, иттер басты тастай қашады.

Таланған басты әкелген Сұлтан әйелдерге:

– Табақтарыңды жасай беріңдер, ебін өзім табамын, - дейді.

– Сонда қалай?

- Оған алаңдама. Қазір бәрі де қызып алған ғой. Мына түнде, сықсима май шамның жарығында нені аңғарар дейсің, - дейді Сұлтекең.

Әбден қызып алған қонақтар түн ауа не ішіп, не жегендерін толық білмейді. Сөйтіп көпшілігі жатып қалады. Осы сәтті пайдаланған Сұлтан ішілмей қалған шөлмектерді қоржынына салып, босағаға іледі. Жерошаққа от жағып, ит талаған басты әбден жуып, сорпаға қайнатады.

Сәске түсте ұйқысынан оянған меймандарға дастарқан жасалды.

Бір кезде Сұлтан орнынан көтеріліп, керегеде ілулі тұрған алаша қоржынын алып, бірнеше шөлмек арақ шығарады. Бәрі мәз болып, Сұлтекеңді мақтай бастайды.

– Түнде көздеріңе ұйқы тығылып, мүжи алмап едіңдер, - деп құйқасы қидаланған басты алдарына қояды.

Гу-гу қайта басталады, әңгіме қызған кезде Сұлтекең орнынан тұрып, қоржынын қарына іліп, асығыс шаруасы бар екенін айтып, атына беттейді. Ат үстіне мінген соң айқайлап:

– Әй, Қонысбай, ана бауырларыңа айт, - дейді.

– Нені?

– Басты.

– Қай басты?

– Түнде иттер алып қашып, таласқан басты.

– Не дейді?

--Не деуші еді, жаңа барлығың сол басты мүжідіңдер ғой, - деп атына қамшы басып, ауылдан қаша жөнеледі.

– Қап, мына иттің баласын-ай. Аузымызды топаймен ұрып кетіпті-ау! Осыдан қолға түсерсің, - деп мұндағылар қалады.

Кеңесбек Төлмағанбетов,
Сарысу ауданы

ҚОСЫМ-ЖАНҒАБЫЛ НҰРМАХАН АТАНЫҢ ҒИБРАТТАРЫ

АҚЫЛДЫ КІСІ ӘУЕЛІ ҚЫЗҒА КӨРІСЕДІ

Баспасөзден көп кездестіре бермейді, біздің жақта **көрісу** деген бар. Абай "Жазғытұры" өлеңінде:

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, **көрісіп**, құшақтасып,-

дегенде, көрісуді айтқан деп білемін. Көрісу- Наурыз мерекесі күні бастап екі адамның бір-біріне қол беріп амандасуы. Қол ұсыну кезегі жастыкі. Үлкендер көрісуді дәме етіп отырады. Көрісу-жай бір-бірін көру емес, сәлем һәм қол беріп амандасу. Көрісу- біздің жерде үлкен борыш. Бұл ғадет күні осы кезге дейін қалған емес. Қандай сұркылтай заманда да көрісу дәстүрінен ешкім бас тартқан жоқ.

Наурыз күні таң атқан соң әр адам бастап, үй ішіндегі адамдарға көріседі. Көрісуде ер адамдардың өздері мен әйел адамдардың өздері арасында шектеу болмайды. Тек атасы мен қайнағасы келіндеріне көрісе алмайды. (қол бере алмайды). Келіндері де солай. Әйтпесе ер адамдар ата-енесіне, әке-шешесіне, аға-жеңгелеріне, қыздарына, інілері мен балаларына, жұрағат-жекжаттарына көрісе береді. Әйел адамдар енесіне, әке-шешесіне, қайын сіңлі, абысындарына, балаларына, қайныларына шектеусіз көріседі, тек қайын атасы, қайын ағасына ғана көріспейді. Көрісуге тиісті адамдарға көріспеу я көріспей қалу- үлкен күнә. Мұны әсіресе үлкендер жағы қатты айыптайды. Көрісуді ұмытқаныңды едәуір сөгетіндер де кездеседі. Біздер- бәріміз күні осы уақытқа дейін көрісуден қате жібермеуге тырысамыз. Ең алдымен, үлкен адамдарға, сыйлы қарияларға көрісіп, парызымыздан құтылуға тиісті боламыз. Алыс жер болса да дәме ететіндерге арнап барып, көрісіп қайтамыз. Көрісудің түрі- үлкенге екі қолыңды ұсынып амандасу болса, әйелдер (әсіресе үлкендері) бір-біріне қолдарының ұшын беріп, соны жайлап жазып, құшағын ашып, кеуделерін (төстерін) бір-біріне тигізеді, қайтадан алақандарын соғыстырып шарт еткізеді. Салтанатты! Еркектердің көрісуі бұған қарағанда, әрине оңай: тек қолдарын береді.

Наурыз келе жатқанда үлкендер жағы көрісушілерді қарсылауға әзіреленеді. Көрісушілердің "қуыс үйден құр шықпауының" қамын жейді. Топтанып барғандарға қай үй болса да қонақасы беруге міндетті болады. Бұл дәстүр әлі күнге қалған жоқ. Көріскендерді сыйлау парыз сияқты. Бірақ көрісушілер барлық үйдің қонақасын көріп үлгере алмайды да. Көп болса күніне- бір, әрі дегенде екі үйде бола алады. Жастар жағы жағалап, бірнеше үйге көрісіп үлгереді. Ал біздің жақта көрісу кемі бір айдай уақыт науқанға айналады. Наурызкөженің көрінетіні де, Наурыз тойдың өтетіне де осы кез. Көпке ортақ мереке өз алдына, үлкендерді жеке құрмет тұтып, оларға барып көрісудің жолы бөлек. Көрісу- біреулерді көру емес, біреулерге әдейі бару, көрісіп, арнайы сұхбаттасу, үлкендердің аузынан "Жасың (жастарың) құтты болсын!" -деген сөзді есту.

ШАРШАҒАНЫМ ЖАЗЫЛАДЫ

Әкем біраз немере көрді. Бір ғажабы- ол барда бір немересі шетінеген емес және әке-шешем көріп кеткен немерелерінің баршасы да. Құдайға шүкір, аман-есен өсті, бәрі де бала-шағалы. Мұның бәрі де ата-анамның шарапаты деп түсінемін. Немересінің әрқайсысына әкем тиісті дәрежеде жақсылық істеді деп білем. Тәрбиесіне үлкен үлес қосты деп ойлаймын. Біздерден-әке-шешесінен гөрі балалардың жақсы болып өсуіне біздің

әке-шешеміздің ықпалы мол болған сияқты. Өйткені ата-анамыздың кезінде туған балалар ақылды, шаруасын білетін, білімді, білікті, өнерлі де тәрізді. Олар жоқта туған балалар жауапсыздау, ертеңгі күнін ойламайтын ерке "кисаңбайлау" секілді.

Әкемнің бір қасиеті- келінінің аяғы ауыр екенін білсе, ерте бастан оның қалжасына мал әзірлеп қояды екен. Онысы, негізінен, қой болады ғой және ешкі малын қалжаға сойдырмайтын. Қойдың ұрғашысын таңдайтын. Еркек мал, ешкі сияқты мал "жел" болады деп түсінетін, оларды әйелдің денсаулығына зиян деп білетін. "Тісің, белің қатаяды",-деп, қойдың мойыномыртқасын әдейі мүжіп жегіздіріп, еті желінген мойындарды баланың мойны қатқанша ұзын иге тіздіріп қоятын ырымы да бар еді.

Ержан деген ұлым шала туды. Әкемнің соңғы сүйген немересі - сол. Сүюге келіңкіремейтін кішкентай немені көкесі есі кетіп иіскелеп жататын. Өле-өлгенше қол еңбегінен қалмай кеткен әкемнің пішен шауып я жол жүріп шаршап келгенде, мысалы, "Ержанды сүйгенде-шаршағаным жазылып кетеді", "Тыңайып кетемін", "Күні бойғы қиналғаным ұмытылады" дегенін бірнеше рет естідім.

Әкеміздей қиналып көрмеген - біздер. Оның жасына келсек те, немеремізді сүйгенде жазылып кетеміз бе, шаршағанымыз ұмытыла ма- соны сезбейміз. Я әкеміздей мейірман жүрек жоқ бізде, я қазақ ұлтының балажандық қасиеті бізге әкеміздей дарымаған. Сәбиді сүйгенде көзін шайдай ашылып жадырайтын, өмірдегі бүкіл сәтсіздік пен келеңсіздікті ұмытып кететін ерекшелік бізге жат емес пе екен деп қорқам.

БАЛАНЫҢ БАУЫРСАҚ ИІСІ

Жас сәбиді сүйгенде, оның басынды айналдыратын, теңіз жағасының сәтті ауа райындай, таңертеңгі таза ауаның сүттей ме, қаймақтай ма, дәмді хош жұпарындай, шәрбаттай ма, кәусардай ма мейір қандыратын шарапатындай, ертектегі Әбілхаяттың зәмзәм суындай, басқа бір жағдайда еш қайталанбайтын, еш нәрсеге ұқсамайтын асыл бір иісі болады ғой. Соны біздің жақта және әкем "Баланың бауырсақ иісі"дейді. Оның "баланың сүт иісі" деген де аты бар.

«Дүниеде адамның баланың бауырсақ иісін иіскеуден артық көретін қызығы, бақыты бар ма екен!» – деп ойлаймын. Әкемнің балаға деген махаббаты мені осындай түсінікке үйретті. Басқаны ұмытсам да, баланың бауырсақ иісін ұмытпаспын. Оған – баланың бауырсақ иісіне – тең келер бірдеңе болуы мүмкін деп те ойламаймын.

АЛТЫН АСТАУДАН

Әкемнің ең асыл ойы – ел амандығын тілеу еді. Ел аман – түгел болу үшін, әр азамат өз қарабасын күтуі керек, басы аман, адал адам басқаның да есен – түгел болуына қамқор бола алады. Мұны әркім басындағы бөркіндей білсін. Әкемнің бар түсінігі – осы . Және айтары – **"Алтын басың аман болса, алтын астаудан су ішесің".**

ДАСТАРҚАН ҚОНАҚҚА ЕМЕС...

Әкем: "Дастарқан қонаққа емес - өзіңе жайылады", - дейтін. Ол кісі қандай жағдайда да қонақтың келгенінен үлкен ләззат алатын. Келген қонаққа қабақ шытып я сыр білдіріп көрген емес. Қонақжайлықты қазақтың бөлінбеген еншісі екенін анық түсінетін. Әкем би болған жоқ, - би түсетін үй болды. "Қонақ ырысты алып келеді, бәлекетті алып кетеді". Әкемнің шын түсінігі осы болды. Ол кісі азды- көпті тұрмысына риза болып, осыған жеткізген жайт – келген қонақты шын ниетпен қарсы алудың нәтижесі деп өтті. Бұл жағынан әкеме әйелі де – анамыз сайма-сай еді.

КҮН ТЕРГЕМЕ

Халықтың ішінде аптаның, айдың жеке күндерін тергейтін (ол күні мал соймайтын, қаптың аузын бұзбайтын, жолға шықпайтын, той жасамайтын, т.с.) адамдар болады. Біздің аталарымызда да айдың ақырғы тоғызын тергейтіндер бар екен. Ал әкем: "Күн тергеме",- деді. Себебін сұрағанымда: «Алланың күнінің бәрі – сәт»,- деді сауаты жоқ әкем. Бұл әкемнің ағалары Байбақты батырдан жалғасып келе жатқан ақылдылық-ау деп ойлаймын. Ол кісі: "Алланың сәтсіз күні болуы мүмкін емес",- дейді екен...

ӘКЕМНІҢ МІНЕЗІ, ҚЫЛЫҒЫ

Ол кісінің мінезі салмақты мінезге жататын. Ашуланатын, бірақ еш уақытта шала бүлінбейтін. Бірақ нәрсеге кешіріммен қарайтын. Өсек-аяңмен айналысқанын, артық сөз айтқанын, білмес іске қол сұққанын естіген, сезген емеспін. Еш адамға титтей болса да қиянат істеп көрген емес. Шексіз адам еді. "Қазанынан арам ас түскен емес". Бай болмады, жарлы да болған емес. Жарлы болмауын тек адалдығымнан деп түсінетін. Әзілдесе де білетін.

Ең игі қасиеті – қонақжайлығы. Онға да жетпеген кезім. Әкем менен жауап алады: - Қонақтың неше түрі болады? – Мен қайдан білейін. – Үш түрі болады, - дейді әкем. – Қандай, қандай? – Мен сірә да білмейін. – Арнайы қонақ. Анайы қонақ. Құдайы қонақ. – Бұлар қандай қонақтар? - Мен сірә да білмеймін. – Арнайы қонақ – жекжатың, сыйлы меймандар, ақсақалдар, көрісуге, амандық білуге, сәлем бере келгендер. Анайы қонақ – қыдырмалар. Құдайы қонақ – танымайтындар. Осылардың қайсысы ұлы? – Мен оны қайдан білейін. – Ұлысы – құдайы қонақ - танымайтындар. Бұлар көбіне жолаушы болып келеді. Жолаушыға жылы сөз айту, барымен қарсы алу – кісіге борыш. Сол себептен де "құдайы" атанады. Жолаушының тарығып я шаршап келе жатқан адамның алғысын алу – үлкен сауап. Әкем осылай түйеді.

Жасымызда естіген сөз жадымызда өмір бойы қалды.

Ата баласы. Әкемнің атасы Қосбай, бабасы Сатан асқан өнерлі болған адамдар екен.

Шешендер өткен жол салған тілдің өртімен,
Балуандар өткен қарсыласы мертілген.
Сатанның сазы сәскелік жерден естілсе,

Сақыптың әнін тыңдаған адам елтіген, - дегендегі Сатан - әкемнің бабасы. Ұрпағы аса тату болған әулет. Атақты Бимырза би: "Сатанның үш баласындай болса, халық азбас еді", - депті. Неге екенін білмеймін, әкемнің ата-бабасы жөнінде әңгіме айтып отырғанын көрмедім. Олар жайлы мен бөгде адамдардан ғана естіп-білдім. Бірақ әкемнің өз ата – бабаларын іштей мақтан тұтатынын аңғаратын едім. Оның үстіне сырттай әкемдерді "ата баласы ғой" дейтін жұрт бағасын да естіп жүретінмін.

Өз әкесі Тәжінің де қандай кісі болғанын айтқан емес. Жастай қалғандығынан-ай деймін. Тек ол кісінің ұзын бойлы, денелі кісі болғанын айтатын. Ауызы берік адам екен. Тым ірі адам бір көште екі – үш рет ат ауыстыратын көрінеді. Бұрын үйренбеген ірі айғыр да, бие де көтере алмай шынғырып жата қалады екен. Кейде отырған ері де қирап, қақырап қалатын көрінеді. Мүмкіндігінше, өз аттары, ері болады екен. Екі әйелі болған атамыз (екінші әйелі - қайтыс болған ағасынан қалған әмеңгерлік жолымен жеңге алғаны) оннан аса бала көріп, шешек ауруынан қырықтың о жақ – бұ жағында дүниеден өткен. Ол кісіден қалған біз көрген тоғыз ұл – қыздың бәрінен де ұрпақ бар (ұзатылған Айсұлтан деген қызынан 20 – жылдардағы аласапыраннан кейін хабарсыз кетіппіз. Майжан дейтін қызы Орынбор облысы жерінде бар деп еді, одан да қол үзіп қалдық).

Әкем өз әкесі мен әжесінің бір қылығын күліп айтушы еді. Жолаушылап келген баласын анасы алдынан шығып сүйеді екен.

- Біздер де барып, әкеміздің алдынан тәлтіпіп шығып тұрамыз. Ал біздерден бұрын бойы шағын ғана әжеміз ұзын бойлы баласының бетінен сүюге ұмтылып, оған аузы жетпей, тырмысып жатады. Баласы еңкейсе де, әжеміздің бойы жетіңкіремейді. Біздер анасының дырдай әкемізді сүйгеніне – бір, бой жетпегеніне – тағы, оғаш көріп, таңғалып күліп тұрамыз. Қызық екен! – деп ойлаймыз.

Әжесі де балаларының ішінде әкемді жақсы көріпті.

Пәтер жалдамаған. Қайратымен шымнан тұрғызған әкем үйі едәуір кең болды. Үш бөлме ол кез үшін едәуір үлкен үй саналатын. Айранкөлге сырттан көшіп келген адамдар үй іздейтін, сөйтіп, ел аузында көршіге тыныш атанған, қайырымды әкемді таңдайтын. Әкем үйінде бөлек салынған бір бөлмесін, кейде екі бөлмесін көшіп келгендер алатын. Мен үйленіп, немерелері өскенше, үш адамнан тұратын шаңырақ (әкем, шешем, мен) бір бөлмені де қанағат тұтатын. Мен оқуда, басқа жақта жұмыста болғанда да, әкем үйі бос тұрмады; сенегі, шоланы, қорасы, ауласы келгендермен ортақ. Мен барда да, мен жоқта да әкем үйін пайдаланған адамдар – мекеменің малын бағатын Амантұрлы, баласы есепші Жандыр, баласы қалада мұғалім Мұқан, дүкенші (әлде агент) Жұмаш, милиционер Телағыс біздің үйде тұрды. Әкем солардың бірінен пәтерақы алған емес. – Мұның не ? – дегендерге: - Қайырымыз қайда қалады? Бос тұрған үйге ақы алып не болыпты! – дейді екен әкем.

Тамырлары. Ол кісінің тамырлары (достары) көп болды, бірақ оларының ішінде бірде-бір дүние, лауазым иесі, басқа ұлт адамдары болған емес. Олардан есімде қалғандары Әуелбай, Жұмаш, Қожалақ, Нысанбай, Сарғанат, Сәрсен, Сейіт, Тәжіхан. Бұлардың бәрі де шаруа, құдайдан ғана тілейтін, қарапайым, адал, әкеммен көрші я жұмыстас (егінші, малшы) болған асыл жандар еді. Біреуі ғана ағасы, екеуі құрдасы, қалғандары жасы кіші адамдар болатын. Бұлардың алысып-берісетіндей дәулеттері де болған емес. Көп болса – араларына тоқты қой ауысатын, қарайламай қарыз берісер еді, екіншісінің жағдайы келмей жатса – оны да түгендемес еді, бір шәйнек суды бөлісіп отырар еді, жартыны жарып, бүтінді бөліп ішер еді. Бұлардың тамырлық қатынасын – бәрінен бұрын – ақ ниетке, он тілектестікке құрылған шынайы достық десе болар еді. Бәрі де өмірден абыроймен өткен жандар.

Қайырымдылығы. Әкем – аса қайырымды атанған адам.

Маңғыстау жерінде Абыз адай Ыбырай деген атын біздер де естіп қалған атақты бай болды. Жер қайысқан малы, төрт әйелі, көп баласы бар екен.

30-жылдың басындағы аштық. Маңғыстауды бұл нәубет қатты есеңгіретті. Халықтың көбі Орта Азияға, Жем бойына, т.б. жерлерге босып кетті.

Солардың бірі болып Айранкөлге Ыбырай келіпті.

Бұл адам: "Ыбырайым! Зарланған саулы інгендей сұмырайым!" – деген өлеңге кейіпкер болған белгілі байлық иесі еді. Сол Ыбырай қаңғып жүр. Сілтеу бойынша біздің үйге келген. Барлық мал-дәулеттен, баладан айырылған. Қасында ең кіші әйелі (төртіншісі). Екеуі де жүдеген, азып-тозған. Ілбіп келеді. Өзі саңырау көрінеді. Жайын айтады. Жылыой кентіне бару үшін көмектесуді өтінеді. Пана, тамақ сұрайды. Әкем шын ниетімен қарсы алыпты. Жуындырады. Шай береді. Жайлап ас береді. Демалдырады. Ыбырай әйелімен біраз күн жатып аунап-қунайды, есін жияды. Кетерде жолына азық береді (ақша берген-бермегенін білмеймін. Әкемде де бар дейсің бе?). Ыбырай алғыс айтып, әкеме бата береді. Баласының ең үлкені – "Жалғызының қызығын көр" болады (мен он жаста едім, кентте оқып жатырмын).

Әкем ұрпағының өскенін, бәріннен бұрын жалғызы – менің жаманатымды көрмегенін, мысалы, Ыбырайдың батасының қабыл болғаны деп біледі. Оған мен де нанамын.

Ал әкемнің қайырымдылығы, әрине, тек бұл ғана болмаған.

"Қабаған ит қайыр байлайды". Бұ да алдыңғы әңгімеге тікелей қатысты нәрсе. "Қабаған ит қайыр байлайды", - дейтін анам. Халық мақалы шығар. Иті қабаған үйге адам кірс алмайды, балаға дейін қатыспайды, көршілер араласа алмайды. Бұл – қайырынды байлау деген сөз. Ешкімге қайырын тимеген соң – тірлігің құрысын! Осылай түсінетін аңқау да адал әкем үйге қабаған ит ұстатпайтын.

"Біреуді сөктім". Мұқан деген қарт кемпірімен әкемнің пәтерінде тұрды. Әкеме жағынғаны ма әлде мінезі ме, Мұқан әкеме бір ескертпе айтыпты. Әкемнің төл сөзін берейін.

- Ойпырмай, кісілерде де кісі болады екен. Бірде Мұқан маған: "Үйіңе кісі көп келеді екен. Мұғалімнің үйіне (ол кезде менің мұғалім болған кезім болса керек. Автор.) кез келген кісі тапап келе бермеуі керек қой", - деді. Мен тұншығып қалғандай күй кештім. Қатты ренжідім. Шынында да, дем ала алмағандай жағдайда қалдым. Кісі бетін бұлай қайырмайтын едім. Қатты сөйледім. – Не дегенің, Мұқан? Қазақ баласының бөлінбеген еншісі – бірінің үйіне бірі жиі араласып тұруы емес пе еді? Мені қайырымнан айырайын дегенің бе? – деп ауырлау сөздер айттым. Сөктім, - деді әкем кінәлі адамның күлкісімен жайлап қана маған. Сол жерде әкемнің ойына Мұқанның арғы тегі қожалар екені келіпті. Әкем "тотенше жағдайда" – осындай халық дәстүрін бұзған жағдайда ғана ашуланыпты.

ӘКЕМНІҢ АҒАРТУШЫЛЫҒЫ

Әкемді **ағартушы** деуге болатын сияқты, егер сауатсыз адам "ағартушы" атағын алуға хақылы болса. Оның "Оқу ойдан артық емес", "Оқу жартыны бүтін етеді" дегеннің өзі үлкен ағартушыдан шығатын сөз емес пе.

Әкем біреулердей "Менің балам райисполком болады", "Менің балам прокурор болады" деп тәрбиелеген жоқ. "Менің балам мұғалім болады" деп миыма құйды. Айранкөл ауылдық жерде Кеңес кезіндегі жаңаша оқуды бастаған алғашқы мектеп болды. Ал әкем мені оқуға алты жасымда берді, бірінші класс оқыған жылым латын емлесі туралы декрет шыққан жыл болатын. Біреулер латын әрпімен оқыту республикада 1932 жылдары басталды деп жазды. Ал біз латын әрпімен 1929 декрет шыққан жылы-ақ оқи бастағанбыз. Соның арқасында соғыстан бұрын орта білім алып шықтық. Араб әрпі көпке дейін қалмады. Латын әрпін көп адам түсінбейтін.

Кітаптан:

Ашамайлап, тай байлап,
Тай терлетсем, бай-байлап.
Азырақ ағат іс қылсам,
Әуліккен әкем айғайлап, -

деп зулатып оқып отырғанда (кейін білсек, Ілияс ағаның өлеңі екен), әкем мәз болатын. Ал арабша жазылған қағаз келсе, оны танымайтынмын. Әкем енді:

-Сендер не оқып жүрсіңдер? – деп ренжитін. Ол кісінің бір – екі ренжігенінен кейін, мен білетіндерден араб әрпін (усул жәдит) оқуды үйрене бастадым. Сонымен алты-жеті жасымда арабша оқуды да үйреніп шықтым. Мұның кейінде пайдасы да тиді. Бұ да әкемнің ағартушылық ықпалы емес пе. Бірақ 30-жылдардың басынан-ақ арабша жазуға зобалаң тиді: арабша кітаптар өртелді, арабша кітап ұстағандар жазаланды, т.с. Осыған орай "Наука и религия" журналынан оқыған бір материал есіме түсіп отыр. 1937 жылы Өзбекстанда аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы үйінде арабша жазылған кітап ұстағаны үшін атылған. Кейін танитындар қараса, бұл кітап араб әрпімен басылған "Коммунистік партияның манифисі" болып шыққан... Осындайлар аз болмаған қой.

Әкем, негізінен, маған жақсы тәрбие берді. Бірақ оның "ағартушылық" жұмысында қателік те болған. Мені еңбекке баулимын деп құдық қаздырды, егін орғызды, шығыр айдатты, пішен тасытты, т.б., бірақ осынын бәрін тым аз көлемде жүргізіпті. Мен еңбекке (әлбетте, бұл сөзді тек қол еңбегі мағынасында түсінеміз ғой) шынықпаған болып шықтым. Пішен шаба алмаймын, мал соя білмеймін, тағы сондайлар. Жалғыз бала деп әкем мені аяған. Оның үстіне он жасымнан қалада оқуда болып, көбіне үйде болмағанымның да әсері тиді. Әкемнің балаға деген биік махаббаты оның "педагогтік" талабын басып кетіп, ол "ағартушылық" ісінен едәуір олқылық жіберген.

ӘЗІЛ

Әкем рухани жағынан да біраз адамнан биік болған-ау деймін. Еркін қимылдаса, кім-кімге де әзілден жеңдірмейтін сияқты. Оны бір-екі рет байқадым.

Құрдастарын әзілдеп отыратын, бірақ жанына батырмай, сүйіп әзілдесетіндей көрем. Адамның сақалы жөнінде әңгіме қозғалып, құрдасы Нәукенді мысалға келтіргені бар. Нәукенмен бірге жылқы баққан. Өлең айтады екен:

Жасым бар жиырмада , жылым – сиыр,
Сақалым қалай шыққан қиыр-шиыр, -

деп, "Жиырма жасында, шынында да, оның қиыр-шиыр сақалы болды", - деп әңгіме етіп отырды әкем.

Балалардың ойыншығына кеткен ақшаны да орынды кеткен деп есептейтін. Әдемі, қызықты ойыншықтар көз тартады. Ал ол тек пәлен сом ғана. Төрт доңғалақты, рөлді, астаулы, кабиналы жүк машинасы (ойыншық) елу сом ғана тұрады. Тым арзан. "Егер осыны Бердібайға (құрдасы, шебер) жасатса, ол бір қой дәметер еді", - дер еді күліп әкем.

Бір топ қатар жігіттер (ішінде әкем де бар) үлкен көлден бірнеше аумен балық аулапты. Жазғытұрым. Балық шығып жатқан кезі. Бөлінген адам саны да, ау көлемі де шамалас болса керек. Әкемдер тобы балықты көп алыпты. Жігіттер бір-бірін куып, қалжыңдасып жатыпты.

Әкем:

Ылдым-жылдым жігіттер,
Алып қалар жер екен.
Бозым-созым жігіттер,
Малып қалар жер екен, -

деп әзіл айтыпты дейді. Халық сөзі болар деп ойлаймын.

ЖҰМАҚ

Әйелінің – апамыздың - аты Жұмақ еді. Бойын күткен, асын, үйін таза ұстайтын адам болатын. Әзілдес адамдары дін жөнінде әңгіме қозғалғанда, әкеме діннің кейбір шарттарын орындамайсың, о дүниеге –жұмаққа қалай барасың деп әзілдегенде, бір-екі рет оның: "Мен несіне қысылам, тірі күнімнің өзінде Жұмаққа қолым жеткен адам емеспін бе!" – деп, көпті мәз қылғаны бар.

ЖИЕН ДЕ ЕЛ БОЛМАДЫ...

Қазақ мақалдарына табынатын әкем "Жиен ел болмас, Желке ас болмас", "Ешкі мал емес, Қыз бала емес" деген мақалдарға күмәнмен қарайтын. Бұл мақалдарды көтерсе, халық туғызған қазына ғой, бір нәрселерге сүйенген шығар деген түсінікпен ғана шыдайтын. Қайта, олардан гөрі "Жиен ел болады малы болса, Желке ас болады майы болса" сияқты мақалдарды іш көрер еді. Бір қарияның:

-Ешкі де мал болады-семіз болса,
Жиен де ел болады- негіз болса,
Қыздың да ер баладан кемдігі жоқ-
Ақыл мен абыройы егіз болса,-

дегенін естіп, әкем бұл сөзге дән риза болды.

"Жиенді ренжітпеңдер: анасының – қыздың көңілі қалмасын. Ол үйдегі жалғыз қоспағыңды алып кетсе де- дым дей алмайсың. Атын мініп кеткен жиеннің артынан қай қазақ куып барып еді",- дейтін әкем. Сөйтіп, оның бірқатар қылығы тура анқаулықтан, мөлдір тазалықтан тұрар еді. Мені аңқау деп бағалайтын. Ал өзін олай деп бағалады ма, бағаламады ма,- ол жағын білмедім.

"ЛАЙДАН ПАЙДА БОЛҒАН".

Әкем жүрісі сұйық, сұйқыл, сенімсіз адамға күдікпен қарайтын. Оны таза адамнан туды деп есептемейтін. "Лайдан пайда болған" деп сөгетін. Лай деп негізінде, таза емес суды айтады ғой. Осы сөз әкемнің лексиконында ғана бар сөз деп жүрсем, оқыған соң білдік, басқа атақты адамдардың да қолданған сөзі екен:

Лай суға май бітпес қой өткенде,
Күлеміз қасқыр жалап, дәм еткенге,-

деп Ыбырай педагог Алтынсарин айтыпты.

Ішпедім көлдің суын лай ма деп,
Баспадым жарқабақты құлай ма деп.
Залыммен жолдастыққа еш зауқым жоқ,
Тар жерде қолда жоқты сұрай ма деп.
Жақсымен дос болуға асығамын,
Иіліп жез қармақтай шыдай ма деп,-

Осылай Сегіз сері Шақшақов айтыпты. Ыбырай мен Сегіз серінің "лай" сөзін дұрыс қолданғанына қарай қалсақ, біреулер Жәдігерұлы, біреулер Айдапсалұлы дейтін Асаубай шешен "лайдан пайда болуды" да анығырақ түсіндіріпті:

Атаң туған құмайдан,
Анаң туған лайдан.

("ЖҰЛДЫЗ" журналы,1987, 2 204-б).

Бұл шешен өзі сөз арнаған кісінің атасын мақтап, анасын айтып сөйлеген болуы тиіс. Соған қарағанда, лайдан туған жан оңды болып шықпасы керек. Әкемнің бұл сөзді қайдан естігенін, қабылдағанын білмеймін, әйтеуір қазақ халқының тіл байлығы, арсеналы мол дүние екеніне таңғаламын.

ЖУАС АДАМ

"Жуас адам елдің тыныштығын тілейді" деген кекесіндеу мақал бар екен. – Мейлі! Өз қарабасымызды ел тыныштығын тілеумен өтерміз,- дейтін әкем. Және өзін осынысы үшін тыныштық тілегендігі үшін- келекеге ұшырайтындай көретін де, өзіне-өзі күлетін сияқты еді, бірақ бұл қылығына қысылмайтын, тыныштық тілегендігін мақтан тұтатын. Бірде бір білікті адамның "Ассалаумағалейкум", "Әлейкумассалам" сөздерінің кейбіреулері айтқандай, "Алланың нұры жаусын" деген сөз емес, "Бейбітшілік сізге",

"Сізге бейбітшілік (орнасын)"деген мағына беретінін айтқаның естігенде, қатты мәз болды әкем. Ракаттанып қалды.

Әкем осындай қарапайым еді. Халыққа деген ниеті барынша түзу болатын. Өмірді жақсылықтан құралған деп түсінетін. "Адалдың аты арымайды, тоны тозбайды" деп білетін. Халық: "Киімі жаманды ит қабады, Пейілі жаманды құдай табады" - десе, әкем мұның үстіне: "Пейілі жаман адамды түйе үстінен ит қабады",- деп қосатын (әрине, бұ да халық мақалы ғой).

Әкемді сөккен, жамандаған кісіні естімедім. Рас, жеңгелерімнің бір – екі рет: "Ой, сенің сарыуайым әкең бе!" – дегені бар.

Ол кісінің бір адалдығын да айтайын. Ашаршылық жылдардың бірінде семіз тай, өгізі үйге келмей қалды. Іздеп жүрген оған аштар кездесіп қалып: "Егер өліп жатқанының үстінен шықсаң, көрген бойда бісміллә деп қамшымен тарт, - адал деп біз жейік",-деседі. Шынында да, тайөгіздің үстінен шығады. Бір тайыз құдыққа құлап, сүрініп, мүйізі құдықтың бір жағына кіріп кетіп, оны шығара алмай, тұншығып өліп қалған екен. Бірталай әрекеттенсе керек, қолтығынан жылуы да көп кетпепті. Анау әкем пышағы бола тұра, жылы сиыр болғандықтан, тайөгізді бауыздамапты. "Бісміллә" деп, қамшымен тартыпты. Бірақ аштарға хабарламапты. Мұнысын ол кейінде: «Оларға арам деп түсінген малды жегізгім келмеді».

Үлкейген кезінде өзіне тетелес қарындасының ұлы (әкеме жиен ғой) қайтыс болды. Артында едәуір ұрпағы қалды. Сонда қарындасына көңіл айтып, жаны ашырлық білдіріп, істеген мейірбандық бейнесін мен тілмен жеткізе алмаймын. Асқан бауырмал екен-ау дедім. 30-жылдардың басындағы аштықта жесір қалған осы қарындасын бес-алты баласымен паналатып, бағып шығарған әкем еді.

Бір газетте "Қоя жесе, қой қалады, тарта жесе, тай қалады" деген мақал айтады ("Ана тілі", 10.08.1995). Ал осы мақал ол кісіде "Қорқа жесе, қой қалады, тарта жесе, тай қалады" күйінде айтылатын. Мәселе – мақаладағы ішкі ұйқаста емес, мәнінде. Әкемнің кінәсі болса – осы сақтығында, шашпа болудан қорғауында, берекесіздіктен сақтандыруында. Өте дұрыс-ау деп те ойлаймын.

ӘКЕМНІҢ САҚТАНДЫРУЫ

Әкемнің сақтандыруы көп болатын. "Кемшілігінің"бірі де, мүмкін, осы болар. "Бір атамыз темірден қатты қорқамын дейді екен, -дейтін әкем. – Ең кішісі ине ғой деп. Сол айтқандай, ешетеңе емес қой демеңдер, орынсыз батырлық, аққөздіктен аулақ болыңдар". Мұны жиналып отырғанда біздерге арнайы айтатын.

Тағы бірде: - Атам сөйтті деп, ата жолын қуам деп. "Ата кәсібін істемеген аштан өледі" деген бар деп, қараға ұрынып қалмаңдар. Бірсудің баласы: - Ата, у іштің ғой, біз де у ішеміз бе? – депті. Атасы: - Мен у ішсем де, уытын тауып іштім. Маған еліктеп, у ішемін деп, боска өліп қалып жүрмеңдер, – депті балаларына. Осыны естеріңе дұрыс сақтаңдар, - деп ақыл-кенес беретін. Айтқанының едәуірі есте қалғанмен, оның қаншасын орындадық екен, -кім білсін?!

Әкем жетпіс жастан біраз асып қайтты. Дүниеден абыройлы өтті. Күніне айтатын екі сөзінің бірі "А, құдай, абырой бере көр" болушы еді. Бұл сөзді айтып қана қоймай, шын абыройлы болуға өлеөлгенше қызмет етіп кетті. Ол кісінің ерекше ақылдылығы да сонда болды деп білем.

Дүниеден өтерде қабағын шытпай кеткен екі адамды мысалға келтірейін. Бірі – Ермек деген карт. Ауылдас болатынбыз. Бөлінген екі пәтерлік бір үйге көшіп келдік. Бұл кезде ол бейдауа сырқат еді. Балалары маған оқыған, қазір немерелері оқиды. Бір-бірімізге ерулік берискеннен кейін бір күні ол кісіге:

- Екі үйіміздің ақсақалы, әкесі болады деп дәметіп едік. Көрші болып жатқанда ауырғаныңыз қалай болды, Ереке? – дедім жай отырғанда.

- Балаларымызға аға едің, біраз ұрпағыма ұстаз болдың. Мен Аллаға ақ аманатымды тапсырарда, балаларымның қасында болғаныңды, көрші болғанымызды абырой санап отырмын. Осыған

қуанып жүрмін, - деді қарт ағамыз. Мен қатты риза болып қалдым. Ерекең өмірден абыроймен аттанды.

Екіншісі - әкем. Ауырып хал үстінде жатқан ол кісіні құрдастары мен туыстары күзетіп отырды. Аудан орталығында жүрмек боп, енді әкеммен арыздасуға да батылым жетпеді. Бұл ойымды бір құрдасы жеткізді:

- Нұрмахан! Балаң қалаға жүргісі келеді, - сені қимай отыр, - деді құлағына дауыстап. Әкем көзін ашып алып, бірдеңе деді, мен естімедім. Мұны да маған құрдастары жеткізді: -Қапысы жоқ! – депті. Менің жылап отырғанымды да байқап қалыпты, "жылама!" дегендей, қабағын ымдап, осыны қатты тапсырғандай болды. Әншейінде де "Жалғыздың жаманатын көрсетпей ал, ай, Алла! Жалғызымның алдында ал!" –деп қақсап отыратын. – Адам жаны қысылғанда, уәдесінен тайып кетеді екен. Құдай-ай, уәдемнен тайдыра көрме! – деп тілейтін. Осыған орай, ел аузындағы бір күлкілі әңгімені (анекдот) мысал етіп айтатын. – Бір кемпір "Баламның алдында ала көр", –деп зар қылады екен. Сол кемпірдің баласы ауырып жатыпты дейді. Жаналғыш (Әзірейәл) басқа бір бейнеде келетін көрінеді деген түсінік болса керек. "Баламның орнына мен ала көр",- деп жылап жатқан кемпірдің үстіне оқыра тиген, көзі қып-қызыл бұқа кіріп келіпті – міс. Мұны Жаналғыш деп ойлаған кемпір:

-Құдай-ау, кімнің ауру, кімнің сау екенін өзің білесің ғой, - депті дейді. - Әкем осыны айтып, жаны тәтті кемпірді келеке етіп, мәз болып күлетін. Ол кісі өмірінің ең соңғы сәтінде де есінен әрі уәдесінен танбады. Мен аудан орталығынан сол күні оралдым, әкем екі-үш күннен кейін қайтты.

* * *

Әкем, екі рет өсиет айтты: бірін – екі –үш жыл бұрын, бірін – қайтатын жылы. Екеуі де бірдей: Соңғысы алдыңғысын қайталау ғана еді. Бұл кезде мен жоғары білімді, орта мектеп директоры едім. Бұдан да оның "ағартушылық" қызметі аңғарылады.

- Балам, - депті ол, - қорытып айтар ақылым мынау болар еді: Ең алдымен айтарым – халыққа қайыр жаса. Үйге келген адамға төрің кең болсын. Көптен алғыс ал. Бір пенде ренжімейтін, қарғамайтын болсын. Екінші айтарым – үкіметің тәуір жұмыс жасаған адамды жақсы көретін сияқты. Қызметіңді беріліп істе. Еңбегіңе адал бол. Үшінші айтарым – бір адамға да қиянат жасама. Ешкімге де дауыс көтермей сөйле. Лауазымың асса да, біреуді зәбірлеп жүрме. Тағы бір айтарым – біреудің, үкіметтің дүниесін жеуден, өтірік-өсектен, алдаудан аулақ бол. Соңғы айтарым - өзіңді күт. Денсаулығыңды сақта. Темекіні қой. Балаларыңды бақ, - деп түйіндеді де, соңғы айтқанында: - Мен өлгенде, мені шығарғанда, келген адамдарға арақ бермегейсің, - деп қосты. Ол кезде өлікті жөнелткенде де арақ ішу "мода" болатын. Әрине, мұндай әдеттің қалғанына біздің жақта жиырма бес-отыз жыл болды. Әкемнің өсиетіне қосып – алар ештеңем болмас еді: я сауатсыз әкемнен асқан менде ақыл жоқ, я әкемнің сөзі мүлтіксіз дұрыс. Ол кісі маған адамгершіліктің барлық жолын да дұрыс сілтеген сияқты. Осы бойы аз көрсетсем де, әкем бәрінен бұрын – мені халқыма, Туған елге, туған жерге, Айранкөлге сүйіспеншілікпен қарауды үйретті. Әкемнің сөзі ғана емес. Туған жерге деген махаббаты ел жігіттерінің ойын-тойда айтқан:

Жақсы әйел өзін күткен ерден артық,
Жақсы еркек елін баққан пірден артық.
Дүниеде нелер жақсы болса дағы,
Болмайды туып-өскен жерден артық,-

деген өлеңдері де күшейткен шығар.

Тұңғыш Кеңес мектебі ашылған, тұңғыш интернат ұйымдастырылған, ауылдық жердегі тұңғыш орта мектеп (үш үлкен үйі болып еді) болған, тұңғыш ауыл шаруашылық серіктігі құрылған, суы күзде де тасып жататын, бір кезде облыс ағартушылары осы мектеп жөнінде монография жазбақ болған Айранкөлде қазір қыстаулар орны жатыр. Ферманың екі-үш пәтері, қорасы болар. Аймақ қысқа мал азығын дайындайтын өңір дәрежесінде ғана. Ал оған деген перзенттік сезім әкем арқылы мәңгілік бойымызда, ойымызда қалды.

Абай айтыпты дейді: "Мен мектептен, медреседен оқыдым, бірақ әкемнен алған адамгершілік, рухани тәрбием әлдеқайда артық болды". ("Ана тілі" газеті, 3.8.1995). Мен де әкем жөнінде осыны айтуға борыштымын, өйткені әке аруағы осыған жетелейді.

Жанаш НҰРМАХАН,
ҚР-ының еңбек сіңірген мұғалімі,
Жылыой ауданының Құрметті азаматы.

«МҰҚАҒАЛИ ДА ЖАЛАҢБҰТ ЖҮР» ДЕП ОЙЛАП ҚАЛАР

Ән әлемінде Шәмшінің жаққан шырағы небір зілзала, нөсер жауынға, дауылға сөнбей, шалқып, бықсымай, жарқырап жанып тұрды. Қара бала Шәмшінің әнімен дүние есігін ашып, сүндетке отырды, есейіп отау тікті. Қаракөздер Шәмшінің әнімен Сырдың сұлу аққуындай сылаңдап өсіп, бойжетті. Басқаның шамын жақты. Бүкіл қазақты сәбидей ән бесігіне бөлеп тербеткен ұлы Шәмші өзінің әділ бағасын ала алмай жүрсе де, көңілінде кетік жоқ аққөңіл, даркан мінез, әзілқой қалпынан жаңылған емес.

Бірде қарашаңырақ Жазушылар одағының дәмханасында қоңыр күздің құнан қымызын қанып ішіп, бөртіп, көңілі тасыған Шәмші мақтанып отырды. Мақтанатындай да бар екен. Кеше бұтына жаңа шалбар алып киіпті. Жай шалбар емес, матасы Мароккода тоқылған, жібі Қытайда есілген, ауының сыдырмасы Жапонияда жасалған, өзі Үндістандағы Радж Капур фабрикасында тігіліпті. Шалбардың кереметтігі сонда – ол жеті секундта жеті түске еніп, құбылып тұрады. Оның үтіктеудің, жуудың қажеті жоқ, сілкіп-сілкіп киіп жүре бересің. Радж Капурдың өзі, Жан Марэ, Мүсілім Магомаев, Полад Бұлбұлоғлы, Рашид Бейбутов сияқты сәнқойлар тек осы шалбарға ғана тапсырыс беріп, соны ғана киеді екен. Көке десең де, басқа шалбарды бұттарына ілмейді екен. Осы сирек кездесетін шалбар бір дүкенде етек астынан игі жақсыларға жасырын сатылыпты. Дүкен директоры Шәмшінің танысы болып шыққан. Соған салмақ салып, шалбарға қол жеткізген. Сөйтіп, қазақта үнді шалбарын киген жалғыз Шәмші болып отыр. Бұған мақтанбағанда, қайда мақтанады?

Досы ешкімге айтпаңыз деп өтінсе де, аққөңіл сазгер шыдасын ба, достарына айтып қойыпты. «Көргеннен көз ақы алатын» сәнқой Нұрғиса, онша сәнқой емес мына Төлеген шалбардан шашлықты

жақсы көретін анау Бодықтың баласы ести сала шабуылдап барып, директорды алқымынан алыпты. Бірі-сазгер, халық әртісімін, бірі – ақынмын, айналып келгенде, бәріміз Шәмшінің достарымыз деп қылқылдап жүріп, бір-бір шалбар алып киіпті. Үнді шалбарына ие болғандар бүгін кешке ҚазМУ-дың ғимаратында болатын ән кешіне бірдей киіп барып, елді таңғалдырмақшы. Алматы көшелерінде атақты әншілер Шәмшінің, Нұрғисаның, Әсеттің әндерін шырқайды деген жарнамалардың жапсырылғанына жарты ай болған. Осыны естіп, бүкіл Алматы дүрлігіп жатыр.

-Мұқа, мен танысыма звонит қылайын, сен де осы кешке үнді шалбарын киіп, жарқырап бар, - дейді шалбарына сыймай отырған Шәмші.

-Керегі жоқ, - деді Мұқағали, айғыр жал қайратты ұзын шашын артқа сілкіп тастап. – Жетім тоқты сияқты сіңірі шыққан сендерге сыйған шалбар маған сыймайды. Содан соң, әлгі әкеңнің аузы... анау саудагерді айтамын, барлық сазгер, ақын-жазушылар, оның ішінде Мұқағали да жаланбұт жүр екен деп ойлап қалар. Керегі жоқ, - деді.

АЛ ЕГЕР ТӨБЕЛЕСТІ ТОҚТАТПАСАҢДАР...

Бірде сықақшылар сарбазы , жазушы Садықбек Адамбеков ағамыз үйіне келсе, есік алдында кеудесіне дейін шешініп тастаған екі мас төбелесіп жатыр екен. Бірі – жалпақ бетін безеу басқан тапал, құжбан қара, екіншісі – сырықтай ұзын, шибұт сары. Арақ пен төбелесті онша ұнатпайтын ағамыз араша түсе кетеді:

-Әй, жігіттер, мына қарап тұрған бала-шағадан ұялмайсыңдар ма, қойыңдар төбелесті, - дейді.

Еттері әбден қызып, шабыттанып алған мастардың төбелесті тоқтатар түрлері жоқ. Құжбан қара қысқа қолдарын шолтаңдатып, бұқаша жер тарпып ұмтылады. Өз кезегінде шибұт сары да ұзын қолдарын алыстан сермеп, төбелесті қыздыра түсуде. Мына жағдайда төбелестің түн ортасына дейін созылуы мүмкін болды.

-Жігіттер, бұзақылықты қойып, тоқтаңдар енді. Бөтен аулаға келіп, не үшін төбелесіп жатырсыңдар? Не жетпейді екеуіңе? - деді тағы да.

-Мына құрбақа сияқты жиіркеніште хайуан менің әйеліме қырындауын қоймаса, қарнын жарып, өз ішегіне өзін асып қоямын, - деді сидам сары өкпесін қыса алқынып.

-Бұл инеліктей қатқан сары жалақ менің әйелімді сұғанақ көзімен шешіндіреді. «Фигурасын-ай!» - деп аузынан сілекейі шұбырады. Соны көріп тұрып қалай шыдаймын, ойбай! Сирағын сындырып, қабырғасын қаусатып, көзін ағызбайынша, кегім қайтпайды, - деді құжбан қара барқырап.

Екеуі сәл тыныстап алып, қайта жағаласа кетті. Айтқан серттерін орындайтын түрлері бар. Елге сөзін өткізіп «жаман үйреніп» қалған ағамыз, мына екі әпербақанның өзін танымай, сыйламай тұрғанына жыны келіп:

-Әй, сүзеген қошқар мен тентек теке сияқты қос ақымақ, сию минуту төбелесті тоқтатыңдар, - деп қатты ақырып жіберді. – Егер тоқтатпасаңдар...

Интернатта оқып жүргенде талай төбелесті басынан өткерген Адекең ескі әдеттері есіне түсіп, білегін сыбанып жіберіп, тағы ақырды, - егер төбелесті тоқтатпасаңдар...

Қатты естілген қаһарлы дауыс құлақтарына енді жеткен екеу жалт қарап тұра қалды. Сықақшының сырт бейнесін, дене тұрқын көзбен өлшеп пішіп, тұрған сыңайлары бар.

-Сен шал, мына біржапырақ түріңмен қалай-қалай әкіреңдейсің? Тұрған жеріңде бір періп, жерге жапсыра салайын ба? – деді құжбан қара.

-Бұл жерде тапталған ар-намыс үшін қанды шайқас жүріп жатыр. Араласпай, аулақ жүр, - деді шибұт сары.

-Төбелесті тоқтатпасаңдар! – деді Адекең алғашқы екпінінен жазбай.

-Ал тоқтатпадық, - деді құжбан киіп кетіп.

-Иә,иә, тоқтатпасақ не істейсің? – деді ұзын сары.

Екеуі әлгіндегі араздықтарын заматта ұмытып, бұған екі жақтан төніп келеді.

Істің насырға шабатыны айқын болды.

-Не істеуші едім, - деді Адекең шегінуді намыс көріп, - Бір жәшік сыра әкеліп, екеуіңді татуластырайын деп едім...

Женіс ШЫНЫБЕКОВ,
Талғар қаласы.

ЖАҚАННЫҢ ӘЗІЛ-ҚАЛЖЫҢДАРЫ

Жамбыл облысы, Сарысу ауданында туып-өскен Шеркештің Қосымының –Шорасынан тараған Жақсыбөрі ұрпағы Жақан Жамықаев өте әзілкеш, қалжыңқой жан болды. Ол әсіресе нағашы жұртымен өте қатты ойнайтын еді. Жақанның әр кездерде айтқан әзіл-қалжыңдары, істеген қызықты тірлік-қылықтары мол болушы еді.

***

Жағалбайлы-Ноғайлының бір ақсақалы жасы келіп қайтыс болып, жаназасын шығарып, жиналған ағайындары жерлеуге барады. Бір қауым жұрттан Құлтай нағашымыз бөлініп, мола-моланы аралап, құран оқып жүрген көрінеді. Құлтайдың өлікпен шаруасы жоқ, өз бетімен бейіт аралап жүргенін байқап қалған Жақан келесі бір бейітке барған кезде жасырынап барып, аузына бас киімін басып алып: "Құлтай, а, Құлтай, келдің бе? Оқыған құраныңа рақмет", - деп қарлығыңқы дауыспен айғай салыпты. Құран оқуға енді отыра берген Құлтайдың дыбысы шықпай қалады не орнынан тұрып кете алмайды. Сұпсұр болып бір орнында қатып қалыпты. "Енді бір ауыз бірдеңе дейін десем, жүріп кететін түрі бар. Қой, екінші шалды тағы қосып көміп жүрерміз", - деп күліп, Жақан алдынан шығыпты. Құлтекең сонда барып, есін әзер жиыпты. Жақанның нағашыларымен қатты ойнайтыны елге аңыз болып тарап кеткен осындай талай әңгімелері бар.

***

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ел басынан көп қиыншылықтар өтті ғой. Уақтылы еңбекақы, зейнетақы ала алмайтын жағдайлар болды. Туыстар бір-біріне берген көмегіне ақы төлейтін. Сондай бір оқиғаға байланысты Жақанның нағашыларына арналған "Үш әріп" деген өлең де бар еді ("Үш әріп" деп отырғаны үш әріптен тұратын Уса нағашымыздың есіміне байланысты). Анамыздың туған ағасы Уса нағашымыз қайтыс болып, бала-шағасы басына құлпытас орнатпақшы болады. Тасты әкеліп, жақын інілерінің біріне аты-жөнін ойып

жазғызып, ақысына бір тоқты береді. Оны естіп алған Жақанға сылтау керек, ойланбастан мынадай үш шумақ өлең шығарыпты:

Ноғайлы мал табуға маман болды,
Үш әріп бір қой болған заман болды.
"Заманың түлкі болса, тазы боп шал",
Кірпіш пен тас сатқаның жаман болды.

Жалғасы бұл шумақтың мынау болды,
Жақында бір нағашының тойы болды.
Тойына шақырған соң барып едік,
Бір шыны ашып ішу арман болды.

Сөз сөйлеу өз-өзінен артылмады,
Сый табақ я жиен табақ тартылмады.
Аруағын Ноғайлының сыйлаған соң,
Көп сөзім айтатұғын айтылмады.

Бұл өлеңді тұңғыш немересі Бағыланға үйретіп қойыпты. Нағашыларымыз келсе, айтқызатын көрінеді. Бағыланның бірінші сыныпқа енді барған кезі. Алты жасар баланың өленнің мазмұн-мағынасында не шаруасы бар, мектептен келген бойда: "Ата, мұғалім, бізге ертең өлең жаттап келіңдер, - деді, мен "Үш әріпті" айтып берейін бе", - депті. Атасы: "Е, айтып бер", - депті. Екеуінің әңгімесін естіп қалған жеңгеміз Тұрсын: "Қой, ұят болады, бала ондай өлең айтпайды", - деп шыж-быж болатын көрінеді. Кейін нағашыларымыз: "Ауызбастырық берейік, енді айтқызбашы", - деп өтініпті.

Шәрипа ЖАМЫҚАЕВА,
Алматы қаласы.

ӨЛКЕ, ОТЫНШЫ, МАҚАН ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР

Өлке – Сарыарқаның орта тұсындағы зират яки қорымдардың жиынтығы.

Сағаналар мен төрт құлақ кабірлер көрінгенде, алғаш келген адамға ұзақтан сағымданып үлкен қалаға ұқсап көрінеді. Сондықтан болса керек, бұл өлкені зерттеген ғалымдар «Мертвый город», «Өлі қалашық» деп атап кеткен екен. Бұл өңір Жақсылық алшын руының атақты байы Бақтыбай, оның бауыры Жүндібайдың қысы-жазы отыратын мекені болған. Жүндібайдың Отыншы, Өлке, Мақан деген балалары болған. Айтуға қарағанда, Отыншының үш мың жылқысы болған. Ол жылқыларын түр-түсімен бөліп, түгендейді екен. Ал ортаншы баласы Өлкеге орташа дәулет біткен. Бірақ ол мейліпше сақы болып, келген мейманды күтуге ерекше көңіл аударған. Сонымен бірге қолынан өнері тамған ұста болыпты. Осы сақылығының арқасында Өлкенің аты елге танымал болады. Жердің аты да Өлкенің есімімен аталатын болған.

Мұңлы-Құлының тауларының қарларының суы сай-сайлармен тасып, осы жерге Қоржынқақта су жиналатын болған. Қақтың суы ол дәуірде қысы-жазы тартылмайды екен. Жайылымы шүйгін, тұрақты суаты болғандықтан Отыншы мен Өлке қысы-жазы көшпей бір орында отырған. өлкенің Қарабидайық деген соны жайылымы төрт түлік малға қолайлы өріс болған. Өлкенің өзі соққан ағаш үйі болған (бұл жақта там деп моланы айтқан. Ал тамды – ағаш үй деген). Малын, оның терісі мен жүнін Қараөткел базарына апарып сатып, қажетті бұйымдарын алып отырған.

Өлке өте сыпайы, сері мінезді жан болыпты. Ол қонағына қымызды бір түсті ыдыспен берсе, тамақты, сорпаны басқа түсті бірыңғай ыдыспен береді екен. Өлке серіктерімен ел аралағанда, астарына бір түсті ат мініп, ер-тоқымы, киген киімдері де бірыңғай болған.

Алсай Қуандық елінің атақты мырзасы Өлкені сынамақ үшін жүз серігімен қонақ болып келеді. Өлке қонақ кәдесін жасап, тағамның бірнеше түрін әзірлейді. Және оларды бір түсті ыдыспен беріп, екінші тағам бергенде басқа түсті ыдыспен берген екен. Өлкенің қонақжайлылығына риза болған мырза: «Өлке деп атыңды келте қойған екен, өзен екенсің», - депті.

Бірде Жиенбеттен шыққан Абақ батыр ауылының жылқысына ұрылар тиіскенін естіп, батырдың киінуге шамасы келмей жеңіл киімі мен қаруын алып, жайдақ атына мініп, біраз серіктерімен ұрыларды қуып жетіп, жылқысын ажыратып алады. Ұрыларды қуып, Өлкенің аулына таянып келген Абақ біраз серіктеріне жылқыны елге айдатып, қалған серіктерімен Өлкенің ауылына бармақшы болады. «Өлке жартылай жалаңаш, жайдақ атқа мінген адамдарды көргенде не істер екен?» - деп ойлайды.

Жылқы сойып, Абақ батырдың адамдарын тойындырып күткен Өлке қонақтары қайтпақшы болғанда, олардың бәрін біртүсті киіндіріп, аттарына ер-тоқым беріп шығарып салады. Сонда Абақ батыр серіктеріне: «Өлкенің мәрттігі мен сақылығына шек келтіруге болмайды екен», - депті.

Отыншы, Өлке, Мақан XIX ғасырдың басында өмір сүрген. Өлке ағасы Отыншыдан бұрын өмірден өткен екен. Отыншының басшылығымен Өлкенің басына көрнекті етіп, көркем кесене тұрғызылады. Кесене біткеннен кейін Отыншы туған-туыстары мен баласы Сыздыққа: «Менің қабірімді Өлкенің аяқ жағына қойып, шағын төртқұлақ белгі орнатсаңдар болғаны», - деген екен. Мұның себебін сұраған туыстарына: «Өлке маған тірісінде теңдік бермеді, өлгенде теңдік берер деймісің», - депті інісін ризашылықпен еске алып.

Айтуға қарағанда, Отыншы да қайырымды адам болғанға ұқсайды. Тамадан шыққан белгілі болыс Құлтас таманы өз алдына болыс етіп бөліп шығарады. Ол үшін оязға беретін көп қаржы қажет болады. Отыншыдан Құлтас көмек сұрай келеді. Отыншы мал қорасының ортасын қаздырып, бір қоржын ақшаны Құлтасқа көмек ретінде берген екен.

Мақан жайлы да халық арасында әңгіме кең тараған. Мақан кедей болғанымен палуан, серілеу, аңғал, аса зор денелі әрі қомағай адам болған екен. Негізінен, ол бай ағаларының есебінен күн көрген. Ішіп-жемі таусылған кезде, бай ағалары оның үйіне келе жатқан кезде, Мақан табаға құрт-құмырсқа, бақа-шаянды жинап салып, ағаларының көзі түсетін жерге қояды екен. Мұны көрген ағалары: «О, мынаның ішер асы таусылған екен ғой» деп, бір-екі үйір жылқы айдап жібереді екен. Сол берген малы келер жылға жетпейтін болған.

Бір күні Мақан ағасы Отыншының жоғалған бір айғырының үйірін іздеп, жоғарғы Орта жүз Қуандық еліне барса керек. Жоқ іздеп жүріп, сол елдің бір байының үйіне қонады. Бай екеуі жөн сұрасқаннан

кейін бай: «Әлгі Отыншы байдың жалмауыз інісі бар деп есітуші едік. Сен сол емессің бе?» - дейді.

Мақан: «Болсақ болармыз, - дейді. «Е, онда өнеріңді көрейік. Бәске, бір тай қазан май ішесің бе?» - дейді. "Оу, мынауың тым көптеу екен. Бәсіңіздің түріне қарай көрейік", - депті.

- Бәске екі бестіге келісемін. Майды ішсең, екі бесті сенікі. Ал іше алмасаң, жоғың табылған соң екі бестіні әкеліп өзің бересің.

Бәске келісіп, бай ауылдағы барлық сары май, тоң майы, жіліктің майын жинатып, қазанға ерітеді. Мақан болса, май еріген кезде қол күймейтіндей шым-шым болсын деп ескертеді.

Келісілген уақытта май еріп, дайын болады. Еріген майды Мақан ішіп тауысады да, тілі сиырдың тіліндей ұзын болса керек, сумаңдатып жалап қояды да: «О, байеке, тағы да майыңыз болса әкеліңіз» деп мысқылдайды да, есіктің алдындағы бұлақта түс ауғанша жатады. Сонда судың бетіне қалыңдығы бір елідей май тұрған екен.

Сонымен Мақан батыр екі бестіні жетелеп еліне қайтады. Осы оқиғадан кейін арада бірнеше жыл өткен соң екі бестісінен айырылған бай ауылында бала жалмауыз шыққан екен. Екі бестісін ұтқызғаны әлі көкейінде жүрсе керек, бала жалмауызды ерітіп, еріккен бай Мақанды іздеп, Отыншының ауылына келеді. Терезесі тең екі бай сәлемдесіп болған соң, қонақтар келген жұмысының жөнін айтады.

Ол кезде Мақан батырдың тісі түсіп, асқазаны тозып, алпыстан асып, қартайыңқырап қалған кезі болатын. Осыны ойлап ұтылып қалар ма екенмін деген қауіппен Отыншы: «Мақан жылқы іздеп кеткен еді, келген соң көрерміз», - депті. Астыртын, ел аяғы басылған соң, қонақтарды жатқызып, інісі Мақанға келіп жолығады да, мән-жайды айтып: «Сені жылқы іздеп кетті деп жасырдым, бәске түсуге шаман бар ма? – деп сұрайды. Сол кезде Мақан батыр қарқ-қарқ күліп: «Ой, ағай-ай, сонда да сіздің малыңызға сеніп бәстескенмін, ұтыламыз деп екі бестісін бермейміз бе, тәуекел деңіз», - дейді.

Сонымен таңғы шайдан кейін бәсеке басталады. Бұл жолғы бәсекенің түрі шай мен қымыз ішуден, ет жеуден болатын болып келісіледі. Шай ішу үстінде дастарқандағы сол тұстағы қазақтың қолда бар тағамдары қоса желінуі тиіс. Шай үстінде батыр Мақанның денесі босап, созылған қарны қалай аунаса, сол жағына қарай салбырап жатады екен.

- Уа, қымыз ішетін сары сабам, қымыз ішуге дайынсың ба? – деп қолыменен шеңгелден ұстап тартып қалып жіберген кезде, тізесіне барып сарт ете қалады екен.

Содан соң екінші жағына қарай аунап түсіп:

- Уа, ет жейтін қара сабам дайынсың ба? – деп қарынын шеңгелден ұстап, тағы да тартып қалып жіберген кезде тізесіне сарт ете қалған екен.

- Әй, тіпті тоймай қойдың-ау, шай ішетін жай сабам деп кіндік тұсын тартып қалып, өткендегі әдісін қайталайды. Осы әдісін шай үстінде екі-үш рет қайталайды.

Шай ішіліп, бата беріліп, үзіліске шыққан кезде, бала жалмауыз өзінің қожайынын оңаша шақырып алып:

- Мақанның ет жейтін, қымыз ішетін, шай ішетін қарындары бөлек-бөлек көрінеді, ал менікі бас аяғы біреу-ақ және шайдың өзіне тояттап қалдым. Осы абыройымызбен қоя қойсақ қайтеді, - деп өзінің одан әрі бәске түсуге жүрегі дауаламай тұрғандығын сездіреді. Барлық жағдайды өз көзімен көріп отырған бай да басы салбырап, ұнжырғасы түсіп кеткен екен.

Сөйтіп Мақан оларды әдіспен екінші рет жеңген екен.

Өлке жайлауында қазіргі кезде де Жезқазған мен Оңтүстік Қазақстан облысының малшылары мал бағады. Осы жерде Кеңес Одағы кезінде космостан түсерде түсу аппаратындағы ақаудың салдарынан тұншығып өлген үш космонавтқа белгі орнатылған. Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданына қарасты, Шу арнасының бойындағы кеңестік кездегі кеңшардың орталығы болған Шу ауылынан теріскей бағытына баратын тура жолды халық «Сымтастың жолы» деп атайды. Бұл жол бойында «Жағыпар палуанның тасы», «Тоқым тыққан» деген жерлердің аты бар. Жағыпар палуан кісі бойы келетін бұл тасты атын байлау үшін көтеріп әкелген екен дейді. Жағыпар палуан XX ғасырдың басында омір сүрген. Ол Кенесарының ұрпағы, Оңтүстік Қазақстанды аралағанда Қажымұқанмен бірге жүрген (ол жайлы Кенесары ұрпақтары жайлы деректемеде айтылған) Мәлік төремен күреседі. Ол кезде Жағыпар палуанның жасы алпыстың үстіне, ал Мәлік отыздағы жігіт кезі екен. Палуандар күні бойы алысып, бір-бірін жеңісе алмаған екен. Сонда Мәлік төре жеңісті Жағыпар палуанға беріп: «Сіз менің жасымда болғаныңызда, мені жеңер едіңіз» деп, Жағыпардың күшін бағалаған екен.

Сүлеймен Тәбірізұлы,
Созақ ауданы.
"Созақ өңірі" кітабынан.

ОТЫНШЫНЫҢ ӘКЕСІ

Жүндібай бай балаларына енші береді. Сонда жас Отыншы әкесінің берген еншісін азырқанады. Жүндібай оған:

- Әй,Отыншы, көрген түсім теріс кетпеуші еді, берген еншімді азырқанба. Түбі менің дәулетім саған орнайды, - дейді. Бірақ жас Отыншы әке сөзіне иланып қарамайды. Бір күні ебін тауып Отыншы жылқышыларға бой бермей, әкесінің екі тәуір атын алып кетеді. Ауылға алқына шауып барған бір жылқышы болған жайды Жүндібайға баян етеді.

Қатты ашуланып, түтігіп кеткен бай үйден қос ауыз мылтығы мен шоқпарын алып:

- Бұл иттің көзіне шел бітейін деген екен, менен барымта алғысы келген екен. Мен оны көрсетейін, - деп баласының соңынан құйғыта жөнеледі. Ауыл маңында жүрген батыршалыс баласы Мақан әкесінің тал түсте бұлай шабуынан шошынып, дереу атқа міне салып, әкесін қуады.

- Не болды әке? Жау шапты ма? – депті үрей толы үнмен.

- Жау шапқан жоқ, бауырымды жарып шыққан балам қаскөй жаудан әрмен болып, тал түсте менен барымта алып барады.

- Енді не істейін деп едіңіз? – дейді қапталдаса беріп:

- Анау ағаңды тап қазір атып өлтіремін. Ол да бір шіріген жұмыртқа, - деп атына қамшы басады. Сонда Мақан араша сұрап:

- Әке, әке, бір ашуыңызды маған беріңіз. Бір ағаттығын кешкейсіз, - дейді. Сонда Жүндібай алдын кес-кестей берген баласы Мақанды арқадан қамшымен тартып-тартып жіберіп, атына қамшы басады. Сонда Мақан әкесін қуып жетіп, атының тізгініне жармаса беріп:

- Ей, жаман Күшіктен туған неме! Тоқта былай. Сырты түк, іші боқ екі ат үшін төлбасыңды оққа байламақсың ба? Онда мені де атып кет! – деп ашуға мініп, бір жағы жыларман болады. Сонда қос атты жетектеп бара жатқан Отыншы өзінен жеті жасар кіші жас пері інісі мен әкесінің арасында өзі үшін болып жатқан айқайды естиді де, екі атты тастап, өзі әрі қарай белден асып кетеді.

Жүндібай Мақанның көзінде мөлт-мөлт етіп тұрған жасты көреді әрі Отыншының қос атты қалдырып кеткенін көріп, жылап жіберіпті де Мақанға:

- Бар, ана итке аттарды апарып бер, - депті де кері қайтыпты. Кейін осы жайдың куәсі болған Мақан Отыншыға тиген енші малды үш жылға дейін еш сатқызбай, еш сойғызбай, қамқорлық жасаған. Содан Отыншының малы шырқ айналып кетті дейді.

Кәрібоз Дүйсенбаев,
Сарысу ауданы.

ЖҮНДІБАЙ ҰРПАҚТАРЫ ТУРАЛЫ

1928 жылы Жүндібай балалары немере, шөберелерімен 41 түтін болған екен. Оның бірінші әйелінен Отыншы, Сушы, Мақан,Жолшы, Өлке туған. Екінші әйелінен Ойқұл, Қырат, үшінші әйелі Жақсыбикеден Төрекелді, Төребек, Балдай, Өткелбай, төртінші әйелінен (Сұртоқал атанған) Жантай, Әтемір, Көлсал, Тарғақ, Қуғыншы туған. Осы Сұртоқал қатал мінезді, теріс тірлікке бейім болған. Ойқұл мен Қыраттың шешесін қымызға у қосып беріп өлтірген деген әңгіме болған. Сонда Жүндібай әйелін өлтірмек болып ұмтылғанда, ел жібермей қойған.

Осы Жүндібай балаларының ішінде Арқа жеріне аты шыққан үшеу болды. Олар – Отыншы, Мақан, Өлке. Біріншісі асқан байлығымен, Мақан қайталанбас мінезімен, ақындығымен, ал Өлке мырзалығымен аттары шығып, елге танылды.

Отыншының бірінші әйелі Дәмегөй аса етжеңді, толық адам болады. Көшкенде, ауыл аралағанда күймемен жүрген. Алғашта ұдайы бес қыз туады. Бесінші қызына екіқабат кезінде Отыншы әкеміз Дәмегөйге соқпай кетеді. Соған өкпелеген Дәмегөй туған қызы Сарқынтайды құндақтап, жерошаққа қойып кетіпті. Көшіп келе жатқан аталас туысы Кеншімнің әйелі жас баланы алып, бір көш жаяу жүріп, қуып жетеді. Ол абысындық хұқын пайдаланып, Дәмегөйге ұрсып-ұрсып, қызды қолына ұстатады. Содан таз руының Есенбай дегенінің әйелі Бибіжан Сарқынтайды күтіп-баптап, мәпелейді.

Бірде Отыншы Дәмегөй үйіне ат басын бұрады. Сонда әйелі 5-6 айлық болған қызын ағаш кереуеттің астына тығып жібереді. Төрге жайғасып отыра берген Отыншының көзіне тыпырши аунақшыған баланың қолы көрінеді. Бай қызды алып, көтеріп бетінен сүйеді де:

- Бұл қыздың әр жерінде белгісі бар. Нышанды қыз болады, - дейді бай.

Содан кейінгі жылдары Дәмегөй Сыздық, Омар деген ұлдарын туады.

Сыздықтан тараған ұрпақтар Шымкент жақта бар. Ал Сыздық малды болып, кәмпескеге іліккен. Отыншының екінші әйелі Мақаштан Бұралқы, Аманбала, үшінші әйелінен Тоғай туады.

Атамыздың бірінші әйелі Дәмегөй билік тұтқасын мықты ұстаған бәйбіше болған. Бірде ол қатты ауырып, Шуға қыстамай, Арқа жеріндегі Көктасты қыстап қалған. 100 биені сойдырып, сондағы сағаналарға етті тықтырып тастаған дейді.

Ақжан Сарышалқызы,
Жаңаарық ауылы,
Сарысу ауданы.

ОТЫНШЫ БАЙ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР
ШЫРЫМТАЛ ТҮС

Отыншыға әлі мал біте қоймаған кезі. Аз ғана еншісімен әкесінен бөлініп шыққанда темеш руының жігіті Адырбекті өз жылқышысы етіп алады. Бірде Отыншы мен Адырбек жағалбайлы руының Мәлікжанының белгілі байы Байдүйсеннің үйіне барып қонады. Ас-су ішіп болған соң, қонақтарға төсек салынады.

Таңертең Отыншы төсектен сәл-пәл қобалжығандай, өңі алабұртып оянады. Адырбек екеуі таңертеңгі шайдан соң, жолға шығады. Ауылдан сәл ұзай бере Адырбекке:

- Адырбек, түс жоритын өнерің бар ма? Мен түнде бір түс көрдім, - дейді.

- Е, ол қандай түс?

- Өзім де таңмын. Салт атпен қарыма құрық іліп, сар даламен желе жортып келе жатыр екем. Артыма бір қарасам, бір құрығым үшеу болып кетіпті. «Бұл не ғажап?» - деп ойладым да, көзімді қайта уқалап жіберіп қайта ашсам, құрығым үш түсті болып өзгеріп сала беріпті. Өзім мына тосын көріністен сасыңқырап әрі абыржыңқырап қалдым. Сол сәтте төтеден қара атымен әлдекім қосылып келіп берсін. Өзі бас киімін айналдырып алған. Қолында жалт-жұлт еткен пышағы бар. Шаужайлай келіп, пышағымен құрықтың ілмесін қиып тастағысы келіп ұмтылсын. Сасқанымнан атымды тебіне беріп:

- Мақан, Мақан! – деп айқайлай беріппін. Қайдан сап ете қалғанын білмеймін, оң жақ бүйірден Мақан сап ете қалып, қолындағы тобылғы келтекпен әлгінің қолындағы пышақты қағып жібереді. Күнге шағыла қанкөбелек ұшып ойнаған пышақ көз алдымда көкке сіңіп, жоқ болды. Қапталдасып келген қара атты кері қарай қайырыла шапты. Мақан қуа жөнелді. Қара атты бел асып қашты. Мақан да күрең төбелімен бастырмалата, құйрық тістесіп кетіп бара жатты. Қуып жетті ме, жетпеді ме білмеймін, - дейді. Сонда Адырбек біраз ойланып, мұртынан күліп тұрып:

- Отыншы, жайлауың жайсаң, қыстауың құнарлы болады екен. "Жақсы жерге қонсаң – жақсы-жақсы түс көресің" деген ғой. Қонған үйіміз де Жағалбайлының құт-береке дарыған шаңырағы ғой. Үш түсті құрығың – үш өріс жылқың. Дұшпансыз адам болмайды. Қара аттының пышағының жүзін құрығыңа дарытпаған Мақан да тегін адам емес. Көк сіңген кездік те жақсылықтың нышаны. Мақан інің қорғаның болады екен, былайғы жұрт орманың болады екен, - деген екен. Сонда Отыншы:

- Әй, Адырбек, аузыңа май, астыңа тай, «Жақсы сөз-жарым ырыс» деген, айтқаның періштенің

құлағына шалынсын, - деп, оған шын ризашылық білдірген екен.

Шынында да Отыншы малына, шаруашылығына үнемі сырт қоғам болған Мақан үш жыл бойы Отыншының жылқысына пышақ тигізбейді. Қылқұйрығының үйірі осыдан соң-ақ шырық айналып сала берген. Отыншы туған інісі батыр Мақанды барынша қадір тұтып, бетіне келмеген.

***Дүйсенбі Аманжолұлының** аузынан жазып алған –*
Пернебай Дүйсенбин.

ОТЫНШЫНЫҢ МӘРТТІГІ

Ертеректе кісі өлімі болып, Құлтума Төрекұл үлкен даудың ортасында қалады. Орта жүз ағайындар бұлтартпас дәлелмен Төрекұлды мойындатып, құн төлеуге мәжбүр етеді. Құн даулаушы жақтың кerауыз биі:

- Әр үйірден жиылған тай-тулақты алмаймыз. Ақшалай төле! – деп қиғаш талап қояды. Төрекұлдар жағы сасады. Ол Отыншыға кісі шаптырады. Сонда ол сөзге келместен:

- Әй, бәйбішеге барыңдаршы! Бір түйіншек ақша мен тайтұяқ алтынды берсін, - дейді.

Шабармандар кеткен соң ірі басты ағайындары:

- Оу, Отыншы, мұныңыз қалай? Төрекұл кіміңіз еді? Екі туып бір қалғаныңыз ба?! Жайлау үшін таласып, суат үшін жанжалдасып, тіршілікте отымыз өре жанбай жүргенде, бұл қай мырзалығыңыз? – дейді.

Сонда Отыншы:

- Әй, жер-су үшін араздасқанмен, намысымыз араз емес қой. Бір рулы елдің арысын арғынның табанына салып берер жайым жоқ, – деген екен.

Әби Смайылов,
Жайылма ауылы,
Сарысу ауданы.

ҚҰДАБАЙ МЕН ОТЫНШЫ

Есқараның Құдабайы Жақсылық алшын Жүндібайға қызын беретін болып, құдалық жолмен бәтуаласады. Уақыт өте береді. Айттырған қызды алу мәселесімен ақылдаса келгендер Құдабайдан оң жауап ала алмай,кері қайта береді. Содан оның туыстары:

– Бұл ырымға жат нәрсе. Құдандаласып қол алысқан соң, қызды жолынан қалдырған болмайды. Аруақ аттаған дұрыс емес, - дейді.

Алғашында қыңаржақтап, толқулы болған Құдабай ағайын сөзін аяқасты етпейді. Құдалықтары жарасып, алыс-беріс оң арнаға түседі. Кейініректеу Құдабай балалары Арқа жеріндегі шөбі шүйгін, құйқалы аймақ Шыбындыны, Айбатты Жүндібайға сыйға тартады. Содан сол аймақ Жүндібай балаларына ырысты қоныс, жазиралы жайлау болады.

Содан кейін Құдабайдың үлкен ұлы Сары, кіші ұлы Иман жоғарғы Мұңлыны, оның Кеңсуат деген жерін қоныс етіп, қыстау соққан. Бірақ ортаншысы Шөкен екі жылға дейтін Жүндібайға киіт орнына берген Шыбындыдан, Айбаттан көшпей қойған. Бауырларына:

– Сендер көшсеңдер көше беріңдер. Менің Жүндібай әулетіне жайылымдығым мен жерімді берер жайым жоқ, - деп отырған орнынан мызғымайды. Содан Сары мен Иман келіп:

– Ұят болады. Әкеміз Құдабайдың Жүндібайға басы бүтін берген қонысына талас қылғанымыз – оның аруағын сыйламағанымыз, - деп оны көшуге көндіреді. Сөйтіп оны өз қатарларына көшіріп алып барып, қора-жай, қыстау салып береді.

Жылдар өтеді. Құдабайдың жиені Отыншы туған нағашысының ауылына жиі-жиі келіп-кетіп жүреді. Бір күні жиен нағашы атасы Құдабайдың үйінде жатқанда түс көреді. Түсінде нағашы атасы Құдабай мұның қолына бір құшақ құрық ұстатады. Содан оянып кеткен ол:

– Ата, мен бүгін түс көрдім. Түсімде сіз маған бір бума құрық ұстаттыңыз. Осыны жақсы ырым көріп тұрмын. Мен елге қайтайын, - дейді.

– Иә, Отыншы балам, сен көрген түсті мен де көрдім. Соны өзім жақсы ырымға санап, еліңе қайтарайын деп отырмын. Бірақ тектен-тек емес, алдыңа қысырақтың үйірін салып беремін. Осындағы ауылдың барлық қарияларын жиып, бата бергізбекпін, - деп тай сойдырады. Сөйтіп, Отыншыға қарттардың батасын бергізеді. Сөйтіп, оған құт дарып, есімі көпке мәлім айтулы бай болған екен.

Осы әңгімені кешегі күнге дейін қарттардың аузынан талай естідік.

Әбілқасым Қойшыбаев,
Тараз қаласы.

БЕКТІБАЙ БИДІҢ ОТЫНШЫ БАЙҒА АРАША ТҮСУІ

Тасыбайдың немересі, өз кезінің белгілі биі болған, осы әңгіменің басында Нұрмағанбет қария Шу бойында, Қызылжаймада жатыр деген Бектібай жайлы да, оның кісінің ала жібін аттамайтын адалдығы, қиянатқа қарсы тұра білген қажыры туралы бір қатар әңгімелер бар. Заманында ол кісіге ел тәнті болған бір әңгімені қариялар былай айтып отырар еді.

Арқадағы Кіші жүздердің ішінде Алшын руының Жақсылық атасынан шыққан Отыншы, Өлке деген ағайынды кісілер болған. Екеуі де мыңды айдаған белгілі бай, мырза. Жұртқа аса сыйлы кісілер екен. Кезінде болыс та болған, қажыға да барған Отыншы жас шағында, бір тұстарда, ұзақ жылдар қайта-қайта болыс сайланып, әбден үстемдігі жүрген өзінің немере ағасы Бақтыбаймен қырғиқабақтау жүріпті. Билік шіркін, кісінің мейманасын тасытпай қоя ма. Мейманасы тасыған кісі қиянатқа бармай тұра ма, Бақтыбай да кезінде елге тізесін батырыңқырап жіберген тәрізді. Ол кездегі Ақмола уезінің әміршісі, қазақ арасында «Сарықаска» атанған айбынды ояздың тілін болыс таба білген. Екеуі бір-бірімен жекжат-жұраттай араласқан. Әбден сеніміне кіріп алған соң ояз болыстың айтқанынан шықпауға айналған. Осы артықшылығына иек сүйеп, ояз келіп, ел арасында өткен үлкен бір сайлауда, әр түрлі себептер тауып, Бақтыбай өзіне қырын келіп жүрген Отыншыны Сібірге жер аудартпақ болады. Ол үшін алдымен билер үкім шығару керек. Соған ояз бен болыс – билерді жинап алып, осындай үкім шығарыңдар деп тізеге салады.

Ол кезде бұл аймақта үкім айтатын бес бидің шығарған шешімін төрелеп бекітетін төбе биі Бектібай екен. Отыншыға тағылған айыптың жала,

қиянат екенін көріп-біліп тұрғанымен ояздың қаһарынан сескеніп, лажсыздан кейбір билер үкімге мақұл болған. Бірақ үкімді бекітерге келгенде мөрін басып заңдастыратын төбе би қарсы болып, қасарысып отырып алған. Ояздың бетіне жан келмейтін заман. Би-болыстың оның айтқанын істемегені былай тұрсын, оны ойлаудың өзі бұл жұртқа ертегідей жайт. Дегенмен төбе би бетінен қайтпаған. Мына күтпеген қарсылыққа шыдамаған «Сарықасқа»:

- Протоколға мөріңді бас, жаныңның барында! – деп ақырған.

- Баса алмаймын, тақсыр, -деген төбе би.

- Неге?

- Тағылып отырған айып жала. Ол бойынша үкім шығару заңға қайшы.

- Заңды маған қоя бер. Ол жағын өзім реттеймін. Омбыда губернатордың кеңсесімен өзім сөйлесем. Онан саған сөз келмейді.

- Тақсыр, бәрібір мен оған мақұл дей алмаймын. Сібірге жер аударатындай кінәлі адам емес Отыншы. Мен мөрімді баспаймын.

- Неге?

- Бұл мәселе керек десеңіз - ағайынды екі кісінің арасындағы араз-құраздық. Уақытша бір өткінші реніш. Оған сіздің мәртебелі ұлықтығыңызды араластыру - орынсыз. Бұл жерде заңға жүгінетіндей зәрулік жоқ. Елдің ақсақал қауымы өздері араласып, ағайыншылықпен реттейтін шаруа.

- Менің айтқаныма мойынсұнғың келмейтін сен кімсің?

- Әміріңізге құлдық. Мен бағыныштың пенденізбін. Бірақ көпе-көрінеқ кісіге қиянат жасай алмаймын.

- Өзіңді Сібірге айдаттырамын. Тұқымыңды құртамын.

- Еркіңіз білсін, тақсыр.

Мынаның ашу жоқ, адыраңдау жоқ, сыпайы отырып, сіресқен қарсылығына істер шарасы болмай, ояздың күрең сары жалпақ жүзі талақтай қызарып, ісініп кетті.

Ауыр-ауыр балағаттап жіберіп:

- Тап қазір мөріңді баспасаң, сақалыңды күзеймін, -деп салалы қауға сақалынан шап беріп ала кетті. Күні бойы сабыр сақтап, шыдаммен тіл қатып отырған төбе бидің зор, қара сұр жүзі суық тартып, сазарып жүре берді.

- Мейіліңіз ! Бірақ бізде сақалдың құны бастың құнынан қымбаттырақ, - деп тайсалмайтын тәуекел мінез танытады.

Жуастан жуан шығып, мынаның аруақтанып алған сесінен тайсақтады ма, ояз-әмір басқа шұғыл қимылға бара алмады. Бидің ызғарын сыртқа теуіп, әлем-тапырақтанып кеткен қайсар жүзіне ызамен безірейе қарап қалды. Сол ұстаған күйі сақалын сүт пісірім сығымдап отырып, бір кез босатып қоя беріп, орнынан тұрып кетті.

Отыншыны Сібірге айдаттырамын деген әмірін жүзеге асыра алмай, ояз Ақмолаға қайтқан.

Арғы-бергі өткен біраз аруақтардың атын атап, бұл әңгімелерді қозғап отырған себебіміз, осы кісілердің қай-қайсы да Қарабура бабасына сиынған, оның есімін, рухын ұранына айналдырып, туы етіп көтерген парасатты ұрпақтар еді демекпіз.

Рас, есте болар бір нәрсе-шын, үлкен аруақтың ешкімге бөтендігі жоқ. Оны бөліп алып, жекеменшік пиғылмен қарау көргенділіктің қалпына жатпайды. Әрине, атаң екенін, сен оның бір сабағы, ұрпағы екеніңді мақтан тұту – заңды құбылыс. Ал сол атаңның исі мұсылманға, тіпті құдай деген пендеге шарапаты бірдей болуы мүмкін екенін зерделе тұтқаның жөн. Иманы бар пенде әсте аруақты бөлмеген, жат санамаған, сондай-ақ салыстырып, жарыстырмаған, бақталастырмаған. Оған тек сиынған. Сол тұрғыдан келгенде, жарықтық Қарабура бабамыз берісі Қаратау мен Сыр бойының, Арқаның, арысы алты алаштың абыз әулиесі екеніне ешкімнің күпір-күмәні болмаса керек-ті (күпір-күмән келтіруші кезіксе, жаратушы жалғыздың өзі таразылар). Хақ жолындағы перзенттерін желеп-жебей берсін, Жарықтық!

Берік Шаханов,
Алматы қаласы.

ОТЫНШЫНЫҢ БАТАСЫ

Кәрібоздың шешесі Дүйсенбайдың әйелі Қалампыр көпке дейін ер бала көрмейді. Бұл жай ауыз бірлігі ажырамаған ағайындардың қабырғасына қатты батып жүреді.

Бір күні маңында бір үйір жылқы топырлап, суы тайыз тартқан құдықтың суын іше алмай жатады. Астаудағы лайланған судан жерінген олар пысқырынып, сыртқа шығып жатады. Сонда осыны байқап тұрған Отыншы әжі сөз ұстайтын жігіттерінің біріне:

–Ана Дүйсенбайдың үйіндегі келінге айтыңдар, қайраты бар ғой. Анау құдықтың көзін ашса, құдай оның да көзін ашар, - депті. Сонда қайратты Қалампыр білек-жеңді түрініп тастап, қайнағасының айтқанын мүлт жібермей орындапты.

Көп ұзамай-ақ Қалампыр жүкті болып, ұл баланы дүниеге әкелген екен. Содан осы жайдың куәсі болған Мақан батыр атына мініп, ағасы Отыншының ауылына аттанады. үй сыртына жете бере-ақ атынан аунай түсіп, қуанғанынан егіле жылаған ол:

– Сүйінші! Қалампыр келініңіз ұл туды. Дүйсенбай ініңіздің үйінде ақ түйенің қарны жарылып жатыр, - дейді ол тебіренген көңіл күйде.

– Ә, құдай тілеуін берген екені! Қартайғанда көрген бозы ғой, ендеше аты Кәрібоз болсын, өмір жасы ұзақ болсын, - депті әжі. Отыншы сол жол туған інісі Мақанның сүйіншісіне нән ту бие бергізген екен.

Алмакүл Өткелбайқызы,
Тараз қаласы.

ШАЛДЫҢ БАТАСЫ

Отыншының баласы Сыздық 20 жасында болыс болады. Әкесі оны Досым алшынның белгілі биі Шалға жібереді. Баласын аттандырып жатып, қарияның батасын алуды тапсырады.

Бір қонып, қонағасын жеп, қайтарда Сыздық Шалдан бата сұрайды.

- Шырағым, менен не ақыл сұрайсың? Қартайдық. Төріміздеқ көріміз жақын. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болған Бақтыбайдың ықпалында болдық. Сегіз би болдық. Төртеуміз әділетті, төртеуміз әділетсіз болып, ақты қара қылдық, қараны ақ қылдық. Бірақ одан тапқан опамыз аз болды. Артымыздың не боларын бір Алла біледі, - депті.

Сыздық карттың сөзіне қанағаттанбай, ауылына оралып, арада болған әңгімені әкесіне айтады.

Сонда Отыншы:

- Бұдан артық ақыл, бұдан артық бата бар ма, балам-ау! «Билік тигенде тасыма, әділдіктен әділетсіздікті асырма», - дегені емес пе! – деген екен.

Қонысбай Қатбаев,
Сарысу ауданы.

БАТА СҰРАУ

Отыншы бай өз баласы Сыздықты Досым алшынның аузы уәлі қарияларының бірі би болған Шалдан бата алуға жіберді. Ол кезде Шалдың қайраты қайтып, қажыған шағы. Балаларының кейбірі ұрлықпен аты шығып, көңіліне қапа кірген. Жүдеу тартып жатқан Шал жас Сыздықтың не шаруамен келгенін біледі.

– Осы өлкеде алты-жеті би болып, қатар шықтық. Иманақ, Жаманауыз, Бегұлы, Торжан, Арғынбай, Мананбай барлығымыз тереземіз тең болып, атқа қатар міндік. Абыройсыз болған жоқпыз. Аузымыз уәлі болды. Кескен билігіміз біліксіз болып, ел бұлдірген емес. Ел іргесі сетінемесін деп, түн ұйқымызды төрт бөлдік. Бірақ заман, пиғыл өзгерді. Әкеге тартып ұл тумады. Төрге озған басты есікке сүйрелсе, бұдан өткен жан азабы бола ма. Иманақтың арты мынау, Бақтыбайдың арты анау, менің артым мынау. Қарағым, халқыңа адал болғайсың, - деген екен.

Ұзақ бата тілеп барған жас Сыздық әкесіне болған жайды, айтылған әңгімені жеткізіп:

– Би бата бермеді, - депті. Сонда Отыншы:

– Шырағым-ау, оның сол айтқан сөзінің өзі бата емес пе, - депті.

Мұхтар Базылов,
Тараз қаласы.

ӨЛКЕ ТУРАЛЫ

Халыққа аса үлкен жомарттығымен аты шыққан Өлкенің үлкен әйелі Зейнептен Беген деген ұл, Бекен, Үкі деген қыздар көрген. Әкесі Бегенді 18 жасында Қоданбай деген байдың Алтын деген қызына айттырған. Бірақ Беген 18 жасында тосын кеселден қаза болады. Бірақ Беген өлсе де, сертті бұзбай, Алтынды 25 түйе жасауымен Өлке үйіне келін қып түсірген. Бүкіл ауыл-аймақ, үй-іші азан-қазан болып жылайды, сықтайды.Бірақ болған іске шара бар ма?! Одан сәл бұрындау жағалбайлыларға айттырылған Үкі деген қызы да өліп қалған. Бірақ олар қыздың 47 малын бұрынырақтау алып қойған-ды. Содан 25 түйе жасаудың жартысын 47-нің өтеуіне жағалбайлыға жібереді.

Үйге келін боп түскен Алтын үш жыл бойы атасы мен енесін бағып-қағады. Содан соң Өлке оны ағасы Сушының Қайран деген баласына қосады. Ол балалы-шағалы болып, мұнда қайтыс болады. Өкінішке орай, ұрпақтары да о дүниелік болып кетті.

Өлкенің екінші әйелі темеш руының қызы Кенжекей болатын. Одан Аяпбек туды. Бірақ ол әкеден 7 жасында жетім қалды.

Өлке мен Зейнеп әжем екеуі күнде Бегеннің басына барып, таңертеңгі шайын ішеді екен. Сол Зейнеп ылғи да күндесі Кенжекейге:

– Әй, Кенжекей, сен Өлкені алып қалам деп ойлама. Мен өзім кетсем, өзіммен бірге алып кетемін, - дейді екен. Құданың құдіреті. Зейнеп таңертең. Өлке кешке қайтыс болған.

Аяпбек ұлы Отан соғысында қайтыс болды. Кенжекыз деген женгеміздің қалған қыз да ерте өлді.

Алмакүл Өткелбайқызы,
Тараз қаласы.

ӨЛКЕНІҢ ШАПАҒАТЫ

Кешегі жаманшылықта Досым алшын Бекежан, Смайыл деген ағайынды екеуі Өзбекстанда болған. Сахара тірлігіне үйреніп қалған екеуі диқаншылық тірлікке көндіге алмайды. ұрлық жасайды. Талай елдердің малын алып, қан қақсатады. Бір күні Бекежан қолға түсіп, милицияның алдынан бір-ақ шығады. Денелі, қара сұр жігіт ұрмай-ақ, соқпай-ақ, екі қой асығын орамалға орап байлап, екі шекеге қойып, қылбұраумен бұрайды. Қылбұраумен ақырындап, шыжымдап бұрағанда, қос шекеге қадалған екі асық бас сүйекке қазықша қадалып, ішке қарай опырып жібере жаздайды.

- Шыныңды айтасың ба?

- Айтайын, айтайын!

- Ал, айт.

Милиция бастығының қазақ екендігінен хабардар болған Бекежан суға кеткен тал қармайды дегендей далбастап:

- Айналайын, бастығына алып баршы. Шынымды сонда айтайын, -дейді. Алып барады. Денесі мол пішілген, кең маңдайлы қазақ жігіті екен.

- Иә, батырым, қайдан келгенсің?

- Аркадан келгенмін.

- Қай Арқа?

- Сарысу бойынан.

- Сен Өлкені білемісің?

- Ойбай-ау, ол біздің әкеміз ғой. Түсі суып отырған жігіттің жүзі жылып сала берді.

- Әлгі «даркан Өлке, өзен Өлке» деген алшынның ба?

- Иә, иә! Бекежан жылап қоя береді. Бастық оның басындағы құрсау орамалды шештіртеді. Иегімен нұсқап, айдауылды шығарып жібереді.

- Өлке деген кісі менің әкеме жолы түсіп, Арқаға саудамен барғанда, көп шапағат, көп көмегін тигізген екен. Елдің телі-тентектерінің бірі әкеме қарадай пәле салады. Сонда жазықсыз жабылған жаладан арашалап алып, өзін үш-төрт күн қонақ етіп, еліне қайтарған екен. Өле-өлгенше аузынан тастамай, аңыз қылып айтып отырушы еді. Сол кісінің ұрпағы болсаң, онда бір кінәңді кештім, - депті.

Содан не керек, әлгі жігіт Бекежанды киіндіріп, жуындыртады. Ертеңіне 3-4 қоқан арбамен, дәу дөңгелекті арбамен, әбі-тәбі әрең күн көріп отырған туыстарына бидай, тұқым жібертеді. Сөйтіп егін егіп, ел қатарына қосылып кеткен екен. Осы жайды Бекежан бізге талай рет сүйсіне әңгімелеп беріп: «Жақсының аты жаманға қырық жыл азық», - деп қоятын еді.

Жәйкен Мұқанов,
Жайылма ауылы,
Сарысу ауданы.

ДАРҚАН МІНЕЗДІ ТАЛПАШ

Шеркеш – Андағұл – Жарқын – Ертай ұрпағы Талпаш атамыз өте мырза, қолы ашық, бір Алланың бергеніне шүкіршілік еткен адам екен. Өте ақылды, дана болған адам дейді аталарымыз. Бұл кісі жөнінде әңгіме сол кезде бүкіл Кіші жүзге аңыз болып таралған. Оның ақылды, даналығынан, мырзалығынан, оның ұрпақтары сый-құрметке бөленген.

-Ей, сен атақты Талпаш тұқымынан екенсің ғой. Атаңа тартсаң, жаман бала болмассың. Иншалла, атаңның даңқы бүкіл Кіші жүзге тараған мырза атанды, денің сау болсын, өркенің өссін, -деген батаны кез келген Ертай атаның балаларына ризашылықпен айтылған.

Осыдай әңгіме кешегі XX ғасырдың 60-70-жылдарына дейін айтылып келді, қазір енді XXI ғасырда ұмытыла бастауы мүмкін, бірақ та менің қатарымның есінде әлі күнге сақталып келеді.

Енді, Талпаш ата кім? Неге ол құрметтеліп, аты бүкіл Кіші жүзге таралды. Осы сұраққа өз бетімше жауап беруге тырысамын. Талпаш- ата Жауғаштының Андағұлынан.

Енді Талпаш ата туралы деректі әңгімеге тоқталайын.

Талпаш атаның қолы ашық, мырзалығы сондай, қонақтың үстіне қонақ отырғызбай, бөлек киіз үйге кіргізіп, қонақ ететін болған. Әр пенденің сыбағасы бөлек, ырыздығы бөлек болады. Қонақ ырыздығын өзі алып келеді, ал қонақ риза болса, мен бір Алланың риза болғаны деп түсінемін дейді екен.

Атамыз өте бай болған деп айтады. «Талпаш мырза, Талпаш мырза!» - деген адамдарға: «Мен мырза емеспін, бір Алла мырза. Егер маған Алла бермесе, мен немді берем сендерге. Мен бір Алланың бергенін беріп жатырмын. Алланы мырза деп айтыңдар,» - дейді екен. Содан соң:

-Бір жылы жұт болып, малым қыстан шықпай, қырылып қалса, мен сендерге ештеңе де бере алмас едім. Бәріне қамқор болып, малымды аман-есен қыстан шығарып отырған бір Аллаға шүкіршілік етемін,- дейтін болыпты.

Ол әулетте қанша мал сойса да, мал саны азаймайды. Төлінің өзі қонақтарға жетіп жатады. Осыған орай, атамыз өте дәулетті бай болған ғой деп ойлаймыз. Төрт түлік мал түгелдей болған деп аңыздайды аталарымыз.

Түнде ұйықтар алдында атамыз бәйбішесіне киіз үйдің төбесіне шам жақтырып қояды екен. Түнде адасып жүрген кісілер болса, ауылға келсін, қонсын, құдайы қонақ болсын деп. Ал кедей, мүсәпір жандар келсе, астына ат беріп, шапан кигізіп, құрметтеп жіберетіндігі елде жыр болып айтылады.

Талпаш атамыздың мырза болып аталуының өзіндік ерекшелігі бар екен. Былайша айтқанда, әр рудың, әр ауылдың байлары, мырзалары бар, бірақ олардың атағы неге шықпаған, неге ерекше атамызды халық құрметтейді, неге атамыздың атағы, мырзалығы ерекше болып, өз заманында атағы шыққан, енді осыған тоқталайын.

Біріншіден, Талпаш атамыз адамды атағына, дәрежесіне, руына, байлығына, жарлылығына, жасына да қарамай, барлығын бірдей сыйлап, құдайы қонақ етеді. Ол мұның бәрі бір Алланың ризашылығы оның маған бергенін беріп жатырмын деп түсінеді екен. Бұл фәни дүниеде бір Алланың сынағынан өтіп жатырмын. Дүние, байлық мәңгілік емес, бұл дүние өткінші деп есептейді екен. Бір Алланың бергенін басқалармен бөлісуім керек, тек өзім иеленбеуім керек, яғни барын сауап үшін жинайды екен.

Екіншіден, қонақтың үстіне қонақ отырғызбайды. Әркімнің несібесі бөлек қағидасын ұстанып, әр қонақты бөлек киіз үйге кіргізіп, арнайы мал сойып, құрмет етеді.

Үшіншіден, келген құдайы қонақпен алдын-ала танысып, жөн сұраспайды. Әуелі құрмет көрсетіп, қонақ қылып, үйге қондырып, ертеңіне жолға аттанарда ғана жөн сұрасатын, қалыптасқан дәстүрін ұстанған: «Кім боласыңдар, қай рудың, қай атаның баласысыңдар!»- деп танысатын тәртібін еш бұзбаған. Ал былайғы жұрт ішінде өзін мырзамын, баймын дегендер әркімді атағына, дәрежесіне қарап, қана құрметтейді ғой.

Төртіншіден, келген қонақ жаяу, арып-ашып келген кедей адам болса, астына міндетті түрде ат мінгізіп, баратын жеріне әрі қарай жаяу жүрмесін, ат мініп барсын, шаршамай жетсін дейді екен. Және де ол атты кейін қайтарасың деп айтпайды. Қайтарса, кейін беріп жібереді, бермесе сұрауы жоқ екен. Себебі өз ауылының үстімен өткен құдайы қонақтың әрі қарай қиындық көрмей, шаршамай-шалдықпай жетуін қалайды екен.

Міне, атамыз Талпаш осындай ғажайып мінезді, тамаша адам болған.Ол туралы әңгіме өте көп, бірақ есімде қалғаны аз, әлі де болса ол кісі туралы әңгіме білетіндер бар. Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Мұқыр станциясында Тарас деген жиені бар. Орта жастан асқан кісі, сол кісі біраз әңгіме біледі деп ойлаймын.

Талпаш атаның туып-өскен жері-Тайсойғандағы Сарыкөл.

Енді әкем Тұратайдан естіген бір әңгімені баян етейін.

Талпаш мырза деген әңгіме ел ішіне кең тараған кезеңде, әр елдің, әр рудың, әр ауылдың ақсақалдары мазасызданып, осы неге Талпаштың атағы шыға береді,біздің мырзамыздың атағы неге шықпайды, біздің ел ішінде де, ауылда да байларымыз бар деп, азғантай болса да пендешілік пен күншілдік ниетке бой алдырады.

Олардың біразы оны сынайық деп айла-шарғыға көшіп, қалай да болса оны сүріндірейік деген тоқтамға келеді. Бірақ та қанша адам болып, қонақтыққа барса да, сол мырзалығынан атамыз қайтпайды. Сол құрмет, сол сый-сияпаттан танбайды, сол қалпынан өзгермейді, сараңдық көрсетпейді.30-40 адам, одан да көп адам болып барса да, атамыз саспайды. Қонақтықтың жоғары деңгейде болып жатқанына ел іші куә болады. Кедейге ат-шапан,сый-құрмет көрсетіле береді. Амалы таусылған күншілдер ойлана келе, мынадай шешімге келеді. Оны біз ел қыстаудан жайлауға көшіп жатқан мезгілде, абыр-сабыр болып, үй тігіп, суы жоқ, құдық аршылмаған кезде қапыда басып қалайық. Сол кезде не берер екен деген тоқтамға келеді.

Алдағы көктемде ел іші қыстаудан жайлауға көшіп жатқан мезгіл келеді. Талпаш атаның ауылы да жаз жайлауға көше бастайды. Ата дәстүр бойынша, ел

ағалары көш бастап, жаз жайлауға шұрайлы жер қарастырып, қалың көптен 1-2 күн ертерек, азын-аулақ адамдармен көшіп шығады.

Барған жерде әзір тұрған су жоқ, құдықты қазу керек,аршу керек, үй тігу керек, т.б. жұмыстар бар, оған бірталай жұмыс күші және ауыл адамдары керек,олар кейін келеді. Міне, осындай мезгілді аңдыған күншіл, бақталас адамдардың жіберген адамдары кенеттен, ойда жоқта құдайы қонақ болып үстінен басу керек. Бар ойлап табылған тәсіл осындай.

Көш екі-үш күн қона жүріп, жаз жайлауға келіп, іңір қараңғысында мәрелі жерге келіп, үйді енді-енді тіге бастағанда: «Ассалаумағалейкум!» - деп он шақты атты кісі ауыл үстіне жетіп келеді. «Талпаш ата ауылы осы ма?» Осы бағытта отыр, осы жерге көшті деп келе жатырмыз. Құдайы қонақпыз деп, рұқсат сұрамай, аттан түсе бастайды.

Амалсыздан қонақтарды күтуге тура келеді. Талпаш атамыз бір Аллаға жар бола гөр деп сиынып, қонақтарға баяғы қалпында жайлана беріңдер. Қонақты күтуге әзірміз деп, ешқандай теріс ниет білдірмейді. Қазір көшіп келіп жатыр едік, құдық аршылған жоқ, су тапшы, т.б. айтып тіс жармайды. Атамыздың бәйбішесі сасып, жүгіріп шалына келеді: «Шайға су бар, ал ет асуға жетпейді, не істейміз, қонаққа не береміз?»- деп абыржыған сыңай танытады.

«Саспа, бәйбіше,шайыңды қонақтарға бере бер. Бір Алла жар болсын», -деп баяғы сабырлы қалпынан өзгермейді.

Қонақтар мұның бәрін көріп отыр, біліп отыр. Шай ішуге су бар да, ет асуға су жоқ. Бәлем енді, Талпашты мазақ етеміз. «Мырза-мырза!» деп айтасыңдар. Келген қонаққа ет асуға жарамай, сараңдық танытты,- деп бүкіл елге жар салмақ ойда болып, мәз болып отырады.

Шай да ішіліп болады. Әлі келген ет жоқ, жататын мезгіл таянды. Қонақтар қой жатайық, ертең таңертең ерте тұру керек, жол қашық деп жатуға дайындала бастайды. Ойлары енді ет келмес, мақсатымызға жеттік деген ойда отырады.

Бір уақытта тамақ жейік деп, қонақтарды дастарканға шақырып, 2-3 табақ еттің буын бұрқыратып, киіз үйге алып келеді. Қонақтардың көзі бадырайып кетеді. Енді ет келмес деп отырғанда, мынадай жағдайды көріп таң қалады. Ет желініп болады. Ет болғанда қандай, балдай тәп-тәтті, асылған еттің дәмі бөлек. «Тәке, айып етпеңіз, ет асуға су жоқ сияқты еді, мынау қайдан келген ет»,- деп таң қалысады. «Бір Алланың сендерге бұйыртқан тамағы, жей беріңдер. Жол қашық, ертең ерте тұрасыңдар, тойып жеп алыңдар»,- деп, Талпаш атамыз баяғы сабырлы қалпын сақтап отыра береді.Жақсы жатып демалыңдар, таңертең жөн сұрасамыз деп үйден шығып кетеді. Міне, атамыз бұл жолы да, бір Алланың қамқорлығымен бұл сынақтан сүрінбей өтеді. Сонда қонақтар: «Сіздің мырзалығыңызға шек жоқ екен»,- деп аттанған екен қонақтар.

Атамыздың мырзалығы, жомарттығы жөнінде ел ішінде әңгіме көп. Кейбірі ұмытылып жатыр. Мен осы бір әңгімені естіген соң, перзенттік парызым деп жазып отырмын. Ешбір атақ, даңқтың керегі жоқ, тек кейінгі ұрпаққа өнеге болсын деп жазып отырмын.

Дүние қолдың кірі, жусаң кетеді. Ешкім арқалап кетпейді, қолдан келсе, Алланың берген ырыс-несібесін басқалармен бөліскен дұрыс деп санаймын. Қолы ашық, мырза болғанды Алла қалайды деген бар.Әр уақытта да бір Алланы риза қылып жүрген үлкен сауап.

Дүйсеш Тұратайұлы. Талпаш ұрпағы
Ақтау қаласы.

МАҚАН СЕРІ. МАҚАН АҚЫН

Мақан Жүндібайұлы Жаңаарқа өңірінде 1851 жылы дүниеге келіп, 1925 жылы Іргежалда қайтыс болған. Ол кісінің қайтыс болған жері осы күнге дейін «Батыр жалы» деп аталады. Ол Жамбыл облысының Сарысу ауданының аумағында шеркештің Жақсылық атасынан шыққан Мақан жас кезінен серілігімен, ер көңілдігімен, ақындығымен аты шыққан. Соңында көп сөз, өлең, әңгімелер қалған. Табиғаты көптен бөлек осы кісіні туған ағасы Отыншы бай қатты еркелетіп, ерекше сыйлаған. Мақанның туған інісі өлке де даркандығымен, сақылығымен, меймандостығымен аты аңызға айналып, қалың жұртқа жайылған.

Өкінішке орай, Мақанның кіндігінен тараған еркек кіндіктер ертеректеу қайтыс болып кетті. Палуан бітімді Ақкүлше деген қызы 1972 жылы дүниеден өтті. Соңғы тұяғы Сарышал ұлы Отан соғысында қаза болды. Ақшалдың қызы, батыр Мақанның немересі **Ақжан апа** атасының көптеген өлең, әңгімелерін зердесіне тоқып, бізге жеткізді. Ол кісі жасы тоқсаннан асса да, дилы, санасы сергек болды.

Пернебай Дүйсенбин.

МАҚАННЫҢ ЖОҚТАУЫ

ӘКЕСІ ЖҮНДІБАЙ ӨЛГЕНДЕ

Сөз бастайын бисмилла
Бисмилланы жаратқан
Бес жүз бенен мың жылда,
Өз нұрынан жаралып,
Жазылған нәупіз мәпізге.
Пәндеге мирас бұл өлім;
Бұйрық болған әзалда.
Алладан әмір болған соң,
Өлмей де пенде қалар ма,
Солар да өткен дүниеден,
Отыз үш мың сахаба.
Әкешімді жібердім,
Қайтып келмес сапарға.
Берген қайырым себеп боп,
Жайың болсын жаннаттан,
Жаннат кезіп сайран қып,
Мінгізіп Алла бір аққа.
Сөз бастайын бисмилла,
Жамиғат жұртым, сөз тыңда.
Осындай жұмыс кез болды.
Біздей сорлы мұңлыққа.
Біз бастайық кеңесті,
Алтыннан құйған тегеш-ті,
Біз бастасақ кеңесті,
Ұнамас халқым демес-ті,
Тұғырдан ұшқан ақ сұңқар,
Тұғырға қайтып келмес-ті.
Айналайын бір құдай
Алғанын қайтып бермес-ті.
Бисмилла деп айтайын,

Бір-екі аят бастарға,
Көңіліңе жазған хат болсын,
Есіне алған достарға.
Қадірлі өткен жақсыны,
Халайық естен тастар ма,
Мен мұңымды айтайын,
Мұңайып көңіл достарға.
Салғаныңа ризамын,
Барша қадір құдайым,
Әкешімді алып зарлантып,
Басыма салдың уайым,
Бәріне сабыр қылайын,
Қазаңа риза болайын.
Тұяқсыз қалса қайтер ек,
Шүкіршілік қылайын,
Жылағаннан пайда жоқ,
Ақырып ақтан сұрайын.
Мақтанып, жұртым, айтпаймын,
Бұрынғы өткен байлығын,
Айтпасам да білесіз,
Атадан бері барлығын,
Бұл айтқаным халқыма,
Көңілімдегі зарлығым.
Көрмей көштің дүниеден,
Қазақтың қастық, қорлығын.
Балаға, міне, үйреттің,
Құранда кітап аударып,
Басыма Алла салған соң,
Әуре болдым мен көріп,
Ерте де кеш жылаймын,
Санадан жүзім сарғайып,
Көбеңсіп кеткен халық едік,
Мұндай істі көрмеген,
Атадан тентек тусаң да,
Бетіңе ешкім келмеген.
Суға біткен, сүйрігім,
Қанатым, жалым, құйрығым.
Ұсынса қолым жеткізбес,
Үстем боп туған түңлігің.
Қарадан туып хандай боп,
Тұлпар да туған дүлдүлім,
Қазан ұрып, жел соғып,
Көлден ұшты-ау бұлбұлым,
Жиырма бесте жайнадың,
Қорытқан тастай қайнадың,
Отыз беске келгенде,
Мұз бүркіп, бұлт шайнадың.
Қырық жасқа келгенде,
Аузыңа салмай арамды,
Нәпсінің аузын байладың.
Жеті атаңа келгенше,
Мың-мыңнан жылқы айдадың,
Ағаң менен ініңді,
Би-болыс қылып сайладың.
Мінген де атың көк еді,
Шынжырлы қатар бек еді,
Басыма Алла салдың гой,
Ойымда менің жоқ еді,
Атаңа біткен қалың мал,
Жеті атаңа кеп еді.
Ағайын, сөзге құлақ сал,
Басшысын алған құландай,
Ақылым кетіп, болдым дал.
Шын тұлпардың баласы,
Құймалы тұяқ, сұйық жал.
Әзіріне құлады,
Көлеңкелі биік жар.
Көлеңкең кетіп басымнан,
Айналайын бір құдай,
Зарландырдың жасымнан,
Әзіретәлі шері шығып,
Кәпірге қылыш сермеген,
Қырық жыл қамқал Қорқытқа,
Бұған да тілек бермеген.
Адам Ата, Хауа ана,
Жан қылып Алла жаратқан,
Он сегіз мың әлемнің,
Баршасын санап таратқан.
Ескендір өткен, Сүлеймен,
Жұртты аузына қаратқан.
Дәуітке отыз ұл берген,
Қуандырып мол берген.
Сол да мысал емес пе,
Бір намаздың ішінде,
Отыз ұлдың бәрі өлген.
Сүйікті туған, әкешім,
Арманда қылып жөнелген.
Мінезің естен кетпейді,
Базарда жұмыр сабындай,
Сабырлы, момын әкешім,
Патшаның алтын тағындай,
Тоқтатпай ажал жөнелді,
Өзенмен аққан ағындай.
Көңіліміз қалды жер болып,
Ел жайлаған табындай.
Көңілде отыр, көзде жоқ,
Опасыз жалған сағымдай,
Дым болмаса ізі жоқ,
Басқа қайда табылғай?!

ЖЕР АТАУЛАРЫ

Шу, Шет Шу, Қылы деген жерге Отыншы әжі үй салған. Ол кезде алшындар мен жағалбайлылар іргелес отырған кез. Орта Шуда Сүмбежота деген жер бар. Сол жерде Жарқамыс деген жердің қамысы биік, зор болып шығады. Оның жуандығы қамшы сабындай болады. Сол маңда төрелер пайдаланған Көкен төре арығы болған. Осы күні де жақсы сақталған. Алшындар төрелермен құдандалы жекжат-жұрат болды. Шардарбек деген төре Оспанның қызын, Түсіпбек төре Отыншының Орал деген қызын алған.

Шардарбек – Қызылкөлдің болысы болған кісі.

Бір жылы Жарқамысқа талас болады. Сол жолы жағалбайлының бір адамы таяққа жығылып, ел арасы ушығады. Содан төрелер Түркістан жаққа қарай үдере көшеді. Сонда Мақан батыр былай деген екен:

Төрелер түнде қашып, түлкі болды,
Жарқамыс жағалбайлы мүлкі болды.
Төрелер күндіз қашпай, түнде үркіп,
Естіген екі жұртқа күлкі болды.

Кәсібі төрелердің тазы болды,
Наурызда Қаратаудың жазы болды.
Тілімен Шардарбектің келемін деп,
Көргісіз Шудың бойы қазы болды.

Төрелер күндіз қашпай түнде үрікті,
Салар деп Елемес қу бір бүлікті.
Қалды ма бейшараның обалына,
Жеуші едік ойнап-күліп бір жілікті.

Ақжан Сарышалқызы,
Жаңаарық ауылы,
Созақ ауданы.

ҚАРТТЫҚ ТОЛҒАУ

Жылқы мал өсерінде тебіспейді,
Бір өлім тірі жанды тегістейді.
Әншейін көңіл шіркін көтеруге,
Болмаса біздерге өлең келіспейді.

Айналып ұстатпайды қара нарша,
Қатты деп ақ бәтесті киді парша.
Шалқыған асау кердей шері Мақан,
Өленді ермек қылдым балаларша.

Бұл Мақан жас күнінде сері болды,
Алшынның кеудесінде өрі болды.
Кәрілік кедейлікпен қатар келіп,
Кигені бұтындағы тері болды.

Ақ жүген, күміс ноқта ат басында,
Жігітке уайым жоқ халық қасында.
Шалқыған асау аттай сері Мақан.
Өленді ермек қылдым от басында.

Ауылыңа барушы едім тарланменен,
Табанын тарсылдатып мәніменен.
Қызықты жігіттікке өткізгенмен.
Қартайсаң күн өтеді арманменен.

Ауылыңа барушы едім қылаңменен.
Өткіздім жігіттікті ылаңменен.
«Құтылмас ерден иман» деген сөз бар,
Тоқтадым шариғатқа құранменен.

Құдай-ау, жақсы көрер құлың қандай,
И болды өлеңменен біздің таңдай.
Сұрай көр базылыңмен, Хақтағала,
Күніміз сырат күні болар қандай?!

Алайын сөйлеп-сөйлеп сөз келгенде,
Қырық парыз, он екі иман бар кеудемде.
Сұрай көр базылыңмен, Хақтағала,
Не дейміз Сырат күні кез келгенде.

Тағы да сынамын, Бибатима,
Жаратқан құдай артық қымбатыңа.
Көпірден Сырат деген жүргенімде,
Тозаққа еш жерімді бір батырма.

Мінбекке тоқым салдым көк тарланға,
Жігіттер, жамандыққа құмарланба.
Тәубасыз бұл жалғаннан өтіп кетіп,
Түскесін қара жерге болма арманда.

Мінбекке тоқым салдым ерке бозға,
Жігіттер, жамандыққа қолың созба.
«Тек жүрсең, тоқ жүресің» деген сөз бар,
Әсілі қас қылмаңыз татқан тұзға.

Сырат-*тозақтың қыл көпірі.*

АҚ БАЙСЕЙІТПЕН ЖОЛЫҚҚАНДА

Мақанды қарттықтың меңдете бастаған кезі. Көктем болып, ел жайлауға көше бастайды. Шудан ең соңынан өтіп, Көктаска тақау жердегі Уанас маңында Мақанның көшіне Ақ Байсейіт жолығады. Сәлем беріп болған соң:

– Неғып кеш өттіңіз? – дейді. Сол кезде ол алдағы болғанБайсейіт Әділовтің елге қорлық, қыздарына зорлық, хайуандық жасаған қызылдың шолақ белсенділері Қараноғай мен Шала Жолдасбековтің көзін жойғызып, үкіметтен бой тасалап жүрген кезі екен.

Қаратау, Наржығылған, Қабылқашқан,
Су іштім, Бетпақ жайлап, Уанастан.
Атадан жақсы ұл туса, ел несібі,
Байсейіт Мұқышымен дуан асқан.

Мыңжасар жолдас болған аруаққа,
Бақ қонды Байсейітке дер уақытта.
Заманның ерте кезіп құбыласын,
Жетілдің бәрің дағы перуатқа.

Төрт шал боп Алакөзден тарағаның,
Басыңнан кем-кетікке қарағаның.
Әуелі дүре жеген Мақан едім,
Кек алып Тінәжіден жарағаның.

Мыңжасар жолдас болған Кене ханға,
Тентекті келтіруші еді әр мұқамға.
Адамды жүндей сабап жүрсем дағы,
Келуші ең сәлем беріп кәрі Мақанға.

Әуеде қалықтаған қара торғай.
Атылды Ұланбелде Қараноғай.
Соңынан бір татардың қалмаймын деп,
Арада босқа кетті Шала долой!

Перуат *- аударма*

Қараноғай – Ғалым Әубәкіров деген әпербақан татар. Жаңа өкімет өкілі бола тұра, қара халыққа қатты қыспақ, қыз-келіншектерге аяусыз зорлық қылған.

ҚАРА БАЙСЕЙІТКЕ

Алшын Байжұман дегеннің баласы Байсейіт Шеткі Шуда Отыншы бай салдырған көк үйге келіп түседі. Оның болыс болып сайланған кезі екен. Аз күнгі баққа кісімсіп, паңдана, маңғаздана сөйлеген Қара Байсейіт Мақанға:

– Дауысыңызды сағындық. өлең айта отырғайсыз, - дейді.

Сонда оның дауыс мақамын, қылығын ұнатпаған Мақан:

Байсейіт, жатқан жерің кімнің ауылы
Үш ата болыс қойды қылып қаулы.
Несіне көрмегендей мақтанасың,
Шешеңнің үнемі еді қаптың аузы.

Қарагер байлаудағы құр еді ғой,
Байшағыр, Жұманменен ұры еді ғой.
Несіне көрмегендей мақтанасың,
Ізбушқан Қараөткелде тұр еді ғой.

Байсейіт, сенің үйің қос еді ғой,
Асқаның қазанына мосы еді ғой.

Үйінде Отыншының құтырасың,
Өмірде жарық сәулең осы еді ғой, -

дейді.

Сонда Қара Байсейіт орнынан атып тұрып, батырдан кешірім сұраған екен.

МАҚАННЫҢ ӨЛЕҢІ

Сұрасаң арғы атамды Қарамерген,
Жау іздеп, алыс жаққа бара берген.
Көп жорытқан қазынаға жолығад деп,
Бір жолы Қыдырды ертіп ала келген.

Сұрасаң арғы атамды Қарамерген,
Соңынан арғы жерде әркім ерген,
Мақтанып өтірікпен сөз айтпаймын,
Кешегі Бақтыбайды көзім көрген.

Атамнан іште қалды Байжан байы,
Қыдырмен араласты Жүндібайы.
Құдайым туа біткен бергеннен соң,
Алысқа ұран болды Бақтыбайым.

Атамның бір баласы Тілеуқабыл,
Дәулеті Отыншының болды дабыл.
Бәрін де өлгендердің әжі қылып,
Құдайым ақ тілеуін қылды қабыл.

Әкесі Бақтыбайдың Күшік еді,
Құт болған басынан – ақ кішік еді.
Ақыры жарықтықтың жақсы болды,
Сарқытын әулиенің ішіп еді.

Дұшпанды ер Бақтыбай қиялаған,
Мейманды Өлке жазған биялаған
Батасын атасының алып еді,
Қыдыр кеп Отыншыны ұялаған.

Басында биік таудың миясы бар,
Өзеннің мал жемеген қиясы бар.
Батасын атасының алып еді,
Қыдырдың Отыншыда ұясы бар.

Аяғы сол ерлердің мына Мақан,
Дауылда үйді тірер қара бақан.
Айтайын қайсыбірін жарықтықтың,
Бәрі де өтіп кетті-ау алтын сақам.

МАҚАННЫҢ ӨКСІКБАЙҒА КӨҢІЛ АЙТУЫ

Жағалбайлының атақты байы Арғынбайдың Өксікбайының баласы Мүсілім қайтыс болады. Соған Мақан батыр өзінің серіктерімен көңіл айтуға барады. Сонда Өксікбай қаза болған ұлын қайта-қайта айтып, ішкі күйзелісін жасыра алмайды. Сонда Мақан:

Болат бол болған іске болма қапа,
Табылмас Мүсілімдей алтын сақа.
Өлмесе бұрынғылар қайда кетті,
Ол түгіл Хауа ана мен Адам ата.

Өлімнің кім көрмеген тапшылығын,
Ісіңнің Алла оңғарсын жақсылығын.
Өлмесе бай Құтанбай, Мама қайда?
Бұрынғы жамағаттың тапшы бірін.

Өксікбай әркім алды жүйрігіңді,
Құдірет қаза қылды сүйрігіңді.
Досыңнан дұшпаның көп бір басында,
Сыртыңа көп шығарма күйігіңді,

- деп көңіл айтыпты.

* * *

БЕГҰЛЫНЫ САҒЫНҒАНДА

Көктастың басы еді ғой Мұңлы, Құлы,
Қарақыз жатушы еді ер Бегұлы
Кетті ғой біреу ойға, біреу қырға,
Орнында отыр дейсің кімнің ұлы?

Дүние опасы жоқ жалғанын ба,
Жалғанда кім жетеді арманына.
Жері еді ата-бабам өтеп қылған,
Үстірті Бозкөл, Сарысу қалғанын ба?

Теректі, Кеуекті мен Тұғыл, Қиғаш,
Байқасаң бұл күнгінің ісі қиғаш.
Шоқпартас, Тазқаралы, Ақсай, Мырза,
Іргеміз тимей кетті шорт знатя

Бегұлы, сыйлас едің, замандасым,
Сиреді-ау осы күнде амандасың.
Өткен мен кеткенді айтып отыратын,
Бұл дәурен қош айтысып қалар ма шын?

Бегұлы *- Дәулеткелді руының белгілі адамы.*
Өтеп қылу *- қоныс қылу.*
шорт знатя – черт знает.

ЖАҚСЫНЫҢ ШАРАПАТЫ

ҚОСАЙ ТУРАЛЫ

Қоян жылы Арқа еліне үлкен әбігершілік әкеледі. Қыс ерте түсіп, боран соғып, елдің малы жұтай бастайды. Сол сұрапыл дауылда Аркадағы Қошқарбай таманың айтулы байы Бейсенбінің жылқылары ығып кетеді. Жылқы соңындағы жігіттердің біразы үсиді. Сол жігіттердің басы-қасында жүрген Бейсенбінің баласы Нұржан сол жылы ауруға шалдығады. Қап-қара болып күреңітіп, қатты жөтел қинап, ұйқыдан қалады. Көрсетпеген тәуібі, қожа-молдасы, құшынашы қалмайды. Ту биенің терісіне салады, қазыға бөлейді. Содан Бейсенбі, білетіндердің айтуымен, Қойлыбай тамадағы Әсетулла тәуіпті алдырады. Бай тәуіпті бар ықылас-пейілімен қарсы алып, оның бар жағдайын жасайды. Әсетулла да дерт тұралатқан Нұржанды бір апта бойы көреді, емдейді.

Сонда Әсетулла:

— Бейсеке, бұл балаңыздың кеселі бойға тереңдеп кеткен. Мұны емдейтін бір ғана ем бар. Ол – дермененің қылауы. Бұл дәрі біздің қолда жоқ. Ол дәрі Шымкенттен шығады. Дәрінің аты – сантонин. Шамаңыз келсе, соны алдыртасыз,- дейді. Сонда қиналған Бейсенбі қатты күйзеліп:

— Сонау жер түбіндегі Шымкентке барған күнде де оны біздің қолға мә деп кім ұстата салады, - деп сарыуайымға салынады. Сонда тәуіп:

— Бейсеке, сарыуайымға салынбаңыз. Құдай айтқан дүние бар. Шымкентте бәйбішеңіздің інісі болып келетін алшын Қосай бар. Ол қазір жарым патша болып тұрған ояздың тілмашы әрі сенімді адамы. Соған хат жазып,

сенімді адам жіберіңіз. Зауыттың бастығына тікелей шыға алатын азулы жігіт, - дейді.

— Оған кімді жібереміз? – дейді Бейсенбі. Сонда Әсетуллаға еріп келген Әліпбай дегеннің інісі Ысқақ:

— Шымкентке баруға лайық бір кісі бар. Ол – Тарақты Бекіштің кіші баласы Мұса. Ол жақында Қарнақтағы екіжылдық фельдшерлік курсты бітіріп, елге келді. Тәп-тәуір дәрігер екен, қолы шипалы, - дейді.

— Оған кім айтады? Бізге бейтаныс қой.

— Ол-менің туған бажам. Егер мақұл десеңіз, оны көндіру жағын маған қоя беріңіз.

— Айналайын, Ысқақ, менің баламнан аяр ештеңем жақ. Осы отырған бәріңе бір-бір бәйге ат мінгіземін...

Сөйтіп Бейсенбі жолға Мұсаны, өзінің үлкен немересі Өксікбайды мол қаржымен, жарамды аттармен және ауысып мінетін көліктерін қоса жібереді. Әсетуллаға барлық мәнжайды айтып хат жаздыртып, оны да береді.

Мұса жол бойы Қосай туралы көптеген әңгімелер естіп, оның атақ-даңқына барынша қанығады. Оның қазақ десе қоң етіп кесіп беретін азамат екенін, алдына барған адамның ісін әрдайым бітіріп беретіндігін, әсіресе Арқа жерінен, Теріскейден келген кісілерге барынша қамқорлық жасайтындығын аңыз етіп айтқанын естиді. Шаян елді мекеніндегі мешітті салдыруға ықпал еткендігін, белгілі Өтебай болыстың сұрауымен оязға шығып, әрі мешіт, әрі медресе етіп салынуына көмек еткен. Оның елдің қаржысына салынғанын Мұса Аппақ ишанның ұлы Файзулладан естиді. Бұл медреседе кезінде Шәді шайыр, Нұралы ақындар оқығанын біледі. Қосай қазақтың біртуар ұлы, қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың Ташкентке барып оқуына жолдама алып беріп, оқу орнына ояздың кеңесінен арнайы қаржы бөлдіргенін естігенде, шын риза болды. Сондай-ақ қазақ арасынан шыққан атақты Ерімбет болыстың ұлы, көрнекті заңгер Ескендірдің, оның бауыры Әбілқасымның оқуына да көп көмек еткенін біледі.

Шынында да Қосай Мұсаларды жақсы қарсы алып, сол іздеп келген қат дәрілерін зауытқа ертіп апарып, алып береді. Бұл жөнінде Ордабасы ауданының құрметті азаматы Серік Әлібеков былай деп жазады: «Директор ер мінезді, қасқа бас Нужуин Николай Васильевич деген кісі екен. Мұса да Қарнақта оқыған, кезінде үйренген орысшасымен сөйлесті... Директор әңгімесінде шикізат жетіспейтінін, жаз кезінде бір ай ғана уақытта дермененің нағыз піскен кезінде толық жинай алмайтынын, адам қолы жетіспейтінін айтты.

— Егер сендерге дәрі керек болса, жазда адам әкеліп, дайындап жеткізіп берсеңдер әрі ақша табасыңдар, әрі керектеріңе қарай дәрі береміз, - дейді. Директордың бұл сөзі Мұсаға ұнап қалды. Қосай өз кезегінде:

— Бұл кісілерге толық сенуге болады. Бұлар – менің жерлестерім, сізді еш ұятқа қалдырмайды, - дейді».

Мұса дәріні алып, елге аман-есен оралды. Серік Әлібеков өз естелігінде былай деп ой жалғайды: «Байдың жіберген екі жылқысының бірін Қосайдың әкесіне мінгізіп, бірін Оспан көкеме беріп, бес күн қонып, елге оралады. Сол әкелген дәрі себебінен бе, Алла жәрдем етті ме, Нұржан 1936 жылы 80-ге қараған шағында қайтыс болды. Бұл әңгімені Ордабасы ауданындағы Берген ауылында тұратын 86 жастағы, көп жыл ауылдық мешіттің имамы Төлегенұлы Өксікбайдың аузынан естідім. Ол кісінің ұрпақтары сол жерде қазір де тұрады. Сол кісі: «Серік, сенің туыстарына қарыздармыз. Себебі сенің атаң Мұса біздің атамыздың жазылып кетуіне себебі тиді. Соның арқасында Нұржан әулеті бар, ауыл болып отырмыз деген еді. Сонымен қатар біздің атамыз Әліпбайдың, біздің әулеттің Созақ қырғынына қатыспауымыз – Қосайдың арқасы. Себебі біздің Мұсаны Шымкенттегі қазіргі химия-фармацевтикалық зауытының директорымен танысуының арқасында 1925 жылы Қаражантаққа түпкілікті көшіп, тұрып қалуымыз Қосайдың арқасында деп отыратын».

Ұзақ естелік қысқаша мазмұндалды.

Ермекбай НҰРБАЕВ,
Шымкент қаласы.

ҚОСАЙ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР

БІРІНШІ ӘҢГІМЕ

Шеркеш руының Аққөбек аталығынан шыққан Қосай-патша заманында осы Түркістан қаласындағы бас ағзамның тілмашы болған адам. Ол заманда патшаның оң қолы тілмашы болу кез келген қара қазақтың мандайына бұйыра бермеген. Мына төмендегі бір әңгіме ел есінде жақсы сақталған. Бірде Байысбай мен Жанысбай өзінен көп кіші інісі болып есептелетін Қосайға отырған жерінің тарлық қып отырғанын, соған заңдастырып жер алып беруге ықпал жасауын өтінеді. Сонда Қосай оларға былай үйретіпті:

– Ертең таң азанда ояз өз кеңсесіне пәуескемен келеді. Сонда мен алдынан шыға бергенде, сіздер төтеден келіп, мені қамшының астына алыңыздар. Ол сіздерді жасауылдарына ұстатып, жауап алады. Сонда мынау Қосай біздің жақын туысініміз, бауырымыз, өзіміз бірқауым елміз. Оған жер сұрап, арыз айтқалы көп болды. Көмектес дедік, бірақ біздің арызымызды ол аяқасты етті. Содан шыдай алмадық. Қателессек, тақсыр, кешіріңіз деңдер. Осыны, қасиетті ағзам, Сіздің құлағыңызға жеткіз, - дедік.

Содан Байысбай мен Жанысбай Қосайдың ақылымен әлгі айтқандарын айна-қатесіз істейді. Ширыққан істің шиін шешпек болған төре Қосайға қарап:

- Бұл маңда қандай бос жер бар бұлар тұрақты қоныс ететін? – дегенде, Қосай осы күнгі Тассайды атайды. Содан ол Жағалбайлы ағайындарға Тассайдың жоғарғы аңғарын, Шеркештерге төменгі аңғарын беріп, заңдастырып, ағайындарын кең өріске қоныстандырған екен.

ЕКІНШІ ӘҢГІМЕ

Мен Қызылорда облысының Жалағаш ауданында туылғанмын.

Енді, қай дәуірде екені есімде жоқ, Ақтабан шұбырынды ма, одан бері ме, біздің біраз үйлер сол Арқадан осы жаққа қарай ауғанға ұқсайды. Нұрымбет, Байысбай, Жанысбай ол кезде жас балалар болған. Түркістанның үстінде не ағасы, не інісі болғанға ұқсайды. Содан біреуі көшіп кетіп, екеуі ажырап қалады. Байысбай мен Жанысбайлар осы Түркістан жаққа кетеді де, Нұрымбеттер Шиелі жаққа кетеді. Сөйтіп оның ұрпақтары қоңырат ішіне сіңісіп, сол жерден әйел алып, үйлі-жайлы болып кетеді. Біздің әкелеріміз Нұрымбет те қоңырат қызына үйленген. Ес жиып, етек жапқан соң, күндердің күнінде, Нұрымбет Байысбай мен Жанысбайды Жаңақорғаннан іздеп шығады. Түркістанға келеді. Бадамға келеді. Одан Шымкентке келеді. Сөйтіп бұл маңдағы бұлақтың басына тоқтайды. Сол жерде өзбектерге жолығып, жөн сұрасады. «Байысбай дегенді білеміз. өзі күйлі, бақуатты, мал-жанды, өзі осында қымыз әкеліп тұрады», - дейді. Содан Нұрымбет Байысбаймен жөн сұрасып, туыс екенін білген соң шұрқырасып табысады. Сөйтсе Байысбай да, Жанысбай

да жаныс ағайындардың ішіне, Қасқасу деген жерге қоныстанған екен. Байысбай Нұрымбетті ауылына ертіп барып, ел-жұртына таныстырады. Өздерінің Кіші жүздің шеркешінің Аққөбек алшыны екенін біледі.

Содан ол Шымкент маңындағы Кіші жүздің үлкен басшысы болып, Қосай да бауырына тартып, осы Тассай маңына оларды қоныстандырады. Бірақ бұлар осы өңірді жерсініңкіремей, оған 1916, 1924, 1929 жылдары үш рет келіп, үш рет кеткен. Мен 1937 жылы осында келіп, тұрақты орнығып қалдым. Өкінішке орай, Байысбайдан ұрпақ қалмады, ал Жанысбай ұрпақтары, шүкіршілік, бар. Екеуі де елге қадірлі, сыйлы болыпты. Байысбай би

болса, Жанысбай болыс болып, ел ұстаған.

Ал Қосай туралы айтатын болсақ, оның елге сіңірген еңбегі мол еді. Сол патша өкіметінің жергілікті өкімет орнында тілмаш болған, кеңсе ұстаған. Кезінде оның Шымкенттің Жаңа шаһарындағы қоныс жайына музыкалық училище, аудандық үлкен аурухана орналасты. Осы күнгі Нариманов көшесінің бергі бетінде. Темірланға барар жолға жақын еді. Әсем үлгіде салынған Қосай тамы сол елуінші жылдардың аяғына дейін сақталып келді. Кейінірек ол бұзылып, орнына жаңа жайлар салынды. Өкінішке орай, өзінен ұрпақ қалған жоқ.

Әмірбек Мырзабеков,
Шымкент.

* * *

АРҒЫНБАЙДЫҢ БОЛЫС БОЛУЫ

Жағалбайлының белгілі адамы Мыңжасар Байзақ деген туысын болыстыққа өткізгісі келіп, таманың беделді адамы Мананбайға сөз салады. Екеуінің жекжаттығы да бар болады. Байзақ пен Арғынбайдың ара жасы бір жас екен, бірақ Арғынбай жас кезінен өткір, сөзге пысық, ширақ, алғыр болып көзге түсіп жүреді. Сонда алшынның Қабанбай деген айтулы биі Мыңжасардың Байзақ төңірегіндегі сөзінің алдын кес-кестеп:

— Әй, Мыңжасар, сен не деп шатасып отырсың? Қойда тұлымды болсын деп қошқар салады, түйеде шудалы болсын деп асыл бура салады, жылқыда жал-құйрықты болсын деп арқыраған айғыр салады. Әй, елге тұтқа болатын жанның айта алар сөзі, оты бар көзі болмас па. Сол мына сары баладан табылып тұр ғой. Мен соны мына сары балаға қидым, - деп кесіп бір-ақ айтыпты. Сөзден тосылған Мыңжасар үнсіз қалған.

Сөйтіп Арғынбайдың болыстыққа жолы ашылған екен.

Мұхтар Базылов,
Тараз қаласы.

* * *

АРҒЫНБАЙДЫҢ БОЛЫС БОЛУЫ

Ерте кезде Жөгі ағайындардың саны басым әрі билік тізгіні солардың қолында болады. Сондықтан да жағалбайлы, алшын ауылдарына салық молдау түсіп, халықты біраз қабаржытады. Содан елдің бас көтерері атақты бай, төрт түлігі сай жағалбайлы Мәшенге келеді.

Бар жағдайды сараптай, салмақтай келген Мәшен бүкіл елді, бала-шаға, бау-шармағымен қоса санатады. Аяғы ауыр келіндердің құрсақтағы шақалақтарына дейін қосқызып, дуанға тізімді хат жолдатып, дербес болыстыққа қол жеткізеді.

Рұқсат алған соң кімді болыс етіп сайлау мәселесі көтеріледі. Болыстықты бір-біріне қиыспай, пендешіліктің шырмауына тұтылған топ дағдарып қалады. Сонда біреуі:

– Ақыры алшын, жағалбайлы бір-біріңе қиыспайды екенсіңдер, онда бейтарап ағайын анау Наушаны қояйық. Ол жөгі Сеңгірбектің елеулі жігіттерінің бірі болатын.

Сонда Бәшен деген кісі жұлып алғандай:

– Немене, ол айғырдың асылы ма еді, тұлпардың тектісі ме еді!? Онда несіне бөлініп отырмыз? - деп шақ ете қалыпты.

Ұзақ үнсіздік орнайды. Сонда Мәшен бай босағаға тақау отырған сыптай денелі, көзі өткір сары жігітті нұсқап:

– Ана баланы қойсақ қайтеді, - дейді. Сонда Арғынбай он тоғыз-жиырма жастың о жақ, бұ жағындағы жігіт екен. Өзі жақын арада ғана Кенесары жорығынан оралып келген беті болса керек.

– Кісі түсер үйі жоқ, келген кісісіне жаранатын күйі жоқ жан қалай болыс болмақ. Сонда мұның іші-сырты кім болмақ? - депті отырғандардың бірі сөз соңына салмақ артып. Сонда Мәшен бай :

– Мен жараймын ба? - депті көпті барлай қарап. Сол жолы он тоғыздағы Арғынбай болыс сайланған екен.

БАҚТЫБАЙ БОЛЫСТЫҢ ЗОРЛЫҒЫ

Кезінде алшын мен жағалбайлы руының болысы болып, жас кезінен азулы, адуынды болып өскен Шеркеш алшынның Жақсылық атасының ұрпағы Күшікұлы Бақтыбай біраз жыл ел билейді. Көп мәселені күшпен, тіземен шешіп отыратын ол елге жайсыздау тиеді. Кейініректеу алшындардан жағалбайлылар да бөлінуге бет бұрады. Олардың да шаңырақтары молығып, іргелі елге айнала бастайды.

Бір күні Әліп таманың айтулы биі Ерубай Омбыға бара жатқан жолда Алакөз жағалбайлының Шолақ деген байының үйіне қонады.

Сонда Шолақ:

- Әй, Ерубай, бір-бірімізбен сыйласқан замандаспыз ғой. Әр тұсқа сөзің өтетін беделің бар. Ақмола дуанына жолың түсіп бара жатырсың ғой, шешер дауларың оңынан оңғарылсын. Әркімнің жолы түсіп бара беретін жер емес. Біздің жағалбайлы да қабырғалы ел болды. Мың үйге толып қалдық. Қасыңа аманаттап, бір сары жалақ баланы қосып отырмыз. Көзінің оты бар, ісінің сәті бар жас.

- Иә, естуім бар. Ниеттерің қабыл болсын дейік. Аз Кіші жүздің қанат жайып, қабырғалы ел болғанына сенен кем қуанбаймын. Дұрыс-ақ, сыртын таптың. Ал ішін қайдан табасың? – дейді Ерубай қайыра сұрақ қойып. Сонда Шолақ сырлы әбдіреден тай тұяқ алтынды алып, Ерубай бидің алдына қояды...

Сол жолы Ерубай би бар қағазын елден дайындатып, Арғынбайды Омбыдан болыстыққа өткізіп қайтуға бар күшін салады.

Жас Арғынбай елге оралып келе жатып, Бақтыбайға соғып, інілік ізет жасап, сәлем беріп өтпек болады.

Ұзынқұлақтан тама ағайындар мен жағалбайлылардың тізе қосып қимылдап, жасаған тірліктерін естіп, терісіне сыймай отырған Бақтыбай үйге сәлем беріп келген жас Арғынбайдың сәлемін алмайды. Сол жерде бас айдауылы Аққөбек алшын Оңқа Арапұлына әмір етіп, оны байлатып тастайды. Қасына ерген жігіттерін сабап-сабап, ауылдан қуып жібереді.

- Мен тұрғанда саған болыстық қайда? Сен қайдан ғана болыс бола қалдың? – деп қатты тиісіп, өзін ауыл сыртынан қазылған терең орға салдырып қояды. Бұл суыт хабар елден елге, жерден жерге дүңк етіп, тез тарайды. Жағалбайлыдан арашаға келген үлкендерді

Бақтыбай беттетпей, ауылдан қуып шығады. Үш-төрт күн өткенде Қылыш пен Мананбай бастаған аз топ Бақтыбай ауылына суыт келеді. Бақтыбай екеуінің алдынан шығып сәлем береді.

- Үйге түсіңіздер, қонақ болыңыздар, - деп алқалай сәлем беріп жатқан жігіттеріне белгі береді. Бірақ екеуі де ат үстінен түспейді.

Сонда Қылыш ат үстінде тұрып, өткір көзін Бақтыбайға оқша қадап:

- Түспеймін үйіңе! Қонақ та болмаймын! Айтылар сөз біреу-ақ, анау Аргынбайды шығар зынданыңнан! Мынау ел аман, жұрт тыныштa істеп отырғаның не сұмдық?! Қияға қанат қаққан тас түлектің қанатын қыркып не мұратқа жетпексің?! Қайта бауырыңнан бұлқынып, биікке ұшқан жасқа қуанбайсың ба?! Ертең осы істегенің ұзын елдің үйіріне, қысқа елдің қиырына кетпей ме? Айнала жұрт аз Кіші жүз бір-бірінің ініне су құйып, бір-бірінің етіп жеп жатыр деп күлкі етпей ме?! Осы қылған сорақылығың ертең алдыңнан шықпай ма?! Жас өспей ме, жарлы байымай ма?! Осынау бір жұрттың бетке ұстарым деген ұлын бұлай масқаралауың-адасқандығың, Бақтыбай. Бейкүнә болған жастың киесі болады, сол ұрады деп қорықпайсың ба?

Сол кезде түсі бір сұрланып, бір қызарып тұрғанБақтыбай:

- Жә, Қылышеке! Сөзіңіз етімнен өтіп, сүйегіме жетті. Адасқан бір тірлік болды. үлкен ағасыз ғой, кешіріңіз! – деп Қылышқа қарай тақана қайырыла беріп, оң қанатта тұрған капсағай денелі, жаукабақ, суық түсті айдауылы Оңқаға белгі береді...

Сол жолы алшын мен жағалбайлы екі болыс ел болып бөлінеді. Азулы болыс Бақтыбайдың басынан осыдан кейін-ақ бақ тая бастайды. Екі рулы ел екі бөлінсе де Бақтыбай үстінен жазылған арыздар Ақмола дуанына да, Омбыға да кетіп жатты. Көп ұзамай-ақ Бақтыбай болыстықтан тайдырылып, өзінің үлкен ағасы Жүндібайдың үлкен ұлы Отыншы болыс болып сайланады. Сол азуы алты қарыс Бақтыбайдың ұрпағы өспей, тұл қалдыу

Дүйсенбі Аманжолұлы, Қонысбай Қатпаұлы, Шардарбек Есіркеповтердің *естелік әңгімелері негізінде дайындалды.* ***Пернебай Дүйсенбин.***

БАҚТЫБАЙ МЕН БЕРДЕН БОЛЫС

1867 жылғы сайлауда Нұрша болыстықтан түсті. Кіші жүз рулары екі болыс болатын болды. Жөгіге Берден, қалған Кіші жүз руларына Жақсылық алшындағы Күшіктің Бақтыбайы болыс болды. Осы кездерде Шөже ақынның айтқан мынадай бір шумақ өлеңі еске түседі:

Бақтыбай, Берден шықты төменгі елден,
Шоң шықты Дәулетбике деген елден.
Баласы бес Мейрамның бас қосқанда,
Ақылға Сары тоқа сізге келген.

Бақтыбай мен Берденнің өленге қосылуы тектен-тек болмауы керек. Менің ол кісілер туралы естігенім аз. Екі сайлаудан кейін Әліп балалары Бақтыбайдан бөлініп шығып, болыстығына Өтебайдың немересі Құлтасты сайлапты. Бір сайлаудан кейін Әліп балалары тағы екіге бөлініп Дәулеткелді, Бараққа Көшек болыс болып екі-ақ жыл істепті, одан кейін оның енді 18-ге толған баласы Бегұлы болыстықта көп жыл істеген екен. Құлтастан кейін Жабал Ондыбай, одан кейін Торжан, одан кейін Торжанның баласы Жанбек болыс болыпты. Жөгіге Берденнен кейін Кедей Ібіжан, одан кейін Көзей Әлі болыс болыпты. Алшынға Бақтыбайдан кейін ағасы Жүндібайдың баласы Отыншы, одан кейін оның баласы Сыздық, одан кейін Сыздықтың інісі Бұралқы болыс болған. Жағалбайлыға Арғынбай, одан кейін Өксікбай болыс болған.

Кейінгі болған болыстардың көбі 1928 жылғы болған байлар конфискациясына ілігіп, олардың малын алып, өздерін айдатып жіберіпті. Кезінде әр болыстың тұсында жер дауы, жесір дауы және басқадай даулы мәселелерді шешу үшін билері болған. Мысалы, Қылыш болыстың тұсында Ерубай, Өтебай, Қабанбай би болса, алшын Бақтыбай болыс болғанда, ол кісінің биі алшын Қабанбай бидің баласы Есіркептің Шал деген баласы би болыпты. Оның дәлелі ол кісілердің заманы өткеннен кейін алшын Шалқыбай ақынның айтқан бір шумақ өлеңі есте қалыпты:

Алшында болып өткен Шал, Бақтыбай,
Ол да өткен қатарында жан жақтырмай.
Баласы Бақтыбайдың ер Қоғабай,
О да жүр қойға мінген күнқақтыдай.

Бұл сөзден әкесі Бақтыбайдың заманында Қоғабай: «Ер Қоғабай еді, әкесі болыстықтан түскеннен кейін болыстық баққа ие бола алмай бақ, дәулет кетіп, ендігі жүрісі мынау болды» деген екен. Бұрынғы Жезқазған облысы көлеміндегі Кіші жүзде бес болыс ел болған. Бұрын да айттық қой, сонда да толығырақ тоқтала кетейік, бұлардың бағынатын орталығы Омбы губерниясының Ақмола оязына қараған. Елдің әкімшілік-саяси орталығы – Ақмола қаласы. Көшпелі ел Ақмола мен екі ортаға кіре салып, керуен жүргізіп, қажетті кант, шай, кездеме, киім-кешек сияқты күнделікті тұрмыстық заттарын алдырып отырған. Ал шаруашылығына келетін болсақ, ел бүтіндей көшпелі өмір сүрген. Мыңғыраған мал өсірген халықтың отырықшы өмір сүруі мүмкін де емес еді. Көп малға бір жерден тамақ тауып беріп, қыста отырықшы ел болып шығуға ол кезде мал иелерінің күші жетпейтіні өзінен-өзі белгілі. Мысалы Алшын руынан шыққан Отыншы деген бір байдың өзінде 4000 жылқы болған. Ал оған қапталдас қаншама байлар болды? Қазақ байларының байлығын соңғы уақытқа дейін жат көріп келдік, кейінгі ұрпақтарды олардан безіндірдік, кісі қанаушылар, еңбек тонаушылар етіп көрсеттік. Ал тарихи ақтандақтардың ақиқатын адалдық көзбен қараған кейінгі кездегі зерттеушілеріміз де қазақ байларының орыс купецтері, ақсүйектері мен капиталистері сияқты бүтіндей бөлек категория екені айтыла бастады. Елде малдың көп болуынан ешкім зиян көрмеген. Адамның адамгершілігі оның малының аз, көптігімен бағаланбауға тиіс, керісінше, оның адалдығы мен азаматтығы арқылы бейнеленеді. Олай болса байлардың бәрі қатігез де сараң болған деген қорытынды жасауға болмайды. Малды байлардың мырзасы да, жомарты да, инабаттысы да болған. Малы азайып төмендей бастаған ағайындары мен туыстарына, нағашылары мен жиендеріне, құдалары мен жекжаттарына мал бөліп беріп, елді аздырмаған байлар көп болған. Қарға тамырлы қазақ қолда барын осылай бөлісіп, ынтымақта өмір сүрген.

Алшын Бақтыбай болыстың інісі Өлке деген кісінің мыңдаған қойы, үйір-үйір жылқысы болмаған. Бірақ 4000 жылқысы бар ағасы Отыншы байдан дастарқаны кем емес еді. Жылына 400-дей қой қоздатады екен. Сол қойдың біреуін таңертең қой өрерде ұстап алдырып алады екен. Бұл өзіне біткен бір ерекшелігі еді. Қонақ келсе соя салады, келмесе кешке қой келгенде

қостыртып жібереді. Өлкенің қойы сол қалыптан не өспейді, не кемімейді екен.

Бір күні бір жолаушы қонатын болып келіп, далада жаюлы тұрған етті көреді. Шамалы отырыстан кейін малға бата тілеп бір жігіт кіріп келеді. Сонда қонақ:

- Маған қой соям деп әуре болмаңыздар, жай ет болса болады, оның қанын ішем бе? – депті. Сонда Өлке:

- Жалғыз қойым бұл емес, жалғыз қонағым сен емес. Сен келді екен деп біз дағдымызды істемей отыра алмаймыз, - деп қойын сойғызыпты.

Бірде қаракесектің жүзден артық кісілері найман елінен жылқы алатын болып, жолай Жетіқоқырда отырған елге екі күн қонуға тура келеді. Ел шетіне келіп бір кісіден:

- Біз қонатындай елінде кандай байдың үйі бар? – депті.

- Малының көбі керек болса, Отыншы деген бай бар. Одан кейін тағы бір байлардың атын атай келіп: -Ал жағдайым болады десең, Өлке деген бір жомарт адам бар, - депті әлгі кісі. Жолаушылар бізге жағдайымыз болатын жер керек деп, Өлкенің үйіне түседі. Өлке қонақтарды қарсы алып, арнайы қонақтары үшін тігілген үйлерге орналастырады. Мұнша көп екен деп көпсінген жоқ, екі түн, бір күн күтті. Сонда кешке берілетін тамаққа әкелінген ыдыс-аяқ таңертең әкелінбейді, таңертең әкелінген ыдыс-аяқ түсте әкелінбейді, басқа түрін әкеледі, кешке де солай. Онымен қоса кешке сойылған малдың етін түн асқан соң қайыра әкелмейді, қайтадан мал сояды екен. Мынандай сыйды көрген жолаушылар:

- Талай жомарт адамдарды естіп те, көріп те едік. Мына кісі бір ерекше адам екен, мұны Өлке дегенше өзен деу керек қой, - деп ырза болған олар рақметін айтып, жүріп кетіпті.

Ағасы Отыншы бай: «Бұл Өлкенің несібесі жоғары адам. Базарға барғанда талай көрдім, біздің адамдар алып барған малын, басқа да заттарын өткізе алмай жүргенде, ол алып барғандарын екі-үш есе бағаға артық өткізеді де, қажет заттарын сондай төменгі бағамен алады», - дейтін. Өлке Көктас өзенінің төменгі жағынан өзіне ағаштан үй салдырған адам. Ол кезде ағаштан кім үй салдыра алады? Сол жерде отырғанда, әкесі Жүндібай өліп, күмбездеп мола салған. Одан кейінгі өлген ағайын-туыстардың барлығы да сол жерге қойыла беріпті. Отыншы да, Өлке де, Есентоғай да сол жерде екен. Бір кездерде сыртынан қарағанда шамалы қала сияқты болып көрінетін, қазір көпшілігі құлап, төмпешікке айнала бастады.

1925 жылы алшын Отыншы бай қайтыс болды. Бұл кезде Кеңес империясы өз ықпалын молынан жүргізіп қалған кез еді. Бұрынан келе жатқан салт бойынша Отыншы байға қалай болғанда да ас беру керек, берейін десе үкіметтен қорқақтап бір тұжырымға келе алмай жүрді. Ақыры ағайын-туыстар ақылдасып, не де болса тәуекел деп, келесі жылы тамыз айында ас беретін болып елге хабарлап жібереді. Аста екі жүзге жуық ат шапты. Алдымен қырғыз Саданның Сақау Омар деген баласының 19 жастағы Көкшұнақ аты келді. Көнек болысы Тоқа Тақыр Омардың аға жылқышысы болатын Садан өлгеннен кейін Көкшұнақ атқа баласы Сақау Омар ие болады. Ал Отыншы байға ас бергенде, Тақыр Омар өліп, болыстық бақ баласы Ақмағанбетте болатын. Осы жолғы жарыста Көкшұнақ ат Көнек болысы Ақмағанбеттің атынан қосылған еді. Ас аяқталып қалғанда бір топ атты, шамасы 20 шақты адам, ат ойнатып ауылға сау ете түсті. Бастап келген жағалбайлы Әділдің Байсейіті, Мұқыш және милициялары бар. Келе Байсейіт айқайлап: «Ас беру, көкпар тарту – Кеңес үкіметінің саясатына жат қылық! Біздің күресіміз осыдан басталуы керек», - деп қолма-қол асты таратып жіберді.

Осы астан кейін біздің Кіші жүз руларында ас беріліпті дегенді естігеніміз жоқ дейді сол асты көзімен көрген қариялар. Ендігі мәселе ас беру жайлы айтылып қалғаннан кейін өзімнің әкеме берген асым туралы айтып өтуді жөн санадым. Еліміз егемендік алып, тіліміз, дініміз, салт-дәстүріміз толық өз күшіне кіре бастаған 1994 жылы әкем Тапанұлы Қожамұрат пен енем Тәкіжанқызы Арзымхан араларына 10 күн салып, мамыр айында дүниеден өтті. Бұл кезде өз балаларым мен інім Игеннің балалары бірігіп, өз алдымызға шаруа қожалығын құрғанымызға екі жылдай болған. Ол кісілерді жөнелткеннен кейін ақылдасып, келесі жылы ас беруді ұйғардық. Ас беру туралы 1995 жылдың қаңтар айында Ақмола қаласында тұратын туысқанымыз Қожа Ахмет Яссауи атындағы медресенің директоры Ысқақұлы Хамидоллаға барып ақылдастым. Екеуіне бірге беруге болатынын білдім. Кісіге арнап құран аударып әкелуді өтініп, күнін белгілеп, хабар беретінімді айтып кеттім. Ауылға келгеннен кейін ақсақалдармен ақылдасып едім: «Күшің келсе бергенің мақұл, қабыл болсын. Бір айтарымыз Жәйремде тұратын өзімізге қарасты жағалбайлы Темешәлі молдамен сөйлесіп көр», - деді. Сол жерде тұратын Дәулетбек ағай екеуіміз барып сөйлесіп едік, ол кісі де шешімімізді дұрыс деді.

Сонымен 1995 жылдың 19 мамырында, жұма күні асты беретін болып «Жаңаарқа» газетіне 20 күн бұрын хабарландыру бердік. Астан бір күн бұрын Ақмоладан Хамидолла бала-шағасымен және медресенің ұстазы түрік жігіті Мехмет келді. Сол күні кешке ауыл ақсақалдарын жинап, құран бағыштады.

Ертесіне есік алдына тігілген 250 адам бірден отырып тамақ ішіп кете алатын 189 разъездің жол шебері Алашбаев Әбдіраштың өз конструкциясымен жасаған киіз үйіне ел сыйғанынша кіріп, сыймағаны сыртта тұрып, Хамидолла, Мехмет және Темешәлі молдалар тағы бір құран бағыштап, аруақтар үшін жасатып жатқан бұрын-соңды болмаған құрметті ел көзімен көріп, оқылған құранға қолын жайып, аруақтарға арнап бетін сипады. Одан кейін ел тамаққа отырып жатты. Тамақтан кейін молдалар ауыл мешітінде жұма намазын оқып болды. Содан кейін ел ат жарыс болатын тойтөбеге жинала бастады. Бірінші палуандар белдесті. Одан кейін ат жарысын өткізетін арнайы тағайындаған кісілерден сұрағанымда 72 ат нөмір алыпты. Ат шеңбермен шабатын болды, ұзақтығы 35 шақырым. 7 атқа бәйге беретін болдық. Сөйткенше болған жоқ, аттарды қоя берді. Төрт айналымда алдымен Отыншы байдың асында келген Көкшұнақ аттың иесі Сақау Омардың Қараағаш ауылында тұратын баласы Қаратайдың Шапашот деген бурыл аты келіп, кілем жабылған атты олжалады. 2 балуан, 7 ат бәйгесін алды. Осы жолы өзім екі шаруаға таң қалдым. Біріншісі - ат жарыстан бұрын жобалап 72 номер жасаттым, білгендей 72 ат шапты, бір номер артылып қалған жоқ, не бір нөмір жетпей қалған жоқ. Екінші – алшын Отыншы байдың асында Сақау Омардың Көкшұнағы келсе, 69-70 жылдан кейін менің әкемнің асында сол Сақау Омардың баласы Қаратайдың Шапашоты келді. Осы екеуіне көпке дейін таң қалып жүрдім. Осы асты беру үшін ақыл-кеңесін, көмегін берген туысқандарым Есенбек, Бақтияр, Ескермес, Ілтай, Есенкелділер барлығымыз жиналып тұрғанда:

- Берген шырағым, сен ата-анаңның адал ұлы екенсің, мына заманда мынандай шаруаны істеу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұндай істі ертеректе болғанын естігеніміз болмаса, көрген емеспіз. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген. Бұл ісіңе рақмет, көп жаса, дегеніңе жет, - деп баталарын берді 90-ды алқымдап қалған қариялар.

- Мынандай шаруаны ата-бабаларымыз жасапты дегенді естуші едік, тоқсаннан асқанда бұны көрдік. Ұмытылған салт-дәстүрді сен бастадың, көрген ел осыны жалғастырар, көсеген көгерсін, - деп 91-ге келген әкемнің құрдасы Исатай кария батасын берді.

Осымен ас аяқталды, барлығы да ойдағыдай өтті.

Бес болыс Кіші жүз, екі болыс Тарақты елі 1928 жылы Сарысу деп аталатын жаңа аудан орталығын негіздеді. Түгіскен жерін мекендеген халықтың Қазан төңкерісіне дейінгі әкімшілік жүйесі, шаруашылығы мен кәсібі туралы айтатын болсақ, ең алдымен бұл өңірдегі қалың елді сыртқы ағайындар жеті болыс тама деп атаған. Ал шындығында бес болысы Кіші жүз руларынан да, екі болыс Орта жүздің Тарақты руларынан құралған. Орта жүздің тарақты руы қоныстас, шаруашылығы аралас ел. Жаз Арқаны жайлап, қыс түсе жылы жаққа, Шу бойына, бірге барып қайтатын болған. Сондықтан оларды ажыратып жатпай, жеті болыс тама деп атап кеткен.

Аудан Сарысу өзенінің бойындағы Қаражартас – Түгіскен деген жерден салынды. Орталығын Аққеңсе деп атады. Кәмпескеден кейін артель ұйымдаса бастады. Ортаға мал жинақталды. Бұрынғы бес болыс Тама, екі болыс Тарақты елі он бес ауыл есебінде жаңа ұйымдасқан Сарысу ауданының құрамына бірікті. Аққеңсе төңірегіне жаңа қоныстана бастағанымен елдің шырқы бұзылды. Аудан экономикасының құлдырауы, халықтың жоқшылыққа, ашаршылыққа душар бола бастауы 1931 жылдан басталды. Одан 1932 жылдың ашаршылығы елді ыдыратып жіберді. Аудан басшылары екіұдай болып, пікір таласына түсті. Бірі ашаршылық, жұт басталып келеді, ауданды, елді Сарысу бойына қалдырсақ, малды да, жанды да қырып аламыз. Әулиеатаға көшуіміз керек десе, екіншісі қыс болса түсіп келеді. Шуға, Әулиеатаға жеткенше, елді Бетпақта қырамыз. Онан да не болса да қозғалмау керек, - деді.

Ақыры 1932 жылы қараша айының 24 күні Сарысу ауданы Әулиеатаға көшті. Арқада 13 ауылдан алты жүздей шаңырақ көшпей отырып қалды. Әулиеатаға көшкен 2500 шаңырақтан 500-і ғана жеткен. Басқасы жолай аштан, індеттен өлген. Осындай нәубетті бастан өткізіп, бір кездегі іргелі ел 5 болыс Тама, 2 болыс Тарақтыдан аман қалғандары қазіргі Сарысу ауданының Байқадам ауылындағы Шабақты өзенінің бойына орналасқан. Қазіргі Сарысу ауданы Арқадағы Сарысу өзенінің атымен Жамбыл облысының құрамында отыр. 1932 жылдың ауыртпашылығынан Сарысу ауданының Арқада қалған азаматтары аман шықты. 1933 жылдың көктемінде Арқада қалған Түгіскен артелінде 732 бас қой, 100-ден аса сиыр, 20-дан астам жылқы мен түйе болған екен.

Арқада қалған Сарысу ауданының жұрнағы 1600 гектардай жерге егін салды. Түгіскенде Қызылотау, Қамысмолада бастауыш мектептер ашылды. 1933 жылдың аяғында Сарысу ауданының Арқада қалған мекемелері таратылып, бұл жақтағы 600 шаңырақ 8, 9-ауыл атанып, Жаңаарқа ауданының құрамына енген еді. 1934 жылдан бастап бұл екі ауылдық кеңесте Тасжарған, Қамысмола, Жаңатілек, Түгіскен, Қаражартас, Айбат, Жиделі, Маркс, Жарық, Құрамыс, Қарсыадыр деген мойынсеріктер ұйымдасты. Ұлы Отан соғысы басталардың алдында мойынсеріктер колхоз болып, шаруашылықтар бөлінген еді. 9-ауыл кеңесінде Коммунар, Түгіскен, Қаражартас деген үш колхоз, 8-ауыл, Жарық ауыл кеңесінде Жиделі, Маркс атындағы колхоздар ұйымдасқан. 1950 жылы 8-ауылдың колхоздары ірілендіріліп, К.Маркс атанды, 9-ауылдағы колхоздар ірілендіріліп, «Жеңіс» колхозы атанды. 1962 жылы «Жеңіс» колхозы мен К.Маркс атындағы колхоз қосылып, «Жеңіс» кеңшары болды. 1965 жылы бұрынғы К.Маркс атындағы колхоз «Жеңіс» кеңшарынан бөлініп, өз алдына К.Маркс атындағы кеңшар болды. 1992 жылы жекешелендіру саясаты кіргеннен кейін К.Маркс атындағы кеңшардан 15 шаруа қожалығы бөлініп шықты да, қалған ел «Толағай» ауыл шаруашылық ұжымы болып ұйымдасты. 1995 жылы ұжым тарап, қалған кордан ел үлесін алып, жеке-жеке шаруа қожалығын құрды. Сонда бұрынғы К.Маркс атындағы кеңшардан 100-ге тарта фермерлер жерін, басқа да үлестерін алып, әркім өз әліншe шаруа жүргізіп жатыр. Ал «Жеңіс» кеңшары сол қалпын ұстап, кеңшар атын өзгертіп, акционерлік қоғам болды.

Берген Қожамұратұлы,
Жаңаарқа ауданы,
Ералиев ауылы.

ШЕРКЕШ ДОСЖАН ҚАРИЯНЫҢ ТІНЕЙГЕ ДАҢҒЫРАШЫ, АТҚОСШЫСЫ БОП ЖҮРГЕНІ ЖАЙЛЫ БАЯНЫ

Тіней марқұм зікірін былай бастаушы еді:

Әспірәппім жан Алла,
Уа Мұхаммед Салиғолла,
Лә и-лә и-илолла,
Лә и-лә и-илолла,—

деп сарнаганда даусы ауылдың аргы шетіне жетуші еді.

Тарт бәледен,
Қожай пәледен,
Марал ишан пірлерім-ай,—

деп сиынатын-ды.

Жұмажанға (Матайдың әйелі): "Бір жылда айналып екінші қарақұс соғады. Үлкен қара жолдан өтпе, оның ішіндегі нәрестеге қауіп" - деді.

Атақты Тіней бақсы Көктаста (Арқада) сексеннен асып өлді. (1929-1931 жж. шамасы болу керек).

Өлерінде: "Мен өлем, аруағым ешкімге қонбайды, менің қобызымды Көнек пен Мұңлы таудың біреуінің төбесіне қоя салыңдар", - деп өсиет айтты. Құдиярбек, Дүйсенбек деген балалары болды. Солар ашаршылық жылы Тінейдің қобызын Көнек пен Мұңлы тауға (аштықтан дымымыз құрып, сілеміз қатқандықтан) қоя алмай, Арқадағы Қызыл адыр, Наржығылғанға, демек Бетпақтың ар жағындағы Қабаққа тығып кеттік деген еді.

Уағында Темешбай ұстаға бір атан құн беріп, күміс зерлеп істеткен бір түйелік арша қобыз еді.

Баласы Құдиярбек Қаратаудың аржағында, токқа түсіп өлді. Әйелі Алшын Түйешінің Көпбайының қызы, Ыбырайдың қолында Байқадамда.

Тінейдің жын шақыруы:

Әуелі, құдай, панай бер,
Ер тілеуін жанай бер,
Шәйт — Аббай Алаш (Шолақ деген жыны),
Шәйт — Аббай Алаш,
Лә-ләлә,—

деп бураша шабынады. Зәрең зәһәннам кетуші еді.

Жер жүзіндегі әулие-ай,
Күн көзіндегі әулие-ай,
Магрұптағы, машруптағы әулие-ай,
124 мың пайғамбар, 33 мың сахаба,
88 серуер, 99 машайық,
Бәріңнен медет тіледім.
Қойқаптағы әулие,

Бабай түкті Шашты әзіз,
Алдына дабыл төңкерген,
Артына сауыт бөктерген,
Алтайдан бөркі бар,
Әрне қылса еркі бар,
Алпыс екі нөкерім,
Бермен қарап төңкеріл.
Көзбен белім, көз елім,
Бөтен емес өз елім,
Шәмбіл белден су ішіп,
Қойқаптан әрі жерлерің,
Жатырмысың, ерлерім.

* * *

Тінейдің жоғарғы сөзіне жалғастырғанда бір айтқаны:

— Содан бір шама кейін бір байдың қызы, о да жынданып, ат шаптырып, мені алдырды. Серіктерімнен бе әлде мен бір жаза тайдым ба, қыз өңешінен оқ тиіп өліп кетті. Менен қаза болған адамның әуелгісі де, соңғысы да осы.

Кісі өлтірді деп (байдың арты диірмен тартпай ма), құн сұраған үстімнен арыз туып, алғашында Ақмоланың жерінде, Омбының түрмесіне жабылып, тұткынға алындым.

Оязға да, губернаторға да болған оқиғаны ешбір қалтқысыз жасырмай, бастан-аяқ баяндадым.

— Кереметің болса, көрсетіп көзімізді сендір, сонда ғана нанамыз, әйтпесе жазаланасың, - деді губернатор.

Көнбеске лаж бар ма, өзімді көпшілікке шығарып, өрен-жаран, сап-сары ала әлем-әлемет санаттарымен губернатор сау ете қалғанда (жиылған халық не сан), "Батырға да жан керек" дегендей, сасқанымнан Жөкенейдің өзін шақырдым.

Адам атамын деп едім, жанын қиып ешкім шыға қоймады. Сол кезде губернатор оққа үш ешкіні байлады да: "Мұны сен емес, атушы біздің солдаттар болады, сен тек аман алып қалуыңды біл", - деді.

Винтовка гүрс ете түсті, әйтсе дағы серіктерім ешбіріне де дарытпады. Ешкілер аман қалды.

— Енді не кереметің бар? – деді. Сөйткенше Жөкенейдің өзі де жетті-ау.

— Ал, кәне көрсет, не кереметің бар. Жөкеней жайдан-жай келмеді, дүнияны алай-дүлей қыла келді. Міне, сол дауылда жерге ысылдаған қара жылан қаптады да кетті. "Божымойлап", "Аллалап" ұлықтарым бет-бетімен тырым-тырақай болды.

О да тынды, ептеп жүректері орнына түскен кезде, губернатор: "Анау тұрған маяларды орындарынан көшіріп, бір жерге үйші", - деді.

Маяларды тыпырлата көшіріп, бір жерге дәу мая ғып үйдім де тастадым. Бұған зәрелері тағы ұшты. Өзгесін тәптіштеп несін бақалшақтайын, әйтеуір, жолбарыс та қаптатып, үйрек те жүздіріп, қыл мойнынан өздеріне ұстатып, шамамның келгенін аямай-ақ бақтым.

Ақыры сенген ұлық, губернатор басыма ерік, өзіме екі жүз сом сыйға ақша берді (сонда бір қой — екі сом).

— Сонда, - дейді Тіней, - енді бір бара қалғанымда мен үйген маяны ұлық жын тигенді мал жеуге болмайды деп темір құрсаулатып тастапты. Шөп солып, қап-қара боп кеткен екен.

Бірде сол Арқада аты шыққан, малы мыңғырған бай Матайдың қатынын мәрту басып, соған шақырды. Әйелін екі қарақұс басқан екен.

— Серіктерім, соларды қуып кетті, тоғыз күннен кейін емдеймін, - дедім. Серіктерім тоғыз күн дегенде бір қарақұсты алып, қайта оралды.

Байдың қатыны аман-есен босанды.

"Қазақтың бақсы-балгерлері" жинағы,
Алматы. "Ана тілі", 1993.

ТӨРЕҚҰЛ ТОҚА ШОҢНЫҢ АЛДЫНДА

Тоқа Шоңның Батыс Сібір губерниясындағы жер комиссиясында жұмыс істеп жүрген кезінде Құлтума алшын Төрекұл батыр тоқалардың шабындығына келіп қонады. Келесі күні ошақтан от кетіп, шабындық, оған қоса екі қыстау өртенеді. Қыстау иелері Шоңның жақын ағайындары болса керек. Олар Шоңды бел тұтып, жерін, қорасын даулайды. Шоң Төрекұлды шақыртады.

Төрекұл келгенде Шоң кеңсесінде мойнына медалін тағып отырған екен. Төрекұл есіктен кіріп келіп, шегін тартып тұра қалыпты.

– Астапыралла, қарғыны төбетке тағушы еді. Адамға таққанын көргенім осы, - деп жағасын ұстайды.

Шоң орнынан атып тұрып, сәлемдеседі де:

– Жерді өртеп жүрген өзің емес, тілің екен ғой, - дейді бетіне күле қарап тұрып.

– Кім өртесе де, әйтеуір, өртенді ғой. Жер өртенсе көгерер, өртеңге шыққан шөп жұғымды. Қора өртенсе-жөнделер, екі жағы бірдей көтерсе шығынды, - дейді Төрекұл іркілместен.

– Өзің батыр ғана емес, би де екенсің ғой, - дейді Шоң жауабына риза болып.

– Мен би болғаным жоқ, биден кем де болғаным жоқ, өрелі сөзден қалыс қалғаным да жоқ.

Төрекұлдың сөзіне көңілі қошуақтанған Шоң:

– Әйімкүл келініңнің самауырыны қайнап тұр екен. Шайға жүр, - дейді.

Төрекұл енді Шоңға түсін жылытып, күле қарайды.

– Самаурын кімде жоқ, бәрімізде бар. Мен үйінен адал ас шыға бермейтін талай ұлықты көрген едім. Соны бірі болсаң, мені қинама, - деп кеңкілдеп күледі.

Шоң ешкімнен пара алмайтын адалдығын айтып, әбден сендіріп, үйіне алып жүреді. Ал біз болсақ, әкім үйіне шақырса, қуана-қуана барар едік.

Дулат Шалқарбаев,
Саудакент ауылы.

ТӨРЕҚҰЛДЫҢ ДАУДЫ ШЕШУІ

Ертеде Арқада ағайын арасында жүген сылдырамай тұрған ба? Жақсылық алшын Отыншы әжі мен Құлтума Төрекұл араларында біраз өкпелесу болыпты. Сонымен Қаратау өңірінде ұлы жүздермен ердің құн дауы болады. Жақсылық ағайындар өз билерін алып Қаратауға дауға барады. Бірақ дау оң шешілмейді. Отыншы Арқадағы Төрекұл биге арнайы күйме жібереді. Сонда Төрекұл би қарсы болғандарға: «Өзім араз болғаныммен, намысым араз емес», - депті. Сонау Арқадан Қаратауға келіп, билікті айтып, шиеленген дауды шешіп қайтқан екен. «Сонда бұл қиын даудан шешімін қалай тез шештіңіз?» – дегенде, ол: «Болмайтын жігіт, бітпейтін дау даулайды. Жұмыстың бітетін жағын ойлап, құн үшін айғырға тай, атанға тайлақ, қойға қозы, ешкіге лақ алуға келістім», - деген екен.

Досжан Кенжебайұлы,
Сарысу ауданы.

ҚАРҒАШ БАТЫР ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР

Бір жылы көршілес жатқан наймандар алшын Төрекұл ауылының жылқысына тиіпті. Олар он шақты жігіт болса керек. Сонда баласы Қарғаштың жасы 16-17-лерде екен.

Тұткиылдан келіп тиген барымташыларға бір өзі қарсы шығып айқасқан Қарғаш олардың үш-төртеуін аттан түсіреді. Өзіне де көп соққы тиіп, денесінен сау-тамтық қалмайды. Басы бірнеше жерден жарылып, бет-ауызын қан жуып кетеді. Сонда да болса ол аттан құламай, каша ұрыс салып, оларды әбігерге салады. Осыны көрген барымташылардың басшысы кіжініп:

– Әй, мынау сайтан ба, жын ба, немене өзі? Әлде өзінде жан жоқ па, не болса да аттан аударып тастаңдар, кәне, - деп, жігіттеріне ызалана ақырады.

Сол кезде бес-алтауы оны қаумалай қоршап, аттан ұрып құлатады. Сөйтіп өздері аттан құлап қалғандарын жинап, көліктерін ұстап, мінгізіп, жылқыларды қуып кетеді.

Көп уақыт өткен соң оқиға болған жерге бір топ жігіттермен әкесі Төрекұл келіпті.

Қандым ағаштың түбінде қан-қан боп құлап жатқан ұлын көрген әкесі оған ызалана кіжініп:

– Ой, шірік неме, жау қайтарғандай болып жатысын қара мұның! – деп қамшысын ала ұмтылыпты. Қасындағы жігіттер Төрекұлдың ашуын әрең басып, зорға тоқтатыпты.

ҚАРҒАШТЫҢ ӨСИЕТІ

Төрекұл жасы жетіп, жиі-жиі науқасқа бой алдыра бастайды. Содан көші-қон мезгілі болып, жұрттың алды Арқадан, Қызылжар бойынан көшуге қам қыла бастайды.

Сонда Төрекұл ауылдың баскөтерерлерін жинап алып:

– Сендер сәл толас қыла тұрыңдар. Маған Алланың аманатын тапсырар кез келді. Тым ұзай қоймаспын. Мені өлген соң анау Қызылжар үстіндегі дөңсеге қойыңдар. Малың мен жаныңа тыншу бермей жүрген алакөз көршілердің қайсысы менің сүйегімді таптап өтер екен?! – депті.

Бүгінде Төрекұлдың бейіті сол Қызылжар стансасының батысында, Сарысу өзенінің оңтүйістік жағасында тұр. Кейініректеу ұлы Қарғаш та сол Төрекұл әкесінің қасынан мәңгілікке тыныс тапқан.

ҚАРҒАШ БАТЫР

Бір жылы Ноғай деген жігіт бастаған таманың бір топ жігіттері Арқадан Шудың арғы бетіне құлаған Төрекұл ауылының топ жылқысын барымталайды. Бұл хабар Қарғашқа жетеді. Асығыс атқа мінген Қарғаш Шудың өткелінен бұларды еш қарусыз тосып тұрады. Жылқы айдағандар бес-алты мықты-мықты жігіттер екен. Сонда Қарғаш Ноғайға айқайлап:

– Әй, жігітім, қалың тобырды айдама. Нанталап қылған екенсің. Қажетіңе жарар екі-үшеуін ғана айырып алып, калғанын қайтарғайсың, - дейді.

Бұл сөз шамына тиген Ноғай бұған шоқпарын ала ұмтылады. Қарусыз Қарғаш айла қимылымен бұға беріп, сілтеген шоқпарын оның қолынан жұлып алады да, Ноғайды қайыра ұрады. Кеуде тұстан қатты соққы тиген ол ат үстінен қалпақтай ұшады. Қуып жетіп, екі-үш жігітін және құлатады. Сонда бірі құлап жатқан Ноғайға барынша айқайлап:

– Ат, ат! – дейді. Қарғаш жалт қараса, Ноғай бүкшеңдеп, шолақ мылтығының білтесін тұтатпақ болып жатыр екен. Қарғаш құйындата шапқан бойда Ноғайды басынан бір-ақ ұрады. Көзі ұңғысымен қоса қопарылып, қақ айырылған басынан қып-қызыл қанның бұрк еткенін тез байқап үлгерген Қарғаш шапқан бойда топ жылқысын шашау шығармай кері айдайды. Оның өліп түскен басшыларының басына бауырымдап, ұмар-жұмар жиналған барымташыларға қайырыла қарауға мұршасы да болмайды.

Көп ұзамай құн дауы болады. Сол кезде Төрекұлдың екі көзі көрмей үйде отырып қалған кезі екен. Дау тек малмен бітісіп қана қоймайды, тамалар жағы қызды алатын болып бәтуаласады.

Бітімге келіскен екі жақ Төрекұлға сәлем бере келіп, болған жайды толық баян етеді. Сонда жақын туысының жас қызын олжа қылғанын іштей ұнатпаған Төрекұл:

– Мыналарың бір тамаша іс болған екен. Кісі дауы кесімді малмен бітуші еді. Ана дүниеге аттанғалы отырған жан едім. Ел естімеген жаңалықты айтып, ол жаққа сүйінші сұрап баратын болдым, - депті. Сонда дауға келгендердің басшысы:

– Мына шалдың сөзі еттен өтіп, сүйекке жетті. Қызына тиісіп, атқа қалмайық, - деп құн малын айдап, аттанып кетіпті.

Текей Қалмұқанұлы,
Жеңіс ауылы,
Ордабасы ауданы.
Оңтүстік Қазақстан облысы.

ҚАРҒАШТЫҢ ҚОЛҒА ТҮСУІ

Атамыз Төрекұл Қарғаш батырға міниске мықты шұбар жылқы беріпті. Өзі барымтаға жорыққа жаудан жылқы айыруға барғанда қолына қару алмайды екен. Есік пен төрдей шұбар атына мініп бара береді екен. Кейде: «Қаруыңызды неге алмайсыз десе, жау өз қаруын менің қолыма өзі әкеп береді ғой. Сол менің қаруым», - дейді екен.

Бірде жау қолына абайсыз түсіп қалыпты. Сонда олар батырдың атының басын жетектеп бара жатып, мұны сойылмен ұрып отырған. Соны Қарғаш еске алып: "Жарты жолға дейін сойылдармен бір жағынан ұрып отырғанда, аттан түсіп қала жаздап отырдым. Одан әрі екінші жағымнан сойылдарымен соққанда, атыма орнығып едім", - деген екен.

Досжан Кенжебаев,
Сарысу ауданы.

МАХАМБАЙДЫҢ МӘРТТІГІ

Құлтума атадан шыққан Махамбай батыр жүректі адам болған. Өзі кедей. Жоқшылық әсерімен талай рет барымтаға шығып, Арқа, Шу, Созақ арасын жол қылған. Ол Жамбас, Шошайдың жолымен Тастыға шығып, төменгі Созаққа құлайтын төте жолмен көп жүрген. Астына мінген бозымен Арқа, Шудан әкелгенін Созақ өңіріне, Қаратау маңынан алғанды Шу, Арқаға айдап, талай жортуылды бастан өткерген.

Бір жылы Махаң Қанжуған мен Таукент аралығында отырған бір диірменшінің нарын ботасымен алып кетіп, оны қанқақсатып кетеді. Арқаға алып кеткен боталы нар туып-өскен жерін ансап, ала жаздай боздайды да тұрады. Күз түсе Шуға құлап, қыста Жалды қыстайды.

Бір күні Махаң сенімді бозын мініп, Шошайдың жолымен Созақты бетке алады. Жолда оны жеті қасқыр қамап, алды-артынан топырақ, қар боратады. Қолындағы шоқпар, сойылымен қасқырларды қуа ұрып, атқа жолатпайды. Қасқырлар құм аузына таканғанда, сытылып қала береді. Сәлден кейін ұзын бойлы, еңсегей, бидай өңді өрімдей жігіт жаяу келе жатады. Қолында келтек, белінде жұмыр, орамалға түйіп алған жүрекжалғары бар. Сәлемдесіп, жөн сұрасады.

Сонда жаңағы жігіт: - Осы жақтың алшын, тамасынан шыққан Махамбай деген ұрысы өткен жылы өзім үйде

жоқта аузымды аққа тигізіп отырған боталы нарымды алып кеткен еді. Ұзынқұлақтан естідім, осы Жалды қыстап отыр дейді. Сол көшпей тұрғанда орнынан басайын деп келе жатырмын, - дейді. Махамбай іш тартып қалады да:

- Оу, жігітім-ау, жер алыс, ел шалғай ғой. Әрі жаяуға жол қауіп. Жаңа ғана мені жеті қасқыр қамады, -дейді.

- Жоқ, қайтпаймын. Өлсем де, тірілсем де, түйемді алып қайтуым керек, -дейді.

- Қасқыр жеп қояды ғой.

- Өй, қасқыр деген ит те! Иттен адам қорқа ма?! – деп батыл жауап береді.

Сөйдейді де, қайыр қош айтысып кете барады.

Махамбай да Созаққа қарай беттейді. Біраз уақыттан соң Махаң ойланады. «Өзінің боталы түйесін бір алдым, енді өзін қасқырға жегізгенім жараспас. Қой болмас! Қайтайын», - деп ат басын кері бұрады.

Жолмен келе жатса, мұны көре салып, бел асып бара жатқан бес қасқырды көреді. Жігіт қолындағы келтегімен нән сексеуіл түбінде екі қасқырды ұрып түсіріп, ентігін баса алмай тұр екен.

- Қап, бекер келдіңіз-ау! Әлі екі-үшеуін жамсататын едім, - депті. Сонда Махамбай:

- Ей, жігітім! Ерлігіңе ризамын. Бағанағы түйеңді алған Махамбай дегенің менмін. Менің тірлігімді сөгу-сөкпеу өз еркінде. Сенің қайсарлығыңа шын ризамын. Бейнетіңді басыңнан асырмайын. Еліңе қайт! Келер күзде нарың мен тайлағыңды өз аяғыммен апарып беремін. Осыған сен! – деп қолын ұсынады.

Махаң уәделі мерзімде алған малының шық-шығасын шығармай, диірменші жігітке апарып береді. Содан бастап екеуі жақсы жекжат болып, шынайы қарым-қатынас жасап тұрған. Сол Махаң былайша тілді де болған адам. Оның соңында:

Сұрасаң менің атым Махамбай-ды,
Махамбай не жесе де қақалмайды.
Төріне қараша үйдің отырғанда,
Жын-пері, ібілісің тақанбайды.

Сұрасаң менің атым Махамбай-ды,
Мұңым көп, жүрегіме толған қайғы.
Қателік өткен-кеткен бар-ау шығар,
Төңбекшіп төсегімде жата алмаймын, -

деген өлең жолдары қалған.

Жәйкен Мұқанов,
Сарысу ауданы.

БҰРЫС БАТА

Барымта-сырымтаның үдеп тұрған кезі. Көршілес, іргелес жатқан темештер көп жылқыны қуып кетеді. Содан жалындап өсіп келе жатқан алшынның жас перісі Қарғашты әкесі Төрекұл жылқыны қууға жіберер алдында, ол ұлына іргелес ауылға келіп қонып жатқан құрдасы айдарбалтаның атақты Көлшікбай батырынан бата сұрап кел дейді. Ұлы батырға барып қайтып келгенде:

- Не деп бата берді? –деп сұрапты Төрекұл ұлынан.

- Менің жолымды берсін деп бата берді, - дейді.

- Әй, қу қақпас, батаны дұрыс бермепті-ау, ә, - деп сәлпәл іркіліп қалыпты.

Содан Қарғаш бастаған топ барымташылармен бара ұрыс салады. Аса қайратты, екі көзі от шашқан Қарғаш қуғыншылардың біразын баудай түсіреді. Сол топтың бір мықтысымен біраз айқасып, оны да аттан құлатады. Шоқ қандымның түбіне құлап түскен біреуі бір серігіне айқайлап:

- Ойбай-ау, Ноғай-ау, қырылғанымыз ба?! Ат, аяма, ат! – деп қайрай айқайлайды.

Жалт бұрылып қараса, шынында да біреуі білтелі мылтығын шақпақпен тұтатпақ болып, күйбеңдеп жатады. Қарғаш атының басын кері қарай жалт бұрып, ағындап кеген бетте жалтара берген Ноғайды басынан ұрып өтеді. Қайырылып қарағанда, қос қолымен бетін басқан күй етпеттей өкіре құлап бара жатыр екен. Саусақ арасынан шып-шып шыққан қан тамшыларын көзі шалады.

Топбасы өкіре құлап түскен соң, барымташылар жылқыларды тастай бере: «Ой, бауырымдап!», - өліп бара жатқан Ноғайдың үстіне ұмар-жұмар үймелесіп қала береді.

Содан Қарғаш көп уақыт бойы елге жоламай, қашып жүреді. Ең соңында әкесі іздеп барып:

- Әй, Қарғаш, атымды енді шығардың. Енді ешкімге теңдік бермеймін, - деп баласын елге алып қайтады.

Жәйкен Мұқанов,
Жайылма ауылы,
Сарысу ауданы.

ЖАҒЫПАРДЫҢ ПАЛУАНДЫҚПЕН АТЫ ШЫҒУЫ

Бір жылы Коңырөлең деген жерде Жөгі таманың белгілі кісісі Қазанғапқа Сарысу өзені бойында ас берілді. Осы асты атақты Ерубай би басқарып, оның дұрыс өткізілуіне бастан-аяқ күш салады. Тәшехан деген жігіт бәйгеге қосылған жүзден асып жығылатын аттарды екі көштік көмбеге айдап кетеді.

Аттар кетісімен балуан күрес басталады.

Ас жаршысы ортаға шығып, күрес басталғанын хабарлайды. Сонда Орта жүздің Қуандығының бір түйе палуаны ортаға шығып, жүрелеп отырады. Бірақ көп ішінен ешкім шыға қоймайды. Қуандықтар жағы шулап:

- Бәйгемізді шаппай бер. Болды, болды енді! –десіп жатады. Сонда қалың топтың ортасынан балғын денелі ортадан жоғары жас бала атып шығады да, Ерубайдың алдына тізерлеп отыра кетіп:

- Ата, батаңызды беріңіз! –дейді екі көзі шоқтай жайнап. Еруекең сәл кідіріп:

- Атың кім балам? –дейді.

- Жағыпар.

- Қай рудансың?

- Аққөбек алшынмын.

- Ойпырмай, балам-ай, анау түйенің жарты етіндей нән неме екен, майып қылып жүрер, - деп қауіп айтады.

Сонда бала жігіт:

- Ата, жығылсаң нардан жығыл деген емес пе? Аруақ жар болар. Бер батаңызды, - дейді. Ерубай қол жайып:

- Аузыңа аруақ түсті ғой, балам. Ендеше Жаубөрі мен Жақсыбөрі бабаңның, Қаражігіт би атаңның аруағы қолдасын, - дейді. Бозбала бұлқына ойнап, ортаға шыға келеді де, түйе балуанмен айқаса түседі. Ол баланы қапсыра құшақтап алып, шиыра лақтырады. Бірақ бала жігіт қыбын тауып, құшақтан сытылып шығып кетеді. Шапшаңдығына көз ілеспейді. Тіпті бір рет дәудің бұтының арасынан лып етіп өтіп кетіп, елді қыран-топан күлкіге батырады. Әлден уақытта оқша атылып барып, белінен құшақтай алады да, іштен бөлекше бір шапаңдықпен шалған бетте дәуді гүрс еткізіп жығып, басынан аттайды. Ызаланған нән Жағыпардың балағына қол сала бергенде, көпшілік лап қойып, оны көтеріп әкетеді. Сөйтіп осы аста жас Жағыпардың аты елге аңыз боп бір тараса, Ерубай бидің де торылары бәйгеден

шашаларына шаң жұқтырмай, мәреге бірінші келіп, абыройы асқан екен.

Жағдай Сәтиев,
Саудакент ауылы.

ЖАҒЫПАР ПАЛУАН

Созақ, Сарысу өңірінде алшынның Аққөбегінен шыққан Жағыпар палуанның аты кеңінен мәлім болған. Түсі сұсты, зор тұлғалы, атпал пішімді балуан талай той, талай астарда еліне олжа салып жүреді.

Жағыпар Төлебайұлының көп істері осы күнге дейін ел арасында аңыз болып айтылып келеді.

Арқада өткен бір дүбірлі аста Орта жүздің аймаққа аты шығып, дүрілдеп тұрған палуанын арнайы пәуескемен алып келеді. Сегіз жігіт оның аяқ-қолын жерге тигізбей кілемге отырғызып, ортаға шығарады. Шашбауын көтеріп жүрген жаршысы ас иесіне:

– Бәйгемді шаппай бер, - дейді. Шынында да ортада үйген төбедей болып отырған нәннің сырт тұлғасы кімді болса да қаймықтырғандай екен. Жаршысы өзеурей айқайлап:

– Кәне, шығатын ешкімің жоқ болса, бәйгемді әкеп,алдыма сал, - деп ел апшысын қуырып бара жатады. Сонда қалың көптің ортасынан түйе жүн шекпенді Жағыпар шыға келеді. Шекпенді көпке қарай лақтырып жібереді.

Барған бетте айқасып кетеді. Жағыпар түйе палуанмен біршама ырғасып, нәнді еңсеріп жығуға тақайды. Кеудесіне нан пісіп жүрген менмен дәу тап мұндай қарсылыққа кездесем деп үш ұйықтаса түсіне кірмепті. Ызалана бастаған ол қапелімде Жағыпардың иығын аяусыз шайнап алады. Сол кезде шамырқанған Жағыпар оның құшағынан бұлқынып шыға береді де, бұғанасына қолды батыра салып жіберіп, тартып қалады. Дәудің шыңғырған дауысынан айнала жаңғырады. Сөйтсе Жағыпар дәудің бұғанасын жұлып алған екен.

Октябрь Түсенов,
Сарысу ауданы.

БӘЙГЕНІ ТЕҢ БӨЛУ

Ертеректе Шардарбек төре басқаратын Қызылкөл болысында үлкен ас болады. Соған жан-жақтан көп елдер Шу өзені бойына жиналады. Ат бәйгесі, палуан күресі, т.б. түрлі сауықтар өткізіліп жатады. Сонда Жағыпар күреске шыққандардың бәрін жығады. Сол кезде елге әрі ақындығымен, әрі серілігімен, әрі палуандығымен аты шығып жүрген Мәлік төре Жағыпармен күреспекке ұмтылады. Сонда Шардарбек Мәлікке:

– Әй, Мәлік, тоқта, тоқта! Жықсаң жақсы, бізге абырой. Жағыпардың жауырыны жерге тимей жатқанын көріп тұрсың. Абыройсыз болып, бұғанаңнан айырылып қаларсың, - деп тоқтатқан екен. Сөйтіп тіккен бәйгені екеуіне тең бөліп берген екен.

Пернебай Дүйсенбин.

ЖАҒЫПАРДЫҢ ҚАЙРАТЫ

Бір жылы Арқа жерінде қазылған құдыққа алты жасар атан түсіп кетіпті. Бүкіл ауыл жиналып, оны құдықтан шығара алмайды. Малды өрістен әкеле жатып, опыр-топыр болып жатқан жұрттың біреулері айқайлап:

- Жақаңды шақыр, Жақаңды шақыр. Бұл тірлік оның көмегінсіз бітпейді, - деседі. Сонда Жағыпар:

- Былай тұрыңдар, - деп арқанды төрт қабаттап, шидем шекпенін иыққа жастық қылып, ырғап-ырғап, саумалай тартқанда, атанды сыртқа шығарған екен.

Мәлік Жандәулетов,
Созақ ауданы.

ҚҰЛАНМЕН АЙҚАС

Төлібай деген атамыз түйе палуан атанған кісі болған. Көп додаларда қарсыластарын шақ келтірмейді екен.

Бір күні жапан далада атпен келе жатса, үйірлі құланның айғыры мұның кісінеген атына тұра ұмтылыпты. Ағындап келген құлан аттың сауырынан ала түседі. Мұның айғыры үркектеп, құланға айбар қыла бергенде, Төлібайда ат үстінен ұмтыла беріп, құланның қос құлағынан шеңгелдей ұстаған күйі жерге түседі. Тосыннан болған шабуылдан ес жиып үлгермеген құланды Төлібай мойнынан қайырып, жерге алып соғады да, қынындағы кездігімен тамағынан орып жібереді. Сөйтіп құлан етін терісіне орап, теңдеп алып, ауылына әкелген екен.

Мәлік Жандәулетов,
Созақ ауданы

КЕУДЕСІ ТҰНЫП ТҰРҒАН ДАРИЯ ЕДІ...

Әкем Досжан Кенжебайұлы 1885 жылы қазіргі Қарағанды облысының Сарысу өзенінің бойында дүниеге келіп, 1972 жылы Сарысу ауданының Байқадам ауылында дүниеден өтті. Өзі кедей-шаруа отбасында дүниеге келген. Әкелері ерте қайтыс болып, Досжан 13 жаста, Досымбек 7 жаста жетім қалған. Шешелері ағайынның малын бағып, қазанын асып, күнін көрген.

Әкеден он үшімде қалдым жетім,
Тағдырдың қатты тарттым тауқыметін.
Көрмеген бейнетім жоқ жастайымнан
Жеткізді дәрежем мен құдіретім, –

деген өлең шумақтарын айтушы еді.

Әкем Досжанның өз аталары батыр, билер болған. Нағашылары, өзінің шешесі өнерлі, әнші, өте сұлу, адуын адам болған. 28 жасында жесір қалса да, балаларын өсірген. Ешкімге тұрмысқа шықпаған. Досжан ат жалын тартып мінген соң жақсы адамдардың атқосшысы болып, олардың әңгімесін естіген, іскер болып, ұсталықты үйренген соң соны кәсіп етіп, мал тапқан. өсиет сөздерді сол жақсылардан естіп өскен. Ол кісі Қарғаш батырдың әкесі Төркұл би айтушы еді деп мына нақыл өлеңді айтып отырушы еді:

Әр істі ойлау керек әуел бастан,
Не пайда өнері жоқ жігіт жастан.
Бекерге көрінгенге қарай берме,
Жеміс жоқ, миуасы жоқ тау мен тастан.

Жау қайда, жар астында деген сөз бар,
Аяқты қадам салма аңламастан,
Жаманға құрбы екен деп бір сөз айтсаң,
Күні бұрын ашуланар ойнамастан.

Әркімдер теңін тауып ойнау керек,
Не пайда бұлғақ мойын, сүмбіл шаштан.

* * * *

Бәле қайдан дегенге:

"Бәле айдап жүрген малыңнан, әлпештеп өсірген ұлыңнан, аялаған қызыңнан Құдай сақтасын деңдер, -дейді екен.

Әкем асқан шежіреші болатын. Ауызекі әңгімеде үш жүздің шежіресін таратушы еді. Өкінішке орай, мен оны жазып алмадым.

Алтын Досжанқызы,
Саудакент ауылы.

АЙБАРША АПАНЫҢ ҚОЖАНАСЫРЛЫҒЫ

Айбарша апа 1940 жылдары Жон өлкесінде жайлауда қой бағатын кіші ұлы Мұқаштың қолында тұрады. Айбарша апаның үйі мен біздің үй көршілес,тату-тәтті тұрған. Әкем Дүйсенбі мен шешем Сара отыз үштің жұртында барлық туысқандардан айырылып, дүниеге келген ұл-қыздарынан да адаш болады. Сөйтіп жылап-сықтап жүргенде, отыз тоғызыншы жылы Мереке әпкеміз дүниеге келеді. Сол орақ басталған уақытта әпкем мұрттай ұшып қатты ауырады. Оның соңын ала Айбарша апаның туған немере қызы да кеселге ұшырайды. Сонда Айбарша апа қатты ауырып жатқан Мерекенің жайын сұрап, қайта-қайта мазасызданып жүреді. Тіптен бар тілеуін Мерекенің жолына тәрік еткендей болған ол бір күні шешеме:

- Сара-ау, мына Мереке аман болсын деп құдайдан мың тілеп отырмын. Егер бұл өліп қалса, сендер тағы құбас болып қаласыңдар ғой. Құдайдың көзі оң болса екен сендерге. өлсе анау Шарбанның қызы өлсе екен, онықі шарана ғой. Әйтеуір олардың Қыздар мен Жандар деген екі ұлы бар. Мына Мерекең пысық, құлдыраңдап адам болып қалып еді.

Айтқандай екі-үш күннен кейін Айбарша апаның немере қызы өліп қалады.

Сөйтсе Айбарша апамды оңаша шығарып алып:

- Сара-ау, менің әнекүнгі айтқанымды Шарбан келініме айтып қойып жүрме масқара қылып, - деген екен.

Сөйткен Мереке аман-есен өсіп, ержетіп, елеулі еңбегімен елге танылды. 1959 жылы Бүкілодақтық комсомолдардың XIII сьезіне қатысты. Республикалық басылымдарда оның суреттерін жарыса басып, ол туралы көптеген очерк, мақалалар жарияланды. Айтулы ақын Асқар Тоқмағанбетов оған өлең арнады, ол өлең кезінде 5-кластың әдебиет оқулығына енгізілді. Ол бүгінде ұл-қыз өсіріп,көптеген немере сүйіп отырған әже болды.

Ал қазақ даласы кеудесіне күн ұялаған, жүрегіне нұр ұялаған, өзіне болмаса да өзгеге болсын дейтін дарқан пейіл Айбарша апа секілді аяулы, аңқылдақ, қожанасыр мінезді аналарға кенде болмаған ғой.

Пернебай Дүйсенбин.

АНАНЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Кенесары ханның қырғыздарға бара жатқан жорығында сапыма қосылмадың деп Кіші жүздердің біраз ауылдарына қатаңдау тигені тарихтан белгілі. Содан біздің арғы аталарымыз Қойбағардың бәйбішесі күйеуін, төрт баласын, жалғыз атанын өзінің әдіскерлігі, айлакерлігі арқасында қалай аман алып қалғаны туралы әңгіме осы күнге шейін аңыз болып айтылады. Елдің көпшілігі Кенесарының қаһарынан қорқып, бірі Сырға, бірі Шиеліге, бірі күнгейге қарай тарыдай шашылып кетеді. Ал Қойбағар атамыз көше алмай жұртта қалады.

Ұлы анамыз төрт жас баласын төбе – төбенің басына шығарып, келе жатқан жауды қарауылдатады. Сонда Шу бойынан есіліп шыққан шаңды көрісімен анамыз үлкен киіз үйдің босағасын алып жіберіп, атанды ішке кіргізеді. Содан соң ішке шөгеріп, алдыңғы аяқтарын тіздеп буады да, бас құрды тіліп жібереді. Сонда басқұрсыз кереге уық, шаңырақ, үзік салмағымен түйе үстіне жартылай құлайды.



Суретті салған Ержан Керімбаев

Содан әр баласы әр жерде жылап, шапқыншылар келгенде өзі дауыс айтып жылап отырады. Шалы анадай жерде бүктүсіп ол жатады. Жалпая құлаған киіз үйдің сұрқы, зар еңіреп отырған жандарды көрген жортуылшылар тобы бұл жерге аз кідіріп, болған жайды көрген соң, аялдамай әрі асады. Жорықшылар бұлардан мүлдем қара үзген соң атанды үй астынан тұрғызып алып, ең қажет деген дүниелерін жерге көміп, қырық қадақ бидайын атанға артады. Киіз қомның ішіне төрт баласын отырғызып, Қотырөткелден қайта жұртын бетке алады. Аз ғана бидайды талғажу қылып, қонған жерлерде аштан өлтірмейтін, тоқжарау қылатын бидайды үнемдеп беріп, Арқа жеріне іліккен соң Сарысу өзенін бойлап көшіп, діттеген жеріне жетеді. Сөйтіп өз отбасын осы қатерден дін – аман алып шығады.

Әбдірайым Керімбаев,
Ақдала ауылы,
Арыс ауданы.

ҚАСҚА СИЫРДЫҢ ХИКАЯСЫ НЕМЕСЕ ЛЕП ОРАЗОВТЫҢ ӘЗІЛ ӨЛЕҢІ

Көп жыл ауданымыздың оқу-ағарту, мәдениет, кеңес жүйесінде еңбек еткен Леп Оразов суырыпсалма ақын да болатын. Ол бірде іссапармен "Қызыл ту" кеңшарының орталығы Жасқайрат ауылына келсе, ірі қара фермасының басқарушысы, жаны жайсаң, ептеп қожанасырлығы бар, ақ жарма, аққөңіл Серікқали Құлтаев қарсы ұшырасады. Амандық-саулық сұрасып біткен соң: "Ертеңгілік мезгіл ғой, Лепжан, біздің үйге жолдастарыңмен кел, Бибатпа жеңгеңе көріс, дәм тат",- дейді де жөніне кетеді. Түске таман Леп Сәкеңді таба алмай, дал болады да қалады. Нағашылы-жиендігіне салып алдап кеткен ғой деп ойлайды.

Ертеңіне: "Ойбай, Лепжан, жаздым, жаңылдым, айып менен, кешіре гөр, мал аралап жүріп ұмытып кетіппін, уәде орнында, есік ашық, күтемін",- деп ол шаруа жайымен тағы да асығыс жөнеледі. Қыс мезгіл, түс ауа Сәкеңнің семіз қасқа сиыры үйдің сенегіне кіріп, ашық қалған шоландағы бір қап астықты жеп, жұмыршағы айналмай, тырқыратып қуса да нәтиже бермей, пышаққа әзер ілігеді.

Ферма меңгерушісінің сиыры арық болушы ма еді, жұрт етіне таласады. Оны алмақ болғандардың бірі кеңшардағы партком хатшысы Қуаныш Сәрсенғалиев, тағы бір Ойыл ауылдық Кеңесінің төрағасы Темір Дүйсенғалиев болса, бір жілігі кәсіподақ комитетінің төрағасы Елемес Хайруллинге тиежақ болады. 12 жілікке жазылған азаматтардың тізімін кеңшардың бас есепшісі Жасимов Хайроллаға апарған Сәкең: "Кассиріңе тәртіп бер, ақшаға зәру боп тұрмын",- дейді. Хайрекең тізімге көз салып: "Ойбай, Сәке, 9 адамның ақшасын қазір бергізейін, бірақ ана 3 адам кеңшардан ақша алмайды, ақшаны райкомнан, кәсіподақтан, исполкомнан алады",- деп мән-жайды түсіндіреді. Сәкең сол бойда: "Өй, ол шенеуніктерден ақша түсіп болмайды, жырым-жырқалап жүрем бе" деп үшеуінің етін басқаларға үлестіріп жібереді. Ызаға булыққан Қуаныш Лепті тауып алып: "Бізді әлгі Серікқали оқсатып кетті, өлең шығарып берші",- деп жалынады. Лептің өзін де екі күн түскі тамаққа шақырып алдап жүргені бар, сол жерде былай деп өлең шығарыпты:

Мезгілсіз опат болдың, қасқа сиыр,
Өзімдей қомағайсың асқа үйір.
Бір өзің бір қараның пұлын жедің,
Шиеттей балалардың ұнын жедің.
Бибатпа сені ерекше күтіп еді,
Бәрінен қымбат сенің сүтің еді.
Белімді бекем будым, бұзылмадым.
Сиырым өлді ғой деп ызыңдадым.
Басыңа бағып тұрып қимағаннан,
Халыққа қымбатына қызылдадым! – деп жазып беріпті.

Оны Қуаныш оқып бергенде, Сәкен аяғына жығылып: "Ешкімге жария ете көрмеңдерші", - деп кешірім сұрапты. Қуаныш әзіл-оспаққа үйір адам еді, ешкімге айтпаймын десе де, артынан машинкамен көбейтіп, аудандық партия комитетінің пленумына қатынасушыларға түгел таратып береді. Осы өлең ел аузында әлі жүр.

Төлеп ТІЛЕГЕНОВ.
Миялы селосы.

НАҒАШЫЛАРЫМ ТУРАЛЫ ҮЗІК-ҮЗІК ӘҢГІМЕЛЕР

Әбіл нағашым баланың кенжесі болғасын ба, өте салқам, соқтықпа, ұрыншақ болыпты. Бірде ай- күніне жетіп отырған Байзақтың әйелі Ілмешекті жеңге деп ойнап, түсте шаңдықта жатқан асау тайлаққа мінгізіп жіберіпті. Тайлақ аталақтап, Ілмешекті сонадай жерге апарып, жығып кетеді. Сонда ол шауып жеткен кісілерге күлімсерей қарап, орнынан тұрыпты. Дін аман.

Бірде қыс аяғы көктеммен шендесетін «ұзын сарының» кезі болса керек. Әбілдің ағалары ет жегісі келіп: «Сен кешкұрым ойнап жүрген жағыңнан көзің алаңдап, ауызың көпіріп, үйге келіп жата қал. Үлкендер жиналғасын, міңгірлеп түсініксіз бірдеңелерді айтып, тоңқаңдап үйден шыға қаш. Біз қуып жетіп, үйге жақындағанда, қырылдаңқырап; «Ет, ет, ет жеймін», -деп қайталай бер дейді. Шошыған нағашымның шешесі барлық «ұзын сарыға» сақтаған етін сол күні асып беріп, Әбілді тосын келген «аурудан» жазып алыпты.

Жайықтың арғы бетіндегі ел ойын-тойға Шалда ауылын да шақырады. Той болған соң ат шабыс, күрес, мүше алып қашу, аударыспақ болады. Мұндайда Шалда ауылы үлкен әзірлікпен келетін көрінеді. Бәйге атын, күресетін жігітін, мүше алып қашуға жүйріктерін әзірлейді. Ал аударыспаққа мықты ат, мықты жігіт керек. Бәйгеден Шалданың құласы бірінші келеді. Аударыспақта Аманғали нағашым жан шақ келтірмейді. Мүше алып қашуға Әбіл нағашым әзірленеді. Мүше алып қашқанда, арттан қуып жеткен жігітке мүшені беру керек. Ереже солай. Бірақ Әбіл нағашым мүшені бермейді. Қуып жеткен атты жасқайды, жігітті бастан қамшымен ұрған соң төбелес басталады да кетеді. Көп аттылар ережені бұзған нағашымды қамшының астына алады. Мұны көрген Аманғали нағашым Әбіл нағашымды арашалауға асығады. Астында қайратты аты бар, өзі де қарулы Әбікей нағашым сыртқа ығыса бастайды да, Әбіл нағашым топтан сытылып шығады. Төбелестің қақ ортасында Әбікей қалады. Оны аттан аудару керек болады, бірақ аттан аударылмайды. Онын атының қос айылын кесіп жіберіп, ерімен қоса аударуды ойлайды. Әбікей бұл қулыққа түсіне қалып, ерді бұтының арасынан сырғытып жіберіп, аяқтарын аттың қолтығына қысып алып, қалай ырғаса да жығылмайды. Той ұйымдастырушылар төбелесті тоқтатып, Әбікейдің өзінің де, атының да қайратына риза болып, бәйгені оған басы бүтін береді. Ауылға келген соң Әбікей Әбіл нағашыма ренжіп: «Төбелесті ылғи бастап жібересің де, өзің жоқ болып кетесің, жұрт өшін менен алады», - дейтін көрінеді.

ТІЛЕККАБЫЛҰЛЫ ТӨЛЕШ. ТАРЫҚБАС ПЕН ТҮРКІМЕН БИІ

Қойыстың Сүйінішінің Құмашынан тарайтын Қалидың Тарықбас атасы заманында жауынан қаймықпайтын батыр, дәретсіз жер баспайтын діндар, молдалығы бар тауфиықты адам болған көрінеді. Ол – 1912-1913 жылдары Мекке, Мәдинеге қажылыққа барып қайтқан адамдардың бірі.

Тарықбас заманында түркімен еліндегі Бескала деген жерге көшіп барып, кәсіп қылған көрінеді. Қу тірлік кімге не істетпеген? Ол жанбағыстың қамымен түркімендердің егінжайына бас-көз болып жүрсе керек.

Түркімендер жалғыз үйлі қазақтың тіршілік қарекетін көпсіне ме, көре алмай ма, әйтеуір, көзеттік жасап бағады. Көз тайса болды, егінжайға малдарын жайып жіберіп, ит қорлығын көрсетеді. Сондай қаныпезерлердің бірі Торғай дейтін түркімен екен. Ол атын егінге күнде, тіпті, көпе-көрнеу жіберіп, әбден басынады, басқа шығуға айналады.

Қояр да қоймасқа болмағаны сол, Тарықбасқа тіл де тигізетін сыңайлы. Мұндай өпіремдікке, намысын қорлауға шыдай алмаған Тарықбас әлгі ноқайды бір күні ит сілекпесін шығарып, сойып салады да, атына өңгере байлап қоя береді.Ормандай түркіменнің арасында жалғыз қазақтан масқара боп таяқ жеген Торғай абыройсыздыққа ұшырағаны өз алдына, ұятты былай қойып, биге жүгінбей ме? «Солай да солай, қаңғып келген пәленше қазақ, ел аман, жұрт тыныштa маған сондай жәбір-жапа көрсетті. Құнын өтеп беріңіз» , - деп, тал түсте дау-дамай туғызады.

Би Тарықбасты шақыртады.

Ары мен қолының адалдығына бір құдайындай сенетін Тарықбас тартынсын ба, салып ұрып бидің алдына келеді. Келе бидің алдына малдасын құрып отыра кетеде. Би:

-Тарықбас деген сіз бе? – дегенде

-Иә, менмін, - дейді жедел жауап қатып.

Би мына қазақтың келер-келместе әлгіндей отыра кеткенін түсінбей:

-Сонда мына отырысыңыз қалай? - демей ме. Қынатын Тарықбас па:

-Отырысым осылай, биекесі, - деп шап береді.

-Ендеше, жөн-ақ екен, - деп, би сыңарезулей мысқылдайды. -Ал, қазағым, мынаны айт! Сен Торғайды неге сабадың?

-Сабайтын реті болғасын сабадым. Осы елдің нәсібін айырып, ырыздығына айналатын егінге күндегісін – күнде иелігіндегі атын жайып, маза бермеді. Сонда Торғай кімнің шікәра бетке ұстар мырзасы? Оның елден несі асып барады, соншама?!

Би бірауық көшелі сөзге не дерін білмегендей, дағдарып қалады. Сонысын бірден сезген Тарықбас тағы да жөпелдемдетеді:

-Атыңды аулаққа жай дегенді түсінетін Торғай болмады. Мұнысы тым өрескел екенін шетпұшпақтап ескертіп едім, өзіме қол көтерді. Мұнысын енді қалай түсінерсің, биекесі. «Ұрыста тұрыс бар ма», - деген емес пе, мен де есемді жібермеуге тырыстым.

-Ие-е, Тарықбас сізге сөз жоқ екен, - деп би әділ төрелігін айтудан әріге аса алмапты.

Бұл – Тарықбастың әділдігіне, батылдығына бір дәлел.

Жәнібек АМАНҒАЛИ.



...деген екен

МАЙДАН ӘЗІЛДЕРІ

Соғыс кезінде Кенжебай Әбдірахманов әскер қатарына алынып, Аякөзде дайындықтан өтіп жатқандарға ас пісірушілерінің бірі болып қызмет істейді. Ол ауыр салмақты, зор денелі кісі екен.

Түскі ас даярлап жатқанда майор келіп қалады. Сол кезде асханада сегіз солдат отырса керек. Кенжекең майордың алдынан шығып:

-Жолдас майор,

Әбет даяр.

Солдат сегіз,

Побыр, семіз-деп рапорт беріпті.

Сонда майор;

-Молодец!-деп арқасынан қаққан көрінеді.

***

Бір жауынгердің үйіне "қара қағаз" келеді де, оның әйелі екі-үш айдан кейін басқа біреуге ерге шығып кетеді. Ағайын-туыстары оның жылдығын беріп жатқанда төрт мүшесі сап-сау "қара қағаз" иесі келе қалады. Жұрт аңтаң.

-Бұл қалай, "қара қағазға" жол болсын?-деп сұрайды туыстары.

-Әдейі, әйелім мен туыстарымды сынайын деп бұл қағазды командир досыма жаздырып алып едім. Туыстарымның тұрақты екеніне, әйелімнің опасыз екеніне енді көзім жетті, -дейді ол күліп.

***

Қатардағы сержант Тәкі Борбасов майданда жүргенде полк командирі оның қасына бір орыс қызды қосып, екеуін ұзақ сапарға жұмсайды. Былай шыға қалып, орманның ішіне енгеннен кейін Тәкі қасындағы шинелді қыздың о жер, бұ жеріне қол жүгіртіп, ойнаған болып қырындайды.

Қыз шинелін шешкенде кителіндегі капитан погонына көзі түсіп кетеді. Сонда сасқан Тәкі орнынан атып тұрып;

-Тауарыш капитан, қазақтың қалжыңы осындай болады, кешіріңіз, -депті түсі бұзыла.Шені төмен жігіттің қылығына қыз күліп жібереді.

Пернебай ДҮЙСЕНБИН.

ЕСЕКЕҢ АЙТҚАН...

Ақын Ескермес Ескендіров студент кезінде ауыл шаруашылығы жұмысына Көкшетауға барғанда Рақия деген келбеті келіскен сұлу аспазшыға көмекші болып қалдырылады.

Күн жауып, жаққан оты жанбай мазасы кеткен Есекең Рақияға сүзіліп көп қарай берсе керек.

Сонда Рақия:

-Немене?

Көзіңді менен алмайсың,

Пешке бұта салмайсың?-депті.

Есекең дауыстай:

Отымыз жөнді жанбады,

Тамағымыз оңбады.

Жалаулатып жаққанда,

Пісірдік әзер он нанды.

Рақия жеңгем екеуміз,

Ілдалап жүріп пісірген,

Асқа осы тойып ап,

Орындайық норманы!-дегенде, студенттер ду күлісіп, кірбің қабақтары шуақты әзілмен шырайланған екен.

***

Көбіне үйге «көңілденіп» келіп жүрген Есекеңе деген іштей наразылығын жұбайы Тамара суықтау қабақпен сездіріп жүреді. Бірде Есекең диван үстінде шалқайып жатып бір кішігірім кітапты парақтап қарап жатады.

Арада жүйкені жұқартатындай ауан бар екенін сезген Есекең бір жөткірініп қойып:

-Батыр Талғат Бигелдиновтің "Аспандағы айқас" деген кітабын оқып жатырмын, - депті сыртында түтіндеп, төменге құлап бара жатқан неміс самолеті одан жоғары самғай ұшқан жұлдызды совет самолетімен салынған суретті көрсетіп.

Сол кезде іштей ширығып тұрған Тамара:

-Е, онда дұрыс болыпты, жердегі айқастан шаршаған соң, енді аспандағы айқасқа аттанған екенсің ғой,-деген екен.

Пернебай ДҮЙСЕНБИН.

ЖАРЫЛҚАСЫННЫҢ БІРҚАҚПАЙЛАРЫ

Жақсылық алшын Жарылқасын Қамбаров ұзақ жылдар бойы Жайылма ауылында тұрып, еңбек етті. Шопан, жүргізуші, мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары болды. Озат шопан болып, омырауына "Құрмет белгісі" орденін тақты. Орайын тауып, қағытпа қалжың айтып, отырған орнын күлкіге көміп отыратын Жақаң көптің құрметтісі еді. 2008 жылы көктемде дүние салды. Өз өмірінің ақырғы сәті тақанғанын біліп, аты жаман дерттің аранына түсіп жатса да, аузынан қалжың, әзілі түскен жоқ. Солардың бір парасын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

***

Туған інісі Орақбай Жақаңның күзетінде отырады. Жақаң қасында жатқан айнаға барлай қарап:

-Әй, Орақбай, мына сақал, мұрты құрғыр есе-себе болып өсіп, әрпетімді алып жатыр.Жақсылап ал. Ана жақтағы Әңкір мен Мұңкір мен барғанда, түрмеден келген бәле ме деп шошып қалар,-деген екен.

***

Ауылдағы құрдасы Ізтөлеу Жақаңның көңілін сұрай келеді Бұрынғы әдетінше қалжыңға басып, құрдасының аяғындағы мәсісін ұстап көріп:

-Әй, Жарылқасын, мынау мәсің жаңа екен, іші жылы шығар, ә?-дейді.

Сонда Жақаң әйеліне басын бұрып:

-Әй, Алтын, мына Ізтөлеудің мәсісі жыртылып, мәнісі кетіп жүр екен. Ертең мен өлгенде анау әбдіредегі су жаңа мәсіні мына Ізтөлеуге берші,-деген екен.

***

Ауылдағы інілерінің бірі электрик Балатай ауылдастарымен бірге Жақаңның көңілін сұрап келеді. Сонда Жақаң:

-Әй, Балатай, осы ауылдағы жер қазатындардың мықтысы сен ғой. Көрімді кең қылып қаз. Қабырғасын эппақ қылып әкте де, ішіне жарық орнат! Жатқанда жаным жайланып жатсын ,-деген екен.

***

Алтынмен көп ойнайтын қайныларының бірі шай үстінде оған қарап:

-Әй, өзің әбден семіріп кетіпсің ғой,-дейді. Сонда Жақаң:

-Әй, ол семірмегенде, кім семіреді ?! Үстіне мініп, түсіп жатқан ешкім жоқ қой,-деген екен.

***

Ауылдың көп әйелдері үйге келіп отырады. Көптің ішінде Алтынның туған жеңгесі Мереке де болады.

Сонда Жақаң әйеліне бұрылып:

-Әй,Алтын, мен өлді екен деп бұйығып отырып қалма. Мына Мереке ел-жұртты аралап, көп жүреді ғой. Онымен бірге сейілдеп, қыдырудан қалма,-деген екен.

Пернебай ДҮЙСЕНБИН.

ШАЙТАН МЕН ШАЙХАН

Бірде аудандық атқару комитетінің төрағасы Асанов Қырықбай мал аралап жүріп, сиырлы ауылға тоқтайды. Біраз берекесіздікті көріп, сиыршыға біршама сын –ескертпелер айтады. Бірақ бақташы Шайхан деген кісі бұлтарма сылтаулар айтып, кінәні мойындаудан жалтарса керек. Сонда Қырекең жұлып алғандай:

-Бір қолыңа шайтанды, бір қолыңа Шайханды ұстасаң, шайтан тұтылып, Шайхан құтылып кетер-ау !-деген екен.

БАЙҚОҢЫР МЕН СЫНАП

Байқоңыр Айнабеков деген мал дәрігері уақытша директорлық қызмет атқарып жүргенде, совхоз малдары Жондағы «Түркістан» совхозының арпасына түсіп кеткенінің үстінен Сарысу аудандық атқару комитетінің төрағасы, ақылды да, айбарлы, іскер Қырықбай Асанова түсіп қалады. Ауданға Байқоңырды шақыртады.

«Малға,шөпке, егіске кетті» деген сылтаулармен сырғақтап Қырекеңнің алдына баруға Байқоңыр беттемейді. Бір күні телефоннан ұсталып қалады.

-Әй, сен неге шақыртқанда келмейсің?- деп Қырекең гүр ете қалғанда Байқоңыр:

-Ойбай, Қыреке-ау, сіздің алдыңызға барып, мені өле алмай жүр деп пе едіңіз,-депті.

-Әй өзің, сынаптай сусып,сытылып кеттің-ау, сайтан-деп күліп алып, әрі қарай мамыра жаймен сөзін жалғапты.

ҚҰЛАҚ БАЖА

Қырекеңнің бір құлағының аздап ауырлау естітіні барды. Көкдала елді мекеніне барғанда дүкенге соғады. Меңгерушісі Жанжол деген кісі. Ол кісі де ауырлау естітін кісі. Әр нәрсені ыждаһаттап сұрайтын Қырекеңе Жанжол «А-а-а!» деп құлағын алдына төсей береді. Сонда Қырекең:

-Е, мені ұрған құдай сені де ұрған екен ғой. Мына құмның ішінен де құлақ бажа табылып, жақсы болды ғой,-деген екен.

Пернебай ДҮЙСЕНБИН.

АЙНАЛАЙЫН ҮКІМЕТ

Талайларды тырдай жалаңаш қылған "Ұлы коллективтендіру" кезеңі болса керек. Жаңа саясат белсенділері басқалар сынды Қосекең ауылын да тігерге тұяқ қалдырмай тонап, ортаға алыпты. Сонда біреулер кеп: "Бұнысы несі, жарылқайды деген өкіметіміз осы ма?" – десе, Қосекең ештеңеден қаймықпай-ақ:

Айналайын үкімет,
Бергеніңе шүкір ет.
Бар малыңды жинап ап,
Көтеніңе түкірет, - деп әндетеді екен.

ҚАНДАЙ АМАЛ ЖАСАЙЫН?

Қосекең қатты ауырып, төсек тартып жатқан кезі екен. Құсайын деген жолдасы көңілін сұрауға кеп, досының қос төсекті қатар сап, ұзыннан түскенін көріп: "Ау, Қосеке, бұл не жатыс, сөйлер сөзге жорға едің, нашарларға қорған едің, жеңіліп көрген жерің жоқ, ауру деген не тәйірі, тұрмайсың ба секіріп?!" – десе керек. Сонда Қосекең төсектен басын көтеріп:

Уа, Құсайын жолдасым,
Өзіңді құдай оңдасын.
Бұл дүние мәңгі емес.
Алдамшы бір жалған ғой.
Денсаулық дегені ауруға,
Қол жеткізбес арман ғой...
Көңілімді сұрай келгеніңе рақмет!
Құдайым әмсе қолдасын,
Қасірет – қайғы болмасын! - депті.

Құсайын әлгі әңгімесін одан әрі өрбітіп: "Қойсаңшы, қандай іс болса да амалын табатын Қосжан емес пе едің, бірдеңесін ойласаңшы", дегенде, Қосекең:

Құсайын-ау, Құсайын,
Аурудан қайда қашайын.
Тура ажал келгенде,
Қандай амал жасайын? - деп жауап берген екен.

ХРУЩЕВТІҢ БАСЫ...

Хрущевтің заманында газеттер соның сөзімен ашылатын еді ғой. Сөздерінің мәтіні телетайып арқылы алынады, журналистің бірі түнімен кезекшілікте болады. Сондай қарбалас күндердің бірі болатын. "Социалистік құрылыс", қазіргі "Атырау" газеті редакциясында жауапты хатшының орынбасары болып істейтін Сапағали Шәкімов (марқұм) корректураға телефон шалып:

-Қыздар, Хрущевтің басы алдарыңдағы папкіде, аяғы теруде ғой. Мұқият оқыңдар, - деді.

Н.С.Хрущевтің шетелге барғандағы бір сөзі мен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесінде сөйлеген сөзі қатар беріліп жатқан тұс еді. Бұл корректорлардың арасында жұмысқа жаңадан алынғаны да бар болатын. Сапекең мұндайда жиі ескертпе жасап отыратын. Сапекеңнің телефонмен айтқан нұсқауын құлағы шалған әріптес інілері: "Сапеке, папкаңызға салмайтын затыңыз жоқ екен, тіпті Хрущевтің басын да әкеліп салғансыз ба?" – деп қалжыңдайтын еді.

ҚАЗИХАН МЕН МҰҚАН

Қазихан мен Мұқан алпысыншы жылдардың орта шенінде танысады. Мұқан университет бітіріп, туған облысына жолдама алып келеді. Бұл кезде Қазихан облыстық оқу бөлімінің кадр жоніндегі инспекторы болып істейтін. Мұқан ат басын оқу бөліміне тірейді. Қазихан бірден: "Қалада орын жоқ, Маңғыстауға барасың",- деп қиғылық салады. Мұқан үшін Маңғыстауға бару жер ауғанмен бірдей еді.

-Ағай, қалада қалуыма көмектессеңізші, - деп жалынады. Ол дегені болмады. Ақырында "Коммунистік еңбекте" (қазіргі "Атырау") бір орын бар дегенді естиді. Редакторына жолығып, жұмысқа орналасуға келіседі. Арада бірер жыл өтер - өтпестен редакцияға Қазихан да жұмысқа орналасады.

-Артымнан қуып келуден саумысың? – дейді енді Мұқан.

- "Ағай, ағай" деп мүләйімсігеніңе қарап, жасы менен көп кіші екен десем, өзімді өкшелеп жүр екенсің ғой, - деп қағытады Қазихан.

-Қайдан білейін, бет-аузың он жыл бойы өтектеусіз умашталып қалған киім сияқты екен,- дейді Мұқан да беріскісі келмей.

-Сөзің бар болсын, мұртың қайда, мұртың бар еді ғой.

-Биылғы жаз қуаңшылық болып, шөп шықпай тұр ғой. "Немене сәндікке қойып жүрмісің мұртыңды", - деп, алдында редактор алғашқы рет көргенде-ақ ұнатпай қараған соң қырып тастағам-ды.

Құрдастардың қалжыңы қалай айтса да жараса береді екен ғой.

БІР ТАМШЫСЫН ҚАЛДЫРМАЙ...

Бірде бас редактор редакциядағы бөлмелердің бірінде алдыңғы күні жұмыстан кейін бірнеше адамның бірігіп арақ ішкенін естиді. Сезіктілерді анықтай бастады. Олардың бірі Әліпбайдан:

-Үстел үстінде тамақтың қалдықтары, стақан түбінде арақтың сарқындысы қалыпты. Ішінде сен болыпсың ғой,- дейді редактор.

-Мүмкін емес, -дейді Әліпбай мүдірместен. Мен әуелден-ақ сарқынды түгіл, бір тамшысын да қалдырмай ішемін ғой...

Теңдік ЖАУЫРҰЛЫ.

***

ТҰРАР ҚҰРМАНҒАЛИЕВ ҚҰРДАСТАРДЫҢ ҚАЛЖЫҢЫ

Әр жастың өзіне лайықты әзіл-қалжыңы бар. Соларды зерделесек, ерекшеліктері де мол екен: ашық-аңғалдығы, тәлім-танымы, шынайы-шыншылдығы, кішіге ізеттілігі мен үлкенге сый-құрметі, т.б.

ҚҰДАЙЫҢ КЕЛІП ТҰР!

Бұрынғы Теңіз аудандық партия комитетінің елуінші жылдардағы бірінші хатшысы Тұрғамбаев Сағынтай, қасында жастар ұйымының жетекшісі Сүйінов Сейфолла бар, "Алға" колхозының құмдағы малшыларын аралай, ауылға қайтып келе жатады. Шаруаның қыры кетіп тұрған тұсы болса керек, шам жаға ауыл шетіне іліккен Сәкең: "Осында қонып, ертең ертелетіп жиналып, мынандай иесіздікті індетпесек болмас. Сенің бұл ауылда танысың бар ма?"- деп сұрапты. Мектеп директоры Мұғаев Ерік деген құрдасының бар екенін айтып, Сейфолла машинаны соның үйіне қарай бұрғызады.

Қыстың кезі, қараңғылық ерте түседі. Еріктің үйінің есігі іштен кілттеулі тұр екен. Сыртты айналып, терезеге келіп, ішке үңіледі. Үй иесі бастаған бір топ адам май шамды ортаға алып, карта соғып отыр екен. Сейфолла терезені қағып-қағып жіберіп, елеңдеп тұра келген Ерікке: "Мұғаев, есігіңді аш, құдайың келіп тұр",-деп дауыстайды. Құрдасы екенін таныған Ерекең: "Мен саған құдайдың кім екенін көрсетейін", – деп басу айтқан Ағзиланы тыңдамай, сыртқы есікке тұра жүгіреді. Бұл кезде Сейфолла үлкен Сәкеңді есіктің өтіне қойып, өзі тасаланып тұрады. Етті-жеңді, қол-қаруы мол Ерекең хатшы Сәкеңді жағасынан алып, қасаң қарға аунатып, кеудесіне қонып-ақ алады.Сейфолланың басу айтып, шыр-пыр болғанын да естімейді. Енді ол даусын көтеріп: "Әй, Ереке, умаждап жатқаның бірінші хатшымыз Сәкең ғой, мен мұнда тұрмын"- дегенде барып есі кіреді. Өзінің қай "құдаймен" алысып жатқанын енді түсінген Ерекең үнсіз қалып, үйге қайтадан жүгіреді. Мұндайда жөн-жосықты жақсы білетін Ағзила келіп, сыпайы ағасын төрге жайғастырып, кешірім сұрап жатады. Мәселенің мән-жайын түсінген Сәкең Еріктің қолы батып кеткен мойнын сипалай: "Япырмай, ойындарың қандай қатты еді, өлтіріп тастай жаздадың ғой, інім",- депті төмен қарай, үнсіз қалған Ерекеңе. "Оқасы жоқ, кешірдім, інім",- деп күлімсірепті.

ӘЗІЛІҢ ЖАРАССА... СУ ПОМПЫСЫ

Қарабайлыда Тайлы есімді сөзге жүйрік, ойы көсем қария болды. Қазір сол кісінің айтқандары еді дегенді көбірек естіп жүрміз.

Сол кісі үйіне жете алмай, дүкеннің алдында тұрса, ала қырдан шаршап-шалдығып келе жатқан Шияпқа кездесіпті. Гүр-сар етіп тоқтаған машинаның кабинасынан шығып, бірден капотын ашып, моторына үңілген жүргізушінің қасына келген қария:

-Шияпжан, машинаң бұзылып келеді-ау? – деп сұрайды.

-Ия, помпысы кетті,-дейді Шияп.

-Кәне, қай тетігі? – деп үңіледі Тайлы. Орынсыз киліккен қарияға ренішін жасырмай:

-Міне, мына бір басы имиген сары темір, - дейді Шияп.

-Е, ондай темірдің екеуі бар үйде. Анада экспедиция адамдарынан сұрап алғанмын.

Қарттың сөзіне сеніп қалған Шияп оны қасына отырғызып, қыр астындағы үйіне алып келеді.

Тайлы кідірткеніне көнген Шияп келген шаруасын бітіруді өтінді. Ал Тәкең болса, асықпай үлкен баласы Ғарипқа:

-Ғарипжан, мына Шияпқа үлкен атаның помпысын шығарып берші, жарамаса сары тайлақтыкін көрсет, - депті

Шияп санын бір- ақ соғыпты.

ШАҢЫРАҚ КӨТЕРУ

Соғыс жылдары Қарабайлыдағы Қарағұлдың үш ұлы бірдей майданға аттанып, келіндерінің қолына қарап қалады. Ауылда азамат атаулы саусақпен санарлықтай. Жазғытұрым көлігі барлар қыр асып, жайлауға шығып, жоқтары жер үйінің алдында екіқанат қос -күрке тігіп отырады.

Қарекең бес қанат киіз үйін тікпек болады. Үш келінін керілген керегенің жан-жағына қойып, өзі шаңырақ көтермекші. Үстінде кең пішілген дамбал-көйлек. Дамбал бауы жіптен ширатып ескен, созылуға да, тарылуға да жоқ дүние болса керек. Алақанына түкіріп, "Әуп!" деп шаңырақты көтере бергенінде, бауы сырт етіп үзіліп, дамбалы сусып, тізесінің басына түсіп кетеді. Жандәрмен қылып, шайқалған шаңырақ кигізілген ауыр бақанды күш салып көтеріп, білегінен түсірмей, беттерін басып, теріс айналған келіндерге ұрысады.

-Әй, атаңа нәлеттер, өлтірдіңдер ғой!- деп айқайлайды. Үлкен келіні жанарын төмен салып келіп, шаңырақтың ұясына уықты шанша беріпті. Қалғандары да соны істеп, атасының қолын босатыпты.

БАСТЫҚ ПЕН БАСБУХ

Әрі айтқыш, әрі ақын Ғиззат Әбілтаев облыстық мәдениет басқармасында жұмыс істейді. Оның айлық жалақысын белгілеген кезде басқарманың бастығы Орекең мен

бас есепші марқұм Мүбин штат кестесіндегі 140-160 сомның орнына 140 сомын көрсетіпті. Ол кезде жиырма сом жарата білген адамға аз қаржы емес.Соны бермегеніне наз айтып, Ғизекең:

Білімім кем бе басқадан,
140 сом ақша алам.
Өсіреді ғой деп ойлаймын,

Бастық пен басбух жақсы адам, - деп жазып, басбухтың столына қойып кетіпті. Ертесіне айлығын 160 сомға өсірген бұйрық шығыпты.

Тұрар ҚҰРМАНҒАЛИЕВ, Жұмаш НАҚПАЕВ

ШЫНЫАЯҚТАР МЕН КЕСЕЛЕР

Айдалада отырған кішкене ауылдың әйелдері той өткен соң жас келіннің қолынан шай ішуге жиналады. Дастарқан жайылып, ақ бауырсақ төгілгеннен кейін жаңа түскен келін қызыл ала көрпесіне отырып, шай қамына кірісті. Бұл Алматыдағы лицейдің аспаздық бөлімін бітірген әп-әдемі ұйғыр қызы Райхонгүл еді...

Әңгіме гүлеп, отырыс басталды. Бірақ шыныаяқтар мен кеселер екінші рет айналғанда төрдегілерден ескертпе, тілектер көбейді. Алдымен ортада отырған ақ жаулықты шешей:

-Балам, маған сүтіңді көбірек саларсың, – деп бір қойды.

-Иә, үлкендердің бабын табу қиын. Қызылын сәл тамызсаң болды, - деп қостады онан төменірек жайғасқан ақ шашты әже.

-Бәріміз де айта алмай отыр едік. Менікі мына ояң кесе. Ақ суыңды молдау құй...

-Айналайын, ақ келін, маған қарама. Басқаларға құя бер. Давлениесі түскір ыссысын ішкізбейді....

Бұларды айтып отырған - соңынан кешігіп келген екеу. Төртінші, бесінші айналымда үш-төрт кесе ішілместен кейін қайтты.

-Шырағым, түсін бұз. Қызарт.

-Сүтің қонбады. Тағы бір рет демдеп жібер...

- Онша толтырма. Көкірек толып кетті.

Осылайша келесі айналыс таяғанда Райхонгүл орнынан тұрып, ақырын ғана бірдеңе айтқандай болды да, тездете басып шығып кетті. Содан дастарқан басына қайта оралмады. Біраз кідірістен кейін осы үйдің кемпірі шай құюға өзі отырды.

-Өздері құйып, іше берсін, – деп жылап отыр деді самаурынды еселеуге кірген көрші үйдің аурушаң әйелі.

-Бергенін үнсіз іше бермей, біздікі не екен?

-Өзімізге де сол керек,- деді алғашқы сөз бастаған жаулықты. Оған біреу қарсы шықты.

-Е, біз не деп отырмыз? Шыдаса қайтеді? Біздей анадан шықты емес пе?...

-Жастық қой, - деді тағы бірі бұл әңгімені өршіткісі келмеген сыңаймен. – Былтыр Шымкенттегі құдамызға барғанда өзбек көршісі: «Он қазаққа шай құйып бергеннен бір гектар жердің мақтасын терген оңай», - деп күлдіртіп еді. Біз де сол айтқандай болдық-ау!

Отырғандар күлісіп, қайта дуылдап кетті.

"БЕТІМ-АУ, НЕ ІСТЕЙІН САҒАН"

Ертеректе ауылымызда бір ұмытшақ карт болды. Оның ұмытшақтығы сондай – қазір естігенін қазір ұмытып, табанда білмей қалатын.

Бір күні кемпірі көшенің шетінде тұратын ауылдастары – қос қарияның үйін қонақтық шайға шақырып кел **деп** жіберіпті.

Әрі-беріден соң сол карт үйіне қайтып келеді.

-Иә, айттың ба, келе ме? – деп сұрапты кемпірі.

-Нені айтасың?

-Ойбай-ау , сен қонақ шақыруға кеткен жоқпысың?

-Е, қайдан білейін. Барсам шай ішіп отыр екен. Соған кідіріп қалдым да, ол біткесін үйге жүре беріппін.

-Әй, сөйтеріңді біліп едім. Бар енді, қайтадан хабарлап кел. Мен әзірленейін.

Сөйтіп, ол екінші рет кетіпті. Бірақ орта жолда тағы да басқа таныстарына кезігіп, әңгімелесіп қалады да, өзінің қайда, не үшін бара жатқанын ұмытып, үйіне қайта келіпті де:

-Осы сен кімге, не айт деп едің? Соны қайталап берші, – депті.

-Әлі айтқан жоқпысың?!. Бетім-ау, не істейін саған, "шай ішіп кетіңдер деп айту қиын боп па? Ұмытып қалатын болсаң: "Шай ішіп кетіңдер деп айтам-ау", – деп қайталап бармайсың ба? Бар тездетіп. Бір жаққа кетіп қалар...

Бірақ үйден шықпай жатып карт: "Шайды ұмытты, сосын "ішіп кетіңдер" деген сөз естен шықты. Тек "айтам-ау", – дегенді қайталай беріпті.

Үйдегілер: "Мынау жап-жаңа келіп кетіп еді, не боп қалды екен", - деп аң-таң. Хабаршы бір сөзден таңбаған соң:

-Мынау ауырып тұрған шығар, – деп екі қолтығынан демеп, үйіне әзер алып барыпты.

Содан бастап карт "Айтам – ау" атанып кетіпті.

Жұмаш НАҚПАЕВ

***

СЕЙІЛҒАЗЫ ӘБДІКӘРІМ

ҚОЙШЫҒҰЛДЫҢ АЙТҚАНДАРЫ ӨЗІҢНЕН КҮШТІ ШЫҚСА...

Қойшығұл Жылқышиев 18 жасында әскер қатарына шақырылып, бұйра шашын сыпырып алдырып тастапты. Осыны көрген бір ақын:

Қойшығұл, әзілдесіп отырайық,
Немене, қалыпсың ғой тоқырайып?
Кеткен соң ұзын шашың-сәнің кетіп,
Япыр-ай, қалғаның-ай жапырайып! – депті.
Сонда жас ақын:
Ағаеке, не ерсілік басымда бар?
Емес қой шаш дегенің – шашылған ар.
Өзіңнен күшті шыкса бір күндері,
Шаш емес, бұтыңдағы тасыңды алар! – деп жауап берген екен.

"БАҒАЛАЙ БІЛМЕГЕН"

Айдаудан ашынып оралған ақынның әлдекімдерге тілі тиіп, кейін онысы өзіне пәле болып, бірер басшы оны жұмыстан шеттетуге тырысқан сыңайлы. Соны бір басшы досына сыр етіп айтып отырса, анау: "Әй, олар да бір..." қойды баға білмеген қуалап өлтіреді", – деп, сенің кім екеніңді білмей жүр дағы" – депті .

-Жоқ, Мәке, ол мақал қазір былай өзгерген: "Қойшығұлды бағалай білмеген қудалап өлтіреді", - деп, Қойшыекең өзінің анау-мынауға мойи қоймайтын мінезімен қарқ-қарқ күліп, жөніне кетіпті.

Сейілғазы ӘБДІКӘРІМ.

***

АҒЫНАН ЖАРЫЛУ АРТЫН ТОСПАЙ-АҚ

Ащы суға келгенде алдына жан салмайтын күйеуі әйеліне:

-Бізде Жаңа жыл құрметіне арақ ішушілердің жарысы болды...

Сонда әйелі тұрып, сөзінің артын тоспастан күйеуіне:

-Екінші орынды кім алды? – деген екен.

ДӘУЛЕТҚАЛИ АРУЕВ

***

ҚАБЕКЕҢНІҢ БІРҚАҚПАЙЛАРЫ "СЕН ТАҚЫРЫПСЫЗ ҚАЛАР ЕДІҢ"

Қабекеңнің інісі жазушы Нәбиден қыдырыстап елге келіп жүргенде, қасындағы жазушы жолдастарына ағасын таныстырып:

-Бар білімі жеті-ақ класс, оқымай қалған кісі,- депті.

-Оған шүкір ет, шырағым. Мен оқып кетсем, Махамбетті мен жазып, сен тақырыпсыз қалар едің, - деген екен Қабекең намыстанып.

"ТАМАҚ БОЛМАСА ШӨЛДЕТЕ МЕ?"

Соғыстан кейін азаматтардың басы қосыла қалса думандатып, көбірек ішіп жүретін жылдар болса керек. Қабекең бірде ішіп келіп, түнде қайта-қайта су іше беріпті. Оны байқап жатқан шешесі таңертең ренжіп:

-Қарағым-ау, сол құрғыр тамақ бола ма, неге ішесің ? – депті.

-Әй, мама-ай, өзің ішпеген соң білмейсің ғой, тамақ болмаса, шөлдете ме? – деген екен.

"ҰРЫСҚАНЫҢДЫ ЕСТІП ҚОЙЫПТЫ"

Тағы бірде үйге қызыңқырап келіп:

-Мама, балалары арақ ішетін кісілердің пенсиясын тоқтатып тастапты, соның ішінде сен де бар екенсің, - дейді.

-Қой, ойбай, үкімет оны қайдан біледі? – дейді ғой үлкен кісі.

-Осы күні техника деген керім ғой, сенің маған ұрсып жатқаныңды естіп қойған ғой,- дейді баласы.

Содан кейін ол кісі баласына көп ұрыспайтын болыпты.

ҚҰРДАСЫМ ТОЛЫП ТҰР МА?

Сөзі мен жайсаң мінезін сыйлайтын ауылдас інілері бірдеңе іше қалса Қабекеңді қалдырмайды екен. Бірде әйелі:

-Баламен де, шағамен де іше бересің, -деп ренжіпті.

-Сен де қызықсың-ау, кемпір, бірігіп арақ ішетін менің құрдасым толып тұр ма, көбі соғыста жоқ болды ғой, - депті Қабекең.

ӨЛГЕНІ ЖАҚСЫ БОЛДЫ...

Қабекеңнің шешесі жүзге тақап барып, өзінен бір жылдай бұрын қайтыс болды. Қаделерінің бірінде келгендер бірінен кейін бірі:

-Жасы жеткен кісі ғой енді, -деп қазаны жеңілге санай беріпті.

Сол көңіліне келіп қалса керек, Қабекең:

-Иә, өзім жетпіске келгенде шешем бар деуге ұялып жүретін едім, өлгені жақсы болды , - деген екен.

МЕНЕН ҚОРЫҚПАҢДАР

Қабекең қайтыс болар алдында облыстық ауруханаға жатып, дәрігерлер ұзақ бақылапты. "Дәрі ала алмады, пышаққа жүгінсек қайтеді",- дейтіндер болыпты. Бұны біліп жатқан Қабекең:

-Немістің оғынан қорықпағанда, сендердің пышақтарыңнан қорықпаймын, соя беріңдер, - дейді.

-Сіз қорықпағанмен, біз қорқып тұрмыз-ау, жүрегіңіз осалдау, - дейді дәрігерлер.

-Несіне қорқасыңдар, тірі қалсам, алғысымды айтам. Өліп кетсем, қайта келіп дауласпаймын ғой, - депті жарықтық.

ОНЫҢ ЖАРАСЫ ЖЕҢІЛ

Қабеккең соғысқа қатынасып, бір аяғын беріп келген адам. Оған мүгедек ретінде зейнетақы төлейді. Айлық алған сайын бастығы:

-Қабекең бәрімізден де көп алады, - дей беріпті.

Сондай күндердің бірінде Қабекең:

-Ақшаның көп алғыларың келсе, оның жарасы жеңіл. Бір аяқтарыңды кесіп тастаңдар, екеуін кессеңдер онан да көп аласыңдар, - деген екен.

ТЕК ӨЗІҢ ІШСЕҢ...

Қабекең кейін ішімдікті қояды. Зейнеткерлікке шыққан соң да тыңайып, ұсақ-түйек жұмыс істеп жүреді. Сонда балдыздарының бірі:

-Қабеке, бұрын арақты көп ішкендердің біразы ауырады, сіз әлі жақсы екенсіз, -деп қағытыпты.

-Әй, шырағым-ай, олар қызыл қуырдақ, бадана бауырсақ, қазы-қарта мен бағыланның жас етімен былықтырып ішкендер ғой. Тек өзін таза ішсең, түк те зиян болмайды, -деген екен.

ӨЗІМНЕН АУМАҒАН...

Жақсы көретін жиені бірде амандаса барып, 2-3 күн жатыпты. Оның да тамақты аз ішетіні, ішімдікке көзқарасы,қақпай сөздері, бұйралау шашы нағашысынан ауымайды екен.

Кетерде аман-есендесіп тұрып Қабекең:

-Апыр-ай, бір аяғыңды кесіп тастаса, мен болып шыға келейін деп тұр екенсің, - депті риза болғаннан.

ӨСЕКШІЛЕР ӨТІРІКШІ БОЛМАСЫН ДЕП

Бірде бастығы шақырып алып:

-Қабеке, сіз ішімдікке әуес дейді, оныңыз не, қойсаңыз қайтеді, - депті.

-Ондай кемшілік бар. Тап күні ертең қоя қоямын деп уәде бере алмаймын. Енді олай етсем, мені ішкіш деп сізге өсек тасығандар алдында уәдені бұзсам, өзім өтірікші болып қалам ғой, - дегенде, бастық басын шайқапты.

ДҮНИЕ КЕЗЕК ДЕГЕН...

Әлдебір қонақтықтан тарап жатқанда, үй иесі ауыл әдетімен кебіс киер (шығар аяқ) жасап, еркектер кідіріп қалса, әйелдер күйеулерін жүр-жүрдің астына алып, құйылып жатқан арақты ішкізбеуге әрекеттеніпті. Басқасы қипақтап ештеңе айта алмай қалған соң Қабекең:

-Сендер де қызықсыңдар, мана үйден шыққанда бізді бір сағат күттірдіңдер, енді бес минутқа шыдамайсыңдар. Дүние кезек деген, міне, осындайдан қалған, - деп тауып кетіпті.

ҚАНША ІШСЕК ТЕ...

Қабекеңнің жасаңдау кезінде елге сыйлы Жауынбай деген жақын ағасы інісіне арнайы келіп, ақыл айтпақшы болыпты. Қабекең ұйықтап жатқан соң, көрші үйге кіріп шай ішіпті, зорлаған соң жүз грамды да жіберіп қойыпты. Жайлауда жақын қонған киіз үй ғой, оның бәрін Қабекең түрулі тұрған іргеден көріп жатады.

Әрі-беріден соң Жәкең де келіп, інісіне ұрса бастайды. Әбден тыңдап болған соң Қабекең;

-Апырым-ай, Жәке-ай, өзіміз қанша ішсек те кісіге ұрынбайтын едік, сіз жүз грамм ішіп келіп, таң атпай мені сойып салдыңыз-ау , - дейді.

Сонда сасып қалған ағасы:

-Ой, айналайын, аман болсаң болды, - деп қисая кеткен екен.

Екеуі тағы рюмка қағыстырса керек.

БІР АБАЙҒА МІНГЕСІП...

Бірде университет профессоры студенттерге курс жұмысын жаздырып, оны қорғатып отырады. Кезек біздің жерлесімізге келгенде, оның "Шешендік сөздер" деген тақырыбын жаратпай:

-Бұл бір жауыр болған тақырып қой, - депті профессор.

-Ой, ағай-ай, жиырма шақты кандидат пен 4-5 доктор бір Абайға мінгескенде, жарты ғасырдан бері жауыр болмай –ақ жүр ғой. Жалғыз Балтабай Адамбаев зерттеп жүрген шешендік сөздің арқасының сонша осал болғаны ма?- деп салыпты.

Профессор үндемей қалыпты. Сөйтсе, Абайға "мінгесіп" жүргендердің бірі сол екен.

ТАЯҚ ЖЕП ЖҮРЕМ БЕ...

Бірде кешірек жалғыз келе жатса, екі орыс жігіті ұстап алып, азын-аулақ ақшасы мен сағатын тонап алыпты. Кейін оны естіген жолдастары:

-Соққан жоқ па, әйтеуір,- деп сұраса жерлесіміз.

-Жаман орыстан таяқ жеп жүрем бе, қолын сермей бергенде, құлай кеттім,- деп мақтанған екен.

СЫРА ІШУГЕ КЕЛГЕНДЕ...

Ыстық күндердің бірінде шөлдеп келе жатып, қасындағы Лұқпан деген жолдасына сыра алғызғысы келеді. Ол болса бірден шашыла қоймай:

-Сыраны, осы екеумізді қосып бір ауыз өлең шығаршы,-дейді.

Сонда жерлесіміз:

-Мына тұрған Лұқпан,
Сыра ішуге келгенде,
Келмейді біздің жұлықтан.
Мына тұрған Мұратың,
Сыра ішуге келгенде
Талайдың аузын ұратын,-депті.

СТРАХОВКА

Ол оқып жүргенде, оқуын бітіріп кеткен, не шығып кеткен бұрынғы студенттердің әртүрлі құжаттарын жинап жүреді екен.

-Әй, оны қайтесің?-десе,

-Бұл, шырағым, ресторан мен сыраханаға барғанда таптырмайтын страховка,-дейді екен.

ӘУЕЛІ ӨЗІҢДЕ БАРДЫ...

Газет қызметінде жүргенде бір әріптесі жаңа жылдық номерге "Бір қасық ақыл" деген сықақ әңгіме жазыпты. Оны көрген жерлесіміз:

-Апыр-ай, қаламгерлер әуелі өзін жазады деген рас екен-ау,- депті.

МЕН КІМ?

Бірде мектепке тексеруші келіп:

-Тапсырмаңызды оқушылардың жартысы ғана орындапты, -деп ескерту жасапты оған.

Сонда жерлесіміз:

-Ой, қарағым-ай, бәрі орындала берсе, ол тапсырма бола ма? Бізде Елбасы мен үкіметтің тапсырмалары жартылай да орындалмай жатады, ғой. Оның қасында мен кім? – деген екен ол саспастан.

Марат АТАШҰЛЫ

АЙНАЛМАСЫН ӘДЕТКЕ

Новобогат селосында сол жылдары селолық Кеңестің ұзақ жылдар хатшысы, кейіннен төрағасы болып Әженов Қабдіреш дейтін Жәкеңнің тағы бір құрдасы істеді. Бірінде шаруасы болып хатшының кабинетіне барса жабық тұрады. Ертеңіне түскі үзіліске тақап барса, тағы жабық тұрады. Сол бойда Жолдас бір парақ қағазды алады да:

Келіп едім советке,
Шығып кетіпті обедке.
Ерте кетіп, кеш келу,
Айналмасын әдетке,- деп жазып, есіктің сыртына іліп кетеді.

ЖИЕНГЕ ЕСКЕРТПЕ

Жәкең жиені автодүкен сатушысы Салауат Хисымовпен бірге жаз жайлауы болып есептелетін Қаштай өңіріне малшыларды аралауға шығады. Жиектегі Жасқайрат елді мекенінде Жәкеңе 60 сомның етігін 70 сомнан сатып береді. Жәкең әрідегі отырған шопандарды аралау үшін қалып қояды да, жиені орталыққа кері қайтады. 2-3 күннен кейін Новобогатка кері оралып келе жатса, автолавка орта жолда, қатты жаңбырдан кейінгі балшыққа батып жатыр екен. Сол кезде:

Автолавкаң да сенің көкала, өзің де сенің көкала,
Балшыққа түспей, қарағым, құрғақтау жермен жағала.
Тиынын жеме халықтың, еңбегің сыйла, бағала,
Судан шабақ жейтұғын, емессің ғой сен шағала, - деген екен.

СҮМ ҚҰСТАР БҰҚПАЛАҚТАП

"Новобогат" кеңшарына 1980 жылы директор болып Төре Дәулетияров келді. Ол басшы болған аз ғана мерзімнің ішінде шаруашылықтың экономикасы өрге басуы өз алдына, орталық усадьбаның әлеуметтік-мәдени бедері айшықталып үлгерді. Бір жылы 1 Мамыр мейрамын орталықтан 20 шақты шақырым жердегі Жанкелді жайлауында мейрамдауға (маевка) жиналады. Оның ішінде кейбір басшы аппараттағылар айла-шарғы, қулық есеппен қатыспай қалады. Артынан бұл шарадан құлақтанған Жөкең:

Дәу бүркіт бір қозыны бөктерді де,
Қоныпты егінжайдан шеткеріге.
Қонаққа үй құстарын шақырыпты,

Мейрамды елден бөлек өткеруге.
Сұм құстар бармай қалды бұкпалақтап,
Бүркітке бір есептен кінә тақпақ.
Барды тек екі-үш қана жағалтайлар.
Олар да "аман қайтты" құдай сақтап,- деп өлең шығарыпты.

Осындай мейрамдарда, отырыстарда карта ойналатыны белгілі. Ондайда көбінесе шаруашылық басшысының "қолы шыққыш" болып, келушілердің қалтасын жұқартып жіберетіні болады. Соны Жәкең мысалға кірістіріп жеткізген ғой.

ІНІГЕ ӨКПЕ

Отыз жылдың үстінде үзіліссіз «Новобогат» кеңшарында еңбек етіп, 1987 жылы зейнеткерлікке шыққан соң Жәкең бірде көмек сұрап, ұжымға арыз береді. Ол арызды карап шешуді директор экономист Нұрлан Мұқамбеталиевке тапсырады. Бірақ арыз шешімін таппай, көп жатып қалады. Үшінші рет барғанда Жәкең ренжіп:

Туған сенің әкеңменен бірге өстік,
Асық ойнап, асыр салып күрестік.
Мамаңды да үйге әкеліп кіргіздік,
Жартыны да емежарқын бірге іштік.
Сүйткен менің арызым неге кешікті?
Қайта-қайта қақтырдың-ау есікті.
Мамаларың ас қамымен жүргенде,
Тербетуші ем сені бөлеген бесікті, - деп жазылған қағазды береді де, шығып кетеді.

БАЛДЫЗҒА БАЗЫНА

1980 жылдары "Новобогат" кеңшарында кәсіподақ комитетінің төрағасы болып Әнуарбек Зайдуллин деген мамандығы мұғалім жігіт істеді. Ол Жолдас Абдолұлы ағамызға бір жағынан балдыз болып келетін еді. Соңғы кездері оның жұмысқа самарқаулығын мынандай өлең жолдармен білдіріпті:

Қусырылған екі қол,
Жазылмастай қозғалып.
Ұшатұғын бүркіттей
Екі жағын қомданып.
Бұрышқа қарап қалыпты.
Көзін қысып ойланып,
Отыра берсең осылай,
Уақыт кетер ұрланып.
Малшылардың кеп жатқан
Шықпаймысың алдынан.
Кино-концерт, барды алып.
Үзер еді-ау желкеңді,
Қайта келсе Жұбанов.

Мұндағы Жұбанов ауданға белгілі партия және еңбек ардагері, кеңшарда бұрын партия ұйымының хатшысы болған, талапшыл қызметкер және бір жағынан Жөкеңнің жездесі болатын.

...МЕЙЛІ ҚҰРТАДЫ

Жұмыстың әр саласында жүретін Мәкең құм учаскесінде көмекші шопан болып уақытша істеп жүреді. Мезгіл пішен дайындау, оны қыстақ басына тасымалдау кезі болса керек. Бірде малшыларды аралап жүрген кеңшар директоры Мәлік Еркеғұлов осында келе қалды. Ойын бүкпей айтатын Мәтжан: "Ту-у, Новинскіден К-700-дермен тасысақ, әлдеқайда үнемді болмай ма. Бірнеше уақ машинаны басқа жерге пайдаланып",- дейді ғой.

-Оны шешіп отырған мамандар бар ғой, біз өз жұмысымызды білейік, - депті директор.

Енді бірде Папанин қырықтық пунктінде жабағы алу жұмысы кезінде жұмыс басына келген ферма меңгерушісі Ұзақбай Уәлиевке: "Осы қойларды купкаға салмай қыркып жатырмыз, ол қойға да бөгеу, жүннің сапасына да кері әсерін тигізетін шығар",- дейді.

-Мәке, ол жағын ойластыратын жауаптылар бар ғой, мейлі білсін, біздер өз ісімізге мұқият болайық,- депті.

Сонда Мәтжан: "Қазақты "мейлі" құртады, орысты "х... ня" құртады деген екен.

АҚЫЛСЫЗ КҮНДЕ МАС

Мәкең ішімдік атаулымен онша кетәрі емес, мүмкіндігі болса жұтуға бар болатын. Ауылдағы үйлену тойларының бірінде аздап "жұтыңқырап" алған Мәкеңе құрдасы, учаскелік инспектор Кенжеғали Жұлқашев: «Үйге барып демалсаңшы», - дегенде:

"Ақылды тойда мас,
Ақылсыз күнде мас", - деген екен.

РЕНЖІТКІМ КЕЛМЕЙДІ

-Шырақ жасың болса отыздан асып кетті. Көрік десе көркің бар, тіл десе тілің бар. Осылай салқамсоқтанып жүре бересің бе, қашан үйленесің? – деп жеңгелері айта беретін көрінеді.

Сонда Мәкең: -Мен біреуге үйленсем, басқа қыздар бізге үйленбегені несі деп ренжімей ме. Ешкімді де ренжітіп, көңіліне қаяу салғым келмейді, – деген екен.

ЖҮРТТАН ҰЯТ ЕМЕС ПЕ?

Мәкең: "Мені тойға шақыра бермейді, ал бірақ қайғылы жерге, отбасына қолымнан келгенше көмектескім келіп тұрады",- деуші еді. Және үнемі осындай жерде өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен, істі үйлестіргіштігімен, ұйғарымдылығымен көзге түсуші еді. Соңғы кезде ауылға молда болған әрі жездесі болып келетін Зайдолла ақсақал бірде:

-Мәтжан, сенің осындай жақсы істеріңді "ащы сумен" шайып кететінің бар, соны қойсаң қайтеді, - дегенде:

-Жезде-ау, жас кезімнен "қосылған" жан жолдасымнан пайғамбар жасына жақындағанда ажырасып кеткенім жұрттан ұят емес пе? – деген екен.

Ибатолла СӘТЕНҰЛЫ

ДҮКЕНГЕ ТАЛ ТҮСТЕ КЕЛІҢІЗ

Қабдолдың соғыстан бұрын дүкеншілік қызмет атқарып жүрген кезі екен. Бір кило тары үшін жыл арқалап сотталып кететін ауыр заман.

Бір күні Қабдолдың үйіне кештетіп қыс мезгілінде Ниязғали деген аталас ағайы келеді. Ол өзінің көлденең қиындыққа тап болғанын айтып, бір қап астық сұрайды.

-Түнде алған ұрлық болады, - дейді Қабдол лезде амалын тауып. Дүкенге ертең тал түсте тәуірлеу көлікпен келерсіз және жаныңызда осы ауыл танымайтын бір жастау жігіт болсын.

-Мен түсінбедім-ау, неге бұлай дейсің?- дейді ағайыны.

-Кейін түсінесіз, аға. Осы айтқанымды бұлжытпай орындарсыз.

Ертеңінде қасында орысша киінген жас жігіт бар Ниекең жарау ат жеккен ырғақ шанамен дүкен алдына салып-ұрып жетеді. Олар ішке кіріп келгенде, ауылдың үш-төрт адамы әңгіме-дүкен құрып тұрады. Қабдол өтірік абыржып, сасқалақтаған болып Ниязғалидың жанындағы адамның тергеуші екенін айтып, тез дүкен ішін босатуды сұрайды. Жұрт қарасын батырған соң, бір қап астық шанаға тиеліп кете барады. Ал тергеуші дегеннен өлердей қорқатын ауылдастары қайта оралып:

-Ойпырмай, тыныштық па? – деп сұраса,

-Әркімнің тамағы жақын ғой, бір қап астық беріп, оңай құтылғаным, – депті Қабдол.

БАРЫМЫЗ ҒОЙ, БӨЛЕ

Қабдол 1944 жылы бір аяғынан жараланып, таяққа сүйеніп елге оралады. Үй ішінің арып-ашып қалғанын көріп, ертеңіне колхоз кеңсесіне келіп, басқарма Рақымнан жұмыс сұрайды. Рақымның Қабдолға ауылдас ағайындығымен қатар бөлелігі де бар еді.

-Қара жұмыс қолыңнан келмейді, атқамінерлікке тағы орын жоқ. Сен үйреншікті кәсібің дүкеншілікке бар, оған көмектесейін, - дейді басқарма бөлесі.

-Ішінде түк жоқ, қаңыраған дүкеннен не алам. Одан да жүдеп қалған балаларыма сүт ішкізейін, сиыр фермасын бер, – деп қолқа салады. Бірақ онда кісі болғандықтан басқарма көнбейді.

Бір күні Қабдол Рақымды аман келгенім үшін деп үйіне қонаққа шақырады. Алдын-ала әйеліне ескертіп сүтсіз шай, ақ сөктен қатықсыз төл пісіртеді. Нанды да атшоңқайдың ұнынан илеп, есесіне арақты мол қояды.

Басқарма дастарқанға көңілі толмаса да арағын ішіп, барына риза болғансиды. Бірақ бөлелігі ұстап:

-Әй, Қабдол, шайыңның сүті жоқ, қәшіңнің жылтырағы жоқ, құр арақты ішіп-ішіп, уланып өлеміз бе, - дейді әзіл-шынымен.

-Барымыз ғой бөле, дүкенде осы шіркіннен басқа түк жоқ, сенен фермелікті сұрағаным да осы еді, - дейді Қабдол.

Кейін Рақым бөлесіне сұраған жұмысын беріпті.

ЖҰРТТЫҢ БАЛАСЫ ТУМАЙ ЖАТЫП СӘБЕТ БОЛАДЫ

1973 жылы Елтайға Кеңес төрағасы болып барған әзірде малшылардың жағдайымен танысу үшін Меңдіғали қырға шығады. Бір үйге түссе, әлгі үйдің әйелі беймәлім кісінің келгенін жақтырмаған қалып танытып. Мұндайда қайсыбір әйелдер не аяқ-табақ сылдырлатады, не баласына тиіседі ғой. Бұл әйел болмашыны ілік етіп, үйдің маңында ойнап жүрген бес-алты жасар баласына "ұрына" берсе керек. "Жетпегір, Сәбет дейім, айналаны шаңдатып боска ойнағанша, анау бұзауыңды қарасайшы", – деп жекіріп жатады. Сонда Меңдіғали тұрып әлгі әйелге естірте қасындағы шоферіне: "Ойпырмай, жұрттың баласы тумай жатып Сәбет болады, ал мен болсам, қырық жаста әзер Сәбет болып едім", – депті.

Сонда барып үй иесі келген кісінің ауылға жақында келген Совет төрағасы екенін біліп, кешірім өтінгендей райымен мал сойып, жақсылап қонақасын беріпті.

ҚАРА СӨЗДІ ҚАМШЫ ЕТКЕН

Нұғыман Дүйсенов ұзақ жылдар Индер ауданында ұстаздық қызметте болды. Нүрекең - жерлестеріне қара сөзді қамшы еткен, айтқыш, тапқырлығымен танылған адам. Оның өзі дәріс берген қос шәкіртімен болған арадағы сөз қағыстырулар ауылдастарының аузында қалған.

ДОС ЖЫЛАТЫП АЙТАДЫ

Шәріпжан Махметов аудандық атқару комитетінің төрағасы болып келіпті дегенді естігенде, бір кездегі ұстазы болған Нұғыманның көңілі марқайып қалғаны бар. Оның үстіне көлденең жұрт та: "Енді сенің құдайың беретін болды",- деп, әзіл-шынын араластырып қоятын.

Содан бір күні өзінің көп жыл баспанасыз жүргенін, қақпаған есігі, тоздырмаған табалдырығы қалмаса да ешкімнің құлақ аспай жүргенін айтып шәкірті Шәріпжанға келеді. Алдымен жаңа орынымен құттықтап, шаруасын айтады ғой. Сонда Шәріпжан сыны ма, әлде шыны ма: "Сіз ғой баяғыда менің аз-кем балалығымды көтере алмай: "Сен адам болсаң, мұрнымды кесіп берейін", - деп талай тепсіндіңіз. Соны ұмыткандай енді пәтер сұрауыңыз қалай? – дейді, түсін суытып. Сонда Нұғыман боғелместен: "Әй, Шәріпжан! "Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады" дегенді білмеуші ме ең. Сол бір шағында батырыңқырап айтып, жігеріңді жаныңанымның арқасы емес пе, бүгін, міне, биік орында отырғаның, - депті. Сонда Нәкеңнің қисынды сөзіне: "Апыр-ай, айтса айтқандай-ақ, тиіп кеткен жеріңіздің бәрі тәрбие екен-ау, аға!" – деп шәкірті дән риза болыпты.

Кейін Нұғыман көп кешікпей-ақ бір жайлы пәтердің кілтін ұстаған екен.

"ЕКІ" МЕН "ҮШТІҢ" АРҚАСЫ

Зейнеткерлікке шыққан Нұғыман бірде әлдебір шаруасымен Атырауға келіп, жұмысы біткен соң ауылға қайтқалы көлік іздеп "Люция" базарына келеді. Қаптаған қарақұрым машиналарды аралап келе жатқанда Е 328 ASM нөмірлі автобустың көзіне оттай басылғаны. Әйтпегенде ше, көлік иесі бір уақыттағы өз шәкірті Тілеубек болса. Содан көңілін бірлегендей болып, қолайлы бір орындыққа жайғасады.

Бір уақта жолаушыларды толтырып алған Тілеубек елге бет алады. Жолай тоқтап, жүргіншілерден ақша жинауды да ұмытпайды. Кезек Нұғыманға келгенде ұстазы:

-Тілешжан, менен де алғың келіп тұр ма?- деп сұраса.

-Неге алмаймын. Сіз кімсіз соншама?! – деп дүңк-дүңк етеді.

-Мен сені оқытқан ұстазын емеспін бе?

-Оқытқаныңыз сол ма. "екі" мен "үштен" көз аштырмадыңыз. Қасымдағы Берекеге ылғи "төрт" пен "бес" қойып, мені талай шырылдатқаныңыз. Сөзді қойып, ақшаныздыз төлеңіз, бол!

-Тілеубек, сол "екі" мен "үштің" арқасы емес пе, мынауски (бас бармағын шошайтып) шопыр болап түрлеп жүргенің. Ал институт бітірген Берекенің сиқы анау, тамағын асырай алмай, жұмыссыз сандалып жүргені. Қайсыңыздындар?!

Осы сөзден кейін шәкірті: "Шынында да солай екен-ау",- дегендей үнсіз қалыпты.

Ермек КАБДОЛОВ,

ШІЛДІ АТПАЙДЫ ... ТУРАМАЙДЫ...

Сайпол Мұқанов Қызылқоға ауданының шаруашылық, партия, кеңес органдарында ұзақ жыл абыройлы еңбек еткен. Сәкең, сонымен қатар сөзге шешен, от тілді, орақ ауызды азамат. Ер арасында Сайпол айтты деген әзіл-сықақ, тапқыр, қысқа қайырым сөздер мол.

РАЗВЕДКАНЫҢ ОРЫСЫ ЕКЕН ДЕСЕМ...

1965 жыл. Сайполдың Абай атындағы совхозды басқарып, дүрілдеп тұрған жас шағы. Күн жексенбі. Бірақ шаруашылық мамандары директордың кеңсесіне жиналып, қысқы маусымдағы қауырт шаруаның жайын ақылдасып жатқан сәт еді.

Мамандарға қатаң тапсырмалар беріліп жатқанда кеңсенің есігін жай тықылдатып, бір бейтаныс мейман-басқа ұлт өкілі кіруге сұқсат сұрайды.

-Күте тұрыңыз, - дейді жас директор бар орысшасымен.

Арада бір сағаттай өтеді. Әлгі қонақ тағы ізетпен бас сұғып, директордың қабылдауын өтінеді.

-Тоқтаңыз, уақытым болмай тұр. Осы разведканың орыстарының-ақ сұрайтындары таусылмайды. Өзімізге жетпей жүргенде,-дейді қарамағындағыларға естірте.

Түс таяла жиналыс бітеді. Манағы "қонақ" кіреді. Қысқа амандық –саулықтан соң қызыл куәлігін директорға ұсынады. Оқып қараса, "Правда" газетінің Батыс Қазақстан облыстарындағы меншікті тілшісі Меркулов екен. Екі көзі алақандай болған директор сол бойда бас газеттің тілшісінен қайта-қайта кешірім сұрайды. Кейін Сәкеңнің: "Қайдан білейін, ауылдағы разведканың бір орысы екен десем", - деген сөзі ел аузына тарап кетеді.

Жолдас ЖАНҚУАТОВ.

ТҰРЕКЕҢДІ ОЯТЫП АЛАРМЫЗ...

Теңіз өңіріндегі ақынымыз да, аңқауымыз да - Тұрар Құрманғалиев. Тұрекең жазайын десе қағаздан бауырын көтермей, қолын қаламнан босатпайды. Ал сөйлеуге келгенде, алдына жан салмайды, тек тыңдауыңды біл.

Бұған қоса табан астында айтып салар тапқырылығы, ұйқасты өлең-шумақтары тағы бар.

Әзілқой, аққөңіл, бүкпесіз ойнап отырып, ойындағысын айта салатын ауданымыздың қадірлі азаматтарының бірі.

Тұрекең әр кезде әркімнен естігендерінен есте қалған әзіл-шумақтарды оқырмандар ортасына ортуда. Өзгенің әзіл-оспақтарын ортаға тартса, мен Тұрекең жөнінде әңгімелекпін.

ДӘМЕТПЕЙДІ БҰЙЫРМАЙТЫН АСЫНАН

1960 жылдары Гурьевтен Алматыға жас ақындар мәжілісіне шақырылғандар ішінде Мақсұт Неталиев, Фариза Оңғарсыновамен бірге Тұрекең де болса керек. Фариза, Мақсұт купелі вагонның жоғарғы қатарын иемденсе, Тұрекең төменгі жағын еншілейді. Жастық шақ, жол үсті. "Азық таусылмай, жол болмас" деген тағы бар. Барларын ішіп-жеп келе жатса керек.

-Алып қоялық, алып қоялық, - деп шаршап қалған Тұрекең басы жастыққа тиісімен ұйықтап кетсе керек. Соны пайдаланып Мақсұт пен Фариза да әзіл-оспақтарына көшкен-ді.

Сонда Фариза: "Тыныш, жайлап сөйле, Тұрекеңді оятып алармыз, демалсын",- дегенде Мақсұт:

-Порылдап ұйықтап жатыр Тұрар ағам,
Болар еді жабыспаса тұра саған, -

дегенде, Тұрекең шырт ұйқысынан оянып кетіп, басын көтере салып:

-Тұрекең де жөн білетін жасынан,
Дәметпейді бұйырмайтын асынан, - депті.

"ӨЗ ЖЕРІМДЕ ЕСТІГІМ КЕЛЕДІ..."

Тұрекең аудандық газетте редактор кезі. Азғыр өңірінен сол кездегі ауатком төрайымы Меллят Сабыровамен бірге малшылар қауымын аралап келе жатса керек. Қарабайлыдан шыға бере сөзден сөз туып, апайымыз артта отырған редакторға айтып тастаса керек.

-Сендердің істерің бар болсын, еңбек адамдарының ауыр да абыройлы жұмыстарын әлі де газет бетіне толық жария ете алмай жүрсіңдер.

-Мәке! Мынау келе жатқанымыз Ресей жері ғой, біздің шекараға әлі шыққанымыз жоқ. Өзіме деген сын, ескертпелерді өз жерімде естігім келеді,- деген екен Тұрекең.

"АЙНАЛАЙЫН БІР ШҮЙІЛІП..."

Сайфолла Сүйінов Қызылқоғада аупарткомның бірінші хатшысы кезінде ауылы Ганюшкинді аралап, Тұрекеңмен бірге жолдастарының үйінде қонақта отырса керек. Тұрекеңе Сайфоллаға ілесер сәтінде бір жолдастары оңашалап: "Сен әзіл-оспағыңды бүгінше қоя тұр, анау Сайфолланың қасында бізге таныс емес жолдастары бар, ұят болар", - деп ескертсе керек.

Соны ескеріп Тұрекең де барған үйінде өзі де әңгіме айтпай, өзге әңгімеге де көп араласпай тыныш отырады. Сонда Сәкең: "Ау, азаматтар! Мына Тұрардың аузын мықтап тығындаған екенсіндер" дегенде, Тұрекең шынтақтап жатқан жерінен ұшып тұрып:

Айналайын Сүйінов,
Отыр едім түйіліп.
Сұраған соң қиылып,
Өзің келіп ұрындың,
Алайын саған шүйіліп, - деп төкпектете жөнеліпті.

"ІШКЕНІҢ АС БОЛМАҒЫР, АХМЕТОВ!

Аудандық партия комитеті хатшысының көмекшісі Ахметов Тұрекеңе хатшының тапсырысын айтып, Азғыр өңіріндегі 2 совхозға бару үшін іс-сапар куәлігін тапсырып жатып, оны Қарабайлыдан машина күтіп алатындығын есіне салса керек. Поездан түседі, күтіп тұрған машина көрінбейді. Әрлі-берлі жүріп шаршаған Тұрекең машинаның келуіне шыдамай:

Осындай жол жүруді мақұл етіп,
Қайдағы түк шықпасқа жақын етіп.
Әкеліп ен далаға қамап қойдың,
Ішкенің ас болмағыр, Ахметов! – деген екен.

ҚОЛЫНА 32 ТІСІН АЛЫП...

Тұрекеңдердің іс-сапары аяқталып, ауылға қайтатын болады. Сол кезде "Сүйіндік" совхозының партком хатшысы Қабден деген азамат еңбек демалысында, оны ауыстырушы жұмысшылар комитетінің төрағасы Чапай деген азамат машинамен Ганюшкинге бірге жүретін болады. Жол алдында, бір шопан үйінде тамақтанып отырғанда

Чапайымыз алыңқырап қойып, аузындағы протез тісін қолына алып, ұйықтап кетсе керек. Сонда Тұрекең:

Жүретін аудан жаққа кісіні алып,
Парткомның отпускадан ісін алып.
Жол бастап келе жатқан ер Чапайым,
Ұйықтап жатыр қолына 32 тісін алып, - деп өлеңдетіпті.

"МАҢДАЙДАҒЫ МЕҢІНЕН АЙНАЛАЙЫН"

Алматыдан келген ақын қыз Ақұштап Бақтыгереевaны ертіп, аудан еңбеккерелерін аралап жүріп, түстенген жерде шай құюға отырған аққұба, маңдайында меңі бар келіншекке қарап отырып Тұрекең:

Қайнағаның бабын тапқан келіннен айналайын,
Аршыған ақ күріштей аппақ өңінен айналайын.
Үндінің қызындай маңдайдағы меңінен айналайын, - дейді.

Шайдан соң көп кешікпей асылған семіз балық келсе керек, сонда Ақұштап шыдай алмай:

Шалғайда ауданым бар Теңіз деген,
Балығы семіздіктен жегізбеген.
Сол жерде редактор Тұрар ағам,
Келіндердің бетінен мең іздеген, - деп үн қатыпты.

НЕ КЕРЕК ПІШЕН ДЕГЕН ПРОКУРОРҒА...

1968 жылдары Тұрекең партия мектебін бітіріп келеді. Әлі жұмысқа тағайындалмаған кезі. Қорада малы пішенсіз тұрса керек. Аудандағы бір жиналыста қатар отырғанды пайдаланып совхоз директоры Баймаш Нұрымовқа:

Сиыр тұр, құр сабанға кісенделген,
Ойым жоқ бұндай күйге түсем деген,
Байеке, көмектессең болмас па еді,
Біздерге бірер кузов пішенменен", - деп, қағазын алға қарай ысыра салса керек. Қағазды алған Байекең оны қасындағы жаңадан келген прокурор Құлшановқа бере қояды. Прокурор оқып шығып, қағаз сыртына: "Мемлекет есебінен пішен сұраған адамды жауапқа тарту керек" деп, қағазды иесіне кері қайтарады.

Қағаздағы визаны оқып шығып Тұрекең:

Япырай, бұны жазған Сіздің қол ма?
Ендеше тап болған ғой соқпақ сорға.
Алдында айдайтұғын тышқақ лақ жоқ,
Не керек пішен деген прокурорға, - депті.

***

Ерболат ҚОЙШЫҒҰЛОВ.

ДОС БАСҚА, ДҰШПАН АЯҚҚА ҚАРАЙДЫ

Қойыс ұдайы унти етік киіп жүреді екен. Бір құрдасы кездескенде:

-Қойыс ,сен ұдайы осы етікті аяғыңнан тастамайсың. Басқа аяқ-киімің жоқ па?- деп сұрайды.

Сонда Қойыс:

- "Дос басқа, дұшпан аяққа қарайды" деген шын екенау, - депті .

"СЕНДЕ ЖОҚ ӘТЕШ"

Байеннің Бәкес деген құрбысы болыпты. Ұзақ жыл тұрмысқа шықпапты. Ол кезде Бәйен де бойдақ екен. Сондай бір күні Бәйен құрбысына былай деп әзілдейтін көрінеді:

Әй, Бәкес!
Сенде жоқ әтеш.
Менде жоқ тауық,
Болады қауіп.

ЖАНУАРЛАР МЕН БАЛЫҚТАР

Бірде Бәйен Тұрғызба ауылындағы кеңшар кеңсесінің алдында тұрса керек. Облыс орталығынан келген біреу: "Ауыл басшылары кімдер еді, жұмыстарында бар ма?" – деп сұрайды.

Сонда Бәйен табан астында былай депті:

Ауылда көп халық бар,
Танымасаң танып қал.
Жүріп жатыр жұмыста,
Жануарлар мен балықтар.

Бақса, ауыл басшыларының аты-жөндері Бурабаев, Сартаев, Қоспақов, Балықбаев екен.

ҚАЛПАҚ КИІП ШЕТЕННЕН

Кезінде елімізде Бүкілодақтық лениндік сенбілік өткізу дәстүрге айналды емес пе? Оған еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін қатысты ғой. Сондай коммунистік сенбіліктердің біріне Бәйен де қатысып, қолына күрек алып, жұмыс жасайды. Байқаса, кеңшар басшыларының бірі ақ қалпақ киіп, түк істемей, шалқайып жүрген көрінеді. Сонда Бәйен оның қасына барып:

Қалпақ киіп шетеннен,
Келгендейсің шет елден.
Шалқайып кеп жүрсің-ау,
Тебер ме еді көтеннен, - депті.

Табентай ӘБДІХАЛЫҚОВ.

***

МӘДИ ӨТЕҒАЛИЕВ

Ибат Жұмағазиев Жанбайдан ауысып, Чапаев атындағы кеңшарға партия комитетінің хатшысы болып келгеннен кейін осындағы бас зоотехник, сыйлас інісі Самат Қайырденовтың үйінде біраз уақыт тұрады. Бір күні Ибекең сырттағы балшыққа бәтеңкесін әбден малып келіп, кіре беріс бөлмеде аяғын шеше алмай сілкілеп тұрған кезде үстінен Самат шығады.

-Ибеке, есіктің алдында аяқ қырғыш бар еді ғой, - дейді жайлап. Сонда Ибекең:

-Қой, пожалыста. Чапаевтың қара балшығын қырып тауысайын деп пе едің, - деген екен.

ШЕШІМ ӨЗГЕРІП КЕТТІ...

"Новобогат" кеңшарында Қинаш Сахуалин директор болып тұрғанда, шаруашылық аралау үшін обком хатшысы келеді. Қыстақтарды аралап, бір орынға келсе, ауыл жігіттерінің ұрлығының үстінен түседі. Мал қораның ағаштарын бұзып, машинаға тиеп жатыр екен. Сонда Қинекен:

-Жігіттер, шешім өзгеріп кетті. Бұл қора бұзылмайтын болды. Сондықтан мына ағаштарды қайта соғып, ретке келтіріп, келесі қыстақ орынға барыңдар, - депті әдеттегі тапсырма бергендей болып қысылмай.

Обком хатшысы болып жатқан жайдың астарын аңғара алмай, ілгері жүріп кетіпті дейді.

ТОҢСА ТОНЫМДЫ БЕРЕЙІН

Қаңтар айының суық күндерінің бірінде "Новобогат" кеңшарының №3 ферма бухгалтері, бастауыш партия ұйымының хатшысы Жолдас Абдолов пен Амангелді орта мектебінің мұғалімі, насихатшы Мұқажан Жүнісов ферма коммунистеріне саяси сабақ өткізу үшін "Газ-51" маркалы корапты машинамен іссапарға шығады.

Жолда осы бағытқа машина күтіп тұрған 70-тен асса да,еңбектен қалмаған ауылдың қадірменді ақсақалдарының бірі Әбілқасым Суханбердиев машинаға қол көтереді. Үстінде қалың тұлып тоны бар. Әбекең әп-сәтте машина қорабына орналасып, жүруге белгі береді. Әрі-бері жүргеннен кейін Әбекең машинаны тоқтатып шоферге:

-Кабинадағы Мұқажан шатақ кісі еді, тоңып қалмасын. Тоңса тонымды берейін, – дейді.

Сол кезде кабинадағы екеуі атып шығып, Әбекеңе орындарын берген екен.

ТҰЛҒА МЕН ТҮРБА

Забурын елді-мекенінде аудан әкімі Зұлпыхар Сүйінішевтің тұрғындармен жиын өткізіп жатқан кезі. Ауыл тұрғындары каналдың пайдаға асудан қалғанын, ендігі үміт Забурын мұнай өндіру цехынан тұрба арқылы ауыл орталығына су жеткізуде екенін айтады. Аудан басшысы цех бастығы М. Харесовке жұрт назарын аударып:

-Тұлға десең тұлға бар, қолында үлкен күш бар. Арыздарыңды шешуді Меңдібайға тапсырайық, – депті. Сонда сөзден алдырмайтын Меңдібай:

-Зәке, мәселе тұлғада емес, тұрбада болып тұр ғой, - деген екен тұрбаның тапшылығын меңзеп.

Мәди ӨТЕҒАЛИЕВ.

НАДЕЖДАДАН ҚАТТЫ ҰЯЛДЫМ

-Жарықтық күн көсем дүниеден озғаннан кейін, - деп бастапты бірде Қажекең әңгімесін. – бейнесін көру үшін жұмысшылар Кремльге ағылып жатқан кез. Мен де сәті түсіп бір күні Мәскеуге жол тарттым. Ертеңгісін Қызыл алаңдағы Лекеңнің мавзолейіне кіру үшін жұртпен бірге кезекке тұрдым. Бір кезде "шеретім" келіп ішке кіргенімде әйнектеулі табыттың жанында орамалын бос жамылып, көзіне жас алған күйі Надежда жеңгей отыр екен. Ол мені көре сала: "Ағаң кеткелі бір соқпадың-ау", - демесі бар ма. Қатты ұялғанымнан төмен қарай беріппін.

АСАУ МОНША

Қисекең екі-үш жолдасымен бірге Ораз Исаев атындағы колхоз (қазіргі Балықшыдағы «Аманкелді» кооперативінің ізі) басқармасының тапсырмасымен Гурьевке келеді. Теңізде балық аулап жүрген балықшыларда монша қайдан болсын! Салқын теңіз суына денесінің кірі кетпейді ғой. Қала аралап, колхоз басшылары тапсырған жұмыстарын бітіргеннен кейін моншаға түспекші болады. Денесі көптен ыссы су көрмеген теңіз балықшысы моншада ұзақ отырып қалса керек! Әбден денесі балқып, көңілі мажыра жай болыпты. Тіпті монша ішіндегі бөлек бөлмедегі ыстық буға да денесін ұстапты. Жолдастары моншадан шығып, Қисекеңді ұзақ күтеді. Әлі келетін Қисекең жоқ. Шыдамы таусылған біреуі монша ішіне кірсе, Қисекең жүре алатын емес. Монша ішіндегі көк тастан өрілген еденге тайып жығылып, жамбасын сындырып алған. – Ау, Қисеке, не болды?! деген сұраққа: "Асау монша екен. Жамбасымды сындырып тастады"-деген екен.

СТИПЕНДИЯ АЛМАЙМЫН ҒОЙ

Қалдыбай Сафи Селолық кеңесте төраға болып тұрған кезінде білімін жетілдірейін деп, Гурьев ауыл шаруашылық техникумына сырттай оқуға түседі.

Сессия кезінде кезекті зачет тапсырарда еш нәрсе айта алмаған көрінеді.

Мұғалім: "Ештеңе білмейсіз, зачет қоя алмадым",– депті.

Сонда Сәкең: "Бақытты бол, айналайын, үш дейсің бе? Маған сол да жарайды. Стипендия алмаймын ғой, семьяның қызығын көр", – депті құлағын қалқалап.

Мұғалім амалсыздан зачет қойып беріпті.

"ЫРЫМШЫЛ СӘКЕҢ"

Селолық кеңес төрағасы кешке қарай бір үйге көлікпен келіп түсе қалады. Ішке кірсе, төрт жігіт префаранс ойнап отыр екен. Амандасқаннан кейін "бура" ойнағысы келген Сәкең: "Жігіттер, кешке қарай сызған ырымға жаман болады, тастаңдар. Жер сызбайтын басқа түрі жоқ па? – депті.

Жігіттер де тез түсініп, ойындарын тастап, бес қолға "буралатып" кетіпті.

ЖҮЗДЕН ЖИЫРМА СЕГІЗІ КЕМ

Бірде сол ауылда Аманкелді участогінде Ерғалиев Байсағаттың дүкенінің ішінде 3-4 жігіт әңгімелесіп тұр едік, Сәкең машинамен келе қалды.

-Бай-еке, рабкооп жақтан келе жатыр едім, бұрылып саған келдім. "Жүзден жиырма сегізі кем" жоқ па екен? – депті.

Біздер ештеңе түсінгеніміз жоқ.

Дүкенші: "Бар ғой, Сәке, бар ғой" , - деді де, дүкенді жауып, қоймасына барды да Сәкеңнің машинасына бір қап 72 кг ақ астық салып жіберді. Ол кезде ұнды килолап алатын уақыт еді.

КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫНЫҢ КЕҢЕСІ

Бір замандасы Сәкеңе келіп: "Маған да ауатком ауылдық кеңес төрағасы бол деп жатыр. Қалай, бұл жұмыс қиын ба?"– деп сұраған көрінеді.

Сонда Сәкең: "Жұмыс қиын емес. Елге беделдісің, тек ет жинау науқаны келгенде, ағайыннан түгел ажырасасың", – депті.

ЕКЕУМІЗГЕ БҰЙЫРҒАН ТОЙ

Қыстың кезі. Киіктер ауылдардың арасына кіріп кеткен көрінеді. Ерғали деген ауыл қарты қара мылтығын алып, балаларға нәсіп болар деп аңға шығыпты. Шықса, киіктер жайылып жүр. Көздеп тұрып атып қалғанда екеуін қатар құлатыпты. Жүгіріп барса, екеуі де көршісінің ешкісі екен. Екі ешкіні бауыздап, үйге әкеле салып, селолық кеңеске қарай жүгіреді.

Есіктен кіре: "Сафижан, мен ұқсаттым. Көршімнің екі ешкісін бірдей атып алдым. Енді не қыламын? Бар малым екі ешкі, оны төлеуге бергенде, не қалады?" – деп қынжылыпты.

Сонда Сәкең байсалдылықпен: "Ол ешкілер екеумізге бұйырған ғой. Біреуін біздікіне жеткізіп таста. Екеуміз екеуін төлейік", – депті.

Рамазан ӨТЕПҚАЛИЕВ.

***

"МӘКЕ, ХАЛ ҚАЛАЙ"

Мәлік Ақжайық селолық Кеңесінің атқару комитетінде хатшы болып жүргенінде бір құрдасы.

-Мәке, хал қалай? – десе:

-Халдың несін сұрайсың?

Естісең өзің жылайсың, - деп жауап қайырыпты.

"Неге?" десе: "Кеңестің төрағасы – соловей, Мәлік қасындағы муравей, төраға әңгіме айтып, қыртып отырады, хатшы қағаз жазып, быршып отырады",- депті Мәкең.

ҮЙДЕГІ ЗООПАРК

Селолық Кеңеске бір келіншек жас нәрестеге куәлік алуға келіпті.

-Баланың есімін кім деп қоясыңдар?

-Қабанбай.

-Қалқам-ау, сіздің үйде Түлкібай, Қасқырбай бар. Енді келіп Қабанбай. Немене, ауылдан зоопарк ашайын деп жүрсіңдер ме? - депті Мәкең.

"АҚА, МЕН ЕМЕСПІН..."

Мәкеңдер де электр есептегішті босата салбыратып, тоқтатып қоятын көрінеді. Бірінде ауданнан келген электр жүйесінің тексерушісі жас жігіт Мәкеннен бұрын үйге кіріп кетеді.

Ыңғайсыз жағдайда қалған Мәкең: "Балалар жас әрі тентек. Әне, шифоньердің есігіне дейін жұлып алады" , - деп счетчикке бұрылып,даусын шығарыңқырап:

-Мә, мынаны кім сындырды? – деп тексеруші жігітке жалт қарағанда:

-Ақа, мен емес! – деп анау шыға жөнеліпті.

...Е АРМАНЫ БАР ЕКЕН?

Ертеректе Мәкеңнің күйеу болып, қара костюм, галстук тағып барған кезі шілде айы көрінеді.

Күн ыссы, үй тар, адам көп, сонда қара тер болып, міз бақпай, мүсін болып отырған күйеу жігіт қасындағы күйеу жолдасына: "Қалыңдығын алып қашқан жігіттің не арманы бар екен?..." – депті.

ЛАҚ АЛМАЙМЫН ...

Мәкең төрт қыздан кейін 40 жасында Дәурен атты ұлды болады. Баланың нағашысы жиеніне лақ атағанда: "Рақмет, жыртылып-айырылып, жамауға келмей жүргенде көрген жалғыз балаға лақ алмаймын. Ешкі керек болса, біздің үйден алып кетіңдер" ,- деген екен.

ҰЯЛҒАН ТЕК ТҰРМАС

Демалыс күні ұйқыдан жайлау тұрып отырған Мәкеңе көршісі келіп:

-Бүгін ұйықтап қалыпсыңдар, қойларыңды кезекке мен қостым,- десе:

-Біреудің малында не шаруаларың бар. Бүгін өзім бөлек бағайын деп отыр едім", – депті Мәкең ұялған тек тұрмас дегендей.

БОЙЫМ ӨСЕР МЕ ЕДІ?

Бірде Сәлима деген ұзын бойлы құрдасы кездесіп:

-Мәке, бойың баяғысымен қарап тұр ғой, - десе керек.

-Қайтейін, саған үйленсем, менің де бойым өсер ме еді,- деген екен.

ЕКІ БАСҚА БІР МИ

Бірде көршісі:

-Мәке-ау, осы егіздің сыңарына бір айтқан қонбайды, - десе керек. Сонда Мәкең: "Адамның миын екі кісіге бөлген соң, одан не сұрайсың? - деген екен.

МЕН КЕЛЕ АЛМАСПЫН...

Мәкең 45 жасында Ақжайықта бір үйлену тойында асаба болады.

Сөйлегендердің бәрі: "Бәріміз де екі жастың алтын тойында кездесейік", - дегенде, Мәкең: "Рақмет, мені кинамаңдар, менсіз өткізе беріңдер, мен келе алмаспын", - деген екен.

КИІК ҚУҒАНДА...

Оқу бітіріп келген жылы Мәлік, қасында кеңшардың бас мал дәрігері Отар, Бағыт үшеуі 2-3 қора қошқар кестіріп, ауылға қайтып келе жатады. Жолды кесіп өтіп, алдарынан бір топ киік қашады.

-Ал, Мәлік, сен атасың, – дейді рөльдегі Отар.

Кішкентайынан жазықсыз жәндік өлтіруге жаны қас Мәкең қосауызды қолға алғанмен, киіктерді атпауға бел буады. Сөйтіп, қулыққа басады.

Мотоцикл киіктерге жақындап келіп қалғанда мылтығына ұмтылып, атудың орнына кекештеніп: "Тек, тек, тек..." - дей береді, сөйтіп 3-4 рет қайталап, бір кезде "тоқта" деп ымдайды.

Жігіттер "Не болып қалды?" десе, бірер минуттай үндемей, демін алып отырып:

-Текелерін, алдымен текелерін кестіріп алмаймыз ба? – депті.

Сөйткенше, киіктер де қырды асып кеткен көрінеді.

АҚ ЖАЙЫҚТЫҢ ГАИ-ы

Сонау сексенінші жылдар болса керек. Мәкең Гурьевте селолық кеңес секретарьларының облыстық бір айлық курсында болады. Оқу аяқталған соң бір жолдасы көлігімен ауылға келе жатып:

-Мәке, ризамын саған, адал екенсің. Гурьевте бір болғанда, Тілектестің көзіне бір шөп салған жоқсың, - депті.

-Шөп салмақ түгілі, ағаш салып алайын деймін-ау, қолдан келмей жүр ғой, - деп жауап қайырады Мәкең.

-Онда, Мәке, ауылға алты шақырымдай қалды ғой, азкем аялдап, сенің әйеліңнің алдындағы ақтығыңды "отметка" жасайық, - десе:

-Айта көрме, Ақжайықтың ГАИ-ы ішкен кісіні рөльге отырғызбайды , - депті

Сондағы Мәкеңнің ГАИ-ы өзінің келіншегі екен...

Аташбай ЕСЕНҒАЛИЕВ.

ОЛ – МЕНІҢ ІНІМ

Бір күні Төкең қасында бәйбішесі, ұлы үшеуі бір қайтқан кісіге бата оқитын болып, облыс орталығына келе қалады. Автобустан түсіп, қаладағы ол кездегі жалғыз базар-колхоз базарының нақ ортасымен келе жатса, алдарынан бір жасаңдау әйел адам кездесе кетеді. Төкеңнің жасаңдау кезінде басынан өткен бір оқиғаның кейіпкері болса керек.

-Ойпырым-ай, сен сұмырай тірі ме едің? Күте-күте көзім көгерді ғой. Енді не деп жалтарар екенсің, а?

Төкең саспастан:

-Сіз осы менімен басқа біреуді шатастырып тұрсыз-ау ,- дейді аң-таң баласы мен әйелінің көзінше.

-Ойбау-ау ,шатастырып не қара басты мені, сен кәдуілгі Толыбай емессің бе?

-Әне, айттым ғой, - дейді Төкең екі қолын жайып.- Мен Толағаймын, ал Толыбай менің інім, екеуміздің ұқса-

стығымыз сор болды маған. Жүріңдер, кеттік,- деп , не дерін білмей аң-таң күйде сұлк тұрып қалған әйелден ұзай беріпті.

ҚАРЫНДАСТЫҢ КАТЕСІ

Аудан орталығында орналасқан білдей бір мекемеге ісі түсіп бара қалған Төкеңнің қанелімде шаруасы біте қоймайды. Ауылға қайтатын көліктен қалып қоям-ау деп дызығып жүрген Төкең қабылдау бөлмесінде отырған хатшы қарындастың қайта-қайта есінеп, шаршап отырғанын аңғарып:

-Түнімен қонақ күткеніңіз көрініп тұр. Осы халық та қызық, демалыс емес, мейрам емес, қаңғырады да жүреді, - дейді орнынан қозғала қоймаған келіншекке көбірек ренжіңкіреп.

-Қонақ емес, күйеуім командировкадан келіп еді, - дейді аңғал әйел.

-Әне, олар командировкаға шығып келгеніне де бұлданады. Соның ашуын түнімен сізден алған ғой.

Өзінің ағат кеткенін сезіп қалған келіншек атып тұрып, бастықтың кабинетіне кіріп кетіп, бірер минуттан соң Төкең қабылдауда отырыпты.

ТҰСАУЛЫ ТҮЙЕГЕ ТАҢДАНБА

Жайық жағалай қоныстанған жұртқа көктемгі айлар бір науқан іспетті. Тиіп-қашып қызыл балық аулауға құмар-ақ. Алайда, бұл кезде арнайы шешіммен заң да қатайып, балық қорғау мекемесінің қызметкерлері күн-түн демей кезекшілікте жүреді.

Таңертеңгі уақытта таныстар кездесіп қалып, әлдекандай бір асымдық балықтан реті келіп қала ма деген есеппен Төкең қасында жуастау бір жолдасы екеуі Жайық жағалап келе жатады. Сол кезде аяқ астынан шыққандай жүйрік "УАЗ" – бенен агенттер де сап ете қалады. Жолдасы қалың жыңғылдың арасына жып береді де, Төкең сасқалақтап, айналасына қараса, бір шөгерулі түйе жатыр екен, ойланбастан барып үстіне мініп алады. Ыңыранып орнынан түйе де тұрады, агенттер де жетеді.

-Таң атпай бұл жерде неғып жүрсіз, құралдарыңыз қайда? – деп бір жас жігіт дүрсе қоя береді.

-Айналайын, көріп тұрған жоқсың ба? Кеше кешке жайылысқа жіберген түйемді алып кеткелі келдім.

-Ойпырым-ай, өтіріктің түрі көп-ау. Түйеңіздің тұсауын да шешпепсіз ғой.

-Шырағым, түйе менікі, ал оны тұсап мінем бе, тұсамай мінем бе, менің шаруам, - деп Төкең қатты ашуланыпты.

Жәрдем САПАРОВ

***

ҚОЛЫҢА ЕШТЕҢЕ ІЛІНБЕЙДІ

Қайрекеңнің Дүйсенғали Әлмұқанов деген құрдасы болған.Дүйсекең өткір тілді, ойындағысын бүкпесіз ашық айтатын тура, көңілі қалар деп ешкімге жұбауратпайтын тентек мінезді адам еді. Қайрекең сол құрдасын жиі аузына алатын. Бірде ол Дүйсекеңнің мына бір әңгімесін айтып, жұртты ду күлдіргені бар.

Қайрекең жұмысшылар кооперативінде бастық боп жүрген кезінде аудандық қаржы бөлімінен тексеруші келе қалады. Түс мезгілінде Қайрекең әлгі тексерушіні кенсеге жақын тұратын Дүйсекеңнің үйіне ертіп барады.

Түскі шай кезінде тексеруші жігіттің сол жағына Дүйсекең, оған қатарласып жасөспірім төрт қызы, ал одан төмен шай құйып әйелі Шамшия отыратын секілді. Дүйсекеңнің жалғыз ұл баласы ерте қайтыс болған.

Шай үстінде тәнір шатып әлгі жігіт үй иесінен:

"Дүйсеке, ер балаңыз нешеу?" – деп сұрамасы бар ма? Сонда Дүйсекең әйелін және өзіне қатарлас отырған қыздарын нұсқап: "Анау отырған менің әйелім, содан бастап төменгі жаққа қол жіберіп сипап өтсең, маған келмей қолыңа ештеңе ілінбейді", - деп қойып қалды емес пе.

Қонақ жігіт екеуіміз бір-бірімізге қарай түсінбеген боп тіл қатпай қалдық деген-ді.

МЕРГЕН ЕКЕН

Жазғы пішен шабу науқаны кезінде түскі мезгілде Қайрекең пішеншілер қосына келеді.

Келсе пішенші жігіттер дастарқан басында түгелдей сол жақтарына жантая жатып, шайлап жатыр екен. Мұны көрген Қайрекең: "Па,шіркін! Аткан адам хас мерген емес пе, түгелдей сол жақтарынан атып жыққан екен", - депті.

КӨТЕК ҚАЛДЫРМАЙ ШЕГЕДІ

Бірінде облыстан келген өкіл шаруашылықты аралап бірер күн болып қалады. Қайда барса да Қайрекен өкілдің қасында болады. Өкіл ішімдікті жақсы алатын кісі екен. Аттанар күні өкілді қонақтау кезегі ауылдық кенес хатшысына келеді. Түс мезгілі таянғанда, кенес хатшысы Қайрекенге телефон шалып, қонақтың ішімдікке қалай екенін сұрайды. Сол сәтте өкіл Қайрекеннің жанында отырады.

Қайрекең телефоннан маңғаздана: "Иә, ол бір темекіні көтегіне дейін қалдырмай шегетін шылымқұмар көрінеді ғой! Жап-жас баланың неліктен солай екенін білмедім",- дейді. Жанында отырған өкілге жақында бір шылым шеккен баланың кесілінен коражайда өрт шыққанын айтады. Телефондағы жігіт Қайрекеңнің жұмбақ жауабын түсіне қояды. "Темекіні көтегіне дейін қалдырмай шегеді" дегені "ішімдікті жақсы алады және рюмка түбінде ештеңе қалдырмайды" дегені екен.

***

Әміржан СӘРСЕМАЛИЕВ

ӨСЕКТІҢ ТАРАЛУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ

Құнекеңмен көрші Қырмызы деген кемпір тұрады. Жатсам ауырып қалам деп, таңертен тұрғаннан кешке дейін ауыл аралап, бір жерден естігенін екінші жерге айтып жеткізе жүреді екен. Бірде түнімен карта ойнаған масаңдау Құнекең үйге таңертең келіп жатады.

Қырмызы да өзінің таңертеңгі жол сорабымен жүріп, осы үйдің қасына келіп тоқтайды. "Қайдан келдің?" – деп сұрайды зайыбы Назым.

-Ой, әлгі Сарымсақ пен Шәймерденді (құрдастары) үйлендіріп, тойдан келдім, - дейді Құнекең. Арада аз уақыт өткеннен кейін үйге Шәймерденнің қарындасы Мәруся келіп кіреді.

-Сәлем бердік, аға, – деп амандасып үлгермей, Құнекең сағатын көрсетіп, қарк-қарк күледі.

-Не болды, аға?

-Айнам, ештеңе емес, тек өсектің таралу жылдамдығын есептен шығардым. Ол тек Қырмызының жүрісіне, яғни оның жылдамдығына тең екен. Осы жолы 10 минутта – 100м.

Берік МҰХАНБЕТЖАН.

БІЗДІКІ ІШТЕ ҒОЙ

"Забурын" кеншарында ұзақ жыл мал дәрігері болған марқұм Есімғали Мұхтаров әріптес ағасы Теміртас Игіліковпен бірге Атырау қаласына барады. Қайтарда ауылға құр қол қайтуға бола ма...

Сөйтіп Атыраудың қара уылдырығын әкетпек ой туады. Ол шаруасын бітіргесін жолға шығарда Есімғали тұрып: "Темака, менің күйім мынау, пышақ жанығандай, күдіктеніп жүрер. Менен гөрі толықтаусыз ғой, мынаны постыдан өткенше сіз ішіңізге байлап алыңыз", – дейді. Айтқандай-ақ, МАИ бекетіне келгенде құқық қорғау қызметкерлері тоқтатып, тексере бастайды. Сонда Есімғали қарап тұрмай: "Әй, жігіттер-ай, машинаны босқа тексересіңдер, біздікі іште ғой, іште"- дейтін көрінеді. Іште дегенді "алып жүріп не қылайық, жеп алдық қой" деп түсінген милиция қызметкерлері оларды босатып жіберіпті.

ЕСІК ОРНЫНА - ГАЗЕТ

Аудандық мекемелердің бірінде басшылық қызметте жүрген ағамызға ері бар, әйелі бар – қарамағындағы қызметкерлері жиналып келіп:

-Басеке, іші қуыс пенде болғасын әртүрлі табиғи қажеттіліктер болады. Сондай үлкен-кішілі талабымызды қанағаттандыратын орнымыздың есігін біреулер жұлып алыпты. Бұл мәселені шешіп бермесеңіз, қиындау болып жүр, - деп қайта-қайта мазаласа керек.

Сонда ағамыз:

-Оны шешудің шарасын ойластырайық. Ал оған дейін бір-бір "Правда" газетін ала барып, отырғанда алдарыңа жайып ұстай қойыңдар. Қысылып-қымтырылмай қажеттеріңді өтейсіңдер әрі соңғы жаңалықпен танысып, сауаттарыңды да сол жерде ашып аласыздар, - депті.

Жайнарбек БЕРЖАНОВ

ҚАТЫРАМЫЗ ДЕП ЕДІ – ҚАТЫРДЫ

Ардагер мұғалім Қалау Иманғалиев Қаратон поселкесіндегі орта мектепте директор болады. Ол кезде поселкелік кеңес мектепті жақсы қамқорлайтын еді ғой. Кеңесте өткен бір жиналыста Қалекең төраға Мұқтаров Мұхит марқұмнан мектептің жылу жүйесін қысқа дейін жөндеп беруді өтінеді. Сонда Мұхан: "Одан саспаңыз, қатырамыз", – депті.

Кейіннен, қыста бір өткен жиналыста Қалекең:

-Мұхаң сөзінде тұрады екен, анада "қатырамыз" деп еді, шынында да қатырды, - дейді. Сөйтсе, кезінде дұрыс жөндеу болмағандықтан мектептің жылу жүйесі қатып қалып, істен шыққан екен.

"ТОҚСАН – ҚҰДАЙ АТҚАНДАЙ..."

Би болмаса да өмірден өнегелі тұжырым жасаған адамдар да көп болған ғой. Солардың бірі Мақат кентінде тұрып, 90-нан аса өмір сүрген Тәт деген карт екен. Сол кісі 90-ға келгенде замандас інісі, партия және еңбек ардагері Ұлы Отан соғысы жылдарына Мақаттағы аудандық газетте редактор болған атақты Асқар ақынның "Мұнайшылар, мұнай бер!" деген тарихи олеңнің шығуының тірі куәгері болған карт журналист, марқұм Кенжегали Ізтілеуов құтты болсын айта келіп сұраған екен дейді:

-Қалай, ақсақал, тоқсан қалай екен?

-Әй, шырағым, несін айтасың! Елу – таң атқандай, алпыс – түс қайтқандай, жетпіс – күн батқандай екен. Сексен әжептәуір еді, ал тоқсан – құдай атқандай екен!

Аманғали ӘМІРЖАНОВ

***

НҰРКЕННІҢ АРАҚ ҚОЙЫСЫ

Ауылда Нұркен мен Ғабит деген қос азамат құс фабрикасында жұмыстас әрі үйлері де көрші – тұғын. Ол кез нағыз "коммунизмнің" шарықтап тұрған шағы, не киім, не ішем демейсің. Осындай мамыражай күндердің бірінде Нұркен арақты тастапты дегенде, бүкіл ауыл сенерін де, сенбесін де білмеді. Ал құдайы көршісі Ғабит болса, ащы судан әлі ажырамаған.

Бір кеште әйелдер әңгімені қыздырған тұста тілі күрмеліп, удай мас Ғабит келіп, керемет отырыс аяқастынан бұзылды. Дәл сол уақытта Нұркен үйінің тұсына автобус тұра қалып, қомақты бірдеңе түсіріп жатты. Толы жұрт көзінше Ғабиттің әйелі: "Сен адам болмайсың, әне Нұркенді көрдің бе, арақты қойып, үйіне қой түсіріп жатыр",- деп шатақ шығарғаны. Сөйтсе, автобустан түсірілгені қой емес, Нұркеннің өзі болып шықты.

АЙҚАЙШЫЛ ӘТЕШ

Жер жыртуға кіріскен трактершылардың жатар орны Мұстафа деген кісінің үйі еді. Ол кезде аспаз деген жоқ, икемі барлар кезекпен ас пісіретін. Ас ішіп болып, таза ауа жұтуға далаға шыққа болғаны, шарбақ басына шоқиып қонып алған Мұстафаның әтеші айқайлап, күнде маза бермейді. Бүгін де солай. Көптің ішінен бір жігіт: "Кезекшілікке мен қалайын, тамақтың қалай болатынын білмеймін, ал мына әтеш ертең мазаларыңды көп алмайтын болады ", – дегені.

Ертеңгі кеште тамақтан соң шарбаққа шыққақ, әтештің үні өшпегенімен дауысы бәсеңдепті. Ал Мұстафа болса: "Мына әтешім бүгін ауырып жүрген сияқты, байқаймын, ескі айқайы естілмейді" дегенде, кешегі жігіт әңгімесі ойға оралды. Мұстафа кеткесін әлгі жігітті ортаға алдық. Әтештің айқайлау әдісі- әуелі мойнын созып, ауаны аузымен өкпесіне жинап алады екен де, артын қатты қысып қайтадан аузынан өзінше ырғағы бар айқай шығарады екен. Бұл не істеген, әтешті ұстап алып, артына тоңмайды айдап қойыпты. Енді әтеш кеудесін керіп ауаны өкпесіне толтырғанымен, кері дыбыс шығарайын десе, арты майымен жылпылдап қысылмайды екен. Сөйтіп айқайшыл әтешті әлгі жігіт "жонге" келтіріпті.

Берік МОЛДАШ

"СӘЛЕМ БЕРДІК, ШЕШЕ"

Серіктің үйіне таңғы сағат 5-те көрші кемпір келіп қонады. Одан хабарсыз Секең таңертең түлен түртіп, келіншегінің қасына барғысы келеді. Балаларды оятып алмайын деп еңбектеп бара бергенде, келіншегі Дариға бірдеңе айтқандай басын изеп, ымдай береді. "Құптағанның белгісі" деп ұққан Секең жымыңдап жетіп барса, келіншектің қасындағы көрші кемпір басын көтеріп алғаны. Не болғанын түсінбей сасқан Секең: "Ұялған тек тұрмас" дегендей: "Сәлем бердік, шеше",- деп келген ізімен кері қайтады. Дариға болса "Сәлемдесетін уақытты тапқан екенсің", – деп іштей күлкіге тұншыға жатып қалады.

***

ҚАЙНАҒАМЕН ҚАЛЖЫҢ

Бірде Сәкең бір құрдасының үйінде өткен тойда үй иесінің отінішімен асаба болады. Қонақтардың жасы үлкендеріне рет-ретімен сөз беріле бастайды. Алты-жеті тостыдан кейін шетте отырған біреу қызыңқырап қалса керек. Сәкеңе қарата: "Әй, тамада күйеу бала, тұмсығың қоқайып, өзгені көруден қалдың ғой", – деп, маған неге сөз бермейсің дегендей кейіп танытады.

Сода Сәкең:

Қайын аға-ау, пұшықтықтың қырсығынан,
Көп мұрын жапа шекті, қыршынынан.
Қалауын қарындасың тапқан жоқ па?!
Не зиян көріп едің тұмсығымнан? –

деп "қайнағасына" тостыны осылайша ұсыныпты дейді.

ҚАЙТУЫН ҚАЙТТЫ ДЕП ЕДІ

Боранқұлда Кейкеннің үйіне келе жатқан бір кемпірге Бозекең кездесіп:

-Қайда барасыз? – деп, сұрайды.

-Сәбеттікіне барам.

-Естіп пе едің, - дейді Бозекең

-Нені? – дейді кемпір.

-Ықсан қайтты ғой. Жетісі жақын. Ұят болып қалмасын, қайырлы болсын айтуды ұмытпа, - дейді.

Кемпір рақметін айтып кетеді.

Барғасын Кейкенге:

-Әкеңнің қайырын берсін, шырағым, топырақ жасын өздеріңе берсін, - деп бетін сипапты.

-Әкемнің өмір жасы ұзақ болады екен. Ол кісі әзір сау-саламат жүріп жатыр, - дейді Кейкен.

Кемпір қатты қысылады. Үлкен кісінің бұнысы несі екен деп, қайтарда Кейкенмен көрші отырған Бозекеңе келіп өкпесін айтады.

-Қайтуын қайтты деп еді, онда тіріліп келген ғой, - дейді Бозекең күлместен.

ҚЫРСЫҚТАН ҚҰТЫЛУДЫҢ АМАЛЫ

Бозекең Боранқұлда үйіне келе жатса, көрші Кейкеннің әйелі жолығады.

-Ауылда кім бар? – деп сұрайды, үй сыртындағы машинаға көзі түсіп.

-Ой, әлгі Мырзағұл антұрған ғой. Разведкіге жұмысқа келген екен. Мас. Үсті-үстіне арақ ішіп, мазамызды алып болды. Кетер емес, - дейді.

Жүргізуші Мырзағұл Қазиев Кейкенмен әрі құрдас, әрі ағайын адам екен. Кейкеннің одан құтыла алмай отырғанын сезген Бозекең екі үйдің арасымен әріл-берлі жүгіріп, ентігіп, Кейкендікіне кіреді. Қара тер, үсті-басы алқам-салқам.

-Жай ма, жарқыным?! –деп, үйдегілер үрпиісіп қалады.

-Қайдан жай болсын. Бүгін үш күн болды. Сағындық құтырып ауырып, қол-аяғын байлап, құдыққа салып бағып отырмыз. Байғұс ауру болды ғой. Ауылда машина жоқ. Мына машина жақсы келді. Құдай сәтін салар, пақырдың бағы бар екен. Осы машинаға саламыз. Барғанша үш жігіт ұстап отырады ғой. Құлсарыға барғасын, әрі қарай мелисамен апарар. Бізге тек Құлсарыға жеткізсек болды.

-Апара алмаймын, - деп, Мырзағұл шоршып түседі.

-Е,неге?

-Біріншіден, машина разведкаға жұмысқа келді.

-Шырағым, мұнда келгесін Сәбеттің қарауындасың. Мына Сәбеттің қаулысы саған да, маған да заң. Қане, Кейкен, мына шопырға қаулы шығарып бер.

-Ойбай, машинам Құлсарыға жарамайды. Өзім де ауырамын.

-Мынау қиқаңдап отыр ғой. Қане, қаулыңды шығар, қиқаңдаса рациямен Құлсарыға хабарлаймын. Осыдан құтырған Сағындық кісі өлтірсе, мына шопыр жауап береді.

-Мөрім кеңседе қалды, мөрсіз қаулы пайдаға аспайды ғой, - деп, Кейкен шарасыздық білдіргендей болады.

Сол екі ортада Мырзағұл жылыстап шығып кетіп, машинасымен тайып тұрады. Бұларға керегі де осы.

САРЫ СУДЫҢ СОРПАСЫ

Ықсан соғысқа дейін дүкенші болып жұмыс жасаған. Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін оны аудандағы ең шалғай Ұялы ауылдық Кеңесіне қарасты, «Киров» колхозына басқарма етіп жібереді. Екі күн атпен жүріп, ол колхоз орталығына келеді. Ысекең осы колхозда Боздан деген ел азаматы барын бұрын естіген, осы үйдің алдына келіп, атын қаңтарып, ер-тоқымын алып, үй іргесіне тастап:

-Кетерде ер-тоқымымды осы жерден алам, - деген екен. Осыдан бастап Боздан екеуі дос болған.

Бірде ауданнан сиыр фермаға жаңа басқарушы келеді. Ал фермадағы сиырлардан өлім-жітім болып, он шақты бас жетіспейді екен.

Ақыл қосқан ауыл азаматтарына Боздан тұрып: "Оны маған тапсырыңдар," - дейді.

Жаңа келген ферма басқарушысына Боздан ауылдардағы сиырларды санатпастан бұрын бір ауылға әкеліп, сары судың сорпасын береді. Тәтті сорпаны ішіп алған соң, ауылдан шыға бере келесі ауылға дейін атпен шауып баруды ұсынады. Атпен шапқан кезде сары судың сорпасы ішін айдаған жаңа басқарушы әр жусанның түбіне отыра- отыра, келесі ауылға жете де алмапты.

Ертесіне: "Бұл жерге үйрене алмайды екенмін, кейін аудан орталығына ауысып кетпесем болмас", -деп кетіп қалыпты. Сөйтсе ол бұрын малды ауылды көрмеген қала адамы екен.

Ербол ҚОШАҚАНОВ

ҮШ САЙ ҚАЛАЙ БӨЛІНГЕН

1946 жылдың ерте көктемінде Маңғыстауға қарайтын Үшсай, Шиланды деген жерлерге Жылыой ауданының малдарын төлдеттірмек болады. Сол жердегі маңғыстаулық малшыларға қыстауларынан ерте көшуді хабарлауға Боздан мен Ықсанды жібереді.

Қалың қарда екеуі атпен келе жатып, Тасастау Қайнарда аттарымен тік жарқабақтан байқамай, бірге құлап кетеді. Әйтеуір, аттары да, өздері де жарақаттанбай аман қалады. Сол жерге қонып, ертесіне Үшсайды іздеп жолға шығады. Екі күн жол жүріп, Үшсайға құлайды. Бір малшы ауылға келсе, шай қайнаулы. Бұларды күткен маңғыстаулық жігіттер бар екен.

Қиын кезең, елдің негізгі қорегі тары мен сүт, сары май. Бұлар келген соң бес-алты қонақтың алдына үлкен зеренмен бөріткен тары әкеледі. Ортасына сары май құйылған. Екі күн бойы тамақ ішпеген Бозекең мен Ысекең бір-біріне қарапты. Ойлары сары майды қалай араластыру. Сол кезде Боздан Ықсанға қарап:

-Сен кеше байқадың ба, Үшсай қалай бөлінген?

-Жоқ, байқамадым.

-Менің байқауымша былай бөлінген сияқты , - деп, Боздан қолындағы қасықтың қырымен зерендегі үюлі тұрған тарыны үш тіліп, ортасындағы сар майды өздерінің алдарына қарай ағызып алыпты.

МЕНІҢ НАҒАШЫЛАРЫМНЫҢ МОЛАСЫ КӨРІНБЕЙДІ

Ертеңіне маңғыстаулық жігіттермен ел аралап келе жатқанда, әр жерден молалар кездесе береді. Кездескен сайын Боздан:

-Бұлар менің нағашыларымның молалары, - деп айта беріпті.

Оның нағашылары адайлар екен. Осындай бір кезекті қауымға келіп аралап жүргенде Ықсан:

-Аштан өлген жігіттің моласы болмайды деуші еді. Менің нағашыларымның моласы көрінбейді ғой, - депті. Оның нағашылары таз руынан екен. Тапқыр сөздің өзіне қарай айтылғанын бірден аңғарған Боздан күліп жіберіпті.

КОЛХОЗДЫҢ АЛАШАҒЫ

Жылыой өңірінде Дүйіс, Сары деген кісілер болған. Олар заманында әзіл сөзге жүйрік, қалжыңды түсіне білетін адамдар екен.

1946 жылы колхоздан қарызға тары, мал алған адамдардың бермектерін 10 күн ішінде өтеу туралы қаулы шығып, әр колхоздан алашақтарын жинауға өкілдер шыққан. Солардың бірі болып Бозекең, оның қасына сауатты Кейкен Ықсанұлы ерген. Олар тізім бойынша елді жағалап, колхоз дүниесін жинастырып бола келгенде, Сарқырауықта отырған Дүйіс шалдың үйіне кез келеді. Боздан қасындағы Кейкенге:

-Қазір Дүйістің үйіне барамыз. Мен оған колхозға берешегің бар деп айтамын, сен мені мақұлда. Тізімде жоқ болса да, үндеме, - дейді.

Кешке қарай екеуі Дүйістің үйіне келеді. Есік алдында он шақты жандық бар екен. Жолаушылар Дүйіске амандасып болған соң Боздан:

-Елдің колхозға берешектерін он күн ішінде жинау туралы қаулы шықты, соны жинап жүрміз. Сіздікі де бар көрінеді, - депті.

-Әй, Боздан қу, сенің сөзіңе сенбеймін, менің басқарма ініме берешегім жоқ сияқты еді. Әй, балам, сен де бір сазарып қалған неме екенсің, мына құдың сөзі шын ба? - деп сұрайды Дүйіс.

Бозекеңнің сөзін қия алмаған Кейкен:

-Мен ештеңе білмеймін, алашақты жинау үшін ғана еріп жүрген жанмын. Осы кісі біледі ғой, - деп, Бозданға сілтейді. Сонда Дүйіс шал:

-Әй, қу, сенің сөзіңе сеніп отырған жоқпын, бірақ інім қысылса көмектесемін. Ана есіктің алдында он шақты жандық бар, соны алыңдар, - депті.

Бозекең он саулықты Құлсары базарына әкеліп сатып, сол мезгілдегі қат заттар темекі, шай алып, бір қарық болыпты.

ӨЗІ ЖАБЫСТЫ ДЕП АЙТЫҢДАР

Сол жылы Дүйіс Ықсандікіне, жеңгесіне көрісуге келеді. Бұл үймен көрші Бозекең де үйге кіреді. Жөн сұрасып отырғанда, Бозекең Дүйіс шалға қалжыңдай:

-Жеңгеңе көрісе келдің бе, әлде қалған-құткан не бер деп келдің бе? – деп, еңкейіс бергенде, жаздағы он саулығынан айырылғаны бар. Дүйіс шал ойын-шыны аралас, оның көк желкесінен түйіп жібереді. Бозекеңнің нақ желкесіне шиқан шығып жүрген кезі екен. Пісіп тұрған шиқан тарс жарылып, қан атып кетеді. Боздан етпетінен құлап түседі. Сонда сасып қалған Дүйіс шал Ықсанның балаларына қарап:

-Әй, балаларым, мына қу мелисаға шағынып жатса, шалға өзі жабысты деңдер. Жеңгем көрмеген болар, - деген екен.

ОЙНАҒАНЫМ ҚҰРЫСЫН

Ықсан мен Боздан Құлсарының базарына келеді. Ықсан базар аралап жүріп, Сарыға кездеседі. Сарының Бозекеңнен аздап үлкендігі, сақалығы болыпты. Сөзден бірде ұтып, бірде ұтылып жүрсе де кек тұтпаған, әзілдес адамдар бірін-бірі қатты сыйлайтын. Содан Ықсан Боздан мен Сарының әзілдесетінін біліп:

-Бозеке, базарда Сары жүр екен, амандаспайсың ба? – дейді. Бозекең Сарыға келіп:

-Ассалаумағалейкум! – деп амандасып, атын шабуға ыңғайлай береді.

-Уағалейкумсалам, - деп Сары жауап қатады. Сол кезде атының жүйріктігіне сенген Боздан:

-Сары төбет! – дейді де, атын тебініп шаба жөнеледі. Сары қуа кетеді. Оның да аты мықты екен. Қарағайдың тұсынан қуып жетіп, Бозекеңді аттан түсіріп алып, қамшының астына алады. Бозекең ағасына қарсы қол көтермеген. Үлкен кісінің сыйластығын көріңіз.

"Сары төбет" деген осы аузың ғой – деп, аузын құмға толтырып, өзін жаяу тастап кете барады.

Содан кейін Бозекең:

-Бүйтіп, ойнағаным құрысын, - деп айтып отырады екен.

ІНІМЕ КӨҢІЛІМ ТОЛДЫ

Жемнің төменгі бойында таз руының Шарға аталығынан Әжмұқан деген кісі болған. Ол сөзге шешен, ескі әңгімелерді, тарихты жақсы білетін сұңғыла адам еді. Баласы Сұлтан көп жылдар есеп қызметінде болды. Қазір Әжекеңнің немерелері Ақтау, Жаңаөзен қалаларында тұрады.

Сол Әжекеңді сөйлетейін, Бозекеңді сынатайын деген Ықсан оған:

-Әжеке, Жемнің жоғары бойында Келдібай Боздан деген бар. Төменгі таздарды таз деп есептемейді, - дейді. Әжмұқан оған:

-Сол Бозданды маған кездестірші, өзінің қандай адам екенін көрейін, - дейді.

Ықсан Бозданды ертіп әкеліп, екеуін жүздестіреді. Боздан жөнінде әңгімені көп естіген Әжекең онымен әңгімелесіп, інісінің ақылына көңілі толып:

-Өрелеген атты өрге жібермейтіндерді қозғалтпайтын балам екенсің,- деген екен. Сонда Ықсан қалжыңдап:

-Ә, қорқайын дедің бе? – дегенде, Әжмұқан:

-Қорықсам, інімнен қорықтым. Көрдім, көңілім толды, жай сайқымазақ емес, ел азаматы екен, - депті.

АРЫЗҚОЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Ықсан колхозға басқарма болып, көшіп келе жатқанда, Боздан қасына үш-төрт адамды ертіп: "Көш көлікті болсын" айтайық, апайға сәлем берейік, - деп, Бақаның тұ-

сынан қарсы алыпты. Ықсан үйінің жиырма шақты қойы, тауықтары, екі есегі, екі иті бар екен.

Бес-алты жыл колхозға басқарма болған Ықсан басқа жұмысқа ауысып, кейін көшеді. Соғыс жылдарындағы қиын кезеңде малдан ештеңе қалмаған.

Боздан сәл кейініректеу осыдан бес-алты жыл бұрын көшті қарсы алған адамдарды тағы да ертіп келеді.

Қоштасып тұрып:

-Ә, малымыз түгел екен, - депті қасындағыларға қарата. Бозекеңнің ертіп жүргендері колхоздағы арызқой адамдар екен Бес-алты жыл басқарма болғанда, Ықсан досының артынан "жеп кетті" деген сөз ермесін деп, Бозекең екі жағдайда да арызқойларды әдейі алып келіпті.

ЕШТЕҢЕ ДӘМЕ ЕТУГЕ БОЛМАЙДЫ ЕКЕН

Бозекең қайтыс болғанда, құрдастарын шақыру үшін Ықсанға хабар береді.

Қайғылы хабарды естіген Ықсан:

-Бозекеңді алған құдайдан енді ештеңе дәме етуге болмайды екен, - деп , теріс қарап жатып қалыпты.

К.Ықсанұлынан жазып алған А.Бекетов.

БӘЙЕН АЙТТЫ ДЕГЕН

Бәйен Есекенов - кезінде әдеби ортада танымал болған талант иесі. Лирикалық өлеңдермен қоса ауызекі уытты шумақтарды да аяқасты шығара салатын ақберен ақын болды.

МШАНОВ-АУ, МШАНОВ

Бәйен алпысыншы жылдары Гурьев педагогикалық институтының тіл-әдебиет бөлімінде сырттай оқып жүрді. Сол кезде қазіргі қазақ тілі пәнінен Маған Мшанов деген аға мұғалім сабақ беретін. Ол кісінің алдына қанша барса да, қанағаттанарлық баға алмай-ақ қояды.

Осындай тағы бір емтихан тапсыру кезінде Бәйен билет суырып, дайындыққа отырады, бірақ ойына ештеңе түсе қоймайды. Нағыз болмағасын бір бет қағаз алып, тездетіп жазып, ағайына ұсына қояды. Тез жазып беруіне қарағанда дайындалып келген екен ғой деп, ұстазы көзілдірік астынан үлкен қара көзімен шәкіртіне бір, қағазына бір үңіледі.

Сондағы Бәйеннің жазғаны:

Мшанов-ау, Мшанов,
Сізден жүрмін күш алып.
"Төрт" пенен "бес", сірә, жоқ,
Кетсем екен "үш" алып.

Әлгі баға қоймай жүрген ағайы көңілденіп:

-Әй, өзің ақын емессің бе? – депті. Бәйенге де керегі сол емес пе.

-Мен поэма да жаза білетін жігітпін, -деген екен. Осыдан кейін ағайымен айырылмастай дос болып, бағаларын қойдырып алып жүріпті.

РЕНЖІМЕЙТІН БОЛСА...

Бірде Бәйен Құлсарыға келіп жүріп, замандас, жора-жолдастарымен кездесіп қалады. Әзіл-қалжың, жарасымды қағыту басталып кетеді. Қасында тұрған ұзын бойлы жігіт:

-Бәйен, сен өлең шығарғыш болсаң, ана бір тұрған ақ қалпақты жігітке бір шумақ шығаршы, - деп, қолқа салыпты. Әуелі тартыншақтап тұрып:

"Ренжімейтін болса, айтайын," – депті.

Қалпақ киіп шетеннен,
Келгендей-ақ шетелден.
Әттең, шіркін қайтейін,
Оң аяғым сау болса,

Тебер едім көтеннен, - деп, құрбы-құрдастарын күлкіге көміпті.

Б.ҚҰМАРҒАЛИЕВ

«БІР ТЫШҚАННЫҢ ТЕРІСІН БҰЛДАҒАН ЕКЕН..»

Бөкей ордасында айтулы әкім, ұзақ жыл ел басқарып, бүкіл Астараханьның орыс-қазағын аузына қаратқан өте беделді Мақаш деген азамат болған. Алашаның Алты-басының Есәлі деген түйесі көп байы күндердің күнінде «Осы Мақаш маған керек адам-ау» деп ойлап, хакімге жақындаспақ боп, арнайы кісі жібереді: «Қонақ болып кетсін, келінді де ала келсін»,-деп сәлем айтады.

Правитель байдың шақырғанын қош алып: «Күзде барамын, күтсін»,-деп жіберген кісісін кері қайырады. Осыдан кейін: «Мақаш правитель келеді, жақсылап қарсы алайық»,-деп ағайын-туыс, дос-жарандарына жар салады. Уәделі уақытында Мақаш қосшы-қолаңымен Есәлі байдың үйіне келіп түседі. Ол өзіне арнайы тігілген он екі қанат ақбоз үйде болады. Сыйлы қонақтың құрметіне ат шабыс, тай жарыс, түйе жарыс, алты қабақ ату, күрес, т.б. ұлттық ойындар ұйымдастырылады.

Неше дүркін мал сойылып, қонақасы беріледі.

Аттанар алдында Есәлі бай Мақаштың басына құндыз бөрік, үстіне шапан жауып, әйелінің қолына алтын жүзік, басына кәмшат бөрік кигізіп және жылқыдан таңдап тұрып, он қара жорға, түйеден он нар сыйлығын ұсынады.

-Мақашжан, менің саған қояр бір сауалым бар,-дейді Есәлі бұдан соң.

-Айтыңыз, сауалыңызды, –дейді Мақаш.

Есәлі байдың адамдары Астраханьға барып, сауда жасап тұрады екен. Елу түйе ауылға жүкпен келіп жатқанда, елу түйе кері аттанып жатады екен. «Менің дүниеме оң көзіңді сала жүргейсің, келін екеуің»,-деп өтініш тілек айтып, қонағын күндік жерге шығарып салады.

Ауылға келген соң Мақаштың келін-балалары шай үстінде: «Есәлі байдың жағдайы қалай екен?- деп сұрайды.

-Жақсы қарсы алды, құрмет көрсетті, арзы (тілек) етті, -дейді Мақаш.

Сонда правительдің әкесі: «Ішкен-жеген бұйырған. Ал Есәлі бай не аманат тапсырды саған?»-дейді.

-Есәлінің елу түйесі сауда жасап, Астраханьға келсе, елу түйесі ауылына кетіп жатады екен, соған оң көзіңді сала жүр,-деді.

Орыс арасында көп болған Мақаш правительдің әкесі «Вот, так, бала, басы істейтін адам екен. Бір тышқанның терісін үстіне жауып, бүкіл қазақтың аманатын мойнына арттырып жіберген екен»,-депті.

Жинастырған Өтепқали БЕЙСЕНҒАЛИЕВ.
Атырау қаласы.

АЛДАКЕҢ АЙТҚАН ЕКЕН...
ЖАРА БЕТТЕН ҚАРА БЕТ ЖАМАН

Алдекең (Алдаберген Сәрсенбаев) ұзақ жыл Талас ауданында жауапты қызметтер атқарды. Үлкенге іні, кішіге аға бола білген ол кісі сөзге шешен, кішіпейіл, қарапайым

болған. Сондықтан да халық «Алдекеңнің алды кең» дейді екен.

Бірде аудандық мекеменің бастығы болып істеген жас жігіт екі мекеменің арасына от салып, өсек таси береді. Ақыры бәрін Алдекең кабинетіне шақырып, екі жақты тыңдаса, барлығы әлгі жігіттің үндемей жүріп, елді қырылыстыратын жан екендігін айтып шығады.

Сонда Алдекең:

- Әй ,өзің бір көзің көкшиген оңбаған жігіт екенсің. Бүйтіп қарабет болғаннан, жара бет болған жақсы! Қарабет жазылмайды, жара бет жазылады! – деген екен.

***

ӨЗ МІНІН БІЛСЕ ЕТТІ....

Ауданның бір кісісі жоғары, төменгі жаққа арызданып, елдің тыныштығын ала берсе керек. Соған ыза болған Алдекең бір жиында әлгіге қарап:

- Әркім өз мінін білсе етті. Жұмыртқадан жүн қырқамын деп жүргенде, жұлының үзіліп жүрмесін! – деген екен.

ҚҰЛАП ҚАЛМАСАҢ БОЛҒАНЫ

Әзілкеш, қалжыңқой Алдекең бір жиында:

- Шіркін, - дейді қуақылана, - Заврайоно да, аудандық парткомның хатшысы да болып істедік. Обалы не керек, орынтақтан құлап қалмасаң болды, халық қазына ғой, топырлатып әкеп беріп жататын. Алмаймын деп айтуға ұяласың. Сонда да «қанағат, қанағат» деп, ен байлыққа қолды барынша батырмай, ұшын ғана салып отырдық қой!-депті.

С.ДАУЫЛБАЙ, Талас ауданы

ТОРҒАЙ ҚАНЫП ІШЕТІН СУ ЖОҚ

Бірде Талас ауданының бірінші хатшысы бар, Алдекең бар,бірнеше азамат облыстық партия комитетінің бюросына шақырылды. Күн тәртібіндегі басты мәселе – ауыз су. Талас ауданының жағдайын жұрттың бәрі біледі. Ауыз суды тасып ішеді. Жол – жөнекей бірінші басшы жағдайды айтып, сөз сөйлеп, аса белсенді бола берудің керегі жоқтығын ишарамен білдіреді. Бәрі осыған келіседі.

Бюроның отырысы өте тартысты өтеді. Әйтсе де бәрі жақсы, бәрін түзейміз дегеннен әріге бара алмайды.

Бір кезде Алдекең шыдай алмай:

-Не айтып отырсыздар, тап қазір Аққөлде адам түгілі, торғай қанып ішетін су жоқ, - депті.

СЕНІҢ ОРНЫҢ ҒАНА БОЛМАСА....

Алдекең аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болып тұған кезі. Азуы алты қарыс басшының үстінен жиі-жиі арыз түсіп, қатты күйінген бірінші басшы бір жиын үстінде: «Бұл елге не керек өзі?» -дегенде, Алдекең аспай-саспай: «Елге көп нәрсе керек емес, тек сенің орның ғана болмаса», - деген екен.

Қали СӘРСЕНБАЙ.

...деген екен

1954 жыл. Көрнекті қоғам қайраткері Тарыбай Шәукенбаев Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы болып қызмет атқарып жүрген кез. Республикаға бірінші басшы болып Леонид Ильич Брежнев келеді. Брежнев Орталық Комитеттің жауапты қызметкерлерімен жеке-жеке әңгімелесу өткізеді. Кезек Тарыбайға келеді. "Қалай, Тарыбай Шәукенбаевич? Менің командамда жұмыс істеуге қарсы емессің бе?" – деп сұрайды. Қарамағындағылардың бірден құлдық ұрып, бас изеуіне үйренген "үлкен кісінің" әлгі сауалына Тарыбай: "Мен Ленин партиясы атты бір ғана команданы білемін, басқасын білмеймін,"- деген екен.Сонда бірінші басшы бұл сөзге катты шамданып, шарт сынады. Мұның аяғы кудалауға ұласып, бірбеткей коммунист қызметтен біржола кетіп тынады.

***

1974 жылы Асанәлі Әшімовті театрдың партия ұйымының хатшысы, атақты әртіс Сәбира Майқанова қоярда-қоймай қыштап, партия қатарына өтуге көндірді.

Асекең аудандық партия комитетіне кинода ойнаған Шадияровтың шоқша сақалымен кіреді. Комиссия мүшелері бұрынғы партия қызметкерлері екен. Солардың ішіндегі біреуі: "О! Бізге Фидель Кастро келді ғой," – дейді. Бір карт әйел жас әртісті қорғап шыр-пыр болып: "Ол актер ғой. Қызметі де соған сәйкес болса ше?!"- дейді.

Әлгі карт сонда да тақақтап: "Тиіс пе, тиіс емес пе, білмеймін. Партия катарына сақалмен өтпейді," – дейді. Сол арада Асекең өзіне тән әзілкеш мінезбен:

- Ал мен Владимир Ильичке, Маркс пен Энгельске еліктегенді жөн көремін, - деген екен.

Бұл әзіл отырғандардың көпшілігінің көңіліне жақпаса да, орайының оңынан келуіне игі ықпалын тигізген, Асекең әрі партиялыққа кандидаттыққа өтіп, әрі қалалық Кеңестің депутаттығына сайлануға алғышарт жасапты.

Пернебай ДҮЙСЕНБИН

КОММУНИКАБЕЛЬНЫЙ ШЕРКЕШ

Бірде атақты ғалым Акселеу Сейдімбек белгілі ақын, шеркеш Қайрат Жұмағалиевтан:

-Қайреке, осы:

«Шеркеш -

Түйеге өркеш,

Қазанға қап,

Қамшыға сап», - деген мәтел сөздің мәні не? – дейді. Сонда Қайрат ағамыз: «Мәнін, орысша айтқанда–шеркештер мейілінше коммуникабельный ру болған ғой», - дейді.

«Сонда мұның қазақшасы қалай?»

«Қазақшасы ма? Қазақшасы - шеркештер ел дегенде иіліп, жұрт дегенде жиылып алатын ру деген сөз», - деген екен.

Акселеу Қайрат ағаның тапқыр, нәрлі жауабына риза болып, ұтырлы сөзді дереу қойын кітапшасына қондырып алған екен.

ӘЙЕЛІМ ҮРЖАННАН СҰРАЙЫН

Шіркін, топырағың торқа болғыр, Төкең-ай. Ұзақ жылдар аудандық газеттің ыстығына күйіп, суығына тоңған редактор Төкен Мақашев ағамыз күн нұрындай мейірімді, айтымынан қайтымы тез жас баладай аңғал да аңқау, көңілінде иненің жасуындай арам ойы жоқ қожанасыр мінезді адам еді.

Қалам ұшымен сөз саптаған журналистер редакторлардың қызмет бөлмесінде алдағы газет нөмірін жоспарлап отырғанбыз. Сұр түсті телефон табанасты жылаған жас баладай шар ете қалды. Қоңырау шалғандар сол кездегі ауылдық кеңестен немесе мектептен болу керек. Телефон тұтқасын құлағына тоскан Төкең жауап бере бастады.

-Мен осы уақытқа дейін канша ұл мен қызым барын біл-

мейді екем. Сәлден кейін хабарласшы. Әйелім Үржаннан сұрап, біліп қояйын, - деді.

Бұл күлкіге түйіліп, ішімізді басып отырып қалдық.

ДЕМАЛЫС КҮНІ АУЫРЫҢДАР

Жеңіс Шыныбеков ағамыз дүйсенбі күні жұмысқа келмей қалды. Ертесіне әдеттегідей редактор бөлмесінде бас қостық. Төкең ұмытпаған екен.

-Жеңіс, сен кеше жұмысқа неге келмедің?- деді.

Жеңкеңнің жауабы қашан да дайын ғой:

-Басымның «сақинасы» ұстап, төсектен тұра алмай қалғаным, Төке!

-Бәріңе ескертіп қояйын, - деді Төкең жайбарақат қана.

– Бұдан былай жұмыс күні ауыруға рұқсат жоқ. Демалыс күні ауырыңдар.

Күлкі қысқаны сонша, бір-бірімізге мәз болып қарай беріппіз.

СУ ТҮБІНЕ КЕТКЕН ЖУРНАЛИСТ

Аудандық газет «Октябрь таңы», «Молшылық» атанған тұста, Жеңіс Шыныбеков ағамыз шашасына шаң жұқтырмайтын тұлпардай қаламы жүйрік журналистің бірі болды. Жеңкең от ауызды, орақ тілді, тапқыр сөйлейтін еді. Қазір Алматыда тұрады.

Журналистер Берік Шәмшиев, Жеңіс Шыныбеков, баспахана меңгерушісі Амандос Рақышев үшеуі Құмкент ауылының іргесіндегі Қызылкөлге жолдары түседі. Шілденің аптап ыстығына күйіп-жанған жігіттер тұнық суға шомылып, дамылдап алуға ниет етеді. Белгілі журналист Берік Шәмшиев пен Жеңіс Шыныбек екеуі нағашы-жиен боп әзілдері жарасып, ойнаушы еді. Жиенін сөйлетпек болған, бұл күнде өмірде жоқ Берік марқұм:

-Ал, жиен, суға үйрекше сүңгуден, аққуша жүзуден қалайсың? – дейді.

Жеңкең мақтанып сөйлегенді ұнататын.

-Қызылкөл деген не тәйірі. Мен Қара теңізге баспен сүңгіп, акулаша жүзетін жігітпін, - дейді.

-Онда, сен баста, біз қоштайық.

Шешінген судан тайынған ба? Қайтып сөзге келмеген Жеңіс терең суға баспен сүңгиді. Содан қайтып су бетіне шыға қоймайды. Көңілі секем алған Амандос та суға сүңгиді. Жүзе білмейтін, су түбіне батқан Жеңісті жағаға сүйреп алып шығады. Шұғыл көмек көрсетіледі. Суға тұншыққан Жеңкең қақалып, шашалып,зорға есін жияды. Тілінің бізі бар нағашысы Берік мырс етіп күліп:

-Оу, акула жиен, су астынан неге шықпай қойдың? – дейді. Сонда Жеңкең іркілместен;

-Мен су түбінде Амандосты күтіп жаттым, - деп сөз тауып кеткен екен.

Темірлан ӘБІЛДАЕВ, журналист.
Жамбыл облысы,
Сарысу ауданы

ӘЗІЛДЕРІ ЖАРАСҚАН

Бас редактордың орынбасары Темірлан ағай танымал қаламгер. Шығармаларына қызықты эпизодтар мен шытырман оқиғаларды өзек етіп жазатын сөз зергері. Темірлан ағайдың ерекше қасиетінің бірі әзілқалжың айтқанды ұнатады. Табан астында әзіл өлең жаза салатыны бар.

Аудандық «Сарысу» газетінің бас редакторының міндетін атқарып жүрген Темірлан Әбілдаев ағай аулаға гүлектірді. Ал Диқанбай Ақділда ағай бас редактор болып қызметке кіріскен бетте тазалық жұмыстарына ерекше назар аударды. Жабайыланып кеткен жүзім сабақтарын отатты, есік алдында қисық өскен екі талды кестірді. Жаңадан он шақты қаратал көшеттерін отырғызды.

Арада жыл өткен соң Диқанбай ағай қызмет бабымен аудан әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы қызметіне ауысты. Одан бері қыс келді, көктем болды, жаз шықты.

Күн ысыған соң Темірлан аға есік алдындағы кесілген екі талдың көлеңкесін сағынған болу керек. Содан Диқанбайға арнап «Інімізге наз» деген тақырыпта бір шумақ өлең жолдайды.

Жігітсің ғой көтерген жүгін нардың,
Қадірін де білесің жоқ пен бардың.
Күн ысып кетті,Диқан, өзің кескен,
Қайтаршы көлеңкесін екі талдың, - деп өлең жолдайды.

Сөзі мәнісін түсінетін Диқанбай ағай да қарап қалмай: «Ағаның назына жауап» деп жазып хат жіберіпті.

Екі тал қисық өскен сән бола ма?
Айтылған қыңыр сөзде мән бола ма?
Ектірген талдарым бар әлі-ақ өсер,
Сонда пана болады бар ағаға.

Темірлан ағай сол сәтінде былай деп қарымта жауап жолдайды:

Тал деген перзенті ғой табиғаттың,
Қисық тал, қыңыр сөз деп артық айттың.
Қисайды деп басын кессек не болады,
Теңселіп жасы келіп, жүрген қарттың?!

Өмір шындығын боямасыз жырға қосқан, әзілдері жарасқан, ағалар-ай. Мүмкін өмірдің қызығы да осындай шынайы шындығымен, әдемі әзіл, қылықты қалжыңдармен тәтті де қымбат шығар. Ағасын сыйлап, інілік ізет көрсетсе керек, Диқанбай ағай кері жауап қайтармапты.

Кәмели СҰЛЕЙМЕНОВА.
Жаңатас қаласы.

СОҚЫР МЕН ТАЗ

Қосым шеркеште Таңмағанбет деген әрі ақын, әрі өлеңші би болыпты. Бірде Таңмағанбет пен Асаудың Тұрланының баласы Бекмағанбет бір байдың ауылына келеді. Бай екеуіне соғымнан ет асады. Асқан еті аздау болса керек, екі құрдас біріне бірі: “Сен же, сен же”,- деп ысыра береді. Сосын Бекмағанбет Таңмағанбетке: “Соқыр, сен же”,- дейді. Таңмағанбеттің көзінің ағы бар екен. Тамақ желініп болғанда, сәлем салар келінге табақта сарқыт қалмапты. Ол кезде табақтың қалғанын сарқыттық деп келін жейді екен. Сонда Таңмағанбет былай депті:

Сыпайының сарқыты аздау келеді,
Қонағының біреуі соқыр, біреуі таздау келеді.

Бекмағанбеттің басының тазы бар екен, үндей алмай қалыпты.

Елтай ДҮЙСОВ. Мақат.

ЖАЛТ ЕТКЕН БАС

Аққөбек Дәрібайдың жалғыз ұлы Фермебай деген азамат әскерде үш жылдай авиация бөлімінде қызмет етіп, елге оралады. Содан дос-жарандарымен көңіл көтеріп, біраз сайрандайды.

Бір күні үлкен дастарқан үстінде лепіріңкіреп сөйлеп:

-Бірде тура өзіміздің Жайылма ауылының үстімен ұшып бара жатқанда, апамды көрдім. Басына аппақ кимешек киіп, қолына көк құманын ұстап дәретке шығып барады екен, - дейді. Сонда көрші тұратын Орынбай дейтін әзілкештеу үлкен қария:

- Рас болса, рас шығар, тап сол күні күнге жалт етіп шағылған бастың сәулесі көзімді қарықтырып жіберіп, көпке дейін көрмей қалдым,- дегенде, ел қыран-топан күлкіге батыпты. Себебі Фермебайдың басы тағалы тай тайып жығылатындай жалтыр, таз болатын.

ӨЗІ ДӨҢ, ӨЗІ СОР

Сол Фермебай өте еңбеккор, шаруа жан еді. Совхозда жүгері өсіріп, аты газет бетінен түспей жүрген кезі екен. Сол кездегі Сарысу аудандық атқару комитетінің төрағасы , от ауызды, орақ тілді, біртуар азамат Қырықбай Асанов Фермебайдың сырт көзге бітік көрінген жүгері танабын аралып жүріп, бірқауым алаңқай жерде алақаудан өскен жерге жолығып қалып, түрі бұзылып кетеді.

-Жолдас Фермебай! Мына жүгеріңнің сырты бүтін, іші түтін екен. Неге суармағансың?! Әлде жүгеріңнің қою өскен жерін көлеңкелеп, қорылға басып жүрсің бе? – дейді. Сол кезде Фермебай басындағы май сіңген кепешін жерге атып ұрып:

-Міне, Қыреке! Басымда бір тал жоқ. Таңертең бір, кешке бір жуамын. Ыстық күнде басымды жүз рет сумен шылап, мың суарсам да, бір тал шықпай-ақ қойды. Мына жер де тап сондай! Өзі дөң, өзі сор, менің басымдай таз жер , - деген екен күйініп.

Сонда Қырекең күліп жіберіп, оның арқасынан қағып, басынан сипапты да, қасындағы совхоз директорына бұрылып:

-Мына Дәрібаевтан биыл еш жоспар сұрамаңдар, - деген екен.

Пернебай ДҮЙСЕНБИН.

ДЕМАЛЫС

Шумақ Лұқпанұлы Ризуан деген кісі совхозда ферма меңгерушісі болған. Содан бір тойда Ризуаның құдалары оның шаршаулы, абыржыған жүзін көріп:

-Оу, Ризеке, демалыс алмайсыз ба? Демалғаныңыз жөн ғой, - деп тақақтап қоймапты. Сонда мол дастарқан үстінде көңілденіп отырған Ризуан аға:

-Демалыс, демалыс дейсіңдер! Бұдан артық қандай демалыс болады! – деп қолындағы қырлы стаканды жоғары көтерген екен.

КЕШІР БАЖА

Қойыс Сәйпеден туған бажасы Красный Ярда ішкілік ішкендігі үшін 15 сөткеге қамаққа түседі.

Бір күні Сәйпеден арақ алайын деп кезекте тұрған бажасына амандасады. Сонда бажасы оған:

-Не бетіңмен амандасып тұрсың? Мен он бес күн жатқанда, бір рет ат ізін салуға жараған жоқсың, - дейді.

Сонда Сәйпеден:

- Кешір, бажа, жұмыс көп болып, ығыты келмеді. Енді осы жолы түскенінде, міндетті түрде соғамын, - деген екен.

ШУМАҚ ЕМЕС, СУНАҚСЫҢ!

Ертеде Есен деген жігіт көрші аймақтан бір қызды алып қашып келіп үйленіпті. Күндер сынаптай сусып өтіп, некелескендеріне ай толады. Көңіл күйлері көтеріңкі екеуі оңаша дастарқанда таңғы шайын алында алып, рақаттана ішіп отырады. Сол кезде Есен жас келіншегінен:

- Айтпақшы, осы сен қай рудансың? – депті.

- Шумақпын.

- Астапыралла!!! Жігіт жағасын ұстапты

- Ойбүй, көтек! Не болды?! Әйелдің де даусы қатты шығып кетеді.

- Үніңді шығарма енді! Масқара болдық.

Мен де шумақпын! Енді сен шумақ емес, сунақсың, - деген екен.

ҚЫЗ-КЕЛІНШЕК ҚЫЗЫҒЫП...

Байбек ауылында тұратын Бекенов Ислам деген ағамыз науқастанып, ауруханаға түседі. Ем қабылдайтын палатада система қабылдап екі әйел және Ислам жатады. Екі медбике, бір үй тазалаушы әйел, ауруларды күтуші екі әйел, яғни жеті әйелдің арасында Ислам ағамыз жалғыз жатады.

Содан Асқар деген балдызы қарияның көңілін сұрап келіп қалып, есіктен бас сұғады.

-Мен сені ауырып жатыр десем, айналаңның барлығына қыз-келіншектерді жинап алыпсың ғой. Сенің бұл "қылығыңды" қазір барып апама айтамын, - дейді. Сонда Ислам ағай:

-Әй, Асқаржан-ау! Менің иненің жасуындай кінәм жоқ. Осында келіп жатуым сол екен, балға жиналған арадай құжырлап, қыз-келіншектерің каптады да кетті. Менің де қыз-келіншектер қызығатын қылығым бар-ау деп ішімнен қуанып жатырмын, - деген екен.

Хажеден СҰЛТАНОВ, Құрманғазы ауданы, Қиғаш ауылы.

ОСЫНЫ ІШПЕГЕНДЕР...

Облыстық атқару комитетінен екі қыз келіп, Шу бойын аралайды. Әр түрлі мәселелерді тексермекші екен. Беталыстары онша дұрыс болмаған соң Қырыкең қыздарды өзі алып барады.

Сол тұста жездесі Қосым Шеркеш Жақаң (Жақып Дүйсенбаев) "Шығанақта" партия ұйымының хатшысы болатын. Өкілдер кешке Жақаңның үйінде күтіледі. Кең дастарқанда көңілді отырыс басталады. Барлық ойлары - өкілдердің оябын тауып жұмсарту. Тапсырма солай болу керек. Үй иесі Жақаң өзі асаба қызметін атқарып, ән айтып, қалжың көсілтіп, қолынан келгенін істеп жатыр. Бірақ екі өкіл шараптан да татып алмайды екен. Қырекеңнің де денсаулығы сыр беріңкіреп, бұл шіркінді қолына ұстамай жүрген бір кезең болса керек. Бірақ асаба ебін тауып, Қырекеңнің өзіне ішетіндей уәж айтып, тост береді. Сонда Қырекең былай депті:

-Ал, қонақтар, енді маған лаж жоқ. Сіздерге де қауіп... Ертеректе мына алдарында тұрған асаба Жақыптың жұмысын тексеруге қаладан екі-үш қыз келіпті. Кешкілік беті жаман тексерушілерін үйіне алып барып, күтіп, қонақтардың алдындағы стақандарға орыс арағын толтырып қойып: "Ал, жолдастар, мен кеттім. Осы арақты ішпегендер қатын болсын!" – деп басына бір-ақ көтеріпті. Кімнің "ол" болғысы келген. Әлгілер де бастарына бір-ақ

көтеріпті. Қыздардан тексеруші келсе, қоярда-қоймай үйіне шақырып, сол сөзді айтатыны бесенеден белгілі. Тағы сөйтпекші. Сол сөзді естімей тұрғанда, мен кеттім, - деп арағып ішіп салып, қыздарға қарапты. Екі оттың ортасында қалған тексеруші қыздар масаң Жақаңа бір, алдарындағы стақандарға бір қарап, көздері жыпылықтап, қолдарына ала беріпті.

СЕНДЕР БАҚЫТТЫСЫҢДАР

Көп жылдар партия, кәсіподақ жұмыстарында істеген, ауданға сыйлы аға Жақып Дүйсенбаев Қырекеңе жезде болып келеді. Кездескен жерде бұрынғының жолымен балдызы да, жездесі де орынды әзілдерге барып, мәре-сәре болып қалатын. Көп көрмесе, бірін-бірі сағынып тұратынын ұғушы едік. Әзіл төркінінен тонның ішкі бауындай жақындық білініп тұратын.

Бірде Қамқалыда Қырекең Жақанның қолын алып тұрып.

-Қайран, дүние-ай, менің күндей апам-ай, мынандай қап-қара жаман Жақыпқа қалай тиді екен. Қыз бен қойдың бармайтын жері жоқ деген-ау,- дейді. Сонда Жақан қашанғы асып-саспайтын әдетімен:

-Апаң жақсыға өтпеген соң жаманға тимегенде қайтеді. Күйеусіз қалсын ба енді, - дейді ұрымтал жерді жібермей.

-Ей, не деп кеттің? Мынауыңды Дана естіп қоймасын. Ұят болады апамыздан. Сені тапқан Дана бақытты ғой, сендер бақыттысыңдар, Жака, - деп күйеудің сөзінен ақталғандай бас иіпті...

БІР ҮЙГЕ БІР ӘНШІ ЖЕТПЕЙ МЕ?!

Аудандық төраға Қырықбай Асановқа жезде болып келетін ауданның сыйлы қарты Жақып Дүйсенбаевтың әулеті шетінен сауыққой, әнші, күйші тыңдаған жұртты еліктіріп жіберетін өнерпаздар. Жақаң да одан құралақан емес. Ойын-тойдың ауылдағы ұйытқысы, сәні еді.

Жақаңның үлкен ұлы Балапан 1967 жылы Жайлаукөлдегі Жданов атындағы орта мектепті тұңғыш бітірген 23 түлектің бірі. Өз ортасында салдығымен танылған Балапан мектеп бітірген жылы ауылға атақты домбырашы Мағауия Хамзин келіп, концерт қояды. Жақаңның үйінде болып, тұңғышына ән айтқызып, күй тартқызады. Баланың өнеріне тәнті болған домбыршаы Жақаңа қолқа салып:

-Жақа, Балапанды менің тәрбиеме бер. Жанғалы тұрған талантты қолма-қол өшіріп алуға болмас. Оқуға өзім түсіремін. Ең болмағанда, биыл ашылған эстрадалық "Гүлдер" студиясына кіргіземін, - деп қатты өтінеді.

Өзім деген жанның бетін қайтарғысы келмейтін, ақкөңіл Жақаң домбырашыға уәдесін беріп қайтарады да, жолы түсіп Байқадамға барғанда, Қырекеңе арнайы соғып, ақыл сұрайды. Мән-жайды түсінген Қырекең:

-Бір үйге бір әнші өзің де жетпейсің бе. Бәрің оқтау ұстап дуылдап, ойын-сауық қуып кетсеңдер, Дана бауырым аштан өлмей ме? Оны кім асырайды? Балапанның бағын байлама, оны құрылысшы ет. Бұл мамандық Балапанның қолынан келеді, - деп ақыл береді.

Балапан Қырекеңнің сол ақылымен Жамбыл гидромелиоративтік- -құрылыс институтын бітіріп, әйдік маман болып шықты.

Бергентай НҰРМАХАНОВ,
Сарысу ауданы.

ЕДІЛ ДЕ МЕНІКІ...

Ерте кездегі Кіші жүздер Жайық бойындағы орыстармен жиі-жиі егесіп, қақтығысып қала береді екен. Сонда бір тілді, батыр шалыс Шеркештің Бақберген деген жігіті орыстың бір мұжығын қамшының астына алып жүріп:

Еділ де менікі, Жайық та менікі,
Жайықтың бетіндегі қайық та менікі,
Еділдің түбіндегі балық та менікі, - депті.
Осы сөз кейін елге кеңінен таралып кетіпті.

Мәжен Тоқмұратов, *Шымкент қаласы.*

АҚАННЫҢ АЙТҚАНДАРЫ

Қосымның Жақсылық әулетінен шыққан Ақан қария мінез-бітімі мүлде бөлек, ерек жан болатын. Ашуының алды бар, арты жоқ, ақкөңіл әрі тауып сөйлейтін тапқырлығы да бар еді. Ұзақ жылдар бойы колхоздың сиырын баққан.

Ертеректе Қарақоға деген жерде Ақан Дүйсенбі деген өкшелес інісімен көрші отырады. Бір күні үй іргесіндегі шабындыққа таласып, екеуі төбелесіп қалады. Кемпірлері болған жайға әбден ренжиді.

Бірнеше күндер өтеді. Бірде аңсақ Ақан қария ауыл сыртындағы жайын судан үш-төрт қаз атып әкеліп, әйелі Төлеуге астырады.

Үй көлеңкесінде отырған Ақан қазан-ошақ басында жүрген Сара келініне айқайлайды.

– Сара, Сара! Дүйсенбі қайда? Тез үйге келіңдер, қаз дайын! – дейді. Сонда Төлеу:

– Құдай тас төбеңнен ұрғыр-ау! Оны не бетіңмен шақырып отырсың? Кеше ғана емес пе екеуіңнің қырықпышақ болып қырқысқандарың,-дейді ренжіп. Сонда Ақан оған дүрсе қоя беріп:

– Әй, не оттап отырсың? Е, ол төбелессе, менің өзіммен төбелесті, бірақ қазыммен төбелескен жоқ қой! – деген екен.

БАТА

Данаш деген әйел Ақанның етжақын туысы, әйелі қайтыс болған Өкейге тұрмысқа шығады. Құтты болсын айтып барған Ақан дастарқан батасын:

Өлген келін келмесін,
Келген келін өлмесін.
Қайын менен қайнаға
Соғымынан сойылған,

Сыбаға сақтап бермесін, - деп қайырған екен. Отырғандар мырс-мырс етіп, күлісіп қала берді. Айға жуық уақыт өтеді. Күзгі соғым сойылады. Данаш келіні қайнағасына мүшелі сыбағасын беріп жібереді. Сонда Ақан:

– Ойпырым-ай, мына келіннің зердесі бар екен, ә, - депті.

КОММУНИЗМ ДЕЙСІҢДЕР

Колхоз кезіндегі бар қиыншылықты мойнымен көтеріп, үкіметтің өктемшіл саясатының небір құқайын көрген Ақан қария олар туралы өз пікірінен еш іркіп көрмеген ғой. Сонда былай деген екен:

– Осы коммунизм, коммунизм дейсіңдер. Әлі күнге көрген бір жарық сәулеміз жоқ. Осы қалыппен жүре беретін болсақ, мынау Ауданбек баламыз екеуміз сол коммунизге осы тыржаланаш жалаңбұт қалыппен барамыз-ау.

ҚЫШЫҒАН ТІС

Ақанның балалары, туыстарының балалары Байқадамдағы интернатта жатып оқиды. Демалыста жиырма шақырым жердегі Қарақоғадағы ауылдарына жартықұрсақ қалпында жаяу жете құлап, үйдегі бар тамаққа жаудай тиіп жататын балаларға қарап отырып:

- Ауданнан келген адамдардың бәрінің тісі қышығыш келеді, - деп мысқылдапты. Оның астарында дікек қаққан атқамінерлердің колхоздан тісбасар дәметіп тұратын пиғылдарын мезгегені екен.

- Осы ауданға барсаң, асықпай жүрген бір адам көрсейші! Әйтеуір сабылып жүрген бір дүрмек. Бірақ бітіп жатқан бір іс болсайшы, - дейді екен ауданға барып келгенде.

Пернебай ДУЙСЕНБИН.

ЕСКЕРМЕСТІҢ БАТАСЫ

Мақан батыр мен туысы Ескермес екеуі бір ауылға барады. Қонып жатқан қонақтарға үй иесі бір лақ алып келіп, бата сұрайды. Сонда Мақан Ескермеске бұрылып: «Батаны сен бер», - дейді. Сонда Ескермес:

Көрсетші көтін,
Теке лақ екен,
Жемейміз етін.
Ат басындай Мақаңа,
Бір жапырақ лақ сойып,
Қайтіп көресің,
Елдің бетін? – депті. Сонда үй иесі санын бір-ақ ұрып:

- Ойбай, кешірім етіңіздер. Сіз атақты Мақан батыр екенсіз ғой. Әй, жігіттер, құнан қой әкеліңдер, - деп қонақасын дұрыстап бергізген екен.

Әби СМАЙЫЛОВ, Сарысу ауданы.

САТЫБАЛДЫ МЕН КӘДІРСІЗДІҢ ҚАЛЖЫҢ ҚАҚТЫҒЫСЫ

Жақсылық алшын Сатыбалды мен Кәдірсіз деген кісілер құрдас екен. Елде Жүндібай болысқа сайлау жүріп, босанады-мыс деген қауесет тарайды. Сатекең болыстыққа өзін ұсынып, шар салатын дорбасын іліпті.

Сатекең аласа бойлы кісі болса керек. Кәдекең соны мысқылдап тілге тиек етіп:

-Қыртаң қазы дегенде, қыртаң қазы,
Жаздай жүріп жиғаның сыңар қазы.
Болыс болып кетер ең, әттең шіркін,
Кедергі боп тұрғаны малдың азы, -
деп келемеждепті.

Сайлау аяқталуға таянған уақытта Сатекең дорбасына түскен бір шарды болыстыққа таласпаймын деп Жүндібайдың дорбасына салады. Сол бір шар бар мәселені шешіп кетіп, Жүндібай қайта болыс болып сайланады.

Мұны естіген Кәдекең:

- Япырай, қыртаңының құп көретін қыртысы да көп екен-ау, - деп жорта таңданыпты.

Сонда Сатекең:

- Жүрмісің есен-аман, Кәдірсізім,
Білсеңші бос қылжақтың кәдірсізін.
Қыртаң болыс болар деп қорыққанша,
Аңдасаң қайтер еді елдің сызын, - деп жауап қатыпты.

Сөйтіп құрдастар қалжың қақтығыстан есеп теңестірген екен.

СМАЙЫЛОВ Қаби, Жаңатас қаласы.

ЖЫЛЫСБАЙ МЕН ҚЫЗДЫҢ АЙТЫСЫ

Жақсылық алшын әулетінен шыққан Жылысбай деген кісінің жеңіл әзілге шебер, бірқақпайы бар екен. Бірде Қараөткел жақтан кіре тартып келе жатса, бұрын ат басын бұрып жүрген бір ауылдың жүзтаныс екі қызының біреуімен бір сапарында бір-екі ауыз сөз қағыстырып қалған екен. Қыз түйе үстінде кіре бастап келе жатқан Жылысбайға қарап өлеңді қоя береді.

Қыз:
Түйесі кірекештің қатар-қатар,
Бұтына кірекештің арқан батар.
Үйіңді ала жаздай бір көрмейсің,
Үйіңде қатын-балаң қайтіп жатар?
Жылысбай:
Ол рас, түйелерім қатар-қатар,
Бұтына кірекештің арқан батар.
Балам мен қатынды ойлап не қыласың,
Мауқымды тап өзіңдей қыздар басар.
Қыз:
Қарай көр, мына сордың бәлесін-ай,
Көкейге құрт боп түскен дәмесін-ай.
Бар жиған- тергеніңді берсең-дағы,
Жетпейді қолың маған, өлесің бе- ай!
Жылысбай:
Құдаша, мына сөзің айтар сөз бе,
Кісіге естір құлақ, көрер көз бе.
Малымды жиған-терген саған беріп,
Немене аузы алтын, түбі жез бе? – депті.

Сонда қыз сөзден жеңілгенін мойындап, Жылысбайды ауылына қонақ еткен екен.

Әбдіғаппар ТҮСІПБЕКОВ,
Саудакент ауылы.

ЖАНӘБІЛДІҢ АЙТҚАНДАРЫ

Жәкеңнің замандасы Әйнекбай деген кісі бұрынғы қыздай алған әйелінен көп перзент көрсе де, жалғыз қыздан басқасы ерте қайтыс болып кетеді. Жер ортасына келген Әйнекең тәуекел етіп, жастау әйелге үйленеді. Сонда Жанәбіл Әйнекеңе былай деп хат жазып жіберіпті:

Әйнеке, құтты болсын үдермеңіз,
Дұшпанға, сірә,кекті жібермеңіз.
Қырынып, сақал-мұртты,әтірленіп.
Құшақтап ақ тоқалды дігерлеңіз.
Әйнеке, жер ортасы-ерге сынақ,
Көп жігіт таба алмайды мұнда тұрақ.
Сыланып қыран құстай баптаныңыз,
Қазы мен қарта,қымыз бойға қуат.

Шалбай БАЛМАҒАНБЕТҰЛЫ,
Жайылма ауылы,
Сарысу ауданы.

ЖАНӘБІЛ АЙТҚАН ЕКЕН

Сарысу ауданының Жайылма ауылында Жанәбіл Ескермесұлының әзілкештігін, тілділігін, тапқырлығын көп адамдар әлі күнге тілге тиек етіп отырады. Соның бір парасын төменде назарларыңызға ұсынып отырмыз.

ШАЛАБАЙ ЗАМАНДАСЫНА АЙТҚАНЫ

Уа, Шалеке, көсілтіп,
Сөз сөйлейміз данадай.
Бағып жүрміз көп қойды,
«Шайт-шайттап» кең далада-ай.

Әрлі-берлі, шапқылап,
Күш бойдан кетіп қалады-ай,
Кешке жақын келгенде,
Ұлмаусындай жеңгейге,
Қалдыңыз-ау жарамай.

* * *

КЕТІП ЖАТЫР, КЕЛІП ЖАТЫР

Жәкең жастай қосылған әйелі қайтыс болғаннан соң бірнеше рет үйленеді. Біразынан ажал айырып, біразының тірлігі керқайсақ болып, берекесі кетіңкіреп жүреді. Тұрмыс салған тауқыметтің астарынан әзіл табатын Жәкең әрқайсысына бір-екі ауыз өлең жазып жібереді екен.

Күләйім деген дүкенші әйелді алады. Бірақ оның жасырып арақ ішетінін ол кештеу аңғарады. Ананы бір, мынаны бір сылтау қылып, Жәкеңнен қайта-қайта ақша сұрап, ығыр қылады. Сонда Жәкең:

- Жатымы жүз сом болды Күләйімнің,
Жігітке керегі жоқ уайымның.
Секірген шөп басынан Жанәбілге,
Білдің бе не саларын құдайымның?!
деп әйелін төркініне апарып салыпты.

Жәкең артынша-ақ көңілі қалаған әйелдердің бірін алып келіп, босағаға аттатып жатып, құрдастарына:

-Құрдастар, сөге көрме Жанәбілді,
Күні-түн қатын іздеп көп сабылды.
Тілейді жаратқаннан жалбарынып,
Жақындат жанға сая бір дамылды.
Бір қатын арқаланып кетіп жатыр,
Бір қатын арқаланып келіп жатыр,
Құдайдың мұнысына шүкіршілік,
Жанәбіл мол қызыққа еніп жатыр, - деген екен.

Тұрған Жанәбілов, ***Жаңаарық ауылы, Сарысу ауданы.***

* * *

ҚҰТТЫ БОЛСЫН АЙТУ

Ұзақ жыл колхоз бастығы болған Әйнекбай деген кісінің бәйбішесінен туған көп балалар ерте шетінеп кетеді. Кейін бәйбішесінің рұқсатымен жас тоқалға үйленеді. Тойға ұласқан қыздырма үстінде Жәкең Әйнекеңе былай деп өлеңмен тілек айтқан екен:

Әйнеке, құтты болсын үдермеңіз,
Дұшпанға, сірә кекті жібермеңіз.
Бұлқынған бұла тайдай бас асауды,
Өре сап қос аяқтан шідерлеңіз.
Тайпалған жорға жүріс ақ тоқалды,
Бұлтартпай қайырмалап дігерлеңіз.
Ақ мамық кеудесінен тоят алып,
Бүркіттей аңға түскен тізерлеңіз.

Қаби СМАЙЫЛОВ, ***Жаңатас қаласы.***

КӘРІЛІК

Құлтума алшынның Әбдіәлі Кенжетай деген қарты кәріліктің тұтқынына түскен сәтін былай өлеңдетеді екен.

Мен өзі кәріліктен күйіп жүрмін,
Әр жерге киімімді үйіп жүрмін.
Есікті қараңғыда таба алмай,
Қабақ жарып, жамбастан іріп жүрмін.

Баян АМАНЖОЛОВ.
Жаңатас қаласы.

КӘРІ АЗБАНДАЙ

Шушақтың Жүндібайы болыс кезінде Мақан батырға:

– Маған арнап өлең айтшы, - дейді. Сонда ол табан астында:

Тігіп ең жарты лашық жар басына,
Мініп ең Отыншының арбасына.
Әкең Шушақ ешкінің көтінде өлген,
Жұмырын құйып алып дорбасына, - деген екен.

* * *

Бірде замандастары Мақанға:

- Жетпіс деген қалай екен? – депті. Сонда Мақан:

Қу жетпіс қиын екен ор қазғандай,
Бұл күнде не кінә бар мен жазғанда-ай,
Киіктің текесіндей зыр жүгіріп,
Бұл күнде тұрып қалдым кәрі азбандай, - деп төгілте жөнелген екен.

Сайлау ЕЛШІБАЕВ,
Жайылма ауылы,
Сарысу ауданы.

ГАУБИЦА МЕН ЗЕҢБІРЕК

Қуаныш Байқоңырұлы деген жігіт мектепті бітіргеннен соң, ұстаздар бақылауынан еркіндік алғаннан кейін ауылдың ойын-той, жиындарына еркін қатынаса бастайды. Айтжан деген кісінің ересек баласы үйленіп, үлкен той жасайды. Сонда Қуаныш сол тойға жастар легімен барып, ортадағы ұзын үстелге жайғасады. Сөйтсе, көк желкесінен әкесі мен шешесі, тура қарсы алдынан сол ауылдағы мектеп директоры болып істейтін туған нағашысы келіп орналасады. Алдына бас көтеріп қараса, қатал мінезді нағашысының, артына қараса шешесінің ұнатпаған оқты көздері мұны ішіп-жеп бара жатады. Алдындағы астан ауыз тиюге дәрмені болмаған Қуаныш тез арада тойдан сытылып, шығып кетіп қалады.Ертеңіне жұмсақтау мінезді әкесі баласынан не болғанын сұрайды.

Сонда Қуаныш:

– Ойбай, папа-ау, қалай отырайын?! Қарсы алдыңнан гаубица, көк желкемнен зеңбірек оқталып тұрса, өле алмай жүр деп пе едіңіз, - деген екен.

Пернебай ДҮЙСЕНБИН.

... ДЕГЕН ЕКЕН
ПОЧЕРК НЕ МОЙ

«Байқадам» совхозының директоры Шоқан Кенжебаев дейтін жігіт сыпайы, момын мінезді жан. Жұмыс бабымен біраз уақыт ұзап кеткен оның қолы ақша құжаттарының біріне әте қажет болып қалады. Қол қойылмаса, шаруашылық үшін аса қат мәселе шешілмейді. Есеп саласында көп жылдар бойы істеген С.деген жігіт оның қайнының бірі болып келеді екен. Сол тәуекел етіп, жазылған сұраныстың шекесіне «Главному бухгалтеру. Отпустить» деп, Шоқанның қолын еш айнытпай қойып, мәселені табан асты шешіп беріпті.

Кейініріктеу тігілген құжаттарды қарап отырады да, Шоқан әлгі тұсқа жолығып қалып, ұзақ қарап отырыпты да:

– Странно! Почерк не мой, а подпись моя, - деп басын таңдана шайқаған екен.

***

ҚАШАН ҚҰМАН БОЛАСЫҢДАР!

Кезінде Сарысу ауданының «Коммунар» дейтін совхозында Жүніс Жұмабеков директор болып істеген. Оның қарамағында екінші ферма бастығы болып Орынтай, бас зоотехник болып Құлынтай, бас мал дәрігері болып Нұртай, үшінші ферма бастығы болып Істай деген жігіттер істепті. Қым-қуыт тірлігі таусылмайтын совхоздың тірлігінде мамыражай күндер аз болатын шақ. Сондай бір сәтте Жүніс өзінің қызметкерлерінің қиыспай жатқан тірліктеріне қатты күйініп:

– Әй, айналайын, тайлар-ау, осы сендер қашан құнан боласыңдар? - деген екен.

Сайлау Өксікбаев,
Жаңатас қаласы.

РЕЗЕҢКЕ ЕТІК

Ақшаның құнсызданып, қадірі қашып тұрған кез. Болымсыз заттардың бағасы аспанға шығандап тұрған шақта Жайылма ауылының тұрғыны Жарылқасын Қамбаров дүкенге кіреді. Сөреде тұрған резеңке етікке көзі түскен Жақаң бағасына қарайды. Сөйтсе 17900 сом екен. Сонда ол барынша дауыстап, етікті басынан сипап тұрып:

- Қайран, резеңке етік! Бағаң 10 сомға жетпей, шерменде болып жүр едің, бүгін жердегі айды аспанға бір-ақ шығарған екенсің. Енді өліп кетсең де арманың жоқ, - деген екен.

Бақыт ДҮЙСЕНБИН.
Жаңатас қаласы.

КҮЗДЕ КІРГЕН ТІКЕН

Еген Шайниязов деген - әдемі әзілі бар, сыпайы жігіт. Өзі – белгілі тіс дәрігері. Бірде құрдастары Егеннің таңылған саусағын көріп:

- Еке, дәрігер де ауыра ма екен? Саусағыңызды неге таңып алғансыз? – депті. Сонда ол ақырын ғана жымиып қойып:

- Осы саусағыма күзде тікен кіріп еді, көктемде жантақ болып шыққаны. Жапырағы мол жас өскін болған соң қимайды екенсің. Біраз жүріп едім болмады, жаңа ғана тамырымен жұлып алып тастап едім, - деген екен.

Әбдіғаппар ТҮСІПБЕКОВ.
Саудакент ауылы.

АСТАПЫРАЛЛА

Бірде Кеңесбек Төлмағанбетов деген мектеп директоры телефон шырылынан трубканы көтереді.

- Иә, саламат па?
- Саламатсыз ба?
- Жағдайларың қалай?
- Алла деп жүріп жатқан.
- Мұғалімдер қалай?
- Құдай деп жүріп жатыр.
- Мектептің жылылығы қалай?
- Жаратқан тәңірі жылы күнін беріп, жарылқап тұр ғой.
- Мен Базыловпын ғой.
- Астапыралла! – деп Кеңесбек трубканы тастай салыпты. Базылов сол кездегі Сарысу аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы екен.

ПАЦАЙДАН СЫЗҒАН...

Жайылмалық Идият деген қарияның халық қойған **аты** – Шалқыма. Табиғаты кең, ақ көңіл елгезек жан болған. Молдалығы да бар. Сонау жылдары бір топ адамдармен Арқа жаққа барып, қыдырып қайтады. Туған топырағы, таза ауа Шәкеңнің көңілін көтереді. Бір сәт кеу-кеулеген жастардың ырқына да берілін, пайғамбарымыз ішкен шарап қой деп оны да тартып жібереді.

Жүріп келе жатқан машина Арқа жерінде қаза болған үш ғарышкерге – Добровольскийге, Волковқа, Пацаевқа қойылған биік ескерткіштің қасына тоқтайды. Пацаев Ақтөбе облысынан ғой. Сонда Шалқыма жүгініп отыра қалып, сар даланы күңірентіп, құран оқиды да, аяғында:

- Пацайдан сызған, Мариядан туған Пацайұлының жаны жаннатта болсын, Иса пайғамбар шапағатшы болсын! – деп бетін сипап, мінәжат қылыпты.

ҮШ АЯҚТЫ ТАЗЫ

Шалқыма мен Зәмкен екеуі – замандас жандар. Екеуі де өте аңсақ. Бірде Шалқыма шалқып отырып:

- Менің үш аяқты тазым бар. Қашқан қоян, зытқан түлкінің қырғиы. Адым аттатпайды, - дейді.
- Неге үш аяқты?
- Қақпан қырыққан.
- Тyh, Шаке, сіз нағыз қатігез адам екенсіз!
- Е, неге?
- Сол! Тазыңызға тағылық көрсетіпсіз. Менің төрт аяқты тазым бар. Аңға шыққанда артыма мінгесіп алады. Мен аң көрінсе болды – тырқыратып қуа жөнелемін. Астымдағы атым алымды емес пе, аласұрып қашқан аңмен қатарласа бергенімде: «Бас!» – деймін. Қоян, түлкі емес, қасқырыңды қақ желкеден алып, қақшып түседі, - деген екен.

ТАМАҚТАН ӨТКЕН СҮЙЫҚ

Әлсен деген кісі жол, жер таныгыштығымен елге аты мәлім болған кісі. Бірде обкомның бірінші хатшысына жолбасшы болып, алыс сапарға шығады. Қосшы нөкері көп хатшы таза ауаға шыққан соң қасындағы аудан басшылары әр жерге аял қылып, шағыл құмы көз тартар Жалда шағын демалыс жасап отырады. Ақсақал Әлсен қария жүргізуші жігіттермен бірге тамақтанады. Дала дастарқанының сыңғыр аралас үні Әлсекеңнің көңілін арбап, басшылар тұрған жаққа қайта-қайта қарағыштатай береді. Осыны байқап қалған обком хатшысы:

- Қария, мынаумен қалай едіңіз? – деп, қолындағы стаканын көрсетеді.

- Е, шырағым, тамақтан сүйық өтпесе, адам өледі де!– депті.

- Ойбай, ақсақал, кешіріңіз, кінә бізден, - деп Әлсекеңді дастарқанға шақырыпты.

АДАМ МЕН ШОФЕР

Ұзақ жыл колхоз басқарған Оспан Қабанбаев деген кісінің қарамағындағы Төлеген деген шофер бірде болымсыз затқа бола қитығып, бастықты далаға тастап кетіпті. Ауылға келген соң Осекең басын жиі шайқап, таңдайын таңданыстан жиі қағып:

- Әй, әй, әй! Адамнан шофер жасау оңай екен де, шофердан адам жасау қиын екен, - дей беріпті. Сойтсе оны бірер жыл бұрын сол шоферды колхоз есебінен Жамбылға оқыттырып алған екен.

КӨҢІЛ ДЕ АЙТПАДЫҢЫЗ ҒОЙ

Бірде Байқоңырдың үйіне өздерімен етене араласып жүрген Адамбай деген кісінің Қайрат деген күтілділеу кенже баласы келіпті. Жуырда ғана соғымға семіз айғырын сойған жайдан хабардар Байқоңыр:

- Немене, анау шешең Ақанның соғымбасына шақыратын ойы бар ма? Не қуырдағына шақырған жоқ, бұнысы қалай? - депті. Сонда Қайрат:

- Өйтіп үйде кінә айтқанша, өзіңіз бармадыңыз ба? Жар дегендегі жалғыз биеңіздің айғыры емес пе еді. Тым болмаса барып көңіл де айтпадыңыз ғой, - деп уәж айтқан екен.

Пернебай Дүйсенбин.

САРАҢДЫ СЫЗДАТУ

Ертеректе Байқадам ауылының ер көңілді жігіттерінің бірі Амангелді Кәрібекұлы деген жігіті Шағалалы деген жерде совхоздың шөбін дайындауға қатысады. Пернебек дегеннің аспаз әйелі сараңдау, қолы тар, совхоздың бөлген қойының етін жырымдап, сүйық көже істеп бере береді. Өздері үшін бөлек қазан көтеріп, ет асып, алақолдық жасайды. Түстегі сүйық жүгері көжеге қанағат қылмаған оның қарны шұрылдап, мазасын кетіреді. Сонда Аңкең қас қарая үйге кіріп кеткен әйелдің көзін ала беріп, бөлек қайнап жатқан қазандағы етті кепсермен сыпырып алып, екінші ошақтағы қазан қақпағының үстіне айқын етіп, алдын-ала дайындап алған бір ауыз өленін жазып тастап кеткен екен.

Бидай емес, тары емес, жүгері едің,
Жілік таппай өзіңнен күдер үздім.
Екі тал қабыртқаң боп жаның қалды,
Әкеңнің тап аузынан с... едім.

Сөйтіп Пернебектің сараң әйелін саздатқан екен.

Баян Аманжолов,
Жаңатас қаласы.

МҰНДАЙ БАЛА ТУАР МА?

Байқадам ауылында тұратын жағалбайлының Мақсұт деген кісісі 1972 жылы алғаш шыққан «Қыз Жібек» киносын көріп отырады. Фильм аяқталар тұста Бекежан Төлегенді ту сыртынан атып өлтіретін эпизодты көргенде, Мақсұт қария: «Ойбүй!» - деп қатты дауыстап жібереді. Көзден тарам-тарам жас кетеді. Картинаның аяғына дейін әрең шыдап отырған ол шыға бере, есік алдындағы баспалдаққа отыра қалып, еңкілдеп тұрып жылап отырған көрінеді. Өтіп бара жатқандар:

– Оу, Мақа, не болды? – деп қолтықтан көтеретін көрінеді. Сөйтсе Мақсұт басын шайқап-шайқап қойып:

– Енді құдай бізге мұндай бала берер дейсің бе ?! –деп еңкілдеп тұрып жылайтын көрінеді.

Пернебай ДҮЙСЕНБИН.

САРЫСУ СЕРКЕСІ

Шу жерінде Төле биге арналған ас беріліп жатады. Сол маңда жүрген белгілі әнші, күйші Жұман Есдәулетов бір топ қыздарға жолығып қалады.

- Қыздар, сендер кімсіңдер? Қайдан келдіңдер?

- Біз, «Шу еркесіміз».

- Ал сіздер ше?

- Біз Сарысу серкесіміз, - депті сонда Жұман шапшаң тіл қатып.

***«Шу еркесі»** – ансамбль аты.

Пернебай ДҮЙСЕНБИН.

МАҚАН БАТЫРДЫҢ БІРҚАҚПАЙЛАРЫ

Жақсылық алшынның Мақанның кіші шешесінен туған Көлсалдың әйелі соғым сойып жатқан үйіне келген диуанаға: «Соғым сойған күні садақа бермейміз, ертең кел», - дейді. Сол диуана ертеңіне келіп:

«Ішпей-жемей бол бақыл, баюыңа мен кепіл», - депті. Осыны естіген Мақан былай депті:

Қатыны Көлсал байдың Бақтылы ғой,
Балаға берген тамақ шақтылы ғой.
Ердің көзі өткендей бола берме,
Мақан да айдап өткен ақтылы қой.

* * *

Тұрсынбай деген кедейдің жалғыз атын біреулер көп жылқының ішінен ұрлап кетеді.

Сонда Мақан былай депті:

Бетпақтан су ішемін самғап жүріп,
Кедейді табар қырсық аңдап жүріп.
Дүниені ішпей-жемей жинағандар,
Қалады-ау бір күн өліп қаңғып жүріп.

***

Жағалбайлы ішіндегі байшікеш біреу бір жиында күпсініп, көп сөйлей беріпті. Оның малының жобасын, жайын білетін Мақан табан астында былай деген екен:

Алшын мен жағалбайлы егіз еді,
Байларым бұрынғы өткен теңіз еді.
Қуларды ешкі біткен бай деп жүр ғой,
Айранын ішкелі айтқан лебізі еді.
Сөз астарын тез ұққан әлгінің аузына құм құйылыпты.

* * *

Мақанның жолдасы, құрдасы әрі туысы Әбдібай деген кісіні ояз шақыртып, жабылған жалаға бола, аз күн абақтыға қамап қояды. Елге келген соң Әбдібай құдайы жасап, Мақанға хабар жібертеді. Тосын себептермен ол бұған бара алмай қалады.

Таманың еске түстің ойынында,
Жатушы ең сұлу тотай қойынында.
Шақырған құдайыңа бармай қалдым,
Әбдібай жолдас ақың мойынымда, - деп кешігіп барып, кешірім сұраған екен.

* * *

Төренің үш жігіті қонақтап келе жатып, бір үйге түстеніпті. Сол үйде Мақан да отыр екен. Аңдаусызда аңғал батыр жел жіберіп қойыпты. Үшеудің біреуі қуақылау екен, табан асты былай депті:

Келіп ек Мақан батыр мылтық атты,
Дауысы ол неменің қандай қатты?!
Мылтығың түзу болса маған сатшы,
Салайық аңға ойран тарсылдақты.

Сонда Мақан еш саспастан:

Үш төре үйімізге келіп жетті,

Ыстық жел қапылыста қате кетті.

Қабаттап үшеуінді атқанымда,

Мұрынын біреуінің жырып кетті, - депті. Сөйтсе, үш қонақтың біреуінің мұрыны жырық екен.

Ақжан САРШАЛҚЫЗЫ,
Ақтоғай ауылы,
Сарысу ауданы.

АТАЛАРЫҢНЫҢ БАСЫ КЕРЕК ПЕ?

1985 жылдың 30 желтоқсанында Сембиев Женістің шешесі адайдың қызы Нысан қаза болғанда бір топ адай руынан шыққан жолдастары келіп «Апамызды өлтірдің, біз құн даулаймыз, құнын төлейсің», - деп әзілдейді. Сонда Жеңіс аяқ астынан сөз тауып оларға: «Маған қандай өкпелерің бар былтыр өлген апаларыңды арулап, бір жыл сақтап, қаңтардың 1-нде жерледім, енді Сендерге аталарыңның басы керек пе», - деген екен.


Кемалиев Нұрберген


Еңсегенов Төлебай


Түсіпов Заки


Елеубаев Мағжан


Кенжиев Қ


Сланов Саламат


Сланов Бисенғали


Кенжеғалиқызы Зибаш


Құбиев Сәрсенбай


Оспанов Қасым


Дүйсенғалиұлы Құрманғали


Әужанұлы Ә


Қадырәлиев Қазихан


Садыров


Сағытжанқызы Нәсіп


Нұржігітов Хайролла


Екібаев Құмар


Кенешев Орынғабыл


Ескалиев Қайрақ


Сөкенов Қазбек


Әбибуллин Айдархан


Жұмағалиев Ихсан


Боздақов Амангелді


Құбиев Төкен


Кәдірсізов Бәлшен


Қазыханов Жаңабай


Мырзабеков Әмірбек


Дүйсебекова Әшіркүл


Бегманов Қуат


Оралұлы Жасымбек


Қамбаров Жарылқасын


Смағұлов Болат


Берқалиев Иманғали


Есенбаев Тасқынбай


Айболов Қаратай


Есенбаев Мұқанғали


Нығыметұлы Насыр


Есенбаев Табылды


Қасекеев Бисен


Мұсағалиұлы Қайрат


Ғұмаров Едіге


Қайрошев Мұхит


Аманғалиев Бақтыбай


Сапағұлов Бекқайыр


Байымбетов Сапар


Әбдіхалықова Зоря


Нұрмағанбетов Бақтыбай


Дінғалиев Мәтжан


Есетова Орынай


Смағұлов Ерден


Жұмашева Қамия


Нұрсейітов Мұқаш


Салман ата


Оқасқызы Орынша


Қабдешов Жолжан


Кенжеев Байтұрсын


Таушиев Мәжит


Сапарғалиұлы Есен


Нұрмағанбетов Таған


Ахметов Тілеу


Ахметов Тілеген


Исмағанбетов Е


Нұрлыбаев Бекболат


Сушин Ібіжан


Жәкина Рақыш


Сәрсенбаев Қошқар


Серікова Амантай


Өткелбаева Алмакүл


Абажанов Нұрбек


Отыншыұлы Бұралқы


Қозыбаев Ордабай


Байдәулетов Ілияс


Тұғымов Артықбай


Бұқпанов Берген


Өксікбаев Әбдіғали


Аманжолов Баян


Тоқсанова Марал


Өткелбаева Гүлжаһан


Ермекбаев Киміл


Сәрсенбаева Рысжан


Күдіреев Кәдірсіз


Досжанов Аманжол


Сәрсенов Байна


Елеусізов Рамазан


Рамазанов Абдрахман


Рамазанов Мейрам


Омаров Айтбай


Санбаев Төлеужан


Тегісбаев Өтен


Жұмағазиев Махпуз



Алдамжаров
Төлепқали



Есмағанбетов
Қайырғали



Құлшықұлы
Халықберген





Жұмағалиев
Қадыр



Сейілханов
Самағали



Назаров Дүйсенбай



Назаров Таубай



Ингамова Хамета



Дәулетбаев Бисенғали



Исмағұлов Дидархан



Қазыбаев Сыдиық



Соқыров Қарақойшы



Соқыров Жолдасқали



Төребайұлы Молласан



Омаров Әбдібек



Айтқалиев
Мұхамбетжан



СУРЕТТІ ШЕЖІРЕ



XV ғасыр. Мысыр. Александрия қаласындағы Мәмлүк сұлтаны Ашраф Қайтбай Әл-Шеркеш (қазақ) салдырған әскери теңіз қамалы.



Каир. Орта ғасыр. Мысыр сұлтаны Қайтбай (қазақ) салдырған әл-Азһар мешітінің мұнарасы мен күмбезі.



Қармысұлы Байбақты ата 1823-1916



Аты аңызға айналған Сары ата (Досмағанбет ұрпағы Есмағанбет)



Қаражігіт би Төлебайұлы (1724-1801)

1797 жылы Кіші жүздің шеркеш руының үш ауылын Батыс өлкеден Ұлытау жеріне бастап келген қазақтың әйгілі биі әрі шешені.
Суретті салған Пернебай Дүйсенбин



Мақаш Бекмұхамедов

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ



Бәкен Серікбаев



Нұғыман Манаев



Асфендияр Кенжин



Шафхат Бекмұхамедов
Қазақ АКСР Әділет комиссары. (1892-1958)



Тарыбай Шәукенбаев
Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің председателі (1913-1985)



Төлеген Жөкеев
Қоғам, мемлекет қайраткері, дипломат. 1949 ж.т.



Мәдина Жарбосынова
көрнекті қазақ дипломаты. 1954 ж.т.

ГЕНЕРАЛДАР



Майкеев Мұрат
генерал-лейтенант



Берқалиев Құсайын
генерал-майор



Көшқалиев Хакім
генерал-майор



Досқалиев Хибратулла
генерал-майор



Иманов Ибрагим
генерал-майор



Имашев Саттар (1925-1984)



Қазақ КСР Жоғарғы Совет Президиумының Төрағасы С.Имашев және Д. Қонаев



КПСС ОК Бас хатшысы Л.И.Брежнев Алматыға келгенде. Б.Әшімов, С.Имашев және Д.Қонаев.



ҚазМУ-дың ректоры Ө.Жолдасбековпен бірге С.Имашев және Д.Қонаев.



С.Имашев келіні Роза, немересі



Саттар ағаның ұлы Мұрат және немересі Темірлан

ҚАЗАҚ КСР БАЙЛАНЫС МИНИСТРІ БОЛЫП, 19 ЖЫЛ ҚЫЗМЕТ АТҚАРҒАН АСА КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ АЙТУЛЫ ТҰЛҒА ӘБДІРАЗАҚ ЕЛІБАЕВ



Әбдіразақ Елібаев – Байланыс КСР министрі



Студенттік жылдар



Ә.Елібаев өзінің әріптестері ортасында



Толассыз еңбек еткен жылдар...



Отбасымен бірге. Ұлы Еркін, қызы Сәуле, Жұбайы Жұмакүл



Алматы қаласындағы үлкен көшеге Ә.Елібаев есімінің берілу салтанатында. Туысы Талғат Садуов, қызы Сәуле, жиені Рауза, ұлы Еркін

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ







Масин Темір
1907-1947



Мәметова Мәншүк
1922-1943



Ниетқалиев Ерденбек
1914-1945

ДАҢҚ ОРДЕНІНІҢ ТОЛЫҚ ИЕГЕРЛЕРІ





Әліпов Ғиззат
1924-1986



Еркінов Шүкір
1924-1949



Ұлы Отан соғысының қаһарманы, атақты мерген, I дәрежелі Даңқ ордені I дәрежелі Отан соғысы ордені, «Ерлігі үшін» медалінің иегері **Халықов Ескайыр (1922-1948)**

ҚАРАКӨЗ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ МӘНШҮК БАТЫР, ОРНАТҚАН ДҮШПАНЫНА ЗАМАНАҚЫР...



Мектеп бітірген жылы.



Анасы Әминамен бірге.



«Мәншүк туралы ән» фильмінде актриса Наталья Орыбасарова Мәншүк рөлінде.



Орал қаласындағы ескерткіші Алматы қаласының орталығындағы



Аллеяға Шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүкке қойылған монументті ескерткіш.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАТЫР ҚЫЗДАРЫ



Мәншүк МӘМЕТОВА,
Кеңес Одағының Батыры
(Он екі ата Байұлы – Шеркеш)

Менің ішкенім- өзгеше су. Оралдың суы!

***

Мен-қазақ қызымын.Мария-Маша емес, Мәншүкпін.

***

Майданға сүйісу үшін емес, соғысу үшін келдім.

***

Біз жауды аңдимыз, жау бізді аңдиды.



Әлия МОЛДАҒҰЛОВА,
Кеңес Одағының Батыры
(Жетіру- Табын)

***

Тапсырма алу оңай да, ал оны орындау қиын.

***

Ұлы батыр ел – үлкен ел, қызы батыр ел – ұлы ел,
халқы батыр ел – қаһарман ел.

***

Егер өлсек, тек қана адал өліммен өлуіміз керек.



Хиуаз ДОСПАНОВА,
Халық Қаһарманы
(Он екі ата Байұлы – Масқар)

Батыр әуелі өзі үшін, одан кейін елі үшін ерлік жасайды.

***

Ерліктің ешқашан өшпейтінін көрсетіп отыру – жас ұрпаққа
тәрбие үшін керек.



Роза БАҒЛАНОВА,
Халық Қаһарманы
(Алты ата Әлім – Кете)

Адам атақ үшін, даңқ үшін өмір сүрмеуі керек.

***

Әр ел өзінің тілімен, әнімен, күйімен, биімен,
Үстіне киген ұлттық киімімен ғана ерекше көрінеді.

***

Мен майданда алдыңғы шепте де болдым. Арқамда автомат, қолымда плащ –палатка, аяғымда керзі етік. Өзімнің аяғымның өлшемі 34 бола тұра, керзі етіктің 38-39 өлшемдігісін киіп, шұлғауды аяғыма орап алып, тұрпылдап әзер жүгіремін. Аға дәрігер менің алдымда жүгіреді. Ұрыс алаңында жатқан жаралыларды іздеп тауып, алғашқы көмегімізді көрсетеміз. Бір күні мынадай жағдай болды. Аға дәрігер: «Ауыр жарақаттанған әйелді алмаймын», - деді. Мен неге деп шарқ ұрдым. «Алмасаңыз, медсанбаттың бастығына айтамын, жүрегі соғып жатыр ғой», - деп шыр-пырым шықты. Егер ол тірі адамды ұрыс даласына тастап кетсе, трибуналға жібереді. Әйтеуір қорқытып жүріп, әлгі әйелді санитарлық бөлімге емдеуге алып келдік. Содан соғыстан кейін араға жылдар салып, бүкіл Кеңес Одағын аралап, гастрольдік сапармен әр елде, әр қалада концерттерімді қойдым. Ялтада, Қырымда өткен сол концерттерімнің бірінде зал көрерменге, сахна гүлге толды. Бір кезде «Ах, Самара, городокты» айтып болып, халықпен енді қоштаса бергенімде, бір әйел сахнаға шықты да: «Ей, адамдар, бір сәтке тоқтаңдар! Роза, сен мені қан майданда сапырылысқан оқтың астынан өлімнен алып шыққан батырсың!»- деп мені құшағына қатты қысып, егіліп жылады. Сөйтсем, ол баяғы ауыр жарақаттанған әйел екен. Сол жылы бір аяғынан айырылыпты Бүкіл зал бізбен бірге жылады.

P.S: Роза апамыз екі рет «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Біріншісін маршал И.С. Конев, екіншісін маршал К.К. Рокосовский тапсырған.

СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРЛЕРІ







Айтқожин
Әлдібай



Әбдраманова
Күләнда



Әліпова
Салима



Ғилаев
Мағзом



Бердешов
Паңгерей



Бозекенов
Бертілеу



Ерқалиев
Әби



Есжанов
Мұса



Есенәлиев
Дағар



Жалғасбаев
Смағұл



Жасымбеков
Асылбек



Күлшеев
Тоғыман



Құдайбергенов
Ыбыраш



Ғұбашев
Шарапиден



Мәмбетәлиев
Жұмажан



Нұғыманов
Бақберген



Сәрсенғалиев
Мұхамбет



Шағырова
Нәбира

Ескерту: Барлық Социалистік Еңбек Ерлерінің өмірбаяндары кітапта қамтылған. Социалистік Еңбек Ері Есенәлиев Дағардың суреті, өмірбаяны қолға түспеді.



Қазақ КСР Ғылым академия сының 1946 жылы сайланған тұңғыш академиктерінің бірі.
Ісмет Кеңесбаев
1907-1995



Қазақ ғалымдарының бір тобы. Солдан оңға қарай: І. Кеңесбаев, Е. Ысмайылов, М. Әуезов, С. Аманжолов

Ісмет Кеңесбаев әріптестерімен бірге



І.Кеңесбаев туыстарымен бірге. Ортада Ұлдан апа. Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы.





Созақ ауданы, Жыныс елді мекеніндегі І.Кеңесбаев атындағы орта мектеп





Салық Зиманов 1921-2010



Салық ағаның қыздары Меруерт, Гүлжамал,қарындасы Дина, ұлы Мұхтар. 1957 жыл.



Немерелері Ербол, Айман, Ермек, зайыбы Шарбан Батталова 1997 жыл.



1991 жыл. КСРО Халық депутаттарының V съезінде.



Нью-Йоркке барар жолда. 1991 жыл.



Академик К.Сағадиевпен бірге



Әбу Сәрсенбаев



Дархан, Райхан, Әбу, Гүлнар,жұбайы Ләзиза, Мұратәлі. 1973 жыл.



Інісі Харис, Әбу, журналист Тауман Амандосов



Ата Минаж Харисұлымен



Қиғаш бойындағы толғаныс 1970 жыл.



Украинадағы қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде.



Тайыр Жароков 1908-1965



Ақындар Тайыр мен Ғали Орманов
Жамбыл ақынмен бірге



Баласы Маратпен



Мұхтар Әуезов, Берді Кербабаевтармен бірге



Тайыр ағаның зираты

Алғаш өлеңдер жинағы "Жұлдыз жарығы" деген атпен (1932) басылып шықты. Әр жылдарда "Нефстан", "Коммунизм таңында" (1933), "Мотор жыры", "Күн тіл қатты" (1934), "Мұз тұтқыны" (1935), "Тасқын" (1937–1949), "Отан дауысы" (1938), "Нарын" (1935), "Тастағы жазу" (1940), "Совет сұңқарлары" (1942), "Бақыт жырлары", "Жапанды орман жаңғыртты" (1949), "Костер басында" (1952), "Қырда туған құрыш" (1954, 1955, 1956), "Жыр қанаты" (1956), "Құмдағы дауыл" (1958), "Тау жырлайды" (1962), "Теңіз баласы" (1963), "Тасқынға тосқын" (1965) атты кітаптары жарық көрді. Шығармаларының екі томдығы (1958–1959), таңдамалыларының төрт томдығы (1972–1975) және бір томдығы (1951–1978) басылды.

Пушкиннің "Цыгандар", "Кавказ тұтқыны", "Коломнадағы кішкене үй", "Ағайынды қарақшылар", Лермонтовтың "Черкестер", Грибоедовтың "Ақылдың азабы", М.Алигердің "Зоя", т.б. туындыларды аударған.

Бірнеше ордендермен марапатталған.

ЖАЗУШЫ, АКТЕР СӘТІМЖАН САНБАЕВ



Жазушы
Ғабдол Сланов
1911-1969



Сәтімжан Санбаев, Асқар Тоқмағанбетов,
Мұхаметжан Қаратаев, Сырбай Мәуленов.



Сырбай Мәуленов.
1939-2013



С.Санбаев «Батыр Баян»
фильмінде Абылай хан
рөлінде



Бауыржан Момышұлы,
Әбу Сәрсенбаевпен бірге



Сайын Мұратбеков, Герольд Бельгер
Асқар Сүлейменов, Сәтімжан,
Әбіш Кекілбае 1974 жыл. Алматы



Жазушы туған жері Мақатта. Оң жақтан
екінші тұрған Сәтімжанның әкесі Хамза.
1981 ж.

АҚЫН ЖҰМАҒАЛИЕВ ҚАЙРАТ



Шабыттың шалқар шағында



Сағи Жиенбаев, Қайрат Жұмағалиев, Қасым Қайсенов



Ақын-жазушылар Жаппар Өмірбеков, Евней Бөкетов, Қайрат Жұмағалиев, Еслам Зікібаев



Жүректес ақын Тұманбай Молдағалиевпен бірге



Ақынның әр жылдары жарық көрген кітаптары

АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАР, ӘДЕБИЕТШІЛЕР



Досы Тілегенов
1884-1924



Далабай Жазықбаев
1920-1942



Жылқышиев
Амангелді 1940 ж.т.



Еділбаев Жұмабек
1923-1983



Шора Тәжімғалиев
1940 ж.т.



Лұқпан Сисекенұлы
1947 ж.т.



Сармантай Исақ
1952 ж.т.



Ізекенұлы
Халидолла 1952 ж.т.



Қали Сәрсенбай
1959 ж.т.



Мақсат Тәжімұратов
1959 ж.т.



Сәрсенбай жырау
Рахманбердиев



Сасаев Амандық
1942 ж.т.

ҚАЗАҚТЫҢ БАС АЙТЫС АҚЫНЫ КӨПБАЙ ОМАРОВ (1920-1989)





Ақынның Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Исаханов ауылындағы өз атымен аталатын мектеп алдына қойылған ескерткіші.
http://www.rusorden.ru/content/image/su/GSTa.gif



Асанәлі Әшімов



«Қыз Жібек» фильмінде Бекежан рөлінде



Бекежан мен Төлеген (Құман Тастанбеков)



«Атаманның ақыры». Шадияров рөлінде.



«Транссібір экспресі» фильмінде



«Шоқан Уәлиханов» фильмінде Шыңғыс рөлінде



«Абай»пьесасында Айдар рөлінде.



«Таңғы жаңғырық» пьесасында Жарасбай рөлінде



«Қобыланды батыр» пьесасында



«Қан мен тер» спектаклінде Еламан рөлінде



«Юлий Цезарь» драмасында Цезарь рөлінде



«Ымырттағы махаббат» пьесасында Матиас Клаузен рөлінде



Майра Шәкенқызы Айманова



Кіші Асанәлі және Бағдат Мұқашқызы

ТАЛАНТТЫ АКТЕР САҒИ АСАНӘЛІҰЛЫ ӘШІМОВ







Сағи Әшімов Шоқан рөлінде



«Қозы Көрпеш –Баян сұлу»фильмінде Қодар рөлінде



Асанәлінің анасы Тәжіхан апа



Асекең отбасымен. Тұрғандар: Сағи, Мәди, келіні Айжан, Тәжіхан апа, Майра. 1979 жыл.

ҚЫЗ ЖІБЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ... (Меруерт Өтекешова)



Меруерт Өтекешова





«Қыз Жібек» фильмінде







САН ҚЫРЛЫ ӨНЕР ИЕСІ АМАНГЕЛДІ ТӘЖІБАЕВ



Ойға кетіп бір сәтке



«Ұзақ Құс жолы» фильмінде Тұраш рөлінде



Кино түсіру сәтінде



«Охрана бастығы» фильмінде



Амангелді Тәжібаев



«Ақырғы асу» фильмінде Серікбай рөлінде



Көрермендермен кездесу



Әкесі Ыбырай Дәулетәліұлымен

ӘЛЕМДІК КИНО ӨНЕРІНІҢ АЙТУЛЫ ТҰЛҒАСЫ ТИМУР БЕКМӘМБЕТОВ



Шығармашылық толысқан кезі



Туыстары Ташкира, Әнуарбек Ғалымұлымен бірге



Шығармашылық жұмыстың қызу шағы

Атақты скрипкашы, әлемдік деңгейдегі өнер қайраткері Марат Бисенғалиев





ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ БАЛЕРИНАСЫ НҰРСҰЛУ ТАПАЛОВА











Нұрсұлу Тапалова
1923-1998



Шоқыр Бөлтекұлы
1916-1994

Нұрсұлу Елубайқызы Тапалова
Балет артисі, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1954). 1936 - 39 ж. Қазақ музыкалық. театры жанындағы студияда білім алды. 1936 жылдан Қазақ академиялық опера және балет театрында соло-биші болып, балеттік партияларды, сонымен бірге «Бақшасарай фонтаны» балетінде ұлы биші Галина Улановамен бірге биледі. Нұрсұлу, ұлттық опералардағы жеке билерді нақышына келтіре орындады. Киноға түскен. "Құрмет белгісі" орденімен марапатталған.. Қазақтың тұңғыш боксшысы, спорт шебері Шоқыр Бөлтекұлының жұбайы

БИ ЕРКЕСІ ГҮЛЖАН ТАЛПАҚОВА



1948 ж.т..



«Қыз қуу» биі

КҮМБІРЛЕТІП КҮЙ ТӨККЕН... ДИРИЖЕР ҒҰМАРОВ МЕРЕКЕ



1945 ж.т.



«Мұрагер» фольклорлық ансамблі

ДИРИЖЕР, САЗГЕР ЖАУЫРОВ ОРАҚ



ӨНЕРГЕ ҚҰЛАШ ҰРҒАН ЖАС ТҰЛЕКТЕР



Орал қазақ драма театрының әртісі Самал Әбуов



Хугаевтың «Қиқарлар» пьесасында Сандро рөлінде



Қазақстанда тұңғыш өткізілген «Жігіт сұлтаны» бәйгесінің Бас жүлдегері Сейітхан Дүйсенбаев

ӘНШІЛЕР



Жаңаарқаның ақиық әншісі Абылай Шуланбаев



Атыраудың дүлдүл әншісі Қадырбек Есенғалиев



Жаңаарқалық жезтаңдай әнші Есенғабыл Төкебаев



Көптеген конкурстардың Жүлдегері.Бүкілодақтық Көркемөнерпаздар байқауының лауреаты айтулы әнші, күйші Жұман есдәулетов



Республикалық Әміре Қашаубаев атындағы конкурстың лауреаты Дариға Игенбаева



Белгілі қазақ саксафоншысы көптеген байқаулардың жүлдегері, ұстаз Ілескен Ұзақов



Талантты жас әнші Өтепберген Батанов

ДӘУЛЕСКЕР КҮЙШІ ГЕНЕРАЛ АСҚАРОВ (1940-1999)





Генерал аккордеонда ойнап тұр



Жұбайы Жаңыл, қызы Табиғат



Шабыттың шалқар шабында



Туған қайын атасы, қобыздың хас шебері Жаппас Қаламбаевтың 85 жылдық мерейтой кезінде мұражайға оның портретін табыс етіп тұрған сәті. 1994 жыл.

ӘНШІ ТОРҒЫН СМАЙЫЛОВА



Халықаралық конкурстардың жүлдегері, Абай атындағы опера және балет театрының солисі Торғын Смайылова



Көрермендер қошеметіне бөленген сәт



Жезтаңдай әнші Сембек Жұмағалиев



Танымал диктор, тележурналист Қымбат Досжан

АРДАҚ ИСАТАЕВА







Халықаралық дәстүрлі фольклор конкурсының Гран-при иегері, Әміре Қашаубаев атындағы конкурстың Бас жүлдегері Ардақ Исатаева.

ТІЛЕУХАНОВ НҰРЖАН



Тілеуханов Нұржан, суретші,философия ғыл.кандидаты.. 1967 ж.т.



Сәйгүлік



Әже



Қобыз



Қызыл қаска



Дастарқан

СУРЕТШІ СӘРСЕНБАЙ ӘЛИЕВ



1954 ж.т.



Күйші ата



Бақытты балалық шақ



Наурызек көктем



Исатай мен Махамбет Жайық бойында



1951 ж.т.



Қарабура әулиенің бурасы
Созақ ауылы
Оңтүстік Қазақстан облысы





Шымкент қаласының орталығына қойылған
ұлы композитор Шәмші Қалдыаяқовтың
ескерткіші

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫ СУРЕТШІ-ГОБЕЛЕНШІЛЕР ӘБДІМҮТӘЛІП ЖӘНЕ СӘУЛЕ АХМЕТОВТЕР





Нұрсұлтан Назарбаев портреті



Мәңгілік қозғалыс



Қозы Көрпеш -Баян сұлу



Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би

СУРЕТШІ СУАТ БЕГМАНОВ



Аса талантты суретшінің графикалық туындылары кезінде Республикалық газет, журналдарда жиі жарияланды. Көптеген әдеби кітаптарды мазмұнды суреттермен безендірді. «Қазақ әдебиеті» газетінің жүлдесін жеңіп алған. Соңында 2000-дай еңбек қалдырды. 1950 жылы Шымкент қаласында туған. 1997 жылы дүниеден озды.



Жамбыл Жабаев



Әлия Молдағұлова



Шәмші Қалдаяқов



Төлеген Айбергенов

СӘУЛЕТШІ ЕЛЕУСІН МАРАТ



Көрнекті сәулетші Орал қаласындағы сондай-ақ Мақаттағы, Ганюшкинодағы мешіттердің, Гурьев педагогикалық институтының бас ғимаратының сәулетшісі.



Атырау қаласына арналған Орталық мешіттің жобасы



Репрессия құрбандарына арналған кешенді кесененің көрінісі



Пернебай Дүйсенбин. Аққу сезім (Күн сонатасы)



Ерболат Дулығаев. Сыбызғышы

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ ТЕЛЕУБАЙ БАҚТЫКЕРЕЙ











1. Сарайшық. 2. Көк түрік. 3. Алтын дала. 4. Махамбет

МҮСІНШІ МАРАБАЕВ БИСЕН



1950-2000





Әліби Жангелдин, Абай, Максим Горький, Нариман Нариманов, Орбелиани, т.б. ескерткіш мүсіндердің авторы.
Суретте: Қарабаудағы Орталық алаңдағы фонтан.

ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРІ НҰРМАХАНОВ ҚАНАТ (Құлсары қаласы)



Құлсары қаласы.



Қазақтың дәстүрлі ұлттық бұйымдары.



Мүсінші әрі суретші Құдайберген Мәлкаждаров өзі жасаған Әбжаппар Батыры Әбдіхалықов мүсінінің қасында.



Қолөнер шебері, ардагер ұстаз Амантай Есмахановтың жасаған Кеңес Одағының Бауыржан Момышұлы портреті.

ГИМНАСТИКАНЫҢ ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ ТҰЛҒАСЫ ӘЛИЯ ЖҮСІПОВА













ЛЕНИНДІК, КСРО, ҚАЗАҚ КСР, ҚР МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТАРЫНЫҢ ЛАУРЕАТТАРЫ



Досмұхамбетов Жолдасқали
(Лениндік, КСРО, Қазақстан)



Әшімов Асанәлі
(КСРО, Қазақ КСР)



Кеңесбаев Ісмет.
(Қазақ КСР)



Жұмағалиев Таумыш
(Қазақ КСР)



Зиманов Салық
(Қазақстан Респ.)



Батырбаев Махамбет
(Қазақ КСР)



Балжанов Құмар
(Қазақстан Респ.)



Тілеуов Жаппас
(Қазақ КСР)



Әшімов Сағи
(Қазақ КСР)



Арыстанғалиев Алтыбай
(Қазақстан Респ.)



Қалиев Жақсыбай
(Қазақ КСР)

АЙТУЛЫ КӘСІПКЕР, МЕЦЕНАТ ӘМІР ЫСМАҒҰЛОВ





1967 жылы Атырау облысы, Доссор поселкесінде дүниеге келген. 1984 жылы Доссор поселкесі, Белинский атындағы орта мектепті бітірді. Білімі жоғары. 1991 жылы Целиноград инженерлік- құрылыс институтын бітірген. Мамандығы инженер–механик.1985-1987 жылдары аралығында Кеңес Армиясы қатарында азаматтық борышын өтеген. Еңбек жолын 1991 жылы «Эмбанефть» өндірістік бірлестігіне қарасты технологиялық транспорт басқармасында диспетчер болып бастаған.1992-1994 жылдары Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының Батыс бөлімшесі төрағасының экономика жөніндегі орынбасары қызметін атқарған. 1994-1999 жылдары Атырау облыстық әкімшілігіне қарасты Іскерлік ынтымақтастық ассоциациясының Бас директоры болып еңбек етті.1996 жылы өндірістен қол үзбей экономика ғылымдарының кандидаты атағын қорғаған.1999-2008 жылдары бұрғылау компаниясы «Абылайхан Групп» акционерлік қоғамының президенті болды.2008-2009 жылдары «Қазмұнайгаз-Астана» ЖШС-нің Бас директоры қызметін атқарды.2009 жылдан қазіргі уақытқа дейін «Абылайхан Групп» акционерлік қоғамында жаңа инновациялық тәсілдермен шетелдік және отандық мұнай компанияларына бұрғылау сервистік қызметін атқаруға басшылық етуде.«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен, «Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен және «Құрмет» орденімен марапатталған. Атырау облыстық мәслихатының депутаты. «Шеркешнама» кітабының Бас демеушісі. Ә.Тәжіаяқұлы спорттық ұйымдардың жұмыстарына қамқорлық, демеушілік жасайды. Композитор, жазушы Ильия Жақановтың, т.б. авторлардың шығармаларын жарыққа шығаруға қол ұшын беріп, меценаттық қамқорлық жасады. Ол өзінің туып-өскен Мақат ауданы, Доссор елді мекеніде «Сатан-Шәмек» мешітін салдырды. Жұбайы Тұрсын екеуі 4 перзент тәрбиелеп отыр.

Кәсіпкер Марат ЫСМАҒҰЛОВ











Марат Тәжіаяқұлы Ысмағұлов экономикалық, кәсіпкерлік саладағы мінсіз қызметі үшін Халықаралық «INSAM» медалімен марапатталған.

КӨРНЕКТІ ӨНДІРІС ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ, КӘСІПКЕР, МЕЦЕНАТ, ДЕМЕУШІ АСҚАР ҚҰМАРҰЛЫ БАЛЖАНОВ





1958 жылы Мәскеу қаласында дүниеге келген.

Әкесі Құмар Балжанов 1928 жылы туған. Саналы ғұмырын еліміздің мұнай-газ өнеркәсібі саласына арнаған. КСРО-ның Құрметті мұнайшысы, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұнайшысы. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Еңбек Қызыл Ту, «Халықтар Достығы» және «Құрмет» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Бүгіндері құрметті еңбек демалысында.

Анасы Изилә Ғалиқызы 1933 жылы дүниеге келген. Мамандығы инженер-механик. Ондаған жылдар бойы мұнай-газ өндіру басқармаларында инженер-механик, зертхана меңгерушісі, экономист, есепші болып абыройлы еңбек еткен. Бүгіндері құрметті еңбек демалысында. Екеуі 5 бала тәрбиелеп өсірді. Әке дәстүрін жалғастырған, мұнайшылар әулетінің лайықты ізбасары. Балжанов Асқар 1980 жылы И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтын кен инженері мамандығы бойынша бітірген. 1980 жылдан «Ембімұнай» ӨБ Балықшы БББ бұрғышы көмекшісі, 1981 жылдан бұрғышы, бұрғылау шебері, 1984 жылдан технологиялық бөлімнің аға инженері, 1986 жылдан АИТҚ ауысым бастығы. 1987 жылдан Гурьев облыстық партия комитетінің өнеркәсіп-көлік бөлімінің нұсқаушысы, 1988 жылдан жауапты ұйымдастырушы, 1989 жылдан бөлім меңгерушісінің орынбасары, 1991 жылдан Гурьев облаткомының экономикалық комитеті төрағасының орынбасары. 1991 жылдың тамыз айынан «Қазақстан¬мұнай¬газ» МК вице -президенті. 1992 жылдан «Қазақстанмұнайгаз» ҰМК вице - президенті, «Қазақстанмұнайгаз» сыртқы сауда фирмасының бас директорлық қызметін бір уақытта атқарды. 1994 жылдан «Кворум Энтерпрайзиз» ЖШС бас директоры болды. 1996 жылдан «Сұңқар» ЖШС атқарушы директоры, 2001 жылдан «Катрако» ЖШС бас директоры, 2002 жылдан «ҚазРосГаз» ЖАҚ бас директорының орынбасары, 2003 жылдан «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» ЖАҚ бас директорының бірінші орынбасары, 2004 жылдан «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ӨБК үлестерін басқару жөніндегі басқарушы директоры, 2005 жылдан - «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ бас директоры, 2006 жылдан - «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры. 2008-2011 жылдары «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директоры - басқарма мүшесі. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ және «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, басқарушы директоры қызметтерін атқарған. 2012 жылдан бүгінге дейін жеке бизнесте.

Жұбайы Жұмабикенің мамандығы - дәрігер. Екеуі Алдияр, Бақтияр есімді ұлдарын тәрбиелеп өсіріп отыр.

А.Құмаруұлы көптеген қайырымдылық шараларға белсене қатысады. Мүгедек балалардың шетелде емделуіне қол ұшын беріп жүрген азамат. Ол «Шеркешнама» кітабын баспадан шығарудың негізгі шығынын тікелей көтеріп отырған меценат-демеуші.







Құмар аға мен Изила апа





АЙТУЛЫ КӘСІПКЕР ЖЕҢІС ТОҒЫЗАҚБАЕВ





Суретте: 2008 жылғы «Парыз» конкурсының алтын жүлдегері Сейітжанов Серікжан Жеңіске күміс жүлдені тапсырып тұр. Ж. Тоғызақбаев өмірден ерте өткен әкесі, Оңтүстік өлкесінің бас палуаны Бөрібек Тоғызақбайұлы атындағы спорт мектебін салып, алдына ескерткіш орнатты. Бұл істе оның туған інісі Ербол Бөрібекұлы шынайы көмекші бола білді. Жеңіс бұл істерден басқа да туған ауылына, туған ауданына қайырымдылық көмегін ұдайы көрсетіп келеді. Жас ақындардың жинақтарын және тарихи, танымдық, деректік шежірелік «Үркердей болып көшкен жұрт...» кітабын шығаруға демеушілік жасады.Бұл істе олардың туған анасы Зоя Мұсаева үнемі ұйытқы болып, аналық парызын, рухани қолдауын көрсетіп келеді.



Бөрібектің ескерткіші



Ербол Бөрібекұлы



Зоя Мұсақызы



Сансызбай Байболов Сарыағаштық кәсіпкер. Туған ауылына мешіт, спорт зал салдырған. Жастарды спортқа баулып жүр. Рухани істерге үнемі демеушілік жасайды.



Талғат Садуов Алматылық кәсіпкер. Туған ауылының азаматтарына қамқорлық жасаушы. Рухани іс-шараларға қолдау көрсетеді.

ЖӘДІГЕРЛІК ЕСКЕРТКІШТЕР



Қыздарбай ата
құлпытасы



Баян ата
құлпытасы



Атырау облысындағы
дулыға пішінді кесене



Ақтөбе облысындағы Жамантай
батыр мавзолейі



Толыбай жеріндегі
құлыптас



Айтулы ақын,бард әнші Табылды
Досымовтың мавзолейін салысқан
азамат Бижан Қалмағанбетов



Қарағанды облысындағы Орталық, Оңтүстік Қазақстан
аймағында даңқандығымен, жомарттығымен аты аңызға
айналған Өлке Жүндібайұлының кесенесі



Саркеиже атаның мазары



Қожағали болыс
кесенесі



Маңғыстау облысы Отпан тауында Адай атаға
арналған алау от. Салушы Еркін Лұқпанов.



Асау Мандайұлы
құлпытасы



Тұрлан Асауұлы
құлпытасы



Байбақты ата кесенесі



Мақаш Шолтырұлының кесенесі

Өтебай әулие
мазары





Алақай
батыр кесенесі



Шағырай Жәдіқұлы мен Жоламан Шағырайұлының құлпытасының фрагменті



Қосым әулетінен шыққан Досым тегі Қайыпұлы Орақ әулие – Орақ батырдың және Шеркештің ұранына айналған Жәдіқұлы Шағырайдың, оның ұрпағы Жоламанның жерленген қауым-зираты. Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы,Қадыркүл ауылының маңы, Жыра аймағы



Мәди Зікірбаев. Маңғыстау пейзажы



Мәди Зікірбаев. Оғыландыдағы Бекет ата мешіті







Жаңаөзендік халық ісмері Ермек Өмірбердіқызы. Ол жасаулаған киіз үйде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Каспий жағасындағы Кендірлі демалыс аймағында демалған.



Жастар арасындағы дүние жүзінің чемпионы, таэквондошы Нұрғали Наурызбаевты А.Әшімовтың құттықтау сәті. 2006 жыл



Асанәлінің атасы Ысқақ пірәдар



ҚР Бас прокурорының орынбасары Болат Сембин, ақын-жазушылар Мәди Айымбетов, Ақселеу Сейдімбек, Бейбіт Қойшыбаев, Қадыр Мырза Әлі, Асанәлі Әшімов, Қажытай Ілиясов, Пернебай Дүйсенбин, Берік Шаханов, Сұлтан Қалиев, Сейітқазы Досымов, Қали Сәрсенбай. Баба түкті Шашты Әзіз кесенесі жанында. 1994 жыл, 13 маусым. Сарысу ауданына П.Дүйсенбиннің 50 жылдық мерейтойына келген сапары.





Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласының көкпаршылар командасының жетекшісі Құлбеков Орынбасар өз жігіттерімен бірге. Ресейдің Рязань облысында ТМД елдері командалары арасында өткен аса ұзақ қашықтықта өткен бәйгеде Бас бәйгені олжалаған атақты Аққанат ат. Ту ұстаушы О.Құлбеков

ШЕРКЕШ ӘУЛЕТІНІҢ ШЕЖІРЕСІН ТҰҢҒЫШ ЖАСАҒАН АРДАҚТЫ АЗАМАТ ӘБУ АТШЫБАЕВ



Суретте: Әбу Атшыбаев, жұбайы Рая Ибрашқызы Букина

Әбу ағамыз мұнай өндіру саласының көрнекті маманы.Мақат аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Маңғыстау облыстық халықтық бақылау комитетінің төрағасы болған. (1925-2004) Рая Ибрашқызы озат педагог болған. Халықтар достығы орденімен марапатталған. Кіші жүздің үлкен шежіресін жасауға атсалысқан. (1932-2007)

ТАТУ БОЛСАҢ

Жер беті толған алтын тату болсаң,
Біріңе бірің тимей мақұл болсаң.
Үйретіп білмегенге білгендерін
Адамдай бірге туған жақын болсаң.

Болады жер- төсегің, аспан – көрпең,
Әлсізге әлді тимей текке жүрсең.
Жетпей ме, өз нәсібең өз басыңа
Бұл өмір қас қаққандай өтпей ме ертең.

Кейбіреу қарманады көзі тоймай,
Жүреді жан – жағына қастық ойлай.
Қайткенде жұрт алдына шығамын деп,
Дүниені қолға түскен жинар қоймай

Нәпсісі қомағайдың тоймай ма екен,
Несіне шыбын жанын қинайды екен.
Келгенде мезгіл жетіп ертелі кеш,
Қаларын сол жиғанның білмей ме екен.

Сұраймын бәріңнен де мақұл болшы,
Қимастай көңіл тату жақын болшы.
Жүрсең де ауылың шалғай алыс жақта
Есімнен шықпайтындай досым болшы

Әбу АТШЫБАЕВ.



«ШЕРКЕШНАМА» КІТАБЫНЫҢ АВТОРЫ ТУРАЛЫ



Аманжолұлы Дүйсенбі, Нұрланқызы Сара
1889-1996



Пернебай Дүйсенбіұлы
1910- 1990



Автордың Батырдың мемиоралдық мұражайына қойылған «Қос қыран» (Панфилов пен Бауыржан) картинасы.



Майсалы мамыр айы. 1966 жыл











ЕЛ ЕРТЕҢІ - ЖАСТАР



Аманғалиев
Фархад



Насимуллин
Ренат



Төремұратов
Руслан



Шуланбаев
Әсет



Мырзағалиев
Мирас



Құлқашұлы
Беркін



Аманғали
Жәнібек



Төкебаев
Ринат



Төкебаев
Мақсат



Фазылов
Жомарт



Наурызбаев
Нұржан



Құсайын
Қадыржан



Серіков Заңғар



Халық емшісі
Кенесариева Сәнжан

Бұл тарауда еліміздің ертеңі болар жастарымыз бейнеленген. Бұлардың басым көпшілігі түрлі салада еңбек етіп, оқу оқып жүр. Осылардың арасында түрлі деңгейлі Халықаралық, республикалық, аймақтық спорт жарыстарында тәуір өнер көрсетіп, ел аузына ілініп жүр. Сондай-ақ әскер,заң саласында абыройлы қызмет етіп жүрген жас түлек азаматтарымыз да баршылық. Олардың өмір жолдарына жарқын болашақ, нұрлы келешек тілеуді парызымыз деп санаймыз.

КІТАПТЫ ДАЙЫНДАУШЫЛАР ҰЖЫМЫ



Республикалық, облыстық, аймақтық байқаулардың лауреаты, жас қобызшы Бірғаным Қонысқызы Жакиева



Раушан Байқоңырқызы
Компьютерші,
дизайнер,беттеуші



Ерлан Дүйсенбин
жүргізуші



Зағиша Сманқызы
корректор





Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Калинин, Чапаев, Киров, Интернационал колхоздарының ер азаматтарының 1941 жылы соғысқа аттанар алдында түскен естелік суреттері.



Сарысу ауданы Жайылма ауылындағы соғыс ардагерлері Жеңістің 45 жылдығына бас қосуы. 1990 жыл



Сол жақта пионер галстугін тағып тұрған болашақ Кеңес Одағының Батыры атанған Ниетқалиев Ерденбек . Қатарда тұрған суреттерде бауырлары



Ниетқалиев Әнуарбек



Ниетқалиев Әмірғали



Белгілі азамат Бектенов Зариф Ганюшкино селосын ақгвардияшылардан азат етушілермен бірге.



Айтулы атыраулық ұстаз Бақтияров Рақымжан шәкірттерімен бірге. 1950 жыл.



Социалистік Еңбек Ерлері Бердешов Паңгерей мен Дәулетқалиев Сақан. Гурьев облысы



Атыраулық еңбек озаты Дариға Құсалиева мен жамбылдық Мереке Дүйсенбина ВЛКЖО-ның XIII съезінде. Мәскеу қаласы. 1958 жыл.



Қалифаұлы Төлеу інісімен



Қалифаұлы Төлеу інісімен





Атыраулық айтулы ұстаз, Моңғолияда үкімет тапсырмасы бойынша ұстаздық еткен Ораз Иманалиннің ұлы Болат Оразұлы Полоцк қаласында. Ораздың інісі, соғыс ардагері,марқұм Қалуаш Иманалиннің ұрпақтарымен бірге. Қалуаш Иманалин мен соғыс ардагері Надежда Мартьянованың ордендары.



Капитан Лужков 22 жылдан кейін Әліпов Ғиззатқа үшінші «Даңқ» орденін тапсырып тұрған сәті.



«Даңқ» орденінің толық иегері Әліпов Ғиззат майдандас серігімен бірге



«Сталин білген қазақ» мақаласының бас кейіпкері Лұқпанұлы Түсекеннің өзі басқарған мекеме қызметкерлерімен бірге.



Атты әскер жауынгері Шәмен Сұлтанов соғыс кезінде

ШЕРКЕШ ҰРПАҚТАРЫ БАС ҚОСҚАНДА







ШЕРКЕШ ҰРПАҚТАРЫ БАС ҚОСҚАНДА













ҰЛАҒАТ
және
ТАНЫМ



АҚЫРЗАМАН ДЕГЕН НЕ ?
Тайжан бидің болжамы



Қазақтың шежіресінде Орта жүз қазақтарының Жанарыстаннан тараған Уақ деген руы болған. Қасымқожа баласы Уақтың Уақ деп аталуы- ол шала туып, дүниеге шынжау, шағын, денесі аласа, көріксіздеу келгендігінен. Бірақ оның бала-шағасы көп, тұқымы көп тараған бір тайпа ел болған. Бұл тайпа ел Уақ руы деп аталған. Осы руда Тайжан деген би болған. Ол күнделікті дау-дамай мен ұсақ мәселелерді шешетін би емес, болашаққа болжам айтатын да би болған.

Тайжан би 80 жастан (1715-1796 ж.ж.) асқан шағында, оған ауыл ақсақалдарының бірі: «Ақырзаман деген бар, ол қалай болады, о заманда адам тірлігі қандай болады», -деп сұрақ қояды.

Сонда Тайжан кідірмістен:

Адамның жақсысы кетіп,
Жаманы қалады.
Жылқының жүйрігі кетіп,
Шабаны қалады.
Көлден су кетіп,
Табаны қалады.
Көпке ақыл айтар
Адам шамалы қалады
Әр тараптан ел болады
Адамның жаманы би болады.
Үлкеннің тілін кіші алмайды.
Жөн білетін сөзі тыңдалмайды.
Ұл атадан бөлек үй болады.
Тартқаны сырнай күйі болады.
Ері ақша салмайды,
Әйелі базардан қалмайды.
Тапқан еңбегінің берекесі болмайды.
Ішкені шарап болады,
Баққаны тамақ болады.
Тамағы тойған қонағың
Үйіңнен төбелеспей шықпайды.
Адамгершілік сөз айтсаң
Өзіңді оңды-солды боқтайды.
Әйелдері көйлектері шолақ
Дамбалды қысқа киеді.
Ар-ұяты көрініп жүреді.
Әкенің тілін бала алмайды.
Келінде ар-ұят қалмайды.
Жинағаны темір болады.
Жаққаны көмір болады.
Ашытқан судан асы болады.
Адал,арамды білмейді.
Азған адам деген осы болады.
Адамда шолақ өмір болады,
Құлшылық деген кәсіп болады,
Ұрлық деген нәсіп болады.
Ет пен майды ас демейді,
Шарапсыз ас жемейді,
Ақырзаман осы болады.
Аржағын о дүнияда
Тозақ сарайынан көресіз.

Бұл өлең шумағын қазіргі кезде әркім өз ойына келгенін жасап жүрген заманда осындай келеңсіз жағдайлар болмағай деген тілекпен көшіріп жаздым.

Зейнеткер Н.САПАХОВ,
Аққыстау селосы

ОЙ ТАМШЫЛАРЫ

Бөлтірік шешен айтқандай: "Сөз мәнісін білмеген, ел мәнісін білмейді. Ел мәнісін білмеген, жер мәнісін білмейді", - деген. Туған жердің туын жықпай ақыл мен алысты жақын, жақынды жекжат еткен."Елден кеткен өлгенше жылайды, Жерден кеткен көмгенше жылайды " – деп , ел мен жер қадірін екі-ақ ауыз сөзбен жеткізген.

Байлықтың ұрындырмайтын бәлесі жоқ

Адам баласының бойындағы ең ауыр кесел – тойымсыздық. Пайғамбарымыздың хадистерінде нәпсіңді тыя біл, қолыңда барды қанағат тұт дейді. Мен балаларыма өз адал еңбектеріңнің табысын жеңдер деймін.

***

Ата – бабалардың рухы

Сыртқы әлем – ол табиғат.

Ішкі әлем – ол адамның мәңгі жасайтын рухы.

Бейіт – тәубаға келу орны. Адамдар тағдырына байланысты әр жерде жерленеді (апат, соғыс). Қай жерде болса да оларға арнап құран оқыту- тірілердің (туысқандары, балалары) міндеті.

***

Тіршілікте адам бір-біріне қонақ болып жүрген сәтте қолдан келген көмегімізді көрсетіп жүрсек, сауапқа кенелеміз.

***

Ақиқат қиқат байлық – мал-мүліктің көп болуы емес, кеңпейілділік.

Қазіргі заманғы адамның санасын, оның тарихқа қатынасын екі ұғым арқылы білуге, сипаттауға болады.

1) Тарихи зерделілік

2) Мәңгүрттік.

Тарихи зерделілік дегеніміз - әрбір жеке адамға, тұтас ұрпаққа байланысты.

Қожыбай ӘЛЖАНҰЛЫ

ТАҒЗИЯ
(ӨСИЕТ)

Шеркеш Әубәкір молда Шалұлының өсиеті

Әукең молланың қайтыс болар алдында балаларына, келіндеріне айтып, жазғызып кеткен өсиеті.

Жазуына Алланың көркем сабыр етіңіз,
Сабырлықпен отырып, мақсұтқа солай жетіңіз.
Бейсенбі, жұма күндерде оқып құран рухына,
Дұға қылып марқұмға қайыр ықсан етіңіз.

Жарылқасын жалғыз хақ жаны жаннат болғай деп,
Алланың қосқан әмірін мойнынан ада етіңіз.
Жастығын салып басына, отырып күн, түн қасында.
Ризаласып ұзаттың, бұған да шүкір етіңіз.

Жалғыз қалып жапанда, ешкім болмай жақында,
Өсиетін айта алмай өткендер көп жалғанда.
Басына жастық сала алмай, ризалығын ала алмай,
Бірін-бірі көре алмай қалғандар бар арманда.

Ажал уақыты жеткен соң, татар дәмі біткен соң,
Жыласаң да шыдайсың, тағдыр солай еткен соң.
Адамның тәні өлсе де, рухы ешбір өлмейді,
Қияметқайым болғанша, біреуін біреу көрмейді.

Өлген адам тіріден, дұға – үміт етеді,
Әрбір жұма күндерде, үйіне келіп кетеді.
Таупықты болса өрісі, қайыр ықсан етеді,
Таупықсыз болса қалғаны, нәуміт болып кетеді.

Ғалым пәлен дұға ғой, насихат тағзым етеді,
Қайырын тілеп артына, дұға тілек етеді.
Жарылқасын жалғыз хақ, рахматы мол жетеді,
«Әмин» десең ықыласпен ықыласты дұға жетеді.

Әмин.

1965 жыл, қазан айы.
Ақмола облысы,
Қорғалжын ауданы.

ТӘЖІ АТАДАН ҚАЛҒАН СӨЗ

Атамыз Нұрмаханның әкесі Тәжі Байбақты батыр Қармысұлымен немере туыс, Тұманшыұлы Бимырза бимен тұстас болды. Ел арасындағы бір дауда Бимырзаның: "Сатанның үш баласындай болса, ел азбас еді", деуінде біраз мән бар еді. Тәжі бабамыз Байбақты атадан ертерек дүниеден өтті. Бабаның екі әйелінен 12 ұрпақ – алты ұл, алты қыз өрді, кейде екі әйелінен 17 ұрпақ таратылатын нұсқа да бар. Тәжі атамыздың бәйбішесі Құпия да, үлкен келіндері Нұржан, Мақпал, өз әжеміз Жұмақ та Кіші жүздің белгілі биі Қазыбек шыққан жауғашты руының Батыркожасының қыздары еді.

Өзіміз тәрбиесін, өнегесін көріп өскен әжеміз Жұмақ Дәулетқызы шыққан тегі жағынан Жауғашты-Батырғожа-Құдайназар-Аталық-Атшыбай-Дәулет болып таралатын. Әжеміздің немере ағасы Атшыбаев Беркінғали 1918 жылы шақырылған Батыс Алашорда партиясының құрылтайына қатысып, жаңадан құрылған Алашорда үкіметінің құрамына кіреді. Батыс Алашорданың Бас интенданты қызметіне тағайындалады. Алаш партиясының негізін құраған қазақ зиялыларының біразымен таныс, істес болады. 1937 жылы нақақтан ұсталған нағашымыз Б.Атшыбаев кейіннен ақталады.



Ол 30 - жылдары Мәскеудің тау-кен институтының мұнай барлау факультетін алғашқылардың бірі болып бітірген қазақ халқының тұңғыш мұнайшы инженері. 1930 жылдардың басынан бастап Жылыойда Төлес, Ескене, Қосшағыл, Қаратон, Мұнайлы, т.б. кен орындарын игеру жолында басшы қызметтерде болды. Оның есімі Құлсарыдағы Мұнайшылар бағына қойылған ескерткіш тақтада жазулы тұр. Бірақ бұл тариҳқа кейінгі ұрпақ мән бере бермейді. Аталарымыздың қай- қайсысы да қарапайым, елге сыйлы, шаруа кісілер болды. "Би болмаса да, би түсетін үй болды",- дейді үлкендер. Сөз соңында қазақтың қарапайым қарияларының бірі өз атам Нұрмахан Тәжіұлынан (1889-1961) қалған ұлағатты ойға толы сөздерді бере кеткенді жөн көрдік.

Туралық туысты танымайды.

Ақ сауыттың жағасы бар-жеңі жоқ,
Қас жақсының өкпесі бар – кегі жоқ.

Оқу - жартыны бүтін етеді,
Бүтінді дана етеді.

Ел мүддесі ер мүддесінен қымбат.

Ұл туса – ер туады, қыз туса – нұр туады.

Қызға бергенді қыдыр өтейді.

Ақылды кісі әуелі қызға көріседі.

Ырыс басы – қыз.

Елді ер сақтайды, ұлтты қыз сақтайды.

Бала ұлан жасындағысын ұмытпайды.
Баланың қуанғаны – бір қаралық.

Еткен еңбек қауымға жарасын,
Тіккен үйің дауылға жарасын.
Ауыл – үй азаматымен ажарлы,
Азамат кісілігімен базарлы.

Қарға шоқып жейді,
Сұңқар шекіп жейді.

Айласыз батыр тез қатар.

Тәкаппардың тобасы қабыл болмайды.

Ырыссыз адам – ырымшыл.

Пейілі жаманды түйе үстінен ит қабады.

Бір басты бағу мың қойды бағудан қиын.

Тентек молданың дуасы өзіне түседі.

Малға жарлы қылсаң да, ақылға жарлы қылма, құдай.

Ырыссыздың батыры шошқаға шабады.

Алтын басың сау болса,
Алтын астаудан су ішерсің.

Жігіттің жолы кең болу керек.

Ең бақытты адам – бақ талайына риза болған адам.

Дастарқан қонаққа емес, өзіңе жайылады.

Жоқ үйге де кірерсің,
Ақ үйге де түсерсің.

Қайырсыздың иті – қабаған.

Жылқыны тұяғына қатты кісі бағады.

Оқу ойдан артық емес.

Жақсы әйел өзін күткен ерден артық,
Жақсы еркек елін баққан пірден артық.
Дүниеде нелер жақсы болса дағы
Болмайды туып-өскен жерден артық.

"Әке" кітабы, «Үлкеннен қалған үлгі сөз» тарауы.

Жіберген Қанат НҰРМАХАНОВ.
өлкетанушы,
Құлсары қаласы.

СӨЗ СӘУЛЕСІ

Әйелдің еркекпен алысуын түсінуге болады, ал еркектің әйелмен алысуы қасірет қой.

***

Кезінде Баубек Бұлқышев «заман біздікі» деп еді. Бұл кімнің заманы?

Қаймақтардың ба, маймақтардың ба? Ғалымдардың ба, залымдардың ба?

***

Рушыл емес, рухшыл жігіттер қатары көбеймей тұр

***

Егер бір қызметкердің орнын қысқартсаң, бір қызметкердің жұмысы көбейеді. Егер бір текені піштірсең, бір текенің шыбышы көбейеді.

***

Әдетте құсатын адам, әсіресе запыран құсатын адам жаны шығып кете жаздамай ма? Ал мен күлімсіреп отырып, құскан адамды көрдім.

***

Бір нейрохирург демалыстан орала салысымен екі қолы алдына сыймай:

«Маған бас әкеліңдер», - депті. Әрине, адамның басын сұрайды ғой.

***

«Осы бір кісі алпысқа келді. Бірақ шашы қап-қара»,-деді бір әріптес.

Айтпаса сөздің атасы өледі. Тағы бір әріптес тіл ұшына келген сөзді іркіп қала алмады. «Бұл кісі өзінің шашы қара болғанымен, талайдың шашын ағартты ғой...»

***

Біреулер дембіл-дембіл, аракідік кеш өткізуге құмар. Өйткені ел есінен шығып қаламын деп қорқады. Ал кейбір азамттар мұндай дырдуға құмар емес. Себебі олар қазақ аман болса ұмытылмайтынын, зерделе сақталатынын біледі. Содан кейін де бұл мәселеге бас қатырып, арамтер болмайды.

***

Тіліңді білмесең, өмірбақи тіліңді тістеп өтесің.

***

Бата бере алмайтын ақсақалды бақытсыз деуге болатын шығар.

***

Біраз нәрсені көріп келе жатырмыз. Еңіреп отырып, ет жегендерді де көрдік.

***

Ұлтшыл болмасаң іс бітпейді. Қалай ұлтшыл болмайсың, қазақты қорлау әлі де бар.

***

Асағаң телефон шалып Әбсаттар қажы туралы «Жас Алаштағы» мақаласына Әбекеңнің қатты ырза болғанын айтты. Қалжыңдап: «Байқаңыз, ол кісі ішіп кетіп жүрмесін...» деп едім, Асағаң кеңкілдеп күлді. Артық айтсам құдай өзі кешсін, ұстазымыз Әбекең қалжыңды қатты түсінетін аса зиялы адам ғой.

***

Біздің тұқымнан да бір айтулы алқаш шықпады-ау деп алаңдаушы едім, әйтеуір, сен шықтың ғой», - деді бірде бір ағамыз інісіне.

«Қазақ - сөзге тоқтайтын халық» деген пікірге осы жолы иландым. Сол інішек көп ұзамай арақты тастады.

***

Хакімжан Наурызбаев Сәтбаевтың биіктігі 4 метр ескерткішін жасады. Ал енді осыны ешкім керек қылмайды. Қазаққа қыруар байлық тауып берген адам керексіз.

Құдай әділетсіз бе, бүгінгі адам әділетсіз бе?! Құдайды кінәлап қайтейік, кінәлі адам ғой. Әйтпесе Жезқазғанды ашқан Сәтбаев болса, сол байлықтың иесі қазақ болуы керек қой. Жоқ қазақ емес, кәріс.

***

Бір Алланың ризығы, пайғамбарымыздың шапағаты бәрімізге жетпей ме? Жоқ, сол жетпей тұрған тәрізді. Құдайдың бергеніне қанағат деген болмай тұр.

***

Бізге ағып бара жатқандар емес, жүзіп бара жатқандар керек.

***

Ақылы асып тұрған адам жасы кіші болса да «ағамын» десе жарасады. Себебі кейбір ағаларыңның өзі ақылды сөз айта алмайды ғой.

***

Тойды еуропалық дәстүрмен өткізу өріс алып барады. Ортаға тәтті торт әкелініп, жан-жағына шырақ жағылады. Әлгі шырақты жастар жабылып өшіреді. Өз отын үрлеп өшірген қазақты көріп пе едіңі?! «Шырағың сөнбесін, қазаның оттан түспесін» демеуші ме еді қазақ?!

Балалардың туған күнін де осылай өткізетіндер бар. Хапибай-ау, деп ағылшынша ән салады. «Шапибай-ау» десе, тіліне тіскен шыға ма? Қазақта туған күн туралы ән жоқ па?!

***

Бельгердің кейбір депутаттарды: «Үлкен дамбалдың ішіндегі кішкентай қалта», - дегені ұнады.

***

Өзінің орыс тіліне шорқақтау екенін мін санаған жас басшыға Иманғали:

«Айналайын, бұл сенің мінің емес, артықшылығың», - деді.

***

Қазір кейбір басшылар орташа деңгейдегі, орташа сөйлейтін таланттарды қабылдауға құмар. Үлкен мінберлерден орташа таланттардың сөйлеуіне жол береді. Сірә, өзімнен зор шықпасын деу.

***

Бір молда көр казушыға ұрсып тұр. «Сонша неге кеңейтіп қазғансың, немене, ол таңертең тұрып зарядка жасай ма?»

***

«Алатау» қандай асқақ ән еді. Әннің тұлабойы тұнған амбиция ғой. Тәп-тәуір деген бір әнші сол әнді қор қылды. Пұшық та бұлай айтпас. Күшеніп, күшеніп қойды.

***

«Алматыға әр жердің топырағын әкеліп сатсам ба екен»,- деді бір жігіт. Тұла бойым мұздап кетті.

***

«Сөйлеп, жыламасаң да сөз қылады бұл жұрт»,- деп бір жеңгем боздап қоя берді. Қазіргі актрисаларға сол жеңгемнің талантын берсе, шіркін.

***

Қирап жатқан ауылдың ортасына «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» деген сөзді іліп қойыпты. Көзіміз ештеңені көрмейтін болды ғой.

***

«Әкем өлсе, не істеймін, кредит аламын ба?» - деп абдырап отырған әжептәуір азаматты көрдім.

***

Көңіл айту, ілтипат білдіру біреулердің өмір салтында жоқ па деймін.

***

Біреу біреудің көтін ашумен, біреу біреудің көзін ашумен айналысып жүр.

***

Өмірінде біреуді жақсы көрмей өтетін адамдар болады. Жақсы көру сезімі дамымай қалған адамдар бар.

***

Кім жақсы?

Екі қазақ сөйлесіп отыр.

- Бұрынғы бастығым қазақ еді.
- Е, не боп қалды?
- Ой, құртып кетті ғой, зорға құтылдық қой.
- Енді кім келді?
- Кәріс келді, жақсы жұмыс істеп жатыр.

Сонда кім жақсы болды? Әйтеуір, қазаққа қазақ жаман. Атамзаманнан осы ғой. Ал кәрістің не істеп жатқанында қазақтың шаруасы жоқ. Әйтеуір бастық қазақ болмаса болды.

***

«Жер сатылсын, қазақ тілі мемлекеттік тіл болмасын, төлқұжаттан «ұлт» деген графа алынып тасталсын» деп кезінде республикалық басылымда Президенттің атына үндеу жариялаған көп кәсіпкердің бірі өзінің, әйелінің, баласының атын қазақша жаза алмайтын кешегі саудагер бүгін саясаткер болғысы келеді. Сірә, жұртты ақымақ көреді, қазақты ұмытшақ деп ойлайтын боуы керек.

***

Бауыр керек болса, бауырыңды күт.

***

Үнемі жалаңдап жүретін бір жігітті жылан шақты. Әлгіге түк болған жоқ, жылан өліп қалды, сеспей қатты. Жыланның жанын жаһаннамға жіберді. Сонда кімнің уы уытты болғаны?...

***

Бір уызға жарыған адамдардың сарқытын іштік.

***

Қазір мұрнына саясаттың иісі бармайтын адамдар саясат туралы әңгіме соғады.

***

Бірде Иманғали бас редакторлармен кездесті.

Сейітқазы Матаев: «Бас редакторлар көп екен ғой»,- деп қалды да, тағы бір әзіл айтпақшы болып еді, Имекең: «Басы бар бас редакторлардың көп болғаны жақсы»,- деді. Әріптестерім тауып айтылған сөзге риза болысты.

***

Сағыңды сындыратындар – сағына алмайтындар ғой.

***

Бала-шағаның сөзін сөйлеген адам биік бола алмайды.

***

Бір көкеміз: «Бәйбішемнің басына кірпіш түскелі бері басы қатты істеп кетті», - деп әзілдеп еді. Сол кісі айтпақшы, басына таяқ тимей, басын істетпейтіндер бар ғой.

***

Қолында билік болса, көк шыбындар көп болады.

***

Өсектің өлетін күні бар ма екен?!

***

Қазір айтқан сөзің жерде қалмайды. Жеткізетін жеріне екі есе етіп жеткізетін жігіттер өсіп келеді.

***

Алматыда Мейірімге ескерткіш орнату керек

***

Мәселе мақұлмен шешілмейді, ақылмен шешіледі.

***

Көргенсізде көз болмайды

***

Тұлға топқа емес, ұлтқа қызмет етеді.

***

Әр нәрсенің өз өлшемі бар. Балдың өлшемі - бал қасық. Одан әрі балдың тәттілігі білініп қалады.

Арақтың өлшемі – жүз грамм. Одан әрісі ащы болады.

Бұл өмірде үнемі тұщының дәмін татуың мүмкін емес, тіпті соны татырмауы да мүмкін.

***

Бір мастың бір масқа айтқаны:

-Бос бөтелкені тербетпе, жаман болады.

***

Бүгінгі қоғам қажетін қанағаттандырмағандар өткенді сағынады, өзге елдің жетістігі туралы айтқыш келеді.

Қали СӘРСЕНБАЙ,

.

ОЙТОЛҒАҚ

Осы ұлы деген сөздің адамға қолданылуы дұрыс па? Мәселен, ұлы десек ең алдымен Абайды ауызға алған болар едік. Бірақ көрнекті ғалым Ғарифолла Есім Абайды «Хакім Абай» деп кітап жазды. Осы сөз құлаққа кіреді.

* * *

Өмір өтіп барады. Бір қорқыныштысы соған өкінбейтін адамдар бар…

* * *

Өзге ұлт бірауыз қазақша сөйлесе, астындағы атын түсіп беріп дарақыланып, лақылдап кететін қайран қазақы қалып-ай! Төрткүл дүниенің деніне жуығы ағылшын тілінде сөйлейді. Ағылшындардың жаны қайтіп шықпай жүр екен.

* * *

Қазір құдіретті өнер ешкімді де таңқалдырмайтын, селт өткізбейтін боп бара жатыр. Бұл жақсылық емес.

* * *

Күнәға белшесінен батып, түйені түгімен жұтып, ақшаны арбасымен алып, ел үстінен күн көріп отырып, молда шақырып, құдайы тамақ беретіндер бар. Қолынан

келсе, құдайдың да көңілін тапқысы келетіндер аз емес-қазір.

* * *

Қазір әйел мен еркекте айырма жоқ. Бәрі пыш-пыш өсек айтады.

* * *

Көшеде бір топ қарадомалақ кетіп барады. Қолдарында қара домбыра. Ғажап көрініс... Айналаның бәрі осындай көріністе толы болса, кісі жоқтан өзгеге қажымайды ғой.

* * *

Асанәлі Әшімұлы бір сұхбатында: «Кейбір жоғары лауазымды адамдар таланты орта адамдарды қабылдауға құмар», - деді. Дұрыс қой. Талантты адам шындықты айтып қоюы мүмкін.

* * *

Қазір комедия кезеңі жүріп жатыр. Бірақ күлуге болмайды.

* * *

Израильдің премьер-министрі Рабин кісі қолынан өлтірілді. Еврейді еврей өлтірді. Бұл еврей мемлекеті тарихындағы тұңғыш әрі қасіретті күн болды. Қаралы жиын үстінде бұдан былай еврейді еврей өлтірмеу керек деп бақұлдасты. Солай болатынына сенесің. Ал қазақты қазақ күнде «өлтіріп» жатыр ғой...

* * *

Мақтау, мадақтау жағынан қазақ әлі қамшы салдырмайды. Біреудің мақтауы «халықтық» мақтанға ұласып, содан белгісіз біреу қайраткер болып шыға келеді, біреу малын сатып, («Бар малымды шығындап, болыс болдым, мінекей» Абай.) біреу барын сатып, қайраткер болу қазір қазақ ішінде бар. Олар әзірге етекте, ертең төбеге шығады. Мақтауын келістірсе, насихатын күшейтсе, тоқпағы мықты болса, жетіп жатыр. Оның ұлт алдындағы сіңірген еңбегі, танымалдығы тілге тиек болмайды. Кешегі партияның тұсында жаңа адам тәрбиелеу деген болған. Бізде қазір сол ауру ушығып тұр. Қазақтың емес, әр рудың өз қайраткері бар. Бір өкініштісі, сол мадақтың бел ортасында журналистер жүреді, әрине, олар жаны ауырмайтын, жүрегін май басқандар. Қысқасы, қолдан қайраткер жасау басталды. Мақтау таудан құлаған тасқын секілді. Түптің түбінде сол тасқынның астында қалатындар кімдер?... Әрине, қара халық.

Қайран, Ғабең не деп еді. «Ай мен Күн айқайламай-ақ шығады ғой».

* * *

Біреулер жүрегім ауырды дейді. Жүрек ауырмайды ғой, жүрек жарылады, жүрек тоқтайды. Басқа дене мүшелерінің жұмыс ырғағы бұзылған жағдайда салмақ жүрекке түседі ғой. Бұл өз-өзінен түсінікті қарапайым қисын.

Қазіргі қоғам картинасы осыған ұқсас. Иесіздік, алыпсатарлық, жемқорлық, көз қысты, бармақ басты асқынып барады. Бақылау жоқ. Содан соң да ел жүрегі жаралы. Осының бәрін көретін де, сезетін де жүрек байғұс қайдан шыдасын. Жарылады, тоқтайды ғой.

* * *

Қазақта ғажап күйлер мен әндер көп-ақ. Ал «Қоңырдың» жөні бөлек көрінеді. (Қорқыттың күйі.П.Д.) Ұлт мінезі мен парасатына, өмір пәлсапасына, бұл тірліктің баянды, баянсыздығына, қысқасы, осы бір күйден адам жан дүниесінің бар сауалына жауап аласың. Соны шығарған адамға ескерткіш қою керек қой.

* * *

Біздің қазақ айтыс айтпай, көкпар тартпай намысын қамшылай алмайды. Сондай жақсы күндер көп болса екен, ортаймаса екен дейсің.

* * *

Қазір Шәмші туралы аз жазылып жатқан жоқ, оны жоққа шығаруға болмайды. Десек те, кейбір естеліктерде (мейлі ол мақала, суреттеме т.б. болсын, бәріне талап біреу) ол ішкіш, боқауызшыл, елкезбе, әр жерде түнегіш, тоналғыш. Энгельстің Гете туралы «Колоссально велик, в жизни мелок» деген сөзі бар. Бірақ мұндай сөздің Шәкеңе екі өмірде де қатысы жоқ қой. Мәселенің екінші жағы бар. Мұндай ірі, кесек тұлғалардың өмірі ешқашан жаймашуақ болмаған. Шәкеңнің сүйікті досы Төлеген ақын «Тұрысым осы менің, ал мендегі сезімді көрсең шошыр едің» демей ме? Демек, ол даңқы қанша жер жарғанмен, іші толы жалын, күйік болған. Оны кезеңмен, әлде басқамен байланыстыра ма, бұл енді жазушының шеберлігіне, талантына байланысты шаруа ғой.

Талантты дәуір туғызады. Заман қандай еді, Шәмші қандай еді. Сол уақытты жүрек сүзгісінен өткізе отырып, кезеңге сипаттама берілуі керек ғой. Шәкең әрі-беріден соң сол кезеңнің құрбаны ғой. (Распад личности). Ол кезеңнің әкімдері, атқамінерлері қандай еді, таланттары қандай еді. Әңгіме биіктік, бекзаттық туралы болуы керек қой. Шәмші қаншалықты биік болса, ол туралы туындының да аласа болуға хақысы жоқ. Ендігі жерде Шәмші – екінші Естай кім дегенде, XXI ғасырдың ұрпағы не оқуы, не білуі керек?...

Таяуда атақты американ бишісі Айседора Дунканның «Моя исповедь» атты естелігін оқып шықтым. Шіркін, Шәмші туралы осындай бір кітап жазылса деп армандадым.

* * *

Дүние өзгеріп жатыр. Біріне көңілің толады, біріне толмайды. Соның бірде біріне де өгізаяңмен күн кешіп, қарақан басының тірлігін күйттеп жергендердің ештеңесі кетпейді. Бәрінен бұрын мұндай құбылыстардан өзін бөлек ұстай алмайтын ой адамдарына қиын соғады екен...

* * *

Елге барса алдымен әкесіне емес, әкімге сәлем беретіндер бар.

* * *

Бұрынғының шалдары кемпірін киізге орап сабайды екен... Қазіргілер ата салады.

* * *

Біз ұмытшақ халықпыз. Тарихқа келгенде, бұл мінезіміз сыр беріп қалады. Кім ел басқарса, соның отын көсейміз, сөзін сөйлейміз. Қызметтен кеткен соң артынан күл шашамыз. Ол да пенде, адам болғанын ескермейміз. Мәселен, Әбілқайырға қатысты осындай пікір әлі күнге тыйылмай келеді. Бәзбір тарихшылар онымен дастарқандас болғандай сөйлейді.

Жеке мемлекет болғанына 200 жылдан асқан АҚШ-тың тарихында 37 президент болыпты. Соның ішінде жақсысы да, жаманы да бар. Ал сол ел неге оларды лақтырып тастамайды. Жоқ. Ақ үйде сол 37-нің де портреті ілулі тұр. Өйткені бұл мемлекет олардың жақсылығынан да, жамандығынан да тағылым алып, үйреніп отыр. Мемлекет сондықтан да күшті, қуатты.

* * *

Танымал болсаң – досың, даңқты болсаң – жауың көбейетіні несі екен?.. Бұл мәселеде ұлтжанды қазақтар сорлап жүр.

* * *

Рейган Горбачевқа айтыпты: «Достық жақсы, бірақ тексеру керек». Біз де көп елмен доспыз. Қонақжаймыз, құшағымыз кең. Осы достықты біреулер – алып елдер үн-

түнсіз пайдаланып жатқан жоқ па екен деп үрейленесің кейде.

* * *

Қайран, Алаштың арыстары. Қайран Мұстафа Шоқай! Дұрыс қызмет ұсынбаса, әкесі өлгендей күңіренетін қазақтың кейбір қырт шенеуніктерін көрген сайын Мұстафа көкемді ойлаймын. Қазақ үшін – Алаш баласы үшін Керенскийдің «Дни» газетінде почтаны, курьер, корректор болды ғой. Сөйтіп жүріп те қаншама ұлы істер тындырып кетті. Үлкен қызметте отырып, осындай істің мысқалын да жасамайтындар көп қой қазір.

* * *

Жер көлеміне бес Франция сыйып кететін, Менделеевтің таблицасындағы бар байлық шығатын Қазақстан бұл. Құдай сақтасын, мақтанғанда шатымыз айырылып кете жаздайды. Сөйткен Қазақстанның 10 миллион қазақты асырауға неге шамасы келмейді. Өте түсініксіз.

* * *

«Бір жетімнің маңдайынан сипасаң, жеті жұмақ есігін ашады». Қазақ байларының есінде жүретін бұдан артық есті сөз жоқ.

* * *

Досбол би айтқан екен дейді:

Хан алдында барғанда, хан тыңдады тілімді,
Би алдында барғанда, би таппады мінімді,
Өз аулыма келгенде, итке берсін күнімді.
Шамның жарығы түбіне түспейді деген осы ғой.

Өзіңді өзің қор сезіну қазір үйреншікті дағдыға айналғандай.

* * *

Қазақ айтқыш қой. Тіл мен тіс туралы былай дейді. «О жағы да мәрмәр, бұ жағы да мәрмәр, ортасында сандуғаш сарнар».

«Адамнан алсаң екі көзің шығады, Алладан алсаң екі бүйірің шығады».

* * *

Қатыны өзге ұлт өкілдері болып, құлдық ғұмыр кешіп жүргендер аз ба? Қарапайым халықты қойшы, қатыны басқалардың үкіметте басым екендігі ұлт болашағына қауіп төндіріп тұр қазір. Оның алды бүгінде шетелге каша бастады. Елді кімдер басқарып отыр сонда. «Қатын би, сиыр пұл болады» дегенді айтқан осы біздің бабаларымыз емес пе?

* * *

Қазақтың бұл ғасырдан тілейтіні:

Енді нақақтан нақақ көз жасымыз төгілмесе екен, ешкімнің алдында еңкеймесек екен, ешкімге тәуелді болмасақ екен, бір Құдайдың ғана құлы болсақ екен.

ОЛАР...

Біздің «құрметтемеген» кісіміз қалмаған. Өзгенің қансығы бізге таңсық көрінген. Біз енді кімді құрметтеуіміз, кімді кемел көруіміз керек.

Олар. Азап пен қорлықтан басқа түк көрген жоқ.

Олар. Қазақтың ес жиып, етек жауып, өз алдына ел, мемлекет болғанын, өзгелермен қабырғасы тең болғанын көкседі, көрген жоқ. Бірақ олар осы күнді жақындатып кетті.

Олар. Тек қазақ үшін қан төкті, жанын берді. Қазақтың баласы ешкімнен көзтүрткі көрмеуін құдайдан күндіз-түн тіледі.

Олар. Бар білімін, қажыр-қайратын, Тәңірі сыйлаған талантын тек қана халқының көзін, бағын ашуға, азаттыққа арнады.

Олар. Көл-көсір дүние жимады, кітап, ақыл, парасат, ілім-білім жиды. Аспанмен астастырып үй салмады, саяжай соғып, саунаға түсіп, сайран салмады, есік пен тордей мәшине мінбеді, кісі ақысын жемеді, халқын, Отанын оттан да ыстық сүйді. Әр қазақтың баласының маңдайынан сипады, сол қарадомалақтың келешегін ойлап, түн баласына көз ілмеді, отқа да, суға да түсті, жанбады, батпады. Рухы өлмеді. Сол рух кешегі қиын күндерде де тобемізде ұшып, желеп-жебеп жүрді. Бір есерлер бізге тәуелсіздік қантөгіссіз келді дейді. Тәуелсіздікті әперген солардың шелектен төккен қаны, шүберекке түйген жаны.

Олар. Ұлтқа ұстаз, халыққа қамқор болды. Артында мейірім, шуақ қалды. Біз ғасырлар, жылдар бойы сол мейірімге жылындық.

Олар. Өзінен бұрын өткен бабаларын пір тұтты, онегесіне адал болды. Бір-бірінің көзін шұқымады, бір-бірінің соңынан шам алып түспеді, бір-бірін бауыр көрді, бір-бірін сағынып ізделі...

Олар. Тек қана «Алаш», «Қазақ» деген ұғыммен ғана тыныстады.

Өткен ғасыр бойына біз кімді өнеге тұтпадық. Енді кімді құрметтеуіміз, кімді кемел көруіміз керек.

Тәуелсіздік пен достық жылы олар толыққанды құрметтелуі қажет. Біз - өз қадірімізді өзіміз кеш білетін, кеш түсінетін халықпыз. Енді кешігуге болмайды.

Олар оралуы керек. Олар (әкелеріміз) ортамызда жүргендей сезіну керек өзімізді. Біз енді олардың идеясын, тазалығын, тектілігін басшылыққа алуымыз керек. Оларсыз таңымыз атып, күніміз батпауы керек. Оларды білмейтіндерді үкімет басына жолатпау керек.

Оларды, Отан үшін опат болғандарды, әрдайым естен шығармаумыз керек.

Қали СӘРСЕНБАЙ,
ҚР Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі. ҚР Президенті сыйлығының лауреаты.
«Алматы Ақшамы» газетінің бас редакторы.
Алматы қаласы.

ЖАЛҒАН ЕМГЕ ЖҮГІНБЕ

Ескілерден тыңдағанбыз есті сөз,
Жақсыны да, жаманды да көрді көз.
Жалғыз білер, бағалайтын – көпшілік,
Қандай болар алтын, күміс, шойын, жез.
Аңғарады істің жайын азамат,
Матаның да несі жібек, несі бөз,
Сонда дағы алушыға кей кезде
Балгермін деп, тәуіппін деп алдайды,
Жылмаң тілмен көпке сөзін арнайды.
Ауру карап, сырқатты емдеп берем деп,
Тәтті сөзге өтірігін жалғайды.
Көптің қамын ойлап жүрген кісі емес.
Тек өзінің шаруасын қамдайды,
Көздегені пайда менен дүние,
Кейде тіпті аз нәрсені алмайды.
Дей алмайсың жазылуға себі бар,
Жазатұғын дәруі бар, емі бар.
Рас, кейде ішіріткі де береді,
Ерніменен салатұғын демі бар.
Жалған сөзбен ұйытқандай бойыңды,
Мұндай жерде ауызының ебі бар,
Айтатыны – белің құяң, буыныңда сарысу.
Уайымың көп, сол тізеңнің желі бар.
Тәуір көреді берсе тәуір киімді,
Жақсы көреді ұсынса алып бұйымды.
Бәрінен де ұнатады сырқат жан
Жатса ұсынып, молдау етіп тиынды.
Кейбіреуге ренжимін таңғалам,
Құдай жолын білмеген соң тиімді.
Дәрігер бар білікті де оқыған,
Ал солардан басқа іздеу де қиын-ды.
Білімдінің көмегі де мол болар,

Жақсыларға тура келсең жол болар.
Оңтүстікте әулиелер көп дейді,
Кім білімді - әулие адам сол болар.
Жазылам деп Оңтүстікке жортқанша,
Өз аулыңның дәрігері оң болар.
Бақсы – балгер, білімсізге жолама,
Біліктіге қаралғаның жөн болар.

Уәли ИМАНОВ
Халық шежірешісі
(1903-1993)

ШЕБЕРДІ ШЕБЕР ДЕГЕНШЕ, АЛЛАНЫ ШЕБЕР ДЕСЕЙШІ

Шеберді шебер дегенше,
Аспан – жерді, әлемді,
Алты күнде жаратқан.
Он сегіз мың ғаламға,
Шапағат нұр таратқан.
Жоқтан бар ғып адамды,
Топырақтан жаратқан.
Қабырғасын сылып ап,
Атамыздан Ардақты
Хауа ананы жаратқан.
Алланы шебер десейші!

Шеберді шебер дегенше,
Адам ата, Хауа анадан,
Сансыз ұрпақ таратқан.
Жер бетінен әмірін,
Тек адамға қаратқан.
Ай мен Күнді тудырып,
Уақытты санатқан.
Адам менен жындарды,
Құлшылық үшін жаратқан.
Оларды бір мерзімге,
Жер бетіне таратқан,
Алланы шебер десейші!

Шеберді шебер дегенше,
Хабардар қылған біздерді,
Тозақ пенен жаннаттан,
Жіберіп елші біздерге,
Тура жолын таныткан.
Ажыратып білсін деп,
Жасандыны анықтан.
Қамын ойлап құлының,
Мейірімін шексіз танытқан.
Алланы шебер десейші!

Шеберді шебер дегенше,
Не нәрсені қаласа,
«Бол» деуменен болдырған,
Мынау фәни дүниеге,
Біздерді қонақ қылдырған.
Сынайын деп көркімен,
Бет пердені қойдырған.
Сынау үшін нәпсімен,
Құлқыныңды тойдырған.
Алланы шебер десейші!

Шеберді шебер дегенше –
Жауғызған көктен жаңбырын.
Жерден ризық өсірген.
Жылды бөліп төрт мезгіл,
Кезегімен көшірген,
Жарқыраған ақ таңын,
Қараңғы түнмен өшірген,
Жайқалған жазғы бақшаны,
Қара күзбен өлтірген,
Сарғайған күзгі даланы,
Ақ ұлпамен көмкерген.
Сықырлаған аязбен,
Қақаған қысты келтірген,
Көктемнің жылы желімен,
Аязды қысты кетірген.
Сай – саланы жібітіп,
Табиғатқа жан берген.
Алланы шебер десейші!

Шеберді шебер дегенше,
Шын шеберді білсейші,
Жаратқанын Алланың,
Ақыл көзбен көрсейші.
Теңдесі жоқ, теңі жоқ,
Білімінің шегі жоқ,
Сипатының кемі жоқ,
Алланы шебер десейші!

Ғарифулла ДҮЙСЕНБАЕВ
Алматы облысы,
Боралдай кенті.

МӨҢКЕ БИДІҢ БОЛЖАМЫ

Қазақ елінің кең байтақ жерін мекендеген ата-бабаларымыздың біздерге қалдырып кеткен байтақ жері мен ұлы даналық сөздері ғана екен. Міне, өткенге бір сәт көз қырын салып, алға, болашаққа қарай бағыт алуға мүмкін болады екен. Сондықтан да ата-бабаларымыздың ел болашағын болжап, келер ұрпақтың көретін күніне қатты ашынып, дәл болжап айтқан.

Осыдан 300 жылдай бұрын өмір сүрген атақты Мөңке бидің мына төмендегі болжамдарын атақты болжампаз Нострадамустан бір кем емес деуге болады.

... Құрамалы, қорғанды үйің болады,
Айнымалы, төкпелі биің болады.
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,
Ай сайын бас қосқан жиын болады.
Ішінен шынтық айналмайтын,
Ежірей деген ұлың болады.
Ақыл айтсаң ауырып қалатын,
Бежірей деген қызың болады.
Алдыңнан кес-кестеп өтетін,
Кекірей деген келінің болады.
Ішкенің сары су болады,
Берсең итің ішпейді,
Бірақ адам оған құмар болады.
Домалақ-домалақ түйедей дәрің болады,
Жастарға билігі жүрмес кәрің болады,
Ертеңіне сенбейтін күнің болады,
Бетіңнен алып түсетін інің болады.
Алашұбар тілің болады,
Дүдәмалдау дінің болады,
Әйелің базаршы болады,
Еркегің қазаншы болады,
Бұхараны құм алады,
Төртқұлді су алады,
Халықтың қанын сорған надандар болады,
Қабағын түйіп, қайыр тілейтін адамдар болады.
Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады.
Ит пен мысықтай ырылдасқан,
Еркек пен қатының болады.
Сарылып келіп тосасың,
Құны жоқ қағазды судай шашасың.
Соның бәрін көресің,
Көріп барып өлесің.
...Бай құрып, бақсы азады,
Кек көбейіп, бейшара озады,
Қу моладан үйің болады,
Қу баладан биің болады.
Кебір жерге теңеледі,

Әйел ерге теңеледі,
Сиыр өгізге теңеледі,
Көл теңізге теңеледі.
Адам ақысыз жұмыс істемейді,
Дүниені түрлеп кестелейді.
Ақшаны ащы демейді,
Сағынып тамақ жемейді,
Шапқанын олжа дейді.
Әлхам білгенін молла дейді,
Бір-біріне қарыз бермейді,
Шақырмаса көрші көршіге кірмейді.
Үй ішінде неше жан болса,
Бас-басына би болар.
Тұтам ағаш ту бие болады,
Бір жерден он шақты үй болса,
Ата-анасы аталып.
Бөлек-бөлек жүйе болар.
Шайдан басқа асы жоқ,
Жақыннан басқа қасы жоқ,
Лағынет қамыты мойнында,
Жұмыстан қолының басы жоқ,
Әрқашанда олардың көңіл хошы жоқ.
Бар шаруа түп-түгел
Енді мұның иесі жоқ.
Бас қосылған жерде,
Әйел жағы ден болар.
Жаман-жақсы айтса да
Өзінікі жөн болар.
Орай салып бастарын,
Жалпылдатып шаштарын,
Тақымдары жалтылдап,
Емшектері салпылдап,
Ұят жағы кем болар.
Орыс,қазақ қосылып,
Бір-біріне үйір болар,
Сөйткен заман кез болса
Түзелуі қиын болар.
Жақсының атағы кетіп, азабы қалар,
Ақылы жоқ санасыздың заманы болар.
Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар,
Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалар.

КӨЗ САНАЛҒЫ ҚЫРЫҚ БІРГЕ ЖҰҒЫСПАУ

1. Ордалы суманға (жыланға) жұғыспау.
2. Қордалы қынамаға жұғыспау.
3. Жалғыз ағашқа жұғыспау.
4. Иендегі жалғызға жұғыспау.
5. Суықторғайға жұғыспау.
6. Алдан өткен абаданға (арлан қасқыр) жұғыспау.
7. Елден кеткен забажанға (өкпелі жанға) жұғыспау.
8. Пәлелі өртке жұғыспау.
9. Шығулы бетке жұғыспау.
10. Жаралы жыртқышқа жұғыспау.
11. Қаралы елге жұғыспау.
12. Ашынған долыға жұғыспау.
13. Ашыққан ұрыға жұғыспау.
14. Даралы жерге жұғыспау.
15. Дастарқанға жұғыспау.
16. Жетімге жұғыспау.
17. Жесірге жұғыспау.
18. Кесірге жұғыспау.
19. Еңіреген ерге жұғыспау.
20. Өзің шығар төрге жұғыспау.
21. Арқаны сылар ерге жұғыспау.
22. Жатқа кетер қызға жұғыспау.
23. Көктемдегі мұзға жұғыспау.
24. Өте шығар сызға жұғыспау.
25. Асып қалған асқа жұғыспау.
26. Жарасы бар басқа жұғыспау.
27. Парақұмар ласқа жұғыспау.
28. Басқа елдік қарашаға жұғыспау.
29. Балатқалы иге жұғыспау.
30. Төбелесте арашаға жұғыспау.
31. Тікені бар аласаға жұғыспау.
32. Құламалы құзға жұғыспау.
33. Дәм атасы тұзға жұғыспау.
34. Иесіз жатқан малға жұғыспау.
35. Киесі бар далға (нәрсе ,зат) жұғыспау.
36. Обалы бар торшыға (өрмекші) жұғыспау.
37. Залалсыз қоршыға (қойшы,малшы) жұғыспау.
38. Түтін ұшар шаңыраққа жұғыспау.
39. Ырыс келер босағаға жұғыспау.
40. Даладағы өлгенге жұғыспау.
41. Шыдап жерге көмгенге жұғыспау.

Бұл жұғыспаулар соқтықпау, жәбірлемеу, ойрандамау, қырмау, аялау, абайлау, сақтану, қорғау тақылетті сегіз түйінге тиянақтамағы шарт.

Жазып дайындаған Нұрқасым ҚАЗЫБЕК

ҰЛТ ҰЛАҒАТЫ

Бекарыстың тұқымы Кіші жүз алшынның үш тайпасы Әлімұлы, Байұлы, Жетіру мынадай тайпаларға бөлінеді. Байұлының тайпалары: **адай, беріш, алшын, жаппас, есентемір, масқар, таз, байбақты, тана, шеркеш, ысық, қызылқұрт.** Әлімұлының тайпалары: әлім, шөмекей, кете, қаракесек, қарасақал, төртқара, шекті. Жетірудың (қарт қазақтың) тайпалары: кердері, жағалбайлы, керейт, телеу, табын, тама, рамадан. (Ескерту: Жоғарыдағы тізімде алаша руы енбеген. Алтынды «алшын» деп жаңылыс берген. П.Д.)

Осы ру-тайпалар мен тайпалық одақтардың аты қазақ ішінде қазіргі күнге дейін сақталуда. Әрбір рудың өзіне тән таңбасы және ұраны бар. Бұл таңбаны ерте кезде рудың малына басқан, сол рудан өлген адамдардың моласының басына тасқа ойып орнатқан. Бірнеше ру бірлесіп, тоқтам жасасқан жерде тасқа ойып, белгі соққан. Ал ұран сол рулардың ата-бабаларының немесе сол рудан шыққан батырлардың аты, жалпы ру-тайпа мүшелерін аттанысқа келтіру үшін соғыс кезінде тығызтаяң үндеу ретінде осы ұран шақырылған. Әдетте ат бәйгесі, балуан күресі кездерінде ұран шақырылады. Ру таңбасы сол рудың нышаны орнында қолданылған, рудың жалауларына салынған. Қазақтың көптеген ру аттары сол рудың таңбасы арқылы аталған. Мысалы: бағаналы, балталы, шанышқылы, ергенекті, тарақты, ашамайлы, ошақты, тарақ таңбалы, теріс таңбалы, сіргелі, тағы басқалар. Ру-тайпа аттарының тағы бір түрі сол рудың тотемдік ұғымынан туған. Мысалы: қоңырат, бура, тағы басқалар. Әдетте қазақ рулары өз ішінен қыз алыспайды, қыз алысу үшін кемінде **жеті атаға толған** болуы, олардың қонысының арасында жеті өзен болуы шарт. Туыстас рулар бір-бірінен бөлек ру болып саналу үшін арада **он үш ата** өткен болуы шарт. Міне, осы себептерден «қазақ шежіресі» өз ұлтының тарихнамасы болуымен қабат, үйелменді ұйымдастырудың өлшемі болған. Қан-қарындастық қатынасын ру-тайпа мүшелерінің санасына сіңіріп, оларды ру ұранының туы астына топтастырып келген. Бір атадан тараған ру мүшелері өздерін туыс деп санаған, оның жыртысын жыртып, намысын жоқтауға жұмылдырған. Ру-тайпа мүшелерінің бірі басқа ру жағынан өлтірілсе, жалпы ру мүшелері жиналып, оның құнын алған, мүшесі басқа рудың адамын өлтірсе, оның құнын төлеуге кісі өлтіруші ру жауапты болған. Бір рудың жесірінің екінші руға кетуіне жол берілмеген. Осы рулық қатынастардың шаруашылық негізі ретінде жайлаулық жерлерге жалпы рулық меншік сақталған. Тек қыстаулық, пішендік, егіндік жерлер ғана жеке адамның меншігінде болған.

Қазақты қалыптастырған жоғарыдағы ру-тайпалардың көпшілігі ежелгі заманнан тарап, Орта Азия мен Орталық Азияның кең даласында, шығыста Баркөлден бастап, батыста Каспий теңізі, Еділ өзеніне дейінгі ұлан-байтақ өңірде көшіп-қонып, мал өсірген түркі тілдес ру-тайпалар еді. Қазақ халқы ғасырлар бойғы тарихи даму барысында осы ру-тайпалардан құралып халық болған. Алайда бұл тек бір дәуірдің ғана жемісі емес, сан ғасырлық тарихи дамудың туындысы.

Н.Мыңжан,
Қазақтың көне тарихы.
Алматы. «Жалын» баспасы
40-41-беттер.

ШЕЖІРЕ ТУРАЛЫ

Шежіре дәстүрінде буын ауысуы(өзгеру циклы) 25-30 жылда бір болатынын ескерттік. **Қандастар** – бір кіндіктен тарап, 7 атаға дейін өсіп-өніп жеткендер; қазақ дәстүрінде 7 атаға дейін қыз алыспайды, демек олар – жіті араласып отырған жақын туыстар. Бір **ата** ұрпағы өсіп-өне келе 13 атадан асса, онда олар **ру** деңгейіне көтеріледі. Ал бірнеше руға айналған қандастар(руластар) мен көрші, мүдделес, өз алдына ру-ру болып отырған алыс ағайындар бірігіп, **тайпа** құрайды. Бірнеше тайпа өзара бірлесе, қауымдаса келе, белгілі бір табиғи ортада өмір кешіретіндерден **жүз** қалыптасады., тайпалар өзара бірігіп, жері ортақ, бір ортаға бағынатын **ұлыс** құруы мүмкін; тілі, діні, салт-дәстүрі, тіршілік көзі, кәсібі ортақ, ынтымағы жарасқан туыс тайпалар бір мемлекет ауқымында шоғырланып, бір тұтас халық болып қалыптасуы заңды құбылыс.

Ал туыстық, ілік-шатыстық жағынан алып қарағанда, қазақ дәстүрінде ол бес деңгейдегі 15 түрлі топқа жіктелген:

1. **Жеті ата:** 1) әке, 2) ата, 3) әз ата (ұлы ата) 4) баба, 5) текін, 6) төркін, 7) тұқиян; Бұл жетеуі – ата-бабалар.
2. **Немере ағайын**: 1) бала, 2) немере, 3) шөбере, 4) шөпшек, 5) өбере;
3. **Жамағайын**: 6) туажат, 7)жүрежат,8) жекжат, 9) жұрағат, 10) жамағат;
4. **Қалыс ағайын**: 11) өркен, 12) әулет, 13) зауза, 14) жаран, 15) қалыс.

Міне, бұл он бесінің бәрі **ұрпаққа** жатады. (қар. *Шынай Рахметұлы.* Моңғолия қазақтарының ата-тек шежіресі. Өлгий, 1997, 3-б.).

Р. S. Оқырмандарыңыздың **ұлттық танымын кеңейту** мақсатында осы үзіндіні ұсынып отырмыз. Қазақстанның, сондай-ақ өзге аймақтарда тұратын қазақтардың ата-тек, пұстылық тізбелері бір-бірінен едәуір алшақтап, біріне-бірі мүлде қайшы шығып жатады. (П.Д.). Осындағы «жамағайын» тобындағы 6) туажат, 7) жүрежат ұғымдарының шатыс берілуі көзге айқын көрініп тұр. «Жүрежат» ұғымында туыстық, жақындық сезімнің әлі үзілмеген арқауы санада қылаң береді. «Туажатта» бұл сезім шорт үзіліп, үзілді-кесілді ұғыммен теңдесіп тұр. Сондықтан да жүрежат ұғымы туажаттан бұрын келуі заңды. (П.Д.)

ҰЛАҒАТТЫ ҰЛТТЫҚ ҰҒЫМДАР

Халқымыз іргелі үш жүз құрамынан тұрады.
Олар:

Ұлы жүз – АҚАРЫС
Орта жүз – ЖАНАРЫС
Кіші жүз – БЕКАРЫС

* * *

Қазақтағы үш жүзге Үйсін, Қыпшақ, Алшын тайпаларының жері негіз болды. Өзбек, Қырғыз, Қазақ деген бөліністер XV-XVI ғасырларда пайда болған... Ру басылары...ірі тайпалардың "Үш жүзден" – мың жылдай бұрын туғанын ескермейді.

Профессор **Ә.Қоңыратбаев.** *"Көне мәдениет жазбалары". Алматы. "Қазақ университеті". 1991. 138-бет*

* * *

P.S. Төменде таңбалардың екі нұсқасын қатар беруді жөн көрдік.

Көнеден жеткен деректер бойынша бұларды белгілеп берген бүкіл Дешті Қыпшақтағы түрік-моңғол жұрты пір тұтқан Майқы би делінеді. Көзі тірісінде-ақ би туралы: " Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би ", - деген қанатты сөз халыққа кең таралып кеткен. Ол Шыңғысханды ұлы хан етіп сайлаған 12 бидің бірі Сунақ, Қалпақ, Көлеген, Қырғызәлі болғандығы белгілі. Ол туралы Қазақ Совет энциклопедиясында былай деп жазылған: «Халық аңызында Майқы би Орманбет би өліп, Он сан Ноғайлы елі бүлінгенде Қазақ ұлысын құрған тарихи қайраткер бейнесінде сипатталады. Майқы би қазақ руларын үш жүзге («Жүз - арабша бөлік, бөлім») топтап, Үйсін бастаған бөлікті Ұлы жүз, Қабанұлы Болатқожа бастаған бөлікті Орта жүз, Қоғамұлы Алшын бастаған бөлікті Кіші жүз деп атады. Ноғайлы хандарының бірі Қызыл Арыстанның баласы Ахметті (Алаша хан) Ұлытауда үш жүздің ханы көтерді. Ол ұлысқа кірген 40 руға таңба таратып, таңбаны әр рудың ерекшелігіне қарай белгіледі. Ұлыста бірінші ту ұстаған Үйсінге «Жалау», ортада жүретін Арғынға «Көз», жауға алдымен шабатын Алшынға «Найза» таңбасын берген. 40 рудың таңбасын жартасқа қашатқан. Таңбалы тас - «Майқы таңбасы», кейін жер атымен «Нұра таңбасы атанған».

ҚСЭ. 7-том, 1975 жыл.

Үш жұрт
1. Ағайын жұрт. 2. Нағашы жұрт. 3. Қайын жұрт.

Үш байлық
Бірінші байлық — денсаулық.
Екінші байлық — ақжаулық.
Үшінші байлық — қорадағы бес саулық.

Үш би
1. Үйсін Төле би. 2. Арғын Қаздауысты Қазыбек би. 3.Алшын Әйтеке би.

Үш дана
1. Абай. 2. Шоқан. 3. Ыбырай.

Үш арыс
1.Сәкен. 2.Бейімбет. 3.Ілияс.

Үш қат
1. Жоғары қат (аспан). 2.Орта қат (жер үсті). 3.Төменгі қат (жер асты).

Үш қуат
1. Ақыл қуат. 2. Жүрек қуат. 3.Тіл қуат.

Үш ғайып
1. Ажал ғайып. 2. Қонақ ғайып. 3. Несібе ғайып.

Үш арсыз
1. Ұйқы арсыз. 2. Тамақ арсыз. 3. Күлкі арсыз.

Үш дауасыз
1. Мінез. 2. Кәрілік. 3. Ажал.

Үш қадірлі
1. Ырыс. 2. Бақ. 3.Дәулет (Жиренше шешен).

Үш қадірсіз
1. Жастық шақ. 2. Денсаулық. 3.Жақсы жардың (әйел) қадірін білмейді.

Үш жамандық
1. Нақақ қан төгу. 2. Кісі малын напақалау. 3.Ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу.

Үш жақын
1. Жан тәтті. 2. Мал тәтті. 3.Жар тәтті.

Үш ақиқат
1. Қымбат — шындық. 2. Арзан — өтірік
3. Дауасыз — кәрілік (Жанқұтты шешен).

Үш қуаныш
1. Алғыс алу. 2. Өзіңді көптің іздеуі. 3.Ісіңнің өшпеуі.

Үш биік
1. Билік. 2. Дәулет. 3.Даналық.

Үш асыл
1. Көз. 2. Тіл. 3. Көңіл.

Үш артық
1. Адалдық. 2. Еңбексүйгіштік. 3. Өнерпаздық.

Үш ынтық
1. Еркін өмір. 2. Құрметке бөлену. 3.Пайдалы еңбек ету.

Үш тұл
1. Қайратсыз ашу тұл. 2. Тұрлаусыз ғашық тұл. 3.Шәкіртсіз ғалым тұл (Абай).

Үш апат
1. Ғалымдар мен қарттарды сыйламау. 2. Өкіметті сыйламау. 3.Асты ысырап ету.

Үш кедейлік
1. Кежірлік. 2. Еріншектік. 3.Ұйқы (Төле би).

Үш кемдік
1. Надандық. 2. Еріншектік. 3.Зұлымдық(Абай).

Үш бақытсыздық
1. Жаман ат. 2. Жаман қатын. 3.Жаман көрші.

Үш көз
1. Су анасы — бұлақ. 2. Жол анасы — тұяқ. 3.Сөз анасы — құлақ.

Үш тоқтам
Ақыл — арқан, ой — өріс, адам — қазық.

Үш қасиет
1. Өліде — аруақ. 2. Малда — кие. 3. Аста — кепиет.

Үш тағылым
1. Мейірімнен — сауап. 2. Жақсылықтан — шарапат. 3. Жамандықтан — кесапат.

Төрт тұлға
1. От. 2. Су. 3. Жел. 4. Жер.

Төрт құбыла
1. Шығыс. 2. Оңтүстік. 3. Батыс. 4. Солтүстік.

Төрт маусым
1. Көктем. 2. Жаз. 3. Күз. 4. Қыс.

Төрт тоқсан
1. Қыс тоқсан. 2.Жаз тоқсан. 3. Шілде тоқсан. 4. Күз тоқсан.

Төрт бұрыш
Шығыс елі дүниенің төрт бұрышы деп Шын — Машын (Үндістан), Мысыр, Рұм, Еуропа елдерін айтқан.

Төрт түлік
1. Түйе пірі — Ойсыл қара. 2. Жылқы пірі — Қамбар ата. 3.Сиыр пірі — Зеңгі баба. 4.Қой, ешкі пірі — Шопан ата, Шекшек ата.

Төрт мұрат
1. Дау мұраты — біту. 2. Саудагер мұраты — ұту. 3.Қыз мұраты — кету. 4.Жол мұраты — жету. (Сырым батыр).

Төрт мүлік
1. Бас — сандық. 2. Тіл — кілт. 3. Қол — мүлік. 4. Аяқ — азамат.

Төрт қорлық
1. Шақырылмаған жерге бару. 2. Бейбастақ сөйлеу. 3. Дұшпаннан жәрдем күту. 4. Сараңнан қажет сұрау.

Төрт халифа
1. Әбубәкір. 2. Омар. 3. Оспан. 4. Әли.

Төрт періште
Аллаға жақын төрт періште бар. Олар: Жебірейіл, Әзірейіл, Мекайіл, Исрафил.

Төрт қылыш
1. Хәмхам. 2. Сәмсам. 3. Зұлпыхар. 4. Зұлқожа.

Төрт кітап
1. Тәурат — Мұсаның кітабы. 2. Зәбүр — Дәуіттің кітабы. 3. Інжіл — Исаның кітабы. 4. Құран — Мұхамбеттің кітабы.

Төрт пір
1. Жарлының пірі — қалтаң ата. 2. Ұрының пірі — жалтаң ата. 3. Шебердің пірі — тепшем ата. 4. Кәрінің пірі — кекшіл ата (Досбол шешен).

Төрт күнә
1. Аллаға күмән келтіру. 2. Нақақтан қан төгу. 3. Ата-анаға тіл тигізу. 4. Өтірік куә болу. (Мұхамбет пайғамбар).

Бес парыз
1. Құдайдың бірлігі мен Мұхамбеттің пайғамбарлық қасиетін мойындау. 2. Намаз оқу. 3. Ораза тұту. 4. Қайыр садақа беру. 5. Қажылыққа бару.

Бес намаз
1. Таң намазы. 2. Бесін намазы. 3. Екінді намазы. 4.Ақшам намазы. 5. Жашиық намазы.

Бес борыш
1. Аллаға, пайғамбарға байланысты борыш. 2. Адамның өзіне байланысты борыш. 3. Мемлекет пен халыққа борыш. 4. Үй-іші, жақындарға борыш. 5. Адамгершілік әлеміне борыш. (Мұхамбет пайғамбар).

Бес қару
1. Садақ. 2. Мылтық. 3. Найза. 4. Қылыш. 5. Айбалта.

Бес асыл, бес дұшпан

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз...
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ —
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой —
Бес асыл іс көнсеңіз. *(Абай).*

Бес жаратылыс

1. Күн.. 2. Ай. 3. Жұлдыз. 4. Күндіз. 5. Түн

Бес өсиет

1. Топасқа сенбе. 2. Жауға иілме. 3. Әрқашан сақ жүр.
4. Аш үйге қонба.
5. Жарлыдан сый алма.

Бес қатер

1. От. 2. Жау. 3. Борыш. 4. Ауру. 5. Сөз

Алты алаш

1. Қазақ. 2. Қарақалпақ. 3. Өзбек. 4. Түркімен.
5. Қырғыз. 6. Жайылған. *(Төле би).*
1. Ұлы жүз. 2. Орта жүз. 3. Кіші жүз. 4. Қарақалпақ.
5. Қырғыз. 6. Қазақтың құрама рулары.
(М.Тынышбаев).

Алты игілік

1. Денсаулық. 2. Қазына. 3. Дос. 4. Әйел (жар).
5. Білім. 6. Бала (ұрпақ).

Алты парыз

Адамдардың бір-біріне деген алты парызы бар. Олар:
1. Бір-біріне сәлем беруге (әдейі барып).
2. Шақырса — баруға.
3. Кеңес сұраса — ақыл қосуға.
4. Сұрағына — жауап беруге.
5. Ауырып қалса — көңілін сұрауға.
6. Қайтыс болса — жерлеуге қатысуға.

(Мұхамбет пайғамбар).

Алты асқар

1. Ақыл. 2. Білім. 3. Жомарттық. 4. Әділдік
5 Шыншылдық. 6. Кең пейіл.

Жеті жетекші

1. Адамның басшысы — ақыл,
2. Жетекшісі — талап.
3. Жолаушысы — ой.
4. Жолдасы — кәсіп.
5. Қорғаны — сабыр.
6. Қорғаушысы — мінез.
7. Сынаушысы — халық. *(Сақұлақ би).*

Жеті ғашық

1. Ләйлі — Мәжнүн. 2. Фархад — Шырын. 3. Таһир — Зуһра. 4. Арзу — Қамбар.
5. Уәлиқ — Ғарра. 6. Уәқи — Күлшаһ.
7. Жүсіп — Зылиқа.

Жеті шәріп (Жеті әулие)

1. Мекке шәріп. 2. Мәдина шәріп. 3. Бұхар шәріп.
4. Шам шәріп. 5. Қатым шәріп.
6. Құддыс (Мысыр) шәріп. Кәләм шәріп *(Құран).*

Жеті қазына

1. Ер жігіт. 2. Сұлу әйел. 3. Ақыл, білім. 4. Жүйрік ат. 5. Қыран бүркіт.
6. Берен мылтық. 7. Жүйрік тазы (ит).

Жеті ғалам

1.Шығыс. 2. Батыс. 3. Оңтүстік. 4. Солтүстік.
5. Аспан (жоғары ғалам).
6. Жер (орта ғалам). 7. Жер асты (төмендегі ғалам).

Жеті күн

1. Бүгін. 2. Ертең. 3. Бүрсігүні. 4. Арғы күн.
5. Ауыр күн. 6. Соңғы күн. 7. Азына.
1. Дүйсенбі. 2.Сейсенбі. 3. Сәрсенбі (сәтті күн).
4. Бейсенбі. 5. Жұма (қасиетті күн).
6. Сенбі. 7. Жексенбі.

Жеті жұт

1. Құрғақшылық. 2. Жұт (мал қырылу). 3. Өрт.
4. Оба (ауру). 5. Соғыс.
6. Топан су. 7. Зілзала (жер сілкіну).

Жеті жоқ

1. Жерде өлшеуіш жоқ. 2. Аспанда тіреуіш жоқ.
3. Таста тамыр жоқ. 4. Тасбақада талақ жоқ.
5. Аллада бауыр жоқ.
6. Аққуда сүт жоқ. 7. Жылқыда өт жоқ.

Жеті жетім

Тыңдамаған сөз жетім,
Киюсіз тозған бөз жетім,
Иесіз қалған жер жетім,
Басшысы жоқ ел жетім,
Аққу-қазсыз көл жетім,
Жерінен айырылған ер жетім,
Замандасы қалмаса —
Бәрінен де сол жетім.

Жеті ата (1-нұсқа)

1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Үлкен ата немесе арғы ата.
5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата.

Жеті ата (2-нұсқа)

1. Әке, 2. Ата. 3.Әз-ата (Ұлы ата) 4. Баба, 5. Текін.
. Төркін. 7. Тұқиян

Жеті пұсты

1.Әке. 2.Бала. 3.Немере. 4.Шөбере. 5.Шөпшек.
6.Шөбелек. 7.Немене.(одан әрі 8.Жүрежат. 9.Туажат.)

Жеті қат көк

1. Ай. 2. Күн. 3. Шолпан. 4. Есекқырғын (Меркурий).
5. Қызылжұлдыз (Марс).
6. Сатурн. 7. Мүштәри (Юпитер).

Жеті қат жер

1.Тұңғиық. 2.Жылан. 3.Су. 4.Қос балық.
5.Қара тас. 6.Көкөгіз. 7.Жер.

Жеті амал

1.Күннің тоқырауы. 2.Қарашаның қайтуы. 3.Үркердің батуы. 4.Мұздың қатуы. 5.Киіктің матауы. 6.Қыс тоқсан.
7.Ай тоғамы.

С.Кенжеахметұлының «Жеті қазына» кітабының деректері, түрлі басылымдардың деректері пайдаланылды

АДАМҒА БАЙЛАНЫСТЫ АТАУЛАР

АДАМНЫҢ ЖАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АТАУЛАР

№	ЖАСЫ	АТАУЫ
1.	**1 жасқа дейін**	Шақалақ, нәресте.
2.	**1 жастан 2 жасқа дейін:**	
	а) қыз бала	Бөпе.

	б) ұл бала	Бөбек.
3.	**2 жастан 3 жасқа дейін**	Бұлдіршін.
4.	**3 жастан 5 жасқа дейін**	Балдырған.
5.	**6 жастан 7 жасқа дейін**	Сәби.
6.	**8 жастан 12 жасқа дейін**	Ойын баласы.
7.	**13 жастан 15 жасқа дейін**	Ересек бала (сығыр).
8.	**16 жастан 19 жасқа дейін**	Бозбала.
9.	**20 мен 30 жас аралығы**	Жас жігіт.
10.	**30 бен 40 жас аралығы**	Дүр жігіт.
11.	**40 пен 50 жас аралығы**	Ер түлегі.
12.	**50 мен 60 жас аралығы**	Жігіт ағасы.
13.	**60 пен 70 жас аралығы**	Қарасақал.
14.	**70 пен 80 жас аралығы**	Ақсақал.
15.	**80 жастан жоғары**	Шал, қарт, қария.

ЕР АДАМНЫҢ ӨЗ ЖҰРТЫНЫҢ АТАУЛАРЫ

№	АТАУ	ТҮСІНІК
1.	**Арғы ата**	Әкенің әкесі, бергі ата.
2.	**Ата**	Атаның әкесі.
3.	**Әже**	Әкенің шешесі, үлкен әже.
4.	**Әке**	Өзінің туған әкесі.
5.	**Апа**	Өзінің туған шешесі (анасы).
6.	**Әпке**	өзінен жасы үлкен қыз (әйел).
7.	**Қарындас**	өзінен жасы кіші қыз (әйел).
8.	**Аға**	өзінен үлкен ұл бала (ер адам).
9.	**Іні**	өзінен кейінгі ұл бала (ер адам)
10.	**Ағайын**	Бауырлас, аталас адамдар.
11.	**Апа**	Туған шеше.
12.	**Баба**	Арғы ата, үлкен ата.
13.	**Жеңге**	Ағаның әйелі.
14.	**Келін**	Інінің әйелі.
15.	**Жиен**	Күйеуге шыққан әпкеден не қарындастан туған бала.
16.	**Жиеншар**	Жиеннен туған бала.
17.	**Дегеншар**	Жиеншардан туған бала.
18.	**Көгеншар**	Дегеншардан туған бала.
19.	**Жезде**	Әпкесінің күйеуі.
20.	**Күйеу**	Қарындасының күйеуі.
21.	**Немере**	Ата-ананың ұлынан туған бала
22.	**Шөбере**	Немереден туған бала.
23.	**Шөпшек**	Шөбереден туған бала.
24.	**Шөбелек**	Шөпшектен туған бала.
25.	**Немене**	Шөбелектен туған бала.
26.	**Жүрежат**	Неменеден туған бала. *Яғни қазақтың жеті атадан соң қыз алысуға болады деген ұлттық ұстыны осы шекарадан бастау алады.*
27.	**Туажат**	Жүрежаттан туған бала.

Ескерту:

P.S. Қазір шөпшектен кейін **шөбелек** деген көне атау тілдік айналысқа түсіп жүр. Шөбелектен соң немене. Ал жегжат ұғымы аталық тін яғни пұстылық желіге жатпайды. Кей авторлар **жегжатты** жүрежаттан кейінгі пұстылық желіге қосып жүр. Бұл – түбірімен қате.

Сонымен бірге көптеген авторлар пұстылық желідегі жүрежат пен туажатты мүлдем шатастырып жүр. Яғни алдымен туажат, содан соң жүрежатты орналастырады. **Жүрежат** сөзінің бойында әлі де үзілмеген туыстық сезім жаңғырығы бар, үзілді-кесілді шекара жігі кілт үзілмеген сарын бар. Ал **туажат** ұғымында туыстық шекараның кілт үзілгені барынша айқындалған. (П.Д.)

ЕР АДАМНЫҢ НАҒАШЫ ЖҰРТЫНЫҢ АТАУЛАРЫ

№	АТАУЫ	ТҮСІНІК
1.	**Нағашы ата**	Шешенің әкесі.
2.	**Нағашы әже**	Шешенің шешесі.
3.	**Нағашы аға**	Шешенің аға-інілері.
4.	**Нағашы апа (әпке)**	Шешенің апа-сіңлілері.
5.	**Нағашы іні**	Шешенің бауырларынан туған жасы кіші бала
6.	**Нағашы қарындас**	Шешенің бауырларынан туған жасы кіші қыз
7.	**Нағашы жеңге**	Шешенің аға-інілерінің әйелі
8.	**Нағашы жезде**	Шешенің апа-сіңлілерінің күйеуі
9.	**Бөле**	Шешенің апасы не сіңлісінің ұл-қыздары

ЕР АДАМНЫҢ ҚАЙЫН ЖҰРТЫНЫҢ АТАУЛАРЫ

№	АТАУЫ	ТҮСІНІК
1.	**Қайын ата**	Әйелінің әкесі.
2.	**Қайын ене**	Әйелінің шешесі.
3.	**Қайын аға (Қайнаға)**	Әйелінің ағасы *(жақын ағалары).*
4.	**Қайын бике**	Әйелінің әпкесі *(жақын әпкелері,*
5.	**Қайын іні (Қайны)**	Әйелінің інісі *(жақын інілері).*
6.	**Балдыз**	Әйелінің сіңлісі *(жақын сіңлілері).*
7.	**Жеңге**	Қайын ағасының әйелі
8.	**Жезде**	Қайын бикесінің күйеуі
9.	**Бажа**	Әйелінің әпкесінің не сіңлісінің күйеуі

ӘЙЕЛ АДАМНЫҢ ҚАЙЫН ЖҰРТЫНЫҢ АТАУЛАРЫ

№	Атауы	Түсінік
1.	**Қайын ата**	Күйеуінің әкесі.
2.	**Қайын ене**	Күйеуінің шешесі.
3.	**Қайын аға (Қайнаға)**	Күйеуінің ағасы *(жақын ағалары)*
4.	**Қайын бике**	Күйеуінің әпкесі *(жақын әпкелері)*
5.	**Қайын іні (Қайны)**	Күйеуінің інісі *(жақын інілері).*
6.	**Қайын сіңлі**	Күйеуінің қарындасы *(жақын қарындастары)*
7.	**Абысын**	Қайын ағасының әйелі.
8.	**Ажын**	Қайын інісінің әйелі.
9.	**Жезде**	Қайын бикесінің күйеуі.
10.	**Күйеу**	Күйеуінің қарындасының күйеуі

Әдеп әліппесі

Танысын, танымасын, үлкен кісіге сәлем бермей өтпейді.

Ат үстінде тұрып сәлем бермейді.

Бір адам көп адамға сәлем беруі керек.

Атты адам жаяу адамға сәлем беруі керек.

Келе жатқан адам отырған адамға сәлем беруі керек.

Жолаушылап кетіп бара жатқан кісілер жолда отырған ауылға соқпай өтпейді.

Орынсыз жерде күлмейді.

Жаяу адам қамшыны екі бүктеп ұстайды.

Көпшілікке қарап түшкірмейді, есінемейді, кекірмейді.

Өзінен жасы үлкен адамдардың атын атамайды.

Құда, құдағилар әзілдеспейді.

Сыйлаған затын қайтып алмайды.

Атып алған аңды, құсты сыйлыққа тартпайды, егер бергісі келсе «байладым» дейді.

Қақпанға түсіп жатқан аңды алмайды, алған жағдайда қақпанның қанды аузына ақша немесе зат қыстырып кетеді.

Біреудің затына, малына, дүние-мүлкіне сұқтанбайды.

Жақсы көретін, сыйласқан адамдарға алыс-жақын тұрғанына қарамай, әдейі барып сәлемдеседі.

Құрулы тұрған шымылдықтың ішін қарамайды.

Жасы үлкен кісілердің алдын кесіп өтпейді.

Біреудің төсегіне отырмайды.

Ауылға атпен шауып келмейді.

Атты адамның ит қуғаны — надандық әрі әдепсіздік.

Көп ішінде тәртіп бұзғанға айып салынады.

Асты жамандамайды.

Еркек адамдар түрегеп дәрет сындырмайды.

Жылқының жусауын, малдың өрісін, тынысын бұзбайды.

Адам басатын жерге кірдің суын төкпейді.

Көп ішінде есінемейді, қатты күлмейді, дауыстап сөйлемейді.

Қиын жерлерден қарттарды қолтықтап, демеп өткізеді.

Жұрт жұмысқа жұмылып жатқанда кекірейіп тұрмайды.

Көлікпен келе жатып, малдың ортасымен жүрмейді.

Өтетін жол тұрғанда екі үйдің немесе қора арасынан



өтпейді.

Ауыл ішінде адамдар киіз үйдің сыртынан өтеді

Ата-анаға қарсы сөз айтпайды.

Қол жумай ас ішпейді.

Дастарқан қайырылмай, бата берілмей тұрып кетуге болмайды.

Адамның аяғын аттамайды.

Отырған адамдардың арт жағынан өтеді.

Қарт кісілерге қатты дауыстап сөйлемейді, қатаң қабақпен қарамайды.

Жасы үлкен кісілерге, танымайтын адамдарға «сен» демейді. Көп ішінде, үлкен кісілер алдында жинақталып, әдеп сақтап отырады.

Қай жерде де жүресінен отыруға болмайды.

Адамдар өтетін жерге, керуен жолына тұруға болмайды.

Көшеде, түрегеп тұрып немесе келе жатып тамақ жемейді.

Қорым тұсынан қатты жүріп өтпейді. Аруақтарға дұға оқымай кетуге болмайды.

Мешітке, мектепке, қасиетті орындарға, үйге оң аяқпен кіреді.

Дәретханаға сол аяқпен кіреді.

Қазалы сапардың жолын кеспейді.

Қайғылы жерде сөйлесіп отырмайды, күлмейді, әзілдеспейді, қатты сөйлемейді, қатты жүрмейді.

Су алатын жерге шомылмайды.

Өсіп тұрған жалғыз ағашты кеспейді.

Мал қорасы ішіне, құлаған үй ішіне дәретке отырмайды.

Малды боқтамайды, зәбірлемейді.

Жаман сөз айтпайды.

Қайғылы хабарды әдейі, адамдар арқылы естіртеді.

Даулы меселеде ұрыс, төбелеске бармайды, биге, ақсақалдарға жүгінеді.

Бұрынғы кезде қазақтар жалаңбас жүрмеген.

Жасы үлкен адамдар отырған жерде жастар қисаймайды, жатпайды.

Үй ішінде түрегеп тұрмайды.

Ат үстінде тұрып сөйлеспейді. Дұшпандар ғана ат үстінде сөйлескен /онда да сақтық үшін/.

Елшіні өлтірмейді.

Аққуды атпайды.

Ауыл алдындағы су бетінде жүрген құстарды атпайды.

Желіні, ошақты, бақанды, ыдысты, дастарқанды, арқанды, шаңырақты, бас киімді, құранды, аруақты аттамайды.

Күнге, айға, қабырстанға, ауылға қарап және жол үстінде дәретке отырмайды.

Тамақ үстінде жалаңаяқ, жалаңаш отырмайды.

Қарт адамдар жалаңбас жүрмейді.

Әр жұма күні аруақтарға арнап шелпек пісіріп, дұға бағыштау керек.

Кемтар алдында дене мүшесінің кемдігі туралы әңгіме айтпайды.

Білетін адамдардың қуанышты, қайғылы істеріне үнсіз қалуға болмайды.

Ұйқыдағы адамды шошытып оятуға болмайды.

Кешке, түнде ауру адамның көңілін сұрамайды.

Бақытсыздыққа ұшыраған адамдар жанына тоқтамай, жәрдем жасамай өтуге болмайды.

Танитын адамдарға сәлемдеспей немесе сәлемін алмай өтпейді.

Дәрет үстінде отырған адамдар сәлемдеспейді.

Аты көпке белгілі адамдарды, аруақты, өз ата-анасын жамандамайды.

Ата-анасы алдында, ақсақал, әйел алдында қанша ашуланса да, боқтық сөз айтпайды.

Айт, ораза кезінде бейпіл сөз сөйлемейді, жат қылық жасамайды.

Сөзді бөлмейді.

Мешітте орынға таласпайды.

Мешітте, қайғылы кездерде дүние сөзін сөйлемейді.

Көпшілік отырған жерде көз қысу, саусақ шығару, ерсі қимылдар жасау - ұят.

Тәкаппарлық, мақтаншақтық, байлығын айту — барып тұрған сорақылық.

Адамдар көзінше қасынбайды, мұрын, құлағын, тісін шұқымайды.

Жұрттың көзінше бергенін айтпайды, қарызын сұрамайды.

Біреуге істеген жақсылығын айтып, міндетсінбейді.

Молдаға, ұстазға, карт кісілерге құрмет көрсетеді.

Жастар үлкен адамға жол береді, орын береді.

Үйге жүгіріп кіріп, жүгіріп шықпайды.

Біреудің малын санамайды.

Көпшілік ортасында көсілмейді, аяғын созбайды, талтаймайды.

Бүйірін таянбайды.

Сәбиді жаман іс жасауға, өтірік айтуға үйретпейді.

Адаммен теріс қарап тұрып сөйлеспейді.

Өзіне де, өзгеге де өлім тілемейді.

Өзіне өзі қол салуға болмайды.

Кемтарға, ауруға күлмейді.

Адамның намысына тиіп, кемсітіп сөйлемейді.

Ұлттық салт-сана, дәстүр, әдет, әдептен аттап өтпейді. Және оны берік ұстайды, жас ұрпаққа үйретеді. /Салт-дәстүрді сыйламағандар ауыр жазаланады./

Алыс сапарға аттанғанда, ақсақалдардан бата тілейді, қарашаңырақтан дәм татады.

Салт бойынша әр адам туған жеріне келгенде аунайды немесе аунатады.

Әкесін, шешесін көрген яғни «көзкөргендерге» айрықша сөлем беріп, батасын алады.

Жастар өз балаларына ата-аналарының көзінше «өз балам» демеген, «атасының, әжесінің баласы» деген.

Көршілермен қатты сыйласқан. «Көршің үшін намазыңды бұз» деген аталы сөз қалдырған.

Біреудің албарын, қорасын қарамайды, есігінен сығаламайды.

Біреуді сыртынан жамандау - нағыз жаман, надан адамдардың ісі.

Өтірік, өсек, ғайбат айтпайды, жала жаппайды.

Құран оқығанда әйел қауымы шашын көрсетпейді.

Құран оқылғанда ер адамдар жалаңбас отырмайды.

Құран оқығанда адамдар түрегеп тұрмайды.

Құран оқылып жатқанда үн шығармайды, жүрмейді, қозғалмайды, сөйлемейді, сәлемдеспейді.

Құран Кәрімді дәретпен ғана ұстайды.

Намаз оқып отырған кісінің алдынан өтпейді, намазын бұзбайды.

Тәңірге, дінге, пайғамбарға, аруаққа, періштеге тіл тигізбейді және оларға күмән келтірмейді /Мұндай адамдар «Жеті жарғы» заңы бойынша «тасборан» жолымен өлтірілген/.

Ақсақалға, лауазымды адамдарға, дін басыларға, ұстазға, ата-анаға, көпшілікке қарсы сөйлемейді.

Ашу үстінде де есікті қатты жаппайды. /«Қайта кірер есігіңді қатты жаппа»/.

Құмырсқаның илеуін, қарлығаштың ұясын бұзбайды.

Қайғылы, қазалы немесе жаназаға шақырғанда атпен шауып келіп, шеткі үйге сырттан хабарлайды. Ол үйдің иесі сол ауылға хабарлауға міндетті.

Кешке немесе түнде кірген адам: «Кеш жарық!» -деп кіреді.

Бұрын бүкіл бір ру, ел адамдары ақсақалдың немесе ел ағасының бір ауыз сөзіне тоқтаған.

Халық дін ісіне ешқашан қарсы шықпаған.

Туған-туысқанмен, ілік-жекжаттан қатынасын үзбеген.

Тамақты оң қолмен жейді.

Жолаушыға қайда барасың деп сұрамайды. «Жол болсын!»- дейді.

Мал айдап бара жатқандарға кезіккен адам: «Айдар көбейсін!»- дейді.

Мал бағып жүрген адамға: «Бағар көбейсін!» -дейді.

Мал төлдетіп жатқан адамдарға: «Төл көбейсін!»- дейді.

Жаңа қоныстанып жатқандарға: «Қоныс құтты болсын!»- дейді.

Егін сеуіп жатқандарға «Бір дәнің мың дән болсын!»- дейді.

Алдына келгендерге кешірім жасаған /«Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш»/.

Күйеу жігіт атастырылған қалыңдығының ауылына «ұрыннан» бұрын баратын болса, онда қыздың аға-інілері салтты бұзғаны үшін оны сабап жібереді.

Ауру адамға қайғылы хабарды айтпайды.

Дұшпанның өлгеніне қуанбайды, өйткені түбі өзің де өлесің.

Ел ұялатын, ұлт намысына тиетін өте жаман әдепсіз істер мен көргенсіздікті жастар мен балалардың құлағына тигізбейді, айтпайды, «Мал құлағы саңырау, ешкім естімесін»,- дейді.

Шақырған жерден қалмайды. Шақырмаған жерге бармайды.

Біреудің әйеліне сұқтанып қарамайды.

«Үкі тағылған» қызға сөз салмайды.

Ақсақалдар мен аға, ана, әйел алдында бейбастақ сөз айтпайды.

Дастарқан үстінде әдеп, тәртіп сақтап отырады.

Дастарқан үстінде бейәдеп сөз сөйлемейді.

Басқа діндегілерге садақаны сол қолмен береді.

Аузын тамаққа толтырып алып сөйлемейді.

Дәм үстінде көп сөйлемейді.

Жырткыш құстардың етін жемейді.

Қабықсыз балықты мұсылман баласы жемейді.

Тамақ алдында, тамақтан кейін де қол жуып, ауыз шаяды.

Көшкен үйдің жұртына үй тікпейді.

Батар күнмен таласып жұмыс істемейді.

Таңертеңгі асты тастамайды, кешкі асты бақпайды.

Жоқтауға қатысқан әйелдер 3 күнге дейін аяқ-табақ, яғни ас әзірлеуге қатыспайды.

Емшектегі сәбиді ұрмайды.

Қабырстаңға қол шошайтпайды.

Балаға өтірік айтпайды, баланы алдамайды.

Ұстаздың және дін адамдарының алдында жүрмейді.

Жасы үлкен кісілерден жоғары отырмайды.

Істі, тағамды «біссіміллә» деп бастайды.

Жамбастың шұқыршағын қонаққа бермейді.

Тұлдаған атты мінбейді.

Жастар карттар алдында, карттар жастар алдында әдеп сақтауға тиіс.

Қуанышты болған үйге құтты болсын айту парыз.

Таныс адамның қайтыс болғанын естігенде: «Иманды болсын»,- деп бет сипайды.

Адамы қайтыс болған үйге әдейі барып көңіл айтады.

Мешітте, әжетханада сәлемдеспейді.

Күйеу бас ұстамайды, бата бермейді.

Малды құбылаға қаратып бауыздайды.

Ораза ұстаған адам бейәдеп сөз айтпайды.

Аманатқа қиянат жасамайды.

Өсиетке қарсы тұрмайды.

«Пәлен уақытта келемін» деп жол кеспейді.

Суға дәретке отырмайды.

Жел шығарып қойған адамға «шөрем бер» деп құлағынан тартатын әдет бар. /Бұл әдепті бол деген сөз/.

Буаз аңды, оның жас төлін атпайды.

Әйел босанып жатқан үйге еркек кіндікті кірмейді.

Ашу үстіндегі адамға «Бір ашуыңды маған бер» деп тоқтау айтады.

Төбелескен адамдардан араша сұрайды.

Сөйлесіп тұрған екі адамның арасынан өтпейді.

Ерлі-зайыптылардың ортасына отырмайды.

Табалдырықтың екі жағында тұрып қол алыспайды.

ӘЙЕЛ

Жас келіндер мен келіншектер қарашаңырақтың немесе ақсақалы бар үйдің төріне шықпайды.

Әйел адам орындықта отырғанда аяғын айқастырмайды.

Әйел адамдар көп алдында керілмейді.

Бұрынғы кезде жас келіншектер таңертең ерте тұрып, ауылдағы үлкен үйлердің түндігін ашқан.

Ер әйелдің, әйел еркек адамның киімін кимейді.

Қызға жұдырық жұмсамайды.

Топ ішінде әйел сабамайды, тілдемейді.

Келіндер келін болып түскен жеріндегі адамдардың атын атамайды. Қайнылары мен қайынсіңілілеріне өзі жеке ат қояды.

Әйелдер, жас адамдар біреудің бетіне бажырайып қарамайды.

Халық дәстүрінде ер адам шашын өсірмейді, әйел шашын қимайды.

Екіқабат әйелге күлу — әдепсіздік.

Толғатып жатқан әйел үстіне еркек адам кірмейді.

Бала емізіп отырған әйелге қарамайды.

Аса бір тығыз шаруасы болмаса, әйелдер отырған жерге ерлер, еркектер отырған жерге әйелдер кірмейді.

Қазақ дәстүрінде туыстығы, іліктігі жоқ ер мен әйел оңаша отырмайды. Келіндер қайын елінің үлкен адамдарына иіліп сәлем жасаған.

Келіндер үлкен кісілерден қайтқан табаққа сәлем жасаған.

Бала — ата-ананың, келін-ененің сөзін екі етпейді.

Үлкендер /ерлер/ келін алдында әдепті болған. Олар келінді қатты сыйлаған, келіннен ұялған.

Көп ортасында әйелге әдепсіздік көрсеткен адамға айып төлеттірген.

Қазақ әйелдері еркектер отырған жаққа көз салмайды.

Әйелдер жолаушының, еркектің алдын кесіп өтпейді.

Қазақ әйелдері кісіге қарсы қарап отырмайды, бір қырындап отырған.

Қазақ әйелдері күйеуінің атын атамаған және оның айтқандарын мүлтіксіз орындайды, бетіне қарсы келмейді.

Ұзатылған қыз жыл толмай өз үйіне бармайды және бұл дәстүрді бұрынғы кезде бірде-бір қыз бұзбаған.

Қызы босанғанда шешесі кәдесін алып баруға міндетті.

Қазақ әйелдері ер адамның жолын кесіп өтпейді.

Әйелдер көлікке мінгенде немесе түскенде оның алдын орап өтпейді, арт жағынан өтеді.

Қазақ әдетінде әйел мал бауыздамайды. Қиын жағдайда кішкентай болса да еркек баланың қолына пышақты ұстатып бауыздайды.

Әйел дұғаны ішінен оқиды.

Ақсақал, ата-ене, қайынаға алдында келін дауыс көтеріп сөйлемейді.

Әйел көп көзінше керілмейді.

Жұрт алдында кекіру, есінеу — ерсі іс.

Әйел ерте тұрады.

Еркек адамға әйел әдеттері мен ырымдары жараспайды.

Әйелге ер адам атқаратын міндеттер жүктемейді.

Әйел адам бетіне /әсіресе бейтаныс/ бажырайып қарай бермейді.

Күйеуі қайтыс болған әйел жыл толмай тұрмысқа шықпайды.

Екіқабат әйелмен айырылысуға шариғат рұқсат етпейді.

Екіқабат әйелді шошытпайды, ауыр көтертпейді.

Екіқабат әйелге күлмейді, ұялтпайды.

Он бала туған ананың қолын алып, құрмет көрсетеді.

«Әйел жолы жіңішке» деп ізет жасайды.

Жас келінге үлкендер көп қарамайды.

Тұрмысқа шыққан әйел жалаңбас жүрмейді.

ҚОНАҚ АЗ ОТЫРЫП, КӨП СЫНАЙДЫ

Қонақ атын, көлігін мінбейді, затын сұрамайды.

Қонақ келгенде үй сыпырмайды, баласына немесе басқа біреулерге ұрыспайды.

Үйге қонақ келгенде үй иесі оның алдынан шығады немесе түсіріп алуға адам жібереді.

Кететін адамды шығарып салады.

Қонақтың, басқа біреудің киімін кимейді.

Жасы үлкен адамнан немесе қонақтан бұрын табаққа /тамаққа/ қол салмайды.

Үй иесі қонақтан бұрын «тамақтанып болдым» деп айтпайды.

Үйіне қонақ келгенде, көршілерін шақырмау — қазақ ғұрпында жоқ.

Алыстан қонақ келсе — ауыл адамдары оған міндетті түрде сәлем береді және үйіне шақырады. «Алыстан алты жасар бала келсе — алпыстағы адам барып сәлем береді» деген қазақтың ғажап әдептілік мәтелі бар.

Қонақты ренжітпейді, қонаққа ренжімейді.

Үйге келген адамға қазақ дәм татырмай шығармайды.

Қонақ үйде адам болсын-болмасын. «Ассалаумағаләйкүм!» деп сәлем беріп кіреді. Үй иесі жасы кіші болса да «Уағалайкүміссалам» деп қарсы алады.

Қонақтың сөзін, өтінішін жерге тастамайды.

Қонаққа шақырылатын кісіні сол адамның өз баласы арқылы шақырса — ол сыйлағандық емес.

Қонақ отырғанда үй иелері ренжімейді.

СӘЛЕМ, ҚИМЫЛ, СЕЗІМ ӘДЕПТЕРІ

Қазақтық ғұрыпта және оның тәжірбие салтында өмір мен тұрмыста да, іс пен қозғалыста да қалыптасқан әдеп пен әдет ережелері бар. Олар мынадай:

Сәлемдесу әдептері: ауызша сәлемдесу, қол алысу, қос қолдап амандасу, төс түйістіру, құшақтасу, сүйісу, /әйелдер/, беттен сүю /баланы/ бармақ басымен сәлемдесу, бас ию, төсіне қолын қойып сәлемдесу, тізе бүгіп сәлем жасау /әйел/, иіліп сәлем жасау /әйел/, бас киімін алып сәлемдесу /шәкірт/, аттан, көліктен түсіп сәлемдесу.

Жақсы көру, сағыну әдеттері: бетінен, маңдайынан, қолынан сүю, көзінен және шашынан сүю, құшағына алу, көтеріп алу /баланы/, арқаға қағу, басынан сипау, мойнынан иіскеу, сәбиді құйрығынан қағу, басқан ізін сүю, киімінен иіскеу, құшақтасу, сүйісу /ғашықтар/.

Жек көру нышаны: теріс айналу, сәлемдеспеу, қабақ түю, қол сілтеу, рай бермеу, шығып кету, сөйлеспеу.

Отыру салты мен әдептері: малдас құру /молдасоқын/ жүгіну, шарт жүгіну, жүрелеп отыру, бір жамбастап отыру, көсіліп отыру, тізе бүгіп отыру, /қос тізерлеп отыру, бір тізерлеп отыру/, тізені көтеріп отыру, аяғын айқастырып отыру, аяғын астына басып отыру, аяғын тізесіне қойып отыру, шалқайып отыру, еңкейіп отыру, сүйеніп отыру, қолымен жер тіреп отыру, бір қырын отыру, қарсы отыру, арқа беріп отыру, иықтасып отыру, тізелес отыру, қисайып отыру, құйрығымен отыру.

Жату әдептері: жамбастап жату, шалқадан жату, етпеттеп жату, қырынан жату, екі бүктеліп жату, аяғын созып жату, аяғын жинап жату, аяғын айқастырып жату, құшақтап жату /баланы/, құшақтасып жату /екі адам/, білегін жастанып жату, теріс қарап жату, оң қарап жату, шынтақтап жату.

Өмірден көргені, түйгені, жинағаны көп халқымыздың осындай әдеп пен әдет салт-дәстүрлерінде, сайып келгенде, тәлім-тәрбие, мәдениет, үлгі-өнеге негіздерінің тамаша мектебі бар екенін көреміз.

С.Кенжеахметұлы, *«Жеті қазына».*
«Ана тілі» ЖШС. 2002. 22-31-бб.

100 ТАҒЫЛЫМ

Жақсыдан жадыңа алған бір ауыз сөз,
Асықпа түспеді деп қолыма тез.
Дамылсыз іздеуіңе ерінбесең,
Керегің өмірінде болады кез.

1. Дүниеде нені арман етсең де, іздемей қолыңа түспейді. Керегіңді іздеу жолында жалықпа да торықпа.

Жаман киімді кісінің бәрі жаман емес. Алтын тас арасында да жатады. «Ерді кебенек ішінде таны» деген сөз бар.

2. Халықтың қасиетін кетіретін үш нәрсе бар және ол үш нәрсені жоқ қылады:

1) Ғалымдар мен карттарды сыйламаушылық кісінің келешегін жояды.

2) Елді басқарған өкіметті сыйламау — ел ішінің бірлігін жояды.

3) Асты күтпей ысырап ету — берекені кетіріп, ашығуға апарып соғады.

3. 1. Удан ащы не бар? 2. Қайтып оралмайтын сүйікімді сағат қай мезгіл? 3. Күннің жақсысы қайсы? 4. Бір жетілік қуаныш қай кезде болады? 5. Адамның жасыра алмайтыны не? 6. Тірі адамның өлетін уақыты қайсы? 7. Жүдемейтін көңіл қандай адамда болмақ? 8. Тәртіптің зынданы не? Оның жауаптары мынадай:

1. Удан ащы — әдепсіз адамның аузынан шыққан сөз.

2. Сүйіскен ер мен әйелдің алғашқы кездескен сағаты.3. Патшалар Үшін таққа мінген күн, ғалымдар үшін еңбегін аяқтаған күн. 4. Саудагердің қуанышы бір жетіден артпайды, жетіден кейін аз пайда алса ренжиді. 5. Өлім. 6. Өтірік. 7. Жүдемейтін көңіл — әйелі ерін, ері әйелін сыйлаған адам. 8. Ата-ананың тілін алмаған бала.

4. Әр адам өз қуатын білуі керек. Бұл оның дүниеден өз үлесін алуына себеп болады. Қуатына қарай іс істеп, қуатына қарай ас ішпеген адам ауруға шалдықпай тұрмайды.

Ер мен өйел — жаратылыс заңы, дене құрылымы бірдей емес.

Өлетінін білетін адам кеселден сақтанып жүруі керек. Ажалды ауру жақындатады.

5. - Кімнің қызысың?

- Ауыл кісісі үйір үйдің қызымын, төбесі биік үйдің қызымын.

- Онда даланың ұлығының қызы екенсің ғой.

- Өзіңіз кімсіз?

- Биік ағаштың қаттысымын, үлкен жемістің тәттісімін.

- Сіз бүкіл елдің әкімі екенсіз ғой, — депті қыз.

6. Жақсы адамның өз мойнына алған борышы темір шынжырдан да, аттың кісенінен де мықты.

7. Не жаман? Жақсы әйелдің есалаң ері болса, рақымды, жомарт жандардың ақшасы жоқ болса, сол жаман.

Қайғыда не қайғы? Жаңбырда жолға шыққан қайғы, сүйікті адамыңмен тез ажырасқан қайғы.

Не ұнамсыз? Сөз білместің сөйлегені ұнамсыз, дауысы жоқтың ән салғаны ұнамсыз, жақтырмайтын әйелдің сүйіспеншілік көрсеткені ұнамсыз.

8. Ғалымдар – қоғамның шамшырағы («Құран Кәрім»).

9. Кім үлкенді құрметтеп сәлем берсе, оған төрт қасиет: ұзақ өмір, көп білу, даңқ пен саулық рухының нұры жауады. (Үндінің мәну заңынан).

10. Өнерден жақсы нәрсе, білімнен — үлкен, ұяттан — сұлу нәрсе, қызғаншақтықтан асқан дұшпан жоқ. (Сократ).

11. Еліңнің ауыр жүгін көтеріп, аз қуанып, көп қиналғың келсе — ақын бол (Бердақ).

12. Борышқа батқан, ауру қысқан, көкдолы әйелге душар болған, жауы жағасынан алған адамда ұйқы болмайды.

13. Бес түрлі адам тірі болса да өлікпен тең, олар: кедей, ауру, есалаң, қуғындалушы, малай.

14. Жақсы адамдарды өзінің адамгершілігі үшін, орташа адамдарды әкелері үшін, төмен адамдарды балалары үшін, нашар (жаман) адамдарды қайын атасы үшін қадірлейді.

15. Өміріңе қауіп-қатер төніп тұрса да, ел-жұртың ұялатын, руыңа кір келтіретін нәрсеге аяқ баспа.

16. Солдат өлсе орнын толтыруға болар, ал ақын өлсе, оның орнын толтыру мүмкін емес. *(Наполеон).*

17. Еркекте сегіз түрлі қасиет болсын, олар: игі мінез; ізгі қасиет; әйелмен сөйлескенде әдепті, сыпайы болсын; жұрт сыйлайтын адамды жақсы көріп, құрмет тұтсын; жауының алдында жүректі болсын; үлкендерге кішіпейілдік; халық салтын қадірлей білсін; осал жерін білетіндерге жұмсақ, сұмырайларға қулық жасасын.

18. Егер ұлың епті, сыпайы, көңіш, байсалды, көркемөнерде білгір, рақымды болса, ондай ұлдың жалғызы да жақсы. Кейітіп, қынжылтатын, азап шектіретін көп ұлдан не пайда?

19. Ерекше ауыр азап, мехнат көрумен, заң тәртібін бұзумен, жау алдында құрдай жорғалаумен табыс табуға ұмтылма.

20. Тасқын болып, сел каптаса, тау шайқалады, теңіз суы толқып, тасып, кемерінен шығады. Бірақ құрыштай берік, мықты адамдар не пәлеге ұшыраса да, уәдесін бұзбайды.

21. Байлық, құрмет, бақыт іздегенге ақыл керек.

22. Әркімнің ішкі нұр сәулесінің үш аты бар, ол: еңбеккорлық, жақсылық, кішіпейілдік.

23. Таза адамдар әрқашан тыныш, алаңсыз, олар өздерінің тамаша істерін мақтан етеді. Ал зұлымдық жасайтындар әрқашан қорқақ.

24. Көпке қызмет ететін адамның 5 қасиеті болсын:

1) Бір көзің жүз көзден артық көре біліп, екінші көзің көрсоқырдан бетер көрмейтін болсын.

2) Бір құлағың сақ болса, екіншісі керең болсын.

3) Көңілің керуен сарайдай кең болсын, естіген, көргеніңнің бәрін көңіліңе сыйғыза біл әрі сақтай біл.

4) Естігеніңнің бәрін қайталаушы болмасын, жақсы да ақылды сөзді ғана айтсын.

5) Әрі бал, әрі зәр төгетін тілі болсын.

25. Дүниедегі ащы не? —Тіл. Дүниедегі тәтті не? — Тіл.

26. Мен патшадан әлдекайда артықпын, - депті кедей. Себебі мен қолымдағыны қанағат тұтамын да, керегіме жаратамын. Ал патша жер үстін түгел билесе де, шүкіршілік етпейді, тоюды білмейді.

27. Дүниедегі ең әдемі не? Ең семіз не? Ең қырағы не? Жауабы: Көктемнен асқан сұлу жоқ. Күзден асқан семіз жоқ, Көзден асқан қырағы жоқ.

28. Бес өсиет. 1. Топаска сенбе. 2. Тасыр адамның алдында осалдық жасама. 3.Қайда болсаң да, тіпті өз үйіңде де сақ жүргейсің. 4. Өзі аш отырған үйге қонаққа барма. 5.Өзі жарлының қолынан сыйлық алма.

29. Қолында жарық болса, қараңғылық қашады, даналық көзіңді ашса, бақытсыздық қашады.

30. Он түрлі адам заңды мойындамайды, олар: мас, ұқыпсыз, комағай, жынды, шаршаған һәм ашуланған, ашыққан, асыққан, үрейленген және ғашық болған адамдар.

31. Жолдас деген — еңсесі биік пана, мызғымайтын тас қамал, нәр суы сарқылмас берік қорған. Жолдас деген таусылмайтын ракат, қызық, еселей түсетін шаттығың, той-думанның көркі. Жолдас деген жүректің шамшырағы, көздің карашығы, әулетті қолдың қуаты, медеткер тірегің. Жолдас деген қас дұшпанға қаһарлы айбының, достарыңның үміт-сүйеніші, жат алдында

мақтанышың. Жолдас деген — басыңа ауыр күн түскендегі таянышың, ауырып-сырқасаң, еліңнің басына қатер төнсе, жанын қияр серігің.

32. Адам ісімен танылады,

33. Жақсы атақ алғаннан басқа жақсы іс жоқ.

34. — Осынша әдептілікті қайдан үйрендің? — дегенде Лұқпан хакім: «Әдепсіздерден үйрендім», - депті.

35. Келіннің үш күйеуі болады: алғашқысы — алтын елі; екіншісі — ар-намысы; соңғысы — алған жары.

36. Егер қадірлі болғың келсе, халқыңның қадірін біл.

37. Жарқанат сүймесе — күннің көзіне нұксан келмейді.

38. Бар пәледен ұят сақтайды. Барлық істің байламы да ұятта.

39. Ердің артында көп алтын қалғанша, жақсы аты қалғаны игі.

40. Ақыл көркі — тіл, тілдің көркі — сөз.

41. Сараң — пайғамбардың жиені болса да пейішке бармайды, жомарт — құлдың баласы болса да тозаққа бармайды.

42. Кім өзін жұрттан артық санаса, сол — ақымақ.

43. Көз — жіті, құлақ — сақ, көңіл — кең болуы керек.

44. Рақат пен қайғы жолдас. Рақат іздесең — бейнетінен қорықпа, куаныш іздесең — қайғысынан қорықпа.

45. Жүрек кімді қаласа — сол сұлу. Сүйген адамға жанын жол табады.

46. Сәлем берген — саулық береді.

47. Атып әкелген аң сыйлыққа жатпайды.

48. Өш алғаннан гөрі кешірген жақсы.

49. Билік, байлық, даналық — бір өзіне байланысты.

50. Қолында Сүлеймендей қуат болса да, қылдырықтай құмырысқаға қиянат қылма.

51. Ізгіліктен басқа таусылмайтын, бұзылмайтын байлық жоқ.

52. Жамандық қылсаң — пәле күт, бәріне де зауал бар.

53. Адамды екі нәрсе қартайтпайды: бірі — жақсы мінез, екіншісі — жақсы сөз.

54. Жайсаң жан қартаймайды.

55. Жамандарға рақым қылу — жақсыларға жәбір берумен бірдей.

56. Жазасын тартпайтын жамандық болмайды.

57. Ең жақсы әдет — халқыңның әдеті.

58. Әділдік әкімдіктен де күшті.

59. Өзіңнен қорқатын адамнан күндіз-түні сақтанып жүр.

60. Құт келсе қосақтап келеді.

61. Бақ келсе, бәрі келеді.

62. Асқан сұлулықтан аз ғана бақыт артық.

63. Сұлу әйелдің үш түрі болады: беті сұлу, қолы сұлу (шебер), жаны сұлу. Бұлардың ең сұлуы — жаны сұлу әйел.

64. Биіктеп кетсең — құлау бар.
Қуанып кетсең — жылау бар.
У ішсең — тәтті ұнау бар.

65. Бақ пен дәулет көшпелі.

66. Ең жақсы киім — халқыңның киімі.

67. Бар байлықты жинауға тырысқан адам - бақытсыз.

68. Көп жинаған дүниеден көрікті түс жақсы.

69. Байлық — нағыз дұшпан.

70. Ақыл — Алланың сыйлығы.

71. Ақыл, ой, білім — әр адамнның сөулеті.

72. Жазбас мерген болмас,
Жаңылмас дана болмас.

73.Ұлы адамдар есігі - бақыт көзі, мейірімі - бақыт кілті.

74. Білікті адамның сөзі — таза гүл.

75. Өзіңді біліктінің қасында ұста.

76. Патшалар ғалымдардың кеңесіне мұқтаж,
Ғалымдар патшалардың кеңесіне мұқтаж емес.

77. Ақыл мен білімнің тілмашы – тіл. Өнер алды — тіл. Тіл – қылыштан да өткір.

78. Жүз адам мақтаған кісі — жүз адамға татиды.

79. Ақылды ақшасыз-ақ дәулетті.

80. Бақаның бағынан — сұңқардың соры артық (Б.Момышұлы).

81. Әкең — асыл қазынаң, аға, інің — асқар тауың, ал досың — әрі асқар тауың, әрі асыл қазынаң.

82. Ханға жексұрын атансаң да, халыққа жексұрын атанба.

83. Ақылмен алтын табылар, алтынмен ақыл табылмас.

84. Адамның сөзі — ақылының таразысы.

85. Мұқтаждық — мың өнердің анасы.

86. Қанағат — әрі қазына, әрі қасиет.

87. Ақылды адам ажарлы. Адамды адам ететін — ақылы.

88. Досың мың болса — аз, дұшпаның біреу болса — көп. (А.Иүгінеки)

89. Батырдың көңілін қалдырма, жүйріктің арқасын алдырма.

90. Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішінде қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап. ***(Абай).***

91. Досыңа достық — қарыз іс.
Дұшпаныңа әділ бол.
Асығыс түбі — өкініш,
Ойланып алмақ — сабыр бол. ***(Абай).***

92. «Шапағатты ойға беріл, шапағатты сөзге беріл, шапағатты іске беріл». ***(Заратуштра пайғамбар).***

93. Ілім үйреніп, одан соң оны басқаларға үйретпеу — мол дүние жиып, оны керегіне жаратпай, көміп қойғанмен бірдей. ***(Мұхамбет пайғамбар).***

94. Сыпайылық — даналықтың белгісі.
(Мұхаммед пайғамбар).

95. Адамға адал досты табу қиын,
Көбіне дос етеді мал мен бұйым.
Қасыңнан, досыңнан да бірдей сақтан,
Егерде болса, Ахмет, баста миың.
(А.Байтұрсынов).

96. Егер әркім өз пиғылымен арамдық ойдан тазаратын болса, бүкіл ел ұры-қарыдан, зиянды әдеттен пәк болар еді. ***(Шығыс хан).***

97. Арақ-шараптан ақыл да, пайда да, абырой да, қайырымды мінез-құлық та, адамгершілік те күтпе!
Мүлде ішпейтін адам — нағыз қадірлі адам.
(Шығыс хан).



98. «...Сейіттерді, ғұлама — машайықтар мен ақылман даналарды, мұхадистер мен тарихшыларды жаратылысыннан бөлек, дара адамдар есебінде сыйлап құрметтей білдім. Батыл адамдармен дос болдым, себебі, Аллатағаланың өзі де ержүректерді ұнатқан ғой. Адамдармен дидарласып, сұхбаттасып, таза ниет, ақ кісілерді жаныма жақын тұттым. Бұлардың пәк ниетімен берген ақ батасын алдым ***(Ақсақ Темір).***

99. Тәрбие басы — тіл. ***(М.Қашқари).***

100. Әдептің басы — тіл. ***(А.Иүгінеки).***

С.Кенжеахметов.
Жеті қазына. Алматы. «Ана тілі» ЖШС. 2002. 73-79-бб.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ НЕМЕСЕ ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-САНАСЫ ТУРАЛЫ



Қазақ халқының сонау скиф, сақ және көне түрік замандарынан келе жатқан өмір салтының технологиялары (озық үлгілері немесе артықшылықтары) бар. Бұл технологиялардың көп материал мен уақытты қажет етпейтіні қазақ халқының рационалды халық екенінің дәлелі.

Қазақтың шығармашылығын, таланттылығын ұштайтын артықшылығының ең үлкені, яғни бірінші технологиясы – қазақ тілі дер едім. Қазақ тілінің славян және басқа еуропа тілдерінен ерекшелігі – бұл тілде «мужской, женский, средний род» дегендер жоқ. Жоғарыда айтылған қазақтың рационалдылығына тілі де әсер ететіндей. Өйткені егер ер кісі мен әйел кісінің екеуі де адамның баласы болса, ал табиғат - ананы тірі деп қабылдасаңыз (осыдан халықтың терең экологиялық тәрбие нанымы шығады), онда оларды бөліп-жарып, басы артық жалғау-жұрнақпен тілді мақсатсыз күрделендірудің қажеті қанша деген сұрақ туады.

Оның орнына қазақ тілінің басқа тілдерден күрделі жақтары, яғни басымдықтары көп. Ол зат есімдерімен табиғат ерекшеліктерін сипаттайтын түстарда айқын көрінеді. Бір заттың, я болмаса бір табиғат құбылысының әр түрлілігін сипаттауда қазақ тіліне жететін тіл кемде-кем.

Аталған тілдің байлығын көрнекті орыс ғалымы В.Радлов баяндап кеткен. Филология ғылымының кандидаты В.Владимиров болса «Колокол тревог Герольда Бельгера» деген мақаласында («Мысль» журналының 2003 жылғы 2-нөмірінде) «Считается, что в английском языке примерно 240 тысяч корневых слов. Словарь Даля, над которым он трудился 53 года, вместил 200 тысяч слов, великое множество поговорок, толкований. В 34-х российских выпусках «Словаря говоров» более 300 тысяч слов... Картотека казахских слов (ее начало с 1937 года) в 1972 году состояла из 2-х миллионов 550 тысяч слов...» деп түйіндейді. Қазақ ұлттық музыка академиясының профессоры О.Дүйсен ағамыздың айтуынша, ұйғыртанушы-түрколог, ҚР Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті Әбдуәли Қайдаров жинақтаған қазақ фразеологизмдері картотекасында «Ит арқасы қиянда» деген сияқты 500 000 түсінік бар екен.

Бұл дегеніміз, қазақ тілі орыс, ағылшын тілдерінен он есе бай деген сөз. Басқаша айтқанда, өзге ұлт өкілдері қазақ тілін толық үйренуі үшін, орыс я ағылшын тілдеріндей он тілді үйренуі керек, ал қазақ баласына орыс я ағылшын тілін үйренуі үшін өз тілінің оннан біріндей ғана сөз қорын игеруі керек. Міне, қазақ баласының басқа тілді үйрену таланттылығының формуласы осында жатыр. Жақында Арменияда орыс тілінен СНГ бойынша өткен олимпиадада Ресейдің бірінші ханымының қолынан екі қазақ қызының бас жүлде алуы көп нәрсені көрсетеді.

Жоғарыда айтылғанды басқаша түйіндегенде, қазақ тілін кішкентайынан үйренген адам баласының талантты болмауы мүмкін емес, өйткені оның қолында ағылшын, я болмаса орыс тілдерінің қорынан он есе қомақты инструментарий болмақ!

Қытайда айтыс өнерін игерген бір қытай, бір ұйғыр жігіті бар көрінеді. Олар бұл өнерді тек қана қазақ тілінде көрсете алатыны тіліміздің мүмкіншілігін айқын меңзеп тұр. Басқаша айтқанда, айтыс өнерінің қазақ халқынан да бұрынғы бас иегері – қазақ тілі, халық болса, тек сол тілдің жалғастырушысы ғана. Осы тілді игерген кез келген адам ұлтына қарамай айтыскер болып шыға алатынына толып жатқан Мариям, Надежда, Татьяна апаларымыздың айтыскерлігі куә. Бұл айтылған тұжырымдама осы тілдің басқа тілдерге ұқсастығы аздығын, оның ерекшелігін және ұлылығын көрсетіп тұр.

Қазақтың ана тілінен (бұл жерде Шерхан Мұртаза ағамыз айтып кеткен бір ерекшілікті атап өтпесе және болмайды. «Ана тілі» деген ұғым басқа халықтарда жоқ. Мысалы, орыста «Родная речь», аудармасы «Туған тіл», өзбекте - «өзбек тілі», яғни «Ана тілі» дегеніміз орысша «Материн язык», не болмаса «Язық матери») елдің туынды технологиялары келіп шығады.

Аталарымыздың қасиеттеп, қастерлеп, қанымызға сіңіріп кеткен екінші технологиясы - ата сақтау салты. Осыған байланысты қазақтың баласы жеті атасын жатқа біліп, олардан туған ұрпақты өзіне жақын туысқан көріп, өзара неке қию жеті аталық шекарадан ары асыру атты киелі дәстүрін ұрпақтарының бойына сіңіріп кеткендігі.

1) менде – (100 пайыз);
2) баламда – 50 пайыз қаным (гендік информация) болады;
3) немеремде – 25 пайыз;
4) шөберемде – 12,5;
5) шөпшегімде – 6,25;
6) неменемде – 3,125;
7) жүрежатымда – 1,5625;
8) туажатымда – 0,78125 пайыз қаным болады.

Яғни, сегізінші ұрпақтарым өзара неке қиып жатса, олардың бойында менің қанымның бір пайыздан аздығына байланысты неке нақұрыстыққа (идиотизмге) әкеліп соқпайды. Осы салттың арқасында қазақ халқының қаны таза, яғни генетикалық мутацияға түсу мүмкіндігі төмен екені көрінеді.

Бұл дегеніміз, біздің аталарымыз генетик-ғалым болған деп айтуға негіз бар деген сөз. Бұл салттың қазақ халқында Мұхаммед пен Иса пайғамбарларға дейінгі бағзы заманнан келе жатқаны анық. Бір қызығы, шежіре арқылы қай атамыздың қай заманда өмір сүргені туралы мәліметке шығып, тарихи деректерді анықтауға мүмкіншілік туады. Қазіргі кезеңнің генетиктері адамзаттың генін мутациядан сақтауға ем іздеп жатқан кезде, біздің аталарымыз сонау белгісіз замандарда ұрпақ қанының тазалығын қорғау жолын салт етіп енгізіп қойған.

Енді аталған салт, яғни халық генінің тазалығы бізге



не береді дейміз ғой? Қан тазалығы, әрине, ұрпақ ойының ұшқырлығын, таланттылығын береді. Қазақ баласының таланттылығына әлі тәнті болып келе жатамыз. Бір мысал ретінде Герольд Бельгер ағамыздың 2002 жылғы 7 қаңтардағы «Экспресс К» газетіндегі «Он назвал меня бауырым - брат мой» деген мақаладағы мына сөзін келтіре кетейін: «Я давно убедился: Всевышний издревле благоволит к казахам. Шедро одаривал и одаривает их талантами. А талантливые люди, как известно, талантливы во всем». Сонымен бірге мен екінші технологияға қазақтың әмеңгерлік салтын жатқызар едім. Осы салтты пайдаланған қазақ халқында салт басты әйел, жетім-жесір дегеннің болмағаны көп нәрсені меңзейді.

Үшінші технологияға қай қазақ болмасын киіз үйді жатқызатын шығар. Киіз үй туралы мәскеулік А.Н.Пивоваров деген кісі «Связь или поле?» деген кітабында оның нышанының адам баласына Алла тағаладан түскені туралы әңгіме етеді. Олай болуы да

мүмкін. өйткені, қазақтың (маңғұл немесе қырғыздың емес) киіз үйінің формасы мінсіз екені көзге ұрады. Білетін кісілер шар (сфера) формасындағы ғимаратта теріс энергия болмайтыны туралы айтады. Теріс энергияны әлі ешкім өлшеп, білмесе де, айтылғанның негізділігі күмән келтірмейді.

Сенбесеңіз, қазақтың киіз үйінде қонып көріңіз. Киіз үйдің аурасы адам баласын шығармашылыққа жетелеп, оның психофизиологиясына оңды әсер ететіні анық. Сондай-ақ қазақ халқына тән ғарыштық кең менталитеттің ең үлкен тәрбиешісі осы киіз үй екендігіне күмән жоқ. үйдің ауасының табиғи түрде вентиляция жасап, бірқалыпты таза болып тұратыны өз алдына бөлек әңгіме, киіз үйдің рационалдылығы өз алдына әңгіме.

Төртінші технологияға мен бесікті жатқызар едім. Бесікте жатып өскен баланың ерекшелігі - оның шешесін аз мазалайтынынан бөлек, ол ерекше микроклиматта, анасының иісі сіңіп өсетіні, яғни оның жадына еркінен тыс деңгейде (подсознательно) анаға деген сүйіспеншілік пен құрмет көрсету туралы информация жазылынып қалатыны. Бесікте жатқан баланың өскеннен кейін ата-анасын құрметтемеуі, отаншыл болып өспеуі кемде-кем болуы керек. Шет елдің қай жағында қызмет бабымен болса да, мұндай бала Отанын аңсап тұрады. Мұны кері жағынан дәлелдейтін дерек бар. Мысалы, американ ғалымдары өз Отанын сатқандардың өмірбаянын зерттегенде, олардың көбісінің жасанды сүтпен өсіп жетілгеніне көз жеткізген.

Бесінші технологиямыз - қазақтың мың эпосы (батырлар жыры) мен шешендік өнері, суырыпсалма ақындығы мен айтыс өнері, жоғарыда айтылғандай, тіліміздің туындайды.

Мен білетін басқа халықтар эпостарынан белгілісі - қырғыздың «Манасы», Гомердің «Илиадасы» және орыстың «Слово о полку Игореве», оның соңғысын біздің Баян атамыз жазып берген деседі. Тура осындай эпостардың саны қазақта мың екен. Қазақтың жырлары туралы Еуразия университетінің ректоры Жолдасбеков Мырзатай ағамыз Күлтегіннің көк тастағы жазуын талдай келе, оны «ұшан теңіз» деп сипаттайды.

Шешендік өнердің формуласын ашып айтар болсақ, ол - өлеңнің асқан күрделі ұйқасымен берілген философиялық категория дер едім. Мұндай өнер қазақ пен қырғыздан басқа халықтарда жоқ, оның өзінде қырғызда ішінара кездеседі деседі. Басқаша айтсақ, басқа халықтар ойлаудың мұндай деңгейіне әлі жете алған жоқ деп айтуға негіз бар дер едім. Сондықтан да олар мұның не екенін түсінбейді де. Оны түсіну үшін қазақ тілін біліп қана қоймай, оның салт-санасын, ойлау жүйесін жетік білу керек, яғни қазақтың адамды жетілдіру технологияларының бірін меңгеруі керек. Ал осы шешендік сөздің қаншама мысалдары бар дейсіз. Елбасының екі тілде ойын жатық та тартымды білдіретіні дүниеге аян. Және соңғы біреуі – Премьер-Министр Иманғали Тасмағамбетовтың 2002 жылғы Тәуелсіздік күніне арналған баяндамасының шешендік төкпелерін «Казахстанская правда» газеті орысшаға аудармай қазақша берді. Өйткені қысқа ғана мәтіннің мағынасын тіл білмейтіндерге түсіндіру үшін бір энциклопедия керек болады, ал соның өзінде де ол шешеннің сөзінің ұйқастық әдемілігі мен ойды сығымдау жүйесін мүлде бере алмайды.

Сондай-ақ, айтысты жетілдіруде де қазақ халқы алдына жан салмаған. Айтыс дегеніміз түркі халықтарының ішінде қырғыз халқында, арабтардың бәдәуи тайпаларында ішінара кездеседі, тывалықтарда (тува) бар деседі, ал өзге халықтарда атымен жоқ. Шешендік өнер мен айтысты меңгерген адамдардың ойлау, талдау қабілетінің ерекше жоғары екенін кім де болса мойындайды, өйткені шешен мен айтыскердің миында қас-қағым сәтте миллиардтаған операциялар жүріп жатады. Айтыстың тағы бір ерекшелігі – оны көркемдеп айтқанда, «екінің бірінің» игеруі, яғни халықтың көп бөлігінің айтысқа, өлең шығаруға бейімділігі. Басқаша айтқанда, өлең шығармайтын, ұйқастырып, мәнерлеп сөйлемейтін қазақ баласы кемде-кем. Тіпті кейбір ауыл адамдарының басым көпшілігі шеттерінен ақын, жыршы, күйші болып келеді.

Алтыншы технологиямыз – қазақтың күй өнері. Қобыздың үнін адамның дауысына ең жақын дауыс деп айтады. Скрипканың қобыздың негізінде жасалынғанын немістің ғалымдары дәлелдепті. Ал қара домбыраның үніне ұқсайтын музыка инструменті дүниеде жоқ десем артықшылық болмас. Ол аққудың қанатының ысылын, оның шаңқылдаған даусын, тіпті паровоздың жүрісін де көз алдыңызға анық етіп көрсете алады. Түр сипаты күрделі емес жалғыз инструмент қана симфониялық шығармаларды толығымен бере алады дегенге көз жеткізу үшін хас шеберлерді тыңдап көру керек. Домбыра мен қобыздан рационалдылық тағы көрініс табады.

Жалпы үш-төрт минутта орындалатын күйдің сағаттап орындалатын симфониялық шығарманың беретін информациясын бере алады деген тұжырымға қалай қарайсыз? Сенбесеңіз салыстырып, тыңдап көріңіз! Ал сол күй-симфониялар қазақ халқында мыңдап саналады. Ал нотаға түсіп, халықтың жадында қалғаны 5000-нан көрінеді, қаншама дүние әр түрлі себептермен бізге жетпей қалды.

Қазақстанның культурологі, профессор Әсия Мұхамбетова (Экспресс К, 2003 жылғы 16 қаңтар, «Музыка домбры открывает все чакры») «...самые лучшие восторженные описания кюя оставили Затаевич, Ромен Роллан, и Асафьев. ...Уже после Московской консерватории мне было абсолютно понятно, что наши кюи сопоставимы по глубине воздействия, по красоте, по ценности только с такими вершинами европейской музыки, как музыка Баха. А Бах, как вы знаете, в европейской цивилизации считается наивысшей точкой развития музыки. Это я поняла, когда после окончания консерватории приехала к себе и заглушить ностальгию по студенческим годам могла только музыкой. Помогли только Бах и домбровый кюй. После я всю жизнь занималась исследованиями этого, и сейчас прихожу к выводу, что кюй в чем-то даже выше, чем Бах. Это кощунственно, конечно, звучит для европейцев, но что есть, то есть.» және «... Домбра - инструмент уникальный, и музыка для него создана высочайшая... Произведения искусства помимо эстетики, красоты несут энергию. И в этом плане энергетический заряд, допустим, полуторaминутного кюя может заменить получасовую симфонию. ... Уже говорят, что рок, попса губительно действует на организм. В этом плане энергию уже знают, а вот градация воздействия позитивной музыки еще не изучалась. Домбровая музыка невероятно позитивная и открывает практически все чакры, а это дает иное видение мира» дейді.

Күй өнерінің айтысқа ұқсайтын ерекшелігі - оның да халық арасында кең тарауы, яғни екінің бірінің күй шертуі. Және бір айтылуы керек мәселе – күйдің адам баласының түйсігін, интуициялық қабілеттерін жетілдіретіні. Көп қобызшы мен күйшілердің емшілік қасиеттері артатынын ешкім жоққа шығара алмайды.

Қазақ халқының өлеңдері туралы дүние жүзіне аты кең танымал әншіміз Майра Мұхаммедқызы Еуропадағы әрбір концерттерінің алдында қазақтың әндерін орындайтынын айта келіп, оны тыңдаушылар өте жақсы қабылдайтынын және концерттен кейін тыңдармандардың қазақ әндерінің Еуропаның операларына ұқсастығына көңіл аударатыны туралы айтады.

Қазақтың жетінші технологиясына – дәмі мен тағамына келейік. Құрт, май, басқаларынан бұрын, астың үлкені – ет пен қымыз. Бұл екі тағам қатар жүрген кезде, адамның ағзасы қажетті белок, көміртегі, витамин, микроэлементтерді толығымен алатыны дәлелденген. Қоректілігі жағынан қымыздан да асып түсетін сусын - шұбат екені белгілі. Қымыз бен шұбаттың емдік қасиеттері дәлелденген. Менің ойымша, қазіргі замандағы адамзат баласының тұқымын зардап шектіруге бағытталған генетикалық модификацияланған тағамдарына қазақтың ет пен қымызы тосқауыл бола алады. Бұнымен қатар біздің халқымыз жас нәрестенің ана сүтінің орнына жүретін сөк (арнайы технологиямен өңделген тары) деген асты пайдаланатыны белгілі.

Сегізінші технологиямыз – қазақша күрес, көкпар, құсбегілік, атбегілік дер едім. Ондай спорт түрлері қай халықта жоқ дейсіз ғой? Ия, бар. Бірақ 8 миллион қазақ халқы арасынан шыққан боксшыларының Сидней Олимпиадасында жүздеген миллион, тіпті миллиардтық саны бар басқа халықтарды ысырып тастап, төрт бірдей медаль алуы, қазақстандықтардың кикбоксингтан әлем чемпионатында екі дүркін командалық бірінші орынды жеңіп алуы сізге ой салмайды ма?

Тоғызыншы технологиямыз – қолөнер, қазақтың оюөрнегі, киім үлгісі дер едім.



Біздің аталарымыз бұдан 3000 жыл бұрын тарихта бірінші рет жылқыны бас үйретіп мініп, ер-тұрманды ойлап тапқан деседі. Дөңгелекті ойлап тауып, дүние жүзіне таратқан да біздің бабаларымыз көрінеді. Оның адамзат тарихына үлкен серпіліс бергені анық. Жер шарының Мысырдан басқа жерінен табылмаған екі «алтын адамның» біздің жерден табылуы да көп нәрсені көрсетеді. Яғни сол ескі заманда-ақ біздің аталарымыз металл құюдың озық технологиясын меңгерген. Қазақтың киім үлгісі мен оюының ерекшелігі елдің бәріне аян. (Үшінші "алтын адам" Шығыс Қазақстаннан табылды. П.Д.)

Оныншы технология – нәрестенің анасының құрсағында қимылдауынан басталатын қазақтың әдет-ғұрпы пен салт-сана жүйесі.

Әдет-ғұрып пен салт-сананың мәні жаһандану заманында анық көрінбек. Мысалы, Германияда халықтың тең жартысы, әйелі бар, еркегі бар жеке пәтерде тұрады деген мәлімет бар. Ойлай, талдай алатын адам, меніңше, мұндай мәліметтен шошынуы керек. Бұл дегеніміз неміс халқының болашағы аз деген тұжырымға алып келмек. Қазақ халқы болса, құдайға шүкір, нәрестенің туғанынан адам баласының өлгеніне дейін бір-бірімен алыс-беріс қатынасында болып, қауымдасып өмір сүреді. Оның бәрі әдемі салт пен ғұрып болып сақталынған. Осы салт-санадан барып кең пішіп, ұзағынан ойлайтын қазақ халқының менталитетінің бір пұшпағы шығады. Алып империя құлап, оның сыныгының астында небір халықтар тұншыға бастаған аласапыран заман туғанда, қазақ халқын аман-есен сақтап қалған фактордың ең негізгісі – осы менталитет екені сөзсіз. Ал қазақтардың мінез-құлқын талдай берсек, небір ерекшеліктері шыға береді. Жай ғана мысал – қазақтың ең тәтті тағамын қонағына сақтауының мәні туралы том-томдап кітап жазуға болады.

Қазақтың салт-санасының жүйелілігі туралы бір ғана мысал келтіруге болады. Малды жіліктеу (басқаша айтқанда – жүйемен сою) басқа халықтарда да бар көрінеді. Бірақ қазақтар осы жүйені одан ары тереңдеткен. Олар қай мүшені қай қонаққа қандай себеппен және тілекпен тартуды салт етіп қойған. Яғни қазақша мал сойып, қазақша қонақ шақырған адам жүйелі түрде ойлауға (системный подход) үйренеді деген қорытынды өз-өзінен шықпақ. Осы іспеттес ойларды қаузап, түрткілей берсең, бір-бірінен туындап, балапандап, шұбатыла беретін қазақтың жүйелері көп-ақ.

Индияның технологиялық жетістіктерін талдай келе, Сергей Потресов деген кісі былай деп жазады: «Однако даже доминирование «продажи голов» в структуре интеллектуального экспорта нельзя рассматривать как недостаток. Процесс «утечки мозгов» из той же России не только необратим, но и убыточен для страны в целом, в Индии – зачастую наоборот. Значительное число выезжающих за рубеж квалифицированных специалистов либо в конечном итоге возвращаются с багажом дополнительных знаний и навыков, либо активно участвуют в работе представительств индийских компаний за рубежом». («Индийское чудо». "Новый лидер в индустрии информационных технологий", "Известия", 25.01.2003). Осыдан келіп Қазақстан болашағының формуласы қандай болуы керек деген сұрақ туады.

Қазақстанның қазіргі замандағы дүниежүзілік рөлін мен Еуразияны саяси, экономикалық және әлеуметтік жағынан біріктіретін катализаторы және орталығы болу деп білемін. 2002 жылы іргетасы қаланған СВМДА жобасы осының басы ғана. Тарихтағы ғұн, скиф, түркі империяларының діңгегі болып табылған қазақ халқының қазіргі әлеуеті оған жететіні күмәнсіз. Бір жағынан осы ойға бұдан он жыл бұрын жетіп, Еуразия идеясын 1994 жылы ұсынған Елбасымыздың кеменгерлігі таң қалдырмай қоймайды.

Батыс қоғамының басты кемшілігін Швейцария президенті П.Кушпен 2003 жылғы Давостағы Дүниежүзілік экономика форумында «Индивидуализация общества сделала многих людей свободными, однако превратила их в безответственных индивидуумов» - деп атап өтті. Ойымызды қорытындылайтын болсақ, қазақ халқының технологиялары дегеніміз - әрбір индивидтің жеке қасиеттерін терең жетілдіру мен сол индивидтердің қауымдасып өмір сүру жолының үйлесімді синтезі дер едім.

Мұның бәрі неге айтылып отыр деген сұрақ туады. Оның түпкі себебі қазақ ұлтын жөн-жосықсыз дәріптеу емес:

- дені сау, түйсігі жетілген, талантты да талапты ұрпақ өсірудің технологияларын толығымен пайдалану;
- жаһандану заманынан туындайтын қауіп-қатерді азайту;
- халықтың демографиялық әлеуетін күшейту.

Және тек қана ұлты қазақ халқы емес, қазақстандық басқа да азаматтардың осы технологияларды кеңінен пайдалануына жол ашу. Скиф заманында көзінің нышаны, терісінің түсі, тіліне қарамай белгілі бір әдет-ғұрыпты ұстанған адамдар «Скиф!» деген құрметті атаққа ие болған көрінеді. «Қазақпын!» деп, «Қазақстандықпын!» деп дәріптелетін заманға жетіп жатсақ, еліміздің әрбір азаматы үшін алға жетелейтін арман, тілек, ұран сол болар еді.

АҚШ-тың интеллектуалдық элитасы дайындаған «Глобальные тенденции – 2015» атты баяндамада аталған жеті «драйвердің», яғни қозғағыш күштердің, ең біріншісі болып демографиялық ахуал аталған. Табиғат ресурстары мен оның жағдайы, ғылыми-техникалық даму, жаһандық экономика мен жаһандық нарық, тағысын-тағылары осыдан кейін барып аталады.

Міне, осыдан барып бағанадан бері сызып отырған шеңберіміз тұйықталып, әңгіменің басына келеміз, яғни айтылғанның бәрі қазақтың «Ұлт болғың келсе – бесігіңді сайла» деген сөзіне келіп саяды.

Егер қазақстандықтар, оның ішінде қазақ халқы, өзінің ұрпағының болашағын ойласа, олардың жаңа заманда бәсекелестік қасиеттерінің жоғарылауы туралы ойласа – аталған технологияларды толығымен пайдалануы керек. Менің ойымша, кім де болса баласының дені сау, талантты болып өсуін қалайды. Ал осыны қамтамасыз ету үшін қазақ халқының осы заманға дейін сары майдай сақтап келген салт-санасын жаңартылған дәрежеде пайдаланумыз керек.

Ол үшін жеті атамызды жаттап өсуіміз керек. Балаларымызды бесікке бөлеуіміз керек. Әрбір қазақстандықтың үйінің жанында киіз үй болуы керек те, отбасының мүшелері ыңғайлы уақытта сонда түнеп тұруы керек. Ең болмаса аптасына бір рет ет жеп, қымыз не болмаса шұбат ішуіміз керек. Балаларымыз қай ұлт болмасын, қазақ тілін біліп өсуі керек. Тілі шыққаннан (екі жастан) бастап, батырлар жырларын жатқа оқып үйренуі керек. Бұл баланың сөздік қорын көбейтіп, ақындық, суырыпсалма, айтыс өнерлеріне бейім етіп өсіреді. Әр нәресте анасының құрсағында жатып, күй тыңдай бастауы керек. Бұл оның үнді ажырата алу қабілетін кеңейтіп, оның тілдерді қабылдау, талдау қасиеттерін арттырады. Жоғарыда аталған Орынбай



Дүйсен ағамыздың айтуынша, күйге құлақ қойған балалардың шет тілін үйрену қабілеті мен сабақ үлгерімінің артатыны эксперимент түрінде дәлелденген. Әр бала кішкентайынан күресіп, атқа мініп, тақымын қысып үйренуі керек. Бұл оның спорт түрлеріне бейімділігін арттырады. Ал енді қазақтың қолөнерінің пайдасын айтпай-ақ қойсақ болатын шығар. Біздің ұлттық киім үлгілеріміздің халықаралық көрмелерде жақсы бағаланатыны, ағаштан, теріден, жүннен істелінетін бұйымдар мен зергерлік өнер туындылары тағы белгілі.

Егер осы айтылғанды жүйелі түрде атқарсақ, қазақ халқының, тіпті бүкіл қазақстандықтардың алдында еселеніп өсіп-өну (мультипликативті түрде) мүмкіншілігі кеңінен ашылмақ! Яғни біздің демографиялық жағдайымыз оңғарылып, саясатпен, бизнеспен, мемлекеттік қызметпен, ғылыммен, қазіргі заман технологияларымен, спортпен, өнер салаларымен, т.б. айналысатын ұл мен қыздарымыздың саны арифметикалық емес, геометриялық прогрессиямен еселеніп өспек!

Қазіргі кезде ұлттық идеология туралы көп айтылады. Біздің аталарымыз ұрпағы үшін қасық қанын төгіп жүріп, байтақ жерді ғана емес, ұлттық ұранның формуласын да салт-санаға жүйелі түрде енгізіп, ұрпағына тастап кеткен. Ол, әрине, «еселеніп өсіп-өнейік!» деген үш-ақ сөзден тұруы керек.

Төлеухан Зикенұлы Бекенов,
Полковник.
Астана қаласы. 2002 жыл.

АҚҚАҒАЗ ХАНША – 575 ЖЫЛ

Сұлтанов Хажиден Шәменұлы (руы алшын, шеркеш, байгөбек) 1948 жылы 12 ақпанда Астрахань облысы, Красный Яр ауданы, Қараөзек ауылында дүниеге келген.



1967 жылы Астраханьдағы медицина училищесін бітіріп, фельдшер мамандығын алған. 1967-1969 жылдары армия қатарында болып, 1969-1975 жылдары Саратов медицина институтында оқыған. 1975-1991 жылдары Астрахань обаға қарсы станциясының Досанг бөлімінде дәрігер болып жұмыс істеген. 1975-1991 жылдары өлкетанушы П.С.Дубягиннің археологиялық қазу жұмыстарына қатысты, ғылыми мақалалар жазды..

1991 жылдан бері Аққағаз ханша басқарған елдің тарихымен айналысып келеді. Ол осы туралы бірнеше мақала жазып, оларды Астрахань, Астана, Атырау, Ақтау қалаларында баспасөзге жариялаған. Атырауда «Ел арна» телеарнасына 2006,2010 жылдарында 3 рет сұхбат берген. Интернетте Х.Ш. Сұлтанов орыс, қазақ тілдерінде «қазақ» этнонимнің Аққағаз ханшаның ұранға айналған есімінен туындағаны жайлы жорамалы жарияланған.

1991- 2011 жылдары Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Қиғаш ауылында дәрігер, емхана меңгерушісі қызметтерін атқарған

1968-1988 жылдары шахматтан КСРО спорт шеберлігіне кандидат нормасын орындады. 2001 жылы мамырда Атырауда өткен Казахойл спартакиадасында бірінші тақтада II орынға ие болды.

Ол – шежіре деректерін жинау ісіне де қолғабыс жасаған азамат.

***

Мен 1975-1991 жылдар аралығында Досангте Дубягин Петр Степанович деген кісімен дос болдым. Ол 1937-1980 жылдарда зоолог, археолог, өлкетанушы ретінде Нарын құмының батыс жағынан көне сақ, сармат, алан халықтарының 50-ге тарта тарихи ескерткіш орындарын тапқан еді. Оларды Дворниченко В.В. (Мәскеу), Васильев И.Б, (Самара), Плахов В.В. (Астрахань) деген археологтардың экспедициялары зерттеген.

1991 жылы 6 желтоқсанда Досангтан көшкеніме 8 ай өткен соң бір шаруамен кері баруыма тура келді. Кешкі мезгіл еді. Мені көріп Петр Степанович қуанып кетті. «Сен бүгін маған қон», -деп өзі шақырды. Қайдан білейін, бұл біздің соңғы кездесуіміз екенін. «Биыл да Мәскеуден Дворниченко келді, бірақ сен оны көре алмадың» , -деп маған жатар орынға ұйқыдан бұрын оқырсың деп бір кітапшаны берді. Ротапринт әдісімен басылған мақалалар жинағы. 1990 жылы шығыпты. Солардың ішінде амазонкалар жөнінде жазылған мақала менің назарымды аударды. Автор 8 әйгілі әйел ханшалардың б.д .д. 6- ғасырдан жаңа дәуірдің -575 жылына дейінгі 1000 жыл ішінде ирантілдес

көшпенділерге басшы болғандарының таблицасын жариялапты. Олар ерлері өлген соң, жауға қарсы күресте халықтарын басқарған екен. Біріншісі Заринея (Зарина, Зорене) сақ елін б.д. 6 ғ. 1 – жартысында, Диодор жазғандай, соғыста жауынгерлерді басқарыпты. Үшіншісі Томирис (Тамара) массагеттерді б.д.д. 550-529 жж. басқарыпты. Соңғысы, сегізіншісі 575 ж. Аккагас аландарды Арал төңірегінде билепті. Басқа Аккагас туралы дерек жазбапты. Аққағаз екені көрініп-ақ тұр. Бұл - қазақтың қыздарының аттарының бірі не болмаса қазаққа қатысы бар есім. 1992 жылы П.С Дубягин ауырып, 1993 жылы дүниеден 80 жасында өтті. Оның ұлы Юрий 1994 жылы мен үшін сол кітапты әкесінің үйінен іздеген, бірақ таба алмады. Аккагас туралы кітап жоқ болып кетті. 1994 жылы Мәскеуден келген Дворниченкодан мен мақаланың авторы Мәскеудегі Т.В. Мирошинаның Аккагас туралы деректі француз ғалымы Э.Шаваннан алғанын білдім. Сол жылдан бастап Астрахань облыстық кітапханасының қызметкерлері Т.В Левченко, К.А Плеханова мен үшін Э.Шаванның кітаптары бойынша іздеу сала бастады. Бірақ Э.Шаванн жөнінде деректер 2003 жылдың 15 сәуіріне дейін табыла қоймады. 8 жылдай іздеудің нәтижесінде француз тілінде жазылған Э.Шаванның (1865-1918 жж) «Орхон экспедиясының жұмыстары» деген кітабы 1903 жылы Санкт-Петербург қаласының ұлттық кітапханасынан (ул.Садовая,16) Астраханьға жіберілген екен. Сол кітаптың соңында «Аккагас - скиф ханшасы, 575 жылы) деп жазылған.

Э.Шаванн кітабының 240 - бетінен: «Византия елінің елшісі Валентин Константинопольден 576 жылы 106 түрік саудагерін ертіп жолға шықты. Оның мақсаты Түрік қағанына Тибериустің император болғанын айту еді. Одан әрі ол 568 жылы Земарх елшінің Истеми қағанмен келісімі бойынша түріктерді Иранға қарсы бірге соғысқа шақыру еді. Арал теңізінің солтүстігінде Валентин скиф елінің, оның басшысы әйел ханша Аккагас болғанын көрген». Э. Шаванн бұл деректерді грек ғалымы Менандрдан алған (6-7- ғғ). Э.Шаванн: «Аккагасды ханша етіп қойған Өтегур ханы Анағой» , - деп жазған. Бірақ соңынан неміс ғалымы Ф.Хирг (1899ж.) былай деген: «Анағай – жоан, жоан ханы болуы мүмкін».

Э.Шаванн Өтегур ханы Анағай Босфорды алуға Түрксанфтың қолбасшысы Боқанға болысты депті. Бұл Босфорды алған Анағай емес, үш кісі – Она, Хей, Нағай қолбасшылары деген де лақап бар. (Л.Н. Гумилев). Олар-Анағайға аттастар.

Ш.Құдайбердиев (1858-1931жж.): « Көне түріктердің басшысы Бумын қаған 546 жылы өзінің қожасы жуан-жуан ханы Анағайға құда түседі. «Менің үзеңгі соғатын құлыма мұндай ой қалай келді?» - деген жауап алып, Бумын соғыс бастауға сылтау туғызып алды. 6 жыл соғыстан кейін 552 жылы Анағай хан тұтқынға түспеу үшін өзін өзі найзаға түйреп өлтіреді. Бұл Анағай 150 жыл ел билеген хандардың соңғысы еді. 555 жылы көне түріктер Арал теңізі маңына жетеді. Хионит, вар, оноғур тайпалары вархонит, соңынан авар (ауар) деген атпен көне түріктермен соғысады. Аварларға эфталит-кердері деген үлкен ел болысады. Сонда Естеміс қаған: «Аварлар суға жүзетін балық емес, аспанға ұшатын құс емес, олар қайда кетсін, әуелі мына эфталиттермен есеп айырысайық», - деп әскерін тоқтатады. Арал теңізі жағасының 30000 салт әскері авар (ауар) деген атпен Еділден өтеді. Оның патшасы Баян хан болуы керек. Әуелі сабыр деген үлкен тайпаны жеңіп, өзіне бағындырады. Қазақта «Абыр-сабыр бола қалдық» деген сөздер бар.

Аландардың басшысы Саросий аварларды Византия елшісі арқылы Юстинианмен таныстырады. Л.Н.Гумилев Саросийді «Сары ас елінің патшасы болуы мүмкін», - дейді. В.Кандов (Хазар жазулары, 2006ж) кітабында: «Ас елі Еділдің саласы Ақтоба өзенінің атын қойған. Б.д.д. 13-12- ғғ» , -дейді. Күні бүгін ноғай халқында ас, қара ас, сары ас, құлтас дейтін ру аттары, алшындарда жаппас, масқар руларының түбірлерінде ас жұрнағы сақталған. Астрахань қаласының аты сол ас сөзінен шыққан.

Тарихшы Менандр

Т.В. Мирошина 1990 жылы Аққағаз ханша туралы деректі Э.Шаванна алса (1903ж.), түпкі дерек грек Менандрдан қалған. Менандр 582-602 жж. Византия императоры Маврикийдің тарихшысы болған. Менандрдың кітабы 9- ғасырда Византия императоры Константин Багрянородныйдан қалды десек, касог деген атпен қазақ этнонимі сол мезгілде белгілі болды.

2006 жылы Менандрдың 1848 жылғы С.Ю. Дестунис деген грек консулының орыс тіліне аударылған кітабын маған астрахандық З.С. Малометова тауып берді. С.Ю. Дестунис 1860 ж. орыс тілінде басылып, онда Аккагас емес, Аккаги деп грек тілінен аударылып жазылыпты. Егер Э.Шаванн дұрыстамаса, сол Аккагимен қалар еді ғой.

Менандр авар Баян қағанның 558 жылдан бергі Юстиианмен (527-565жылдардағы Византия императоры) кездесуін, оның Византиядан қанша алтын алғанын, оның слваяндармен, құтрығұр, өтеғұрлармен соғысып жүргендерін жазыпты. Византияға соғыс ашыпты. «Валентин елші Қара теңізбен тез жүзетін кемелерге отырып, қасында 106 саудагер бар, жағаға шығып, далалармен, таулы жерлермен жүре отырып, көлікпен, бір батпақты, қамысты, қоғалы көлдерге келеді. Сол жерде елдің басшысы Аккаги екен, өзі әйел адам». Бұл Арал емес, Еділдің батыс жағасы сияқты. 575жылы Истемидің әскері Еділге жеткен екен.

Әрі қарай Валентин Турксанфтың әскери белгілері бар жерге жетеді. Турксанф Валентиннің нендей оймен келгенін түсініп, оны өлтірем деп қорқытып: «Әкем Истеми қайтыс болды. Беттеріңді пышақпен тіліңдер»,- деп ашу шақырып, әрмен қарай жібермей қояды. Бұл Валентиннің 17 жыл ішінде Түрік қағанатына төртінші келуі еді. Оның түпкі ойы Түрік қағанатын Иранмен және аварлармен, оған бағынған Каспий мен Қара теңіз аралығының халықтарымен соғыстыру еді. Сонда соғыс Византия империясынан алыста өте беретін еді.

580 жылы көне түріктер Босфорды төрт жыл билегеннен кейін тастап кетеді. 581ж. Абырой деген Ұлы жүздің тайпаларының басшысы көтеріліске шығып, түріктерден жеңілген. Сол мезгілдерде қазіргі Грузия, Солтүстік Кавказда Түрік қағанының әскері 300000 адамды өлтіреді, төрт күндік жолда огур, халх тайпаларының адамдарының өліктері жайрап жатады. Сол кезден 100 жыл бұрын Каталаун соғысында 160000 адам өлсе, бұл не деген қырғын? 300000 адамды снарядсыз, пулеметсіз, артиллериясыз қалай қырды? Неге қазіргі орыс казактары Баян ханды массагет анасынан туған батыр деп есінде сақтайды? (Савельев Е.П. «Гибель Чернобога, 1917 г. Донская епархиальная типография). Е.П Савельев «казак пен «қазақ» этнонимдерінің түбі бір екенін дәлелдей отырып, 100-ден аса ортақ сөздерінің барлығын жазады (1927ж.) Неге Л.Н Толстой 2.04.1870 ж. күнделігінде «Ресейдің тарихын казактар жасаған. Европада бізді (орысты) казак деп атады. Халық казак болғысы келеді», - деп жазған. Қазір де өздерін біз орыс емес, казакпыз дейтіндер көп.

Аққағаз ханшаның Кавказ халқына бас болып, көне түріктерге қарсы соғысқаны көрініп тұр. Оларға, көне түріктерге, тек аварлар ғана тойтарыс бере алған сияқты. Т.В. Мирошина (1990 ж.) алан елінің ханшасы Аққағаз десе, сол аланнан, Аланша ханнан алшын рулар бірлестігі, «Алаш» деген ұран, алаша деген ру қалғаны байқалады.

М.Тынышпаев «қазақ» атауы Кіші жүзден шықты десе, Мұратхан Қани (Қытай) – 6-ғ-дың екінші жартысы – 7 - ғ. батыс жақтан қазақ атауы таралды дейді.

«106 жылы қағазды Қытайда ойлап шығарды» дейді. Бірақ Мурад Аджи 2- ғасырда Талас деген жерде қағаз фабрикасы болды деуі неге? Қайсысынікі дұрыс? Қағаз бен қалам -егіз сөздер. Неге 6 ғ. Прокопий Кесарийский «қалам» деген сөз Византияда қолданылды дейді? Қазақта «ақ» сөзі -қымбат ұғым. Қазірдің өзінде Аққағаз, Ақгүл, Ақзиба, Аққаным, Ақмарал, Аққенже, т.б. отызға тарта қазақ қыздарының аттары бар. Не десек де Аққағаз ханшаның аты да, заты да қазіргі қазақ еліне, сол этнонимнің шығуына қатысы бар сияқты.

Сөз соңында Феофилант Симокаттың 7- ғасырда Менандрдың бізге жетпеген кітаптарынан үзінділерін оқып: «Бірімен бірі ұрысып, соғысып, таласып, бітіспейтін дау қуып жүрген көршілес халықтар басқа жақтан ортақ жау келсе, бұрынғыларын қойып, бәрі бірлесіп соғысқа шығады», - деген сөздері бар. Бірін бірі түсінбейтін халықтар - кавказдықтар, дағыстандықтар. Аққағаз ханшаға ілескен ру-тайпалары көп халық алардмен бірлесіп, «Ақ-қа-ғаз-ақ-қа-ғаз-ақ-қа-ғаз...» ұран шақырса, құлаққа «ғазақ, қазақ» деген дыбыс келеді. Біздің жорамалымызша: «казақ, қазақ» сөздерінің негізі Аққағаз бастаған қалың қолдың ұранынан шықты ма екен деп ойлаймыз.

Хажеден СҰЛТАНОВ,
Атырау облысы, Құрманғазы ауданы,
Қиғаш ауылы.

ЖЕТІ ЖАРҒЫ

Жеті жарғы XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында қазақ құқықтарының жиынтығы.

Өмірге әкелген – Тәуке хан мен оның билері. Мұны олар Әз Тәукенің «Жеті жарғысы» деп атады.

Осы жарғыдағы негізгі баптар мыналар:

- **1-жарғы (бап).** Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын.
- **2-жарғы (бап).** Түркі халықтарының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын.
- **3-жарғы (бап).** Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын.
- **4-жарғы (бап).** Өзге біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзғандарға өлім жазасы бұйырылсын.
- **5-жарғы (бап).** Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлікті ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын.
- **6-жарғы (бап).** Төбелесте мертігудің түріне қарай төмендегі мүліктей құн төленсін:
  а) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, қызы болмаса, қыздың қалың малын беруге тиіс;
  ә) төрт мүшенің бірін мертіктірген кісі ат береді.
- **7-жарғы (бап).** Ұрланған жылқы, өзге де мүліктер үшін он есе артық айып төленсін.

ХАЛЫҚТАР ТОБЫ

Бұрынғы Кеңес Одағындағы халықтар 5 топқа бөлінеді.

Олар:

1. Үнді-еуропа тобы.
2. Кавказ тобы.
3. Орал тобы.
4. Алтай тобы.
5. Эскимос –алеут тобы.

Осы топтағы халықтар бірнеше бөлімге бөлінеді. Олар:

1. Үнді-еуропа тобы 8 бөлімге бөлінеді, олар:

а) Славян бөлімі, оған – орыс, украин, белорус, поляк, болгар халықтары жатады.

ә) Летто-литва бөлімі, оған – латыш, литва халықтары жатады.

б) Румын бөлімі, оған – молдаван, румын халықтары жатады.

в)Герман бөлімі, оған – неміс халқы жатады.

г) Грек бөлімі, оған – грек халқы жатады.

д) Иран бөлімі, оған – тәжік, осетин халықтары жатады.

е) Үнді бөлімі, оған – үнді-цыган халықтары жатады.

ж) Армян бөлімі, оған – армян, еврей халықтары жатады.

2. Кавказ тобы 4 бөлімге бөлінеді, олар:

а) Картвель бөлімі, оған – грузин халқы жатады.

ә) Адыгей – абхаз бөлімі, оған – адыгей, абхаз, кабарда, черкес халықтары жатады.

б) Нах бөлімі, оған – чечен, ингуш халықтары жатады.

в) Дағыстан бөлімі, оған - авар, лезгин, лак, даргин халықтары жатады.

3. Орал тобы 3 бөлімге бөлінеді, олар:

а) Фин бөлімі, оған – эстон, карел, саам, коми, пермяк, удмурт, мари, мордва халықтары жатады.

ә) Угор бөлімі, оған – ханты, мансы халықтары жатады.

б) Самодий бөлімі, оған – ненец, иганасан, селькун халықтары жатады.

4. Алтай тобы 4 бөлімге бөлінеді, олар:

а) Түркі бөлімі, оған – чуваш, татар, башқұрт, құмық, қарашай, балқар, қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, әзірбайжан, түркімен, гагауз, алтай, хакас, якут, тува, долған халықтары жатады.

ә) Моңғол бөлімі, оған – бурят, моңғол, қалмақ, торғауыт халықтары жатады.

б) Түңғұс-манчжур бөлімі, оған – эвенки, эвенс, нанай, эдугей, орочи халықтары жатады.

в) Палеоазиат бөлімі, оған – чукча, каряк, нивхи, ительмен халықтары жатады.

5. Эскимос – алеут тобына эскимос, алеут, кет, корей халықтары жатады.

ХАЛЫҚТАР ТІЛІ

Дүние жүзінде 6 мыңдай тіл бар. Оның ең кең тарағаны араб, ағылшын, испан, қытай, орыс, француз тілдері.

I. Үнді-еуропа тілдерінің құрамына туыстас тілдер тобы мына төмендегідей.

Тілдер әр түрлі топқа бөлінеді. Олар:

1.Индия тобы: бенгали, пенджаби, лахнда, синдхи, раджастхани, гуджарат маратхи, синегаль, ория, ассам, кашмир, непали, бихари, цыган тілдері жатады.

Әдеби тілі-хиндустани. Ол екіге бөлінеді. Пакистанда – урду, Үндістанда-хинди.

2. Иран тобы: парсы, пушту, белужи, тәжік, күрд, осетин, тат, талыш, ячноб, шугнан-раушан тілдері жатады.

3. Славян тобы іштей 3-ке бөлінеді, олар:

а) Шығыс славян тобы: орыс, украин, белорус тілдері жатады.

ә) Оңтүстік славян: болгар, македон, сербохорват,славян тілдері жатады.

б) Батыс славян тобы: чех, поляк, словак, кашуб, серболужиц тілдері жатады.

4. Балтық тобы: литван, латыш тілдері жатады.

5. Герман тобы: неміс, дат, норвеж, швед, исланд, феррера тілдері жатады.

6. Роман тобы: француз, итальян, испан, румын, молдаван, провансаль, каталан, сардин, португал, аромун, рето-роман тілдері жатады.

7. Кельт тобы: ирланд, шотланд, бретон, бритт, уэльс тілдері жатады.

II. 8. Грек тобы: жаңа грек тілі.

9. Албан тобы: албан тілі.

10 Армян тобы: армян тілі.

11 . Кавказ тобы өзара бірнеше топқа бөлінеді, олар:

1)Картвель тобы: грузин, заң, сван тілдері жатады.

2)Абхаз тобы: абхаз, адыгей, кабардин тілдері жатады.

3)Бацбий-кистин тобы: чечен. ингуш, бацбий, кистин тілдері жатады.

4)Дағыстан тобы 3 түрге бөлінеді, олар:

а) авар, анди, капучин, ботмен, каратин, чамалаль, ахвах, тиндин хваршин тілі.

ә) лак, даргин тілі.

б) лезгин, агуль, пахур, рутуль, удин, арчин, будух, хиналуг, крыз, табасаран тілі

а) Угро тобына – венгер (мадияр,угор), манси, ханти, ненец, иганасан, селькун тілдері.

ә) Фин тобына – фин, карель, саам, эстон, ижор, вепс, коми-зырян, коми-пермяк, марий удмурт, мордва тілдері.

IN. Семит-хамит тілдері

1.Семит тобы: араб, амхор, тигре, тигран, гураге, айсор, иврит.

2.Египет тобы: кашит, бербер, чадо-хамит.

V. Түркі тілдеріне жататындар.

а) Батыс хун бұтағы

1.Булгар тобы: чуваш.

2.Оғуз тобы: түрікмен, гагауз, балқан түркілері, әзірбайжан, түрік.

3.Қыпшақ тобы: қараим, құмық, қарашай-балқар, қырым татарлары, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ, қазақ.

4.Қарлұқ тобы: өзбек, ұйғыр

ә) Шығыс хун бұтағы

1.Ұйғыр-оғуз тобы: тува, тофа, якут саха, хакас, шор

2. Қырғыз-қыпшақ тобы: қырғыз, алтай.

III. 9. Угро-фин тілі 2 топқа бөлінеді, олар:

ЖЫЛ АТТАРЫ МЕН ЖЫЛ ҚАЙЫРУ

1	Тышқан	1900	1912	1924	1936	1948	1960	1972	1984	1996	2008	2021	2033
2.	Сиыр	1901	1913	1925	1937	1949	1961	1973	1985	1997	2009	2022	2034
3	Барыс	1902	1914	1926	1938	1950	1962	1974	1986	1998	2010	2023	2035
4	Қоян	1903	1915	1927	1939	1951	1963	1975	1987	1999	2011	2024	2036
5	Ұлу	1904	1916	1928	1940	1952	1964	1976	1988	2000	2012	2025	2037
6	Жылан	1905	1917	1929	1941	1953	1965	1977	1989	2001	2013	2026	2038
7	Жылқы	1906	1918	1930	1942	1954	1966	1978	1990	2002	2014	2027	2039
8	Қой	1907	1919	1931	1943	1955	1967	1979	1991	2003	2015	2028	2040
9	Мешін	1908	1920	1932	1944	1956	1968	1980	1992	2004	2016	2029	2041
10	Тауық	1909	1921	1933	1945	1957	1969	1981	1993	2005	2017	2030	2042
11	Ит	1910	1922	1934	1946	1958	1970	1982	1994	2006	2018	2031	2043
12	Доңыз	1911	1923	1934	1947	1959	1971	1983	1995	2007	2019	2032	2044

Қалыптасқан дәстүр бойынша 12 жыл бір мүшел болып есептеледі.Мүшел жастың алғашқы бастауы 13 болатын себебі, ана құрсағындағы шараналық ғұмыр 1 жасқа баланады. Тәртіп бойынша 13,25,37,49,61,73,85,97 мүшел жыл деп аталады. Бұл есеппен 30 жылға бір жыл қосылып, 97 жасаған адам 100 жаста болып есептеледі

11. Моңғол тіліне: бурят, моңғол, қалмақ тілдері жатады.

12. Тунгус – манчжур тіліне: эвенк, эвенс, негидаль, манчжур, нанай, удэй, ульч, ороч тілдері жатады.

13. Қытай – тибет тіліне: қытай, дүнген, лаос, вьетнам, тибет, бирма, кампучи тілдері жатады.

14. Палеоазиялық халықтар тіліне: чукча, чуван, коряк, ительмен, юкагир, нивх, кет, эскимос, алует, аин тілдері жатады. Бұл аталған халықтар, негізінен, Солтүстік мұзды мұхиттың жағалауын мекендейді.

КҮН АТТАРЫ

Жеті күндік аптаны бұдан 3000 жыл бұрын вавилон абыздары ойлап шығарған. Олар күн аттарын былай атаған:

1. Шаман күні (Күн құдайы).
2. Син күні (Ай құдайы).
3. Шамму күні (Аспан құдайы).
4. Меркурий күні (Жер құдайы).
5. Юпитер күні (Су құдайы).
6. Венера күні.
7. Сатурн күні.

Санскрит пен көне парсы тілінде жеті күнді немесе бір аптаны былай атаған.

Парсы тілінде	Қазақ тілінде
Душамму	Дүйсенбі
Сәйшамму	Сейсенбі
Шоршамму	Сәрсенбі
Пәндшамму	Бейсенбі
Алтаншамму	Жұма

Шамму	Сенбі
Екашамму	Жексенбі

АЙ АТТАРЫ

№	Орысша	Қазақша	Арабша	Зодиак шоқ жұлдызы бойынша қазақша атауы	Зодиак шоқ жұлдызы бойынша орысша атауы	Мерзім аралығы
1	Январь	Қаңтар	Дәлу	Суқұйғыш	Водолей	21.01-19.02
2.	Февраль	Ақпан	Ут	Балықтар	Рыба	20.02-20.03
3.	Март	Наурыз	Амал	Қошқар	Овен	21.03-20.04
4	Апрель	Көкек	Сәуір	Торпақ	Телец	21.04-21.05
5	Май	Мамыр	Зауза	Егіздер	Близнецы	22.05-22.06
6	Июнь	Маусым	Саратан	Шаян	Рак	23.06-23.07
7	Июль	Шілде	Әсет	Арыстан	Лев	24.07-23.08
8	Август	Тамыз	Сүмбіле	Бикеш	Дева	24.08-23.09
9.	Сентябрь	Қыркүйек	Мизам	Таразы	Весы	24.09-23.10
10	Октябрь	Қазан	Ахырап	Сарышаян	Скорпион	24.10-22.11
11	Ноябрь	Қараша	Хауыс	Мерген	Стрелец	23.11-22.12
12	Декабрь	Желтоқсан	Жәдди	Тауешкі	Козерог	23.12-20.01

МҮШЕЛ ЖАС

Адам баласы туғаннан бастап, өсіп-өніп жетілу кезеңінде қатерлі жылдар болатындығын айтып келеді. Оны мүшел жас деп атайды.

Алғашқы мүшел **он үш жас** – бұл адамның балалық шақтан ересектік шаққа дейінгі кезеңі. Ол кезде ұлдың дауысы өзгеріп, қыздың дене бітім сүйкімді бола бастайды.

Он үш – кейбір нәзік балалар үшін қауіпті, өйткені баланың бойындағы өзгеріс кезеңі жайымен өтсе қауіп жоқ, ал күрт өзгерсе, кейбір балалар жүрек, жүйке ауруларына ұшырауы мүмкін деседі.

Осындай мүшел есік қаққанда, «О, Құдірет, мен осы мүшелден қатерсіз өткізе көр» - деп жалбарынатын.

Жиырма бес жас – жігіттіктің алғашқы сатысы. Ол кезде ер жігіт бусанып, дене құрылысы өсіп, жетіліп, күші тасып тұратын кез. Үйлі-баранды болып, садақа беріп, келесі мүшелге дейін аман-есен болайын деп ниет етеді. Қыз әйел болып, бала-шаға өсіріп отырады.

Отыз жеті жас – адам өміріндегі ең басты мүшел. Ол қырықтың қырқасында жүрген болып есептелінеді.

Бұл мүшелде адам жігітшіліктен москалдау кезеңге өтіп, ақыл тоқтатып, дүниеге қызыға да, қызғана да қарайтын кез.

Қырық тоғыз жас – бұл адамның даналыққа аяқ басатын кезеңі. Бұл мүшелде кейбіреуі немере сүйсе де, кәрілікке мойын бұрмай: «Маған кәрілік келмесе екен, әлі де болса картаймай, ойнап-күліп қалайыншы»,- дейтін кезі.

Алпыс бір жас – адамның даналығы артып, өзінен туған балаға сын көзбен қарап, басқан ізін аңдып, жаман-жақсыны ажыратып, өзі де тәубеге келетін кезең.

Бұл мүшелге толған кісі дүниеге мүлде басқа көзбен қарап, кәрілікті мойындауға болар-болмас қана көңіл бөлінетін кез.

Жетпіс үш жас – бұл мүшел кәріліктің мойынға мініп, аяғын тұсап, отырса тұруы мұң, жатса ұйқы жоқ, адамның дінқесі құрып: «Айхай, жас кезім-ай» деп, көкірегі қарс айырыла күрсініп, дөңбекшіп барып ұйықтайтын кезең.

Сексен бес жас – бұл мүшелде адамның айдай басы қатып, өзінен кейінгілермен бала құсап, жеген тамағын жеген жоқпын деп, оқпелегіш болатын кез. Сол үшін де ел арасында: «Күлсең кәріге күл», «Бұл жасқа жеткен де бар, жетпеген де бар» деседі.

Кезінде ол кісінің пейілі тар болса, ол алжып кетеді, ал керісінше болса, жас балаша жауқаңдап, көзі жасаурап, ақыл-ойынан адаспай, тек кеудеде соғып тұрған жүрегін ғана сезінетін болады.

Тоқсан жеті жас – қарттық жастың ең шырқау шегі. Бұл межелі мүшелге құлан сүйек, қағылез мінезді жандардың ілуде бірі ілігеді.

Адамның өмірінде әркилы жағдайлар болады. Олар үйлену, балалы болу, отбасының қуанышы және мүшел тойлары. Мұсылман халқы – тойдан қашпаған қауым.

Қазақ халқы мүшел жасқа үлкен мән берген. Қазақ ұғымында он екі жыл бойы жасаған күнәлеріне мүшел жасқа толғанда Алла алдында жауап береді деген түсінік бар. Сондықтан мүшелге толғанда, жасын айтпай жасырып, Аллаға сиынып, намазын оқып, өмірге ойлы көзбен қарап, ешкімге жамандық жасамай, тек жақсылық ойлап өмір сүреді. Мүшел жастан өткен сайын садақа беріп, жеті нан үлестіріп келеді.

Мүшел бар он үш жылда бір айналған,
Пендесін дейді сонда сынайды Аллам.
Соғады әр мүшелде бір айналып,
Бір пәле дүниені шыр айналған.
Атама мүшеліңді өткенінше,
Алыстап бастан қатер кеткенінше.
Өткен соң тілек тіле, шын пейілмен,
Даусыңның айналаңа жеткенінше, - деп бекер айтпаса керек.

Ал қазір, он үш жас, жиырма бес, отыз жеті, қырық тоғыз жас мүшелеріне толғандар міндетті түрде тумаларын, дос-жараңды шақырып, той жасауды үрдіс етіп келеді. Әрине, әркім шама-шарқына қарай жасаған жөн, жағдайы келмесе, онда садақа берумен шектеледі.

Ал енді кейбір елде мүшелді он екі жас деп есептейді екен, ол дұрыс еместігі ескертілген. Адамның дене бітімі он үш жыл сайын өзгертіп отыратындығы баршаға мәлім.

***

Наурыз – жыл басы. Қыс аяғы мен көктемнің шекара айырысар шағы.

22 наурыз күні күн мен түн теңеліп, күн ұзара бастайды. Бұл күн шығыс елдерінде Ұлыстың ұлы күні

атауымен белгілі. Көктем жаршысы бәйшешек гүлдеп, өсімдіктер бүр жара бастайды. Қазір күнделікті қолданыста сәуір аты басымдыққа ие болып жүр. «Сәуір болмай, тәуір болмас» дейді. Осы ай жаңбырлы болса, жазы берекелі болады. Құстар жаппай ұя салып, жұмыртқалайды.

Көкек – көкек құстың алғаш келіп шақыра бастайтын айы. (көктем)

Мамыр – аққу, қаз секілді құстардың семіріп түлейтін айы.

Киіктердің жаппай төлдейтін шағы. Құстар балапандарын өргізеді. 25-29 күндері киіктің лақтары, яғни құралайдың салқын, жаңбырлы, желді күндері жаппай өреді. Мұны киіктің немесе құралайдың салқыны дейді. Үйректің топшысы бекімеген үрпек балапандарын мамыр дейді.

Отамалы – жер отайып, малдың аузы көкке тиетін ай. Мұның екінші бір аты «маусым». 22 маусым ең ұзақ түн, ең қысқа түн болатын шақ. Қазақта **маусым** – табаныңнан таусыл дейді. Еңбектің қайнайтын кезі, көкөністің бұрқырап, белең алатын шағы.

Шілде – парсының «чилла» деген сөзінен алынған. Әуелде бұл ай 40 күндік аптап ыстық мезгілді білдіреді. Шілде 26 маусымда кіреді, 5 тамызда шығады. Халық аузында бұл ай **суыр** деп те аталған. «Сұмырай келсе су құриды» деген мәтелдегі сұмырай суыр айының балама ұғымы.

Сарша – «сары шақ» деген көне түрік ұғымынан шыққан. Кейде «**сарша тамыз**» деп қосарлана да айтылады. Бұл айда шөп біткен сарғаяды. Айдың жиырмасында Сүмбіле жұлдызы туады.. Халық «Сүмбіледе су суиды» дейді.

Қыркүйек – қой мен ешкінің төлдеуін бір жүйеге түсіру үшін, қошқар мен текеге күйек байлайтын болған. Соны «қыркүйек» атаған. Ақбөкен, қаракұйрық текелері үйірге түседі. Мұны киіктің матауы дейді. Қыркүйек айының соңында болатын әдемі шуақ мизам шуағы деп аталады. 22 қыркүйек күн мен түн теңеліп түн ұзара бастайды.

Қазан – егін-телім жиналып, суық соғатын кез. Алғашқы үсік жүретін ай «Қазан соғу» сөзі осы мәнді білдіреді. Күздік соғым да осы кезде сойылады. Қайың, теректер жапырақтарынан адаланады.

Қараша - өрістің шөбі бітіп, жер қараятын мерзім. Қыс хабаршысы қар қылаулайды.

Қазақта «Қарашаның атасы қыркүйек, әкесі қазан, бас ағасы – қыс» дейді. Қарашаның аяқ кезінде таутеке тауешкімен, құлжа арқармен үйірге түседі. Мұны **теке** бұрқағы дейді.

Тоқсан – мұнда жылдың ақырғы ширегі тоқсан басталады. Кейде «**желтоқсан**» деп те аталады. 22 күні ең қысқа күн, ең ұзақ түн болады. Жаппай қысқы соғым сойылады. Қазақтар қысты, аязды **зымыстан** деп атаған.

Қаңтар – қыстың түні ұзарып, күні қысқарып, қаңтарылатын кез.

Қыстың күшіне енер шағы қаңтардың қарлы бораны деп аталатын мезгіл 27 желтоқсан мен ақпан айының аралығындағы ең суық 40 күн кезеңді қазақтар кіші шілде деп атаған. «Қаңтарда күн қарға адым ұзайды» деген мәтел бар.

Ақпан – қазақтың «үт келді – жұт келді» дейтін айы. Мұнда көбіне ақ боран соғып, мал шығыны көп болады. Қыс пен көктемнің белдесетін кезеңі күн, құбылмалы шақ. Ақпан күні бір бүйіріңді қыздырса, екінші бүйіріңді мұздатады. Қазақта «Ақпанда күн ат адым ұзарады» деген мәтел бар.

АМАЛ МЕН ТОҒЫСТАР

12 наурызда «Амал» кіреді.
12 көкекте «Сәуір» кіреді.
22 мамырда «Зауза» кіреді.
22 маусымда «Сарыатан» кіреді.
23 шілдеде «Әсет» кіреді.
23 тамызда «Сүмбіле» кіреді.
23 қыркүйекте «Мизам» кіреді.
23 қазанда «Ақырап» кіреді.
22 қарашада «Хауыс» кіреді.
22 желтоқсанда «Жәдди» кіреді.
20 қаңтарда «Дәлу» кіреді.
19 ақпанда «Үт» кіреді.

Айдың Үркерді «басып өтуі» **тоғыс** деп аталады. Тетелес екі тоғыстың арасында өтетін уақытты **қазақ** халқы тоғыс айы дейді.

Тоғыс айының ұзақтығы жуық түрде 27,32 күн немесе 27 күн 8 сағат. Жыл ішінде Үркер мен Ай 13 рет қана тоғысуы мүмкін. Бірақ оның екеуі көрінбейді, өйткені «Үркер 40 күн жерде жатады».

Үркерді бір жаңасындағы Ай жапқаннан кейінгі ай бір тоғыс айы, бес жаңасындағы Ай жапқаннан кейінгі ай бес тоғыс айы, т.с.с. делінеді. Тоғыс айында дәл 27 болмағандықтан, тоғыс үнемі тақ санға келе бермейді, төрт тоғыс, алты тоғыс, т.с.с. болуы да мүмкін. Бірақ, әдет бойынша, оларды тақ санға келтіріп, бес тоғыс, жеті тоғыс деп айта береді. Сонда бөлшек сандар дөңгелектеніп, ай 28 күн етіліп алынады. 13 тоғыста 28 күннен 364 күн болады. Тоғыс есебінде жұп сандардың кездеспейтіні осыдан.

Тоғыс айы мен азаматтық айдың күндері әр түрлі болғандықтан, олар бір-біріне қабыспайды. Сондықтан қаңтар – 9 тоғыс, ақпан – 7 тоғыс, наурыз – 5 тоғыс айы деу дұрыс емес. Оларды тек шамамен, жуық түрде ғана солай деуге болады.

Тоғыс есебі де шаруашылыққа қолданылған, «5 тоғыста қар кетпес, 3 тоғыстан қар қалмас», «3 тоғыста қой қоздайды», «5 тоғыста күйек түседі» сияқтылар осыны дәлелдейді. Тоғыс есебін жүргізу үшін әжептәуір білім керек. Жұрттың бәрі оны айыра бермейді.

Сондықтан тоғыс күнтізбесін сауатты адамдар, есепшілер жүргізген. Бие байлау, қой қырқу, қыстауға көшу, тағы басқа жұмыстардың мерзімдерін есепшілер жариялап отырған.

Ілияс Жансүгіровтің бір өлеңінде:

Ел күйекті шешіпті,
Есепші айтты десіпті, -

деген жолдары бар. Есепшінің атқарған ісін **бұл** үзіндіден айқын көреміз.

Седельников келтірген 28 күндік қазан айы осы тоғыс айы болып шығады. Бұдан Куфтин айтқан жыл мен 13 ай да шығады, бірақ Куфтиннің тізіміндегі ай аттары тоғыс айларының аттары емес, азаматтық айлардың аттары.

Тоғыс бойынша жыл басы – бір тоғыс айы, ол 1961 жылы, шамамен 14 мамырдан 9 маусымға дейін, үш тоғыс айы 17 сәуірден 13 мамырға дейін, бес тоғыс айы 20 наурыздан 16 сәуірге дейін, т.с.с. 13 тоғыс 364 күн болатындықтан, жылға 1 күнді (кібісе жылы 2 күнді) есепшілер бақылау бойынша қосып отырады.

Бір тоғыс айында жыл құстарының бәрі де келіп болады. Сондықтан жыл құстарының келуі, жаңа жылдың (тоғыс есебі бойынша) басталғандығының табиғи қарапайым белгісі болған.

«Армысың, әз Наурыз!», Ж.Кейкиннің «Қазақы атаулар мен байламдар», М.Ысқақовтың «Халық календары» еңбектеріндегі материалдар бойынша қорытылды.

ТҮП ТАМЫРЫН ІЗДЕГЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ХАТТАРЫ

ПЕРНЕБАЙ АҒА!

Арман деген інімізді мен Ақтау қаласында жұмыс бабымен жүріп кездестірдім. Қарақалпақстаннан келген. Әйелі, бір баласы бар. Базарда жүк түсіруші болып жұмыс жасайды. Қазақстан азаматтығына құжаттарын өткізіпті. Әке-шешесін, туыстарын тапқысы келеді.

Өзінің айтуы бойынша, жас жарымда пойыздан біреулер тауып алыпты. Үстінде Қосым шеркеш. Мұқанов Арман 1987ж. 23 ноябрь деп жазылған қағаз болыпты. Қағаз әлі күнге дейін өзінде сақтаулы екен. Қандай себеппен бұлай болғанын білмейді. Біреулер Қоңыратқа жақын Тақтатас дейтін жердегі балалар үйіне тапсырыпты. Балалар үйінен қазіргі әкесі Лекер(1942 жылғы), анасы Жібек біреуден қарызға 100 сом алып, сатып алыпты.

Қазіргі әке-шешесі Лекер, Жібек Қарақалпақстанда тұрады екен. Қоңыратта.

Бұл кісілердің балалары болмаған соң Арман інімізбен бірге тағы екі қыз асырап алған екен. Біреулерден естуі бойынша, туған әкесі Атырау жақтікі сияқты. Өзінің тегін тапқысы келеді. Өзінен рұқсат сұрадым, бұйырса сіздің шығарып жатқан кітапқа осы мағұлыматтарды жазса да қарсы емес. Аға, мүмкін болса, көмектесуіңізді сұрайды. Туыстары табылып қалар.

Шеркеш – Қосым... Мұқан – Арман

Хатты жіберген
БАЖИКОВ Ернар.

Мұқанов Арман,
1987, 23 ноябрь.
Ұялы тел. 8 775 388 55 44
Қазір Ақтау қаласында тұрады.

1. Көкшетаудан: **Рақымжанов Сапарбай Мырзабайұлы**
   Кіші жүз, руы алшын.
   .... Әбілқайыр – Тұрсын – Торланбай – Байсал- Қожанбай – одан →



Мекен – жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы,
М.Горький көшесі, 67-үй, 12 – пәтер.
Үй телефоны 8 716- 240 -16 -48
Ұялы телефоны 8 701 673 54 22, 8 777 883 89 50

Ескерту: Қазақстанның орталық, оңтүстік аймақтарында ертеде тағдыр толқынымен қоныс аударған Кіші жүз ұрпақтарын (Он екі ата Байұлы, Алты ата Әлім) **алшын** деген жалпы атаумен атау дәстүрлі берік қалыптасқан.

2. Астана қаласынын **Ерлан Ғазизұлы** өз тегінің Кіші жүздің шеркеш тайпасынан шығуы туралы болжам айтады. Толық емес дерегін былай түзеді:
   .... Доғалақ – Ырысбай – Болат – Көшубай – Бейсенбай – Құсайын – Молдахмет-Молдахмет – Зияфиддин – Ғазиз – Ерлан (телефоны 8 705 120 40 55, Астана қаласы)

ШЕЖІРЕ ДЕРЕКТЕРІН ДАЙЫНДАУҒА БЕЛСЕНДІ АТСАЛЫСҚАН АЗАМАТТАР



Ахошұлы
Қыдыр



Әжіғалиева
Рабиға



Әлібаев
Уәлитхан



Әбілев
Жұмабек



Бекмұхамедов
Еркін



Бақбергенов
.Есенгелді



Бекқожақызы
Бәтима



Бисекенова
Ақмарал



Бірманов
Нұрлыбек



Дәулетбаев
Дінғали



Есекенов
Рамазан



Елеусінов
Айбосын



Қайрошев
Нариман



Қалмағанбетов
Бижан



Қабден
Қуандық



Қуантаев
Нәбидолла



Құлбеков
Орынбасар



Құмаров
Берік



Лұқпан
Қайырбек



Мырзағалиұлы
Нұриддин



Ниязов
Ақдомбай



Нәбидуллаев
Сәрсекей



Нақпаев
Жұмаш



Нұрмахан
Жанаш



Сарекен
Сатыбалды

ШЕЖІРЕ ДЕРЕКТЕРІН ДАЙЫНДАУҒА БЕЛСЕНДІ АТСАЛЫСҚАН АЗАМАТТАР



Сұлтанов
Хажиден



Таспаев
Орынғали



Үмбетәлиев
Амангелді



Фазылов
Әбдіманап



Ықсанұлы
Арыстан



Қасымова
Бақтылы



Дүйсенғалиев
Құрманғали



Үйтолғанов
Сабытай



Құсайын
Абылай



Қожамұратов
Берген



Үдербаев
Тұрдақан



Жауыр
Теңдік



Мүлкаманұлы
Қуандық



Сәрсенбаев
Алпысбай



Түсіпов
Нұрлан



Жақыбайұлы
Елеусіз



Махин
Мұрат



Бижанов
Қуандық



Құспанғазиев
Ысмағзұм



Шудабаев
Қами



Мұсағалиев
Талап



Кенжеев
Байтұрсын



Ележанқызы
Нәбила



Құспанова
Танзила



Ғазимов
Наурызбай

ШЕЖІРЕ ДЕРЕКТЕРІН ДАЙЫНДАУҒА БЕЛСЕНДІ АТСАЛЫСҚАН АЗАМАТТАР


Табынбайұлы Серік


Қарамұрзиев Текей


Құбылбаева Анаргүл


Жауыр Теңдік


Қаденұлы Масат


Әлиева Рабиға


Ахметова Күләш


Мұханбетчин Сейіткайыр


Иманов Уәли


Селбаев С


Құрманбаев Әжіғұл


Мұханбетжанов Ахмет


Қалипина Нағима


Ізмұқанов Төремұрат


Сапағұлов Сәлімжан


Мұсағалиұлы . Талап


Досжанова Алтын


Марлен Венера


Сисенов Қобылан


Байымбеков Қыдырбай


Қонысбайұлы Оралбай


Сапанов Азамат


Тәжібаева үк


Бегежанов Еменбай


Нұрбаев Ермекбай

ШЕЖІРЕ ДЕРЕКТЕРІН ДАЙЫНДАУҒА БЕЛСЕНДІ АТСАЛЫСҚАН АЗАМАТТАР


Әнесұлы Муфтулла


Сәбетов Ә


Айтмұрзаұлы Сырым


Әлібаев Тахир


Сейітқалиев


Атыраубаев Боранбай


Түсіпов Заки


Орынғабылұлы Н


Әбибуллин Айдархан


Измаилов Тельман


Дәулетова Қымбат


Ғазимов Наурызбай


Таубаев Бауыржан


Үмбетәлиев Амангелді


Дүйсенбаев Базарбай


Бекмәмбетова Ташкира


Боздақова Күләш


Жұманова Гүлфайруз


Ақниетқызы Шәйкөн


Жамқаев Жақан


Саликова Дәметкен


Оспанова Бақтыгүл


Күшімбаев Шәріпбай


Бисенова Маржан


Отаров Бекболат

ШЕЖІРЕ ДЕРЕКТЕРІН ДАЙЫНДАУҒА БЕЛСЕНДІ АТСАЛЫСҚАН АЗАМАТТАР


Сұлтанғалиев Жасқайрат


Құмаров Ғалымжан


Қуанышев Болат


Кәкимова Манауия


Тарбаев Қайрат


Жақыпов Амантай


Дүйсәлиев Берік


Тегісбаев Керей


Айтқалиев Латиф


Жолдыбаева Жеміс


Қалиев Абай


Темірғалиев Саламат


Өтепов Базар


Сисенғалиев Кенжебай


Мұсағалиұлы Талап


Өтеуов Мұрат

2008- 2015 ЖЫЛДАРЫ АРАЛЫҒЫНДА ҚОЛДАУ,ДЕМЕУ, КӨМЕК КӨРСЕТКЕН АЗАМАТТАР



Күдіреев Нұрсерік



Досмұхамбетов Махамбет



Қожағалиев Бекәділ



Ибрашев Кенжебек



Аманқұлов Болат



Оржанов Сабыржан



Қайыржан Есен



Еңсегенов Самат қажы



Жамалұлы Халел



Байболов Сансызбай



Тәниев Еркін



Күмісқалиев Есен



Ихсанов Ерсайын



Бегежанов Сымғат



Исмағұлов Ардақ



Измайылов Хажеден



Әлиев
Мәди



Жайлаубаев
Анас



Қонысбаев
Аманжол



Қалиев
Мұхамбетқали



Омаров
Бәтеш



Әбілқайырұлы
Мырзақуат



Қыдырұлы
Ахош



Тегісбаев
Анатолы



Атшыбаев
Нұржан



Лұқпанов
Қайырбек



Ниязов
Ақдомбай



Оразұлы
Әділ



Қабдолғалиев
Әділхан



Бірманов
Нұрлыбек



Ишанов
Аманғали



Таласбаев
Сапарбек



Мұрынов
Сәрсенбай



Мұқатанов
Талғат



Жолболов
Нұрлан



Халенов
Еркінбек



Мантаев
Нұрлан



Қаракойшин
Төлеген



Сапаров
Мәлік



Балықбаев
Әділхан



Жұмағалиева
Күлшара



Жауыров
Сембай



Отаров
Бекболат



Ибрагимов
Түгел



Құрмашев
Жұмажан



Бисекенова
Ләйла



Шудабаев
Хами



Ахмедиев
Рахметулла



Закиров
Нұролла



Құлбасов
Мұрат



Есқали
Женіс



Сақып
Едіге



Әбдіхалықов
Қасымбай



Мәдікенов
Асқарәлі



Мәдікенов
Дархан



Тарбаев
Сағынғали



Байжарқынұлы
Борис



Шыныбеков
Жұмахан



Ташмұқанов
Селбай



Сыздықов
Қалданбек



Көлбаев
Тоқтасын



Әбуғалиев
Сүйінішбек



Тегісбаев
Керей



Шәкімов
Бауыржан



Қасымов
Амангелді



Оңдасынов
Батырбек



Мүлкаманұлы
Қуандық



Тілепұлы
Өмірзақ



Ысмағұлов
Марат



Лұқманов
Еркін



Алтаев
Әкімаш



Ниетқалиев
Есет



Қасымова
Бақтылы



Кенесариева
Сәнжан



Тілеуханов
Ербол



Сман
Алмас



Аманшаев
Амангелді



Қонаров
Әшірбай



Аманжолов
Егемберді



Есжанов
Темір



Құрманәлиев
Ақылбек



Аманжолұлы
Сүндет



Шорабайұлы
Ізбасар



Бекқожақызы
Бәтима



Қабден
Қуандық



Бақыржанов
Мұрат



Игенбаев
Нұрша



Рамазанов
Мұханбет



Ахметов
Жасұлан



Шайқымов
Еркін



Рысқалиев
Сәулебай



Мырзаев
Кеңес



Дәулетов
Елубай



Аббасов
Зәрлібай



Есекенов
Рамазан



Оспанова
Бақтыгүл



Иғалиев
Нәсіпқали



Қалмағанбетов
Бижан



Күнтуғанов
Жақсыбек

Кітап авторы «Шеркешнама» кітабын дайындау барысында ықыласты ниет білдіріп, аз-кем ағайындық қолдау көрсеткені үшін Мадияров Сүлеймен, Хасенов Қуаныш, Көпжасаров Данышпан, Құбиев Талғат, Төкенов Нұрлан, Есенаманов Көлбай, Тағамұратов Жаңабай, Есжанов Темір, Дүйсенов Қыдырбай, Ауғанбайұлы Сапар, Аманжолұлы Сүндет, асықаталық Қасымбек, Райысұлы Нұриддин, Сүлейменов Иманмәді, Сүлейменов Жеңісбек, Сүлейменов Бақытжан, Қосмұқанов Досмұқан, Қосмұқанов Ізмұқан, Кемалиев Нұрберген,Нұрлыбаев Бекболат, Құлбеков Орынбасар, Құлбеков Мереке, Байжанов Сансызбай, Тілепиев Жұмабек, Құдайбергенов Ғайнулла, Амантұрлиев Аюп, Алпысбаев Берікқали, Назарбайұлы Нұркен, Аймағанбетов Жалғас, Жақсыбаев Аман, Омарұлы Бөрібай, Үсенов Қалдарбек, Бұрханов Өмірбек, Рамазанов Еркін, Қапашев Сайын, Шаматов Хафиз, Шаматов Социал, Қалменов Сауытбек, Ерғалиев Хамза, Сатымұлы Шаймырза, Бердібайұлы Сәттібай, Құбайдоллаұлы Өмір, Үсенбаев Сәкен, Үсенбаев Амангелді, Үсенбаев Қанат, Үсенбаев Қуандық, Хисметов Нұрлан, Нұрғалиев Серік, Құмаров Ғалымжан, Жұмақұлов Нұрлан, Құрманов Жайық, Бекқайыров Салық, Жұмағалиев Талғат, Нәукиев Өтеген, Күнжарықов Орақ, Мусин Ізтұрған, Есмұқанов Аманбай, Дәулетқалиев Хамидолла, Қарабаев Нұрлан, Есенәлиева Айнұр, Нөгеров Шынайбек, Жүнісова Қалима, Шегіреев Болатқали, Жұмағалиев Жолдасқали, Жұбатқанов Жарас, Сариева Баян, Қанашев Оразбай, Жақсығалиев Бақтыбай, Досалин Мәлік, Аманиязов Мұхамбет, Өсербаев Ермек, Отаров Марат, ,Жақыпов Амантай, Бағытов Әлібек, Жұматаев Құттығұл, т.б. алғыс айтады. Сол секілді **Серікбаев Ержанға, Әбуғалиева Светланаға, Акмәлиев Меңдіханға** үлкен алғыс айтады.

Кітапты баспадан шығару мәселесі тұйыққа тірелген сәтте қамқорлық жасап, қолдау көрсетіп, ***Асқар Балжанов*** *бауырымызбен ортаға* ***алтын көпір*** *салған алматылық асыл қарындасым медицина ғылымдарының кандидаты.* ***Ақмарал Бисекеновага*** *шынайы жүректен зор алғыс айтамын.*

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ ССР тарихы. III том. Алматы.
2. Қазақстан тарихы. III том. Алматы.
3. Нұрсұлтан Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы. "Атамұра". 1999 ж.
4. М.П. Вяткин. Сырым батыр. Алматы. ҚМБ. 1951 ж.
5. Е. Бекмаханов. Казахстан в 20-40 годы XIX века. "Қазақ университеті".
6. С.Әсіп. Қазақ кәсіреті. Алматы. "Қазақстан", 1994 ж.
7. Т.Омарбеков. 20-30 жылдардағы Қазақстан кәсіреті. Алматы. "Санат". 1997 ж.
8. Т.Омарбеков. Зобалаң. Алматы. "Санат" 1994 ж.
9. Х.А.Арғынбаев Қазақ халқындағы семья мен неке. Алматы. "Ғылым". 1973 ж.
10. Әйтеке би. Алматы. "Атамұра". 1998 ж.
11. С.Мұқанов. Халық мұрасы. "Қазақстан". 1974 ж.
12. Н.Мыңжани. Қазақтың көне тарихы. Алматы. "Жалын". 1993 ж.
13. Қ.Салғарақұлы. Қазақтың қилы тарихы. Алматы. "Жалын". 1992 ж.
14. Байзақ Қожабекұлы. Тарихи таным. Алматы. "Ататек". 1994 ж.
15. Ақселеу Сейдімбек. Қазақ әлемі. Алматы "Санат". 1997 ж.
16. Ақселеу Сейдімбек. Қазақтың ауызша тарихы Астана. «Фолиант»
17. Сейіт Кенжеахметұлы. Жеті қазына. 1, 2-кітап. Алматы. "Ана тілі". 2002 ж.
18. П.Дүйсенбин. «Үркердей болып көшкен жұрт...». Алматы. «Литера-М» 2007 ж.
19. П.Дүйсенбин. «Сарысунама». Алматы. «Литера-М» 2008 ж.
20. Н. Дүйсенбек, т.б. Тарихи тұғыр. "Өлке". 1998 ж.
21. «Атамекен» газетінің тігіндісі. Атырау қаласы.
22. Қазақ бақсы – балгерлері. Алматы. "Алматы". 1993 ж.
23. Қарабура. Жинақ. Алматы. "Өлке". 1997 ж.
24. Ай, заман-ай, заман-ай... Алматы. "Жазушы". 1991 ж.
25. Қазақ совет энциклопедиясы. I-XII тт. Алматы.
26. Т.Сауақасов. Назарбай би және туған өлке тарихы. Астана 2000 ж.
27. Академик Зиманов Салық. Алматы. «Атамұра», 2001 ж.
28. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Алматы. "Сөздік". 1997 ж.
29. Шүкір батыр. Атырау. «Ақ Жайық ЖШС». 2004 ж.
30. Батыс Қазақстан энциклопедиясы. Алматы. «Арыс», 2002 ж.
31. Ж. Нұрмахан. Байбақты ата. Атырау. 1998 ж.
32. Ақтөбе . Энциклопедия . Ақтөбе «Отандастар ЖШС» 2001 ж.
33. К.Иренов. Мақаш Бекмұхамедов. Алматы. «Нұрлы әлем» 2010 ж.
34. Мақат ауданы. Шежіре. Алматы. «Ислам нұр» 2004 ж.
35. М. Тынышбаев. История Казахского народа. Алматы. 2003 ж.
36. Х.Арғынбаев. М.Мұқанов, В.Востров. Қазақ шежіресі хақында. «Атамұра» 2000ж.
37. Ж. Бейсенбаев. Қазақ шежіресі. Алматы. "Атамұра". 1994 ж.
38. Шежіре. Қазақтың ру-тайпалық құрылысы. Шымкент. СП "Дастан". 1990 ж.
39. Ұлағатты өмір. Астана. «Фолиант», 2001 ж.
40. Хамит Маданов. Кіші жүздің шежіресі. Алматы "Атамұра" 1994 ж.
41. Әбу Атшыбаев. Кіші жүз шежіресі. Алматы. "өлке" 1996 ж.
42. Зайыр Сәдібеков. Қазақ шежіресі. Ташкент. "Узбекистон" 1994 ж.
43. Арыстан өтеулин. Мұхамеджан Әлібеков. Қазақ шежіресі. Алматы. "Ана тілі" 1992 ж.
44. Сергали Толыбеков. Қазақ шежіресі. Алматы. "Қазақстан". 1992 ж.
45. Теңізбай Үсенбаев. Алшын шежіресі. Қызылорда. "Тұмар". 2003 ж.
46. Әбу Атшыбаев. Шеркеш шежіресі. Алматы. "Жолдас және К". 2000 ж.
47. Индер ауданы. Алматы. «Арыс», 2006ж.
48. Қызылқоға. Алматы. «Үш қиян», 2002 ж.
49. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Қазақ шежіресі. Алматы. "Жалын". 1993 ж.
50. Атырау энциклопедиясы. Алматы. «Атамұра». 2000 ж.
51. Мақсұт Неталиев. Кіші жүздің шежіресі. "Қазақстан әйелдері" журналы. 2000-2001 жж.
52. Ә.Сарай. Ноғайлы.
53. Жылыой жылнамасы. Алматы. «Өлке». 2008ж.
54. С.Батырашұлы
55. Алматыны басқарғандар. Алматы. «Арна», 2008 ж.
56. Мұхамеджан Тынышбайұлы. Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар. Ташкент. 1995 ж.
57. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. 1995 ж.
58. М.С. Муканов. Этническая территория казахов в XVIII-начале XX веков. Алматы. "Казахстан". 1991 ж.
59. Б.Қорқытов. Кіші жүздің батырлары мен билері. Алматы «Өлке», 2009 ж.
60. Қазақстан тарихы. Алматы. «Атамұра». 2010 ж.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе, бастау бөлімі, түсініктеме 3
Ағайындарға арнау сөз. 4
Алаш. Қазақ 11
Кіші жүз 31
Шеркеш 43
Шеркеш әулеттері 77
Деректер 96
Шежіре туралы 110
Қосым әулеттері 120
Қосым (Оңтүстік, Орталық Қазақстан) 209
Батырлар 259
Билер 295
Қойыс әулеттері 310
Тұлғалар 418
Естеліктер 474
Тағдырлар 501
Дербіс әулеттері 546
Әдебиет 627
Жауғашты әулеттері 672
Өнер 756
Шумақ әулеттері 789
Өмірбаяндар 871
Қылышкестен әулеттері 978
Алуан әңгіме 1035
....деген екен 1089
Еңбек , соғыс, тыл ардагерлері 1116
Суретті шежіре 1120
Ұлағат пен таным 1177
Шежіре жинауға атсалысқандар 1205
Кітап дайындауға қолдау көрсеткендер 1210
Пайдаланылған әдебиеттер 1214

Кітапты безендіруге суретшілер К.Барановтың, Н.Хлудовтың, Д.Уразаевтың, К.Муллашевтің, Н.Гурьевтің, Г.Исмаиловаңың, Е.Қожабаевтың, М.Қисамеддиновтың, И.Исабаевтың, Е.Смағұловтың, т.б. иллюстрациялары пайдаланылды.

ПЕРНЕБАЙ ДҮЙСЕНБИН
ШЕРКЕШНАМА

Баспаның директоры: Қуанышбек Мұқашев
Редакторы: Гүлмира Дүйсенбина
Компьютерде теріп, беттеген, безендірген: Раушан Тәттібаева
Корректоры: Зағиша Сманқызы

Қалыбы: 60х84/8. Қағазы офсеттік
Шартты баспа табағы: 152
Есепті баспа табағы: 76
Таралымы: 5000 дана
Тапсырыс: 161
ЖШС «Литера-М» баспасы. Алматы қаласы

Пернебай Дүйсенбин



1943 жылы 13 қазанда Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылында туған. П.Дүйсенбин 1962 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың филология факультетіне түсті. 1964-1967 жылдары Украинада әскери борышын өтеді. 1967жылы университетке қайта оралып, 1969 жылы журналистика факультетін бітірді.

1969-1973 жылдары Ленин атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті, сурет пәндерінің мұғалімі болды. 1973-1987 жылдары мектеп директорының орынбасары, 1987-1993 жылдары мектеп директоры, 1993-1997 жылдары мектеп психологы болып жұмыс істеді. 1997-1998 жылдары газет тілшісі, 1998-2004 жылдары «Қаратау кеншісі – Горняк Каратау» газетінің редакторы және ақпарат бюросының бастығы, 2004-2007 жылдары Сарысу аудандық мәслихатының тексеру комиссиясының төрағасы қызметін атқарды.

Оның 1979 жылы «Жұлдыздар неге жылайды?» деген тұңғыш лирикалық повесі «Жалын» журналында жарияланды.1990 жылдан КСРО, 1994 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. «Жұмбақ жұлдыз», «Кішкентай генералдар», «Ән салыңызшы, Әке», «Елгезек ертегілер елінде», «Ертегім менің, ертегім», «Арайлы таң алауы» атты кітаптардың авторы. Сондай-ақ «Шежірелі Сарысу», «Үркердей бөлып көшкен жұрт...», «Сарысунама» атты тарихи, танымдық, деректік томдардың авторы. «Шежірелі Сарысу» деректі фильмінің авторы әрі продюссері, Сарысу ауданы гербісінің авторы.

Ол Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақстан ЛКЖО ОК мен республикалық «Жалын» баспасы бірлесіп өткізген жабық бәйгесінің 1979,1980,1981,1986 жылдардағы лауреаты. 1994 жылғы республикалық «Балауса» баспасының, 1996 жылғы «Парасат» журналының лауреаты. 2013 жылы Халықаралық «Дарабоз» бәйгесінің II жүлдесін, Жамбыл облыстық «Үздік журналист» конкурсының I жүлдесін иеленді. 2015 жылы «Есен-сау жүріңізші, асыл Ата» атты повесіне Халықаралық «Дарабоз» бәйгесінің Бас жүлдесі (Гран-при) берілді.

П.Дүйсенбин 1965 жылы «Жеңістің XX жылдығы» жауынгерлік мерекелік медальмен, Чехословакия армиясының «Красный вояк» жауынгерлік төсбелігісімен, ұстаздық қызметі үшін 1981 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен, 2001 жылы Жамбыл облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, 2014 жылы «Мәслихаттың XX жылдығы» мерекелік медалімен марапатталған. Сарысу аудандық мәслихатының екі мәрте депутаты болып сайланған. Сарысу ауданының Құрметті азаматы.

